ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

) мыңға жуық сөз бен сөз тіркестері қамтылған)

Жалпы редакциясын басқарған
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, филология ғылымдарының докторы,
профессор Телғожа Жанұзақов

АЛМАТЫ 1999

ББК 81.2–4
Қ17

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдар кеңесі басуға ұсынған

СӨЗДІКТІ ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:

филология ғылымдарының докторлары **Болғанбаев Әсет** (А, Ә), **Қалиев Байынқол** (Қ, М, Н), филология ғылымдарының кандидаттары **Бизақов Сейдін** (Қ, Т), **Османова Асле** (Ж, Ш) және ғылыми қызметкерлер **Дәулетқұлов Шамалған** (З, Л, Р, У, Ү, Ұ, Ф, Х, т. б.), **Жүрсінова Майра** (Ғ, Д, Е, И, О, Ө, П), **Нұрғазиева Гүлсім** (Б, В, Г, С)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

филология ғылымдарының докторлары **Әбілқасымов Бабаш, Болғанбаев Әсет, Жанпейісов Ербол, Жанұзақов Телғожа, Қалиев Байынқол, Нұрмағамбетов Әбілбек, Сыздықова Рәбиға, Хұсайынов Көбей** және филология ғылымдарының кандидаты **Уәлиев Нұргелді**

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегерлері, жазушылар: **Жұмаділов Қабдеш, Мағауин Мұхтар, Салғарин Қойшығара** және баспагерлер: **Жексенбаев Тұрдақын, Сыздықов Нияз**

ШЫҒАРУҒА ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР Нүсіпбай Тілеуберді

Қ 4602030000–01
00(05)–99
ISBN 9965–441–04–9
© "Дайк-Пресс" баспасы, көркемдеу, 1999

сөздігінің" (С. Ожегов) жиырмадан аса басылымы жарық көрді, әр басылым сайын түзетіліп, толықтырылды, сондай-ақ аты әлемге әйгілі "Ағылшын тілі сөздігінің" (Оксфорд) бастапқы нұсқасын жасауға жиырма жыл кетті. Өрине, қазақ тіл білімі сөздік жасау мәдениетінен құр алақан емес. 1974–1986 жылдары жарық көрген қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде 97 мыңдай сөздік бірліктің мағыналары ашылып, түсініктер берілген. Бір томдық түсіндірме сөздікті жасауда осы аталған он томдықтың көп жәрдемі тиді. Бірақ бүгінгі жағдай жаңа сөздікті талап етіп отыр. Өйткені қазақ тілі — тек қазақ халқының ғана ұлттық тілі емес, тәуелсіз Қазақстанның барша азаматтарына қызмет ететін мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің мұндай қоғамдық мәртебесінің жүзеге асуы ең алдымен дәстүрлі норманың бекем болуымен, оларды заңдастырып отыратын нормативті грамматикасы мен үлгі тұтар сөздіктерінің болуымен де байланысты. Қалың жұртшылық қауымды осындай аса қажетті тіл құралдарымен қамтамасыз ету, мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын жасау, бүгінгі таңдағы өрелі міндеттердің бірі болмақ.

Жұртшылық назарына ұсынылып отырған бұл Сөздік — осындай игі ниеттен туған еңбек. Оның кемшіліктері де, олқылықтары да болуы ықтимал. Сөздіктердің кейбір кемшіл тұстары мен олқылықтары, бұрын-соңды сөздік жасау тәжірибесі байқатқандай, басылым сайын жөнделіп отырмақ.

Сөздікті түзуге тәжірибелі,лексикографиялық жұмыспен көптен араласып келе жатқан, филология ғылымдарының докторлары **Ә. Болғанбаев, Т. Жанұзақов, Б. Қалиев** және филология ғылымдарының кандидаттары **С. Бизақов, А. Османова**, сондай-ақ **Ш. Дәулетқұлов, М. Жұрсінова, Г. Нұрғазиева** тәрізді ғылыми қызметкерлер қатысты.

Сөздіктің редакциялық алқа мүшелері филология ғылымдарының докторлары **Б. Әбілқасымов** (Г, Д, Қ), **Ә. Болғанбаев** (У, Ұ, Ү, Ф, Х), **Е. Жанпейісов** (М, Н, Ш, З, Л, Р, У, Ұ, Ф, Х, Ц, Ч, Щ, Ы, І, Э, Ю, Я), **Т. Жанұзақов** (А–Я), **Б. Қалиев** (А, Ә, Қ), **Ә. Нұрмағамбетов** (К, Т) және филология ғылымдарының кандидаты **Н. Уәлиев** (А, Ә) тиісті әріптер бойынша қолжазбаны оқып шығып, түзету жұмыстарын жүргізді; профессорлар **Р. Сыздықова, К. Ш. Хұсайынов** сөздікті түзу мен баспаға әзірлеуде ғылыми бағыт-бағдар беріп, ұйымдастыру жұмыстарына атсалысты.

Сөздікті баспаға әзірлеу жұмыстарына филология ғылымдарының кандидаттары **А. Қ. Жұбанов, Қ. Ғабитқанұлы**, ғылыми қызметкерлер **Т. Тұрлықожаев, Б. Сүйеркұлова** және **А. Бреус** қатысты.

Сөздіктің қолжазбасын оқып шығып, тиісті әріптер бойынша кейбір түзетулер жасап, пайдалы кеңестер берген жазушылар **Қ. Жұмаділов, М. Мағауин, Қ. Салғаринге** және баспагерлер **Т. Жексенбаев, Н. Сыздықовқа** Институт өз ризашылығын білдіреді.

Құрметті оқырман қауым, қолдарыңыздағы "Қазақ тілінің сөздігі" — қалың жұртшылықтың пайдалануына арналған бір томдық сөздік жасаудағы алғашқы қадам. Оның әрі қарай нық басып кетуі үшін кемшіліктер мен олқылықтардан арылтып, жақсы жақтарын жетілдіре түсу үшін өздеріңіздің ақыл-кеңестеріңіз, сын-ескертпелеріңіз керек.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ұлттық ғылым академиясы
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты

Мекен жайымыз: 480021, Алматы қаласы,
Құрманғазы көшесі 29,
Тіл білімі институты

АЛҒЫ СӨЗ

Тіл — халықтың даналығы, танымы мен талғамын тауып айтатын шыншылдығын көрсететін, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан — ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес қазынасы. Онда ақиқатты танып білудің сан ғасырлық аса бай ұжымдық тәжірибесі жинақталған. Қоғамды мәдениетке жеткізіп, қоғамдық ой-сананы биікке көтеретін, қуатты да құдіретті мұндай тілдің көмегімен өркендеген елде оның құрылымы мен жүйесі дами түсіп, небір нәзік ой мен сезімді, аса күрделі құбылыстарды дәл бейнелейтін қабілеті арта береді. Әрине, тілдің мұндай баға жетпес мәнділігі, ең алдымен, оның сөз байлығынан байқалады. Сондықтан тілдегі сөздерді жинақтап, жүйеге салып, әрқайсысының мән-мағынасын ашып, сөздік қалпына түсіріп, халықтың өзіне қайта ұсыну — қиынның қиыны болса да, абыройлы міндет.

Тілдің сөз байлығын жүйелеп, саралайтын сөздіктердің әр алуан түрі болады. Солардың бірі саналатын түсіндірме сөздік тілдің лексикалық байлығын неғұрлым толық қамтуды көздейді. Әсіресе көп томды түсіндірме сөздікте күнделікті қарым-қатынас кәдесінде жүрген сан алуан сөзбен бірге олардың әр түрлі нұсқалары, жергілікті сөз байлығы, кәсіби лексика мен терминдер, көнерген сөздер барынша мол қамтылып, лексикалық, грамматикалық, стильдік мән-мағыналарына біршама толық сипаттама жасалады және міндетті түрде иллюстрациялық материалдар беріледі. Қазақ тілінің он томдық сөздігінің жарық көруі* — осы саладағы алғашқы қадамдардың бірі болды.

Қазіргі әдеби тілдің әр алуан үлгілеріндегі сөз байлығын, мәселен, жергілікті қолданыстарды, сондай-ақ байырғы мұралар тіліндегі сөздерді мол қамтып, жинап-теріп, әлемдік үлгіге сай келетін көп томдық түсіндірме сөздік жасау, мұнымен қоса әдеби тілдің бүгінгі қалпы — лексикалық нормасын көрсететін бір томдық сөздік жасау да алдағы уақытта үздіксіз атқарыла беретін игілікті іс болуға тиіс. Бұл игілікті іс болашақта да жалпыхалықтық тілдің өзге де түрлерінде кездесетін сөз байлығын мүмкін болғанша молырақ қамтып жинастырудың, компьютер арқылы лексикографиялық өңдеуден өткізудің ғылыми негіздегі "Қазына" деп аталатын "Қазақ лексикасының компьютерлік қорын" жасау бағдарламасы арқылы жалғаса бермек. Ал күнделікті қарым-қатынас аясында жиі жұмсалатын, тілдің бүгінгі таңдағы нормасын көрсететін сөздіктің түрі — әдетте бір томдық түсіндірме сөздік. Ол күнделікті, қоғамдық өмірдің сан алуан саласында жүрдек әрі жиі қолданылатын сөздерді лексикалық, стильдік нормаға сай жұмсауда тіл тұтынушыға бағыт-бағдар беруді мақсат етеді. Түсіндірме сөздіктің мұндай түрінде әдеби тілдің қазіргі кездегі нормасы бағыт-бағдарға алынады, ал жалпыхалықтық тілдің күллі байлығын, өткен дәуірлерге тән сөз үлгілерін түгел қамту мақсаты көзделмейді. Міне, жұртшылық назарына ұсынылып отырған бір томдық "Қазақ тілінің сөздігі" осындай мақсат-мүддеге сай түзілді. Осымен байланысты аталмыш Сөздікке қоғамдық өмірдің әр алуан саласында жиі пайдаланылатын, дағдылы сөздермен қатар ғылыми көпшілік әдебиетте, мерзімді баспасөз тілінде қолданылатын терминдер мен атаулар, тұрақты тіркестер қамтылды. Сөздікте XV–XVIII ғасырлардағы әдеби тіл үлгілерінде кездесетін сөздер мен фразеологиялық тіркестер де берілді. Сондай-ақ тілдің лескикалық байлығын еселей түсуде әлеуметтік мүмкіндігі бар-ау дейтіндей жергілікті тіл ерекшеліктері, көне сөздер, кейбір сөз нұсқалары да ескерілді. Әдеби тілдің нормасына жат емес жаңа атаулар да сөздіктен елеулі орын алды. Дегенмен Сөздік қазіргі әдеби тілдің межесін бетке ұстағандықтан, сөздердің бұл аталған топтарына біршама шектеу қойылды.

Сөздікті түзу барысында осы салада бұрындары орын алып келген кейбір олқылықтар мен кемістіктер жөнделді. Бұл ретте, мысалы, едәуір сөздің анықтамалары мен түсіндірмелері, стильдік мағынасы мен қолдану аясы нақтылана түсті. Әр түрлі себептермен сөздіктерге бұрын кірмей қалған сөздер енгізілді.

Сөздік мақалада, ықшамдау мақсатымен байланысты, иллюстрациялық материал қажет-ау деген жерде ғана берілді. Сөйлем түріндегі мысалдар негізінен көпмағыналыққа қатысты, немесе сөз мағынасын анықтай түсетін жағдайда ғана келтірілді.

Қоғамдық өмірде болып жатқан сан алуан жаңалықтар мен өзгерістер тілге, әсіресе оның сөздік құрамына өз әсерін тигізбей қоймайды. Қайсыбір сөздер қолданыстан ығысып, жаңаға жол береді. Кейде "ескі" мен "жаңа" жарыса, тайталаса жүреді. Лексикалық нормадағы бұндай өзгерістерді заңдастырып отыру сөздіктің негізгі міндетіне жатады. Әдетте өркениетті елдің табан тірейтін, меже ететін, өзіндік "бас" сөздігі болады. Ондай сөздіктер жылдар аралата, дүркін-дүркін қайта басылады. Басылым сайын тілдегі жаңалықтарды және ондағы кейбір кемшін тұстар жөнделіп, үнемі өңделіп отырады. "Орыс тілі

* Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1–10-тт. Алматы: Ғылым, 1974–1986.

СӨЗДІКТІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРҒА ҚАЖЕТТІ МАҒЛҰМАТТАР

СӨЗДІКТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

§ 1. "Қазақ тілінің сөздігінде" негізінен қазіргі әдеби тілдің нормасына тән, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында жиі жұмсалатын сөздер мен тұрақты тіркестер берілді. Сондай-ақ оқулықтар мен оқу құралдарында, ғылыми-көпшілік әдебиетте, баспасөз беттерінде жиі қолданылатын терминдер мен атаулар, кейбір жаңа сөздер де қамтылды. Сонымен қатар ішінара болса да әдеби тілдің лексикалық жүйесінде жаңа мазмұн алып орнығуы мүмкін-ау дейтіндей диалект сөздер, жаңа атаулар, көне сөздер бас сөз (реестр) ретінде алынды.

§ 2. Сөздікке мынадай сөздер енгізілмеді:

1) дыбыстық құрамы мен мағынасы жағынан жарыса қолданылып жүрген әр түрлі сөз варианттары, атап айтқанда, лексикалық, фонетикалық, морфологиялық варианттар (бұл ретте "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі" (1988) басшылыққа алынды);

2) әдеби тілде баламасы бар диалектілік (жергілікті) сөздер;

3) ғылым мен техниканың белгілі бір саласына ғана тән, тар көлемді қолданыстағы терминдер;

4) бір-бір әріптен түзілген қысқарған сөздер;

5) көне жазба ескерткіштерде ұшырасатын кітаби лексика;

6) тұрпайы, дөрекі сөздер;

7) жалқы есімдер: кісі аттары мен жер-су атаулары, ру, тайпа мекеме аттары;

8) әдеби тіл нормасына әлі етене сіңісіп, қалыптаса қоймаған жаңа сөздер мен сөз тіркестері.

§ 3. Сөздікте сондай-ақ, мына бір сөз түрлері де алынған жоқ:

1) -сыз (-сіз), -дай (-дей, -тай, -тей), -ша (-ше), -шы (-ші), -ыңқыра (іңкіре) т. б. жұрнақтар арқылы жасалып, лексикалық мағына бермейтін туынды сөздер (мәселен, кітапсыз, үстелдей, жүгіруші, барыңқыра, келіңкіре, сөйлеңкіре т. б.);

2) етістіктер мен етістерге жалғанатын "у" формалы қимыл атаулары;

3) етістің (өздік, өзгелік, ырықсыз, ортақ) грамматикалық тұлғалары.

СӨЗДЕРДІҢ СӨЗДІКТЕ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ

§ 4. Реестрге алынған атау сөздер — түбір, туынды, біріккен сөздер — ірі әріптермен теріліп, қатаң алфавиттік тәртіппен орналастырылды да, 1988 жылы жарық көрген "Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде" қалай берілсе, солай жазылды. Күрделі сөздер атау сөз есебінде реестрге алынбады.

§ 5. Тіліміздегі омонимдер мен омоформалар сөздікке жеке атау сөз ретінде алынды, бірақ олар оң жақ шекесіне рим цифрымен қойылған белгі арқылы ажыратылды. Реттік белгі бір сөз табына қатысты болған жағдайда, негізінен, омонимдер мен омоформалардың халыққа, көпшілікке жақсы таныстығына және мағыналарының анық — танықтылығына, түсініктілігіне қарай қойылды. Яғни, тілімізде жиі қолданылатын, сондықтан да олардың мағыналары еске бұрын түсетін омонимдер алдымен алынды да, ал тілімізде сирек ұшырасатындары соңына қарай берілді.

Ал омонимдер мен омоформалар әр сөз табына қатысты болған жағдайда олардың сөз табына қатыстылығы ескеріліп, ең алдымен зат есім, одан соң сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, соңына қарай шылау, одағай еліктеуіш сөздер орналастырылды. Мыс.:

ҚАЖЫ I *діни. Мекеге барып,қажы атағын алып қайтқан кісі (мұсылман).*

ҚАЖЫ II *Шаршау, шалдығу, қалжырау.*

ТЕЗ I *көне. Киіз үй сүйегін жасауға қажетті ағаштарды түзейтін, иетін құрал.*

ТЕЗ II *Жылдам, шапшаң, лезде.*

§ 6. Жеке қолданылмайтын, бірақ белгілі, бір тұрақты фразалық сөз тіркестерінің құрамында ғана ұшырасатын көнерген немесе көнере бастаған сөздерді бергенде сол күрделі сөздердің бірінші сыңары ірі әріптермен теріліп, алфавит ретімен реестрге шығарылды да, одан кейін қос нүкте қойылып, қос нүктеден соң тіркес түгелімен алынды. Мыс.:

АЙЫЗ: айызы қанды — құмардан шақты, рақатқа батты, сүйсінді.

ЖЕК: жек көрді — бір нәрсені ұнатпады, жақтырмады.

СӨЗДІК МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 7. Сөздік мақала ең алдымен бас сөзден (реестрден) басталады. Олар сөздікте ірі әріптермен жазылып көрсетілді. Мыс.:

БАЛА

Түбір және туынды сөздер реестрге өздерінің негізгі морфологиялық тұлғасында, өзгеріссіз алынды. Етістіктер бұйрық райдың екіншісі жақ тұлғасында берілді. Мыс.:

АЙТ

КЕЛ

Ескерту: Сөздердің грамматикалық және этимологиялық сипаттамалары он томдық "Түсіндірме сөздікте" берілгендіктен, бір томдықта қайталанбады.

§ 8. Реестрге алынған сөзден кейін стильдік белгі қойылды. Стильдік белгінің орны екі түрлі:

а) егер алынуға тиісті стильдік белгі сол сөзге, оның барлық мағыналарына қатысты болса, ол

белгі атау сөздің грамматикалық белгісінен соң қойылды. Мыс.:

БАДАМША *бот. Жемісі де, өзі де кішірек бадам.*

БАДАНА *көне. Батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін темір сауыт.*

ә) ал стильдік белгі көп мағыналы сөздің бір ғана мағынасына телінген болса, онда ол белгі өзі қатысты мағынаның алдынан, араб цифрынан соң қойылды. Мыс.:

АЙЫРМА 1. *Өзгешелік, ерекшелік.* 2. *мат. Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық.*

Стильдік белгі атау сөздерге, олардың мағыналарына қойылатындығы сияқты фразалық тіркестерге де қойылды. Фразалық тіркестер мен лексикаланған сөз тіркестеріне берілетін стильдік белгі сол тіркестерден соң, жақша ішінде көрсетілді. Мыс.: **Аға өлсе, іні мұра (*көне.*)** — әмеңгерлік жасап, өз жесіріне ие болу. **Аға сұлтан (*тар.*)** — 1822–1868 жылдардағы қазақ даласында территориялық округты басқарған әкім адам.

§ 9. Сөздік мақала, жалпы принцип бойынша, мынандай тәртіппен: 1) атау (реестр) сөз; 2) стильдік белгі; 3) сөз мағынасы мен реңктерінің түсіндірмесі; 4) сөз мағыналары мен реңктерін анықтайтын мысалдар; 5) сөздің түрлі мағыналары түсіндіріліп болғаннан кейін тік төрт бұрыш □ белгісі қойылып, есім тіркестер берілді. Бұларға да түсінік берілген соң мысалдар келтірілді, одан соң ақ ромбик ◊ белгісі қойылып фразалық тіркестер алынды.

СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

§ 10. Сөз мағыналарын ашып, жан-жақты тиянақты түсіндіруде 10 томдық "Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің" үлгісі басшылыққа алынды.

1) Сөз мағыналарын ашып, анықтап саралауда олардың негізгі, туынды, ауыспалы-қосымша мағыналарға ие болуы, ол мағыналардың бір-бірімен тығыз байланысы, төркіндестігі ескерілді.

2) Сөз мағыналары араб цифрларымен көрсетілді де, ең алдымен тура мағынасы, одан кейін реңкі, соңынан ауыспалы мағыналары берілді.

3) Сөз мағыналарын ашып, анықтап түсіндіруде төрт түрлі тәсіл қолданылды:

а) сипаттама түрде түсіндіру тәсілі бойынша сөздер семантикалық табиғатына орай қысқаша, кейде толық, жан-жақты түсіндірілді. Мыс.:

БАБА 1. *Арғы ата, ұлы ата.* 2. *Қарт адамды қадір тұтып, құрметтеу ретінде айтылатын сөз.*

БАҒА 1. *Заттың құны, нарқы.* Еттің ~сы 180 теңге. 2. *пед. Оқушының білім дәрежесін бағалайтын бес балдық жүйе.*

БАЛДАҚ 1. *Аяғы кемтар адамға сүйеніп жүруі үшін жасалған арнаулы ағаш құрал.* 2. *Саятқа шыққанда қыран құстарды ат үстінде алып жүру үшін алдыңғы қасына орнатқан ашалы тіреу.*

ə) сөз мағыналарын анықтауда қолданылған екінші бір өнімді жол— синонимдік тәсіл. Мыс.:

БАҒДАР *Беталыс, бағыт.*

БАЙЛАМ *Шешім, тоқтам.*

ӘЙТКЕНМЕН *Дегенмен, сонда да, әйтсе де т. б.*

Сөз мағыналарын түсіндірудегі синонимдік тәсіл етістік, есімдік, зат есім, сын есім т. б. дерлік қолданыс тапты.

б) көмекші есімдер мен етістіктер, етістің кейбір түрлері, шылау сөздер мен одағайлар грамматикалық табиғаты тұрғысынан түсіндірілді. Мыс.:

Е *Негізгі етістіктер мен есім сөздерден кейін жұмсалатын көмекші етістік.*

ЖӘНЕ *Сөз бен сөзді, не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы жалғаулық шылау.*

О *Адамның алуан түрлі сезімімен байланысты айтылатын ишарат сөз.*

в) аралас анықтама — сипаттама түріндегі анықтама мен синонимді анықтаманың аралас берілуі арқылы көрсетілді. Бұл жағдайда синонимді анықтама сипаттама түріндегі түсініктен кейін, сол түсінікті үстемелей анықтап, аша түсу үшін, үтірлі нүктеден кейін келтірілді. Мыс.:

ЖАҚ *көне. Кермесіне жебе салып тартатын садақ; жай.*

СҰЙ *Ыстық қалыптан салқын күйге түсу; салқындау, мұздау.*

Әрбір жеке сөзге берілетін анықтама оның лексика-грамматикалық табиғатына сай, сәйкес болуы ескерілді. Мысалы, есім сөздерге берілген анықтама етістік формасында тұрмауға тиіс. Сол сияқты етістікке берілген анықтама есім сөздердің құрылымында келмей, әр сөз өзіндік грамматикалық құрылымымен сипатталуы қажет.

СТИЛЬДІК БЕЛГІЛЕР

Стильдік белгілер сөздіктегі атау сөздердің бәріне бірдей қойылмайды. Ол тек сөздік құрамның белгілі бір бөлшегіне ғана, атап айтқанда, қолданылуы жағынан шектелген немесе белгілі бір стильдік бояуы бар кейбір сөздер мен сөз тіркестеріне, олардың мағыналары мен мағыналық реңктеріне қазіргі кездегі қолданылу нормасы тұрғысынан ғана қойылды.

§ 11. Бір томдықта қолданылатын стильдік белгілердің негізгі топтары мыналар:

1) сөздердің немесе жеке сөз формаларынан, тіркестердің қолданылу өрісін (аясын) көрсететін стильдік белгілер: ***қарап.*** (қарапайым сөз), ***анайы*** (анайы немесе тұрпайы сөз, вульгаризм), ***сып.*** (сыпайы сөз — эвфемизм), ***поэт.*** (поэтикалық); ***фолькл.*** (фольклорға, яғни ауыз әдебиетіне тән сөздер), ***миф.*** (мифологиялық сөз, тіркес), ***діни*** (діни сөз), ***кітаби*** (кітаби лексика), ***кәсіби*** (кәсіби), т. б.

2) ғылым салаларының қайсысына тән термин сөздер екендігін көрсететін арнайы белгілер, мәселен, ***физ.*** (физика), ***хим.*** (химия), ***мат.*** (математика), ***лингв.*** (лингвистика) т. б.

3) сөздердің қолданылу кезеңін, уақытын (тарихи көрінісін) көрсететін стильдік белгілер: ***көне.*** (көнерген сөз — архаизм), ***тар.*** (тарихи сөз — историзм), ***жаңа.*** (жаңа сөз — неологизм).

4) сөздердің қолданылу аймағын (территориясын) көрсететін стильдік белгілер: ***жерг.*** (жергілікті сөз). Мұндағы ***жерг.*** деген стильдік белгі әдеби тілде нақтылы баламалары жоқ жергілікті (облыстық) сөздерге қойылады.

5) сөздердің экспрессивті-эмоциональдық бояуын көрсететін стильдік белгілер: ***экспр.*** (экспрессивті сөз), ***эмоц.*** (эмоциональды сөз).

Ескерту: Стильдік белгілер түбір сөздерге қойылды да, ал сол түбірден тараған туынды сөздерге ол белгі қойылмады. Сондай-ақ, стильдік

белгілерді керекті жеріне қарай кейде екіден не үштен қатар қолдануға тура келді. Мыс.:

АТЖАП *көне. кәсіб.*

БҰЗАУҚАН *экспр. эмоц.*

ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАР

§ 12. Сөздікте мысалдар берудің жолдары мынадай:

1) бір томдықта кез келген атау сөзге мысал берілмеді. Әсіресе күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын бұйым атаулары мен зат атауларына, халыққа жақсы таныс табиғат құбылыстарының атаулары мен мал атауларына, халық атауларына қажетті жерінде болмаса әр уақыт мысал алына бермеді. Сол сияқты елдің бәріне түсінікті бір мағыналы сөздердің барлығына жаппай мысал ала берудің де қажеттігі шамалы болды;

2) атау сөздердің ішінде мән-мағынасы күңгірт, даулы, күмәнді немесе мағыналарын мысалсыз ажырата қою қиын сөздерге ғана иллюстрация берілді. Әсіресе сирек айтылатын сөздер мен көне сөздерге, көп мағыналы сөздер мен кәсіби сөздерге мысал берілді де, олардың ықшамды, жинақы болуы ескерілді;

3) алынған мысалдарға жеке сөздер әдеби тіл нормасы тұрғысынан мінсіз болуы, ол мысалдардың көп мағыналы сөздердің әрбір мағынасын саралап, жіктеп көрсетуге келгенде де көмегі зор болу жағы ескерілді;

4) сөздердің мән-мағыналарын ашуда тұжырымды қысқа сөйлемдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, қанатты сөздер көбірек қамтылды. Алынған мысалдардың көркемдік, тәрбиелік мәні мен саяси ұстамдылығына ерекше көңіл бөлінді;

5) алынған мысал көбіне жай және күрделі сөйлем түрінде немесе сөйлемше, сөз тіркесі түрінде берілді.

Сөйлем түрінде алынған мысалдардың соңына авторының аты мен тегі (фамилиясы) ғана жақша ішіне алынып көрсетілді (шығармасының аты көрсетілмеді). Мыс.: М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Қ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, С. Мұқанов т. б.

Егер тарихта автордың тегінен (фамилиясынан) гөрі есімі танымал болса, онда мысалдан кейін жақша ішінде оның есімі ғана көрсетілді. Мыс.: Абай, Жамбыл, Махамбет, Біржан, Ақан, Әсет, Кенен, Шашубай, Балуан-Шолақ, Мұхит, Шәкәрім т. б.

Ал сөз тіркесі түрінде берілген мысалдар мен сөйлемшелердің авторлары көрсетілмеді;

6) сөз тіркесі түрінде берілген мысалдарды ықшамдау мақсатында тіркес құрамындағы атау сөздің орнына тильда (~) белгісі пайдаланылды. Мәселен, **ақсақ** сөзін қайталып жатпай-ақ, оның орнына тильда белгісін қойып, мысалдар ~ қой (жылқы), ~ киік деген түрде берілді. Тіркестегі атау сөз қосымшалы болып келген жағдайда, қосымша тильдадан соң ешбір дефиссіз-ақ жалғанып жазылды. Мыс.: (қой сөзіне берілген тіркес): ~ бақты (күзетті). (Көл сөзіне берілген тіркес): Бурабай ~і. ~ге түсті (шомылды, қонды);

7) белгілі бір жазушының шығармасынан алынған мәтін тым ұзақ, әрі шұбалаңқы болып келген жағдайда, керекті сөйлем мүмкін болғанша ықшамдалып, қысқартылып алынды. Ал мәтінді қысқартып алған жағдайда қысқарған сөздердің орнына көп нүкте қойылды.

Ескерту: Шығарма авторлары және газет — журнал аттары, жинақ аттары он томдық түсіндірме сөздікте қалай берілсе (қысқартылып алынса), бір томдықта да солай берілді.

ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ БЕРІЛУІ

§ 13. Бас сөздердің (реестрге алынған негізгі сөздердің) тура, негізгі мағыналары мен реңктері, ауыспалы мағыналары сараланып, түсіндіріліп, мысалдармен қамтамасыз етілгеннен кейін есім тіркестер мен фразеологиялық тіркестер берілді.

а) Ұзынша тік төрт бұрыш □ белгісінен соң лексикаланған күрделі сөздер мен терминдер, тұрақты есім тіркестер алфавиттік ретімен берілді де олардың әрқайсысының мағынасы ашылып, түсіндірілді.

Тұрақты тіркестердің түсініктемесі сызықшадан соң кіші әріппен басталып жазылды. Оларға мысал берілмеді. Мыс.: (Ақ сөзінің мағынасы ашылғаннан кейін) □ **Ақ аю** — *солтүстік мұзды мұхитта мекендейтін ақ түсті аю.*

Ауыз сөзінің мағыналарынан соң: □ **Ауыз әдебиеті** — *ел арасына ауызша тараған әдеби нұсқа, фольклор.*

ә) Күрделі сөздер мен есім тіркестерді жазып, түсініктерін беріп болған соң ақ ромбик (◊) белгісі қойылып, одан соң идиомалық тіркестер алфавит тәртібімен орналастырылды да, оларға анықтама берілді. Мыс.:

АНА 1. *Балалы әйел, туған шеше.* 2. *Жалпы әйел қауым.* 3. *Ауыс. Тәрбиелеп өсірген ел-жұрт, орта.* □ **Ана тілі** — *әр адамның өз ұлтының туған тілі.* ◊ **Ана сүтін ақтады** — *жұрттың ойынан шықты, еңбегін ақтады.* **Ана көкірек** — *мейірбанды, бауырмал.* **Ана сүті аузынан кетпеген** — *уылжыған жас, сәби.*

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

Аа	Әә	Бб	Вв	Гг	Ғғ	Дд
Ее	Ёё	Жж	Зз	Ии	Йй	Кк
Ққ	Лл	Мм	Нн	Ңң	Оо	Өө
Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Ұұ	Үү
Фф	Хх	Һһ	Цц	Чч	Шш	Щщ
Ъъ	Ыы	Іі	Ьь	Ээ	Юю	Яя

А

А 1. *Жуан дауысты дыбыстардың қатарына жататын езулік ашық дыбыс және сол дыбыстың таңбасы (әріп).* 2. *Біреудің атын атап шақырғанда оған жауап ретінде берілетін дыбыс.* — Дәрмен! — *А,* — Бармысың? — Бармын. 3. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады.* Нұржан! *А,* Нұржан! 4. *Бір нәрсеге реніш білдіріп, кейігендікті білдіреді.* Кеше сен сабаққа неге келмедің, *а*? ◊ **А дегенде** — а) *басында, әуелде, алғашқыда;* ә) *лезде, тыз, жылдам.* **А дегеннен** — *әуел бастан, бірден.* **А дегенше** — *әне-міне дегенше, лезде, әпсәтте.* **А, құдай, А, пірім [тәңірім] деп** — *құдайға бас ию, жалбарыну.* **А құдайлап** — *аллаға сыйынып, жалынып-жалбарыну.*

АБА I *көне. Кең тігілген сырт киім.* Шалбарының сыртынан *аба* киген біреу (С. Шарипов).

АБА II *Қоршау, қаша.* Аттарды ашық төбелі -да қалдырдық.

АБАҒАЙЛА *Атойлау, айбар шегу.*

АБАДАН *көне. Қасқыр әуегінің көсемі, бастаушысы.* Әрбірінің баласы алтау болар, бес болар, Ішінде *абаданы* бір болар (Жиенбет жырау).

АБАЖА *көне.* 1. *Ыдыс-аяқ сақтайтын үлкен кебеже.* 2. *Жыртқыш аңдарды ұстауға арналған үлкен шарбақ.*

АБАЖАДАЙ 1. *Рабайсыз үлкен, далиған, кең.* ~ бөлме (үй, қора). 2. *Сыйықсыз, арбиған.* ~ үстел (терезе, есік).

АБАЖУР *Шамның астыңғы жағына жарық түсіру үшін және көзді күшті жарықтан сақтауға арналған қалқанша.*

АБАЖУРЛЫ *Абажур орнатылған, қалқан қалпақты.* ~ май шам (электр шамы).

АБАЙ *Байқағыштық, ықтияттылық, сақтық, құлықтылық.* Шұнақ бір сөзін де қалт жібермеуге тырысып, бар *абаймен* тыңдады (Дәуренбеков). ◊ **Абай болды** — а) *сақтық жасады, құлықты қарады;* ә) *ес болды, көз болды.*

АБАЙЛА 1. *Байқау, сақтану. Абайла,* түйенің үлкені көпірден таяқ жейді (Ахтанов). 2. *Барлау, бағдарлау.* Ол көштің алды-артын *абайлап* тұр (Мүсірепов). 3. *Байыптау, парықтау.* Болмасаң да Абайдай жазбайсың ба *абайлай?* (Райбаев).

АБАЙЛАҒЫШ *Сезімтал, сезгіш.* Өкесіндей ~.

АБАЙСЫЗ 1. *Байқамайтын, аңдаусыз.* ~ бұрымына тиді қолым (Б. Аманшин). 2. *Бейқам, қамсыз.* Түнерген түнде ~ жатқан ауылға жолықты.

АБАЙСЫЗДА 1. *Байқаусызда, аңдаусызда.* ~ айтып қалды. 2. *Қапылыста, қапелімде.* Ит ~ қолынан шығып кетті.

АБАЙСЫЗДЫҚ *Бейқамдық, қамсыздық, аңдаусыздық.*

АБАЙТАНУ *Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттейтін қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы.*

АБАҚ I *кәсіб. Үлкен сулардан балық сүзетін аудың түпкі бөлегі.* Жеті жаста жетім боп, Түскендей болдым *абаққа* (Шәкәрім).

АБАҚ II *Аң ұстайтын шарбақ тор.*

АБАҚТЫ *Қылмыстыларды қамайтын орын, түрме.* ~ға жапты (қамады, отырғызды).

АБАЛА *Өршелене ұру.* ~ған ит.

АБАТ *көне. Шалғынды, көкорай бау-бақшалы.* Алдымызда *абат* бақша Алматы (Әлімбаев).

АББАР *Суыт, үдере, сыпыра.* Арқыраған ат мінген, *Аббар* көшіп, шет қонған (Шалкиіз).

АБДЫРА I *Асып-сасу, абыржу, әбігерлену.* Анам ~п қалды.

АБДЫРА II *Киім-кешек салатын сандық, кебеже.* ~сын ақтарды.

АБДЫРАП-ДАБДЫРАП *Сасып-пысып, асып-сасып.* ~ сөйледі.

АБДЫРАУЫҚ *Абдырап-дабдырап жүретін, абдырағыш.* ~ адам (шал).

АБЫР-САБЫР *Әуре-сарсаң, әбігерлік.* ~ басталды да кетті.

АБЖАД *Санды әріптермен беруге, сөзді цифрмен жазуға пайдаланатын көне араб алфавитінің жүйесі.*

АБЖЫЛАН 1. *Су жылан.* 2. *Ауыс. Қанқұйлы, жауыз, қанынпезер.* Айналасы ордалы ~.

АБЖЫЛАНДАЙ *Абжылан сияқты зәрлі.* Сазайларын тартқан күн, *Абжыландай* молданың (Аманжолов).

АБЗАЛ 1. *Қадірлі, асыл, аяулы.* ~ адам (азамат, ана). 2. *Дұрыс, жөн.* Кемшілікті тойтарып отыру бәрінен *абзал* (Хангелдин).

АБЗАЛДЫҚ *Абзал болғандық, асылдық, аяулылық.*

АБЗАЛЫ *Дұрысы, шыны.* ~ жайында жүрген.

АБЗАЛЫНДА *Дұрысында, шындығында.* ~ өткеннің бәрі шындық бола бермейді.

АБИТУРИЕНТ *Жоғары және арнаулы орта оқу орнына түсуші талапкер.*

АБИЫР *сып.* 1. *Адамның жыныс мүшесі, тән.* ~ын жапты. 2. *Ауыс. Ар, ұят, абырой.* ~ болды.

АБИЫРСЫЗ *Көргенсіз, үлгісіз, ұятсыз.*

АБЛЫҚ *көне. Жүрегі лоблу, алқыну.* Қатандау көкірегіне тиді қолы, *Аблығып* болғаннан соң ердің жолы (Ізтілеуов).

АБОНЕМЕНТ *Белгілі бір мерзім ішінде пайдалануға құқық беретін құжат.*

АБОРИГЕН *Белгілі бір елдің байырғы тұрғыны.*

АБСОЛЮТ *Идеалистік философияда дүниенің мәңгі өзгермейтін бастапқы негізі (рух, сана).*

АБСОЛЮТИЗМ *Өкімет билігі бір адамның шексіз билігінде болуы.*

АБСОЛЮТТІ *Шексіз, шетсіз, тұрақты.* ~ мөлшер.

АБСТРАКТ *Дерексіз жалпы ұғым.* ~ зат (образ).

АБСТРАКТІ *Ақиқаты жоқ, ақиқатсыз.* ~ ойлау.

АБСТРАКТІЛІК *Дерексіздік, жалпылық.*

АБСТРАКЦИОНИЗМ *Реализмді мүлде жоққа шығаратын кескіндемедегі жалған ағым.*

АБСТРАКЦИОНИСТ *Абстракционизмге бой ұрған суретші.*

АБСТРАКЦИЯЛА *Жалпыла, дерексіздендір.*

АБСТРАКЦИЯШЫ *Абстракцияны қолдаушы, соған бой ұрған.*

АБХАЗ *Абхазияның негізгі тұрғын халқы.*

АБЫЗ *көне. Аса білгір, білімдар адам. Абызы* бар ғаламның болды Ұлықпан (Тұрманжанов).

АБЫЗДЫҚ *Білімдарлық, білімділік.* Мұхтардың шынайы *абыздығы* осында (Талжанов).

АБЫЛАЙША *Шаңыраққа уықтың өзін шаншып, керегесіз тігілген қос, күрке.*

АБЫЛ-САБЫЛ *Тығылтаяң, қарбалас.* Қашан көрсең, қызу іс, *абыл-сабыл* (Мырзалиев).

АБЫЛХАЯТ *діни. Өмір суы, өмір бұлағы.* Айтқан сөздің шербеті — *Абылхаят* суындай (Жансүгіров).

АБЫЛЫП-САБЫЛЫП *Шаршап-шалдығып, асығып-үсігіп.*

АБЫҢ-КҮБІҢ *Асығыс-үсігіс, апыл-құпыл.* Олар ~ орындарынан тұрды.

АБЫР-ГҮБІР *У-шу, дабыр-дүбір.* ~ әпсәтте тынды.

АБЫР-ДАБЫР *Даң-дұң, у-шу.* Қырман басы ~.

АБЫР-ДЫБЫР *Абыр-сабыр, абыр-гүбір.*

АБЫРЖУЛЫ *Берекесі кетіп, бейжай қалыпта.* Жігіт қатты ~.

АБЫРЖУШЫЛЫҚ *Құты қашып сасқалақтаушылық, абыржығандық.*

АБЫРЖЫ *Әбігерлену, абдырау, сасу.* Ауыл адамдары ~п жүр екен.

АБЫРЖЫҢҚЫ *Үрейлі, кейісті.* Оның дауысы ~ шықты.

АБЫРОЙ 1. *Ар, ұят.* 2. *Атақ, дәреже, бедел.* Еңбек — ерге *абырой,* елге мақтан (Мақал) ◊ **Абырой алды [тапты, әперді, әкелді, берді]** — *құрметке бөленді, беделге ие болды.* **Абыройға бөленді** — *даңқы артты, атын шығарды.* **Абыройдан айрылды** — *беделі түсті, ұятқа қалды, масқара болды.* **Абыройын [айрандай] төкті** — *ар-ұяттан жұрдай болды.* **Абыройы артты [асты]** — *атағы елге жайылды, беделі өсті.* **Абыройы ашылды** — *тәні көрініп, ұятқа қалды.* **Абыройын алды [кетірді]** — *беделін түсірді, қадірін кетірді.* **Абыройын аяққа басты** — *масқара етті, қорлады.* **Абыройын жапты** — *намысын қорғады, ұятқа қалдырмады.* **Абыройы түсті [кетті, жойылды]** — *қадір-қасиетінен айрылды, бағасы түсті.*

АБЫРОЙ-АТАҚ *Ел таныған ізгі қасиет, бедел.*

АБЫРОЙЛЫ *Абыройы бар; қадірлі, беделді.* ~ адам.

АБЫРОЙЛЫЛЫҚ *Абыройы барлық, беделділік.*

АБЫРОЙСЫЗ *Беделсіз, қадірсіз.*

АБЫРОЙСЫЗДЫҚ *Беделсіздік, қадірсіздік.*

АБЫР-САБЫР *У-шу, әбігер.* Ауыл үсті ~.

АБЫСЫН *Ағайынды адамдардың әйелдері.*

АБЫСЫН-АЖЫН *Күйеуі жағынан жақын-жуық әйелдер.* ~ түгел жиналды.

АБЫСЫН-АЖЫНДАЙ *Сырлас, тату-тәтті.* ~ болды.

АБЫСЫНДЫ *Бір-бірімен абысын болып келетін, абысыны бар.*

АВАНГАРД 1. *Негізгі әскери күштің алдыңғы шебінде жүретін бөлімі.* 2. *Ауыс. Белгілі қоғамдық топтың алдыңғы жетекші бөлігі.*

АВАНГАРДТЫҚ *Алдыңғы қатарлы, жетекші.* ~ роль.

АВАНС *Алатын жалақының есебінен алдын ала берілетін ақша не зат.*

АВАНТЮРА *Арандатушылық әрекет, тәуекелге салып, оңай олжа іздеушілік.*

АВАНТЮРИЗМ *Авантюра жолына түсу.*

АВАНТЮРИСТ *Авантюра жолына түскен алаяқ адам.*

АВАНТЮРИСТІК *Авантюриске тән қасиет.* ~ саясат.

АВАРИЯ *Машинаның, механизмнің қозғалыс үстінде апатқа ұшырауы.* ~ға ұшырады.

АВИАБАЗА *Авиация бөлімдерін жабдықтайтын орын.*

АВИАБАЙЛАНЫС *Авиация арқылы жасалатын байланыс.*

АВИАБАРЛАУ *Авиациялық барлау.*

АВИАБЕНЗИН *Авиация қажеттілігіне жұмсалатын бензин.*

АВИАБОМБА *Ұшақпен тасталатын бомба.*

АВИАДЕСАНТ *Ұшақпен жеткізілген және түсірілген әскер.*

АВИАЗАУЫТ *Авиация және оған керекті құрал-саймандар жасайтын зауыт.*

АВИАКЛУБ *Авиация мамандарын дайындайтын клуб.*

АВИАМОДЕЛЬ *Ұшақтың, болмаса басқа әуе аппараттарының моделі.*

АВИАПОЧТА *Ұшақпен тасылатын почта.*

АВИАСПОРТ *Әуе спортының жалпылама аты.*

АВИАТЕХНИКУМ *Авиациядан техникалық орта дәрежелі білім беретін оқу орны.*

АВИАТОР *Ұшатын аппаратты басқарушы ұшқыш.*

АВИАТҮСІРУ *Ұшақпен жердің не басқа бір нысанның (объектінің) суретін түсіру ісі.*

АВИАЦИЯ *Әуеқатынас құралы, әуе флоты.* Азаматтық ~, соғыс ~сы.

АВТОАРА *Электр қуатымен өзі кесетін ара.*

АВТОБАЗА *Автомобильдер тұратын және оны жөндеп тасымал жасайтын орын.*

АВТОБЕКЕТ *Адам таситын автомобильдерді сапарға шығаратын орын; автостанция.*

АВТОБУС *Кісі таситын көп орынды автомобиль.*

АВТОВОКЗАЛ *Қалааралық автобустар тоқтайтын орын.*

АВТОГАРАЖ *Автомобильдер тұратын, жөнделетін орын.*

АВТОДРОМ *Автомобильдер сынағын, жарысын өткізуге ыңғайланып жабдықталған орын.*

АВТОДҮКЕН *Автомашинаға орнатылған дүкен.*

АВТОЗАУЫТ *Автомобиль жасап шығаратын зауыт.*

АВТОИНСПЕКТОР *Көліктердің тәртіп жүйесін бақылайтын адам.*

АВТОИНСПЕКЦИЯ *Көліктердің тәртіп жүйесін бақылайтын орын, мекеме.*

АВТОКЛУБ *Автомобильге орнатылған көшпелі клуб.*

АВТОКӨЛІК *Кісі және жүк таситын автомобиль көлігі.*

АВТОКРАН *Ауыр жүкті бір орыннан екінші орынға көтеріп қоятын автомат кран.*

АВТОҚАЛАМ *Толтырылып алынған сиямен жазылатын қалам.*

АВТОЛ *Автомобиль, трактор т. б. двигательдерге жұмсалатын май.*

АВТОМАТ 1. *Ішкі механизм арқылы өздігінен істейтін аппарат.* 2. *Бір қорап оқты бірінен кейін бірін тұтас атуға болатын мылтық.* 3. *Жылдам істейтін адам.* Ол бір тұрған ~.

АВТОМАТИКА *Шаруашылықтың бір тарауындағы я бір өндірістегі өздігінен істейтін машиналар мен аспаптардың жиынтығы.*

АВТОМАТТАН *Автоматты машиналарды қолдану ісіне көшу.*

АВТОМАТТАНДЫР 1. *өзг. етіс. Автоматтандыр.* 2. *Автоматтану ісіне көшу.*

АВТОМАТ-ТЕЛЕФОН *Кесімді ақы төлеп сөйлесетін телефон.*

АВТОМАТТЫ 1. *Әдеттегі дағды бойынша.* ~ түрде қолын кеудесіне апарды. 2. *Машинаның көмегімен.* ~ бақылау (басқару).

АВТОМАТШЫ *Автомат мылтығымен қаруланған жауынгер.*

АВТОМАШИНА *Автомобиль машинасы.*

АВТОМОБИЛЬ *Рельсі жоқ жолдармен жүк тиеп, адам тасуға арналған машина.* Жүк ~і, жеңіл ~; ~ өнеркәсібі, ~ транспорты.

АВТОНОМИЯ *Бір мемлекеттің шеңберіндегі жеке ұлтқа саяси жағынан өзін өзі билеуі, жеке басқарушылық.*

АВТОНОМИЯЛЫ *Автономия деп танылған, автономиялық.* ~ республика (облыс, аудан).

АВТОПАРК *Автомобильдер тұратын, жөнделетін орын.*

АВТОПОЕЗД *Бір-біріне тіркелген автокөлік.*

АВТОПОРТРЕТ *Суретшінің өзін өзі айнаға қарап салған суреті.*

АВТОР *Белгілі бір шығарманы, еңбекті, жобаны жазған адам.* Романның ~ы, жобаның ~ы, мақала ~ы.

АВТОРЕФЕРАТ *Өзі жазған зерттеу жұмысының қысқаша мазмұны туралы реферат.*

АВТОРЛЫҚ *Авторға тиесілі, авторға тән дүние, зат.* ~ құқы (куәлік).

АВТОСУАТ *Малды автоматтық жолмен суаратын науа, астау.*

АВТОТЕЖЕУІШ *Темір жол вагондарында пойызды автоматты түрде тоқтату үшін қолданылатын тетік.*

АВТОТИЕУІШ *Жүкті өздігінен автоматты түрде тиегіш, көтергіш.*

АВТОТРАНСФОРМАТОР *Ауыспалы электр тогының қуатын тежейтін аспап.*

АВТОТҰРАҚ *Автомобиль қоятын арнаулы орын.*

АВТОФУРГОН *Азық-түлікке арналған жабық жүк машинасы.*

АВТОШЕБЕРХАНА *Автомашинаға орнатылған шеберхана.*

АГАТ *Кварц текті қатты асыл тас.*

АГЕНТ 1. *Белгілі бір мекеменің не ұйымның тапсырған тапсырмасын орындаушы адам.* 2. *Жаудың астыртын салып қойған тыңшысы.*

АГЕНТТІК *Бір мекеменің жер-жердегі бөлімшелері және солардың тапсырмаларын орындап отыратын ұйым.*

АГЕНТУРА 1. *Агенттік қызмет, іс.* 2. *Дұшпандық барлау, тіміскілік әрекет.*

АГРАРЛЫ *Ауыл шаруашылығы, егіншілік кәсібі басым.* ~ ел (саясат).

АГРАРЛЫҚ-ӨНЕРКӘСІПТІК: *аграрлық-өнеркәсіптік бірлестік — мамандандырылған ауыл шаруашылығы кәсіпорны мен өнеркәсіптік өңдеу кәсіпорны тобының аумақтық, ұйымдық және технологиялық бірлесу кешені.*

АГРЕГАТ *техн. Тиімді нәтижеге жету мақсатында әр түрлі машиналарды немесе аппараттарды жүйелеп топтастыру, бір бүтін нәрсе етіп құрастыру.*

АГРЕГАТТЫ *Агрегатталған, агрегат қалпына келтірілген.* ~ станок.

АГРЕССИЯ *саяс. Басқа елдің жерін басып алу үшін әскер күшімен шабуыл жасау; басқыншылық.*

АГРЕССИЯШЫЛ *Басқыншылық әрекетті жақтаушы, агрессивті.* ~ күш (одақ)

АГРЕССОР *Агрессия жүргізуші, жаулап алу мақсатымен шабуылдаушы, басқыншы.*

АГРОБИОЛОГИЯ *Биология ғылымының бір саласы; өсімдік және мал шаруашылығы жөніндегі білім.*

АГРОНОМ *Егін шаруашылық маманы.*

АГРОНОМИЯ *Егін шаруашылық ғылымы.*

АГРОТЕХНИКА *Егін шаруашылық дақылдарын жетілдіру техникасының шаралары.*

АГРОФИЗИКА *Өсімдіктердің сыртқы тіршілік жағдайын және олардың тіршілігіндегі физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

АГРОФИЗИКАЛЫҚ *Агрофизикаға тән.* ~ зерттеу.

АГРОХИМИЯ *Өсімдіктердің жақсы өсіп, жетілуі туралы ғылым.*

АГРОХИМИЯЛЫҚ *Агрохимияға тән.* ~ картограммалар.

АҒА 1. *Ағайынды адамдардың жас жағынан үлкені.* 2. *Жасы үлкен ер адам.* Алдыңғы толқын — **ағалар**, Артқы толқын — інілер (Абай). 3. *Жетекші, ақылшы, басшы.* Ел **ағасыз** болмас, тон жағасыз болмас (Мақал). 4. *Қызмет дәрежесі жоғары адам.* ~ шопан (оқытушы, қызметкер, жаттықтырушы). □ **Ағалар алқасы** — *өндірісте, мекемелерде еңбек ардагерлерінен құралған кеңес.* **Аға буын** — *үлгі-өнеге көрсеткен, тәрбие берген, тәлімгер адам.* ◊ **Ағама жеңгем сай** — *екеуі бір-біріне дөп қосылған, бірінен бірінің айырмасы шамалы.* **Ағаның алды ақ жайлау** — *ел басқарған, көпті көрген адам кең пейілді болады д. м.* **Аға өлсе, іні мұра (көне)** — *әмеңгерлік жолымен өз жесірін өзгеге бермеу.* **Аға тұтты** — *аға деп сыйлады, құрметтеді.*

АҒАЖАН *Ағаға ізеттік білдіру, құрметтеу ниетінде айтылады.*

АҒА-ЖЕҢГЕ *Ағасы мен жеңгесі, екеуі де.*

АҒАЙ *сып. Өзінен жасы үлкен ер адамға, ұстазға құрмет білдіру ишараты.* Сабыр ~сыз ба?

АҒАЙЫН 1. *Бір әкеден жаралған ағалы-інілілер.* Ақажан, бір әкеден алты **ағайын**, Ал десе, аяма-

ған елі дайын (Байзақов). 2. *Аталас, туыстас адамдар. Ағайын* тату болса, ат көп (Мақал). 3. *Іргелес, қоныстас тілегі бір ел. Ағайын* болып отыратын болсаң, баланды Оспанға бер (Мүсірепов). 4. *Ауыс. Бір-бірімен сабақтас, өзектес нәрсе.* Өлең мен еңбек — *ағайын* (Сейітов). ◊ **Ағайын ала болды** — *туыстас адамдардың арасына от түсті, жауықты.* **Ағайынның азары болса да безері болмас** — *жақын-жуық адамдар қаншама жауыққанымен, бірін-бірі қимайды.* **Ағайын тұтты** — *іш тартып, жақсы көрді.*

АҒАЙЫНГЕРШІЛІК *Жақын-жуық адамдардың бір-біріне көрсеткен бауырмалшылығы, қайырымдылығы.*

АҒАЙЫНДАС I 1. *Аталас, рулас, табы бір.* ~ адамдар. 2. *Ауыс. Бір-біріне байланысты, сабақтас, өзектес.* Ғылым мен тәжірибе ~.

АҒАЙЫНДАС II *Жақындасу, туыстасу.* Халықтар ~а берсін.

АҒАЙЫНДАСТЫҚ 1. *Ағайын болғандық, туыстастық.* 2. *Ауыс.* Әдебиеттер ~ғы.

АҒАЙЫНДАСТЫР 1. *өзг. етіс. Ағайындастыр.* 2. *Туыс ету, жақындастыру.*

АҒАЙЫНДЫ *Ағалы-інілі, бауырлас, емшектес.* ~ адамдар. Жұт жеті *ағайынды* (Мақал). ◊ **Ағайынды қоңыр қаз** — *қатары жарасқан тату адамдар.*

АҒАЙЫН-ЖЕКЖАТ *Сүйек-шатыс, жақын-жуық, ағайын-жұрағат.*

АҒАЙЫН-ЖҰРАҒАТ *Ілік-шатыс, тамыр-таныс.* Тойға ~ түгел шақырылды.

АҒАЙЫНСЫ *Ағайын болғансу, ағайын болып көріну.* Мұсақұл мен Қарынбай *ағайынсынып,* мал жетелеп келіпті (Арыстанов).

АҒАЙЫНСЫМАҚ *Ағайын-туған болып көрінүшілік.*

АҒАЙЫН-ТУҒАН *Ет жақын бауырлас адамдар.*

АҒАЙЫН-ТУҒАНДЫҚ *Бауырластық, туыстық.*

АҒАЙЫНШЫЛ *Туысқаншыл, қаншыл.*

АҒАЙЫНШЫЛА *Ағайын адамдарға тән қылық жасау.* Біреудің биесін ұрлап сойып алып, ақыры *ағайыншылап* әзер құтылыпты (Жәкенов).

АҒАЙЫНШЫЛЫҚ *Біреуге біреу жанашырлық жасау, қарасу, жәрдемдесу.* ~ жасады.

АҒАЛА 1. *Аға, аға деп, жасы үлкен ер адамды құрметтеу.* ~п жанынан қалмады. 2. *Жалыну, жалбарыну. Ағалап* бір кез жалынды, Қадірлі сұлу қара көз (Саин).

АҒАЛА: ағалап шығу — *суырылып алға кету, озып шығу.*

АҒАЛ-ЖАҒАЛ *Ағал-сағал, сағал-сағал, ала-құла.* ~ күзгі дала.

АҒАЛ-САҒАЛ *Кір-қожалақ, салтақ-салтақ.* — Түу, Шынарка, неғып *ағал-сағал* болып кеткенсің? (Құмарова).

АҒАЛЫҚ 1. *Жасы үлкен ағаға тән қасиет, үлкендік.* Асан *ағалық* қылып Үсенді қамшымен бір салып қалып еді (Шәкәрім). 2. *Қамқорлық, қорған болғандық. Ағалықпен* сәлем жаздым, Жаңа талап жас інім (Иманбаева). ◊ **Ағалық ақыл [кеңес, сөз]** — *жанашырлық сөз, үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие.*

АҒАЛЫ-ҚАРЫНДАСТАЙ *Туыс адамдардай тату-тәтті.* ~ жұбы жазылмайды.

АҒАЛЫ-ҚАРЫНДАСТЫ *Ағасы мен қарындасы екеуі.* ~ екеуі өзара әңгімелесіп тұр.

АҒАЛЫ-ІНІЛІ *Ағасы мен інісі, екеуі де.* ~ екеуі үйге кірді.

АҒАР 1. *Ақ түске айналу, бозғылттану.* Шашы ~ды. 2. *Бозарып таң ату, жарық түсу.* Кейде таң ~ғанша отырамын. 3. *Ауыс. Көңілден кірбің кету, тазару.* Қара көңіл *ағармайды* жуса да (Молдағалиев). 4. *Ақталу, айыптан тазару.* Ол *ағарып* шықты. 5. *Ауыс. Бақытқа бөлену, көктену, гүлдену.* Кіммен қарайсаң, сонымен *ағар* (Мақал).

АҒАРАҢ: ағараң етті — *жалт етіп көзге шалынды.* **Ағараң тартты** — *ақшылданып көрінді, бозарды.*

АҒАРАҢ-АҒАРАҢ: ағараң-ағараң етті — *ағараңдап көрінді, көзге түсті.*

АҒАРАҢДА 1. *Ақ түсті заттың көзге шалынып көрінуі.* Бір нәрсе ~п көрінеді. 2. *Таң бозарып көріне бастау, қылаңдап ату.* Таң ~п атып келеді.

АҒАРҒАН 1. *Сүттен жасалған тағам.* Бүкіл ауыл ~мен ғана отыр. 2. *Еттің майы.* Табақтағы еттің ~ы аз.

АҒАРТ 1. *өзг. етіс. Ағар-т.* 2. *Үйдің іші-сыртын әктеу, майлау.* Бөлмеміздің ішін ~тық.

АҒАРТҚЫ I *Күмісті жалтырату үшін ашудасқа су қосып дайындалған зат.*

АҒАРТҚЫ II *Олифа, май т. б. байланыстырғыш ақ бояу құрайтын зат; пигмент.*

АҒАРТЫҚ *қ. Ақжем.* Еті жоғары кетсе, *ағартық* беру керек (Шорманов).

АҒАРТУ *Білім беру, оқыту, тәрбиелеу ісі.* Халық ~ министрлігі.

АҒАРТУШЫ *Білім беріп, оқу-ағарту ісімен шұғылданушы адам.* Қазақ халқының тұңғыш ~сы Ыбырай Алтынсарин.

АҒАРТУШЫЛЫҚ *Оқу-ағарту ісімен шұғылданушылық.*

АҒАРЫҢҚЫ *Ақшыл, ақшылдау.* Үзіктері ағарыңқы, үйлері үлкен ауыл (У. Жансүгіров).

АҒАСҰЛТАН *тар. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласында территориялық округты басқарған әкім.* ~ болды.

АҒАСЫЗ 1. *Ағасы болмаған, ағасы жоқ.* Ол ~ өсті. 2. *Ауыс. Қорғаны жоқ, панасыз.*

АҒАСЫН *Өзін аға, қамқоршы етіп көрсету.* Өзінше ~ып жүр.

АҒАТ *Жаңсақ, жаңылыс, теріс.* Сөзінің ~ы жоқ. ◊ **Ағат кетті** — *жаза басты, жаңсақ кетті.*

АҒАТАЙ *сып. Жасы үлкен ер адамға жалынып-жалбарыну, өтіну, сұрау ниеті.*

АҒАТАЙЛА 1. *Ағатай, ағатай деп айту; ізет көрсету.* Үлкенді көрсе ~п жүргені. 2. *Біреуге жалыну, жалбарыну, тілену.* Серілеу жігіттердің өзі *ағатайлап* жүріп, әкемізге балдақ соқтырып алатын (Қанахин).

АҒАТТАУ *Ерсілеу, әбестеу.* Апам ~ айтып қалды.

АҒАТТЫҚ *Әбестік, жаңсақтық.* ~ жасады.

АҒАШ 1. *Бұтақты, жапырақты, қатты түбірлі көп жылдық өсімдік; жалпы ағаш атаулы.* Үй маңында ~ өсіп тұр. 2. *Тұрмыс қажетін өтеу үшін кесіліп, қиылып алынған ағаш кесінділері; құрылыс материалы* ~ отын (төсек, үй). □ **Ағаш шебері [ұстасы]** — *ағаштан үй салып, түрлі бұйымдар жасайтын адам.*

АҒАШАТ *этногр. Қайтыс болған адамның мәйітін салып көтеретін ағаш.* ◊ **Ағашатқа [ағаштың басына] мінгізді** — *біреуді сыртынан ғайбат сөз айтып жамандады, өсек-аяңға іліктірді.* **Ағаш мінез** — *тоң мойын, бір бет адам.* **Ағаштан бал, шөптен сүт ағылды** — *ағыл-тегіл молшылық.* **Ағаштан түйін [түйме] түйеді** — *он саусағынан өнері төгілген, асқан шебер.*

АҒАШТАЙ *Икемсіз, қоқиып қалған; қап-қатты.* Екі аяғы ~ сіресіп қалған.

АҒАШТАН *Ағаш сияқты қатты денеге айналу, сояулану.* Құрайлардың сабағы ~ып кетіпті.

АҒАШТЫ *Ағашы көп.* ~ көше.

АҒАШШЫ *Ағаш шеберi, ағаш ұстасы.*

АҒА-ІНІ *Ағасы мен інісі.*

АҒА-ІНІДЕЙ *Тату-тәтті, ынтымақты.* Олар ~ болып кеткен адамдар.

АҒА-ІНІЛІК *Біреу аға, біреуі іні болғандық, олардың арасындағы сыйластық.*

АҒЕКЕ *сып. Жасы үлкен ер адамды сыйлау, құрметтеу ретінде айтылатын ишарат сөз.*

АҒЕКЕЛЕ *Ағалау, ағатайлау.* ~п жалынды.

АҒЗА *Дене мүшесі.* ~сы тозыпты.

АҒЗАМ *көне. Аса мәртебелі, ұлы.* Патша ~.

АҒЫЗ 1. *Сұйық затты белгілі бір бағытпен жылжыту.* Суды арықпен ~ды. 2. *Құйылу, төгілу, сорғалау.* Көзден жас ~ды. 3. *Судың екпінімен затты бір жаққа алып кетуі.* Ертіс ағашты ~а жөнелді. 4. *Көлікті, машинаны қатты жүргізу, ызғыту, зымырату, құйғыту.* Кер жорғамен ~ып келеді. 5. *Еру, балқу.* Самауырдың оттығын ~ып алды. 6. *Ауыс. Құйқылжыту, төгілту, нөсерлету.* Өлеңді борасындай **ағызайын** (Жармағанбетов).

АҒЫЗЫП-ТАМЫЗ *Шашып-төгу, былғау.*

АҒЫЛ 1. *Төгілу, сорғалау, құйылу, сауылдау.* Болат шойын қазандарға ~а бастады. 2. *Ерсілі-қарсылы шұбыру, жөңкілу.* Машиналар ерсілі-қарсылы ~ып жатыр.

АҒЫЛ-ТЕГІЛ 1. *Көл-көсір, орасан көп.* Бір күні ~ той болды. 2. *Бода-бода, жоса-жоса.* ~ жылады.

АҒЫЛШЫН *Ұлыбританияның негізгі тұрғын халқы.*

АҒЫЛЫС *Ерсілі-қарсылы жүріс-тұрыс.*

АҒЫМ *Бағыт-бағдар, жалпы беталыс.* XIX ғасырдың орта кезінен қазақ әдебиетінде жаңа **ағым** басталады (Мұқанов).

АҒЫМДАҒЫ *Күнбе-күнгі, кезектегі.* ~ жөндеу міндеттер, мәселе).

АҒЫН I 1. *Судың жылжып ағу қарқыны, ағыс.* ~ға қарай жүзді. 2. *Бір заттың бойындағы күштің көпіні, қарқыны.* Жамантай **ағынмен** бір рет сойыл жермеп ұрып қалды. (Әуезов). □ **Ағын су** — *бір қалыпта ағып жататын су.* ◊ **Ағын судай екпіндеді** — *алып ұшты, лепірді.*

АҒЫН II *көне. Жалыну, жалбарыну, өтіну.* Дуелі құдай **ағындым,** ата-анамды сағындым (Бағырлар жыры).

АҒЫНДА *Бар пәрменімен алып ұшу, екпіндеу, қарқындау.* Алып ұшып келеді, Жүйрік поезд **ағындап** (Шипин).

АҒЫНДЫ 1. *Ағыны күшті ағысты.* ~ өзен. 2. *Тегеурінді, екпінді.* Ұябасар ұшқыр да **ағынды** құс екен (Мүсірепов).

АҒЫС I 1. *Су ағыны.* ~қа қарсы жүзді. 2. *Ауыс. Бағыт, беталыс.* Ол әңгіменің **ағысын** іске қарай бұрмақ болды (Әлімқұлов).

АҒЫС II *көне. Садақты оқыс ату.* Тоғыз көзді кіреукені киді. Жеті кетпеннен **ағыс** атады екен (Батырлар жыры).

АҒЫСТЫ *Ағысы күшті, тынымсыз ағып жатқан.* ~ Ақсу.

АҒЫТ 1. *Босату, шешу.* Түймені ~ты. 2. *Ауыс. Ағылту, аңырату.* Өленді өзен етіп **ағытар** едім (Бегалин).

АҒЫТПАЛЫ *Ағытып қоятын.* ~ жаға (түйме).

АҒЫТЫЛЫ *Ағытылған, ағытылып қойылған.* Түймесі ~.

АҒЫТЫЛ 1. *ыр. етіс. Ағытыл* 2. *Ерсілі-қарсылы жөңкілу, шұбыру.* Атқа шана жеккен мұжықтар базарға **ағытылып** келіп жатыр (С.Сейфуллин).

АДА *Құр алақан, жұрдай.* Ол ардан да, намыстан да ~. ◊ **Ада болды [етті, қылды]** — *таусылды, түгесілді.*

АДА-ГҮДЕ *Біржола, мүлде, бүтіндей.* Хат ~ тыйылды.

АДАҚТА 1. *Аралау, кезу.* Ел ~п шықты. 2. *Тіміскілеу, тінту.* Сиқым үйдің о жер, бұ жерін түгел **адақтап** шықты (Қасенов). 3. *Оқшаулану, даралану.* Бригада егінді дестеге түсіруде **адақтап** алда келеді (Тербеледі).

АДАЛ 1. *Пайдалануға, ішіп-жемге жарамды, бағалы, пайдалы.* Арам қолыңмен **адал** тамақты былғайсың (Тоқмағамбетов). 2. *Шын берілген, сенімді.* ~ адам. Отанына ~. 3. *Кіршіксіз, мінсіз, қалтқысыз.* Ақ ~ ниет. 4. *Турасы, шыны, ақиқаты, әділі.* Бүлдірсең де, күлдірсең де **адалын** айт (Хасенов). ◊ **Адалға түгі [қарасы] жоқ** — *тақыр кедей, асқа да, малға да жарымаған.* **Адалдан жиған мал [дүние]** — *еңбекпен табылған байлық.* **Адалын алдарына салды** — *барын аузына тосты, сыйлап күтті.* **Адалынан жолықтыр (тілек)** — *жібі түзу адамға кездестір, бақытты қыл деген тілек.*

АДАЛА *Ада ету, бітіру.* Ақыры жауды **адалап,** Жеңісті көрдім көзіммен (Шопашев).

АДАЛБАҚАН *Киім ілетін ашалы қада ағаш.* Киімін ~ға ілді.

АДАЛДА *Адал еңбекпен ақтап алу.* Ең болмаса асымызды **адалдап** ішейік (Иманбеков).

АДАЛДЫҚ *Адам бойындағы таза ниет, имандылық қасиет.*

АДАЛСЫ *Өзін адал етіп көрсету.*

АДАЛЫМСЫ *ҚҰ. Адалсы.* Пара алып, не қазынаның ақшасын жеп, **адалымсып** жүретін ұлықтар көп (Шәкәрім).

АДАЛЫНАН *Мейірімді, шапағатты етіп.* Баланы ~ берсін.

АДАЛЫРАҚ *Адалдау, адалдық қасиеті күштірек.*

АДАМ 1. *Ойлау, сөйлеу қабілеті бар, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі.* **Адамнан** үлкен ат жоқ, Наннан үлкен ас жоқ (Мақал). 2. *Көпшілік қауым, жұрт, халық.* Боз үйдің маңы қаптаған **адам** (Сәрсенбаев). ◊ **Адам айтқысыз** — *кәремет, ғажап, айтып болмайтын.* **Адам алатын бура** — *кісіге шабатын бура.* **Адам баласы** — *бүкіл адамзат, адам атаулы.* **Адам баспас жер** — *көз көріп, құлақ естімес қашық жер.* **Адам болды** — а) *ер*

жетті, адам қатарына қосылды; ә) өз қолы өз аузына жетті, санатқа ілікті. **Адам болмайды** — *ауру дендеп, өлім халіне жеткен.* **Адам біткен** — *жалпы адам атаулы, күллі халық.* **Адам етті [қылды]** — *ел қатарына қосты, тәлім-тәрбие берді.* **Адам көргісіз [қарағысыз]** — *бетіне кісі қарағысыз, ұсқынсыз.* **Адамның басы алланың добы** *(діни)* — *адам тағдырдың жетегінде; өзінде билік жоқ д. м.* **Адам сауды** — *біреуді олжалады, арбап-алдады.* **Адам төзгісіз** — *шектен шыққан, шыдап болмайтын.*

АДАМАТА *Ислам дінінің аңызы бойынша алла жаратқан, ең алғашқы кісі, адамзаттың атасы.* Арғы атам — *Адамата,* хақ, пайғамбар, Айрылып Хауанадан болыпты зар (Шәкәрім).

АДАМГЕРШІЛІК *Қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым.* -гі зор, -гі үлкен. □ **Адамгершілік тәрбиесі** — *ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы.*

АДАМДЫҚ 1. *Адамға тән ізгі қасиет.* ~ болмыс. 2. *Адамшыл, адамгершіл.* ~ парыз. *Адамға арналған.* Бір ~, жеке ~ (бөлме, орын).

АДАМЖАНДЫ *Адам сүйгіш, адамды қадірлегіш.* ~ жігіт.

АДАМЗАТ *Бүкіл адам баласы.*

АДАМЗАТТЫҚ *Адамзатқа тән.*

АДАМИ *Адамға тән, адамға қатысты.* ~ зат, ~ мінез.

АДАМ-КҮН *Жұмыс күнін есептеуде қолданылатын өлшем.*

АДАМСЫ *Кісімсу, бәлсіну, паңсыну.* — Ой, сонынды қойшы, -п қалған бірдеме.

АДАМСЫМАҚ *экспр. Адам деген аты бар.*

АДАМША *Адам сияқтанып, адам болып.* Адамға ~ қарау.

АДАМШЫЛ *Жаны ашығыш, қамқоршы.*

АДАМШЫЛЫҚ *Адам бойындағы ізгі қасиет, адамгершілік.*

АДАПТАЦИЯ *Ағзаның тіршілік ортаға бейімделуі.*

АДАРҒЫ *кәсіп. Өрмек жіптерін бөліп тұратын және оларды аударыстырып отыратын екі жақ шеті қырландыра жонылған тақтай.*

АДАС I *Бір есіммен аталатын, есімі бірдей адамдар; аттас.*

АДАС II 1. *Жол таба алмай сенделу.* Жалғыз жүріп жол тапқанша, Көппен бірге *адас* (Мақал). 2. *Ауыс. Теріс бағытқа түсу, қателесу, шатысу.* Мағжан *адасса,* ел деп адасты ("Өркен"). ◊ **Адасқан қаздай** — *безек қақты, жалғызсырады.*

АДАСҚАҚ *Адасқыш, қателескіш.*

АДАСҚЫШ *Қателескіш, шатасқыш.*

АДАСУШЫЛЫҚ *Қателесушілік, теріс жолға түсушілік.*

АДАУ *Былтырғыдан қалған пішен, шабылған шөп.* Қорада төбесі қалың *адау* шөп (Майлин).

АДВОКАТ *заң.* 1. *Сот ісі бойынша сенім берілген қорғаушы.* 2. *Біреудің сөзін сөйлеуші, жоғын жоқтаушы адам.* Сен маған ~ болмай-ақ қой.

АДВОКАТТЫҚ *Адвокатқа тән іс, қызмет.* ~ қызмет.

АДВОКАТУРА *заң.* 1. *Адвокаттық іс.* 2. *Адвокаттар тобы.*

АДЖАР *Аджар Республикасының негізгі тұрғын халқы.*

АДМИРАЛ *Теңіз флотындағы ең жоғары шен.*

АДМИРАЛТЕЙСТВО 1. *Теңіз флоты істерін жүргізіп отыратын мекеме.* 2. *Соғыс кемелері тұратын, оларға жөндеу жүргізетін орын.*

АДРЕС 1. *Тұратын жер мен тұрған орынның аты, мекенжай.* 2. *Хат пен посылканың сыртындағы алушының тұратын жері, аты-жөні көрсетілген жазу.* 3. *Мұшел тойға арналған жазбаша құттықтау хат.* □ **Адрес столы** — *қалада тұратындарды анықтап беретін мекеме орны.*

АДРЕСАНТ *Почта арқылы хат, сәлемдеме т. б. жіберген адам.*

АДРЕСАТ *Почта арқылы жіберілген затты алатын адам.*

АДУЫН *Ешкімді бетіне қаратпайтын өр мінезді, өр көкірек.* ~ әке, ~ ене.

АДУЫНДА *Өршелену, өрекпу.* Ол -п кірді.

АДУЫНДЫ *Азулы, өжет, өткір.* ~ кісі.

АДУЫНДЫЛАУ *Азулылау, өр мінезділеу.*

АДУЫНДЫҚ *Өр мінезділік, өр көкіректік.* Ашуынан ~ғы басым.

АДЫГЕЙ *Адыгей автономиялық облысының негізгі тұрғын халқы.*

АДЫМ 1. *Жүру кезіндегі екі аяқтың аралығы, қадам.* -ы үлкен (алшақ). 2. *Іс әрекет, талпыныс.* Шаруашылықты қалпына келтіруде үлкен ~дар жасалды. ◊ **Адымын аштырмады** — *басып озды, асып түсті.*

АДЫМДА 1. *Аяқты көсілте кең басу.* 2. *Күшті қарқынмен ілгері басу, қарыштау.* Ұжымшар -п алға басты.

АДЫМДАҒЫШ: адымдағыш экскаватор — *арнаулы механизм көмегімен өзі жүретін экскаватор.*

АДЫМДЫ *Адымы кең, адымы ұзын.*

АДЫҢ-КҮДІҢ *Арсы-күрсі.* ~ адам.

АДЫР 1. *Бір-біріне ұласып, тұтасып жатқан белесті дөңес жер.* 2. *Ауыс. Тұрпайы, дөрекі.* Өзі де, сөзі де ~ кісі.

АДЫРА: адыра қал — *құры, жоғал.*

АДЫРАЙ 1. *Көзді бадырайтып, ашулы пішінмен қарау.* 2. *Дараланып көзге көріну, баттиып шығып тұру.* Шеке тамырлары -ып кетті.

АДЫРАҚ: адырақ көз- *бадырақ көз.*

АДЫРАҚПАЙ *қарап. Әпербақан, ұрда-жық.*

АДЫРАҚТАУ *Бадырақтау, бадыраңдау.*

АДЫРАҢ *Тұрпайы мінезді, едіреңдеген.* ~ жігіт. **Адыраң көз** — *адырақ көз, бадырайған көз.*

АДЫРАҢ: адыраң-адыраң етті — *қоқаңдап күш көрсетті, адыраңдады.*

АДЫРАҢБАЙ *қарап. Адыраңдап қалған, мазасыз, тынышсыз адам.*

АДЫРАҢДА *Адыраңдап ерсі мінез көрсету.* -п ұрыса жөнелді.

АДЫРАСПАН *бот. Ыстық жақта өсетін, өткір иісті дәрілік шөп.*

АДЫР-БҰДЫР *Ойлы-қырлы, кедір-бұдыр.* ~ жер.

АДЫРЛАУ 1. *Кедір-бұдырлы, ойқы-шойқылы.* ~ жер. 2. *Ауыс. Дөрекілеу, тұрпайылау* ~ тіл қатты.

АДЫРЛЫ *Адыр-адыр, адыры көп.* ~ алқап.

АДЫРЛЫ-БҰДЫРЛЫ *Кедір-бұдыры көп, ойлы-қырлы.* ~ ой-шұқыр.

АДЫРЛЫҚ 1. *Адыр болғандық.* 2. *Ауыс. Теріс мінезділік, ожарлық.*

АДЫРНА I *көне. Қазақтың сыбызғы тәрізді көне үрмелі саз аспабы; керуіш.* -сын шертіп көрді.

АДЫРНА II *Садақтың керме қайысы.* Ол садағының *адырнасын* саумалап тартып келді де, жіберіп қалды (Баяндин).

АДЪЮТАНТ *Жоғарғы әскери бастықтардың қызмет бабындағы тапсырмаларын орындауға тағайындалған офицер.*

АЖА *көне. Үй іші, ауыл-аймақтағы бас көтерер ақылшы адам.* Ай дер *ажа* жоқ, қой дер қожа жоқ (Мақал).

АЖАЛ *Өлім, қаза.* -ы жетті. ◊ **Ажал айдады [түртті]** — *өлімге бастады, басына күн туды.* **Ажал аузында** — *өлім халінде, әл үстінде.* **Ажалға қарсы шапты** — *ашынды, қарсыласты.*

АЖАЛДЫ *Ажалы жеткен.* Айдалаға атқан оқ *ажалдыға* тиеді (Мақал).

АЖАЛСЫЗ *Ажалы жетпеген, оқ қағары бар.* - адам.

АЖАР *Бет-пішін, кескін-келбет, түр-түрпат.* Сақып *ажар* жағынан бірсыпыра қыздың тәуірі еді (Майлин). ◊ **Ажар берді** — *өңін кіргізді, жайнатты.* **Ажар білдірді [танытты]** — *сыңай білдірді.* **Ажары кірді** — *бетіне қан жүгірді, көңілденді.* **Ажарын сатты** — *беделін салды.* **Ажары сынық** — *өңі жүдеу тартқан, көңілсіз.*

АЖАРЛА 1. *Бір нәрсенің бетін тегістеу.* 2. *Ауыс. Өңін кіргізу, сәнін келтіру.* Көрмеге үй ішін *ажарлайтын* жиһаздар қойылды (Қасиманов).

АЖАРЛАН 1. *өзд. етіс. Ажарла-н.* 2. *Құлпыру, түрлену, жайнау.* Болыс басына сусар бөркін киіп, *ажарланып* тұр екен (Әуезов).

АЖАРЛЫ *Көрікті, әдемі, келбетті.* - адам.

АЖАРЛЫЛЫҚ *Келісті, келбетті болушылық.* Ол әйел -ғымен көз тартады.

АЖАРСЫЗ *Сүреңсіз, сұрықсыз.* - әйел.

АЖАРСЫЗДАН *Сүрғылт тарту, сүреңсіздену.*

АЖУА *Астарлай сөйлеп кекету; келемеж, мысқыл.* ◊ **Ажуа етті [қылды]** — *мазақ етті, келемеждеді.*

АЖУАЛА *Келемеждеу, мазақтау, мысқылдау.*

АЖУАШЫЛ *Мысқылшыл, әзілқой.*

АЖЫРА 1. *Бөліну, бөлектену, айырылу.* Шешесінен -п қалды. 2. *Алыстау, қол үзу.* Әке-шешемнен -ғым келмейді.

АЖЫРАҒЫСЫЗ *Бөлуге болмайтын, біртұтас.* Халық пен тіл -.

АЖЫРАЙ *Ашулы көзбен қарау, адыраю.* Атасы -я қарады.

АЖЫРАҢ-АЖЫРАҢ: Ажыраң-ажыраң етті — *ежіреңдеп күш көрсетті.*

АЖЫРАҢДА *Еліру, есіру, ақылану.* -п кетті.

АЖЫРАС 1. *орт. етіс. Ажыра-с.* 2. *Неке бұзу, айырылысу.* Әйелімен -ып тынды.

АЖЫРАСТЫР *өзг. етіс. Ажырастыр.*

АЖЫРАТ 1. *Бөліп жіберу, бір-бірінен айыру.* Қозыларды енесінен -ты. 2. *Бөліп алу, жіктеу.* Бұл зауыт қорғасынның ішіндегі мырышты -ады. 3. *Талдау, саралау.* Тастағы жазуларды -ып оқыды. 4. *Босату, аршу.* Жаралы аяқты етіктен -ып алды. 5. *Анықтау, айқындау.* Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін -ып берді. 6. *Құтқару, арашалап алу.* Төбелескен екеуін -ып жіберді. 7. *Үнемдеу, пайда түсіріп, күн көру.* Сатып ассуымызды -ып отырмыз.

АЖЫРАТҚЫ *Токты ажырататын тетік.*

АЖЫРҒЫ 1. *Жауыр болған жылқының мойнына кигізетін ағаштан істелген кескек.* 2. *көне. Жазаланған адамның мойнына кигізетін ауыр тақтай.*

АЖЫРЫҚ *бот. Ойпаң жерде өсетін көп жылдық өсімдік.*

АЖЫРЫМДЫ *Ажыратуға болатын.* Тілдегі сөздер пішіні жағынан - болып келеді.

АЗ I *Азғантай, шағын.* Еңбегі *аздың* өнбегі аз (Мақал). ◊ **Аз да болса** — *сәл ғана.* **Аздан соң [кейін]** — *көп ұзамай, кешікпей.*

АЗ I 1. *Жақсы қасиеттен айырылу.* Малдың тұқымы азды. 2. *Жүдеп-жадау, азып-тозу. Азып* кетіпсің ғой. 3. *Ауыс. Сөзге еріп, жолдан тау, бұзылу.* Адал жар *азбайды,* адал дос алдамайды (Нұршайықов).

АЗА 1. *Өлім-жітімге байланысты қайғы-қасірет, мұң-шер.* Нағашымның -сына бардым. 2. *Кісі өлген үйге туған-туыс, жекжат-жұрағаттарының малдай не заттай, ақшадай алып баратын көмегі.* Абай Дәркембайдың үйіне *аза* ретінде бір сиыр, бір түйе сауын әкелгізіп берді (Әуезов). ◊ **Аза бойы қаза болды [түрды]** — *азар да безер болды, шошынды, тұршікті.*

АЗАГЕР *Азаға келген адам.*

АЗАГҮЛ *жаңа. Өлген адамға қойылатын гүл.* Бейітіне - қойды.

АЗ-АЗ *Азғантай, сәл-пәл.* Жылауға - қалды.

АЗ-АЗДАН *Шақтап, шамалап, азғантайдан.* Баланы - тамаққа үйретті.

АЗ-АЗДАП *Біртіндеп, шамамен.* Су - келіп тұр.

АЗАЙ *Саны кему, шағындала түсу.* Балабақшада баланың саны -ып келеді.

АЗАЙҒЫШ *мат. Азайтылатын сан.* -тан азайтқышты алып тастау керек.

АЗАЛА *Аза тұту, қайғыру, қамығу.* Әкесін -п қойды.

АЗАЛЫ *Мұңлы-шерлі, қайғылы.* - үй.

АЗАМАТ 1. *Белгілі бір мемлекеттің тең құқықты адамы.* Мен Қазақстан -ымын. 2. *Кәмелетке толып, ер жеткен адам; жігіт.* Қарағым, іске жарар *азамат* майданда ғой (Қуанышбаев). 3. *Кісілігі бар парасатты адам.* Жігіттің жігіті бар, *азаматы* бір бөлек (Мақал). □ **Азамат соғысы** — *бір елдің өз ішіндегі соғыс.* ◊ **Азамат болды** — *ер жетті, санатқа қосылды.*

АЗАМАТТЫҚ 1. *Белгілі бір мемлекеттің азаматы болғандық.* - борыш (міндет). 2. *Адамгершілік, кісілік, жігіттік.* Ауыл инженері үлкен - істеді.

АЗАМАТША I *Әйел адам, әйел кісі.*

АЗАМАТША II *Ер азаматқа ұқсап, ерлерше.* - қасқайып тұрды.

АЗАН *діни.* 1. *Намазға шақыру алдындағы ерекше мақаммен дауыстау рәсімі; намаздың кіріспе бөлімі.* Мешіттен - үні естілді. 2. *Таңертеңгі азан шақыратын мезгіл.* - нан тұрды. ◊ **Азан айтты [салды, шақырды]** — *намаз алдында дауыстап дұға оқыды.* **Азан шақырып қойған ат** — *ең алғаш қойылған есім; шын аты.*

АЗАНҒЫ *Таңертеңгі, таңғы.* - ас (серуен).

АЗАНДА I *Таңертең ерте, ертемен.* ~ қызметке кеткен.

АЗАНДА II *Азан айтқандай дауыстау, айқайлау.* ~п жылап отыр.

АЗАН-ҚАЗАН *У-шу, айқай-ұйқай.* Үйдің іші ~.

АЗАНШЫ *діни. Азан шақырушы.*

АЗАНШЫЛЫҚ *Азан айтушылық; азан шақыратын қызмет.*

АЗАП *Бейнет, мехнат, қиыншылық.* ◊ **Азапқа қалды [түсті]** — *азап көрді, бейнет шекті.* **Азапқа салды** — *жанын қинады, азаптады.* **Азап тартты [шекті, көрді]** — *көресесін көрді, айықпас пәлеге қалды.*

АЗАПСЫН *Азап көру, азап деп санау.* ~ып бармады.

АЗАПСЫНУ *қ. атау. Азапсын-у.*

АЗАПТА *Азапқа салу, қинау.* ~п өлтірді.

АЗАПТЫ *Азабы көп, қиыншылығы мол.* ~ өмір (тұрмыс).

АЗАР I *Қорлық, азап, зорлық-зомбылық.* Ешнияздың маған көрсетпеген *азары* жоқ (Тоқмағамбетов). ◊ **Азар болса** — *көп болса, мықтағанда.*

АЗАР II *Әрең, зорға, өліп-талып.* ~ жетті. ◊ **Азар дегенде** — *зордан, қинала-қинала.*

АЗАР ДА-БЕЗЕР: азар да-безер болды — *антсу ішіп, қашты, жоламады.*

АЗАТ *Өз еркі өзінде, ерікті. Азат* басың болсын құл, Қолдан келмес іске ұмтыл (Абай). □ **Азат бас** *(этногр.)* — *керегенің артық тұрған сыңар басы.* **Азат жол** — *жаңа жол, жаңа жолдан бастап жазу.* **Азат етті** — *босатты, құтқарды.*

АЗАТКЕР *Ел басына төнген қауіп-қатерден, басқыншылықтан құтқарушы, азат етуші адам немесе халық.*

АЗАТКЕРЛІК *Азат етушілік.*

АЗАТТА *Азат ету, құтқару.*

АЗАТТЫҚ *Бостандық, еркіндік, теңдік.*

АЗАТШЫЛ *Бостандық сүйгіш.* ~ жан.

АЗАТШЫЛЫҚ *Бостаншылық, еркіншілдік.*

АЗБАН *Бұрын үйірге, күйекке, келеге түсіп, кейіннен кестірілген еркек мал.* ~ айғыр (қошқар).

АЗБАР *Бордақы мал тұратын шағын қора.* Бордақы, соғым малын қараңғы ~ға байлайды.

АЗБЕНІШ *жерг. Талшық, нәпақа.* Оның алданышы, *азбеніші* — ораза ашары (Аймауытов).

АЗБЫНША *Азғана, азғантай. Азбынша* сәлемдемемді қомсынбай ала тұрыңдар (Жүнісов).

АЗ ҒАНА *Азғантай, шағын.* ~ адам (тамақ).

АЗҒАНТАЙ *Азғана, көп емес.* ~ дәурен сүрді.

АЗҒЫН 1. *Жақсы сападан жаман сапаға ауысқан, азып-тозған (нәсіл).* Ат *азғыны* тайға ереді (Мақал). 2. *Елге, жолдас-жорағa опасыздық жасаған, сатқын (адам). Азғындардың* көрсетуі бойынша жер-жерде қара тізімдер жасалды (Қайсенов).

АЗҒЫНДА 1. *Азып-тозу, жүдеп-жадау.* Мал ~п кетті. 2. *Адамшылықтан кету, жолдан тау.* Арақ ішіп, ~п барады.

АЗҒЫНДЫҚ *Теріс жолға түсіп, бұзылғандық.* ~қа бармады.

АЗҒЫР *Сөз айтып үгіттеп, жолдан тайдыру, айныту.* Ақ сайтан ~ды.

АЗҒЫРҒЫШ *Әзәзіл, айнытқыш.* ~тың тіліне ерме.

АЗҒЫРЫНДЫ *Екі жүзділікпен айтылған, айнытқыш.* ~ сөз.

АЗҒЫШ *Аза беретін, азуға бейім.* ~ бала.

АЗДАҒАН *Ептеген, біраз.* Оның ~ орысшасы бар.

АЗДАП *Аздаған, ептеген.* ~ ақша тапты.

АЗДАУ *Шамалы, шағын, азырақ.* Биенің саны ~.

АЗДЫ-КЕМ *Азды-көпті, азын-аулақ.* ~ тәжірибеміз бар.

АЗДЫ-КӨПТІ *Азды-кем, біраз.* ~ беріп кетті.

АЗДЫҚ *Кемдік, жетімсіздік.* ~ етпейді.

АЗДЫРҒЫШ *Аздырушы, айнытушы.*

АЗИМУТ 1. *Меридиан жазықтығымен белгілі бір жақтың тік жазықтығының бұрышы.* 2. *әск. Жүріс беталысы мен терістік бағыт арасындағы бұрыш.*

АЗ-КЕМ *Аз-маз, шамалы.* Ол ~ ойға батты.

АЗ-МАЗ *Аз-кем, шамалы, сәл.* Орыс тілін ~ біледі.

АЗ-МАЗДАП *Там-тұмдап, бірен-саран.* ~ ұшырасады.

АЗОТ *хим. Ауа құрамындағы түссіз, иіссіз газ; химиялық элемент.*

АЗОТТЫ *Азоты бар, азот араласқан.* ~ тыңайтқыш, ~ қышқыл.

АЗСЫН *Місе тұтпау, азырқану, қомсыну.* Ол берген теңгені ~ғандай болды.

АЗУ *Тұпкі жалпақ тіс.* ◊ **Азу тісі пышақтай [балтадай]** — *өткір, қиып түсетін.* **Азуы алты [кере] қарыс** — *айбынды, азулы, озбыр.* **Азуын айға біледі [қайрады]** — *қаһар тікті; өшікті.*

АЗУЛА *Азуға салып шайнау, тістелеу.*

АЗУЛЫ 1. *Мықты, күшті.* ~ ит, ~ қасқыр. 2. *Ауыс. Бет қаратпайтын өткір, өжет; озбыр.* ~ адам.

АЗУЛЫЛАУ *Азуы күштірек; қаһарлы.*

АЗУЛЫЛЫҚ *Мықтылық, күштілік, өткірлік.*

АЗУЛЫРАҚ *Азулылау, мықтылау.*

АЗУСЫЗ 1. *Азуы жоқ, азуы түскен.* ~ тамақ шайнау қиын. 2. *Ауыс. Дәрменсіз, әлсіз.* Мынау заман, қай заман; *Азусызға* тар заман, Азулыға бар заман (Шортанбай).

АЗШЫЛЫҚ *Аз болушылық, жетімсіздік.* Ақша ~ етіп тұр.

АЗЫҚ 1. *Тамақ, ас, дәм.* Үйінде ~ жоқ. 2. *Малдың қорегі, жемшөп.* Түйе ~ талғамайды.

АЗЫҚТАН 1. *Тамақ ішу, тамақтану.* Жолаушылар ~ып алды. 2. *Қоректену, нәр алу.* Сауын малы өз алдына ~ып тұр.

АЗЫҚ-ТҮЛІК *Ішіп-жейтін тамақ өнімдері.* □ **Азық-түлік бағдарламасы** — *халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің шаралары мен міндеттері.*

АЗЫҚТЫҚ *Азық боларлық, азық етерлік.* Мал ~ дақыл.

АЗЫҚХАНА *Азық сақталатын қойма.*

АЗЫНА 1. *Боран мен желдің гүілдеп соғуы.* Жел ~п тұр. 2. *Арқырап, гүрілдеп кісінеу.* Айғыр ~п ауылға қарай шаба жөнелді. 3. *Дауыс шығарып жылау.* Жағалбайлының бүкіл әулеті қара жамылып, азаматым деп *азынап* отыр (Қалмырзаев). 4. *Күннің, үйдің суып кетуі.* Отырған үйлері *азынап* тұр.

АЗЫН-АУЛАҚ *Аздаған, құнарсыз, шамалы.* ~ мал (егін, қаражат, тәжірибе).

АЗЫНАУЫҚ 1. *Үйлдеп соғып тұратын, тынымсыз (жел).* 2. *Азынап, кісінеп беретін (айғыр).*

АЗЫП-ТОЗ 1. *Жүдеп-жадау, арып-ашу.* Жау ~ып бетімен кетті. 2. *Тозу, ескіру.* Егістік жер ~ған.

АЗЫП-ТОЗУШЫЛЫҚ *Арып-азушылық, жүдеп-жадаушылық.*

АЗЫРАҚ *Азғана, аздау, шамалы.* ~ тында (құлағынды сал).

АЗЫРҚАН *Місе тұтпау, қомсыну, азсыну.* Қол жеткен табысты ~ды.

АЗЫРҚАНУ *қ. атау. Азырқан-у.*

АЙ I 1. *Жердің табиғи серігі; түнде жерге жарық сәуле түсіріп тұратын аспан денесі.* ~ туды. 2. *Жылдың он екіден бір бөлігін көрсететін уақыт өлшемі; отыз күндік мерзім.* Наурыз ~ы. □ *Ай қораланды — айдың беті мұнартып, төңірегі шеңберленді.* □ **Айға шапты** — *қолынан келмеске ұмтылды.* **Айда аяқ, жылда жілік жоқ** — *ай мен жыл бөлініп жарылмай, білінбей өте береді.* д. м. **Айдан [айдай] анық** — *бесенеден белгілі, апайқын.* **Ай десе аузы бар [жоқ], күн десе көзі бар [жоқ]** — *асқан сұлу, өте көрікті.* **Айды аспанға [бір] шығарды** *(мысқ.)* — *бір іс істеп, жұртты таң қалдырды, атын шығарды.* **Айдың аманында** — *ел аман, жұрт тынышта.* **Ай жүзді** — *сұлу, көркем (әйел).* **Ай қабақ** — *көркем қыз, сұлу әйел.* **Ай қарадың ба?** — *не бітірдің? (не істедің? д. м.)* **Ай мандай [лы]** — *әдемі, көркем.* **Ай мен күндей** — *асқан сұлу көркем, әдемі.* **Ай мүйіз[ді]** *(фольк.)* — *сәнді, көркем мүйізі бар.* **Айы жеткен айында, күні жеткен күнінде** — *әр нәрсенің өз уақыты бар.* **Айы жетті** — *босанатын кезі болды, уақыты таянды.* **Айы оңынан туды** — *жолы болды, сәті түсті.* **Айы өтті** — *зәру болды, ділгірлік етті.*

АЙ II *Сес көрсеткендікті, өкінгендікті, күйініш-сүйіністі білдіретін одағай сөз.* ◊ **Ай [әй] дейтін ажа [әже], қой дейтін қожа жоқ** — *бетімен кетсең, бассыздыққа салынған.*

АЙ III *Сөздің мәнін күшейтетін демеулік ыылау.* Апыр-*ай!* Әттеген-*ай!* Ит-*ай!* Бетім-*ай!*

АЙБАҚ-САЙБАҚ *Қиқы-жиқы, кедір-бұдыр.* ~ жазу.

АЙБАҚТАТ *Қиқы-жиқы қылып жазу.* Ол әріптерді ~а жазды.

АЙБАЛДЫРҒАН *бот. Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын құрай тәрізді көп жылдық сімдік.*

АЙБАЛТА *көне. Ұзын сапты жарты ай бейнеіндегі кішірек балта.*

АЙБАЛТАЛЫ *Айбалта ұстаған.* ~ жасақ (топ).

АЙБАЛТАШЫ *көне. Айбалтамен соғысуға ебер адам.*

АЙБАЛЫҚ *Теңіз суларында болатын ірі балықтың бір түрі.*

АЙБАН *жерг. Аяқ киім шешу үшін үйдің лдына жапсыра салынған шағын орын; веранда.*

АЙБАР *Айбат, айбын, қаһар.* Өкесінің ~ынан скенді. ◊ **Айбар шекті [шашты, көрсетті, қылы]** — *сұс көрсетті, қорқытты.*

АЙБАРЛАН *Айбат көрсету, қаһарлану.* Ол ~а йіледі.

АЙБАРЛАНУ *қ. атау. Айбарлан-у.*

АЙБАРЛЫ *Қаһарлы, сұсты, айбынды.* ~ дауыс.

АЙБАРЛЫҚ *қ. Айбарлылық.*

АЙБАРЛЫЛЫҚ *Айбаттылық, айбындылық.*

АЙБАТ *Айбар, айбын.* ◊ **Айбат шекті [жасады, көрсетті]** — *сұс қылды, қаһар таныттты.*

АЙБАТМИЯ *Бұршақ тұқымдас көп жылдық імдік.*

АЙБАТТАН *Айбат шегу, қаһар төгу.* Ол ~а қарады.

АЙБАТТЫ *Қаһарлы, сұсты.* ~ адам.

АЙБАТТЫЛЫҚ *Жігерлілік, қайраттылық.*

АЙБАТТЫРАҚ *Айбындылау, айбарлырақ*

АЙБҮРКЕНШІК *Алғаш түскен келінге сәукеле сыртынан жабатын жамылғы.* Алғаным келін болған жұрт, *айбүркеншік* салған жұрт (Едіге батыр).

АЙБЫН I *Айбар, айбат.* Ал қызыл туым — *айбыным* (Әбілев). ◊ **Айбынынан ай жасырынған** — *қаһарлы, сұсты, зәрлі.*

АЙБЫН II *Қаймығу, ымену, қорқу.* Жау *айбынар* түсі бар, Жан беттемес күші бар (Қуаныштбаев).

АЙБЫНДЫ *Айбатты, қаһарлы.* ~ ел, ~ батыр.

АЙБЫНДЫЛАУ *Айбыны күштірек, қаһарлырақ.*

АЙБЫНДЫЛЫҚ *Айбаттылық, қаһарлылық.*

АЙБЫНДЫРАҚ *Айбындылау, айбаттырақ.*

АЙБЫНСЫЗ *Ынжық, жігерсіз, бос.*

АЙВА *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы.*

АЙГӨЛЕК *Қазақтың ұлттық ойыны.*

АЙГӨЛЕКТЕН *Дөңгелену, шеңбер жасау.* ~е түрды.

АЙГҮЛ *Жабайы өсетін гүл.*

АЙҒАЙ *Күшпен қатты шыққан дауыс, ын.* ~ естілді. ◊ **Айғай салды** — *айғайлады, дауыстады.*

АЙҒАЙЛА *Дауыстап қатты ын шығару, айқай салу.*

АЙҒАЙЛАҒЫШ *Айғай салғыш, қышқырғыш.* ~ адам.

АЙҒАЙЛАП-ҮЙҒАЙЛАП *Улап-шулап, дабырлап.*

АЙҒАЙЛЫ *Улы-шулы, дуылдаған, шуылдаған. Айғайлы* жерде ақыл аз (Мақал).

АЙҒАЙ-СҮРЕН *Айғайлаған, аттандаған дауыс, у-шу.*

АЙҒАЙСЫЗ *У-шусыз, айқай-ұйғайсыз.*

АЙҒАЙ-ҮЙҒАЙ *Айғайласқан қатты дауыс, шулаған ын.* ~ да шығып жатыр.

АЙҒАЙ-ШУ *Даң-дұң, шаң-шұң.* ~ әлі басылар емес.

АЙҒАЙ-ШУСЫЗ *Усыз-шусыз, айғайсыз; ұрыс-керіссіз.* Той ~ өтті.

АЙҒАЙШЫ 1. *Айғайлаған адам, айғайлайтын адам.* 2. *Ауыс. Ұйытқы, ұйымдастырушы, басшы.* Азғантай елге ~ едім.

АЙҒАҚ *Дәлел, куә.* ~ болды.

АЙҒАҚКЕР *Куәгерлік жасаушы кісі.* ~ді табу да оңай.

АЙҒАҚТА *Дәлелдеу, анықтау.* Менің адал екенімді *айғақта* жұртқа (Бөкеев).

АЙҒАҚТАЛ *өзг. етіс. Айғақта-л.*

АЙҒАҚТАМА *Бұлтартпайтын нақтылы дәлел.* Деректер мен ~лар бар.

АЙҒАҚТЫ *Дәлелді, ақиқатты.* ~ куә.

АЙҒЫЗ *Денеге, затқа түскен жөн-жосықсыз сызық.*

АЙҒЫЗ-АЙҒЫЗ *Тілім-тілім; шимай-шимай.* Беті ~.

АЙҒЫЗДА *Айғыз-айғыз жол салу, шимайлау.* Қағаз бетін ~п тастаған.

АЙҒЫЗ-ҮЙҒЫЗ *Ерсілі-қарсылы, жөн-жосықсыз.* Маңдайын ~ әжім басқан.

АЙҒЫР *Үйірге түсетін піштірілмеген еркек жылқы.* ◊ **Айғырдан шықты** — *ұрықтанды.* **Айғыр жал** — *айғырдың жалындай күжірейген.* **Айғыр үйірге**

түсті — *айғыр үйір алды, айғырды үйірге салды.* **Айғыр шапты** — *айғыр биеге жанасты.*

АЙҒЫРДАЙ *Үлкен, дәу.* - *жуа (сарымсақ).*

АЙҒЫРЛЫҚ *Айғырға тән қылық, әрекет.* ◊ **Айғырлық жасады [қылды]** — *айғырға тән іс істеді, үйір алды.*

АЙҒЫРСЫ *Айғыр сияқтану; қоқақтау, қодаңдау.*

АЙҒЫРСЫМАҚ *Айғырдың нақ өзі емес, соған ұқсас.*

АЙҒЫРША *Айғырға ұқсап, айғыр сияқтанып.* - кісінеді.

АЙДА I 1. *Малды алдына салып белгілі бір жаққа бұру, бағыттау.* Қой -ды. 2. *Көлікті, техниканы адамның ырқына көндіріп жүргізу.* Машина -ды. 3. *Бас еркінен айырып жазалау.* Сібірге -ды. 4. *Қуу, ыдырату.* Жел -ған бұлттай. ◊ **Айдап өргізіп, иіріп жусатты** — *жұртты аузына қаратты, билеп-төстеді.* **Айдап салды** — *біреуге біреуді өшіктірді, жауластырды.* **Айдап шықты** — *қуып жіберді, маңына жолатпады.*

АЙДА II *Жер жыртып, егін егу.* Жерді күз *айда,* Күз айдамасаң жүз айда (Мақал).

АЙДА III *сөйл. Жарайды, құп. Айда,* кеттік (*Айда,* жүр)!

АЙДАЙ *Ай сияқты; сұлу, әдемі, көркем.* Қасы *айдай,* ажары күндей бір қыз кезіге кетті (Тарази). ◊ **Айдай анық [айқын]** — *бесенеден белгілі, соқырға таяқ ұстатқандай.* **Айдай ашық** — *жап-жарық, сүттей жарық.* **Айдай әлем** — *бүкіл ел, бар қауым.* **Айдай етті** — *әшкерледі, сырын ашты.* **Айдай сұлу** — *өте көркем, сұлудың сұлуы.*

АЙДАҚ: айдақ жазу — *шимайлап қалай болса солай жазылған жазу.*

АЙДАҚ-ЖАЙДАҚ *Бей-берекет, ашылып-шашылған.* Жәнібектің бұрынғы астық сарайы *айдақ-жайдақ* (Майлин).

АЙДАҚ-САЙДАҚ *Жөн-жосықсыз, қалай болса солай.* Қабырғалар - ағартылған.

АЙДАҚТАТ *Жосылтып қалай болса солай жазу, айдақ-сайдақ ету.* Таутан *айдақтатып* қолды қойып кеп жіберді (Сәрсенбаев).

АЙДАЛА *Елсіз дала, құла дүз.* -ға кетті. ◊ **Айдаладағы біреу** — *танымайтын, білмейтін адам.*

АЙДАЛЫН *ыр. етіс. Айдал-ын.*

АЙДАМ *Айдалған, айдалатын егістік жердің бір бөлігі.* Бір - жер.

АЙДАМА *Сырғып жауған қар, борасын.* Жаяу борасын күшейіп, ызғырақ *айдамаға* айналыпты (Мүсірепов).

АЙДАМАЛ *Барып келуге алыс жер.* Ол жақты - деп қатысуға алыссынады.

АЙДАМАЛА *Малды айдаңқырап жүргізу.* Рақымбай малды *айдамалап* барады (Тілеуханов).

АЙДАР 1. *этногр. Баланың төбесіне қойылатын бір шоқ ұзын шаш.* 2. *Құстың төбесіне өсетін жұмсақ қызыл ет; сапар.* Тауқұдіреттің маңдайында *айдары* бар (Рахимов). 3. *Газет-журналдарда бір тақырып төңірегінде ұдайы беріліп тұратын жадығаттардың жалпы атауы.* "Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы" деген *айдармен* шығарылып отыр ("Лен. жас"). ◊ **Айдар тақты** — а) *жіп тағып иеленді, меншіктенді;* ә) *біреуді біреу дәріптеді, я болмаса сөзге іліктірді.* **Айдарынан жел есті** — а) *уайым-қайғысыз шалқып өмір сүрді;* ә) *көкірегіне нан пісті, асқақтады.*

АЙДАРЛАН *Ерекшелену; танылу, біліну, айқындалу.* -ған жас ақын.

АЙДАРЛЫ 1. *Айдары бар, айдары үлкен.* - бала (әтеш). 2. *Ауыс. Аты шулы, атақты. Айдарлы* ақындарымыздың бірі — Қадыр Мырзалиев ("Қаз. әдеб."). ◊ **Айдарлы сөз** — *көзге бірден шалынатын мағыналы сөз.* **Айдарлысын құл, тұлымдысын тұл қылды [етті]** — *еркегі мен әйелін құлдыққа салып қорлады, жәбірледі.*

АЙДАУ *Бас бостандығынан айырып жер аудару, айдалу.* Байтұрсынов 1934 жылы *айдаудан* оралғанымен, ол құлашын кең жаза алмады (Мәуленов). □ **Айдау жол** — *қара жол, үлкен жол.*

АЙДАУЫЛ *көне. Тұтқынға алынған адамдарды бір жерден екінші жерге айдап жүруші әскер; конвой. Айдауылдың* алдына түспе, Аламанның талауына түспе (Мақал).

АЙДАҺАР 1. *Ыстық жақтардағы суларда болатын алып жылан.* 2. *Ауыс. Адам баласына өлім әкелетін дүлей күш; жалмауыз.* Аштық деген *айдаһардың* аузында жем болып қала бергім келмейді (Дүйсенов).

АЙДАҺАРДАЙ: айдаһардай аранын ашты [ысқырды, ысылдады] — *қорқыныш пен үрей белгісі, апат пен қырғынның нышаны.*

АЙДЫН I *Жайылып жатқан су алабы.* Теңіз -ы. ◊ **Айдын [шалқар] көл** — *үлкен мөлдір, жалтыр көл.*

АЙДЫН II *Айбар; қаһар, айбын.* Кісі ығысар -ы жоқ.

АЙДЫНДАН *Жалтырап, жайылып жату.* Алда -ып Арал теңізі жатыр.

АЙДЫНДЫ *Айдыны бар; кең шалқар.* - көл.

АЙДЫН-КҮННІҢ: айдың-күннің аманында — *ел аман, жұрт тыныштa, жайшылықта.*

АЙ-ЖАЙ: ай-жай болды — *жарық түсіп, я болмаса абыр-сабыр басылып, дүние қалпына келді.*

АЙКЕЗБЕ *Ай сәулесінен қозатын жүйке дерті.*

АЙ-КҮНІ: ай-күні жетті — *босанатын уақыты болды, туатын кезі келді.*

АЙҚАЙ *Қызығу, өкіну мәнінде айтылатын көңіл күй одағайы.* - дүние (дәурен).

АЙҚАЙШЫЛ *Даурықпа, бөспе, даңғаза.* - адам.

АЙҚАЙШЫЛДЫҚ *Даурықпалық, даңғазалық.*

АЙҚАЙЫН *Шаршы гүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік.*

АЙҚАЛА *жерг. Сылап-сипау, аймалау.* Сауырын сипап, *айқалап,* Жалын талдап тарайды (Малқаров).

АЙҚАРА: айқара ашты — *есікті шалқалатып кең ашып қойды.*

АЙҚАС I 1. *Соғыс, ұрыс, шайқас.* Зеңбірекшілер -қа дайындалды. 2. *Талас-тартыс, күрес.* Әлді мен әлсіздің *айқасы* жайлы көп естіген (Дүзенов).

АЙҚАС II 1. *Екі заттың бір-бірімен қабысып, жабысып тұруы.* Аяқтары -ты. 2. *Соғысу, шайқасу.* Жауынгерлер жаумен -ты. 3. *Күресу, алысу.* Екеуі кездесе болды, -а кетеді.

АЙҚАСПАЛЫ: айқаспалы тозаңдау — *гүлдердің желмен басқа бір гүлдердің тозаңымен тозаңдануы.*

АЙҚҰЛАҚ *Сорлы, сортаң жерде өсетін өсімдік.*

АЙҚҰЛАҚТАН *Мақтану, есіру, асқақтау.* Ол *айқұлақтанып* шыға келді.

АЙҚЫН 1. *Анық, беп-белгілі.* Ізі ~ білінеді. 2. *Мәлім, аян.* Сіздің ойыңыз маған ~.
АЙҚЫНДА 1. *Анықтау, саралау.* Өмір жолын ~п берді. 2. *Анық етіп көрсету, ашу.* Ақ жібек кофта өңін ашып, *айқындай* түседі (Ахтанов).
АЙҚЫНДАУЫШ *лингв. Анықтауыштың ерекше бір түрі.*
АЙҚЫНДЫҚ *Анық болып тұрушылық, дәлділік.*
АЙҚЫНЫРАҚ *Анығырақ, дәлірек.* ~ көру (білу).
АЙҚЫШ *Бірін-бірі басып өтетін.* ~ бұрыш.
АЙҚЫШТА *Айқыш-ұйқыш ету.* Ортасын ~п тастаған.
АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШ *Ерсілі-қарсылы, бірін-бірі қиып өткен.* ~ жол (сызық).
АЙҚЫШ-ҰЙҚЫШТАН *Бірін-бірі басып өту, айқасу.*
АЙЛА *Амал, тәсіл.* Түлкінің ~сы.
АЙЛАКЕР *Алдамшы, қу, тәсілқой.* ~ адам.
АЙЛАКЕРЛІК *Тәсілқойлық, қулық.*
АЙЛАҚ *Теңіз, көл жағасында кеме тоқтатуға арналған қолайлы су алаңы.* Кеме ~қа келді.
АЙЛАЛА *Амалдау, қулыққа салу.* ~п жанын бағуда.
АЙЛАЛЫ *Айлакер, қу, залым.* ~ түлкі.
АЙЛАЛЫҚ *Тәсілқойлық, әдісқойлық.*
АЙЛАЛЫРАҚ *Қулау, залымдау.*
АЙЛАП *Айлар бойы, айлаған уақыт.* ~ үй көрмейді.
АЙЛАП-ЖЫЛДАП *Ұзақ уақыт, көптен.* ~ әрең жетті.
АЙЛАС *Туатын айы бір мезгілдес.* ***Айлас*** қатын мұндас (Мақал).
АЙЛАСЫЗ *Қулығы, айласы жоқ.*
АЙЛА-ТӘСІЛ *Қулық-сұмдық, айла-шарғы.*
АЙЛАУЫҚ *Көп жылдық шөптесін өсімдіктер тұқысы.*
АЙЛА-ШАРҒЫ *Амал-тәсіл, қулық.* ~ға жетік.
АЙЛАШЫЛ *Тәсілқой, айлакер.* ~ батыр.
АЙЛЫ *Ай сәулесі түсіп жарқырап тұрған.* ~ түнде, ~ жаздың кешінде.
АЙЛЫҚ 1. *Бір айға төленетін жалақы.* ~ алды (алмады). 2. *Отыз күндік мерзім.* ~ табыс (жоспар).
АЙМАҚ 1. *Өлке, атырап.* Қазақстан бес ~қа бөлінеді. 2. *Төңірек, маңай, айнала.* Осы ~қа белгілі әнші.
АЙМАҚАРАЛЫҚ *Бірнеше аймаққа тән, соларға ортақ.* ~ жарыс, ~ кеңес.
АЙМАҚТЫ *Аумақты, көлемді.* ~ елге тарады.
АЙМАҚТЫҚ *Аймақ бойынша, аймаққа тән.* ~ жарыс.
АЙМАЛА *Мейірленіп құшып сүю, айналып толғану.*
АЙМАНДАЙ: беті аймандай болды — *абыройы айрандай төгілді, масқарасы шықты.*
АЙМАУЫТ *көне. Ұсақ шынжырлы етіп асыл болаттан соғылған сауыт.*
АЙМЫШТА *Өрнектеу, әлеміштеу.* Көк сырмен боян, алтынмен *аймыштаған* кең кабинет (Сатыбалдиев).
АЙНА 1. *Бір беті шағылдырушы қабатпен қапталған шыны немесе металл дене.* ~ға қарады. 2. *Ауыс. Жарқын бейне, көрініс.* Есеп шаруашылық *айнасы* (Ақтаев). ◊ **Айнаға түсті** — *сойл. рентгенмен өтті.* **Айна көз** — *жарқыраған мөлдір көз.* **Айна көл [бұлақ]** — *жарқырап жатқан мөлдір тұнық су.* **Айна қатесіз** — а) *тұп-тура, дәл, нағыз; ә) аузынан түскендей, сойып қаптап қойғандай.* **Айна таз** — *жалтыр таз.*
АЙНАДАЙ 1. *Тап-таза, жалтыраған, жарқыраған.* Үйдің ішін ~ғып тазаладық. 2. *Жып-жылтыр, жап-жалтыр, біртегіс.* Шағала көлдің беті *айнадай* (Аймауытов).
АЙНАКӨЗ *Балықтың бір түрі.*
АЙНА-ҚАТЕСІЗ *Айнытпай, дәл, тұп-тура.* Оны ~ таныды.
АЙНАЛ 1. *Зырқырап дамылсыз қозғалу, дөңгелеу.* Шыр ~ды. 2. *Айнала жүру, орағыту.* Диірменді екі ~ды. 3. *Бір қалыптан басқа қалыпқа ауысу, көшу.* Күн жазға айналды, Ет азға *айналды* (Мақал). 4. *Бөгеліп қалу, кідірістеу.* Қалада көп ~маспын. 5. *Жақсы көру, емірену кезінде айтылады.* ~дым сенен! ◊ **Айналып келгенде** — *түптеп келгенде, расында, шындығында.* **Айналып кетейін** — *айналдым, жаным, күнім.*
АЙНАЛА *Төңірек, маңай, аумақ.* ~сы ат шаптырым.
АЙНАЛАЙЫН *Қарағым, қалқам.* О, ~, таудай жігіт бол!
АЙНАЛАҚТА *Төңіректеп ұзап шыға алмау, айналсоқтау.* Ол ~п шыға алмай жүр.
АЙНАЛАСЫ *Бар болғаны, не бары.* ~ жарты сағат, ~ бес-алты жыл.
АЙНАЛДЫР 1. *Бір заттың ішін сыртына, шығару, ауыстыру.* Бөркін теріс ~ып киді. 2. *Бір затты олай-бұлай аударыстыру, дөңгелету.* Етікті ~ып қарай бастады. 3. *Бір нәрсемен шұғылдану.* Жігіт газикті *айналдырып,* о жер, бу жерін шұқып жүрген (Мұстафин). 4. *сөйл. Біреуге сөз айтып, өзінің ырқына көндіру.* Қасболат Шарипаны *айналдырғысы* келді (Ахтанов). ◊ **Айналдырған ауру** — *ұзаққа созылған, көптен келе жатқан дерт.*
АЙНАЛДЫРҒАН *Бар болғаны, не бары, барлығы.*
АЙНАЛМА I *Малдың миы зақымданудан пайда болатын ауру; тентек;*
АЙНАЛМА II *Тұзу емес, бұрылысы көп.* ~ жол (бәйге).
АЙНАЛМАЛЫ 1. *Айналып қозғалып тұратын.* ~ орындық. 2. *Тұзу емес, бұрылыс-бұрмасы көп.* ~ жол. □ **Айналмалы капитал** — *құны өндірілген тауарға түгелімен көшетін өндіргіш капиталының бір бөлігі.* **Айналмалы қаржы** — *ақша айналым қорларының жиынтығы.*
АЙНАЛСОҚ *Қайта айналып келе беретін.* ~ жел.
АЙНАЛСОҚТА *Шырғалып шыға алмау, ұзап кетпеу.* Ол ~п атасының маңында жүр.
АЙНАЛСОҚТЫҚ *Айналып шыға алмаушылық.*
АЙНАЛШАҚТА *Бір жерді төңіректеп, қара үзіп кете алмау.* Ауылдан ~п кете алмай жүр.
АЙНАЛШЫҚ I *Көтенішектің жиегі, езуі.* ◊ **Айналшық жегендей** — *шыр айналып шықпады.*
АЙНАЛШЫҚ II *Улы шөп.*
АЙНАЛЫ *Айна салынған, айнасы бар.* ~ есік (шкаф).
АЙНАЛЫМ *спорт. Айналып шығатын мөлшерлі жер.* Шеңбердің толық *айналымы* 5–6 километр (Бүркітбаев). □ **Айналым қоры** *(экон.)* —

қордың өндіріс процесінде тұгелінен пайдаланып, құны жаңа өнімге толығынан ауысатын бөлігі.

АЙНАЛЫП-ТОЛҒАН *Өліп-өшу, сүйіп-құшу.* Анасы баласын ~ып отыр.

АЙНАЛЫП-ҮЙІРІЛІП *Айналсоқтап, орағытып.* Қыз ~ қасымнан шықпайды.

АЙНАЛЫС 1. *Бұрылыс, бұрма.* ~ жол. 2. *экон. Экономикада еңбек өнімдері мен басқа да меншік нысандарын сатып алу формасы.* ~ қоры (шығындары).

АЙНАМ *Қарағым, шырағым.* Жақсы жатып, жайлы тұр, *айнам* (Мұздыбаев).

АЙНАШЫМ *Жаным, күнім.* Күнім, айым, *айнашым.* Құлақ бауың байлашы (Мырзалиев).

АЙНЫ 1. *Жоқ жерде өзгере қалу; бұрынғы бағыт-бағдарын бұзу.* Ол келуден ~п қалды. 2. *Серттен таю, үәдеден шықпау.* Ақан Ақтоқтысынан *айнып,* Үркияны алып қашады (Мағжан). 3. *Қымыздың дәмі бұзылу, татып кету.* Қымыздың дәмі бұзылып, ~п кетіпті. ◊ **Жүрегі айныды** — *лоблыды, құсқысы келді, жиіркенді.*

АЙНЫҒЫШ *Айнып кететін; тұрақсыз, табансыз.* ~ қыз.

АЙНЫМА *Нақ өзіндей болып ұқсап тұру.* Әкесінен ~й қалған.

АЙНЫМАЛЫ 1. *Өзгермелі, құбылмалы.* ~ ауа райы. 2. *Опасыз, тұрлаусыз.* Менде жоқ *айнымалы* ала мінез (Тұрманжанов).

АЙНЫМАЛЫЛЫҚ *Өзгермелілік, құбылмалылық.* ~ абырой әпермейді.

АЙНЫМАС *Сертшіл, үәдешіл; берік, мықты.* ~ достық (көңіл)

АЙНЫМПАЗ *Айныгыш, өзгермелі, айнымалы.*

АЙПАП-ЖАЙПАП *Қырып-жойып, талқандап.* Айналасын ~п кетіпті.

АЙПАР-ЖАЙПАР *Жанжалқой, даукес.* Даулыбай, Қыздарменен *айпар-жайпар,* Екеуі бітім десе, басын шайқар (Абай).

АЙПАРА *Үлкен, көрнекті. Айпарадай* анық.

АЙРАН *Ұйытқы құйып ұйытылған сүт.* ~ ішті. ◊ **Айран көз** — *қарасынан ағы көп, сүйкімсіз көз.* **Айран сұрай келіп, шелегіңді жасырма** — *көңіліңдегіні іркілмей айт; ұялма, қысылма.* **Айран ішер** — *бетке ұстар; дұшпан көз белгі.*

АЙРАН-АСЫР *Ұлан-асыр, аста-төк.* ~ той болды. ◊ **Айран-асыр болды** — *тамаша болып, есі кетті, не қыларын білмеді.*

АЙРАНДАЙ: айрандай ұйыды — *айтқаннан шықпады, ұжымдық көрсетті.* ◊ **Айрандай аптап, күбідей күптеп** — *билеп-төстеді, еркінсіді.* **Айрандай ұйып отыр** — *тату-тәтті, ынтымақты.*

АЙРАП-ЖАЙРАП *Туталақай, астан-кестен.* Деревня ~ жатыр.

АЙРАУЫҚ *Астық тұқымдас өсімдіктің бір түрі.*

АЙРЫҚ *Айрылатын, бөлінетін жер.* Жол ~ғы, су ~ғы.

АЙРЫҚША *Ерекше, төтенше, өзгеше.* Маңызы ~.

АЙРЫҚШАЛАН *Ерекшелену, өзгешелену.* Ол жаңа ізденістерімен ~ды.

АЙРЫҚШАЛЫҚ *Ерекшелік, өзгешелік.*

АЙСБЕРГ *Мұхит пен теңізде қалқып жүретін мұз тау.*

АЙСЫЗ *Ай тумаған, қараңғы.* ~ түн.

АЙТ I *діни. Мұсылмандардың ұлы мейрамы.* ◊ **Айт [мерекe] құтты болсын!** — *ниетің қабыл болсын, орындалсын.*

АЙТ II 1. *Сөзбен ой-пікірін білдіру, сөз сөйлеу.* Әзіл ~ты. 2. *Арнау, бағыштау.* Жолына қой ~ып сойды. ◊ **Айта қаларлықтай** — *естен кетпейтіндей, елеулі.* **Айтары жоқ [айтуға келмейді]** — *несін айтасың; керемет, гажайып.* **Айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш** — *жуас, момын, момақан.* **Айтқандай-ақ екен** — *мақтаса мақтағандай; жақсы, тәуір.* **Айтқан жерден шықты** — *ойлағандай болды.* **Айтқаннан шықпады** — *есті, ақылды.* **Айтқаны айдай келеді** — *айтқан сөзі бұлжымайды, дәл келеді.* **Айтқаным айтқан** — *алған бетімнен қайтпаймын* д. м. **Айтқанына көніп, айдауына жүрді** — *не айтса соны істеді, тыңдады.* **Айтқанын екі етпеді** — *мұлтіксіз орындады, бұлжытпады.* **Айтқаның келсін!** (*алғ.*) — *аузыңа май, дегенің болсын.* **Айтқаны өтіп, атқаны жетіп тұр** — *билігі жүріп тұр, ойлағаны болып тұр.* **Айтқызбай-ақ біледі** — *сезімтал, сезгіш.* **Айтпады деме** — *есіңде болсын, ескертпеді деме.* **Айтса айтқандай** — *мақтаса мақтарлықтай.* **Айтсам, аузыма қара қан толсын** (*қарғ.*) — *ұзілді-кесілді сендіру, тану кезінде айтылады.* **Айтуға аузы бармайды** — *именді, қысылды, қатты ұялды.* **Айтуға тіл жетпейді** — *сөзбен жеткізе алмады.* **Айтудай-ақ айтты** — *құдайдың зарын қылды, ескертудей-ақ ескертті.* **Айтып-айтпай не керек [немене]** — *несін айтасың, айтты не, айтпады не.* **Айтып салды** — *қаймықпай сөйледі.*

АЙТ III *Итті айтақтап қосу.* Әккі тазылар өз иесі *"айт"* демей беталды жүгірмейді (Қасиманов). ◊ **Айт шу [жануар]** — *малды айдау, жүргізу кезінде айтылады.*

АЙТАҚ 1. *Ит қосқанда айтылатын ишарат сөз.* Төлеухан: Айтақ! *Айтақ!* — деп айқай салды (Хангелдин). 2. *Ауыс. Біреуді біреу айдап салу, арандату.* Айғайға *айтақ* қосатын ара ағайындар тағы бар (Тоғысбаев).

АЙТАҚТА 1. *Айтақ, айтақ деп итті өшіктіру.* Итті ~ды. 2. *Ауыс. Айдап салу, арандату.* Ол Сахиды шақырып алып, ана содырлыдан кегіңді қайтар, — деп *айтақтап* қоя беріпті (Сейдімбеков).

АЙТАҚШЫЛ *Арандатқыш.*

АЙТАҚЫР *Тақыр жер.* Аула алдында *айтақыр,* Айтақырда ай жатыр (Әлімбаев).

АЙТАРЛЫҚТАЙ *Қомақты, үлкен, зор.* Қол жеткен табысы ~.

АЙТАТЫР I *Таулы жерге өсетін құнарлы шөп.* Тауға біткен *айтатыр,* Ол татырда мал жатыр (Қобыланды).

АЙТАТЫР II *Ештеңе өспеген көлдің сор табаны, көлтабан.*

АЙТҚЫШ *Келістіріп айта білетін, шебер.*

АЙТҚЫШТА *Қызынып сөйлеу, бір айтқанын қайта-қайта айта беру.*

АЙТҚЫШТЫҚ *Келістіріп айта білушілік.*

АЙТПАҚШЫ *Айтқандайын д. м. қыстырма сөз.* ~ сен қашан келесің?

АЙТТА *Айт күндері үй-үйге қыдырып мерекелеу, айтшылау.*

АЙТТЫ-АЙТПАДЫ *Шынында да, айтса айтқандай.* ~ бұл мәселені ескеру керек.

АЙТТЫҚ *Айт күні берілетін тағам, сый.* - жеп қайтты.

АЙТТЫР 1. *өзг. етіс. Айт-тыр.* 2. *көне. Қызға сөз салып, құда түсу, атастыру.* -ып алған әйелі.

АЙТТЫРЫЛЫ *көне. Айттырылып қойылған, атастырылған.* - қыз.

АЙТТЫРУСЫЗ *көне. Әлі айттырылмаған, басы бос.* - қыз.

АЙТТЫРУШЫ *көне. Қызға қалың малын төлеп, құда түсуші жақ.* - лар келді.

АЙТУЛЫ *Даңқты, аты шулы.* - азамат (әнші, шебер).

АЙТУСЫЗ 1. *Айтылмаған, сөйленбеген.* - кеткен ән (сөз). 2. *Айтып жеткізуге болмайтын; зор, үлкен.* - алып денелі адам.

АЙТУЫНША *Айтуы бойынша, айтуына қарағанда.* Оның -.

АЙТ-ҮЙТ: айт-үйт жоқ — *бас жоқ, көз жоқ, алды артына қарамай.*

АЙТЫЛМЫШ: айтылмыш сөз [жер, күн] — *айтылған сөз.*

АЙТЫМПАЗ *Сөйлемпаз, айтқыш.* - кісі.

АЙТЫП-АЙТПАЙ *Қанша айтқанмен, қанша айтса да.* Немене ***айтып-айтпай*** дүние шолақ, Адамның осы жүрген бәрі қонақ (Шәкәрім). ◊ **Айтып-айтпай не керек** — *айт, айтпа бәрі бір.*

АЙТЫС I 1. *Суырып салма ақындардың ауызша өлең түріндегі сөз жарысы.* -қа түсті. 2. *Сөз сайысы, пікір таласы.* Ғылыми кеңесте - болды.

АЙТЫС II 1. *орт. етіс. Айт-ыс.* 2. *Дауласу, таласу, араздасу.* ***Айтысқан*** соң дау емес пе, Алысқан соң жау емес пе (Мақал). 3. *Өлеңмен сөз жарысына түсу, сайысу.* Бұдан кейін ауыл ақындарымен -ты.

АЙТЫСКЕР *Айтысқа түсуші суырып салма ақын.*

АЙТЫСКЕРЛІК *Айтыс өнеріне шебер болушылық.*

АЙТЫССЫЗ *Пікір таласынсыз, ұрыс-керіссіз.* Мәжіліс - тарады.

АЙТЫС-ТАРТЫС *Дау, жанжал, керіс.* -қа жол берді.

АЙУАН 1. *Жан-жануар, хайуан.* 2. *Ауыс. Жауыз, қаскүнем.* Фашистерді ***айуан*** десе болады (Ғабдуллин).

АЙУАНАТ *Күллі жан-жануар атаулы.* - паркі (әлемі, дүниесі).

АЙУАНДЫҚ *Жауыздық, зұлымдық.* -пен өлтірген.

АЙУАНША *Айуан сияқтанып, айуанға ұқсап.*

АЙХАЙ *Шіркін-ай, жалған-ай, дүние-ай. Айхай,* кең далам.

АЙ-ШАЙ: ай-шайға қарамады [келмеді] — *бас жоқ, көз жоқ, ақай жоқ, тоқай жоқ.*

АЙШЫҚ 1. *Жарты ай бейнесіндегі сәндік белгі.* Тамның сыртқы төбесіне жезден ***айшық*** қадапты (Мұстафин). 2. *Ауыс. Бейнелі, кестелі сөз өнері.* Жазушы сөз ***айшығын*** талғап, таңдайды ("Соц. Қаз.").

АЙШЫҚТА 1. *Өрнек салып мәнерлеу.* Күміспен -ған ер-тоқым. 2. *Ауыс. Бейнелеп сөйлеу.* Ақбота ***айшықтап*** сөйлеген сіңлісінің сөзіне онша мән бермегенсіді (Жүнісов).

АЙШЫҚТЫ *Ою-өрнекті; айшықталған.* - текемет, - түс киіз. □ **Айшықты сөз** — бейнелі тіл, көркем сөз.

АЙШЫҚТЫЛЫҚ *Айшығы барлық, көркемділік, мәнерлілік.* Мүсірепов шығармалары көркемдік түрдің ***айшықтылығымен*** көзге түседі (Әдібаев).

АЙШЫЛЫҚ: айшылық жер [жол] — *өте алыс жер.*

АЙЫЗ: айызы қанды — *риза болды, сүйсінді; құмардан шықты.*

АЙЫҚ 1. *Күннің бұлт пен тұманнан ашылып, жарқырап тұруы.* Бұлт -ты. 2. *Аурудың беті бері қарап, тәуір болу, жазылу.* Ауруынан -ты. 3. *Мас адамның өзіне өзі келіп сергуі, әдепкі қалпына келуі.* Мастығынан -ғып кетті.

АЙЫҚТЫРҒЫШ *Мастықтан айықтыратын орын, арнаулы санитарлық-медициналық мекеме.* -қа түсіпті.

АЙЫЛ *Ер-тоқым ауып кетпес үшін малдың бауырын, шабын орап тартатын жалпақ қайыс.* Атының -ын босатты. ◊ **Айылын жимады** — *ойына кіріп те шықпады, қымсынбады.*

АЙЫЛБАС *Белдіктің, тартпаның басына өткізіп қойылған металл ілмек, доғабас.*

АЙЫЛДА *Айылмен тартып қою.* -п тастаған.

АЙЫЛДАН: көк айылданды — *безеріп отырып алды.*

АЙЫЛ-ТҰРМАН *Қайыстан жасалған ер-тұрман әбзелдері.*

АЙЫМ I *экспр.* Жаным, жұлдызым. Күнім, ***айым,*** жұлдызым — бәрі сенсің (Аманжолов).

АЙЫМ II *көне.* 1. *Әйел, жұбай.* 2. *Ауыс. Басшы, бастық.* Өмина Қазақстан Республикасы мұсылман әйелдерінің төр***айымы***.

АЙЫНДА *Ай сайын, айына бір.* - бір рет есеп алады.

АЙЫНДА-ЖЫЛЫНДА *Анда-санда, оқта-текте.* Үйіне - бір келеді.

АЙЫП 1. *көне. Қылмыс жасап, жазалы болғандығы үшін заттай төленетін ақы.* - төледі. 2. *Кінә, жазық, әбестік.* Адамның ***айыбы*** адасқаны емес, адасқанын мойындамау (Есенберлин). 3. *Мін, кемшілік, жетімсіздік.* Бар ***айыбы*** — ағашы аз, көшелері тар (Шашкин). □ **Айып доп (*спорт*)** —*тәртіп бұзғандығы үшін қарсыласының қақпасына қарай ұрылатын доп.* ◊ **Айыбын бетіне басты** —*кемшілігін көзіне айтты.* **Айыбын жуды** — *күнәсын ақтады, өтеді.* **Айыпқа бұйырма [*айып етпе*]** — *сөге жамандама, кешір.* **Айып тақты** —*кінәлады, жазғырды.*

АЙЫП-АНЖЫ *Айыпқа төленетін зат.* -сын беріп, әрең құтылды.

АЙЫПКЕР *заң.* 1. *Қылмысты болып, жауапқа тартылған адам.* -ді қылмыс үстінде ұстады. 2. *Жазықты, кінәлы.* Аға алдында құдды өзім ***айыпкер*** сияқтымын (Сатыбалдиев).

АЙЫПСЫЗ *Жазықсыз, кінәсыз.*

АЙЫПТА 1. *Қылмысты деп табу, жазалау.* Оны қылмыскердің бірі деп -ды. 2. *Кінәлау, жазғыру, қаралау.* Іштей өзімді -ймын.

АЙЫПТАУШЫ *заң. Қылмысты істі сотта қарағанда кезде тағылған айыпты қолдаушы адам.*

АЙЫПТЫ 1. *Кінәлы, қылмыскер.* - адам. 2. *Жазықты, кінәлы.* Ғафу етіңіз, -мын.

АЙЫПТЫЛЫҚ *Кінәлы болушылық, жазықтылық.* -ғың үшін жазаланасың.

АЙЫПТЫСЫН *Өзін кінәлі санау, айыбын мойындау.* Әйелдің алдында өзін -ып қарай алмады.

АЙЫП-ШАМ *Сөкет, өрескел, ерсі.* -ы жоқ.

—АЙЫР I *Таза қанды айырдан немесе айыр мен қоспақтың арасынан туған қос өркешті түйе. Айырдан* туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз (Махамбет).

—АЙЫР II *Шөп, сабан жинауға арналған құрал.* Қолға -ын алды.

—АЙЫР III *Екіге жарылған, аша.* - қалпақ (өркеш, тұяқ). ◊ **Айыр көмей, жез таңдай** — *жыршы, әнші, шешен.*

—АЙЫР IV 1. *Бір бүтін нәрсені екіге бөлу, жару.* Ол ағашты екіге -ып тастады. 2. *Киімді, қағазды қалаған жерінен ұстап жырту.* Ол белдемшесін қақ -ды да, жаралы аяғын орады. 3. *Түрлі тәсілдер арқылы бір заттың бойынан басқадай бір затты бөліп шығару, алу.* Құрамынан мысты -ып алды. 4. *Адамдар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы.* Сүйрендеген қызыл тіл сүйгеніңнен *айырады* (Мақал). 5. *Бөліп жіберу, ажырату.* Жолдасты жол *айырады* (Мақал). 6. *Құр қалдыру, бермей қою.* Анасынан баласын -сақ, жанына жара салғанымыз. 7. *Ара түсіп алып қалу, құтқару.* Қойды қасқырдан -ып алыпты. 8. *Танып білу, анықтау, айқындау.* Қойдың жасын тісіне қарай -ады. 9. *Күн көріп, үнем қылу.* Құрай сатып, қыстайғы шайқантын -атын.

—АЙЫРБАҚАЙ *Малдың бақайларының арасынан шығатын жара.*

—АЙЫРБАС *Бір затты екінші затқа ауыстыру ісі.* - жасады.

—АЙЫРБАСТА 1. *Бір затты басқа бір затқа алмастырып алу.* Малын ұнға -ды. 2. *Ауыстыру, өзгерту.* Әли ел басына күн туғанда қаламын автоматқа *айырбастады* (От ортасы).

—АЙЫРБАСШЫЛ *Айырбас қылуға құмар, әуес.* Бай болайын деген жігіт - келеді.

—АЙЫРҒЫ *тех. Электр тізбектерін қосуға және айыруға арналған тетік.*

—АЙЫРҒЫСЫЗ *Ажыратып болмайтын, танып алғысыз.* Бұл үйлер бір-бірінен -.

—АЙЫРҒЫШ *Ажырата білетін, танығыш.* Педагог адам достықты да тез -.

—АЙЫРЛА *Шөпке айыр салу, айырмен көтеру.* -п шөп шапты.

—АЙЫРЛАН *Тармақтанып бөліну.* Ердің алдыңғы қасы екі -ып жасалыпты.

—АЙЫРМА I *Қойдың бақайында болатын ауру.*

—АЙЫРМА II 1. *Өзгешелік, ерекшелік.* -сы бар (жоқ). 2. *мат. Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық.*

—АЙЫРМАШЫЛЫҚ *Өзгешелік, айырма.* Адамның айуаннан -ғы неде?

—АЙЫРСАДАҚ *Балалардың тас атып ойнау үшін, резинка тартып жасаған кішкене аша ағашы.*

—АЙЫРШЫ *Айырмен жұмыс істейтін адам.* -лар мен тырмашылар да келді.

—АЙЫРЫМ 1. *Ерекшелік, өзгешелік.* Екеуінің -ы жоқ. 2. *Айырылатын жер, айырық.* Жолдың -ына жеткенде, ол оңға бұрылды. 3. *Айырмашылық.* Одан мұның -ы қайсы.

АКАДЕМИК 1. *Ғылым академиясының толық мүшесі.* 2. *Ауыс. Өз ісіне жетік, білгір адам.* Қойлы ауылдың *академигі* атанған Жазылбек Қуанышбаев (Айдаров).

АКАДЕМИЯ 1. *Зерттеу жұмыстарымен айналысатын ең жоғарғы ғылыми мекеме.* Қазақ Республикасының Ұлттық Ғылым *академиясы.* 2. *Білімнің арнаулы бір саласымен байланысты жоғарғы дәрежелі оқу орны.* Педагогика ғылымдары -сы. Қоғамдық ғылымдар -сы.

АКАДЕМИЯЛЫҚ *Ғылыми-теориялық.* □ **Академиялық жыл** — *жоғары оқу орындарында семестрлерді қамтитын оқу жылы (10 ай).* **Академиялық сағат** — *дәріс, сабақ үшін белгіленген уақыт мөлшері (45 минут).* **Академиялық театр** — *Республикадағы театрларға берілетін құрметті атақ.*

АКВАЛАНГ *Су астында жүзетін адамдардың тыныс алуы үшін істелген арнайы, ішіне сығылған ауа толтырылған аппарат.*

АКВАРЕЛЬ *Сумен езуге жеңіл бояу және сол бояумен салынған сурет.*

АКВАРИУМ *Қолда балық өсіруге арналған су құйылған шыны ыдыс.*

АККОРД *муз. Түрлі биіктіктегі үш немесе одан да көп дыбыстардың бір мезгілде үндесуі.*

АККОРДЕОН *муз. Екі қолмен басып ойнайтын фортепьянолық клавиатурасы бар музыка аспабы.*

АККРЕДИТИВ *фин. Ақша сақтаушыларға сақтық кассасынан берілетін ақша құжаты.*

АККРЕДИТТЕЛІУ *дипл. Басқа елдің үкіметі жанындағы дипломаттық өкілдік қызметке ресми кірісуі.*

АККУМУЛЯТОР *Электр я жылылық энергияларын бір жерге жинайтын аспап, шоғырлағыш.*

АКРОБАТ *спорт. Цирк гимнастикасының шебері.*

АКРОБАТИКА *Цирк ойындары гимнастикасы.*

АКСИОМА *филос. Дәлелдеуді керек етпейтін ғылыми айқын шындық.*

АКТ 1. *Болған оқиға, болған әрекет.* 2. *Мемлекеттік, қоғамдық мәні бар қаулы, қарар.* 3. *Белгілі бір оқиғаны, шындықты растайтын құжат.* 4. *театр. Театр пьесаларын ойнағанда екі үзілістің арасындағы ойын.*

АКТЕР *театр. Драмалық спектакль мен кинофильмде роль орындаушы.*

АКТИВ *Қоғамдық-саяси ұйымдардың жұмысты негұрлым беріле, белсене істейтін озат бөлігі.*

АКТИВИСТ *Қоғамдық-саяси ұйымдардың алдыңғы қатарлы белсенді мүшесі.*

АКТИВТІ *Белсенді, актив.* - қозғалыс (процесс).

АКТИНИЯ *Ішек қуыстылардың отрядына жататын теңіз жануары.*

АКТИНОГРАФ *Күннен шыққан энергияны тіркеп жазып алатын прибор.*

АКТИНОМЕТР *Күннен жерге түсетін сәуленің энергиясын өлшейтін прибор.*

АКТРИСА *Актер әйел.*

АКТУАЛЬДЫ *Бүгінгі күн үшін өте маңызды, зәру, өзекті.* - мәселе (тақырып).

АКТУАЛЬДЫҚ *Өмірге қажеттілік, маңыздылық.*

АКТІЛЕ *Акт жасау.*

АКТІЛІ *Театрдағы ойын аралығы.* Үш - пьеса.

АКУЛА *Теңіздер мен мұхиттарда өмір сүретін жыртқыш балық.*

АКУСТИКА *физ. Дыбыс әуезі туралы ілім; физиканың ежелгі салаларының бірі.*

—АКУШЕР *Босанатын әйелге жәрдем ететін маман дәрігер.*

АКУШЕРЛІК *мед. Бала көтеру, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде әйел ағзасында болатын өзгерістерді зерттейтін ғылым.*

АКСЕЛЕРАЦИЯ *биол. Биологияда белгілі бір даму сатысында ұрықтың бір бөлігінің тез жетілуі.*

АКЦЕНТ *лингв.* 1. *Көп буынды сөзде бір буынның ерекше күшпен айтылуы; екпін.* 2. *Басқа тілде сөйлегенде болатын ерекше дыбыс әуені.* 3. *муз. Музыкалық шығарманың жеке дыбыстарын бөліп, даралап салмақпен ойнау.*

АКЦЕНТОЛОГИЯ *лингв. Белгілі бір топтағы тілдердің екпін категориясын зерттейтін ғылым.*

АКЦЕПТ *фин. Ақша мен тауар құжаттарын төлеу келісімі немесе олардың төленетіндігіне кепілдік беру.*

АКЦИОНЕР *Акция ұстаушы адам.*

АКЦИЯ *Акционерлік қоғам қаржысына белгілі бір үлес қосқанын және соның табысына ортақ екендігін куәландыратын бағалы қағаз.*

АҚ I 1. *Сүттің, қардың түсіндей аппақ түс.* ~ мақта (орамал, үй, шаш). 2. *Ағы басым, ақ араласқан түс.* ~ сұр (боз, сары, құба). 3. *Ауыс. Адал, таза.* ~қа әркім жақ. 4. *Сұлулық пен әдемілік бейнесі.* ~ тамақ (маңдай, дидар, білек). 5. *Махаббат пен сүйіспеншілік бейнесі.* ~ Баян (ерке, сұңқар, тоты). 6. *Құрмет пен ілтипат бейнесі.* ~ бөпе (бесік, босаға, орда). 7. *Қадір мен қасиет бейнесі.* ~ семсер (алмас, найза). 8. *Көздің қарашығын қоршаған ақшыл қабық.* Көзінің қарасынан гөрі *ағы* басым. 9. *Көзге түскен ногала, шел.* Көзіне ~ түсті. 10. *Құс жұмыртқасының сарысын қоршаған мөлдір тұнық бөлігі.* Жұмыртқаның *ағын* езіп берді. 11. *Ақшыл түске енген шаш.* Самайына *ақ* ене бастаптыы. 12. *Ақ топырақ, әк.* Сыртын *ақпен* сылаған әдемі үй. 13. *Мал сүтінен дайындаған тамақ, сусын.* Нан жоқ болғандықтан көбіне *ақ* ішеді. 14. *Кеңес армиясына қарсы күрескен контрреволюция отряды.* Әкем *ақтардың* қолынан өлімпті. 15. *спорт. Шахмат, дойбы ойынындағы қара түсті фигуралардың қарсысында ойнайтын фигуралар.* Ол *ақпен* ойнайтын болып келісті. □ **Ақ айрауық** — *астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Ақ амур** — *тұқы тұқымдасына жататын ірі балық.* **Ақ аю** — *жыртқыштар отрядына жататын ақ түсті аю.* **Ақ баттауық** — *айрауық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Ақ бауыр** — *бұлдырық тәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақ бөрте** — *ағы басым көкшіл түс.* **Ақ буырыл** — *ағы басым қара қоңыр түс.* **Ақ бүрген** — *бүрген тұқымдасына жататын ақ гүлді өсімдік.* **Ақ жусан** — *жусан тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Ақ жүзген** — *жүзген тұқымдасына жататын бұта.* **Ақ изен** — *шөлейт жерде өсетін өсімдік.* **Ақ қайран** — *еті мол, бағалы балық.* **Ақ қайың** — *қайыңның қабығы ақ түсті түрі.* **Ақ қаңбақ** — *қаңбақ туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Ақ қарағай** — *май қарағай туысына жататын сүйекті ағаш.* **Ақ қарқара [ләйлек]** — *ләйлектер тұқымдасына жататын құс.* **Ақ қаудан** — *қаудан тұқымдасына жататын өсімдік.* **Ақ қоян** — *қоянның ақ түсті түрі.* **Ақ құр** — *тауық тәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақ мия** — *бұршақ тұқымдасына жататын бұта.* **Ақ от** — *қыратты жерде өсетін ақ түсті шөп.* **Ақ өлең** *(поэз.)* — *буын саны түрлі-түрлі, ырғағы бар үйқассыз өлең.* **Ақ сексеуіл** — *сексеуіл тұқымдасына жататын жіңішке бұтақты ағаш.* **Ақ тал** — *тал тұқымына жататын жіңішке бұтақты ағаш.* **Ақ таспа** — *таспа туысына жататын өсімдік.* **Ақ терек** — *терек туысына жататын ағаш.* **Ақ тышқан** — *терісі бағалы аң.* **Ақ түйғын** — *қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* **Ақ түт** — *тұт туысына жататын ағаш.* **Ақ түлкі** — *ит тұқымдасына жататын жыртқыш.* **Ақ түн** — *жоғары ендіктерде байқалатын жазғы жарық түн.* **Ақ тікен** — *түйетабандар тұқымдасына жататын өсімдік.* **Ақ шабақ** — *кішірек майлы балық.* **Ақ шағала** — *шағала тәрізділер отрядына жататын құс.* **Ақ ши** — *жүн ораллмай тоқылған ши.* **Ақ ірімшік** — *майы алынбаған сүтті іріту арқылы жасалған сүт қышқылды тамақ.* ◊ **Ағы ақ, қызылы қызыл** — *гүлгүл жайнады, қызара бөртті* д. м. **Ағынан жарылды** — *ойындағысын ақтарып салды, сырын бүкпей ашық айтты.* **Ақ адал мал** — *еңбекпен тер төгіп табылған табыс.* **Ақ айыл** — а) *көп мініліп, ертоқымның табы кетпеген мінгі көлік;* ә) *көк езу, азулы (әйел).* **Ақ арулап жөнелтті** — *өлген адамды қадірлеп-қастерлеп қойды.* **Ақ бата** — а) *оң бата, шын тілек;* ә) *құдалық жолындағы ынтымақты байлам, уәде.* **Ақ дегені-алғыс, қара дегені-қарғыс** — *айтқаны екі болмай орындалатын, өтімді, беделді.* **Ақ жарқын** — *ашық, жайдары.* **Ақ иық болды** — а) *көп мініліп жауыр болды;* ә) *жұмысты көп істеп мезі болды, шаршап-шалдықты.* **Ақ көбік [болды]** — *жан терісі шығып терлеген, қиналған.* **Ақ көйлек** — *аңқылдақ, аңқау.* **Ақ күн тусын** *(тілек.)* — *жолың болсын, оң сапар.* **Ақ қаптал** — а) *көп мініліп жауыр болған (көлік);* ә) *әккі, тәжірибелі.* **Ақ, қараны таныды** — *оң, солын білді.* **Ақ қар, көк мұзда** — *қыстың көзі қырауда, қақаған қыс айында.* **Ақ құйқа болды** — *сампиып бос қалды, жұрдай етті.* **Ақ құйрық** — а) *хош иісті, шығымы жақсы шай;* ә) *көне. жүз сомдық ірі ақша.* **Ақ құйын** — *алып ұшпа, сөзуар, сөзшең.* **Ақ сабан** — *егін орылып, астық жиналып жатқан маусым.* **Ақ сабын** — *иіс сабын.* **Ақ сабын болды** — *ақ көбік болып терлеген көлік.* **Ақ сайтаны ұстады** — *ашу шақырды, жыны келді.* **Ақ сақал, қара сақал** — *кәрі жас, үлкен-кіші, бас көтерер барлық азамат.* **Ақ саңлақ** — *бәйгеден үнемі озық келіп жүрген жүйрік ат.* **Ақ сауыт** — а) *көне. темір сымнан тор көз етіп тоқылған батырлар киетін киім;* ә) *атадан балаға қалған мұра.* **Ақ сирақ болды [етті]** — *мал қырылып, жұтқа ілікті, тігерге тұяқ қалмады.* **Ақ сөйле** — а) *құмалақ салғанда жақсылық тілеу ниеті;* ә) *турасын айт, әділіне көш.* д. м. **Ақ сөңке** — *сыңғырап кеуіп кеткен (тезек, ағаш, отын).* **Ақ сүйек болды** — *жұтатты, күйзелтті.* **Ақ сүтін кешті** — *ата-ана ризалығын білдірді.* **Ақ сүтін көкке сауды** — *ата-ана наразылық білдіріп, теріс бата берді, қарғыс айтты.* **Ақ табан шұбырынды, алқакөл сұлама** *(тар.)* — *XVII–XVIII ғ.ғ-ғы жоңғар шапқыншылығына қарсы*

азаттық күресі. **Ақ түйенің қарны жарылды** — *ит басына іркіт төгілді, қарқ боп қалды, кенелді.* **Ақты қара деді** — *дұрысты теріске шығарды.* **Ақ уыз шақ** — *жетілмеген, толыспаған кез.* **Ақ шашымен** — *үлкен басымен.* **Ақ шұнақ аяз** — *қатты үскірік аяз.*

АҚ II 1. *Шын, тура, ақиқат; хақ.* Жұмыр басты пендеге өлім — ***ақ.*** (Мақал). 2. *Құдай, пір, алла; хақ тағала.* Естісін, Жұбаныш құлағың Тапсырдым ***аққа,*** шырағым (Батырлар жыры).

—АҚ III 1. *Судың өз арнасымен бірқалыпты жылжуы.* Су ***ағып*** жатыр. 2. *Тер, қан, жас, сорпа сияқты сұйық заттардың сорғалап құйылуы.* Қан ***ақты.*** 3. *Судың екпінімен біреуді ағызып алып кету.* Шынымызбен-ақ суға ***ағып*** кетеміз бе? 4. *Бойдағы ет, сөл сияқты заттардың біртіндеп құрып бітуі.* Өлген малдың еті ***ағып*** кетіпті. 5. *Ауыс. Жүйтку, заулау, зулау.* Жеңіл машиналар Алматыға қарай ***ағып*** келеді. 6. *Ауыс. Аспаннан ағып түсу.* Жұлдыз жерге ***ағып*** түсті.

—АҚ IV *Күшейтпелі жалғау мағынасындағы демеулік.* Өтірік пен шынның арасы төрт-***ақ*** елі.

АҚАБА *кәсіб.* 1. *Егінге жіберілген судың арықтан асып төгіліп жатқан сарқындысы.* 2. *Егін суының жайылған орны.*

—АҚАЙ: ақай жоқ, тоқай жоқ — *бас жоқ, көз жоқ.*

—АҚАЙ-ТОҚАЙ: ақай-тоқайға қарамады — *ай жоқ, шай жоқ, бірден кірісті.*

—АҚАҢУ *қарап. Ырду-дырду, бос желікпе.* Дырдудың, ***ақаңудың*** жігітіне ұқсамайсың (Сатыбалдин).

—АҚАҢУЛА *Ырду-дырдуға салыну.* -п күн кешті.

—АҚАЛА *Қыран құсының ауруы.* Қаршыға болмашы исі шыққан ет жесе, ***ақала*** болып ауырады (Көшімов).

—АҚАЛАҚШЫ *көне. Сауда керуенінің басшысы.* Күймеден таңқы мұрын төре түсті, ***Ақалақшы*** сасуда есі қалмай (Еркінбеков).

—АҚАЛТЕКЕ *Асыл тұқымды түрікмен жылқысы.*

—АҚАР-ШАҚАР *Үрім бұтақты, жанды-жақыбайлы.* Бүгінде - ауыл.

—АҚАУ 1. *Заттың бойындағы аздап бүлінген, бұзылған, шытынаған жері.* Машинасының бір жеріне - түсіпті. 2. *Денсаулыққа түскен кінәрат, зақым.* Жасы жетпіске келсе де, өкпесінде әлі - жоқ. 3. *Мін, кемшілік.* Бойындағы жалғыз -ы құлағының үлкені.

—АҚАУЛАН *Ақау түсу, ақау салу.* Техниканың сынбай, -бай тұрмайтыны белгілі.

—АҚАУЛЫ 1. *Кінәраты бар, зақымдалған.* - комбайн. 2. *Кемкетігі, міні бар.* - құрылыс.

—АҚАУЛЫҚ *Кемшілік, мін, кінәрат.*

—АҚАУСЫЗ *Мінсіз, кінәратсыз; мүлтіксіз.*

—АҚБАЙПАҚ *Мәлік ауруының бір аты.*

—АҚБАЛЫҚ *зоол. Лосось тұқымдасына жататын балықтардың бір түрі.*

—АҚБАС I *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

—АҚБАС II *Түйенің бас терісін зақымдайтын жұқпалы ауру* (қысаға).

—АҚБОЗАТ *астр. Кіші Аю шоқ жұлдызындағы үш жарық жұлдыздың бірі.*

—АҚБӨКЕН *Бөкендер туысына жататын, шөлге төзімді аша тұяқты жануар.*

—АҚГҮЛ *Хош иісті, ақ гүлді бұта.*

—АҚДАБЫ *көне. Жұқа ақ мата.*

—АҚЖАЙМА *Ақ матадан жасалған төсек жабдығы.*

—АҚЖАУЛЫҚ 1. *Әйелдің баскиімі.* 2. *Әйел, зайып.* Бір -қа қолы жетпей жүр.

—АҚЖЕЛЕК *Бір жылдық көкөніс өсімдігі.*

—АҚЖЕЛЕҢ *муз. Мелодиялық қозғалысы жеңіл де жүрдек аспаптық халық музыкасының ерекше түрі.* - ән (әуен).

—АҚЖОЛТАЙ *Жолы болғыш, жолды аяқ.* - бала.

—АҚЖҮРЕК *Емдік қасиеті бар теріскен тәрізді шөп.* □ **Ақжүрек** — *адал, ақ ниетті, құлықсұмдығы жоқ таза (адам).* Ол - адам еді.

—АҚЖІЛІК *Малдың күйлі, семіз қалпы.*

—АҚИ *экспр. Едіреңдеу, қоқаңдап күш көрсету.* -я қарады. ◊ **Ақи көз** — *әрдайым ашу шақырып тұратын, ашуланшақ кісі.*

АҚИҚАТ 1. *фил. Заттар мен құбылыстардың практикада тексерілген анық бейнесі.* - өмір. 2. *Шындық, дұрыстық.* -ын айтты.

АҚИҚАТТА *Дұрыстыққа келтіру, шындықпен жанастыру.* Олардың бәрін -п жатпады.

АҚИҚАТТЫҚ *Дұрыстық, шындық.* -ғына шүбә келтірді.

АҚИҚАТШЫЛ *Дұрыстықты, шындықты жақтағыш.* - адам.

— АҚИЫҚ 1. *Бүркіт туысына жататын қыран құс.* 2. *Ауыс. поэт. Асып туған дарын иесі.* ***Ақиық,*** мұз балақпын жерге түспес (Айтыс).

—АҚКӨБЕ *Батырлар киер ақсауыттың көп түймелі түрі.* Тоқсан баулы -.

—АҚКІС *Терісі бағалы кішірек аң.*

АҚҚАЙРАН *Тұқы тұқымдас балық.*

—АҚҚАЛА *Ақ қардан түрлі мүсін жасайтын балалар ойыны.* Біз - жасадық.

—АҚҚАЛАҚ *Сусар тұқымдасына жататын кішірек жыртқыш аң.*

—АҚҚАПТАЛ *Жылқы, түйенің жауыры жазылған соң оның орнына шығатын ақ жүн.*

—АҚ-ҚАРА *Істің оң-терісі, дұрысы мен қисығы.* Надандықтың белгісі — ***ақ-қараны*** танымас (Алтынсарин).

—АҚҚАТПА *Қойдың үлтабар құрты.*

— АҚҚАС *Тұшкірген адамға айтылатын соз.*

—АҚҚУ *Мойны ұзын, ақ қауырсынды үлкен ақ құс.* ◊ **Аққу мойын** (*поэт.*) — *сымбаттылық, әдемілік бейнесі.*

—АҚҚУДАЙ *Әдемі, көркем, сымбатты.*

—АҚҚУДАЙЫН *поэт. Аққудай.*

—АҚҚУРАЙ *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

—АҚҚУША *Аққуға ұқсап, аққу сияқтанып.* Мойнын - сөнмен бұрды.

— АҚҚҰЛА I 1. *жерг. Нақақ, кінәсіз, бекерденбекер.* Осындай дүрбелең уақытта ***аққұла*** күйгелі отырмыз (Тілегенов). 2. *Төтенше, айрықша.* Үзілген жерді қайта жалғау — ***аққұла*** жұмыс (Өнегелі өмір).

—АҚҚҰЛА II *Жеке, басы бүтін, айрықша.* Бұл жер маған ***аққұла*** тиіп отыр.

—АҚҚҰЛАҚ I *Сусар тұқымдасына жататын жыртқыш, кішірек аң.*

— АҚҚҰЛАҚ II *Қой мен ешкіде болатын қотыр, жара.*

АҚҚҰМАН *Шай салып бұқтыратын ыдыс.* Апам шүмегі кетік *аққұманға* шай салды (Мұқанов).

АҚҚҰТАН *Денелі, аяғы ұзын, топшысында әдемі қауырсыны бар жыл құсы.*

АҚМАҒАМБЕТ *қарап. Арақ, жынды су.* Ол -ке басып алыпты.

АҚМАМЫҚ *Тамырынан дәрі жасалатын астық тұқымдасына жататын өсімдік.*

АҚМАРҚА *Етті, майлы кәсіптік мәні бар балық.*

АҚМҰРТ *жерг. Майға шыланған сөктары.*

АҚНАУАТ *Үлкен сары қауын.*

АҚПА I *жерг. Балық аулайтын аудың бір түрі.*

АҚПА II *Көбік қарда жүгіртіп ойнайтын таяқ және сол ойынның аты.*

АҚПА III 1. *Ағып, жылжып тұратын, сусымалы.* ~ су (құм). 2. *Тыз етпе, ұшқыр, алдұзік.* ~ жорға (ат). 3. *Ауыс. Сөзге шешен, бір бастаса тоқтамай айта беретін, ділмар.* ~ ақын. ◊ **Ақпа құлақ** — *сөз ұқпайтын, парықсыз.*

АҚПАН *Қаңтардан кейінгі ай; қыстың үшінші айы.*

АҚПАНДАТ *Бұрқақтап соғу, борандату.* Күн *ақпандатқан* боран (Әуезов).

АҚПАР 1. *Біткен істің нәтижесі туралы басқару орындарына берілетін мәлімет.* Пішен дайындау жөніндегі *ақпарда* қоспа бар (Шаймерденов). 2. *Белгілі бір іс, адам жайындағы дерек, хабар.* Кеңжебек Аяш жайлы едәуір *ақпар* алды (Хангелдин).

АҚПАРАТ: ақпарат хабар — *соңғы жаңалықтар.* Республикалық "Қазақ тілі" қоғамының көшпелі пленумы туралы ~.

АҚПА-ТӨКПЕ *Төгіп-төгіп жіберетін суырып салма (ақын) күйші.*

АҚСА 1. *Бір аяғын баса алмау, қисаңдау, қыраңдау.* Киік ~й басып, қашып барады. 2. *Ауыс. Жұмыс қарқыны бәсеңдеп қалу, артта қалу.* Шаруашылығы ~п тұр.

АҚСАҚ *Аяғын сылтып басатын; кемтар, мүгедек.* Күйеуі ~ екен. □ **Ақсақ үйқас [жол]** — *қара өлеңнің үйқассыз тұрған үшінші жолы.* ◊ **Ақсақ қой түстен кейін маңырайды** — *кеш қалдың д. м.*

АҚСАҚАЛ 1. *Ел билеген ру басы.* Елдің ~дары мен би-болыстары оңаша үйге түсірілді. 2. *Жасы үлкен сыйлы адам.* ~дарды төрге шығардық.

АҚСАҚАЛДЫ *Жасы ұлғайған, егде тартқан.* ~ кісі.

АҚСАҚАЛДЫҚ *Жасы жетіп, сый-құрметке ие болушылық.* Құдай ~қа жеткізсін.

АҚСАҚАЛ-ҚАРАСАҚАЛ *Бас көтерер үлкен-кішілі.* Ол ауылдың ~дарын ертіп, сыртқа шықты.

АҚСАҚАЛША *Үлкен адамша, үлкенше.*

АҚСАҚ-ТОҚСАҚ *Жарымжан, мүгедек.* ~ қой (адам).

АҚСАҚТЫҚ 1. *Аяқтың кемдігінен ақсап басушылық.* ~ғымды бетіме басты. 2. *Ауыс. Кемшілік, ін, олқылық.* Әдебиет, мәдениет жақтарындағы *ақсақтығымыз* шаруашылығымыз да бар (Ғ.Мүсірепов).

АҚСАҢ *Мақта жіптен тоқылған мата.*

АҚСАҢДА *Аяқты сылтып басу, шойнаңдау.* ~й басты.

АҚСАҢДАҚ *экспр. Атақты, аты шулы.* Көп аса, *ақсаңдақ* жүйрігім (Есенберлин).

АҚСАРБАС *этногр. Құдайға құлшылық етіп, арнайы шалынатын мал.* ◊ **Ақсарбас айтты** — *құдайға құлшылық етіп, арнайы мал шалды.*

АҚСАРЫ *Бүркіт тұқымдасына жататын жыртқыш құс.*

АҚСАУСАҚ *Ауыр жұмыс істемейтін жалқау, аянкес.* Ол бұта басын сындырмайтын ~тың өзі.

АҚСЕРЕК *Қазақтың ақсүйек тәрізді ұлттық ойыны.*

АҚСЕРКЕ *Көксерке, бекіре сияқты етінде қылтанақ жоқ балық.*

АҚСИ 1. *Тістің аппақ боп көзге ерекше көрінуі.* Азу тістері ~яды. 2. *Тұстес емес жіптің баттиып көзге бірден шалынуы.* Тігісі ~ып тұр.

АҚСИРАҚ *Малдың қырылып жұтап қалуы, ақсүйек деп те айтады.*

АҚСОРА *Сағаи тұқымдасына жататын шала бұта.*

АҚСУ *Шайы жоқ, сүт қатқан ыстық су.* Елде шай жоқ, ~ ішіп отыр.

АҚСҮП *Жұқа ақ бәтес.*

АҚСҮЙЕК I *Қазақтың ежелгі ұлттық ойыны.*

АҚСҮЙЕК II *Билеуші таптардың өкілі, алпауыт тұқымы.* Ол атақты ~тің қызы.

АҚСҮЙЕКТІК *Бекзаттық, тектілік.*

АҚСҮЙРІК *Су ішінде өсетін өсімдік.*

АҚСҮЙРІКТЕЙ *Салалы, ұзын, әдемі.* ~ саусақ.

АҚСЫРА *Ақ (сүт, айран т. б.) ішуге құмарту, аңсау.* Әкем қалада ~п жүр.

АҚТА I *Піштіру, кестіру, тарттыру.* Өзін ~п жібергеннен сау ма?

АҚТА II 1. *Үйдің іші-сыртын әкпен тазарту.* Әйелдер мектептің іші-сыртын ~п болды. 2. *Тары, бидай, күріш тәрізді дәнді дақылдарды қауызынан арылтып тазалау.* Апамның тарысын ~п бердім. 3. *Біреудің сөзін сөйлеп, жазадан құтқарып қалу.* Біреуін ~п, екіншісін қаралауға бармауымыз керек. 4. *Ауыс. Біреудің істеген жақсылығына жақсы іспен жауап беру, өтеу.* Сорлы шешемнің еңбегін де ~й алмадым.

АҚТА III *Ел кезіп, күнін көру.* Ел ~п жүріп, хабарсыз кетті.

АҚТАЛ 1. *ыр. етіс. Ақта-л.* 2. *Жаладан құтылу, күнәсіз деп табылу.* Бес арысымыз ~ды.

АҚТАЛА *Талтаң басып, жүре алмай қалу.* Ашалай шалың *ақталап,* шал сақалын жылаттың (Шалкиіз).

АҚТАҢ: ақтаң кер — *жылқының ақ пен кер араласқан түсі.*

АҚТАҢДАҚ 1. *Денеге түскен ақ түсті теңбіл.* Денедегі ~тарды кетіруге болады. 2. *Ауыс. Тарихта түрлі себеппен зерттелмей қаға беріс қалған құбылыстар мен жағдайаттар.* Қазақстан тарихында ~тар бар.

АҚТАҢДАҚТАН *Теңбілдену, бозару.* ~ып таң атып келеді.

АҚТАҢДАҚТАНУ *қ. атау Ақтаңдақтан-у.*

АҚТАР 1. *Бір заттың арасын, ішін ашып көру, қарау.* Сандығын ~ды. Кітап ~ды. 2. *Тінткілеп іздеу, зерттеу, тексеру.* Архивті түгел ~ып шықты. 3. *Лақ етікізіп төгу, төңкере салу.* Ол ақ шәйнекті ~ып алды. 4. *Ауыс. Іштегі сырды жасырып бұқпай айта салу.* Ішкі сырын ~а салды.

АҚТАРҒЫШТА *Қайта-қайта ақтара беру, ақтарып-төңкеру.*

АҚТАРМАЛА 1. *Ақтарып-төңкеру, тінткілеп іздеу.* 2. *Сойылған малдың ішек-қарнын аршу.* Әйелі сойылған қойды ~п жатыр.

АҚТАРЫЛ 1. *ыр. етіс. Ақтар-ыл.* 2. *Лақ етіп төгілу.* Қаптағы ұн ~ып қалды.

АҚТАРЫП-ТӨҢКЕР *Астаң-кестеңін шығару, астын үстіне келтіру.* Бір күні келіп, *ақтарып-төңкеріп,* күлімізді көкке шығарды (Тұрлыбаев).

АҚТАРЫСТА *Бір нәрсені қайта-қайта ақтару.* Кітаптың арасынан асығыс *ақтарыстап,* ақ конвертті тауып алды (Қанахин).

АҚТАСПА *Таспа туысына жататын өсімдік.*

АҚТАУ: ақтау қағазы — *адалдық, заңдылық туралы куәландырылған құжат.*

АҚТАУТАН *Балықтың бір түрі.*

АҚТАЯҚ *көне. Хан мен патшаның атарманшабарманы.* Патшаның ~ғы.

АҚТИІН *Сусарлар тұқымдасына жататын терісі өте бағалы тышқан.*

АҚТЫҚ I 1. *Ақ болушылық, ағарғандық.* Қыз Жібектің *ақтығы* Наурыздың ақша қарындай (Қыз Жібек). 2. *Ауыс. Адалдық, тазалық, кінәсыздық.* Мен *ақтығымды* айтып безектей бердім (Сейфуллин).

АҚТЫҚ II *этногр. Қасиетті жерлерге байлап кететін ақ шүберек я болмаса, емшіге берілетін ақы.*

АҚТЫҚ III *Соңғы, ақырғы.* ~ сөз (тілек, дем).

АҚТЫҚ IV *Кісі өлген үйге көмекке апаратын мал, тағы басқа заттар.* Ол өлген құдасына бір малын *ақтыққа* апарды.

АҚТЫ-ҚАРАСЫ *Бір нәрсенің дұрыс-бұрысы, оңтерісі.* ~н өзіңіз айыра жатарсыз.

АҚТЫЛЫ: ақтылы қой — *біркелкі түсті көп қой.*

АҚТЫЛЫ-ҚАРАЛЫ *Ағы мен қарасы аралас (мал).* ~ қой, ~ жылқы.

АҚҰНТАҚ *Қызылша өсімдігінің ауруы.*

АҚША I 1. *Сауда-саттықта тауар құнының өлшеуіші болатын құнды қағаз.* ~сы бар, ~сы көп. 2. *Қаражат, қаржы.* Жиналған *ақша* екі кісінің барып қайтуына толық жетеді (Нұршайықов). □ Ақша айналысы — *ақшаның айналыс саласындағы қозғалысы, оның айналыс және төлем құралы ретінде қызмет етуі.* Ақша капиталы — *пайда табуға жұмсалынатын ақша сомасы.*

АҚША II 1. *Ақ түсті, ақшыл.* ~ бұлт (қар, тау). 2. *Ауыс. Сұлулық пен әдемілiктің бейнесі.* ~ бет (жүз, маңдай).

АҚШАДАЙ *Ақша күйінде, ақша түрінде.* ~ төледі.

АҚШАҚАР *Орыс фольклорындағы қардан пайда болған қыз бейнесі.*

АҚШАҚҰМАР *Ақшаны жақсы көретін, ақшажанды.*

АҚШАЛА *Ақшаға айналдыру, ақша ету.* Байлар малды *ақшалап,* қалтаға басып алды (Ақышев).

АҚШАЛАЙ *Ақшамен есептегенде, ақшамен бағалағанда.* Комбинаттың ~ зияны төрт миллион теңге.

АҚШАЛЫ 1. *Ақшасы көп, қалталы.* Базар — *ақшалыға* базар, ақшасызға назар (Мақал). 2. *Ақша төлейтін, ақшамен баратын.* ~ концерт.

АҚШАМ *діни.* 1. *Іңір болған кез.* Ол ~да келді. 2. *Күн батар кезде оқылатын намаз.* ~ оқылды. Ақшам жамырады — *қас қарайып кеш болды.* Ақшам соқыр — *көздің кешке қарай көрмей қалуы.*

АҚШАҢ: ақшаң етті — *көзін аларта жалт қарады.*

АҚШАҢ-АҚШАҢ: ақшаң-ақшаң етті — *көзін алартып жалт-жалт қарады.*

АҚШАҢДА *Ақию, едірею, ежірею.* Біргәдір ~п шыға келді.

АҚШАҢДАҚ *Шаңы аспанға шыққан, шаңтозаңды.* ~ жол (көше).

АҚШАҢДАҚТАН *Шаңыту, шаңырқау.* Аула ~ып тұр.

АҚШАТАЙ *Бұршақ тұқымдасына жататын бұта.*

АҚШАШЫЛ *Ақшақұмар, ақшажанды.*

АҚШЕЛЕК *Негізінен түйеде кездесетін індет.* ◊ Ақшелек келгір *(қарғ.)* — түйеге айтылады.

АҚШИ *Көзді алартып шатынай қарау.* Көзі ~ып кетіпті.

АҚШОМ *көне. Айырбас жолымен астық алып қайтатын түйелі керуен.*

АҚШОМШЫ *Басқа жақтан астық әкелуге шыққан керуенші.*

АҚШУАҚ *Жусан тұқымдасына жататын көп жылдық шала бұта.*

АҚШУЛАН *Ағарыңқы, ақшыл.* ~ бұлт (шаш, түк).

АҚШҰНАҚ 1. *Ақшұнақтар тұқымдасына жататын көп жылдық су өсімдігі.* 2. ~ боран.

АҚШЫЛ *Бозғылт, қылаң.* ~ жүз (бет, сары, көк, қоңыр).

АҚШЫЛДАН *Ақшыл тарту, ақ түске айналу.* Аспан ~ып барады.

АҚШЫЛДАУ *Ағырақ, ақтау.*

АҚШЫЛДЫҚ *Ақшыл болғандық, бозғылттық.*

АҚШЫЛТ *Ақшылдау, ағырақ.*

АҚШЫЛТЫМ *Ақшылт, ақшылдау.* ~ көбік.

АҚЫ 1. *Сіңірген еңбекке, істелген жұмысқа төленетін төлем; еңбек өтеуі.* Еңбек ~сына екі ешкі берді. 2. *Бір нәрсенің қайтарымы, есесі.* Қоныс *ақысын* түйе қайтарады (Мақал). 3. *Ауыс. Парыз, міндет.* Көрші *ақысы* қиын (Мақал).

АҚЫ II *қ. Қақы.* Бақыттымын деп айтуға *ақым* бар ма менің? (Дүйсенов)

АҚЫҚ *Әшекей үшін пайдаланылатын, түсі ақшыл бағалы тас.* ~ түйме.

АҚЫҚТА *Ақықпен әшекейлеп өрнектеу.* Иінін уығының *ақықтадық.*

АҚЫҚТАЙ *Әдемі, әсем.* ~ жарқырады (мөлдіреді).

АҚЫЛ 1. *Адамның ойлау қабілеті; сана-сезім.* ~ы көп. 2. *Түйінді ой, пайдалы кеңес. Ақыл* көптен, Дәрі шөптен (Мақал). □ Ақыл тіс — *ақылы толған кезде шыққан азу тіс.* ◊ Ақыл айтты [берді, қосты] — *кеңес берді, үйретті.* Ақыл болды — *дұрыс болды.* Ақылға сыймайды — *көңілге қонбайды; иланарлық емес.* Ақыл-есін алды — *есін шығарды, састырды.* Ақыл иесі — *дана, данышпан адам.* Ақыл салды — *кеңесті, пікірлесті.* Ақыл сөз — *ой саларлық дұрыс пікір.* Ақыл тапты — *істің жөнін келтірді.* Ақыл таразысына салды — *жан-жақты ойланды, ой елегінен өткізді.* Ақыл тоқтатты — *ер жетіп, есейді.* Ақылы ауысты — *есінен адасты.* Ақылы [есі] кірді — *ер жетіп, естияр болды.* Ақылынан адасты [танды] — а) *есі*

ауды, алжасты; ә) не істерін білмей сасқалақтады, дал болды. Ақылын ішті — *көп ішіп, мас болды.*

АҚЫЛА *Ақы төлеу, өтеуін беру.* Араға жансыз жүгірді, Параменен *ақылап* (Дастандар).

АҚЫЛГӨЙ *Білгір де білімдар, ақылшы.* ~ ақсақал.

АҚЫЛГӨЙЛЕУ *Білгіштеу, білімдарлау.*

АҚЫЛГӨЙЛІК *Білгіш болып көріну.* ~тен қашты.

АҚЫЛГӨЙСІ *Біреуге ақыл айтып білгішсу.* ~п көп сөйледі.

АҚЫЛДА *Ақылға салып, іс қылу.* Жігіттер дау алмайды *ақылдасаң* (Шал ақын).

АҚЫЛДАС I *Пікірлес, ынтымақтас.* ~ досы.

АҚЫЛДАС II *Ақыл қосып пікірлесу, кеңесу.* *Ақылдассаң* — шешерсің, Ақылдаспасаң — кем кесерсің (Мақал).

АҚЫЛДЫ *Сана-сезімі жоғары; білімді, есті.* ~ адам.

АҚЫЛДЫЛЫҚ *Саналылық, естілік.*

АҚЫЛДЫМСУ *қ. атау. Ақылдымсы-у.*

АҚЫЛДЫМСЫ *Ақылды болғансу, ақылгөйсу.*

АҚЫЛДЫРАҚ *Ақылдылау, естілеу.*

АҚЫЛ-КЕҢЕС *Пайдалы пікір.* ~ берді.

АҚЫЛМАН *көне. Ақылгөй, ақылшы.* Халықтан асар *ақылман* жоқ (М. Әлімбаев).

АҚЫЛ-ОЙ *Сана-сезім, ой-өріс.* ~ын билеп алды.

АҚЫЛ-ПАРАСАТ *Асқан білімдарлық, саналылық.* Оның бізден ~ы артық.

АҚЫЛСЫЗ *Ақылы кем, жаңғалақ.* ~ адам.

АҚЫЛСЫЗДЫҚ *Ақылы кемдік, түйсіксіздік.*

АҚЫЛШЫ *Жөн-жоба сілтеп ақыл беруші, кеңесші.*

АҚЫЛШЫЛ *Ақылгөй, ақыл айтқыш.* ~ ұлық.

АҚЫЛШЫЛЫҚ *Ақыл-кеңес берушілік.*

АҚЫЛЫ *Ақы төлейтін, тегін емес.* ~ мектеп.

АҚЫМ *Қабірдің батыс жағынан кеулеп қазылған қуыс жер.*

АҚЫМАҚ *Сана-сезімі кем, ақылсыз. Ақымақ* бұзуға бар, түзеуге жоқ (Мақал).

АҚЫМАҚТАН *Ақымақ болу;* Еліру, есіру. ~ба!

АҚЫМАҚТЫҚ *Есуастық, ақылсыздық.*

АҚЫН *Өз жанынан өлең шығаратын сөз шебері.* Төкпе ~, ақпа ~, суырып салма ~, жез таңдай ~.

АҚЫНДАУ *Аздап өлең шығаратын ақын шалыс адам.*

АҚЫНДЫҚ *Өлең шығару қабілеті барлық.*

АҚЫНЖАНДЫ *Өлең, жырды, ақынды өте жақсы көретін, сүйетін.* ~ адам.

АҚЫНЖАНДЫЛЫҚ *Өмірге немқұрайды қарай алмаушылық, сезімтал-сезгіштік, өлең-жырды жақсы көрушілік.*

АҚЫНСЫ *экспр. Ақын сияқтанып көріну, ақын болғансу.*

АҚЫНСЫМАҚ *экспр. Ақын боламын деп шатып-бұтып өлең шығарған адам.*

АҚЫНША *Ақын сияқтанып, ақынға ұқсап.* Өленді ~ оқыды.

АҚЫ-ПҰЛ *Қаражат, ақша.* Ешкім одан ~ сұрамады.

АҚЫ-ПҰЛСЫЗ *Тегін, бос.* ~ істеп берді.

АҚЫР I 1. *Әйтеуір, бәрібір.* Ол ойлағанына ~ жетті. 2. *Болса да, болмаса да. Ақыр* жақсылықты білмейді екенсіз... (Қалмырзаев). ◊ Ақыр аяғы — *керек десең, тіпті.* Ақыр аяғында [соңында] — *сң соңында, ақырында.*

АҚЫР II 1. *Бақыру, қышқыру.* Тауықтар шақырып, есектер *ақырып* жатыр (О. Сәрсенбеав). 2. *Жекіру, ұрсу.* — Батырлар қайдасың? — деп *ақырды* (Шәкәрім). //*Бұйыру, әмір ету.* Дыбысынды шығарма, — деп *ақырдым* әйелге (Қайсенов).

АҚЫР: Ақыр заман *(діни)* — *қиямет қайым, жарық дүниенің соңы.* **Ақыр түбі** — *түптің түбінде, айналып келіп.*

АҚЫРАЙ *Көздің ақшиып көрінуі; едірею.* Ол маған ~я қарады.

АҚЫРАҢДА *Әкіреңдеу, едіреңдеу, қоқаңдау.* Бірдеңе десе, ~йды.

АҚЫРАП *көне. Қазан айының ескіше аты.*

АҚЫРҒЫ *Соңғы, кейінгі.* ~ рет (сөз, дем, сапар, тілек).

АҚЫРДА *Ақырында, соңында.* Адалдың жері жоқ *ақырда* жеңбейтін (Шәкәрім).

АҚІРЕТ 1. *Өлген кісіні орап қоятын ақ мата, кебін.* ~ке орады. 2. *О дүние, махшар.* Мен саған ~те де риза емеспін. 3. *Ауыс. Мехнат, бейнет, азап.* Асау тайға бас үйретудің өзі ~ болды.

АҚЫРЕТТІК 1. *Кебіндік, кебін болуға жарарлық.* ~ бөз. 2. *Мәңгілік, өмірлік.* ~ дос.

АҚЫРЕТШІЛ *Діншіл, құдайшыл.* Әлі жетпеген *ақыретшіл* (Мақал).

АҚЫР-ТАҚЫР 1. *Бүтіндей, біржола.* Селоны фашистерден ~ тазартты. 2. *Бір нәрсенің ең соңы, ақыры.* Арақ ішкеніңнің ~ы осы болсын.

АҚЫРЫ 1. *Бір нәрсенің таусылып біткен кезі.* Істің ~на келдің. 2. *Ең соңында, түптеп келгенде.* Ол ~ айтқан сертінен шықты. ◊ **Ақыры қайырлы болсын!** *(тілек) — көңіл айтып, ізгі тілек білдірген кезде айтылады.*

АҚЫРЫН 1. *Аспай-саспай, жай.* ~ жүр. 2. *Ептеп, абайлап.* Қолын ~ ғана қозғады.

АҚЫРЫНДА 1. *Ең соңында, аягында.* ~ өздері келді. 2. *Баяулау, жайлау.* Пойыз ~ды.

АҚЫРЫНДАП *Жайлап, ептеп.* Мен ~ сыртқа шықтым.

АҚЫРЫНДАУ *Баяулау, жайырақ.* Машина ~ жүрді.

АҚЫРЫНДЫ-ҚАТТЫЛЫ: *Бірде ақырын, бірде қатты (жүріс).*

АҚЫРЫНЫРАҚ *Жайырақ, баяуырақ.* ~ сөйледі (жүрді).

АҚЫРЫП-ШАҚЫРЫП *Улап-шулап, дабырлап.* Ол ~ берекелерін қашырды.

АҚЫСЫЗ *Ақы төлемей, тегін.* ~ оқытты.

АҚЫСЫЗ-ПҰЛСЫЗ *Тегіннен-тегін, бостан-бос.*

АЛ I *Қызыл, қара, күрең, қоңыр, жасыл сөздерінің алдында келіп, сол түстердің ашық, айқындығын анықтайды, сынға сын жамайды.* ~ қызыл (қара, қара көк, күрең, қоңыр).

АЛ II 1. *Бір затты қолмен ұстау, көтеру.* Дорбаны қолыңа *ал.* 2. *Бір нәрсені меншіктеу, ие болу.* Жақсы көрер тамырдың Атын алма, тайын *ал* (Мақал). 3. *Қабылдау, қош көру.* Армияға *алды,* партияға *алды.* 4. *Табыс табу, кіріс кіргізу.* Өнімді мол *алды.* 5. *Жар сүю, ұйлену. Алғаның* жаман болса, көңілің жарым (Мақал). 6. *Аң аулап, олжалы болу.* Бүркітім қаз *алды,* қасқыр алды. 7. *Тамақ жеу, ішу.* Құймақ *алыңыз.* 8. *Біреудің елін шауып, өзіне бағындыру.* Берлинді *алды.* 9. *Босату, сыпыру.* Ол көзінен көзілдірігін *алды.*

10. *Азайту, кеміту.* Менің оған қосарым да, *аларым* да жоқ. 11. *Мерт болу, өлу.* Айналдырған ауру *алмай* қоймас (Мақал). 12. *Бір заттың қолға келіп тиюі, жетуі.* Хат *алды.* 13. *Бір нәрсені ерекшелеп бөліп алу, даралау.* Өзімді *алсам,* ауылдың баласымын. 14. *Жайлау, қаптау.* Есіктің алдын су *алды.* 15. *Күрделі етістіктің құрамында тұрып, көмекші қызмет атқарады.* *Жатып алды, отырып алды, ұстап алды.* ◊ **Ала жөнелді** — *алып қашты, бой бермеді.* **Ал балық, аузыма сал балық** — *бәрі аузын ашып қарап отыр, дайын асқа әзір,* д. м. **Алғаның ас болмағыр!** *(қарғ.)* — *жиған тергенің өзіңе бұйырмасын.* **Алып алты, жеп жеті болмайды** — *жұрттан асып ешқайда бармайды, жетіспейді.* **Алып қашты сөз [әңгіме]** — *өсекаяң, лақап сөз.* **Алып та жығады, шалып та жығады** — *қолынан бәрі келеді, әлі емін-еркін жетеді.* **Алып ұрды [соқты]** — *бұйым құрлы көрмеді, көтеріп алып жықты.* **Алып ұшты** — *дедек қақты, дегбірсізденді.*

— АЛ III 1. *Біреудің назарын өзіне қарату үшін айтылады.* *Ал,* Шоқан, сен енді кадет корпусының оқушысы боласың (Бегалин). 2. *Бұйрық, тілек білдіру үшін айтылады.* - тыңдайық (кетейік, дайындал). 3. *Бір нәрсенің мәнін күшейтіп, ұзақ жерзім болғандығын білдіру үшін қолданылады.* - кеп соқты, - кеп құсты. 4. *Салыстырмалы қарсылықты мән беру үшін айтылады.* Абай жазба әдебиеттің сом тұлғасы, *ал* Жамбыл ауыз әдебиетінің бұланайы ғой (Талжанов). 5. *Бір оқиғаның жалғасын, әрі қарай қалай дамығанын білу үшін қолданылады.* *Ал* сонан соң не болды? □ **Ал енді** — *бұдан былай, мұнан соң.*

—АЛА 1. *Түрлі түстердің араласып келген түрі.* Көк-, сары-, қызыл-, қара-, торы-. 2. *Көз алмасының ақ түсті қабығы.* Көздің -сы. 3. *Бір тегіс емес, ала-құла.* Егін - шығыпты. 4. *Ауыс. Ауыз бірлігі жоқ, ынтымақсыз.* От басы - болмасын. 5. *Ауыс. Арамдық, жамандық, бүкпе.* Мал аласы сыртында, Адам *аласы* ішінде (Мақал). □ **Ала күшік** — *бірін-бірі мазақтап жүгірісіп ойнайтын халық ойыны.* **Ала қарға** — *қарғаның бір түрі.* ◊ **Ала ауыз** — *береке-бірлігі жоқ, ынтымақсыз.* **Ала бөтен** — *елден ерекше, өзгеше.* **Ала жаздай** — *жаз бойы, жаз біткенше.* **Ала жылан аш бақа** — *бір-бірімен араз, өш.* **Ала жібін аттамады** — *біреуге жамандық жасамады, адал жүріп, адал тұрды.* **Ала жіп кесісті** — *араздасты, қастасты.* **Ала көз** — а) *қарасынан ағы басым, үлкен көз;* ә) *қырғи қабақ, дүрдараз.* **Ала көзімен атты [қарады]** — *жек көрді, ұнатпады.* **Ала көленке** — *таңертеңгі апақ-сапақ уақыт.* **Ала қол** — *біреуді олай, біреуді былай көру, әділ болмау.* **Ала қолдық** — *бірдей көрмеушілік, алалаушылық.* **Ала құйын** — а) *аумалы-төкпелі, алай-түлей (боран);* ә) *құбылмалы, ұшқалақ, жеңілтек.* Ақынның *ала* құйын мінезі бар (Аманжолов). **Ала өкпе болды** — *босқа әуреге түсті, аласұрып аптықты.* **Ала тайдай бүлдірді** — *кенеттен елдің апыр-топырын, астан-кестеңін шығарды.* **Ала топалаң** — *астан-кестең, арпалыс.* **Ала шапқын [топыр]** — *апыр-топыр, жанталас.*

—АЛАБАЖАҚ *Түрлі-түсті, әлеміштелген.* - сурет (киім).

—АЛАБАЖАҚТА *Алабажақ ету, әлем-жәлемдеу.*

—АЛАБАЖАҚТАУ *Бір түсті емес, ала-құлалау.* - мата.

—АЛАБАРҚЫН *Қара қоңыр.* - тау, - тартты.

—АЛАБОТА *Алабота тұқымдасына жататын шала бұта.*

—АЛА-БӨЛЕ *Ерекше, өзгеше.* Жұрттан - үздік шықты.

—АЛАБҰҒА *Алабұға тұқымдасына жататын жыртқыш балық.*

—АЛАБҰРТ *Бет-жүздің қызара бөртіп құбылуы.* Беті -ып тұр.

—АЛАБІЛЕК *Садақ оғының бір түрі. Алабілек* оқ салған, Қой дегенде бір шапқан (Шалкиіз).

—АЛАГЕУІМ *Елең-алаң, апақ-сапақ мезгіл.* Анам -де кеткен.

—АЛАГЕУІМДЕН *Таң жарығы түсе бастау.* Бөлме іші -іп келеді.

—АЛАГӨБЕ *Таңғы елең-алаң шақ.* -де тұрды.

—АЛАГӨБЕДЕН *Таң атпай, сәріден.* - жұмысқа шығарды.

—АЛАГҮЛІК 1. *Зауза қоңыздар тұқымдасына жататын қоңыз.* 2. *Ауыс. Ел арасына іріткі салатын бүлдіруші, бүлік.*

—АЛАҒАЙ: алағай да бұлағай — *аласапыран, астан-кестең.*

—АЛАҒАН: алаған қол — *алып үйренген, ала білетін. Алаған* қолым — береген (Мақал).

—АЛАҒАНШЫҚ *Бір ашылып, бір жауып, үйытқып соғатын, ала құйын.* - боран.

—АЛАҒАНШЫҚТА *Күннің алаганшық болып ашыла бастауы.*

— АЛАҒАТ *жерг. Ала-құла, біртегіс емес.* Егістің шығымы -.

—АЛАҒАТТАН *Алақожалақтану, алабажақтану.*

—АЛАЙ *Көздің үлкейіп, шарасынан шыға жаздауы.* Көзі -яды. ◊ **Көзі [екі көзі] алайды** — *үрейленді, қорықты, шошыды.*

—АЛАЙ-БҰЛАЙ *Ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі.* - шапты. ◊ **Алай-бұлай болса** — *жазатайым көз жұма қалса.*

—АЛАЙДА *Дегенмен, бірақ та.* - келіп кеткенің мақұл.

—АЛАЙ-ТҮЛЕЙ 1. *Ауа райының қатты бұзылуынан болған үйқы-түйқы күй.* - ақ түтек боран. 2. *Ауыс. Қиын-қыстау кез; аласапыран уақыт.* - заман. 3. *Ауыс. Көңілдің әлем-тапырық болып бұзылуы.* Ішкі дүниесі -.

—АЛАЙЫҢҚЫ *Көзі алая түскен, қорқынышты.*

—АЛАКҮДЕК *Істің барысын байыптамайтын, алаңғасарлау.* Не келсе аузына соны сөйлеп, Ақ көңіл, *алакүдек* жанау деймін (Айтыс).

—АЛАҚ: көзі алақ етті — а) *жалт етіп қарады;* ә) *үрікті, шошынды.*

—АЛАҚАЙ *Шаттанып қуанғандықты білдіретін одағай сөз.* -, әкем келді.

—АЛАҚАЙЛА *Мәз болу, шаттану, шексіз қуанышқа бөлену.* Балақайлар -п жүр.

—АЛАҚ-АЛАҚ: алақ-алақ етті — *жалтақтап қарай берді.*

—АЛАҚАН 1. *Қолдың саусақ пен білезік аралығының ішкі жақ аясы.* Екі -ы ысып кетті. 2. *Қамшы өрімінің жалпақтау келген түп жағы.* Қамшының -ы. 3. *биол. Жапырақтың жалпақ жері.*

Жапырақ сабақ пен *алақаннан* тұрады (Ажкеев). ◊ **Алақанға салғандай** — *қолмен қойғандай, апайқын.* **Алақанға салды** — *қадірлеп-қастерледі, мәпелеп өсірді.* **Алақанның аясында** — *бәрі көз алдында, белгілі, мәлім.* **Алақанның аясындай** — *шағын, тар.* **Алақан соқты [ұрды]** — *қошеметтеп қуаттады, қолдады.* **Алақаны ашық [жазық, кең]** — *жомарт, береген.* **Алақаны қышыды** — а) *біреуден бірдеңе алуды ырым қылды;* ә) *күші тасып, жұмыс істегісі келді.* **Алақанына түкірді** — *тісін басып кіжінді, құлшынды.* **Алақанын жайды** — а) *телміріп сұранды, емінді;* ә) *бата қылуды өтінді.*

АЛАҚАНДА *Бәрі де көз алдында.* Шоқының дәл төбесінде отырмыз. Бүкіл жайлау *алақанда* (Мұстафин).

АЛАҚАНДАЙ 1. *Шағын, кішірек.* ~ жер (ауыл, бөлме). 2. *Үлкен, аумақты.* ~ диплом. Көзі ~.

АЛАҚАУДАН *Ала шабыр, ала-құла.* Тауда әлі де ~ қар жатыр.

АЛАҚАШПА *Алып ұшпа, лепірме.* ~ сөз.

АЛАҚ-ЖҰЛАҚ *Сасқалақтап, ұрейленіп жан-жаққа қарай беру.* Ол ~ қарай берді.

АЛАҚОРЖЫН *Тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар.*

АЛАҚТА 1. *Көзі алақ-алақ етті.* Көзі ~ды. 2. *Жан-жағына алақ-жұлақ қарау.* Жан-жағыма ~дым.

АЛА-ҚҰЛА 1. *Аласы мен құласы аралас түс.* ~ жылқы. 2. *Түрлі-түсті, әр түрлі.* ~ мата. 3. *Бір-келкі емес, бір тегіс емес.* Егіннің шығымы ~.

АЛА-ҚҰЛАЛАУ *Түрлі-түстілеу, тегістеу емес.* Егіннің шығымы ~.

АЛА-ҚҰЛАЛЫҚ 1. *Әртүрлілік.* Қойдың ~ғы жүнінің сапасын кемітеді. 2. *Біркелкі еместік, әр түрлілік.* Повестің стилінде ~ бар.

АЛАҚҰРТ I *Малдың терісін, қанын сорып қоректенетін бүрге тәрізді жәндік.*

АЛАҚҰРТ II *Өрнектің бір түрі.*

АЛАҚҰРТТА *Өрнек салу, өрнектеу.* Уыққа *алақұрттап* аяқбау есіп отырған кәрі-құртаңдар бар (Жүнісов).

АЛАЛА *Бірдей көрмеу, бөліп-жару.* Балаларды ~ма.

АЛАЛАН *Бөлектену, жырақтану.* ~бай бері отыр.

АЛАЛЫ *Түрлі-түсті, алалы-құлалы.* ◊ **Алалы жылқы, ақтылы қой** — *мыңғырған көп мал.*

АЛАЛЫҚ 1. *Ала-құлалық, бірдей еместік.* Пікір ~ғы кездеседі. 2. *Ауыс. Арамдық, бүкпелік.* Көңілімізде ~ жоқ.

АЛАЛЫ-ҚҰЛАЛЫ *Аласы мен құласы аралас.* ~ жылқы.

АЛАМАЙ 1. *Көз, көтеншек сияқты дене мүшелерінің айналасына біткен қалың май қабаты.* Малдың көтеншегін ~ымен сыпырып алады. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің жалпы аумағы, көлемі.* Түбі ~ымен сөгіліп, қара шелек жатыр (Майлин).

АЛАМАЙЛЫ *Аламайы үлкен, майлы.* Көтендігі шығыңқы *аламайлы* (Абай).

АЛАМАН I *Атжалман, алақоржын тышқан тұқымдасына жататын кеміргіш жануар.*

АЛАМАН II 1. *Біреуді шабуға, олжалауға сайланған қарулы топ.* Кәрім — патша солдаттарына ат ойнатып, атойлап шапқан *аламандардың* бірі ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Қарқынды, қаһарлы.* ~ жігіт (бері, шабыс). □ **Аламан бәйге** — *аты, құнаны, тайы аралас жаппай жарыс.*

АЛАМАНДАП *Айқайлап атой салу. Аламандап* айқасып еді, Гриша жаумен бетпе-бет (Бектемісов).

АЛАМАНДЫҚ *Аламанға тән іс-әрекет; жанкештілік, жұлымырлық.* Тұтқындағылар ашықтан-ашық *аламандық* жасап, әркімнің қапшығына қол сұға бастады (Бектұров).

АЛАМЫЖДА *қ. Алабажақта.* Көшенің қара лайсаңы жалаң аяғын аяусыз *аламыждаған* (Мусин).

АЛАМЫШ 1. *Алабажақ тұс.* ~ көйлек, ~ киім. 2. *Ала шабыр, ойдым-ойдым.* ~ бұлт.

АЛАМЫШТА *Әлем-жәлем ету, алабажақтау.* Үйдің ішін түрлі түсті бояумен *аламыштап* тастапты (Әуезов).

АЛАН *Барыстың күшігі.* Алма апаннан *алан-ды,* Таутан ұрлар балаңды ("Соц. Қаз").

АЛАҢ I 1. *Орман, тоғай, үй аралығындағы бос жер.* ~ға жайғасты. 2. *Ірі қалалардағы жиын, шеру өткізетін арнаулы орын.* Жастар ~ға шықты; Жас ұландар шеруі ~да өтіп жатыр. ◊ **Алаң ашық** — *қоршауы жоқ, қоршаусыз жер.*

АЛАҢ II *Қойда болатын топалаң ауруының бір түрі.*

АЛАҢ III *Беймазалық, әбігер.* Ендігі ~ым — ауылда қалған балам. ◊ **Алаң болды [етті, қылды]** — *ойы сан саққа бөлінді, алаңдады.*

АЛАҢҒАСАР *Ойындағысын лақ еткізіп айта салатын, аңғырт, аңғал.* ~ жігіт.

АЛАҢҒАСАРЛАН *Артын ойламай бір нәрсені айта салу.*

АЛАҢҒАСАРЛАУ *Аңғырттау, аңғалдау.* ~ жігіт (кісі).

АЛАҢҒАСАРЛЫҚ *Аңғырттық, аңғалдық.*

АЛАҢДА 1. *Көзі алақтап қарау.* Көзі ~п кетті. 2. *Беймазалану, әбігер болу, еленделу.* Әжемнің кешіккеніне ~й бастадым.

АЛАҢДАУШЫЛЫҚ *Қобалжушылық, беймазаланғандық.* ~ білдірді.

АЛАҢ-ЕЛЕҢДЕ *Таңертең, ертемен.* ~ жетіп бардық.

АЛАҢ-ЖҰЛАҢ *Алақ-жұлақ, жалтаң-жұлтаң.* ~ қарады.

АЛАҢҚАЙ *Орман-тоғай арасындағы шағын жазық, алаң ашық бос жер.* Қалың қарағай арасындағы ~да отыр.

АЛАҢҚАЙЛАН *Алаң ашық болып қалу.* ~ған жер.

АЛАҢСЫЗ 1. *Жайбарақат, бейқам.* Өмірі ~ өтті. 2. *Көңілі хош; уайым-қайғысыз.* ~ еңбек етіп жүр.

АЛАҢША *Кішкене алаң.* Екі үйдің арасында гүл еккен ~ бар.

АЛАҢШЫЛ *Алаңдағыш, мазасыз.* ~ көңіл.

АЛАҢЫТ *Алаңдай беру, мазасыздану.* ~қан көңіл.

АЛАӨКПЕ *Қара малда болатын жұқпалы өкпе ауруы.* ◊ **Алаөкпе болды** — а) *алаөкпе ауруымен ауырды;* ә) *әуре-сарсаңға түсті.*

АЛАП 1. *Аймақ, атырап, өлке.* Маңғыстау *алабы.* 2. *Мөлшерлі, белгілі жер.* Егістік *алабы.*

АЛАПА *көне.* 1. *Олжа, пайда, табыс.* Егін жақсы шықса, халыққа үлкен *алапа* (Мақал). 2. *Пара, алым.* ~ға қызықпа. 3. *Кәделі сыйлық, жөн-жоралғы.*

АЛАПАЙ: алапай-талапайын шығарды — *опыр-топыр қылды.*

АЛАПАТ 1. *Апат, нәубет, қырғын.* Елге келген ~. 2. *Ауыс. Керемет, жойқын.* ~ ауру (боран, өрт).

АЛАПАТТАН *Сұстану, түнеру. Алапаттана* түнерген түн көрпесін қымтана түсті (Сыланов).

АЛАПАТТЫ *Айбарлы, айбатты, сұсты.* ~ айқас.

АЛАПАТТЫҚ *Сұстылық, үрейлілік.*

АЛАПЕС 1. *Емдеуге қиын жұқпалы ауру.* ~ ауруы. 2. *Ауыс. Ала-құла, тегіс емес.* ~ қабырғалар. 3. *Ауыс. Жұртты алалайтын, әділеттен тайған адам.* Ой, *алапес*, сен жұртты алдама.

АЛАПЕСТЕН 1. *Алапес ауруына ұшырау, алапес ауруымен ауыру.* 2. *Ауыс. Ала-құла түске ену.* Ой-қырдың бәрі ~іп жатыр.

АЛАП-ЖАЛАП *Қарны ашқандықтан болатын жағымсыз сезім.* Ішім ~ барады.

АЛАР 1. *Көздің шарасынан шыға ұлкейіп көрінуі.* Көзі ~ып барады. 2. *Жаратпай, жақтырмай қарау.* Директор ~а қарады.

АЛАРМАН 1. *Алушы, алғыш. Алармаңа* алтау аз, берерменге бесеу көп (Мақал). 2. *Дүкеннен зат сатып алушы адам.*

АЛАРЫҢҚЫ *Алайған, алайғандау.* Көзі ~.

АЛАС 1. *көне. Отқа табынуға байланысты шыққан атау.* 2. *Ауыс. Аластау, жоқ болу, жойылу.* "Соғыс" деген суық сөз адам өмірінен ~ болды.

АЛАСА *Биік емес, жатаған.* ~ үй (үстел, тау), ~ бойлы.

АЛА-САБЫР *Қар еріп, жер лайсаң болып жатқан шақ.* Көктемнің ~ шағы.

АЛАСАЛАУ *Аласарақ, тапалдау.* ~ кішкене үй (адам).

АЛАСАЛЫҚ *Биік еместік, қысқалық.*

АЛАСАПЫРАН 1. *Қар еріп, су жүріп лайсаң болып жатқан жазға салымғы кез.* Көктемнің ~ уақыты. 2. *Ауа райының кенеттен бұзыла қалуы.* Аяқ астынан ауа райы ~ болды да кетті. 3. *Ауыс. Аумалы-төкпелі қиыншылық уақыт.* Адам айтқысыз ~ күн туды.

АЛАСАР *Төмендеп шөгу, бойы кішірею.* Ағаш үй ~а бастаған.

АЛАСАРАҚ *Аласалау, кішілеу.* ~ үй.

АЛАС-ҚАПАСТА *Тығылтаяң, қарбалас шақта.* ~ жолыға кетті.

АЛАСТА 1. *Ауруды отпен ұшықтап емдеу.* Баланың бесігін аршамен ~ды. 2. *Біреуді ығыстыру, қуып тастау.* Ауылдан ~ды.

АЛАСҰР 1. *Ауру дендеп, жанталасып қиналу, жанын қоярға жер таппау.* Ауру адам ~ып жатыр. 2. *Бір нәрсеге қатты күйзеліп тыпыршу, тынышсыздану.* Ол үйінде ~ып жүр. 3. *Жанын салып арпалысу.* Аты ауыздықпен алысып ~ады.

АЛАСЫ 1. *Біреуден алуға тиісті зат, бұйым.* ~ларын алып бітті. 2. *Алушы, аларман адам. Аласыға* алтау аз (Мақал).

АЛАСЫЛЫ *Алашағы бар.* ~ болды.

АЛА-ТОПАЛАҢ *Опыр-топыр, астан-кестен.* Ол үй ішін ~ қылады.

АЛАУ 1. *Лаулап жанған от.* ~ жанып жатыр. 2. *Ауыс. Адамның бойындағы қызу қайрат, жігер.* Оның көкірегінде ~ бар.

АЛАУДАЙ *Қып-қызыл, жалын атқан.* Екі беті ~.

АЛАУ-ДАЛАУ *Үйпа-түйпа.* Ол жаппадан *алаудалау* боп, жүгіре шықты (Нұрпейісов).

АЛАУ-ЖАЛАУ *Әлеміштеген, түрлі-түсті, әшекейлеген.* Үйінің маңдайшасына ~ ту қадаған.

АЛАУЛА 1. *Лаулап жану, жалындау.* ~п жанған өрт. Таң ~п атып келеді. 2. *Күйіп жану, қызара бөрту.* ~ған денесінің қызуы бүгін ғана бәсеңдеді.

АЛАУЛЫ *Қызулы, жалынды.* ~ күн (шақ).

АЛАУРА *Жанған оттай қызару, жалындау.* Күн ~п ұясына батты.

АЛАУЫРТ *Алып ұшу, лепіру.* Көңілі ~ты.

АЛАШ 1. *Қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы.* ~тың баласы. 2. *Ерте замандағы қазақ руларының ұраны.* ~ деген ұранымыз бар. 3. *Ел-жұрт, қауым, көпшілік.* Сыйымсыз болды *алашқа* (Абай). 4. *Қазақ зиялыларының алғашқы саяси партиясы.* Торғайдың хабар келді уезіне, *Алаштың* шақырылдық съезіне (Ахметбеков). □ Алаш мыңы (*көне.*) — *ежелгі қазақ тайпаларының ең алғаш қауым болып біріккен одағы, "қазақ" деуден бұрынғы елдің жалпы аты.* ◊ **Алаштың азаматы** — *бүкіл қазақ, дүйім жұрт.*

АЛАША I *Түрлі-түсті жіптен арқау салып жолақтап тоқитын тақыр кілем, төсеніш.* Кілемге бергісіз *алаша* бар, Ханға бергісіз қараша бар (Мақал).

АЛАША II *Асыл тұқымды түйе мен жабы түйеден шыққан түйе. Алаша* тұқымын танытпас, Жүк тасып көште жарытпас (Мақал).

АЛАШАҚ *Біреуден алатын нәрсе, зат.* ~ғы жоқ.

АЛАШАПҚЫН: алашапқын болды — *босқа әуреге түсті, аранжер болды.*

АЛАШТА *Алаш-алаш деп ұрандау, ұран шақыру. Алаштап* қырға шық та, ұран шақыр (Үш ғасыр).

АЛАШЫҚ *Көздің аласы.* Көзінің ~ғы молайып кеткен.

АЛАЯҚ *Айлакер, қу залым.* ~ адам.

АЛАЯҚТЫҚ *Айлакерлік, залымдық.*

АЛБА-ЖҰЛБА *Жыртық-жыртық, далба-дұлба.* Үстіне киген киімдері ~.

АЛБАН *Албанияның негізгі тұрғын халқы.*

АЛБАҢ-ДАЛБАҢ *Желп-желп еткен, бетімен кеткен.* Етегі ~.

АЛБАР *Үй айналасындағы төбесі ашық, қоршалған жер.* Шабылған шөп түгелімен *албарларға* мая-мая боп үйілген (С. Мұқанов).

АЛБАРЛЫ *Албары бар, албармен қоршалған.* ~ үй.

АЛБАСТЫ 1. *Жын, сайтан, мартұ.* 2. *Ауыс. Оңбаған, жексұрын.* Мына ~ неғып жүр? ◊ **Албасты басқыр** *(қарғ.)* — *қара басқыр, оңбағыр.* **Албасты басты** — *құдай атты.*

АЛБАСТЫДАЙ *Албасты сияқты, жексұрын, сұмпайы.*

АЛБЫРА *Адамның бет-жүзінің уылжып қызаруы.* Екі беті ~п тұр.

АЛБЫРТ I *Жылқыда болатын ауру, делбе.*

АЛБЫРТ II *Тауы шағылмаған, маңдайы тасқа тимеген.* ~ жас, ~ жігіт.

АЛБЫРТ III 1. *Қызару, албырау.* Дидары дулап *албыртып*, Кіргендей Мәншүк мектепке (Ж. Сыздықов). 2. *Ауыс. Алабұрту, алып-ұшу, еліру. Албыртқан,* лапылдаған жүрегім аз-кем суи қалды (Жұмақанов).

АЛБЫРТТАУ *Қызбалау, еліккіш.* ~ кезім.

АЛБЫРТТЫҚ *Қызбалық, ұрыншақтық.*

АЛГЕБРА *Сандардың жалпы заңдылық қасиеттерін зерттейтін математиканың негізгі саласы.*

АЛГЕБРАЛЫҚ *Алгебраға тән, соған қатысты.* - қосынды (өрнек, теңдеу, сан).

АЛГОРИТМ *Белгілі бір есептерді шығару үшін қолданылатын математикалық амалдардың жиынтығы.*

АЛҒА *Ілгері, ілгері қарай.* - кетті (шықты, сүйреді, ұмтылды). ◊ **Алға басты** — *өркендеп өсті, дамыды.* **Алға көз салды [жіберді]** — *болашақты болжады.*

АЛҒАЙ-ШАЛҒАЙ *Дұрдараздық, ынтымақсыз.* Ағайынның *алғай-шалғайын* білмейді (Мүсірепов).

АЛҒАЛА *Алға деп ұрандау, ұран салу.* Аршындады *алғалап,* Атой салып көп адам (Жароков).

АЛҒАНСЫ *Алғанға ұқсау, алғандай болу.* Жас жігітті қамқорлыққа -иды.

АЛҒАНЫ *Сүйіп қосылған жар.* - аман болсын!

АЛҒАСЫЛ *Әрі тартып, бері тартып, көп нәрсенің басын шату. Алғасыл* осы секілді мәжіліспен отырып, халық тарады (Аймауытов).

АЛҒАУ I *көне. Медеу, қуат, таяныш.* Елге *алғау,* маған да *алғау* ер Исатай (Үш ғасыр).

АЛҒАУ II *Мұң, қайғы, құлазу.* Көңілге *алғау* түсті.

АЛҒАУЛЫ *жерг. Тапшы, зәру.* Ауыз суға *алғаулы* болғанымен, малға дегенде ағып тұрған құт (Аманшин).

АЛҒАШ *Бірінші рет, алдымен.* - жауған қырбық қар.

АЛҒАШҚЫ *Бастапқы, әуелгі.* - қоңырау (түн, жауын). □ **Алғашқы қауымдық құрылыс** — *адамзат тарихындағы ең алғаш қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық формация.* ◊ **Алғашқы қарлығаш [адым]** — *тұңғыш бастама.*

АЛҒАШҚЫДА *Басында, әуелде.* - не дерін білмей қалды.

АЛҒИ *Көгалды өзектерде өсетін хош иісті балауса шөп.*

АЛҒЫ *Алдыңғы реттегі.* Жарқын мақсат жолында, *Алғы* сапта келеміз (Смаханұлы). □ **Алғы сөз** — а) *шығарманы бастамас бұрын соның ішкі сырын нақтылап ашатын тұжырымды қысқа түсінік;* ә) *жиылыс ашар алдындағы сөйленетін бастама пікір.* **Алғы шеп** — *соғыс майданының алдыңғы жағы.*

АЛҒЫНШЫ *көне. Некелі әйел.* **Алғыншы** алсаң, ару ал, Артыңда жылап қалса кім алмас (Абыл ақын).

АЛҒЫР 1. *Көрген аңды жібермейтін қыран құс, тазы.* - қыран. 2. *Ауыс. Зейінді, зерек, ұғымтал.* - бала.

АЛҒЫРЛАН *Алғырлығы арту, күшею.*

АЛҒЫРЛЫҚ *Алғыр болғандық; зейінділік, ұғымталдық.*

АЛҒЫРСЫ *Алғыр болғансу.* -п кірісіп кетті.

АЛҒЫС *Ізгі ықылас, жақсы ниет.* - айтты.

АЛҒЫСТА *Алғыс айту, жаудыру.* Жиын жігіттер дуылдасып, Көмешті *алғыстап* жатыр (Жансүгіров).

АЛҒЫШАРТ *Алдыңғы жағдай, негізгі себеп.* Жеңістің -ы, табыстың -ы.

АЛДА I *Өтірік айтып, біреуді айламен қолға түсіру.* Ол бізді -ды.

АЛДА II *Алдыңғы жақта, ілгерідегі.* Інім - келе жатыр.

АЛДА III 1. *Есіркеу, мүсіркеуді білдіретін одағай. Алда,* қарағым-ай. *Алда,* құдай-ай. *Алда,* байқұс-ай. 2. *Реніштті, күйініштті білдіреді. Алда,* ит-ай. *Алда,* жауыз-ай.

АЛДАҒЫ *Болашақтағы, ілгерідегі, келешектегі.* - мереке (іс, жыл, қыс).

АЛДАҒЫШ *Алдампаз, өтірікші.*

АЛДА-ЖАЛДА *Әлдеқалай, зәуі-сайтан.* - келе қалсаң...

АЛДАМАЛА *Алдаусырату, жақаурату.* Көкірек оны *алдамалап* жар астына түсірді (Тоқтаров).

АЛДАМПАЗ *Өтірікші, суайт, жалғаншы.*

АЛДАМПАЗДЫҚ *Суайттық, жалғаншылық.*

АЛДАМШЫ *Алдампаз, алдағыш.*

АЛДАН 1. *ыр.етіс. Алда-н.* 2. *Бір нәрсемен шұғылданып, кідіру, бөгелу.* Бала сызумен *алданып* тұрып, оның келгенін байқамай да қалыпты (Алтынсарин).

АЛДАНҒЫШ *Сенгіш, нанғыш.* - адам.

АЛДАНЫШ 1. *Көңілін бөліп, алдаусыратын жұмыс; ермек.* Менің бар *алданышым* осы гармонь (Тоғжігітов). 2. *Ауыс. Бала. перзент.* Жәуке мен Балдайдың *алданышы* — осы Берен (Майлин).

АЛДАП-СУЛА *Өйтіп-бүйтіп амалдау, алдаусырату.* -п кемпірді шығарып салды.

АЛДАРАҚ *Озықтау, ілгерірек.* Үш салт атты келеді. Біреуі *алдарақ,* екеуі кейінірек (Ғ. Мүсірепов).

АЛДАСПАН *көне. Сабында көлденең салынған болат қалқасы бар семсер.*

АЛДАСТЫР *Алдап-арбау.* Барақбаев зымиян Рақымжанды *алдастырып* ұстап берген (Хұсайынов).

АЛДАУ-АРБАУ *Қулық-сұмдық, айла-тәсіл.* Айтқаны өтірік, *алдау-арбау* (Әлжіков).

АЛДАУСЫРАТ 1. *Алдау, амалдау.* Жұмысшыларды -ып қол қойдырып алған. 2. *Өзін-өзі жұбату, көңілін аулау.* "Бір жылға қоянның терісі де шыдайды" деп өзін-өзі *алдаусыратып* қояды (Бөкеев).

АЛДАУШЫ *Өтірікші, жалған айтушы.*

АЛДИЯР *Ханға, төрелер мен сұлтандарға "тақсыр", "құлдық" деп табыну.* — О, *алдияр,* жауабын өзің айт.

АЛДИЯРЛА *Құлдық ұрып, бас ию.* Барша жұрт *алдиярлап* берген сәлем (Сералин).

АЛДҮЗІК: алдүзік ат — *шапқан бетте суырылып шығып, алдына ат жуытпайтын жүйрік жылқы.*

АЛДЫ 1. *Адамның екі тізесі мен кеуде жақ аралығы.* Баласын -на алды. 2. *Адамның бері қарағаң жағы.* Үлкендердің -на табақ тарттық. 3. *Белгілі бір нәрсенің қарсы жағы.* Есіктің - толған адам. 4. *Бір нәрсенің бастамасы.* Ешкінің - лақтай бастады. 5. *Бір нәрсенің ең үлкені.* Балалардың - әжетке жарады. 6. *Бір нәрсенің ең озығы, үздігі.* Тең құрбысының - болды. 7. *Ауыс. Болашақ өмір, тағдыр.* -нда не күтіп тұрғанын қайдан білесің. ◊ **Алды бар, арты жоқ** — *ешкімге жаманшылығы жоқ, кек сақтамайтын (адам).* **Алдын ала** — *күні бұрын, күн ілгері.* **Алдын алды** — *күні бұрын қамданды, сақтанды.* **Алдына жан салмады** — *ешкімге жол бермеді.* **Алдына келтірді** — *өз істегенін өзіне істеді.* **Алдына қара салмады** — *жарыста бәрінен бұрын келді, озды.* **Алдынан кесе көлденең өтпеді** — *сыйлады, құрметтеді.* **Алдынан өтті** — а) *белгілі бір шаруа жайында бастықтан рұқсат сұрады, келісті;* ә) *қыздың ата-анасының келісімін алды.* **Алдынан жарыл-**

қасын (*тілек.*) — *жолың болсын.* Алдына шықпады — *бетіне қарсы келмеді.* Алдынан шықты — *құрметтеп қарсы алды.*

АЛДЫ-АЛДЫНА *Бет-бетімен, жай-жайына.* Қалың топ ~ кетті.

АЛДЫ-АРТЫ 1. *Бір нәрсенің бас-аяғы, бар болғаны.* Дүниенің ***алды-арты*** осы ғана болғаны ма? (Мұқанов). 2. *Бір нәрсенің ең соңы, ақыр аяғы.* Әйел бала, ер бала деп бөлулеріңіздің ***алды-арты*** осы болсын (Жүнісов). ◊ **Алды-артына қарамады** — *тоқтаусыз жүре берді, аландамады.*

АЛДЫМЕН *Ең әуелі, бірінші кезекте.* ~ өзінді тый.

АЛДЫНДА 1. *Бір нәрсенің қарсаңында, басталар кезінде.* Таң ~, жатар ~, тамақ ішер ~. 2. *Көзінше, бетпе-бет, жүзбе-жүз.* Тақтаға жазғанынды Нағима апайдың ***алдында*** мойында (Гумеров).

АЛДЫҢГҮНІ *Бұрнағы күні.* Мен оны ~ көрдім.

АЛДЫҢҒЫ 1. *Бірінші кезектегі, алдағы.* ~ арба, ~ ат. 2. *Бұрынғы, өткен.* ~ күн. ◊ **Алдыңғы қатарлы** — *ең озық, озат, үздік.*

АЛДЫҢ-ДҰЛДІҢ *Арсы-күрсі, келер-кетерін білмейтін (адам).*

АЛДЫР 1. *өзг. етіс. Ал-дыр.* 2. *Ұрлату, қолды болу.* Ақсұр атты ұрыға ***алдырыпсың*** (Жансүгіров). 3. *Ауыс. Біреуге жеңгіздіртпеу, есе бермеу.* Айлалы батыр ***алдырмас*** (Мақал).

АЛДЫР-БҰЛДЫР 1. *Көмескі, күңгірт.* ~ елестейді (көрінеді). 2. *Балдұр-бұлдыр, анық емес.* Баланың ***алдыр-бұлдыр*** тілі шықты (Мұқанов).

АЛЕБАСТР *Гипстің ұсақ түйіршікті түрі.*

АЛЕҢДІК *көне. Қызыл от, жалын атқан от.* Ақбүркеншік салған жұрт, ***алеңдігін*** жаққан жеріміз (Батырлар жыры).

АЛЖА-АЛЖА *Әбден қартайып біткен.* ~ кемпір-шал.

АЛЖАПҚЫШ *Жұмыс істегенде киім кірлемес үшін алдыға байлайтын қорғаныш киім, белдемше.* Үстіне ~ байлап алған.

АЛЖАС 1. *Қартайып ақылдан адасу, шатасу.* ~ып кетті. 2. *Ауыс. Қателесу, шатысу.* Атақтың буы ақылынан ***алжастырыпты*** (Нұржекеев).

АЛЖЫ *Жасы жетіп, әбден қартаю, ақылдан алжасу.* Атам ~ды.

АЛИБИ *заң. Қылмыс істелген сәтте айыпталушының ол жерде болмай, басқа бір жерде болуы; яғни оның қылмысқа қатысы жоқтығының дәлелі.*

АЛИМЕНТ *Жасы жетпеген бала мен еңбекке жарамайтын ересек адамдарға төленетін ақша, көмек.*

АЛКАЛОИД *хим. Сілті сипатты органикалық зат.*

АЛҚА I *Бір я көп жылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер туысының жалпы атауы.*

АЛҚА II *Қыз-келіншектердің мойнына сәндік үшін тағатын әшекей.* Мойнында алтын ~сы бар.

АЛҚА III *Кеңесу үшін ресми түрде белгіленген адамдар тобы.*

АЛҚА IV *Алғыс айту, бата беру, разы болу.* Әжесі балаларын ***алқап*** бата берді.

АЛҚАГҮЛ *Өсімдік жапырақтарынан өрілген гүл; лавр.*

АЛҚА-ҚОТАН *Алқаға ұқсап, дөңгелене, айнала.* Ауыл ~ отыр.

АЛҚАЛА I *Айнала қоршау, қаумалау.* Марқакөлді ***алқалаған,*** ақ ауылды Алтай елі (Аймауытов).

АЛҚАЛА II *көне. Ақылдасу, кеңесу, бас қосу.* Азамат басы құралса, ***Алқалай*** келген кеңесте (Махамбет).

АЛҚАЛЫ I *Алқа таққан, алқасы бар.* ~ қыз.

АЛҚАЛЫ II *Топтасып жиналған, жинақы.* ~ кеңес (жиын, топ).

АЛҚАМ-САЛҚАМ 1. *Ашылып-шашылған, салдыр-салақ.* Киімі ~. Үсті-басы ~. 2. *Аңғал-саңғал, ашық-тесік.* Үлкен қоңыр үйі ~.

АЛҚАП *Бір шетімен бір шетіне көз жеткісіз кең өлке.* Жылқы кең ~қа шықты.

АЛҚАПТЫ *Аясы кең, өрісті.* ~ өлке.

АЛҚАРАКЕС *Бұлғын тәріздес жануар. Мұны Қаракіс деп те айтады.* Түйме бауы тартпалы, ***алқаракес*** тон берді (Батырлар жыры).

АЛҚАТ *Ардақтау, еркелету, қолпаштау.* Сүйегінді жоғалтпас Абылаймысың ***алқатқан*** (Бұқар жырау).

АЛҚАШ *қарап. Ішімдікке салынған адам, ішкіш.* Ол ақыры ~ боп кетті.

АЛҚЫЛДА *Қолп-қолп ету, қолпылдау.* Ашылып омырау, күн ыстық, Қойын кетті ***алқылдап*** (Абай).

АЛҚЫМ 1. *Жан-жануардың, адамның тамағының астыңғы жағы.* ~ынан ала түсті. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің қылқа мойны, келіп тірелген жері.* Жолаушылар тау алқымына жақындады (Бағаев). □ **Алқым бау** — *киімнің жағасын мойынға бекітіп тұратын бау.* ◊ **Алқымынан алды** — *жанын қысты, қыспаққа салды.*

АЛҚЫМДА 1. *Алқымнан алып қылқындыру, буындыру.* 2. *Қасқырдың малды шетінен тамағынан тістеп қыра беруі, тамақтауы.* Биені ~п кетіпті. 3. *Ауыс. Тықсыру, беттетпеу, қысу.* Қазіреттің аузын ашырмай ~п барады. 4. *Ауыс. Қуып жету, жақындау.* Алда кетіп бара жатқан құла торыны да ~п қалды. 5. *Ауыс. Адамның жас мөлшерінің белгілі бір шамаға жетуі.* Жасы сексенді ~ған.

АЛҚЫН I *Тегеурін, екпін. Алқыны* күшті асаулар, ноқтаға басы кірілді (Абай).

АЛҚЫН II 1. *Ентігу, демігу.* Оспантай ***алқынып*** сөйлеп тұр (Майлин). 2. *Ауыс. Буырқану, арындау. Алқынған* асау өзеннің Ағысын аңдып отырмын (Орманов).

АЛҚЫНДЫ *Жуылып, таусылуға жақындаған сабынның қалдығы; таусыншақ.* Қара сабынның ~сы.

АЛҚЫН-ЖҰЛҚЫН *Асығып-үсігіп, асып-сасып.* ~ жетіп келді.

АЛҚЫНЫС *Ентікпе, сырыл.* Қыз жүрек ***алқынысын*** баса алмай әлек (Қанахин).

АЛЛА *діни. Құдай, жасаған, жаратушы.* ◊ **Алла атымен** — *шындыққа көз жеткізу, жұртты сендіру үшін айтылады.* **Алла жар болсын [жарылқасын]** —*жорытқанда жолың болсын.* **Алланың жазуы** —*құдайдың салғаны.* **Алла риза болсын** — *тәңір жарылқасын.* **Алла тағала** — *құдіреті күшті құдай.*

АЛЛАЛА *Аллаға сыйынып, жалыну, жалбарыну.*

АЛЛАУАҚБАР *Құдай қабыл қылсын деген ниет.*

АЛЛАХОЛ *мед. Бауыр мен өт жолдарын емдейтін дәрі.*

АЛЛАШЫЛ *Діншіл, құдайшыл.*

АЛЛЕГОРИЯ *әдеб. Дерексіз ұғымды немесе ойды шартты түрде көркем бейне арқылы беру, тұспалдау.*

АЛЛЕГРО *муз. Музыкалық пъесаны ойнаудағы жылдамдық қарқыны.*

АЛЛЕРГИЯ *мед. Сезім мүшелерінің жоғарғы реакциясы.*

АЛЛИГАТОР *Крокодилдер отрядына жататын, басы қысқалау, тұмсығы жалпақ, бауырымен жорғалаушы жануар.*

АЛЛИТЕРАЦИЯ *әдеб. Бір ойды, сөзді баса айту мақсатымен белгілі бір дауыссыз дыбысты қайталау.*

АЛЛО *Телефонмен сөйлесушілердің бір-біріне беретін ишараты.*

АЛМА 1. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық жеміс ағашы.* ~ өсіп тұр. 2. *Осы ағаштың басына шығатын жемісі.* ~ жеді. 3. *поэт. Әйел бала төсі, емшегі.* Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң, *Алмасы* өкпе болар қол батпаған (Абай). ◊ **Алма бет** — *қызарған домалақ бет.* **Алма мойын** — *жұмыр келген әдемі мойын.*

АЛМАҒАЙЫП *Екі талай, қилы-қилы, негайбіл.* Күн туды *алмағайып* ер басына (Жұмалиев).

АЛМАДАЙ *Қып-қызыл, албыраған, уылжыған.*

АЛМА-ЖҰЛМА *Жыртық-жыртық, өрім-өрім.* ~ малақай (киім).

АЛМАЗ *Түссіз, мөлдір, өте қымбат қатты зат.*

АЛМА-КЕЗЕК *Кезекпе-кезек, бірінен соң бірі.* ~ алға шықты.

АЛМАҚ *Алуға тиісті зат. Алмақтың* да салмағы бар (Мақал).

АЛМАЛА *Алма-кезек ауыстыру, ұтылау.* ~п ат мінді.

АЛМАЛЫ *Алмасы көп, бақша-баулы.*

АЛМАЛЫ-САЛМАЛЫ *Алып қоюға ыңғайлы.* ~ әйнекті рамалар, ~ есік.

АЛМАН *көне. Алым-салық.* Халыққа *алман* салды.

АЛМАС I 1. *тех. Табиғатта кездесетін ең қатты минерал.* 2. *Шыныны кесіп түсетін жүзі бар өткір құрал.* ~пен шыны кесті. 3. *Ауыс. Өткір, қайратты.* Шынында біреу жасық, біреу *алмас,* Қатардан талаптанса, Еркін қалмас (Еркінбеков).

АЛМАС II *мин. Хлорлы сынаптан жасалған техника мен медицинада қолданылатын улы ақ ұнтақ дәрі.*

АЛМАС III *Бірінің орнын бірі басып, кезектесу, ауысу.* Жыл мезгілдері ~ып тұрады.

АЛМАСТАЙ *Мірдің оғындай, өткір.* ~ өткір сөз (өткір тіл).

АЛМАУЫТ *Қайратты, қажырлы.* ~ дүлдүл тұлпар (ат).

АЛМҰРТ 1. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы.* 2. *Осы ағаштың жемісі.*

АЛОЭ *Қалыңдау келген жапырағының дәрілік қасиеті бар, көбіне сәндік үшін үйде өсірілетін көп жылдық өсімдік.*

АЛПАМСА *қ. Алпамсадай.*

АЛПАМСАДАЙ *Зор денелі, еңгезердей.* ~ кісі (дене, жігіт).

АЛПАУЫТ 1. *Керемет дәу, орасан зор.* ~ батыр. 2. *Ауыс. тар. Ірі жер иесі, феодал. Алпауыттан* алды жерді, Анталаған жауды жеңді (Жансүгіров).

АЛПЫС *Алты онның қосындысы.* ◊ **Алпыс екі айлалы** — *неше түрлі құлығы бар, айлакер.* **Алпыс екі тамыр** — *адамның бүкіл жан жүйесі.*

АЛПЫС-ЖЕТПІС *Алпыстан астам, жетпіске тарта.* ~ үй (қара).

АЛПЫСЫНШЫ *Алпыс санының реттік түрі.* ~ жылы (үй).

АЛТАЙЫ: алтайы қызыл түлкі [тымақ] — *соншалықты әдемі, көркем.*

АЛТАТАР *Қорабына бірден алты оқ салынатын тапанша.*

АЛТАУ *Алты санының жинақтау түрі. Алтау* ала болса, ауыздағы кетеді (Мақал).

АЛТЫ *Бестен кейінгі есептік сан.* □ **Алты қанат үй** — *алты қанат керегеден тігілген киіз үй.* **Алты өрім [таспа] қамшы** — *жуан етіп өрілген қамшы.* ◊ **Алты айшылық [айлық] жол** — *алыс жол, ұзақ сапар.* **Алты аласы, бес бересі жоқ** — *айдалдағы біреу; өте кеткені жоқ.* **Алты алаш** — *бүкіл қазақ біткен, бар қазақ баласы.* **Алты алаштың баласы** — *түрікпен, қарақалпақ, қазақ, өзбек, қырғыз, башқұрт ұлттарының жиынтық аты.* **Алты арыс** — а) *алты тайпадан құралған ағайынды ел;* ә) *алты атадан тараған бір ру.* **Алты ауыз [ауызды]** — *ауыз бірлігі жоқ, ала ауыз.* **Алты бақан ала ауыз** — *бірімен бірі араз, бірлігі жоқ.* **Алты батпан** — *зіл көтерем, зілдей ауыр.* **Алты құлаш ақ найза** — *батырлар ұстайтын ұзын қару.* **Алты қырдан асырды** — *өте алысқа кетті, қуып тастады.*

АЛТЫБАҚАН *Қазақтың ұлттық ойыны, әткеншек.* ~ құрды (тепті).

АЛТЫЛЫҚ *Карта ойынындағы бестен кейінгі реттік карта.* ~ қарға қолда бар.

АЛТЫН 1. *Сары түсті жарқыраған әдемі қымбат металл.* ~ өндірді. 2. *Осы металдан жасалған.* ~ жүзік (сағат, тіс). 3. *Ауыс. Қадірлі, қасиетті.* Жоғалған пышақтың сабы *алтын* (Мақал). 4. *Ауыс. Бағалы, қымбат.* ~ сөз (дән, астық). 5. *поэт. Сұлулық пен әдемілік бейнесі.* ~ күз (арай, таң, әріп). □ **Алтын алқа** — *алтыннан жасалған алқа.* **Алтын балық** — *аспанның оңтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыз.* **Алтын жақты айбалта** *(көне.)* — *екі жағына алтын жалатқан кішірек балта.* **Алтын жамбы** *(көне.)* — *мергендік сынасатын ойын.* **Алтын жұлдыз** — *көрсеткен ерлігі үшін берілетін ең жоғарғы награда.* **Алтын кітап** — *еңбек озаттарын тіркеп көрсететін құрмет кітабы.* **Алтын қабақ** — *садақ тартқыш жігіттердің бәсеке сайысы.* **Алтын қазық** — *мықты тірек.* **Алтын қазына [қор]** — *жиған-терген байлық, рухани игілік.* **Алтын қоры** — *эмиссиялық банктер мен қазынашылардың алтын құйма және алтын шақа түріндегі қоры.* **Алтын медаль** — *орта мектепті үздік бітіргендерге және спортта айрықша артық ұпай алғандарға берілетін медаль.* **Алтын орда** — *13 г. Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Европа жерлерінде құрылған мемлекет.* **Алтын тақ** — *патша отыратын алтыннан жасалған орындық.* **Алтын той** — *отасқанына елу жыл толған ерлі-зайыптыларды тойлау салты.* ◊ **Алтын айдар, жібек шашты [шоқ белбеу]** — *қисса-дастандардағы сұлулық бейнесі.* **Алтын асықтай** — *әдемі, сүйкімді.* **Алтын бесік [босаға, ұя]** — *туған, өскен орта, шыққан жер.* **Алтын жаға сөгілді** — *береке-бірліктен айрылды.* **Алтынмен аптап, күміспен күптеді** — *құлпыртып, безендіріп қойған.* **Алтынның сынығы** — *жақсының көзі.*

АЛТЫНДА *Алтынмен аптау, алтын жалату.* ~п жазған жазу, ~п тастаған кең сарай.

АЛТЫНДАЙ *Алтын сияқты; таза, бағалы.* ~ жылтырайды (жалтырайды).

АЛТЫНШЫ *Алты санының реттік түрі.* ~ класс (палата, қабат).

АЛУ *мат. Арифметика сабағындағы санды кеміту тәсілі.*

АЛУА *Тәтті тағамның бір түрі.* Лебізің *алуа* — шекер, балдай татыр.

АЛУАН *Әр түрлі, сан қилы.* ~ түрлі; сан ~, бір ~, әр ~, неше ~.

АЛУАН-АЛУАН *Түрлі-түрлі, қилы-қилы. Алуан-алуан* жүйрік бар Өліне қарай шабады (Мақал).

АЛУАНДАС *Тектес, шамалас, іспеттес.* Осы ~ сұрақтар қойды.

АЛХАМДИЛДӘ *діни. Құдайға тәубе ету, аллаға шүкіршілік жасау кезінде айтылатын сөз.*

АЛХИМИК *Алхимиямен шұғылданатын адам.*

АЛХИМИЯ *Кәдімгі металдарды алтын мен күміске айналдыруды көксеген орта ғасырдағы ілініс.*

АЛХОРЫ 1. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын, жабайы және мәдени түрде көп таралған өсімдік.* 2. *Осы өсімдіктің жемісі.*

АЛШАҒЫРАҚ *Алыстау, қашығырақ.*

АЛШАЙ *Екі аяқтың арасын талтайтып қашық ұстау.* Аяғы ~ды, ~ып отырды, ~ тұрды.

АЛШАҚ 1. *Шалғай, жырақ, алыс.* Шопандар бірінен бірі ~ қонды. 2. *Ауыс. Керегар, үйлесімсіз.* Көзқарастары бір-бірінен ~ жатыр.

АЛШАҚТА 1. *Алыстап кету, қашықтау.* Ауыл аралары ~п кетті. 2. *Ауыс. Араздасу, өштесу, дұрдараз болу.* Екі достың аралары ~п кетті.

АЛШАҚТАУ *Жырақтау, алысырақ.* ~ қонған (тігілген, өскен).

АЛШАҚТЫҚ *Шалғайлық, керегарлық, өзгешелік.* ~ жасады; мінез ~ғы, жас ~ғы, пікір ~ғы.

АЛШАЛҒЫ *жерг. Жұмыс істегенде алдыға байланатын белдемше, алжапқыш.*

АЛШАҢ: алшаң басты — а) *адымын кең адымдады;* ә) *ештеңеден тартынбай емін-еркін өмір сүрді.*

АЛШАҢДА *Кердеңдеу, еркінсу, паңсыну.* ~п жүргенім де сенің арқаң.

АЛШЫ *Асықтың тәйкесіне қарсы тұрған жағы.* ◊ **Алшысынан түсті** — *жолы болып, ісі оңға басты.*

АЛШЫН *Шабылған шабындықтың қайта көктеп өскен шөбі; көрпекөк.* ~ өсіп тұр.

АЛШЫСЫНАН *Тіктеп, тікірейтіп.* Белбасар қоңыр сусар құлақшынын *алшысынан* киіпті (Жұмақанов).

АЛЫМ *көне.* 1. *Халықтан алынатын салық.* Халықтан ~ алды. 2. *Ауыс. Біреуге беретін бұқпантай ақы, пара.* Аманжол дегенің *алымға* тоймайтын адам (Мұқанов).

АЛЫМ-БЕРІМ I *Ауыс-түйіс дүние.* Қалаға ~мен келді.

АЛЫМ-БЕРІМ II *Орташа, жарамды.* Аттың *алым-берім* еті бар.

АЛЫМДЫ 1. *Ауқымы кең, алымы үлкен.* ~ шалғы (комбайн) 2. *Ауыс. Көргенін жібермейтін, алғыр.* ~ құс (тазы). 3. *Ауыс. Өрісі кең, өрелі, ауқымды.* Абай ~да шалымды ақын.

АЛЫМДЫЛЫҚ *Қамту аясы кең болушылық.* Агрегаттың *алымдылығы* 8 метрге дейін үлғайтылды (Байболатов).

АЛЫМ-ЖҰЛЫМ *Алба-жұлба, жыртық-жыртық.* Киімі ~.

АЛЫМПАЗ *Нысапсыз, тойымсыз.*

АЛЫМ-САЛЫҚ *Жұртшылыққа салынатын салықтардың тұтас жиынтығы.* Отыз жыл ~ төлеп келді.

АЛЫП 1. *Үлкен, зор, дәу.* ~ денелі (түлға, қара құс, құрылыс). 2. *Ауыс. Белгілі бір саладан жарып шыққан ұлы адам; атақты үлкен құрылыс.* Жыр ~ы Жамбыл, Шымкенттің қорғасын ~ы.

АЛЫП-ЖҰЛЫП: алып-жұлып бара жатқан — *соншалықты асығыс, тығыл-таяң (нәрсе).*

АЛЫПСАТАР *Дайын өнімдерді сатып алып, қайта қымбатқа сатумен шұғылданатын саудагер адам.*

АЛЫПСАТАРЛЫҚ *Сауда-саттықпен шұғылданушылық.*

АЛЫПТЫҚ *Алып болғандық, үлкендік, ұлылық.*

АЛЫС I *Арпалыс, талас-тартыс.* Сөйтіп, ~ басталды да кетті.

АЛЫС II 1. *Қашық, ұзақ.* ~ жол, ~ қыстақ. 2. *Ауыс. Атасы басқа, бөтен, бөгде.* Жаман жақыннан таныс артық, Атасы басқадан *алыс* артық (Мақал).

АЛЫС III 1. *орт. етіс. Ал-ыс.* 2. *Күресу, арпалысу, жағаласу. Алыссаң,* атаң да болса жық (Мақал). 3. *Соғысу, қырқысу, жауласу.* 4. *Ауыс. Әуре болу, әбігерге түсу.* Ол қармен жалғыз ~ты.

АЛЫС-БЕРІС *Ауыс-түйіс, алым-берім.* Құдасымен ~ін күшейтті.

АЛЫС-ЖАҚЫН *Кімнің алыс, кімнің жақын екендігін алаламау.* ~ түгел жиналды.

АЛЫС-ЖҰЛЫС *Талас-тартыс.*

АЛЫСПАҚ *Алысу, жұлысу.* ~ керек емес.

АЛЫССЫН *Қашық деп білу, қашықсыну.* ~бай келіп тұр.

АЛЫСТА 1. *Қашықтау, ұзап кету.* ~п бара жатты. 2. *Ауыс. Бір-бірінен бөгделеніп бөліну, ажырау.* Ер жеткен соң түтініміз бөлініп, *алыстап* кетіпті (Ахтанов).

АЛЫСТАУ *Қашығырақ, жырақтау.* ~ жер.

АЛЫСТЫҚ *Қашықтық, алшақтық.*

АЛЫСШЫЛ *Алысқа шабатын, төзімді, мықты.* ~ жылқы.

АЛЫСЫРАҚ *Қашығырақ, жырақтау.*

АЛЫСЫРАҚТАУ *Қашықтау, алыстау.*

АЛЬБАТРОС *Дауылпаздар отрядына жататын теңіз құсы.*

АЛЬБОМ *Өлең, сурет, марка т. б. жинауға арналған дәптер, кітап.*

АЛЬМАНАХ *Ғылым мен өнердің соңғы жетістіктерін, өзгерістерін т. б қамтитын мәліметтер жинағы.*

АЛЬПИНИЗМ *Тау шыңына өрмелеп шығу спорты.*

АЛЬПИНИСТ *Альпинизммен шұғылданатын адам.*

АЛЬТ *муз. Скрипка тектес ысқымен тартатын төрт ішекті музыкалық аспап.*

АМАЛ I 1. *Айла, тәсіл, әдіс.* ~ы зор. 2. *Лаж, шара, жол.* Апыр-ай, қайнаға, бір *амалын* тапса жарар еді (Ахтанов). ◊ **Амал қанша [жоқ, не, нешік]** — *шарасыздық, дәрменсіздік күй.* **Амалы құрыды** — *мысы құрыды, не істерін білмеді.* **Амалын асырды** — *алдап кетті, қулығын асырды.*

АМАЛ II *Жыл мезгілінің тұрақты түрде қайталанып тұратын жауынды-шашынды кезі.* Құралайдың ~ы.

АМАЛ III *мат. Есеп шығару тәсілі.* Төрт ~ды жақсы меңгерген.

АМАЛ-АЙЛА *Қулық-сұмдық.* ~ға көшті.

АМАЛДА 1. *Бір жолын табу, іздеу.* Шығудың тәсілін өзің ***амалда*** (Рахимов). 2. *Ауыс. Оғып-бұғу, өйтіп-бұйту.* Өздігімізден ***амалдап*** күнімізді көріп жүрміз (Соқпақбаев).

АМАЛСЫЗ *Шарасыз, лажсыз.* ~ көнді.

АМАЛСЫЗДАН *Лажсыздан, шарасыздан.* Ол ~ қайта оралды.

АМАЛСЫЗДЫҚ *Шарасыздық, лажсыздық.*

АМАЛШЫЛ *Тәсілқой, әдісшіл.*

АМАН 1. *Сау-сәлемет, есен-сау.* Мал-жан ~ ба? 2. *Шығынсыз, бүлініп-бұзылмаған, жоғалмаған.* Мектеп әзір ~ екен.

АМАНАТ I 1. *Сақталып тұру үшін, я болмаса, бір адамға арнайы табыс етілу үшін берілетін зат.* ~қа қалдырды. 2. *Сайлаушылардың депутатқа берген тапсырмасы.* Сайлаушылар сан алуан ~ жүктеді. 3. *Артық жүк, масыл.* Мынау бізге бір ~ болды-ау.

АМАНАТ II *көне. Жеңілген, бағыныштыжақтың кепілге берген адамы.* Қалмақтар Абылайға ақ үйлі ***аманат*** тапсырды.

АМАНАТТА *Бір затты бірсуге өз қолымен апарып беріп, әдейілеп қатты тапсыру.* Бергеніңді ~п қайттым.

АМАНДАС *Амандық-саулық сұрасу, сәлемдесу.* Ол ернін күбірлетіп қана ~ты.

АМАНДЫҚ *Ел-жұрттың аман болуы, есендік.*

АМАНДЫҚ-САУЛЫҚ *Ел-жұрттың тұтелдігі, сау-сәлеметтік.* ~ сұрасты.

АМАН-ЕСЕН *Есен-сау, сау-сәлемет.* ~ келді (жүр, жетті, барды).

АМБРАЗУРА *әск. Қорғанның қабырғасынан жауды атуға арналған арнайы ойық.*

АМБУЛАТОРИЯ *Келіп-кетіп емделетін, дауаланатын емхана.*

АММИАК *хим. Азот пен сутегінің қосындысынан алынған түссіз газ.*

АММОФОС *хим. Суда жақсы еритін, түйіршіктелген ақ ұнтақ тыңайтқыш.*

АМНИСТИЯ *заң. Қылмыс жасаған азаматтарға жоғарғы өкімет органдары тарапынан берілетін кешірім.*

АМОРАЛЬДЫ *Моральға, адамгершілікке жат, моральға сыйымсыз.* ~ іс.

АМОРАЛЬДЫҚ *Моральға жатпайтын қылық, іс-әрекет.* ~ әрекет.

АМПЕР *физ. Электр тогы күшінің бірлігі.*

АМПЕРМЕТР *физ. тех. Электр тогының шамасын өлшейтін құрал.*

АМПЛИТУДА *өнер. Тең салмақ басып тұрған толқымалы дененің ауытқу мөлшері.*

АМПЛУА *өнер. Актердің өз бойындағы табиғи ерекшеліктеріне қарай әр түрлі рольдерге мамандануы.*

АМПУЛА *мед. Мойны жіңішке дәрі сақтайтын жіңішке шыны ыдыс.*

АМПУТАЦИЯ *мед. Адамның емдеуге келмеген ауырған дене мүшесін не бір бөлігін кесіп тастау.*

АМФИБИЯ *зоол. Суда да, құрғақта та тіршілік ете алатын жәндік; қос мекенділер.*

АМФИТЕАТР *Театрдағы партерден кейінгі биіктеу орын.*

АНА 1. *Балалы болған әйел, туған шеше. Анасының* тілін алды. 2. *Жалпы шеше, шеше құралпы адам.* Мен бәріңе де ***анамын*** ғой, балалар (Ғ. Мүсірепов). 3. *Ауыс. Тәрбиелеп өсірген орта, ел-жұрт.* Қазақстан астығын, Қабыл ал, *Отан — анамыз* (Ақын жырлары). 4. *Ауыс. Шыққан ұя, тұрақты мекен.* Қара жер — бәріміздің *анамыз.* □ **Ана тілі** — *әр адамның өз ұлтының тілі.* ◊ **Анадан [жаңа] туғандай** — *тыр жалаңаш.* **Ана көкірек** — *мейірманды, бауырмал.* **Ана сүті аузынан кетпеген** — *уылжыған жас, сәби.* **Ана сүтін ақтады** — *әке-шешенің ойлаған жерінен шықты.*

АНА II *Әне бір, сонау.* ~ кісі (жақ, жылы, бір жер).

АНАГРАММА *лит. Бір сөздің әріптерінің орындарын алмастыру арқылы одан екінші бір жаңа сөз тудыру.*

АНАҒҰРЛЫМ *Едәуір, әлдеқайда.* ~ артық (арзан, көп, тиімді, жеңіл).

АНАДА *Әнеугүні, өткенде.* ~ келіп кеткен.

АНАДАҒЫ *Әнеугүнгі, өткендегі.* ~ айтқан сөзіңізді әлі ұмытқаным жоқ.

АНАДАЙ I *Анау сияқты, сол тәрізді.* ~ залымның айтқанына ерсе, кім болып шыққаны.

АНАДАЙ II *Онша қашық емес, көз көрім жерде.* ~ жерде келе жатыр.

АНАДАЙДАН *Алыстан, көз көрім жерден.*

АНАДАН-МЫНАДАН *Кім көрінгеннен, кездескен кісіден.* ~ сұрастырып, баламның үйін зорға таптым.

АНАЖАН *экспр. Анатай, анашым. Анажан,* әзір сабыр қыл (Машақов).

АНАЙЫ *Дөрекі, тұрпайы.* ~ сөз (сұрақ, ем-дом).

АНАЙЫЛАУ *Өрескелдеу, тұрпайырақ.* ~ айтылды (шықты, көрінді).

АНАЙЫЛЫҚ *Өрескелдік, дөрекілік.*

АНАЙЫРАҚ *Дөрекілеу, тұрпайырақ.* Сөзді ~ айтты.

АНАЛА *Ана, ана деп дауыстау.* Балалар шулап, ***аналап,*** Ата-ана зарлап балалап (Ақын жырлары).

АНАЛАС *Бір шешеден туған, шешесі бір.*

АНАЛИЗ ***хим.*** 1. *Бір нәрсені ғылыми тұрде жан-жақты зерттеу, талдау әдісі.* 2. ***хим.*** *Бір заттың құрамын анықтау, айқындау.*

АНАЛИЗАТОР ***тех.*** *Бір нәрсенің сипатын анықтауға арналған аспап; талдауыш.*

АНАЛИЗДЕ *Анализ жасау.*

АНАЛОГИЯ *Заттардың, құбылыстардың, ұғымдардың өзара ұқсастығы, сәйкестік, үйлестік.*

АНАЛЫ-БАЛАЛЫ *Анасы мен баласы, екеуі де.* ~ екі сорлы, ~ үш жетім.

АНАЛЫҚ 1. *Жабық тұқымды өсімдіктер ұлпындегі жыныстық көбеюге арналған маңызды генеративтік органдардың бірі.* ~ жыныс безі. 2. *Анаға тән ізгі қасиет.* ~ мейірім (борыш, сезім, қамқорлық). 3. *Малдың төлдейтін ұрғашысы.* Биыл әр жүз ~тан жүз оннан қозы алды.

АНАЛЬГИН ***мед.*** *Ауруды жеңілдететін, дене қызуын төмендететін, қабынуға қарсы қолданылатын дәрі.*

АНАМОРФОЗ *Жануарлар организмі дамуының бір түрі.*

АНАНАС *Тропикте өсетін өсімдік, жемісі.*

АНАР *Анар тұқымдасына жататын биіктігі 5–6 м. бұталы өсімдік және осы өсімдіктің жемісі.*

АНАРГҮЛ *бот. Қызыл түсті гүл.*

АНАРДАЙ *Қып-қызыл, нарттай.*

АНАРХИЯ *саяс. Ешқандай мемлекеттік өкіметті, қоғамның ұйымдасқан түрін мойындамау, олардың мәнін жоққа шығару.*

АНАТОМ *Анатомия ғылымының маманы.*

АНАТОМИЯ *Организмнің құрылысын зерттейтін ғылым.* Адам -сы, өсімдіктер -сы, мал -сы.

АНАТОМИЯЛЫҚ *Анатомияға тән қасиет, ерекшелік.* ~ атаулар (құрылыс, өзгеріс).

АНАУ *Ана бір, нақ өзі.* ~ түрған біздің балалар.

АНАУ-МЫНАУ 1. *Оны-мұны, уақ-түйек.* Оның -мен жұмысы жоқ. 2. *Бірдеңе-сірдеңе, кәкір-шүкір.* Келетініңізді білмедік. ~ әзірлеп қоятын едім. 3. *Жөпшеңді, жөбішеңді, жай.* Біздің қайын ~ қызға ғашық болмайды.

АНГИДРИД *Сульфаттар класындағы минерал.*

АНГИНА *мед. Ауыз қуысы мен тамаққа суық тиюден пайда болатын ауру.*

АНГОР *Жүні ұзын талшықты келген асыл тұқымды ешкі.*

АНДА *Анау жер, ана жақ.* Қой ~ жайылып жатыр.

АНДАҒАЙ *көне. Сирек, қадау, селдір.* Еркожаның сақал-мұрты *андағай*, әр жерден бір шалынады (Сыланов).

АНДАҒАЙЛАП *Тұс-тұстан, андыздап, әр жерден бір.* Жауынгерлер ~ лап қойды.

АНДАЙ-МҰНДАЙ *Оны-мұны, ұсақ-түйек.* Сенің *андай-мұндай* жазатының жоқ па еді? (Домбаев).

АНДА-МҰНДА *Ана жер, мына жер.* ~ барды, ~ жүр.

АНДА-САНДА *Оқта-текте, баз-базда.* ~ көшеден көремін.

АНДЫЗ *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

АНДЫЗ-АНДЫЗ *Қадау-қадау, сирек-сирек.* ~ гүлдер.

АНДЫЗДАП *Тұс-тұстан қаумалап, қоршап.* Оң жаққа қарасам, көп адам ~ келеді.

АНДЫР *Тауда қармен, мұзбен араласып өсетін тікенді гүл.* Анжыр тауға шығып па ең, *Андыр* гүлін жұлып па ең ("Соц. Қаз".).

АНЕКДОТ *Белгілі бір адамның өміріне байланысты, көбіне ойдан шығарылған, мысқылға құрылған қысқа әңгіме.*

АНЕКДОТТЫҚ *Анекдотқа тән сипат.* ~ жағдай (оқиға, жәйт).

АНЕМИЯ *мед. Қан азайғандық, қан аздық.*

АНЕСТЕЗИН *Суда нашар еритін кристалды, ақ түсті ұнтақ.*

АНЕСТЕЗИОЛОГ *мед. Ауруды операцияға даярлайтын дәрігер.*

АНЕСТЕЗИОЛОГИЯ *мед. Анестезия мәселесімен шұғылданатын медицинаның бөлімі.*

АНЕСТЕЗИЯ *мед. Организмнің сезімнен айрылуы.*

АНЖЫ *Дәріге малынған қыл.* Жараның әр жерінен тесіп, *анжы* байлапты (Қазыбеков).

АНЖЫМА *Ердің алдыңғы және артқы қапталындағы тесіп өткізілген кішкене қайыс немесе шынжыр.* Ерінің алдыңғы қапталындағы *анжымаға* торсықша байлап алыпты (Бегалин).

АНЖЫРЛЫ *Қары қатқан, күрті болған. Анжырлы* таудан аң атсаң, Қаларсың өзің жете алмай (Мәтел).

АНИС *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік.*

АНКЕТА *Алдын ала дайындалған сұрауларға жауап беру арқылы толтырылатын қағаз, сауалнама.*

АНЕКСИЯ *саяс. Бір елдің жерін басып алу немесе басқаға алып беру.*

АННОТАЦИЯ *Кітаптың, мақаланың мазмұнын көрсететін қысқаша түсінік.*

АНОД *физ. Электр аккумуляторының оң полюсі.*

АНОДТАУ *Металдан жасалған бұйымның сыртқы бетін электролиз жолымен өз тотығымен қаптау.*

АНОМАЛИЯ *Нормадан ауытқушылық.*

АНОНИМ *Есімін жасырып жазған, не телефонмен айтқан хат, арыз, шағым, ақпар, мәлімет.*

АНСАМБЛЬ *муз. Шығарманы екі не одан да көп адамның бірігіп орындауы.*

АНТ I *Уағдалы іске қалытқысыз болудың шынайы белгісі; серт, уәде.* ◊ **Ант атқан [ұрған, соққан]** — *жексұрын, оңбаған.* **Ант атсын [ұрсын]** — *жолы болмасын, қарғыс атсын.* **Ант берді [қылды, етті, ішті]** — *уәде берді, серт қылды.* **Ант су ішті** — *танды, қарғанды.*

АНТ II *жерг. Берекесіз, оңбаған, жындыбас.* Елден шыққан білімсіз ~ екен.

АНТАГОНИЗМ *саяс. Бір-біріне қарама-қарсы жауласушы күштердің не таптардың арасындағы бітіспес қайшылық.*

АНТАГОНИСТ *саяс.* 1. *Келісімге келмей, күресе беретін тап.* 2. *Қарама-қарсы көзқарастағы адам.*

АНТАГОНИСТІК *Антагонизмге тән.* ~ қайшылық (таптар, қоғам).

АНТАЛА 1. *Айнала қоршау, төңу.* Жан-жағынан -ды. 2. *Ауыс. Топталу, үйілу, қаптау.* -ған көп ой.

АНТЕННА *Радио толқындарын ұстау үшін құрылатын сымдар қондырғысы.*

АНТЕННАЛЫ *Антеннасы бар.* ~ радиостанция.

АНТИБИОТИКТЕР *Микробтар, жануарлар, өсімдіктер организмінде түзілетін белокты заттар.*

АНТИВИТАМИНДЕР *хим. Құрылысы жөнінен витаминдерге ұқсас, бірақ биологиялық әрекеті оларға қарама-қарсы зат.*

АНТИГЕНДЕР *Организмге енгенде қанның немесе клетканың құрамында антиденелер туғызатын белок тектес заттар.*

АНТИДЕНЕ *биол. Басқа бір жануардың қанына антиген құйған кезде пайда болып, қанның сарысуына жиналатын зат.*

АНТИИМПЕРИАЛИСТІК *Империалистерге қарсы.* ~ күштердің бірлігі (саясат, қозғалыс).

АНТИНОМИЯ *Логикалық жолмен дәлелдеп шығуға болады деп танылған екі қағиданың немесе тұжырымның арасындағы қарама-қарсылық.*

АНТИПОД 1. *геогр. Жер шарының қарама-қарсы жақтарында тұратын адамдар.* 2. *Ауыс. Мінез-құлқы қарама-қарсы келетін адамдар.*

АНТИТЕЗА *Көркем әдебиетте біріне-бірі қарама-қарсы екі пікірді, образды салыстыру, шендестіру әдісі.*

АНТИФАШИСТ *Фашизмге қарсы күреске қатынасқан адам.*

АНТИФЕРМЕНТ *Ферменттердің әрекеттерін тоқтататын организмнің өзінен бөлініп шығатын зат.*

АНТИЦИКЛОН *метеор. Атмосферадағы ауа қысымы жоғары аймақ.*

АНТҚОР *Антшыл, сертшіл.* Мынау азған заманда Қарасы — *антқор*, ханы — арам (Үш ғасыр).

АНТОЛОГИЯ *әдеб. Әр түрлі авторлардың өлеңдерінен құралған жинақ.*

АНТОНИМ *лингв. Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер.*

АНТРАКТ *Спектакль не концерт арасындағы үзіліс.*

АНТРЕКОТ *Сиырдың қабырға етінен жасалған тағам.*

АНТРОПОЛОГ *Антропология ғылымының маманы.*

АНТРОПОЛОГИЯ *Адамның биологиялық табиғатын зерттейтін ғылым.*

АНТРОПОНИМИКА *лингв. Ономастиканың кісі есімдерін зерттейтін саласы.*

АНТТАС *Серттесу, уәделесу.*

АНТШЫЛ *Сертшіл, уәдеде тұрғыш.*

АНЧАР *Тұт тұқымдасына жататын ағаш.*

АНША-МҰНША *Жеңіл-желпі, кішігірім.*

АНЫҒЫНДА *Дұрысында, шындығында.*

АНЫҒЫРАҚ *Айқынырақ, анықтау.* ~ естілді (байқалды, сезілді).

АНЫҚ 1. *Дәл, тура, айқын.* Ақырын жүріп, *анық* бас (Абай). 2. *Шын, рас.* Өлім *анық*, өлмейтін адамзат жоқ (Малдыбаев). 3. *Дәлме-дәл, тұп-тура.* Әлемде жатыр не болып, Айтады бәрін ол *анық* (Мәуленов).

АНЫҚ-ҚАНЫҒЫ *Бір нәрсенің дәйекті ақиқаты жайында толық мәлімет.* ~на жетті, ~н білді (естіді, тексерді).

АНЫҚТА 1. *Бір нәрсені жан-жақты тексеру, ақиқатқа көз жеткізу.* ~п келді. 2. *Зер салып қарау, назар аудару.* Еңгезердей біреу бетіме ~п қарады.

АНЫҚТАҒЫШ *Ғылыми ұғымдарды анықтайтын сөздік.*

АНЫҚТАМА 1. *Сөз мағынасына берілетін қысқаша түсінік.* 2. *Бір істің мән-жайын білдіретін куәлік қағаз.* Ауырғандығы жайлы ~ берді. 3. *Белгілі бір зат туралы әр түрлі қысқаша мәлімет алуға болатын жер.* ~ бюросы.

АНЫҚТАМАЛЫҚ *Белгілі бір салада жан-жақты мәлімет алуға болатын кітап, құрал.*

АНЫҚ-ТАНЫҒЫ *Бір істің я оқиғаның нақтылы болған-болмағаны, ақиқаты.* ~на көз жеткізді.

АНЫҚТАУЫШ *лингв. Сөйлемде бастауыштың, полықтауыштың, есім баяндауыштың әр түрлі сынипатын, белгілерін анықтайтын тұрлаулы мүше.*

АНЫҚТЫҚ *Айқындық, дәлдік.*

АҢ 1. *Жабайы айуандардың жалпы аты.* ~ еті терісі). 2. *Ауыс. Надан, топас.* Ғылым да жоқ, ти да жоқ. Даладағы *аңдарсың* (Абай). ◊ Аң қақты аулады] — *аңға шықты, аңқұмарлыққа салынды.*

АҢҒАЛ *Өз ойындағысын айта салатын, аңғырт.* ~ батыр.

АҢҒАЛАҚ I *Бас сүйектің көз тұратын шұңқыры, ойығы.* ~ғы үлкен.

АҢҒАЛАҚ II *Қауқалақтаған көңілшек, аңғырт, жаңғалақ.* ~ адам.

АҢҒАЛАҚТА *Қауқалақтау, жалпылдау.*

АҢҒАЛДАН *Істің алды-артын байыптай алмау, аңғырттыққа салыну.*

АҢҒАЛДАУ *Аңғырттау, көңілшектеу.* ~ адам.

АҢҒАЛДЫҚ *Істің алды-артын бағдарламаушылық, аңғалақтық.*

АҢҒАЛ-САҢҒАЛ *Ашық-шашық, аңылау-саңылау.* Мал қора ~.

АҢҒАР I 1. *Тау, өзен, жол бойындағы кең жер, алқап.* Тау ~ы, өзеннің ~ы. 2. *Ауыс. Бағыт, бағдар, ыңғай.* Сөз ~ы, бет ~ы.

АҢҒАР II 1. *Абайлау, байқау.* Ол мені енді ~ды. 2. *Секем алу, сезіктену.* Бастық бір сұмдықты ~ып қалғандай.

АҢҒАРҒЫШ *Байқағыш, көргіш, аңғарымпаз.* Тосын көз бәрін ~ келеді.

АҢҒАРҒЫШТЫҚ *Аңғарымпаздық, сезімталдық.*

АҢҒАРЛЫ 1. *Кең алқапты, атырабы мол.* ~ сай-сала (асу). 2. *Ауыс. Әріден ойлап білетін, толғамды.* Әжем ~ адам еді.

АҢҒАРЫМ *Аңғару қабілеті.* ~ы мол бала.

АҢҒАРЫМДЫ *Пайымды, аңғарымпаз.* ~ оқушы.

АҢҒАРЫМДЫЛЫҚ *Аңғарымпаздық, пайымдылық.* Бала ~ымен көзге түсті.

АҢҒАРЫМПАЗ *Сезімтал, сезгіш.* Ол бала күнінен ~ еді.

АҢҒАРЫМПАЗДЫҚ *Сезімталдық, сезгіштік.* ~ғы ұнап қалды.

АҢҒЫРТ *Аңғал, аңқау.*

АҢҒЫРТСЫ *Ештеңені білмегенсу, аңқау болғансу.* Ол ~п қарады.

АҢҒЫРТТАУ *Аңғалдау, аңқаулау.* ~ батыр (бала).

АҢҒЫРТТЫҚ *Аңғалдық, аңқаулық.* ~ түбіме жетті.

АҢДА *Аңғару, байқау, абайлау. Аңдамай* сөйлеген ауырмай өледі (Мақал).

АҢДАҒЫШ *Аңғарымпаз, сезгіш.*

АҢДАЙ *Аң сияқты, аңға ұқсап.*

АҢДАМПАЗ *Аңғарғыш, сезгіш, аңғарымпаз.* ~ көңіл (ақын).

АҢДАТПА *Кітапқа қысқаша түсінік.*

АҢДАУСЫЗ 1. *Бейқам, жайбарақат.* ~ тұрғанымда желкемнен қойып кеп жіберді. 2. *Байқаусыз, елеусіз, аңдамай.* Ірге жаққа *аңдаусыз* жылжи бердім (Сәрсенбаев).

АҢДАУСЫЗДА 1. *Абайсызда, тосыннан.* ~ аузымнан "кімге?" деген сөз шығып кетті. 2. *Күтпеген жерден, қапылыста.* ~ қаза тапты.

АҢДУ *Күзет, бақылау, қарауыл. Аңду* қойып айналаның бәріне, Аяққа емес, тілге кісен салынды (Тұрманжанов).

АҢДУЛЫ *Соңына түсулі, бақылаулы.* Жүргентұрған ізі ~.

АҢДУСЫЗ *Бақылаусыз, байқаусыз, қамсыз.*

АҢДУШЫ *Бірсудің ізіне түсіп бақылаушы адам, торушы.*

АҢДЫ 1. *Бірсудің ізіне түсіп торуылдау. Аңдыған* жау алмай қоймас (Мақал). 2. *Бақылау, көз*

жазып қалмау. Аяқты баланы -п отырмаса болмайды.

АҢКӨС *Аңқұмар, аңсақ.* - адам.

АҢҚА: аңқасы кепті [құрды] — *кенезесі кепті, қаталап қатты шөлдеді.*

АҢҚАЙ 1. *Бір заттың беті жабылмай ашық қалуы.* Қақпа -ып ашық тұр. 2. *Ауыс. Аң-таң болып, аңырып тұрып қалу.* Ол -ып отырып қалды.

АҢҒАЛАҚТА *Елбектеу, елпілдеу.* -п жүгіріп келді.

АҢҚАҢДА *Елбелектеп жүгіре жөнелу.* Үш түйе маяға қарай *аңқаңдапты* (Көшімов).

АҢҚАУ *Қулық-сұмдықты білмейтін, аңғал, аңғырт. Аңқау* аңдамайды, әңгі тыңдамайды (Мақал).

АҢҚАУЛАН *Аңқау болып көріну.* Қасақана -а қалды.

АҢҚАУЛАУ *Аңғырттау, аңғалдау.*

АҢҚАУЛЫҚ *Қулық-сұмдыққа үйірлігі жоқтық, аңғырттық.* -ғы өзіне жарасады.

АҢҚАУСЫ *Бір нәрсені білсе де білмегенсу.*

АҢҚАУСЫРА *Аңқау бола қалу.*

АҢҚАУЫРАҚ *Аңқаулау, аңғырттау.*

АҢҚИТ *Отырғызып кету, алдау.* Тапа-тал түсте бәрімізді -ып кетті.

АҢҚҰМАР *Аң аулауға құмарлық, аңкөстік.*

АҢҚЫ 1. *Белгілі бір заттың иісі жан-жаққа таралуы.* Бөлмеде гүл иісі -п тұр. 2. *Ауыс. Лепіру, екпіндеу.* Арқаның жел ілеспес аңқуына, *Аңқытса* тау тәзбейді тарпуына (Т. Жароков).

АҢҚЫЛДА 1. *Желдің үріп соғуы.* Іргеден жел -п тұр. 2. *Ауыс. Лепіру, екпіндеу.* Өтірік пен өсекке бәйге атындай *аңқылдар* (Абай). 3. *Ауыс. Ағынан жарылу, шын ниетін айту.* Үй иесі де -п, астыүстімізге түсіп жатыр.

АҢҚЫЛДАҚ 1. *Қоңыр салқын, жанға жайлы (жел).* 2. *Ауыс. Ақ жарқын, ақ көңіл (адам).*

АҢҚЫЛДАҚТАУ *Ақ көңілдеу, ақ жарқындау.* - әйел.

АҢҚЫЛДАҚТЫҚ *Ақ көңілділік, ашық-жарқындық.*

АҢҚЫТ *Атпен құйғытып шабу, аңырату.* Артық туған Қобыланды, *аңқытып* жетті бесінде (Батырлар жыры).

АҢЛА *Байқастау, байқау; аңду.*

АҢСА *Көксеу, сағыну, ынтығу.* Бұрынғылар да ел болуды көп -йтын.

АҢСАҒАЙ *Ұзын бойлы, биік.* - жігіт.

АҢСАҒАЙЛАН *Биіктеп өсу, ұзару.* Қарт -ған кеудесін көтерді.

АҢСАҚ *Аңқұмар, аңкөс.* Ол жас күнінен - еді.

АҢСАМПАЗ *Аңсағыш, құмартқыш.*

АҢСАР I *Бар ниеті, есіл-дерті, көксегені.* Оның ойы да, *аңсары* да — Ақынгүл (Мыңжасарова). ◊ **Аңсары ауды [кетті]** — *ықыласы ауды, көңілі кетті.*

АҢСАР II *көне. Ғылыми шығарма; трактат.* Әл-Фараби — әр түрлі ғылым саласынан 160 *аңсар* жазған адам (Ақтаев).

АҢСАУЛЫ *Аңсаған, сағынышты.* - арманына жетті.

АҢСЫРА *Аң аулауды құмарту, аңсау.* Күйіне келіп -п отырған қыран.

АҢ-ТАҢ *Таңырқағандық, таңданғандық.* Ол - болды.

АҢТАРЫЛ *Не істерін білмей дағдару, аңыру.* Ол үйден шыға берді де, -ып тұрып қалды.

АҢШЫ *Аңқұмар, аң аулаушы.*

АҢШЫЛ *Аңқұмар, аңкөс, аңсақ.*

АҢШЫЛА *Аң қағу, аңмен әуестену.*

АҢШЫЛЫҚ *Аң аулауды кәсіп етушілік.*

АҢЫЗ I *Дәнді дақылдарды орып, жинап алған соң қалған егіс орны.*

АҢЫЗ II *Халықтың қиялынан туған таңғажайып оқиға.* - боп кетті.

АҢЫЗАҚ *Ылғалы өте аз, температурасы жоғары жаз айларында болатын құрғақ жел.*

АҢЫЗДЫҚ *Бұрын пайдаланылған егіс орны.* Жүгеріні -тарға ектік.

АҢЫЗШЫ *Аңыз-әңгіме айтушы.* - адам.

АҢЫР 1. *Не қыларын білмей дал болу, дағдару.* 2. *Аң-таң болу, таңырқау.* Отырғандар аузын ашып *аңырды* (Аймауытов).

АҢЫРА 1. *Жылап-еңіреу, зарлау.* Анасынан -п қалды. 2. *Гуілдеп соғу, үілдеу.* -п соққан суық жел. 3. *Ауыс. Безек қағу, безілдеу, сарнау.* Ақын қобыздың *аңыраған* қоңыр үніне қосылды (Бегалин).

АҢЫРАЙ 1. *Не істерін білмей аңыру, таңырқау.* Балалар -я қарады. 2. *Қаңырап бос қалу, құлазу.* Бөлменің іші -ып бос тұр. 3. *Аңғал-саңғал, ашық-тесік, үңірейген.* Үйлердің есік-терезелері -ып құлап жатыр.

АҢЫРАЙЫП-САҢЫРАЙЫП *қарап. Ашылып-шашылып, ашық-тесік.* - бос қалды.

АҢЫРАҚАЙ *Желі көп, құмайт ашық жер.* - жер.

АҢЫРАТ 1. *өзг. етіс. Аңыра-т.* 2. *Құйғыту, ағызу, ызғыту.* Қос атты -ып келе жатыр. 3. *Ауыс. Құйқылжыту, тамылжыту.* Ол -ып қобыз тартып отыр. 4. *Ауыс. Күмбірлету, саңғырлату.* Ертіс-бекжаным ер жетсе, *аңыратып* алты бөлме там салармын (Нұрмағамбетов).

АҢЫС *істің бағыт-бағдары, мәнісі.* Мына жеңгейлердің *аңысы* да соны танытады (Шаймерденов). ◊ **Аңысын аңдады [аңғарды, бақты]** — *істің бет алысын, ыңғайын байқады.*

АҢЫСТА *Байқастау, аңысын аңду.* Жүрт төрдегі әміршіні *аңыстады* (Досжанов).

АП: ап дегенде — *әуел баста, ә дегенде.*

АПА 1. *Бір туған қыздардың жас жағынан үлкені. Апасының* киген тонын сіңлісі де киер (Мақал). 2. *Туған ана, шеше.* -м келе жатыр.

АПАЖАН *Туған анаға, сонымен бірге анасындай жасы үлкен әйелдерге, бір туған жасы үлкен қызға жалынып-жалбарынғанда айтылатын қаратпа сөз.*

АПАЙ *Жасы үлкен әйел адамға құрметпен айтылатын сөз. Апай,* сізге көп рахмет.

АПАЙ: апай төс — а) *кең алқапты, төскейлі (жер); ә) кең кеуделі, омыраулы (адам).*

АП-АЙҚЫН *Бесенеден белгілі, беп-белгілі.* - көрінеді (естіледі, сезіледі).

АПАЙ-ТОПАЙ *Апалаң-топалаң, апыр-топыр.* - той өткізді (бітірді). ◊ **Апай-топайын шығарды** — *апыр-топыр қылды, әлек-шәлегін шығарды.*

АПАҚ-САПАҚТА *Қараңғы түсе бастаған кезде.* - кіріп келеді.

АП-АЛА *Ала-құла, бір ақ, бір қара.* Таулар басы *ап-ала* (Орманов).

АПАЛА *Апа, апа деп айту. "Апалап"* ішібауырымызға кіріп барады.

АПАЛАҚТА *Есі шығып сасқалақтау, абыржу.* — Апыр-ау, Нәзікенбісің? — деп, ***апалақтай*** амандастым (Ғ.Мүсірепов).

АПАЛАҢ-ТОПАЛАҢ *Апыр-топыр, апыл-ғұпыл.* ~ болды да қалды.

АП-АЛАСА *Тап-тапал, қып-қысқа.* Ол маған ~ секілді көрінді.

АПАЛЫҚ *Апаға тән қасиет.* ~ қамқорлық (ақыл).

АПАЛЫ-СІҢЛІДЕЙ *Тату-тәтті, жұбы жазылмаған.* Аз уақытта ~ болып кетті.

АПАЛЫ-СІҢЛІЛІ 1. *Бірі үлкен, бірі кіші; бауырлас (қыздар).* Олар ~. 2. *Бірге туып, біте қайнасқан.* ~ қыздардай.

АПАН *Терең әрі кең қазылған ор.* Қасқырдың ~ы.

АПАНДАЙ *Өте үлкен, кең, ұқірейген.* Аузы ~, есігі ~.

АПАНША *Кішірек апан.* Мынау ~ны көрдің бе?

АП-АНЫҚ *Ап-айқын, дәлме-дәл.* ~ көрінеді (естіледі, оқылады).

АПАР 1. *Біреуді я бір затты бір жерден екінші бір жерге жеткізу, алып бару.* Мені ауданға ~ды. Кітапты мұғалімге ~ды. 2. *Біреуге я бір жерге ертіп бару.* Ол қыздарды киноға ~ды. 3. *Бір затты екінші бір нәрсеге жақындату, таяу.* Бәукен шалбарының қалтасына қолын қайта-қайта ***апарады*** (Әутәліпов).

АПАРҒЫШТА *Бір емес, әлденеше апару.*

АП-АРЗАН *Су тегін.* ~ дүние (киім-кешек).

АПАС-ҚАПАС *Асығыс-үсігіс, қарбалас.* ~ шығып кетті.

АПАТ 1. *Ел басына түскен төтенше қауіп-қатер, ауыр жағдай.* Аты шулы Есіккөл ***апаты*** әлі есімізде (Р. Нұрғалиев). 2. *Ауыс. Тауқымет, сор, азап.* Арақ — жастар үшін ең үлкен ***апат.*** ◊ **Апат болды** — *күл-талқаны шықты, қирап бүлінді.*

АПАТАЙ *Құрмет тұту, ізет көрсету немесе жалыну кезінде айтылады. Апатай,* жыламашы.

АПАТАЙЛА *Апатай, апатай деп айту; жалынып-жалбарыну.* ~п баласы шырқырады.

АПАТТЫ *Қаупі мол, зардабы күшті.* ~ ауру (зардап).

АПАШ-ҚҰПАШ *Тез, жылдам.* Апаш-құпаш алыса кетті.

АП-АУЫР *Зілмауырдай, зілдей.*

АП-АШЫҚ 1. *Шайдай ашық, тап-таза.* 2. *Жап-жазық, кең.* 3. *Ап-анық, дәл, айқын.*

АПАШЫМ *экспр. Апатай, апажан.*

АПЕКЕ *Апашым, апатай.* Ай, ***апеке,*** апеке, Қадірімді білгейсің (Батырлар жыры).

АППЕЛЯЦИЯ *заң. Айыпкердің сот үкіміне наразылығы жөнінде жоғары сотқа шағым беру жолы.*

АПЕЛЬСИН *Мәңгі көгеріп тұратын, көп жылдық цитрус тұқымдас жемісті ағаш және сол өсімдіктің жемісі.*

АПИЫН *Көкнәрдің қауашағынан алынып, кептірілген шырын.*

АПИЫНШЫ *Апиын шегетін, апиын тартатын адам.* ~ адам.

АПОГЕЙ *астр. Ай орбитасының не жердің жасанды серігінің жер центрінен ең қашық нүктесі.*

АПОРТ *Алманың сорты.*

АППАҚ *Кіршіксіз ақ, ақтың ағы.* ~ құдай (шағаладай, кардай); денесі ~, сақал-шашы ~.

АППАРАТ 1. ***мех.*** *механикалық құрал-жабдық, аспап.* 2. ***физиол.*** *Организмнің өмір сүруіне қажетті жұмыс атқаратын органдар жиынтығы.* 3. *Мекемелерде істейтін адамдар жиынтығы, қызметкерлер тобы.*

АППАРАТШЫ *Кейбір өндіріс орындарында машина, аппарат басқаратын, оларды бақылап отыратын маман.*

АПСАҒАЙ ***көне.*** *Ұзын бойлы, сидақ.* Аңырақ көзді, ***апсағай*** арық кісі төрағаға келіп төніп тұр (Майлин).

АПСАҒАЙЛАН ***көне.*** *Дененің таралып жиішкеруі.* Оның сүйекті зор денесі ***апсағайланып*** кетіпті (М. Әуезов).

АП-САП *Абыр-сабыр, қарбаластық.* ~ басылған соң үйге кірді. **Ап-сап болды [қылды]** — *тып-типыл етті.*

АПТА I *Жеті тәулікке тең уақыт өлшемі.* Бір ~ болды.

АПТА II *Бір нәрсенің сыртын қаптау; әдемілеу.* ◊ **Алтынмен аптап, күміспен күптеп** — *сәндеп, әдемілеп.*

АПТА III 1. *Булау, жібіту, сулау.* Қылтанақты дақылдардың топанын берген жағдайда оны буға ***аптап,*** жұмсартып берген жөн (Жұмағұлов). 2. ***этногр.*** *Малдың желіні іскенде сумен емдеу ырымы.* "Желінсау" болған малды өлген кісінің денесін сүрткен шүберекпен ***аптатамын*** (Арғынбаев).

АПТА IV *Ыстық ұру, қару.* ***Аптаған*** ыстықта күн өтіп, адам есінен танып жығылды (Апсаттаров).

АПТАЛАП *Апта бойы, аптадан аптаға.* Күйеуі ~ үйге қонбады.

АПТАЛЫҚ I *Жұмалық, жетілік.* Мектепте ағаш отырғызу ~ғы басталды.

АПТАЛЫҚ II *Бір аптаға арналған.* ~ жоспар (сабақ).

АПТАЛЫҚ III *Апта сайын шығаратын мерзімді баспасөз.*

АПТАП *Шілденің шыжыған, ми қайнатқан ыстығы.* Ыстық күннің ~бына шыдамады.

АПТАПТЫ *Аптабы бар ыстықты.* Жазы ~ келеді.

АПТЫҚ 1. *Асығып-сасу, алқыну, демігу.* Ол ~ға басып үйге кірді. 2. *Ауыс. Жанталасу, аласұру.* Жұлдыз бен айды аламын деп, ***Аптықтым*** неге жасымда (Шәкәрім).

АПТЫҚ: аптығы басылды — а) *ентігін тоқтатты, алқынуын қойды;* ә) *көңілі орнына түсті, орнықты.*

АПШЫ *Киімнің тігілген қалпынан қусырылып кішірейіп кетуі, отыруы.* Онда бұл ішік кереметтей үлкен көрінетін, қазір ***апшып,*** кішірейіп кетіпті (Жұмаділов). ◊ **Апшысын құырды [алды, тарылтты]** — а) *есін шығарды, құтты қашырды;* ә) *пейілі тарылды; қытымырланды.*

АПЫ: апы кіріп, күпі шықты — *асығыс кіріп-шығып жатты, қарбаласты.*

АПЫЛ *Асығып-үсігу, асып-сасу.* ***Апылып*** іс тындырғаннан көрі, алақтап айналама көз тастауым көп (Сәрсенбаев).

АПЫЛ-ҚҰПЫЛ *Асығыс-үсігіс, асып-сасып.* ~ киінді (жиналды, шайнады).

АПЫЛ-ТАПЫЛ *Бір сүрініп, бір тұрып, қазқаз, тәй-тәй.* Аяғын ~ басты.

АПЫР-АЙ *Таңдану, таңырқау кезінде айтылады. Апыр-ай,* мұндай да сұлу болады екен?!
АПЫРАЙЛА *Апыр-ай, апыр-ай деп айту.* Бүкіл жұрт -п отыр.
АПЫРАҚ *Апырақтап қалған.* ~ адам.
АПЫРАҚТА *Тапырақ-тапырақ басу, аттап-бұттау.* -п үйге қарай қайта жүгірді.
АПЫРАҚ-ТАПЫРАҚ *Апырақтаған, тапырақтаған қимыл, тасыр-тұсыр.*
АПЫР-АУ *Таңдану, таңырқау кезінде айтылады.* Япыр-ау, ***апыр-ау,*** біз сорлы екенбіз ғой.
АПЫР-ЖАПЫР *Асығыс-үсігіс; апыр-тапыр.* Жұмыскерлер вагон-арбаларға ***апыр-жапыр*** міністі (Сейфуллин).
АПЫР-ТАПЫР *Алырақтаған, тапырақтаған қимыл.*
АПЫР-ТОПЫР *Асығыс-үсігіс; араласып, құраласып.* Қонақтар ~ үйге кірді. ◊ **Апыр-топыр болды** — *үйқы-түйқысы шықты, әлейім-тәлейім болды.*
АПЫР-ТҮПЫР *Тарс-тұрс, абыр-дүбір.* Ат аяғының -ы ғана естілді.
АПЫРЫП-ЖАПЫР 1. *Істі өндіріп тастау, маңдытып істеу.* Жұмысты -ып істеді. 2. *Ауыс. Тамақты қомағайлана, ойсырата жеу.* Жылмаң сары етті -ып соғып отыр.
АР *Адамгершілік ізгі қасиет.* Арлы арына қараса, Арсыз жеңдім дейді (Мақал). ◊ **Ар көрді** — *намыс көрді, ұят санады.* **Арын арлады** — *намысын жыртты.* **Арын аттады [сатты, төкті]** — *атына кір келтірді, ұятқа қалдырды.* **Арын аяққа басты** — *арын сатып қорлады.* **Арын сақтады** — *намысын қорғады.*
АР: ар жақ — а) *арғы бет, арғы қабақ;* ә) *бір нәрсенің жалғасы, соңы.*
АР: ар етті — *арс етті.*
АРА I *Жарғақ қанаттылар отрядына жататын насекомдар тобы.* Жалғыз ***ара*** балға жарытпас (Мақал). ◊ **Араның ұясындай** — *құжынаған, быжынаған, ду-ду еткен.*
АРА II *Ағаш, темір сияқты қатты заттарды кесуге арналған құрал.* Қол ~. аспалы ~.
АРА III 1. *Екі аралық жер, екі орта.* Екі ауылдың -сы әлем жер. 2. *Бір іс пен екінші істің аралығындағы уақыт, мезгіл.* -да аттай үш жыл өтті. 3. *Қатар, бірге тұрған көп заттың іші.* Қамыстың -сынан қаздың жұмыртқасын тердік. □ **Ара ағайын** — *ешкімге жақындығы жоқ, екі жаққа бірдей кісі.* ◊ **Араға от жақты [салды]** — *біреу мен біреуді жауластырды, атыстырды.* **Ара күндік жер** — *ара қонып жететін жер.* **Ара қонды** — *орта жолға бір түнеді.* **Арасы ашылды** — *қарым-қатынасы үзілді, араздасты.* **Арасы жер мен көктей** — *біріне бірінің байланысы жоқ, алшақ.* **Арасынан қыл өтпейді** — *ауыз жаласқан; тату-тәтті.* **Арасы таяқ тастам** — *тым жақын.* **Ара түрды [түсті]** — *араша болды, қорғады.*
АРА-АРАСЫНДА *Мезгіл-мезгіл, соқпа-соқпада.* Сөздің ~ еттен асап қояды.
АРАБ *Араб елдеріндегі тұратын халықтардың жалпы аты.*
АРАБИЗМ *Араб тілінен ауысқан сөздер мен сөз тіркестері.*
АРАБИСТ *Араб тілін, әдебиетін, тарихын, мәдениетін зерттеуші маман.*
АРАБШЫ *жерг. Жәдігөй, сиқыршы.* Ол бір жүрген ~ адам.
АРАБЫ: арабы жылқы — *араб тұқымдас жылқы.*
АРАҒІДІК *Әлсін-әлі, оқта-текте, ара-тұра.* Жалғыздығыма ~ қамығып та алам.
АРАДАЙ: арадай талады — *жан-жақтан қамады, жабылды.*
АРАЗ *Тату емес, өкпелі.* Ағайынмен ~ болды.
АРАЗДАС 1. *Көңіл қалысып өкпелеу, ренжісу.* Жолдасымен -ып қалды. 2. *Ауыс. Үйреншікті істен жырақтау, қол үзу.* Мен темекімен ~қалы қай заман.
АРАЗДЫҚ *Араздасқандық, ренжігендік.*
АРАЗ-ҚҰРАЗ *Бірде тату, бірде бату; дүрдараз.*
АРАЙ I *Күн нұрының шұғыласы, сәулесі.*
АРАЙ II *Атар таңның, батар күннің шұғыласы.*
АРАЙ III *көне. Әйт шу деп малды қайыру.* Айдасам жөнге жүрмейсің, Иесіз қалған, ақ шелек. ***Арай*** жаным, ***арай*** ("Алпамыс").
АРАЙЛА *Таң сәулесінің қызарып шапақ атуы.* Таң -п атып келеді.
АРАЙЛАН 1. *ыр. етіс. Арайла-н.* 2. *Ауыс. Гүл-гүл жайнау, нұрлану, шапақтау.* Жігіт жүзі ***арайланып*** гүл-гүл жанады (Нұржекеев). Таң ***арайланып*** келеді.
АРАЙЛЫ *Шұғылалы, нұрлы.* ~ таң.
АРАЙЛЫМ *Сүйіспеншілік бейнесі.* Көрінші көзге, ***арайлым.***
АРАҚ *Мас қылатын дәмі ащы ішімдік.*
АРАҚАТЫНАС *Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы, байланысы.* -ы жақсы.
АРАҚҚҰМАР *Ішкілікке салынған, араққор.* ~ адам.
АРАҚАТЫС *Біреудің біреумен қатынасы, байланысы.* Екі ауылда ~ жоқ.
АРАЛ *Жан-жағы тұгелдей сумен қоршалған шағын құрлық.*
АРАЛА I *Арамен кесу, қию.*
АРАЛА II 1. *Қыдырыстап жер көру; шарлау, сейіл құру.* Ел -ды. 2. *Ауыс. Кезу, шарлау.* Әр ойды бір ***аралап*** жатып, мызғып кетіппін (Иманбеков).
АРАЛА III *Дәрілік өсімдіктің түйіні, аламоты деп те айтады.*
АРАЛАС I *Екі немесе одан да көп заттың араласқан түрі.* Ойын-шыны ~, жаман-жақсысы ~, кәрі-жасы ~.
АРАЛАС II 1. *Екі немесе одан да көп заттардың басы қосылып бірігуі, сапырылысуы.* Мал-жаны -ты. 2. *Істің басы-қасында болып қатысу, кірісу, килігу.* Сөзге оның өзі -ты. 3. *Біреу мен біреу өзара қарым-қатынасқа түсу, қатысу.* Жолдастарымен -ты. □ **Аралас құрмалас сөйлем** (*лингв.*) — *құрамына енген компоненттері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем түрі.*
АРАЛАС-ҚҰРАЛАС *Бір-бірімен алыс-беріс жасап, ауысып түйісіп тұратын.* Елмен ~ өскен.
АРАЛАС-ҚҰРАЛАСТЫҚ *Жақын-жуықтық, алыс-беріс жасаушылық.* ~ғы бар.
АРАЛАСТЫҚ *Ауыс-түйіс қарым-қатынасы.* Бұл үймен бұрын ~ғы жоқ еді.
АРАЛАСЫП-ҚҰРАЛАС *Қоян-қолтық қарым-қатынаста болу.* Қыздар мен жігіттер -ып кетті.
АРАЛАТПА *Түр-түрімен, араласқан күйде.* ~ тамақ (шоқ-шоқ ағаш). □ **Аралатпа сауда** — *халық-*

қа тұрмыстық қызмет көрсетудің тиімді әдістерінің бірі.

АРАЛШЫҚ *Кішкене арал.*

АРАЛЫҚ 1. *Екі орталық жер, қашықтық.* Қала мен аэропорт -ғы әжептәуір жер. 2. *Белгілі бір өлшем, мөлшер.* Қызылшаның түсімі 330 бен 390 центнердің -ғында. □ **Аралық дақыл** — *бірінші дақылды жинап алып, екінші дақылды еккенге дейін осы егіндік жерге егілетін дақыл.* **Аралық ми** — *барлық омыртқалы жануарлар мен адам миының бір бөлігі.*

АРАМ 1. *Еті мен сүті, жұмыртқасы тамаққа пайдалануға жатпайтын жан-жануар.* Есектің еті *арам*, күші адал (Мақал). 2. *Ауыс. Қара ниет адам.* -ның адымы қысқа. 3. *Ауыс. Еңбекпен табылмаған табыс.* ~ ақша, ~ байлық. 4. *Ауыс. Пайдаға аспайтын зат.* ~ без (қан, ет). 5. *Ауыс. Жаман, жақсы емес.* ~ ой (ниет, пиғыл). □ **Арам жуа** — *ит жуа.* **Арам таран** — *қара құмық тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік.* ◊ **Арам болсын!** *(қарғ.)* — *бұйырмасын.* **Арам есеп** — *бақай құлық.* **Арам жүріс** — *көзге шөп салу.* **Арам қатқыр!** *(қарғ.)* — *арам өлгір, бұйырмағыр.* **Арам қатты [өлді]** — *сеспей қатты, тұяқ серіппеді.* **Арам сідік** — *некесіз бала.* **Арам тер болды** — *босқа әуреленді, еңбегі зая кетті.*

АРАМДА 1. *Ішуге жарамайтын ету, ластау, былғау.* Құдықты -ған адам оңбайды. 2. *Ауыс. Арнамысқа кір келтіру, қорлау.* Адал төсегімді -ды.

АРАМДАУ *Тұйықтау, бұйығылау.* ~ жігіт.

АРАМДЫҚ *Жамандық ой, қара ниеттілік.* -пен күн көрді.

АРАМЗА I *Мезгілсіз туған қозы-лақ.* ~ көбейіп тұр.

АРАМЗА II *Залым, қу, іші мерез.* Аңқау елге *арамза* молда (Мақал).

АРАМЗАЛЫҚ *Қара ниеттілік, қаскөйлік.*

АРАМСЫН *Арам деп санау, жирену.*

АРАМТАМАҚ 1. *Жатып ішер, жалқау.* 2. *Ауыс. Біреулердің есебінен күн көретін адам.*

АРАМТАМАҚТЫҚ *Жатып ішерлік, жалқаулық.*

АРАМШӨП *Егін арасында өсетін дала өсімдіктері.* ~ өскен.

АРАМЫ *Пиғылы жаман, арам ойлы.* ~ кісі.

АРАН I 1. *Аң аулау үшін кең әрі терең етіп қазылған ор.* -ға аң түсті. 2. *Ауыс. Ауыз, көмей, құлқын.* Жетер көрсеткендерің, *араны* тоймас арамтамақтар (Ипмағанбетов). ◊ **Аран ауыз** — *далиған үлкен ауыз.* **Араны ашылды** — а) *тәбеті тартып, тамақ жегісі келді;* ә) *ашқарақтанды, қомағайланды, аш көзденді.*

АРАН II *Кірпіш пен істік темірден жасалған ең қоршау.* Ат ~ ішінде тұр.

АРАН III *Көкнәр тұқымдасына жататын бір қылдық өсімдіктер туысы.*

АРАНДА 1. *Байқаусызда бір затқа ұрынып, соқ жерден бейнет шегу.* Шалғыға -п қалды. 2. *Ауыс. Қырсыққа душар болу, шатылу.*

АРАНДАЙ *Далиған, үлкен кең.* Аузы ~. ◊ **Аранай аузын ашты** — а) *ашқарақтанды, қомағайланды;* ә) *біреудің затына қызығып, алғысы келді, әуметті, қызықты.*

АРАНДАТҚЫШ *Бір пәлеге итеріп салма, ұрындырғыш.* ~ сөз (әрекет).

АРАНДАТУШЫ *Бірді бірге айдап салушы, жауластырушы.* ~ саясат.

АРАНДАТУШЫЛЫҚ *Біреуді арандатқан әрекет.*

АРАНДЫ *Араны бар, арандататын.* ~ қоршау (сым).

АРАПШЫ *Арандатушы, әзәзіл.* Айрыларсың досыңнан, *Арапшы* болса аранда (Жанғабылов).

АРАСАЛМАҚ *Бірдейлестік, теңдестік.*

АРАСАН *Емдік қасиеті күшті минералды су.* -ға барды, ~ суын ішті.

АРАСЫНДА 1. *Екі орталықта, екі аралықта.* Ауыл ~, ел ~. Сағат бір-екінің ~, сөз ~. 2. *Бір нәрсенің ішінде, аралас-құралас.* Жастар ~, оқушылар ~, жазушылар ~.

АРАСЫНША: соның арасынша — *ауыз жиып алғанша, сөзге келместен.*

АРА-ТҮРА 1. *Ара-арасында, соқпа-соқпада.* ~ өлең де жазады. 2. *Анда-санда, әлсін-әлі.* Балалармен ~ шекісіп қаламын.

АРАША *Сауға сұрау, араға түсу.* Сәрсен *араша* тілегендей қолын көтерді (Жұмаділов). ◊ **Араша түсті [сұрады, түрды]** — *басу айтып, жанжалды тоқтатты, айырып жіберді.*

АРАША: араша талады — *тұс-тұстан жабылды.*

АРАШАЛА 1. *Жанжалдасқан адамдарға ара түсу, ажырату.* Жігітті -п алды. 2. *Ауыс. Төнген пәле-жаладан, қауіп-қатерден ара тұрып алып қалу.* Біздің заң сені қорғай да алады, *арашалай* да алады (Тілегенов).

АРАШАШЫ *Ажыратып алушы, қорғап қалушы.*

АРБА I *Көлікке жегілетін тасымал құралы.* Ат ~, өгіз ~.

АРБА II 1. *Жыланның торғай, тышқан т. б. жәндіктерді өзіне ғана белгілі сиқырлы күшпен ұстап алуы.* Жылан торғай -п тұр. 2. *Ауыс. Біреуді алдап-сулап, айтқанына көндіру, ырқына жүргізу.* Жігіт біткенді *арбап*, жынды қылған Әсия сен емес пе ең? (Сараев).

АРБА-АРБА *Көп арба, бірнеше арба.* ~ астық (зат).

АРБАҒАЙ-САРБАҒАЙ *Арбиған-сарбиған.* Мүйізі ~.

АРБАҒЫШ *Арбай білетін, сиқырлағыш.*

АРБАКЕШ *Арба айдаушы адам.* -тер келді.

АРБАКЕШТІК *Арба айдауды кәсіп қылған адам.*

АРБАЛА *Арба-арба қылып тасу.* Алыстан *арбалағанша*, жақыннан дорбала (Мақал).

АРБАЛЫ *Арба жеккен, арбасы бар.* ~ адамдар.

АРБАҢ: арбаң етті [қақты] — *оғаш қимыл жасады.*

АРБАҢ-АРБАҢ *Арбаңдаған қолайсыз қимыл.* ◊ **Арбаң-арбаң етті** — *арбаңдап қозғалды, арбаңдады.*

АРБАҢДА *Арбаң-арбаң етіп өрескел қимыл жасау.* Ол -п жүгіріп келді.

АРБИ *Сорайып шығып тұру, состиып көріну.* Ақ үйдің сыртында *арбиып* бірнеше шөп машинасының тырмасы тұр (Майлин).

АРБИТР *Дауласушы екі жақтың өзара келісімі бойынша сайланатын төреші.*

АРБИТРАЖ *Келісім бойынша тағайындалған төреші адам, аралық сот.*

АРГО *лингв. Адамдардың белгілі бір әлеуметтік және кәсіптік шағын топтарына ғана түсінікті, жалпы халыққа түсініксіз шартты тіл; жаргон.*

АРГОН *хим. Түссіз, иіссіз газ.*

АРҒЫ 1. *Бір нәрсенің ар жағы, қарама-қарсы беті.* ~ жақ (бет, қабақ). 2. *Өткен, бұрынғы.* ~ заман (дәуір, ата, тек). 3. *Артқы, соңғы, кейінгі.* ~ ойы. 4. *Алдағы, келесі, болашақ.* ~ күні (жылы, жұма).

АРҒЫ-БЕРГІ *Өткен-кеткен, бұрынғы-соңғы, қайдағы-жайдағы.* ~ тарихты жақсы біледі.

АРҒЫМАҚ *Асыл тұқымды сымбатты жылқы.* Астымда ~ ат.

АРДА *Үйретілмей бетімен қоя берген асау жылқы.* ~ дөнен. ◊ **Арда емген** — *құлын күнінен бастап, қунанына дейін еміп, ақ жілік болған.*

АРДАГЕР 1. *Құрметті, ардақты, қадірлі адам.* Қазақ халқының ~ ұлдары (азамат). 2. *Бір іске ұзақ уақыт еңбек сіңірген адам.* Оқушылар еңбек ~лерімен кездесті.

АРДАҚ *Аяулы, қадірлі, сүйкімді адам.* Бізде ~тар көп. ◊ **Ардақ тұтты** — *ардақтады, құрметтеді.*

АРДАҚТА *Қадірлеу, қастерлеу.*

АРДАҚТЫ *Қадірлі, қасиетті.* ~ есім (міндет, ана).

АРДАЛАН *Бетімен кету, еркінсу.* Арқада *ардаланып* кетіпсіңдер, Ортаңда болмаған соң төрелерің (Ахметбеков).

АРДАҢДА *Алшаң басу, кердеңдеу.* Бұл кезде Күлшебай *ардаңдай* басып, Бәтіш апайға жақындай беріп еді (Сарғасқаев).

АРДЫҢ-ГҮРДІҢ *Аңқаулықпен ойындағысын айта салатын, аңғырт.* Досымның мінезі ~.

АРЕНА 1. *Цирктің ортасындағы ойын көрсететін алаң.* 2. *Ауыс. Кең көлемді аймақ.* Халықаралық ~, дүние жүзілік ~.

АРЖА *Жұқа тақтай, фанера.* ~дан жасалған жәшік.

АРЗАН 1. *Қымбат емес, бағасы төмен. Арзанның* жілігі татымас (Мақал). 2. *Ауыс. Оңай, жеңіл.* Жалған мадақ, *арзан* атақ менің табиғатыма сыймайды (Құсайынов). 3. *Ауыс. Қадірсіз, құнсыз.* Білгенге маржан, Білмеске *арзан*. Надандар бәһра ала алмас (Абай). ◊ **Арзан қол [ды]** — *орташа істелген, жұпыны, нашарлау.* **Арзан сөз** — *орынсыз айтылған бос сөз.*

АРЗАНДА 1. *Бағасы кему, құны төмендеу.* Дүние ~ған. 2. *Ауыс. Қадір-қасиетін жоғалту, құнсыздану.* Махаббатың соншалықты *арзандап* кеткені ме? (Дүзенов).

АРЗАНДАУ *Арзанырақ, бағасы төмендеу.* ~ киім-кешек (тамақ).

АРЗАНДЫҚ *Құны жоқтық, бағасыздық.*

АРЗАНДЫ-ҚЫМБАТТЫ *Құнды-құнсыз.* ~ сауда жасады.

АРЗАНДЫЛЫҚ *Құны төмендік, бағасы арзан болушылық.*

АРЗАНШЫЛЫҚ *Аста-төктік, молшылық.*

АРЗАНЫРАҚ *Онша қымбат емес, арзандау.*

АРЗУ *көне. Мақсат, ниет, тілек.* Дұшпаныңды жерден құртқанша, Кегімде менің жоқ *арзу* (Мәуленов).

АРЗЫ *Іске тату, тұру, жарау. Арзымас* іске елтіріп, Бос салынба күлкіге (Үш ғасыр).

АР-ИМАН *Ар-ождан, ар-ұят.*

АРИСТОКРАТ *Бекзат, ақсүйек, текті адам.*

АРИФМЕТИКА *Сандар мен оларға олданылатын амалдар туралы пән.*

АРИФМЕТИКАЛЫҚ *Арифметикаға тән, соған сай.* ~ амалдар (орта баға).

АРИЯ *муз. Оркестрге қосылып, көбінесе опера да жеке дауыспен орындауға арналған шығарма.*

АРКА *архит. Қабырға мен тірек аралықтарын ұштастыратын иін.*

АРКТИКА *Жер шарының солтүстік үйегі (полюсі).*

АРҚА I 1. *Адам мен жан-жануардың ту сырты, жотасы, жоны.* ~сын сипады. 2. *Арт жақ, артқы тұс.* ~мызда ел тұрса, Азулы жау бата алмас. 3. *Орындық, диван сияқты заттардың арқа тірейтін таянышы, арқалығы.* Оргада ~сыз тақ тұр. 4. *Ауыс. Дәнекер, себепкер.* Күріш *арқасымен* күрмек су ішеді (Мақал). ◊ **Арқа берді** — *жаудан жеңіліс тауып қашты.* **Арқаға [аяздай] батты** — *қиналды, азап шекті.* **Арқаға қақты** — *қошеметтеді, қолпаштады.* **Арқа еті арша, борбай еті борша** — *әбден азып-тозды, азғындады.* **Арқа жазды** — *бой жазды, сейілді.* **Арқаны кеңге салды [берді]** — *жайбарақаттыққа салынды, асып-саспады.* **Арқа сүйер** — *тірек, таяныш, сүйеніш.* **Арқа сүйеді [тіреді]** — *иек артты, арқаланды.* **Арқасы бар** — *еліріп кететін, адуын.* **Арқасы қозды [қызды, ұстады]** — *шабытқа мінді, елірді, делебесі қозды.* **Арқасын алдырды** — *жауыр болды, арқасы қажалды.* **Арқасын берді** — *теріс қарап отырды.*

АРҚА II *Қазақстанның орталық және шығыс аймақтарын қамтитын физика-географиялық өлке.*

АРҚА-БАСЫ: арқа-басы кеңіді — *шаруадан қолы босап, еркіндік алды.*

АРҚА-ЖАРҚА *жерг. Мәз-мейрам, мәре-сәре.* ~ боп қалдық.

АРҚАЛА 1. *Бір затты арқаға салып көтеру.* Арқасына қап ~п алыпты. 2. *Ауыс. Тауқыметін тарту, азабын көру.* Соғыстың ауыр жүгін ~п өттік.

АРҚАЛАЙ-МАРҚАЛАЙ *экспр. Арқаға салып, ала-мала.* Ол көрпе-жастығын ~ арбаға отырды.

АРҚАЛАН 1. *Арқа сүйеу, сүйеніш ету.* Әкесін ~ып, қызы сөйлеп кетті. 2. *Ауыс. Делебесі қозу, рухтану, шабыттану.* Ақын топқа түссе, ~п кетеді екен.

АРҚАЛЫ 1. *Арқа сүйеніші бар.* ~ орындық (диван). 2. *Ауыс. Арқасы бар, қызба.* ~ ақын (жырау).

АРҚАЛЫҚ 1. *Үйдің төбесіне көлденең салынатын мәтке.* Үйдің ~ғы майысқан. 2. *Бесіктің я болмаса ши тоқығанда екі басын қосып тұратын белагаш.* Бесіктің ~ы. 3. *Орындық, диван сияқты заттардың арқа тіреітін жері, сүйеніш.* Орындықтың ~ғы.

АРҚАН *Қылдан не жүннен жуандау етін есілген, ұй буйымы. Мықты даберік* ~ есті. □ **Арқан аттау** — *қазақтың халық ойыны.* **Арқан бойы [тастам]** — *ұзындық, биіктік өлшемі.* **Арқан тартпақ** — *қазақтың ежелгі ойыны.*

АРҚАНДА *Малды арқанмен байлап қою.* Аттарын ~п қойды. Мені Майраға қосақтап, *арқандап* қойған, көзге көрінбейтін ғажап бір жіп бар (Соқпақбаев).

АРҚАНДАЙ *Арқан сияқты, арқанға ұқсап.* ~ шұбатылды.

АРҚАНДАУЛЫ *Арқандап қойған, байлап-маталулы.* Аттары ~ тұр.

АРҚАНДЫ *Арқаны бар, арқандалған.*

АРҚАНША: арқанша шұбатылған — *шексіз, шетсіз ұзын.*

АРҚАР 1. Қой тектес жабайы аң. 2. *Осы аңның ұрғашысы, саулығы.* □ **Арқар мүйіз** — *қошқар мүйізге жақын бейнелес ою.*

АРҚАСЫНДА *Арқылы, көмегімен.* Ағамның ~ үй салып алдым.

АРҚАУ 1. *Өрмектің үстіңгі және астыңғы жіптерінің арасына көлденең тұсіп тоқылатын жіп.* ~ы мықты, ~ босады. 2. *Ауыс. Негіз, жүйе, желі.* Әңгіме ~ы, сөз ~ы, ой ~ы.

АРҚАУЛА *Желі етіп ұстау, бекіту.* Негізгі ойды ~п ұстады.

АРҚАУЛЫ *Арқауға негізделген, жүйелі.* ◊ **Арқаулы сөз** — *жүйелі ой, арналы сөз.*

АРҚАУЛЫҚ *Арқау боларлық, арқауға жарарлық.* ~ жіп.

АРҚЫЛЫ *Арқасында, көмегімен.* Хат ~, темір-жол ~, тілмәш ~.

АРҚЫРА 1. *Қатты кісіней.* ~ған айғыр. 2. *Сарқырап қатты ағу.* ~п жатқан өзендер.

АРЛА I *Арын, намысын жырту.* Досының арын ~ды.

АРЛА II 1. *Атты баптап міну, күту. Арлаған* бедеу аттай Базар едім (Базар жырау). 2. *Ауыс. Қадірлеу, қасиеттеу.* Жауға шапсаң, ән-күйдің атын *арла* (Ерғалиев).

АРЛАН I 1. *Қасқырдың, арыстанның еркегі.* Шыға келген *арлан* қасқыр тура өзіне атылды (Ахтанов). Арыстанды айтқан жерден тауып алды, *Арланы* аузын ашып атылып ед (Ізтілеуов). 2. *Ауыс. Азулы, адуын адам.* Мынау осы даланың *арланы*, төресі, шіренген байы (Тілегенов).

АРЛАН II *Ар көру, намыстану, ұятсыну.* Әйелге жәрдемдесуден ~ба.

АРЛЫ *Ар сақтағыш, ұяты бар.* ~ бол.

АРЛЫ-БЕРЛІ *Ерсілі-қарсылы, олай-бұлай.* Көпірден ~ өтіп жатыр.

АРЛЫЛЫҚ *Ар-ұяты болушылық, намысқорлық.*

АРМА *көне. Аман-есен бе, есен-сау ма.* Жасық пышақ өтпейді жаныса да, Жаман *арма* демейді таныса да (Ауызекі).

АРМАН *Көкейтесті мақсат, тілек.* ~ы жоқ, ~ы бар ма? ◊ **Арман етті [қылды]** — *мақсат қойды, армандады.*

АРМАНДА *Көздеген мақсатқа жетуді аңсау, құмарту.* Жазушы болуды ~дым. ◊ **Арманда кетті [болды, қалды]** — *ойлаған ойын іске асыра алмады, өкінішпен өтті.*

АРМАНДАС *Мұңдас, тілектес.* ~ дос.

АРМАНДЫ *Армандаған; құштар, ынтызар.* ~ ой (өмір).

АРМАНСЫЗ 1. *Арманы жоқ, қайғысыз.* Өмірде ~ жан болмайды. 2. *Ауыс. Шерден шыға, еміне-еркін.* Қызбен ~ сөйлестім.

АРМАНШЫЛ *Қиялшыл, армандағыш.* ~ азамат.

АРМАНШЫЛДЫҚ *Қиялшылдық, мақсатшылдық.*

АРМИЯ 1. *Мемлекеттік қарулы күштердің жиынтығы.* 2. *Ауыс. Белгілі бір адамдардың қоғамдық тобы, жиынтығы.* Қазақстанда жұмысшы ~ жасалды.

АРМИЯЛЫҚ *Армияға тән, соған тиісті.* ~ тәртіп (қызмет).

АРМЫСЫҢ *экспр. Аманбысың, есенбісің.* Өскен ел, туған жерім, ***армысың!***

АРМЯН *Армян Республикасының негізгі халқы.*

АРНА I 1. *Өзен суы ағатын жер.* Шу өзенінің ~сы. 2. *Ауыс. Жүйе, арқау, негіз.* Ой ~сы, әңгіме ~сы. ◊ **Арнаға түсті** — *жүйеге келді, тұрақтады.* **Арнасына түсті** — *өзіне өзі келді, сабасына түсті.*

АРНА II 1. *Бір затты біреуге белгілеу, меншіктеу.* Маған ~ған малыңды сой. 2. *Бір адамға жылы сөз айту, пікір білдіру.* Директор оқушыларға ~п құттықтау сөз сөйледі.

АРНАЖОЛ *Машина жүретін үлкен жол.*

АРНАЙЫ 1. *Әдейілеп, арнай.* Тойға деп ~ келді. 2. *Жекелей, дербес.* ~ тапсырма (сабақ). ~ шақырды (күтті, зерттелді).

АРНАЛА *Арна салу, арна жасау.* Тасқын су өзекті тереңдете қазып, ~п барады.

АРНАЛАН *ыр. етіс. Арнала-н.*

АРНАЛАС *Бір негізден шыққан, арнасы бір.* Ойы ~, пікірі ~.

АРНАЛЫ 1. *Арнасы үлкен, кең.* ~ өзен. 2. *Ауыс. Жан-жақты, білгір, білімді.* ~ ой (білім).

АР-НАМЫС *Адамға тән ізгі қасиет, ар-ұят.*

АРНАУ *Біреуге арнап өлең, жыр, толғау.* ~ өлеңдер оқылды.

АРНАУЛЫ *Бір нәрсені жасау үшін, әзірлеу үшін арналған, жасалған.* ~ мамандық (мектеп, орын).

АРП: арп етті — *арсылдап үрді.*

АРПА *Астық тұқымдастарға жататын бір жылдық аса бағалы дақыл.* ◊ **Арпа ішінде бір бидай** — *елден ерек, өзгеше.*

АРПАБАС I *Мал азығына пайдаланатын шөп.*

АРПАБАС II *Қазақтың кесте өрнегінің бір түрі.*

АРПАЛЫС I 1. *Өлім халінде жатқан адамның қиналуы, жанталасуы, өлім мен өмірдің ~ында жатыр.* 2. *Соғыс, күрес, тартыс.* Азаппен өлгеннен гөрі *арпалыста* өлгенді артық санады (Толыбаев).

АРПАЛЫС II 1. *Жан-жануардың жаны шығар алдындағы жанталасуы, қиналу.* Ажалмен ~ып жатыр. 2. *Таласып-тармасып, күресу.* Аюмен ~ты.

АРПАМӘДИЯН *Жоңышқаның дәні, ұрығы.*

АРПАҢ-ТАРПАҢ 1. *Арбаң-сарбаң, тарпаң-тарпаң.* Ол ~ басты. 2. *Қалай болса солай, тарс-тұрс.* ~ сөйлеп тұр.

АРП-АРП: арп-арп етті — *арс-арс етті.*

АРПЫЛ *Иттің арп-арп еткен үні, даусы.* Ақтөстің ~ы естіледі.

АРПЫЛДА 1. *Арп-арп етіп ұру.* Төбет ~п үрді. 2. *Ауыс. жөн-жосықсыз біреумен ұрсысу.* Раушан, ана албасты неменеге ***арпылдап*** жүр (Құмарова).

АРПЫЛ-ТАРПЫЛ *Аяқты сүйрете басу.* Шал аяғын ~ басып, есік ашты.

АРПЫЛ-ТҮРПЫЛ *Алдың-дұлдің, ардың-күрдің.* ~ сөйлей берме.

АРС: арс етті — а) *арсылдап үрді (ит);* ә) *біреуді беттен алып, қарсы тұрды (адам).*

АРСА: арсасы шықты — *арса-арса болып бөлінді, жіктелді.*

АРСА *Арба шабағының екі жақтауы.*

АРСА-АРСА 1. *Бөлек-салақ, быт-шыты шыққан.* ~ арба. 2. *Жадап-жүдеген, арыған; қу сүйек.* Кемпір ~. ◊ **Арса-арсасы шықты** — а) *азып-тозды, жүдеп-жадады;* ә) *быт-шыт болды, қирап бүлінді.*

АРСАЛАҚТА 1. *Ит иесін көріп қарсы алу, еркелеу.* Ақ ит ~п, қарсы шықты. 2. *Ауыс. Мәзмейрам болып шексіз қуану.* Әкесі базардан келгендей ~ды.

АРСАЛАН *Арса-арсасы шығып еті қашу.* Сүйегі ~ған.

АРСАЛАҢ: арсалаң қақты — *еркеледі, еркінсіді.*

АРСАЛАҢДА *Арсалақтау, ыржалақтау.* -п кіріп келді.

АРСАҢ: арсаң қақты — *арсалаңдады, еркеледі.*

АРСАҢДА *Арсаң-арсаң ету, арсалаңдау.*

АРСАҢ-КҮРСЕҢ *Арсаңдаған, арсалақтаған.*

АРС-АРС *Арсылдаған дыбыс.* Ит - үрді.

АРСЕНАЛ *эск.* 1. *Соғыс құралдарының, керек-жарақтарының үлкен қоймасы.* 2. *Әскер құралын жасайтын орын.*

АРСИ *Арса-арсасы шығып біліну.* Арбаның қаңқасы -ып тұр.

АРС-ҰРС *Арс-арс еткен дыбыс, ән.*

АРСЫ *көне. Санатқа іліккен жақсы адам.* Ақтан болды- ау күніңіз, *арсы* менен күрсіге дау таласты үніңіз (Бұқар жырау).

АРСЫ-ГҮРСІ *Артында зілі жоқ, кектенбейтін (мінез).*

АРСЫЗ 1. *Ұятсыз, бетсіз, бетбақ.* Аталы сөзге *арсыз* таласады (Мақал). 2. *Ауыс. Күнәсіз, бейкүнә.* - күлкі (ұйқы).

АРСЫЗДАН *Ұяттан безу, арын сату.*

АРСЫЗДЫҚ *Адамға тән ізгі моральдық норманы бұзу, аяққа басу.* -ғын дәлелдеді. ◊ **Арсыздыққа салды** — *шектен шыққан жағымсыз мінез көрсетті.*

АРСЫЛ *Арс-арс еткен ән, дыбыс.* Иттердің -ы естіледі.

АРСЫЛ-ГҮРСІЛ *Апалаң-топалаң, апыл-ғұпыл.* Аяш суды шашыратып, *арсыл-гүрсіл* жуынды (Тілегенов).

АРСЫЛДА 1. *Арс-арс етіп шабаланып ұру.* Иттер -п жүгіріп келеді. 2. *Ауыс. Біреуді беттен алып, қарсы тұру.* Маржанның әлдекімге *арсылдай* сөйлеген даусы келеді (Райымқұлов).

АРСЫЛДАҚ *Арсылдап қалған; ұрысқақ, ұрысқыш.*

АРСЫН *Ар санау, намыстану.* Ол айтуға -ды.

АРТ I 1. *Бір заттың алдына қарама-қарсы жағы.* Кей ердің алды биік, *арты* аласа (Шәкәрім). 2. *Бір нәрсенің соңы, ақыры.* Адасқанның алды жөн, *арты* соқпақ (Абай). 3. *Жан-жануардың құйрық жағы, көтенішегі.* Іші өткеннің *арты* біледі (Мақал). ◊ **Артта қалды** — *соңында қалды, қалып қойды.* **Арты ашылды** — а) *бұлт ыдырап, күн көзі көрінді;* ә) *абыройы түсті, ұятқа қалды.* **Арты қайырлы болсын** (*тілек*) — *ақыры жақсылыққа ұлассын.* **Артына [соңына] қара ермеген** — *қу бас, баласыз.* **Артына із қалдырды** — *соңына ұрпақ қалдырды.* **Артында қоңырауы бар** — *артына сөз ерген, жаманатқа іліккен.*

АРТ II 1. *Бір затқа жүк тиеу, жүк салу.* Боз үйді арбаға -ты. 2. *Асу, ілу.* Қабен жуан білегін балдызының иығына *артты* (М.Хасенов). 3. *Жүктеу, міндеттеу.* Күнәсін мойнына -ты.

АРТ III *Көбею, молаю, асу.* Ірі малдың саны төрт миллионнан *артыпты.*

АРТЕЗИАН *Суы тереңнен жоғары шығарылатын құдық.*

АРТЕЛЬ *Шаруашылықты ұйымдастыру үшін адамдардың алғашқы бірігу формасы.*

АРТИКУЛЯЦИЯ *лингв. Дыбыс шығарудағы сөйлеу мүшелерінің қызметі.*

АРТИЛЛЕРИЯ *эск. Құрлықтағы қарулы күштердің бірі.*

АРТИЛЛЕРИЯЛЫҚ *Артиллерияға жататын, соған тән.* - барлау (дайындық, шабуыл, зеңбірек).

АРТИЛЛЕРИЯШЫ *Артиллерияда қызмет атқаратын адам.*

АРТИСТ *иск. Театр мен кинода көркемөнер шығармасын орындаушы маман, өнерлі адам.* Еңбегі сіңген -, опералық -.

АРТИСТІК *Артистке тән, соған сай.* - өнер (талант, ойын).

АРТИСШЕ *Артиске ұқсап, сол сияқты.* - құбылды (ойнады).

АРТҚЫ *Арт жағындағы, кейінгі, соңғы.* - аяқ (бой, айыл).

АРТРИТ *мед. Зат алмасуының бұзылуы негізінде буында болатын ауру.*

АРТТЫРЫП-ТАРТТЫР *Үйіп-төгу, жарылқау.* Саған -ып жіберетін байлығым жоқ.

АРТЫҒЫРАҚ *Артықтау, көбірек, молдау.*

АРТЫҚ 1. *Шамадан тыс көп, мол.* - кітап (астық). 2. *Асқан, ерекше.* Сенен *артық* жан тумас, Туса туар, артылмас (Абай). 3. *Пайдалы, тиімді, қолайлы.* Ақымақ достан ақылды дұшпан *артық* (Мақал). 4. *Басы бос, пайдаға аспай жатқан.* Қоймада *артық* аяқ киім болмады ма? (Нұршайықов).

АРТЫҚ-АУЫС *Бас артық, басы бос.* - ыдыс-аяқ (киім-кешек, дүние).

АРТЫҚ-КЕМ *Артық-кеміс, аз-кем, кем-кетік, кемістік.*

АРТЫҚ-КЕМДІ *Азды-көпті, азын-аулақ, бір ғана.* - сөз (әңгіме).

АРТЫҚСЫ *Өзін өзгеден артық деп санау, артықсыну.*

АРТЫҚТАУ *Артығырақ, асыңқырап.*

АРТЫҚТЫҚ 1. *Артық болғандық.* 2. *Ауыс. Өзгешелік, ерекшелік.* Бізден оның басының -ғы бар ма? ◊ **Артықтық етпейді [жасамайды, қылмайды]** — *бір керегі болады, бір кәдеге асады.*

АРТЫҚША 1. *Өзгеше, ерекше.* - қасиет (қызмет, жан). 2. *Бөлекше, төтенше, айырықша.* - көреді (сезінеді, жаратылған).

АРТЫҚШЫЛЫҚ *Айырмашылық, өзгешелік.* Оның -ғы орыс тілін жақсы білетіндігінде.

АРТЫНША *Іле-шала, ізінше.* Ол -ақ жетіп келді.

АРТЫНЫП-ТАРТЫНЫП *Керек-жарағын алып, жарақтанып.* - үйіне де жетті.

АРУ *экспр.* 1. *Асқан сұлу, керім, кербез (әйел, қыз).* Қолаң шашты, қой көзді, Әйелде *ару* сен едің (Батырлар жыры). 2. *Ауыс. Көрікті, сәнді, әдемі (ай, күн).* Айдан *ару* нәрсе жоқ, Түнде бар да, күндіз жоқ (Үш ғасыр).

АРУАҚ *діни.* 1. *Өлген адамның рухы.* Аталарының -ғын сыйла. 2. *Ауыс. Қаусаған қу сүйек, құр дене.* Ер арыса — *аруақ,* Ат арыса — тұлақ (Мақал). ◊ **Аруағы асты, артты** — *мерейі үстем болды.* **Аруағы қозды [ұстады]** — *жыны келді, ашу шақырды.* **Аруағына сыйынды [табынды]** — *ата-баба рухына бас иді, жалынып-жалбарынды.* **Аруағын аяққа басты** — *қорлады, менсінбеді.* **Аруағынан айналайын** — *аруаққа бас иіп, құлшылық ету кезінде айтылады.* **Аруақ атқыр [ұрсын]** — *құдай оңдырмағыр, жолың болмағыр.* **Аруақ аттады** — *жолдан тайды.* **Аруақ жар болсын [қолдасын, жебесін, демесін]** — *жолың болсын, тілегіңе жет.* **Аруаққа шет болма** — *жолдан тайма, біреудің обалына қалма.* **Аруақ қонды** — *бағы жанды, қыдыр дарыды.* **Аруақтарға сыйынды** —*аруаққа табын-*

ды, бас ұрды. **Аруақтанып кетті** —*шабытқа мінді; аруағы асты.* **Аруақ шақырды** —*ата-бабаның аруағына сыйынды, табынды.*

АРУАҚТА *көне. Аруақ шақыру, аруаққа табыну.* 30–40 атты ***аруақтап,*** ұрандап кеп қаумалап жөнелді (М.Әуезов).

АРУАҚТАЙ *Құп-құ, боп-боз.*

АРУАҚТАН *Рухтану, жігерлену; мысы басу.* Ақын ~ып кетті.

АРУАҚТЫ *Қасиетті, киелі; арқалы.* ~ ата (балуан, ақын, әнші).

АРУАҚШЫЛ *Аруаққа сыйынғыш.* ~ ел.

АРУАНА *Бір өркешті таза тұқымды түйенің ұрғашысы.* Ат — биеден, ***Аруана*** — түйеден (Мақал). ◊ **Аруана көкірек** — *бауырмал, балажан.*

АРУДАЙ *Сұп-сұлу, әп-әдемі.* ~ керілген (құлпырған; түрленді).

АРУЗ *әдеб. Орта ғасырдағы созылыңқы және қысқа буындардың белгілі заңдылықпен кезектесуіне негізделген өлең өлшемі.*

АРУЛА *Өлікті қадірлеп-қастерлеп көму.* Жігітті ақ жуып, ~п қойды.

АР-ҰЖДАН *Адамға тән ізгі қасиет, намыс, ұят.*

АР-ҰЯТ *Ар-ұждан, ұят, намыс. **Ар-ұят*** ақшадан да қымбат (М.Әуезов). ◊ **Ар-ұяты төгілді** — *абыройы жойылды, беделі түсті.*

АРФА *муз. Саусақпен іліп тартып, ойнайтын ішекті музыкалық аспап.*

АРХАИЗМ *лингв. Күнделікті қолданыстан ығысқан көнерген сөздер.*

АРХЕОГРАФИЯ *Тарихи деректерді зерттеу және жариялаумен шұғылданатын ғылым.*

АРХЕОЛОГ *Археология маманы.*

АРХЕОЛОГИЯ *Көне заманнан, орта ғасырдан қалған ескерткіштерді зерттейтін ғылым.*

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ *Археологияға жататын, соған тән.* ~ мәдениет (қазба, зерттеу, музей, экспедиция).

АРХИВ 1. *Ескірген құжаттарды, жазба мұраларды сақтайтын мекеме.* 2. *Жеке адамға қатысты қолжазбалар мен құжаттар жиынтығы.*

АРХИВТІК *Архивте бар, архивтегі.* ~ дерек (материал, іс).

АРХИВШІ *Архив ісіне маман адам.*

АРХИЕПИСКОП *Христиан шіркеуіндегі жоғарғы лауазымның бірі, шіркеу басшысы.*

АРХИПЕЛАГ *геогр. Біріне-бірі жақын, жалғас аралдар тобы.*

АРХИТЕКТОР *Архитектура маманы.*

АРХИТЕКТУРА *Құрылыс салу, жобалау өнері.*

АРХИТЕКТУРАЛЫҚ *Архитектураға тән, соған лайық.* ~ ою-өрнек (ескерткіш, мүсін, стиль).

АРША *Кипарис тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл көп жылдық өсімдік.*

АРШУЛЫ *Аршып қойған, тазартылған.* ~ пияз (құдық).

АРШЫ 1. *Тазарту, тазалау, көзін ашу.* Күні бойы құдық ~ды. 2. *Қабығын сыдыру, жалаңаштау.* Картоп ~ды, пияз ~ды. 3. *Ауыс. Ақталу, арылу, тазалану.* Дау-дамайдан өз басын ~п алды. ◊ **Аршыған жауқазындай (жұмыртқадай)** — *кіршіксіз таза, аппақ.*

АРШЫЛ *Ар сақтағыш, намысқор.* ~ намыскшыл жан.

АРШЫН *Метрге тең өлшем.* Бір ~ жер. ◊ **Аршын бойлы** — *орта бойлы, дембелше.* **Аршын төс** — *кең кеуделі (адам).*

АРШЫНДА 1. *Бір затты аршынмен өлшеу, мөлшерлеу.* Үйдің орнын ~п өлшеді. 2. *Адымдай басу, екпіндеу.* Демесін ***аршындай*** басып, үйге кіріп келді (Қанахин). 3. *Ауыс. Алға басу, қарыштап өрлеу.* Колхоз шаруашылығы жылма-жыл ***аршындап*** алға басып келеді (Мәуленов).

АРШЫНДЫ *Адымы кең, алымды; қарқынды.* ~ адам.

АРЫ I 1. *Жұдеп-жадау, арықтау. **Арымақ,*** семірмек көңілден (Мақал). 2. *Ауыс. Азып-тозу, бағасы кему.* Ақыл ***арымайды,*** алтын шірімейді (Мақал).

АРЫ II *Бір нәрсенің басы, тұп төркіні.* Бұл — ***арыдан*** келе жатқан дау.

АРЫЗ 1. *Жеке адамның ресми түрде жазған мәлімдемесі.* ~ жазды. 2. *Өтініш, қалау.* Шайқының ***арыз*** беріп, қызметінен босанғанын есітті (Дүйсенов). 3. *Ауыс. Наразылық білдіру, шағым.* Тиіп кетсең болды, апасына ~ айтады.

АРЫЗДАН *Арыз айту, қуыну.* Жоғарғы орындарға ~ды.

АРЫЗДАС 1. *орт. етіс. Арыз-дас.* 2. *Ауыс. Адамның қайтыс болар алдындағы ел-жұртпен қоштасуы.*

АРЫЗҚОЙ *Арыз жазғыш, шағым айтқыш.* ~ адам.

АРЫЗҚОЙЛЫҚ *Шағым айтқыштық, пәлеқорлық.*

АРЫЗШЫ *Арыз жазғыш, шағынғыш.* ~лар келді.

АРЫҚ I *Суландыру жүйесіндегі шағын су жолы.* ~ты қуалай су ағып жатыр.

АРЫҚ II 1. *Еті қашқан, жүдеу. **Арықты*** күтсең тойынар, Кәріні күтсең сойылар (Мақал). 2. *Майсыз, жасық.* Бұзаудың еті өте ~ екен. 3. *Ауыс. Жұғымсыз, нәрсіз.* Шілдеде от ***арық,*** су семіз (Мақал). 4. *Ауыс. Жұтаң, жүдеу.* Ой ***арық,*** дене жалқау қатпаланды (Жылқайдаров). ◊ **Арық айтып, семіз шық** — *кем айтып, артық істе д. м.*

АРЫҚСЫН *Арық деп жақтыртпау, қомсыну.* ~ып өз қойын соймады.

АРЫҚТА *Жүдеп-жадау, күйсіздену.* Мал ~ды.

АРЫҚТАУ *Ашаңдау, сидаңдау; семіз емес.* ~ келген кісі (тор бесті).

АРЫҚ-ТҰРАҚ *Жаман-жәутік, көтерем (мал).* ~ мал.

АРЫҚТЫҚ *Жүдеулік, ашаңдық.* ~ етті.

АРЫҚША I *Кішірек арық.* ~ қаз.

АРЫҚША II *Ашаңдау, сидаң.* ~ қара торы әйел.

АРЫҚШАЛАУ *Арықша келген, сидаңдау.* ~ келген.

АРЫЛ I *Ыр-ыр еткен дыбыс, ұн.* Қасқырдың ~ы естіледі.

АРЫЛ II 1. *ыр. етіс. Арыл.* 2. *Құтылу, босану.* Адам ауыр жұмыстан ~ып келеді. 3. *Ауыс. Ақталу, ағару.* Мен Оразбай алдында ***арылдым*** (М.Әуезов). 4. *Ауыс. Үзілмеу, жоғалмау, кетпеу.* Бұл үйден қонақ ~ған емес.

АРЫЛДА 1. *Хайуанаттардың ырылдап ұн шығаруы.* Арыстан ~ды. 2. *Дарылдау, гүр-гүр ету.* "Д-75" тракторы ~п келіп тоқтады.

АРЫЛДАТ *өзг. етіс. Арылда-т.*

АРЫМАЙ-ТАЛМАЙ *Шаршап-шалдықпай, қажымай-талмай.* Ол ~ еңбек етті.

АРЫН 1. *Екпін, қарқын, тегеурін.* Аттың ~ы басылып қалды. 2. *Ағын, ағыс.* ~ы қатты өзен.

АРЫНДА 1. *Аттың ауыздықпен алысып, бой бермеуі.* ~ған ақбоз ат. 2. *Су, боран сияқты табиғаттың дүлей күшінің екпіндеп соғуы.* Боран ~п тұр. 3. *Ауыс. Лепіру, екпіндеп ие бермеу.* ~п сөйледі.

АРЫНДАУЫҚ 1. *Арындағыш, арыншыл.* ~ жылқы. 2. *Ауыс. Қыңыр, қисық.* Ақылдан ада адам *арындауық* болады (С. Омаров).

АРЫНДЫ 1. *Арыны күшті, тегеурінді.* ~ ат (ақын, күй, жел). 2. *Ағысы күшті, ағынды.*

АРЫНШЫЛ *Арындағыш, арындап сөйлейтін.* ~ ақын.

АРЫП-АШ *Жадап-жүдеу, азып-тозу.* ~ып қайдан жүрсің?

АРЫП-ТАЛЫП *Шаршап-шалдығып, өліп-талып.* ~, азар жеттік.

АРЫРАҚ *Әрі таман, әрі қарай.* ~ отыр.

АРЫС I 1. *Арба-шананың қос жетегі, тәртесі.* Арбаның ~ы. 2. *Ру, тайпа, ата.* Алты ~тың баласымыз.

АРЫС II 1. *Үйдің төбесіне көлденең салатын мықты жуан белағаш.* 2. *Ауыс. Қадірменді ер азамат.* Талай үй ~ынан айрылды.

АРЫС III *бот. Қара бидай.* Егістік жерге *арыс,* арпа, зығыр егіледі (Рахимов).

АРЫС IV *Шошала үйде ет ілуге арналған салдау ағаш.*

АРЫСТА 1. *Емін-еркін дем алу, тыныгу.* Асу-асу белдерді **арыстадым** (Шал ақын). 2. *Ауыс. Кемеліне келіп жетілу, өркендеп өсу.* Отызда ор қояндай ~дым.

АРЫСТАЙ *Ортан қолдай, бір деген.* Ол ~ азамат.

АРЫСТАН I 1. *Мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң.* 2. *Ауыс. Ер жүрек, қайсар, мықты.* Алашта ертеде өткен екі *арыстан.* Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма? (Мағжан). ◊ **Арыстан жүректі** — *батыл, ер.* **Арыстан кеуде (төс)** — *зор денелі, кеуделі.* **Арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде** — *қиын жол, ауыр іс.*

АРЫСТАН II *астр. Он екі зодиак шоқжұлдызының бірі.*

АРЫСТАНДАЙ *Арыстан сияқты айбатты, қаһарлы, сұсты.* Алдында ~ біреу тұр.

АРЫСТАНША *Арыстан сияқтанып, арыстанға ұқсап.* ~ қарғыды.

АС I 1. *Адам баласының қоректік заты, тағам. Ас-адамның арқауы.* (Мақал). 2. *Қорек, нәр.* Өсімдік күннен алады *ас* (Шәкәрім). 3. *көне. Өлген адамды еске түсіріп, құрметтеу салты.* Әкесінің ~ында көрген. □ **Ас бұршақ** — *бұршақ тұқымдас, бір жылдық өсімдік.* **Ас жаулық** — *дастарқан, ас орамал.* **Ас қорыту** — *ішкен асты денеге сіңіру.* **Ас тұз** — *тағамға пайдаланатын тұз.* **Ас үй** — *ас пісіретін бөлме.* ◊ **Ас [дәм, тамақ] ауыз тиді** — *дәм татты, құр ауыз шықпады.* **Ас батпады** — *сары уайымға салынып, көңілі алаң болды.* **Ас қайырды** — *тағамды жеп болып, бата берді.* **Ас пісірім** — *екі сағаттай уақыт өлшемі.* **Ас ұстады** — *ас-суға басшылық етті, ие болды.* **Асын берді** — *өлген адамның жылын өткізді.* **Ас ішіп, аяқ босатар** — *арам тамақ, жатып ішер.*

АС II 1. *Қазанға тамақ салып пісіру.* Апась ет ~ты. 2. *Бір заттың үстіне салып қою, арту* Қолын мойнына ~ты. 3. *Дарға іліп өлтіру, жазалау.* Дарға ~ты.

АС III 1. *Бір жерден өтіп, келесі жерге бағыт алу.* 2. *Белгілі бір мөлшерден өту.* Сағат бірдең ~ып барады. 3. *Артылу, озу.* Оқу оқып, өнер тоқып, Қатарыңнан *ас,* інім (Иманбаева). 4. *Ауыс Кеудесіне нан пісу, дандайсу, көзінің еті өсу.* Бармын деп *аспа,* жоқпын деп саспа (Мақал). 5. *Көмекшілік мәнде қолданып, жарау, қосылу деген мән білдіреді* Іске ~ты, жүзеге ~ты, пайдаға ~ты, кәдеге ~ты.

АСА I *Дәрежелі адамдар (хан, би, қожа т. б.) қолына ұстайтын ерекше таяқ.* Қолында ~ таяқ.

АСА II *Ауызды толтыра, қомағайланып тамақ жеу.* Ет ~ды. ◊ **Асарын асап, жасарын жасаған** — *ұзақ өмір сүріп, дәурені өткен, жасы жеткен.*

АСА III *Өте, тым, соншалықты.* ~ қолайлы (маңызды, күрделі); ~ үлкен (биік).

АСАБА *Той басқарушы; тамада.*

АСАДАЛ *көне. Ыдыс-аяқ салып қоятын биік кең шкаф; буфет.* Сол жақ босаға жанында сырлы *асадал* тұр (Көшімов).

АСАЙМҰСА *Биіктігі 2–3 метр бұтақты бұта.*

АСАЙ-МҮСЕЙ *Мойынға асып не арқалап жүретін құрал-сайман, аппараттар.*

АСАЛЫ *Асасы бар, аса ұстаған.* ~ қарт.

АСАМ: бір асам — *бір асарлық өлшем.*

АСАНҚАЙҒЫ *Сары уайымға салынушылық.* ~ны қой (таста).

АСАНҚАЙҒЫЛАН *Сары уайымға салыну, үнжырғасы түсу.*

АСАР *Жабылып жұмыс істеуге, көмекке шақыру; үме, момыш.* ~ жасады. ◊ **Асар көбейсін** *(тілек.)* — *қуаныш молайсын д. м.* **Асар салды** — *көмекке жұртты шақырды, жинады.*

АСАР-АСПАС *Жетер-жетпес.* Кісі басынан ~ су.

АСАРШЫ *Біреудің қауырт жұмысына тегін көмек беретін жиынға қатысушы адам.*

АСАТ *өзг. етіс. Аса-т.* ◊ **Асатпай жатып құлдық деме** — *байыбына бармай жатып, қорытынды шығарма.*

АСАТАЯҚ *муз. Қазақтың көне музыкалық аспабы.*

АСАТУ *этногр. Табақта қалған етті дастархан басындағыларға бір-бір асатып өту дәстүрі.*

АСАУ 1. *Жүген-құрық тимеген, қолда ұсталмаған.* ~ ат (бие). 2. *Ауыс. Бұла болып өскен; ерке, тентек.* ~ жігіт (келіншек). 3. *Ауыс. Бұрқсарқ еткен, дүлей.* ~ өзен (боран, толқын). **Асау қымыз** — *ақырып ашыған ащы қымыз.*

АСАУДАЙ 1. *Асау тәрізді.* Жаңа үйреткен ~. 2. *Асау күйінде.* ~ мінді.

АСАУКӨК *жерг. Қонақасы берген кейінгі қонаққа ән салғызып, ойын ойнау дәстүрі; қонақкәде.*

АСАУЛАН *Асаулық мінез көрсету; тулау.*

АСАУЛАУ *Жуас емес, асауырақ.* ~ ат.

АСАУЛЫҚ *Қолға үйретілмегендік, асау болғандық.*

АСАУСЫ *Жүген-құрық көрмей, асаулыққа бойы үйреніп қалу.* Биелері ~п қалыпты.

АСБЕСТ *мин. Жылу жібермейтін, отқа төзімді минерал.*

АСКАНИЯ *Биязы жүнді қой тұқымы.*

АРЫЛДАТ *өзг. етіс. Арылда-т.*

АРЫМАЙ-ТАЛМАЙ *Шаршап-шалдықпай, қажымай-талмай.* Ол ~ еңбек етті.

АРЫН 1. *Екпін, қарқын, тегеурін.* Аттың ~ы басылып қалды. 2. *Ағын, ағыс.* ~ы қатты өзен.

АРЫНДА 1. *Аттың ауыздықпен алысып, бой бермеуі.* ~ған ақбоз ат. 2. *Су, боран сияқты табиғаттың дүлей күшінің екпіндеп соғуы.* Боран ~п тұр. 3. *Ауыс. Лепіру, екпіндеп ие бермеу.* ~п сөйледі.

АРЫНДАУЫҚ 1. *Арындағыш, арыншыл.* ~ жылқы. 2. *Ауыс. Қыңыр, қисық.* Ақылдан ада адам *арындауық* болады (С. Омаров).

АРЫНДЫ 1. *Арыны күшті, тегеурінді.* ~ ат (ақын, күй, жел). 2. *Ағысы күшті, ағынды.*

АРЫНШЫЛ *Арындағыш, арындап сөйлейтін.* ~ ақын.

АРЫП-АШ *Жадап-жүдеу, азып-тозу.* ~ып қайдан жүрсің?

АРЫП-ТАЛЫП *Шаршап-шалдығып, өліп-талып.* ~, азар жеттік.

АРЫРАҚ *Әрі таман, әрі қарай.* ~ отыр.

АРЫС I 1. *Арба-шананың қос жетегі, тәртесі.* Арбаның ~ы. 2. *Ру, тайпа, ата.* Алты ~тың баласымыз.

АРЫС II 1. *Үйдің төбесіне көлденең салатын мықты жуан белағаш.* 2. *Ауыс. Қадірменді ер азамат.* Талай үй ~ынан айрылды.

АРЫС III *бот. Қара бидай.* Егістік жерге *арыс,* арпа, зығыр егіледі (Рахимов).

АРЫС IV *Шошала үйде ет ілуге арналған салдау ағаш.*

АРЫСТА 1. *Емін-еркін дем алу, тынығу.* Асу-асу белдерді **арыстадым** (Шал ақын). 2. *Ауыс. Кемеліне келіп жетілу, өркендеп өсу.* Отызда ор қояндай ~дым.

АРЫСТАЙ *Ортан қолдай, бір деген.* Ол ~ азамат.

АРЫСТАН I 1. *Мысық тұқымдас ең ірі жыртқыш аң.* 2. *Ауыс. Ер жүрек, қайсар, мықты.* Алашта ертеде өткен екі *арыстан.* Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма? (Мағжан). ◊ **Арыстан жүректі** — *батыл, ер.* **Арыстан кеуде (төс)** — *зор денелі, кеуделі.* **Арыстанның аузында, түрікпеннің төрінде** — *қиын жол, ауыр іс.*

АРЫСТАН II *астр. Он екі зодиак шоқжұлдызының бірі.*

АРЫСТАНДАЙ *Арыстан сияқты айбатты, қаһарлы, сұсты.* Алдында ~ біреу тұр.

АРЫСТАНША *Арыстан сияқтанып, арыстанға ұқсап.* ~ қарғыды.

АС I 1. *Адам баласының қоректік заты, тағам. Ас-адамның арқауы.* (Мақал). 2. *Қорек, нәр.* Өсімдік күннен алады *ас* (Шәкәрім). 3. *көне. Өлген адамды еске түсіріп, құрметтеу салты.* Әкесінің ~ында көрген. □ **Ас бұршақ** — *бұршақ тұқымдас, бір жылдық өсімдік.* **Ас жаулық** — *дастарқан, ас орамал.* **Ас қорыту** — *ішкен асты денеге сіңіру.* **Ас тұз** — *тағамға пайдаланатын тұз.* **Ас үй** — *ас пісіретін бөлме.* ◊ **Ас [дәм, тамақ] ауыз тиді** — *дәм татты, құр ауыз шықпады.* **Ас батпады** — *сары уайымға салынып, көңілі алаң болды.* **Ас қайырды** — *тағамды жеп болып, бата берді.* **Ас пісірім** — *екі сағаттай уақыт өлшемі.* **Ас ұстады** — *ас-суға басшылық етті, ие болды.* **Асын берді** — *өлген адамның жылын өткізді.* **Ас ішіп, аяқ босатар** — *арам тамақ, жатып ішер.*

АС II 1. *Қазанға тамақ салып пісіру.* Апасы ет ~ты. 2. *Бір заттың үстіне салып қою, арту.* Қолын мойнына ~ты. 3. *Дарға іліп өлтіру, жазалау.* Дарға ~ты.

АС III 1. *Бір жерден өтіп, келесі жерге бағыт алу.* 2. *Белгілі бір мөлшерден өту.* Сағат бірден ~ып барады. 3. *Артылу, озу.* Оқу оқып, өнер тоқып, Қатарыңнан *ас,* інім (Иманбаева). 4. *Ауыс. Кеудесіне нан пісу, дандайсу, көзінің еті өсу.* Бармын деп *аспа,* жоқпын деп саспа (Мақал). 5. *Көмекшілік мәнде қолданып, жарау, қосылу деген мән білдіреді.* Іске ~ты, жүзеге ~ты, пайдаға ~ты, кәдеге ~ты.

АСА I *Дәрежелі адамдар (хан, би, қожа т. б.) қолына ұстайтын ерекше таяқ.* Қолында ~ таяқ.

АСА II *Ауызды толтыра, қомағайланып тамақ жеу.* Ет ~ды. ◊ **Асарын асап, жасарын жасаған** — *ұзақ өмір сүріп, дәурені өткен, жасы жеткен.*

АСА III *Өте, тым, соншалықты.* ~ қолайлы (маңызды, күрделі); ~ үлкен (биік).

АСАБА *Той басқарушы; тамада.*

АСАДАЛ *көне. Ыдыс-аяқ салып қоятын биік кең шкаф; буфет.* Сол жақ босаға жанында сырлы *асадал* тұр (Көшімов).

АСАЙМҰСА *Биіктігі 2–3 метр бұтақты бұта.*

АСАЙ-МҮСЕЙ *Мойынға асып не арқалап жүретін құрал-сайман, аппараттар.*

АСАЛЫ *Асасы бар, аса ұстаған.* ~ қарт.

АСАМ: бір асам — *бір асарлық өлшем.*

АСАНҚАЙҒЫ *Сары уайымға салынушылық.* ~ны қой (таста).

АСАНҚАЙҒЫЛАН *Сары уайымға салыну, ұнжырғасы түсу.*

АСАР *Жабылып жұмыс істеуге, көмекке шақыру; үме, момыш.* ~ жасады. ◊ **Асар көбейсін** *(тілек.)* — *қуаныш молайсын д. м.* **Асар салды** — *көмекке жұртты шақырды, жинады.*

АСАР-АСПАС *Жетер-жетпес.* Кісі басынан ~ су.

АСАРШЫ *Біреудің қауырт жұмысына тегін көмек беретін жиынға қатысушы адам.*

АСАТ *өзг. етіс. Аса-т.* ◊ **Асатпай жатып құлдық деме** — *байыбына бармай жатып, қорытынды шығарма.*

АСАТАЯҚ *муз. Қазақтың көне музыкалық аспабы.*

АСАТУ *этногр. Табақта қалған етті дастархан басындағыларға бір-бір асатып өту дәстүрі.*

АСАУ 1. *Жүген-құрық тимеген, қолда ұсталмаған.* ~ ат (бие). 2. *Ауыс. Бұла болып өскен; ерке, тентек.* ~ жігіт (келіншек). 3. *Ауыс. Бұрқсарқ еткен, дүлей.* ~ өзең (боран, толқын). **Асау қымыз** — *ақырып ашыған ащы қымыз.*

АСАУДАЙ 1. *Асау тәрізді.* Жаңа үйреткен ~. 2. *Асау күйінде.* ~ мінді.

АСАУКӨК *жерг. Қонақасы бергеннен кейінгі қонаққа ән салғызып, ойын ойнау дәстүрі; қонақкәде.*

АСАУЛАН *Асаулық мінез көрсету; тулау.*

АСАУЛАУ *Жуас емес, асауырақ.* ~ ат.

АСАУЛЫҚ *Қолға үйретілмегендік, асау болғандық.*

АСАУСЫ *Жүген-құрық көрмей, асаулыққа бойы үйреніп қалу.* Биелері ~п қалыпты.

АСБЕСТ *мин. Жылу жібермейтін, отқа төзімді минерал.*

АСКАНИЯ *Биязы жүнді қой тұқымы.*

АСКАРИДА *зоол. Адамның ащы ішегінде болатын жұмыр құрт.*

АСКАРИДОЗ *мед. Аскарида құрты арқылы пайда болатын іш ауруы.*

АСКЕТИЗМ *діни. Тақуалық, сопылық.*

АСКОРБИН: аскорбин қышқылы — *организмге аса қажетті витаминдердің бірі.*

АСКӨК *Көк балаусасын тамаққа пайдаланатын бақша өсімдігі; укроп.*

АСҚАБАҚ *Асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық бақша өсімдігі.*

АСҚАЗАН *Адам мен жан-жануардың ас қорытатын мүшесі.*

АСҚАҚ *экспр.* 1. *Биік, еңселі, зәулім.* ~ көпір. 2. *Ауыс. Өр көкірек, менмен.* ~ әйел (жігіт). 3. *Ауыс. Шабытты, өрісті, өрелі.* ~ сезім (ой, қиял, сөз). 4. *поэт. Шарықтаған, шалқыған.* ~ ән (күй, үн, әуен).

АСҚАҚТА *экспр.* 1. *Аспанмен таласу, биіктеу, аспандау.* ~ған Алатау. 2. *поэт. Шарықтатып, шалқытып ән шырқау.* Ән ~п барып тоқтады. 3. *Ауыс. Көзінің еті өсу, дандайсу.* Ол тым ~п кетті.

АСҚАҚТЫҚ 1. *Өр көкіректік, паңдық.* Біргәдірде ~ бар. 2. *Ауыс. Астамшылық, дандайсушылық.* ~ адамға абырой әпермейді. 3. *Айтулы, елден ерек.* ~ ерлік (сұлу, бай, талант).

АСҚАР *экспр.* 1. *Зәулім биік, заңғар.* ~ тау. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің ең жеткен жері, биігі.* Жамбыл поэзиясы — қазақ поэзиясының *асқар* шыңы (Бердібаев). ◊ **Асқар бел** — *үміт артар, сүйеніш, тірек.*

АСҚАРАЛЫ 1. *Зәулім биік, көкпен тілдескен.* ~ Алатау. 2. *Ауыс. Ұлы, зор, орасан.* ~ жоспар (міндет, асу).

АСҚАРПАЗ *жаңа. поэт. Альпинизммен айналысатын адам.*

АСҚАТЫҚ *Көже қатық, сорпа-су.* Шал *асқатық* бола ма деп, жемдеп жүрген ісегін сойып алды (Баялиев).

АСҚЫН 1. *Аурудың еселеп дамуы, күшеюі.* Ауруы ~ып кеткен. 2. *Күшею, үдеу.* Жел ~ып барады. 3. *Ауыс. Ушығу, шиеленісу.* Халық наразылығы ~ып кетті.

АСМАЛДЫҚ *жерг. Өшекейлеген түйе жабуы.*

АСМАР *көне. Аманаттау, тапсыру.* Етектен жиған көп халқың, Сұлтан ием кімге *асмар* етерсің! (Шалкиіз).

АСПА *Бір нәрсені асып, іліп қоятын ілгіш.* ~ шам (бесік, жол).

АСПАЗ *Тағам дайындайтын (пісіретін) адам.*

АСПАЗДЫҚ *Ас дайындауды кәсіп етушілік.* ~ өнері бар.

АСПАЙ-САСПАЙ *Байыппен, асықпай.* ~ тамағын ішіп отыр.

АСПАЛА *Кежімдеп сәндеп жүк арту.* Ақсары атан *аспалап*, ел жайлауға шыққан жұрт (Бұхар жырау).

АСПАН *Жоғарыдан жерге қарай күмбез сияқты көмкеріліп көрінетін атмосфералық кеңістік; көк, әуе.* Терезеден мөлдір ~ көрінеді. ◊ **Аспан айналып жерге түскендей** — *шыжыған ыстық, қапырық, аңызақ.* **Аспанға көтерді** — *асыра дәріптеді, мақтады.* **Аспанға қарады** — *мұрнын көкке көтерді, тәкаппарланды.* **Аспандағы айға қол созды** — *қолдан келмеске ұмтылды.* **Аспанды алақандай, жерді тебінгідей етті** — *жұрттың апшысын қуырды, тықсырды.* **Аспаныңды тастап жібер** — *қолыңнан бір келсе, екі қыл, аяма.* **Аспанмен астасқан [таласқан, тілдескен, тірескен]** — *зәулім биік, заңғар.* **Аспаннан түскендей** — *а) тәкаппар, менмен; ә) тосыннан, тұтқиылдан.* **Аспаннан тілегенімізді жерден бердің** — *күтпеген дүние, кездейсоқ оқиға.* **Аспан [күн] шайдай ашық** — *әуеде теңгедей бұлт жоқ.* **Аспаның ашық болсын (тілек)** — *жаманшылық көрме.*

АСПАНДА 1. *Көкке қарай самғап ұшу, көтерілу.* Қаздар ~п ұшты. 2. *Ауыс. Шарықтау, шалқу, құйқылжу.* Мәдениет пен білім *аспандап* өрледі (І. Омаров). 3. *Ауыс. Асып-тасу, асқақтау.* Әлгі Асықтың мінсіз баласы мүлдем *аспандап* кетіпті ғой (Бегалин).

АСПАНДАЙ *Аспан сияқты; биік, заңғар.* ~ сеңгір (көз).

АСПАНСЕРІК *Ұшақтағы жолаушыларға қызмет көрсететін арнайы адам.*

АСПАП 1. *Құрал-сайман, керек-жарақ.* ~бын көтеріп келіпті. 2. *Музыкалық құрал.* Құрманғазы атындағы ұлт ~тар оркестрі.

АСПАПТЫҚ: аспаптық музыка — *аспаптарда ғана орындау үшін жазылған шығарма.*

АСПАПШЫ *Музыкалық құралды жасайтын адам, шебер.*

АСПА-ТӨКПЕ 1. *Орынсыз ысырапқорлық, шашып-төгушілік.* ~ той. 2. *Ауыс. Асқан молшылық, береке.* ~ заман (жыл).

АСПА-ТӨКПЕЛІК *Ысырапқорлық, шашып-төгушілік.*

АСПЕКТ *Құбылыс, фактілерді түсіндірудегі жай.*

АСПИРАНТ *Ғылыми-зерттеу жұмысына, ғылыми-педагогтік жұмысқа әзірленіп жүрген адам.*

АСПИРАНТУРА *Ғылым мамандарын даярлаудың негізгі формасы.*

АСПИРИН *фарм. Ыстықты қайтаратын кристалл тәрізді ақ дәрі.*

АССАЛАУМАҒАЛАЙКҮМ *Амандық сұрасу, сәлемдесу.*

АССАМБЛЕЯ *Халықаралық ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы.*

АССИГНАЦИЯ *тар. Ақша орнына жұмсайтын қағаз.*

АССИМИЛЯЦИЯ 1. *Бір халықтың екінші халыққа сіңісіп кетуі.* 2. *биол. Клеткаларға жаңадан енген заттарды өсімдік, жәндік организмдерінің өзіне бейімдеп өзгертуі.* 3. *лингв. Бір дыбыстың екінші дыбысқа ықпалы.*

АССИМИЛЯЦИЯЛА *Организмге енген заттарды өзіне бейімдеп өзгерту, сіңіру.*

АССИСТЕНТ *Жоғары оқу орындарында, операцияларда дәрігерге, профессорға көмекші ғылыми қызметкер.*

АССОНАНС *әдеб. Дауысты дыбыстардың үйқасуы.*

АССОЦИАЦИЯ 1. *Мекемелер мен ұйымдардың немесе жеке адамдардың жалпы, шаруашылық, саясат, ғылым және мәдениет салаларында белгілі бір мақсатқа жету үшін біріккен одағы.* 2. *психол. Адам санасында болатын жеке психикалық процестердің арасындағы байланыс.*

АССОЦИАЦИЯЛАН *Ассоциацияға түсу, бірігу.*

АС-СУ *Тамақтық дүние, тағам.*

АСТАМ I *Белгілі бір мөлшерден артықтау, көбірек.* Институтта алпыстан ~ ғылым қызметкерлері бар.

АСТАМ II *Өктем, үстем, асқақ.* Құдағи, *астам* сөзім болса кешіріңіз (Қ. Мұхамеджанов).

АСТАМДЫҚ *Менмендік, астамшылық, асқақтық.* Жігітке ~ жараспайды.

АСТАМСЫ *Кеуде көтеру, менменсу.* ~ған би.

АСТАМШЫЛ *Кекірейген, кекірт, кесір.* ~ қылық.

АСТАМШЫЛЫҚ *Кесір-кесапаттық, дандайсушылық.* ◊ **Астамшылық сөз** — *орынсыз айтылған кесір сөз.*

АСТАМЫРАҚ I *Артықтау, көбірек.* Бір айдан ~.

АСТАМЫРАҚ II *Өктемдеу, асқақтау, үстемірек.* Ол ~ сөйледі.

АСТАНА *Белгілі бір елдің өкімет орындары мен үкімет басшыларының орналасқан басты қаласы, орталығы.* ***Астанамда*** Алматы талай тойды тойладым (Шипин).

АСТАНАЛЫҚ *Астанаға тән, соған тиісті.* ~ қала (жазушы, жігіт).

АСТАН-КЕСТЕН 1. *Әлем-тапырық, ойран-топыр.* Дүние ~. 2. *Алай-түлей, әлейім-тәлейім.* Аспан да, жер де ~ аппақ түлей.

АСТАПЫРАЛЛА *діни. Ой, құдай-ай, құдай сақтасын.* ~, қайдағыны айтпашы, балам.

АСТАР 1. *Сырт киімнің, көрпенің ішкі жағы.* ~ы бар, ~ тігілген. 2. *Ауыс. Кекесін сыр, ерекше мән.* Сөзінің ~ын түсінбеді. ◊ **Астар бола алмайды** — *пар келмейді, тең емес.*

АСТАРЛА 1. *Сырт киімді астар салып тігу.* Ішігін ~п киетін. 2. *Ойды жұмбақтап, ишаратпен айту.* Сөзінде ~п айтылған әзіл бар.

АСТАРЛАС *Негіздес, сарындас, үндес.* Ойы халқының арманымен ~ жатыр.

АСТАРЛЫ 1. *Астар салған, астары бар.* ~ шапан (киім). 2. *Ауыс. Тура мағынада емес, кекесін түрде.* ~ мән (мағына, ой). ◊ **Астарлы сөз** — *бейнелі, тұспал сөз.*

АСТАРЛЫҚ *Астар боларлық, астарға лайық.* ~ мата.

АСТАРСЫЗ 1. *Астар салынбаған, астары жоқ.* ~ киім. 2. *Ауыс. Бұкпесіз, қалтықсыз.* Қыз соңғы сөзін ешқандай ~ айта салған.

АСТАС 1. *Түйісу, ұштасу, жалғасу.* Бұғылының асуы екі шыңның *астасқан* жері екен (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Бірі мен бірі араласу, біте қайнасу, қабысу.* Мінезі туа біткен қарапайымдылығымен ~ып жатыр.

АСТАУ 1. *Ас салатын ағаштан ойып жасалған үлкен кең ыдыс.* Алдымызға бір ~ ет қойды. 2. *Малға жем салып, су беретін науа.* Науалы ~дан суарып жатыр ◊ **Астау жон** — *астау сияқты төңкеріліп жатқан адырлы жер.*

АСТАУДАЙ *Жап-жалпақ, сеп-семіз.* Биелердің жоны ~.

АСТАУЛАН *Жұмырлану, дөңгелену.* ~а біткен.

АСТАУША *Кішірек келген астау.*

АСТАУШАЛА *Астауға құсату.* Жерді ~п қазды.

АСТРА *бот. Гүлді өсімдіктердің бір түрі.*

АСТРОБИОЛОГИЯ *Әлемнің барлық түкпіріндегі тіршілікті зерттейтін ғылыми пән.*

АСТРОБОТАНИКА *Аспан денелеріндегі өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым саласы.*

АСТРОГРАФ *Аспан әлеміндегі денелерді фотоға түсіретін аспап.*

АСТРОЛОГ *тар. Астрологиямен шұғылданатын адам.*

АСТРОЛОГИЯ *тар. Жұлдыздардың орналасуы бойынша адамның болашағын болжауға болады-мыс дейтін ілім.*

АСТРОНОМ *Астрономиямен шұғылданатын адам.*

АСТРОНОМИЯ *Аспан денелері мен әлемнің құрылысы және олардың дамуы жайындағы ғылым.*

АСТРОНОМИЯЛЫҚ *Астрономияға тән.* ~ сағат (жыл, дүрбі).

АСТРОФИЗИКА *астр. Аспан әлеміндегі денелердің құрамын және құрылымын зерттейтін ғылым.*

АСТЫ 1. *Бір заттың үстіне қарама-қарсы жақ беті.* Жер ~. 2. *Белесті жердің баурайы, етек жағы.* Мына белестің ~нда апам аулы отыр. 3. *Жататын, отыратын жері.* Малдың ~н тазалады. ~мда орындық. 4. *Ауыс. Ертелініп мінілген, мініліп жүр д. м.* Жақсы ат болса әкімдердің ~нда. ◊ **Астына көпшік қойды** — *біреуді орынсыз мақтап көтермеледі, қолпаштады.* **Астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырды** — *біреуді біреуге айдап салды.* **Астынан су шыққандай** — *асығыстық, қарбаластық.*

АСТЫҚ *Бидай, тары, арпа т. б. дәнді дақылдардың жалпы аты.* ~ бастырды. □ **Астық тиегіш** *(техн.)* — *астық тиеуге арналған арнайы машина.*

АСТЫҚТЫ *Астығы мол, астығы көп.* ~ алқап (өңір).

АСТЫЛЫ-ҮСТІЛІ *Қос қабатты, екі қатарлы.* ~ үй.

АСТЫН-ҮСТІН *Қалай болса солай, бейберекет.* Ол ~ сөйлей салатын еді.

АСТЫҢҒЫ *Төменгі, ақырғы.* ~ ерін (қабат, үй).

АСТЫР *өзг. етіс. Ас-тыр.* ◊ **Қазан астыр** — *қазанға тамақ салып пісірту.* Ашқа қазан *астырма (*Мақал).

АСТЫРТЫН *Жасырын, құпия.* ~ ұйым (әрекет, байланыс).

АСТЫ-ҮСТІ 1. *Бір нәрсенің астыңғы жағы мен үстіңгі жағы.* 2. *Киім-кешектің астары мен тысы.* Бөзден көрпенің ~. ◊ **Асты-үстіне келтірді [шығарды]** — *астан-кестен етті, үйқы-түйқысын шығарды.* **Асты үстіне түсті** — *құрдай жорғалады, аяғынан тік тұрды.* **Астын-үстін қазбалады** — *жер-жебіріне жетіп қырысты, сөкті.*

АСУ 1. *Тау жотасының өтуге қолайлы аласа жері.* Көш ~ға жақындады. 2. *Ауыс. Өмір өткелі, белесі.* Табыс пен өрлеудің ~ларына жеттік. ◊ **Асу бермеді** — *жол бермеді, өткізбеді.*

АСУ-АСУ *Белес-белес, қырқа-қырқа.* Алда ~ белдер жатыр.

АСУЛЫ *Асуы көп, белес-белес.* ~ тау.

АСУСЫЗ: асусыз асқар бел — *өткел бермес биік, жол таппас қиыншылық.*

АСФАЛЬТ *Жолға, көшеге, жаяу жолға төселетін қара майлы, цементті уақ тас.*

АСФАЛЬТТА *Асфальт төсеу, жаю.* ~ған көшелер.

АСФАЛЬТТЫ *Асфальт төселген, салынған.* ~ көше (жол).

АСХАНА *Қоғамдық тамақтандыру орны.* ~ға барып тамақтанайық.

АСХАНАЛЫҚ *Асханаға арналған, соған тән.* ~ бөлме.

АСХАНАШЫ *Асханада тамақ істейтін адам, аспаз.* ~ ас дайындады.

АСЫҒЫП-ҮСІГІП *Сасып-салбырап, асып-сасып.* ~ жұмысына кетті.

АСЫҒЫС 1. *Қарбалас, суыт, шұғыл.* ~ жүріп кетті. 2. *Тез, жылдам.* Ол ~ киінді.

АСЫҒЫСТА *Қапылыста, қарбаласта, тығылтаяңда.* ~ ұмытып кетіпті.

АСЫҒЫСТАУ *Қарбаластау, шұғылдау.* Мен ~ едім.

АСЫҒЫСТЫҚ *Қарбаластық, суыттық, шұғылдық.*

АСЫҒЫС-ҮСІГІС *Асып-сасып, қарбалас.* Залға ~ кіріп келді.

АСЫҚ I *Жан-жануарлардың сирағы мен сан жіліктерін байланыстырып тұратын төртқіл топса сүйек.* □ **Асық жілік** — *сирақпен жалғасқан сан жілік.* ◊ **Асығы алшысынан түсті [түрды]** — *жолы болды, сәті түсті.* **Асығы [кенейі] түгел** — *шаруасы орнында, көңілі орнықты.*

АСЫҚ II *поэт.* *Ғашық.* Бес нәрсеге ***асық*** бол, Адам болам десеңіз (Абай).

АСЫҚ III 1. *Шапшаң қимылдап, тез әрекет жасау.* ~ғып тез кетті. 2. *Ауыс. Тағат қылмау, сабырсыздану.* Қыз апасын көргенше ~ты.

АСЫҚҚАНСЫ *Асыққан болу, асыққан түр көрсету.*

АСЫҚПА *Тоқтай тұр, тұра тұр.* ~, қазір жетеміз.

АСЫҚПАЙ-САСПАЙ *Аспай-саспай, байыппен.* Ол ~ болған жайды баяндап берді.

АСЫҚТАЙ *Асық сияқты, асықша.* ~ шашылды (үйірді).

АСЫҚША: асықша атты [домалатты, дөңгелетті] — *бұйым көрмеді, үйіріп әкетті.*

АСЫЛ I 1. *Өте қатты, әдемі, оңайшылықпен кесіле, майыса қоймайтын (металл).* ~ темір. 2. *Қымбат бағалы, құнды, сапалы (мата).* ~ бұйым. 3. *Ауыс. Өнімді көп беретін, таза (тұқым).* ~ тұқымды мал. 4. *Ауыс. Қайратты, қажырлы, ақыл-парасаты мол.* ~ адам. 5. *Ауыс. Өнегелі, үлгілі.* ~ арман (ой, қасиет, мінез, бейне). ◊ **Асылдың сынығы** — *жақсыдан қалған жұрнақ, белгі.* **Асыл сөз** — *мағыналы, мәнді сөз.*

АСЫЛ II 1. *ыр. етіс. Ас-ыл.* 2. *Бір нәрсеге қолын созып салып артылу, сүйену.* Ол мойнына ~а кетті.

АСЫЛБІЛЕС *Жарқылдап, жалт-жұлт етіп көріну.* Надандар ***асылбілес*** су тас көрсе ғаyһардайақ айырмас содан көзін (Шал ақын).

АСЫЛДАН *Мал тұқымының жақсарып, өнімділігінің артуы.* Мал тұқымы ~ып жатыр.

АСЫЛДЫҚ 1. *Асыл болғандық, қаттылық.* 2. *Ауыс. Қайраттылық, қажырлылық.* Жоламанның сүйегінен де бір ***асылдықты*** тауып жүр (М. Қуанышбаев). 3. *Ауыс. Сапалылық, маңыздылық.* Көмірінің ***асылдығы*** жағынан Қарағандыға теңесері жоқ (С.Мұқанов).

АСЫЛЗАДА 1. *көне. Ақсүйек тұқымынан шыққан адам.* ~ ханның баласы. 2. *Ауыс. Қасиетті, аяулы, зиялы.* Мұндай ***асылзада*** әйел заты жер бетінде аз болар (Досанов).

АСЫЛЫ *Тегінде, зады, негізінде. Асылы,* араласқұралас түрғанға не жетсін (Ақтаев).

АСЫЛЫҚ *Астамшылық, күпірлік.* Менің мұным ~ екен.

АСЫМ: ет асым — *2–3 сағаттай уақыт мөлшері.*

АСЫМДЫҚ *Күнделікті асып жейтін.* ~ ет.

АСЫП-САСЫ *Асығып-үсігіп, сасқалақтап.* Тамағын ~п тез ішті.

АСЫП-ТАС 1. *Өзен суының шарасынан асып, судың молаюы.* Көктем келіп, өзен ~ып жатыр. 2. *Ауыс. Дәулеті артып, шексіз баю.* Біздің тұқымда ~қан байлық жоқ 3. *Ауыс. Астамшылық жасау, дандайсу, асқақтау.* Қаржас ***асып-тасты,*** құдайын ұмытты (Әбілев).

АСЫП-ТАСУШЫЛЫҚ *Дандайсып кетушілік.* ~қа жол беруге болмайды.

АСЫР *Ойнап-күлгендік, сайрандағандық.* Жалықпас жастық шақтың ***асыры*** бар (Өмірбеков). ◊ **Асыр салды** — *емін-еркін ойнап күлді, сайрандады.*

АСЫРА 1. *Бағып-қағу, күту, өсіру.* Бізді ~ған әжем. 2. *Қолға үйрету.* Ит ~ды.

АСЫРА: асыра сілтеді — *шаш ал десе, бас алды, артық кетті.*

АСЫРАНДЫ 1. *Қолға үйретілген, қолда өскен.* ~ ит (қаз, көгершін). 2. *Қол бала етіп асырап алған.* ~ бала.

АСЫРАП-САҚТА *Бағып-қағу, тәрбиелеп өсіру.*

АСЫРАУЛЫ *Бағулы, күтулі.* ~ тұр.

АСЫРАУСЫЗ *Бағусыз, күтусіз.*

АСЫРАУШЫ *Отбасының тауқыметін көтеруші адам.* Ол — осы үйдің ~сы.

АСЫРМА *Маялап үйген шөптің биіктігі, ол шеті мен бұл шеті.* Фермаға үйілген әр маяның ~сы 40–45 метр.

АСЫРМАЛЫ: асырмалы шырай (*лингв.*) — *заттың сынын асырып көрсететін шырай.*

АСЫР-ТАСЫР *Тарс-тырс, тасыр-тұсыр.* Өзі де бір ***асыр-тасыр*** жүретін жан (Есенжанов).

АТ I 1. *Піштірілген еркек жылқы.* 2. *Мініп, жегіп күшін пайдаланатын көлік.* Тісің тісіңе тимесе — ас, Аяғың жерге тимесе — ***ат*** (Мақал). 3. ***спорт.*** *Жылқының басына ұқсастырып жасалған шахмат фигурасы.* □ **Ат айдаушы** — *бәйгіге қосылған аттарды басқарып, жөн сілтеп тұратын адам.* **Ат арба [шана, тырма, соқа]** — *атқа жегілетін, атпен жүретін құрал.* **Ат барабан [бұран]** — *ат күшімен айналатын барабан.* **Ат бастаған тоғыз** (*көне.*) — *айыпқа берілетін сыйлық.* **Ат бәйге [жарыс]** — *жүйрік аттарды жарысқа салатын ұлттық ойын.* **Ат бұршақ** — *бұршақ тұқымдастарына жататын бір жылдық екпе өсімдік.* **Ат дорба** — *атқа жем беретін кенеп қалта.* **Ат жабу** — *атқа жабатын жапқыш.* **Ат көрпе** — *ердің үстіне салатын кішірек көрпе.* **Ат қора** — *жылқы қамайтын, жылқы тұратын қора.* **Ат қосты** — *атын бәйгіге жіберді.* **Ат сайыс** — *ат үстінде әр түрлі өнер көрсететін спорт түрі.* **Ат тіс** — *күректей ірі тіс.* **Ат шабыс** — *аттарды бәйгеге қосу, жарыстыру.* ◊ **Ат арыды, тон тозды** — *шаршап-шалдықты, жадап-жүдеді.* **Ат арытты [сабылтты]** — *әуре-сарсаңға түсті, арам тер болды.* **Ат байлар [ұстар]** — *ер бала, ұл.* **Ат байлар** (*этногр.*) — *құда түсуге келген адамдардың жігіттерге беретін ырымы, кәдесі.* **Ат басына күн туды** — *қиын-қыстау заман болды, ер сыналар күн туды.* **Ат басын бұрды [тіреді]** — *келіп тоқтады, бұрылды.* **Ат жалын тартып мінді** — *ер жетіп азамат болды, санатқа қосылды.* **Ат жаратты** — *атты баптап күтті, бәйгеге даярлады.* **Ат жанды** — *атты жақсы көретін, атқұмар.* **Ат жетпес жер** — *ұзақ жол, алыс жер.* **Ат кекілін [құйрығын] кесті [үзді]** — *үзілді-кесілді кетісті, араздасты.* **Ат құлағы көрінбейді** — а) *өте биік, тым терең;* ә) *ақ*

тұтек боран. **Ат құлағында ойнайды** — *атқа мықты, берік, икемді.* **Ат құрғатпады** — *жиі келіп, қатысып тұрды.* **Ат майын берді** — *біреудің атын мініп, уақытша пайдаланды.* **Ат майы қайтты** — *мал ақысы төленді.* **Ат мінгізіп, шапан жапты** — *қонаққа құрмет көрсетіп сыйлады, сый-сыяпат жасады.* **Ат ойнатты** — *әлек салды, ойрандады.* **Ат өтті** — *шығарып салма, сұлесоқ.* **Ат сабылтты** — *әуреге түсті, арпалысты.* **Ат салысты** — *қол ұшын берді, жәрдемдесті.* **Ат соқты болды** — *жол жүріп шаршап-шалдықты.* **Ат терлетіп келді** — *әдейілеп, арнап келді.* **Ат төбеліндей** — *азғантай, азғана, шағын.* **Ат тұлдау** — *иесі өлген мініс аттың жал-құйрығын күзеп шұнтиту, жыл бойы семіртіп, асқа союға әзірлеу.* **Аттың басын тартпады [қоя берді]** — *не айтам десе, соны айтты, іркіліп тоқтап қалмады.* **Аттың жалы, түйенің [атанның] қомында** —*тығыл-таяңда, қарбаласта.* **Атты отқа қойды** —*мініп келген атты дем алдырып, шөпке жіберді.* **Атты суытты** — *аттың терін басып, дем алдырды.* **Ат үсті** — а) *жол-жөнекей, жолшыбай;* ә) *жеңіл-желпі, үстірт.* **Ат үстінде** — *күндіз-түні тыным таппайды, қауырт жұмыста, қарбаласта.* **Ат шалдырды** — *мінген атты жол үстінде аздап оттатып алды.* **Ат шаптырды** — а) *ат жарыстырып, бәйге тікті;* ә) *кісі жұмсап, хабар алдырды.* **Ат шаптырым** — а) *шамамен 30–35 шақырымдай қашықтық өлшемі;* ә) *бір шеті мен бір шеті өте үлкен, кең.* **Аты жүріп тұр** — *бағы тасып, тасы өрге домалап тұр.* **Ат ізін салмады** — *қатыспады, хабарласпады, келмеді.* **Ат ізін суытпады [құрғатпады]** — *жиі-жиі келіп тұрды, үзбей қатысты.*

АТ II 1. *Балаға қойылатын есім, ныспы.* Сыр бойында туған соң, Сырбай қойды ***атымды*** (Мәуленов). 2. *Белгілі бір нәрсеге, затқа қойылған атау.* Ұжымшардың -ы, кітаптың (журналдың) -ы. □ **Ат қойды** — *есім беріп атады.* **Аты жоқ қол [саусақ]** — *төртінші саусақтың аты.* ◊ **Ат қойып, айдар тақты** — *әр саққа жүгіртіп, әңгіме қылды, сөзге іліктірді.* **Аты жер жарды** — *аты елге жайылды, ел аузына ілікті.* **Атына кір келтірді** — *ұятқа қалдырды, жаман атқа ұшыратты.* **Атын аузына алмады** — *ескерусіз қалдырды, елемеді.* **Атына шаң жуытпады** — *сөз келтірмеді, жаман атқа ұшыратпады.* **Атын сатты** — *біреудің абырой-атағын пайдаланды, арқаланды.* **Атың өшкір** *(қарғ.)* — *өлгір, жоғалғыр.* **Аты өлмейді** — *өзі өлсе де, сөзі (ісі) жоғалмайды д. м.* **Аты шулы** — *атақты, әйгілі.* **Аты шықты** — *аты елге жайылды, мәлім болды.*

АТ III 1. *Қару-жарақтан оқ шығару.* Айдалаға ***атқан*** оқ Ажалдыға тиеді (Мақал). 2. *Лақтыру, атқылау.* Аяғындағы пимасын есік жаққа -ып жіберді. 3. *Бір затты екінші затқа ұрып тигізу.* Асық -ты. 4. *Шегу, иіскеу, тарту.* Насыбай -ты. 5. *Көкке көтерілу, шапшу.* Су шүмектеп аспанға -ты. 6. *Ыршу, ырғу.* Ол орнынан -ып кетті. 7. *Ауыс. Белгілі зат есімдермен тіркесіп, бұрқыраған, қаулаған көптік ұғым білдіреді.* Бұршік -ты, жалын -ты, ұшқын -ты, көбік -ты. **Атарға оғы жоқ [болмады]** — *соншалықты жек көрген адамға айтылады.* **Атар таң, шығар [көрер] күн жоқ [болмады]** — *күн көрсетпеді, азап шекті.* **Атқан оқтай** — а) *түп-түзу, түп-тура;* ә) *шапшаң, тез, жыл-дам.* **Атқан таңдай** — *аппақ, әдемі.*

АТА I 1. *Әкенің әкесі, үлкен әке.* 2. *Бір рудың ішіндегі адамдардың туыстық, қандастық тобы. Мұнда ата қуатын дәнеңе жоқ (М. Әуезов).* 3. *Нәсіл, тек, тұқым.* Малынды беріп отырсаң, ***атасы*** басқалар да жалданып бірлік қылады (Абай). 4. *Ерлі-зайыптылардың қайын әкесі.* Әзілің жарасса, ***атаңмен*** ойна (Мақал). 5. *Ауыс. Бір нәрсенің тетігі, көзі.* Байлықтың ***атасы*** —еңбек, Анасы — жер (Мақал). □ **Ата қаз** —*қаздың еркегі.* ◊ **Ата баласы** — *жол жағынан үлкен, қадірлі әкеден тараған.* **Атадан асып туған** — *елден ерекше, төтенше.* **Атадан қалған ақ сауыт** — *қадірлі-қасиетті дүние-мүлік.* **Атадан қалған мал жоқ** — *бірі еңбекпен табылған д. м.* **Ата жау [дұшпан]** —*ежелгі кегі бар дұшпан.* **Ата жолы** — *ата-бабадан үзілмей келе жатқан жөн-жоба, салт.* **Ата жолын қуды** — *әкелердің салып кеткен жолынан таймады.* **Ата кәсіп** — *үйреншікті шаруа, бұрыннан білетін іс.* **Ата қоныс [мекен, жұрт]** — *ежелгі тұрақ, байырғы мекен-жай.* **Атам заманнан** — *ежелден, баяғыдан.* **Атамнан ары [әрмен]** — *кет, жоғал, көрінбе.* **Ата мұра** — *әкеден қалған дәулет, байлық.* **Атаңа нәлет [лағнет]** — *көгермегір, оңбағыр.* **Атаң дегенім жоқ, енең дегенім жоқ** — *шай десіспеді, жамандаспады.* **Атаңның басы [көрі]** — *оттама, былшылдама д. м.* **Ата сақал аузына біткенше [түскенше]** — *жасы ұлғайғанша, қартайғанша.* **Ата салты** — *ертеден келе жатқан халықтық дәстүр.* **Атасында көрмегенді ботасында көрді** — *бұрын көрмеген қызықты, рақатты енді көрді д. м.* **Ата тегі** — *зәузат, тұқым-тұқияны.*

АТА II 1. *Адамның атын, есімін айту.* Мен бірнеше адамның атын ***атадым*** (Сатаев). 2. *Бір нәрсені біреуге сыйлап, жария қылу, мәлімдеу.* Ербол да бір қара ***атады*** (М.Әуезов). ◊ **Атай көрме** — *азар да безер болды, естігісі келмеді.* **Атап айтқанда** — *нақтылай, дәлелдей түскенде.* **Атап өтті** — *салтанатты түрде тойлады, еске түсірді.*

АТА-АНА *Әке-шеше. Ата-ананың* қадірін балалы болғанда білерсің (Мақал).

АТА-АНАСЫЗ *Тұлдыр жетім, панасыз.*

АТА-БАБА *Бұрынғы өткен әкелер; зәузат.*

АТА-ЕНЕ *Қайын ата мен қайын ене.*

АТАЖАН *Атаны құрметпен айту; атеке.*

АТАЙ *экспр. Ата сөзінің құрметпен айтылуы.*

АТАЙМАН *көне. Белді, күшті, мықты.* Атанып ақындардың ***атайманы,*** Тайқымай талай топты жарып едің (Айманқүл).

АТАКА *Қарулы соғыстағы шабуыл.*

АТАКАЛА *Шабуылға шығу, шабуылдау.* Біздің әскер -п алға ұмтылды.

АТАҚ 1. *Абырой, даңқ, бедел.* 2. *Жаман ат, абыройсыздық.* 3. *Белгілі бір мамандыққа қатысты берілетін дәреже, лауазым.* Ғылыми -, әскери -. 4. *Сіңірген еңбегіне қарай берілетін сый-құрмет.* Ол Еңбек Ері -ғын алды. ◊ **Атағы жайылды [шықты]** — *аты көпке белгілі болды, даңқы шықты.* **Атағы жер жарды** — *дүниені күңіренттті, ел аузына ілікті.* **Атаққа таңды** — *жаман атқа ие болды, сөзге ілікті.*

АТАҚҚҰМАР *Мансапқор, бақұмар.* - кісі.

АТАҚҚҰМАРЛЫҚ *Мансапқорлық, бақұмарлық.*

АТАҚТЫ *Атағы елге жайылған, аты шулы.* - ғалым (күйші, әнші).

АТАҚТЫЛЫҚ *Даңқтылық, әйгілі болушылық.*

АТАЛА I *Суға талқан немесе ұн салып пісірген сұйық ботқа.* Тоқсан көрейін деген жасым ба еді, *Атала* ішейін деген асым ба еді (Мақал).

АТАЛА II *Ата, ата деп айту.* -п мазамды алды.

АТАЛАҚТА *Тайраң-тайраң ету, тайрақтау.* Тайлақ -й жөнелді.

АТАЛАС *Ағайындас, туыстас.* - ағайын.

АТАЛАСТЫҚ *Ағайындастық, туыстастық.*

АТАЛҒЫ *Ағаштың қабығын аршитын қисық пышақ.*

АТАЛМЫШ *Жоғарыда айтып кеткен, сөз етілген.* - жинақ.

АТАЛЫ *Текті, өнегелі.* Ол - жердің қызы. ◊ **Аталы сөз** — *ақылға қонымды сөз, тауып айтылған сөз.*

АТАЛЫ-БАЛАЛЫ *Әке мен бала екеуі.* - екеуі.

АТАЛЫҚ 1. *биол. Жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің аталық жыныс жасаушысы өсіп жетілетін бөлігі.* 2. *Атаға тән ізгі қасиет.* - қамқорлық (сөз, ақыл, ықылас).

АТАМ: атам заманғы — *бұрынғы, баяғы, ежелгі.*

АТАМАН *тар.* 1. *Патшалық Ресей кезінде казак-орыс әскерінде сайланған я сайлаусыз тағайындалған бастық.* 2. *Ауыс. Бұзақылар шайқасының бастығы.* Жол тосып жүргендердің -ы осы көрінеді.

АТАМЕКЕН *Ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.*

АТАН 1. *Төрт жастан асқан піштірілген түйе.* 2. *Ауыс. Үлкен, зор денелі.* Жігіттің -ы осы дерсің. □ **Атан өгіз** — *бес жасар піштірілген ірі қара.* ◊ **Атан түйедей** — *еңгезердей, жардай.* **Атан түйедей қалап алды** — *жатып кеп жабысты, сұрап алды.*

АТАНДАЙ *Арыстай, алпамсадай.* Есік алдында - екі ит жатыр.

АТАНША *Жаңадан піштірілген жас түйе.*

АТАРМАН *тар. Үстем тап өкілдерінің жендет ретінде пайдаланылған қолшоқпар адамы.* Ұлықтың -ы.

АТАРМАН-ШАБАРМАН *көне. Анда-мұнда жұмсап отыратын қолшоқпар адам.* Ханның -дары.

АТАСТЫР *көне. Ескі салт бойынша ұл мен қызды айттырып құда түсу жолы.* Қызын -ып қойған.

АТАСЫЗ *Көргені жоқ, тәжірибесіз, ұлгісіз. Атасыздан* би қойсаң, Босанбас аузы парадан (Алдаспан).

АТАТАЙ *эмоц. Атаға жалыну, жалбарыну.*

АТА-ТЕК *Шыққан негізі, арғы түбі.*

АТАТІЛ *Туыс тілдердің арғы тегі.*

АТАУ I *Белгілі бір заттың сөз арқылы белгіленген аты.* □ **Атау септік** *(грамм.)* — *кім, не деген сұрауларға жауап беретін септеу.* **Атау сөз** *(лингв.)* — *сөздікке алынған реестр сөз.*

АТАУ II *діни. Адамның өлер алдында ішіп-жейтін ең соңғы асы.* Ас ішсең *атауыңдай* іш, Ауырсаң мұрттай үш (Мақал).

АТАУ-КЕРЕ: атау-керенді ішкір! *(қарғ.)* — *ішкенжегенің ас болмағыр.*

АТАУЛЫ I *Бір нәрсенің жиынтық тобы.* Еркек пен әйел *атаулының* ішінде менің ең жақыным өзің ғана (Исабеков).

АТАУЛЫ II *Басты, негізгі.* - мүше (оқиға). □ **Атаулы сан** *(мат.)* — *шаманың сан мәні мен өлшеу бірлігі қосыла жазылатын сан.* **Атаулы сөйлем** *(лингв.)* — *оқиғаға қатысты зат пен құбылысты баяндамай, тек атап көрсететін жай сөйлем түрі.*

АТАУСЫЗ *Ескерусіз, елеусіз, із-түзсіз.* Дерекке кірмей, *атаусыз* кеткен ерлер қаншама (І. Омаров). □ **Атаусыз сан** *(мат.)* — *шаманың тек сандық мәнін білдіретін сан.* □ **Атаусыз қалғыр [кеткір]** — *ұрпақсыз кеткір, бала көрмегір.*

АТАШЫМ *эмоц. Ата сөзінің ізетпен айтылуы.*

АТБАЙЛАР *этногр. Күйеудің атын байлағаны үшін берілетін кәде.*

АТБАЛЫҚ *зоол. Пішіні аттың басына ұқсас балық.*

АТБЕГІ *Бәйге атын тани білетін сыншы, бапкер.*

АТБЕГІЛІК *Атты жаратып баптауды кәсіп етушілік.*

АТЕИЗМ *филос. Ғылыми негізге сүйене отырып, құдайды бекерге шығару.*

АТЕИСТ *филос. Атеизмді қолдаушы, жақтаушы адам.*

АТЕИСТІК *Атеистке тән, соған қатысты.* - тәрбие (насихат, жұмыс).

АТЕКЕ *эмоц. Ата сөзінің құрметпен айтылуы.*

АТЕЛЬЕ *Киім тігушілер мен етікшілердің, сурет шығарушылардың шеберханасы.*

АТЕРОСКЛЕРОЗ *мед. Жүрек қан тамырларының ішкі қабаты ісініп кететін ауру.*

АТЖАЛ 1. *Жер жыртқанда, шөп шапқанда жыртылмай, шабылмай қалған ұзынша жер.* - қалдырмай жырт (шап). 2. *Бөкеске салынған шөп, егін.* 65 гектар арпаны -ға түсірді. 3. *Ауыс. Ұзыншалап үйілген, жиналған.* - қып төккен ақ бауырсақ.

АТЖАЛДА *Қырын шығарып, ұзыншалау.* Жерді қазып, төбесін *атжалдап* қарағанмен жапқан (Ғ. Мүсірепов).

АТЖАЛМАН *зоол. Ауылшаруашылығына көп зиян келтіретін жоны күрең, бүйірі қызғылт тышқан.*

АТКОМ *Атқару комитеті дегеннің қысқартылып айтылған түрі.*

АТ-КӨЛІК *Жол жүруге, жұмысқа қажетті күш көлік, жабдық.* Жігіттер -тері мен соқа-саймандарын әзірлеп қойды. ◊ **Ат-көлігің аман ба?** — *амандық-саулық сұрасты, хал-жайын білісті.*

АТКӨПІР *Бірінің үстіне бірі үйіліп төгілген, қалың боп төселген.* - болып, үйіліп жатыр.

АТҚАҚТА *Жүректің шамадан тыс қатты соғуы.* Жүрегі *атқақтап* аузына тығылды.

АТҚАМІНЕР *экспр. Ел билігіне араласушы адам, белсенді әкім.* Ол — ауыл -лерінің бірі.

АТҚАМІНЕРЛІК *Шолақ белсенділік, әкімдік.*

АТҚАР 1. *Белгілі бір жұмысты істеп шығу, орындау.* Әрқайсымыз өз қызметімізді -а береміз. 2. *Белгілі бір борышты, міндетті өткеру, өтеу.* Екеуіңнің тойыңды өз қолымнан *атқарып*, ақ батамды берем (Жәкенов).

АТҚОНАҚ *бот. Шоғырлана өсетін, сабағы биік көп жылдық екпе шөп.*

АТҚОСШЫ 1. *Жол жүрген жолаушының қасына ерген ат күтушісі, жәрдемшісі.* Бұл әкесінің -сы. 2. *Әскер басшысының қызмет бабындағы тапсырмаларын орындауға тағайындалған офицер: адъютант.*

АТҚОСШЫЛЫҚ *Атқосшы болып қызмет атқарушылық.*

АТҚУЫЛДА *Атқып шығу, шапшу.*

АТҚҰЛАҚ *Қымыздық туысына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

АТҚҰМАР *Атқа мінуді жақсы көретін, атжанды.* ~ адам.

АТҚҰМАРЛАУ *Атжандылау.* ~ бала (жігіт).

АТҚҰМАРЛЫҚ *Атжандылық, атты жақсы көрушілік.* Көрешекті ~тан көрдім.

АТҚЫ 1. *Сұйық заттың жоғарыға шапшуы.* Жарылған құбырдан су ~п жатыр. 2. *Атылу, ыршу, оргу.* Ол далаға ~п шықты.

АТҚЫЛА 1. *Дүркін-дүркін оқ шығару, үсті-үстіне төпеу.* Зеңбірекпен үсті-үстіне ~ды. 2. *Сұйық заттың жоғары қарай шапшуы, ытқып шығуы.* Жер астынан ~п су шығып жатыр.

АТҚЫШ 1. *Атқан оғын дәл тигізе білетін, мерген.* Өзі де ~ жігіт еді. 2. *Атқыштар армиясының әскери қызметкері.* Ол ~тар батальонында істейді.

АТҚЫШТЫҚ *Мергендік, дәл көздеп атушылық.*

АТЛАС I 1. *Карталар, сызбалар, кестелер т. б. жинағы.* 2. *Жоғары сапалы қағаз сорты.*

АТЛАС II *Бір жақ беті жылтырауық жібек мата.* ~ халат (көйлек, көрпе).

АТЛЕТ *спорт. Атлетикамен шұғылданатын адам.*

АТЛЕТИКА *спорт. Шыдамдылыққа, тәсілқойлыққа, күштілікке жаттықтыратын дене шынықтыру ісі.*

АТ-МАТЫМЕН *Атпен қоса, атымен бірге.* Ол ~ домалап түсті.

АТМОСФЕРА 1. *астр. Жерді қоршап тұрған газ қабаты.* 2. *физ. Биіктігі 760 мм сынап бағанасына тең қысым күшінің өлшем бірлігі.* 3. *Ауыс. Қоршаған орта, айналадағы жағдай.*

АТМОСФЕРАЛЫҚ *Атмосфераға тән.* ~ жауын-шашын (қысым, құбылыс).

АТОЙ 1. *Жауға қарсы лап қойған аттаныс, шабуыл.* ~ға күні бұрын әзірлендік. 2. *Жаугершілікте атты аламандардың бір-біріне алыстан ойқастап белгі беруі.* ◊ **Атой берді [салды]** — *ат қойып шабуылға шықты, дабыл қақты.*

АТОЙЛА 1. *Ұран сап, шабуылға шығу.* Оң бүйірден тағы бір жүз қаралы адам *атойлап* шыға келді (Тұрлыбаев). 2. *Ауыс. Лап қою, атылу.* Ағылған сел қалаға қарай *атойлай* жөнелді (Жұмақанов).

АТОМ 1. *физ. Заттың өте кіші бөлшегі.* 2. *хим. Химиялық элементтің өте ұсақ бөлшегі.*

АТОМГЕР *эмоц. Атом бомбасын жасаушы, атомды қолдануды жақтаушы адам.*

АТОМДЫҚ *Атомға тән қасиет.* ~ салмақ (реактор, қондырғы, соғыс).

АТОМОХОД *Ядролық күш қондырғысы қойылған кеме.*

АТОМШЫ *Агрессиялық мақсатпен атом қаруларын адам баласына қарсы жұмсауға тырысатын адам.*

АТПА *кәсіби. Егінге су шығаратын қарапайым құрылғы.* Суды жар басына шығару үшін үлкендер *атпа* қаза бастады (Қанахин). □ **Атпа найза** — *аңшылық құралы, соғыс қаруы.*

АТПАЗ *Ат сыншысы, атбегі. Атпаз* көрген ат таныр, Үстаз көрген хат таныр (Мақал).

АТПАҚЫЛ *Асық ойыны.* ~ ойнадық.

АТПАЛ *Қажырлы, ширақ, ірік.* Қасына сай тасындай *атпал* жігіттерден топ жинап берген (Райымқұлов).

АТПАЛА *Суды атпа арқылы шығару.* Тарыны ~п суарды.

АТРИБУТ 1. *филос. Зат пен құбылыстың өзінен бөлінбес қасиеті, ерекшелігі.* 2. *грамм. Сөйлемнің анықтауыш мүшесі.*

АТРОПИН *фарм. Меңдуана, итсигек өсімдіктерінен алынатын дәрі.*

АТРОФИЯ *мед. Әр түрлі жағдайлардың әсерінен бір ағзаның қалыпты көлемінен кішірейіп қалуы, семуі.*

АТ-САЙМАН *Қамыт-сайман, ат-тұрман.* ~ын әзірледі.

АТСЫРА I *Атқа мінгісі келу, атты қажетсіну.*

АТСЫРА II *Не істерін білмей тоқырап қалу.* Бәрі де жеңілгенде дәлелден *атсырап,* жүйеге жығылады (М.Әуезов).

АТТА 1. *Аяқ басып жүру.* Ол бір ~п тоқтап қалды. 2. *Бір нәрсенің үстінен аяқты кере адымдау.* Бала отыннан ~п өтті. 3. *Ауыс. Өмірге араласу, ілесу.* Еңбек табалдырығынан бірге *аттайық* (Неталиев).

АТТАЙ *Табаны күректей, бақандай.* ~ он жыл (қырық жыл өтіпті). ◊ **Аттай желді** — *құрдай жорғалады, аяғы аяғына тимеді.* **Аттай қалап алды** — *өтініп, тіленіп сұрады.* **Аттай шұлғысты** — *бас иісіп мақұлдасты, өліп-өшті.*

АТТАМ: аттам жер — *тиіп тұр, тым жақын д. м.*

АТТАМАЛА *Бірінен-біріне аттау, адымдау.*

АТТАН I 1. *Жолға шығу, жол жүру.* 2. *Жорыққа сайланып шығу, соғысқа кету.* Әкесі майданға ~ды.

АТТАН II *көне. Ұран салып, дабыл қағу. Аттан!* Аттан! жау келіп қалды! (Есенберлин). ◊ **Аттан салды** — *айқай салды; ұрандады.*

АТТАНДА *Аттан салып айқайлау, ұран салу.* Бақтыбай **аттандап,** бүкіл ауылды тік тұрғызды (С. Жүнісов).

АТТАНЫС *Жапа-тармағай шабуыл, науқан.* Аз күнде мол астық үшін ~ басталғалы тұр.

АТТАС 1. *Бір есіммен аталатын; адас.* ~ адамдар. 2. *Бір атпен аталынатын.* Бір *аттас* заряд-тар бірін-бірі тебеді (Физика).

АТТАШЕ *дипл. Дипломатиялық өкілділіктердегі кіші қызмет орны.* Әскери ~, сауда ~сі.

АТТЕСТАТ *Оқу орнын бітіргені үшін берілетін куәлік.*

АТТЕСТАТТАУ *Біреудің білімі мен іскерлігі туралы пікір, қорытынды.*

АТТЕСТАЦИЯ *Іскерлік, мамандық туралы мінездеме.*

АТ-ТОН *Мінер ат, киер киім-кешек.* ~ы сай (даяр). □ **Ат-тон [шапан] айып (көне)** — *ескі дәстүр бойынша төленетін айып.* ◊ **Ат-тонын ала қашты** — *азар да безер болды, аза бойы қаза болды.*

АТТРАКЦИОН *Жұртты қызықтыратын цирк, эстрада ойындары.*

АТ-ТҰРМАН *Ат сайман, ер тұрман. Ат-тұрманымызды* сайлап, үш-төрт күн аялдадық (Тоқжігітов).

АТ-ТҮЙЕДЕЙ: ат-түйедей қалады — *жабысып сұрап алды, қалады.*

АТТЫ *Ат мінген, астында аты бар.* ◊ **Аттыға жол, ауыздыға сөз бермейді** — *сөзуар, сөзшең.*

АТТЫЛЫ-ЖАЯУЛЫ *Ат мінген, жаяу жүрген, аралас-құралас.* ~ бір топ адам келе жатыр.

АТУ-АСУ *Қырып-жою, езіп-жаншу.*

АТҰЛТАН *көне. Жандайшап, барып кел, шауып кел.* Ақтайдың айналасында ***атұлтан*** болып жүрген жалаң төстер бірталай (Көшімов).

АТҰСТАР *этногр. Еркек бала, ұл.*

АТШАБАР *көне. Би-болыстың, ұлықтың жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы, шабарман.* Атын танаулатып, ~ да жетті.

АТ-ШАПАН *этногр.* 1. *Құрметті адамға берілетін сыйлық, тарту.* 2. *Кінәлы адамға салатын айып. Ат-шапан* айып салды.

АТШОҢҚАЙ *Қоғаның ақ сүйрік тамыры.* Араларында ***атшоңқай*** жеп жатқан көрінеді (Нәжімеденов).

АТШУ *Түйені жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.*

АТШЫ *Ат бағатын, ат айдаушы адам.*

АТШЫЛЫҚ *Ат бағушылық, атқосшылық.*

АТЫҒЫРЫЛ *Жұлыну, тыпыршу, тықыршу.* Жылтыр қунақ құланша ***атығырылып*** тұрғаны (Аймауытов).

АТЫ-ЖӨНІ *Кім екендігі, өзі мен әкесі туралы мәлімет.* ~ кім? ◊ **Аты-жөні жоқ** — *бас жоқ, көз жоқ; бет алды, жөн-жосықсыз.*

АТЫЗ *кәсіб. Суаратын егіс танабының шахмат түрінде жасалған көрінісі.* Кең ***атызды*** ұсақ атыздарға тор көздеп бөлді (С.Мұқанов).

АТЫЗДА *Атыз жасау, атыз-атызға бөлу.*

АТЫЗДАЙ: көзі атыздай болды — *үрейі ұшып, қорқып кетті.*

АТЫҚТЫР *Атын қайталап айтып, аузын (құлағын) үйрету.*

АТЫМ *Бір ататындай өлшем, мөлшер.* Қарт алақанына насыбайдың соңғы ***атымын*** салып алды (Жұмаділов).

АТЫМЕН *Мүлде, тіпті.* ~ жоқ (көрінбейді).

АТЫРАП *Өлке, өңір, аймақ.* Осы ~та өскен.

АТЫРАУ *Өзеннің көлге, теңізге құяр сағасы.* Жайық өзенінің ~ы.

АТЫРЫЛ *Ышқынып атылу, ытқу.* Аты ~ып аспанға қарғыды.

АТЫРЫН *Секектеп үркү, ыршу.* Жас қыз еліктің лағындай ~ып тұр.

АТЫС *Ұрыс, соғыс.* Қала шетінде ~ болып жатыр.

АТЫСПАҚ *Соғыспақ, ұрыспақ.* Үйреніскен жау ~қа жақсы (Мақал).

АТЫСТЫР *Біреуді біреуге айдап салу, өшіктіру, жауластыру.* Біріне бірін ~ып қойды.

АТЫС-ШАБЫС *Қырқыс, жанжал, шатақ.*

АТЫСЫП-ШАБЫСЫП *Кескілесіп соғысу, жан аямай ұрысу.* Әскерлер айналасын ор қып қазып, ~ жатыр.

АУ I 1. *Балық ұстайтын үлкен сүзгі тор.* ~ салды. 2. *Құс ұстауға арналған тұзақ тор.* Қыран ~ға түсті. ◊ **Ау майлансын (тілек)** — *торға балық көп түссін, олжалы бол.*

АУ II *Бұт киімнің екі балағының түйіскен жері.* Шалбарының ~ы салақтап кеткен. ◊ **Ауы атқа, аузы аққа (асқа) жарымаған** — *тойып тамақ ішпеген, кедей.* **Ауынан қағынған** — *қатыны өле берстін еркекке айтылады.*

АУ III 1. *Көліктің үстінен жүктің бір жағына қарай лықсып түсуі, ауытқуы.* Жүк ~ып кетті. 2. *Белгілі бір шамадан, межеден асу.* Ол түс ~а жетті. 3. *Ауысу, өту, көшу.* Байдың жылқысы артельге ~атын болды. 4. *Мекен-жайын тастап, басқа жаққа қоныс аудару.* Әкем 1916 жылы Қытай ~ып барады. ◊ **Ауа жайылды** — *бетімен кетті, қисынсыз сөйледі.*

АУ IV 1. *Шақырғанға берілетін жауап сөз.* — Балам-***ау***. 2. *Жұрттың назарын өзіне қарату үшін айтылатын ишарат сөз.* — ***Ау***, жігіттер!

АУА *Жан-жануар мен өсімдіктің тіршілік етуіне өте қажетті, түссіз, иіссіз зат.* Таза ***ауа*** жұтты. □ **Ауа райы** — *белгілі бір уақыттағы атмосфералық жағдай, күн реңі.*

АУАДАЙ *Ауа сияқты, ауа тәрізді.* ~ жеңіл (түссіз). ◊ **Ауадай қажет** — *өте ділгір, қажет.*

АУАН *Ығай, икем, ырық.* Жолдасымның ~ына қарадым.

АУГЕР *Аңқұмар, аушы.* ~ адам.

АУҒАН *Ауғаныстанның негізгі халқы.*

АУҒЫН I *Ауып келген, босқын.* ~ бөкен.

АУҒЫН II *Тиелген жүктің бір жағына ауып кетуі.*

АУҒЫШТА *Қайта-қайта ауа беру.*

АУДАН 1. *Экономикалық, географиялық белгілеріне қарай бөлінген белгілі бір аймақ.* Өндірісті ~, ауылшаруашылық ~. 2. *Бір облысқа қарайтын жердің әкімшілік-территориялық жағынан бөлінген бөлігі.* ~ға кетті, ~да жүр. 3. *геом. Геометриялық фигураларды мөлшер жағынан сипаттайтын негізгі математикалық шамалардың бірі.* ~ның өлшеу бірлігі: шаршы см, шаршы м, шаршы км, т. б.

АУДАНАРАЛЫҚ *Аудан мен аудан арасында болатын, өтетін.* ~ жарыс.

АУДАНДА *Аудан-ауданға бөлу.*

АУДАНДАС *Бір ауданда тұратын, жерлес.* ~ жігіт.

АУДАНДАСТЫР *Белгілі бір ауданға бейімдеп үйрету, жерсіндіру.* Қойды тұқымына қарай ~ған жөн.

АУДАНДЫҚ *Аудан көлеміндегі, ауданға тән.* ~ әкім.

АУДАР 1. *Бір нәрсенің астын үстіне шығарып қопару.* Жер ~ды. 2. *Бір нәрсені олай-бұлай төңкеру, аударыстыру.* 3. *Бір нәрсені құлатып алу.* Ол арбасын ~ып алды. 4. *Бір жерден екінші бір жерге көшіру.* Алманың көшетін ~ып отырғызды. 5. *Бір тілден екінші бір тілге көшіріп айтып беру, баяндау.* Орысшадан қазақшаға ~ды. 6. *Бір нәрсенің бағыт-бағдарын басқа жаққа бұру, бағыттау.* Ол әңгімені басқа жаққа ~ды. 7. *Ауыс. Кінәны біреуге арту, жабу.* Бар бәлені досына ~ды. 8. *Күшпен көшіру, сүргінге ұшырату.* Байларды жер ***аударды***.

АУДАРМА *Бір тілден екінші бір тілге жазбаша немесе ауызша аударылған текст.* Еркін ~, сөзбе-сөз ~.

АУДАРМАШЫ *Бір тілден екінші тілге аударумен шұғылданатын адам.*

АУДАРМАШЫЛЫҚ *Аударманы кәсіп етушілік, аудармамен шұғылданушылық.*

АУДАРЫП-ТӨҢКЕР *Астын-үстіне шығару, тәптіштеп қарау.* ~іп қарады.

АУДАРЫСПАҚ *Қазақ халқының ат үстінде тартысып ойнайтын спорт ойыны.* ~ ойнадық.

АУДАРЫСТЫР 1. *Бір нәрсені астын үстіне шығарып араластыру.* Шешем етті ~ып қояды.

2. *Бір нәрсені олай-былай ашып-жауып көру.* Ол қағаздарын парақтап ~а бастады.

АУЖАЙ *Ыңғай, жай-жапсар.* Өкесінің ~ын бақты.

АУЖАЙЛА *Байыптау, абайлау.* ~п жан-жағына қарады.

АУЖАЛ 1. *Талшық, талғажау.* Осыны ~ қыла тұрыңдар. 2. *Ауыс. Қуат, күш, демеу.* Жабырқасам жаныма жәрдем берген сол *аужал* (Орманов).

АУЖАР 1. *көне. Ұзатылған қыздың тойында айтылатын өлең, жыр.* Жастар ~ айтты. 2. *Бір беткей, оңды-солды сөйлейтін адам.* Ол ~ адам еді.

АУЗЫ-АУЗЫНА: аузы-аузына жұқпады — *жыпылдатып тез сөйледі.*

АУЗЫ-БАСЫ *Бет-аузы.* ~ қан болды.

АУЗЫ-МҰРНЫ *Аузы мен мұрны.* ~н таңып алды. ◊ **Аузы-мұрны қисаймай** — *ұялмай-қызармай.*

АУКЦИОН *Көпшілік алдында кім бағаны асырса, соған сатылатын бәсеке сауда.*

АУҚАТ 1. *Хал-жағдай, тұрмыс-жай, дәулет.* ~тары жаман емес. 2. *жерг. Тамақ, ас.* Қатқан нан жігіт адамға ~ бола ма?

АУҚАТТАН 1. *Тұрмысы жақсару, әлдену, баю.* Олар бұрынғыдай емес, ~ып кетті. 2. *Ас ішу, тамақтану.* ~ып алған соң, жүріп кеттік.

АУҚАТТЫ *Дәулетті, әлді, тұрмыстылау.*

АУҚАТТЫЛАУ *Дәулеттілеу, тұрмыстылау.*

АУҚАТТЫЛЫҚ *Дәулеттілік, тұрмыстылық.*

АУҚАТТЫРАҚ *Ауқаттылау; тұрмысты.* ~ тұрады.

АУҚЫМ 1. *Бір нәрсенің көлемі, мөлшері, шеңбері.* Олар шөптің ~ын байқады. 2. *Ыңғай, ырық, ықпал.* Әлібек елдің *ауқымын* байқаған соң, ойыса сөйледі (Әбілев).

АУҚЫМДА *Істің шеңберін кеңейту, ұлғайту.*

АУҚЫМДЫ *Үлкен, кең; көлемді.* Соншама ~ емес.

АУҚЫМДЫЛЫҚ *Көлемділік, кеңдік.*

АУЛА I *Үй айналасындағы, құрылыс төңірегіндегі қоршалған жер.* Аттарды ~ға кіргізіп жатыр.

АУЛА II *Аңды атып, айламен ұстап, қолға түсіру.* Балық ~ды, аң ~ды.

АУЛАҒЫРАҚ *Алыстау, жырағырақ.* Ауылдан ~, іргесін ~ салды.

АУЛАҚ 1. *Қашық, жырақ, алыс.* Елден ~ алып кетті. 2. *Оңаша, бөлек, дербес.* Уақыт та материядан ~ өмір сүрмейді.

АУЛАҚТА *Қашық кету, алыстау, жырақтау.* Ел көзінен ~дық.

АУЛАҚТАУ *Жырақтау, қашығырақ.* ~ жер, орталықтан ~.

АУЛАЛАС *Бір аулада, ауласы бір.* ~ достары.

АУЛАЛЫҚ: аулалық клуб — *қорада, аулада мәдени-ағарту шараларды өткізетін қоғамдық орын.*

АУМА I *Бір жақтан ауып келген; тұрғын емес.* Онда мен сияқты *аума* екенсіз ғой (Рүстемов).

АУМА II 1. *Бұлжымау, өзгермеу.* Айтқандары ~й келді. 2. *Тап өзі, айнымаған, тартқан.* Ол ~й шешесіне тартқан.

АУМАҚ *Ауқым, көлем, мөлшер.* ~ғы онша үлкен емес.

АУМАҚСЫЗ *Көлемі шағын, кіші.* ~ көл.

АУМАҚТАН *Өсу, үлкею, зораю.* Жас қала ~ып өсіп келеді.

АУМАҚТЫ *Көлемді, ауқымды.* ~ жер.

АУМАҚТЫЛАУ *Қомақтылау, көлемдірек.*

АУМАҚТЫРАҚ *Үлкендеу, аумақтылау.*

АУМАЛЫ *Тұрақсыз, құбылмалы.* ~ дүние.

АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ *Өзгермелі, айнымалы.* ~ заман.

АУМИН *діни. Тілеген тілегің қабыл болсын деген ишарат сөз.* ~ деп бата қылысты.

АУНА 1. *Бір жағына қарай аударылып түсу, құлау.* 2. *Біресе олай, біресе былай аунақшу.* Ат *аунаған* жерде тұк қалады (Мақал).

АУНАҚШЫ *Әрлі-берлі аударылу, дөңбекшу.* Апам таң атқанша ~ды.

АУНАП-ҚУНА 1. *Жатып-тұрып бой жазу.* Қаншық салқын қарға *аунап-қунап* алды (Елубаев). 2. *Ауыс. Қыдырыстап демалу, тыныгу.* Туғантуыстарыма *аунап-қунап* қайтуға келген бетім (Т. Ыдырысов).

АУРУ 1. *Ағзаның тіршілік ету, өсіп-өну қабілетінің бұзылуы. Ауру* батпандап кіріп, мысқалдап шығады (Мақал). 2. *Науқас адам, дімкәс кісі.* ~ өле-өлгенше жаннан дәмелі. 3. *Ауыс. Жаман әдет, жағымсыз қылық.* Рушылдық — *ауру.*

АУРУЛЫ *Кеселді, дертті.* ~ адам.

АУРУЛЫҚ *Ауруға шалдығушылық, дімкәстік.*

АУРУ-СЫРҚАУ *Кесел, дерт.* Шыныққан дене ~дан ада.

АУРУЛЫ-СЫРҚАУЛЫ *Дімкәс, науқас, жарымжан.* ~ үй.

АУРУХАНА *Ауырған адам жатып емделетін орын.* ~ға жатты.

АУРУШАҢ *Жиі ауыратын, көп ауыра беретін.* ~ кісі.

АУРУШАҢДЫҚ *Жиі ауыра беретіндік.*

АУСАР *Есерсоқ, жындыкеш, ожар.* мінезі ~.

АУСАРЛАН *Есерсоқтану, жындану.* Тәйт әрі, *аусарланбай!* (М.Әуезов).

АУСАРЛАУ *Есерсоқтау, жындыкештеу.* ~ адам.

АУСАРЛЫҚ *Есерсоқтық, жындысұрейлік.*

АУСЫЛ *Аша тұяқтыларда, көбінесе сиырда болатын жұқпалы ауру.* Сиырлар ~ болды.

АУТ *спорт. Ойын кезінде доптың алаңнан шығып кетуі.*

АУТСАЙДЕР *спорт. Чемпионатқа қатысқандардың ішіндегі ең соңғы орында келе жатқан команда немесе спортшы.*

АУХАУ *Сиырды шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

АУХАУЛА *Сиырды аухау-аухау деп шақыру.*

АУШАДИЯР *көне. Ұзатылғалы отырған қызға үгіт, насихат түрінде айтылатын жыр.* Бұрын қыз ұзату тойында *"Аушадияр"* деген салт жырлары айтылушы еді ("Қаз. әдеб.").

АУШЫ *Ау құрып, балықты кәсіп еткен адам.*

АУЫЗ 1. *Адам мен жан-жануарлардың тамақтанатын мүшесі.* 2. *Сөйлеу мүшесі, дыбыстау аппараты. Аузы* жаман елді былғар, Аяғы жаман төрді былғар (Мақал). 3. *Ауыс. Адам, кісі, жан.* Көп *ауыз* біріксе, бір *ауыз* жоқ болар (Мақал). 4. *Бір нәрсенің кіріп-шығар жағы, есігі.* Қақпаның **аузын** бекітті. 5. *Бір нәрсенің ашық жағы.* Қаптың **аузын** байлады. 6. *Бір нәрсенің үстіңгі беті, қылқа мойны.* Бөтелкенің *аузын* ашты. □ **Ауыз әдебиет** — *ел арасына тараған әдеби нұсқа; фольклор.* **Ауыз бөлме [үй]** — *кіре беріс жақтағы бөлме.* **Ауыз жолды үнді** (*лингв.*) — *дыбысталғанда фонациялық ауа ауыздан шығатын дауыссыз дыбыс.*

Ауыз қобыз — *ауызбен тартатын қобыз.* **Ауыз омыртқа** (*анат.*) — *мойынмен жалғасқан ең шеткі омыртқа.* **Ауыз су** — *ішуге жарайтын тұщы су.* **Ауыз хабар** — *ауызекі естіген мәлімет.* ◊ **Аузы аққа тиді** — *айран-сүтке жарыды, тойынды.* **Аузы ашақ болды** — *жер соғып қалды, тотиды.* **Аузы асқа, ауы атқа тиді** — *бірдеңеге енді-енді қолы жетті.* **Аузы ашық** — *ораза ұстамаған.* **Аузы бармады** — *айтуға батылы жетпеді, жүрегі дауаламады.* **Аузы берік** — *ораза ұстаған, аузы ораза.* **Аузы дуалы** — *көріпкелі бар, айтқаны келгіш.* **Аузы жаман** — *бейпіл ауыз, бей ауыз.* **Аузы кепті** — *ақсыз қалды, сауыннан айырды.* **Аузы күйді** — *бір нәрсені айтамын деп, таяқ жеді.* **Аузымды қышытпа** —*жыныма тиме, еріксіз сөйлетпе.* **Аузымен құс тістеген** — *қашса құтылып, қуса жететін өрен жүйрік.* **Аузымен орақ орады** — *тілі мен жағына сүйенген, қу жақ.* **Аузы-мұрнынан шығып отыр** —*ай-күніне жетті, босанар уақыты болды.* **Аузына ақ ит кіріп, қара [көк] ит шықты** — *аузына келгенін айтты, айтпағанды айтты.* **Аузына алмады** — а) *дәмін татып көрмеді;* ә) *айтпады, атамады.* **Аузына қаратты** — а) *жұртқа әмірін жүргізді, билеп-төстеді;* ә) *өнерімен жұрттың көңілін тапты, таң қалдырды, елітті.* **Аузына құм құйылды** — *үндемей қалды.* **Аузынан дұр шашты** — *сөз маржанын төгілтті, ағылтты.* **Аузынан қағынды** —*тілінен тапты, сөзінен ұсталды.* **Аузынан мәйегі арылмаған** — *ана сүті аузынан кетпеген, жап-жас.* **Аузынан жалын атып тұр** — *жан-жағын жайпап ешкімді беттетпеді.* **Аузынан жырып әкетті [берді]** — *бермесін берді, барын аямады.* **Аузынан мәйегі шыққан** — *уыздай жас, уылжып тұрған.* **Аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен** — *боз өкпе, ынжық.* **Аузынан суы ақты** — *ұйып тыңдады, қызықты.* **Аузынан тастамады** — *үнемі айтып жүреді, есінен шығармады.* **Аузынан түскендей** — *сойып қаптап қойғандай, айнымай тартқан.* **Аузын арандай ашты** — *жалмап, жұтып қоймақшы болды.* **Аузына сөз салды** — *сөзбен дежеп жіберді, көмектесті.* **Аузына сөз тұрмайды** — *естіген-білгенін айтып қояды.* **Аузына су тамызды** — *ауырған адамға қарайласты, қарасты.* **Аузына тосты** — *барын берді, аямады.* **Аузын аштырмады** — *сөз айтуға мұршасын келтірмеді.* **Аузын ашпады** — *ешбір сұраққа жауап бере алмады, үндемеді.* **Аузын ашып, көзін жұмды** — *таң-тамаша болды, таң қалды.* **Аузын бақадай ашырды** — *зәресін ұшырды, үрейін алды.* **Аузын бақты** — *байқап сөйледі, абайлады.* **Аузын буған өгіздей** — *жұмған аузын ашпады, тіс жарып ештеңе демеді.* **Аузын қайыстай созды** — *бәлсініп, керіліп-созылып сөйледі.* **Аузынан қақты** — *еш нәрсе ішкізбеді, жегізбеді.* **Аузынан қара қан ағызды** —*ұрып-соқты, текпіледі.* **Аузын құ шөппен сүртті** —*пейілі тарылды, бардың өзін жоқ деді.* **Аузын майлады** — *пара беріп үндетпей тастады.* **Аузын сылп еткізді** — *таңырқады, таңданды.* **Аузын үріп, аяғын сыпырған** — *қолда өскен (төл малы).* **Аузын шиедей қылды** — *аузын басын қан жалатты.* **Аузының дауасы жоқ** — *сөзінде тұрақ жоқ, жақсы айтты деп сүйініп, жаман айтты деп күйінуге болмайды.* **Аузының келі бар** — *сөзге ұста, ділмар.* **Аузының салуы салымы] бар** — *бірдеңе орала кеткіш, несібелі.* **Аузының суы құрыды** — *соншалықты құмартты, ынтықты.* **Аузыңа май** — *айтқаның келсін.* **Аузыңды ауыртпа** — *әуре болма, босқа әрекептенбе.* **Аузың қайсы десе мұрнын көрсетеді** — *тұқ білмейтін топас, надан.* **Аузы ораза** (*діни.*) — *ауыз бекіткен, ораза ұстаған.* **Аузы сараң** — *көп сөйлемейді, сыр шашпайды.* **Аузы түкті** (*діни.*) — *мұсылман емес, кәпір.* **Аузы тыным таппады** — а) *аузынан ас кетпеді;* ә) *көп сөйледі.* **Аузы уәлі** — *айтқаны келгіш, дуалы.* **Аузы уылды** — *ауыздың ағарып ауруға ұшырауы.* **Ауыз ашпады** — *үндемеді, қарсы келмеді.* **Ауыз ашты** (*діни.*) — *ораза кезінде кешкі уақытта тамақ ішті.* **Ауыз ашырмады** — *бет бақтырмады, үндетпеді.* **Ауыз байлық** — *құр сөз, бос үәде.* **Ауызбен айтып жеткізе алмады** — *мақтауға сөз таба алмады.* **Ауызға ілікті** — *аты шығып, белгілі бола бастады.* **Ауыздан алғысыз** — *дәмді, тәтті, тұшымды.* **Ауыздарына түкіріп қойғандай** — *бірін-бірі айнытпай қайталады, келісіп алғандай сөйледі.* **Ауыз жаласты** — *әкей-үкей болды, сырлас болды.* **Ауыз жаппады** — *сөзді үстіүстіне соқты, төпеді.* **Ауыз жарымайтын** — *мардымсыз, құнарсыз, өнімсіз.* **Ауыз жиып алғанша** — *лезде, тез, жылдам.* **Ауыз қалжың** — *жеңілжелпі әзіл.* **Ауыз салды** — *жармасты, жабысты; тап берді.* **Ауыз тамыр** — *жол-жөнекей күнделікті кездесіп жүретін таныс адам.* **Ауыз татырлық** — *мардымды, құнарлы, жартымды.* **Ауыз тиді** — *аздап тамақ ішті, дәм татты.* **Ауыз толарлық [тұшырлық]** — *мақтауға тұрарлық, айтарлықтай.*

АУЫЗАШАР *діни. Ораза ұстаған адамның кешкі тамақ ішер мезгілі.* ~ кезінде бір ауылға келіп жеттік.

АУЫЗБА-АУЫЗ *Көзбе-көз, бетпе-бет, бірмебір.* ~ әңгімелестік.

АУЫЗБАСТЫРЫҚ *Біреудің аузын жауып сыр шаштырмау үшін берілетін сыйлық, ақы.* ~ бермесең, сырыңды елге жаямын.

АУЫЗБІРЛІК *Тату-тәттілік, ұйымшылдық.* ~ керек.

АУЫЗБІРЛІКТІ *Ұжымшыл, ынтымақты.* Екеуі ежелден ~.

АУЫЗҒЫ *Үй ішіне кіре берістегі, алдыңғы.* ~ бөлме (үй).

АУЫЗДАН 1. *Бала мен жас төлдің емшек емуге дағдылануы.* Қозы ~ды. 2. *Жүйрік иттер мен қыран құстарды аң аулауға баулып үйрету, машықтандыру.* Иттерім аңға ~ды. 3. *Ауыс. Бір нәрсеге тәрбиелеу, баулу.* Туғаннан ұрлыққа ~ды.

АУЫЗДАН-АУЫЗҒА: ауыздан-ауызға тарады — *бірден-бірге елге жайылды, мәлім болды.*

АУЫЗДЫ *Сөзшең, сөзуар, айтқыш (адам).* ◊ **Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеді** — *ешкімді беттетпеді, ауыз ашырмады.*

АУЫЗДЫҚ I *Жүгеннің ат аузына салынатын темір бөлігі.* Аттарының ~ғын алды. ◊ **Ауыздықпен алысты** — *аласұрып жанын жеді, ойнақшып тұра алмады.*

АУЫЗДЫҚ II *Адамның езуіне шыққан ұшық, жара.* Баланың аузына ~ шығыпты.

АУЫЗДЫҚСЫЗ 1. *Ауыздық салынбаған.* ~ ат. 2. *Ауыс. Бетімен кеткен, жүгенсіз.* ~ өскен.

АУЫЗДЫҚТА 1. *Аттың ауыздығын салып жүгендеу.* 2. *Ауыс. Тежеу, тыю, тізгіндеу.* Арыз-

қойлық сүйегіне сіңген адамдарды *ауыздықтамаса* болмас (Тоғысбаев).

АУЫЗЕКІ *Ауызба-ауыз, ауызша.* ~ сөйлесті. □ **Ауызекі тіл** — *әдеби тілдің ауызба-ауыз сөйлеу кезінде көрінетін стильдік түрі.* ◊ **Ауызекі сөйлесті** — *екі адам жүзбе-жүз, бетпе-бет әңгімелесті, тілдесті.*

АУЫЗША *Ауызекі түрде, сөз жүзінде.* Өлеңжырды ~ айтты (шығарды).

АУЫҚ 1. *Бір жағына ауыңқы, басыңқы.* Артқан шөбі бір жағына ~. 2. *Бір кезек, кейде.* Бір ~ ән тыңдайық.

АУЫҚ-АУЫҚ *Әлсін-әлі, мезгіл-мезгіл.* ~ үрген иттің үні шығады.

АУЫЛ 1. *Көшпелі дәуір кезіндегі рулық, тайпалық одақтардың шағын тобы.* Көгалды қуалай қонған қараша **ауылдар** отыр (Мұстафин). 2. *Белгілі бір ауылда тұратын халық, ел-жұрт. Ауыл* әлі жата қоймапты (Құттыбаев). 3. *Отырықшы болып, ұжымдасқан шаруалардың қыстағы.* Қалада оқысам да, *ауыл* өмірін жақсы білемін (Оразақов). □ **Ауыл ағасы** — *елдің бас көтерер беделді азаматы.* ◊ **Ауыл аралас, қой қоралас** — *аралас-құралас болды; көршілес, іргелес.* **Ауыл итінің құйрығы қайқы (жоғары)** — *әркім өз жерінде мық-ты, батыл д. м.* **Ауылы алыс** — *қатысы жоқ, жанаспайтын.*

АУЫЛ-АЙМАҚ *Бүкіл ауыл жарандары, елжұрт.* ~ғымен келді.

АУЫЛАРАЛЫҚ *Ауыл мен ауыл арасындағы.* ~ байланыс.

АУЫЛДАС *Көрші-қолаң, ауылы бір.*

АУЫЛДАСТЫҚ *Бір ауылда көрші тұрушылық.*

АУЫЛДЫ: ауылды жер — *ауылда тұратын, ауыл тұрғындары.*

АУЫЛДЫҚ *Ауылға тән, ауылға тиісті.* ~ жер (мектеп, кеңес).

АУЫЛНАЙ *тар. Төңкерістен бұрынғы ең төменгі қызмет орнындағы адам. Ауылнай* келіп, бөліс туралы жиылыс ашып жатыр (Майлин).

АУЫЛНАЙЛЫҚ *Ауылнай болушылық.* ~қа лайық адам табылмады.

АУЫЛ-ҮЙ *көрші-қолаң, жақын-жуық.* ~дің адамдары. ◊ **Ауыл-үй қонды** — *жақындасты, араласты.*

АУЫЛША *Ауыл адамдары сияқты.* ~ киінген.

АУЫЛШЫЛ *Ауылға бара бергіштік, ауылды жақсы көрушілік.* Адам қартайғанда ~ болады екен.

АУЫЛШЫЛА *Ауыл адамдары сияқтану, қыдыру.* Ертесінде ~п келіпті.

АУЫҢҚЫ *Бір жағына қарай қисайған, ауған.* Жүгі ~.

АУЫР I 1. *Жеңіл емес, салмақты.* ~ жүк. 2. *Бейнеті көп, қиыншылығы мол.* ~ жұмыс (сабақ, жол, қыс). 3. *Адам басына келген үлкен ауыртпалық.* ~ қаза (жағдай, түрмыс, хал). 4. *Тым үлкен, аса зор.* ~ қылмыс (күнә, соққы). 5. *Жағымсыз, тиімсіз, қолайсыз.* ~ сөз (хабар). 6. *Жай, баяу, ақырын.* ~ қозғалды (күрсінді, дем алды). 7. *Ауыс. Икемсіз, шұбалаңқы.* Сөйлем құрылысы ~, тілі ~, стилі ~. □ **Ауыр артиллерия** — *зеңбірек, пулемет, миномет т. б. дәрімен атылатын қарулардың жиынтығы.* **Ауыр атлетика** — *күрес, штангі көтеру сияқты спорт түрі.* **Ауыр индустрия** — *фабрикалы, заводты ірі өнеркәсіп.* ◊ **Ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп** — *жан қинамай өмір сүрді, ептеп-септеп тіршілік етті.* **Ауыр қол (поэт.)** — *сан мың әскер, қалың қол.* **Ауыр мінезді** — *сабырлы, салмақты; көнтерлі.* **Ауыр тамақ** — *майлы, күшті тамақ.* **Ауыр тиді [соқты]** — *көңілге келді, жайсыз болды.*

АУЫР II 1. *Дертке ұшырау, науқастану.* ~ып емханаға түсті. 2. *Жанға батып ауырсыну.* Тек көк еті ~ып қалған. 3. *Ауыс. Күйіп жану, жаны ашу.* Әрине, бұған жанымыз ~ады. ◊ **Ауырып жүрдің бе?** — *қайда болдың, ай қарадың ба? д. м.*

АУЫРҒАН-МАУЫРҒАН: ауырған-мауырғанына қарамай — *еш нәрсемен есептеспей, өлген-тірілгеніне қарамай.*

АУЫРҒЫШ *Аурушаң, сырқаттанғыш.* Күйіп жазылған өңеш тез ~ келеді.

АУЫРЛА 1. *Салмағы басып шаршату, болдырту.* Ат арбаны ~п келеді. 2. *Салмағы көбейе түсу, арту.* Кеменің жүгі ~п кетті. 3. *Қиындай түсу, қиыншылығы көбею.* Жұмыс ~ды, түрмыс ~ды. 4. *Ауыс. Артық көру, жақтырмау.* Бес-он күнге бізді ~й қоймас. 5. *Ауыс. Денені басу, көтертпеу.* Ет жесе ~п қалатыны бар.

АУЫРЛАУ 1. *Салмақтырақ, ауырырақ.* ~ жүк (салмақ). 2. *Қаттырақ, күштірек.* ~ сөз (жаза, толғақ). 3. *Жайсыздау, қиындау.* ~ болды (тиді).

АУЫРЛЫҚ 1. *Салмақтылық, салмағы көптік.* 2. *Қиыншылық, бейнет.* Керек тастың *ауырлығы* жоқ (Мақал). 3. *Ауыс. Тауқымет, мехнат, азап.* Айтайын *ауырлықты* елге келген (Кенен).

АУЫРСЫН 1. *Ауыр жүкті көтеріп жүре алмау, әлі жетпеу.* Бөренені ~ып жүрген піл жоқ. 2. *Қиындыққа төзе алмау, қиналу.* Мал бағуды ~дым. 3. *Жанға батып қиналу.* Ол жарасын ~ғандай болды. 4. *Ауыс. Реніш білдіру, жаратпау.* Кемпір бізді ~ған жоқ.

АУЫРТПАҚ *жерг. Ши тоқитын құрал.*

АУЫРТПАЛЫҚ *Өмір тауқыметі, қиыншылық.* Тұрмыстың ~ғын көп көрді.

АУЫРЫП-СЫРҚА *Ауруға ұшырау, ауырып қалу.*

АУЫРЫРАҚ *Сәл ауырлау, салмақтырақ.* Салмағы сәл ~.

АУЫС 1. *Орын өзгерту, алмасу.* Ол ~ып отырды. 2. *Бір қызметтен екінші бір қызметке көшу.* Мен басқа қызметке ~тым. 3. *Бір мәселеден екінші мәселеге көшу.* Жастар бір сәт биге ~ты. 4. *Ауыс. Біреуден-біреуге тарау.* Білім *ауысады,* Ырыс жұғысады (Мақал). 5. *Ауыс. Ақылынан алжасу, жындану.* Ақылы ~қан кісі.

АУЫСПАЛЫ 1. *Кезектесіп ауысып тұратын.* ~ қызыл ту (кубок). 2. *фин. Келесі жылға өтетін, қалдырылған.* ~ айналым (қор).

АУЫС-ТҮЙІС *Біреу мен біреудің арасындағы алыс-беріс қарым-қатынасы.* Жиі араласып, ~ жасап тұрамыз.

АУЫСЫМ *Өндіріс орындарында бірінің орнына бірі келіп жұмыс істейтін адамдар ауысуы.*

АУЫТ *Нар түйенің ершік сияқтандырып істеген шом ағашы.* Нарға ~ салыпты.

АУЫТҚУШЫЛЫҚ *Бір бағытта тұра алмаушылық, өзгермелілік.*

АУЫТҚЫ 1. *Бір жағына қарай қисаю, қисық кету.* Үшақ бір жағына қарай ~и бастады. 2. *Ауыс. Көңіл-күйдің бір қалыпта болмай тұрақсызданууы, толқуы.* Көңіл шіркіннің ~и беретіні несі екен.

АУЫТҚЫҒЫШ *Ауытқи беретін, толқығыш.*

АУЫТТА *Нар түйеге ауыт салып міну, ертту.* Үлекті -п мініп алды.

АФОРИЗМ *Өткір нақыл сөз.*

АХ 1. *Таңдану, таңырқау сезімін білдіреді. Ах,* айтса айтқандай-ақ екен. 2. *Опық жеу, өкіну сезімін білдіреді. Ах,* ең болмаса бір күн кідірсемші.

АХА *Иә, солай ма деген мағынасында ризашылық сезімді білдіретін сөз. Аха,* түстің бе қолыма.

АХАУ *Өленді әнге қосып айтқан кезде дауысты шырқап көтеру үшін айтылатын сөз. Ахау* айдай, Қызыл бидай.

АХА-ХА *Ойын-күлкі, ырду-дырду.* Іздегені -.

АХА-ХАЛА *Ойын күлкімен күн өткізу.*

АХА-ХАУ *Ырду-дырду, ойын-күлкі, сауық-сайран.* -мен таң атырды.

АХУАЛ 1. *Хал, жағдай, тұрмыс.* Бала-шағасының -ын сұрады. 2. *Жай-жапсар, күй-қалып.* Қаланың -ын ол жақсы біледі.

Аһ 1. *Жан қиналғанда ауыздан еріксіз шығатын ұн. "Аһ",* "ұһ" көбейді. *Аһ,* дүние-ай! 2. *Өкіну, опық жеу сезімін білдіреді. Аһ,* айуан! ◊ **Аһ ұрды** — *қатты күйінді, күйзелді.*

АҺА 1. *Мақұлдату, растату сезімін білдіреді. Аһа,* жақсы бопты. 2. *Ризашылық сезімді білдіреді. Аһа,* үстеріңнен түстім бе?

АҺА-АҺАЛА *Аһа-аһа деп мақұлдау, қоштау.*

АҺЫЛА *Аһ-аһ деп қайғыру.* Ол өзінен-өзі -ды.

АҺЫЛАП-ҰҺІЛЕ *Қайғыру, қамығу, уайым жеу.* Енесінің *аһылап-ұһілегені* қабырғасына қатты батушы еді (Қазыбаев).

АЦЕТИЛЕН *хим. Көміртегі мен сутегінің химиялық қоспасынан тұратын жанғыш түссіз улы газ.*

АЦЕТОН *хим. Ағашты ауасыз жерде өртеу арқылы алынатын химиялық органикалық қоспа.*

АШ I 1. *Ас ішіп, тамақ жемеген, азықтанбаған.* 2. *Ішіп-жем, тамағы жоқ, аштан-аш.* Атақты ұры *аштан* өледі (Мақал). 3. *Ауыс. Ашаң, арық, жадау. Аш* бетінде көк тамырлары білінеді (М. Әуезов). **Аш өзек [құрсақ]** — *тамаққа жарымаған, тамақ ішпеген.* **Аш ішек** — *майсыз ұзын ішек.* ◊ **Аш бәледен қаш бәле** — *пәледен аулақ жүр, жолама.* **Аш бел** — *нәзік жіңішке бел.* **Аш бүйір** — *іші құсырылған, ішіне тартыңқы бүйір.* **Аш кенедей жабысты** — *ұстаған жерінен айрылмады, қадалған жерінен қан алды.* **Аш көз** — *ашқарақ, қомағай.* **Аш көзденді** — *араны ашылып қомағайланды.* **Аш күзендей бүгілді** — *қаншырдай қатып жарады.* **Аш қасқырдай [бөрідей]** — *жалақтады, жаланданды.* **Аш құлақтан тыныш құлақ** — *бәлесінен аулақ, жайыңа жүр.* **Аш өзегіне түсті** — *ішкен тамақты көтере алмай әлсіреп қалды.* **Аштан өліп, көштен қалмады** — *ел қатарында болды, біреуден ілгері, біреуден кейін болды.*

АШ II 1. *Жабылған, бекітілген нәрсені ашық қалыпқа келтіру.* Қораның аузын -ты. 2. *Екі нәрсенің арасын, жігін ажыратып бөлу.* Екеуі араларын -ып, қастарына отырғызды. 3. *Бір жұмысты басқарып бастап беру.* Мұғалім мәжілісті -ты. 4. *Бір шаруашылықты жаңадан ұйымдастыру, құру.* Ауылдан дүкен -ты. 5. *Бір нәрсені ізден табу, анықтау.* Ғалымдар көп жаңалықтар -ты. 6. *Бір нәрсені тазарту, тазалау.* Сабын кірді ашады, Сабырсыз сырды *ашады* (Мақал). 7. *Бір нәрсенің мән-жайын анықтап беру, көрсету.* Ол шынайы жағдайды -ып берді. ◊ **Ашса алақанында, жұмса жұдырығында** — *уысынан шығармады, айтқанына көндірді.* **Ашылып сөйлемеді** — *пікірін бүгіп қалды, жасырды.*

АША I 1. *Басы екі айыр ағаш.* Ағаштың -сы. - ағаш. 2. *Киім ілетін ағаш адалбақан.* Төсектің бас жағындағы қайың *ашада* әкемнің жаңа киімдері ілулі тұр (Лекеров). 3. *жерг. Шөп таситын екі және одан да көп тармақты ағаш; айыр.* Жігіттер *ашаларын* шөпке бойлата сұқты (Мұратбеков). ◊ **Аша тұяқтылар** — *сүт қоректілердің бір отряды.*

АША II *Екі тармақты, екі айыр сай.* Мал мына -да жатыр.

АШАДДЫ *көне. Қатыгез, қатал.* - жігіт.

АШАЛА 1. *Аша жасау, аша етіп кесу.* Ағашты -п кестік. 2. *Ашамен көтеру, айырлау.* Шөпті -п көтердік.

АШАЛАН *Тармақтанып бөліну, салаланып жіктелу.* Бұғының мүйізі -ып келеді.

АШАЛЫ *Ашасы бар, ашасы көп.* Төрт - айыр.

АШАМАЙ 1. *Атқа мініп жүре алмайтын жас балалар үшін істелген арнаулы ер.* Баласын -ға мінгізді. 2. *Түйеге жүк арту үшін жасалған ер тәрізді сайман; ауыт.* Нар сәулеті — *ашамай* (Мақал). 3. *Ауыс. Арса-арса болған, арбиған.* Арық торы ат *ашамай* сүйектері арбаңдап шоқытып кетті (Қ. Жармағамбетов).

АШАМАЙЛА *Ашамай салып ерттеу.*

АШАМАЙЛАН *Ашамай сияқты арса-арса болып көріну.* Шыңның терістік жағы арса-арса боп *ашамайланып* қарауытып тұр (Рахымжанов).

АШАМАЙЛАУ *Арықша, сидиған.* - келген адам.

АШАМАЙЛЫ *Ашамай салынған.* - ат (нар).

АШАҢ *Жұқалтаң, арықша, етсіз.* - жүз (денелі).

АШАҢДА *Арықтап жүдеу, таралу.* Сырқат бұрынғыдан да -й түсіпті.

АШАҢДАУ *Сидаңдау, арықтау.* - келген.

АШАҢДЫҚ *Жүдеулік, арықтық.*

АШАРШЫЛЫҚ *Аш болушылық, жоқшылық.*

АШ-АРЫҚ *Жоқ-жітік, кембағал.* Өңшең -.

АШ-ЖАЛАҢАШ *Үйсіз-күйсіз, жадап-жүдеген.* - балалар.

АШ-ЖАЛАҢАШТЫҚ *Жоқшылық, жетімсіздік, таршылық.*

АШКӨК *бот. Қолдан егілген шөп тектес біржылдық бақша дақылы.*

АШҚАРАҚ 1. *Тамақсау, оңаза.* - адам. 2. *Мешкей, қомағай, обыр.* Үш - түйені жеуге сөз байласады. 3. *Ауыс. Қанағатсыз, тойымсыз.* - көңіл.

АШҚАРАҚТАН *Тамақты қомағайланып ішіп-жеу, обырлану.* Ол көжені -ып ішті.

АШҚАРАҚТАУ *Қомағайлау, обырлау.* - адам.

АШҚАРАҚТЫҚ *Тамақсаулық, қомағайлық.*

АШҚАРЫНДА *Тамақ ішпей түрған таңертеңгі кез.* Буаз саулықтарды - суаруға болмайды.

АШҚЫЛТЫМ *Қышқылтым, ащылау.* - көже (жусан).

АШҚЫЛТЫМДАН *Дәмі қышқыл тарту.* Өзеннің суы -ып кетіпті.

АШҚЫЛТЫМДАУ *Ащылау, қышқылтымдау.* - иіс (су).

АШПА-ЖАЛАП *Бірде тоқ, бірде аш.* - адам.

АШПАЛЫ *Ашып-жабуға ыңғайлы.* ~ есік (терезе, көпір).

АШТАН-АШ *Тұқ сызбай, нәр татпай.* ~ жүрдім.

АШТЫҚ 1. *Тамақ ішпегендіктен болатын күйзеліс.* ~тан басы айналады. 2. *Ашаршылық, жоқшылық.* Ауылды ~ жайлады.

АШТЫҚ-ЖАЛАҢАШТЫҚ *Жоқшылық, таршылық.*

АШТЫ-ТОҚТЫ *Ашпа-жалап, бірде аш, бірде тоқ.* ~ бірге тұрды.

АШУ I *Адамның ыза мен реніштен пайда болатын күй-қалпы.* ◊ **Ашуға мінді [басты]** — *бұлқан-талқан болды, қаһарланды.* **Ашу үстінде** — *ызалы күйде.* **Ашу шақырды** — *ашуланды, кейіді, ренжіді.* **Ашуы мұрнының [тілінің] ұшында** — *тыз етпе, тез ашуланып, тез қайтатын.* **Ашуын алды** — *ашуланғандықтан біреуге соқтықты.* **Ашуынды бер** — *ашуланған адамнан қой деп өтінді.*

АШУ II *Ферменттер әсерінен органикалық заттардың биохимиялық жолдармен өзгеріп және ыдырап, спирт, көмірқышқыл газы, метан, сутек т. б. заттарға айналуы.* ~ы жеткен қымыз.

АШУАЙТШӨП *бот. Сортаңды жерге өсетін ащы шөп.*

АШУ-АРАЗДЫҚ *Наразылық, өшпенділік.* Ол ~ты да елемеді.

АШУДАС *Түссіз, мөлдір кристалл.*

АШУҚОР *Ызақор, ашуланшақ.*

АШУЛАН *Ашу шақырып ызалану, долдану.* Қатын *ашуланса,* қазан қайнатар (Мақал).

АШУЛАНҒЫШ *Ашуға тез берілетін, ашушаң.*

АШУЛАНШАҚ *Ашушаң, ызақор.*

АШУЛАНШАҚТАУ *Ызақорлау, ашуқой.* ~ әйел (қыз).

АШУЛАНШАҚТЫҚ *Ызақорлық, ашуқойлық.*

АШУЛЫ I *Ашуға мінген, ызалы.* ~ әке (әйел).

АШУЛЫ II *Ашық қалған, жабылмаған.*

АШУСЫЗ I *Кейіссіз, ренішсіз.* ~ сөйлемеді.

АШУСЫЗ II *Жабық күйінде, ашылмаған.* Есік ~ қалды.

АШУШАҢ *Ашуланшақ, ызақор.* ~ болып кетіпті.

АШУШАҢДЫҚ *Ызақорлық, ашуланшақтық.* ~тан келетін пайда жоқ.

АШУ-ЫЗА *Долданған реніште қалып, күй.*

АШЫ I *Тұзды көлдің сазы.* Терінің майын кетіру үшін ~ға салды.

АШЫ II *Органикалық заттарда болатын ыдырау, қышқылдану процесі, быжылдау.* Қымыз жөнді ~мапты.

АШЫ III *Дуылдап, тызылдап ауыру, жанға бату.* Жараның аузы ~п тұр.

АШЫҒЫРАҚ *Аңығырақ, дәлірек, айқынырақ.* Баламмен ~ сөйлестім.

АШЫҚ I 1. *Төбесі, үсті, аузы, есігі жабылмай қалған.* ~ қора (терезе, машина, есік). 2. *Ештеңесі жоқ, жалаңаш, бос тұрған.* ~ жер (дала, алаң). 3. *Жауын-шашынсыз, бұлтсыз.* ~ күн (аспан, ауа). 4. *Анық, айқын.* ~ дауыс (үн, дыбыс, жауап). 5. *Онша қою емес, қанықпаған.* ~ қызыл (сары, қоңыр, көк). 6. *Жайдары, жарқын.* Келін ~ адам екен. 7. *Бүкпесіз, қалтқысыз.* Мен ~ сөйлескенді ұнатамын. 8. *Жасырын, жабық емес; барлығына бірдей.* ~ жиналыс (дауыс, сот, әңгіме). □ **Ашық буын (*лингв.*)** — *дауысты дыбысқа біткен буын.* **Ашық рай (*грамм.*)** — *істің шақтық мағынасын білдіретін етістіктің түрі.* **Ашық сабақ (*пед.*)** — *бір мұғалімнің сабағына басқалар да қатысып, сын айту үшін өткізілетін сабақ.* **Ашық хат** — *газет-журнал бетінде басылған біреуге арналған хат.* ◊ **Ашық ауыз** — *аузында сөз тұрмайтын, аңқау, аңғырт.* **Ашық ауыздық** — *аузы берік еместік, аңғырттық.*

АШЫҚ II *Аштық күйге ұшырау, қарын ашу.* Тамақ болмай, біраз күн ~ғып қалдық.

АШЫҚ-ЖАРҚЫН *Емен-жарқын, жайдары.* Бізбен ~ сөйлесті.

АШЫҚ-ЖАРЫҚТА *Қараңғы түспей, күн барда.* ~ асымызды ішіп алдық.

АШЫҚТАН-АШЫҚ *Көпе-көрінеу, көріне көзге.* Олар ~ мұғалімге болысты.

АШЫҚТАУ 1. *Ашығырақ, айқын түстілеу.* Оның түсі ~. 2. *Жайдарырақ, ақ жарқындау.* Ол ~ адам.

АШЫҚ-ТЕСІК *Бүтін емес, саңылауы көп.* ~ қора (үй).

АШЫҚТЫҚ 1. *Айқын-анық болушылық.* Пікірдің ~ғы жақсы. 2. *Ақ жарқындық, ақ пейілдік.* Ол маған ~ғымен ұнап еді.

АШЫҚ-ШАШЫҚ *Аңғал-саңғал, бейберекет.* Үйін ~ тастап кеткен.

АШЫЛ 1. *ыр. етіс. Аш-ыл.* 2. *Кірі кету, тазару.* Көйлектің кірі ~мапты.

АШЫЛАУЫТ *Сортаңды жер.* ~қа шыққан өсімдік.

АШЫЛМАЛЫ-ЖАБЫЛМАЛЫ *Ашылып-жабылатын.* ~ парта.

АШЫЛЫМ *Ғалым, өнер, әдебиет салаларындағы соңғы жаңалық, тың құбылыс.*

АШЫЛЫП-ШАШЫЛЫП *Әптер-тәптер, бейберекет.* Заттар ~ жатыр.

АШЫМАЛ *Сүт қосып, бидайдан не тарыдан жасалған көже, күшала салып ашытқан сусын.*

АШЫН *Ашу қысып қатты ызалану.* ~ған адам.

АШЫНА *Көңілдес, тамыр.* Олар ~ адамдар.

АШЫНАЛЫҚ *Көңілдестік, әуейілік.* Әккі инженер еркек пен әйел арасындағы *ашыналық* дегенді түсінбейді (Шаймерденов).

АШЫП-ЖАП *Бір ашып, бір жауып.* Аузын қайта-қайта ~ты.

АШЫП-ЖАРЫП *Анықтап, айқындап, дәл.* Ол ~ еш нәрсе айта алмады.

АШЫП-ЖҰМ *Біресе ашып, біресе жұму.* Ол көзін ~ып жатыр.

АШЫП-ШАШ *Ашып тастау, шашу.* Үй мүлкін ~ып тастапты.

АШЫРҚАН *Бір нәрсенің ащы дәмін қатты сезіну.* Көк алманы ~бастан жеп қойды.

АШЫТҚЫ *Нан ашытуға пайдаланатын ашыту қасиеті бар қамыр.* ~ сұрап алды.

АШЫТҚЫЛА *Ашытқы қосу, ашыту.*

АШЫТҚЫШ *Ашыту қасиеті бар, ашытатын.* ~ микробтар.

АЩЫ I *Сортаңды, тұзды жер және соған өскен шөп.*

АЩЫ II 1. *Тұзы күшті, тұзы көп.* ~ тамақ (қуырдақ, су, көл). 2. *Дәмі ауызды қуыратын, жағымсыз.* ~ тер (түтін, айран, шай). 3. *Құлаққа жағымсыз, жанға жайсыз.* ~ айқай (дауыс, үн).

4. *Ауыс. Өткір, уытты, әсерлі.* ~ сөз (тіл, мысқыл, шындық, таяқ). 5. *Ауыс. Тауқымет, ауыртпалық.* Ол өмірдің *ащысын* да, тәттісін де көп көрді. 6. *Ауыс. Дұрдараз, қырбай, өш.* Ағайынмен *ащы* боп, ара түспе балаға (Тоғызақов). ◊ Ащы су — *арақ, ішімдік.*

АЩЫ III *Жусан, ермен тәрізді дәмі ащы шөп.* Мал ~ға жайылды.

АЩЫЛА *Ащы тамақ, ащы шөп жегісі келу.* ~ғысы келген қой түз жалайды.

АЩЫЛАТ 1. *өзг.етіс. Ащыла-т.* 2. *Малға ащы шөп жегізу, тұз беру.* Ел мал *ащылатамыз* деп бауырға қарай көшті (Шәкәрім).

АЩЫЛАУ 1. *Ашқылтым, ащырақ.* Дәмі ~, суы ~, түздығы ~. 2. *Қаттырақ, әндемдірек.* Дауысы ~, тілі ~, иісі ~.

АЩЫЛАУЫТ: ащылауыт жер — *ащысы көп, ащы өскен жер.*

АЩЫЛЫ *Ащы шөбі көп, сортаңды.* ~ жер.

АЩЫЛЫҚ *Ащы болушылық.* ~ғы жағынан айран бірінші орында.

АЩЫЛЫ-ТҰЩЫЛЫ 1. *Ащы шөп пен тұщы шөп аралас өскен, жұғымды.* ~ жайылым. 2. *Тұздытұзсыз, дәмді-дәмсіз.* Стол толы ~ тағам. 3. *Ауыс. Жақсылы-жаманды, қызықты-қызықсыз.* Бала кезден *ащылы-тұщылы* тағдырды бастан кештік (Әдетов).

АЩЫРАҚ *Құштірек, қаттырақ.* Дауысы ~ шықты.

АЩЫ-ТҰЩЫ 1. *Ащысы да, тұщысы да; екеуі де.* Үйдегі бар ~мды алдына қойдым. 2. *Ауыс. Өмірдің қызығы мен шыжығы, жақсысы мен жаманы.* Ардақ өмірдің *ащы-тұщысын* ерте татты (Мұстафин).

АЭРОДИНАМИКА *Ауаның қозғалыс заңдарын және оның қатты денелерге әсер ететін күшін зерттейтін ғылым саласы.*

АЭРОДИНАМИКАЛЫҚ *Аэродинамикаға тән.* ~ ғылым (күш, кедергі, қасиет).

АЭРОДРОМ *авиац. Ұшақтар тұратын, ұшып-қонатын жер.*

АЭРОЗОЛЬ *хим. Көбінесе ауаға тарайтын ұсақ бөлшектерден тұратын сұйық зат.*

АЭРОКЛУБ *Авиация өнерін үйретететін, онымен шұғылданатын адамдардың клубы.*

АЭРОЛОГ *Жер атмосферасының үстіңгі жағын зерттейтін маман.*

АЭРОЛОГИЯ *Жер атмосферасының үстіңгі жағын зерттейтін ғылым.*

АЭРОМАЯК *Әуе жолында ұшқыштарға жол көрсету үшін жасалған жарық шашатын мұнара шам.*

АЭРОМЕКТЕП *Ұшу өнерін үйретететін мектеп.*

АЭРОНАВИГАЦИЯ *Әуе кемелерін белгіленген жолмен апару ісін үйретететін ғылым.*

АЭРОСТАТ *Ауадан гөрі жеңіл газбен толтырылып, әуе кеңістігіне ұшырылатын аппарат.*

АЭРОСУРЕТ *Ұшақтан арнайы түсірілген жер бетінің фотосуреті.*

АЭРОСҮЗГІ *Ағын суды тазартатын биологиялық сүзгі.*

АЭРОФЛОТ *авиац. Авиациямен айналысатын ірі бірлестік, ұйым.*

АЭРОФОТОТОПОГРАФИЯ *Аэросуреттер бойынша топографиялық карта жасаудың әдістерін зерттейтін ғылым.*

АЭРОФОТОТҮСІРУ *Ұшақпен ұшып жүріп түсірілген сурет.*

АЭРОШАНА *Двигатель күшімен қозғалатын пропеллер жәрдемімен жүретін шана.*

АЮ 1. *Ірі денелі иксмсіз жыртқыш аң.* Ақ ~, қара ~, қоңыр ~. 2. *Ауыс. Азулы, айбарлы, адуын. Аю* қатын боларыңды кім білген. 3. *Ауыс. Арбиған, ебедейсіз.* Көпекбай зор дауысты *аю* адам (Соқпақбаев).

АЮБАДАМ *бот. Ырғай туысына жататын әсем бұта.*

АЮБАЛДЫРҒАН *Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын екі жылдық не көп жылдық ірі шөптесін өсімдік.*

АЮДАЙ 1. *Икемсіз, сыйықсыз.* ~ қорбаңдаған біреу. 2. *Ауыс. Тырнағы өсіп кеткен, арбиған.* Тырнағы ~. 3. *Ауыс. Ызбарлы, сұсты.* Оның ~ ақырған шешесі бар.

АЮЖҮН *Таулы жерлерде өсетін майда шөп.*

АЮҚАРАҚАТ *Аюлар сүйіп жейтін қарақаттың ащы түрі.*

АЮҚҰРАЙ *Орманды алқаптарда өсетін ірі құрай.*

АЮҚҰЛАҚ *Ақшыл қызыл гүлді тырбиып өсетін дәрілік шөп.*

АЮЛЫҚ *Тағылық, жыртқыштық.* Намыстансаң, ағаңның *аюлығын* қойғыз (Әбілев).

АЮОТЫ *Шөптің бір түрі.*

АЮТАБАН *Арамшөп туысына жататын, сарғыш гүлді улы шөп.*

АЮША *Аюға ұқсап, аю секілденіп.* ~ қорбаңдады.

АЯ I 1. *Алақанның аумағы.* Шал *ая* толым қақырық түкірді (М. Әуезов). 2. *Туып-өскен, тәрбие алған орта. Аяңда* еркін өскен менмін балаң (Б. Ысқақов). 3. *Қойнау, баурай.* Алатаудың *аясы,* Балауса шырғай саясы (Жамбыл). 4. *Ауыс. Ауқым, көлем, шеңбер.* Спорт ойындарының *аясын* кеңейту ойында бар.

АЯ II 1. *Біреуге жаны ашу, мүсіркеу, есіркеу.* Жауды *аяған* жаралы (Мақал). 2. *Бір затты біреуге қимау, іші тарлық жасау.* Азды *аяған* көптен құр қалар (Мақал).

АЯҒЫНДА *Ақыр соңында, ақырында.* ~ қыз маған ықтияр берді.

АЯҒЫШ *Жаны ашығыш, мүсіркегіш.*

АЯДАЙ *Аумағы шағын, тар.* ~ ақ отау.

АЯЗ *Қыстың ызғарлы суығы.*

АЯЗАТА *Аяз бейнесі кейіпіндегі ақ шашты, қызыл бетті шал.*

АЯЗДАЙ: аяздай батты [қысты, қарыды] — *қыспаққа алды, жан қинады.*

АЯЗДАН *Күн ызғарланып суыту.* Күн ~а түсті.

АЯЗДЫ *Аязы қатты, үскірік.* ~ қыс.

АЯЗСЫ *Қатты аяздың әсерімен ісіну.* ~п тұрған арша.

АЯЗСЫЗ *Аязы жоқ, суық емес.* Қыс ~ болды.

АЯҚ I 1. *Адам мен жан-жануарлардың жүрутұру қызметін атқаратын дене мүшесі.* 2. *Орындық, кереует сияқты заттардың тірек-таяныш.* 3. *Ауыс. Аяққа киген киім. Аягы* жаман төрді былғар (Мақал). 4. *Бір нәрсенің соңғы жағы.* Қызмет ~ғы, оқу жылының ~ғы, сөз ~ғы. 5. *Ауыс. Бір нәрсенің нәтижесі, қорытындысы.* Тұмау аяғы —құрт, Тұман *аягы* — жұт (Мақал). □ Аяқ

арба — *кемтар адамға арналған арба.* **Аяқ бау** — а) *уықтың аяқтарын қосып байлайтын жіп;* ә) *бүркіттің, қаршығаның аяғына тағатын қайыс шыжым.* **Аяқ киім** — *аяққа киетін киімнің жиынтық аты.* **Аяқ құр** — *жалпақтау етіп тоқылған киіз үйдің жіпшуы.* **Аяқ машина** — *аяқпен айналдырып, іс тігетін тігін машинасы.* **Аяқ шені** — *соңғы кезі, ақыры.* ◊ **Аяғы аспаннан [көктен] келді** — а) *шалқасынан түсірді, алып ұрды;* ә) *күлі көкке ұшты, тас-талқаны шықты.* **Аяғы аспаннан салбырап түскен жоқ** — *біреуден біреу артық емес, бұлданатындай ештеңе жоқ.* **Аяғы ауыр** — *жүкті болды, екіқабат.* **Аяғына бас ұрды [иді]** — *жалынды, жалбарынды, табынды.* **Аяғына жем [қан] түсті** — *ат ыстық-суықты болып, аяғына сары су ұялады.* **Аяғына жығылды** — *кешірім сұрады, алдынан өтті.* **Аяғын алшаң басты** — *көңілі толып еркінсіді.* **Аяғына мінді (жерг.)** — *жаяу жүрді, жаяулады.* **Аяғынан алды** — *біреуді біреу көре алмады.* **Аяғынан көтерді** — *жұртты дүрліктіріп тік тұрғызды.* **Аяғынан барды [келді]** — *шақырусыз өзі келді.* **Аяғынан жайылды** — *қолға қараған жоқ, өз бетінше жайылды.* **Аяғынан сабылды [сарылды]** — *шаршап-шалдықты, табанынан таусылды.* **Аяғынан тозды [таусылды]** — *босқа әуре болды, құр әуреге түсті.* **Аяғынан тік тұрғызды [қойды]** — *жұмысты тыңғылықты істеп бітірді.* **Аяғынан тік тұрды** — *құшақ жайып қарсы алды, құрметтеді.* **Аяғын аңдап басты** — *сақ жүрді, сақтанды.* **Аяғына оралды** — *кес-кестеп алдында тұрып алды.* **Аяғына тұсау болды** — *бөгет болды, қол байлады.* **Аяғына тұсау түсті** — *басы байланды, үйленді.* **Аяғын жерге тигізбеді** — *бәрі тік көтеріп әкетті.* **Аяғын қия бастырмады** — *тізгіндеп ұстады, ешқайда жібермеді, бұрылтпады.* **Аяғын құшты** — *біреудің басына келгені оның да басына түсті, кебін киді.* **Аяғының желі бар** — *суық жүріске салынды; жортақы адам.* **Аяғының ұшынан басты** — *қаймықты, тайсақтады.* **Аяғы шырмалды** — *үйлі-баранды болды, үйленді.* **Аяқ алып жүргісіз** — *соншалықты көп, қалың.* **Аяқ алыс** — *істің бет алысы, барысы.* **Аяқ [бұт] артар** — *мініс ат, көлік.* **Аяқ артты** — *сүйеніш етті, медеу қылды.* **Аяқ асты** — *жоқ жерде, күтпеген жерде, жөппелдемде.* **Аяқ асты болды [етті, қылды]** — *ешкім керек қылмады, көзге ілмеді.* **Аяқ астынан** — *тосыннан, кенеттен, тұтқиылдан.* **Аяқ астында** — *көз көрім жерде, тиіп тұр.* **Аяқ басты** — *белгілі бір белестен өтті, алға жылжыды.* **Аяқ бастырмады** — *жолатпады, маңайлатпады.* **Аяқ жетер жер** — *барып-келіп тұрарлық таяу жер.* **Аяққа басты** — *біреуді қорлады, мазақ етті.* **Аяқ лау** — *мінуге жararлық, лекер боларлық көлік.* **Аяқ салды** — *көңілдес болды.* **Аяқ суытты** — *аздап дем алды, тынықты.* **Аяқтан алды [шалды]** — *қастық жасап, сүріндірмекші болды.*

АЯҚ II *Ағаштан ойып жасалған тамақ ішуге арналған үлкен ыдыс.* **Аяқ** асымен көрікті (Мақал). Қарын -, сырлы -, шара -.

АЯҚ-БАСЫ *Өне бойы, үсті-басы.* Үй иесі -мызға бір қарап алды.

АЯҚҚАП *көне. Көшкенде ыдыс-аяқ салатын киіз дорба.* -қа шыныларын салды.

АЯҚ-ҚОЛ: аяқ-қолын бауырына алды — *аманесен босанды.*

АЯҚҚЫ *Ең соңғы, төменгі.* - ел (көш).

АЯҚСЫ *Саябырлау, сиреу, басылу.* Өн **аяқсып,** жадағай әңгіме басталды (С.Омаров).

АЯҚСЫЗ *Аяқтамай, бітірмей.* Ісін - тастады. ◊ **Аяқсыз қалды** — *істің басын бастап, аяғын бітірмей шала тастап кетті.*

АЯҚТА 1. *Тауысу, түгесу.* Жазғы демалысын -п, Алматыға аттанды. 2. *Бастаған істі аяғына жеткізіп бітіру, тамамдау.* Жұмысын -п, үйіне қайтты. □ **Аяқтап келгенде** — *ақырында, соңында.*

АЯҚ-ТАБАҚ *Барлық ыдыс-аяқтың жиынтығы.* Жеңешем - жуып жүр екен.

АЯҚТАМА *Бір нәрсені аяқтау ісі, бітіру.*

АЯҚТАН 1. *Жаңа туған жас төлдің аяқ басып, өздігінен жүре бастауы.* Қозылар тез -ып кетті. 2. *Ауыс. Құсты аң аулатып үйрету, ауыздандыру.* — Міне, құсың -ды. 3. *Ауыс. Қатарға келіп қосылу, қалыптасу.* Жастардың тұңғыш журналы *аяқтанбасқа* не қалды? (Аймауытов).

АЯҚТАНДЫР 1. *өзг. етіс. Аяқтан-дыр.* 2. *Ауыс. Балаға әйел әперіп, отау қылып шығару, үйлендіру.* Баламызды әлі -а алмай жүрміз.

АЯҚТЫ 1. *Аяғымен жүріп-тұратын. Аяқты* малдың өрісі басқа (Мақал). 2. *Дөңгелегі бар, доңғалақ салынған.* Екі - арба, үш - мотоцикл. 3. *Тіреуіш, таянышы бар.* Үш - мосы.

АЯҚШЫ *Тамақ тасушы, даяшы адам.* Жылпос жігіт *аяқшы* болып тұр (Аймауытов).

АЯЛ *Кідіріс, тыным, тыныштық.* Маған екі-үш күн - бер.

АЯЛА *Мәпелеп өсіру, тәрбиелеу, әлпештеу.* Ана баласын -п тұр.

АЯЛДА *Тоқтау, бөгелу, кідіру.* Өзен жағасына -ды.

АЯЛДАМА *жаңа. Жолаушылар таситын көлік келіп тоқтайтын жер.* Назым *аялдамада* автобусты көбірек тосып қалды (Б. Тәжібаев).

АЯЛЫ 1. *Аясы үлкен, көлемді.* Көз шарасы - келген адам. 2. *Ауыс. Мейірімді; шапағатты, қайырымды.* Ардақты құшағы кең *аялы* анам (Жабаев).

АЯМАС *Күнделікті тұрмыста аямай қолданыла беретін бұйым, зат.* - киім.

АЯМПАЗ *Жаны ашығыш, аяғыш.* - ана.

АЯМПАЗДЫҚ *Жаны ашығыштық, аяғыштық.*

АЯН I *Әйгілі, мәлім, белгілі.* - нәрсеге айғақтың қажеті жоқ. ◊ **Аян берді** *(діни)* — *өңінде болатын істі алдын-ала түсінде көру, белгі беру.*

АЯН II *Жанын салып қимылдау, тартынбай істеу.* Жұмыстан -ып көрген жоқ.

АЯНКЕС *Ынта қойып еңбек еткісі келмейтін, тартыншақ.* - адам.

АЯНКЕСТЕН *Қорғалақтау, тартыншақтау.* -іп істегісі келмеді.

АЯНКЕСТІК *Жан аяғыштық, тартыншақтық.*

АЯНШАҚ *Аянкес, тартыншақ.* Жұмыскерлер - болып кеткен.

АЯНШАҚТА *Қорғалақтау, жасқаншақтау.*

АЯНШАҚТЫҚ *Аянкестік, тартыншақтық.*

АЯНЫШ *Жан ашырлық, аяушылық.* Әжемнің дауысында - та бар еді.

АЯНЫШТЫ *Жан ашырлықтай, мүсіркерліктей.* - хал (пішін, үн, өлім).

АЯҢ *Көліктің жай баппен жүретін жүрісі.* Атым -мен келеді.

АЯҢДА *Аттың, адамның жайлап, баппен жүруі.* Біз -п қонақ үйге келдік.

АЯҢШЫЛ *Аяңдап басатын, жүрісті.* - ат.

АЯҢШЫЛДЫҚ *Жүрістілік, жүрдектік.*

АЯР *Айлакер, қу, көлгір адам.*

АЯРЛАН *Сайқалдану, көлгірсу.* Ол -а сөйледі.

АЯРЛЫҚ *Сайқалдық, көлгірлік.*

АЯРСЫ *Қулану, көлгірсу.*

АЯТ *діни. Құран сүрелерінің белгілі бір шумағы.* - оқыды.

АЯУЛЫ *Қадірлі, қасиетті, қымбатты.* - адам (қарындас, жеңге).

АЯУСЫЗ *Аямайтын, мейірімсіз, қатал.* - күрес жүргізді.

АЯУШЫЛЫҚ *Жаны ашушылық, аяғандық.* - көрсетті.

Ә

Ә 1. *Қазақ әліпбиінің екінші әрпі (дыбыс).* 2. *Біреудің сөйлеген сөзін естімей қалғандығын білдіреді.* Сөзді естімей *"ә"* деп құлағын тосты. 3. *Біреудің сөзін естігендігін білдіреді.* Айдарбек: — Зейнеп! — деді. *Ә,* — деді Зейнеп (Майлин). 4. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады.* Дәмеш, *ә* Дәмеш! 5. *Сұраулық мағына білдіреді.* Ол келіншек қазір өлген ғой, *ә?* 6. *Кекесін, мысқыл мағынасын білдіреді. Ә,* сіз солай дейсіз бе, көрерміз. 7. *Белгілі сөздермен тіркесіп қолданып, көңіл күйін білдіру үшін жұмсалады. Ә,* бәрекелді. *Ә,* бәсе, *ә,* бәлем. *Ә,* бопты. Ә, мейлі! ◊ **Ә дегенде** — *ту баста, шу дегенде.* **Ә дегеннен** — *салған жерден, бірден.* **Ә дегенше** — *айтқанша, әп-сәтте, лезде.* **Ә десе, мә деді** — *ештеңеден тайынбады, қарсыласып тұрып алды.*

ӘБДЕН 1. *Біржола, мүлдем.* - жазылып кетті 2. *Емін-еркін, толық, жете.* Құла дөнен де - семірді 3. *Мейлінше, әбден, өте.* Етке - тойған. Қарны да - ашты.

ӘБДЕСТЕ *көне. Дәрет алатын құман.*

ӘБДІРЕ *Киім-кешек, ол-пұл салатын кең сандық.*

ӘБЕС *Өрескел, оғаш, ерсі, ұят.* Көзінше мақтағаның маған - көрінді.

ӘБЕССІН *Ұят санау, ерсі көру.* Ол еркек басымен сығалап тұруды *әбессінді* (Асқаров).

ӘБЕСТЕУ *Ерсілеу, оғаштау, ұяттау.*

ӘБЕСТІК *Өрескелдік, оғаштық, ерсілік.*

ӘБЗЕЛ *Белгілі бір нәрсеге қажетті жабдық, құрал-сайман.* Ат -дері.

ӘБЗЕЛДЕ *Жабдықтау, сайлау, әзірлеу, даярлау.* Ер-тұрманын -п берді.

ӘБЗЕЛХАНА *Әбзел қоятын орын, үй.*

ӘБЗЕЛШІ *Әбзел жасаудың шебері, маманы.* Әкем - болатын.

ӘБІГЕР 1. *Әуре-сарсаң, дүрбелең.* Ауылда үлкен - басталды. 2. *Абыр-сабыр, қарбалас.* Әркім қазір мал қамдау ісімен -. ◊ **Әбігер болды** — *әлекке түсті, әуреге салынды.* **Әбігерге салды [түсірді]** — *әбігер етті, тыныштығын алды.* Әбігерін шығарды — *мазасын алды, берекесін кетірді.*

ӘБІГЕРЛЕ 1. *Әуреге салу, мазалау.* Бұларды -дім-ау, шамасы. 2. *Мәзі қылу, тыныштын алу.* Қит етсе, ақы сұрап -йді.

ӘБІГЕРЛЕН 1. *Әуреге түсу, әлек болу.* 2. *Асып-сасу, дүрлігу, абыржу.* Әскерді көрсе -іп қалады.

ӘБІГЕРЛІ *Әуресі мол, мазасыз.* - іс.

ӘБІГЕРЛІК *Дүрлігушілік, абыржушылық.*

ӘБІГЕРСІЗ *Үрейсіз, асу-сасусыз.* - кірісті.

ӘБІГЕРШІЛ *Үрейшіл, абыржығыш.* - ел.

ӘБІГЕРШІЛІК 1. *Мазасыздық, әурешілік, тыныштығыздық.* 2. *Үрейленушілік, дүрлігушілік.* Ел ішінде - бар.

ӘБІЛЕТ *діни.* 1. *Жынның бір түрі.* Ажал қуып дүниені, *Әбілет* жынның күші асып (Қадыров). 2. *Ауыс. Оңбаған, жексұрын.* Басып жүрген Арақ деген *әбілет* бар ("Қаз.әдеб."). ◊ **Әбілет басқыр!** *(қарғ.)* — *марту басқыр, оңбағыр.*

ӘБІ-ТӘБІ 1. *Белгілі бір мөлшерде ғана, шамалы.* - тіршілік. 2. *Тоқ та емес, аш та емес, орта құрсақ.* Тамақты - ғана ішу керек.

ӘДДІ *Дәт, батылдық.* Шындықты айтуға -м жетпеді.

ӘДЕБІ 1. *Көркем шығармаға қатысты, соған тән.* - шығарма (қызметкер, кеш, байланыс). 2. *Әбден қалыптасқан, көпке ортақ нормасы бар.* - тіл (норма).

ӘДЕБИЕТ 1. *Өмірді көркем образ арқылы сөзбен бейнелейтін шығармалардың бүтін жиынтығы.* - сабағы (үйірмесі, бірлестігі). 2. *Жалпы баспа бетінде шыққан еңбектердің жиынтығы.* Саяси -, агрономиялық -, географиялық -.

ӘДЕБИЕТТАНУ *Көркем шығарманың тарихын, теориясын және әдеби сынын түгел қамтып зерттейтін ғылым.* - ғылымы өсіп келеді.

ӘДЕБИЕТТІК *Әдебиетке тән.* - кейіпкер (оқу).

ӘДЕБИЕТШІ *Әдебиеттану ғылымының маманы.*

ӘДЕБИЕТШІЛ *Әдебиетті жақсы көретін, сүйетін.* - жан.

ӘДЕБИЕТШІЛДІК *Әдебиетті сүюшілдік.*

ӘДЕЙІ 1. *Біле тұра, жорыта, қасақана.* - түсінбегенсіді. 2. *Белгілі бір мақсатпен, арнайы.* - іздеп келді.

ӘДЕЙІЛЕП 1. *Туралап, тікелей.* - келсе керек. 2. *Белгілі мақсатпен, арнайылап.* Үйіңе - барамын. 3. *Жорыта, қасақана.* Мен - айтқан жоқпын.

ӘДЕЙІЛІК *Әдейі істегендік, қасақаналық.*

ӘДЕМІ 1. *Көркем, сұлу.* ~ келіншек (жазу). 2. *Сәнді, сәулетті, көрікті.* ~ үй (жер). 3. *Ұнамды, қонымды, келбетті.* ~ ән (әуен, киім). 4. *Ашық, таза, мөлдір.* ~ түн. 5. *Сүйкімді, жағымды.* ~ күлкі (иіс, гүл, есім).

ӘДЕМІЛЕ 1. *Сәндеу, әсемдеу.* Хатын ~п бүктеді. 2. *Нақышына келтіру, келістіру.* ~п үй салды.

ӘДЕМІЛЕН 1. *өзд. етіс. Әдеміле-н.* 2. *Ауыс. Гүлгүл жайнау, тірлену, құлпыру.* Ол күндегіден де ~іп кетіпті.

ӘДЕМІЛЕУ *Әдеміше, әдемірек.* ~ киім.

ӘДЕМІЛІК 1. *Сұлулық, көркемдік.* 2. *Сәнділік, әсемділік.*

ӘДЕМІРЕК *Көркемдірек, әдемілеу.*

ӘДЕМІШЕ *Әдемілеу, көріктілеу, сұлуырақ.* ~ келген аққуба әйел.

ӘДЕП 1. *Халықтың әдет-ғұрпында қалыптасқан этикалық тәртіп.* ~пен қарсы алды. 2. *Сыпайыгершілік, ізеттілік.* "Сіз" деген — *әдеп* (Мақал). ◊ **Әдеп көрген** — *көргенді, ибалы.* **Әдеп сақтады** — *ибалық жасады, ізет сақтады.* **Әдептен озбады** — *сыпайыгершілік жасады, ұят сақтады.*

ӘДЕПКІ *Бастапқы, алғашқы, әуелгі.* ~ күндері (жылдары, қалпы).

ӘДЕПКІДЕ *Әуелде, алғашқыда, бастапқыда.* ~ ештеңеге түсіне алмады.

ӘДЕПКІДЕЙ *Бұрынғыдай, бастапқыдай.*

ӘДЕПСІЗ *Көргенсіз, ұятсыз, тәртіпсіз.* ~ әйел. □ **Әдепсіз сөз** — *тұрпайы сөз, жағымсыз сөз.*

ӘДЕПСІЗДЕН *Әдеп сақтамау, жүгенсіздену.* ~іп тәртіп бұзды.

ӘДЕПСІЗДЕУ *Тұрпайылау, дөрекілеу, сөлекеттеу.*

ӘДЕПСІЗДІК 1. *Ұятсыздық, тәртіпсіздік, көргенсіздік.* 2. *Әдеп бұзушылық, ізетсіздік, бұзықтылық.* Моланы бұзу — ~ .

ӘДЕПТІ 1. *Ибадатты, ізетті, тәртіпті.* Балалары ~. 2. *Биязы, сыпайы.* Сөйлесе сөзі *әдепті* һәм мағыналы (Абай).

ӘДЕПТІЛІК *Сыпайыгершілік, ізеттілік, тәртіптілік.*

ӘДЕТ *Өмірде қалыптасып, бойға сіңген үйреншікті қылық, дағды.* Ауру қалса да әдет қалмайды (Мақал).

ӘДЕТ-ҒҰРЫП *Жалпыға бірдей қалыптасқан қоғамдық дәстүр, жөн-жора.* Қазақтың ескі ~ы.

ӘДЕТКІ *Әдетке айналған, үйреншікті.* ~ келіс.

ӘДЕТТЕ *Үйреншікті, дағды бойынша.* ~ бұлай шаппайды.

ӘДЕТТЕГІ *Дағдылы, үйреншікті.* Дауысы ~ден қатты шықты.

ӘДЕТТЕГІДЕЙ *Бұрынғыдай, бастапқыша, жайшылықтағыдай.* ~ қонақ үйге келіп тоқтадым.

ӘДЕТТЕН *Дағдылану, машықтану.*

ӘДЕТТІ *Үйреншікті, дағдылы.* ~ нәрсе.

ӘДЕТІНШЕ 1. *Әркімнің өзіне біткен үйреншікті дағды бойынша.* Ол ~ бүгін де ерте тұрды. 2. *Қалыптасқан дәстүр бойынша.* Қазақ ~ алдымен амандық сұрасты.

ӘДІЛ 1. *Дұрыстықты жақтаушы, шындықты сүйетін.* ~ адам. 2. *Тура, жөн, дұрыс.* ~ баға (сын, шешім).

ӘДІЛДЕУ *Дұрыстау, дұрысырақ.*

ӘДІЛДІК *Дұрыстық, шындық.* ~ — жақсы қасиет.

ӘДІЛДІРЕК *Әділдеу, турашылдау.*

ӘДІЛЕТ I *Дұрыстық, әділдік.* ~ іздеді.

ӘДІЛЕТ II *Сот мекемелерінің жүйесі.* ◊ **Әділет министрлігі** — *сот істері жөніндегі министрлік.*

ӘДІЛЕТСІЗ *Әділет жоқ.* ~ шешім.

ӘДІЛЕТСІЗДІК *Қиянатшылық, озбырлық.*

ӘДІЛЕТТІ *Әділетті жақтайтын, турашыл.* ~ қоғам (адам).

ӘДІЛЕТТІК *Әділдік, дұрыстық.*

ӘДІЛЕТТІЛІК *Әділеттік, дұрыстық.* ~ салтанат құрды.

ӘДІЛЕТШІЛ *Әділетті жақтаушы, турашыл.*

ӘДІЛҚАЗЫ *Турасын айтатын адам, төреші.* □ **Әділқазылар алқасы** — *жарысқа түскен адамдарға, шығармаларға жүлде беру үшін құрылған маман адамдардың тобы.*

ӘДІЛҚАЗЫЛЫҚ *Әділқазы болушылық, тура сын айтушылық.*

ӘДІП *Киімнің етек-жеңіне салынған көмкерме.* ~ жүргізілген шолақ тон.

ӘДІПТЕ *Әдіп салу, көмкермелеу.*

ӘДІПТІ *Әдіп салынған, әдібі бар.* ~ шапан.

ӘДІС 1. *Еңбек етіп үйренудің әр түрлі амалы, жолы.* ~ін білген алып та жығады, шалып та жығады. 2. *Ғылымды танып білудің, оны жастарға үйретудің тәсілі.* Оқытушы оқыту ~ін жақсы білуі керек.

ӘДІСКЕР *Оқытудың әдіс-тәсілдерін жақсы білетін адам.*

ӘДІСҚОЙ *Айлакер, тәсілқой.* ~ палуан.

ӘДІСҚОЙЛЫҚ *Тәсілқойлық, айлакерлік.*

ӘДІСТЕМЕ *Бір нәрсені үйретудің әдіс-тәсілдері.*

ӘДІСТЕН *Әдісін алу, машықтану, төселу.* Құс салуға ~ді.

ӘДІСТІ *Айлалы, тәсілқой.* ~ спортшы.

ӘЖЕ 1. *Әкесінің шешесі, үлкен шеше.* 2. *Жасы ұлғайған кәрі әйел.* ~ үйде кім бар?

ӘЖЕЙ *сып. Әжемен тұстас адамдарды құрмет тұтқанда айтылады.*

ӘЖЕКЕ *сып. Әже сөзінің құрметпен айтылуы.*

ӘЖЕЛЕ *Әже-әже деп қайталап айту, мазалау.*

ӘЖЕЛІК *Әже болғандық, әже жасына жеткендік.*

ӘЖЕПТӘУІР 1. *Тәп-тәуір, әп-әдемі.* ~ жігіт (үй). 2. *Кәдімгідей, қалыптағыдай.* ~ тыныгып қалыппын. 3. *Бірсыпыра, недәуір, бірталай.* Үйден ~ ұзап кетіпті.

ӘЖЕТ *Қажет, мұқтаж.* ~іне асты. ◊ **Әжетке жарады** — а) *қолданат болды, ер жетті;* ә) *кәдеге асты, қажетін өтеді.*

ӘЖЕТАЙ *сып. Әжені құрметтеу, жалыну кезінде айтылады.*

ӘЖЕТАЙЛА *Әже-әже деп жалынып-жалбарыну.*

ӘЖИНЕ *көне. Жүдеп-жадап, азғындап кеткен кісі; жынды, жексұрын.* Жақсы қартайса — қазына, жаман қартайса — *әжине* (Мақал).

ӘЖІК *Шөлді жерде өсетін өсімдік.*

ӘЖІК-КҮЖІК қарап. *Анау-мынау әңгіме, сөз.* Шай қайнағанша *әжік-күжік* әңгіме басталып кетті (М. Қуанышбаев).

ӘЖІМ *Адамның бетіне, денесіне түскен қатпар сызық.* ◊ **Әжім басты (түсті)** — *бетіне қатпар түсті, қатпарланды.*

ӘЖІМДЕН *Әжім түсу, бет терісі қатпарлану.* Беті ~іп кетіпті.

ӘЖІМДІ *Әжім басқан, әжімделген.* ~ жүз (мандай).

ӘЖІМСІЗ *Әжімі жоқ, әжім түспеген.* Ақшыл жүзі ~.

ӘЗ I *Соқыр, көр.* Көзі ~ боп қапты. ◊ **Әз болғыр (қарғ.)** — *көзің шыққыр, соқыр болғыр.*

ӘЗ II *Ардақты, қадірлі.* Ер елінде *әз,* Бақа көлінде *әз* (Мақал). ◊ **Әз аға** — *жасы үлкен сыйлы адам.* **Әз тұтты** — *қадірлеп сыйлады, төбесіне көтерді.*

ӘЗӘЗІЛ 1. *Шайтан, ібіліс тәрізді қаскөй рух.* Мұсылман діншілдері демон дегенді ібіліс, *әзәзіл* дейді (Ысқақов). 2. *Ауыс. Азғырушы, алдамшы.* Ол белгілі ~дің бірі еді.

ӘЗӘЗІЛДЕН *Сайқалдану, көлгірсу.*

ӘЗӘЗІЛДІК *Әзәзіл болғандық; екі жүзділік, опасыздық.*

ӘЗДЕК *экспр. Ерке-шора, дәлду.* Бір үйдің әлпештеген ~гі.

ӘЗДІК I *Көзі көрмей қалушылық, соқырлық.*

ӘЗДІК II *Қадірлілік, қасиеттілік.* Халқым, сенің *әздігіңді* жыр еткем (Сыдықов).

ӘЗЕЛДЕ *О баста, әуелде.* Ол ~ солай.

ӘЗЕЛДЕН *Ежелден, баягыдан.* Ән салуды *әзелден* жақсы көремін (Салахов).

ӘЗЕР *Әрең-әрең, зорға дегенде.* Жаңбыр ертеңіне ~ толастады. ◊ **Әзер дегенде** — *апырым-тәңірім деп, әрең дегенде.*

ӘЗЕРЛЕП *Өліп-талып, әрең-әрең.* Жалғыз өзім ~ қашып құтылдым.

ӘЗЕТТЕ: бір әзетте — *бір мезгілде, бір уақытта.*

ӘЗИЗ *Аяулы, қадірлі, қымбатты.* ~ анам.

ӘЗІЛ *Зілсіз қалжың, ойын. Әзіл* айтсаң да, әділ айт (Мақал). ◊ **Әзілі жарасты** — *сыйлас адамдар бір-бірімен үйлесімді сөз айтысты.*

ӘЗІЛДЕ *Біреуге әзіл айту, қалжыңдау.*

ӘЗІЛДЕГЕНСІ *Ойнағансу, қалжыңдағансу.*

ӘЗІЛДЕС *Көңілдес, сырлас.* ~ құрбылар.

ӘЗІЛДІ *Әзіл аралас, күлкілі.* ~ ойын.

ӘЗІЛКЕШ *Қалжыңбас, әзілқой.*

ӘЗІЛКЕШТІК *Қалжыңбастық, әзілқойлық.*

ӘЗІЛ-КҮЛКІ *Қалжың аралас сөз.* Оның отырған жері ~.

ӘЗІЛ-ҚАЛЖЫҢ *Ойын-күлкі, думан.* Жұрт ~ға жадырай күлісті.

ӘЗІЛҚОЙ *Әзілкеш, қалжыңбас.* ~ адам.

ӘЗІЛҚОЙЛЫҚ *Қуақылық, қалжыңбастық.*

ӘЗІЛ-ОСПАҚ *Ойын-шыны аралас қалжың сөз.*

ӘЗІЛ-СЫҚАҚ *Кекесін, мысқыл.* Қазақ әдебиетінде ~тың неше түрлі үлгілері кездеседі.

ӘЗІЛ-ШЫН *Ойын-шын, өтірік-рас.* ~ы аралас.

ӘЗІЛШІЛ *Әзілқой, сықақшыл.* ~ жігіт.

ӘЗІР I *Дайын, даяр.* Жігіттердің бәрі де ~ тұр. ◊ **Әзірге мәзір** — *дайын дүние, әзір нәрсе.*

ӘЗІР II *Қазір.* Балалар ~ келеді.

ӘЗІРГЕ *Дәл қазір, әзірше.* Ол ~ жұрттың алдында келеді. **Әзірге сау бол** — *жолыққанша аман бол.*

ӘЗІРЕЙІЛ *діни.* 1. *Жан алғыш періште.* 2. *Ауыс. Қызыл көзді пәле; апат, өлім.* ~ге тап болдық қой!

ӘЗІРЕЙІЛДЕЙ *Қорқынышты, үрейлі, сұсты.*

ӘЗІРЕТ *Дінбасы, молда, ғұлама. Хазірет деп те аталады.* **Әзірет сұлтан** — *Қожа Ахмет Яссауидің есімімен байланысты ұғым.*

ӘЗІРЛЕ *Даярлау, қамдау, дайындау.* Шай ~ді.

ӘЗІРЛІК *Дайындық, қам жасағандық.* Той жасауға ~ бар.

ӘЗІРЛІКСІЗ *Қамсыз, дайындықсыз.* Қысқа ~ келді.

ӘЗІРШЕ 1. *Осы кезге дейін, қазірше.* Мұндай дәрілер ~ жоқ. 2. *Тұпкілікті емес, уақытша.* ~ оқи беріңдер.

ӘЙ 1. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады. Әй,* бала, тоқтай тұршы! 2. *Таңдану, таңырқау, күйіну мәнін білдіреді.* Өтіп бара жатқан заман-ай! ◊ **Әй, кәпір атанды** — *жұртқа жек көрініштті болды, қадірін кетірді.*

ӘЙБАТ 1. *Әдемі, әсем, көркем.* ~ қыз (ағаш). 2. *Жақсы, тәуір.* Дауысы ~.

ӘЙБАТТА *Әдемілеу, жақсылау, әсемдеу.* Кітапхана ~п салыныпты.

ӘЙГІ *Жария, мәлім, танымал.* Аттары ~ болған өнер иелері көп.

ӘЙГІЛЕ 1. *Паш ету, жариялау, мәлімдеу.* Алғашқы әні оның атағын дүние жүзіне ~ді. 2. *Әшкерелеу, масқаралау.* Осының өзі-ақ оның ұрлықтарын ~п берді.

ӘЙГІЛІ 1. *Даңқты, атақты, айтулы.* ~ әнші. 2. *Мәлім, белгілі.* Менің ісім саған ~ емес пе!

ӘЙДА 1. *Ал, қане.* — Тұр, әйда киін! 2. *қ. Әйдай.* Бірімізге біріміз қарап *әйда* күл (Аманшин).

ӘЙДАЙ *Па, шіркін, о шіркін.* Басқарманың наны *әйдай* жүріп тұрған тұс (О. Сәрсенбаев).

ӘЙДЕМДЕ *Лезде, жылдам, тез.* ~ жиналды.

ӘЙДІК *Үлкен, зор, еңселі.* Мынау бір ~ жігіт екен.

ӘЙЕЙ *қарап. Әдемі, әйбат.* ~ бала.

ӘЙЕЛ 1. *Адам баласының ұрғашы жыныстылары. Әйел* қырыққа келгенше өңін бермесе —қасиет (Мақал). 2. *Жұбай, зайып, қатын.* ~інің көзі бұлаудай. □ **Әйел бала** (*жерг.*) — *қыз, қыз бала.* ◊ **Әйел алды** — *қатын алды, аяқтанды, үйленді.* **Әйелі ұл тапқандай қуанды** — *қатты қуанды, мәз болды.*

ӘЙЕЛДІ *Әйелі бар, әйел алған.*

ӘЙЕЛДІК *Әйелге тән, әйел жынысына лайық.* ◊ **Әйелдікке алды** — *қатын етті, қатын болды.*

ӘЙЕЛ-ЕРКЕК *Әйел мен еркек атаулы, бәрі, түгел.* ~ түгел жиналды.

ӘЙЕЛЖАНДЫ *Әйелін жанындай жақсы көретін, оның сөзін екі етпейтін, көбіне айтқанынан шықпай, жігі-жапар болатын (адам).*

ӘЙЕЛЖАНДЫЛЫҚ *Әйелін жақсы көрушілік, сөзінен шықпаушылық, оның алдында жік-жапар болушылық.*

ӘЙЕЛҚҰМАР *Әйелдермен жүруді жақсы көретін, ажарлы, көрікті әйелдерге әуес (адам).*

ӘЙЕЛСІЗ *Әйелі жоқ, әйел алмаған.*

ӘЙЕЛСІН *Әйел деп санау; кемсіту, қомсыну.* Ол мені ~іп жөнді амандаспады.

ӘЙЕЛСІРЕ *Әйел алғысы келу, қатынсырау.*

ӘЙЕЛШЕ *Әйел сияқтанып, әйелге ұқсап.* ~ киінді.

ӘЙКЕЛ I *Құдықтың ауызғы жағына қойылған тесік дөңгелек тас.*

ӘЙКЕЛ II *Балалар ойнайтын таяқ.*

ӘЙКЕЛ III *көне. Мойынға тағатын алтын, күміс әшекей.*

ӘЙНЕК *Мөлдір түсті жұқа зат, шыны.* Терезеге ~ салды.

ӘЙНЕКЕЙ *Қыш, фаянс т. б. заттардың сыртын жылтыратын қоспа; глазурь.*

ӘЙНЕКЕЙЛІ *Әйнекейі бар.* ~ қыш.

ӘЙНЕКЕЙСІЗ *Әйнекейі жоқ.* ~ бұйымдар.

ӘЙНЕКТЕ *Әйнек салу, шынылау.* Суреттің бетін ~п қойған.

ӘЙНЕКТІ *Әйнек салынған, әйнегі бар.*

ӘЙНЕКШЕ *Әйнек сияқты, әйнек секілді.* ~ сынды.

ӘЙНЕКШІ *Шыны салумен шұғылданатын жұмысшы.* ~лер келді.

ӘЙТ *Малды айдап жүргізгенде, айуанды қорқытқанда айтылады. Әйт* шүу деген түйеге демеу (Мақал).

ӘЙТЕУІР 1. *Не қылғанмен, қалайда, қайткенмен.* ~ қолынан келген көмегін аямады. 2. *Әйтіп-бүйтіп, огып-бұғып.* Қыстауға да аман-есен жеттік-ау, *әйтеуір* (Қанахин).

ӘЙТКЕНМЕН *Не дегенмен, қалай болғанда.* ~ келмеді.

ӘЙТПЕГЕНДЕ *Әйтпесе, олай болмағанда.* ~ бармас едім.

ӘЙТПЕСЕ *Болмаса, әйтпегенде.* Қойманың кілтін бер, ~ есігін қиратамыз.

ӘЙТСЕ *Сөйткенмен, сөйтсе де.* Қайғының ауыр екенін де білеміз, ~ де сабыр сақтауың керек.

ӘЙ-ТҮЙ: әйт-түйге қарамады — *баса көктеді.*

ӘЙТІП-БҮЙТІП *Огып-бұғып, ілдебайлап.* ~ бітірдік-ау.

ӘК *Тасты өртеп, күйдіру арқылы алынатын минералды зат; утас.* Үйдің сыртын ~пен сылаған.

ӘКБАР: алла әкбар — *құдіретті алла, ұлы жаратушы.*

ӘКЕ 1. *Балалы болған ер адам.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің ең үлкені, зоры.* Қуырдақтың *әкесін* түйе сойғанда көресің (Мақал). 3. *жерг. Қарағым, қалқам.* Арабшаға шорқақ ем, оқып бересің бе, *әке?* (Майлин). ◊ **Әкеңнің көз құны бар ма [қалды ма?]** — *жұмысың не, не ақың бар.* **Әкесі базардан келгендей** — *мәре-сәре, мәз-мейрам.* **Әкесін көзіне көрсетті** — *көрешекті көрсетті, білгенін қылды.* **Әкесін өлтірген жоқ** — *тіпті жазығы жоқ.* **Әкесін танытты [көрсетті]** — *сазайын берді, аямады.* **Әкесінің аузынан түскендей** — *айнымай тартқан, дәл өзі.* **Әкесінің қамшысы тиді** (*этногр.*) — *баланың ұйқысы бұзылды, тыныншсызданды.* **Әкесі өлгендей болды** — *қатты кейіді, жаман қиналды.*

ӘКЕБАС *Қалқам, қарағым.* — Ойбай, *Әкебасау*, қайдағы жеті-сегіз ай! (Домбаев).

ӘКЕЖАН *Қалқам, қарағым, шырағым.* Сөйлесер едің *әкежан* Бұрынғыдай тілің жоқ ("Батырлар жыры").

ӘКЕЙ *Өз әкесін құрметтеп, сыйлағанға айтылатын сөз.* ~ 1941-жылы дүние салды.

ӘКЕЙ-ҮКЕЙ *Бір-бірімен ауыз жаласқан, сырлас.*

ӘКЕЙ-ҮКЕЙЛЕС *Біреу мен біреу үйірлесу, ауыз жаласу.* Екеуі ~іп жүр.

ӘКЕЙ-ҮКЕЙЛЕСУ *қ. атау. Әкей-үкейлес-у.*

ӘКЕКЕ *Әкесін жоқтап құрметтеу.* ~м арманда кетті.

ӘКЕ-КӨКЕ *Біреуге жалынып-жалбарыну кезінде айтылады.*

ӘКЕ-КӨКЕЛЕ *Біреуге әке-көке деп айту, жалыну, жалбарыну.* ~п жүріп, әрең алды.

ӘКЕЛ *Алып келу, жеткізу.*

ӘКЕЛЕ *Әке, әке деп қарсы алу, еркелеу.*

ӘКЕЛЕС *Әкесі бір, бір әкеден.* Менің ~ бауырларым.

ӘКЕЛУЛІ *Дайын, әзір.* Су ~, отын кіргізулі.

ӘКЕЛІ-БАЛАЛЫ *Әкесі мен баласы, екеуі де.* ~ екеуі.

ӘКЕЛІК *Әкеге тән қасиет.* ~ қамқорлық (аманат, ақыл, борыш).

ӘКЕЛІМ *Бір жақтан әкелінген зат, бұйым.*

ӘКЕҢДЕЙ *Жасы үлкен, жолы үлкен.* ~ адам.

ӘКЕСІЗ *Әкесі жоқ, жетім.* ~ өскен бала. ◊ **Әкесіз туған** — *олжа бала, олжабай.*

ӘКЕСІНДЕЙ *Бұдан да үлкен, дәу.* Мұның *әкесіндей* бұршақтар болады (О. Сәрсенбаев).

ӘКЕТ 1. *Бір затты өзімен қоса қалдырмай ала кету, тасу.* Домбыраны үйіне ~ті. 2. *Өзінен бұрынғы етістікпен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарады.* Жұлып ~ті, қағып ~ті, айдап ~ті. **Әкетіп барады** — *жанға қатты батты, ауыртты.* **Әкетіп бара жатқан** — *соншалықты, айтарлықтай.*

ӘКЕТАЙ *Айналайын, қарағым, шырағым.* ~, қазір бітіреміз.

ӘКЕТАЙЛА *Әкетай, әкетай деп жалыну, жалбарыну.*

ӘКЕ-ҮКЕ *Әке сөзінің қосарланып айтылуы.*

ӘКЕ-ҮКЕЛЕ *Әке деп, үке деп, жалынып-жалбарыну.*

ӘКЕ-ШЕШЕ *Ата-ана.* Кәрі ~м бар.

ӘКЕШІМ *Қарағым, шырағым, қалқам.* ~, атыңды бере түршы.

ӘККІ 1. *Тіс қаққан, ысқаяқ, жырынды.* ~ жігіт. 2. *Тәжірибелі, айлакер, қу.* ~ ит, ~ түлкі.

ӘККІЛЕН 1. *Әккі болу, қулану.* Ұлық ~іп сөйлей жөнелді. 2. *Төселу, ысылу, машықтану.* Әлі де ~беген жас құс.

ӘККІЛЕУ *Тіс қаққандау, қулау.*

ӘККІЛІК *Ысылғандық, тіс қаққандық.* Бұл жол ~ті керек етеді.

ӘККІС *Өте сезімтал сергек тышқан.*

ӘКПІШ *жерг. Шелекпен су тасығанда иыққа салатын иінағаш.* ~пен су әкеле жатыр.

ӘКТЕ Үйді әкпен ақтау, майлау, ағарту. Үйін ~ген.

ӘКТЕУШІ *Үйдің іші-сыртын әкпен ақтаушы адам.*

ӘКІМ *Билеп төстеуші, басқарушы.* Облыстың ~і жақсы адам. ◊ **Әкім етті [қылды]** — *әмір етті, бұйырды.*

ӘКІМГЕР *экспр. Мансапқұмар, мансапшыл.*

ӘКІМГЕРЛІК *экспр. Әкімдікті жақсы көрушілік.* ~ке салынды.

ӘКІМДІК *Әкім болушылық, мансаптық.*

ӘКІМСЫМАҚ *экспр. Әкім сияқтанған, белсенді.*

ӘКІМСЫМАҚТАУ *Белсенділеу.* ~ кісі.

ӘКІМСІ *экспр. Әкім болғансу, паңсыну, кісімсу.*

ӘКІМШІЛДІК *Нақты басшылықтың орнына бұйрықшыл-жарлықшыл әдісті қолданушылық.* Басшылықтың ~ әдістеріне қарсы күресті.

ӘКІМШІЛДІК-ӘМІРШІЛДІК *Әкімшіл, әміршіл болғандық; күштеп көндірушілік.*

ӘКІМШІЛІК 1. *Мемлекет басқарудағы басшы органдар.* 2. *Билік жүргізушілік, әкімдікпен айналысушылық.* ◊ **Әкімшілік етті** — *билік жүргізді, билеп төстеді.*

ӘКІРЕҢ *Адыраң, едірең.* Ол құр ~ге көнбейтін әйел. ◊ **Әкірең қақты [етті]** — *қожаңдады, қоқаңдады.*

ӘКІРЕҢДЕ *Әкірең-әкірең етіп, біреуді орынсыз жазғырып ұрсу, сөгу.*

ӘЛ 1. *Күш, қуат, шама. Әлің* барда еңбек ет, Еңкейгенде емерсің (Мақал). 2. *Әл-ауқат, тұрмыс, жағдай.* Малы бардың ~і бар ◊ **Әл бермеді** — *бой бермеді, күші жетпеді.* **Әл жиды [бітті]** — *тынықты, қуаттанды.* **Әл үстінде** — *өлім халінде;*

халі мұшкіл. Әлі жетті [келді] — *күші басым түсті, шамасы жетті.* Әлі құрыды — *діңкеледі, шаршады.*

ӘЛ-АУҚАТ *Хал-жағдай, тұрмыс.* Оның ~ы жақсы.

ӘЛӘУЛАЙ 1. *Әуендетіп айтылған ән ырғағы.* ~ы әлі таусылған жоқ. 2. *Бірыңғай сауыққа берілушілік, бос сандалыс, мәнсіз әрекет.*

ӘЛӘУЛАЙЛА *Әуендетіп ән салу, өлеңдету.* ~п кешті батырды.

ӘЛБЕТТЕ *Мақұлдау, қоштау мағынадағы қошемет сөз; әрине.* ~ ондай қасиет өзінен-өзі келмейді.

ӘЛГІ *Жаңағы, белгілі.* Бір қараса ~ жігіт жоқ. ◊ Әлгі әзірде [арада, жерде] — *осыдан сәл бұрын.*

ӘЛГІДЕЙ *Жаңағыдай, сол тәрізді.* Оның аузынан ~ сөз шыққан емес.

ӘЛГІНДЕ *Жаңа бір әзірде, жап-жаңа.* Мен ~ ғана келдім.

ӘЛ-ДӘРМЕН *Қайрат-жігер, әл-қуат.* ~і құрыды.

ӘЛДЕ 1. *Күмәндану, шұбалану мағынасын білдіреді.* Бұл әзілің бе, ~ шының ба? 2. *Не ол, не бұл деген кезектестікті білдіреді.* ~ елес, ~ түс. ◊ Әлде болса — *әлі де, тағы да.* Әлде не — *бір нәрсе, бірдеме.* Әлде не уақытта — *біраздан кейін, соңынан.*

ӘЛДЕБІР *Небір, әлдене, қайсыбір.* ~ қуаныш бар.

ӘЛДЕБІРЕУ *Бейтаныс біреу, әлдекім.* Мені ~ сұрапты.

ӘЛДЕКІМ *Белгісіз біреу, біреу-міреу.* ~ді іздеп жүр.

ӘЛДЕҚАЙДА 1. *Белгісіз бір жақ, жер.* ~ ит үреді. 2. *Анағұрлым, недәуір.* Ол мыналардан ~ білімді.

ӘЛДЕҚАЙДАН *Бір жақтан, алыстан.* ~ зарлаған дауыс естіледі.

ӘЛДЕҚАЛАЙ 1. *Кездейсоқ, күтпеген жерде.* Көзі ~ қызға түсті. 2. *Алда-жалда, зәу шайтан.* ~ көре қалсам, айтармын.

ӘЛДЕҚАНДАЙ 1. *Әлденендей, беймәлім.* Еңсемді ~ көңілсіздік басты. 2. *Екі талай күн, нендей жағдай.* ~ уақыт болады, кім білсін. ◊ Әлдеқандай болды [бола қалды] — *күпінді, ісінді, кісімсіді.*

ӘЛДЕҚАШАН *Баяғыда, қашанғы.* Түннің ортасы ~ ауған.

ӘЛДЕҚАШАНҒЫ *Бұрынғы, өтіп кеткен.* ~ оқиға (әңгіме).

ӘЛДЕМІРЕК *Жылдамдау, шапшаңдау.* Аяқтарыңды *әлдемірек* басуға ерінбеңдер (Найманбаев).

ӘЛДЕН I 1. *Бойға күш-қуат алу, әл жинау.* Жаңа туған қозылар ~іп қалыпты. 2. *Әл-ауқаты арту, тұрмыс жағдайы жақсару.* Ел ес жиып, ~е бастады.

ӘЛДЕН II *Қазірдің өзінде, қазірден бастап.* Қонақтар ~ келе бастады. ◊ Әлден уақытта [соң] — *біраздан соң, біраз уақыттан кейін.*

ӘЛДЕНДІР 1. *өзг. етіс. Әлден-дір.* 2. *Ауыс. Рухтандыру, қуаттандыру.* Мына сөз жүртты ~іп жіберді.

ӘЛДЕНЕ *Бірдеңе, бір нәрсе.* Маған ~лерді айтып жатыр.

ӘЛДЕНЕМЕ *Бірдеңе, бірдеңке, оны-мұны.* ~мен басымды қатырма!

ӘЛДЕНЕНДЕЙ *Белгісіз бірдеңе.* ~ себептермен келе алмайтын болды.

ӘЛДЕНЕШЕ *Бірталай, бірсыпыра, біраз.* Ол біздің үйге ~ келді.

ӘЛДЕНЕШЕУ *Бірнеше, көп.* Олар біреу емес, ~.

ӘЛДИ 1. *Сәбиді жұбатқанда айтылатын сөз. Әлди,* бөпем, әлди-ай. 2. *Бөпе, бөбек.* Машинада жеңгей ~ін ұстап отыр.

ӘЛДИ-ӘЛДИ *Емшек баласын жұбату үшін айтылады.* ~ бөпешім, Ұйықтай қойшы көкешім.

ӘЛДИЛЕ 1. *Жас сәбиді әлди-әлди деп жұбату.* Ана бөбекті ~п отыр. 2. *Ауыс. Аялау, өбектеу.* Балаң жігіт болды. Енді ~генді қою керек қой.

ӘЛДІ 1. *Қарулы, күшті, әлуетті.* ~ жігіт. 2. *Ауыс. Әл-ауқаты жоғары, ауқатты, тұрмысты.* Қазақ байлары ~.

ӘЛДІЛЕУ 1. *Күштірек, әндемділеу.* ~ түйе. 2. *Ауыс. Ауқаттылау, тұрмыстылау.* Әлгі әйел Әбдір деген *әлділеу* кісінің қызы болатын (Бегалин).

ӘЛДІЛІК *Күштілік, әлуеттілік.*

ӘЛДІРЕК 1. *Күштірек, әлуеттірек.* ~ ат. 2. *Ауыс. Қуаттырақ, нәрлілеу.* Кәрі құсқа ~ жем беру керек.

ӘЛЕЙ *Ғажап, керемет, сұмдық.* Қара көктің үйіріне де қызығуым *әлей* еді (Ғ.Мүсірепов).

ӘЛЕЙ: әлей [әли] болсын *(алғ.)* — *бірге болсын, екеуімізге бірдей болсын.*

ӘЛЕЙКҮМАССАЛАМ *Сәлематсыз ба, есенбісіз.*

ӘЛЕЙІМ *Соншама, көп.* ~ жұмыс.

ӘЛЕЙІМ-ТӘЛЕЙІМ *Астан-кестен, ұйқы-тұйқы.* ~ болды да кетті.

ӘЛЕК 1. *Әбігер, әуре.* 2. *Сергелдең, дүрбелең, әуре-сарсаң.* 1916 жылдың ~гі. ◊ Әлегін аспаннан келтірді [шығарды] — *шат-шәлекейін шығарды, астан-кестен етті.* Әлек болды [қылды, етті] — *әуреге салды, әбігерледі.* Әлекке түсті [салды] — *әбігер болды, әуреге салды.*

ӘЛЕКЕДЕЙ: әлекедей жаланған — *сақадай сай, сен тұр мен атайын.*

ӘЛЕКТЕН *Әлекке түсу, әурелену.*

ӘЛЕК-ШӘЛЕК әлек-шәлегін шығарды — *әбігерге түсірді, апшысын қуырды.*

ӘЛЕМ I 1. *Дүние жүзі, жиһан.* ~ге әйгілі. 2. *Табиғат дүниесінің жеке бөліктері.* Аспан ~і, жер ~і, хайуанаттар ~і, өсімдік ~і.

ӘЛЕМ II *діни.* 1. *Қасиетті жерлерге, ағаш бұтақтарына сыйынудың белгісі ретінде байланатын шүберек. Әлем* байлап ағашқа әулие деп табынған (М. Әуезов). 2. *этногр. Жүйрік атқа, домбырға т. б. қастерлеп тағылған шүберек.* Домбырасына ~ байлап қойыпты.

ӘЛЕМДЕ *Әлем байлау, әлем тағу.* Астына мінген *әлемдеп,* Мақпалдай қара қасқаны (Үш ғасыр).

ӘЛЕМДІК *Әлем көлемінде, әлемге тән.* ~ жарыс (мәдениет).

ӘЛЕМІЕТ *поэт. Күллі әлем; дүние жүзі.*

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ 1. *Әлеміштелген, әлекей-шүлекей.* Қақпа алды ~ афиша. 2. *Ауыс. Әлейім-тәлейім, бейжай, ұйқы-тұйқы.* Қыздың көңілі де ~.

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМДЕ *Әлекей-шүлекейлеу, әлеміштеу.* Киіз үйлердің маңын да ~п тастаған.

ӘЛЕМ-ТАПЫРЫҚ 1. *Астан-кестен, әптер-тәптер.* Қонақ үйдің іші ~. 2. *Бейберекет, әлейім-тәлейім.* Оның кескіні өрт сөндіргендей ~.

ӘЛЕМ-ТАПЫРАҚТАН *Түрі сұрғылт тарту.* Болыстың бет әлпеті ~ып кеткен.

ӘЛЕМІШ *Әлем-жәлем, әлекей-шүлекей.* Қолдан келген ~ бәрін таққан.

ӘЛЕМІШТЕ *Әлем-жәлем жапсыру, әшекейлеу.*

ӘЛЕМІШТІ *Әлеміштелген, әлеміш салынған.* ~ киім.

ӘЛЕТ *Мезгіл, кез, уақыт.* Күн түс ~і болатын.

ӘЛЕУМЕТ 1. *Ел-жұрт, көпшілік қауым.* Алдында *әлеуметтің* сөйлегенде Кетеді көтеріліп аруағым

(Жамбыл). 2. *Қоғам, мемлекет.* Алтай ел ішіндегі *әлеумет* ісіне араласа бастады (С. Омаров).

ӘЛЕУМЕТТІК *Жалпы қоғамға тән, қоғамдық.* ~ мәселе (орта).

ӘЛЕУМЕТШІЛ *Әлеуметтің жанашыры, жоқтаушысы.*

ӘЛЕУМЕТШІЛІК *Әлеуметке тән, соған тиісті.*

ӘЛЖУАЗ 1. *Нәзік, арық.* Ол жасында ~ ғана бала еді. 2. *Әлсіз, осал.* Қойдың ~дарын ерекше күтімге алады.

ӘЛЖУАЗДАН *Осалдану, әлсіреу.* Ол ~ып кеткен.

ӘЛЖУАЗДАУ *Нәзіктеу, ашаңдау.*

ӘЛЖУАЗДЫҚ *Әлсіздік, осалдық.*

ӘЛ-ҚАДАРЫНША *Шама-шарқынша, әлі келгенше.* Жастар бұл істі өз ~ жалғастырып келеді.

ӘЛҚИССА *фольк. Сөйтіп, сонымен. Әлқисса,* жұрт тарап кетті.

ӘЛ-ҚУАТ *Бойдағы күш-жігер, қайрат.* Әл-қуаты кетті — *күші азайып дәрменсізденді.*

ӘЛМИСАҚТАН *Ертеден, бұрыннан, баяғыдан.* ~ бері мұсылманмын.

ӘЛПЕТ *Кескін-кейіп, түр-тұрпат.* ~і нашар.

ӘЛПЕТСІЗ *Ұсқынсыз, сұреңсіз.*

ӘЛПЕТТЕС *Іспеттес, тәріздес.* Қытай ~, туған ай ~.

ӘЛПЕТТІ 1. *Түстес, кескіндес.* Алдымнан әйел ~ біреу шықты. 2. *Келбетті, келісті.* Ол *әлпетті,* толық кісі болған (Кенжебаев).

ӘЛПЕШ *Аялы мейірім, ыстық құшақ.* Ол ~пен өскен бала.

ӘЛПЕШТЕ 1. *Бетінен қақпай, мәпелеп өсіру.* Біреудің ~ген баласы еді. 2. *Ауыс. Бағып-қағу, күту.* Тайбурылды жас балаша *әлпештеп,* үйдің ішінде сақтайды екен (Сейфуллин).

ӘЛПЕШТІ *Қадірлі, аялы.* ~ ұл (қыз).

ӘЛІІ: әлпі шалғындығы — *таудың биік деңгейлерінде өсетін шалғындық шөп.*

ӘЛСІЗ 1. *Мықты емес, күші аз.* ~ адам. 2. *Қуаты кем, төмен.* ~ жарық (сәуле, шарап). 3. *Жай, баяу, сылбыр.* ~ дауыс (ұн, жауап). 4. *Осал, босаң, кемшін.* ~ жері (жағы, мінез, сөз). 5. *Ауыс. Әл-ауқаты төмен, кедей.* Көпейдің төркіні әлсіз, ауқатсыз екен (Ғ. Мүсірепов). ◊ Әлсіз жатты — *ауыр халде, ал үстінде.*

ӘЛСІЗДЕН 1. *ыр. етіс. Әлсізде-н.* 2. *Ауыс. Күш-қуаты кему, әлсіреу.* Жаралы жауынгер ~іп қалды.

ӘЛСІЗДЕУ 1. *Күші кемдеу, әлжуаздау.* ~ қозы. 2. *Көмескілеу, бәсеңдеу.* ~ жанған шам, күннің ~ жылуы.

ӘЛСІЗДІК 1. *Күш-қуаты төмендік, әлуетсіздік.* 2. *Осалдық, босаңдық.* Ұлықтар өзінің *әлсіздігін* қару етеді (Дүзенов).

ӘЛСІЗІРЕК *Әлсіздеу, сәл төмен.*

ӘЛСІН-ӘЛСІН *Дамыл-дамыл, мезгіл-мезгіл.* Жаңбыр ~ жауып тұр.

ӘЛСІН-ӘЛІ *Анда-санда, ауық-ауық.* ~ күрсініп қояды.

ӘЛСІРЕ 1. *Күші кеміп қалжырау, шаршау.* Жау күші ~ген тәрізді. 2. *Баяулау, солғындау, бәсеңсу.* Алыстан ~п жеткен су бөгетті бұза алмады. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің берекесі кету, ыдырау, тозу.* Ынтымақтықтан отбасы нығая түспесе, ~мейді.

ӘЛТАМАН *Соңыра, кейінірек.* Жарықта жазып алмасам, *әлтаман* қолым тимей кетеді (Ғаббасов).

ӘЛТЕК-ТӘЛТЕК *Әрең-әрең, қалт-құлт.* ~ күн көріп жүр.

ӘЛУЕТ *Жойқын күш-қуат, әл-дәрмен.*

ӘЛУЕТСІЗ *Күші кем, әлсіз.*

ӘЛУЕТТІ 1. *Қарулы, әлді, күшті.* ~ жігіттер. 2. *Ауыс. Ауқатты, тұрмысты.* Шаяхмет — осы дуандағы ең *әлуетті* бай (Жансүгіров).

ӘЛУЕТТІЛЕУ *Күштірек, әлдірек.* Ол сенен гөрі ~ екен.

ӘЛУЕТТІЛІК *Күштілік, қарулылық.*

ӘЛУЕТТІРЕК *Қарулырақ, әлдірек.*

ӘЛХАМ *діни. Құрандағы осы сөзден басталатын аяттың аты. Әлхамды* шала білген молда болды (Кенжебаев).

ӘЛХАМДА *Әлхамнан басталатын құранды оқу, заулату.* ~ған молда.

ӘЛХАМДИЛЛӘ *діни. Құдайға шүкіршілік қылып жалыну, жалбарыну ишараты.*

ӘЛ-ШАМА 1. *Әл-дәрмен, күш-қуат.* ~сы азайды. 2. *Шама-шарық, бар мүмкіндік.* Олар ~лары келгенше күресті.

ӘЛІ 1. *Осы уақытқа дейін, қазірге дейін.* Өксігін ~ басқан жоқ. 2. *Тағы да, бұдан кейін де.* Е, бұл ~ талай келеді. 3. *Үстіне-үстіне қоймай.* Ол ~ сөйлеп тұр.

ӘЛІК: әлік сәлем [алды] — *сәлемін қабыл алды, сәлемдесті.*

ӘЛІМ-БЕРІМ 1. *Біршама, орташа.* Ол ~ көркі бар жігіт. 2. *Ауыс. Бірде олай, бірде былай.* Біздің бастық ~ кісі.

ӘЛІМЖЕТТІК: әлімжеттік жасады [қылды, етті, істеді] — *күш көрсетті, зорлық етті.*

ӘЛІНШЕ *Мүмкіндігінше, барынша.* Әркім ~ жауап берді.

ӘЛІП *Араб алфавитінің бірінші әрпі.* ◊ **Әліптің артын бақты [күтті, тосты]** — *аңысын аңдыды, істің алды-артын бағдарлады.* **Әліп түс** — *құмалақ салып, бал ашқанда ақ сөйле деп білдірген ниет.* **Әліпті [әріпті] таяқ деп білмейтін [танымайтын]** — а) *хат танымайтын, сауатсыз;* ә) *надан, топас.*

ӘЛІППБИ *көне. Қазақ тілінің жазу жүйесіне арналған әріптер жиынтығы.* ~ді алғаш әкемнен үйрендім.

ӘЛІППЕ 1. *Оқу мен жазуды үйрететін бірінші кітап.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің бастамасы, беташары.* Қалампырға домбыра тартудың *әліппесін* үйреткен Серік (Гумеров).

ӘЛІПТЕМЕ *Әліпбилік тәртіпке келтірілген жұмыс, іс.* Жұмыстың ~сі көрсетілген.

ӘЛІПТЕС *Тәріздес, іспеттес.* Бәрі де бір ~.

ӘМ *Және, әрі деген мағынадағы жалғаулық шылау.* Жәмила әм ақылды, *әм* шешен екен (Жұмақанов).

ӘМАНДА *Әр уақытта, ылғи да.* Ол кісі бетіне ~ тік қарамайды.

ӘМБЕ 1. *Барша, барлық, күллі.* Бұл ~ге белгілі. 2. *Әрқашан, үнемі, дәйім.* Оның *әмбе* осылай жасайтындығына біз кәміл сенеміз (Т. Бидықов).

ӘМБЕБАП *жаңа. Жан-жақты, бесаспап.* Өзі де, баласы да ~ механизаторлар.

ӘМЕНБАСШЫ *жерг. Делдал, жалғастырушы, мұрындық болушы.* Бұл іске ~ болып жүрген сол.

ӘМЕҢГЕР *көне. Жесір қалған әйел, оған үйленуге лайықты қайын-қайнағасының бірі.*

ӘМЕҢГЕРЛІК *көне. Жесір қалған әйелді иелену дәстүрі.* Шешемді *әмеңгерлік* жолымен қосқан (С. Мұқанов).

ӘМИН *діни. Қабыл болсын деген ишарат сөз.* ~, айтқаның келсін!

ӘМИЯН *Ақша салатын, қалтада жүретін бұйым.* ~ын ашып, бір сарықұлақты шығарды.

ӘМПЕЙ 1. *Бір-бірімен ауыз жаласқан, сыбайлас.* Олар бір-бірімен ~ кісілер. 2. *Әкей-үкей, сырлас.* Қайным-ау, екі қызбен де ***әмпейсің,*** қайсысын алайын деп жүрсің? (Ғ. Мұстафин).

ӘМПЕЙ-ЖӘМПЕЙ *қарап. Ымы-жымы бір, әуейі.* Екеуі сыбырласып, ~ болды да қалды.

ӘМПЕЙЛЕС I *Сыбайлас, жақтас.* Ол цех бастықтарымен ~.

ӘМПЕЙЛЕС II *Ауыз жаласу, байланысу.* Бастықтармен ~іп алған.

ӘМПЕЙЛЕУ *Жақындастау, көңілдестеу.* Өзі қызбен ~.

ӘМПЕЙЛІК *Жақындастық, көңілдестік.*

ӘМІР 1. *Бұйрық, жарлық, үкім.* Жұзбасының ~і бұлжымастан орындалды. 2. *Үкім жүргізуші адам.* Ол әйел бір ***әмірдің*** қызы еді (Мың бір түн). ◊ **Әмір берді [етті, қылды]** — *жарлық қылды, бұйырды.* **Әмірін жүргізді** — *айтқанына көндірді, тілін алдырды.*

ӘМІР: **әмір қауын** — *жылан тұстес қабығы жұқа тәтті қауын.*

ӘМІРКЕН *Жылтыр жұқа былғары.* ~ мәсі (етік).

ӘМІРЛІ *Қаһарлы, ызбарлы.* ~ үн (бұйрық, дауыс).

ӘМІРЛІК *Үстемдік, өктемдік.* Әбусейіт өз ***әмірлігін*** күшейтті (Есенберлин).

ӘМІРШІ *Билік етуші, үстемдік жүргізуші адам.*

ӘМІРШІЛІК *Әмір бергіштік, әмір айтқыштық.*

ӘМІСЕ *Әрқашан, әрдайым, ылғи да.* Осы бір адаммен ~ сөйлескің келеді.

ӘН 1. *Әуені, сазы бар музыкалық шығарма.* Абайдан қалған 16–17 ~ бар. 2. *Ауыс. Сайрағыш құстардың әдемі дауысы, үні.* Бұлбұл құстар ~ шырқайды. ◊ **Әнге басты** — а) *құйқылжытып ән айтты; әуендетті*; ә) *баяғы әдетін істеді.* **Әнге қосылды** — *біреудің салған әніне ерді, қоштады.* **Ән салды [айтты, шырқады]** — *өлең айтты, думандатты.*

ӘНБИЕ *діни. көне. Аруағы күшті дін иелері.* Ол өзі сыйынатын әлдебір әулие, ***әнбиелердің*** атын еріксіз аузына алады (Мағауин).

ӘНДЕМДЕ *Заматта, лезде, демде.* Машинаға мінуіміз мұң екен, ~ жетіп-ақ келдік.

ӘНДЕМДІ *Қарулы, қуатты; әнжемді.* Ақмағанбеттің астындағы ***әндемді*** ат еді (Жұмаділдин).

ӘНДЕМЕ *жерг. Үй сылайтын қалақ, қалақша.* Пірмақан үшы тілдей ***әндемемен*** сүйық лайды баппен жая берді (Алдамжаров).

ӘНДЕТ 1. *Әуендетіп, шырқап ән салу.* Әрегіректе бір қыз ~іп жүр. 2. *Ауыс. Кітап оқығанда сөздерді мақаммен айту.* Ол құранды ~іп оқыды. 3. *Ауыс. Ызыңдаған, гүілдеген дыбыс шығару.* Масалардың ~кен дыбысы да естіле бастады. 4. *Ауыс. Құстардың шырылдап дыбыс шығаруы.* Таң сәріден бұлбұлдар да ~е бастады.

ӘНДІГЕН *Жаугершілікте пайдаланатын ағаштан жонылған баулы ыдыс, саптыаяқ.* Тобыршақты ***әндіген***, толтыра тартар ма екенбіз? (Ақтамберді жырау).

ӘНЕ 1. *Әжеси, анау.* ~, үлкен үй де тігілді. 2. *Көрдің бе, қарашы.* ~, қойға қасқыр шапты.

ӘНЕКИ *Ана, мына.* ~ таң да атып келеді.

ӘНЕ-МІНЕ *Енді-енді, қазірме-қазір.* Оның өзі ~ үзілгелі тұр. ◊ **Әне-міне дегенше** — *көзді ашып-жұмғанша, лезде.*

ӘНЕУГҮНІ *Ана кезде, анада.* Онымен ~ кездестім.

ӘНЕУГІ *Ана кездегі, анадағы.* Сіз ~ әңгімеңіздің аяғын айтпайсыз ба?

ӘНЕУГІДЕН *Анадағыдан, сонадан.* ~ бері біраз сыр жиналыпты.

ӘНЖЕМДІ *Әлуетті, қарулы, әлді, әндемді.* Соңымызға ерткен екі итіміз де ***әнжемді*** еді (Көшімов).

ӘНЖІ *Ірің ағу үшін, ісікке есіп өткізілген қыл.* Шоқтық түбіндегі ісікке Ахаң біраз күн ***әнжі*** өткізіп жіберген (Ақышев).

ӘНЖІМЕ *Ердің қапталының алды-артынан өткізілетін шығыршық.* Қанжыға тесіктерінің қасынан ***әнжіме*** өткізетін тесіктер жасайды (Қасиманов).

ӘН-КҮЙ *Ән мен күй, екеуі де.* ~ аспаптары (үйірмесі).

ӘНҚҰМАР *Әнді сүйетін, ән сүйгіш.* ~ бала.

ӘНТЕК *Болар-болмас, сәл ғана.* ~ биіктеу (жоғары, үлкен).

ӘНТЕК-ТӘНТЕК *Қалт-құлт, әзер-мәзер.* Шал аяғын ~ басып келеді.

ӘНТІРЕК-ТӘНТІРЕК *Әрең-әрең, зорға-зорға.* Ол аяғын ~ басты.

ӘНҰРАН *Бір елдің мемлекеттігінің нышаны ретінде қабылданған салтанатты жыр; елұран.*

ӘНШЕЙІН 1. *Жайдан-жай, құр бекер.* Менің айтып отырғаным ~ қалжың. 2. *Тегін, бос, ақысыз.* Ол бізге ~ берді. ◊ **Әншейін сөз** — *ойланбай айта салынған бос сөз.*

ӘНШЕЙІНДЕ *Жайшылықта, жай уақытта.* ***Әншейінде*** ауыз жаппас (Мақал).

ӘНШІ *Әнді жақсы орындай білетін адам.* ◊ **Әнші құс** — *сайрағыш құс, жыл құсы.*

ӘНШІЛ *Ән сүйгіш, әнді жақсы көретін.* Ол жасында ~ еді.

ӘНШІЛІК *Ән орындау шеберлігі.*

ӘҢГЕЛЕК *Домалақ келген, ерте пісетін кішкене сары қауын.* ◊ **Әңгелек ойнатты** — *шыр көбелек айналдырды, үйіріп әкетті.*

ӘҢГҮДІК *Даңғой, есерсоқ, әулекі.* Аңқау аңдамайды, ***әңгүдік*** тыңдамайды (Мақал).

ӘҢГҮДІКТЕН *Даңғойлану, әулекілену.*

ӘҢГҮДІКТЕУ *Даңғойлау, әулекілеу.* Оның өзі ~ ме қалай?

ӘҢГІ I *Есектің, құланның айғыры.* Оның міні келгені — ~.

ӘҢГІ II *Есерсоқ, жындыкеш, әңгүдік.*

ӘҢГІЛЕН *Әулекілену, есерсоқтану.* — Қой, ей, ~бей аулақ жүр.

ӘҢГІЛЕУ *Есерсоқтау, жындыкештеу.*

ӘҢГІЛІК 1. *Әңгі есекке тән қылық.* 2. *Ауыс. Әулекілік, даңғойлық.*

ӘҢГІМЕ 1. *әдеб. Қара сөзбен жазылған шағын көркем шығарма.* Ол ара-тұра ~лер жазатын. 2. *Белгілі бір оқиғаны ауызша айтып беру.* Ол түні бойы ~ айтты. 3. *Мәселе, сөз. Әңгіме* шал мен пұлда болса оңай ғой (Жәкенов). ◊ **Әңгіме етті [болды]** — *сөз қылды.* **Әңгіме соқты [шертті]** — *көп әңгімелесті, ұзақ сөйлесті.* **Әңгіменің майын тамызды** — *әңгімені бабына келтіріп айтты, жұртты қызықтырды.*

ӘҢҒІМЕ-ДҮКЕН *экспр. Қызды-қызды сөз, кең отырыс.* Үй жылы, *әңгіме-дүкен* сонда (М. Әуезов). ◊ Әңгіме-дүкен құрды — *шүйіркелесті, сыр шертті.*

ӘҢГІМЕЛЕ *Бір нәрсе жайлы жүйелеп баяндау, айту.* Екеуміз көп жайларды ~дік.

ӘҢГІМЕЛЕС 1. *орт. етіс. Әңгімеле-с.* 2. *Пікір алысу, сырласу, сөйлесу.* — Кел, отыршы, ~етін бір жай бар.

ӘҢГІМЕЛЕСУ *Оқу орындарында емтихан қабылдаудың бір түрі.*

ӘҢГІМЕШІ 1. *Әңгіме айтуға шебер адам.* 2. *әдеб. Әңгіме жазатын жазушы.*

ӘҢГІМЕШІЛ *Әңгіме айтқыш, әңгімені жақсы көретін.* ~ адам.

ӘҢГІМЕШІЛДІК *Әңгіме құмарлық, әңгіме айтқыштық.*

ӘҢГІР I *Айқай-ұйқай, дау-дамай.* Бұл кісінің *әңгірі* де басқаша (Ә. Сәрсенбаев).

ӘҢГІР II *қарап. Мәңгіру, не істерін білмеу.* ~іп қалды.

ӘҢГІРЛЕ *Даурығу, даңғазалану, әулекілену.* ~мей, жайырақ сөйлесеңші.

ӘҢГІРТАЯҚ 1. *Таяқпен ойнайтын ойын.* Бір топ бала *әңгіртаяқ* ойнап жүр (Райымқұлов). 2. *Ауыс. Қоқан-лоқы, зобалаң.* Бәкеннің де *әңгіртаяғы* жанға батып барады (Ж. Молдағалиев). ◊ Әңгіртаяқ ойнатты — *жұрттың есін шығарып тықсырды, әлекке салды.*

ӘҢКІЛДЕ *Аңқылдау, еңкілдеу.* Біздің көк айғыр *әңкілдеп* ала жөнелді (Мұртазаев).

ӘҢКІ-ТӘҢКІ *Мең-зең, быж-тыж.* Астық өткіземіз деп басымыз ~. ◊ Әңкі-тәңкісін шығарды — *ойран-топыр етті, есін шығарды.*

ӘП *Ап деп ұмтылғанда айтылады.* Ол *"әп!"* деп тартып алды (Жұмалиев). ◊ Әп, бәрекелді — *жарайсың, дұрыс болған.* Әп, бәлем — *өзіне де сол керек д. м.* Әп дегенде — *шу дегенде, басында.* Әп дегеннен — *шу дегеннен, басынан.* Әп дегенше — *лезде, теп-тез.*

ӘП-ӘДЕМІ *Көп-көрім, жап-жақсы.* ~ қоңыр даусы бар, ~ жігіт.

ӘП-ӘЗІР *Дап-дайын, әзірме-әзір.* Бәрі де ~ болып қалыпты.

ӘП-ӘСЕМ *Әп-әдемі, тәп-тәуір.* ~ қыз.

ӘПЕНДІ *Ойына не келсе, соны айта салатын, алаңғасар.* Шал қаншама аңғал, *әпенді* болғанымен, жүрегі таза еді (Қалмырзаев).

ӘПЕНДІЛЕУ *Алаңғасарлау, қожанасырлау.* ~ адам.

ӘПЕНДІЛІК *Қожанасырлық, аңғалдық.*

ӘПЕР *Бір нәрсені алып қолына тигізу, ұстату.* Кітапты ~ді.

ӘПЕРБАҚАН *экспр. Ұрда-жық, есерсоқ, сотқар.* ~ жігіт.

ӘПЕРБАҚАНДАУ *Жындыкештеу, сотқарлау.*

ӘПЕРБАҚАНДЫҚ *Есерсоқтық, сотқарлық.*

ӘПКЕ *Емшектес, туыстас қыздардың үлкені; апа.* ~сінен сіңлісі бес жас кіші.

ӘПСАНА *әдеб. Аңыз әңгіме.* Қорқыт ата ~сы.

ӘП-СӘТТЕ *Қолма-қол, лезде, тез арада.* ~ біте қалды.

ӘПТЕР-ТӘПТЕР *Әлем-тапырық, үйқы-түйқы.* Төсек орын ~.

ӘПТИЕК *көне. Әліпби мен абжадтан кейінгі діни оқу, құранның жетіден бір бөлегі.* Оқуда мен *әптиек* ежесін танып, сүресіне түстім (Бегалин).

ӘПСҰҢ *діни. Дұға, зікір, аят.* Молда ~ оқып ұшықтады.

ӘПТІ *Шама-шарық, күш-қуат.* Қыз алуға сіздің *әптіңіз* келмейді ғой (Аймауытов).

ӘПТІК *Арын, аптық, екпін. Әптігі* басылды.

ӘР I *Ажар, көрік, шырай.* ~і жақсы.

ӘР II *Жеке-жеке, әрбір.* ~ адам, ~ тау. □ Әр алуан — *түрлі-түрлі, түрлі-түсті.* Әр жақты [тарапты] — *көп нәрсені білетін білімдар, әмбебап.* Әр қилы — *басқа-басқа, қилы-қилы.* Әр саққа жүгіртті — *әркім әр түрлі жорыды.* Әр тарап — *жан-жақ.* Әр текті — *тегі бірдей емес.* Әр түрлі — *бір-біріне ұқсамайтын, қилы-қилы.* Әр уақытта — *әрқашан, әр кез, әрдайым.*

ӘРӘЙНЕ *Арай-арай, сабыр, шыдам. Әрәйне* билер, *әрәйне* (Махамбет).

ӘРБІР *Әрқайсысы, кез келген.* Ол менің ~ басқан ізімді аңдыды.

ӘРБІРЕУ *Кім көрінген, әркім.* ~і бір келеді.

ӘРДАЙЫМ *Әрқашан, ылғи да, үнемі.* ~ барып тұрады.

ӘРЕДІК *Анда-санда, кейде, сирек.*

ӘРЕКЕ *Бұлік, лаң.* Қайран халқым, азғанын ба *әрекемен* осындай (М. Әуезов).

ӘРЕКЕТ 1. *Бір нәрсені істеу, іс-қимыл.* Үй иесі шам жағу ~іне кірісті. 2. *Ауыс. Қырсық, лаң, пәле.* Харекеті — *әрекет,* өзі оңбаған антұрған (Абай). ◊ Әрекет жасады [етті, қылды] — *әрекеттенді, талаптанды.*

ӘРЕКЕТСІЗ *Қимыл-қозғалыссыз, бейқам.* ~ жатқанымыз жарамас.

ӘРЕКЕТСІЗДІК *Қамсыздық, талапсыздық.* Баласының ~гіне ызалы.

ӘРЕКЕТТЕН *Қам жасау, тырысу.* Өлмеу үшін ~есің.

ӘРЕКЕТТЕС *хим. Өзара араласу, алмасу, әсер ету.* Әлсіз негіздер мен әлсіз қышқылдар іс жүзінде *әрекеттеспейді* (Химия).

ӘРЕКЕТТІ *Әрекеті бар, әрекет жасайтын.* ~ тіршілік.

ӘРЕКЕТТІК *Әрекетке тән, әрекетке қатысты.* ~ іс.

ӘРЕКЕТТІЛІК *Әрекет етушілік, әрекетшілдік.*

ӘРЕКЕТШІЛ *Әрекет жасағыш, тынымсыз.* ~ адам.

ӘРЕКЕТШІЛІК *Әрекет етушілік, тынымсыздық.*

ӘРЕҢ *Зордың күшімен, зорға, әзер.* Күнді ~ батырдым-ау! ◊ Әрең дегенде — *өліп-талып, әзер-әзер.*

ӘРЕҢ-ӘРЕҢ 1. *Қалт-құлт, зордың күшімен.* Соғыс жылдарында жұрт ~ күн көрді. 2. *Өліп-талып, зорға-зорға.* Төменнен дауыс ~ естіледі.

ӘРЕҢДЕП *Әрең дегенде, зордан.* Есен одан *әрең-деп* сытылып шықты (Иманжанов).

ӘРЕҢ-ПӘРЕҢ *Әрең дегенде: өйтіп-бүйтіп.*

ӘРИНЕ *Ия, солай, әлбетте.* ~, соғыс шығынсыз болмайды.

ӘРКЕЗ *Әрқашан, әрдәйім* ~ келіп-кетіп жүрді.

ӘРКЕЛКІ *Түрлі-түрлі, әр қилы.* Әр адамның күлкісі де ~.

ӘРКЕЛКІЛІК *Бір тектес болмаушылық, әр түрлілік.*

ӘРКІМ *Кез келген кісі, кім көрінген.* Қымызды ~ ішеді.

ӘРҚАЙДА *Әр жерде, әрқашан.* ~ кездеседі.

ӘРҚАЙДАН *Жер-жерден, алыстан.* Университетке ~ келдік.

ӘРҚАЙСЫ *Әрбіреуі, жеке-жеке.* ~мызға жымиып қарады.

ӘРҚАЛАЙ *Әрқилы, түрлі-түрлі.* Бала қабілеті ~ дамиды.

ӘРҚАШАН *Қашанда, әрдайым, үнемі.* ~ абыройлы еңбек ет.

ӘРЛЕ 1. *Заттың сынын келтіріп әдемілеу, әшекейлеу.* Атам жаңа шабылған ерді ~п отыр. 2. *Ауыс. Әсірелеу, көркемдеу.* Ол бүгінгі халді ~мей баяндап берді.

ӘРЛЕН *Құлпыру, түрлену.* Сұлудай *әрленіп* таранған (Баязитов).

ӘРЛЕУШІ *Үйдің іші-сыртын белгілі бір түрге келтіруші маман, құрылыс жұмысшысы.*

ӘРЛІ 1. *Ажарлы, өңді.* Қыз ~ екен. 2. *Сұлу, әдемі, көркем. Әрлі* болғанша, арлы бол (Мақал).

ӘРЛІ-БЕРЛІ *Ерсілі-қарсылы, олай-былай.* ~ жүрді (тасыды, аунады).

ӘРЛІЛІК *Әдемілік, сымбаттылық.*

ӘРЛІРЕК *Көркемірек, әдемірек.*

ӘРМЕН 1. *Әрі таман, әрі қарай.* Ол сөзін ~ қарай жалғастырды. 2. *Жоғал, аулақ.* Тәйт *әрмен*, тілім тасқа де (Байтанаев).

ӘРМЕН-БЕРМЕН *Бірде олай, бірде былай.*

ӘРМЕНДЕ *Алыстай беру, қашықтау.* Ол енді ~п бара жатқанға ұқсайды.

ӘРМЕНІРЕК *Аулақтау, қашығырақ.* Түсетін үйіміз ~.

ӘРНЕ *Оны-мұны, көрінген нәрсе.* Екеуі ~ні еске алды.

ӘРНЕМЕ *Ананы-мынаны, оны-мұны.* Ол ~ні бір сұрап, маза бермейді.

ӘРНЕШІК *Әрдайым, әр уақыт.* ~ үйден таба бермейді.

ӘРПІ-ТӘРПІ *Орташа, қатардағы.* ~ күнкөрісі бар.

ӘРСІЗ *Көріксіз, ажарсыз.* Ішіндегі заттар да тым ~ еді.

ӘРТІН *Алыстан, әріден.* Үрқия *әртіннен* мысалдап сөйледі (Әбілев).

ӘРТІНДЕ *Бұрыырақта, ертеде.* ~ осы жерде зауыт болған.

ӘРТІНІРЕК *Алыстау, қашығырақ.* ~ бір үйден ән естіледі.

ӘРТІС *Көркем өнер шығармаларын сахнада орындаушы, өнерлі адам; артист.*

ӘРІ I 1. *Әрмен қарай, әр таман.* Көпірден ~ өтті. 2. *Алыстан, ертеден.* Жігіт сөзді ~ден бастады. ◊ **Әрі итеріп, бері жығып** — *бірде олай, бірде былай.* **Әрі кетсе** — *көп болса, азар болса.* **Әрі құла десең, бері құлайды** — *бір бет, қисық, қыңыр.* **Әрі ойлап, бері ойлап** — *ойланып-толғанып, қорыта келе.* **Әрі тарт та, бері тарт** — *біріне бірі сілтеді.*

ӘРІ II *Сонымен бірге, әм.* Ол ~ қатал, әрі мейірбан жан.

ӘРІ-БЕРІ 1. *Олайда-былайда, ерсілі-қарсылы.* Біреу есікті ~ жұлқылады. 2. *Біраз, бірсыпыра.* ~ қызу ұрыстан кейін олар кейін шегінді. ◊ **Әрі-беріден соң** — а) *олай болса, керек десең;* ә) *біраз уақыт өткен соң, аздан кейін.*

ӘРІДЕ *Ілгері кезде, ертеде.* Жанжал түбі ~ жатыр.

ӘРІЛЕ *Алыстап кету, ұзау.* Ойдың түйіні ~й берді.

ӘРІЛЕУ *Әрірек, әр таман.* Жасөспірімдер театры одан сәл ~.

ӘРІП *Дыбыстың жазылудағы таңбасы.* ◊ **Әріп таныды** — *сауатын ашты.*

ӘРІПТЕС 1. *Бірге жұмыс істейтін, мамандығы бір адам.* Жүр бері, ~іңмен таныстырайын. 2. *Спорт ойынындағы қарсылас жақ.* ~ім маған допты бермеуге тырысты.

ӘРІПТЕСТІК *Мамандас, қаламдас болушылық.*

ӘРІПШІЛДІК *Істің сыртын көріп, оның ішіне терең бойламаушылық; формалист.* Кейде *әріпшілдік* әсемділіктің жолына кедергі болады (М. Әлімбаев).

ӘРІРЕК *Әрі таман, әрі қарай.* ~ бара тұр.

ӘРІРЕКТЕ *Бұрын, баяғыда.* ~ болған оқиға.

ӘРІ-СӘРІ *Екі ойлы, селсоқ.* Ол ~ күйде тұрып қалды.

ӘРІ-СӘРІЛІК *Екі ойлылық, селқостық.*

ӘСЕЛ *Ара балы.*

ӘСЕМ *Көз тартатындай, әдемі, көркем.* ~ үй (күлкі, киім).

ӘСЕМДЕ *Сәнін келтіру, әдемілеу.* Жүкті ~п жиған.

ӘСЕМДІК *Әдемілік, көріктілік.*

ӘСЕМПАЗ 1. *Сәнқой, әуесқой.* ~ кісі. 2. *Көрсе қызар, қызыққыш. Әсемпаз* болма әрнеге (Абай).

ӘСЕМПАЗДАН *Сәнқойлану, сәндену.* ~ып алыпты.

ӘСЕМПАЗДЫҚ *Сәнқойлық, әуесқойлық.*

ӘСЕМСІ *Кербездену, сәнденгенсу.*

ӘСЕМІРЕК *Әсемдеу, көркемдеу.*

ӘСЕР *Қимыл-әрекеттің немесе бір істің адамға тигізетін ықпалы.* М. Әуезов мұражайынан мол ~ алдық. ◊ **Әсер етті** — а) *ықпалын тигізді;* ә) *ойландырды, толғандырды.*

ӘСЕРЛЕ *Мәнерлеп әңгімелеу, көркемдеп айту.* Ол көргенінің бәрін ~п айта білетін.

ӘСЕРЛЕН *Алып ұшу, лепіру.* Жігіт ~е сөйледі.

ӘСЕРЛЕНГІШ *Сезімтал, сергек.* Жастар ~ келеді.

ӘСЕРЛЕСУ *Екі нәрсенің бір-біріне ықпал етуі.* Сәуленің ортамен ~і.

ӘСЕРЛІ *Тартымды, қызықты.* Жүректен шыққан сөз ~ естілді.

ӘСЕРЛІЛІК *Тартымдылық, ықпалдылық.*

ӘСЕРЛІРЕК *Тартымдылау, өтімдірек.*

ӘСЕРСІЗ *Тартымсыз, қызықсыз.* ~ сөз.

ӘСЕРСІЗДЕУ *Тартымсыздау, қызықсыздау.* Оның ойыны ~ көрінді.

ӘСЕРШІЛ *Сезімтал, сезгіш, әсерленгіш.* Ол ~ жан.

ӘСЕРШІЛДІК *Сезімге берілгіштік, сезінгіштік.*

ӘСЕТ *көне. Шілде айының арабша аты.*

ӘСКЕР 1. *Мемлекеттің қарулы күші, армия.* Балам ~де жүр. 2. *Қатардағы жауынгер, солдат.* Үйімізге бір ~ кіріп келді.

ӘСКЕРБАСЫ *Үлкен әскери құрамалардың бастығы.*

ӘСКЕРИ *Әскер қызметіне қатысты, соған тән.* ~ атақ (тәртіп, киім).

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ: әскери-патриоттық тәрбие — *әскери міндетті атқарып жүргендерге отанды сүю рухындағы тәрбие беру ісі.*

ӘСКЕРЛІК *Әскер өміріне лайық, соған қатысты.* ~ міндет (ойын).

ӘСКЕРШЕ *Әскерге ұқсап, әскер тәрізді.* Мен оған ~ сәлем бердім.

ӘСПЕНСІ *Мардымсу, кісімсіну.* Менің қай жерім кем деп ~иді.

ӘСПЕТ *Ізет, ілтипат.* -і көп әйтеуір.

ӘСПЕТТЕ *Қастерлеу, қадірлеу.* Домбырасын -п төрге іліп қойдым.

ӘСПЕТТІ *Ізетті, қасиетті.* ~ іс (әрекет).

ӘСТЕ 1. *Сірә, ешбір.* Ақынның жыр тасқыны ~ толастаған емес. 2. *Еш уақытта, ешқашан.* Осы бір бәкісін қасынан ~ тастамайды.

ӘСТЕ-ӘСТЕ *Сөз айтты, бітістірді, тіл табыстырды. Жайлап, біртіндеп, ақырындап.* Ол мұны ~ аңғара бастады. Ағайын арасына ~ сөз айтты.

ӘСТІЛІ *Еш уақыт, ешқашан.* ~ ешкімге айтпа.

ӘСІЛІ *Тегінде, запырындау.* Ол ~ жақсы адам.

ӘСІП *Жаңа сойылған малдың жылы-жұмсағына күріш қосып, ішекке салып пісірілген тамақ.* Қазанда ~ қайнап жатыр.

ӘСІРЕ *Шектен тыс, мөлшерден артық.* ~ құмарлық (пысық, шамшыл). ◊ **Әсіре қызыл** — а) *шымқай қызыл түс;* ә) *жалған бояма, жасанды.*

ӘСІРЕЛЕ *Асырып айту, артықша бағалау.* Жазушы тым -п жіберген.

ӘСІРЕЛЕУ *әдеб. Көркем шығармада құбылысты белгілі шектен асыра бейнелеу тәсілі.*

ӘСІРЕСЕ *Өте-мөте, соншама.* Мені таңдандырған ~ осы.

ӘТЕК *Аталық бездің қабілетсіздігі; "белі жоқ" еркек.* Мен *әтек* болып қалсам, сен қалай тірі жесір болмайсың? (Ә. Әбішев).

ӘТЕШ *Тауықтың еркегі, жас қораз.* Болғанда мен ақсұңқар сен бір тауық, Сен *Әтеш* айқайлағыш ауық-ауық (Жамбыл). -тің айдары.

ӘТКЕНШЕК *Ермек етіп тербелу үшін жасалған балалар ойыны.* ~ тепті.

ӘТТЕГЕН-АЙ 1. *Бір істің орындалмағандығына қатты өкініш білдіру ишараты.* ~, жауды қолдан шығарып алыппыз. 2. *Ауыс. Қапылыста кеткен өкінішті іс.* Кейбір тәуір шығармалардың өзінде *"әттеген-ай"* дейтін жерлер көп болады (Қаратаев).

ӘТТЕҢ *Арман-тілекті, өкінішті білдіретін сөз.* ~ ұл боп тумадым. ◊ **Әттең дүние!** — *о, шіркін, шіркін-ай, деп армандау, көксеу.*

ӘТІР *Жұпар иісті иіс су.* ~ иісі шығып тұр.

ӘТІРШӨП *Түп-тұп болып өсетін кішірек боз жапырақты өсімдік.*

ӘУ 1. *Біреудің шақырғанына берілетін жауап ретіндегі ишарат сөз.* "Қара Қожа" дегендерге *"әу"* деп жалт қарайтын болдым (Соқпақбаев). 2. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылатын ишарат сөз. Әу,* кімсің, кірсеңші! — деді (Нұртазин). ◊ **Әу баста [дегенде]** — *әуелгі кезде, ең алғаш.* "Әу" деп **көрмеген** — *ән салмаған, ән айтпаған.* **Әу десті** — *бірлесті, уағдаласты, ауыз жаласты.*

ӘУДЕМ: әудем жер — *көз көрім жер, жақын ара.*

ӘУДЕМДЕ *Әп-сәтте, тез арада.* Ол ~ қалың кітапты бітіріп тастады.

ӘУЕ *Жер үстін қоршаған көк аспан.* -де теңгедей де бұлт жоқ. □ **Әуе кемесі** — *жолаушылар таситын ұшақ.* **Әуе толқыны** — *физикалық жағдайдағы тербелгіш дыбыстық қозғалыстар.* ◊ **Әуе айналды** — *күн күйіп түрған шақ, қапырық.* **Әуе айналып жерге түседі** — *күн қатты ысып кетеді.*

ӘУЕАЙЛАҚ *Ұшақтар ұшатын және қонатын орын.*

ӘУЕЖАЙ *Ұшақпен ұшатын жолаушылар аялдайтын жай.*

ӘУЕЗ *Жағымды ұн, ұнамды дауыс.* -і жақсы екен.

ӘУЕЗДІ *Әсем үнді, сазды.* ~ дауыс.

ӘУЕЗДІЛІК *Әсем үнділік, ырғақтылық.*

ӘУЕЗЕ *Әдет, машық, дақпырт.* Ол кезде ауыл арасын топырлатып жүруді *әуезе* көруші еді (Сейдімбеков).

ӘУЕЙ *Әумесер, дәлдұң, әулекі.* Былайғы жұрт сені ақымақ, *әуей* санайды (Юсупов).

ӘУЕЙЛЕН *Әулекілену, әумесерлену.* Еркелетсең, тым -іп кетеді.

ӘУЕЙІ 1. *Еркек пен әйелдің жасырын қарымқатынасы.* Оны бір бойдақ жігітпен ~ болды деседі. 2. *Желікпе, әулекі.* Болып жүрме *әуейі,* Ойынға артық берілме (Сейфуллин).

ӘУЕЙІЛЕС *Жақындасу, көңілдес болу.* Екеуі -іп жүр.

ӘУЕЙІЛІК *Көңілдестік, жақындастық.*

ӘУЕЛ *Алғаш, басында.* Оны *әуел* көргенде-ақ ұнатып қалған. ◊ **Әуел баста [бастан]** — *о бастан, әуелден.*

ӘУЕЛГІ *Бастапқы, бірінші, алғашқы.* Күн ~ қалпынша.

ӘУЕЛГІДЕ *Бастапқыда, алғашқыда.* Ол ~ бір көрген адамым.

ӘУЕЛГІДЕЙ *Бұрынғыдай, алғашқыдай.* Інім ~ жадырамады.

ӘУЕЛДЕ *Басында, әдепкіде.* ~ бір туған соң, амал бар ма!

ӘУЕЛЕ 1. *Биіктеп өсу, бойлау.* -й өскен бір түп шынар тұр. 2. *Көкке өрлеу, самғау.* Ұзаққа ұшатын құс -п ұшады. 3. *Ауыс. Шарықтау, асқақтау.* Ән -п барып тынды.

ӘУЕЛЕН *Еліру, еліктеу.* Жұрт Қабиба әнінің әсерімен *әуеленіп* алды (Сейфуллин).

ӘУЕЛІ 1. *Басында, әуелгі кезде.* Ол ~ қызарды, содан кейін бозарды. 2. *Бәрінен бұрын, алдымен.* ~ үйге екі жігіт кірді. 3. *Керек десе, тіптен.* ~ балам да сені қызғанады.

ӘУЕЛІНДЕ *Бастапқы кезде, әдепкіде.* Эпос *әуелінде* ұсақ салт жырлары негізінде туған (Ысмайылов).

ӘУЕН *Өлеңнің, әннің сазы.* Құлағыма әннің -і естілді. ◊ **Әуенге басты** — *ескі әдетін бастады.* **Әуенін әуендеді** — *біреудің жоғын жоқтады, жақтас болды.*

ӘУЕНДЕ *Ырғағына келтіріп ән салу.*

ӘУЕНДЕС 1. *Бір-біріне ұқсас, үндес.* Оның да сөзі Елдоспен *әуендес* (Досанов). 2. *Үйлесу, үндесу.* Абай Шығыстың ұлы ақындарымен -іп жатыр.

ӘУЕНДЕСТІК *Үйлесімдік, үндестік.*

ӘУЕНДІ *Әуезді, сазды.* Оның ~ үні естілді.

ӘУЕНДІЛІК *Өлең мен ән ырғағындағы үйлесімділік, үндестік.*

ӘУЕС *Бір нәрсеге үйір, құмар, құштар.* Тәттіге ~. □ **Әуес ас** — *жеңсік ас.* ◊ **Әуес болды** — *қызығып құмартты.* **Әуес көрді** — *қызықты, елікті, құмартты.*

ӘУЕСҚОЙ 1. *Әр нәрсеге құмартқыш, еліккіш, қызықыш.* Әуелден-ақ жылтыраққа ~. 2. *Белгілі бір іске, мамандыққа икем, бейім.* ~ композитор (суретші).

ӘУЕСҚОЙЛАН *Бір нәрсеге еліктеу, елігу.* Жоқ нәрсеге -ып жүр.

ӘУЕСҚОЙЛЫҚ *Бір нәрсеге соншама құмартып, соңына түсушілік.*

ӘУЕСТЕН *Бір нәрсеге қызығып құмарту, соңына түсу.* Ақ сумен -геннің оңғанын көріп пе ең?

ӘУЕСТЕНУШІ *Бір нәрсеге құмартып, соңына түскен адам.* Әдебиетпен ~, балық аулаумен ~.

ӘУЕСТЕНУШІЛІК *Бір нәрсемен қатты шұғылданушылық.*

ӘУЕСТЕУ *Бейімдеу, үйірсек.* Ол ішкілікке ~.

ӘУЕСТІК *Бір нәрсеге беріле елігетін құмарлық.*

ӘУКЕ 1. *Сиыр малының мойын астындағы салбыраған бұғақ терісі.* Бала сиырдың ~сін қаси бастады. 2. *Ауыс. Семіз адамның бұғағы.* Бәймен болыс алдында *әукесі* түскен салпылдап (Кенен). ◊ **Әукесі түсті** — *ұнжырғасы түсті, жүдеп-жадады.* **Әукесі салбырады** — *ұнжырғасы түсті, кетеуі кетті.*

ӘУКЕЛІ *Әукесі салбыраған, әукесі үлкен.* Бұқалары ~.

ӘУКІМ-ӘУКІМ *Сиыр малын шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

ӘУЛЕКІ *Даңғаза, есерсоқ.* Таз — әңгі, соқыр — *әулекі* (Мақал).

ӘУЛЕКІЛЕН *Еліріп сөйлеу, даңғазалану.* Осылай ~е беруге бола ма екен?

ӘУЛЕКІЛЕУ *Есерсоқтау, даңғазалау.* ~ жігіт.

ӘУЛЕКІЛІК *Даңғазалық, есерсоқтық.* ~ жаман әдет.

ӘУЛЕТ *Үрім-бұтақ, өрен-жаран.* Мұнда біздің ~тен екі үй бар.

ӘУЛЕТТЕС *Туыстас, аталас.* Ол кісі менің ~ім.

ӘУЛЕТТІ *Жанды-жақты, өрен-жаранды. Әулетімен* қас болма (Мақал).

ӘУЛЕТТІК *Әулетке тән ізгі қасиет.*

ӘУЛИЕ I *діни.* 1. *Құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам.* ~лердің ең үлкені — пайғамбарлар мен сахабалар. 2. *Айтқаны келетін сәуегей адам.* Жігіт ~ екен, айтқаны келді. 3. *Ауыс. Қадірлі, қасиетті.* Дәмсізді дәмді қылған, түз *әулие,* Алысты жақын қылған қыз *әулие* (Мақал). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің ең жақсысы, тәуірі, қымбаты.* Саған қыздардың *әулиесі* тиеді (Дүйсенов). ◊ **Әулие тұтты** — *қадірлеп-қастерледі, бас иді.* **Әулиеге түнеді** *(этногр.)* —*жақсы тілеу тілеп, әулиеге табынды.*

ӘУЛИЕ II *көне. Шешек ауруының халықтық аты.*

ӘУЛИЕ-ӘНБИЕ *діни. Барлық қасиетті аруақтар.* ~лер түсімізге кіріпті.

ӘУЛИЕЛІК *Көріпкелі бар, сәуегейлік.*

ӘУЛИЕСІ *Құдіретсіну, кісімсу.* Ол да маған ~иді.

ӘУЛІК *Даурығу, дуылдау, шуылдау.* Ол ~гіп кететін кісі емес.

ӘУЛІКПЕ *Даурықпа, бөспе, даңғаза.*

ӘУМЕСЕР *Жындысұрей, есерсоқ.* ~мен дос болма.

ӘУМЕСЕРЛЕН *Есерсоқтану, жындану.* Келіншек ~іп кетті.

ӘУМЕСЕРЛЕУ *Жындыкештеу, есерсоқтау.* Ол жасында ~ еді.

ӘУМЕСЕРЛІК *Жындысұрейлік, есерсоқтық.*

ӘУП *Бір нәрсені көтергенде айтылатын ишарат сөз.* ~ деп көтеріп алды. ◊ **Әуп етті** — *баланы қолына алып көтерді.*

ӘУПІЛ *Құстың, иттің әуп, әуп еткен даусы.* Көктөбет ~ге басты.

ӘУПІЛДЕ *Әлсін-әлсін дауыс шығару, ұру.* Иттер ~п үрді.

ӘУПІЛДЕК *Қамысты жерлерде мекендейтін су құсы.*

ӘУПІРІМ *Жан қиналғанда айтылатын ишарат сөз.*

ӘУПІРІМДЕП *Өліп-талып, зордың күшімен.* Малды ~ қыстан алып шықтық.

ӘУРЕ *Бос машақат, нәтижесіз іс.* Егіншілер ала өгіз ~сімен кетті. ◊ **Әуре болды [қылды, етті]** — *әлекке түсті, машақаттанды.* **Әуреге салды [түсіру]** — *сергелдеңге түсті, арпалысты.*

ӘУРЕЛЕ *Тынышын алу, әуреге салу.*

ӘУРЕ-САРСАҢ *Азапқа түсушілік, әлек болушылық.* Ол үйіне жете алмай ~. ◊ **Әуре-сарсаңға салды [түсірді]** — *бос сандалды, әлекке түсті.*

ӘУРЕШІЛІК *Босқа жан қинаушылық, нәтижесіз іс істеушілік.*

ӘУСЕЛЕ *Шама-шарық, әл-дәрмен, мұрша.* Ол сұлтандардың орысшаға *әуселесі* қандайлығын жақсы білетін (С. Мұқанов). ◊ **Әуселесін көрді [байқады]** — *қолынан не келетіндігін білді.*

ӘУІЗ *Шомылуға арналған суы бар қоршау, хауыз; бассейн.* Қонақүйдің ішкі ауласында дөңгелек *әуіз* бар (Нұршайықов).

ӘУІРІ: әуірі басылмады — *көңілдің желігі тарқамады.*

ӘУІТ *Су сақтайтын жерден қазылған шұқыр.*

ӘШЕКЕЙ *Әдемі ою-өрнек, нақыс.* ~і бар.

ӘШЕКЕЙЛЕ *Оюлап, өрнектеп безендіру.* Сыртын ~п өрнектеген екі қатарлы үй тұр.

ӘШЕКЕЙЛІ *Ою-өрнекпен безендірілген, әшекей салынған.*

ӘШЕКЕЙСІЗ *Әшекейі жоқ, әшекей салынбаған.*

ӘШКЕРЕ *Жария болған, құпиясы ашылған.* ◊ **Әшкере болды [қылды, етті]** — *сыры ашылып әйгіленді, әшкереленді.*

ӘШКЕРЕЛЕ *Жұртқа әйгілеп, құпиясын ашу, мәлімдеу.* Қылмысты ~ді.

ӘШМҰШКЕ *Қадақтың сегізден бір бөлігі.* Бір ~ шай.

Б

БА *Ма, ме, па, пе сұраулық шылауының фонетикалық варианты.* Аман *ба?*

БАБА 1. *Арғы ата, ұлы ата.* 2. *Қарт адамды қадір тұтып, құрметтеу мағынасында айтылатын ишарат сөз.* Батағой *бабам* Қабанбай, Батанды бер ұлыңа (Баймұратов). **Баба түкті шашты әзіз** *(миф.)* — *қауіп-қатерге душар болған адамды қолдап, көмек беруші пір, әулие.*

БАБАЙ *эмоц.* 1. *Баба сөзінің құрметтеу, сыйлау мағынасында қолданылған құрметтеу түрі.* Қош, ~. 2. *Жас балаларды қорқытқанда айтылатын сөз.* Жылама, ~ кеп қалады.

БАБАЛА 1. *Баба, баба деп айту. Бабаға сыйыну, табыну.* Ата-ана зарлап, *бабалап.* Тұрғанда жау қамалап (Ақын жырлары).

БАБАЛЫҚ *Бабаға тән ізгілікті қасиет.*

БАБАР: бабар қылмады *(жерг.)* — *елемеді, ескермеді.*

БАБЫНДА *Нағыз кемеліне келген дер шағында.* Көктемгі жер ~.

БАБЫР *Мысық тұқымдастарына жататын күшті жыртқыш аң.*

БАҒА 1. *Заттың құны, нарқы.* Еттің ~сы 180 теңге. 2. *пед. Оқушының білім дәрежесін айқындайтын бес балдық жүйе.* Орыс тілінен бес деген ~ алды. 3. *Ауыс. Қадір-қасиет.* Басылмай шықты аяққа, Адамдықтың *бағасы.* (Айнабекұлы). **Баға жетпес [жоқ]** — *өте құнды, теңдесі жоқ.* **Бағасы қалмады [түсті]** — *бағасы төмендеді, сәні кетті.*

БАҒАЛА 1. *Белгілі бір затқа, нәрсеге қойылатын нарық.* 2. *Оқушының білген білімін тиісті балмен жүйелеу.* 3. *Ауыс. Қадірлеу, құрметтеу.* Елдің еңбегін ~.

БАҒАЛАС *Бағасы теңдес, бағасы бірдей.*

БАҒАЛЫ 1. *Бағасы қымбат, нарқы жоғары.* Терісі ~ аңдар. 2. *Ауыс. Өте маңызды, құнды.* ~ қасиет.

БАҒАМДА *Ой елегінен өткізу, пайымдау.* ~п көрді.

БАҒАМДЫ *Пайымды, салиқалы.* ~ байлам.

БАҒАНА I *көне.* 1. *Басы аша түрінде келетін үйдің тіреуі.* ~ ерте замандағы құрылыс материалына қатысты сөз. 2. *Жерге тікесінен қадаған жұмыр діңгек, жуандау бөрене.* Телеграф *ба* ~ *ғаналары.*

БАҒАНА II *Бір талай уақыт бұрын.* Ол үйден ~ кетіп қалған.

БАҒАНАҒЫ *Бұдан біраз бұрынғы, манағы.* ~ талас, ~ ой.

БАҒАНАДАН *Манадан бері, көптен.* Осы жерде ~ тұрмыз.

БАҒАР: бағар көбейсін *(тілек.)* — *мал басы өссін, молайсын.*

БАҒАСЫЗ 1. *Бағасы жоқ, бағасы қойылмаған.* 2. *Ауыс. Құнсыз, татымсыз.* ~ еңбек.

БАҒАСЫЗДЫҚ 1. *Бағасының жоқтығы.* 2. *Ақшаның құнсыздығы.*

БАҒБАН *Бау-бақшаны күтуші адам.*

БАҒБАНШЫЛЫҚ *Бағбандық кәсіп.* Өмірін ~пен өткізді.

БАҒДАР 1. *Беталыс, бағыт.* Ол ~ынан жаңылды. 2. *мат. Геометриялық негізгі ұғым.*

БАҒДАРЛА 1. *Белгілі бағытты айқындау, анықтау.* Жолын ~п алды. 2. *Ауыс. Болжам жасау, болжау.* Ғылымның даму қарқынын ~ды.

БАҒДАРЛАҒЫШ *Бағытын тез анықтай білетін.*

БАҒДАРЛАМА *Бағыт-бағдар, жоба, жоспар; программа.* Ол өз ~сын ұсынды.

БАҒДАРЛАУ: *бағдарлау спорты* — *қойылған белгілер бойынша орман ішінен тез жүгіріп өтетін спорт ойыны.*

БАҒДАРЛЫ 1. *Бағдары бар.* ~ жол. 2. *Белгілі бір мамандыққа қарай бағытталған.* ~ мектеп, ~ білім.

БАҒДАРНАМА *Жол бағытын көрсететін белгі.* Жолда ~ жоқ.

БАҒДАРСЫЗ *Бағдары жоқ; белгісіз.*

БАҒДАРСЫЗДЫҚ *Бағдары жоқтық.*

БАҒДАРШАМ *Көше қозғалысын реттейтін шам; светофор.*

БАҒДАРШЫ 1. *Жол нұсқаушы.* 2. *Ауыс. Бір нәрсеге ақыл қосып, кеңес беруші.* Әдебиет ~сы — көркем сын.

БАҒДАРШЫЛ *Бағдарлай білетін, бағдарлай алатын.*

БАҒЖАҢ: бағжаң етті — *көзі бақжаң ете қалды.*

БАҒЖАҢ-БАҒЖАҢ: бағжаң-бағжаң етті — *қайта-қайта бағжаңдады.*

БАҒЖАҢДА *Бағжаң-бағжаң ету.* Көзі ~п кетті.

БАҒЖИ *Көзі бақшиып тесірейе қарау.* Шал ~ып қарады.

БАҒЗАМА *Жуылған кірден қалған сабынды су.*

БАҒЗЫ *Ежелгі, көне.* ◊ **Бағзы заман** — *ежелгі, ескі дәуір.*

БАҒЗЫ: Бағзы бір — *кейбір, қайсыбір;* **Бағзы біреу** — *кейбіреу.*

БАҒЛАН I 1. *Жетілген, семіз қозы; марқа.* ~ сойды. 2. *Ауыс. Таңдаулы азамат, игі жақсы.* Болыпты кімнен төмен Әлібегім, Әрі бай, әрі *бағлан,* әрі бегім (М. Әуезов).

БАҒЛАН II *зоол. Өзендер мен көлдерде балықты қорек ететін кішкентай құс.*

БАҒУЛЫ 1. *Бағып-қағулы, күтімі жақсы.* Мал ~. 2. *Ауыс. Күзетулі, аңдулы.* Ақбілектің есігін, Күң мен құлдар *бағулы* (Батырлар жыры).

БАҒУСЫЗ 1. *Бақташысы жоқ, бағылмаған.* ~ мал. 2. *Бетімен кеткен, тәлім-тәрбие көрмеген, қараусыз.* ~ өскен бала.

БАҒУСЫЗ-ҚАҒУСЫЗ *Күтімі жоқ; қараусыз.* ~ мал.

БАҒЫ: бағы заман — *ертедегі, ежелгі заман.*

БАҒЫМ *Бағуға, күтімге алынған мал.* ***Бағымға*** қойған қой арымайды (Әміров).

БАҒЫН 1. *Дегеніне мойын ұсыну, көну.* Ол әпкесіне ~ады. 2. *Тәуелді болу, бас ию, табыну.* Патшаға ~ды.

БАҒЫНУШЫ 1. *Біреудің айтқанына көнуші, мойынұсынушы.* 2. *Өз еркі жоқ, біреуге тәуелді, бағыныштысы.* ~ ел.

БАҒЫНУШЫЛЫҚ *Бағынышты болушылық, мойынұсынушылық.*

БАҒЫНЫҢҚЫ *Тәуелді, бағынышты.* □ **Бағыныңқы сөйлем** *(грамм.)* — *құрмалас сөйлемдердегі басыңқы сөйлемге бағынып тұрған сөйлем.*

БАҒЫНЫШ *Біреуге тәуелді болушылық.*

БАҒЫНЫШТЫ 1. *Біреуге бағынатын (адам).* 2. *Бас еркі жоқ, тәуелді (ел).*

БАҒЫНЫШТЫЛЫҚ *Тәуелді болушылық, бағынғандық.*

БАҒЫП-КҮТ 1. *Малды күту, қарау.* Бір отар малды ~тік. 2. *Адамды асырап-сақтау, қамқорлыққа алу.* Жетім баланы ~ті.

БАҒЫП-ҚАҚ 1. *Малды күту, қарау, бағып-күту.* 2. *Адамды асырау, тәрбиелеу, қамқорлыққа алу.* Баланы ~ты.

БАҒЫРЛАЙ *бот. Құрақ тәрізді аласа шөп.*

БАҒЫТ 1. *Беталыс, бағдар.* Тауға қарай ~ алды. 2. *Ауыс. Ұстанған жолы, бағыт, бағдар.* Республикамыздың ~ы — жекешелендіру. ◊ **Бағыт берді [сілтеді]** — *жол көрсетті, жөнге салды.*

БАҒЫТ-БАҒДАР *Белгілі бір істі орындаудағы бағыт, беталыс.* Ол ~ сілтеп отырды.

БАҒЫТТА *Бір нәрсені белгілі бір жаққа қарай бұру, бағыт беру.* Допты әріптесіне ~ды.

БАҒЫТТАС *Алған беталысы бір, бағдарлас.*

БАҒЫТТАСТЫҚ *Бағыты бірлік, бағыты ортақтастық, мақсаттастық.*

БАҒЫТТАУШЫ 1. *Бағыт сілтеуші, бағыт көрсетуші.* 2. *Біреуді дұрыс жолға жетелеуші.*

БАҒЫШ: бағыш етті — *арнады, бағыттады.*

БАҒЫШТА *Бағыш ету, арнау.* Марқұмға ~п құран оқытты.

БАҒЫШТЫ *Бір нәрсеге бағышталған, арналған.*

БАДА I *Топтап бағылатын жеке меншіктің сиыр малы: табын, пада.*

БАДА II: **бада бол** — *мүлдем құрып кет, жоқ бол.* Бармасаң — ***бада*** бол.

БАДА III *Мол, көп, шашылып-төгілген.* Ауыл маңында мал тезегі ~ боп жатыр.

БАДАЛ I *Тұтасып қалың өскен тоғайлы жер; бұта.* Мал қалың ~да жатыр.

БАДАЛ II *Қозғалмай, бір орында қақшиып қалу.* Не ғып ~ып қалдың!

БАДАЛҒЫР *қарғ. Омалып бір жерден шықпағыр!*

БАДАМ *бот. Раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы, сол ағаштың жемісі.* ◊ **Бадам қабақ** — *дөңес қабақ.*

БАДАМША *бот. Жемісі де, өзі де кішірек бадам.* □ **Бадамша без** *анат.* — *көмекей безі.*

БАДАНА I *көне. Батырлар соғыста киетін, оқ өтпейтін болат сауыт.*

БАДАНА II *Жерге түйін тастап өсетін өсімдік және сол өсімдіктің түйнегі.* □ **Бадана көз** — *бадырайған үлкен көз.*

БАДАНАДАЙ *Ірі, толық дән.* ~ бидай. ~ ақ күріш.

БАДАНАДАЙ-БАДАНАДАЙ *Ірі-ірі, үлкен-үлкен.* ~ бұршақ.

БАДАНАЛЫ *Түйін тастап өсетін, пиязшықты.* ~ өсімдік.

БАДИЯН *бот.* 1. *Өндеуден кейін азықтық және басқа да қажеттерге қолданатын өсімдік.* 2. *Бадиян өсімдігінен алынған тамақтық зат (ұнтақ).*

БАДЫРАЙ 1. *Көзі үлкею, адыраю.* Бұрыштa көзі ~ып біреу отыр. 2. *Ашық-айқын көріну, баттию.* ~ған жазу.

БАДЫРАҚ *Қуырылып, қауызынан тазартылған жүгері не арпа.* Қалтасынан бір уыс ***бадырақ*** алды (Сералиев).

БАДЫРАҚ: бадырақ көз — *бадырайған үлкен бадана көз.*

БАДЫРАҢДА *Бадыраң-бадыраң ету.* ~п қарады.

БАЖ *экон. Мемлекет аралығындағы экспорт үшін алынатын ақшалай салық.*

БАЖ: баж етті — *кенеттен бақырып жіберді, бажылдады.*

БАЖА *Ағайынды не туыстас кісілердің қыздарына үйленген ер адамдар.* Екі аяқтыда ~ тату.

БАЖ-БАЖ: баж-баж етті — а) *бажылдап, шырылдасып ұрысты;* ә) *шабаланып үрді.*

БАЖАЙЛА 1. *Аңғару, байқау, байыптау.* Не айтқысы келгенін ~ды. 2. *Тәптіштеп, егжей-тегжейіне жету.* Ауыл-аймағының амандығын ~п сұрады.

БАЖАЛАҚ: бажалақ қақты — *бажалақтады, дегбірсізденді.*

БАЖАЛАҚТА *Баж-баж ету, бажылдау.* Кемпір ~п, бірдеңелерді айтты.

БАЖАЛАҢ: бажалаң қақты — *бажаландады, бажылдады.*

БАЖАЛЫҚ *Бажаға лайықты, соған тән қасиет.* ~ жасады.

БАЖАҢ: бажаң қақты — *күйіп-пісті, бажылдады.*

БАЖ-БҰЖ *Айқай-шу, даң-дұң.* ~ айғай. ◊ **Баж-бұж етті** — *бажылдады, бажылдады.*

БАЖГЕР *Баж салығын алатын адам.*

БАЖЫХАНА *Баж салығын алып тұратын мекеме.*

БАЖЫЛ *Бажылдаған ұн, қатты айғай.* ~ естілді.

БАЖЫЛДА 1. *Баж-баж ету, бажалақ қағу.* ~ған ащы дауыс. 2. *Бажылдап, бажылдап қайнау.* ~п сар самаурын келді.

БАЖЫЛДАҚ *Бажылдағыш; ұрысқақ.* ~ шал.

БАЖЫЛДАУЫҚ *Бажылдап қалған, баж-бұж етіп ұрыса беретін.* ~ кемпір.

БАЖЫРАЙ 1. *Бақырайып, бағжия қарау.* Ол ~ып бетіме қарады. 2. *сөйл. Бадырайып оғаш көріну.* Көрпенің тігісі ~ып тұр.

БАЗ 1. *Малға арнап салынған үлкен қора.* ~да қамаулы тұр. 2. *қ. База.*

БАЗ: баз біреу — *кейбіреу, қайсыбіреу.*

БАЗА 1. *Әр түрлі заттардың қоймасы; склад.* ~дан тауар әкелді. 2. *Жиналып қалған қордаланған белгілі бір заттар.* Қоғамның материалдық-техникалық ~сы. 3. *Ауыс. Негіз, тірек.* Негізгі сөздік қорға енетін сөздер жаңа сөз жасауға ***база*** болады (Қазіргі қазақ тілі).

БАЗАЛЫҚ *База болармақ.* ~ мектептер.

БАЗАЛЬТ *Жанар таудан шыққан тау жынысы.*

БАЗАР 1. *Өндіріс өнімдерін сату, сатып алу процесін жүзеге асыратын еркін сауда-саттық орны.* Жайма ~, кітап ~ы, мал ~ы. 2. *Ауыс. У-шу, азан-қазан. Қызық, думан.* ~ болып кетті. Балалы үй — ***базар.*** ◊ **Базар жасады** — *азан-қазан қылды.* **Базары тарқады** — *қызығы кетті, жастығы бітті.*

БАЗАРЛА 1. *Керек-жарақты сатып алу, сауда жасау.* ~п қайтты. 2. *Көтеріңкі бағамен саудалау, бұлдай білу.* Малын жақсы ***базарлады*** (Жансүгіров). 3. *Ауыс. Өмірді қызықты өткізу.* Тіршілікте бұл дүниенің бар қызығын ***базарла*** (Шығыс жұлдыздары).

БАЗАРЛЫ 1. *Базары бар.* ~ қала. 2. *Ауыс. Құнды, өтімді.* Ажарлы мал — ***базарлы*** (Мақал). 3. *Ауыс. Қызық-думанға толы.* ~ шақ, ~ кез. ◊ **Базарлы болды** — *нарқы жоғары, пұлды болды.* Малы ~ болды.

БАЗАРЛЫҚ *Қалаға базарлап кеткен адамдардың үйіне, ауыл адамдарына әкелетін сыйлығы.* ~ әкелдің бе?

БАЗАРШЫ *Базарға барушы, базардан керек-жарағын алушы, базарлаушы.*

БАЗАРШЫЛ *Базарға барып сауда жасау.* ~ап кетті.

БАЗДАН *Иісі шығып, бүлінү, иістену, жінігу.* Күбі ~ып кетіпті.

БАЗИС *экон. Белгілі бір қоғамдық формацияға тән экономикалық құрылыс, өндірістік қатынастардың жиынтығы.*

БАЗИСТІК *Базиске тән.* ~ қондырғы.

БАЗЫНА *Өзім деген адамға айтылатын наз, өкпе.* ~ айтты.

БАЗЫНАЛАС *Өзілі, назы жарасқан.* ~ құрбы.

БАЗЫНАЛЫ *Өкпе, назы бар.* ~ адам.

БАЗЫНАЛЫҚ *Базына етушілік.* ~ жасады.

БАЗЫНАШЫ *Базына айтушы.*

БАЗЫНАШЫЛ *Наз, базына айтқыш.* ~ жігіт.

БАЙ I 1. *Меншігінде қыруар мал-мүлкі бар ауқатты адам.* 2. *Өте көп, көл-көсір.* Дала малға ~, кенге ~. 3. *Жеткілікті, мол.* Алма витаминге ~. 4. *Тілге жүйрік, шешен.* Тілге ~, сөзге ~. ◊ **Бай баласы** — *бүкіл бай атаулы.* **Бай болған [-да] бақырып бола ма** — *болған кісі өзін даурығып көрсете ме д. м.*

БАЙ II *Әйелдің некеленген қосағы, күйеуі.* ~ы өлген қатын.

БАЙ-БАҒЛАН *Үстем тап өкілі, бай-манап.* Осы өңірдің ~дары.

БАЙБАЙЛА *Безек қағып ойбайлау, байбалам-ға басу.* Ол ~п отырып қалды.

БАЙБАЙШЫЛ *Жоқтан өзгеге күйіп-пісіп байбалам салғыш.*

БАЙБАЛАМ *Бір нәрсеге алдын-ала әбігерленушілік.* ◊ **Байбалам салды** — *күйгелектенді, айғайға басты.*

БАЙБАЛАМДА *Бажалақтау, шаң-шұң шығару.* Қымс етсе ~п шыға келеді.

БАЙБАЛАМСЫЗ *Ың-шыңсыз, дау-дамайсыз.*

БАЙБАЛАМШЫЛ *Байбалам салғыш.* ~ адам.

БАЙБАТША *Бұла болып өскен бай баласы; мырза.*

БАЙ-БӘЙБІШЕ *Бай мен бәйбіше.* ~ қол жайып, дұға қылды.

БАЙҒАЗЫ *Жаңа киген киімге не бұйымға берілетін ырым, жоралғы.* ~ берді (сұрады).

БАЙҒАЗЫЛЫҚ *Байғазы боларлық.* ~ бұйым.

БАЙҒҰС *Сорлы, бейшара, мүсәпір.* ~ бала, ~ қыз.

БАЙҒҰСТЫҚ *Сорлы болушылық, мүсәпірлік.*

БАЙҒЫЗ *Үлкендігі қара торғайдан сәл ірірек, сұр түсті түн құсы.*

БАЙДАЛЫ *Желбіреген шашақты. Байдалы* туым, басты Ордам, Бастада сені алдырттым ("Бес ғасыр").

БАЙДАНА *бот. Бұршақ тұқымдас, бал шырынды, мал азығы болатын құнарлы шөп; тас беде.*

БАЙДАРКА *спорт. Су спортына арналған жіңішке жеңіл қайық.*

БАЙДАРКАШЫ *Байдарканы жүргізуші, байдаркамен жарысушы.*

БАЙЖАНДЫ *Еркек құмар, қызғаншақ.* Әйелі болар *байжанды* (Халық жырлары).

БАЙҚА 1. *Сезу, аңғару, көру.* Келгенін ~п қалды. 2. *Абайлау, сақтану.* ~, жігітім, ішінде бомбасы болып жүрмесін. 3. *Қадағалау, тексеру.* Төңіректі әбден ~п алды.

БАЙҚАҒЫШ *Бір нәрсені аңғарғыш, абайлағыш.*

БАЙҚАҒЫШТЫҚ *Аңғарымды болушылық, көрегендік.* Оның ~ қасиеті зор.

БАЙҚАМПАЗ *Тез байқағыш, көреген, сезімтал.* ~ адам (кісі).

БАЙҚАМПАЗДЫҚ *Байқампаз болушылық, сезгіштік.* Шалдың ~ғына таң қалдым.

БАЙҚАП-БАЙҚАП *Абайлап, сақтық етіп.* Малшылар өзеннен ~ өтетін.

БАЙҚАСТА *Байқап көру, абайлау.* ~п жүр.

БАЙҚАУЛЫ *Аңғарымды; сақ.* Бетке айта сал, *байқаулы* болсын, — деді Тоғаш (Шаймерденов).

БАЙҚАУСЫЗ 1. *Абайсыз, аңдаусыз.* ~ басып кетті. 2. *Байқатпай, елеусіз.* Жылдар ~ өтіп жатыр.

БАЙҚАУСЫЗДА *Ойламаған, күтпеген жерден, аяқ астынан.* ~ жараланып қалды.

БАЙҚАУСЫЗДАУ *Көзге түсе қоймайтын, елеусіздеу.* ~ кезде шыға жөнелді.

БАЙ-ҚҰЛАҚ *тар. Қазан төңкерісінен кейін үстем тап ретінде жазықсыз жапа шеккен ауқатты, дәулетті адамдар.*

БАЙЛА 1. *Жіппен бір нәрсені бекіту.* Бұзауды қазыққа ~ды. 2. *Жараны не басқа бір нәрсені орау, таңу.* Жарасын ~п берді. 3. *Түйін тастау, бас алу.* Жүгері собық ~ды. 4. *Егістікке келетін суды тоқтату, бөгеу.* Суды ~п алды. 5. *Малды бордақылау, семірту.* Соғым ~п алды. 6. *Саяттан қайтқанда тапқан олжасын сыйға тарту, тарту ету.* Тазы алған түлкісін маған ~ды.

БАЙЛАМ I 1. *Бауды буатын бумасы, баулық.* Бақытжан баулардың *байламын* шешті (Дүйсенов). 2. *Біріктіріліп байланған зат, бума.* Арқамызда бір-бір *байлам* қырғауыл (Ғ. Мүсірепов).

БАЙЛАМ II *Шешім, тоқтам.* Сол ~ға келісті. ◊ **Байлам жасады [етті]** — *шешімге келді, тоқтам жасады.*

БАЙЛАМА *Әйелдердің басына байлайтын жеңіл орамалы; жаулық.* Басына ~ салған.

БАЙЛАМДЫ 1. *Түйінді, тұжырымды.* Жігіт ~ ештеңе айта алмады. 2. *Келісіп қойылған, уәделі.* Түн жамылып ол ~ жерге келді.

БАЙЛАН *ыр. етіс. Байла-н.* ◊ **Байланып қалғыр (қарғ.)** — *жұмсаған жерден тез келе қоймағанда айтылады.*

БАЙЛАНЫС I 1. *Қарым-қатынас, аралас.* Шоқан өзінің достарымен *байланысын* үзбейді (Елеусізов). 2. *Екі қала арасындағы телефон, телеграф қатынасы.* Алматымен ~ бар (жоқ). 3. *Ауыс. Әйел мен ер адам арасындағы жақындық.* "Нәзилә мен Қиғашбектің арасында *байланыс* бар" деген өсекті естіген (Нұрмағамбетов). ◊ **Байланыс бөлімі** — *почта, телефон, телеграф жұмыстарын басқаратын, үйлестіретін орын.*

БАЙЛАНЫС II 1. *Бір-бірімен қатысу.* Достарымен ~ып тұрады. 2. *Хабарласу, тілдесу.* Жақында ғана қаладағы үймен ~қан едім. 3. *Ұштасу, астасу, жалғасу.* Бірінші мәселе екіншімен ~ып жатыр 4. *Үйлесу, сәйкесу.* Өз көзқарасымен ~пайтын дәлелдер келтірген. 5. *Ауыс. Жөнсіз ұстаса кету, тиісу.* Бір маспен ~а кетті.

БАЙЛАНЫСТЫ *Қатысты; тәуелді.* Оның кетуі әкесінің келуімен тығыз ~.

БАЙЛАНЫСТЫЛЫҚ *Байланысы болушылық.*

БАЙЛАНЫССЫЗ 1. *Байланыс қызметкері.* ~ қыздар кетіп қалыпты. 2. *Екі жаққа дәнекер болушы, селбестіруші.* Ол арада жүрген ~.

БАЙЛАП-МАТА 1. *Жіппен шандып, мықтап байлау.* Қашқынды ~п тастады. 2. *Ауыс. Басын байлау, біреуге атастыру.* Әңгімеден мені біреуге *байлап-матап* қойғанын түсіндім (Аяулы жандар).

БАЙЛАС *орт. етіс. Байла-с.* ◊ **Уәде байласты** — *келісті, уәделесті.*

БАЙЛАУ *Шешім, тоқтам, байлам. Байлауы* жоқ шешеннен, Үндемеген есті артық (Мақал). ◊ **Байлау жасады** — *тоқтамға келді.* **Байлау сөз** — *қорытынды сөз, шешім.*

БАЙЛАУЛЫ 1. *Жіппен буылған, таңулы.* 2. *Ауыс. Біреуге тәуелді, меншікті.* Оның өз өмірі де бөгде жанға *байлаулы* (І. Омаров). ◊ **Байлаулы жер** — *уәделі, серттескен орын.*

БАЙЛАУЛЫЛЫҚ 1. *Байлауда тұрушылық.* 2. *Ауыс. Табандылық, ұстамдылық.* Адам жүректе

жігер, қайрат, *байлаулылықтың* жоқтығынан азады (Абай).

БАЙЛАУСЫЗ 1. *Байланбаған, бос.* ~ қалдырған бүркіт. 2. *Ауыс. Тұрлауы жоқ, баянсыз.* ***Байлаусыз*** шешен берекесіз сөз айтады (Мақалнама).

БАЙЛЫҚ 1. *Мол дәулет, мал-мүлік.* Қазір сол ~тан қалғаны — осы. 2. *Бір нәрсенің мол қоры, көзі.* Маңқыстау түбегінің негізгі ***байлығы*** — мұнай (Асанбаев). ◊ **Байлығы асты** — *дәулеті молайды, байыды.* **Байлығы тасыды** — *молшылыққа кенелді.*

БАЙ-МАНАП *Ақсүйек, феодал, шонжар, бай-мырза.*

БАЙ-МЫРЗА *Бай-манап, ақ-сүйек, шонжар.*

БАЙПАҚ *Етіктің ішінен киетін, жұқалау етіп басылған қонышты киіз шұлық.*

БАЙПАҚСЫЗ *Байпағы жоқ.* Етікті ~ киген.

БАЙПАҚТЫ *Байпағы бар, байпақ киген.*

БАЙПАҚШАҢ *Байпақ қана киген.* Ол төрге ~ шықты.

БАЙПАҢ *Жүріс-тұрысы сыпайы, мінезі жұмсақ, жайлы (адам).* Бай жолдасы ***байпаңды***, Бәйбішеге жарасар (Үш ғасыр). ◊ **Байпаң қақты** — *құрдай жорғалады, ылпыл қақты.*

БАЙПАҢДА 1. *Шайқала басу, ырғалу, теңселу.* Мама қаздай ~ды. 2. *Ауыс. Құрдай жорғалау, жағымпаздану.* Абысыны қабақ түйсе, Жазық ***байпаңдай*** бастайтын еді (Шүкіров).

БАЙРАҚ *Жалау, ту.* ◊ **Ала байрақ** *(көне)* — *сырт киімдік жолақ мата, кездеме.*

БАЙРАҚТА *Қолына байрақ беріп, алапатын асыру, құрметтеу, марапаттау.*

БАЙРАҚТЫ 1. *Байрағы бар, байрақ тігілген.* 2. *Ауыс. Таңдаулы, жақсы.* Байшағың байып, мал беріп, ***Байрақты*** жерге қыстатқан (Алдаспан).

БАЙСАЛ *Тыныштық, тыным, сабыр.* Бойым ***байсал*** тартады керілгенде (Қаз. әндері). ◊ **Байсал тапты** — *тыным тапты, жайланды.* **Байсал тартты** — *тыныштандды, сабырланды.*

БАЙСАЛДАН 1. *Жаны жай табу, тыныштану.* Айдархан кеңсесінде ***байсалданып*** отыра алмады (Бегалин). 2. *Салмақтану, орнықты болу.* Күлкісін оқыс тыйған Жалғабай ***байсалдана*** қалды (Ө. Ахметов).

БАЙСАЛДЫ *Ұстамды, байыпты.* Ол ~ басшы.

БАЙСАЛДЫЛЫҚ *Байыптылық, сабырлылық, ұстамдылық.* Ер адамға ~ тән.

БАЙСАЛДЫРАҚ *Байыптырақ, ұстамдырақ.* Өзін ~ ұстады.

БАЙСЫЗ I *Ері жоқ, күйеусіз.* ***Байсыз*** қатын — баусыз оймақ (Мақал).

БАЙСЫЗ II *Дәулетті адамдары жоқ.* ***Байсыз*** ел жоқ, сайсыз жер жоқ (Мақал).

БАЙСЫМАҚ I *экспр. Ері болғансыған, күйеусымақ.* ***Байсымағы*** бірдеме айтса, оны келін көтермепті (Майлин).

БАЙСЫМАҚ II *экспр. Бай аталып жүрген.* Кешегі ***байсымақтар*** ынталана жиналды (Бегалин).

БАЙСЫН *Өзін-өзі бай санау, бай деп есептеу.* ~ып отыр.

БАЙТАБА *Түйе не қой жүнінен тоқылған қалың байпақ, шұлғау.* Қар жауар күн-түн оның қабағына, Жалбырар ***байтабасы*** балағынан (Ақберен).

БАЙТАҚ *Үшы-қиыры жоқ, шексіз.* □ **Байтақ әлем [ел]** — *барша ел, бүкіл жұрт.* **Байтақ дала [жер]** — *шексіз, шетсіз кең дала.*

БАЙТАЛ *Екі, үш жас аралығындағы құлындамаған ұрғашы жылқы.* ◊ **Байтал түгіл [тұрмақ, тұрсын] бас қайғы** — *өзімен-өзі әлек.*

БАЙТАЛДЫҚ *Байталдың құнына парапар, байталға татырлық.* Бір өзі жүз ***байталдық*** аты шұлы (Ахметбеков).

БАЙТЕСЕ *Шаңырақ ағашын белгілі қалыпқа келтіретін құрал.*

БАЙТӨБЕТ *Үлкен төбет.*

БАЙШЫЛ *тар. Байды жақтап, соның сойылын соғушы.* ~ адамдар.

БАЙШЫЛДЫҚ *Байды жақтап қолдаушылық.*

БАЙШЫКЕШ *экспр. Орта дәулеті бар, байсымақ.*

БАЙЫ I 1. *Мал-мүлкі молаю, дәулеті тасу.* Өбден ~п алды. 2. *Мазмұны тереңдей түсу, толығу.* Олардың білімдері ~и түсті.

БАЙЫЗ: байыз таппады — *дегбірі қашты, сабыры кетті.*

БАЙЫЗДА *Бір жерге тұрақтау, орнығу.* Екеуі сыртқа ұзақ ~май ішке енді.

БАЙЫЗДАП *Асықпай, саспай, мұқият.* Істің мән-жайын ***байыздап*** түсіндіре бастады (Көпбаев).

БАЙЫМ *Өмірдегі көрген-білгенді түйсіне білушілік, аңғарым.* ~ы мол адам.

БАЙЫМДА *Ақылға салу, пайымдау.*

БАЙЫМДАУ 1. *лог. Түйінді пікір, қорытынды, тұжырым.* ~дағы пікір айқын және тұжырымды болуға тиіс.

БАЙЫМДЫ *Салихалы, байыпты адам.*

БАЙЫМДЫЛЫҚ *Байсалды, байыпты болушылық.* ~пен қарады.

БАЙЫМСЫЗ *Еш нәрсенің байыбына бармайтын, байсалдылығы жоқ.*

БАЙЫП *Бір нәрсенің жай-жапсары, мәнісі.* Әр нәрсенің ~бын жақсы түсінеді. ◊ **Байыбына барма-ды [жетпеді]** — *мән-мағынасына зер салмады.*

БАЙЫПСЫЗ *Байыбы жоқ, парықсыз.* ~ сөз.

БАЙЫПСЫЗДЫҚ *Парықсыздық, бәтуасыздық.*

БАЙЫПТА *Асықпай, егжей-тегжейіне жету.* ~п көз жүгіртіп шықты.

БАЙЫПТЫ *Сабырлы, салмақты.* ~ адам.

БАЙЫПТЫЛЫҚ *Байыпты болушылық, ұстамдылық.*

БАЙЫРҒЫ 1. *Ежелгі, бұрынғы.* Шұбар ат ~ аяңмен келеді. 2. *Жергілікті, тұрғылықты.* Ол Керекудің ~ тұрғыны.

БАЙЫРҚАЛА *Тыным табу, байыздау.* Гүлайым ыдыс-аяқты жинастырып, біраз ***байырқалады*** (Бөкеев).

БАЙЫТУ *техн. Кеннің (ішіндегі керексіз заттардан тазартып) сапасын арттыру.* □ **Байыту фабрикасы** — *кеннің сапасын арттыратын фабрика.*

БАЙЫТУШЫ *техн. Кеннің сапасын арттыруды жүзеге асырушы.*

БАК *Сұйық затты сақтауға арналған үлкен ыдыс.*

БАКЕН *Кеме жолындағы қауіпті жерге сигнал ретінде қойылған, су бетіндегі қалқыма белгі, көрсеткіш.*

БАКЕНШІ *Бакендерді ретке келтіруші жұмыскер.*

БАКЛАЖАН *бот. Паслен тұқымдас, күлгін түсті, сопақша келген бақша өсімдігі.*

БАКТЕРИОЗ *биол. Өсімдіктердегі бактерияның әсерінен пайда болатын ауру, кесел.*

БАКТЕРИОЛОГ *Бактериология ғылымының маманы.*

БАКТЕРИОЛОГИЯ *Бактерияларды зерттейтін ғылым.*

БАКТЕРИЯ *Микроскоп арқылы ғана көрінетін бір клеткалы организм.*

БАҚ I *Әр түрлі ағаш өсірілген жер.* Қалың *бақтың* іші таза ауа (Соқпақбаев).

БАҚ II *Бақыт, талай. Бақ* жүгірмейді, бап жүгіреді (Мақал). ◊ **Бағы артты** — *мерейі үстем болды.* **Бағы ашылды** — *бақытты болды.* **Бағы байланды** — *бақытсыз болды.* **Бағы жанды** — *ісі оңға басты, жолы болды.* **Бағы кесілді** — *жолы болмады, бақытсыздыққа ұшырады.* **Бағына орай** — *бақытына қарай.* **Бағын байлады** — *бақытты болуға кедергі жасады.* **Бағын базарда сынады** — *талайын байқап көрді.* **Бағы үстем болды** — *дәулеті тасыды, мерейі биік болды.* **Бақ күндес** — *бірін-бірі көре алмайтын (адам).* **Бақ қонды** — *бақ дарыды, бақытты болды.* **Бақ құсы басына қонды** — *бақытқа, дәулетке кенелді.* **Бақ сынасты** — *сынға түсті, жарысты.* **Бақ тайды** — *байлықтан ада болды.* **Бақ таластырды** — *қызғаныш білдірді, күндеді.*

БАҚ III 1. *Малды бағу, қарау.* Қой ~ты. 2. *Асырап-сақтау, тәрбиелеу.* Әжесі ~ты. 3. *Күту, күзету.* Ауру шешесін ~ты, бала ~ты. 4. *Бір нәрсені аңғару, байқау, сезу. Бақсам,* сыртта інісі келіп түр екен (Аманшин).

БАҚ: **бақ етті** — *тосыннан қатты дыбыс шығарды.*

БАҚА *Ұзындау артқы аяқтары секіруге бейім келген, құйрықсыз су жәндігі.* ◊ **Бақа ауыз** — *арбаның оқтық ағашы енетін, алдыңғы дөңгелекке бекітілген ағаш.* **Бақа бас** — *жалпақ басты етік.* **Бақа көз** — *сыртына шығыңқы, томпақ көз.* **Бақа қыбыр** — *маңдымайтын, сылбыр қозғалыс.* **Бақа мойын** — *мойны қысқа.* **Бақа тамақ** — *бұғағы түсіңкі, салбыраңқы тамақ.*

БАҚАДАЙ: **бақадай шулады** — *жабыла шуылдады.*

БАҚАЖАПЫРАҚ *Өсімдік түрі.*

БАҚАЙ *Омыртқалы жануарлар мен адам аяғының саусақ сүйектері.* ◊ **Бақайдан қақты** — *аяқтан шалды, қастық істеді.* **Бақайға оралды** — *кедергі жасады.* **Бақай есеп** — *болмашыны пайда көретін, ұсақшыл.* **Бақай құлық** — *жымысқы, ұсақ құлық.* **Бақайынан келмейді** — а) *қарасын да көрмейді, маңайламайды;* ә) *ойына кіріп те шықпайды.*

БАҚАЙҚҰРТ *вет. Бақай арасының ісініп, жараға айналуынан пайда болатын жұқпалы қой ауруы.*

БАҚАЙШАҚ *Аяқтың башпай сүйектері.* ~ғы сыртылдап, өгіз де аяңдап келеді. ◊ **Бақайшағына дейін** — *басынан аяғына дейін, тұтас.* **Бақайшағына дейін қаруланды** — *сақадай сайланды.* **Бақайшағына дейін шақты** — *бүге-шігесіне дейін түгел білді.*

БАҚАЙШАҚТА *Жіктеп бөлу, саралау.* ~п білді.

БАҚАЛ 1. *Сатуға арналған ұсақ-түйек заттар.* Өзінің кішкене *бақал* дүкені бар (Сейфуллин). 2. *Бақалшы.* Ал, *бақалым,* қане тартуың (С. Қалиев). ◊ **Бақал есеп** — *пайданы көздейтін ішкі есеп.* **Бақал сауда** — *ұсақ-түйек сауда.*

БАҚАЛАҚ I *Арба дөңгелегін, күлдіреуішін қозғалтпай ұстап тұратын көлденең қалақшалар.*

БАҚАЛАҚ II *Қол диірменнің астыңғы тасының діңгегі.*

БАҚАЛАҚ III *Шығырдың тіс ағашы.*

БАҚАЛШАҚ *Моллюскалардың, ұлудың сыртқы сауыты, қабыршақты қабаты. Бақалшақ* — моллюскалардың сыртқы қабаты (Зоология).

БАҚАЛШЫ *Уақ-түйек сатумен айналысушы.*

БАҚАЛШЫЛА *Бақалшылық жасау.* ~п алдап жүр.

БАҚАЛШЫЛЫҚ *Бақал саудамен айналысушылық.*

БАҚАН *Жоғарғы жағы екі аша келген, киіз үйді тіккенде шаңырақты көтеретін, тұңдікті ашып-жабатын ұзын сырық.* ◊ **Бақан аттар** *(этн.)* — *қалыңдығын көруге келген күйеуден жол-жоралғы алу үшін істелетін ырым.*

БАҚАНДА *Бақанның астына алып, ұрып согу.* Оны ~п айдап шықты.

БАҚАНДАЙ *Білдей, дырдай, ортан қолдай.* ~ механизаторымызды көмекке бердік.

БАҚАНША *Кішкене бақан.*

БАҚАОТЫ *бот. Жапырақтары жүрек пішінді су өсімдігі.*

БАҚАС *Бәсекелес, бақталас.* Екеуі бір-бірімен іштей ~. ◊ **Бақас сөз** — *егес, талас-тартыс сөз.*

БАҚАСТЫҚ *Бас араздық, өштесушілік.* Екеуінің арасында ~ бар.

БАҚАСШЫ *Бірін-бірі көре алмайтын, бәсекелес.*

БАҚАУЫЛ I *тар. Хан дастарханына иелік ететін, шарап құятын адамдар лауазымы.*

БАҚАУЫЛ II *Жорықтағы әскердің азық-түлігін қамдайтын адам, шаруашылық тобы.*

БАҚА-ШАЯН *Ұсақ жәндіктердің жалпы аты.* ~ қаптап кетті.

БАҚАШЫҚ: **бақашық қандала** *(зоол.)* — *қандалалар отрядына жататын насеком.*

БАҚ-БАҚ *бот. Ерте көктемде өсетін көп жылдық, шөп тектес өсімдік.*

БАҚ-БАҚ: **бақ-бақ етті** — *қайта-қайта бақылдады.*

БАҚ-БЕРЕКЕ *Ырыс, дәулет, құт.* ~ басынан ұшты.

БАҚ-ДӘУЛЕТ *Ырыс, құт, барлық, байлық.* Басыңнан ~ кетпесін.

БАҚИ *діни. Өмірлік, мәңгі (дүние). Бақи* санап жүргеннің бәрі фани (XX ғ. қаз. ақын).

БАҚҚҰМАР *Мансапқор, шенқұмар.* ~ адам.

БАҚҚҰМАРЛЫҚ *Бақка құмар болушылық.* ~ жақсылыққа апармайды.

БАҚСЫ *Пірге, аруаққа сиынып, ауруды ұшықтап емдейтін тәуіп.*

БАҚСЫ-БАЛГЕР *Ем-дом жасаушы, тәуіп, балгер, бал ашқыш.*

БАҚСЫ-БАЛГЕРЛІК *Бақсы-балгер болушылық, тәуіптік етушілік.* ~пен шұғылданды.

БАҚСЫЛЫҚ *Бақсы болып, ем-дом жасаушылық.* ~ қылды.

БАҚ-ТАЛАЙ *Маңдайына жазғаны, бақыты.* ~ыма қарай ылғи жақсы адамдар кездеседі. ◊ **Бақталайынан көрді** — *маңдайына жазғанын көрді.*

БАҚТАЛАС *Бірін-бірі көре алмайтын, бақүндес, бәсекелес.* ~ адамдар.

БАҚТАЛАСТЫҚ *Бақталас, бәсекелес болушылық.*

БАҚТАШЫ *Мал бағушы, малшы.* ~сы жоқ сиырлар.

БАҚТАШЫЛЫҚ *Бақташы болушылық, мал бағушылық.*

БАҚУАТ 1. *Күйлі-қуатты, аман-сау.* Апам ~па? 2. *Мықты, әлді.* Ынталы колхозы *бақуат* шаруашылықтың бірі (Асабаев).

БАҚУАТТЫ *Тұрмысы жақсы, ауқатты.* Құдасы ~ тұрады.

БАҚҰЛ: бақұл бол — *қош бол, разы бол, өлетін адамға айтылатын қоштасу сөз.*

БАҚҰЛДАС *Өлген адаммен туған-туыстарының қоштасуы, арыздасу.* Әкесі сыбырлап қана ~ып жатты.

БАҚҰЛДЫҚ *Бір-біріне ризашылықпен қоштасушылық.*

БАҚША 1. *Әр түрлі жеміс ағаштары отырғызылған жер.* ~ның ішінде жемістің бәрі бар. 2. *Қауын-қарбыз егілген жер.* Ол ~сынан бір қарбыз үзіп әкелді.

БАҚШАЛЫҚ *Бақшада өсіруге болатын.* ~ дақыл.

БАҚШАҢ: бақшаң етті — *көзі бақшаң ете қалды.*

БАҚШАҢ-БАҚШАҢ: бақшаң-бақшаң етті — *қайта-қайта бақшаңдады.*

БАҚШАҢКӨЗ *мед. Қалқан безіне қатысты ауру; базедов ауруы.*

БАҚШАҢДА *Бақшаң-бақшаң ету.*

БАҚШАШЫ *Бақшаны күтіп бағушы, бағбан.* Ол ~ болып істейді.

БАҚШАШЫЛЫҚ *Бақшамен шұғылданушылық.*

БАҚШИ 1. *Бақырая қарау, көзін бағжиту.* Ол ~ып шаңыраққа қарады. 2. *Көзге шағылысу, шақыраю.* Күн төбеңнен ~ып тұр.

БАҚШЫРАЙ *Көзі бақыраю, ақыраю.* Қыз ~ып қарап қалды.

БАҚЫЛ *Бақаның, текенің бақылдаған үні.* Бақаның ~ы естілді.

БАҚЫЛА 1. *Аңысын аңдау, байқау.* Шешесінің қабағын ~п отыр. 2. *Қадағалау, тексеру.* Оқушылар өсімдіктің өніп-өсуін ~ды.

БАҚЫЛАУ 1. *Зерттеушінің белгілі бір мақсатта жүргізетін ғылыми зерттеу әдісі.* **Бақылау** — басты әдістердің бірі. 2. *Анығына жету, тексеру.* Дәрі қатаң мемлекеттік ~дан өтеді. 3. *Біреудің қарауында, күтімінде болу.* Ол дәрігердің ~ында. ◊ **Бақылауға алынды** — а) *байқауға алынды, аңду қойылды;* ә) *сыналды, тәжірибеден өтті.* **Бақылау жұмысы** *пед.* — *белгілі пән бойынша өткізілетін байқау жұмысы.* **Бақылау комиссиясы** — *мемлекет атынан немесе белгілі бір ұйым тарапынан бақылау жүргізетін комиссия.* **Бақылау қойылды** — *күзет қойылды.* **Бақылау пакеті** *(саяс.)* — *акционерлік қоғамның жұмысына ерекше ықпал жасауды қамтамасыз етерліктей акция мөлшері.* **Бақылау пункті** — *күзет, қарауыл орны.* **Бақылау участогі** — *тәжірибе алаңы.*

БАҚЫЛАУЛЫ *Бақылауға алынған; аңдулы.* Қыз қадамы ~.

БАҚЫЛАУШЫ 1. *Аңдушы, бағушы.* 2. *Күзетуші, аңдушы.* Көпір аузын ~лар күбірлесіп қалды.

БАҚЫЛДА *Бақ-бақ етіп дауыс шығару.* ~ған лақ текедей.

БАҚЫЛДАС 1. *орт. етіс. Бақылда-с.* 2. *Өлім аузындағы адаммен қоштасу.* Анасы өзімен ~ып жатқандай сезінді.

БАҚЫЛДАУЫҚ *Бақылдай бергіш.* ~ көлбақа.

БАҚЫР I 1. *Мыс.* 2. *Мыстан жасалған ұсақ тиын.* 3. *Мыстан жасалған шелек.*

БАҚЫР II *Тамақ дайындауға арналған, түбі шұңғылдау, қысқа сапты ыдыс.* Бидайды ~ға қуырды.

БАҚЫР III 1. *Адамның, жан-жануарлардың қатты дыбыс шығаруы.* Әкем қатты ~ып жіберді. 2. *Дауыс көтеріп ұрсу, жеку.* Енем ~ып есімді шығарды. 3. *Ойбай салып, жылау.* Бала ~ып үйіне қарай жүгірді.

БАҚЫРАЙ *Таңырқаудан не қорқудан көз шарасы үлкею, бақшию.* Көзі ~ып кетті.

БАҚЫРАУЫҚ *Айғайлағыш, бақырғыш.* ~ лақ.

БАҚЫРАШ 1. *Кішіректеу бақыр.* Шешем ~қа май шыжғырды. 2. *Металдан жасалған шөміш, ожау.* Қайыққа іркілген суды ~пен шығарды.

БАҚЫРШЫ *Қоста, далалы жерде ас әзірлейтін адам; аспаз.* ~ бала.

БАҚЫТ *Адамның тілегінің орындалып, қуанышқа кенелуі.* ◊ **Бақытқа бөленді** — *бақытты болды, қызыққа кенелді.* **Бақыт [бақыт құсы] қонды** — *бақ дарыды, бақытқа бөленді, жақсылыққа кенелді.* **Бақыт құшағында** — *ойлаған мақсатына жетіп, қуанышқа кенелді.* **Бақыт құшты** — *дегеніне жетіп, бақытқа кенелді.* **Бақыт таңы атты** — *қуанышты күн туды.* **Бақыты жанды [ашылды]** — *бағы жанды, жолы болды.* **Бақыты күйді** — *бақытсыздыққа ұшырады, бағы тайды.* **Бақытына қарай** — *абырой болғанда.* **Бақытын сынады** — *бақ-талайын байқап көрді.* **Бақытын түсірді** — *бақ-талайын жоқ қылды.* **Бақытын ұрлады** — *бақытсыз етті.*

БАҚЫТСЫЗ *Бағы ашылмаған, бақыты жоқ, сорлы.* ~ адам, ~ жан.

БАҚЫТСЫЗДЫҚ *Бағы ашылмаушылық, бақытсыз жайға кез болушылық, қиындыққа тап болушылық.* Ол жол-жөнекей ~қа ұшырады.

БАҚЫТТЫ *Арманына жеткен, бағы жанған, бағы бар.* ~ жан (ұрпақ, ел). ◊ **Бақытты бол** *(тілек)* — *ойлаған мақсатыңа жет.*

БАҚЫТТЫЛЫҚ *Ойдағы арман орындалып, шаттыққа кенелушілік.*

БАЛ I 1. *Бал аралары гүлдерді сорып, шығаратын тәтті, сұйық шырын.* **Бал** ұстаған бармағын жалайды (Мақал). 2. *Ауыс. Тәтті, дәмді.* Шөбі шүйгін, суы ~. 3. *Ауыс. Адам сүйсінетін, қызықты.* Бала тілі — *бал* (Мақал). □ **Бал арасы** — *бал жинайтын ара.* **Бал бармақ** — *шебер, майталман.* **Бал бөбек** — *сүйкімді сәби.* **Бал бұлақ** — *суы мөлдір, таза бұлақ.* **Балдан тәтті** — *өте тәтті.* **Бал дәурен** — *қызығы мол өмір.* **Бал көмей** — *жақсы әнші, шебер орындаушы.* **Бал қаймақ** — *шикі сүттің қаймағынан қайнатып пісірген ас.* **Бал қасық** — *кішкене шай қасық.* **Бал құрақ** — *малға сіңімді, балауса көк құрақ. Бал мінезді* — *мінезі жұмсақ, жайдары.* **Бал таңдай** — *тілі тәтті.* **Бал татыды** — *дәмі өте тәтті болды.* **Бал шекер** — *өте тәтті, дәмді.* **Бал шелек** — *аралардың бал жинайтын ыдысы.*

БАЛ II *Көп адам қатысатын салтанатты кеш.* ~ға барды.

БАЛ III *Балгерлік, бақсылық, сәуегейлік.* ◊ **Бал ашты** — а) *құмалақ салды;* ә) *сәуегейлік жасады.*

БАЛА I 1. *Сәби, нәресте, бөбек.* **Бала** — адамның бауыр еті. 2. *Ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым.* ~м он алтыға келді. 3. *Жан-жануардың күшігі, балапаны.* Қарға ~сын аппағым дейді. 4. *Ауыс. Ержетіп, ысылмаған, балғын, жас.* ~ бүркіт (жігіт, қыран). ◊ **Бала басты** — *көп бала-*

лы. **Бала көкірек** — *баланың кіршіксіз пәк ойы.* **Бала көтерді** — *екі қабат болды.* **Балалар үйі** — *ата-анасы жоқ балалар тәрбиеленетін орын.* **Бала мінезді** — *аңқау, аңғырт.* **Баланың зарын тартты** — *перзент көрмеді, баласы болмады.* **Бала өркеш** — *айыр түйелердің әбден семіргендегі тікірейген өркеші.* **Бала сүйді** — *балалы болды.* **Бала тапты** — *туды, сәбилі болды.* **Бала тастады** — *түсік түсірді.*

БАЛА II *Тең көру, бірдей санау, жақсылыққа балау.* Баласын байлыққа ~ды.

БАЛАБАҚША *Үш жастан мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін қоғамдық орын.*

БАЛАҒАН *Сырық ағаштардың басын бірікті-ріп, үсті шөппен жабылған уақытша баспана.* ~ жасап алды.

БАЛАҒАТ *Біреудің ар-ұятына тиетін былапыт сөз.* Сөздің аяғын *балағатқа* әкеп тірейді (Қалмырзаев). □ **Балағат сөз** — *біреудің намысына тиетін жағымсыз сөз.*

БАЛАҒАТТА *Бейпіл сөйлеу, тіл тигізу.* ~п жүр, ~п алды.

БАЛАҒАТШЫЛ *Балағат сөз айтқыш, боқтампаз.* ~ жан.

БАЛАЖАН *Баланы өте жақсы көретін (адам).*

БАЛАЖАНДЫ *Баланы өте жақсы көруші, балажан.*

БАЛАЖАНДЫЛЫҚ *Баланы жақсы көрушілік.* Ол көресіні ~тан көрді.

БАЛАКІС *Кістің баласының жұмсақ ұлпаны.* Қаракісті қатты деп, *балакіске* бөлеттім (Ер Сайын).

БАЛАҚ 1. *Шалбардың, дамбалдың тізеден төмен жағы.* 2. Ауыс. *Таудың төменгі жағы, етегі.* Таулардың самал ессе *балағынан* (Мақатаев). □ **Балақ бау** — *саят құстарының аяқтарына тағылатын қайыс бау.* ◊ **Балағынан шуы шыққан** — *салақ, нас (әйел).* **Балаққа бала оралсын (тілек)** — *балалы бол, балаң көп болсын.* **Балақ жүн** — *құстың сирағына біткен жүні.* **Балақтағы бит басқа шықты** — *басынды, иықтанды.* **Балақ шыбық** — *ағаштың не бұтаның түбіртегінен өсіп шыққан өркен.*

БАЛАҚАЙ *экспр. Жасы үлкендердің баланы, жасы кіші інині еркелету, кішірейту мәніндегі айтатын ишарат сөзі.*

БАЛАҚТА 1. *Таудың, төбенің етегін ала жүру.* Тауды ~п келе жатырмыз. 2. *Өсімдіктің түп жағынан молайып өсуі.* Қарағай ~п өсіпті.

БАЛАҚТЫ *Балағы бар.* Тар ~ шалбар.

БАЛАЛА 1. *Төлдеу, төлдей бастау.* Қазақстан малдары *балалаған* егізден (Аманжолов). 2. *Өркен жаю, өсу.* Ағаштың жасөркен бұтақтары ~п өсе бастады.

БАЛАЛАЙКА *Орыс халқының үш ішекті музыкалық аспабы.*

БАЛАЛАУ *Жастау, баландау.* ~ жігіт.

БАЛАЛЫ *Баласы бар, баласы көп.* ~ әйел (үй).

БАЛАЛЫҚ 1. *Кәмелетке толмаған балғын шақ.* ~ кез (шақ). 2. *Балаға тән, балаға лайық.* ~ мінез. 3. *Балаға арналған.* Екі жүз ~ мектеп салынды. □ **Балалық дәуір** — *кәмелетке жетпеген шақ.* ◊ **Балалық жасады [істеді, етті, қылды]** — *баланың ісін істеді; білместік етті.* **Балалығы ұстады** — *балалық жасағысы келді.*

БАЛАЛЫ-ШАҒАЛЫ *Бала-шағасы көп.* Қыздардың әрқайсысы әлдеқашан *балалы-шағалы* болған (Өбілев).

БАЛАМА *Заттың, атаудың орнына жүретін, соған сай келетін нәрсе, атау.* ~ сөз.

БАЛАМАЛА *Бірдей етіп теңеу, балау.*

БАЛАНС *экон. Халықтың кірісі мен шығысындағы пропорциялықты сипаттайтын көрсеткіштердің белгілі бір жүйесі.* Бухгалтерлік ~.

БАЛАҢ 1. *Жас, балғын.* ~ жігіт (журналист). 2. *Ауыс. Пісуі жетпеген, кемеліне келмеген.* Өнердің ~ кезі.

БАЛАҢДАУ 1. *Балалау, жастау.* Басқышта ~ екі жігіт отыр. 2. *Ысылмаған, тәжірибесіздеу.* Кейбір ұлттық театрлары әлі ~.

БАЛАПАН 1. *Құс атаулының баласы.* 2. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп жас, балғын деген мағына береді.* ~ ағаш. □ **Балапан басты** — *балапан шығарды.*

БАЛАПАНДА 1. *Жұмыртқа басып балапан шығару.* Бүркіт қияға ~йды. 2. *Ауыс. Қаулау, туындап өсу, көбею.* ~п өскен көк шөп.

БАЛАПАНДАЙ 1. *Балапан сияқты.* 2. *Сүйкімді, жап-жас.*

БАЛАСЫН *Бала деп қарау; бала санау.* Мені ~бай-ақ қой.

БАЛАСЫРАП *Бала деп өліп-өшу, бала тілеу.* Мен ~ бара жатқаным жоқ.

БАЛАУЛЫ *Біреуге телулі, арналған.* ~ арғымақ.

БАЛАУСА 1. *Нәрлі соны шөп, жас шалғын.* Көк ~. 2. *Ауыс. Жасөспірім, балғын. Балауса* жастың балғын тілегі (Сатыбалдиев).

БАЛАУСАЛЫ *Сонылы көк шалғынды.* ~ шалғын.

БАЛАУЫЗ *Араның балауыз безінен бөлінетін қатты зат.* □ **Балауыз шам** — *балауыздан жасалған шам.*

БАЛАУЫЗАҒАШ *Өсімдік түрі.*

БАЛАУЫЗДАН *Дәнді дақылдың сұттенуі.* Жүгері дәні ~ды.

БАЛАХАНА 1. *Шатыр астындағы бөлме.* Көбінің төбесінде *"балахана"* аталатын қондырмалары бар (С. Мұқанов). 2. *Балалар бөлмесі.* Оң жақ қатарда күтушілер тұратын ~.

БАЛАША *Бала сияқты.* ~ мәз болды.

БАЛА-ШАҒА 1. *Жас балалар.* 2. *Үй-іші.*

БАЛАШЫҚ I *Өсімдіктің жас өркені.* Пиязды қолайлы жерге отырғызса, олардан жаңа өркен — *балашықтар* өсіп шығады (Мұсақұлов).

БАЛАШЫҚ II *жерг. 4–5 жылдық аласа жас қарағай.* ~тар үлкейіп қапты.

БАЛБАЛ *Адам бейнелі тас мүсін.* Белестің үстінде сұрғылт обатас пен бірнеше ~ тұр (Есенберлин).

БАЛ-БҰЛ: бал-бұл жанды — *жүзінде нұр ойнады, шырайланды.*

БАЛБЫР *Жаңа жайлы, балғын.* Жаңбырдан кейін жазық даланың бусанған *балбыр* сәті (Сатаев).

БАЛБЫРА 1. *Бетінде нұр ойнау; албырау.* Баяғы балғын Динаңыз, Жанады-ау жүзі *балбырап* (Қайырбеков). 2. *Бей-жай болу, маужырау.* Тоң еріді қар кетіп, Жан-жануар *балбырап* (Шәкәрім). 3. *Тамақтың бабында пісуі, уылжу.* Жемістер *балбырап* пісіп тұр (Сатыбалдин).

БАЛБЫРАУЫН *Жайылымда жақсы өсетін мал азығы, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БАЛГЕР *Бал ашатын адам, сәуегей.*

БАЛГЕРЛІК *Балгер болғандық, бал ашушылық.*

БАЛҒА *Шегені т. б. басқа нәрселерді қағуға, ұруға арналған аспап.*

БАЛҒАДАЙ *Мықты, күшті.* Қол-аяғы ~.

БАЛҒАЛА *Балғамен ұру, соғу.*

БАЛҒАШЫ *Балға соғушы, темір ұстасы.* ~ болып істейді.

БАЛҒАШЫҚ *тех. Әр түрлі затты ұруға арналған механизмдегі кішкене бөлшек құрал.*

БАЛҒЫН 1. *Әлі өсіп жетілмеген, балауса.* ~ құрақ (шөп). 2. *Толықсыған, уылжыған жас.* Қыздың ~ жүзі уылжып тұр. □ **Балғын арша** *(биол.) — аршаның бір түрі.*

БАЛҒЫНДАН *Қайта тұлеу, жасаңғырау.* Жас батыр ~а түсті.

БАЛҒЫНДАУ *Жастау, балаңдау.* Ол маған ~ көрінді.

БАЛҒЫНДЫҚ *Уылжыған жастық.*

БАЛДАЙ *Бал сияқты, тәтті.* ~ қымыз. ◊ **Балдай тәтті** — *өте тәтті.*

БАЛДАҚ I 1. *Аяғы кемтар адамға сүйеніп жүруі үшін жасалған арнаулы құрал.* Ол ~пен жүретін болды. 2. *Саятқа шыққанда құстарды ат үстінде алып жүру үшін, ердің алдыңғы қасына орнатқан ашалы тіреу.* Бүркітін ~қа қондырып алыпты.

БАЛДАҚ II 1. *Асыл металдан жасалған көзі жоқ сақина.* 2. *Қылыштың, пышақтың сағағын бекітіп тұратын сақина.* ~ғы алтын ақ семсер. ◊ **Балдағынан батырды** — *сағағына дейін сұңгітті.*

БАЛДАҚТЫ *Балдағы бар.* Қос ~ адам.

БАЛДЫ *Бал салған, балы көп.* ~ конфет. ◊ **Балды бармақ** — а) *бал ашқанда айтқаны келетін адам;* ә) *қолынан бәрі келетін шебер.*

БАЛДЫЗ *Әйелінің өзінен жасы кіші туыстары.*

БАЛДЫЗДЫҚ *Балдызға тән.* ~ наз.

БАЛДЫҚ 1. *Белгілі бір құбылыстың күшін көрсететін дәреже бірлігі.* 10 ~ жүйе. 2. *Оқу орнында, спортта үлгірім сапасын цифрмен белгілеу.* 5 ~ баға.

БАЛДЫР 1. *Су астында өсетін жұмсақ майда шөп.* ~ өскен. 2. *Ауыс. Бүлдіршіндей жас, балдырған.* Құраған кәрі де, ***балдыр*** жас та саған құмар (Ғ. Мұстафин).

БАЛДЫР-БАТПАҚ *Адам түсініп болмайтын шатпақ.* Біреудің ~ғын айтты.

БАЛДЫР-БҰЛДЫР: балдыр-бұлдыр сөйледі — *баланың тілі жаңа шыға бастады, былдырлады.*

БАЛДЫРҒАН 1. *бот. Үлкен жапырақты, ұзын құыс сабақты шөптесін өсімдік.* Ақ бас ~, көк ~. 2. *Ауыс. Жасөспірім, жеткіншек.* Ендігі қалғандар кілең *балдырған* жастар (Хангелдин). ◊ **Балдырған шақ [кез]** — *жастық шақ, жас кез.*

БАЛДЫРҒАНДЫ *Балдырғаны мол.* ~ тауларды мекендейді.

БАЛДЫРКӨК *Балдыр тұқымдас тағамдық өсімдік.*

БАЛДЫРЛА *Тілі келіңкіремей түсініксіз сөйлеу.* Баласы ~п жүгіріп жүр.

БАЛДЫРЛАН *Балдыр басып кету.* ~ып кетіпті.

БАЛДЫРЛЫ *Балдыры көп.* ~ су.

БАЛДЫРШӨП *бот. Көпжылдық шөптесін су өсімдігі.* ~ құстардың қорегі.

БАЛЖАПЫРАҚ *Жұп жапырақтылар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БАЛЖЫРА *Қожырау, босаңсу.*

БАЛЕРИНА *Балет труппасындағы биші әйел.*

БАЛЕТ *Музыкалы хореографиялық образ арқылы ой мен мазмұнды ашатын сахналық өнердің бір түрі.*

БАЛЕТМЕЙСТЕР *Балет, би сахналарын қоюшы және соның авторы.*

БАЛИҒАТ *Ұл мен қыздың тұрмыс құруға болатын кәмелет жасы.* **Балиғатқа толды** — *кәмелетке жетті, ер жетті.*

БАЛКОН 1. *Үйдің қабырғасынан шығарылған бетоннан не басқа заттан жасалған қоршауы бар орын.* 2. *Театрдың ішіндегі партерден жоғарғы екінші қабаты.*

БАЛҚАЙМАҚ *Жаңа сауылған түйе сүті қоюланғанша бірқалыпты қайнатылып пісірілген тағам.*

БАЛҚАҢБАҚ *бот. Сораң туысына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік.*

БАЛҚАРАҒАЙ *Қысы-жазы көгеріп тұратын, қылқанды қарағай.*

БАЛҚАШ *Мал жайылымына қолайлы, шөбі шүйгін сулы жер.* Көкорай шыққан ***балқашы,*** Жеусіз тұрып сорласа (Ақберен).

БАЛҚАШТЫ *Шүйгіні мол жер.*

БАЛҚОСПАҚ *Бура мен нармаядан туған будан.*

БАЛҚҰРАЙ *Өсімдік түрі.*

БАЛҚҰРАҚ *Көк майса, балауса.* Жайқалып ~ өскен.

БАЛҚЫ 1. *Қатты күйден сүйық күйге айналу, еру.* ~ған темір (қорғасын). 2. *Ауыс. Елжіреу, балқу, сүйсіну.* Қыз ~п кетті.

БАЛҚЫҒЫШ *Балқуға бейім, тез балқитын.* ~ электрод.

БАЛҚЫМА *Сұйық күйге айналған металл.*

БАЛҚЫТҚЫШ *Балқытуға бейім, балқыта алатын.* ~ қоспа.

БАЛЛ 1. *Табиғат құбылыстарының қуатын өлшеу бірлігі.* 2. ***пед.*** *Оқушылардың білім дәрежесіне қойылатын баға.*

БАЛЛАДА ***әдеб.*** *Тарихи болған не аңызға айналған оқиғаны романтикалық сарынмен баяндайтын қысқа сюжетті поэзиялық шығарма.*

БАЛМҰЗДАҚ *Қаймақ, қант, жидек, шырын қосылып, тоңазытылған тәтті тағам.* ~ жеді (сатып алды).

БАЛМҰРЫН *Өсімдік түрі.*

БАЛОРЫН *Өсімдік түрі.*

БАЛП: балп-балп етті — *аузы балпылдап көп сөйледі.*

БАЛПАЙ *Жалпию, баттию.* ~ған аяқ (із).

БАЛПАҚ I ***зоол.*** *Кеміргіштер тобына жататын қызғылт жирен тышқан.*

БАЛПАҚ II 1. *Толық денелі, балпиған.* Денесі ~ келген. 2. *Қиыншылық көрмей, бұла боп өскен.* Байдың ұлы — ***балпақ,*** жарлы ұлы — жалтақ (Мақал).

БАЛПАН *Жұлдыздың аты; Марс.* Марс жұлдызын қазақтар ***балпан*** немесе Қызыл жұлдыз дейді (Х. Әбішев).

БАЛПАНАҚ *бот. Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік; сүт жапырақ.*

БАЛПАНАҚТАЙ *Толықша келген, семіз.* ~ ұл (бала).

БАЛПАҢ-БАЛПАҢ: балпаң-балпаң басты — *теңселе басып баяу қозғалды.*

БАЛПАҢДА *Балпаң-балпаң басып жүру.* ~п қаша алмады.

БАЛП-БАЛП: *балп-балп сөйлеу.*

БАЛПИ *Көлденеңі шығып, жайылып кету, жалпию.* ~ған адам.

БАЛПЫЛ *Қалай болса солай, бейберекет сөз.* Оның ~ына түсінбедім.

БАЛПЫЛДА *Бей-берекет көп сөйлеу, мылжыңдау.* Шал ~п сөйлеп келеді.

БАЛСЫРА I *Қанттан ашытқан ұй сырасы.*

БАЛСЫРА II *Бал жегісі келу, балға құмарту.*

БАЛТА *Ағаш шауып, жаратын, жүзі өткір, сабы бар темір құрал.* ◊ **Балта сабынан озбайды** — *әр нәрсе тегіне тартады, тегінен аса қоймайды, д. м.*

БАЛТАЛА *Балтамен шабу.* ~п жарды.

БАЛТАМТАП *Алқа-қотан отырып, жүзік не орамал жасырып, соны тапқызып қойған адамды жазалайтын ұлттық ойын.*

БАЛТАТҰМСЫҚ *Тұмсығы қызыл, шекесі ақ, айдары қоңыр құс.*

БАЛТАШЫ *Ағаш ұстасы.*

БАЛТАШЫЛЫҚ *Балташы болушылық.* ~ жұмысқа түскен.

БАЛТЫР *Адам сирағының ішкі жағындағы бұлшық ет.* ~ әдемі екен.

БАЛТЫРЛЫ *Балтыры толық, жуан.* Тоқ ~.

БАЛУАН *Күреске түсетін адам, күреспен айналысушы.* **Балуан денелі [тұлғалы]** — *денесі балуанға ұқсас, ірі.*

БАЛУАНДЫҚ *Күштілік, қайраттылық.* ~ғымен көзге түсті.

БАЛУАНСЫ *Күштімсіну, мықтымсыну.* ~ған жігіт.

БАЛШЫ *Бал ашып, сәуегейлік жасаушы, балгер.*

БАЛШЫ-БАЛГЕР *Балшы және балгер.*

БАЛШӨП *бот. Жапырағы тұкті, көкшіл сұргылт түсті, көп жылдық өсімдік.*

БАЛШЫҚ 1. *Топырақтың сумен араласқан түрі, батпақ, лай.* Шошқаға ерген *балшыққа* аунар (Мақал). 2. *Сылау үшін немесе кірпіш құю үшін жасалған лай.* Сабан араластырылған *балшық* ең қолайлы құрылыс материалы (Дүйсебаев).

БАЛ-ШЫРЫН 1. *Балдай тәтті, өте дәмді.* Торламаның дәмі ~ екен. 2. *Ауыс. Қызықты, жағымды.* Жастық шақты кім сағынбас, Базарлы алтын, *бал-шырын* (Жастар даусы).

БАЛШЫТЫР *бот. Жапырақтарының шеттері бұтін, ұштары сүйір, екі жағын қысқа тұк басқан көпжылдық шөп тектес өсімдік.*

БАЛЫҚ *Желбезекпен дем алып, суда тіршілік ететін омыртқалылар тобына жататын жануар.* □ **Балық аулады [сүзді]** — *аумен, қармақпен балық ұстады.* ◊ **Балық басынан шіриді** — *әр нәрсе басынан, жоғарыдан бұлінеді д. м.* **Балық көзденді** — *жанары күңгірт тартты, өлеусіреді.* **Балық майы** — *балықтан алынатын май.* **Балық ұны** — *балықтан және оның сүйегінен химиялық тәсілмен алынған минералдық ұнтақ, зат.*

БАЛЫҚКӨЗ I *бот. Шөлді жерде өсетін аласа шөп.* Күз, қыс кездерінде түйе *балықкөзді* көбірек жейді (Ө. Жақыпов).

БАЛЫҚКӨЗ II *Сорпа бетіндегі болымсыз май.* ~ майы бар.

БАЛЫҚҚАНАТ *Суда тіршілік ететін жәндіктердің қимылдау, жүзу әрекетіне қатысты негізгі мүшесі.*

БАЛЫҚОТЫ *бот. Тұщы көлдерде ғана өсетін жасыл жапырақ бейнелес өсімдік.*

БАЛЫҚТЫ *Балығы мол.* ~ көл (өзен).

БАЛЫҚША *Балық тәрізді.* ~ жүзді.

БАЛЫҚШЫ I *Балық аулаушы адам.*

БАЛЫҚШЫ II *зоол. Батпақты жерде жүретін сирағы ұзын, кішкентай жыртқыш құс.*

БАЛЫҚШЫЛЫҚ *Балық аулауды кәсіп етушілік.*

БАЛЬЗАМ *Шайыр мен эфир майынан тұратын хош иісті органикалық күрделі қоспа.*

БАЛЬЗАМДА *Өлген адам денесін шіріп бұзылмайтын етіп, ұзақ мерзімде сақталу үшін бальзам жағып сіңіру.*

БАМБУК *Тропикалық, субтропикалық жерлерде өсетін астық тұқымдасына жататын тамыр сабақты өсімдік.*

БАНАН *Жапырағы үлкен, тамыры жуан, сабағы қысқа көп жылдық өсімдік және осы өсімдіктің жемісі.*

БАНДИТ *Адам тонаушы, қарақшы.*

БАНДИТТІК *Бандитке тән іс-әрекет.* ~ шабуыл.

БАНДЫ *Жұртты тонап, күш көрсетіп берекесін алушы қарулы қарақшылар тобы.*

БАНДУРА *муз. Украин халқының жалпақ мойынды, көп ішекті саз аспабы.*

БАНК *фин.* 1. *Ақша айналымын реттеп отыратын ірі мекеме.* ~ қызметкері. 2. *Карта ойынында көнге түскен ақша.*

БАНКА 1. *Шыныдан не қаңылтырдан жасалған цилиндр тәрізді ыдыс.* 2. *Денедегі суықты соруға арналған кішкене медициналық құты; оңқа.* Арқасына ~ қойды.

БАНКИР *фин. Банк иесі немесе банктің ірі акционері.*

БАНКНОТ *фин. Айналымда ақша орнына жүретін, банк шығаратын процентсіз кредит билеті.*

БАНКРОТ *экон. Кәсіпорындардың төлем қабілеті болмауынан еріксіз жойылуы.*

БАНТИК *Сәндік үшін шоқтап байланған лента.* Ақ ~пен түскен сурет.

БАП I 1. *Күтім, жай, күй.* Ат шаппайды, *бап* шабады (Мақал). 2. *Ауыс. Аспай-саспай, бипаздап, нәшініне келтірушілік.* Шайды ~пен ішті. 3. *Ауыс. Шаруа реті, іс жағдайы.* Ол жұмыс ~бымен кетті. ◊ **Бабын білді** — *жайын түсінді.* **Бабына келді** — *дер шағына жетті.* **Бабын тапты** — *ыңғайын, жайын білді, тілін тапты.*

БАП II *Тарау, бөлім.* Ереженің (заңның) 5-ші *бабы.*

БАПАН *бот. Қамыстың ұшындағы ұлпілдек ұлпа.*

БАП-БАЙСАЛДЫ *Байсалды, орнықты.* ~ әйел.

БАПКЕР *Аттың, құстың күтімін білетін адам; баптағыш.* ~ құсбегі, ~ жігіт.

БАПКЕРЛІК *Бапкер болушылық.*

БАПТА 1. *Жақсы күтімге алу, қарау.* Бақшадағы гүлдерді ~п өсірген. 2. *Асықпай, бипаздап бабына келтіру.* Тамақты ~п пісірді. ◊ **Баптап сөйледі [айтты]** — *нәшіне келтіріп сөйледі.*

БАПТАУЛЫ *Бабына келген, күтімді.* ~ тұлпар.

БАПТАУСЫЗ *Күтімі жоқ, қараусыз.*

БАПТАУШЫ *Күтімге алушы, бабына келтіруші.*

БАПТЫ *Күтімге алынған, күйлі.* ~ әже-шеше.

БАПТЫЛЫҚ *Бабына келгендік.* Не нәрсеге де ~ керек.

БАПШЫЛ 1. *Баптауға, күтуге шебер.* ~ адам. 2. *Бап тілейтін, күтімді қажет ететін.* ~ жүйрік.

БАПЫЛДА 1. *Иттің бап-бап етіп ұруі.* Ақ төбет *бапылдап* қоя берді (Иманбаев). 2. *Ауыс. Жөнжосықсыз, бейберекет сөйлеу.* Күншашқа ұрсып *бапылдап*, Бүріп келеді бәйбіше (С. Мұқанов).

БАР I *Барлық, бүкіл, тұтас.* ~ киімім осы.

БАР II 1. *Бір нәрсеге жету, жақындау, жуықтау.* Үйіне ~ды. 2. *Ауыс. Түрмысқа шығу, күйеуге тию.* Қыздың кімге ~ам десе де еркі өзінде. ◊ **Бар жері, басар тауы жоқ** — *қорған болар, пана болар ешкімі жоқ д. м.* **Барғанның балтасын, келгеннің кетпенін алып қалды** — *ешкімге есесін жібермеді.* **Бармасаң бадал** — *тілазарға айтылатын қаргыс.* **Барса келмес** — *қайта ораламас жер, қиын сапар, алыс жол.* **Барып тұрған** — *нағыз шегіне жеткен.*

БАР III 1. *Жоқ емес, бар болушылық.* Үйінде көп балалары ~. 2. *Ауыс. Ауқатты, әлді.* Өлім *бардың* малын шашады (Мақал). ◊ **Бар болғаны** — *не бары, бар-жоғы.* **Бар болғыр** — *жоқ болғырдың орнына айтылады.* **Бар болсын** — *барынан жоғы.* **Бар қадарынша** — *әліне қарай, мүмкіндігінше.* **Барымен базар** — *азға қанағат.*

БАРАБАН I *муз. Шанағына сірі керіп қапталған, іші қуыс, ұрып ойнайтын саз аспабы.*

БАРАБАН II *тех. Механизмдегі іші қуыс цилиндр тәрізді айналмалы бөлшек.* Комбайн ~ы.

БАРАБАНДА *Барабан соғу, барабан ұру.* ~п көшеге шықтық.

БАРАБАНШЫ *Барабан қағушы, барабан соғушы.* ~ жауынгер.

БАРАБАР *Тепе-тең, пара-пар, бірдей, теңдес.* Әр минуты бір сағатқа ~.

БАРА-БАРА *Уақыт озған сайын, жүре-жүре.* Ревматизм ~ жүрек ауруына айналады.

БАРАБАРЛЫҚ *Бірдейлік, пара-парлық, тепе-теңдік.* ~ заңы.

БАРАҚ I *Ағаштан, қамыстан жасалып уақытша тұруға арналған үй.* Олар ~та тұрады.

БАРАҚ II *Бір бет парақ.* Баласы кітаптың ~ын жыртып алды.

БАРАҚ III: **барақ ит.** *Жүні ұзын, жүндес ит.* Қаба сақалы *барақ* иттің жүніндей ұйысып қалыпты (Ж. Тілеков).

БАРАН *Жылқының түсі; қара қоңыр, қара кер.* Алдыңғы ат *баран* болмай, қылаң болды (Ақан сері).

БАРАНДАНУ *Қара қоңырлану, күңгірт тарту.* Бұлтсыз аспан *баранданып* барады (Жансүгіров).

БАРАНДАУ *Қара қоңырлау, қара керлеу.* Мендей тарғыл емессің, *барандаусың* (Шәкәрім).

БАРАР *Мысық тұқымдастарына жататын ірі жыртқыш аң, тау арыстан.*

БАРАР-БАРМАС *Барар-бармайтыны белгісіз.* Мінетін атым қолында, ***Барар-бармас*** жолымда (Қобыланды).

БАРБАҢ-БАРБАҢ: барбаң-барбаң етті — *ерескел қимылдады.*

БАРБАҢДА *Барбаң-барбаң ету, арбаңдау.* Ала төбет *барбаңдап* бетке қарсы ұзай алмады (М. Әуезов).

БАР-БАР: бар-бар етті — *жаман дауыспен барылдады.*

БАРБИ *Быртию, ісіну.* Қолы ~ып ісіп кетіпті.

БАРБИЫҢҚЫ *Жуандау, ісіңкілеу.*

БАРҒЫШ 1. *Қайта-қайта бара беруі.* Мен театрға ~ едім. 2. *Бірдемеге бой ұрғыш.* Кейбір ақындар жалпылама тақырыптарға ~.

БАРҒЫШТА *Әлсін-әлі бара беру.*

БАРЕЛЬЕФ *Тегіс заттың бетіне салынған бедерлі бейне.* Гранит тасқа жасалған ~.

БАРЖА *Кемеге тіркеп, жүк тасуға арналған сүйретпе кеме.*

БАРЖИ *Барбию, быртию.* Аққұба жүзі *баржиып* күреңіте түскен (Жұмаділов).

БАР-ЖОҒЫ 1. *Әлде бар, әлде жоқ екендігі.* ~н білгісі келеді. 2. *Бар болғаны, небәрі.* Ол ~ құрылыс бригадирі ғана.

БАРИТОН *муз. Тенор мен бастың аралығындағы қоңыр дауыс.*

БАРҚ-БАРҚ: барқ-барқ етті — *жағымсыз, жуан дауыс шығарды, барқылдады.*

БАРҚАДАР: барқадар тапты — *береке, опа тапты, дегеніне жетті.*

БАРҚАДАРЫНША *Шаманың келгенінше, мүмкіндігінше.*

БАРҚЫЛДА *Барқ-барқ ету, беталды сөйлеу.* Әйелдің ~ған жуан даусы естілді.

БАРҚЫЛДАҚ *Барқ-барқ еткіш.* ~ қара ала төбет.

БАРҚЫН I *көне. Өлген адамның басына қойылған құлпытас.* Өлгендерді есте қалдыру құрылыстары *барқын* деп аталады (Қаз. тарихы).

БАРҚЫН II *Тау бөктерінде, далалы жазық жерлерде өсетін еркек шөп.*

БАРҚЫН III *Қоңырқай жасыл.* Қарақұлпы егін ~ тартыпты ("Соц. Қаз.").

БАРҚЫНДАН *Көк майсаланып, қара қоңыр түске ену.*

БАРҚЫНДЫ *Көк майсалы, барқын өскен.* ~ жер.

БАРҚЫРА *Жағымсыз қатты дауыс шығару.* Даусы ~п шықты.

БАРҚЫРАУЫҚ *Бақырауық, қатты дауыс шығарғыш, айқайшыл.*

БАРҚЫТ *Оң жағы тығыз түкті келген, жұмсақ мақпал мата.* □ **Барқыт түн** — *жанға жайлы, мақпал түн.* **Барқыт дала** — *көк майсаға бөленген жасыл дала.*

БАРҚЫТГҮЛ *Әсемдік үшін қолдан өсірілетін біржылдық және көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БАРҚЫТТАЙ *Жұп-жұмсақ, жайлы.* Қыздың даусы ~.

БАРЛА 1. *Бағдарлау, шолу, бақылау.* Орманды ~п қайтты. 2. *Байыптап сынай қарау.* Қыз жігітке ~й қарады.

БАРЛАҒЫШ *Тез бағдарлай қоятын, байқағыш.*

БАРЛАУ 1. *Жау күштері мен олардың орналасуы туралы мәліметтер жинайтын жауынгерлік қимылдардың бір түрі.* 2. *Кен байлығын зерттеу.* Ол геологиялық ~да болды.

БАРЛАУШЫ 1. *Барлау ісін жүргізуші, шолғыншы.* ~лардың бірі болды. 2. *Кен байлығын зерттеуші, іздеуші.*

БАРЛЫҒЫҢҚЫ *Барлығып қалған, қарлығыңқы.* ~ дауыс.

БАРЛЫ-ЖОҚТЫ *Жақсылы-жаманды, мәнді-мәнсіз.* Ол ~ сөз етті.

БАРЛЫҚ I *Бүкіл, түгел, барша.* Басқаларының ~ғын құртты.

БАРЛЫҚ II 1. *Молшылық, байлық. Барлық* жарастырар, жоқтық таластырар (Әлімбаев). 2. *Жоқ еместік, бар болушылық.* Дүниеде ~ғына қуанамын.

БАРЛЫҚ III 1. *Бұрын көп мінілмеген семіз аттың қатты шабыстан тығылып, ентігіп, тұрып қалуы.* Аттар ~ғып қалғанды. 2. *Көп айғайлағаннан дауыстың бар-бар етуі; қарлығу.* Көрші үйден әйелдің ~қан даусы естіледі.

БАРМАҚ *Бес саусақтың өзге төртеуіне қарамақарсы тұратын әлдісі, бас бармақ.* ◊ **Бармағы майысқан ісмер** — *қолынан келмейтіні жоқ, шебер.* **Бармағына қыстырды** — *бір нәрсені біреуге сездірмей берді.* **Бармағынан бал тамған** — *қолынан келмейтіні жоқ; шебер.* **Бармағынан күй төгілді** — *асқан күйші.* **Бармағын басты** *(көне.)* — *куәландырды, растады.* **Бармағын емізді** — *құр сөзбен шығарып салды.* **Бармағын тістеді [шайнады]** — *опық жеді, өкінді.* **Бармағын бүгіп қалды** — *бір нәрсені жасырып қалды.* **Бармақ басты** — *астыртын, жасырын.* **Бармақ басты, көз қысты** — *алдын ала келіскен, жең ұшынан жалғасқан.*

БАРМАҚНАН *жерг. Қамырын қолмен үзіп сорпаға салатын нан.*

БАРМАҚТАЙ 1. *Өте шағын, болар-болмас, кішкентай.* ~ бала (қыз). 2. *Ірі, толық (дән).* Әр дәні ~.

БАРМАҚТАЙ-БАРМАҚТАЙ *Ірі-ірі, кесек.* ~ бұршақ.

БАРОМЕТР *Ауа қысымын өлшейтін аспап.*

БАРПЫЛ *Барп-барп еткен дыбыс.* Шалдың ~ы естілді.

БАРПЫЛДА *Барп-барп сөйлеу.* Ол ~п мазаны кетірді.

БАРРИКАДА *Көше ұрыстары кезінде қорғаныс ретінде жасалатын бөгет, тосқауыл.*

БАРТ-БАРТ: барт-барт жарылды [етті] — *бір нәрсе тарсылдап жарылды.*

БАРТИ *Барбиып ісіну.* Беті ~ды.

БАРТЫЛДА *Барт-барт етіп дыбыс шығару.* ~п сынды.

БАРХАН *Желдің әсерінен пайда болған сусымалы құм төбе (дюна).*

БАРША *Бүкіл, барлық.* ~ әлем (жан, қауым, жұрт).

БАРШЫЛЫҚ *Жеткілікті, бар, мол.* Бөлмеде жұрт ~ екен.

БАРШЫН I *Жолағы бар жібек мата.*

БАРШЫН II *Он бір жастағы бұркіт.* ◊ **Баршын тартты** — *жасы ұлғайды, шау тартты.*

БАРШЫНДА *Шау тарту, жасы ұлғаю. Баршындап* әбден ол енді, Жас келіп міне шаршатты (Шаңғытбаев).

БАРЫЛ *Жағымсыз ұн, дыбыс.* Трактордың ~ынан ұйықтай алмадық.

БАРЫЛДА *Жағымсыз жуан ұн шығару, бар-бар ету.* Даусы ~п шықты.

БАРЫЛДАҚ *Көп айғайлайтын, барылдауық.* ~ қоңыз.

БАРЫМТА *тар. Жауласқан екі рудың бірінің-бірі мал-мүлкін күшпен тартып алып, кек қайтаруы.*

БАРЫМТАЛА *Барымтаға қатысу, біреудің мал-мүлкін иемденіп кету.*

БАРЫМТАЛЫҚ *Барымтаға лайық.* ~ мал.

БАРЫМТА-СЫРЫМТА *Барымталау немесе жасырын жолмен есе алу әдеті.* Байлардың *барымта-сырымта* тәрізді салт мәселесі бар (Қ. Жұмалиев).

БАРЫМТАШЫ *Барымта алушы, барымтаны жасаушы.*

БАРЫМТАШЫЛ *Барымта алғыш, озбыр.* ~ адам.

БАРЫНША *Бар мүмкіндігінше, мейлінше.* ~ құрметтеді.

БАРЫП-КЕЛІП *Араласып-құраласу, жиі қатынасу.* Үйге ~ тұрамыз.

БАРЫС I 1. *Қара дақтары бар, мысық тұқымдастарына жататын жыртқыш аң.* 2. *көне. Ескі жыл санаудың үшіншісі, жыл аты.*

БАРЫС II *лингв. Кімге? неге? деген сұрақтарға жауап беретін септік жалғауы.*

БАРЫС III *Істің бет алысы, жағдайы.* Егін орудың ~ы қалай?

БАРЫС-КЕЛІС *Келім-кетім, аралас-құралас.* Араларында ~ бар ма?

БАРЫСЫНДА *Жолында, бағытында.* Оқыту ~, жұмыс ~, қызмет ~.

БАС I 1. *Адам мен жан-жануарлардың ауыз, көз, құлақ, ми орналасқан дене мүшесі.* Ол ~ынан бөркін алды. 2. *Кісі, адам, жан. Бас* екеу болмай, мал екеу болмас (Мақал). 3. *Малдың саны, тұяқ.* Қойдың ~ын тез көбейтті. 4. *Өсімдіктердің жоғарғы жағы, ұшы.* Балалар алма ағаштың ~ына шықты. 5. *Таудың, қырдың ең биік жері; шыңы, төбесі.* Төбенің ~ына шықты. 6. *Өзеннің, бұлақтың басталған жері.* Шу өзенінің ~ы. 7. *Таяқтың, сойылдың бір жақ шеті, ұшы.* Таяқтың ~ы тиді. 8. *Аяқ киімнің қоныштан төмен жағы.* Етіктің ~ы. 9. *Балта, шот, пышақ сияқты құрал-саймандардың сапқа төменгі жүзі бар жағы.* Кетпеннің ~ы босап қалыпты. 10. *Бір оқиғаның басталған мерзімі.* Жыл *басы* — қаңтар. 11. *Мамандық атауымен тіркесіп келіп лауазымды білдіреді.* ~ инженер (агроном, бухгалтер). 12. *Ауыс. Бастық, жетекші.* Оразбаның баласы он бесінде *баспын* дер (Мақал). □ **Бас арқан** — *желден, дауылдан киіз үйді сақтау үшін кереге басын бастыра орайтын қыл арқан.* **Бас арық** — *жан-жаққа су тартатын үлкен су жолы.* **Бас әріп** — *үлкен әріп.* **Бас балуан** — *күреске түсушілердің ең мықтысы.* **Бас бармақ** — *бармақтың бірінші.* **Бас бау** — *туырлықтың, үзіктің жоғарғы бауы.* **Бас ескек** — *қайықтың алдыңғы ескегі.* **Бас жүлде** — *жеңіскерлерге берілетін бірінші бәйге.* **Бас жіп** — *сиыр малының мүйізіне байланатын жіп.* **Бас киім** — *басқа киілетін киім.* **Бас кейіпкер** — *шығармадағы негізгі кейіпкер.* **Бас құда** — *негізгі үлкен құда.* **Бас мақала** — *газет-журналдардың редакция атынан берілетін мақаласы.* **Бас табақ** — *қадірлі қонаққа берілетін мүшелі табақ.* ◊ **Баса-көктеп кірді** — *еш нәрсеге қарамады, киіп-жарды.* **Бас алды** — *өсімдік дән алды.* **Бас алмады** — *назар салмады, алаңдамады.* **Бас араздық** — *екі жақтың арасындағы өкпе, реніш, дүрдараздық.* **Бас асау** — а) *басына жүгенқұрық тимеген, тарпаң мінез (жылқы);* ә) *айтқанға көнбейтін қиқар адам.* **Бас ауыртты** — *мезі қылды, мазалады.* **Басы ауырып, балтыры сыздады** — *ауырып сырқады, науқастанды.* **Бас байлады** — *қауіп-қатерге бел буды, басын тікті.* **Бас бұзар** — *сойқаншыл, сотқар.* **Бас білді** — *мініске үйретілді.* **Бас десең,**

құлақ дейді — *сөз ұқпайтын мақау д. м.* **Бас жарылса бөрік ішінде** — *жабулы қазан жабулы қалды, жария болмады.* **Бас жарып, көз шығарып барады** — *тентектік істеп, дегенге көнбеді.* **Бас иді** — а) *көрсетілген құрметке ілтипат білдірді;* ә) *кешірім өтінді, кішірейді.* **Бас изеді** — а) *баспен ишарат етіп амандасты;* ә) *келісім білдірді, мақұлдады.* **Бас имеді** — *берілмеді, көнбеді, кішіреймеді.* **Бас кесер** — *қанішер, зұлым.* **Басы кетеді** — *өмірін жояды, өледі.* **Бас көтерді** — а) *жоғары қарады;* ә) *наразылық білдірді, қарсылық көрсетті;* б) *аурудан сауығып, тұруға жарады;* в) *егін өніп, жер бетіне шықты.* **Бас көтерер** — а) *елдің, ауылдың ақылшысы;* ә) *отбасындағы еңбекке жарамды адам.* **Бас көтере алмады** — *қарсыласа алмады.* **Бас көтертпеді [қаратпады]** — *мұршасын келтірмеді.* **Бас қайғы** — *өз басының уайымы, мұңы.* **Басқа, көзге төпеледі** — *жұдырықтың астына алды.* **Басқа кірді [кірмеді]** — *миына қонды.* **Бас қамын ойлады** — *жеке басын күйттеді.* **Бас қатырды** — *миды ашытты, ығыр қылды.* **Басқа түссе баспақшыл** — *адам қиындыққа көнеді д. м.* **Басқа ұрған балықтай [танадай] болды** — *не істерін білмей есеңгіреді, мәңгірді.* **Басқа шауып, төске өрледі** — *астамдық жасады.* **Басқа шықты** — а) *ішімдік бірден басқа әсер етті;* ә) *төбеде ойнады, басынды.* **Бас қосты** — а) *жиналды, топталды;* ә) *үйленді, үй болды.* **Бас пайда** — *жеке мүдденің пайдасы.* **Бас салды** — а) *егін дәндене бастады;* ә) *тарпа бас салды, шап ете түсті.* **Басына қара салды** — *қара жамылып, аза тұтты.* **Басына кірмеді** — *миына қонбады, түсінбеді.* **Басын ала қашты** — *жоламады, бас тартты.* **Басынан бақ тайды** — *бақытсыздыққа ұшырады.* **Басынан билік кетті** — *өз басының құқы жоқ, дәрменсіз.* **Басынан дәулеті ұшты** — *бағы тайды.* **Басынан заманы көшті** — *бағы тайды.* **Басынан құс ұшырмады** — *мәпелеп күтті, аялады.* **Басынан сөз асырмады** — а) *ә десе, мә деді, қарсыласты;* ә) *болмашыға ренжіді, сөз көтермеді.* **Басына ойнады** — *зорлық көрсетті, жәбірледі.* **Басына су құйды** — *жоқ қылды, тұгесті.* **Басына тас тиді** — *соққы көрді, беті қайтты.* **Басын ашты** — *бір нәрсенің бетін ашты, айқындады.* **Басына іс түсті** — *қиыншылық кез болды, пәле жабысты.* **Басын базарға салды** — *сөзге ілікті, дауға қалды.* **Басын бәйгеге тікті** — *тәуекел етті, бағын сынады.* **Басын жойды [жалмады]** — *өлтірді, жоқ етті.* **Басын қайырды** — *бір істі дендетіп тастады, тындырды.* **Басын қатырды** — *әр нәрсені бір айтып мазалады.* **Басын қосты** — *бірікгірді, топтастырды.* **Басын құрбан қылды** — *жанын пида етті, басын тікті.* **Басын тауға да, тасқа да соқты [ұрды]** — *амалы таусылып, дағдарды.* **Басын тікті** — *басын өлімге байлады.* **Басын шатты** — *әуреге түсті, дауға қалды.* **Басына көрінгір** *(қарг.)* — *бар пәле өзіңмен кеткір.*

БАС II *муз.* 1. *Ер адамның төменгі даусы.* 2. *Төмен тембрлі ұрмелі аспап.*

БАС III 1. *Жуу, адымдау.* Аяғын ширақ ~ты. 2. *Бір нәрсені таптау, мыжу, езу, жаншу.* Жылан~ып кетті. 3. *Кітап, газет, журналды баспадан шығару.* Кітап ~ып шығарды. 4. *Басып қалу, жабу.* Қауды қар ~ты. 5. *Бір нәрсені қарқындата тұсу, үдету.* Атына қамшыны ~ты. 6. *Азайтыңқырау, әсеңдету.* Шамның білтесін ~ып қойды. 7. *Киізді білектеу.* Киіз ~ты. 8. *Бір нәрсенің уытын қайтару, бәсеңдету, тоқтату.* Аспирин дененің қызуын ~ады. 9. *Күшпен жеңу, бағындыру.* Көтерілісті күшпен ~ты. 10. *Ауыс. Тоқтату, тежеу.* Мәжіліс бастығы жұртты *басамын* деп әбігер (Майлин). ◊ **Басқан ізін санады** — *қалт жібермеді, аңдыды.* **Басқан ізіне тұрмайды** — *парапар келмейді, тең емес.* **Бас салды** — а) *шап беріп ұстады;* ә) *қапылыста қолға түсірді.* **Басып кірді** — *күшпен жаулап алды.* **Басып озды** — *қуып жетіп озып кетті.* **Басып өтті** — *бір нәрсенің үстінен өтті, жүрді.* **Басып салды** — *атып жіберді.* **Басып тастады** — *ешкімге сездірмеді, жауып тастады.*

БАСА *Айрықша, ерекше, үстемелеп, толтыра.* Осы жағын ~ айтты. Қымызды ~ құйды.

БАСА-БАСА *Үстемелеп, толтыра-толтыра.* Ет асып, қымыз құяр *баса-баса* (Еркінбеков).

БАСА-ЖАНША *Киіп жарып, ентелей.* Жұрт бірін-бірі ~ қаша жөнелді.

БАСА-КӨКТЕП 1. *Киіп-жарып, ентелеп.* Балалар ~, лап қойды. 2. *Көзге ілмей, басынып.* Ол ~ төрге шықты.

БАСАЛҚЫ 1. *Ақылды басу сөз.* Жә, *басалқы* айтады десе, о несі (М. Әуезов). 2. *Жөн-жосық көрсетіп отыратын адам, ақылшы.* Үйдің *басалқысы* — Оспан ("Қаз. әдеб.").

БАСАЛҚЫЛЫ *Көрген-білгені көп, салихалы, байсалды.* ~ адам.

БАСАЛҚЫЛЫҚ *Ақыл-кеңес берушілік.* ~қа жараған.

БАСАР 1. *Дауыл, жел көтеріп кетпес үшін, киіз үйді бастыра қазықтарға байланатын екі ұзын арқан.* 2. *Мылтықтың шүріппесі.* Сүмбесі мынау-сойылша, *Басары* мынау-бақанша (Жансүгіров). ◊ **Басар көбейсін!** — *киіз басып жатқандарға айтылатын жақсы лебіз, тілек.*

БАСАТ *кәсіби. Тыныш, жайлы теңіз қойнауы.* Балықтар толқымайтын тыныш жерлерде, қамысты *басаттарда* жүреді (Ә. Нұрпейісов).

БАС-АЯҒЫ I 1. *Бастан-аяққа дейін, тұла бой.* Ол ~ғына сынай қарады. 2. *Небәрі, бар болғаны.* ~ бір айдың ішінде істеп бітірді. **Бас аяғы балғадай** — *дене бітімі кесек, ірі.* **Бас-аяғы жиналды** — *тегіс келді, төрт көзі түгел.* **Бас-аяғы жоқ** — *қисыны жоқ, жөн-жосықсыз.* **Бас-аяғына көз жетпейді** — *шексіз, шетсіз.* **Бас-аяғына көз жүгіртті** — *үсті-басына барлай қарады.*

БАС-БАСЫНА *Әрқайсысы, жеке-жеке.* Жұрттың ~ жұмыс бердім.

БАСБҰЗАР *Тентек, бұзық.*

БАСБҰЗАРЛЫҚ *Тентектік, бұзықтық.*

БАСБІЛГІ *Міністе үйретілген өгіз, тайынша, жылқы.*

БАСЖАҚСЫ *этн. Таңдаулы, ең жақсы, дүние, мүлік.*

БАСКЕСЕР *Қаныпезер, адам өлтіруге құмар жауыз.*

БАСКЕТБОЛ *спорт. Қарама-қарсы бағаналардың басына құрылған торға допты қолмен лақтырып түсіретін командалық спорт ойыны.*

БАСКЕТБОЛШЫ *Баскетбол ойынын ойнаушы.*

БАС-КӨЗ: бас-көз болды — *біреуге қамқоршы болды, көз қырын салды.*

БАСҚА *Бөтен, бөлек, өзге.* ~ адам (жұрт, мал).

БАСҚА-БАСҚА *Бір-бірінен өзгеше, әр түрлі.* Олардың мағынасы ~.

БАСҚАДАЙ *Өзгедей, бөтендей.* ~ ем (тірлік, жұмыс).

БАСҚАҚ I *вет. Витаминнің жетімсіздігінен болатын буаз саулық ауруы.*

БАСҚАҚ II *көне. Салық, алым жинаушы адам.*

БАСҚАЛАН *Бөлектену, өзгешелену.*

БАСҚАР 1. *Басшылық ету, билігін жүргізу.* Ел ~ып отыр. 2. *Бір нәрсені ұйымдастыру, жетекшілік ету.* Кешті өзі ~ды.

БАСҚАРМА 1. *Белгілі бір мекеменің ірі саласы, әкімшілік мекемесі.* Құрылыс ~сы, жол ~сы. 2. *Осы мекемені басқаратын адам, бастық.* Олардың жұмысына ~ мәз болды.

БАСҚАРУШЫ *Бір іске басшылық етуші, жетекші.* Жиналыс ~, той ~.

БАСҚАРУШЫЛЫҚ *Жетекшілік етушілік.* ~ қызмет.

БАСҚАША *Өзгеше, ерекше.* Ол ~ айтты.

БАСҚҰР *Туырлықтың кереге басына тиіп қажалмауы үшін уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастыра таңатын, киіз үйдің ішіне сән беріп, безендіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.*

БАСҚЫ *Бастапқы, алғашқы, әуелгі.* ~ кезде осылай болатын.

БАСҚЫЛА *Бір нәрсені аяғымен қайта-қайта басу.*

БАСҚЫН *Жаулап алушы, басып кіруші.* Майданда *басқын* жауыз баудай түсер (Кәрібаев). ◊ **Басқын болды** — *опыр-топыр қаптады, басып кетті.*

БАСҚЫНШЫ *Бір елдің жеріне опасыздықпен басып кіруші, жаулаушы.*

БАСҚЫНШЫЛЫҚ *Баса-көктеп кірушілік, жаулап алушылық.* ~ соғыс.

БАСҚЫШ 1. *Жоғарыға көтерілу үшін жасалған баспалдақ саты.* ~пен жоғары көтерілді. 2. *Ауыс. Қызметтің, оқу жүйесінің белгілі бір сатысы.* Бастауыш мектеп — жалпы білім берудің алғашқы ~ы.

БАСМАШЫ *тар. Орта Азияда кеңес өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген халық жасақшылары.*

БАСМАШЫЛЫҚ *Басмашы болушылық.*

БАСПА I *Кітап, газет-журналдарды басып шығаратын мекеме.* Кітабын ~ға дайындады.

БАСПА II *мед. Дауысты қарлықтырып, жұтынғанда ауыртатын тамақ ауруы.* ~мен ауырды.

БАСПА-БАС *Бір затты екінші затқа бірмебір айырбастау ісі.* ~ ауыстырды.

БАСПАГЕР *Кітап басып шығарушы, баспа қызметкері.*

БАСПАҚ I *Бір жасқа дейінгі бұзау, торпақ.* Сиырдың соңында ~ы бар.

БАСПАҚ II *көне. Ірі қараның бас терісінен жасалған тұз салатын ыдыс.*

БАСПАҚШЫЛ *Көнгіш, көнімпаз.* Басқа түссе *баспақшыл* (Мәтел).

БАСПАЛА 1. *Бір нәрсені қалқа етіп бұгу, жасырыну.* Ол тасты ~п қарап отыр. 2. *Бақылау, аңысын аңду.* Алғаш екі жақ та *баспалап* жүрді (Сарғасқаев).

БАСПАЛДАҚ *Көп қабатты үйге шығып-түсу үшін жасалатын басқыш, саты.*

БАСПАЛДАҚТА *Сатылап көтерілу.* ~п шықты.

БАСПАЛЫ *муз. Баспасы бар.* Он екі ~ сырнай.

БАСПАНА 1. *Адам тұратын үй, жай.* Шопандарға ~ керек. 2. *Уақытша бас сауғалайтын жер.* Орман ішін ~ етті.

БАСПАНАЛА *Қауіп-қатерден сақтану, бой тасалау.* Жауып тұрған оқтан *баспаналады* (Қайсенов).

БАСПАНАЛЫ *Мекен-жайы бар.*

БАСПАСӨЗ *Баспаханадан күнделікті және дүркінді шығатын газет-журнал.* Пікірлерін ~ арқылы білдірді.

БАСПАХАНА *Кітап, газет, журналдарды басып шығаратын өндіріс орны.* ~ ашылды (басты, шығарды).

БАСПАХАНАШЫ *Баспахана иесі, қожасы.* Суретті ~ға сатқан.

БАССЕЙН 1. *Жасанды су қоймасы.* Су ~ні. 2. *Пайдалы қазбалар шығатын жер.* Қарағанды көмір ~ні.

БАС-СИРАҚ *Сойылған малдың бас пен сирағы.* ~ үйтті.

БАССЫЗ 1. *Басы жоқ.* ~ балық. 2. *Ауыс. Басшысыз, қамқоры жоқ.* Қалың қол *бассыз* қалды (М. Әуезов). 3. *Ауыс. Ақылы жоқ, ақылсыз.* Бақытсыз елді қашанда *бассыздар* билейді (Ә. Әбішев).

БАССЫЗДЫҚ *Жүгенсіздік, тәрбиесіздік.* ~ белең алды.

БАСТА 1. *Басшы болу, басқару.* Ел ~ған жігіт. 2. *Бір нәрсені ұйымдастыру, басқару.* Жарысты өзі ~ды.

БАСТАМА *Бір істің басы, алғашқы ұйытқысы.* Жаңа ~, жақсы ~, үлкен ~.

БАСТАМА: бастама етік — *ескі қонышқа жаңадан бас салып тігілген етік.*

БАСТАМАШЫ *Бір істің бастаушысы, ұйытқысы.* Жастар — игі істердің ~сы.

БАСТАМАШЫЛ *Жаңа бастамаға құмар, қолдаушы.* ~ топ құрылды.

БАСТАН-АЯҚ 1. *Басынан аяғына дейін.* Ол бәрімізге ~ бір қарап өтті. 2. *Бүге-шігесін қалдырмай, тәптіштеп.* Болған оқиғаны ~ айтып бердім.

БАСТАҢҒЫ *этн. Ауылдың үлкендері жол жүріп кеткенде, үйде қалған әйелдері, қыз-қырқындары бас қосып ойын-сауық жасайтын салт-ырым.* ~ жасады.

БАСТАПҚЫ *Әуелгі, алғашқы.* ~ пікір (ой, әңгіме, кез).

БАСТАПҚЫДАЙ *Әуелгідей, алғашқыдай.* ~ қашты (жүрді).

БАСТАС I *Қатар өскен құрбы, сырлас, мұндас.* Бұл екеуі замандас, мүдделес, *бастас* (Қаратаев).

БАСТАС II *Көрші, қоңсы.* Біздің үй Әлімхандармен көп жылдан бері ~ отыр.

БАСТАУ *Бұлақ, өзен суларының басталатын жері; көзі, қайнар.* ~дан су ішті.

БАСТАУШЫ 1. *Жетекшілік, басшылық ету.* Жақсы істің ~сы — әкімнің өзі. 2. *Бір нәрсенің ұйымдастырушы, ұйытқысы.* Әйелдер — өнегелі істің ~сы. 3. *Бағыт сілтеуші, жол көрсетуші.* Жол ~ кідіріп қалды.

БАСТАУЫШ *грамм. Істің кім, не жайында екенін білдіретін сөйлемдегі тұрлаулы мүше.*

БАСТАУШЫЛЫҚ *Жетекші болушылық.*

БАСТЫ 1. *Шешуші, негізгі.* ~ сала (шарт, міндет). 2. *Дәні ірі, толық.* Биылғы егін ~ екен. 3. *Баласы көп отбасы.* Ол өсіп-өнген ~ адам.

БАСТЫ-БАСТЫ *Негізгі-негізгі, көрнекті-көрнекті.* ~ ақсақалдар.

БАСТЫҒЫРЫЛ 1. *Жайсыз ұйықтап жатқан адамның тұншығып шошынуы.* ~ып, шошып ояндым. 2. *Бірінің үстіне бірі шығып кету, үймелеу.* Үріккен қой ~ып қалыпты.

БАСТЫҚ I *Жетекші, басқарушы адам.* Он бес адамға бір ~ сайлады.

БАСТЫҚ II 1. *Бір нәрсеге көндігу, жаттығу, төселу.* Асау тайлар ~ғып қалыпты. 2. *Екпіні, арыны қайту, жөнге келу.* Көңіл шіркін есейіп *бастығады* (Ниязбеков).

БАСТЫҚСЫМАҚ *экспр. Бастық сөзінің қомсыну, кекету мәнінде жұмсалуы.* Осы кезде ~тар көп еді.

БАСТЫҚСЫН *Бастық болғансу.* Ол ~ып маған ақыра сөйледі.

БАСТЫҚТЫҚ *Бастық болушылық.* ~тан көрген пайдам шамалы.

БАСТЫР 1. *өзг.етіс. Бас-тыр.* 2. *Орылған егіннің дәнін сабағынан ажырату.* Күріш ~ды (астық ~ды).

БАСТЫРМА I *Жан-жағы ашық, төбесі жабық жай, лапас.* ~ астында жусайды.

БАСТЫРМА II 1. *Машинаның, арбаның үстіне тиеген шөпті басып тұратын ұзын сырық.* Бастырық ~сы сынып кетіпті. 2. *Үй жиһаздарының бетіне салынатын әшекейлі өрнек, бедер.* Төсектің бетіндегі ~лар жарасып тұр.

БАСТЫРМАЛА 1. *Үсті-үстіне төпей басу, тез-тез жұру.* Көк бие ~п келеді. 2. *Ауыс. Айтыста, дауда сөз кезегін бермей үдете айту.*

БАСТЫРЫҚ 1. *Тиеген отынды, шөпті ауып кетпеу үшін басып тұратын ұзын сырық.* 2. *Қақпа, есікті бекіту үшін ілгек темірге көлденең өткізілетін ағаш.* ~ты сырып есікті ашты. ◊ **Бастырық арқан** — *киіз үйді желден, дауылдан қорғау үшін туырлықты бастырып байлайтын киіз үй жабдығы.*

БАСТЫРЫҚТА *Бастырық салу.* ~п шөп тиеді.

БАСУ *Тоқтау айту, жұбату.* Кемпір қой деп ~ айтқан болды.

БАСШЫ 1. *Жетекші, үйтқы.* ~мыз Асан деген жігіт. 2. *Мекеменің басқарушысы.* Ұжым ~сы, өндіріс ~сы, құрылыс ~сы. 3. *Жол көрсетуші, бастап апарушы.* Жол ~сы — мен.

БАСШЫЛЫҚ *Басшы болушылық.* ~ етті (жасады).

БАСЫБАЙЛЫ 1. *Жеке басының еркіндігі жоқ, біреуге тәуелді.* ~ құл (шаруа, жұмыскер). 2. *Өзіне ғана тән, меншікті.* ~ мал, ~ дүние-мүлкі.

БАСЫБАЙЛЫЛЫҚ *Өз еркі болмаушылық, біреуге тәуелділік.* ~қа қарсы күрес.

БАСЫБҮТІН *Қайтармайтындай, біржола, мүлдем.* ~ берді (алды).

БАСЫ-КӨЗІ: басы-көзіне қарамай — *бетің бар, жүзің бар демеді.*

БАСЫ-ҚАСЫНДА *Бастан-аяқ жанында, маңында.* Тексерістің ~ болды.

БАСЫЛ 1. *ыр. етіс. Бас-ыл.* 2. *Жайбарақат күйге түсу, ену, тыну.* Жанжал ~ды, ырду-дырду ~ды. 3. *Екпіні қайту, бәсеңдеу.* Ашуы ~ды, қарқыны ~ды. 4. *Тыйылу, тоқтау.* Ауруы ~ды, жөтелі ~ды, дауыл ~ды. 5. *Тыныштану, жұбану.* Сәби жылағаны ~ды. 6. *Түгесілу, таусылу.* Қызығы ~ды, қуанышы ~ды. 7. *Аяқталу, бітү.* Соғыс ~ғалы біраз жыл өтті. 8. *Ауыс. Беті қайту, жасу, мұқалу.* Алғашқыдай емес, ол да ~ып қалыпты.

БАСЫЛЫМ *Баспа орындарынан басылып шыққан кітап, журнал, басқа да шығармалар.* Биылғы жылғы ~дарға аз жазылды.

БАСЫЛЫҢҚЫ 1. *Бәсең, солғын.* Бірінші үрпақта белгілер ~ күйде болады. 2. *Екпіні қайтқан, қаябыр.* Жігіт маған ~ көрінді.

БАСЫМ 1. *Мол, көп.* Залдағылардың ~ы оқушылар. 2. *Үстем, күшті, мығым.* Шыжығаң ыстықтан бүгелектің мазалауы ~.

БАСЫМДАУ *Үстемдеу, күштілеу.* Ол төрағадан ~ болып жүрді.

БАСЫМДЫҚ 1. *Күші басым болушылық, мықтылық.* Күресте ауыл жігіттері ~ көрсетті. 2. *Үстемділік, өктемдік.* Екеуіне ~ғымды білдірдім.

БАСЫН *Өзінен біреуді төмен санап үстемдік көрсету, өктемдік жасау.*

БАСЫНҒАНДЫҚ *Баса-көктеушілік, өктемдік.* Бұл не деген ~.

БАСЫНДА *О баста, әдепкіде, әуелгіде.* ~ мен түсінбедім.

БАСЫҢҚЫ 1. *Бәсең, төмен.* Ол манадан ~ отырған. 2. *Төбесі шошақ емес, жалпақ.* Тау қыранының төбесі ~ келеді. □ **Басыңқы сөйлем** *(грамм.)* — *сабақтас құрмалас сөйлемнің баяндауышы тиянақты, негізгі бөлігі.*

БАСЫП-ЖАНШЫ 1. *Мыжу, таптау, жаншу.* Олар үстімнен ~п кетті. 2. *Қарсыласқан жаудың бетін қайтару, жою.* Шаруалардың бас көтеруін ~ды.

БАСЫП-ЖАНЫШТА *Қырып-жою, басып тастау.* Бұқаралық қозғалысты ~ды.

БАСЫР 1. *Көзі ақ түсіп, көрмей қалған су қараңғы.* Енесі алты жылдан бері *басыр* (Ақтаев). 2. *Ауыс. Ешнәрседен хабарсыз, бейхабар.* Қамаудағы *басыр* күндер, керенеу жылжып өтпейді (С. Жүнісов).

БАСЫТҚЫ *бір нәрсенің уытын күшін қайтаратын зат.* Бір шөп у болса, екінші шөп оған *басытқы* болады (Ақназаров).

БАТ 1. *Су астына кету, сіңу.* Суға ~ты. 2. *Батпаққа, қарға малтығу.* Балшыққа ~тық. 3. *Қатты тию, ауырту.* Ер аттың арқасына ~ты. 4. *Күн айдың қасына кіруі.* Күн ~ты, ай ~ты. 5. *Бойға тарау, сіңу.* Тамақ ~пай отыр. 6. *Бір нәрседен қаймығу, имену.* Қонақтың үстіне ~ып кіре алмадым. 7. *Ауыс. Жанға қатты тию, қинау.* Баласының өлгені әкесіне қатты ~ты. 8. *Ауыс. Көп жұмыстың, қарбаластың ортасына түсу.* Жұмысқа басымызбен *баттық* (Сыланов).

БАТА *діни.* 1. *Қайтыс болған адамға бағыштап оқылатын дұға; құранның бірінші сүресінің аты.* Молда ~ қылды. 2. *Игі тілек, алғыс.* Балаларына ~ берді.

БАТАГӨЙ *діни.* 1. *Бата жасаушы адам.* 2. *Көпті көрген, тілектес адам.* Тайлақ Қозының *батагөйі,* тілектесі (М. Әуезов).

БАТАҒА *кәсіби. Балықты өңдейтін завод.*

БАТАҚҰЛАҚ *Өсімдік түрі.*

БАТАЛАС *көне.* 1. *Құдай, құран атымен анттасу, серттесу.* Албандар ақсарбас шалып, өзара *баталасып* жатқан көрінеді (Нұржекеев). 2. *Екі жақ ризаласып, құда болысу.* Қыз алып, қыз беріскен *баталасы* (Байзақов).

БАТАЛЫ *Бата алған.* ***Баталы*** құл арымас (Мақал).

БАТАЛЬОН *Бірнеше ротадан құралған әскери бөлім.* Атқыштар ~ы, жұмысшы ~ы.

БАТАОҚЫР *Кісісі өлген үйге ақтық салу, көңіл айтып, құран оқыту кәдесі.* Ол ~ға барып қайтты.

БАТАРЕЯ I 1. *Артиллерияның бекініс орны.* 2. *Артиллерия бөлімшесі.*

БАТАРЕЯ II *Бірнеше электртехника элементтерінің немесе аккумуляторлардың қосындысынан тұратын энергия көзі.*

БАТАСЫЗ *Бата алмаған. Батасыз* ер байымас (Мақал).

БАТАТ *бот. Түйнегі адамға тағам, малға жем ретінде пайдаланылатын өсімдік; тәтті картоп.*

БАТБАТ *Құмды жерді мекендейтін кесіртке.*

БАТҚАЛАҚ *Батпағы мол.* Есектің жолы қатқалақ, Кетірер есін ***батқалақ*** (М. Әлімбаев).

БАТҚЫ *Өрнек, бедер.* Өкшесін көкпен, ойған қызыл кебіс, Орнатып қойма тақа, ***батқы*** салған (Байзақов).

БАТПАҚ 1. *Құрғақ емес, лай, былғаныш жер.* Көшедегі ~ты кешті. 2. *геогр. Пайдаға аспайтын, ешқашан құрғамайтын алқап.* Орман іші аяқ алып жүргісіз ~.

БАТПАҚТА 1. *Лайсаң жермен жүріп, балшыққа бату.* Шабдар жирен ~п өрең келеді. 2. *Ауыс. Қиындыққа кезігу, бөгелу.* Бұл мінезден қалсамдағы ***батпақтап***, Айлалыға ақ қолымды созбадым ("Қаз. әдеб.").

БАТПАҚТАН *Балшыққа айналу, лайлану.*

БАТПАҚТЫ *Батпағы мол.* ~ жер, ~ қалың орман.

БАТПАҚТЫҚ *Балшықты болушылық.* Жердің ~ғы кедергі бола алмайды.

БАТПАН *тар. 1. Салмағы 4-пен 16, кейде 12 пұтқа дейінгі өлшем.* Бір ***батпан*** тұқым шашып, 15–20 батпан бидай алды ("Айқап"). □ **Батпан құйрық** — *семіз, үлкен құйрық. 2. Олжа.*

БАТПАНДАЙ *Қолақпандай, ұп-үлкен.* ~ ғып айтып салды.

БАТПАНСЫ *Өзін-өзі зор санау.* Құр көңіл не бітірер ***батпансыған*** (Айтыс).

БАТПЫРАҚТАТ *Бірінің үстіне бірін салу, үйіп төгу.*

БАТПЫРАҚТАТУ *қ. атау. Батпырақтат-у.*

БАТПЫРАУЫҚ *Қағаздың төрт бұрышын қалың етіп желімдеп, ұзын, жіңішке жіппен аспанға ұшырып ойнайтын балалар ойыны.*

БАТСАЙЫ I *Қалың жібек кездеме.* ~ көйлек. ~ шымылдық.

БАТСАЙЫ II *Еті қалың қауын.* Нұрқасым қауындарды араластырып, бір ***батсайыны*** таңдады (Серәлиев).

БАТТАМ: бес баттам — *әбден кір басқан, лас.*

БАТТАС *Бірінің үстіне бірі жабысып, қалыңдау.* Бетіне жаққан майына шаң араласып, ~ып қалыпты.

БАТТАСТЫР *Қалың етіп жағу.* Бояуды бетіне ~ып жағып алды.

БАТТАУЫҚ *Өзен, көл жағаларында өсетін ақ шөп.*

БАТТАУЫҚТЫ *Баттауығы көп, мол.* ~ жер.

БАТТИ *Бадырайып, айқын көріну.* Саусақтың таңбалары ~ып көрініп тұр.

БАТТИТ 1. *өзг. етіс. Батти-т.* 2. *Ауыс. Көңілге қарамай, тура айту.* Не ойласа соны ~ып айта салады.

БАТЫҚ: батық мұрын — *кеңсірігі ішке қарай кіріңкілеу, батыңқылау мұрын.*

БАТЫЛ 1. *Ер жүрек, қайсар.* ~ жігіт. 2. *Жасқаншақтамай, тура, еркін.* Кабинетіне ~ кірдім. ◊ **Батылы бармады (жетпеді)** — *дәті бармады, жасқанды.*

БАТЫЛДАН *Тайсалмау, вжеттену.* Ол ~ып кетті.

БАТЫЛДЫҚ *Ерлік, жүректілік.*

БАТЫЛСЫЗ *Жасқаншақ, именшек.* Неге осынша ~бын.

БАТЫЛСЫЗДАН *Жүрексіну, қаймығу.* Ол ~ып тұрып қалды.

БАТЫЛСЫЗДАУ *Жігерсіздеу, жасқаншақтау.* ~ сөйледі.

БАТЫЛСЫЗДЫҚ *Жүрексінушілік, именшектік.*

БАТЫЛСЫН *Өжетсіну, еркінсу.* ~ып ілгері жылжыды.

БАТЫҢҚЫ *Ішке қарай кіріңкі, тұсіңкі.* Мұрны ~ екен.

БАТЫҢҚЫЛАУ *Ішке қарай кіріңкілеу, ойыңқылау.* Мұрны ~.

БАТЫР 1. *Ел қамы үшін жаумен айқасып жеңіп шыққан ер жүрек адам.* Алтын — жерден, ***Батыр*** — елден (Мақал). 2. *Батыл, өткір.* Көз — қорқақ, қол — ***батыр*** (Мақал). 3. *Сөз арасында біреуді мадақтау мәнінде жұсалатын қошемет сөз.* — Ал, ***батыр***, сөйле, — деді қарт. 4. *экспр. Біреуді мысқылдау, кекету мәнінде жұмсалатын мысқыл сөз.* Үрейі ұшқан екі ***батырды*** өрең тоқтаттық (Баязитов). □ **Батыр ана** — *көп бала өсіріп тәрбиелеген анаға берілетін атақ.* **Батыр қала** — *Ұлы Отан соғысында қаһармандық, ерлік көрсеткен қалаға берілген жоғары атақ.* **Батырлар жыры** — *елі, жері үшін басқыншы жаумен шайқасқан батырлардың ерлік істерін жырлайтын фольклорлық шығарма.* **Батыр тұлғалы [пішінді]** — *зор тұлғалы, алпамсадай.*

БАТЫРАҚ *тар. Байлардың езгісінде болған кедей-кепшік.*

БАТЫРҒЫ *Қармақты су астына батыратын ауыр зат.* ~ны қорғасыннан жасайды.

БАТЫРЕКЕ *эмоц. Көтермелеп айтылған сөз.* ~, ашуыңды бас.

БАТЫРЛАН *Қайраттану, батылдану, жігерлену.* Ол ~ып кетті.

БАТЫРЛЫҚ *Ер жүректік, батылдық.*

БАТЫРМА *Мүйізге, ағашқа басып салған бедер, ою-өрнек; батқы.* Былғары бетіне ***батырма*** түсіру жұмыстарын еркектер істеді (Қаз. тарихы).

БАТЫРМАЛЫ: батырмалы қондырғы — *қой тоғытатын қондырғы.*

БАТЫРСЫ *Батыр болғансу, күштісіну.* ***Батырсыған*** жігітті жау келгенде көреміз (Мақал).

БАТЫРСЫН *экспр. Өзін-өзі ер санау, күштімсіреу.*

БАТЫС 1. *Дүниенің төрт тарабының шығысқа қарама-қарсы жағы; күн бататын жақ.* 2. *Жер шарының батыс жақ бөлігіне орналасқан мемлекет, ел.* ***Батыстан*** келген бұл жерге, Украинаның ұлымын (А. Нұртазин).

БАУ I 1. *Киімге, әр түрлі заттардың ұшына байлау үшін ызылған ілмек баулық.* 2. *Қармақтың, құрықтың сапқа байланған ұзын жібі.* Қармақтың ~ы. 3. *Қапшықтың, дорбаның, сумканың қолға ұстайтын жері.* □ **Бау арық** *(кәсіб.)* — *егіс даласындағы ең жіңішке арық.* ◊ **Бау ашар** — *ең алғашқы, тырнақ алды іс, жол ашар.* **Бауы берік болсын** — *жаңа туған сәбидің денсаулығы мықты болсын деген алғыс, тілек.*

БАУ II *Әр түрлі өсімдіктер, гүлдер, жеміс ағаштары отырғызылған жер; бақ.* ~ға бардық. **Бау қайшы** — *жеміс-жидек бұтақтарын кесуге арналған қатты тісті қайшы.*

БАУ III *Шөптің, егіннің бір байламы.* Қырман басында мая-мая үйілген ***баулар*** (Шүкіров). □ **Бау байлады** — *буды, баулады.* **Бау тары** — *бастырмалаған, әлі бауда тұрған көксағал тары.*

БАУ-БАҚША *Жеміс-жидек егілген жер.* Әр үйдің айналасы ~.

БАУ-БАҚШАЛЫ *Бау-бақшасы мол, миуаға толы.*

БАУДАЙ: баудай түсті — *жапырақтай сұлады, бірі қалмай қырылды.*

БАУКЕСПЕ *кәнігі ұры.*

БАУЛА *Бау қып байлау, буу.* Егінді орып, ~дық.

БАУЛУШЫ *Тәлім-тәрбие беруші, үйретуші; тәлімгер.*

БАУЛЫ I *Бауы бар, бау тағылған.* ~ тон (малақай, сағат).

БАУЛЫ II 1. *Тәрбиелеу, үйрету, жаттықтыру.* Еңбекке ~ды, ерлікке ~ды. 2. *Тұз қырандарын қолға үйрету, аң ұстауға машықтандыру.* Иттелгі ~п, құсқа салды.

БАУЛЫҚ 1. *Киім-кешекке қадалған түймені өткізіп қоятын ілмек бау.* 2. *Орылған шөпті, егінді баулайтын шиден не талдан жасалған байлам.* Ақшал бау байлауды да, ***баулық*** жасауды да білмейді екен (Орманов).

БАУРА *Өзіне қаратып алу, бағындыру, икемдеу.* Дәуреннің жауабы мен сенімі Күләнданы ***баурап*** алды (Т. Ахтанов).

БАУРАҒЫШ *Меңгергіш, игергіш.* Адамды ~ жандар.

БАУРАЙ *Биік жердің төменгі етегі, бауыры.* Ауылымыз биік таудың ~ына орналасқан.

БАУРАЙЛА *Баураймен жүру, бөктерлеу.* Тау бауырын ~п келеміз.

БАУ-ШАРБАҚ 1. *Бір үйдің қора-қопсысы.* Әр үйдің ~ғы бар. 2. *Бір үйдің өрен-жараны.* Балашаға, кемпір-шал, ***бау-шарбағымен*** түгел жиналды (Тоғысбаев).

БАУ-ШУ *Киіз үйдің арқан, бау-жіптері.* Үйдің ~ы ескірді.

БАУШЫ *Бау байлаушы адам.* ~лар келді.

БАУЫЗДА 1. *Алқымның астынан пышақпен кесу, ору, сою.* Қой ~ды. 2. *Қырып-жою, жоқ қылу.* Үй ішін түгел ~п кетті.

БАУЫЗДАМ *Қыл мойын, бауыздау тұс.* ***Бауыздамнан*** бір бұрап, өзіме тартып қалдым (Жансүгіров).

БАУЫЗДАУ *Қыл мойын, бауыздам.* ***Бауыздау*** жеріне болайын, піскен алма сағақты (Ер Тарғын). ◊ **Бауыздау құда** — *ең жақын, жанашыр құда, күйеудің не келіннің ата-анасы.* **Бауыздау қан** — *бауыздағанда аққан таза қан.*

БАУЫЗДАУЛЫ *Бауыздалған қалпында, бауыздалған күйінде.* Қой ~ жатыр.

БАУЫР 1. *Адам мен жан-жануарлардың қан тарату, зат алмасу, ас қорыту қызметтеріне қатысушы ішкі мүше.* ~ы ауырады. 2. *Жан-жануардың бауыр орналасқан ішкі жағы.* Саршұнақтың ~ы ақшыл сары. 3. *Таулы, жоталы биік жерлердің ой жағы, етегі, алқымы.* Ел бауырға түсіп келе жатқан кез (М. Әуезов). 4. *Ауыс. Жүзік, білезік, қамшы сияқты заттардың ішкі жағы, бауырдағы.* Нұрымға жылан ***бауыр*** алты өрме қамшыны көрсетті (Х. Есенжанов). □ **Бауыр жіп** — *түйенің бауыр жібі.* **Бауыр киіз** — *түйеге жүк артарда бауырына батпас үшін төс арқанға кигізіп қоятын жең сияқты киіз.* Бауырымен жорғалаушылар — *кесіртке, жылан, тасбақа т. б. омыртқалылар отряды.* ◊ **Бауыр басты** — *жақын тартты, үйренді.* **Бауыр жазды** — а) *көсіле шаптыс; екпіндетті;* ә) *еркіндікке қолы жетті.* **Бауыры бүтін** — *басы бүтін, амансау.* **Бауыры езілді** — *елжіреді, жақсы көрді.* **Бауыры қатты** — *мейірімсіз, қатал.* **Бауыры құтты** — *мейірімді, берекелі.* **Бауырына басты** — а) *құшақтады, құшты;* ә) *асырап алды, бақты;* б) *меншіктеді, тәуелденді.* **Бауырынан жарады** — *ат бабына келді, бауыры тартылды.* **Бауырына салды** — а) *бала асырап алды;* ә) *жас төлді алдына апарды, емізді.* **Бауырына тартты** — а) *өзіне жақындатты, құшақтады;* ә) *іш тартты, өзімсінді.* **Бауырында болды [өсті]** —*біреудің асырауында болды, тәрбиеленді.* **Бауырын жаздырмады** — а) *аттың тізгінін тартты;* ә) *бір іске көсіле кірісуге бөгет жасады.* **Бауырын жарып шыққан** — *туған бала, перзент.* **Бауырын көтерді** —*аягымен жүруге жарады.* **Бауырын төседі** — *аунады, қуанды.* **Бауыры суық қара жер** — *рақымсыз, қатыгез ажал.* **Бауыры тартылды** — *күйіне келді, жарады (ат).*

БАУЫР II *Бірге туған қандас, туыс, ағайын.* Шешеміздің бірге туған ~ы. □ **Бауыр тартты [тұтты]** — *жақын санады, туыс көрді.* **Бауырымдап шапты** — *ескі салт бойынша қазалы ауылға айқай салып, атпен шауып жылап келді.*

БАУЫРДАҚ *жерг. Ершікке, ер тұрман әбзелдеріне тағатын айыл.*

БАУЫРКӨППЕ *көне. Ыдысқа, зеренге бетімен бет болып салынатын дән өлшемі.* Ыдысына ~ күріш салды.

БАУЫРҚҰРТ 1. *Ұзындығы 1–2 сантиметрдей, түрі жапырақ тәрізді сарғыш құрт.* 2. *Бауырқұрт әсерінен пайда болатын дерт, ауру.*

БАУЫРЛА 1. *Етпетінен жатып жылжу, жорғалау.* ~п ілгері жылжыды. 2. *Ұшқан құстың, ұшақтың жерге жақындап ұшуы.* Ұшақ жер ~п келеді. 3. *Атты бауырдан қамшымен осып жіберу, ұру.* Аттарын ~п үш адам шауып келді. 4. *Таудың, дөңнің етегін етектей жүру.* Ол тау ~й зытты. 5. *Қарға, суға, бетпақка бауырға дейін бату.* Ат ~йтын сортандар бар.

БАУЫРЛАС I 1. *Бірге туған, туыстас.* Оның ~ апасы ғана бар екен. 2. *Ауыс. Мүдделері ортақ, жақын дос-жар.* ~ қырғыз елі.

БАУЫРЛАС II *Жақын болу, туыстасу, достасу.* Екеуі бір адамнан туғандай ~ып кетті.

БАУЫРЛАСТЫҚ *Туыстастық, жақындық; достық.* ~ғы төтенше.

БАУЫРЛАТ 1. *өзг. етіс. Бауырла-т.* 2. *Төмендете, бауырына ала.* Ол құсты ~а атты.

БАУЫРЛЫҚ *Бауыр болғандық. Туысқандық, тугандық.*

БАУЫРМАЛ *Өзгені жатсынбайтын, көпшіл, туысқаншыл.* ~ жігіт.

БАУЫРМАЛДЫҚ 1. *Ағайыншылдық, туысқаншылдық.* ~ты көп көрдім. 2. *Ауыс. Жанашырлық, ілтипаттық.* Оның жас кадрларға ~ғы керемет еді.

БАУЫРМҮК 1. *Тянь-шань ормандарында өсетін мүк.* 2. *Осы мүктен жасалған бауырдың дәрісі.*

БАУЫРСАҚ *Қамырды кішіректеу етіп түрліше формаға кесіп, майға пісірген нан.* Дастарқанға ~ салды. ~ пісірді. □ **Бауырсақ мұрын** — *домалақ, келте мұрын.*

БАУЫРСЫРА *Бауырын сағыну, туысқансырау.* ~п жүр.

БАУЫРЫМДА 1. *Жақын санап, бауырым-бауырым деу.* Ондағылар мені ~п қарсы алды. 2. *Өлген адамды жоқтау, азалау.* Ол *бауырымдап* көп жылады.

БАШАЙ *бақай, башпақ.* ◊ **Башайдан тартты** — *кедергі жасады, етектен алды.*

БАШАҚ *Ұсақ, жетілмеген, кішкентай.* Биыл алған қозысы ~ тау екен.

БАШМАҚ *Үй ішінде киетін жеңіл, жұмсақ аяқ киім.*

БАШПАЙ *Аяқтың бақайы.* ~ы жансызданып қалыпты.

БАЯ *Ашуланшақ, беймаза.* Баланы ұрып, ұрса берсе *бая,* ашуланшақ болады (Тұрсынбаев). □ **Бая түйе** — *қасына тірі жанды жуытпайтын қоспақтың бая түрі.*

БАЯБАН *Құлазыған шөл дала, жапан түз.* Қараойдың *баябан* даласы түнған байлық (Ибрагимов).

БАЯҒЫ 1. *Ертедегі, ежелгі, бұрынғы кездегі.* ~ кербездігінен бір жаңылмайды. 2. *Әйтеуір, қалай болғанда, қайткенде.* Сол ақшаға бірдеңе сатып алып, Гүлжамалға сыйласам деймін *баягы* (Тобағабылов).

БАЯҒЫДА 1. *Ертеде, бұрынғы уақытта, баягыда.* ~ болған оқиға. 2. *Әлдеқашан, көп уақыт бұрын.* Концерт ~ басталып кеткен.

БАЯҒЫДАЙ 1. *Өткен кездегідей, бұрынғыдай.* Шешесі оған ~ ертек айтып берді. 2. *Әдеттегідей, қалпынша.* Ілтипат ~, ықылас ~, көңіл ~.

БАЯҒЫДАН *Ерте кезден, бұрыннан.* ~ бері, ~ таныс, ~ келе жатқан салт.

БАЯҒЫША *Бұрынғы сияқты, бұрынғыша, ескіше.* ~ құлпырады, ~ байсалды.

БАЯЛЫШ *Шөлді, құмды жерде тырбиып өсетін бозғыл түсті тікенді өсімдік, бұта.*

БАЯЛЫШТЫ *Баялышы мол.* ~ дала.

БАЯН I 1. *Тұрақ, тұрлау, тиянақ.* *Баяны* жоқ ерден без (Мақал). 2. *Бір оқиғаның мазмұны, жайы, жөні.* Бұл сырқаттың кім біледі *баянын* (Рашев). 3. *Ауыс. Анық, айқын, мәлім.* Өс аға, анық жасым *баян* болсын (Әсет). □ **Баян етті [қылды]** — *көргенбілгенін жеткізді.* ◊ **Баяны жоқ** — *тұрлауы жоқ, тұрақсыз.* **Баян таппады** — *опа көрмеді, көңілі тыншымады, байыз таппады.*

БАЯН II *муз. Басып ойнайтын қатар-қатар түймелері бар үлкен гармонь.*

БАЯНДА I *Болған оқиғаны баян ету; айту.* Бітірген жұмысын қысқаша ~п берді.

БАЯНДА II *Тұрақтау, орныгу, байыздау.* Ол бұл жерде ~п тұра алмады.

БАЯНДАМА *Белгілі бір мәселе бойынша жиналыста айтылатын хабарлама, кең ақпар.* ~ жасады.

БАЯНДАМАШЫ *Баяндама жасаған адам.* ~ға сұрақ қойды.

БАЯНДАУ *әдеб. Оқиғаны автордың өз сөзімен беру.*

БАЯНДАУШЫ *Әңгімені, оқиғаны айтып беруші, хабарлаушы.*

БАЯНДАУЫШ *грамм. Бастауыштың ісін, қимылын білдіріп, сөйлемді тиянақтандырып тұратын тұрлаулы мүше.*

БАЯНДЫ 1. *Орнықты, тұрақты.* Бұл ~ жұмыс емес. 2. *Тиянақты, тыңғылықты.* ~ білім (еңбек). ◊ **Баянды болсын** — *игілікті, құтты болсын д. м.* **Баянды етті** — *тұрақты, тиянақты етті.*

БАЯНДЫЛЫҚ *Тиянақтылық, тұрақтылық.* Әңгіме оның ~ғында.

БАЯНСЫЗ 1. *Тұрағы жоқ, тұрлаусыз.* ~ өмір (махаббат). 2. *Тиянағы жоқ, пәтуасыз.* ~ нәрсеге құмар болма.

БАЯНСЫЗДЫҚ *Тұрақсыздық, тұрлаусыздық.*

БАЯНШЫ *Баян ойнаушы, гармоншы.* ~ баян ойнады.

БАЯУ 1. *Жай, ақырын.* Емен өте ~ өседі. 2. *Сылбыр, керенеу, мәреу.* Жігіттің жүріс-тұрысы ~. 3. *Саябырлау, бәсеңдеу, солғындау.* Су жетіспесе, өсімдіктердің өсуі ~ болады. ◊ **Баяу тартты** — *самарқауланды, саябырланды, жалқауланды.* Пойыз ~ барып тоқтады.

БАЯУЛАУ 1. *Ақырынырақ, жайырақ.* Үні ~ естілді. 2. *Кешеуілдеу, кейіндеу.* Ми қабығындағы қозу мен тежелу ~ өтеді.

БАЯУЛЫҚ *Жайбарақаттық, сылбырлық, шабандық.*

БАЯУСЫ *Жайбарақатсу, бәсеңсу.* Қарқыны ~ды, іс ~ды.

БАЯ-ШАЯ: бая-шая болды — *күйіп-пісті, шыжбыж болды.*

БӘБІСЕК *зоол. Сарала түсті ұзын сирақты құс.*

БӘДБАХЫТ 1. *Бақыты ашылмаған, бақытсыз.* 2. *Ауыс. Қарабет, оңбаған.*

БӘДДҰҒА *діни. Теріс бата.* Бәріңе *бәддұғамды* бердім, мәңгі тамұқта қалыңдар (Қ. Кемеңгеров).

БӘДЕН *Көрік, шырай, өң.* Әйелдің ~і таймапты.

БӘДЕНДІ *Ажарлы, көрікті, өңді.* ~ адам (әйел, келіншек).

БӘДЕНСІЗ *Әрсіз, өңсіз, ажарсыз.* Өңі ~ емес.

БӘДЕУІ *Арабстанның шөл далаларында тұратын тайпа.*

БӘДІЗ *көне. Тастан қашалған мүсін.*

БӘДІЗШІ *Тастан мүсін жасап, тас өрнектеуші адам.*

БӘДІК I *көне.* 1. *Малға, адамға жұғатын ауру, індет, айналма.* 2. *фольк. Сиқырлау, арбау нәнымынан пайда болған айтыс өлеңі.* Олар жиналып ~ айтты.

БӘДІК II *Аузына не келсе соны айтатын, тұрпайы (адам).*

БӘЗ: бәз баяғы; бәз қалпы — *ертедегі, бұрынғы қалпы.*

БӘЙБІШЕ 1. *Көп әйел алған адамның алғашқы, бірінші әйелі.* 2. *Егде тартқан, жұрт сыйлайтын, қадірлі әйел.* Жоғары шығыңыз ~.

БӘЙБІШЕ-ТОҚАЛ *Көп әйел алған адамның бұрынғы-кейінгі әйелдері.*

БӘЙГЕ 1. *Қазақ халқының дәстүрлі ат жарысы.* ~ге ат қосты. 2. *Еңбекте, өнерде, спортта жеңіскерлерді іріктейтін жарыс, сайыс.* Өнішілер ~сі, еңбек ~сі. 3. *Жарыста озып шыққандарға берілетін жүлде; сыйлық.* ~ алды. □ **Бәйге ат** — *бәйгеге қосатын жүйрік ат.* **Бәйге төбе** — *ат жарысындағы көмбе.* ◊ **Бәйге атындай аңқылдады** — *ағыла сөйледі, мүдірмеді.* **Бәйгеге қосты (түсті)** — *атты жарысқа жіберді.* **Бәйгенің алдын бермеді** — *алдына жан салмады.* **Бәйге тікті** — а) *жүлде тағайындады;* ә) *бәстесті, бәс қойды.*

БӘЙГЕЛІК *Бәйгеге қатысты, бәйгеге тән.* ~ жарыс.

БӘЙЕК: бәйек болды [қақты] — а) *жаны қалмай құрақ ұшты;* ә) *жарамсақтанды, жағымпазданды.*

БӘЙЕКТЕ *Асты-үстіне түсу, бәйек болу.* Бастықтың алдында ~й бермеу керек.

БӘЙПЕК: бәйпек [бәйпең] қақты — *бәйек болды, жалпаңдады.*

БӘЙПЕКТЕ *Бәйпең қағу, жалпаңдау.*

БӘЙТЕРЕК 1. *Терек туысына тән ең биік ағаш.* 2. *Ауыс. Тірек, таяныш, сүйеніш.* Жиен-ау, паналаған *бәйтерегіміз* құлады (Оразалин).

БӘЙТЕРЕКТЕЙ *Бәйтерек сияқты биік, ірі.* Бойлары ~.

БӘЙТӨБЕТ *Төбет ит, сырттан.*

БӘЙШЕШЕК *Қар кетісімен шығатын, қызғалдақ туысына жататын көктем гүлі.*

БӘЙШЕШЕКТЕЙ *Бәйшешек сияқты құлпырған, қызылды-жасылды.* ~ құлпырды.

БӘЙІТ *Ораза кезінде айтылатын жарапазан сарынындағы жыр, өлең.*

БӘКЕЛТЕК *Бәкене, аласа.* ~ келген.

БӘКЕНЕ *Аласа, тапал.*

БӘКІ *Ашылып-жабылатын қалта пышақ.* ~сін алды.

БӘЛДЕН *Өз бағасын асырып, бәлсіну.*

БӘЛЕ 1. *Пәле-жала, шатақ.* ~нің бір ұшы өзінде жатыр. 2. *Қырсық, кесел, кесапат.* Оның ~сі маған тиді. ◊ **Бәле баққан** — *іздегені-дау мен шатақ.* **Бәле болды** — *қырсық болды.* **Бәлеге қалды [шатылды]** — *шатаққа ұрынды.* **Бәледен машайық қашты** — *бәледен қаш, жуыма д. м.* **Бәле қуды** — *жамандық ойлады, бәле іздеді.* **Бәле қылды [салды]** — *шатақ шығарды.* **Бәленің отын өргізді** — *бәлені үлкейтті, жандандырды.* **Бәлесі жұқты [тиді]** — *кесірі тиді.*

БӘЛЕ II 1. *Еті тірі, пысық, бәлекет.* Мына бала ~ екен. 2. *Ауыс. Қорқынышты бейне, құбыжық.* Қара құрымдай қаптаған *бәлені* құрту керек (Мұртазаев).

БӘЛЕ-ЖАЛА *Қырсық, кесапат.* ~дан сақтады.

БӘЛЕК *Постромканың ұшын іліп қоятын, екі жағы кертілген жуантық ағаш.*

БӘЛЕКЕТ 1. *Адамға қас күш, жын-шайтан, кесепат-қырсық, пәлекет.* Бәле-құла, *бәлекет,* екі қарғамнан аулақ кет (Әбілев). 2. *Қырсық, шатақ, кесір.* ~ті бастаған өзіңсің. 3. *Пысық, қу, пәле.* — Ой, ~, бәрін маған аудара салмақшысың ғой. ◊ **Бәлекетінді алайын** — *садағаң кетейін.* **Бәлекет басқыр** *(қарғ.)* — *қара басқыр.*

БӘЛЕҚОР *Бәле құғыш, жалақор.* ~ адам.

БӘЛЕҚОРЛЫҚ *Жалақорлық, бәле құғыштық.*

БӘЛЕҚҰМАР қ. *Бәлеқор.*

БӘЛЕЛІ *Пәле-жаласы, шатағы көп.* ~ жерді баспа.

БӘЛЕЛІК *Пасықтық, қастық.* Осынша ~ті қайдан үйрендің?!

БӘЛЕМ *Біреуге зіл, күш көрсеткенде айтылатын сөз.* ~ ,сені ме (тұра тұр).

БӘЛЕН *Тұспалдап айтылатын, белгісіздікті білдіретін сөз.* ~ деп айту қиын!

БӘЛЕНБАЙ *Біршама, бірнеше, бірталай.* ~ жыл оқыдық, ~ жұмыс істедік.

БӘЛЕНДЕЙ *Соншалықты, айтарлықтай.* ~ мықты емес.

БӘЛЕН-ТҮГЕН *Анау-мынау, бәлен-бәштүген.* ~ деген жоқ, ~ деуге мұршасын келтіртпеді.

БӘЛКІ *Бәлкім, мүмкін.* ~ ,келмес те, ~ ,біреудің хаты болар.

БӘЛКІМ *Мүмкін, ықтимал; бәлки.* ~ ,мұным балалық болар.

БӘЛСІН *Әлдеқандай болу, бұлдану.* Сонша ~ді, ~ген жоқ.

БӘЛІ 1. *Мадақтау, қошеметтеу мағынасындағы одағай сөз, пәлі.* О, ~ , ~деп, жұрт шу ете қалды. 2. *Разы болу, қоштау мәнінде айтылады.* ~, дәл тауып айттың. 3. *Таңырқау, таңдануды білдіреді.* ~, мына қыздарға не болған-ей?!

БӘЛІШ *Жайылған қамырдың ішіне пияз, бұрыш, ет салып, жиектерін бүріп духовкаға пісірілетін дәмді тағам.*

БӘРБІ *Қатты затты тесу үшін қолданылатын бұрандалы бұрғы.*

БӘРЕКЕЛДІ 1. *Біреуді қошеметтеп сөйлегенде айтылатын оқшау сөз.* ~, жарайсың, балам. 2. *Разылық білдіріп сүйсінгенде айтылады.* ~, татуласқандарың жақсы болған.

БӘРПІ I *Таулы жерде өсетін, тамырының емдік қасиеті бар шөп.*

БӘРПІ II *Нәзік үнді сайрағыш құс.*

БӘРІ *Барлығы, баршасы, түгіс.* ◊ **Бәрін айт та, бірін айт** — *бір нәрсенің тоқ етері, түйіні.*

БӘРІБІР *Не істесе де, қайтсе де; мейлі.* ~ адам болмайды (келе алмайды).

БӘС I 1. *Талас, тартыс, егес, бәсеке.* Жорған мықты болса ~ке сал. 2. *Ерегісте, бәсте жеңгендерге беретін ақы, төлем.* ~іне не бересің? ◊ **Бәс қылды (тікті)** — *бәстесті, ерегісті.*

БӘС II *Баға, құн, нарық.* ~ін жоғалтпады (жоймады).

БӘСЕ *Мақұлдауды, қоштауды білдіретін оқшау сөз.* ~, өзім де солай ойлап едім.

БӘСЕКЕ 1. *Өзара еңбек, өнер, спорт сайысы, жарыс, бәйге.* ~ге түсті. 2. *Көре алмаушылықтан туатын егес, бақастық.* Байлардың арасы бірімен бірі бақталас *бәсеке* (Шәріпов).

БӘСЕКЕЛЕС I 1. *Бақталас, бақас, күндес.* Олар ~ адамдар. 2. *Жарысқа, сайысқа түсуші.* Ол ~інен басым түсті.

БӘСЕКЕЛЕС II *Айтысу, салғыласу, тайталасу, ерегісу.* Екеуі ~іп қалды.

БӘСЕКЕЛЕСТІК 1. *Бақастық, егестік, бақталастық.* Араларындағы ~ өрши түсті. 2. *Спортта, еңбекте, өнерде жарысқа түсушілік.* Шахмат ~гі қыза түсуде.

БӘСЕКЕЛІ *Бақталастығы бар, күндестігі бар.* ~ байлар.

БӘСЕКЕСІЗ *Бәсекесі жоқ, егессіз, талассыз.* ~ бала бола ма?

БӘСЕКЕШІ 1. *Таласушы, ерегіске түсуші, бақталасушы.* 2. *Бір-бірімен жарысқа түсуші, сайысшы.* ~ спортшылар.

БӘСЕКЕШІЛ 1. *Біреуді көре алмайтын бақталасшыл, егесшіл.* ~ жан. 2. *Бәсекеге құмар, бәсекелескіш.* ~ адам.

БӘСЕҢ 1. *Жай, ақырын, баяу.* ~ дауыс, ~ қозғалды. 2. *Көмескі, солғын.* Шамның жарығы ~. 3. *Ауыс. Салғырт, басыңқы, төмен.* Білімге деген құштарлық неге ~? ◊ **Бәсең тартты** — *бәсеңдеді, саябырлады, солғындады.*

БӘСЕҢДЕ 1. *Баяулау, саябырлау, басылу.* Жел ~ді, жүрісі ~ді. 2. *Азаю, кему.* Қайғы-қасіреті ~ді. 3. *Көмескілену, солғындау.* Көптің үні ~п қалды.

БӘСЕҢДЕУ *Баяулау, жайлау.* Жел ~ соқты.

БӘСЕҢДІК *Баяулық, саябырлық, сылбырлық.*

БӘСЕҢСІ 1. *Бәсеңдеу, саябырсу, толастау.* Күндізгі дабыр-дүбыр ~ді. 2. *Азаю, кему.* Судың келуі ~п қалды. 3. *Солғындану, төмендеу.* Оттың жарығы ~и бастады. 4. *Ауыс. Қарқыны қайту, жұні жығылу.* Оның ашуы ~п қалды.

БӘСТЕС *Бәс тігісу; жарысу, бәсекелесу.*

БӘСІРЕ *Балаларға меншіктеген, арнайы ен салынған мал, мүлік.* Бұл құлын - баламның ~сі.

БӘСІРЕЛІ *Меншікті, арнаулы.* ~ қоныс (мал).

БӘТ: бәт құндыз — *жоғары сапалы, қымбат бағалы құндыз.*

БӘТЕС *Мақта не зығыр жіптен тоқылған, жылтыр түсті жұқа мата.* Көк ~.

БӘТІР I *Қамырды ашытпай табаға пісіретін нан.* ~ нан жедік.

БӘТІР II *Кейігенде, таңданғанда айтылатын одағай сөз.* Енді қайттым, *бәтір-ау!*

БӘҺРА *көне. Ләззат, ғанибет, гибрат.* Білмеске арзан, Надандар *бәһра* ала алмас (Абай).

БЕ *Сұраулық ба шылауының фонетикалық варианты.* Сен келдің *бе?*

БЕБЕУ *Жаны қатты қиналғанда шығатын ұн.* Толғақ ~і. ◊ **Бебеу қақты** — а) *зар қақты, зарлады;* ә) *күйдің құйқылжуы, сазды болуы.*

БЕБЕУЛЕ 1. *Ауру жанға батып, шыдай алмай зар қағу.* Сол жақтан ~ген әйел даусы естіледі. 2. *Ауыс. Күйдің екпінді шығуы; құйқылжу. Бебеулейді* шаңқобыз, бебеулейді (Қыдыров).

БЕГЕМОТ *Африкадан тараған терісі қалың, тықыр тұқты, сұтқоректілер тобына жататын, салмағы зор, ірі денелі хайуан.*

БЕГІМСАЛ *көне. Ескі, тозған киім.*

БЕДЕ *Мал азығы болып саналатын, бұршақ тұқымдастарына жататын, көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БЕДЕЛ 1. *Қадір-қасиет, абырой.* ~і күшті. 2. *Атақ, даңқ.* Абай — әдебиетіміздің абыройы мен ~і. ◊ **Бедел сақтады** — *қадір-қасиетіне кір келтірмеді.* **Бедел салды** — *атағын бетке ұстады.* **Беделі артты [өсті]** — *атақ-абыройы көтерілді.* **Беделі жүрді** — *атағының арқасында сөзі өтімді болды.* **Беделін төкті [түсірді]** — *қадірін кетірді.*

БЕДЕЛДІ 1. *Қадір-құрметке бөленген, абыройлы.* ~ адам (қызметкер). 2. *Әйгілі, атақты.* Одан ~ ешкім жоқ.

БЕДЕЛДІЛІК *Қадірлілік, абыройлылық.*

БЕДЕЛСІЗ *Абырой-құрметтен жұрдай, қадірсіз.* Ел ішіне ~ емес-ті.

БЕДЕЛСІЗДІК *Абыройсыздық, қадірі жоқтық.*

БЕДЕР 1. *Бір нәрсенің бетіндегі әшекейлі бұдыр, бұр.* Ожау сабының ~і, тоқымның ~і. 2. *Жердің беткі қабаты.* Аудан жерінің ~і ойдым-ойдым.

БЕДЕРЛЕ 1. *Бедер салу, әшекейлеу, өрнектеу.* ~ген күмістей, ~ген піл сүйегі. 2. *Ауыс. Сөзді мәнерлеп, көркемдеп айту.* Әр сөзін ~п, бейнелеп айтады.

БЕДЕРЛЕУ: бедерлеу өнері — *бедер түсіру арқылы әртүрлі заттарға өрнек салудың бір түрі.*

БЕДЕРЛЕУІШ *кәсіб. Металл бетіне түрлі бедер салуға пайдаланатын құрал.*

БЕДЕРЛІ 1. *Әртүрлі нақыш, өрнек салынған.* ~ таяқ, ~ сандық. 2. *Айшықталған, көркем бейнелі.* Ақынның жырлары ~, өрнекті, ойнақы. □ **Бедерлі жазу** — *соқырлардың оқуы, жазуы үшін арнайы жасалған шрифт.*

БЕДЕРСІЗ *Бедері жоқ, бедер салынбаған.*

БЕДЕРСІЗДЕН *Бедері кету, көнеру.*

БЕДЕРШІ *Бір затқа бедер салушы шебер.*

БЕДЕУ 1. *Қысыр бойдақ мал.* 2. *Бала көтермеген әйел.*

БЕДЕУЛІК *Ұрық болмаушылық, ұрықтанбаушылық.*

БЕДІРЕЙ 1. *Тесірею, безеру, міз бақпау.* Шабарман ~е қарады. 2. *Ұн шығармау, мелшию, сазару.* Әкесі ~іп отыр.

БЕДІРЕК *көне. Құны жоқ, құнсыз.* Немене былшылдап отырсың, Бес байталға алған *бедірек* (Қамбар батыр).

БЕДІРЕНДЕ *экспр. Одыраңдау, ежіреңдеу.* ~ген жігіт.

БЕЗ I 1. *Адамның, жануарлардың ағзасында болатын, оның зат алмасуын реттейтін нәрсе.* Бадамша ~і, бүйрек ~і. 2. *Ағаштың шор жері, бұтақтардың буыны, беріші.* Ағаш ~інен жасалған ожау. □ **Без аяқ (ожау)** — *ағаштың безінен жасалған ыдыс.* ◊ **Без бүйрек** — *қатыгез, қатал.* **Без тамақ** — *тамақ безінің ауруға шалдығуынан пайда болатын кесел; құлғана.* **Без түйін (мед.)** — *емшек, бауыр және т. б. бездерде өсетін қатерсіз ісік.* **Безі шошыды** — *безі қабынды, ісінді.*

БЕЗ II 1. *Қашу, зыту.* Ол алды-артына қарамай ~ді. 2. *Өз елінен, жерінен кету, жатсыну.* Елінен *безген* ер жаман (Мақал). 3. *Ат-тонын ала қашу, бас тарту.* Сауыншылықтан ~іп, басқа қызметке кетті. ◊ **Безе қашты** — *алды-артына қарамай зытты.*

БЕЗ: без (без-без) ете қалды — *дызақтады, безілдеді, безектеді.*

БЕЗБЕН 1. *Заттың салмағын өлшейтін аспап.* Саудагер ~нің екі басына алақтап түр. 2. *Ауыс. Мөлшер, өлшем.* Махаббатқа қатал тағдыр ғана *безбен* бола алмақ (Досжанов). ◊ **Безбеннен жеді** — *кем өлшеді, таразыдан қымқырды.*

БЕЗБЕНДЕ 1. *Безбенге салып өлшеу, таразылау.* 2. *Ауыс. Салыстыру, теңестіру.* Сәдір арғысын, бергісін *безбендеп* отыр (Хангелдин). ◊ **Безбендеп жиды** — *там-тұмдап құрастырды.*

БЕЗГЕК *Денені қалшылдатып, бір суытып, бір қыздыратын жұқпалы ауру.* ◊ **Безгектен тұрғандай** — *қан жоқ, сөл жоқ, әбден ауған.*

БЕЗГЕЛДЕК *Дуадақтар тегіне жататын, тауық тәрізді дала құсы.* ~гі көп дала.

БЕЗДЕН *Без пайда болу, безі ұлғаю.*

БЕЗДЕУІТ: бездеуіт тұк — *кейбір өсімдіктің жапырағында, жеміс қабығында болатын эфир майын түзетін клеткалар.*

БЕЗЕ I 1. *Әшекей салу, өрнектеу, нақыштау.* Піл сүйегінен ~п жасалған. 2. *Әсемдеу, құлпырту, жайнату.* Бөлмелерге көрпе, кілем төсеп, ~п қойыпты. ◊ **Тілін безеді** — а) *тіл мен жағына сүйенді, тілдің майын тамызып сөйледі, шешендік таныпты;* ә) *тіл мен жағына сүйеніп сарнады, аузымен орақ орды.*

БЕЗЕ II *Сілтеу, кезеу, көздеу.* Кенесары сарбаздары садақты босқа *беземепті* (Есенберлин).

БЕЗЕГЕН *Қашаған, қорқақ.* ~ қоян.

БЕЗЕК I *Бедер, өрнек, нақыш.* Күміс *безектер* көмескіленіп барады (Ә. Сәрсенбаев).

БЕЗЕК II *жерг. Ағаштың безі, беріші.* Қай бұтақты саялап, Қай *безектің* түбінен, Алған екен кім қиып (Ж. Сыздықов).

БЕЗЕК: безек қақты — а) *дедек қақты, зыр жүгірді;* ә) *зар иледі, шырылдады.*

БЕЗЕК-БЕЗЕК: безек-безек етті — *шыр-шыр етті, дызақтады.*

БЕЗЕКГҮЛ *Өсімдік түрі.*

БЕЗЕКТЕ 1. *Зыр жүгіру, тыныштық көрмей безек қағу.* Шешем ~п ас-су қамдап жүр. 2. *Қолды-аяққа тұрмау, шыр-шыр ету.* Жылайды бала ~п. 3. *Безілдеу, зарлау, сарнау.* — Ойбай! — деп *безектеген* әйел даусы естілді. (Б. Аманшин).

БЕЗЕН I *Әдемі түрге ену, жасану.* ***Безеніп*** шыққан ел Майға (Орманов).

БЕЗЕН II *өзд. етіс. Безе-н.*

БЕЗЕП-БЕЗЕП *Домбыраны бебеу қақтырып, безілдетіп.* Домбырасын ~, әнді әуелете шырқайды.

БЕЗЕР I *Айтқанға көнбейтін, қиқыр, қыңыр.* ***Безерден*** ырыс кетер (Мақалнама).

БЕЗЕР II 1. *Міз бақпай, мелшию, сазару.* Ол ~іп тұрып алды. 2. *Ауыс. Құлазу, сұрқай тарту.* ~іп жатқан дала.

БЕЗЕРЛЕН *Қиқарлану, қырсығу.* Бәрі ~іп тұр.

БЕЗЕРЛІК *Қиқарлық, қыңырлық.* ~ жасады.

БЕЗЕУ I *Қан айналымының бұзылуынан, адамның терісіне, бетіне шығатын бөртпе.* ~ бет.

БЕЗЕУ II *Әшекей, өрнек, нақыш жүргізу.* Үзеңгіге ***безеу*** әдістерімен түрлі өрнектер жасалды (Арғынбаев).

БЕЗЕУБАС *Ұшында әртүрлі өрнектің нұсқасы бар, қашау тәрізді темір құрал.*

БЕЗЕУЛІ *Бетінде безеу бар, безеуі көп.*

БЕЗЕУІШ: безеуіш біз — *күмістелген бұйымның бетіне бедер жүргізетін құрал.*

БЕЗІЛ *Без-без еткен дауыс.* Бала ~і.

БЕЗІЛДЕ 1. *Дедек қағу, зыр жүгіру.* Олар ~й қашты. 2. *Баланың қолды-аяққа тұрмай шырқырауы.* Қарны ашқан бала ~п жылап кетті. 3. *Қоңыраудың, телефонның т. б. заттардың үздіксіз шырылдауы.* Телефон ~ді, қоңырау ~ді.

БЕЗІЛДЕУІК *Безілдегіш, зарлауық.*

БЕЗІЛДЕТ 1. *өзг. етіс. Безілде-т.* 2. *Тез жүргізу, жүйткізу.* Ол машинасын ~іп келеді.

БЕЗІН 1. *өзг. етіс. Без-ін.* Екеуі бірдей баладан ***безінді*** (Тоқтаров). 2. *Торығу, тұқілу, күдер үзу.* Жас жанын қор етті, ***Безініп*** өмірден (Мұқышев). 3. *Ауыс. Шошу, қорқу, үрку.* Бізден ***безінбеген*** бір таныс адам қалған жоқ (Ғ. Мүсірепов).

БЕЗІРЕЙ *Міз бақпау, бедірею.* ~ген без бүйрек.

БЕЗІРЕН *Шырығу, қатаю.* Туған аулы жат көрініп, Жүсіп өбден ***безіреніп*** алды (Қаратаев).

БЕЗІРЕҢДЕУ *Безілдеу, безектеу.* Егерде қарсылассаң, ***безіреңдеп,*** Жалғаннан жан боларсың күдер үзген (Малдыбаев).

БЕЙ *лингв. Сөздің алдына қосылып, кері мағына тудыратын жұрнақ.* ***Бейкүнә*** — күнәсіз, бейдауа — дауасыз.

БЕЙАПАР 1. *Бетпақ, көк бет.* ~ қатын, ~ кемпір. 2. *Қалай болса солай, өрескел.* Әркім өз білгенінше *бейапар* бұрмалайтын (Нұржекеев).

БЕЙАУЫЗ *Аузына не келсе, соны айтатын, бетпақ.* ~ кемпір, ~ шал.

БЕЙБАҚ *Байғұс, бейшара, мүсәпір.* ~тың көз жасына қалма.

БЕЙБАҚТЫҚ *Бейбақ болушылық.* ~ жасады.

БЕЙБАС *Әдепсіз, содыр-сотқар, тентек.* Жолдасы ~.

БЕЙБАСТАҚ *Тәртіпсіз, жүгенсіз, ұятсыз.* ~ бала (мінез).

БЕЙБАСТАҚТЫҚ *Бейбастақ болушылық.* ~қа жол берілмейді.

БЕЙБАСТЫҚ *Әдепсіздік, сотқарлық, тәртіпсіздік.* ~ әрекет, мінез.

БЕЙБЕРЕКЕТ *Берекесіз, қалай болса солай.* ~ ой (арпалыс, шу).

БЕЙБЕРЕКЕТТІК *Берекесіздік, жүгенсіздік.* Жұмыстағы ~ке қарсы күресті.

БЕЙБІТ 1. *Айғай-шусыз, тыныш.* Митинг ~ жағдайда өтті. 2. *Соғыссыз, ұрыссыз.* ~ өмір, ~ ел, ~ заман.

БЕЙБІТШІЛ *Бейбітшілікті жақтайтын.* ~ саясат, ~ ел.

БЕЙБІТШІЛІК *Тыныштық, татулық.* ~ әркімге керек.

БЕЙЖАЙ 1. *Жайбарақат, қапersіз.* Сөзіне құлақ аспай ~ отыр. 2. *Мең-зең, дел-сал.* Анар сырқаттанғандықтан болар, ~. ◊ **Бейжай болды [тартты]** — а) *жайбарақат болды;* ә) *мазасызданды, беймазалыққа түсті.*

БЕЙЖАЙЛЫҚ *Бейғамдық, жайбарақаттық.* Ол ~ты қаламайды.

БЕЙКҮНӘ *Жазықсыз, айыпсыз.* ~ жан.

БЕЙКҮНӘЛЫҚ *Жазықсыздық, айыпсыздық.*

БЕЙҚАМ *Қамсыз, жайбарақат.* ***Бейқамның*** жауы қасында (Мақал).

БЕЙҚАМСЫ *Жайбарақатқа салыну.*

БЕЙҚҰТ *Қаннен-қапersіз, бейбіт.*

БЕЙМАЗА 1. *Мазасыз, шыдамсыз, тынышсыз.* Мен ауруға ***беймаза*** адаммын (М. Дүйсенов). 2. *Ауыс. Жайсыз, жағымсыз.* Дәрмен ***беймаза*** дауыстан шошып оянды (Т. Әлімқұлов). ◊ **Беймаза қылды [етті]** — *мазасын алды, тынышын кетірді.*

БЕЙМАЗАЛА *Тынышын алу, мазасын кетіру.* ~й бастады.

БЕЙМАЗАЛАУ *Мазасыздау, тынышсыздау.* Бала ~ екен.

БЕЙМАЗАЛЫҚ *Мазасыздық, тынышсыздық.*

БЕЙМӘЛІМ *Мәлімсіз, белгісіз.* Қайда кеткені ~.

БЕЙМЕЗГІЛ *Мезгілсіз, бейуақыт.* ~ қайдан жүрсің?

БЕЙНЕ I 1. *Кескін-келбет, тұрпат.* Бегімшенің ***бейнесі*** көзіме елестеп кетер емес (Б. Момышұлы). 2. *Мүсін, сымбат, пішін.* Тастағы ~. 3. *Көркем шығармадағы кейіпкер, образ, тұлға.* Батырдың ~сін жасады. 4. *Көркем шығарма я ауыз әдебиетіндегі кейіпкер образы, тұлғасы.* Қарасай - біріншіден, әлеуметтік жиынтық ***бейне*** ("Қаз. әдеб.").

БЕЙНЕ II 1. *Секілді, сияқты, тәрізді.* Қызғалдақ ***бейне*** қызыл гүл (Тұрманжанов). 2. *Нағыз, дәл, кәдімгі.* Жарқ етті ***бейне*** нажағай (Саин).

БЕЙНЕЛЕ 1. *Өмірдегі тіршілік көрінісін көркем образ арқылы беру.* Ол мына ғажап суретті өлеңмен ~ді. 2. *Сахнада кейіпкер бейнесін жасау.* Абай образын ~п берді.

БЕЙНЕЛЕС *Пішіндес, кейіптес.* Ай ~, аспан ~.

БЕЙНЕЛЕУ *псих. Сыртқы дүниенің мида суреттелуі.* □ **Бейнелеу өнері** — *кескіндеме, мүсін, графика, сән сияқты өнерлердің бірнеше түрін қамтитын ұғым.*

БЕЙНЕЛІ 1. *Бейнесі бірдей, ұқсас.* ~ кісілер. 2. *Кескінді, көрікті, тұлғалы.* Батыр ~. 3. *Образды, айшықты.* ~ сөз (ой).

БЕЙНЕЛІЛІК 1. *Әдемілік, көріктілік.* 2. *Мәнділік, образдылық.*

БЕЙНЕТ *Азап, мехнат.* ~пен тапқан нан. ◊ **Бейнет тартты [кешті]** — *азап шекті, азаптанды.*

БЕЙНЕТКЕР *Еңбекқор, еңбек сүйгіш.*

БЕЙНЕТҚОР *Еңбек сүйгіш, еңбекшіл.* ~ адам (жан).

БЕЙНЕТСІЗ *Қиыншылықсыз, мехнатсыз.* ~ рахат жоқ.

БЕЙНЕТТЕН 1. *Еңбек ету, әрекеттену.* Көбірек ~ді. 2. *Азаптану, жанын қинау.* ~іп, тауға әрең шықты.

БЕЙНЕТТІ *Азабы мол, мехнатты.* ~ ауыр жұмыс, ~ жол.

БЕЙНЕТШІЛ *Бейнеткер, бейнетқұмар.*

БЕЙПІЛ 1. *Былапыт, дөрекі.* ~ сөз. 2. *Парықсыз, қалай болса солай.* ~ мінез. ◊ **Бейпіл ауыз** — *былапыт, тұрпайы сөйлейтін кісі.*

БЕЙПІЛДЕН *Бейпіл сөйлеу.* ~іп аузына келгенін айтты.

БЕЙПІЛДІК *Бейпіл ауыздық.* ~тен көресіні көріп жүр.

БЕЙСАУАТ 1. *Бейтаныс, бөгде, бөтен.* ~ адам (жүріс, мал). 2. *Орынсыз, ретсіз, сөлекет.* Ол жеңгесінің ~ сөзін естімеді.

БЕЙСЕНБІ *Аптаның төртінші күні.* ~ сайын (күні).

БЕЙСЕНБІЛІК *Бейсенбі күнінде істелетін іс, жұмыс.* Әдеби ~.

БЕЙТАНЫС *Таныс емес, бөгде, бөтен.* ~ қыз (кісі, жер).

БЕЙТАРАП 1. *Ешкімге қосылмайтын, қалыс.* Ел тағдырына *бейтарап* жазушы болмайды (Ғ. Мүсірепов). 2. *Енжар, селсоқ.* Ол бәріне енжар, *бейтарап* (Қабдолов). □ **Бейтарап аймақ** — *екі мемлекеттің шекарасындағы жер.* **Бейтарап қалды** — *қалыс қалды.* **Бейтарап сөздер** (*лингв.*) — *сөз табына жатпайтын сөздер.*

БЕЙТАРАПТАН *Бөлектену, жіктелу, оқшаулану.* Олар одан ары буланып, *бейтараптанады* ("Соц. Қаз.").

БЕЙТАРАПТЫҚ *Ешкімге қосылмаушылық, қалыс болушылық.*

БЕЙУАҚ 1. *Мезгілсіз, уақытсыз.* Адамдар *бейуақ* кіріп шығу, амандық-саулық білу дегеннен қалды (Ф. Оңғарсынова). 2. *Кешкі апақ-сапақ кез.* Алакеуім *бейуақ* шақ (Жұмаділов).

БЕЙХАБАР *Хабарсыз, мәлімсіз, мағлұматсыз.* Істің мән-жайынан ~мын.

БЕЙХАБАРЛЫҚ *Ешнәрседен хабары жоқтық, мәлімсіздік, хабар-ошарсыздық.* Ол ~қа шыдай алмады.

БЕЙШАРА *Байғұс, мүсәпір, сорлы.* Ауылдағы *бейшаралар* Бекболаттың құр келгенін көрді (Шәріпов). ◊ **Бейшара болды** — *сорлады, мүсәпір болды.*

БЕЙШАРАЛАН *Мүсәпірлену, нашарлану, сорлау.* Даусы *бейшараланып* шықты (Соқпақбаев).

БЕЙШАРАЛЫҚ *Сорлылық, мүсәпірлік, нашарлық.*

БЕЙІМ 1. *Ыңғай, епті, икем, әбі бар.* Жұмысқа ~ (өмірге, техникаға). 2. *Ұқсас, сай.* Бұл жер қаладан гөрі селоға *бейім* (Тілеков). 3. *Ауыс. Жақын, жуық, ықыласты.* Шәкен Аманға *бейім* (Ғ. Мұстафин).

БЕЙІМДЕ 1. *Ыңғайлау, икемдеу.* Жастарды тіршілікке ~у керек. 2. *Икемдеу, үйлестіру.* Ол халық әндерін хордың орындауына *бейімдеді* (С. Мыңжасарова).

БЕЙІМДЕЛ 1. *өзг. етіс. Бейімде-л.* 2. *Төселу, көндігу, үйрену.* Зылиха малшының тіршілігіне тезақ *бейімделді* (Н. Ғабдуллин).

БЕЙІМДЕЛГІШ *Ыңғайға көнгіш, икемделгіш.* Еділбай қойы шөл және шөлейт жердің жағдайына тез *бейімделгіш* (Әбуғалиев).

БЕЙІМДЕСТІК *Тілектестік, жанашырлық.* Жамбыл қамауда отырғанда, Власов оған ~ білдіреді (Ғ. Мүсірепов).

БЕЙІМДЕУ *Жуықтау, жақындау, икемдеу.* Киімі орысшаға ~.

БЕЙІМДІ 1. *Ыңғайлы, икемді, оңтайлы.* 2. *Қабілетті, іскер.* Сурет салуға ~.

БЕЙІМДІЛІК 1. *Икемділік, ыңғайлылық, оңтайлылық.* Ұшуға ~. 2. *Қабілеттілік, іскерлілік.* Өнкүйге ~, жазуға ~.

БЕЙІМСІЗ *Икемсіз, епсіз.* Іске ~ шалағайлығымның себебі белгілі (М. Ғабдуллин).

БЕЙІМСІЗДІК *Икемсіздік, епсіздік.* Жұмысқа ~гі байқалады.

БЕЙІТ *Өлген адамды жерлеген қабыр, мола.* Мынау-нағашы атамның ~і.

БЕЙІШ *Жұмақ, ұжмақ, жаннат, рахат.* Алматы-нағыз жер ~і.

БЕК I *тар. Феодалдық қоғамдағы үстем тап өкілі, ру басы, ел билеушісі.*

БЕК II 1. *Бекем, мықты, берік.* Ақ атанға жүк арттым, Аумасын деп *бек* арттым (Бозінген). 2. *Өте, тым, аса, тіпті.* Өлеңшіге *бек* мұқтаж ғой дүние-мал (Айтыс).

БЕКАС *Сазды жерді мекендейтін ұзын тұмсықты құс.*

БЕКБИКЕ *тар. Ақсүйек пен бектердің әйелі.*

БЕКЕ *Оңтүстікте өсетін алма тұқымдас ағаш; айва.*

БЕКЕМ *Берік, мықты, мығым.* Құнанбай дін жолын *бекем* ұстады (М. Әуезов).

БЕКЕМДЕ *Мықтау, нықтау, мығымдау.* Бүгінде тіршілігін ~п тұрғандар аз емес. Белін ~п буынды.

БЕКЕМДІК *Мықтылық, мығымдық, беріктік.* Оның өнінен ~ байқалады.

БЕКЕР 1. *Босқа, текке, әншейін.* Айжанды құрдастары ~ мақтамаған екен. 2. *Жалған, өтірік.* — Қой, ол ~ шығар.

БЕКЕРДЕН-БЕКЕР *Бостан-босқа, жайдан-жай.* ~ тұрды, ~ кінәлады.

БЕКЕРШІЛІК *Қателік, оғаштық, терістік.* Тез үйренемін дегенім, ~ екен.

БЕКЕТ *тар. Жолаушылар, қатынас көліктері аялдайтын жер.*

БЕКЕТШІ *Бекет ұстаушы, бекет басының тұрғыны.* Шал- ~ еді.

БЕКЕУІЛ *Міндетті, жауапты.* Суреткер өз міндетін атқарды, басқасына *бекеуіл* емес (Талжанов).

БЕКЗАДА *тар. Шыққан тегін, жаратылысын артық санайтын ақсүйек тұқымы.* Ол- ~ емес, шаруаның баласы.

БЕКЗАДАЛЫҚ *Бекзаттық, ақсүйектік.* Оның ~ мінезі бұрыннан белгілі еді.

БЕКЗАТ *тар.* 1. *Бек, сұлтан әулетінің тұқымы.* Ол текті ~ еді. 2. *Ауыс. Қасиетті, асыл.* Қас

бекзаттың белгісі, Қайғысын жұртқа білгізбес (Мақал).

БЕКЗАТТЫҚ *Ақсүйектік, бекзадалық.* Бұлардың тұқымында ~ бар.

БЕКСІН 1. *Өзін бек санау.* 2. *Мықтысыну, күштісіну.*

БЕКТІК *Бекке тән қасиет.* Байлығың, ~гің мен үзілмеген (Айтыс).

БЕКІ 1. *Ашық емес, жабық болу.* Есік ~п қалыпты. 2. *Жымдасу, кірігу.* Бос тақтай шегемен ~п қалды. 3. *Ныгая түсу, күшею. Өзін-өзі ұстау, тежеу.* Қаламмен білім ~ді. 4. *Тоқтамға келу, үйғару.* Ол оқиғаны жазуға ~гендей болды. Әкем ген тұр көрсетті (Сералиев). 5. *Бекініс жасау, орнығу.* Көпірдің жау жақ түбінде *бекіп*, рота жатыр (Әбілев). 6. *Ауыс. Қайраттану, ширау.* Ол егілместей *бекіп* алған. 7. *Ауыс. Құптау, мақұлдану.* Жоспар ~ді, міндеттеме ~ді.

БЕКІМ *Шешім, тоқтам, байлам.* Ол өз ~ін ортаға жайып салды.

БЕКІНІС 1. *Сыртты қоршалған қамал, қорған.* Әскери ~ мықты салынған. 2. *Алдын-ала дайындалған қорғаныс шебі.* ~ дайындады (соқты, жасады).

БЕКІРЕ *Уылдырығы мен еті бағалы ірі балық.*

БЕКІС *Тіл табысу, татуласу, келісу.* Япырай, шекісіп отырып, *бекістіңіздер* білем (А. Хангелдин).

БЕКІТ 1. *өзг. етіс. Бекі-т.* 2. *Мықтап байлау, жауып қою, кілттеп қамау.* Есікті ~, дүкенді ~. 3. *Белгілі бір шешімді мақұлдау, қабылдау.* Жалпы жиналыста қаулыны ~ті.

БЕКІТКІШ *техн. Механика бөлшектерін дәнекерлегіш, жымдастырғыш, біріктіргіш.* Шахтаға ~ әкелді.

БЕКІТУЛІ *Жабулы, кілттеулі.* ~ қақпа (есік, үй).

БЕЛ 1. *Адам денесінің арқадан төмен, мықыннан жоғары жіңішке тұсы.* ~ін буынды, ~інен қысты. 2. *Малдың арқасы.* Аттың ~і күшті келеді. 3. *Таудың қырқасы, аласа асуы, кезең.* ~ астында мал жайылып жатыр. 4. *Ауыс. Арқа тұтар тірек, күш, қуат, сүйеніш.* Абай-халықтың сүйеніші, ~і еді. □ **Бел ағаш** — а) *арбаның алдыңғы, артқы доңғалақтарын біріктіруші жуантық білік;* ә) *жерг. Үй төбесіне салынатын арқалық; мәтке.* **Құмырсқа [қышша] бел** — *талдырмаш нәзік бел.* **Бел бала** — *өзінен туған бала.* ◊ **Бел құда** — *бауыздау құда.* **Бел омыртқа** — *арқа омыртқа.* ◊ **Бел алды** — *күшейді, ныгайды.* **Бел байлады** — *тәуекелге басты.* **Бел бермеді** — а) *сыр алдырмады;* ә) *күш бермеді, жеңгізбеді.* **Бел босатты** — *дем алды, тыныстады.* **Бел буды** — *нақтылы тоқтамға келді.* **Белден басты** —а) *киіп-жарды, баса-көктеді;* ә) *өзін еркін сезінді.* **Белді бекем байлады (буды)** — *шындап кіріспі.* **Бел жазды** — а) *тынықты, әлденді;* ә) *күш жиып, қайраттанды.* **Бел көрді** — *тірек, таяныш санады.* **Бел қайысты** — *ауыр тиді, қинады.* **Бел қылды** —*арқа сүйеді, тірек етті.* **Бел ұстады** — а) *күреспек болды, белдесті;* ә) *айтысты, тартысты.* **Бел шешпеді** — *мұршасы болмады, қолы тимеді.* **Белі кетті** —*еркектік қабілетін жоғалтты.* **Белі көтерілді** —*тыңайды, әлденіп қалды.*

БЕЛБАУ *Киіз үйдің керегесін сыртынан бастыра тартып байлайтын ұзын арқан.*

БЕЛ-БЕЛЕС 1. *Қырқа-қырқа, асу-асу, кезең, жон-жон.* Алдымызда ~тер жатыр. 2. *Ауыс. Өмірдің әртүрлі кезеңі, қиын-қыстау кезі.* Ол басынан өткен ~терді әңгімеледі.

БЕЛБЕУ *Белді буу үшін матадан не былғарыдан, қайыстан, жасалған белдік.*

БЕЛБЕУЛЕ *Белін белдікпен байлау, буу, орау.* Белін ~п тастаған.

БЕЛБЕУЛЕН 1. *Белбеумен белін буыну.* 2. *Белбеу буынған.* Үстінде ~ген ақ атлас көйлек.

БЕЛГІ 1. *Шартты таңба, ен.* Қойға ~ салу керек. 2. *Бір нәрсенің басқадан өзгешелігі.* Малшы малды түрлі ~лері арқылы ажыратады. 3. *Белгілі бір құбылыстың нышаны, сыңайы.* Кешікпей күз ~сі көрінді. 4. *Айрықша атақты білдіретін айырмашылық, өзгешелік, ерекшелік нышан.* Пиджагінің өңірінде Совет одағының батыры ~ сі бар (Нұршайықов). ◊ **Белгі берді [етті]** — *аңғартты, білдірді, сездірді.* **Белгі қойды** — *таңба салды, белгіледі.* **Белгі салды [соқты]** — *шартты таңба қойды.*

БЕЛГІЛЕ 1. *Таңба салу, белгі қою.* Мұғалім кітаптың әр жерін ~п отырды. 2. *Тағайындау, әзірлеу.* Асанды мектепке директор етіп ~ді. 3. *Айқындау, жоспарлау, белгілеп қою.* Сабақ жоспарын алдын ала ~йді.

БЕЛГІЛІ 1. *Көпке әйгілі, атақты, даңқты, көрнекті.* ~ ақын, ~ ғалым. 2. *Айқын, анық, аян, мәлім.* Көкпар-жұртқа ~ ұлт ойыны. ◊ **Белгілі бекбике** — *аты шулы, әйгілі.*

БЕЛГІСІЗ 1. *Белгісі, ен таңбасы жоқ.* Мынау ~ мал екен. 2. *Беймәлім, бейтаныс.* ~ жаққа кетіпті ғой.

БЕЛДЕМЕ I *Бел омыртқа.* ~лердің қыртыс майлары қалың екен.

БЕЛДЕМЕ II *Селдір тоқымаға тігілген кесте, әшекейлі өрнек.*

БЕЛДЕМЕ III *Қой ұшасының белдемесінен дайындалатын тағам.*

БЕЛДЕМПАЗ *көне. Ақсүйек түскен жер мен көмбенің дәл ортасына қойылатын белгі.*

БЕЛДЕМШЕ 1. *көне. Тойға көйлек үстінен киетін әйел киімінің сәнді түрі.* Әйел киімінің ең көне түрі — ~ (Арғынбаев). 2. *Алдыға байланатын алжапқыш.* Белінде ақ ~. □ **Белдемше ілгек** — *есікті бекітуге жасалған көлденең ағаш не темір.*

БЕЛДЕН 1. *Беліне асыну, байлап алу.* Садақшылардың *белденген* қорамсағынан самсаған оғы иін тіреседі. (Х. Есенжанов). 2. *Дөңестену, дөңкию.* Тәкебайдың қоңқақ мұрны *белдене* түскендей (Тарази). 3. *Ауыс. Күш алу, қайраттану.* Сарбаздардың аздау екендігін байқаған жау қайта ~ді.

БЕЛДЕС 1. *Белден, белбеуден ұстасып күресу, тіресу.* 2. *Ауыс. Айқасу, алысу.* Жауынгерлер өмір мен өлім ~кен сын сағатта қаймықпады.

БЕЛДЕУ 1. *Туырлықтың керегеге тығыз жатуы және оны боран көтеріп кетпеуі үшін сыртынан айналдыра байлайтын қыл арқан.* Әр үйдің *белдеуінде* қаз-қатар қыстырылған сойылдар (Ғ. Мүсірепов). 2. *Таудың орта тұсы, шені, бел тұсы.* Тау *белдеуінде* сыңси өскен қарағай (С. Бегалин). 3. *Геогр. Белгісі бір параллельдер аралығындағы жер бөлігі.* Тропикалық ~де ауа райы басқаша.

БЕЛДЕУ-БЕЛДЕУ *жал-жал, қатпар-қатпар, белес-белес.* Жазық даланы ~ үрінді қар басып қалыпты.

БЕЛДЕУЛЕ 1. *Белдеумен киіз үйді айналдыра арқанмен тану.* 2. *Айналдыра орап байлау, бел-*

деушелеп таңу. Басқұр мен туырлықтың астынан керегелердің бастарын ***белдеулейді*** (Қасиманов). 3. *Айнала, төңіректі қоршап тастау.* Қаланы бау-бақшамен -п тастапты.

БЕЛДЕУЛЕТ 1. *Ортан беліне таман, орта тұсына дейін құю.* Ол графиндегі суды стаканға ***белдеулете*** құйды (Ақтаев). 2. *Бір нәрсені бел ортасынан бастыра салу, бастырмалату.* Ол бастырықты ***белдеулете*** шөпке салды (Ақтаев).

БЕЛДЕУЛІ 1. *Белдеу буылған, белдеуі бар.* Қызыл -. 2. *Аса маңызды, қажетті, елеулі.* Өмірдің ***белдеулі*** оқиғасын түбірлеп көрсету қажет.

БЕЛДЕУЛІК *Белгілі бір заттың бел ортасы, бел шені.* Құс Алтын сарайдың ***белдеулігіне*** келгенде тоқтады (Ә. Сәрсенбаев).

БЕЛДІ 1. *Күшті, әлді, мықты. зор.* - палуан, - ат. 2. *Ауыс. Өз ісіне шебер, іскер, майталман.* - жазушы (сыншы, команда). ◊ **Белді бекем байлады (буды)** — *тәуекел етті, іске сыбанып кірісті.*

БЕЛДІК 1. *Былғарыдан жасалған белбеу.* -ін буынды, -ін ағытты. 2. *Арба, шана тертесін көтеріп, ершіктің үстінен тарта байлайтын қайыс бау.* Айдаушы шанадан түсіп, атының -гін көтерді. 3. *Арбаның екі дөңгелегін қосып тұратын бел ағашы.* Сатай өндеп шабады, Ағаш арба ***белдігін*** (Сейфуллин).

БЕЛДІКТЕ 1. *Белдік салу, белдікпен байлау.* Жауыр құнан желдіктеп, Құр айылмен -п (Айтыс). 2. *Заттың, бір нәрсенің ортан белінен құрсау, буу.* Қаңылтырмен қаптап, темірмен -.

БЕЛДІЛІК *Мықтылық, күштілік, беделділік.* Бұл ағайын ішінде ***белділігін*** арқаға тау ғып, именбейтін тұр көрсетті (Майлин).

БЕЛЕҢ 1. *Көлбей созыла жатқан дөңес, биіктеу жер.* Бақташы малды -ге қарай қайырды. 2. *Ауыс. Белгілі бір кезең. Қиын-қыстау уақыт, жағдай.* ◊ **Белең алды** — *өрши түсті, дендеді.*

БЕЛЕС 1. *Асу, бел, белең.* -ке көтерілгенде ауыл көрінеді. 2. *Ауыс. Өсу, дамумен байланысты кезең.* Өмір -і, уақыт -і.

БЕЛЕС-БЕЛЕС *Жон-жон, жота-жота, асу-асу.* - құмды жер.

БЕЛЕСТЕН *Жон-жота, бел-бел болып жату.* -ген ашық дала.

БЕЛЕСТІ *Белесі, асу кезеңі көп.* - кең атырап.

БЕЛҚҰДА *Әйелдері жүкті болған кезде, іштегі балаларын атастырып, сөз байласқан құда.* Олбіздің -.

БЕЛЛӘҺИ *Ант ішкенде айтылатын сөз.* - көргенім жоқ.

БЕЛЛЕТРИСТ *Роман, повесть, әңгіме жазушы.*

БЕЛЛЕТРИСТИКА *Баяндау түрінде жазылған көркем шығарма.*

БЕЛОК *биол. Жан-жануарлар мен өсімдіктер организмдерінің құрамындағы күрделі органикалық зат.*

БЕЛОКТІК *Белокқа бай, белокқа қатысты.* - заттар.

БЕЛОРУС *Белоруссияда тұратын Шығыс славян халқы.* - тілі (тарихы).

БЕЛСЕН 1. *Бар ынтасын салу, құлшына кірісу.* -е кірісті (араласты, қатысты, істеді). 2. *Етек-жеңді тұру, білек сыбану.* Шапандарын ***белсенген,*** Асау мініп теңселген (Абай).

БЕЛСЕНДІ *Қажырлы, ынталы, жігерлі, актив.* - күрескер, аудан -лері.

БЕЛСЕНДІЛІК *Бір нәрсеге қажырлылық, ынталылық, активтік, жігерлілік.* Творчестволық -, саяси -, - көрсетті.

БЕЛСЕНДІСІ *Өзінше белсенді болғансу.* Кейбіреулер ***белсендісіп*** біреуді жамандап, тыштандайды кеп (Ө. Қанахин).

БЕЛСІЗ *Әлсіз, күші жоқ.* Атым -, қажып келемін.

БЕЛСІЗДІК *мед. Әлсіздік, қуатсыздық. Жыныс қабілеті жоқтық.* - орталық нерв жүйесі қызметінің бұзылуынан.

БЕЛТІР *Жіңішке жіліншік.* Аяғына кигені-***белтірінен*** қайыспен шандыған көн шоқай (Ә. Кекілбаев).

БЕЛТІРЛІК *Тобықтан жоғары, балтыр астындағы жіңішке жіліншек.* Жалаң аяғының үсті дөңес, ***белтірлігі*** үзіліп тұр (Ғ. Мүсірепов).

БЕЛУАР 1. *Адамның бел тұсы, белдеме.* Үшеуі ***белуардан*** қар кешті (М. Әуезов). 2. *Бір заттың ортасы.* Алатаудың - тұсы.

БЕЛУАРЛА *Белуардан келу, белдемелеу.* Омбы қарды -п барады.

БЕЛШЕ *Белуар, бел орта.* Суға -сінен батты.

БЕЛШЕДЕН *Белуардан, белден, белортадан.* Борпылдақ топырақты - кешіп жүрміз. ◊ **Белшеден батты (байыды)** — а) *ортан белінен малтықты;* ә) *шырмалып шыға алмады;* б) *байлықтың астында қалды, кенелді;* в) *қарызға батты.*

БЕЛШЕЛЕ *Белуардан бату, белдемелеу.* Қарға -п келемін.

БЕН *Жалғаулық шылау.* Біз - сіз, жез - қола.

БЕНЗИН *хим. Мұнайды өңдеуден алынатын түссіз жанар май.*

БЕНЗОЛ *хим. Тас көмір мен мұнайдан өндіріледі түссіз сұйық зат.*

БЕП-БЕЛГІЛІ *Ап-айқын, айдан-анық.* Айтатын ойы - болды.

БЕР I 1. *Бір затты қолмен әперу, ұстату.* Серік інісіне кітапты -ді. 2. *Бір нәрсені біреуге жеткізу, тапсыру.* Жаудан азат еткен малды халыққа -дік. 3. *Атақ, дәреже беру.* Оған профессор атағын -ді. Ғылым кандидаты дәрежесін -ді. 4. *Өнім беру, шығару.* Сиыр күніне 60 литрге дейін сүт -еді. 5. *Белгілі бір заттың бейнесін сипаттап көрсету, суреттеу, бере білу.* Кітапта жұмысшы бейнесін жақсы -ілті. 6. *мат. Бүтін санды бөлу, бөлшектеу.* Мына санға бестен -сек, асып кетеді. 7. *Күрделі етістік құрамындағы көмекші етістік.* Айта -ді, жылай -ді, күле -ді. ◊ **Бергенінен жазбасын (тілек)** — *құдайдың берері таусылмасын.* **Бергісі жоқ** — *беретін ойы жоқ.* **Берместің асы піспес** — *созбалақтап жүріп алды д. м.*

БЕР: **бер жақ** — *арғы бетке қарама-қарсы жақ, тұс.* Таудың ***бер*** жағын аралады. ◊ **Бер жақ** — *белгілі мерзімінен кейінгі кезең.* **Бер жағымен** — *шынайы емес, алдарқатып, жай.*

БЕРГЕК *көне. Желекті үстап тұратын әшекейлі қатырғы; әйелдердің әшекейлі бас киімі.* Келіншек той өткен соң ***бергек*** киетін (Қасиманов).

БЕРГІ 1. *Арғы жаққа қарама-қарсы бер жақ, осы жақ.* Өскердің алды - қабаққа ілікті (Ғ. Мүсірепов). 2. *Бертінгі, берменгі.* - уақытта араламаған жері жоқ.

БЕРГІСІЗ *Парапар, теңдес.*

БЕРГІШ 1. *Береген, таратқыш.* Мал ***бергіш*** мырза иттен көп (Абай). 2. *Берудің ұнамсыз түрі.*

Пара ~, уәде ~. 3. *Белгілі бір сөзбен тіркесіп үстеме мағына береді.* От ~, жеңе ~, белгі ~. □ **Кеңес бергіш** — *ақылгөй, ақылшы.*

БЕРГІШТЕ *Қайта-қайта, үстемелеп бере беру.* Жалақысын соған ~йді.

БЕРДЕНКЕ *XIX ғасырда орыс армиясының қарулы күшінде қолданылған шағын калибрлі винтовка.*

БЕРЕГЕН *Қолы ашық, жомарт, мырза.* Болысекең кейде ~, кейде сараң (F. Мұстафин).

БЕРЕГЕНДІК *Мырзалық, жомарттық.* Оның көңілі шалқығанда, ~дігі де көбейетін.

БЕРЕГЕНСІ *Жомарт болғансу, мырзасын.* Байлар кейде ~п кететін.

БЕРЕК I *жерг. Құнарлы, нәрлі.* Жері *берек,* елі сақ (І. Жансүгіров).

БЕРЕК II *көне. Мәуелі ағаштар мен түрлі бұталардың үрімі, бұтағы.* Тобылғының *берегі* иіл болып, Беріш бітсе, айбар болар терегі (Шалкиіз). Алма ағаштың ~і.

БЕРЕКЕ 1. *Ырыс, молшылық, мол. Береке,* ырыс дамыған өлкеге келдік (Байжанов). 2. *Ауыз бірлік, ынтымақ.* Бесіксіз үйде *береке* жоқ (Мақал). ◊ **Береке қонды** — *байлық, дәулет келді, береке дарыды.* **Берекесі жоқ** — *береке таптырмайтын, бәтуасыз.* **Берекесі кетті [қашты, қалмады]** — а) *шырқы бұзылды, құты қашты;* ә) *абыржыды, асып-састы.* **Береке таппады** — *тыным көрмеді, рахат таппады.*

БЕРЕКЕ-ҚҰТ *Бақ-дәулет, байлық.* ◊ **Береке-құтын қашырды** — *зәресін ұшырды, үрейін алды.*

БЕРЕКЕЛЕН *Берекелі болу, берекесі арту.* Үйінде *берекеленіп* болыс отыр (Нұржекеев).

БЕРЕКЕЛЕС *Ынтымақтасу, бірлесу, бірігу.* Партияны қояйық, ейін, - деді Табысқан (М. Әуезов).

БЕРЕКЕЛІ 1. *Берекесі мол ырысты, ырзықты, игілікті.* Биылғы жыл ~ жыл болмақ. 2. *Ауыз бірлігі мол, ынтымақты.* Осы ~ жаңұя бақытына қызықтым. 3. *Тиімді, пайдалы.* Көпке ~ мал жина.

БЕРЕКЕСІЗ 1. *Бей-берекет, қалай болса солай.* ~ аққан суды тоқтатты. 2. *Тоқтауы жоқ пәтуасыз, тұрлаусыз, шалағай.* Кенесары Лебедевпен ~ шілде бойы *берекесіз* бітім сөз жүргізді (Есенберлин).

БЕРЕКЕСІЗДЕН 1. *Берекесі кету, қожырау.* Бағ~ыл шабуыл *берекесізденіп* бытырай бастады F. Мүсірепов). 2. *Құты қашу, дегбірсіздену.* Ғабдолла алақтап, *берекесіздене* берді (Дүйсенов).

БЕРЕКЕСІЗДІК *Берекесі жоқтық, берекесі кетендік.* ~ті көргісі келмеді.

БЕРЕКЕТ *Береке-құт, береке-бірлік.* ~ кірген. ◊ **Берекеті кетті [қашты]** — *құты қашты, асып-састы.* **Берекетін алды** — *шырқын бұзды, мазасын кетірді.*

БЕРЕН I *Қымбат, асыл мата.* Кәдімгі ~, жібек, шұғаның бәрі сонда.

БЕРЕН II 1. *Нағыз шың болат,* Балдағы алын ақ~. 2. *Болаттан жасалған батырлар киетін шұғыл. Беренге* батыр сыймады (Ер Тарғын).

БЕРЕН III 1. *Үнғысы ұзын шиті мылтық.* 2. *Пышақ сияқты қару; қанжар.* Қынабынан суырып, қолына алды *берендi* (Алпамыс). 3. *Ауыс. Өжет, пікір.* Өсіп келеді жас ~.

БЕРЕНГҮЛ *Өсімдік түрі.*

БЕРЕНДІК *Беріктік, мықтылық, батылдық.* Балиқенің санасының *берендігі* жоқ (Ысмайылов).

БЕРЕРМЕН *Берсшек, қарыздар. Берерменге* беру көп, алармаңға алтау аз (Мақал).

БЕРЕСІ *Берешек, қарыз.* Мырзаның бір торпақ ~сі бар еді.

БЕРЕСІЛІ *Берешек, қарыздар, бережақ.* Ол ~ малын айдап кеп берді.

БЕРЕТ *Дөңгелек келген жеңіл бас киім.* Басында ~і бар.

БЕРЕШЕК 1. *Қарыз, бересі.* Бейсекең ~гін конвертке салды. 2. *Азаматтық парыз, борыш.* Кәрі ойлайды бүгінге ~ті.

БЕРИЛЛ *мин. хим. Аса қымбат бағалы меруерт тастың бір түрі.*

БЕРИЛЛИЙ *хим. Менделеевтің периодты жүйесінің II тобындағы жеңіл, ашық сұр түсті металл.*

БЕРКІ *көне. Беку, шыныгу, төзу.* Тұқым ұрпақтан ұрпаққа ~йді.

БЕРМЕН 1. *Бері қарай, бері таман, берірек.* Балам, ~ келші. 2. *Жуық арада, берікте.* Бұл іс бір жылдан ~ бітпей жатыр. ◊ **Бермен бет, әрмен жүрек** (*жерг.*) — *екі жүзді арам (адам).*

БЕРТІН *Бері келе, кейін, соңынан.* Оның шын аты Сапарғали еді, ~ Сапа атанды (Тілегенов). □ **Бертін келе** — *келе-келе, кейіннен.*

БЕРТІНГІ *Бергі, кейінгі.* Мен оның ~ өмірін жақсы білем.

БЕРТІНДЕ 1. *Беріде, жақында, жуықта.* Олар Алматыға ~ кеп орналасқан. 2. *Соңғы кезде, кейінгі уақытта.* Ол осының бәрін ~ есіне алды.

БЕРІ 1. *Әрі сөзіне қарама-қарсы, бермен, жақын, жуық, таяу.* Балам, ~ келші. Сен ~ тұр. □ **Бері келе** — *келе-келе, соңғы кезде.* **Бері қара** — *көңіл бөл, ықылас білдір.* 2. *Белгілі бір мерзімнен кейін.* Ол көптен ~ науқас.

БЕРІГІРЕК *Мықтырақ, төзімдірек.* Маған қарағанда ол ~ екен.

БЕРІК 1. *Мықты, бекем, мығым.* Еркек қойдың терісі ~, мықты келеді. 2. *Ауыс. Шыдамды, төзімді, көнбіс, ұстамды, табанды.* Жылқы-суыққа ~ мал. 3. *Ауыс. Жабық, бекітулі.* Қақпасы ~ (есігі ~, үйі ~). ◊ **Берік бол** — *жасыма, қайратты бол.*

БЕРІКБАС *зоол. Басын жоғары көтеріп ұстайтын кесіртке.*

БЕРІКТІК 1. *Мықтылық, бекемділік, мығымдылық.* Бетонның ~і өте жоғары. 2. *Тұрақтылық, табандылық.* Уәдеге ~ (сөзге ~, сертке ~).

БЕРІЛ 1. *ыр. етіс.* 2. *Бас ию, бағыну, тұтқын болу.* Чаржой қаласы жауға ~меген. Жайдан-жай ~генше, жастығынды ала кет. 3. *Бой ұру, ұю, маужырау.* Тамылжыған әуенге ~іп кеттім. 4. *Мұдделі іске жан-тәнімен сену, илану.* Жастар отанды сүюге шын ~ген.

БЕРІЛГІШ *Бой ұрғыш, әуестенгіш.* Бозбалалар ғашықтық сезімге тым ~.

БЕРІМ *Ауызбастырық, пара.* Ендігі жерде *беріммен* ғана аузын алып, жарамсақтанып ұстамақшы-ау? (Ө. Нұрпейісов).

БЕРІМСЕК *Қарыз алған, өтеуге тиісті зат, борыш, берешек.* Оның бір қой ~гі бар.

БЕРІРЕКТЕ *Таяуда, жақынырақта.* ~ пайда болды.

БЕРІСПЕ 1. *Берілмеу, жеңілмеу.* Жау өліспей ~йді (Мақал). 2. *Парапар келу, кем түспеу.* Қалаға ~йтін селолар өсті.

БЕРІШ I 1. *Тері астында қатып қалған ісік, өлі ет, шор.* Түйенің жатқанда тірек болатын

жеті ***беріші*** бар (Жұмағұлов). 2. *Қайын, терек сияқты ағаштардың шорланған жері; без.* Қайыңның ***беріші*** еді, безі еді (І. Жансүгіров).

БЕРІШ II *Каспийде, Қара теңізде кездесетін көксерке тұқымдас балық.*

БЕРІШТЕН *Берішке айналу, шор боп біту, шорлану.* Баласының иығы ісіп, ~іп қалыпты.

БЕС 1. *Төрттен кейінгі есептік сан.* ~ күндік жер (~ кило ет, ~ құлаш белдеу). 2. *Мектеп оқушыларының білімін көрсететін бестік баға.* Мен ботаникадан ~ алдым. □ **Бес жақсы** — *қазақ дәстүрі бойынша мал есебімен төленетін қалың малдың алғашқы тобы;* 1. *тоғыз түйе, төрт құлынды бие, төрт құнан, төрт байтал, жеті тай не бір ту бие;* 2. *Нар, кілем, ат, қылыш, ең тәуір киімдер.* □ **Бес қанат үй** — *бес керегеден құралған қазақ үй.* ◊ **Бес батпан** — а) *әбден баттасқан, кір, салтақ;* ә) *өте ауыр, зілдей.* **Бес бересі, алты аласы жоқ** — *қарым-қатынасы, араласы жоқ.* **Бес енеден белгілі** — *ертеден, баягыдан анық, айқын.* **Бес биенің сабасындай** — *толық, етжеңді әйел.* **Бес қару** *(Ер қаруы — бес қару)* — *садақ, найза, қылыш. айбалта, сауыттардың жиынтығы.* **Бес парыз** *(діни.)* — *иман, бес намаз, ораза, діни салықтар, қажыға бару сияқты дәстүрді орындау.* **Бес саусағындай біледі** — *әбден қанық, өте жетік.*

БЕСАҚА *жерг. Бес тармақ, аша айыр.* Қырманшы Майқан қолындағы ***бесақамен*** сабанды қағып жатыр (Қазыбеков).

БЕСАЛОЛ *Ішек-қарын қызметі бұзылғанда ішетін дәрі.*

БЕС-АЛТЫ *Бес-алтыға жетер-жетпес болжалды сан.*

БЕСАСПАП *Қолынан келмейтіні жоқ шебер.* ~ әйел (жігіт).

БЕСАТАР *Ұңғысы иір ойықты бес оқты мылтық.*

БЕСЕНЕ: бесенеден белгілі — *айдан-анық, өзінен-өзі белгілі.*

БЕСЕУ *бес санының жинақтау түрі.* ~і үйде бас қосты.

БЕСҚОНАҚ *Жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн.* ~ кезі.

БЕС-ОН *Бес пен онның арасындағы сан мөлшері.* Қолда ~ тұяғымыз бар.

БЕССАЙЫС *спорт. Спорттың бес түрінен болатын спорт сайысы, жарысы.*

БЕССАЙЫСШЫ *Бессайыспен шұғылданушы, бессайыстың шебері.*

БЕСТАМАҚ *Өсімдік түрі.*

БЕСТАС *Ұсақ бес таспен қақпақылдап ойнайтын ойын түрі.*

БЕСТЕМДЕ *Шашты беске бөліп өрімдеу.* Келіншек қызының шашын ***бестемдеп*** өре бастады (Тайшықов).

БЕСТЕМШЕ I *Қыздардың бұрымдарының тарамдалып, беске бөліп өрілген түрі.*

БЕСТЕМШЕ II *Ұлттық ойын.* Ауыл жастары ~ні қызыға ойнайтын.

БЕСТЕМШЕЛЕП *Бес тарамдап өріп.* Қыздың ~ өрген ұзын шашы сәнді-ақ.

БЕСТІ *Бес жасар жылқы.* Әкем қаракер ***бестіге*** мінді (С. Мұқанов). □ **Бесті қымыз** — *бес күн сақталып, бабына келген қымыз.*

БЕСТІК *Оқушының "өте жақсы" деген жоғары бағасы.* Аттестаты толы ~ еді. □ **Бестік шам** — *бес нөмірлік, жарығы әлсіз шам.*

БЕСІК 1. *Жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш төсек.* 2. *Ауыс. Өскен орта, мекен, ата қоныс.* Ел іші — алтын ***бесік*** (Мақал). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің тұңғыш шыққан жері.* Үндістан — би ***бесігі*** (Сатыбалдин). □ **Бесік жыры** — *жас нәрестені жұбатып, алдарқататын сазды ән.* **Бесік құда** — *балалары бесікте жатқан кезінде атастырылып құда болысқан.* ◊ **Бесік табы кеппеген** — *әлі балғын, жас.* **Бесіктен белі шықпаған** — *есеймеген, буыны қатпаған.*

БЕСІКСАЛАР *этногр. Жас нәрестені алғаш бесікке бөлегенде жасалатын кәделі ырым.*

БЕСІКСІЗ 1. *Бесігі жоқ.* 2. *Ауыс. баласыз, перзентсіз. Бесіксіз* үйде береке жоқ (Мақал).

БЕСІКТЕЙ *Бесік тәріздес.* Серіппелі ~.

БЕСІКТІ 1. *Бесігі бар.* 2. *Балалы, сәбилі.* — ***Бесікті*** болған адамсың (Т. Әлімқұлов). **Бесікті мотоцикл** — *жан-жағы қоршаулы, отыруға ыңғайланған мотоцикл қорабы.*

БЕСІН 1. *Түс ауып, күн еңкейген кез.* Үлкен ~. кіші ~. 2. *Күні бойы оқылатын намаздың екіншісі, түстен кейін оқылатын намаз.*

БЕСІНДІК *Бесін мезгілі.* Күн ***бесіндікке*** қарай шалқалады (Иманбаев).

БЕСІНШІ 1. *Бес санының реттік түрі.* Ақаттың баласы ***бесінші*** класта оқиды (Баязитов). 2. *Аптаның бесінші күні; жұма.* Аптаның әрбір ~ күні газеттерден қызықты мақалалар оқимыз.

БЕТ 1. *Адам басының алдыңғы жағы; жүз.* Ол ~ін сүртті. 2. *Адамның өзіндік түрі, түс-келбеті.* ***Бетім*** барда бетіме кім шыдар деп, Кімі паңдау болады, кімі тантық (Абай). 3. *Белгілі бір заттың үстіңгі жағы; өңі, жоғарғы қабаты.* Үстелдің ~і, көлдің ~і. Түскиіздің ең үлкен ***беті*** де бөлек-бөлек оюластырылады (Қасиманов). 4. *Кітап, дәптер парағының әрбір жазылатын жағы.* Әр ***бет*** — әсем әңгіме, Әр бет — адам тағдыры (Сейітов). 5. *Белгілі бір бағыт, бағдар.* Бұл шайырдың өз ***беті***, өз жолы бар (М. Әуезов). 6. *Таулы, қыр-қыратты жердің құлама жағы, беткейі.* Төбе, төбешіктердің күңгей ~і қарауытып жатты. 7. *Ауыс. -ған, -ген тұлғалы есімшемен тіркесіп, белгілі бір мерзімді, шақты білдіреді.* Ол кезде Сара оныншы класты бітірген ***беті*** болатын ("Лен. жас"). 8. *Ауыс. Қалып, күй, тұр.* Рәзия Абаттың көңіл қошын біліп отырған ***беті*** еді (Б. Тәжібаев). ◊ **Бет моншақ** — *сәукеленің екі шеке тұсынан төрт елідей тағылған моншақ.* **Бет алды** — а) *бағыт ұстады, беттеді;* ә) *кім көрінген, белгісіз біреу;* б) *қалай болса солай, жөн-жосықсыз.* **Бет алдыңнан жарылқасын** *(тілек)* — *жолың болсын, сәт сапар.* **Бет аудармады** — *жаңылмай тура шықты.* **Бет бақтырмады** — а) *беттетпеді, маңайлатпады;* ә) *бой бермеді; көнбеді.* **Бет бұрды** — а) *бағыт алды, беттеді;* ә) *ыңғай көрсетті, қарады.* **Бет жоқ** — *арсыз, ұятсыз.* **Бет жыртысты** — *ұрысты, таласты.* **Бетке таңба басылды** — *қорланды, ұятқа қалды.* **Бетке ұстады** — а) *белгілі бір бағытты нысанаға алды;* ә) *сүйеніш етті, тірек етті.* **Бетке шығар** — *таңдаулы, көрнекті.* **Бетке шіркеу болды** — *кір келтірді, ұятқа қалдырды.* **Бет қаратпады** — а) *бұрылуға мұрша келтірмеді, бас алдырмады;*

ә) *аузын аштырмады, сөйлетпеді.* **Бет моншағы үзілді [төгілді]** — *қымсынды, батылы бармады.* **Бет пердесін ашты** — *әйгіледі, әшкереледі.* **Беттен алды** — *қарсы тұрды, қарсыласты.* **Беті ауды** — *көңілі кетті.* **Беті шыдамады** — *беті қайтты.* **Беті бері қарады** — *аурудан айыға бастады.*

БЕТ-АЖАР *Адамның бет-пішіні, тұрқы.* ~ы бір түрлі.

БЕТ-АУЫЗ *Бет құрылысы, бет пішіні, аузы-мұрны.* ~ын қан қылды, ~ы бұлк етпеді.

БЕТАШАР *Жас келінге жаңа туыстардың алыс-жақындығын паныстырып, ізгі тілектер айту дәстүрі.*

БЕТ-ӘЛПЕТ 1. *Түр-түс, кескін-келбет. Бет-әлпеттен* ештеңені айыра алмадым (Кекілбаев). 2. *Беталыс, бағыт-бағдар.* Терминдерден сол дәуірдің ~ін байқауға болады.

БЕТ-БЕДЕЛ *Ықпал, абырой.* Ол әкенің ~ін жамылып оқуға түсті.

БЕТ-БЕДЕР *Кескін-келбет, бейне, көрініс.* Өлкемнің *бет-бедеріне* еміредім (Қанахин).

БЕТ-БЕЙНЕ 1. *Бет-пішін, бет-әлпет, түр-нұсқа. Бет-бейнесі* адамға ұқсас (Машанов). 2. *Сыртқы көрініс, бейне.* Тәуелсіздік алғалы Республикамыздың ~сі керемет өзгерді 3. *Бағыт-бағдар, мақсат.* Бұл дәуір өз *бет-бейнесін* әлі айқын таныта алмай келеді. (Д. Досжанов).

БЕТ-БЕТІМЕН 1. *Әркім өз бетімен, беті ауған жаққа.* Жігіттер *бет-бетімен* қашып кетті (Шарипов). 2. *Өз алдына, жөн-жөніне.* Қымызға бөртіп алғандар *бет-бетімен* гу-гу етеді (Қазыбеков).

БЕТ-БЕТІНЕ *Әрқайсысы әр жаққа, өз бетінше.* Үңгірге келісімен олар *бет-бетіне* қисая кеткен (Жүнісов).

БЕТБҰРЫС *Жаңаша бет алыс, өзгеріс, тың бағыт.* Тың талай ~тар жасағаны белгілі.

БЕТЕГЕ I *Малға жұғымды боз, ақ селеу, шөп.* ◊ **Бетегеден биік, жусаннан аласа** — *момын, момақан, жуас.*

БЕТЕГЕ II *мед. Қанның сарысуының іш қуысына сарқылып жиналуы; іш шемені.*

БЕТЕР *Одан ары, әрмен, жаман.* Бұрынғыдан ~, одан ~.

БЕТ-ЖҮЗ *Бет-бейне, бет-ауыз, түр-тұрпат.* Қыздың *бет-жүзі,* түр-тұлғасы таныс (Қабдолов). ◊ **Бет-жүзге қарамады** — *пікірін ашық айтты.* **Бет-жүзің (бетің бар, жүзің бар) демеді** — *бетіне тура айтты, қысылып-қымтырылмады.*

БЕТКЕЙ *Таудың беті, құлама жағы, баурайы.* Ол ~де жайылып жатқан малға қарады.

БЕТКЕЙЛІ *Күнгейі мол, бөктерлі.* Аудан жері таулы, ~.

БЕТКЕЙЛІК: бір беткейлік — *айтқанға көнбеушілік, қайсарлық, бір жақтылық.*

БЕТКІ *Жоғарғы, үстіңгі жақ.* Судың ~ қабаты.

БЕТОН *Тас, құм, цементтен дайындалатын құрылыс материалы.* ~ заводы.

БЕТОНДА *Бетон құю.* Құдықты Володя ~п жатыр.

БЕТОНШЫ *Бетон құюға шебер, маман адам.* ~ болып істейді.

БЕТПАҚ I 1. *Айтқанға көнбейтін қиқар, қисық, долы, бір беткей.* Бұл *бетпақ* тілін тартпайды (Серәлиев). 2. *Ардан безген, бетсіз, жүзі қара.* Беті ашылған *бетпақ* шабынып түр (Т. Әлімқұлов).

БЕТПАҚ II *Елсіз, сусыз, құла дүз. Бетпақтың* жонына шығып кеткен жолаушылар шөлдей бастады (О. Сәрсенбаев). ◊ **Бетпақ дала** — *мидай сусыз, шөл дала.*

БЕТПАҚТАН *Көгеріп-сазарып долдану, арсыздану.* Дәмеш онан ары *бетпақтана* түсті (Ө. Әбішев).

БЕТПАҚТЫҚ *Арсыздық, ұятсыздық.* ~қа салынып, ашуға қайта мінді.

БЕТПЕ-БЕТ 1. *Жүзбе-жүз, көзбе-көз.* ~ кездесті (сөйлесті). 2. *Бетімен бет, толы, шұпілдеме.* ◊ **Бетпе-бет келмеді** — *қарсы келмеді, сөз қайтармады.*

БЕТ-ПІШІН *Бет-әлпет, бет-бейне, келбет.* Олақтың *бет-пішіні* шешесіне ұқсас (Сарғасқаев).

БЕТПЕРДЕ *Адамның бет-жүзін жасырып тұратын арнайы жапсырма, маска.*

БЕТСІЗ *Ардан безген, ұятсыз.* Бұл не деген ~ еді?

БЕТСІЗДІК *Ұятсыздық, арсыздық.* Қандай ~. Не деген ~.

БЕТТЕ 1. *Белгілі бағытқа қарай жүру, бет алу.* Мәдихан сыртқа *беттеді* (Бақбергенов). 2. *Кітаптың бетін нөмірлеу, бетін қою.* Қолжазбаны ~дік. 3. *Бетін ашу, парақтау.* Ақын жырын бірге оқып, бір *беттеген* (Мырзалиев). ◊ **Беттей алмады** — а) *тамаққа зауқы соқпады;* ә) *жақындамады, жуымады.*

БЕТТЕС I 1. *орт.етіс. Бетте-с.* 2. *Екі заттың бір-бірімен дәл келуі, қиюласуы.* Бағаналы ткань эпидермис клеткаларына *беттесе* жатады (Мұсақұлов). 3. *Бетпе-бет келу, кездесу.* Бөжей мен өз әкесінің *беттесіп* отырғанын көруден ұялғандай (М. Әуезов). 4. *Кінәсін мойнына қою, кінәласу. Беттескен* соң, мойнына алуға мәжбүр болды (Жанкелдин).

БЕТТЕС II *Ұқсас, тәріздес.* Шошқаның шұжығы *беттес* семізше саудагердің дүкенінің алдына келді (Жансүгіров).

БЕТТЕТПЕ 1. *өзг. етіс. Бетте-т.* 2. *Жуытпау, маңайлатпау.* Жауынгерлер жау танкісін өзімізге қарай *беттетпеді* (Қайсенов).

БЕТТЕУШІ *Кітап бетін ретке келтіруші.*

БЕТТІ 1. *Беті шарадай, үлкен.* Жазық маңдай, кең *бетті* (Дастандар). 2. *Ауыс. Өткір, өжет.* Тілді де, *бетті* әйел бұл жолы шын ерлік жасады. ◊ **Алма бетті** — *көрікті, ажарлы.*

БЕТТІК *Бетке жуық, беттей.* Жарты *беттік* қысқаша шолу жаздым (Арыстанов).

БЕТТІЛЕУ *Өткірлеу, өжеттеу.* ~ жігіт.

БЕТТІЛІК *Өжеттілік, өткірлілік, батылдық.* Ол Жаяу Мұсаның тапқырлығына, *беттілігіне* қуанды (Әбілов).

БЕТІ-ҚОЛЫ *Бет пен қол.* ~н жуды.

БЕТІМ-АЙ *Таңырқап, ұялғандықты білдіретін сөз. Бетім-ай,* жұрттан ұят (Ахтанов).

БЕТІМЕН 1. *Бетінше, өз алдына, бет-бетімен. Бетімен* жайылып жүрген бір ел (Ғ. Мүсірепов). 2. *Өз еркі, ырық, ықтияр.* Баланы ~ қоя беруге болмайды. 3. *Бостан-босқа, бекер.* Сен оны түсінбей тұрып *бетімен* ренжисің (А. Жүнісов). ◊ **Бетімен кетті** — *қалай болса солай, бытырады.* **Бетімен кеткен** — *тежеусіз, тыюсыз, жүгенсіз.*

БЕТІМЕН-БЕТ *Шұпілдеме, толы.* Шелекте ~ сүт тұр.

БЕТІНШЕ *Өз бетімен, қалай болса солай.* Ол ~ сөйлеп келеді.

БЕУ 1. *Әттең, қайран деген мағынаны білдіреді.* ~ жастық-ай (дүние-ай). 2. *Пах, шіркін, о, оу, әу,*

ей сияқты көңіл-күйді білдіретін сөз. ***Беу,*** кімді көріп тұрмын, ей? (Жәкенов). ***Беу,*** Қанипаның көкесі, мында кел (С. Омаров). 3. *Қап, тұу сияқты өкінішті білдіретін сөз.* ***Беу,*** Ертай-ай, сен де бөгей бердің-ау (Майлин).

БЕШПЕНТ *Кеудеге киетін астарлы жеңіл сырт киім.* Достың үстінде ақ жібек ***бешпент*** (Т. Әлімқұлов).

БЕШПЕНТШЕҢ *Бешпент киген қалпында.* ~ далаға шықты.

БЕЯПАР *Мазасыз, беймаза; жағымсыз.* Ол ~ адам. Жігіттің жексұрын ***беяпарлау*** даусы құлаққа жетті (Есенберлин).

БИ I *тар.* 1. *Дау-жанжалға бітім айтып, төрелік жасаушы, ел ішіндегі әділ қазы, ру басы.* Ақжол ***би*** бұның бас уәзір болмауына көп ой салған (Есенберлин). 2. *Үстемдігі басым әкім, қожа.* Әйел шал күйеуіне ***би*** екен (Тоғысбаев).

БИ II *Дойбы кестесінде төрге шыққан дойбы тасы.* Орекең қос үйдегі тасын ***биге*** бір-ақ шығарды (Сәрсекеев).

БИ III *Музыка ырғағына сай дене қимылымен бейнеленетін өнер түрі.*

БИБЛИОГРАФ *Библиография маманы.*

БИБЛИОГРАФИЯ 1. *Кітаптар мен газет-журналдардың мазмұнын ғылыми тұрғыда сипаттап жазу және олардың тізімін көрсету.* 2. *Кітаптардың көрсеткіші.*

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ *Библиографияға тән, соған лайық.* ~ көрсеткіш.

БИБЛИЯ *діни. Еврейлер мен христиан дінінің діни кітабы, таурат.*

БИ-БОЛЫС *көне. Билер мен болыстар, ел билеушілер.*

БИБІ *көне.* 1. *Ханым, бәйбіше.* Ол ишанның үлкен ***бибісі*** екен (Тоқмағамбетов). 2. *Діни құрмет ретінде әйел есіміне жалғаса айтылатын сөз.* ~ Фатима.

БИДАЙ *Астық тұқымдасына жататын, ең маңызды тағамдық дақыл.* Сол дақылдың дәні, тұқымы. □ **Жаздық бидай** — *тұқымы көктемде себіліп, жазда не күзде пісетін бидай.* **Күздік бидай** — *тұқымы күзде себіліп, қар астында қыстап, ерте жазда пісетін бидай.* **Қара бидай** — *сыртқы масағы, қауызы мен қылтаны қарайып көрінетін бидай.* **Бидай көже** — *ақталған бидайдан жасалатын сұйық тағам.* ◊ **Бидай өңді** — *ақкүба, ашаң жүзді.*

БИДАЙЫ *Жастықтың не ішіктің т. б. тысының астарына салатын қосалқы жұқа мата.* Айжан ***бидайына*** түйенің жүнін салдырып, сырылған желет тіктірді (С. Мұқанов).

БИДАЙЫҚ I *Астық тұқымдас көп жылдық жабайы өсімдік.*

БИДАЙЫҚ II *Қаршыға тұқымдас, ең қыран құс.*

БИДАЙЫҚТАЙ *Бидайық сияқты.* ~ бұлтылдап. ◊ **Бидайықтай қуырды** — *жан алқымға алды, қысты.*

БИДАЙЫЛА *Бидайымен қаптау, астарлау.* Қызыл шүберекпен ***бидайылаған*** екі жастық (Сейфуллин).

БИЕ *Жылқының құлындайтын ұрғашысы.* □ **Бие ағытар** — *күзде бие сауымын тоқтату кезі.* **Бие бау** — а) *құлын байлайтын желі, қазыққа керілген арқан;* ә) *бие байлауға ыңғайлы көк майса, шөбі шұйғын жер.* ◊ **Бие сауым жер** — *қашық емес, ауыл маңы.* **Бие сауым уақыт** — *сауым аралығындағы мезгіл.*

БИЕБАЙЛАР *этногр. Алғаш бие байланған кезде ауылдастарды шақырып, тамақ беретін дәстүрлі әдеті.*

БИЕМШЕК *Биенің емшегіне ұқсас далада өсетін тәтті өсімдік.*

БИЕШІ *Бие сауатын адам.* Олар Тектіғұлды ***биеші*** етісті (М. Әуезов).

БИКЕ *Әйелді құрметтеп атау.*

БИКЕШ I *Бойжеткен қыздар мен жас әйелдерге айтылатын мәдениетті ибалы сөз.* Жас ***бикештің*** жүзі алабұртты (Әлімжанов).

БИКЕШ II *астр. Күн мен түннің теңелу нүктесі орналасқан шоқжұлдыз.*

БИҚАСАП *Жібектен тоқылған енсіз мата.*

БИҚАТ *көне. Қатты, ауыр.* Мұнда көрдім мехнат, Машақат көрдім мен ***биқат*** (Батырлар жыры).

БИЛЕ I *Би билеу, биді орындау.* Ән айтып, би ***биледік*** (Шамкенов).

БИЛЕ II *Билеп-төстеу, үстемдігін жүргізу.* Ол Мәдинаны өзі ***билеген*** (Тоқжігітов). 2. *Басшы болу, басқару.* Қашанда дана адам ел ~***йді***. 3. *Басқа шығу, басыну.* Жаман үйді қонағы ***билейді*** (Мақал).

БИЛЕП-ТӨСТЕ 1. *Үстемдігін жүргізу, бағындыру.* Риддерді ағылшын капиталисі ***билеп-төстеген*** (Мәдиев). 2. *Өз дегенін істеткізу, ырқына көндіру.* Бұл бір ауылды ~ген адам.

БИЛЕП-ТӨСТЕГІШ *Үкімін жүргізгіш, билегіш.* Ол бөгде ~ менмен.

БИЛЕТ 1. *Бір нәрсені пайдалану үшін берілетін құжат.* Автобус ~і, концерт ~і. 2. *Белгілі бір ұйымға қатыстықты білдіретін құжат.* Кәсіподақ ~і. 3. *Емтихан тапсырушыға қойылған сұрақтар жазылатын қағаз.* Әдебиет пәнінің ~і, ботаника пәнінің ~і.

БИЛЬЯРД *Арнайы стол үстіндегі шарларды арнаулы таяқшалармен атып, торлы ұяларға түсіретін ойын; тасқаяқ.*

БИЛІК 1. *Басқарушылық, басшылық, үстемдік, қожалық.* Қазір бар ***билік*** Абылайға көшті (Есенберлин). ***Билік*** әлі шалда екен (Жұмақанов). 2. *Билердің айтатын төрелігі, шешімі.* Іс қараған билер ***билік*** айтқаны үшін ақы алған (ҚСЭ). 3. *заң. Қылмысты іс жөніндегі шығарылатын үкім.* Халық соты істі ақтара тексеріп, ***билігін*** шығарды (Қыдырбекұлы). 4. *Жарлық, бұйрық, әмір.* Өзіңе-өзің ***билік*** жасауға кішкентайыңнан үйрен (М. Әлімбаев). 5. *Ерік, ықтияр.* Малда ерік, баста ***билік*** қалмады (Жансүгіров). ◊ **Билік айтты** — *ақыл-кеңес берді, төрелік айтты.* **Билік ақы** — *билік айтқаны үшін билерге берілетін ақы.* **Билік жүргізді** — *әмірін өткізді.* **Билік құрды** — *басқарды, билеп-төстеді.*

БИМАҒЛҰМ *Анық емес, белгісіз.* Қыз сырқаты ***бимаглұм*** (Ж. Молдағалиев).

БИНОМ *мат. Әріптер арқылы бейнеленген екі санның қосындысы не айырымы.*

БИНТ *мед. Жараны таңуға арналған жіңішке ақ дәке.*

БИНТТЕ *Бинтпен орап байлау, тану.*

БИОКОМБИНАТ *Биологиялық препараттар жасалатын мекеме.*

БИОЛОГ *Биология ғылымының маманы.*

БИОЛОГИЯ *Тірі табиғаттар туралы ғылымдар жиынтығы.*

БИОНИКА *Инженерлік бағытта шешетін биология мен техника бірлігіндегі ғылым.*

БИОСФЕРА *астр. Тірі организмдердің әрекетін көрсететін жер қабаты.*

БИОТОК *Адамның миындағы әлсіз электр тогы.*

БИОХИМИК *Биохимия ғылымының маманы.*

БИОХИМИЯ *хим. Тірі организмнің химиялық процестерін зерттейтін ғылым.*

БИПАЗ 1. *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* Жаңа жеңгемнің *бипаз* қолы ескі бұйымдарды жамап-жасқап жаңғыртты (Соқпақбаев). 2. *Биязы, сыпайы, кербез.* Айша әйелдің сүйкімдісі, мінезі биязы, *бипаз* (Шашкин).

БИПАЗДА 1. *Баппен әдемілеу, мәнерлеу, сәндеу.* Атам нанды *бипаздап* турап кесті (Соқпақбаев). 2. *Әңгімені биязылап әдемілеп айту, жеткізу. Бипаздап* сөйлеген Қарасай Райханды көргенде, тілі күрмеліп қалды (С. Жүнісов).

БИПАЗДАУ *Шаруаға ыңғайлы, икемділеу.* Әлі ~ адам.

БИПАЗДЫҚ *Биязылық, бипаз болушылық.* Орынсыз ~ты жек көретін.

БИПАҢДА *Батылы жетпей тайсақтау, қипалақтау.* Жас қыз ~п біраз тұрды.

БИПЫҢДА *Басқан ізін білдірмей мәймең қағу, жорғалау. Бипыңдап* биші башпайлар, Тигізбей жерге өкшені (Әбілов).

БИРЖА *Сұраныс пен ұсыныс негізінде товарлармен сауда жасайтын немесе қызметкерлерді жалдаумен айналысатын, нарықтық ұйымдастыру формасы.*

БИРЖАШЫ *Биржа иесі.* ~лар қатты үрейленді.

БИТ 1. *Адамның, жан-жануарлардың қанын соратын жәндік.* 2. *Өсімдік жапырақтарының шырынын соратын зиянды құрт.* Бақша ~і. ◊ **Битке өкпелеп тонынды отқа салма** — *жоқтан өзгені сылтауратып, өз үлесіңнен қағылма д. ж.* **Бит тағалады** — *асқан шебер.* **Бит терісінен биялай тоқыды** — *жоқтан бар етті, ұқсатты.* **Биттің қабығындай** — *өте жұқа.* **Бит шаққандай болмады [көрмеді]** — *бұйым көрмеді, елемеді.* **Биті балағына түскен** — *нағыз жарлы, кедей.* **Битін салды [төкті]** — *ашқарақтанды, құныға жеді.* **Битін сығып, қанын жалады** — *жарымады, жаландады.* **Биті торғайдай, мойны ырғайдай болды** — *жадап-жұдеді, азып-тозды.* **Бит ішіне қан құяды** — *өзгенің білмегенін білетін айлакер.*

БИТТЕ *Денеге бит түсу, бит қаптау.* Жігіттер *биттеп* кеткен (Жансүгіров).

БИТТЕЙ 1. *Бит тәрізді кішкентай, кішірек.* ~тесік (ыдыс). 2. *Сәл, азғана, кішкентай.* Қазанғап *биттей* аумастан ауылға жетті (F. Мұстафин).

БИТТЕП-ҚҰРТТАП *Әбден жұдеп-жадап, азып-тозып.* Абақтыда ~ жүрген адамдар да табылады.

БИТШЕҢ *Биттегіш, биті көп.* ~ адам.

БИФШТЕКС *Қақтап қуырылған сиыр еті.*

БИШІ *Би өнерімен шұғылданушы, биді жақсы билеуші.*

БИШІКЕШ *қарап. Әкімсымақ, бисымақ.* Қайыны сол ауылдың ~і.

БИШІЛ 1. *Білікті ұнататын, әкімдікке, биеуге құмар. Бишіл* ерке қыз келді. 2. *жерг. Жорға, жүйрік. Бишіл* ат мінген (Сатыбалдиев).

БИЫЛ *Осы жыл, биылғы жыл.* Балам *биыл* оныншы бітіреді (Баяндин).

БИЫЛҒЫ *Осы, үстіміздегі жыл, биыл.* ~ егін жауын, ауа райы).

БИЫЛША *Биылғы жыл біткенше, биылға.* Мадияр *биылша* курортты қойды (С. Омаров).

БИІК 1. *Асқар, заңғар, зәулім. Биік* таулар үнсіз, күңгірт тартқан (Сағымбаев). 2. *Төмен емес, жоғары.* Оның даусы ~. 3. *Өте жоғары, көп қабатты.* Мен ~ үйде тұрамын. 4. *Ауыс. Атақ-дәрежесі зор, мәртебелі. Биік* мансап — биік жартас (Абай).

БИІКТЕ 1. *Биікке көтерілу, шығу, жоғарылау.* Бір таудан бір тау *биіктеп* барады (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Алға басу, өрлеу, даму.* Колхоз дәулеті шалқып, *биіктеп* алған (Иманжанов). 3. *Ауыс. Дәрежесі арту, асу.* Ар жағында генералдық чині таяу, дәреже *биіктей* береді (С. Мұқанов).

БИІКТЕУ *Басқалардан жоғарылау, биігірек.* ~ жер (ағаш, бой).

БИІКТІК 1. *Жоғарылық, зәулімдік.* Сегіз мың метр *биіктікте* ұшып келеміз (Қайсенов). 2. *геом. Фигуралардың төбесіне түсірілген перпендикуляр кесінді, не осы кесіндінің ұзындығы.* Теңбүйірлі үшбұрыш *биіктігінің* қасиеті және түзудің осьтен айналуы ("Халық мұғ."). 3. *Ауыс. Зор болушылық, артықшылық.* Білімнің *биіктігіне* сеніп, емтиханға дұрыс әзірленбеді (Жұмаханов).

БИІКШЕ *Сәл биіктеу.* ~ шоқы (тау).

БИЯЗЫ 1. *Нәзік, жіңішке, жұмсақ.* Жүні *биязы* болғанымен, мәліш қой суыққа төзімсіз келеді (Өмірбеков). 2. *Ауыс. Сыпайы, әдепті.* Мұғалім неғұрлым қарапайым, ~ болса жарасымды.

БИЯЗЫЛА 1. *Үлпілдете тұту.* Жүнді *биязылап* сұрыптау жұмысы бірбеткей жүргізілді (Ермеков). 2. *Ауыс. Әдеп сақтау, сыпайылық көрсету, бипаздау.* Мен *биязылай* келіп, қыздан жөн-жосық сұрадым (М. Әлімбаев).

БИЯЗЫЛЫҚ *Биязы болушылық, нәзіктік.* Жүннің ~ғы жоғары, ~ көрсетті.

БИЯЛАЙ *Матадан не былғарыдан тігілген саусақты қолғап.* ~ын шешті.

БЛАНК *Ара-арасында текст жазылған, ал ашық жерлері қолмен толтырылатын қағаз.*

БЛИНДАЖ *Бомбадан, снарядтан қорғану үшін жасалатын бекініс.*

БЛОК *саяси. Саяси-әлеуметтік топтардың өз ара келісімі, одағы.* Солтүстік Атлантика соғыс *блогы* құрылды (Нұрқанов).

БЛОКНОТ *Ықшамды, шағын қойын дәптер.*

БОБЫРА 1. *Жібі бос тоқылу, босау.* Тоқыған тоқымасы ~ тұр. 2. *Үйпа-түйпасы шығу, қобырау.* Шашы *бобырап* маңдайына түскен (Жүнісова).

БОҒАУЫЗ *Былапыт, әдепсіз, бейпіл сөз.* Қайрақбай еркек балаларға *боғауыздың* неше түрін үйретеді (С. Мұқанов).

БОҒАУЫЗШЫЛ *Былапыт сөзге үйір, боғауыз айтқыш.* ~ адам.

БОҒЖАМА *Қолдан тігілген боқша, дорба.* Сатуда шебер әйелдердің тоқыған *боғжамалары* көп (М. Әуезов).

БОҒМОЛА *бот. Улы саңырауқұлақ әсерінен болатын мал дерті.*

БОДА-БОДА *Ағыл-тегіл, дода-дода.* ~сы шығып жылады.

БОДАН *Бағынышты, тәуелді.* Жаңа заманда еріксіз *боданын* жасыра алмады (Есенберлин).

БОДАНДЫҚ *Еркі жоқтық, тәуелділік.* ~қа 85 жыл толыпты.

БОДАУ I *Бір нәрсенің төлеуі, өтеуі.* Атының ***бодауына*** биенің құлынына ен салды (Жәкенов).

БОДАУ II *Үлкен лөкет пышақ. Бодаумен* нан турады.

БОДЫРА *Үйпа-тұйпасы шығу, қобырау.* Гүлжанның шаштары ***бодырап*** кетті (Мұстафин).

БОЖБАН: божбан қара — *қожыр қара, шой қара (адам).*

БОЖЫ I *Арбаға, шанаға жегілген атқа бағдар беріп жүргізіп отыратын делбе.* Қарт қасқа аттың ***божысын*** қақты (Нұршайықов).

БОЖЫ II 1. *Тағамдардың қатты ашып, бүлініп кетуі.* Кешегі тамақ -п кетіпті. 2. *Пышырау, қожырау, берекесі кету.* Кейбіреудей ***божып*** кеткен жоқ (Ақышев).

БОЖЫЛА *Божымен айдау, жүргізу, божы тағу.* Кейде шанасын сықырлатып, жеккен түйесін ***божылап,*** "шу-шу" дейді. (М. Әуезов).

БОЖЫЛДА *Бұрқ-сарқ етіп қайнау, бұрқылдау.* Самауыр ***божылдап*** қайнай бастады (Мұратбаев).

БОЖЫРА *Қожырау, үнжырғасы түсу, салбырау.* Болат бол, болған іске ***божырама*** (Т. Ізтілеуов).

БОЗ I 1. *Ақшыл, қылаң түс.* - бие (үй, інген). 2. *Боз ала таң, таң сәрі.* -дан тұрып қайда барасың? □ **Боз арша** — *бұта түрінде өсетін мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш.* **Боз қырау** —*күзгі ауаның тоңазуынан болатын жұқа қар, шық.*

БОЗ II *Бетегелі, изенді, селеулі ақ дала.* Малды ***бозы*** қалың бетегелі белдерге шығарады (М. Ермеков). **Боз жусан** — *жусан тектес көп жылдық өсімдік.* **Боз изен** — *алабұта тұқымдас бір жылдық өсімдік.*

БОЗА *Көбіне тарыдан ашытып қолдан жасалған сусын, ішімдік.*

БОЗАҚОР *Бозақұмар, боза ішкіш.*

БОЗАЛАҢ *Қылаң, ақшыл, бозғылт.* - сәуле, - бақтың іші. **Бозалаң тартты** — *бозғылданды, ағарды.*

БОЗАМЫҚ *Бозғылт, ақшылтым.* Жаз айының ***бозамық*** түні (Тоқтаров). **Бозамық тартты** — *бозғылт тартты, қылаң берді.*

БОЗАМЫҚТАН 1. *Ақшыл тарту, бозару.* Аспан ***бозамықтанып*** түр (Тоқаев). 2. *Таң қылаңдану, құлан иектену.* Айнала ***бозамықтанып,*** ауыл біртіндеп түндіктерін ашып жатыр (Найманбаев).

БОЗАМЫҚТАУ *Бозғылттау, қылаңдау.* Ай ***бозамықтау*** сәуле төгіп түр (Мұртазаев).

БОЗАҢ I 1. *Ақшыл, қылаң (түс).* Аспандағы жартыкеш ай ***бозаң*** (Асабаев). 2. *Таң сәрі, алагеуім.* Қара торғай ***бозаңда*** әнге басты (Есенберлин). ◊ **Бозаң** — а) *ақшыл тартты, бозғылданды;* ә) *өңі қуқыл тартты.*

БОЗАҢ II 1. *Құрғақ, сортаңды жер.* Боз, жусан дала, ***бозаң*** қыр (Бақтыгереева). 2. *Сортаң жерде түп-түп болып өсетін ақ селеу шөп.* Ол ***бозаңның*** түбіне бой тасалап тығылды (Сүндетов).

БОЗАҢДАУ 1. *Бозғылттау, ақшылдау.* Түйенің еті тауықтың етіндей ***бозаңдау*** екен (Қанахин). 2. *Өңі ақшылдау, қуқылдау.* Қоңырқай жүзі әдеттегісінен ***бозаңдау*** көрінді (Аманшин).

БОЗАҢЫТ *Ақшыл тарту, бозғылттану.* -қан сәуле.

БОЗАР 1. *Бозғылттану, ақшылдану.* Көк жиегі -ды. 2. *Өңі қашу, түсі бұзылу.* Түсі өзгеріп, өңі қашып, ***бозарып*** кеткен (Мағауин).

БОЗАРАҢ: бозараң тартты — *сәл жарық бола бастады.* Үй-іші ***бозараң*** тартты (Н. Ғабдуллин).

БОЗАРАҢДА *Ақшылтым тарта бастау.* Таң ***бозараңдайды*** (Арыстанов).

БОЗАРЫҢҚЫ *Бозғылт, бозғылтым.* Жүзі - тартқан.

БОЗАШЫ *Боза ашытатын адам.* - қырғыз жігіті келді.

БОЗБАЛА *Жігіт-желең, жасөспірім, үйленбеген жас жігіт.*

БОЗБАЛАЛЫҚ *Жастық шақ, жігітшілік кез.* -қа бой ұрды.

БОЗБАЛАША *Бозбалаға ұқсас, жас жігітше.* - киінген.

БОЗБАЛАШЫЛЫҚ *Ойын-күлкіге бой ұрушылық, жігітшілік.*

БОЗБАС *Тәжірибесіз, жас, балаң.* Әлі ештеңе білмейтін - жігіт.

БОЗҒАЛДАҚ *жерг. Көктемде қар кете салысымен шығатын ақшыл, боз түкті гүл, жауқазын.* Көктемнің алғашқы гүлі ***бозғалдаққа*** көзім түсті (О. Сәрсенбаев).

БОЗҒАНАҚ *Құрғақта өсетін дәні бар шөп.*

БОЗҒЫЛ 1. *Ақшыл, бозамық, бозғылт тартқан.* - көде (шымылдық). 2. *Өңі қашқан, сұрғылт. Бозғыл* Айтан қып-қызыл болып кетті (Есенжанов).

БОЗҒЫЛДАН *Ақшыл тарту, бозару.* Өңі -ды, таң -ды.

БОЗҒЫЛТ 1. *Бозамық, ақшыл келген.* - топырақ (түс, аспан). ◊ **Бозғылт тартты** — а) *өңі қашты, бозарды;* ә) *бұрыл тартты, ағарды.*

БОЗҒЫЛТТАН *Ала көлеңкелену, бозару.* Таң -ды.

БОЗҒЫЛТЫМ *Боз түске жақын.*

БОЗДА 1. *Түйенің зарлап ұн шығаруы.* Нар -п барады. 2. *Еңіреу, зарлап жылау.* Шал ***боздап*** отыр (Бегалин). 3. *Бір қалыпты үзбей, тоқтамай дыбыс шығару.* Завод гудогі ***боздап*** тұр (Шаймерденов).

БОЗДАҚ I *Түйе түлеген соң жаңадан шығатын жұмсақ үлпа жүн; ботаның жақ жүні.* Жабағының астынан ***боздақ*** деп аталатын үлпілдек жүн өседі (Қасиманов). ◊ **Боздағы шықты** — *тоңғаннан, жүдегеннен жақ жүні үрпиді.*

БОЗДАҚ II *Ер азамат, жас жігіт.* Өңшең - машинаға мінді.

БОЗДАҚ III *Үлпілдек жүнді түлеңнің күшіктері.*

БОЗДАТ *өзг. етіс. Бозда-т.* 1. *Қатты жылату, еңіретү, зарлату.* Өліктер жатқан үйдің жанында ***боздатып*** қойды (Д. Әбілов). 2. *Өнді шырқату, өлең-жырды зулату.* Өнді -ып қоя берді.

БОЗДАУЫҚ *Зарлы ұн шығаргыш, боздағыш.* - түйе.

БОЗДЫ *Боз өсетін, бозы бар.* - жер.

БОЗҚОНАҚ *Шабындық немесе малға жұғымды дақыл өсімдік.*

БОЗӨКПЕ I *вет. Қойда болатын кесел, дерт.*

БОЗӨКПЕ II *Жуас, жасық, ынжық.* Інісі бір - көрінеді (Жұмаділов).

БОЗТАЛ *Бұтақтары өте жіңішке майысқақ, жас тал.*

БОЗТОРҒАЙ *Негізінен жазық даланы мекендейтін боз түсті, сайрағыш құс.*

БОЗШАҒАЛА *Шағала тұқымдас құс.*

БОЗШАҒЫЛ *бот. Құрғақ аймақты жайылымдықта өсетін көпжылдық шөптесін өсімдік.*

БОЙ 1. *Адам мен жан-жануарлардың тік тұрғандағы дене тұрқы, ұзындығы.* Қодардың ***бойы***-он кез (М. Әуезов). 2. *Тұла бой, дене.* ***Бойымды*** өрт алып бара жатқандай (Тәжиева). 3. *Өзен, көше, жол, сай тағы басқа нәрселердің жағасы, жиегі.* Олар Бұқтырма өзенінің ***бойында*** тұрады (Есенберлин). 4. *Ауыс. Сырт киімнің алдыңғы, артқы өңірі.* Тонының сыртқы ***бойы*** дар етіп жыртылды (Тоғысбаев). 5. *Есім сөздермен тіркесіп белгілі бір мерзім біткенше деген мағынаны білдіреді.* Кеш ~ы, түн ~ы, жыл ~ы. 6. *Есімше формасымен тіркесіп, амал-әрекеттің алғашқы шағын немесе өзгермейтін қалып, күйді білдіреді.* Үндемеген ~ы қала берді. 7. *Есім сөздермен тіркесіп салыстырмалы өлшеу ұғымын білдіреді.* Күн арқан ~ы көтерілді. □ **Өлке бойы** — *белгілі бір алқап өңір.* ◊ **Бой алдырды** — а) *титықтады, шаршады;* ә) *ырқына көнді, жетегінде кетті.* **Бой бақты** — *алды-артын байқады.* **Бой бермеді** — *ырық бермеді, айтқанға көнбеді.* **Бой бойлады** — а) *бой тұзеді, сәнденді;* ә) *өз бетімен жүрді.* **Бой-бойы шықты [жыртылды]** — *быт-шыты шығу, әбден тозды.* **Бойға ас батпады** — а) *ішкен-жегені бойға тарамады, сіңбеді;* ә) *мазасы кетті.* **Бойға біткен** — *қанға сінген, үйреншікті болған.* **Бойға шақтады [өлшеді]** — *шама-шарқысына қарады, әлін білді.* **Бойдан асты** — *қолынан келмеді әлі жетпеді.* **Бойды биледі [алды, жеңді]** — *ерікті алды, балқытты.* **Бой жазды** — а) *дем алды, сергілді;* ә) *еркіндікке қолы жетті, кеңшілік алды.* **Бой жасады** — *өлер алдындағы аурудың көңіл күйі, іс-қимылы.* **Бой жетті** — *өсті, кәмелетке толды.* **Бой көрсетті** — а) *қарасын көрсетті;* ә) *қыр көрсетті, сес қылды;* б) *кім екендігін байқатты.* **Бой көтерді** — а) *биіктей бастады, бойлады;* ә) *сейіл құрды, көңіл көтерді;* б) *еңсесі көтерілді, көңілденді.* **Бой сақтады** — *тартынды, сақтанды.* **Бой сергітті [бой сергіді]** — *еңсесі көтерілді, жадырады.* **Бой тасалады [жасырды]** — *көзге түспеуге тырысты, жасырынды.* **Бой түзеді** — а) *сымбаттанып өсіп қалды;* ә) *үсті-басына қарады, сән түзеді.* **Бой тұмардай сақтады** — *қадірледі.* **Бойына ас батпады** — *мазасы кетті, алаңдады.* **Бой ұсынды** — *мойынсұнды, бейімделді.* **Бойына қонды** — *киім денеге шақ келді, жарасты.* **Бойын аулақ салды [ұстады]** — *бір нәрседен қашқақтады, жоламады.* **Бойына шыр бітпеді** — *толмады, ет алмады.* **Бойын үйірді** — *өзіне тартты, қызықтырды.* **Бойын жинады** — а) *тыңайып күш алды;* ә) *өзіне-өзі келді.* **Бойын күтті [сылады, тарады]** — *өз басын күтті.* **Бойын үйретті** — *жақын тартты, үйір қылды.* **Бойы үйренді** — *жатсынбады, жатырқамады.*

БОЙ-БОЙ: бой-бой болды — *ұзынынан дал-дал болып жыртылды.*

БОЙДАҚ 1. *Үйленбеген, салт басты.* 2. *Піштірілген еркек қой.* Қораға ***бойдақ*** қойлар көшіріледі (Ермеков). 3. *Төлдемеген қысыр мал.* ~ сиыр (жылқы, түйе).

БОЙДАҚТА *Болшектеп, даралап серке салу.* Сәрсембай серкелерін ***бойдақтап*** алға шығарды (Бегалин).

БОЙЖЕТКЕН *Кәмелетке толған, ер жеткен қыз.*

БОЙЖҰТЕРІ *Сабағы ұзын, иіліп өсетін жүгері.*

БОЙКҮЙЕЗ *Бір нәрсеге селсоқ қарайтын енжар, еріншек.* Өзі барып тұрған ***бойкүйез*** (Қабдолов).

БОЙКҮЙЕЗДЕН *Мойны ештеңеге жар бермеу, енжарлану.*

БОЙКҮЙЕЗДІК *Енжарлық, жалқаулық, еріншектік.*

БОЙҚАЛАҚАЙ *Сабағы тік, сидаң көпжылдық өсімдік.*

БОЙЛА 1. *Биіктеп өсу, ұзару.* Өсімдік ~п өсті. 2. *Судың бойдан асатын жеріне жүріп бару, өрлеу.* Ол өзеннің ортасына дейін ***бойлап*** барады (Исабаев). 3. *Мойын соза қарау.* Барлаушы алдыңғы жағына ***бойлай*** қарады (Ә. Нұрпейісов). 4. *Бір нәрсенің бойымен бірдей болатындай ету.* Бөлімнің бұрышынан бір кісі ***бойлайтындай*** үңгір қазылған (Дастанов). 5. *Жылқы малының тізгін бермей арындауы.* Құрық салса, бақа айғыр ***бойлайтұғын*** (Қозы Көрпеш). 6. *Ауыс. Бір нәрсенің байыбына бару, мәніне зер салу, тереңдеу.* Композитор лирика табиғатына терең ***бойлады*** (І. Омаров). ◊ **Терең бойлады** — *тереңдеп бату, жайылу, тарау.*

БОЙЛАУЫҚ 1. *Бойлап өсетін, биік.* ***Бойлауық*** шалғын үзенгіден келеді (Жұмақанов). 2. *Тізгін бермейтін арыншыл, бас асау.* ***Бойлауық*** жылқы секілді бой бермейді (Есенберлин). 3. *Ауыс. Еш қашан тежеу көрмеген, ешкімге бас имеген.* ***Бойлауық***, екі шонжарды тұтқындады (Көшімов).

БОЙЛЫ 1. *Ұзын не аласа бойы бар.* Орта ~, ұзын ~. 2. *Бойшаң келген.* Ол еңсегей ~ адам.

БОЙЛЫҚ I *Киімнің ұзына бойы ұзындығы.* Киімнің ~ын сөгіп алды.

БОЙЛЫҚ II *геогр. Экватордан меридианға дейінгі градуспен белгіленетін аралық, ара қашықтық.* Карта жасауда ***бойлық*** пен ендік-негізгі тірек (Қалығұлов).

БОЙРА *Қамыстан тоқылған төсеніш зат.*

БОЙСҰН *Мойындау, бағыну.* Отаршылдыққа ~а қоймады.

БОЙТҰМАР *этногр. Дұға сөз жазылып, үш бұрыштап оралып, сыртын матамен қаптап тіккен дұға қағаз.* Зейнептің мойнына ***бойтұмар*** тақты (Көшімов). ◊ **Бойтұмардай сақтады** — *қадірледі, қастерледі.*

БОЙШАҢ *Ұзын бойлы, сұңғақ.* ~ қыз (келген).

БОЙШАҢДАН *Бойы ұзару, өсу, биіктеу.*

БОЙЫНША *Сәйкес, лайық.* Айтуы ~ (өтініші ~).

БОКАЛ *Шарап құйып ішетін (шыны) ыдыс.*

БОКС 1 *спорт. Белгіленген ереже бойынша жұдырықтасып сайысатын спорт ойынының түрі.* 2. *Қысқартып алынған шаш.*

БОҚ 1. *Ас қорытылуынан пайда болатын, қарындағы жын, нәжіс.* ***Боқтан*** сасық боласың өлсең тағы (Абай). 2. *Қи, тезек, көң.* Атының қасқасына сиырдың ~ын жақты. 3. *Ауыс. Ескі-құсқы, қоқыр, қоқыс.* Өз боғым да жетеді, кісі ~ын қайтемін. □ **Боқ мұрын** — *есеймеген, ақылы толмаған.* ◊ **Боғы ботқа (борқа), сідігі сірке** — *адам кіріп болмайтын, лас, кір.* **Боғымен жасты** — *өзінен жасы әлдеқайда кіші.* **Боғын ақтарды** — *бар сырын аштыр, әшкереледі.* **Боғын боталы түйе қылды** — *тұкке тұрғысыз нәрсесін әлдеқандай етті, бұлдады.* **Боғын пышақтады** — *қатты ызаланды, долданды.* **Боғы сүйылды** — *берекесіздікке салынды, бұзылды.* **Боқ басында** — *аяқ астында, күтпеген жерде.* **Боқ жеме** — *былжырама.* **Боққа тұрмайды** — *тұк емес, құнсыз, бағасыз.* **Боқтан оңай** — *тіпті оңай, бұйым емес.* **Боқтан өзге** — *жоқтан өзге, тұкке тұрғысыз.*

БОҚАН: боқан ер — *алдыңғы қасы қошқар мүйіз, артқы қасы иіліңкі келген ер.*

БОҚАТ 1. *Металды қорытқаннан соң, тас көмірді жаққаннан кейін қалатын қалдық, қоқыс.* 2. *Астық тазалағанда шығатын қоқым, қалдық.*

БОҚТА *Былапыт сөзбен тілдеу, балағаттау.* Біреуді жазықсыз ~мау керек.

БОҚТАМПАЗ *Боқтық сөзді айтқыш, былапыт боқтағыш.* Шал өте ~ екен.

БОҚТЫҚ 1. *Күресінге шығарылып тасталатын қоқыр-соқыр, қоқсық.* Арық малдар *боқтықты* тіміскілеп жүр (Майлин). 2. *Тазартылған астықтан қалған қалдық, боқат.* Бидайдың ~ғы-мал үшін құнарлы жемшөп. 3. *Ұсақ-түйек, көр-жер.* 4. *Боғауыз, былапыт сөз.* Ауылнайлардан жегені қамшы, естігені *боқтық* (Әбілев). ◊ **Боқтықтың астына алды** — *әбден сілейте боқтады.*

БОҚША *көне. Киізден, матадан тігілген қалта, сөмке.* Газеттерді *боқшасына* салды (Майлин).

БОҚЫ: боқысын шығарды — *апырып-жапырып істеді, тындырып тастады.* Ақысын берсең, *боқысын* шығарар (Мақал).

БОҚЫРАУ *Қар жауып, суық түсе бастаған кез; күз айы. Боқыраудың* қара желі өңменіңнен өтеді (Есенберлин).

БОЛ I 1. *Белгілі бір, істің, құбылыстың іске асуы, болуы.* Оқиға ~ған жерді көрдім. 2. *Нақтылы бір амал-әрекеттің аяқталуы, бітуі.* Ол тамағын ішіп ~ды. 3. *Бірге болу, бірге жүру, тұру.* Бүгін сенің қасыңда *боламын* (Дүзенов). 4. *Жарайды, мақұл, мейлі, бола қойсын.* — Болсын, *болсын,* мен қарсы емеспін (Майлин). 5. *Бір нәрсенің орындалуы; іске асу.* Тойдың болғанынан *боладысы* қызық (Мақал). 6. *Есім сөздермен тіркесіп келіп бір күйден екінші күйге ауысуды, өтуді білдіреді.* Көктем кетіп, жаз *болды* (Дала жұлдыздары). 7. *Аяқталды, бітірді, дайын дегенді білдіреді.* Ал, біз *болдық,* — деп Оразбек анадайдан дауыстады (Дәуренбеков). 8. *Есім сөздермен тіркесіп, бар еді, бар екен мағынасына жұмсалады.* Ертеде Жақай деген шал *болады* (Етекбаев). 9. *Есім сөздермен тіркесіп еді, екен мағынасында қолданылады.* Былтырғы жылдың күзі *болатын* (Ауызекі). 10. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп тілек, талап ұғымын білдіреді.* Әнші ~ (үлкен ~, мықты ~, ақын ~). 11. *Есім сөздермен тіркесіп, бір нәрсенің ыңғайында қалу, еру мағынасын білдіреді.* Мен үнемі уайым-қайғымен *бол* демеймін (Абай). 12. *Есім сөздермен тіркесіп бір нәрсеге ниет жасау, үміттену мағынасын білдіреді.* Келін *болам* деп қымсынып жүрген Айбарша жоқ (С. Мұқанов). 13. *Белгілі бір сөз тіркесінде тұрып, болу мүмкін, ықтимал, шығар мағынасын білдіреді.* Мұны істеген Асан ~ар. 14. *Болымсыз түлғада тұрып мойындамау, көнбеу, бой бермеу мағынасын білдіреді.* Сатан бұған *болмай,* қаладағы пәтеріне қайтты (Жансүгіров). ◊ **Болары болды (болар іс болды)** — *не болса да бітті.* **Болары болып, бояуы сіңді** — *енді ештеңеге жарамайды, бітті.*

БОЛ II *Тез, жылдам, шапшаң. Бол,* айтыңдар кім ұрлады (Салғарин).

БОЛА *Үшін деген мағынада қолданылатын шылаулық мәндегі сөз.* Сізге ~ мен осында келдім.

БОЛАЙЫН *экспр. Ризашылықты, кекесін, ренжу тәрізді көңіл-күйді білдіретін сөз.* Өзіңе ~.

БОЛАР-БОЛМАС 1. *Білінер-білінбес, болмашы.* Қарлығаш *болар-болмасқа* ашуланды (Дүйсенбин). 2. *Сәл ғана, ептеп.* Дирижер сол қолын ~ ілгері созғандай болды.

БОЛАРДА-БОЛМАЙ *Қоярда-қоймай, зорлағандай.* Олар ~ мені үйіне апарды.

БОЛАТ 1. *Белгілі мөлшерлі көміртегі мен темірдің, тағы басқа элементтердің қосындысынан жасалған қатты металл.* 2. *Ауыс. Берік, мықты, төзімді.* Қап түбіне сыймаған, Таза *болат* мең едім (Сейфуллин). 3. *Ауыс. жерг. Көздің нұры, жанары.* Көздің *болатына* доктор көзілдірік береді ғой (Диал. сөздік). ◊ **Болаты қайтты** — а) *күші кеміді, қайраты азайды;* ә) *көздің нұры тайды.*

БОЛАТШЫ *Болат қорытушы, болат құюшы. Болатшылардың* үсті-қызыл-жасыл ұшқын (Мәуленов).

БОЛАШАҚ *Алдағы уақыт, келешек.* ~ зерттеуші (жұмыс, күн).

БОЛ-БОЛ *Тез-тез, шапшаң.* ◊ **Бол-болдың астына алды** — *асықтырды, састырды.*

БОЛ-БОЛДА *Бол-бол деп асықтыру.* ~п есімізді шығарды.

БОЛБЫР 1. *Болжыр, бос, босаң.* Сұлтанғазы денесі *болбыр,* бос секілді (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Сылбыр, болжыр, босаң.* Бұл өзі болмысынан *болбыр* (Құмарова).

БОЛБЫРА *Босау, болжырау, босаң тарту.* Мәкен ширау орнына ~й түсті.

БОЛБЫРЛЫҚ *Босаңдық, сылбырлық, бостық.* Сенің ~ғыңнан көресіні көрдім.

БОЛҒАР *Балқан түбегін мекендейтін славян тұқымдас халық, ұлт.*

БОЛҒАН-БІТКЕНІ *Бар болғаны, бар-жоғы.*

БОЛҒАНСЫ *Бір нәрсеге ұқсағансу, солай көрінуге тырысу.*

БОЛҒАН-ТОЛҒАН *Кемеліне келген, жетілген, жетіскен.* Олар біздерге ~ мінез көрсетті.

БОЛҒАНЫ *Бары, барлығы, баршасы.* Бар ~ -осы.

БОЛДЫР *Титықтау, әлі құрып шаршау.* Белін жаза алмай, *болдырып* қалды (Алдабергенов).

БОЛДЫРҒЫШТЫҚ *Шаршағыштық, шаршай бергіштік.*

БОЛЖА *Алдын ала шамалау, ұйғару, жорамалдау, долбарлау.* Кәрі тарлан алыстан *болжаған* екен (Есенберлин).

БОЛЖАҒЫШ *Алдын ала байқағыш, тұспалдағыш, жорамалдағыш, көреген.* ~ данышпан сыншы.

БОЛЖАҒЫШТЫҚ *Алдын ала байқағыштық, тұспалдағыштық.* Оның ~ғы маған қатты ұнады.

БОЛЖАЛ 1. *Бағыт, бағдар.* Әйел дүлей боранның арасына сығалап, *болжал* жасады (Оразалин). 2. *Жорамал, тұспал, болжам.* Абай өзі бір тұспал, *болжал* жасады (М. Әуезов).

БОЛЖАЛДА *Жорамалдау, тұспалдау.* Қарсыбай әңгіме төркінін *болжалдады* (Оразбеков).

БОЛЖАЛДЫҚ: болжалдық сан — *заттың сандық сапасын болжап қана көрсететін сан есім.*

БОЛЖАМ *Жорамал, тұспал, долбар.* Нұрланның *болжамы* теріске кетпеді (Шашкин).

БОЛЖАМДА *Тұспалдау, жорамалдау, болжалдау.* Ақсақал іштей ~ды.

БОЛЖАМДЫ *Болжамы, жорамалы бар.* ~ бала.

БОЛЖАМДЫҚ *Болжам жасарлық, жорамалды, болжамды.* ~ жоба.

БОЛЖАМПАЗДЫҚ *Болжағыштық, жорамалдағыштық.* ~ көрсетті.

БОЛЖАУ *Болжам, тұжырым.* Бұл қате ***болжау*** екені белгілі (Саин).

БОЛЖАУСЫЗ *Болжалсыз, мәліметсіз, болжамсыз.* ~ жан (мерзім).

БОЛЖАУШЫ 1. *Барлаушы, шолғыншы, бақылаушы.* ***Болжаушы***, қара, болжай кел (Сейфуллин). 2. *Болжап білуші, байқаушы, бағдарлаушы.* Вавилон ***болжаушылары*** аспан әлемін зерттеді.

БОЛЖЫР *Болбыр, бос.* Мен ***болжырға*** үй сыпыру-бір ақырет (Табылдиев).

БОЛЖЫРА 1. *Босау, болбырау, қожырау.* 2. *Егілу, езіліп жылау.* Сейісмет одан сайын ***болжырап*** кетті (Нәжімеденов).

БОЛМАСА *Немесе, әйтпесе, ендеше.* ~ күніне бір келейін.

БОЛМАШЫ 1. *Азғантай, шамалы, болар-болмас.* Денесіне ~ жара түсті. 2. *Сәл-пәл, болар-болмас.* ***Болмашы*** қателесудің өзі-қауіп.

БОЛМЫС 1. *Тұла бой, тұтас кейіп.* Күйшінің ***болмысында*** шаттық та, мұң да бар (Т. Әлімқұлов). 2. *филос. Санадан тыс өмір сүретін объективті шындық; материя, табиғат.*

БОЛПАҢ 1. *Бос, босаң, болбыр.* Болдырған ат ***болпаң*** (Мақал). 2. *Болпиған, топ-толық.* ~ сәби (бала).

БОЛПАНДА *Болп-болп басу.* Аяғын ~й басты.

БОЛП-БОЛП *Қимыл-қозғалыстың ебедейсіздігін сипаттайтын еліктеуіш сөз.*

БОЛПИ *Дененің семіріп толығуы; болбыраю.* ~ған бет, ~ған дене.

БОЛПЫЛДА *Болбырау, босау.* Сауылған сиыр емшегі ***болпылдап*** қалған (Қабышев).

БОЛПЫЛДАҚ *Жұмсақ, бос.* ~ нан (топырақ).

БОЛСКЕЙ *Жарқыраған ақ никельді, польский сөзінің өзгерген түрі.* ~ самауырын (кереует).

БОЛСЫН-БОЛМАСЫН *Қалайда, қайткенде де, не болса да.* ~, бәрібір көмектеседі.

БОЛЫМДЫ 1. *Жарамды, тындырымды, мықты.* Өзі де бір ~ жігіт. 2. *Кескінді, келбетті, тұлғалы, денелі.* Сәлім бойшаң, ~, кескінді адам. □ **Болымды етістік** *(грамм.)* — *болған, болатын, я болып жатқан нақты іс-әрекетті білдіретін етістік.*

БОЛЫМСЫЗ 1. *Болар-болмас, аз, сәл-пәл.* Қыз бетіндегі ***болымсыз*** күлкі. 2. *Мардымсыз, өнімсіз, нашар.* ~ қимыл (~ нәрсе, ~ үміт). □ ***Болымсыз*** етістік.

БОЛЫМСЫЗДЫҚ *Шалағайлық, тиянақсыздық-тық, нашарлық.* Баласының ~ғына әкесі кейіді.

БОЛЫП-ТОЛ 1. *Кемеліне келу, гүлдену.* Ол ~ған әйел. 2. *Асып-тасу, масайрау, гүлденушілік.*

БОЛЫС I 1. *тар. Бұрынғы кездегі аумақтық әкімшілік бөлік.* Бағаналы бұрын бес ~ ел болған. 2. *Бір болыс елдің әкімі, басқарушысы.* Кезінде Абай да ~ болды.

БОЛЫС II 1. *Біреуге қол ұшын беру, көмектесу, жәрдемдесу.* 2. *Біреудің сөзін қошеметтеу, қолдау.* Қыздарды қорғаштап, ***болысатынмын*** (Нұршайықов). □ **Болыс үй** *(жерг.)* — *ұзатылатын қызға арналған кеш.*

БОЛЫСТАС *Бір болыс елге қарайтын, жерлес.*

БОЛЫСТЫҚ 1. *Бір болыс көлеміндегі.* ~ милицияның бастығы. 2. *Болысқа тән қызмет.* Сатып алған ***болыстық*** пен биліктің ешбір қасиеті жоқ (Абай).

БОЛЫСУШЫ *Жәрдем беруші, көмектесуші.* Ықыласқа ***болысушылар*** аз (Т. Әлімқұлов).

БОМАЗИ *Жұмсақ, тұкті мата.* ~ жаялық (көйлек).

БОМБА *Жарылатын заттармен толтырылған жарылғыш, тұтанғыш снаряд.*

БОМБАЛА *Бомба тастау, бомбаны үсті-үстіне тастау, жаудыру.*

БОМБАПАНА *неол. Бомбадан қорғану үшін жасалған пана жер.*

БОПАЛАҚ *қарап. Бір нәрсеге икемі жоқ, орашалақ, болбыр, бос.* Бала ~ болып өсті.

БОП-БОЗ *Өңі қашқан, құп-қу.* Баланың өңі ***боп-боз*** боп кетіпті.

БОП-БОС 1. *Бостау, босырақ, босаңдау.* Саусақтарын ұшынан ғана ~ ұстады. 2. *Ішінде ештеңесі жоқ, құр.* Папканың іші ~ екен.

БОПСА I *Қоқан-лоқы, байбалам, құр сес.* ~дан қорыққан жоқ.

БОПСА II *көне. Әскерді аттанысқа шақыратын керней.*

БОПСАЛА *Қоқан-лоқы жасау, сес көрсету.* Осы кісіні біраз ***бопсалап*** алдық (Баялиев).

БОР 1. *Үйді ақтау, қара тақтаға жазу үшін пайдаланылатын жұмсақ ақ топырақ.* 2. *Ауыс. Жасық, осал, бос.* Аға-***бор***, іні-тас (Мақал). □ **Бор қышқылы** — *суық суда жөнді ерімейтін кристалды ақ порошок.* ◊ **Бор болды** — *көңілі босады, егілді.*

БОРА 1. *Қарды, құмды, топырақты үрлеп, үйтқыта соғу.* Топырақ ***борап***, бас көтертер емес (Момышұлы). 2. *Ауыс. Оқ, жаңбыр, бомба, снаряд тағы басқалардың жаңбырдай төгілуі, құйылу.* Селдей ~ған оқ астында келеміз.

БОРАҒЫТ *Үсті-үстіне борау, бұрқырау.*

БОРАҚ *Борсықтың еркегі.* ***Борақты*** ұр тұмсықтан, Тез өледі шымшықтан (Мәтел).

БОРАН *Қарды, топырақты бұрқыратып соғатын қатты жел.* Ақ түтек ~.

БОРАНДА 1. *Боран үйтқыта соғу.* Жел ~п ысқырады. 2. *Ауыс. Алай-түлей болу, буырқану.* Ішкі сарайы алай-түлей ***борандай*** жөнелді (Жұмақанов).

БОРАНДЫ *Бораны бар, боран үдей соққан.* ***Боранды*** күні бала мен ит құтырады (Мақал).

БОРАСЫН *Қиыршықтанып соғатын сырғыма боран.* Күн ~ға айнала бастапты.

БОРАСЫНДА *Желдің қарды сырғытып жай соғуы; қар борағыту.* Күн жаяу ~п тұр.

БОРАСЫНДЫ *Борасыны бар.* Қыс ~ болды.

БОРАТ I *хим. Бор қышқылының тұзы.*

БОРАТ II 1. *өз.етіс.* 2. *Жаудыру, төпелету, төгілдіру.* Ол автоматтан оқ ~ ***ты.***

БОРБАЙ *Бұт, аяқ, сирақ.* Көкжал бүркіттің бір ~ын жұлып әкетті.

БОРБАЙЛА 1. *Атты үсті-үстіне қамшылау.* Атты қанша ***борбайласа*** да, шаба алмай келеді (Көшімов). 2. *Аяқты әрең көтеру, малтығу.* Сусыма құмды ***борбайлап*** көштік (Кекілбаев).

БОРБАҢ *Икемсіз, ебедейсіз, тоқтық, семіздік.* Тоқ ат ~ ***дап*** шаба алмады.

БОРБАС 1. *Борпылдақ, бос, жұмсақ.* Көшенің ~ топырағы. 2. *Жасық, бос, болбыр.* Ол — бозкүйік ~.

БОРБАСТАН *Босау, жұмсау, үгілу.* Ағашта көп тұрған жеміс ~ып кетеді.

БОРБАСТЫҚ *Бостық, осалдық.* ~ жасады.

БОРБИ *Ебедейсіз көріну, қорбию.* Баубек сол ***борбиған*** қалпында құрықты екі сілтемейді (Ғ. Мұстафин).

БОРДАҚЫ *Жемге байлап семіртілген мал.*

БОРДАҚЫЛА *Малды жемге байлау, семірту.*

БОРДАҚЫЛЫҚ *Семіртуге бөлінген.* ~ малдар бөлек бағылды.

БОРЖЫҚ *Боржиып семірген, быттиған.* Көршінің ~ бет баласы.

БОРКЕМІК 1. *Борпылдақ, жұмсақ, бос.* 2. *Ауыс. Ынжық, ез, жасық.* Арынның *боркемік* екенін сезеді (Тоқтаров).

БОРКӨЗ *Бұта тұқымдас өсімдік.* Қараған, *боркөздердің* бадалы патырлап жанды (Жансүгіров).

БОРҚЫЛДА *Борп-борп ету, борпылдау.* Жолдың ~ған бос топырағы.

БОРҚЫЛДАҚ *Борпылдақ, іркілдек, семіз.*

БОРЛАТ *Қызыл түсті жұқа мата.*

БОРЛЫ *Бор қосылған, бор араласқан.* ~ тыңайтқыш.

БОРП: борп етті — *заттың жерге қатты түспей, жұмсақтау түсуі.*

БОРПЫЛДА *Борп-борп ету, босау, жұп-жұмсақ болу.*

БОРПЫЛДАҚ *Бос, жұмсақ.* ~ топырақ (қар, шаң, құм).

БОРС: борс етті — а) *сұйық нәрсе төгілгенде, оттың бұрқ етіп сөнуі;* ә) *заттың бірден борс еткен дыбыс шығарып жарылуы.*

БОРСАЛАҢДА *Борсаң-борсаң етіп жүгіру.* Ол ~п жүгірген-ді.

БОРСАҢ-БОРСАҢ *Толық, семіз адамның жүгіргендегі ебедейсіз қозғалысы.*

БОРСАҢДА *Борсаң-борсаң ету, ырсылдап жүгіру.*

БОРСИ *Быртию, қампию.* Сүтке ~ып тойған.

БОРСЫ *Иісі шығу, бұзылу.* ~ған ет (балық, көже).

БОРСЫҚ *Сусар тұқымдас, қымбат терілі жыртқыш аң.*

БОРСЫҚТАЙ *Борсық тәрізді, семіз.* ~ болып семірген.

БОРСЫЛДА *Борс-борс ету, ырсылдау.* ~п жүгіре басты.

БОРТ *Кеме, автомашина, самолет тағы басқалардың бүйірі; шанақ қабырғасы.* ~қа көтерілді, ~ты асты.

БОРТАҢДА *Бортаң-бортаң ету, борсаңдау.*

БОРТ-БОРТ *Бырт-бырт, сырт-сырт.* □ **Борт-борт желді** — *аттың жайсыз желуі.*

БОРТЫҚ *Борпиған, семіз.* ~ бала (адам).

БОРТЫЛ *Бір нәрсе шорт сынғанда естілетін дыбыс, сыртыл.* Сынған бұталардың ~ы естіледі.

БОРТЫЛДА *Борт-борт сыну, бытырлау.* Жіп ~п үзілді.

БОРША I *Үлкен етіп кесілген бір бөлек кесек ет.* Қазанға бір ~ ет салды. ◊ **Борша болды (боршасы шықты)** — *быт-шыты шықты.*

БОРША: борша тышқан — *Алтай мен Қалба тауларында таралған кішкентай аң; ала тышқан.*

БОРША-БОРША *Дал-дал, пәре-пәре, быт-шыт.*

БОРШАЛА 1. *Тұтас етті бұзу, мүшелеп бөлу, тілгілеп, жаймалау.* Ол соғым етін ~ды. 2. *Быт-шытын шығару, мыж-мыж ету.* Мина қоң етімді ~п кетіпті.

БОРЫҚ *Сулы жерде өсетін, қамыс тәрізді өсімдік.*

БОРЫЛДА *Су төккендегі шоқтың бор-бор етіп сөнуі.* Ошақтағы от ~п өшті.

БОРЫШ 1. *Қарыз, бересі, берешек.* 2. *Ауыс. Міндет, парыз.* Азаматтық ~, қоғамдық ~. ◊ **Борыш көрді** — *міндет деп санады.* **Борышқа батты [борышы басынан асты]** — *қарыздың астында қалды.* **Борышына берген жоқ** — *төлеуге берген жоқ, жауапты емес.*

БОРЫШҚОР *Біреуге берешек, қарыздар.* ~лардың бересілері бар.

БОРЫШҚОРЛЫҚ *Бересі болушылық, қарыздарлық.* ***Борышқорлық***-адамға қиын нәрсе (Абай).

БОРЫШСЫЗ *Ақысыз, пұлсыз, тегін.* Қалыңмалсыз, *борышсыз* қыз берейін (Қозы Көрпеш).

БОРЫШТАН *Қарыздар болу, бересі болу.* Жігіт жүз теңгедей ~ыпты.

БОРЫШТАР *Берешек, қарыздар, борышты.* Ол кісіге мәңгі ~мын.

БОРЫШТЫ 1. *Қарыздар, бересілі, борыштар.* Қойшылар ~ болыпты. 2. *Біреуге міндетті, қарыздар.*

БОРЫШТЫҚ *Борышты болушылық.* ~ сезім.

БОС I 1. *Ішінде еш нәрсе жоқ, құр тұрған.* ~ класс (бөлме, орын). 2. *Жабылмаған, байлаусыз.* Қаптың аузы ~. 3. *Құр, бекер, жай.* ~ әңгіме (сөз). 4. *Игерілмеген, пайдаға аспаған.* Совхоз жерінің көбі *бос* жатыр (Т. Нұртазин). 5. *Жұмсақ, болбыр. Бос* басылған кесек киіз (Қасиманов). 6. *Ешнәрсемен шұғылданбаған, жұмыссыз.* Мардан екібастa қаңғып *бос* жүрді (Жансүгіров). ◊ **Бос белбеу** — *қатып-піспеген, болбыр. Бос кеуде, қолынан ештеңе келмейтін, құр көкірек.* **Бос қалды** — а) *иесіз қалды;* ә) *киімнің, жүзік-сақинаның қолқылдап қалуы;* б) *бір нәрсеге қолы жетпеді, мақрұм қалды.* **Бос сөз** — *мәнсіз, орынсыз сөз.*

БОС II *Ақысыз, пұлсыз, тегін.* Жарамас *бос* олжаға арланғаның (Абай).

БОСА 1. *Бір нәрсенің ішінде ештеме қалмау, бос қалу.* Ол *босаған* жәшіктің үстінде отыр (Момышұлы). 2. *Бір нәрсенің босап кетуі; сылқылдап қалу.* Столдың аяғы ~ды. Тісі ~п кетті. 3. *Қаңырап бос тұру, иесіз қалу.* Қора іші қоңылтақсып *босап* қалыпты (Бегалин). 4. *Еркіндік алу, азат болу.* Тұтқындағы туыстары *босады* (С. Мұқанов). 5. *Ауыс. Көңілі бұзылу, елжіреу, егілу.* Ол ~п, көзіне жас алды. □ **Жер аяғы босады** — *Күн жылынды, жер жібіп, құрғады.* **Жұмыстан босады** — *қызметтен кетті, шықты.*

БОСАҒА I 1. *Есіктің екі жақтауы.* Қарт үйдің ~сына сүйенді. 2. *Төрге қарама-қарсы, төменгі есік жақ.* Тойдағы орнымыз- ~. 3. *Ауыс. Үй, от басы, табалдырық.* Бұған дейін *босағамды* ешкім ластамаған (Тоғысбаев). □ **Босаға аттады** — *ең алғаш келін болып түсті, үйге кірді.* **Босаға аттау** —*ұрын барған күйеу баланың қыз әкесінің үйіне әдеппен кіруін есік ашу немесе босаға аттау деп атайтын.* **Босаға аттамады** — *ешкімнің үйіне бас сұқпады, араласпады.* ◊ **Босаға аттар** — *қалыңдығын алуға келген күйеудің беретін кәдесі.* **Босағада жүрді** — *кісі үйінде жүрді, жалданды.*

БОСАҒА II *астр. Төрт жұлдыздан құралған шоқ жұлдыз.*

БОСАҒАЛАС *Аралас-құралас, көршілес, іргелес.* Қырғыз бен қазақ-бек араласып кеткен *босағалас.*

БОСАЛАҢ: босалаң түйе — *сүйегі бос, міністе шыдамсыз, азғындаған әлсіз түйе.*

БОСАН *Бала табу, туу.* Әйелі ~ыпты, -деп хабарлады.

БОСАҢ 1. *Осалдау, бостау.* Тұзағы ~ есілген жіптен жасалыпты. 2. *Ширақ емес, боркемікте. Босаң* адам болмашыға өкпелейді.

БОСАҢДА *Босаңдық жасау, осалдық істеу.* Адамды құдай ұрарда, Кежегенің шегесі ***босаңдап*** кетеді (Ақбергенов).

БОСАҢДЫҚ *Бостық, бәсеңдік, әлсіздік.* Ол ~ істеді.

БОСАҢСЫ 1. *Болбырау, жұмсару.* Көп ауырғанда адам еттері ~п кетеді. 2. *Ауыс. Нашарлау, бәсеңсу.* Күтімі ~ған малдың төлі кемиді.

БОСҚА *Бекерге, текке, құр бекер.* ~ күлді (кетті).

БОСҚЫН *Аштықтан, құғын-сүргіннен үркіп көшкен ел, босқан, қашқан ел.*

БОСҚЫНДА *Аштықтан, құғын-сүргіннен қашып көшу, босу.*

БОСҚЫНШЫЛЫҚ *Құғын-сүргінге ұшыраушылық.* ~қа ұшырады.

БОСТАН I *Бұтақ, берек, үрім.* Теректің ~ы, қарағайдың ~ы.

БОСТАН II *Басы бос, еркін, ерікті.* Өлімнен киік кетті болып ***бостан*** (Үш ғасыр). ◊ **Бостан қылды [етті]** — *еркіндік әперді, құтқарды.*

БОСТАН-БОС *Жайдан-жай, қараптан-қарап, тектен-тек.* Уақытты ~ өткізбейік.

БОСТАН-БОСҚА *Бекерден-бекер, жайдан-жайға.*

БОСТАНДЫҚ *Тәуелсіздік, еркіндік, теңдік.*

БОСТОН *Жүннен тығыз тоқылған сырт киімдік қымбат мата.* ~ костюм (китель).

БОСТЫҚ *Осалдық, босаңдық, болбырлық.*

БОСЫ *Бір жерден екінші жерге еріксіз ауып шұбыру.* Олар жер ауып, ***босып*** келді (Дүйсенов).

БОТА *Түйенің жас төлі.* □ **Бота бүрген** — *бүрген тектес өсімдіктің түрі.* ◊ **Бота көз** — а) *мөлдіреген, үлкен, әдемі көз;* ә) *сұлу, сымбатты.* **Бота тірсек** — *ең жұрдек ат.* **Бота қылды** — *жуасытып алды.*

БОТАЖАН *эмоц. Қарағым, жаным.* ~ым.

БОТАЖУСАН *бот. Жусан тәріздес майда, үлпілдек өсімдік.*

БОТАКӨЗ *Өсімдік түрі.*

БОТАҚАН *эмоц.* 1. *Ботаны кішірейтіп айтылатын сөз.* 2. *Баланы еркелеткенде айтылатын сөз.* Ержаным, ***ботақаным,*** қайда кеттің? (Ә. Әбішев).

БОТАҚҰЛАҚ *Жапырақтары бота құлағына ұқсаған өсімдіктің халықтық атауы.*

БОТАЛА *Інгеннің бота тууы, төлдеуі.* Інгендер жыл ара ~йды.

БОТАЛЫ *Ботасы бар.* ~ інген (түйе).

БОТАМ *Баланы жақсы көріп еркелете айтылатын сөз.* ~, үйге кір.

БОТАНА *жерг. Тұнық емес, лай су.* Су лай, ~ екен.

БОТАНИК *Ботаника ғылымының маманы.*

БОТАНИКА *Өсімдіктер дүниесін зерттейтін ғылым.*

БОТАТАБАН *Сазды жерде өсетін жапырағының көлемі бота табанына ұқсас, аласа өсімдік; түйетабан.*

БОТА-ТАЙЛАҚ *Түйенің жас төлдерінің жиынтық атауы.*

БОТАША *Ботаға ұқсап, бота тәрізді.* ~ боздады.

БОТҚА *Әртүрлі жармадан бөктіріп жасалатын қою тамақ; каша.* ◊ **Ботқа бет** — *беті жалпақ, быттиған.*

БОТТАШЫҚ *бот. Шатырша гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

БОТУЛИЗМ *мед. Бұзылған тамақты ішкеннен адамның улануы.*

БОЦМАН *Кеменің кіші команда құрамындағы шаруашылық жағын басқаратын адам.*

БОШАҚ *Қарбыздың дәні.*

БОШАЛА *Ұрғашы малдың (інген, сиыр, бие) төлдер алдындағы шыдамсызданып оңаша жерге кетіп қалуы.* Інгені ~п қашып кетіпті.

БОШАЛАҢ *Бос, болбыр.* Бүркіт балапаны жастау кезінде тым ***бошалаң*** келеді (Орманов).

БОЯ 1. *Бояу жағу, сырлау.* Киіз үйдің керегесін жосамен ***бояйды*** (Қасиманов). 2. *Ауыс. Бір нәрсені бүркемелеу, көлегейлеу.* Өңкей жалғанмен Шынның бетін ***бояйды*** (Абай).

БОЯҒЫШ *Нәрсені бояйтын, сырлайтын.* ~ ерітінді (~ зат).

БОЯҚ I 1. *Боялаған затқа сіңіп әр алуан түр, түс, өң беретін сыр, бояқ.* 2. *Түрлі-түсті бояулы кездеме.* Бұл жібердім базардың, ***Боягы*** мен безіне (Қобыланды).

БОЯҚ II *Батсайы тәріздес қалың кездеме.*

БОЯМА 1. *Боялған, бояулы.* Ол ~ боз көйлегін киді. 2. *Ауыс. Жасанды, жалған.* ***Бояма*** мінезді сынау Абайда бар (М. Әуезов).

БОЯМАЛА *Өңін өзгерту, түрлендіру.* Мен шала білетінімнің өзін ***боямалап*** жіберем (Соқпақбаев).

БОЯМАЛЫ *Боялған, бояма.* ~ кездеме.

БОЯМАЛЫҚ *Жасандылық, жалғандық.*

БОЯМАСЫЗ 1. *Бояу жағылмаған.* ~ нәрсе. 2. *Ауыс. Таза, адал.* ***Боямасыз*** ықыласыңа қасиет бітеді (Абай).

БОЯН *бот. Арық жағалауында өсетін жапырақты өсімдік.*

БОЯҢ *Боялған бөздің бір түрі.*

БОЯУ 1. *Затты белгілі бір түске келтіру үшін жағылатын, жұқтырылатын сыр, бояқ.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің өңін айналдырушылық, жасандылық.* Партизан жолында артық ***бояу*** болмайды (Лекеров). 3. *Ауыс. Өзіндік мәнер, ерекшелік.* Әр адамның жерінде өз ***бояуы*** (Қ. Исабаев). □ **Бояу қарындаш** — *бояйтын, бояуы бар қарындаш.*

БОЯУЛЫ *Бояуы бар, боялған, сырлаған қағаз (мата).* □ **Бояулы ойран** — *ойран шөп тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.* ~ қағаз (мата).

БОЯУЛЫҚ *Боягыштық қасиеті бар.* ~ зат.

БОЯУШӨП *биол. Қызыл түсті бояу алынатын, ойраншөп тұқымдас көп жылдық өсімдік.*

БОЯУШЫ *Затты түрлі түске келтіріп бояйтын маман.* Менің мамандығым ~.

БОЯУШЫЛЫҚ *Бояу кәсібімен шұғылданушылық, боякшылық.* Қаракетім — суретші, ***бояушылық*** (Абай).

БӨБЕ: бөбе жапырақ *(бот.)* — *Өсімдіктің негізгі жапырағы түбінен өсіп шығатын қосалқы жапырақ.*

БӨБЕК *Жас нәреста, сәби, емшектегі бала.*

БӨБЕКШЕ *Сәбише, нәрестеше, бөбекше ұқсап.*

БӨБЕШІК 1. *Адамның жұмсақ таңдайының артқы түсындағы томпақша, кішкене тілі.* 2. *Құлақтың төменгі жағындағы кішкене жұмсақ шеміршек.* Құлағының төменгі ~гін сырға керек.

БӨГДЕ 1. *Жат, бөтен, бейтаныс.* ~ кісі (зат, жол). 2. *Негізгі нәрсеге қатысы жоқ, қосалқы, басқа.* Оқытушы ~ сұрақ берді.

БӨГДЕЛЕН *Бөлектену, бөтендену, оғаштану, өгейлену.*

БӨГДЕЛІК *Бөтендік, жаттық, өгейлік.* ~гін істеді.

БӨГЕ 1. *Өзенді бөгеп қою, тоқтату.* 2. *Біреуді жолынан қалдыру, тоқтатып кідірту.* Жолда бұларды біраз ~ді. 3. *Қарсыласқан күштің бетін қайтару, тежеу.* Жауды ~й тұру тапсырылды.

БӨГЕЛ *Күмілжіп қалу, кідіру, мұдіру.* Түрекең сөзден ~іп қалды.

БӨГЕЛЕҢДЕ *Сәл бөгелу, бөгеліңкіреу, мұдіріңкіреу.* Жігіт келгенде, бұл топ ***бөгелеңдеп*** қалған (М. Әуезов).

БӨГЕЛМЕЛІ *Ұзаққа созылмалы.* Қынаптағы ісік ***бөгелмелі*** болуы мүмкін (Есенқұлов).

БӨГЕН I *Жылқының құйрық қылының түсіп қалуына байланысты қышыма ауру.* Жылқы құйрығының ~ін қанауырмен сылиды.

БӨГЕН II *Қайықтың, шананың табаны мен екі қабырғасын бекітіп тұратын ағаш.* Шегіршіннен шанаға ~ жасайды.

БӨГЕНАЙ *жерг. Бір нәрсенің көзге түсер айрықша белгісі.* Дәптердің бұдан бөгде ***бөгенайы*** да жоқ (Жәкенов).

БӨГЕНДЕ I *Бөген болған жылқының тыныш-сызданuы; тықыршуы.*

БӨГЕНДЕ II *Қайыққа, шанаға бөген салу.*

БӨГЕСІН 1. *Кішігірім бөгет.* Тақтай ***бөгесіндер*** түгел жоғалыпты (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Кедергі, тоқтау.* Оған өмірдің ***бөгесіні*** жоқ (Н. Ғабдуллин). ◊ **Бөгесін болды** — *кедергі келтірді, тоқтау болды.*

БӨГЕТ 1. *Өзен суын тоқтату үшін жасалатын бөгеу, тоқтау.* Су ~тің үстінен ағып жатыр. 2. *Ауыс. Өтуге тоқтау болатын кедергі.* ***Бөгеттерден*** ат секіртеді (Соқпақбаев). ◊ **Бөгет (болды, етті, жасады, келтірді, қылды)** — *кедергі жасады, зиянын тигізді.*

БӨГЕТСІЗ *Тоқтаусыз, кідіріссіз, кедергісіз.* Жұмыс ешқандай ***бөгетсіз,*** тез бітті (Саин).

БӨГЕТТІ *Бөгеті бар, тоқтау, кедергі қойылған.* ~ жол.

БӨГЕТТІК *Бөгет болармық, тоқтау, кедергі болармық.* ~гі жоқ.

БӨГЕУ 1. *Су қоймасы, бөгет.* Қандысу ~інің биіктігі-38 метр. 2. *Кідіріс, тоқтау, іркіліс.* ***Бөгеу*** берме қызыл тілге (Батырлар жыры). ◊ **Бөгеу болды (жасады)** — *кедергі келтірді.*

БӨГЕУЛІ *Тоқтауылды, тежеулі, шектеулі.* Көркемөнер ***бөгеулі,*** шырмаулы болды (Сейфуллин).

БӨГЕУСІЗ *Тоқтауылсыз, іркіліссіз, кідіріссіз.* Ол ~ жетіп келді.

БӨГУ *вет. Тез және созылмалы түрде өтетін сауын сиыр ауруы.* ***Бөгумен*** ауырған мал оттамайды (ҚСЭ).

БӨГІРЕ *Кішкене қол сандық, сандықша.*

БӨДЕНЕ *Кекілік тұқымдас, сұр түсті кішкентай дала құсы.* □ **Бөдене бота** — *азғын будандардан туған бота.*

БӨДЕНШӨП *бот. Далалы жайылымдарда өсетін аласа ғана жатаған шөп.*

БӨДЕС *жерг. Жүндес келетін миниске төзімді көнбіс (жылқы).* Астында ***бөдес*** қоңыр құнан (М. Әуезов).

БӨЖЕКТЕ *Бұғежектеу, қорғаншақтау.* Шаба алмайды ***бөжектеп*** (Махамбет).

БӨЗ *Мақтадан тоқылатын, жұқа, арзан қолды ақ мата.* Мына ~іңнен екі метр өлшеші. ◊ **Бөз орнына сөз берді** — *құр сөзбен шығарып салды.*

БӨЗДЕН *Бөз тәрізденіп өңі қашу, бозару.* Жамалдың өңі ~іп кетіпті.

БӨК 1. *Астың не шөптің қарында бөртуі.* Қарынның тым үлкеюі — тез ***бөгетін*** азықты көп жегеннің белгісі (Ә. Әбішев). 2. *Суға қану, суға бату.* Жер қар суына ***бөгіп*** жатыр (Қанахин). 3. *Ауыс. Тамақты (жемді) шамадан артық жеу; шеміршек атып, күпті болу.* Мырзалар өңкей семіз майға ***бөккен*** (Нілібаев).

БӨКЕ *кәсіби. Қайық қабырғасының іш жағындағы тігінен салынған жұмыр ағаш.*

БӨКЕБАЙ *Жұмсақ жүннен, түбіттен тоқылған мойын орағыш, үлкен орамал, шәлі.*

БӨКЕН *Далалы жерде мекендейтін, аша түяқты жүйрік аң; ақбөкен.* □ **Бөкен аяқ** — *жіңішке, ұзын аяқ.* **Бөкен бөксе** — *толық, жұп-жұмыр бөксе.* **Бөкен жақ** — *ат жақты, жағы ұзын.* **Бөкен желіс** — *екпінді, сар желіс.* **Бөкен қабақ** — *тұқсиген, тік қабақ.*

БӨКЕС *Ат тырмамен не қолмен жиналған шөп үйіндісі.* Жал-жал боп ~тер жатыр.

БӨККІШ *Тез бөгіп қалатын, тез тойынғыш.* Кей құлын сүтке ***бөккіш*** (С. Мұқанов).

БӨКПЕН *Талқанды, қуырылған ұнды сүтке бөктіріп пісірген ас, тағам.* Ол маған түйенің сүтінен ***бөкпен*** жасап берді (Қанахин).

БӨКСЕ *Адам мен жан-жануардың белінен төмен, жамбасының тұсы.* ***Бөксесі*** жуантық келіншек қасыма келді (Сатыбалдиев). ◊ **Бөксе басты (басар) болды** — *жүріп-тұруы қиындады.* **Бөксе басып отырмайды** — *тыным таппайды, дамыл көрмейді.*

БӨКСЕЛІ *Бөксесі үлкен, қомақты.* ~ жас тоқал, ~ айғыр.

БӨКСЕР 1. *Жыртып, айыру.* Астарын сөгіп, ***бөксере*** бастадым (С. Жүнісов). 2. *Жарып жіберу, ақтарып тастау.* Мен қапсам, бір жеріңді ***бөксерем*** деп (Абай). 3. *Ауыс. Жапыру, ығыстыру, бұзып-жару.* Қандай қауіп болса да, ***бөксеріп*** жүре беретін (Әзиев).

БӨКТЕР I *Таудың, биік қапталдың, жотаның жоғарылау баурай жағы.* Қыстақ таудың ***бөктеріне*** салынған.

БӨКТЕР II *Бір нәрсені ердің арт жағына көлденең салып қанжығамен байлау.* Шинелін ~іп алды.

БӨКТЕРГІ I *Ұсақ жәндіктерді аулайтын ақсары жүнді жыртқыш құс, ителгі.*

БӨКТЕРГІ II *Ердің қанжығалығы, зат бөктеретін тұсы.* Әбеңнің тоны аты үріккенде ***бөктергісінен*** түсіп қалыпты (Саржайлау).

БӨКТЕРЛЕ *Таудың бөктерімен қабырғалай жүру.*

БӨКТЕРМЕ *Қанжығадағы бөктерілген зат, бөктерінді.* ~сі жоқ.

БӨКТЕРМЕЛІ *Бөктермесі бар, бөктерілген.*

БӨКТЕРІНШЕК *Қанжығасына байлаулы, бөктерілген зат.* Танағөз қанжығасындағы ***бөктеріншектерін*** түгелдеді (Ғ. Мұстафин).

БӨЛ 1. *Бір нәрсені екі бөліп, ортасынан айыру, жару.* Матаны екіге ~ді. Ағашты екіге ~іп тастады. 2. *Жіктеу, саралау, топтау.* Бізді орыс, қазақ деп ***бөлмесең*** де болады (Есенберлин). 3. *Ауыс. Ара жікті ажырату, айыру, бөлшектеу.* Ғашықты жардан ***бөлсе*** де, Талай жан жолда өлсе де (Сейфуллин). □ **Бөліп алды** — *жеке шығарды.* **Бөліп берді** — *үлестірді, таратты.* **Ойын бөлді** — *айтпақ пікірінен шатастырды, адастырды.* **Сөзін бөлді** — *айтпақ сөзден жаңылыстырды, ортасынан киіп кетті.*

БӨЛГІШ 1. *Бөлу қызметін атқаратын, бөліп тұратын.* Химиялық лабораторияларда ~ воронканы қолданады. 2. *мат. Бөлінгішті бөлетін, бөлуші сан.* Бөліндінің бүтіні мен бөлшегі ~ке дәл бөлінеді.

БӨЛГІШТЕ *Жіктеу, бөлу, топтау.*

БӨЛДІРКЕ *кәсіби. Екі-үш кісі отыратын кішкене, жеңіл қайық.*

БӨЛЕ I *Апалы-сіңлілі адамдардың балаларының арасындағы туыстық атауы.* Екі аяқтыда ***бөле*** тату (Мақал).

БӨЛЕ II 1. *Жас баланы бесікке жатқызу, құндақтау.* Анасы баласын ~п жатыр. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге кенелу, жетісу.* Мейірімге ~ді, құрметке ~ді.

БӨЛЕ-ЖАРА *Ортақтасып, бөлісіп.* Ауыр жұмысты ортақтасып, ~ көтерген дұрыс.

БӨЛЕК I 1. *Өз алдына, жеке.* Әке-шешем ~ тұратын. 2. *Оқшау, оңаша, шеткері.* Жігіттер аттарын ~ байлады. 3. *Басқа, бөтен, өзге.* Бұлардың мінез құлқы ~. 4. *Ерекше, айырықша, өзгеше.* Анамның мен үшін орны ~.

БӨЛЕК II *Бүркіттің құндағы; бөлеу.* Ол ***бүркітті*** ~іне бөлеп алды.

БӨЛЕК-БӨЛЕК I *Жеке-жеке, дара-дара.* Сатушы маталарды ~ қойып жатыр. 2. *Әртүрлі, басқа-басқа.* Сүзекіні ***бөлек-бөлек*** торлардан құрастырып жасайды (Күленов).

БӨЛЕК-САЛАҚ 1. *Бөлек жүрген, басы артық.* Орта жастағы ағылшынның қарнында ***бөлек-салақ*** ет жоқ (Сатыбалдин). 2. *Буыншақ-түйіншек, ұсақ-түйек.* Шолпан ~ жүгін автобусқа салды.

БӨЛЕКСІ *Бөлектену, өзін бөлек сезіну.* Мен аулақпын ***бөлексіп*** бәлденуден (Молдағалиев).

БӨЛЕКТЕ 1. *Бөлу, айыру, жіктеу.* Парашютты бұтақтан ***бөлектеп*** алдым (Жұмақанов). 2. *Жатқа санау, бөтен көру.* Бізді ~п сыртқа тепті.

БӨЛЕКТЕН 1. *ыр. етіс. Бөлекте-н.* 2. *Оқшауланну, шеттеу.* Олар ~іп кетті.

БӨЛЕКТЕП *Оңаша, жеке.* Ағашты ~ жинадым. □ **Бөлектеп жинады [орды]** — *егінді алдынала орып, содан кейін комбайнмен бастыру әдісі.*

БӨЛЕКТЕУ *Өзгешелеу, басқашалау.* Саржан басқаларға қарағанда ~ көрінген.

БӨЛЕКТІК *Ерекше, айрықша, өзгеше.* Орны ~, ~ тапсырма.

БӨЛЕУ *Қыран құсты құндақтап алып жүретін бөлек ағаш.*

БӨЛЕУЛІ *Бөленіп қойған, бөленген.* ~ бала.

БӨЛКЕ *Пеште пісірген төртбұрышты нан.*

БӨЛМЕ *Пәтер ішіндегі жеке үй.*

БӨЛМЕЛЕ *Бірнеше бөлікке бөлу, бөлшектеу.* Жамбыны алды ***бөлмелеп*** (Қамбар).

БӨЛТЕК *көне. Кішкентай, бір бөлшек жер.* Бақтығұлдың бес-алты ***бөлтек*** егіні де жайқалды (М. Әуезов).

БӨЛТІРІК I *Қасқырдың қарақұлақтанып қалған күшігі.*

БӨЛТІРІК II *бот. Жазық жерде өсетін, бойы 15–20 см-дей улы шөп.*

БӨЛУ *мат. Санды санға тең етіп бөлудің теориясын үйрететін арифметикалық амал.*

БӨЛШЕК *мат. Бүтін санның (бірліктің не шаманың) белгілі бір не бірнеше бөлегін көрсететін сан атауы.*

БӨЛШЕКТЕ 1. *Бөліп тастау, бірнешеге бөлу.* Санат құ бөренені ~й бастады. 2. *Құрастырылған затты бөлек-бөлек етіп ажырату, айыру.* Ол пистолетті ~п бұзды. 3. *Сөзді үзіп-үзіп айту.* Шешем сөздерін ~п айтты. 4. *Ауыс. Жіктеу, даралау.* Халық тарихын ***бөлшектеп*** қарауға болмайды (І. Омаров).

БӨЛШЕКТІ: бөлшекті сан *(грамм.)* — *өлшем ретінде алынған бүтін шаманың (санның) бір бөлігін көрсететін сан есім.*

БӨЛІК 1. *Бірнешеге бөлінген бөлшектің бір бөлігі.* Бұрын Индия аса көп ***бөліктерге*** бөлінген (М. Әуезов). 2. *Екі аралықты бөліп тұрған зат, бөлінген жер.* ***Бөлікте*** тамақ беретін тесік бар (Майлин).

БӨЛІМ 1. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, өндіріс орнының құрамына кіретін жеке сала.* Оқу ~і, денсаулық сақтау ~і. 2. *Әдеби шығарманың, концерт, театр т. б. өнер салаларының бір бөлігі.* Ақын жаңа дастанының алғашқы ~ін бітірді. 3. *әскери. Взводтың бір бөлігі, әскери шағын топ.* Біздің ~ сапқа тұрды.

БӨЛІМДІ *Бөлімнен тұратын.* Екі ~ді пьеса.

БӨЛІМШЕ 1. *Белгілі бір ұйымның, мекеменің бір бөлігі, саласы.* ҰҒА Қоғамдық ғылымдар ~сі. 2. *Шағын әскери топ, взводтың бір бөлігі.*

БӨЛІНГІШ *мат. Бөлгішке бөлінетін сан.* ~ті бөлгіштің бөліміне көбейтті.

БӨЛІНГІШТІК *мат. Бір санның екінші бір санға бөліну қасиеті.*

БӨЛІНДІ *мат.* 1. *Бөлінгішті бөлгішке бөлгеннен кейін шыққан сан.* 2. *Бүтін санның бөлшегін көрсететін сан; бөлшек.*

БӨЛІП-ЖАР 1. *Бөлшектеу, бөлек-бөлек ету.* Ақшасын ~май тұтас алды. 2. *Ауыс. Жікке бөлу, алалау, бөлу.* Бастық бізді ~ған жоқ.

БӨЛІС 1. *Бір нәрсені бөлу мәселесі.* Жиналыста өзара ~ болды. 2. *Бөлінген нәрседен тиетін үлес.* Жұрттан ерекше ~ сұрамаймын. 3. *экон. Қоғамдық өнімді үдайы өндірудің, өндіріс пен тұтынуды байланыстырып тұратын сатысы.*

БӨПЕ *Нәресте, кішкентай сәби.* Оның ~сі өсіп қалыпты.

БӨПЕЖАН *экспр. Бөпеш, бөпетай.* ~ым, ұйықта.

БӨРДЕК *көне. Қымыз немесе шарап ашытатын торсық.*

БӨРЕНЕ *Бұтақтары аршылып алынған жуан ағаш.* Үлкен ~ тиеді.

БӨРЕНЕДЕЙ *Жұп-жуан, жұмыр.* Аяқ-қолы ~.

БӨРЛІК *Дүрлігу, дүркіреу, у-шу болу.* Жорткан топ қайта ***бөрлікті*** (Елубаев). ◊ **Бөрліккен қойдай болды [қашты]** — *бытырай қашты, дүрліге қашты.*

БӨРТ I 1. *Дымқылды бойына сіңіріп бөрту, ісіну, ісіп-кебу.* Жаздыгүні дән бірінші ісінеді, екінші күні ***бөртеді*** (Қыдырбаев). 2. *Бұршік ату, көктеу.* Ағаштың бұтақтары түйін теуіп, ***бөртіп*** тұр (Бегалин). 3. *Ауыс. Тамақты мол жеп, шеміршек ату.* Қызара ***бөрткен*** қонақтар жинала бастады (Т. Әлімқұлов).

БӨРТЕ *Боз араласқан көкшіл, қызыл-күрең түс.* ***Бөрте*** ат, бөрте лақ.

БӨРТЕЖУСАН *бот. Сортаңды жерде өсетін кермек дәмді, бозғыл түкті, жатаған өсімдік.*

БӨРТПЕ I *Арпадан, бидайдан, тарыдан бөртіріп істелген жеңіл тамақ.* Олар тарыдан ***бөртпе*** жасады (Жұмалиев).

БӨРТПЕ II *Қыран құсқа беру үшін суға салып, қан-сөлінен айырған ет; ақжем.*

БӨРТПЕ III *мед. вет. Адамда, малда болатын жұқпалы ауру; індет.* **Бөртпе сүзек** — *денеге қызарып шығатын жұқпалы ауру; бөрткен.*

БӨРТПЕ: бөртпе шәлі — *жібек жіптен тоқылған шашақты орамал.*

БӨРТІН *Ызаға булығу, ісініп-кебіну.* Шаштасуға бой ұрып, ***бөртініп*** кетіпті (Ғ. Мүсірепов).

БӨРІ I *Қасқырдың екінші, қосымша аты.* ◊ **Бөрі айбат** — *қаһарын сыртқы тұлғасын өзгерту арқылы білдірушілік.* **Бөрі басар** — а) *қасқыр алатын сыртан ит;* ә) *ожар, ұр да жық.* **Бөрі кеуде** — *кеудесі кең, алшақ.* **Бөрі құлақ** — *тікірейген ұшкір құлақ.* **Бөрі құрсақ** — *бірде аш, бірде тоқ.* **Бөрі ойнақ** — *бөрілердің топ-топ боп асыр салатын ойыны.* **Бөрі құрсақтанды** — *ас орнына жел жұтты, ашықты.* **Бөрі тиген (бөріккен) қойдай** — *ойран-топырын шығарды.*

БӨРІ II *астр. Аспанның оңтүстік бөлігіндегі шағын шоқжұлдыз.*

БӨРІ III *көне. Ежелгі түрік қағандарының дербес жасағына берілетін атақ.*

БӨРІАЯҚ *Өсімдік атауы.*

БӨРІБҰРШАҚ *бот. Кіндік тамырлы, бұршақ тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.*

БӨРІЖӨКЕ *бот. Ұзындығы бір жарым метрдей, сабағы қатты өсімдік.*

БӨРІК *Елтіріден, аң терісінен жиек жүргізіп тігілген дөңгелек бас киім.* Мақпал ~, қоян ~, сусар ~. ◊ **Бөрік киген** — *еркек кісі туралы айтылады.* **Бөрікпен ұрып алды (жықты)** — *оп-оңай жеңіске жетті.* **Бөрік тастам жер** — *жақын жер.* **Бөрікті тастап, бөріден құтылды** — *жан саугалады, қара басын құтқарды.*

БӨРІКБАС *бот. Биік болып өсетін өсімдіктердің жоғары дөңгеленген жағы.*

БӨРІКӨЗ *бот. Таулы аймақта өсетін бұталардың бірі; боркөз.*

БӨРІКТАСТАМАҚ *Жастар дөңгелене отырып ойнайтын ұлттық ойын.*

БӨРІКТЕППЕЙ *Балалар ойынының бір түрі.*

БӨРІҚАРАҚАТ *бот. Дәнегі майда, қара түсті әрі ащы жеміс.*

БӨРІ-ҚАРЫ *Бөрі, ұры сияқты мал жауларының жалпы атауы.* ~дан аман болсын.

БӨРІҚҰЛАҚ *Қасқырдың құлағына ұқсас жасалған ою-өрнек.*

БӨРІЛІ *Бөрісі көп, бөрі кескінді, бейнелі.* ◊ **Бөрілі байрақ** — *бөрі бейнесі салынған ежелгі түрік туы.*

БӨРІТІС *зоол. Усыз сарбас жыландардың бір туысы.*

БӨС *Асыра сілтеп мақтану, лепіру.* Тым ***бөсіп*** кеттің, — деді (М. Дүйсенов).

БӨСПЕ *Өтірік қосып айтатын көпірме, мақтаншақ (кісі).* ◊ **Бөспе сөз** — *көпірме, бос сөз.*

БӨСТЕК *Жүнін үстіне қаратып, қой, ешкі т. б. терісінен жасалған төсеніш.*

БӨСТЕКІ *Бетімен бос жүрген.* ***Бөстекі*** жүрген мал қораға сүйкенді (Жақсыбаев). ◊ **Бөстекі сөз** — *мәні жоқ, бос сөз.*

БӨСІР *мед.* 1. *Адамның тік ішегінде өніп-өсетін жұмыр ақ құрт; аскарида.* 2. *Бөсір құртының қоздыратын ауруы; аскаридоз.* ***Бөсір*** болған адамның, малдың іші үлкейеді (Әбішев).

БӨТЕГЕ *Құстың жем қорыту асқазаны.* Құс та ~сіне асты артық сақтайды.

БӨТЕГЕЛІ 1. *Бөтегесі үлкен, шығыңқы.* 2. *Ауыс. Төсі шығыңқы, төсті.*

БӨТЕЛКЕ 1. *Сұйық зат құю үшін жасалған шыны ыдыс; шөлмек.* 2. *Ауыс. Арақ, ішімдік.* ***Бөтелкелер*** қоржында (Тайшықов).

БӨТЕН 1. *Жат, бөгде.* ~әйел, ~ адам, ~ бала. 2. *Басқа, өзге.* Оның қолынан қой болудан ***бөтен*** ештеңе келмеді (Есенберлин). ◊ **Бөтен көрмеді** — *теріс кетпеді, жат санамады.* **Бөтен сөз** — *бөгде, шет сөз.*

БӨТЕН-БӨГДЕ *Жат, басқа біреу.*

БӨТЕНДІК *Жаттық, бөгделік.* Маған ~гі жоқ.

БӨТЕНСІ *Жатсыну, бөтен санау.*

БӨТЕНСІРЕ *Бөтенсу, жатсыну.* Бала ~п бармады.

БӨТЕНШЕ *Ерекше, айрықша, өзгеше.* Ол ~ жаратылған жан.

БӨШКЕ 1. *Сұйық зат құю үшін ағаштан не темірден белдеу салынып жасалған үлкен ыдыс.* Су таситын ~. 2. *Ауыс. Тамақты көп ішетін мешкей.* Суды көп ішті, сиыр емес, ***бөшке*** шығар, жануар (Ө. Тәжібаев).

БӨШКЕДЕЙ *Жуан, домаланған, кеспелдек.* Үй иесі ***бөшкедей*** нән қабанды жарып тастады (Бердияров).

БӨШКЕЛЕ *Бөшкесімен, әлденеше бөшкелеп.* Суды ~п тасыдық.

БРАКОНЬЕР *Тыйым салынған аңдарды, балықты, құсты заңсыз аулаушы; табиғат байлығына зиян келтіруші адам.*

БРАКОНЬЕРЛІК *Заңсыз құс, аң аулаушылық.*

БРАСС *спорт. Аяқ пен қол бір мезгілде симметриялы түрде қимылдайтын жүзу әдісі, малтудың бір түрі.*

БРАУНИНГ *Қалтаға салып жүретін автоматты кішкене тапанша.*

БРАХМИ *Үндінің солдан оңға қарай жазылатын буындық жазуының ең көне екі түрінің бірі.*

БРЕЗЕНТ *Су өткізбейтін, тығыз әрі қалың кенеп.* ~ шатыр, ~ плащ, ~ сумка.

БРИГАДА 1. *Бір топ жұмысшы, қызметкер.* Егіс ~сы, құрылысшылар ~сы. 2. *әск. Бірнеше батальон не полктен құралған әскери құрама.*

БРИГАДАЛЫҚ *Белгілі бір жұмысты бригада боп істеу әдісі; еңбекті ұйымдастырудың кең тараған жүйесі.*

БРИГАДИР *Бригада бастығы.* Егін ~і.

БРИГАДИРЛІК *Бригадир міндетін атқарушылық.* ~тен босатты.

БРИГАНТИНА *Қос діңгекті, желкенді, тез жүретін жеңіл кеме.*

БРИДЖ *Жұқа матадан, балағын бұрмелі етіп тігілген шалбар.*

БРИКЕТ *Төрт бұрыштап текшеленіп байланған не қатырылған материал.*

БРИКЕТТЕ *Брикет жасау, престеу.* ~п қойды.

БРИЛЛИАНТ *Арнайы өңдеуден өткен, қырналып жалтылдаған асыл тас, гауһар тас.*

БРИЛЛИАНТТАЙ *Гауһар тас тәрізді.* ~ жалтжұлт етеді.

БРОЙЛЕР *Ет үшін өсірілетін ірі тұқымды құс.*

БРОМ 1. *хим. Галогендер тобына жататын химиялық элемент.* 2. *Ауру адамды тыныштан-*

дыратын бромды қоспа. □ **Бром суы** — *бромның судағы ерітіндісі.*

БРОМДА *Бір нәрсеге бром қосу.* ~ған су.

БРОМДЫ *Құрамында бромы бар.* ~ камфора. □ **Бромды калий** *(хим.)* — *бром мен калийдің қосылысы.* **Бромды натрий** — *бром мен натрийдің қосылысы.* **Бромды сутек** *(хим.)* — *тұссіз газ, бром мен сутектің қосылысы.* **Бромды сутек қышқылы** *(хим.)* — *бромды сутектің судағы ерітіндісі.*

БРОН *Танктерді, бронепоездарды, оқ өтпес үшін қаптайтын құрыш болат.*

БРОНЕВИК *Соғыс құралдарымен жабдықталған, бронмен қапталған автомобиль.*

БРОНЕПОЕЗД *Әскери қару-жарақ таситын бронды поезд.*

БРОНЕТАНК *Бронмен қапталған танк.*

БРОНЕТРАНСПОРТЕР *Жаяу әскер мен оқ-дәрі тасуға арналған бронды автомобиль.*

БРОНХ *анат. Кеңірдектің өкпеге түйіскен жеріндегі екіге бөлініп тарамдалған тыныс жолы.* □ **Бронх демікпесі** *(мед.)* — *адамды мезгіл-мезгіл булықтырып, тынысын тарылтатын аллергиялық ауру.*

БРОНХИТ *мед. Бронх (тыныс жолы)* — *тыныс жолдарының қабынуы салдарынан болатын ауру.*

БРОНЬ 1. *Белгілі бір мақсатпен сақталынатын арнаулы орын.* 2. *Белгілі бір адамды бір жерге бекітіп қою правосы; құжат, қағаз.*

БРОШЮРА *Қабы жұқа, бет саны аз, жұқа кітапша.*

БРУТТО *Заттың (жүктің, товардың) сыртқы қабымен немесе қорабымен қоса есептегендегі барлық салмағы.*

БРУЦЕЛЛЕЗ *мед. вет. Малда, адамда болатын сырқырамалы сары ауру.*

БРЫНЗА *Сүттен, әсіресе қой-ешкі сүтін ұйытып, сүзіп, тұздап қатыратын сүзбе ірімшік, сүтті тағам.* Қой сүтінен *брынза* жасайды (Ермеков).

БУ I 1. *Сұйық заттың жылып, қызуынан, буланудынан пайда болатын тұман тәрізденген газ.* Шәйнек ~ы аспанға көтерілді. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің желігі, әсері.* Қымыздың ~ымен мәре-сәре болды. □ **Бу диірмен** — *бу күшімен жүретін диірмен.* **Бу камерасы** — *бу сақталынатын орын.* **Бу күші (қуаты)** — *будың өндіріске, шаруашылыққа пайдалырақ қасиеті.* **Бу қазаны** — *атмосфера қысымынан жоғары қысымды бу алу үшін қолданылатын жылу алмастырғыш аппарат.* **Бу машинасы** — *будың қысым күшін пайдалану арқылы жұмыс істейтін жылу двигателі.* **Бу өлшегіш** — *будың қысым күшін өлшейтін прибор.* **Бу турбинасы** — *бумен жұмыс істейтін жылу двигателі.* **Бу электр станциясы** — *бу күші арқылы жұмыс істейтін электр станция.* ◊ **Бу алды** — *есірді, қоқиланды.* **Буға (буына) семірді** — *бір нәрсенің деміне масаттанды, желікті.* **Буы басылды** — *желігі тарқады.* **Буына (буға) пісті** — *бір нәрсенің әсеріне масайрады, лепірді.*

БУ II 1. *Бір нәрсені қатты қысып байлау.* Шыбықтарды белінен ~ып қойды. 2. *Ауыс. Маза бермеу, тыныш таптырмау.* Ыза ~ды, үйқы ~ды.

БУАЗ 1. *Құрсағында төлі бар; туатын мал, хайуан.* ~ саулық, ~ сиыр, ~ киік. 2. *қарап. Екіқабат, аяғы ауыр.* Сіз бен біздің қатын *буаз* екен (Қозы Көрпеш.) **Буаз болды** *(бот.)* — *дән тола бастады, бас алды.*

БУАЗДЫҚ *Буаз малға тән физиологиялық жағдай.* Туатын малдардың ~ғы айқындалды.

БУАЗЫ *кәсіби. бот. Пісіп жетілу, бас алу, дәндене бастау.* Жемістер *буази* бастады (Ғ. Мұстафин).

БУАЛДЫР 1. *Сағым тәрізді күңгірт, бұлдыр.* Шығыс жақ ~ тұманға айналды. 2. *Ауыс. Алдыарты көмескі, не болары белгісіз.* Оның болашағы ~. ◊ **Буалдыр тартты** — *күңгірт тартты, көмескіленді.*

БУАЛДЫРЛЫҚ *Бұлдырлық, көмескілік.* ~ты ұнатады.

БУБЕН *муз. Кіші барабанға ұқсас, төңірегіне сылдырмақ орналастырылған, ұрып ойнайтын аспап.*

БУДА *Шоғырланған бір топ зат, бума.* Бір ~ гүл (сарымсақ).

БУДА-БУДА *Бірнеше буда; бума-бума.* ~ мата (жіп).

БУДАҚ *Шоғыр, бір топ.* ~ шаң, ~ түтін.

БУДАҚ-БУДАҚ *Шумақ-шумақ, лек-лек.* ~ көк түтін, ~ ақша.

БУДАҚТА *Түтіннің, шаңның шумақ-шумақ боп аспанға көтерілуі.*

БУДАЛА *Бөлек-бөлек етіп жинау, топ-топ ету, шоғырлау.* Қалтасында *будалап* ақша жүретін (Ж. Молдағалиев).

БУДАН *Әртүрлі тұқымды біріне-бірін будандастырудан шыққан жаңа тұр; тұқым.* Тұнжыр-түйғын мен қаршығаның ұрықтануынан пайда болған ~.

БУДАНДА 1. *Әртүрлі мал тұқымын будандастыру арқылы жаңа тұқым шығару.* Арқар менен Мериностан ~п қой шығарған. 2. *Әр сортты немесе әртүрлі өсімдіктерді тозандандыру ұластыру арқылы жаңа сорт шығару.*

БУДАҢДЫ *Будандастыру жолымен алынған.* ~ сорт.

БУДАНДЫҚ *Буданға тән қасиет.* ~ қасиет.

БУДДА *Қытай, жапон, үнді, монғол және басқа шығыс елдерінде кеңінен тараған будда діні.*

БУДДИЗМ *діни. Будда дінінің көзқарасын білдіретін ағым.*

БУДДИСТ *діни. Будда дінін жақтаушы, қолдаушы.*

БУДЫРА *Қобырау, дудырау.* Шашы ~ған, жүні ~ды.

БҮЙВОЛ *зоол. Жүп тұяқты, мүйізді, дала өгізінің бір түрі, енеке.*

БУК *бот. Жылтыр сұр қабықты қатты ағаш.*

БУКИНИСТ *Ұсталған, ескірген, сирек кітаптарды сататын адам.*

БУКСИР *Жүре алмаған, бұзылған нәрселерді (кеме, машина) тіркеп сүйрету әрекеті.* ◊ **Буксирге алды** — а) *бір нәрсені машина не трактордың артына тіркеп сүйреді;* ә) *жұмыста артта қалушы адамға жәрдем етті.*

БУКСИРЛЕ *Буксирге алу.* ~п шығардық.

БУЛА 1. *Бір нәрсені буға ұстау.* Тасекпемен ауырған малды арша түтетіп *булайтын* (Арғынбаев) 2. *Ауыс Балқыту, елжірету, маужырату.* Маужырап, *булап,* жадыратқан ыстық (Сейфуллин).

БУЛАҒЫШ *тех. Бір нәрсені булау үшін арнайы жасалған аппарат.*

БУЛАНДЫРҒЫШ 1. *Сұйықты тез буландыратын нәрсе.* 2. *Буландыру қызметін атқаратын аппарат; булағыш.*

БУЛЫ *Буы бар, буы көп.* ~ монша. ◊ **Булы сөз** — *мақтанмен бөсіп айтылған сөз.*

БУЛЫҚ I 1. *Самаурынның, шәугімнің, шәйнектің бу шығаратын тесігі.* Самаурынның ~ғы ашық. 2. *Ауа тазару үшін ашық қалдырылған саңлау, бу шығарғыш.* Көрпенің шетінен сәл ғана ашып *булық* шығарамын (С. Жүнісов).

БУЛЫҚ II 1. *Ұйықтап жатқан адамның жайсыз жағдайдан тынысы тарылып қалуы, тұншығу.* 2. *Бір нәрсенің әсерінен тығылу, қыстығу.* Ашуға ~ты, күлкіге ~ты. 3. *Ауыс. Байыз таптырмау, тыныштын кетіру.* Торы ат бүгелектеп *булығып*, басын үйкеледі (Майлин).

БУМА *Буылған зат, нәрсе.* Бір ~ ақша, ~ қағаз.

БУМА-БУМА *Топ-топ етіп буылған.* ~ хаттар.

БУМАЛА *Бума-бума етіп топтау.* Шидің қабығын аршып, көлеңкеге *бумалап* кептіреді (Қасиманов).

БУНА 1. *Қатты буылған, байланған жерді қысу, қиып кету.* Оң білегіне жіп батып, ~п тастапты. 2. *Таяқты, т. б. нәрсені сақина тәрізді бунақтап кесіп, керту.* Тобылғы таяқты бірнеше жерден ~п қойды.

БУНАҚ I 1. *Бір нәрсенің сақиналанып, буын-буын болған жері.* Бұл *бунақ-бунақ* ұзын аяқты шаян (Ахтанов). 2. *Бір нәрсенің (таяқтың) оймышталып кесілген, кертілген жері.* Таяқтың *бунақтары* ап-айқын көрініп тұр. ("Лен. жас").

БУНАҚ II *әдеб. Өлең тармақтарындағы дауыс толқыны, сөз өлшемі; ырғақты пауза.*

БУНАҚТА 1. *Бір нәрсені сақина тәрізді етіп бунау.* Қолымда бір қамшым бар *бунақтаған.* 2. *Ауыс. Жік-жікке бөлу, топтау.* Адамның құлқын, санасын тізбектеп *бунақтасақ*, соның ең алдыңғы *бунағы* саясат болады (Сейфуллин).

БУНАҚТЫ *Бунағы бар.* Үш ~ темір пеш.

БУНКЕР *әск. Солдаттар үшін жар астынан арнайы жасалған қуыс орын.*

БУНЧУК *Түркі халықтарының сылдырмақты, қоңыраулы аспабы.*

БУРА *Айыр түйенің келеге түсетін еркегі.* ◊ **Бурадай бұрқылдады [зіркілдеді, бұрқырады]** — *бұрқан-тарқан боп ашуланды.*

БУРА-ҚОТАН *көне. Алқа-қотан дөңгелене отырып ойнайтын қазақтың ұлттық ойыны.*

БУРАЛЫҚ *Бура боларлық.* ~ түйелерді іріктеп алды.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ *Буржуазияға тән.* ~ қоғам.

БУРЖУАЗИЯШЫЛ *Буржуазияны жақтаушы, соны қолдаушы.* ~ идеологтар.

БУРКА *Жұқа киізден жасалған кавказ халқының жеңіл желбегей сырт киімі.*

БУРЫЛ 1. *Ақ пен көк, аздап қара араласқан түс.* Тайыншадай *бурыл* бұғы (Момышұлы). 2. *Сақал-шашына ақ кірген адам.* ~ сақал, ~ мұрт. □ **Бурыл тартты** — *сақал-шашына ақ кірді.* 3. *Бурылдану, бурыл тарту, шашына, сақалына ақ кіру.*

БУРЯТ *Бурят-монғол АР-ның негізгі тұрғыны.*

БУСАН 1. *Жеңіл ғана терлеу, аздап жіпсу.* Ол ат жүрісіне *бусанды* (Майлин). 2. *Ауыс. Жердің қары кетіп тоңы еру.* Жер ~ ды.

БУТАФОРИЯ *иск. Сахнаға лайықтап жасалынған жасанды жиһаз, бұйым.*

БУТАФОРИЯЛЫҚ *Бутафорияға тән.* ~ бұйымдар.

БУТЕРБРОД *Май жағып не сыр не колбаса салған бір тілім нан.*

БУТИЛ: **бутил спирті** *(хим.)* — *өткір иісті, түссіз сұйық спирт.*

БУТЦЫ *спорт. Табанының бұдыры бар, футбол ойнағанда киетін аяқ киім.*

БУФЕР *тех. Екі заттың бір-біріне соқтыққандағы күшін солғындату үшін жасалатын қондырғы.*

БУФЕТ 1. *Жеңіл-желпі тамақ не сусын сататын орын.* 2. *Ыдыс-аяқ, тағам сақталатын шкаф.*

БУФЕТШІ *Буфет ұстаушы әйел.*

БУХГАЛТЕР *Кәсіпорында, шаруашылықта есеп-қисап жұмыстарын жүргізуші қызметкер, бухгалтерия маманы.*

БУХГАЛТЕРИЯ 1. *Есеп-қисап жүргізудің теориясы мен практикасы.* 2. *Белгілі бір мекеменің, ұйымның, шаруашылықтың есеп-қисап жүргізетін бөлімі.*

БУХТА *Кеме тоқтауға жарайтын кішкене қойнау немесе шығанақ.*

БУШЛАТ *Матростардың шұғадан тігілген жылы курткасы.*

БУШМЕН *Оңтүстік және Шығыс Африканың ежелгі жергілікті халқы.*

БУЫЛДЫҚ *бот. Ақ гүлді, ұзын сабақты, сулы жерде өсетін тамыр — жемісті өсімдік.*

БУЫЛТЫҚ *Белгілі бір нәрсенің бойында томпақ, буынтақ боп өскен, шорланған жері.* Өсімдіктердің тамырларында өскен ~ тар болады.

БУЫЛТЫҚ: **буылтық құрт-** *денесі сақина тәрізді буылтықтанған ұзын құрт.*

БУЫЛТЫҚТА *Буылтық-буылтық ету, бунақтау.* Мылтықтарын шапанға орап, жіппен *буылтықтап* байлады (Сейфуллин).

БУЫН I 1. *Адам мен жануарлардың аяқ, бақай, тізе, жілік т. б. қозғалмалы түрде жалғасқан жері.* Адамның қол-аяқ ~дары. 2. *бот. Сабақтың жапырақ немесе бүршік орналасқан жері.* 3. *Ауыс. Тұтас бір нәрсенің жеке саласы, бөлімі, тармағы.* Цех-цехтың бар буыны тоқтап, жұрт тарады (Сыланов). 4. *Ауыс. Ұрпақ, ұрім-бұтақ.* Аға ~, жас ~, соңғы ~. □ **Буын аралық** *(бот.)* — *сабақтағы екі буынның арасы.* **Буын аяқтылар** *(зоол.)* — *жоғарғы сатыдағы омыртқасыз жәндіктердің ішіндегі ең көп тараған тобы.* ◊ **Буын иілу** — *буын сырқатын оташылықпен емдеу әдісі.* **Буыны бекіді [қатайды]** — а) *ер жетті, есейді;* ә) *ысылды, шыңдалды.* **Буыны бекіп, бұғанасы қатпаған** — *кемеліне келмеген, есеймеген.* **Буыны босады [құрыды]** — а) *денеден әл кетті, әлсіреді;* ә) *тұла бойын қорқыныш кернеді.*

БУЫН II *лингв. Сөздерді айту кезіндегі ауаның қарқынмен кілт үзіліп шыққан не бірнеше дыбыстар тізбегі.* □ **Буын үндестігі** — *сөз ішіндегі, сөздердің аралығындағы буындардың бір-бірімен айтылуы жағынан өзара үйлесуі, үндесуі.*

БУЫН III *Буыну, қылқыну, тыныс ала алмау.* Көгендегі қозылар *буынып* қалмасын.

БУЫНДА I *бот. Буын салу, буын пайда болу.* Ошаған ~п келеді.

БУЫНДА II *филол. Буын-буынға бөлу, ежіктеу.* ~п оқыды.

БУЫНДАС I *Жалғасу, қиюласу, түйісу.* Омыртқалар бір-бірімен *буындасып* тұрады (Адам анатом.).

БУЫНДАС II *Құралпас, замандас, қатарлас, жалғас.* Асан ~ жігіттер ғой.

БУЫНДЫ I 1. *Буыны бар, бунақталған, буын-буынға бөлінген.* Тоғыз **буынды,** жез сақиналы жуан қайың найза (Есенжанов). 2. *Тармағы мол, тарады, тармақты.* Азаматтың көзі 18 **буынды** шарттың әр әрпін бір шолып өтті (Майлин).

БУЫНДЫ II *филол. Буыннан тұратын, буынға бөлінген.* Жеті ~ жыр, бір ~ сөз.

БУЫНДЫ III *Буылған зат, бума.* Газет ~сы, архив ~сы.

БУЫНДЫР *Қылғындыру, алқымнан қысу, тыныс алдырмау.* Өз қолыммен **буындырып** өлтірем (Жұмаділов).

БУЫНҚАП *анат. Жіліктердің бір-бірімен жалғасатын жеріндегі ақ шеміршек.*

БУЫНҚҰРТ 1. *Білдірмей жұріп, іштей жейтін жегі; ауру.* 2. *Ауыс. Көз құрты, ерікті билейтін сиқыр.* Әйел заты **буынқұрт** емес пе (Ахтанов).

БУЫНСЫЗ *Буыны жоқ, былқ-сылқ етіп бұралған, майысқан.* **Буынсыз** бұратылған биші Шара (Әбдірахманова). ◊ **Буынсыз жер** — *орынсыз; жөні жоқ жер.* **Буынсыз жерге пышақ ұрды [салды]** — *орынсыз талап, жөнсіз тілек қойды.* **Буынсыз тіл** — *шешен сөз, шебер тіл.*

БУЫНТЫҚ *Буылтық, буынтақ.* Қайың бұтақтары буынтық шодыр.

БУЫНШАҚ *Буылған кішкентай нәрсе, түйіншек.* ~тарды көтеріп келеді.

БУЫНШАҚ-ТҮЙІНШЕК *Буылған-түйілген, ұсақ-түйек зат.* Беріктің қолтығы толы ~.

БУЫП-ТҮЙ *Бір нәрселерді жинастыру, орап-байлау.* Жүктерді ~іп қойды.

БУЫРҚАН 1. *Желдің, дауылдың өршелене үйткі соғуы.* ~ып соққан дауыл. 2. *Өзеннің жағаға ұрып, көбік шашып ағуы.* Ақ көбік шашып **буырқанып** Тайынты өзені ағып жатыр (Қайсенов). 3. *Ауыс. Қаһарына мініп қатты ашулану, қатулану.* Ол қатты ~ды. 4. *Ауыс. Буранның келеге түскен кезіндегі айбат шегіп құтырынуы.* ~ып тұрған бурадан қорықты.

БУЫРҚАНЫС *Іштей ширығушылық, зығыры қайнап, көрленушілік, қаһарланушылық.* ~ын білдірмеуге тырысты.

БУЫРШЫН *Аруана мен үлектен туған төрт жасар бура; інген бұзар.* Түйенің піштірілмегені **буыршын,** бура, үлек делінетін (Арғынбаев).

БҰҒАЗ *геогр. Екі мұхиттың не теңіздің бір-бірімен жіңішкеріп келіп қосылған жері.*

БҰҒАҚ *Адамның, иек астындағы салпыңқы тұсы, малдың әукесі, күпегі.* ~ы салбырады, ~ы біліңді. □ **Бұғақ ауруы** *(мед.)* — *қалқанша (тамақ) бездері қызметінің бұзылуынан болатын ауру; жемсау ауруы.* ◊ **Бұғағынан үзілген** — *толысып, бой жеткен (қыз).*

БҰҒАЛЫҚ 1. *Асау ұстауға ыңғайлап, ұш жағын ілмектеп, тұзақтап байлаған мықты қыл арқан.* Асау мойнына ~тың қалай түскенін байқамай қалды. 2. *Ауыс. Өз еркіне бағындыратын тоскауыл күш, қысым, тегеурін.* Ол жуырда ~қа көне қоймастай. ◊ **Бұғалық салды [тастады]** — *тізгіндеді, еркіне жібермеді.* **Бұғалық тастам (жер)** — *бұғалық тастауға ылайық, он-он бес метрдей аралық.*

БҰҒАЛЫҚТА 1. *Асауға бұғалық салу.* Жылқышылар асауды ~п ұстайды. 2. *Ауыс. Өз еркіне көндіру, тізгіндеу, тежеу.* Ангараны ~п адам еркіне көндірдік.

БҰҒАЛЫҚТЫ *Бұғалық салынған.* ~ көк ат.

БҰҒАНА *анат. Жауырыны мен төс сүйекті байланыстырушы, иіліңкі сүйек.* ~сы сынған қарт шыдамады. ◊ **Бұғанасы бекіді** — *өз-өзіне келді, ынғайды, күшейді.* **Бұғанасы қатпаған** — *тәжірибесіз, төселмеген.*

БҰҒАНАЛЫ *Мықты, қайратты, күшті.* ~ батыр.

БҰҒАТ *Үй қабырғаларының жоғарғы жақ кенері.* Түйін үй-үйдің **бұғатына** тығылды (Ш. Ахметов).

БҰҒАУ 1. *Қылмысты адамның екі қолына, мойнына, аяғына салатын шынжыр, металл шеңбер.* 2. *Ауыс. Еркі, құқы жоқтық, құлдық, басыбайлық.* Халық отарлық ~ын лақтырып тастады. 3. *Ауыс. Қапас, қамау, қоршау.* Оларды ~дан босатуға ел қам қылды. ◊ **Бұғау салды** — *еркіне көндірді, бағындырды.*

БҰҒАУЛА 1. *Бұғау салу, кісендеу, тұтқындау.* Сәкеннің қол-аяғын **бұғаулап,** ит жеккенге айдады (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Бағындыру, еркіне көндіру.* Құдіретті күймен ~й бермек.

БҰҒАУЛЫ 1. *Бұғау салынған, бұғауланған.* Қол-аяғы ~. 2. *Ауыс. Тәуелді, бағынышты, еріксіз.* Арылса **бұғаулы** өмір, жаладан да (Достық жыры).

БҰҒЫ 1. *Күйіс қайыратын, сүт қоректі айыр тұяқты, сала мүйізді ірі аң, тау, орман жануары.* 2. *Сол бұғы мүйізінен жасалған, созылмалы ұлан ауруға шалдыққандарға берілетін дәрі.* □ **Бұғы белбеу** — *қалың көннен істелген жалпақ белбеу.* **Бұғы қынасы** *(бот.)* — *тундрада торфты, батпақты жерлерде кездесетін сұр түсті майда бұта; бұғы мүгі.* **Бұғы мойын** — *жуан күжірейген мойын.*

БҰҒЫЗ *Диірменнің беткі тасындағы бидай түсіп тұратын кең ұңғы, тесік.* ~ы толған диірмен тасы баяу айналады.

БҰҒЫНБАҚ *Жасырынбақ, бұғынып ойнау ойыны.* Екеуі ~ ойнады.

БҰҒЫНШАҚТА 1. *Қайта-қайта бұғу, жасырыну.* Биік дөңнің үстінен **бұғыншақтап** қараймын (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Қысылып-қымсыну, қорғаншақтау.* Баладан қысылып, ~ды.

БҰҒЫҢҚЫ *Ашық емес, жасырын. Елеусіз, көмескі.* Көзге көрінбейтін **бұғыңқы** қыстақ осы (Т. Әлімқұлов).

БҰҒЫШЫ *Бұғы бағушы адам, бақташы.*

БҰҒЫШАҚ *көне. Қазақтың ертедегі музыкалық аспабы.*

БҰДЫР 1. *Кедір-бұдыр, бұжыр.* Кей жердің **бұдыр** тастары көрінеді (М. Әуезов). 2. *Жазық жердегі ой-қыр, төбешікті, шоқатты жер.* Автомобиль жолдың бұдырына кезікті (Ө. Қанахин). 3. *Бедер.* Бедерлеп тіккенде мәнерлі **бұдырлар** пайда болады (Қасиманов).

БҰДЫРАЙ *Бұдыр болу, бұртию.* Бұлшық еттер ~ған.

БҰДЫР-БҰДЫР *Тегіс емес, кедір-бұдыр.* ~ қыш қорған.

БҰДЫРҚАЙ *Бұдыр-бұдыр, кедір-бұдырлары көп.* ~ елсіз жол.

БҰДЫРЛА *Бұдыр салу, жасау; бедерлеу.* Құмыралардың беттерін оюлап, **бұдырлап** пайдаланады (Қасиманов).

БҰДЫРЛЫ *Бұдыры бар, бұдыры көп.*

БҰДЫРМАҚ 1. *Жер бетіндегі ой-шұқыр, кедір-бұдыр.* Шана **бұдырмақтан** ырғып келіп тоқта-

ды (Сейфуллин). 2. *Терінің сыртынан біліпіп тұратын бөртken, бөртпе.* Тері үстінде ***бұдырмақ*** пайда болады (Тілеуғалиев).

БҰДЫРМАҚТЫ *Бұдырмағы бар.* ~ дене.

БҰДЫРСЫЗ *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс.* ~ дала, ~ жазық.

БҰЖБАН *жерг. Бұйенге салып пісірген шұжық, шұжықтың үлкен жері.* Қыстығүні тамақтың асылы ***бұжбан*** (Биол. сөз.).

БҰЖЫ *жерг. Жаңа сойған қой етін бұйенге салып әзірлеген шұжық тәрізді тағам түрі.*

БҰЖЫР 1. *Тегіс емес, бұжыр-бұжыр.* Алақаны ~ екен. 2. *Шешек ауруынан қалған адам бетіндегі дақ, таңба.* Әлімбек ~ қызын ұзатты. □ **Бұжыр қара** — *қара бұжыр адам.*

БҰЖЫРА *кәсіби. Етікшінің үш жағы бұрандалы құралы. **Бұжырамен*** етіктегі қалыпты суырады (Қасиманов).

БҰЖЫР-БҰЖЫР 1. *Тегіс емес, кедір-бұдыр (жер, зат).* ~ қабық. 2. *Шешек дағы бар (бет).*

БҰЖЫРЛА *Бұжыр-бұжыр ету.* ~п тастаған.

БҰЖЫРЛАУ *Аздап бұжыры, кедір-бұдыры бар.* ~ бет.

БҰЗ 1. *Қырату, сындыру, талқандау.* Үйдің терезесін ~ып ішіне түсті. 2. *Бұлдіру, істен шығару.* Ол зиянкестер мәдени мұраларды ~ды. 3. *Малдың етін мүше-мүшеге бөлу, жіліктеу, боршалау.* 4. *Біркелкі күйді [жайды] дағдылы қалпынан өзгерту.* Тыныштын ~ды, қалпын ~ды. 5. *Уәдені, салтты сақтамау.* Ант ~ды, салт ~ды, бата ~ды. 6. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп мазаны алу сияқты ұғымды білдіреді.* Шырық ~ды, шырымын ~ды. 7. *Ауыс. Біреуді азғыру, айныту.* "Қамқор қызымды ***бұзып*** жүр", — деп Қанат өшіккен (Оразалин). 8. *Ауыс. Адамдықтан ада ету, жақсы қасиеттен айыру.* Татымсызға қылған болыстық өзі адамды ***бұзады*** (Абай). 9. *Ауыс. Организмге бір нәрсенің жағымсыз әсер етуі, ауырту.* Салқын сүт қозының ішін ***бұзады*** (Төлешов).

БҰЗА-ЖАР *Киіп-жару, баса-көктеу.* Мұстапа көпті ~а кірді.

БҰЗАҚАР *Бұзық, бұзылған әйел.* Бұл барып тұрған ~ деседі.

БҰЗАҚЫ *Бұзық, тентек, сотқар.* ~ бала, ~ атанды, ~ адам.

БҰЗАҚЫЛАН *Бұзақы болу, сотқарлық көрсету.* ~бай жайына отыр.

БҰЗАУ *Сиыр, марал т. б. мүйізді малдың алты айға толмаған жас төлі.* □ **Бұзау бас етік** — *жалпақ, доғал бас етік.* **Бұзау көз** — *өлімсіреген жанарсыз көз.* **Бұзау тұмсық (мұрын)** — *мұрны жалпақтау келген, таңқы танау.* **Бұзау тастады** — *мал іш тастады.* **Бұзау тіс** — *салалы, ірі.*

БҰЗАУБАЛЫҚ *зоол. Алабұға тәрізділер отрядына жататын балықтардың бірі.*

БҰЗАУБАС I *зоол. Басы үлкен, алдыңғы аяқтарымен жер қазатын түсі сары қоңыз.*

БҰЗАУБАС II *бот. Құмды жерде өсетін биіктігі 5–25 см-дей малға жұғымды шөп.*

БҰЗАУБАС: бұзаубас балық *(зоол.)* — *ащы суларда тіршілік ететін басы жалпақ балық.*

БҰЗАУҚАН *экспр. эмоц. Жаңа туған жас бұзау.* ~ көзін аша бастады.

БҰЗАУЛА *Сиыр, марал, бұлан сияқты жануарлардың төлдеуі, тууы.* Сиыр ~п жатқан кез.

БҰЗАУТАЗ *Барлық түлікте болатын жұқпалы ауру.*

БҰЗАУ-ТОРПАҚ *Сиырдың бір жасқа толмаған төлі.* ~ты қораға қамады.

БҰЗАУТІС *Жалпақ таспадан 8–12–16 өрім етіп өрілген қамшы.*

БҰЗАУШЫ *Бұзау бағушы.* ~ келіншек.

БҰЗАУШЫҚ *көне. Сақарға май қосып қайнатып жасаған қара сабынның кішірек бөлшегі, қалдығы.*

БҰЗҒЫНША *Зақымданған гүл орнына шығатын өсінді.*

БҰЗҒЫНША: бұзғынша кене *(зоол.)* — *өсімдік жапырақтарымен, қабығымен қоректенетін кене тәрізді кішкентай зиянкес жәндік.*

БҰЗҒЫНШЫ I *бот. Кейбір ағаштарда болатын желім тәрізді сұйық зат; шайыр.*

БҰЗҒЫНШЫ II *Қиратушы, бұлдіруші, ірткі салушы.* Ол — ел бүлдірген ***бұзғыншы.***

БҰЗДЫР *Қаю мерзіміне бір жыл қалғанда інгендерге еріксіз бура шөгеру.*

БҰЗУСЫЗ *Бұзылмаған, бөлшектенбеген, мүшеленбеген.* ~ ет.

БҰЗЫҚ 1. *Бұзақы, тентек, сотқар.* 2. *Ауыс. Арам, қара ниет.* Шірік шірітеді, ***Бұзық*** бүлдіреді (Мақал). 3. *Ауыс. Істен шыққан, бұлінген зат, нәрсе.* Ол ***бұзық*** ескі рацияны жөндемек болды (Ә. Нұрпейісов).

БҰЗЫҚТЫҚ *Бұзақылық, тентектік, сотқарлық.* ~ты қашан қоясың.

БҰЗЫЛ 1. *ыр. етіс. Бұзып.* 2. *Белгілі бір заттың өзіндік ерекшелік қасиетін жоюы; дәмі, иісі, түсі кету.* Балық ~ды, ет ~ды, жеміс ~ды. 3. *Бір нәрсенің өзгеріп кетуі; басқа түске ену.* Ауа райы ~ды, күн ~ды, қаны ~ды.

БҰЗЫЛҒАН *Жаман жолға түскен, азғындаған.* ~ бала, ~ әйел.

БҰЗЫЛМАЛЫ *Бұзылғыш, айнып қалғыш.* Жорғасы жайсыз, әрі ***бұзылмалы*** болды (Бегалин).

БҰЗЫЛЫҢҚЫ *Аздап бұзылған, өзгеріңкі.* Күн райы ~.

БҰЗЫЛЫС *Бұзылғандық, бұлінгендік.* Олар мына ***бұзылысты*** пайдаланды (Исабаев).

БҰЗЫП-ЖАР 1. *Бұзу, талқандау, қырату.* 2. *Баса көктеу, кимелеу.* Бір шопан баласы ***бұзып-жара*** сөз алды (Қыдыров).

БҰЙДА *Түйе не өгіздің мұрындығына тағылатын бас жіп; бау.* Қалмақтар екі түйені ***бұйдасынан*** жетелеп тайып тұрды (Соқпақбаев). ◊ **Бұйда беру** — *еркін, ықтиярын біреуге беру, не де болса көну.* **Бұйдасын мойнына іліп қоя берді** — *бетінен қақпады, еркіне жіберді.* **Бұйда тартты** — *жолға шықты, жол тартты.* **Бұйда тарту** — *жүк артылып тіркелген көп түйенің бұйдаларын тартып, жүрер жолға дайындау.*

БҰЙДА: бұйда пышақ — *жалпақ келген, салалы ұзын пышақ.*

БҰЙДАГЕР 1. *Бұйдалы түйелерді алып жүруші.* 2. *Ауыс. Жетекші, дем беруші.* Көтерілістің ~і Исатай еді.

БҰЙДАЛА *Түйеге бұйда тағу, байлау.* **Бұйдалаған [мұрнын тескен] түйедей [тайлақтай]** — *өз билігі жоқ, еріксіз, ырықсыз.*

БҰЙДАЛЫ *Бұйда тағылған, бұйдасы бар.* ~ түйе, ~ тайлақ.

БҰЙДАЛЫҚ *Бұйда болуға жарайтын.*

БҰЙҚЫТ *жерг. Кенеттен, күтпеген жерден.* Бір топ совет барлаушылары бұларға ***бұйқыт*** тиіпті (Ә. Нұрпейісов).

БҰЙРА 1. *Шиыршықтана ширатылған, бұралған (шаш, елтірі, жүн).* 2. *Ауыс. Толқынданған әдемі көріністі, толқынды.* ~ толқын, ~ бұлт. □ **Бұйра бірқазан** *(зоол.)* — *желкесінде ұзын, бұйра қауырсыны бар бірқазанның түрі.* **Бұйра зығыр** *(бот.)* — *биіктігі 30–50 см-дей бұйра жапырақты зығырдың бір түрі.* **Бұйра құм** — *сусымалы, шағыл құм.* **Бұйра сораң** *(бот.)* — *түбінен тармақталып өсетін, биіктігі 30–40 см көкшіл сұр өсімдік.* **Бұйра тал** — *көбінесе өзен бойларында өсетін, жапырақты уақ тал.*

БҰЙРАЛА 1. *Бұйра жасау, бұйра ету.* Шашын ~ды. 2. *Ауыс. Сәл ғана толқындандыру, әдемі түрге келтіру, сәндеу.* Көк беделер жер бетін ***бұйралап*** түр (F. Мұстафин).

БҰЙРАЛЫҚ *Бұйраланған, ширатылғыштық қасиет.* ~ғы болмаса, онша қызығарлық емес.

БҰЙРАТ *Ойлы-қырлы созылып жатқан қырқа, адыр.* □ **Бұйрат құм** — *өркеш-өркеш, төбе-төбе құм.*

БҰЙРАТТАН *Ойлы-қырлы болу, бұйратқа айналу.*

БҰЙРЫҚ 1. *Әкімшілік орындары тарапынан берілетін әмір.* 2. *діни. Алла-тағаланың құдіреті, құдайдың салғаны; жазмыш.* Алланың ***бұйрығы*** шығар, батасын берді (Ж. Молдағалиев). 3. *Ауыс. Көңіл қалауы, жүректің әмірі.* Жүрек ~ығымен оқуға келдім. ◊ **Бұйрық берді [етті]** — *әмір етті, жарлық қылды.* **Бұйрық болса** — *бұйырса, сәті түссе.*

БҰЙРЫҚСЫЗДЫҚ 1. *Бұйрықтың жоқтығы, әмір болмағандық.* 2. *діни. Бұйырмағандық, маңдайға жазылмағандық.*

БҰЙРЫҚТЫ 1. *Әмірлі, бұйыра айтылған.* ~ дауыс, ~ нұсқау. 2. *діни. Құдайдың бұйрығы бойынша болған.* ~ өлім, ~ күн.

БҰЙЫ *көне. Елту, балқу, сезімге берілу.* Тәліптің таңғажайып ісін көріп, Патша кетті ***бұйып*** (Үш ғасыр).

БҰЙЫҒЫ 1. *Ұяң, жуас, момын.* Әлімбет ***бұйығы*** жуас кісі (Балғабаев). 2. *Ауыс. Енжар, маргау.* Төңірек тым-тырыс ***бұйығы*** жатыр (Қанахин).

БҰЙЫҒЫЛАН *Тұйық болу, көп сөйлемеу.* Ол бұрынғысынан да ары ***бұйығыланып***, тымырайып алған (Жанұзақов).

БҰЙЫҒЫЛЫҚ *Сөзге жоқтық, тұйықтық.* ~ шақтан өткен.

БҰЙЫҒЫҢҚЫ 1. *Ұяңдау, тұйықтау.* ~ қыз, ~ адам. 2. *Ауыс. Селсоқтау, енжарлау, маргаулау.* ~ күй, ~ қалып. ◊ **Бұйығыңқы тартты** — енжарлау күйге түсті.

БҰЙЫҚ I *көне. Етік сыртынан жылылық үшін киетін қонышы қысқа, киіз байпақ.*

БҰЙЫҚ II *Бір-біріне тығыла түсу, бүрісу.* Жертөледе он шақты адам ***бұйығып*** отыр (Шәріпов). 2. *Ауыс. Іштей тыну, тымыраю.* Ерке едің ғой, бүгін неге ***бұйықтың*** (Шалабаева).

БҰЙЫМ 1. *Мүлік, жиһаз, дүние.* 2. *жерг. Жұмыс, іс, шаруа.* Ол келген ~ын бірден біле қойды. □ **Бұйым ба [емес]** — *сөз емес, тұқ емес.* **Бұйым болып [боп] па** — *сөз болып па; оңай, жеңіл.* **Бұйымға аспады** — *қажетке жарамады.* **Бұйым демеді [көрмеді]** — *жүк көрмеді, елемеді.*

БҰЙЫМДАЙ *Бұйым күйінде, заттай төленетін еңбек табыстары.*

БҰЙЫМДЫҚ *Бұйым болармлық.* ~ құны жоғары.

БҰЙЫМТАЙ 1. *Біреудің сұрамақшы нәрсесі, қалауы, қолқасы.* Бір үлкен ***бұйымтаймен*** келіпті (С. Омаров). 2. *Ауыс. Арнайы барған іс, шаруа.* Қабылдауға келген кісілердің ***бұйымтайын*** білді (Самғау).

БҰЙЫМТАЙЛА *Бұйымтай сұрау.* ~й келді.

БҰЙЫМТАЙСЫЗ *Бұйымтайы жоқ, шаруасыз.*

БҰЙЫР 1. *Бұйрық беру, әмір ету.* 2. *Ауыс. діни. Ырзық ету, нәсіп болу.* Ол балаларынан топырақ ***бұйырғанын*** тілейді (Өлішев).

БҰЙЫРҒЫН *бот. Тақыр, құмды жерлерде өсетін басы бұршікті, жапырағы жоқ, аласа өсімдік.*

БҰЙЫРМАСЫН *Қарғанып-сілену, ант-су ішу мәніндегі сөз.* Түк естісем ~.

БҰЙЫРСА *Реті келсе, сәті түссе, болса.* ***Бұйырса***, жүргелі отырсың. □ **Құдай бұйырса** — *сәтін берсе.*

БҰҚ 1. *Бой тасалау, жасырыну, тасалану.* Мысық лезде ~ты. 2. *Ауыс. Көзге көрінбеу, жасырын жату.* Әр сөздің ***бұғып*** жатқан идеясын іздеймін (Соқпақбаев). ◊ **Бұға берсең, сұға береді** — *үндемесең басынады, басқа шығады.*

БҰҚА I 1. *Сиыр малының піштірілмеген еркегі; аталық ірі қара мал.* ◊ **Бұқаға жанасты** — *күйлеген сиырға бұқа жіберді.* **Бұқа көзденді** — *көзін сүзе қарады.* **Бұқа мойын** — *мойны жуан.* **Бұқа тамақ** — *алқымы салбыраған, бұғағы салыңқы.*

БҰҚА II *кәсіби. Су жолына қамыстан қойған бөгет, тосқауыл.* □ **Бұқа арық** — *суы мол бас арық, тоған.*

БҰҚАРА *Еңбекші қауым, жұртшылық.* ~ мүддесі, ~ үні. □ **Бұқара халық** — *еңбекші қауым, көпшілік.*

БҰҚАРАЛЫҚ *Бұқараға тән, халықтық.* □ **Бұқаралық саяси жұмыс** — *көпшілік арасына жүргізілетін саяси жұмыс.*

БҰҚАРАШЫЛ *Бұқараның қамын ойлаушы, халықтың мүддесін қорғаушы, көпшіл.*

БҰҚАРАШЫЛДЫҚ *Бұқараның жоғын жоқтаушылдық, көпшілдік.*

БҰҚАРЖАЙ *көне. Бұхар қаласында жасалған садақ.* Бұлғары садақ ***бұқаржай***, Бұлғай тартты ер Қосай (Батырлар жыры).

БҰҚАТАНА *Қаршыға құсының бір түрі.*

БҰҚАТАРТЫС *Үлкен тойларда екі кісі мойнына арқан салып тартысып, күш сынасатын ұлттық ойын.*

БҰҚАША *Екі жасар тана бұқа; жас бұқа, бұқашық.*

БҰҚАШЫҚ *Жас бұқа, бұқаша.* Екінші топтағы ***бұқашықтардың*** салмағы едәуір (Құсайынов).

БҰҚБАС *зоол. Өзен бойында жүретін қара қоңыр түсті торғай.*

БҰҚПА 1. *Жасырынуға болатын қалтарыс, таса.* Жарық бола Тұсырман бір ***бұқпаға*** жасағын иіреді (Сыланов). 2. *Жасырын сыр, ішкі есеп.* ~сы жоқ адал адам.

БҰҚПАЛА *Бас жасыру, тасалану.* Қилыбай бөгеттің астымен ***бұқпалап*** келді (Сараев).

БҰҚПАЛАҚ *Бой жасырушылық.* ~ адам.

БҰҚПАЛАҚТА *Әр жерге бір бұғыну, бас бағу, жасырыну.* Партизандар да ***бұқпалап*** алға жүрді (Қайсенов).

БҰҚПАНТАЙ 1. *Бұғып жүретін, ешкімге ашық көрінбей тасада жүретін.* Дәрмен ***бұқпантайды*** білмейді (Т. Әлімқұлов). 2. *Ауыс. Жалтақтық, бұғып қалушылық.* Ендігі ***бұқпантайға*** орын жоқ (Оразалин). 3. *Ауыс. Жымысқы, бықсық.* Біреулер ***бұқпантай*** әрекет істеп жүр (С. Омаров).

БҰҚПАНТАЙЛА 1. *Тасалану, жасырыну, бұғу.* Жұрт ағаш арасымен ***бұқпантайлап*** өтеді (Бердіғұлов). 2. *Жалтақтау, тайсақтау, жасқану.* Әкпар ***бұқпантайлап*** өмір сүруден бас тартты (Есенберлин).

БҰҚПАНТАЙЛЫҚ *Бұққыштық, жасырынушылық.* Қай бәйтіден қаласың, ***Бұқпантайлық*** жетті ғой (Рашев).

БҰҚПАНТАЙСЫЗ *Бұкпесіз, ашық, айқын.* ~ әңгіме, ~ әрекет.

БҰҚТЫР I 1. *өзг. етіс. Бұқтыр.* 2. *Ауыс. Сес көрсету, ықтыру, имендіру.* Рысбек бүкіл ауылды бұқтырған (Ақышев). 3. *Ауыс. Дауылдың, боранның әрекетінен бүрісу, тоңу.* Қырды қара суық ***бұқтыра*** түсті (Есенжанов).

БҰҚТЫР II 1. *Шайды, тамақты, қатты қайнатпау, отын аздап басу.* Қаншайым тамақты ерте пісіріп, ~***ып*** қойды. 2. *Тағамға әр түрлі тұздықтар салып, дәмін кіргізу үшін жауып қою; сіңіру.* Тау жуаны ыстық сорпаға ***бұқтырып*** қойды (С. Мұқанов).

БҰҚТЫР III *Шамның білтесін төмен басып қою, жарығын азайту, көмескілеу.*

БҰҚТЫРМА *Самаурынның оттығындағы шоқты өшіру үшін жабатын қақпақ.*

БҰЛ I 1. *Кездеме, мата.* Жаңа ***бұлмен*** жамырап саудагерлер (Абай). 2. *Пұл, ақша.* ~***ын*** әкеп беріп, ботаны алып қалыңыз.

БҰЛ II *Біреуді не бір нәрсені нұсқап көрсететін осы, мына мәніндегі сілтеу есімдігі.* ~ жолы (дүние, ара, күнде).

БҰЛА I *Ешкім бетінен қақпаған, еркін, ерке.* Асабай ***бұла*** өскен сері жігіт (Тарази).

БҰЛА II *Көзінен жас ағу, жылап-сықтау.* Көзден ***бұла*** болып жас ытқыды (М. Әуезов).

БҰЛА III *көне.* 1. *Ақ көбігін ағызу, қатты терлету.* Талай жауды турады, Тарлан атты ***бұлады*** (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Жанын аямау, құрбан ету.* Бір құдайдың жолына, Малды аямай ***бұлапты*** (Абай).

БҰЛАҒАЙ *көне. Алай-тұлей, опай-топай.* ***Бұлағай*** заман тап болып, Қайғырып халық егілді (Жаңғабылов). **Бұлағай салды** — *айғай-шуға басты, атойлады.*

БҰЛАЙ *Осылай, дәл осындай.* Келіншекке ***бұлай*** киінбеуге болмайды (С. Мұқанов).

БҰЛАЙША *Дәл осындай, осылайша.* Аңсаған кездесу ***бұлайша*** өтеді деп ойламап еді (Мыңжасарова).

БҰЛАЙЫНША *Бұлайша, осылайша.* ***Бұлайынша*** толған Ер Тарғын, Енді атынан түседі (Ер Тарғын).

БҰЛАҚ I 1. *Басы бастаулардан басталып, баяу ағатын кішігірім су.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің қайнар көзі, негізі.* Адамдардың табыс ***бұлағы*** молайды (Ақ бидай).

БҰЛАҚ II 1. *Құлақ ішінің қабынуынан болатын созылмалы іріңді ауру.* 2. *Құлақтың ішінен ағатын ірің.*

БҰЛАҚТАЙ 1. *Бұлақ тәрізді.* ~ мөлдір. 2. *Ауыс. Сүті мол, көп.* Ол кемпірдің ~ сиыры бар еді.

БҰЛАЛЫҚ *Бұла болып өскендік, еркіндік.* Жүріс-тұрысында бір ~ бар.

БҰЛАМА *көне. Сұйық тағам, быламық.* Бұларда бар ***бұлама*** (Шалкиіз).

БҰЛАН I *Аша тұяқты, бұғы тектес ірі аң.* □ **Бұлан көз** — *бұланның көзіндей, көреген.*

БҰЛАН II *Бұла болып өскен; ерке.* Сәкен анасы үшін әлі де сүйкімді ерке ***бұлан*** (Көшімов).

БҰЛАН-ТАЛАН 1. *Астан-кестен, аласапыран болу.* 2. *Бұлқан-талқан болып ашулану.* Өмірімде бұлай ~ болмаған шығармын.

БҰЛАҢ I 1. *Шұбалаңқы нәрсенің арлы-берлі тербелуі; бұлғақ қағуы.* Ат құйрығының ***бұлаңы*** оның жүрісіне байланысты. 2. *Ауыс. Бұлкіл жүріс, жортақ.* Олар ***бұлаңмен*** таң ата ел шетіне жетті (Алтайбаев). 3. *Ауыс. Түлкі қулық, айла.* Даусындағы жылас — із тастаудың ***бұлаңы*** (Ө. Өбішев). □ **Бұлаң бел** — *белі майысқан, бұлаңдаған.* **Бұлаң етті** — а) *жалт берді, қараң етті;* ә) *көз алдына елестеді.* **Бұлаң жол** — *қиыр-шиыры мол жол.* **Бұлаң құйрық** — а) *жүрдек, өнімді жүріс;* ә) *қу, айлакер, алдамшы.* **Бұлаң құйрыққа салды** — а) *Жорытып тез жүріп отырды;* ә) *айлаға көшті, қулық ойлады.*

БҰЛАҢ II 1. *Бұрылыс, бұлтарыс, қалтарыс.* Тау іші суық, ***бұлаңы*** көп (Тарази). 2. *Ауыс. Қиын-қыстау жол, ауыртпалығы мол өмір.* Тарихтың ***бұлаң*** жолымен, Алған бағын қолымен (Жароков).

БҰЛАҢ: бұлаң етті — *қылт етіп көрінді, сылаң етті.* **Бұлаң-бұлаң етті** — *бұлаңдады.*

БҰЛАҢДА 1. *Шұбалған ұзын нәрсенің ырғалып теңселуі; ерсілі-қарсылы қозғалуы.* Кішкене аң құйрығы ***бұлаңдап*** зыта жөнелді (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Иттің құйрығын бұлғаңдатып еркелей қарауы.* Аққасқа Ермектің аяғына оралып ***бұлаңдап*** еркелейді (Бегалин). 3. *Ауыс. Сылаң қағу, бұралып қылмыңдау, бұлаң қағу.* ~ған сұлу қызды көргенім бар. 4. *Ауыс. Көз алдында қараң беру, бұлдырау, елес беру.* Балалық шағы көз алдынан ***бұлаңдап*** өте берді ("Қаз. әдеб."). 5. *Ауыс. Бұла болып өсу, бұраңдау.* ***Бұлаңда*** дәурен өтпей басыңнан қыз (Үш ғасыр). 6. *Ауыс. Шайқалу, теңселу, бұлғаңдау.* Доңғалақтары ***бұлаңдап*** арба әрең жүріп келеді (Ж. Молдағалиев).

БҰЛАҢЫТ *көне. Көмескілеу болу, қарауыту, буалдыр тарту.* Сыртқа шығып еді, ***бұлаңытып*** еш нәрсе көрінбейді (Бөкеев).

БҰЛАУ 1. *Ауырған жерді ыстық сумен булайтын халық емі.* Өзіміз де ~ жасадық. 2. *Ауыс. Күн көзіне, ыстық құм, тасқа қыздырыну.* Қызылқұмның ~ы бұдан жақсы еді. ◊ **Бұлау болды** — *бұлауға түскендей терледі.* **Бұлау тер** — а) *бұлаулағанда шығатын тер;* ә) *ақ көбік, ащы тер.* **Көз жасын бұлады** — *қатты жылады.*

БҰЛАУДАЙ *Жылай-жылай ісінген.* Беті ~, екі көзі ~.

БҰЛАУЛА *Бұлау жасау, бұлау істеп емдеу.* Олар мені моншасына түсіріп, ай бойы ***бұлаулады*** (Исабаев).

БҰЛБҰЛ 1. *Торғай тұқымдас, қоңыр-қызғылт түсті әдемі сайрайтын құс; сандуғаш.* 2. *Ауыс. Даусы әсем, әнші.* Орта жүздің ән ~ы, сұлу Майра. 3. *Ауыс. Шешен, сөзге жүйрік, тілмар.* Ежелден ел ~ы ақындар ғой. □ **Бұлбұл көмей** — *әсем дауысты әнші.* **Бұлбұл үнді** — *үні бұлбұлдың үніндей, әсем.*

БҰЛҒА 1. *Қолмен бірнәрсені сермеп, сілтеп қимыл жасау, қозғау, белгі беру.* Шал қалпағын ~п шақырды. 2. *Бір затты басқа бір нәрсемен араластыру, шайқау.* Қазандағы құртын ***бұлғап*** жатты (Әбілев).

БҰЛҒАҚ I 1. *Бұлғаң-бұлғаң етушілік; бұлғалақ.* Даусы әу дегенде әрең шығып, Кеудесі еңкейгенде етсе ***бұлғақ*** (Ақан сері). 2. *Ауыс. Еркін еркелік, найқалушылық.* Еркін ***бұлғақ,*** сауық-сайранды Құнанбайға сездірмеу керек (М. Әуезов). □ **Бұлғақ бас** — *сыртын тұзеп, сенделіп бос жүретін адам.* **Бұлғақ қақты** — а) *бұлғаң-бұлғаң етіп теңселді, тербелді;* ә) *сыртын тұзеп былқ-сылқ етті.*

БҰЛҒАҚ II *көне. Қозғалыс, көтеріліс, бұлік.* Аласапыран, ***бұлғақ*** жылдары да өтті (Жұмаділов).

БҰЛҒАҚТА 1. *Ары-бері теңселу, тербелу, бұлғаңдау, бұлғаң-бұлғаң ету.* Қос бұрымы ***~п*** бара жатты. 2. *Ауыс. Әрі-сәрі болу, солқылдақтық жасау.* Балымша айттырған жеріне бармай, ***бұлғақтап*** жүр (Т. Әлімқұлов). 3. *Ауыс. Ешкім бетінен қақпау, бұла өсу.* Әке-шешенің арқасында ~п жүр.

БҰЛҒАҚТЫҚ *Бұлғаң-бұлғаң етушілік.* ~тың зардабын шекті.

БҰЛҒАЛАҚ 1. *Бір нәрсені ары-бері қозғап белгі берушілік.* Ол сәлдесін шешіп ап, ***бұлғалақты*** салып жатыр екен (Кекілбаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсеге бой ұсынбау, бұлғаң-бұлғаң етушілік.* Сен осы ~ты қойсаңшы. □ **Бұлғалаққа салды** — *бұлтаққа салды, жалтарды.*

БҰЛҒАЛАҚТА 1. *Әрі-бері сілтеу, сермеу.* Қолын ***бұлғалақтап*** бірдеңе сұрады. 2. *Тұзу жүре алмау, ары-бері тербелу, шайқалу, теңселу, қисаң-қисаң ету.* Көшеде мас адамша ***~п*** келемін. 3. *Ауыс. Еркін жүру, бұлғаңдау.* Солайша ~п жүрген Асан ер жетті.

БҰЛҒАЛАҢДА 1. *Шайқалу, теңселу.* Басы ~п кетті. 2. *Біресе оңға, біресе солға қисаландау.* ***Бұлғаландап*** Айдарбектің үйіне жеткен еді (Ғ. Мүсірепов).

БҰЛҒАҢ *Бір нәрсенің олай-бұлай теңселуі, шайқалуы; бұлғақ.* □**Бұлғаң етті** — *бұлғаңдады, теңселді.* **Бұлғаң қақты** — *бұлғақтады, ары-бері теңселді.*

БҰЛҒАҢ-БҰЛҒАҢ: бұлғаң-бұлғаң етті [қақты] — *бұлғақтады, бұлғаң қақты.*

БҰЛҒАҢДА 1. *Теңселу, тербелу, шайқалу.* Шелегі ***бұлғаңдап*** суы төгілді. 2. *Ауыс. Құйрығын бұлғаңдатып иесіне еркелеу.* Ит иесінің алдында ***~п*** тұр. 3. *Ауыс. Ерке өсу, бұлаңдау.* ***Бұлғаңдап*** өскен күндерім (Майлин). **Түлкідей бұлғаңдады** — *қуланды, жылмыңдады.*

БҰЛҒАУЫШ 1. *көне. Қазанда қуырылған дәнді араластыру үшін басына шүберек не киіз ораған таяқша.* 2. *жаңа. техн. Автомат машиналардың қоймалжың сұйықты бұлғап, араластыруға арналған тетігі.*

БҰЛҒЫН 1. *Терісі аса бағалы, қоңыр-күрең түсті кішірек жыртқыш аң.* **Бұлғын жаға, бұлғын бөрік** — *бұлғын терісінен жасалған жаға, бөрік.*

БҰЛДА 1. *Бір нәрсенің құнын көтеру, бағасын арттыру, асыра бағалау.* 2. *Ауыс. Әлдеқандай болу, бәлсіну.* Әнет үлкендігін ~п қоймады.

БҰЛДАН *Бәлсіну, міндетсіну.* Ол өтірік қымсынбайтын, ~байтын.

БҰЛДЫ 1. *Бұлы бар, ақшалы, малды.* Оның әкесі ~ адам. 2. *Ауыс. Бағалы, қымбат, құнды.* Бөліп үйір жылқысын, Жібек жал тұлпар ***бұлдысың*** (Жамбыл). 3. *Ауыс. Беделді, қадірлі, қасиетті.* Сүйген адамыңа да арзан берілмеу керек, сонда ***бұлды*** боласың (С. Мұқанов).

БҰЛДЫР 1. *Сағым тәрізді бұлыңғыр; буалдыр.* Төңірек ~. 2. *Көмескі, дүдәмал, екі ұдай.* Оның болашағы ~ болды. 3. *Ауыс. Еш нәрсе, ештеме; тұлдыр.* Алда көз тоқтатар ***бұлдыр*** жоқ (Иманбаев). ◊ **Бұлдыр тартты** — а) *буалдыр күйге түсті, бұлдырланды;* ә) *көмескіленді, көмескі тартты.*

БҰЛДЫРА 1. *Мұнарту, мұнарлану, алыстан анық көрінбеу.* Жүсіп көз ұшында ***бұлдырап,*** сағымға бөленген обаны көрді (Майлин). 2. *Күңгірт тарту, көмескілену, қарауыту.* Көзі ~п, еш нәрсені байқамады.

БҰЛДЫРАТ 1. *өзг. етіс. Бұлдыра-т.* 2. *Шындықты жасырып бүркемелеу, анығын айтпау.* Сен де ***бұлдыратып*** барасың (Ғ. Мүсірепов).

БҰЛДЫР-БҰЛДЫР 1. *Айқын емес, көмескі, буалдыр.* Көлбеңдеп көлеңкелер ***бұлдыр-бұлдыр*** (Еркінбеков). 2. *Ауыс. Қиын-қыстаулы, қилы-қилы. Бұлдыр-бұлдыр* заман туып тұр (Райымқұлов).

БҰЛДЫРЛА *Қараң-қараң ету, күңгірт көріну.* Көп жылқы алыстан күңгірттене ***бұлдырлап*** көзге түседі (Есенберлин).

БҰЛДЫРЫҚ *Күр түқымдас, сұр түсті қарабауыр кішкентай дала құсы.* □ **Бұлдырық оты** — *құм аралас шөлейт жерлерде өсетін тықыр аласа шөп.*

БҰЛДЫРЫҚТАЙ 1. *Көз ілеспейтіндей жылдам, шапшаң.* Машина ***бұлдырықтай*** безіп кеп берді (Бердіқұлов). 2. *Кіп-кішкентай, шағын, шамалы.* Ердің аты туырлықтай, өзі ***бұлдырықтай*** (Мақал).

БҰЛЖЫМА *Бір қалыптан жылжымау, өзгермеу, қозғалмау.* Олар орнынан ~й отыр.

БҰЛЖЫМАС *Мызғымас, өзгермес.* ~ серт.

БҰЛЖЫТПАСТАН *Өз қалпынан айнытпай, ешбір өзгертпестен.* ~ айтып барды.

БҰЛҚАН-ТАЛҚАН 1. *Астан-кестен, быт-шыт, бұлан-талан.* Шешесі ~ боп ашуланды. 2. *Астыүстіне шыққан, әлем-тапырақ.* 1918 жыл, Өскемен қаласы ***бұлқан-талқан*** (Өтепов).

БҰЛҚЫ *Бірден жұлқи қозғау, қалт тартып қалу.* Бекпембет балуаны, бел үстәсымен-ақ, ***бұлқып*** қалды (Ғ. Сыланов).

БҰЛҚЫН I 1. *Аласұрып босануға тырысу, жанталасу, жұлқынып қалу.* Қарт қатты бір ***бұлқынды*** (Ә. Нұрпейісов). 2. *Аспанға шапшып буырқану.* Толқының тулап ***бұлқынып,*** Көңіліме бір ой түйетін (Тұрманжанов). 3. *Ауыс. Алай-түлей болу, жұлқыну.* Ерке көңілім, еркін ***бұлқып,*** Жас жанымды билейді (Күлеев).

БҰЛҚЫН *Қайықтың жүрісін бағдарлайтын тетік (руль).*

БҰЛҚЫНТЫ *Суға ауды тастаған кезде қайық бұлқынын ұстаушы адам.*

БҰЛҚЫНЫС *Кенеттен болатын шұғыл қимыл, жұлқыныс.* Долы ***бұлқынысқа*** салғанмен, ештеңе өндіре алмады (Ахметбеков).

БҰЛТ 1. *Атмосферадағы қоюланған су буының топтанған жиыны.* Ақша ~, ала ~, шарбы ~. 2. *Ауыс. Көңіл бұзатын кірбің, қаяу.* Қайғының ***бұлты*** жазылды (Майлин). ◊ **Бұлт басты** — *ауыртпалық көбейе түсті.* Бұлттан шыққан күндей — *жарқ еткен, жайраң қаққан.*

БҰЛТ: бұлт берді [етті] — а) *бұлғаң етті, лып берді;* ә) *тайқып шыға келді, жалт берді.*

БҰЛТАҚ 1. *Қиыр-шиыры мол бұрма, бұрылыс. Бұлтағы* жоқ жолды "ақ жол" демей ме, қазақ? (Тоқмағамбетов). 2. *Ауыс. Тұрақсыз, құбылмалы, бұрыс.* Үлкен үй ортақ, кіші үй *бұлтақ* (Мақалнама). **Бұлтаққа салды** — *қулыққа басты, бұлтарды.*

БҰЛТАҚТА 1. *Тіке тартпай, бұралаң-бұрылыстармен жүру.* Біресе ана бүйірге, біресе мына бүйірге *бұлтақтай* жүрдік (С. Мұқанов). 2. *Қисалаң-қисалаң ету, бұлғаңдау.* Автобус бас білмеген тайдай *бұлтақтайды* (Нысаналин). 3. *Бұлтара қашу, жалтарып кету.* Ол ағаштан ағашқа тығылып *бұлтақтап* ұстатпады (Шашкин). 4. *Ауыс. Солқылдақтық жасау, былқылдау.* Агроном *бұлтақтап* екі ұшты сөйледі (Шашкин).

БҰЛТАЛАҚ 1. *Бұрылыс-бұрылысы көп жол.* Тас жол бітісімен ~ басталды. 2. *Ауыс. Екі ұшты сөйлеушілік, солқылдақтық.* Ол ~қа салып, нақтылы ештеңе айтпады.

БҰЛТАЛАҚТА 1. *Бұлтақтау, бұлғақтау, әрі-бері шайқалу, теңселу, бұлғаңдау.* Жүксіз машина *бұлталақтап* келеді (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Бұлтаққа салу, тайқақтау.* Ермек кейбір пәндерді *бұлталақтап* жүріп әрең тапсыратын (Ахтанов).

БҰЛТАЛАҢДА *Бұлтаң-бұлтаң ету, бұлталақтау, әрі-бері теңселу.* Машина бұраң жолмен ~*п* келеді.

БҰЛТАҢ 1. *Бұлғалаң жүріс, бұлтақ, қыңыр-қисық.* Машинаның жүрісі *бұлтаң,* доңғалақтары ауытқып келеді (К. Тоқаев) 2. *Ауыс. Айласы, қулығы көп әрекет.* Сариев оның бұл *бұлтаңына* көнген жоқ (Райымқұлов).

БҰЛТАҢ-БҰЛТАҢ: бұлтаң-бұлтаң етті — *қайта-қайта бұлтаңдады.*

БҰЛТАҢДА 1. *Бұлтаң қағу, томпаңдау. Бұлтаңдап* шауып жүрген балалар (Лекеров). 2. *Қиралаңдау, ірелеңдеу. Бұлтаңдаған* жол адымын аштырмады (Жүнісов). 3. *Ауыс. Солқылдақтық істеу, тайсақтау, жалтару.* Мал бақпаймын деп ~ды.

БҰЛТАР 1. *Жалт етіп, шұғыл бұрылу.* Ол ордың бір қалтарысына жалт *бұлтарды* (Тілеков). 2. *Ауыс. Басқа жаққа бұрып әкету, із жасыру, адастыру.* Түлкі *бұлтарып,* басқа жаққа зытады (Айманов). 3. *Ауыс. Сөзінен айнып кету, жалтару.* Айтқанынан *бұлтарар,* Менде басқа амал жоқ (Мәуленов).

БҰЛТАРҒЫШ *Тез жасырынып, бұға қоятын, айлакер.* Қосаяқ ~ аң.

БҰЛТАРМА 1. *Бұралаңы мол, бұлтарыс.* Абақтының *бұлтармасы* көп, дәлізінен өтіп, аулаға шықты (Шашкин). 2. *Ауыс. Бүкпесі көп қулық, амал, айла. Бұлтармасы* көп жылмаң төс жауынгерлер (Кекілбаев).

БҰЛТАРМАЛА *Бұрмалы, бұлтарысты жерлермен жүру.* Машина тау қуысын *бұлтармалай* жүрді (Түрманжанов).

БҰЛТАРЫС 1. *Бұлтармалы, бұрылыс, қалтарыс.* Шофер ~, қалтарыс көшелермен жүрді. 2. *Ауыс. Әр қилы қиыншылық, жалтарыс.* Өмірдің *бұлтарыс* арнасына түсіп кетіп шыға алмай жүрмін (Шашкин).

БҰЛТАРЫССЫЗ *Бүкпесіз, тура, дәл.* ~ тік жауапты алдық.

БҰЛТ-БҰЛТ: бұлт-бұлт етті — *бұлтылдап тез қозғалды.* **Бұлт-бұлт ойнады** — *қозғалақ қақты, ойнақшыды.*

БҰЛТИ 1. *Томпаю, торсию.* Ердің алдыңғы қасына байланған торсық *бұлтиып* шығып жүр (Әбдірахманов). 2. *Ауыс. Томпиып, сіпсійкімді көріну.* Бөбектер жатыр дем алып, Балапандай *бұлтиған* (С. Мұқанов).

БҰЛТТАН *Аспанды бұлт торлау, басу.* Күн *бұлттанып* тұр (М. Әуезов).

БҰЛТЫҚ *Томпиып ісінген, буылтықтанған.* ~ буындар.

БҰЛТЫЛДА 1. *Бұлт-бұлт ету. Бұлтылдаса* бұлшық ет, Кім тұрады сүйінбей (Сейфуллин). 2. *Қалт-құлт ету, қалтылдау.* Су бетінде *бұлтылдап* толқып тұрған қайық (Нұрпейісов).

БҰЛТЫЛДАҚ I *Бір қалыпта тұрмайтын, ойнақшып тұратын.* ~ бұлшық ет.

БҰЛТЫЛДАҚ II *Түйенің аяқтарының жер басатын, жұмсақ қара тұқайлы табаны.*

БҰЛТЫҢ: бұлтың етті — *бұлт етті, бұлк етті.* Дертесі *бұлтың* етіп шыға берді (Тілегенов). **Бұлтың қақты** — *бұлт-бұлт етті, бұлтылдады.*

БҰЛТЫҢДА *Бұлтың-бұлтың ету, бұлтылдау.* ~п бір жерде тұрмады.

БҰЛҰЙРЕК *Үйректің ең ұшқырының аты.* Бұл *бұлұйрек,* бұлұйрек, Бұлұйректей болыңыз, Судан суға шүйгумен, Көлден көлге қоныңыз (Бұқар).

БҰЛШЫҚ: бұлшық ет — *сан етте, қолда, балтырда болатын қатты, шымыр ет.*

БҰЛЫҚ I *Ердің былғары көпшігі.*

БҰЛЫҚ II *Шалбардың сыртқы тігіс бойына ұзыннан салынатын жапсырма; лампас.*

БҰЛЫҚСЫ 1. *Ытқып, ақтарыла ағу. Бұлықси* жосыған өзен, көлдерге құйып жатқандай (Орманов). 2. *Толықсу, толқу.* ~ған қыз, ақ сазандай ~ып.

БҰЛЫҢ *Бөлек, бұлтарыс, бұлтаң.* Барар жолы *бұлың,* жырақ (Нұржекеев). **Бұлың қақты** — *бұлғақтады, желбіреді.* **Бұлың тартты** — *анық емес, буалдыр күйге түсті.*

БҰЛЫҢ-БҰЛЫҢ *Бөлек-бөлек, бұрыш-бұрыш, қуыс-қуыс.* ~ қалта, ~ белес.

БҰЛЫҢҒЫР 1. *Ашық емес, буалдыр, тұманды, сағымданған.* ~ аспан, ~ күн, ~ тартты. 2. *Ауыс. Көмескі, күңгірт, перделі.* ~ сыр, ~ тіршілік.

БҰЛЫҢҒЫРЛАН *Көмескіленіп көріну, буалдырлану, сағымдану.* Жанары ~ды, дала ~ды.

БҰР 1. *Бағытты, бетті басқа жаққа өзгерту.* Аттың басын *бұрды* (Майлин). 2. *Істің, сөздің беталысын, бағытын ауыстыру.* Әсет әңгімені басқа жаққа ~ып әкетті. 3. *Өзіне жақын тарту, іш бұру, өзіне икемдеу.* Төрелер қай жаққа *бұрам* десе де, жолдары көп көрінеді (С. Шарипов).

БҰРА *Дөңгелете, айналдыра бұрау, шығыру.* Кілтін ~ды, құлағын ~ды.

БҰРАЛА 1. *Қайта-қайта орағыштау, жұмарлау.* Кепкісін *бұралап* тыға салды (Еркебаев). 2. *Үстіүстіне тықпалау, төпеу.* Сапар нанды ауызына *бұралап* тыға бастады (Иманжанов).

БҰРАЛАҢ 1. *Бұлтарысы мол, қисық-қисық.* ~ жол, ~ соқпақ. 2. *Ауыс. Шырғаланы мол, қиыншылығы көп.* Ол *бұралаңға* көп түскен жастың бірі (Хұсайынов).

БҰРАЛАҢДА 1. *Шайқақ-шайқақ ету, қисаңдау.* Арба ~п келеді. 2. *Ирелеңдеп шұбалу.* ~ған дағдылы жолға түстік. 3. *Ауыс. Екі ойлы болу, тайсақтау, толқу.* Қадиша Кенжехан келіп кеткен сайын *бұралаңдап,* айныңқырап қалып жүрді (М. Әуезов).

БҰРАЛАҢҚЫ *Сәл бұралаңы бар.* ~ жол.

БҰРАЛҚЫ 1. *Иесіз қалған, қаңғыған (ит).* Ауылда ~ иттер көп. 2. *Ауыс. Шеттен келген, қаңғыбас, кірме (адам).* Сол *бұралқыға* Балзияны бер деп мазамды алды. ◊ **Бұралқы сөз** — *орынсыз, қылжақ сөз.* **Бұралқы түйе** — *бөтен келеге қосылып кеткен не иесіз түйе.*

БҰРАМА *Бұралып, ширатылып істелген.* ~ білезік, ~ темір.

БҰРАМАЛЫ *Бұралуға лайық.* ~ қақпақ, ~ тығын.

БҰРАНДА *Ортасындағы ойықта спиральды сызығы бар бірнеше қырлы (винт).*

БҰРАНДАЛА *Бұранда жасау, бұрандамен бекіту.*

БҰРАҢ 1. *Бұрылыс-бұлтарысы көп, ирелеңді.* Стокгольм көшелері қисық та *бұраң* (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Қиын-қыстаулы.* Ол жүріп өткен *бұраң* жол көз алдыңа келуі мүмкін (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Бұраң басты** — *аягы бұралып, созылып басты.* ◊ **Бұраң бел** — *талдырмаш, жіңішке бел.* **Бұраң қақты [етті]** — а) *ирелеңдеді, бұралаңдады;* ә) *әрлі-берлі қыралаңдады.*

БҰРАҢДА 1. *Әрлі-берлі теңселу, бұраң-бұраң ету, бұралаңдау.* 2. *Сәнмен, толықси қозғалу.* Қыз Назым шықты *бұраңдап* (Қамбар). 3. *Ауыс. Ойын тіке айтпау, әр саққа жүгірту, тұлкі бұлаңға салу.* ***Бұраңдап***, білдірмеді бөтен ойын (Ізтілеуов).

БҰРАТАНА *Бодан, бағыныштыы, кірме, кіріптар.* ~ жұрт, ~ халық.

БҰРАУ 1. *Арқан-жіпті тартып тұратын кішкене жұмыр ағаш. Бұраумен* түйенің тарту арқанын бұрап қояды (Қасиманов). 2. *мед. Қанды тоқтату үшін, жарақаттанған жердің жоғарғы жағынан байланатын жіп (жгут).* ◊ **Бұрау басын сындырмады** — *қол ұшын қимылдатпады, бос жүрді.* **Бұрауын қалдырмады [тастамады]** — *тұқ тастамады, бәрін сыпырып алды.* **Бұрауы қашты** — *бабы келмеді, күйі кетті.*

БҰРАУБАС *Жұні өте тығыз, жұмсақ, түсі сұрғылт кейде жирен болып келетін кеміргіш.*

БҰРАУЛА *Бұрау салу, қысу.* Жылан шаққан санын ~п қойды.

БҰРҒЫ *Ағашты, темірді ұңғып тесетін құрал.* ~ машинкасы, электр ~сы.

БҰРҒЫЛА *Бұрғымен тесу, ұңғу.* Жерді ~ды, тасты ~ды.

БҰРҒЫЛАУШЫ *тех. Кен қопарушы, кен бұрғышысы.* ~ шебер, комбинат ~сы.

БҰРҒЫЛЫ *Бұрғысы бар.* ~ скважина.

БҰРҒЫШЫ 1. *Ағаш, темір кесетін жұмысшы.* 2. *Кен бұрғылайтын маман.*

БҰРҚ: 1. **Бұрқ етті** — а) *кенеттен бір будақ шаң, түтін көтерілді;* ә) *шымыр етіп қайнады;* б) *тер не қан шып ете қалды;* в) *гүрс етіп құлап түсті;* г) *оқыс ашулана қалды;* д) *хабар дүңк етіп тарады;* е) *өсімдік дүр етіп көтерілді, қаулап өсті.* 2. **Бұрқ еткізді** — а) *алып ұрды, топ еткізді;* ә) *шымыр еткізіп, бір қайнатып алды.*

БҰРҚА 1. *Қар не топырақ-тозаңды жел үйіріп ұйтқу.* Құм ~ды, тозаң ~ды, қар ~ды. 2. *Түтеу, борау. Бұрқаған* оқ астындамыз (Әбілев). 3. *Ауыс. Қайнау, өршелену.* Іште ***бұрқап*** жатқан құбылысын жасырды (Ә. Сәрсенбаев).

БҰРҚАҚ *Қарлы боран, бұрқасын.* Қаңтардың басы ақ ***бұрқақ*** (Нұрманов).

БҰРҚАҚТА *Жел ұйтқытып, дүркін-дүркін қар борау.* Қар ***бұрқақтап*** жауып тұр (Тұрсынбаев).

БҰРҚАН 1. *Долданып аласұру, өршелену.* Теңіз ~ды, бурадай ~ды. 2. *Ауыс. Қатты ашулану, қаһарына міну.* Жаңа ғана ***бұрқанған*** жігіт, тез жадырады (Ә. Әбішев).

БҰРҚАН-ТАРҚАН *Тас-талқан, астан-кестен, алай-тұлей.* Төңірек шортан лайлаған судай ***бұрқан-тарқан*** (Қазыбаев). ◊ **Бұрқан-тарқан болды** — а) *тас-талқан боп ашуланды;* ә) *астан-кестеңі шықты, бүлінді.*

БҰРҚАСЫН *Қарды жай сырғытып, ұйтқыта соғатын борасын.* ~ның соңы боранға айналды.

БҰРҚАСЫНДЫ *Қарлы-боран аралас.* Қыстың күні ~.

БҰРҚ-БҰРҚ: бұрқ-бұрқ етті — а) *бұрқылдап, көтерілді;* ә) *сарқылдап қайнады;* б) *қатты ашуланды.*

БҰРҚ-САРҚ: бұрқ-сарқ етті — а) *алай-тұлей ашуға мінді;* ә) *долданып буырқанды.*

БҰРҚЫЛ 1. *Сұйық заттың қатты қайнағандағы қалпы, жай дыбысы.* Попов бірден құрыштың ***бұрқылынан*** байқайды (Жароков). 2. *Әр жерден бұрқ етіп көрінетін шаң-тозаң, түтін.* Отарбаның әр жерден көрінетін ***бұрқылы*** (Үш ғасыр).

БҰРҚЫЛДА 1. *Сұйық заттың қатты қайнағанда бұрқ-сарқ дыбыс шығаруы, сақырлап қайнау, бұрқ-бұрқ ету.* 2. *Жоғарыға шаң-тозаң, түтін көтерілу, будақтау.* Сүт ***бұрқылдап*** қайнап жатыр (С. Мұқанов). 3. *Жел, боран ышқынып, алай-тұлей соғу.* ~ған дауыл. 4. *Ауыс. Ашу шақыру, долдану.* Жын ұрғандай ~ды, ~п ұрысты.

БҰРҚЫЛДАҚ *Бұрқ-сарқ еткен қалың шаң-топырақты.* ~ шаң, ~ топырақ.

БҰРҚЫРА 1. *Шаң-топырақ, тозаң бұрқылдап көтерілу.* Ол шаңы аспанға ~ған көшемен келе жатыр. 2. *Қалың бу, қою түтін көріну.* Буы ***бұрқырап,*** алдарына майлы сорпа келе қалды (Н. Ғабдуллин). 3. *Күшті жел көтеріліп, әлем-тапырық болу.* ***Бұрқыраған*** ақ боран бет қаратпады (Орманов). 4. *Қалай болса солай шашылу, дудырау.* Кемпірдің самай шашы ***бұрқырап*** шығып кеткен (Серәлиев). 5. *Ауыс. Үсті-үстіне үдеу, қаптау, төпеу.* Сүйінбай деп сөйлесем, Сөз келеді ***бұрқырап*** (Жамбыл).

БҰРЛЫҚ 1. *Беті қайту, жалығу, титықтау, болдыру.* Мұнайшылардың аттан ***бұрлыққан*** кезі еді (Ғ. Мүсірепов). 2. *Дауыс қатты шықпай қарлығу.* Айгүлдің лебізі ***бұрлығып*** қалды (Сатыбалдин).

БҰРМА 1. *Бұрылыс, қалтарыс.* ***Бұрмадан*** қызыл машина шыға келді (Домбаев). 2. *Ауыс. Өмірде кездесетін тосқауыл, кедергі.* Тартыстардың ***бұрмасы*** мен соқпасы жеткілік (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Бұрма мағына** — *ауыспалы мағына.* **Бұрма сөз** — *күлдіргі қыңыр сөз.* **Бұрмасы жоқ** — *бұкпесі жоқ, адал.*

БҰРМАЛА *Бұзып, бұрып айту, өңін теріс айналдыру.* Ол орыс сөздерін омыртқадан баса, ***бұрмалай*** сөйлейді (Сатаев).

БҰРМАЛАУШЫЛЫҚ *Істің жайын теріс көрсету, өңін айналдырушылық.* ~қа қарсы күрес.

БҰРНАҒЫ *Кешегіден бұрынғы, алдыңғы, арғы.* ~ күні.

БҰРСАН *фольк. Айбат шегу, қаһар көрсету, қаһарлану.* Буырқанып, ***бұрсанып,*** Мұздай темір құрсанып (Батырлар жыры).

БҰРТАҢ *Өкпелеген, ренжіген кейіп, қылық, ашу.* Даусында жарасымды ***бұртаң*** бар (Тілеуханов).

БҰРТАҢ-БҰРТАҢ: бұртаң-бұртаң етті — *қайта-қайта бұртаңдады.*

БҰРТАҢДА *Бұртаң-бұртаң етіп өкпелеу, бұртақтау.* Дәмелі ***бұртаңдап*** бой бермеді ("Қаз. әдеб.").

БҰРТИ 1. *Томпию, көмпию.* Нәбияның аузы ***бұртиып,*** маған дүрсе қоя берді (Бердияров). 2. *Тымырайып үндемей қалу.* Бояубай бізге ***бұртиып*** өкпелеп кетті (Жансүгіров).

БҰРШАҚ I *Кішкентай домалақ боп, мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын.* Қарлы ***бұршақ*** сабалап берді (Бегалин). ◊ **Бұршақ соқты (ұрды)** — *егін-жайды бұршақ жауып ысырап етті.* **Бұршақ ұрды** — *он бір жасқа келген түйенің екі қасқа тісінің шеттері сынып иректеле бастауы.*

БҰРШАҚ II *Ұрығы қабық ішінде жататын, сопақша келген дақылды өсімдік және осы өсімдіктің дәні.*

БҰРШАҚ III 1. *Көгеннің желісіне тізбектелген, қозы-лақты мойнынан байлайтын, ұшы түйілген екі-үш қарыстай бұлдірге жіп.* 2. *Тізбектеліп түйілген түймек.* Бұрама білезіктің екі басына ***бұршақтар*** келтіреді (Қасиманов).

БҰРШАҚТА 1. *Бұршақ жауып кету.* Қарлы, мұз ***бұршақтаған*** жауындар да (Тоқмағамбетов). 2. *Көз жасы мөлт-мөлт төгілу, тер шұмектеп саулау.* Маңдайынан тер ~ды, ыстық жас ~ды. 3. *Ауыс. Үсті-үстіне қаптау, төгіп жіберу, борау.* Оқ ***бұршақтап,*** өрт қаулап (Әбілев).

БҰРШАҚТЫ *Бұршағы аралас.* ~ жауын, ~ қар.

БҰРЫЛМА *Айналмалы бұрылыс, бұлтарыс.* Таулы жер ***бұрылмасы*** көп (С. Шарипов).

БҰРЫЛЫС 1. *Жолдың бұрылмасы, бұлтарысы.* Бостай жолдың ***бұрылысында*** қызды тосты (Шашкин). 2. *Ауыс. Бір істің даму барысындағы түбегейлі өзгеріс, бетбұрыс.* Осы жерде граф ойы шұғыл ***бұрылыс*** жасады (Исабаев).

БҰРЫМ *Өрілген ұзын, қолаң шаш.* Сәбира ***бұрымы*** тірсегіне түскен қыз еді (Римова).

БҰРЫМДА *Шашты екі бұрым етіп өру.* Қос ***бұрымдап*** өрген шашы (Мұзапаров).

БҰРЫМДЫ *Бұрымы ұзын, қолаң шашты.* Қыздың ***бұрымдысы*** бұйырса деп көксеймін (Қанахин).

БҰРЫН 1. *Ілгері уақытта, бұрынғы кезде, ертеректе.* Хасен ~ осы ауылда тұрған. 2. *Алдымен, ертерек.* Тойға барсаң ***бұрын*** бар (Мақал). 3. *Алдын ала, ең әуелі.* Қорыққан ***бұрын*** жұдырықтар (Мақал).

БҰРЫНҒЫ 1. *Баяғыдағы, ілгеріде болған; ертедегі, ескі.* ~ күн, ~ сөз, ~ кісі. 2. *Бастапқы, әуелгі, ежелгі.* ~ қонақ, ~ аты, ~ орны. ◊ **Бұрынғы бұрынғы ма** — *ол ол ма, одан бетер.*

БҰРЫНҒЫДАЙ 1. *Баяғыдай, ерте кездегідей, ілгері уақыттағыдай.* Қазақтар киімді ***бұрынғыдай*** қолдан жасауды азайтты (С. Мұқанов). 2. *Әуелдегідей, ежелдегідей.* Мұрат ~ емес, көп өзгерген.

БҰРЫНҒЫША *Әдеттегіше, бұрынғыдай.* Қарымқатынас ~, жағдайы ~.

БҰРЫНДЫ-СОҢДЫ *Ілгерілі-кейінді, өткен-кеткен.* Арынның айтып отырғаны — **бұрынды-соңды** *білмеген жай* (Ақышев).

БҰРЫНЫРАҚ *Сәл ертерек, ілгерірек.* Ол ***бұрынырақ*** жетті (Ғ. Мүсірепов).

БҰРЫНЫРАҚТА *Ертеректе, ілгеріде, бұрын.* Бұл маң ***бұрынырақта*** кескілескен ұрыс орны болған (Баяндин).

БҰРЫС 1. *Келе жатқан бағыттан қиыс, шеткері бұрылыс.* Ол жер жолдан ***бұрыс*** еді (С. Шарипов). 2. *Оғаш, теріс, дұрыс емес.* Төреғали я дұрыс, я ***бұрыс*** деп тіл қатпады (Дәуренбеков).

БҰРЫШ I 1. *Үй қабырғаларының немесе заттың екі жағының ұшкілдене түйіскен жері.* Үйдің оң жақ ~ы. 2. *Көшенің түйіскен жері, мүйіс.* Көшенің ~ы. 3. *Бөлме ішінің көрме ұйымдастыруға арналған бөлегі, мүйісі.* Пионер бөлмесінде "Достық" атты ~ ұйымдастырылды. 4. *мат. Екі түзу сызықтың қиылысқан жеріндегі геометриялық жазықтық.* Тік ~, сүйір ~. 5. *Ауыс. Жан дүниесінің ішкі бір қалтарысы, бүкпесі.* Көңілінің бір ~ында басқа бір ой тұр.

БҰРЫШ II *Тамаққа қосатын қызыл, қара түсті ащы өсімдік пен осы өсімдіктің ұнтағы.* Қара ~, қызыл ~.

БҰРЫШ-БҰРЫШ 1. *Ұңғыл-шұңғыл, көп қуыс.* Үйдің ~ы. 2. *Түкпір-түкпір; жан-жақ.* Еліміздің ***бұрыш-бұрышынан*** хаттар ағыла бастады (Х. Мұстафин).

БҰРЫШТА I *Бұрыш шығару, ұшкілдеу.* Төрт ~п үйіп қойған сексеуілдер.

БҰРЫШТА II *Асқа бұрыш салу, қосу.* Сорпаны ~п әкелді.

БҰРЫШТАМА *Лауазымды адамның іс-қағаздарының шетіне қиғаштап жазатын белгісі.* ~ соқты. ~ қойды.

БҰРЫШТЫ I *Бұрыштап бүктелген, істелген.* Үш ~ хат, төрт ~ стол.

БҰРЫШТЫ II *Бұрыш салынған, бұрышы көп.* ~ тамақ, ~ салат.

БҰТ I 1. *Адам мен малдың жамбастан төмен тізеге дейінгі бөлігі, борбай.* ***Бұтында*** қара шалбар (Сейфуллин). 2. *Ошақтың, мосының т. б. аяғы.* Ошақтың бір ***бұты*** сынып қалды (Сатыбалдиев). ◊ **Бұт артар** — *мінуге жарайтын көлік, міністі ат.* **Бұты бес тиын** — *қадірсіз, керексіз.* ◊ **Бұтын бұт, қолын қол қылды** — а) *парша-паршасын шығарды;* ә) *түкке тұрғысыз етті.* **Бұты көктен келді** — *мерт болды, жеңілді.* **Бұтын көтерді** — *кісімсінді, қожаңдады.* **Бұтынан борсық (кесіртке) өткір** *(қарғ.)* — *жолы болмасын, қырсық шалсын.*

БҰТ II *діни. Бұдда дініндегі құлшылық етіп, сиынатын мүсін.* Ескі заманда ойылған ***бұт*** құдайлар көп (М. Әуезов).

БҰТА I *Жер бетінен биігірек түп-түп боп өсетін бұталы өсімдік.* Тобылғы, тал, шілік сияқты ***бұталардың*** аясын паналайды (С. Омаров). ◊ **Бұта басын сындырмады** — *ештеңеге қол ұшын тигізбеді, бос жүрді.*

БҰТА II 1. *Ағаштың бұтақтарын кесіп, шабу.* Айтбай деген атасы ағаш ***бұтап*** жатыр (Ж. Молдағалиев). 2. *Ағаш бұтақтарын отқа жағуға*

ықшамдап кесу, шабу, сындыру. Бейсембек отын *бұтап*, от жағып жүр (М. Жұмағұлов).

БҰТАҚ 1. *Ағаш дінінің бүйірінен өсетін тармақ-тармақ сабақ, өскін.* Қарға ~қа қонды. 2. *Кесілген бөрене мен тақтай бетінде қалған бұтақтың орны.* 3. *Ауыс. Белгілі бір атадан тарайтын ұрпақ, буын.* Арғы ата-баба *бұтақтарын* жатқа соғатын (Мәуленов).

БҰТАҚТА 1. *Жаңадан желі тартып, бұтақ жайып өсе бастау.* 2. *Ағаш, жеміс-жидек бұтақтарын шабу, кесу.* Жүзімдікті күзде ~п жабады. 3. *Ауыс. Бір-бірінен сараланып өрбу, таралу.* Біздің сөздің тарауы, Кетеді ұзап *бұтақтап* (XX ғ. қаз. ақын).

БҰТАҚТЫ 1. *Бұтағы мол, қалың.* ~ терек, ~ қарағай. 2. *Бұтағы бар.* ~ арша, ~ таяқ.

БҰТАЛЫ *Бұтасы мол.* ~ терең сай, ~ жылға.

БҰТАРЛА 1. *Ағаш бұтақтарын майдалап кесу, ұсақтау.* Ол сексеуілді ~ды. 2. *Бір нәрсені бөліп-бөліп жәукемдеу, мұшелеу, боршалау.* Жігіт тоқтыны *бұтарлап* тастады (Сатыбалдин).

БҰТАУЛЫ *Кесіліп, ықшамдалған, бұталған.* ~ қарағай, ~ ағаш, ~ отын.

БҰТЫП-ШАТЫП *Әр нәрсені бір айтып шатпақтау.* Ол аузына келгенін *бұтып-шатты* (Гумеров).

БҮГЕ *Асықтың шігесіне қарсы дөңестеу жағы, бұқ.* ◊ **Бүге деді, шіге деді** — *ананы бір, мынаны бір айтты.* **Бүгесі мен шігесі** — *белгілі бір істің бақайшағына дейін, түгел.*

БҮГЕЖЕК *Қаймыққыш, жасқаншақ.* Бұлардың көбі *бүгежек* (Т. Жармағамбетов). ◊ **Бүгежек қақты** — а) *қалтырап, дірдектеп тоңды;* ә) *қалтқұлт етіп қорықты.*

БҮГЕЖЕКТЕ 1. *Бүгжең-бүгжең ету, бұкшеңдеу.* Қорқып қалған қоян *бүгежектеп* жүгіре алмады (Серәлиев). 2. *Қорқанып жасқаншақтау, қаймығу.* Ол байғұс ұялады *бүгежектеп* (Үш ғасыр). 3. *Ауыс. Дірдек қағу, қатты тоңу.* Қойлар желдің өтіне шыққасын дірдектеп, *бүгежектеп* келеді (Ахтанов).

БҮГЕЛЕК *Жылқы малын шағатын сона тәрізді жәндік.* Жылқыны *бүгелек* аздырар (Мақал).

БҮГЕЛЕКТЕ *Бүгелектен қорғану, шыбындау, тынышсыздану.* Ыстықта *бүгелектеп* тұрған жылқы быт-шыт болып бөлінді (Майлин).

БҮГЕРЛЕ *кене. Бұктей-мұктей мыжу, бұктеу.* Ол жастықты *бүгерлеп* бауырына басып жатыр (Ә. Нұрпейісов).

БҮГЕ-ШІГЕ *Бір нәрсенің анық-қанығы, егжей-тегжейі.* Әлжан әр істің *бүге-шігесін* біліп алады (Алдабергенов).

БҮГЖЕҢ: бүгжең-бүгжең етті [қақты] — *қайта-қайта қозғалақтап қойды.*

БҮГЖЕҢДЕ *Бұкірею, бұкшию, бүгжең қағу.* Бәйгігер бойын жаза алмай, *бүгжеңдеп* жүрді (Көшімов).

БҮГУЛІ 1. *Тұзу қалпында емес, иілген, бүгілген.* ~ тізе, ~ бармақ. 2. *Ауыс. Айқын емес, жасырын, құпиялы.* Жүректе *бүгулі* жатқан сыр бар ("Қаз. әдеб.").

БҮГІЛІС *Бүгіліп қалған, жазылмаған, қалтарыс.* Әр сөздің айту тәсілі, *бүгілістері* бар (І. Омаров).

БҮГІН 1. *Бұл күн, осы күн.* ~ күн жылы. 2. *Осы кезде, қазірде.* Шаруашылық ~ егінді мол алды.

БҮГІНГІ *Осы күнгі, дәл қазіргі.* ~ заман, ~ талап.

БҮГІНГІДЕЙ *Осы күнгі сияқты, қазіргідей.* ~ ойын, ~ оқиға.

БҮГІНДЕ *Қазіргі кезде, бұл күнде.* ~ балалар бақытты.

БҮГІНДІК 1. *Күні бойы, кешке шейін.* Шәки *бүгіндікке* бұқ түсіп жатыр (Шүкіров). 2. *Осы күнге жететін.* Осы істегенім ~ке жетер.

БҮГІН-ЕРТЕҢ *Я бүгін, я ертең, жақын арада.* *Бүгін-ертең* диплом аламыз (М. Ғабдуллин).

БҮГІНШЕ *Бір күнге ғана, осы күні.* *Бүгінше* дем ал (Ғ. Мүсірепов).

БҮГІҢКІ *Имиген, иіліңкі.* Тізесі ~, бойы ~.

БҮГІС *Бір нәрсенің бүгіліп тігілген жері.* Қазақ халқы тігістерді қабу, сыру, жөрмеу, тепшу, *бүгіс* т. б деп бөледі (Қасиманов).

БҮЙЕН 1. *Тоқ ішектің ащы ішекке жалғасар шетіне түйықталып бітетін жуан ішек.* Бір ~ май. 2. *Жуан ішекті кептіріп ыдысқа айналдырғандағы атауы.* ◊ **Бүйен құрты** — *буылтықтанып келген, ұзындығы 2–2,5 сантиметрдей ақшыл құрт.* **Бүйен емшек** — *ұрпі кең, үлкен емшек.*

БҮЙЕНҚҰРТ *Мал ауруы.*

БҮЙРЕК 1. *Несеп бөліп шығаратын ішкі мүше.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің өкпе тұсы, тұспа-тұс.* Өлеңді бір соғайын түйдегімен, әжібайлап тиейін *бүйрегінен* (Жамбыл). □ **Бүйрек бет** — *томпиған бет.* ~ келіншек. **Бүйрегі бітеу** — *майланып кеткен, семіз.* ◊ **Бүйректен сирақ шығарды** — *бұра тартты, орынсыз дау тудырды.*

БҮЙРЕКТЕН *Бүйрек сияқты болып бұлтия қалу.* Зураның екі беті *бүйректеніп*, сол жақ бетінің ұшына ойық пайда бола қалды (Тарази).

БҮЙРЕКШАЙ *Ерінгүл тектес, бұта болып өсетін көпжылдық шөп.*

БҮЙТ *"Бұлай ет" деген күрделі сөздің қысқарған түрі.* *Бүйтіп* жата беруге болмас (Нұршайықов).

БҮЙІ *Өрмекші тәрізді бунақ денелі улы жәндік.* ◊ **Бүйі тигендей (қылды) болды** — а) *опыр-топыр қылды, шақ-шәлекейін шығарды;* ә) *шиыршық атты, домаланып қалды.* **Бүйідей тиді** — *қыран жапқандай қылды, қыргидай тиді.*

БҮЙІР 1. *Дененің оң не сол жақ бүйрек тұсы.* Көксерек екі *бүйірі* суалып ашыққан (М. Әуезов). 2. *Бір заттың орта тұсы.* *Бүйірі* майысқан жез шәйнек (Т. Әлімқұлов). 3. *Ауыс. Шеткері, оқшау тұс, бұрыс.* Ауылдың *бүйірінде* оңаша тігілген күйеу-қыздар үйі (Сейфуллин). □ **Бүйір әңгіме** — *бөтен сөз.* ◊ **Бүйірі бүлк етпеді** — *қаймықпады, сескенбеді.* **Бүйірі қызды** — *елірді, делебесі қозды.* **Бүйірі шыққан емес** — *аузы асқа жарымаған.* **Бүйірі шықты** — а) *әбден тойды;* ә) *мал қоңданды, семірді.* **Бүйірін таянды** — *қасірет тартты, қайғырды.*

БҮЙІРЛЕ 1. *Бір бүйірге қарай қисаю, жығылу.* Пароход бір *бүйірлеп* қисая бастады (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Бүйірден ұрғылау, төмпештеу.* Оны кей-кейде ~п алам. 3. *Ауыс. Тұспа-тұс, қатарласа жүру.* Мақпал епте басып *бүйірлеп* келе жатты (Ақышев).

БҮЙІРЛЕН 1. *Жұмырланып домалана тұсу.* Домбыраның шанағы ~ді. 2. *Бүйірі шығу, тойыну.* Қызыл ат ~ып қалыпты.

БҮЙІРЛЕУ *Өкпе тұсқа таман, шеттеу, бұрыстау.* Қыстақ жолдан ~ жерде тұр.

БҮЙІРЛІ *Бүйірі үлкен, сыйымды.* ~ қоржын, ~ шәугім, ~ самаурын.

БҮК I *Асықтың шігеге қарсы жағы, бүге.* Асығым иіргенде ~ түсті.

БҮК II 1. *Түзу қалыптан өзгерту, ию.* Байділдин бармағын ***бүгіп*** санап отыр (С. Мұқанов). 2. *Бүктеп қайыру.* Тозығы жеткен көйлектің етегін ***бүкті*** (Майлин). 3. *Ауыс. Бір нәрсені ашық айтпай, жасырып қалу.* Қылмыскер ештеңе де ***бүкпей***, бәрін айтқан (Бақбергенов). ◊ **Бүк түсті** — а) *асық дөңес жағымен түсті;* ә) *бүрісіп, бүктеліп қалды.*

БҮКЕҢ: **бүкең жүріс** — *бүлкілдеген бір қалыпты жүріс.* ◊ **Бүкең қақты** — *бүкең-бүкең етті.*

БҮКЕҢДЕ *Бүкең жүріске салу, бүкең-бүкең ету.* ***Бүкеңдеп*** бара жатқан қасқырға көзім түсті (Тілеков).

БҮКПЕ *Астарлы, құпия сыр.* Танагүл күйеуінің ***бүкпесіне*** ежелден кәнігі (Серәлиев).

БҮКПЕЛЕ *Құпиялап жасыру, сездірмеу.* Ол сырын ***бүкпелеген*** болып есіп отыр (Қамбаров).

БҮКПЕСІЗ *Ешқандай құпиясы жоқ, шынайы, қалтқысыз.*

БҮКСІ 1. *Мұңкіген нашар иіс жайылу.* Капуста бықсып, ~п жатыр. 2. *Ауыс. Арам пиғылды болу.* Дөң айналмай ант атты, ***Бүксіп***, бықсып ар жағы (Абай).

БҮКТЕ 1. *Қабаттап орау.* Шофер киіздерді ***бүктеп,*** буып жатыр (Тиесов). 2. *Ауыс. Тырп еткізбей басып қалу.* Тазы ***бүктей*** алмағанына ызалы (Мағауин). ◊ **Бүктеп салды** — а) *қылғытты, жалмап жұтты;* ә) *әй-шайға келтірмей, топ еткізді.*

БҮКТЕМЕЛІ *Тез жинауға ыңғайлы, ашпалы-жаппалы.* ~ кереует, ~ мылтық.

БҮКТЕСІН 1. *Бір нәрсенің бүктеліп қалған жері.* Кілемнің ***бүктесінін*** жаздым (Есенжанов). 2. *Ауыс. Бүкпе, жасырын, құпия.* Мінезіндегі ерекшелігі — ашық, ***бүктесіні*** жоқ (Сейітов).

БҮКТЕУЛІ *Қабаттап бүктелген, қаттаулы.* ~ хат, ~ текемет, ~ көйлек.

БҮКШЕҢ: **бүкшең қақты** — *бүкірейіп алып, қақшаңдады, тез жүрді.*

БҮКШЕҢДЕ *Бүкірейіп еңкеңдеу, бүкшең-бүкшең ету.* Теңге кемпір ***бүкшеңдеп*** кетіп барады (Кекілбаев).

БҮКШІ *Бүкірею, бүгілу.* Қария жұдырықтай боп ***бүкшіп*** қалыпты (Дүзенов).

БҮКІЛ *Түгел, тұтас, барлық, күллі.* ~ жер жүзі, ~ ауыл, ~ халық.

БҮКІЛДЕЙ *Түгелдей, тұтастай дерлік, біржола.* ~ назарды аударды.

БҮКІР *Бүкірейген, бүкіш, құныс.* ***Бүкір*** бала шарбаққа сүйеніп таңырқап тұр (Ж. Молдағалиев). ◊ **Бүкір жатып, шүкір түрды** — *айтқанын екі етпеді, не десе де орындады.*

БҮКІРЕЙ *Еңкіш тарту, мықшию.* Белі ~іп кеткен.

БҮКІРЕҢДЕ *Бүкірең-бүкірең ету, бүкшеңдеу, мықшыңдау.* Үсен ауған жүгін түзете алмай ***бүкіреңдеп*** жатыр (Сейфуллин).

БҮКІШ *Еңкіш, шамалы бүкірейген.* ***Бүкіш*** қара кемпір таяғына сүйеніп тұр (Нұршайықов).

БҮЛ *көне. Бүлінү, қырау.* Қан сасып хан ордасы жатты ***бүліп,*** Халықтың үрейі ұшып қалтырады (Малдыбаев). ***Бүлінген*** елден — бүлдірге алма (Мақал).

БҮЛДЕ *көне. Қымбат бағалы, сапалы мата.* Өмір мынау әшекей, Оранған жібек ***бүлдемен*** (Жамбыл). Үлде мен бүлде — *қымбат заттар.*

БҮЛДІР 1. *Істен шығару, қирату, бұзып тастау, талқандау.* Рельсті ***бүлдіріп*** олар қашып кетті (Қайсенов). 2. *Істің жөнін, қисынын таппау, құсата алмау.* Білмеген ***бүлдіргенін*** де білмес (Мақал). 3. *Ауыс. Біреудің арасына іріткі салу, ала ауыздық туғызу.* Османның бейбастығы талай жұртты ***бүлдіретін*** болды (Досжанов).

БҮЛДІРГЕ *Қамшы, шоқпар сабына тағылатын қайыс бау.* Ырысты керегенің басына қамшыны ***бүлдіргесінен*** іле қойды (Дәулетбаев).

БҮЛДІРГЕЛІ *Бүлдіргесі бар, бүлдірге тағылған.* Қолымда бір қамшым бар ~.

БҮЛДІРГЕН *Тау беткейлерінде не ойпаңдау жерлерде өсетін аласа бойлы, жапырақты өсімдік, сол өсімдік сабағындағы жеміс, жидек.*

БҮЛДІРГІШ 1. *Бір нәрсенің түрін, түсін бұзып, өзгертіп жіберетін, бүлдіретін.* Селдің ~ әрекеті өте зиянды. 2. *Бүлік тудырғыш, бүлікшіл; бұзақы, лаңшыл.* Жексұрын ~тер аяқ астынан шығады.

БҮЛДІРШІН I 1. *көне.* Бөдене. 2. *Ауыс. Жас буын, жеткіншек.* Алдымда өрімдей-өрімдей ***бүлдіршіндер*** (Сағынбаев).

БҮЛДІРШІН II *Үш жасқа шығар қайымаған ұрғашы түйе.* ***Бүлдіршін*** көзін сүзбесе, Буыршын бұйдасын үзбейді (Мәтел).

БҮЛДІРШІНДЕЙ *Кіп-кішкене, сүйкімді, уыздай жас.* ~ бала, ~ қыз.

БҮЛК: **бүлк етті** — а) *қыбыр етті, сәл қозғалды;* ә) *қазан аздап қайнады, шымырлады.*

БҮЛК-БҮЛК: **бүлк-бүлк еткізді** — *жай ғана бүлкілдеді, қозғалды.* **Бүлк-бүлк желді** — *майда жүріспен тепектеді.* **Бүлк-бүлк қайнады** — *жайымен шымырлады, бүлкілдеді.*

БҮЛКЕК *Желістен гөрі жай, аяңнан шапшаң бүлкіл жүріс.* Қара аттың сол баяғы ***бүлкек*** жүрісі (Кекілбаев). ◊ **Бүлкек қақты** — *жайлы жүріспен жүріп отырды.*

БҮЛКЕКТЕ *Бүлкекке салу, жай жортаққа басу.* Қасқыр далаға қарай ақырын ***бүлкектей*** берді (М. Әуезов).

БҮЛКІЛ *Аяңнан гөрі тездеу, желістен гөрі бәсеңдеу бүлкек желіс.* Сары ат бірде көсіле аяндаса, бірде ***бүлкілге*** басты (Т. Әлімқұлов). **Бүлкіл қақты** — *жылдам қимылдады, тез жүрді.*

БҮЛКІЛДЕ 1. *Аяң, жай жүріс, желгендей емес, бірқалыпты жортақтау.* 2. *Бүлк-бүлк ету.* Қазанда ***бүлкілдеп*** су қайнады (Майлин).

БҮЛІК *Дау-дамай, қақтығыс, сойқан, лаң, бүлінішілік.* Бүйрық-біліп берсең бүйрық, жаңылыссаң — ол бір ***бүлік*** (Момышұлы). ◊ **Бүлік шалды [шығарды]** — шырық бұзды, жанжал шығарды.

БҮЛІКШІ *Дау-жанжал туғызушы, бүлік шығарушы, ойран салушы, лаңшы.*

БҮЛІКШІЛ *Жанжалқұмар, ұрыс-керісшіл.* Оның жанарында ***бүлікшіл***, тентек ұшқын бар (Жұмаділов).

БҮЛІН 1. *Бұзылу, құлау, қирау, астан-кестені шығу.* Ахмет ***бүлінген*** саймандарды қолға ала бастады (F. Мұстафин). 2. *Жарамсыз болу, шіру, бұзылу, зақымдану.* Тұздың тапшылығынан балық ***бүлініп*** кетті (Н. Оразов). Омардың беті ~ген екен. 3. *Ластану, былғану.* Жаңбырдан Қарлығаштың әдемі көк пальтосы ***бүлініпті*** (Н. Ғабдуллин). 4. *Бұрқан-талқан болу, ашуға басу.* Бәйбіше шыжбың қағып, өз-өзінен ***бүлінді*** (Майлин).

БҮЛІНШІЛІК 1. *Тыныштықты кетірген дау-жанжал, лаң, бүлік.* Ел ішіндегі ~ басылған. 2. *Өкіметке қарсы ұйымдастырылған дұмпу, бүлік шығарушылық.* Сол жерде кулактар ***бүліншілік***

шығарыпты (С. Омаров). ◊ **Бүліншілікке ұшырады** — *қатты зардап шекті, бүлінді.*

БҮП-БҮТІН *Ешбір жері бұзылмаған, сынық-сызаты жоқ, сап-сау қалпында.* ~ киім, ~ ыдыс, үсті-басы ~.

БҮР I 1. *Өсімдіктер мен ағаш бұтақтарының сабағында болатын бүршік және жас жапырақ жаратын түйін.* Жас талдар көктемде ~ жарады. 2. *Асқазан, ішек-қарынның іш жағындағы кілегейлі бүршік беті.* Ішек ~індегі витаминдер құрамы әр түрлі. 3. *Бір тегіс нәрсенің бетіндегі бұдырмақты түйін.* Қиярдың сыртында ~ көп. 4. *Аяқ киім табанындағы бедер.* Бәтеңкемнің ~і кетіп, қыста тайғанақтай бердім.

БҮР II 1. *Шеңгелдеп бас салу, тырп еткізбеу, қатты қысу.* Қажымұқан балуан белін *бүріп*, қыса түсті (Танкеев). 2. *Киімнің, дорба, қап т. б. нәрселердің шетін, аузын жиыстыру, бүрмелеу.* Көйлегінің етегін ~*іп* тікті. 3. *Бір нәрсенің әсерінен бүрісу, жиырылу.* Бауырдың ісуінен кейде адамның іші қатты *бүріп* ауырады (Қайрақбаев). 4. *Ауыс. Апшысын қуыру, тықсыру.* Ол долданып келді де, Камалды *бүрді* (Ш. Шалқаров). 5. *Ауыс. Күн қатты суытып қақау.* Аяз ~ді, суық ~ді.

БҮРГЕ *Қанмен қоректенетін, секіргіш кішкентай паразит жәндік.* ~ басты, ~ талады. □ **Бүрге дәні** — *жылтыр қара дәні бар, бір жылдық шөп тектес өсімдік.* ◊ **Бүрге [бит] шаққандай көрмеді** — *селт етпеді, елемеді.*

БҮРГЕН *Аязға, ыстыққа төзімді, дәмі ащы, кішкене қызыл түсті жеміс өсетін, ақ шешекті бұта және соның жемісі.*

БҮРГЕШІК *Өсімдіктерді зақымдайтын кішкене жәндік.*

БҮРГІШТЕ 1. *Жиырғыштау, жиыру, бүру.* Зылиқа Қарымсақтың ескі тонын *бүргіштеп* берді (Майлин). 2. *Ауыс. Қатты тықсыру, әлегін шығару.* Жақыпбек бұйра шаш жігітті *бүргіштеп* жатты (Иманжанов).

БҮРКЕ 1. *Тұмшалап орау, қымтап жабу.* Ол басымды *бүркей* салды (Жылқышиев). 2. *Жабу, қаптау, түнеру, басу.* Түн қараңғысы әлемді *бүркеді* (Майлин). Нұра өзенін биік талдар *бүркеп* жатыр (Сейфуллин). 3. *Ауыс. Шындықты жасыру, бүркемелеу.* Олар кемшіліктерін ~мекші.

БҮРКЕК 1. *Бұлыңғыр, жауын-шашынды.* ~ күн. 2. *Майдалап, сіркіреп жауған жаңбыр.* ~ жаңбыр.

БҮРКЕМЕ 1. *Құпия, жасырын.* Сарқыттың *бүркемесі* тағы бар (Тілеков). 2. *Бір нәрсемен жабылған, бүркелген.* ~ шатыр, ~ шөп.

БҮРКЕМЕЛЕ 1. *Шындықты жасыру, ойын бүкпелеп білдірмеу.* Бұл арада шындықты ~п отыр. 2. *Көзге түспес үшін көлегейлеу, тасалау.* Қадиша жүзін *бүркемелеп*, бұрына түседі (Құмарова).

БҮРКЕМЕЛІ *Көзден қаға беріс, тасалау.* Суырлар *бүркемелі*, қосалқы ін жасайды (Хангелдин).

БҮРКЕМЕСІЗ *Көңілінде бүкпесі жоқ, ашық. Бүркемесіз* аңқылдақ адамдар бар (Нүржекеев).

БҮРКЕНІШІК 1. *Басқа жабатын жамылғы.* ~гі бар қоңыр шапан алдым. 2. *Самауырдың түтінін басатын бұқтырма.* □ **Бүркеншік ат** — *жасырын ат.*

БҮРКЕНШІКТЕ *Орағыштап жабу.* Ашытқан нанды ~п жабу керек.

БҮРКЕНІШ *Бір нәрсені көрсетпейтін жамылғы.* Ескі *бүркеніште* жамылып жатырмын (Сәрсенбаев).

БҮРКЕНІШТІ *Ашық түрде емес, жасырын, құпия.* ~ түрде.

БҮРКЕУ *Ашық емес, бұлыңғыр.* Күн көзі бет қаратпас ~.

БҮРКЕУЛІ *Жабылған, бүркелген.* Қазанның беті ~.

БҮРКЕУСІЗ *Жабылмай, ашық қалған.* Тезек ~ қалып, су болып қалыпты.

БҮРКІТ *Таулы, далалы жерлерді мекендейтін тегеурінді, имек тұмсық жыртқыш құс.* ◊ **Бүркіт көз** — *өткір, қырағы көз.* **Бүркіт қабақ** — *түксиген қалың қабақ.* **Бүркіт салды** — *бүркітпен аң аулады.*

БҮРКІТШІ *Бүркітті қолға үйретіп, аңға салушы адам.* ~ аңға шықты.

БҮРЛЕ *Бұтақ түйіршіктері бөртіп, жапырақ жаруға таяну.* Ағаш басы шапшаң *бүрледі* (Бөкеев).

БҮРЛІ 1. *Үстіңгі беті бұдыр-бұдыр, тегіс емес.* ~ табан, ~ етік. 2. *Бүрі көп, бүртікті.* ~ ағаш, ~ жусан.

БҮРЛІК *Абыр-дабыр, ию-қию болу, дүрлігу, бүлініу.* Дағдарған ел *бүрлікті* (Жамбыл).

БҮРМЕ *Жиырылып тігілетін тігіс.* ~ бел көйлек, ~ балақ шалбар. ◊ **Бүрме ауыз** — *шұршиген кішкене ауыз.*

БҮРМЕЛЕ *Бүріп тігу, бүрме салу.* Қыздың үстінде етегін *бүрмелеген* ақ жібек көйлек (Мұзапаров).

БҮРМЕЛІ *Бүрмеленген, бүрмесі бар.* ~ қара тон, ~ дорба.

БҮРМЕТІКЕН *Өсімдіктің бір түрі.*

БҮРСЕКТЕ *Бүрсең қағып тоңу.* Жүрт *бүрсектеп* сыртқа шығады (Кекілбаев).

БҮРСЕҢ: бүрсең қақты — *дірілдеп қалтырады.*

БҮРСЕҢДЕ *Дірілдеу, қалтырау.* Қойлар суыққа тоңып, *бүрсеңдеп* келеді (Ахтанов).

БҮРСІ *Бойын жаза алмай бүрісу, бүкірею.* Өйелдер пеш жанында *бүрсиіп* отыр (М. Әуезов).

БҮРСІГҮНІ *Ертеңнен арғы күн.* ~ келеді, ~ барады.

БҮРТІК 1. *Өсімдік сабағында болатын ұсақ түйіншек.* Құраған шағырдың *бүртіктері* сауылдап түсіп жатыр (Нәжімеденов). 2. *Ауыс. Денеге түсетін ұсақ бөртпе.* Бүргенің шаққан орнында көгерген *бүртік* пайда болады (Қайрақбаев).

БҮРТІКТЕ 1. *Түйін салу.* 2. *Ауыс. Денені ұсақ түйіршік басу.*

БҮРШІК *Өсімдіктер сабағындағы жапырақ өсетін, өркен жаяр жеріндегі түйіршек. Бүршіктен* жаңа сабақ өсіп шығады (Мұсақұлов). ◊ **Бүршік атты** — *бүршіктенді, гүл жарды.*

БҮРШІКТЕ *Өсімдік түйіндері жетілу, бүршік салу.* Ағаш жапырағы *бүршіктеп* көктеді (Балтабаев).

БҮРШІКТІ *Бүршігі мол, бүршігі көп.* ~ бұта.

БҮРІК I 1. *Сұндетке отырғызылмаған, кестірілмеген баланың жыныс мүшесінің қусырылған ұшы.* 2. *Сұндетке отырғызылмаған бала.* 3. *Бітеу, саңырау. Бүрік* құлақ емес, түрік құлақ шал (Ғ. Мүсірепов).

БҮРІК II 1. *Сұйық зат шашырату, бүрку, себу.* Сәлменнің үстіне су *бүркіп* есін жиғыздық (Тілегенов). 2. *Аздап себезгілеп, сіркіреп жауу.* Жылы жаңбыр *бүркіл* тұр (Мақатаев). 3. *Ауыс. Оқты себелеп, борату.* Біздер төрт автоматтан оқ *бүріктік* (Жұмақанов).

БҮРІККІШ *Газ я сұйық ерітінділерді тозаңдатып шашатын арнаулы құрал.* Су ~, ерітінді ~, дәрі ~.

БҮРІКПЕ *Алабұға тұқымдас балық түрі.*

БҮРІКТІР 1. *өзг. етіс. Бүрік-тір.* 2. *Шәт-шәлекейін шығару, тықсыру.* Қойға тиді бір бөрі, ***Бүріктіріп*** қырады (Батырлар жыры).

БҮРІС 1. *Құрысып-бырысып жиырылу.* Суық күні гүлдің жапырағы ***бүрісіп***, тез солады (С. Жүнісов). 2. *Бір уыс боп шөгіп қалу, құнысу.* Пешке арқасын сүйеп, ***бүрісіп***, Қайрақбай жатыр (Майлин).

БҮТІН 1. *Жыртық емес, тозбаған; бүлінбеген, сынбаған.* ~ ыдыс, қол-аяғы ~. 2. *Түгелдей, тұтас, бүкіл.* Бүгін қонақтарға жылқының ***бүтін*** жаясын асқан екен (С. Шарипов). 3. *мат. Бөлшексіз, бүтін сан.* Бөлшекке бөліп ***бүтінді***, Есепте ақыл қосқанбыз (Өмірбеков). 4. *Ауыс. Сау-саламат, аман-есен.* Ел ***бүтін*** болса, шырық бұзар сөз өтпейді (К. Ахметбеков).

БҮТІНДЕ *Қалпына келтіру, жөндеу, жамап-жасқау.* Үстін ~ді, тісін ~ді.

БҮТІНДІК 1. *Жамау-жасқауы жоқтық.* 2. *Ауыс. Бөлініп-жарымағандық; тұтастық.* Ел ~гін сақтау, дүние ~гі.

БЫҒЫ-ЖЫҒЫ *Қалай болса солай, ретсіз.* Есіктің алды ~.

БЫДЫҚ *Тілінің тұтықпасы бар, быдықтап сөйлейтін.* ~ сөз, ~ адам.

БЫДЫҚТА *Сөзді анық айтпау, күмілжіту.* Шымырбай ***быдықтай*** жөнелді (Тілегенов).

БЫЖ: быж етті — *быжылдаған дыбыс шығарды.*

БЫЖ-БЫЖ *Быжылдақ дыбысын қайталай беру.*

БЫЖ-ТЫЖ: быж-тыж етті — а) *қайта-қайта быжылдады;* ә) *көпіршіп шымырлады;* б) *сансыз көп боп құжынады.*

БЫЖ-ТЫЖ *Қым-қуыт, бей-берекет, быт-шыт.* ~ боп қашты, ~ы шықты.

БЫЖЫ 1. *Құжынап қаптау.* Шыбын ~п кетті. 2. *Бұрқырап қатты ашу.* ~ған іркіт, ~ған айран.

БЫЖЫЛ *Ызыңдап шығатын жағымсыз дыбыс, ұн.* Шыбынның ~ы мазаны кетірді.

БЫЖЫЛДА 1. *Быж-быж еткен дыбыс шығару.* Самауыр ~п тұр. 2. *Ауыс. Күйіп-піскен, шыжбалақтау.* Демесін ***быжылдай*** қалатын ашушаң (Қанахин).

БЫЖЫЛДАУЫҚ *Қайта-қайта быж-быж ететін, быжылдақ.* ~ шал, ~ кемпір.

БЫЖЫНА *Быж-быж етіп құжынау, қаптау.* Құмырсқадай ~ды, ~ған жұлдыздар.

БЫЖЫҢ-БЫЖЫҢ *Быж-быж ету.* Тоғайәлі ***быжың-быжың*** міңгірледі (Ө. Сәрсенбаев).

БЫЖЫР *Ойлы-қырлы, жыралы жер. Быжыры* мол бұйрат жаяу адамға қиын-ақ (Салғарин).

БЫЖЫР-БЫЖЫР *Шимайы мол, қисық.* ~ әріп.

БЫЖЫРҚАЙ *Кедір-бұдыр, қисық, ретсіз.* Оның жазуы ***быжырқай*** келетін (Майлин).

БЫЖЫРҚАЙЛАН *Кедір-бұдырлану, үйме-жүйме болу. Быжырқайланған* бетін алақанымен басты (Бөкеев).

БЫҚ-БЫҚТА *Бықылдаған дауысты қайталау.*

БЫҚ-БЫҚ: бық-бық етеді — *сансыз көп, қалың, быж-быж ету.*

БЫҚПЫРТ: бықпырт тиді (қылды) — *шәт-шәлекейін шығарды, қыран жапқандай болды.*

БЫҚСЫ 1. *Бықсып, әлсіз жану, тұтеу, тұтіндеу. Бықсыған* түтіннен қақалып-шашалып біз отырмыз (Ә. Тәжібаев). 2. *Қоқырсып, ыбырсып жату.* Киіз үйдің іші ***бықсыған*** жүн (Сыланов). 3. *Ауыс. Арам ой, жаман пиғыл, ниет білдіру.* Маған деген бірдеңесі ~*п* жатыр.

БЫҚСЫҚ 1. *Тыныс тарылтатын бықсыған тұтін, шала от.* Жау танктері ***бықсық*** түтінге оранды (Момышұлы). 2. *Ыбырсып жатқан қоқырсық.* Үй ~ғын тазалады. 3. *Ауыс. Ұсақ сөз, арам пиғыл, бүкпе.* ~ әрекет.

БЫҚСЫМА *Пасық, арам ниетті сөз.* Оның кеудесі толған, бырсып жатқан ***бықсыма*** арамдық (М. Әуезов).

БЫҚЫ *Быжынау, құжынау, лық толу.* Базар ***быққан*** адам (Ғ. Мүстафин). ◊ **Бықып жатыр** — *есепсіз көп.*

БЫҚЫРЛА *Бықу, құжынау, қаптау.* Үйдің маңы ***бықырлаған*** адам (С. Жүнісов).

БЫҚЫТ: бықытын тапты — *ретін, қисынын келтірді.*

БЫЛАЙ 1. *Нұсқаған жаққа қарай, бөлек.* Он бес жігіт ***былай*** шығыңдар (Есенжанов). 2. *Мынадай, былайша, осылай.* Соңғы табылған өмірбаяны Жұмановты ~ баяндапты. 3. *Әншейін, былайша, жай.* ~ қараған адамға ол қарапайым көрінеді. ◊ **Былай да** — *қалай болғанмен, онсыз да.* **Былай қалды** — *ескерусіз қалды, санаспады.* **Былай қойғанда** — *оны айтпағанда, ол түгіл.* **Былай түрсын** — *өзгені айтпағанда, есептемегенде.* **Былай шыға** — *бір шама ұзаған соң.*

БЫЛАЙҒЫ 1. *Одан бөтен, өзге, басқа. Былайғы* жұрт Нәсімді аяғандай болды (Жансүгіров). 2. *Белгілі бір мерзімнен кейінгі.* ◊ **Бұдан былайғы күндер** — *кейінгі уақыт, соңғы күн.*

БЫЛАЙДА *Былайша да, жайда.* ~ белгілі.

БЫЛАЙША 1. *Жай ғана, тек әншейін. Былайша* қызық көргісі келгендер көп. 2. *Былайынша, осылайша, осы тұрғыдан.* Бұл әрекетті ~ түсінген жөн. ◊ **Былайша айтқанда** — *анығырақ, дәл айтқанда.*

БЫЛАМЫҚ *Ұннан, жармадан пісірілетін қатықсыз сұйық тағам.*

БЫЛАПЫТ 1. *Ұқыпсыз, салақ, нас.* Ол былш-былш түкіріп отыратын ***былапыт*** судья (Жансүгіров). 2. *Қалай болса солай, ретсіз, орынсыз, қисапсыз.* Кемпір асты ~ жұмсайтын. ◊ **Былапыт сөз** — *дөрекі, тұрпайы сөз.*

БЫЛАПЫТТА 1. *Ластап былғау.* 2. *Ретсіз шашу, рәсуалау.* Жер иелері қаржыны ~п жұмсайды. 3. *Тілдеп балағаттау, боқтық сөз айту.* Ол бригадирді ~й бастады.

БЫЛБЫРА 1. *Жұп-жұмсақ боп ылжырап езілу.* ~п піскен тоқты еті. 2. *Ауыс. Ыбылжу, былжырау.* Осы сен ~йсың да жүресің.

БЫЛБЫРАҚ *Жұмсақ, былжырақ.* ~ қар, ~ нан.

БЫЛҒА 1. *Ластау, кірлету.* Еденді ~ды. 2. *Әрлі-берлі қозғау, араластыру.* Қаймақты ~ғанда сары май болады. 3. *Ауыс. Ұятқа қалдыру, кір келтіру, шырық бұзу, бүлдіру.* Оның баласы жүртты қара күйеше ~ды. 4. *Ауыс. Шырық бұзу, бүлдіру.* Дүниені ~п жүрген адам көп.

БЫЛҒАНЫШ 1. *Таза емес, кір-қожалақ, лас.* Оның үсті-басы ~. 2. *Ауыс. Жиіркеніштi, пасық, жексұрын.* Басқан ізі ~ адам.

БЫЛҒАНЫШТЫ *Былғаныш болған, ластанған.* ~ жер, ~ шөп.

БЫЛҒАРЫ *Өңделіп, киім тігуге арналған тері.*

БЫЛДЫР *Баланың жаңа шыға бастаған анық емес түсініксіз тілі.* Баланың ~ы ананы қуанышқа бөледі.

БЫЛДЫРАҚТА *Түсінікті айтпай былдырлау, шұлдірлеу.* Шала білген орысшаммен ***былдыраҚтадым*** (С. Мұқанов).

БЫЛДЫРЛА 1. *Былдыр-былдыр сөйлеу.* Ол ~п сөйлеген болды. 2. *Ауыс. Әлденені шатпақтап айтқандай боп дыбыс шығару.*

БЫЛДЫРЛАҚ *Анық емес, былдыр-былдыр.* Сенің ~ғың кімге керек.

БЫЛЖЫР 1. *Болбыраған бос белбеу, ынжық.* Жүсіпбек аңқау, ***былжыр*** (Ғ. Мұстафин). 2. *Бос сөз, бейпіл сөз.* ~ әңгімемен жүрді. 3. *жерг. Балшық, лай, батпақ.* Жерде әлі қар қалың, тек көк соқта, ***былжыр*** (Ә. Нұрпейісов).

БЫЛЖЫРА 1. *Сылбыр тарту, босаңсу, селқос болу.* Несіпбай ~***п*** жүргеніне қарамайды. 2. *Шылқылдап су болу, шалпылдау.* Шұлғауым да ***былжырап*** кетті (С. Мұқанов). ***Былжыраған*** жаңбыр да бөгей алмады (С. Мәуленов). 3. *Былбырап езілу.* Бұзаудың еті ***былжырап,*** ұстауға келмеді (Майлин). 4. *Қисынсыз сөйлеп кету, танту, көку.* Ол барды-жоқты ***былжырап,*** бәрін бұлдірді (Тұрсынқұлов).

БЫЛЖЫРАҚ 1. *Бос, мәнсіз сөз.* Бұл сөздердің бәрі құр ~. 2. *Сылпылдаған лай, лайсаң.* Жер дүниенің бәрі су, ***былжырақ*** саз (С. Шарипов).

БЫЛҚ: былқ етті — а) *жұп-жұмсақ боп сезілді;* ә) *сылқ етіп құлап түсті.* ◊ **Былқ еткізбеді** — *тырп еткізбеді, жібермеді.* **Былқ етпеді** — а) *селт етпеді, елең қылмады;* ә) *тырп етіп қозғалмады.*

БЫЛҚ-БЫЛҚ: былқ-былқ етті — а) *былқылдап-сылқылдап тұрды;* ә) *семіздіктен ірк-ірк етті.*

БЫЛҚ-СЫЛҚ 1. *Буыны бос, әлсіз.* Аурудың оң аяғы ~ етеді. 2. *Денені бос тастап сәнмен жүру; сылқылдақ.* Келіншек ~ басып келеді. ◊ **Былқ-сылқ етті** — *солқылдақтық жасады.*

БЫЛҚЫ 1. *Шымырлап қайнау, бабымен пісу.* Ет те ~п пісті. 2. *Тұнып толып тұру.* ***Былқыған*** мәуе тау іші (Орманов).

БЫЛҚЫЛ 1. *Ірк-ірк еткен, жұп-жұмсақ күй.* 2. *Ауыс. Солқылдақтық, табансыз.* Алексей ***былқылмен*** "көреміз" дей салды (С. Мұқанов).

БЫЛҚЫЛДА 1. *Жұп-жұмсақ, бос болу, солқылдау, ірк-ірк ету.* ~ған жұмсақ орын. 2. *Буыны босау, әлсіздену.* Жас ботаның буындары ~***п*** орнынан тұра алмады. 3. *Белгілі орнынан босап, қозғала беру.* Орындықтың сирағы ~п қалыпты. 4. *Ауыс. Толықсып толқу, майысу.* Биші буындары ~п сахна төріне шықты. 5. *Ауыс. Тәуекел ете алмау, босаңдық жасау.* Мәселе ~п ұзара беретіндей. ◊ **Буыны былқылдады** — а) *бойы бекімеді;* ә) *жүрексінді, жасқанды.*

БЫЛҚЫЛДАҚ 1. *Былқ-былқ еткен, жұмсақ, солқылдақ.* Машинаның ~ жерде жүрісі өнбеді. 2. *Былпылдаған жұмсақ, ұлпілдек.* ~ дене, ~ нан, ~ жастық. 3. *Ауыс. Табансыз, тұрақсыз, босаң.* Бастықтың шешімі ~, босаң болды.

БЫЛҚЫЛДАҚТАУ *Анық емес, күмәнділеу.* Пікірі ~ екен.

БЫЛҚЫМА *Былқып тұрған.* Бір қазан ~ ет қайнап жатыр.

БЫЛПЫЛДА 1. *Жұп-жұмсақ боп пісу, былбырау.* Дастарқанда ~п піскен бауырсақ. 2. *Сөздің майын тамызу, лыпыл қағу.* Сөзі жібектей ~ды.

БЫЛПЫЛДАҚ *Жұп-жұмсақ, ұлпілдек.* ~ алақан, ~ нан.

БЫЛПЫҢ: былпың қақты — *лыпылдап бәйек болды, жорғалады.*

БЫЛПЫҢДА *Былпың қағу, лыпылдау.*

БЫЛТЫҚ *Сексеуілдің шорлау біткен қысқа бұтағы.* Сексеуілдің ~ғынан шоқпар жасалады.

БЫЛТЫР *Өткен жыл.* ~ жазда келді, ~дан бері.

БЫЛТЫРҒЫ *Өткен жылғы.* ~ жаз, ~ жыл, ~ оқиға.

БЫЛШ: былш етті — а) *жалп етіп құлады;* ә) *бар пәрменімен тиді.* ◊ **Былш еткізді** — а) *тұқіріп жіберді;* ә) *аузына келгенін лақ еткізді.*

БЫЛШ-БЫЛШ *Шылқылдаған, сылп-сылп.* Саз балшықты ~ кештік. ◊ **Былш-былш жеді** — *шылпылдатып жеді.* **Былш-былш ұрды [соқты]** — *үстіүстіне соққылады.* **Былш-былш шайнады** — *шылпылдатып шайнады.*

БЫЛШЫ 1. *Быттию, жалпаю.* Ол ~ып машинадан түспейді. 2. *Қатты семіру, жуандап кету.* Құрдасым ~я семірген.

БЫЛШЫ *Қатты шылқу.* Оның басы ~ған тер.

БЫЛШЫҚ *Көздің жиегінде пайда болатын кілегейлі зат.*

БЫЛШЫҚ-БЫЛШЫҚ *Былшық басқан.* Баланың екі көзі ~.

БЫЛШЫҚТАН *Көзге былшық тұру.* Көзі ~ып кеткен.

БЫЛШЫЛ *Бос мылжың, тантық сөз.* Ол ~ сөзге ермеді.

БЫЛШЫЛДА 1. *Шылқ-шылқ су болу, малшыну.* Аяқ асты ~п жүре алмадық. 2. *Ауыс. Мылжыңдау, көку, танту.* Ол ~п сөйлей берді.

БЫЛШЫЛДАТ *Үсті-үстіне қойғылау, пергілеу.* Ол баланың бет-аузын ~ып соға бастады.

БЫЛЫҚ I *Шиеленіскен шатақ жағдай, былықпа.* Бүркіт ***былыққа*** белшесінен батты (С. Мұқанов).

БЫЛЫҚ II 1. *Бей-берекет, ретсіз, қалай болса солай.* Үйдің іші жиналмай ~***ғып*** жатыр. 2. *Кір, лас.* Баздың іші әбден ***былық*** екен (Сейтенов).

БЫЛЫҚ-ШЫЛЫҚ *Бытысып жатқан, шатақ.* Бұл да ~қа үйір.

БЫП-БИЯЗЫ *Әп-әдемі, сүйкімді, биязы.* Түріне қарасаң ~.

БЫР: быр етті — а) *қырылдаған ұн шығарды; үйқыға кетті;* ә) *быр етіп ұша жөнелді.*

БЫР-БЫР *Қайта-қайта бырылдау, қорылдау.* Қымызға тойғандар ~ ұйықтайды (Ғ. Мұстафин).

БЫРЖИ *Быттию, тыржию.* ~ған бейне.

БЫРЖЫҚ *Быттиған, тыржиған.* Атанияз ~ бетін безеу басқан қара кісі (Ө. Сәрсенбаев).

БЫРҚ: бырқ етті — а) *бұрқ етіп қайнады;* ә) *бырс еткен дыбыс шықты.*

БЫРҚ-БЫРҚ: бырқ-бырқ қайнады — *қатты қайнады, бұрқылдады.*

БЫРҚЫЛДА 1. *Бырқ-бырқ етіп қайнау.* Темір шелекте смола ~ды. 2. *Ауыс. Реніш білдіру, күңкілдеп сөйлеу, мыңқылдау.* Қатыны ~п жүріп қазан көтерді.

БЫРҚЫРА 1. *Жиылмай, шашылып-төгіліп жату.* ~п қираған ойыншық. 2. *Ауыс. Ашылып-шашылып алаңсыз ұйықтау.* ~п ұйықтап жатыр.

БЫРС: бырс етті — *оқыс жарылып, жел шықты.*

БЫРСЫЛДА 1. *Бырс-бырс жарылу.* Шекілдеуіктің ~п піскендерін шаға бастады. 2. *Терлеп-тепшіп пысынау.* Маңдайы тершіп ~ды.

БЫРТ: бырт етті — *тырс етіп үзілген, не морт сынған дыбыс.*

БЫРТ-БЫРТ *Күрт-күрт, сырт-сырт.* ~ шайнады, ~ үзілді, ~ күйседі.

БЫРТИ *Қып-қысқа боп боржию, бытпию.* Малы семіз *быртиып,* Қарасына тойынған (Майлин).

БЫРТЫҚ *Тырбиған қысқа, аласа, домаланған жуан.* ~ мойын, ~ саусақ, ~ дене.

БЫРТЫЛ *Бырт еткен дыбыс.* Қойдың шөп жеген ~ы естіледі.

БЫРТЫЛДА *Тырс-тырс, сырт-сырт үзілген дыбыс естілу.* Шатыр ~п жанып жатыр.

БЫРШ: бырш етті — а) *шырт етіп шашырады;* ә) *үшкір зат денеге кірш етті.*

БЫРШЫ 1. *Бырқырап қатты ашып кету.* Күбіде шұбат ~п ашып тұр. 2. *Ауыс. Пысынап қатты терлеу.* Таңаттың денесі ~п терледі.

БЫРШЫЛДА *Бырш-бырш терлеу.* Ол қара терге түсіп ~ды.

БЫРЫЛ *Быр-быр еткен дыбыс.* ~ шықты, ~ естілді.

БЫРЫЛДА *Быр-быр еткен дыбыс шығару.* Қырғауыл ~п ұшты.

БЫТҚЫЛ *Бұтасы қалың жер.*

БЫТҚЫЛ-БЫТҚЫЛ *Ұңғыл-шұң~ылды, қалтарысты.* ~ жыра.

БЫТПЫЛДЫҚ 1. *жерг. Бөдене.* Беймаза *бытпылдықтың* жағы тынбайды (Саин). 2. *Бөдененің сайрағандағы не шақырғандағы үні.* Бөдене салды *бытпылдық* (Ө. Тұрманжанов).

БЫТПЫЛДЫҚТА *Бөдененің бытпылдық деп ұн шығаруы.* ~ған бөдененің даусы естіледі.

БЫТПЫРАҚ 1. *Қою, үйірілген.* ~ көже, ~ бөкпен. 2. *Ауыс. Мағынасыз балдыр-батпақ, сандырақ.* Айтып отырғаны, адам нанбайтын бір ~.

БЫТПЫРАҚТА *Келсін-келмесін шатпақтау.* Шал бірдеңені ~п сөйлеп отыр.

БЫТТИ *Толып тырсию, былшию.* Жігіттің беті толып ~ған.

БЫТ-ШЫТ: быт-шыт болды — а) *астан-кестеңі шықты;* ә) *бей-берекет, шым-шытырық.* ◊ **Бытшыты шықты** — күлпаршасы шықты. **Быт-шыт қылды (болды)** — тас-талқан етті.

БЫТЫҚЫ-ШЫТЫҚЫ *Қым-қуыт, шым-шытырық.* ~ жол, ~ ін,~ түс.

БЫТЫРА I *Аң ату үшін домалақтап жасалған кішкентай қорғасын оқ.* Өткен жылы қабанды *бытырамен-ақ* атып алдым (С. Мұқанов). □ **Бытыра мылтық** — *оқ орнына бытыра салып ататын бытыралы мылтық.*

БЫТЫРА II *Шашырап ыдырау, бет-бетіне кету.* Құрбыларым жан-жаққа *бытырап* жатыр (Кененбаев).

БЫТЫРАНДЫ *Жеке-жеке, шашыранды, ыдыраңқы.* ~ елдер де бас қосты.

БЫТЫРАҢҚЫ *Бір ортаға бірікпеген, шашырандылық.* Сөз ~ғы, ой ~ғы.

БЫТЫР-БЫТЫР *Бырт-сырт, қатыр-құтыр.* ~ еткізді, ~ шайнады, ~ үзді.

БЫТЫРЛА 1. *Бырт-бырт еткен дыбыс шығару.* Құрғақ қарағай ~п жанды. 2. *Ауыс. Үсті-үстіне, бірінен кейін бірі атылу.* ~п атылған мылтық даусы естілді.

БЫТЫС *Мидай араласып кету, шым-шытырық шатысу.*~ып өскен бұтақтар.

БІЗ 1. *Ағаш, қаңылтыр, былғары сияқты заттарды тесу үшін жіңішке сым темірден үшкірлеп жасалған, сабы бар сайман.* 2. *Ауыс. Кейбір жәндіктердің шағып-шаншып алатын дене мүшесі.* Сона тайыншаларға ~дерін пісті. □ **Біз өкше** — а) *үп-үшкір биік өкше;* ә) *тік бақай.* **Біз тұмсық (мұрын)** — *бас жағы сүйір, үшкір келген.*

БІЗ II *Жіктеу есімдігінің бірінші жағының ортақ түрі.* ~ бірге барамыз.

БІЗБЕЛДІК *бот. Қой малы сүйсініп жейтін құм шөбі.*

БІЗГЕК *Жарғақ қанатты кейбір жәндіктердің қорғаныш немесе шабуыл жасаушы мүшесі (шаншар).*

БІЗДЕЙ *Өп-өткір, үшкір.* Денеме ~ қадалды.

БІЗДИ *Үп-үшкір боп сүйірленіп, шаншылып тұру.* ~ген шоқша сақал, ~ген өкше.

БІЗДІК *Бізге тән. Біздік* болды биік парта алдағы (Мәуленов).

БІЗҚҰЙРЫҚ *зоол. Құйрығы ұзын сүйірлеу келген, өзен үйректері туысына жататын құс, сұқсыр.*

БІЗТҰМСЫҚ *зоол. Ұзын, жіңішке имек тұмсықты сазды жерде тіршілік ететін жыл құсы.* 2. *Ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиянды, тұмсығы ұзын түтік тәріздес қоңыз.*

БІЗШЕ I *Өзімізше, бізге ұқсас.* ~ еркін сөйле.

БІЗШЕ II *Біз сияқты шаншылып.* Сөзі жүрегіне ~ қадалды.

БІЛ 1. *Бір нәрсе жайында толық мағлұмат алу, ұғу, түсіну.* 2. *Жақсы, жете тану.* Ол кісі мені ~се керек.

БІЛГІР *Көп білетін, білімдар, білімді.* ~ адам, ~ маман, ~ басшы.

БІЛГІРЛІК *Біліміділік, біліміарлық, білгіштік.* Оның ~гін мойындағандар көп-ақ.

БІЛГІРСІ *экспр. Білімді болғансу, білгішсіну.*

БІЛГІШ 1. *Әр нәрседен хабары бар, білімді.* Мансұр көп нәрсені ~. 2. *Ауыс. Бәрін білем деп кеуде қақпыш, даңғой.* Кісімсіп белгілі *білгіш,* біреуге сондай-ақ күлгіш (Абай).

БІЛГІШСІ *Көп білетін болып көрінү, білгірсу.* ~ген біреу, ~п сөйледі.

БІЛГІШТІК *Жан-жақты білгірлік, біліміділік.* ~ көрсетті, ~гін байқатты.

БІЛДЕЙ *Ірі, үлкен, бақандай.* ~ өндіріс бригадирі, ~ бастық, ~ азамат.

БІЛЕ 1. *Жанып қайрау, өткірлеу.* Қылышын тасқа *білеген* (М. Әуезов). 2. *Салмақтап сайлап ұстау, кезеңу.* Қолындағы қамшысын ~п алға ұмтылды.

БІЛЕЗІК 1. *Білектің қол басына жалғасқан жері.* Бұлдіргесін ~гіне орап алыпты. 2. *Әйелдердің білекке салатын алтын, күмістен жасалған сәнді бұйымы.* Алтын ~, күміс ~. 3. *Аяқ бау байлайтын құс сирағының жіңішке жері.* Дүйсен құстың ~гінен қысты.

БІЛЕЗІКТЕ 1. *Бір нәрсеге дөңгелек, темір шеңбер кигізіп, айналдыра қатты қысу.* Ағаш бөшкені темірмен ~ді. 2. *Құстардың аяғына шығыршық белгі салу.*

БІЛЕК 1. *Қолдың басы мен шынтақ аралығы.* Мұса ~ сыбанып қалды. 2. *Ауыс. Қара күш, мықты.* Ол ~гіне сенеді. ◊ **Білегін сыбанды** — *іске құлшына кірісті.*

БІЛЕКТЕ *Басқан киізді әрлі-берлі домалатып білек сыртымен ныгарлау.* Киізді әрлі-берлі домалатып *білектейді* (Қасиманов).

БІЛЕКТЕЙ *Жұп-жұмыр.* ~ жуан, ~ бұрым, ~ кендір арқан.

БІЛЕКТЕС 1. *Бірінің білегінен бірі жалғаса ұстау.* ~іп жүріп келеміз. 2. *Ауыс. Күш сынасу, күресу, арпалысу, шайқасу.* Жұрт аяқ-қолын берсе, дүшпанымен шайқасып, *білектесіп* барып береді (Неталиев).

БІЛЕКТІ *Күші мол, қарулы, мықты,* ~ адам, ~ жұмысшы.

БІЛЕМ *Тілімдеп кесілген қойдың құйрық майы.* Ақмоншаққа екі *білем* құйрық асатты (Талжанов).

БІЛЕМ-БІЛЕМ *Сала-сала, бөлек-бөлек, бунақ-бунақ.* Бұлшық еттері ~.

БІЛЕМДЕ 1. *Тілімдеп бірдей етіп кесу.* Нүрбек *білемдеп* тастаған құйрықты шайнап отыр (С. Мұқанов). 2. *Салалап ұстау, тарамдау.* Қуанышбек сақалын *білемдей* ұстап сипады (Майлин).

БІЛЕМДЕН *Бөлшек-бөлшек болу, бөлек-бөлек боп бунақтану.* Бұлшық еттері ~іп тұратын.

БІЛЕМЕ *көне. Құм не тасқайрақ.* ~*ге* біленәкел.

БІЛЕУ I *көне. Ұзынша келген жұқа тас қайрақ.* Бір дегенің — *білеу*, Екі дегенің — егеу (Сейфуллин).

БІЛЕУ II *Жұп-жұмыр, сом.* Серік *білеу* темірлерін дәнекерлеп үлгірді (Әшімқанов).

БІЛЕУ-БІЛЕУ *Соя-соя, адырайған.* Адамның күре тамыры *білеу-білеу* (Мұзапаров).

БІЛЕУДЕЙ 1. *Жұп-жұмыр, жұп-жуан.* ~ сегіз қырлы қайыс қамшы. 2. *Адырайып кету, көмпіп ісіп кету.* Дойыр қамшы тиген жері ~ боп шыға келді.

БІЛЕУЛЕ *Мығымдап, ныгарлай ұстау.* Ломды ~й ұстап, есікке келдім.

БІЛЕУЛЕН *Сала-сала боп адыраю, шодыраю.* Оның шеке тамыры ~іп шыға келді.

БІЛМЕГЕНСІ *Түсінбегенсу, ұқпағансу.* Олар ~п үндемей отыра берді.

БІЛМЕСТІК 1. *Жете түсінбегендік, ұқпағандық, білімсіздік.* Қажет дүниеден құр алақан қалу нағыз *білместік* (Қалымбетов). 2. *Байқамай істеген ағаттық.* Бір *білместік* істедім (С. Омаров).

БІЛТЕ 1. *Май шамның тұтатқанда жарық беретін ширатылған талшығы.* Бестік шамның ~сі. 2. *көне. Ертеректе зеңбіректі, мылтықты от алдыратын ширатылған жіп.* Зеңбіректі оқтап, *білтесіне* от берді (Есенберлин). □ **Білте шам** — *сықсима май шам.*

БІЛТЕЛЕ 1. *Білте өткізу, білте салу.* Шамды ~п қойдым. 2. *Ауыс. Ұмыт болған жайды суыртпақтап жаңғырту.* Біткен жараны *білтелеп* керегі не (С. Мұқанов).

БІЛТЕЛЕН *Үйысып қалу, бытысу.* Терінің жүні ұйысып, *білтеленіп* қалады (Қасиманов).

БІЛТЕЛІ *Білтесі бар.* ~ шам, ~ мылтық.

БІЛІК I *Екі доңғалақтың арасын қосып тұратын жуан темір.*

БІЛІК II *Зейін, білім.* Муса *білігі* озық ой иесі болған (Бердібаев).

БІЛІК III *Артқан жұқ түйенің арқасына батпас үшін қоғадан, камыстан тоқылған тоқым іспеттес төсеніш.*

БІЛІКТІ *Жан-жақты түсінігі бар, білімді.* ~ ғалым, ~ басшы.

БІЛІКТІЛІК *Көп білетіндік, білімділік. Біліктілік* бесіктен басталады (Мақал).

БІЛІМ 1. *Оқу, үйренумен санаға қонатын ақиқат жайлы түсінік.* Үйренбей *білім* бітпес (Мақал). 2. *Ақыл-парасат, ой-өріс.* Абай ~ін жастарға арнады.

БІЛІМДАР *Көп білетін, білгір, білімді.* Райхан апай ~ ғалым.

БІЛІМДАРЛЫҚ *Ой-өрісі кеңдік, білгірлік, білімділік.* Тәрбиешіге үлкен ~ керек.

БІЛІМДІ *Көп оқыған, біліmдар.* ~ адам, ~ дәрігер, ~ жігіт.

БІЛІМДІЛІК *Көп жайды жете білушілік, білгірлік. Білімділікті* ешкім де іштен ала тумайды (Бақбергенов).

БІЛІМПАЗ *Көп оқыған ойшыл, оқымысты.* ~ дәрігер, ~ ғалым.

БІЛІМПАЗДЫҚ *Білімдарлық, білгірлік.* ~ көрсетті, ~ қасиет.

БІЛІМСІЗ *Сауаты жоқ, надан.* Жігіттің ұнатпайды *білімсізін* (Аманжолов).

БІЛІМСІЗДІК *Сауаты жоқ, надандық.* ~ке ем жоқ.

БІЛІН *Сәл байқалып қалу, көріну, сезілу.* Аяз ~е бастады.

БІЛІНЕР-БІЛІНБЕС *Сәл ғана, болар-болмас.* Қыздың көз қарасында ~ мысқылдың ізі жатыр.

БІЛІС *Таныс, танымал.* Бір көрген *біліс* (Мақал).

БІНӘ: бінә қып-аяқ астынан кез бола кету. Екі асылдың сұлыбынан, сәтті күні *бінә* қып, жаратты жаппар ылайдан (Базар жырау).

БІП-БИІК *Әжептәуір биік.* ~ үй, ~ мая, ~ терек.

БІП-БІРДЕЙ *Біртектес, біркелкі.* ~ балалар, ~ үйлер.

БІП-БИЯЗЫ *Сондай биязы, ұяң, момақан.* ~ қыз, ~ жігіт.

БІР I 1. *Есептік санның ең алғашқысы.* Сағат ~ болды. 2. *Жалғыз жалқы.* Далада ~ адам тұр. ◊ **Бір алуан** — а) *біртектес, біркелкі;* ә) *ерекше, өзгеше.* **Бір асар [асым] ет** — *бір асуға келетін ет.* **Бір атым** — *бір атуға келетіндей.* **Бір ауыз сөз** — *көп емес, азғана сөз.* **Бір ауызды** — *ынтымақты, үйымшыл.* **Бір буда [будам]** — *шумақталған бір түйдек.* **Бір бұл емес** — *тек осы ғана емес, дәйім.* **Бір дүркін** — *бір рет, бір мезгіл.* **Бір елідей** — *саусақтың қалыңдығындай.* **Бір жолға** — *осы сапарға, бір рет.* **Бір заманда** — *ертерек бір кезде.* **Бір заматта** — *әлден уақытта.* **Бір көш жер** — *көліктің болдырып бірінші тоқтайтын мөлшерлі жер.* **Бір қалыпты** — *бір сарынды, біркелкі.* **Бір қауым** — *біраз, бірсыпыра.* **Бір қора [отар] жан** — *топты жан, көп басты.* **Бір қос жылқы** — *бір үйір жылқы.* **Бір қоспақ түйе** — *бір топ түйе.* **Бір құлақ су** — *бір суаруға ғана келетін азғантай су.* **Бір салар киіз (текемет, сырмақ)** — *анда-санда төселетін жаңа киіз.* **Бір салым (нан) бауырсақ** — *бір салуға жарайтын мөлшер.* **Бір сығым (құрт)** — *бір сығуға жететін мөлшер.* **Бір сындырым нан** — *сындырылған кішкене бөлшек.* **Бір табын сиыр** — *бір табынға ылайықты.* **Бір тай** — *бір бума, бір тең.* **Бір тартым (ши) темекі** — *бір тартуға болатын жалғыз тал темекі.* **Бір тоғыз** *(этногр.)* — *саны тоғыз затқа жететін сый, сыйлық.* **Бір турам [кесім] ет** — *бір-ақ турауға*

келетін азғана ет. **Бір шайқам май** — *бір шайқауға лайық май мөлшері.* **Бір шеңгел** — *бір шеңгелге сиятын, бір уыс.* **Бір шоқ гүл** — *бір буда гүл.* **Бір жылдық** — *он екі ай болатын.* **Бір тарақ қағаз** — *жалғыз тарақ қағаз.* **Бір адамдай** — *ұйымдасқан түрде.* **Бір айналуға келмеді** — а) *сөзге келмей келісті;* ә) *тез ашуланды, шарт етті.* **Бір аттам жер** — *жақын жер.* **Бір ауыздан** — *бір кісідей, бәрі бірдей.* **Бір ауыз сөзге келмеді** — а) *тіжармады, үндемеді;* ә) *ашуланып сала берді.* **Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде** — *хал үстінде, өлім аузында.* **Бір бет** — а) *айтқанынан қайтпайтын, қайсар;* ә) *бір мойын, қыңыр.* **Бір болмаса бір** — *түбінде, әйтеуір бір.* **Бірді айтып, бірге кетті** — *ойы шашырады, бытыраңқы болды.* **Бірді бірге соқты** — а) *өйтіп-бұйтіп, оғып-бұғып;* ә) *айдап салды, атыстырды.* **Бірді екі етті** — *ретін тауып ұқсатты, жоқтан бар етті.* **Бір езу** — *бір мойын, қыңыр.* **Бір есептен** — *бір себептен, бір жағынан алып қарағанда.* **Бір жағына шықты** — а) *бір жайлы болды;* ә) *қолғабысын тигізді, көмектесті.* **Бір жақты** — *сыңар жақ, бір беткей.* **Бір жапырақ қағаз** — *хат, хабар.* **Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарды** — *ауыз бірлік, ұйымшылдық жасады.* **Бір күндей болмады** — *уақыт тез өте шықты.* **Бір кіндіктен жалғыз** — *бірге туған туысқаны жоқ.* **Бір кісіден туғандай** — *тату-тәтті, дос.* **Бір кіріп, бір шықты** — *тынышсызданды, әбігері шықты.* **Бір қайнауы ішінде** — а) *шала піскен;* ә) *бабына келмеген, шала.* **Бір қалыптан шыққандай** — *бір-бірінен аумайтын, бірдей.* **Бір құлаш** — *шұбалған, ұзын.* **Бір құшақ** — *екі қолдың аумағы толарлықтай.* **Бір қыдыру жан** — *бірсыпыра, едәуір.* **Бір мезет** — *бір кезде, бір уақытта.* **Бір мойын** — *дегенінен қайтпайтын қасарыспа, қыңыр.* **Бір мүшел** — *он екі жылға тән.* **Бір орайда** — *реті келгенде, ыңғайлы кезде.* **Бір сабақ жіп** — *қысқа ғана жіп.* **Бір сабақ жіп алмады** — *еш нәрсеге тимеді, қиянат етпеді.* **Бір сарынды** — *бір үнді, бір ыңғай.* **Бір сөзді** — *айтқанында тұратын, екі сөйлемейтін.* **Бір сөзге келмеді** — *шарт етіп ашуланды.*

БІР II 1. *Анық-қанығы дүдәмал, негайбыл.* Айша ~ заттарын тығып жатыр. 2. *Көптің құрамындағы жалғызы.* Болмашыдан көңілің, Қалғалы тұр *бірің*нің (Ғ. Мүсірепов). 3. *Ешқандай, ешбір, тіпті.* Жел сөзге *бір* тоймайсың (Жамбыл).

БІР III *Пара-пар, тең, бірдей.* Анаға баланың бәрі ~.

БІР IV *Аралас-құралас, бірге.* Қаны ~, тілегі ~ туыс.

БІРАЗ 1. *Көп болмаса да, біршама, бірсыпыра, жеткілікті.* ~ жылдан бері, ~ уақыт өтті. 2. *Көп емес, шамалы.* ~ жігіттер жиналды. □ **Біраздан бері** — *бірталай уақыттан бергі жерде.* **Біраздан соң** — *аз уақыттан кейін.* ◊ **Біраз жерге апарып тастады** — *жер-жебіріне жеткізе қатты сөкті.*

БІРАҚ *Алайда, әйтсе де, дегенмен.* Асылхан жақсы киінетін, ~ ақша жинамайтын.

БІР-АҚ 1. *Тек қана, жалғыз.* Жалған ақпардың құйрығы *бір-ақ* тұтам (Ілиясов). 2. *Дереу, табан астында, бірден.* Ол машинаға астықты ~ толтырды.

БІР-БІР *Жалғыздан ғана, бірден.* Олар ~ кесе шай ішті.

БІР-БІРДЕН *Жеке-жекеден, жалғыз-жалғыздан.* ~ таратты.

БІР-БІРЛЕП *Бірінен соң бірі, біртіндеп, жалғыздап.* ~ жауап алды, ~ сапқа тұрды.

БІР-БІРІ *Екеу ара, өзді-өзі.* ~не сыбырлады, ~не қарады.

БІРГЕ *Қоса қабат, қатар, бір жерде.* ~ болды. **Бірге туған** — *туысы бір, ағайынды.*

БІРДЕ I *Бір сапар, бір жолы.* ~ жұмыстан келсем, балаларым үйде жоқ екен.

БІРДЕ II *Кей кезде, кейде.* ***Бірде*** тату, бірде араз көрші сыбайластың өзеті емес пе (М. Әуезов). □ **Бірде болмаса бірде** — *әйтеуір бір.*

БІРДЕ-БІР *Ешқандай, ешбір.* Биыл ~ дән жерде қалмады.

БІРДЕ-БІРЕУ *Ешқайсысы, ешбірі, ешкім.* Мұнда ~ келмеді.

БІРДЕЙ 1. *Артық-кемі жоқ, тепе-тең.* Шұжықты ~ қылып таратты 2. *Қатарынан, бірінің үстіне бірі.* Екі заманның *бірдей* құрдасы болған қарт (Бақбергенов).

БІРДЕЙЛЕ *Тепе-тең ету, қатарлау.* Орындықтарды ~п қойдым.

БІРДЕЙЛЕС I *Дәрежесі тепе-тең, қатарлас, терезесі тең.* Екеуінің жасы мен бойы ~.

БІРДЕЙЛЕС II *Теңесу, бірдей тұсу.* Боксер қарсыласымен ~ түсті.

БІРДЕЙЛІК *Тепе-теңдік, парапарлық, қатарластық.* Дос кісілердің арасында да *бірдейлік* бола бермейді (Ә. Нұрпейісов).

БІРДЕМЕ *Оны-мұны, бір нәрсе, әлдене, бірдеңе.* ~ деп айтты, ~ қылды, ~ болар, ~ ойлады.

БІРДЕН 1. *Салған жерден, кенеттен, тез, дереу.* ~ таныды, ~ білді. 2. *Қатарынан, бір мезетте.* Атам екі бағланды ~ сойды.

БІРДЕН-АҚ *Салған жерден, тезінен.* Есепші жоспар туралы ~ айтты.

БІРДЕН-БІР *Ең басты, негізгі.* Бастамалардың ~ ұйтқысы — жастар ұйымы.

БІРДЕН-БІРГЕ *Бірінен екіншісіне, қолдан-қолға.* Көк жойқын *бірден-бірге* ұзап барады (Ә. Сәрсенбаев).

БІРДІ-БІРГЕ: бірді-бірге соқты — *біреуге біреуді айдап салды.*

БІРДІ-ЕКІЛІ *Санаулы ғана, азын-аулақ.* Бұл қалада *бірді-екілі* таныстары тұратын (Нұржекеев).

БІРЕГЕЙ *Таңдаулы, жақсы, бір қалыпты, маңдай алды.* Бір болса да — *бірегей* (М. Әлімбаев).

БІРЕГЕЙЛІК *Таңдаулылық жақсылық, бір қалыптылық.* Бақташының да *бірегейлігін* етеді (Орманбаев).

БІР-ЕКІ *Аздаған, бірлі-жарым, көп емес.* Сағат ~ ауыз тілегін айтты.

БІРДІ-ЕКІЛІ *Аз ғана, шамалы.* Қазір ~ ғана малымыз бар.

БІРЕН-САРАН *Жалғыз-жарым, некен-саяқ.* ~ оқушылар келіпті.

БІРЕН-САРАНДАП *Анда-санда бір, жалғыз жарымдап.*

БІРЕР *Азын-аулақ, шамалы.* Абай *бірер* кесе шай ішті (М. Әуезов).

БІРЕСЕ *Кезектестік мәнді білдіретін шылау сөз.* Дәмелі *біресе* үйге кіреді, біресе келінінің қасына келеді (Мыңжасарова).

БІРЕУ I *Белгісіз, әлдекім.* Вокзалда ~ түсіп, ~ мініп жатыр.

БІРЕУ II *Жалғыз ұғымын білдіретін жинақтық сан.* Бала алмасының ***біреуін*** маған ұсынып тұр. ◊ **Біреуі бір, екеуі екі** — *қайта-қайта, арасын суытпай, кезекпе-кезек.*

БІРЕУ-АҚ *Тек қана жалғыз.* Қолымда қалғаны ~.

БІРЕУДЕЙ 1. *Әлде кімдей, бөтен адамдай.* Ол кісі әлде ***біреудей*** тосырқай қарайды. 2. *Жұрт қатарлы, әркімдей-ақ бір кісідей.* Ақын едім ***біреудей*** (Әбдірашев).

БІРЕУЛЕП *Жалғыз-жарымдап, жекелеп.* Мұғалімдер ***біреулеп,*** екеулеп келе бастады (Соқпақбаев).

БІРЕУ-МІРЕУ *Әйтеуір бір кісі, бейтаныс, әлдекім. Біреу-міреу* келе қалса, сойып беретін қой, қозы жоқ (F. Мұстафин).

БІРЖОЛА *Үзілді-кесілді, мұлдем; басы бүтін.* Келесі күні Жәнібек үйінен ***біржола*** шығып кетті (Шүкіров).

БІРКЕЛКІ *Бір қалыпты, бірыңғай, бірқалыпты. Біркелкі* салынған, сыңар терезелі балшық үйлер (Асабаев).

БІРКЕЛКІЛЕ *Теп-тегіс жасау, бір қалыпты ету.* Бұталарды әдемілеп, ~п қойыпты.

БІРҚАЗАН *Ұзын тұмсығының астында қалтасы бар ірі су құсы.*

БІРҚАТАР *Бірсыпыра, біраз, едәуір, біршама.* ~ уақыт өтті, ~ ерекшелік бар.

БІРҚИЛЫ *Ерекше бір, өзгеше бір түрлі.* Істері ~ , әдеті ~, жүрісі ~.

БІРҚЫДЫРУ *Бірсыпыра, біраз; едәуір, бірқатар.* ~ уақыт, ~ кемшілік, ~ отырып қалды.

БІРЛЕП *Біріндеп, жалғыздап.* Ғылым докторлары ~ емес, жыл сайын ондап көбеюде.

БІРЛЕС *Тізе қосып бірігу, ұйымдасу.* Балалар ~іп қозы бағады.

БІРЛЕСТІК *Бірнеше саладағы ұйымның, өндірістің ұйымдасқан түрі.* Әдебиет ~гі , мұнай ~гі, кәсіподақ ~гі.

БІРЛЕУ *Жалғыздау, даралау, сиретү.* Қиярды ***бірлеудің*** маңызы зор (Д. Әбілев).

БІРЛІ-ЕКІЛІ *Бірлі-жарым, аздаған.* ~ адам, ~ жай, ~ оқиға.

БІРЛІ-ЖАРЫМ *Көп емес, бірен-саран, азын-аулақ, бірлі-екілі.* Көшеде ***бірлі-жарым*** адам жүр (Тоқмағамбетов).

БІРЛІ-ЖАРЫМДЫ *Болмашы, бірен-саран ғана, азын-аулақты.* ~ ескертпелер, ~ адамдар.

БІРЛІК 1. *Бір санының заттанған атауы.* Сабақтан да бір қалып, Бірге алады ***"бірлікті"*** (Мырзалиев). 2. *Онға дейінгі бір таңбалы сандардың жалпы атауы.* ~ ондық деп үйрету әуелгі әдістен гөрі оңай. 3. *Ынтымақтық, ауызбірлік, татулық. Бірлік* болмай, тірлік болмас (Мақал). 4. *филос. Іштей байланысты табиғи тұтастық.* Материалистік биология организмді тіршілік ету ортасымен ***~те*** қарайды.

БІРЛІКШІЛ *Ынтымақшыл, ұйымшыл.* ~ жұмысшылар , ~ болды.

БІРМЕ-БІР I *Жекпе-жек, бетпе-бет.* Жапар ~ келгенде тұстас балаларды жеңіп кетеді.

БІРМЕ-БІР II *Бірде-бір.* Егіс даласы ерлерінің ерлікке толы еңбегі бұған ~ дәлел.

БІРНЕШЕ 1. *Бірсыпыра, бірқатар.* ~ адам жиылып қапты. 2. *Әлденеше рет.* Жақып класқа ~ рет кіріп шықты.

БІРНЕШЕУ *Жалғыз-жарым емес, бірсыпыра, әлденеше.* Балалардың ~і сабаққа келмепті.

БІРӨҢКЕЙ *Кілең, бірыңғай.* ~ тапал үйлер, ~ жастар.

БІРСАРЫНДЫ *Біркелкі, бірыңғай, бірдей, жұмыла.* Жұмысшылар ~ еңбек үстінде.

БІРСӘРІ *Өз алдына, былай қойғанда, мейлі.* Бір апта болса ~ .

БІРСЫДЫРҒЫ *Біркелкі, біршама.* Насыбай атудың өзі бұған ***бірсыдырғы*** жұмыс (Майлин).

БІРСЫПЫРА *Біраз, бірқатар, бірқыдыру.* Оқушы кітап бетін ашқанша ~ уақыт өтті.

БІРТАЛАЙ *Әжептәуір, бірсыпыра, бірқатар.* ~ өнім берді, ~ адам жиналды, ~ мезгіл болды.

БІРТАЛАЙДАН *Біраз уақыттан бері.* Бұл ~ келе жатқан ашу-ыза еді.

БІРТЕ-БІРТЕ *Біртіндеп, жайлап, бара-бара.* Омар ~ мінез көрсете бастады.

БІРТЕКТЕС *Құрамы жағынан ұқсас, бірыңғай, біркелкі.* ~ кәсіпорындар, жасы қарайлас ~ ағаштар.

БІРТЕКТІ *Біркелкі, бір өңкей, бірыңғай.* ~ орта, ~ дене.

БІРТЕКТІЛЕУ *Тұгелдей біркелкілеу, бірыңғайлау.* ~ зат,~ ағаш.

БІРТЕКТІЛІК *Біркелкілік, бірыңғайлы.* ~ заттар жинауға ыңғайлы келеді.

БІРТОҒА *Бір қалыпты, орнықты, тұрақты.* Орал ~ жігіт.

БІРТҰМА *Үлек пен айыр інген буданынан болған бірінші ұрпақ.*

БІРТҰТАС *Бөлшектенбейтін, жымдасып кеткен; бір бүтін, ажырамас.*

БІРТІН-БІРТІН *Ақырындап, жайлап.* ~ шыға бастады, ~ тарады.

БІРТІНДЕП 1. *Ақырын, жайлап, бірте-бірте.* Жемістер ~ піседі. 2. *Рет-ретімен, бір-бірлеп.* Ауыл жігіттері ***біртіндеп*** әскерден келе бастады (Нұршайықов).

БІРШАМА *Бірсыпыра, біраз.* Олар ~ үнсіз отырысты.

БІРЫҢҒАЙ 1. *Біркелкі, бірдей, бірқалай.* Киімдері ~ қыз-келіншек. 2. *Ылғи, тек.* Күләй ~ "беске" оқыды. 3. *Өз алдына бір бөлек, өзінше.* Балалар ~ отырып қалды. □ **Бірыңғай мүше** *(грамм.)* — *сөйлемде бірдей қызмет атқаратын біркелкі мүше.*

БІРЫҢҒАЙЛА *Біркелкі ету, жөнге келтіру.* Отардың құрамын ~п алды.

БІРЫҢҒАЙЛЫҚ *Өзара ұйлестік, біркелкілік, бірдейлік.* Жұмыстың ~ғы жақсы.

БІРІЗДІ *Бір-біріне ұқсас, бір сарындағы.* Бәріміз ~ жұмыс істеп отырмыз.

БІРІК 1. *Қосылу, араласып кету, тұтасу.* Жұлдыздар алыстан қарағанда ***бірігіп,*** тұтасып көрінеді (Х. Әбішев). 2. *Бірлесу, ұжымдасу, ортақтасу.* Олар жұмысты ***бірігіп*** істеді (Ә. Сәрсенбаев). □ **Біріккен сөз** *(грамм.)* — *екі не одан да көп тұбірлердің бірігуі арқылы жасалған сөз.*

БІРІМЕН-БІРІ *Өзімен-өзі, өзді-өзі, өзара.* ~ тығыз байланысты, ~ одақтасты.

БІРІНЕ-БІРІ *Бірі екіншісіне, бір-біріне.* ~ қарады.

БІРІНЕН-БІРІ: бірінен бірі өткен — *сайдың тасындай, ығай мен сығай.*

БІРІНШІ *Реттік сан есімнің ең бастапқысы, әуелгісі.* ~ сабақ, ~ класс, ~ күн.

БІРІНШІДЕН *Ең алдымен, ең әуелі.* ~ ол белгілі азамат.

БІРІНШІЛІК 1. *Алғашқы болушылық, алдыңғы.* Сейітназарға бүгін *біріншілік* кезек тиді (О. Сәрсенбаев). 2. *спорт. Үздік болу, бірінші орынға ие болушылық жолындағы жарыс.* Классикалық күрестен ~ басталды.

БІТ 1. *Таусылу, тұгесілу, аяқталу.* Сөз ~ті, жұмыс ~ті. 2. *Қалпына келу, дайын болу, өңделіп біту.* Мектеп үйі оқу жылына дейін ~етін болды. 3. *Жстілу, жазылу.* Ол ~іп келе жатқан жарақатын сипалайды. 4. *Өніп-өсу, шығу.* Қына тасқа *бітеді* (Мақал). 5. *Пайда болу, жаралу.* Нығыметтің қабағының еті қалың *біткен* (М. Әуезов). □ **Бітті дей бер** — *құрыды, жойылды деп ойла.* **Бітіп тұр** — *сыймай, тіреліп тұр.* **Бітім болмады** — *келісім орнамады, пәтуаласпады.* **Құлағы тарс бітті** — *естімей қалды.* **Мұрны бітті** — *демала алмай қалды.* **Демі бітті** — *тынысы тарылды.*

БІТЕ I 1. *Саңылау қалдырмай бекіту, тұмшалап жабу.* Қожан есіктің ашық-тесігін ~ді. 2. *Басып қалу, көміп қалу, жабу.* Жолды боран ~п тастапты. ◊ **Біте қайнады** — *етене жақын болды, бірге өсті.*

БІТЕ II *Қара күйе.* Керегеге *біте* түсіпті (Әбдіхалықов).

БІТЕГЕНЕ *жерг. Жақынырақ, етене.* Жүз көрісіп, *бітегене* танысудың сәті түсті (С. Омаров).

БІТЕУ 1. *Жан-жағы жабық, бітелген, қымтаулы.* Іргесі көмілген ~ ақ отау тұр алдымызда. 2. *Сынық, кетігі жоқ, бұтін.* Сызықсыз *бітеуге* он ұрғанша, сызығын тауып бір ұрғаның өнімді (Ғ. Мүсірепов). 3. *Бұзылмаған, бөлшектенбеген, бұтін, тұтас.* Біреу ~ қой етін әкелді. 4. *Ауыс. Жасырын, тұйық, бұкпе.* Саған ұнамайтын ~ сыр бар ғой, ә? □ **Бітеу бас** — а) *кеспей, тұтас пішілген (етік);* ә) *сөз мәніне құлақ аспайтын топас.* **Бітеу жара** — а) *аузы жарылмаған жара;* ә) *іштегі шер, қайғы.* **Бітеу кеуде** — *ой-өрісі тайыз.* **Бітеу өркеш** — *нар тұйе мен нар маялардың иығынан қомына дейінгі тұтасқан жалғыз өркеші.* **Бітеу сойды** — а) *терісін бұтін қалпында сыпырып алды;* ә) *мақтамен бауыздағандай қылды.*

БІТЕУДЕЙ *Бұтін қалпында, бұзбай, жармай.* Дәнді жемді *бітеудей* берсе, оның жемдік сапасы аз болады (Бөрібаев).

БІТЕУЛЕ 1. *Саңылау қалдырмай қымтау, тұмшалау.* Масадан зая болғандар есік-терезесін ~п алыпты. 2. *Басып, көміп қалу, жауып тастау.* Долы жел жыра-өзек біткенді ~п салыпты.

БІТЕУЛІ *Бітелген, жабулы.* Шарбақтың аузы ~ тұр.

БІТЕУЛІК *вет. Төлдің арты тесіксіз туылуы; бітеу тууы.*

БІТІ *Көзді сығырайтып қарау.* ~іп қарады, көзін ~тті.

БІТКЕН *Тұтас, тегіс.* Бала ~ күліп жатырмыз.

БІТПЕС *Ою салған киіз, текемет.*

БІТУАЖА *жерг. Аралық дәнекер.* Қабыл бір кезде екеуінің арасына *бітуажа* болғаны бар (Шүкіров).

БІТІК *Қалың, жиі өскен, қою.* Биыл егін *бітік* шығып қуанып отырмыз (Бегалин). □ **Бітік көз** — *сығырайған қысық көз.*

БІТІМ I 1. *Өзара келісім, тоқтам.* Араздастықты тастасатын болып, *бітім* табысты (М. Әуезов). 2. *Әділдік, бейбіттшілік жайлы келісім шарт, пәтуалы шешім.* ◊ **Бітім айтты** — *мәмлеге келтірді, келісім айтты.* **Бітімге келді** — *келісім тапты.*

БІТІМ II 1. *Дене-пішін, тұлға.* Қыздың ажары мен *бітімі* көз тартарлық. 2. *Егіннің, шөптің өсімі, бітіктігі.* Күріштің *бітімі* көңіл тойғандай (Алдабергенов).

БІТІМДЕС *Пішін, құрылымы жағынан шамалас, ұқсас.* Қазақ ~, қаршыға ~, балуан ~.

БІТІМДІ *Тұлғасы келісті келген.* Ол туысынан ~ жаралған келісті жан.

БІТІМСІЗ *Келісімге, пәтуаға келмейтін, жараспайтын.* Бай мен кедей арсындағы *бітімсіз* аңдысқандық айтылды (М. Әуезов).

БІТІМШІ *Екі жақты келістіруші, мәмілегер.* Қазыбек екі елдің арасында *бітімші* ретінде мәлім ("Қаз. әдеб.").

БІТІМШІЛІК *Екі жақтың арасын бітістірушілік, жарастырып, келістірушілік.* ~ бітірді, ~ жасады.

БІТІН *Діңкесі құру, әбден титықтау.* Шоферде де жоқ амал, Шаршады әбден *бітініп* (Мәуленов).

БІТІНӘ *сын. Арам, ішмерез; пітінә.* Ол ~ жігіт.

БІТІР *Аягына дейін жеткізу, тауысу, тұгесу, аяқтау.* Онжылдықты ~ді, жұмысын ~ді, сөзін ~ді.

БІТІРГІСІЗ *Бітпейтін, таусылмайтын; айтып жеткісіз.* Санап *бітіргісіз* жоқшылығы, мұңы көп (М. Әуезов).

БІТІС 1. *Бейбіт жолмен келісу, тіл табысу.* Кедей мен бай ~е алмайды. 2. *Жымдасып қалу, кірігу.* ~іп, кірігіп қалған мая шөпті қыста алу қиын-ақ.

БІТПЕС *Ешбір ымыраға, мәмілеге келмейтін, шартқа көнбейтін.* ~ жау, ~ өштік, ~ дау.

БІТІСПЕСТІК *Ымыраға келмейтін араздық.* ~ араздық.

БЮДЖЕТ *Мемлекет пен әр түрлі мекемелердің кіріс, шығыстарының сметасы.* □ **Бюджет жинтығы** — *халықтың тұтыну заттарының мөлшері мен құрылымын бейнелейтін товар мен қызмет көрсетудің жиынтығы.*

БЮДЖЕТТІК *Кіріс-шығыс есебіне, бюджетке тәндік.*

БЮЛЛЕТЕНЬ 1. *Қоғамдық `зор мәні бар оқиға туралы қысқаша мәлімдеме.* 2. *Уақытша шығып тұратын кейбір баспасөз атауы.* 3. *Дауыс беруге арналған сайлау қағазы.* 4. *Емхананың жұмысқа уақытша жарамсыздығы жөнінде беретін куәлік қағазы.*

БЮРО 1. *Ұйым, мекеме, съезд сайлаған басқарушы адамдардың органы.* 2. *Кейбір мекемелердің аты.* Анықтама ~сы, конструкторлық ~.

БЮРОКРАТ *Бюрократияны қолдайтын төрешіл, кеңсешіл адам.*

БЮРОКРАТТАН *Бюрократтыққа салыну, бюрократ болу.* ~ып маған жөнді жауап бермеді.

БЮРОКРАТТЫҚ *Бюрократқа тән қасиет, мінез.* Оның ~ғы бізге арзанға түскен жоқ.

БЮСТ *Адам денесінің кеудеге дейінгі скульптуралық мүсіні.*

В

В: в витамині — *денедегі зат алмасуына қажетті, суда еритін органикалық қосылыс.*

ВАГОН *Жолаушыларды және әр түрлі жүктерді тасу үшін рельспен жүруге арналған жол қатынас құралы.* Жолаушылар ~ы (товар, жүк).

ВАГОНЕТКА *Жақын жерге жүк таситын, үсті ашық кішкене вагон-арба.* Электр ~лары.

ВАГОН-РЕСТОРАН *Ресторан вагон.* ~да тамақтанушылар онша көп емес.

ВАГОНШЫ *Вагон жасайтын жұмысшы.*

ВАЗА *Гүл, жеміс-жидек салып қоюға арналған құмыра тәріздес өрнекті әсем ыдыс.* ~ларда гүлдер тұр.

ВАЗЕЛИН *Мұнайдан ажыратып алынатын май сияқты қоспа масса.*

ВАКАНСИЯ *Мекеме я оқу орындарындағы бос тұрған қызмет орны.*

ВАКУУМ *физ.* 1. *Бітеу сауыттың ішіндегі сиретілген газдың күйі.* 2. *Бос кеңістік, ауасыз қуыс.*

ВАКУУМ-АППАРАТ *Ерітінділерді буға айналдыратын аппарат.*

ВАКЦИНА *мед. Жұқпалы ауруларға қарсы алдын ала сақтану үшін қолданылатын дәрі; препарат.* ~ егілді, ~ қолданылды.

ВАЛ I *техн. Әр түрлі механизмдегі айналып тұратын білік, стержень.*

ВАЛ II *Аса биік, күшті теңіз толқыны.* Тоғыз ~ толқын тербеген.

ВАЛЕРЬЯН *Медицинада жүрек ауруына қолданылатын дәрі, өсімдік.* ~ өсімдігі.

ВАЛЕРЬЯНКА *Валерьян тамшысы.*

ВАЛИДОЛ *Жүректің қан тамырларын кеңітетін дәрі.*

ВАЛИК 1. *техн. Бояуды жаятын, тегістейтін жұмыр білік.* 2. *лингв. Дыбыс жазуға арналған фонографтағы цилиндр.* 3. *Диванның екі басына қойылатын жұмыр жастық; шеттеме.*

ВАЛОКОРДИН *Жүрек соғуы жиілеп, шаншып ауырғанда ішетін дәрі.*

ВАЛТОРНА *муз. Мыстан жасалатын үрлемелі музыкалық аспап.*

ВАЛЬС *муз. Жұптасып билейтін бидің бір түрі.*

ВАЛЬЦОВКА *тех. Жаныштап үгітетін машина.*

ВАЛЮТА *экон.* 1. *Бір мемлекетте қабылданған ақша жүйесі (сом, доллар, рупий т. б.).* 2. *Вексель бойынша төленетін ақшаның сомасы.*

ВАНДАЛ *Мәдениет мұраларын талқандаушы, бұлдіруші, тағы.*

ВАНДАЛИЗМ *Мәдениет мұраларын орынсыз талқандаушылық, бұлдірушілік.*

ВАННА 1. *Жуынып-шайынуға арналған эмальды сопақша астау.* ~ға түсіп, жуынып-шайындым. 2. *Осы астауда шомылу, сырқатты емдеу мақсатында алатын шипалы бу.* 3. *Тех. Әр түрлі ерітінділер мен сұйық заттарды сақтау үшін арналған орын.*

ВАРВАР *тар.* 1. *Ежелгі гректер мен римляндардың түсінігіндегі жатжұрт адамдары.* 2. *Ауыс. Рақымсыз, қатыгез адам.*

ВАРВАРИЗМ 1. *Тағылық, жабайылық. Бұл барып тұрған варваризм* ("Қаз. әдеб."). 2. *лингв. Белгілі бір тілге, сол тілдің заңдылығына бағынбай, өзгертілмей шет тілден кірген сөздер мен сөйлемшелер.*

ВАРВАРЛЫҚ *Мәдениетсіздік, тағылық, дөрекілік.*

ВАРЕНИК *Жайылған қамырдың арасына ірімшік, жидек салып суға қайнатып пісіретін самса тәрізді тағам түрі.*

ВАССАЛ 1. *тар. Орта ғасырдағы өзінен гөрі ірі феодалға тәуелді жер иеленуші феодал.* 2. *Біреуге тәуелді мемлекет я адам.*

ВАТЕРПОЛО *спорт. Суда өткізілетін доп ойыны.*

ВАТИН *Мақтадан я жүннен сырып істелген жылы астарлық.*

ВАТМАН *Сызу жұмыстарына арналған жоғары сапалы жылтыр ақ қағаз.*

ВАТТ *техн. Электр қуатын өлшеудегі бірлік.*

ВАТТМЕТР *Электр тізбегінің қуатын өлшейтін аспап.*

ВАФЛЯ *Үнға жұмыртқа, қаймақ қосып жасаған жұқа тәтті нан.*

ВАХТА *Белгілі бір саяси оқиғаның қарсаңындағы өндіріс өнімдерін арттыру жолындағы қарқынды еңбек.* □ *Вахталы әдіс — жұмысшылардың апталап, айлап кезектесіп жұмыс істеу тәсілі.*

ВАХТЕР *Мекемелердегі бас күзетші.*

ВЕГЕТАЦИЯ *бот. Өсімдіктің өсіп жетілу мезгілі.*

ВЕДОМСТВО *Бір орынға қарайтын мекемелер.* Министрліктер мен ~лар құрылып жатыр.

ВЕДОМОСТЬ *Есеп-қисап, мәлімет жайындағы тізім.* Есеп ~ы.

ВЕЙСМАНИЗМ *Органикалық дүниенің дамуы жөніндегі материалистік теорияға қарсы кертартпа-идеалистік, мистикалық ағым.*

ВЕКСЕЛЬ *Халықаралық саудадағы төлем міндеттемесінің кең тараған формасы.*

ВЕКТОР *мат. Сан жағынан ғана емес, амалының бағыты жөнінен де сипатталатын шама.*

ВЕЛОДРОМ *Велосипед жарысы өткізілетін алаң.*

ВЕЛОСИПЕД *Аяқпен жүргізетін екі я үш дөңгелекті жеңіл техника.*

ВЕЛОТРЕК *спорт. Велосипед жарысына арналған айналмалы жолы бар құрылыс алаңы.*

ВЕЛЮР 1. *Драптың, барқыттың, пүліштің сапалы түрі.* ~ қалпақ, ~ көйлек. 2. *Замшаға ұқсас, тегіс, тығыз былғары.*

ВЕНГР *Венгрия мемлекетінің негізгі халқы.*

ВЕНЕРОЛОГ *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруды емдейтін дәрігер.*

ВЕНЕРОЛОГИЯ *Жыныс мүшесіндегі жұқпалы ауруларды зерттейтін ғылым.*

ВЕРСТАК *техн. Ағаш, темір материалдарды өңдеу үшін қолайлы етіп жасалған жұмыс үстелі.*

ВЕРСТКА *полигр. Баспа жұмысындағы терілген қолжазбаларды беттеу ісі.*

ВЕРФЬ *Кеме жасайтын және жөндейтін орын.*

ВЕТЕРИНАР *Мал ауруларын емдейтін дәрігер.*

ВЕТЕРИНАРИЯ *Мал ауруларын зерттеу және оны емдеу жайындағы ғылым.*

ВЕТО *Заң шығаратын орындардың қарарына тыйым салу я бұзу правосы.*

ВЗВОД *әск. Ротаның, эскадронның, батареяның негізгі бөлімшесі.*

ВИБРАТОР *физ. Діріл, тербеліс, қозғалыс жасайтын аспап, аппараттың бөлігі.*

ВИБРАЦИЯ *физ. Дененің ырғақты тербелісінен пайда болатын діріл.*

ВИДЕОМАГНИТОФОН *Экрандағы кескінді түсіріп (жазып) алып қайта көрсететін аппарат.*

ВИДЕОТЕЛЕФОН *Сөйлескен кісінің жүзін көріп отыратын телефон.*

ВИЗА 1. *Қызметкердің ресми іс-қағаздарына қойған белгісі, бұрыштама.* 2. *Рұқсат белгі, қойылған қол. Басқа бір мемлекетке барып қайтуға, сол аумақты басып өтуге ресми рұқсат ретінде паспортқа қойылатын таңба, белгі.*

ВИКТОРИНА *Белгілі бір тақырып бойынша сұрақ-жауап түрінде өтетін сайыс.*

ВИЛЛА *Қала сыртына әдемі етіп салынған жаздық үй.*

ВИНЕГРЕТ 1. *Әр түрлі көкөніс араластырған тағам; салат.* 2. *Ауыс. Бытысқан былық, бытықшытықы.*

ВИНТ 1. *Ортасындағы ойықтың ішкі бетінде спиральды сызығы бар қырлы темір кесінді, бұранда.* 2. *Кемелер мен самолеттерді қозғалысқа келтіретін, білікке бекітілген қалақ тәрізді тетік.* ◊ *Винті босаған (қарап.) — есі дұрыс емес, жарымес.*

ВИНТТЕ *Винтпен бекіту.* Ердің екі құлағын -п бекітті.

ВИОЛОНЧЕЛЬ *муз. Дауысының шығуы мен көлем, мөлшері жағынан скрипкадин үлкенірек, контрабастан кішілеу қияқты музыкалық аспап.*

ВИРТУОЗ *муз. Орындаушылық мүмкіндігі айрықша күшті, асқан шебер музыкант.*

ВИРТУОЗДЫҚ *Музыкалық аспапта ойнаудағы не бір музыкалық шығарма орындаудағы асқан шеберлік.* ~ пассажда жазылған.

ВИРУС *мед. Жұқпалы ауруларды қоздыратын ұсақ микроб.*

ВИРУСОЛОГИЯ *Вирус туралы ғылым.*

ВИСКИ *Ағылшын күшті арағы.*

ВИСКОЗА 1. *Жасанды жібек өндіруде жұмсалатын қағаз текті нәрсе.* 2. *Жасанды жібек.*

ВИСМУТ 1. *Ақ түсті химиялық элемент.* 2. *Осы элементтен істелген дәрі-дәрмек.*

ВИСОКОС *Төрт жылда бір қайталанып келетін ұзақ ай; 29 ақпан.*

ВИТАМИН *Организмнің бірқалыпты тіршілігі үшін аса қажет органикалық зат және сондай заттан істелетін дәрі-дәрмек.*

ВИТАМИНДЕЛ *Витамин жасалу, витамин.*

ВИТАМИНДЕЛІН *Витамин салыну, қосылу.*

ВИТАМИНДІ *Витамині бар, витамин қосқан.*

ВИТАМИНДІК *Витаминге тән.* ~ әсер.

ВИТАМИНОЗ *Витаминнің жетіспеуінен болатын ауру; витаминсіздік.*

ВОДОЛАЗ *Су өткізбейтін киім киіп, су түбінде жұмыс істейтін жұмысшы.*

ВОКАЛДЫ *Ән салу шеберлігіне қатысты.* ~ өнер.

ВОКАЛДЫҚ *Жеке не бірнеше дауыспен орындауға лайық.* ~ музыка.

ВОКАЛИЗ *Дауысты дыбысқа құрылған пьеса.*

ВОКАЛИСТ *Жеке орындаушы, әнші.* ~ бөлімі, -тер конкурсы.

ВОКАЛШЫ *Кәсіпқой әнші.*

ВОКЗАЛ *Темір жол, өзен бойындағы қатынастарды реттейтін станса; күту залы.*

ВОЛЕЙБОЛ *спорт. Бір команда мен екінші команданың керіп қойған тордан допты асыра тастап ұрып ойнайтын спорт ойыны.*

ВОЛЕЙБОЛШЫ *Волейбол ойынына қатынасушы.*

ВОЛЬТ *физ. Электр тогы күшінің қысымын өлшеу бірлігі.*

ВОЛЬТМЕТР *Электрқозғалыс күшін, кернеуін өлшейтін аспап.*

ВОЛЬТТІ *Вольтқа лайық, вольтқа сай.*

ВОЛЬФРАМ *хим. Жоғары температурада ғана баяу балқитын химиялық элемент.*

ВОЛЮНТАРИЗМ *филос. Қоғамның дамуында жеке адам роліне шешуші маңыз беретін, философиядағы субъективтік-идеалистік ағым.*

ВОЛЮНТАРИСТІК *Волюнтаризмге қатысты.* ~ шешім.

ВОРОНКА *Сұйық затты аузы тар ыдысқа құюға арналған конус тәрізді аспап, құрал.*

ВУЛКАН *Жер астынан дүркін-дүркін отты сұйық заттар атқылайтын жанартау.*

ВУЛКАНИЗАЦИЯ *Каучуктен жасалған заттардың сәнділігін, беріктігін арттыру үшін қыздырып өңдеу шаралары.*

ВУЛЬГАРИЗМ *лингв. Әдеби тілде қолданылған дөрекі, тұрпайы сөз не сөз тізбегі.*

ВЫМПЕЛ 1. *спорт. Бәсекеге түсетін командалардың бір-бірімен алмасатын жалаушасы.* 2. *Жарыста озып шыққандарға берілетін үшкіл кішкене жалауша.*

Г

ГАБАРДИН *Тығыз етіп жүннен тоқылған, сырт киімдік мата.* ~ пальто (костюм).

ГАВАНЬ *Кеме тоқтауға, келіп-кетуге қолайлы теңіз жағасындағы айлақ.*

ГАГАУЗ *Жалпы саны 125 мыңдай түркі тілдес халық.* □ **Гагауз тілі** — *түркі тілдерінің оңтүстік-батыс огыз тобына жататын тіл.*

ГАЗ 1. *хим. Кеңістікке түгел жайылып, оны тегіс толтыратын физикалық дене, зат.* 2. *Тамақ дайындау үшін ыдысқа толтырылған газ тектес, отындық зат.* 3. *Жан-жануарлардың ішіне жиналатын жел.* Малдың қарнында ~ пайда болып тұрады. □ **Газ қысымы** — *газдың шектен тыс көбеюі.* **Газ массасы** — *қызған газдың түйдектеле жылжуы.* **Газ өнеркәсібі** — *табиғи газды барлау мен оның шыққан жерін пайдаланатын отын өнеркәсібінің саласы.* **Газ плита** — *газ отымен тағам пісіретін аспап.* **Газ приборлар** — *тұрмыста*

тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған жабдық. Газ шам — *газбен жанатын шам.*

ГАЗДЫ *Газ араласқан, қосылған, газданған.* ~ су.

ГАЗЕТ *Саяси-әлеуметтік өмірден мәлімет беріп отыратын мерзімді баспасөз.* Күнделікті~, қабырға ~.

ГАЗЕТХАНА *Белгілі бір мерзімді басылымды (газетті) редакциялайтын қызметкерлер тобы және олар отыратын мекен-жай.*

ГАЗЕТТІК *Газетке лайықталған.* ~ мақала.

ГАЗЕТШІ *Газет қызметкері, журналист.*

ГАЗИК *Жүрдек жеңіл автомашина (Горький атындағы заводтан шыққан машина).*

ГАЗОМЕР *тех. Газ шығынын өлшейтін аспап.*

ГАЗОМЕТР *тех. Газды жинайтын, өлшейтін, сақтайтын ыдыс.*

ГАЗОН *Бақтағы, парктегі, сквердегі көк иіөп егілген алаң.*

ГАЙКА *тех. Бұрандаға кигізілетін әр түрлі винтті тетік.*

ГАЙМОРИТ *мед. Мұрын қуысының қабынуы, кеңсірік ауруы.*

ГАЛАКТИКА *астр. Аспан әлеміндегі жұлдыздар жүйесі.*

ГАЛАНТЕРЕЯ *Айна, тарақ, ине-жіп сияқты ұсақ-түйек заттар, сол заттарды сататын дүкен.* □ Галантерея фабрикасы — *ұсақ-түйек бұйымдар шығаратын фабрика.*

ГАЛЕРЕЯ 1. *Екі үйдің арасын қосатын қысаң жол не үйдің өн бойына созылған ұзын балкон.* 2. *Театрдың ең жоғарғы қатары; ярусы.* 3. *Суреттер көрмесіне арналған музей үйі.* 4. *Ауыс. Бірөңкей заттар тізбегі, тобы.* Еңбек адамдарының ~сын тізіп берді.

ГАЛОШ *Тазалық үшін етік, бәтеңке, мәсі сыртынан киілетін кебіс тәріздес резеңке аяқ киім.*

ГАЛСТУК *Көйлек жағасының астынан сәндік үшін мойынға тағылатын түрлі-түсті матадан істелген зат.*

ГАЛЬВАНИЗАЦИЯ *физ. Емге я басқа бір қажетке электрдің тұрақты тогын өткізу.*

ГАЛЬВАНОМЕТР *физ. Әлсіз электр тогын өлшейтін аспап.*

ГАЛЬМАНИН *мед. Аяқты терлеуден сақтау үшін пайдаланатын ұнтақ дәрі зат.*

ГАМАК *Жатып демалу, отыру үшін бағана аралығына керіп байланған аспалы тор.*

ГАМБИТ *спорт. Шахмат ойынының бас кезінде ойынды тездету үшін фигураның бірін беру, шығын ету.*

ГАММА 1. *муз. Дыбыстардың бірыңғай көтерің-кі я төмендеп келетін қатар тәртібі.* 2. *Ауыс. Әр түрлі өзгеріп отыратын құбылыстардың рет қатары.*

ГАММА-СӘУЛЕ *физ. Өте қысқа толқынды электромагниттік сәуленің бір түрі.*

ГАММАТЕРАПИЯ *мед. Гамма сәулесімен емдеу.*

ГАНГРЕНА *мед. Тән тканьдерінің өлі етпеніп жансыздануы, шіруі.*

ГАНГСТЕР *Мансап көздеу мақсатымен жалданған қарақшылар тобы.*

ГАНДБОЛ *спорт. Допты қолмен қағып ойнайтын ойын.*

ГАНТЕЛЬ *спорт. Екі басы шоқпарлы, тұтқасы оңтайлы спорттық құрал; снаряд.*

ГАРАЖ *Машиналар тұратын орын, жай.*

ГАРАНТИЯ *Белгілі бір затқа, іс-әрекетке жасалатын кепілдік.*

ГАРДЕРОБ 1. *Киім ілетін шкаф.* 2. *Көпшілік орындарда келушілердің сырт киімін ілетін жер, орын.* 3. *Жеке адамның, семьяның барлық киім-кешегі.*

ГАРДЕРОБШЫ *Гардероб қызметкері.* ~ болып істейді.

ГАРМОНИЯ 1. *Дыбыс үндесуі, үндестік.* 2. *муз. Аккорд құрылысын баяндайтын музыка теориясының бөлімі.*

ГАРМОНШЫ *Гармоньда ойнайтын адам.*

ГАРМОНЬ *муз. Кеңірдек тәрізді жиырылмалы екі тақтасы, қатар-қатар тілі (клавиатура) бар музыкалық аспап.*

ГАРМОНЬДАТ *Гармоньда құйқылжытып ойнау.* Ол ~ып ән салып келеді.

ГАРНИЗОН *әск. Қалада я қорғанда тұрған әскери бөлімдер.*

ГАРНИР *Ет я балықтан жасалған тағамға салып беретін қосымша күріш, капуста т. б.*

ГАРНИТУРА *полигр. Үлкенді-кішілі әріптердің толық жиынтығы.*

ГАРПУН *Теңіздегі ірі балықтар мен аңдарды аулау үшін лақтырып, шаншитын ұшы ұшкір істік, найза, сұңгі.*

ГАРУС *Жүннен иірілген жұмсақ жіп.*

ГАСТРОЛЕР *театр. Уақытша ойын көрсетуге келген артист.*

ГАСТРОЛЬ *Өзге жақтан келген артистер тобының, жеке өнер қайраткерлерінің ойын-сауық спектаклі.*

ГАСТРОНОМ 1. *Дәмді тағамды жақсы айыра білетін, жақсы көретін адам.* 2. *Әр түрлі азық, тағам сататын дүкен*

ГАСТРОСКОП *мед. Қарынның кілегей қабығын қарайтын рентген аппараты.*

ГАУБИЦА *әск. Аспандата ататын қысқа оқпанды ауыр зеңбірек.*

ГАУПТВАХТА *әск. Айыпкер солдатты уақытша қамайтын бөлме.*

ГАУһАР 1. *Алуан түске еніп, құбылып тұратын бағалы асыл тас.* 2. *Ауыс. Әдемі, көркем, сұлу.* ~ жүз, ~ көз.

ГАУһАРДАЙ *Тап-таза, мөп-мөлдір.* ~ жалтырайды, (нұрлы, құбылды).

ГӘП 1. *Бір нәрсенің сыры, мәні.* Бұл сөзде бір ~ бар. 2. *Бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі.* ~ *басқару механизмдерінде.* ◊ Гәп шертті — *сыр айтып, мұңдасты.*

ГВАРДИЯ *Іріктелген, таңдаулы әскери бөлім.*

ГВАРДИЯШЫ *Гвардия құрамындағы жауынгер.* ~лар шабуылға әзірленіп жатты.

ГЕКСАНБЕНЗАТ *мед. Тыныс демікпесі мен гипертония ауруларын емдейтін дәрі.*

ГЕКСАХЛОРАН *Жүкпалы ауру тарататын зиянды жәндіктерді құртуға арналған дәрі.*

ГЕКСОЗ *биол. Жүзім қанты; глюкоза.*

ГЕКТАР *10 000 шаршы метрге тең жер өлшемі.*

ГЕКТАРЛА *Гектарға бөліп өлшеу.* Егістік жерді ~п өлшедік.

ГЕКТАРЛЫҚ *Гектарға бара-бар.* Жүз ~ егіндік жер.

ГЕКТОВАТТ *тех. 100 ваттқа тең ток қуатын өлшеу бірлігі.*

ГЕКТОВАТТ-САҒАТ *тех. Электр энергиясының бір сағаттағы шығын айналым өлшемі.*

ГЕКТОЛИТР *тех. Сұйық не қсақ заттарды өлшейтін 100 литрлік өлшем.*

ГЕКТОМЕТР *тех. Ұзындық өлшемінің 100 метрге теңдігі.*

ГЕЛЕ *Інгенді бураға шөгеру ишараты.*

ГЕЛИЙ *хим. Әуеде ұшуға қолданылатын жеңіл газ.*

ГЕЛИКОПТЕР *Әуеге тік көтеріле ұшатын ауыр ұшқыш аппарат.*

ГЕЛИОТРОП 1. *бот. Күн сәулесіне бағыттала шырмалып өсетін гүл.* 2. *мин. Минералдың бір түрі.* 3. *тех. Бір жерден екінші жерге күн шұғыласын түсіру арқылы сигнал беретін геодезия аспабы.*

ГЕЛИОФИЗИКА *Күн үстіндегі өзгерісті зерттейтін астрофизика саласы.*

ГЕЛЬМИНТОЛОГИЯ *биол. Ішек құрты аурулары зерттейтін ғылым саласы.*

ГЕМ *мед. Гемоглобиннің белоксыз бөлігі; қан.*

ГЕМАТИТ *хим. Тотықтар класының минералы.*

ГЕМАТОГЕН *мед. Мал қанынан арнайы жасалатын қоңырқай қызыл түсті сұйық дәрі.*

ГЕМАТОЛОГИЯ *мед. Қанның құрамын, құрылысын және оның ауруын зерттейтін ілім.*

ГЕМАТУРИЯ *Үлкен дәретке қан бөліну; қан сию.*

ГЕМОГЛОБИН *физ. Қанның ішіндегі бояушы қызыл зат.*

ГЕМОТЕРАПИЯ *мед. Қан құю немесе қаннан жасалған препараттарды қолданып емдеу әдісі.*

ГЕНЕАЛОГИЯ *тар. Ру тарихы, шежіре.*

ГЕНЕЗИС *биол. Жанды не жансыз заттың алғаш пайда болу, шығу кезеңі, даму тарихы.*

ГЕНЕРАЛ *әск. Армиядағы командалық құрамның ең жоғарғы атағы және осы атақты иемденуші адам.* ~-майор — атағы жағынан бірінші генерал, ~-лейтенант — екінші атақ, ~-полковник — үшінші атақ, армия ~ы — генералдардың жоғарғы атағы.

ГЕНЕРАЛИССИМУС *әск. Ерекше сіңірген әскери қызметі үшін берілетін ең жоғары әскери атақ, сол атақты иеленуші адам.*

ГЕНЕРАЛИТЕТ *Армияның жоғарғы командованиесі, генералдар.*

ГЕНЕРАЛ-ФЕЛЬДМАРШАЛ *әск. Кейбір елдерде ең жоғары әскери шен.*

ГЕНЕРАТОР *тех. Механикалық энергияны электр энергиясына айналдыратын машина.*

ГЕНЕТИКА *биол. Организмнің өсіп-дамуын, тұқым қуалауын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.*

ГЕНОЦИД *Нәсіліне, ұлтына, дініне қарай ұсақ халықтардың жекелеген тобын құрту, жою.*

ГЕОБОТАНИКА *бот. Жер бетіндегі өсімдіктер бірлестігін зерттейтін ғылым.*

ГЕОГРАФИЯ *Жер шарындағы құрлық пен судың орналасуын, жер бедерін, табиғат байлығы мен оның құрылымын жан-жақты зерттейтін ғылым.* ~ жинағы. Физикалық ~, экономикалық ~.

ГЕОДЕЗИЯ *геол. Жердің формасы мен көлемін зерттейтін, жердің бетін өлшейтін ғылым.*

ГЕОЛОГИЯ *Жер құрылысы мен қабатын, оның тарихын зерттейтін және ондағы пайдалы кендердің көзін табудың әдісі туралы ғылым.*

ГЕОМЕТРИЯ *Математика ғылымының бір саласы.*

ГЕОМОРФОЛОГИЯ *Жер бетінің көрінісін, оның жаратылыс тегін, өзгерісін тексеретін географияның бір саласы.*

ГЕОРГИН *биол. Жаз бойы гүлдейтін, ірі гүлді бақша өсімдігі.*

ГЕОФИЗИКА *Жер шарының қатты, сұйық және газ тәрізді қабаттарындағы өзгерістер заңдылығын зерттейтін физика ғылымының саласы.*

ГЕОХИМИЯ *Жер шарындағы химиялық элементтердің орналасу тарихын, олардың жер қыртысындағы таралу, алмасу заңдылықтарын ашатын ғылым.*

ГЕПАРД *зоол. Мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң.*

ГЕПАРИН *мед. Қанды ұйытатын дәрі.*

ГЕПАТИТ *мед. Бауырға салқын тиіп ауыру.*

ГЕРАНЬ *бот. Эфир майы алынатын, хош иісті өсімдік; қазоты.*

ГЕРБАРИЙ *Арнайы кептірілген өсімдіктердің коллекциясы.*

ГЕРМАНДАР 1. *Немістер.* 2. *Орталық батыс және оңтүстік-батыс Еуропада өмір сүрген көне тайпалардың жалпы аты.*

ГЕРМЕТИЗАЦИЯЛЫҚ *тех. Ауа кірмейтін, газ кірмейтін; саңылаусыз.*

ГЕРМОШЛЕМ *тех. Ұлы газдан сақтау үшін бетті жаба киетін бас киім.*

ГЕРЦОГ *тар. Батыс Еуропадағы жоғарғы дәрежелі дворяндық атақ.*

ГЕСТАПО *Фашистік Германияда болған жасырын полиция.*

ГЕТЕРОЗИС *биол. Будандастыру нәтижесінде өсімдік және жан-жануарлар ұрығының өміршеңдігін, өсімталдығын арттыру тәсілі.*

ГИББОН *зоол. Адам тәріздес маймылдың бір түрі.*

ГИБЕРЕЛЛА *биол. Саңырауқұлақтың бір түрі.*

ГИБРИД *биол. Жан-жануарлардың, өсімдіктердің тұқымын будандастыру, асылдандыру арқылы алынған будан тұқым, жаңа сорт.*

ГИБРИДОЛОГИЯ *биол. Будандастыру жайындағы биология ғылымының бір саласы.*

ГИГИЕНА *мед. Денсаулықты сақтау шарты және оны жұқпалы аурулардан алдын ала сақтандыру туралы ілім.*

ГИГРОМЕТР *Ауаның ылғалдылығын өлшейтін аспап.*

ГИГРОСКОП *физ. Ауаның ылғалындағы өзгерісті көрсететін аспап.*

ГИГРОСКОПТЫҚ *Кейбір заттың дым тартқыш қасиеті.* ~ғы бәсендеу болады.

ГИД *Туристерге қызмет ететін жол көрсетуші.*

ГИДРАВЛИКА *физ. Сұйықтардың қозғалысын және тепе-теңдік заңдарын зерттеу, іс жүзінде пайдалану тәсілдерімен шұғылданатын ғылым.*

ГИДРАДЕНИТ *мед. Тер шығаратын бездерге стафилококк түскеннен болатын ауру.*

ГИДРАТ *хим. Химиялық жолмен өзіне су қосылудан болатын зат.*

ГИДРОАГРЕГАТ *тех. Су шаруашылығына қажетті машиналар, агрегаттар.*

ГИДРОАКУСТИКА *физ. Дыбыс толқындарының суда таралуын және оларды су астындағы локация, байланыс мәселелерінде пайдалануды зерттейтін акустиканың бір саласы.*

ГИДРОАЭРОДРОМ *авиац. Су бетіндегі аэродром.*

ГИДРОАЭРОПЛАН *тех. Суға қонып, әрі одан ұша алатын аэроплан, ұшақ.*

ГИДРОАЭРОПОРТ *тех. Гидросамолеттерге қызмет көрсету үшін жабдықталған гидроаэродром.*

ГИДРОБАРЛАУШЫ *Жер астындағы және жер бетіндегі суды зерттеуші.*

ГИДРОБИОЛОГИЯ *биол. Биология ғылымының суда өмір сүретін организмді тексеретін тарауы.*

ГИДРОГЕНЕРАТОР *тех. Гидротурбина көмегімен айналдырылатын электр генераторы.*

ГИДРОГЕОЛОГИЯ *Су кеңістігін және оның табиғаттағы қозғалысын зерттейтін ғылым.*

ГИДРОГЕОЛОГИЯЛЫҚ *Гидрогеологияға тән.* ~ зерттеу.

ГИДРОГРАФ 1. *Су ағысының жылдамдығын өлшейтін аспап.* 2. *Гидрография маманы.*

ГИДРОГРАФИКАЛЫҚ *Гидрографикаға тән, қатысты.* ~ жүйелер.

ГИДРОГРАФИЯ *геол. Жер бетіндегі суды ғылыми тұрде зерттеп, оны картаға түсіретін географияның бір саласы.*

ГИДРОДИНАМИКА *тех. Белгілі бір күштің әсерімен сұйық заттың қозғалуын зерттейтін механика ілімінің бір саласы.*

ГИДРОДИНАМИКАЛЫҚ *Гидродинамикаға тән.*

ГИДРОКӨТЕРГІШ *Су арқылы күш алатын жылжымалы көтергіш.*

ГИДРОЛИЗ *хим. Тұздарды химиялық жолмен судан ажырату.*

ГИДРОЛИЗДІК *Гидролизге айналғандық.* ~ спорт.

ГИДРОЛОГИЯ *геогр. Су кеңістігін және судың табиғаттағы қозғалысын зерттейтін ғылым.*

ГИДРОМЕХАНИКА *физ. Сұйық заттарды зерттейтін ғылым.*

ГИДРОНАСОС *тех. Су ағызатын аспап; су бүріккіш.*

ГИДРОПОНИКА *Өсімдіктерді топырақсыз өсіру.*

ГИДРОПУЛЬТ *тех. Су бұркетін қол насосы бар ыдысты аспап.*

ГИДРОСАМОЛЕТ *тех. Суға қонып, ұша алатын ұшақ.*

ГИДРОСТАНЦИЯ *тех. Судың ағыс күшін электр қуатын өндіруге пайдаланатын станция.*

ГИДРОСФЕРА *геогр. Жер шарының сулы аудандарының жиынтық аты.*

ГИДРОТЕХНИКА *тех. Су күшін жан-жақты (канал, плотина т. б.) пайдалануды қарастыратын техника саласы.*

ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ *Гидротехникаға тән.* ~ есептер. □ **Гидротехникалық құрылыс** — *су шаруашылығының техникалық құрылысы.*

ГИДРОФИЗИКА *физ. Жердің судан тұратын қабатында болатын физикалық процестерді зерттейтін ғылым.*

ГИДРОХИМИЯ *хим. Табиғи сулардың химиялық құрамын, оның өзгеруін зерттейтін ғылым.*

ГИМНАЗИЯ *Белгілі пәнді терендетіп оқытатын оқу орны. Жаратылыстану* ~сы, жалпы ~.

ГИМНАСТ *спорт. Гимнастика шебері.*

ГИМНАСТЕРКА *Әскери формада тігілген сырт жейде.*

ГИМНАСТИКА *спорт. Денені шынықтыру үшін жасалатын спорттық жаттығулар жүйесі.* ~ сабағы.

ГИНГИВИТ *мед. Тіс етінің қабынуы.*

ГИНЕКОЛОГ *Әйелдер ауруының маманы.*

ГИНЕКОЛОГИЯ *Әйелдер ауруы және оны емдеу туралы ғылым.*

ГИПЕРБОЛА I *әдеб. Бір нәрсенің жеке белгілері мен сипаттарын асыра дәріптеу, әсірелеу.*

ГИПЕРБОЛА II *мат. Қиюдан шығатын қисық сызықтың бірі.*

ГИПЕРБОЛИЗМ *әдеб. Әсірелеу тәсілі.*

ГИПЕРТОНИЯ *мед. Қан қысымы, қан тасу.*

ГИПЕРТРОФИЯ *мед. Мүше тканьдерінің көлемі жағынан қалыптан тыс ұлғаюы.*

ГИПНОЗ *мед.* 1. *Адам мен жануарлардың жасанды ұйқыдағы күйі.* 2. *Арбап ұйықтату, ұйыту, еркінен айыру.* Адамды ***гипнозбен*** ұйыту үшін сөзді қолданудың неше түрлі әдісі бар (С. Мұқанов).

ГИПНОЗДА *Гипнозды қолдану, арбау.* ~п қойған.

ГИПНОЗШЫ *Гипноз өнерінің маманы.* ~лар өздерін дәріптейді.

ГИПНОПЕДИЯ *пед. Шәкірттерді ұйқы кезінде оқытатын педагогикалық әдістің ерекше түрі.*

ГИПОВИТАМИНОЗ *мед. Организмде витамин жеткіліксіз болғанда пайда болатын ауру.*

ГИПОКСИЯ *мед. Организмде оттегінің жетіспеуі.*

ГИПОКСИЯЛЫҚ *Гипоксияға тән.* ~ хал, ~ өзгеріс.

ГИПОТЕНУЗА *мат. Тік бұрышты үш бұрыштың тік бұрышқа қарсы жағы.*

ГИПОТОНИЯ *мед. Қан қысымының төмендеуі.*

ГИПС 1. *хим. Сульфаттар класының минералы.* 2. *Дәрігерлік емдеу құралы.* ~ке салды. 3. *Мүсін жасайтын материал.*

ГИПСТЕ *Гипске салу, гипске орау.* Қолын ~п қойған.

ГИПСТЕУЛІ *Гипске ораулы.* Аяқ-қолы бірдей ~.

ГИПСТІ *Гипске салынған.* ~ төсек.

ГИР *Таразының тасы.* Бір пұттық ~.

ГИПЮР *Әдемі бедерлі шілтер.*

ГИССАР: гиссар қойы — *құйрықты қойлардың арасындағы ең ірі тұқым.*

ГИСТОГЕНЕЗ *биол. Организмдегі тканьдердің пайда болу, тіршілік ету, қайта түзілу процесі.*

ГИСТОЛОГ *Гистология маманы.*

ГИСТОЛОГИЯ *анат. Адам және көп клеткалы жануарлардың тканін тексеретін ғылым.*

ГИСТОЛОГИЯЛЫҚ *Гистологияға тән.* ~ әдіс, ~ құрылым.

ГИСТОХИМИЯ *хим. Гистологиялық химия.*

ГИТАРА *муз. Шанағы сегіздік есеп таңбасына ұқсас, музыкалық шекті аспап.*

ГИТАРШЫ *Гитарды жақсы ойнай, тарта біletін адам.*

ГЛАДИАТОР *тар. көне. Рим елінде аренада басын өлімге тігіп, жеке адаммен не жабайы жыртқыш аңмен жекпе-жек сайысатын басыбайлы құл немесе соғыс тұтқыны.*

ГЛАДИОЛУС *биол. Ірі гүлді, көп жылдық биік өсімдік.*

ГЛАУБЕР: глаубер тұзы *(мед.)* — *іш босатуға пайдаланатын ақ, қышқыл түз; түз сүргі.*

ГЛАУКОМА *мед. Көз ауруының бір түрі, су қараңғы.*

ГЛИСТ *зоол. Қара бас жылан құрт; ішек құрты.*

ГЛИЦЕРИН *мед. Әр түрлі майдан алынатын ақшыл сұйық зат.*

ГЛОБУС *геогр. Жер шарының кішірейтіп алынған шар тәріздес кейпі, көрнекі құрал.*

ГЛОССАРИЙ *лингв. Ескі тектегі (мәтіндегі) түсініксіз сөздерге берілетін түсінік; сөздік.*

ГЛОССИТ *мед. Тілдің талаурап ауруы.*

ГЛОТТОГОНИЯ *лингв. Тілдің шығуы және оның дамуы.*

ГЛОТТОГОНИЯЛЫҚ *Глоттогонияға тән.* ~ зерттеу.

ГЛОТТОХРОНОЛОГИЯ *лингв. Тілдің шығуын, дамуын зерттейтін лингвистика ғылымының бір саласы.*

ГЛЮКОЗА *мед. Жүзім қантынан алынатын тәтті, дәмді ұнтақ дәрі.*

ГНОСЕОЛОГИЯ *филос. Таным және оның түрлері, жолдары туралы философиялық ілім.*

ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ *Гносеологияға тән.* ~ анықтау.

ГОБОЙ *муз. Ауызбен үрлеп ойналатын музыкалық аспап.*

ГОЛ *спорт. Хоккей, футбол ойындарындағы ұпай.* ~ соқты, ~ салды.

ГОЛЛАНД *Голландия мемлекетінің ұлты, халқы.* □ **Голланд пеші** — *Голландия елінде алғаш қолданған қаңылтырлы дөңгелек пеш.* **Голландиялық сыр** — *сыр тағамының бір түрі.*

ГОЛЬФ I *Тізеден төмен киетін қысқа шұлық.*

ГОЛЬФ II *спорт. Арнайы таяқ және доппен ойналатын спорт ойыны.*

ГОМИНДАН *саяси. Қытайда болған ірі кертартпа ұлтшыл жер иелері, партиясы.*

ГОМОЗИГОТА *Тұқым қуалаушылық, бір-біріне ұқсаушылық.*

ГОНГ *муз. Соғып ойнайтын, музыка аспабының бір түрі, дабыл қақпа.*

ГОНОН *мед. Жыныс мүшесінің қуатын қалпына келтіретін дәрі.*

ГОРЕЛКА *Газ, я жанар майлен от алатын арнаулы қыздырғыш құрал, оттық аспап.*

ГОРИЗОНТ 1. *геогр. Көз жетер жер, көкжиек.* 2. *геол. Белгілі бір деңгейдегі қазбалы байлықтың қабаты.*

ГОРИЗОНТАЛЬ I *геом. Жазықтықтың бетіне жарыса сызылған көлденең сызық.*

ГОРИЗОНТАЛЬ II *биол. Кипаристің үйде өсірілетін бір түрі.*

ГОРИЗОНТАЛЬДЫ *Горизонталь болып келген.* ~ жолмен бөліну.

ГОРИЛЛА *Адамға ұқсас ірі маймыл.*

ГОРКА *Ыдыс-аяқ салатын шынылы шкаф.*

ГОРМОН *физиол. Ішкі секреция бездерінен бөлініп, белгілі бір ағза мүшелерінің қызметін қоздыратын, қанға қосылатын зат.*

ГОРН *муз. Үрлемелі музыкалық аспап.*

ГОРОДКИ *спорт. Екі топқа бөлінген ойыншылардың кеспелтек ағаштарды таяқпен соғып, құлатып ойнайтын ойын түрі.*

ГОРТЕНЗИЯ *бот. Бақша және бөлмеде өсірілетін сәндік өсімдік.*

ГОРЧИЧНИК *мед. Қыша қабаты жапсырылған қағаз.*

ГОСПИТАЛЬ *Әскери аурухана.* Далалық ~, тылдағы ~.

ГОСПИТАЛЬДЫҚ *Госпитальға тән.* ~ режим.

ГОТ: гот жазуы — *әріптері бұрыштанып, ұзынша болып келген латын жазуының графикалық бір түрі.*

ГОТИКА *архит. Орта ғасырдың соңғы кезіндегі архитектура стилі.*

ГОТОВАЛЬНЯ *Сызу жұмысына қажетті керекті аспаптарды салатын ағаш құты.*

ГӨЙ-ГӨЙ 1. *Бір қалыпты сарын, дыбыс, ұн. Жел гулеп* ~ін басып тұр. 2. *Ауыс. Уайым-қайғы сарыны, сары уайым.* Қарттың ~і жаңға батты. **Гөй-гөйге басты** — *сары уайымға салынды.* ◊ **Гөй-гөй тартты** — *қатты қайғырды, зар иледі.*

ГӨЙ-ГӨЙЛЕ *Сары уайымға салыну.* Ол ~п отырады да қояды.

ГӨР *шыл. Негізгі сөздің мағынасына орай өтініш, таңдану, кекету мәнін үстейтін шылау сөз.* Қарай ~ өзін, сақтай ~.

ГӨРІ *Шығыс септік жалғауындағы сөздермен тіркесіп, оған талғау, саралау мәнін үстейтін шылау сөз.* Бізден ~ ол жақын.

ГРАВЕР *Металл, ағаш, сүйек т. б. нәрселерге ойып жазушы, өрнек салушы үста.*

ГРАВИЙ *Ірі құм, қиыршық тас.* Цемент жасауға ~ де керек.

ГРАВЮРА *өнер. Оюланып, бедерленіп салынған сурет.*

ГРАВЮРАЛАУ *өнер. Қатты материалдардың бетіне ою, өрнек, әшекей т. б. бедерлеп салу, көшіру әдісі.*

ГРАДУС I 1. *мат. Тік бұрыштың тоқсаннан бір бөлігіне тең, жазық бұрыштың өлшеу бірлігі.* 2. *Ауа райы т. б. ыстықтығын я суықтығын есептейтін бірлік өлшем.*

ГРАДУС II *Арақ-шарап, сыра, т. б. ішімдіктердің ашу күшінің бірлік өлшемі.*

ГРАДУСНИК *Дене қызуын, сондай-ақ су мен ауа температурасын өлшейтін термометр, аспап.*

ГРАДУСТЫҚ *Градус өлшемдігіндей.* **Градустық өлшеу** *(астр.)* — *жердің пішіні мен өлшемін анықтау үшін жер бетінде жүргізілетін өте дәл астрономиялық және геодезиялық өлшеулер.*

ГРАМДА *Граммен өлшеу.* Дәріні ~п өлшейді.

ГРАМДАЙ *Грамм мөлшеріндей.* Жүз ~ май.

ГРАМДЫҚ *Бір грамға тән.* Бес ~ ликер.

ГРАМЖАЗУ *муз. Музыкалық шығарманы, жеке адамдардың сөздерін қаз қалпында арнаулы пленка, пластинкаға түсіріп жазып алу.*

ГРАММ *Метрлік өлшеу жүйесіндегі не салмақ өлшеміндегі кішкене бірлік.*

ГРАММАТИКА *лингв.* 1. *Тілдегі сөздердің өзгеруі мен түрленуін, сөздердің тіркесуі және сөйлем құру заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің саласы.* 2. *Тілдің дыбыстық жүйесін, сөз құрылысын олардың байланысу ережесін үйрететін оқулық.*

ГРАММАТИКАЛЫҚ *Грамматикаға тән, қатысты.* ~ норма, ~ формула. □ **Грамматикалық категория** *(лингв.)* — *формалары бір-бірінен ажыратылатын бір тектес грамматикалық құбылыстардың жиынтығы, тобы.* **Грамматикалық мағына** — *сөздің сөйлемдегі басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде туатын мағына.* **Грамматикалық тәсіл** — *сөз арасындағы әр түрлі қатынастарды, грам-*

матикалық мағыналарды білдіру жолы. **Грамматикалық форма** — *тілдегі сөздің лексикалық ұғымына қосымша мағына үстейтін тұлға, морфема.*

ГРАММОФОН *Пластинкаға жазылған дыбыстарды сөйлететін музыкалық аппарат.*

ГРАМОТА *Ерекше еңбек, зор жетістік үшін берілетін мақтау қағаз.* Құрмет ~сы, мақтау ~сы.

ГРАНАТ *геол. Қоңыр-қызғылт түсті қымбат бағалы тас.*

ГРАНАТА *Жарылғыш снаряд.* Қол ~.

ГРАНАТОМЕТ *әск. Граната атқылайтын қару.*

ГРАНАТШЫ *Гранатпен қаруланған, гранат лақтырғыш.*

ГРАНИТ *Кварц қалпындағы қатты тау жынысы.* ~ тас, ~тен жасалған.

ГРАНИТТЕЙ *Гранит сияқты мықты, қатты.*

ГРАНИТТІ *Гранитке өте бай, граниттен тұратын.*

ГРАНКА *Баспаханада терілген кітап, газет, мақалалардың беттелмеген түрі.*

ГРАНКАЛА *Гранкаға түсіру.*

ГРАФ *тар. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін дворяндық атақ, осы атақты иеленуші адам.*

ГРАФА *Қағаз бетіндегі қос сызықпен бөлінген бағана не ашық жол.*

ГРАФАЛА *Қағаз бетіндегі сызықты белгілі бір мақсатқа арнап бөлу, бағаналау.*

ГРАФИК 1. *мат. Берілген функцияның өзгеру сипатын көрнекі түрде бейнелейтін қисық сызық.* 2. *Белгілі бір жұмыстың мерзімінде орындалуы үшін белгіленген жоспар.* ~ке сай, ~ бойынша.

ГРАФИКА 1. *лингв. Жазу таңбалары.* Орыс ~сы. 2. *Бірден қағазға түсіріліп көбейтілетін бейнелеу өнерінің бір түрі.* ~ өнері.

ГРАФИКАЛЫҚ *Сызуға, жазуға тән.* ~ сызықтар.

ГРАФИН *Сұйық зат құюға арналған жіңішке мойынды шыны ыдыс.* ~ толы су.

ГРАФИТ *геол. Отқа төзімді заттар мен қарындаш жасау үшін пайдаланылатын қара не қара-қошқыл түсті минерал.*

ГРЕЙДЕР 1. *тех. Жол сілемін белгілейтін, тегістейтін, жер қазатын машина.* 2. *Осы машина көмегімен жасалып, қиыршық тас төселген жол.*

ГРЕЙФЕР *тех. Көтергіш экскаватор және машинаның жүк қармағыш азулы құралы.*

ГРЕК *Грецияның негізгі халқы, ұлт.* □ **Грек жаңғағы** — *қос дәнді жаңғақ.*

ГРЕЛКА *Емдеу, жылыту мақсатында қолданылатын, ішіне ыстық су құятын резеңке ыдыс.*

ГРИБОК *Өсімдік клеткаларындағы іріп, ашуды қоздыратын, сондай-ақ дене, тері ауруларын асқындыратын өсімдік микроорганизмі.*

ГРИМ *театр. Сахнада ойнау үшін қолданылатын бояу.*

ГРИМДЕ *Грим жағу.* Бет-аузын ~ді.

ГРИПП *мед. Тыныс жолдарының ауруымен байланысты болатын өте жұқпалы ауру; тұмау.*

ГРИФ 1. *Автордың қолы қойылған қолжазбасының нұсқасын көрсететін мөр.* 2. *Кітаптар мен құжаттарға жазылатын арнайы жазба.*

ГРОССМЕЙСТЕР *спорт. Шахмат ойыны шеберлерінің ең жоғарғы атағы.*

ГРУЗИН *Грузияның негізгі халқы; ұлт.* □ **Грузин шайы** — *Грузия жерінде өсірілетін шай.*

ГРУЗОВИК *тех. Жүк таситын автомобиль.*

ГУ *Кенеттен шыққан қатты ұн, дыбыс.* Екпін мен рух, Көріктің *гу* үніндей (Сейфуллин). ◊ **Гу ете қалды** — а) *жел, ауа бірден көтерілді, соқты;* ә) *хабар тез тарап, жұртты елең еткізді.*

ГУАШЬ *хим. Желім қосылып суға ерітілген, ақ сыр қосылған акварель бояуы.*

ГУ-ГУ 1. *Желдің толассыз ызыңдап, гүілдеп соғуы.* Жел күшейді, айнала ~. 2. *Қаптаған әңгіме-сөз, дабырлаған ұн.* ~ әңгіме, ~ өсек, ~ сөз.

ГУ-ГУЛЕ *Жапатармағай шулау, у да шу болу, гүілдеу.* Жаңа ғана ~п тұрған халық тына қалды.

ГУДОК *Әр түрлі етіп берілетін механикалық ысқырық, сигнал.* Пароход ~гы, машина ~гы.

ГУДОКТЕТ *Гудок беру.* ~кен пароход көзге көрінді.

ГУЛЕ 1. *Гу-гу дыбыс, ұн шығару; үілдеу.* Жаз айында оңтүстік-батыстың ыстық желі *гулейді* (Балтабаев). 2. *Дабыр-дұбыр сөйлесу, дуылдау.* Отырғандар жағы *гулеп* жөнелді (Д. Досжанов). 3. *Желдей есу, зулау.* Кербесті ~й жөнелді.

ГУЛЕМЕ *Бір сарынды гулеген ұн, дыбыс.* Иесіз қыстаудың аңырағанындай *гулеме* үілі керек пе (Есенжанов).

ГУЛЯШ *Туралған еттен қуырылып жасалған түздықты тағам.*

ГУМАНИЗМ *Адамға деген ізгі ниет, сүйіспеншілікпен қарайтын адамгершілік қасиет.*

ГУМАНИСТ *Гуманизмді уағыздаушы, қолдаушы.*

ГУМАНИСТІК *Гуманистке тән.* ~ идея, ~ бағыт, ~ дәстүр.

ГУМАНИТАРЛЫҚ *Халықтың мәдениеті мен тарихын терең зерттеуге бейім қоғамдық ғылымға қатысты ғылым.* ~ пән, ~ факультет.

ГУММА *Іріңдеген жара; теңге қотыр.*

ГУІЛ 1. *Бірыңғай толассыз, созыла шыққан, гу-гу дыбыс, ұн.* Манағы күшті *гуіл* естілмейді (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Іштей тыну, егілу.* Өз ішімнің *гуілі* жетіп жатыр (Ө. Тәжібаев).

ГУІЛДЕ 1. *Желдің, боранның үзілмей азынауы, ызыңдауы.* Суық жел азынап, ~й түседі. 2. *Дабырлап сөйлесу, шулау, дуылдау.* Зал ~п кетті. 3. *Гулеген дыбыс шығарып лаулау, тез жану.* Құ тақтайлар ~п *жанды.* 4. *Ауыс. Өсек-аяң көбею, дуылдау.* Ұрыларды айдап әкетеді десіп ~сті.

ГУІЛДЕК 1. *Гуілдеп соққан, азынаған, ызыңдаған.* 2. *Ауыс. Бос сөзділік, даурықпалық.* Өздерінің *гуілдегі* бар ма (Абай).

ГҮЖ: гүж етті — а) *гүжілдей жуан дауыспен ұн қатты;* ә) *гүр ете түсті, гүр етті.*

ГҮЖБАН *Жуан, дәу.* Көпжасарды әзілкештер *гүжбан* дейтін (Дастанов).

ГҮЖБАНДАЙ *Тым жуан.* ~ жүнді қол.

ГҮЖ-ГҮЖ: гүж-гүж етті — *қайта-қайта гүжілдеді.*

ГҮЖ-ГҮЖДЕ *Айдап салу. Гүж-гүждеп* бір қоймайсың (М. Өуезов).

ГҮЖДЕЙ *Гүжбандай, жүп-жуан.* ~ болып желкесі.

ГҮЖІЛ *Гүж-гүж еткен жуан дауыс; гуіл.* Газик *гүжілімен* баракты дірілдетті (Ғ. Мүсірепов).

ГҮЖІЛДЕ 1. *Гүж-гүж ету; гүрілдеп дыбыс шығару.* Машина ~ді. 2. *Судың бұрқ-сарқ қайнауы.* ~п самауыр келді. 3. *Ауыс. Дауыс көтеру, гүрілдеу.* Ашу қысқан жігіт қайта ~ді.

ГҮЖІЛДЕК *Жуан дауысты, гүжіл үнді, гүрілдек.* ~ жігіт, ~ дауыс.

ГҮЖІМ *көне. Өте үлкен, зор.* ~ дарақ.

ГҮЛ 1. *Түрлі түсті, үлбіреген хош иісті өсімдіктің жалпы аты.* Бақшада шоқ-шоқ ~дер. 2. *Ауыс. Жасөспірім, бұлдіршін.* Үйдің сәні бұлдіршіндей екі *гүл* (А. Тоқмағамбетов). 3. *Ауыс. Ажар, әр, көрік, келбет.* Ақ бетің үлбіреп. Өзгеше біткен *гүл* (Абай). □ **Гүл алаңы** — *гүл өсірілген жер.* **Гүл бақша** — *неше түрлі гүл, алуан түрлі өсімдік өскен жер.* **Гүл десте** — *байлам гүл, шоқ гүл.* **Гүл жазира** — *гүл жайнаған.* **Гүл жемір** *(биол.)* — *алма гүлін жейтін құрт, қоңыз.* **Гүл кіндік** *(биол.)* — *өнген гүлдің сабаққа орналасқан түбі, гүл табаны.* **Гүл табан [тұғыры]** *(биол.)* — *гүл кіндік.* **Гүл тамақ** *(биол.)* — *гүл бүршігі.* **Гүл тостаған** *(биол.)* — *гүл тұқымын ораған қауыз, гүл қауызы.* **Гүл тостағанша** *(биол.)* — *жабық тұқымды өсімдіктер гүлінің сыртқы қабығы.* **Гүл шанақ** *(биол.)* — *гүл тостаған.* **Гүл шоғыры** *(биол.)* — *өсімдік өркендеріне немесе бұтағына топтанып орналасқан гүлдер.* **Гүл шоқ** — *бір жерде, бір түпте өскен топ гүл.* ◊ **Гүл атты (жарды)** — *гүлдеді, қалың гүл шашты.* **Гүл шашты** — а) *тегіс гүлдеді, гүл төкті;* ә) *жайнады, құлпырды.* **Гүл [гүлге] оранды [бөленді]** — *жаппай гүлдеді.* **Гүлі ерте ашылды** — *тым ерте есейді, өсті.* **Гүлі солды [гүлі ерте солды]** — *қайғы-қасіретке ұшырады, бағы тайды.*

ГҮЛ-БӘЙШЕШЕК *Түрлі-түсті, көктем гүлі.* Тоғай көк шалғын, *гүл-бәйшешек* (Жұмақанов).

ГҮЛ-ГҮЛ: **гүл-гүл жайнады** — *құлпырды, гүлденді.* **Гүл-гүл жанды** — *шексіз қуанышқа бөленді, шаттанды.*

ГҮЛДАР *Гүлі мол, көп гүлді.* Ол күрең ~ көйлек киген.

ГҮЛДЕ 1. *Гүл аштыр, гүл шаштыр. Алма ағашы ~ді, қызғалдақ ~ді.* 2. *Ауыс. Құлпырып өсті, жайнады.* Ол табанда көңілденіп, *гүлдеп* шыға келді (Тоқтаров). 3. *Өркендеді, өсті.* Басшы дана болса ел *гүлдейді* (Бердин).

ГҮЛДЕЙ *Гүл тәрізді, көркем, әдемі.* ~ нұрланды.

ГҮЛДІ *Гүлі мол, қалың.* ~ алаң, ~ өсімдіктер.

ГҮЛДІК *Гүл егілетін алаң.* ~те гүл көп.

ГҮЛДІР *Гүл салдыры, дыбыс.* Оятқан көпті *гүлдірі* (Үш ғасыр).

ГҮЛДІРЛЕ *Салдыр-гүлдір ету.* Арбаға отырғызып *гүлдірлеген* (Ізтілеуов).

ГҮЛЗАР *Гүл егілген алаң.* Көшеде аллея, *гүлзарлар* бар (Байтанаев).

ГҮЛКЕКІРЕ *Гүлдері уақ, көгілдір түсті, топтанып гүл себетін, биіктігі 30–60 см біржылдық шөптесін өсімдік.*

ГҮЛПАР *биол. Күлте жапырақшалары көп гүлдің бір түрі.*

ГҮЛСАУЫТ *Гүл салуға арналған әсемдік бұйым.*

ГҮЛСТАН *Гүлденген, құлпырған жер, аймақ, ел.* Бұлбұл құс зымыстан көрмей, *гүлстан* қадірін білмес (Мақал).

ГҮЛСТАНДАЙ *Гүлстан тәрізді.* ~ алма бақ.

ГҮЛШЕҢ *Гүл өскіш, гүлді.* ~ дала, ~ алқап.

ГҮЛ-ШЕШЕК *Гүл-бәйшешек, бүршік атқан гүл.* Қыз ерте көктемде бүршік жарған *гүл-шешек* іспетті (Шүкіров). □ **Гүл-шешек атты** — *тегіс гүлдеп, құлпырды.*

ГҮМП: гүмп берді [етті] — *суға бірден қойып кетті, құлады.*

ГҮМП-ГҮМП: гүмп-гүмп етті — *гүмпілдеді, суға түсіп кетті.*

ГҮМПІ *Быршып ашып кету.* Тай қазан толы көже *гүмпіп* ашыды (Қанахин).

ГҮМПІЛ *Гүмп-гүмп еткен дыбыс, дүмпіл.* Боз үйлердегі пісілген сабалар *гүмпілі* естіледі (Бектасов).

ГҮМПІЛДЕ *Гүмп-гүмп еткен; дүмпілдеп бір қалыпты дыбыс шығару.* Оркестр ~тті, зеңбіректер ~ді.

ГҮМПІТ *Суға гүмп еткізіп бірден батыру; гүмп еткізу.* Ол қолындағы затты суға ~іп жіберді.

ГҮР: гүр етті — а) *гүрілдеген оқыс дауыс шығарды;* ә) *от лау етіп, бірден жанды*

ГҮР-ГҮР: гүр-гүр етті — а) *гүрілдеп жуан дауыс шығарды;* ә) *су сарқырап, долдана күркірей ақты.*

ГҮРЗІ *көне. Ат үсті соғыста қолданылатын шоқпар тәрізді құрал.*

ГҮРКІЛ *Гүр-гүр еткен жуан дыбыс, дауыс.*

ГҮРС *Бір нәрсенің кенеттен құлауынан не қарудың атылуынан шыққан дыбыс, ұн.* ~ құлады, мылтық ~ етті.

ГҮРС-ГҮРС *Қайта-қайта гүрсілдеді.* ~ соқты, ~ атылды.

ГҮРСІЛ *Гүрс-гүрс еткен дыбыс.* Миномет ~і жер жарады, ~ден жер сілкінді.

ГҮРСІЛДЕ *Гүрс-гүрс ету.* Жау снарядтары *гүрсілдеп* жарылып жатыр (Момышұлы).

ГҮРСІЛ-ДҮРСІЛ *Гүрс-гүрс, дүрс-дүрс еткен үшу дыбыс.* Қала іші *гүрсіл-дүрсіл* (Қазыбаев).

ГҮРТХАНА *көне. Шығыс қалаларында шарап ішетін орын, шарапхана.*

ГҮРІЛ 1. *Гүр-гүр еткен, гүрілдеген дыбыс.* Құлақ тұндырарлықтай *гүріл* естілді (Т. Шаханов). 2. *Судың қатты сарқырауы, гүрілі.* Талас суының тау жаңғыртқан *гүрілі* (Бегалин). 3. *Айбат шегу, қаһарлану, күрілдеу, ырылдау.* Қасқыр пышақ тістерін көрсетіп *гүрілдейді* (Иманбаев).

ГҮРІЛДЕ *Гүр-гүр ету, гүрілдеу, гүілдеу.* Мотор ~ді, от ~ді, оркестр ~ді.

ГҮРІЛДЕК *Даусы жуан, гүрілдеп сөйлейтін.* ~ дауысты.

ГЮЗА *Улы жылан, табыт жылан.*

Ғ

ҒАЖАЙЫП *Ғажап, ғаламат.* ~ ғалым, ~ сұлу.

ҒАЖАП 1. *Ғажайып, тамаша, керемет.* 2. *Кәсіпті, шебер.* ~ ойнады. ~ - ай, адамға адам ұқсай береді екен. ◊ **Ғажап қалды** — *қайран қалды, таңырқады.*

ҒАЖАПТАН *Таңдану, таңырқану.* Ол *ғажаптана* басын шайқады (Нұршайықов).

ҒАЗАЛ *кітаб. Соңғы екі жолы үйқасып келетін түркі халықтарының лирикалық өлең өлшемі.*

ҒАЗАУАТ *діни. Мұсылман діні жолындағы қасиетті соғыс.*

ҒАЙБАТ *Кісінің сыртынан айтылатын жалған сөз, өсек-аяң.* Бұл айтып тұрғаның ~. □ **Ғайбат айтты** — *өсекке таңды, орынсыз жамандады.*

ҒАЙБАТТА *Сыртынан жала жабу, даттау.* Адал адамды ~п сөйлеме.

ҒАЙБАТШЫ *Жала жабушы, өсек-аяң таратушы.* Өтірікші-өсекші, Қиянатшы-*ғайбатшы* (Керімбеков).

ҒАЙБАТШЫЛ *Өтірік-жала жапқыш.* ~ адам.

ҒАЙЫБАНА *кітаб. Көзге көрінбейтін жасырын күш.*

ҒАЙЫП *Жоқ, жасырын, қияли, болжалды іс.* Ақылмен *ғайыпты* болжауға болады (Әлімбаев). □ **Ғайып болды** — *үшті-күйлі жоқ болды.*

ҒАЙЫПЕРЕН: ғайыперен қырық шілтен *(діни.)* — *Көзге көрінбей келіп, қысылған шақта демеу беретін пір.*

ҒАЙЫПТАН *Қапелімде, кенеттен.* ***Ғайыптан*** келген екі жолаушыны сұраңыз (Хұсайынов).

ҒАҚЛИЯ *Ой-пікірді философиялық тұрғыда тұжырымдайтын трактат; шығарма.* Алғаш ***ғақлия*** жазған Абай (ҚСЭ). □ **Ғақлия сөз** — *өсиет, нақыл сөз.*

ҒАЛАМ *Бүкіл жер жүзі, әлем.* Бұл ~да тіршілік артық.

ҒАЛАМАТ I *Таңғажайып, керемет, ғажайып.* ~ техника.

ҒАЛАМАТ II *Пәле.* Басыма салды ***ғаламат*** (Қыз Жібек).

ҒАЛЫМ *Ақыл-ой иесі, ғұлама.* Мың малың болғанша, бір балаң ***ғалым*** болсын (Мақал).

ҒАНА *Шектеу, кішірейту мәніндегі демеулік шылау.*

ҒАНИБЕТ *Игілік, рахат, сәттілік, шүкіршілік.* Жақсы ат пен тату жолдас — бір ~.

ҒАНЫШ *Ақ немесе сары түсті, құрамында әк бар минералды зат; гипс.* ***Ғаныш*** пен саз балшықтан әсем керамикалар өндіруде ("Соц. Қаз.").

ҒАПУ: ғапу ет — *кешірім ет.*

ҒАПЫЛ: ғапыл қалды — *қапы қалды, қапыда қалды, аңдамай қалды.* Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ***ғапыл қалма*** (Абай).

ҒАРАП: ғарап болды — *апатқа ұшырады, талқаны шықты.*

ҒАРАПА *діни. Айт болардан бір күн бұрын.* ***Ғарапаның*** түнінде Зүбайдаға таза киімдерін алдырды (Сегізбаев).

ҒАРАСАТ: ғарасат майданы — *діни ұғым бойынша, қайта тірілген адамдардың о дүниеде жиналатын орны.*

ҒАРЫШ *неол. Аспан әлемі, космос. Алмас қанат періште еді,* Мекені оның ***ғарышта*** еді (Мағжан). □ **Ғарыш кемесі** — *космос кораблі, кемесі.*

ҒАРЫШЖАЙ *неол. Космос корабльдері мен жасанды жер серіктерін ұшыруға арналған арнайы алаң.*

ҒАРЫШКЕР *неол. Космонавт. Жұлдыздары ~ кемесіндей.*

ҒАРЫШНАМА *неол. Аспан әлемі туралы ілім; космология.*

ҒАРЫШТА *Қарыштау, самғау, биіктеу, өрлеу.* Медицина күннен-күнге ~ дамуда.

ҒАРІП *Мұсәпір, мүскін, бейшара.* Жетім өскен ~ едім.

ҒАРІПТІК *Бейшаралық, мұсәпірлік.* ***Ғаріптікке*** көз жетті, Алғаннан соң ерікті (Абай).

ҒАРІПХАНА *неол. Жасының ұлғаюына, еңбекке жарамсыздығына байланысты, мемлекет қамқорлығына алынған панасыз адамдардың үйі.*

ҒАСЫР 1. *Жүз жылдық мерзімді қамтитын уақыт өлшемі.* Домбырасын серік қып, Өткізді Жамбыл ***ғасырды*** (Жамбыл). 2. *Белгілі бір тарихи дәуір, заман. Орта ~, алтын ~.*

ҒАСЫРЛАС *Бір ғасырда өмір сүрген, бір ғасырда туған замандас.* Абай Жамбылмен ~.

ҒАСЫРЛЫҚ *Жүз жылдық мерзім.* Сан ~, жарты ~, көп ~.

ҒАШЫҚ *Сүйіспеншілік, құштарлық, махаббат. Шын ғашық сұлулықты талғамайды* (Халық әні). □ **Ғашық болды** — *құмартты, ынтықты.* **Ғашық жар** — *сүйіп қосылған, шын сүйген адам.*

ҒАШЫҚТЫҚ *Сүйіспеншілік, ынтызарлық.* ~ екі жақтан бірдей болса-бақыт.

ҒИБАДАТ *діни. Құдайға құлшылық, дінге бой ұсынушылық; ибадат.* Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза ешбір ***ғибадат*** орнына бармайды (Абай). □ **Ғибадат етті [қылды]** — *құлшылық етті, жалбарынды.*

ҒИБАДАТТЫҚ *Құдайға сиынушылық, жалбарынушылық.* Кішірек шіркеуде ***ғибадаттық*** жүріп жатыр (С. Мұқанов).

ҒИБАДАТХАНА *діни. Құдайға құлшылық ету, сиыну, мінәжат үшін жиналатын орын, мешіт.* Ерекше назар аударатын нәрсе ~.

ҒИБРАТ *Тәлім-тәрбиелік, өнегелік мәні бар нақыл сөз.* ***Ғибрат*** айтар сәуегей (Қ. Аманжолов). □ **Ғибрат алды** — *үлгі-өнеге тұтты.*

ҒИБРАТНАМА *Үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие болар лық пікір.* Абай мен Жамбылдың ұзақ өмірлері — тұнып тұрған ~.

ҒИБРАТТАН *Үлгі, өнеге алу.* Қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ***ғибраттансын*** (Абай).

ҒИБРАТТЫ *Үлгілі, өнегелі.* Ата қайратты болса, Бала ***ғибратты*** болар (Мақал).

ҒИБРАТТЫҚ *Үлгілілік, өнегелілік.* Романдардың ~ жағы басым.

ҒИБРАТХАНА *Кесене, мавзолей.* Әулиеата мазарымен іргелес шағын ~ тұр.

ҒИМАРАТ *Сәулетті құрылыс.* Құрылыс өнерінің соңғы үлгісімен салынған әсем ~ айрықша безендірілген.

ҒИНАЯТ *көне. Жақсылық, рақым, қайырым.* ***Ғинаят*** тіле құдайдан (Қыз Жібек).

ҒОЙ *Демеулік шылау.* Айттым ~, келе ~.

ҒҰЛАМА *Асқан ой иесі, оқымысты, ғалым.* Әл-Фараби Аристотельден кейінгі ірі ***ғұлама*** (Дүйсенов).

ҒҰЛАМАЛЫҚ *Ғалымға тән ізгі қасиет.*

ҒҰРЛЫМ *Сияқты, секілді, тәрізді.* Бала ~ болмады, кісі ~ көрмеді.

ҒҰРПЫНША *Рәсімінше, салтынша, әдетінше.*

ҒҰРЫП *Салт, дәстүр, әдет.* Халықтық ~ты берік сақтау борышымыз.

ҒҰРЫПТЫҚ *Ғұрыпқа тән қасиет.* ~ тәрбие.

ҒҰРЫПШЫЛ *Әдет сақтағыш, дәстүршіл.* ~ қыз.

ҒЫЛЫМ *Табиғат пен қоғамның даму заңдылығы туралы білім жүйесі және сол ғылымның белгілі бір тарауы, саласы.* Жаратылыстану ~ы,

филология ~ы, математика ~ы. □ **Ғылым бақты** — *ғылымның соңына түсті, ізденді.* **Ғылым ордасы** — *ғылым-білім ошағы.*

ҒЫЛЫМ-БІЛІМ *Ғылым мен білім жиынтығы. Ғылым-білімді* әуел бастан бала өзі ізденп таппайды (Абай).

ҒЫЛЫМДЫ *Көп оқыған, білімдар.* Арманым — Аббас ағадай *ғылымды* болу (Әбілев).

ҒЫЛЫМДЫҚ *Ғылымға тән қасиет.* ~ мәні, ~ маңызы.

ҒЫЛЫМИ 1. *Ғылымға қатысты, соған тән.* ~ мекеме, ~ қызметкер, ~ жаңалық. 2. *Ғылым принципіне негізделген, ғылым жолымен дәлелденген.* ~ теория, ~ ойлау, ~ таным. □ **Ғылыми атақ** — *ғылымның белгілі бір саласындағы еңбегі үшін берілетін ғалымдық лауазым.* **Ғылыми дәреже** — *белгілі ғылым саласын зерттеп мамандануышға берілетін ғылыми дәреже.* **Ғылыми кеңес** — *жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу мекемесі жұмыстарының негізгі бағыттарын қарайтын ұйым.*

ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ *Ғылыми зерттеуге қатысты.* ~ жұмысы, ~ институты.

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК *Ғылым мен техниканың жетістіктерін ұғымды етіп таныстыратын.* ~ әдебиет, ~ кинофильм.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ *Техника ғылымы саласына қатысты.* ~ әдебиет. □ **Ғылыми-техникалық прогресс** — *ғылым мен техника саласындағы алға басу.* **Ғылыми-техникалық революция** — *ғылымды қоғамдық өндірісті дамытудың жетекші факторына, нақты өндіргіш күштің өзіне айналдыру негізінде өндіргіш күштерді, тұбегейлі өзгерту, сапалық жағынан қайта құру.*

ҒЫЛЫМИ-ФАНТАСТИКАЛЫҚ *Ғылыми фантастикаға қатысты.* ~ роман, ~ фильм.

ҒЫЛЫМПАЗ *Көп оқыған, білімді адам. Ғылымпаз* өсті елімде білімділер (Кенен).

ҒЫШ-ҒЫШ *Жылқы малын суарғанда айтылатын ишарат сөз.* Ол *"ғыш-ғыш"* деп қалып еді, ат дік етіп орнынан ұшып тұра келді (Есенжанов).

Д

ДА 1. *Сөз бен сөзді немесе сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық шылау.* 2. *Салыстыра айту үшін жұмсалатын шылау.* Құлмамбет, сен жақсы *да,* мен жаман ба? (Жамбыл). 3. *Сөйлеушінің сөзін, пікірін күшейту үшін қолданылатын шылау.* Дәрмен мен Мәкен ісі Абайды *да* әлекке салған (М. Әуезов). 4. *Күшейтпелі мағына беруге қолданылатын шылау.* Сонда ~, тағы ~, қашан ~.

ДАБДЫРА *Абыржу, сасқалақтау.* Ол сасқалақтап, ~п қалды.

ДАБДЫРЛА *Дабдырау, даурығу.* Әбдіраш үйге *дабдырлап* сөйлеп кірді (Дүзенов).

ДАБЫ *Тығыздау тоқылған ақшыл мата.* ~ дамбал, ақ көйлек киген.

ДАБЫЛ I 1. *Жорықта сарбаздарды, жұртты бір жерге жию үшін, саяткершілікте аңды үркіту үшін пайдаланатын дүңгіршек аспап.* Алғашқы ~мен үйлерін жықты. 2. *Ауыс. Дақпырт, дабыс.* Сүржебенің атақ, ~ы елге тез тараған. □ **Дабыл болды** — *тірткі, себеп болды.* **Дабыл жаңғыртқыш** — *дауысты күшейтуге арналған құрал.* **Дабыл жарғағы** *анат.* — *сыртқы есту жолын ішкі құлақ құрылысынан бөліп тұратын жұқа, серіппелі зат.* ◊ **Дабыл қақты [ұрды]** — а) *дабыл соқты, дабылдатты;* ә) *хабар берді, жар салды.* **Дабылы жер жарды** — *атақ-даңқы шартарапқа жайылды.*

ДАБЫЛ II *муз. Екі жақ беті көн терімен қапталып, саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап.* Дәулеткерей-сыбызғы, домбыра, *дабыл,* қобыздан шағын ансамбль де құрған адам.

ДАБЫЛДА 1. *Жар салу, дабыл қағу, ұндеу.* Отан ~п шақырды. 2. *Қаңғыр-күңгір дыбыс шығару, дабырлау.* Көп кісі ~п үн шығарды.

ДАБЫЛДЫ *Дабыр-дүбірге толы.* ~ дүбір, ~ үн, ~ күндер.

ДАБЫЛПАЗ *Дабыл қағушы, дабылшы. Дабылпаз* шабуылға шақырды ма? (Бекхожин).

ДАБЫЛХАТ *Жұмыс бабындағы тиісті орындарға берілетін хабар; сигнал.*

ДАБЫЛШЫ *Дабыл ұрушы, дабыл қағушы, дабылпаз.*

ДАБЫР 1. *Даң-дүң, у-шу дыбыс.* Есік алдындағы ~ды естіп жүгіріп шықтық. 2. *Ауыс. Атақ, даңқ, дабыс. Дабыры* талай жерге естілген (Өзиев).

ДАБЫРА I *Даурықпа сөз, дақпырт.* Айқай-шу, *дабырамен* ақ тақырды басымызға көтереміз (Қанахин). ◊ **Дабыра болды** — *жария болды, әйгіленді.* **Дабыра етпеді [қылмады]** — *сыр шашпады, жұртқа жаймады.*

ДАБЫРА II *муз. Ұрып ойнайтын музыкалық аспап.*

ДАБЫРАЙ *Дардию, даурығу.* Өткел деген *дабырайған* аты ғана (Нұрманов).

ДАБЫРАЙТ *Дардиту, көтере, өсіре айту.* Әлдебір жасалып жатқан жұмыстарды *дабырайта* айтты (Тоқмырзин).

ДАБЫРАЛА *Дабыра қылу, жариялау.* Бұл сөзді ешқайда ~мау керек.

ДАБЫРАЛЫ *Дабырайған, дардиған.* ~ ат, ~ орта.

ДАБЫРАСЫЗ *У-шусыз, дабырсыз.* Бұл шаралар *дабырасыз,* дақпыртсыз өтіп жатыр (Әбдіразақов).

ДАБЫР-ДАБЫР *Қаңғыр-күңгір, дабыр-дүбір.* Жұрт *дабыр-дабыр* сөйлесіп үйді-үйіне қайтты (Бақбергенов).

ДАБЫР-ДҮБІР *Даң-дүң, дабыр-дабыр.* Сырттан *дабыр-дүбір* айқай естілді (Тоқтаров).

ДАБЫРЛА *Улап-шулау, даурығу.* Олар шұбатылып, *дабырлап* келе жатты (М. Әуезов).

ДАБЫРЛЫ *Дабыр-дүбірі көп, у-шуы мол.* ~ сөз, ~ жиын.

ДАБЫС 1. *Дауыс, ұн.* ~ы тау суындай сылдырлайды. 2. *Атақ, даңқ, абырой. Дабысыңды* естіп қуанып жатамыз (Досжанов). □ **Дабыс берді** — *дыбыстап ұн шығарды.* ◊ **Дабысы жер жарды** — *атақ-даңқы елге жайылды, әйгіленді.*

ДАБЫСТА *Үн шығарып, дауыстау.* Тысқа шық, айғайлап **дабыста** (М. Әуезов).

ДАБЫСТЫ *Даңқты, атақты. Дабысты* жүйрік Жамбылым (Жамбыл).

ДАҒАЛАҢ *Егіз туған ешкінің соңғы лағы.*

ДАҒАР *Астық салуға арналған үлкен қап.* Бір ~ бидай алдық.

ДАҒАРА I 1. *Бір центнердей астық сиятын үлкен қанар.* Үлкен ~ астықты өгізге артты. 2. *Рабайсыз үлкен, ебедейсіз.* ~ бөрік, ~ сәлде.

ДАҒАРА II *Кір жуатын леген, шылапшын. Дағарасын* салдыратып, түнде келіншекті қалаға кіргізді ("Мың бір түн").

ДАҒАРАДАЙ *Абажадай, өте үлкен.* ~ ақ күндік, ~ мүйіз, ~ сеңсең бөрік.

ДАҒДАР *Не істерін білмей дал болу, абыржу.* Екі жағы да аз ғана ***дағдарғандай*** еді (М. Әуезов).

ДАҒДАРУШЫЛЫҚ *Не істерін білмей дал болушылық, абыржушылық.* Елеместің жүзіндегі ***дағдарушылық*** жоғалды (Ерубаев).

ДАҒДАРЫС 1. *Дағдарушылық, не істерін білмей абыржушылық, сасушылық* Онда аңырған, аң-таң ***дағдарыс*** бар (М. Әуезов). 2. *Тығырыққа тірелушілік, қиыншылық.* Керейдің болыс-билері ***дағдарысқа*** ұшырады (Ғ. Мүсірепов). 3. *экон. Тауарды артық өндіріп шығынға бату салдарынан экономикалық өмірдің құлдырап, жұмыссыздық пайда болып, күйзеліске ұшыраушылық.*

ДАҒДАРЫСТЫ: дағдарысты ахуал (*саяс.*) — *тұйыққа тірелген жағдай.*

ДАҒДЫ *Қалыпты әдет, машық.* Арық сөйлеп, семіз шығатын ~сы ғой. □ **Дағдыға айналды** — *әдетке сіңді, машықтанды.* **Дағды алды** — *үйренді, көндікті.* **Дағды бойынша** — *жайшылықтағыдай, әдеттегіше.* **Дағдыдан тыс** — *ерекше, өзгеше.*

ДАҒДЫЛАН *Әдетке айналу, машықтану, үйрену.* Балалар ***дағдыланып*** қалған жұмыстарына қайта кірісті (Өмірбеков).

ДАҒДЫЛЫ 1. *Үйреншікті, машықты, әдетті.* ~ іс, ~ жол, ~ қалып. 2. *Тәжірибелі, қанығы, әккі.* ~ аңшы, ~ шопан.

ДАҒДЫСЫНША *Әдетінше, қалпынша.* Ақылбай өз ***дағдысынша*** баяу, жай сөйледі (М. Әуезов).

ДАҒУА *көне.* 1. *Уәж, дау, талас.* Сізге бес түрлі ***дағуа*** айтуға рұхсат етіңіз (М. Әуезов). 2. *Атақ, даңқ, дәреже.* Ол да ишандық ***дағуа*** құрды (С. Мұқанов). 3. *Мақсат, талап, іс-әрекет.* Рас, бұл жас дәуреннің ~сы.

ДАҒЫ *Демеулік шылау.* Туған жер, мен-***дағы*** бір түлегіңмін (Асылбеков).

ДАҒЫРА *муз. Барабан тектес ұрып-қағып ойнайтын аспап.*

ДАЙ-ДАЙ: дай-дай болды — *жақ-жақ болды, жік-жікке бөлінді.*

ДАЙРАҚТА: дайрақтай шапты — *тұс-тұстан андағайлап шапты.*

ДАЙЫН *Даяр, әзір.* Ана ұрпағы үшін отқа да, суға да түсуге ~.

ДАЙЫНДА 1. *Қамдау, әзірлеу, реттеу.* Ауыл адамдары ат ***дайындауға*** кірісті (Алтайбаев). 2. *Шикі затты, өнімді жинау, сұрыптау, өңдеу.* Шөпшілер ~ған сүрлемін шотқа салды. 3. *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке баулу, үйрету.* Мен мұғалімдер ~йтын институтта оқыдым.

ДАЙЫНДАУШЫ *Жинаушы, даярлаушы (заготовитель).* Есенбайды Зайсанға ***дайындаушы*** етіп қызметке жіберді (Бекетаев).

ДАЙЫНДЫҚ 1. *Белгілі бір шаруаға әзірлік, қам жасаушылық.* Балжан баласының ***дайындық*** қамына кірісті (Түрлыбаев). 2. *театр. Жаттығу процесі; репетиция.* Театрдағы ***дайындықтан*** тертер боп келдім (Қабанбаев).

ДАЙЫНСЫЗ *Берекесіз, шалағай.* Сендей ~ адамды көргенім осы.

ДАКТИЛОЛОГИЯ *Мылқау-саңыраулардың ымдап сөйлесетін саусақ әліппесі.*

ДАКТИЛОСКОПИЯ *заң. Қылмыстыларды іздеу мақсатымен саусақтардың бедерін зерттейтін криминалистика ғылымының бір бөлігі.*

ДАҚ I 1. *Денеге түскен таңба, белгі.* Бетінде шешек ~тары бар. 2. *Киімнің, не басқа бір заттың былғанған жерінде қалған тап.* Қанжығасында қанның ~ғы тұр. Көйлегінде шарап ~ғы бар. 3. *Ауыс. Уайым-қайғының жарасы, реніш, қасірет.* Адал ниетке Айнұр ~ түсірді. ◊ **Дақ салды [түсірді]** — *а) бұлдірді, айғыздады; ә) атына кір келтірді.*

ДАҚ II *Дәл, нақ, тура, нағыз.* ~ бүгін, ~ енді, ~ соған ұқсайды.

ДАҚ III *көне. Ой, ақыл.* Патша мұны естіп қалды ***дақұа,*** Ақыл мен ой жіберіп әр тарапқа (Базар жырау).

ДАҚ-ДАҚ: дақ-дақ басты — *тық-тық басты.*

ДАҚПА-ДАҚ *Нақпа-нақ, дәлме-дәл, тұп-тура.* Аяғын ~ басты, ~ анық сөйледі.

ДАҚПА-ДАҚТАП *Тәптіштеп, нақтылап.* ~ сөйледі, ~ оқыды.

ДАҚПЫРТ 1. *Алып қашты даурықпа сөз, өсекаяң.* Ел ішінде ~ сөз желдей гуледі. 2. *Атақ, даңқ.* Ел ішін Еламанның ***дақпыртты*** алып барады (Ә. Нұрпейісов).

ДАҚПЫРТСЫЗ *У-шусыз, даурықпасыз.* ~ дайындықтар.

ДАҚПЫРТТА *Жариялау, әйгілеу, болымсыз істі өсіре жариялау.* Ол көрген-білгенін ~п айтып жүреді.

ДАҚПЫРТТЫ *Атақты, әйгілі.* ~ әншілер.

ДАҚСЫЗ *Таза, кірсіз.* ~ ақ дастархан, ~ киімкешек.

ДАҚТАН *Теңбіл-теңбіл болып дақ түсу.*

ДАҚЫЛ *Дәнді астық пен дәнді өсімдіктердің жалпы атауы.* Дәнді ~, бақша ~дары, техникалық ~.

ДАЛ *Не қыларын білмей дағдарған, дел-сал.* Ісіңе осы еткен, балам, ***далмын*** (Ізтілеуов). ◊ **Дал болды** — *басы қатты, мәңгірді.* **Дал қылды** — *дағдартты, әрі-сәрі етті.*

ДАЛА 1. *Кең байтақ жазық өңір, құла дүз. Сусыз шөл дала.* Елсіз ~. 2. *Есік алды, тыс. Далаға* шықса, дауыл әлі тынбапты (Қаназов). 3. *Ауылды жер, қыр.* □ **Дала қосы** — *науқан кезіндегі уақытша баспана.* **Дала почтасы** — *әскери бөлімнің далаң жердегі почтасы.* ◊ **Далаға айтты** — *сөзі зая кетті.* **Далаға тастады** — а) *қараусыз қалдырды, қадірлемеді;* ә) *керексіз етті.* Далада қалды — а) *ешкімге қажеті болмады;* ә) *шаңына да ілеспеді, маңайламады.* Даланы басына көтерді — *қатты сөйлеп даурықты.*

ДАЛАДАЙ 1. *Кең байтақ жазықтай.* 2. *Рабайсыз үлкен, кең.* ~ үй, ~ бөлме; омырауы ~.

ДАЛА-ДАЛА *Сау-тамтығы жоқ, быт-шыт, пәре-пәре.* Баланың бет-аузы ~. ◊ **Дала-даласын шығарды** — *парша-парша қылды.*

ДАЛАҚ *Үлкен алаша.* Алты қанат ақ үйдің ішіне ~ төселді.

ДАЛАҚ-ДАЛАҚ: далақ-далақ етті — *етегі жалп-жалп етіп жүгірді.*

ДАЛАҚТА 1. *Алды-артына қарамастан бей-берекет шабу.* Біреу ***далақтап*** шауып келе жатыр (Тоқмағамбетов). 2. *Киімнің етек-жеңінің алқа-салқасы шығуы.* Плащының екі етегі ***далақтап*** Андрей шықты (Еркебаев). 3. *Ауыс. Жан-тәні қалмай елпелектеу, жалпаңдау.* Бірекең ***далақтап*** қонақтарға сый-құрмет көрсетті (Әлімқұлов).

ДАЛАҚТАЙ *Үлкен, кең, мол.* ~ көйлек, ~ бөлме, ~ қоныш.

ДАЛАЛЫ *Жазық, кең жерге орналасқан, жері мол, үлкен.* Кең ***далалы,*** кең бейілді қазақпыз (Аманжолов).

ДАЛАЛЫҚ *Далаға тән.* ~ аудан, ~ жағдай. □ **Далалық госпиталь** — *әскери емхана.* **Далалық почта** — *әскери бөлімнің шартты адресі.* **Далалық сот** — *армияда әскери тәртіпті бұзып қылмыс жасаған солдаттарды соттайтын орын.*

ДАЛАН *Қалыңдау етіп тоқылған ақ мата.*

ДАЛАҢ *Иесіз жер, иен дала.* Батальон ашық ***далаңға*** шықты (Ахтанов).

ДАЛАҢБАЙ *қарап. Істің жөнін білмейтін парықсыз.* Бәрі бос ~.

ДАЛАҢДА 1. *Далаң-далаң ету, далақтау.* Пальтосының етегі екі жаққа ~п барады. 2. *Ауыс. Алды-артын ойламай, болмашыға мәз болу.* Асанәлі қарқ-қарқ күліп, ***далаңдап*** өз-өзімен мәз (Құмарова).

ДАЛАҢҚАЙ *Жазық, ашық жер. Далаңқайда* даурыққан шөпшілердің үні естіледі (Сматаев).

ДАЛАҢҚЫЛАУ *Жазықтау, ашықтау.* ~ жер, ~ бет.

ДАЛАП *Әдемілік, сәндік үшін ерінге, бетке жағатын майлы қызыл бояу.*

ДАЛАПТА *Далаппен бояу, әдемілеу.* Еріндерін ~ған әйел есік алдында тұр.

ДАЛАПТАЙ *Далап секілді қып-қызыл.* ~ бет, ~ ерін.

ДАЛАШЫҚ *Шағын ғана жазықтық.* Сол ***далашық*** Дәркембайдың ата қоныс мекені болатын (М. Әуезов).

ДАЛБА: далба ауыз — *далиған, үлкен ауыз.*

ДАЛБАҒАЙ *көне. Күннен, жауын-шашыннан қорғану үшін киетін жадағай бас киім, жалбағай.*

ДАЛБА-ДҰЛБА *Жұлма-жұлма, өрім-өрім, пәре-пәре.* Үсті-басы қан, киімі ~.

ДАЛБАЙ 1. *кәсіб. Бітеу сойылған аң терісі; тұлып.* 2. *Ауыс. Орынсыз бос дәлел, сылтау.* Даудың ***далбайы*** — Жиенқұлдың жесір әйелі Ділдаш (С. Мұқанов).

ДАЛБАҚ *Үлкен, ірі, бейімсіз, далп-далп еткен; далбаңдаған.* ~ желіс, баяғы ~ қалпы. ◊ **Далбақ қақты** — а) *құс қанатын сабалап, ұшуға талпынды;* ә) *киімнің шалғайы жиналмай, далпылдады.*

ДАЛБАҚТА 1. *Далп-далп ету, далбаңдау.* Қара құс далбақтап төмен ұшты (Дүзенов). 2. *Ауыс. Қалбалақтап босқа мәз болу.* — Япыр-ай, құр ***далбақтап*** жетіп келіппіз! (Бердіқұлов).

ДАЛБАЛАҚТА *Дегбірі қалмай асып-сасу, қалбалақтау.* Қалима ***далбалақтап,*** үйге бір кіреді, бір шығады (Тоқтаров).

ДАЛБАЛАН *Пәре-пәресі шығып жыртылу. Далбаланған* шапанын серпіп тастап желпінеді (Бегалин).

ДАЛБАҢ: далбаң етті [қақты] — *далбаңдады, далп етті.*

ДАЛБАҢДА *Далбаң қағу, далбақтау. Далбаңдап* сайға қарай мен де жүгірдім (Шәкібаев).

ДАЛБАҢ-ДАЛБАҢ: далбаң-далбаң етті — *далп-далп етті, далбаңдады.*

ДАЛБАСА *Болмас іске әуре болушылық, бос әурешілік, әбігершілік.* Мынауың ~ іс қой.

ДАЛБАСАЛА 1. *Амалдап, айлалап әрекет істеу, тырбану, тырысу. Далбасалап* егін салып жатыр (Жансүгіров). 2. *Сылтаурату, алдарқату. Далбасаламай* турасына көш. 3. *Ептеп-септеп.* Өлмешінің күні, әйтеуір ***далбасалап*** жүріп жатыр.

ДАЛБАСАЛЫҚ *Болмас іске әуре болушылық, бос әурешілік.*

ДАЛДА 1. *Жасырын, таса жер, қаға беріс, қалтарыс.* Бір ***далдаға*** атты бекітіп тастады (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Медеу, сүйеніш, тірек.* Қасында атасының отырғаны да үлкен ***далда*** екен (Қ. Ысқақов).

ДАЛ-ДАЛ *Өрім-өрім, пәре-пәре, быт-шыт.* Қолдарына түскен кітап атаулыны ***дал-дал*** айырып жатты (М. Әуезов). ◊ **Дал-дал қылды** — *быт-шыт етті, талқандады.* **Дал-далын шығарды** — *ойрандады, быт-шыт етті.*

ДАЛДАЛА *Бір нәрсені тасалап жасыру, қалқалау, көлегейлеу.* Үйдің бер жағын ақ шимен ***далдалап*** қойған екен (Аманшин).

ДАЛДАЛДА *Амалдау, айлалау.* — Ал, ***далдалдап*** тарта бер (М. Әуезов).

ДАЛДАЛЫ *Бой тасалайтын қалқалы, қалтарысты. Далдалы* ойпаң тауып алды да, Құмар ұзақ отырды (А. Нұрманов).

ДАЛДАҢДА *Қақпай көрмей өсу; шолжаңдау.* Әкенің оң жағында ***далдаңдап*** жүрдім (С. Мұқанов).

ДАЛ-ДҰЛ *Пәре-пәре, дал-дал, быт-шыт.* Түтқындардың өне бойы ***дал-дұл*** (Жансүгіров).

ДАЛИ 1. *Кең жайылу, созылып жату.* ~ып жатқан кең дала. 2. *Бір нәрсенің өте кең, үлкен болуы.* ~ған төрт бөлмелі үй. 3. *Ауыс. Көңілі шалқу, масаттану.* Әке-шешең қызым оқып жатыр деп ***далиып*** жүр ғой (Мекебаев).

ДАЛП: далп етті — *далпылдады, жалпылдады.*

ДАЛПЫЛДА 1. *Далбаң-далбаң ету, далақтау.* Күн батқанша шабамын, Әрлі-берлі ***далпылдап*** (Абай). 2. *Құстың қанатын сабалап ұшуға әрекет жасауы.* Жігіт қанаты ~п жатқан бүркітті ұстап алды.

ДАЛПЫЛДАҚ *Далп-далп еткен, далпылдаған.* Даланың ~ қара құсы.

ДАМБАЛ *Шалбар ішінен киетін жұқа іш киім.* Шалбар ішінде ~ы бар еді.

ДАМБАЛШАҢ *Шалбар кимей, дамбалмен жүрген адам.* Мергенбай жарықтық қыста да ***дамбалшаң*** жүре беруші еді.

ДАМЫ 1. *Қарқындап өсу, өркендеу.* Өмір ілгері ~иды. 2. *Қалыптасу, жетілу.* Зеректік әр адамда әр түрлі ~иды.

ДАМЫЛ 1. *Тыныштық, тыным,* Мен сорда жастан бері ***дамыл*** бар ма (Торайғыров). 2. *Үзіліс.* ◊ **Дамыл алды** — *дем алды, тыныстады.* Дамыл

бермеді — *мазасын алды, мазалады.* Дамыл көрмеді — *тыныс таппады.* Дамыл таппады — *жаны қалмады, тыныштық көрмеді.*

ДАМЫЛДА *Дем алу, тыныгу, тыныстау.* Көл жағасында ~дық.

ДАМЫЛ-ДАМЫЛ *Мезгіл-мезгіл, қайта-қайта.* ~ далаға шығады.

ДАМЫЛСЫЗ *Үздіксіз, толассыз, тынымсыз.* ~ шұбаған ел, ~ соққан боран.

ДАМЫЛСЫЗДАН *Тағатсыздану, шыдамсыздану.* Ол ~а берді.

ДАНА I 1. *Кемеңгер, ақылды, данышпан.* Басшысы *дана* болса, ел гүлдейді (Бердин). 2. *Білгіш, ақылды адам.* Білімді болғың келсе, *дананың* айтқанын тыңда (Мақал). □ **Дана сөз** — *өнегелі, үлгілі сөз.*

ДАНА II *Бір тектес, бір түрлі заттардың сан мөлшері, дара саны.* Мынаны үш *дана* етіп басыңыз (Хасенов).

ДАНАГӨЙ *Болашақты болжай білетін ақылшы.* ~ асыл азамат.

ДАНАЛЫҚ 1. *Кемеңгерлік, данышпандық.* □ **Даналық сөз** — *тәлімдік мәні бар нақыл сөз.*

ДАНАСЫН *Білгішсіну, өзін ақылды санау.* Көп оқыған азаматтардың *данасынып* сөйлегені оғаш саналмаушы еді ("Халық мұғ.").

ДАНДАЙСУШЫЛЫҚ *Табысқа бас айналып асыптасушылық, масаттанушылық.* ~қа жол берілмейді.

ДАНДАЙСЫ *Кеудесіне нан пісіп, әлдеқандай болу, асып-тасу.* Әркім ~май, өзін бірқалыпты ұстауға міндетті.

ДАНДАН 1. *Пілдің сүйегі.* Хиуа алып түрікменнен арғымақты, Орнына берген қылыш *дандан* сапты (Қожаберген жырау). 2. *Піл сүйегінен жасалған тарақ.* Шашын *данданмен* тараған (Ер Тарғын).

ДАНЫШПАН *Ақыл-білімі асқан ойшыл адам.* Абай — *данышпанның* ~ы.

ДАНЫШПАНДЫҚ *Данышпанға тән қасиет, кемеңгерлік.*

ДАНЫШПАНСЫ *Көп білгенсу, көсемсіну.*

ДАҢ *Айғай-ұйғай, у-шу.* Айғай-ұйғай, *даңды* көрдім (Торайғыров). □ **Даң болды [етті, қылды]** — басы қатты, аңырады.

ДАҢҒАЗА *Даурықпа, лепірме.* ~ адам, ~ мақтау. □ **Даңғаза дабыл** — *қатарынан бірнеше құс салатын саятшылық түрі.*

ДАҢҒАЗАЛЫҚ *Улап-шулап басына көтерушілік, даурығушылық.* Даңғойлық пен *даңғазалыққа* Мұқанның жұлдызы қарсы еді (Әлімбаев).

ДАҢҒАЙЫР 1. *Өз ісіне шебер, ерен жүйрік, жетік, білгір.* ~ ақын, шопан. 2. *Даңғаза, лепірме, желікпе, даңғой, даукес.*

ДАҢҒОЙ *Есер, әулекі, мақтаншақ.* Сержанның менмендік ~лығы әлі де қалмапты.

ДАҢҒОЙЛАН *Есерсоқтану, әулекілену, бос мақтану.* Шаруа ойла, *Даңғойланып* қақтықпа (Абай).

ДАҢҒОЙЛАУ *Есерсоқтау, есерлеу.* ~ кісі.

ДАҢҒОЙЛЫҚ *Есерлік, желікпелік.* Оның ~қа жаны қас.

ДАҢҒЫЛ 1. *Сайрап жатқан, бір тегіс.* ~ сүрлеу болып қалған. 2. *Кең, ұзын көше; проспект.* Абылай хан ~ында тұрамын. ◊ **Даңғыл жол** — а) *кең, тегіс жол;* ә) *айқын бағыт.*

ДАҢҒЫЛАН *Даурығу, желігу, есерсоқтану. Даңғыланбай* шаруа жи (Үш ғасыр).

ДАҢҒЫР *Іші қуыс заттың басқа нәрсеге соғылуынан шығатын қаңғыр-күңгір дыбыс.* Кернейдің *даңғыры* да естілді (Алтайбаев).

ДАҢҒЫРА I *муз. Қазақтың қағып ойнайтын дыбысы күшті музыкалық аспабы.*

ДАҢҒЫРА II *Күмбірлеу, саңғырлау.* ~ған кең екі бөлме. ◊ **Даңғыраған жол** — *сайрап жатқан даңғыл жол.*

ДАҢҒЫРАҚ *Даңғыр-дүңгір, даңғырлаған.* Ол *даңғырақ* аспаптарды менсінбейді (Т. Әлімқұлов).

ДАҢҒЫР-ДҮҢҒЫР *Даң-дың, қаңғыр-күңгір.* ~ дыбыс, ~ болды да қалды.

ДАҢҒЫРЛА 1. *Даңғыр-дүңгыр; салдыр-гүлдір ету.* ~й құлап түсті. 2. *Дауысты көтеріңкіреп қатты сөйлеу.* Керең адамдай ~п сөйлейді.

ДАҢҒЫРЛАҚ *Даңғыр-дүңгыр еткен, қаңғырлақ, даңғырлақ.* ~ қуыс бөшке.

ДАҢ-ДҮҢ *Қаңғыр-күңгір, шаң-шың.* Боз көлдің айналасы қиқу, *даң-дың* (Талжанов).

ДАҢҚ *Абырой-атақ; абырой.* Адам деген *даңқым* бар (Абай). □ **Даңқ мемориалы** — *белгілі бір тарихи уақиғаға не атақты адамға арнап қойылған ескерткіш тақта.* **Даңқ ордені** — *соғыста көрсетілген батырлығы үшін берілген орденнің түрі.* **Даңққа бөленді** — *құрметке ие болды.* **Даңқы асты [артты]** — *мәртебесі өсті.* **Даңқы жер жарды** — *атағы шықты.* **Даңқы шықты** — *атағы жайылды.*

ДАҢҚҚОЙ *Даңқшыл, атаққұмар.* ~ — жағымсыз қылықтардың бірі.

ДАҢҚҚОЙЛЫҚ *Даңққұмарлық, атаққұмарлық, мансапқорлық.* Ол ~ғымен даңқы шыққан адам.

ДАҢҚТЫ *Көпке аты жайылған, атақты, әйгілі. Даңқты* ақындарымыздың бірі — Сәкен Сейфуллин (Қирабаев).

ДАҢЫЛДА *Даңғырлап қатты дауыс шығару.* Айткүл *даңылдап* сөйлеп шықты (Жұмаханов).

ДАП *муз. Үйғыр, азербайжан, армян халықтарының ұрып-қағып ойнайтын музыкалық аспабы.*

ДАП-ДАЙЫН *Дап-даяр, әп-әзір.* Атақ өздігінен ~ келе қоймайды.

ДАП-ДАРДАЙ *Әжептәуір, үп-үлкен, ересек.* ~ жігіт, ~ азамат.

ДАР *Адам мойнына арқан, жіп салып, асып өлтіру үшін құрылған қос бағаналы ағаш.* □ **Дарға асты [тартты]** — *дар ағашқа асып өлтірді.*

ДАР: дар айырды — *киімді не матаны қақ айырып жыртты.* ◊ **Дар етті** — а) *қақ айырылып жыртылды;* ә) *гүр еткен дыбыс шықты.*

ДАРА 1. *Оңаша, жеке, оқшау.* Бұлдағы бір жан екен жүрген *дара* (Бердин). 2. *Жалғыз, сыңар.* Қаздар тізбегінің біріне Пірзада *дара* оқ шығарды (Бектұрғанов). 3. *Ауыс. Басқадан артық, ерекше, өзгеше.* Абай ~ шыққан ақын. □ **Дара жарнақты** — *тұқымы жалғыз жарнақтан тұратын.* **Жеке дара** — *үздік, озық.*

ДАРА-ДАРА *Жеке-жеке, оқшау-оқшау, бөлек-бөлек.*

ДАРАҚ *Биік өскен, үлкен ағаш.* Тал өсіп *дарақ* болады (Бақбергенов).

ДАРАҚТА *Далаңдау, дараңдау.* Сен осы бекерге *дарақтайсың* (Бөриев).

ДАРАҚЫ *Алды-артын байқамайтын, мақтаншақ, тыраш, әумесер, даңғой.* Қалжыңшыл болам деп, *дарақы* болған түрі бар (Ғ. Мұстафин).

ДАРАҚЫЛАН *Әумесерлену, даңғойлану.* Ұлықтың алдында *дарақыланатын* адам Итбай емес (С. Мұқанов).

ДАРАҚЫЛАУ *Мақтаншақтау, әумесерлеу.* Барықсыз, *дарақылау,* бойы бұлғаң (Торайғыров).

ДАРАҚЫЛЫҚ *Есерсоқтық, әуегейлік, әумесерлік, тыраштық.* Құлын сойғанын *дарақылық* десті (Бегалин).

ДАРАЛА 1. *Бір-бірлеп бөлу, жекелеу.* ~п санады, бөлді. 2. *Өзгеден ерекшелеу, оқшаулау, өзгешелеу.* Жібек мінезі өзге қыздардан ~п тұрады.

ДАРАЛЫҚ 1. *Жалғыздық, жалқылық.* ~ өмір. 2. *Ерекшелік, өзгешелік.* Дарынның *даралығы* — даналығы (Мақал).

ДАРАҢДА *Дарақтау, елпең қағу.* Жеңгем қашан көрсең *дараңдап* жүретін еді (Ахметбеков).

ДАРАШЫЛ *Көпшіл емес, өзімшіл.* Үй шаруасынан босатылған бала *дарашыл* болып өседі (Семья тәрбиесі).

ДАРАШЫЛДАУ *Өзімшілдеу, тәкаппарлау.* Әкем *дарашылдау* адам еді (Көбеев).

ДАРАШЫЛДЫҚ *Томаға-тұйықтық, менменшілдік, өзімшілдік.* Теріс тәрбие — ~қа әкеп соқтырады.

ДАРБАЗА *Мекен-жайдың, қораның үлкен қақпасы.* ◊ Дарбаза ауыз — *далиған үлкен ауыз.*

ДАРБАЗАЛЫ *Дарбазасы бар, дарбаза орнатқан.* ~ кірпіш үй.

ДАРБАЗАШЫ *Қақпа күзетшісі.*

ДАРБАҚТА *Далбаңдау, жарбаңдау.* Қойбағар *дарбақтап* шауып жетті (Есенжанов).

ДАРБАҢДА *Далбаң-далбаң ету, қорбаңдау.* Жапалақ ~п ұшып кетті.

ДАРВИНИЗМ *Тірі табиғат дамуының заңдары жөніндегі ілім.*

ДАРДАЙ *Үп-үлкен, соқталдай, бақандай.* ~ *азамат,* ~ жігіт. ◊ Дардай болды — а) *масаттанып әлдеқандай болды;* ә) *көңілі көтеріліп риза болды.* Дардай етті [қылды] — *болмашыны үлкейтіп көтермелеп көрсетті.*

ДАРДАЙСЫ *Үлкен болғансу, кісімсу, әлдеқандай болу.* Одан сайын ~ды.

ДАРДАҢ *Бетімен өскен дәлдің, шолжың.* Жаманның ләззаты жоқ, сөзі *дардаң* (Шұғыла).

ДАРДАҢ: дардаң-дардаң етті — *дарақыланды, дарақтады.*

ДАРДАҢДА *Емін-еркінсу, тайраңдау.* Сен кімсің, осыншама *дардаңдайтын* (С. Мұқанов).

ДАР-ДАР *Киімді, матаны, қағазды жыртқан кезде қайталанып шығатын дыбыс.* Жағасы ~ айрылып кетті. Даусы дар-дар етті — *гүр-гүр етіп, дарылдап сөйлейді.*

ДАРДИ *Әлдеқандай болу, масаттану.* Қариялар да *дардиып,* мақтанып қалды (Сатаев).

ДАРИҒА *Шіркін, қайран, әттең.* Қайда екен, қайда *дариға,* сол қыз (Аманжолов).

ДАРИҒА-АЙ *Дүние-ай. шіркін-ай. Дариға-ай,* олар қашан туған жерге жетер екен?

ДАРИЯ 1. *Ені кең, суы мол, терең үлкен өзен. Дарияның* қасынан құдық қазба (Мақал). 2. *Ауыс. Есепсіз көп, қисапсыз мол.* Астық ~сы, білім ~сы. ◊ Дария шалқар көл — *телегей теңіз мол су.* Дария кешті, тау өтті — *қиын-қыстау жол кешті.*

ДАРИЯДАЙ *Дария сияқты ағыл-тегіл.* Көз жасы ~ ақты.

ДАРҚАН 1. *Алаңсыз өмір, кең дүние, еркін, мол, бай.* ~ заман, ~ той, ~ тірлік. 2. *Пейілі кең, жомарт, мырза.* Не деген берекелі ед, *дарқан* елім (Ө. Тұрманжанов).

ДАРҚАНДЫ *Берекелі, кең, мол.* Дастарқан *дарқанды* болса, үй іші де шырайлы (Соқпақбаев).

ДАРҚАНДЫҚ *Жомарттық, кеңдік, байлық.* Еліміздің ~ғын басқа халықтар да біледі.

ДАРҚАНСЫ *Жомартсыну, мырзасыну.* Бәйбіше *дарқансып,* құлдырандап отыр (Жансүгіров).

ДАРҚОҢЫР *зоол. Жабайы үйрек.*

ДАРҚЫЛДАҚ *Құлығы жоқ, ақ көңіл.* Сен аңқаусың, *дарқылдақсың* (Ахтанов).

ДАРПЫЛ *Дарп-дарп еткен дыбыс.*

ДАРУ 1. *Емдік дәрі-дәрмек.* ~ күшімен аурудың беті бері қарады. 2. *Шипа, ем, дауа.* Ауруға қаздың сорпасы ~ болды.

ДАРУ: қыдыр дару — *шарапаты тию.*

ДАРУҒАШЫ *көне. Ханның қаладағы тұрақты әкімі.*

ДАРУЛА *Емдеп-домдап дауалау, жазу.* Басқа түскен қайғыны да *дарулады* (Иманжанов).

ДАРУЛЫҚ *Шипалық, емдік.* Мумиенің ~ қасиеті бар.

ДАРУШЫ *Емші, емдеуші.* Айығар аурудың *дарушысы* өзі келеді (Мақал).

ДАРШЫ *Биікке тартылған арқан үстінде цирк ойынын көрсететін өнерпаз, әртіс.* ~ қолына ұзын сырық алды.

ДАРЫ 1. *Оқтың т. б. қарудың денені зақымдап, жарақаттауы.* Оқ үйрекке ~мады. 2. *Жақсы қасиеттің адам бойынан ерекше орын алуы, өнердің қонуы.* Оған аңшылық ~ған. 3. *Дәрі-дәрмек, ем болу, қону.* Адам біткенге жасаған еміңіз *дари* берсін (Дәрігер мерейі).

ДАРЫЛ *Дар-дар еткен дыбыс, гүріл.* Алыстан трактор ~ы естілді.

ДАРЫЛДА *Дар-дар, гүр-гүр еткен дыбыс шығару, барылдау.* Даусы қарлығып, ~п әзер шығады.

ДАРЫЛДАҚ *Дар-дар еткен, дарылдаған.* Мотордың ~ үні кілт тоқтады.

ДАРЫМШЫ *көне. Ем-дом жасаушы, халық емшісі, тәуіп.* Баяуға Құлжаман деген *дарымшы* дем салып отыр (Жансүгіров).

ДАРЫН *Адам бойындағы ерекше қабілет; талант.* Өнішілік ~, күйшілік ~.

ДАРЫНДЫ *Асқан қабілетті, талантты.* ~ ақын, ~ ғалым, ~ жастар.

ДАРЫНДЫЛЫҚ *Дарыны барлық, қабілеттілік.* Қазақ қызының *дарындылығы* жеткізе көрсетілген (І. Омаров).

ДАРЫНДЫРАҚ *Дарындылау, қабілеттірек.*

ДАРЫНСЫЗ *Қабілетсіз, талантсыз.* ~ ақын, ~ әнші.

ДАСТАН *Әдебиеттегі эпикалық жанр; сюжетті ұзақ жыр, қисса.* "Қыз Жібек" ~ы, "Құралай сұлу" ~ы.

ДАСТАНШЫ *Дастан жазушы, дастанды жатқа айтушы.*

ДАСТАР *көне. Қымбат матадан орап жасалған, сәлдеден өзгеше, дайын күйіндегі бас киім.* Қожа пұлын жіберер *дастарына,* Кісе *дастар* жарасар бастарына ("Үлбике мен Күдері Қожа айтысынан").

ДАСТАРҚАН 1. *Үстіне ас-тағам қою үшін жайылатын қалың мата.* Үстелге ~ жайылды. 2. *Ауыс. Ішіп-жем, дәулет, ризық.* ~ы бұрынғыдан кеміген жоқ. □ **Дастарқан мәзірі** — *ресторан, асханаларда тамақтардың түрі, бағасы көрсетілген тізім, меню.* ◊ **Дастарқан аттады** — *опасыздық жасады.* **Дастарқан байлығын берсін** *(алғ.)* — *ішіп-жемің мол болсын.* **Дастарқан қайырды** — *жақсы тілек айтып, бата берді.* **Дастарқаның жиылмасын** *(алғ.)* — *дәулетің мол болсын.*

ДАСТАРҚАНДАС *Дәмдес, тұздас, табақтас.* ~ жолдасым.

ДАСТАРҚАНДЫ *Қашанда дастарқаны кең, мол, бай, берекелі.*

ДАТ I 1. *Тот.* ~ басқан ескі қылыш. 2. *Бір нәрсеге жұққан кір, дақ.* Металдың ~ы. 3. *Өсімдікте болатын зардап; ауру.* Бал қарағай **дат** ауруына көп ұшырайды (Ахметов). 4. *Ауыс. Күйзеліс, реніш ізі.* Қайғы ~ы кетер емес. 5. *Ауыс. Зіл, кек.* Жаманнан *дат*, жақсыдан ат қалады (Мақал).

ДАТ II *көне. Тілек, өтініш айту мағынасын білдіретін қаратпа сөз.* Кендебай: — *Дат*, тақсыр! — дейді. (Қаз.ертегілері). □ **Дат айтты [алды]** — *тілек айтты.* **Дат сұрады** — *рұқсат сұрады, сөз сұрады.* **Дат етті** — *айтып жария етті; паш етті.* **Даты бар** — *шағынатын арыз сөзі бар.* ◊ **Дат дегізді** — *сан соқтырды, опық жегізді.*

ДАТА *Тарихи маңызы зор оқиғамен байланысты мерзім.*

ДАТҚА *тар. Қоқан мен Бұқар хандықтарындағы полковник дәрежесіне тең жоғарғы лауазым, атақ.* Созақ ~сы, Отырар ~сы.

ДАТТА *Файбаттау, жамандау, өсектеу.* Жаман жүрген жерін **даттап** жүреді (Мақал).

ДАУ 1. *Егес, керіс, жанжал.* Ырыс бақкан *дау* бақпас (Мақал). 2. *тар. Ру ақсақалдарының алдына талас-тартысқа түскен мәселе.* ◊ **Дауға дамай** — *дауға қарсы бірдеме айту.* **Дауға қалды** — *жазықты болды.* **Дау салды [шығарды]** — *шатақ шығарды, жанжалдасты.*

ДАУА 1. *Жанға жағымды шипа, ем.* Ауасы дертке ~. 2. *Амал, айла, лаж.* Асқанға ~ жоқ. ◊ **Дауа бар ма, [болмас]** — *қолдан келер шара жоқ.* **Дауасы жеңіл** — *жарасы жеңіл, бір амалы табылар.*

ДАУАЛАМАҚ: көңілі [жүрегі] дауаламады — *батылы жетпеді, дәті шыдамады.*

ДАУАСЫЗ 1. *Жазылмайтын, ем қонбайтын.* Кәрілік — *дауасыз* дерт, ем қонбайтын (Үш ғасыр). 2. *Лажсыз, шарасыз. Дауасыз* бір пәлеге міне қалдың (Абай).

ДАУГЕР *Даулы істі қуушы, дау иесі.* Семіз сары кісі — Бақтығұлдан мал қуушы ***даугер*** болып шықты (М. Әуезов).

ДАУ-ДАМАЙ *Талас-тартыс, айтыс-тартыс.* Содан үлкен ***дау-дамай*** басталды (О. Сәрсенбаев).

ДАУ-ДАМАЙСЫЗ *Талас-тартыссыз, айтыс-тартыссыз.* Бірінші орынды ~ балуандар жеңіп алды.

ДАУДЫРЛА *Ашық-жарқын саудырлап сөйлеу.* Ол ~п үйге кіріп келді.

ДАУ-ЖАНЖАЛ *Талас-тартыс, ұрыс-керіс.* Қазақтар бұрын ~ шешу үшін биге жүгінген.

ДАУКЕС *Даушыл, дауға жаны құмар.* ~ адам.

ДАУКЕСТІК *Дауласу, даушылдық, жанжалқұмарлық, дауқұмарлық.* ~тен келер пайда жоқ.

ДАУЛА *Біреуден аласысын талап ету; іздену.* Ақы ~ды.

ДАУЛАС 1. *орт. етіс. Даула-с.* 2. *Айтысып-тартысу, жанжалдасу, таласу.* Төбелескен, ***дауласқан*** жанжал, керіс (Абай).

ДАУЛЫ *Таласты, даушарлы.* ~ мал, ~ жер.

ДАУРЫҚ *Дабырлап сөйлеу, лепіру.* Бәрі ~ға дауыстады.

ДАУРЫҚПА *Бос, лепірме, көпірме сөз.* Жұрт дәлелсіз ***даурықпаға*** ере алмайды (Ғ. Мүсірепов).

ДАУСЫЗ 1. *Құмәнсіз, уәжсіз.* "Қилы заман" әдебиетіміздің бедерлі бір шығармасы екені ***даусыз***. 2. *Жанжалсыз, тартыс, дау-дамайсыз.* Ел ***даусыз*** болмайды (Мақал).

ДАУ-ШАР *Талас-тартыс, жанжал-керіс.* Ел арасының ***дау-шарын*** Абай өзі басқарады (М. Әуезов).

ДАУШЫ *Дау қуушы, дауласушы адам. Даушы* жеңер сөзін білсін (Кенен).

ДАУЫЛ *Жауын-шашынды кезде қатты үйтқып құтырына соғатын жел.* Жел көтеріліп, оның арты қатты ~ға айналды.

ДАУЫЛДА 1. *Оттың лапылдай, лаулап жануы.* Қаудан жердің өртіндей ***дауылдайды*** (Ақан сері). 2. *Құстың зуылдап ұшуы. Дауылдап* ұшып келеді (Бегалин).

ДАУЫЛДЫ *Боранды, бұрқасынды.* Қараңғы ~ түн.

ДАУЫЛПАЗ I 1. *Ұшқыр қыран құс, сұңқар.* 2. *Ауыс. Азаттық, бостандықтың жаршысы.* С. Сейфуллин жаңа дәуірдің ~ы болып еді.

ДАУЫЛПАЗ II 1. *Үлкен жорыққа қол аттанарда соғылатын дабыл.* Дауысы ~дай екен. 2. *муз. Соғып ойнайтын қазақтың көне музыкалық аспабы.*

ДАУЫС 1. *Таңдайдағы дауыс шымылдығының қозғалысы арқылы шығатын дыбыс, ұн.* Адам ~ы, құстың ~ы. 2. *муз. Ән айтқанда шығатын музыкалық ұн; Музыкалық пьесадағы екі немесе бірнеше мелодияның бірі.* Бар ***даусыммен*** ән салғым келеді (Бағаев). 3. *Қоғамдық, мемлекеттік мәселелерде өз пікірін білдіру құқығы, еркіндік ұні, пікір.* Сайлаушылар бірауыздан ~ берді. □ **Дауыс шымылдығы** — *лингв. фонема, ұн шығаруда үлкен қызмет атқаратын, жұтқыншақтың астына орналасқан мүше.* ◊ **Даусы жер астынан шықты** — *күмілжіп сөйлей алмады, міңгірледі.* **Даусы жер жарды** — *қатты айғайлады.* **Даусы сембеді** — *ұні өшпеді, зарлады.* **Дауыс көтерді** —*ашумен қатты сөйледі.* **Дауысқа қойды [салды]** — *белгілі бір ұсыныстың қабылдау үшін қол көтерді.* **Дауыс қойды** — *қаралы үйге жылап келді.* **Дауыс қосты** — *қолдады, қоштады.* **Дауыс қылды** — *жоқтау айтты, жоқтады.*

ДАУЫСТА *Қаттырақ сөйлеу, қаттырақ ұн қату.* ~п оқыды, ~п сөйледі, ~п жылады.

ДАУЫСТЫ *Даусы бар, даусы күшті, зор.* Ащы ~, зор ~, қоңыр ~. □ **Дауысты дыбыстар** *(лингв.)* — *дыбыстау мүшелерінің бірыңғай толық қимылынан пайда болып, айтқанда фонациялық ауа кедергісіз шығатын, сөз ішінде буын жасайтын дыбыстар.*

ДАЯҒАШЫ *көне. Даяшы. Даяғашы* Артықбайға келе жатыр (Ғ. Мүсірепов).

ДАЯР *Күні бұрын әзірленген; дайын.* Шай ~, орын ~, үй ~.

ДАЯРЛА 1. *Дайындау, қамдау, әзірлеу.* Ас-су ~ды, көлік ~ды, баяндама ~ды. 2. *Белгілі бір мамандыққа, кәсіпке, өнерге үйрету.* Есепші-бухгалтерлер ~йтын. □ **Даярлау бөлімі** — *жоғары оқу орнына емтихансыз түсу үшін оқушыларды оқытып, білім беретін дайындық бөлімі.*

ДАЯРЛЫҚ *Дайындық, әзірлік.* ~ғым аз, ~ғы жетіспейді. □ **Даярлық курсы** — *жоғары оқу орындарына түсетіндерге білім беру курсы.* **Даярлық тобы** *(пед.)* — *Бала-бақшада тәрбиеленуші 5–6 жастағы балалардың тобы.*

ДАЯШЫ 1. *көне. Қожайынының жарлығын орындап отыратын басыбайлы қызметші.* Кірген соң *даяшыға* айтты ханша (Ізтілеуов). 2. *Асхана, мейрамханада ас-тағам тасып, күтуші.* Мейрамханада *даяшы* болып орналастым (Иманалиев). 3. *Ұлт ойындарын басқарушы.* Орталарынан *даяшы* сайлап, ойынды бастап жіберді (С. Омаров).

ДӘЙЕК *Дәлелді мағлұмат, дерек.* Сәтжан көптеген тарихи ~тер жинады. ◊ **Дәйек таппады [тұтпады]** — *тағат таппады, байыздамады.*

ДӘЙЕКСӨЗ *Белгілі бір ғалымның, не ақындар мен жазушылардың шығармаларынан сөзбе-сөз алынған үзінді.* Абайдан ~ келтірді.

ДӘЙЕКСІЗ *Тұрақсыз, тағатсыз, тұрлаусыз.* ~ қыз, ~ бала.

ДӘЙЕКСІЗДЕН *Дәйек таппау, тағатсыздану, тұрақтамау.* Нұрлан *дәйексізденіп* кетіп қалғысы келді (Шашкин).

ДӘЙЕКСІЗДІК *Берекесіздік, тағатсыздық, тұрақсыздық.* Олар ~ көрсетті.

ДӘЙЕКТЕ 1. *Анықтау, дәлелдеу.* Оны ешкім *дәйектеп* айта алмады (Қазыбаев). 2. *Байыздау, тұрақтау.* Балалар *дәйектемей* үйге кіреді (Жұмаділдин).

ДӘЙЕКТЕМЕ *Тиянақты тұжырымдама, дәлелдеме.* Төрешілердің ~сі қолдарында.

ДӘЙЕКТІ 1. *Тиянақты, дәлелді, уәжді.* ~ сөз. 2. *Табанды, тұрақты.* ~ күтім — мал өсірудің алғы шарттары.

ДӘЙЕКТІЛЕ *Тәптіштеп тиянақтау, дәлелдеу.* Ол еңбектерін *дәйектілеп* шықты (Қалығұлов).

ДӘЙЕКТІЛІК *Тыңғылықтылық, тиянақтылық.* Бейбітшілік Программасы *дәйектілікпен* жүзеге асты (Есмүрзаев).

ДӘЙІМ *Әркез, әрқашан, үнемі, ылғи.* Ол мұны *дәйім* мақтаныш тұтады (Жағанова). [] **Дәйім солай** — *үнемі сондай.*

ДӘКЕ *Селдір тоқылған жұқа, ақ мата.* Шелектің бетіне ~ керген.

ДӘКЕЛЕ *Дәкемен тану, орау.* Аузын ~п қойышты.

ДӘЛ 1. Тура, дұрыс, анық, нақ. ~ *жауап берді,* ~ жеткізді. 2. *Құйып қойғандай, шақ.* Баланың жақсы өсуіне киімнің ~ келуінің маңызы зор.

ДӘЛДЕ 1. *Туралау, анықтау, сәйкестіру, үйлестіру.* ~п шанышты, ~п (қадады, айтты). 2. *Нысанаға алып тұп-тура көздеу; мұлт жібермеу.* ~п атты (тиді).

ДӘЛДЕГЕНДЕЙ *Тұп-тура көздегендей, дәлмедәл, нақ.* Доп *дәлдегендей* оның құлақ шекесінен сарт ете түсті (Бегалин).

ДӘЛДЕСТІР *Тураластыру, теңестіру.* Бақанды уық ұзындығына ~іп ұстады.

ДӘЛДҰҢ *Есерсоқ, әумесер.* Дәлдүң бала — жынды бала (Мақал).

ДӘЛДҰҢГІР *Шала естілеу, есерсоқ.*

ДӘЛДІ *Айқын, анық, нақтылы.* ~ мекенжай, ~ жауап, ~ жоба.

ДӘЛДІК *Дұрыстық, нақтылық, анықтық.* Тарих та *дәлдікті* сүйеді (Р. Сәрсенбаев).

ДӘЛДІР I *көне. күміс ақша.*

ДӘЛДІР II *Әумесер, есірік. Дәлдір* тіліне сүйенеді, Дана білігіне сүйенеді (Мақал).

ДӘЛДІРЛЕ *Жоқты-барды теріп, шешендену.* Ол жөн-жосықсыз *дәлдірлеп* сөйлейтінді шығарды (О. Сәрсенбаев).

ДӘЛЕКУ *қарап. Дарақы, тыраш.* Оның *дәлеку* шешесі жақсылықты білуші ме еді (О. Сәрсенбаев).

ДӘЛЕКУЛЕН *Дарақылану, тыраштану, есерсоқтану.* Олар *дәлекуленіп* селоға тасырлата шауып кірді (Тоқаев).

ДӘЛЕКІ: дәлекі түлкі — *жетілмеген, жүдеу, тықыр жүнді түлкі.* Басында ~ түлкі терісінен тігілген тымақ.

ДӘЛЕЛ *Сылтау, айғақ; себеп.* ~ келтірді, ~ айтты, ~ қылды.

ДӘЛЕЛДЕ *Бір нәрсенің анық-қанығына көз жеткізу, іспен анықтау, көрсету.*

ДӘЛЕЛДЕМЕ *Бір істің шындығына көз жеткізетін анықтама, куәлік.* Сенің жасыңды 19-дан кемітер *дәлелдеме* жоқ (Бегалин).

ДӘЛЕЛДІ *Нанымды, сенімді, орынды.*

ДӘЛМЕ-ДӘЛ *Тұп-тура, сайма-сай, нақпа-нақ.* ~ жеткізді (аударды).

ДӘЛМЕ-ДӘЛДІК *Тұп-туралық, нақпа-нақтылық, сайма-сайлық.* Аударманың ~гі өзгеріп отырады.

ДӘЛСІЗДІК *Дәл, тура еместік, жаңсақтық, үйлеспеушілік.* Есепте ~ бар.

ДӘЛУ: дәлу сөз — *өтірік-шыны аралас, дәмсіз сөз.*

ДӘЛІЗ *жерг. Үйге кіре берісіндегі ауыз үй; сенек.*

ДӘЛІРЕК *Анығырақ, нақтырақ, айқынырақ.* Оның ойы ~ шықты.

ДӘМ 1. *Таңдай, тіл арқылы сезілетін тағамдардың әр түрлі татымы.* Тәттінің *дәмін* татқан, ащыға жоламайды (Мақал). 2. *Тамақ, тағам, ас.* Жас жылқының жаңа піскен етіне *дәм* жете ме? (Әзиев). ◊ **Дәм айдады [ауды, бұйырды, жазды, тартты]** — *баруға тура келді, сәті түсті.* **Дәм атсын [атқыр, ұрғыр]** — *жолы болмасын, ісі алға баспасын.* **Дәм ауыз тиді** — а) *астан дәм татып байқап көрді;* ә) *қонақ болды.* **Дәм бұйырса** — *дәм жазса, амандық болса.* **Дәм татқан құдығыңа түкірме** — *жақсылыққа жамандық істеме.* **Дәм татты** — а) *қонақ болды, тамақ ішті;* ә) *әр жерді көрді, аралады.* **Дәмі жоқ, татуы жоқ** — а) *тамақтың тұзы татымаған, дәмсіз;* ә) *мәнмағынасыз, мазмұнсыз.* **Дәмін арамдады** — *ойлаған жерден шықпады, үміт ақтамады.* **Дәмін татты** — а) *астың тұз-дәмін татып көрді;* ә) *өмірдің ащы-тұщысын басынан кешірді.* **Дәмі таусылды [бітті]** — *ажалы жетіп өлді.*

ДӘМАТА *Тамада, асаба.*

ДӘМДЕ 1. *Тамақтың дәмін кіргізу, баптау.* Тамақты Ақботадай *дәмдеп* беретін бұл өңірде әйел заты жоқ (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Сөзді мәнерлеп айту.* Қалкенов сөзді *дәмдеп,* салмақпен айтады (Тоғысбаев).

ДӘМДЕС *Дастарқандас, табақтас.* Үлкен атаңмен ~ болған.

ДӘМДЕС-ТҰЗДАС *Аралас-құралас, жақын-жуық, дос-жар.* Бұлар қазан-аяғы араласып, *дәмдес-тұздас* болды (Тоғысбаев).

ДӘМДЕУІШ *Тамақтың дәмін келтіретін ащы-тұщылы қосымша заттар.* Әр түрлі *дәмдеуіштер* қарын клеткаларының өршіп, ұлғаю процестерін жеделдетеді (Әбисатов).

ДӘМДІ 1. *Бабымен дайындалған татымды, тәтті (тағам).* 2. *Ауыс. Қызықты, мәнді, тартымды.* ~ әңгіме, ~ сөз.

ДӘМДІК *Тағамның дәміне қатысты ерекшелік.* Күріштің ~ қасиеті, Еттің ~ сапалығы.

ДӘМДІЛІК *Нәрлілік, татымдылық, тәттілік.* Тамақтың *дәмділігімен* қатар тазалығы да қажет.

ДӘМДІРЕК *Татымдырақ, нәрлірек, дәмділеу.* ~ ас, ~ сорпа.

ДӘМЕ *Ниет, үміт, сенім.* ~сі бар. □ **Дәме артты [етті, қылды]** — *үміттенді, сенді, күтті.* **Дәмесі зор** — *үміті, сенімі мол.* ◊ **Есек дәме** — *бос үміт, босқа емексу.*

ДӘМЕГӨЙ *Дәмесі зор, дәмелі, үміткер.*

ДӘМЕГӨЙЛЕН *Үміттену, дәмету.* Жан сырымды қыз түсінер деп *дәмегөйленді* (Д. Досжанов).

ДӘМЕГӨЙЛІ *Дәмесі, үміті бар, сенімі мол.* Сыртынан қарап, *дәмегөйлі* болып жүрді (Әбдікерімова).

ДӘМЕЛЕН *Сенім арту, үміттену.* Жігіт ән мен күй тындармын деп ~ді.

ДӘМЕЛІ *Үміткер, дәмегөй.* Кедей малдан дәмелі, Ауру жаннан *дәмелі* (Мақал).

ДӘМЕТ *Біреуден бірдеңе алғысы келу, дәмелену, үміттену.* Кісіден *дәметкенше,* күшіңнен дәмет (Мақал).

ДӘМЕТКІШ *Дәмеленгіш, дәмешіл.* Шалдар сәлем *дәметкіш* (Нұршайықов).

ДӘМҚОСАР *Тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланылатын қоспа.*

ДӘМСІЗ 1. *Ешқандай дәмі, татуы жоқ, ақау татыған. Дәмсізді* дәмді қылған тұз әулие (Мақал). 2. *Ауыс. Тартымсыз, мәнсіз (сөз). Дәмсіз* сөзіңді енді айтушы болма! (Ерубаев).

ДӘМСІЗДЕН *Тамақтың дәмі, татымы бұзылу.* Күзге қарай қымыз ~е бастайды.

ДӘМСІЗДЕУ *Дәмі нашарлау.* Қодастың еті ~.

ДӘМСІЗДІК 1. *Тамақтың дәмді болмауы, татымсыздық.* 2. *Ауыс. Мәнсіздік, мағынасыздық.* Сұрақтың болмағанын әңгіменің *дәмсіздігінен* деп біл (Шаймерденов).

ДӘМ-ТҰЗ *Бабына келтіріп дайындалған тағам, ас.* Қашаннан әйел көркі — *дәм-тұзымен* (Қайырбеков). ◊ **Дәм-тұз айдады [тартты]** — *дәм бұйырды, нәсібін жазды.* **Дәм-тұзы аралас** — *тату-тәтті, аралас-құралас.* **Дәм-тұз аттады** — *сенімді ақтамады, опасыздық жасады.* **Дәм-тұз атты** — *дәм ұрды, дәм атты; жолы болмады.* **Дәм-тұзы бітті [сарқылды, таусылды]** — *ажал жетті, дүние салды, өлді.* **Дәм-тұзы жарасты [қосылды]** — *бір-бірімен тіл табысып, тату-тәтті тұрды.* **Дәм-тұз тартса** — *аман-есен болса, амандық болса.*

ДӘМХАНА *Жеңіл-желпі тамақтанатын шағын қоғамдық орын.*

ДӘН 1. *Өсімдіктің ұрығы, тұқымы.* Бұршақ ~і. 2. *Астық, дақыл, бидай.* ~ тиеген автомашиналар. Үйде қос уыс ~ қалмады. 3. *Ауыс. Түйін, негіз, жүйе.* Өнердің де, өнегенің де *дәні* себілді (Ақынжанов). □ **Дән байлады** — *түйін салды.* **Дән салды** — *өсімдіктің дәні толыға бастады.* **Дәні толық** — *өсімдіктің дәні пісіп-жетілген, толыққан.*

ДӘН: дән риза [разы] — *мейлінше, шын көңілден.*

ДӘНДӘКУ I *көне. Кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.*

ДӘНДӘКУ II *Нақұрыс, жындысүрей.* Нағыз ~дің өзі.

ДӘНДЕ *Дәнігу, құныгу.* Бұл менің кітап оқуға *дәндеп* алған кезім (Соқпақбаев).

ДӘНДЕН *Дән алу, дәні толу.* Егін ~е бастады.

ДӘНДІ 1. *Жалпы астық тұқымдасына жататын (дақыл).* ~ егіс, ~ жем. 2. *Дәні толық.* Бидайдың ~ бастары, ~ шөп.

ДӘНДІК *Азықтық, жемдік.* ~ жүгері, ~ дақыл.

ДӘНЕК *Жемістің сүйегінің ішіндегі дәні.* Күнбағыс ~гі, өріктің ~гі.

ДӘНЕКЕР 1. *Біреу мен біреуді селбестіруші, жалғастырушы, тығыз байланыс.* Бала — адамның *дәнекері* (Қалдыбаев). 2. *Екі заттың арасын қосып біріктіруші, ұстатушы балқыған металл.* Темірді *дәнекер* қосады (Мақал). 3. *Себеп, айғақ, дәлел.* Оны қаралап ұстарлық *дәнекер* таппадық (Тоқаев). □ **Дәнекер болды** — *септестірді, жалғастырды.*

ДӘНЕКЕРЛЕ 1. *Біреу мен біреуді селбестіріп жақындастыру.* Ол ымырашыл, *дәнекерлеп* қоюға ұста екен деседі (Төлешов). 2. *Заттарды балқытылған металмен — дәнекермен біріктіру.*

ДӘНЕКЕРЛІ *Дәнекер болғандай, байланысты.* ~ дүние.

ДӘНЕКЕРЛІК *Дәнекер болғандық.* ~ қасиет, ~ қызмет.

ДӘНЕКЕРШІ 1. *Байланыстырушы, жалғастырушы.* Музыка сыны — композитор мен көрерменнің арасындағы ~. 2. *Дәнекерленуші адам.* Балташ — бесінші разрядты *дәнекерші* (Ырзабаев).

ДӘНЕКТІ *Дәнегі бар.* ~ қауын.

ДӘНЕКҮС *Жарымес, делқұлы.* ~ адам.

ДӘНЕМЕ *Ештеме, еш нәрсе.* ~мен шаруасы жоқ.

ДӘНСЕПКІШ *техн. Дәнді топыраққа сеуіп, сіңіретін ауылшаруашылық машинасы.*

ДӘНТАЗАЛАҒЫШ *техн. Қырмандарда, элеваторларда астық тазалауға арналған машина.*

ДӘНІК 1. *Құмарту, құныгу, дәндеу;* 2. *Бір әдетке үйрену, берілу, машықтану.* Кітапты оқи-оқи *дәнігіп* кеттім (Тұрманжанов). *Дәніккеннен* құныққан жаман (Мақал).

ДӘП *Тура, дәл, нақ.* ~ қазір (осылай, өзі).

ДӘП-ДӘЛ *Құйып қойғандай, шап-шақ, тұп-тура.* Өзін саған арнап тіккендей *дәп-дәл* (Есенберлин).

ДӘП-ДӘМДІ 1. *Дәмі жақсы, тәп-тәтті.* ~ тамақ. 2. *Мәнді, мәнерлі.* ~ сөз.

ДӘП-ДӘУ *Үп-үлкен, соқталдай.* ~ жігіт.

ДӘПТЕР *Жазуға ыңғайланып тұптелген бірнеше беттен тұратын ақ қағаз.* Күнделік ~і, қойын ~і.

ДӘРЕЖЕ 1. *Мәртебе, даңқ, абырой.* Ақылдының белгісі — *дәрежесіне* таласпайды (Мақал). 2. *Үкімет тарапынан берілетін атақ, шен, қызмет.* Әскери ~, ғылыми ~. 3. *Мөлшер, шама, меже; деңгей.* Бүгінгі ауылдың мәдениеті қала ~сіне жақындап келеді. 4. *Мат. Өзара тең сандардың неше рет көбейтілгенін көрсететін мөлшер.* Санның екінші *дәрежесі* шаршы деп аталады. ◊ **Дәреже**

көреді — *жақсылық деп түсінеді, мақтан етті, атақ алғандай көреді, шенді, атақты.*

ДӘРЕЖЕЛЕС *Шама-шарқы, дәрежесі бірдей, қатарлас.* Ол заводта директормен *дәрежелес* адам (Нұртазин).

ДӘРЕЖЕЛЕУ: дәрежелеу амалы *(мат.)* — *өзара тең сандарды көбейту жолы, тәсілі.*

ДӘРЕЖЕЛІ 1. *Атағы, шені, қызметі жоғары.* Үлкен ~ ұлық. 2. *Награда, сыйлықтың айырмашылық белгісі.* Бірінші ~ диплом, екінші ~ орден.

ДӘРЕТ 1. *Организмнен қорытылып шыққан артық зат; несеп.* Үлкен ~, кіші ~. 2. *діни. Тазалық, тәртіп.* □ **Дәрет алды** — *намаз оқуға әзірленді.* **Дәретке отырды [дәрет сындырды]** — *тұзге отырды, тұзге шықты.* **Дәрет су** — *дәрет алуға дайындап қойған су.* **Дәреті бар** *(дін.)* — *намаз оқу үшін қажетті тазалығы бар.* **Дәреті бұзылды** — *намаз оқуға әзірлігі, тазалығы болмай қалды.*

ДӘРЕТТЕ *Сұйекті жуып тазалау.* Мәйітті *дәреттеп* жуып, ақиреттеп қойған екен (Сәрсекеев).

ДӘРЕТТЕН *Дәрет алу.*

ДӘРЕТХАНА *Дәретке отыратын орын.* Қорада ~ бар.

ДӘРКЕР *Мұқтаж, зәру, қажет.* Киімге ~ емес.

ДӘРКҮМӘН *Шек, күдік, шүбә.* Олай деп *дәркүмән* келтірме (Бөкеев).

ДӘРМЕН *Күш-қуат, шама.* Іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ (Мақал). ◊ **Дәрмені құрыды** — *діңкеледі, титықтады.*

ДӘРМЕНЕ *бот. Биіктігі 25–40 см келетін жусан тектес көп жылдық дәрі-дәрмектік өсімдік.*

ДӘРМЕНСІЗ *Күш-қуат, шамасы кем, әлсіз, қуатсыз.* ~ жан, ~ күй, ~ қарт адам.

ДӘРМЕНСІЗДЕН 1. *Әлсіздену, қуатсыздану, қалжырау.* 2. *Нашарлау, шарасыздану.* Шындыққа көзін қалай жеткізерімді білмей *дәрменсізденем* (Мекебаев).

ДӘРМЕНСІЗДЕУ *Күшсіз, әлсіз.* ~ дене.

ДӘРМЕНСІЗДІК *Әлсіздік, қуатсыздық.* Сабалақ күшін жиып, *дәрменсіздікке* берілмеуге тырысты (Дәуренбеков).

ДӘРУМАЙ *мед. Жараны емдейтін май.*

ДӘРУІШ *көне. Суфизм ағымын қолдаушы, дүние қызығынан безген адам; диуана, қайыршы, кедей.*

ДӘРІ 1. *Ауырған адамды емдеу үшін қолданылатын дәрі-дәрмек.* Көк ~, тамыр ~. 2. *Мылтық ату, тау-тасты қопару үшін керекті тез тұтанғыш, оталғыш зат, химиялық элемент, қоспа.* 3. *Ауыс. Жанға жайлы, ем-шипа.* Ауруға — ем, сауға — қуат *дәрі* қымыз (Жамбыл). 4. Қажет, зәру. Ондай маскүнем кімге *дәрі?* (О. Сәрсенбаев).

ДӘРІБАЙ *бот. көне. Сарыбас, шай шөп, шай құрай (зверобой).*

ДӘРІГЕР *Жоғары дәрежелі медициналық білімі бар емші маман.*

ДӘРІГЕРЛІК *Дәрігерге тән.* ~ парыз (көмек, тәжірибе) □ **Дәрігерлік еңбек экспертиза комиссиясы** — *азаматтың ұзақ мерзімге не біржола еңбекке жарамсыздығын анықтайтын комиссия.* **Дәрігерлік экспертиза** — *кейбір мәселелерді шешуде медицина жетістіктерін пайдаланып қорытынды шығару, медициналық анықтама беру.*

ДӘРІ-ДӘРМЕК *Дәрі және емдеуге қажетті шипалы заттар.*

ДӘРІ-ДӘРМЕКТІК *Дәрі-дәрмекке қатысты.* ~ өсімдік.

ДӘРІЛЕ 1. *Дәрі жағу, дәрі себу.* Аяғын ~п гипске салды. 2. *Мылтық оғына атылу үшін дәрі салу.* ~п атқан қорғасын оқ.

ДӘРІЛІК *Дәріге тән емдік қасиет.* ~ маңызы бар өсімдік.

ДӘРІПТЕ *Үлгі-өнеге тұту, мақтан ету, мадақтау. Дәріптесек,* ізгі жанды аналарды дәріптейік (Байжанов).

ДӘРІПТЕГІШ *Мақтағыш, мадақтағыш.* Біздің ел ерлікті ~.

ДӘРІС *Арнаулы оқыған сабақ, лекция.* Әуезовтей ұлағатты ұстаздан *дәріс* алдық (Нысаналин).

ДӘРІСХАНА *Лекция оқуға арналған бөлме, жай.*

ДӘРІХАНА *Дәрі-дәрмек даярлап және оны сататын орын; мекеме.*

ДӘРІХАНАШЫ *Дәріхана қызметкері.*

ДӘСЕР *Бәлсіну, бәлі болу, әлдеқандай болу.*

ДӘСЕРЛЕ *Масаттану, шаттану.* Дайрабай *дәсерледі* жеңіп жауын (С. Омаров).

ДӘСТҮР *Әдетке айналған салт-сана, ғұрып.* Жар-жар айту ~і.

ДӘСТҮРЛІ *Әдетке айналған, салтқа енген.* ~ ас (кеш, жиын).

ДӘСТҮРЛІК *Дәстүр болған, дәстүрге айналған.* ~ принцип, ~ тәсіл.

ДӘСТҮРШІЛ *Дәстүр сақтағыш, ғұрыпшыл.* ~ кісі.

ДӘТ *Тағат, сабыр, шыдам, төзім.* ~і күшті. ◊ **Дәтке қуат** — *көңілге демеу, медеу.* **Дәт қылмады [тұтпады]** — *сабыры жетпеді, шыдамады.* **Дәті бармады [жетпеді]** — *батылы жетпеді, жүрегі дауаламады.* **Дәті берік [мықты]** — *шыдамды, төзімді.*

ДӘТТЕ 1. *Көздеу, діттеу, ойлау.* ~ген жерден шықты. 2. *Жамандау, даттау.* Жақып келген сайын Аманды *дәттеп* кетеді (Ғ. Мұстафин). 3. *Ауыс. Жеріне жеткізе айту, тәптіштеу.* Ол әлденені *дәттеп* тұр (Ғ. Мұстафин).

ДӘУ 1. *Үлкен, зор, ірі.* ~ жігіт (қарағай, ит). 2. *Аңыз-әңгімелерде кездесетін аса зор, алып.* Жалғыз көзді ~. 3. *Ауыс. Атақ-дәрежесі жоғары, үлкен, зор (адам).* Жеңген бір *дәудің* қызы (Әубәкіров).

ДӘУ-ДӘУ *Үлкен-үлкен, ірі-ірі.* ~ үй (тас.).

ДӘУДЕ: дәу де болса — *әйтсе де, сірә, тегі.*

ДӘУЕМ *Ылғи, үнемі, дайым.* Бастарын *дәуем* өстіп қағармын (Сейфуллин).

ДӘУЛЕТ 1. *Дүние-мүлік, байлық, қазына.* Нан — халық ~і. 2. *Ауыс. Талай, бақ, ырыс.* Келген *дәулет* — кеткен бейнет (Мақал). ◊ **Дәулет бітті [қонды]** — *қорланды, байыды.* **Дәулетке батты [кенелді]** — *дүние-мүлкі көбейді, байыды.* **Дәулеті қайтты [тайды]** — *басынан бағы ұшты.* **Дәулеті асқан** — *ырысы тасыған.* **Дәулеті [судай] тасыды [шалқыды]** — *бағы жанды, тасы өрге домалады.* **Дәулеті шайқалды** — *бағы қайтты.*

ДӘУЛЕТТЕН *Мал-мүлкі көбею, баю.* Ел-жұрт ~іп қалды.

ДӘУЛЕТТІ *Әлді, қуатты, ауқатты.* Қонақжай, өзі асқан *дәулетті* адам (Байтұрсынов).

ДӘУЛЕТТІЛЕУ *Әлділеу, ауқаттылау.* Туған-туысымыз ~.

ДӘУЛЕТТІЛІК *Әлділік, ауқаттылық.* ~пен аты шыққан.

ДӘУПЕРІ 1. ***миф.*** *Ертектерде кездесетін алып денелі пері.* 2. ***Ауыс.*** *Өте күшті, аса зор сиқырлы әулие.* Көк долыдан ***дәупері*** қашты (Мақал).

ДӘУПІРІМ *Өр кеуде, долы.* Адайдың ~ жігіттері.

ДӘУРЕН 1. *Өмір, заман, кезең.* Бұл ***дәурен*** екі айналып келмегі жоқ (Сандыбайұлы). 2. *Қызыққа толы бақытты шақ.* Балалықтың бал ~і. □ **Дәурен кешті [шекті]** — *өмір сүрді, тіршілік етті.* **Дәурені өтті** — *дүниенің қызығы кетті.* **Дәурен сүрді** — *өмірдің қызығын көрді.*

ДӘУРЕНДЕ *Бағы жанып дегені болу.* Оның ~п тұрған кезі еді.

ДӘУСІН *Өзін зор санау, мықтысыну, күштісіну.* ~геннің көкірегін басты.

ДӘУІР I 1. *Тарихи кезең, заман.* Әлия — өз ~інің қаһарманы. 2. *Мөлшерлі уақыт, белгілі бір мерзім.* Студенттік ~, балалық ~. 3. *Білігі жүріп, дегені болып тұрған кез, мезгіл, уақыт.* Сенің ~ің өткен. Бұрынғы ~ жоқ. □ **Дәуір сүрді** — *өмір кешті, дәурен сүрді.* **Дәуірі жүрді** — *билік өз қолында болды.*

ДӘУІР II *діни. Жаназа шығарар алдында орындалатын діни салт.*

ДӘУІРЛЕ 1. *Қызық көру, рақат дәурен сүру, асқындау, дегені болу.* Дәрежесі ***дәуірлеп*** тұрған кісі төменге зер салмайды (Сәрсекеев). 2. *Күшею, шарықтау.* Ән ***дәуірлеп,*** көш жерге жетті (Р. Әбутәліпов).

ДӘУІРЛІК *Бір дәуірге тән, дәуір айырмашылығын танытарлық.* ~ оқиға.

ДӘУІРНАМА *Үлкен тарихи уақиғалар жайында жазылған көлемді шығарма; эпопея.* Абай романы — нағыз ***дәуірнама*** ("Соц. Қаз.").

ДӘУІТ I ***зоол.*** *Алдыңғы екі аяғы ұзын үлкен шегіртке тәріздес жәндік.*

ДӘУІТ II ***көне.*** *Сия сауыт.*

ДЕ I 1. *Деу, бірдеме айту.* Әйелі: "жылы киінсеңші", — ***деді*** (Нұршайықов). Бір кемпірді бір кемпір әже ***депті*** (Мақал). 2. *Солай деп есептеу, санау.* Пайдалы ***деген*** істі істеуден ел қашпайды (Майлин). 3. *Тілеу, сұрау мағынасын білдіреді.* Тек әкесінің мінезі жұқпасын ***де*** (Ғ. Мұстафин). 4. *Есімді, атты.* Қазақ ***деген*** қабырғалы қалың ел (Тиесов). 5. *Сөйлемнің бірыңғай мүшелері арасында қайталанып айтылып, күшейтпелі мән білдіреді.* Мойыл көз дейсің бе, ақ жайнақ дейсің бе — бәрі ***де*** оған сыйғандай (Сыланов). 6. *Санаспай, есептеспей.* Баймолда түн ***демей,*** күн демей күзетте (Кенжебаев). **Деген қара қасқа кедей** — *нағыз жарлының өзі.* **Деген қожа білместің өзі** — *жымысқыланып жұмысын бітіретін кісі.* **Деген сараң бай** — *нағыз, барып тұрған сараңның өзі.* **Дегені болды** — *айтқаны орындалды, көңіліндегісі болды.* **Дегеніне жетті** — *арман-мақсаты орындалды.* **Дегенінен шықты** — *айтқанын орындатты.* **Дей салды** — *немқұрайды айта салды.* **Десе дегендей** — *айтса айтқандай, мақтарлықтай.*

ДЕ II *Шылау мәнін де береді.* Үйде ~, түзде ~.

ДЕБЕТ *фин. Бухгалтерлік есептердің кіріс, қарыз, шығындар жазылатын сол жақ беті.*

ДЕБИТОР *бухг. Қарыздар, борыштар.*

ДЕБІСКЕ *Киіз бетін матамен оюлап жасаған жеңіл сырмақ.*

ДЕБЮТ 1. ***театр.*** *Артистің театр сахнасына тұңғыш рет шығуы.* 2. ***спорт.*** *Шахмат ойынының бастапқы жүрістері.*

ДЕВАЛЬВАЦИЯ *Қағаз ақша курсының төмендеп құнсыздануы.*

ДЕВИЗ *Белгілі бір іс-әрекеттің негізгі мақсатын білдіретін қысқа ұғымды сөз тіркесі; ұран.*

ДЕГБІР *Шыдам, тағат, төзім.* ~інен айрылды. ◊ **Дегбірі қалмады [таппады]** — *әбігері шықты, абыржыды.* **Дегбірі кетті [қашты]** — *құты қашты, берекесізденді.* **Дегбірін алды** — *тағатсыздандырды, састырды.*

ДЕГБІРЕ *Асып-сасу, берекесі қашу.* Бала ~п сөйлей алмады.

ДЕГБІРСІЗ *Тағатсыз, шыдамсыз, төзімсіз.* ~ адам.

ДЕГБІРСІЗДЕН *Тағатсыздану, шыдамсыздану.* ~іп тысқа шықты.

ДЕГБІРСІЗДЕУ *Шыдамсыздау, сабырсыздау, тағатсыздау.* ~ бала.

ДЕГБІРСІЗДІК *Тағатсыздық, шыдамсыздық, сабырсыздық.* Көңілде ~ бар.

ДЕГДАР I *Асыл тұқымды, жуан текті.* Байпатша болдың мырза ***дегдар*** ерке (С. Дөнентаев).

ДЕГДАР II *Бейжай, дел-сал.* Бекіш ***дегдар*** кейіпте бір сәт отырып қалды (Шаймерденов).

ДЕГДАРЛЫ *Затты, текті.* ~ тұқым.

ДЕГДІ *Соргу, құрғау, кебу, толарсу.* Жер ~п қалыпты.

ДЕГЕЛЕК ***зоол.*** *Көбіне сулы жерді мекен ететін, құтан тұқымдастарына жататын жыртқыш құс.* Жылқының жауы — бөгелек, жыланның жауы — ***дегелек*** (Мақал).

ДЕГЕЛЕҢ: дегелең қақты — *елпең қақты; құрақ ұшты.*

ДЕГЕН *Көңілге түйген, ойлаған (мақсат, арман).* Адамның болды ***дегені*** (М. Мұхамеджанов).

ДЕГЕНДЕЙ *Ойлағандай, көңілдегідей.* ~ болды.

ДЕГЕНМЕН *Бірақ та, әйтсе де, алайда, сүйтсе де.* ***Дегенмен*** де мені сабырмен тыңдаңыз (Қыдырбекұлы).

ДЕГРАДАЦИЯ *Құлдилау, кері кету, азу.*

ДЕГЕРЕС *Тауларда, кейде жазық далада көп кездесе беретін домалақ, тақия төбелер.*

ДЕГУСТАТОР *Тамақ, шай, шарап өнеркәсібінің сапасын айыратын дәмші маман.*

ДЕГУСТАЦИЯ *Азық-түліктің сапасын бақап дәмін айыру.*

ДЕДЕК: дедек қақты — *а) аяғы-аяғына тимеді, дедектеді; ә) тыныштық көрмеді, зыр жүгірді.*

ДЕДЕКТЕ *Қол-аяғы жерге тимеу, дедек қағу.* ~п келе жатыр.

ДЕДУКЦИЯ ***псих.*** *Ойлаудың бүтіннен бөлшекке, жалпыдан жалқыға көшу жолы.*

ДЕЗИНФЕКЦИЯ *Ауру тудыратын микробтарды химиялық заттармен тазарту жолы.*

ДЕЗИНФЕКЦИЯЛА *Дезинфекция жүргізу, дәрілеу.*

ДЕЗИНФЕКЦИЯЛАҒЫШ *Ауру тудыратын микробтардан арылтқыш.* ~ ерітінді, ~ дәрілер.

ДЕИЗМ ***филос.*** *Құдайдың бар екендігін дүниенің бірінші себебі ретінде мойындайтын діни-философиялық ілім.*

ДЕЙІ: дейі қатты — *діні қатты, қатыгез.*

ДЕЙІН *Бір нәрсенің мәжесін, шегін танытатын шылау; шейін.* Үйге ~, кешке ~.

ДЕЙІНГІ *Белгілі бір шамаға жеткендік, мөлшер, шейінгі.* Революцияға ~ дәуірде.

ДЕКАДА 1. *Әдебиет пен өнер жетістігінің көрермендер қауымына салтанатпен паш етілуі; онкүндік.* 2. *Он күн аралығындағы мерзім.*

ДЕКАН *Жоғары оқу орындарындағы факультет меңгерушісі.*

ДЕКАНАТ 1. *Факультет басқармалар алқасы.* 2. *Факультет басқармасы орналасқан бөлме, орын.*

ДЕКЛАМАТОР *Көркем шығарманы шеберлікпен жатқа айтатын адам.*

ДЕКЛАМАЦИЯ *Көркем сөз оқу шеберлігі.*

ДЕКЛАРАЦИЯ *Жұртшылыққа бір шаруа жайлы жария ететін ресми мәлімдеме.*

ДЕКОРАТИВТІК *Сәндік үшін істелген, көркемдік.*

ДЕКОРАТОР 1. *Декорация жасап сурет салатын суретші.* 2. *Сахнаны безендіретін маман адам.*

ДЕКОРАЦИЯ *Спектакльде көрсетілген әрекеттің болған жерін, көркемделіп жасалған архитектуралық бейнесімен сахнада көрсету; сахна көркі.*

ДЕКРЕТ I *Жоғары өкімет орнының заң есебіндегі қаулысы, нұсқауы.*

ДЕКРЕТ II *Аяғы ауыр әйелдерге берілетін заңды демалыс.*

ДЕЛБЕ I *Арба-шанаға жегілген атты жөнге сап отыратын қайыс божы.*

ДЕЛБЕ II *Жүкпалы мал ауруы; тентек, жынды.*

ДЕЛБЕ: көңілін делбеді — *көңілін аулады, ойын бөлді.*

ДЕЛБЕГЕЙ *Қолқылдаған кең.* Ол ұзын етекті, *делбегей,* гүлді көйлек киген (Қонарбаев).

ДЕЛБЕГЕЙЛЕН *Киім етегінің желмен көтеріліп желпілдеуі.* Ақ халаттары *делбегейленіп* лезде жоқ болды (Ғ. Мүсірепов).

ДЕЛБЕЛЕКТЕ *Делбең-делбең ету, қалбалақтау.* Екеуміз *делбелектей* Кемелханның соңынан ердік (Жойқынбеков).

ДЕЛБЕҢДЕ *Желп-желп ету.* Желбезегі желбеңдеп, Танаулары *делбеңдеп* (Жансүгіров).

ДЕЛБЕҢ: делбең етті — *серең ете түсті.*

ДЕЛБЕШІ *Божыны ұстап ат айдаушы адам; көшір.*

ДЕЛДАЛ 1. *Екі кісінің арасын келістіру үшін жүретін дәнекер, келістіруші адам.* Ішкі сырларын *делдал* арқылы айтысты жастар (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Сатушы мен алушы арасында жүретін пайдакүнем.* Үй иесі базарда *делдал* болып күн көрді (Тоқмағамбетов).

ДЕЛДАЛДЫҚ *Келістірушілік, дәнекерлік. Делдалдық* түбі — бейнет (Мақал).

ДЕЛДЕК *Делдиген үлкен, кең.* ~ танау, ~ мұрын.

ДЕЛДЕҢДЕ *Желдің әсерінен етек-жеңнің жоғары көтеріліп желбіреуі.* Етек-жеңі ~п.

ДЕЛДИ 1. *Киімнің не басқа бір нәрсенің желбіреуі.* Көйлегінің етегі ~іп тұр. 2. *Мұрынның, құлақтың делдиюі.* Ол танауы *делдиіп,* ентігіп тұр (Алшынбаев).

ДЕЛЕБЕ: делебесі қозды — *көңілі алып ұшты, желікті.*

ДЕЛЕГАТ *Белгілі бір жиынға мемлекеттің я ұжымның атынан сайланған өкіл.* Съезд ~тары.

ДЕЛЕГАЦИЯ *Мемлекеті не болмаса істеп жүрген ұжымы атынан сайланған өкілдер тобы.*

ДЕЛЕГЕЙ *көне.* 1. *Қыздардың киетін ұлттық бас киімі.* 2. *Екі құлағы түсіріңкі қысты күні боранда киетін бас киім.*

ДЕЛЕҢ: делең етті [қақты] — *көлбең-көлбең етті, көлбеңдеді.*

ДЕЛЕҢДЕ 1. *Киімнің етегі желп-желп ету.* Сары тонының етегі ~п Әнуар келді. 2. *Алаңдау, елеңдеу.* Ол бостан-бос ~п жүрер ме еді.

ДЕЛЕҢ-ДЕЛЕҢ: делең-делең етті — *делдең-делдең етті.*

ДЕЛІ 1. *Көңілі шалқып масаттану, далию.* Ол бәркі қазандай болып, *делие* берді (Нәжімеденов). 2. *Не қыларын білмей дал болу.* Не істерін білмей, *делиіп* тұр (Тұрсынбаев).

ДЕЛИКАТЕС *Жеңсік ас.*

ДЕЛҚҰЛЫ *Есі кіресілі-шығасылы, жындысұрей.* Бір жүрген ~.

ДЕЛ-САЛ *Меңзеңдік, бейжайлық, сүлесоқтық.* Бойын басқан *дел-салдық* бар (Мұратбеков).

ДЕЛЬФИН *зоол. Сүт қоректілер тобына жататын, кит, балық тектес, үлкен тісті теңіз жануары.*

ДЕМ 1. *Тыныс мүшелері арқылы сырттан ішке тартылатын не ішten сыртқа шығарылатын леп; тыныс.* Баланың ентіккен ~і естілді. 2. *Ауыс. Күш, қуат, бу.* Жігітті бұлап өстірген, Ат пенен малдың *демі* екен (Дастандар). □ **Дем алды** — *сергіді, ес жиды, тынықты.* □ **Дем [нің] арасында** — *тез арада, лезде, дереу.* **Дем берді** — *рухтандырды, жігерлендірді.* **Демге келтірмеді** — *мұршасын келтірмеді.* **Дем жетпеді** — *ауа жетпей тынысы тарылды.* **Дем салды** — *емдеген боп үшкірді.* **Демі бітті** — *дүние салды, қайтыс болды.* **Демі құрыды** — *шаршап-шалдықты, қалжырады.* **Демін басты** — *ентігін басып, тыныс алды.* **Деміне [кеудесіне] нан пісті** — *мақтанып ісіп-кепті.*

ДЕМАГОГ *Жұртты құрғақ сөзбен алдауға тырысатын адам; көпірме, даурықпа.*

ДЕМАГОГИЯ *саяс. Жалған ұрандар мен бос сөзбен көпшілікті алдап, еліктіру саясаты.*

ДЕМАГОГТІК *Көпірме, бос сөздік.*

ДЕМАЛЫС 1. *Тыныгатын күн, жексенбі.* Ертеңнен арғы күні *демалыс* (Ерубаев). 2. *Демалу үшін заңды түрде уақытша жұмыстан босатылатын мерзім.* Жазғы ~, кезекті ~.

ДЕМБЕ: дембе қақты (*дін.*) — *сусыз жерде намаз оқу үшін қолды жерге тигізіп алатын дәрет.*

ДЕМБЕ-ДЕМ *Ауық-ауық, әлсін-әлсін; үнемі.* ~ найзағай жарқылдады.

ДЕМБЕЛ *Шомбал ағаштың оқтауы.*

ДЕМБЕЛШЕ *Орта бойлы, ет-жеңді, мығым денелі.* ~ келген, ~ бойлы.

ДЕМБЕЛШЕЛЕУ *Орта бойлылау, мығымдау.* ~ келген қара кісі.

ДЕМБІ *этногр. Кереге желісінің көк (таспа) өтетін жеріне алдын ала салынатын белгі.*

ДЕМДЕ I *Әп-сәтте, лезде, шапшаң, жылдам, тез.*

ДЕМДЕ II 1. *Шай, шөп дәрі сияқтыларды қайнатып шығару, бұқтыру.* Апай шай ~п жүр екен. 2. *Көңілі орнына түсіп жайлану.* Баласын көріп, көңілін бір *демдеді* ана (Қамбаров). 3. *Меңдеу, жеңу.* Қарттық *демдеп* бара ма қалай (Қалдыбаев).

ДЕМДЕУЛІ *Шай шығарылған, бұқтырылған.* Ақ құман ~.

ДЕМДІ: демді оркестр *муз.* — *үрлемелі оркестр.*

ДЕМЕ 1. *Жәрдем ету, сүйемелдеу.* Оны қолтығынан ~п, сүйей берді. 2. *Қол ұшын беру, жәрдем беру, қолдау.* Ертең комиссия алдында бізді ~п жіберіңіз. 3. *Жаңарту, еселеу.* Нұрбүбі самауырға жаңқа салып, қайта *демеп* қойды (М. Әуезов). 4. *Сөйлеме, үндеме, айтпа.*

ДЕМЕК *Олай болса, яғни д. м. қыстырма сөз.*

ДЕМЕСІН: демесін **болды** — *таяныш болды, сүйеніш болды.*

ДЕМЕУ *Сүйеніш; медеу. Жас маманға әлі де басшы ~ керек.* □ Демеу **болды** — *тірек болды, сүйенді.*

ДЕМЕУЛІК *грамм. Толық мағыналы сөздер мен сөйлемдердің мағыналарына қосымша мән беру үшін жұмсалатын шылаулардың түрі.*

ДЕМЕУШІ *Қол ұшын беруші, жәрдем етуші, сүйемелдеуші; спонсор.* ~ (спонсор) ұйымдардың көмегіне сүйенеміз.

ДЕМОБИЛИЗАЦИЯ *әскери. Әскери қызметкерлерді міндетті қызметтен босату, отставкаға не резервке шығару.*

ДЕМОГРАФ *Демографиямен шұғылданушы адам.*

ДЕМОГРАФИЯ *Халықтың өсу санын, құрамын зерттейтін статистиканың бір саласы.*

ДЕМОКРАТИЯ *Жоғарғы өкімет билігі халықтың қолында болатын саяси құрылыс, толық халық билігі.*

ДЕМОКРАТИЯЛАН *Өкімет билігі халықтың өз қолында болу.*

ДЕМОКРАТИЯЛЫ *Өкімет билігі халықтың өз қолына берілген.*

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ *Демократияға негізделген.* ~ көзқарас.

ДЕМОКРАТИЯШЫЛ *Демократияны жақтаушы.* ~ мемлекет.

ДЕМОНСТРАЦИЯ *саяс.* 1. *Саяси-қоғамдық көңіл-күйді білдіру үшін жасалатын жұртшылықтың салтанатты шеруі.* 2. *Қыр көрсетіп, наразылық білдіру әрекеті.* 3. *Халықтық үлкен маңызы бар бір шаруаны жұртшылыққа алғаш көрсету, жариялау әдісі.*

ДЕМОНСТРАЦИЯЛА *Көпшілік алдына әйгілеп көрсетіп, сипаттап беру.*

ДЕМПИНГ *Товарлардың бағасын ел ішіндегі төмен құнмен шет елге шығару, арзан экспорт.*

ДЕМПФЕР *муз. Музыкалық аспаптарда дыбысты бәсеңдететін тетік.*

ДЕМШІ *діни. Ауруды тұшкіріп емдеп, дем салушы.*

ДЕМІК *Ентігіп алқыну, тынысы тарылу.* ~кен үн естілді.

ДЕМІКПЕ *мед. Жиі ентігіп, тыныс тарылып, демігіп қалатын.*

ДЕН I *Адамның он екі мүшесі, жан-тән, дене. Дені саудың жаны сау* (Мақал).

ДЕН II 1. *Тура, дәл, нағыз. Ол саяси-бұқаралық жұмыстың ~ ортасында.* 2. *жерг. Дән риза.*

ДЕН: ден қойды [салды] — *ықылас салды, көңіл бөлді.*

ДЕНДЕ 1. *Ұлғая түсу, өршу, меңдеу.* Атамның науқасы ~й түсті. 2. *Азаю, ортая түсу.* Шыңғыс торсық *дендегенше* қозғалмады (С. Мұқанов). 3. *Дәлдеп, тура, толық тимеу.* Сермелген қару ұрыға *денде* тимеді (М. Әуезов).

ДЕНДРАРИЙ *бот. Ғылыми-тәжірибелік мақсатта өсірілетін ағаштар мен бұта тектес өсімдіктер бар ботаникалық бақ.*

ДЕНЕ I 1. *Адамның бүкіл тұла бойы, өн бойы.* 2. *астр. Жұлдыздар мен планета аралығындағы зат.* Кеңістік *денелер,* жұлдыздардан және планеталардан тұрады (Баймаханов). □ Дене **бітімі** — *тұла бойы.* Дене **тәрбиесі** — *дене шынықтыру әрекеттері.* ◊ Денесі **түршікті** — *шошынды, тітіркенді.* Дене **шынықтыру** — *денсаулықты нығайту үшін дене күштерін дамыту жолдары.*

ДЕНЕ II *Басым келу, басым түсу.* Досына дәл жаз, жауға аяз, Алысқанды *денепті* (Абай).

ДЕНЕЛЕП: денелеп **білу** — *бір-бірлеп білу.*

ДЕНЕЛІ *Сом тұлғалы, иықты, бойлы.* Балуан ~, сом ~.

ДЕНЕЛІЛЕУ *Ірі тұлғалылау, иықтылау.* Сенен гөрі ~.

ДЕНЕЛІЛІК *Ірі тұлғалылық, иықтылық.* Ағы-байдың ~гі кішігірім түйедей.

ДЕНСАУЛЫҚ *Ауру-сырқаудан аман болушылық, есен-саулық. Денсаулық* — зор байлық (Мақал).

ДЕНТИН *анат. Тістің негізгі бөлігін құрайтын сүйек тканінің бір түрі.*

ДЕНІ *Бір нәрсенің жартысынан артығы, басым көпшілігі, негізі. Жұмысшылардың дені* — жігіттер мен қыздар (Қарымсақов).

ДЕҢ 1. *Бір заттың жаны, түсы, маңы.* Бұлардың *деңіне* жете бергенде машинасын тоқтатты (Тоқмырзин). 2. *Биік, шың.* Арқаның әсем әндерін Тарбағатай *деңіне* Әсет көтерді (А. Жұбанов).

ДЕҢГЕЙ 1. *Таудың биіктік, аласалығын өлшейтін географиялық өлшем.* Мұзтау теңіз *деңгейінен* 4620 метр биік орналасқан (Құмарбеков). 2. *Белгілі бір мөлшер, шама.* Қазақ музыкасының биік ~ге көтеріліп келе жатқаны аян.

ДЕҢГЕЙЛЕ *Қамтып алу, еңсеру.* Олар биікті *деңгейлеп* кеп тоқтады (С. Мұқанов).

ДЕҢГЕЙЛЕС I *Тұстас, қатарлас.* Өзі ~, дәрежесі ~.

ДЕҢГЕЙЛЕС II *Тұстас келу, болу, қатарласу, жақындасу.* Боз атты жетелеген кісі де *деңгейлесті* бұлармен (Көшімов).

ДЕҢГЕЙЛЕУІШ *техн. Заттың тегістігін байқайтын аспап.*

ДЕҢГЕЙЛІК *Бір нәрсенің тегістігін өлшейтін аспап.* Жұмыстың түріне қарай *деңгейлік,* компас, жай сызғыштар дайындап алу керек ("Халық мұғ.").

ДЕҢГЕЛЕК: деңгелек **айналдырды** — *шаруаны үйіріп алып кетті.*

ДЕҢМЕНТ: деңмент **белбеу** — *күміспен әшекейленген, әдемі белбеу.*

ДЕПО 1. *Тепловоз, вагондардың тұратын, әрі жөндейтін орны.* 2. *Өрт сөндіру депосы.*

ДЕПОЗИТ *Банк немесе сақтық кассасы уақытша пайдалануға сеніп берген ақша немесе бағалы қағаздар.*

ДЕПОНЕНТ *Кәсіпорында және ұйымда уақытша сақталып тұрған ақшасы бар заңды адам.*

ДЕПОШЫ *Депода жұмыс істейтін адам.*

ДЕПРЕССИЯ 1. *мед. Жүйке ауруына байланысты адамдағы психикалық дерт.* 2. *биол. Мал шаруашылығында туыстас төлдерді будандастыру кезеңінде жануарларға берілетін әсер.*

ДЕПУТАТ *Мемлекет парламентіне сайланған халық өкілі.*

ДЕПУТАТТЫҚ *Депутат міндетін атқарушылық.* ~ *мандат.* □ **Депутаттық кеңес** — *белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысу мақсатымен өткізілетін депутаттардың ресми отырысы.*

ДЕР: дер кезінде [шағында], дер кез [шақ] — *нағыз өз уақытында,* ~ *мезгілінде.*

ДЕРБЕС *Бөлек, жеке-дара, тәуелсіз.* ~ мемлекет, ~ тіл. □ **Дербес зейнеткер** — *арнайы зейнетақы алатын адам.*

ДЕРБЕСТІК *Даралық, өзіндік.* Экономикалық ~гі бар ел.

ДЕРЕ I *Мал суаратын науаның астынан қойылған төрт қазық, діңгекті қондырғы.*

ДЕРЕ II *Ат байлайтын діңгек, мама ағаш.*

ДЕРЕ III *Өзеннің аңғары, арнасы.* Өзен ~сі.

ДЕРЕ IV *Мұз үстіне жиналған су.* Сап болар сөйтіп жүріп сарқылса дем, Қызылдың су иірген *дересіндей* (Базар жырау)

ДЕРЕК 1. *Хабар-ошар, мағлұмат.* Он шақты бала, бір шалдан *дерек* жоқ (Жәкенов). Жердің бәрі үстелдің үстіндей тақыр, шаңтопырақтан *дерек* жоқ (Шарипов).

ДЕРЕКНАМА *Белгілі бір ғылыми зерттеуге негіз болатын жазба дүниелер, ескерткіштер; мағлұмнама.* Тарихи ~.

ДЕРЕКСІЗ 1. *Хабар-ошарсыз, бейхабар.* 2. *Дәлелсіз, айғақсыз.* ~ нәрсе.

ДЕРЕКСІЗДІК 1. *Хабар-ошарсыздық, бейхабарлық.* 2. *Нақты емес, айғақсыздық.* ~ белгі.

ДЕРЕКТЕ *Бір нәрсе жайында анық-танығын дәлелдеу, айқындау.* Біраз нәрселерді ~п алдық.

ДЕРЕКТЕМЕ *Белгілі бір істің барысы, жағдаяты жөнінде мағлұмат; хабар.*

ДЕРЕКТІ *Дәйекті, нақтылы.* ~ зат, ~ құжат.

ДЕРЕКТІЛІК *Нақтылық, дәлдік, ақиқаттық.* Жұмбақта ~ басым.

ДЕРЕКШІЛ *Әр нәрседен мағлұмат алғыш, ізденгіш.* ~ жазушы.

ДЕРЕУ *Шапшаң, жылдам, тез.* Хабарды ~ жеткізді.

ДЕРЖАВА *Ұлы, күшті мемлекет.*

ДЕРКҮМӘН *Істің жайын жетік білмеу.* ~ болып жүр.

ДЕРЛІК *Түгелге жуық, тұтастай.* Бұрын жұмыстың бәрі *дерлік* қол күшімен істелетін (Жылқышиев).

ДЕРМАТИН *Былғарыға ұқсас материал.*

ДЕРМАТИТ *мед. Қабынуға ұшыраған тері ауруы.*

ДЕРМАТОЗ *мед. Тері ауруы.*

ДЕРМАТОЛОГ *Тері ауруының дәрігері.*

ДЕРМАТОЛОГИЯ *мед. Тері ауруын зерттейтін ғылым.*

ДЕРМЕНЕ *Сантонин дәрісі алынатын жусан тәрізді жабайы өсімдік.*

ДЕРТ 1. *Кесел, сырқат, ауру, науқас.* Ас жүрген жерге *дерт* жуымайды (Мақал). 2. *Ауыс. Қырсық, кесір.* Ру, аталастық-елді көгертпей келген көне *дерттің* бірі (Соқпақбаев).

ДЕРТТІ *Аурулы, сырқат, кеселді.* Жігіт ~ болды.

ДЕРІТ 1. *Желіннің сүтке толуы; сыздау.* Қазима сиырдың желінін ұстап көріп еді, тырсиып *дерітіп* тұр екен (Қаназов). 2. *Ауыс. Пісіп-жетілу, толысу.* Олар революция толғағының өбден *дерігкен* шағын күтеді (Ә. Нұрпейісов).

ДЕС: дес бермеді — *бой бермеді, теңдік бермеді.* ◊ **Дес етті** — *міндет етті, міндетсінді.* **Дес көрді** — *тірек етті, арқа сүйеді.* **Дес қойды** — *көңіл аударды, ықылас қойды.* **Дес тиді** — *ерік берілді, билік тиді.* **Десі басым** — *мысы басым.* **Десі жүрді** — *айтқаны екі болмады, әмірі жүрді.* **Десі қайтпады** — *тауы шағылмады, беті қайтпады.* **Десі қайтты** — *зәрі қайтты, уыты кетті.*

ДЕСАНТ *әск. Айрықша қиын тапсырмаларды орындауға жіберілетін әскери топ.* Парашютты ~, әуе ~ы, теңіз ~ы.

ДЕСЕРТ *Тамақтың соңынан берілетін түрлі жеміс, тәтті тағамдар.*

ДЕСЕРТТІ *Тәтті, дәмді.* ~ шараптар.

ДЕСЕТІН *Келісетін, айтатын.*

ДЕСПОТ *Ешкіммен санаспайтын озбыр, қатал, рақымсыз адам.*

ДЕСПОТИЗМ *Ешнәрсемен санаспайтын, озбырлық жасайтын әкімшілік құрылыс.*

ДЕСТЕ *Орган егіннің бір бумасы, бауы, бөкесі.* Комбайндардың соңынан *дестелер* тізіліп жатты (Б. Тоқтаров).

ДЕСТЕ-ДЕСТЕ *Бау-бау, бума-бума.* ~ қызғалдақтар, ~ қағаздар.

ДЕСТЕЛЕ 1. *Дестe-дестe етіп бөлектеу, бумалау.* Егінді ~п орды. 2. *Қабаттау, текшелеу.* Стол үстінде оқу құралдары *дестелеп* жиналыпты (Байтанаев).

ДЕСТЕЛІ *Қаттаулы, реттеулі.* ~ товар.

ДЕТАЛЬ 1. *Машинаның ұсақ бөлшегі.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің я құбылыстың егжей-тегжейі.*

ДЕТЕКТИВ *Полицияның қылмысты іздеп, тіміскілеп жүретін құпия тыңшысы, жасырын агенті.*

ДЕТЕКТИВТІ *Шытырман оқиғалы, қылмысты іске толы.* ~ роман, ~ фильм.

ДЕТЕРМИНИЗМ *филос. Өмірдегі кездесетін құбылыстардың себептестігі мен шарттылығы туралы ілім.*

ДЕФИЦИТ 1. *Бір нәрсенің тапшы болуы, жетіспеушілік.* 2. *Шаруашылық мекемелерде шығыстың кірістен асып кетуі.*

ДЕФЛЯЦИЯ *экон. Артық ақша сомасының бір бөлегін айналымнан әдейі алып тастау.*

ДЕФОРМАЦИЯ *Сыртқы күштің әсерінен қатты заттың көлемінің не болмаса формасының өзгеруі.*

ДЕФОРМАЦИЯЛАН *Бұрынғы қалыптан өзгеру, бұзылу.*

ДЕЦИГРАММ *Грамның оннан бір бөлігі.*

ДЕЦИМА *муз. Берілген нотадан жоғары қарай санағанда оныншы болып келген дыбыстар аралығы.*

ДЕЦИМЕТР *10 сантиметрге тең ұзындық өлшем.*

ДЖАЗ *муз. Жеңіл мазмұнды музыка жанры.*

ДЖЕМ *Жеміс-жидектен қант қосылып қайнатылған тәтті тағам.*

ДЖЕРСИ *Жүннен немесе жібектен тоқылған материал және осы материалдан тігілген киім.*

ДЖИНСЫ *Айрықша матадан тігілген шалбар.*

ДЖУНГЛИ *Тропиктік жерлерде адам өте алмайтын ну тоғайлы, сазды, шалшықты жер.*

ДЗОТ *әск. Жерді қазып, төбесін бөренемен жауып орнатқан атыс орны, бекініс.*

ДЗЮДО *спорт. Жапондардан тараған еркін күрестің түрі.*

ДИАБАЗ *геол. Көшеге төсейтін тау жынысы және құрылыс материалы.*

ДИАБЕТ *мед. Организмде қант алмасуының бұзылуы; қант ауруы.*

ДИАГНОЗ *мед.* 1. *Ауырған адамды зерттеу негізінде науқасын табу.* 2. *Ауыс. Оқиғаның себеп-салдары.*

ДИАГНОСТИКА *мед. Ауруды анықтау және емдеу туралы ілім.*

ДИАГОНАЛЬ 1. *мат. Көпбұрыштың бір бұрышынан екінші қарама-қарсы бұрышына сызылған сызық.* 2. *текст. Бір түсті, қисық бедерлі, қалың жолма-жол мата.*

ДИАГРАММА *Белгілі бір дәрежені көрсететін көрнекті сызық.*

ДИАЛЕКТ *Өзіндік ерекшелігі бар белгілі бір аймақта қолданылатын сөздердің жиынтығы.*

ДИАЛЕКТИЗМ *Белгілі бір аймақта ғана қолданылатын, таралу шегі бар тілдік ерекшелік.*

ДИАЛЕКТИКА *филос. Жаратылыстың, қоғамның, ой-сананың дамуындағы жалпы заңдылықтар туралы ілім.* Материалистік ~.

ДИАЛИЗ *хим. Еріген заттарды бір-бірінен ажыратып алу әдісі.*

ДИАЛОГ *Екі немесе онан да көп адамдардың өзара жүргізген әңгімесі.*

ДИАМЕТР *геом. Шеңберді қақ бөлетін түзу сызық.*

ДИАПАЗОН *муз.* 1. *Адам даусының дыбыс көлемі.* 2. *Музыкалық аспаптардың дыбыс аумағы.* 3. *Ауыс. Адамның білімінің, қабілетінің, іс-әрекетінің аумағы, шеңбері.*

ДИАСПОРА *Бұрынғы өз отанынан алыс жерлерге қоныстанған адамдар.*

ДИАСТАЗ *хим. Крахмалды қантқа айналдыратын фермент.*

ДИАСТОЛА *мед. Жүректің бұлшық етінің қалыпты жиырылудан кейін босаңсуы.*

ДИАФИЛЬМ *Суреті көрсетіліп, астына түсініктеме жазылған шағын фильм.*

ДИАФРАГМА 1. *анат. Көкірек қуысын іш қуысынан бөліп тұратын көк ет.* 2. *физ. Оптикалық прибордың ішіндегі (фотоаппаратқа) жарықты ықшамдап шашыратпай тұратын қалқан.*

ДИБАЗОЛ *мед. Күре тамыр тұтігін кеңітетін дәрілік препарат.*

ДИВАКЦИНА *мед. Іш сүзегіне қарсы қолданылатын спирттті вакцина.*

ДИВАН I *Әрі отыруға, әрі жатуға арналған арқалық сүйеніші бар жұмсақ жасау; жиһаз.*

ДИВАН II *тар. Түрік сұлтандары кезіндегі төрелер кеңесі; дуан.*

ДИВЕРСАНТ *саяс. Диверсия жасаушы.*

ДИВЕРСИЯ *саяс. Қастандық пен астыртын істелетін бұлдіру әрекеті, зиянкестік.*

ДИВИДЕНД *экон. Акционерлер бөлісетін пайда, мүлік иесінің алатын табысы, кірісі.*

ДИВИЗИОН *әск. Бірнеше бөлімшеден құралған әскери құрама, бөлім.*

ДИВИЗИЯ *әск. Бірнеше полктардан құралған әскери бөлім.*

ДИВИЗМ *муз. Бір-бірімен қосылмайтын, жеке, бөлек.*

ДИГЕЗАН *мед. Ішек құрттарын түсіретін препарат.*

ДИДАКТИКА *пед. Педагогикалық ғылымның оқыту әдістерін баяндайтын бөлімі.*

ДИДАР *Жүз, түр, келбет.* Ана ~ы мейірімді екен. □ **Дидар іздегіш** — *фотоаппараттың суретке түсірілетін объектіні табу үшін жасалған бөлшегі.*

ДИДАРЛАН *Көріктену, нұрлану.* Қыз оған ~а қарады.

ДИДАРЛАС *Жүзбе-жүз кездесу.* Ойламаған жерден ~ *а* бердік.

ДИДАРЛЫ *Нұрлы, көрікті; келбетті, ажарлы.* Ақ ~, ай ~, күн ~.

ДИЕЗ *муз. Белгілі бір дыбыстың үнін жарты тон жоғарылататын таңба, белгі.*

ДИЕТА *мед. Науқас адамның белгілі бір мерзімде тамақтануы, тамақ жеу тәртібі.*

ДИЕТАЛЫҚ *мед. Арнайы диетаға бөлінген.* ~ асхана, ~ стол, ~ қорек.

ДИЕТАСХАНА *Диеталық тамақ ішетін арнайы асхана.*

ДИЗЕЛЬ *техн. Мұнаймен жүретін іштен жанатын күрделі двигатель.* ~ жанар майы, ~ отыны.

ДИЗЕЛЬДІ *техн. Дизель орнатылған, дизелі бар.*

ДИКОБРАЗ *зоол. Арқасында ұзын инешелері бар, сүтқоректілер тобына жататын кеміруші.*

ДИКТАТОР *саяс. Мемлекет ісін шексіз билеуге еркі бар әмірші.*

ДИКТАТОРЛЫҚ *саяс. Шексіз үстемдік.*

ДИКТАТУРА *Қолында мемлекет билігі бар таптың шексіз үстемдігі.*

ДИКТОР *Микрофон алдында радио және телехабарларын оқитын, радио, теледидар қызметкері.*

ДИКТОФОН *Сөйлеген сөзді жазып алатын және қайта айтып беретін аспап.*

ДИКЦИЯ *Сөйлеген сөз, өлең, тақпақ айтқанда сөздің, буынның ашық, айқын айтылу нәші, мақам.*

ДИҚАН 1. *Егін шаруашылығымен айналысатын адам; егінші.* 2. *көне. Дақыл, өнім.* □ **Диқан баба** — *егін еккен диқанды сыйлау, соған табыну.*

ДИҚАНШЫ *Егінші, егін кәсіпкері.*

ДИҚАНШЫЛЫҚ *Егін салушылық, егіншілік.* ~пен кәсіп етеді.

ДИЛАН *Әлдену, тыңаю, қуаттану.* Адамдардың аузы аққа тиген соң ***диланып*** кетті (Ә. Ахметов).

ДИЛЕТАНТ *Әр саладан үстірт қана білімі бар, ғылыммен не өнермен үстірт шұғылданатын адам; дүмше.*

ДИЛОГИЯ *әдеб. Сюжеті, мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ екі кітаптан тұратын әдеби шығарма.*

ДИЛЫ *Қоңды, әлді, күйлі.* ~ мал, ~ адам.

ДИМЕДРОЛ *мед. Ауру денені тыныштандыратын ақ түсті дәрі.*

ДИМИНУЭНДО *муз. Музыка орындағанда біртіндеп дыбыс күшін бәсеңдету.*

ДИНАМЕТР *техн. Мал жүнінің мықтылығын, созымдылығын анықтайтын аспап.*

ДИНАМИКА 1. *физ. Күштің әсерін және дене қозғалысын зерттейтін механика бөлімі.* 2. *муз. Дыбыстың шығу күші.* 3. *Қимыл қозғалыстың, дамудың, өзгерістің қалып-күйі, ерекшелігі.*

ДИНАМИКАЛЫ *Өзгермелі, дамымалы, қозғалысты.*

ДИНАМИКАЛЫҚ *техн.* 1. *Физика динамикасына тән.* ~ қысым. 2. *Музыка динамикасына тән.* 3. *Медициналық динамикаға тән.*

ДИНАМИТ *Күшті қопарылғыш зат.*

ДИНАМО *техн. Электр тогын өндіріп шығаратын машина; динамомашина.*

ДИНАМОМЕТР *физ. Механикалық күш-қуаттың шамасын өлшейтін аспап.*

ДИНАР *тар.* 1. *Шығыс мұсылман елдеріне ерте кезде кең тараған арабтың алтын ділдасы.* 2. *Кейбір қазіргі араб елдерінің ақша атауы.*

ДИНАСТИЯ *Бір патша не хан әулетінің тұқым қуалай бірінен соң бірінің патша, хан болуы.*

ДИНГО *зоол. Австралияның жабайы иті.*

ДИНОЗАВР *палеонт. Ертедегі жыртқыш, алып кесіртке.*

ДИПЛОМ 1. *Арнаулы оқу орнын бітіргендік туралы берілетін куәлік.* 2. *Белгілі табыс я жетістік үшін берілетін куәлік қағаз.*

ДИПЛОМАНТ 1. *Диплом жазушы адам.* 2. *Өнерімен диплом алған жұлдегер.*

ДИПЛОМАТ I 1. *Шет мемлекеттермен сыртқы қарым-қатынас ісін жүргізетін адам.* 2. *Ауыс. Өр шаруаның ішін келтіріп, қисынын табатын адам.*

ДИПЛОМАТ II *Портфель орнына қолға ұстауға ыңғайлы төртбұрышты қол сандықша.*

ДИПЛОМАТИЯ *саяс.* 1. *Белгілі бір мемлекеттің сыртқы және халықаралық саясатын жүргізу жөніндегі үкімет әрекеті.* 2. *Ауыс. Құлық, айла-шарық.*

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ *саяс. Дипломатияға қатысты.* ~ корпус (өкілдік, қатынас).

ДИПЛОМАТТЫҚ 1. *Дипломатияға байланысты.* ~ әңгіме. 2. *Ауыс. Өр шаруаның тілін таба білушілік.*

ДИПЛОМДЫ *Жоғары білімді, дипломы бар.*

ДИПЛОМДЫҚ: дипломдық жұмыс — *диплом алуға еңбектенген жұмыс.*

ДИРЕКТОР *Өндіріс орнының, мекеменің басқарушысы, жетекшісі.*

ДИРЕКТОРАТ *Директор жетекшілік ететін ірі мекеменің басқару коллегиясы, дирекция.*

ДИРЕКЦИЯ *Белгілі бір мекеменің я өндірістің әкімшілік басқару орны.*

ДИРИЖАБЛЬ *авиац. Ауадан жеңіл, іші газға толтырылған ұшқыш аппарат.*

ДИРИЖЕР *муз. Оркестр немесе хор топтарын, ұжымдарын басқаратын адам.*

ДИСГАРМОНИЯ 1. *муз. Үннің құлаққа жағымсыз болып естілуі.* 2. *Ауыс. Бір нәрсесі келіспей ажырасу, үйлесімі болмау, үйлеспеу.*

ДИСК *спорт.* 1. *Ортасы дөңестеу, жалпақ, дөңгелек, лақтырып ойналатын зат.* 2. *әск. Қол пулеметтің оқ салатын бөлшегі.* 3. *астр. Күннің, айдың жерден қарағандағы беті.*

ДИСКАНТ *муз.* 1. *Ер балалардың жіңішке даусы.* 2. *Жіңішке дауысты әнші адам.*

ДИСКРИМИНАЦИЯ *саяс. Империалистік қанау қысымында езілген жеке ұлттарды, ұлттық топтарды, отар халықтарды алалап, құқынан айыру.*

ДИСКОМФОРТ *Жайсыздық, жағдайсыздық, қолайсыздық.*

ДИСКОТЕКА *муз.* 1. *Күйтабақтар мен магнитофон жазбаларының жиынтығы; дискілер қоймасы.* 2. *Би билеп, музыка тыңдайтын сауық кеші.*

ДИСКІЛЕ *Дискалы тырмамен топырақты майдалап, өңдеу.*

ДИСПАНСЕР *мед. Белгілі бір ауруды емдейтін және одан алдын ала сақтандыратын арнаулы медициналық мекеме.*

ДИСПАНСЕРЛЕУ *мед. Аурудан алдын ала сақтандыру және емдеу үшін жүртшылықты үнемі дәрігер бақылауына алу.*

ДИСПАНСЕРЛІК *Диспансерге қатысты.* ~ бақылау, ~ тексеру.

ДИСПЕРСИЯ *физ. Сәуленің шағылысуы, сынуы.*

ДИСПЕТЧЕР *Өндіріс объектілеріндегі жұмыс барысын, транспорт жүрісін бір орталықтан қадағалап, басқарып отыратын қызметкер.*

ДИСПОЗИЦИЯ *әск. Соғыс жүргізу үшін әскердің белгілі бір жерге орналасуы немесе кемелердің тоқтайтын жерге жайғасу жоспары.*

ДИСПРОПОРЦИЯ *Жеке бөліктердің өзара сәйкеспеуі, пропорцияның жоқтығы.*

ДИСПРОПОРЦИЯЛЫҚ *Өндірістің жеке салалары мен элементтерінің арасында қажетті ара салмақтың бұзылуы; сәйкессіздік.*

ДИСПУТ *Жүртшылық алдында белгілі бір мәселені талқыға салатын ғылыми пікірталас.*

ДИССЕРТАНТ *Көпшілік алдында өзі жазған ғылыми еңбегін қорғаушы.*

ДИССЕРТАЦИЯ *Ғылыми дәреже алу үшін көпшілік алдында қорғайтын ғылыми зерттеу жұмысы.* Кандидаттық ~, докторлық ~.

ДИССИМИЛЯЦИЯ *биол.* 1. *Күрделі органикалық заттардың бойындағы энергияның таратылып, қарапайым заттарға бөліну процесі.* 2. *лингв. Сөз ішіндегі ұқсас дыбыстардың біреуінің өзге дыбысқа айналып кетуі.*

ДИССИМИЛЯЦИЯЛАН *хим. Молекулалардың бөлінуі, ыдырауы.*

ДИССОНАНС 1. *муз. Музыкалық үндердің (дыбыстардың) үйлеспеуі, бұзылуы, құлаққа жағымсыз естілуі.* 2. *Ауыс. Бір құбылыстың үйлесімсіздігі.*

ДИСТАНЦИЯ 1. *Белгілі бір аралық, қашықтық.* 2. *техн. Жол бойындағы участок, бөлімше.*

ДИСТРОФИК *мед. Организмнің қоректену қызметінің бұзылуы.*

ДИСУЛЬФАН *вет. Іші өткен малға беретін дәрі.*

ДИТИМЕН *мед. вет. Организмді уақытша жансыздандыру препараты.*

ДИУАНА *діни.* 1. *Ризығын көктен тілеп кәсіпсіз жүретін адам; дәруіш.* 2. *Ауыс. Істеген шаруасының берекеті жоқ, ақылсыз, бәтуасыз адам.* Мен де бір өнер құған *диуана* едім (Тоқтаров).

ДИУРЕТИН *мед. Күретамыр тұтігін кеңітетін дәрі.*

ДИФИНИН *мед. Дене құрысуын емдейтін дәрі.*

ДИФРАКЦИЯ *физ. Бөгетке кездескен сәуленің қисық таралуы, құбылуы.*

ДИФТЕРИЯ *мед. Балалардың жұқпалы тамақ ауруы; күл.*

ДИФФАМАЦИЯ *Біреуді масқаралайтын мәлімметті баспаға жариялау.*

ДИФФЕРЕНЦИАЛ 1. *мат. Шексіз аз санның ерікті тұтасу функциясы.* 2. *техн. Бір біліктегі екі дөңгелектің екі түрлі шапшаңдығын басқаратын тетік.*

ДИФФУЗИЯ *физ. Екі заттың түйіскенде бірбіріне ауысуы, сіңісуі, араласуы.*

ДИФФУЗИЯЛАН *Сіңісіп кету, тоғысу.*

ДИІРМЕН *Дәнді дақылдарды тартып, ұн шығаратын кәсіпорын.* Жел (қол, су) ~.

ДИІРМЕНШІ 1. *Диірмен жүргізуші адам.* 2. *Диірмен жасаушы.*

ДИЮ *миф. Ертегілерде айтылатын алып тұлғалы, сиқырлы күш иесі; пері.*

ДО *муз. Музыка гаммасының бірінші нотасы және сол нотаның белгісі.*

ДОБАЛ *Икемсіз, епетейсіз, қолапайсыз.* ~ саусақ.

ДОБАЛДА *Әйтіп-бүйтіп нұсқалай салу.* ~й салған шана.

ДОБАЛДАЙ *Домбалдай, өте ебедейсіз, ұп-ұлкен.* ~ қол.

ДОБИЯ *Білезікке орнатылған қызыл моншақ тас.*

ДОБЫРА *Қобырап босап қалу.* Кітаптың әр жері *добырап* қалыпты (Қанахин).

ДОГМА *Шындықтан алыс, зерттеусіз, тексерусіз соқыр сенімге ғана сүйенген қағида.*

ДОГМАТ *діни. Ақиқат делініп қабылданған діни қағида.*

ДОГМАТИЗМ *Белгілі бір ілімге сын көзбен қарамай, беталды бой ұрушылық.*

ДОҒА 1. *Атты арба не шанаға жеккенде, екі жақ шеті тәрте мен қамыттың құлақ бауын ұстап, бекітіп тұратын доғалдана иілген ағаш сайман.* □ **Доға жал** — *доға сияқты иіліп, тік тұратын жал.*

ДОҒАБАС *Белдіктің, айыл-тұрманның бір жақ басына бекітілген дөңгелек айылбас.*

ДОҒАЛ 1. *Сүйрік емес, мұқыл.* ~ тұмсық туфли. 2. *Ауыс. Дөрекі, тұрпайы.* ~ мінез, ~ сөйлейді. □ **Доғал бұрыш (*геом.*)** — *тік бұрыштан үлкен, жазық бұрыштан кіші бұрыш.*

ДОҒАЛАҚ *Қалай болса солай, добалдай салған.* ~ арба, шоқпардың ~ басы.

ДОҒАЛДАН *Мұжілу, мұқалу, кетию. Үйдің екі бұрышы мұжіліп, доғалданып* қалыпты (Қанахин).

ДОҒАЛДАУ 1. *Сүйір емес, мұқылдау, келтелеу.* Қанаты ~. 2. *Мінезі томырықтау, тұйықтау.* Бейбіткөп сөйлемейтін *доғалдау* жігіт (Алшынбаев).

ДОҒАЛДЫҚ *Тұйықтық, томырықтық.* Жабай *доғалдығымен* томырылып келеді (М. Әуезов).

ДОҒАЛЫҚ *жерг. Түйеге отын артатын арқанның ұшына байлайтын қоян сүйек жиде, тобылғыдан жасалған тоғанақ.*

ДОҒАНАҚ *Сүйреткінің арқанын байлайтын ілгек ағаш.*

ДОҒАР 1. *Арбаға, шанаға жегілген көлікті ағыту, тоқтату, босату.* Аттарды ~ды. 2. *Кідіру, тыю, тоқтату.* Мен әңгімені дереу *доғара* қойдым (Тәукебаев).

ДОҒАРА *жерг. Іші-сырты маймен сыланған жер кепе.*

ДОҒАРУЛЫ *Ағытулы, босатулы.* ~ ат-шана.

ДОҒАША *Доғаға ұқсас, доға сияқты.* ~ иді, ~ иілген.

ДОДА 1. *Ат үстінде көкпарға таласып, үймеленген көкпаршылар тобы, көкпар тартысы;* Ақалтеке *додаға* жоқ, шабысқа шайтандай жүйрік екен (Мұртазаев). 2. *Ауыс. Өмір тартысы.* Өмір мен өлім белдескен мына *дода* (Ж. Мусин). □ **Додаға түсті [салды]** — *а) көкпаршылардың қалың үйілген тобына кірді; ә) ту-талапай болды, талапайлады.* ◊ **Додасы шықты** — *қобырап быт-шыт болды.*

ДОДА: дода бас [сақал] — *үрпиген қауқиған сақал-шаш.*

ДОДАГЕР *Көкпар тартқанда додаға түсетін адам.*

ДОДА-ДОДА *Үйпа-түйпа, тоз-тоз, түте-түте.* Шашы ~. □ **Дода-дода болды** — *жан-жаққа бытырап тарап кетті.*

ДОДАЛА 1. *Түйдектеу, бұрқырата шошайтып қою.* Олар шаштарын *додалап,* беттерін опалаудан басқаны білмеді (Бодықов). 2. *Қара дүрсінге салу, долбарлау.* Ол дөрекі тілмен *додалап* жеткізді (Мұзапаров).

ДОЗ *Ашу, ыза.* Наданның сөзі жаман, момынның *дозы* жаман (Мақал).

ДОЗА *мед. Бір жолғы ішілетін дәрінің тиісті мөлшері.*

ДОЗАҚ *дін. О дүниеге барғанда күнәкар адамды жазалайтын, азаптайтын орын, жанып тұрған от, тамұқ.*

ДОЗАЛАУ *Доза-дозаға бөлу, мөлшерлеу.*

ДОЗОР *әск. Әскери бөлімнің алдағы бағыт, бағдарын байқап отыратын шамалы ғана топ; шолғыншы.*

ДОЙБЫ *спорт. Тақтасында 64 (кейде 100 не 144) ақ және қара түсті клеткалары бар 24 тас тізіп ойнайтын шатыраш.*

ДОЙБЫШЫ *Дойбы ойыншысы.*

ДОЙЫР *Дөкір, дөрекі, тоң мойын.* ~ адам (мінез).

ДОЙЫР: дойыр қамшы — *өзегіне қорғасын салып өрілген сабы қысқа, жуан өрмелі қамшы.*

ДОЙЫРЛА *Дойырмен ұрып-соғу.* Қолға түскен ұрыны ~ды.

ДОЙЫРЛЫҚ *Тоң мойындық, дөкірлік.* ~қа басты, ~ көрсетті.

ДОКТОР 1. *мед. Арнаулы медициналық білімі бар маман; дәрігер.* 2. *Ең жоғарғы ғылыми дәреже.*

ДОКТОРАНТУРА *Докторлық диссертация жазуға берілетін уақыт, мерзім.*

ДОКТРИНА *Ғылыми немесе философиялық теория, саяси бағыт, ілім.*

ДОҚ: доқ көрсетті — *сес көрсетті, сес қылды; қоқаңдады.*

ДОҚАБА *Сырты түкті келген барқыттың жақсы түрі.*

ДОҚТАН *Сес көрсету, қорқыту.* Әлмырза *доқтанып,* дауыс көтерді (Б. Шаханов).

ДОЛАН *Айналасы шарбақпен қоршалған аула.*

ДОЛАНА *бот.* 1. *Раушан гүлділер тұқымдасына жататын ұсақ домалақ жемісті ағаш.* 2. *Долана ағашының жемісі.* □ **Долана көбелек** — *ақ көбелек туысына жататын зиянды көбелек.*

ДОЛАНАЛЫ *Доланасы көп, долана қалың өскен.* ~ тоғай, ~ тау.

ДОЛАНТОПШЫ *бот. Бойы аласарақ, піскенде жемісі қызыл, қара ағаштың ең қатты түрі.*

ДОЛБАЙ *Жоба, нұсқа, нобай.* Іс орнына ~.

ДОЛБАР *Болжам, жорамал.* Оның өзі-жай ~.

ДОЛБАРЛА *Болжамдау, жорамалдау.* Әркім өзінше ~йды.

ДОЛБАРЛЫ *Болжалды, болжамды, мөлшерлі.* ~ жауап.

ДОЛБЫРА *Болбырау, босаңсу.* ~ған мыжың адам.

ДОЛДАН 1. *Ашуға булығу, ыза болу, қатты ашулану. Долданған* келіншек жылап жіберді (Б. Мұқаев). 2. *Ауыс. Аласұрып құтырыну, өршелену.* Жайық *долдана* толқып жатыр (Ойшыбаев).

ДОЛДЫР *Ісіну, қабыну.* Бетін көрмейсің бе, *долдырып* кеткенін (С. Жүнісов).

ДОЛЛАР *Америка және кейбір елдердегі ақша белгісі (единица).*

ДОЛУЫР *Ызақор, шамшыл.* Ей, *долуыр,* сапсап (Бекхожин).

ДОЛЫ I *Дауылмен қоса жауған нөсер жаңбыр.*

ДОЛЫ II *Ызақор, ашушаң.* Додалы *долы* жеңбейді, адалдық жеңеді (Мақал).

ДОЛЫҚ I *көне. Малдың терісінен жасалған торсық сияқты көн ыдыс.*

ДОЛЫҚ II *Ашу қысып долдану, ызалану.* Әкет! — деді әбден *долыққан* кемпір (Қанахин). ◊ **Долығы басылды** — *аптығы басылды.*

ДОЛЫЛАН *қ. Долдан. Ашулану, долдану, ыза кернеу.*

ДОЛЫЛЫҚ *Ызақорлық, ашушаңдық.* -тан не істерін білмеді.

ДОЛЫР 1. *Ашу қысып, ісініп-қабыну.* Жарқын *долырып,* бетіне қаны ойнап шыға келді (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Құтыру, буырқану.* Ызғырық жел *долыра* соғып өтті (Мусин).

ДОЛЫРЫҚ: долырық атты — *қаны қайнап ызаланды, шиыршық атты.*

ДОМ *жерг. Қырғи ұстайтын ау; құрал.*

ДОМ: дом боп жарады — *семіз жылқыны барлығын, қызылмай болмас үшін мінер алдында бірер тақ асырып, бабына келтіріп жарату.*

ДОМАЛА *Аунау, дөңгелеу.* Мен де қаңбақша *домаладым* (Ақбаев).

ДОМАЛАҚ 1. *Дөңгелек, жұмыр.* Жердің ешқандай шеті жоқ шар тәрізді -. 2. *Томпиған, толық.* Қамбар — *домалақ,* аққұба бала (Молдағалиев). □ **Домалақ арыз** — *аты-жөні көрсетілмей жазылған шағым.*

ДОМАЛАҚТА *Дөңгелектеу, жұмырлау.* Ол ұршығы толған жіпті *домалақтап* төге бастады (Оразалин).

ДОМАЛАҢДА *Домалаң-домалаң ету, томпаңдау.* Балалар -п келе жатыр.

ДОМАЛАТПА *бот. Алабота тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік.*

ДОМБАЗДА *Онан-мұнан құрастырып бірдеме жасау. Домбаздап* соққан дуал (Мұртазаев).

ДОМБАЙ I *Жабайы есек.* Терек қажап, тал қайзар, құлан, *домбай* баласы (Бес ғасыр жырлайды).

ДОМБАЙ II *Нұсқа, нобай; жоба.* Оқыстау айтқан - сөз.

ДОМБАЙЛА *Бір нәрсені жобасына, нұсқасына келтіру, нобайлау.* Әлден уақытта бірденені *домбайлап* жазған болдым (С. Омаров).

ДОМБАЛ I *этногр. Ауыр шоқпар.*

ДОМБАЛ II *Әпербақан, ұрда-жық.* Өзгеге көне қоймайтын -.

ДОМБЫҚ *Білеулену, қабару, ісіну.* Аяқ-қолы -ғып кеткен.

ДОМБЫҚТА *Өсімдіктің түбіндегі топырақты қопсытып ұю.* Картопты -п үйіп жатыр.

ДОМБЫРА *Қазақ халқының екі шекті музыкалық аспабы.* - оркестрі, - үйірмесі.

ДОМБЫРАШЫ 1. *Домбыраны шебер ойнайтын адам.* 2. *Домбыра жасайтын шебер.* Өрімші, *домбырашы* сияқты өнер иелері де шыққан (С. Мұқанов).

ДОМБЫРАШЫЛЫҚ *Домбырада шебер ойнай білушілік.* Тәттімбеттің - өнері.

ДОМБЫТ *Сес көрсету, сескендіру, қорқыту.* Сүгір мені *домбытып* қойғысы келді (Соқпақбаев).

ДОМБЫТПА *Қоқан-лоқы, сес.* - сөз.

ДОМБЫТПАЛА *Қоқан-лоқы көрсету.* -п әрнемені айта беруі.

ДОМДА *Ептеп лекерлей салу, ілдебайлау.* Саз балшықтан *домдай* салған қазандық (Кекілбаев).

ДОМИНАНТ 1. *муз. Әрбір ладтың, гамманың бесінші дыбыстарының аталуы.* 2. *мед. физиол. Орталық нерв жүйесіндегі қоздырушы басты күш.* □ **Доминант сөз** — *ұйытқы сөз, тірек сөз.*

ДОМИНО *спорт. 28 сүйек таспен ойнайтын ұпайлы спорт ойыны.*

ДОМИНОШЫ *спорт. Домино ойынын сүйіп ойнайтын адам.*

ДОМКРАТ *техн. Ауыр жүкті жоғарырақ көтеретін механизм.*

ДОМНА *техн. Шойынды темір кенінен қорытып шығатын пеш, арнаулы өндірістік құрылыс.*

ДОН ЖУАН 1. *Кісі аты.* 2. *Ауыс. Осы аттас кісінің іс-әрекетінен шығарып, өмір бойы ғажайып уақиға, шым-шытырық іздеуші, әйелқұмар адамдар.*

ДОННИК *бот. Сортаң жерде өсетін ақ, сары гүлі бар, екі жылдық хош иісті өсімдік.*

ДОНОР *мед. Ауырған, жараланған адамдарға қанын беретін адам.*

ДОҢАЙБАТ *Біреуге көрсетілген сес, ашу, ызбар.* ◊ **Доңайбат көрсетті** — *бір-біріне қыр көрсетіп, қарсы келді.*

ДОҢҒАЛ *Дөңес жер.* Ауыл сыртындағы сары *доңғалға* апарып, түлпардың басын көмді (Сегізбаев).

ДОҢЫЗ 1. *Шошқа.* 2. *Ауыс. Мінезі тұрпайы, дөрекі адам.* □ **Доңыз жылы** *(тар.)* — *қазақтың көне жылнамасында соңғы жыл атауы.*

ДОҢЫЗОТЫ *бот. Сулы, батпақты жерлерде өсетін сабағы сидам өлең шөп.*

ДОҢЫЗӨЛЕҢ *бот. Шалғындарда өсетін, мал жақсы жейтін шөп.*

ДОҢЫЗСЫРТ *бот. Биіктігі 15–30 см-дей көпжылдық қияқты өсімдік.*

ДОП *спорт. Резеңке, пластмасса сияқты серіппелі нәрседен жасалған спорттық домалақ шар.* □ **Доп қылды** — *ойыншық қылды, доп сияқтандырды.*

ДОП-ДОМАЛАҚ *Шар тәрізді дөп-дөңгелек, жұпжұмыр.* - киіз доп.

ДОПИЯЗ *бот. Ақ түсті қышқыл дәмді өсімдік.*

ДОПТАЙ: доптай түсті — *мұрттай ұшты.*

ДОПТАЯҚ *спорт. Хоккей, гольф ойындарына арналған басы иіңкі таяқ.*

ДОПТЫ: допты хоккей *(спорт.)* — *мұз үстінде допты таяқпен қағып ойнайтын спорт ойыны.*

ДОРБА *Ұсақ-түйек заттар салуға арналған кішігірім қапшық.* ◊ **Дорба ауыз** — *салпиған, үлкен ауыз.* **Дорба сақал** — *қауқиған үлкен сақал.*

ДОРБАЛА *Дорба-дорба ету.* -п тасыды.

ДОРБАЛАН *Дорба сияқты қатпарлану.* Көзінің алды -ып түр.

ДОРБАЛАҢДА *қарап. Дорбаң-дорбаң ету.* -п жүгіріп өтті.

ДОРБАША *Кішігірім қалташа.*

ДОРБАШЫҚ *Кішкене қалташық.*

ДОРБИ *Сыртқа қарай томпию, дөңкию; дүрдию.* Танауы ~ып ісіп кеткен.

ДОРДИ *Қалың етті, дүрдік.*

ДОРДИТ *Күдірейту, күжірейту.* Желкесін ~ып алған.

ДОС 1. *Сырлас, жора-жолдас, жақын адам. Досыңа өтірік айтпа* (Мақал). 2. *Ауыс. Жан ашыр, қамқоршы, ақылгөй.* Кедрина — қазақ әдебиетінің *досы* (Ысмағұлов). □ **Дос болды** — *достасты.* **Дос қылды [етті]** — *дос деп санады, дос көрді.* **Дос көрді [түтты, санады]** — *көңілі түсті, жақын тартты.* ◊ **Дос егіз, дұшпан сегіз** — *досыңнан дұшпаның көп.*

ДОС-ДҰШПАН *Әркімнің өзіне ғана белгілі алыс-жақын адамдар.* Қалдырдың *дос-дұшпанның* табасына (Майлин).

ДОС-ЖАР *Жора-жолдас, тату дос, ниеттес адамдар.* ~ адам.

ДОС-ЖАРАН *Дос-жар, жора-жолдастар.* ~мен қоштасты.

ДОС-ЖАРАНДАУ *Дос-жар, жора-жолдастау, тамыр-таныстау.* Онымен ~ болатын.

ДОС-ЖОРА *Тілегі бір жора-жолдас.* ~ларын қуантты.

ДОССЫН *Дос болғансу, өзінше дос көру.* ~ып сөз айтты.

ДОСТАС *Дос ету, дос қылу, дос болу.* Қан майданда ~ты.

ДОСТЫҚ *Жақындастық, тілеулестік, ниеттестік, жора-жолдастық.* ~ ақыл, ~ әзіл, ~ құшақ, ~ сөз.

ДОСТЫҚ-МӘДЕНИ: достық-мәдени байланыс — *екі елдің арасындағы бір ниеттегі мәдени қатынас.*

ДОСТЫМ *Жақын-жуық адамды өзіне жақындату ретінде айтылатын шартты сөз.*

ДОСША *Досқа құсап, дос сияқты.*

ДОТ *әск. Пулемет, зеңбірек бекінуіне арналған ұзақ мерзімдік атыс орны.*

ДОТАЦИЯ *экон. Шығынның орнын толтыру үшін берілетін мемлекеттік жәрдем қаржы.*

ДОХА *Жүнін сыртына қаратып тігілген тон, ішік, соларды тыстайтын мата.*

ДОХАЛЫ *Дохадан киім киген, дохамен тысталған.*

ДОЦЕНТ *Жоғары оқу орнындағы оқытушылардың ассисенттен жоғары, профессордан төмен ғылыми атағы.*

ДӨДЕГЕ *этногр. Киіз үйдің сыртын айналдыра сән үшін үзік етегіне салатын, жалпақтығы сүйем не қарыс мөлшеріндегі әшекейлі киіз.*

ДӨДЕҢ *қарап. Басқалардан өзін артық, жоғары етіп көрсеткісі келгенде айтылатын сөз.* Сендерге сұрақты мына *дөдең* береді (Иманжанов).

ДӨЙ 1. *Зор, үлкен, ірі.* ~ жігіт. 2. *Мықты, азулы, атақты.* ~ басқарма, ~ жұмыскер.

ДӨЙТ *Біреудің сөзін қошеметтеп көтермелегенде, біреуді-біреуге өшіктіріп айдап салғанда айтылатын сөз.* ~ дерсің!

ДӨКПЕКТЕ *Дөңгелене, ұшып-қона жүгіру, зыту.* Қасқыр ~й жүгірді.

ДӨКІР 1. *Жүзі өткір емес, өтпейтін.* ~ балта (пышақ). 2. *Дөрекі, тұрпайы.* ~ мінез (сөз).

ДӨКІРЛЕУ *Дөрекілеу, тұрпайылау.* Мінезі ~, сөзі ~.

ДӨКІРЛІК *Дөрекілік, тұрпайылық.* ~тен пайда жоқ.

ДӨМПИ *Қомпию, дымпию.* Денесі ~ып ісіп кеткен.

ДӨМБЕЙІЛ *Өте терең қазылған ор.*

ДӨНЕЖІН *Төрт жасар ұрғашы ірі қара.* ~ сиыр, ~ байтал.

ДӨНЕН *Төрт жасар мал.* ~ айғыр, (бұқа, өгіз, қой). □ **Дөнен атан** — *төрт жастағы қос өркешті еркек түйе.* **Дөнен бәйге** — *дөнен жарысы.* **Дөнен қымыз** — *ашығанына төрт күн болған қымыз.* **Дөнен шығар** — *үштен асып төрт жасқа толмаған.*

ДӨҢ 1. *Көтеріңкі биік жер, төбе.* Жылқышы тұрар бір *дөңде* Қарына іліп құрығын (Жароков). 2. *Көтеріңкі, шығыңқы, дөңес.* ~ маңдай (мұрын, қабақ). 3. *Ауыс. Дүңк мінезді, қорс етпе.* ~ кеуде (мінез) ◊ **Дөң жарау** — *бабына жетіңкіремеген, шала-шарпы жаратылған.*

ДӨҢБЕК 1. *Жуан ағаштың үлкен бір кесіндісі.* ~ ағаш. 2. *Ауыс. Азап, бейнет, мехнат.* Еңбектен қашсаң, *дөңбекке* (Мақал).

ДӨҢБЕКТЕЙ 1. *Дөңбек сияқты, төбедей.* ~ жуан. 2. *Өлгенше үлкен, зор денелі.* Төргі бөлменің төрінде *дөңбектей* боп Жәнібек отыр (Майлин).

ДӨҢБЕКШІ 1. *Ары-бері аунақшып мазасы кету, тынышсыздану.* Ол ~п жатыр. 2. *Асты-үстіне шығып, астан-кестең болу. Дөңбекшіп* теңіз беті желмен ойнап (Ө. Сәрсенбаев).

ДӨҢБІЛДІ *Дөңесі көп, дөңес-дөңес.* ~ дала.

ДӨҢГЕЙ *Дөңестеу жер.* Үлкен жолдың ~інде.

ДӨҢГЕЛЕ 1. *Дөңгелектің шыр айнала қозғалуы, зырлап кетуі, шыр айналу.* Станоктың дөңгелегі көз ілеспей *дөңгеледі* (Ө. Сәрсенбаев). 2. *Домалақ қағу, домалау.* Оның бөркі еденге ұшып түсіп, *дөңгелеп* ала жөнелді (Жұмаділов). 3. *Дөңгелек формаға келу, шыр айнала алқа қотан қоршау.* Қалың солдат тұра қалды *дөңгелеп* (Тоқмағамбетов). 4. *Ауыс. Түлкі бұлтаққа салу, айналсоқтау.* Манадан бері *дөңгелейсің* кеп, дөңгелейсің (Шашкин). 5. *Ауыс. Өмірдің алға қарай дамып жылжуы. Дөңгелейді* дүние карусельдей (Мәуленов).

ДӨҢГЕЛЕК I 1. *Арбаны не механизмді қозғалысқа келтіріп, айналып тұратын білікке кигізілген шеңбер.* Арбаның төрт ~гі. 2. *мат. Геометрияда жазықтықтың шеңбермен шектелген және центрі бар бөлігі.*

ДӨҢГЕЛЕК II *Шар сияқты домалақ, сопақ емес.* ~ бет. □ **Дөңгелек стол** — *белгілі бір мәселе жөнінде пікір алысу мақсатымен ұйымдастырылған шағын ресми жиын, отырыс.* ◊ **Дөңгелек есеп** — *нақтылы емес, мөлшермен алынған есеп, сан.* **Дөңгелек ойнатты [айналдырды]** — *күші емін-еркін жетті, бұйым көрмеді.* **Дөңгелек шаруа [дәулет]** — *өзіне-өзі жетерлік, орташа ауқатты бар.*

ДӨҢГЕЛЕКТЕ 1. *Шар тәріздес формаға келтіру, жұмырлап ию.* ~п иді. 2. *мат. Нақтылы оң санды белгілі бір дәлдікпен оның жуық мәнімен шек келетін басқа бір нақтылы оң санмен ауыстыру.*

ДӨҢГЕЛЕКТЕУ *Дөңгелекше келген, домалақтау.* ~ келген, ~ жүзді.

ДӨҢГЕЛЕКТІ *Дөңгелегі бар.* ~ трактор, үш ~ мотоцикл.

ДӨҢГЕЛЕКШЕ *Кішігірім шеңбер, шеңберше.* ~ келген, ~ біткен.

ДӨҢГЕЛЕН 1. *Шеңбер сияқты дөңгелек формаға келу.* Жұрт алқа-қотан *дөңгеленіп* отырды (Тоқ-

мағамбетов). 2. *Шыр көбелек айналу, шырқ айналу.* Жігіттер бір-бір қызды құшақтап, *дөңгелене* жөнелді (Мұратбеков).

ДӨҢГЕЛЕНТ 1. *өзг. етіс. Дөңгелен-т.* 2. *Тептез, емін-еркін игеріп кету; меңгеру.* Қайын сіңілім бір үйдің шаруасын *дөңгелентіп* әкеткелі тұр (Ә. Нұрпейісов).

ДӨҢГЕЛЕҢДЕ *Домалаң-домалаң ету.* Үршықтай боп ~ді.

ДӨҢДЕУ *Дөңестеу, биіктеу.* ~ жер.

ДӨҢДІ *Дөңесті, дөңес-дөңес.* ~ жер.

ДӨҢЕС 1. *Жерден биік, төбеден аласалау жер.* 2. *Дұңкиген, шығыңқы, көтеріңкі.* ~ мұрын.

ДӨҢЕСТЕУ *Дөңестеніп келген, дөңестенген.* ~ біткен.

ДӨҢЕСТІ *Көтеріңкі, биіктеу.* ~ жер.

ДӨҢКЕС *жерг. Дөңкиген, дөңес.* ~ мұрын.

ДӨҢКИ 1. *Белгілі бір заттың жер бетінен томпайып көрінуі, оқшауланып шығып тұруы.* Үйдей тастар *дөңкиіп* жатыр (Сыланов). 2. *Құжірею, теңкию, күржию.* ~іп отыр (ұйықтап жатыр).

ДӨП *Түп-тура, дәл, нақ.* ~ басты.

ДӨП-ДӨҢГЕЛЕК 1. *Доп-домалақ.* Ай ~ боп туыпты. 2. *Жұп-жұмыр, тығыншықтай.* Денесі ~.

ДӨПТЕ *Туралау, дәлдеу.* ~й сілтеді.

ДӨРБІТ *Жұмыр денелі, құйрық-жалы қалың өскен жылқы.*

ДӨРЕКІ *Анайы, тұрпайы, ерсі; оғаш.* ~ сөз (қимыл).

ДӨРЕКІЛЕН *Оғаштық жасау, ерсі мінез көрсету.* ~е түсті (қалыпты).

ДӨРЕКІЛЕУ *Оғаштау, өрескелдеу, ерсілеу.* ~ сұрақ, ~ ойнады.

ДӨРЕКІЛІК *Ерсілік, тұрпайылық, оғаштық.* ~ көрсетті.

ДРАМА *әдеб. Сахнада ойналатын, диалогке құрылған көркем шығарманың түрі.* Драма үйірмесі — *драмалық шығарманы оқып үйрену үшін жиналған адамдардың тобы.*

ДРАМАЛЫ *Драма жанрында жазылған, драмаға құрылған.*

ДРАМАЛЫҚ *Драмаға негізделген.* ~ жанр, ~ дастан.

ДРАМАТИЗМ *Шығармада іс-әрекеттің шиеленісіп күшеюі.*

ДРАМАТУРГ *Драмалық шығарма жазумен шұғылданатын жазушы.*

ДРАМАТУРГИЯ *әдеб.* 1. *Драмалық шығармалардың құрылысы жайлы теория, драмалық шығармаларды зерттейтін ғылым.* 2. *Драмалық шығармалардың жиынтығы.*

ДРАП *Жүннен тоқылған сырт киімдік қалың мата.*

ДРЕЗИНА *Рельстен жүргізілетін моторлы төрт дөңгелекті темір жол арбасы.*

ДРЕНАЖ 1. *техн. Жер астына қазып орнатылған трубалар мен каналдар арқылы сазды жерді кептіру жүйесі.* 2. *мед. Жараның, іріңнің сары суын тұтік арқылы шығару әдісі.*

ДРОБИЛКА *техн. Руданы ұсақтап ұнтағыш, уатқыш машина.*

ДРОССЕЛЬ *техн. Трубамен мөлшерлеп газ, бу, су өткізіп тұратын механизмнің бөлшегі.* Анод ~і, жоғары жиілікті ~, төмен сүзгі ~і, электр ~і.

ДУ 1. *У-шу, даң-дұң, дабыр-дүбір.* Аздан кейін *ду* басылып, жұрт сабасына түсті (Талжанов). 2. *Ауыс. Дақпырт, дүрмек, дүбір.* Құтылар хал болмады мына *дудан* (Абай). ◊ **Ду түрегелді** — *Бірден іле көтерілді, лап берді.* **Ду берді** — *дем берді, рухтандырды.* **Ду болды** — *ойын-күлкіге бөленеді, думан қылды.* **Ду бітірді** — *қызық думан қылды.* **Ду етті** — *а) қызыққа батырды, думанға бөленеді. ә) бірден дүрсе қоя берді, шу ете қалды; б) лап ете қалды, лаулап жанды; в) дұңк ете түсті; г) ұялғаннан екі беті қызарды.* **Ду күлді** — *тегіс, жаппай күлді.* **Ду қол шапалақтады [соқты]** — *жаппай қол соқты.* **Ду қойды** — *лап берді.* **Ду қылды** — *думан етті, дуылдатты.*

ДУА *діни.* 1. *Біреудің басын айналдырып, жадылау үшін бақсы-балгерлердің ішірткісі.* Басыңды *дуамен* айналдырған (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Әсер, ықпал.* Куәсы бар сөздің *дуасы* бар (Мақал). ◊ **Дуа берді** — *қуат берді, күш-жігер бітті.* **Дуа қонды [дарыды, тиді]** — *а) еткені ем болды, шипасы тиді; ә) бағы жанды, береке кірді.* **Дуа оқыды [етті, қылды]** — *дұға жасады.*

ДУАГӨЙ *Дуа қылғыш, дуалағыш.*

ДУАДАҚ *Қанаты үлкен, мойны ұзын ірі дала құсы.*

ДУАЛ *Үйдің, қораның сыртын айналдыра бекіткен қоршау.*

ДУАЛА *Ішірткімен жадылап, бас айналдыру.* Сау адамды *дуалап,* Шала молда ел бұзар (Адамбаев).

ДУАЛДЫ *Дуалы бар, дуалмен қоршалған.* ~ жатаған үй.

ДУАЛИЗМ *филос. Дүниенің негізі бір-біріне тәуелсіз екі бастама — материя мен рух дейтін философиялық ағым.*

ДУАЛИСТ *Дуализм идеясын жақтаушы, дамытушы адам.*

ДУАЛЫ *Дуасы бар, жадыланған, оқылған. Дуалы* су сімірті (Манас). ◊ **Дуалы ауыз** — *айтқаны келетін, көріпкелі бар.* **Дуалы сөз** — *тап басып айтылған, берекелі, қонымды сөз.*

ДУАЛЫҚ *Дуалап берген тұмарша.*

ДУАН *көне. Бір уездік көлемдегі ауқымдық бекініс; аймақ.* Ертеде сібірлік қазақтар алты *дуанға* бөлінген. □ **Дуан басы** — *бір дуанға басшылық ететін адам.*

ДУАНА *Диуана сөзімен мәндес.* ◊ **Дуана талағандай қылды** — *а) есін шығарды, берекесін кетірді; ә) удай ашытты, дуылдатты, қуырды.*

ДУАНБЕГІ *көне. Азаматтық соттың бастығы.*

ДУАСЫЗ: дуасыз ауыз — *сөзін ешкімге өткізе алмайтын; пәтуасыз.*

ДУБЛЕТ 1. *Біртектес, екі заттың біреуі, соның екінші данасы.* Массалық ~, негізгі ~. 2. *лингв.* Мағынасы бірдей жарыспалы сөз.

ДУБЛИКАТ *Тұпнұсқамен күші барабар, белгілі бір құжаттың екінші данасы.*

ДУБЛЬ *кәсіб. Кинода, телефильмде бір көріністі бірнеше рет қайталап түсіру.* ~ жасады, ~ түсірді.

ДУ-ДУ 1. *Гу-гу, у-шу, дабыр-дүбыр.* ~ әзіл (әңгіме, күлкі). 2. *Азан-қазан, у да шу.* Көбелек пен құстар да сайда *ду-ду* (Абай). Беті *ду-ду* етіп, өңі де бұзылып жүре берді (Иманжанов). Ду-ду етті — *дуылдады, дызылдады.*

ДУ-ДУМАН *Сауық-сайран, ойын-күлкі, тамаша.* Жастар арасы ~.

ДУ-ДҮРМЕК *Дабыр-дүбір, ырду-дырду.* ~ ұлғая түсті.

ДУДЫҒА *көне. Батырлардың дабыл қағатын аспабы.* ~ *сын* қағып, сырнайын тартты.

ДУДЫРА *Қобырау, будырау. дода-додасы шығу.* Шашы ~п кетіпті. Ақша ~п, үстел үстінде жатыр.

ДУЛА 1. *Улап-шулау, даурығу, дабырлау.* Дәулетқали деген дауыс *дулап* берді (Ерғалиев). 2. *Сауық-сайран құрып қызықтау, шулау.* Күлкі мен айқай бір шығып, *дулаған* жүртты аңғартар (Шакенов). 3. *Ду-ду ету, дуылдау.* Дидары *дулап* албырап (Сыздықов).

ДУЛЫ *Ду-думанды, қызғылықты.* ~ сауық, ~ жәрмеңке.

ДУЛЫҒА 1. *көне. Батырлар соғыста басына киетін темірқалпақ.* 2. *Солдаттар майданда киетін металдан жасалған бас киім; каска.* 3. *Нар түйенің өркеші. Дулыға* өркеш нары бар (Айтыс).

ДУЛЫҒАЛЫ 1. *Басына дулыға киген.* ~ көк сауыт. 2. *Өркеші биік, өркеші үлкен.* Қияға тартсақ, қайыспас, *Дулығалы* құба нар (Үш ғасыр).

ДУЛЫҚ *Даурығу, дуылдау, шулау.* Жүрт қайта *дулықты* (Хангелдин).

ДУЛЫ-ШУЛЫ *Шаң-шұңы көп, у-шулы.* ~ жиындар.

ДУМАН *Қызық, тамаша, ойын-сауық.* ~ға бөледі, ~ етті (қылды, болды). ◊ **Думанның гүлі** — *ойын-сауық құруға шебер, ұйтқы.*

ДУМАНГЕР *Ойын-сауықшыл, қызық, тамаша құмар, думаншыл.* ~ жігіт.

ДУМАНДА *Тамашалау, қызықтау, думан жасау, думандату.* Жастар жатыр *думандап* (Жароков).

ДУМАНДЫ *Сауық-сайранды, тамашалы, көңілді.* ~ жәрмеңке.

ДУМАН-ДЫРДУ *Ырду-дырду, у-шу, ду-думан.*

ДУМАН-ҚЫЗЫҚ *Ойын-сауық, тамаша, ырду-дырду.* Жүрген жері- ~.

ДУМАН-САУЫҚ *Ойын-күлкі, той-думан, тамаша, сауық-сайран.* ~ пен күн кешті.

ДУМАН-ТОЙ *Думан-қызық, думан-дырду, ойын-сауық.* Отырмын *думан-тойдың* арасында (Мақатаев).

ДУМАН-ШУ *Ырду-дырду, қызық-сайран.*

ДУМАНШЫЛ *Сауық-сайранды жақсы көретін; сауықшыл.* ~ жастар.

ДУПЛЕТ *спорт. Бильярд ойынында — бір шармен басқа бір шарды қатты ұрғанда, ол шардың бортқа соғылып, оралып лузаға түсіретін айрықша ұрыс.*

ДУСТ *хим. Зиянды жәндіктерді құрту үшін жұмсалатын улы зат.*

ДУ-ТАЛАПАЙ: ду-талапай болды — *талапайға түсті, талапайға салды.*

ДУТАР *муз. Үйғыр, өзбек, түрікмен, тәжік халықтарының екі шекті шертпелі музыкалық аспабы.*

ДУХОВОЙ: духовой оркестр — *үрлемелі аспаптар оркестрі.*

ДУШ *Жаңбырлата құйылған сумен шомылатын орын.* ~қа шомылды (түсті).

ДУШАР: душар болды — *а) кездесті, тап болды; ә) ұшырады, кез болды, шалдықты.*

ДУШАРЛАС *Кездесу, жолығысу.* Олармен екінші рет ~ты.

ДУЫЛ *Шуыл, у-шу.* Үйдегі ~ басылды.

ДУЫЛДА 1. *Даурығу, қызынып сөйлеу.* ~ған көптің ортасы. 2. *Ұялғаннан, ауырғаннан т. б. дененің қызынуы.* Беті ~ды. 3. *Оттың лаулап жануы.* Қу отын ~п жанды.

ДУЫЛДАҚ *Ырду-дырду, шуылдақ.* ~қа тап болды.

ДУЭТ *муз. Екі дауысқа арналып жазылған ән, музыка сазы.*

ДҰҒА *діни. Аман-саулық, сау-саламаттықты тілейтін құранның қысқа-қысқа аяттары.* [] **Дұға айтты** — *Аллаға жалынды, тілек тіледі.* **Дұға етті [қылды, оқыды]** — *құдайға жалынды, жалбарынды.*

ДҰҒАГӨЙ *Дұғашыл, дұға оқығыш, тілеу тілегіш.* Қарағым, *дұғагөйім,* қамқор анам (Байтұрсынов).

ДҰҒАГӨЙЛІК *Дұға етушілік, батагөйлік.* ~пен шұғылданды.

ДҰҒАЙ: дұғай сәлем *(көне)* — *біреуге арнап-арнап сәлем жолдау.*

ДҰҒАЛА *Басын айналдыру, дуалау.* Молда басын ~п қойған.

ДҰҒАЛЫҚ *діни. Қағазға т. б. затқа жазылған дұға.*

ДҰДЫҚ *Тұтығып сөйлейтін; быдық.*

ДҰДЫҚТА *Тұтығу, быдыңдау.* ~п сөйлей алмады.

ДҰРЫС 1. *Жөн, жөнді, әділ, түзу.* Ол ~ ұйықтаған жоқ. Тентек — жұртқа теріс, өзіне *дұрыс* (Мақал). 2. *Орынды, ретті, заңды.* ~ ой, ~ пікір, ~ ақыл.

ДҰРЫСТА *Тәртіпке келтіру, реттеу, жөндеу.* Сөзін ~п сөйледі.

ДҰРЫСТЫҚ 1. *Әділдік, ақиқаттық, шындық.* Әйтеуір *дұрыстық* үшін өлеміз (Сейфуллин). 2. *Дәлме-дәл келушілік.* Есептің ~ғын кері амалмен тексереміз.

ДҰРЫСЫНДА *Әділдігінде, ақиқатында, шындығында.*

ДҰРЫСЫРАҚ 1. *Жөндірек, тәуірірек, дәлірек.* ~ айтқанда. 2. *Қолайырақ, лайықтырақ.* Сізге кабина *дұрысырақ* болар (Шаймерденов).

ДҰШПАН 1. *Дос емес, қас, жау.* 2. *Қырғи қабақ, араз.* Келіншектер — бір-біріне өлердей *дұшпан* (Дүйсенов).

ДҰШПАНДАС *Қастасу, жауласу, өштесу. Дұшпандасқан* жауына Ешбір ерік бермеген (Батырлар жыры).

ДҰШПАНДЫҚ *Өшпенділік, қастық, жаулық.* ~ жасады (істеді, қылды).

ДҮБӘРА 1. *Екі түрлі тұқымның будандасуынан туған төл.* ~ қозылар. 2. *Ауыс. Не ол емес, не бұл емес, шала.*

ДҮБІЛ *Дүрбелеңге түсу, аласапыран болу; дүрлігу.* Зал іші әлі *дүбілін* жатыр (Молдағалиев).

ДҮБІР 1. *Қимыл-қозғалыстан шыққан дыбыс, дүрсіл, тарсыл.* Ат ~і естілді. 2. *Ауыс. Жалпы дүрмек, хабар.* Ауылға ұлы қуаныш *дүбірі* жетті (О. Сәрсенбаев). □ **Дүбір салды** — *а) ойнақ салды, дүбірлетті; ә) көңілге ой алды; жігерлендірді.*

ДҮБІРЛЕ *Дүрсілдеу, тарсылдау.*

ДҮБІРЛІ 1. *Думанды, дүрмекті.* Қайнаған өмір *дүбірлі* (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Қарқынды, пәрменді.* ~ жарыс, ~ еңбек.

ДҮДӘМАЛ 1. *Екі ұшты, күмәнды, белгісіз.* 2. *Күмән, күдік, жорамал.* Сол *дүдәмалы* дұрысқа шықты (Сатыбалдин). ◊ **Дүдәмал болды** — *сенер-сенбесін білмеді, күмәнданды.*

ДҮДӘМАЛДА *Тура тап басып айтпау, екі ұшты қылу.* Айтарым жоқ ~п.

ДҰДӘМАЛДАН *Шұбәлану, күмәндану.*

ДҰДӘМАЛДАУ *Екі ұштылау, көмескілеу.*

ДҰДӘМАЛДЫ *Екі ұшты, күмәнды.* ~ сөз.

ДҰДӘМАЛДЫҚ *Селқостық, енжарлық, самарқаулық.* ~ білдірді.

ДҰЗ 1. *Жүз, бет.* 2. *Үйден сырт жер, ен дала; тыс.* Жапан ~. ◊ **Дүзі жанбады** — *ойына кіріп те шықпады, шімірікпеді.* **Дүзге отырды [шықты]** — *дәрет сындырды.*

ДҰЗГЕН *бот. Құмды, шөлейтті жерде өсетін бұтақты тырбық өсімдік.*

ДҮЙСЕНБІ *Аптаның бірінші күні.*

ДҮЙІМ *Түгел, тұтас, тегіс.* ~ жұрт.

ДҰК: дүк етті — *дық етті, дұңк етті.*

ДҰК-ДҰК *Дүкілдеген дыбыс.* ~ дыбыс естілді.

ДҮКЕН 1. *Әртүрлі товар сататын сауда орны; магазин.* Азық-түлік ~і. 2. *Ұсталар темір соғатын орын; ұстахана.* □ **Дүкен құрды** — а) *ұстахана әзірледі;* ә) *сауық-сайран құрды, сөзге кенелтті.* **Дүкен ұстады** — *саудаға, магазинге ие болды.*

ДҮКІРТ *Пәле, кездейсоқ оқиға, қырсық.* Енді мұндай *дүкірт* килікті (Ж. Аймауытов).

ДҮЛДҮЛ *поэт.* 1. *Жүйрік ат, сәйгүлік, пырақ.* 2. *Ауыс. Шешен, шебер.* Шетінен ~ орындаушы.

ДҮЛЕЙ 1. *Жарымес, нақұрыс, дөкір, ақылсыз.* Қатының ойсыз, *дүлей* надан (Айтыс). 2. *Табиғаттың меңіреу, сұрапыл, долы күші.* ~ боран (апат, сел). 3. *Ауыс. Айт-үйтқа қарамайтын, киме, ұрма.* ~ іскерлік. □ **Дүлей күш** — *көзсіз қажыр-қайрат.*

ДҮЛЕЙЛЕН *Долдану, алабұрттану, өршелену.* Мына маң *дүлейленді,* алабұртты (Ниязбеков).

ДҮЛЕЙЛІК *Дөкірлік, дөрекілік, ожарлық, ақылсыздық.* Осындай *дүлейлік* дегенді естігім де келмейді (Қонарбаев).

ДҮМ I 1. *Бір заттың арты, тұп жағы.* Мауданды ~ге бір тепті. ~і жуан ағаш. 2. *Мылтықтың иыққа тірейтін жері.*

ДҮМ II *Қалың, ну, сыңсыған.* ~ қарағай, ~ тоғай. □ **Дүм берді** — *қауырт лап берді.*

ДҮМБІЛ 1. *Пісуі жетпеген шикі.* Қазандағы ~ ет. 2. *Ауыс. Ысылмаған, өмірден көргені аз, шала (адам).* 1914 ж. облыста шала *дүмбіл* 13 агроном ғана болған (Ә. Нұршайықов). 3. *Жүгерінің әлі пісіп жетілмеген кезі.* **Дүмбіл тағам** — *пайдалануға ұшін одан әрі толық пісіруді қажет ететін шала дайындалған тағам.*

ДҮМБІЛЕЗ 1. *Шала піскен.* ~ нан. 2. *Жетілмеген, шалағай, ісінде тиянақ жоқ.* Әлі *дүмбілез.*

ДҮМБІЛЕЗДЕУ 1. *Бұлдырлау, көмескілеу.* ~ жол, ~ ой. 2. *Шикілеу.* ~ піскен.

ДҮМБІЛЕЗДІК *Шалағайлық, шикілік.* Мұнда бір ~ бар.

ДҮМБІРЛЕ 1. *Дүмбір ету, күмбірлеу.* ~ген кең сарай (үй). 2. *Ауыс. Алып ұшу, лепіру.* Жүрегім шапқан аттай *дүмбірлеген* (Бекхожин).

ДҮМБІТ *Жел беру, желіктіру.* Қара халықты ~ті.

ДҮМГАН *Екі ойлы, күмәнды.*

ДҮМДІ 1. *Ата-тегі мықты, белді, күшті, атақты.* Жүзбасының арғы тегі өте *дүмді* еді (Нұрманов). 2. *Күшті, әлді, қайратты. Дүмді* болсаң, кел бері (Мақал).

ДҮМДІЛІК *Мықтылық, күштілік, әлділік.*

ДҮМП-ДҮМП *Гүрс-гүрс, тарс-тарс.* Жерді ~ еткізді.

ДҮМПІ *Дүңкию, күмпию.* Көкірек бездері ~іп ісіп кеткен.

ДҮМПУ 1. *Қатты денелердің соғылысуынан, қозғалысынан пайда болған күшті жарылыс.* 2. *Бір нәрсенің еткен әсері, ықпалы.* Жеңгейдің *дүмпуі* қатты ма деймін (Иманжанов).

ДҮМПІ *Дүңкию, көтерілу, томпаю.* Оның аяғының асты *дүмпіп,* бүлк-бүлк етті (Қабдолов).

ДҮМПІЛ *Дүңкіл, күрсіл, тарсыл.* Майдан *дүмпілі* құлағына келді (Сарғасқаев).

ДҮМШЕ *Білімсіз, шала сауатты. Дүмше* молда дін бұзар (Мақал).

ДҮМШЕЛІК *Надандық, білімсіздік.* Ол мұны ~пен айтып отыр.

ДҮНГЕН *Тілі қытай-тибет семьясына жататын мұсылман діниіндегі халық.*

ДҮНГЕНШАЙ *бот. Биіктігі 20–30 см-дей тауда өсетін сарығұлді шөп (полынек)*

ДҰНИЕ 1. *Жер жүзі, әлем.* Кендерді тауып асылдан, *Дүниеге* даңқын асырған (Кәрібаев). 2. *Мүлік, жиһаз.* Үй ішінде басы артық *дүние* жоқ (Дәуренбеков). 3. *Қазына, қамба, көмбе.* Ол жасырын ~ тапты. 4. *Өмір, тіршілік. Дүниеге* кім келіп, кім кетпеді (Жақыпбайұлы). 5. *Табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобы, жиынтығы.* Өсімдіктер ~сі, жануарлар ~сі. 6. *Ауыс. Белгілі бір сөздермен қосылып, көп, мол, бірталай деген ұғымды білдіреді.* Атам орманнан ~нің отынын алып келді. ◊ **Дүние боқ** — *опасыз өмір, алдамшы тіршілік.* **Дүниеге келді** — *а) перзент өмірге келді, бала туды; ә) іс жүзінде көрінді, пайда болды.* **Дүниеден қайтты [кетті, өтті]** — *қайтыс болды, өлді.* **Дүниеде теңдесі жоқ** — *ешнәрсе оған тең келмейді.* **Дүние жүзі** — *бар әлем, бүкіл әлем.* **Дүние кезек** — *өмір бірде олай, бірде былай, өзгермелі.* **Дүние қоңыз** — *дүние жанды, дүниеқор.* **Дүниені қарап қылды** — *әлемді тас-талқан етті.* **Дүниенің бұты — бір-ақ тиын** — *бәрі бір, не болса ол болсын.* **Дүниенің тұтқасын ұстады** — *өмірдің билігі өз қолында болды.* **Дүниенің төрт бұрышы** — *бүкіл әлем, барлық жер шары.* **Дүние сөзі** — *күнделікті тіршілікке қатысты бос әңгіме.*

ДҰНИЕ-АЙ *Шіркін-ай, өмір-ай, заман-ай.* Жарық *дүние-ай!* Ой-хой, *дүние-ай!*

ДҰНИЕЖАНДЫ *Дүниеқор, дүниеқоңыз.* Хасен ~ жігіт.

ДҰНИЕҚОР *Дүниеқұмар, дүниежанды. Дүниеқор* — дүниенің құлы (Мақал).

ДҰНИЕҚОРЛАУ *Дүниеқұмарлау, дүниежандылау, малқорлау.* ~ кісі.

ДҰНИЕҚОРЛЫҚ *Дүниежандылық, дүниеқұмарлық.* ~қа берілген.

ДҰНИЕЛІ *Дүниесі көп, мүлікті, жиһазды.* Өздері ~.

ДҰНИЕЛІК I *Бұйым, жиһаз, мүлік.* Үй іші *дүниелікке* малынып тұр (Орманов).

ДҰНИЕЛІК II *Белгілі бір тіршілікке тән, заманалық.* О ~, бұл ~.

ДҰНИЕ-МАЛ *Қазына-байлық, дәулет.* Қыздың *дүние-малы* сай адамға барғысы келмейді (Әлішев).

ДҰНИЕ-МҮЛІК *Бар дүниелік, дүние-байлық, бар жиһаз.* Бәйбіше *дүние-мүліктен* айрылатын түрі жоқ (Тілегенов).

ДҰНИЕТАНУ *Дүниенің даму заңдылығын білу қабілеті, жалпы ой-өріс.*

ДҮНИЕШІЛ *Дүниеқор, дүниеқұмар, дүниежанды.* Дүмше молда ***дүниешіл*** (Мақал).

ДҮҢГІР I *Қаңғыр-күңгір, даңғыр.* Бөшкенің -і, құлақ -і.

ДҮҢГІР II *Ішіне сұйық зат құйылатын темір ыдыс (фляга).*

ДҮҢГІР-ДҮҢГІР *Қаңғыр-күңгір, даңғыр-дүңгір.*

ДҮҢГІРЛЕ 1. *Даңғырлау, дүңгір-дүңгір ету.* Асанның ***дүңгірлеген*** құлағы естімейтін сияқты (С. Ғаббасов). 2. *Қаңғыр-күңгір ету, қаудырлау.* Атамның ***дүңгірлеген*** торсығы бар (Соқпақбаев).

ДҮҢГІРЛЕК *Бітеу ағаштан ойып жасалған ұзынша ағаш шелек.*

ДҮҢГІРШЕК I *Қаймақ, май салынатын шұңғыл ыдыс.*

ДҮҢГІРШЕК II ***бот.*** *Судың тереңдеу жерінде қалқып жүретін су өсімдіктері.*

ДҮҢГІРШЕК III ***муз.*** *Үріп ойналатын қазақтың ұлттық музыкалық аспабы.*

ДҮҢК 1. *Тарс, күрс, күмп.* 2. *Қорс етпе, томырық, торсылдақ.* Шал мінезді ***дүңк*** адам (М. Жүсіпов). □ **Дүңк дегізді** — *сарт етті, тарс дегізді.* **Дүңк етті** — а) *тарс ете қалды, гүрс етті;* ә) *күтпеген хабар жан-жаққа өрбіп тарады;* б) *қорс етті, дүрсе қоя берді.*

ДҮҢК-ДҮҢК 1. *тарс-тарс, тарс-түрс, дүрс-дүрс.* - басты, - етті.

ДҮҢК: **дүңк-дүңк хабар** — *алып-қашты сөз, дүрілдеген хабар, дақпырт. Дүңк-дүңк* хабар жанжаққа тарап жатты (Тоғысбаев).

ДҮҢКИ *Дөңкию, күжірею.* Өзімбай ***дүңкиіп*** алпамсадай көрінеді (М. Әуезов).

ДҮҢКТЕУ *Мінезі томырықтау, дөң мінезділеу.* Қыздың мінезі ***дүңктеу*** екен (Тоғысбаев).

ДҮҢКІ *Ісіну, қабыну, дүңкию.* Аяғы -п ісіп кеткен.

ДҮҢКІЛ *Тарсылдаған, дүрсілдеп дүрілдеген, гүілдеген қатты дыбыс.* Ол жердің қатты **дүңкілінен** шошып оянды (Ахметбеков). □ **Дүңкілге салды** — *баяғы әдетіне басты.*

ДҮҢКІЛДЕ *Дүңк-дүңк, гүрс-гүрс еткен дыбыс шығару. Дүңкілдеген* барабан үнінен құлақ тұнады (Жұмаділов).

ДҮҢКІЛДЕК *Дүңк-дүңк еткен, гүрілдек.* Кәрі төбеттің балпылдай үрген ***дүңкілдек*** даусы шығады (Есенберлин).

ДҮП 1. *Мылтықтың, автоматтың дүмі.* 2. *Ең соңы.* Енді ***дүпке*** сақтаған әнді айтамыз, — десті олар (М. Әуезов). □ **Дүп түсті** — *дөп түсті, дәл шықты.*

ДҮП-ТҮЗУ *Тартқан сымдай дүзу.*

ДҮПІЛДЕ 1. *Алып-ұшу, лүпілдеу.* Итбайдың жүрегі ***дүпілдеп,*** ақшаны қайта санады (Көбеев). 2. *Дүңкіл шығару, әйгілеу.* Ертең-ақ жұрт ***дүпілдетіп,*** естіртпей қоймайды (Тілегенов).

ДҮПІЛДЕК ***зоол.*** *Үлкендігі кептердей балықшылар отрядына жататын құс.*

ДҮР I *Маржан, інжу.* Түбінен дарияның ***дүрлер*** теріп ("Үш ғасыр"). ◊ **Дүр шашты** — *гүл жайнады, құлпырды.*

ДҮР II *Күрт, қауырт, бірден.* Жаңбырдан кейін қыр шөбі ***дүр*** көтерілді (Т. Дәуренбеков). ◊ **Дүр етті** — *ду етті, бұрқ етті.* **Дүр сілкінді** — а) *жанжануар бойын жазып желпінді;* ә) *тебіренті, тітіренті.* **Дүр тітіренті** — *тебіренті, тітіренті.*

ДҮР III *Атақты, даңқты, мықты. Дүрлерді* өткендегі мақтап отыр. ◊ **Дүр санады** — *өзін-өзі жоғары көтеріп көкірек керді.*

ДҮР: **дүр жаңа** — *су жаңа.*

ДҮРБЕЛЕҢ 1. *Күйзеліс кезең, лаң, әбігер, аласапыран.* Отыз жетінші жылдың -і. 2. ***Ауыс.*** *Қым-қуғаш әуреге тұсушілік, әбігерге салынушылық.* Той -і, қуаныш -і. ◊ **Дүрбелең салды** — *әуре-сарсаң қылды, берекесін алды.* **Дүрбелеңге түсті** — *аласапыран болды, күйзелді.*

ДҮРБЕЛЕҢДЕТ *Дүр сілкіндіру, дүрліктіру.* Жайсыз хабар жұртты -ті.

ДҮРБЕЛЕҢДІК *Аласапыранға салынушылық, астан-кестендік, әбігерлік.* Кеп қалды жолсыз жермен тура тартып, Оны да ***дүрбелеңдік*** болар қысқан (Игенсартов).

ДҮРБІЛЖІҢ *Белі жоғалып, мықынымен бірігіп кеткен, белі мен кеудесі, кеудесімен бөксесі тұтасқан.* Бұйра шаш, дөң жауырын, қысқа тұмсық, ***дүрбілжің,*** кең бөкселі, ойқы-шойқы (Біржан мен Сараның айтысынан).

ДҮРБІ *Алыстағыны жақындатып көрсететін оптикалық құрал.*

ДҮРБІТ *Дүрліктіру, дүрбелеңге түсіру.* Қалың елді -ті

ДҮРДАРАЗ *Біржола араз емес, аз мерзімдік ренжісу, өзара өш, қас.* Біраз уақыт - болып жүріп, қайта табысып кетті.

ДҮРДАРАЗДЫҚ *Араз болушылық, өштесушілік, қастасушылық.* Ерлі-зайыптылар көпке дейін -пен сөйлеспей жүрді.

ДҮРДЕЙ ***көне.*** *Дардай.* - шопан, - артист.

ДҮРДЕК: **дүрдек ерін** — *дүрдиген қалың ерін.*

ДҮРДИ 1. *Көнтию, дөңкию, ісіну.* Аузым сөйлеуге келмей, ернім ***дүрдиіп*** кетіпті (Ақышев). 2. *Бірбірін жақтыртпай сес көрсету, бұртиысу.* Құдыстың жаңағы ***дүрдиюі*** содан (Қоғамдық тәртіп).

ДҮР-ДҮР *Гүр-гүр, дар-дүр.* Машина - етті.

ДҮРЕ ***көне.*** *Қылмыскерді шыбыртқы не қамшымен сабайтын ауыр жаза.* Қырық шыбық ***дүре*** салды. □ **Дүренің астына алды** — *соққыға жықты.* **Дүре соқты [салды, жеді]** — *соққы берілді, жазалады.*

ДҮРЕГЕЙ 1. *Екі түрлі тұқымнан шыққан будан.* Екі - тазы ауызғы үйде жатыр екен. 2. ***Ауыс.*** *Некесіз туған бала.* Киікті құралай бұлдірер, Елді ***дүрегей*** бұлдірер (Мақал).

ДҮРЕЛЕ *Ұрып-соғып жазалау, дүре соғу.* Полиция Мұстапаны ***дүреледі*** (Малдыбаев).

ДҮРЕШІ ***көне.*** *Дүре соғушы адам.*

ДҮРИЯ *Жалтыраған, жібек мата.* - көйлек.

ДҮРК *Кенет, қауырт, бірден.* Ырғызбайдың ауылы ***дүрк*** көшті (М. Әуезов).

ДҮРКІН *Мәрте, рет, қайтара.* Жауынгерлер үш - шабуылға шықты.

ДҮРКІНДЕ *Күшею, екпіндеу, қарқындау.* Оқ -й атыла бастады.

ДҮРКІН-ДҮРКІН *Оқтын-оқтын, мезгіл-мезгіл, әлсін-әлсін, қайта-қайта.* Жаңбыр - сабалап тұр.

ДҮРКІНДІК *Күн сайынғы, күнделікті, мерзімді.* - газет-журнал.

ДҮРКІРЕ 1. *Дүр ете түсу, жапа тармағай үрдіс қимыл жасау, тапырлау.* Киіктер -й қаш-

ты. Жүрт ~й жиналып, өртті сөндірді. 2. *Дүрілдеу, күркіреу, екпіндеу.* 3. *Қаулап өсу, жайқалу.* Күн күркіресе көк *дүркірер* (Мақал). 4. *Ауыс. Аты шығу, дәуірі жүріп тұру.* Ол облыс көлемінде *дүркіреп-ақ* тұр (Е. Әлімжанов).

ДҮРЛЕНТ *Дүр сілкіндіру, дүбір қақтыру. Дүрлентіп* шар тарапты, Жақсы хабар тарапты (Табылдиев).

ДҮРЛІГІС *Абыржушылық, үрейленушілік, қорқушылық, әбігерленушілік.* Мағжан түнгі *дүрлігістің* мән-жайын қысқаша баян етті (М. Хасенов).

ДҮРЛІК 1. *Үрейлену, абыржу, шошыну.* Туғантуысқандар қатты *дүрліккен-ді* (Нұрқанов). 2. *Даурығу, желігу, желпіну.* Ел біраз ~ті. Қалың қол ~ге айқайлады. Би ~іп қыза түсті.

ДҮРМЕК *Үлкен сабылыс, мол топыр.* Қалың ~, ұлы ~.

ДҮРМЕК-ДҮРМЕК *Ауық-ауық, мезгіл-мезгіл, әлсін-әлсін.* Балалар *дүрмек-дүрмек* көтерілді.

ДҮРМЕКТЕ *Шуылдау, дуылдау.* Баяндамашыға залдағылар *дүрмектеп* қол соқты (Ж. Мусин).

ДҮРМЕКТІ *Улы-шулы еліккен, дабыр-дүбірлі дүрбелең.* ~ топ (оқиға, толқын).

ДҮРС *Тарс-тұрс, гүрс.* Жүрегі ~ соғады. ◊ **Дүрс еткізді** — *ойланбастан айтып салды, қойып қалды.* **Дүрс етпе** — *дөкір мінезді, қоңқ етпе.*

ДҮРС-ДҮРС: дүрс-дүрс етті [соқты] — а) *жүрегі лүп-лүп етіп ойнақшыды;* ә) *тарсылдады, гүрсілдеді.*

ДҮРСЕ: дүрсе қоя берді — а) *салған жерден тап берді, шап ете түсті;* ә) *тікелей шабуылға кірісті.*

ДҮРСІ 1. *Дәуірі жүру, кемеліне келу.* Қызды қалың малға сатудың әлі *дүрсіп* тұрған кезі болатын (Қанахин). 2. *Ауыс. Қоқилану, кісімсу.* Кейбіреуі *дүрсіп* жүр, Жер тәңірісіп кер мағыз (Абай).

ДҮРСІЛ *Тарсыл, тасыр-тұсыр еткен дыбыс.* Қатты қағылған есіктің *дүрсілінен* шошып оянды (С. Мұқанов). ◊ **Дүрсіл қақты** — *жүрегі алып ұшты, лүпілдеді.*

ДҮРСІЛДЕ 1. *Тарсылдау, лүпілдеу.* Ыза кернеген әлсіз жүрек *дүрсілдеп* ала жөнелді (Тілегенов). 2. *Ауыс. Өріс алып даму, қызу.* Сауда *дүрсілдеп* жүріп тұр (Шарипов). 3. *Ауыс. Ашулану, зіркілдеу.* Үлкен деп сізден үлгі күтсе, *дүрсілдеп* ала жөнелгеніңіз қалай? (Сматаев).

ДҮРСІН I *Ісініп-қабыну, күпіну.* Өзі де біраз *дүрсініп* еді, сол керек (Нұрманов).

ДҮРСІН II *Дүбір, нөпір.* Бәйгіні ұлы *дүрсін* көрдік талай (Айтыс).

ДҮРІЛДЕ 1. *Гүр-гүр, дүр-дүр еткен дыбыс шығару.* Машинаның моторы ~п тұр. 2. *Дүркірей қашу.* Бір топ қой ~п үркіп қашты. 3. *Оттың маздап жануы, лаулауы.* Құ ағаш от тиісімен *дүрілдеп* жана жөнелді (Д. Әбілев). 4. *Өсімдіктің қаулап өсуі.* Көк *дүрілдеп* ерте көктей бастады (Сыланов). 5. *Қарқыны күшею, қызу.* Көңілді болған соң, жұмысымыз да *дүрілдеп* жүре берді (Бекетаев). 6. *Ауыс. Аты шығып, даңққа бөлену.* Ұзақ шал көп жыл колхоздың жылқысын бағып, *дүрілдеп* тұрған (Ахметов).

ДҮСІР *Тасыр-тұсыр еткен дүбір.* Көп жылқының *дүсірінен* бүкіл алқап дүбірлеп кеткендей болды (Айтматов).

ДҮСІР-ДҮСІР *Тасыр-тұсыр, дүбір-дүбір.* ~ жүріс көбейді.

ДҮСІРЛЕ *Тасыр-тұсыр ету, дүбірлеу.* ~ген ат тұяғы естілді.

ДЫБДЫР-ДЫБДЫР *Тыңдаушысына сөзін түсініксіз етіп жеткізу, анық сөйлей алмау.* ~ сөз.

ДЫБДЫРЛА *Түсініксіз етіп дабдырлап сөйлеу.* Ол жыламсырап, *дыбдырлап* сөйлеп келеді (Бегалин).

ДЫБЫР *Дабыр-дүбыр еткен дыбыс, дүбір.* Сыртта ғы *дыбыр* көбейді (Толыбаев).

ДЫБЫР-ДЫБЫР *Күбір-күбір, дыбыр-дүбір.* ~ етті.

ДЫБЫРЛА 1. *Дабыр-дүбыр ету, дабырлау.* Оның *дыбырлаған* даусынан үйдегілер де оянды (Құмарова). 2. *Сөзді анықтап сөйлей алмау, быдыңдау.* Төлеутай *дыбырлаған* екі ауыз сөзін қайталады (Мекебаев).

ДЫБЫС 1. *Ауа толқыны арқылы құлаққа естілетін ұн, дым.* Бала екі айдан аса-ақ *дыбысты* анық білетін болады (Ш. Қожахметова). 2. *лингв. Сөйлер сөзді жік-жікке бөліп тұратын элемент.* ~ жазу студиясы (лентасы, операторы, режиссері). □ **Дыбыс берді** — а) *ұн қатты, ишарат білдірді;* ә) *белгі берді, хабарлады.* **Дыбыс білінді** — *ұні естілді, хабар алынды.*

ДЫБЫСТА 1. *Дыбыс шығару, ұн қату, дауыстау.* Әлдекімнің *дыбыстағанын* естіп, жалт қарадым (Сәрсекеев). 2. *Құлақ салып, тыңдау.* Мырзахан атынан түспей *дыбыстады* (Оразалин).

ДЫБЫСТЫ *Дыбысы бар, дыбыс шығаратын.* ~ фильм (кино).

ДЫБЫСХАНА *муз. Музыка шығармалары мен жеке адамдардың сөздері жазылып алынған ленталар, пластинкалар сияқты техникалық құралдар сақталатын орын; фонотека.*

ДЫБЫСШЫЛ *Дыбысты тез сезгіш, абайлағыш, сақ.* ~ ит.

ДЫҒЫР: дығыр салды — *әлекке түсірді, әбігерледі.*

ДЫЗ: дыз етпе — а) *ұшпа, ұшқыр;* ә) *ашуы тез қайтатын, әзілі жоқ адам.* □ **Дыз етті** — а) *ауырғаннан, үсіктен дене шым етті; ду етті;* ә) *жылдам қимыл жасады, лып етті.*

ДЫЗАҚ: дызақ қақты — *азар да безер болды.*

ДЫЗАҚТА *Быжылдау, күйіп-пісу.* Менің *дызақтап* жүргенім сендердің қамдарың емес пе (Тілегенов).

ДЫЗАЛАҚТА *Күйіп-пісіп ашулану, шыж-быж болу.* Тойшықара бір қызарақтады, бір *дызалақтады* (Ахметбеков).

ДЫЗ: дыз-дыз етті — а) *шыж-быж болды;* ә) *қыз-қыз қайнады;* б) *удай ашып ауырды.*

ДЫЗЫЛ *Дыз-дыз етіп ауырған аурудың белгісі.* Аяғымның *дызылы* басылды.

ДЫЗЫЛДА 1. *Суықтан не аурудан дененің тызтыз етіп шымырлауы.* Суыққа тоңған башбайларым *дызылдап* қоя берді (Ә. Қалиев). 2. *Ауыс. Қолды-аяққа тұрмай шыдамсыздану. Дызылдап* жүгіріп баратып, Айкүмісті қамшымен бір тартып өтті (Ахтанов).

ДЫЗЫЛДАҚ *экспр. Мазасыз, шыдамсыз, ұшқалақ, алып ұшпа.* Әбуов тым пысық, *дызылдақ* адамдарды ұнатпайтын (Тоғысбаев).

ДЫҚ *Көңілге түскен қаяу, реніш, кірбің.* Көңілге ~ алды (салды).

ДЫҚСЫЗ *Ренішсіз, кексіз, зілсіз.* ~ ұрыса бастады.

ДЫҚТАН *Көңілге қаяу салу, қапа болу.* Шал *дықтанып* орнынан тұрды (Тілегенов).

ДЫҚТЫ *Өшті, кекті, зілді.* ~ болды.

ДЫҚШЫЛ *Көңілінс қаяу алғыш.* Жетім көңіл-~.

ДЫМ I *Ылғал, сыз.* Жердің ~ы кеппей тұр. □ **Дым тартты** — *ылғалданды, суланды.*

ДЫМ II *Ун, дыбыс.* Сағадат сүріне түсті, ***дымын*** шығармауға тырысты (Тоғысбаев). ◊ **Дымы құрыды** — а) *шаршап-шалдықты, діңкеледі;* ә) *мысы құрыды.* **Дымын ішіне бүкті** — *сыр бермеді, сырын ашпады.* **Дымын шығармады** — *үнін өшірді, үндетпеді.* **Дымың ішінде болсын** — *пікірің ішінде болсын; үндеме.*

ДЫМ III *Ештеңе, дәнеме, тұқ.* Ымды білмеген, дымды білмес (Мақал). ◊ **Дым сызбады** — а) *тамақ ішпеді, нәр татпады;* ә) *ләм-мим демеді.*

ДЫМ IV *Тым, аса. **Дым-ақ*** даусы күшті екен (Абай).

ДЫМ: **дым біткен** — *мүлдем естімейді, керең, саңырау.* Оның екі құлағы ***дым*** біткен (Сарғасқаев).

ДЫМАҚ *Күш, жігер, қайрат, шама-шарық.* Қара қасқа ат, қалтырап, осынша неге қорқасың, шаң болып тұр ма ***дымағың*** ("Қамбар батыр").

ДЫМДА *Сулау, дымқылдау.* Жүнді су салып, ***дымдап*** ширатады (Қасиманов).

ДЫМДЫ *Дымқыл, дымқос. **Дымды*** алақанымен маңдайын сүйеді (Д. Әбілев).

ДЫМҚОС *Дымқыл, ылғалды, сулы.* ~ ауа, ~ жер.

ДЫМҚОСТАН *Ылғалдану, дымқылдану, сулану.* Егін суарылатындықтан, жердің беті ***дымқостанып*** жатады (С. Мұқанов).

ДЫМҚОСТЫҚ *Ылғалдылық, дымқылдық.* Жердің ~ғы ұлғайды.

ДЫМҚЫЛ *Дымды, сулы, ылғалды, дымқос (тезек, жер).* ◊ **Дымқыл тартты** — *дымқылданды, суланды.*

ДЫМҚЫЛДА *Сулау, дымқылдандыру, ылғалдандыру.* Ол сумен ***дымқылдап,*** кезерген ерінін жібітті (Қараманұлы).

ДЫМҚЫЛДАУ *Дымқылырақ, ылғалдау.* Мына жер ~ екен.

ДЫМҚЫЛДЫҚ *Сулылық, дымқостық, ылғалдылық.* Ауа дымқыл болса, жүннің ***дымқылдығы*** да артық келеді (Ермеков).

ДЫМЫҚ 1. *Дым тарту, дымдану.* Кішкене үйінің ***дымыққан*** күлімсілеу иісі мұрнына жыпжылы тиді (Аймауытов). 2. *Дымы құру, тұншығу.* Ғани ***дымығып*** барады (Хангелдин).

ДЫҢ: **дың етті** — *а) домбыраның ішегі шыңылдап, дыбыс шығарды; ә) шың ете қалды, дыңылдады.*

ДЫҢҒЫР: **дыңғыр етті** — *қаңғыр етті, даңғырады.*

ДЫҢҒЫРА 1. *Дап-даңғыл боп тапталу, тептегіс болу.* Алдарында ***дыңғыраған*** тақтақ жол жатыр (Жұмаділов). 2. *Заулау, зауылдау, жүйткү.* Су жіберсе, ***дыңғырап*** жөнелгелі тұр (Д. Досжанов). 3. *Дүмбірлеу, күмбірлеу.* ~ған ағаш үй.

ДЫҢҒЫР-ДЫҢҒЫР *Қаңғыр-күңгір, даңғыр-дүңгір.* Машинаның қаңылтыры ***дыңғыр-дыңғыр*** етеді (Ләмбеков).

ДЫҢҒЫРЛА *Дыңғыр-дыңғыр, қаңғыр-күңгір ету. **Дыңғырлаған*** қоңырау үні жетті (Р. Тоқтаров).

ДЫҢДАЙ 1. *Ортан қолдай, бақандай.* ~ азамат, ~ инженер. 2. *Күшті, қуатты, мықты.* Мен кеткенде ~ еді. 3. *Ауыс. Оңтайлы, епті, шебер.* Қуан от жағып, тамақ пісіруге ***дыңдай*** (Ерғалиев).

ДЫҢ-ДЫҢ *Дыңылдаған дыбыс, дыңғыл.* Сағат ***дың-дың*** соқты (Тілеков) □ **Дың-дың етікізді** — *дыңғыр-дыңғыр ұн шығарды, дыңылдатты.* **Дың-дың етті** — *басы дыңылдады, құлағы шыңылдады.*

ДЫҢҚ-ДЫҢҚ *Тыңқылдаған дыбыс.* Домбыраны ~ етікізді.

ДЫҢЫЛ *Дың-дың еткен дыбыс. **Дыңыл*** естілді, телефон көтерілді (Д. Досжанов).

ДЫҢЫЛДА 1. *Дыңылдаған дыбыс шығару.* Телефон ~п тұр. 2. *Шың-шың ету, шыңылдау.* Кірпішбайдың басы ***дыңылдап*** кетті (Тарази).

ДЫР *көне. Аса үлкен, ірі, зор.* Ахметтің оң қолында ~ қамшы. Біркелкі лек ішінде ***дыр*** едім (Сейфуллин).

ДЫРАУ 1. *Жуан, үлкен, дөкір, дойыр.* ~ қамшы. 2. *Ауыс. Даңқты, атақты.* Төрде төрт жырау отыр, соның ***дырауы*** мен едім (Тоқмағамбетов).

ДЫРДАЙ *Дардай, білдей, соқталдай.* ~ жігіт (еркек).

ДЫРДИ *Ісініп-кебіну, көкірек керу.* Ол ***дырдиып*** отырғанды жөн көрмейді (Сегізбаев).

ДЫРДУ *У-шу, сауық-сайран.* Смағұл мына ***дырдумен*** таң атқанша отыруға бар (Тілегенов). □ **Дырду қылды** — *қызықтады, думандатты.*

ДЫРДУЛА *Даурығу, абыржу.* Ол асып-сасып ~п шаба жөнелді.

ДЫРДУЛЫ *У-шулы, сауық-сайранды, думанды.* ~ жаз.

ДЫР-ДУМАН *Ойын-сауық, той-думан.* ~мен күн кешті. ◊ **Дыр-думан етті** — *тойлады, қызықтады.*

ДЫРДУШЫЛ *Ойын-сауықшыл, думаншыл.* Бұлардың бәрі де- ~ балалар.

ДЫР-ДЫР *Дырылдаған, дарылдаған ұн, дыбыс.* Бұрғы ~ етті.

ДЫРР: **дырр еткізді** — *жырытты, айырды, дар еткізді.*

ДЫРЫЛ *Дыр-дыр еткен дауыс, ұн.* Пулемет ~ы естілді.

ДЫРЫЛДА 1. *Гүр-гүр ету, дүрілдеу, пыр-пыр ету.* ~ған мотоцикл. 2. *Дыр-дыр ету, дырылдау.* Қаптың ~тып әрі сүйреді. 3. *Дүр-дүр ету, дүркіреу.* Құстардың біреулері ***дырылдап*** ұшуға айналды (С. Мұқанов).

ДЫРЫЛДАҚ *Аңшылардың аңды үркітетін арнайы аспабы.*

ДЫТ: **дыт дегізді** — *ешкімге айтпастан, білдірместен жоқ болды.*

ДІГЕРЕКТЕ *Дік-дік ету, дікіңдеу.* Бұл бала ***дігеректейтін*** жаман әдет тауып жүр (Сүндетов).

ДІГЕРЛЕ *Дікіңдеу, тықақтау, тақымдау.* Солар ***дігерлеп,*** күнде мазаны алады (Тоғысбаев).

ДІГІР *Үстемдік, өктемдік, зорлық-зомбылық.* Үлбосынға ***дігір*** ойнатты (Ж. Молдағалиев). ◊ **Дігір салды** — *тықсырды, тықақтады.*

ДІГІРДЕЙ-ДІГІРДЕЙ *Соқталдай, сомадай, еңгезердей.* ~ жігіт.

ДІК: **дік етті** — а) *дәл тұсті, тез жетті;* ә) *қыдыңдады, дікіңдеді;* б) *көңілге келді, өкпеледі.*

ДІК-ДІК 1. *Тық-тық, тырс-тырс, тұп-тура.* Торытөбел аяғын тең тастап, ***дік-дік*** басады (Тұрғынбаев). 2. *Дәлме-дәл, нақпа-нақ, дүрс-дүрс.* Екі жігітім ордың бер жағына **дік-дік** түсті (Нұршайықов). ◊ **Дік-дік етеді** — *қылқ-қылқ етеді, дікіңдеді.*

ДІКЕК: **дікек қақты** — *дікеңдеді, дікектеді.*

ДІКЕКТЕ *Дікің-дікің ету, тықақтау.* — Әй, сен, ***дікектеме!*** (Дәуренбеков).

ДІКЕҢ-ДІКЕҢ: **дікең-дікең етеді** — *дікілдеді, қожаң-қожаң етті.*

ДІКТЕС *Тұс шайысу, ренжісу, ұрысу.* Бұрын қазір ***діктесіп,*** қазір бітісе қоятын екі келіншектің арасы ушыға бастағандай (Сәрсекеев).

ДІКІЛ *Тық-тық еткен дыбыс, тықыл.* Етік өкшесінің ***дікілі*** білінді (Сараев).

ДІКІЛДЕ *Қожаңдау, кіжіңдеу.* Мұсабек ~п ұрсуын қоймады.

ДІКІЛДЕТ *Бас-аяғына қаратпай асықтыру, жеделдету.* Ол әкесінің ***дікілдетіп*** іздеткенін жақтырмай тұрған сияқты (Тілегенов).

ДІКІҢДЕ *Кіжіңдеу, дікеңдеу.* Ферма бастығы ~йді.

ДІКІҢ-ДІКІҢ: дікің-дікің етеді — *қожаң-қожаң етті, кіжіңдеді.*

ДІКІРЕҢДЕ *Қоқаңдау, қожаңдау, әкіреңдеу.* Қашқынды табыңдар! — деп ***дікіреңдеді*** (Тұрсынқұлов).

ДІЛ *Таза жүрек, терең ой.* Сен тілмен айтсаң, мен ***ділмен,*** жүрекпен айттым (М. Әуезов).

ДІЛБАС 1. ***мед.*** *Тамақтан ауыратын ауру, баспаның бір түрі.* 2. ***вет.*** *Түйенің тынысын тарылтатын ауру; тілбас, көмекей құрт.*

ДІЛГІР *Мұқтаж, зәру, қат.* Сырт киімге ~міз.

ДІЛГІРЛІК *Зәрулік, мұқтаждық.* ~тен көз ашпадық.

ДІЛДА ***көне.*** *Алтын ақша.*

ДІЛДАР *Тілі мен жағына сүйенген берекесіздеу адам.*

ДІЛМАР *Тілге шешен, сөзге бай.* ~ ақын.

ДІЛМАРЛАН *Тілі мен жағына сүйеніп білгішсіну, шешендену.* Шофер басыммен ***ділмарланғаным*** қалай болар екен? (Қабышев).

ДІЛМАРЛЫҚ *Шешендік, сөзуарлық.* ~қа салды (басты).

ДІЛМАРСЫ *Шешендену, ділмарлану.*

ДІМКӘС *Жарымжан, кемтар, мүгедек.* Шал болса ***дімкәс*** қой, ауырып үйде жатыр (Исабеков).

ДІМКӘСТАН *Ауыру, сырқаттану.* Кемпір-шал болса, ~ып қалды.

ДІМКӘСТЫҚ *Аурушаңдық, жарымжандық.* ~тың салдары.

ДІН *Құдайға құлшылық етіп, бас идіруші идеологиялық қондырманың бір түрі.* ~ басы (иелері). ◊ **Дін аман** — *бәрі де аман, түгел.* **Дін қойды** — *бар көңілімен, ынты-шынтысымен.* **Діннен шықты [безді]** — *дін жолынан тайды.* **Діні қатты** — *мейірімсіз, қатыгез.* **Дін мұсылман [ислам]** — *мұсылман дініне енушілердің бәрі, ислам дінін қолдаушылар.*

ДІНДАР *Дінге сенгіш, құдайшыл.* Шешесі бейбақ ***діндар*** кісі еді (Еділбаев).

ДІНДАРЛЫҚ *Дінге берілгендік, діншілдік.* Мұным- ~ емес.

ДІНДЕС *Бір дінге сенетін, діні бірге. Діндесіңді* бауыр тұт (Дөнентаев).

ДІНИ *Дін тұрғысынан, дінге тән, діншіл.* ~ұғым, ~ кітап, ~ сенім.

ДІНСІЗ 1. *Дінге сенбейтін, құдайды мойындамайтын.* Мына мен-***дінсіз*** адамдардың баласымын (С. Омаров). 2. *Мейірімсіз, қатыгез, кәпір.* — Апырай, мына ***дінсіздер*** шын-ақ айуан екен ғой! (Нұртазин).

ДІНСІЗДІК *Құдайдың барлығын мойындамаушылық, дінге сенбеушілік.*

ДІНШІЛ *Құдайға сенгіш, дінге берілген.*

ДІНШІЛДІК *Құдайға сенушілік, дінге берілгендік.*

ДІҢ 1. *Ағаштың бұтақ тарайтын, жапырақ өсетін негізі, дүбі.* Ағаш өскен сайын бұтағы ***діңінен*** алыстай түспек (Қабанбаев). 2. ***Ауыс.*** *Тірек, таяныш.* Наурызбай-осы ауылдың алтын ***діңі*** ғой (Нарымбетов). ◊ **Дің қойды** — *аурудан құлан-таза айықты.* 3. *Жау әскерін қарауылдау үшін үйілген тас үйіндісі.*

ДІҢГЕК 1. *Жерге қазып орнатқан бағана, тірегу.* Атты ~ке байлады. 2. ***Ауыс.*** *Арқа сүйер таяныш, тірек.* Қайран ана-үйдің алтын ***діңгегіндейау*** (Иманбеков).

ДІҢГЕКТЕ *Қатайып жуандап кету.* Жабайы жуа ***діңгектеп*** кеткен (Д. Досжанов).

ДІҢГЕКТЕЙ-ДІҢГЕКТЕЙ *Соқталдай, сырықтай, сойдауылдай.* ~ механизаторлар.

ДІҢГЕКШЕ *Кішігірім діңгек.*

ДІҢГЕНЕ *Зат алмасуының бұзылуынан тістің қызыл иек еттерінің қанап ауыратын ауруы, қырқұлақ (цынга).*

ДІҢГІЛ-ДІҢГІЛ *Діңкілдеген жіңішке үн.*

ДІҢГІР *Дыңғырлаған жіңішке үн.* Домбыраның ~і естілді.

ДІҢГІРЛЕ *Дікілдеу, тықақтау.* Қорқытады ***діңгірлеп*** Бәйбішесі азулы (Сейфуллин).

ДІҢК-ДІҢК: діңк-діңк етті — *қоқаңдады, дікеңдеді.*

ДІҢКЕ *Жан-жүйе, жүйке.* ◊ **Діңкесі қатты** — *сілесі қатты, діңкеледі.* **Діңкесі құрыды** — *а) шаршап болдырды, діңкеледі; ә) не істерін білмей дал болды, мысы құрыды.* **Діңкесіне тиді** — *титығына жетті, ығыр қылды, мезі етті.* **Діңкесін тауысты** — *шаршап шалдықтырды, діңкелетті.*

ДІҢКЕЛЕ *Шаршап-шалдығу, әлі кетіп титықтау.* Әбден ~ген адам.

ДІҢКИ *Теңкию, дүңкию.* ~ген қарын-қарын май.

ДІҢКІЛ *Дің-дің еткен дыбыс.* Көп күндер мәні аз-көп дыбыстардың ***діңкілімен*** өтті (Бақбергенов).

ДІҢКІЛДЕ *Діңк-діңк етіп қоқан-лоқы жасау, күш көрсету.* "Шығар кісіңді, шығар", — деп ***діңкілдеп*** тұр (Бодықов).

ДІҢКІЛДЕК *Діңк-діңк еткен мазасыз.*

ДІР: дір етті — *тітіркенді, қалтырады.* **Дір қақты** — *дірілдеді, қалтырады.* **Дір сілкінтті** — *елеңелең еткізді, дүрліктірді.*

ДІРДЕК: дірдек қақты — *қалш-қалш етті, бүрсеңдеді.*

ДІРДЕК-ДІРДЕК *Түйдек-түйдек, ағыл-тегіл, мол.* Қан мұрнынан ***дірдек-дірдек*** ағады (Мұртазаев). ◊ **Дірдек-дірдек етті** — *қалтырады, қалшылдады, дірдек қақты.*

ДІРДЕКТЕ 1. *Қалшылдап тоңу, бүрсеңдеу.* Шопандар қыста алыстан шөп тасып ***дірдектемейді*** (Әсіпов). 2. *Сорғалау, құйылу.* Танауынан қан ***дірдектеп,*** бет-аузын жауып кетті (Сқақбаев).

ДІР-ДІР: дір-дір етті — *қалш-қалш етті, қалшылдады.*

ДІРІЛ *Дененің қалтырап тітіркенуінен пайда болатын қимыл.* Даусымнан белгісіз ***діріл*** аңғарылады (Жұртбаев). ◊ **Діріл қақты** — *дір-дір етті, қалшылдады.*

ДІРІЛДЕ 1. *Дір-дір етіп қозғалу, қимылдау.* Шымылдықтың етек жағы ***дірілдеп*** қояды (Ғ. Мүсірепов). 2. *Тоңғаннан немесе қорыққаннан дененің түршігіп қалтырауы.* Жігіттің буын-буыны ***дірілдеп,*** тоқтап қалды (Құрманаева).

ДІРІЛДЕҢКІ *Аздап дірілі бар.* Әлден соң ***дірілдеңкі*** тартқан Зәуренің үні лезде қатуланып кетті (Оразалин).

ДІРІЛДІ *Тітіркенген, қалтыраған.* ~ дауыс, ~ леп.

ДІТ *Мақсатты ой, көңіл, пікір.* ~ке алған жер (ой, мақсат).

ДІТТЕ *Мақсат ету, көздеу. Діттеген* жерге келіп те жеттік (Балабеков).

ДІТТЕТ *Мақұлдату, қолдату.* Аудан бастықтарының бәріне айттым, ауызша ~тім.

Е

Е I 1. *Біреудің назарын өзіне аудару үшін қолданылатын одағай.* ~, бәсе, ~, балақай. 2. *Болған уақиғаның байыбына барғандықты, қоштағандықты білдіретін шылау.* ~ — ~, енді білдім. 3. *Тіліміздегі иә, жалғаулығының орнына қолданылады.* Дұрыс, *е,* ендеше, ел де, елу басы да түгел десеңші (М. Әуезов). ◊ **"Е" деді** — *ризалық білдірді, келісті.*

Е II *Негізгі сөзден болған баяндауышты немесе баяндауыштардың мазмұнын түрлендіру үшін жұмсалатын көмекші сөз.* Осыдан артық Жексенбайға сен не қылушы *ең?* (Жансүгіров).

ЕБДЕЙ *Икем, ыңғай, еп.* Сиқым *ебдейге* келтіріп жаттығып қалды (Қасенов).

ЕБДЕЙЛЕ *Икемдеу, ыңғайлау,ептеу.* Ол қолындағысын ~п қойды.

ЕБДЕЙЛІ 1. *Икемді, ыңғайлы, оңтайлы.* ~ аспап. 2. *Пысық, ширақ.*

ЕБДЕЙСІЗ *Икемсіз, епсіз.* ~ дене, ~ аң, ~ қимыл.

ЕБДЕЙСІЗДЕУ *Икемсіздеу, ыңғайсыздау, епсіздеу, қолайсыздау.* ~ қимылдады.

ЕБДЕЙСІЗДІК *Икемсіздік, ыңғайсыздық, епсіздік.* ~ көрсетті (келтірді).

ЕБЕЙ I *бот. көне. Ебелек.* ◊ **Ебей басты** — *басы қауқиған, селтиген.*

ЕБЕЙ II *көне. Басыбайлы, еріксіз күң.* Есіктегі *ебейді,* қайбір тоқал жебейді. Нәр татпаса күн бойы, күңім қайда демейді. (Қазыбек би).

ЕБЕҚАҢБАҚ *бот. Жапырақтары сағақсыз, гүлдері ұсақ, қалампыр тұқымдас көп жылдық шөп, ақ қаңбақ (качим).*

ЕБЕЛЕК I 1. *бот. Құмды, шөбі тықыр жерлерде өсетін бір жылдық шөптесін өсімдік.* 2. *Ауыс. Жеңілтек, қалбалақ, ұшқалақ.* Бейімхан қартшыбын жанын ала жүгіртіп тұрған бір *ебелек* (Сартқожаұлы). ◊ **Ебелек қақты** — *асты-үстіне түсіп, бәйек болды, қалбалақтады.* **Ебелек ұшпас елсіз жер** — *қу медиен тақыр дала, шөл дала.*

ЕБЕЛЕК II *техн. Комбайнның астық сабағын жығу үшін арнайы жасалған ағаш қалақтары.*

ЕБЕЛЕК III *физ. Әйнектің жарыққа шағылысуынан пайда болатын сәуле.*

ЕБЕЛЕКТЕ 1. *Қалбалақтап, ұшқалақ қағып, қолды-аяққа тұрмау.* Махмет те *ебелектеп* жүр (Ғ. Мұстафин). 2. *Елпек қағу, бәйек болу.* Бір егделеу адам *ебелектеп* жүр (Тоқжігітов).

ЕБСЕК *Епті қимыл, әрекет.* Екі жапсақ, бір *ебсек* (Мақал).

ЕБІ: ебі желі — *Жоңғар Алатауының шығысында болатын дауылды, еспе қатты жел.*

ЕБІЛ-СЕБІЛ 1. *Ағыл-тегіл.* Тұраш *ебіл-себіл* жылап отыр (Нарымбетов). 2. *Абың-құбың, қарбалас, әбігер.* Ауыл *ебіл-себіл* бір тіршілікте (Кекілбаев). ◊ **Ебіл-себіл болды** — а) *сора-сорасы шығып жылады; ә) өрім-өрім, алба-жұлба;* б) *әбігер болды.* **Ебіл-себілі шықты** — *азып-тозды, жұдеді.*

ЕВРЕЙ *Шығу тарихы жағынан ежелгі семит тілдері тобына жататын, Израиль мемлекетінің негізгі халқы.* ~ жазуы.

ЕВРОПА I *геогр. Жер шарының (Евразия материгінің) батыс бөлігі.*

ЕВРОПА II *астр. Юпитер планетасының ең жарық төрт серігінің бірі.*

ЕВРОПАЛАН *Европа тіршілігіне (мәдениетіне, әдет салтына) бейімделу.*

ЕГДЕ *Жасы келген, ұлғайған, кексе, мосқал.* ~ кісі. ◊ **Егде тартты** — *жасы ұлғайды, мосқал тартты.*

ЕГДЕЛЕ *Жасы ұлғаю, егде тарту, ұлкендеу.* Сен де ~п қалыпсың.

ЕГДЕЛЕУ *Жасы келіп қалған мосқалдау, кекселеу.* ~ кісі.

ЕГДЕЛІК *Жасы ұлғайғандық, мосқалдық, кекселік.* ~ етектен алды.

ЕГДЕМ *көне. Күші басым, ұстем, зор.* Алдыашу, ағайынның арты-кейіс, Үстемдігін көргендей *егдем* жаудың (Әбенов).

ЕГДЕРЕК *Жасы ұлкендеу, егделеу, мосқалырақ.* Елудің шығып беліне, *Егдерек* тартқан кезім бұл (Ғ. Орманов).

ЕГЕ *Егеумен егеу, өткірлеу.* Пышақты ~ді.

ЕГЕЙ *көне. Мықты, ығай мен сығай, ігі жақсы.* Елде жүрген *егейлер,* Қалада құр үйілдің (Жамбыл). □ **Егей төс** — *кең кеуделі, мүсінді (жылқы).*

ЕГЕЙЛЕС *көне. Бетпе-бет келу, қарсыласу, айқасу, ерегісу. Егейлескен* дүниенің егесіндей (Ғ. Жұмабаев).

ЕГЕК *көне. муз. Саз аспаптарының бір түрі.*

ЕГЕМЕН *Өз билігі, бас бостандығы өзінде, тәуелсіз. Егемен* болмай, ел болмас (Мақал).

ЕГЕМЕНДІ *Тең праволы, өз билігі өзінде, тәуелсіз.* Қазақстан Республикасы — ~ мемлекет.

ЕГЕМЕНДІК *Бір мемлекеттің ішкі істерінде ешбір мемлекетке тәуелді болмауы және сыртқы саясат жүргізу еркінділігі, тәуелсіздігі.* ~ — ел мұраты.

ЕГЕР I *Өш, қас, араз, жау.* Екі ел *егер* болса, Епті жігіт қатын алар (Мақал).

ЕГЕР II *грамм. Шарттық қатынасты білдіретін жалғаулық.* ~ аңға шыға қалсақ.

ЕГЕРЬ *Қорықтардың сақшы күзетшісі, аң шаруашылығының қызметкері.*

ЕГЕС *Талас-тартыс, тайталас.* Сөз арасында ~ те болды. ◊ **Егес етті** — *таласып-тартысты, ерегісті.* **Егеске түсті** — *бәсекеге түсті, бәсекелесті.* **Егес шығарды** — *дау-дамай туғызды, керісті.*

ЕГЕСПЕ *Ерегіспе, таласпа.* ~ басталды.

ЕГЕСТІ *Дау-дамайлы, бәсекелі.* ~ жерде тоқталмады.

ЕГЕУ 1. *Металл заттарды егеп, өткірлейтін құрал. Егеуді* егеуге салма, түрпісі кетер (Мақал). 2. *Ауыс. Түрпідей қатты, жұмсақ емес.* Егін салған *егеу* қол шаруасын (Мақатаев). □ Егеу

мұрт — *мұрты егеудей, қайратты.* **Егеу сөз** — *қайрап салма сөз.*

ЕГЕУДЕЙ 1. *Түрпідей, қатты.* ~ мұрт, қолы (алақаны) ~. *Ауыс.* 2. *Уытты, өткір.* Ер ақынның *егеудей* тілін кескен (Мырзалиев). 3. *Ауыс. Мықты, қарулы, атпал.* ***Егеудей*** он шақты жігіт дайын тұрды (Талжанов). □ **Егеудей тиді** — *көңіліне келді, түрпідей тиді.*

ЕГЕУҚҰЙРЫҚ *зоол. Ауыл шаруашылығына зиянды, тұмсығы сүйір, құйрығы ұзын сұр тышқан.*

ЕГЕУҚУМ *Металдың, тастың бетін тегістеуге, әрлеуге, тазалауға қолданылатын ұнтақталған минерал (наждак).*

ЕГЕУЛЕ 1. *Егеумен егеулеу.* 2.*Мезі қылу, ығыр қылу.* Бірімізді біріміз ***егеулеп,*** қажай бермейік (Райымқұлов).

ЕГЕУЛІ *Өткірленген, қайралған, егелген.* ~ күрек (найза.)

ЕГЖЕЙ *Бір нәрсенің анық-танығы, жай-жапсары.* Мен саябыр тұтып, шаруасының ***егжейін*** сұрадым (Салғарин).

ЕГЖЕЙЛЕ *Тәптіштеп, анығына жету.* Ол ***егжейлеп*** түсіндіре бастады (Б. Тоқтаров).

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙ *Бір нәрсенің жай-жапсар, анық-танық жағы.* Мәселенің ~ін ойластыруымыз керек. □ **Егжей-тегжейіне жетті** — *бақайшағына дейін шақты, анықтады.*

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛЕ *Анық-танығына көзін жеткізу, айқындау.* ~п айтты.

ЕГЖЕЙ-ТЕГЖЕЙЛІ *Жан-жақты, толық.* ~ баяндады, (ойластырды).

ЕГУШІ *мед. Белгілі бір індеттен сақтау, қорғау үшін сол аурудың тұқымын (таяқшасын) адамға алдын ала жіберу, дәрілеу.*

ЕГІЗ I *этногр. Белгілі бір бейненің не суреттің жұп-жұбымен, екі-екіден қайталанып келетін өрнек атауы.*

ЕГІЗ II 1. *Бір анадан немесе енеден бірге туған бала не төл.* ~ бала (қозы). 2. *Бір нәрсенің сыңары, жұбы.* ***Егізімнен*** айрылғандай болдым (Аялы жандар). 3. *Ауыс. Бірінен — бірін ажыратуға, бөліп қарауға келмейтін.* Білім мен еңбек- ~. □ **Егіз үйқас** *(әдеб.)* — *қатар тұрған екі жол үйқасып келетін өлең өлшемі.* ◊ **Егіздің сыңарындай** — *бір-бірінен танып алғысыз, өте ұқсас.* **Егіз қозыдай** — а) *бір-бірінен айнымайтын, ұқсас;* ә) *тату-тәтті, ынтымақты.*

ЕГІЗДЕ 1. *Егіз туу, екі-екіден табу, төлдеу.* Ақтылы қой өсер ме, ***Егіздеп*** төлі ермесе (Айнабекұлы). 2. *Ауыс. Екі еселеп өсу, еселену.* Әр жылда ***егіздей*** беретін алым-салықтар кейде біржола тұралатып кетуші еді (Ғ. Мүсірепов).

ЕГІЗДЕЙ 1. *Егіз сияқты, егіз тәрізді.* ***Егіздей*** ене сүтін бөліп ішкен (Жұмабаев). *Ауыс.* 2. *Бір-бірінен айнымайтын, ұқсас.* ***Егіздей*** екі завод қатар салынған (Ұябаев). 3. *Тату-тәтті, дос.* ***Егіздей*** емшектес бір елміз (Мұқышев).

ЕГІЗДЕН *Екі-екіден, қос-қостан.* Қозыларым ***егізден,*** Иесі өзім өргізген (Қаз. әндері).

ЕГІЗДЕП 1. *Қос-қостап, жұптап, парлап.* ***Егіздеп*** туып енеден, Есебі жоқ көп едік (Әбдікадыров). 2. *Ауыс. Еселеп, үсті-үстіне.* Қызық жайлар туып жатыр ***егіздеп*** (Мырзалиев).

ЕГІЗДЕР *астр. Аспан күмбезінің солтүстік жарты шарындағы Зодиак шоқжұлдызы.*

ЕГІЗДЕС *Қабат, қатарлас, сыңарлас.* Батырлықпенен ***егіздес,*** Батырдық — менің дәрежем (Мырзалиев).

ЕГІЗДЕТ *Екі-екіден табу, егіз туу, төлдеу.* Ешкім, ешкім, егіз тап, ***Егіздете*** сегіз тап (Тұрманжанов).

ЕГІЗДІК *Егіз болушылық, жұптық.* Тіршілік негізі ~гімен жарасымды.

ЕГІЗ-ЕГІЗДЕН *Қос-қостан, екі-екіден.* Қойлар қозыны ~ төгіпті.

ЕГІЗЕКІ: егізекі болмағыр *(қарғ.)* — *өспегір, өнбегір.*

ЕГІЗШІЛ *Қос-қостан, егізден туғыш, табатын (қой, ешкі).* ***Егізшіл,*** сергек салалы қой өсіріп берсем бола ма? (Бегалин).

ЕГІЛ 1. *Көңілі босап, қатты жылау.* Жыламасын ***егіліп,*** Аңсап күткен ата-анам (Лекеров). 2. *Ауыс. Елжіреу, еру.* Ақыл айтсаң біреуге, Ішің еріп ***егіліп*** (Абай).

ЕГІЛГІШ *Күйзелгіш, күйінгіш, елжірегіш, ерігіш.* Арынның бордай ***егілгіш*** босаңдығы жалғыз Шериге мәлім (Р. Тоқтаров).

ЕГІЛМЕЛІ *Қолдан егетін, отырғызатын.* ~ көгал.

ЕГІЛ-ТЕГІЛ *Көз жасы көл-көсір, ағыл-тегіл.* Күнзияның ***егіл-тегіл*** көз жасы бетін жуып келеді (Шүкіров). □ **Егіл-тегіл болды** — *пора-порасы шығып, қатты жылады.*

ЕГІН *Дәнді дақылдар егілген алқап, егіс.* Мен ~ге көз салдым. □ **Егін айдады** — *жер жыртты, астық септі.* **Егін басты** — *орылған егінді қырманға сап, мал тұяғымен дәнін түсіріп алды.* **Егін екті [салды]** — *егін шаруашылығымен айналысты.* **Егін жинады [орды]** — *астық орды, бастырды.* **Егін көгі** — *еккен тұқымның жер бетіне көктеп шығуы.* **Егін орағы** — *егінді жинап, бастырып алу маусымы.* **Егін шаруашылығы** — *шаруашылықтың егін егу кәсібі.* ◊ **Егініне түскен жоқ** — *ешқандай жаманшылық жасаған жоқ.*

ЕГІНДІ *Егіс өскен, егісі мол.* ~ дала.

ЕГІНДІК *Егін егуге арналған, егін егілген жер, егістік.*

ЕГІНДІК-ШАБЫНДЫҚ *Егін егуге, шөп жабуға ыңғайлы құнарлы жер.*

ЕГІНЕК *бот. Орман ішінде, шабындықтарда өсетін, биіктігі 20–65 см-дей, ақ гүлді, бір жылдық шөп.*

ЕГІНЖАЙ *Егін егілетін жер, егістік.* ~да көп мал жатыр.

ЕГІНШІ *Егін шаруашылығымен айналысатын адам, диқан.*

ЕГІС *Егін егіп, тұқым себілген жер.* Ертең ~ басына барамыз.

ЕГІСТІК *Егін егілген жер.* Бұл жер үлкен ~ екен.

ЕДӘУІР *Бірқатар, бірталай, әжептәуір.* ~ жер, ~ отырды, ~ алысты.

ЕДЕЛ-ЖЕДЕЛ *Бірінен кейін бірі, жедегабыл.* Бәрі де ***едел-жедел*** туған балалар (Қайсенов).

ЕДЕН *Үй, жай, бөлме, гимараттардағы аяқпен басып жүретін тақтай т. б. төсем.* Тақтай (линолеум) ~. □ **Еден жуғыш машина** — *еден жууға арналған машина.*

ЕДЕНДЕ *Еден салу, еден төсеу.* Үлкен бөлмені ~п алдық.

ЕДЕНДІ *Едені бар, еден төселген.* Ағаш ~ кеңсе, тас ~ үйлер.

ЕДЕНДІК *Еден боларлық, еденге жарарлық.* ~ тақтай.

ЕДІЛБАЙ: еділбай қойы — *қазақтың құйрықты, етті, жүнді, денесі ірі қазақы қойы.*

ЕДІРЕЙ 1. *Көзі шатынап ұрке қарау, адыраю, ежірею.* Мұса ~іп Нұқаға қарады. 2. *Тұксию, тікірею.* Оның ~ген сары мұрты жылтырап тұр. □ **Едірейе қарады** — *одырайды, ежірейді, сұс көрсетті.*

ЕДІРЕҢДЕ 1. *Ежірею, одыраю.* Ол байғұстың ~п кететіні бар. 2. *Дікеңдеу, қожаңдау, қоқаңдау.* Күн батуға таянғанда, ***едіреңдеп*** атаман келді (Сейфуллин).

ЕДІРЕҢ-ЕДІРЕҢ: едірең-едірең етті — а) *қожаңдады, дікіңдеді;* ә) *елеңдеді, селтеңдеді.*

ЕЖЕ I *Атасының, бабасының апа-қарындасы.*

ЕЖЕ II 1. *Құран сүрелерін буындап, ежелеп оқу жүйесі, тәсіл.* 2. *Ауыс. Бір істің алғашқы бастамасы әліппесі.* Е, е, ғылымның ***ежесінде*** жүр екенсің ғой әлі (Ғ. Мұстафин).

ЕЖЕҒАБЫЛ 1. *этногр. Іште жатқан балаларға күн ілгері құдалыққа сөз байласу салты.* Қарабай мен Сарыбай іштегі балаға ***ежеғабыл*** ретімен бел құда болысады (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Асығыс-үсігіс, жедегабыл.* Ол қожырап, ***ежеғабыл*** қошамет көрсетті (Нұрманов).

ЕЖЕЛГІ 1. *Бұрыннан келе жатқан, байырғы, атам заманғы.* ***Ежелгі*** дұшпан ел болмас (Мақал). 2. *Ескі, дәстүрлі.* ~ әдет.

ЕЖЕЛДЕ 1. *Баяғыда, ертеде.* ***Ежелде*** берген сертің бар (Майлин). 2. *Әуелден, ертеден, бұрыннан.* ***Ежелде*** екі өлмек жоқ (М. Әуезов).

ЕЖЕЛДЕН *Атам заманнан, баяғыдан, ерте кезден.* ~ мейман дос халық (сыйлас).

ЕЖЕЛЕ 1. *көне. Құран сүрелерін белгілі тәртіп (жүйе) бойынша оқу.* 2. *Сөзді, сөйлемді әріпке, буын-буынға бөліп, екіктеп оқу.* Асты сызылған сөзді Назар ***ежелеп*** оқыды (Құттыбаев).

ЕЖЕЛЕС *Сөзге келісу, тәжікелесу.* Көздері жеткендей болып, біраз ***ежелесті*** (Аймауытов).

ЕЖЕТТЕС *көне. Пікірлес, сырлас, әріптес.* Бөтен елде бар болса ***Ежеттесің***, сыйласың (Абай).

ЕЖІГЕЙ *Қайнатылған қатық пен сары ірімшіктің қоспасы, қышқылтым құрт.* Ақ сары ~ді сары майға батырып жедік.

ЕЖІКТЕ 1. *Сөзді әріптеп, буынға бөліп, ежелеп оқу.* Ол жазуды ~п, зорға оқыды. 2. *Ауыс. Қайталау, мыжыңдау, езбелеу.* ~п сұрай береді екенсің. 3. *Егжей-тегжейіне жету, тәптіштеу.* ***Екіктеп*** келсек, Асқарлармен туыстық қатысы жоқ (Байжанов).

ЕЖІЛ-КҮЖІЛ *Емін-еркін, апыл-құпыл.* Ол ***ежілкүжіл*** сөйлесіп те кететін (Райымқұлов).

ЕЖІРЕЙ *Екі көзін тікірейтіп тесірейе қарау, бақшию.* Алақандай көзі ~ *іп* барады.

ЕЖІРЕҢ: ежірең етті — *едірең етті, едіреңдеді.*

ЕЖІРЕҢДЕ *Едірең-едірең ету, әкіреңдеу.* Батыраш ***ежіреңдеп***, оған тап-тап берді (С. Жүнісов).

ЕЗ I 1. *Ынжық, жасық, шірік, бос.* Қайран сөзім қор болды, Тобықтының ***езіне*** (Абай). 2. *Ауыс. Мүсәпір, бейшара, сорлы.* ***Ездерге*** осы керек (Б. Мұқаев).

ЕЗ II 1. *Қатты нәрсені сұйық күйге келтіру, ерітү.* 2. *Бір нәрсені мыжу, мыжғылау.* Қарулы саусақтар оның білегін ~іп жіберді. 3. *Жол ұрып, жол соқты болу.* Ұзақ жол мені әбден ***езіп*** тастаған (Кенжебаев). 4. *Ауыс. Болмайтынды мылжыңдап көп сөйлеу, қайта-қайта айта беру.* Бір сөзді мың рет ***езе*** бересіңдер (С. Жүнісов). ◊ **Езіп ішпейді** — *тұкке де керек емес, қажеті жоқ.*

ЕЗ III *Біреудің еңбегін пайдалану, қанау.* Байлардың бізді ***езіп*** келгенін газет арқылы білді (Бекенов).

ЕЗБЕ ***қарап.*** *Мылжың, мыжыма, тантық.* Жаман жігіт ***езбе*** болады (С. Аронұлы).

ЕЗБЕЛЕ *Көп сөйлеп мыжу, шатпақтау.* ~п сөзін зорға аяқтады.

ЕЗГЕК *Уайымға берілгіш.* Екі жан ***езгек*** күйде еді (Мұратбеков).

ЕЗГІ 1. *Қанаушылық, құлдықта ұстаушылық.* ~ сінде болды, ~ ден азат. 2. *Ауыс. Еңсені көтертпейтін тіршілік.* ~ өмір (тіршілік).

ЕЗГІЛЕ 1. *Жаныштап, қайта-қайта мыжғылау.* Ол ***езгілеп*** кірін жуа берді (Мұратбеков). 2. *Жұмарлау, илеу, илектеу, түймештеу.* Қара ала төбет Көксеректі алып соғып, көп ***езгіледі*** (М. Әуезов).

ЕЗГІШ *Езуші, қанаушы (тап).* Жығуға ***езгіш*** тапты ұран шашқан (Сейфуллин).

ЕЗГІШТЕ *Езгілей беру, әбден мыжып тастау.* Қалдарбек кесек түйірлерін ***езгіштеп*** үнсіз түрды (Нұрмағамбетов).

ЕЗДІК *Жасықтық, ынжықтық, бостық.* Егілгенім нағыз ***ездік*** болды-ау (Райымқұлов).

ЕЗЕУРЕ *Екілене сөйлеу, өзеуреу.* Осы баланың ***езеурей*** сөйлейтіні бар (Рахманбердиев).

ЕЗМАЛТА *Көк мылжың, көп сөйлейтін езбе.* ***Езмалтаның*** сөзінде, Шындық бар деп сезінбе (Мақал).

ЕЗМАЛТАЛА *Мыжу, езу, шатпақтау.* Құранды жаттап ~п отыратын.

ЕЗУ *Ауыздың, еріннің екі жақ шеті.* Ауыздық тұлпардың ~ін қанға бояды. ◊ **Езу жидырмады** — *жұртты күлкіге батырды, көп күлдірді.* **Езу тартты** — *сәби жымиды, күлімсіреді.*

ЕЗУЛЕ 1. *Езуінен тартқылау.* Сүлеймен тізгінді ***езулей*** тартты (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Даурығу, өңештеу, өзеуреу.* — Қыс жақсы болса қайтеді? — деп Тәжи ***езулеп*** болмады (Жансүгіров).

ЕЗУЛЕН: көк езулен — *көпіріп көп сөйледі, мылжыңдады.*

ЕЗУЛІ *Езуі үлкен, жайындай.* ~ жылқы.

ЕЗУЛІК *Еріндердің екі шеті, жақтауы.* Оның оң жақ ***езулігінде*** үлкен қара мең бар (Ә. Нұрпейісов).

ЕЗІЛ 1. *ыр. етіс. Ез-іл.* 2. *Ауыс. Жұмсақ болып, балбырап пісу.* Өз буына ***езіліп*** піскен еттің дәмділігінде баға жоқ (Жұмаділов).

ЕЗІЛГІШ 1. *Тез езілетін, оңай езілетін.* Қара сабын әдетте ~ келеді. 2. *Ауыс. Еміренгіш, елжіреғіш, мейірленгіш.* Ағайдың осы ***езілгіш***, еміренгіш мінезінен ол көп шарапат көрді (О. Сәрсенбаев).

ЕЗІМ: бір езім — *бір рет езуге жарайтын.* Бір ~ құрт (сабын).

ЕЗІНДІ *Бір нәрсенің езілген, сұйылған күйі, ерітінді.* Уқорғасынның ~сі.

ЕЙ *Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылатын ишарат сөз.* Аяғынды аңдап бас, ***ей***, Жақсылық (Абай).

ЕК 1. *Егін егу, өсімдік өсіру.* ***Ексең*** орарсың, іздесең табарсың (Мақал). 2. ***мед.*** *Белгілі бір аурудан алдын ала сақтандыру үшін жан-жануар қанына әлгі аурудың таяқшасын (тұқымын) жіберу.* Құтыруға қарсы ***екпесе***, адамның нерв жүйесі қатты зақымданады (Оразақов). 3. ***зоол.*** *Адам немесе жан-жануардың организміне қажетті*

зат (ұрық, қан т. б.) ендіру. Күйі жақсы құнажындарды он алты-он сегіз айлық кезінде *егіп* ұрықтандырып жіберу қажет (Нұршайықов). 4. *Ауыс. Ойды, идеяны, ғылым-білімді т. б. көпшілікке үгіттеу, насихаттау, санаға сіңіру.* Отанын сүюшілік сияқты қасиеттерді мектеп қабырғасынан *еге* бастаймыз (Қазиев).

ЕКЕН *"Е" көмекші етістігінің өткен шақ есімше формасы.* Бала намыспыл болады *екен* (Ахтанов).

ЕКЕНШЕ *Екі ен етіп тігілген кішірек қап.*

ЕКЕР *көне. Ағаш ер.* Ағаштан ашамай, *екер* қосатын ұсталар көшпелі ел тұрмысында елеулі қызмет атқарған (Адамбаев).

ЕКЕУ *Екі, жұп мағынасындағы жинақтық сан.* Менің де басым ~емес. ◊ **Екеу ара** — а) *екі адамға ортақ, екі кісіге тән;* ә) *екеуінің арасында ғана.* □ **Екеу болды** — *отбасын құрды, үйленді, жұптасты.*

ЕКЕУДЕН *Екі-екіден, егізден.* Екі ана үш рет *екеуден* туған (С. Мұқанов).

ЕКЕУДЕН-ЕКЕУ *Тек екеуі ғана.* ~ отырып шай іштік.

ЕКЕУ-ЕКЕУ *Екі-екіден, пар-пармен.* ~ күбірлесіп кетті.

ЕКЕУЛЕ *Екеуі бірігіп, бірлесу.* Төлеп пен Дәмеш *екеулеп* жер барақты қазып жатыр (С. Ерубаев).

ЕКЕШ *Ең аяғы, ең соңы, қала берді.* Мал ~ мал да, ит ~ ит те.

ЕКПЕ I *Қолдан егіп өсірілетін, табиғи емес.* ~ ағаш (шөп, жуа).

ЕКПЕ II *мед.* 1. *Белгілі бір жұқпалы ауруға қарсы егу ісі (прививка).* 2. *Ине шаншу арқылы организмге белгілі бір қажетті дәрі құю ісі (укол).*

ЕКПІН 1. *Белгілі бір күштің пәрменді серпіні.* Ат ~і, жел ~і. 2. *Күш, қарқын, тегеурін.* Қызыл Армияның *екпініне* жау төтеп бере алмады (Н. Ғабдуллин). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің әсері, буы, қуаты.* ~ің күшті екен бүгін. 4. *лингв. Сөз ішіндегі белгілі бір буынның күшті, көтеріңкі айтылып айқын естілуі.*

ЕКПІНДЕ 1. *Ентелей басу, тездету, жылдамдату.* ~п тез кірді. *Ауыс.* 2. *Алға ұмтылу, қарыштау.* Ал, достарым, ~. 3. *Ауыс. Қатты сөйлеу, екілену, еліру.* Шәңгерей оның *екпіндей* сөйлегенін жақтырмады (Бұлқышев).

ЕКПІНДІ 1. *Екпіні күшті, қарқынды, пәрменді. Екпіндінің* сөзі де екпінді (Мақал). 2. *Даусы көтеріңкі, жігерлі.* Саян өз даусының тым *екпінді* екенін сезді (Шәймерденов). 3. *Алдыңғы қатарлы озат, озық.* Еңбек ~лері, ~ бригада.

ЕКПІНДІЛЕУ *Екпіні күштірек, қарқындылау.* Жүрісі ~.

ЕКПІНДІЛІК 1. *Екпіні күштілік, қарқындылық; пәрмеңділік.* Ат ~гі. 2. *Ауыс. Екпінді адамға тән қасиет; озаттық.* Еңбек ~гі.

ЕКПІНДІРЕК *Екпіні күштірек, қаттырақ.* Сөзі (жүрісі) ~.

ЕКСЕ *көне. Ересек, мосқал.* Балам жас, елім *ексе* (Ғ. Мұстафин).

ЕКСІМ 1. *Өктемдік, қарқын, екпін.* Сұлтанмахмұттың үнінде ерекше *ексім* бар (Д. Әбілев). 2. *Өкпек, ызғарлы (жел).* Ертеңгілік ~ жел тұрды.

ЕКСІМДЕ 1. *Қарқындау, үдей түсу. Ексімдеп* ескен түнгі жел Сыр суын шайқады (Омаров). 2. *Ауыс. Астам сөйлеу, өктемсу.* Мұғалімнің *ексімдеген* сөзі де маған арналатын еді (Кенжеахметов).

ЕКШЕ 1. *Дән, жарма т. б. майда дақылдарды желпіп іріктеп шығару.* Адамдар қыруар қызылды ~п, елеп, тазартып қойыпты. 2. *Ауыс. Ойлаған нәрсені ой елегінен өткізу, саралау.* Нұрбек айтар сөзін *екшеп,* ойланып қалды (Жұмаділов).

ЕКШЕЛЕ *Мұқияттап екшеу, бірнеше рет іріктеу.* Есентай ойын *екшелегендей* еді (Иманбеков).

ЕКШЕНДІ 1. *Екшеліп, іріктеліп шыққан.* Темекінің ~сі. 2. *Ауыс. Қорытынды, түйін, тоқ етері.* Сонымен, азаматтар! Кейінгі сөздің *екшендісі*-сол (Сейфуллин).

ЕКШЕУІШ *техн. Сусымалы заттарды ірілігіне қарай механикалық әдіспен сорттайтын машина.*

ЕКІ 1. *Бір мен үштің арасындағы есептік сан.* ~ қабат үй. 2. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп келіп мөлшер, шама, өлшем мәнінде қолданылатын сөз.* ~ елі қазы. 3. *Жұп, қос; пар. Екі* көзі бұлдырап, басы айналды (Досымов). 4. *Оқушылар мен студенттердің нашар біліміне қойылатын ең төменгі баға.* Есептен де ~ алды. □ **Екі айтпады** — *айтқанынан шықты, сөзінде тұрды.* **Екі ара** — а) *екі орта, ара қашықтық;* ә) *ара-қатынас.* **Екі аттатпады** — *алысқа жібермей тез қуып жетті.* ◊ **Екі ауыз сөздің басын қоспады** — *сөз қисынын келтіре алмады, жөндеп сөйлей алмады.* **Екі аяғын бір етікке тықты** — *апшысын қуырды, састырды.* **Екі бастан** — *ежелден, қашаннан.* **Екі бүктелді** — *қолаяғын бауырына алып бүрісіп қалды.* **Екі дай болды** — *екі топқа бөлінді, жіктесті.* **Екіден бірі** — *бір заттың тең жарымы, жартысы.* **Екі дүниеде** — *өмір бақи, өмір бойы.* **Екі езуі екі құлағында** — *қуанышты, көңілді, мәз-мейрам.* **Екі елі ажырамады** — *үнемі жанында ілесіп жүреді.* **Екі елі ауызға төрт елі қақпақ** — *тіліне ие болу, сыр шашпау.* **Екі етегін түрінді** — а) *бел шешіп кірісті, білегін сыбанды;* ә) *ортаға алды, жабылды.* **Екі жақты** — а) *екі жағынан бірдей, екі жақтан;* ә) *ерсілі-қарсылы, қарама-қарсы;* б) *әрі-сәрі қайшылықты, солқылдақ.* **Екі жақты келісім** (*саяси.*) — *екі жақ үшін де орындалуы міндетті келісім.* **Екі жапсақ, бір епсек** — *екі жеп биге шықты.* **Екі жарты бір бүтін болды** — а) *қауымдасты, бірікті;* ә) *ерлі-зайыпты болды.* **Екі жеп биге шықты** — *пайдасын асырып жіберді.* **Екі жүзді** — *айлакер, зымиян, опасыз адам.* **Екі иығына [иініне] екі кісі мінгендей** — *жауырынды, еңгезердей.* **Екі иығынан [иінінен] дем алып тұр** — а) *деміне нан пісіп болып-бітіп отыр;* ә) *поэт. бұрқ-сарқ қайнады, ашуланды.* **Екі иығын жұлып жеді** — а) *қатты долданып аласұрды, ашуланды;* ә) *пысықтық жасады.* **Екі иығына [иініне] су кетті** — *меселі қайтты, жүні жығылды.* **Екі кештің арасында** — *апақ-сапақта, қызыл иірде.* **Екі көздің бірі** — *ең жақыны, досы.* **Екі көзі аспанда** — а) *алақ-жұлақ етті, адыраңдады;* ә) *дандайсыды, тәкаппарланды, паңсынды.* **Екі көзі атыздай болды** — *зәресі ұшты, қатты қорықты.* **Екі көзі бұлаудай** — *көп жылаған.* **Екі көзі жеп барады** — *тесіле көз тікті, сұқтана қарады.* **Екі көзін қан басты** — *қаны бетіне шапты, ашу кернеді.* **Екі көзін шарт [тарс] жұмды** — *ешнәрсені көргісі де, білгісі де келмеді.* **Екі көзі оттай жанды** — *көздері жалт-жұлт етті.*

Екі көзі төрт болды — *зарыға, сарғая күтті.* **Екі көзі шарасынан шықты** — *үрейі ұшты, қатты қорықты.* **Екі күннің бірінде** — *құдайдың күтты күні, күнде.* **Екі қолға бір жұмыс** — *әйтеуір бір жұмыс табылар, өлмеспін.* **Екі қолы алдына сыймады** — *зерікті, жалықты.* **Екі қолы жағасында болды** — *арпалысты, тайталасты, күресті.* **Екі қолым жағында** — *ісім сенімен болсын.* **Екі қолын қусырды** — *кішілік қылды, ізет жасады.* **Екі қолын мұрнына тығып қалды** — *құр алақан қалды, қолына дәнеңе ілінбеді.* **Екі қолын төбесіне қойды** — *біржолата қол үзді, тұңілді.* **Екі құлағынан басқа адал қарасы жоқ** — *тақыр кедей, құ кедей.* **Екі құлағынан күн көрінеді** — *қатты жүдеген, арықтаған.* **Екінің бірі, егіздің сыңары** — а) *кез келген адам, жұрттың бәрі, әркім;* ә) *не ол, не бұл.* **Екінің бірінде** — *жұрттың бәрінде, әркімде.* **Екі оқты болды** — *екі ойлы болды, дағдарды.* **Екі оқтылау** — *екі ұштылау, әрі-сәрілеу.* **Екі орап алады** — *озып кетеді, асып түседі.* **Екі оттың ортасында қалды** — *күйіп-пісті, шыжалақтады.* **Екі өкпесін қолына алып жүгірді** — *апыл-құпыл, жан ұшыра тез жүгірді.* **Екі [бір] сөзге келмеді** —а) *келісе салды, көне кетті;* ә) *ай-шайға келмеді.* **Екі сөздің бірінде** — *әркез, үдайы, үнемі.* **Екі сөзге келмейді** — *сөзінде тұрады, сертке берік.* **Екі талайда [үдайда], екі талай күн** — *қиын-қыстау, қысылшаң шақ.* **Екі туып бір қалғаны** — *жанашыр ең жақыны.* **Екі тізгін, бір шылбыр [айыл]** —*билік тізгінін ұстау, көпшіліктің басшысы болу.* **Екі үдай** — а) *екі дай, екі жік;* ә) *әрі-сәрі, дүдамал.* **Екі ұрты суалды [солды]** — *жүдеді, арыды.* **Екі ұрық** — а) *екіталай, негайбыл, дүдәмал;* ә) *бірде олай, бірде былай, өзгермелі, құбылмалы;* б) *есуас, жынды.* **Екі ұшты болды** — *рас-өтірігі белгісіз, күмәнді.* **Екі үйге бір қазан астырды** — *орынсыз белсенділік жасады, асыра сілтеді.* **Екі шоқып бір қарады** — *сақтық жасады, абайлады.*

ЕКІАҒАЙЫНДЫ *көне. Ақпан айы.* Қазақстанның оңтүстік облыстарында ақпан айы ***екіағайынды*** деп аталады (М. Ысқақов).

ЕКІБАСТАН *О бастан, әуелден, ежелден.* ~ белгілі мәселе.

ЕКІДЕН *Екеуден, жұптасып.* ~ жапырақ шығады.

ЕКІ-ЕКІДЕН *Екеу-екеу етіп, қосарлап.* Бізді ***екі-екіден*** сапқа тұрғызды (М. Ғабдуллин).

ЕКІЕСТІ *Жарымес, есі бірде бар, бірде жоқ, жындысүрей.* ~ адам.

ЕКІЛЕН 1. *Көтеріліп қызбалану, сөйлеу, еліру, өрегіту, өршелену.* ~е сөйледі (түсті). 2. *Ауыс. Қарқындау, үдей түсу, күшею.* Боран да, аяз да ~ді.

ЕКІЛЕС *Сөз таластыру, айтысу, дауласу.* ***Екілесіп*** келгенде оған менің де бүйрегім бұрды (Шүкіров).

ЕКІЛІ: бірді-екілі — *бірлі-жарым, азын-аулақ.* ~ ірі қарамыз бар.

ЕКІЛІК *Оқушы, студенттердің нашар тәртібі мен біліміне қойылатын ең төменгі баға.*

ЕКІМҮШЕЛІК *мат. Екі мүшеден құралатын сан.* ~ терді көбейту ережелері.

ЕКІНДІ 1. *Бесін мен ақшам арасындағы мезгіл.* Күн кешкіріп, ~ ге тақап қалыпты. 2. *Екінді кезінде оқылатын намаз.*~ намазы.

ЕКІНШІ 1. *Заттың бірінен кейінгі есебін білдіретін реттік сан.* ~ жыл (орын, рет). 2. *Бұдан соңғы, кейінгі.* ~ күн. 3. *Бір нәрсенің қарамақарсы жағы, қарсы беті.* Ол жолдың ***екінші*** бетіне кенеттен бұрылды (Шәріпов). 4. *Бұдан былай, ендігәрі, екіншілей.* Иса ***екінші*** рет қандаспайтынын айтты (Т. Әлімқұлов). 5. *Басқа, бөтен, бөлек.* Олардың мақсаттарына жету, жетпеуі ол ***екінші*** мәселе (Қ. Жұмалиев). □ **Екінші бір** — *тағы бір, басқа бір.* **Екінші жағынан** — *яғни, басқаша қарағанда.* **Екінші сөзбен айтқанда** — *не болмаса, басқаша айтқанда.*

ЕКІНШІДЕН *Сонымен бірге, екінші жағынан.* ***Екіншіден,*** төлің көп болсын (Қазыбаев).

ЕКІНШІЛЕЙ *Екінші мәртебе, бұдан кейін, ендігәрі.* Кешір, ***екіншілей*** олай болмайды (Дүйсенов).

ЕКІТАЛАЙ 1. *Белгісіз, негайбыл; күмәнды.* Тірі қалуы ~, қайтып оралуы ~ . 2. *Не әрі, не бері емес, әрі-сәрі.* Ол ***екіталай*** көңілмен үйіне келді (Тоғысбаев). 3. *Ауыс. Қиын-қыстау кез, ауыр шақ.* Ел басына ***екіталай*** күн туды (Зікібаев). ◊ **Екіталай іс болды** — *ел басына ауыртпалық түсті.*

ЕКІТҮГЕЙ *Сауырлы келген, екі аттың мінісін беретін, көбіне батырлар мінетін міністі ат.* ***Екітүгей*** торша ат, ылауға жайдақ аларды ("Батырлар жыры").

ЕКІҮШТЫ *Күмәндық, дүдәмал, күңгірт, көмескі.*

ЕКІҮШТЫЛА *Дүдамалдау, көмескілеу етіп көрсету.* — Е, әрине, — деп ***екіүштылады*** (Тілеуханов).

ЕКІҮШТЫЛАУ *Дүдамалдау, күңгірттеу.* ~ жауап берді.

ЕКІҮШТЫЛЫҚ *Күмәндылық, дүдамалдық, күңгірттік.* Бейбіттің сөзінен ***екіүштылық*** байқалды (Дүзенов).

ЕЛ 1. *Жұрт, халық, қауым.* **Ел** намысын қуғанның еңсесі биік (Әлімбаев). 2. *Туған жер, өскен орта.* ***Елден*** хат-хабар алып тұрасыздар ма? (М. Ғабдуллин). 3. *Негізі, шыққан тегі; заты, руы.* Мен өзім дулат деген ***елден*** келдім (Өзірбаев). 4. *Отан, туып-өскен жер.* Бақытты қазақ еліне ешбір ***ел*** жетпейді (Ыдырысов). 5. *Ауыс. Туыс, дос-жар.* Олар тағы дыбыс берді. — ***Елмісің,*** жаумысың? (Жансүгіров). ◊ **Ел ағасы** — *жасы үлкен ел басшысы.* **Ел аман, жұрт тыныштa** — *бейбіт кезде, тыныштықта.* **Ел аузына қақпақ бола алмайсың** — *көпшілік тілегіне тыйым сала алмайсың.* **Ел аузына ілікті** — *атағы жайылды, даңқы шықты.* **Ел аузынан** — *халықтан, жұрттан, әркімнен.* **Ел аулақта** — *көзден таса, оңашада.* **Ел аяғы басылды** — *ел орынға отырды, қараңғы түсті.* **Ел басқарды** — *көпшілікке, халыққа басшылық етті.* **Ел бастады** — *жұртты соңына ертті.* **Ел басына күн туды** — *халық ауыр жағдайға душар болды.* **Ел бетін көрмеді** — *өскен ортаға оралмады.* **Ел бетіне қарай алмады** — *ұятқа қалды, жер болды.* **Ел билеп, жұрт ұстады** — *халыққа билік жүргізді, ел басқарды.* **Ел болды** — а) *халық болып бірікті, басын құрады;* ә) *тату-тәтті, ынтымақты өмір сүрді.* **Ел болып [боп]** — *бүкіл халық болып, қауым болып бірігіп, бірлесіп.* **Ел біткенді** — *барша халықты, бүкіл жұртты.* **Ел емес** — *қас, дұшпан, жау.* **Ел етті [қылды]** — *халықтың басын біріктірді, жинады.* **Ел жата** — *ұйықтайтын кез.* **Ел жиды жетті** — *асықтырды,*

тықсырды, қысты. **Ел қамын жеді** — *жұрттың жайын ойлады.* **Ел қарасын көрмеді** — *ауылдан жырақ жүрді.* **Ел қатарлы** — *біреуден кейін, біреуден ілгері.* **Ел қорғаны** — *халық қамқоршысы.* **Ел құлағы елу** — *жұрт құлағы түріңкі.* **Ел қылды** — *жұрт қатарына қосты.* **Ел орынға отыра** — *кеш түсе, ымырт жабыла.* **Ел таныды** — *халықпен араласып, жақсылы-жаманды көріп білді.* **Ел таразысын андамады** — *талқыға түсіп, сөзге ілігеміз деп ойламады.* **Ел үйтқысын бұзды** — *көпшілікке іріткі салды, бүлдірді.* **Ел үстінде жүрді** — *басшылық қызметте болды.* **Ел үстінен күн көрді** — *халықты қанап тіршілік етті.* **Ел іргесін сақтады** — *халықтың бірлігін ойлады, тыныштық орнатты.* **Ел іші [ішінде]** — *ел ортасы, халық арасы, ауыл арасы.* **Елге жайды** — *даңғаза қылды, өсектеді.* **Елге қарар беті жоқ** — *масқара болды, ұятқа қалды.* **Елге сыймады** — *жексұрын болып аласталды.* **Елден ала бөтен** — *жұрттан ерекше, өзгеше.* **Елден асқан** — *жұрттан озған, керемет.* **Елден ерек [ерекше]** — *елден ала бөтен, айрықша.* **Елді аузына қаратты** — а) *ділмарлығымен жұрттың назарын өзіне аударды, сөзін тыңдата білді;* ә) *еркіне көндірді, айтқанын істетті.* **Елді құртқан** — *жексұрын, сұмырай, қу; сұм.* **Елдігі кетті** — *ел болудан қалды, елдіктен айрылды.* **Елдік етті [жасады]** — *көмектесті, жәрдемдесті.* **Елдің алды болды** — *алдына жан салмады, бәрінен озды.* **Елдің тұтқасын ұстады** — *ел биледі.* **Елінің елеулісі болды** — *халықтың қалаулысы, қадірлісі болды.* **Еліңнің көшін баста** — *жұрт иесі бол, көшбасы бол.*

ЕЛБЕГІ *көне. Түркі тілдес халықтар арасындағы жергілікті әкімнің лауазымы.*

ЕЛБЕ-ДЕЛБЕ: **елбе-делбе болып [боп]** — *алқам-салқамы шығып, салдыр-салақ.*

ЕЛБЕК: **елбек қақты** — *ұшып қонды, елбелектеді.*

ЕЛБЕКТЕ 1. *Қаңғалақ қағу, жан ұшыру.* Жамал қаңбақтай *елбектеп* келеді (Байтанаев). 2. *Ауыс. Жаны қалмай бәйек болу, қалбалақтау.* Әже менен шөбере, Өткіземіз күндерін. Бірі еңбектеп, бірі *елбектеп* (Мәуленов).

ЕЛБЕЛЕК: **елбелек қақты** — *бәйек болып жалпылдады.*

ЕЛБЕЛЕКТЕ 1. *Ұшып қону, қаңғалақтау.* Байсал *елбелектеп* жетіп келді (Шашкин). *Ауыс.* 2. *Асты-үстіне түсіп бәйек болу, жаны қалмау.* Ол кім келсе де, *елбелектеп,* бәйек болып қалады (Жақсыбаев). 3. *Асып-сасу, дегбірсіздену.* — Тым *елбелектеп* кеттіңіз, мұныңыз қалай? (Тоқаев).

ЕЛБЕҢ: **елбең етті** — *селтең қақты, ербеңдеді.*

ЕЛБЕҢ-ЕЛБЕҢ *Қаңғалақ қағып, елбеңдеп. Елбең-елбең* жүгірген (Сейфуллин). ◊ **Елбең-елбең етті** — а) *қараң-құраң етіп ербеңдеді;* ә) *жаны қалмай бәйек болды.*

ЕЛБЕ-СЕЛБЕ: **елбе-селбе болып [боп]** — *алқам-салқам боп, елбе-делбе.*

ЕЛБЕСІП-СЕЛБЕСІП *Бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесу.*

ЕЛБІРЕ 1. *Жаны қалмай, елпек қағу, елпілдеу.* Жөн сұрасты шет елде, Бір келіншек *елбіреп* (Салықов). 2. *Ет-бауыры езілу, елжіреу.* Ол әкесін зарыға күткен баладай *елбіреді* (Сейдімбеков). 3. *Қалт-қалт ету, дірілдеу, желбіреу.* Жусандардың шашақты басы сәл-сәл *елбіреп,* майысып түзеліп тұр (Тілеуханов).

ЕЛГЕЗЕК 1. *Айтқанды екі еткізбейтін тіл алғыш, пысық, ширақ.* Қуантай-жұмсаған жерге ұшып тұратын *елгезек* (Шүкіров). 2. *Ұшқыр, жүйрік.* Жас жануар өте ~. 3. *Сергек, сезімтал.* Ол сергек, ~ жан екен.

ЕЛГЕЗЕКТЕН *Елпең қағу, лыпылдау.* Қайда жұмса са да, *елгезектеніп* ұшып тұрам (Соқпақбаев).

ЕЛГЕЗЕКТЕУ *Сезімтал, ширақ, сергек.* ~ жігіт.

ЕЛГЕЗЕКТІК *Екі айтқызбайтын тіл алғыштық, пысықтық, ширақтық.* ~ гімен жұртқа жақты.

ЕЛГЕЙ *көне. Ежелгі дәуірдегі күміс ақша, теңге, жамбы.* Үйден барып беремін жүз *елгейді* (Қозы Көрпеш).

ЕЛДЕ-КҮНДЕ *Елде, жұртта, халық әдетінде.* Тап мына қимылы *елде-күнде* жоқ кәпірдің ісі (С. Жүнісов).

ЕЛДЕС I *Ел-жұрты бір, отандас, рулас, жерлес.* ~ адам.

ЕЛДЕС II *Жарасу, табысу, татуласу, бітісу, келісу. Елдестірмек* елшіден (Мақал).

ЕЛДЕТ *Елдік жасау, ел бірлігін сақтау.* Ел елдетер, *елдетер,* Ашылған тұман желдетер (Шалкиіз).

ЕЛДІ *Елі, халқы бар, жұрт орналасқан. Елді* жермен жүру қолайлы (Құттыбаев). □ **Елді мекен** — *ауыл, қыстақ.*

ЕЛДІК 1. *Елге тән, халықтық.* Қазақ халқының ~ күресі көп жырланған. 2. *Татулық, бірлік, ынтымақ.* Қысылтаяңда елдің *елдігін* таныту керек (Мусин).

ЕЛДІ-КҮНДІ *Ел-жұрт орналасқан, мекендеген.* Бізді *елді-күнді* бір жерге жеткіз (Соқпақбаев).

ЕЛЕ I *Електен өткізу.* Барсам, ұн ~п жатыр екен.

ЕЛЕ II 1. *Көңіл бөлу, назар аудару, құнттау, ескеру. Елемеген* ауру жаман (Мақал). 2. *Ілтипат көрсету, құрметтеу, сыйлау.* Бізді *елеп* келгендеріңізге қуаныштымыз (Дүзенов). // *Мән беру, ескеру, аңғару.* Жұмысқа жабылып кеткен кісілер Досанның келгенін *елемеді* (Әбдіхалықов).

ЕЛЕГІЗ 1. *Алаңдау, мазасыздану, тынышсыздану, әбігерлену.* Кейде мен достарымнан хат кешігіп қалса да, *елегізімін* (Кенжебаев). 2. *Құлақ тігу, сақ болу, елеңдеу.* Аяқты санап басып, *елегізіп* жан-жағына құлақ тігеді (Бердіқұлов).

ЕЛЕГІЗГІШ *Елікқіш, елеңдегіш.* ~ бала.

ЕЛЕГІШ *Аңғарғыш, ескергіш, құнттағыш.* Әйел затының жоқ нәрсені ~ әдеті бар.

ЕЛЕК I 1. *Ұн т. б. заттар елейтін елеуіш. Елек* ішінде су тұрмайды (Мақал). 2. *Ауыс. Талғаушылық, іріктеу ісі.* Қызметкердің жан-дүниесін *өз елегінен* өткізгісі келеді (Адамбеков). ◊ **Елекке салды** — *сын көзімен қарады.* **Елекке түсті** — *сыннан өтті, сыналды.* **Електен өткізді** — *ақылға салды, сұрыптады.*

ЕЛЕК II *көне. астр. Зодиак шоқжұлдызы.*

ЕЛЕКШӨП *бот. Ылғалды, шөлейтті, сортаңды жерлерде өсетін көп жылдық шөп.*

ЕЛЕКШІ *Елек елейтін жұмыскер.* ~ өз міндетін орындады.

ЕЛЕҢ *Алаңдаушылық, секемденушілік, қорқыныш, үрей, сезік.* Қыз жүзіне *елең* кірген жоқ (Ғ. Мүсірепов). ◊ ***Елең алды*** — а) *секем алды, үрейленді;* ә) *желікті, желпінді.* **Елең болды** — *құлақ түрді, сұқтанды.* **Елең етті [қақты]** — а) *жалт қарады, елеңдеді;* ә) *көңіл бөлді, құлақ түрді.*

Елең құрлы көрмеді [қылмады] — *ойына кіріп те шықпады, ескермеді.*

ЕЛЕҢ-АЛАҢ 1. *Алагеуім мезгіл, тақ сәрі. Елең-алаңда* шырамыта алмай тұр (Асанбаев). 2. *Ауыс. Күдік, түйткіл, алаңдаушылық.* Көңілде *елең-алаңы* бар (Байтанаев).

ЕЛЕҢДЕ 1. *Алаңдау, сезіктену, секемдену.* Тыста әлдекім тұрғандай *елеңдеймін* (Серәлиев). 2. *Ауыс. Айнала көз жіберу, жан-жаққа қарау.* Почташының төбесі көріне ме деп *елеңдеп* тұрамыз (Соқпақбаев). 3. *Секем алу, қорқу, үрейлену.* Жоқ нәрсеге *елеңдеп*, ағаттық жасап алма (Қайсенов).

ЕЛЕҢДЕГІШ *Әр нәрсеге құлақ түргіш. Елеңдегіш* әдетке дағдыланған жігіт отыра алмады (Қалмырзаев).

ЕЛЕҢ-ЕЛЕҢ *Алақ-жұлақ, алаң-құлаң, жалтақ-жұлтақ.* ~ қарады. ◊ **Елең-елең етті** — *жан-жағына алақтап қарады, секемденді.*

ЕЛЕҢ-СЕЛЕҢ *Селтең-селтең етіп бос жүрушілік.* Енді *елең-селеңнің* күні бітті (Дүйсенов).

ЕЛЕҢСІЗ *Жайбарақат, алаңсыз.* Кенжекүл ешбір *елеңсіз* жіп иіруге кірісті (Мұртазаев).

ЕЛЕП-ЕКШЕ 1. *Тазалау, екшеу.* Еңбек етіп еккен дәнді, *Елеп-екшеп* баптаймыз (Машақов). 2. *Ауыс. Сыннан өткізу, сұрыптау.* Жүрегіндегісін *елеп-екшеп* жату Бағимашта әзір жоқ (Әбілев).

ЕЛЕС 1. *Көмескі бұлдыр кескін, бейне.* Мәлике қорқынышты *елестерден* арылу үшін тез үйықтап қалмақ (Әбілев). 2. *Өткен күннің шым-шытырық суреті, көрінісі.* Өткен күннің ~тері. ◊ **Елес берді** — а) *көз алдына келді, елестеді;* ә) *бір көрінді де жоқ болды.*

ЕЛЕСТЕ *Көз алдына елес боп көріну. Елестеп* өтті алдынан Жаралы жылдар бейнесі (Аманжолов).

ЕЛЕСТЕУ *Көз алдына әр нәрсенің келу, елестеу құбылысы, галлюцинация.* Сандырақ, ~ сияқты құбылыстар болады.

ЕЛЕСТІ *Көз алдына елестейтін, бұлдыраған.* ~ ауруға ұшырады.

ЕЛЕУЛІ 1. *Көзге түсерліктей, көрнекті, белгілі.* ~ адам. 2. *Айтарлықтай, үлкен, ірі.* ~ үлес. 3. *Ауыс. Қадірлі, сыйлы, құрметті, қалаулы.* Елінің ~сі, халқының қалаулысы.

ЕЛЕУРЕ 1. *Қызбалану, қызулану.* Құр ~й берме. 2. *Даурығу, лепіру.* Бай балалары *елеурең* атқа мінді (Ғ. Мұстафин).

ЕЛЕУСІЗ 1. *Көзге түсе бермейтін, еленбейтін, байқаусыз.* Ол көзге *елеусіз*, төменшік, жетім жан (Нәжімеденов). 2. *Назардан тыс, ескерусіз.* Еңбегім ~ қалды. 3. *Жай ғана, самарқаулау.* Мейірбек *елеусіз* жымиып қойды (Тоғысбаев).

ЕЛЕУСІЗДЕН *Байқалмау, еленбеу.* Бақтығұл *елеусізденіп*, жылқыға қарай жүрді (М. Әуезов).

ЕЛЕУСІЗДЕУ 1. *Көзге түспейтін, байқалмайтын.* ~ жер. 2. *Жай ғана, самарқаулау.* Ол да *елеусіздеу* ғана бас изеп амандасты (Б. Шаханов).

ЕЛЕҢ *зоол. Дене түрқы 20 см, салмағы 200 г-ға жуық тұқы тұқымдас балық.*

ЕЛ-ЖҰРТ *Бүкіл ел, туған-туыс, ауыл-аймақ.* Сәкеннің *ел-жұртымен* кездесуі де жүрек тебірентерлік (Ишанов).

ЕЛЖІР *Ықылас, мейірім.* Атай әңгімесін аса бір *елжір* үнмен аяқтады (Қалдыбаев).

ЕЛЖІРЕ I 1. *Мейірлену, емірену.* Баласын ~й мейіріммен құшақтады. 2. *Ауыс. Үлбіреу, уылжу. Елжіреген* жас емес пе ем? Еппен айтсаң жұбатып (Абай).

ЕЛЖІРЕ II *Бабына келіп былбырап пісу.* ~п піскен қозы еті.

ЕЛЖІРЕГІШ *Егіліп тұратын, еміренгіш, егілгіш, босағыш.* Адам жасы есейген сайын ~ келеді.

ЕЛЖІРЕУІК *Егіліп тұратын, елжіреғіш.* Еркектердің *елжіреуік* болғанын ұнатпайды (Досанов).

ЕЛП: елп етті — а) *желп етті, байқалды, сезілді;* ә) *лып етіп тез жауап қатты, қоштады.* ◊ **Елп ете қалды [түсті]** — *бірден келісе кетті, сылқ етті.*

ЕЛПЕК *Елпілдеген, елгезек, тіл алғыш. Елпек,* жақсы бала деп, мені мұғалімдер өте жақсы көреді (Тұрсынбаев). □ **Елпек қақты** — а) *ұшып қонды, елпілдеді;* ә) *қас қабағына қарап жаны қалмады, бәйек болды.*

ЕЛПЕК-ЕЛПЕК: елпек-елпек етті — *жаны қалмай елпектеді, ұшып-қонды.*

ЕЛПЕКТЕ *Елпек қағу, елпілдеу, бәйек болу.* Олар маған ~ген жоқ.

ЕЛПЕКТІК *Елгезектік, тіл алғыштық.* Еңбек сүйгіш, *елпектік* Шөкеңнің сүйегіне біткен (Тұрсынбаев).

ЕЛП-ЕЛП: елп-елп етті — *елпең қақты, елпілдеді.*

ЕЛПЕҢ *Үлпілдеп тұрған, жеңіл.* Жел *елпең* қарды суыра, борандата айдай бастады (Момышұлы). □ **Елпең қақты** — а) *елпілдеп дедек қақты, зыр жүгірді;* ә) *жаны қалмай құрдай жорғалады.* **Елпең ете қалды [түсті]** — *құрақ ұшып елпілдеді.*

ЕЛПЕҢДЕ 1. *Елпең қағып қауқалақтау, елпілдеу, құрақ ұшу, бәйек болу.* Қара торы жігітті қашан көрсең де елдің алдына түсіп *елпеңдеп* жүргені (Ә. Ибрагимов). 2. *Тез-тез басу, бүкең қағу.* Тәттімбеттің жүрісі ширақ, *елпеңдеп* келеді (Т. Әлімқұлов). 3. *Ауыс. Жалпаңдау, жарамсақтану.* Көкен *елпеңдеп* қызмет етуде (Тәшенов).

ЕЛПЕҢ-ЕЛПЕҢ: елпең-елпең басты — *елп-елп етті, елпеңдеді.* **Елпең-елпең етті** — *елпеңдеп тез жүрді, елпең қақты.*

ЕЛПЕУІШ: етегі елпеуіш, жеңі желпеуіш болып [боп] — *тыным таппай, жан аямай.*

ЕЛПІЛДЕ 1. *Жаны қалмау, бәйек болу, құрақ ұшу.* Бұрынғыдай емес, асты-үстіме түсіп, *елпілдеп* тұрады (Соқпақбаев). 2. *Ылдам-жылдам басу, елпек қағу, елпеңдеу.* Олар алғашқыда *елпілдей* басып біраз жерді ұтып тастады (Сқақбаев).

ЕЛПІЛДЕК 1. *Тіл алғыш, елгезек. Елпілдек* елден бұрын болдырар (Мақал). 2. *Жеңілтек, ұшқалақ.* Нұрғайшаға күйеуінің тым *елпілдектігі* ұнамай қалады (С. Асылбеков).

ЕЛ-СЕЛ: ел-сел болды [етті, қылды] — а) *жер көкті сел басты, сел боп ақты;* ә) *дүр сілкіндірді, елең қақтырды.* **Ел-селі шықты** — *пора-порасы шықты, қатты терледі.*

ЕЛСІЗ 1. *Ел жекендемеген, адам тұрмайтын жер.* Қара адырдың қарағанды сайы *елсіз* (М. Әуезов). 2. *Ағайын-туғансыз, ел-жұртсыз. Елсіз* ер болмайды, сусыз жер болмайды (Мақал).

ЕЛСІЗДІК *Ел жоқтық, ел болмағандық.* Айналаның ~гі еріксіз ойға жетелейді.

ЕЛСІЗ-ЖҰРТСЫЗ *Қу медиен, қу дала.* ~ ен дала.

ЕЛСІЗ-КҮНСІЗДЕ *Құла түзде, айдалада.* ***Елсіз-күнсіздe*** кездемені жайып сал (Адай).

ЕЛСІНБЕ *Ел-жұрт деп білмеу, танымау, мойынсұнбау.* Сақау ол ауылды ~й қашып келді.

ЕЛТАҢБА *Белгілі бір мемлекеттің жалауында, ақшасында, мөрінде т. б. болатын елдік белгілердің бірі.*

ЕЛТЕҢ-СЕЛТЕҢ 1. *Босқа күн өткізушілік, селтеңбайға салынушылық.* Көп адамдар ***елтең-селтең*** бос думанмен өмірін өткізіп алады (Байжанов). 2. *Жеңілтектік, ұшқалақтық.* ~ жүріске салынбау керек.

ЕЛТІ 1. *Наша, апиын тартып бас айналу, дене улану, масайрау.* Наша тартқанда бас айналып, қатты ~геді. 2. *Ауыс. Бірдемеге ұю, елігу, балқу.* Шын ақынның өлеңін оқығанда, еріксіз ***елтисің*** (Әлімқұлов).

ЕЛТІРІ 1. *Сойылған не өлген қозы-лақтың бүйра терісі.* Қазақстан Республикасы қаракөл ~сін көп дайындайды. 2. *Елтіріден дайындалған, елтіріден тігілген.* ~ ішік.

ЕЛТІРІЛІ *Елтірісі бар, елтірісі көп.* Сұр (қара)~қозылар.

ЕЛТІРІЛІК *Елтірі алуға арналған, елтірі беретін.* ~ бағыттағы қой шаруашылығы.

ЕЛУ *Жүз санының жартысы, бес он.* ***Елу*** жылда ел жаңа (Мақал).

ЕЛУБАСЫ *көне.* 1. *Әрбір елу сарбаздың басшысы.* 2. *Патша жанындағы би-болыстың ел ішіндегі сайлап қойған уәкілі.*

ЕЛУЛІК *көне. Елу-елуден бөлінген сарбаздар тобы (взвод.)* Батыр келісімен ***елулік,*** жүздік топ тағайындады (Жұмағұлов).

ЕЛУПАЙ *этногр. Бес, жеті асықпен (таспен) ойналатын, қақпақыл ойынның бір түрі.*

ЕЛУІНШІ *Қырық тоғыздан кейінгі реттік сан.* ~ жылдары.

ЕЛШІ 1. *Мемлекеттер аралығындағы жоғары рангтегі дипломатиялық өкіл.* ***Елші*** мойнында екі елдің де қарызы болады (Д. Әбілев). 2. *көне. Екі жақты бітімге келтіру үшін жүретін адам; делдал.* Бір күні Кәрімжаннан екі ***елші*** жігіт келді (С. Омаров).

ЕЛШІЛ *Ел қамын ойлаушы, қамқоршы.* Едігедей ***елшіл*** бол. (Л. Лекеров).

ЕЛШІЛІК *Екі елдің арасындағы өкілдік және өкілдік орналасқан үй.* Шетел ~гі орналасқан үй.

ЕЛІ I *Саусақтың жалпақтық өлшемі.* Бір ~қазы. Бетінің кірі бес ~.

ЕЛІ II *Ұзаққа созылатын көз ауруы.* Көзің ***елі*** болса, көзілдірік ки (Мақал).

ЕЛІГУ *Еліккендік, елігушілік.* Бұл — серік іздемейтін, ***елігуді*** білмейтін ат (Исабаев).

ЕЛІК I *Таулы, орманды жерлерде мекендейтін киіктің бір түрі, бұғы тұқымдас аң.* ◊ **Елік ауыз болды** *(жерг.)* — *қисыны кетті, байланыспады.* **Еліктің лағындай [асығындай]** — *сымбатты, сұйкімді, әдемі.*

ЕЛІК II 1. *Бір нәрсеге еліктеу, қызығу.* Бұл әңгімеге Боташ қатты ***елікті*** (Әбдіхалықов). 2. *Желігу, еліру.* Кедейлер ***елігіп*** алған (Ғ. Мұстафин).

ЕЛІККІШ *Еліктеуге құмар, еліктегіш.* Балалар әр нәрсеге ~ келеді.

ЕЛІКПЕ *Еліге кеткіш, елірме.* ~ жігіт.

ЕЛІКТЕ *Әлде біреуге ұқсауға тырысу, дәл сондай болғысы келу, елігу.* Бала ата мен ағаға ~йді.

ЕЛІКТЕГІШ *Еліктеуге бейім, еліккіш.* Әдетте балалар ~.

ЕЛІКТЕУ: еліктеу сөздер *(лингв.)* — *табиғат құбылыстарының алуан түрлі дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер тобының жалпы атауы.*

ЕЛІЛЕ *Елімен өлшеу.* Құстың шат сүйектері ұштарының арасы ***елілеп*** өлшеу арқылы анықталады (Құс өсіруші).

ЕЛІР 1. *Елеңдеу, алаңдау.* Жылқылар үріккен киіктей ***еліріп*** тұр (Т. Әлімқұлов). 2. *Екілену, қызбалану, даурығу.* Жыққан палуанға қошемет айтып ***еліріп*** жатты жұрт (Кекілбаев).

ЕЛІРКЕТ *Еркелету, еркінсіту.* Шөліркетіп шөл дала, ***Еліркеткен*** ен дала (Жамбыл).

ЕЛІРМЕ 1. *Даурықпа, әулекі, бөспе.* Ол айғайшыл, ***елірме*** жігіт екен (С. Мұқанов).

ЕЛІРМЕ II *(мед.)* 1. *Көбіне жас балаларда болатын психикалық ауру.* 2. *Маскүнемдердің елесті ауруы* (белая горячка).

ЕЛІРМЕЛЕ *Даурығу, есіру, еліру.* Жолаушы ~й бастады.

ЕЛІРМЕЛІ I *Есіріп, даурығып кететін, еліріп тұратын.* Өресі қысқа ~ қызыққа құмартқыш.

ЕЛІРМЕЛІ II *Елірме ауруы бар, елірмесі бар.* Әлде бұл ~ ауру ма?

ЕЛІРУЛІ *Алаңдаулы, жалтақтаулы.* Бәрі ісік, бәрі ***елірулі*** (Жансүгіров).

ЕМ I 1. *Әр түрлі ауруға қарсы қолданатын емдеу әрекеті.* Қолданбаған ~ қалмапты. 2. *Сырқаттан айығуына себі тиетін дауа, шипа.* Жаман ауруға жақсы ас ***ем*** (Мақал). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің амалы, айласы, шарасы.* Өлімнен өзгеге ***ем*** бар (Мақал). ◊ **Ем болмады [болды]** — а) *ем қонбады, шипа болмады;* ә) *айтқан сөзі дауа болмады, миына да кірмеді.* **Емге жоқ** — *тұқ жоқ, ұшпайды.* **Емге табылмайды [ұшпайды]** — *еш жерде жоқ, қолға түспейді.* ◊ **Ем жасады** — *емдеді, дәріледі.* **Ем қонбады** — а) *емдеген емнен ешбір нәтиже шықпады;* ә) *сөз өтпеді, дауа болмады.* ◊ **Емі табылмады** — *амал-айласын таппады, дауа болмады.*

ЕМ II 1. *Уызға, сүтке тойдыру, емшек сору.* Бала анасының емшегін ~ді. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің қызығын көру, пайдаға асыру.* Еңбек етсең — ***емерсің*** (Мақал).

ЕМАРША *(бот.) Таулы, тасты жерлерде өсетін, хош иісті, тікенек жапырақты бұта.*

ЕМДЕ 1. *Ауру-сырқауға қарсы ем жасау, дәрілеу.* Жаралыларды дәрігерлер ***емдеп*** жатыр (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Қайғы-қасіреттен, мұңнан сейілту.* Қам көңіл халқыңыз бар, жақсы жырмен жарасын ***емдеңіз*** (Бодықов).

ЕМДЕЛУ *Ем алу процесі, ем қабылдау ісі.* ~ карточкасы. □ **Емделу қағазы** — *сырқаттануға байланысты уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақша құжат.*

ЕМДЕУ *Ем жасау ісі, емдеу әрекеті.* ~ мекемесі (орны).

ЕМДЕУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ *Емдейтін, дәрілейтін және аурудан алдын ала сақтандыратын орын, шара.*

ЕМДЕУ-САНИТАРЛЫҚ *Дәрігерлік жәрдем көрсететін, тазалық сақтайтын орын, пункт.*

ЕМ-ДОМ *Үшкіру, ұшықтау сияқты халықтық ем, шипа.* ~ жасатты.

ЕМ-ДОМДА *Ем-дом жасау, емдеу.* Біраз ~п көрді.

ЕМ-ДОМДЫҚ *Емдік, дәрілік, шипалық.*

ЕМДІК *Ем боларлық, шипалық.* ~ қасиет (сипат).

ЕМЕГЕН *Еміп қоятын, емгіш.* ~ бұзау.

ЕМЕЙ *Болмағанда ше, болмағанда.* Тепкі ***емей*** немене, ана жеті ауылдың көргені (М. Әуезов).

ЕМЕКСІ 1. *Бір нәрседен үміттену, дәмелену.* Ұл болар деп ***емексіп*** жүргенде, онысы тағы қыз болды (Құмарова). 2. *Ауыс. Емеурін білдіру, ниет көрсету.* Ғалия ***емексіген*** соң, Қордабайда ес қалған жоқ (Мұқанов). 3. *Бір нәрсеге сенім арту, көңіліне тоқ санау, сену.* Ұзақ өзін қостаған сөзге ***емексігендей*** болды (М. Әуезов).

ЕМЕН I 1. *бот. Шамшат тұқымдасына жататын көп жылдық, бұтақты жуан ағаш.* 2. *Емен ағашының сүрегінен жасалған жабдық.* ~ таяқ (паркет). 3. *Ауыс. Қайыспайтын мықты, қайсар, берік.* Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені, ***Еменнің*** иілгені сынғаны (Мақал).

ЕМЕН II *фольк. Емес деген көмекші сөздің көнеленген, ықшамдалған түрі.* Бір сен ***емен,*** осы үйдегі өнерпаздың бәрі айтады (М. Әуезов).

ЕМЕН: емен де, семен де — *кім болса, сол, әркім.* Әйтпесе ***емен*** де, семен де басынып, оңай қоржын қылып алады (М. Әуезов).

ЕМЕНДЕЙ *Мықты, берік, қайратты.* Абылғазы ***емендей,*** зіл салмақты адам еді (М. Әуезов).

ЕМЕН-ЖАРҚЫ 1. *Ашық-жарқын, емін-еркін, жарқырап.* ~ отырып бір сөйлесейікші. ~ тірлік (сәуле, үміт). 2. *Жасырмай-жалтармай, бүкпей.* Осы арада ол жайды да ***емен-жарқы*** айта кетейік (С. Мұқанов).

ЕМЕН-ЖАРҚЫЛАП *Тиіп-қашып, там-тұмдап, аздап.* Шоқан Жайнақтан ***емен-жарқылап*** сұрастырды (С. Мұқанов).

ЕМЕНТҮМСЫҚ *зоол. Омырауында қара дағы бар, жуан тұмсықты орман құсы.*

ЕМЕР *Бір заттың шетін бүгу, қаңылтыр сауыттардың жоғары жақ ернеуін ішіне қарай бүктеу, жеңнің ұшын ішіне қарай бүгіп тігу.*

ЕМЕС *"Е" көмекші етістігінің болымсыз түрі.* Ерлік білекте ***емес,*** жүректе (Мақал).

ЕМЕСКІ *Көмескі, болар-болмас.* ~ ұн (күлкі).

ЕМЕСІН *Үміт, дәме.* Оған ***емесінмен*** телмірді (Иманжанов).

ЕМЕТАЙ: еметайы езілді [еріді] — *ынтықты, құмартты.*

ЕМЕУРІН *Ыңғай, бағыт, нышан, ниет.* ~ білдірді (жасады, таныты).

ЕМЕУРІНДЕ *Ыңғай, нышан білдіру, сыңай таныту.* Ол уәдені жықпаспыз дегенді ~ді.

ЕМЕУРІНСІЗ *Ыңғай, нышан білдірмей, сыңай таныпай.* Шақырусыз, ***емеурінсіз*** келетін көп кісілер бар (М. Әуезов).

ЕМЕШЕ: емешесі құрыды [үзілді] — *қатты ынтықты, жүрегі елжіреді.*

ЕМЛЕ *Дұрыс жазу ережелерінің жүйесі; орфография.* ~ ережелері (қателері, сөздігі).

ЕМСЕ *көне. Аңсау, сағыну.* Еділді көріп ***емсеген*** (Махамбет).

ЕМСЕК *Шипагер, емші.* Зере келіннің қолы ***емсек*** еді (Шаймерденов).

ЕМСЕКТЕ *көне. Епте-септеу, амалдау, айлашарғы жасау.* Жеріңді алса бөлшектеп, барыңды алса ***емсектеп*** (Хұсайынов).

ЕМСЕКТІК *Шипалық, емшілік.* Қолының ~гі болатын.

ЕМСІЗ 1. *Ем-домсыз, дәрі-дәрмексіз.* Ауырған малды қазақ ***емсіз*** қалдырған емес (С. Мұқанов). 2. *Амалсыз, дауасыз, шарасыз.* Анамның сырқаты ***емсіз*** дерт (Бегалин).

ЕМСІН *Көңілі босау, жылағысы келу.* Ол ~ген біреулерді байқап қалды.

ЕМТИХАН 1. *Белгілі бір пән бойынша білім дәрежесін анықтайтын сынақ.* ~ уақыты таяп қалды. 2. *Ауыс. Байқау, сынау, тексеру.* Өмірде бір қатал ~ болмай қоймайды. □ **Емтихан сессиясы** — *жоғары және арнаулы орта оқу орындарындағы емтихан тапсыру кезеңі.*

ЕМХАНА *Аурулар барып-келіп емделетін дәрігерлік мекеме; поликлиника.*

ЕМШЕК 1. *Әйелдердің кеудесіндегі мамасы.* Баланы ~тен шығарды. 2. *Ер адамның кеуде тұсы.* Бұл өткелдің суы ***емшек тұстан*** келіп қалады (Қуанышбаев). 3. *Ұрғашы малдың сүт шығатын ұрпі.* Бір биенің екі ~гі, сиырдың төрт ~гі бар. □ **Емшек қап** — *әйелдердің емшегінің ұшы жарылып кеткенде қолданылады.* ◊ **Емшегі ніді** — *емшекке сүт толды.* **Емшегін көкке сауды (қарғ.)** — *анасы баласын қарғап-сіледі.* **Емшегі істі** — а) *суық тиюден сүт бездерінің қабынуы, талаурауы;* ә) *емшекте баласы бар ананың дәме еткен астан ауыз тимей ауырып қалуы.* **Емшек баласы** — *емшек еметін бала.* **Емшек табы [сүті] аузынан кетпеген** — а) *тым жас;* ә) *тәжірибесіз, шалағай.* **Емшектен шығарды** — *баланы емізбейтін болды.*

ЕМШЕКТЕС *Бір анадан туған, бір емшекті еміскен.* Олар бір анадан туған ~ ағайындылар.

ЕМШЕКТІ 1. *Емшегі бар, емшегі ұлкен.* 2. *Ауыс. Бұдырлы, бүрлі, бедерлі.* ~ таға (бәтеңке).

ЕМШІ *Ауру адамды емдейтін тәуіп, шипагер, балгер. Емші* Ахмет десең, Зайсан жұрты түгел таниды (К. Сегізбаев).

ЕМШІ-ДОМШЫ *қарап. Үшкіру, ұшықтау, аластау сияқты ем жасайтын халықтық шипагер, тәуіп.* Ел арасында ~лар кездеседі.

ЕМШІЛ *Ем-дом жасағыш, шипагерлік етуші.* ~ адам.

ЕМШІЛІК *Емдеу жұмысы, дәрігерлік, шипагерлік, балгерлік.* ~ кәсіппен айналысады.

ЕМІЗУЛІ *Емшектегі, еметін.* Әкеміз Қашағаннан ***емізулі*** кезде қалыппыз (Шыңғысов).

ЕМІЗІК *Нәрестені емізу үшін пайдаланатын резеңке түтік.* □ **Емізік бота** — *емізікпен сүт ішіп өскен бота.*

ЕМІЗІКТЕ 1. *Шұпілдеп толу, лықылдау, иіндеу.* Әр жерге орнатылған ***емізіктеген*** сабалар (М. Әуезов). 2. *Жайлап сораптап ішу.* Қымызды таңдана ***емізіктеп*** тартып іше бастады (Әбілев).

ЕМІН 1. *Жалынып-жалпаю, қиылып, ынтығып сұрау.* ***Еміпп*** алған алақандай жерім (F. Мұстафин). 2. *Киіп-жару, кимелеу, ентелеу.* Ол жан ұшырып, алға ***еміне*** түсті (Мағауин).

ЕМІН-ЕРКІН 1. *Ешқандай қағажу көрмей, өз бетімен.* ***Емін-еркін*** ер жетті (Қамбар батыр). 2. *Қалауынша, керегінше, мейлінше.* Мен кеншілермен ***емін-еркін*** сөйлестім (Өмірбеков).

ЕМІНШЕК *Сұраншақ, тілемсек.* Еріншектің бір мінезі — ***еміншек.*** □ **Еміншек бота** — а) *желіндемей*

боталаған түйенің ботасы; ә) сүтке тойса да адамның соңынан қалмайтын бота.

ЕМІНШЕКТІК *Тілемсектік, сұраншақтық.* Жалқаулық, *еміншектік* бәрі өзінен табылады (Ғ. Мұстафин).

ЕМІРЕН *Жақсы көріп мейірлену, тебірену.* Әкімгерей ұлын *емірене* иіскеді (Әлішев).

ЕМІРЕНГІШ *Бауырмал, мейірімді.* ~ болып алған.

ЕМІРІЛ *Ауыздың, еріннің ішіне қарай тартылуы, жымырылуы.* Күрмеліп сөйлеуге де тілі келмей, ақырын *~іп* еріндері.

ЕМІС *Баяу, ақырын, жай.* Кәрі құлақ *еміс* сөзге де емексиді (Есенберлин).

ЕМІС-ЕМІС 1. *Болар-болмас, естілер-естілмес.* Бір дауыс құлағыма ~ естілді. 2. *Шала-пұла, шалашарпы, анда-санда.* Сұмдықтың бір шеті *еміс-еміс* бізге де естілген (Есенберлин).

ЕН I *Бір заттың я болмаса нәрсенің көлденеңінің кеңдігі, жалпақтығы.* ~і ат шаптырым (бір құлаш).

ЕН II *Малдың құлағына тіліліп, ойылып салатын белгі.* Ойық (тілік) ~. ◊ **Ен салды [тақты]** — *белгі жасады, таңбалады, атады.*

ЕН III *Жыныстық без.* Көбінесе айғыр мен бұқаның *ені,* сиырдың желіні ісиді (Ә. Әбішев).

ЕН IV 1. *Телегей — теңіз, көл-көсір, ағыл-тегіл мол.* ~ байлық (дәулет). 2. *Кең — байтақ, шетсіз-шексіз.* ~ жазық. ◊ **Ен дала** — *құла дүз, жапан дала.* **Ен жайлау** — *жазғы кең қоныс.* **Ен жайлады** — *емін-еркін билеп-төстеді, еркіндеді.*

ЕН V 1. *Ішіне кіру, өту.* Кісілер үйге ~ді. 2. *Бату, сіңіру, бойлау.* Бүркіт қараңғы түнге *еніп,* жоқ болып кетті (Есенберлин). 3. *Ішінде болу, қатысу, араласу.* Майданға ~ді. 4. *Тәжірибеде қолдану, іске асыру.* Заң қылмыс бар жерде күшіне *енеді* (Ә. Хасенов). 5. *Пайда болу, қосылу, көріну.* Жұрт қатарына *еніп* келеді (Дәуренбеков). 6. *Аныққанығына бару, байыптау.* Қозғаған мәселенің ішіне *енбей,* тек бетінен қалқиды.

ЕНБАУ *мед. Венаның кеңеюі, түйінденуі.*

ЕНДЕ I 1. *Тереңдеу, бойлау.* Ағаш тамыры ~п, тереңдеп кетеді. 2. *Асқыну, дендеу, меңдеу.* Кесел ~п асқынған. 3. *Өркендеу, өсу, даму.* Жау *ендемей* тұрғанда, қуып шығу керек (Исабаев).

ЕНДЕ II *Ен салу, меншіктену, иемдену.* — Ой, мынаны өзім *ендеп* жүр едім ғой (Молдағалиев).

ЕНДЕ III 1. *Жалпақтығын, көлденеңін өлшеу.* Матаны ~п көр. 2. *Заттың белгілі бір кеңістікке көлденеңінен, жалпағынан сыйып орналасуы.* Өзеннің ені тар, екі кеме ғана ~й алатындай екен.

ЕНДЕЙ *Кесілмеген қалпынша, бүтіндей, тұтас.* ~ бүктелген тұтас бір газет.

ЕНДЕС *Ен-таңбалары ұқсас, таңбалас. Ендес* бір саулықты қасқыр тамақтап өлтіріпті (Тайшықов).

ЕНДЕШЕ 1. *Олай болса, демек, ягни.* Тойды бірге жасайтын болдық, *ендеше* (Мәдиев). 2. *Білгің келсе, керек болса.* ~ менің де оқушымсың.

ЕНДІ I *Кең, мол, тым жалпақ.* ~ көйлек (шалбар, киім, мата).

ЕНДІ II *Ен салынған, таңбаланған, ені бар.* ~ қойларды қосып жіберіп те баға береміз.

ЕНДІ III 1. *Дәл қазір, осы кезде.* Осы ой басыма ~ келді. 2. *Бұдан былай, осыдан кейін.* Біздің әулеттен ~ жалғыз өзіңсің. 3. *Бұдан басқа, және де, тағы да.* Атаның *енді* бір ойы бар (С. Омаров). 4. *Онда, әйтпесе.* — Олардікі емес. — *Енді* кімдікі? (Шашкин). // *Сұраулық, қарсылық мәнде қолданылатын сөз.* Жоспарды орындамай, *енді* не бітіріп жүрсіңдер? (Әбішев). □ **Енді айналып келгенше** — *тағы да, қайтадан, қайыра келгенше.* **Енді болмаса [болмағанда]** — *аз болғанда, сәл кідіргенде.* **Енді бүгін** — *осы күнде, бүгінде.* **Енді біразда** — *тағы да, және де.* **Енді қайтып** — *қайта айналып, екінші рет.*

ЕНДІГӘРІ *Бұдан былай, ендігіде, келесіде.* Соны маған *ендігәрі* айтпайтындай бол (Ғ. Мүсірепов).

ЕНДІГІ 1. *Бұдан былайғы, келесі, алдағы.* ~жылы (жұмада). 2. *Бүгінгі, қазіргі. Ендігінің* баласына сенім жоқ (С. Жүнісов). // *Осы уақытқа дейін.* Мен туралы есіткен шығар *ендігі* (Шүкіров).

ЕНДІ-ЕНДІ *Жаңада ғана, таяу арада, жуықта, жуыр арада.* Есімді *енді-енді* жия бастадым (Көшімов).

ЕНДІК I *геогр. Экватордан меридианға дейін градус арқылы көрсететін қашықтық.* □ **Барлық ендіктегі** — *барлық жер шарындағы, барлық жерде.* **Ендік қызметі** — *географиялық ендіктің орнын жүйелі түрде анықтау қызметі.*

ЕНДІК II *Заттың, матаның кеңдігі, молдығы.*

ЕНДІЛЕУ *Кеңдеу, көлденеңі жалпақтау.* Өзеннің ~ жері.

ЕНДІЛІК *Ені кең болып келушілік, жалпақтық.* Өзеннің бірі *енділігімен* белгілі (Ә. Сариев).

ЕНДІРЕК *Кеңірек, жалпақтау, енділеу.* Су жүретін борозданы ~ етіп жүргізуге болады.

ЕНДІРМЕ I *этногр. Қазақтың қолөнерінде кездесетін өрнектің аты.*

ЕНДІРМЕ II *Жеке адам тарапынан ұсынылған жаңалықты өндіріске, өнеркәсіпке енгізу тәсілі.* Оның ~сі өндірісте кеңінен қолдау тапты.

ЕНДІРМЕ III *мат. Берілген бұрышты теңдей үшке бөлу үшін қолданатын математикалық әдіс.*

ЕНЕ 1. *Екі жағы да ене деп атайтын ерлі-зайыпты адамдардың анасы, шешесі.* 2. *Мал төлінің анасы. Енесі* тепкен құлынның еті ауырмас (Мақал). □ **Ене қаз** — *қаздың ұрғашысы.* ◊ **Ене көрген** — *ата-ананың тәлім-тәрбиесін алған, үлгі-өнеге көрген.* **Енесін ұрайын** — *тіл тигізу, тілдеу, боқтау.*

ЕНЕКЕ *Ене, ана сөзін құрметтеп атау түрі. Енеке,* сен шығардың бір сұмдықты (Қозы Көрпеш).

ЕНЕЛІ *Енесі бар.* ~-келінді екі бас.

ЕНЕЛІК *Ене болу дәрежесі, ене атанушылық.* Ертең сен де ~ке жетіп, келін түсіресің.

ЕНЕТАЙ *Енені сыйлап, жалбарына айту түрі.* Аруағыңнан садаға кетейін, *енетайым* (С. Мұқанов).

ЕНЖАР *Селсоқ, көңілсіз, немқұрайлы, ықылассыз, сүлесоқ. Енжардың* ісі кейін кетеді (Мақал).

ЕНЖАРЛАН *Көңілсіздену, селсоқтану, ықылассыздану.* Көңілі ~ды.

ЕНЖАРЛАС *Бір-бірін іштей жаратпау, жараспау, келіспеу.* Екеуіміз *енжарласып* араласпай кеттік (Жәкенов).

ЕНЖАРЛАУ *Сүлесоқтау, селқостау, көңілсіздеу, ықылассыздау.* ~ күйде (келе жатты).

ЕНЖАРЛЫҚ *Самарқаулық, селқостық, көңілсіздік, ықылассыздық.*

ЕНЖАРМА *Бір жарым еннен тұратын зат, мата.* ~ көрпе.

ЕНСІЗ *Ені тар, енсіз келген.* ~ мата (шана, ыдыс).

ЕНСІЗДЕУ *Енді емес, ені тарлау.*

ЕН-ТАҢБА *Малға т. б. затқа салынатын шартты таңба, белгі.* Шырағым, мынаған өз қолыңнан *ен-таңба* салып кет (Қанахин).

ЕН-ТЕГІН *Көл-көсір, мол.* Астық деген әлі *ен-тегін* (Доспанбетов).

ЕНТЕЛЕ *Кимелеу, аптығу, киіп-жару.* Екінші үйден *ентелей* басып бір егде адам келді (Нұрқанов).

ЕНТЕЛЕТ 1. *өзг. етіс. Ентеле-т.* 2. *Жақындату, тақалдыру.* Столды есікке қарай *ентелете* қойған екен (Сәтбаев). 3. *Ауыс. Құйқылжыту, тамылжыту.* Мұса сарнатып, *ентелетіп* домбыраны шертіп отырды (Сейфуллин).

ЕНТІК *Аптығу, алқыну, демігу.* Ақ құба келіншек *ентігіп* тұр (Жұмаділов). □ **Ентігін басты** — *алқынып-аптыққанын қойды, тыныстады.*

ЕНШІ 1. *Бала жеке үй болып бөлек шыққанда, ата-анасы беретін мал-мүлік.* Тәкежан сол жылы *енші* алып бөлініп шыққан (М. Әуезов). 2. *Иелігінде, меншігінде болу, тәнділік.* Сенің ~ңе Нариманды беремін. 3. *Ауыс. Міндет, борыш.* Күрес, еңбек, игеру — менің *еншім* (С. Мұқанов). ◊ **Енші берді** — *баласына мал-мүлік бөліп берді, бөлек үй етіп шығарды.*

ЕНШІЛЕ *Иемдену, меншіктену. Еншілеген* жалғыз құнанын жайратып салды (М. Сатыбалдиев).

ЕНШІЛЕС *Еншісі ортақ, меншіктес.* Майқыны Майсор *еншілес* етіп қолына алған (Д. Әбілев).

ЕНШІЛЕСТІК *Ортақтық, бірлестік.* Онымен ~гіміз бар болатын.

ЕНШІЛЕСТІР *Ортақтастыру, бірлестіру.*

ЕНШІЛІ *Еншісі бар, ортақтас.* ~ жайлаулары бар.

ЕҢ 1. *Нағыз, барып тұрған, өте-мөте.* Адам баласының *ең* жаманы — талапсыз (Абай). 2. *Әуелі, алдымен, бірінші.* ~ алғаш (әуелі). 3. *Тіптен болмаса, құрыса.* ~ аяғы.

ЕҢБЕК I 1. *Адамның өз қажетін қанағаттандыруға бағытталған жұмыс, қызмет.* Елдің атын *еңбек* шығарар (Мақал). 2. *Отанға, қоғамға көрсеткен қызмет, жақсылық.* Ел үшін еткен *еңбектен* адал не бар? (Сыланов). 3. *Материалдық, мәдени игілік, шығарма.* Шоқан өз *еңбектерінде* ең алдымен ұлттық мәселелерді алға қоюға тырысты (Ақынжанов). □ **Еңбек армиялары** (*тар.*) — *соғыс жағдайы мен әскери тәртіпті сақтай отырып, құрылыста, өндірісте істеген армия.* **Еңбек биржасы** — *жұмыссыздарды тіркеп және жұмыс табу жөнінде делдалдық жасап отыратын мекеме.* **Еңбек гигиенасы** — *еңбек үстінде, жұмыс кезінде денсаулық сақтау, өндірістің зиянды факторларын жою жағдайы, шарты.* **Еңбек демалысы** — *орташа табысы сақталып, жыл сайын демалу үшін берілетін мерзім.* **Еңбек ері** — *еңбекте үздік шыққаны үшін берілетін құрметті атақ.* **Еңбек етті [қылды]** — *жұмыс істеді, еңбектенді.* **Еңбек мектебі** — *оқушыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, оқуын жалғастыра беруге арналған және кәсіби мамандық орны.* **Еңбек өнімділігі** (*филос.*) — *жұмыс уақытының бір мөлшері ішінде шығарылған өнім мөлшері, өндірісті еңбектің нәтижелігі.* **Еңбек өнімі** — *өндіріс құралдарының жәрдемімен адамның қажеттерін өтеуге даярланған табиғи заты, тұтыну құны.* **Еңбек резерві** — *арнаулы оқу орындарында халық шаруашылығының жетекші салалары үшін маман жұмысшыларды дайындау жүйесі.* **Еңбек стажы** — *белгілі бір қоғамдық жұмыс салаларында еңбек еткен уақыттың мөлшері.* **Еңбек тәртібі** — *еңбек етушілердің арақатысын тиімді қалыпқа келтіріп отыратын жүйе.* **Еңбектегі қауырттық** (*филос.*) — *өндіріс процесіндегі еңбек өнімділігін арттырудың дәрежесі.* **Еңбек тузету колониясы** — *қоғамдық тәртіпті бұзған қылмысты адамдарды тәрбиелейтін орын.* **Еңбек шығыны** (*филос.*) — *белгілі бір жұмысты орындауға жұмсалған күш пен қаржы.* ◊ **Еңбегі далаға кетті** — *істеген ісі зая болды.* **Еңбегі еш, тұзы сор** — *босқа арам тер болды.* **Еңбегі зая болды [кетті]** — *жақсылығы босқа кетті, еңбегі жанбады.* **Еңбегі жанды** — *еңбегінің рахатын көрді.* **Еңбегін ақтады** — *өзіне сенген біреудің қызметін өтеді.* **Еңбегін қанады [жеді, сорды]** — *біреудің күшін пайдаланды.* **Еңбегін сатты** — *еңбегіне сүйенді, еңбегін мақтан етті.* **Еңбегін сауды** — *адал еңбегімен күн көрді, күнелтті.* **Еңбегі сіңген** — а) *көп еңбектеніп, қызметі өткен; ә) қоғамдық жұмыстың бір саласында жемісті еңбек еткендікті аңғартатын құрметті атақ.*

ЕҢБЕК II *Жас сәбидің төбесіндегі былқылдап тұратын жері.* Бір жарым жастағы баланың *еңбегінің* қуысына қан құю ұсынылып жүр (Даиров).

ЕҢБЕКАҚЫ *Істеген қызметіне алатын ақшалай, я заттай күн.*

ЕҢБЕККЕР *Еңбек сүйгіш, еңбекқор адам.* Нұрзия жас күнінен ~ болып өсті.

ЕҢБЕККЕРЛІК *Еңбекқорлық, еңбек сүйгіштік.* Ол ~гімен көзге түсті.

ЕҢБЕКТЕ 1. *Тізерлеп етпеттей жүру.* Бала ~п жүр. 2. *Еңкейіп бой тасалап, бұғып жүру.* Сержант кейде *еңбектеп,* кейде бұқпалай жүгірді (Майдан).

ЕҢБЕКТЕН *Іздену, әрекеттену.* Шыныменен *еңбектенсем,* менің еңбегім де жанатын шығар (Қасенов).

ЕҢБЕКТЕС *Бірге қызмет етіп жүрген, қызметтес.* ~ достар.

ЕҢБЕКШІ 1. *Еңбек ететін жұмыс адамы.* Дүние жүзі ~лері. 2. *Еңбек сүйгіш, бейнеткор.* ~ халық.

ЕҢБЕКШІЛ *Еңбек сүйгіш, еңбек құмар.* Бұл елдің әрбір адамы ~.

ЕҢГЕЗЕРДЕЙ *Алпамсадай, соқталдай, үлкен.* ~ жігіт.

ЕҢЕКЕ *көне. Еңкеймей, иілмей, бұгілмей.* Еңсесі биік боз орда, *еңеке* кірер күн қайда (Доспанбет).

ЕҢКЕЙ 1. *Басын төмен салып бұгілу, иілу.* Ол ~іп бәтіңкесінің бауын байлады. 2. *Бүкірею, еңкектеу.* Көріп тұрсың, *еңкейген* кәрі, еңбектеген сәби (Иманбаев). 3. *Ауыс. Кішірею, төмендеу, жібу.* Еңкейгенге *еңкей* — басың жерге жеткенше (Мақал). ◊ **Күн еңкейді** — *түс ауып, күн кешкірді.*

ЕҢКЕК *Еңкіш, иіліңкі.* ~ шал, (жауырынды). □ **Еңкек тартты** — *еңкейе түсті, бүгіле түсті.*

ЕҢКЕКТЕУ *Еңкіштеу, иіліңкілеу, бүгіліңкілеу.* ~ келген адам.

ЕҢКЕКТІК *Еңкіштік, еңістік.* Су ағысының күші өзен арналарының *еңкектігіне* байланысты (Шоқанов).

ЕҢКЕЛЕКТЕ *Еңкелең-еңкелең ету, еңкеңдеу. Еңкелектей* басып, Игілікті қуып жетті (Ғ. Мүсірепов).

ЕҢКЕҢДЕ 1. *Иіліңкіреп жүру, бүкшеңдеу. Еңкеңдеп* кәрі кемпірлер де келеді (Майлин). 2. *Ауыс.*

Елпеңдеу, бүгжеңдеу. Алдына түсіп **еңкеңдей** берсең, желкеңе шығып алады (Тұрсынов).

ЕҢК-ЕҢК *Еңкілдеу, солқылдау.* ~ жылады (күлді).

ЕҢКУ-ЕҢКУ 1. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы.* ~ жер. 2. *Ауыс. Бірде олай, бірде былай.* ~ заман (жылдар).

ЕҢКІЛ *Солық, өксік.* Ол **еңкілін** басар емес (Қайырбеков).

ЕҢКІЛДЕ 1. *Еңк-еңк етіп, солқылдап жылау.* Аяғына жығыл, — деді **еңкілдеп** жылап тұрған жүдеу әйел (Есенберлин). 2. *Ауыс. Екпінмен зырылдау, алып-ұшу.* "Газик" асудан асқасын, төмен қарай **еңкілдеп** келеді (Тарази).

ЕҢКІС *Аздап еңістеу, еңкек.* Жаппа қораның ашық жағы **еңкіс** болады (Еламанов).

ЕҢКІСТЕУ *Еңкектеу, еңістеу.* ~ келген.

ЕҢКІШ *Бүкірейіңкі, бүгіліңкі.* Еңкейіп жүру баланы өсе келе **еңкіш** етеді (Қайрақбаев). □ **Еңкіш тартты** — *белі бүгілді, қартайды.*

ЕҢКІШТЕ *Еңістеу ету, еңкейту, еңкектеу.* Ол кірпішті бір жағынан қарай ~п жиды.

ЕҢКІШТЕУ *Бүкіріштеу, еңкектеу.* Әнебір **еңкіштеу** келген ұзыны, сөзсіз Мұрат (Қабанбаев).

ЕҢЛІК *Еңіл гүлді өсімдігінен ашытып жасалатын ерінге, бетке жағатын бояу.*

ЕҢЛІКГҮЛ *Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын биік тауларда өсетін өсімдік; әдельвейс.*

ЕҢСЕ I *Сапыру, шайқау.* Белін шешіп жатпаған, **Еңсемей** саумал ішпеген (Ер Сайын).

ЕҢСЕ II 1. *Тұтас дене, бой, тұлға.* Астындағы қасқа сүрініп барып **еңсесін** жиып әкетті (Д. Досжанов). 2. *Тұрық, биіктік.* Үш қабатты **еңсесі** биік үй ерекше сән беріп тұр (Тұрсынқұлов). 3. *Күш, қуат, жігер.* ~сі түсті. ◊ **Еңсе бермеді** — *ұнжырғасы түспеді, мойымады, күш бермеді.* **Еңсесі көтеріңкі** — *көңілі шат, жадыраңқы.* **Еңсесі құрыды** — *арман етті, аңсады.* **Еңсесі түсіңкі** — *жабырқаңқы, тұнеріңкі, көңілсіз.* **Еңсесін алды** — *еркін биледі, дегбірсіздендірді.* **Еңсесін басты [езді]** — *ұнжырғасын түсірді, жұнжітті.* **Еңсесін көтерді** — *бойын жазып сергіді, жадырады.*

ЕҢСЕГЕЙ *Ұзын бойлы, зор денелі.* ~ бойлы (денелі).

ЕҢСЕЙ I *Кішірею, еңкею.* **Еңсейіп** барған бабайдың, Аллаға ісі жақпады (Батырлар жыры).

ЕҢСЕЙ II *Емсеу, аңсау.* Таудағы өскен тастүлек, **еңсейді** де жемсейді (Шора батыр).

ЕҢСЕЛЕ 1. *Күні кему, әлсіздену.* Шаймерден бүгін **еңселеп** қалыпты (Көшімов). 2. *Ентелеу, кимелеу.* Қойлар маңырап, **еңселеп** келіп түр (Төшенов).

ЕҢСЕЛЕН 1. *өзд. етіс. Еңселе-н.* 2. *Биіктеу, өрлеу, өсу.* Сұлушоқы жыл өткен сайын **еңселеніп,** көкке өрлеп барады (Бөкеев).

ЕҢСЕЛЕС *Деңгейлес, қатарлас, шендес.* Көркемдік дәрежесі ~.

ЕҢСЕЛІ *Еңсесі биік, үлкен.* ~ үй (адыр).

ЕҢСЕЛІК *Маңдай мен қастың аралығы.* Ол бөрікті **еңселігіне** түсіре киген (Құмарова).

ЕҢСЕЛІЛЕУ *Еңсесі көтеріңкі, биіктеу.* Бұлардың бәрінен **еңселілеу** бір ақ үй тұр (Серәлиев).

ЕҢСЕР 1. *Алырып-жапырып істеу, ойсырату.* Әке мен бала едәуір жердің шөбін **еңсере** шауып тастады (Бөкеев). 2. *Дендеу, меңдеу, жеңу.* Мәрзия мен Кенжебекті іштей уайым **еңсере** бастаған (Хасенов). // *Мөлшерлі жастың бел ортасынан асу.* Балжан апай қырықтан асып, елуді **еңсеріп** қалды (Жылқышиев).

ЕҢСЕРІЛ 1. *өзд. етіс. Еңсер-іл.* 2. *Тұла бойымен құлай аударылу.* Суретші бар денесімен **еңсеріліп,** артына қарады (Рахымжанов). 3. *Таусылу, түгесілу.* Ет **еңсеріліп** желінді (С. Мұқанов).

ЕҢСЕТ *Еңселендіру, мойынсұндыру, бағындыру.* Ерлікпен сездік Кебекті, **Еңсеткен** түгел сол маңды (Орманов).

ЕҢСІТ *көне. Жұбату, көбіне жесір қалған әйелдерді есіркеп-мүсіркеу, қамқорлық жасап уату.* Жылайда қалған мұңлықты, кім **еңсітіп** алған жоқ (Базар жырау).

ЕҢІЛ *Биік тау беткейінде өсетін ақ түкті көп жылдық гүл.*

ЕҢІРЕ 1. *Ағыл-тегіл егіліп жылау.* Мен де ~п қоя бердім. 2. *Қатты күйіну, күйзелу.* Байғұс бала ~п шынын айтты. **Еңіреген [еңіреп туған] ер** — *Отан мен халқы үшін жан аямай күресетін ардагер азамат.* ◊ **Еңірегенде етегі толды** — *қамығып қан жұтты.*

ЕҢІРЕТ 1. *өзг. етіс. Еңіре-т.* 2. *Әнді нақышына келтіре төгілту, құйқылжыту.* Айтуған өленді ат үстінен **еңіретті** (Айтыс).

ЕҢІРЕУІК *Қатты күйінгіш, қапаланғыш.* Ескілерше, **еңіреуік** жансыма (Ерғалиев).

ЕҢІС 1. *Жотаның, өрдің түсе берісі, ылди.* Ауыр жүкпен ~тен төмен түсті. 2. *Ойпаң жер, жазық, егістік.* Екі отар қой бір **еңісте** жайылып жатты (Асанбаев). 3. *Ауыс. Күн бесіннен ауған кез.* Күн **еңістен** ауып кеткенмен аптап әлі басылмай тұр (М. Шаханов).

ЕҢІСТЕ *Төмен түсу, ылдилау.* Гүлнәр **еңісте** ілгері жылжыды (С. Мұқанов).

ЕҢІСТЕУ I 1. *Ылдилау, ойпаңдау.* ~ *(жер).*~ Үйдің алдыңғы жағы **еңістеу** (Қайсенов). 2. *Аласалау, қортықтау.* Жездем **еңістеу,** кіпірек денелі адам екен (С. Мұқанов).

ЕҢІСТЕУ II *астр. Аспан шырағынан экваторға дейінгі бұрыштық қашықтық.*

ЕҢІСТІ *Еңістеу келген, ылдилау.* ~ беткей.

ЕҢІСТІК 1. *Ылдилық, төмендік.* Ағаш отырғызылатын беткейдің **еңістігін** еске алу қажет (Хабибуллин). 2. *Ойпаң жер, жазықтық.* Түсе беріс ~те аттар жатыр.

ЕП 1. *Ыңғай, икем, оралым.* Әр нәрсенің ~бі бар. 2. *Жөн, лайық, рет. Ебін* тапқан екі асайды (Мақал). ◊ **Ебі бар** — *епті, икемді.* **Ебі жоқ** — *орашолақ, икемсіз.* **Ебі кетті [қашты]** — а) *сасқалақтады, ыңғайсызданды;* ә) *кетеді, кетті, икемсізденді.* **Ебін тапты** — *ретін келтірді, орайы келді.*

ЕПЕЛЕК *Шегені қаққанда тұтас кіріп кетпеу үшін оның мойнына кигізілген қалпақша.*

ЕПЕЛЕК: епелек қақты — *бәйек болды, қалбалақтады, ебелектеді.*

ЕПЕЛЕКТЕ *Ұшып қону, құрақ ұшу, ұшқалақтау.* Сұлтан ~п балаларды ойнатып жүр.

ЕПСЕК *Епті, ыңғайлы.* Қолының ~гі бар.

ЕПСЕКТІ *Оңтайлы, епті, ыңғайлы.* Үй жұмысына **епсекті** (Тұрманжанов).

ЕПСЕКТІК *Оңтайлылық, ыңғайлылық,ептілік.*

ЕПСЕКТІЛЕУ *Оңтайлылау, икемділеу,ептілеу.* Вагонның купесіне **епсектілеу** біреу жетіп келді (Ибрагимов).

ЕПСІЗ 1. *Епті емес, ебі жоқ, орашолақ. Епсіздің* еңбегі еш (Мақал). 2. *Әдіс-айласы жоқ, айласыз. Епсіз,* айласыз ештеңе де шығара алмайсыз (Көшімов).

ЕПСІЗДІК *Икемсіздік, айласыздық, орашолақтық.* ~тен көрген зияны көп.

ЕПСІН *Епті болғансу, пысықсу, қу болғансу.* Көп қазаққа *епсінсе*, Кімге тиер панасы (Абай).

ЕПТЕ 1. *Ақырындау, жайлау.* Айтамын *ептеп* (Абай). 2. *Аздап, мөлшерлеу, ұнемдеу.* Әуелі *ептеп* қаржы жинап алам ба деген ойым бар (Тоқмырзин). 3. *Ауыс. Пайда тұсіру, амалдау.* Көкіршүкір, көр-жерді Пайда көріп *ептеймін* (Абай).

ЕПТЕЙЛЕ *Икемдеу, ыңғайлау.* Мені де әкеле жатыр ~п елуге қарай.

ЕПТЕП-СЕПТЕП *Өйтіп-бүйтіп, әйтіп-бүйтіп, амалдап. Ептеп-септеп* жүре беру оған тиімді еді (Соқпақбаев).

ЕПТІ 1. *Ыңғайлы, икемді.* 2. *Қу, айлакер, пысық.* Екі ел егер болса, *Епті* жігіт қатын алар (Мақал).

ЕПТІЛІК 1. *Бейімділік, икемділік.* Еңбек *ептілікті* сүйеді (Мақал). 2. *Айлакерлік, қулық.* Ердің ерлігі, *ептілігі* байқалатын осы жер (Есенберлин).

ЕПТІРЕК *Икемдірек, бейімдірек.* Қызым ~ еді.

ЕПШІЛ *Айлакер, тәсілқой.* Кекшіл болма, *епшіл* бол (Мақал).

ЕПШІЛДІК *Айлакерлік, ептілік, тәсілқойлық.* Еселі еңбек ептеген *епшілдігің* құрысын (Айтыс).

ЕПІРШІК *Шұбатқа жаңа сауылған сүт қосқаннан кейін пайда болатын көпіршік. Епіршіксіз* шұбат сапасы да, емдік қасиеті де болмайды (Жақыпов).

ЕР I 1. *Адамның еркек жыныстылары, еркек.* Оң жақтан ~ кісі кездесті. 2. *Әйелдің жұбайы, күйеу. Ер* күткен таза әйел, ерден артық (Мақал). □ **Ер бала** — *еркек бала, ұл бала.* ◊ **Ерге шықты [тиді, барды]** — *тұрмыс құрды, күйеуге тиді.*

ЕР II *Жау жүрек батыр, қаһарман. Ер* шекіспей бекіспейді (Мақал). □ **Ердің құны (көне.)** — *кісі қолынан өлген азаматқа төленетін ауыр айып.* **Ер басына күн туды** — *қиын-қыстау заман кез болды.* ◊ **Ердің сойы** — *ердің ері, төресі.* **Ер егесі еңісте** — *азаматтың тартысы сырт жерде.* **Ер жетті** — *кәмелетке толып, азамат болды.* **Ер жүрек** — *жүрек жұтқан, жүректі.* **Ер жігіт** — *ер мінезді азамат.* **Ер кезегі үшке дейін** — *кезек алып үш қайталады.* **Ер келбетті** — *кесек тұлғалы.* **Ер көкірек** — *өр мінезді, намысшыл.* **Ер қара [болды]** — а) *ер-азамат қатарына қосылды, санатқа ілінді;* ә) *демеу, сүйеу, ес.* **Ер мандайын баққа бер** — *батырды, ер-азаматты бақытқа баста.* **Ер мойнында қыл арқан шірімес** — *ер кісіде кісі ақысы кетпес.* **Ер ортасы жасқа келді** — *орта жасқа толды, ақыл тоқтатты.* **Ердің ері, егеудің сынығы** — *ерекше асып туған.* **Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірді (көне.)** — *шешімді сөз, ұтымды үкім айтты.*

ЕР III *Салт атқа мінгенде, тоқым үстінен салатын алдыңғы, артқы қасы бар үзеңгілі жабдық.* (қалмақы, қазақы, орыс ~). □ **Ер арқа бие** — *шоқтығы кең сауырлы бие.* ◊ **Ер әбзелін түзеді** — *ат жабдығын сайлады.* **Ері мойнына кетті** — а) *шаруашылығы күйзелді, жадап-жұдеді;* ә) *ұнжырғасы түсті, қысылды, ұялды.* **Ерін бауырына алды** — *тас-талқан болып ашуланды, шала бүлінді.*

ЕР IV 1. *Біреудің соңынан ілесу, бірге еріп жүру.* Жігіт еріксіз қыздың соңынан *ере* берді (Есенберлин). 2. *Ауыс. Ырыққа көну, еліктеу, елігу.* Өнге ~ (нәпсіге, сөзге, тілге).

ЕР-АЗАМАТ *Бас көтерер еркек адам, жігіт.* Бас көтерер ~.

ЕР-АЗАМАТТЫҚ *Ер жігітке тән іс, қимыл.* Өкенің ~ғы бір көрінді.

ЕРБЕЛЕҢ *Ербең-ербең, шошаң-шошаң.* ~ қағып біреу келеді.

ЕРБЕЛЕҢДЕ *Ербелең-ербелең ету, ербию.* ~п біреу келе жатыр.

ЕРБЕҢ: ербең қақты [етті] — *ербеледеді, қараңдады.*

ЕРБЕҢДЕ *Ербең-ербең ету, қараңдау.* Еркенің қол-аяғы *ербеңдеп* тұра түсті (Асылбеков).

ЕРБЕҢ-ЕРБЕҢ *Ербеңдеген, шошаң-шошаң еткен.* Қолдары ~ етеді.

ЕРБИ 1. *Тікірею, селтию, шошаю.* Киік мүйізі *ербиіп*, аңырайып тұра қалды (С. Омаров). 2. *Үрпетұрпе болу, ұрпию.* Ауылдың бар адамы *ербиіп* далаға шықты (Ғ. Мүсірепов).

ЕРБІК *Ербиген, тікірейген.* Қап-қалың, *ербік* қара шашы тікірейіп тұрады (Қанахин).

ЕРГЕЖЕЙЛІ 1. *Бойы өспеген, кішкентай денелі адам* (лилипут). 2. *Ауыс. Аласа, қортық.* — Тақылдама сен, *ергежейлі* (Ә. Сәрсенбаев).

ЕРГЕНЕК 1. *Киіз үйдің есігіне көлденең қоя салатын тақтай.* 2. *Шөп шарбағының аузына арналған есік.* 3. *Сықырлауық есіктің көсігі.* ◊ **Ергенегі кетті** — *ергашты болды.*

ЕРГЕНШЕК *Киіз үйдің киіз есігі.*

ЕРГІЗ *Жер астынан шығатын судың терең көзі.*

ЕРГІШ *Сөзге иланғыш. Кім не айтса соған нанып, сөзіне ергіш.* Сөзге ~.

ЕРГІШТЕ *Біреудің соңынан ілесу, қалмау.* Шалдың қасына ~п жүр.

ЕРҒАШТЫ *Әбден ығыр, запы болған.* ~ сөз (ат, көлік).

ЕРДЕНЕ *кәсіби. Тұқым және т. б. дақыл салып қоятын орын, ыдыс.* ~дегі тұқым салынған қап.

ЕРЕГІС I *Болмашы нәрсеге айтысып егесушілік, тартысушылық, қарыспалық, ұрыс-керіс, егес. Ерегісті* қоймаған — төбелеске тоймаған (Мақал).

ЕРЕГІС II *Егесіп таласу, айтысып-тартысу, егесу.* Аңдысқан ауыл болмас, *Ерегіскен* ел болмас (Мақал).

ЕРЕГІСКІШ *Егескіш, айтысып-таласқыш, қарысып-тартысқыш.* ~ мінез.

ЕРЕГІСПЕ *Қасарыспа, егеспе.* Қадалған жерінен қан алатын ~.

ЕРЕГІСШІЛ *Қасарғыш, қарыспалы, ерегіскұмар.* Оның ~ әдеті бар.

ЕРЕЖЕ 1. *Белгілі бір заңдылыққа негізделген жазбаша тәртіп, қағида.* Ойын ~сі (техникалық ~). 2. *Оқулықтағы белгілі бір анықтама, түсінік.*

ЕРЕЖЕЛІ *Ережеге негізделген, ережесі бар.* ~ ойындар.

ЕРЕЖЕП *діни. Үш күндік ораза.* ~ айы.

ЕРЕК *Басқаша, бөлекше, дара.* Кебек деген *ерек* боп тұр (М. Әуезов). ◊ **Елден ерек** — *бөлекше, айрықша, өзгеше.*

ЕРЕКТЕУ *Басқашалау, айрықшалау, ерекшелеу.* Қанаштың тазысы *еректеу* (Ш. Айманов).

ЕРЕКТІК *Айрықшалық, ерекшелік, өзгешелік.* Қыздың ынта-ықыласының елден *еректігін* қайтерсің (Мусин).

ЕРЕКШЕ *Айрықша, өзгеше, басқаша.* ~ қуанышты (көңілді).

ЕРЕКШЕЛЕ *Айрықшалау, бөлекше көрсету.* Еңбегін ~п көрсетті.

ЕРЕКШЕЛЕУ *Айрықшалау, өзгешелеу, бөлекшелеу.* Табиғаты ~.

ЕРЕКШЕЛІК *Өзгешелік, артықшылық, өзіндік қасиет.* С. Дөнентаевтың бір *ерекшелігі* — ол сатирик ақын (XX ғ. қаз. ақын).

ЕРЕЛГІ *Ерсілік, өрескелдік.* Ойында *ерелгі* жоқ, жөн сұрайық (М. Әуезов).

ЕРЕН 1. *Ерекше, айрықша, керемет.* ~ әнші (еңбек). 2. *Ересен, орасан, зор.* Оның ішінде сенің де үлесің *ерен* (Т. Сүлейменов).

ЕРЕН-ҒАЙЫП *Көз ілеспейтін шапшаңдық, жылдамдық.* Ертегінің *ерен-ғайып* жын-перілері елестеп өтті (С. Омаров).

ЕРЕҢ *бот. Денесінен от алғыш эфир майын бөліп шығаратын бұта.*

ЕРЕҢ-СЕРЕҢ: ерең-серең етті — *ербең-ербең етті, ербеңдеді.*

ЕРЕПЕЙСІЗ 1. *Қолапайсыз, ебедейсіз, икемсіз.* Оның дене бітімі ~. 2. *Есепсіз, қисапсыз.* Қоңыр бұйраттың оты биыл тым *ерепейсіз* шыққан (А. Жүнісов).

ЕРЕСЕК *Жас жағынан үлкенірек, есейген.* ~ адам. ◊ **Ересек тартты** — *ер жетті, жасы ұлғайды.* **Ересек тұтты [санады]** — *ер жеткен деп есептеді.*

ЕРЕСЕКТЕН *Ер жету, есею, өсу.* Пілдер 18 жаста ғана ~еді.

ЕРЕСЕКТЕУ *Жасы үлкендеу, ересек тартқан, мосқалдау.* ~ балалар (әйел).

ЕРЕСЕКТІК *Өсіп ер жеткендік, мосқалдық.* Ол ~гін білдіргендей.

ЕРЕСЕН *Орасан, ерекше, айрықша.* М. Әуезовтің сіңірген еңбегі *ересен* (Бердібаев).

ЕРЕУІЛ I 1. *Жаппай дүрлігушілік, дүрмек.* Маған салсаңдар, *ереуілден* түк шықпайды (Ғ. Мұстафин). 2. *саяс. Ұйымдасқан түрде жұмысқа шықпай бас көтерген қозғалыс.* Саяси ~ (экономикалық ~). ◊ **Ереуілге қарауыл** — *қысасқа қысас қылу.* **Ереуіл сөз** — *шошыта, үркіте айтылған сөз.*

ЕРЕУІЛ II *Ұзақ жортуға төзімді де шыдамды, берік, мықты.* ~ ат (арғымақ).

ЕРЕУІЛДЕ 1. *Жаппай қозғалу, дүрлігу.* Мұндай *ереуілдеп* келе жатқан қара қазаққа төтеп бере алмайтынын Абылай бірден ұқты (Есенберлин). 2. *Ереуіл жасау, ереуілге шығу.* Ресей халқы қазір уақытша үкіметке қарсы жер-жерде *ереуілдеп* жатыр (Ә. Нұрпейісов).

ЕРЕУІЛДІ *Дүрліккен, бас көтерген.* ~ ел.

ЕРЕУІЛШІ *Ереуілге шығушы, ереуіл жасаушы.* ~лердің ішінде мен танитындар да бар.

ЕРЕУІЛШІЛ *Ереуілді қолдағыш, дүрліккіш.* ~ ел.

ЕРКЕ 1. *Ерекше әлпештеніп, бұла болып өскен, шолжаң, науетек.* Есер баладан *ерке* бала жаман (Мақал). 2. *Бетке ұстар, қадірлі, сыйлы.* Қой еркесі — серке, ел *еркесі* — ер (Мақал). ◊ **Ерке бұлан** — *біреудің әлпештеген аяулысы.*

ЕРКЕЖАН *этногр. Жеңгесінің қайын сіңлісіне қойған аты. Еркежан* бармаймын деп жылап еді (Майлин).

ЕРКЕК 1. *Жан-жануарлардың ұрық шашатын жыныстылары.* ~ қой (бұзау, құлын). 2. *Адам баласының ер жыныстылары.* ~тер шөп шабуға шықты. 3. *Әйелдің некеленіп қосылған күйеуі, жұбай, бай. Еркегі* ашу айтса, әйелі басу айтады (М. Әуезов). □ **Еркек жіп** (*этногр.*) — *өрмектің үстіңгі бой жібі, ерсі.* **Еркек тас** (*этногр.*) — *диірменнің үстіңгі тасы.* **Еркек тіс** — *шаштарақтың ірі әрі сирек тістері.* ◊ **Еркек басыңмен** — *азамат бола тұрып.* **Еркек кіндік [кіндікті]** — *еркек біткен, еркек атаулы.*

ЕРКЕКСІ 1. *Еркек болғансып қоқаңдау, билік жүргізу, айбат көрсету, дікілдеу.* **Еркексіп** қоқаңдадым қатынына (Айтыс). 2. *Ересек ер адамға еліктеп, жас баланың өзін еркек санауы.* Мақан жас болса да ылғи ~п жүреді.

ЕРКЕКСІРЕ *Ер-азаматты, еркекті аңсау, сағыну.* ~ген қатынның ашуындай.

ЕРКЕКТЕЙ *Ер-азамат сияқты. Еркектей* елін меңгерген (Батырлар жыры).

ЕРКЕКТІК *Еркек адамға тән мінез-құлық.* Бір *еркектік* жасап жібер (Алтайбаев).

ЕРКЕК-ҮРҒАШЫ 1. *Еркек пен әйел біткеннің бәрі.* Қиырбай ауылының *еркек-ұрғашылары* тысқа шықты (Сейфуллин). 2. *Жануарлардың аталық, аналық жыныстылары.* Қойдың ~сын айыра білмейтіндер де кездеседі.

ЕРКЕКШЕЛЕП *Ер адам сияқтанып, еркектерге ұқсап.* Нұрила *еркекшелеп* боқтап жіберетін (Шүкіров).

ЕРКЕК-ШОРА *Ұл балаша киініп өскен қыз. Еркек-шора* қыздардың жігіттермен бірге жүретін әдеті (Есенберлин).

ЕРКЕКШӨП *бот. Құмды жерде шоқ-шоқ болып өсетін астық тұқымдас көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ЕРКЕЛЕ *Баланың ата-анаға, жасы кішілердің жасы үлкендерге назануы, еркінсу.* — Көке, *еркелеп* келдім, еркіндеп келдім (Сматаев).

ЕРКЕЛЕТУ *Бұла етіп өсіру, ерке қылу.* Баланы көп ~ге болмайды.

ЕРКЕЛЕУ *Тентектеу, шолжаңдау.* Хайдар ~ болды.

ЕРКЕЛІ *Назды, ерке мінезді.* ~ пішін (жанар, назбен).

ЕРКЕЛІК *Еркелеушілік, ерке мінез білдірушілік, шолжаңдық.* Баланың ~гін көтере алмады.

ЕРКЕМ *экспр. Жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты. Еркем-ау,* не боп қалды? (Баязитов).

ЕРКЕ-НАЗ *Еркелік көңілден туатын тілек, еркелік.* Гүлбанудың мына *ерке-назы* бәрін ұмыттырып жіберді (Байтанаев).

ЕРКЕСІН *Ерке болғансу, еркелеу.* Байдың кенжесі мырзамсып, *еркесініп,* ештеңеге бойы жар бермейтін (Арғынбаев).

ЕРКЕТАЙ *экспр. Ерке-тотай, ерке-шора, еркетәлпіш.* Бір үйдің ~ы.

ЕРКЕТАЙЛЫҚ *Ерке-шоралық, ерке-тотайлық, ерке-бұлалық.* Нағашыма ~ жасадым.

ЕРКЕ-ТОТАЙ *экспр. Еркін өскен, бұла, шолжаң.* Жарас ~ бала еді.

ЕРКЕШ *Еркежан, еркетай.* "Әйел жолы тар, қиын болады-ау *еркешім*", — деді (Ахтанов).

ЕРКЕ-ШОРА *Бетімен еркін өскен, ерке-тотай, шолжаң, бұла.* ~ өскен үш қыздың әншілігі бөлек.

ЕРКӨБЕКТЕН *жерг. Ерсіну, батырсыну.* Бала ~іп шығып, өзіне өріс тапты.

ЕРКІМЕН *Өз қалауынша, өз өтініш-тілегімен.* Олар өз ~ майданға аттанған.

ЕРКІН 1. *Емін-еркін, қысылып-қымтырылмай өзін-өзі еркін ұстайтын азамат.* Күнімжан өзін тым *еркін* ұстайтын (Есенберлин). 2. *Өз тізгіні, еркі, құқы өзінде, тәуелсіз, егемен.* Біз ~ елміз. 3. *Оп-оңай, жеп-жеңіл, емін-еркін.* Мұса француз тілінде *еркін* сөйлесетін (Ақышев). 4. *Ашық, айқын, анық, еркінше.* ~ сөйлесті (отырды). ◊ **Еркін алды — бойын биледі, маужыратты, ұйытты. Еркін биледі — айтқанына көнетіндей етті. Еркін тиді — билік алды, арманынан шықты. Еркіне қоймады — қоярда-қоймады, ерік бермеді.**

ЕРКІНДЕ *Өзін-өзі еркін ұстау, еш нәрседен қысылып — қымтырылмау, шолжаңдап кету.* Тым ~п кетпе.

ЕРКІНДЕУ *Емін-еркіндеу, батылдау, өжеттеу.* Жігіт өзін *еркіндеу* ұстады (Сералиев).

ЕРКІНДІК 1. *Қысылып-қымтырылмай өзін еркін ұстаушылық, еріктілік.* Ауыл баласының жөнсіз *еркіндігі* қалаға ұнай бермейді (Сүндетов). 2. *Тәуелсіздік, азаттық, бостандық, егемендік.* Қазақ халқы ~ алып, егемен мемлекет болды.

ЕРКІНСІ *Өзін-өзі еркін ұстап дандайсу, тым асқақтап кету.* Соғыстан кейін Сұлтанғазы сияқтылар тым *еркінсіп* кетті (Сыланов).

ЕРКІНШЕ 1. *Өз еркімен, өз ықтиярымен.* Жұрт тілектерін *еркінше* айтты (Бекенов). 2. *Барынша, қалауынша.* Сұлыға *еркінше* байланған ат семізден жараған (Бегалин).

ЕРЛЕ I *Азаматтық жасады, жарады; үздік шығу, ер болу.* Қызымыз биыл ~п тұр.

ЕРЛЕ II *Атты ерттеу, атқа ер салу.* ~й бастағанда қызыл ат жалт берді.

ЕРЛІ *Ерттеулі, ер тоқымды.* Жирен ат ~ еді.

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫ *Неке заңымен тұрмыс құрған жұбайлар. Ерлі-зайыптының* ортасына есі кеткен түседі (Мақал).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛЫҚ *Некелі болушылық, үйлі-жайлылық.* Ер жеткен ұлға *ерлі-зайыптылық* жарасады (Мусин).

ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫША *Некелі адамдарша, үйлі-жайлы жұбайларша.* Екеуміз *ерлі-зайыптыларша* ойлай бастадық (Сатаев).

ЕРЛІК *Батылдық, батырлық, жүректілік.* Біздің әскерлер *ерлікпен* шайқасты (Сыздықов). ◊ **Ерлік буды [қысты] — қайраты тасыды.**

ЕРМЕК 1. *Алданыш, жұбаныш.* Өнері көптің *ермегі* көп (Мақал). 2. *Қолы бос адамның уақыт өткізу үшін істейтін әрекеті, ісі.* Қолы босағандағы *ермегі* — домбыра (Мұқаев). ◊ **Ермек болды** — а) *жұбаныш етті, серік қылды;* ә) *тәлкек қылды, мазақ етті.* **Ермек қылды [етті]** — *алданыш етіп уақыт оздырды.* **Ермек қылуға жара таба алмады** — *ұрынарға қара таба алмады, ерігіп жүрді.*

ЕРМЕКТЕ *Ермек ету, уақыт оздыру.* Қыз бен күйеу қалжыңдап, Отыра берді *ермектеп* (Қамбар батыр).

ЕРМЕН *Дәмі ащы, жусан тұқымдас көп жылдық құнарлы өсімдік.*

ЕРМЕНЕ *Далалық жерлерде өсетін, бозғылт түсті жатаған өсімдік; дермене.*

ЕР-МЕРІМЕН *Ер-сайманымен, жабдығымен қоса қабат.* Бұрындық *ер-мерімен* шұбатыла сылқ ете қалды (Есенберлин).

ЕРНЕК 1. *Бір заттың ернеуі, жиегі, ернеу.* Әлимағамбет қайықтың *ернегіне* етпеттеп жатып алыпты (Шүкіров). 2. *Өзен-көлдің жағасы, жағалауы. Ернекке* отау тіктіріп, Мал семізін сояды (Батырлар жыры).

ЕРНЕКТЕ *Ернеуіне дейін шұпілдеу, лықа толу.* ~п құйылған сары қымыз.

ЕРНЕУ *Бір нәрсенің шеті, жиегі, ернек.* Сүт тасып, қазанның *ернеуінен* асты (Майлин).

ЕРНЕУЛЕ 1. *Асып-төгілу, шұпілдеу.* Сырдың суы *ернеулеп* ағып жатыр (Құттыбаев). 2. *Жағалап жүру, жиектеу.* Төлеутай иірімді *ернеулеп* келе жатты (Тілеуханов).

ЕРНЕУЛІ *Ернеуі бар, жиекті.* ~ ыдыс.

ЕРСІ I *Өрнектің үстіңгі бой жібі, еркек жібі.*

ЕРСІ II 1. *Ұят, сөлекет, келіссіз, әдепсіз.* Сыйлы қонаққа сүйретпеден қымыз беру *ерсі* саналады (С. Мұқанов). 2. *Қолайсыз, ыңғайсыз, оғаш.* Белдіксіз жүру бір түрлі ~. ◊ **Ерсі болды [көрінді]** — *сөлекеттеу қылық жасады.* **Ерсі емес** — *сөкеттігі жоқ.*

ЕРСІ III *Ер болғансу, батырсыну, мықтысыну. Ерсуін,* шық қане! (Д. Әбілев).

ЕРСІЗ I *Ер-тоқымсыз, ер-тұрмансыз.* Айдағаны бірі *ерсіз,* бірі жүк артқан екі ат (Есенжанов).

ЕРСІЗ II *Күйеусіз, жұбайсыз, ерге шықпаған.* Ел мақтаған қыз *ерсіз* қалады (Мақал).

ЕРСІЛЕН *Оғаштану, өрескел болу, сөлекеттену.* Сол қолымен ішін басып, *ерсілене* күледі (Сәрсенбаев).

ЕРСІЛЕУ *Оғаштау, өрескелдеу, ұятсылау.* Сәл ~ болды.

ЕРСІЛІК *Оғаштық, өрескелдік, сөкеттік.* Еңбексіз күн өткізу — *ерсілік* (Мақал).

ЕРСІЛІ-ҚАРСЫЛЫ *Ары-бері, ілгерілі-кейінді, әрлі-берлі.* Қала тұрғындары *ерсілі-қарсылы* ағылып өтіп жатыр (Оразақов).

ЕРСІН *Ер болғансу, батырсыну, мықтысыну.*

ЕРСІРЕ *Еркекті қажет етіп құмарту, байсырау.* Ертайы төрт жыл майданда жүргенде де, *ерсіреп* емешегі үзілген кезі болмап еді (Кереева).

ЕРТ *Өзімен бірге алып жүру, қасына ілестіру.* Батыр Мұқатайды ордасына *ертіп* әкетті (Сматаев).

ЕРТӘУІЛ *көне. Барлаушы, шолғыншы.* Салт аттылар өздерінің *ертәуіл* жігіттері екен (Есенберлин).

ЕРТЕ 1. *Таң сәріде, ертемен. Ерте* тұрған әйелдің бір ісі артық (Мақал). 2. *Өткен кезде, бұрын, баяғыда.* Поэзия — қазақ әдебиетінде ~ қалыптасқан. 3. *Күні бұрын, ертерек, алдымен.* Жастарды еңбектеріне қарай *ерте* бағалаған жөн (Нұршайықов). □ **Ерте пар** — *ерте көктемде егілген егістік.* ◊ **Ертеден қара кешке [дейін]** — *таңертеңнен кешке дейін, күні бойы.* **Ерте күнді кеш қылды** — *сөзбұйдаға салды, созды, кешіктірді.* **Ерте туып кеш қалған** — *өмірден бос қалған, уақытын босқа өткізген.*

ЕРТЕГІ 1. *Қиял мен арманға, аңызға негізделген эпикалық шығарма.* Қазақ халық ~лері. 2. *Аңыз, тарихи оқиға, әңгіме.* Бұлардың әрқайсысының өмірі бір *ертегі* (Есенберлин). ◊ **Ертегі қылды [етті]** — *аңыз етіп дәріптеді, әспеледі.*

ЕРТЕГІШІ *Ертегі-аңыздарды көп білетін адам.* ~ атаның әңгімесін тыңдадық.

ЕРТЕГІШІЛ *Ертегі-аңыздарды көп білетін, ертегі айтқыш.* Қойшының бойындағы бір қасиеті аса *ертегішіл* (С. Жүнісов).

ЕРТЕДЕ *Баяғы кезде, өткен заманда, көне дәуірде.* ~ бір хан болыпты.

ЕРТЕДЕН 1. *Ерте кезден, ежелден.* Қазақ, өзбек халықтары *ертеден* араласып достасқан (Ғ. Мүсірепов). 2. *Таң атқалы бері, азаннан.* Айдарбек *ертеден* бері тамақ та ішкен жоқ (Майлин). ◊ **Ертеден [ертеңнен] қара кешке** — *ұзақты күнге, күні бойы.* **Ертеден салса, кешке озған** — *шаршап шалдығуды білмейтін жүйрік.*

ЕРТЕЛЕП 1. *Таң атысымен, ертемен.* Ертең *ертелеп* салқынмен кет (Еділбаев). 2. *Уақытынан бұрын, тездетіп.* Ертесінде ол ауылына тым *ертелеп* жетті (Айдаров).

ЕРТЕЛЕУ *Ертерек, бұрынырақ.* Нәзікен бүгін жұмысқа *ертелеу* келген (Шүкіров).

ЕРТЕЛІК *Ерте мезгіл, ертелеу, ертерек.* Уақыттың *ертелігіне* қарамастан қырман басы ығы-жығы адам (Нұршайықов).

ЕРТЕЛІ-КЕШ 1. *Ертеден қара кешке, күні бойы.* Өмина жұмыстан әлі оралмаған, *ертелі-кеш* интернатта (Рахимов). 2. *Ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір. Ертелі-кеш* үйленермін-ақ дейтін ол (Тілеуханов). 3. *Ілгерінді-кейінді, бір уақытта, мезгілде.* Біздің елде ұзатылған қыздың *ертелі-кеш* төркіндеп келетін әдеті бар (Жылқышиев).

ЕРТЕЛІ-СОҢДЫ *Бұрын-соңды, өткен-кеткен.* Ақындар өз айтыстарында *ертелі-соңды* ел қасиеттерін де еске алып сөйлейді (М. Әуезов).

ЕРТЕМЕН *Таң атысымен, азаннан.* Райхан *ертемен* ауылды бір аралап шықты (Шашкин).

ЕРТЕҢ 1. *Бүгіннен кейінгі келесі күн. Ертең* сәскеде ауылда боламыз (Алтайбаев). 2. *Болашақ күн, келешек.* Ауылдың ~і мұнан да нұрлы болмақ. ◊ **Ертеңнен қара кешке** — *таңертеңнен кешке дейін.*

ЕРТЕҢГІ 1. *Таңертеңгі, азанғы. Ертеңгі* асты тастама (Мақал). 2. *Келесі күнгі.* Болат *ертеңгі* сабаққа әзірленуге кірісті (Байтанаев). 3. *Алдағы, болашақтағы, келешектегі.* Балаларымыз — бұл біздің ~ қарттығымыз.

ЕРТЕҢГІЛІК 1. *Таңертеңгі уақыт, азанғы мезгіл.* Біздің терезеге *ертеңгілік* күн түспейді (Ахтанов). 2. *жаңа. Белгілі бір мереке алдында салтанатты өткізілетін балалар ойын-сауығы. Ертеңгілікте* балалар әртүрлі ұлттық билерді биледі ("Халық мұғ."). □ **Ертеңгілік ас** — *таңертең ішілетін тамақ.*

ЕРТЕҢГІСІН 1. *Таңертеңгі уақыт, ертеңгілік кез, мезгіл. Ертеңгісін* отар мал өреді (Досымов). 2. *Келесі күні, ертеңгі күні.* ~ екеуміз жолға шықтық.

ЕРТЕҢШІЛ *Іс-әрекет, шаруаны ертеңге қалдырғыш, жалқау. Ертеңшіл* егіншіден без (Мақал).

ЕРТЕҢІНДЕ *Келесі күн, ертеңгі күн.* ~ ол жұмысқа шықпады.

ЕРТЕРЕК 1. *Алдын-ала, бұрынырақ.* Маған ~ ескертілген еді. 2. *Мезгілінен бұрын, ертелеу.* Ол күні ойынды *ертерек* бастадық (Байсейітов).

ЕРТЕРЕКТЕ *Баяғы заманда, ертерек уақытта, ерте кезде.* Бұны *ертеректе* Жарсай ауылы дейтінбіз (Қалиев).

ЕРТЕРЕКТЕУ *Бұрынырақ, ертелеу.* ~ кезде.

ЕР-ТОҚЫМ *Атқа салт міну үшін қажетті әбзел, жабдық.* ◊ **Ер-тоқымын бауырына алды** — *жатып кеп ашуланды, шала бүлінді.*

ЕРТӨЛЕ *тар. Жасауыл, төлеңгіт.* Шыңғыс нояндары бір елді шабар болса, ең алдымен *ертөлелерін* жібереді (Есенберлин).

ЕРТТЕ *Мінетін көлікке ер салу.* Атты ~п әкелді.

ЕРТТЕУЛІ *Ерттелген, ерттеп қойған.* ~ ат. ◊ **Ерттеулі аттай** — *сақадай сай, дап-дайын.*

ЕР-ТҰРМАН *Салт атқа міну үшін қажетті әбзел-жабдықтар.* Қызыл аттың үстінде қазақы ~.

ЕРУ *Тоқыған бұйымның шеті, жиегі.* Арқауы алтын, *еруі* жібек (Хұсайынов).

ЕРУ: еру болды — *көшіп-қонғанда, жол жүргенде жолаушылардың жолда демалып, аялдауы.* ◊ **Еру елдің ерулігі бар** — *еру қонған елге маңайындағы бұрыннан отырған ауылдың беретін ерулік дәстүрі.*

ЕРУЛЕ *Жолшыбай аялдап демалыс жасау, тыныстау.* Қалың ел үдере көшіп, аз күн *еруледі* (Әдібаев).

ЕРУЛІ: еруліге қарулы — *ісіне қарай іс істеу, есесін қайтару.*

ЕРУЛІК *Жаңадан көшіп келгендерге ауылдастардың, туыстардың не көршілердің сыбағалы тамағы.* Қален *ерулікке* Жүністің үй ішін тегіс шақырды (Есенжанов). □ **Ерулік берді** — *қонаққа шақырып, сый көрсетті.*

ЕРШЕ *Ер жүрек адамша, батырларша.* Ол ~ өлуді қалады.

ЕРШЕҢ *Ер-тоқымымен, ерттеулі күйімен.* Аттар ~ жайылып жүр.

ЕРШІ *Ер шабатын, жасайтын шебер, ісмер.* Ел ішінде шебер ~ әлі де кездеседі.

ЕРШІК 1. *Арба-шанаға жеккен көліктің бел бөктермесі тұратын ер сияқты жабдық.* Танабай атының *ершігін* сыпырып, ауыздығын алды (Ш. Айтматов). 2. *Кішкентай ер.* Түйеге жүк арту үшін шом және *ершік* жасалады (Жұмағұлов).

ЕРШІКТЕ *Жегілетін көлікке ершік салу.* Көліктер ~ліп қойылды.

ЕРШІЛІК *Ер жасауды кәсіп етушілік.* ~пен кәсіп етеді.

ЕРІ 1. *Жылу әсерімен сұйық күйге, суға айналу, жібу, балқу.* Қар *еріді* екен деп, Қара жер бүлінбес (Мақал). 2. *Ауыс. Елжіреу, мейірлену, егілу.* Жақсыға айтсаң, жаны *еріп*, Ұғар көңіл шын беріп (Абай).

ЕРІГУ *Іші пысу, зерігу.* ~ден басқа ермегі жоқ.

ЕРІГІШ *Сұйық күйге айналғыш, жібігіш, балқығыш.* ~ тұздар.

ЕРІГІШТІК 1. *Сұйық күйге айналғыштық, жібігіштік, балқығыштық.* Әр түрлі заттың суда *ерігіштігі* әр түрлі (Бірімжанов). 2. *хим. Бір заттың екінші затпен араласу мөлшерін сипаттайтын шама.*

ЕРІК I 1. *Ырық, ықтияр, билік.* Қазаншының *еркі* бар, қайдан құлақ шығарса (Мақал). 2. *Адамзатқа тән хұқық, қақы.* Сайлауға қатысып дауыс беру — әр адамның өз ~і. 3. *Адам бойындағы психологиялық сезім, жігер, қайрат.* Саматтың бойында мойымас ~ бар. 4. *Ауыс. Мүмкіндік, кеңшілік, мұрсат.* Ойланып шешулеріңе он күн *ерік* беремін (Қаз. ертег). ◊ **Еркі күшті** — *дегеніне жетпей қоймайтын жігерлі, қайратты.* **Еркін алды** —*бойын биледі.* **Еркіне жіберді [бағынды]** — *дегеніне көнді, ерік берді.* **Еркіне қоймады** — *ырық бермеді.* **Еркінен айырды (заң.)** — *бас бостандығын жойды.* **Ерік алды** — а) *рұқсат алды;* ә)

теңдікке, бостандыққа ие болды. **Ерік бермеді** — *ықтиярынан айырды, ырық бермеді.*

ЕРІК II *Іші пысу, зерігу.* Хан **еріксе**, қара халық ханның ойыншығы болады (Мақал).

ЕРІК-ЖІГЕР *Адамның қабілеттілік қасиеті.* Шабандоздың ~і жұрттың көңілінен шықты.

ЕРІККЕНДІК *Не істерін білмей ермек іздеушілік, зеріккендік.* Шал **еріккендіктен** саудаға араласады (Нұршайықов).

ЕРІКСІЗ 1. *Лажсыз, амалсыз.* Көптенгі ашу **еріксіз** сөйлететін болды (Майлин). 2. *Ықтиярсыз, ырықсыз, еркінен тыс зорлап.* Төреғали үйден Дариғаны **еріксіз** алып шықты (Дәуренбеков). 3. *Басыбайлы, тәуелді.* Айдалып жүрген **еріксізге** бәрібір емес пе? (Ә.Тәжібаев). 4. *Жігерсіз, ынжық.* Ер **еріксіз** болса, Ел көріксіз болар (Мақал).

ЕРІКСІЗДІК 1. *Билігі болмаушылық, шарасыздық.* Өмірде **еріксіздік**, езушілік бар (Ерубаев). 2. *Еркі, қақы жоқтық, хұқсыздық.* Абай қазақ әйелінің **еріксіздік** күйін қолға алады (М. Әуезов).

ЕРІКТІ 1. *Өз еркі өзінде, тәуелсіз.* ~ ел (әйел, халық). 2. *Келісіммен істелген, еркін.* ~ спорт қоғамы. 3. *Еркі күшті, жігерлі, табанды.* Ол — өте ~, табанды адам. ~ кітапқұмарлар қоғамы — кітап сүйер қауымды біріктіретін қоғам.

ЕРІМТАЛ *Сұйық күйге айналғыш, ерігіш.* Амин қышқылдар — түссіз, суда **еріметал** (Бірімжанов).

ЕРІН I *Ауыздың астыңғы және үстіңгі екі жақ жиегі, ернеуі.* Елде болса **ерінге** тиер (Мақал). ◊ **Ерні аққа тиді** — *мал төлдеп, сүтке кенелді.* **Ерні кезерді [қаязыды]** — *шөлдеді, сусады.* **Ернінің емеурінінен түсінді** — *сыралғы адам бірден білді.* **Ернін шүйірді** — *жақтырмаған сыңай білдірді.* **Ернін шығарды** — *ұнатпаған кейіп білдірді, мазақтады.* **Қаймақ ерін** — *жұқа ерін.* **Түрік ерін** — *дұрдиген үлкен ерін.* **Салпы ерін** — *түріңкі қалың ерін.*

ЕРІН II *Мойны жар бермеу, жалқаулану.* **Еріген** аузындағысынан айрылады (Мақал). ◊ **Ерінбеген арыстанның аузындағысын алады** — *жалықпай бейнет етсең, қолыңа түспейтін нәрсе жоқ.*

ЕРІНБЕЙ-ЖАЛЫҚПАЙ *Шаршап-шалдықпай, қажымай-талмай.* Ол бізден ~ еңбек етуді талап етеді.

ЕРІНДІ *Ерні дұрдиген қалың, ерні үлкен.* Ат **ерінді** келер (Мақал).

ЕРІНДІКТЕ *Жылқының ерніне бұрау салу.* Аттың бір-екеуін ұстап ~п міндік.

ЕРІНДІЛЕУ *Ерні үлкендеу, қалыңдау.* Ол — тапал бойлы, түрік ~ кісі.

ЕРІНШЕК *Кежір, жалқау, бойкүйез.* **Еріншек** етікшіден елгезек масақшы артық (Мақал).

ЕРІНШЕКТЕУ *Жалқаулау, кежірлеу, бойкүйездеу.* ~ бала.

ЕРІНШЕКТІК *Жалқаулық, кежірлік, бойкүйездік.* Адамды қор қылатын — **еріншектік** (Абай).

ЕРІС *Керегелік желінің ең ұзын ағашы.*

ЕРІТКІШ *Сұйық күйге айналдырғыш, жібіткіш, балқытқыш.* Су — жақсы ~.

ЕРІТКІШТІК *Сұйық күйге айналдырғыштық, жібіткіштік, балқытқыштық.* ~ қасиет.

ЕРІТПЕ *Балқытылған, ерітілген.* ~ қоспалар.

ЕРІТІЛМЕЛІ *Ерітілген, ерітпе.* ~ май.

ЕРІТІНДІ *хим. Химия элементтерін еріту (балқыту) арқылы алынатын сұйықтық.* ~лер концентрациясы.

ЕС I 1. *Адамның естіген, көрген-білгенін ойда сақтау қабілеті; ақыл-ой.* ~ адаммен бірге өмір сүреді. 2. *Ауыс. Серік, сүйеніш, медеу.* Екеуіміз жүргенде, Бір-бірімізге **ес** едік (Махамбет). ◊ **Ес болды [көрді]** — *тірек етті, медеу қылды.* **Ес білгелі** — *ер жеткелі, есейгелі.* **Ес біліп, етек жапқанша** — *жасынан есейгенше.* **Ес жиды [жинады]** — а) *адам өзіне-өзі келді, ақылы кірді;* ә) *ауыр тауқыметтен құтылды.* **Ес жоқ** — а) *албырттыққа бой ұрған, масаң;* ә) *асып-сасулы, есі әбден шыққан.* **Еске [есіне] алды** — *ойына түсірді, елеп-ескерді.* **Ес көрді** — *сүйеніш қылды, медеу тұтты.* **Ес [есі] кірді** — а) *есі ауған адам өзіне-өзі келді, айықты;* ә) *ақыл кірді, есейді.* **Ес қалмады** — а) *барынша ынтықты, құмарланды;* ә) *зәре-құты қалмады.* **Ес таптырмады** — *састырды, абыржытты.* **Есте жоқ ескі мезгілде (фолькл.)** — *баяғыда, бағзы заманда.* **Естен [есінен] кетпеді** — *ойынан шықпады, ұмытылмады.* **Естен [есінен] танды [тандырды]** — а) *ойлаутану қабілетінен айрылды, есеңгіреді;* ә) *асып-састы, абыржыды;* б) *ынтықтырды, елітті.* **Есте [еске, есіне] сақтады [ұстады]** — *жадынан шығармады, ұмытпады.* **Ес тоқтатты** — *ақылы кірді, есейді.* **Ес тұтты** — *арқа тұтты, пана көрді.* **Есін шығарды** — *мазасын алды, тынышын кетірді.* **Есі ауды** — а) *ақыл-естен айрылды;* ә) *аңсары ауды, құмар болды.* **Есін жиып, етегін жапты** — *өзіне-өзі келді, теңелді.* **Есің барда елің тап** — *дер кезінде қимылда.* **Есің барда етегің жап** — *ақылмен ойла, абыройыңды сақта.* **Есі шықты** — а) *үрейі ұшты, қатты састы;* ә) *қуанышы қойнына сыймады;* б) *ынтызар болды, құмартты.*

ЕС II 1. *Жіп, арқан жасау үшін жүнді жұмырлап, білемдеп бұрау, ширату.* Арқан **ессең**, бау болар (Мақал). 2. *кәсіб. Лағманның, бауырсақтың қамырын жіңішкерте созу.* Нанды **ескенде** оған шекілдеуік, мақта майын жағып отырады (Қасиманов).

ЕС III 1. *Жел соғу, желпу.* Самал **есе** бастаған (Майлин). 2. *Қайықты жүргізу үшін ескекті су ішінде ілгерінді-кейінді қимылдату, көсу.* Қайрат ескегін үнсіз **есе** берді (Сатаев). 3. *Құмды, қарды ысыру.* Ғани қарды **есе** еңбектеп келеді (Арыстанов). 4. *Ауыс. Жұйтқу, заулау.* Машина заулап **еседі** (Сейфуллин). 5. *Көпіру, бөсу.* Бұл жолы Төкең қыза шауып, **есіп** отыр (Өшірбаев).

ЕСАЛАҢ *Есі ауысқан, есуас, есерсоқ, делқұлы.* **Есалаң** кісі сияқтымын, түкке мойным жар бермейді (С. Мұқанов).

ЕСАЛАҢДАН *Есінен айрылу, есуастану, есерсоқтану.* Ол **есалаңданып** шалқасынан түсті (Хұсайынов).

ЕСАЛАҢДАУ *Есуастау, есерсоқтау, ақымақтау.* Шоферы ~ екен.

ЕСАЛАҢДЫҚ *Есуастық, есерсоқтық, ақымақтық.* Патшадан сұрау, өтіну — **есалаңдық** (Қаратаев).

ЕСАУЛ *көне. әск. Патша армиясындағы капитанмен барабар казак офицерінің шені.*

ЕСЕ I 1. *Тиесілі сыбаға, үлес.* Есебі түзудің **есесі** түзу (Мақал). 2. *Бөлшек, бөлік.* Сол мал мен жердің бір **есесі** сізге тиді (Субханбердин). 3. *Ал оның орнына, есебіне.* Бізде боз жусан атымен жоқ, **есесіне** жантақ, жыңғыл баршылық (Ж. Еділбаев). ◊ **Есе алды** — а) *сыбағасына ие болды, иемденді;* ә) *қарымта қайтарды.* **Есе бермеді** —

теңдік бермеді. **Есесі кетті** — *кегі кетті.* **Есесін берді** — *сазайын тарттырды, сыбағасын берді.* **Есесін бермеді** — *ақысын жібермеді.* **Есесін қайтарды** — *жазасын берді, орнын толтырды.* **Есе тиді** — *теңдікке ие болды.*

ЕСЕ II *Бастапқы қалыппен салыстырғандағы заттың т. б. артық не кем мөлшері.* Сүт жоспары екі ~ орындалды.

ЕСЕБІНДЕ *Ретінде, қатарында, санатында.* Жанкүйер *есебінде* мені футбол ойнына ертіп барды (Бүркітбаев).

ЕСЕДЕЙ *Есеге жуық, есеге тарта.* Алты ~ өсті.

ЕСЕЙ 1. *Ер жету, үлкею, өсу.* Бөлтіріктер *есейіп* қалған екен (Қ. Тәкебаев). 2. *Ересек тарту, үлгаю.* ~іп кетіп оқығандар көп еді. 3. *Ауыс. Шығыну, шығындану.* Елмен бірге біз де *есейе* бастадық (С. Асанов).

ЕСЕК 1. *Жылқы тұқымдас, аласа бойлы, ұзын құлақты күш көлігі.* 2. *Ауыс. Ақымақ, мигұла, кеще.* Есеп білмеген — *есек* (Мақал). □ **Есек тартыспақ** — *балалар бір-біріне мініп, тартысып ойнайтын ойын; аударыспақ.* ◊ **Есек бәсеке [үміт]** — *әулекі, есірік, бос бәсеке.* **Есек дәме** — *құрғақ қиял.* **Есек дәмеленді** — *босқа дәмеленді, жоқтан үміттенді.* **Есекке үкі таққандай** — *жарасымсыз қылық.* **Есек құрты мұрнынан түсті** — *болып-толды, шалқыды.* **Есек миын жеді** — *ақымақ болды.* **Есектің [қара есектің] мойнына байлап жіберді** — *күлкі етті, мазақтады.*

ЕСЕКАРА *зоол. Кәдімгі бал арасының бір туысы.*

ЕСЕКЖЕМ *мед. Кенеттен қызарып бөртіп, күлбіреп шығатын қышымалы тері ауруы.*

ЕСЕККҰРТ *зоол. Дымқыл, қараңғы жерлерді мекендейтін көп аяқты құрт.*

ЕСЕККЫРҒАН *астр. Юпитер планетасының қазақша аты.*

ЕСЕКМИЯ *бот. Көп жылдық бұршақ тұқымдас улы өсімдік және соның дәні.*

ЕСЕКТАС *этногр. Әсемдік үшін әдемілеп жонылған, жас балаға көзтимес үшін киіміне тағып қоятын көк түсті тас.*

ЕСЕКТЕЙ 1. *Топас, надан.* Сүйе білмес *есектей* жандар да бар (С. Мұқанов). 2. *Жуас, момын.* Мен мінген ат ~ қойған жеріннен табылады.

ЕСЕКТІК *Есекке лайық, есекке тән.* Түйе туласа, бір *есектік* жүк қалар (Мақал).

ЕСЕЛЕ 1. *Үстемелеу, қосымшалау.* Қазанға ~й су құйды. 2. *Үдеу, күшею, қайталау.* Жаңбыр әлі құйып тұр, *еселей* түскен (Тарази). 3. *Бүктеу, қабаттау, қаттау.* Өрмек керуде өрістегі жіпті екі *еселеп* жинайды (Қасиманов). 4. *мат. Көбейту.* Қалған қалдықты екі ~п, шыққанына әуелгі ойлаған сандарыңды қосыңдар.

ЕСЕЛІ 1. *Тиісті, лайықты, сыбағалы.* Мен *еселі* сөзімді айта алмай жүрмін (Шалқаров). 2. *Табысты, өнімді.* Малы семіздің алар өнімі де *еселі* болмақ (С. Өлжіков). ◊ **Еселі ел** — *өскен-өнген, іргелі ел.* **Еселі еңбек** — *қарқынды, екпінді еңбек.*

ЕСЕЛІК *мат. Екі немесе бірнеше санға қалдықсыз бөлінетін сан.*

ЕСЕН *Аман-сау, сау-саламат.* *Есен* барып, сау қайт (Алтайбаев).

ЕСЕН-АМАН *Хал-жағдайы жақсы, аман-сау.* ~ жүрміз.

ЕСЕНДЕС 1. *Сәлем беру, амандасу.* Махмет бізді көріп, басын изеп ~ті. 2. *Қош айтысу, қоштасу.* Қайран жұрт деп кетерсің *есендесіп,* жар-жар-ай (Ақан сері).

ЕСЕНДІК *Амандық, саулық, есен-амандық.* □ **Есендік сұрасты** — *хал-жағдай білісті, амандасты.*

ЕСЕН-САУ *Аман-есен, сау-саламат.* Өзеннен өтіп *есен-сау,* Қайта бір барсам сол түсқа (Аманжолов).

ЕСЕҢГІРЕ 1. *Талықсып есінен айрылу, мәңгіру.* Ол *есеңгіреп,* талықсып кетті (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Ақылынан адасу, алжасу.* *Есеңгіреп* жүрмесең, елді неге даттайсың? (Жамбыл).

ЕСЕП 1. *Бір нәрсенің цифрмен көрсетілген саны, мөлшері.* Есеп, *есеп* білмеген есек (Мәтел). 2. *Төрт амал әдісімен, сан мөлшерін оқытатын пән аты.* Бізге ол *есептен* сабақ берген (С. Мұқанов). 3. *Ой-пікір, болжам, амал-айла.* *Есебі* бар адамның іші майлы (Мақал). 4. *Жұмысшы, қызметкерлердің, жеке ұйымдар мен мекеме және тағы басқалардың айлық, тоқсандық, жылдық жұмысы туралы ақпар, мәлімет.* Жылдық ~ ойдағыдай қабылданды. 5. *Бір нәрсеге парапар, тең.* Қарғаның жүзіне бір кесек, Жаманның жүзі бірге *есеп* (Мақал). 6. *Шамасы, тәрізі.* *Есебі,* сөзімнің бұрыстығы жоқ (Мырзақұлов). □ **Есеп айырудың аккредитивтік формасы** — *қолма-қол ақшасыз есеп айырудың бір түрі.* **Есеп айыру счеты** — *меншікті айналым қаржысы, дербес балансы бар шаруашылық есептегі кәсіпорындар мен мекемелердің банкіде ашатын счеты.* ◊ **Есебі бар [болды]** — *көздеген ойы бар.* **Есебінен жаңылды** — *ойлағаны болмады, қателесті.* **Есебін жібермеді** — *есесін қайтарды.* **Есебін тапты** — *ретін келтірді, амалын тапты.* **Есеп айырды [айырысты]** — а) *қарызын қайтарды;* б) *сазайын берді, кегін алды.* **Есеп алды** — *іске қорытынды жасады, есептесті.* **Есеп берді** — а) *ақпар берді, мәлімдеді;* ә) *жауап берді, талдау жасады.* **Есеп емес** — *сөз емес, бәрі бір.* **Есеп жасады** — а) *есептеді, шамалады;* ә) *ара жігін ашты, біржола қоштасты.* **Есеп жетпес [жеткісіз]** — *қисапсыз, мол.* **Есепке алды** — а) *санады, есептеді;* ә) *ескерді, еледі, санасты;* б) *арнайы бақылауға алды, қадағалады;* в) *қатарға қосты, көңіл бөлді.* **Есепке жүйрік** — *есептегіш, білгіш.* **Есепке кірді** — *қатарға қосылды.* **Есепке қосылды** — *қатарға ілінді, теңелді.* **Есепке шақты** — *есепке алды, есептеді.* **Есеп қылды** — *санады, есептеді.* **Есеп қылмады** — *елеп-ескермеді.* **Есепте бар, елде жоқ** — *қақас қылды, ескерілмеді.* **Есепте болды** — *есте болды, ескерілді.* **Есептен тыс** — *нормадан артық, жоспардан тысқары.* **Есепте түрды** — а) *мүше болды, мүшелікке алынды;* ә) *ерекше бақылауға алынды.*

ЕСЕПДАН *Есепті жақсы білетін, есепті жақсы шығарушы, есепке жүйрік.* ~ кісі.

ЕСЕПДАНДЫҚ *Есепқорлық, есепшілдік, есепке жүйріктік.* Оның шаруаға *есепдандығы* осы арада айқын көрініп қалды (І. Омаров).

ЕСЕП-ҚИСАП 1. *Бір нәрсенің жалпы сан мөлшері, есебі.* Қолға түскен нәрсенің ~бы жоқ. 2. *Шаруашылық мекеменің кіріс-шығыс есебі.* Колхоздың *есеп-қисабы* соның мойнында (Кекілбаев). 3. *Есеп, математика.* Ол ~қа жүйрік. □ **Есеп-қисап айырысты** — *есеп айырысты, есептесті.*

ЕСЕП-ҚИСАПСЫЗ 1. *Есептемей, санаусыз, есебін жүргізбей.* Шыны сауыттарды Садекең ~, санаусыз ала берді. 2. *Шамадан тыс көп, есепсіз.* Ол ~ көп жиналыстарға барғанын еске алды.

ЕСЕПҚОР *Есепшіл, пайдакүнем.* ~ саясат.

ЕСЕПҚОРЛЫҚ *Есепшілдік, пайдакүнемдік.* Ол ~пен келмей қалды.

ЕСЕПСІЗ 1. *Есепке алынбайтын, есептелмейтін, беталды.* ***Есепсіз*** дүние жоқ (Мақал). 2. *Аса мол, қисапсыз, сансыз, мол.* Хантағының қойнында ***есепсіз*** көп қазына жатыр (С. Омаров).

ЕСЕП-ТАЯҚ *кәсіб. Өрмек адырғысының алдында тұратын, бой жіптерді санап байлап қойған таяқ.*

ЕСЕПТЕ 1. *Есептеп шығару, санау.* Ол забойлардан шыққан вагонеткаларды ***есептеп*** тұрды (Исабаев). 2. *Санау, ойлау.* Сәлім өзін бақыттымын деп ***есептейтін*** (Дүйсенов).

ЕСЕПТЕГІШ I *Жұмсалған күш қуаттың мөлшерін, қуат санын көрсететін құрал (счетчик).*

ЕСЕПТЕГІШ II *Жылдам есептейтін, тез ойлайтын.* Автомат ~ (электрондық).

ЕСЕПТЕС 1. *орт. етіс. Есепте=с.* 2. *Есеп айырысу.* Бухгалтериямен толық ~тім. 3. *Санасу, келісу.* Ол үнемі келісіп, ***есептесіп*** отырды (Соқпақбаев).

ЕСЕПТЕСКІШ *Елегіш, ойлағыш.* Жүрттың мұңмұқтажымен ~.

ЕСЕПТЕУ *Бір нәрсенің есебін шығаруға арналған.* ~ құрылғысы (математикасы, орталығы, техникасы).

ЕСЕПТЕУЛІ *Есепке алынған, санаулы.* Әр минуты ~.

ЕСЕПТЕУІШ: есептеуіш машина — *информация өңдеу процестерін механикаландыруға, автоматтандыруға арналған құрылғы.*

ЕСЕПТІ 1. *Санаулы, есептеулі.* ~ уақыт азайған сайын мазасызданды. 2. *Іспетті, тәрізді.* Бұл Сасанға туыс ***есепті*** (Гумеров). □ **Есепті баяндама** — *шаруашылық ұйымның белгілі бір мезгілдегі жұмысының қорытындысы.* **Есепті дос айнымас** — *әр нәрсенің байыбын бағалайтын дос ажырамас; әр нәрсенің парқын, есебін білгеннің зияны жоқ.*

ЕСЕПШОТ *бухг. Арифметикалық есептеулер жүргізуге арналған аспап (счеты).*

ЕСЕПШІ 1. *көне. Тоғыс есебін жүргізіп, ауа райы туралы болжам айтып отыратын адам.* ~ қарттың айтуынша. 2. *Шаруашылық мекеменің кіріс-шығысын есептеп, санақ жүргізіп, тіркеп отыратын маман.* 3. *кәсіб. Өрмекті құрып, тоқу үстінде пайдаланатын жабдық.*

ЕСЕПШІЛ 1. *Пайдакүнемдік; есептан.* Түскен жерің дүниеқоңыз тым ***есепшіл*** жандар (Жұмаханов). 2. *Есепке жүйрік, есеп шығарғыш.* ***Есепшіл*** Бәкең қазір өмірдің есебін шығаруға кірісті (Дүзенов).

ЕСЕПШІЛДІК *Пайдакүнемдік, ұсақтық.* Әйел адамның бойында ~ басымырақ болады.

ЕСЕР 1. *Делқұлы, ойына келгенін істейтін әумесер, сотқар.* Жәбір көрдім қайдағы бір ***есерден*** (Иманасов). 2. *Ақымақтау, әңгілеу.* ~ мінезді адам.

ЕСЕРЛЕН 1. *Әумесерлену, делқұлылану.* 2. *Ақымақтану, әңгілену, әумесерлеу.*

ЕСЕРЛІК *Делқұлылық, есіріктік, әумесерлік, ақымақтық.*

ЕСЕРСОҚ *Есалаң, нақұрыс, алаңғасарлану, жындану, құтырыну.* Шортан шабақ қуып ***есерсоқтанады*** да жүреді (Сыланов).

ЕСЕРСОҚТАУ *Алаңғасарлау, әумесерлеу, ақымақтау.* ~ кісі.

ЕСЕРСОҚТЫҚ *Алаңғасарлық, ақымақтық.* Ол бұл жолы ~ жасаған жоқ.

ЕСКЕК I *Қайықты жылжыту үшін суды есуге арналған, бас жағы қалақша келген сырық, сырғауыл.*

ЕСКЕК II 1. *Салқын самал, жайлы жел.* Майда ***ескек*** түрған еді (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Екпінді, қарқынды.* Бебеулеген сарын екпінді ~ әуенге ұласты. □ **Ескек жел** — *қоңыр салқын, жанға жайлы самал.*

ЕСКЕКПӘРЕ *техн. Қалақшасының беті винт тәрізді жасалып, көлденең оське орнатылған кеме қозғалтқыш.*

ЕСКЕКТЕ 1. *Жел тұру, желпу.* Ақырын ғана майда жел ***ескектейді*** (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Жосыту, борату, екпіндету.* Ыбырай ***ескектеп*** соғып отыр сөзді (Майлин).

ЕСКЕКТІ *Ескек орнатылған, ескекпен жүретін.* ~ қайық.

ЕСКЕКШІ 1. *Қайықты жүргізуші, ескек есетін адам.* Қайық ішінде ***ескекшілерден*** де басқа адамдар бар (Қ. Жармағамбетов). 2. *спорт. Қайыққа мініп жарысатын спортсмен.* ~лер 1000 метр су айдынын өтуі тиіс.

ЕСКЕР *Еске алу, елеп-ескеру.* ***Ескермеді*** адам деп Қамбар батыр палуанды (Қамбар батыр).

ЕСКЕРТКІШ 1. *Даңқты адамдарды немесе тарихи уақиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін жасалатын мүсіндік шығарма.* Абай ~і. 2. *Ерте дәуірден қалған нұсқа, тарихи мұра.* Ең ірі ***ескерткіштердің*** бірі — Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі (Қуатбаев). 3. *Ұмытпау, естен шығармау үшін беретін естелік зат.* Досым берген ~ еді.

ЕСКЕРТПЕ *Кеткен олқылық, кемістік туралы ескерту.* Ол бәрімізге ***ескертпе*** жасады (Қыдырбекұлы). Штаб бастығынан ~ алды.

ЕСКЕРТУ *Біреудің іс-әрекетіне байланысты ескертпе.* Күзетшінің ***ескертулерінен*** кейін Өтегенов басылып қалғандай (Шәкібаев).

ЕСКІ 1. *Тозығы жеткен, өңі кеткен, ұсталған.* ~ киім (домбыра). 2. *Көне, баягы, бұрынғы.* ~ қала (арна, салт). 3. *Көп сақталған, ұзақ тұрған.* Ескерген ***ескі*** асынан сақтар (Мақал). ◊ **Ескі әуенге басты** — *баягы әдетіне салды, қайталады.* **Ескі жара** — *көңілде жүрген түйткіл, қаяу.* **Ескі жараның аузын ашты [тырнады]** — *өткен-кеткенді қайта қозғады.* **Ескі көз** — а) *сыр мінез, сырлас дос-құрбы;* ә) *көне көз қария.* **Ескі құлақ** — *көргенбілгені көп, кәрі құлақ.* **Ескі сүйек** — *сар сүйек ежелгі жегжат.* **Ескі тұяқ** — *ескіден қалған жұрнақ.*

ЕСКІ-ҚҰСҚЫ 1. *Тозығы жеткен, ұсталған көнетоз, қоқыр-соқыр.* Сарай толған ***ескі-құсқы*** дүниелер (С. Жүнісов). 2. *Жаман-жәутік, көр-жер.* Оқушылар 5 тонна ~ жинап өткізді.

ЕСКІЛЕ *Ескекті үсті-үстіне есе тұсу.* Қайықты екі матрос ***ескіледі*** (А. Хангелдин).

ЕСКІЛЕУ *Тозығы жеткен, көп ұсталған, көнетоз.* ~ көрпе (көйлек).

ЕСКІЛІ-ЖАҢАЛЫ *Ескісі мен жаңасы аралас.* ~ киім-кешек (құрал-сайман).

ЕСКІЛІК I *Ескі қоғамның кертартпа сарқыншақтары, әдет-ғұрпы.* Елде бар әлі **ескілік** (Ә. Дүйсенбиев).

ЕСКІЛІК II *Ескі әдет-ғұрыпқа тән.* ~ әдет (мінез-құлық).

ЕСКІЛІКТІ *Байырғы, бұрынғы.* ~ әңгіме. ◊ **Ескілікті ауру [науқас]** — *бойға сіңген, ұйреншікті дерт.*

ЕСКІР 1. *Өңі кету, көнеру, тозу.* Домбырасы да ~е бастапты. 2. *Уақыты біту, күні өту.* Бұл заманда ондай әдет **ескірген** (А. Шамкенов). 3. *Дәмі бұзылу, былғану.* ~ген су (алма). **Ескіру мерзімі** (*заң.*) — *қылмыстық және азаматтық істер бойынша заңда белгіленген мерзімнен кейін іс көтеруге болмайтын жағдай.*

ЕСКІСІН *Ескі көру, қомсыну.* Есіміне ет тоба, ***Ескісінбе,*** намыс кеп (Шопашев).

ЕСКІШЕ 1. *Ескі уақыттағыша, бұрынғыша.* Қазақтың **ескіше** мал баққаны жетер (Т. Ахтанов). 2. *Арабша, мұсылманша.* Біз **ескіше** ғана қара танитын адамбыз (М. Мағауин).

ЕСКІШІЛ *Ескіні қолдағыш, кертартпа.* ~ кәрі кісі.

ЕСКІШІЛДІК *Ескіні қолдаушылық, кертартпалық.* ~ әдеттер.

ЕСПЕ 1. *Желпіп соққан жанға жайлы, жылы жел.* Түнімен ұйтқыған ***еспе*** — Алтайдан тұрған жылы жел екенін енді сезді (Қ. Ысқақов). 2. *Борпылдақ бос, сусымалы.* ***Еспе*** құмның тұрағы жоқ (Мақал). 3. *Жүрдек, екпінді, ақпа, төкпе.* Сәрсеннің астында ***еспе*** байтал бар (Ж. Молдағалиев). 4. *Бөспе, көпірме, даңғой.* Олар ***еспе*** қалжыңдарын сап тыйды (Зәкенов).

ЕСПЕЛІ I *Екпінді, жүйрік.* Ақсары атан ***еспелі,*** Ен жайлауға көшкен жұрт (Алдаспан).

ЕСПЕЛІ II *Ширатылған, есілген, пысытылған.* ~ алтын белбеу.

ЕССІЗ 1. *Ес-түссіз, есінен айрылған, таңған.* Балаңыз ***ессіз*** жатыр (З. Ақышев). 2. *Жарымес, есер, есерсоқ.* Түсінер, ***ессіз*** кісі емес сияқты (Дәуренбеков).

ЕССІЗДЕН *Есінен айрылу, есінен тану.* Нәзім біразға дейін ***ессізденіп*** жатты (Ә. Әбішев).

ЕССІЗДЕУ *Әумесерлеу, делқұлылау, ақылсыздау.* Ол ~ болып көрінді.

ЕССІЗДІК *Әумесерлік, делқұлылық, ақылсыздық.* Иесінің ***ессіздігін*** иті де ұнатпас (Мақал).

ЕССІЗ-ТҮССІЗ *Есеңгіреген, есінен айрылған, меңзең боп талып қалған.* ~ халде, ~ жатты.

ЕСТЕГІ 1. *Көңілдегі, ойдағы.* ***Естегінің*** бәрі жазылғандай (Ж. Арыстанов). 2. *Ауыс. Естелік, әсер, сурет.* Абай көңілінде ерте күннің ***естегісі*** отыр еді (М. Әуезов).

ЕСТЕЛІК *Өмірдегі көрген-білген, ойда қалған нәрселерді еске түсіріп айту, елестету дағдысы.* Отан үшін от кешкен күндердің ***естелігі*** түн ұйқынды төрт бөледі (Қыдырханов).

ЕСТЕН *Оң-солын тану, есі кіру.* Есептесіп байлармен Көзі ашылып ***естенді*** (Сейфуллин).

ЕСТИЯР 1. *Ер жеткен, ересек, үлкен.* Төрт баланың ***естияры*** осы қыз екен (Ә. Тәжібаев). 2. *Елдің бас көтерер сақа адамы.* Ауылдың ***естияр*** адамдары жиналған (Көшімов). 3. *Ауыс. Түйсігі бар, сезінетін.* Жылқы — ***естияр*** мал (М. Қуанышбаев).

ЕСТИЯРЛАН *Ер жету, есею, естену.* Клара ***естиярланып*** қалған (Бегалин).

ЕСТИЯРЛАУ *Ересектеу, үлкендеу, сақалау.* ~ жігіт.

ЕСТИЯРЛЫҚ *Ер жеткендік, үлкендік, сақалық.* Жөн сұрап ~ білдірді.

ЕСТИЯРСЫ *Үлкен болғансу, ер жеткенсу.* Әлгі бала бізге ~п жөн көрсетті.

ЕС-ТҮС: ес-түсін білмеді — *есінен танды, есеңгіреді.* **Ес-түсінен айрылды** — *ақылынан адасты, мәңгірді.* **Ес-түсі жоқ** — *ұсқыны қашқан, сұрықсыз.* **Ес-түсі қалмады** — *құты қашты, үрейленді.*

ЕСТІ I 1. *Ақылды, саналы, парасатты.* Байлауы жоқ шешеннен, Үндемеген ***есті*** артық (Мақал). 2. *Білімдар, ойшыл.* ***Естілердің*** сөзін ескеріп жүрген адам өзі де ***есті*** адам болады (Абай).

ЕСТІ II 1. *Құлаққа шалыну, есіту.* Мотоциклдің даусы алыстан ***естілді*** (Мекебаев). 2. *Үнін тыңдау, сөзін ұғу.* Кереку халқы бұрын ***естімеген*** Абайдың әнімен танысады (Бегалин). 3. *Құлақтану, хабардар болу, білу.* Жаяу аста Біржан мен Ақан да болады дегенді ***естіп*** барған (З.Ақышев). ◊ **Естіген жерде қалсын** — *ешкім білмесін, сыртқа таралмасын.*

ЕСТІГЕН-БІЛГЕН *Естіп білгені бар.* ~інді айта отыр.

ЕСТІГІШ *Жақсы еститін, сақ құлақ.* Соқыр кісінің құлағы ~.

ЕСТІЛЕР-ЕСТІЛМЕС *Болар-болмас естілетін.* Ол ~ үнмен сәлем берді.

ЕСТІЛІК *Ақылдылық, саналылық, парасаттылық.* Марат ~ жасады.

ЕСТІРЕК *Ақылдырақ, саналырақ, парасаттырақ.* Өзімді одан ***естірек*** санайтынмын (Н. Ғабдуллин).

ЕСТІРТУ *Кісінің өлімі жайлы туған-туыстары мен ел-жұртына хабарлау, айту.* Айтқали ағаның өлімін ***естіртудің*** қисынын таба алмай қиналып тұрмын (С. Омаров).

ЕСУАС *Кірелі-шығалы есі бар, жарымес.* ***Есуасты*** көрмесең, есіңнің бар-жоғын қайдан білер ең (Мақал).

ЕСУАСТАН *Жарыместену, есерсоқтану, есерлену.* Байлардың соңына еріп ***есуастанба*** (Қанахин).

ЕСУАСТАУ *Жарыместеу, есерсоқтау, есерлеу.* Сөл ~ содыр мінезді.

ЕСУАСТЫҚ *Жарыместік, есерсоқтық, есерлік.* Мұндай ~тың кімге керегі бар.

ЕСІК *Үй мен бөлмеге кіріп шығу үшін қабырғаны тесіп шығарған жер, соған салынған есік.* Мәкен ***есіктен*** ақырын ғана кірді (М. Әуезов). ◊ **Есік ашу** (*этногр.*) — *күйеудің алғаш рет қалың-дығының үйіне бару кәдесі.* **Есік көзі** — *табалдырықтың қасы, босаға.* **Есігі ашық** — *пейілі кең, дастарқаны жаюлы.* **Есігін ашпады** — *келмеді, хабарласпады.* **Есігінде жүрді** (*көне.*) — *біреудің босағасында қызмет етті.* **Есігінде қалды** — *жанашыры болмай біреудің тәрбиесінде болды.* **Есігінен қарамады** — *араласпады, қатыспады.* **Есігін тоздырды** — *ығыр қылды, мазалады.* **Есігінің алдына келтірді** — *дегенін істетті, бас идірді.* **Есігі ойран, төрі талқан болды** — *шаңырағы ортасына түсті, отаны бұзылды.* **Есігі тар** — *пейілі тар, сараң.* **Есік көрген** —*бұрын күйеуге*

тиген. **Есік көрсетті [ашты]** — а) *күйеу ұрын барды;* ә) *дәм ауыз тигізді, қонаққа шақырды.* **Есік қақты болды** — *қаңғыбастанды, кезбеленді.* **Есік пен төрдей** — а) *қол созымдай, таяқ тастам жер;* ә) *денелі, келіскен, зор.* **Есіктегі басы төрге жетті** — *құрметке ие болды, еленді.* **Есікте жүрді** — *біреуге жалданып жұмыс істеді.* **Есіктен шықса тесіктен, тесіктен кетсе есіктен келді** — *мұнан кіріп, одан шыққан су жұқпас құ.*

ЕСІКПЕ-ЕСІК *Есіктері қарама-қарсы.* Аблез Омар тұратын үйде, ***есікпе-есік*** тұратын (Тарази).

ЕСІКТЕЙ *Үлкен, кең, зор.* Омырауы ~.

ЕСІКТЕС *Есігі жақын, көрші.* Біз онымен ~піз.

ЕСІК-ТЕСІК *Саңылау біткен, барлық ашық жер.* ~тің бәрін тас қылып бекітіп тастады.

ЕСІКШІ *Есік алдында отыратын күзетші; вахтер.* Асқар ***есікшіден*** гостиницаның бас тәртібін сұрап алды (С. Мұқанов).

ЕСІЛ *Көңіл күйін білдіретін ишарат сөз.* ~ дүние (еңбек, ер, сөз).

ЕСІЛ-ДЕРТІ *Бар ынта-жігері, арманы, ой-мақсаты.* Асыл ағамыздың ***есіл-дерті*** қазақтың қара домалақ баласын оқыту (Бектұров).

ЕСІМ *Адамның өз аты.* Менің есімім — Айназар, мынаның ***есімі*** — Әмір (Сейфуллин).

ЕСІМДЕР *грамм. Есім сөздердің басын қосатын грамматикалық атау.*

ЕСІМДЕС *Есімі бірдей, құсас, аттас.* Хамит ~ үш жігіт болды.

ЕСІМДІ *Деп аталатын, атты.* Ауылымызда Әлжан ***есімді*** қарт бар (С. Нұрмағамбетов).

ЕСІМДІК *грамм. Есім сөздердің орнына қолданылатын сөз табы.*

ЕСІМНАМА *Ғылыми еңбектердің, журналдардың, көрсеткіштердің соңында берілетін, жеке адамның өмірі мен қызметі туралы жазылған мақалалар, хабарлама және басқа да мәліметтер (персоналии).*

ЕСІНЕ *Шаршағанда, ұйқы келгенде ауызды кең ашып, ішке тартылған ауаны бірден серпіп шығару.* Ол аузын арандай аша ***есінеді*** (Бөкеев).

ЕСІНЕК *бот. Арыстанның аузы тәрізді болып ашылатын гүлі бар бақша гүлі.*

ЕСІР I *Тентек, есірік, қияңқы.*

ЕСІР II 1. *Екілену, асып тасу, дандайсу.* Әдетінде ~е сөйлейтін адам. 2. *Есерсоқтану, аласұру, құтырыну, қағыну.* ***Есіріп*** келген дұшпанды төрт жылда жеңдік (Бөкеев). 3. *Елту, есеңгіреу, мас болу.* Наша денеге сіңгеннен кейін адам тез ***есіреді*** (Оразақов).

ЕСІРКЕ *Жаны ашу, аяу, мұсіркеу.* Бәйбішені ***есіркеп*** бәрі де көздерін жаспен шылады (Майлин).

ЕСІРКЕГІШ *Жаны ашығыш, аяғыш.* Жетімжесірді ~.

ЕСІРТКІ *Көкнәр, наша.* ~лермен сауда жасайтындар шетелдерде көп-ақ.

ЕСІРТКІШ *Тез есіртетін, еліттіргіш.* Арақтың ~ әсері күшті.

ЕСІРІК I *вет. Жан-жануарларды жындандырып, құтыртатын ауру.*

ЕСІРІК II *Қыран құсты аң аулауға дағдыландыру үшін алдандырғыш.*

ЕСІРІК III 1. *Есерсоқ, есуас, ақымақ.* ~ есіркенді білмейді. 2. *Есінен адасқан, шалықтаған, жындысұрей.* ***Есіріктің*** қылығын есі кеткен ғана жасайды (Мақал).

ЕСІРІКТЕН *Есуастану, құтыру, ақымақтану, есерсоқтану.* ***Есіріктеніп*** елдің қотанын шаңдатты (Ж. Молдағалиев).

ЕСІРІКТЕУ *Есерсоқтау, есуастау, ақымақтау, жындысұрейлеу.* ~ ерке болып өсті.

ЕСІРІКТІК *Есерсоқтық, жындысұрейлік.* Елге жақпас ~.

ЕТ I 1. *Тамаққа жарату үшін сойылған малдың тұтас етінің бөлшектері.* Шикі (жас, сұр) ~. 2. *Адамның жалаңаш денесі.* Сәтжан жалаңаш ***етіне*** тонды киді (Бегалин). □ **Ет бұзды** — *етті жіліктеп бөлшектеді, мұшеледі.* ◊ **Ет алды** — *семірді, қоңданды.* **Ет асатты** (*этногр.*) — *табақта қалған етті дастарқан басындағыларға шетінен бір-бір асату дәстұрі.* **Ет асым [пісірім]** — *асқан ет пісетіндей уақыт.* **Ет ашумен** — *жаны ашып, күйіп, ашумен іс істеу.* **Ет бауыр [жақын, туыс]** — *ең жақын, бірге туған туыс.* **Ет бауыры елжіреді** — а) *іші жылыды, еміренді;* ә) *көңілі босады, егілді.* **Ет бітті** — *оңалды, жетілді.* **Ет желін** — *сүт аз шығатын мал.* **Ет жемесе де сорпа ішкендей болды** — а) *қара терге түсті;* ә) *ұялып қысылды.* **Ет-жеңді адам** — *семіз, толық кісі.* **Ет-жүрегі езілді** — *іші күйді, уайымдады.* **Ет жүрек** — а) *рухани жан дүние;* ә) *қорқақ, жүрексіз.* **Ет көйлек** — *ең жақын, сырлас адам.* **Ет қоректі** — *етпен қоректенетін, ет жеп күн көретін.* **Ет қызу** — а) *алғашқы қарқын;* ә) *қатты жараланып қалғанын кезінде сезбей қалды.* **Етпен қайнап, сүйекке сіңген** — *әдетке айналған, үйреніскен.* **Еттен өтіп, сүйекке жетті** — а) *қатты батты;* ә) *төзбестік халге ұшырады.* **Еті ауыр** — а) *денелі, семіз;* ә) *жайбасар, жалқау.* **Еті ауырмады** — а) *жақын адамының ұрысқанын елемеді;* ә) *жаны ашымады.* **Еті қашты** — *арыды, жұдеді.* **Еті қызды** — а) *еліріп көтерілді;* ә) *қарқындады, шабытына келді.* **Етінен ет кессе де мыщ [былқ] етпейді** — а) *мінезі салмақты, шыдамды;* ә) *без бүйрек.* **Еті ояздады** — *арықтады, қоңы түсті.* **Еті өлді** — *еті үйренді, көндікті.* **Еті тірі** — *пысық, ширақ.* **Еті тітіркенді** — *жиіркенді.* **Еті үйренді** — *көндікті, көнді.*

ЕТ II 1. *Істеу, жасау, орындау.* Сүйісер жастар қате ***етпес,*** Мейлің илан, мейлің күл (Абай). 2. *Сөздердің құрамында келіп, қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.* Адам ~ (азат, әмір, әуре).

ЕТЕЙ *Ет алу, қоңаю, семіру.* Ол қазір ***етейіп,*** қайтадан оңала бастады (Сараев).

ЕТЕК 1. *Киім өңірінің төменгі жағы.* Кең ~ көйлек. 2. *Тау т. б. заттың төменгі жағы.* Біздің ауыл Ақшоқы тауының ***етегінде*** (Қунақова). ◊ **Етегі ашылды** — а) *абыройы көрінді;* ә) *күлкі болды, ұятқа қалды.* **Етегі [пұшпағы] қанамады** — *бала көтермеген, перзенттi болмаған.* **Етегінен берді** — *балалы болды, нәрестелі болды.* **Етегін ашып күлді** — *масқара қылды, мазақ етті.* **Етегінен айырылмады** — *соңынан қалмады, жабысып алды.* **Етегінен басты [тартты]** — *кесір жасады, кедергі болды.* **Етегінен ұстады** — а) *соңынан ілесті;* ә) *тұрмысқа шықты.* **Етегінен ұшынды** — *жігіттілікке салынып, жеңіл жүріске салынды.* **Етегіне намаз оқыған** — *бөтен жұрісі жоқ, пәк, күнәсіз.* **Етегіне оралды** (*этногр.*) — *жабысып соңынан қалмады.*

Етегіне сүрінді — *жұмыс басты болды.* **Етегінің желі бар** — *аяғының желі бар, жүргіш.* **Етегін төсек, жеңін жастық қылды** — *қар төсеніп мұз жастанды.* **Етек алды** — а) *кең жайылды, талады;* ә) *өркендеп өсті.* **Етек басты болды** — а) *қағажу көрді;* ә) *бала басты болды.* **Етек басты қылды** — *тартпаққа тұсті.* **Етек жапты** — *өзіне-өзі келіп ес жиды.* **Етек жайды** — а) *кең тарады;* ә) *тіленді, сұрады.* **Етек-жеңі кең** — *пейілі кең, қолы ашық.* **Етектен алды** — *кедергі жасады, шалғайдан тартты.*

ЕТЕККІР *Қыз баланың бойжеткендігін көрсететін белгі, балиғатқа толудың белгісі, қана.*

ЕТЕККҰМАР *Жүргіш, әйелқұмар.* Оның да *етекқұмар* еркек атанғысы келмейді (Нұржекеев).

ЕТЕКТЕ 1. *Етекке салып жинау, теру. Етектеп* терген қу тезек, отқа жаққан отыны (Сейфуллин). 2. *Бір нәрсенің төменгі жағын ала, қуалай.* Биік шоқыны *етектей* жүріп келеміз (Ғ. Мұстафин).

ЕТЕКТЕЙ *Үлкен, көлемді, жалпақ.* Жіпсіген маңдайын *етектей* бет орамалымен сүртіп қойды (Қожабаев).

ЕТЕКТЕМЕ *этногр. Түйенің үстіндегі жүк оның бүйіріне тимес үшін әдейі жасалған жазы жондығының төменгі жиектемесі (етек).*

ЕТЕКТЕП *Күреп, көптеп.* Егінді сеуіп, *етектеп* алатын өнімі бар (Әлсеров).

ЕТЕКТІ *Етегі кең, жайлыңқы.* ~ шәй көйлек. ◊ **Етекті ел** — *іргелі ел.*

ЕТЕНЕ 1. *Бірге өсіп, біте қайнаған.* ~ адамдай (жақын). 2. *Бірге, қоян қолтық.* Асылжан жасынан еңбекпен ~ өскен адам. 3. *Әбден, жете, мейлінше.* Мен оларды қанша білсем де, *етене* түсіне алмаймын (Талжанов). ◊ **Етене болып кетті** — *әбден араласып, сіңісіп кетті.* **Етене көрді** — *жақын тұтты.*

ЕТЕНЕЛЕН *Бауыр басу, еті үйрену.* ~іп үйреніп кеттік.

ЕТЕНЕЛІК *Бауыр басушылық, ықыласы тұсушілік.* ~гі жоқ.

ЕТЖЕҢ *Етшең, жуан, семіз.* Зұлқарнайдың *етжең* алақаны үстел бетін дүңк еткізді (К. Ахметбеков).

ЕТЖЕҢДІ *Семіз, толық, жуан.* ~ аққұба әйел.

ЕТЖЕҢДІЛЕУ *Семіздеу, толықтау, жуандау.* ~ келген.

ЕТЖЕҢДІЛІК *Семізділік, толықтық. Етжеңділігі* ме, Әбілқай менен аса ұзамады (С. Мұқанов).

ЕТПЕТ *Бетін жерге қарата.* Жерге ~інен түсті.

ЕТПЕТТЕ *Бетін жерге қаратып жату.* ~й жата алды (құлады).

ЕТПЕТІНЕН *Бетін жерге қаратып.* ~ жата кетті.

ЕТСІЗДІК *Еті аздық, ашаңдық, арықтық.* Жақсы аттың бір белгісі — басының ~дігі.

ЕТСІРЕ *Ет жегісі келу, етті сағыну.* ~п жүрміз.

ЕТТАРТҚЫШ *Етті ұнтақтайтын машина.*

ЕТТЕ *Теріні еттен тазалау, шелдеу.* Иленіп, кептірілген теріні *еттейді* (Қасиманов).

ЕТТЕН *Семіру, толысу.* Біздің жасымызда *еттеніп,* толу да керек (Жақсыбаев).

ЕТТЕС *Шығу тегі бір, бауырлас, ағайындас.* Мына кісі *еттесі* болмағанымен, адал ықыласымен айтып отыр (Хангелдин).

ЕТТІ 1. *Еті мол, бітімі зор, үлкен.* Бұл тұқымның түйелері *етті* келеді (Жұмағұлов). 2. *Толық, семіз. Етті* балтыры Раушанды көп қыздардан ерекшелей беруші еді (Р. Сейсенбаев).

ЕТТІК I *Сойылған малдың етін сақтайтын салқын үй, шошала.* Қази бір жылқының етін *еттікке* кіргіздірді (Бектасов).

ЕТТІК II *Етке тән қасиет.* Гибридтердің *еттік,* сүттік сапасы қодасқа қарағанда әлдеқайда жоғары (Жалпы биология).

ЕТТІЛЕУ *Толықтау, жуандау, қоңдылау.* ~ томпақ бет.

ЕТТІЛІК *Еті молдық, кесімі үлкендік.* Қой тұқымының ~гін арттыру қажет.

ЕТТІРЕК *Еті молырақ, семізірек.* Малдың ~гін сояды.

ЕТХАНА *Ет сақтайтын бөлме; шошала.* Әжем ~да жүр.

ЕТШАПҚЫ *Ет шабуға арнап жасалған қол балта; айбалта.*

ЕТШЕҢ *Етті, толық, жуан, семіз.* ~ дене (саусақ).

ЕТШЕҢДЕУ *Толықтау, семізше.* Сәл ~ қызыл шырайлы.

ЕТШІЛ *Етқұмар, қызыл жанды.* Ауыл балалары ~ келеді.

ЕТІК *Былғары, резеңке т. б. материалдардан жасалған қонышы ұзын аяқ киім.* Былғары ~.

ЕТІКШЕҢ *Етік киген күйінде, етігімен.* Төрге ~ шықты.

ЕТІКШІ *Етік тігетін шебер адам.* Ерінбеген *етікші* болады (Мақал).

ЕТІКШІЛІК *Етік тігуді кәсіп ететін адам.* Ол жасынан ~ті кәсіп етті.

ЕТІСТІК *грамм. Заттың қимылы мен іс-әрекетін білдіретін сөз табы.*

ЕУ *Біреудің назарын тікелей өзіне аудару үшін айтылатын одағай сөз. Еу,* хеу. Айт! Біздің заман шын туайт (Жансүгіров).

ЕФРЕЙТОР *әск. Кіші сержант пен солдаттың аралығындағы әскери шен, атақ.*

ЕХ *Көңіл күйін білдіретін одағай сөз.* ~, туған ел.

Ең *Көңіл күйін, реніштті, өкініштті білдіретін одағай сөз.* ~, жігіттер, ~, сәулем.

ЕҢЕ *Көтеріңкі көңіл күйін, таңдануды білдіретін одағай сөз. Ең е,* шыныңды айттың ба, ақыры (Гумеров). ◊ **Ең е дегі** — *үәделесті, келісті.*

ЕҢЕЛЕС *Таласып-тартысу, ерегісу.* Екі жақ айтыса, *еңелесе* бір-біріне тақалып қалды (Ғ. Мұстафин).

ЕШ 1. *Еш нәрсе болмау, тұқ жоқ. Ештен* де кеш жақсы (Мақал). 2. *Ешқандай, ешбір, тұқ.* Қайғы мен қан жұтып, көрмедім *еш* рақат (А.Тоқмағамбетов). ◊ **Еш болмаса** — *ең құрыса, тіптен, тұқ болмаса.*

ЕШБІР *Ешқандай, бірде-бір.* Бауыржан *ешбір* кемшілікті кешірмейтін (Бақбергенов).

ЕШКІ *Аша тұяқты, күйіс қайыратын ұсақ мал және соның ұрғашысы.* Төрт түліктің бірі — ~. □ **Ешкі бас** — *кішкене шақша бас.* **Ешкі сақал** — *шошайған селдір сақал.*

ЕШКІ БҰРШАҚ *бот. Гүлінің түсі көк көп жылдық шөп. Ешкі бұршақтың* бұршағы салбырап тұрады (Мұсақұлов).

ЕШКІЕМЕР *Батпақты, құмды жерде өмір сүретін кесіртке.* Сұпы сұмнан шығады, *ешкіемер* құмнан шығады (Мақал).

ЕШКІЛІ *Ешкісі көп.* ~ бай.

ЕШКІМ *Ешбіреу, еш адам.* Ғауһарды ***ешкімге*** бермеспін (Мыңжасарова).

ЕШКІМҮЙІЗ *астр. Зодиактың 12 шоқжұлдызының бірі.*

ЕШКІӨЛМЕС *бот. Қыста қойдың сүйсініп жейтін шөбі.*

ЕШКІСАБАҚ *Биіктігі бір, бір жарым метр боп өсетін, майлы жемісті бұта.*

ЕШКІСАСЫР *Құрайдың бір түрі.*

ЕШКІТАЛ *Басқа ағаштардай діңі болмай, ши сияқты түбінен бірнеше ақ шипая боп өсетін, бір түп сәмбіленген құба тал.*

ЕШҚАЙДА 1. *Еш жаққа, еш тарапқа.* Мен ***ешқайда*** жібермеймін (Ақышев). 2. *Еш жерде, еш елде.* ***Ешқайда*** болмай шықты оған жер тең (С. Мұқанов).

ЕШҚАЙСЫ *Ешбірі, ешкімі, ешқайсысы.* Оны ***ешқайсың*** да ойлаған жоқсыңдар (Дүзенов).

ЕШҚАЙСЫСЫ *Ешбірі, ешкім, ешқайсы.* ***Ешқайсысы*** үндемейді, әркім өз ойымен (Тілегенов).

ЕШҚАНДАЙ *Бір, дәнеңе, тіпті.* Бұрынғыдан ***ешқандай*** өзгеріс жоқ (Момышұлы).

ЕШҚАШАН *Еш уақытта, ешбір.* Ұзақ ұйықтап көрмедің сен ***ешқашан*** (Р. Нұрпейісов).

ЕШТЕҢЕ *Ештеме, дәнеңе.* Туған жердің топырағына жетер ***ештеңе*** жоқ (Қ. Қазыбаев).

Ж

ЖАБА I *жерг. Қыран құсты ұстау үшін торлап, шаңырақ тәрізді етіп жасалған құрал.*

ЖАБА II *жерг. Шөп суаратын құрал, шөп суарғыш.*

ЖАБАҒЫ I 1. *Қой мен түйенің көктемде қырқып алған қысқы жүні.* ~ жүн. 2. *Ауыс. Бір-біріне жабысып, тұтасып қалған, ұйысқан.* ~ жал (сақал).

ЖАБАҒЫ II *Тайдан кіші, бес-алты айлық ересек құлын.*

ЖАБАҒЫЛАН *Кірігіп, тұтасып, ұйысып қалу, ұйпақталу.*

ЖАБАҒЫЛАУ *Жабағыға жақындау.*

ЖАБАҒЫЛЫ I *Жабағысы бар, жабағы ілескен.* ~ көк бие.

ЖАБАҒЫЛЫ II *Қысқы ұйысқан жабағы жүні түспеген (қой).* Жүні қалың ~.

ЖАБАҒЫЛЫҚ *Ұйысып, тұтасып қалушылық.*

ЖАБАҒЫША *Жабағыға ұқсас, жабағы жүнше ұйысқан.*

ЖАБАЗЫ *Аттың қамытын мойнына жібермес үшін салатын әбзел түрі; шлея.*

ЖАБАЙ *Қорғасын құйылмаған салмақты асық; кеней.*

ЖАБАЙЫ 1. *Қолға үйренбеген даладағы, түздік, тағы.* 2. *Жұпыны, жай, қарапайым дәрекі.* ~ адам.

ЖАБАЙЫЛАН 1. *Адамнан шеттеп, тағылану, жабайылыққа айналу.* Кісі көрсе безіп жөнелетін ***жабайыланған*** мысықтар пайда болған (Соқпақбаев) 2. *Ауыс. Дөрекілену, тұрпайылау, әпербақтану.* Кейбіреулер ет пен қымызға битін салып, ***жабайыланып*** кетеді (Ж. Молдағалиев).

ЖАБАЙЫЛАУ *Тағылау, тұрпайылау, анайылау.* ~ әдет.

ЖАБАЙЫЛЫҚ 1. *Тағылық, тұрпайылық, анайылық, дөрекілік.* Адам ***жабайылықтан*** енді-енді арылды (Т. Шаханов). 2. *Қарапайымдық, жұпынылық.* Қазақ әндерін қарапайым ***жабайылыққа*** жатқызу дұрыс болмайды (І. Омаров).

ЖАБАН *Қыста мал жататын тепсең жер.* ***Жабанда*** жатқан малдың қарасы қомақты көрінді (Қ. Салғарин).

ЖАБАСАҚ *Бөдене тұстес, бірақ бөденеден құйрығы ұзын, тау баурайын мекендейтін құс.*

ЖАБА-САЛМА *көне. Көшу кезінде екі керегеден немесе уықтардан уақытша басын біріктіре салған лашық, жаппа.*

ЖАББАР *Құдайдың көп атының бірі, жаратқан.* Алла ~ ием, өзің жар бол!

ЖАБДАН *Ашық алаңқай, жазық жер.* Орманның арасындағы жазық ***жабдан*** (Мәуленов).

ЖАБДЫ *Қамдау, дайындау, әзірлеу.* Құрман қарт ат шанасын ***жабдыды*** (Орманов).

ЖАБДЫҚ I 1. *Қажетті құрал-сайман, әбзел, керек-жарақ.* Ер-тұрман ~ғы, төсек-орын ~ғы. 2. *Іске қажетті нәрсе, бұйым.* Баспахана ~ғы, кабинет ~ғы. 3. *Қару-жарақ, құрал.* Әскери ~. 4. *Әзірлік, дайындық, қам.* Жүру ~ғы, қонақасы беру ~ғы.

ЖАБДЫҚ II *этногр. Жұмсақ киізден қос қабаттап жазының астына салатын ішкілік.*

ЖАБДЫҚ-ЖАРАҚ *Түрліше құрал-сайман, қажетті мүлік.* Олардан ~ алғалы келді.

ЖАБДЫҚТА 1. *Құрал-сайман, керек-жарақпен қаруландыру, қамтамасыз ету.* Машинамен ~ды. 2. *Белгілі бір іс-әрекетке қажетті нәрселермен қамтамасыз ету.* Армияны ~ды, мектепті ~ды. 3. *Құрал-сайманмен қамтамасыз етілген.*

ЖАБУ 1. *Атқа, түйеге жабылатын жамылғы.* Жұман атының ***жабуын*** алды (Ғ. Мүсірепов). 2. *Сән үшін пайдаланылатын әшекейлі жапқыш.* Үстіне әшекейлі сәнді ~ жабылған піл. ◊ **Жабуды жаба тоқыды** — кемшілікті бүркемелеп жасырды.

ЖАБУЛА 1. *Аттың, түйенің үстіне жабу салу, жамылғымен жабу.* 2. *Отынның, көмірдің үстін шөп не киізбен жауып, бүркемелеу.*

ЖАБУЛЫ I 1. *Үстінде жабуы бар.* 2. *Үсті бір нәрсемен бүркелген, жабылған.* Түндігі ~ киіз үй. 3. *Ауыс. Жасырын-жабық, бүркеулі.* Ақөзек оқиғасы ~ күйінде қалды. ◊ **Жабулы қазан жабулы күйінде [қалды]** — *сыр шашпады, өзді-өзі біліп қоя салды.*

ЖАБУЛЫ II *Ашық емес, бекітулі, кілттеулі.* Терезе ~ тұр.

ЖАБУСЫЗ 1. *Жабуы жоқ, жабу жаппаған.* ~ түйе. 2. *Бекітілмеген, кілттенбеген, ашық.* Есіктің құлпы ~ қалған.

ЖАБЫ I *Қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы.* ~ тұқымдас жылқы. □ **Жабы түйе** — *өмірі мінілмей жүрген, қашаған, асау түйе.*

ЖАБЫ II *Жабырқаңқы, уайымды, мұңды.* ~ көңілді кісі. ◊ **Жабы болды** — *қайғырып көңілсіз болды.*

ЖАБЫҒЫ *Жабырқаңқы, мұңды, уайымды, қамығыңқы.*

ЖАБЫҒЫЛЫҚ *Көңіл қамыққандық, жабырқаңқылық.* Оның жүріс-тұрысында бір ~ бар.

ЖАБЫҒЫҢҚЫ *Бір нәрсеге көңілі жабырқаңқы, қамығыңқы.* Үнемі көңілі ~ жүреді.

ЖАБЫҒЫП-ЖАБЫРҚА *Қапаланып ренжу, қамығып кею.* Мақан ~майтын, көңілді адам.

ЖАБЫҚ I *Киіз үйдің үзігі мен қос туырлығының қосылған жері.* Киіз үйдің ~ын ашып қойса, салқын самал келеді.

ЖАБЫҚ II 1. *Ашық емес, жабулы, бекітулі.* ~ қора. 2. *Құпия, жасырын.* ~ жиналыс (хат). 3. *Ауыс. Елеусіз, ескерусіз, белгісіз.* Жазудан басқа дүние қалды *жабық* (С. Мұқанов).

ЖАБЫҚ III *Көңілі қамығу, жабырқау.* Бала ~ғып сөйлесе алмады.

ЖАБЫЛ 1. *ыр. етіс. Жап-ыл.* 2. *Жабылып қалу, бекітілу.* Есік ~ды. 3. *Ұйымдасып, жұмыла әрекет жасау. Жабыл,* кедей, *жабыл.*

ЖАБЫЛА *Бәрі бірдей бірлесе, жаппай, жапатармағай, тұтас жабылды.*

ЖАБЫНДЫ I 1. *Бастырманың, лапастың т. б. үстіне, төбесіне салынған қамыс, ағаш сияқты заттар.* 2. *жерг. Есік, терезе пердесі.* Байқаймын, есіктің *жабындысы* өзгеріп қалған (Көшекбаев).

ЖАБЫНДЫ II *Үсті тал, сабан, шөппен жабылған бастырма, лапас.* Жабдық, отын атаулы *жабындының* астында сақталсын (Сыланов).

ЖАБЫНДЫҚ *Жабуға, жамылуға болатындай нәрсе.* Жығылған *жабындық,* не жаңғалақ (Айтыс). □ **Жабындық ткань** — *өсімдік органдарының сыртын қаптап тұратын клеткалар тобы.*

ЖАБЫНЫШ *Үстіге жабатын жамылғы, жабынды.* Қызыл алтыннан *жабыныш* жапқан храмдар да бар (М. Әуезов).

ЖАБЫҢҚЫ 1. *Мұңды, уайымды, жабырқаңқы.* 2. *Сәл жабылыңқы тұратындай, ашықтау.* Есік ~ тұр.

ЖАБЫРҚА *Көңілі босап жабығу, қамығу.* Жетім баланың көңілі ~п жүр екен.

ЖАБЫРҚАҒЫШ *Көңілі жасып қамыққыш.*

ЖАБЫРҚАҢҚЫ *Көңілі жабыңқы, мұңды.* Көңілдері ~ еді.

ЖАБЫРҚАҢҚЫЛАУ *Көңілі жабыңқылау, мұңдылау, қамығыңқылау.* Оның даусы ~ шықты.

ЖАБЫРҚАҢҚЫЛЫҚ *Қамығып-жабығушылық, көңілі жабыңқылық.* Баланың көңілінде ~ байқалады.

ЖАБЫРҚАУЛАУ *Көңілі жабыңқылау, жамығыңқылау, мұңлылау.*

ЖАБЫРҚАУЛЫ *Ойы, көңілі жабыңқы, шерлі. Жабырқаулы* отырмысың, жан ана (Құрманалин).

ЖАБЫРҚАУЛЫҚ *Мойып, түнеріп жабырқаушылық, қамығушылық.*

ЖАБЫРЛА *Тұс-тұстан қаптау, жапа-тармағай қаумалап кету.* Отырғандар ~п далаға жүгіріп шықты.

ЖАБЫС 1. *орт. етіс. Жап-ыс.* 2. *Айырылмастай боп желімдену, шапталып қалу.* Дәптер беттері ~ып қалды. 3. *Бас салып жармасу, айырылмау.* Қыз машинаға ~ты. *Ауыс.* 4. *Қиылып сұрау, жалыну.* "Өлең айт" деп ~ты. 5. *Бәлежалаға кезігу, душар болу.* Дерт ~ты.

ЖАБЫСҚАҚ I 1. *Үстасып, ажырамай қалатын жабысқыш.* ~ кәмпит (балшық.). 2. *Ауыс. Кісіні жалықтырып, қыр соңынан қалмайтын.* — Ол *жабысқақ* сенен бір елі қалар деймісің (Ө. Ахметов).

ЖАБЫСҚАҚ II *Сіркенің ұсақ кішкентай түрі.* Жабағы болды жібек шаш, Жабылып жаман *жабысқақ* (Жансүгіров).

ЖАБЫСҚАҚТЫҚ 1. *Тиген жерінен айырылмай, ажырамай жабысып қалушылық.* Мұнайдың ~ғы орташа. 2. *Ауыс. Кісіге жармаса кетіп, қыр соңынан қалмай мезі ететіндік. Жабысқақтығым* үшін кешіріңіз (Әлімжанов).

ЖАБЫСҚЫШ 1. *Жабысқақ, тез жұққыш.* Рак ауруы *жабысқыш* келеді (Қайрақбаев). 2. *Ауыс. Тез дарып, жармасқыш.* Ескінің етекке *жабысқыш* қалдығы (М. Әлімбаев).

ЖАБЫСҚЫШТЫҚ *Жабысқақтық, жұғысқыштық.* Қанның жабысқыштығы судың *жабысқыштығынан* 5 еседей жоғары (Айтбаев).

ЖАҒА 1. *Сырт киім мен көйлек-көншектің жағасы.* Бітеу ~ (орама, қисық). 2. *Өзеннің, көлдің, арықтың т. б. жиегі.* Көл ~сы, өзен ~сы. 3. *Ауыс. Ағадай қамқоршы, тірек, пана.* Ағасы бардың *жағасы* бар (Мәтел). ◊ **Жағадан алды** — *дүрсе қоя берді.* **Жаға жыртысты** — *ұрысып-керісті, дауласты.* **Жағасы бүтін** — *төрт құбыласы сай.* **Жағасы жайлау, төбесі қыстау [көктем] болды** —*қаннен-қаперсіз болды, бейқамдыққа салынды.* **Жағасы жайлауға кетті** — *уайым-қайғысыз, алаңсыз.* **Жағасына жармасты** — *тарпа бас салды, кеңірдектен алды.*

ЖАҒАЖАЙ *Өзен, көл, теңіз жағасындағы құмды алаң (пляж).*

ЖАҒАЛ *Жолақтанған қошқыл сары түс* ~ ешкі (торғай).

ЖАҒАЛА 1. *Өзен, көлді жағалап жүру.* Жанар өзенді ~п келді. 2. *Айнала төңірек аралау.* Домбыра *жағалап* маған жетті (М. Хасенов).

ЖАҒАЛАЙ *Шетінен, түгелдей, жаппай.* Жұман отырғандардың қолын ~ алып шықты.

ЖАҒАЛАҚ *Сақтиян былғарымен қапталған сандық.*

ЖАҒАЛАС I *Жанжалды тайталас, алысжұлыс, айқас.* Жан беріскен *жағаласта* Алдамыстың аты өшер (М. Әлімбаев).

ЖАҒАЛАС II 1. *орт. етіс. Жағала-с.* 2. *Тайталасып айқасу, арпалысып ұрысу, алысып-жұлысу.* Жаумен ~ты. 3. *Қосамжарланып араласу, қоса қабаттасу.* Халел апаммен *жағаласып,* жұмыс жасатпады (Рахманбердиев).

ЖАҒАЛАТ 1. *өзг. етіс Жағала-т.* 2. *Бірдеңені білгісі келіп, ептеп-септеп, сипақтатып сұрау.* ~ып өз пікірін айтты.

ЖАҒАЛАУ *Сулы алқаптың жиегі.* Өзен ~ы құмдауыт екен.

ЖАҒАЛДА *Айғыздап былғап тастау, ластау.* Баланың жеңі ~нып кеткен.

ЖАҒАЛ-ЖАҒАЛ *Айғыз-айғыз, кір-кір, жолақ-жолақ.* Бет-аузы ~.

ЖАҒАЛТАЙ *зоол. Лашын тектес кішкене қара жағал құс.*

ЖАҒАЛЫ *Жағасы бар, жаға салынған.* Барқыт ~ □ **Жағалы ел** — *іргелі, мықты халық.* **Жағалы жау** — *азулы, күшті дұшпан.* **Жағалы киім** — *құнды, қымбат киім-кешек.*

ЖАҒАЛЫҚ I *Сулы алап жанындағы жиек.* Көл ~ғындағы ақ үйлер сәнді-ақ. □ **Жағалық ойнады** — *су жиегінде бірін-бірі қуып жетіп, асыр салды.*

ЖАҒАЛЫҚ II *Жаға боларлық бұйым.* ~ елтірі.

ЖАҒДАЙ 1. *Хал-ахуал, жай-күй, тұрмыс-жай.* Ел ~ы, өз ~ы. 2. *Уақыт, кез, мезгіл.* Адам қат боп жатқан ~да.

ЖАҒДАЙЛА *Ыңғайлау, икемдеу, бейімдеу, қолайлы жағдай жасау.* ***Жағдайлап*** адал ниет білдіремін (Айтыс).

ЖАҒДАЙЛЫ *Қолайлы, ыңғайлы, тиімді.* ~ орын (тұрмыс).

ЖАҒДАЙЛЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, қолайлылық, тиімділік.*

ЖАҒДАЙСЫЗ *Ыңғайсыз, қолайсыз, тиімсіз.*

ЖАҒДАЙСЫЗДАН 1. *Өзінен-өзі ыңғайсыздану, қолайсыздану.* Оған әлдебір ***жағдайсыздану*** сезім пайда болды (Жұмалиев). 2. *Бір нәрсеге мазасыздану.*

ЖАҒДАЙСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, қолайсыздау, жайсыздау, орынсыздау.* ~ сөз.

ЖАҒДАЙСЫЗДЫҚ *Ыңғайсыздық, қолайсыздық, тиімсіздік, жайсыздық.* Тұрмыс ~ғы.

ЖАҒДАН *көне. Азық-түлік не киім-кешек салатын, теріден істеліп, сыртын қаңылтырмен шегендеген сандық. Кей жерде жағылан деп те атайды.*

ЖАҒУЛЫ I *фольк. Жағымды, ұнамды, көңілден шыққан, ұнаған.* Қырық қыз бар қасында, Халқына ол ***жағулы*** (Батырлар жыры).

ЖАҒУЛЫ II *Жанып тұрған.* Шам ~ бөлме.

ЖАҒЫЗ *Сүтке жарымаған шала құрсақ жас төлді бір рет емізу, тойдыру.* Егіздің сыңарын сүтті саулықтарға ~ды.

ЖАҒЫМ: бір жағым — *бір рет қана жағуға жарайтын.* Бір ~ отын.

ЖАҒЫМДЫ 1. *Ұнамды, сүйкімді.* ~ кейіпкер. 2. *Жақсы, жайлы.* Құлаққа ~ ән екен.

ЖАҒЫМДЫЛЫҚ 1. *Ұнамдылық, сүйкімділік.* Тамақты ~ғына қарай іш. 2. *Жайлылық, жұғымдылық, ұнамдылық.* Адамды жұртқа ~ғына қарай бағала.

ЖАҒЫМПАЗ *Жағынумен болатын жарамсақ, жағынымпаз.*

ЖАҒЫМПАЗДАН *Жағыну, жарамсақтану, жалбақтау.*

ЖАҒЫМПАЗДЫҚ *Жағынушылық, жарамсақтық.* Бастықтарға ~ жасаушылар аз емес.

ЖАҒЫМСЫЗ 1. *Сүйкімсіз, ұнамсыз.* ~ қонақ (мінез, образ). 2. *Қолайсыз, ыңғайсыз, лайықсыз.* ~ күлкі, (сөз, түс, хабар, іс).

ЖАҒЫМСЫЗДАУ *Ұнамсыздау, сүйкімсіздеу, жайсыздау, ыңғайсыздау.*

ЖАҒЫМСЫЗДЫҚ 1. *Ұнамсыздық, сүйкімсіздік.* 2. *Жайсыздық, жағдайсыздық.* Бронхит үй-тұрмыс жағдайының ***жағымсыздығынан*** болуы мүмкін (Сисекенов).

ЖАҒЫМТАЛ *Жағынуға, жағымпазданға бейім, жағымпаз.* Рахымбай — ***жағымтал*** жорға болыс (М. Әуезов).

ЖАҒЫМТАЛДЫҚ *Жағымпаздық, жарамсақтық.* Бойында сүт мінезді ~.

ЖАҒЫН I 1. *өзд. етіс. жақ-ын.* 2. *Бір нәрсемен сүртіну, майлану.* Өтірмен ~ды (опамен, креммен).

ЖАҒЫН II *Ұнауға тырысу, жағымпаздану.* Жүсіп оған ***жағынып*** жылман қақты (Майлин).

ЖАҒЫНҒЫШ *Жағымпазданғыш, жағымпаз.* Рахымбай ертеден ***жағынғыш*** (М. Әуезов).

ЖАҒЫНДЫ *Бір нәрсенің жұққан жұғындысы.* Қан ***жағындысы*** микроскоп арқылы анықталады (Шойынбаев).

ЖАҒЫНУШЫ *Жағынғыш, жағымпазданушы.* Кейбір бастықтар ~ларды жақсы көреді.

ЖАҒЫНЫП-ЖАЛПАЙ *Жалынып-жалбарыну, жалыныштылық болу.* Одан да ***жағынып-жалпайып*** жүрейін деп ойлады (Ғ. Мүсірепов)

ЖАҒЫНЫШТЫ *Біреуге жалыныштылық, тәуелділік.* Бай аулына ***жағынышты*** болды (М. Әуезов).

ЖАҒЫС 1. *орт. етіс. Жақ-ыс.* 2. *Енесі төлін келіп емізу, жанасу.* Ақ туша, көзді ала беріп, ***жағыса*** қалатын (Қанахин). 3. Көмек беру, жәрдемдесу. Мен барымды ***жағысып*** жатырмын (Әбілев).

ЖАҒЫСТЫР 1. *өзг. етіс. Жағыстыр.* 2. *Енесі емізгісі келмеген мал төлдерін баурына сап емдіру.* 3. *Бірімен-бірін жақындату, табыстыру.* Студенттік өмірде адамды бір-біріне ***жағыстыратын*** қуаныш (К. Ахметбеков).

ЖАД *Адам баласына тән ой, ес.* Әкемнің сөздері ***жадымда*** (Т. Нұртазин). □ **Жадына алды** — *еске түсірді, ойлады.* **Жадынан шықты** — *естен шықты, ұмытты.* **Жадына сақтады [тоқыды, түйді, тұтты]** — *ұмытпастай ұғып алды.*

ЖАДА 1. *Арықтау, жүдеу, тарау* Қара арғымақ арып, ***жадап*** қалған екен (И. Байзақов). 2. *Ауыс. Жабырқау, мұңаю, қамығу.* Қамажайдың жаны ***жадап***, ойға шомып қалды (Н. Ғабдуллин).

ЖАДАҒАЙ I *Астар салмай тігілген жұқа сырт киім.* Жұлдыз-жанды ***жадағайыма*** орап, үйге кірдім (М. Сатыбалдиев).

ЖАДАҒАЙ II 1. *Жалаң, құрғақ, дәйексіз,* жұтаң. ~ баяндама (әңгіме, сөз, үгіт). 2. *Орман-таусыз ашық, тақыр, тегіс.* ~ дала (жер, жаға). 3. *Жай, қарапайым, таяз.* Абайға әкесі ***жадағай*** көрінбеді (М. Әуезов). □ **Жадағай арба [шана]** — *үсті ашық, төбесі жабылмаған, қорабы жоқ арба, шана.*

ЖАДАҒАЙЛА 1. *Жерді жайпақтап тегістеу.* Мұқан бөгетті жойып ***жадағайлады*** (Ақбаев). 2. *Ауыс. Ауыр, қатты сөзді жуып-шайып жұмсарту.* Қаліман әлгі сөзді ***жадағайламақ*** болды (М. Әуезов).

ЖАДАҒАЙЛАУ *Жазықтау, тегістеу, жайпақтау.* Шамалы жүрген соң ***жадағайлау*** жерге тап болдық (Таң нұры).

ЖАДАҒАЙЛЫҚ 1. *Тегістік, жазықтық.* 2. *Жай, қарапайымдылық, кішіпейілділік.* Скориков ***жадағайлықпен*** күлімсіреп тұр (Ә. Нұрпейісов).

ЖАДАП-ЖҮДЕ *Арып-ашу, азып-тозу.* Сембі әбден ***жадап-жүдеп*** қартайып кеткен (Шашкин).

ЖАДАУ 1. *Арық, қоңсыз, күйсіз.* Аты ***жадау*** дегенше, Иесі қарау десеңші (М. Әлімбаев). 2. *Азып-тозған, жүдеу.* Киімі жыртық, өңі ***жадау*** сауыншы (М. Әуезов).

ЖАДАУ-ЖҮДЕУ *Азып-тозған, жүдеген.* ***Жадау-жүдеу*** ауылға бұрын болмаған оқиға келді (Д. Досжанов).

ЖАДАУЛАУ 1. *Арықтау, жүдеулеу.* Ақ халат киген ***жадаулау*** келіншек (Т. Нұртазин). 2. *Нашарлау, жұпынылау.* Үй тұрмыстары ***жадаулау*** болатын (Б. Тоқтаров).

ЖАДАУЛЫҚ 1. *Арығандық, жүдегендік.* 2. *Күйі жұтаң тартқандық, салғырттық.* Ауылды ~ басты.

ЖАДНАМА *Еснама (памятка).*

ЖАДУ *Парсы тілінде жәдігер, жадығәй, сықыршы.*

ЖАДУАЛ *Бір нәрсені істеу туралы қысқа ереже нұсқау жазылған кішкене кітапша; памятка.*

ЖАДУЛАН *Сиқырлану.* Түтігіп, түсі қашып *жадуланған* (Н. Ахметбеков).

ЖАДЫ 1. *Бас айналдырып, көз байлап дуалап арбаушы, сиқыр.* Жантайып жата кетті *жады* қатын (Ізтілеуов). 2. *Ескі наным бойынша сиқырлы күштің әсерінен болатын сырқат.* Түбек *жадымен* ауырып, сол *жадысы* ішіне түсіпті-міс (Айтыс). □ **Жады қылды** — *сиқырлады.*

ЖАДЫБАС *Сиқырланған, нақұрыс.*

ЖАДЫГӨЙ *Әзәзіл, арбаушы, дуашы, сиқыршы.*

ЖАДЫГӨЙЛІК *Әзәзілдік.* Мұндай ~ті көрмедік.

ЖАДЫГӨЙСІ *Сиқыршы болғансу, әзәзілсіну, дуашысыну.*

ЖАДЫГӨЙШЕ *Жадыгөйге ұқсап, сиқыршы сияқтынып, әзәзілше.* ~ жалбақтап, жалтарма.

ЖАДЫЛА *Сиқырлау, дуалау.*

ЖАДЫЛЫҚ *Адамның басын айналдырып дуалаушылық, сиқырлық. Жадылықпен* көбінесе күншіл әйелдер айналасатын болған (Ш. Уәлиханов).

ЖАДЫРА I 1. *Шат-шадыман болып шаттану, рахаттанып масайрау, көңіл көтерілу.* Ол *жадырап* кітап оқып жатыр (Н. Ғабдуллин). 2. *Жаймашуақтану, жарқырау.* Тағы біраз уақыттан кейін аспан *жадырап* ашыла бастады (Соқпақбаев).

ЖАДЫРА II *кәсіб. Аудың түрі: балық аулайтын сүзгектің қоржыншасының аузы.* — Мұрт қалдырмандар, ол ертең аудың *жадырасын* іліп, жыртатын болады (Ә. Сәрсенбаев)

ЖАДЫРАҢҚЫ 1. *Жарқын жүзді, көңілі көтеріңкі, жайдары.* 2. *Жаймашуақ, шайдай ашық.* ~ күн (жаз, күз).

ЖАДЫРАҢҚЫЛЫҚ 1. *Көңіл-күйі көтеріңкілік, шат-шадымандық, жайдарылық.* 2. *Жайма-шуақтылық, жайдарылық.* Таң самалы әлдебір *жадыраңқылықты* әкелгендей (Сарғасқаев).

ЖАЗ I 1. *Көктемнен кейінгі жыл мезгілі.* Жапырақ кетті, *Жаз* кетті (Абай). 2. *Ауыс. Жанға жайлы жылылық, кеңдік, әдемілік.* Көңілі — көктем. Ойы — *жаз* (Аманжолов). ◊ **Жаз бойы** — *ала жаздай, жаз көлемінде.* **Жазға салым** — *жазға қарай, жазғытұрым.* **Жаз дидарлы** — *жүзі жылы, ашық жарқын.* **Жаздың сарша тамызында** — *шілденің нағыз ыстық кезінде.*

ЖАЗ II 1. *Ой-пікірді жазу таңбалары арқылы қағазға түсіру.* 2. *Ауыс. Діни наным бойынша, адам тағдыры оның маңдайына жазылып қойған-мыс, — деп есептеу.* Тағдырдың маңдайға ~ғаны бар шығар.

ЖАЗ III 1. *Жаймалап, тегістеу, жаю, жайып салу.* Көрпенің мақтасын ~ып салды. 2. *Бүктеулі не ораулы нәрсені жазу.* Ол бет орамалын тізесінің үстіне *жазып* салды (Дәуренбеков). 3. *Бүгілген тізені, саусақты жазып жіберу.* Аяғын ~ды, саусақтарын ~ды. 4. *Үйысқанды талдап ажырату.* Шашын ~ып отыр. 5. *Байлаулы қалыптан босату, шешу.* Қара қасқа тұлпардың қаңтаруын *жазды* (Қамбар батыр).

ЖАЗ IV *Ауру-сырқаттан емдеу, дерттен жазып жіберу, сауықтыру.* Қыздырма ауруынан дертін ~ды.

ЖАЗ V *Ырзық, несібе, бұйрық.* Жетісудің дәмтұзын татуды *жазған* (Жансүгіров).

ЖАЗА *Қылмыс жасағандарға қолданылатын шара.* Ату ~сына кесті. ◊ **Жазаға ұшырады [тартты]** — *сазайын тартты, көресісін көрсетті.*

ЖАЗАЛА *Ұры-қары, тентек, содырларды кінәлау, ұрып-соғу, айыптап соттау.*

ЖАЗАЛЫ *Кінәлы, жазықты, айыпты.* ~ адамдар жауапталды.

ЖАЗАҢ *Жазық алқап, ашық жер.* Бұл құздың арғы сырты *жазаң* (М. Әуезов).

ЖАЗАҢДАУ *Айналасы теп-тегіс келген жазықтау. Жазаңдау* алаңнан қою бозғылт шаң көрінді (Тоғысбаев). □ **Жазаңдау жер** — *теп-тегіс, жазықтау жер.*

ЖАЗАҢҚАЙ *Жазықтау, үстіңгі жағы тегіс келген алаңқай жер.* Иә, сона бір *жазаңқайдағы* екі-үш түп шілердің маңына құлап түсті (Ә. Көшімов).

ЖАЗАСЫЗ *Кінәсыз, жазығы жоқ, айыпсыз.*

ЖАЗАТАЙЫМ *Қапелімде, қапылыста, байқаусызда, кездейсоқ.* Ол ~ жардан құлап кетті.

ЖАЗБА I *Ертедегі бір елдің не көне дәуірдің графикалық (тас не қағазға жазылған) жазулары.* Шай туралы деректер ежелгі қытай *жазбаларында* кездеседі (Субханбердин). □ **Жазба әдебиет** — *жазбаша түрде қағазға түсірілген көркем әдебиет.* **Жазба жұмыс** — *жазбаша түрде өткізетін емтихан.* **Жазба стол** — *жазуға арналған, жазу столы.* **Жазба тіл** — *жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл.*

ЖАЗБА II *Қол үзбеу, ажырамау, жаңылмау.* Елінен *жазбас* ер түлек. Жемінен *жазбас* бөлтірік (Ж. Молдағалиев). ◊ **Жазбай таныды** — *жаңылмай, бірден дәл таныды.*

ЖАЗБАША *Жазба түрде.* ~ бұйрық (жұмыс).

ЖАЗҒАН *Байғұс, бейшара, сорлы.* Ойбай-ау, мына *жазған* не дейді? (Бодықов). ◊ **Жазған құлда [жанда] шаршау жоқ** — *бейшара құлда тыным жоқ шаршап-шалдыққанша еріксіз жұмыс істейді.*

ЖАЗҒЫ *Жаз кезіндегі, жазғы күнгі.* ~ демалыс (кеш, киім).

ЖАЗҒЫР *Кінәлау, сөгу.* Мені полк командирі болудан бас тартты деп *жазғырды* (Момышұлы).

ЖАЗҒЫРЫҢҚЫ *Кейісті, ызалы.* Мұғалима *жазғырыңқы* пішінде әкеме қарады (Ә. Сәрсенбаев).

ЖАЗҒЫТҰРҒЫ *Көктемгі, көктемдегі. Жазғытұрғы* жұпары аңқыған адырды алқымдап екі аты қылаң етті (Сматаев).

ЖАЗҒЫТҰРЫ *Көктем кезі, жазға салым, көктемде.* Сәлмен хакімнен *жазғытұры* айырылып кеттім (Есенжанов).

ЖАЗҒЫШ *Қаламы жүйрік, тез, жылдам жазатын.* Ол қаламы жүйрік ~ адам.

ЖАЗҒЫШТА *Қайта-қайта жаза беру.* Мұндағылар мені қабырға газетіне *жазғыштап* жүр (Ерғалиев).

ЖАЗҒЫШТЫҚ *Кітапты, романды т. б. тез жаза қоюшылық, қаламы жүйріктік.* Бұл пікір сөз жоқ, ~ты көбейтеді.

ЖАЗДА I *Жаз кезінде, жаздығүні.* Жайлауға ~ барды.

ЖАЗДА II *Етістіктерге тіркесіп, үстеме мән қосатын көмекші сөз.* Ол талықсып кете ~ды.

ЖАЗДАҒЫША *Жаз кезіндегіше, жаздағыдай.* Возторғайлар *жаздағыша* шырылдап әнге басады (О. Сәрсенбаев).

ЖАЗДАЙ *Жаз бойы, жаз баласына.* Дарқандар *жаздай* суда жүрді. (Жансүгіров).

ЖАЗДАЙҒЫ *Бүкіл жаз бойындағы.* ~ жиналған сары майы бір қарын болыпты.

ЖАЗДЫГҮНІ *Жазда, жаз айында. Жаздыгүні* далада Бал жинайды бал ара (Түрманжанов).

ЖАЗДЫҚ 1. *Жаз мезгіліне лайық, жазға арналған.* ~ киім (көйлек). 2. *Көктемде егілетін, жазда жиналатын (дақыл).* ~ дақыл (егістік).

ЖАЗДЫМ-ЖАҢЫЛДЫМ *Қателестім, жазықты болдым, жаза бастым.* ~ деп зорға құтылды.

ЖАЗИРА *Кең байтақ ен дала, ұшан-теңіз ұлы дала.* Кең ~ дала, көк теңіз (шөл).

ЖАЗМЫШ *діни. Алла маңдайға жазған тағдыр, бұйрық, жазу.* Тап болған *жазмыш* жазған ажалы да (Мұқышев).

ЖАЗУ I *Адам ой-пікірінің қағаз бетіне түсірілген сөз, әріп таңбалар жүйесі.* Журнал беттері толған ~.

ЖАЗУ II *Бұйрық, жазмыш.* Бізге деген бір *жазу* бар шығар (Өзиев).

ЖАЗУ-СЫЗУ *Жазу, жазба, жазу жүйесі.* ~ды меңгеріп, кітап оқуға төселді.

ЖАЗУСЫЗ 1. *Жазу-сызуы жоқ.* ~ халық. 2. *Жазылмаған, таза.* Дәптердің ~ беттерін аштым.

ЖАЗУ-СЫЗУСЫЗ *Жазуы, жазба мәдениеті жоқ.* ~ халықтар да болған.

ЖАЗУШЫ *Көркем шығарма жазумен айналысатын маман.* Саңлақ *жазушылардың* қатарында Мұқтар бар (С. Сейітов).

ЖАЗУШЫЛЫҚ *Көркем шығарма жазумен шұғылданушылық.* ~ қызмет (шеберлік, билет).

ЖАЗЫ 1. *Түйенің арқасына жүк батпау үшін қом астынан салынатын арнайы жабдық.* □ **Жазы ағаш** — *жазының астыңғы жағын ала екі жақтан бастыра жүргізілетін жұмыр ағаш.*

ЖАЗЫДА *Жазда, жаздыгүні. Жазыда* көп жорт-қан екенбіз (Доспанбет).

ЖАЗЫ-КҮЗІ *Бүкіл жаз бен күз бойы. Жазы-күзі* үзілмеген әлгідей жаңбыр (Шарипов).

ЖАЗЫҚ I *Кедір-бұдырсыз, жайдақ, теп-тегіс (жер).* Үсақ мал ~та жайылып жүр.

ЖАЗЫҚ II *Айып, кінә, мін.* Өй, Ербол, менің *жазығым* не? (М. Әуезов). ◊ **Жазығы жоқ** — *кінәсыз, жазығы жоқ.*

ЖАЗЫҚСЫЗ *Айып-кінәсыз, мінсіз.* ~ жазғырылған (жапа шеккен, өлген).

ЖАЗЫҚСЫЗДАН-ЖАЗЫҚСЫЗ *Тектен-тек, айып-кінәсыз.* ~ кінәлы есептелдім.

ЖАЗЫҚСЫЗДЫҚ *Айып-кінәсы жоқтық, бейкүнәлік, пәктік.*

ЖАЗЫҚТА *Жазғыру, кінәлау, құстаналау. Жазықтамасын,* жастық ісіне құдайдан жаза сұрамасын (Нұржекеев).

ЖАЗЫҚТАН 1. *өзд. етіс. Жазықта-н.* 2. *Біршама тегістеле түсу.* Семейге жақындаған сайын Ертістің оң жағы *жазықтанып* кетті (Баяндин).

ЖАЗЫҚТАУ *Кедір-бұдырсыз, тегістеу, жазаңдау келген.* Вертолет *жазықтау* жерге қонды (Қ. Омаров).

ЖАЗЫҚТЫ *Айыпты, кінәлы.* Алған бір жазықты, алдырған екі *жазықты* (Мақал).

ЖАЗЫҚТЫҚ 1. *Тегіс жазық жер.* Біраздан кейін тегіс *жазықтыққа* шықтық (Жылқышиев). 2. *геом. Кеңістікте берілген нүктелердің геометриялық орны.*

ЖАЗЫҚТЫЛЫҚ *Кінәлы, айыпты болушылық.*

ЖАЗЫҚША *Аумағы кішігірім теп-тегіс жер.* Жол тау етегіндегі *жазықшаға* алып келді (Оразақов).

ЖАЗЫ-ҚЫСЫ *Жыл бойы, ала жаздай, ала қыстай. Жазы-қысы* Аққөлдің балығымен жан сақтап жүруші едік (Бегалин).

ЖАЗЫЛ I 1. *ыр. етіс. Жаз-ыл.* 2. *Жазылып болу.* 3. *Жазбаша жазылу.* Газетке ~. 4. *Тіркелу, жазуға алыну.* 5. *Ауыс. діни.* Алланың бұйрығының маңдайына ~уы.

ЖАЗЫЛ II 1. *Керіліп-созылу, емін-еркін иіліп-бүгілу.* 2. *Өзін еркін сезіну, бос ұстау.*

ЖАЗЫЛ III *Аурудан сауығу, айығу, оңалу.* Науқас ~ып келеді. Ауру інім біртіндеп ~ып келеді.

ЖАЗЫЛА *Түйеге жазы салу, әбзел-жабдықтар салу.* Апамды екі кісі қолтықтап, *жазылаған* түйеге мінгізді (Қаназов).

ЖАЗЫЛМА *Ашып жаюға болатын зат.* ~ кілт.

ЖАЗЫЛМАЛЫ *Жаймалы, жиналмалы, бүктемелі. Жазылмалы* кең столдың үсті сыңсып түр (С. Жүнісов).

ЖАЗЫЛМЫШ *Жазылатын, жазылып отырған.* Аты-жөніңді *жазылмыш* қағаз бетіне түсірт (Оразалин).

ЖАЗЫЛЫ I *Жазысы бар.* Шәкіман *жазылы* түйені бұйдасынан жетелеп келді (Жұбатыров).

ЖАЗЫЛЫ II *көне. Қылыштың, пышақтың сабы. Жазылы* алтын қол кескен, алдаспаным өзіңсің (Шәлкиіз жырау).

ЖАЗЫЛЫҢҚЫРА 1. *Бүгіліп-бүріспей ашылыңқырай, жайдарылана түсу, өзін еркін сезіну.* Базаралы мен Ербол да *жазылыңқырап,* дағ-дылы қонақтарша отырысты (М. Әуезов). 2. *Сауығыңқырай түсу, айығыңқырау.*

ЖАЗЫМ 1. *Кенеттен болған бақытсыздық, жазатайым жағдай.* 2. *Ауыс. Аяқ астынан болған ажал, өлім.* Мырзағазы өлді, *жазығы* кісіден болды (С. Мұқанов). ◊ **Жазым басты** — *абайсызда мүлт жіберді, қате, жаза басты.* **Жазым қылды [етті, болды, жасады]** — *мерт қылды, өлтіріп жіберді.* **Жазым тапты** — *сәтсіздікке ұшырап, мерт болды.*

ЖАЗЫМДА *Зақымдау, мертіктіру.* Ызалы шал екі жастың бірін *жазымдап* жүрмес пе екен? (Жұмақанов).

ЖАЗЫМПАЗ *экспр. Бұрқыратып жазып тастағыш, жазғыш.* Апыр-ай, өзің не деген *жазымпазсың?* (С. Омаров).

ЖАЗЫҢҚЫ *Сәл таралыңқы, жайылыңқы.* Елтірінің ~ бүйралары (бұрыш).

ЖАЗЫҢҚЫРА *Жайыңқырау, жаймалаңқырау.* Көйлегінің етегін епте алақанымен ~ды.

ЖАЙ I *Аспан кеңістігінде болатын табиғат құбылысы, найзағай, нажағай.* ~ түсіп өртенген ормандар. □ **Жай тартқыш** — *найзағай түсірмеу үшін тігінен тартылып, жермен жалғастырылатын жіңішке темір.* ◊ **Жай отындай [оғындай]** — *қас қақканша жалт еткен.* **Жай соққандай [түскендей] болды** — *аяқ астынан болған жағдайдан шошынды, тұршікті.*

ЖАЙ II 1. *Тұрмыстағы жағдай, жай-күй.* Ел *жайы* өзіне мәлім (Майлин). 2. *Әлдеқандай себеп, жайт, оқиға.* Ол ~ды ескерген жөн. 3. *Мән-жай, маза.* Ат үстінде *жайы* кетіп, отыра алмай әрең келді (Ж. Тәшенов). 4. *Тыныш, жайбарақат. Жай* жүргенде, Атшабар келді лепілдеп (Абай). □ **Жайы болмады** — *жағдайы келмей, күйі кетті, мазасы болмады.*

ЖАЙ III *Мекен, орын, тұрақ ұй.* Дүрия кемпірдің *жайы* (Тарази). □ **Жай тапты** — а) *мекен тепті, орналасты*; ә) *жерленді, қойылды.* **Жайына жүре берді** — *өз бетінше тек кете барды.* **Жайына қалды** — *ескерілмеді, орындалмады.*

ЖАЙ IV *көне. Кермесіне жебе салып тартатын садақ.* Өзінің оғымен тартты *жайды* (О. Шипин).

ЖАЙ V *Әншейін, әдеттегі жұпыны.* ~ жұмысшы (су, зат, сөз). □ **Жай бөлшек** — *бірдің бір немесе бірнеше тең бөліктерінен құралған сан.* **Жай көз** — *аспапсыз, әншейін көз.* **Жай сөйлем** — *аяқталған бір ғана ойды білдіретін, бір я бірнеше сөздің тізбегі.* **Жай табан** — *жұқа теріден өкшесі аласа тігілетін аяқ киім.*

ЖАЙ VI *Жайлы, ыңғайлы, қолайлы.* Шөбі шүйгін, малға *жай*, Суы тұнық, көк орай (Жансүгіров).

ЖАЙ VII 1. *Ас жаулық салу, тамақ беруге дайындалу.* Бәтима қонаққа дастарқан ~ды. 2. *Үйілген затты жаймалау, жазу.* Қамыр ~ды, шөп ~ды. 3. *Затты жазып салу, жерге төсеу.* Киізді ~ып тастады. □ **Жайып салды** — *жасырмай, ашық айтты.* **Атағын жайды** — *даңқын шығарды, көпшілікке белгілі етті.* **Кір жайды** — *жуылған киім-кешек, басқа да затты кептірді.*

ЖАЙ VIII *Емін-еркін, бос.* Бидай сыймаған ауызға бұзау басы *жай* сыйған (Мақал).

ЖАЙ IX *Жайымен ғана, ақырын, баяу.* ~ аққан қан уйығыш келеді.

ЖАЙ X *Тегін, бостан-бос, құр, құр бекер.* Дүкен саған осы азық-түлікті *жайға* бере ме? (Есенберлин). □ **Жай алды** — *ақысыз-пұлсыз, тегін берді.* **Жай жүрді** — *тұқ бітірмей, тектен тек, бос жүрді.*

ЖАЙ XI *Әдеттегіден тым кеш, кейін.* Концерттен қайтқан жастар кеш үйықтап, *жай* тұрды (Ә. Шәріпов).

ЖАЙ XII *Өрісте мал бағу.* Ол өрісте мал ~ды.

ЖАЙБАҒЫС *жерг. Ақырын, асып-саспай істелген іс-әрекет.* Ержан әйелінің *жайбағысына* сүйсінді (Иманбаев).

ЖАЙБАҒЫСТА *жерг. Ақырындап, асып-саспай, жайлап әрекеттену.* Әңгімесін ~п бастады, сөзінің аяғын ~п қойды.

ЖАЙБАҒЫСТАУ *Ақырындау, баяулау, жайлау.* Қамқа ~ жауабын берді.

ЖАЙБАРАҚАТ *Бейқам, тып-тыныш, алаңсыз.* Абай көйлекшең, жамбастап *жайбарақат* жатыр (М. Әуезов).

ЖАЙБАРАҚАТСЫ *Бейқамсу, бейжайлықпен қамсыз болғансу.* Бұл кез бір ~ған уақытымыз болатын.

ЖАЙБАРАҚАТТАН *Бейжайлыққа салыну, асықпау, бейқамдану, алаңсыздану.* Біз *жайбарақаттанып* қалған едік (Сахиев).

ЖАЙБАРАҚАТТАУ *Алаңсыздау, бейқамдау, қаперсіздеу.* Мен *жайбарақаттау* күйде отыр едім (Нұршайықов).

ЖАЙБАРАҚАТТЫҚ *Бейқамдық, қамсыздық, алаңсыздық.* Ағасының *жайбарақаттығын* Омархан ұнатқан жоқ (Оразалин). □ **Жайбарақаттыққа салынды** — *арқаны кеңге салды.*

ЖАЙБАРАҚАТШЫЛЫҚ *Қаннен-қаперсіздік, бейқамдық, алаңсыздық.* Әбдіқалидың көңіліне ~ енген.

ЖАЙБАСАР *Сылбыр, шабан, керенау.* Жантекке өте бір момын *жайбасар* кісі еді (Тоғысбаев).

ЖАЙБАСАРЛАУ *Сылбырлау, шабандау, керенау.* Қасым, мен сенен гөрі *жайбасарлаумын* ғой (Қайсенов).

ЖАЙБАСАРЛЫҚ *Баяу қимылдаушылық, шабандық.* Творчествоға *жайбасарлық* жараспайды (М. Әлімбаев).

ЖАЙҒА 1. *Шаруаны ретіне келтіріп жайластыру.* Ол бүгін малды ерте *жайғап* тастады (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Қырып салу, өлтіру.* Ол ондаған жауды өз қолымен *жайғады* (Бақбергенов).

ЖАЙҒАС 1. *орт. етіс. Жайға-с.* 2. *Орналасу, жайласу.* Ол бұл күнде орталыққа *жайғасқан* (Нысаналин). 3. *Орын-орнына қойып реттеу.* Оңғар малды сойып, *жайғастырып* жатқан (Тәшенов).

ЖАЙҒАУШЫ *Орнықтырушы, жайғастырушы, реттеуші кісі.* Назила уақ малын қораға *жайғаушы* еді (Т. Нұрмағамбетов).

ЖАЙДАҒЫДАЙ *Жайшылықтағыдай, әдеттегідей. Жайдағыдай* көңілді болуға тырысты (Тұрманжанов).

ЖАЙДАЙ *Жай тәрізді.* Қалың бақтан көп жасақ *жайдай* атылып шықты (О. Сәрсенбаев).

ЖАЙДАҚ I 1. *Жазық, жадағай-жайпақ, ашық.* Есілдің *жайдақ* беті тұтасымен жазық емес (Бірмағамбетов). 2. *Терең емес, жайылып жатқан саяз.* ~ су. □ **Жайдақ арба [шана]** — *қанатсыз жадағай арба.* **Жайдақ базар** — *ашық алаңда жүргізілетін сауда-саттық.* **Жайдақ дастарқан** — *жадағай жерге салынған дастарқан.* **Жайдақ етік** — *өкшесі аласа, табаны тегіс етік.* **Жайдақ жер** — *жадағай, тақыр жер.* **Жайдақ жол** — *жазық, қара жол.* **Жайдақ қазан** — *жайпақ қазан.* **Жайдақ құдық** — *терең емес, саяз құдық.* **Жайдақ қора** — *төбесі ашық, мал қора.* **Жайдақ өзен [өткел]** — *кешіп өтетін таяз өзен.* **Жайдақ вагон** — *жүк тасуға арналған үсті ашық вагон.* **Жайдақ тартты** — *деңгейі төмен түсу, тартылу.* **Жайдақ шай** — *жемсіз құр шай.* **Жайдақ шам** — *шынысы жоқ, білтелі шам.*

ЖАЙДАҚ II *Ері жоқ, ер-тоқымсыз.* Жаман ерден *жайдағым* жақсы (Мақал).

ЖАЙДАҚ III *Құр, жай, дәлелсіз.* Бұл сотта сөйлейтін сөз емес, *жайдақ* философия (Шашкин). □ **Жайдақ сөз [әңгіме, баяндау]** — *құр әшейін бос әңгіме.* **Жайдақ ұғым [білім]** — *бос түсінік, таяз білім.*

ЖАЙДАҚСЫ *Қорашсыну, қарапайым, жұпыны болғансу.* Паңсымай, *жайдақсымай,* ірі жүрмек (Абай).

ЖАЙДАҚТА I 1. *Жадағайлау, тегістеу.* 2. *Сылап-сипау, жуып-шаю.* Зиба *жайдақтай* сөйледі (Қазыбеков). 3. *Ауыс. Оңтайлап, жеңіл-желпіге санау. Жайдақтап* жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын (М. Әуезов).

ЖАЙДАҚТА II *Көліктің үстіндегі ерді, ашамайды алып тастау. Жайдақтаған* жауыр болады, Жабдықтанған тәуір болады (Мақал).

ЖАЙДАҚТАУ 1. *Жадағайлау, аласалау, жайпақтау.* Айнала *жайдақтау* келген қырат жон (Қаназов). 2. *Ауыс. Жеңіл-желпі, қағытпа, қарапайым.* Айбекті Фарида *жайдақтау* қалжыңмен қарсы алды (Зәкенов).

ЖАЙДАҚТЫҚ *Жай қарапайымдылық, жұпынылық.* Табиғатындағы *жайдақтық* пен жеңіл-желпілікті солайша жуып-шаяды (Қабдолов).

ЖАЙДАҚЫ *Жеңіл-желпі, үстіртін, тайыз.* Ол көбінесе *жайдақы* шығатын ойдың адамы емес (Ғ. Мүсірепов).

ЖАЙДАН-ЖАЙ *Құр бекер, тектен-тек, бостан-бос.* Осы боранда *жайдан-жай* жүрмеген шығарсың (Нұрмаханова).

ЖАЙДАР *көне. Бұхардың саудагер қазағы* (Н. Ильминский).

ЖАЙДАРМАН *Ақ көңіл, жарқын жүзді, жайдары.* Жаңа жерлерді игеру *жайдарман* халқымыздың жақсы қасиеттерін желпіндіре түсті (Саин).

ЖАЙДАРЫ 1. *Жарқын жүзді, ақ көңіл, ашық, кішіпейіл, мейірімді, мейірбан.* Жайшылықта жылы жүзді – адам. 2. *Ауыс. Маужырамаған, тамылжыған шайдай ашық.* Бүгін жаздың тамаша бір *жайдары* күні (Мусин).

ЖАЙДАРЫЛА *Айқындау, анықтау етіп.* Жай сөзбен *жайдарылап* енді айтамын (Айтыс).

ЖАЙДАРЫЛАН 1. *Жабырқамау, көңілдену, мейірлену.* Күміс те *жайдарыланып,* көрген-білгенінің бәрін ағытып салады (Майлин). 2. *Ауыс. Жайма-шуақтану, тамылжу.* Табиғат -а түсті.

ЖАЙДАРЫЛЫҚ *Жарқын жүзділік, ақ көңілділік, кішіпейілділік, мейірімділік.* Ол ақылды, *жайдарылығының* үстіне адамшылығы мол (Жансүгіров).

ЖАЙДАУЫТ *Жайдақтау, терең емес, таяздау.* Өзен үсті *жайдауыт* өткел (Жәмішев).

ЖАЙ-ЖАҒДАЙ *Хал-ахуал, жағдай, жай-күй.* Олар жапырласып *жай-жағдайды* білісіп жатыр (Ақышев).

ЖАЙ-ЖАЙЫНА *Бет-бетіне, алды-алдына, тұстұсына.* Қыс түсті, жігіттер *жай-жайына* тарады (Жансүгіров).

ЖАЙ-ЖАПСАР *Хал-жай, жай-жағдай, істің мән-жайы.* Шешесі баласының *жай-жапсарын* сұрастырады (Баялиев).

ЖАЙ-ЖАПСАРЛА *Анықтап, тәптіштеп айту.* Шәкей үрейлі хабарды *жай-жапсарлап* жеткізді (С. Жүнісов).

ЖАЙ-ЖОСЫҚ *Мән-жай, хал-жағдай, істің мәні, жай-жапсары.*

ЖАЙ-КҮЙІ *Хал-жай, хал-ахуал, жай-жапсар, тұрмыс жағдай.* Ауылдың *жай-күйін* хабарлап тұрындар (Ерғалиев).

ЖАЙҚА 1. *Қағу, жайқау, жайпау.* Ол соңғы рет төмендеп кеп, бір *жайқап* өтті (М. Әуезов). 2. *Бүлгау.* Ол қолын *жайқап,* белгі етті (Қабдолов).

ЖАЙҚАҒАН *көне. Жайлаған, мекендеген.* Бидайықтың көл *жайқаған* жалғызы (Қазтуған жырау).

ЖАЙҚАҚТА *Паңданып шайқақтау, кердеңдеу, шайқаңдау. Жайқақтаған* жап-жас келіншек жастық тастады (Ысқақов).

ЖАЙҚАЛ 1. *Егіннің не шөптің ырғалып шайқалуы, толқуы, тербеле теңселуі. Жайқалған* егін жаппай пісуге айналды (Қазыбаев). 2. *Желбіреу, желкілдеу.* Кемелерде қызыл жалаулар *жайқалады* (Ә. Сәрсенбаев). 3. *Ауыс. Кердеңдеу, шайқақтау, шайқалу.* Әлима жеңгей *жайқала* басып шығып кетті (Мағауин).

ЖАЙҚАҢ *Шалқақтап кердеңдеген, қайқаңдаған, паң.* Жайшылықта *жайқаң* болыстар осы жиында құныса қалған (Ғ. Мұстафин).

ЖАЙҚАҢДА *Қайқаңдап жүру, кердеңдеу. Жайқаңдап* бәйбіше келді (Ә. Нұрпейісов).

ЖАЙҚУАТ *Жайбарақат, қаннен-қаперсіз, бейқам. Жайқуат* жатқан шағын ғана ауыл (Бегалин).

ЖАЙҚЫ *Жапыру, басып-жаншу, таптау.* Көкбөрі шөп басын *жайқымастан* бергі жағына ырғып түсті (К. Ахметбеков).

ЖАЙҚЫН 1. *Кең жайылып жатқан, айдын, шалқар (егін, су). Жайқын* көлдің бетінде қоңыр қаз қаңқылдаған (Ақан сері). 2. *Ауыс. Бітік, қалың, тығыз.* Ауылдың арқа жақтарының бәрі де кең *жайқын* егін екен (Сыланов).

ЖАЙҚЫНДАЙ *Жайқын сияқты.*

ЖАЙЛА I 1. *Орын тебу, қоныстау, мекендеу.* Қаратауды *жайлап* жатқан жалпақ жұрттың шаруасы біткен емес (Д. Досжанов). 2. *Жазды күнгі мал жайылымы, жайлау.* Торғайдың кей ауылдары өзендерді *жайлап* қайтады (С. Мұқанов). 3. *Ауыс. Қаптау, басып кету.* Егінді -ған арамшөп.

ЖАЙЛА II 1. *Реттеп жайғастыру, жөндеу.* Аттың шөбін салып *жайлап* болған Қалтай да үйге кірді (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Жоқ қылу, жою, өлтіру.* Олар екі казак-орысты тау арасына апарып *жайлап* кетіпті (Жансүгіров).

ЖАЙЛА III *Ептеп-септеп, ақырындап.* -п үн қатты, орнынан -п түрегелді.

ЖАЙЛАҚ *жерг. Кеме тоқтайтын жер, айлақ.* Баржа Днепрдің оң жағындағы *жайлаққа* тақау тұр (Тоқаев).

ЖАЙЛАС 1. *орт. етіс. Жайла-с.* 2. *Жайғасып орналасу, бірігіп жайлау.* Ауылдар Торғай өзені бойына *жайласты* (Есенберлин).

ЖАЙЛАСТЫР 1. *өзг. етіс. Жайлас-тыр.* 2. *Жөнге келтіру, реттеу, жайғастыру.* Екеулеп бар малды қораға *жайластырып,* үйге келді (Байтанаев). 3. *Ауыс. Жайрату, өлтіру, қыру.* Бәрін де жатқандардың *жайластырып,* Қылыштап қалғандарын қоймай қуған (Ізтілеуов).

ЖАЙЛАУ I *Жазда жайлайтын, биік таудағы не шүйгін шөпті жазықтағы мал жайылымы.* Мал *жайлауға* көшіп кеткелі қашан (Етекбаев). ◊ **Жайлауы жарасты** — *бірін-бірі түсініп, сыйлас болды.*

ЖАЙЛАУ II *Баяулау, ақырындау, солғындау.* Қазір толқын да бастапқыдай емес, *жайлау* (Райымқұлов).

ЖАЙЛАУДАЙ *Жайлау сияқты.*

ЖАЙЛАУЛАС *Жаз жайылымы, жайлауы бірге, қатарлас, аралас.* Бұрылы болыстарымен *жайлаулас* (Бегалин).

ЖАЙЛАУЛЫ *Жайғаулы, реттеулі, сайлаулы.* Жолаушы – түрған атының жанына барды.

ЖАЙЛАУЛЫҚ *Мал жайылым боларлық, мал бағуға лайықты (жер).* Әдеттік правоға *жайлаулық,* қыстаулық жерлерді пайдалану тәртібі жатады (ҚазССР тарихы).

ЖАЙЛАУЫТ *Жайдақтау, тегістеу, жайпақтау келген.* Арнасына қарай шегіне түскен – жағалау.

ЖАЙЛАУЫШ *Көп мінілген арық, қоңсыз ат. Жайлауыш,* тай-тулақ та шапты еліріп (Бегалин).

ЖАЙЛЫ I 1. *Ыңғайлы, қолайлы, жағдайлы.* Ол көлдер құстардың ең жақсы, ең *жайлы* жайлауы (Тиесов). 2. *Ұнамды, жағымды.* Сол кезде топ ішінен құлаққа *жайлы* ұн келді (Малдыбаев). ◊ **Жайлы [жақсы] жатып, жақсы [жай] тұрыңыз!** — *қайырлы түн болсын.* **Жайлы жүріп, жақсы жет (тілек)!** — *жолың болсын, аман-сау бар.*

ЖАЙЛЫ II *Бір құбылыс туралы, сол жайында.* Өңгіме Сәрсенбек ағайым ***жайлы*** (Б. Соқпақбаев).

ЖАЙЛЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, қолайлылық.* Сен самолеттің ***жайлылығына*** сүйсінесің (Ә. Шәріпов).

ЖАЙЛЫРАҚ *Ыңғайлырақ, қолайлырақ, жағдайлырақ.* Поездың жүрісі ~ болады.

ЖАЙМА I 1. *Құрт, ірімшік т. б. кептіру үшін жасалған өре.* Көрші үйлердің ***жаймадағы*** құртын неғылсын (Бодықов). 2. *Базарда киім-кешек, әр түрлі бұйымдарды жайып қойып сату үшін жасалған орын.* Көшенің екі қабағы толған сауда ***жаймалары*** (Шәріпов). □ **Жайма базар** — *ескі-құсқы, ұсталған бұйымдарды жайып, сауда жасайтын орын.*

ЖАЙМА II *Жадағай, жайдақ, саяз.* Қайықты судың ***жайма*** тайыз жағына қарай бұруға бұйырды (С. Мұқанов). □ **Жайма жал** — *жан-жағына жайыла төгілген қалың жал.* **Жайма төсек** — *жерге жайып салатын жер төсек.* **Жайма шана** — *қанатсыз жадағай шана.*

ЖАЙМА III *Жұқа ақ мата төсеніш; простыня.* Көп аурудың ортасында ***жайма*** жапқан бір төсек тұр (Шалабаев).

ЖАЙМА IV *Талдан торлап тоқыған құрал, зембіл.* Жаралы серіктерін ***жайма*** жасап жатқызып, көштің соңынан ала жүрді (Есенберлин).

ЖАЙМА-ЖАЙ 1. *Бекерден-бекер, бостан-босқа.* Жайма-жай жапан түзді жатты жайлап (Ізтілеуов). 2. *Жайбарақат, тып-тыныш.* Орнына отырысты жүрт ***жайма-жай*** (Үш ғасыр).

ЖАЙМА-ҚОҢЫР *Жайымен, біркелкі, баяу.* Жолаушының есіне ~ әуен түсті.

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАТ 1. *Домбыра не қобызды жайлап, баяу ойнау, бірсарында жайлап тарту.* ***Жайма-қоңырлатып,*** әуелете шертіп ән келе жатты (Сыланов).

ЖАЙМА-ҚОҢЫРЛАУ *Жайлау, баяулау.* Өзеннің арғы бетінен ~ дауыс біртіндеп жақындап келеді.

ЖАЙМАЛА 1. *Жайпақтап жайып тегістеу, жаю.* Бала шикі бидайды жаймалады (Түрсынбаев). 2. *Ауыс. Жалғастыру, сабақтау, қолпаштау.* Қорамсақ Ғалияның сөзін одан әрі ***жаймалап*** әкетті (Тілеков). 3. *Етті мүше-мүшеге бөлу, бөлшектеу.* Мекетай қойдың етін ~ды.

ЖАЙМА-ШУАҚ 1. *Шуақты, тамылжыған, жадыраған, ашық.* Қыстың ***жайма-шуақты*** бір күнінде Садық келді (Әлімжанов). 2. *Ауыс. Жылы лебізді, жайдары, ақ жарқын.* Қарасай кемпірінің ***жайма-шуақ*** сөзіне іштей риза болды (С. Жүнісов).

ЖАЙМА-ШУАҚТА *Жуып-шаю.* Келін-ау, деп енді ***жайма-шуақтай*** бастады (Түменбаев).

ЖАЙМА-ШУАҚТАН 1. *Күн көзі жадырап ашық, жылы болу.* Күн ***жайма-шуақтанып,*** жадырай бастады (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Көңілдену, жайнау, жадырау, ақ көңілдену.* Офицер қайтадан ***жайма-шуақтана*** еркеледі. (Ә. Сәрсенбаев).

ЖАЙМА-ШУАҚТАУ *Күн көзі ашықтау, жылылау, күн шуақтылау.*

ЖАЙМА-ШУАҚТЫҚ *Жылылық.* Күннің ~ғы денеңді маужыратады.

ЖАЙМАШЫ *жерг. Базардағы ұсақ-түйек сатып отыратын адам.* Біреулері қауын-қарбыз сатып отырған ***жаймашыға*** қарай жүгірді (Төреқұлов).

ЖАЙНА 1. *Алуан түрге еніп құлпыру, жарқырау.* Электр шамы ~п кетті. 2. *Көздің нұр шашып жайнаңдауы.* Қара көзі ~п тұр. ◊ **Жайнап сала берді** — *масайрады, жайраң қақты.*

ЖАЙНАҚ 1. *Алуан түрлі түс.* Ол ***жайнақтың*** өзі еді (Сыланов). 2. *Ақ жарқын, ақ көңіл, жайдары.*

ЖАЙНАҚТА *Жарқылдау, жарқ-жұрқ ету.* Көк шатырлап, жайлар түсті ***жайнақтап*** (Жансүгіров).

ЖАЙНАҚЫ *Жайнаң қаққан, жарқылдаған.* ~ көзім жасаурап.

ЖАЙНАҚЫЛЫҚ *Жарастық, ақ жарқындық, ашықтық.* Жастық ***жайнақылық*** пен ойнақылық адыра қалды (Тұрманжанов).

ЖАЙНАМАЗ *Намаз оқитын кезде арнайы жерге жаятын кілемше, таза мата сияқты жайылғы.* Нағима байының қара бөкебайын ***жайнамаз*** ғып жайды (Б. Майлин).

ЖАЙНАМАЗДЫҚ *Намаз оқуға керекті таза мата.*

ЖАЙНАҢ: жайнаң қақты — *құлпырып күлмең қақты, көзі жайнаңдады, күлім қақты.*

ЖАЙНАҢДА *Жайраң қағу, құлпыру.* Балаша ~п мәз болды.

ЖАЙПА 1. *Жаппай қырып-жою, құрту, жамсату.* Жауды оңды-солды ~й берді. 2. *Жапырып-жаншу, таптау.* Малды бос қоя берсе, шөпті бір-ақ күнде ***жайпап*** тастайтын (Ақышев). 3. *Сыпырып-сиырып жеу, тып-типыл ету.* Мал төңіректе сының шөп қалдырмай ***жайпайды*** (Есенжанов).

ЖАЙПАҚ 1. *Теп-тегіс, жалпиған.* ~ өкшелі етік. 2. *Жайылып жатқан жайдақ, тайыз су.* Көлдің құбыла беті болмаса, басқа жағалары ~.

ЖАЙПАҚТА *Тегістеу, жаймалау.* Лайдың бетін қолмен ~ды.

ЖАЙПАҚТАУ 1. *Тегіс келген, жалпақтау.* ~ ыдыс (табақ). 2. *Жайдақтау, саяздау.* Өзеннің ~ жерінен өттік.

ЖАЙПАҢ I *Бәйпең қаққан, жайдары.* Назымның құдай ***жайпаң*** жеңгелері (Қамбар батыр).

ЖАЙПАҢ II *Жайпақ, қайраң, таяз.* Суды жағалап жүріп бір ***жайпаң*** жеріне кез болдық (Момышұлы).

ЖАЙПАҢДАУ *Жайпақтау, тегістеу.* ***Жайпаңдау*** жерден зырғытып, ойлау жерден ырғытып (Сейфуллин).

ЖАЙПИ *экспр. Тайпақ, тайпию, жалпию.* ~ған үйдің алдынан өтіп барады.

ЖАЙРА I *зоол. Жүні ине тәрізді сүт қоректі кеміргіштер тобына жататын кірпінің бір түрі; дикобраз.*

ЖАЙРА II 1. *Қирау, бүліну, сыну.* Механизм бөлшектері ***жайрап*** жатыр (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Қырылу, өлу.* Фашистер ~п жатты. 3. *Сұлау, сілею.* Ақан ***жайрап*** жатқан Құлагердің үстінен шығады (Т. Әлімқұлов).

ЖАЙРА III *Жарқырап жайнау, жадырау, жайнаң қағу.* Қара сақалды қазақ өз үйіндей ***жайрап*** отыр (Ғ. Мұстафин).

ЖАЙРАҒЫР *қарғ. Жер жастанғыр, мүрдем кеткір, ішек-қарны ақтарылып қалғыр.* Мына ~дың ісін қарашы!

ЖАЙРАН *зоол.* Киік тобына жататын әдемі түз жануары, қарақұйрық.

ЖАЙРАҢ *Көңілі шат, жайдары.* Ас үйдегі жас әйел ғана ***жайраң*** (Ғ. Мұстафин). ◊ **Жайраң қақты** — *жайнаң қағу, жайнаңдады.*

ЖАЙРАҢДА *Көңілі жадырап, жайраң қағу, жайнаңдау.* Балзия кабинеттен жадырап, *жайраңдап* шықты (Тоқмұрзин).

ЖАЙРАҢДЫҚ *Жайдарылық, жайнаңдаушылық.*

ЖАЙРАҢ-ЖАЙРАҢ: жайраң-жайраң етті — *шат-шадыман болды, жайнаң қақты, жайнаң-жайнаң етті.*

ЖАЙРАҢҚЫ *Жадыраңқы, жайдары, көңілді.* Сен тұрасың *жайраңқы* дидарыңмен (Әбілев).

ЖАЙРАТҚЫШ *Сұлатып, серейтіп салғыш, қиратқыш, қырып салғыш. Жайратқыш* — бомба, қиратқыш бомба (Ш. Смаханұлы).

ЖАЙРАТЫМПАЗ *Жойымпаз, қиратып салғыш, жойғыш.* Адамның *жайратымпаз* емес, жасампаз екенін сонда ғана ұққандай боласың (Ә. Шәріпов).

ЖАЙРАУЛЫ *Астан-кестең, бет-бетімен шашылған күйі, қираған қалпында.* Жүгі қалды *жайраулы* (Көруғылы).

ЖАЙСАҢ *Жайдары жүзді, мейірімді, шапағатты.* Нұржұма жігіттің *жайсаңы* (Есламғалиев). ◊ **Жақсы мен жайсаңдар** — *атақты, белгілі адамдар, жақсылар.*

ЖАЙСАҢДЫҚ *Жайдарылық, жарқындық, мейірімділік, шапағаттылық.* Жүзінен *жайсаңдықтың* лебі есіп тұр (Саржайлау).

ЖАЙСЫЗ *Ынғайсыз, лайықсыз, қолайсыз.* Ол кісінің жатысы *жайсыз* (О. Сәрсенбаев).

ЖАЙСЫЗДАН 1. *Қолайсыздану, ыңғайсыздану, жағдайсыздану.* Бүліктен қатты *жайсызданды* (Ләмбеков). 2. *Тиышы кету, мазасыздану.* Сәлден соң ауру *жайсыздана* талықсып кетті (Алдабергенов).

ЖАЙСЫЗДАУ 1. *Ынғайсыздау, лайықсыздау, қолайсыздау.* Екеуінің арасында *жайсыздау* бір әңгіме болған еді (Тілегенов). 2. *Беймазалау, тынышсыздау.* Нинаның күйеуінің мінезі *жайсыздау* (Жұмаділов).

ЖАЙСЫЗДЫҚ *Қолайсыздық, ыңғайсыздық, жағдайсыздық.* Қауырт келген топ күн райының *жайсыздығын* да ала келгендей болды (М. Әуезов).

ЖАЙТ *Жай-күй, жағдай.* Болған *жайтты* Жұпарға бұрқ еткізіп айтты (Досымов).

ЖАЙТАБАН: жайтабан етік — *аласа өкшелі қарапайым етік.*

ЖАЙТАҢ: жайтаң қақты — *жайраңдады, жайнаң қақты.*

ЖАЙТАҢДА 1. *Жайраң қағу, жайнаңдау, нұрлану, мәз-мейрам болу.* -п тұрып, енді ғана өзгеріп кетті. 2. *Ойнақшу, ойнақтау.* Сандалкөк *жайтаңдап* шыға келді (Әбдіразақов).

ЖАЙУАТ *Байсалды, сабырлы, жайбарақат.* Артына *жайуат* қарап, атынан түсті (Ғ. Мұстафин).

ЖАЙША I *Жай, жай ғана.* ~ шақырдыңыз ба?

ЖАЙША II *Нажағай сияқтанып, нажағайша, жай тәрізденіп.* Толқындар *жайша* атылып, зулай ағады (Құрманғалиев).

ЖАЙШЫ *көне. Құдайға жалбарынып, дұға оқу арқылы ауа райын өзгертіп, жауын жаудыратын сиқыршы.*

ЖАЙШЫЛЫҚ *Жайбарақаттық, бейбіттшілік, тыныштық. Жайшылық* өмірде әйеліне арқа сүйеп, сеніп қалған (Ә. Нұрпейісов).

ЖАЙШЫЛЫҚТА *Жай уақытта, әншейінде, әдетте. Жайшылықта* бәрі жақсы, адам қиыншылықта сыналады (Арыстанов).

ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫ *Жай уақыттағы, әншейіндегі, әдеттегі.* ~ жақ тындырмайтын әңгімелер.

ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫДАЙ *Әншейіндегідей, жай кездегідей, әдеттегідей.* Баласын ~ аймалап отыр.

ЖАЙЫҚ 1. *Көңілі жайлану, жай табу, разы болу.* Мен барсам көршіміз ~ғып отыр екен. 2. *Мол болу, берекелі болу.*

ЖАЙЫЛ I 1. *ыр. етіс. Жай-ыл.* 2. *Жазылу, жазу, жаю.* Дастарқан ~ды, ~ған қол. 3. *Таралу, таралып кету, жайылып кету.* Су ~ып кетті, сия қағазға ~ды. 4. *Аты кеңінен белгілі болу, мәлім болу.* Оның аты кеңінен ~ды. 5. *Құс қанатының жазылуы, созылып кетуі.* Аспанда құстың қанаты ~ды.

ЖАЙЫЛ II *Жайылымда болу, өрісте оттау.* Далада *жайылып* жүрген үйір-үйір жылқы (А. Сатаев).

ЖАЙЫЛҒЫ *Жерге төсейтін төсеніш.* Екі брезент *жайылғыны* жайдырып қойды (Әсіпов).

ЖАЙЫЛМА I *Жазғытұрым өзен, қар суы көп жайылатын алқап.* Өзеннің бас жағы *жайылма* екен (Тоқаев). □ **Жайылма сөйлем (грамм.)** — *бастауыш, баяндауыштан басқа тұрлаусыз мүшелері де бар сөйлемнің түрі.*

ЖАЙЫЛМА II *Жайылыңқы, шашыранды.* ~ ұзын сақал (бұлттар).

ЖАЙЫЛМАЛЫ *Жайылған арнасынан асып, таралып, жайылып жататын.* ~ суды құрғатып, егін салудамыз.

ЖАЙЫЛЫМ 1. *Ауыл маңынан шалғайлау жатқан оты мол өрістік жер; жайылыс.* Көп сиырды ~ға айдады. 2. *Шөбі көк майса, шүйгін жайылма.* 3. *Судың арнасынан асып, жайылып жататын жері.* Шежін су *жайылымы* аудан табиғатына мейлінше әр беріп тұр (Байболатов).

ЖАЙЫЛЫМДЫ *Мал жайылатын шөбі шүйгін, көк майсалы.* ~ кең аймақтар.

ЖАЙЫЛЫМДЫҚ *Мал жайылатын шөбі шүйгін, көк майсалы өрістік.* Қазақстанда 177 миллион гектар *жайылымдық* жер бар (Жұмағұлов).

ЖАЙЫЛЫҢҚЫ *Көп тармақты, тарам-тарам, сала-сала.* Терек діңінің жуандығы біркелкі, бұтақтары *жайылыңқы* (М. Ахметов).

ЖАЙЫЛЫП-ЖАЛПАЙ *Асты-үстіне түсу, құрдай жорғалау.* Майасар *жайылып-жалпайып*, сыр алдыра қоймады (Хангелдин).

ЖАЙЫЛЫС 1. *Мал өрісі, жайылым.* Қой аяғы баяулап, *жайылысқа* тоқырады (Домбаев). 2. *Малдың өрісте жайылу, оттау кезі.* Әрбір малдың *жайылыс*, жүріс-тұрысына көз салды (Бегалин).

ЖАЙЫМЕН 1. *Байсалды түрде, салмақты қалпында, баяу.* Төрде тұрған Сұлтанмахмұт *жайымен* жауап берді (Әбілев). 2. *Алаңсыз, қаннен-қаперсіз, жайбарақат.* Мұқтар қымыз ішіп отыр *жайымен* (Әбілев).

ЖАЙЫН 1. *Басы үлкен, ірі, жыртқыш балық; лақа.* 2. *Ауыс. Зор, керемет.* Жер күңіренткен *жайын* үн шықты (М. Әуезов). ◊ **Жайын ауыз** — *үлкен, лақа ауыз.*

ЖАЙЫНДА *Жөнінде, туралы, хақында.* Омардың әңгімесі Амангелді *жайында* (Мәуленов).

ЖАЙЫНДАЙ *Тым үлкен дағарадай.* Қабыланның ~ аузы.

ЖАЙЫНДЫҚ *Жойқын ірілік, керемет қуаттылық.* Көксеректе кәзірде бұрын ешқашан білінбеген долылық, *жайындық* бар еді (М. Әуезов).

ЖАЙЫНША I *Жайын сияқты, жайындау.* Аузын ~ аштың.

ЖАЙЫНША II *Алаңсыз, жайымен, өз беттерінше.* Олар ~ карта ойнап отыр.

ЖАЙЫҢҚЫРА 1. *Сәл, біраз уақыт оттата, жая тұсу.* Аттарын *жайыңқырап* алғысы келген (Ө. Жәмішев). 2. *Кеңейтіңкіреу, созыңқырау.* Өлде де ~, сыймай қалып жүрер.

ЖАЙЫРАҚ 1. *Баяуырақ, ақырынырақ, сәл бәсеңірек.* ~ сөйлесек қайтеді. 2. *Кейінірек, кешірек.* ~ келермін (кірісті).

ЖАҚ I 1. *Адамның, жан-жануардың қызыл иек пен тіс орналасқан бет сүйегінің төменгі бөлігі.* Баланың ~ жүні үрпиіп кетіпті, үстіңгі және астыңғы ~ сүйектері. 2. *Кимешектің жағы, жиегі.* Кимешектің *жағын* жібекпен жиған (Ғ. Мұстафин). ◊ **Жағы жағына жұқпады [тимеді]** — *зыпылдап тез-тез сөйледі.* **Жағы жоқ** — *суырыла жөнелетін шешен, ақпа жүйрік.* **Жағы қарысты** — *сөзден тосылды, үні өшті.* **Жағына пышақ жанығандай** — *қу сүйек боп жүдеген, арық.* **Жағын аштырмады** —*сөйлетпей тастады, үндетпеді.* **Жағын сауды** —*тіл мен жағына сүйенді, зар қақсады.* **Жағы солды [суалды]** — *жүдеді, жадау тартты.* **Жағы талды** — *айта-айта қажыды, шаршады, көп сөйледі, зар қақты.* **Жағы түсті** — *қаусап, әбден қартайды.* **Жағы тынбады** — *сарнап, ауыз жаппады.* **Жақ ашпады** — *тіс жарып сөйлемеді, үндемеді.*

ЖАҚ II *көне. Кермесіне жебе салып тартатын садақ, жай.* Есен талды кесіп алды да, екі басын иіп, *жақ* жасады (Ф. Дінисламов).

ЖАҚ III 1. *Белгілі бір тұс, тарап.* Арғы ~, жоғарғы ~. 2. *грамм. Сөйлеушіні және оның кіммен сөйлескенін білдіретін грамматикалық категория.* Үшінші ~ пен баяндады, ~ жалғауы.

ЖАҚ IV 1. *От жағу, тұтату, тамызу.* От ~ты. 2. *Қызу, күшейту, қыздыру.* Пеш ~ты, монша ~ты. 3. *Электр жарығын қосу, шам жағу.* Электр шамын ~ты.

ЖАҚ V 1. *Жұғып сіңетіндей етіп үйкелеу, жағу.* Май ~ты, бояу ~ты. 2. *Ауыс. Қаралау, жала жабу.* Таза махаббатқа кір ~ты (бәле, күйе).

ЖАҚ VI 1. *Жақсы көріну, ұнау, жағыну.* Сөзі ~ты, құлағына ~ты. 2. *Ем болу, ас болу, сіңу.* Дәрісі ~ты, ішіне тамақ ~ты.

ЖАҚ VII *Бір нәрсенің жай-жапсары, жөні.* Жазу ~ғы, жастар ~ғы.

ЖАҚ VIII *Біреуді қолдау, жақтау, жақ болу.* Қозы мен Баянға ~ болды.

ЖАҚ IX *Заттың, нәрсенің жиегі, қыры, шеті.* Темірдің жіңішке ~ғы.

ЖАҚАУРА *Емеурін білдіру, алдарқату, жақтыру.* Ол ~тып сұрай бастады.

ЖАҚ-ЖАҚ *Жік-жік, топ-топ.* ~ боп айтысты.

ЖАҚҚЫШ I *техн. Электр тогын қосқыш, электр шамын жандыратын тетік.*

ЖАҚҚЫШ II *Көңілден шыққыш, ұнағыш, жағымтал.* Кісіге ~.

ЖАҚПАР *Қатпар-қатпар, текше.* Шыңдағы ~ қия (тас).

ЖАҚПАР-ЖАҚПАР *Қатпар-қатпар, текше-текше.* ~ заңғар биік жартас.

ЖАҚПАРЛАУ *Қатпарлау келген, текшелеу. Жақпарлау*, қоңыр тас, тобылғы өскен беткей (Ж. Молдағалиев).

ЖАҚПАРЛЫ *Қабатты, қатпарлы, текшелі.* ~ жар тас (жоталар, асулар).

ЖАҚСАР *Сапасы арта түсу, түзелу, оңалу.* Оқушылардың сабақты үлгеруі ~ды, халықтың әл-ауқаты ~ды.

ЖАҚСЫ 1. *Жаман емес, оңды, тәуір.* ~ ән (ниет, тілек). 2. *Ақылды, тәрбиелі, саналы, адамгершілік қасиеті мол (адам).* Баланың *жақсысы* қызық, жаманы күйік (Абай). 3. *Ауылдың белді, беделді азаматы.* Елдің *жақсылары* тегіс жиналды (Есенберлин). 4. *Иә, қош, мақұл деген сөздің орнына жүреді. Жақсы,* мен бүгін сендерге жаңа сабақ бастамай-ақ қояйын (Еркебаев). □ **Жақсы болды** — *дұрыс болды, оң болды.* **Жақсы болсын, жаман болсын** — *әйтеуір, қалай болмасын.* **Жақсы көрді** — *ұнатты, жаратты.* **Жақсы қарамады** — *жақсы көрмеді, ұнатпады, жақтырмады, жаратпады.*

ЖАҚСЫАТ *Абырой, атақ.* ~қа ие болды.

ЖАҚСЫАТТЫ *Жақсы атқа ие. Атақты болды, сый-құрметке ілікті.* ~ көріну, ~ болу. 2. *Жақсы көріну.* Қарабайға ~ көріну үшін жасады.

ЖАҚСЫ-ЖАЙСАҢ *Ығай мен сығай, жайсаң мен қасқалар, таңдаулы адамдар.* Келгендердің бәрі ~дар.

ЖАҚСЫ-ЖАМАН *Әр қилы, әр түрлі. Жақсы-жаман* көргенің, Ойлай берсең у екен (Абай). ◊ **Жақсы-жаманның біразын көрдік** — *қызық-қиыншылықтың, әртүрлі нәрсенің бәрін бастан кешірдік.*

ЖАҚСЫЗ *Жақтаусыз, жағы, жақтауы жоқ.* Болмаса жансыз, *жақсыз* мешеу үйлер (Бегалин). □ **Жақсыз сөйлем** — *үш жаққа тән белгілі бастауышы жоқ сөйлем.*

ЖАҚСЫЛА 1. *Дәріптеу, мақтау, мадақтау.* Сен жаман айтсаңдағы *жақсылаймын* (Айтыс). 2. *Әдемілеу, дұрыстау, оңдау.* ~п жазды (оқыды).

ЖАҚСЫЛАУ *Тәуірлеу, дұрыстау.* ~ киім (тамақ, үй).

ЖАҚСЫЛЫ-ЖАМАНДЫ *Жақсысы да, жаманы да бар, ірілі-ұсақты, әр түрлі, әр қилы.* ~ мақалалары көп.

ЖАҚСЫЛЫҚ 1. *Қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік.* Туған-туыстың ~ғын ұмытпа. 2. *Белгілі бір заттың бойындағы тәуір қасиет, сапа.* Ел ~ғы.

ЖАҚСЫРАҚ *Өзгеден гөрі дұрысырақ, тәуірірек.* Өленді ~ жазды. Сөзді ~ білетін.

ЖАҚТА *Біреудің сөзін сөйлеу, қолдау, қоштау, қорғау.* Ел мақтаған жігітті қыз *жақтайды* (Мақал).

ЖАҚТАҒЫШ *Қолдағыш, қоштағыш, қорғағыш.* Хан тұқымы бола тұра қараны *жақтағыш* (Аманшин).

ЖАҚТАС *Пікірлес, ниеттес, тілектес.* Бізге ~ адамдар.

ЖАҚТАСТЫҚ *Пікірлестік, ниеттестік, бірін-бірі қолдаушылық.*

ЖАҚТАУ I 1. *Есік-терезені, қақпаны орнықтыру үшін жасаған қорап.* 2. *Бір нәрсенің екі қыры, жиегі.* Жолдың екі ~ы. 3. *Жүгеннің екі жақ бойы.* Көрінер жүген сұлу *жақтауымен* (Айтыс).

ЖАҚТАУ II *Сәнді сырт киімдердің жауырынына бастыра сыртынан қондырылған иініш есепті нәрсе.* Жауырындары *жақтаулы* (Батырлар жыры).

ЖАҚТАУЛЫ *Жақтау салынған, қорапты.* ~ есік, қос ~ қақпа.

ЖАҚТАУША *Кішірек жақтау.*

ЖАҚТАУШЫ *Бір нәрсені құптап қуаттаушы, мақұлдаушы, қолдаушы.* Бейбітшілікті ~, әділдікті ~.

ЖАҚТЫҚ *Белгілі бір жаққа қатысты, жаққа тән.* Бір ~. □ **Жақтық жалғау** — *істің кімге, қай жаққа тәндігін көрсететін грамматикалық қосымша.*

ЖАҚТЫР 1. *өзг. етіс. Жақ-тыр.* 2. *Ұнату, жарату. Жақтырдым* мен соңғы жазған жырымды (Нәжімеденов).

ЖАҚТЫРМАҒАНДЫҚ *Жөн көрмегендік, ұнатпағандық.* Бұл оның *жақтырмағандығының* белгісі (Ғ. Мұстафин).

ЖАҚУТ *Көк, жасыл, қызғылт түсті, қымбат бағалы асыл тас.* Қызыл ~ білезік, ~ тас қадаған бас киім.

ЖАҚУТТАЙ *Жақұт тәрізді, жайнаған, жарқылдаған.* ~ жарқылдаған, ~ жайнап жер үсті.

ЖАҚУТТЫ *Жақұты бар. Жақұт орнатқан.* Құлағында мың құбылған ~ сырға.

ЖАҚУТША *Жақұт тәрізденіп құлпырып, жарқылдап.* ~ жарқырады (құлпырды).

ЖАҚША I *Айшық түріндегі тыныс белгісі және математикалық таңба.* ~ ашты, пішіні ~ тәрізді.

ЖАҚША II *Жақ сияқты.* Белімді *жақша* иіп, шалқалаймын (Тобағабылов).

ЖАҚШАЛА *Жақша ішіне алу.* Осы сөздерді *жақшалап* отырып жазыпты (Қыдырханов).

ЖАҚШАЛЫ *Жақшаға алынған.* ~ мысал есептері.

ЖАҚЫ *Құлын терісінен тігілген жеңіл сырт киім, тайжақы.* Үстіне қара құлын *жақы* киген (Мағауин).

ЖАҚЫН 1. *Арасы алыс емес, таяу.* Айға ~, үй арасы ~. 2. *Ағайын-туған, туысқан.* Жаман *жақынын* сыйламас (Мақал). 3. *Ауыс. Көңілдес, ашына, тамыр.* Шоқанды "бұл қызбен де *жақын*" дейді (С. Мұқанов). □ **Жақын жүрді** — *бір ниеттес болды.* ◊ **Жақын тартты [тұтты, көрді]** — *жақын санады, іш тартты.*

ЖАҚЫНДА I *Таяп келу, жуықтау.* Үйінің жанына ~ғанда оны көрдім.

ЖАҚЫНДА II *Таяуда, жуық арада.* ~ ғана мектеп бітірді. ~ әке боламын.

ЖАҚЫНДАУ 1. *Жақынырақ, таяуырақ, арасы қашық емес.* Аралары ~ екі төбе, пештің іргесіне ~. 2. *Тегі жағынан ағайындас, туыстас.* Бұл туыс жағынан бір табан *жақындау* (Жақыпбайұлы). 3. *Ауыс. Өзара көңілдестеу, сыбайластау.* Айшамен көңілі ~.

ЖАҚЫНДЫҚ 1. *Аралық байланысы жағынан жақын болушылық, таяулық, жуықтық.* Руданың жер бетіне *жақындығы* тиімді (Бәкенов). 2. *Ағайын-туыстық, тумалық, ағайындастық.* Айғанға аталас *жақындығы* тағы бар (Шаймерденов). 3. *Ауыс. Ашыналық, көңілдестік, сыбайластық.* Есенәлі Үлжанмен *жақындық* байқатты (Тілеков).

ЖАҚЫН-ЖАРАН *Туыс-жамағат, жолдас-жора.* Елдегі ~ дарын аңсады.

ЖАҚЫН-ЖОРА *Ағайын-туыс, дос-жаран.* Көрші-қолаң, ~ түтас жиналды.

ЖАҚЫН-ЖУЫҚ *Ағайын-туыс, ағайын-жұрағат, жанашыр.* Жұрт балаларын *жақын-жуықтарының* үйіне жаткызды (Өмірбеков).

ЖАҚЫН-ЖҰРАҒАТ *Жақын-жаран, туыс-жамағат, аталас ұрпақ.* Оспан *жақын-жұрағаттарының* амандығын біліп қайтты (С. Омаров).

ЖАҚЫНСЫ *Іш тарту, жақын туыс болғансу.* О, кел, біреу құртуға, Жаны жаттың *жақынсып* күлетінің (Ф. Оңғарсынова).

ЖАҚЫНША *Ағайыны сияқты, туысша.* Туысты, досты ~ жақсы көр.

ЖАҚЫНШЫЛ *Бауырмал, ағайыншыл, туысшыл.* Ол ағайыншыл, *жақыншыл* жігіт (С. Мұқанов).

ЖАҚЫНЫРАҚ *Арасы таяуырақ, жуығырақ.* ~ жерде отыр. ~ келді.

ЖАЛ I 1. *Кейбір хайуандардың желкесіне өскен қалың қыл.* Сұлу аттың көркі — *жал* (Мақал). 2. *Жылқының, құланның жал майы.* Майлы еттерін *жалымен* қосып салды (М. Әуезов). ◊ **Жал бітті** — а) *тойынып, қоңданып алды;* ә) *әл-ауқаты артты, тұрмысы жақсарды.* **Жалы бүтін** — *күйлі, қоңды.* **Жалы кетті** — *арықтап жүдеді, арыды.*

ЖАЛ II *Созылып жатқан биік қыраттың ең үстіңгі жақ қырпуы.* Құмды жерлерде шоқыны, *жалды* пана қылады. □ **Жал пеш** — *екі бөлмелі үйдің ортасынан салынған үлкен пеш.*

ЖАЛ III 1. *Жалданып істейтін жұмыс. Жалдағы* әйелдерді де Киргізді тегіс үйымға (Сейфуллин). 2. *Біреудің үйін, еңбегін пайдаланғаны үшін төлейтін ақы.* Рәзия бұларға айына отыз сомнан *жал* төлейді (Тарази). □ **Жалға берді** — *төлем үшін пайдалануға тапсырды.* **Жалға жүрді** — *малайлықта болды, жалданды.*

ЖАЛ IV *Жалған.* □ **Жал сөйлеме [айтпа]** — *жалған айтпа, сөйлеме.* Ұқпадым деп айтпа *жал* (Шәкәрім).

ЖАЛ V *жаңа. Жерді не басқадай шаруашылықты белгілі мерзімге берушілік, жалгерлік; аренда.*

ЖАЛ: жал тапты — *ыңғайын келтірді, жолын тапты.*

ЖАЛА I *Жалған, нақақ тағылған айып, бәле.* ~мен айдалып кетті, біреудің ~сымен ұсталды. ◊ **Жала жапты** — *нақақ кінә тақты.* **Жаласы тиді** — *бәлесі жұқты.* **Жаласына қалды** — *нақақтан-нақақ айыпқа батты, босқа күйді, кінәлы болды.*

ЖАЛА II 1. *Тілмен жалау, жалап-жұқтау, жалап қою.* Ернін тілімен ~ды, төгілген сүтті ~ды. 2. *От-жалынның, будың шарпуы.* Қазанның астын қызыл жалын *жалап* тұр (М. Әуезов). 3. *Ауыс. Жуықтап сүйкей өту.* Оқ Мөңкенің басын *жалап* өтті (Ө. Нұрпейісов). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің бетін қару, ауыртып ашыту.* Азанғы аяз *жалап* барады (Сералиев). 5. *Ауыс. Судың жерді шайып кетуі.* Су *жалап* жатқан жасыл өңір (Мұртазаев). 6. *Ауыс. Сүю, өбу.* Көмбідей ару *жалауға* (Доспамбет) ◊ **Жалап кетті** — *сыпырып-сиырып, тұқ қалдырмады, жалап-жұқтап кетті.*

ЖАЛАҒЫШТА *Қайта-қайта, үсті-үстіне жалай беру.* Тілімен табанын ~ды.

ЖАЛАҚ I 1. *Жемір мал.* ~ бұзау (сиыр). 2. *Жел қақты боп жалана бергеннен пайда болған еріндегі жара.* Мырзакерім *жалақ* ернін жалады (Ғ. Мұстафин). 3. *Жылқының арқасындағы жауыр жазылғаннан кейінгі кезі.* Ісік тез қайтса, жауырдың беті алынып, *жалаққа* айналады (Х. Арғынбаев). **Жалақ қақты** — *жаланданды.*

ЖАЛАҚ II 1. *Ащылы сортаң жер.* ~ сортаң жер. 2. *Жалама, жалтыр.* ~ тас.

ЖАЛАҚ III *мед. Қарын тұғінің тұсуінен пайда болатын кесел; язва.* Ұлтабарда болатын *жалақ* (язва) ауруы (Омарұлы).

ЖАЛАҚ-ЖАЛАҚ *Айғыз-айғыз, тілім-тілім.* Бетаузы *жалақ-жалақ* болады да жүреді (Кекілбаев). □ **Жалақ-жалақ етті** — *жалмаң қақты, жалаң-жұлаң етті.*

ЖАЛАҚ-ЖҰЛАҚ: жалақ-жұлақ қарады [етті] — *айналасына алақ-жұлақ қарады.*

ЖАЛАҚОР *Жала жапқыш, бәлеқор, бәле құғыш, өсекші (адам).* Ол *жалақорлардың* көрсетуімен жазықсыз сотталды (Шәріпов).

ЖАЛАҚОРЛЫҚ *Жала жапқыштық, бәлеқорлық.* Бюрода *жалақорлықты* кәсіп еткен біреудің мәселесі қаралды (О. Сәрсенбаев).

ЖАЛАҚТА 1. *Жалмаң қағу, жалаңдау.* Жанайдар *жалақтаған* екі жүз жігітімен ауылды шапты (Есенберлин). 2. *Ашқарақтану, қомағайлану.* Қонақта ~май отыр. 3. *Аяздың, жалынның шарпуы.* Қып-қызыл жалын ~п селдей қаптады, аяз ~п тұр. 4. *Жалаңдау, жалаң қағу. Жалақтаған* қатындар бәрін тындырып жатыр (Ахтанов).

ЖАЛАҚТАН 1. *өзд. етіс. Жалақта-н.* 2. *Жарылып жалақ болу, кебірсу.* Күлбіреген жараның орындары қызарып ~ып тұр.

ЖАЛАҚЫ *Істеген еңбек үшін төленетін ақшалай қаражат, еңбек ақы.* Жұмысшылардың ~сы артты.

ЖАЛАҚЫЛЫ *Еңбекақы төленетін, жалақысы бар.* ~ жұмыс істеді.

ЖАЛАЛА *Жала жабу, кінәлау, айыптау.* Өзге түгіл өзімді *жалалады* (Бердин).

ЖАЛАЛЫ *Айып тағылған, кінәлы, жазықты.* ~ жігіт ақталды.

ЖАЛАМА *Жылмағай, жып-жылтыр, жалтыр, жалақ.* ~ жартас (құз). □ **Жалама түз** — *малға берілетін кесек тұз.*

ЖАЛАМЫР 1. *Өзен жағасындағы су шайған жайдақ жер.* Көпірдің шығыс жағындағы *жаламыр* су шайып, берекесін қашырған (Ибрагимов). 2. *Ауыс. Үскірік аяз, суық жел.* ~ жел, (қыс).

ЖАЛАМЫРЛА *Апшысын қуыру, берекесін кетіру.* Соғыстың суық ызғары үйді-үйді *жаламырлады* (М. Қуанышбаев).

ЖАЛАМЫРЛЫҚ *Жебірлік, жемқорлық, жемпаздық.* Саудагер байлардың ептілік *жаламырлығы* (Бегалин).

ЖАЛАН 1. *өзд. етіс. Жала-н.* 2. *Жұтынып жалаң қағу, жалмаңдау, жалақтау.* Құмай *жаланып* менен нан дәметеді (Қаназов).

ЖАЛАҢ 1. *Жалаңқабат, жалаңқай, жадағай.* ~ ескі көйлек (бешпент, шапан). 2. *Жалаңаш, лыпасыз.* ~ етіне киген ақ көйлек. 3. *Жалған, өтірік.* ~ үгіт (ғылым). ◊ **Жалаң аяқ жар кешті** — *жалшылықта жүрді, тұрмыс қиындығын көрді.* **Жалаң қабат** — *жүқа, астарсыз.* **Жалаң қақты** — а) *жалмаңдады;* ә) *жалмақ қақты, сумаңдады.* **Жалаң төс** — *ештеңеден тайынбайтын, аянбайтын.*

ЖАЛАҢАШ 1. *Үстінде лыпасы жоқ, тыржалаңаш, киімсіз.* ~ балалар (балтыр). *Ауыс.* 2. *Тақыр, ашық, жадағай, жазық.* ~ дала (жер). 3. *Іске аянбай жанкешті кірісетін.* Облыстағылардың *жалаңаш* батыры осы кісі болады (Төлешов).

ЖАЛАҢАШ-ЖАЙДАҚ *Қалай болса солай, жеңіл-желпі, салдыр-салақ, жалаңаш-жалпы.* Сол адамның ~ жүргені сөз болды.

ЖАЛАҢАШ-ЖАЛПЫ *Жеңіл-желпі, қалай болса солай киіне салған, алба-жұлба.* Күндіз *жалаңаш-жалпы* аш жүріп қызмет еткен (Сыланов).

ЖАЛАҢАШТА 1. *Үстіндегі киімді шешіп тастау, шешіну.* Талғат кеудесін *жалаңаштап* күнге қақталып жатыр (Тоқаев). 2. *Бір заттың сыртын аршып тастау.* Ағашты ~п бұтақтады.

ЖАЛАҢАШТАУ 1. *Жадағайлау келген, ашықтау, тақырлау.* Үй алды тым *жалаңаштау* (Шаймерденов). 2. *Ауыс. Жайдақ, жадағай, негізсіз.* Идеясының *жалаңаштау* берілетіні байқалады (Қирабаев).

ЖАЛАҢАШТЫҚ *Жоқшылық, жетімсіздік.* ~қа да көндіктік.

ЖАЛАҢДА 1. *Жалмаң қағу, сумаңдау.* ~ған сатушылар. 2. *Ашқарақтану, қомағайлану, тамақсаулану.* Миша ағай *жалаңдап* еді, енді ботқа жоқ деді (Ж. Ташенов).

ЖАЛАҢДЫҚ *Жадағайлық, жайдақтық, жұтаңдық.* Көркемдігі жетпейтін *жалаңдықтар* айқын байқалады (Ысмайлов).

ЖАЛАҢ-ЖАЛАҢ: жалаң-жалаң етті [қақты] — *жалмаңдады, жалақтады.*

ЖАЛАҢ-ЖҰЛАҢ *Жалтаң-жұлтаң, алақ-жұлақ.* Түспей жүр ме, көрдің бе *жалаң-жұлаң,* тақ-тұққа (Абай).

ЖАЛАҢҚАЙ 1. *Жадағай, өсімдіксіз құ тақыр.* Кілең қиыршық тасты, *жалаңқай* бел (Өзиев). 2. *Ауыс. Қолы қысқа, жалғыз басты.* Мен *жалаңқай,* жалғыз адаммын (Тоқаев).

ЖАЛАҢҚАТ I *көне. Соғыс кезінде денеге киетін темір сауыт.* Беліне керек шор болат, Денеге керек *жалаңқат* (Батырлар жыры).

ЖАЛАҢҚАТ II *Астарсыз, желең, жадағай.* Тең болар оның панасы — *Жалаңқат* киген шекпенге (Үш қасыр.).

ЖАЛАҢҚАЯ *Кедей, жарлы.* Жалғыз атты *жалаңқая* (С. Мұқанов).

ЖАЛАҢҚИЯ *Шөп өспейтін тасты, таулы аймақ.*

ЖАЛАҢҚЫ 1. *Жалаңаштау, тақырлау, бостау.* Орманның теріскей жақ *жалаңқы* тұсы (С. Мұқанов). 2. *Жалақтаған, жалмаңдаған.* Ол би *жалаңқы* бір қу болса керек (Шалқараев).

ЖАЛАП-ЖАЛМА *Тұқ қоймай сыпырып-сиыру, жалап-жұқтау, жайпау.* Күн айналасын *жалап-жалмап* қарып барады (О. Сәрсенбаев).

ЖАЛАП-ЖҰҚТА *Тұқ қалдырмау, сыпырып-сиыру, жалап-жалмау, ішіп-жеу.* Бөлкенің бесеуін бірдей *жалап-жұқтап* қойған (М. Хасенов).

ЖАЛАТ *Бір заттың үстіне бір нәрсені жағу, жүргізу, күптеу, аптау.* Алтын ~қан кілт.

ЖАЛАУ *Белгілі елтаңбасы бар, бір түстес маталардан істелген ту.* Бүркіт желбіреген *жалауды* қолына алды (Есенберлин). ◊ **Жалау етті [болды]** — *үлгі-өнеге тұтты, демеу қылды.* Қиын күнде көңілге ~ болды.

ЖАЛАУЛА *Желбіреу, алаулау.* ~ған қызыл бояулар, ~ған жақсы хабар.

ЖАЛАУЛЫ *Ту ілінген, байрағы бар.* Қызыл ~ баржа.

ЖАЛАУША I *Кішкентай жалау.* Әне бір трактор қызыл *жалауша* желбірейді (Баялиев).

ЖАЛАУША II *Жалауға ұқсап, жалау сияқты.* Көбелек қағады қанатын *жалауша* (Ә. Ахметов).

ЖАЛАУЫҚ *Бірнәрсені жалай бергіш.* ~ ит.

ЖАЛБА *Жыртық-жыртық, алба-жұлба, жұлмаланған, шоқпыт.* ~ киім (шаш, жең).

ЖАЛБАҒАЙ 1. *Еркектердің жеңіл бас киімі, далбағай.* Өңшең *жалбағай* тымақтылар қалың қолға қосылып кетті (Жансүгіров). 2. *Жауын-шашыннан, ыстық пен шаңнан, желден қорғану үшін сырт киімдердің өзіне қоса тігілген тымақ.* ~ы бар плащ (күрте).

ЖАЛБАҒАЙ II *Сарғыш түмсығы қалақ тәрізді, түсі біркелкі ақ, қауырсынсыз, қара сирақты ірі құс.* Аралдарда үлкен аң қарқара мен *жалбағайлар* кездеседі (Б. Мұқанов).

ЖАЛБАҒАЙЛЫ *Жалбағайы бар киім.* ~ шекпен киген.

ЖАЛБА-ЖҰЛБА *Жұлым-жұлымы шыққан, алба-жұлба, далба-дұлба.* Үсті-бастары ~.

ЖАЛБАҚ I *Жағымпаз, жарамсақ.* ~пен күнін өткізді. ◊ **Жалбақ қақты** — *қалбаң қақты.*

ЖАЛБАҚ II *Жалбыраған.* Мекиен күркілдеп, қызыл *жалбақ* айдары, мың құбылған (Б. Қыдырбекұлы).

ЖАЛБАҚАЙ *экспр. Жалбақ қаққан, жарамсақ.* Жағымпаз, *жалбақай* болып өссе ше? (Аманшин).

ЖАЛБАҚТА 1. *экспр. Асты-үстіне түсу, бәйек болу.* Жігіт *жалбақтап* орындық ұсынды (Ақтаев). 2. *Ауыс. Далбақтау, далбаңдау.* Екеуміз жатақтан шыға *жалбақтай* жүгірдік (Ерғалиев).

ЖАЛБАЛАҚТА 1. *Жалбалақ қағу, бәйек болу. Жалбалақтап* еріп келеді (Д. Досжанов). 2. *Қалбалақтау, далбаңдау.* Мосқал адаммен *жалбалақтай* қоштасты (Сүндетов).

ЖАЛБАЛАН *Жалба-жұлба болған, жырым-жырым болған.* Өмірбектің көзі *жалбаланған* қағазға оқша қадалды (Майлин).

ЖАЛБАҢ *Өтірік қошемет.* Қазтайдың Мәрзияға *жалбаңы* ұнамайды (Т. Дәуренбеков). ◊ **Жалбаң қақты [етті]** — *жалбақтау, қалбаң қақты.*

ЖАЛБАҢДА 1. *Жағымпаздық жасап, жағыну.* Үлкендерге ~п, ~ғанның бәрі дос емес. 2. *Жалбақтау.* Ерекең жоғары шық деп *жалбаңдап* қалды (Майлин). 3. *Жалпылдау, селтеңдеп, жалпжалп ету.* Тымағының құлағы ~п.

ЖАЛБАҢ-ЖАЛБАҢ: жалбаң-жалбаң етті — а) *желп-желп етіп қозғалақтады;* ә) *жалбақтап жалынды.*

ЖАЛБАҢ-ЖҰЛБАҢ *Далбаң-дұлбаң, асығыс-үсігіс.* Қарақшылар *жалбаң-жұлбаң* қаша жөнелді (М. Сатыбалдиев).

ЖАЛБАР *Жалбарыну, жалыну, жағыну.* Жауға таман ол барды, Қалмақ көбі *жалбарды* (Ер Тарғын).

ЖАЛБАРЫН *Сыйыну, сұрану, жалыну.* Екеуі *жалбарына* сұрап жатты (А. Байтанаев).

ЖАЛБАРЫНҒЫШ *Сыйынғыш, жалынғыш.* Құдайға жалынғыш, *жалбарынғыш* (Ақышев).

ЖАЛБАРЫНДЫ *Жалынышты, кіріптар.* Жамал әке-шешесіне *жалбарынды* кескінмен қарайды (Қабышев).

ЖАЛБАРЫНЫШ *Жалбарынған өтініш, жалыныш.* Әлгінде ғана лепіре сөйлеген сөзінде енді *жалбарыныш* бар (Сарғасқаев).

ЖАЛБАРЫНЫШСЫЗ *Жалынышсыз, кіріптарсыз.*

ЖАЛБАРЫНЫШТЫ *Кіріптар, жалынышты.* ~ үн (көз).

ЖАЛБАРЫНЫШТЫЛЫҚ *Жалыныштылық, кіріптарлық.* ~пен бас игісі келетінін білдірді.

ЖАЛБИ *экспр. Жалпаю, жарбию.* Аттың үстінде *жалбиып* отырған әкемді аяйтынмын (Бөкеев).

ЖАЛБЫЗ *Ерінгүлділер тұқымдасына жататын сулы жерде, көбіне бұлақ бойында өсетін хош иісті, көп жылдық (дәрі-дәрмектік) өсімдік.*

ЖАЛБЫЗБАЛАП *Жайқалып, гүл-гүл жайнап.* Сиыр бүлдірген сабағымен *жалбызбалап* тұр (М. Иманбаев).

ЖАЛБЫЗДАЙ *Жалбыз тәрізді, жайқалған, гүлденген. Жалбыздай* балбырап өскен еді ол (Ы. Жақаев).

ЖАЛБЫЗДЫ *Жалбызы мол, жалбыз өскен.* ~ сайда жасырынып жол тостық.

ЖАЛБЫЗТІКЕН *Құлқайыр тұқымдас өсімдіктердің бір түрі.*

ЖАЛБЫЛА *Жапсарлай, тасалана, жасырына жүру.* Көксерек жалт беріп, сайды *жалбылап* жоғары қарай салды (М. Әуезов).

ЖАЛБЫР 1. *Дудыраған, қобыраған.* ~ шашты қыз (мұрт, жал). 2. *Жырым-жырым боп жыртылған.* ~ шапан (тон, тымақ).

ЖАЛБЫРА 1. *Желбіреу, желкілдеу.* Беренің тебетейінің бір жақ шекесінде *жалбыраған* үкі болатын (Майлин). 2. *Дал-дал болу, дода-додасы шығу.* Жеңі ~п жыртылған, тізесінің терісі ~п тұр.

ЖАЛБЫРАҚ I 1. *Жалбыршақ, желбіршек.* Күнтай оған *жалбырағы* ұзын көйлек кигізді (С. Мұқанов). 2. *Үйысып қобыраған.* Сапар *жалбырақ* қасын көтеріп қойды (Қожабаев). ◊ **Жалбырақ қақты** — *жалпаңдап асты-үстіне түсті, жалбақ қақты.*

ЖАЛБЫРАҚ II *Алабота тұқымдас өсімдік.*

ЖАЛБЫРАҚСЫЗ *Салпыншағы жоқ, желбірсіз.*

ЖАЛБЫР-ЖАЛБЫР *Сабалақ-сабалақ, жалбұр-жалбұр. Жалбыр-жалбыр* жүні ұзын жабағыдай (Мырзалиев).

ЖАЛБЫРШАҚ 1. *Күйіс қайтаратын малдардағы қатпаршақ, жұмыршақ.* 2. *Шет-шеті жұлым-жұлым, жалбыр-жұлбыр. Жалбыршақ* киімді, Жас жетім күйінді (Табылдыбаев).

ЖАЛБЫРШАҚТАН *Қабыршақтану.* Концентрат сапалы күйдірілмесе, ерітінді *жалбыршақтанып* қалады (Ж. Ыбыраев).

ЖАЛГЕР *Жерді не белгілі бір кәсіпорнын жалға алушы; арендатор.*

ЖАЛҒА 1. *Үзілген жіпті (сымды) біріктіру, септеу, түйістіру, ұштастыра байлау, қосу.* Екі телефон сымының үзілген жерін ~ды, белдеудің үзігін ~ды. 2. *Ауыс. Сабақтау, жалғастыру.* Күнтуар сөзін қайта *жалғады* (С. Омаров).

ЖАЛҒАМА *Бірі-біріне жалғас, жалғамалы.* ~ қорасы бар.

ЖАЛҒАМАЛЫ *Ұласпалы, құрамалы.* Рельстің табан темірі *жалғамалы* екен (Сапаев).

ЖАЛҒАМАЛЫЛЫҚ *Құрамалылық, жалғанбалылық.* Олардың ~ы қалады.

ЖАЛҒАН I *Жарық дүние, өмір, тіршілік.* ◊ **Жалғанды жалпағынан басты** — *емін-еркін сайран салды, шалқыды.*

ЖАЛҒАН II 1. *Шын емес, алдамшы, өтірік.* ~ мәлімет (пікір). 2. *Жай, жасанды.* Көзінің үстіне ұзын ~ кірпік таққан. ◊ **Жалған дүние** — *өткінші, опасыз ғұмыр.* **Жалған сөз** — *өтірік, бекер, бос сөз.*

ЖАЛҒАН III *Ұштасу, жалғасу, қосылу.*

ЖАЛҒАНДА *Жарық дүниеде, бұл өмірде, тіршілікте.*

ЖАЛҒАНДЫҚ I *Әсіре қызылдық, жасандылық.* Сәкен *жалғандыққа* бармады (Қирабаев).

ЖАЛҒАНДЫҚ II *Бұл өмірлік.* Мен *жалғандық* емеспін (Күлеев).

ЖАЛҒАНСЫЗ *Өтірігі жоқ, ақиқат, шынайы.* ***Жалғансыз*** шын ниет қойса, жеңбейтін пәле жоқ (Хұсайынов).

ЖАЛҒАНШЫ 1. *Өтірікші, суайт, пәтуасыз.* Кепіл болып қыз берген ***жалғаншы*** екен Жаудыршал (Батырлар жыры). 2. *Опасыз, алдамшы.* ~ өмір (бейне).

ЖАЛҒАНШЫЛ *Алдампаз, өтірікшіл.* ~ жандар.

ЖАЛҒАНШЫЛЫҚ *Жасандылық, өтірікшілік, пәтуасыздық.*

ЖАЛҒАНТЫС *жерг. Жадағай, астарсыз бас киім, күләпара.* Қыста тымақ сыртынан ~ киеміз.

ЖАЛҒАС I *Қабырғалас, іргелес.* Екеуінің үйі ~ салынған.

ЖАЛҒАС II 1. *орт. етіс. Жалға-с.* 2. *Бірінебірі ұштасу, қосылысу, ұласу.* ~ып жатқан жол, түнге түн ~ып. 3. *Бір істі жүргізе беру, сабақтастыру.* Сөзге сөз ~ты. 4. *Бір-бірімен байланысып, хабардар болу.* Еркектер бір-бірімен *жалғасып* хабарласты (Т. Әлімқұлов).

ЖАЛҒАСПАЛЫ *Біріне-бірі жалғасып жатқан, ұласпалы.* ~ сөз (ой).

ЖАЛҒАСТЫҚ *Бір-бірімен сабақтастық, ұластық, байланыстылық (тарихи романдар аралығында жалғастық бар).*

ЖАЛҒАСТЫРҒЫШ *Екі нәрсені бір-біріне байланыстырғыш, ұластырғыш.* Су тарту үшін *жалғастырғыш* трубаны пайдалану (Тілеубергенов).

ЖАЛҒАСТЫРМАЛЫ *Біріне-бірі біріктіріле қосылған, жалғамалы, ұластырмалы.*

ЖАЛҒАСЫ *Заттың, я уақиғаның ары қарайғы ұластығы.* Іле тауының ~.

ЖАЛҒАУ-ЖАЛҒАУ *Үзік-үзік, қырық құрау.* ~ жіп (трос).

ЖАЛҒАУЛЫ *Біріктірілген құрамалы, жалғамалы.* ~ қос қабат арқан.

ЖАЛҒАУШЫ *Бір нәрсені екінші бір нәрсеге байланыстырушы, жалғастырушы.*

ЖАЛҒЫЗ 1. *Тек бір өзі ғана, дара, жалқы.* Сабыр ағайдың ~ ұлы, ~ үй (қабат). 2. *Бір өзі ~ салт қара басы.* Бұл үйде өзі *жалғыз* қалыпты (Байтанаев). ◊ **Жалғыз атты** — а) *салт жүргінші*; ә) *тұрмыс-күйі нашар, жарлы.* **Жалғыз ауыз** — *бір оқтық, бір атар.* **Жалғыз ауыз сөз** — *бір ауыз сөз.* **Жалғыз аяқ жол** — *соқпақ жол.* **Жалғыз [жеке] басты** — *сыбай-салтаң, бойдақ.* **Жалғыз қабат** — *бір дүркін, бір-ақ рет, жадағай.* **Жалғыз үйлі** — *ел жоқ жерде бір өзі мекендеген, саяқ.*

ЖАЛҒЫЗДА 1. *Бір-бірлеп, біртіндеу.* Партизандар әуелі ~п келді. 2. *Шеттету, шетке шығару, жалғызсырату.* Сіздер мені ***жалғыздайын*** дедіңіздер-ау (Ә. Әбішев).

ЖАЛҒЫЗДАН-ЖАЛҒЫЗ *Жанында өзге ешкім жоқ, бір өзі ғана.* Көшпей ~ қайтіп отырсың?

ЖАЛҒЫЗДЫҚ *Жекелік, жалғыз бастылық, саяқтық.* ~ жайсыз тиді. ◊ **Жалғыздық көрді** — *жалғыз бастылықтан жапа шекті.*

ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҒЫЗ *Бөлек-бөлек, жеке-жеке.* ~ кішкене үйлер.

ЖАЛҒЫЗ-ЖАЛҚЫ *Бойдақ, жалғыз басты.* Біз секілді ***жалғыз-жалқылар*** жатақханада тұратынбыз (Н. Ғабдуллин).

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМ *Бірен-саран, некен-саяқ.* ~ жолаушы, ~ жүрген бөкен.

ЖАЛҒЫЗ-ЖАРЫМДАП *Бірен-сарандап, бірдеекілеп.* Тойға ~ келмейміз.

ЖАЛҒЫЗСЫ *Жалғызсырап елдегізу, құлазу.* Өзің кейде үйде жоқта ~симын.

ЖАЛҒЫЗСЫН *Жалғыз көру.* Мүмкін ол сені ***жалғызсынып*** қашқан болар (Ә. Әбішев).

ЖАЛҒЫЗСЫРА *Жалғызсы.* ~п тамақ ішпеді.

ЖАЛҒЫЗІЛІК *Жалғыздық, жалғыз бастылық.* ~тің тақсіретін тартты.

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІ *Қарайласар көмекшісі жоқ, жалғыз бастылық.* Айдаладағы ~ малшы (шопан).

ЖАЛҒЫЗІЛІКТІК *Қарайласары жоқтық, жалғыз бастылық.*

ЖАЛДА I *Ақы төлеп, жалға алу, арендалау.* Пәтер ~ды, мұғалім ~п оқытты.

ЖАЛДА II *Терең өзенді өрлеп, жағалай жүзу, таяз жерді қуалай өту.* Суды ~п өттік.

ЖАЛДА III *Жотаның үстімен, қырымен жүру.* Аңшылар қырды ~п келеді.

ЖАЛДА IV *Биіктеп, қырлап үю.* Баздың ағаштарын *жалдап* үйіп қойыпты (Тілегенов).

ЖАЛДАЙ *Жал сияқты.* ~ толқынданған бұрымы.

ЖАЛДАМА I *Жалға алынған, жалдамалы, жалданушы.* ~ еңбек, ~ жұмысшылар, ~ пәтер.

ЖАЛДАМА II *жерг. Тасқын судың кең жайылған тұсы.* ~ кешіп келдік.

ЖАЛДАМАЛЫ *Жалданған.* ~ әскер (құлдар). □ **Жалдамалы еңбек** — *жұмыс күшін сатып, еңбек етудің капиталистік қоғамдағы түрі.*

ЖАЛДАМШЫ *Жалдамалы, жалданушы.*

ЖАЛДАН I *Жалшы болу, жалданып жұмыс істеу.* Ол үш айға ~ды.

ЖАЛДАН II 1. *өзд. етіс. Жалда-н.* 2. *Малдың қоңданып майлануы, семіруі.* Етке жұмсалатын жылқыны өбден *жалданған* кезде неге соймасқа? (Орманбаев). 3. *Ауыс. Тұрмысы оңалу, күйлену.* Мирас ауылдағы белді жігіттердің бірі боп ***жалданып*** қалған (Тарази).

ЖАЛДАНУШЫ *Жалға тұрушы кісі, жалданба, жалдамшы.*

ЖАЛДАНУШЫЛЫҚ *Еңбегін сатып жалданып істеушілік, жалданбалық, жалданушылық.*

ЖАЛДАП 1. *Екі арада жүретін делдал, жылпос, ұры.* Менің ақшамды алған көшенің ***жалдабы*** (Тоқмағамбетов). 2. *Қара ниет, залым, сұрқия, сұм.* ***Жалдаптар*** таң ата оқ атады ұлға (М. Әлімбаев).

ЖАЛДАПТЫҚ *Алыпсатарлық, делдалдық, жылпостық.* Әйелде алыпсатарларға тән ***жалдаптық*** жоқ (Шүкіров).

ЖАЛДАС *Қобыраған ұзын қалың жалды.* ~ жарау қара айғыр (торы).

ЖАЛДАСТАУ *Жалы тығыз, ұзындау.* ~ келген боз айғыр.

ЖАЛДАУШЫ *Жалдап алушы адам.* ***Жалдаушы*** мен жалшының рухы, тілегі қосылған емес (Сейфуллин).

ЖАЛДЫ 1. *Ұзын, қалың жалы бар.* Тоқпақ ~ қара айғыр. 2. *Кәнды, семіз.* Жабыны ***жалды*** екен деп сатып алма (Манас). 3. *Ауыс. Дәулетті, ауқатты.* ***Жалдыға*** жалбарынып күнін көрген (Саин).

ЖАЛ-ЖАЛ *Төбе-төбе, жота-жота боп үйілген.* ~ үйілген дән (құм, қи).

ЖАЛ-ЖАЯ *Жылқының жалы мен жаясынан пісірілген дәмді тағам.* Ақ бәйбіше дастарқанға *жал-жая,* жент қойды (Жұмағұлов).

ЖАЛҚАҚ *Көлкілдеп тұратын сұйқылтым жалқылдаған нәрсе, жалқаяқ.* Жараның ішін *жалқақ* ірің кеулеп кетті (Жәкенов).

ЖАЛҚАҚТА *Жалқаяқтау, жалқаяқ боп ауыру, кеселге ұшырау.* ***Жалқақтаған*** он шақты төлді газикке салып қыстауға әкелдік (Д. Досжанов).

ЖАЛҚАУ *Мойны жар бермейтін еріншек, бойкүйез.* Жатып ішер ~, хат жазуға ~.

ЖАЛҚАУЛАН *Еріншектену, бойкүйездену.* ~ып жатып алды, сабақ оқуға ~ған.

ЖАЛҚАУЛАУ *Еріншектеу, кежірлеу.* Мұса ~тындады. ~ үн.

ЖАЛҚАУЛЫҚ *Еріншектік, бойкүйездік, жайбасарлық.* ~қа салынды, ~ғы ұстады. □ **Жалқаулығы ұстады — жұмыс істегісі келмеді, еріндi. Жалқаулыққа салынды —** *кежегесі кейін тартты, еріншектік жасады.*

ЖАЛҚАУСЫ *Жұмыс істегісі келмеу, салғыртсу, жалқаулану.* Жан күйттер шақ емес, ***Жалқаусып*** жататын (Ө. Тәжібаев).

ЖАЛҚАУЫРАҚ *Жалқаулау, салғыртырақ, еріншектеу, шабанырақ.* ***Жалқауырақ*** тартыппын қартайған соң (Жамбыл).

ЖАЛҚАЯҚ *Түр бітімі үрлеп ұшырған сабын көпіршігіне ұқсас шырышты ақ шарбы ішіндегі жалқақ.* Жылқының ісігінің ***жалқаяғын*** ағызу үшін жуан бізбен шабақтайды (Х. Арғынбаев).

ЖАЛҚАЯҚТА *Денені қанды ірің, сарысу, шырыш басып ауру, кеселге ұшырау.* Канал қазып жатқан жұрт ***жалқаяқтап*** ауыра бастайды (Д. Досжанов).

ЖАЛҚАЯҚТАН 1. *Көлкілдеп ісіну, шырыштану, жалқылану.* Ауру малдың мойын терісінің астына ***жалқаяқтанып*** сары су жиналады (Төлеуғалиев). 2. *Ауыс. Тұтанып қоздап жану.* Қазандық астындағы жаңқа әлі сөнбей ***жалқаяқтанып*** жылтырап жатқан (Сараев).

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚ 1. *Жылқының ұзын әрі қалың өскен жалы мен құйрық қылы.* Жирен айғыр ***жал-құйрығы*** төгіліп аға жөнелді (Тоғысбаев). 2. *Ауыс. Арқа сүйер тірек, таяныш, туған-туыс, аға-інісі.* Ата-анасы бар ма екен, ***Жал-құйрығы*** сай ма екен (Қыз Жібек).

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҚСЫЗ 1. *Жал-құйрығы жоқ.* ~ ат. 2. *Ауыс. Туған-туыс, бауыры, арқа сүйері жоқ, жалғыз бас.* Өзім ***жал-құйрықсыз*** жалғыз едім (Қанахин).

ЖАЛҚЫ I *Біреу ғана, жалғыз, сыңар.* Ағайын туғаны жоқ ~ жігіт. □ **Жалқы есім (*лингв.*) —** *жеке-дара заттардың атауы.*

ЖАЛҚЫ II *Көңілі қайтып жеру, айну.* Бүгін сүйсем, сені алсам — ертең ***жалқып,*** Суып қайтар көңілім желше шалқып (Абай).

ЖАЛҚЫЛА *Жекелеп-даралау, бөлшектеу.* Денедегі екі жұдырықты ***жалқылап*** қайтеміз (С. Мұқанов).

ЖАЛҚЫЛДА *Ірк-ірк ету, күлтілдеу, ісіп-кебу, ісіну.* Беті ***жалқылдаған*** ісік (Ө. Нұрпейісов).

ЖАЛҚЫЛЫҚ *Ешкімі жоқтық, жалғыздық, жалғыз бастық.* Өзім жетім өсіп, ***жалқылық*** пен жоқшылықты бастан кешіргенмін (Ерманов).

ЖАЛҚЫН 1. *Балқытылған металл.* 2. *Алқызыл алау.*

ЖАЛҚЫНДА *Алаулап қызару, жалындау.*

ЖАЛҚЫНДАЙ *Алаулаған жалындай.*

ЖАЛҚЫНДЫ *Алау атқан, жалынды.* ***Жалқынды*** өрттей қызарып барып күн батты (Шаймерденов).

ЖАЛМА 1. *Жалап-жұқтап ашқарақтана жеу, жайпау.* Бергеннің бәрін ***жалмап*** жұтты (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Жоқ қылу, құрту, жою.* Оба ~ды, Гитлер ~п бітірді.

ЖАЛМА-ЖАН *Шапшаң, жылдам, лезде.* ~ дәрі ішкізді, ~ телефон құлағын көтерді.

ЖАЛМАН *Қармаққа түскен балық шығып кетпеу үшін қайырып жасалған қармақ ұшындағы ілмек.*

ЖАЛМАНДЫ *Жалманы бар, жалман шығарылған.* ~ біз (қармақ).

ЖАЛМАҢ I *Шайнаған шөпті жұта алмайтын жылқы ауруы.* ***Жалмаң*** ауруымен ауырған жылқы (Х. Арғынбаев).

ЖАЛМАҢ II *Ауыздықпен алысып тықыршыған, ойнақтаған.* ***Жалмаң*** көк атты сабалап (Батырлар жыры). □ **Жалмаң қақты —** а) *ауыздықпен алысты, ырыққа көнбеді;* ә) *жалаң қақты, аш көзденді.*

ЖАЛМАҢДА 1. *Жалақ-жұлақ етіп ашқарақтану, қомағайлану, аш көздену.* 2. *Тамақ ішкенде жалақтау.* Алдына қойғаныңды ***жалмаңдап*** жей береді (Д. Досжанов). 3. *Ауыс. Қанағат қылмау, нысапсыздану.* Ай сайын ақша сал деп ***жалмаңдайды*** (Қазиев).

ЖАЛМАҢ-ЖАЛМАҢ *Тынымсыз, дамылсыз.* Шөпті ~ шайнайды, ~ күйсейді.

ЖАЛМАҢҚҰЛАҚ *бот. Майда жапырақты, сортаңды, сорлы жерде өсетін дәмі ащы шөп.* Мал жусан, көкбек, ***жалмаңқұлақ*** ащылы шөпке әбден қанды (Шәкәрім).

ЖАЛМАУЫЗ 1. *миф. Ертегілерде кездесетін ғажайып нәрсе, тажал (Жезтырнақ, Мыстан кемпір).* Жеті басты ~. 2. *Ауыс. Қомағай, мешкей.* Түпсіз, нағыз ***жалмауыз*** екенсің (Тоқаев). 3. *Оңбаған, сұм, жексұрын.* ~ай, сен-ақ күйдірдің.

ЖАЛМАУЫЗДАН *Қомағайлану, ашқарақтану, мешкейлену.* ~ған біреу.

ЖАЛМАУЫЗДЫҚ 1. *Ашқарақтық, тойымсыздық, аш көзділік.* 2. *Қара ниеттілік, жауыздық.* Жарықбас болыс ***жалмауыздығын*** бұрынғыдан асырып отыр (Б. Майлин).

ЖАЛМАУЫҚ *Тойымсыз, ашқарақ, жалмағыш.*

ЖАЛП: жалп етті — а) *жалп-жалп етіп жалпылдады;* ә) *оқыстан құлап түсті;* б) *жинақы емес, қалай-болса солай.* ◊ **Жалп етіп [беріп] сөнді —** *бірден өшті, сөнді.*

ЖАЛП: жалп-жалп ет — *құстың қанатын сабалап жалпылдауы.*

ЖАЛПАҒЫНАН *Бір жағынан, көлденеңнен, жайпағынан.* Балықтар су бетінде ***жалпағынан*** түсіп жатады (Тілеуғалиев).

ЖАЛПАҒЫРАҚ *Жалпақтау, жайылыңқылау.* Әйелдің жамбасы ***жалпағырақ*** келеді (Адам анатом.).

ЖАЛПАЙ 1. *Жалпайып кету, жайылу.* Тиеген шөп тым ***жалпайып*** кеткен (Тоқтаров). 2. *Ауыс. Семіру, жуандау.* Жалпақ беті одан сайын ~ып кеткен.

ЖАЛПАҚ 1. *Ұлан-байтақ жазық, жайпақ, көлемді.* ~ дала (жазықтар, көл). 2. *Көлденеңі*

аумақты, енді. ~ белбеу (жол, лента, маңдай). 3. *Үлкен, ірі, иықты.* ~ жауырынды (омыртқа). □ **Жалпақ бет** — *үлкен дөңгелек жүзді.* **Жалпақ дүние** — *кең дүние.* ◊ **Жалпақ ел [жұрт]** — *күллі жұрт, бүкіл халық.* **Жалпақ қақты** — *жалпақтады, жалпаңдады.* **Жалпақ тіл** — *жұрттың бәріне түсінікті, қарапайым сөз.*

ЖАЛПАҚТА I 1. *Асты-үстіне түсіп жалпылдау, жалпаңдау.* Үйіне барғанда ~п жалпылдайтын. 2. *Бәйек болып жағыну, жарамсақтану.* ~п іші-бауырыңа кіріп тұр.

ЖАЛПАҚТА II *Бір нәрсені соғып жалпайту.* Темірді қыздырып алып ~ған жеңіл.

ЖАЛПАҚТАУ *Жалпақша келген, жалпағырақ.* Бет сүйегі ~, ~ қара қас.

ЖАЛПАҚТЫҚ *Бір нәрсенің қалыңдығы, енділік.* Белін *жалпақтығы* бес елі белбеумен буыныпты (Ақышев).

ЖАЛПАҚША *Жалпағырақ, ендірек келген.* ~ белбеу (ағаш).

ЖАЛПАҢ *Қошеметшіл, құрметшіл.* Бейсен *жалпаң* туысқанға онша қуана қоймап еді (О. Сәрсенбаев). □ **Жалпаң қақты** — *құрдай жорғалап, ілтипат көрсетті.*

ЖАЛПАҢДА 1. *Қалбақтау, жаны қалмай жалпаңдау.* Шал *жалпаңдап* жатыр (Мұрзатаев). 2. *Жалпаң қағу, қошемет көрсетіп жағымпаздану.* Мені көрісімен-ақ *жалпаңдай* қалды (Момышұлы). 3. *Құстың қанатын жайып жалпылдап ұшуы.* Қанаттары *жалпаңдап* жатты (Жұмақанов).

ЖАЛПАСЫНАН: жалпасынан түсті — *қалпақтай ұшып түсті.*

ЖАЛП-ЖАЛП *Қайта-қайта, әлсін-әлсін.* □ **Жалп-жалп етті [ұшты]** — а) *желбіреді;* ә) *құстар еркін самғап ұша алмады;* б) *бір өшіп, бір жанды.*

ЖАЛП-ЖҰЛП: жалп-жұлп етті — а) *бір сөніп, бір жанды, жалпылдады (от жарық);* ә) *желп-желп етті.*

ЖАЛПИ 1. *Аласару, шөгу, жалпаю.* Басында малақай ~ып тұр. 2. *Ауыс. экспр. Былшиып жайыла түсу, жарбию.* Төре *жалпиып* төрде отыр екен (Тілегенов).

ЖАЛПОШ I *Жағымпаз, жарамсақ.* *Жалпош* аярлықты айыра алмасаң, ел не болады? (Мағауин).

ЖАЛПОШ II *жерг. Атқа жабатын өрнекті, әшекейлі жабу.*

ЖАЛПОШТА I *жерг. Атты жабулау, жамылғы жабу.* Құлынды ақпен жауып, *жалпоштап* өсірдім (Бақбергенов).

ЖАЛПОШТА II *Жағымпаздану, жарамсақтану.* Біреуге ~нып күн көрер жайым жоқ.

ЖАЛПОШТЫҚ *Жағымпаздық, жарамсақтық.* Әлде шыны, әлде бидің ыңғайын таппақ *жалпоштығы* (Мағауин).

ЖАЛПЫ 1. *Барлығына ортақ, жаппай тегіс, түгел.* ~ ел (әлем). 2. *Шын мәнінде, тұтас.* ~ алғанда. 3. *Көпке тиістілік, ортақтық.* ~ ортақ сөз. □ **Жалпы алғанда** — *барлығын жаппай қамтығанда, айтқанда.* **Жалпыға бірдей** — *көпшілікке ортақ, қатысты.* **Жалпы жиналыс** — *барлық ұжым мүшелеріне арналған мәжіліс.* **Жалпы халықтық** — *бүкіл халыққа тән, көпшілікке ортақ.*

ЖАЛПЫЛ: жалпыл қақты — *жалпақтап ықылас білдірді, жалпаңдады.*

ЖАЛПЫЛА *Жаппай қамту, жалпыламалау.* Достықты ~й жырлаған.

ЖАЛПЫЛАМА *Нақтылы емес, жаппай, тұтастай.* ~ баяндалған.

ЖАЛПЫЛАМАЛАУ *Нақтылы, дәл емес, жалпылау.* Сөздері тым ~.

ЖАЛПЫЛАМАЛЫ *Барлығы қорытындылап айтылған, жаппай қамтылған.* ~ сөз.

ЖАЛПЫЛАМАЛЫҚ *Бәріне бірдейлік, ортақтық.* Кейбір шығармаларымызда ~ басым.

ЖАЛПЫЛАУЫШ *лингв. Жалпылама, жаппай.* ~ сөздер.

ЖАЛПЫЛДА 1. *Лаулап жану, лапылдау.* ~п жанған от. 2. *Жалп-жалп ету.* Жаман тоны ~п. 3. *Ауыс. Асты-үстіне түсу, жаны қалмау, бәйек болу.* Жоғары шық деп ~ды.

ЖАЛПЫЛДАҚ I *Тез тұтанып, жылдам жанатын изен, жусан, қаңбақ сияқты шөп-шалам отын.* Қазан-ошақ астындағы *жалпылдақ* бірде жанып, бірде сөнеді (Әлжіков).

ЖАЛПЫЛДАҚ II 1. *Лап-лап еткен, лапылдаған.* ~ отын (шам). 2. *Жалбырағаң, дудырап жайылған. Жалпылдақ* шашақтары бар жөндіктер (Машанов). 3. *Ауыс. Жалп-жалп еткен, асты-үстіне түсіп жалпаңдаған, бәйек болған.* ~ жалшы.

ЖАЛПЫЛЫҚ *Көптік, жалпыламалық.* Адам "ағаш", "тас" деген дара түсініктерден *жалпылықты* ашады (Ақназаров).

ЖАЛСЫЗ 1. *Жал бітпеген, жалы жоқ.* 2. *Жалмайы жоқ.* 3. *Ауыс. Тұрмысы нашар, ауқатсыз, дәулетсіз, күйсіз.* Жарлы деме малсызды, жансыз деме *жалсызды* (Мақал).

ЖАЛСЫМАҚ *Жал тәрізді, жалға ұқсас.* Аласа қырқалар *жалсымақ* бұйраттар (І. Есенберлин).

ЖАЛТ: жалт берді — *шұғыл, тайып тұрды, тез жүзін бұрды.* ◊ **Жалт бұрылды** — *бұрыла қалды, жалт қарады.* **Жалт етті** — а) *қарай қалды;* ә) *жарқ етті, жарқылдады.* **Жалт қарады** — *бет бұрды.* **Жалт ойнады** — а) *жарқ-жұрқ етті, жарқылдады;* ә) *құлпыра түсті, жайнады.*

ЖАЛТАҚ *Қорқақ, жасқаншақ, именшек.* Әлсіз адам *жалтақ* келеді (Мақал).

ЖАЛТАҚ-ЖАЛТАҚ *Жалтаң-жұлтаң, алақ-жұлақ.* Бөркін іліп, қарайды *жалтақ-жалтақ* (Абай). □ **Жалтақ-жалтақ етті** — *жалтақтады, жалтаңдады.*

ЖАЛТАҚСЫЗ *Қорқақтамай, жасқаншақтамай, батыл.*

ЖАЛТАҚТА 1. *Бір нәрсеге алаңдап жан-жағына қарай беру.* Ерекең *жалтақтап,* өз қара басын ойлады (Шашкин). 2. *Көңілге секем алу, тайсақтау.*

ЖАЛТАҚТАҒЫШ *Секем алғыш, үрейшіл, тайсақтағыш.* Жыршы емен *жалтақтағыш,* жалтырама (Аманжолов).

ЖАЛТАҚТАУШЫЛЫҚ *Алаңдаушылық, тартыншақтық, жасқаншақтық, жалтақтаушылық.*

ЖАЛТАҚТЫҚ *Қорқақтық, жасқаншақтық, батылсыздық.* Әділ пікір айтып, шеше алмай *жалтақтық* көрсетті (Шашкин).

ЖАЛТАҚШЫЛ *Жалтарғыш, тұрақсыз, қорқақ. Жалтақшыл* байлар ә дегенде үркіп қалды (Арыстанов).

ЖАЛТАҢ I *Шөп шықпайтын тақыр, тықыр.* Жыланшықтың ағар жолы теп-тегіс *жалтаң* (Қайырбеков).

ЖАЛТАҢ II *Жалтақ, жасқаншақ.* Қалтай ерте күннен *жалтаң* болып өсті (М. Әуезов). □ **Жалтаң көз** — *жалтақ, тайсақ.* **Жалтаң көздік** — *жалтақтық, тайсақтық.* **Жалтаң қақты** — *қайта-қайта қарай берді.*

ЖАЛТАҢДА 1. *Жалтақтау, жаутаңдау, жәудіреу.* ~п мүләйімсіп, әркімге бір ~йды. 2. *Жасқаншақтау, жалтаңдау.* Ол әкесінің жүзіне *жалтаңдай* қарай берді (Еділбаев). 3. *Ауыс. Бағыныштылықтәуелді болу.* *Жалтаңдаған* жас жүрек (Абай).

ЖАЛТАҢДЫҚ *Қорқақтық, жасқаншақтық.*

ЖАЛТАҢ-ЖАЛТАҢ *Жалтақ-жалтақ, елең-елең.* Сұрланып қарай берді *жалтаң-жалтаң* (Еркімбеков).

ЖАЛТАҢСЫЗ *Жалтақсыз, қорқынышсыз.*

ЖАЛТАҢШЫЛ *Үрейші, қорқақ.* Жан-жағына *жалтаңшылды,* Жақын көріп жақтамайық (Кәрімбаев).

ЖАЛТАР 1. *Жалт беріп қашу, бұлтару.* Кер бұғы жалт беріп ~а жөнелді. 2. *Алғашқы пікірден тану, қашқақтау.* Аралбай күмілжіп, тура жауаптан *жалтарып* кетті (С. Омаров).

ЖАЛТАРҒЫШ 1. *Әдіской, епті, айлакер, бұлтарғыш.* Е, мына қашқан аң *жалтарғыш* түлкі болды ғой (Көшімов). 2. *Ауыс. Сенімсіз, тайсақ, бұлтарма.* *Жалтарғыш* ой да келеді (Ахтанов).

ЖАЛТАРҒЫШТЫҚ *Бұлтарғыштық, айлакерлік,ептілік, әдіскойлық.* Жігіттің *жалтарғыштығына* тағы да мырс етіп еді (Ә. Әбішев).

ЖАЛТАРМА 1. *Бұрылма, бұралаң, бұрылыс, бұлтарма.* Бүгінгі жүретін жолымыз ~. 2. *Жалт беретін, тайып кететін, бұкпелі.* *Жалтарма* жоқ мінезімде-бүкпелерім (Қ. Көпішев).

ЖАЛТАРТ 1. *өзг. етіс. Жалтар=т.* 2. *Басқа жаққа бұлтарту, бұрып әкету.* Басқа жаққа бет бұруға, *жалтартуға* ерік бермеді (М. Әуезов).

ЖАЛТАРЫС *Айла-қулық, бұлтарыс.* Шаруаңды айтсаң анау-мынауды сылтау етіп, ~қа салады.

ЖАЛТ-ЖАЛТ: жалт-жалт етті — а) *жалтылдап, жарқ-жұрқ етті.* Сары алтын ~ етеді; ә) *жалт-жұлт етіп жайнады, нұрланды, от шашты.* Көзі ~ етіп от шашады.

ЖАЛТ-ЖҰЛТ: жалт-жұлт етті — *жарқылдап сәуле шашты, жылт-жылт етті.* Жүздері ~ еткен қанжарлар.

ЖАЛТЫЛ *Жалт-жұлт еткен көрініс, жарқыл.* Ақша қар бетінің құлпырма *жалтылы* көбейді (Ш. Мұртазаев).

ЖАЛТЫЛДА 1. *Көзді шағылыстыра жарқылдау, жалтырау.* Алыстан ~ған оттар көрінді. 2. *Жарқырау, жалт-жұлт ету.* Күрек, қайла күнге шағылысып ~ды.

ЖАЛТЫЛДАҚ 1. *Жарқылдақ, жалт-жұлт еткен, жарқылдаған, жалтырауық.* Ол ~қа көп құмар емес. 2. *Ауыс. Әдемі, әсерлі, бояулы.* Достықты бейнелеуде *жалтылдақ* сөз, қызыл тіл керек емес (С. Мәуленов).

ЖАЛТЫР *Жарқыраған, жалтыраған, жылтыр.* Алдымызда ~ көл жатыр. □ **Жалтыр мұз** — *айнадай жалтыраған, жып-жылтыр мұз.*

ЖАЛТЫРА *Жалт-жұлт ету, жарқырау.*

ЖАЛТЫРАҚ 1. *Жарқ-жұрқ еткен, жарқырақ, жалтыраған, жылтырақ.* ~ стол (туфли). 2. *Ауыс. Мағынасыз, мәнсіз, жылтыр.* ~ сөзбен жар салған. 3. *Сұйық, берекесіз, тиянақсыз.* Жалған мінез, ~ жігіттік жоқ.

ЖАЛТЫРАУЫҚ 1. *Жалт-жұлт еткен, жарқырауық.* ~ темір түйме. 2. *Ауыс. Сырты әдемі, жақсы киінген.* ~ киім киген. 3. *Берекесіз, пәтуасыз.* Қазір Мәмбет сияқты *жалтырауықтар* көбейді (Жанұзақов).

ЖАЛТЫРБОЗ *Құмды жерде өсетін келіншекбоз, тарақбоз тәрізді шөптердің бір түрі.* Құм ішінде ~ тұнып тұр.

ЖАЛТЫР-ЖҰЛТЫР *Жалт-жұлт, жарқ-жұрқ.* *Жалтыр-жұлтыр* еткен тыныштық көрмейді (Абай).

ЖАЛТЫРЛАУ *Жалтырауық, жалтыраған.* Бір көргенге алтыннан жез *жалтырлау* болады (Нәжімеденов).

ЖАЛТАРМА 1. *Бұрылмалы, бұлтармалы, бұралаң, бұрылысты, айналмалы.* Жолымыз *жалтарма,* ылдилар көп (Төреханов). 2. *Ауыс. Тұрақсыз, табансыз, тиянақсыз.* ~ жауап.

ЖАЛТАРМАЛАП *Тайқақтап кету, бұлталақтап қашқақтау.* Түлкі *жалтармалап* қипықтады (Тұрманжанов).

ЖАЛТАРМАЛЫ *Ауыспалы, айнымалы, айналмалы, құбылмалы, бұлтармасы көп.* Дүние бар мінезің *жалтармалы* (Малқаров).

ЖАЛТАРЫМПАЗ *Жалтарғыш, бұлтарғыш.* Қосаяқ жүйрік, *жалтарымпаз* (Орманбаев).

ЖАЛТАРЫС 1. *Бұлтарыс, қалтарыс, айналыс.* Сен елеусіз бір *жалтарыста* түсіп қал (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Қулық, әдіс-айла.* Ауданбек *жалтарысқа* салды (Н. Ғабдуллин).

ЖАЛТАРЫССЫЗ *Жалтарысы, бұлтарысы жоқ, қалтарыссыз, әдіс-айласыз, тайсақтаусыз, қулығы жоқ.*

ЖАЛТ-ЖАЛТ: жалт-жалт етті — а) *жарқ-жұрқ етті;* ә) *от шашты, жайнады.* □ **Жалт-жалт қарады** — а) *жалтаң-жалтаң етті, жалтақтады;* ә) *жаутаң-жаутаң етті, жаутаңдады.*

ЖАМАҒАТ *Аздаған жақындық, алыс туыстық.* Азаматтық пен *жамағаттық* ағайын арасының не екенін ұғады (Домбаев).

ЖАМАЛ *поэт. Ажар, көрік, келбет.* Сағымдай жазғытұры толқын ұрып, Қарасам көз алмасар *жамалыңа* (XX ғ. қаз. ақын.).

ЖАМАН 1. *Сапасы төмен, жақсы емес, әсіре нашар.* ~ шекпен (етік, үй, мал). 2. *Жағымсыз, ұнамсыз, кейіпсіз.* ~ әдет (мінез, хабар, сөз). 3. *Өте, қатты.* ~ қуанды, (тойды, әсер етті). 4. *Ауыс. Сәби, нәреste, бала.* Келінім бір ~ды болды. □ **Жаман ауру** *(әвф.)* — *рак ауруының халық арасындағы аты.*

ЖАМАНАТ *Жағымсыз, жайсыз, жаман хабар.* Ел жақтан ~ жоқ.

ЖАМАНАТТЫ: жаманатты болды — *босқа ұятқа қалды, жаман атқа қалды.*

ЖАМАНДА *Біреуді сыртынан даттау, өсектеу.* Әйелін ~ған еркектен без.

ЖАМАНДАТ *Жылқыда болатын жұқпалы індет ауру.*

ЖАМАНДАТҚЫР *қарғ. Жамандат ауруына шалықсын.* Жазықсыз жануарға *жамандатқырын* жаудырды (Қазиев).

ЖАМАНДЫ-ЖАҚСЫЛЫ *Жаманы да, жақсысы да бар, жақсылы-жаманды.* ~ қауесет сөз.

ЖАМАНДЫҚ 1. *Жағымсыз іс, оқиға, зұлымдық, қастық, жауыздық.* Ақ көңілден арамдық шықпас, Арамдық шықса да, *жамандық* шықпас

(Мақал). 2. *Жағымсыз жаман хабар.* -ты естіртетін дәстүр бар.

ЖАМАНДЫҚСЫЗ *Қастықсыз, жауыздықсыз, зұлымдықсыз.* ~ жақсылық жоқ.

ЖАМАН-ЖӘУТІК 1. *Ескі-құсқы, жаман-жұман, көне.* ~ киім (үй, қора) 2. *Арық-тұрық, нашар.*

ЖАМАН-ЖҰМАН *Ескі-құсқы, тозығы жеткен, нашар.* Үстіне ~ киім киген.

ЖАМАНҚҰЛАҚ *бот. Сортаң жерлерде өсетін мал азықтық, бұталы ащы өсімдік.*

ЖАМАНСЫН *Жаман деп санау, менсінбеу.* Қодар құлды жек көрсең, *жамансынсаң* (Қозы Көрпеш).

ЖАМАНШЫЛЫҚ *Жамандық, қырсыздық, ұнамсыз іс-әрекет.* Кедейге *жаманшылықтың* бәрі жабыса береді (Талжанов).

ЖАМАНЫРАҚ *Нашарырақ, ескірек, жамандау, тәуір емес.* Үстіне ~ киім киген.

ЖАМАП-ЖАСҚА *Тозығы жеткен, қираған ескі затты жамап бүтіндеу, түзеу.*

ЖАМАУ *Жыртылған, сынған затты бүтіндеу үшін жамалатын, жапсырылатын бір жапырақ материал (темір, қаңылтыр, ағаш, мата).* Үстінде ~ салған ескі шекпен. □ **Жамау түсті — жамау салды, жамады.**

ЖАМАУ-ЖАМАУ *Жамалған, әр жерден жамау түскен, шоқпыт-шоқпыт.* ~ көрпе (көйлек, қараша үй).

ЖАМАУҚАТ *бот. Дала жемісі, жидек.* Ертеде аң аулап, *жамауқат* теріп жеп күнелтті (Х. Әбішев).

ЖАМАУЛА *Жамап-жасқау, ескі-құсқыны бүтіндеу. Жамаулап* қора-қопсы тесіктерін, Жаңартып жатты шаруа есіктерін (Әбілев).

ЖАМАУЛЫ *Жамауы бар, жамауы көп.* ~ алаша (кесе).

ЖАМАУЛЫҚ *Жыртықты бүтіндеуге қажетті материал.* ~ мата, (киіз).

ЖАМАУСЫЗ *Жамалмаған, жамауы жоқ.* ~ киім.

ЖАМАУШЫ *Ескі-құсқы жыртықты жамайтын, сынған, бүлінген затты шегенделп бүтіндейтін шебер.* Ауылда бір ~ бар.

ЖАМБАЙЛА *Жанамалау, қабаттасу, қатарласу.* Қасынан *жамбайлап* мен де қалмай келем (Орманов).

ЖАМБАС 1. *Пісірген соң құрметті қонаққа тартатын ірі не ұсақ малдың сыйлы сан сүйегі.* ~ тартты. 2. *Жан-жануарлардың саны, сан еті.* □ **Жамбасқа салу** — *күрес ойынының әдісі.* ◊ **Жамбасы жерге тиді** — *өлген адамды жерледі, қойды.* **Жамбасы жерге тимеген** — *жеңілмеген, атақты балуан.*

ЖАМБАСАҚЫ *Қонған, түнеген орынға төленетін ақшалай ақы. Жамбасақы* төлеп, керуен сарайында жатамын (І. Жансүгіров).

ЖАМБАСТА *Бір жақ қырынан қисаю, жантая жату.* Төрде біреу -п жатыр.

ЖАМБЫ 1. *көне. Әр түрлі формада (тай, тайынша, қой тұяғындай) құйылған, салмағы әр қалай ақша орнына жүрген таза, сом күміс.* 2. *Ойын тойларда мергендер атып түсіру үшін тігілетін сом күміс не қымбат металл.* □ **Жамбы атты** — *биік бағанадағы жамбыны ат үстінен мергендікпен ататын спорт ойыны.* **Жамбы ілу** *(этногр).* — *атпен шауып келе жатып, жерден жамбыны алып кету.*

ЖАМБЫДАЙ *Жамбы тәрізді аса қымбат.* Достықты ~ сақтайық.

ЖАМБЫЛ I *Кентті, қаланы айнала төңірек қоршаған қорған, бекініс.*

ЖАМБЫЛ II *бот. Шымқай қоңыр түсті гүл.* Көшелерде толықсыды қоңыр шымқай гүл *жамбыл* (Қ. Шаңғытбаев).

ЖАМБЫЛДА *Әдемілеп әшекейлеу, сәндеу, қорғандау.* Алып қолдар соққан мықтап *жамбылдап* (А. Хангелдин).

ЖАМБЫЛША *Қауынның ертерек, тез пісетін сортының бірі.*

ЖАМИҒЫ *Бүкіл, барлық, күллі, жамағат.* Атамыз алыс болғанмен, *Жамиғы* қазақ бір туған (Үш ғасыр).

ЖАМПАЙЛА *жерг. Бір нәрсені төңіректеп жағалау.* Папасына баласы *жампайлап*, еркеледі (Б. Соқпақбаев).

ЖАМПАҢ: жампаң қақты [етті] — *асты-үстіне түсті, жалпақтады, жағымпазданды, жарамсақтанды.*

ЖАМПАҢДА 1. *Тез-тез шайнаңдау.* Нанды -п шайнады. 2. *Біреуге қошемет көрсетіп жалпылдау, асты-үстіне түсу, жалпаңдау.* Ол -й қалды.

ЖАМПОЗ 1. *Нар мен айыр түйенің будандасуынан туған асыл тұқымды түйе.* Айырдан туған ~ бар. 2. *Ауыс. Жігіттің төресі, асылы.* Не бір жайсаң мен *жампоздар* (Аманшин).

ЖАМПОЗДАН *Жалбақтап жаны қалмау, тырысу.* Ол шай қойып *жампозданып* тұр (Қ. Ысқақов).

ЖАМПОЗДЫҚ *Қошеметтеп жалпақтаушылық.* Бәтес -ғына басты.

ЖАМСА 1. *Жаппай қырылу, жусап қалу.* Соғыста -п қалды. 2. *Жапырылып жатып қалу.* -п жатқан егін. 3. *Көп болып қаптау.* Дәнді алқап төсінде комбайндар -п жүр.

ЖАМСАҚТАН *Жағымпаздану, жарамсақтану. Жамсақтанып* жалбақтап жүретін оқушы еді (М. Қуанышбаев).

ЖАМШЫ *көне. Жапқыш, жамылғы.* Көк *жамшысы* артынан түсіп қалып (Қозы Көрпеш).

ЖАМШЫДАЙ *Жамшы тәрізді, жабудай.*

ЖАМШЫЛА *Тасалау, көлегейлеу, көлбеңдеу.* Бұлттай ұшты *жамшылап* (Саин). Жер қыртысын *жамшылап*, Кірпігін де көтермей (Әбілев).

ЖАМЫҒА *Жаппай, сыпыра, бәрі жапырлай.* Жиылды жұрты *жамыға* (Қамбар батыр).

ЖАМЫҚ *Қамығу, қапалану, мұңаю.* Сөзіңнен көріп өзіңді, Құшақтай алдым *жамығып* (Бөкеев).

ЖАМЫЛ 1. *Үстіне жамылу, орану.* Жалғасжанның көрпесі еді, сен *жамылып* үйықтай ғой (Дүзенов). 2. *Иыққа желбегей жабу, бүркену.* Пальтосын желбегей -ып тысқа шықты. 3. *Ауыс. Айналаны тұтас қаптап жату, торлау.* Жасыл кілем -ған дала.

ЖАМЫЛҒЫ 1. *Төсек жапқыш, стол бетіне жабатын жамылғыш.* Төсек -сы, стол -сы. 2. *Сыртқы қабық, қабыршақ.* Жануарлардың ~ тканьдері құрғақ. 3. *Ауыс. Қорғаныш, пана.* Ата-ана балаға ~. □ **Жамылғы етті** — *желеу қылды, сылтауратты.*

ЖАМЫЛҒЫЛА *Жамыла-жамыла, бүркемелеу.* Талай түндерді *жамылғылап* жүріп, Амантайдың тапқан баспанасы (С. Мұқанов).

ЖАМЫЛҒЫШ 1. *Бірдеңенің бетіне жабылатын зат, жапқыш, жамылғы.* Ол оң қолын *жамылғыштың* астынан шығарды (Еділбаев). 2. *Бір нәрсенің сыртқы қабаты, бетіндегі қабыршағы, жамылғы.* Таулардың ~ы, ~тары түсіп қалған. 3. *Ауыс. Бетке ұстау, бет перде.* Ол өзінің буржуазиялық ~ын сыпырып тастады.

ЖАМЫЛТҚЫЛА *Жасыру, бұркемелеу.* Бұл пікірді азырақ *жамылтқылайды* (Ғ. Мүсірепов).

ЖАМЫЛУЛЫ: қара жамылулы — *қайғылы, қасіретті.*

ЖАМЫЛШЫЛА *Жабыңқырау, жамылыңқырау, бұркемелеу.* Күлбадан үшеуін шапанының екі жақ етегімен *жамылшылады* (М. Әуезов).

ЖАМЫЛЫШСЫЗ *Бұркеуішсіз, жамылғысыз, бүркенішсіз.*

ЖАМЫРА 1. *Жас төлдердің өрістен қайтқан енелеріне маңырай жүгіріп келіп, жармасып емуі.* Енелеріне *жамыраған* төлдер (Оразалин). 2. *Ауыс. Жапа-тармағай, бәрі бірдей.* Үшеуі бірдей *жамырай* сөлем берді (М. Әуезов).

ЖАМЫРАМА *Шашыраңқы, бытыраңқы.* ~ үн (әңгіме).

ЖАМЫРАНДЫ *Жамырап шыққан, сөйлеген сөз.* Осындай *жамыранды,* киме сөздер оған тікенше қадалып жатты (Ғ. Мұстафин).

ЖАМЫРАУЫҚ *Жамырай бергіш.* ~ бұзау (қозы).

ЖАН I 1. *Жан-жануарларға тіршілік беретін рух, өмір.* Балық *жаны* суда (Мақал). Ауырып жазылған *жан* олжа (Мақал). 2. *Адамның ішкі сарайы, ой-санасы.* Адам ~ының инженері. 3. *Ауыс. Қадірлеу, құрметтеу ретінде айтылатын сөз.* Жаным десе, *жан* семіреді (Мақал). ~ қалқам. ◊ **Жан азабын тартты** — *қатты қиналды.* **Жан алды** — *тірі қалдырмады, өлтірді.* **Жан алқымға алды** — *мұршасын келтірмеді, тықсырды.* **Жан алқымға таянды [кетті, тақалды, тірелді, тығылды]** — *қысылтаяңға кездесті, тықыр таянды.* **Жан дәрмен** — *жанталас, арпалыс.* **Жан дегенде жалғыз** — *ең жақын, адал, сенімді.* **Жан жүйесін босатты** — *сезімі толқыды, көңілін тербеді.* **Жан күйттеді** — *жан бақты, жанын күтті.* **Жан кірді** — а) *тірілді, есін жиды;* ә) *құлпырды, жайнады;* б) *риза болды, сүйсінді.* **Жанын қиды** — *жанын пида етті.* **Жаны төзбеді** — *жақтырмады, ұнатпады.* **Жаны түршікті** — *аза бойы тік тұрды, шошыды.* **Жаны тынды** — *көңілі орнына түсті.* **Жаны ұстараның жүзінде тұр** — *жаны өлім аузында.* **Жаны шошыды** — *зәресі ұшты, қорықты.* **Жаны шығып кетті** — *шыдай алмай қатты қорықты.* **Жаны шықсын** — *өлмесе өме қатсын.* **Жаны шықты** — а) *дәмі таусылды, өлді;* ә) *шамына тиді, ашуланды.*

ЖАН II 1. *Адам, кісі.* Сізден артық *жан* тумас (Абай). 2. *Тірі адам, пенде.* Бөлмеде ~ тұрмайды, ~ шықпады алдынан, далада ~ жоқ. □ **Жан басына** — *әр адамға, кісі басына.* ◊ **Жан біткенді** — *бірін қалдырмай түгел, тегіс.* **Жаннан асқан** — *өзгеден ерекше, өзгеше.*

ЖАН III *Бүйір, бір жақ, қасы.* ~ қалта (торсық).

ЖАН IV 1. *Отқа күю, өртену.* Жаудың он танкісі ~ып жатты. 2. *Лаулап жану, маздау.* Үй ортасында маздап *жанған* түтінсіз от бар (М. Әуезов) 3. *Ауыс. Жайнап құлпыру, жарқырау.* Көзі оттай ~ып. 4. *Қайғыдан күйіп-жану, қасірет шегу.* Қайғы оты көкірегінде *жанса* дәйім (С. Омаров). □ **Жанып кетті** — а) *гүл-гүл жайнап, құлпыра түсті;* ә) *күйіп кетті.* **Жанып тұр** — *күйіп тұрған ыстық.*

ЖАНА I 1. *Сегіз жасар бұркіт.* Жасына қарай бүркіт былай айтылады: бір жас — балапан құс, сегіз жас — *жана,* тоғыз жас — май, түбіт, он екі жас — барқын (С. Қасиманов). 2. *Ең құрметті, тамаша адам.* Жақсының еді *жанасы* (фольк).

ЖАНА II *Қатарласа жүру, жанасу.* Қоянды *жанай* омырауымен қағып өтті (Сералиев). □ **Жанап [өтті] кетті** — *жақындап келді, жуысты.*

ЖАНАЗА *діни. Өлген адамды жерлеу алдында оқылатын дұға.* Диқан қарттың *жаназасына* қыруар ел жиналды (О. Сәрсенбаев). ◊ **Жаназа [шығарды] оқыды** — *өлген адамға арнап құран оқыды.*

ЖАНАЗАЛА *Жаназасын шығару, құран оқыту.* Мен өлсем, *жаназалап* көрге апарады (Жансүгіров).

ЖАНАЗАЛЫ *Жаназасы оқылған.* ~ үйге бас сұқпай өтуге болмайды.

ЖАНАЗАШЫ *Жаназа оқушы, шығарушы адам.* Бөжейдің екі қызы *жаназашыларға* көрісіп жоқтау айтты (М. Әуезов).

ЖАНАЗАСЫЗ *Жаназасы оқылмаған, құран оқымаған, дұғасыз.* ~ көмген бе?

ЖАНАМА *Қосымша, қосалқы, үстеме.* ~ мағына (сұрақ, жол, бөлме).

ЖАНАМАЙЛА *Тасалау, жанамалау, төңіректеу.* Арба мен ат тасасын *жанамалайды* (Нәбиев).

ЖАНАМАЛА 1. *Жағалау, жиектеу, жуықтау.* 2. *Жақындата айту, тұспалдау, жақаурату.* Жаңа бара алмайтынын *жанамалап,* долбарлап айтты (Шәріпов). 3. *Қосалқылап қосымшалау, жақындату, қосарлану.* ~п сұрақ қойды.

ЖАНАМАЛЫ *Қосымшалы, үстемелі.*

ЖАНАМАСЫЗ *Қосалқысыз, қосымшасыз, үстемесіз.*

ЖАНАН *жерг. Үлкен кесе.* Келіні бір ~ қымыз құйып берді.

ЖАНАП 1. *Төңірек, маңай, қасы, қатары.* Олардың *жанабында* жүрген жігіттер Сәкенді орталарына алды. 2. *Дидар, кескін, келбет.* Қызығып *жанабына* жолдадым сөз (Үш ғасыр).

ЖАНАПАЙЛА 1. *Жанамайла.* ~п жаяу жүрді. 2. *Қосақталу, қосарлану.* Өзі ~п сөйледі, ~й жарысты.

ЖАНАР 1. *Көз, көздің нұры, қарашық.* Ананың *жанары* Жамалға ауды (Райымқұлов). 2. *Күннің жарық нұры, сәулесі.* Жарық күннің ~ы. □ **Жанар тас** — *қараңғыда сәуле шашып тұратын химиялық элемент, фосфор.*

ЖАНАРГҮЛ *бот. Ботаника ғылымында латынша coronaria деп аталатын, көктемде гүлдейтін ашықсары түсті өсімдік.* ~ солтүстік облыстарда жиі кездеседі.

ЖАНАРДАЙ *Жанар тәрізді, көздің нұрындай.*

ЖАНАРЛАН 1. *Көздің нұрлана жайнауы, нұр шашуы.* Жігіттің көздері ~ып кетті. 2. *Жарқырау, құлпыру.* Жер-жиһан таңмен бірге *жанарланды* (Х. Әбішев).

ЖАНАРЛЫ *Көз жанары үлкен, отты.* ~ көз, ~ жүзі.

ЖАНАРМАЙ *техн. Түрлі транспорттарды жүргізуге пайдаланылатын техникалық (бензин, керосин т. б.) сұйық май.*

ЖАНАРСЫЗ *Көзінің жанары жоқ, жалынсыз, отсыз.*

ЖАНАРТАУ *Жер астынан атылып шығатын, балқыма сұйық заттары бар тау.* Құлжа қаласына жақын жерде ***жанартау*** бар (Бегалин).

ЖАНАС 1. *Жақындау, жуысу, таяу келу.* Бәйгеге шапқандар бір-бірімен ~ты 2. *Біреумен тығыз байланыс жасасу, қатынаста болу.* Олар қарым-қатынас жасасып, өзара ~а бастады. 3. *Мал төлінің байлаулы тұрған енесін емуі.* Ала бұзау ~ып еміп жатыр.

ЖАНАСАЛА *Қабаттасу, жанамалау.* Ол Дойқараға ~й берді.

ЖАНАСҚЫШ *Жақындағыш, жуықтағыш. Жанасқыш-ақ* кісіге (Ә. Тәжібаев).

ЖАНАСЫМ *Икем, бейім.* Кісіге ~ы аз.

ЖАНАСЫМДЫ *Үйлесімді, бейімді, икемді, ыңғайлы.* Іске ~ (өмірге, шындыққа).

ЖАНАСЫМДЫРАҚ *Лайығырақ, ыңғайлырақ, бейімдірек, икемдірек.* Киімнің түрлері өмірге ***жанасымдырақ*** болады (Зікібаев).

ЖАНАСЫМПАЗ *Үйірсек, бейімдеу, жанасқыш.* Қараңғы қазақтың болдым дегені — болыстыққа ***жанасымпаз*** (Ғ. Мұстафин).

ЖАНАСЫМСЫЗ *Икемсіз, бейімі жоқ.* Бұл сөзің шындыққа ~.

ЖАНАТ I *Жұмсақ жүндес, терісі қымбат бағалы аң және сол аңның терісінен тігілген киім.* ~ ішік (бөрік).

ЖАНАТ II *Қабығын аршымай орып алған күйінде қора қалауға пайдаланылатын ши.*

ЖАНАТТА *Сырт киімінің жағасына, жеңіне жанат терісін сап жайнату, құлпырту, сәндеу.* Үстінде киімдерін ***жанаттаған*** (Айтыс).

ЖАНАТТАЙ *Жанат тәрізді жайнаған, құлпырған.*

ЖАНАТТЫ *Жайнаған, құлпырған.* ~ жасыл бақ.

ЖАНАУЫЗ *Өгіздің мойнын жармаға бекітіп тұратын ағаш.* Төлеміс өгізді жақындатып, ***жанауызын*** салды (Т. Жармағамбетов).

ЖАНАШЫР 1. *Үнемі қамқорлық ететін туыс, ет жақын адам.* Дүниеде ***жанашыр*** жалғыз жақыным әпкем еді (З. Шүкіров). 2. *Қорғаушы, қамқоршы, жақтаушы.* Ол барлық балалардың ***жанашыры*** болған адам (С. Ерубаев).

ЖАНАШЫРЛЫҚ *Ниеттестік, тілектестік, қамқорлық, ет жақындық.*

ЖАНҒЫШ *От алғыш.* ~ сұйық зат (газ).

ЖАНҒЫШТЫҚ *Тез жана бергіштік, тұтанғыштық.*

ЖАНДА *көне. Қадағалау, қарау, қызмет жасау, күту.* Тоқсан құлы келеді көшін ***жандап*** (Қозы Көрпеш).

ЖАНДАЙ *Кісі тәрізді, адамдай.* Бірге жүрген ~, таныс ~, тірі ~.

ЖАНДАЙШАП *Біреудің сөзін сөйлеп, сойылын соғушы, қол шоқпары.* Жәңгірханның ~тары.

ЖАНДАЙШАПТА *Жанамалап, қатарласа шабу. Жандайшаптап* жүйріктің тынысын аш (Т. Әлімқұлов).

ЖАНДАЙШАПТЫҚ *Біреудің сөзін сөйлеушілік, сойылын соғушылық, қол шоқпары болушылық.* ~ғын қоймады.

ЖАНДАМА: 1. **Жандама мүше** — *жанама, қосымша мүше.* Бұл етті көбейту үшін салатын ***жандама*** мүше (С. Жүнісов). 2. *Өлген кісіні жерлейтін қабірдің бір түрі.*

ЖАНДАН 1. *Жан біту, тірілу.* Жан-жануар тегіс ~ды. 2. *Ауыс. Дамып қыза түсу, үдеу. Өңгіме қайта ~ды.* 3. *Түрлене құлпыру, жайнау.* Жер беті ~ып келе жатыр. 4. *Жақсару, жетілу.* Құрылыс жұмыстары едәуір ~ды.

ЖАНДАРМ *көне. Патша кезіндегі полиция қызметкерлеріне берілетін атақ, лауазым.*

ЖАНДАС 1. *Жақындасу, сыбайласу, достасу.* Азаматтық махаббат үшін ***жандасуың*** керек (Қ. Мәш.-Жүсіпов). 2. *Бетпе-бет келіп алысу, соғысу, жауласу.* Есінде ме Дутовпен алысқан күн ***жандасып?*** (Жұмалиев). 3. *Жақындап жанамаласу, қатарласу.* Жігіт қыздың бетінен сүюге ~а берді.

ЖАНДАТПА *жерг. Құлама жар.* Қорғанның екі беті көк шөп өскен жылмағай ***жандатпа*** (Кекілбаев).

ЖАНДАУ *Таудың етегі, бөктері.* Жұмысшылар талай көпір жасады, Бөрлі төбе ***жандауларын*** қашады (Ерғалиев).

ЖАНДЫ 1. *Жаны бар, тірі. Жандыда* балық үлкен, Жансызда қамыс үлкен (Мақал). 2. *Негізді, жөні бар.* Біз өзі сегіз ***жанды*** семьямыз (Қабышев). 3. *Аса құнды, маңызды.* ~ сөз (мәселе). 4. *Бір нәрсеге өте берілген, әуес, құмар.* Дүние ~ (адам, ақын). ◊ **Жанды жер** — а) *талма жер;* ә) *ар-ұятқа, намысқа тиетін, көңілге келетін сөз.* **Жанды жара** — *ауыр қасірет.*

ЖАНДЫ-ЖАҚТЫ *Үбірлі-шүбірлі, көп ағайынды, өрісі кең.* Бұл кісі де ***жанды-жақты*** үлкен семья болды (Нұршайықов).

ЖАНДЫ-ЖАНСЫЗ *Жаны бары да, жаны жоқ та, баршасы, күллісі.* Апат оғы қадалған жердің көлемінде ***жанды-жансыз*** түгел жоғалыпты (Ғ. Мүсірепов).

ЖАНДЫҚ *жерг. Ұсақ мал, қой-ешкі.* Он бастай ***жандық*** кем шықты (З. Шүкіров).

ЖАНДЫЛЫҚ *Жаны барлық.* ~ы көрініп тұр.

ЖАНДЫРҒЫШ *От алдырғыш, тұтандырғыш.* ~ бөтелке (оқ).

ЖАНДЫРМА *жерг. Майсыз қарып пісіретін жұқа нан.* ~ нан.

ЖАН-ДІЛІ *жерг. Жаны-тәні, жан дүние.*

ЖАН-ДІЛІМЕН *жерг. Жан-тәнімен, жан дүниесімен.*

ЖАН-ЖАҚ *Маңай, төңірек, айнала.* ~қа көз жіберді.

ЖАН-ЖАҚТАҒЫ *Төңіректегі, маңайдағы.* ~ жерді шолып шықты.

ЖАН-ЖАҚТАН *Түс-түстан, әр тараптан.* Тыңға ~ көп адам келді.

ЖАН-ЖАҚТАП *Түс-түстан қаумалап, тарамтарам болып.* Жеміс бұтақтары ***жан-жақтап*** көлденең бағытта өседі (М. Майлыбаев).

ЖАН-ЖАҚТЫ *Әр жақты, терең, толық, тұтас.* ~ баяндады. ~ сөз болды. □ **Жан-жақты адам** — *әр саладан мол хабары бар, білгір кісі.*

ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ *Әр тараптылық, терең-ділік, білімділік.*

ЖАНЖАЛ *Ұрыс-керіс, шатақ, дау, бәле.* ◊ **Жанжал салды [қылды]** — *шатақ шығарды, ерегіс туғызды.*

ЖАНЖАЛДАС *Бір-бірімен дауласу, шатақтасу, ұрысып-керісу.*

ЖАНЖАЛДЫ *Дау-дамайы мол, шатағы көп, ұрысшыл, шатаққұмар.* ***Жанжалды*** елге жақын қонба (Мақал).

ЖАНЖАЛҚОЙ *Шатаққұмар, жанжалшыл, даукес.* Хантемір қызба, ***жанжалқой*** (Т. Нұртазин).

ЖАНЖАЛСЫЗ *Шатақсыз, ұрыссыз, дау-дамайсыз.*

ЖАНЖАЛШЫЛ *Жанжалқой, шатақшыл, жанжалқұмар, даукес.* Өтегеннің баласы да ***жанжалшыл*** екен (Бектұрғанов).

ЖАНЖАЛШЫЛДЫҚ *Жанжалқойлық, жанжал құмарлық, даукестік.*

ЖАН-ЖАНДАН *Жанына жан қосылу; адам басы көбею.* Ханның баласы ***жан-жанданып***, балалы-шағалы болыпты. (Қаз. ертег.).

ЖАН-ЖАНУАР *Адамнан басқа күллі мақұлықтар, тірі хайуанаттар.* Жылқы — ~дың ең сұлуы.

ЖАН-ЖӘНДІК *Бүкіл жанды-жансыз, барлық, күллі тіршілік атаулы.* ***Жан-жәндік*** тіршілік талабына ұмтылды. (І. Жансүгіров).

ЖАН-ЖҮЙЕ *Адамзаттың сезім жүйесі, бүкіл дене.* Жақсы әндер ~нді елжіретеді. ◊ **Жан-жүйесін босатты** — *көңілді толқытты, сүйсіндірді.*

ЖАНКЕШТІ *Өлген-тірілгеніне қарамайтын, жанын аямайтын, еңбекқор.* Ол еңбек сүйгіш, ~ адам еді.

ЖАНКЕШТІЛІК *Аянбаушылық, өлген-тірілгеніне қарамаушылық, еңбекқорлық.* ~пен өмір кешіп жүр.

ЖАНКҮЙЕР I *Жанашыр, қамқор туыс.* Баланың ~і болмаса жағдайы қиын ғой.

ЖАНКҮЙЕР II *спорт. Жақтаушы, қолдаушы.* Медеуге ~лер көп жиналыпты.

ЖАН ҚИЯР *Жанын аямайтын, жан беруге дайын, батыл, жүректі, ер жүрек.* Ол ~ адам.

ЖАН ҚИЯРЛЫҚ *Батылдық, берілгендік, ер жүректік.*

ЖАН-ҚҰТЫ: **жан-құты қалмады** — *жан-тәнімен кірісті, аянбады.*

ЖАННАМ: **жаны жаннамға кетті** — *о дүниеге кетті, өлді.*

ЖАННАТ 1. *діни. Жұмақ, бейіш.* Жаны ~та болсын. 2. *Ауыс. Рақат, керемет.* Алтайдан асқан ***жаннат*** жерді көре алмадым (Жақанов).

ЖАННАТТАЙ *Құлпырған, гүлденген, пейіштей.*

ЖАНР *әдеб. Әдеби шығарманың белгілі бір түрі.*

ЖАНРЛЫ *әдеб. Әр түрлі, көп салалы.* Қазақтар көп ***жанрлы*** профессионалды өнерге ие болды (І. Омаров).

ЖАНРЛЫҚ *Жанрға қатысты, жанрға тән.* ~ өзгешелік (жіктеу, зерттеу).

ЖАНСАР *Шала, мардымсыз, болмашы, әлсіз.* ~ жанған білте шам (сәуле). Шала ~.

ЖАНСАРЛАУ *Нашарлау, әлжуаздау, әлсіздеу.* Ана ***жансарлау*** саусақтарын созды (Қыдырханов).

ЖАНСЕБІЛ *Көнбіс, төзімді, шыдамды.* Не деген ит жанды, ***жансебіл*** едім (С. Жүнісов).

ЖАНСЕБІЛДЕ *Шыдаңқырау, төзіңкіреу, көндігу.* Жанай ***жансебілдеп*** отырудан қалды (Әбуталиев).

ЖАНСЕБІЛДІК *Көнбістік, төзімділік, шыдамдылық.* Ол ***жансебілдікке*** салынып, сол күні-ақ үйін тіккен (Абдрахманов).

ЖАНСЫЗ I 1. *Өмірі біткен, өлген, тірі емес.* 2. *Көзінің нұры, жанары тайған.* ***Жансыз*** көзінің кірпіктері қыбыр-қыбыр етті (Сатаев). 3. *Құлазыған, мылқау, меңіреу.* ***Жансыз*** дала керең еді (Ерубаев). 4. *Жаны жоқ.* ~ заттар. 5. *Мәнсіз, мағынасыз.* ~ тіршілік (баяндама). 6. *Өлгентірілгенді білмейтін мықты, төзімді.* Үшса талмас қанаты, ***Жансыз*** тұлпар мінгіздің (Кәрібаев).

ЖАНСЫЗ II *Жау арасында жүріп, тың тыңдайтын адам, тыңшы; шпион.* Сен Шыңғысхан ордасындағы менің ***жансызым*** бол (Д. Досжанов). Ол ***жансыз*** жантасалау тәсіліне көшкен еді (Әбілев).

ЖАНСЫЗДАН *Жаны кетіп, қимылсыз қалу.* Суықтан қол-аяғы ~ып қалған.

ЖАНСЫЗДАУ *Жасандылау, мәнсіздеу.* ~ бейне (сурет).

ЖАНСЫЗДЫҚ I *Жаны жоқтық, қозғалыссыз қалғандық.* Көз шарасында ~ бар.

ЖАНСЫЗДЫҚ II *Жасырын әрекет, тыңшылық; шпиондық.* Арадағы ***"жансыздықты"*** естіген хорезмшах қатты ашуланды (Д. Досжанов).

ЖАНСЫН *Жақсы адам болғансу, жақсы көріну, адамдар.*

ЖАНСЫРА *Қуаты кему, әлсіреу, әлі кету.* Судан шыққа балық деген ***жансырап*** қалады деуші еді (Байтанаев).

ЖАНТАЙ *Жамбастап бір жақ қырына жату, қисаю.* Жастыққа ~я бір қырынан жатыр.

ЖАНТАЙЛА *Ұзап кете алмау, айналсоқтау.* Келдің тағы ***жантайлап*** (Шакенов).

ЖАНТАЙМА *Таудың, шоқы, төбенің құлама жағы, қия қабағы.*

ЖАНТАҚ *Шөлейтте өсетін, көбіне түйе жейтін тікенекті өсімдік.* ~ тамырын өте тереңге 20–30 метр жібереді.

ЖАНТАҚТЫ *Жантағы мол өсетін, жантағы көп.* ~ жер.

ЖАНТАЛАС 1. *Арпалысу, аласұру.* Мәңгілікке көз жұмар кезде шешем ***жанталасып*** мені іздепті (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Әбігер болу, жанын салып тырысу.* Ол өз адамдарын қоюға ***жанталасып*** отыр (Ғ. Мұстафин). 3. *Асығыс-үсігіс, қауырт, қарбаласу, жан-тәнімен кірісу, тез асығу.* Далада жұрт ***жанталасып*** егін орағына әзірленіп жатыр (Ж. Молдағалиев).

ЖАНТАҢДА *Бір жақ жамбасымен қираңдап жүру, қиқалаң-қиқалаң етіп жүру.*

ЖАН-ТӘНІ *Тын ықылас, ынта-ниет.* ~нді баурап алды. ◊ **Жан-тәнін салды** — *бар күшін жұмсады, аянбады.*

ЖАН-ТӘНІМЕН *Тын ниетімен, бар ынта-ықыласымен.*

ЖАНТЫҚ I *Адамдардың ара қатысын бұзатын екі жүзді, жымысқы, әзәзіл.* Нанбандар жауыз ***жантыққа*** (М. Әлімбаев).

ЖАНТЫҚ II *Бір жағына қарай жапырайған, қисық.* ***Жантық*** мүйіз сары ешкінің сүті (Серкебаев).

ЖАНТЫҚША *Жантық тәрізді, опасыз.* ~ жампаңдады.

ЖАНУАР 1. *Хайуанат, мал, аң.* Қойдан басқа да аңдар және ***жануарлар*** бар (Ермеков). 2. *Үй малдарын сыйлап, қадірлей атауда айтылатын сөз.* Жылқы ~дың пайдасы көп. Ой, ~ым-ай.

ЖАНУЛЫ *Жанған күйі, жаққан қалпы, өшпеген.* Шам ~ қалды.

ЖАНУЫШ 1. *Құрал-сайманды қайрайтын, жанитын зат, қайрақ.* Қараменді қолында ұзын

жануыш (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Қуат беруші, жігерлендіруші.* Осы от Махметтің жанын *жануыш* боп қайрап жіберді (Нұршайықов).

ЖАНУЫШТАЙ *Жануыш тәрізді, қайрақтай.*

ЖАНША *Адам сияқты, адамша, кісіше.* Бірінші рет көрген *жанша* қараймын (Баянбаев).

ЖАНШЫ 1. *Мыжғылау, езу, жаншу, жаныштау.* Шылымның қалдығын өкшесімен ~ды. 2. *Құрғақ затқа басқа сұйық зат қосып араластыру, шылау.* Жемейді адам күлді майға ~п. 3. *Еңсесін көтертпеу, басып тастау, қысым көрсету.* Ауыр күндер салмағы Зәурешті ~п тастапты. 4. *Ауыс. Күшпен жеңіп бағындыру, таптау, езу.* Еңбекшілерді бай-феодалдар езіп, *жаншып* отырды (Нұрқанов).

ЖАНЫ I 1. *Құрал-сайманның жүзін қайрау, өткірлеу.* Жасық пышақ өтпейді *жаныса* да (Мақал). 2. *Ауыс. Біреуді біреуге айдап салу, өшіктіру.* Елдосты бір-екі рет *жанып* жіберу керек (Досанов). 3. *Жігерлендіру, құптап қолдау, қайрау.* Директор оны ~й түсті.

ЖАНЫ II *Бір нәрсенің қасы, маңы, тұсы.* Тәлімді ~на отырғызды. Апамның ~на жата кетерсің.

ЖАНЫҒЫШ *Құрал-сайманды жанып өткірлейтін қайрақ.* Тезірек *жанығыш* пен кескішті жеткізіңдер (Алтынсарин).

ЖАНЫҚ *Өзеурету, өршелену, қызбалану, жанып тұсу.* Өрт шыққандай неге *жанығады* мына жұрт. (Н. Сералиев).

ЖАНЫМ *экспр. Балаға не жас адамға еркелету мәнінде айтылатын сөз. Жаным-ау,* айтсаңшы не болды саған? (Қосшығұлов).

ЖАНЫНДА I 1. *Қасында, маңында, тұсында.* ~ ұлы мен әйелі, мектеп ~. 2. *Ауыс. Жанқалтасында, қойын қапшығында.* Құнанбайдың ақшасы Ызғұттының *жанында* болатын (М. Әуезов).

ЖАНЫНДА II *Салыстырып қарағанда, салыстырғанда.* Өзі Маринаның *жанында* тым кішкентай боп көрінді (Көктем).

ЖАНЫНДАЙ: жанындай жақсы көрді — *өте жақсы көрді.*

ЖАНЫП-ЖАНЫП *Құрал-сайманды қайраққа әрі-бері сүйкеп-сүйкеп алу.* Пышақты қайраққа ~ жіберіп.

ЖАНЫШҚЫЛА 1. *Қайта-қайта жаншу, мыжғылай тұсу.* Желкілдеген бидайды *жанышқылап* келеді бір трактор (Шашкин). 2. *Ауыс. Адамды езіп, еңбекті қанау.* Дін қалай *жанышқылағанымен,* өзгерістер ой тудырмай қоймады (Ақназаров).

ЖАНЫШПАЛЫ *Жанышпасы бар, жаншулы, мыжғыланған.* ~ тырмалар.

ЖАНЫШТА 1. *Мыж-мыжын шығару, таптау, жанышқылау.* ~ басын жыланның, балғамен тестірді ~п. 2. *Жауды, дұшпанды басып таптау, күйрету.* Дұшпанды ~п жеңдік.

ЖАНЫШТАҒЫШ *Талқандағыш, мыжғылағыш, майдалағыш, құрал.* Шөп ~ машина.

ЖАҢА I 1. *Өңі тұспеген, бұрын ұсталмаған.* ~ көйлек (үй, шығарма). 2. *Жуырда, жуықта, тауда.* ~ түскен келін көшіп келген. 3. *Тың, соны.* ◊ Жаңа ай — *жаңа айдың басы, жаңа туған ай.* Жаңа жыл — *жыл басы, Наурыз айы.* Жаңа өспірім — *өрімдей жас жеткіншек.*

ЖАҢА II *Қазір, әлгінде.* ~ піскен нан, ~ ғана кетті.

ЖАҢАҒЫ *Өлгі, қазіргі, әлгіндегі.* ~ ғалым, ~ көк көйлекті.

ЖАҢАДА *Жақында, таяу уақытта.* ~ салынған үй, ~ ғана келді.

ЖАҢАДАН 1. *Тағы да, тағы.* ~ үш жоғары оқу орны ашылды, ~ үйреніп жүр. 2. *Таяуда, жуырда, соңғы кезде, кейіннен.* ~ алынған хабарда, ~ табылған жазба ескерткіш.

ЖАҢА-ЖАҢА *Енді ғана, енді-енді.* Қораны ~ сала бастаған.

ЖАҢАҚЫЗЫЛ *Қарақұйе баспайтын, кешірек жетілетін күшті бидай.* Бидайдың *жаңақызыл* сортын көп қолданып жүр (Б. Көпеев).

ЖАҢАЛА *Бұрынғыны ауыстырып өзгерту, жаңарту, жағырту.* Жастықтың тысын ~ды, ~п шай жасады.

ЖАҢАЛАҒЫШ *Жаңалай беретін, өзгертетін.*

ЖАҢАЛАУ *Жаңарақ, ескі емес, өңі түспеген.* Бәтеңкем мен сағатым *жаңалау* еді (М. Хасенов).

ЖАҢАЛЫҚ 1. *Қоғам не адам өміріндегі өзгеріс.* Алматыға барып, қаланың *жаңалықтарын* көрдім (С. Мұқанов). 2. *Ғылымда ойлап тапқан тың пікір, жаңа теория.* □ **Жаңалық ашты [енгізді, кіргізді]** — *жаңалық тапты, өндіріске жаңа идея енгізді.*

ЖАҢАЛЫҚСЫЗ *Жаңалығы жоқ, өзгеріссіз.* ~ ілгері жүру қиын.

ЖАҢАЛЫҚШЫЛ *Жаңалық пен ерекшелікке құмар, жаңалыққа бай.* Түркияның қалың бұқарасы *жаңалықшыл* өзгерісті қуаттайды (Сейфуллин).

ЖАҢАР 1. *Көркею, өркендеп даму.* Қазақстан көркейіп ~ды. 2. *Бір нәрсені бұрынғы қалпынан қайтадан өзгерту.* Институт қызметкерлерінің біразы ~ды.

ЖАҢАРТҚЫШ *Өзгерткіш, құбылтқыш.* Жер *жаңартқыш* заттарды пайдаланбады (Есенберлин).

ЖАҢАРТУШЫ *Өзгертуші, жаңалық әкелуші.*

ЖАҢАРЫС *Өзгеріс кіру, жаңалану.* Дуанбасы бір *жаңарысып* қалатын (Ж. Молдағалиев).

ЖАҢАША *Жаңа жолмен, басқаша.* Мектеп ісін ~ құру.

ЖАҢАШАЛА *Жаңа жолмен, жаңаша көзқараспен.* Құн төлесуге, заң қуыссақ — *жаңашалап* бітіреміз (Оразалин).

ЖАҢАШЫЛ *Өндірісте, өнеркәсіпте, ғылымда тың идея ұсынып, үлкен жаңалық ашушы адам; новатор.*

ЖАҢАШЫЛДЫҚ *Жаңалық ашушылық, табушылық.* Еңбектегі ~.

ЖАҢБЫР *Аспаннан су тамшылары түрінде жерге түсетін атмосфералық ылғал, жауын-шашын. Жаңбыр* жауса — жер ырысы (Мақал).

ЖАҢБЫРДАЙ: жаңбырдай жауды — *үсті-үстіне төпеді, бұрқады.*

ЖАҢБЫРЛА *Жауын жауу, жаңбыр құю.* Бұлт үйіріп, күркіреп, *Жаңбырлап* күн ашылса (Т. Әлімқұлов).

ЖАҢБЫРЛАТҚЫШ *Суды жаңбырша жаудырып бұркуші, су шашқыш аппарат.*

ЖАҢБЫРЛЫ *Жаңбыры мол, нәсерлі, жаңбыр жауған.* ~ күн (жыл, көктем).

ЖАҢБЫРЛЫҚ I *Жаңбырдан қорғайтын, әрі қалың, әрі тығыз матадан тігілген сырт киім, сулық.* Черняев бүктеулі жатқан *жаңбырлығын* алып шықты (Ақышев).

ЖАҢБЫРЛЫҚ II *Жылқының сауырындағы ойыстау тұсы, суағары.* ***Жаңбырлығы*** сорайған бүкір торы (Аманшин).

ЖАҢБЫРСЫЗ *Жаңбыры жоқ.* Күз ~.

ЖАҢҒАҚ *Жеміс ағашы және сол ағашқа шығатын сыртқы қабыршағы қатты жеміс.* ***Жаңғақ*** сырты ащы, ішіндегі дәні тәтті, майлы келеді (С. Бақбергенов).

ЖАҢҒАҚТАЙ *Жаңғақ тәрізді, қатты, мықты.* ~ қатты келеді.

ЖАҢҒАҚТЫ *Жаңғағы бар, көп өскен.* ~ қалың бақ.

ЖАҢҒАҚША *Жапырағының ұзындығы 6–12 см, гүлі дара жыныстыжеміс ағашы.* ***Жаңғақшаның*** сырты сары бозғылт немесе қоңыр қабықпен жабылған (К.Шалекенова).

ЖАҢҒАЛАҚ *Әңгүдік, ұмытшақ, алаңғасар, жеңілтек.* Қоқыш — шаруаға қыры жоқ, ***жаңғалақ*** адам болатын (Шалдарбаев).

ЖАҢҒАЛАҚТА 1. *Әңгүдіктену, жеңілтектену.* Аңғал сардар ***жаңғалақтап*** жүріп торға түсіп жүрер (Сәрсекеев).

ЖАҢҒАЛАҚТЫҚ 1. *Әңгүдіктік, алаңғасарлық, жеңілтектік.* ***Жаңғалақтығына*** қарамастан, Бектай өте зерек бала еді (Иманжанов).

ЖАҢҒЫР I *Жаңару, өзгеру.* Байдың әйелі өлсе, төсегі ***жаңғырады*** (Мақал).

ЖАҢҒЫР II 1. *Дауыс, үннің күмбірлеп қайталанып шығуы.* Орман іші азан-қазан ***жаңғырып*** кетті (Соқпақбаев). 2. *Өзгеру, құбылу.* Жамал ақ кимешек киіп, ***жаңғырып*** шықты (Талжанов).

ЖАҢҒЫРТҚЫШ *Өзгерткіш, құбылтқыш тетік.* Дыбыстың электрлік сигналы дыбысты ***жаңғыртқышқа*** жібереді (Бекбауов).

ЖАҢҒЫРЫҚ I 1. *Дауыстың, дыбыстың күмбірлеп екінші жерде қайталап естілуі.* Прицептің қаңғыр-күңгір ***жаңғырығы*** естілді (Қ. Ысқақов). 2. *Ауыс. Жараның, басқа да нәрсенің қайталануы, жаңаруы.* ***Жаңғырығып*** ауырған қолын сілкіледі (Ақбаев).

ЖАҢҒЫРЫҚ II *Отын т. б. заттарды шапқанда оның астына қоятын дөңгелек ағаш.* Далаға ***жаңғырық*** алып шығып, ағаш бұтады (Ж. Молдағалиев).

ЖАҢҒЫШАҚ *Жарқышақ, бомба, снаряд, ағаш т. б. заттардан бөлініп тұскен сынықтар.* Жақсы жасалған қорғаныс солдаттарды оқ пен снаряд ***жаңғышақтарынан*** сақтайды (Момышұлы).

ЖАҢҚА *Ағаш шапқанда, жарғанда ұшып тұсетін ірілі-уақты жұқа шабындылар.* ***Жаңқа*** тиіп, көзімнің алдын ісіріп алдым (Ешенқұлов).

ЖАҢҚАЛА *Ағашты т. б. нәрселерді майдалап, уақтап шабу, жаңқа тұсіру.* Ертай отын ***жаңқалады*** (Жанботаев).

ЖАҢҚАША *Жаңқа сияқты етіп.* Ол темірді ~ жонды.

ЖАҢСА *Балықтың жон еті.*

ЖАҢСАҚ *Теріс, жалған, қате, ұшқары.* ~ пікір (ұрым). □ **Жаңсақ [кетті] басты** — *дұрыс істемеді, теріс жасады, қателесті.*

ЖАҢСАҚТА *Қателесу, жаңылысу.* ~п сөйлей алмады.

ЖАҢСАҚТАУ *Жаңылыстау, ұшқарылау, ағаттау.* Осы *жаңсақтау* айтылған пікір-ау дейміз (М. Әлімбаев).

ЖАҢСАҚТЫҚ *Ағаттық, қателік, ұшқарылық, жалғандық, терістік.* Ойымның ~ғын сездім.

ЖАҢЫЛ 1. *Қателесу, шатасу, жаңылысу.* ***Жаңылмас*** жақ болмас (Мақал). 2. *Дұрыс істемеу, кінәлы болу.* Көзің жетпей тұрып көрдім десең, ***жаңылғаның*** (С. Жүнісов).

ЖАҢЫЛҒЫШ *Жаңыла бергіш, қателескіш, жаңғалақ.*

ЖАҢЫЛҒЫШТЫҚ *Жаңылғыштық, жаңғалақтылық.* ~тан тапқан пайдам жоқ.

ЖАҢЫЛШАҚ *Көп жаңыла бергіш, қателескіш, жаңғалақ.*

ЖАҢЫЛТҚЫШ *Жаңылдыра бергіш.*

ЖАҢЫЛТПАШ 1. *Балалардың тілін жаттықтыру үшін құрылған бір шумақ тез айтатын жылдам сөз, шапшаң сөз.* Баланың тілін жаттықтыру үшін ~, жұмбақ үйреткен жөн. 2. *Ауыс. Түсініксіздеу, көмескілеу, анық емес.* Мен түсінбейтін ***жаңылтпаш*** тілде бірнеше сұрау да беріп қалды (Ғ. Мүсірепов).

ЖАҢЫЛУШЫЛЫҚ *Жаңылып кетушілік.* Баланың ~ы басым.

ЖАҢЫЛЫС *Жаңсақ, қате, теріс.* Әкесі баласының ~ жолға тұскенін сезді.

ЖАҢЫЛЫСТЫРҒЫШ *Жаңылыстыра бергіш, қателестіргіш.*

ЖАП I *кәсіб. Егістікке су жіберу үшін екі жиегіне топырақ үйілген жіңішке арық.* Су каналдан арыққа, арықтан ***жапқа*** ағады (Балдәурен). □ **Жап қазды** — *жіңішке арықша жасады.*

ЖАП II 1. *Бір нәрсені ашық қалдырмау, бекіту.* Есікті ~ты. 2. *Адамның т. б. заттардың үстін жамылғымен бұркеу, жауып қою.* Үстіне көрпе ~ты. 3. *Мекеменің я үйымның жұмысын тоқтату, догару.* Экспедицияны ~ты. 4. *Аяқтау, тамамдау, бітіру.* Мәжілісті ~ты. 5. *Барлық күшті бір жерге шоғырландыру.* Жұмысқа жұртты ~уыпты. 6. *Басқа адамды кінәлы етіп көрсету.* Өзі кесені сындырып алса да, бәрін Жаңылға ***жаба*** салды (Ахтанов). 7. *Бұлт торлау, қар, шөп т.б. нәрселер басу, бұркеу.* Аспанды бұлт ~қан.

ЖАПА I *Сиыр мен бұғының жас не кепкен қиы.*

ЖАПА II *Басқа тұскен қысым, зәбір, қыспақ, азап, қорлық, зорлық.* Абай жуан содырлардан көріп жүрген ***жапаны*** айтады (М. Әуезов). ◊ **Жапа [көрді, тартты] шекті** — *зорлық-зомбылық көрді.*

ЖАПАДАН-ЖАЛҒЫЗ *Жапа-жалғыз, бір өзі ғана.*

ЖАПАҚ *бот. Арша тұқымдас өсімдік.* Изеннің, ***жапақтың*** күлі жоқ (Ө. Кекілбаев).

ЖАПАҚ-ЖАПАҚ *Жаутаң-жаутаң, жалтақ-жалтақ.* Үмітпен ***жапақ-жапақ*** қарайды (Ғ. Мұстафин). □ **Жапақ-жапақ етеді** — *жаутаң-жаутаң қарады.*

ЖАПАҚТА *Жаутаңдау, жалтаңдау.* ***Жапақтаған*** жанарында күйзеліс бар (Жұмаділов).

ЖАПАЛА *Сиырдың жапа тастауы.* "Бұл өгіз көптен бері ***жапаламады***" — дейді (Машанов).

ЖАПАЛАҚ *Тұнде ғана ұшатын, көзі бақырайған, имек тұмсық жыртқыш құс.* □ **Жапалақ көз** — *бақырайған үлкен көз.*

ЖАПАЛАҚ: жапалақ-жапалақ қар — *үлпа-үлпа болып, жапалақтап жауған қар.*

ЖАПАЛАҚТА *Үлпа қардың ірі-ірі болып жерге тұсуі.* ***Жапалақтап*** жауған қар да басылды (Бегалин).

ЖАПАЛАНУШЫ *Жәбір-жапа көруші, зәбірленуші, жәбірленуші, азаптанушы.* Біздің елде ~ халық жоқ.

ЖАПАЛЫ *Жапа шеккен, азап көрген.* ~ өмір.

ЖАПАН *Құлазыған елсіз құба дала, шөл, сахара.* Жан баспаған ~ дала, ~ түз. ◊ **Жапанды жұмақ етті** — *құлазыған кең даланы игерді, көркейтті.* **Жапан кезді** — *ел аралап, жер көрді, дала кезді.*

ЖАПАТАЙ *жерг. Ер адамның бас киімі.* Басында *жапатайы* бар (Б. Аманшин).

ЖАПА-ТАРМАҒАЙ *Жан-жақтан, түс-түстан, жаппай, бәрі бірдей.* ~ сұрақ берді.

ЖАП-ЖАДАҒАЙ *Жап-жадағай, теп-тегіс, жап-жазық.* ~ жер.

ЖАП-ЖАЗЫҚ *Теп-тегіс, жап-жадағай.* ~ дала (жазира өлке).

ЖАП-ЖАЙДАҚ *Жап-жадағай, теп-тегіс.* Әлгі сфера бөлігі *жап-жайдақ* (Қалығұлов).

ЖАП-ЖАЙЛЫ *Өте орнықты, қолайлы, тым ыңғайлы.* ~ орындық.

ЖАП-ЖАҚСЫ *Тәп-тәуір, әжептәуір.* ~ туынды (семья).

ЖАП-ЖАҚЫН *Тым таяу, өте жақын.* ~ жерде снаряд шаңқ ете түсті.

ЖАП-ЖАЛАҢАШ 1. *Киімсіз, лыпасыз, тыржалаңаш, тұттай.* ~ алып адам (нәрестe). 2. *Ауыс. Тап-тақыр, өсімдіксіз.* ~ дала.

ЖАП-ЖАЛПАҚ *Өте кең, жазық.* ~ жайлау (жауырын, алақан).

ЖАП-ЖАЛТЫР 1. *Айнадай теп-тегіс.* Көл беті шыныдай ~ . 2. *Тым жалтыр, жалтыраған.* ~ мұз айдыны. 3. *Қасқа.* ~ бас.

ЖАП-ЖАМАН 1. *Өте нашар, тым жаман.* 2. *Жағымсыз, сүйкімсіз.* Аузыма түтіннің *жап-жаман* ыс дәмі келеді (Соқпақбаев).

ЖАП-ЖАҢА 1. *Су жаңа, әлі ұсталмаған, мүлдем жаңа.* ~ саптама етік (мебель). 2. *Әлгінде, жаңа ғана.* Қоңырау ~ соғылды.

ЖАП-ЖАРАСЫМДЫ *Жап-жақсы, ұнасымды, үйлесімді, сәп-сәнді.* ~ сушылар мекені.

ЖАП-ЖАРҚЫН *Ап-ашық, ап-айқын, жайнап тұрған.* Сәулеті де, сәулесі де *жап-жарқын* (Хангелдин).

ЖАП-ЖАРЫҚ 1. *Өте жарық, шуақты, сәулелі.* Бөлме іші ~. 2. *Ауыс. Нұрлы, ашық.* Жүректері ~.

ЖАП-ЖАС *Тым жас, балғын.* Өрімдей ~ қазақ қызы, ~ бала. □ **Жап-жас басымен** — *жасы кіші болғанмен, әлі жас болса да.*

ЖАП-ЖАСЫЛ *Көкпеңбек, шымқай жасыл.* Ағаштың жапырағы ~, ~ орман.

ЖАП-ЖАТЫҚ 1. *Сып-сыпайы, мап-майда, тым жатық.* ~ қазақ тілінде сұрақ қойды. 2. *Икем, бейім, шебер.* Ол әр іске ~ . □ **Жап-жатық мінез** — *жайдары, жұмсақ мінез.*

ЖАПҚЫ *Ауа, газ жүретін құбырлар мен түтіктерді жабатын металдан жасалған жұқа қақпақ. Жапқысы* жоқ бір мойын пештің көмейі гүрілдеп тұр (Ө.Нүрпейісов).

ЖАПҚЫШ 1. *Қазанның, ыдыс-аяқтың үстін жауып қоятын жамылғы, қақпақ.* Қазанды ~ пен жапты. 2. *Төсек-орынды жабатын мата жапқыш, жабын.* Төсек (жастық) ~.

ЖАПҚЫШТА *Бір нәрсенің үстін үсті-үстіне жабу, жабыңқырай түсу, жапқылау.*

ЖАПОН *Жапонияның негізгі халқы.* □ **Жапон тілі** — *жапон халқының ұлттық тілі.*

ЖАППА *Уық үстіне киіз жабылып не екі керегенің басын біріктіріп, үстін туырлықпен жапқан баспана, лашық.* Ерулеген жерде *жаппа* тігіп отыра береміз (Қ. Салғарин).

ЖАППА: жаппа нан — *табаға, қазанға не пешке жауып пісірілген нан.*

ЖАППАЙ *Тегіс, тұтас, бәрі, түгелдей.* Қазір елдің бәрі ~ сауатты.

ЖАППАЛА *Жаппа тігу.* Ел *жаппалап* қонған еді (М. Әуезов).

ЖАППАЛЫ *Жаппасы бар, жаппа тіккен.* ~ ауыл.

ЖАППАЛЫ *Жауып қоятын, қақпақты.* ~ шкаф (есік).

ЖАППАР *діни. Бар әлемді жаратушы, құдіретті күш.* □ **Жаппар алла [ием]** — *жаратушы жасаған, жан беруші.*

ЖАПСАР *Үзік пен туырлықтың түйісіп, қиылысқан жері, туырлықтың сыртын жауып тұратын үзіктің шет жағы.* ~дан сығалап тұр. 2. *Ел мен елдің, жер мен жердің, ауыл мен ауылдың ара шегі, шекарасы, екі арасы, жігі.* ~дағы екі аудан арасы. □ **Жапсарын ашты** — *аралары суыды, алыстады.*

ЖАПСАРЛА *Бір-бірімен ұластыру, қатарластыру, жалғастыру.* ~й салған қосалқы бөлме.

ЖАПСАРЛАС *Аралары жақын қатарлас, шекаралас, іргелес.* Ауылдары ~.

ЖАПСАРЛАСТЫҚ *Шекараластық, қатар, іргелестік, көршілестік.* Ел мен елдің ~ғы жақсы, — деді.

ЖАПСЫР 1. *Қағаз т. б. заттарды жабыстыру, бекіту, желімдеу.* Қағаз ~ды. 2. *Жамап тігу, ажырамастай етіп бекіту.* Етіне ет кесіп *жапсырмаса* болмайды (Баялиев). 3. *Ауыс. Барды үстіне жалтырата кию, пайдалану.* Барын үстіне ~ды.

ЖАПСЫРМА 1. *Бір заттың бетіне тігілген жіңішке бастырма, матаның жолағы, әдіп.* ~ тігіс. 2. *Көлемі әр түрлі, металдан істелген жұқа бастырғы.* Аң пішінді қола *жапсырмалар* (ҚазССР тарихы).

ЖАПТЫРМА *жерг. Бастырма үсті жабылған баспаналық қалқа, жарты үй.* Адам түнеп шығатын бір-екі *жаптырмасы* бар (М. Қуанышбаев).

ЖАПЫР 1. *Басып-жаншу, қырату, құлату.* Қой шапқан шөпті ~ып тастапты. 2. *Баса көктеу, қырып-жою, талқандау.* Жолындағыны ~ған, ~ып жіберді. 3. *Жұмысты опыра істеу, айпап-жайпау.* Жұмысты ~ып жіберді.

ЖАПЫРА 1. *Сыпырып-сиырып түк қалдырмай соғу.* Асты ~ жеді. 2. *Басып-көктеу, ойпап-жайпау.* ~ бір топ атты келді.

ЖАПЫРАЙҒАН *қарап. Мыжырайған, жалпиған.* ~ған қалпақ, ~ үй.

ЖАПЫРАҚ 1. *Өсімдіктердің көктеген жапырағы.* 2. *Бір заттың үзіндісі, бөлегі.* Бір ~ ет (нан, қағаз). 3. *Кесте, ою-өрнектің жапыраққа ұқсас бір түрі.* Шолпыны *"жапырақ",* "жылан көз" сияқты ою түрлері өрнектеген (Д. Досжанов). □ **Жапырағы жайқалды** — *өсіп-өркендеді, көбейді.*

ЖАПЫРАҚ-ЖАПЫРАҚ *Жапалақ-жапалақ, ірі-ірі.* ~ қар (тураған ет).

ЖАПЫРАҚСЫЗ *Жапырағы жоқ, жапырақтамаған.*

ЖАПЫРАҚТА 1. *Көгеріп көктеу, жапырақ жаю.* Қарт терек қалың ***жапырақтапты*** (Шүкіров). 2. *Ірі-ірі етіп, жапырақ-жапырақ етіп тұрау.* Етті ~п турады.

ЖАПЫРАҚТАЙ 1. *Жапырақ сияқты.* ~ ұшып түсті. 2. *Кіп-кішкентай, кішкентай ғана.* ~ жанымды қайда қоям?

ЖАПЫРАҚТЕҢГЕ *бот. Таулы жерлерде өсетін кішілеу, аласа келген өсімдік.*

ЖАПЫРАҚТЫ *Жапырағы мол, жапырағы ірі, қалың.*

ЖАПЫРАҚША I *Ұсақ, майда, кішірек жапырақ.*

ЖАПЫРАҚША II *Жапырақ сияқты.* ~ қалтырап тұр.

ЖАПЫРАҚШАЛЫ *Ұсақтау келген жапырақшасы бар.* Хрен төрт гүл ~ өсімдік.

ЖАПЫР-ЖҰПЫР *Үйме-жүйме, апыл-ғұпыл, сатыр-сұтыр, жапатармағай.* Жүрт ***жапыр-жұпыр*** атқа мінді (М. Әуезов).

ЖАПЫРЛА *Бәрі бірдей жабыла қимылдау, жапырлап-жұпырлау.*

ЖАПЫРЫҚ *Бір жағына қарай жапырайған, қисайған.* Өркеші ~ атан (қора).

ЖАПЫРЫЛА *Аударыла, қопарыла, жапырлай.* Жылқының бір шеті ~ үрікті.

ЖАПЫРЫЛЫСА *Жарыса, жапырыла.* Сәлем беруге ~ ұмтылды.

ЖАПЫРЫНДЫ *Әбден қапталған, жапырылған.*

ЖАР I *Өзеннің тік құлама жағасы, биік қабақ.* ◊ **Жарға жықты [итерді, соқты]** — *пәлеге ұшыратты, жаманшылыққа итерді.* **Жар [жарғақ] құлағы жастыққа тимеді** — *тыным таппады, мазасызданды.*

ЖАР II 1. *Жұбай, зайып, сүйікті, өте жақсы көретін.* 2. *Ауыс. Сүйеніш, таяныш, дос.* Жалғыздың ***жары*** құдай (Дүйсенов). □ **Жар сүйді** — *ерлі-зайыпты болды, үйленді.* ◊ **Жар болды** — *сүйеді, демеді.* **Жар дегенде жалғыз** — *бар болғаны, бір ғана.* **Жар есігін бермеді** — *өмірлік серік бола алмады, қосыла алмады.*

ЖАР III 1. *көне. Хабар, хабарлама, жария, құлақтандыру.* ~ айтты. Халыққа ~ берді. 2. *Бұйрық, жарлық, әмір.* Биылғы жылы ***жар*** шықты, Патша солдат алады деп (Жанғабылов). □ **Жар салды [шашты]** — *жария етті, мәлімдеді.*

ЖАР IV 1. *Ағашты, отынды балтамен қақ айыру, бөліп-бөліп тастау.* 2. *Дал-дал қылу, жарып кету, жарақаттау, сою.* Қабан ~ып кетті, бас ~ып, көз шығарды. 3. *Шашты қақ жарып, ортасынан екіге бөлу, айыру.* Шашын екі ~ып өріп қойған. 4. *Киіп-жарып, бұзып өту.* Жау шебін ~ып өтті. □ **Жарып салды** — а) *малын сойып тастады;* ә) *бет-жүзіне қарамады, тура айтты.* **Жарып шықты** — *көзге түсті, танылды.*

ЖАР V *жерг. Жақ, топ, жік.* Бүгінгі жастардың екі ***жарға*** бөлінуі де солардың күйігінен (Ш. Хұсайынов).

ЖАР VI *Екі өркешті түйенің жалпы атауы.*

ЖАРА I 1. *Зақымданудың салдарынан денеде пайда болатын жарақат.* 2. *Ауыс. Қайғы-қасірет, ауыртпалық.* Соғыс салған ~. □ **Жараның аузын тырнады [ашты]** — *ескі қайғыны жаңғыртып еске салды.* **Жара [түсті] салды** — *қайғыға салды, уайымға қалдырды.* **Жарасы жеңіл** — *тұқ емес, қолдан келетін іс.*

ЖАРА II 1. *Іске асу, қажеттілікті өтеу.* Еңбекке ~йтын адам, ел игілігіне ~ған. 2. *Жұмсап қою, тұтыну.* Әлдеқашан ***жарап*** кеткен ақшаны айтасыз ба? (Досымов). 3. *Бәйгеге қосатын аттың қаншырдай қатып, бабына келуі.* Қос шабдар қамшыдай ~п алған. 4. *Үлек пен бураның келеге түсер алдындағы қатып-семіп әбден аруы.* Сары бура қыста ~ған.

ЖАРАҒЫСЫЗ: іске жарағысыз — *тұкке тұрғысыз, жарамсыз.*

ЖАРА-ЖАРА *Үсті-басын жара басқан, қаптап кеткен.*

ЖАРАЙДЫ *Жақсы, мақұл, хош.* ~ жақсылықпен кездесейік.

ЖАРАҚ 1. *Әскери қару, соғыс жабдықтары, қару-жарақ.* 2. *Әр түрлі құрал-сайман, керек-жарақ.* Жол ~ғы, шаруашылық ~ғы.

ЖАРАҚАТ *Денеге түскен жара, зақым.*

ЖАРАҚАТСЫЗ *Жарасы жоқ, жараланбаған.* ~ дене.

ЖАРАҚАТТА *Жаралау, зақымдау.* Малдың жолын түрлі ***жарақаттағыш*** заттардан тазалау қажет (Ғ. Әбішев).

ЖАРАҚАТТАУШЫ *Жаралаушы, жарақат салушы адам.*

ЖАРАҚАТТЫ *Жарақат алған, жаралы.* Үстібасы ~ болып госпитальға түсті.

ЖАРАҚ-ЖАБДЫҚ *Керекті құрал-сайман, әр түрлі заттар.* Балықшылардың қолында ~ жоқты.

ЖАРАҚСЫЗ *Қару-жарағы жоқ.* ~ бекер жатқан ел.

ЖАРАҚСЫЗДАН *Қарусыздану.*

ЖАРАҚТА *Қару-жарақпен қаруландыру.* Бұл арадан қозғала қоймаспыз деп ***жарақтаса*** керек (Қазыбаев).

ЖАРАҚТАС *Қарулас.* ~ жауынгер.

ЖАРАҚТЫ *Қаруланған, қарулы, қару-жарағы бар.* ~ күні жау жолықпайды.

ЖАРАЛ *Дүниеге келу, туылу, пайда болу.* Адам болып ~ды, жер ~ды.

ЖАРАЛА *Денені жарақаттау, зақымдау.*

ЖАРАЛЫ 1. *Жарадар, жарасы бар, жарақаттанған, зақымданған.* ~ солдат, ~ға қан құйылды. 2. *Ауыс. Қайғылы, қасіретті, мұңлы-зарлы.* Көңілі ~, жүрегі ~. □ **Жаралы жеріне тиді** — *жанына батты, ауыр тиді.* Осал, әлсіз, жанына бататын жерінен ~ тиді.

ЖАРАЛЫС *Жаратылыс, болмыс.* Дүниенің ~ы.

ЖАРА-МАРА *Бұза-жара, кимелей.* Әйел қойлардың арасын ~ бізге қарай ұмтылды.

ЖАРАМДЫ 1. *Жарайтын, пайдалы.* ~ жер (тұрғын үй). 2. *Іске татырлық, жарайтын, іліп алырлық.* Пайдалануға ~, үй ішіндегі ~ заттар.

ЖАРАМСАҚ *Жағымпаз, жылмақ.* ~ қызметтен қуылды.

ЖАРАМСАҚСЫ *Жағымпаздану, жағыну.*

ЖАРАМСАҚТАН *Жағымпаздану, жағыну.*

ЖАРАМСАҚТЫҚ *Жағынғыштық, жағымпаздық.*

ЖАРАМСЫЗ 1. *Тұкке жарамайтын, керексіз, іске алғысыз.* Ішуге ~ су. 2. *Қолайсыз, жағымсыз, ұнамсыз.* ~ мінез.

ЖАРАН I *көне. Әлеумет, жұрт, қауым.* Е, ~дар, дос~.

ЖАРАН II *Жағыну, жалыну, жағымпаздану.* Билерге байлар ***жаранды*** (Жанғабылов).

ЖАРАҢҚЫ *Іші тартыңқы, жараңқыраған.* Мінген аты ~.

ЖАРАПАЗАН *діни. Ораза айында үй аралап, садақа жинап жүріп айтатын салт өлең.*

ЖАРАПАЗАНШЫ 1. *Жарапазан айтып, ауыл аралаушы.* 2. *Ауыс. Қыдырымпаз, қаңғыбас, кезбе.* Біз ~ емеспіз топтанып жүретін.

ЖАРАРҚА *зоол. Жоны қырлы жылан.* Анық *жararқа* екенін танымаған кісі питон деп те қалады (Ғалам. ғажап.).

ЖАРАРЛЫҚ *Іске татырлық, жарамды.* Іске ~ киім-кешек.

ЖАРАС 1. *Үйлесу, келісті болу, шақ келу.* Солдат киімі ~ып тұр. 2. *Өзара түсінісу, тіл табысу.* Қыз бен жігіт ~ты.

ЖАРАСҚЫШ *Жараса кететін, үйлескіш.* Өзіне киім *жарасқыш-ақ* (М. Сатыбалдиев).

ЖАРАСТЫҚ 1. *Татулық, тыныштық, келісім.* Семья ~ғы. 2. *Жарасымдылық, үйлесімділік, әдемілік.* Денесіне киімдер ~ беріп тұр. ◊ **Жарастық тапты** — *үйлесті, келісті, жарасты.*

ЖАРАСТЫҚТЫ *Ынтымақты, тату, сыйлы.* ~ жақсы семья.

ЖАРАСТЫЛЫҚ 1. *Жарасымдылық, сыйластық, татулық.* Ұғысқан жандардың *жарастылығы* бар (Бейсенова). 2. *Үйлесімділік, әдемілік.* Кескініне ойнақы ~ берген.

ЖАРАСЫМ *Келісім, үйлесім, сән.* Жапан дүзге ~ берген жалғыз бұлақ (Т. Әлімқұлов). ◊ **Жарасым тапты** — *келісті, жарасты.*

ЖАРАСЫМДЫ *Келісімді, лайықты, қонымды, үйлесімді.* ~ киінді, ~ әзіл (қылық).

ЖАРАСЫМДЫЛЫҚ *Үйлесімділік, қонымдылық, лайықтылық, сәнділік.*

ЖАРАСЫМСЫЗ *Жарасымы жоқ, үйлесімсіз, қонымсыз, лайықсыз.* ~ қылық (сөз).

ЖАРАСЫМСЫЗДАУ *Ұнамсыздау, ерсілеу, лайықсыздау.* Біздің бүйтіп отырғанымыз *жарасымсыздау-ау* (Ерубаев).

ЖАРАСЫҢҚЫ *Ұнасыңқы, жарасыңқы, үйлесіңкі.* Ол үйлерге *жарасыңқы,* Қырында гүл көктеуі де (Жароков).

ЖАРАТ I 1. *Ұнату, жақтыру, жақсы көру, жарасымды деп санау.* Жұрт оның сөзін ~ты. 2. *Қажетіне, керегіне пайдалану, қолдану.* 3. *Бәйгеге қосатын атты баптау, қатыру.*

ЖАРАТ II *Өмірге келтіру, тудыру, пайда ету.* Табиғат мені сабырсыз етіп *жаратыпты* (Қайсенов).

ЖАРАТА-ЖАРАТА *Жұмсай-жұмсай, пайдалана-пайдалана. Жарата-жарата* дүниесі таусылуға айналған (Д. Досжанов).

ЖАРАТҚЫШ *Жасағыш, жаратушы.* Табиғат *жаратқыш* күшін арнай жасаған секілді (Т. Нұртазин).

ЖАРАТУШЫ 1. *көне. Діни ұғым бойынша бүкіл әлемді жаратқан ұлы күш, құдірет.* Дүниені ~ жалғыз құдай. 2. *Дүниеге келтіруші, өмір беруші.* Сені ~ да, сақтаушы да сол ана.

ЖАРАТЫЛЫС 1. *Табиғи болмыс, табиғат.* ~ байлығы (заңы). 2. *Негізгі қасиет, табиғи бітім, келбет.* ~ы әдемі, ~ынан солай. □ **Жаратылыс байлығы** — *табиғи, жер байлығы.*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ *Табиғаттану, табиғат туралы ғылым.* ~ ғылымы (пәні).

ЖАРАТЫЛЫСТЫҚ *Болмыстық, табиғилық.* Осы өлеңнің *жаратылыстық* қалпы үйіріп тұр (Мәуленов).

ЖАРАТЫЛЫСЫНАН *Туғаннан, о бастан, әуелден.* Ол ~ қарапайым.

ЖАРАТЫЛЫСЫНДА *Туысында, о баста, әуелде.* Ғани ~ әділетті.

ЖАРАУ *Қаншырдай қатып келген, жараған, ширыққан.* Баланы ~ құлаға мінгізді. □ **Жарауы жетті** — *бабына келді, жарап болды.*

ЖАРАУЛАУ *Сәл бабына келіңкіреу, жараңқырау.* Астында ~ жирен аты бар.

ЖАРАУЛЫ *Жараған, жарамды, таңдаулы. Жараулы* атқа мініп, талай аңға шыққанбыз (Өуезов).

ЖАРБАЙ *Нар маяға нар шөгеруден туған екінші ұрпақ буданы.*

ЖАРБАҚ *Жағымпаз, жарамсақ, жарбаң.*

ЖАРБАҚАЙ *Әркімге бір жарбақтап, қалбақтай беретін жарбаңқой, қалбақай.*

ЖАРБАҚТА *Қалбақтау.* Кездескенде ~й сәлемдесіп, алдыңнан қия өтпейтіндер бар.

ЖАРБАҢ: жарбаң қақты [етті] — а) *құс қанатының жалпылдауы;* ә) *жалбақтау, қалбаңдау.*

ЖАРБАҢДА *Жалбаңдау, жалпылдау.* ~п алдынан шыға берді.

ЖАРБАҢ-ЖАРБАҢ *Далбаң-далбаң ету, далақтау.* Жексен ~ алысып жүр.

ЖАРБИ *Жапыраю.* Ағамның артында ~ып келем. ~ған жалғыз қараша үй тұр.

ЖАРГОН *Жалпы халықтық тілден өзгеше, белгілі бір топтың арасында ғана қолданылатын әдеби нормадан тыс сөздер.*

ЖАРҒАҚ I 1. *Жұқпін тақырлап қырып тастаған, илеп, өңделген тері.* 2. *Түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім.* Үстіне ~ тон киген. 3. *Қамырды илейтін не орап қоятын түгі қырылған жұқа ешкі терісі.*

ЖАРҒАҚ II *Құлақты сыртқы әсерден қорғайтын жұқа, тербелмелі қабыршақ.* Құлақтың дабыл ~ғы. ◊ **Жарғақ [жар] құлағы жастыққа тимеді** — *тыным таппады, дамыл көрмеді.*

ЖАРҒАҚ *Еті арыған, арық, қатпа.* □ **Жарғақ бас** — *басы тақыр, қасқа бас.* **Жарғақ құлақ** — *жұқа құлақ.*

ЖАРҒАҚТАЙ *Жарғақ сияқты тап-тақыр.* Күйген ~.

ЖАРҒАҚТАН 1. *Ақ қабыршақтанып жарылып кету.* Қою шашын ~ған алақанымен сипады. 2. *Үні жарықшақтану.* Әділеттің дауысы *жарғақтанып* шықты (Р. Сәрсенбаев).

ЖАРҒАҚТЫ *Жарғақ киім киген.* Есіктен қара *жарғақты* біреу кірді (Әбілев).

ЖАРҒАНАТ *зоол. Түнде ұшатын, үлкен қанаты бар, сүтқоректілерге жататын тышқан тәрізді жәндік.*

ЖАРҒАНАТША *Жарғанат тәрізді жалпиған.*

ЖАРҒЫ 1. *көне. Қазақ қоғамының әкімшілік заңдарының жинағы.* Хан кеңесінің шешіміне екі *жарғы* қойды (І. Есенберлин). 2. *Белгілі бір ұйымды құрудың, ұйымдастырудың, оның тәртібінің ережелер жинағы; устав.*

ЖАРҒЫЛАС *Жарғыға жүгіну, заңдасу. Жарғыласып,* адал арманыңды ақтап өл (М. Әуезов).

ЖАРҒЫШ I *Қопарып тастайтын, талқандайтын, жаратын дәрімен бұзатын зат.* Атом қуатымен жүретін мұз *жарғыш* кеме (С. Мәуленов).

ЖАРҒЫШ II *Қойдың өзінен-өзі іші жарылып өлетін ауруының аты.*

ЖАРҒЫШАҚТЫ 1. *Даусының, үнінің жарғышағы бар.* ~ үн. 2. *Ауыс. Екі араға жік салатын, қаяу, кірбің тұсіретін.* Бір-бірінің көңіліне *жарғышақты* сызықтар салды (Оразалин).

ЖАРДАЙ *Сеп-семіз, толық, жуан.* ~ семіз әйел, бурыл ~ болып семірді.

ЖАРДЫ: жүрек жарды — *жүрек жаратындай, өте қуаныштты.*

ЖАР-ЖАР 1. *этногр. Үйлену тойында айтылатын тұрмыс-салт жыры.* 2. *Халық ауыз әдебиеті жанрының бір түрі.*

ЖАРИЯ 1. *Көпке мәлім, белгілі, әйгілі.* Жақсының ісі көпке ~, ~ газет. 2. *көне. Жарнама, хабарлама.* ~ шығаратын баспасөз, ~ шығарады. □ **Жария болды** — *мәлім болды, белгілі болды.* **Жария етті [қылды]** — *хабарлады, әйгіледі.*

ЖАРИЯЛА 1. *Әйгілеу, хабарлау, жаю.* Шалды өлді деп жұртқа ~ды. 2. *Жарыққа шығару, бастыру.* Өлеңдер жинағын ~ды. ◊ **Жариялап алды** — *сырын әйгілеп қойды, мәлімдеді.* **Жариялап тастады** — а) *баршаға тарапты, жеткізді;* ә) *баспа бетінде шығарды.*

ЖАРИЯЛАМА *Теледидар, радио, баспасөзде жергілікті жайттар, күнделікті мәселелер жөнінде берілетін жаңалық хабар; репортаж.*

ЖАРИЯЛАНЫМ *Баспасөз бен ғылыми басылымдарда еңбектер жариялау, шығару, жарық көрген ғылыми жұмыстар; публикация.*

ЖАРИЯЛАУШЫ *Таратушы, хабарлаушы, әйгілеуші адам.*

ЖАРИЯЛЫ *Әйгілі, белгілі.* Есімдері ежелден-ақ ~.

ЖАРИЯЛЫЛЫҚ *Ашық түрде кең таратушылық, мәлімділік, құпия болмаушылық.*

ЖАРИЯШЫ *Жариялаушы адам, хабарлаушы, әйгіші.*

ЖАРҚҮШІКТЕН *Тайқүшіктену, жағымпаздана қызмет қылу, жарамсақтану.* Оларға *жарқүшіктенер* де өз туысымыз болады (Қазыбек би).

ЖАРҚ: жарқ етті — а) *жарық шашты, ұшқын атты;* ә) *көзге ыстық көрінді;* б) *ойламаған жерден жалт етіп көрінді.*

ЖАРҚА *Бір нәрседен сынып түскен бөлшек, жарықшақтанған тұсы, сызаттанған жері.* Тез сынар, қайың оқтың *жарқасы* (Шалкиіз).

ЖАРҚ-ЖАРҚ: жарқ-жарқ етті — *жалт-жұлт етті, жалтылдады.*

ЖАРҚ-ЖҮРҚ *Жалт-жұлт, жарқыл-жұрқыл.* ~ электр шамы. □ **Жарқ-жүрқ етті** — *жалт-жұлт етті, жарқылдады.*

ЖАРҚИЯ *Тік қабақты жартас.* Секірдім ор киіктей *жарқиядан* (С. Омаров).

ЖАРҚЫЛ *Жалт-жұлт еткен жарық, сәуле, нұрлы ұшқын, жалтыл.* Найзағай ~дары, от ~ы.

ЖАРҚЫЛДА *Жарқ-жұрқ ету, жалтырау, жарқырау.* ~йды найзағай.

ЖАРҚЫЛДАҚ 1. *Жарқырауық жалтырақ зат.* Алмастың ~ сынығы, ~ моншақ. 2. *Ауыс. Ашық жарқын, жайдары.* Ақ көңіл ~ жан.

ЖАРҚЫЛДАҚТЫҚ 1. *Жалтылдақтық.* 2. *Ашықтық, жайдарылық.* Жалаң *жарқылдақтықтан* ақынның арылуына орыс поэзиясы ықпал еткен (С. Мәуленов).

ЖАРҚЫЛДАУЫҚ *Жалтылдауық.*

ЖАРҚЫЛ-ЖҮРҚЫЛ *Жалт-жұлт еткен, жалтырап, жарқыраған, жарық, жалтыл-жұлтыл.* Шартылдаған *жарқыл-жұрқыл* барған сайын жақындап келеді (Баялиев).

ЖАРҚЫН 1. *Ашық, ақ көңілді.* ~ жүзді ~ жан. 2. *Анық, айқын.* ~ идея (аспан). 3. *Ауыс. Нұрлы, сәулелі, жарық.* ~ өмір (болашақ).

ЖАРҚЫНДЫЛЫҚ *Жайдарылық, ақ көңілділік, ашық жүзділік.* Бізді үй иесі жайдары ~пен қарсы алды.

ЖАРҚЫРА 1. *Нұр шашу, жалтылдау, жалтырау.* ~п тан да атты. 2. *Ауыс. Жайраңдау, ашық жарқын көңілдену.* Разылықпен ~й қарады.

ЖАРҚЫРАҒЫШ *Жарық шығарғыш, сәуле түсіргіш.* ~ оқ.

ЖАРҚЫРАУЫҚ *Жарқ-жұрқ еткіш жарық шығарғыш.* ~ металл. □ **Жарқырауық жануарлар** — *денесінен жарық сәулесін шығаратын мақұлықтар.* ~ көбіне теңізде тіршілік етеді. **Жарқырауық оқ** — *жарық шығаратын, сәуле шашатын оқ.* **Жарқырауық тас** — *жүзіктің, тананың, қапсырманың көзіне, ортасына салатын зергерлік асыл тас.*

ЖАРЛА *Жар салу, әйгілеу, жария ету.* Бәйгенің болар жерін жұртқа ~ды.

ЖАРЛАУ I *Жар айту, арнау.* Пролог сахналық шығармаларда *жарлау*, арнау түрінде қолданылған (Жұмалиев).

ЖАРЛАУ II *Аздап жар, жарсымақ, жарлауыт.* ~ жер (тас).

ЖАРЛАУЫТ *Онша биік емес, жарлау жер.* ~тан тік түсті.

ЖАРЛАУЫТТАН *Жарлану, тік қабақтану.* Тау беткейінің бір жағы ~ып қалыпты.

ЖАРЛАУЫТТАУ *Аздап жарлауыт.* ~ биік жер.

ЖАРЛАУЫТТЫ *Жарлауыт болып біткен.* Бір жағалау тұр түнжыр, *жарлауытты* (Қ. Жұмағалиев).

ЖАРЛЫ I *Кедей, жоқ-жітік.* ***Жарлы*** болсаң да, арлы бол (Мақал).

ЖАРЛЫ II *Тік жары бар.* Қайық тік *жарлы* жағаға қарай тартып кетті (Баязитов).

ЖАРЛЫДАЙ *Жарлы адам сияқты.*

ЖАРЛЫ-ЖАҚЫБАЙ *Жоқ-жітік, кедей-кепшік.*

ЖАРЛЫҚ *Заң күші бар өкіметтің жоғарғы органының қаулысы, әмірі.* ◊ **Жарлық шашты [етті, берді, қылды]** — *әмір етті, бұйрық берді.*

ЖАРЛЫЛАУ *Кедейлеу, дәулетсіздеу.* Үш атты ~ ауылға кеп түсті.

ЖАРЛЫЛЫҚ *Кедейлік, жоқшылық, жетіспеушілік.* ***Жарлылық*** ұят емес (Мақал).

ЖАРМА I *Дәннің майдаланып жарылған түрі майдасақ.* Жүгері ~сы.

ЖАРМА II *Өгіздің мойнына салатын, ағаштан жасалған мойынтұрық.*

ЖАРМА III *көне. Сәндік үшін тағылатын әшекей зат.* Өрнекті ~лар тізбегі.

ЖАРМА IV *жерг. Өзеннен тура тартылған ор, үлкен канал.*

ЖАРМА V *Ортасынан екіге жарылып бөлінген.* ~ есік (қоныш).

ЖАРМА VI *Тереңдігі 2 метрдей көрдің батыс жағынан жарты-кештеп қазылған ақым түрі.*

ЖАРМАЖАЛ *Жүйрік ат туралы сын.*

ЖАРМАҚ *көне. Бақыр тиын өлшемі, бір тиынның сегізден бір бөлігі.*

ЖАРМАЛА *Дақылдардың дәнін ұсақтап бөлу, жармаға айналдыру.* Жүгері мен арпаның дәнін малға ~п беру керек.

ЖАРМАЛЫ *Екіге бөлінген, жарылған.* ~ есік (терезе).

ЖАРМАЛЫҚ *Дәнінен жарма даярлауға болатын екпе өсімдік.* ~ дақылдар.

ЖАРМАС 1. *Тырмысып айрылмай ұстау, жабысу.* Шылбырға ~ты. 2. *Ауыс. Орынсыз тиісу, жағаласу.* Жағама ~а кетті.

ЖАРНА 1. *Белгілі бір ұйымның мүшесі ретінде төленетін мөлшерлі пай ақша.* Мүшелік ~. 2. *Пайдадан түскен үлес, түсім.* Пайдадан төленетін ~. □ **Жарна салды** — *ақшалай не мал түрінде көмек көрсету үшін қаржы жинады.*

ЖАРНАҚ *бот. Өсімдік тұқымындағы ұрық.* Тұқымдар: дара, қос және көп *жарнақты* деп үшке бөлінеді (Мұсақұлов).

ЖАРНАҚТЫ *Жарнағы бар, көп.* Қос ~.

ЖАРНАҚША *Өсімдік тұқымындағы кішкентай ұрықша.*

ЖАРНАЛАС *Жарнаға ортақтас, үлестес, сыбағалас.*

ЖАРНАМА *Белгілі бір нәрсе туралы хабарлама.* Көшелерге ~лар ілінген. □ **Жарнама тақтасы** — *жарнама ілетін тақта, орын.*

ЖАРНАМАЛА *Жарнама арқылы насихаттау, мәлімдеу.* Кімге осындай кісімін деп өзіңді *жарнамалай* бересің (Алдабергенов).

ЖАРНАМАЛЫ *Жарнама ілінген, жарнамасы жазылған.* ~ тақтайша.

ЖАРНАШЫ I *Жарна төлеуші, пайшы.* ~лардың саны 162 мың адам болды.

ЖАРНАШЫ II *Жарна жинайтын қызметкер.* ~ жарна жинады.

ЖАРТАС *Көлемі мен ені әр түрлі, жалақ бетті тіп-тік биік тас.*

ЖАРТАСТАЙ *Жартас сияқты биік, тіп-тік.*

ЖАРТАСТЫ *Жартасты тау қойнауы.*

ЖАРТАСТЫЛАУ *Аздап жартасты болып келген.*

ЖАРТАСША *Жартас секілді тіп-тік, биік.*

ЖАРТЫ *Бүтін нәрсенің тең бөлігі, жарымы.* Елу жыл ~ ғасыр, ~ метр.

ЖАРТЫКЕШ 1. *Бір жағы кетік, сынық, ойық, толық емес.* ~ ай (конфет, таба нан) 2. *Ауыс. Толымсыз, жартылай, шала-шарпы.* ~ бақыт (образдар). ~ шешім.

ЖАРТЫКЕШТЕН *Бір жағы кетіп көріну, жартылану.* Ай ~іп қалыпты.

ЖАРТЫЛА *Орталау, жарымдау.* Шайды ~й ішті.

ЖАРТЫЛАЙ *Толық емес, аздап, жарым есе, шала.* Шөбі ~ шабылған, ~ сауатты. □ **Жартылай автомат** *(техн.)* — *біразы қолмен, қалған жұмыстары автоматтандырылған металл кескіш станок.* **Жартылай қорғаушы** *(спорт.)* — *спорт ойындарында әрі қорғаушы, әрі шабуылға шығатын ойыншы.*

ЖАРТЫМДЫ *Көңіл толарлықтай, мардымды.* ~ жауап ала алмадық, ~ әңгіме айтпады.

ЖАРТЫМСЫЗ *Мардымсыз, болымсыз, болмашы, азғантай.* Аудың балығы *жартымсыз* деп жатыр (Ө. Нұрпейісов).

ЖАРТЫСЫНДАЙ *Бір нәрсенің тең жартысына жуық.*

ЖАРУШЫ *Қопарушы, тауды, кен орнын қопару ісін атқарушы.* ~лар іске кірісті, оны қопарып қопсытты.

ЖАРШЫ 1. *тар. Халыққа аса маңызды ресми оқиға туралы хабарды жеткізуші, хабаршы.* Хан ~сын елге аттандырды. 2. *Халықаралық саяси мәселелерді уағыздаушы.* Қазақстан Республикасы бейбітшілік ~сы.

ЖАРЫ 1. *Кенелу, жетісу.* Малға ~ғаны осы, киімге ~ды. 2. *Төлдің енесінің сүтіне тоюы.* Сүтке ~маған қозы.

ЖАРЫҒЫМ *эмоц. Еркелету ретінде айтылатын "шырағым", "сәулем" мәніндегі сөз.*

ЖАРЫҒЫРАҚ *Жарығы көбірек, сәулесі молырақ.*

ЖАРЫҚ I 1. *Қараңғы емес, жарқыраған, ашық.* ~ ай, ~ бөлме. 2. *физ. Толқын ұзындықтары 400 км-ден 780 км-ге дейінгі электромагниттік толқындар.* ◊ **Жарық дүние** — а) *өмір, әлем, тіршілік;* ә) *еркіндік, бостандық.* **Жарық жұлдыз** — *асқан талантты, дарын иесі.* **Жарық көрді [жарыққа шықты]** — а) *көзі ашылды;* ә) *баспасөз бетінде жарияланды.* □ **Жарық күн** — *жақсылық, қуаныш.* **Жарық түсіргіш аппарат** — *күшті жарық беретін аспап, құрал; прожектор.*

ЖАРЫҚ II *Жарылған, сызаттанған, жарығы бар.* ~ кесе (астау).

ЖАРЫҚ III *мед. Ішкі органдардың бірінің қарын терісінің астынан ыдырап кетуі арқылы пайда болатын ауру.* ~ қарын. ~ көбінесе жүдегенде, қатты күш түскенде пайда болады.

ЖАРЫҚҚҮЛ *бот. Жапырағы тілімделген, гүлі ірі, сарғалдақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ЖАРЫҚ-ЖАРЫҚ *Тілім-тілім, тілімденіп әбден жарылып кеткен.* Аяқ-қолы ~.

ЖАРЫҚ-ЖҰРЫҚ: **жарық-жұрық етті** — *жалтылдады, жарқылдады.*

ЖАРЫҚҚОҢЫЗ *Түнде оттай жарқырап ұшып жүретін шыбыннан үлкенірек қоңыз.*

ЖАРЫҚТАН *Қараңғылық серпіліп, жарық түсе бастау.* Төңірек ~а бастаған.

ЖАРЫҚТАНДЫРҒЫШ *техн. Ерекше қарқынды жарық шоғырын күшейтуге арналған аспап.*

ЖАРЫҚТАУ *Жарығырақ, жарығы молырақ.* Түн ~еді.

ЖАРЫҚТЫҒЫМ *экспр. Жарқыным, қарағым, шырағым. Жарықтығым,* ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме. (М. Әуезов).

ЖАРЫҚТЫҚ I 1. *Қасиеттеу, құрметтеу мағынасында айтылатын сөз.* 2. *экспр. Кемсіту, шенеп-мінеу кезінде "шіркін", "жазған", мәнінде қолданылатын сөз.* Бір пәлені бастайтын болды-ау мына *жарықтық* (М. Әуезов).

ЖАРЫҚТЫҚ II *Жарқырап сәуле шығарушылық, жарыққа тән.* Шамның ~ы күшті екен.

ЖАРЫҚТЫЛЫҚ *физ. Түрлі түсті кескін таратқыш түс сигналдары.*

ЖАРЫҚШАҚ I 1. *Саңылау, жарылып сызат түскен жер.* Есіктің ~ғынан сығалады. 2. *Ауыс. Көңілдегі қайғы, қаяу, кірбің.* Көңілімде ~ бар. □ **Жарықшақ дауыс** — *тарғылданып шығатын жағымсыз дауыс.* ◊ **Жарықшақ түсті** — *көңілге қаяу, кірбің пайда болды.*

ЖАРЫҚШАҚ II *Қатты заттардың ұшып түскен сынығы, жарқыншақ.* Бомба ~ғы, тас ~тары. □ **Жарықшақ тас** — *тастарды ұсату, ұсақтау арқылы алынатын құрылыс материалы.*

ЖАРЫҚШАҚСЫЗ 1. *Саңылаусыз, жарықшағы жоқ.* 2. *Ауыс. Уайымсыз, кірбіңсіз, қаяусыз.* Ұстаздарға ~ ризамын.

ЖАРЫҚШАҚТА *Жарықшақ салып бөлу, шығару.* ~п беттестіре телу тәсілдері.

ЖАРЫҚШАҚТАН 1. *Бөлшектеніп жарылу, шытынау.* 2. *Дауыстың ашық шықпай тарғылданып көмескілене шығуы, қырылдау.*

ЖАРЫҚШАҚТАНҒЫШ *Жарылуға, бөлшектенуге бейім, шатынағыш.* ~ элементтер.

ЖАРЫҚШАҚТАУ *Дауысы көмескілеу, тарғылдау.* ~ қоңыр үнмен.

ЖАРЫҚШАҚТЫ *Саңылаулы, жарығы, сызаты бар.*

ЖАРЫҚШЫ *мед. Оташы; хирург.* Сақ етер тиді саныма, Сақсырым толды қаныма. ***Жарықшылар*** жоқ па екен, Жармай білте саларға (Доспамбет).

ЖАРЫЛ 1. *ыр. етіс. Жар-ыл.* 2. *Қақ айырылу, бөлшек-бөлшегі шығу (ағаш, отын т. б.).* 3. *Жарықшақтану, сызатталу, шытынап кету.* Ағаш ~ды. 4. *Тілмелену, жарылып-жарылып бөліну, жіктелу.* Болды да партия, Ел іші ***жарылды*** (Абай). 5. *Ашуыза қысып булығу, ызалану. Қуанышқа бөлену, шаттану.* Риза болғанынан ақтарылып жарылды. 6. *Сырын жасырмай ашып, ағынан ақтарылу.* Ол әйелге ~ып тісін ашпайтын (О. Сәрсенбаев). 7. *Бомба, граната, снарядтардың атқанда не лақтырғанда быт-шыт болуы.* ◊ **Жүрегі жарылды** — а) *қатты қуанды;* ә) *қуанып, толқығаннан зақым болуы.* **Іші жарылды** — *Іші пысты, зеріктi.* **Жарылып кет** — *жаның шықсын, өліп кет.* **Ақ түйенің қарыны жарылды** — *молшылық болды, үлкен қуаныш болды.*

ЖАРЫЛҒАҚ *Жарылғыш, сынғыш.* Қайыңның қызылы сынғақ та, ***жарылғақ*** та (С. Мұқанов).

ЖАРЫЛҒЫШ 1. *Тез, оңай бөлінгіш; уатылыш; сынғыш.* Күннің көзінде қалған ағаш ~ келеді. 2. *Оталып жарылуға бейім, қопарғыш.* ~ гранаттар.

ЖАРЫЛҒЫШТЫҚ *Жарылуға, сынуға бейімділік, икемділік.*

ЖАРЫЛҚА 1. *Қарық қылу, кенелту, мұсіркеу, есіркеу.* Жарлыны ~йтын уақыт та болар. 2. *Ауыс. Біреуге алғыс, тілек айту, бата беру.* Тәңір ~ғыр.

ЖАРЫЛҚАҒЫШ *Біреуге жақсылық жасағыш, жарылқаушы.*

ЖАРЫЛҚАҒЫШТЫҚ *Жақсылық жасағыштық, қарық етушілік.*

ЖАРЫЛҚАУШЫ *Қарық қылушы, есіркеп, мұсіркеуші, кенелтуші.*

ЖАРЫЛМАЛЫ *Жарыла бергіш.* Өкшесі ~.

ЖАРЫЛЫС *Бомба, газ сияқты заттардың жарылуынан пайда болған қопарылыс, дүмпу.* ~ толқыны, ғаламат ~.

ЖАРЫМ I 1. *Бүтіннің жартысы, тең бір бөлегі.* Әйел-адамзаттың тең ~ы. □ **Жарым күн** — *жарты күн.* **Жарым түн** — *жарты түн.* **Жарым көңіл** — *көңілі қамығыңқы.* **Жарым ес** — *ақылы аз.*

ЖАРЫМ II *Жартылау, жартыкештеу, бөлшектеу.* Ештемені ***жарымдап*** бөлмейміз (М. Әлімбаев).

ЖАРЫМДАУ *Жарыместеу, есуастау.* Ақылесі ~ адам.

ЖАРЫМДЫҚ 1. *Жарым-жартылық, бүтіннің жартысы.* Малымның жыл ***жарымдық*** шөбі дайын (Айтыс). 2. *Есерсоқтық, есуастық.* Ақылының ~ ғын айтады, ~ғына қарамайды.

ЖАРЫМЕСТЕН *Есуастану, есаландану, есерсоқтану.* Мынаның ***жарыместеніп***, түк білмей қалуын қарашы (Тілегенов).

ЖАРЫМЕСТЕУ *Есерсоқтау, есуастау, есаландау.* Бір елде есерсоқ, ***жарыместеу*** бір патша болыпты (Мың бір түн).

ЖАРЫМЕСТІК *Есерсоқтық, есуастық, есаландық.* Жазықсызды жазалау ***жарыместік*** емес пе? (Ә. Әбішев).

ЖАРЫМЖАН *Кембағал, кемтар, мүгедек, ғаріп.* Жұмыста ~ болған. ◊ **Жарымжан көңіл [көңілі жарымжан]** — *көңілі жарым, қам көңіл.*

ЖАРЫМЖАНДАН *Кембағалдан, аурудан кемтар болу, мүгедекке айналу.*

ЖАРЫМЖАНДАУ *Кемтарлау, дімкәстау, мүгедек.* Мен ~ адам едім.

ЖАРЫМЖАНДЫҚ *Мүгедектік, кемтарлық, ғаріптік.*

ЖАРЫМ-ЖАРТЫ *Түгелдей емес, жартылай.*

ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАЙ *Түгелдей емес, шала-шарпылау.*

ЖАРЫМ-ЖАРТЫЛАП *Аз-аздап, ептеп қана.* Он сомға ***жарым-жартылап*** киім алдым (Бегалин).

ЖАРЫМҚҰРСАҚ *Құрсағы орта, тоя тамақ ішпеген, тұлкі құрсақ.*

ЖАРЫС I 1. *Қазақ халқының дәстүрлі ат шабысы, бәйге.* Аты ~та озды. 2. *Адамдар арасындағы өзара бәсеке, сайыс.* Еңбек ~ы, өнер ~ы.

ЖАРЫС II 1. *Бәйгеге, ат шабысына, өнер таласына түсіп, бәсекелесу, озат атану үшін күресу.* Ат ~ып, сөз ~у, өнерімен ~ты. 2. *Озып шығу, жарысқа қатысу, сайысу, бәсекелесу.* Балалар ~ып жүгірді, қызыл туға ~ты. 3. *Қатарласып қалыспау, қабаттасу.* ~а сөйледі, ағасымен ~а кітап оқыды.

ЖАРЫСҚАЗАН *этногр. Екі қабат әйелдің қиналмай босануы үшін жасалатын ырым.* Баяғыда ~ беруші еді.

ЖАРЫСКЕР *жаңа. Сайысқа, жарысқа түсуші адамдар.* Болашақ ***жарыскер*** Қасымтай мен Бұрқан (Бағаев).

ЖАРЫССӨЗ *Баяндамадан кейін шығып сөйлеушілердің қысқаша сөзі.*

ЖАРЫССЫЗ *Бәйгесіз, ат шабыссыз, бәсекесіз.*

ЖАРЫСТАС *Жарысқа түскен, бәсекелес.* ~ құрбысының күндік тапсырмасын көрді.

ЖАРЫСУШЫ *Жарысқа қатысушы, жарысқа түсуші.*

ЖАРЫТЫП *Ұқсатып, маңдытып.* Қызға ***жарытып*** сөз айта алмаған (Райымқұлов).

ЖАС I *Адамның, жан-жануардың т. б. өмір сүру мезгілін белгілейтін жыл саны, жас шамасы.* ~ы қырықты алқымдаған, менен жеті ~ үлкен. ◊ **Жас ортасына [жасы жер ортаға] келді** — *егде тартқан, біраз жасста.* **Жасы жетті [келді]** — а) *ер жетті, кәмелетке толды;* ә) *қартайды, дәурені өтті.* **Жасы қатар [бір]** — *құрбылас, жасты, құрдас.* **Жасы ұзақ болсын!** *(алғыс)* — *көп жасасын, өмірлі болсын.*

ЖАС II 1. *Жаңа өсіп келе жатқан жас өспірім.* ~ бала, ел ~ымен көрікті. 2. *Әлі кеппеген, қатпа-*

ған, сұр болмаған. ~ сорпа, ~ ет. ◊ **Жас босанған** — *бірінші босанған (әйел).* **Жас буын [ұрпақ]** — *жас өспірім.* **Жас ұлан [өрен]** — *ер жетіп, есейіп қалған жеткіншек.*

ЖАС III *Жылағанда, қатты қуанғанда шығатын көз жасы.* Көзінен ~ моншақтап тұр. ◊ **Көзі жасқа булықты** — *тығылып, қыстығып қатты жылай алмады.*

ЖАСА I *Өмір сүру, тіршілік ету, ғұмырлы болу.* Ақтиін 5–6 жыл ~йды, ол көп ~ған қарт.

ЖАСА II 1. *Бір нәрсені дайындап, істеп шығару.* Бесік ~ды. 2. *Ас-тағам пісіру, дайындау, дастархан әзірлеу.* Шайды жерге ~ды, дастарқан ~п жатыр. 3. *Той-думан өткізу, істеу, атап өту.* Шілдехана ~ды (мүшелді той, бастаңғы). 4. *Есім сөздермен тіркесіп тындыру, істеу, атқару деген мағынаны білдіретін сөз.* Жұмыс ~й бер, бітім ~ндар, операция ~ды.

ЖАСАҒАН *діни. Құдай, алла, тәңірі жаратушы, жаратқан.* Жар бола көр ***жасаған*** (Хангелдин). ◊ **Жасаған ием** — *жаратушы, құдайым, аллам.*

ЖАСАҚ I 1. *көне. Қару-жарақпен жабдықталған қол.* Жауынгер Исатай ~ғы. Жау ~ы. 2. *Жасақшы, дружина мүшесі.* Үш жыл ~шылар тобында мүше болдым, халық ~тары.

ЖАСАҚ II *Жеңілген елден заттай алынатын алым-салық.* Біз жүз қарадан бір қара ***жасақ*** төлеуге тиісті едік (Есенберлин).

ЖАСАҚ III *Дымқылдау, жастау, көк сағал.* Тарының ~ сабағы кеуіп құрайды.

ЖАСАҚСЫЗ *Қарулы қолсыз, әскерсіз.* ~ батыр жоқ.

ЖАСАҚТА 1. *Әскерді қару-жарақтандыру, қаруландыру.* Атты әскер отрядын ~ды. 2. *Топ құрып ұйымдастыру.* Азық-түлік отрядтарын ~ды, насихатшылар тобын ~ды.

ЖАСАҚТЫ *Қару жарақты, қаруланған.* ~ жау (қарақшылар).

ЖАСАҚШЫ *Қоғамдық тәртіпті бұзушылармен күресу мақсатында құрылған ерікті жасақ.* Халық ~лары кезекке шықты.

ЖАСАҚШЫЛЫҚ *Жасақтық міндет атқарушылық.*

ЖАСАЛАП *Жаса-жаса деп айғайлап қошеметтеу. Жасалап* өтіп жатыр мың-мыңнан топ (Жансүгіров).

ЖАСАМАЛДАУ *Жасамыстау, мосқалдау, егделеу. Жасамалдау* сары әйел ернін жыбырлатып амандасты (Еділбаев).

ЖАСАМАЛ *Ересек, жасамыс, орта жастағы егде кісі.*

ЖАСАМПАЗ *Шығармашылық жолмен белгілі бір нәрсені жасаушы.* ~ ерлік (өмір).

ЖАСАМПАЗДЫҚ *Еңбекте жаңалық атаулыны қалыптастырушылық.* ~ еңбек, ~пен орнықтырушы.

ЖАСАМЫС 1. *Ересек, орта жастан асқан, жасамал.* 2. *Ауыс. Қиын-қыстауды басынан өткізген, көпті көрген тәжірибелі кісі, маман.*

ЖАСАМЫСТАУ *Жасамалдау, ересектеу, үлкендеу.* ~ атшы, ~ әйел.

ЖАСАН 1. *Қарулану, ұрысқа әзірлену.* ~ып қалың жау тұр. 2. *Барын киіп сәндену, безену.* Әкесі ~а киініп парадқа шықты. 3. *Ауыс. Гүлденіп көркею, жайнау.* Сұлудай көктем ~ған.

ЖАСАНДЫ 1. *Табиғи емес, қолдан жасалған.* ~ сүт (көл). 2. *Қолдан жасалған, жалған, тұп нұсқа емес.* ~ куәлік (құжат). □ **Жасанды жер серігі [жердің жасанды спутнигі]** — *жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әр түрлі ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған космостық аппарат.*

ЖАСАНДЫЛАУ *Табиғи емес, қолдан жасалғандай.* ~ естілетін, ~ мінез.

ЖАСАНДЫЛЫҚ 1. *Табиғи еместік, жасанды болып көрінушілік.* Күлкісінде ~ бар. 2. *Қолдан жасағандық.*

ЖАСАҢ I 1. *Жастау, жасырақ.* Ашаң әйел өмсе ~ көрінеді. 2. *Ауыс. Жас, жаңа.* Қазақ баспасөзі ***жасаң*** істің біреуі (С. Мұқанов). 3. *Кеппеген, су, көк.* ~ шөп (отын).

ЖАСАҢ II *бот. Қоян капустасы, қоянот.*

ЖАСАҢҒЫРА I 1. *Жасара түсу, уылжу.* Инештің келбеті жаңғыра ~ған 2. *Кеппей жасаң тарту, су болу.* Жердің шөбі ~п қалыпты. 3. *Ауыс. Құлпыру, жайнау, жаңару.* Қала да, дала да ~й берді.

ЖАСАҢҒЫРА II *Көзге жас келу, жасаурау.* Ол үлкен адамның мұңая қалған ***жасаңғыраған*** жанарын көрді (Сматаев).

ЖАСАҢДА *Жаңару, жаңғырығу, жаңалану.* Жекжатымен ел өсіп ***жасаңдамақ*** (Жамбыл).

ЖАСАҢДАУ *Жастау, жасырақ.* ~ жігіт (әскери адам).

ЖАСАҢДЫҚ *Кемеліне жетпеген, жастық, жасырақтық, жастық, жасырақ болушылық.* ~ғы көпке мәлім.

ЖАСАҢСЫ *Көңілі жасу, босаңсу.* Шоқан сөзіне ол ***жасаңсып,*** көзін жыпылықтатты (С. Бегалин).

ЖАСАҢШӨП *бот. Қос жарнақты шөптесін өсімдік.* Алма қышқылы ***жасаңшөпте*** болады (Т. Мұсақұлов).

ЖАСАР I *Сан есімдермен тіркесіп, жас мөлшерін білдіретін сөз.* Жиырма бес ~ қазақ жұмыспысы, он үш ~ қыз.

ЖАСАР II 1. *Жас болып көріну.* Күннен күнге ~ып келеді. 2. *Ауыс. Гүлденіп құлпыру, жайнау.* ~ған жер. Орман-тоғай ~ып кетіпті.

ЖАСАРТУ *мед. Организмді жаңарту.*

ЖАСАС 1. *орт. етіс.* 2. *Біреумен бірлесіп іс істесу.* 3. *Бірлесіп ұзақ уақыт өмір сүру.* Ол жұбайымен 30 жыл бірге ~ып келеді.

ЖАСАСЫН *Ұзақ уақыт жасай берсін, даңқы арта берсін.* Бейбітшілік ~!

ЖАСАУ 1. *этногр. Ұзатылатын қызға берілетін мүлік, дүниелік.* Қызға ~ жасады, ~ы дайын. 2. *Үй ішіндегі жиһаз, дүние.* □ **Жасауына қарай қалыңы** — *берілетін дүние-мүлкіне лайық қалыңы.*

ЖАСАУ-ЖАБДЫҚ 1. *Ұзатылған қызға беретін дүние-мүлік.* 2. *Үй-ішіндегі бар жиһаз.* Үй-ішінің ~ы жайнап тұр.

ЖАСАУЛА 1. *Ұзатылатын қызға керекті дүние-мүліктерді сай етіп дайындау, әзірлеу.* Қызды ~п ұзатуға тиіспіз. 2. *Үйдің ішін дүние-мүлікпен сәндеу, безендіру.* Ғалима бөлмені ~п қойды.

ЖАСАУЛАН *Сәндену, әсемдену.* Шоқан кірген шақта үйдің іші ***жасауланып*** болған еді (С. Мұқанов).

ЖАСАУЛЫ I 1. *этногр. Бай жасауы бар, дүние-мүлкі көп (қалыңдық). Жасаулы* деп, малды деп байдан алма (Абай). 2. *Үйі жиһазды, мол дүниелі, мүлікті.*

ЖАСАУЛЫ II 1. *Оқтаулы, дайын, әзір.* ~ мылтықтан тайсалу дегенді білмейтін. ~ дастарқан. 2. *Қаруланған, жарақтанған.* ~ жау (техника).

ЖАСАУРА *Көзі жастану, көзге жас үйірілу.*

ЖАСАУШЫ *Бір нәрсені жасаушы, істеуші не орындаушы.*

ЖАСАУСЫЗ 1. *Жасауы жоқ, қалыңсыз.* 2. *Жиһаз-дүниесіз.*

ЖАСАУЫЛ 1. *Әскер басының оң қолы, шабарманы.* Бидің екі ***жасауылы*** болды (Жылқышиев). 2. *Патша армиясындағы казак офицерлерінің капитан дәрежесіндегі шені.* 1917 жылы ***жасауыл*** шені жойылды (ҚСЭ).

ЖАС-ЖЕЛЕҢ *Қыз-бозбала, жігіт-желең, жастар.* ~ жиылып серуен құрған.

ЖАС-КӘРІ *Үлкен-кіші, жастар мен жасы үлкендер.* Туған ел, амандасам ***жас-кәріңе*** (Қаз. әндері).

ЖАСҚА 1. *Бір нәрсемен қақпайлап сескендіру, тайсалдыру.* Бақташы сойыл құрығымен ***жасқап*** қуып әкетті (Мусин). 2. *Ауыс. Бетін қайырып тастау.* Сөз айтпайтындай ~п тастады.

ЖАСҚАН 1. *өзд. етіс. Жасқа-н.* 2. *Соққыдан тайсалу, сескену.* 3. *Ұялу, қысылып-қымтылу.* ~бай сөйле.

ЖАСҚАНШАҚ *Қорқақ, қорғаншақ, именшек.* Жетім өскен адам ***жасқаншақ***, бұйығы келеді (Мұздыбаев).

ЖАСҚАНШАҚТА 1. *Қорқу, сескену, именшектеу, қорғаншақтау.* ~п ойындағысын айта алмады. 2. *Тартыншақтау, жасқану, тайсақтау.* Малдың көзі жарықтан ~ды.

ЖАСҚАНШАҚТАУ *Именшектеу, тартыншақтау, ұяңдау.* ~ бала.

ЖАСҚАНШАҚТЫҚ *Қорғаншақтық, именшектік, ұялшақтық.* ***Жасқаншақтық*** ердің ісі емес (Шаймерденов).

ЖАСҚАНЫШ *Сескеніш, қорқыныш.* Оның отырысында ~ бары байқалады.

ЖАСҚАША *Жасқа шейін.* Еліге сегіз ***жасқаша*** оқуда түрды (Батырлар жыры).

ЖАСҚЫЛТЫМ *Жаңадан тебіндеп өсіп келе жатқан жасаң жапырақ.* ***Жасқылтым*** мүйіздер соғылысқанда жарқ етіп от шыққандай болды (Бөкеев).

ЖАСМИН *бот. Жұпар иісті, ақ гүлді бау-бақшадағы бұталы өсімдік; ақжұпар.* ***Жасминді*** кейде ақжұпар деп те атайды (Үй өсімдіктері).

ЖАССЫН *Жас көру, жас деп қарау, баласыну.* Садық төрағалыққа өзін ~ды.

ЖАСТА *Суғару, суландыру, сулау.* Құрғақ шөпті, топырақты су сеуіп ~ды.

ЖАСТАЙ I *Жас кезінен, кішкене күнінен.* Мәкеш әкеден ~ қалды.

ЖАСТАЙ II 1. *Жас шамасында, мөлшерінде.* Ол менен үш ~ кіші. 2. *Жас шағында, тым жас кезінде.* Шешесі ~ өлген.

ЖАСТАЙЫНАН *Кішкентайынан, қаршадайынан, жас кезінен.* ~ еңбекке араласты.

ЖАСТАЙҒЫ *Жас кездегі, жас шақтағы.*

ЖАСТАН 1. *Басының астына жастық т. б. салу.* 2. *Ауыс. Өзімен бірге өлтіріп кегін алу.* Жаудың біреуін ***жастанып*** өлейін (Иманбаев). ◊ **Жер жастанды** — *өлді.*

ЖАСТАНЫШ *Басқа жастанатын жастық.* Есеней төсеніш, ***жастаныш*** дейтіндердің ең тәуірлерін жинайтын (С. Мұқанов).

ЖАСТАС *Жас жағынан қатарлас, құрдас.* Ол өзімен ~ балалармен ойнайды.

ЖАСТАУ I *Жасырақ, кішілеу.* Қатыны өзінен ~.

ЖАСТАУ II 1. *Ылғалдау, сулау.* Шөп кепкен жоқ әлі ~у. 2. *Жасырақ, әлі балғын.* Бала әлі ~у ғой.

ЖАСТЫ *Жастас, құрбы, құрдас.* Менің сенімен ***жасты*** інім бар (Әлсеров).

ЖАСТЫҚ I 1. *Ішіне құс мамығын салған, бас астына салу үшін жасалған үй бұйымы.* Басында ***жастық***, астында көрпе бар (Майлин). 2. ***жерг.*** *Ердің үстіне салатын көпшік.* ◊ **Жастығын ала өлді [жатты]** — *жауын жайратып, кегін алды.*

ЖАСТЫҚ II *Жас шақ, балғын кез.* ~ шақ еске түседі.

ЖАСТЫҚСЫЗ *Басына жастық салынбаған, жастығы жоқ.*

ЖАСТЫҚТА 1. *Жастыққа не басқа бір затқа сүйену, жастану.* Сусының құйшы, деп ***жастықтай*** отырды (Б. Тоқтаров). 2. *Ауыс. Біреуге арқа сүйеу, паналау.* Құсбекті ***жастықтап*** барып ретін тап (Оразалин).

ЖАСТЫҚТАЙ *Қомақты, ірі, үлкен.* Қойлардың құйрықтарының үлкендігі ***жастықтай*** дерлік (С. Мұқанов).

ЖАСТЫҚША I *Кішкентай жастық, көпшік.* Бала бір кішкене ***жастықшаны*** алды (Көпбаев).

ЖАСТЫҚША II *Жастық сияқты, соған ұқсас.* Шаян шапанын шешіп, ***жастықша*** умаждады (О. Сәрсенбаев).

ЖАСУ 1. *Иненің көзі.* Иненің ~ынан өте білетін айла. 2. *Инені отқа салып жасытқанда иненің сыртында пайда болатын жыланның қабығындай қабыршақ.*

ЖАСУЫНДАЙ: иненің жасуындай — *титтей, кішкентай ғана.*

ЖАСЫ 1. *Көңілі босау, мұңаю, қамығу, беті қайту.* 2. *Темір, болат сияқты металдың қатты қыздырудан сууы, қызуы қайтып жұмсаруы.* ***Жасыған*** шегені жаңа шеге айдап шығарды (Мақалнама). 3. *Көздің көру қабілеті нашарлау, нұры қайту.* Оның шегір көздері ***жасып***, ағара түскен (Есенберлин). 4. *Ауыс. Жабығу, мұқалу, босау.* Асып той тойлама, ***Жасып*** ой ойлама (Аманжолов).

ЖАСЫҚ I 1. *Семіз емес, өте арық ет.* ***Жасық*** ет жұмырына жұқ болмаған (Т. Әлімқұлов).

ЖАСЫҚ II 1. *Жігерсіз, ынжық, былжыр.* Жігерсіз адам жасық, ***жасық*** адам қорқақ келеді (Сыланов). 2. *Суарылмаған, жұмсақ.* ~ пышақ (болат). 3. *Уытсыз, тартымсыз, әлсіз.* ~ сөз, өленнің де ~ғы бар. □ **Жасық көз** — *нұрсыз, отсыз көз.* ◊ **Жасығынды жұбатпа** — *босқа әуреленіп, меселіңді қайтарма.*

ЖАСЫҚТАН *Әлсіздену.* Қойнау түстан ***жасықтана*** қоңылтақ самал есті (Бөкеев).

ЖАСЫҚТАНДЫР *Құнсыздандыру, қадірін кетіру, бағасын түсіру, жұмсарту.* Асылды ***жасықтандырмай*** жырлаған абзал ("Қазақст. мұғ.").

ЖАСЫҚТАУ I *Арықтау, майсыздау.* Қуырса майды керек қылмайды, кеуде жағы ***жасықтау*** (Тоғысбаев).

ЖАСЫҚТАУ II *Бостау, ынжықтау.* Өкең Сәрсен ынжық, ***жасықтау*** болатын (Жұмаділов).

ЖАСЫҚТЫҚ 1. *Арықтық, жілігі татымаушылық.* 2. *Ынжықтық, жігерсіздік.* Қазақ халқының ең жек көретін мінезі — ердің ***жасықтығы*** (Шашкин).

ЖАСЫЛ I *Найзағай, жасын, жай оты.* Күн күркіреп, алыста ~ ойнады. □ **Жасыл түсті** — *жай оты түсті.*

ЖАСЫЛ II 1. *Жапырақтың түсіндей түс.* ~ киімді (лента). 2. *Өсімдіктің қурамаған, сарғаймаған көк балауса кезі.* Кеңсенің алды ~ ағаштар. □ **Жасыл желек** (***поэт.***) — *жапырақ жайып, көктеп тұрған өсімдік.*

ЖАСЫЛДАЙ *Жай отындай, найзағайдай.*

ЖАСЫЛДАН 1. *Жасыл, найзағай, жай оты болып көріну.* Қараңғы түнде ***жасылдана*** жарқ еткен қылыш (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Көгеріп жасыл түске бөлену.* Жанданды, ***жасылданды*** жапан дала (Хакімжанова).

ЖАСЫЛДАУ *Жасылырақ.* Үстінде ~ камзол.

ЖАСЫЛДЫ *Жасыл түс аралас.* Айналасы қызылды, ***жасылды*** электр шам (Тұрсынбаев).

ЖАСЫМСЫ *Ұялып-қысылу, жасқану.* Ол жауабын ***жасымсымай*** жарқын берді (Орманов).

ЖАСЫМЫҚ 1. ***бот.*** *Бұршақ тұқымдас, құрамында белогы көп шөп тектес өсімдік.* 2. *Тамаққа пайдаланылатын осы өсімдіктің дәні.* ~ көже.

ЖАСЫМЫҚША ***бот.*** *Өсімдіктің жас бұтақтарының газ алмастыратын органы.* Өзек пен ***жасымықша*** арасында үздіксіз газ тұрады (Ботаника).

ЖАСЫМЫҚШЫ *Жасымық өсіруші.*

ЖАСЫН *Найзағай, жай, жасыл.* Жауына ***жасын*** болып тиген Ізғұт (Құмарбеков).

ЖАСЫНА *Найзағай жарқылдау.* Қалың нөсер алдында жасын ***жасынап,*** жай түсті (Қаз. ертег.).

ЖАСЫНАН *Жас кезінен, жастайынан, кішкене күннен.* ~ еңбекке үйренген.

ЖАСЫНДА *Жас кезінде, балалық шағында, жасынан.* Ол ~ аттан жығылып, аяғын сындырып алған.

ЖАСЫНДАЙ *Жасылдай, жай отындай.*

ЖАСЫР 1. *Көрсетпей тығып қою, көзден тасалау.* Кітапты жастығының астына ~ды. 2. *Сыр бүгу, құпия ұстау.* Достардан ***жасыратын*** сыр жоқ (Әбілев).

ЖАСЫРАҚ *Жастау, кішірек.* Базаралы Абайдан ***жасырақ*** көрінеді (Ғ. Мүсірепов).

ЖАСЫРАҚТАУ *Жастау.* Сәл ~ болды.

ЖАСЫРҒАНСЫ *Жасырмақ болғансу.* Ол күлкісін ***жасырғансыды*** (Жақсыбаев).

ЖАСЫРҒЫШ *Жасыра білгіш, сездірмегіш.* Сүйсе де жүрек кілтін ***жасырғыш*** боп (Ұябаев).

ЖАСЫРҒЫШТА *Тыққыштау.* Қарт ана бурыл шашын саусағымен ***жасырғыштай*** береді (Дүзенов).

ЖАСЫРЫН I *Құпия, астыртын.* ~ хат (ұйым). □ **Жасырын ат** — *шын аты емес, бүркеншік есім.*

ЖАСЫРЫН II *Көрінбей тығылу, бұғынып бой тасалау.* Біреуі анау үйге ***жасырынды*** (М. Қалдыбаев).

ЖАСЫРЫНБАҚ *Жасырынғандарды іздеп табатын балалар ойыны.*

ЖАСЫРЫНДЫ *Ешкім білмейтін, құпия.* Сырынды ***жасырынды*** білседағы (Айтыс).

ЖАСЫРЫП-ЖАП *Шынын айтпай, бүркемелеу.* ~пай ашық айтты.

ЖАТ I 1. *Туыстық қатысы жоқ, бөтен, бөгде.* ~ адам (ел). 2. *Жау, дұшпан қас.* Ұланбыз, досқа жақпыз, қасқа — ***жатпыз*** (Аманжолов). 3. *Лайықсыз, сөлекет, өрескел.* ~ мінез. ◊ **Жат** [тас] **бауыр** — а) *бауырмал емес;* ә) *мейірімсіз, қатігез.* **Жат жұрттыққа жаралған** — *қыз баланың бөтен жаққа ұзатылуы.* **Жат пейіл** — *пиғылы арам, тар.* **Жат тіл** — *өз тілі емес, шет, басқа тіл.*

ЖАТ II 1. *Жамбастап, шалқалап, қырындап, не етпеттеп жату.* 2. *Төсекте жату, ұйықтау.* 3. *Бір жерде болу, жату.* Кітап столда ~ыр. Бұл жерде байлық ~ыр. 4. *Тән болу, қатысты болу.* Бұл шаруа менің міндетіме ~пайды. 5. *Күрделі етістіктің құрамында көмекші қызмет атқаратын сөз.* Қоштасып ~ып, қонып ~қан ел, шалқып ~қан теңіз, көне ~армыз. ◊ **Жатқаннан тұрмасын!** (***қарғ.***) — *қайтып адам санатына қосылмасын.* **Жатып атар** — *біреуді-біреуге атыстырғыш.* **Жатып жастық, иіліп төсек болды** — *асты-үстіне түсіп бәйек болды.* **Жатып кеп жабысты** — *ырыққа көнбей, тіпті қоймай.*

ЖАТ III **Жат жазу** — *текстті мұғалімнің айтуымен жазатын жазба жұмысы; диктант.*

ЖАТА: жата беріс — *күрес әдісінің бір түрі.* **Жата беріске тастау** — *қарсыласымен белдесіп күрескенде жата қалып, басынан лақтырып жіберу.*

ЖАТАҒАН I ***бот.*** *Жер бауырлап тырбиып өсетін шөптесін өсімдік.*

ЖАТАҒАН II *Биік емес, аласа.* ~ балшық үй.

ЖАТАҒАНДАУ *Тапалдау, аласарақ.* ~ төқал там.

ЖАТА-ЖАСТАНА *Бірден емес, жаймен, біртіндеп, асықпай.* ~ ойланып көрерміз.

ЖАТАҚ I *Орнынан тұрмай жатақтай беретін ауру.* ~ ауруына ұшырады. ◊ **Жатақ келгір** (***қарғ.***) — *жата беретін ауруға ұшырағыр.*

ЖАТАҚ II *Көшіп-қонбайтын, отырықшы кедей шаруа. Жатақ* елде дау көп (Мақал). □ **Жатақ бөлме** — *ұйықтайтын бөлме.* **Жатақ үй** — *жатақхана.* ◊ **Жатақ болды** — *жүргісі келмей, жата бергісі келді.*

ЖАТАҚТАС *Жатақханада бірге жататын, тұратын. Жатақтас* құрбыларының дабыр-дүбірін естіді (Сералиев).

ЖАТАҚХАНА *Бір жерде оқитын, я жұмыс істейтін адамдар тұруға арналған жатақ үй.* Жұмысшылар ~сы.

ЖАТАҚХАНАЛАС *Жатақханасы бір, бірге тұратын.* Шоқан ***жатақханалас*** балалардың ішінде беделді болып алды (С. Мұқанов).

ЖАТАҚША *Жатақтарша, жатақ тәрізді.* Жабекең жайлап жер аусын, ***Жатақша*** қалай жүре алсын (Ж. Молдағалиев).

ЖАТАҚШЫ *Жатақ, кедей-шаруа. Жатақшыны* тер қысса, жүгін жаяу тасиды (Мақал).

ЖАТАҚШЫЛЫҚ *Жатақ болушылық, отырықшылық.* Көп жерде ***жатақшылық*** тұқым қуалап, әкеден балаға "мирас" болған (С. Мұқанов).

ЖАТАҚШЫП *Жата бергіштеп, жаталақтап.* Қоңыр сиыр ***жатақшып*** мазасы кетіп тұр (Саржайлау).

ЖАТАЛАҚ *Жем-судың нашарлығынан болатын жылқыдағы тышқақ ауруы.*

ЖАТАЛАҚТА *Жаталақ ауруымен ауыру, жаталақ болу.*

ЖАТАЛАҚШЫ *Жатақшу, мазасызданып тыпыршу, әрі-бері дөңбекшу.* Арық қоңыр өгіз жол бойы ***жаталақши*** берді (Тұрлыбаев).

ЖАТАҢ *Бөтен, өзгеше, басқаша.* Анау ақ боз үйде ***жатаң*** сыр бар (Бекхожин).

ЖАТАР-ЖАТПАСТА *Елдің бірі жатып, бірі жатпай жатып.* Сен ел ***жатар-жатпаста*** ауылға барарсың (Ғ. Мұстафин).

ЖАТ-ЖАҚЫН *Алыс-жақын.* Болса да ***жат-жақыны,*** дос-тамыры, ешкімге шешілмеген жылып түсі (Өбенов).

ЖАТ-ЖАЛА *Бөтен, бөгде, бәле-бәтер, басқа, жат-жаран.* Болмайық ***жат-жалаға*** жаманатты (С. Омаров).

ЖАТ-ЖАРАН *Жат-жуық, бөтен, басқа адам.* ***Жат-жарандар*** кетіп, енді өздері ғана қалған (Ғ. Мүсірепов).

ЖАТ-ЖҰРАҒАТ *Сүйек шатыс, алыс-жақын, алыс туыс.* Еркектер хозяйканың ***жат-жұрағаты*** болады (Майлин).

ЖАТҚА *Ойша жаттап айту.* Қиссаларды ~ айтады. □ **Жатқа ал** — *еске сақта.* ◊ **Жатқа айтты** — *жазуға қарамай, оқымай, жаттап ойша айтты.* **Жатқа біледі** — *жадында сақтап, жаңылмай, шатаспай айтады.*

ЖАТҚЫЗ 1. *өзг. етіс. Жат-қыз.* 2. *Жатуға мәжбүр ету.* Баланы ~. 3. *Бір нәрсені біреуге тән етқізу.*

ЖАТҚЫЗЫП-ӨРГІЗ *Билеп төстеу, уысынан шығармау, айтқанын істету.* Ол Қарабау, Бүйректің арғы-бергісін ***жатқызып-өргізді*** (Аманшин).

ЖАТПАЙ-ТҮРМАЙ *Тыныштық көрмей, дамыл таппай.* ~ ізденді (еңбектенді).

ЖАТСА-ТҮРСА *Қайда жүрсе де, әрдайым, үнемі, қашан болса да.* ~ қолынан тастамайды.

ЖАТСЫН *Бөтенсіну, өгейсіну, жатырқау, тосырқау.* Дәметкен ***жатсынып*** қымсынбады (Майлин).

ЖАТСЫРА *Жатырқау, бөтенсіну, жатсыну.* Тірі жанға тіс жармай, ***жатсырап*** барады (Қызыров).

ЖАТТА *Жазылған не айтылған нәрсені жатқа біліп алу.* Жыршылар көбінесе ***жаттағанын*** айтады (Ысмайылов).

ЖАТТАҒЫШ *Жаттап алғыш, жаттауға бейім.* Баймырза да ***жаттағыш*** екен (Қайырбеков).

ЖАТТАҒЫШТЫҚ *Жаттап алғыштық, жаттауға бейімділік.*

ЖАТТАЙ *Бөтен адамдай.* Өзіңді өзің ***жаттай*** сыйла (Мақал).

ЖАТТАЛ 1. *ыр. етіс. Жатта-л.* 2. *Есте мықты сақталу, ұмытылмай қалу.*

ЖАТТАМА *Жаттап алатын, жаттаматын, жаттанды.* Жарапазан өленДері көбінесе ***жаттама*** болады (Сейфуллин).

ЖАТТАМПАЗ *Жаттауға зерек, жаттағыш, бейімді, тез жаттап алғыш.* Биікбай ***жаттампаз,*** құйма құлақ жігіт (Бақбергенов).

ЖАТТАМПАЗДЫҚ *Жаттауға бейімділік, жаттағыштық, жаттай бергіштік.* Есеп шартын жете түсінбеген бала құр ***жаттампаздыққа*** әдеттенеді ("Қазақст. мект.").

ЖАТТАН *Бөтенденіп, жат болу.* Сұраған сайын, жерсу аттары тым ***жаттанып*** алысқа кетті (Тоқаев).

ЖАТТАНДЫ *Жаттап алынған, жатқа білетін.* ~ сөз (өлең).

ЖАТТАНДЫЛАУ *Жанынан шықпаған, жаттап алған.* Өлені ***жаттандылау*** болғанмен көпке жағып барады (Қанахин).

ЖАТТАНДЫЛЫҚ *Жаттап алуға әуестентік.* ***Жаттандылық*** Сапаровқа жат (І. Омаров).

ЖАТТАУ 1. *Бөтендеу, бөгделеу, басқалау.* 2. *Ауыс. Салқындау, оғаштау.* Бәтима ***жаттау*** жүзбен кіржиіп бізге қарады (Әбдіков).

ЖАТТАУЛЫ *Есте сақтаулы, жатталынған.* ~ өлең-жыр.

ЖАТТАУСЫЗ *Жатталынбай, еске сақталмай.* ***Жаттаусыз*** "Мцыри" қалды, шығарусыз есеп қалды (Ж. Молдағалиев).

ЖАТТЫҒУ 1. *Дене шынықтырудың жүйелі түрде жиынтық комплексі.* Абдолладан үйренген дене ***жаттығуларын*** жасады (Иманәлиев). 2. *Оқушы жаңа материалды жақсы түсіну үшін жүргізілетін оқыту процесіндегі әдіс.* Оқытушы класта ~ жұмысын жүргізуге кірісті.

ЖАТТЫҒУСЫЗ *Дайындықсыз, машықсыз, жаттықпай.*

ЖАТТЫҒУШЫ *Дайындалушы, дағдыланушы, машықтанушы.*

ЖАТТЫҚ I *Бөтендік, бөгделік, басқалық, жатырқаушылық.* Жақсыда ***жаттық*** жоқ (Мақал).

ЖАТТЫҚ II *Үйрену, машықтану, дағдылану.* Ол күрделі операцияларды еркін меңгеріп, ***жаттығып*** кетті (Ғаббасов).

ЖАТТЫҚТЫРУШЫ *Спорт өнерінің әр түрінен маман ойыншы даярлайтын ұстаз, баулушы, үйретуші.* Дене ~, палуандардың ~сы.

ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛЫҚ *Жаттықтыру ісімен шұғылданушылық, ұстаздық.* Өбілсейіт ~ жұмысқа ауысқан еді.

ЖАТША *Бөтен адамша, өзге кісіше.* ***Жатша*** сыйласып, жылы ғана сөйлестік (Нұржекеев).

ЖАТЫҚ *Жатыңқы, тегіс, жазық.* Жер таныс, жол ***жатық*** (М. Әуезов). 2. ***Ауыс.*** *Көңілге қонымды, үйлесімді, әдемі, мәнерлі.* Мұхтар орыс тілінде ***жатық*** сөйлейтін (А. Әуезов).

ЖАТЫҚТА *Бір нәрсені қонымдылау, жарасымды, әдемілеп жеткізу, жатық ету.* Ол ***жатықтап,*** түсіндіре сөйледі (Нұржекеев).

ЖАТЫҚТЫҚ *Көкейге қонымдылық, әдемілік, мәнерлілік, үйлесімділік.* Ғабит сөз тігісінің ***жатықтығы*** басқадан өзгеше түрады (Ғ. Мұстафин).

ЖАТЫН I *бот. Өсімдіктің аналық мүшесінің негізгі бөлігі.* Өсімдіктің аналық мүшесі ***жатын,*** аналық аузы деп аталатын бөліктерден құралады.

ЖАТЫН II *Жатып-тұратын, ұйықтайтын (бөлме, үй).* ~ бөлме (орын, жер).

ЖАТЫҢҚЫ *Жатықтау, тегіс.* Ердің орта тұсы ~.

ЖАТЫПАТАР *Қалжыңбас, өткір тілді, қуақы, сайқымазақ.*

ЖАТЫПІШЕР *Еңбек етпей күн көретін, арамтамақ, масыл.*

ЖАТЫР I *Әйелдер мен ұрғашы жан-жануарлардың ұрық өсіп жетілетін ішкі органы, жатыны.* ◊ **Жатырына тартты** — *шешесіне, нағашы тегіне ұқсады.* **Жатырынан қағынған** — *тұмысынан оңбаған.*

ЖАТЫР II *Күрделі етістіктің құрамында қолданылатын сөз.* Ұйықтап ~, (жүргелі).

ЖАТЫРАҚ *Бөтендеу, жаттау, бөгделеу, басқа тәрізді.*

ЖАТЫРҚА *Тосырқау, жатсыну, бөтенсу.*

ЖАТЫРҚАУСЫЗ *Бөтенсінбей, жатсынбай.*

ЖАТЫРҚАУШЫ *Бөтенсінуші, жатсынушы, тосырқаушы адам.*

ЖАТЫРҚАУШЫЛЫҚ *Жатсынушылық, бөтенсінушілік.*

ЖАТЫРЛАС *Әкесі басқа, шешесі бір, кіндіктес.* Серік Сүйеніштің ***жатырлас*** інісі (Еділбаев).

ЖАТЫРЛАСТЫҚ *Бір анадан туғандық, кіндіктестік, емшектестік.* ***Жатырластығын*** міндет етті (О. Сәрсенбаев).

ЖАТЫС *Жатқан қалып, күй.* — Бейуақытта бұл не ***жатыс***? (Тілегенов). □ **Жатыс жалғау** — *көлемдік, мекендік, мезгілдік мағына беретін жатыс септігінің жалғауы.*

ЖАУ I 1. *Бір елге шабуыл жасаушы, шапқыншы, дұшпан.* Жеңдік ***жауды,*** алдық кекті (Аманжолов). 2. *Өштескен, қастасқан адам, дұшпан.* Сенімен ~ емеспін. □ **Жау айдағыр [алғыр]** — *дұшпанның қолында кеткір.* **Жау басар жүйрік** — *сайысқа шығар сай тұлпар.* **Жаудан жағасы босамады** — *жаудан арылмады, дұшпаны көп болды.* **Жау алмайды [шаппайды]** — *ештеңе болмайды, ешкім де тимейді.* **Жау болды** — *жауықты, өштесті, қастасты.* **Жау етті** — *араздастырды, қастастырды, өштестірді.* ◊ **Жау жағадан алғанда** — *қиын-қыстау кезде, қысылтаяңда.* **Жау жегір** *(қарғ.)* — *дұшпанға жем болғыр, талауға түскір.* **Жау жүрек** — *өжет, батыл, жүректі.* **Жау көрді** — *дұшпан санады.* **Жау қабақ** — *тұксиген, суық қабақ.* **Жау құғандай** — *асығып-үсігіп, асыпсасып.* **Жау тигендей** — *дүрлігіп, ту талақайы шығып.* **Жау түсіргіш** — *батыл, ер жүрек.*

ЖАУ II 1. *Жаңбыр не қардың аспаннан жерге түсуі; нөсерлеу.* Көзімді ашсам, қар ***жауып*** тұр (Нұржекеев). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің қаптап кетуі, көбеюі.* Арыз ~ды (оқ). ◊ **Жауар күндей [бұлттай]** — *тұнжыраған, тұнерген.*

ЖАУ: көздің жауын алады — *әдемілігімен көз тартады, көзді қызықтырады.*

ЖАУАП I 1. *Сұрауға жазба не ауызша түрде қайтарылатын түсінік, сөз жүзіндегі пікір.* Жігіт қызға ***жауап*** қатпады (Дүзенов). 2. *мат. Шығарылған есептің шешуі, нәтижесі.* Есептің ~бы дәл шықпай тұр. □ **Жауап алды** — а) *қойылған сұрақтың шешуін білді;* ә) *айыпкерге сұрақтар қойып тексерілді.* ◊ **Жауап берді** — а) *сұрауына түсінік берді, жауап қайтарды;* ә) *жауапкершілікті міндетіне алды.* **Жауап қайырды [қайтарды, қатты]** — *сөзге, сұраққа жауап берді.* **Жауап қылды [етті]** — *жауап берді.* **Жауапқа тартты [тартылды]** — *айыптады, жазалады.*

ЖАУАПКЕР 1. *заң. Жазықты, қылмысты адам, айыпкер.* 2. *Белгілі бір істі орындау ретіндегі жауапты адам.*

ЖАУАПКЕРЛІК *Жауаптылық, жауапты болушылық, міндетіне алушылық.*

ЖАУАПКЕРШІЛІК *Бір іске жауаптылық, міндеттілік.* Ұлы Отан алдындағы борышымды ***жауапкершілікпен*** сезінемін (Жақаев).

ЖАУАПСЫЗ *Жауапкершілікті сезінбей іске қалай болса солай немқұрайды қарайтын.* □ **Жауапсыз қарады** — *іске немқұрайды қарады.*

ЖАУАПСЫЗДАУ *Селқостау, немқұрайдылау, үстірттеу.*

ЖАУАПСЫЗДЫҚ *Іске немқұрайды қараушылық.* Бұл барып тұрған ~. □ **Жауапсыздықпен қарады** — *немқұрайдылық етті, мән бермеді.*

ЖАУАПТА I 1. *Тергеу, тексеру, жауап алу.* Ұзақ уақыт ***жауаптап,*** партизандардың қайда тұратындығын айтқыза алмады (Көшекбаев). 2. *Жауапқа тарту, айыптау.* Атқан кісіні ***жауаптаған*** да адам жоқ (Нұржекеев).

ЖАУАПТА II *Пікірлесе сөйлесу, тілдесу.* Аздап орысша да ***жауаптаса*** алатын (Бегалин).

ЖАУАПТЫ 1. *Тапсырылған іске тікелей жауап беретін (адам).* Мұқан бүкіл шаруашылыққа ***жауапты*** (Ақбаев). 2. *Айыпты, жазықты, кінәлі.* Сәлмен осыған өзі ***жауапты*** адамдай қиналды (Тілегенов). □ **Жауапты нұсқаушы** — *жауап беретін, істің дұрыс орындалуын қадағалап отыратын адам.* **Жауапты редактор** — *жауап беретін редактор, ең басты, негізгі редактор.* **Жауапты хатшы** — *ұйымның күнделікті іс-қағаз, ұйымдастыру жұмысын басқарушы, басшы.* ◊ **Жауапты етті** — *міндеттеді, борышты етті.* **Жауапты қарады** — *жауапкершілікпен атқарады.*

ЖАУАПТЫЛЫҚ 1. *Тапсырылған іске тікелей жауап берушілік, жауапкершілік.* 2. *Ауыс. Мәнділік, маңыздылық.* Жазушы еңбегінің ***жауаптылығы*** да осында (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Жауаптылықпен қарады** — *өз ісін саналы түрде істеді.*

ЖАУБҮЙРЕК *Сойған қозы не лақтың бүйрегін арқа омыртқаларға жабысқан күйінде, сыртындағы майымен бүзбай пісірген тағам, майбүйрек.*

ЖАУГЕР 1. *Жаулаушы, жаушы.* 2. *Айбатты, қайратты.*

ЖАУГЕРЛІК 1. *Жаулаушылық, батылдық, ер жүректік.* Түрлерінде ***жаугерлік*** сенім бар (М. Жұмағұлов). 2. *Ауыс. Араздық, өштік.* Екеуінің арасындағы ***жаугерліктің*** екінші себебі Ольга еді (Есенберлин).

ЖАУГЕРШІЛІК *Урыс-соғыс, шапқыншылық.* ***Жаугершілік*** тұрмыста жылқының жүйрігі қадірлі (Сейфуллин).

ЖАУДАЙ *Жау сияқты, дұшпандай.* ◊ **Жаудай жапырды** — *апырып-жапырып істеді.* **Жаудай көрді** — *дұшпан санады, қас деп білді.* **Жаудай тиді** — *ойсыратты, жапырды.*

ЖАУҒЫШ *Жиі жауатын, жауа беретін (күн).*

ЖАУДЫР I *Мөлдіреген, тұнық, таза.* Тамылжиды тынық түн, мөлдірейді ***жаудыр*** көк (Мәмбетов). □ **Жаудыр [қара] көз** — *әдемі, тұнық көз.*

ЖАУДЫР II 1. *өзг. етіс. Жау-дыр.* 2. *Қолдан күн жаугызу.* 3. *Ауыс. Сұрау қаптату, көбейту.* Сұрақ ~ды.

ЖАУДЫРА 1. *Бейқүнә қарау, мөлдіреу.* Бүкіл класс өзіне ***жаудырап*** қарай қалған (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Жаутаңдау, жалтақтау.* Қабен Жанарға қайта-қайта ***жаудырап*** қарай береді (Қабдолов).

ЖАУДЫРМАЛА *Үсті-үстіне төпелеу, жаудыру.* Алдар "рахметті" ***жаудырмалап*** күліп қала берді (Әдеб. оқу).

ЖАУ-ЖАҒАЛАС *Алыс-жұлыс, тартыс.* ***Жау-жағаласпен*** жүрген есер біреу болғаны ма? (Кекілбаев).

ЖАУ-ЖАЛАМ 1. *Қарбалас, аласапыран.* ***Жау-жалам*** сәттерде сойылдар оқыс тиіп жатқаны

(Оразалин). 2. *Лезде, әп-сәтте.* ***Жау-жаламға*** жеткізбей екеуін түсірдім ("Қаз. әдеб.").

ЖАУЖАНДЫ *Жаушыл, тайсалмайтын ер, батыл, ер жүрек.* Осының бәрі-әлі де болса ***жаужанды*** адамдардың бары (Қ. Исабаев).

ЖАУЖАПЫРАҚ ***бот.*** *Таулы жерде өсетін, көлемі үлкен, жалпақ жапырақ.* Мықтамыр, жуа, рауғаш, ***жаужапырақ*** (І. Жансүгіров).

ЖАУ-ЖОРЫҚ *Жаугершілік, жорық, аттаныс.* ***Жаужорық*** салтымен үйге екі-екіден кірді (Есенжанов).

ЖАУЖҰМЫР І *Күйіс қайтаратын жануарлардың асқазанының төрт бөлігінің бірі, жұмыршақ, жалбыршақ қарын.*

ЖАУЖҰМЫР ІІ ***бот.*** *Құмды жерлер мен шөл, шөлейт өңірлерде өсетін көп жылдық шөптесін өсімдік.* ***Жаужұмырдың*** қоректік қасиеті картофельден де артығырақ (Ө. Бірмағамбетов).

ЖАУЖҮРЕК І *Батыр, батыл жауынгер.*

ЖАУЖҮРЕК ІІ *жерг. Жаубұйрек.* Олар ***жаужүрек*** жасап жемек (Диал. сөздік).

ЖАУКӨБЕЛЕК ***зоол.*** *Ауылшаруашылық өсімдіктеріне зиян келтіретін көбелек.*

ЖАУҚАЗЫН І 1. *Лала гүлі тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік, соның ерте көктемде пісетін ақ түйнекті баданасы.* 2. ***Ауыс.*** *Жасөспірім, балғын, балауса, жас.* ***Жауқазын*** жанып тұрған жалын шағым (Балуан Шолақ).

ЖАУҚАЗЫН ІІ *Жауқазын өсімдігінің гүлі тәріздес ою-өрнек.* ***"Жауқазын"***, "жетігүл" т. б. деп аталатын өрнектер де өсімдік тектес бейнелерді түспалдайды (Қасиманов).

ЖАУҚАЗЫНДАЙ *Балғын, жап-жас, балауса.* ~ үлбіреген қыз.

ЖАУҚАРЫН *Жауқазын іспеттес өсімдік.* Мамырдың ортасынан ~, тал-бал шырынын теруге мүмкіншілік туады.

ЖАУҚИЯҚ ***бот.*** *Тік, түзу сабақты, тамыры ұзын көп жылдық шөптесін өсімдік.* Оңтүстік Қазақстан облысында ~, құмқияқ, тарланқияқ т. б. шөптер егуге болады.

ЖАУЛА 1. *Әскери күшпен бір елдің жерін шауып басып алу.* Өзін ***жаулап*** жүрген дұшпанына түсін де жылытқан жоқ (М. Әуезов). 2. ***Ауыс.*** *Ерікті билеу, үйіріп алу, баурап алу, бағындыру.* Мөлдір көзі жаныңды ***жаулайды*** (Д. Әбілев). □ **Жаулап алды** — а) *басып алды, өзіне бағындырды;* ә) *көп жерге тарады, жайылды.*

ЖАУЛАН *Жауығу, айбындану, қатулану, өшігу, бұрқану, масаттану.* Қамбар орнына отырған кезде, тіпті қатуланып, ***жауланып*** кетті (Оразалин).

ЖАУЛАС *Бір-бірімен қастасу, өштесу.*

ЖАУЛАСТЫР *Жауықтыру, жау қылу.* Елдестіру — елшіден, ***жауластыру*** жаушыдан (Мәтел).

ЖАУЛАУШЫ *Елді, жерді басып алушы, басқыншы.* Неміс фашист ~лары күйреп жеңілді.

ЖАУЛЫ *Жауы бар, қас дұшпаны көп.* ***Жаулы*** жерде жарағым (Батырлар жыры).

ЖАУЛЫҚ І *Күйеуі бар әйелдердің басына салатын (көбіне ақ түсті) орамал.* Сен басыңа ***жаулық*** сатып ал (Қаназов).

ЖАУЛЫҚ ІІ *Қастық, дұшпандық, өштік, араздық.* Досқа істеген ~ алдыңа келер.

ЖАУЛЫҚТЫ *Жаулығы бар, жаулық салған.* ***Жаулықтылар*** үй арасында жиі-жиі көрінді (Орманов).

ЖАУЛЫҚТЫР *Қастастыру, өшіктіру.* Дұшпанға ~а түседі.

ЖАУПАЗАҚ ***бот.*** *Өріктің өте ерте пісетін сорты.*

ЖАУРА 1. *Тоңу, мұздау.* Үйге кіріңдер, ***жаурап,*** көгеріп кетіпсіңдер ғой (Исабеков). 2. ***жерг.*** *Жаңбырдың астында қалып дірдектеу, тоңу.*

ЖАУРАУЫҚ *Суыққа, төзімсіз, тоңғақ; үнемі дірдектеп, тоңып жүретін адам.*

ЖАУСАТ *Жамсату, бір нәрсені қирату, талқандау, күйрету.* Тау тастары қала көшелерінің талайын ***жаусатып*** кеткен шығар (Қабышев).

ЖАУСЫЗ *Жауы жоқ, қас-дұшпансыз.*

ЖАУСЫН *Дұшпансыну, жау көру.* Түрінен көрінбейді ~ ғаны.

ЖАУСЫРА *Соғысуды аңсап, жау, дұшпан іздеу.* ***Жаусырап*** жауырының келсе қышып (Ізтілеуов).

ЖАУТАҢ І *Түлкінің күшігі.*

ЖАУТАҢ ІІ *Мөлтең, жаутаңдаған, жаудыраған (көз).* ~ көз (қыз). □ **Жаутаң етті** — *мөлдірей қарады, жаутаңдады.* **Жаутаң қақты** — *мөлтең қақты, жалтақтап жаутаң-жаутаң қарады.*

ЖАУТАҢДА *Көздің төменшіктеп бір жерде тұрмай, жаудырай қарауы, жәутеңдеу, мөлтеңдеу.*

ЖАУТАҢ-ЖАУТАҢ: [мөлтең-мөлтең] жаутаң-жаутаң етті — *жаудырай қарады, жаутаңдады.*

ЖАУТЕРЕК *Кегей тұқымдас, таулы өлкеде өсетін майтерек.* Жапырағы жасыл ***жаутерек*** (Шалкиіз).

ЖАУТОРҒАЙ *Топтанып жүретін, тары егісіне зиянды торғай.* ***Жауторғай*** тарыдан дым қоймайды (Н. Сералиев).

ЖАУША І ***бот.*** ***жерг.*** *Қара бидай.* Бұл колхоз ***жауша*** да егеді (Диал. сөздік).

ЖАУША ІІ *Жау сияқты, қас-дұшпанша.* Сейітхан өредегі аттарға ***жауша*** тиген (М. Әуезов).

ЖАУШАЛҒЫН ***бот.*** *Ылғалды жерлерде биік боп өсетін балауса шөп.* Аса қауіптісі сабақты бидайық пен ***жаушалғын*** (М. Ахметов).

ЖАУШҰМІЛДІК ***бот.*** *Тармақталған жуан тамырлы, қоңыр қошқыл түсті сарғалдақ тұқымдас өсімдік.* ***Жаушұмілдік*** тамырын асқазан-ішек ауруларына қарсы қолданады (М. Қожабеков).

ЖАУШЫ І *Жаулап алған жаудан өшін алушы.* ***Жаушыдай*** жүрісінің сыры күшті (Бекхожин).

ЖАУШЫ ІІ 1. *Екі елдің арасын келістіруші, елші.* Жауластыру ***жаушыдан*** (Мәтел). 2. *Өте маңызды хабар-ошарды тез жеткізетін хабаршы, қуғыншы.* 3. *Құда түсер алдында қыздың әкешешесіне барып, келісімін алып қайтатын адам.* Назымды қалмақ ханы аламын деп ***жаушы*** жіберген (Сейфуллин).

ЖАУШЫ-ЖАЛАМ *Шала-пұла, асығыс, ат үсті.*

ЖАУШЫ-ЖАЛАМДА *Алыс-жұлыста, алыс-жұлыс кезінде.* Қайшаның ***жаушы-жаламда*** ұрысқанына мен де азар шыдап түрдым (М. Әуезов).

ЖАУШЫЛА *Жауласу, шабысу, соғысу.* ***Жаушылап*** қазақ, қалмақ мал қуысып (Батырлар жыры).

ЖАУШЫЛЫҚ 1. *Жаушы болу, өте маңызды іс-әрекет туралы хабар берушілік, қуғыншылық.* Егізбай менен Сегізбай ***жаушылықпен*** келіп түр (Батырлар жыры). 2. *Құда болушылық, құдалық.* Халел Ғаббасовқа әйел алып беру үшін ***жаушылықпен*** жүргендер де бар ("Айқап").

ЖАУШЫМШЫҚ *Жауторғай тектес жіңішке ұзын құйрықты келген шымшық.* Бұтаққа қонған ~тар жем іздеп шықылықтады.

ЖАУШЫМЫЛДЫҚ *бот. Әдемі, ақ қызыл гүлді ірі дала пионы.* Дала *жаушымылдық* гүлдері жұпар аңқиды (Есенберлин).

ЖАУЫЗ 1. *Қанішер, қаныпезер, зұлым, қаскүнем.* 2. *Ауыс. Қайырымсыз, қатал.* ~ дүние (өлім).

ЖАУЫЗДЫҚ *Зұлымдық, залымдық, қастандық, қаскүнемдік.*

ЖАУЫЗЫРАҚ *Зұлымырақ, залымырақ, қаталдау.*

ЖАУЫҚ I *Жауласу, қастасу, өштесу. Жауыққан* дос жаудан бетер (М. Өлімбаев).

ЖАУЫҚ II *жерг. Жабу.* Мынау жерде түйенің *жауығы* тұрушы еді, көрдің бе? (Диал. сөздік).

ЖАУЫҚҚЫШ *Жауыға бергіш, қастасқыш, жауласқыш, өштескіш. Жауыққышқа* жел берме (Өмірбеков).

ЖАУЫЛША *бот. Таулы жерлерде өсетін, қой малына жұғымды шөп.* Көктем жақсы болса, беде, ~ көп болады.

ЖАУЫН *Су тамшылары түріндегі атмосфералық тосап, жаңбыр.* Ақ (қара) ~.

ЖАУЫНГЕР 1. *Қатардағы әскер, шерік, солдат.* 2. *Ауыс. Батыл, қайсар, ер жүрек.* ~ қыз.

ЖАУЫНГЕРЛІК *Жауынгерге тән қасиет, әскери.* □ **Жауынгерлік листок** — *бригададағы күнбекүнгі еңбек жетістіктерін жариялап отыратын жарнама қағаз.*

ЖАУЫНГЕРШЕ *Жауынгер тәрізді, солдатша.*

ЖАУЫНГЕРШІЛІК *Батылдық, ерлік, жүректілік, жауынгерлік.*

ЖАУЫНДАТ 1. *Жаңбыр қатты жауу, жаңбырлату.* 2. *Жауын қатты жауып тұрған кезде бір жаққа бару, кету.* Жолаушылар ~ып бара жатыр.

ЖАУЫНДАТҚЫШ *техн. Суды жаңбырша жаудыратын, бүркетін машина, я жаңбырлатқыш.* Егінді суғарғанда ~пен бүркеді.

ЖАУЫНДАТЫП *Жауын жауып тұрғанда, жауын кезінде, жауын-шашындату, жаңбырлату.* Борандатып, *жауындатып* келемін (Мәуленов).

ЖАУЫНДЫ *Жауын шашынды, жаңбырлы.* ~ күн.

ЖАУЫНДЫЛАУ *Жауыны көбірек, жауын-шашындылау.* Көктем ~ болып тұр.

ЖАУЫНДЫ-ШАШЫНДЫ *Жауын-шашыны көп, жаңбыры мол, жаңбырлы, боранды-бұрқасынды.*

ЖАУЫНҚҰРТ *Топырақ жеп тіршілік ететін ұзынша келген қызыл құрт, шылаушын.*

ЖАУЫНША *Жаңбыр тәрізді бұрқырата, төге.*

ЖАУЫН-ШАШЫН *Жаңбыр, қар, жауын т. б. атмосфералық ылғал, тосап.* ~ы мол көктем келді.

ЖАУЫН-ШАШЫНДЫ *Жауын-шашыны мол, жаңбырлы.*

ЖАУЫР 1. *Мініс көлігінің арқасына ердің батуынан, қажалудан пайда болатын жарақат.* 2. *Ауыс. Арық, ыңыршағы шығып титықтаған арық күш көлігі.* Жарлының жалғыз *жауыры* (Тоғузақов). **Жауыр болған** — *ығыр еткен, ер қашты.* ◊ **Жауыр болды** — *арқасы кетті, жара болды.* ◊ **Жауырды жаба тоқыды** — *кемшілікті жасырып жапты, бүркемеледі.* **Жауыр етті [қылды]** —а) *аттың арқасын жаралады, жарақаттады;* ә) *мезі етті, ығыр қылды.* **Жауыр сөз** — *жұртты мезі еткен, машықты әңгіме.*

ЖАУЫРА *көне. Жауыр болу, ойылу.* Қартайсаң аяқ-тізең ауырады, Жатудан жамбастарың *жауырады* (Үш ғасыр.).

ЖАУЫРЫН 1. *Жануарлардың қол мүшесінде, адамның арқасының жоғары тұсында иықпен жалғасқан, жоғарғы жағы тоқпан жілікпен жалғасып тұратын қалақша сүйек.* 2. *Ауыс. Киімнің жауырын тұсына келетін, арқа жағы.* Үстіндегі ақ көйлегінің *жауырыны* қан (Оразалин). 3. *Ауыс. этногр. Бал ашатын, жорамал айтатын сүйек.* ◊ **Жауырыны қақпақтай** — *денелі, иықты.* **Жауырынынан қақты** —*ризашылық білдірді, мақтады.* **Жауырын қарады (*этногр.*)** — *бал ашты, бір нәрсені болжап, жорыды, жорамалдады.* **Жауырынын жерге тигізді** — *алып ұрды, жықты; жеңді.*

ЖАУЫРЫНДЫ *Иықты, денелі.* Ырай *жауырынды,* еңгезердей қара кісі еді (Жансүгіров).

ЖАУЫРЫНДЫЛАУ *Жауырыны үлкенірек, иықтылау.*

ЖАУЫРЫНТАҚ I *Жауырынның қалақ басындағы шеміршектің өсіп кетуінен болатын ауру.* Үнемі байлауда тұратын бұзау ~ болып ауырады.

ЖАУЫРЫНТАҚ II *жерг. Иініш.* ~ салмаған көйлектің арқасы тез кетеді.

ЖАУЫРЫНШЫ *Қойдың жауырынына қарап бал ашатын балгер. Жауырыншылар* бұл күнде де ара-тұра кездесіп қалады (Ақназаров).

ЖАһАН: жаһан кешті — *жер жүзін шарлады, күллі әлемді аралады.*

ЖАһАННАМ *діни. Тамұқ, тозақ, діни мистикалық сенім бойынша, өлген адамның "жаны" ұшып баратын жеті тамұқтың ең жаманы.* ◊ **Жаһаннамға жан тапсырды** — *о дүниеге кетті, өлді.* **Жаһаннамға жөнелтті [жіберді]** — *о дүниеге аттандырды, өлтірді.*

ЖАһАТ I *көне. Ниет, ықылас, ынта.* □ **Жаһат етті** — *ниет етті, көңіл қойды.*

ЖАһАТ II *көне. Жақ, тұс, тұрғы.* Жұмсалатын қаржының кейбір ~тан қарағанда, сенімсіздеу жайы бар.

ЖАһАТТА *көне. Жақтау, қолдау.* Омар мықты инженер болады деген сенімді *жаһаттайтыны* байқалды (Т. Нұртазин).

ЖАһАТТАС *көне. Жақтас, ниеттес.* Батыр, сізге талай *жаһаттас* адамдар сәлем айтты (Оразалин).

ЖАһАТТЫ *Ниетті, ықыласты, ынталы.* Дімкестігі бар балалар барынша ~.

ЖАЮЛЫ *Жайып тасталған, қойылған, жазылған, жайылған; төсеулі.*

ЖАЮСЫЗ *Бір нәрсенің жайылмай қалуы.*

ЖАЯ 1. *Малдың сауырымен жалғасқан екі жамбасының тұтасқан жұп-жұмыр майлы жері.* Жирен аттың жоны, *жаясы* жұп-жұмыр (С. Сейфуллин). 2. *Жылқының екі жамбас сүйегінің түйіскен тұсындағы дәмді, майлы еті.* Қазы, қарта, жал, *жая* —жылқының ең қадірлі мүшелері (С. Жүнісов).

ЖАЯДАЙ *Жая сияқты.* Кең дала ~ жайылып жатыр.

ЖАЯЛЫ *Жая еті мол, семіз.* ~ жылқы.

ЖАЯЛЫҚ *Жас баланы орайтын жайма шүберек, жөргек.* Ақлима бөбегінің *жаялығын* ауыстырды (М. Хасенов).

ЖАЯЛЫҚТАЙ 1. *Жалпақ, көлемді, үлкен, жаялықтың үлкендігіндей.* Ол бет пішіні ***жаялықтай*** мол кісі еді (Р. Тоқтаров). 2. *Аумақ, көлемі кішкентай, алақандай.* ~ киіз (жер). □ **Жаялықтай болды** — *жайылды, үлкейді.*

ЖАЯУ 1. *Астында мінген көлігі жоқ, көліксіз.* ***Жаяуы*** қапты, аттысы шапты (Абай). □ **Жаяу әнші [жыршы]** — *жай, қатардағы әнші.* **Жаяу әскер** — *қарулы күштердің жаяу қимыл жасайтын негізгі бөлімі.* **Жаяу бәйге [жарыс]** — *жаяулардың жарысы, жаяу жарыс.* ◊ **Жаяу боран** — *онша қатты соқпайтын боран.* **Жаяу бұрқасын** — *онша қатты емес, бәсең боран.* **Жаяу қалжың** — *жеңіл-желпі зілсіз әзіл.* **Жаяу өсек** — *ауыздан ауызға өтетін өсек сөз, пыш-пыш әңгіме.* **Жаяу төбелес** — *көліксіз жаяу жүріп, қолмен соғысатын төбелес, жеңіл-желпі төбелес.*

ЖАЯУ-ЖАЛПЫ *Көліктісі бар, жаяуы бар, барлығы.* ***Жаяу-жалпы*** адамдар да шұбап келе бастады (Байбатшаев).

ЖАЯУ-ЖАЛПЫЛЫ *Жаяулап-жалпылап, амалдап.* Әйтеуір адамдар ~ ағылып жатады.

ЖАЯУЛА 1. *Көліксіз жаяу жүру.* Ербол мен Абай ***жаяулап*** қана арғы жағаға өтті (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Баяулап, жайлап, ақырындап.* ~п ескен жел, ~ған ой.

ЖАЯУЛАП-ЖАЛПЫЛАП *Жаяу-жалпылы көлікті-көліксіз боп, әйтіп-бүйтіп.* ***Жаяулап-жалпылап*** келе жатқан орыс жұмысшылары (Ғ. Мүсірепов).

ЖАЯУЛАТА *Ақырындап, жайлап, баяулап.* ~ соққан жел.

ЖАЯУЛАТЫП *Жаяу жүріп, баяулатып, жаяу-жалпылатып, ақырындатып.* ***Жаяулатып,*** көліктетіп аудан орталығына да жеттім-ау (Бердияров).

ЖАЯУЛЫ *Жаяулап, көліксіз.* Арбалысы арбамен, *жаяулысы* жаяу базарға қарай ағылуда (Елубаев).

ЖАЯУЛЫҚ *Жаяу жүрушілік, көліксіздік.* Ерді *жаяулық* емес, қаяулық аздырады (Мақал).

ЖАЯУСОҚПАҚ *Үйлерді бойлай, жол жиегінде салынған, жаяу адамдар жүретін жол; тротуар.*

ЖАЯУШЫЛЫҚ *Жаяу жүрушілік, көліксіздік.* Жігітке *жаяушылық* қорлық қой (Бақбергенов).

ЖӘ *Жетер, болар; жарайды, ия.* ***Жә,*** енді іске көшелік (Әлімов).

ЖӘБІР *Зәбір, біреуге жасаған қиянат, қорлық-зорлық.* ◊ **Жәбір етті [жасады]** — *қиянат көрсетті, жәбірледі.* **Жәбір көрді [көрсетті, шекті]** — *жапа шекті, зорлық көрді.* **Жәбір тартты [қылды]** — *жапа шекті, қорлық-зорлық көрді.*

ЖӘБІР-ЖАПА *Зорлық-зомбылық, қорлық.* □ **Жәбір-жапа көрді [шекті]** — *зорлық көрді, жапа шекті.*

ЖӘБІРЛЕ *Зәбірлеу, зорлық-зомбылық жасау, қорлық көрсету. // Көңіліне дақ түсіру, ренжіту.* Айшаны бекер ***жәбірлеген*** екем (Тоғысбаев).

ЖӘБІРЛЕН 1. *ыр. етіс. Жәбірле-н.* 2. *Қиянат көру, жапа шегу.* Жазықсыз жазғырылып, қатты ***жәбірлендім*** (С. Омаров).

ЖӘБІРЛЕНУШІ *Жапа шегуші, қорлық, қиянат көруші.*

ЖӘБІРЛЕНУШІЛІК *Жапа тартушылық, зорлық, қиянат көрушілік.*

ЖӘБІРЛЕУШІ *Зәбірлеуші, біреуге зәбір жасаушы, қорлық, қиянат көрсетуші.*

ЖӘБІРЛЕУШІЛІК *Зәбір көрсетушілік, қорлық көрсетіп, ұрып-соғушылық.*

ЖӘБІРЛІ *Жапа шеккен, жәбірленген.*

ЖӘБІРЛІЛІК *Жәбір көргендік, зәбірленгендік.* Көрген ~гін айтты.

ЖӘБІРСІЗ *Зәбірі жоқ, зілсіз.* Байбол болыс асқан әділ, ***жәбірсіз*** еш кісіге (Торайғыров).

ЖӘБІРШІ *Қиянат жасаушы, зәбірлеуші.*

ЖӘБІРШІЛ *Зәбіршіл, қиянатшыл.*

ЖӘБІРШІЛІК *Зәбір көрушілік, қиянатшылдық.* Шыңғыстан ***жәбіршілік*** көрушілердің атынан Омбыға арызды айтты (С. Мұқанов).

ЖӘДИТ 1. *Мұсылмандар арасындағы ұлттық қозғалыс, саяси ағым.* ***Жәдит*** ағымын, оның көрнекті өкілі Маржаниды дәріптейді (Б. Кенжебаев). 2. *Осы ағымды жақтаушы адамдар.* ***Жәдиттер*** бұқара халықты өздеріне тартпақ болды (ҚСЭ). 3. *Мұсылманша оқып білім алудың ескі-жаңа жүйесі.* ***Жәдит*** мектебінде мұғалім еді (Ж. Тілеков).

ЖӘДИТШЕ *Жәдит әдісінше, жаңаша, төтенше.* Шәкен ***жәдитше*** жазған (Ғ. Мұстафин).

ЖӘДИТШІЛ *Жәдитизмді жақтаушы.* Ақмола өзін ***жәдитшіл*** Маржанидің шәкірті деп жариялайды (Кенжебаев).

ЖӘДИТШІЛДІК *Жәдитизмді жақтаушылық.* Дамулланың ***жәдитшілдігі*** әркімнің-ақ назарын аударған (Арыстанов).

ЖӘДІГЕР 1. *көне. Айтулы, тарихи жайға арналған архитектуралық не кескіндеме ескерткіш.* 2. *Ауыс. Жақсының көзі, тұяғы.* Орал — жақсыдан қалған ***жәдігерім*** (Мұртазаев).

ЖӘДІГЕРЛІК *Ескерткіш.* Тәжік прозасының ***жәдігерлігіне*** тоқталып өту жөн (Р. Бердібаев).

ЖӘДІГӨЙ *Көз бояушы, сықыршы, азғырушы, әзәзіл.* ***Жәдігөй*** боп жүрмесін ант ұрған шал (Абай).

ЖӘДІКЕШ *жерг. Зерек, ұғымтал, жадына сақтағыш.* Ескі әңгімені ***жәдікеш*** адам біледі (Диал. сөздік).

ЖӘКЕ 1. *Әке, көке мағынасындағы айтылатын қошемет сөз.* ***Жәке,*** мейманды қа мені ертіп барасың ба? (Соқпақбаев). 2. *Жалпы жасы үлкен ер кісілерге айтылатын құрметтеу сөз.* ***Жәкелер,*** айтқандарың болсын (Адамбеков). 3. *жерг. Қайын ата.* ***Жәкемнің*** де атын атай алмай тұрмын (Бердіқұлов).

ЖӘКЕТАЙ *экспр. Жәке сөзінің құрметтеу, жалыну, жарбану мәнінде айтылатын тұлғасы.* Жанын сығып алайын, "***Жәкетай,*** құлдық" дегізіп (Манас).

ЖӘКЕТТІ *кәсіб. Қаракөл елтірісінің бір сорты.* Бұл шаруашылық елтірінің көк және ***жәкетті*** сорттарымен айналысады (Тоғызыншы шежіре).

ЖӘЛЕП 1. *Алдамшы, қу, сұрқия.* Ол — баукеспе, ***жәлеп*** ұры (М. Әуезов). 2. *Жүргіш, жезөкше, бұзық.* Елді құртқан, жерді құртқан ***жәлеп*** (Нұржекеев).

ЖӘМБІЛШЕ *Ерте пісетін кішірек, домалақ қауын.*

ЖӘМКЕ *жерг. Шымшуыр, қысқыш.* Әкем темірден мосы, ***жәмке,*** біз тағы сондайлар соғады екен (Ө. Канахин).

ЖӘМПЕЙЛЕ *Алдап-сулап айналдыру.* Енді мені ***жәмпейлеп,*** орындыққа отырып алды (Соқпақбаев).

ЖӘМПЕЙЛЕС *Ауыз жаласу, әмпей-жәмпей болу.* Рахым Серғазымен ауыз жаласып, ***жәмпейлесіп*** жүр (Тілегенов).

ЖӘМШІК 1. *көне. Почта, жүк, жолаушы таситын арба.* Қоңыраулы ~тер. 2. *Арба айдау-*

шы, делбеші. Шанамызды тоқтатып, *жәмшігімізді* сабады (Т. Қаратаев).

ЖӘНЕ *Сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді байланыстырушы шылау.*

ЖӘП: жәп ете қалды — *әңгімеге тез араласа кетті, іліп әкетті.*

ЖӘПІЛДЕ *Ауызы-аузына жұқпай тез сөйлеу, жылдау.* Сенен басқа кіміміз бар, — деді *жәпілдеген* жеңгесі (Мұратбаев).

ЖӘРДЕМ 1. *Көмек, септік, қолғабыс.* ~ берді. 2. *Мүгедектер мен зейнеткерлерге үкімет тарапынан берілетін жәрдем ақша.* Атаң енді ай сайын алпыс сом *жәрдем* алады (Қыстаубаев). □ **Жәрдем ақша** — *еңбек, соғыс мүгедектеріне үкімет тарапынан берілетін ақшалай көмек.* **Жәрдем берді [етті, жасады, көрсетті]** — *көмектесті, жәрдем етті.* **Жәрдем бөлімі** — *әлеуметтік жәрдем беретін және қамсыздандыру ісін басқаратын мекеме.* **Жәрдемі тиді** — *көмек берді, болысты.*

ЖӘРДЕМАҚЫ *Бала туғанда немесе көмек ретінде бір рет берілетін жәрдем ақша; пособие.*

ЖӘРДЕМДЕС *Көмектесу, болысу, қолғабыс көрсету.* Жұбаныш бірден-ақ тәрбиешіге *жәрдемдесті* (Арыстанов).

ЖӘРДЕМСІЗ *Қолғабыссыз, көмексіз.*

ЖӘРДЕМШІ *Көмекші, қолғабыс көрсетуші.* Сіз шешеңізге жақсы *жәрдемші* болыңыз (Ә. Тәжібаев).

ЖӘРДЕМШІЛІК *Көмекшілік, қолғабыс етушілік.* Жәкең қарт Айтмұқанға *жәрдемшілікке* ауысты (Дармағамбетов).

ЖӘРАКІМАЛЛА *Тұшкірген кісіге айтылатын қошемет сөз.*

ЖӘРКЕУ *кәсіб. Балық аулауға рұқсат ететін мезгіл.* Әкесі жаз *жәркеуде* казак — орыстардың аханы мен ауында жүретін (С. Хайдаров).

ЖӘРКЕШ *жерг. Дөңбек ағаш, жаңғырық.* Ет шабатын *жәркеш* ағашқа сылқ етіп отыра кеттім (Қабанбаев).

ЖӘРМЕҢКЕ 1. *Мерзімді уақытта белгілі бір жерде болатын сауда орны, үлкен базар. Ауыс.* 2. *Ойын-сауық, той-думан.* Оның жүрген жері ~. 3. *Айқай-үйқай, у-шу.* Қазарма іші *жәрмеңкеге* айналып кетті (Есенжанов).

ЖӘРМЕҢКЕЛЕ *Жәрмеңкеге барып сауда жасау, базарлау.*

ЖӘРМЕҢКЕЛЕТ 1. *Сауда-саттық жасау, базарлату.* 2. *Ауыс. Ойнап-күлу, думандату.*

ЖӘРМЕҢКЕЛІ 1. *Жәрмеңкесі бар, базарлы. Ауыс.* 2. *Той-думанды, қызықты. Жәрмеңкелі* салтанат жалауы екен, достарым (Ахметов). 3. *Азанқазан, у-шулы. Жәрмеңкелі* қаланың у-шуынан көңілін бұрып еді (Аманшин).

ЖӘРМЕҢКЕЛІК *Жәрмеңкеге тән, базарға қатысты.* Қазақстанда ~ сауда дамыды.

ЖӘРМЕҢКЕШІ *Жәрмеңкеге барушы, базаршы.* Кешкісін *жәрмеңкешілер* пәтерлеріне тарады (Аманшин).

ЖӘУКЕМ *Илеу, қыспақ, қысым.* Анау-мынау ~ге түсер Болат па екен? □ **Жәукемге алды** — *қыспаққа алды, қысты.* **Жәукемін шығарды** — *быт-шытын, тас-талқанын шығарды.*

ЖӘУКЕМДЕ *Бір нәрсені тез тастау, әп-сәтте бітіру, еңсеру.* Ауыл жігіттері бір малдың етін *жәукемдеді* (Досымов).

ЖӘУТІК *Нашар, әлжуаз, жаман. Жәутік* сұрша шыбыннан бастап, алтын қанат өлексе қоңыз — бәрі де осында (І. Жансүгіров).

ЖӘШІК *Түрлі зат салуға арналған төрт бұрышты ағаш не картон қорап.*

ЖӘШІК-ЖӘШІК *Бірнеше жәшік.* ~ патрон (алма).

ЖӘШІКТЕ *Бірдемені жәшікке салу, бекіту.*

ЖӘШІКТІ *Жәшігі бар, жәшік тиеген. Жәшікті* екі көк арба келіп тоқтады (Н. Ғабдуллин).

ЖӘШІКШЕ *Кішірек етіп жасалған жәшік.* Ол аспаптар салатын *жәшікшені* ашты (М. Хайрутдинов).

ЖЕ 1. *Асты, тамақты шайнап жұту, тамақтану, ауқаттану.* Ет *жеп,* сорпа іштік (Ақышев). 2. *Жеп қою, қылғыту.* Қасқыр қойды ~п қойды. Киімді күйе ~ді. 3. *Шірітіп жіберу, тот басу, бүлдіру, бұзу.* Темірді тот ~ді. 4. *Ауыс. Алдау, арбау, еңбегін пайдалану, пайда тұсіру.* 5. *Іштей күйзелу, өзін-өзі қинау.* Соңғы кезде оның ойын *жеген* бір қиял (Майлин). □ **Жеп жібере жаздады** — *тесіле қарады, ала көзбен атты.*

ЖЕБЕ I 1. *Садақ оғы.* Садақтың ~сі, сұр ~. 2. *Жау жолына құрылған кедергі.* Құрулы жатқан *жебеге,* Құрсағынан шалдырған (Махамбет). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің сүйір ұшы.* Көлдейдің мұртының ~сі.

ЖЕБЕ II *Демеу, сүйеу, жар болу, қолдау.* Сөзбен ~ді.

ЖЕБЕЖАПЫРАҚ *бот. Жапырағы жебе тәрізді, суда немесе батпақты жерде өсетін шөптесін өсімдік.*

ЖЕБЕЙ: **жебей сауды** — а) *малды жеделдете жиілете сауды;* ә) *езді, қанады, сүліктей сорды.* **Жебей басты** — *тез-тез басты, ентелей жүрді.*

ЖЕБЕЛЕ I *Тездету, жылдамдату, шапшаңдату, жеделдету.* Шопан сары атанды тепсіне *жебелеп* жетіп келді (Ә. Сатыбалдиев). ◊ **Жебелей басты** — *аяғын жылдамдата басты.*

ЖЕБЕЛЕ II *Демеу, көтермелеу, қолдау.* Торғайдың түлектері қолтығымнан құс болып *жебеледі* (Мәуленов).

ЖЕБЕЛЕН *Бірдеменің ұшы сүйірлену, үшкірлену.* Мұрты ұшты мойылқара *жебеленген,* "Тарас" деп майдандастар ат қойды (Жұмалиев).

ЖЕБЕЛІ 1. *Жебесі бар, ұшы үшкірленген.* Қолдарында ~ найза, сұр ~ садақ. 2. *Ауыс. Бірдеменің сүйір, үшкір келген ұшы.* Сыдықтың *жебелі* келген мұрты бар (Майлин).

ЖЕБЕЛІК *Бір нәрсенің ұшы. Жебелігін* көтеріп, Айнаға да қарайды (Тоқмағамбетов).

ЖЕБЕП-ДЕМЕП *Қолдап, қолпаштап, қуаттап.* Бірін-бірі *жебеп-демеп* неше саққа ұрады (М. Әуезов).

ЖЕБЕУШІ *Қолдаушы, демеуші.* Анашым — ~м, Қолтықтан демеушім.

ЖЕБІЛГЕН *бот. Гүлі үкі тәріздес шашақты көп жылдық өсімдік.*

ЖЕБІНДІ *Қайталап сауып алынған сүт.* Қазақ қайталап сауылған сүтті *жебінді* демей ме? (Сауыншы).

ЖЕБІР I *бот. Жатаған сабақты, хош иісті, құрай тектес шала бұта. Жебір* далалы, қыратты жерде өседі (ҚСЭ).

ЖЕБІР II 1. *Мал азығында витаминдердің жетіспеуінен болатын ауру, індет. Жебірге* шалдыққан малдың ішек-қарны, ұлтабары қабынуы мүмкін (ҚСЭ). 2. *Не болса соны жейтін жемқор*

(мал). ~ түйе (сиыр). 3. *Ауыс. Паракор, жалмауыз, дүниеқор.* Сен де неше *жебір* болыстармен табақтас болдың (Арыстанов).

ЖЕБІРЕЙІЛ *діни. Адамға демеу, қорған болатын періште; архангел Гавриил.*

ЖЕБІР-ЖЕСІР *Кедей-кепшік, аш-арық.* Алып қалса көрермін, *Жебір-жесір* жосытып (М. Әуезов).

ЖЕБІРЛЕ *Жер-жебіріне жету, сөгу.* Ол *жебірлей* түсті (Ә. Нұрпейісов).

ЖЕБІРЛЕН *Обырлану, қомағайлану.*

ЖЕБІРЛІК *Обырлық, жемқорлық, жалмауыздық.* Қара ала қашардың түбіне ақыры сол *жебірлігі* жетті (Нәжімеденов). *Жебірлікке* желігіп алған Литвинов тағы да білекті сыбанды (Рашев).

ЖЕБІРШЕ *Жебір, жемқор сияқты, обыр тәрізді.* Алты сұмға айдатып, Аулымды шапты *жебірше* (Манас).

ЖЕГЕЛЕК *кәсіб. Қауынның кішкене түрі, жамбілше.*

ЖЕГЕНЕ *кәсіб. Жалғыз, дара, жалқы.* Қой *жегене* қозы туды (Диал. сөздік).

ЖЕГЕНЕЛЕ *кәсіб. Жекелеу, сиректету, даралау.* Бір гектар жерге мақта егіп, оны *жегенелеу* үшін қаншама қол керек (Байжанов).

ЖЕГЖАТ *Жамағайынды, құда-құдандалас адам.*

ЖЕГЖАТ-ЖҰРАҒАТ *Құда-құдандалас, нағашыжиендес адамдар.* Кейде Жарбол *жегжат-жұрағатты* да аралап қояды (Орманов).

ЖЕГЖАТСЫМАҚ *Аздап жегжаттық қатысы бар.*

ЖЕГЖАТТАП *Жегжат іздеп, жегжат аралап.*

ЖЕГЖАТТАС *Жегжат болысу, туыстасу.*

ЖЕГЖАТТАУ *Жегжаттық жағынан жақындырақ.*

ЖЕГЖАТТЫҚ *Жегжаттық қатыс, құда-құдандалық.*

ЖЕГЖАТШЫЛА *Жақын-жуықты аралау, бару.*

ЖЕГУЛІ *Арбаға, шанаға, жегілген.* Қалампыр *жегулі* өгіздің басын ұстады (Майлин).

ЖЕГУСІЗ *Арба, шанаға жегілмеген.*

ЖЕГІ 1. *мед. Көбінесе бет терісіне түсетін тері туберкулезі, туберкулез ауруы.* 2. *Ауыс. Уайым, қайғы, шер.* Көз жасың жүрегіме болды *жегі* (Малдыбаев). □ **Жегі құрт** — а) *жай көзге көрінбейтін құрт; микроб;* ә) *меңдеп алған ішкегі қайғы, дерт.*

ЖЕГІДЕЙ *Жегі құртындай.* □ **Жегідей жеді [кемірді]** — *қатты уайымға түсті.*

ЖЕГІН 1. *Жегуге үйренген көлік.* Қостанай жылқысы *жегінге* де бірдей (Бектемісов). 2. *Ауыс. Көнбіс, шыдамды, төзімді адам.* Анау әскери тіршілікке *жегін* боп қалған біреу білем (Қанахин).

ЖЕГІНДІ *Жегуге үйретілген, көндіккен.* ~ болған момын аттар.

ЖЕГІНДІК *Көнбіс, төзімді, шыдамды, жегуге лайық.* Салт мінетін *жегіндік* жылқыны өсіріп шығару жұмысы жүргізілуде (Керімбаев).

ЖЕГІР: жау жегір — *көбіне жылқыға айтылатын қарғыс.*

ЖЕГІС *Жегін.* ~ке жарайтын жылқы.

ЖЕГІШ 1. *Тамақсау, тамақты көп жейтін қомағай.* 2. *Ауыс. Біреудің еңбегін қанап алым алғыш, парақор.* Ұлықпен, болыспен байланысы күшті *жегіш* жігіттер (Жансүгіров).

ЖЕГІШТІК *Қомағайлық, обырлық.* ~ қасиет.

ЖЕДЕҒАБЫЛ *Іле-шала, тез-тез. Жедегабыл* бірнеше ән айтылды (Жұмаділов).

ЖЕДЕҒАБЫЛДАТА *Жылдамдату, тездету.* Мұхтар енді *жедегабылдата* бастады (Әбілев).

ЖЕДЕЛ I 1. *Тез, жылдам, шапшаң.* 2. *Тығыз, асығыс.* ~ жұмыс. □ **Жедел жәрдем [көмек]** — *қолма-қол берілетін көмек.* **Жедел жәрдем машинасы** — *қолма-қол көмек көрсететін машина.* **Жедел өткен шақ** *(грамм.)* — *етістіктің бастапқы қалпына және етістіктің етіс түріне жұрнағы жалғану арқылы жасалатын етістіктер.*

ЖЕДЕЛ II *көне. Сәйгүлік, жүйрік. Жеделін* берік ұстаған, Қажырлы туған ер емес (Батырлар жыры).

ЖЕДЕЛДЕ *Ілесе, тездету.* Мылтық даусы да *жеделдеп,* ілесе шықты (М. Әуезов).

ЖЕДЕЛДЕС *көне. Тетелес, өкшелес.* Жықаңның ~ інісі.

ЖЕДЕЛДЕТІЛ *Жылдамдатылу, шапшаңдатылу.*

ЖЕДЕЛДЕУ *Тездеу, жылдамдау, шапшаңдау.* Қозылар салмағының өсуі алғашқы айда *жеделдеу* болады (Күлтебаев).

ЖЕДЕЛДІ *көне. Тетелес, қатарлас. Жеделді* туған, жан досым (Батырлар жыры).

ЖЕДЕЛДІК *Тездік, шапшаңдық, жылдамдық.*

ЖЕДЕЛПРЕК *Шапшаңырақ, жылдамырақ, тезірек.*

ЖЕДЕШ *жерг. Тобық жасыру сияқты ойынның аты; сүйек асыру ойыны.*

ЖЕЗ 1. *геол. Мырыш пен мыстың қосындысы, қызғылт түсті металл.* 2. *Ауыс. Түбіне пистон, ішіне оқ салған патрон.* Бір күнгі берген *жезім* жетер толық (Пернедегі терме). □ **Жез аяқ** — *қыдырымпаз, жүрдек.* **Жез бұйдалы** — *әдемі, әсем жездеген бұйдасы бар.* **Жез иық** — *жезді погон, оқалы иық.* **Жез киік** *(поэт).* — *сұлу, мүсінді жүйрік киік.* **Жез кірпік [мұрт]** — *тікірейген әдемі кірпік (мұрт).* **Жез қанат** — *қанаты әдемі, сұлу.* ◊ **Жез мойын** — *ұзын, әдемі мойын.* **Жез таңдай [көмей]** — *суырып салма, шешен; асқан әнші, өлеңші.*

ЖЕЗАЙЫР *көне. Мылтықтың бір түрі, аяқты мылтық.*

ЖЕЗДЕ *Жасы үлкен апаның күйеуі, ері.*

ЖЕЗДЕЙ *Жезде сөзінің балдыз тарапынан сыйлап, еркелете айтылатын түрі.*

ЖЕЗДЕКЕ *Жезде сөзінің сыйлау, құрметтеу мәнінде айтылу түрі.*

ЖЕЗДЕКЕЛЕ *Жездеке-жездеке деп қайта-қайта айту.* Бір сұлу қыз келіп еді *"жездекелеп"* (Б. Майлин).

ЖЕЗДЕЛЕ *Жезде-жезде деп қайта-қайта айту.* ~п соңымнан қалмады.

ЖЕЗДЕЛІК *Жезде болушылық, жақындық.* Ол мені *жезделікке* мойындатып алған (Ө. Сәрсенбаев).

ЖЕЗДЕМСІ *Жезде болғансу.* Өзі бәрімен *жездемсіп,* айтысып қалады (Мұратбеков).

ЖЕЗДІ *Жезі бар, жезбен қапталған, жезделген.* ~ қамшы (аспаптар).

ЖЕЗІ *кәсіб. Поезд жүрісін реттеу үшін қолданылатын аспап.*

ЖЕЗӨКШЕ *Жеңіл жүрісті, сайқал, жүргіш, жәлеп.* Нашақұмарлық пен *жезөкшелік* етек алып отыр (Ақмамбетов).

ЖЕЗТЫРНАҚ 1. *миф. Ертегі, аңыздарда айтылатын өткір жезтырнағы бар мыстан кемпір.* 2. *Ауыс. Қанішер, жауыз, бұзық.* Әлсіздердің қанын ішетін *жезтырнақ* Көклан (Ә. Тәжібаев).

ЖЕЙДЕ *жерг. Ерлердің сырт көйлегі.* Екі-үш *жейде* салып алған артық болмайды (Байжанов).

ЖЕЙДЕЛІ *Жейдесі бар, жейде киген.* Ақ ~ жігіт.

ЖЕЙДЕШЕҢ *Жалаң ғана киген, көйлекшең.* ~ қалпында далаға шықты.

ЖЕК I *Жорға дуадақ.*

ЖЕК II 1. *Жегін- көлікті арбашанаға жегу, қосу.* Өгіздерді арбаға ~ті. 2. *Ауыс. Бір жұмысты орындауға міндеттеу, пайдалану.* Медсестраларды шөп дайындауға *жекті* (Оразақов).

ЖЕК: жек көрді — *ұнатпады, жақтырмады.* Жек көрініштi болды — *абыройынан айрылды, қадірі кетті.*

ЖЕКЕ 1. *Дербес, бөлек, өз алдына.* Қазақстан ~ мемлекет болды. 2. *Өзіндік, бір өзіне қатысты.* ~ басының ісі. 3. *Оңаша, дара.* Екеуміз *жеке* отырып кеңескен болдық (Дүзенов). □ **Жеке басты — *жалғыз басты; бойдақ, жесір.* Жеке меншік** — а) *меншігінде мал-мүлкі бар шаруашылық;* ә) *біреудің қарауындағы, қарамағындағы.* **Жеке меншікшіл — *жеке меншікке құштар, жақтайтын.* Жеке шаруа — *өз меншігінде мал-мүлкі бар шаруа.***

ЖЕКЕ-ДАРА 1. *Ерекше, елден ерек.* 2. *Оңаша, жападан-жалғыз, оқшау.* Өз жолдастарынан ~ бөлініп шықты.

ЖЕКЕ-ДАРАЛЫҚ 1. *Ерекшелік, даралық.* 2. *Өзгешелік, оқшаулық.*

ЖЕКЕ-ЖЕКЕ *Бөлек-бөлек, дара-дара, бір-бірлеп.*

ЖЕКЕЙ *Түрлі ұлпанның (суырдың, құндыздың) терісінің қалдығынан істелген бұйым.* □ **Жекей тымақ [бөрік] — *сәнді, келісті тігілген бас киім.* Жекей басты — *аяғын ептеп, тежей басты.***

ЖЕКЕЛЕ 1. *Бір нәрсені даралау, оңашалау.* ~п таныстырды. 2. *Арасын сиретy, алыстату.* Жүгерілерді ~ді, мақтаны ~ді.

ЖЕКЕЛЕЙ *Бөлек, өз алдына, оңаша, дара.* Емтиханға ~ даярланды.

ЖЕКЕЛЕНУШІ *Өзгеленуші, бөлектенуші, оңашаланған.*

ЖЕКЕЛЕУ *Даралау, бөлектеу, оңашалау.* Оның ~салынған бақшасы бар.

ЖЕКЕЛІК *Даралық, өзіндік.* ~ пікір (қасиет).

ЖЕКЕН *биол. Сазды, батпақты жерлерде өсетін ұзын жіңішке жапырақты көп жылдық өсімдік.* □ **Жекен суында — *әр нәрсе өз жерінде.***

ЖЕКЕНДІ *Жекені көп, жекен мол өскен.* ~ көл.

ЖЕКЕРЕК *Бөлегірек, оңашарақ.* Әйелдердің ішінен біреу *жекерек* шықты (Майлин).

ЖЕКЕШЕ 1. *Өз алдына жеке малы, жері бар дербес шаруа.* 2. *лингв. Жекелік ұғымды білдіретін грамматикалық категория.* Жіктік жалғауының бірінші жақ ~ түрі.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ *Мемлекеттік жерді, үйді не кәсіпорынды жекеменшікке беру, айналдыру; приватизация.*

ЖЕКЕШЕЛІК *Меншігінде жеке шаруашылығы болушылық.*

ЖЕКЕШІЛ *Жекелікке құштар, оңаша болуға ынтызар.* ~ пиғыл.

ЖЕКЕШІЛДІК *Жеке шаруа болушылық, жекешелік.*

ЖЕКПЕ-ЖЕК *Екі адамның бетпе-бет келіп, бір-бірімен күш сынасып шайқасуы, айқасы, бірмебір.* ~те жеңген палуан.

ЖЕКСЕН: жермен жексен болды [етті] — *жер бетімен бірдей тып-типыл болды.*

ЖЕКСЕНБІ *Күнтізбе бойынша бір аптаның жетінші күнінің аты, демалыс күні.*

ЖЕКСЕНБІЛІК *Жексенбі күні ұжымның өз еркімен істейтін қоғамға пайдалы жұмысы.* Совхоз адамдары *жексенбілік* өткізіп, жабыла жұмылды (Қабдолов).

ЖЕКСҰРЫН *Жеккөрінішті, сұмпайы, оңбаған, сүйкімсіз.*

ЖЕКСҰРЫНДАН *Сүйкімсіздену, жек көрінштену, сұмпайылану.*

ЖЕКСҰРЫНДАУ *Жек көрініштілеу, сүйкімсіздеу, сұмпайылау.*

ЖЕКСҰРЫНДЫҚ *Жеккөрініштілік, сүйкімсіздік, сұмпайылық.* Жаманның *жексұрындығын* түгел айтыпты (Мыңжасарова).

ЖЕКІ *Біреуге қатты зеку, ұрысу.* Өлдекімге ~п ұрысты.

ЖЕКІР *Біреуге дауыс көтере қаттырақ ұрысу, зеку.* Өкесі баласына ~е ұрысты.

ЖЕКІРІК *Біреуге дауыс көтерушілік.* Ұрысқақтың үйі — ақырық пен *жекірік* (Бозінген).

ЖЕКІРІС *Екі адамның бір-біріне дауыс көтеріп ұрсысуы, жекіруі.*

ЖЕЛ I 1. *Кейде қатты, кейде баяу горизонтальды бағытта қозғалып соғатын ауаның ағымы.* Аңызақ ~ (самал). Іші *желге* толып тұрған ішек зақымданады (Дайыров). □ **Жел арқан [бау]** — *қатты дауыл, боран соққанда киіз үйдің шаңырағынан қазыққа тартып байлайтын ұзын жіп, мықты бау.* ◊ **Жел ауыз [ауызды]** — *еспе шешен, көп сөзді.* **Жел аяқ** — а) *алдына жан салмайтын жүйрік;* ә) *ертегі кейіпкері.* **Жел бақай** — *өте жүйрік, ұшқыр.* **Жел бас** — а) *басы ырық бермейтін мал, бас асау;* ә) *желікпе, әулекі.* **Жел бастық** — *жеңіл мінезділікке салыну, бозбастық.* ◊ **Жел берді** — *айдап салды, еліктірді.* **Жел бітті** — *елірді, көтерілді.* **Желге кетті** — *зая болды, босқа кетті.* **Желдей есті** — *шарасына сыймай шалқыды.* **Жел жағынан жүргізбеді** — *маңайына жақындатпады, шеніне жолатпады.* **Жел жетпес** — *ерен жүйрік, ұшқыр.* **Жел қақты** — а) *жүзі күнге күйді, тотықты;* ә) *кепті, құрғады.* **Жел көз** — *керегенің кеңірек көзі.* **Жел қобыз** — *үрлеп ойналатын музыкалық аспап.* **Жел қуық** — *ұзақ жорыққа шыдамды, төзімді жылқы.* **Жел құйын** — *әпербақан, үрда-жық.* **Жел саңлақ** — *жараулы ат, сәйгүлік жүйрік.* **Жел табан** — *өрен жүйрік.* **Жел тимес** — *мәпелеп өсірген, лүпілдек.*

ЖЕЛ II *мед. Суықтан болатын ауру, шаншу.* □ **Жел қарысты** — *шаншу қадалды.* **Жел ұшық** — *жел тиюден пайда болатын бөртпе.* **Жел шешек** — *жұқпалы бөртпе ауруы; ветрянка.*

ЖЕЛ III *Шабудың алдындағы қатты жүріс, сар желу.*

ЖЕЛАЙДАР *бот. Сарғалдақ тұқымдасына жататын көп жылдық улы шөп.* Қазақстан мен Орал тауларында *желайдар* (анемона) дейтін өсімдік бар (Т. Таубаев).

ЖЕЛБАС 1. *бот. Су жағасында өсетін, қамыс тектес өсімдік.* 2. *Ауыс. Желікпе адам.*

ЖЕЛБАСТЫҚ *Бетімен жүрушілік, желөкпелік.* Сен ~ты қой.

ЖЕЛБАУ *Шаңыраққа үш жерден байланып, керегеге асып қоятын, ою-өрнекті, төгілме күлте шашақты құр.*

ЖЕЛБЕГЕЙ *Жеңін кимей, жамыла салған сырт киім.* Шал *желбегейін* жоғары көтере түсті (Майлин). □ **Желбегей жамылды** — *сырт киімін иығына жамыла салды.*

ЖЕЛБЕГЕЙЛЕН *Желбегей киіну, киімді иығына жаба салу.*

ЖЕЛБЕЗЕК *анат.* 1. *Балық, шаян сияқты су хайуанаттарының тыныс алатын мүшесі.* 2. *Ауыс. Мұрын қуысы, танау жиегі.* Танауының *желбезегіне* дейін (Ғ. Мүсірепов).

ЖЕЛБЕЗЕКТЕН *Делдию, кебіну.* Мұрнының етегі *желбезектеніп* зорайып кеткендей көрінеді (Сыланов).

ЖЕЛБЕЙ *жерг. Жауыннан қорғану үшін жамылатын жамылғы.* ***Желбейінің*** етегі жайылып келеді (Майлин).

ЖЕЛБЕҢ: желбең қақты [етті] — *желп-желп етті, желпілдеді.*

ЖЕЛБЕҢДЕ I *Желбіреу, желпілдеу, желп-желп ету, желбең-желбең ету.*

ЖЕЛБЕҢДЕ II *Бәйек болу, құрдай жорғалау.* Нинельді көргенде *желбеңдеп* кетті (Өтесінов).

ЖЕЛБУАЗ *мед. Ұрық жатырдан тыс дамитын жүктілік.* □ **Желбуаз болды** — *үміттенді, дәмелі болды.* **Желбуаз әңгіме** — *дүдәмал, күмәнды бос сөз.*

ЖЕЛБІР 1. *Әйелдердің көйлегінің етегіне, иығына жапсыра қатар-қатар тігілген бүрме, желбіршек.* ~ етек көйлек. 2. *бот. Күлте жапырақшаларының бір бөлігінің атауы.*

ЖЕЛБІР: желбір етті [қақты] — *желп-желп етті, желпілдеді.*

ЖЕЛБІРЕ *Желкілдеу, желпілдеу.* Мемлекет туы ~п тұр.

ЖЕЛБІРЕГІШ *Желбірей беретін, желпілдегіш.*

ЖЕЛБІРЛЕ *Желбір салу, бүрмелеу.* Жағаның үстіңгі шетін бүрмелеп, *желбірлеп* қояды (Қасиманов).

ЖЕЛБІРЛІ *Желбірі бар, бүрмелі.*

ЖЕЛБІРСІЗ *Желбірі жоқ, бүрмесіз.*

ЖЕЛБІРШЕКТІ *Желбіршек салынған, желбірі бар.*

ЖЕЛГЕК *Тынымсыз, мазасыз, елгезек.* Жер қорығыш *желгек* шал (Абай).

ЖЕЛГӨЗ *көне. Торлама, торгөз.* ~ді сегіз қанат үй.

ЖЕЛГІР I *Желісті, жүрдек.* ~ жылқы.

ЖЕЛГІР II *жерг. Ұры, алаяқ, алдамшы.* Ол ~ адам.

ЖЕЛГІШ *Желісі күшті, желісті, жүрдек.* ~ жылқы (тұқымды).

ЖЕЛГІШТЕ *Желе жорту, желіңкіреу.* Құғыншылар бағытқа *желгіштей* жөнелді (Нәжімеденов).

ЖЕЛГІШТІК *Желісі қаттылық, желістілік.* Жылқының ~гі жақсы.

ЖЕЛҒАБЫЗ I 1. *Жазғы қоңыр салқын самалды, аса ыстық емес.* Маусымдағы ~ күндер. 2. *Көз ілеспес жүйрік.* ~ жылқы (киік). 3. *Жеңіл, шапшаң, самдағай, қағылез.* Ол *желғабыз* жігіт екен (Аманшин).

ЖЕЛҒАБЫЗ II *Балықтың ішіндегі жел толып, оның жүзуіне әсер ететін, үрген қарын тәрізді зат, торсылдақ.* □ **Желғабыз болды** — *желдену, іші кепті.*

ЖЕЛДЕ 1. *Желге қарсы жүру, жел қуалап кету.* Ешкі иттің әдеті емес пе, *желдеп* кететін (Дүйсенов). 2. *Ауыс. Шабыттану, бабына келу.* Шашубай ~п отыр, сөзді мінип ~дім.

ЖЕЛДЕЙ *Жел сияқты тез, жылдам.* ~ жүйрік. ◊ **Желдей гуледі** — *екпіндеді, қарқындады, есті.* **Желдей жүйткіді [заулады]** — *зулады, зымырады.*

ЖЕЛДЕН I 1. *Жел тұру, жел соғу.* Күн азырақ *желденіп,* үшқындап қар жауды (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Желігу, желпіну, арқасы қозу, меңменсу, дандайсу.* Желеудің кеудесі *желденіп* кетті (Бақбергенов).

ЖЕЛДЕН II *Суық тиіп ауыру; жел ауруы көтерілу.* Өкпесі ~іп қалыпты.

ЖЕЛДЕСІН *Желдеу, аздап соғып тұрған жел, желді мезгіл.* Күн *желдесін* еді (Жұмақанов).

ЖЕЛДЕТ 1. *Жел тұру, жел соғу.* Күн *желдетіп* тұр (Гумеров). 2. *Жел енгізу, ауа тазарту, салқындату.* Үйықтар алдында үй ішін *желдетіп* алу керек (Сәтбаев). 3. *Желге қақтыру, желге кептіру.* Шәпті ~іп кептіру — жемшөп дайындаудағы жаңа әдіс. 4. *Ауыс. Қарқындату, екпіндету.* Жебелей, *желдете* сал жырынды, аға. (Ж. Сыздықов).

ЖЕЛДЕТКІШ 1. *Бөлмедегі ауаны салқындататын, тазартып, жаңартып тұратын аспап (вентилятор).* 2. *Терезенің ашпалы-жаппалы көзі (форточка).* Бөлменің ~ін ашты.

ЖЕЛДІ *Желі бар, жел соғып тұратын.* Таулы жерде ~ күн көп болады.

ЖЕЛДІК *Тоқым мен ердің екі қапталына салынатын қалың киіз.* Ер-тұрманның құрамына *желдік,* терлік т. б. қосылады (Х. Арғынбаев).

ЖЕЛДІКТЕ *Желдік салу.* Шұғаменен *желдіктеп,* Айылды жұптан салады (Қыз Жібек).

ЖЕЛДІКШЕ *жерг. Аттың кішірек жабуы.*

ЖЕЛДІРМЕ *әдеб. Белгілі бір ырғақ, мақаммен төгілтіп айтылатын терме өлең.* ~ ән (әуен, жыр).

ЖЕЛДІРМЕЛЕ *Желдірте, желдірме түрінде айту, жылдам-жылдам, тездете, үдете, желдірмеге салу.* Дәрмен өленді *желдірмелей* шұбыртып айта жөнелді (М. Әуезов).

ЖЕЛЕГЕЙ-ЖЕЛПІ *Жеңіл-желпі.* Бүгін де сол *желегей-желпі* қалпында (Шашкин).

ЖЕЛЕГЕЙЛЕП *Желбегейлеп, түймесін ағытып жіберіп.* Бәйбіше камзолын *желегейлеп,* жүн түтіп отыр (Майлин).

ЖЕЛЕ-ЖОРТУ *Сар желіспен қатты жүру.*

ЖЕЛЕК 1. *көне. Жас келіншектердің кәмшат бөрік сыртынан басына салатын орамалы.* Басында *желегі* бар жас келіншек отыр (М. Әуезов). 2. *Тудың шашағы.* Қызыл тудың ~гі желбірейді.

ЖЕЛЕКСІЗ *Желегі (орамал, шәлісінің шашағы) жоқ.*

ЖЕЛЕКТЕ *Желбіреу, желпілдеу.* Түйе қомды Жалшудасы *желектеп* (Тастайбеков).

ЖЕЛЕКТІ *Желегі бар, шашақты.*

ЖЕЛЕКШЕ *Желек секілді, желек тәрізді.* Сары жібек *желекше,* Желпіп өтті самалың (Баянбаев).

ЖЕЛЕМІК *жерг. Желсымақ, сәл-пәл соққан жел.* Теңіздің беті дірілдеп *желемік* соға бастады (Тұрсынбаев).

ЖЕЛЕҢ I *Ер адамдардың жеңіл, жұқа сырт киімі.* Көк мауытты *желеңді* иығына бос тастаған (Дүзенов).

ЖЕЛЕҢ II *Жеңіл-желпі, жұқа, жалаң қабат.* ~ жүрген балалар.

ЖЕЛЕҢ: желең қақты — *желп-желп етті, желпілдеді.*

ЖЕЛЕҢДЕ *Желең-желең ету, желбеңдеу, желпілдеу, желп-желп ету, көлбеңдеу.* Біресе ойнап *желеңдеп,* Шөптің басын ұйпады (Сейфуллин).

ЖЕЛЕҢДЕТ 1. *өзг. етіс. Желеңде-т.* 2. *Жел тұру, желдету.* Күн *желеңдетіп* тұр (Қозыбаев).

ЖЕЛЕҢДЕУ I *Жеңілдеу, жұқалау.* Сол күндері *желеңдеу* жүрем деп суық тигізіп алды (Алдабергенов).

ЖЕЛЕҢДЕУ II *Желкемдеу, аздаған желі бар, салқындау.* Шығыс жақ бозарған, күн *желеңдеу* (Б. Шаханов).

ЖЕЛЕҢДІ *Үстінде жеңіл шапаны бар.*

ЖЕЛЕҢ-ЖЕЛЕҢ желең-желең етті — *желбеңдеді, желп-желп етті.*

ЖЕЛЕҢСІЗ *Желеңі жоқ, жеңіл шапансыз.*

ЖЕЛЕП-ЖЕБЕ *діни. Қолдау-қолпаштау, демеу, қамқорына алу.* Е, жаратқан ием, *желеп-жебеп* жүр екен ғой (Исабаев).

ЖЕЛЕТ *Костюм ішінен киетін жұқа көкірекше; жилет.*

ЖЕЛЕТКЕ *Қой терісінен, не матадан тігілетін жеңсіз жылы кеудеше.* Тон ішінен жеңсіз тері *желетке* шықты (Мағауин).

ЖЕЛЕУ *Сылтау, дәлел, себеп.* ◊ Желеу болды — *бірдемеге сылтау, дәлел болды.*

ЖЕЛЕУЛЕТ *Желеу ету, сылтаурату.* Үйрек-қазды *желеулетіп,* өзен жағасына кетіп қалады (Тарази).

ЖЕЛЕУСІЗ *Бұкпесіз, айла-шарғысыз.* Бәрі де *желеусіз* адал ниет (Иманжанов).

ЖЕЛЕУШІ *Қолдаушы, демеуші, жебеуші.* Жебеушім — *желеушім* бол (Сматаев).

ЖЕЛЖАЛАҚ *Жел, боран, ыстық аптап салдарынан бұлінген жер аңызағы; эрозия.*

ЖЕЛКЕ 1. *Бас сүйектің қара құстан төменгі жері, кежеге.* Құлақ бауларын -сіне қайырып байлады. 2. *Мойын етте болатын талшықты сіңір.* Жиен ел болмас, *желке* ас болмас (Мақал). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің сырт жағы.* Жаңғырық *желке* тұстан естілді (Шашкин). □ Желке тұс [жақ] — *сыртқы бет, артқы жақ.* Желке шаш — *қара құстан төменгі шыққан шаш.* ◊ Желке жүндері үрпісті — *дүрдараз болды, араздасты.* Желкең қиылғыр [жетпей желкең үзілгір] — *өлім келгір, арманыңа жетпегір.* Желке суы — *егіннің екінші суы, бірінші суын — жер суы дейді.* Желкесіне мінді — *иығынан түспеді, қанады.* Желкесін көрсетті — *сырт айналды, қарамай кетті.* Желкесін қасыды — *ойланып қалды, не істерін білмеді.* ◊ Желкесін қиды [үзді] — *көзін жойды, жоқ етті.*

ЖЕЛКЕБАУ *Пальто, костюм тәрізді сырт киімдердің желкесіндегі ілгек бау.*

ЖЕЛКЕК *Тамыры сопақша келген, сабағынан сүт шығып тұратын өсімдік.*

ЖЕЛКЕК: желкек қағады — *желк-желк етеді, желпілдеді, желкілдеді.*

ЖЕЛКЕКТІ *Желкек өскен, желкегі бар.* ~ жер.

ЖЕЛКЕЛЕ *Желкесінен итеру, соққылау.* Зинаны *желкелеп* сыртқа алып шықты (Тоқаев).

ЖЕЛКЕЛІ *Желкесі күжірейген, шығыңқы.* Жуан ~ адам.

ЖЕЛКЕЛІК 1. *Жүгеннің, ноқтаның екі жақтауының желкеде тұйісетін тұсы.* 2. *Сырт киім жағасына желке тұсы астынан тігілген ілгек, желке бау.* Ішігін қазыққа іле бергенде, *желкелігін* үзіп алды (Нәжімеденов).

ЖЕЛКЕМ *Желемік, жайлап соғатын, самал, салқын жел.* Күн салқын, әрі ~ екен.

ЖЕЛКЕМДЕН *Желеміктену, аздап жел тұру, жел соғып, желдену.*

ЖЕЛКЕМДЕУ *Желеміктеу, шытымырлау, салқындау, желі өткірлеу.*

ЖЕЛКЕМДІ *Желеміктік, желді, желі бар.*

ЖЕЛКЕН *Кеменің жылдам жүруі үшін діңгекке керіп қойылатын қалың мата.*

ЖЕЛКЕНДІ *Желкені бар, желкен орнатылған.*

ЖЕЛКЕНШІ *Желкен керуші әрі түсіруші.* Желкенді қайықты жүргізуші -лер спортшылар болатын.

ЖЕЛК-ЖЕЛК: желк-желк етті — *желп-желп етті, желкілдеді.*

ЖЕЛКӨЗ КЕРЕГЕ *Көзі үлкен, арасында бір желі көктелмей азат қалдырылатын, жазуға ыңғайлы, 11–15 көкті, 75–90 басты кереге.*

ЖЕЛКІЛ: желкіл қақты — *желк-желк етті, желкілдеді, желпілдеді.*

ЖЕЛКІЛДЕ *Желпілдеу, желбіреу.* Сақалы -п тұр, көйлегінің етегі -йді.

ЖЕЛКІЛДЕК *Желбіреп тұрған, желпілдек.* -ақ сақалы елестеді.

ЖЕЛҚОБЫЗ *Ішіне жел толтырылған мес, әуез, саз аспабы.*

ЖЕЛҚОМ 1. *Жауыр аттың арқасына ер батпау үшін желдік үстінен қабаттап салынған қалың киіз, жауыр атқа салынатын ортасы ойық тоқым.* Тайжан көк атты *желқом* ермен ерттеп мінді (Ақышев). 2. *Жүк арту үшін түйенің қомына салынатын қалың киіз.* Қара нарға ~ салды. □ Желқом қора — *жайдақ қора.*

ЖЕЛҚОМДА *Желқом салып ерттеу. Желқомдап* мініп келген жауыр көгін (Үш ғасыр.).

ЖЕЛҚУЫҚ *Ұшқыр, жүйрік (ат). Желқуық* жарау айғырларға мінген жылқышылар (Бегалин).

ЖЕЛҚУАР *Жеңілтек, жеңіл мінезді, ұшқалақ.* Өртейтұғын сендейлер. Жоғал, *желқуар!* (М. Әуезов).

ЖЕЛ-ҚҰЗ I *Қатты, үдей соққан жел, боран.* Отауды *жел-құз* шайқалта алмайды (Әбдіразақов).

ЖЕЛ-ҚҰЗ II *Жел ауруы, жел құяң. Жел-құз* үйір болып, жатып қалатынды шығарды (О. Сәрсенбаев).

ЖЕЛҚҰЯҢ *Ет пен терінің арасын кеулеген ауру.*

ЖЕЛМАЯ *Шөлге төзімді, күшті де жүйрік түйе. Желмая* өте жүйрік, бәйге аттарға жеткізбейді (Ш. Жанәбілев).

ЖЕЛМАЯДАЙ *Желмая секілді жүйрік, тез, шапшаң.* Сары атан *желмаядай* желіп келеді (Нұршайықов).

ЖЕЛМАЯША *Желмая тәрізді, тез, жылдам.* ~ тез жүреді.

ЖЕЛОРАЙ *Есік-терезені айқара ашқан кездегі ауа ағымы, жел өті; сквозняк.* Ғалия терезе мен есік арасындағы *желорайдан* тымауратып қалды (Тілеков).

ЖЕЛӨКПЕ *Жеңілтек, алып-ұшпа, желікпе. Желөкпе* жігіттер тілегін айтып, тұрып алды (І. Есенберлин).

ЖЕЛӨКПЕЛЕН *Желігу, желпіну, ұшқалақтану.* Мұның не *желөкпеленіп,* тоқымынды күлдіретіп жатады (С. Нұрымбетов).

ЖЕЛӨКПЕЛЕУ *Жеңілтектеу, ұшқалақтау.* Журнал редакторы бір *желөкпелеу* адам екен (Ж. Алтайбаев).

ЖЕЛП: желп етті — *желпілдеді, желбеңдеді.*

ЖЕЛПЕЙ *Көйлектің етек-жеңіне салынатын желбір.* Қыз көйлегінің *желпейін* оңдады (Жағанова).

ЖЕЛПЕЙЛІ *Желпейі бар, желбір салынған.* Оң жақта *желпейлі* ақ шымылдық (Шаймерденов).

ЖЕЛПЕН *Жеңіл бас киім.* Жолдасымның басында *желпен* (Б. Майлин).

ЖЕЛПЕҢ: желпең етті [қақты] — *желп-желп етті, желпеңдеді.*

ЖЕЛПЕҢБАЙ *қарап. Жеңіл мінезді ұшқалақ, желпілдек адам.* Атқа жеңіл ***желпеңбайды*** тапқан екен бұлар (Мыңжасарова).

ЖЕЛПЕҢДЕ 1. *Желп-желп ету, желпілдеу.* 2. *Ауыс. Елпеңдеу, ұшқалақтану, дегбірсіздену.*

ЖЕЛПЕҢ-ЖЕЛПЕҢ: желпең-желпең етті — *желпеңдеді, желбеңдеді.*

ЖЕЛП-ЖЕЛП: желп-желп етті — *желпеңдеді, қалбалақ қақты.*

ЖЕЛПУІШ *Жиылмалы әрі бүктемелі, етіп жасалған желпігіш.* Келіншек бетін ***желпуішпен*** желпіп отыр (Нұрмағамбетов).

ЖЕЛПІ 1. *Желдің баяу соғуы; есу.* Оқта-текте тау жақтан самал ***желпіп*** өтеді (Жұмаділов). 2. *Бетті желпуішпен, қолмен не орамалмен желпу.* Бетімді әлдекім орамалмен әлсін-әлі ***желпіп*** отыр (Хангелдин). 3. *Астықты желге ұшырып шаң-тозаңынан арылту, тазарту.* Күнтуар үюлі жатқан дәнді ***желпи*** бастады (Ә. Әбішев).

ЖЕЛПІЛДЕ 1. *Желп-желп ету, желбіреу.* Желмен шашы ~ген қыз. 2. *Ауыс. Жаны қалмай елпілдеу.* Қоймашы ***желпілдеп*** кетті (Д. Досжанов).

ЖЕЛПІЛДЕК *Желпілдеген, желбіреген.* ~ қызыл галстук.

ЖЕЛПІН 1. *ыр. етіс. Желпі-н.* 2. *Салқындау, тыныстау, терін басу.* Сыртқа қарай ***желпініп*** келуге кетті (С. Жүнісов). 3. *Ауыс. Көңілі көтерліп, желігу, қызыну.* Доскей жас балаша ***желпінді*** (Д. Досжанов).

ЖЕЛПІНГІШ *Желіккіш, лепіргіш.* Мұқан ***желпінгіш***, алып қашпа жігіт екен (Қабдолов).

ЖЕЛПІНШЕКТІ *Желбіршегі бар, желбірлі.* ***Желпіншекті*** қатырма көйлек киген (Иманбеков).

ЖЕЛПІНІС *Ауаға шығып бой жазу.* Жұрт кешкі асын ішіп, ***желпініске*** кетті (Ж. Молдағалиев).

ЖЕЛСІЗ *Жел жоқ, тым-тырыс, жел соқпаған.*

ЖЕЛТАБАН *спорт. Жел аяқ, жүйрік, жел бақай.* Таза Азия елдерінен 18 командада 107 ***желтабан*** бар (Бердіқұлов).

ЖЕЛТЕҢ *Желемік, аздаған желі бар, желді.* Еңкейген күн ***желтең*** тартып салқындайын деген (Орманбаев).

ЖЕЛТЕҢДЕУ *Желкемдеу, желеміктеу.*

ЖЕЛТОҚСАН *көне. Қазақша он екінші айдың аты; декабрь.* Қараша, ***желтоқсанмен*** сол бір екі ай (Абай).

ЖЕЛТОҚЫМ I *Ыстық-суықтан болатын жылқыдағы ауру; ісік.*

ЖЕЛТОҚЫМ II *Жауыр атқа салынатын ортасы ойық тоқым.*

ЖЕЛІ I 1. *Құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан.* ~дегі құлындарды ағытты. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің бағыты, ұзын-ырғасы.* Әңгіме ~сін үзбеді. 3. *Электр жүйесі; телефон торабы.* Электр ~лері, телефон ~сі тартылды. 4. *Негіз, арқау, өзек.* Ана тілі сабағында ~ болатын — тіл білімінің лексикасы. □ **Желі арқан** — *желіге арналып есілген, жуан арқан.* **Желі бау** — *балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін ұзын шыжым жіп.* ◊ **Желі етті** — *негіз етті, жүйе қылды.* **Желі қағар** *(этногр.)* — *жаңадан бие байлаған күні беретін ас-су, кәде.* ◊ **Желі тартарың көбейсін** *(алғ.)* — *құлынды желіге алғаш байларда айтылатын тілек.*

ЖЕЛІ II *бот. Жатаған сабақты өсімдік.*

ЖЕЛІ III *Керегенің жеке-жеке, әрбір ағашы.*

ЖЕЛІГІҢКІРЕ *Аз-аздап желігу, елігіңкіреу, қызыңқырау.* Өзен басынан Сандыбай ***желігіңкірей*** қайтты (Ғ. Мүсірепов).

ЖЕЛІК I 1. *Денеге шығатын бөртпе.* Баланың денесіне ~ шығыпты. 2. *Ауыс. Қызбалық, қызулық, желікпе.* Бір аяқ қымыздың екі аяқ ***желігі*** бар (Мақал). ◊ **Желігі басылмады** — *қызуы қайтпады.*

ЖЕЛІК II *бот. Жапырақтары ірі әрі сопақша, шаршы гүлділе тұқымдасына жататын бақшалық өсімдік.*

ЖЕЛІК III *Бір нәрсеге елігу, қызу, қозу, құмарлану.* Қыздар да ***желігіп,*** мылтық ататын көрінеді (С. Жүнісов).

ЖЕЛІКПЕ *Елігіш, елікпе, ұшқалақ, жеңілтек (қасиет).*

ЖЕЛІКПЕЛІ *Желікпе, елірмесі бар.* Жегінді ***желікпелі*** ұшықтаймын (Айтыс).

ЖЕЛІКПЕЛІК *Желігушілік, еліріп кетушілік, елірмелік.* Ерлік дегеніміз ***желікпелік*** емес (Аманжолов).

ЖЕЛІКТЕН *Желігу, желік пайда болу, еліру.* Ағылды жаяу әскер ~іп.

ЖЕЛІКТІ *Желігі бар, желіккен, қызбалы сөз.* ~ сөз (жарыс).

ЖЕЛІКТІРУШІ *Еліктіруші, қоздырушы.* Сені де ***желіктірушілер*** бар шығар (Тілегенов).

ЖЕЛІКШІЛ *Желігуге құмар, еліккіш.* Жастықтың ~ базары.

ЖЕЛІЛЕ 1. *Желі толтыра, топтау.* ***Желілеп*** биелер саудырды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Бір-бірімен байланыстыру, жалғастыру, сабақтастыру.* Уәли шал әңгімені ~й сөйледі.

ЖЕЛІЛЕС *Бір желіде байланған.* ***Желілес*** құлындай өскен құрбыларын еске салады (Арыстанов) 2. *Ауыс. Сабақтас, өзектес.* Жайларының бәрінде ***желілес*** мәндер бар (М. Әуезов).

ЖЕЛІЛІ 1. *Желі толған.* Ол ***желілі*** биелерді меншіктенуді арман етті (Оразалин). 2. *Бір-біріне байланысты, жүйелі.* ~ әңгіме (ой).

ЖЕЛІМ *Бір нәрсені ажырамастай етіп ұстап қалатын жабысқақ зат.* □ **Желім ауыз** — *көп сөйлейтін, сақұлақ.*

ЖЕЛІМДЕ *Желіммен жабыстыру, желімдеп ұстату.*

ЖЕЛІМДЕГІШ *Жапсырғыш, ұстатқыш.*

ЖЕЛІМДЕЙ: желімдей жабысты — *желімше жабысты, жармаса кетті, айырылмады.*

ЖЕЛІМДЕУЛІ *Желімдеп қойған, желімделген, жапсырулы.*

ЖЕЛІМДЕУІШ *Желімдеп, жабыстырып қойғыш.*

ЖЕЛІМДІ *Желімденген, желім жағылған, жабысқақ.*

ЖЕЛІМШЕ *Желімдей, желім сияқты, желім тәрізді жабысып қалатын.*

ЖЕЛІН I *Сүт қоректі жануарлардың сүт бездері. Желіні* жер сызған сиыр (Қонысбаев).

ЖЕЛІН II 1. *ыр. етіс. Жел-ін.* 2. *Тамақтың желініп болуы, таусылуы.* 3. *Тоза бастау, кетілу.* Өкшесі *желінген* керзі етіктер (Жұмақанов).

ЖЕЛІНДЕ 1. *Буаз малдың төлдеу алдындағы сүт безінің толып, толысуы.* Саулықтар *желіндей* бастаған (Иманғалиев). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің пісіп-жетілуі, толығуы.* Жерана ~п тұр.

ЖЕЛІНДІ *Желіні үлкен, сүтті.* ~ сиырлар (қой, ешкі).

ЖЕЛІНҚАП *Сауын малдың желіні жарылмауы әрі төлі ембеуі үшін желінге байлап қоятын қап.* Қара төбел ешкі *желінқабымен* кетіп еді (Дүйсенов).

ЖЕЛІНҚҰРТ *Құлынды биенің желіні ісіп, тесіліп ауыратын ауру.*

ЖЕЛІНСАБА *Желіннің сыртқы терісі.* Көк сиырдың ~сы үлкейіп қалыпты.

ЖЕЛІНСАУ *мед. Желіннің ісіп, талаурап кетуінен, көбіне қойда болатын ауру.* Қозысы сарқа ембегендіктен қойлар *желінсау* болады (Арғынбаев).

ЖЕЛІС *Ат жүрісінің бір түрі.* Сәлмен атын қатты *желіске* салды (Тілегенов). ◊ **Сар желіс** — *желістен таймай, үнемі желіп отыратын бірыңғай желіс.*

ЖЕЛІСКЕР *Желгіш, желгір, желісті.* Жирен қасқа — *желіскер* арғымақтың тұқымы (Мұратбеков).

ЖЕЛІСКЕРЛІК *Жақсы желетіндік, желісқойлық, желісқорлық. Желіскерлік* қасиет жүйрік аттың бойынан табылатын (Арғынбаев).

ЖЕЛІСТІ *Желісі қатты, желгіш, желіскер.* ~ жылқы (биелер).

ЖЕЛІШЕ *Желі тәрізді, желі сияқты, созыла тартылған. Желіше* тартылған темір бришкалар (Әбілев).

ЖЕМ 1. *Мал азығының жалпы атауы, жемшөп.* Директор малға бір жарым тонна *жем* бергізді (Ж. Молдағалиев). 2. *Аң, құс, балық атаулының тамағы, азығы.* Шегірткені *жемге* шаншып, қармағын суға салды (Алтынсарин). □ **Жем бұршақ [қарбыз]** — *мал жейтін малға азықтық бұршақ.* ◊ **Жем болды** — *біреуге қор болды, шашылды.* **Жем қылды [етті]** — *олжа етті, пайдаланды.*

ЖЕМБАСАР *зоол. Қыран құстың тегеурінге қарсы біткен алдыңғы үш тырнағы.* Сарықұстың *жембасар* тырнағы адамның сұқ саусағындай екен (Ғ. Нұрпейісов).

ЖЕМДЕ 1. *Жем беру, семірту, бордақылау.* Құлын кезінен өз қолымен *жемдеп,* шелекпен суарған аты (Дүзенов). 2. *Қармаққа жем ілу.* Қармағын тағы *жемдеп* суға лақтырды (Балдәурен).

ЖЕМДІК *Жем боларлық, жемге арналған.* ~ астық (қызылша, дақыл).

ЖЕМЕДЕ: ит жемеде — *қорлықта, азапта.*

ЖЕМЕ-ЖЕМ: жеме-жемге келгенде — *шынтуайтқа келгенде.*

ЖЕМЕ-ЖЕМДЕ *Керек кезде, дәл уақытысында, дер кезінде.* Ол *жеме-жемде* сыр бермеді (Ө. Нұрпейісов).

ЖЕМЕКІЛ *жерг. Бірнеше адам ойнайтын асық ойыны.*

ЖЕМЕЛЕК *жерг. Өрілген бұрым үшын бекітетін жіп, лента.* Қос бұрымының ұшын бекіткен жібек *жемелекті* тістелеп, бала мысық ойнап жатты (Адамбеков).

ЖЕМЖЕМІЛ *көне. Шөп тамырынан алынған дәрі.* Түрлі шөптің тамырынан қазып алынған арала, құмжеміл, *жемжеміл* (І. Жансүгіров).

ЖЕМҚОР 1. *Жемге үйренген құс, мал, жем тілегіш.* Жануар *жемқор* неме екен (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Жегіш, парақор, пара алғыш.* Алшынбай билердің ең *жемқоры* (Ғ. Мүсірепов).

ЖЕМҚОРЛАН *Аш көздену, қомағайлану.* Ол онан сайын ~ып барады.

ЖЕМҚОРЛЫҚ 1. *Тамақсаулық, тамақты көп жеушілік, жалмауыздық.* Олар екі мешкейдің *жемқорлығын* тамашалады (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Парақорлық, пара алғыштық.* Шыңғыстың *жемқорлық* қылығын ағасы Шепе тіпті өсіріп жіберді (С. Мұқанов).

ЖЕМПАЗ 1. *Көп жегіш, мешкей, қомағай, тамақсау.* Қара-кесектен *жемпаздар* келсе, олармен қатар отыратын адам керек (Ақышев). 2. *Парақор, пара алғыш.* Жазсын, *жемпаз* немелерге сол керек (О. Сәрсенбаев).

ЖЕМСАУ I 1. *Құстың жеген жемі жиналатын, сіңірілетін өңештің ұлғайған жері, бөтеке.* Тауықтың ~ы салбырап тұр. 2. *Ауыс. Қарын, құрсақ, құлқын.* ~ы кең ояз.

ЖЕМСАУ II *мед. Кеңірдек, қалқанша безінің ісіп, қабынуынан болатын ауру.* Адам кейде *жемсау* (зоб) ауруымен ауырады.

ЖЕМСАУЛЫ 1. *Жемсауы кең, үлкен.* Өр бұтаның түбінен *жемсаулы* құзғындар түра ұмтылады (Ж. Молдағалиев). 2. *Алқымды, бұғақты. Жемсаулы* келген сары жігіт баласына кейіді (Ж. Алтайбаев).

ЖЕМСАУЫТ *Дала құстарына жем салуға арналған ыдыс.* Пайдалы құстарға ~ әзірлейді.

ЖЕМСЕ *Жемсіну, жем тілеу.* Таудағы өскен тастүлек, еңсейді де *жемсейді* (Шора батыр).

ЖЕМСІЗ 1. *Жемі жоқ, жем салынбаған, шөпсіз.* Өгіздер *жемсіз* қалды (Ш. Смаханұлы). 2. *Тұзақ, қақпан құрғанда қоятын алдамшы жем.* Қақпанды *жемсіз* де құрады (Ж. Кенжебаев).

ЖЕМСІРЕ *Жем іздеу, жемтік қарау.* ~ген қара бүркіт жаландап ұшады.

ЖЕМТІК *Арам өлген малдың өлексесі.* Ортада өгізшенің *жемтігі* жатыр (Тәукебаев). □ **Жемтік болды** — *біреуге жем болды.* **Жемтік қылды** — *қор етті.*

ЖЕМТІКТЕЙ *Жемтік тәрізді, өлексе сияқты.* Еттің *жемтіктей* болып жатқаны көзге шалынды (Ө. Көшімов).

ЖЕМТІК-ЖЕМТІК *Жыртық-жыртық, жырым-жырым, шоқпыт-шоқпыт.* Киімі жүз құраулы, *жемтік-жемтік* (Абай).

ЖЕМТІКТЕС 1. *Жейтін жемтігі бір, жемдес.* Жапалақпен ~, бір құзғынның ~ тобы. 2. *Ауыс. Сыбайлас, құлқындас.* Өзі үрлық істемегенмен, ұрылармен *жемтіктес* (С. Мұқанов).

ЖЕМТІР *жерг. Ақ жем боп жұлмалану, арсаарса болып, желініп қалу.* Жан-жағы *жемтір* боп кеткен "Ақын" кітабы (Ө. Нұршайықов).

ЖЕМТІРІЛГЕН *жерг. Жемірілген, қырқылған, жыртылған, тозған.* Шалбарының *жемтірілген* балағына шейін көрінеді (Р. Тоқтаров).

ЖЕМХАНА *Малдың жемін сақтайтын орын; кілет.*

ЖЕМШӨП *Мал азығының жалпы атауы.* Мал отарларына ~ тасыды.

ЖЕМШӨПТІК *Жемшөпке лайық, жемшөпке жарамды.*

ЖЕМШІЛ *Жем құмар, жемқор, пәрекор.* Жершіл, *жемшіл* жылымдар ала шұбар (Хакімжанова).

ЖЕМІР I *Жебір, көзіне көрінгеннің барлығын талғамай жей беретін, обыр (мал).* Сүйекті де жейтін *жемір* сиыр бар (Жанәділов).

ЖЕМІР II 1. *Біртіндеп бітіру, мұжу.* Тот ~ген бұғау. 2. *Ауыс. Жұту, сіміру.* Күрең шайды *жеміре* жұтады (Аманшин).

ЖЕМІС 1. *Жеміс беретін ағаштар мен сабақты өсімдіктер басына шығатын шырынды мәуе, миуа.* Біздің ағаштың *жемісі* пісе бастады (Тиесов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің, еңбектің табысты нәтижесі, қорытындысы.* Еңбегінің ~і.

ЖЕМІС-ЖИДЕК *Бау-бақша өсімдіктер өнімінің жалпы атауы.*

ЖЕМІСТІ 1. *Жемісі мол, жемісі бар, жеміс шығатын. Жемісті* ағаштың бағы төмен (Мақал). 2. *Ауыс. Нәтижелі, өнімді.* ~ жұмыс.

ЖЕМІСТІК *Жеміс өсетін жер, жеміске тәндік.*

ЖЕМІСТІЛІК 1. *Жеміс көп өсушілік.* 2. *Істің жемісті болушылығы, нәтижелілік.* Оның тәжірибесі өзінің *жемістілігін* көрсетті ("Қаз. әдеб.").

ЖЕМІТ *Қанағатсыз, тойымсыз, қомағай, обыр.* "Кәрі құда" — ең сұрамсақ, тойымы жоқ, *жеміт* құда (М. Әуезов). □ **Жеміт болды** — *жем болды, талауға түсті.*

ЖЕНДЕ *Түрлі түсті матадан құрап тігілген бақсылар мен серілердің сырт киімі.* Басында күле, үстінде *женде* (Батырлар жыры).

ЖЕНДЕТ 1. *Өлім жазасын орындаушы, баскесер.* Ханның *жендеттері* Махамбеттің басын кесіп өлтірді (Ермұратов). 2. *Рақымсыз, қатаң, қанқұмар.* Қаныпезер ~.

ЖЕНДЕТТІК *Баскесерлік, қаншерлік, қатыгездік.*

ЖЕНТ *Тары жармасына май мен бал қосып жасалған тәтті тағам; қоспа. Жент,* құрт, ірімшік дастарқанға сән береді (Н. Оразов).

ЖЕНТЕК *Бір-біріне кірігіп түйдектелген құм, тас, топырақ кесегі.* ~ қар (топырақ).

ЖЕНТЕК-ЖЕНТЕК *Кесек-кесек, түйдек-түйдек.* ~ балшық (қар).

ЖЕНТЕКТЕ 1. *Ұсақ затты сығымдап, кесек күйге келтіру.* Сәмен сары сазды *жентектей* бастады (З. Шүкіров). 2. *Ауыс. Езгілеу, жаныштау, түймештеу.* Сырттағылар Құдыстың біраз ~п алды.

ЖЕНТТЕЙ *Жент тәрізді, Жентке ұқсас, тәтті.*

ЖЕНЬШЕНЬ 1. *бот. Тамыры дәрі ретінде пайдаланылатын, көбіне Қиыр Шығыста өсетін көп жылдық өсімдік.* 2. *мед. Осы өсімдіктің тамырынан алынатын дәрі.*

ЖЕҢ I 1. *Киімнің иықтан бастап қолдың білезігіне дейінгі бөлігі.* Ол шекпенінің *жеңін* жүре сұғынды (Ақышев). 2. *Ауыс. Қол мәніндегі сөз.* Абай қаршығаны өз *жеңіне* қондырып алды (М. Әуезов). ◊ **Жең ұшынан жалғасты** — *астыртын келісті, бірлесті.* **Жең ұшын берді** — *жәрдем берді, көмек етті.* **Жеңімен сәлем берді** — *дандайсыды, кеудесін көтерді.* **Жеңінен тартты** — *біреудің назарын өзіне аударды, қаратты.* **Жеңін жастық қылды** — *жаугершілікте жүріп, ауыртпалыққа төзді.* **Жеңін сыбанды** — *іске құлшына кірісті.*

ЖЕҢ II 1. *Жеңіске ие болу, жеңіп шығу.* Совет Армиясы неміс фашистерін ~ді. 2. *Меңдеу, билеу, басым болу.* Ақырында ақыл *жеңді* (Ж. Тілеков).

ЖЕҢГЕ *Жасы үлкен ағаның, туыстардың әйелі, жұбайы.*

ЖЕҢГЕДЕЙ I *Ағасы қайтыс болған соң жеңгесіне үйлену.* Бұл Махамбеттің *жеңгедей* алған әйелі Жәмила еді (F. Мұстафин).

ЖЕҢГЕДЕЙ II *Жеңге сияқты, жеңге тәрізді.* Сыпайы қарсы алып тұрған *жеңгедей* (Шүкіров).

ЖЕҢГЕЙ 1. *Жасы үлкен ағасының әйелін сыйлап, құрметтей айтылатын сөз.* 2. *Жасы үлкен әйелдерді құрметтеп, сыйлап айту түрі.*

ЖЕҢГЕЛЕ 1. *Қайта-қайта жеңге деу.* 2. *Жеңгені сыйлап, алдында құрдай жорғалау.*

ЖЕҢГЕЛЕТ *көне. Қалыңдықты күйеуіне көрсету. Жеңгелете* келген әйелдер асқар тауды құлатуға әзірленгендей (Майлин).

ЖЕҢГЕЛІ *Жеңгесі бар, жеңгеге ие. Жеңгелі* болғаныма мен де қуаныштымын (Б. Соқпақбаев).

ЖЕҢГЕЛІК I *Жеңгеге тән қасиет, жеңгеге қатысты.* ~ әзіл.

ЖЕҢГЕЛІК II 1. *Қыз бен күйеу жігіттің арасында делдал болып жүрушілік.* 2. *Күйеу жігіттің қыз жеңгесіне беретін сый-сияпаты, ырымкәдесі.* Берер ем *жеңгелікке* торы тайды (Біржан сал). □ **Жеңгелік етті** — *жеңгетайлық жасады.* **Жеңгелікке жүрді** — *қыз бен жігіттің арасын байланыстырды, жеңгелік етті.*

ЖЕҢГЕТАЙ I *Жеңгей сөзінің еркелете айту түлғасы.*

ЖЕҢГЕТАЙ II *этн. Қызбен кездестіргені үшін күйеу баланың жеңгелеріне беретін тарту-таралғысы.*

ЖЕҢГЕТАЙЛЫҚ 1. *Қыз бен жігітті таныстыруға, келістіру үшін арада жүрушілік, жеңгелік.* 2. *Күйеу баланың қыз жеңгесіне беретін жеңгетайы, сыйлық-тартуы.* 3. *Адамдар арасында байланысшы, дәнекерші болушылық.* Сен екеуміздің арамызға ~ жасамай-ақ қой.

ЖЕҢГІШ *Жеңе білетін жеңімпаз, жеңуші.* Майданда *жеңгіш* халықпыз (Жароков).

ЖЕҢГІШТІК *Жеңе білгіштік, жеңімпаздық.* Жаңаның *жеңгіштігін* өз басынан өткерген (М. Әлімбаев).

ЖЕҢДЕС *Теңесу, тең келу.* Нар түйеге *жеңдесер* ірі екен, — дейді, — денесі (С. Мұқанов).

ЖЕҢДІ *Жеңі бар, жең тігілген.* ~ ақ көйлек, қысқа ~. □ **Жеңді білектей** — *жуан, жұп-жуан.*

ЖЕҢЕШЕ *Жеңгей, жеңге.* Өжем де, *жеңешем* де жүр (Сералиев).

ЖЕҢЕШЕЛЕ *Жеңешетайлау, жеңгетайлау.* Ол *жеңешелеп* жанынан шықпайды (Набиев).

ЖЕҢЕШЕТАЙ *Жеңешежан, жеңгежан. Жеңешетай,* ренжіп қалдыңыз ба? (М. Әуезов).

ЖЕҢСЕ *Жеңнің кірлемеуі, тозбауы үшін жең үстінен киетін бөлек жең. Жеңсе* кигеннің жеңі тозбас (Мақал).

ЖЕҢСІЗ I *Жеңі жоқ, жең салынбаған.* ~ жібек көйлек (майка).

ЖЕҢСІЗ II *Шолақ жең киім, кеудеше. Жеңсізінің* екі қалтасына құрт толтырып беріпті (Ақышев).

ЖЕҢСІЗ III *Сауыт. Жеңсіз* берен.

ЖЕҢСІК 1. *Әуес, құмар, таңсық.* ~ ас, жидені ~ көріп. 2. *Ауыс. Зәру, қат.* Таудан түскен сәуле ***жеңсік*** жылылығын шаша бастады (Т. Әлімбаев).

ЖЕҢСІККОЙ *Құмар, ынтызар, әуесқой.* Молда емеурінен ***жеңсікқой*** зинақорлығы сезіледі (Нұрғалиев).

ЖЕҢСІККОЙЛЫҚ *Құмарлық, әуесқойлық, құштарлық.* Төрелердің ***жеңсікқойлығы*** Ақпанға мәлім (С. Мұқанов).

ЖЕҢСІКТЕН *Әуестену, құмарлану, құштарлану, ынтығу.*

ЖЕҢСІКТІ *Әуес, ынтызар, құмарлы, құштарлы.* ***Жеңсікті*** жемісіне жете алмасаң (Айтыс).

ЖЕҢСІКШІЛ *Жеңсікқой, әуесқой, таңсықшыл, жеңсікқұмар.* ***Жеңсікшіл*** ел жетпей мақтайды (М. Әуезов).

ЖЕҢУШІ *Жеңіске жетуші, жеңіске ие болушы.*

ЖЕҢҰШЫ *Көйлек пен блузка жеңінің білезігіндегі түймеленген не жапсыра тігілген қайырмасы; манжета.*

ЖЕҢІЛ 1. *Салмағы аз, салмақсыз.* Ауадан газ жеңіл (Мырзабаев). *Ауыс.* 2. *Оп-оңай, болмашы, қиындығы жоқ.* ~ сұрақ, айтуға ~. 3. *Жеңіл-желпі, ат үсті.* ~ борасын (сөз). 4. *Жеңілтек, ұшқалақ, шошақай.* ~ мінез қыз. □ **Жеңіл машина** — *бес кісілік, ауыр жүк тасымайтын машина.* ◊ **Жеңіл ауыз** — *аузында сөз тұрмайтын (адам).* □ **Жеңіл атлетика** — *жүгіру, секіру, лақтыру, көпсайыс сияқты спорт түрлерінің жалпы атауы.* ◊ **Жеңіл жолға түсті** — *жан қинамай оңай олжа табуға кірісті.* **Жеңіл жүрісті** — *жат мінезге түскен кісіге айтылады.* □ **Жеңіл индустрия** — *киім-кешек, ыдыс-аяқ т. б. тұрмыс қажетіне керекті түрлі заттарды шығаратын кәсіпорын.* ◊ **Жеңіл қарады** — *бір нәрсеге немқұрайды, ат үсті көңіл бөлді.* **Жеңіл ойлы** —*байыптап ойламайтын, алаңғасар.* **Жеңіл өнеркәсіп** — *халық тұтынатын көпшілік қолды заттарды өндіретін кәсіпорын.*

ЖЕҢІЛГЕНСІ *Жеңіліп қалғансу, ұтылғансу.*

ЖЕҢІЛДЕ 1. *Салмағы азаю, жеңілдеп қалу, жеңіл тарту.* Қой семірген сайын, терісінің салмағы ***жеңілдей*** береді (Ермеков). 2. *Ауыс. Жеңіл тию, сергу, жадырау.* Қайғышері ~ген, күнәсі ~ді.

ЖЕҢІЛДЕУ 1. *Салмағы аздау, кемдеу.* Аруананың жүгі ~ болды. 2. *Ауыс. Жинақылау, сергектеу.* Бойым ***жеңілдеу*** сияқты, — деді Гүлнәр (С. Мұқанов).

ЖЕҢІЛДІК 1. *Салмағы аздық, ауыр еместік.* Дәнді ***жеңілдігіне,*** толықтығына қарай бөледі (Шәріпбаев). 2. *Оңайлық, ауырлығы жоқтық.* Аяз ісіне ***жеңілдік*** туғызды (Тарази). 3. *Бір нәрседен жартылай босатушылық, жеңілдік, кеңшілік; льгота.* 4. *Жаны қиналып, өлейін деп жатқан адамға оқылар дұға.* Молда ~ айтты (оқыды). 5. *Ауыс. Жеңілтектік, ұшқалақтық.* ***Жеңілдікті*** таста, жігіт, тәубе ойла (ХХ ғ. қаз. ақын).

ЖЕҢІЛДІЛІК *Жеңілтектілік, ұшқалақтылық, шошақайлық.* Шұнақ шайдан кейін, баяғы ***жеңілділігіне*** басты (Дәуренбеков).

ЖЕҢІЛЕЙ *Жеңілдену, жеңіл тарту.* Арбадағы шөп ***жеңілейіп,*** сатысы көрініп қалды (Досымов).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІ 1. *Болмашы, азғантай, желең.* ~ тамақ (әзіл), ~ киінген. *Ауыс.* 2. *Қиындығы жоқ, жеңіл, ұсақ-түйек.* Қарт адамға ***жеңіл-желпі*** жұмыс істеген жөн (Шүкіров). 3. *Жүрдім-бардым, шала-шарпы, үстіртін.* Бастық онымен ~ амандасты. ◊ **Жеңіл-желпі қарады** — *аса көңіл бөлмей, немқұрайды қарады.*

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛПІЛЕУ *Ауыр емес, оңайлау, жеңілдеу.* ***Жеңіл-желпілеу*** қызмет сұрап алған (Хайдаров).

ЖЕҢІЛ-ЖЕЛТЕҢ *Оңай, жан қинамайтын, жеңілтек.* Ақыры ол да ***жеңіл-желтең*** жолға түсті (Бүркітов).

ЖЕҢІЛТЕК 1. *Ұшқалақ, ұшып-қонба.* Саттар ***жеңілтек*** бала (Баязитов). 2. *Ауыс.* Жеп-жеңіл, желең ~ киінген.

ЖЕҢІЛТЕКТЕН 1. *Жеңілденіп, ықшам киіну.* Келе салып, ***жеңілтектене*** жұмысқа кірісіп кетті (Түрманжанов). 2. *Ауыс. Жеңіл мінез көрсету, ұшқалақтану.* Баласының ***жеңілтектеніп*** кеткенін Сапақ жақтырмай қалады (Талжанов).

ЖЕҢІЛТЕКТЕУ *Жеңіл мінездеу, ұшқалақтау.* Ол ***жеңілтектеу,*** сөзуарлау (С. Мұқанов).

ЖЕҢІЛТЕКТІК *Жеңіл мінезділік, алып-ұшпалық, ұшқалақтық.*

ЖЕҢІЛІРЕК *Жеңілдеу, оңайырақ, жеңіл-желпірек.*

ЖЕҢІЛІС *Согыста, саяси күресте жеңіліске ұшыраушылық, жеңілгендік, ұтылғандық.* □ **Жеңіліс тапты** — *жеңілді, тізе бүкті.*

ЖЕҢІЛІССІЗДІК *Жеңілмей, жеңіліске ұшырамай, ұтылмай.*

ЖЕҢІМПАЗ *Шайқасты жеңіспен аяқтайтын, жеңіске ие болатын, жеңгіш.* Совет елінің ~ армиясы.

ЖЕҢІМПАЗДЫҚ *Жеңіске ие болушылық, жеңгіштік.*

ЖЕҢІС 1. *Қырғын согыста жауды жеңіп, тізе бүктіріп, толық жеңіске ие болушылық.* Исатай батырдың ***жеңісі*** жайлы жыр толғады (Әлімжанов). 2. *Ауыс. Белгілі бір мақсатты жүзеге асырудың зор нәтижесі, табысы, жемісі.* Елдің табысы, қол жеткен ***жеңісі*** айтылды (С. Бақбергенов). □ **Жеңіс күні** — *жауды жеңген күн, ұлы мереке.*

ЖЕҢІСКЕР *Жеңуші, жеңіп шығушы, жеңгіш.* ~ палуан.

ЖЕҢІСТІ *Жеңген, жеңіске жеткен.* ~ жыл (күн).

ЖЕҢІСТІК: жеңістік бермеді — *сөзге қонақ бермеді, айтқанға көнбеді, бой бермеді.*

ЖЕПЕЛДЕТ *Аяқты тез-тез басу, жылдамдату, шапшаңдату.* ***Жепелдете*** басып, ентелеп келе жатты (Қонарбаев).

ЖЕПЕҢДЕ *Алып ұшу, дедек қағу, қаздаңдау.* ***Жепеңдеп*** келе жатқан Әміржанға атасы зекіді (С. Омаров).

ЖЕП-ЖЕҢІЛ 1. *Өте жеңіл, қаңбақтай.* Ат үстіне мінген ***жеп-жеңіл*** балалар көрінеді (Көшімов). 2. *Ауыс. Оп-оңай, ешбір қиындықсыз.* Самауырынды ~ көтерді, ~ құтылды.

ЖЕППЕЛЕТ *Тез-тез, асығып-аптығып, жылдамдату.* Кітапты бұлар ***жеппелетіп*** оқиды (Ғ. Мүсірепов).

ЖЕПІР *Қыспаққа алу, қысу, тықсыру.* Осыларды сұрап ***жепіріп*** барады (М. Әуезов).

ЖЕР 1. *Күнді айнала қозғалатын Күннен кейінгі үшінші планета.* 2. *Жер қаты, қабаты, құрылық, топырақ.* Самолет ~ге қонды, құс ~ден көтерілді. 3. *Белгілі бір ел, мемлекет.* Қазақ ~і, шетел ~і. 4. *Біреудің пайдалануындағы, қарамағындағы аумақ; территория.* 5. *Мекен, жай, орын.*

Туып өскен ~, шыққан ~і. 6. *Ауыс. Ел-жұрт, өмір сүрген орта.* Біздің ~де қарақат көп өседі. 7. *Мезет, кез, уақыт, мезгіл, орын, тұс.* Айқайлайтын *жерде* ауыз ашпау — айып (Мақалнама). Жалғыздық көрер *жерім* жоқ (Абай). ◊ **Жерден жеті қоян тапқандай** — *қатты қуанды, мәз болып шаттанды.* □**Жердің жасанды спутнигі** — *жер төңірегіндегі орбитаға шығарылып, әр түрлі ғылыми-техникалық мәселелерді шешуге арналған космостық аппарат* (ҚСЭ). **Жер аударды [айдады, ауды]** — *еркінен айырып, ит жеккенге жіберді.* **Жер аяғы кеңіді [босады]** — *қар кетіп, күн жылынды.* **Жер аяғы қиянда [құрымда]** — *ат тұяғы жеткізбес алыс шет.* **Жер бастырмады** — *тыныштық бермеді.* **Жер болды [жер болып қалды]** — а) *тып-типыл болды, жермен-жексен болды;* ә) *абыройы түсті, ұятқа қалды.* □ **Жер бүргесі** *(зоол.)* — *жапырақ жегіш тұқымдасына жататын қоңыздың бір түрі.* **Жерге қарады [қаратты]** — а) *ұятқа қалдырды;* ә) *ішерге үнем таппады.* **Жерге отырғызып кетті** — *алдап соқты, айласын асырды.* **Жерге түкірді** — *тұқілді, шошынды.* **Жер ғып кетті** — *абыройды айрандай төкті, масқаралады.* **Жерден алып, жерге салды** — *қатты ұрысты, тілдеді, сөкті.* □**Жер кепе** — *жер үй, лашық.* ◊ **Жер жаңғырықтырды** — *атағы, даңқы көп жерге тарады.* **Жер жүзі [шары]** — *бүкіл әлем, күллі дүние.* ◊ **Жер қайысқан** — *тым көп, қисапсыз мол.* **Жер қойнына кірді** — *өлді, о дүниеге кетті.* **Жер қылды [етті]** — а) *қатты ұялтты, жерге қаратты;* ә) *тас-талқанын шығарды, жермен-жексен етті.* **Жер мойны қашық** — *тым алыс, шалғай.* **Жер ортасынан асқан [келген]** — *егде тарта бастаған адам.* **Жер сабады [сабап қалды]** — *ашуға булығып, өкініп қалды.* **Жер сипап қалды** — *құр алақан қалды, алданды.* **Жер соқты [соқтырды, соққызды]** — *қапыда қалды, алданды.* **Жер тебінді** — *ашу шақырды, тепсінді.* **Жер тепкіледі** — *қатты ызаланды, долданды.* **Жер тепсінді** — *қатты кейіді, кіжіне ұрысты.* **Жер түбі [түбінен ойлады]** — а) *қиян шет, жырақ;* ә) *арыдан, тереңнен түйді.* □ **Жер үй [там]** — *жерден қазылып жасалынған үй.* ◊ **Жер ұйық [үйек]** — *малға, жанға құт, шұрайлы жер.* **Жер шұқыды [шұқылады]** — *қатты ұялды, бетінен оты шықты.* **Жер шұрайы** — *жердің жақсысы, құнарлы жер.* **Жері кеңіді** — *дегені болды, көңілі орнына түсті.* **Жеріне жеткізді** — *бір нәрсені аягына дейін істеді, тындырды.*

ЖЕРАҒАШ *көне. Ертектегі ағаш соқа. Жерағаш* сүйреп, қос айдадық ("Лен. жас.").

ЖЕРАЛМҰРТЫ *бот. Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, күнбағыс туыстас, көп жылдық, тамыр жемісті өсімдік.*

ЖЕР-АНА *Тіршілік көзі, өмір негізі.* Айға да *Жер-анадан* жол саламыз (Әбдіразақов).

ЖЕРБАРАҚ *Жерден қазып, төбесін жапқан жер үй, жеркепе.*

ЖЕРБАС *бот. Тамырынан қызыл бояу алатын шөптесін өсімдік.*

ЖЕРБҰРШАҚ *Қой жейтін шөп.*

ЖЕРГІЛІКТІ *Белгілі бір жерге тән тұрғылықты, тұрақты, тұрғын.* ~ халық (шаруашылық, тіл). □ Жергілікті комитет — *жергілікті кәсіподақ ұйымы.* **Жергілікті халық** — *сол жердің тұрақты жұрты, халқы.*

ЖЕР-ДҮНИЕ *Барша әлем, бүкіл дүние жүзі, айнала-төңірек.* Өзінен өзі *жер-дүниеге* сыймастай болады (Д. Әбілев).

ЖЕРЖАҢҒАҚ *бот. Бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік және оның жемісі, дәнегі. Жержаңғақ* жерді құнарландырады (ҚСЭ).

ЖЕР-ЖЕБІР: жер-жебіріне жетті — *қатты ұрысты, сөкті.*

ЖЕР-ЖЕРГЕ *Әр жаққа, жан-жаққа, әр тарапқа.* Он жігітті *жер-жерге* жібермек ойым бар (Оразалин).

ЖЕР-ЖЕРДЕ *Әр жерде, жан-жақта, әр тарапта. Жер-жерде* әскери-патриоттық жұмыстар жарияланды (Айдаров).

ЖЕР-ЖЕРДЕН *Әр жерден, жан-жақтан, әр тараптан.* ~ курстар ашты.

ЖЕР-ЖИһАН *Бүкіл әлем, дүние жүзі. Жер-жиһанды* нұр жайнатты (Тұрмағамбетов).

ЖЕРКЕН 1. *Лас нәрседен, сасық иістен жирену, жиіркену.* Ол жылымшылаған сары майдан *жеркенді* (Т. Әлімқұлов). 2. *Ауыс. Сескену, секемдену.* Қасында жүруге ~еді. □ **Жеркене қарады** — *жақтырмады, ұнатпады.*

ЖЕРКЕНГІШ *Жиренгіш, жиіркенгіш, жеркене бергіш.* Ол тамаққа, көрінгеннің бәріне ~еді. 2. *Ауыс. Сескенгіш, секемденгіш. Жеркенгіш* жаны да ұсақ пысықтықтан (Ә. Тәжібаев).

ЖЕРКЕНШЕК *Жиіркеншек, жиреншек.* Танағөз де *жеркеншек-ақ* болатын (Ғ. Мұстафин).

ЖЕРКЕНІШТІ *Жиіркенеңіндей, сүйкімсіз.* Әдемі беті бұзылып, *жеркеніште* қалыпқа түскен (Т. Жармағамбетов).

ЖЕРКЕНІШТІЛЕУ *Жиіркенерліктей, ұнамсыздау, сүйкімсіздеу.* Оның арсаңдауы Ақайға *жеркеніштілеу* боп көрінді (Нұршайықов).

ЖЕРКЕНІШТІЛІК *Жек көрушілік, ұнатпаушылық.* Ақын оқиғаны *жеркеніштілік* сезіммен еске алды ("Қазақст. мект.").

ЖЕРКЕПЕ 1. *Жерден қазып, төбесі жабылған жер үй, жертөле. Жеркепеде* інім жыланнан қорқып шыр-шыр етеді (Қ. Өжікеев). 2. *Әскерлердің соғыс даласында снарядтардан қорғануы үшін жасалған баспана; блиндаж.* Солдаттар *жеркепе* ішінде отыр (Ж. Молдағалиев).

ЖЕР-КӨК *Жер де, көк те — бәрі, бүкіл әлем.* ◊ **Жер-көкке сыйғызбады** — а) *тым асыра мақтады, мадақтады, көтермелеп дәріптеді;* ә) *құдалап еш жерде тұрақтатпады.* **Жер-көкте жоқ** — *ешкімде, еш жерде кездеспейтін.* **Жер-көкті шарлады [кезді]** — *көп жерді аралады.*

ЖЕРҚОЙМА *Азық-түлік сақтайтын жер астынан қазылған салқын қойма; погреб.*

ЖЕРЛЕ I 1. *Өлген кісіні көму, қою.* 2. *Ауыс. Жер-жебіріне жетіп қатты ұрсу, жазғыру, сөгу.* Зәрлі сөздермен ~й жөнелді.

ЖЕРЛЕ II *Белгілі бір жерді мекендеу, қоныс ету, сонда тұру.*

ЖЕРЛЕС *Бір жерде өскен ауылдас, елдес, мекендес, отандас.* Айымжанмен құрбылас, ~ адаммын.

ЖЕРЛЕСТІК *Бір жерде өскендік, мекендестік, елдестік.* ~ әрі елдестік жағынан бабаларымызға борыштымыз.

ЖЕРЛЕУШІ *Өлген адамды азалап көмуші, қоюшы.*

ЖЕРЛІ *Жер аумағы үлкен, кең, мол.* Бұл совхоз өзі *жерлі*, өзі малды (Мұқашев).

ЖЕРЛІК *Белгілі бір жердің тұрғыны, соған тән.* Ақбілектің осы *жерлік* екенін білді (Ж. Молдағалиев).

ЖЕРМАЙ *Керосин сөзінің қазақша баламасы.*

ЖЕРМЕН-ЖЕКСЕН *Тіпті аласа, тап-тапал.* ~ жалғыз үй. ◊ **Жермен-жексен болды** — *жоғалып, құрып кетті.* **Жермен-жексен қылды [етті]** — *тып-типыл етіп құртты, жоқ етті.*

ЖЕРМЕШЕЛ *Екі аяғы бірдей кем мүгедек, кемтар.*

ЖЕРОРТА *Орта жастағы.* Жолдасым отыз-қырықтар шамасындағы *жерортасы* адам (Б. Майлин).

ЖЕРОШАҚ *Қазан асу үшін жерден қазып, от жағатын шұқыр, ошақ.*

ЖЕРСАҒЫЗ *бот. Өсімдіктің сүтін кептіріп жасаған сағыздың бір түрі.*

ЖЕРСОҒАР *Ат тұяғының табаны арт жағындағы қатты жері, өкшелігі. Жерсоғары* сіңірлі, аяғы тік (Абай).

ЖЕР-СУ 1. *Шаруашылыққа кеңінен пайдаланылатын орман, тау, көл, өзен, дала тәрізді жер аумағы; территория.* 2. *Туған өлке, өскен жер. Жер-суын* сағынды.

ЖЕРСІЗ *Қарауында жері жоқ, жерге ие емес.* ~ кедейлер (шаруалар).

ЖЕРСІЗДІК *Қарауында жері жоқтық, жерге ие еместік.*

ЖЕРСІН *Жаңа жер жағдайына, ол жердің ауа-райына көндігу, үйреніп, бейімделу.* Шопандардың енді *жерсініп* бара жатқанын көрдік (Бағаев).

ЖЕРТАҒАН *Аласа, пәстеу, төмен.* ~ жапырақтар (жеміс ағаштары).

ЖЕРТАҒАНДАП 1. *Жер бауырлап, жерге жабысып.* Бақ-бақтың жапырақтары *жертағандап* өседі (Мұсақұлов). 2. *Ауыс. Екі қолымен жер тірей еңбектеу.* Ол ~ моторға жақындап келеді.

ЖЕРТАҒАНДАУ *Аласалау, тапалдау, төмендеу, бәсеңдеу.*

ЖЕРТАНУ *Жер туралы ғылым.*

ЖЕРТАРТҚЫШ *Артық токты реттеп, жерге сіңіргіш.* Енді радио орнайтын *жертартқыш* жасауым керек (Сейітқазин).

ЖЕРТЕЗЕК *Батпақты жерлерде болатын отындық, әрі тыңайтқыш зат; торф.* ~ отынның ең арзан түрі.

ЖЕРТЕСЕР *зоол. Насекомдармен қоректенетін, тышқанға ұқсас сүтқоректілер.*

ЖЕРТӨЛЕ *Жеркепе, жербарақ, жерден қазған үй.* Есімбекке *жертөле* ерсі көрінді (Оразақов).

ЖЕРУЫҚ *Төлін қабыл алмай жери беретін, жерігіш.* ~ қой (жылқы).

ЖЕРҰЙЫҚ *миф. Жұмақ жер, бейіш, жайлы қоныс, құтты мекен. Жерұйық* іздеп Асанқайғы жиһан кезген (Қыдырханов).

ЖЕРҰЙЫҚТАЙ *Жерұйық сияқты, жайлы, жұмақ жердей.* ~ жазиралы бұл дала.

ЖЕРШӨП *Бас жағындағы күлтесінен сыпырғыш жасайтын, биіктеу өсетін өсімдік.*

ЖЕРШІЛ II 1. *Жердің ой-қырын, жолын жақсы білетін (адам).* Серік өте *жершіл*, бұның қатесіз табатыны анық (Қайсенов). 2. *Үйренген жеріне тарта беретін.* ~ мал (жылқы). 3. *Ауыс. Жерге бөлгіш, жікшіл.*

ЖЕРШІЛДІК 1. *Жер танығыштық, бағдарлағыштық.* Орман ішіндегі *жершілдігіне* адам таң қалады (Шәріпов). 2. *Жерлестік, жерлестеріне бүйрегі бұрғыштық. Жершілдік* деген онша қуаттайтын мәселе болып саналмайды (Ғ. Мүсірепов).

ЖЕРІ I 1. *Енесінің (мал, аң т. б.) төлін өзіне жуытпауы, қашқалақтауы.* Қой қозысынан ~п кетті. 2. *Ауыс. Бір нәрседен жирену, аулақ болу.* Жақсыдан үйрен, жаманнан ~.

ЖЕРІ II *жерг. Жерік болу.* Зейнеп бүркіттің миына *жеріпті* (С. Мұқанов).

ЖЕРІГІШ 1. *Жиренгіш, малдың төлінен безгіш, қашқыш болуы.* Қозысынан ~ қойлар. 2. *Жиіркенгіш, секемденгіш.* Жылтыраудан *жерігіш* сауатты қауым (М. Хасенов).

ЖЕРІК 1. *Екіқабат әйелдің белгілі бір тағам түріне аңсары ауып, құмарлануы.* Ащы қуырдақ жеп *жерігіңді* бас, келін (Ақышев). 2. *Ауыс. Бір нәрсеге құштарлық, құмарлық, ынталық.* Жақсылыққа жаным ~.

ЖЕРІКТІК *Жерік болушылық, тамақ талғағыштық.*

ЖЕСІР *Күйеуі жоқ, күйеуі өлген әйел.* □ **Жесір дауы** *(көне)* — *күйеуі өлген әйелдің, қалың малы төленген қыздың бас бостандығына байланысты әмеңгерлік даушар.*

ЖЕСІРЛЕС 1. *Күйеуі өлген әйелге ортақтас болу.* 2. *Мұңдас, пікірлес.* Жеті жыл жерлес болғанмен *жесірлес* боласың (Мақал).

ЖЕСІРЛІК *Жесір болушылық, күйеусіз қалғандық. Жесірлік* пен жоқшылық Қадишаны қажытты (Иманбаев).

ЖЕСІРШІЛІК *Жесір қалушылық, жесірлік.*

ЖЕТ 1. *Бір жерден екінші жерге бару.* Ұшақпен тез-ақ аулына ~ті. 2. *Белгілі бір мерзімге, кезге келу, санға толу.* Жыл артынан жыл ~ті, Балаларының саны онға ~кен. 3. *Ойлаған ойы, мақсат-мұраты орындалу, дегені болу.* Арманына ~ті. 4. *Сөз тіркестері құрамында келіп әр алуан мағынада қолданылатын сөз.* Атағы талай жерге ~ті. 5. *Ауыс. Доғар, тоқтат, болар, болды. Жетті,* кімді басынасың сонша (Тоқмұрзин). □ **Жетіп барды** — *белгілі бір жерге тез келді (жетті).* **Жеткен жері** — *қолынан келгені, шамасының жеткені.* **Жетпей желкесі қиылсын** *(қарғ.)* — *жасына келмей өлсін.* **Жетіп жығылды** — *әрең дегенде жетті, зорға келді.* **Жетіп келді** — *аяқ астынан тап болды, сау ете қалды.*

ЖЕТЕ I 1. *Орақтың, пышақтың т. б. сабы мен жүзінің қосылған жері, сағағы, мойны.* Бел орақтың *жетесін* сындырмасаң жарар еді (Ж. Молдағалиев). 2. *Адамның (малдың) желке, мойын тұсы.* Бөркің *жетеңе* жетпей жүр ме? (Ә. Нұрпейісов).

ЖЕТЕ II 1. *Адамға ғана тән ақыл, сана, ұғым. Жетесі* жаман бозбала Тоқсандағы шалмен тең (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.). □ **Жетесіне жетті** — *бір нәрсенің байыбына барды, мәніне түсінді.*

ЖЕТЕ III *Арғы тегі, жеті атасы, жетпіс жеті пұстысы.*

ЖЕТЕ IV *Әбден, егжей-тегжейлі, түбіне, байыбына бара.* Бүйрегі ~ тексерілген жоқ. Орыс-шасын ~ түсінбеді.

ЖЕТЕК 1. *Арбаның, шананың алдынан орнатылған, ат жегілетін оқағаш, тәрте, арыс.* Ұзын

арбаның ~гі көтеріліп, доғамен тіреліп қойылыпты. 2. *Қосарға алынған мал, жетектеген жылқы. Жетегіндегі* ат елең етіп бұлқынды (Райымқұлов). 3. *Ауыс. Ықпал, ырық, тізгін.* Шабыт ~інде. Партия *жетегінде* іс істеді (Майлин). ◊ **Жетекке алды** — *қосарға алды, жетектеді.* **Жетекке ерді** — *біреудің айтқанына көнді, ырқына жүрді.*

ЖЕТЕКСІЗ *Жетегі жоқ.* Бүкіл ауылда қанатсыз, *жетексіз* бір ғана шана болатын (Ғ. Мұстафин).

ЖЕТЕКТЕ 1. *Малды мойнына байлаған жіптен ұстап жетелеу.* Бір атты *жетектеп* папам келді (Бөкеев). 2. *Қолынан ұстап жетелеу, ерту.* Әкелі-балалы бірін-бірі *жетектеп* келеді (Оразалин). 3. *Ауыс. Сүйемелдеу, көмектесу, тәрбиелеу, баулу.* Ғылыммен шұңдап өсірдің, Жеті жастан *жетектеп* (Жабаев). Егіншілік отырықшылыққа *жетектейді* (Ақынжанов).

ЖЕТЕКТЕУШІ *Бастаушы, бағыт беруші, жетекке алушы.* Табыстардың жаңа шыңына *жетектеуші* — біздің еліміз (І. Омаров).

ЖЕТЕКШІ I 1. *Бастаушы, жол басшы адам.* Өз басшысы осы ауылдың ~сі. 2. *Құрылған ұйымның басқарушысы, ұйымдастырушысы.* Звено ~сі, класс ~сі. 3. *Ауыс. Негізгі, басты, белді.* Шаруашылықтың ~ саласы. □ **Жетекші құрал** — *басшылыққа алынатын негізгі кітап.* **Жетекші сұрақ** *(пед.)* — *сүйемел сұрақ, оқытушы тарапынан еске салу, жауабын толықтыру үшін қойылатын бағыттаушы сұрақ.*

ЖЕТЕКШІ II *астр. Аспанның Солтүстік жарты шарындағы шоқжұлдыздың аты. Жетекшінің* ең жақсы көрінетін айы — декабрь мен январь (ҚСЭ).

ЖЕТЕКШІЛ 1. *Жетекке жүргіш, ергіш мал.* Көк жал басы жұмсақ ~ ат. 2. *Ауыс. Біреудің соңынан ілескіш, ырқымен кеткіш.* Іңкәр желдеген атандай ~ болды.

ЖЕТЕКШІЛІК *Белгілі бір іске жасайтын басшылық, жол-жоба көрсетушілік.* □ **Жетекшілік етті [жасайды]** — *басшылық жасады, жол көрсетті.*

ЖЕТЕЛЕ 1. *Адамды қолынан ұстап, ертіп жүру, жетектеу.* 2. *Малдың бас жібінен ұстап жетелеу.* 3. *Ауыс. Ойға берілу, жетегінде кету.* Оның сөзі алға ~й түсті, арманға ~йді.

ЖЕТЕЛЕУШІ *Жетектеуші, жетегіне алушы, соңынан ертуші.*

ЖЕТЕЛІ 1. *Ақылды, саналы, ойлы. Жетелі* қарт Балтай айтқан Абай өлеңі еді бұл (С. Талжанов). 2. *Нәрлі, мәнді, жігерлі.* Басшы адамдардан ~ сөз күтеміз деушілер аз емес.

ЖЕТЕЛІЛІК *Ақылдылық, саналылық, ойлылық.*

ЖЕТЕР-ЖЕТПЕС *Толар-толмас, шамалас, жуықтағанда, жақындағанда.* Шешемнен *жетер-жетпесте* жетім қалдым (Байғұтов).

ЖЕТЕРЛІК *Жеткілікті, мол.* Ағайын-туған *жетерлік* (Жұмақанов).

ЖЕТЕСІЗ *Санасыз, ойсыз, жігерсіз. Жетесіз* ұл жер етер (Әлімбаев).

ЖЕТЕСІЗДІК *Санасыздық, ақылсыздық, жігерсіздік.*

ЖЕТЕУ *Жеті санының жинақтау мәніндегі айтылу түлғасы.* Айла алтау, ақыл *жетеу* (Мақалнама).

ЖЕТКІЗБЕС *Қуғанда жеткізбейтін жүйрік, жылдам, ұшқыр.* ~ жүйрік.

ЖЕТКІЗГІСІЗ: айтып жеткізгісіз — *айтып болмайтын, тіл жетпейтін.*

ЖЕТКІЛІКСІЗ *Жетпейтін, жетіспейтін, тапшы, жетімсіз, аз.*

ЖЕТКІЛІКСІЗДЕУ *Аздау, жетімсіздеу, тапшылау.*

ЖЕТКІЛІКСІЗДІК *Аздық, жетіспейтіндік, жетімсіздік, тапшылық.*

ЖЕТКІЛІКТІ *Жетерлік, мол, көп, баршылық.* Кітап қоры ~.

ЖЕТКІЛІКТІЛІК *Жететіндік, молдық, көптік.* Білім қорының ~*тігі* де қабілетін тоқтатпайды.

ЖЕТКІНШЕК *Өсіп келе жатқан жас ұрпақ, жас өспірім.*

ЖЕТКІСІЗ: баға жеткісіз — *баға жетпейтін, қымбат, құнды.* **Көз жеткісіз** — *көз көрмес, шетсіз, шексіз.* **Қол жеткісіз** — *қиын, қол жетпейтін.* **Сан жеткісіз** — *есепсіз, тым көп.* **Сөз жеткісіз** — *айтып болмайтын, тіл жетпейтін.*

ЖЕТОН 1. *Ақша орнына жүретін дөңгелек жұқа темір.* 2. *Белгілі бір ұйымның мүшелері тағатын белгі, значок.*

ЖЕТПЕГІР *қарг. Өспегір, жасына жетпей қалғыр.*

ЖЕТПІС *Алпыс тоғыз бен жетпіс бірдің арасындағы сан, жеті он.*

ЖЕТПІСІНШІ *Жетпіс санының реттік түрі.*

ЖЕТТІК: әлім жеттік [жеттілік] — *қоқан-лоқылық, күш көрсетушілік.*

ЖЕТІ I *Алтыдан кейінгі сан.* ◊ **Жеті ата [атасы]** — *ата-баба, жетінші буын.* **Жеті атасынан қара көк** *(көне.)* — *арғы аталарынан бері қарай аты шулы бай, шынжыр балақ, шұбар төс.* **Жеті басты дәу [жалмауыз]** *(миф.)* — *ертегілерге тән жеті басты мақұлық, кейіпкер.* **Жеті ғалам** — *бүкіл дүние жүзі, шар тарап.* **Жеті кентті құртты** — *неше түрлі жақсыны жалмады, жойды.* **Жеті қабат [қат] жер астында** *(миф.)* — *тым тереңде.* **Жеті қараңғы түн** — *тастай қараңғы беймезгіл уақыт.* **Жеті қырдың астында** — *адам жетуі қиын, алыс жер.* **Жеті нан** *(діни)* — *кездескен қиындықтан сақтауын тілеп, нан пісіріп, мал, ақша атау.* **Жетісін берді** *(діни)* — *өлген кісіні еске алу үшін жұрт жинап ас береді.* **Жеті түнде [жеті түн ішінде]** — *түн ортасында, мезгілсіз кезде.* **Жеті тылсым** — *құпиясы мол, қауіпті.*

ЖЕТІ II *Жеті күн, бір апта.* Бір ~ бойында.

ЖЕТІГЕН I *муз. Жеті қыл ішегі бар, байырғы музыкалық аспап.*

ЖЕТІГЕН II *Астр. Жетіқарақшы жұлдызының халық арасындағы аты.*

ЖЕТІДЕЙ: бір жетідей — *жеті шамасында, бір аптадай.*

ЖЕТІ-ЖЕТІДЕН *Жетеу-жетеуден бөлініп. Жеті-жетіден* екі қатар болып отырды (С. Мұқанов).

ЖЕТІЖЫЛДЫҚ 1. *Халық шаруашылығындағы жеті жылға есептеліп жасалған жоспар.* 2. *Еліміздегі орталау дәрежелі білім беретін оқу орны.* ~ мектеп.

ЖЕТІК *Бір нәрсені жете білетін, білгір.*

ЖЕТІКТЕУ *Біліктілеу, қабілеттілеу, білгірлеу, толықтау.* Жүрегі аурулы балалардың ақыл жағы *жетіктеу* келеді (Даиров).

ЖЕТІКТІК *Жақсы білетіндік, білгірлік.* Оның сот мәжілісіндегі тергеу әдісіне *жетіктігі* ұнады (Аманшин).

ЖЕТІҚАРАҚШЫ *астр. Аспанның солтүстік жарты шарындағы шоғырланған шоқжұлдыз.*

ЖЕТІЛ 1. *Өсу, көтерілу, даму.* Ауыл маңындағы шабындық тез *жетілді* (Нұрмағамбетов). 2. *Ел қатарына қосылу, қалыптасу.* Жетім жүре *жетілер* (Мақалнама).

ЖЕТІЛГІШ *Өскіш, өнгіш, өсімтал.* Тез ~ құс.

ЖЕТІЛГІШТІК *Өнгіштік, өскіштік, өсімталдық.* Қойдың қасиеттерінің бірі — тез *жетілгіштігі* (Ермеков).

ЖЕТІЛЕП *Алталап, бір жеті бойы, жеті сайын.*

ЖЕТІЛІК I *Жеті саны жазылған карта.* Қарғаның ~гі. □ **Жетілік шам** — *шишасының түбінің аумағы жеті сантиметр болатын шам.*

ЖЕТІЛІК II 1. *Бір апталық, бір жұмалық.* Бір ~ мерзім. 2. *этногр. Адам қаза болғаннан кейін жеті күн толғанда берілетін жоралғы, жоқтау жетісі.*

ЖЕТІЛІҢКІ *Өсіңкі, жетілген.* Қозылары туар қарсаңына ірі де *жетіліңкі* болды (Күлтебаев).

ЖЕТІМ 1. *Ата-анасы өлген не тастап кеткен бала.* 2. *Ауыс. Арқа сүйері жоқ, панасыз, қамқорсыз.* Қамқоры жоқ *жетім* ел (Сыланов). □ **Жетім ақы** — *айырылысып кеткен әке-шешенің балаға төлеп тұратын жалақысы, алимент.* **Жетім бауыр** — *бауырдың ұшындағы кішкене бөлігі.* **Жетім босаға** — *киіз үйдің кіре берісіндегі сол жақ босаға.* **Жетім малта** — *әбден езілген құрттың ұсағы; сырынды.* **Жетім шеге** — *пышақтың сапқа отырғызылған жерін ұстату үшін қойылған жалғыз шеге.*

ЖЕТІМДЕН 1. *Жетім болып қалу.* 2. *Батылы жетпеу, жасқаншақтау.* Кей жасық сияқтанып, *жетімдендім* (Т. Әлімқұлов).

ЖЕТІМДІК 1. *Әке-шешеден айрылғандық, жетім болушылық.* 2. *Ауыс. Қамқоршысы жоқтық, панасыздық, жалғыздық.* ◊ **Жетімдіктің тақсіретін тартты** — *жоқшылықтың ауыр азабын басынан өткізді.*

ЖЕТІМЕК *экспр. Жетім сөзінің кішірейтілген түрі.* ~ қыз (шал, жұмысшы).

ЖЕТІМ-ЖЕСІР *Әке-шешеден, бас иеден айрылған бала-шаға. Жетім-жесірлердің* күн көрісі біздің мойнымызда (Дүзенов).

ЖЕТІМ-ЖЕСІРЛІК *Жетім-жесір болып қалушылық.*

ЖЕТІМСІЗ *Жартымсыз, жеткіліксіз, мардымсыз.* Жұмыс қолы ~.

ЖЕТІМСІЗДЕУ *Аздау, тапшылау, мардымсыздау, жеткіліксіздеу.* Балалар жағы ~ боп тұр.

ЖЕТІМСІЗДІК *Аз болушылық, жетіспеушілік, тапшылық, жеткіліксіздік.*

ЖЕТІМСІРЕ 1. *Жетім халінде болу, жетімдік күнін көру.* Інілері *жетімсіреп* әр үйдің босағасын сығалап жүр (Р. Тоқтарбаев). 2. *Ауыс. Жалғызсырау, елегізу.* Жападан-жалғыз қалған кемпір де *жетімсірейтін* сияқты (Мыңжасарова). 3. *Қаңырап бос қараусыз қалған, азып-тозған.* Ғасырлар бойы *жетімсіреп* жатқан Мырзашөл (Байжанов).

ЖЕТІМХАНА *Жетім балаларды бағып, тәрбиелейтін үй.*

ЖЕТІМШЕ *Жетім тәрізді, панасыздарша.* ~ телмірді.

ЖЕТІМШІЛІК *Жетімдік, әке-шешесі жоқтық, панасыздық.*

ЖЕТІНШІ *Жеті санының реттік түрі.* ~ ауыл (класс, ноябрь күні).

ЖЕТІС 1. *Мәз болу, қуану, рақаттану.* Қара бұлардың *жетісуін* (Тұрсынбаев). 2. *Бір нәрсеге жару, жетілу, табысқа қол жету.*

ЖЕТІСКЕНДІК *Жеткіліктілік, жетілгендік, жетісушілік.* Біздің бүгінгі *жетіскендіктерімізді* түсіну үшін өткен дәуірлердің үлкен маңызы бар (Ғ. Мүсірепов).

ЖЕТІСПЕУШІЛІК *Жетпеушілік, жетпегендік.*

ЖЕТІСТІК *Қол жеткен табыс, жеңіс.*

ЖЕТІСТІКТІ *Жетістігі бар, қол жеткен табысы бар, табысты.*

ЖЕТІСІНЕ *Бір жетіде, бір аптада, жеті сайын.*

ЖЕУСІЗ *Желінбей қалған, желінбеген.* Аттың алдында *жеусіз* тұрған сұлы бар (Жүнісов).

ЖИ 1. *Жию, жинау, жинап алу.* Шабылған шөпті ~. Егін орып ~ды. Төсек ~нады. 2. *Бір жерге шақырып жинау, бас қосу, біріктіру, шоғырлау.* Оқушыларды сабаққа ~ып үлгерді. Бір тудың астына *жияйық* (Сейфуллин). 3. *Жеке бөлшектерді біріктіріп, басын қосу, құрау.* Машинаның бұрандаларын ~ды, станоктың бөлшектерін ~ды. 4. *Әр түрлі мағлұматтар мен ақпарды бірізге түсіру, топтау.* Мәлімет ~ды, пікірлер ~ды. □ **Денесін жиды** — *өзіне-өзі келді, ширады.* **Жағын жиды** — *кимешектің жиегін бүкті, көмкерді.* **Күлкісін жиды** — *күлкісін тыйды.* **Ішін жиды** — *ішін тартты, ышқынды.*

ЖИҒАН-ТЕРГЕН *Ұзақ уақыт, өмір бойы, күні бойы жиыстырған, құрастырған.* Бар ~ін ұлының қалтасына салды. ~ тиын-тебен.

ЖИҒЫШ *Жинағыш, жиятын.* Қар ~ машина, азот ~ бактериялар.

ЖИҒЫШТА *Қайта-қайта жинау, ретке келтіру.*

ЖИДАШЫ 1. *көне. Алым-салық жинаушы.* Жанжаққа *жидашы* шапты (Жансүгіров). 2. *Біреуге ақыл бергіш жол көрсеткіш жырынды адам.* Аппас Шыңғысты қадір тұтып, сыртынан *жидашы* болатын (С. Мұқанов).

ЖИДЕ *Ылстық жерде өсетін, жіңішке жапырақты биік жеміс ағашы және соның жемісі.*

ЖИДЕК *Таңқурай, бұлдірген, құлпынай өсімдіктері жемісінің жалпы атауы.*

ЖИДЕКТІ *Жидегі бар, жидегі көп, қалың.*

ЖИДЕЛІБАЙСЫН *миф. Берекелі, қасиетті, шұрайлы (жер).* ***Жиделібайсын*** жерінде Байбөрі деген бай бопты (Алпамыс).

ЖИДЕЛІК *Жиде қалың өсіп тұрған жер.*

ЖИДІ 1. *Тері жүнінің іріп сыпырылып түсуі.* 2. *Белгілі бір себеппен шаштың, қылдың түсіп қалуы.* Қара аттың құйрық-жалы таралып, *жидіп* сиреп қалған (Әзербаев). 3. *Іріп-шіру, иістену, сасу.* Өліктер ~п кеткен. 4. *Әбден езіліп, былбырап пісу.* Жас марқаның *жидіп* піскен етін алдыма әкеп қойды (Нұршайықов). 5. *Ауыс. Жүнжіп жүдеу, болбырау.* Ой, саған не болды *жидіп*? (Шашкин).

ЖИДІРМЕЛЕТ *Жиілету, жеделдету, тездету.* Арасын *жидірмелете* екі дүркін мылтық атылды (Бектұрғанов).

ЖИЕК 1. *Теңіздің, өзеннің жағасы, жағалауы.* 2. *Бір нәрсенің шеті, кенересі.* Ай *жиекке* жасырынғалы тұр (Ойшыбаев). 3. *Ылдыстың ернеуіне жүргізілген сызық.* Алтын ~ті табақтар. 4. *Сырмақ-*

тың шетіне бастырыла салынатын түрлі-түсті жіп, шеттік. Сырмақты оюластырып, *жиек* басып сыриды (Қасиманов).

ЖИЕКТЕ 1. *Жағалау, жиек бойымен жүру.* Ол іргесімен *жиектеп* өтті (Жиенбаев). 2. *Бір нәрсеге жиек салу, көмкеру.* Құндызбен ~ген бөрік.

ЖИЕКТЕМЕ *Шыжымдап өрген не тоқылған бау, таспа; тесьма.*

ЖИЕКТЕС *Жалғасу, ұштасу, шектесу.* Түстікте қызылбас елімен *жиектеседі* (Д. Досжанов).

ЖИЕКТІ *Жиегі бар, жиектелген.* Сары ~ қара чемодан.

ЖИЕН *Қыздан туған ер не қыз бала.*

ЖИЕНДІК *Жиенге тән қылық, іс.* □ **Жиендік жасады** — а) *нағашыларына еркелік жасады;* ә) *нағашыларынан бірдеңені сұраусыз қымқырып алып кету, олжалану.*

ЖИЕНҚҰРЫҚ *Жиеніне атап беретін сый малы, ырым.*

ЖИЕНШАР *Жиеннен туған ер не қыз бала.*

ЖИМА *Жиналмалы, жималы.* Темірден қаружарақ, *жима* садақ соғылған (ҚазССР тарихы).

ЖИМАЛЫ *Жиып қоюға ыңғайлы, жиналмалы.* ~ төсек (стол).

ЖИМАТАРҒАҚ *бот. Шабындықта және жайылымда өсетін көп жылдық, бағалы өсімдік. Жиматарғақ* Қазақстанның оңтүстік облыстарында егіледі (Ш. Мусин).

ЖИНА 1. *Жию, жиып алу.* Оқушылар қолхоздың егінін *жинады* (Сембаев). 2. *Адамдардың басын қосу, топтау.* Елдің басын тез ~ды. 3. *Ретке келтіру, тәртіптеу.* Әрбір оқушы оқу құралдарын *жинап* қойды (Тәжібаев).

ЖИНАҒЫШ: □ **картоп жинағыш** — *картоп жинауға арналған машина.*

ЖИНАҚ 1. *Барлық санның қосындысы. Жинақ* санын қарап айтты (Тілеков). 2. *Бір я бірнеше авторлардың еңбектерінің жиынтығы, топтама.* Өлеңдер ~ғы, әңгімелер ~ғы. 3. *Жинақы, ықшам.* Абылай інісіндей емес, *жинақ* (С. Мұқанов). □ **Жинақ банкі** — *басы артық ақшаны жинақтап сақтайтын мекеме.*

ЖИНАҚСЫЗДЫҚ *Жинақы болмаушылық, салақтық.* Мұндай *жинақсыздықты* маған істеуші болма (Жансүгіров).

ЖИНАҚТА 1. *Бір нәрсені қорытындалау, негіздеу.* Топырақты күту — өмір тәжірибесі арқылы *жинақталады.* (С. Ысқақов). 2. *Бір нәрсенің басағын жинақтау, қосу.* Қойдың артын *жинақтай,* ауылға жетті (Оразалин). 3. *Топтау, типтендіру, жалпылау.* Сатиралық өткір суреттеу, типтік образға *жинақтайды* (Нұрмақанов).

ЖИНАҚТАУШЫ *Жинаушы, топтаушы.*

ЖИНАҚТЫҚ: □ **жинақтық сан** — *заттарды саралап санау есебін білдіретін сандар.*

ЖИНАҚШЫ *жаңа. Сақтық банкасына ақша салушы; вкладчик.*

ЖИНАҚЫ *Ұқыпты, ықшам.* Жүріс-тұрысы ~.

ЖИНАҚЫЛА *Жинақтау, ықшамдау.* Ержан өзін *жинақылай* түсті (Иманбеков).

ЖИНАҚЫЛАУ *Ықшамырақ, жинақырақ.* ~ киініп жолға шықты.

ЖИНАҚЫЛЫҚ *Жинақы болушылық, ұқыптылық.*

ЖИНАЛ 1. *өзг. етіс. Жина-л.* 2. *Дайындалу, әзірлену.*

ЖИНАЛМАЛЫ *Жинап қоюға болатын, жиналатын* ~ төсек (диван).

ЖИНАЛЫП-ТЕРІЛ *Керекті нәрсені түгел қамтып жиналу, дайындалу, әзірлену.*

ЖИНАЛЫС *Белгілі бір мекемедегі адамдардың қажетті мәселелерді талқылайтын кеңесі; мәжіліс.*

ЖИНАҢҚЫ *Бытыраңқы емес, ықшам.* Кейбір элементтер *жинаңқы* болып кездеседі (Машанов).

ЖИНАП-ТЕР *Түгін қалдырмау, барлығын жинау.* Ел аузынан ~ген мақал-мәтелдер.

ЖИНАУЛЫ *Жиналып қойылған, тәртіпке түскен.* ~ жүк (шөп).

ЖИНАУСЫЗ *Жиылмаған, шашылып жатқан.* Әр жерде ~ жатқан темір-терсектер.

ЖИНАУШЫ *Бір нәрсені жинаушы адам.* Шөп ~ адам.

ЖИНАУЫШ *Дестеге салынған егінді комбайнның молотилкасына беріп тұратын машина.* ~тары бар комбайндар.

ЖИРАФ *Мойны мен сирақтары ұзын келетін теңбіл түсті тағы хайуан.*

ЖИРАФТАЙ *Жираф сияқты биік, ұзын.*

ЖИРЕН I *бот. Таудың күнгей жерлерінде өсетін қызыл тікенді шөп.*

ЖИРЕН II *Қызғылт сары түс (көбінесе жылқы түсіне байланысты айтылады).* Астында *жирен* қасқа айғыры бар адам (Ақышев).

ЖИРЕН III *Жиіркену, сескену, айну.* Өнерді үйрен де, *жирен* (Мақал).

ЖИРЕНГІШ *Жағымсыз нәрседен сескенгіш, жиіркенгіш.*

ЖИРЕНДЕУ *Қызғылт сарылау, жиреніреқ.*

ЖИРЕНШЕ *Жирен түстес, жирен тәріздес.* Мінген атың *жиренше,* Тықыршып тұрмас мінгеншe (Сейфуллин).

ЖИРЕНІШ *Жиіркеніш, жек көргіш.* Қыздың көңіліне *жиреніш* сезім сап етті (Т. Нұртазин).

ЖИРЕНІШТІ *Жеркеніштi, жек көрініштi.*

ЖИРЕНІШТІК *Жеркеніштік, жек көрініштік.*

ЖИҺАЗ *Үй бұйымы, мүлік, дүниелік.*

ЖИҺАЗДА 1. *Үйге дүние-мүлік жию, жабдықтау, жасауын толтыру.* Бір бөлмеге қолы жетсе, ішін *жиһаздап* түзеп алар еді (Райымқұлов). 2. *Үйді әдемілеу, сәндеу, безендіру.* Олар үйлерін гүлдермен *жиһаздайды* (Байжанов).

ЖИҺАЗДАУЛЫ 1. *Жиһаздалған, дүние-мүлік толып, жабдықталған, жасаулы.* 2. *Сәнделген, әдемiленген, безенген.*

ЖИҺАЗДЫ *Дүние-мүлікке толы, жиһазы мол.*

ЖИҺАЗСЫЗ *Жиһазы, дүние-мүлкі аз.*

ЖИҺАН *Бүкіл дүние жүзі, әлем.* Бар ~ға таң сәулесі тараған.

ЖИҺАНГЕР *Жер шарын аралаушы, дүниені шарлаушы, жиһанкез, саяхатшы.*

ЖИҺАНГЕРЛІК 1. *Жиһангерге тән, дүние жүзілік, әлемдік.* ~ саяхат. 2. *Дүние жүзін кезушілік, саяхатшылық, жиһанкездік.*

ЖИҺАНКЕЗ *Жер жүзін кезуші, аралаушы, жиһангер.*

ЖИЫЛ *Бір жерге жиналу, топталу.* ~ған жұрт көбейе түсті.

ЖИЫЛЫҢҚЫ *Жиылған, ықшамдалған, жиыңқы.*

ЖИЫЛЫП-ТЕРІЛ *Жиналу, даярлану, әзірлену.*

ЖИЫЛЫС *Бас қосқан топ, көпшілік қатысқан жиналыс.*

ЖИЫН 1. *Бір жерге жиналған топ, адам.* Орынбасар қалың ***жиынға*** кездеседі (Тұрсынбаев). 2. *Бір нәрсенің жиынтығы, қосындысы.* ***Жиыны*** жиырмадай адам екен (Жұмаділов). 3. *Жиналыс, мәжіліс.* Салтанатты ~ға қатыстық.

ЖИЫНДЫ 1. *Жиыны көп болатын, думанды.* ***Жиынды*** жерде суырыла сөйледі (Өлішев). 2. *Бір нәрсенің топтануы, жиынтығы.* Еңбегінің ~сы.

ЖИЫН-ТЕРІН *Егін, бау-бақша т. б. өнімдерін жинап алу жұмысының мерзімі.* Биыл ~ге көп көмек көрсетілді.

ЖИЫН-ТОЙ *Ойын-сауық, той-думан, тамаша.* Ауылдың ***жиын-тойынан*** еш уақытта қалмайды (Тұменбаев).

ЖИЫНТЫҚ 1. *Бір нәрсенің қосындысы, қорытындысы.* Ережелер ~ғы, сөздер ~ғы. 2. *Жинақталған, сомдалған, типтік.* Сан жастың ***жиынтық*** тұлғасын көрдім (С. Омаров).

ЖИЫНТЫҚТА *Жинақтау, қорытындылау.* Баяндамасын ~ ды.

ЖИЫНЫП-ТҮЙІНІП *Буынып-түйініп, даярланып, әзірленіп.* ***Жиынып-түйініп*** өзенге келсем, балалар шомылып жүр (Б. Мұқаев).

ЖИЫҢҚЫ *Жиылыңқы, жинақы.* Үй-іші ~.

ЖИЫП-ТЕРІП *Түк қалдырмай, жинап-теріп.* Шаруашылық астықты ~ алды.

ЖИЫР 1. *Қабағын тыржиту, қатпарландыру, мұрнын шүйіру.* Маңдайын ~ды. 2. *Бір нәрсені ысыру, сыру.* Жәшік бетіндегі қағазды ***жиырып*** тастады (Қонарбаев). 3. *Бір нәрсенің шетін бүру, жымыру.* Дәріға шетін мәшінмен ***жиыраған*** ақ бәтес берді (Мұзапаров).

ЖИЫРМА *Он тоғыздан кейінгі есептік сан.*

ЖИЫРМА БІР *Құмар ойынның бір түрі, карта ойыны.*

ЖИЫРМАДАЙ *Жиырма шақты, жиырмаға жуық.*

ЖИЫРМАЛАҒАН *Жиырма шамалы, жиырма шақты.*

ЖИЫРМАЛАП *Жиырма-жиырма етіп, жиырмадан.*

ЖИЫРМАСЫНШЫ *Он тоғыздан кейінгі реттік сан.*

ЖИЫРЫЛ 1. *өзг. етіс. Жиыр-ыл.* 2. *Сығылу, бүрісу.* Ақ киіз жайылады да қайта ***жиырылады*** (Ахтанов). 3. *Жылан, құрт т. б. осы сияқты жәндіктердің жиырылып-созылуы, бүктетілуі.* 4. *Ауыс. Жақтырмау, жаратпау, ұнатпау.* Бізді жақтырмай ***жиырылып*** қалды (Қыстаубаев).

ЖИЫРЫЛҒЫШ *Жиырыла бергіш, созылғыш.* Бұл ***жиырылғыш***, қозғалғыш бір зат (Т. Мұсақұлов).

ЖИЫРЫЛҒЫШТЫҚ *Жиырыла бергіштік, жиырылатын қасиет.* Әрбір ет тканіне тән негізгі қасиет — оның ***жиырылғыштығы*** (Сәтбаева).

ЖИЫРЫЛМАЛЫ *Жиналып тұратын, жиырылғыш.* Өркеш терісі ***жиырылмалы*** болады (Жұмағұлов).

ЖИЫРЫҢҚЫ *Жиырылған, жинақы.* Тауықта айналшықтар құрғақ, ***жиырыңқы*** келеді (Құс өсіруші).

ЖИЫРЫҢҚЫЛЫҚ *Жиырылғандылық, жинақылық.* Жүгерінің жапырақтары ірі, ***жиырыңқылығы*** шамалы (Ерлепесов).

ЖИІ 1. *Үнемі, үзбей, дүркін-дүркін.* Сәкен қалаға ***жиі*** қатысып жүрді (Сатаев). 2. *Тығыз, қалың, көп.* Халқы ***жиі*** өлкенің бірі — Индия (М. Әуезов).

ЖИІ-ЖИІ *Қайта-қайта, дүркін-дүркін, жиілете.* Достарым үйге ***жиі-жиі*** кіріп шығады (Ә. Сәрсенбаев).

ЖИІЛЕ 1. *Жиі-жиі қайталану, жылдамдау.* Демі ~п кетті. 2. *Көбейіп кету, молаю.* Төрт қабат үйлер де ***жиілей*** түсті (Дүйсенов).

ЖИІЛЕУ *Тығыздау, қалыңдау, молдау.* Арасы ***жиілеу*** тігілген үйлер (Баяндин).

ЖИІЛІК 1. *Жылдамдық, тездік, шапшаңдық.* Вагонның келу ***жиілігі*** бір сағатқа азайтылды (Жақсыбаев). 2. *Тығыздық, қалыңдық, көптік.* Халықтың ~гі күрт өсті. 3. ***физ.*** *Токтың ағым күші.* Жоғарғы ~тегі ток. □ **Жиілік сөздік** — *сөз қолданысының жиілігін анықтайтын сөздік.*

ЖИІРЕК 1. *Жақынырақ, тығызырақ, қалыңырақ.* Картопты ***жиірек*** еккен тиімді (Шоғыров). 2. *Жиілеу, молырақ, көбірек.* Аспанда жұлдыз ~.

ЖИІРКЕН 1. *Лас, кір нәрседен сескену, жирену.* Кір-кір шалбарынан ~ді. 2. *Жақтырмау, ұнатпау.* ~е қарады, ~е көз тастады.

ЖИІРКЕНІШЕК *Жиіркене бергіш, жиреншек.*

ЖИІРКЕНІШ *Жиреніш, жек көрушілік, жақтырмаушылық.*

ЖИІРКЕНІШТІ *Жиреніштті, жек көрініштті.* ~ іс (қылық).

ЖИІРКЕНІШТІЛЕУ *Жек көрініштілеу, жиреніштілеу.* Бәрі де маған бір түрлі ***жиіркеніштілеу*** көрінді (Нұршайықов).

ЖИІРКЕНІШТІЛІК *Жек көрініштілік, жиреніштілік.* Бұл поэма крепостнойлық құрылыстың ***жиіркеніштілігіне*** қарсы ("Қаз. әдеб.").

ЖИЮЛЫ *Жиналып қойылған, реттелген.* ~ түрған кітаптар.

ЖИЮСЫЗ *Жиналмаған, реттелмеген.* ~ қалған газеттер шашылып жатыр.

ЖОБА 1. *Бір істі жүзеге асыру, орындау үшін жасалған нұсқа.* Істелер істің ***жобасын*** таратты (Ғ. Мүсірепов). 2. *Нышан, тұр, пошым, пішін, кескін.* Ағаштан ойып жасалған мысықтың ***жобасы*** (Сматаев).

ЖОБАЛА 1. *Бір нәрсенің жобасын жасау.* Жасалатын үйлердің құрылысын ~ды. 2. *Жорамалдау, тұспалдау, топшылау.* Серікке ***жобалап*** түсіндірді (Қозыбаев).

ЖОБАЛАС *Шамалас, үндес, сарындас.* Ол қобыз күйлерімен ***жобалас*** келеді (Сейдімбеков).

ЖОБАЛАУШЫ *Бір нәрсенің жобасын жасаушы, жоспарлаушы.*

ЖОБАЛҒЫ *Жұпыны, қарапайым, жөндем.* Қорғанбеков өте ***жобалғы*** киінеді екен (С. Мұқанов).

ЖОБАЛҒЫЛАУ *Жұпынылау, қарапайымдылау, жөндемдеу.* ~ киінген (ер-тоқым).

ЖОБАЛЫ *Жобаланған, жоспарланған.* Мұнай айыру заводы екі жылда ***жобалы*** қуатына енді (М. Маташев).

ЖОБАЛЫҚ *Жобада көрсетілгендей, жоспарға сай.* ~ құжаттар жіберілді.

ЖОБАСЫЗ *Жобасы жоқтық, негізсіз.* ~ жасалған үйлер де бар.

ЖОҒАЛ 1. *Жоқ болу, ұрлану.* 2. *Бір жаққа кетіп қалу, көзден таса болу, аулақ кету.* Өзі де бірге ***жоғалып*** кетті (Тоқтаров). 3. *Жойылу, құру, бітіу.* Арамыздағы жайбарақаттық бірте-бірте ***жоғалды*** (М. Хасенов).

ЖОҒАЛҒЫР *қарг. Жоқ болғыр, атың өшкір.* ***Жоғалғыр*** жоғалыпты (А. Нұртазин).

ЖОҒАЛТ 1. *өзг. етіс. Жоғал-т.* 2. *Жоқ қылу, жою, құрту.* □ **Жоқ жоғалт** — *малдан айырылу, мал жоғалту.* **Көзін жоғалт** — *жоқ қыл, құрт, жой.* Сенім жоғалт — *сенімнен айырылу.*

ЖОҒАЛЫМПАЗ *Жоғалғыш, жоғала бергіш.* Кей мал бар жел аяқты *жоғалымпаз* (С. Мұқанов).

ЖОҒАРҒЫ 1. *Ең басқы, басты, басшы.* ~ Кеңес (қолбасшы). 2. *Ең биік, үстіңгі.* ~ қабат (сортты).

ЖОҒАРҒЫДАЙ *Басында көрсетілгендей, жоғарыда айтылғандай.* Бәрі де ~ болып жазылған.

ЖОҒАРЫ 1. *Үсті, бас жағы.* ~ ауылдан келемін. 2. *Биік, басым, артық.* Жамбыл барлық ақыннан ~. 3. *Көтеріңкі, мөлшерден тыс дауыс, ұн; тон.* ~ дауыс. 4. *Ең үлкен, құрметті, бағалы, басым.* ~ атақ (награда). 5. *Жетекшілік ететін басшы орын.* ~дан бұйрық келді. □ **Жоғары көрсеткіш** — *ең озық көрсеткіш.* **Жоғары шық** — *құрмет білдірді, ізет көрсетті.*

ЖОҒАРЫДА 1. *Жоғары жақта, биікте.* Асан ~ тұрады. 2. *Алдында, бұдан бұрын.* ~ аталған.

ЖОҒАРЫЛА 1. *Биіктеу, өрлеу.* Күн ~ды. 2. *Төрге шығу, төрлету.* Төрге ~п отырды. 3. *Арту, жоғары көтерілу, жақсару.* Көрсеткіші ~й түсті, қан қысымы ~ды. 4. *Ауыс. Дәрежесі, қызметі, лауазымы өсу.* Қызметі ~ды.

ЖОҒАРЫЛАУ *Аздап жоғары, жоғарырақ, биіктеу.* Аздап ~ болды.

ЖОҒАРЫЛЫҚ *Өзін артық, жоғары санаушылық.*

ЖОҒАРЫЛЫЛЫҚ 1. *Жоғары, биік болушылық.* Аспанмен тілдескен ~. 2. *Қызметі, дәрежесі үлкендік.* Қызметінің ~ғы. 3. *Бір нәрсенің артықтығы, күштілігі.* Қойған мақсаттарының ~ғы, калориясының ~ғы. 4. *Дауыстың, үннің ашықтығы, үнділігі.* Дауыстың ~ғы.

ЖОҒАРЫ-ТӨМЕН *Жоғарыдан-төменге, төменнен-жоғарыға.* ***Жоғары-төмен*** үйрек, қаз ұшып тұрса сымпылдап (Абай).

ЖОҒАРЫЛЫ-ТӨМЕНДІ *Ілгері-кейінді, төменнен-жоғарыға қарай.* Олар ~ жүрді.

ЖОҒАРЫРАҚ *Жоғарылау, биігірек.* Менен ~ отырды.

ЖОЗЫ *жерг. Жерге отырып, тамақ ішуге арналған аласа стол.* Төрге дөңгелек ~ қойылды.

ЖОЙ *Жоқ ету, құрту, жоғалту.* Кемшілікті (жауды) ~.

ЖОЙҒЫШ *Жоқ қылғыш, қырғыш, жойып жібергіш.* Катюша жауды ~ қару.

ЖОЙДАСЫЗ 1. *жерг. Үлкен, ерен, орасан.* ~ күш (еңбек). 2. *Ауыс. Қолайсыз, орынсыз.* ~ бір теңеу (сұрақтар).

ЖОЙДАСЫН *Ерен, мықты, күшті.* Шеттерінен кілең *жойдасын* ерлерсіңдер (Көшімов).

ЖОЙҚЫН 1. *Қырып-жойып кететін, алапат, сұрапыл.* ~ соғыс (шабуыл). 2. *Ауыс. Керемет, сұмдық, орасан.* ~ күш (ерлік, егін).

ЖОЙҚЫНДЫ *Орасан мықты, күшті.* Жанартаудай *жойқынды* жігіт еді (Ниязбеков).

ЖОЙҚЫНДЫҚ *Орасан күштілік, алапаттық.* Сенің сондағы күшіңнің ~ғын айтам.

ЖОЙҚЫТ *жерг. Жосылту, көсілту.* ***Жойқытып*** сөйлеп кетті, ақыл салып (Қ. Тоғызақов).

ЖОЙПАҢ *жерг. Адуын, мықты, батыл.* Әйелі *жойпаң* біреудің үйіне ұры түссе керек (О. Бөкеев).

ЖОЙЫТ 1. *Қара күшке мығым, алапат.* ***Жойыт*** күзен оқ жыландай атылды ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Барып тұрған жыртқыш, жауыз.* Мынау бір ~ қой.

ЖОЙЫТТЫҚ *Жойытқа тән қасиет.* Тілге келсе болды дейтін ежелгі ***жойыттығына*** басқан (Тоқтаров).

ЖОҚ I *Жоғалған мал, қолды болған зат.* ***Жоқ*** жоғалтып сұрау салып түрмын (І. Жансүгіров).

ЖОҚ II 1. *Бар сөзінің қарсы мағынасы.* 2. *Мақұлдамау, теріске шығарған сөз.* — ***Жоқ!*** Мен алдамаймын. ◊ **Жоқ боп кетті** — *із-түзсіз құрыды, жоғалды.* **Жоқ дегенде** — *құрығанда, ең болмағанда.* **Жоқ етті [қылды]** — *жойды, жоғалтты.* **Жоқ жерден** — *аяқ астынан, ойда жоқта.* **Жоққа жүйрік жетпейді** — *жоқтың аты жоқ, оған еш нәрсе істей алмайсың.* **Жоқтан-бардан құрады** — *оннан-мұннан жинады, бар етті.* **Жоқты-барды сөз қылды** — *жоқтан өзгені сөйледі.* **Жоқтың қасы** — *жоққа тән, өте аз, болар-болмас.*

ЖОҚ-ЖҰҚАНА *жерг. Жадау-жүдеу, кедей.* ~ тұрмыс.

ЖОҚ-ЖҰТАҢ *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.* ~ балалық шақ.

ЖОҚ-ЖҰТАҢДЫҚ *Жарлылық, кедейлік.* Суреттен өз жұртымның ***жоқ-жұтаңдығын*** танимын (Бөкеев).

ЖОҚ-ЖІТІК *Кедей-кепшік, кембағал, жоқ-жұтаң.* Ілияс *жоқ-жітіктерге* мейірімді еді (Қ. Шөкенов).

ЖОҚСЫН *Бір нәрсенің жоқтығын, жетпей тұрғанын сезіну.*

ЖОҚТАҒАНСЫ *Бір нәрсені іздегенсу, мұддесін қорғағансу.* Ол халық жоғын ***жоқтағансиды*** (Байжанов).

ЖОҚТАН-БАРДАН *Бар-жоқтан бір нәрсе етіп құрау, жақсылы-жаманды жасау.* ~ құрастырып баспана жасады.

ЖОҚТАТПА *Жоқ екенін білдірмеу, орнын басу.* Ұстазы досын ~й жүр.

ЖОҚТАУ I 1. *Қазаға ұшыраған адамның артында қалған жақындарының қайғылы сарынмен айтатын зары, мұң сөзі.* Қазақ кісі өлсе, ***жоқтаумен*** шығарып салады (Есенберлин). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің іздеуі, сұрауы.* ***Жоқтауы*** бір-ақ оқ (Қ. Қуанышбаев).

ЖОҚТАУ II *Бір нәрсеге үйір емес, шорқақтау.* Өмина сөзге ~.

ЖОҚТАУСЫЗ *Іздеусіз, із-түзсіз, сұраусыз.* Қыруар мал ~ кетті.

ЖОҚТАУШЫ I 1. *Іздеуші, сұрау салушы адам.* 2. *Ауыс. Біреудің сөзін сөйлеуші, қолдаушы.* Ол жалпы қазақтың ***жоқтаушысы*** (Есенберлин).

ЖОҚТАУШЫ *этногр.* II *Қайтыс болған адамның артынан дауыс айтып жылаушы.* Өлген адамға арнаулы ***жоқтаушылар*** арқылы жоқтау айтылған (ҚазССР тарихы).

ЖОҚТЫ-БАРДЫ *Не болса соны, анау-мынауды.* Аман-саулық сұрасып, ***жоқты-барды*** айтып жатырмыз (М. Ғабдуллин).

ЖОҚТЫҚ 1. *Болмағандық, жоқ болушылық.* Жұмысы ***жоқтық,*** Аздырар адам баласын (Абай). 2. *Кедейлік, жетіспеушілік.* Шын жомарт ***жоқтығын*** білдірмес (Мақал).

ЖОҚШЫ 1. *Жоқ іздеуші, жоқ қараушы.* Жоқ қуған ***жоқшыны*** көрдім (М. Әуезов). 2. *Бір нәрсені жоқтаушы, іздеуші, қамқоршы.* Ол халық мұңының ***жоқшысы*** бола алған (І. Омаров).

ЖОҚШЫЛЫҚ *Кедейшілік, жетіспеушілік.* ***Жоқшылық*** жомарт ердің қолын байлайды (Мақал).

ЖОЛ 1. *Қатынас жасап әрі-бері жүріп- тұруға арналған ұзын желілі сұрлеу.* Қара ~ (шойын, даңғы, тас). 2. *Ұзақ сапар.* ~ жүруге жиналдық. 3. *Сөздердің жазба не баспа түріндегі қағазға түскен ізі.* Кітап ~дары, өлең ~дары. 4. *Салт, әдет-ғұрып.* Орамал тонға жарамаса да, ***жолға*** жарайды (Мақал). // *Кәде, сый, ырым.* Міне, той бастаған ***жолың*** (Сейфуллин). 5. *Кезек, рет, жөн, орын, жайы.* Төлеу ***жол*** ағанықі дегендей тұрып қалды (Бақбергенов). *Ауыс.* 6. *Амал, айла, әдіс.* Маған оны орындаудан басқа ***жол*** қалмады (Жансүгіров). 7. *Ауыс. Шама-шарық, жөн-жоба.* Аяз әлінді біл, құмырсқа ***жолыңды*** біл (Мақал). □ **Жол тазартқыш машина** — *жолда жүруге кедергі болатын заттардан тазартатын машина.* ◊ **Жол азабы** — *жолда кездесетін қиындық, қиыншылық.* **Жол азық** — *жолға арналып алынған тамақ.* **Жол айырық** — *жолдың бөлінетін, айырылатын жері.* **Жол байлау болды** — *бөгет жасады.* **Жол бастады** — а) *жолға шыққан топты соңынан ертті;* ә) *бағыт-бағдар сілтеді, жол көрсетті.* **Жол белгі** — *транспорт қозғалысын реттеу мақсатында көше мен жол бойына қойылатын арнайы белгілер.* **Жолға қойды** — *жөнге келтірді, тәртіпке келтірді.* **Жолға салды** — *дұрыс бағыт сілтеді.* **Жолдан жығылмайды** — *салт-дәстүрді, әдет-ғұрпты жақсы біледі.* **Жол көрген** — *көпті көрген, ысылған.* **Жол көрсеткіш** — *жол сілтеуші.* **Жол кілем** — *еденге төселетін ені қысқа төсеніш; дорожка.* **Жол қағаз** — *шоферлердің қайда баратыны, не таситыны көрсетілген қағаз; путевка.* **Жол соқты** — *қалжырады, шаршады.* **Жол сілтеуші** — *жол көрсетуші.* **Жолында тұрды** — *кедергі болды.* **Жолын қуды [ұстады]** — *еңбегін жалғастырды.* **Жолыңа [қадамына] гүл бітсін!** *(алғ.)* — *қадамың құтты, сапарың сәтті болсын!* **Жолы үлкен** — *сыйлы, құрметті.*

ЖОЛА *Жақындау, жуықтау, қасына келу.* Нартай үйге ***жоламай*** кетті (Шүкіров).

ЖОЛАЙ *Жол-жөнекей, жолшыбай.* ***Жолай*** мектепке соғып едік (Тұрсынқұлов).

ЖОЛАҚ *Жол-жол, алабажақ.* Қара ~ белбеу.

ЖОЛАҚТА *Жолақ жүргізу, жолақ-жолақ ету.* Жеңін ақпен ~ған көк көйлек.

ЖОЛАҚТЫ *Жолағы бар, алабажақты.*

ЖОЛАҚТЫҚ *Алабажақтық, жол-жолдық.*

ЖОЛАМАЙ *көне. Көш-жөнекей уақытша тігілетін шағын баспана.*

ЖОЛАН *көне. Мықты, әлді, күшті.* Сол бір ***жолан*** жігітті Жолан демей не дейміз (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЖОЛАУШЫ *Сапар шегуші, жол жүруші адам.*

ЖОЛАУШЫЛА *Жол жүру, сапарға шығу.* Әкешешесі ***жолаушылап*** кетіпті (Сарғасқаев).

ЖОЛАУШЫЛЫҚ *Жол жүрушілік, жолаушы болушылық.* ~ қамына кірісті.

ЖОЛАШАР *этногр. Жолға шығар алдындағы жасалатын ырым.*

ЖОЛАЯҚ *Ұзақ сапарға, жолға шығатын адамның жора-жолдасына беретін дәмі, ырым.* Тоқтар ~ жасады.

ЖОЛБАРЫС 1. *Мысық тұқымдасына жататын, жолақ терілі ірі жыртқыш аң.* 2. *Ауыс. Ер жүрек, батыл, мықты.* ***Жолбарыс*** жүректі Әлібек (С. Жүнісов).

ЖОЛБАРЫСТАЙ *Жолбарыс тәрізді батыл, мықты, күшті.*

ЖОЛБАРЫСТЫҚ *Жолбарысқа тән батылдық, жүректілік.* ***Жолбарыстығың*** үшін соларыңды да кешіре тұрғым келеді (Д. Әбілев).

ЖОЛБАСАР *көне. Жол тосып, жолаушыны тонайтын қарақшы, ұры.* Абай ***жолбасар*** ұрыларша киінді (М. Әуезов).

ЖОЛБАСАРЛЫҚ *Жол торушылық, тонаушылық, қарақшылық.*

ЖОЛБАСШЫ *Жолдың ой-қырын жақсы білетін, жол бастаушы, бағыт сілтеуші.* Осы жігітіміз сендерге ~ болады.

ЖОЛБАСШЫЛЫҚ *Жолбасшы болушылық, бағыт сілтеушілік, жөн көрсетушілік.* ***Жолбасшылық*** еткен байырғы кенші — Оразбаев (Кеңбейілов).

ЖОЛБАСЫ *Жол бастаушы, көрсетуші маман.*

ЖОЛБАСЫЛЫҚ *Жол көрсетушілік, жолбастшылық.*

ЖОЛБИКЕ 1. *Жолдан қосылған, жолай кездескен серік.* 2. *Ауыс. Қу, сұм, сұрқия.* Қаланы ***жолбикелер*** игеріп тұр (Н. Ахметбеков).

ЖОЛБИКЕЛІК *Жолдан қосылғандық, жолай кездесушілік.*

ЖОЛГЕР *Жөн-жобаны білетін ақылды, білгір.* Жеңешем ***жолгер-ақ***, әркімнің тілін таба біледі (Тұменбаев).

ЖОЛГЕРЛІК *Жөн-жобаға жетіктік, біліктілік.* Ерден оған ***жолгерлік*** танытты (Тоқмырзин).

ЖОЛҒЫ: бұл (осы, сол, ана т. б.) жолғы — *осы реткі, кезектегі.* **Бір жолғы** — *бір реткі, бір мәрте.*

ЖОЛДА *Бір нәрсені арнап жіберу, жөнелу.* Елге хат ~ған.

ЖОЛДАҒЫШ *Бір нәрсені жібергіш, жөнегіш, жолдай бергіш.* Ол да маған сәлем ***жолдағыш*** болып алыпты (Шүкіров).

ЖОЛДАМА *Қызметке не демалысқа жіберілу үшін арнайы берілетін куәлік қағаз, құжат.*

ЖОЛДАМАЛЫ *Жолдамасы бар, жолдамамен келген.*

ЖОЛДАН 1. *ыр. етіс. Жолда-н.* 2. *көне. Жолға шығу, сапарға аттану.* Ер Егізбай ***жолданды*** (Батырлар жыры).

ЖОЛДАС I 1. *Жолға шыққан адамның қасындағы серігі.* Жаман жігіт ***жолдасын*** жауға алғызар (Мақал). 2. *Қоғамдық ортасы бір, пікірлес, сыйлас кісі.* Жақсы ат пен тату ***жолдас*** бір ғанибет (Абай). 3. *Ерлі-зайыпты адамның біреуі.* Ата мен ана қосқан ***жолдасым*** (М. Әуезов).

ЖОЛДАС II *Құрсақтағы бала кіндігі арқылы жалғасып жатқан ішкі мүше.* Бала ***жолдасымен*** кіндік арқылы жалғасады (Дайыров).

ЖОЛДАС III 1. *орт. етіс. Жолда-с.* 2. *Жолға кәдеге таласу, тартысу.* ***Жолдасып*** олжа алғандар төсек салды (Шипин).

ЖОЛДАС-ЖОРА *Сыйлас, пікірлес дос-жар, құрбы-құрдас.* Әбілхайырды ***жолдас-жоралары*** Әбіл деп атаушы еді ("Лен. жас").

ЖОЛДАССЫН *Жолдас болғансу, өзін жолдас деп санау, білу.* Жұрттың бәрін ~ .

ЖОЛДАСТЫҚ *Жолдас болушылық, жақындық.* □ **Жолдастық кездесу** — *екі команданың арасындағы спорттық бәсеке.* **Жолдастық сот** — *әр түрлі жат қылықтарды жолдастар арасына салатын арнаулы талқы.*

ЖОЛДАСШЫЛ *Жолдас сыйлағыш, көпшіл.* Досшыл, ***жолдасшыл*** көңілі босады (Нұршайықов).

ЖОЛДАСШЫЛЫҚ *Жолдастық қасиетке берік болушылық.*

ЖОЛДАУХАТ *Арнайы жіберілген хат.*

ЖОЛДАУШЫ *Бір нәрсені арнап жіберуші.*

ЖОЛДОРБА *Иыққа арта салатын жүк қап; рюкзак.*

ЖОЛДЫ 1. *Жолы бар, жол салынған.* 2. *Ауыс. Жолы болғыш, табысты.* ~ бала.

ЖОЛДЫ-ЖОЛСЫЗ *Жөнді-жөнсіз, орынды-орынсыз.*

ЖОЛДЫҚ I 1. *Жолға керекті, жолға арналған.* 2. *Бірнеше сөйлемдік, сөздік.* Елу мың ~ шежіре.

ЖОЛДЫҚ II *этногр. Бойжеткен қыздардың айт күндері жақсы көретін жігіттеріне сыйға беретін, кестелеп тіккен қалта орамалы.*

ЖОЛЖАЗБА *Жолсапарда, саяхатта жүргенде көрген-білгендерін жазған жазбалар.*

ЖОЛЖЕЛКЕН *бот. Көбіне жол жиегінде, арық бойларында өсетін, тартар тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік, иманжапырақ.* Бұл өсімдікті кей жерлерде ***жолжелкен***, енді бір жерлерде иманжапырақ деп те атайтындығы мәлім (Қ. Құрманов).

ЖОЛ-ЖОБА 1. *Бағыт-бағдар, жөн-жора.* Жөн сілтеп ~ жасады. 2. *Әдет-ғұрып, дағдылы дәстүр, салт.* Сен қазақтың ***жол-жобасын*** біле бермейсіңау (Бегалин).

ЖОЛ-ЖОЛ *Ала-құла, жолақ-жолақ.* ~ маталар, ~ болып қалу.

ЖОЛ-ЖОЛАЙ *Жол үсті, жол-жөнекей.*

ЖОЛ-ЖОРА *Әдет-ғұрып, салт-сана, ырым, кәде.* Қазақ халқының ***жол-жоралары*** болды (Римова).

ЖОЛ-ЖОРАЛҒЫ *Салт, әдет, дәстүр.* Кіндік шешелік ~ны жасады.

ЖОЛ-ЖӨНЕКЕЙ 1. *Жол бойы, жол үсті. Жолжөнекей* көрген білгендерін жазыпты (С. Омаров). 2. *Ауыс. Ара — арасында, әңгіме үстінде.* ~ таныстырды.

ЖОЛМА-ЖОЛ *Жол-жолымен, рет-ретімен.* ~ ұғымын берген (аударма).

ЖОЛСАПАР *жаңа. Бір жаққа барумен байланысты жұмыс бабындағы тапсырма, іссапар; командировка.*

ЖОЛСЕРІК 1. *Жол жүргендегі серік, жолдас.* Бола қалдың соларменен ***жолсерік*** (Көпішев). 2. *Вагондағы тәртіпті реттеуші теміржол қызметкері; проводник.* Ол теміржол транспортында ~ болып қайтты.

ЖОЛСЫЗ 1. *Жолы жоқ, жол түспеген.* Қар басқан ~ дала. 2. *Ауыс. Жөнсіз, ретсіз, қисынсыз.* Келген кезде көп ***жолсыз*** іс істепті (Шүкіров).

ЖОЛСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, әдепсіздік, тәртіпсіздік.* ~ жасады.

ЖОЛСІЛТЕМЕ *жаңа. Темір жолдың жол көрсеткіші; путеводитель.*

ЖОЛТОСПАЙ *Жол тосатын, кедергі болатын.*

ЖОЛШЫ 1. *Жол салушы, жол жөндейтін адам.* Күректерін алып ***жолшылар*** да келіп жатыр (М. Ғабдуллин). 2. *Жол жүруші, жолаушы.* Үш ***жолшым*** шауып келді (Жылқышиев).

ЖОЛШЫБАЙ *Жол бойы, жол-жөнекей.* ~ егін аралады (совхоз жайлы сөйлесті).

ЖОЛШЫБАЙҒЫ *Жол бойындағы, жол үстіндегі.* ~ үйлер.

ЖОЛШЫЛ *Жол танығыш, жол тапқыш.* Шоферымыз өте ***жолшыл*** адам боп шықты (С. Мұқанов).

ЖОЛШЫЛДЫҚ *Жол танығыштық, жол білгіштік.* — ***Жолшылдығы*** керемет адам (С. Мұқанов).

ЖОЛЫҚ *Жүзбе-жүз көрісу, кездесу, ұшырасу.* Үйлеріне барып бәрі де ~ты.

ЖОЛЫМ: жолым үй *(жерг.)* — *керегесіз уыққа киіз жауып, уақытша тігілген шошақ жаппа.*

ЖОМ 1. *Дәннің майын, сөлін сығып алғаннан кейінгі қалдық, күнжара.* Шұңқырдан ***жом*** алып, науаға жеткізудің өзі қанша машақат (Ж. Мусин). 2. *Майлы дақылдардың майын, қызылшаның сөлін сығып алатын аспап; пресс.*

ЖОМАРТ 1. *Қолы ашық, береген, мырза.* Жоқшылық-***жомарт*** ердің қолын байлар (Мақал). 2. *Ауыс. Дарқан, бай, кең.* Жаны (сөзге) ~.

ЖОМАРТТАН *Мырзалану, қолы ашық, береген болу.*

ЖОМАРТТЫҚ 1. *Мырзалық, берегендік, қолы ашықтық.* 2. *Ауыс. Дарқандық, кеңдік, молдық.* Жұпар иісін ***жомарттықпен*** жайып тұрған гүлдер (Райымқұлов).

ЖОН I 1. *Арқа, ту сырты, жота.* 2. *Тау қырқасы, қырат, үстірт.* ◊ **Жон арқа** — *жота, арқа жон.* **Жон терісін сыпырды [сыдырды, сойды]** — *өлердей етіп сабады, азаптады.* **Жоны астаудай** — *әбден семірген, нән семіз.* **Жонынан жарылған** — *семіз, қоңды.* **Жонынан жарылды** — *май басты, семірді.* **Жонын көрсетті** — *теріс сынай білдірді.* **Жонын сыртқа салды** — *іргесін аулақ салды, қашқалақтады.* **Жонын тілді [тілінді]** — *жазасын берді, сабады.* **Жонын тіреді** — *арқа сүйеді, арқаланды.* **Жоны таймады** — *арықтамады, жүдемеді.*

ЖОН II 1. *Ағашты жоңқалау, сүргілеу, шауып тегістеу.* Иінағашты ***жонып***, жөндеумен болды (Нұршайықов). 2. *Ауыс. Өңдеу, түзеу.* Абай аудармаларын кейде ***жонып*** отыратындығы мәлім нәрсе (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Жонып жеді** — *там-тұмдап пайдаланды, үнемдеді.*

ЖОНА *жерг. Тоқым мен ердің екі қапталының арасына салатын, сыртын қайыспен қаптаған тоқым.*

ЖОНГЛЕР *Бірнеше затты жеделдете лақтырып, лезде қағып алатын ойыншы, цирк артисі.* Циктегі ***жонглер*** Цойды бүкіл ел білер (М. Әлімбаев).

ЖОНГЛЕРЛІК *Жонглерге тән қасиет; шапшаңдық.* ~ көрсету үлкенептілікті керек етеді.

ЖОНҒЫ *Ағаш жонатын құрал, сүргі.* ~мен ағаш жонды.

ЖОНҒЫЛА *Ағашты қайта-қайта жону, шауып тегістеу, сүргілеу.*

ЖОНҒЫШ *Ағашты өңдеп, тегістеп, сүргілейтін құрал.* Ағаш шебері ~ын ауыстырды.

ЖОНҒЫШТА *Қайта-қайта жону.* Қарастай ағашты ~й берді.

ЖОНДА 1. *Қырқалап, қырлап, жоталап жүру.* Тауды ~й жүрген аңшы із білдірмеді. 2. *Қырын шығарып қырлау.* Маяны ***жондап*** жатыр екен

(М. Қуанышбаев). 3. *Ауыс. Жонына дүре соғу, сабау, ұру.* Жазаларын тартқызып, Жуандарды *жондаған* (Жамбыл).

ЖОНДАН 1. *Жон-жон болып үйілу, жоталану.* Ол *жонданып* жатқан күріш сабанын ысырды (Есенжанов). 2. *Айбат шегу, қаһарлану.* Жауға қарсы *жонданып* (Жароков). 3. *Ауыс. Ет алып семіру.* Жаз бойы *жонданып* алған жануарлар (Шаймерденов). 4. *Ауыс. Ауқаттану, әлдену.* Ол қазақ арасына келгелі *жонданып* алды (Жұмаділов).

ЖОНДАП-ЖОНДАП *Ұрып-ұрып, соғып-соғып.* Сүзеген бұқасын *жондап-жондап* алды (Есенжанов).

ЖОНДЫ *Жоны бар, арқалы, семіз.* ~ жолбарыс (қоян, жылқы).

ЖОНДЫҚ *Арқа тұсы, жота, иық.* Қыз *жондығына* көз тастайды (Шүкіров).

ЖОН-ЖОН *Жота-жота, қырқа-қырқа. Жон-жон* үйілген құмдар (Қойшыманов).

ЖОН-ЖОНАС *жерг. Жота, белес, қырат. Жон-жонастардан* жосылған даңғыл жолдар (Шаңғытбаев).

ЖОН-ЖОТА *Жонды, жоталы биік жер.* Ауылдың жан-жағы іркес-тіркес *жон-жоталар* (Мұртазаев).

ЖОНСАУ *Халық мекендеген, қонысқа жайлы ауыз суы да, ағын суы да бар, жон-арқа.* Орыны отаудай, қабырғасы халық орнаған *жонсаудай* (Ақтамберді жырау).

ЖОНСЫМАҚ *экспр. Жон тәріздес, жотасымақ.* ~ жер.

ЖОНТАРЫЛ *жерг. Бар денесімен төңкерілу, жөңкерілу.* Ол *жонтарылған* жауырынмен қараған (Қамалов).

ЖОҢҚА *Ағашты, темірді сүргілегенде тұсетін ұсақ қиқым, жаңқа.*

ЖОҢҚАЛА 1. *Ағашты, темірді жұқалап шабу, сүргілеу, жаңқалау.* Әр ағашты бір ~п мастерскойдан шықпайтын. 2. *Бір нәрсені жұқалап турау, ұсақтау, қиқымдау.* Машина тамыр жемістерді ~йды.

ЖОҢЫШҚА *Бұршақ тұқымдастар тобына тән жемдік екпе шөп.* ~ егілген жерді қайта жыртты.

ЖОҢЫШҚАЛЫ *Жоңышқа қалың өскен жер.* ~ өңір (жазық).

ЖОҢЫШҚАЛЫҚ *Жоңышқа өскен жер. Жоңышқалықты* суғармасақ жер құрап барады (Асанов).

ЖОРА 1. *Әдет, ғұрып, жоралғы.* Сыйға сый, сыраға бал жұрт *жорасы* (М. Әуезов). 2. *Қатар өскен замандас, тең-құрбы, жолдас.* Жолдас жоқ *жора* да жоқ, Қалдым өзім (Бекболат).

ЖОРА-ЖОЛДАС *Дос-жаран, құрбы-құрдас.* Ол аттанарда *жора-жолдастары* келді (Сегізбаев).

ЖОРА-ЖОРАЛҒЫ *Жалпы салт-сана, әдет-ғұрып, ырым.*

ЖОРАЛАС 1. *Замандас, құрбы-құрдас.* Еркінмен ~ еді. 2. *Ғұрыптас, ырымдас.*

ЖОРАЛҒЫ 1. *Әдет-ғұрып, салт дәстүр.* Ата-ененің *жоралғысы* бойынша кимешек кигізді (Талжанов). 2. *Салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың дәл өзі емес, соның орнына жүретін, соның есебіне жасалатын ырым.* Әуелі *жоралғысын* жасаңдар, атам қазақ құсап (Қойшыбаев).

ЖОРАЛҒЫЛЫ *Жөн-жобалы, кәделі.* Жаңалық ~ болады.

ЖОРАЛҒЫШЫЛ *Дәстүршіл, салтшыл.* Жолды білгіш жершіден, *жоралғышыл* елшіден (Манас).

ЖОРАЛЫ *жерг. Үлгілі, өнегелі.* Бұл кезде Ілияс *жоралы* шығармалар бере бастады (Қаратаев).

ЖОРАМАЛ *Шама, тұспал, болжам.* Ол туралы екі *жорамал* бар (Ғ. Мүсірепов).

ЖОРАМАЛДА *Ойша жорамал жасау, болжау, тұспалдау.* Осыдан бірдеңе шығар деп *жорамалдаған* (Жұмаханов).

ЖОРАМАЛДЫ *Болжамды, тұспалды, жорамал жасаған.* Жолаушының *жорамалды* мақсаты болады (Ұябаев).

ЖОРАМАЛСЫЗ *Болжамсыз, тұспалсыз, жорамал жасаусыз.* Оны *жорамалсыз* тура айтуға болады (Исабаев).

ЖОРАМАЛШЫЛ *Болжамшыл, тұспалшыл.* ~ адам.

ЖОРАШЫЛ *Әдет-ғұрыпшыл, ырымшыл, дәстүршіл.* Жолға бағынған жақсы аға Төлеген, *жорашыл* жар Жібек (М. Әуезов).

ЖОРҒА 1. *Ырғатыла, теңселе, тайпала басылатын жүріс, майда текірек шабыс.* Ақтоқты *жорға* үстінен түспейтін (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Бір нәрсеге жүйрік, жетік, майталман.* Василий қазақ тіліне судай *жорға* болатын (Қайсенов).

ЖОРҒА-ЖОРТАҢ *Жорғасы аралас, жорғалай тұсіп, жортып кететін аттың жүрісі.* Нұртай өзіне тән *жорға-жортаңмен* басып келеді.

ЖОРҒАЛА 1. *Жылқының жорға жүріспен тайпала теңселіп, шайқала басуы.* Жирен ат тайпала теңселіп, *жорғалай* жөнелді (Жәкенов). 2. *Бауырымен жылжитын жәндік атаулының қозғалысы, жылжуы.*

ЖОРҒАЛАҒЫШ *Жорғалап тез жүретін, жорғалай бергіш, жорғалауық.* Жаңбырдан соң ~ жәндік көбейіп кетеді.

ЖОРҒАЛАҚТА *Бәйек қағу, жағымпаздану, елбектеп кету.* Оразбай қуанғаннан *жорғалақтап* кетті (М. Әуезов).

ЖОРҒАЛАУШЫ *зоол. Бауырымен жорғалап жүретін жәндіктер класы.*

ЖОРҒАЛЫ *Жорғасы бар, жорға мінген. Жорғалымен* жолдас болма (Мақал).

ЖОРҒАЛЫҚ 1. *Жорғаға тән жүріс.* 2. *Ауыс. Шешендік, сөзге жүйріктік.* Абзал тілінің майда *жорғалығы* бар адам (Еділбаев).

ЖОРҒАСЫЗ *Жорға жүрісі жоқ, жорғасы жоқ.* ~ ат.

ЖОРҒАТАЯҚ *Қазақтың ұлттық ойынының бір түрі.* Оның аттары: саптыаяқ, ауыртаяқ, *жорғатаяқ* т. б. (Кенен).

ЖОРҒАША *Жорға секілді тайпалған.*

ЖОРТ 1. *Жаугершілікке аттану. Жортқанда* жолың болсын (Мақал). 2. *Жемтік іздеп кезу, шарқ ұру.* Қасқырлар далада ~ып жүр. 3. *Желуге дейінгі аттың жүрісі, желістен төмен.* Асау бие *жорта* жөнелді (М. Әуезов).

ЖОРТА *Қасақана, әдейі.* ~ айтты.

ЖОРТАҚ 1. *Аттың, аңның, т. б. бұлкіл жүрісі.* Оразбай аяңшыл атын *жортаққа* салды (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Айла, құлық, бұлтақ.* Ол белгілі *жортағына* басты (Ғ. Сыланов).

ЖОРТАҚТА *Жортақ жүріске басу, жорту.* Қоян машинаның алдында біраз *жортақтады* (С. Мәуленов).

ЖОРТАҚТЫҚ *Жортаққа басушылық, айлакерлік.* Кейбірі қорқақтық, *жортақтық* деген де кінәлар таққан (Н. Ғабдуллин).

ЖОРТАҚЫ 1. *Жортақтап жүретін, жорға жүрісті.* Жорға жүрісті ***жортақы*** бірде майпаң (Алтайбаев). 2. ***Ауыс.*** *Бұлталаңы көп, астарлы, ойнақы (сөз).* ***Жортақы,*** бұлтақы сөздерге әлі күнге дейін қыры жоқ (Әбілев).

ЖОРТАҚЫЛАУ *Аздап жортаңы бар, жүрдектеу.* Менің астымда ***жортақылау,*** тапал торы ат (Майлин).

ЖОРТҚЫШ *Жортушы, жорта бергіш.* Гимнастерка киінген — Баяғы ***жортқыш*** күйімен (Әбілев).

ЖОРТУШЫ *Жортып жүруші, кезуші.*

ЖОРТУЫЛ 1. *Тонау, ұрлау, шабу мақсатында жасалатын шапқын, шапқыншылық жорық.* Балалар түнгі ***жортуылға,*** яғни ұрлыққа аттанады (С. Мұқанов). 2. *Бір нәрсені іздеп кезушілік, жорыққа шығушылық.* Күн еңкейе арлан ***жортуылға*** шықты (С. Жүнісов).

ЖОРТУЫЛДА 1. *Тонау, ұрлау, шабуылдау мақсатымен жорыққа, жортуылға шығу.* 2. *Ауыс. Шарқ ұру, шарлау, кезу, шапқылау.* Тамақ іздеп түні бойы ***жортуылдаған*** қасқырлар (Тиесов).

ЖОРТУЫЛСЫЗ *Жортуылға шықпай.*

ЖОРТУЫЛШЫ *Жорыққа аттанушы, жорықшы.* Барлық ***жортуылшы*** атқа тегіс мінді (М. Әуезов).

ЖОРУШЫ *Болжаушы, тұспалдаушы, байыптаушы.* Түстің келуі әдетте ***жорушыға*** байланысты (Мағауин).

ЖОРЫ *Бір нәрсені болжалдау, тұспалдау, байыптау, шешу.* Оны өлдіге ***жорып*** қойған екен (Мұратбеков). Әжесі көрген түсті ~ды.

ЖОРЫҒЫШ *Бір нәрсені тұспалдап жори бергіш, болжалдағыш.* Кей адам не болса соны өз басына ***жорығыш*** (Есенберлин).

ЖОРЫҚ *Шабуыл, аттаныс, шайқас.* Ол ***жорықта*** қаза тапты (Есенберлин). 2. *Саяхат, серуен, сапар.* Туристік ~қа шықты. 3. *Белгілі бір мақсат үшін жұмыла кіріскен іс.* Тың көтеру ~ғы басталды, еңбек ~ғы. □ **Жорық әні** — *жорыққа шыққанда айтылатын марш, қарқынды солдаттар әні.*

ЖОРЫҚСЫЗ 1. *Жөн-жосықсыз.* 2. *Ретсіз, орынсыз.* Қаланың ***жорықсыз*** кеңи беретінін де көрдік (Бердіқұлов).

ЖОРЫҚТАС 1. *Жорықта, шайқаста бірге болған, майдандас.* Ауық-ауық ***жорықтас*** жолдастарымды ойлаймын (Т. Ыдырысов). 2. *Сапарға, саяхатқа бірге баратын, серіктес.* ~ досыммен тауға шықтық.

ЖОРЫҚТЫ *Жорығы көп, шайқасы мол.* Ол ***жорықты*** күндерді бастан өткізді (Бақбергенов).

ЖОРЫҚТЫҚ *Жорыққа, аттанысқа керекті зат.* Ол ~ жабдықтарын әзірледі.

ЖОРЫҚШЫ *Жорыққа аттанушы, сапарға шығушы.*

ЖОРЫҚШЫЛ *Жорыққа шыға бергіш, саяхатты жақсы көретін, ұнататын, жорыққұмар.*

ЖОСА *Қызғылт-сарғыш түсті бояу топырақ.* Қызыл ***жосамен*** боялған ағаш үйлер (М. Әуезов). □ **Жоса болды** — *қызылала қан болды, қаны көп төгілді.*

ЖОСАДАЙ *Қып-қызыл.* ~ аққан қан.

ЖОСА-ЖОСА *Айғыз-айғыз, жол-жол, ағыл-тегіл.* ~тер ақты, ~ тілінген бет.

ЖОСАЛА *Жосамен бояу, қып-қызыл етіп бояу.* Аузымды ***жосалап,*** Үсті басым шұбарлап (Жапсарбаев).

ЖОСАЛАУ 1. *қ. атау. Жосала-у.* 2. *Жоса бояумен бояу, сырлау.*

ЖОСАШЫ *Жоса даярлаушы, жосамен бояушы.* ~ жас жігіт.

ЖОСҚЫН *Жосыған топ, шұбырған лек, босқын.* Үлкен ***жосқынға*** біреу еріп, біреу ермеген (Д. Досжанов).

ЖОСҚЫНДА *Жосу, жөңкілу, шапқылау.* Ойнақшыған аттар ***жосқындай*** жөнелді (Д. Досжанов).

ЖОСПАҚТА *Болжау, шамалау, тұспалдау. Осыныңыз артығырақ.* Әшейін үйқас қуып ***жоспақтадың*** (Айтыс).

ЖОСПАР *Белгілі бір жұмыстың алдын-ала жасалған жобасы.* Ол жұмысының ***жоспарын*** ортаға салды (Шәріпов).

ЖОСПАРЛА *Істелетін істі жобалау, белгілеу.*

ЖОСПАРЛАМА *Жоспарды орындау барысына арналған жұмыс мәжілісі; планерка.*

ЖОСПАРЛАУШЫ *Жоспар жасаушы, жобалаушы.*

ЖОСПАРЛЫ *Жобаланған, жоспарланған.* Жұмысты ~ анған түрде істейді.

ЖОСПАРЛЫЛЫҚ *Жоспар жасаушылық, болжаушылық, жобалылық.*

ЖОСПАРСЫЗ *Жоспарланбаған, жоспары жоқ, жүйесіз, жобасыз.*

ЖОСПАРСЫЗДЫҚ *Жоспары жоқтық, жүйесіздік.*

ЖОСЫ 1. *Шұбыру, ағылу, сабылу, жорту.* ***Жосып*** жүрген бір жұрт (Нарымбетов). 2. *Сұйық заттардың ағыл-тегіл ағуы, құйылуы.* Қан ~п кетті. Маңдайынан тер ~ды. 3. *Есу, зулау, зымырау.* Даланы кезді күй ***жосып*** (Бегалин). □ **Жосып кетті [өтті]** — *осып кетті, тіліп тұсті.*

ЖОСЫҚ I 1. *Тұрлі ырым мен салт, әдет-ғұрып.* Жасы үлкендер бас жей берсін деген ***жосық*** емес (Сматаев). 2. *Жөн, ыңғай, қисын.* Әңгіме ~ғын өзінше безбендеп отыр.

ЖОСЫҚ II *Қырғын, қанды соғыс, қан майдан.* Жорықты кім бастаса, ***жосыққа*** сол жауапты (Бегалиев).

ЖОСЫҚСЫЗ *Орынсыз, жөнсіз, қисынсыз.* ~ әңгіме (сұрақ, әрекет, күлкі).

ЖОСЫҚСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, ретсіздік, қисынсыздық.* ~қа көну қиын.

ЖОСЫЛ 1. ***ыр. етіс.*** *Жос-ыл.* 2. *Төмен қарай құйылу, ағу, сорғалау.* Қан ~ып тұр. 3. *Іздің анық, айқын көрінуі.* Жылқының ізі ~ып шықты.

ЖОСЫЛТУ ***этногр.*** *Үй жиһаздарының, сәнделген бұйымдардың бетіне жарыстыра сызықтардан өрнек салу, сыру.*

ЖОСЫМАЛЫ *Көшпелі, жосып жүретін.* Көшпелі тұрмыста ~ әскери өмір талабы.

ЖОСЫН I *Жосыған топ, жөңкілген лек.* Жанталасқан жастар ***жосыны*** тыным тапты (Ғ. Мүсірепов).

ЖОСЫН II ***жерг.*** *Бұрыннан қалыптасқан істің, заттың реті, жөні, әдет-ғұрып, салт.* Бұрыннан келе жатқан ~ бар.

ЖОСЫН III *Бөтенше, ерекше, өзгеше.* Киінген киімі де елден ***жосын*** (Әбенов).

ЖОСЫТ 1. ***өзг. етіс.*** *Жосы-т.* 2. *Екпіндетіп шабу, ағызу.* Бұлар ойға қарай ***жосытып*** кете барды (М. Әуезов). 3. *Жамсатып қырып салу, жусату.* Леп-ілезде ***жосытты*** да салды (Есенберлин). 4. *Ұрып-соғу, қамшылау.* Атының сауырын аямай бір ***жосытып*** алды (Кекілбаев).

ЖОТА 1. *Биік жер, төбе.* 2. *Адамның, малдың арқасы, жоны.* Жастығын ***жотасына*** төсеп отырды (Сматаев). ◊ **Жотасын көрсетті** — *күш көрсетті, мықтылық білдірді.*

ЖОТА-ЖОН *Арқа-жон, ту сырт.* Қоңыр салқынға ***жота-жонын*** төсеп қойған (Нарымбетов).

ЖОТА-ЖОТА *Қырат-қырат, жал-жал.* ~ боп үйілген қар.

ЖОТАЛА 1. *Жота қып қырлап ұю, биіктету.* Көмірді ***жоталап*** үйіп жатыр (Ғ. Мұстафин). 2. *Жота үстімен, қыратпен жүру.* Қасым Карпатты ***жоталап*** тартып кетті (Сланов).

ЖОТАЛАН 1. *Жота болу, жондану, жалдану, дөңкию.* Салпық ұсақ төбелермен жалғасып, ***жоталанып*** созылады (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Нығайып ұлғаю, белдену, қуаттану.* Қимыл-әрекет ***жоталана*** түседі (Р. Нұрғалиев). Өзі де ***жоталанып***, үні де айбаттанып кетеді (С. Байжанов).

ЖОТАЛАП *Қырқалап, жалдап, жота үстімен жүру.* Бұлар кейде ***жоталап***, кейде бөктерлеп өрледі (М. Әуезов).

ЖОТАЛЫ 1. *Жонды, қырлы, жалды, белді.* ~ Қаратау (жер). 2. *Жауырынды, иықты, денелі.* ~ адам (жігіт).

ЖОТАСЫЗ *Қыр-қырқасыз, жонсыз, тегіс.* ~ байтақ дала.

ЖОТАШЫҚ *Кішірек келген қырқа, жота.* Қалың ши өскен ***жоташықтан*** асып кетті (Бөкеев).

ЖОШУ *Көңілдің шаттанып көтерілуі, асыптасуы.* Көңіл ***жошып*** сайраса, Сөз сыймайды керленіп (Базар жырау).

ЖОШЫН *Керемет, сұмдық.* Өрістегі малды сұраусыз алмас болар еді, мынау қай ***жошыңыз*** (К. Ахметбеков).

ЖОЯ *кәсіб.* 1. *Қауын, қарбыз, т. б. егетін жер.* 2. *Мақта қатарларының арасындағы кішкене жүйек.*

ЖОЯН 1. *Ешкім тең келмейтін қарулы, өте күшті.* 2. *Ерекше, керемет, орасан, зор, үлкен.* ~ ерлік, ~ күш.

ЖӨГІ *жерг. Айлакер, құу.* Жуанға жылмаңдаған ***жөгі*** түлкі (Ә. Ахметов).

ЖӨГІЛЕН *Қулану, айлакерлену, сұмдану.*

ЖӨГІЛІК *Айлакерлік, арамдық, қулық.* Ондай ***жөгілікке*** жүрегім шаппайды (Б. Әбдіразақов).

ЖӨДЕМЕЛЕТ *Тездету, жылдамдату, жеделдету.* Сөзді ~іп жіберді.

ЖӨКЕ I 1. *Жапырағының жиектері тіс-тіс болып келген, хош иісті, бал шырынды гүлі бар ағаш.* 2. *Осы ағаштың қабығынан жасалған бұйымдар.* ~ арқан, ~ қап.

ЖӨКЕ II *экспр. Көке, аға. Жөкелеріңнің* қандай екенін көрдіңдер ғой (Мұратбеков).

ЖӨКЕЙ *Арбаушы, айлакер, сықыр.* Арбаушы ***жөкей*** жылан секілденіп (Бозінген).

ЖӨКІТ *жерг. Әбігер ету, мазалау.* Енді мені ***жөкітпеңіз*** (Хұсайынов).

ЖӨЛЕК *Жан-жануарлардың қанын, өсімдіктің сөлін соратын таскене.*

ЖӨЛКЕ *бот. Жапырақтың нәр алатын өзегі, тарамы.* Жапырақтың ортасындағы ***жөлкесі*** сарқыштау болады (Жиенбаев).

ЖӨЛКЕЛІ *Өзекті, тарамды.* Жалаңаш масақшасының қабыршақ қауызы 7–9 ***жөлкелі*** (С. Әбдірайымов).

ЖӨМДЕ *жерг. Жұмарлау; көндіру.* Тұрмыс тезі қайсар кеудені де жаншам десе ***жөмдеп*** тастайтыны бар (С. Бақбергенов).

ЖӨН I 1. *Мән, мәніс, жағдай, рет, орын.* Майырдың да өктей қоятын ***жөні*** жоқ (М. Әуезов). 2. *Дұрыс, ақиқат.* Я ~і осы ғой,- деді. 3. *Кім екендігі, шыққан тегі, аты-жөні.* Ақсақал, ~іңізді айтыңыз, кім боласыз?. ◊ **Жөнге салды [келді]** — а) *жолға қойды, түзеді;* ә) *тәртіпке шақырды, тәрбиеледі.* **Жөн көрсетті [сілтеді]** — *бағыт-бағдар берді, жол сілтеді.* **Жөн сұрады** — *хал-жағдайды сұрап білді.* **Жөні келді** — *реті болды, сәті түсті.* **Жөнін айтты** — *бір нәрсенің мән-жайын айтты.* **Жөнінді тап** — *жайыңа кет, өз жайыңды ойла.*

ЖӨН II *Жөн-жоралғы, салт.* Әдет-әдет емес, ***жөн*** әдет (Мақал).

ЖӨНДЕ 1. *Жөнге келтіру, дұрыстау, реттеу.* Құжаттарын ~ді. 2. *Қираған, бүлінген затты қалпына келтіру, жөндеу.* Тракторды ~п шықты, көпірді ~ді.

ЖӨНДЕКІЛЕУ *Нашарлау, жөнсіздеу.* ~ жігіттер (арба).

ЖӨНДЕЛІС *Дұрысталу, реттелу.* Орындарына қайта ***жөнделісін*** отырысты (Мекебаев).

ЖӨНДЕМ I *Дұрыс, жөнді, жарамды.* ~ пікір (сөз, киім). □ **Жөндемге келді** — *реттелді, жөнделді, дұрысталды, жөнге келді.*

ЖӨНДЕМ II *Иненің бір түрі, жуантық ине.* Инелер бірнеше түрлі: жуантық ***(жөндем)*** ине, жіңішке ине (С. Қасиманов).

ЖӨНДЕМДІ *Дұрыс, ретті, жөнді.* ~ сөз (біреу).

ЖӨНДЕМДІК *Дұрыстық, жөнділік, парасаттылық.* Көрсетпес пе екен ***жөндемдік*** (Манас).

ЖӨНДЕМДІЛЕУ *Дұрыстау, орындылау.* Сөзі ***жөндемділеу,*** өткірлеу ме деп қалдым (Бақбергенов).

ЖӨНДЕМІРЕК *Дұрысырақ, дұрыстау.* Тоқтаған вагондар ***жөндемірек*** сияқты (Бекбосынов).

ЖӨНДЕҢКІРЕП *Дұрыстаңқырап, тәуірлеп.* Киімдерін ~ алды.

ЖӨНДЕП *Дұрыстап, оңдап.* ~ тамақ ішкен жоқ.

ЖӨНДЕУ I *Белгілі бір заттарды жөндеп қалпына келтіретін орын.* ~ базасы (шеберхана, ұстахана).

ЖӨНДЕУ II *Нашарлау, жөндекілеу.* Жігіттің ~і екен.

ЖӨНДЕУСІЗ 1. *Өңдеусіз, түзетілмеген, жетілдірілмеген.* Шығармалар ~, жазғаны ~ жатыр. 2. *Ремонт жасалмаған, жөнделмеген.* Тракторлар ~.

ЖӨНДЕУШІ *Бүлінген, бұзылған заттарды жөндейтін, ремонттайтын маман.* Ол Жосалы депосына ***жөндеуші*** болып орналасты (Жәмішев).

ЖӨНДЕУЛІ *Жөнделген, түзетілген, оңдалған.* ~ *арба (машина, пәтер).*

ЖӨНДІ *Жөні түзу, дұрыс, тәуір.* ~ мал (киіз, сөз).

ЖӨНДІ-ЖӨНСІЗ *Орынды-орынсыз.* ~ сөз (сұрақ).

ЖӨНДІК *Дұрыстау, жөнделу, реттелу.* Ол ~кен болар, жұмыс ~ті.

ЖӨНДІЛЕУ *Тәуірлеу, дұрыстау.* Құданың кәдесі ***жөнділеу*** болды (Баялиев).

ЖӨНДІЛІК 1. *Дұрыстық, туралық, орындылық, тыңғылықтылық.* Ол ~ті ұнатады. 2. *Тек, тыныштық, жөндік.* Екі қолды байламай, ***Жөнділікпен*** жүрмеспін (Көруғлы).

ЖӨНЕ 1. *Жүріп кету, жолға шығу, жөнелу, кету.* Ауыл қайдасың деп ***жөнеп*** бердім (М. Хасенов). 2. *Зыту, зулау, зымырау.* Кенет бала жүгіре ***жөнеп*** берді (Құрманалин).

ЖӨНЕК: жөнек нар — *бекбатша мен қолбатша нар бурасы аруанаға не жамбозға шөгіп кетуінен пайда болатын түйе тұқымы.*

ЖӨНЕЛ *Тез, шұғыл кету.* Ал, ~, жолың болсын.

ЖӨНЕЛТ 1. ***өзг. етіс.*** *Жөнел-т.* 2. *Құрметтеп аттандыру, жіберу.* Қонақты ~ті. 3. *Өлікті шығарып салу, жерлеу.* Әтейінді ***жөнелттік,*** қарағым (Тоқтаров).

ЖӨНЕЛТУШІ 1. *Бір нәрсені тиісті орынға, белгілі жаққа жіберіп тұрушы қызметкер.* 2. *Жиынды, той-думанды басқарушы, өткізуші, атқарушы адам.*

ЖӨНЕУ *Ақыл-кеңес, жөн.* Ыбырай өзгенің ***жөнеу*** айтқанын жақтырмайтын (Әбілев). □ **Жөнеу қағаз** — *қызметке я іс сапарға жіберу туралы берілген жолдама құжат.*

ЖӨНЕҢДЕУ *Нашарлау, жөндеу, ескілеу.* Бәйет үстіндегі ***жөнеңдеу*** киімінен қысылды (Тоқтаров).

ЖӨНЕРЕ ***көне.*** *Жөн-жоба, әдет-ғұрып.* Халықтың кәдесі, Мұсылманның ***жөнересі*** (Мақал).

ЖӨН-ЖОБА 1. *Дәстүрлі әдет-ғұрып, жол-жора, жөн-жосық.* Шырағым, ептеп ***жөн-жоба*** біледі екенсің, — деді қарт (С. Мұқанов). 2. *Істің мәнжайы, реті, ыңғайы.* Жолға ***жөн-жоба*** білетін адам әзірленіз (К. Оразалин). 3. *Үлгі-өнеге, ақыл-кеңес.* Дұрыс ~ көрсетейік жастарға. 4. *Жоспар, жоба, үлгі.* Сағиров ревкомдар құрудың ***жөн-жобасын*** түсіндірді (Ш. Байбатшаев). 5. *Бағыт-бағдар, ыңғай.* ***Жөн-жоба*** нұсқайтын комиссиялар жұмыс істей бастады (С. Байжанов).

ЖӨН-ЖОРАЛҒЫ *Ғұрыпқа байланысты қалыптасқан дағды, әдет.* ~сы бөлек, ежелгі ~сын бұзғысы келмеген.

ЖӨН-ЖОСЫҚ 1. *Әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жоба.* ~ білетін кісі. ~ғы бөлек. 2. *Істің мәні, жай-жапсары.* ~ғын сұрады, шаруаның ~ғын түсіндірді. 3. *Ақыл-кеңес, бағыт-бағдар, үлгі-өнеге.* ~ айтты.

ЖӨН-ЖОСЫҚСЫЗ *Орынсыз, жөнсіз, ретсіз.* ~ күле берме.

ЖӨН-ЖӨНІНЕ *Жай-жайына, бет-бетіне.* ~ кетті олар.

ЖӨНСУ *жерг. Қарапайым, жұпыны.* Үсті-басы ~. ~ қоңыр шәлі.

ЖӨНСІЗ *Орынсыз, қисынсыз, ретсіз.* ~ әзіл (жазғырды, батылдық).

ЖӨНСІЗДІК *Орынсыз іс, теріс қылық, оғаштық.* ~ке жол жоқ.

ЖӨНСІЗДЕУ *Орынсыздау, қисынсыздау, оғаштау.* ~ қылық.

ЖӨНТЕМ *жерг. Жүдеу, азыңқы.* Ғанидың өңі ***жөнтем*** екен (Бөкеев).

ЖӨНТІККЕН *Көндіккен, мойынсынған, үйренген.* Жарықтық жұмысқа әбден ***жөнтіккен*** (Сатыбалдин).

ЖӨНІК *Дұрыс жолға түсу, түзелу.* ***Жөнігетін*** мінеки замандарың (Сейфуллин).

ЖӨНІНДЕ *Жайында, турасында, туралы.* Құс өсіру ~ сөйлесті.

ЖӨНІНДЕГІ *Жайындағы, туралы.* Азық-түлік ~. Ғылыми жұмыс ~ өз пікірлері.

ЖӨҢ *Нар мая мен үлектен туған будан түйе.* Нар маяға үлек шөгеріп, онан ***жөң*** алады (И. Жұмағұлов).

ЖӨҢКЕРІЛ 1. *Толық адамның ырғала, төңкеріле қозғалуы.* Көрекең зор денесімен ***жөңкеріле*** бұрылды (Байжанов). 2. *Ауытқу, ауу, ойысу.* Қалғандары Балажанның сөзіне қарай ***жөңкерілді*** (К. Ахметбеков). 3. *Ауыс. Жеңку, жосу, қаптау.* ~ген қалың қол.

ЖӨҢКІ *Қопарыла көшу, жосу, жұйтқу.* ~ген жұрт, бұлттар ~іп көше бастады.

ЖӨҢКІЛІС *Шұбырыс, жосылыс, қозғалыс.* Бүкіл ауыл бір күнгі ***жөңкілістен*** соң мүлгіді де қалды (Кекілбаев).

ЖӨҢШЕҢ *Бастықпаған, бас білмейтін түйе.* Талапқа тайлағынан мінген ***жөңшең*** (Айтыс).

ЖӨПЕЛДЕМЕДЕ *Табан астында, кенеттен, асығыста, тез арада.* ~ ауызға сөз түспейді.

ЖӨПЕЛДЕМЕЛЕТ *Жылдамдату, жеделдету.* Мазар да ***жөпелдемелете*** жауап қайтарып жатты (Қараманұлы).

ЖӨП-ЖӨНДІ *Жап-жақсы, тәп-тәуір.* ~ киім (үй, адам).

ЖӨПШЕҢ *Аз уақытта, тез арада, оп-оңай.* Көйлекті ~де тігіп тастады.

ЖӨПШЕҢДІ *Анау-мынау, жеңіл-желпі.* Жүгіргенде ***жөпшеңді*** атқа жеткізбейді (С. Мұқанов).

ЖӨПШЕҢДІЛІКПЕН *Оңайшылықпен, жеңіл-желпілікпен.* ~ табыла қоймады, ~ мәмлеге келер емес.

ЖӨПІЛДЕП *жерг. Жалпылдап, желпілдеп, далақтап.* Дүйсен ***жөпілдеп,*** бәрімен қол алысып шықты (М. Қуанышбаев).

ЖӨРГЕК *Жас нәрестені бөлеп орайтын жаялық.* ***Жөргекке*** ораған баланы Байжанға ұстата берді (С. Мұқанов). // *Сәби, жас кез.* ~гінде жарымаған.

ЖӨРГЕКТЕ *Жас сәбиді құндақтау, жаялыққа орау.*

ЖӨРГЕМ I *Будақтап өрілген ішек.* Қазанға екі ~ ішек салды.

ЖӨРГЕМ II ***көне.*** *Пайда, олжа.* Ол оңай түскен ***жөргемді*** иығына асып алды (О. Сәрсенбаев). ◊ **Жүрген аяққа жөргем ілінеді** — *еңбек еткен адам пайдаға, олжаға кенеледі.*

ЖӨРГЕМДЕ *Жуып, тазартқан ішекті будақтап өру.* Сойылған қойдың ішегін тазалап ***жөргемдеп*** қоятын (Нұршайықов).

ЖӨРГЕМДЕЙ *Бір тұтам ішектей, қысқа.* Өмір қалды ***жөргемдей*** (Ж. Молдағалиев).

ЖӨРГЕМІС *Басқа бір өсімдікке оралып өсетін, шырмауық.*

ЖӨРГЕП: жөрген тігу — *жыртылған, тілінген терінің, матаның, етінің т. б. жыртығын жалғастыра тігу.*

ЖӨРЕМЕЛДЕТ *Тездету, жылдамдату, шапшаңдату.* Бір аяқ қымызды ***жөремелдете*** қолына алды (С. Жүнісов).

ЖӨРМЕ *Арасын сирек етіп, андыздата тігу.* Шекпенін ***жөрмеп*** жеңгем отыр (Тайшықов).

ЖӨРМЕЛЕ I *жерг. Өрмелеу, жорғалау.* ~п қасына келді.

ЖӨРМЕЛЕ II ***көне.*** *Әдемілеу, әсемдеу, сәндеу, өрнектеу.* Текшелейміз дойбыны, Кестедей ғып ***жөрмелеп*** (Сейфуллин).

ЖӨТЕЛ I *Тыныс жолдары қабынғанда пайда болатын ауру; тұмау.* ***Жөтел*** — тыныс мүшелерінің әр түрлі ауруға шалдығуының белгісі (Қыдырниязов).

ЖӨТЕЛ II *Тыныс жолы қабынып, күркілдеу, тұмау тию.* Қарт кеудесі күркілдей ***жөтеледі*** (Райымқұлов).

ЖӨТЕЛШАЙ *бот. Көп жылдық дәрілік өсімдік.* ***Жөтелшай*** медицинада жоғары тыныс жолдары қабынғанда қолданылады. (Ә. Ескендіров).

ЖӨТЕЛІС *Үсті-үстіне дүркін-дүркін болатын жөтел.* Енді қатты ~ке басты.

ЖӨТКІР *Тамақты кенеп дыбыс шығару, жөтелу.* Шал оқта-текте ~іп қояды.

ЖУ 1. *Бір нәрсенің кірін кетіру, тазарту.* 2. *Ауыс. Жаңадан сатып алған затты, жақсылықты атап өту, тойлау, қызықтау.* Баласының мектепті жақсы бітіргенін ~ды.

ЖУА *Далада өсетін жабайы пияз.* Қой ~ (ит, сиыр).

ЖУАДАЙ *Жуа сияқты; ащы.* ~ өт. ◊ **Жуадай солғыр!** *(қарғ.)* — *көктей солғыр, желкең үзілгір, қыршынынан қиылғыр.*

ЖУАЗ *көне. Май айыратын құрал, бұйым.* Бөлмелерде: ***жуаз,*** кесеқап, құмыра секілді бұйымдар бар (Р. Бердібаев).

ЖУАЛАП *Жуа қосып, жуа салып.* Айранға жуа турап, ***жуалап*** ашты етіп жедім ("Лен. жас").

ЖУАЛДЫЗ *Үлкен қанар мен дағар және қаптың аузын тігетін ағаштан не сүйектен жасалған жуан ине, тебен.* ***Жуалдызбен*** қаптардың аузын тікті (Ш. Мұртазаев).

ЖУАН I 1. *Ені, көлденеңі жағынан үлкен, қалың, көлемді.* ~ бәйтерек. 2. *Толық, етжеңді, семіз.* Үй иесі ~ қара. 3. *Ауыс. Күшті, мықты, зор.* ~ дауыс. □ **Жуан ортасында** — *дәл ортасында, арасында.* **Жуан тұғыр** — *жүріске шыдамды, мініске бекем ат.* ◊ **Жуанның созылып, жіңішкенің үзілген шағы [кезі, мезгілі]** — *азық-түліктің таусылған көктем мезгілі.*

ЖУАН II *Үстем тап өкілдері: бай, би, төре.* Жиылыста ***жуандар*** да, байлар да бар (Майлин). □ **Жуан ата** — *үстем тап ұрпағы, тұқымы.* **Жуан жұдырық [таяқ]** — *зорлықшыл, озбыр.*

ЖУАНДА 1. *Бір нәрсенің көлемінің я енінің үлғаюы, қалыңдауы.* Ағаштар ~ған. 2. *Толыса түсу, толу, семіру.* ***Жуандап*** кеткенін балалар да аңдамай қалды. (Ғ. Мүсірепов). 3. *Ауыс. Мықты, ірі болу, күшею.* Бүгінде қарашы десем де ***жуандап*** тұрсың (М. Әуезов).

ЖУАНДАУ 1. *Жуанырақ, көлемділеу.* Құрықтың ~ жағы (бөрене). 2. *Етжеңділеу, толықтау.* ~ адам, кеуде жағы ~. 3. *Ауыс. Зор, күштірек.* Даусымды әдейі ***жуандау*** шығардым (Уайдин).

ЖУАНДЫ-ЖІҢІШКЕЛІ *Жуаны мен жіңішкесі аралас, әр тектес.* ~ адамдар (ағаштар).

ЖУАНДЫҚ 1. *Белгілі бір заттың не адам денесінің толықтығы, көлемділігі.* Қарағайлардың ~ғы жарты құлаш. 2. *Ауыс. Мықтылық, күштілік.* ~тарыңды қашан қоясыңдар.

ЖУАНСЫ *Мықтысыну, күштісіну.* ~ған біреу, ~п жүретін.

ЖУАНТЫҚ 1. *Толықша келген.* ~ жігіт, ~ денелі кісі. 2. *Жуандау, жуаныраң.* ~ инемен киім тікті.

ЖУАНТЫҚТАУ *Жуанша келген, толықтау.* ~ келген тапалша жігіт.

ЖУАНЫМСЫ *Мықтымсыну, күштімсіну, жуансу.* Үйімізге келсе, ***жуанымсып*** келеді (М. Әуезов).

ЖУАНЫРАҚ *Сәл жуандау, жоғарырақ.* Оның даусы ~.

ЖУАС 1. *Момын, момақан.* ~ кісі, ~ үнмен, ~ыған дауыспен. 2. *Үйретілген, көндіккен, бас білген мал.* ***Жуас*** түйе жүндеуге жақсы (Мақал).

ЖУАС-ҚОҢЫР *Моп-момақан, момын.* ~ адам.

ЖУАСТАУ 1. *Момындау, жуасырақ.* Зылиқа да ***жуастау*** адам еді. (М.Есламғалиев). 2. *Аздап бас білетін жуасырақ.* ~ көк бесті. 3. *Ауыс. Сәл басыңқы, бәсеңдеу, солғындау.* ~ ашыған қымыз.

ЖУАСТЫҚ *Момындық, ынжықтық.* ~ғын пайдаланып кетті.

ЖУАСЫ 1. *Моп-момақан болу, басылу.* Қарт ана ~п қалыпты. 2. *Бастығу, көндігу.* Ат табанда ~ды. 3. *Ауыс. Ашуы басылу, райынан қайту.* Назардың ашуы басылып, ***жуасып*** қалыпты (Т. Әлімқұлов).

ЖУАСЫҢҚЫ *Жуастау, момындау.*

ЖУАСЫРАҚ 1. *Момындау, момақандау.* Кескіні бұрынғыдан ~. 2. *Жуастау, асау емес.* Аттың ~ғына сен мін.

ЖУАШЫҚ *Шөптесін өсімдіктердің түбіндегі түйнегі, баданасы.* Өсімдіктің ***жуашықтан*** өрбігенін көреміз (Т. Таубаев).

ЖУАШЫҚТЫ *Баданалы, түйнекті.* Лала — әдемі гүлі бар ***жуашықты*** өсімдік (С. Түрдиев).

ЖУҒЫ *Қылдан, кендірден не жіңішке сым темірден жасалған ыдыс жуғыш.* Қазанды қыл ***жуғымен*** бірер сүртіп жіберді (А. Сарбөпин).

ЖУҒЫШ *Ыдыс-аяқты жууға арналған зат.* Ыдыс-аяқты ~пен жуды.

ЖУМАҚ *Белгілі бір нәрсенің жалпы жиыны, аумағы.* ~ғы жүзге тарта оқушы.

ЖУМАҚТА *Жинақтау, жию, топтау.* Ойыс айна шағылысқан сәулелерді ***жумақтап,*** жинап көрсетеді (Қалығұлов).

ЖУРНАЛ 1. *Мақалалармен көркем шығармалар жариялап тұратын, кітапша түріндегі мерзімді басылым.* Газет, ~дар сатып алды. 2. *Белгілі бір мәліметтерді, мектеп оқушыларының үлгерімін жазып отыратын кітапша, дәптер.*

ЖУРНАЛИСТ *Журналистикамен шұғылданушы маман, әдеби қызметкер.*

ЖУРНАЛИСТИКА 1. *Газет-журналдардағы әдеби-публицистикалық қызмет.* Жазушылықты ~дан бастады. 2. *Күнделікті баспасөз, басылым.*

ЖУРНАЛИСТИКАЛЫҚ *Журналистикаға тән, қатысты.* ~ жұмыс, ~ шеберлік.

ЖУРНАЛИСТІК *Журналистке тәндік.* ~ курс (қызмет, оқу).

ЖУСА 1. *Малдың бір мезгіл күйіс қайтарып тыныстауы, тыныгуы.* ~п жатқан жылқы. 2. *Ауыс. Жапырыла қирау, қырылу.* ***Жусап*** жатқан өліктер жол бермеді. (Ол күндер).

ЖУСАН *Ащы дәмді көкшіл бозғылт түсті алаша шөп.* Көкпек пен ***жусан*** қойдың сүйсіне жейтін шөбі (Б. Жамалов).

ЖУСАНДЫ *Жусаны мол, жусаны қалың.* ~ дала (өріс).

ЖУСАНДЫҚ *Жусаны мол өскен жер.* Жолсыз ~тың үстімен жүрдік.

ЖУУЛЫ *Жуылған, тазартылған.* Қазан ~ таптаза (кір).

ЖУУСЫЗ *Тазартылмаған, жуылып-шайылмаған.* Ыдыс-аяқ ~ қалыпты.

ЖУУШЫ *Ыдыс-аяқтың, кір киімнің т. б. кірін кетіруші, тазартушы.* Үй ~ (кір).

ЖУЫ *Қасына жақын келу, жуықтау, жолау.* Жаманға жан ***жуымас*** (Мақал).

ЖУЫҚ I *Өлген адамды жуу рәсімі.*

ЖУЫҚ II *Жақын, таяу, шамалас.* Жүзге ~ (таңға, метрге). □ **Жуық арада** — *таяуда, жақын уақытта.* **Жуық маңда** — *жақын жерде.*

ЖУЫҚТА I *Жақын арада, таяуда, таяу уақытта.* ~ бірге оқыған жолдасымды көрдім.

ЖУЫҚТА II *Жуық, таяу келу, жақындау, таяу.* Меңсұлу ~й берді, отыз жылға ~ды.

ЖУЫҚТАС 1. *орт. етіс. Жуықтас.* 2. *Жақындасу, жуық келу.* Пікірі пікіріме ~қан.

ЖУЫҚТАСТЫҚ *Жақындасқандық, жақын жүргендік.* Жанашыр ***жуықтастық*** осы емес пе (Айтыс).

ЖУЫҚТАУ *Жақындау, таяулау.* Стиль бірбіріне ~.

ЖУЫҚТЫҚ *Жақындық, таяу тұрғандық.* ~ғы жоқ.

ЖУЫЛУЛЫ *Тазартылған, жуылған.* Ыдыс-аяқ ~.

ЖУЫНҒЫШ *Беті-қолды жуу үшін ішіне су құйып қоятын ыдыс, қолжуғыш.* Жігіттер ~қа қарай ағылды.

ЖУЫНДЫ *Ыдыс-аяқты жуғаннан кейінгі шайынды.* Қолында итке құятын ~.

ЖУЫНЫП-ШАЙЫН *Беті-қолды жуу, тазарту.* ~ып шайға отырды, ~ып жатты.

ЖУЫП-ШАЙ 1. *Жуу, тазарту.* Жаңбыр шөптің шаңын ~ып кеткен. 2. *Ауыс. Кінәні, сөзді, т. б. жұмсарту, жеңілдету.* Кешіккендігін ~ған болды. ◊ **Кінәсін жуып-шайды** — *айыбын жеңілдетті, жұмсартты.*

ЖУЫР: жуыр арада — *жақында, жуырда, таяу уақытта; жуығырақпанда, жуыр маңда.*

ЖУЫРДА *Жақында, таяуда.* ~ ғана үй алған.

ЖУЫС I *Бір нәрсені жууға жәрдемдесу, көмектесу.*

ЖУЫС II *Жақындау, жуықтау.* Қанат оған ***жуыса*** бермейтін (Серәлиев).

ЖУЫС III *Қиылысу, қиюласу.* Есіктің бір қыры ~пай тұр.

ЖУЫСЫҢҚЫ *Сәл жақындау, аздап жуысқан.* ~ фонемалар (заттар).

ЖУЫТ *Жанына жақындату, жолату, келтіру.* Маңына адам ~паған.

ЖҰБА *Жұбату, көңілін аулау.* Шер тарқатты, ***жұбады*** (Асылбеков).

ЖҰБАЙ *Ерлі-зайыпты екі адамның бірі.* Жас ~лар, ол ~ымен ақылдасты.

ЖҰБАЙЛАН *Бірігу, қосақтасу, жұптасу.* Қосылған екі ғашық ~ып.

ЖҰБАЙЛАС I *Бір үйдегі ерлі-зайыпты адам.* ~тардың қабағы салыңқы.

ЖҰБАЙЛАС II *Қосылу, қосақтасу.* Онымен Алматыда ~ты.

ЖҰБАН *Жылағанды қойып уану, жуану.* Үй іші кәдімгідей ***жұбанып***, жылаған дауыстар басылды (Шүкіров).

ЖҰБАНҒАНСЫ *Уанғансу, жұбанған болғансу.* Ол ~п қалды.

ЖҰБАНҒЫШ *Тез жуанатын, уанғыш.* ~ қыздар-ай.

ЖҰБАНЫШ *Көңілге сүйеніш, алданыш, медет.* Көңілге ~, ~ы осы бала.

ЖҰБАТ *Жылаған баланы уату, көңілін аулау.* Бөпесін ~ты, қыз көңілін ~ты.

ЖҰБАТҚАНСЫ *Уатқансу, жуатқансу, көңілін аулағансу.* Бала-ны ~п қойды.

ЖҰБАТҚЫШ *Көңіл аулағыш, жұбата бергіш.* Сөзімен ~тар көп.

ЖҰБАТУШЫ *Уатушы, жуатушы адам.*

ЖҰБАУ 1. *жерг. Жүдеу, жадау, мұңды, қайғылы.* Өңі ~ тартқан. 2. *Ақырын, жай, баяу.* Граждан деп қана сөйлеп ***жұбау*** жұмсайды (І. Жансүгіров).

ЖҰБАУЛАУ *жерг. Жадаулау, жүдеулеу, мұңдылау.* Келіншектің өңі кешегіден гөрі ~екен.

ЖҰҒЫМ 1. *Астың, тағамның, не мал жейтін шөптің құнарлылығы, нәрлілігі.* Шөп ~ы сөз болды. 2. *Ауыс. Қадір-қасиеті, беделі бар.* Жұртқа ~ы ерекше, жатқа ~ы жоқ.

ЖҰҒЫМДЫ 1. *Сіңімді, нәрлі, құнарлы.* Шөбі ~, адамға аса ~ азық. 2. *Жұққыш, жұға бергіш.* ~ топырақ, ~ қара күйе. 3. *Ауыс. Жағымды, ұнамды, сүйкімді.* Елге ~.

ЖҰҒЫМДЫЛЫҚ 1. *Сіңімділік, нәрлілік, қоректілік.* Сабанның ~ғы әр түрлі, изенде ~ мол. 2. *Ауыс. Жағымдылық, ұнамдылық, сүйкімділік.* Онда ~ бар, ~ көрінгеннен табыла бермейді.

ЖҰҒЫМДЫРАҚ *Сіңімдірек, нәрлірек.* Жүгері собығы малға сабаннан гөрі ~.

ЖҰҒЫМПАЗ *Жанасымпаз, үйірсек.* Қази адамға ~.

ЖҰҒЫМСЫЗ 1. *Жұғымы аз, нәрсіз, құнарсыз.* ~ шөп (тамақ). 2. *Ауыс. Бірден жұғысып, араласып кете алмайтын сіңімсіз, сүйкімсіз.*

ЖҰҒЫМСЫЗДАУ *Бірден сіңісіп кете алмайтын жұғымсыздау, сүйкімсіздеу.* Әнет атасына тартпаған ~.

ЖҰҒЫМТАЛ 1. *Жұққыш, жабысқақ.* ~ бояу, ~ шөп. 2. *Жұғымды, нәрлі, құнарлы.* Қайнарлар суы аса ~, жемді ~ кезінде бер. 3. *Жұққыш, тез тарағыш (ауру).* ~ індет, жаман қылық ~ келеді.

ЖҰҒЫМТАЛДЫҚ 1. *Жұққыштық, жабысқыштық.* 2. *Жұғымдылық, құнарлылық.*

ЖҰҒЫН 1. *Тамақтың, айранның, сүттің ыдыс қабырғасына жұғып қалғаны, жұғындысы.* ***Жұғын*** бар жерде шыбын бар (Мақал). 2. *Ауыс. Із-түз, жұрнақ, қалдық.* Бағдатқа қойған кінәдан қазір ***жұғын*** да қалмапты (Саржайлау). ◊ **Жұғын болмады** — *дым да болмады, түкке жетпеді.*

ЖҰҒЫНДЫ 1. *Тамақтың не басқа заттың ыдыста қалған қалдығы, жуынды.* ~ны да жалап қойды, сүт ~сы. 2. *Ауыс. Жұрнақ, сарқыншақ, қалдық.* Ескінің ~сы.

ЖҰҒЫН-ЖҰРНАҚ *Қалдық, сарқыншақ.* Атабаба дәулетінің ~ғы.

ЖҰҒЫС 1. *Жақындасу, жанасу, араласу.* Жұмабек маңындағы адамдармен ~а кететін. 2. *Ауыс. Соқтығысу, ұрыну, килігу.* Кімге ~арын білмеді.

ЖҰҒЫСҚЫШ *Жұғыса бергіш, жақындағыш.* ~ адам.

ЖҰДА *Құр алақан, жұрдай, мақұрым.* Бала шағынан жат бауланған жылы шырайдан ***жұда*** (Х. Есенжанов). ◊ **Жұда болды** — *жұрдай болды, құр алақан қалды.*

ЖҰДЫРЫҚ 1. *Саусақты бүгіп жұмғандағы қолдың жұмылған басы.* Бір қолының саусағын тегіс жұмып, *жұдырық* жасады (І. Жансүгіров). 2. *Ауыс. Күш, тоқпақ, таяқ.* -пен қорқыта алмайсың. □ **Жұдырық ала жүгірді** — *ұрмақшы болды, күш көрсетті.* **Жұдырық басындай** — *жұдырықтың үлкендігіндей, жұдырықтай.* **Жұдырық жеді** — *соққыға жығылды, таяқ жеді.* **Жұдырық жұмсады** — *ұрды, соқты, сабады.* **Жұдырық көрсетті** — *күш көрсетті, қорқытты.*

ЖҰДЫРЫҚТА *Жұдырықпен ұру, тоқпақтау, төмпештеу.* Жақып Ғазизаны *жұдырықтап,* тепкілей бастады (М. Әуезов).

ЖҰДЫРЫҚТАЙ *Кіп-кішкентай, құрттай.* ~ сары шал, үйде ~ қыз ғана.

ЖҰДЫРЫҚТАС 1. *орт. етіс. Жұдырықта-с.* 2. *Қол сілтеп төбелесу, соғысу.* Оның -уға шамасы келмеді.

ЖҰДЫРЫҚТАТ 1. *өзг. етіс. Жұдырықта-т.* 2. *Біреуді жұдырықпен соқтыру, ұрғызу.*

ЖҰҚ 1. *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге жағылуы, жабысуы.* Шиніліне -қан балшық, қан -қан қапшық. 2. *Тамақтың бойға тарауы, сіңуі.* Көже болса да бойыма -ғады. 3. *Жұқпалы аурудың басқаларға жұғуы, ауысуы, таралуы.* Қотыр қолдан *жұғады* (Мақал).

ЖҰҚ: жұқ болмады — *міне тұтпады, тұқ болмады.*

ЖҰҚА 1. *Қабыршақтай, қалың емес.* ~ қағаз (киім, тақтай). 2. *Ауыс. Қағылез, әлжуаз, нәзік.* ~ өңді (адам, жігіт).

ЖҰҚАЛА 1. *Жұқа қалыпқа келтіру.* -п май жаққан, -п мақта салды. 2. *Ауыс. Жайлап,ептеп айту, жеткізу.* -п түсіндірді, -п сұрады.

ЖҰҚАЛАҢ 1. *Жіп-жұқа, жұқалау келген.* ~ күпі (қар). 2. *Ауыс. Қағылездеу, нәзіктеу.* ~ денелі (жігіт).

ЖҰҚАЛАҢДАУ 1. *Жұқалау келген, жұқа ғана, жұқалаңқы.* Басында ~ орамал, ~ келген дәптер 2. *Ауыс. Ашаңдау, қағылездеу.* ~ жігіт (жүзді).

ЖҰҚАЛАУ 1. *Жұқарақ, жұқалаңдау, жұқалтақ.* Киімі ~ (терісі). 2. *Ауыс. Арықша, жұқалаң.* ~ келген жігіт, өңі ~.

ЖҰҚАЛЫҚ 1. *Қалың еместік, жіп-жұқа болушылық.* Қардың -ғынан шана жүрмейді. 2. *Ауыс. Ашаңдық, қағілездік.* Денемнің -ғына қарамастан.

ЖҰҚАНА I *Тұтас үлкен нәрседен қалған қалдық, белгі.* Түтеленген, шіріген заттардың *жұқанасы* көп шықты (Н. Баяндин).

ЖҰҚАНА II *жерг. Қарапайым, жұпыны, кедей, жарлы. Жұқана* кедейлердің жүрегіне оқтай қадалған сөз (С. Ерубаев).

ЖҰҚАР 1. *Жұқалану, жұқа қалыпқа түсу.* Қар -а түсті. 2. *Ауыс. Сиреу, азаю, тозу.* Бұлт -ып жоғарылап барады, жүйке -ып кеткен. 3. *Ауыс. Жүдеу, ару, азу.* Ауырған адам -ып жүдеді.

ЖҰҚАРАҚ 1. *Жұқалау келген, жұқалтаңдау.* Майды ~ етіп жақты. 2. *Ауыс. Нәзіктеу, әлсіздеу.* Бір жағы ~ еді.

ЖҰҚАРЫҢҚЫ *Ашаңдау, нәзіктеу.* Баланың ~ түрі бар.

ЖҰҚҚЫШ *Жұғымпаз, жұғымтал.* Тұмау ~ ауру.

ЖҰҚҚЫШТЫҚ *Жұға бергіштік, тез тарағыштық.* Өкпе ауруы малға -тығына байланысты.

ЖҰҚПАЛЫ *Тез жұғатын, жұққыш, тарағыш.* Жаман әдет ~.

ЖҰҚСЫЗ *Жұғымы жоқ, жұғымсыз.* ~ кісі.

ЖҰҚТЫРҒЫШ *Жұқтыра бергіш, тез жұқтыратын.*

ЖҰҚТЫРУШЫ *Ауру таратушы, жұқтыратын.*

ЖҰЛ 1. *Суыру, тарту, жұлып алу.* Тісін -ып тастады. 2. *Ауыс. Тоз-тозын шығару, ұрып-соғу.* Ол -ып жіберуге дайын тұр. □ **Жұлып алды** — *тартып алды.* **Жұлып жеді** — *зорлық-зомбылық көрсетті, үстемдік етті.* **Жұлып тастады** — *сыпырып тастады.* **Жұлып түсті** — *ұшырып түсірді, қағып жіберді.*

ЖҰЛА-МҰЛА *Жұлқи-жұлқи, іле-міле.* Есіктің тиегін ~ үйге кіріп келді.

ЖҰЛҒЫЛА *Әрі-бері тартқылау, жұлқылау.* Иығынан -йды, шашын -п тартты.

ЖҰЛҒЫШ *Шөп жұлатын, суыратын құрал.* Шөпті ана қуыстан аласыз, ~ ішінде.

ЖҰЛДЫЗ I 1. *астр. Түнде жарқырап көкте нүктедей болып, көрінетін аспан денесі.* Аспанда миллион ~ самсап тұр. 2. *көне. Жылдың он екіден бір бөлігі, ай.* -дың он бесі. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің ең озығы, майталманы, шамшырағы.* Ермек Серкебаев — өнер -ы. ◊ **Жұлдыздай ақты** — *қатты жүгірді, оқша атылды.* **Жұлдыздай самсады** — *жұлдызша жапырлады, жайнады.* **Жұлдызы жанды** — *бақыты артты, мәртебесі жоғарылады.* **Жұлдызы оңынан туды** — *сәті түсті, жолы болды.* **Жұлдызы жоғары** — *мерейі үстем.* **Жұлдызы қарсы** — *бір-біріне өш, қас.* **Жұлдызы ыстық** — *кісіні өзіне тартатын қасиеті бар, сүйкімді.*

ЖҰЛДЫЗ II 1. *Бес бұрыш етіп жасалған мемлекеттік айырым белгісі.* 2. *Ауыс. Әскери дәрежеге байланысты погонға тағылатын жұлдыз бейнелі белгі.* Болатқа бір ~ қосылды.

ЖҰЛДЫЗГҮЛ *бот. Жұлдызға ұқсас гүлі бар өсімдік.* Өсіп тұрған шөптен *жұлдызгүлді* іздейтін болдым (Т. Сұлтанбеков).

ЖҰЛДЫЗДАЙ *Жұлдыз тәрізді, жарқыраған.*

ЖҰЛДЫЗДАЙЫН *Жұлдыздай, жұлдыз тәрізді ағу.* Шапса ағады *жұлдыздайын* (Т. Жароков).

ЖҰЛДЫЗДАН *Жұлдыз сияқты тармақталу.* Әжім маңдайы мен көзінде түйісіп *жұлдызданып* тұр (Ғ. Мүсірепов).

ЖҰЛДЫЗДЫ 1. *Жұлдызы бар, жұлдыз таққан.* ~ шенел (папақ). 2. *Ауыс. Атақ алып, бақыты жанған.* ~ жылдар (жандар).

ЖҰЛДЫЗДЫҚ *Жұлдызға қатысты, жұлдыздық жүйе.* □ **Жұлдыздық тәулік** — *уақыттың астрономиядағы негізгі өлшемі.*

ЖҰЛДЫЗҚҰРТ *Денесі буынтық-буынтық, тұқтұқ жасыл жапырақ түстес жәндік. Жұлдызқұрттың* түсі жасыл болады (Жалпы биология).

ЖҰЛДЫЗСЫЗ *Жұлдызы жоқ, қараңғы.* ~ аспан (қараңғы түн).

ЖҰЛДЫЗША 1. *Түнде аспан әлемінде жарқырап көрінетін кішкентай планеталар.* Аспандағы -лар жалт-жұлт етеді. 2. *полигр. Жұлдыз тәрізді баспа белгісі.* Түсіндірілген сөздерге ~ қойылған.

ЖҰЛДЫЗШӨП *Қалампыр туысына жататын бір жылдық арам шөп.*

ЖҰЛДЫЗШЫ *Аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғылданатын оқымысты, астроном.* Талай-талай *жұлдызшылар* болжау айтатын (Ө. Әлімжанов).

ЖҰЛҚАР *Түйенің алдыңғы екі күрек тісі. Жұлқар* тісінің мөрі үш бұрышталады (Жұмағұлов).

ЖҰЛҚЫ *Қатты сілке тарту, жұлқып қалу.* Иығынан ~п тартты, ат ~и жөнелді.

ЖҰЛҚЫЛА *Тартқылау, жұлқылау.* Баласын ~п оятты.

ЖҰЛҚЫС *Алыс, тартыс, күрес.* Жалғыз жолдасыңмен *жұлқысқаның* не? (Т. Әлімқұлов).

ЖҰЛМА I *Қойдың терісінен жұлып алған өлі жүн.*

ЖҰЛМА II *Жұлым-жұлымы шыққан, жыртық.* ~ тон (бөрік, шалбар).

ЖҰЛМА-ЖҰЛМА *Жұлым-жұлым, жыртық.* Басында ~ тері құлақшын.

ЖҰЛМАЛА *Жұлқылау, тартқылау.* Ағасын ~п оятты.

ЖҰЛЫҚ *Аяқ киімнің ұлтаны мен басының және жиегінің ұштасқан, жалғасқан жері, сыздық.* Қар *жұлықтан* жауды (Ш. Мұртазаев). ◊ **Жұлығынан келмеді** — *елең қылмады, мән бермеді.* **Жұлығы ұшыққан** — *тозығы жеткен.*

ЖҰЛЫҚТА 1. *Аяқ киімге жұлық салу, тігу.* ~ған былғары етік. 2. *Ауыс. Бір нәрсені жағалатып жиектеу.* Тышқан терісімен ~ған қара бөрік.

ЖҰЛЫМ *Жұлынып алған бір буда, бір үзім, бір шоқ.* Жарты ~ ақ мақта, бір ~ түбіт.

ЖҰЛЫМДА *Үзіп-үзіп, бөліп-бөліп алу, бөлшектеу.* Ойын әр жаққа ~п, ~йды жұмысын.

ЖҰЛЫМДАН *Жұлым-жұлымы шығып жыртылу, тозу.* Парақтары ~ып тозған.

ЖҰЛЫМ-ЖҰЛЫМ *Жұлма-жұлма, алба-жұлба, жыртық-жыртық.* Үстіне ~ киім киген.

ЖҰЛЫМЫР *Іліп-қағып кететін қу адам, сұғанақ, олжақор.*

ЖҰЛЫН I 1. *Арқа омыртқа өзегіндегі мимен жалғасқан ми мен нерв жүйесінің бөлігі.* Ми мен *жұлыннан* шеткі ағзаларға нервтер тарайды (Оразақов). 2. *Ауыс. жерг. Жақын санаған адамға, баласына еркелете айтылатын жылы сөз.* Жаным, *жұлыным,* — дейді әйел баласына (Сыланов). ◊ **Жұлыны үзілді** — *тірегі құлады, таянышы жоқ болды.* **Жұлын түтті** — *ашу қысты, ренжіді.* **Жұлынын үзілгір** *(қарғ.)* — *опат болғыр, қыршынынан қиылғыр.*

ЖҰЛЫН II 1. *ыр. етіс. Жұл-ын.* 2. *Жұлынып қалу, тұсу.* Маң төбеттердің талайының құлағы *жұлынды* (Мағауин). 3. *Жұлқыну, ілгері ұмтылу, сілке тарту.* 3. *Ауыс. Ашулану, ыза болу.* Қыз ~а сөйледі, ~ асың да жүресің.

ЖҰЛЫНДАЙ 1. *Ұзыннан ұзақ, созылған.* ~ жіңішке арық, ~ бір қара көрінді. 2. *Ауыс. Өрімдей жап-жас.* Кеше ғана ~ бала еді. 3. *Ауыс. Жүнттай, семіз, томпиған.* Жұп-жұмыр ~ құлын, ~ боп шыға келді. ◊ **Жұлындай үшырды [түсірді]** — *мұрттай ұшырды.*

ЖҰЛЫН-ЖҮЙКЕ *Жан-жүйе, нерв.* ~ні құртты.

ЖҰЛЫНҚҰРТ 1. *Жұлын ауруының аты.* Малдың ~пен ауырмайтыны жоқ. 2. *Ауыс. Іштей жейтін жегі, іш мерезі.* Жақыпбек барып тұрған *жұлынқұрт* (С. Мұқанов).

ЖҰЛЫС 1. *орт. етіс. Жұл-ыс.* 2. *Таласып-тартысып шайқасу, ұрысып-керісу.* Бір-бірімен ~ып ит болды.

ЖҰМ I 1. *Қолдың саусақтарын ішке қарай бүгіп, тұю, жұмып алу.* ~ған уысын жазбады. 2. *Кірпіктерді, ерінді айқастыра жабу.* Көзін ақырын ~ды. ◊ **Жұмған аузын ашпады** — *жақ ашпады, сөйлемеді, ұндемеді.* **Көз жұмды** — а) *ашық көзін жасырды;* ә) *Ауыс. Әлде бір жайтқа мән бермеді; тәуекелге бел байлады;* б) *Ауыс. Өлді, о дүниеге кетті.*

ЖҰМ II *Ойын бастаушының белгісі бойынша жаппай ұндемей қалатын халық ойыны; тымпи, ұндемес.* Нағыз *"жұм"* ойнап отырған адамдар секілді (І. Есенберлин).

ЖҰМА 1. *Бір аптадағы бесінші күннің аты.* 2. *Ауыс. Жеті күн, бір жеті.* ~ға жақын жүрді. □ **Жұма намаз** — *жұма күні мешітте оқылатын намаз.*

ЖҰМАҚ 1. *діни. О дүниедегі рақат орын: пейіш.* О дүниеде ~тан орын алды. 2. *Ауыс. Түрмысқа қолайлы жер, жайлы мекен.* Жетісу — қазақ жерінің ~ғы.

ЖҰМАЛАП *Апталап, бірнеше жұма бойына.*

ЖҰМАЛЫҚ 1. *Белгілі бір шараны апта сайын өткізу, жетілік.* Лингвистикалық ~тар. 2. *Бір жұмаға жететін, апталық.* Бір ~ жер. 3. *көне. Молдалардан оқыған шәкірттердің жұма сайын апаратын сыйы.* Балалар молдасына *жұмалық* беріп тұруға тиісті (Ғ. Мүсірепов).

ЖҰМАРЛА 1. *Умаждау, мыж-мыжын шығару.* Киімін ~й берді, хатты ~п лақтырды. 2. *Ауыс. Басу, жаншу, илеу.* Жауыз жауды *жұмарлап* (Қ. Аманжолов).

ЖҰМАРШАҚ *Жұмарланған, жұмыр, домалақ.* ~ қар.

ЖҰМАРШАҚТАН *Жұмарлану, домалану.*

ЖҰМАСЫНА *Бір жұмада, жұма сайын.* ~ бір рет.

ЖҰМБАЙ: көз жұмбай — *не болса о болсын, нар-тәуекелге бел байлау.*

ЖҰМБАҚ 1. *Жасырын құпия жайды ойлап табу, шешу үшін астарлап айтылатын қысқаша өлең не әңгіме түріндегі шығарма.* ~ғын шешті, ~ айтты. 2. *Ауыс. Жасырын ой, сыр.* ~ жан, өмірдің ~ғы көп.

ЖҰМБАҚСЫЗ *Бүкпесіз, астарсыз.* Не айтсаңыз да *жұмбақсыз* тура айтыңыз (М. Сүндетов).

ЖҰМБАҚТА *Астарлап сөйлеу, айту.* ~п жазған, ~п айтты.

ЖҰМБАҚТАҒЫШ *Жұмбақтап айтуға шебер, астарлағыш.* Әр сөзін ~.

ЖҰМБАҚТАУ 1. *Жасырындау, белгісіздеу, құпиялау.* ~ адам (көрінді).

ЖҰМБАҚТЫ *Астарлы, бүкпелі, түспалды.* ~ сөз (кезқарас).

ЖҰМБАҚТЫҚ *Бір нәрсенің мән-жайының түсініксіздігі, астарлылық, бүкпелік, құпиялылық.* Жүсіптің майының *жұмбақтығы* менің қарауымда (Майлин).

ЖҰМБАҚШЫ *Жұмбақ айтқыш адам.*

ЖҰМСА 1. *Біреуді бір жерге жіберу, бір жұмысты орындауға, атқаруға жегу.* Серікбай баланы ~ды. 2. *Ауыс. Бір нәрсені пайдалану, жарату.* Тапқанын киімге ~ды, оғын жауға ~ды.

ЖҰМСАҒЫРАҚ 1. *Жұмсақтау, жайлырақ.* Астын ~ етуге тырысты. 2. *Ауыс. Бостау, көңілшектеу.* Жаны таза ~.

ЖҰМСАҒЫШ *Жұмсай бергіш.* Баланы әркімнің *жұмсағыш* (Ибраев).

ЖҰМСАҚ 1. *Мамық, үлпа, үлпілдек.* ~ төсек (орындық, қар). 2. *Қатты емес, былқылдақ, жұмсағырақ.* Піскен алма ~ болады. 3. *Ауыс. Жағымды, сүйкімді (дауыс, ән).* ~ дауыс (күлкі). 4. *Ауыс. Жайлы, жайдары, майда.* ~ мінез, жүрегі ~. 5. *Ауыс. Жағдайлы, қолайлы, жылы.* Қысы ~ жер, ауа райы ~.

ЖҰМСАҚТА 1. *Жұмсақ ету, жұмсарту.* ~п төсек сал. 2. *Жағымды етіп айту.* ~п ұяң дауысқа салды.

ЖҰМСАҚТАУ *Қатты емес, жұмсағырақ.* ~ төсек (жер).

ЖҰМСАҚТЫҚ 1. *Жұмсақтыққа тән қасиет, былқылдақтық.* Қойдың терісінің *жұмсақтық* қасиетін жоғалтады (Есенқұлов). 2. *Ауыс. Бостық, қатаң еместік.* Балаларға ~ жасадық.

ЖҰМСАР 1. *Жұмсақ болу, босау.* Еті ~ған, тамағы ~ды. 2. *Ауыс. Райынан қайту, басылу, бәсеңдеу.* ~а сөйледі, қатал жеңгей ~ды.

ЖҰМСАРҒЫШ *Жұмсара беріліс, жақсы жұмсаратын.* ~ жері.

ЖҰМСАРТҚЫШ *Жібіткіш, жұмсартатын.* ~ дәрі (май).

ЖҰМСАУЛЫ *Жұмсалынған, жұмсап қойылған.*

ЖҰМСАУСЫЗ *Іске аспайтын, пайдаға жарамсыз.* Бұл ~ бос жатқан капитал.

ЖҰМСАУЫҚ *Біреуді жұмсай беретін, жұмсағыш.* Ертеде бір әйел өте *жұмсауық* болыпты (Қаз. ертегілері).

ЖҰМУЛЫ *Көздің, ауыздың ашық болмауы, жабық, жұмылған қалпы.*

ЖҰМУСЫЗ *Ашық, жабық емес.*

ЖҰМЫҚ *Жұмылыңқы, сәл сығырайған қысыңқы.* ~ көз.

ЖҰМЫЛ 1. *ыр. ет. Жұм-ыл.* 2. *Саусақ, көздің жұмылуы.* 3. *Бір нәрсені орындауға бірлесе кірісу, жабыла істеу.* Жұрт ~а жұмыс істеді. ◊ **Жұмыла кірісті** — *бір істі жабыла істеді.*

ЖҰМЫЛДЫР 1. *өзг. ет. Жұмыл-дыр.* 2. *Көпшілікті бір нәрсені орындауға, істеуге жаппай тарту, ұйымдастыру.* Ағаш тігуге мектеп балаларын ~ды.

ЖҰМЫЛДЫРҒЫШ *Ұйымдастырғыш, бірлестіргіш.* Жұртшылықты ~.

ЖҰМЫЛДЫРУШЫ *Ұйымдастырушы, біріктіруші.* Жастарды ~.

ЖҰМЫЛУШЫЛЫҚ *Бірлесушілік, ұйымдасушылық.* Жаппай *жұмылушылық* істің жемісті болуының кепілі (Байжанов).

ЖҰМЫЛЫҢҚЫ *Жабылыңқы, қысылыңқы.* Көзі ~ жатыр екен.

ЖҰМЫҢҚЫРА *Көзін сығырайту, жабыңқырау.* Ол көзін сәл *жұмыңқырап* миығынан күледі (Қ. Нұрмаханов).

ЖҰМЫР I 1. *Жұмыртқа сияқты жұп-жұмыр, домалақ.* ~ білек (ағаш, тас). 2. *Ауыс. Тығыршықтай, толық, жуан, семіз.* Жұматай аласа бойлы *жұмыр* қара (Ахтанов). □ **Жұмыр құрт** — *адамның, малдың асқазанында болатын құрт; аскарида.* ◊ **Жұмыр басты пенде** — *адам атаулы.* **Жұмыр жер** — *жер шары, жер беті.*

ЖҰМЫР II 1. *Күйіс қайыратын малдардың қарынының бір бөлігі, түрі.* Жұдырықтай *жұмыр* неге тоймайды екен (Жұмаділов). ◊ **Жұмырына жұқ болмады** — *қарны тоймады, жүгын болмады.* 2. *Малдың қарнынан жасалған, сусын құятын ыдыс.* Дорбадағы *жұмырын* әкеп, сусын ұсынды (Т. Әлімқұлов).

ЖҰМЫРЛА *Бір нәрсені домалақтау, жұмыр ету.* Ұста күмісті қорытып, тазартып алған соң *жұмырлап* соғады (С. Қасиманов).

ЖҰМЫРЛАУ 1. *Аздап жұмыр келген, домалақтау.* 2. *Толықтау, жуандау.* ~ мұрын, пішіні ~.

ЖҰМЫРЛАУЫШ *Жұмырлайтын, домалақтайтын зат.*

ЖҰМЫРЛЫҚ *Жұмырға тән ерекшелік.* ~ көрсетті.

ЖҰМЫРТҚА *Құстың, кейбір бауырымен жорғалаушылардың сопақша келген тұқымы, мәйек.* □ **Жұмыртқа басты** — *балапан шығару үшін жұмыртқа шайқады.* **Жұмыртқа салды** — *жұмыртқалады, тұқым қалдырды.* ◊ **Жұмыртқадан жүн қырқады** — *бір нәрсені үнемдейтін, шебер.*

ЖҰМЫРТҚАДАЙ *Жұмыртқа тәрізді аппақ.* ~ ақ отау.

ЖҰМЫРТҚАЛА *Тұқымдау, жұмыртқа салу.* Тауықтар жаз бойы ~ды.

ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШ *Жұмыртқа салғыш.* ~ тауықтар (қаздар).

ЖҰМЫРТҚАЛАҒЫШТЫҚ *Жұмыртқа салушылық.* Элементтер жетіспесе құстың ~ғы азаяды.

ЖҰМЫРШАҚ I *Күйіс қайыратын мал қарнының бір бөлігі.* Түйеде үлкен қарын, *жұмыршақ* қарын болады (Жұмағұлов). ◊ **Жұмыршағына жұқпады** — *жүгын болмады, жұмырына жұқ болмады, тоймай қалды.*

ЖҰМЫРШАҚ II *бот. Ұсақ ақ гүлді, сидам сабақты бір жылдық өсімдік.*

ЖҰМЫРЫЛ *Уқаланып мыжылу, умаждану, жымырылу.* Үстіндегі костюмінің әр жері уқаланып, *жұмырылып* қалған (Есенберлин).

ЖҰМЫС 1. *Іс, қызмет, шаруа, еңбек.* Қойшылардың ~ы ауыр. *2. Іс, шара, жай.* Қандай ~пен келді. □ **Жұмыс адамы** — *жұмыс істеуші еңбеккер.* ◊ **Жұмыс басты болды** — *қолы тимеді.* **Жұмыс күні** — *қызмет істейтін күн, еңбек күні.* **Жұмыс күші [қолы]** — *жұмыс істейтін адам, еңбеккер.* **Жұмысы басынан асады** — *жұмыс басты, мұршасы жоқ.* **Жұмысың болмасын** — *тиіспе, жайыңа жүр.*

ЖҰМЫСКЕР *Жұмысшы, еңбеккер.* Қарағанды ~лер қаласы.

ЖҰМЫСКЕРШЕ *Жұмыскер сияқты, еңбек адамынша.* Жасайтын *жұмыскерше* жыр ырғағын (Ә. Тәжібаев).

ЖҰМЫССЫЗ *Жұмысы жоқ, қызметсіз, еңбексіз, қарекетсіз.* Қалада ~ адамдар көбейіп барады.

ЖҰМЫССЫЗДЫҚ *Істейтін жұмысы жоқтық, қызметсіздік, қарекетсіздік.* Қала жағдайында ~ көбейіп отыр.

ЖҰМЫСТА *Жұмыс жасау, еңбек ету.* Елуде өрбір істі *жұмыстаймын* (Үш ғасыр).

ЖҰМЫСТАН *Жұмыс істеу, еңбектену, қарекеттену.* Баламен 6 жасар кезінде көп *жұмыстану* қажет (М. Қозыбаев).

ЖҰМЫСТАС *Бірге жұмыс істейтін; қызметтес.* Есен менімен жиырма жылдан аса ~ болды.

ЖҰМЫСШЫ *Өндірісте жұмыс істейтін адам, жұмыскер.* Завод ~лары.

ЖҮНТ I *Үлпаны жып-жылтыр, суда мекендейтін итбалық тәрізді мақұлық.*

ЖҮНТ II *көне. Жылқы, ат.* □ **Жүнт жылы** — *жылқы жылы.*

ЖҮНТИ 1. *Жүнттай болып семіру.* ~ып семірген, ~ған сұр тоқал. 2. *Жып-жылмағай болу, жылмию.* Сақал-шашын алдырып, ***жүнтиып*** шыға келді.

ЖҮНТТАЙ 1. *Жүнт секілді.* 2. *Жүп-жұмыр семіз.* ~ боп семірді. 3. *Ауыс. Жып-жылмағай, таптаза.* ~ киінген.

ЖҮҢҚАШ *бот. Тоғайлы жерде өсетін құрақ шөп.* Құрақтардың ішінде жалпақ жапырақты ***жүңқаштар***, ақшұнақтар өседі. (Б. Мұханов).

ЖҰП 1. *Екеу, қос, пар.* ~ сан. 2. *Бір-біріне тең, жұбайлар.* Жарасқан ~тар. ◊ **Жұбын жазбады** — *бір-бірінен ажырамады, үнемі бірге болды.*

ЖҰПАР I 1. *Ерекше жағымды хош иіс.* ~ ауа, гүлдің иісі аңқыған. 2. *Өтір, иіс су.* ~ септі (~ жел, ~ын бүрікті). □ **Жұпар сабын** — *хош иіс сабын.*

ЖҰПАР II *Хош иісті қарақұлпы жасыл түсті, түкті жылан.* ***Жұпар*** Қырғызстанмен шекаралас Көк-айрақ деген жерде ғана өмір сүреді (Қыдырбекұлы).

ЖҰПАР III *зоол. Терісі аса бағалы аң.* Даламызда көптеп жүретін ***жұпар***, бұлан, дала қойы секілді аңдарды бүгін таба алмайсың ("Лен. жас").

ЖҰПАР IV *бот. Ерекше хош иісті шөп.* Тұқымдарын өздері шашып таратын өсімдіктер тобына ***жұпар*** да жатады (Т. Таубаев).

ЖҰПАРГҮЛ *Хош иісті аса көрікті ақ гүлді бұта; жасмин.* Маңым толған ***жұпаргүл***, алдымнан самал еседі (Н. Ғабдуллин).

ЖҰПАРЛА *Өтір бүрку, иіссу жағу.* Үсті-басын ~ды.

ЖҰПАРТЫШҚАН *Көртышқан тұқымдас кішкене денелі су тышқаны.*

ЖҰПАРША *Жұпар иісі сияқты, хош иісті.* ~ аңқиды.

ЖҰП-ЖҰАН 1. *Өте жуан, тым толық.* Мойындары ~ . 2. *Ауыс. Қалың, тоқпақтай.* ~ кітап, ~ бір өрім шаш.

ЖҰП-ЖҰАС *Моп-момын, момақан, тым жуас.* ~ бала.

ЖҰП-ЖҰБЫМЕН *Екі-екіден, қос-қосымен, парымен.* ~ билеп жүр.

ЖҰП-ЖҰҚА 1. *Тым жұқа, қалың емес.* ~ жібек орамал. 2. *Ауыс. Әдемі, нәзік, сүйкімді, үлбіреген.* ~ ақ құба қыз.

ЖҰП-ЖҰМСАҚ 1. *Мамықтай жұмсақ, үлпілдек.* ~ төсек. 2. *Ауыс. Жайдары, жайлы.* ~ мінез.

ЖҰП-ЖҰМЫР 1. *Тығыршықтай, топ-толық.* Денесі ~, қол-аяғы ~. 2. *Ауыс. Жып-жинақы, ықшам.* Сөйлемдері ~ .

ЖҰП-ЖҰП *Қос-қос, екеу-екеу.* ~ құстар ұшты, ~қа бөлінді.

ЖҰППА-ТАҚ *Бір затты жасырып, екінші біреуден соның жұп я тақтығын сұрап ойнайтын ойын.*

ЖҰПТА 1. *Қосарлау, пар-парлау.* Екі-екіден ~ды, он-оннан жұптаған. 2. *Ауыс. Бір нәрсені қиыстыру, құрастыру, жаттау.* Ойын ~п қойды. Жеңешем бұл әнді ***жұптап*** алған сияқты (Иманбеков).

ЖҰПТАС 1. *орт. етіс. Жұпта-с.* 2. *Қосақтасу, қосарласу, бірлесу.* Осы құстың бір ғажабы ***жұптасып*** тіршілік етеді (Ш. Құмарова).

ЖҰПТАСТЫҚ *Бірлестік, қосарластық, жұптылық.* Ой-арманының ***жұптастығы*** салтанат құрды (Мәуленов).

ЖҰПТЫ *Серіктес, қосақтас, ерлі-зайыпты.* Маған адал ~ болам деп серт уәеңді бер (М. Әуезов).

ЖҰПТЫЛЫҚ *Ерлі-зайыптылық, серіктестік.* ~ салтын ардақтады.

ЖҰПЫНЫ *Сыпайы, қарапайым, қораш.* Түр-түрқы ~.

ЖҰПЫНЫЛАУ *Сыпайылау, қарапайымдау, қораштау, сүреңсіздеу.* Киген киімі ~, дастарханы ~.

ЖҰПЫНЫЛЫҚ *Сыпайылық, қарапайымдылық, қораштылық, сүреңсіздік.* Түрғын үйлердің ~ғы. Киімінің ~ғына күлген.

ЖҰР 1. *Шөп шықпаған құу тақыр.* 2. *Суы тартылған көлдің орны.* Жүрт, жүрдай сөздерінің төркіні осы жүр.

ЖҰРАҒАТ 1. *Үрім-бұтақ, әулет.* 2. *Алыс-жақын туыс, ағайын.* Ойдағы-қырдағы ~тарымыз жиналды.

ЖҰРАҒАТТЫҚ 1. *Үрім-бұтаққа тәндік.* 2. *Ағайындық, туыстық.* Оның алыс ***жұрағаттығы*** бар (Ахтанов).

ЖҰРДАЙ *Тұк жоқ, құр алақан, мақрұм.* Ол атақ-дәрежеден ~. ◊ **Жұрдай болды** — *бәрінен айырылды.*

ЖҰРДАЙЛЫҚ *Тұк жоқтық, дым қалмаушылық, құралақандық, мақрұмдық.* Байдың адамгершілік қасиеттен ***жұрдайлығын*** бәрі біледі (Есенберлин).

ЖҰРҚА *көне. Бір нәрсенің қалған қалдығы, тамтығы.* Қайыстың ~сын қолына ұстатты.

ЖҰРНАҚ 1. *Бұрынғыдан қалған қалдық, тұяқ.* Асыл тұқымнан қалған ~. 2. *Бір сөзге жалғап жаңа сөз, жаңа ұғым туғызу үшін қолданатын қосымша.*

ЖҰРНАҚСЫЗ *Тұяқсыз, белгісіз, ұрпақсыз.* Жалғыз үйден ***жұрнақсыз*** қалған мен (С. Жүнісов).

ЖҰРТ I *Ел-жұрт, халық.* Бір-бірімен саудаласып жатқан ***жұрт*** (Ғ. Мұстафин). □ **Жұрт қатарлы** — *ел сияқты, басқалар тәрізді.* **Жұрттан ала бөтен** — *елден ерекше.* ◊ **Жұрт аяғы басылды** — *ел орынға отырды, тыныштальды.* **Жұрт болмайды** — *ел болмайды, адам болмайды.*

ЖҰРТ II *Көшіп кеткен ауылдың, үйдің орны.* Ауыл мұны ***жұртқа*** тастап көшіп кеткен сияқты (Тарази). ◊ **Жұрт жаңғыртты** — *қоныс аударды.* **Жұртта қалған жұрын** — *тұкке тұрмайтын, кәкір-шүкір нәрсе.* **Жұртта қалғыр (қарғ.)** — *Қаңғырып кеткір.* **Жұртта қалды** — *бәрінен айырылды, басы қаңғырды.*

ЖҰРТТЫҚ *Жұртқа тәндік, елдік, татулық, бірлік.* Бұл жалпы ~ іс. ◊ **Жат жұрттық** — а) *бөтен елдің адамы;* ә) *Ауыс. Басқа, бөтен ел үшін жаралған, соған тән мәнінде (қыздарға айтылады).*

ЖҰРТША *Басқаларша, өзге жұрттар сияқты.* Өзге ~ ақшаны алған.

ЖҰРТШЫЛЫҚ *Ел, халық, көпшілік.* ~қа кең танылған, республика ~ғы.

ЖҰРЫМ *көне. Жұлын, өмір.* ~ын үзілгір, ~ын құрғыр. ◊ **Жұрым берсін** *(тілек)* — *өмір берсін.*

ЖҰРЫН *Тігілген киімдерден қалған не иленген терінің қиындысы: шап, бақай, мойын терілері.* □ **Жұрын бөрік** — *жұрыннан тігілген бөрік.* **Жұрын ішік** — *жұрыннан тігілген ішік.*

ЖҰРЫНДА *Киімнің етек — жеңіне жұрын жүргізу.* Киімдердің жаға-жеңдерін кестелеп ***жұрындайды*** (Қасиманов).

ЖҰРЫНДАЙ: жұрындай ұшырды — *қалпақтай түсірді.*

ЖҰРЫНДЫ *Жұрын жүргізілген, жиектелген.* Басында ~ бөрік.

ЖҰРЫНСЫЗ *Жұрын жүргізілмеген, салынбаған.*

ЖҰТ I *Қыс қатты болған жылдары аштықтан, суықтан малдың қырылуы, мал өлімі, індет.* Қыс қатты болған жылы ***жұт*** болды. (Есенберлин). □ **Жұт жылы** — *жұт болған жыл, жұтаған жыл.* **Жұт құрығынан құтылды** — *жұттан аман қалды.*

ЖҰТ II 1. *Тамақты, жұтып жіберу, қылеу, обу.* Етті шайнап ~ты, тамақты талғамай ~ып жатыр. 2. *Сіңіру, бойына тарту.* Құрғақ жер суды тез ~ып қойды. 3. *Ауыс. Жою, жоқ қылу, жалмау.* Тумай жатып әкем мен шешемді ***жұттым*** (Жұмаділов). ◊ **Жұтып жібергендей қарады [қадалды]** — *тесіле, сұқтана көз тікті.*

ЖҰТА 1. *Жұт салдарынан малдан айырылу, жоқшылыққа душар болу.* 2. *Құру, бітy, таусылу. Бір нәрсенің жетпеуі.* Тамақтан да, киімнен де ~дық.

ЖҰТАҢ *Азып-тозған жүдеу, жадау, мардымсыз.* Үсті-басы ~.

ЖҰТАҢДАН *Жұтаң тарту, жүдеу тарту, азып-тозу.* Табиғат байлығының ~а түсуі.

ЖҰТАҢДАУ *Жұпынылау, жүдеулеу.* Баланың үсті-басы ~.

ЖҰТАҢДЫҚ *Тапшылық, кедейлік, жүдеулік.* Судан ~ көріп отыр.

ЖҰТАҢШЫЛЫҚ *Жоқшылық, жүдеушілік, азып-тозушылық, кедейлік.* Ол жердің адамы ***жұтаңшылықтың*** қарамағына ілінді (Жұмалиев).

ЖҰТАУШЫЛЫҚ *Жүдеп-жадаушылық, азып-тозушылық.*

ЖҰТ-ЖАЛАҢ *Кедейлік, тапшылық, жоқшылық.* ***Жұт-жалаңнан*** аман етер құйқалы өңірді Бақтыгүл біледі (М. Әуезов).

ЖҰТҚЫН I ***қарап.*** *Құлқын, тамақ.* Мұндай ұсақ адамдардың көздейтіні бір ғана тұтқыны ***жұтқыны*** (Бегалин).

ЖҰТҚЫН II *Жұтыну, қомағайлану.* Тағы жұтсам деп ***жұтқынып*** отырады (Қыдырбекұлы).

ЖҰТҚЫНШАҚ *Ауыз қуысын өңешпен жалғастыратын, тамақ өтетін жол, өзек.* Тамақ ***жұтқыншақтан*** өтіп өңешке түседі (Қайрақбаев).

ЖҰТҚЫР: жер жұтқыр *(қарг.)* — *өлгір, құрығыр.*

ЖҰТҚЫШ *Жұта бергіш, обыр.* Шаң ~.

ЖҰТПА I *Балық ұстайтын қармақтың бір түрі.* Он шақты ***жұтпа*** қармағым түгесуге айналған (Ә. Сәрсенбаев).

ЖҰТПА II *Бір нәрсені өзіне тартып алатын, бойына тартатын, оппа.* ~ шүңқыр (насос).

ЖҰТШЫЛЫҚ *Ашаршылық, жоқшылық.* ~ болған жылы. ~қа ұшыраған шақ.

ЖҰТЫҚҚАН *Ашыққан, аштыққа ұшыраған.* Жүдеп-жадап, ***жұтыққан*** Жылысбайлар сол ауылдан (Жансүгіров).

ЖҰТЫМ: бір жұтым — *бір ұрттам, бір жұтатын, бір жұтарлық, азғантай.* Бір ~ су (айран).

ЖҰТЫН 1. *өзд. ет. Жұт-ын.* 2. *Тамсану, сұқтану.* Бүгін көргендей ~а қарады. 3. *Ауыс. Құлпыру, көз тарту.* ~ып тұрған қыздар.

ЖҮГЕН *Жылқының басына кигізетін, ауыздық пен тізгіні бар қайыстан істелген әбзел.* Аттың басынан ~ді сыпырып алды.

ЖҮГЕНДЕ 1. *Аттың басына жүген салу.* Аттарды ерттеп ~ді, биені ~п қойған. 2. *Ауыс. Бір нәрсені ырыққа көндіру, бағындыру, меңгеру.* Атом күшін ~ген.

ЖҮГЕНДЕТ 1. *өзг. ет. Жүгенде-т.* 2. *Ауыс. Біреуді ауыздықтау, бағындыру, ырыққа көндіру.*

ЖҮГЕНДЕУЛІ *Жүген салынған, басында жүгені бар.*

ЖҮГЕНДЕУСІЗ *Жүген салынбаған, жүгенделмеген.*

ЖҮГЕНДІ *Жүгені бар, жүген салынған.*

ЖҮГЕНДІК *Бастың жүген тұратын жері, желке тұсы.* Ат жалының ***жүгендігіне*** дейін қол батпайды (Ғ. Мұстафин). 2. *Жүген жасауға жарайтын; жүген болармық.* Бір ~ қайыс бар.

ЖҮГЕН-ҚҰРЫҚ: жүген-құрық көрмеген [тимеген] — *үйретілмеген, мінілмеген, жүгенделмеген шу асау.*

ЖҮГЕНСІЗ 1. *Жүгені жоқ.* Атқа ~ мініп алды. 2. *Ауыс. Бетімен кеткен өнегесіз, әдепсіз, көргенсіз, тәрбиесіз.* ~ кілең жауыздар, ◊ **Жүгенсіз кеткен** — *бетімен кеткен, тәртіпсіз.*

ЖҮГЕНСІЗДЕН *Бетімен кету, әдепсіздену.* ~ін алған агрессор.

ЖҮГЕНСІЗДІК *Бетімен кеткендік, әдепсіздік, тәртіпсіздік.* Жұманың ~гі, ~ке жол жоқ.

ЖҮГЕРМЕК ***қарап.*** *Бала мінезін ұнатпағанда айтылатын сөз.* Өлгі ***жүгермек*** баланың үйленгені рас (Досымов).

ЖҮГЕРІ *Собығында сарғыш ірі дәні бар жуан сабақты дақыл және сол өсімдіктің дәні.* Сүрленген ~.

ЖҮГЕРІЛІК *Жүгері егілген, өсіп тұрған жер.* ~ті аралады, ~ке жаяу тартты.

ЖҮГЕРІШІ *Жүгеріні баптап өсіруші.* ~лер звеносы, атақты ~.

ЖҮГЕРІШІЛІК *Жүгерімен кәсіптенушілік. Жүгерішілікке* қоса шөп шабуға тілек білдірген ("Лен. жас").

ЖҮГІН I 1. *Екі аяғын астына баса тізерлеп жүресінен отыру.* Жүрт қабыр басында тізерлей ~іп отырды. 2. *Ауыс. Арадағы дау-жанжалды, айтыс-тартысты дұрыс шешуі үшін әділдік тілеп төрешіге жүгіну, өтіну, бас ию, табыну.* Әлімбектің алдына келіп ~ді.

ЖҮГІН II *Баланың көлденең бітуі.* Бала ~іп бітіпті.

ЖҮГІНДІР 1. *өзг. етіс. Жүгін-дір.* 2. *Тізесін идіру, тізерлету.* 3. *этногр. Бас игіздіру, бағындыру.* 4. *Әділдік іздеп, үкім шығарту.*

ЖҮГІНУШІ *Әділдік іздеп барушы адам.*

ЖҮГІНУШІЛІК *Әділдік іздеушілік.*

ЖҮГІНІС 1. *орт. етіс. Жүгін-іс.* 2. *Әділдікке, билікке келісу.*

ЖҮГІР 1. *Аяғын жылдам басу, зымырау.* Далаға ~іп шықты. 2. *Көз тоқтатпай қыдырта, шола қарап шығу.* Көзі ~іп қарады.

ЖҮГІРГІШ *Жылдам жүгіре алатын, жүгіретін.* ~тің қатары өсті, ~тер көп.

ЖҮГІРГІШТЕ *Әрлі-берлі шапқылау, жүгіре беру.* Әр үйге ~п, Құмар қызмет қып ~п кетті.

ЖҮГІРТ 1. *өзг. етіс. Жүгір-т.* 2. *Жүгіруге мәжбүр ету.* □ **Көз жүгіртті** — *көз салды, байқады.* Қол

жүгіртті — қол салды, қалтаны ақтарып-төңкеріп қарады. **Ой жүгіртті** — *ойланды, толғанды.*

ЖҮГІРІНДІ *Әрлі-бері жүгіріп жүретін, бір жерде тұрақталып отырмайтын.* ~ қызмет.

ЖҮГІРІС 1. *Ары-бері жүгірген сапырылыс.* ~ басталды. 2. *Сергелдең, абыр-тұбыр жүріс.* Бос ~.

ЖҮДӘ *жерг. Аса, өте, қатты.* ~ риза болды.

ЖҮДЕ 1. *Арықтау, азу, еттен арылу.* Ауруханадан ~п шықты. Жүзі ағарып ~ген. 2. *Ауыс. Жұпыны тарту, нашарлап кету.* Үй іші ~п тұр, ел ~ген.

ЖҮДЕМЕЛДЕТ *Үсті үстіне бастырмалату.* ~е сөйледі, сұрағын ~п қойды.

ЖҮДЕҢДЕУ *Азғындау, жүдеулеу.* ~ бала.

ЖҮДЕҢКІ *Азыңқы, жүдеубастау.* ~ жәндар (жігіт).

ЖҮДЕП-ЖАДАП *Арып-ашу, шаршап шалдығу.* Қыстан ~п шыққан, ~ған ел.

ЖҮДЕУ 1. *Арық, жүдеңкілеу.* ~ адам. 2. *Ауыс. Жабырқау, мұңды, көңілсіз.* Көңілі ~. 3. *Жұпыны, жұтаң, нашар.* Киім жағы тым ~. ◊ **Жүдеу тартты** — *аздап жүдеген, азып-тозды.*

ЖҮДЕУБАС *Азған, азып-тозған, жүдеген.* ~ кемпір (ел, жандар).

ЖҮДЕУБАСТАУ *Арықтау, жүдеулеу.* Құлындар енесі суалған кезде ***жүдеубастау*** келеді (Арғынбаев).

ЖҮДЕУБАСТЫҚ *Жүдегендік, азғандық.* Олар ***жүдеубастығыма*** күледі (Молдағалиев).

ЖҮДЕУ-ЖАДАУ *Жүдеген, азып-тозған.* Үстібасы ~.

ЖҮДЕУ-ЖАДАУЛЫҚ *Жүдегендік, азып-тозғандық.* ~та тұрған үйлер.

ЖҮДЕУЛЕН *Жүдеу тарту, азу, арықтау.* ***Жүдеуленіп*** кеткен қыз өңі аянышты (Нұршайықов).

ЖҮДЕУЛЕУ 1. *Арықтау, қоңсыздау.* Қойлары қыстан ~ шықты. 2. *Ауыс. Жұпынылау, жұтаңдау, нашарлау.* Киімі ~ (үсті басы, дастарханы).

ЖҮДЕУЛІК 1. *Жүдегендік, арығандық, азып-тозушылық.* Баланың ~гі бірден көзге түсті. 2. *Ауыс. Жұпынылық, жұтаңдық, күйсіздік.* Үй тұрмысының ~гі, киімдерінің ~гіне қарады.

ЖҮДЕУШІЛІК *Жүдеулік, азып-тозушылық, жетіспеушілік.* Тұрмыстың ~гінен.

ЖҮЗ I *Адамның бет-әлпеті, өңі.* Көсемнің ұлы ~ін бір көріп, ~і жылыды. ◊ **Жүз аудара алмады** — *бетін бұра алмады.* **Жүз жыртысты** — *айтысты, тартысты, араздасты.* **Жүз көрісті [көрсетті]** — *кездесті, жолықты.* **Жүз таса қылды** — а) *жасырынды;* ә) *бойын аулаққа салды, безе бастады.* **Жүз тоқтатты** — *көз тоқтатып қарады.* **Жүз шайысты** — *бір-бірімен сөзге келді, ренжісті.* **Жүзі ашық** — *жылы жүзді, ашық-жарқын.* **Жүзі жылыды** — *көңілденді, мейірленді.* **Жүзі қайтты** — *тайсалды, қаймықты.* **Жүзі қара** — *ұятсыз, арсыз.* **Жүзін аударды** — *бетін басқа жаққа бұрды.* **Жүзіне шіркеу болды** — *істеген оғаш қылығы үшін ұялды, қаймықты.* **Жүзін құбылаға берді** *(діни.)* — а) *құдайға сыйынды, намаз оқыды;* ә) *мәйіттің басын батысқа қаратты.*

ЖҮЗ II *Пышақ, ұстара, қылыш сияқты заттардың өткір жағы.* Орақтың ~і қайрылып қалыпты.

ЖҮЗ III *тар. Қазақ халқының жер аумағын үш аймаққа бөліп айтумен байланысты қалыптасқан саяси-экономикалық термин; ұлыстық одақ.* Ұлы ~ (орта ~, кіші ~).

ЖҮЗ IV *Тоқсан тоғыздан кейінгі сан.* ◊ **Жүзден озған жүйрік** — *топтан суырылып шыққан өнерпаз, саңлақ.* **Жүзді айдап, бірді жетеледі** — *мыңғырған өте бай.* **Жүз жиырма төрт әнбие [пайғамбар]** *(діни.)* — *күллі пайғамбар атаулы.* **Жүз құбылды** — *сан қилы өзгерді.* **Жүз саққа жүгіртті** — *неше түрлі етіп айтты, құбылтты.* **Жүз толғанды** — *қатты ойланды.*

ЖҮЗ V 1. *Суда малту, жылжу, қозғалу.* Суда ~ген балық, ол жақсы ~уші еді. 2. *Жеңіл заттың батпай су бетінде қалқып, жылжып жүруі.* Қайық ~іп барады.

ЖҮЗБАСЫ *көне. Әрбір жүз әскердің, қолдың басшысы.*

ЖҮЗБЕ-ЖҮЗ *Бетпе-бет, көзбе-көз.* Солдатпен ~ кездестік.

ЖҮЗБЕЛІ *Жүзіп жүре алатын (зат).* ~ сүңгуір қайық.

ЖҮЗГЕН *бот. Шөл-шөлейтті жерлерде өсетін, құрғақшылыққа төзімді өсімдік.* ~ ағашы, ~нің қызыл шоғы.

ЖҮЗГІШ *Жақсы жүзе білетін, жақсы малтитын.* Ол мақтаулы ~.

ЖҮЗГІШТІК *Жүзе білгіштік, жақсы малтушылық.* Суға ~гімді сен білесің.

ЖҮЗДЕГЕН *Бірнеше жүз.* ~ машина (тонна астық).

ЖҮЗДЕЙ *Жүз шақты, жүз шамалы, жүзге тарта.* Екі ~ сауын сиыр (алты ~ қой).

ЖҮЗДЕП *Жүз-жүздеп, жүз-жүзден.* ~ бие сауамыз (маман шығардық).

ЖҮЗДЕП-МЫҢДАП *Жүз-жүздеп, мың-мыңдап.* ~ мал жиды.

ЖҮЗДЕС *Бетпе-бет кездесу, жолығу.* Ғалымдармен ~іп әңгімелестік.

ЖҮЗДЕТ *Жүз-жүзден бөліп-бөліп жіберу.* ~іп қойды бөлді.

ЖҮЗДІ I *Тұрпатты, сипатты, өңді.* Сәуленің ай ***жүзді*** көркі көз тартатын (Ә. Әбішев).

ЖҮЗДІ II *Өткір жүзі бар.* Қос ~ қанжар (өткір ~ кетпен).

ЖҮЗДІК I *Жүз адамнан құралған жасақ, топ.* Жетібай бастаған ~ (өз ~ гіңді бөліп ал).

ЖҮЗДІК II *Математикадағы кластар тобының бірі.* Шоттың ***жүздікте*** тұрған тасын жайлап жылжытты (Иманжанов).

ЖҮЗДІК III *Жүз сомдық бұтін ақша.* Сұлтанғазы өңкей ~ті ұсынды.

ЖҮЗДІК IV *кәсіб. Бір топ адам бірігіп, шауып, жинайтын жүз шөмеле шөп. Жүздік* дегеніміз — жүз көпене шөп (С. Мұқанов).

ЖҮЗДІКШІ *Жүз шөмеле шөп шабуға келіскен пішеншілер.* Шөп шабатын ~лер.

ЖҮЗЕ: жүзеге асты [асырды] — *пайдаға жарады, іске асты.*

ЖҮЗ-ЖҮЗДЕН *Әрқайсысы жүзден, жүз-жүзге бөлініп, топталып (бөлініп, топтап).*

ЖҮЗ-ЖҮЗДЕП *Жүз-жүзден топтап, көптеп.* ~ сойылған мал.

ЖҮЗЖЫЛДЫҚ *Жүз жылға толғандық, бір ғасыр.*

ЖҮЗІ *этногр. Адамның қайтыс болғанына жүз күн толуына байланысты берілетін ас.* Жиенғалидың бүгін ~. ◊ **Жүзін берді** *этногр. — өлген кісіге арнап, жүз күннен кейін ас береді.*

ЖҮЗІК *Көзіне асыл тас орнатқан қолға салатын сақина.* Қолына алтын ~ салды. □ **Жүзік тықпақ** — *екі алақанының ортасына сақина салып, жастардың ойнайтын ойыны.* ◊ **Жүзік көзінен өткендей** — а) *сұлу, сәнді, мүсінді;* ә) *еті тірі, пысық.*

ЖҮЗІМ *Оңтүстік аймақтарда өсетін тәтті, шырынды жемісі бар бұталы өсімдік, сол өсімдіктің шырынды жемісі.* Совхоз негізінен ~ өсірумен айналысады.

ЖҮЗІМДІК *Жүзім өсірілетін жер.* Жолдың екі беті ~ өсетін алқап.

ЖҮЗІМПАЗ *Жүзгіш, жақсы малтитын жүзуге маман.* Ол *жүзімпаз* адам екен (С. Мұқанов).

ЖҮЗІМШІ *Жүзім шаруашылығында жұмыс істейтін адам.*

ЖҮЗІМШІЛІК *Жүзім шаруашылығымен айналысушылық.*

ЖҮЗІНДІ *Суда, ауада жүзіп жүретін зат.* Лай сұйықтарды *жүзінді* деп атайды (Химия).

ЖҮЗІНШІ *Жүз санының реттік түрі.* Майданға келген ~ бригада.

ЖҮЗІС *Суға жүзгендік, малтушылық, жүзу.* Ол *жүзістің* неше түріне салды. (Т. Әлімқұлов).

ЖҮЙЕ 1. *Буын, сала, тарау.* Омыртқалардың ~сі. 2. *Жөн, рет, тәртіп.* Бір ~ге салды, сөз ~сін тапты. 3. *Ауыс. тех. Жем, торап.* Электр ~сі, жылу ~сі, темір жол ~сі. ◊ **Жүйеге келтірді [салды, түсірді]** — *тәртіпке түсірді, жөнге келтірді.* **Жүйесі босады** — *егілді, көңілденді, көңілі босады.*

ЖҮЙЕ-ЖҮЙЕ *Сала-сала, тарау-тарау, рет-рет.* Өңгімені ~сімен айтты.

ЖҮЙЕК 1. *Егістікке су жіберу үшін арнайы жасалған атыз.* 2. *Бақша дақылдарын (қауын, қарбыз, қияр, т. б.) отырғызуға арналған қатар.* Қарбыз ~терін аралады.

ЖҮЙЕКСІЗ *Жүйегі жоқ, жүйек салынбаған.*

ЖҮЙЕКТЕ *Жүйек жасау, қатар жүргізу.* Ертеде қауын-қарбызды диқандар қолмен *жүйектеп* егетін (Алманиязов).

ЖҮЙЕКТІ *Жүйек салынған, жасалған.* Ағаш тұқымын кең ~ тәртіппен егу тиімді (Балтабаев).

ЖҮЙЕЛЕУ *Жүйеге түсіру, ретке келтіру.* ~п баяндады, ойымды ~дім.

ЖҮЙЕЛЕС *Жүйесі бір, бір сарындас.* Сонымен бір *жүйелес* болып естіледі (Көшімов).

ЖҮЙЕЛІ *Жүйеленген, ретті, тәртіпті.* ~ түрде түсіндірді (сөз).

ЖҮЙЕЛІЛІК *Жүйесі барлық, реттілік.* ~пен іске асты.

ЖҮЙЕМЕЛЕТ *Бірінен соң бірін жиілете, үстіүстіне төпелету.* Шоқпар ~е тиді шекеге.

ЖҮЙЕСІЗ *Жүйеге түспеген, жүйесі жоқ, ретсіз.* Зерттеулер ~ жүргізілген.

ЖҮЙЕСІЗДІК *Жүйе жоқтық, ретсіздік.* Құрылымдағы ~.

ЖҮЙКЕ *Нерв, жүйке тамырлар.* ~лері жұқарды. ◊ **Жүйкесі босады** — *егіліп елжіреді, жылағысы келді.* **Жүйкесі құрыды** — *діңкелетті, әбден шаршатты.*

ЖҮЙКЕЛЕ *Шаршау, тыйтықтау.* Денесі құрыстап ~ген, ~п шаршайды.

ЖҮЙРІК 1. *Жылдам шапқыш, ұшқыр.* Ит түлкі ~гін сүймес (Мақал). 2. *Ауыс. Шешен, білгір, жетік.* Сөзге ~.

ЖҮЙРІКСІ *Өзін жүйрік деп санау, шешендену.* Сөзге ~п отыр.

ЖҮЙРІКТІК 1. *Ұшқырлық, шапқыштық, жылдамдық.* Атының ~гіне тым сене берме. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге жетіктік, білгірлік.* Тілге ~ (сөзге).

ЖҮЙТКІ *Зымырау, заулау, қатты жүгіру.* ~ген машина. Поезд ~п келеді, қатты ~ді.

ЖҮК 1. *Әр түрлі салмағы бар зат.* Арқалаған ~тері ауыр, көшкенде ~терін түйеге артты. 2. *Реттеліп жиналған үй мүлкі, жиһаз.* *Жүктің* астындағы кебежені ақтарды (Мыңжасарова). 3. *Ауыс. Бейнет, азап, мехнат.* Баланың ауруы үлкен ~. 4. *Ауыс. Талап, міндет.* Достықтың ~гі ауыр, заманымызға ауыр ~ артылып отыр. □ **Жүк көлігі** — *жүк тасу үшін пайдаланатын шаруашылық малы.* **Жүк машинасы** — *әр түрлі жүктерді, заттарды тиейтін ашық машина.* **Жүк салғыш** — *жүк қоятын орын; багажник.* ◊ **Жүк болды** — *ауыртпалығын түсірді, салмағын салды.* **Жүк артты** — *талап қойды, міндет жүктеді.*

ЖҮКАЯҚ *Үстіне жүк жинап қоятын, ағаштан жасалған жүк жиғыш.* ~тың үстінде жиылған көрпе-жастық.

ЖҮКҚАП *Жолға шыққанда керек-жарақ заттарды салатын қап; дорожный мешок.*

ЖҮК-МҮК *Жүк және басқа да заттар.* Көк арба *жүк-мүкпен* жол жиегінде қалды (Ақышев).

ЖҮКСАЛҒЫШ *Автобустағы, самолеттегі, басқа да көліктердегі жүк қоюға, салуға арналған орын; багажник.*

ЖҮКСІЗ *Жүгі жоқ, бос.* ~ арба (қол шана).

ЖҮКТЕ 1. *Көлікке, машинаға жүк арту, тиеу.* Жиырма түйеңді бір өзім *жүктей* беруші едім (Кекілбаев). 2. *Ауыс. Міндетті тапсырма беру.* Генерал жауапты тапсырма ~ді.

ЖҮКТЕЙ *Көлемі жиналған жүктей, қомақты, үлкен.* Ол *жүктей* тастың үстіне шығып отыр (Тұлшар).

ЖҮКТЕЛ *Міндеттелу, тапсырма берілу.* Ауыр тапсырмалар ~ді.

ЖҮКТЕМЕ *Жұмыс, сабақ сағатының тиісті мөлшері; нагрузка.*

ЖҮКТЕУЛІ *Жүк артылған, тиеулі.*

ЖҮКТІ I *Жүк артылған, жүк тиелген, жүгі бар.* ~ машина. ~ поезд.

ЖҮКТІ II *Аяғы ауыр, екіқабат (әйел).* Үмсын *жүкті* болатын (Ш. Шалқаров).

ЖҮКТІК *Жүк артуға арналған көлік.* *Жүктік* түйелері жырақтағы сортаңға айдалған (С. Мұқанов).

ЖҮКТІЛІК *Екіқабаттық, аяғы ауырлық.*

ЖҮКШЕ *Кішігірім жүк.* Арт жақтағы *жүкшенің* үстіне отырды (Б. Нұржекеев).

ЖҮКШІ *Жүк тиеуші адам.* Завод иелері ~ жалдады.

ЖҮКШІЛІК *Жүкші болушылық.* Ол бригадирліктен ~ке ауысты

ЖҮЛГЕ 1. *Тау аңғары, алқап, алап.* Алыстан тау *жүлгелері* мұнартады (С. Шаймерденов). 2. *Жазық дала, тегістік.* Қалың қамыс, *жүлге* өзектер (І. Жансүгіров).

ЖҮЛГЕЛЕ *Өзек, жыра бойымен жүру, жағалау, бойлау.* Жоңғардың бір сайын *жүлгелеп* кеттік (Б. Нұржекеев).

ЖҮЛГЕЛЕН *Жүлге-жүлге болып бөліну, салалану.* *Жүлгеленіп* жатқан тау жоталары (С. Шаймерденов).

ЖҮЛГЕЛЕС *Қатар жатқан, салалас.* Біздің қонысымыз Шыңғыс тауымен ***жүлгелес*** (С. Бегалин).

ЖҮЛДЕ *Жарыста озғандарға берілетін бәйге, сыйлық; приз.* Қажымұқан атындағы ~ тағайындалды. □ **Жүлде алды** — *топтан озып, бәйге алды.*

ЖҮЛДЕГЕР *Жарыста озып шығып, сыйлық алған адам.* Жарыстың ~і.

ЖҮЛДЕГЕРЛІК *Жүлделі орынға ие болушылық.* Ол ~ке жетті.

ЖҮЛДЕЛІ *Жүлдеге ие болған, жүлде берілген.* ~ шығарма (жарыс, орын).

ЖҮЛДЕСІЗ *Сыйлықсыз, бәйгесіз.* Жарыстан ~ қайтты (орынға ие болды).

ЖҮЛКЕУІР *бот. Таулы жерге өсетін, мал сүйіп жейтін шөптің бір түрі.*

ЖҮН *Хайуанаттардың терісін жауып тұратын тұқ, қылшық.* Түйенің ~і жылы болады (өлі, жабағы). ◊ **Жүн болды** — *ұнжырғасы түсті, азып-тозды.* **Жүндей түтті [сабады]** — *әбден ұрып-соқты.* **Жүн жеп кетті** — *азып-тозды, жұнжіді.* **Жүні жығылды** — *беті қайтты, сағы сынды.* **Жүнін жұлған тауықтай [тырнадай]** — *берекесі қашқан, ұсқынсыз.* **Жүнін сыртқа түкситті** — *қоқанлоқы жасап, қыр көрсетті.*

ЖҮНДЕ 1. *Түйенің жүнін көктемде күзеу, тұтеу.* Түйені күн жылыған соң ***жүндейді*** (Жұмағұлов). 2. *Ауыс. Қатты ұрысу, іреп сою.* Ол күйеуін ~п алды.

ЖҮНДЕЙ *Жүн сияқты.* Жібек ~, ~ үлбіреген бұлт. □ **Жүндей түтті** — *тұте-тұтесін шығарды, жұлма-жұлма етті.*

ЖҮНДЕС 1. *Жүні қалың, жүні көп.* Монғол түйелері ***жүндес*** келеді (Жұмағұлов). 2. *Тұкті, тұқ басқан.* Асанбай да ***жүндес*** жұдырығын түйді (Хұсайынов).

ЖҮНДЕСТЕУ *Жүні қалыңдау, тұктілеу.* ~ қалың қабақ (ит).

ЖҮНДЕСТІК *Тұктілік, жүні қалыңдық.* Қойдың ~гін арттыру керек.

ЖҮНДІ *Жүндес, жүні өсік.* ~ саулық (қойлар, ала төбет).

ЖҮНДІЛЕУ *Жүні қалыңдау, тығыздау, жүндірек.* Қозы арқардан гөрі ***жүнділеу*** болып шықты (Бегалин).

ЖҮН-ЖҰРҚА *Жүн-жыбыр, жүн сияқты түрлі нәрселер.* Қойдың ~сы (жинады).

ЖҮНЖІ *Азып-тозу, жүдеп-жадау.* Бала өсе келе ~п кетті.

ЖҮНСІЗ *Жүні жоқ, тығыз емес, тықыр.*

ЖҮПТІ *Некесі қиылған, некелі.* □ **Жүпті болды** — *некелі болды, ерлі-зайыпты болып заңды түрде қосылды.*

ЖҮПІРЛЕ *Жан-жақтан топырлау, жапырлау.* Балалар радиоқабылдағыштың төңірегіне ***жүпірлей*** қалыпты (Момышұлы).

ЖҮР 1. *Тұрған жерден екінші жерге жету, бару.* Ол жаяу ~ді. 2. *Көлік пен машинаның т. б. заттардың орнынан қозғалуы, қимылдауы.* Поезд үгелі тұр, сағат ~іп тұр. 3. *Бір жаққа бет алу, жолға шығу.* Алматыға ~іп кетті. 4. *Карта, шахмат т. б. спорт ойындарындағы жүріс.* Ондық қарғаны ~ді, ферзаны бірінші рет ~ді. 5. *Толық мағыналы тіркесіп, белгілі мағына білдіретін көмекші етістік.* Кітап оқып ~ген, еңіреп ~ген ер еді. 6. *Ауыс. Біреумен көңілі жақын болу.* Ол бір әйелмен ~еді.

ЖҮРГЕН-ТҮРҒАН *Туып-өскен, қызмет еткен.* ~ жер ыстық, ~ын аңдыды.

ЖҮРГІЗГІШ *Бір нәрсені қозғалысқа келтіргіш машина.* ~ адам.

ЖҮРГІЗУШІ I *Бір істі басқарып алып барушы.* Іс ~.

ЖҮРГІЗУШІ II *Троллейбус, машина, трамвайларды айдаушы, соларды жүргізетін адам; водитель.*

ЖҮРГІНШІ *Жол жүруші, жолаушы.* ~лер ассуға қанып алды.

ЖҮРГІШ 1. *Жүрдек, қатты жүретін.* ~ ат. 2. *Жеңіл жүріске салынған, жезөкше.* ~ қатын.

ЖҮРГІШТЕ *Жүре беру, шапшаңдау.* Әрі-бері ~п кетті.

ЖҮРГІШТІК 1. *Жүрдектік, жақсы жүретіндік.* Қара шолақтың ***жүргіштігін*** байқаған (Қозыбаев). 2. *Жезөкшелік.* ~тен пайда жоқ.

ЖҮРДЕК 1. *Жылдам жүретін, ұшқыр.* ~ ат (поезд, адам). 2. *Ауыс. Жүйрік, білгір.* Тілге ~ (қаламы ~ жастар).

ЖҮРДЕКТЕ *Жүрдектеу, шапшаңдау, жылдамдау.* ~п кетті.

ЖҮРДЕКТЕУ *Шапшаңдау, жүрістілеу.* Өтізім ***жүрдектеу*** болғандықтан жол бастадық (Нұржекеев).

ЖҮРДЕКТІК *Жылдамдық, шапшаңдық, жүйріктік.* Ол поездың ~гіне қызығады.

ЖҮРДІМ-БАРДЫМ *Қалай болса солай, немқұрайды, көңілсіз.* Сөзін ~ тыңдады (жұмысқа қарайтын).

ЖҮРЕ-БАРА *Біртіндеп, жүре келе, бара-бара.* Талант ~ ашылады (құлағы ~ үйренді).

ЖҮРЕБІТТІ *Бірден емес, біртіндеп пайда болу.*

ЖҮРЕГЕН *Жүрдек, жүйрік (адам, мал).*

ЖҮРЕЖАТ *Туажаттан туған бала.* Ол екеуіміз ~пыз.

ЖҮРЕ-ЖҮРЕ 1. *Көп жүру.* ~ табандары тозды (шаршады). 2. *Бара-бара, келе-келе, соңында.* ~ ауруға ұшырады (дос болдық).

ЖҮРЕК 1. *Бойға қан жүргізуші басты орган.* ~гім жылдам соқты. 2. *Ауыс. Кісінің жан дүниесі, рухани сезімі.* ~гіне нұр құйды, ~гі тебіренді. ◊ **Жүрегі айныды** — а) *құсқысы келді;* ә) *мезі болды, ығыр болды.* **Жүрегі аласұрды** — *тынышсыздаңып алып-ұшты.* **Жүрегі аттай тулады [дүрсілдеді]** — *жүрегі қатты соқты, дүрсілдеді.* **Жүрегі аузына тығылды** — *жүрегі өрекпіп қатты соқты.* **Жүрегі бүлк етпеді** — *еш нәрсені сезінбеді, селт етпеді.* **Жүрегі дауаламады** — *батылы бармады, тайсалды.* **Жүрегі дір етті** — *қорықты, селк етті.* **Жүрегі елжіреді [еріді, езілді]** — *жаны ашыды, аяды.* **Жүрегі зу ете қалды** — *қатты шошыды.* **Жүрегі зырқ ете қалды** — *бір нәрсе жанына жайсыз тиді.* **Жүрегі күпті болды** — *көңілі дүдәмал болып қорықты.* **Жүрегі қарайды** — а) *қарны ашты, жүрегі сазды;* ә) *жамандық ойлады.* **Жүрегі қарс айрылды** — а) *қатты қуанды;* ә) *қайғыдан қатты күйінді.*

ЖҮРЕКЖАРДЫ *этногр. Сүйіншіге, қуанышты хабарға берілетін сыйлық; кәде.* ◊ **Жүрекжарды хабар [қуаныш]** — *зор қуаныш, керемет қуанышты хабар.*

ЖҮРЕККАП *Жүректің сыртын қаптап тұратын жұқа қабық.*

ЖҮРЕКСІЗ 1. *Су жүрек, қорқақ.* Көрінгеннен қорқатын ~. 2. *Ауыс. Мейірімсіз, қайырымсыз.* Бас қамымен кеткен ~.

ЖҮРЕКСІЗДЕН *Жүрегі дауаламау, батылы жетпеу, жүрексіну.* Әсия жаққа *жүрексіздене* қарады (Қабанбаев).

ЖҮРЕКСІЗДЕУ *Батылсыздау, қорқақтау.* Ол ~ сөйледі.

ЖҮРЕКСІЗДІК *Қорқақтық, батылсыздық.* Ұрыс майданында ~ көрсеткен жоқ.

ЖҮРЕКСІН *Батылы жетпеу, қорқыңқырау, жүрексіздену.* Жалғыз баруға ~ді.

ЖҮРЕКТЕН *Батырлану, қайраттану.* Жолбарыстай ~ді.

ЖҮРЕКТЕС *Тілектері, мақсаттары бірге, жақын.* Бәрің сәйкес бір *жүректес* (Т. Жароков).

ЖҮРЕКТІЛЕУ *Батылдау, қайраттылау, жүректірек.*

ЖҮРЕКТІЛІК *Батылдық, қайраттылық, ерлік.* Даңқты ұрыстарда Талғат ~ көрсетті.

ЖҮРЕКТІРЕК *Батылдау, қорықпайтын, батылырақ.* Мырзай ~ еді.

ЖҮРЕКШЕ I *Жүректің қан келіп құятын бөлімі.* Жүректің ~сі. □ **Жүрекше ен** — *еннің жүрекшеге құсайтын түрі.* **Жүрекше ою** — *жүрекшені бейнелеген ою түрі.*

ЖҮРЕКШЕ II *Жүрек сияқты, жүрек тәрізді.* Түкті ~ тулады.

ЖҮРЕКШЕ III *Таулы жердегі биіктеу жер, төскей.*

ЖҮРЕЛЕ I *Екі тізесін бүгіп, жүресінен отыру.* Жозының шетіне *жүрелей* отыра қалды (Нұржекеев).

ЖҮРЕЛЕ II 1. *Жылқының не түйенің болдырып, діңкелеп шаршап қалуы, зорығуы, табалау.* Ат ~п қалды. 2. *Аштықтан, соғыстан т. б. титықтап қалу, діңкесі құру.*

ЖҮРЕЛЕТ 1. *өзг. етіс. Жүреле-т.* 2. *Жүресінен отырғызу, бүкшіту.* 3. *Атты не түйені ақсату.* 4. *Тұралату, әбден арықтату, титықтату, қайыршылыққа ұшырату.* Қыс қатты болып, малды ~іп кетті.

ЖҮРЕМЕТЕ *Жепелдемету, жеделдету.* ~ тағы бір хат жазды, ~ аман-саулық сұрасты.

ЖҮРЕСІНЕН: жүресінен отыру — *екі тізені бүгіп, тізерлеп отыру.*

ЖҮР-ЖҮРЛЕ *Жүр-жүрдің астына алу, қайта-қайта жүр деу, асықтыру.* Еңбек майданына ~п асықтырды, ~п жетеледі.

ЖҮРУ-ТҰРУ *Қимыл-қозғалыс жасау, жатып қалмау.* Әлденеше күннен бері ~ды ұмытып та қалған.

ЖҮРІМ *жерг.* 1. *Барыс, келіс, жүріс.* Тәңірбергеннің арқасында *жүрімің* ұзарды. (Ә. Нұрпейісов). 2. *Барар, жүрер жер.* ~і бітіп, жолы таусылды, ~і ұзарды. ◊ **Жүрімің қысқарғыр** *(қарғ.)* — *жүруден қалғыр, жүре алмай қалғыр.* **Жүрімің үзілгір** *(қарғ.)* — *өліп қалғыр, өшкір.*

ЖҮРІМПАЗ 1. *Жылдам жүретін, жүрдек.* Түйе құмды жерде ~. 2. *Ауыс. Жүруге құмар, жүргіш, жезөкше, жеңіл жүріске салынған кісі.* **Жүрімпаз** жігіттің бірі сол әйелге көңілі кетіпті (Мың бір түн).

ЖҮРІМПАЗДЫҚ 1. *Тез жүргіштік, жүргектік.* 2. *Нәпсі құмарлық, жезөкшелік.* Келіншек ~қа салынды.

ЖҮРІП-ЖҮРІП 1. *Көп жүріп, кезіп-кезіп.* **Жүріп-жүріп** келіп бір жерге тоқтады (Сейфуллин). 2. *Көп жасап, көп өмір сүріп.* **Жүріп-жүріп** келіп сүйегім далада қалатын болды-ау (Оразов).

ЖҮРІП-ТҰР *Ары-бері жүру, тұрған жерден қозғалу, қимылдау, жүріс-тұрыс.* Әлденеше күннен бері **жүріп-тұруды** да ұмытып қалған (Ә. Кекілбаев).

ЖҮРІС 1. *Бір жерден екінші жерге бару үшін жасалынған қимыл-қозғалыс.* Жайлы ~, баяу ~. 2. *спорт. Шатыраш ойынындағы кезекті ойын жолы.* Аида шахматтың ~ін үйренді. 3. *Мақсатсыз бос сенделіс.* Бұл не ~. **Жүрісі суық** — *асығыс, тығыз.* **Жүрісі сүйық** — *жеңіл жүрісті.*

ЖҮРІСКЕР *Жақсы жүретін, жүрісті.* ~ ат.

ЖҮРІСКЕРЛІК *Төзімді тез жүргендік.* Аттың ~гіне қайранмын.

ЖҮРІССІЗ *Жүріс болмайынша; жүріс жоқ жерде.* ~ ешнәрсе бітпейді.

ЖҮРІС-ТҰРЫС *Қимыл-қозғалыс, әрекет, жүріп-тұру.* ~ында мін жоқ, ~ы сезікті.

ЖҮРІС-ТҰРЫССЫЗ *Қимыл-қозғалыссыз, әрекетсіз.*

ЖҮРІСТІ 1. *Жүрісі жылдам, жүріскер.* ~ ат. 2. *Асығыс, сезікті жүріс-тұрыс.* Суыт ~ жолаушы.

ЖҮРІСТІЛЕУ *Жүрісі жақсырақ, желістілеу, аяңшыл.* Желіскөр ~ ат.

ЖҮРІСТІЛІК *Жақсы жүретіндік, жүрдектік, аяңшылдық.* ~гі аттан бетер.

ЖЫБЫР *Болар-болмас ақырын, жай қыбыр, қозғалыс.* Бет аузына жел үріп өткендей *жыбыр* пайда болған сияқтанды (Қ. Исабаев). □ **Жыбыр етті** — *қимылдады, қозғалды, қыбырлады.*

ЖЫБЫР-ЖЫБЫР *Ақырын, қыбыр-қыбыр.* ~ басты, (жылжыды). Отар *жыбыр-жыбыр* жылжып келеді (Ғ. Мүсірепов).

ЖЫБЫРҚАЙ *Ұсақ, майда, бір-біріне қосылып кеткен.* ~ жазған жазу.

ЖЫБЫРЛА 1. *Қимылдау, қозғалу, жыбыр-жыбыр ету, қыбырлау.* Ерні ~йды. 2. *Ауыс. Құжынау, быжынау.* ~ған адам. ~п тұрған орындықтар.

ЖЫБЫРЛАҒАН *Қаптаған, құжынаған, мол, көп.* ~ гүл (адам).

ЖЫБЫРЛАҒЫШ *Қыбырлағыш, қимылдағыш, қозғалғыш.* Эпителидтің ~ қимылы болады.

ЖЫБЫРЛАҚ I *Қойда болатын ауру аты; ішек құрты, жұқпалы індет.*

ЖЫБЫРЛАҚ II 1. *Жыбыр-жыбыр еткен, кібіртіктеген.* ~ жүріс (ерін). 2. *Ауыс. Аузында сөз тұрмайтын, көп сөйлегіш, көп сөйлейтін.* ~тардың үндері өшкен (өсек).

ЖЫБЫРЛАУЫҚ *Жыбырлап сөйлей беретін, өсекші.* ~ ауыз (адам).

ЖЫБЫРШЫ 1. *Жыбыр-жыбыр етіп, қозғалақтау, қыбырлау-жыбырлау.* Беті ~ды, жұрт ~и бастады. 2. *Тыпыршу, тықыршу.* ~п тысқа шықты (бір орнында отыра алмайтын).

ЖЫҒА I 1. *көне. Патшалар мен хандардың соғыста киетін бас киімі.* **Жығаның** төбесі үшкір келеді, мандай алды қасқа дейін түсіп тұрады, желке жағына мойынды айнала ұзындығы 1–1,5 қарыстай шынжырлы баулар тағылады (ҚСЭ). 2. *Хандар мен қолбасылар айырым белгісі ретінде дулығаның төбесіне қауырсын қадап, оны жыға атаған.* Басында *жыға* бөркі бар, Падишалық көркі бар (Манас). ◊ **Жығасы жығылды [құлады]** — *бағы тайды, тауы шағылды.*

ЖЫҒА II *Ылғи, бірыңғай, бірсыпыра.* Түйме тағып көксүртан **жыға** (А. Тоқмағамбетов).

ЖЫҒА III **жыға танымады** — *жете, анық білмеді, жай шырамытты.*

ЖЫҒАУЫЛ *Қаршығаның мойнына шалқаймау үшін кигізіп қоятын зат.*

ЖЫҒУ 1. *қ. атау Жық-у.* 2. *Құлату, сұлату.* 3. *Күрес ойынында алып ұру, жеңу.* 4. *Тігулі тұрған киіз үйді жию, жинау.*

ЖЫҒЫЛ 1. *ыр. етіс. Жық-ыл.* 2. *Құлау, мұртай ұшу, омақасу.* Өзі **жығылған** бала жыламайды (Мақал). 3. *Бір жағына қарай қисая жату.* Жастығына жамбастай ~ды. 4. *Ауыс. Бір нәрсенің билігін сұрау, жүгіну.* Бәрі Абайға ~ады. ◊ **Жығылғанға жұдырық** — *соғға сор қосып бұрынғының үстіне жаңа бәле жабысты.* **Жығылған сүрінгенге күледі** — *өзіне қарамай біреуді менсінбей, мінейді.* **Жығылсаң нардан жығыл** — *жеңсең де, жеңілсең де күштіден құла.* **Жығып берді** — *біреудің алдында кінәлі етті, жеңілдірді.*

ЖЫҒЫЛА *Әбден, барынша, құлағанша.* ~ мас еді, ~ жабысты.

ЖЫҒЫЛА-СҮРІНЕ *Сүрініп-қабынып, асып-сасып.* ~ жүгірді, ~ қырманға беттеді.

ЖЫҒЫЛЫҢҚЫ: жүні жығылыңқы — *беті қайтыңқы, еңсесі түсіңкі.*

ЖЫҒЫЛУШЫ *Құлап қалушы, омақаса құлаған адам.*

ЖЫҒЫЛЫП-СҮРІНІП *Бір құлап, бір тұрып, сүрініп-қабынып.* ~ үйге өзер жетті.

ЖЫҒЫЛЫС 1. *Жығылғандық.* 2. *Жеңіліс.* Осы ~ сенің келешегің үшін қауіп.

ЖЫҒЫНДЫ *жерг. Бір нәрсеге міндетті, қарыздар.* Оқуға ақы төлеуге ~.

ЖЫҒЫҢҚЫ *Жығылыңқы, басыңқы.* **Жығыңқы** жатқан мұрты тікірейіп шыға келді (Кекілбаев).

ЖЫҒЫС: ит жығыс — *күрескен екі адамның тең, бірдей жығылуы, бірдей құлап түсуі, не бірін-бірі жеңе алмауы.*

ЖЫҚ 1. *Күресте қарсыласын құлату, алып ұру.* Білегі мықты бірді **жығар** (Мақал). 2. *Киіз үйдің уық-керегесін жию, жинау.* 3. *Ауыс. Жеңу, біреуден басым түсу, үстем болу.* Жауымды ~тым, сөзбен ~ты. 4. *Ауыс. кәсіб. Арықтағы суды басқа жаққа қарай бұрып жіберу.* Суды **жықтым,** өкінбеңдер енді оған (Тоқмағамбетов).

ЖЫҚ-ЖЫҚ: жық-жық боп — *құжынап, қайнап толып тұр.*

ЖЫҚПЫЛ 1. *Ағаш-бұтасы қалың өскен быжырқай жер.* Елсіз ~ға кіргенше асықты. Арқар таудың ~дарынан қашық жүреді. 2. *Ауыс. Қалтарыс, бұлтарыс.* Адам жанының ~дары.

ЖЫҚПЫЛДЫ *Ағашты-бұталы сай-саласы көп, жыралы қалтарысты.* ~ өңір, ~ жол.

ЖЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ *Қалың бұта өскен сайсала, жыра-жыра.* ~ қойнаулар, ~ тас үңгір.

ЖЫЛ *Он екі айлық мерзім, уақыт.* Аспирантурада үш ~ оқыды. □ **Жыл мезгілдері** — *бір жыл ішіндегі төрт мезгіл.* ◊ **Жыл басы көне** — *жылдың бастапқы айы; наурыз.* **Жыл бойы** — *бүкіл жыл ішінде; үнемі.* **Жыл қайырды** — *ескіше жыл санау жүйесі бойынша біреудің жасын есептеп шығарды; жыл санады.* **Жыл он екі ай [айда]** — *жыл бойы.* Жыл санап — *жыл өткен сайын.* **Жыл шықты** — *ауыр қысты бастан өткізді.* **Жылын берді** — *өлген адамның жылға толған уақытын атап өтті, ас берді.*

ЖЫЛА 1. *Көзден жас шығару, еңіреу.* Мария өксіп ~п жіберді. 2. *Ауыс. Қайғыру, ренжу.* Ел ~ды. 3. *Ауыс. Табиғаттың, жануарлардың боздауы, зарлауы.* Сахара зар ~п жатыр. **Жыламаған балаға емшек бермейді** — *өзі талпынбаса, біреуге біреу қол ұшын бермейді.*

ЖЫЛАМСЫРА *Мұңаю, көңілі босау, жылармандолу.* ~п көзін сүртті.

ЖЫЛАН I 1. *Бауырымен жорғалаушылар тобына жататын, уы бар жәндік.* Оқ ~ның ордасы, улы ~. 2. *Ауыс. Араға іріткі салатын арамза, зәлім адам.* Ол нағыз сұр ~. □ **Жылан бауыр** — а) *жылан сияқты ирелеңдеген қамшы;* ә) *шынжыр табанды (трактор).* **Жылан жылы** — *ескіше жыл аты.* ◊ **Жыландай жырылды** — *жақтырмады, ұнатпады.* **Жылан жайлап барады** — *қомағайланды, ашқарақтанды.* **Жылан жалағандай** — а) *еш нәрсе жоқ, тұқ қалдырмаған;* ә) *тап-таза, мұнтаздай.* **Жылан жүріс** — *ізін білдіртпейтін әрекет.*

ЖЫЛАН II *Көп жылана беру, күйіну.* **Жыланып** алғаның бір-екі, үш мал (А. Тоқмағамбетов).

ЖЫЛАНБАЛЫҚ *Терісі тегіс, қабыршақсыз жылан тәрізді балық.*

ЖЫЛАНБАС I *бот. Басында жүгері сияқты дәні бар, мысық құйрық тектес шөп.*

ЖЫЛАНБАС II 1. *этногр. Жыланның басына ұқсастау болып келетін өрнектің бір түрі.* 2. *Балалардың тақиясына тағатын жыланның бас сүйегі.*

ЖЫЛАНБАУЫР 1. *Қамшы өрімінің бір түрі.* ~ қамшы. 2. *Табанында шынжыры бар трактор.* ~ трактор.

ЖЫЛАНБӨКТЕРГЕН *астр. Экваторлық шоқжұлдыз.*

ЖЫЛАНЖУА *Оңтүстік далаларда өсетін жуаның бір түрі.* Жауқазын, **жыланжуа** пиязшықты өсімдіктер мысал бола алады (Ботаника).

ЖЫЛАНКӨЗ I *Сығырайған жыланның көзіндей, жылтылдап жылтыраған.* Бетінде **жыланкөз** май жүзген қымыз (Т. Әлімқұлов).

ЖЫЛАНКӨЗ II *мед. Әр түрлі патологиялық жағдайға байланысты адам денесінде пайда болатын тесік.* **Жыланкөз** іштен туа пайда болады (ҚСЭ).

ЖЫЛАНКӨЗДЕН *Жылтырау, жылтылдау.* Жанарында ~іп жас тұр.

ЖЫЛАНҚАРАҚ *Жылт етер майы жоқ, арық ет.* Өлген малдың ~ғы жоқ.

ЖЫЛАНҚИЯҚ *бот. Көк гүл жаратын дара жарнақты көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ЖЫЛАНҚҰРТ 1. *Адам мен малдың ішінде болатын жұмыр құрт.* 2. *Осы құрттан пайда болатын ауру.* Ішектің **жыланқұрт** аурулары витаминді сіңірмейді (М. Исамбаев).

ЖЫЛАНТАМЫР *Тамыры шұбар ала жыланға ұқсайтын өсімдік аты.*

ЖЫЛАҢҚЫ 1. *Көп жылайтын, жылай беретін жылауық (бала).* 2. *Ауыс. Бір нәрсені жоқ деп зарлап қыңқылдай жылана беретін зарлауық.* Әйелдің ~ болғаны жаман.

ЖЫЛАНҚЫЛАН *Жылану, жылай беру.* Ол ~ып отыр.

ЖЫЛАҢҚЫШӨП *бот. Күрең қызыл түсті бір жылдық немесе көп жылдық шөптесін өсімдік. **Жылаңқышөп** өзен алқабында, батпақты жерлерде өседі (ҚСЭ).*

ЖЫЛАП-ЕҢІРЕ *Көз жасын көл қылып төгу, боздау.* Ана ~п отыр.

ЖЫЛАП-КӨРІС *Бір-бірін қатты сағынысып жыласып көрісу.* Қуанғаннан ~іп жатыр.

ЖЫЛАП-СЫҚТА *Қайғырып-қамығу, уайымдау.* ~п баласын әскерге аттандырды.

ЖЫЛАРМАН *Жылауға жақын, жылайтындай.* ~ боп қоштасты.

ЖЫЛАРМАНДАЙ: жылармандай болды — *әбден ашуға булықты.*

ЖЫЛАТҚЫШ *Жылата бергіш, жылатуға әуес.* Қайсың ~сыңдар.

ЖЫЛАТЫП-ЕҢІРЕТІП *Жылатып-сықтатып, боздатып.* Бойжеткенді ~ он үш жасар балаға берді.

ЖЫЛАУЛЫ *Жылап-сықтаған, қайғылы қасіретті.* ~ жұрт.

ЖЫЛАУСЫЗ *Жыламайтын, сықтамайтын.* Баланың ~ күні бар ма.

ЖЫЛАУЫҚ I *Жан-жануарлардың ішкі құрылысында, басында болатын су кеселі, құрт жинаратын кішкене қалташық. **Жылауық** ішінде жыбырлаған ақ құрт болады (Х. Арғынбаев).*

ЖЫЛАУЫҚ II 1. *Жылауға бейім, жылаңқы.* ~ бала (қатын). 2. *Ауыс. Барды жоқ деп жыланып отыратын (адам).* Жеңгеміз өте ~ адам. 3. *Ауыс. Семірмейтін, ет алмайтын (мал).* ~ жылқы.

ЖЫЛАУЫҚТЫҚ *Жылай бергіштік; жоқтан өзгені уайым қыла берушілік.* Абдолла жырларында ***жылауықтық*** көп дейтіндер бар ("Лен. жас").

ЖЫЛБАҒЫСТА *Шет пұшпақтау, ептеп суыртпақтау.* Омар өз ойының шет жағасын ***жылбағыстап*** шығарды (Тілегенов).

ЖЫЛБЫСҚЫ 1. *Шала туған төлдің жасық еті мен терісі.* ~ қозы (тері). 2. *Малдың ұрығы.* 3. *Ауыс. Бос, ынжық, жасық.* Әли ***жылбысқы*** жасық жан. 4. *Ауыс. Былжырақ, жабысқақ.* ~ қар.

ЖЫЛБЫСҚЫЛАН *Ылжырау, былжырау.* Қар ***жылбысқыланып*** ерімей жатыр (Бөкеев).

ЖЫЛҒА *Қар, жаңбыр суы ағатын кішкене жыра, өзек.* ~мен қар суы ақты.

ЖЫЛҒАЛА *Сай-сай, тарам-тарам болып бөліну.* ~п су журетін ой-шұқыр.

ЖЫЛҒАЛАП 1. *Жылға-жылғамен бойлап ағып.* ~п аққан бұлақ. 2. *Ауыс. Тасаланып, жасырынып.* Жетті қулар ~п.

ЖЫЛҒАЛЫ *Сай-сала, өзегі, жылғасы көп.* Тауларымыз ~ (жер).

ЖЫЛҒАШЫҚ *Көлемі кішірек жылға.* Оның қорқатыны — "Алабай" алқабындағы жіңішке ***жылғашық*** (Тұрғымбеков).

ЖЫЛДА *Жыл сайын, жылма-жыл.* ~ жайлауға көшеді, газетке ~ жазыламыз.

ЖЫЛДАҒЫ *Жыл сайын болатын, жыл бойындағы.* ~ әдеті (қалпы, жай).

ЖЫЛДАҒЫДАЙ *Жылдағыша, әдеттегідей.* ~ ауылды сағындым.

ЖЫЛДАҒЫША *Әдеттегіше, бұрынғыша, жылдағыдай. Жылдағыша* ызғарлы жел де жоқ. (Аманшин).

ЖЫЛДА-ЖЫЛДА *Жыл сайын, жылма-жыл.* Балалар ~ үйде отыра ма.

ЖЫЛДАЙ 1. *Жылға жуық, жыл мөлшеріндей.* Семейде екі ~ тұрдық. 2. *Ауыс. Тым ұзақ мерзім, соншалықты ұзақ.* Күткенде бір сағат бір ~ (таң).

ЖЫЛДАМ *Тез, шапшаң, лезде, көзді ашып-жұмғанша.* Дыбыстан ~ ұшатын самолет, ~ киінді.

ЖЫЛДАМДА *Тездеу, шапшаңдау, жеделдеу.* Жігіт ~й басып келеді, өзен ағысы ~й түсті.

ЖЫЛДАМДАТҚЫШ *Бір нәрсені, істі жылдамдататын зат.* Линиялық ~. нейтрон ~ы бар.

ЖЫЛДАМДАУ *Тездеу, шапшаңдау, жеделірек.* Мінезі ~, машина жүрісі бұрынғыдан ~.

ЖЫЛДАМДЫҚ 1. *Шапшаңдық, тездік, жеделдік.* Жұмысқа ~ қажет. 2. *Бір нәрсенің жүру шапшаңдығы.* ~ғын өзгертті.

ЖЫЛДАМЫРАҚ *Тезірек, шапшаңырақ, жеделірек,* ~ адымдады (кету керек).

ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА *Жыл өткен сайын, жылма-жыл.* Өнімдері ~ көп.

ЖЫЛДАП *Ұзақ уақыт бойы, жыл бойы.* ~ көріспеді (күтті).

ЖЫЛДАС *Бір жылда туған, құрдас.* Жылы ~, ол бізбен ~ екен.

ЖЫЛДЫҚ 1. *Бір жылға арналған, жыл бойғы.* ~ жоспар (жалақы, табыс). 2. *Жылдық мереке.* Жеңістің 50 ~ мейрамы.

ЖЫЛДЫМ I *Ұзақ уақыт сауылатын (мал).* ~ қара сиыр, бие ~ болып шықты.

ЖЫЛДЫМ II 1. *Икемді, іскер, пысық.* Өте ~ жігіт. 2. *Іс-әрекеті тез, жылдам, ширақ.*

ЖЫЛДЫМДЫҚ *Көп сауылатындық.* Малдың ~ғы жақсы.

ЖЫЛДЫРМАЛАТ *Тездету, шапшаңдату.* Жәуке сөзінің аяғын ~ып жіберді.

ЖЫЛЖЫ 1. *Бір нәрсенің бір жерден екінші жерге қарай ақырындап баяу сырғуы, қозғалуы.* Қарт алға ~ды, көш ақырын ~ып барады. 2. *Орнынан қозғалу, сырғу.* Машина ауыр ~ды, құм ~ды. 3. *Төмен қарай ағу.* Су жер бетімен ~ған еді. 4. *Ауыс. Уақыттың озуы, өтуі.* Өмір ~п барады, уақыт ~п өтті.

ЖЫЛЖЫҒЫШ *Жылжымалы, сырғыма, жылжитын.* ~ құм (машина).

ЖЫЛЖЫМАЛЫ 1. *Ары-бері жылжытуға болатын, жылжығыш, қозғалмалы.* ~ стол (төсек, тақта). 2. *Бір жерден екінші жерге көшіріп орнатуға оңай; көшпелі.* ~ кино (кітап дүкендері).

ЖЫЛЖЫТ 1. *өзг. етіс. Жылжы-т.* 2. *Орнынан қозғау, ауыстыру.* Сағат тілін ілгері ~. Орындықты сәл ~.

ЖЫЛЖЫТПА *Жылжытпалы, қозғалмалы.* ~ блок. □ **Жылжытпа амал** — *құлық тәсіл, айла...* Сен ***жылжытпа*** амалмен ұстамақ екенсің ғой (Бозінген).

ЖЫЛЖЫТПАЛА *Әне-міне деп соза беру.* Тым ~й бастады, ~п келеді.

ЖЫЛЖЫТПАЛЫ *Ары-бері қозғауға болатын, қозғалтпалы.* ~ қабырға.

ЖЫЛҚЫ *Тақ тұяқты ірі қара, төрт түлік малдың бірі. **Жылқы*** құлыннан өседі (Мақал).

ЖЫЛҚЫЛЫ *Жылқысы көп, жылқыға бай.* ~ қалың ел (ауыл).

ЖЫЛҚЫЛЫҚ *Жылқыға тәндік, жылқы болмалық.* Бес-алты ***жылқылық*** табыс таптым (Тұқынбаев).

ЖЫЛҚЫСЫЗ *Жылқысы жоқ.*

ЖЫЛҚЫША *Жылқы тәрізді, жылқы сияқты.* Қарды *жылқыша* тебетін қой өсіріп берсем бола ма (Бегалин).

ЖЫЛҚЫШЫ I 1. *Жылқы бағатын адам.* 2. *Ауыс. Жаңа туған жас бала, ұл.* Әйелі ұл туса, ~ туды дейтін еді. □ **Жылқышы ата** — *жылқы малының пірі, иесі.*

ЖЫЛҚЫШЫ II *Сұлы жерде өмір сүретін, тұмсығы ұзын, сұрғылт түсті құс.*

ЖЫЛҚЫШЫЛЫҚ *Жылқы бағуды кәсіп етушілік.* ~ құрық қолда, ~ты қалайды.

ЖЫЛМА *Жел ауруына қолданылатын халықтық ем, дәрі.* Ауру інісі ~ жасаттырып ішті.

ЖЫЛМАҒАЙ 1. *Кедір-бұдыры жоқ, теп-тегіс.* 2. *Ауыс. Тұқ қалдырмау, ішіп-жеп кету.* Дастарқан үсті ~. 3. *Ауыс. Жылпос, жылмың, пысық, жылмақай.* ~ жігіт. 4. *Ауыс. Сақал-мұрты жоқ, көсе.* ~ сопақ бет (көсе). □ **Жылмағай сөз** — *мағынасыз жылтыраған бос сөз.*

ЖЫЛМАҒАЙЛА *Тегістеп тазалау, жып-жылмағай ету.* Үй мен қоражайының маңын ~п қойды.

ЖЫЛМА-ЖЫЛ *Әр жылда, жыл сайын.* Күріштен ~ көп өнім алды.

ЖЫЛМА-ЖЫЛҒЫ *Әр жылдағы, жыл сайынғы.* ~ демалысты жақсылап пайдалану керек.

ЖЫЛМА-ЖЫЛДЫҚ *Әр жылдық, жыл сайынғы.*

ЖЫЛМАЙ: жылмай ақты — *ішке ас тұрмады, бойларына жұқпады.*

ЖЫЛМАҚАЙ *Жылпос, пысық, сұмдау, ылдым-жылдым.* ~ жігіт (ұры).

ЖЫЛМАҚАЙЛАН *Қулану, жылпостану, сұмдану.*

ЖЫЛМАҚАЙЛЫҚ *Жылпостық, сумақайлық.* ***Жылмақайлығынан*** қаншама жиренген (Мағауин).

ЖЫЛМАҢ *Жылпос, құ, жылмақай.* ~ дүкенші (студент). □ **Жылмаң етті** — *лып етті, жып етті.* **Жылмаң қақты** — *жылмаңдады, жалаңдады, жалақтады.*

ЖЫЛМАҢДА 1. *Жылмақайлану, құтыңқағу, сумаңдау.* ~ған саудагерлер, ~п шофер кірді. 2. *Біреудің іші-бауырына кіріп жағыну, жарамсақтану.* ~п іші-бауырына кіреді.

ЖЫЛМАҢДЫҚ *Жылмаң-жылмаң етушілік.* Жиреніп, *жылмаңдықты* демес бұрыс (Абай).

ЖЫЛМАҢ-ЖЫЛМАҢ *Қылмың-қылмың, сумаң-сумаң, қулана.* Тай алдырып сояйын, — деп батырға *жылмаң-жылмаң* қарайды (Тоқтаров). □ **Жылмаң-жылмаң етті** — *жылмаңдады, жылмаң қақты.*

ЖЫЛМАС *Таймас, тайсалмас.* Айнымас, сүйсе қайтпас, сөзден *жылмас* (Тәңірбергенов).

ЖЫЛМИ 1. *Құтыңдап езу тартып күлу, жылтию, қылмың-қылмың ету.* ~ып шықты, ~ып күліп тұр. 2. *Жып-жылмағай, теп-тегіс болу.* ~ған көсе, ~ып жатқан дала.

ЖЫЛМИТ 1. *өзг. етіс. Жылми-т.* 2. *Ауыс. Ізін білдірмеу, қиыстыра білу.* Өтірікті ~ты.

ЖЫЛМЫҚ *Мұз-қар еріп, күн шуақтанып, жылынған кез.* Март ішінің ***жылмық*** күндерінің бірі еді (Майлин).

ЖЫЛМЫҚТАН *Қардың жылымдап баяу еруі.* Ақша қар *жылмықтанып* еріп, лезде мұзға айналды (С. Омаров).

ЖЫЛМЫҢ: жылмың етті — *жылмыңдады, жылпың қақты.* **Жылмың қақты** — *жылмыңдады, жылп-жылп етті.*

ЖЫЛМЫҢ-ЖЫЛМЫҢ: жылмың-жылмың етті — *жылмыңдады, жылмың қақты.*

ЖЫЛМЫРЛЫҚ *экспр. Зұлымдық, құлық, жылмақайлық, жылпостық.* Сандарын бір-ақ соқтырған ***жылмырлығы*** қайда кеткен (Кекілбаев).

ЖЫЛМЫСҚЫ *Шынайы емес, жалған; арам.* ~ күлкі.

ЖЫЛНАМА *Әр жылда болып өткен елеулі оқиғаларды баяндайтын кітап.* Адамдар жазып қалдырған ***жылнамалар*** көне мәдениеттің куәсі ("Қаз. әдеб.").

ЖЫЛНАМАШЫ *Жылнама жазатын адам, жылнамамен айналысатын оқымысты.* Оң жағында ~ шал отыр.

ЖЫЛПАРАҚ *Бір жылдағы 12 айдың, ондағы күндердің кестесін көрсететін кітапша не қабырға парақ, календарь.*

ЖЫЛП: жылп етті — *жылпылдап тұрмады, зып ете түсті.* □ **Жылп берді** — *зып етті.*

ЖЫЛП-ЖЫЛП: жылп-жылп етті — *жылпылдап тұрмады, лыпылдады.*

ЖЫЛПОС 1. *Ылпың-жылпың, су жұқпас, пысықай, қу.* ~ сатушы (станция бастығы). 2. *Шырақ, ұшқыр, жүрдек.* ~ жылқы (сұр бедеу).

ЖЫЛПОСТАН *Пысықсу, шырақсу.* Ол ***жылпостана*** әзілге басты (Толыбаев).

ЖЫЛПОСТАУ *Ылпың-жылпыңдау, пысықайлау.* ~ бала (жігіт).

ЖЫЛПОСТЫҚ *Пысықайлық,ептілік, құлық.* ~ жасады (оның қолынан келмейді).

ЖЫЛПЫҢ: жылпың сары — *шікіл сары.*

ЖЫЛПЫЛ *Лыпылдап, жылп-жылп етушілік, жылмаңдаушылық.* Үй иесінің ~ында бір пәле бар.

ЖЫЛПЫЛДА 1. *Жылп-жылп ету, жылтылдап тайғанақтап тұрмау.* Шөп те жауын суымен ***жылпылдап*** көк тайғақ боп жатыр (М. Әуезов). 2. *Жып-жып ету, зыпылдау.* Тамақ ал деп ~ды. 3. *Жылпаң қағу, жағыну.* Қайықшылар тым ~п кетті.

ЖЫЛПЫЛДАҚ 1. *Жылп-жылп еткен, жылпылдап тұрған.* ~тан айрылып (қорқақ). 2. *Біреудің асты-үстіне түсетін жылпың адам.* ~ сары, ~тар келмеді. 3. *Май шамның бір түрі.* ***Жылпылдақтың*** жарығы тым күңгірт.

ЖЫЛПЫҢ 1. *Пысық, шырақ, жылпос.* Өзі ~ неме еді (жігіт). 2. *Тез қимылдайтын, жүрісті, ылдым-жылдым.* Жатаған ***жылпың*** баран атты қашып шықты (Ә. Көшімов).

ЖЫЛПЫҢДА *Жылп-жылп ету, пысықсу, жылпостану.* ***Жылпыңдап*** тұрған Санабек көк конвертті ала жөнелді (Бегалин).

ЖЫЛПЫҢДЫҚ *Пысықтық, шырақтық, жылпостық, жылдамдық.* ~ғы бар.

ЖЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ: жылпың-жылпың етті — *жылпыңдады, жылпостанды.*

ЖЫЛТ: жылт етті — а) *бір нәрсенің кенет жылтырап көрінуі;* ә) *бір нәрсенің оқыстан кездесуі.* **Жылт еткен** — *көрінген, жаңадан пайда болған; кез келген.*

ЖЫЛТ-ЖЫЛТ: жылт-жылт етті — *жалт-жұлт етті, жылтырады.*

ЖЫЛТИ *Қылтиып көріну, жылтырау.* ~ған екі көз.

ЖЫЛТЫЛ *Бір нәрсенің жылтылдаған көрінісі.* Оттың ~ы. ◊ **Жылтыл қақты** — *жалт-жалт етті.*

ЖЫЛТЫЛДА 1. *Жылт-жылт етіп жылтырап жарық көріну.* От ~йды, ~ған жұлдыздар. 2. *Жалтырау, жарқырау, жылтырау.* Күміс ~п көрінді.

ЖЫЛТЫЛДАҚ *Жылт-жылт еткен, жылтыраған.* ~ оттар (көк көйлек).

ЖЫЛТЫҢ: жылтың етті — *жылмаң етіп көрінді.* **Жылтың қақты** — *жылт-жылт етті.*

ЖЫЛТЫҢДА 1. *Жылтың-жылтың етіп көріну.* ~ған стрелка тілі, бақайлары ~йды. 2. *Ауыс. Жылмаңдау, қылмаңдау.* ~п есіктен қарады.

ЖЫЛТЫҢ-ЖЫЛТЫҢ: жылтың-жылтың етті — *жылтыңдады.*

ЖЫЛТЫР 1. *Жалтырауық, жылтырақ.* ~ қағаз (мата). 2. *Ауыс. Жылпос, су жұқпас.* ~ жандар (жігіт). ◊ **Жылтыр сөз** — *мәнсіз, мағынасыз сөз.*

ЖЫЛТЫРА 1. *Жалт-жұлт ету, жалтырау, жылт-жылт ету.* 2. *Жарқырау, жылтырау.* ~ғанның бәрі алтын емес. 3. *Ауыс. Бір нәрседен елес беру, үміттендіру.* ~ған үміт, ~п тұрған арман.

ЖЫЛТЫРАҚ I *Жылт-жылт еткен, жылтырауық.* ~ моншақ (сырға).

ЖЫЛТЫРАҚ II *Іске татыр жарқырауық бұйымдар.* ~қа құмар, үйдегі бар ~ты өзі алды.

ЖЫЛТЫРАҚТЫҚ *Жылтырақ затқа тән қасиет.* ~қа бой ұрды, ~ғынан қорлық көрді.

ЖЫЛТЫРАҚШЫЛ *Жылтырақ құмар.*

ЖЫЛТЫРАС 1. *орт. етіс. Жылтыра-с.* 2. *Бірінбірі өп-өтірік жақсы көргенсу.*

ЖЫЛТЫРАУЫҚ 1. *Жылт-жылт еткен.* ~ тас (металл, ыдыстар). 2. *Ауыс. Сән үшін тағынатын нәрселер.* ~қа үйір, ол ~қа жоламайды. □ **Жылтырауық сөз** — *жылтыр сөз.*

ЖЫЛТЫРАУЫҚТЫҚ *Жылтырауық затқа тән қасиет.* Металда ~ басым.

ЖЫЛТЫРЛАН *Жылтыр түске ену, жылтырауық болу.*

ЖЫЛТЫРЛАУ *Аздап жылтыр, жылтырауық.* ~ зат.

ЖЫЛТЫРЛЫҚ *Жылтыр затқа тән қасиет.* ~ғы жойыла бастаған.

ЖЫЛТЫРСЫЗ *Майсыз, көже қатықсыз.* Үзбен ішетініміз рас, бірақ *жылтырсыз* үзбен емес, етті үзбен, — деді Сырбай (С. Мұқанов).

ЖЫЛУ I 1. *Күннен, оттан бөлінетін қызу.* Шоқ қайдан болса, *жылу* содан (Мақал). 2. *Адам денесінде, киімде, топырақта сақталатын жылылық.* Астарлы киім ~ береді, бойынан ~ кетті. 3. *Ауыс. Мейірімділік, қайырымдылық.* Жүзінде ~ бар, сөзі ішіме ~ жүгіртті. □ **Жылу алмасу** — *жылудың қызуы мол денеден қызуы кем денеге таралу процесі.* **Жылу берді** — а) *жылытты, қызқыз қайнатты;* ә) *күш-қуат берді, қайраттандырды.* **Жылуы жоқ** — *сүйкімі, жанасымы жоқ.*

ЖЫЛУ II *көне. Біреу шығынға, ауыр жағдайға ұшыраганда ел жиып беретін көмек, жәрдем.* Жетім-жесір қалған үйдің балаларына *жылу* жинады (Ақынжанов).

ЖЫЛУАН *жерг. Жылға, жыра.* ***Жылуанды*** кернеп сел кетті (Шаңғытбаев).

ЖЫЛУЛА *Жылу жию, жылу сұрау.* Бегайдардан *жылулаған* жалғыз саулық қанша жерге апармақ (Т. Әлімқұлов).

ЖЫЛУЛЫ *Жылуы бар, жүзі жылы.* Бала боппын *жылулы* (Нәжімеденов).

ЖЫЛУЛЫҚ *Жылылық, жылу.* Тұла бойыма тараған *жылулықтан* көзім жасауарады (Нұржекеев).

ЖЫЛУСЫЗДЫҚ *Жылуы жоқтық, жылу болмағандық.* Үйдің ~ғы жаман.

ЖЫЛУСЫРА *Жылынғысы келу, жылылықты қалау.* Есіктен *жылусырап* кіре бердік (Тұрсынбаев).

ЖЫЛША: бір жылша — *бір жыл бойына, бір жылға дейін.*

ЖЫЛШЫЛЫҚ: жылшылық жер — *жыл бойы жүретін алыс жер.*

ЖЫЛЫ I 1. *Ыстық пен салқын күйдің аралық қалпы.* ~ үй (күн, сүт, жақ). 2. *Денені суықтан қорғайтын, суық өткізбейтін.* ~ тон (киім). 3. *Ауыс. Жағымды, мейірімді, сүйкімді.* Жүзі ~ (жаны). ◊ **Жылы ажар [кескін, рай, шырай]** — *адал пейіл, мейірбан кейіп.* **Жылы жауып қойды** — а) *елеп ескермеді, атаусыз қалдырды, бүркеп қойды;* ә) *қолға алмады, атамады.* **Жылы жүзді [шырайлы]** — *кіші пейіл, мейірбанды.* **Жылы қабақ білдірді [көрсетті]** — *ілтипатпен жақсы қарсы алды.* **Жылы орын тапты** — *тұрақты, жайлы мекен-жайға жайғасты.* **Жылы сөз** — *жанға жайлы, жағымды пікір.* **Жылы сөйлесті** — *ашылып тіл қатты.* **Жылы суға қолын малып отыр** — *молшылыққа кенелді, рахатқа батты.* **Жылы тартты** — а) *жақын көрді, іш тартты;* ә) *көзге жылы ұшырады.* **Жылы тиді** — *көңілге ұнады, жанға жайлы болды.* **Жылы ұшырады** — а) *көзге ыстық көрінді;* ә) *жайдары кейіп білдірді, мейірбандық көрсетті.* **Жылы ізін суытпады** — *кейінге қалдырмады, ескіртпеді.*

ЖЫЛЫ II 1. *Күннің, оттың, дененің қызуымен жылы қалыпқа келу, жылыну.* Түске қарай күн қатты ~ды. 2. *Ауыс. Мейірлену, елжіреу.* Жүзі ~и бастады, іші ~п қоя берді.

ЖЫЛЫДАЙ *Жылы күйінде, суытпай.* Сүтті ~ іш.

ЖЫЛЫЖАЙ *Қыстығүні өсімдіктер өсіретін, ішіне жылу жүйесін орнатқан кеңдігі әр алуан жай; теплица.*

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚ 1. *Мал мен аң етінің майлы, дәмді жері.* ~ атаулыны табаққа салды, ~қа тойдық. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің тәуірі, жақсысы.* ~ жерді тауып алды.

ЖЫЛЫ-ЖҰМСАҚТАП *Тәуір, оңды нәрселерді қосып араластырып.* Немерелері ***жылы-жұмсақтап*** турап беріп жатыр (Кенен).

ЖЫЛЫҚАНДЫЛАР *зоол. Жылы қандылар тобына жататын жан-жануарлар мен жәндіктер.*

ЖЫЛЫЛА *Жылы етіп жабу, орау.* Баланы ~п орады.

ЖЫЛЫЛЫҚ 1. *Ауа мен дененің жылыған қалпы. Жылылық* күннің көзінде (Мақал). 2. *Ауыс. Мейірімділік, жақсылық, ілтипаттық.* ~пен жымия күлді (жүзінен ~ лебі есті).

ЖЫЛЫМ 1. *Өзен мен көл бетінің қыстығүні қатпай, қабыршақтанып жатқан жері, терең жері, иірім.* ~ға ау салды. ~нан алып шықты. 2. *Теңізден балық аулау үшін қолданылатын ау, тор.* Теңізге ~ тартты, ~ салатын жерді көрді. 3. *Қамысты көлшіктердің бетінде қалқып тұратын кілегей тәрізді көк шалам.* Судың бетін ~ басып кеткен. 4. *Ауыс. Қу, сұм, сұмырай, жылпос.* ~ жігіт (мінез).

ЖЫЛЫМДАП *Аз-аздап, там-тұмдап.* Қар ~ еріп жатыр (тер шығады).

ЖЫЛЫМДАУ *Жылымырақ. Жылым сияқтанған, жылымға ұқсаған.* Екеуі судың бір *жылымдау* жеріне келді (Машанов).

ЖЫЛЫМДЫ *Жылымы, ірімі бар.* ~ көл (өзен).

ЖЫЛЫМҚҰРТ 1. *зоол. Білдірмей ішіп жайлап жейтін құрт.* 2. *Ауыс.* Зымиян, сұмдығын ішіне бүккен адам.

ЖЫЛЫМСЫ *Сұрқиялану, қылымсу, жылмию.* Қылымсыған, *жылымсыған* кер мінез (Сейфуллин).

ЖЫЛЫМША *Жылымға ұқсап, жылым сияқтанып.* Түңілсе түрі түнжырап, Көрсетпес түрін *жылымша* (Ғ. Омаров).

ЖЫЛЫМШЫ I 1. *Татымсыз, жағымсыз дәм.* ~ дәм. 2. *Жылылау, жылырақ, қанжылым.* ~ шәй (қан, тер). 3. *Ауыс. Пасық, арамза, құ.* ~ күлкі (қылық, сезім). □ **Жылымшы татиды** — *жылып кеткен, дәмі бұзылып татып кетті.*

ЖЫЛЫМШЫ II *Жылымшы тату.* Таңдайына сәл *жылымшыған* шикі қаймақтың дәмі келеді (Қ. Ысқақов).

ЖЫЛЫМШЫЛА *Суық суға ыстық су қосып, сәл жылылау ету.*

ЖЫЛЫМШЫЛАН 1. *Жылымық тату.* 2. *Шылаулану, дымқылдану.* ~ған көзі.

ЖЫЛЫМШЫЛАП *Сәл ғана жылырақ боп, жылымшып.* ~ кішкене бұлақ ағып жатыр.

ЖЫЛЫМШЫЛАУ *Жылымшы татығандау.* Шырыны ~ екен.

ЖЫЛЫМШЫП *Жылымшы татып, жылымшыланып.* Кәрі қойдың сорпасы, Таңдайға татыр *жылымшып* (Жансүгіров).

ЖЫЛЫМЫҚ *Жылылау, жылырақ.* ~ жауын (жел, су). □ **Жылымық тартты** — *күн жылына бастады.*

ЖЫЛЫНА *Жыл бойына, жылында. Жылына* бір емес, жүз жаңалық көремін (Жақаев).

ЖЫЛЫНДА *Жыл сайын, жылына, жыл бойына.* Құс *жылында* бір рет түлейді (Тоғысбаев).

ЖЫЛЫРАҚ *Аздап жылыңқы, жылылау.* Таудың күнгей беткейлері ~.

ЖЫЛЫС I *көне. Атамекеннен босып кеткен кез.* Жылқы жылы *жылыс* болды (Мақал).

ЖЫЛЫС II 1. *Ақырын, баяу жылжу, қозғалу, сырғу.* ~ып қасынан орын берді. 2. *Ақырын шығып кету, тайып тұру.* ~ып шығып кетті.

ЖЫЛЫСТА 1. *Ақырындап баяу қозғалу, жылжу.* ~п шегініп кетті. 2. *Білдірмей кетіп қалу, тайып тұру.* ~п көшіп отырған.

ЖЫЛЫТ 1. *өзг. етіс. Жылы-т.* 2. *Отқа, күнге жылыту, қыздыру.* ◊ **Ауыз жылытты** — *ас ішті, тамақтанды.* **Бой жылытты** — *тамақ ішіп, жылынып, әлденді.* **Жүзін жылытты** — *мейірленді, көңілденді.*

ЖЫЛЫТҚЫ *Денені емдеу, жылыту мақсатында қолданылатын, ішіне ыстық су құйылған резеңке ыдыс; грелка.*

ЖЫЛЫТҚЫЛА *Ыстық затты суытыңқырап жылы қалыпқа келтіру, жылытыңқырау.* Сүтті ~п бер, құмғанға ~п су құй.

ЖЫЛЫТҚЫШ *тех. Жылу беретін, жылытатын аспап.* ~ пеш, үйдегі ~ батареялар жарылған.

ЖЫЛЫТПА *Кештен қалған тамақ.* Ертеңгілік ~ны жылытып ішті.

ЖЫЛЫТЫЛМАЛЫ *Жылытылған, жылы қалыпқа келтірілген.*

ЖЫМ I 1. *Аңның жүрген жолында қалған із.* Қоянның ~ына тұзақ құрды. 2. *Ауыс. Істің қисыны, қиюы, заттың жігі.* Ой ~ы келмей жатыр. □ **Жымын білдірмеді** — *адамға сездірмеді, басқан ізін көрсетпеді.*

ЖЫМ II *Алқа-қотан отырып ойнайтын халық ойыны; үндемес.* Үйдегілер алқа-қотан отырып *жым* ойнады (Жансүгіров).

ЖЫМ III 1. *Үні шықпау, үндемеу, ауыз жабу.* Сәлден кейін үні өшіп, бәрі *жымды* (Жұмалиев). ◊ **Жым болды [басылды]** — *бірден тына қалды, дыбыс шықпады.* **Жым қылды** — *аузын ашқызбады, сөйлетпеді.* 2. *Жануарлардың құлағын салпайтып, құйрығын қысуы.* Қасқыр құлағын ~ып алған. Сабалақ ит те құйрығын *жымып* жылыстады (А. Сатаев).

ЖЫМБА *Қалтарыс, астыртын, таса, жасырын.* ~ жол, ~ да түлкі аңдыған тазыдай.

ЖЫМДА *Қисынын келтіру, үйлестіру, жымдастыру.* Шын жүйріктің белгісі — Жұмырлап сөзді *жымдайды* (Сейфуллин).

ЖЫМДАЙ *Тып-тыныш, моп-момақан, жұпжуас.* Қатар тұр арттарында — бәрі *жымдай* (Сейфуллин). □ **Жымдай болды** — *үні өшті, дымы шықпады.* **Жымдай қылды [етті]** — *тыныштандырды, жуасытты.*

ЖЫМДАС *Ымы-жымы бір, ниеттес, пікірлес.* Олар бір-бірімен ~.

ЖЫМ-ЖЫЛАС 1. *Із-тұзсіз, қайда кеткені белгісіз.* Құс атаулы ~ (қашып кетіпті). 2. *Тептегіс, жып-жылмағай, тып-типыл.* Дала ~ (өзін ~ қар басқан).

ЖЫМ-ЖЫРТ *Үн жоқ, тұн жоқ, ұн-тұнсіз, тып-тыныш.* Дала ~ (жұрт ~ отыр).

ЖЫМ-ЖЫРТТЫҚ *Тым-тырыс болушылық, тып-тыныштық, ұн-тұнсіздік.* ~ты Айбас бұзды (үй ішін ~ басты).

ЖЫМИ *Ақырын езу тартып, күлімсіреу.* ~я қарады, ~ып отыр.

ЖЫМИҒАНСЫ *Езу тартып күлгенсу.* Күлдіргі сөздерге ғана *жымиғансиды* (Сарғасқаев).

ЖЫМИТ 1. *өзг. етіс. Жыми-т.* 2. *Езу тартты-ру, күлімсіретy.* Аузын ~а күліп отыр. 3. *Малдың құлағын жымырайтуы.* Торы ат құлағын ~ып алған.

ЖЫМИЫС *Жымиып күлген күлкі.* Баяғы ~ы, мысқылды ~.

ЖЫМҚЫР 1. *Жымыру, бір заттың етегін, шетін ішке қарай қайыру, бүгу.* Киіздің шеттетін *жымқыра* көктеді (Қасиманов). 2. *Ауыс. Бір затты тығып қою, ұрлау.* ~ып ақша жеген, бір тоқтыны ~ып әкетті.

ЖЫМҚЫРМА *Ұрлықшы, сұғанақ.* Базарда саудагер бар, *жымқырма* бар (Айтыс).

ЖЫМҚЫРТУЛЫ *Жымырылған, жымырып алған.* Еріндері ~.

ЖЫМПИ *Дым болмағандай тымпиған тұр көрсету, тымыраю.* Тұн жамылып, тымпиып, Көрмедім деп *жымпиып* (Кәрібаев).

ЖЫМПИТ 1. *өзг. етіс. Жымпи-т.* 2. *Жып-жылмағай ету.* Ернін кесіп ~ты. 3. *Құлағын жымыру.* Басқа кісіге құлағын *жымпитып* (С. Мұқанов).

ЖЫМЫҢ *Жымиған назды күлкі, күлім.* Сәнтай *жымың* кейіппен тесіле қарады (О. Сәрсенбаев). □ **Жымыңға басты** — *жымың-жымың етті, жымыңдай берді.* **Жымың етті** — *жымиды, күлгендей болды.* **Жымың қақты** — а) *күлімсіреді, жымың-жымың етті;* ә) *жарқырап көрінді, жалт-жұлт етті.*

ЖЫМЫҢДА 1. *Жымың қағу, күлімдеу.* Ол ~й күлді, шешейге ~п қарады. 2. *Ауыс. Сәуле шашып жарқырау, жалт-жұлт ету.* ~ған көп жұлдыз.

ЖЫМЫҢ: жымың-жымың қақты [етті] — *күлім қақты, жымыңдады.*

ЖЫМЫР 1. *Бір заттың шетін ішке қарай жымқыру, қайыру, бүктеу.* Жастықты ~а қысты. 2. *Аттың құлағын жымып, жыпырып алуы, жымитуы.* Ат құлағын ~ып алыпты.

ЖЫМЫРАЙ 1. *Ішіне қарай бүктелу, қисаю.* Өкшесі ~ған туфли. 2. *Мыжыраю, мыж-мыж болу.* Су тиген фуражкесінің маңдайы *жымырайып* қалыпты (Айымбетов).

ЖЫМЫРУЛЫ *Жымырылған, қайырулы, бүктелген.* Құлақшынның бір құлағы ~.

ЖЫМЫРЫҢҚЫ *Қайырыңқы, жымырылған, бүгілген.* Жігіттің екі құлағы *жымырыңқы* (Т. Жармағамбетов).

ЖЫМЫСҚЫ *Іш мерез, арам, пасық.* ~ күлкі (ұры адам).

ЖЫМЫСҚЫЛА *Білдірмей астыртын, жасырын қимылдау.* Байқатпай ~п істе.

ЖЫМЫСҚЫЛАУ *Аздап жымысқысы бар, пасықтау, құлау.* ~ күлкі (мінез).

ЖЫМЫСҚЫЛЫҚ *Бақай құлық, пасықтық, арамдық.* ~пен екі жақты да разы етпек.

ЖЫН 1. *Діни сенім бойынша көзге көрінбейтін жын-шайтан, әзәзіл, пері.* Аруақтың арты *жын* болды (Мақал). 2. *этногр. Бақсыларды екілендіріп қоздыратын, құтыртатын, оның бойында сиқырлық бар деп сендіруші рухани қасиет.* Бақсы ~ын шақырды. ◊ **Жын буды** — *ашуға булықты, долданды.* **Жын буған бақсыдай** — *бұлқан-талқан болды, күйіп-пісті.* **Жын қақты [соқты, ұрды]** — *ақылынан алжасты, жынданды.* **Жын қуғандай** — *асып-сасып, опыр-топыр.* **Жын ойнағындай қылды** — *астан-кестеңін шығарды.* **Жынын алдырған [айрылған] бақсыдай** — *сең соққандай, мең-зең.* **Жыны басылды** — *жуасыды, жөнге келді.* **Жыны қозды [ұстады, келді]** — *ызаланды, долданды.* **Жынына тиді** — *ашуын келтірді, намысына тиді.* **Жынын құсты [шашты]** — *аузына келгенін сөйледі.* **Жынын шақырды** *(көне)* — а) *жынданды, құтырды, елірді;* ә) *киелі иесіне сыйынды.*

ЖЫН II *Жануарлардың ас қазанындағы қорытылып бітпеген күйіс.* Тез алып тастамаса, *жынының* дәмі етіне шабады (С. Мұқанов).

ЖЫНДАЙ 1. *Қорытылып бітпеген күйістей.* 2. *Жын, ібіліс тәрізді.* Құмырадан шыққан ~ орнынан созаландана көтерілді.

ЖЫНДАН 1. *Жын соғып ауыру, жынды боп кету.* 2. *Ауыс. Ашуға булығу, долдану.* Ол ~ып есірді. 3. *Ауыс. Табиғаттың аласұрып құтыруы.* Далада дауыл ~ып тұр, жел ~ып соқты.

ЖЫНДЫ 1. *Ақылдан адасқан, есуас, жарымес.* ~ адам, есі ауысқан ~. 2. *Ауыс. Тентек, әумесер, есерсоқ.* ~ қайным-ау. 3. *Ауыс. Шәлкес, асау.* ~ толқын (боран, ат). □ **Жынды көбелек** — *жарық қуып, шыр айналып ұшатын түн көбелегі.* ◊ **Жынды қойдың миын жеген** — *жынданған, есі ауысқан.*

ЖЫНДЫБАС *Әумесер, жынды, тентек адам.*

ЖЫНДЫДАЙ *Жынды сияқты, есі кем секілді.*

ЖЫНДЫЛАУ *Есі кемдеу, әпенділеу, әумесерлеу, есерсоқтау.* ~ жан (мінез).

ЖЫНДЫЛЫҚ *Есерлік, тентектік, әумесерлік.* ~ғың қалмапты, талай ~ өтті.

ЖЫНДЫХАНА *Жынданған адамдарды емдейтін аурухана.* Ол жақында ~ға түсті.

ЖЫНДЫША *Жынды адамға ұқсап, жынды кісі сияқтанып.* ~ тынбай жүгірдік.

ЖЫН-ЖЫБЫР *Жын-шайтан, пері.* ~ды қуып (айналдырған).

ЖЫН-ПЕРІ *Жын мен перілердің жиынтығы, тобы.* ~нің салқыны тиді.

ЖЫНША *Жын сияқты, жын тәрізді.* ~ секіріп (күліп, ойнақтап).

ЖЫН-ШАЙТАН 1. *Албасты, пері сияқты қас күштердің жиынтық аты.* 2. *Ауыс. Азғырушы, әзәзіл.* ~ға ермесіне кім кепіл (ұясы болды).

ЖЫНЫС I 1. *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің аталығы мен аналығы.* Өсімдіктердің ~ мүшелері. 2. *Тұқым, нәсіл, зат.* Жылқы өз ~ын іздейді. □ **Жыныс бездері** — *әр жынысты зат түзейтін бездер.* **Жыныс клеткалары** — *жыныстық жолмен көбейетін аталық және аналық клеткалар.*

ЖЫНЫС II *Жер қабатының әр түрлі құм-тастары.* Жер ~тарының әр түрін жинады (тау ~тары).

ЖЫНЫС III *Ағаш қалың, ну өскен орман-тоғай.* ~ орман (жағасы ~ құрақ, ~ қарағай).

ЖЫНЫСҚАН *Ну, қалың боп өсу, сыңсыған.* О баста сай табаны *жынысқан* қалың қарағайға тұнып тұратын (Ә. Нұрпейісов).

ЖЫНЫССЫЗ *Жыныстың қатынасынсыз, жыныстық қатыс болмаса да.* Өсімдіктер ~ жолмен көбейеді.

ЖЫНЫСТАЙ *Ну, қалың өскен ағаштай, тоғайдай.* Таласа біткен ~ қайың (көкжал орман).

ЖЫНЫСТАН *Қалың жынысқа, орманға айналу, ну болу.* Қарағайлар да *жынысталып* нуға айналған (Сыланов).

ЖЫНЫСТАС *Бір жынысқа жататын; туыстас, тектес.* ***Жыныстасым*** сенсің ғой (М. Әуезов).

ЖЫНЫСТЫ I *Белгілі бір жынысқа қатысты.* Әр ~ кәрілер, әр ~ төл.

ЖЫНЫСТЫ II *Қалың ну ағаш өскен, орман-тоғайлы.* Қалың ~ орман.

ЖЫНЫСТЫҚ *Жынысқа тән қасиет, ерекшелік.* ~ сезім (айырмашылық).

ЖЫҢ *У да шу, ың, ұн.* Өрісте мал ың да *жың* (Ә. Сәрсенбаев). ◊ **Жың атылды** — *у-шу шықты, дабыр-дүбір басталды.*

ЖЫҢҒЫЛ *Шөл, шөлейт жерлерде өсетін ал қызыл немесе ақ гүлді бұта.*

ЖЫҢҒЫЛДАЙ *Жыңғыл тәрізді, алқызыл түстеніп жайнап тұрған.* ~ жігіт (жас келіншек).

ЖЫҢҒЫЛДЫ *Жыңғылы қалың, жыңғылы көп өскен.* ~ тоғай (қалың ~ сай).

ЖЫҢ-ЖЫҢ *Құж-құж, у-шу.* ***Жың-жың*** боп үйдің іші толып отыр (Батырлар жыры).

ЖЫҢЫЛДА *Жың-жың етіп дауыс шығару, шыңылдау.* ~п тұр ақ самауыр.

ЖЫП: жып еткізді — *тез қимылдады, лып еткізді.* Жып берді — *лып етті, тез қимылдады.*

ЖЫП-ЖИНАҚЫ *Әдемілеп жиылған, ықшам.* Үйдің іші ~.

ЖЫП-ЖЫЛДАМ *Тез-тез, жылдам-жылдам.* Ол ~ киінетін (балалар тарады).

ЖЫП-ЖЫЛМАҒАЙ *Теп-тегіс, тып-типыл, жылан жалағандай тұқ жоқ.* Үй мен қораның орны ~ (~ көсе).

ЖЫП-ЖЫЛТЫР *Тым жылтыр, жылтыраған.* ~ қара туфли (~ мұз).

ЖЫП-ЖЫЛЫ 1. *Тым жылы, өте жылы.* ~ күн (су, үйдің іші). 2. *Ауыс. Мейірімді, қайырымды.* ~ алақан (жүзі ~).

ЖЫП-ЖЫЛЫМШЫ *Сәл ғана жылылау, жылымыштау.*

ЖЫП-ЖЫП *Тез-тез, көз ілеспей, жылдам.* Гүлнар ~ сөйледі. □ **Жып-жып етті** — *тез-тез сөйледі, көз ілеспей қимылдады.*

ЖЫПСЫҚ: жыпсық көз — *сығырайған қысық көз.*

ЖЫПЫҚ *Көзін қайта-қайта жыпықтата беру.* ~ көз (шал).

ЖЫПЫҚ-ЖЫПЫҚ: жыпық-жыпық етті — *жыпылықтады.*

ЖЫПЫҚТА 1. *Көздің тез-тез бір ашылып, бір жұмылуы; жыпық-жыпық етуі.* Қысылып көзі *жыпықтай* бастады (Ә. Әбішев). 2. *Жарықтың бір жанып, бір сөнуі.* Жарық ~п тұр, жұлдыздар ~йды.

ЖЫПЫЛДА 1. *Жып-жып етіп, ерні-ерніне жұқпай сөйлеу.* Аузы-аузына жұқпай ~п сөйледі. 2. *Көз ілеспестей, тез-тез, қимыл жасау.* Саусақтары пернені басқанда ~п кетті.

ЖЫПЫЛДАҚ *Жып-жып еткен зыпылдақ.* ~ ерін (Жанғабыл).

ЖЫПЫЛЫҚ *Көздің қайта-қайта жыпықтауы.* Көзінің ~ғы тіптен шапшаң. □ **Жыпылық көз [көздеу]** — *жыпық-жыпық етіп тұратын көз.* **Жыпылық шам** — *сықсима шам.* **Жыпылық атты** — *көздері жыпылықтады.* **Жыпылық қақты** — *жыпылық-жыпылық етті, жыпылықтады.*

ЖЫПЫЛЫҚ-ЖЫПЫЛЫҚ: жыпылық-жыпылық етті — *көзі жыпылықтады.*

ЖЫПЫЛЫҚТА 1. *Көзді бір ашып, бір жұмып отыру, жыпықтау.* Көзі ~п жылады. 2. *Жарықтың бір жанып, бір өшуі.* Шам ~п өшті, жұлдыз ~ды.

ЖЫПЫҢДА *Сыпсыңдау, сумаңдау.* Мұныңыз не, ағатай,- деп ~ды.

ЖЫПЫР 1. *Жымырайту, мыжырайту.* Тымағын желкесіне ~а киіп алған. 2. *Жымыру, бұктеу.* ~ып кеткен.

ЖЫПЫР-ЖЫПЫР *Жыпырлаған, құжынаған.* Батыста — ~ көп шахта. □ **Жыпыр-жыпыр етті** — *жыпырлады.*

ЖЫПЫРЛА *Қаптау, быжынау, құжынау.* ~ған жаңа үйлер. ~ған көп кісі.

ЖЫР I *Өнге қосып айтуға ыңғайлы ұзақ өлең.* Қазақ халқы ~ құмар. □ **Жыр болды** — *аты аңызға айналды.* **Жырға қосты** — *жыр етті, әнге салды, жырлады.* **Жыр етті [қылды]** — а) *жырлады, өлеңге қосты;* ә) *қызық әңгіме етіп айтты.* **Жыры жетті** — *айтудай-ақ айтылды; әңгімесі бітті.*

ЖЫР II 1. *Жырту, кесу, тілу.* Қолын тас ~ып кетіпті. 2. *Бөлу, бөлектеу, айырып алу.* Оны жұрттан ~ып алды, тамағынан ~ып берді.

ЖЫРА *Қар суы жырып кеткен ойдым, ойпат, шұңқыр.* Алатаудың ~сы, ~дан өте алмай көп тұрды.

ЖЫРАҒЫРАҚ *Алысырақ, қашықтау.* Елден ~, жолдан ~.

ЖЫРА-ЖЫҚПЫЛ *Ойлы-қырлы, жарлауытты жер.* ~ға қарамады, ~ы көп жер.

ЖЫРА-ЖЫЛҒА *Жыра мен жылға, сай-сала.* ~ның бәрін су алған.

ЖЫРА-ЖЫРА *Жырасы көп.* ~ айшықтар.

ЖЫРАҚ *Шалғай, алыс, қашық.* ~ жер (ауылдан, өтіріктен).

ЖЫРАҚТА *Алыстау, шалғайлау, ұзағырақ.* Үйден ~п кетті, ортадан ~п шықты.

ЖЫРАҚТАУ *Алыстау, шалғайлау, ұзақтау.* Аудан орталығы ~, жолдан ~ отырған.

ЖЫРАҚТЫҚ *Алыстық, қашықтық, ұзақтық.* Үйдің қаладан ~ғы.

ЖЫРАЛАП 1. *Жыра бойлап.* 2. *Жыра етіп, сай-сай етіп, кеулеп.* Дөңесті ~ қазу.

ЖЫРАЛЫ *Жырасы бар, жырасы көп.* ~ ойпат (терең өзек).

ЖЫР-АҢЫЗ *Аңызға айналған жыр, өлең.* Айналған аты-жөні ~ға.

ЖЫРАСЫЗ *Жырасы жоқ, жыра, сай-сала кездеспейтін (жер).*

ЖЫРАУ *Жырды көп білетін және жанынан өлең шығаратын жыршы адам.* Бұқар ~, Мұрын ~.

ЖЫРАУЛЫҚ *Жырауға тән қасиет, соған ылайық өнер.* Халық поэзиясындағы ~ дәстүр.

ЖЫРАУША *Жырауға ұқсап, жырау сияқтанып.* ~ айтсақ, қас ~ларша.

ЖЫРАША *Кішірек жыра; жырашық.* ~лар пайда болды (бар).

ЖЫРАШЫҚ *Кішірек келген жыра; жыраша.* Су ~тармен ағады.

ЖЫРБАҚАЙ *қарап. Орынсыз жырбаңдап, жыртаңдап күле беретін, күлегеш, жеңілтектеу (әйел).* Сендей ~ адамды көргенім осы.

ЖЫРБАҚАЙЛЫҚ *Жырбаңдай берушілік, күлегештік.*

ЖЫРБАҢ: жырбаң етті — *жырбақтады, жырбаңдады.*

ЖЫРБАҢДА *қарап. Жыртақтап күле беру.* Ол ~п болмады.

ЖЫРБЫҢДА *қарап. Орынсыз күлу, жыртақтау.*

ЖЫРБЫҢ-ЖЫРБЫҢ: жырбың-жырбың етті — *орынсыз ыржақтап күлді.*

ЖЫРҒА *Қарық болып кенелу, жетісу.* Ел кәдімгідей ~п қалды.

ЖЫРҒАУЛЫ *Болып толу, жетіскен, жырғаған.* Ел ~ тұрмыста (өмір).

ЖЫРДАЙ *Жыр сияқты, жыр тәрізді.* ~ әңгімеледі (жаттады, етіп айтты).

ЖЫР-ДАСТАН *Жыр мен дастан, желілі ұзақ әңгіме.* Жырланып жатты ~дар.

ЖЫР-ДУМАН *Жыр айтылатын ойын-сауық, сауық-сайран.* Үй іші ~ға толы.

ЖЫРҚ: жырқ етті — *оқыс күліп жіберу.*

ЖЫРҚ-ЖЫРҚ: жырқ-жырқ күлді — *қайта-қайта жырқылдай берді.*

ЖЫРҚҰМАР *Жырды сүйіп айтқыш, жырды жақсы көретін.* ~ жігіт (қауым, жан).

ЖЫРҚЫЛ *Мәнсіз, орынсыз бос күлкі.* Қызқырқынның ~ы таусылмайды.

ЖЫРҚЫЛДА *Жырқыл-жырқыл күлу, мәнсіз, тектен-текке күле беру.* Неменеге ~йды, мәз боп ~п отыр. □ **Жырқылдап күлу** — *қайта-қайта күлу.*

ЖЫРҚЫЛДАҚ *Күле бергіш, күлегеш.* Ол ~тың шашын жұл.

ЖЫРЛА 1. *Жыр айту, жырды әнге қосу.* Тойды ~п қыздырды. 2. *Жыр қылып айту, жырға, өлеңге қосу.* Абай достықты ~йды. 3. *Ауыс. Құстың қиқу салып ұн шығаруы.* Торғай ~п отыр.

ЖЫРЛАҒЫШ *Жырлампоз, жырлай бергіш, көп жырлағыш.* Жаңалықты ~.

ЖЫРЛАМПАЗ *Жырлауға шебер, жырлағыш.* ~ құстар (ақын).

ЖЫРЛАМПАЗДЫҚ *Жырлағыштық, жыршылық.* Ақындар ішінде ~ бірдей емес.

ЖЫРЛАУШЫ *Жыр айтушы, жыр жырлаушы.* Бақытты өмірді ~.

ЖЫРМА *Етегі жырық, айыр, жырылған.* ~ етек шалбар (етек, көйлек).

ЖЫРМАЛА *Жырым-жырым ету, бөлшектеу.* ~май тұтас бер. Жерді ~п сатып алды.

ЖЫРНАҚ *Ұшы ілмек темір таяқ.* Жорықта пайдаланған темір *жырнақ* кісіге ыстық көрінеді (Бадыраков).

ЖЫРПЫЛДА 1. *Жырп-жырп етіп сөйлей беру.* Аузы өзіне бағынбай ~йды. 2. *Жылп-жылп ету.* Шам ~п сөнгелі тұр.

ЖЫРСЫЗ *Жыр болмайынша.* Жырдың гүлсіз күні жоқ, Гүлдің *жырсыз* күні жоқ (Мәуленов).

ЖЫРСЫМАҚ *Жырға ұқсас бірдеңе, татымайтын, құнсыз, сұреңсіз.* ~ты жыр деппін.

ЖЫРСЫРА *Жырды сағыну, аңсау, құмарту. Жырсырап,* сенсіз жерде бөгелемін (М. Әлімбаев).

ЖЫРТ 1. *өзг. етіс. Жыр-т.* 2. *Егін егу үшін жерді соқа, трактормен айдау, өңдеу.* Трактормен жер ~ып жүр. ◊ **Бетін жыртты** — *ескі әдет бойынша күйеуі өлген әйелдің бетін дал-дал ғып тырнап қатты жылап, жоқтау дәстүрі.* **Жыртысын жыртты** — *сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.* **Өңешін жыртты** — *бар даусымен айқайлады.*

ЖЫРТА: жырта қарыс — *кере қарыс.*

ЖЫРТАҚАЙ *қарап. Жыртақтай беретін, күлегеш.* ~ бозбалалар (күлкіден аулақ).

ЖЫРТАҚТА *Ыржақтап орынсыз күле беру, жыртаңдау.* ~п күле береді.

ЖЫРТАҚЫ *қарап.* 1. *Күлегеш, күле беретін.* Жыршының бәрі *жыртақы* (Майлықожа). 2. *Сөзі өткір, уытты.*

ЖЫРТАҚЫЛАН *Жыртақ-жыртақ ету, жеңілтектікке салыну.* Сен ~ып әртіс болмақсың ба? (Баялиев).

ЖЫРТА-МЫРТА *Жұла тартып, жыртып.* Жейдеміздің қолтығын ~ сүйреледі.

ЖЫРТАНДА *Ыржаңдап, орынсыз күле беру, жыртақтау.* Е, қойшы әрі *жыртаңдамай* (Сүндетов).

ЖЫРТАҢ-ЖЫРТАҢ *Ыржаң-ыржаң, қылжаң-қылжаң.* ~ қызылдан шығады ерек (күлу). □ **Жыртаң-жыртаң етті** — *жыртақтады, жеңілтектікке салынды.*

ЖЫРТИ *Сықсиып, сығырайып қарау.* ~я қарады, көзі ~ған қалпында.

ЖЫРТҚЫШ 1. *Жан-жануар етімен қоректенетін жыртқыш айуандар.* ~ аңдар (қасқырлар). 2. *Ауыс. Қанішер, жауыз.* Фашистер соғысқұмар ~.

ЖЫРТҚЫШТЫҚ *Жыртқышқа тән қасиет.* ~ әрекет, ~пен пайдаланды.

ЖЫРТҰЛЫ 1. *Жыртылып дал-дал болған күйінде.* 2. *Айдалған, өңделген.* Жердің жартысы ~ екен.

ЖЫРТҰСЫЗ 1. *Дарылдатып жыртылмаған, дал-дал болмаған.* 2. *Жыртылмаған, айдалынбаған.* Үй орнындай жер дөңгеленіп *жыртусыз* қалып отырды (Майлин).

ЖЫРТЫҚ *Жыртылып тозған, жыртылған.* ~ киім (үй, жамап отыр).

ЖЫРТЫҚ-ЖАМАУ *Алба-жұлба, жыртылған, тозған.* ~ шалбар (кітап).

ЖЫРТЫҚ-ЖЫРТЫҚ *Жыртылып тозған, дал-ба-дұлба.* ~ киіз үй (көрпе-төсек).

ЖЫРТЫҚТАУ *Аздап жыртығы бар, көнелеу.* ~ қара үйлер.

ЖЫРТЫҚ-ТЕСІК *Жыртылып тозған, жамаужасқау.* ~ киіз үйлер.

ЖЫРТЫЛ 1. **Жыртылып айырылады** — *аяқ алып жүргісіз, сансыз көп.* 2. *Ауыс. Мақтаншақ, жыртыл.*

ЖЫРТЫЛҒЫШ. ~ қағаз. *Жыртылуға бейім, жыртыла беретін.*

ЖЫРТЫНДЫ 1. *Жыртылған нәрсенің қалдығы, бөлшектері.* Кездеменің ~сы. қағаз ~лары. 2. *Трактормен айдалған, жыртылған жер.* Топырақтың ~ қабаты.

ЖЫРТЫҢ *Жыртақтаған күлкі.*

ЖЫРТЫҢДА *Жыртың-жыртың ету, жыртақтау.* Ол ~п күлді.

ЖЫРТЫҢ-ЖЫРТЫҢ *Жыртыңдау, жыртақ-жыртақ күлкі.* Не түсер құр күлкіден *жыртың-жыртың* (Абай).

ЖЫРТЫС 1. *Матаның жыртылу қалпы, жыртылған бөлшегі.* Ағайынның ұрысы, Торқаның *жыртысы* (Мақал). 2. *көне. Есік көре барған күйеудің қыз жеңгелеріне үлестіру үшін апарған матадай сыйлығы, кәдесі.* Өзімнің үш жүз теңге *жыртыс* кәдем (Керімбеков). 3. *Қарт, егде адамдар қайтыс болғанда төбәрікке жыртып тарататын мата, кездеме. Жыртыс* қарт не егде адамдар қайтыс болғанда беріледі (Шүлембаев). ◊ **Жыртыс жыртты** — *жыртысқа арналған матаны елге үлестірді.* **Жыртысын жыртты** — *сөзін сөйледі, жоғын жоқтады.*

ЖЫРША *Жыр тәрізді, жыр сияқты.* Жүрегімнің түсына *жырша* қадап кетер ем (Орманов).

ЖЫРШЫ 1. *Өлең-жырды көп білетін, оны елге тарататын жырау. Жыршы* көбінесе даяр өлеңдерді әнге қосып айтады (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Тамылжытып сайрайтын әнші құс.* ~ құс әнге басты.

ЖЫРШЫЛ *Жырды жақсы айтатын, жырқұмар.* Жырды ұғар *жыршыл* жан (Лекеров).

ЖЫРШЫЛЫҚ *Жыршыға тән, жыршы болушылық, жырқұмарлық.* Оның ~ таланты күшті.

ЖЫРЫҚ *Бір нәрсе кесіп, тіліп не жырып кеткен, жыртылған, жырылған.* ~ құлақ (ерін, балақ).

ЖЫРЫҚТАУ *Аздап жырығы бар.* Үстіңгі ерні ~, балағы ~.

ЖЫРЫЛ 1. *ыр. етіс. Жыр-ыл.* 2. *Шеттеп кету, бөлініп шығу, сытылу.* Топтан ~ып қалды.

ЖЫРЫМ I *Айылдың, тартпаның ұшына жалғанатын не ердің қапталындағы жіңішке білеу қайыс.* ◊ **Жырым жеді** — *ұсақ-түйек дүниелерді ұрлап-қарлап кәсіп етті.*

ЖЫРЫМ II *Жырылған, жырық, тілік.* ~ балақ (ерін).

ЖЫРЫМДА 1. *Жырту, тілгілеу, жырым-жырым ету.* Қамшымен жотамды ~ған. 2. *Бөлшектеу, бөлу, жырмалау.* Еңбек ақшаларынан ~п алды.

ЖЫРЫМ-ЖЫРЫМ 1. *Жыртық-жыртық, тілім-тілім, жырымдалған.* ~ шапан, (ескі киіз). 2. *Быт-шыт, бөлек-бөлек.* ~ болып кейін қашты.

ЖЫРЫН *Өз алдына бөлек, аулақ, алшақ, жекедара.* Ел ішінен ~ кеткен.

ЖЫРЫНДА *Бөлектену, оғаштану, даралану, жекелену.* ~п бақ, ~п кетті.

ЖЫРЫНДЫ 1. *Жырылып қалған, бөлек тілімденген.* Шұлғаудың ~лары (жыралар). 2. *Көпті көрген қу, айлакер.* ~ адам (жылқышы, тазылар).

ЖЫРЫНДЫЛЫҚ *Айлакерлік, әккілік.* ~рын жасап кетті.

ЖЫТ *Қашу, безу, зыту.* Үйге қарай ~ып кетті.

ЖЫТҚЫР *Алғыр, өткір, өжет.* Жиеншар өте ~.

ЖЫТҚЫРЛЫҚ *Алғырлық, өткірлік, өжеттік.* Бұл ~ты тілеп тұр.

ЖЫТҚЫШ *Жытқыр, жытқақ.* Оны байқамасаң бір ~ адам.

ЖЫТЫР *Тығу, жасыру; жоғалту.* Ақшаны ~ып сіңірді, жендетті су түбіне ~ды.

ЖІБЕК 1. *Жібек құртты ораған жіп, сол жіптен жасалған жылтыр мата.* ~ орамал (көйлек). 2. *Ауыс. Жұмсақ, биязы, майда.* ~ жігіт (мінез, шаш). □ **Жібек жолы** *(тар.)* — *ертедегі Қытай мен Византия және Орта Азия арасындағы жібек таситын керуен жолы.* **Жібек көбелек** — *қанаты жылтыр сары түсті көбелек.* **Жібек құрты** — *түт ағашы жапырағымен қоректеніп, жібек талшықтарын шығаратын құрт.*

ЖІБЕКТЕЙ 1. *Жібек тәрізді әдемі, сұлу.* 2. *Жұмсақ, биязы, майда.* ~ жамала жалы (жұмсақ сөз).

ЖІБЕКТІК 1. *Жібек жібінен жасалғандық.* 2. *Биязылық, нәзіктік.*

ЖІБЕКШЕ *Жібек секілді, жібек сияқты.* ~ құлпырды (төгілді).

ЖІБЕКШІ *Жібек құртын өсірушілер, жібек талшығын өндірушілер, жібек мата шығарушы маман.*

ЖІБЕР 1. *Біреуді бір жаққа жұмсау, аттандыру.* Болатты мектепке ~ді, оған кісі ~ді. 2. *Босату, қоя беру.* Аттың басын ~ді, жаз ~ді. 3. *Басқадай етістіктермен тіркесіп тездік, жылдамдық мән білдіретін сөз.* Есікті ашып ~ді, әңгімені **бөліп** ~ді. □ **Жіберіп қалды** — *қолындағыны лақтырды, ұрды.*

ЖІБЕРГІШ *Ағытқыш, бір нәрсені жіберіп тұратын зат.* Су ~.

ЖІБІ 1. *Жылылықтың, будың әсерінен не су тигеннен заттың жұмсаруы, еруі.* Тоң ~ді, қар ~и бастады. // *Құрғаған бір нәрсені жіпсітіп сулау.* Тамағын ~тті, ернін ~тті. 2. *Ауыс. Мейірі тұсу, көңілдену, мейірлену.* Жүзі ~п кетті. сөзге ~и қалды.

ЖІГЕР *Қажыр-қайрат, күш-қуат.* Адамның ~ін тасытты. ◊ **Жігер берді** — *рухтандырды, қайраттандырды.* **Жігер салды** — *күш жұмсады, еңбектенді.* **Жігері құм болды** — *мысы құрыды, тауы шағылды.*

ЖІГЕР-КҮШ *Күш-қайрат, әл-қуат.* ~ін Отанға жұмсады.

ЖІГЕР-ҚАЙРАТ *Қажыр-қайрат, күш-қуат.* Жастар ~тарын танытты.

ЖІГЕРЛЕН *Қайраттану, қуаттану, қажырлану.* ~е қимылдады. ~е сөйледі.

ЖІГЕРЛЕНУШІЛІК *Қайраттанушылық, қуаттанушылық, қажырланушылық.*

ЖІГЕРЛІ *Қажырлы, қуатты, қайратты, батыл.* ~ жастар (сөздер).

ЖІГЕРЛІЛІК *Қажырлылық, қуаттылық, қайраттылық.* Олар ~ көрсетті.

ЖІГЕРЛІРЕК *Қажырлырақ, қуаттырақ, қайраттырақ.* Өзгеден ~ жас жігіт сөйледі.

ЖІГЕРСІЗ *Қажыр-қайратсыз, қуатсыз, жасық.* ~ адамнан ерлік іс шықпайды.

ЖІГЕРСІЗДЕН *Үнжырғасы түсу, босау, қайратсыздану, қажырсыздану.* Өз өзінен ~ қалды.

ЖІГЕРСІЗДЕУ *Қайратсыздау, ынжықтау, жасықтау.* Өзі ~ (бала талпынбайды).

ЖІГЕРСІЗДІК *Қайратсыздық, бостық, ынтасыздық.* ~ке жаным қарсы.

ЖІГІТ *Кәмелетке толған ер-азамат; бозбала.* □ **Жігіт ағасы** — *ақыл тоқтатып, есейген кез.* **Жігіт болды** — *ер жетіп, өмірге араласты.* **Жігіт екенсің** — *жарайсың, жаса деп ризалық білдірді.*

ЖІГІТ-ЖЕЛЕҢ *Бозбала, жасөспірім.* Ауылдың ~ін сауыққа шақырды.

ЖІГІТСІ *Жігіт болғансу; батылсыну.* Ортаға *жігітсіп* Есеннің өзі шыға келді (Кекілбаев).

ЖІГІТСІЗ *Жігіті жоқ, жігітін ерітпеген.* Сәуле ~ тойға келді.

ЖІГІТТІК 1. *Жігітшілік, жігітке тән қасиет.* ~ке жеткен (шақ). 2. *Ауыс. Батырлық, батылдық, ерлік.* ~ жасады (іс).

ЖІГІТШЕ *Жігіт сияқты, жігіт тәрізді.* ~ жұмыс істеді (сөйледі).

ЖІГІТШІЛІК 1. *Жігіттік, жігітке тән қасиет.* 2. *Ауыс. Бозбалашылық, жастық.* ~ өмір (жасап жүр). ◊ **Жігітшілік құрды** — *жастықтың әуеніне салынды.*

ЖІГІТІМСІ *Жігіт болғансу, жігітсымақтану.* Өзінше ~п жүр.

ЖІК 1. *Екі нәрсенің түйіскен жері, тұсы, шегі.* Аспан мен жердің ~гі білінбейді, ~гін басып тікті. 2. *Топ, жақ бөлініс.* Ауыл екі ~, арамызда ~ бар. ◊ **Жік жазбады** — *бір-бірінен айырылмады, жұбын жазбады.* **Жікке бөлді** — *айырып қарады, алалады.* **Жік салды [тастады]** — *бұлдірді, араздастырды.* **Жік түсті [туды]** — *араздасты, жауласты.*

ЖІК-ЖАППАР: жік-жаппар болды — *астыүстіне түсті; өліп-өшті, жалыну.*

ЖІК-ЖІК 1. *Бөлек-бөлек, тарам-тарам, саласала.* ~гімен баяндалған (~гімен бейнеленген). 2. *Топтоп, жақ-жақ.* ~ боп жұрт бөлінді (~ боп бітісті).

ЖІКСІЗ *Жігі білінбейтін, жігі жоқ.* ~ тас (жымдасқан).

ЖІКСІЗДІК *Жік болмаушылық, ала-құласыздық.* ~ қоғам.

ЖІКТЕ *Бөлу, саралау, талдау.* Бірнеше топқа ~ді.

ЖІКТЕЛГІШ *Жіктелуге бейім, икем.* Клеткалардың ~ бөлімі.

ЖІКТЕЛІС *Жікке бөлінушілік, топтасушылық.* ~ке ол кінәлі.

ЖІКТЕУШІЛІК *Саралаушылық, талдаушылық.*

ЖІКШІЛ *Жік салғыш, жікке бөлгіш.* ~ топ, ~дермен күресті.

ЖІКШІЛДІК *Жікке бөлінушілік, ел арасына іріткі салушылық.* Партия ~ке қарсы.

ЖІЛІК *Жан-жануарлардың саны мен қолындағы тұтік тәрізді сүйек.* Ортан ~ (асық, қол, сан). □ **Жілігі татиды** — а) *союға жарайды, арық емес*; ә) *кәдеге асарлық, жарамды.* **Жілігі шағылды** — *беті қайтты, болдырды.* **Жілік майы тауысылды [үзілді]** — *арып-ашты, жүдеп-жадады.* **Жілігін шақты** — *егжей-тегжейлі, жан-жақты қарады.*

ЖІЛІКТЕ 1. *Малдың тұтас етін мүше-мүшеге бөлу, бөлшектеу.* Жылқыны ~п бөлді. 2. *Ауыс. Талдау, саралау, жіктеу.* Оқырманға ~й жеткізді.

ЖІЛІКТІ 1. *Жілігі үлкен.* 2. *Күшті, төзімді, ірі.* Белі мықты, *жілікті* ат мінген (Мағауин).

ЖІЛІНШІК *Аяқ жіліктің тобықтың үстін ала балтыр етпен жалғасқан жіңішке жері.* Суды ~тен кешті.

ЖІНІК 1. *Жылылықтың әсерінен бұлшу, бұзылу, борсу.* Піскен етті *жінігіп* кетер деп жайды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Жындану, нақұрыстану, астан-кестеңі шығу, қарбаласу.* Жетер енді *жініккенің* (Жакенов).

ЖІНТІКТЕП *жерг. Тәптіштеп, анықтап.* Раушан мұны ~п тексерді.

ЖІНІКТІР 1. *өзг. етіс. Жінік-тір.* 2. *Атты болдырту, зорықтыру.*

ЖІҢІШКЕ 1. *Жалпақ емес, енсіз, сидам.* ~ өзен (ине). 2. *Нәзік, бәсең, әлжуаз.* Дауысы ~ (саусақ). ◊ **Жіңішкенің үзіліп, жуанның созылған кезі** — *жазға салымғы қара өзек шақ, қзын сары.*

ЖІҢІШКЕЛЕ 1. *Жіңішке қалыпқа келтіру, созу.* Қайысты ~п тіліп алды. 2. *Ауыс. Ақырындау, жайлау, баяулау, біртіндеу.* ~п жеткізді, ~п жамандады.

ЖІҢІШКЕЛЕУ 1. *Жіңішкерек, енсіздеу.* ~ тақтай (қас). 2. *Жуан емес, сәл жіңішке.* ~ дауыс (әуен, естіледі).

ЖІҢІШКЕЛІ *Жіңішкесі бар, жіңішкесі аралас.* ~ шым-шытырық трубалар.

ЖІҢІШКЕЛІК 1. *Жуан емес, жіңішке болушылық.* Саусақтың ~гі. 2. *Дауыстың нәзіктігі, жуан еместік.* Дауысының ~гінен байқалады. ◊ **Жіңішкелік белгі** — *орыс әліпбиінің отызыншы әрпі (ъ).*

ЖІҢІШКЕР 1. *Жіңішке қалыпқа келу.* Сирақтары ~іп еті қашқан. 2. *Ауыс. Кішірею, бәсеңдеу, азаю.* Өңгіме аяғы ~е бастады, дауысы ~іп шықты.

ЖІҢІШКЕРЕК *Жіңішкелеу, нәзіктеу.* ~ жіп (жол).

ЖІП 1. *Жүн, мақта, кендір сияқты нәрседен заттарды тігу, тоқу, байлау үшін жіңішке етіп, иірілген бау, зат.* 2. *Ауыс. Бір нәрсені байланыстырушы дәнекері, шет жағасы.* Гүлжан өңгіме ~бін суыртпақтады. ◊ **Жібі бос [бостау]** — *ші жұмсақ, көңілшек.* **Жібі босады** — а) *ұнжырғасы түсті*; ә) *бәсеңсіп, істі босаңсытты.* **Жібін ағытты** — *ішіндегісін ақтарып салды.* **Жібін тартып көрді** — *байқады, сынады:* **Жібін ширатты** — *пысытты, сергітті.* **Жібі түзу** — а) *тәп-тәуір, жөнді*; ә) *жарамды, жақсы.* **Жіпке тізді** — *жоқ-барды есептеп тізіп отырды.* **Жіп сабақтап көрмеген** — *өмірінде еш нәрсе істемеген.* **Жіп тақты** *(этногр.)* — *енші-леңді, иеленді, иемденіп алды.*

ЖІП-ЖИРЕН *Нағыз жирен, аса жирен, бірыңғай жирен, тұтас жирен.* ~ мұрты тікірейе қалды.

ЖІП-ЖІІ *Өте жиі, тым жиі.* ~ ұзын кірпік (жұлдыз, бұршақ).

ЖІП-ЖІҢІШКЕ *Өте жіңішке, тіпті жіңішке, қылдырықтай.* ~ тар көше (қыз, ағаш).

ЖІПСЕ *Екі тақтайды қырынан қосқанда үстінен ұстататын көлденең ағаш (ағаш).*

ЖІПСЕЛЕ *Білдірмей қозғау, жіптіктеу. Жіпселей* тартқысы келді (Толыбаев).

ЖІПСІ 1. *Терлей бастау, бусану.* Маңдайы ~ді. 2. *Қар еріп, жердің босай бастауы.* Жер ерте ~ді.

ЖІПСІЗ *Жіп байланбаған, жібі жоқ.* ~ ілулі тұр. ◊ **Жіпсіз байлады [байланды]** — *текке уақыт өткізді.*

ЖІПСІК 1. *Жасаураған, сулы.* ~ көзді (жанарында). 2. *Жібіген, ери бастаған.* ~ қар (жер).

ЖІПСІКТЕУ *Аздап жасаурап, суланып тұратын.* Көзі ~.

ЖІПТЕЙ *Жіп сияқты, өте жіңішке.* ~ жол (сызық).

ЖІПТЕСТІР *Жалғастыру, байланыстыру, сабақтастыру.* Ойдың ар жағын өзі ~іп кетті.

ЖІПТЕСІН *Жіп тектес, жіп сияқты.* ~ балдырлар.

ЖІПТІК *Ширатылған жіңішке жіп немесе сол сияқты басқа бір зат; талшық.* Қызыл мыс ~тер, ~ тамырлы гүл.

ЖІПТІКТЕЙ *Жіп-жіңішке, тал шыбықтай.* ~ жігіт (саусақ).

ЖІПТІКТЕП *Жайлап, ептеп, суыртпақтап.* ~ сыр тартты (әзірледі).

ЖІППІШЕ I *Жіңішке талшық.* Аталық гүл ~ден тұрады, жіңішке ~лер.

ЖІППІШЕ II *Жіп тәрізді, жіп сияқты, жіңішке, ұзын.* ~ шұбатылған.

ЖІП-ШУ *Киіз үйге, мал байлауға, отынсу тасуға қажетті баулардың жиынтығы.* Ол ~ есуге шебер.

ЖІППІШІК *Жіп сияқты жіңішке зат.* Ұрықтың тұмсық жағынан ақшыл *жіппішік* пайда болыпты (Ә. Нұршайықов).

ЖІТІ 1. *Қырағы, батыл, байқағыш.* Көзі ~ (ойластырған). 2. *Шырақ, тез, шапшаң.* ~ сөйледі (басып келеді). 3. *Жете, жақсы.* Ол тарихты ~ біледі. 4. *Мұқият, ұқыпты.* ~ қара. □ **Жіті көз** — *көреген, өткір көз.*

ЖІТІК: жітікке саяқ — *дөп қосылған, бірінебірі сайма-сай.*

ЖІТІЛЕН *Тездеу, жиілену.* Станоктар ~іп кетті.

ЖІТІЛЕУ *Жылдамдау, жиілеу.* Аурудың жіті және *жітілеу* түрлері болады (Халықов).

ЖІТІЛІК 1. *Қырағылық, көрегендік.* Тақырып таңдауда ~ көрсетті. 2. *Жылдамдық, шапшаңдық.* Қимылында ~ бар.

ЖІТІРЕК 1. *Көрегендеу, қырағылау.* Қайшылықты ~ көреді, көзі ~. 2. *Тезірек, жылдамырақ, шапшаңдау.* ~ жүрді. 3. *Мұқияттырақ, ұқыптырақ жігіттер.* Өткізіп алмайық, ~ қараңдар.

ЖЮРИ *Жарысқа түскендерге, көрмелер мен конкурсқа қатысқандарға жүлде беру сарапшылар тобы, қазылар алқасы.* ~ шешімі.

З

ЗАБОЙ *Шахтада кен, тас көмір қопаратын орын.* ~ ішінде шахтерлер қайламен көмір шабады.

ЗАБОЙЛА *Кенді не тас көмірді ұңғып қазу.* ***Забойлап*** болып қалған (Ғ. Мұстафин).

ЗАБОЙШЫ *Забойда кен қопаратын адам, кенші. Бізге ~лар қажет.*

ЗАВОД *Ірі, үлкен өнеркәсіп орны.* Балқаш мыс ~ы.

ЗАГОН *Егістіктегі жыртылып жатқан бір айдам жер.* Трактор ~ басына шығып, кері қарай қайта оралды.

ЗАҒИП 1. *Көзі көрмей қалған, су қараңғы, соқыр.* Көзі ~ азаматтарға арналған дыбыс жазу студиясы. 2. *Көріп, кемтар, жарымжан, мүгедек.* Салт атты жол жиегінде отырған ~ адамды көрді.

ЗАҒИПТАН 1. *Көзі көрмей қалу, соқыр болу.* Шешек шығып екі көзі ~ып қалған. 2. *Мүгедек болу.* Камаш ~ып қалды.

ЗАҒИПТЫҚ 1. *Көзі көрмей қалушылық, соқырлық.* Көрмеу үшін көп сұмдықты жердегі, ***Зағиптығым*** жақсы ма? — деп отырмын (М. Өлімбаев). 2. *Көріптік, кемтарлық, жарымжандық, мүгедектік.* Ол ~ғына қарамастан шыдамдылық білдірді.

ЗАҒЫПРАН *Сары түсті гүл.* Ол қайғы-қасіреттен ***зағыпырандай*** сарғайды.

ЗАДА 1. *Шыққан тегі, нәсілі, тұқымы.* 2. *Жақсы, асыл.*

ЗАДЫ *Тегі, негізі, тұқымы.* "***Зады*** қазақ, қазаққа қызмет атқар" деп Орынбордағы школаға учитель ғып жіберді (С. Мұқанов).

ЗАДЫНДА *Тегінде, негізінде.* Мұндай жігіттердің ***задында*** таза болатынын Байбосын білетін (Тоғысбаев).

ЗАЕМ *Белгілі шартпен алынатын қарыз ақша, қаржы-қаражат ісі.* Мемлекеттік ~.

ЗАЙЫҒЫ *Құр, бос, тек, зая.* Білімін бір жігіттің білседағы, Не керек ***зайығы*** кеткен білген малы (Ақан сері).

ЗАЙЫП *Жар, жұбай.* Қарабайдың ***зайыбы*** қыз тауыпты (Қозы Көрпеш).

ЗАЙЫПТЫ *Жұбайлы, жұпты, некелі.* Тостымды жас ***зайыптыларға*** арнаймын (Тілеков).

ЗАЙЫПТЫЛЫҚ *Жұбайлылық, некелілік.* Махаббат қана ***зайыптылық*** заңына берік болады (Нұршайықов)

ЗАЙЫР *Анық, айқын, ашық.* Бұлардың соңынан құғыншы шығатыны ***зайыр*** (Досанов).

ЗАЙЫРЛЫ *Білгір, білімдар.* Бұл қазақтың ішінен Уәлилер өтті ***зайырлы*** (Қашаған).

ЗАЙЫРЫ *Сірә, тегінде.* ~ ол келмейтін секілді.

ЗАКАЗ *Біреудің (мекеменің) екінші біреуге істеуге, орындауға тапсырған ісі, тапсырысы.* □ **Заказ алды [берді, етті]** — *бір нәрсені істеу үшін алдын ала тапсырып қойды, ескертті.*

ЗАКАЗНОЙ 1. *Заказ бойынша істелген.* 2. *Почта арқылы жіберілетін міндетті аманат.*

ЗАКҮНШІК *Заң құғыш, аздырғыш, әзәзіл, алаяқ, қу.* Ол да бір ~ көрінеді.

ЗАҚЫМ 1. *Жара, жарақат.* Жүрек еттеріндегі ~дар. 2. *Ауыс. Зиян, зардап, залал.* Қашыңдар, қапияда көрмей ***зақым*** (Т. Ізтілеуов). □ **Зақым болды** — *жаралы болды, жарақаттанды.* **Зақым келтірді [тигізді]** — *мертіктірді, жаралады.* **Зақым қылды [етті, жасады]** — *жаралады, жарақаттады.*

ЗАҚЫМДА 1. *Зақым келтіру, жаралау.* Оқ оның қабырғасын ***зақымдап*** кеткен екен (Тоқаев). 2. *Ауыс. Зиянын тигізу, зиян келтіру, бұлдіру.* Қатты бұршақ жауып совхоз егінін ~ды.

ЗАҚЫМДАУШЫ *Зиянын тигізуші, зиян келтіруші.* Миды ***зақымдаушы*** басқа аурулар да кездеседі (Жұматов).

ЗАҚЫМДЫ *Зақымданған, бүлінген.* ***Зақымды*** самолетке тосқауыл көп (Өмірбеков).

ЗАЛ 1. *Көпшілік жиналыс, жиын өткізетін үлкен үй.* Оқу ~ы (мәжіліс ~ы, акті ~ы, гимнастика ~ы). 2. *Қонақ қабылдайтын кең бөлме.* Қонақ қабылдайтын ~ы осы.

ЗАЛАЛ *Зиян, кесір.* Жаздың ыстығында жауған жаңбыр ~. ◊ **Залал келтірді [тартты]** — *кесірін тигізді, зиян жасады.*

ЗАЛАЛДЫ *Кесірі көп, зиянды.* Көктемгі суық, үсіктің ~ кесірі көп.

ЗАЛАЛДЫЛЫҚ *Зияндылық, кесірлік.* Жұмысына ~ жасады.

ЗАЛАЛКЕС *Залалын тигізетін, зиянкес.* Дүниеқұмар, ***залалкес*** бола қалсаң (Шәкәрім).

ЗАЛАЛСЫЗ *Залалы жоқ, кесірі тимейтін.* ~ кісі.

ЗАЛАЛСЫЗДА 1. *Залалын жою.* Аурудың алдын алып ~ған жөн. 2. *Зиянсыздау.*

ЗАЛОГ *Қарыз алу үшін кепілдеме ретінде салынатын зат.* Кедейдің астығын ~қа алды ("Айқап").

ЗАЛЫМ 1. *Қу, сұм, сұмырай.* Ол елдің қыбыр-жыбырын аңдып отырған ***залым*** (Ә. Әбішев). 2. *Жауыз, қанышпезер, арам.* Шын ***залымға*** берме ғылым, Ол алар да оқ қылар (Шәкәрім).

ЗАЛЫМДЫҚ 1. *Қулық-сұмдық, сұмырайлық.* Ханның ~ істерін ұмытқан жоқ. 2. *Жауыздық, арамдық, қанышпезерлік.* Ол маған ~ жасады.

ЗАМАЗКА *Бітеме. Терезе саңлауларын бітейтін арнаулы жабысқақ зат.* Терезе ~сы.

ЗАМАЗКАЛА *Замазкамен бітеу.* Күн суық, терезелерді ~масақ болмас.

ЗАМАН 1. *Дәуір, кезең.* Біздің ***заманымыз*** өткен заманның баласы, келер заманның атасы (Байтұрсынов). 2. *Уақыт, мезгіл, кез.* Бір ***заманда*** үлпілдеген ақ саусақ еді (Ғ. Мұстафин). □ **Заман ақыр** — *тар кезең, зобалаң шақ.* **Заманы бір** — *бір дәуірде өмір сүрген адамдар.* **Заманы жүріп тұр [туды]** — *дегеніне жетті, күні туды.* **Заманы өтті** — *күні бітті, дәурені өтті.*

ЗАМАНА *Ғасырлар, тұтас дәуір.* Әл-Фараби еңбектері мың жылдық ***заманалар*** сынынан өтті (Ә. Әлімжанов).

ЗАМАНАЛЫҚ *Әр заманға тән; осы заманғы.* Зулайды экспресс ***заманалық*** (М. Әлімбаев).

ЗАМАНҒЫ *Белгілі кездегі, дәуірдегі.* Өндіріс осы ~ индустрияға арқа сүйейді.

ЗАМАНДАС *Қатар өскен, заманы бір.* Қарлығаш әрі сіңлім, әрі маған ***замандас*** (Хакімжанова).

ЗАМАНДАСТЫҚ *Заманы бір, қатар өскендік.* Мұнда ***замандастықпен*** айтқан қалжың да бар (Қуандықов).

ЗАМАНДЫҚ *Мезгілдік, дәуірлік.* Үш бөлмелі осы ~ жайлы пәтер.

ЗАМАНЫНДА *Кезінде, өз дәуірінде.* Парсыда өткен Фирдоуси, ***Заманында*** дүр еді (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ЗАМАТ 1. *Уақыт, кез, мезгіл.* Күн батқан ~. 2. *Лезде, тез, жылдам.* Самарқановты ***замат*** атып тастау қажет еді (Тілеков).

ЗАМАТТА 1. *Уақытта, кезде, мезгілде.* Кірген ~. 2. *Лезде, демде.* ***Заматта*** ауыл іші дүрліге қалды (Есенберлин).

ЗАМҒА *Зымырау, зыту.* Алды-артына қарамай ~п келем.

ЗАМШЫ 1. *Жұмсақ иленген бұлан не бұғы терісі; күдері.* 2. *Замшыдан жасалған, замшыдан тігілген.* ~ костюм (туфли).

ЗАҢ *филос.* 1. *Объективтік өмірдің, заттардың, құбылыстардың белгілі қалыпта көрінетін өзара байланыстылығы, олардың бір-біріне тәуелділігі.* 2. *Мемлекеттің ең жоғарғы өкімет орындары қабылдайтын, ерекше заңдылық күші бар акт; қаулы-қарарлар; декрет.* 3. *Жалпыға ортақ жоба, ереже.* Ана тілінің байлығы мен тұрақты ***заңдарын*** дұрыс қолдана білу жазушыларға өте қажет (Ғ. Мүсірепов). 4. *Қалыптасқан белгілі бір тәртіп, жүйе.* Екі қатын алсын деген ~ жоқ. 5. *Ауыс. Орындалуы шарт, міндетті іс.* Директордың айтқаны біз үшін бұлжымас ~. 6. *Ауыс. Әдет-ғұрып, салт-сана.* Әке болу — табиғат ***заңы*** (Ғ. Мұстафин). □ **Заң бойынша** — *заң жүзінде, заңға сәйкес.* **Заңға тартты** — *заңға берді, заңға тапсырды.* **Заңға томпақ** — *заңға сай келмейтін, заңға қарсы.* **Заң жолымен** — *заң жөнімен, заң орнымен.* **Заң жүзінде** — *заң бойынша, заңға сәйкес.* **Заң орны** — *қоғамдық тәртіпті қадағалап, заңдастырып отыратын мекеме.*

ЗАҢГЕР *Заң ғылымы мен мәселелері жөніндегі маман.*

ЗАҢҒАР 1. *Зәулім, биік.* Ауылдың ~ клубына халық көптеп келіп жатыр. 2. *Ауыс. Зор, үлкен, мықты.* Заманымыздың ~ жазушысы Мұхтар Әуезов.

ЗАҢҒАРЛАН *Асқақтау, шарықтау, биіктеу.* Замандар озған сайын ***заңғарланады*** (М. Әлімбаев).

ЗАҢҒАРЛЫҚ *Биіктік, зәулімдік.* Шағалалар теңізді ~ғына қарап өлшейді.

ЗАҢДАНДЫР *Заңдастыру, заңға сыйдыру, заңға сәйкестендіру.* Әрбір пунктті қаулы-қарарлармен ~ып қоятын.

ЗАҢДАС *Заңдандыру, заңға сүйеніп дауласу, заңға жүгіну.* Енді олар ***заңдасып*** ештеме бітіре алмайды (Мәуленов).

ЗАҢДАСТЫР *Заңға сәйкес келтіру, заңға сыйдыру.* Қағазбен ~ып тындық.

ЗАҢДЫ *Заңға сәйкес келетін; орынды.* ~ құбылыс (демалыс, әйел). □ **Заңды түрде** — *заң жүзінде, заң бойынша.*

ЗАҢДЫЛЫҚ *Белгілі бір заң жүйелері, заңдар жиынтығы.* Әділ ~ бізге бәрінен жоғары.

ЗАҢҚОЙ *Заң айтқыш, заңшыл.* Осы күнгі жұрттың бәрі ~.

ЗАҢҚОЙЛЫҚ *Заң айтқыштық, заңшылдық.*

ЗАҢСЫЗ *Заңға қайшы, сәйкес емес.* Біреулерді ~ қаматты.

ЗАҢСЫЗДЫҚ *Заңға қайшылық, сәйкес еместік.* Патша әкімдері облысты ***заңсыздықпен*** билептөстеді (Кенен).

ЗАҢҚ-ЗАҢҚ: заңқ-заңқ етті — *арс-арс етті, үрді.*

ЗАҢШЫЛ 1. *Заңға жүйрік, заңқой.* Ол ~ адам еді. 2. *Заңды жақтаушы, тек заңмен жүретін.* Орыс арасында Қоңырат ***заңшыл,*** іскер болып көрінді (Р. Тоқтаров).

ЗАПАЛ *Жарылатын заттарға от беретін тетік.*

ЗАПАС 1. *Қор, жинақ.* Қоймада ~ астық көп. 2. *Бір нәрсенің артығы, қосалқы.* ~ кілтпен құлпын ашып үйіне кірді. 3. *әск. Әскерлік міндетін өтеген, керек уақытта қайта шақыруға дайын тұратын азаматтар.* ~тағы жауынгер. □ **Запас бөлшектер** (*техн.*) — *түрлі машиналардың басы артық, қосымша тетіктері.*

ЗАПРАВКА *Жанар май құйып, дайындайтын орын.* ~ жасап жолға шықтық.

ЗАПЫ: Запы болды — *ығыр болды, зықысы шықты.* **Запы етті [қылды]** — *зәрезеп болды, ығыр қылды.* **Запы көрді [шекті]** — *қорлық көрді.* **Запысы шықты** — *жалықты, әбігер болды.*

ЗАПЫЛАН *Ызалану, қорлану.* Соған ***запыланды*** ма, бір зарды булықтыра ышқынтып созды (Сматаев).

ЗАПЫЛЫҚ *Запы болғандық, запы шеккендік.* Ербосынның ~ ыңғайын сезді.

ЗАПЫРАН 1. *Асқазанда болатын ащы, сарғылт түсті сұйық зат.* ~ аралас ащы суды үстіүстіне ақтара құсты. 2. *Ауыс. Ыза, ашу, кек.* Ол көкірегін кернеген ***запыран*** шерін шығара, қатты күрсінді (З. Жәкенов).

ЗАПЫС: запыс болды [қылды] — *ығыр болды, жүрегі шайлықты.* **Запыс көрді [шекті]** — *қорлық көрді.*

ЗАР I *Қайғы, қасірет, мұң, шер.* Әйелдер көңілдегі ***зарларын*** айтып болды (Есенберлин). ◊ **Зар [зарын] айтты** — *іштегі шерін шығарды, мұңын шақты.* **Зар еңіреді** — *зар жылады.* **Зар жақ** — а) *тілі мен жағына сүйенген, сарнауық;* ә) *зарлап жылай беретін; жылауық.* **Зар жақ бота** — *сүтке жарымағандықтан енесі қасында болсын-болмасын жиі-жиі зарланып, боздай беретін жас ботаға таңылған атау.* **Зар жұтты** — *қайғы-қасірет шекті.* **Зар жылады** — *зар иледі, зар еңіреді.* **Зар заман** — *елді еңіретіп, жылатқан қиын заман.* **Зар иледі [қақсады]** — а) *бебеу қақты, безілдеді;* ә) *зар еңіреді, зар жылады.* **Зар күйге түсті** — *қайғы-қасіретке тап болды.* **Зар күйінде** — *шабытты шағында.* **Зар қақсатты** — *зар жылатты; зар илетті.* **Зар қақты** — *безілдеді, зар қақсады.* **Зар салды** — *дауыс қылды, зарлады.* **Зар [зарын] төкті** — *мұңын шақты, қайғы-қасіретін айтты.* **Зар ұрды** — *безектеді, ойбай салды.* **Зар шекті** — а) *қайғы-қасірет тартты, азап шекті;* ә) *зар иледі, зар еңіреді.* **Зар шығарды** — *зар айтты, зарлады.* **Зарын шақты** — *зарын айтты, мұңдасты.* **Зары өтті** — *зардабын көрді, қорлығы өтті.*

ЗАР II *Ділгір, мұқтаж; зәру қат.* Сол қуанышты күнді көруге бәріміз де ***зар*** едік (Тоқаев). ◊ **Зар болды** — *зәру болды, ынтықты.* **Зар етті [қылды]** — *мұқтаж етті, зәру қылды.* **Зарын көрді** — *зардабын тартты, азабын көрді.* **Зарын тартты** — *азабын көрді, тақсыретін тартты.*

ЗАРАР *Зиян, залал, шығын.* Қолына қызмет тиген соң, Халыққа қылды көп ***зарар*** (XX ғ. қаз. әдеб.). **Зарар болды [қылды, тигізді]** — *зиян келтірді, кесірі тиді.*

ЗАРАРЛАН *Зияндану, залалдану, зақымдану.* Фасциолезбен ~ған.

ЗАРАРЛЫ *Зиянды, залалды.* ~ ауру (шөп).

ЗАРАРСЫЗ *Зиянсыз, залалсыз.* Елге ~ жақсы іс болсын. □ **Зарарсыз қылды** — *залалсыздады, зиянсыздады.*

ЗАРАРСЫЗДАН *Залалсыздану, зиянсыздану.* Көктемге дейін жайылым ~ады.

ЗАРАРСЫЗДЫҚ *Зиянсыздық, залалсыздық.*

ЗАРДАЛЫ *жерг. Өріктің басында пісіп тұрғандағысы.*

ЗАРДАП 1. *Әсер, салдар.* Сол жылы қуаңшылықтың ~бынан жем-шөп аз болды. 2. *Зиян, кесір; кесел, қырсық.* Сол соғыстың ~бы әлі қалмай келеді. ◊ **Зардабы өтті** — *қорлығы өтті, зары өтті.* **Зардабын тартты** — *бейнетін шекті, азабын көрді.* **Зардабы тиді [зардабын тигізді]** — *зияны тиді, кесір келтірді.* **Зардап [зардабын] шекті** — *зиян шекті, азап көрді.*

ЗАРДАПСЫЗ *Зиянсыз, кесірсіз.* Қазіргі уақытта аурудың 90 проценті ~ жазылады.

ЗАРДАПТАН *Зардабы тию, зияндану.* Вируспен ~ған азық.

ЗАРДАПТЫ *Кеселді, кесірлі, зиянды.* Кейбір микробактериялар ~ болып, адам мен малға ауру жұқтырады.

ЗАР-ЗАР: зар-зар етті — *еңіреді, дауыстап жылады.*

ЗАРЛА 1. *Сарнау, қақсау, зар илеу.* Күні, түні ***зарлады.*** Кең сарайға бармады (Ер Сайын). 2. *Мұңшерін айтып жылау; зар еңіреу.* Қара бұлт жауып айымды, Жылаймын, күйем, ***зарлаймын*** (Мағжан).

ЗАРЛАУЫҚ 1. *Қақсауық, сарнай бергіш.* Тым ***зарлауық*** болу да пайдалы емес (Ақынжанов). 2. *Зар айтқыш, жылауық. Зарлауық* Дәмеш, қой дегенге көнбей қосыла зарлады (Есенжанов).

ЗАРЛЫ 1. *Қайғылы, мұңды, шерлі.* Оның көзіндегі мұң, қайғылы, ***зарлы*** мұң (Момышұлы). 2. *Мұң мен зарға толы, зарлаған (дауыс).* Оны қатты шошытқан ***зарлы*** дауыс тегін емес еді (М. Ғабдуллин).

ЗАР-МҰҢ *Мұң-шер, қайғы-қапа.* Тыңдаушы Татьянаның ***зар-мұңын*** өз басынан өткізгендей (Елебеков).

ЗАРҰРАТ *көне. Зәрулік, бір нәрсеге ділгер, қатты қажетсіну.* Сұрадым ***зарұратпен*** білмек үшін, бір жолға атай қалсаң ештеме етпес (Қыз Жібек).

ЗАРШЫ *Зар айтушы, зар жақ.* Орынсыз өкпе айтатын ***заршы*** емеспін (Сейфуллин).

ЗАРЫҚ 1. *Аңсау, сағыну, зар болу.* Қырықтан асқанда ~ғып көрген балалары еді. 2. *Тарығу, мұқтаж болу.* Ұлтуар суға жете алмай ~ып отырғанын баян етті. 3. *Ауыс. Жалығу, зерігу.* Айшылық жол... Шөлдейсің, ***зарығасың*** (Мақатаев).

ЗАРЯД 1. *Атылатын не жарылатын құралға от беретін зат; дәрі.* Қопарылғыш ~. 2. *физ. Белгілі бір денедегі, заттағы электр қуаты.* Электр ~ы.

ЗАРЯДТА 1. *От беру, оқтау.* 2. *Белгілі бір денеге электр қуатын ендіру, заряд беру.*

ЗАРЯДТЫ *Зарядталған, заряды бар.* ~ бөлшектер.

ЗАСЕДАТЕЛЬ *заң. Мекемелердің белгілі бір ісіне қатысу үшін сайланылған халық өкілі.* Халық ~і, аудандық сот ~і.

ЗАСЕДАТЕЛЬДІК *Заседательдің міндетін атқарушылық.* Оған қазақ қауымы атынан ***заседательдікке*** Нармағамбет тағайындалады (Аманшин).

ЗАСТАВА *Шекара сақшысы қызметін атқаратын бөлімше, әскери орын.*

ЗАТ 1. *Табиғаттағы барлық жанды-жансыз нәрселер.* Көмірден пайдалы ***заттар*** шығады (Ғ. Мұстафин). 2. *Адамның күнделікті тұрмысқа қажетті керек-жарақтары; дүние-мүлік, бұйым.* Комиссия мүшелері сандықтың ішіндегі ***заттарды*** есепке алып, тізіп жатыр (Тілегенов). □ **Зат алмасу** — *барлық тірі организмдердің тіршілігі үшін қажетті биохимиялық реакциялар мен химиялық өзгерістер.* **Зат есім (*лингв.*)** — *заттың атын білдіретін сөз табы.* **Заты басқа** — *ерекше, бөлекше, өзгеше.*

ЗАТҚА: затқа табынушылық — *зат, бұйым мүддесін өзге мүдделерден жоғары қоюшылық; вещизм.*

ЗАТҚАПШЫҚ *Ішіне әр түрлі заттар салып алып жүруге арналған қапшық, дорба; вещевой мешок.* Әскери ***затқапшығын*** иығына асынып алған (К. Ахметбеков).

ЗАТОН 1. *Кемелер тұратын және оларды жөндейтін орын.* 2. *Көлдің, өзеннің, теңіздің ағыны баяу жері, шығанақ қойнау.* 3. *Шығанақ жұқшілері тұратын жер; жұмысшылар поселкесі.*

ЗАТСЫЗ 1. *Дүние-мүліксіз, ақшасыз, нәрсесіз.* Екі рет тоналған саудагер еліне ақшасыз, ***затсыз*** орала алмады (Баяндин). 2. *Ауыс. Негізсіз, тексіз, жетесіз. Затсыз* жандар екенсіңдер (І. Есенберлин).

ЗАТСЫЗДЫҚ *Тексіздік, жетесіздік.* Ол бұл жерде ~ғын жасап отыр.

ЗАТТАЙ *Ақшалай емес; зат түрінде. Заттай* алынатын бұл салық ақшаға ауысты (Елеусізов).

ЗАТТЫ 1. *Қасиетті, жақсы.* Болмаған заманында ондай ***затты*** (Өсет). 2. *Текті, нәсілді, атаулы.* Ешкі ***затты*** мақұлық оннан асса қартаяды ғой (С. Мұқанов).

ЗАТТЫҚ *Затқа тән, затқа қатысты.* ~ ұғым (бейне).

ЗАТТЫЛЫҚ *Тектілік, қасиеттілік.* Бұл иттің ***заттылығы,*** тектілігі иесін қатты сүйсіндірген (Бақбергенов).

ЗАТШЫЛ *Затқа жақын, затқұмар. Заттшыл* да, өзіршіл базар жұрты — ала шұбар жұрт (Әбілев).

ЗАТЫ I 1. *Бір нәрсенің негізі, мәні, мазмұны.* Мектеп үйінің аты бар да ***заты*** жоқ (Шүкіров). 2. *Адамның шыққан тегі, нәсілі. Заты* арғын, нәсілі қазақ (Көпеев).

ЗАТЫ II *Заты, негізінде, тегінде; асылы.* ~, бұл жақта қар онша көп жаумаған тәрізді.

ЗАТЫМЕН *Біржола, мүлде, бүтіндей.* Адам баласының ендігі өсу-өркендеуін атымен, ***затымен*** жаңа жолға түсіретін ұлы жол (Ғ. Мүсірепов).

ЗАТЫНДА *Негізінде, тегінде, асылында. Затында* бүкпесі жоқ, ашуы тез келіп, тез қайтатын (Тілегенов).

ЗАУ *Зәулім, шыңырау, биік.* Көз ұшында, ***зау*** биікте бұлдырап, баяу қалқып қырандар жүрді (Мұртазаев).

ЗАУАЛ I 1. *Алтапты тұс мезгіл, тұс кезі.* Қымызға қанып, әбден ***зауал*** ауғанша ұйықталық (Тоқмырзин) 2. *Күн батар кез, кешкілік.* ***Зауал*** кешкі намаз оқитын мезгіл (Әлімжанов). ◊ **Зауал шақ** — *жас ұлғайып, қартайған кез.* **Зауал кездесті [төнді]** — *басына қиын-қыстау күн туды.*

ЗАУАЛ II *Жаза, сазай, азап.* Бұл да өз басына ***зауал*** боп көрінді (Қ. Ысқақов). ◊ **Зауалын берді** — *сазайын тартты, жазасын алды.* **Зауалын тартты [тапты]** ***жазасын алды, сазайын тартты.*** **Зауалың болғыр (қарғ.)** — *сазайыңды тартқыр, жазаңды алғыр!* **Зауалыңды берсін (қарғ.)** — *сазайыңды тарт, жазаңды ал.*

ЗАУАЛДЫ *Қауіпті, қатерлі.* ~ жер (кезең, күн).

ЗАУАЛСЫЗ *Қауіпсіз, жазықсыз.* Бостандыққа қарсы атылған оқ, ***зауалсыз*** қалған емес (І. Омаров).

ЗАУЗА I *Май айының арабша аты; мамыр.*

ЗАУЗА II *зоол. Дене тұрқы 22–29 мм-дей, түсі қара, шаруашылыққа зиянды қоңыз.*

ЗАУЛА 1. *Желдей ұшып зымырау, зулау.* Москва — Алматы поезы жүйткіп, ***заулап*** келеді (С. Әбдірахманов). 2. *Жалындап қатты жану, лаулау, маздау.* Қазанның астында ***заулап*** жанған от (Майлин). 3. *Тоқтамай тез айту, ағытылып сөйлеу.* Ол арманына жеткеніне ағытылып, ***заулап*** жатыр (Ибрагимов). // *Мүдірмей таза сөйлеу.* Ол қазақша ***заулап*** тұр (Сыланов).

ЗАУЫҚ *Ықылас, ынта, ниет, көңіл.* Домбыра шертуге ***зауық*** керек (Т. Әлімқұлов). ◊ **Зауқы ауды [соқты]** — *көңілі түсті, ниеттенді.* **Зауқы болмады [жоқ]** — *көңілі соқпады.* **Зауқы түсті [шапты]** — *ықыласы ауды, көңілі түсті.* **Зауқын басты** — *көңілін көншітті, мауқын басты.*

ЗАУЫҚСЫЗ *Ықылассыз, ынтасыз, көңілсіз.* Ол өзіне-өзі келе алмай ***зауықсыз*** отыр (Иманбеков).

ЗАУЫҚТАН *Ынталану, көңілдену, насаттану.* Ажарын шаттық басып ***зауықтанды*** (Тұрманжанов).

ЗАУЫҚТАС *Көңіл көтерісу, қуанышқа бөленісу.* Көк орданың ішінде Ләззат тауып ***зауықтасты*** (Үш ғасыр).

ЗАУЫҚТЫ *Ықыласты, ынталы.* Қартайғанда жігіт жинап шабуылға аттана беруге аса ***зауықты*** болмады (Есенжанов)

ЗАУЫҚШЫЛДЫҚ *Ынтазарлық, көңілі түскендік.* Анна Каренинаның басқа еркекті сүюі — ***зауықшылдық*** (Жұмақанов).

ЗАУЫМ: **зауым мезгіл** — *бір сәт, азғана уақыт.*

ЗАУЫТ *Алтын, күміс, қорғасын қорытатын ожау.* ~ ***ты*** саз балшықтан күйдіріп жасайды.

ЗАһАР 1. *У, улы зат.* Жүрмесін у ***заһар*** боп ішкен асым (Үш ғасыр). 2. *Ауыс. Айбат, айбар, айбын, қаһар.* Сөйткенше би, болыстар елге жетті, ***заһары*** жүртқа үрей сап, малды үркітті (Кенен). ◊ **Заһар төкті [шашты]** — *қатты ашуланды, қаһарланды.* **Заһары жоқ** — *ашу қаһары жоқ, зәрсіз.* **Заһарын жайды** — *зәрін төкті, ызғарын шашты.*

ЗАһАРЛЫ 1. *Улы, уытты, зәрлі.* ~ жылан. 2. *Ауыс. Қаһарлы, айбатты, айбарлы.* ~ көз.

ЗАЯ *Бос, текке, құр, бекер.* Қарусыз адамның қайраты ***зая*** (Айнабекұлы). □ **Зая болды [кетті]** — *босқа кетті, текке құрыды.* **Зая етті [жіберді]** — *текке жұмсады, босқа жіберді.*

ЗӘБІР *Жапа, азап, қорлық, қиянат.* Жанардың көрген ***зәбірі*** — жазықсыз зәбір (Ахтанов). □ **Зәбір етті [шекті]** — *азап көрсетті, жапа шектірді.* **Зәбір көрді [тартты]** — *қиянат көрді, жапа шекті.*

ЗӘБІР-ЖАПА *Зорлық-зомбылық, қорлық.* Қызкеліншектерге көрсеткен ***зәбір-жапасын*** айтқанда төбе шашың тік тұрады (Тоғысбаев). □ **Зәбір-жапа көрді (шекті)** — *қиянат көрді, азап шекті.*

ЗӘБІРЛЕ *Қинау, қорлық көрсету, азаптау.* Дімкәс анамды ***зәбірлегенше,*** мені ұр (С. Жүнісов).

ЗӘБІРЛІК *Зорлық-зомбылық, қорлық.* Марфа ағайындардан көрген ***зәбірлікті*** айтып мұңын шақты (Серкебаев).

ЗӘБІРСІЗ *Кісіге жамандығы жоқ, қиянатсыз.* Ол ~ жан.

ЗӘЙТҮН *бот. Үнемі көгеріп тұратын ағаш; сол ағаштың жемісі.* □ **Зәйтүн майы** — ***зәйтүн ағашының*** *ұрығынан алынатын иіссіз май.*

ЗӘКІР *Кемені суда ұстап тұратын тетік; якорь.*

ЗӘМБІЛ: **зәмбіл гүл** — ***бүршік-бүршік*** *болып дөңгеленіп келген, қауқиған гүл.*

ЗӘМЗӘМ 1. *діни. Меккедегі қасиетті құдық, сол құдықтан алатын киелі, шарапатты су.* 2. *Ауыс. Шипалы, емдік қасиеті бар су.* **Зәмзәм — ашқылтым су, асқазан ауруларына шипасы бар** (Тоқжігітов). □ **Зәмзәм су** — ***қасиетті, қастерлі, шарапатты, шипалы су.***

ЗӘНДЕМ I *Айлакер, сұм, қу, залым.* Бірақ ерген жолдастардың, Бәрі ***зәндем,*** бәрі залым (Дөнентаев).

ЗӘНДЕМ II *Түпсіз, тұңғиық зындан.* Кедейдің еңбегін жыланша соратын антұрған құлар ***зәндем*** түбіне кетеді (Жансүгіров).

ЗӘНЖІР *Жіңішке шынжыр.* Мойынындағы ***зәнжірін*** қолымен бұрап сындырды (Алпамыс батыр).

ЗӘНТАЛАҚ *Арамза, қара ниет.* Бәлеқор ***зәнталақпен*** жағаласып өле алмай жүрген жайым жоқ (Ә. Сәрсенбаев).

ЗӘҢГІ I ***көне.*** *Жергілікті, әкімдердің ең кішісі, ауыл старшинасы.* Уалаяттардың ~лері.

ЗӘҢГІ II 1. *Қара түсті адам, негр.* Дейтұғын бір құлы бар, Қасым атты, Қара сұрлау пішіні, ***зәңгі*** затты (Дастандар). 2. *Ауыс. Үлкен қара дәу.* Адам етін жейтін ***зәңгілер*** (“Мың бір түн”).

ЗӘҢГІ ***жерг. Үйдің төбесіне балшық шығаратын құрал.***

ЗӘҢКИГЕН *Еңселі, биік.* Бастырманың асты мен ***зәңкиген*** кең залында толған кісі көрінеді (Б. Шаханов).

ЗӘР 1. *Организмде зат алмасудан пайда болған қажетсіз сұйық зат, несеп.* Тамақ заттарының организмге керексізі ***зәрмен,*** нәжіспен, термен бірге сыртқа шығарылады (Қайрақбаев). 2. *Ауыс. Қайғы-қасірет. мехнат, азап.* Өткен күндердің мөлдір тамшылары жүрекке ***зәр*** құйғандай ашы (Рахимов). 3. *Ауыс. Айбат, айбын, қаһар. Зәріне* жан шыдамас (Халық ақындары). 4. *Ауыс. Суық, аяз, ызғар.* Қатты аяздың ***зәрі*** таң атқанша сынбаған екен (Байтанаев). ◊ **Зәр жұтты** — *ішкені ірің, жегені желім болды.* **Зәр сындырды** — *тұзге отырды, дәрет сындырды.* **Зәр [зәрін] төкті [аштың]** — *қаһарына мінді, қатты ашуланды.* **Зәрі жоқ** — *кексіз-шексіз, зілсіз.* **Зәрі қайтты** — *күннің ызғары қайтты, жылынды.* **Зәріне мінді** — *қаһарланды, қатайды.* **Зәрін тікті** — *қаһарланды, қатуланды.* **Зәрі сынды** — *жылынды, ызғары басылды.* **Зәр ішкір** — *у ішкір, өлгір.*

ЗӘРАҒАР *Орнынан тұра алмайтын сырқат адамдарға арналған зәр шығаратын ыдыс; мочеточник.*

ЗӘРАЗАП *Ығыр, мезі, запыс.* Бұл сөздер айтыла-айтыла жүртты ***зәразап*** етті (Сатаев). ◊ **Зәразап болды [етті, қылды]** — *запы болды, мезі етті.*

ЗӘРДЕЙ *Удай, ащы.* Қамыспайдың тілі ***зәрдей*** еді (М. Әуезов).

ЗӘРЕ *Үрей, қорқыныш.* Иттен ~сі қалмай қорқады екен. ◊ **Зәресі зәр түбіне кетті [жетті]** — *үрейі ұшты, қатты қорықты.* **Зәресі [құты] қалмады [ұшты]** — *қатты қорықты, үрейі қашты.*

ЗӘРЕДЕЙ *Кішкентай, титтей.* Менің саған ***зәредей*** де кінәм жоқ (М. Әуезов). □ **Зәредей көрді [қорықты]** — *жақтырмады, сескенді.*

ЗӘРЕ-ҚҰТ: зәре-құты қалмады [қашты, жоқ] — *қатты қорықты, үрейленді, шошыды.*

ЗӘРЛЕ *У қосу, у салу, улау.* Қырық шишаға су құйып, суға қосып у құйып, ***зәрлеп,*** дуа салады (Манас).

ЗӘРЛЕН *Ашу шақыру, зілдену, ызалану.* Шыңғысхан Шидүргенің жүзіне ***зәрлене*** қарады (Кекілбаев).

ЗӘРЛІ 1. *Улы, уытты.* Аш өзектегі ескі жараның ~ уыты тұла бойды дуылдатты. 2. *Ауыс. Сұсты, айбатты, қаһарлы, ызғарлы, суық.* Түсі суық көрлі хан, Айдаһардай ***зәрлі*** хан (Батырлар жыры). 3. *Ауыс. Мысқылды, кекесінді (сөз, күлкі).* Жүзбасының ақырғы, ***зәрлі*** сөзі өтіп кеткен (Тұрсынбаев). □ **Зәрлі ісік** (*мед.*) — *өте қауіпті, қатерлі ісік.*

ЗӘРЛІЛІК *Зарарлық, зияндық.* Бұдан шылым қимайының ***зәрлілігін,*** өмірге қауіптілігін аңғарамыз (Оразақов).

ЗӘРСІЗ 1. *Қауіпсіз, қатерсіз.* Бүйінің күзде шаққаны ***зәрсіз*** дейді (Сүндетов). 2. *Ауыс. Зілсіз, кексіз.* Бар болғаны ***зәрсіз*** іренішін білдірді (Ақ бидай). 3. *Ауыс. Суық емес, ызғарсыз.* Көктемнің ***зәрсіз*** желінен ауа дірілдеп тұр (Ахтанов).

ЗӘРУ *Мұқтаж, қажет, ділгір.* Неге ***зәру,*** не ділгір, Тез үйіңнен шық жаным (М. Әлімбаев).

ЗӘРУЛІК *Мұқтаждық, ділгірлік.* Менің мінер атқа ***зәрулігім*** жоқ (Ө. Өбішев).

ЗӘРУШІЛІК *Мұқтаждылық, ділгіршілік.* Су ***зәрушілігінің*** зардабын тартып келеді (Кәкімжанов).

ЗӘТТЕ: зәтте болды — *запы болды, ығыр болды.*

ЗӘУДЕ 1. *Әлдеқалай, алда-жалда; алайда. Зәуде* баланың көңілі Мажыраға ауған болса, қайтеміз қыстап (Ғ. Мұстафин). 2. *Ешбір, ешқашан.* Ал келіндері ***зәуде*** алдын кесіп өткен емес (Сараев). 3. *Оқта-текте, анда-санда. Зәуде* бір жолы түсіп, Қабен ауылға бара қалды (Қабдолов). 4. *Сірә, тегінде.* Өзің қара екенсің, ***зәуде*** қазақсың ғой деймін, ә? (Шаймерденов). □ **Зәуде бір** — а) *алда-жалда, әлдеқалай;* ә) *кейде, анда-санда.*

ЗӘУЗАТ *Үрім-бұтақ, ұрпақ, нәсіл, әулет, тұқым.* Гүлбаршынның ата-баба, ***зәузатын*** сұрастырды (С. Омаров).

ЗӘУҚАЙЫР *Әлдеқалай, ойламаған жерде. Зәуқайыр* ұшыраса қалса, бір-біріне қыңыр қарайды (Дүзенов).

ЗӘУЛІ *Қауіп, қатер, апат.* Келген қырсық, төнген ***зәуліден*** ада құтылды ол (Алжанов).

ЗӘУЛІМ *Биік, заңғар, асқар.* Алматыдағы ең ~ тұрғын үйлер Медеу ауданында.

ЗӘУЛІМДЕН *Биіктену, заңғарлану.* Пальма ағаштары жиілеп, ~іп тұр.

ЗӘУЛІМДІК *Биіктік, заңғарлық.* Римдегі ~гі жағынан тамаша құрылыстардың бірі — Колизей.

ЗӘУМЕТТЕ *Лезде, демде, тез.* Дүйсенбі сұраған затын ***зәуметте*** тауып әкелді (Д. Досжанов).

ЗӘУІМЕН *Белгілі бір мақсатпен, арнайы.* Ағасының үйіне дәм айдап ~ келе қалды.

ЗӘУІ-ШАЙТАН *Құтпеген жерде, аяқ асты.* Бұл ***зәуі-шайтан*** келіп қалса, күйеуі Қошан отыратын орын (Талжанов).

ЗВЕНО *Белгілі бір іспен айналысатын шағын топ.* Қызылшашылар ~сы.

ЗВЕНОЛЫҚ *Звенога бөлінген, звено-звено болып топтасқан.* ~ топ.

ЗВЕНОШЫ *Звено бастығы, звено жетекшісі.* Колхозда ~ болып істейді.

ЗЕБР *зоол. Африкада тіршілік ететін ала жолақты жылқы тектес жануар.*

ЗЕБУ *зоол. Азия мен Африкада мекендейтін сиыр сияқты, өркешті жануар.*

ЗЕВС *миф. Ежелгі грек мифологиясындағы жоғары әмірші құдай, барлық құдайлар мен адамдардың ең мәртебелісі.*

ЗЕЙНЕТ 1. *Сұлулық, сымбат, көрік.* Музейлерден ***зейнет*** коллекцияларын көруге болады (Шәріпов). 2. *Ауыс. Еңбек рақаты, жемісі, игілік.* Бейнет түбі — ***зейнет*** (Мақал).

ЗЕЙНЕТАҚЫ *Еңбегі сіңген, мүгедек болған, асырайтын адамынан айрылған азаматтарды қоғамдық тұтыну қорларынан ақшалай қамсыздандыру түрі; пенсия.*

ЗЕЙНЕТКЕР *Зейнетақы алатын адам.*

ЗЕЙНЕТТЕ Әдемілеу, әшекейлеу, сымбаттау. ~п жиһаз жинаған.

ЗЕЙНЕТТЕНДІРУ *Көрсеткен қызметіне, істеген жұмысына сыйлық беру, ақы төлеу; вознаграждение.*

ЗЕЙНЕТТІ 1. *Көрікті, сымбатты, әдемі.* Ағаш арасындағы электрлі, ***зейнетті*** ауыл бейнесі (Ғ. Мұстафин). 2. *Рақатты, жақсылықты.* Енді әдебиет айнасына халықтың ***зейнетті*** шаттық жақтары жазыла бастады (Сейфуллин).

ЗЕЙІН 1. *Ынта, ықылас, көңіл.* Мырза әмір сөзін бар ***зейінімен*** тыңдады (Сқақбаев). 2. *психол. Адам санасының айналасындағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алып, соған бағыттала тұрақталу қабілеті.* Оқу малды таңдамас, ***зейін*** таңдар (Торайғыров). ◊ **Зейін аударды [қойды, салды]** — *көңіл қойды, ынтасын салды.*

ЗЕЙІНДІ *Қабілетті, дарынды, алғыр, ынталы.* Абай өзі тұстас балалардың барлығынан сонағұрлым ***зейінді*** болған (М. Әуезов).

ЗЕЙІНДІЛІК *Қабілеттілік, алғырлық, дарындылық, зеректік.* Шоқанды оқып жүргенде-ақ жолдастары, оқытушылары оның ***зейінділігін*** таныған (Баяндин).

ЗЕЙІН-ЗЕРДЕ *Ақыл-ой, ынта-жігер.* Бар ~міз айналамыздағы әсем дүниелерге ауған.

ЗЕЙІНСІЗ *Көңілсіз, ықылассыз, ынтасыз.* Зәуреш оқуға ~, жылтыраққа әуес.

ЗЕЙІНСІЗДІК *Ынтасыздық, ықылассыздық.* Ол өзінің ~гіне қатты сасқандай.

ЗЕЙІР *көне. Қойдың мұрнына өткізілетін зерлі шығыршық.* Мұрындары ***зейірлі*** қой қалды деп,

Қозы Көрпеш дауыстап шақырады (Қозы Көрпеш — Баян сұлу).

ЗЕКЕТ 1. *діни. Шариғат заңы бойынша жоқжітік, кемтар, кедей адамдарға берілетін садақа.* 2. *тар. Қоқан хандығы кезіндегі малға салынған салық.* Қазақтар малының жиырмадан бір бөлігін *зекет* ретінде ханға төледі ("Халық мұғ."). ◊ **Зекетің кетейін [болайын]** — *садағаң кетейін, құрбандығың болайын.*

ЗЕКЕТШІ *Зекет жинаушы, салық алушы.* Бұқарбай батыр Қоқан хандығының *зекетшілеріне* ерекше қас (Есенберлин).

ЗЕКІ *Жекіріп тастау, ұрсу, ақыру.* Көпшілік алдында ~п қалу әкесінің әдетінде жоқ еді.

ЗЕКІР *Зекіп тастау, ұрсу.* Ала төбетті *зекіріп* тыныштандырды (Еділбаев).

ЗЕМБІЛ *Ауыр заттарды салып, екі кісілеп көтеруге арналған құрал.* Алмабек пен мені *зембілмен* тас тасуға бөлген (Нысаналин).

ЗЕҢ I *Ылғалдың әсерінен пайда болатын көгеру. Зең* — дымқыл, қараңғы және жылы үйлерде жиі пайда болады (Ботаника). □ **Зең саңырауқұлақтары** — *төменгі сатыдағы хлорофильсіз өсімдіктердің жеке бір тобы.*

ЗЕҢ II 1. *Басы айналу, мең-зең күйде болу.* Өзінің басы *зеңіп*, діңкесі құрыды (Асқаров). 2. *Басы ауған жаққа жүру, қаңғыру.* Қойды тастап, сен неғып *зеңіп* жүрсің мұнда? (Иманжанов).

ЗЕҢБІРЕК *Алысқа атылатын ең үлкен соғыс құралы.*

ЗЕҢГІ I *көне. Ірі қара, сиыр малы.* Құйымшағына сона қадалған *зеңгідей* тайраландап кетіп еді (Т. Әлімқұлов). □ **Зеңгібаба** (*діни.*) — *сиыр малының иесі, пірі.*

ЗЕҢГІ II *Басы айналу, мең-зең болу, мәңгіру.* Басы *зеңгіп* қоя берді (Майлин).

ЗЕҢГІЛЕУ *Алыс жолға, кіреге шыққанда, теңді, жүкті әуелі саты ағашқа байлап, содан соң түйегё арту.*

ЗЕҢГІР 1. *Аспанмен таласқан биік; заңғар.* ~ биік асқар таулар. 2. *Аспан түстес, көк, көкшіл.* ~ сырмен сырланған үлкен терезелер. □ **Зеңгір [аспан]** — *заңғар аспан, зәулім көк.* **Зеңгір құз [шың]** — *биік жартас, түңғиық шыңырау.* **Зеңгір орман** — *мәңгі көгеріп тұратын қалың, ну орман.* **Зеңгір тартты** — *биіктеді, зәулімденді.*

ЗЕҢГІРЛЕН *Зәулімдену, биіктеу.* ~ген биік аспан.

ЗЕҢГІРЛІК *Биіктік, зәулімдік, заңғарлық.* Аспанның мұншама *зеңгірлігіне* қайран қалдым (Қанахин).

ЗЕҢ-ЗЕҢ САЛУ *Түйенің жазғы өріске шығарда не өрістен ауылға қайтарда ойнақтауы, құйрығын қайырып, шаншып тұмсығын көтеріп, тайрақтауы.*

ЗЕҢКІ *Зораю, үлкею, биіктеу.* Екі нардың шоқысы, *Зеңкіп* көзге түскенде (Жамбыл).

ЗЕР 1. *Әшекей, сән бұйымдарын жасауға пайдаланатын әдемі, сары түстес қымбат металл. Зер* қадірін зергер білер (Мақал). 2. *Алтын, күміс, мыс талшықтарынан тоқылған қымбат мата, кесте, оқа.* Бойжеткеннің басында *зермен* көмкерген қызыл төбетей (Қанахин). 3. *Зер талшықтарынан алынған жылтыр жіп.* ~ төккен неше түрлі жібек орамалдар. 4. *Зермен безендірілген ою, өрнек, әшекей.* Шәйі көйлектерге орнатылған ~ бір бөлек. □ **Зер салды [төкті]** — *зермен әшекейледі, зерледі.* **Зер белбеу** — *алтын белбеу; алтынды белбеу.* **Зер жіп** — *алтын немесе күміс сымы; алтын мен күмістің жіңішке талшығы.* **Зер шашақ** — *алтынды шашақ; түсті металл сияқты жіптен түйген шашақ.*

ЗЕР: зер салды — *назар аударды, көңіл бөлді.*

ЗЕРБАРАҚ *Шашағы зерлі, түкті кілем.* ~ кілем.

ЗЕРГЕР 1. *Сәндік бұйымдарды зерлеп, айшықтап жасаушы шебер, ұста. Зергерлердің* жасаған білезік, сақиналары көрнекті орын алды (С. Омаров). □ **Зергер балға** — *ағаш сапты жеңіл балға.* **Зергер төс** — *алып жүруге жеңіл, қалаған жерге қойып істеуге ыңғайлы, шағын төс.* 2. *Руданың түр-түсін ажырата білетін маман.* Қорғасын кенінен *зергерді* шақыртайық (Т. Әлімқұлов). ◊ **Сөз зергері** — *сөз шебері, тілмар.*

ЗЕРГЕРЛЕ *Сәндеу, әсемдеу, мәнерлеу, әшекейлеу. Зергерлеп* ұн бедерін жалтылдатып (Ибраһим).

ЗЕРГЕРЛІК *Әшекейлі бұйым жасау өнері.* Бәрінің ынта-ықыласы қарт маманның *зергерлік* өнеріне ауған (Оразақов).

ЗЕРГЕРХАНА *Әр түрлі әшекей заттар мен бұйымдар жасайтын шебердің орынжайы, шеберханасы.* Тұрды нәзік үмітпенен *зергерхана* есігінде (Баймолдин).

ЗЕРДЕ *Ақыл-ес, сана, зейін.* Құдай *зерде* берген соң тереңдеп ойлайсың (Тұрманбаев). □ **Зерде салды [қойды]** — *зейін қойды, көңіл бөлді.* **Зердесі жұйрік [ашық]** — *тоқуы көп, аңғарған.* **Зердесіне құйды [қондыр]** — *санасына жеткізді, көкейіне қондырды.* **Зердесіне тоқыды [тұтты]** — *есіне сақтады, көңіліне түйді.*

ЗЕРДЕ: Зерде аллеясы — *ескерткіш аллеясы.*

ЗЕРДЕЛЕ 1. *Ақылға тию, көңілге тоқу.* Жігіт көргендерін көңіліне ~еп алғысы келеді. 2. Зер *салу, ойлану, зейін қою.* Енді ол ащы-тұщының не екенін *зерделей* бастаған (Жүздесу).

ЗЕРДЕЛІ *Ақылды, саналы, зейінді, есті.* Өзгелерден гөрі көкірегі ~ Ғияс.

ЗЕРДЕЛІЛІК *Ақылдылық, естілік, саналылық.* Өз орнын, өз жолын табу үлкен ~.

ЗЕРДЕСІЗ *Санасыз; зейінсіз.* Сағит оқуға ~ болған жоқ.

ЗЕРДЕСІЗДІК *Санасыздық, зейінсіздік.* Баланың сабаққа ~пен қарағанына анасының іші ашыды.

ЗЕРЕ I *көне. Іші қуыс, ұзын келген сәукелемен бірге киетін бас киім.* Әкем, маған үйдегі *зеремді* әкеп бере қойшы (Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі). □ **Зере сауыт** — *кейбір кіреукелердің кеуде мен арқа жақтарына темір не болат тақташалар қосылып өрілетін сауыт.*

ЗЕРЕ II *Бір нәрсенің астына қойылған тіреу.* Астына үш *зереден* қойып, екі науа орнатқан (Ғ. Мұстафин).

ЗЕРЕ III *Азия, Африка елдерінің салты бойынша адам мұрнына өткізілетін шығыршық.*

ЗЕРЕК I *бот. Оңтүстік аудандардың тау бөктерлерінде өсетін тікенді бұта; сиыр қарақат.*

ЗЕРЕК II *Алғыр, зейінді, ұғымтал.* Орынсызды істеме, болсаң *зерек* (Шәкәрім).

ЗЕРЕКТІК *Зерделілік, алғырлық, зейінділік.* Нартай Айманның *зеректігіне* шын таңданушы еді (Бодықов).

ЗЕРЕЛІ *Тіреуіші бар, тұғырлы.* Көтерді көкке мойынын *Зерелі* зеңгі зеңбірек (Әбілев).

ЗЕРЕН I *Қымыз құятын сәнді, зерен аяқ, сырлы тостаған.* Бапа шешей ***зерен*** тостаққа қымыз құя бастады (Исабеков).

ЗЕРЕН II *көне. Таулы жерлерде болатын киік тектес аң.*

ЗЕРЗАТ *Белгілі бір қарастырылатын немесе зерттелетін құбылыс не зат; объект.*

ЗЕРИЗА *Асыл тас.*

ЗЕРЛЕ I *Әшекейлеу, сәндеу, әсемдеу.* Қызыл ағаштан ***зерлеп*** істелінген сәнді стол тұр (Шаймерденов).

ЗЕРЛЕ II *Ден қою, көңіл аудару.* Жан-жағыма ***зерлей*** қарадым (Бейсенова).

ЗЕРЛІ *Зерлеп тігілген, зерленген.* Ортада ***зерлі*** тақия киген Есбол отыр (Тоғысбаев).

ЗЕРТЕҢ *Суық тиюден болатын өкпе ауруы.* Өкпесі ***зертеңге*** айналып он бір күн жатты (Мәуленов).

ЗЕРТТЕ 1. *Бір нәрсенің мән-жайын анықтау; іздену.* Бұлар өмірі ***зерттеп*** жүреді (Тарази). 2. *Байқау, бақылау, тексеру.* Ақынның ақындығын ішіне кіріп ***зерттеу*** керек (Аймауытов).

ЗЕРТТЕМЕ *Белгілі бір тақырып бойынша ірі ғылыми жұмысты байыпты, баянды түрде зерттеу тәсілі. Зерттеменің* теориялық тереңдігін байытты ("Қаз. әдеб.").

ЗЕРТТЕУШІ *Зерттеу жұмысын жүргізуші, тексеруші.* Өнер -лерімен кездесу болмақ.

ЗЕРТТЕУШІЛІК *Зерттеу жұмыс жүргізушілік.* Сәбиттің ***зерттеушілік*** еңбегі жас кезінде басталды ("Қазақст. мект.").

ЗЕРІК *Іші пысу, мезі болу, жалығу.* Үйде жатажата -кесін далаға шықты.

ЗЕРІККЕНДІК *Іші пысушылық, мезі болушылық, жалығушылық.*

ЗЕРІККІШ *Зеріге беруші, жалыққыш.* Жас адам - келеді.

ЗЕФИР *Жұмыртқаның ағы мен қант және сірке суын қосып, араластырып пісірген, тәтті шай тағамы.*

ЗИНА *Жезөкшелік, неке бұзушылық, бұзықтық.* Шариғаттың айтуынша, ***"зина"*** жасамаған күнде де, әйелдің тартар азабы еркектен әлдеқайда ауыр (С. Мұқанов).

ЗИНАҚОР *Неке бұзар, тұрақсыз, жүрімпаз, нәпсіқұмар.* Біреуіңді ***зинақор*** ретінде хазірет сотына берем (Ж. Молдағалиев).

ЗИНАҚОРЛЫҚ *Жүрімпаздық, тұрақсыздық, нәпсіқұмарлық.* АҚШ-та ***зинақорлықпен*** айналысуға мәжбүр болған қыздар бар ("Қаз. әдеб.").

ЗИПА *Көрікті, шырайлы, сымбатты, сұлу.* Сұлусыңдар ***зипа*** бойың есімде. ◊ **Зипа бойлы [бой]** — *сымбатты, сұлу, мүсінді.*

ЗИРАТ *Өлген кісіні жерлейтін орын; мола, бейіт, қабыр.* "Дәуіт ата" ***зираты*** алыстан көзге шалынады (Елубаев). ◊ **Зират етті [қылды]** — *бас ұрып табынды.*

ЗИРАТШЫ *Көр қазушы, қабыршы. Зираттышылар* өзара әңгімемен болып Алмасты байқаған жоқ (Дастанов).

ЗИРЕ *бот. Биіктігі 30–80 см, сабағы тік, жоғары жағы бұтақтанып келген өсімдік.*

ЗИЯГҮЛ *(сарбас) Қазақстан жерінде зияғұлдің жиырма алты түрі өседі; крестовник.*

ЗИЯЛЫ 1. *Ізетті, әдепті, білімдар.* Шәкәрім - адам. 2. *Ауыс. Оқыған сауатты азамат.* Серіктің сүйген қызы да оқыған-тоқығаны мол, - қыз көрінеді.

ЗИЯЛЫЛЫҚ *Ізеттілік, білімдарлық.* Ізеттілік, -қа мол назар аударылады. □ **Зиялылық қуат** — *ақыл ой пәрменділігі, күші; интеллектуальная мощь.*

ЗИЯН *Залал, зарар, кесір.* Жазықсыз жанды балағаттағаның келешегіңе ***зиян*** (Тоғысбаев). □ **Зиянға [белшеден] батты** — *шығынға ұшырады, зиян шекті.* **Зиян етті [келтірді, тигізді]** — *шығынға батырды, кесірі тиді.* **Зиян шекті [көрді, тапты]** — *пайда көрмеді, шығынға ұшырады.*

ЗИЯНДА *Залал келтіру, бұлдіру.* Ауру көп жылдық арам шөптердің тамырын ***зияндайды*** (Әбілев).

ЗИЯНДЫ 1. *Пайдасыз, залалды.* Шылым тарту денсаулыққа өте -. 2. *Кесірлі-кесепатты, қаскөй.* Совхоз директоры Нұрланды ***зиянды*** адам деп түсінеді (Ф. Оразаев).

ЗИЯНДЫЛЫҚ *Зияны барлық, залалдық.* Темекінің организмге ***зияндылығын,*** ол қатты ескерткен (Оразақов).

ЗИЯНКЕС 1. *Қаскөй, арам ниет; дұшпан.* Бұл бір - адам. 2. *Егістің жауы; зиян келтіргіш.* Арша ағашының сөлі: ***зиянкес*** микробтарды қырып жояды (Т. Досжанов).

ЗИЯНКЕСТІК *Қастық, қаскөйлік, жаулық.* Кавказдан қашып келіп ***зиянкестік*** істеп жүргені әшкереленді (Арыстанов).

ЗИЯНСЫЗ *Зияны жоқ, залалсыз.* Жыланның бір жарым мыңға жуығы адамға ***зиянсыз*** екен (Нұржекеев).

ЗИЯНСЫЗДАН *Зиянынан арылу, залалсыздандыру.* Улы заттан -дырылған.

ЗИЯНСЫЗДЫҚ *Зияны жоқтық, залалсыздық.* Сол вакцинаның ***зиянсыздығын*** ең алдымен өзінің балаларына егіп сынаған (Ж. Сұлтанов).

ЗИЯПАТ *Біреудің немесе бір нәрсенің құрметіне берілетін қонақасы, салтанатты кеш; банкет.*

ЗИЯРАТХАНА *Зиярат қылатын жай, орын.* Барлық ұлы кісілер өлтірілген үйді ***зияратхана*** жасады (Мың бір түн).

ЗИЯРАТШЫ *Зиярат қылушы, сыйынушы.* Өлікті сол мұнарадағы ***зияратшы*** күзетшілерге береді (М. Әуезов).

ЗИЯТ ***кітаб.*** *Артық, жақсы.* Оқушым, айтушыдан болсын ***зият,*** Ақыл менен ғылымның білсін парқын (Ақан сері).

ЗИЯТТАН *Құлпыру, әдемілену.* Балқыған сонау болат сияқтанып, Құбылып тотықұстай, ***зияттанып*** (Ибраһим).

ЗИЯТТЫ *Сыпайы, ізетті, әдепті.* Байғұс Гүләйім ***зиятты-ақ*** екен (Бөкеев).

ЗНАК ***көне.*** *Би-болыстарға арнайы берілетін металдан істелген белгі.* Болыстың төсінде тайдың тұяғындай ***знагі*** бар (Шәріпов).

ЗНАЧОК 1. *Кеудеге тағып жүретін, белгілі бір зат бейнеленген металл, белгі.* Қазақстанның он бес жылдығы ***значогымен*** наградталды (Мәуленов). 2. *Белгілі бір оқу орнын бітірушілер үшін арнайы жасалған, сол оқу орнына ғана тән белгі; ромбик.* Университет -гін таққан жас жігіт.

ЗОБ 1. *мед.* Жемсек. 2. *мед. Қалқан безінің ауыруымен байланысты тамақтың сырт жағында ісік пайда болу кеселі.*

ЗОБАЛАҢ *Зорлық-зомбылық, құғын-сүргін.* Осындай ***зобалаң*** кезеңде Сәкен қалаға жиі келетін (Сатаев). □ **Зобалаң туды** — *ауыртпалық күн туды.* **Зобалаң шақ** — *құғын-сүргін кезең.*

ЗОБАЛАҢДЫҚ *Зорлық-зомбылық, ауыртпалық.* Бұл неткен бастан асқан ~.

ЗОДИАК *астр. Күннің жүрісін көрсетіп 12 айдың басы болған жұлдыздардың ортақ аты.* Күн көзі бір жылда бүкіл ***зодиакты*** бір айналып шығады (Ысқақов).

ЗОМБЫЛЫҚ *Қорлық-зорлық, қиянат. Зорлық пен зомбылықтың талай түрін көріп те, естіп те жүрміз* (Ақышев).

ЗОНА *Аралық бос жер, алаң.* Шекаралық ~.

ЗОНАЛЫҚ *Зонаға қатысты, зонаға тән.* ~ жер.

ЗОНД *мед. Ішкі органдарды зерттеу және емдеу үшін қолданылатын түрлі аспаптардың аты.* Асқазандық ~.

ЗОНДЫЛАУ *Ішке зонд жіберу, зондпен тексеру.*

ЗООЛОГИЯ 1. *Жануарларды зерттейтін ғылым.* 2. *Мектептерде, оқу орындарында оқытылатын пәндердің бірі.* ~ пәні.

ЗООПАРК *Түрлі хайуанаттар топтастырылатын орын, зоологиялық парк.*

ЗООТЕХНИК *Мал өсіру маманы.* Ферма ~гі.

ЗОҢ *Ақ мата.* Ақ ~ көйлек.

ЗООТЕХНИКА *Мал өсіру шаруашылығы туралы ғылым.* ~ға қатысты.

ЗОР 1. *Ірі, нән, үлкен, дәу.* ~ денелі, (тұлға). 2. *Мықты, күшті. Зор* дұшпаннан қалай сақтансаң, ұсақ жаудан солай сақтан (Шәкәрім). 3. *Айрықша, ерекше, орасан.* Мектептегі педагогикалық советтің атқаратын ролі ***зор*** ("Қазақст. мект."). □ **Зор келді** — *ауыртпалық түсті, күш келді.* **Зорлық күшімен** — *әрең-әрең, зорға дегенде.* **Зор көкірек [кеуде]** — *кеудесіне нан піскен, ер кеуде.* **Зор тұтты [санады]** — *артық көрді, мығым санады.* **Зор шықты** — *мықты шықты, асып түсті.*

ЗОРАЙ 1. *Үлкею, үлғаю.* Қырман көлемі ~ып келеді. 2. *Күшею, үдей түсу.* Ыңыранған дауыс ***зорая*** берді (Бердіқұлов).

ЗОРҒА *Әрең, әзер; зордың күшімен.* Станция үйінен ***зорға*** тапты (Дүзенов).

ЗОРЛА 1. *Мәжбүр ету, еріксіз көндіру, күшке салу.* Сауран-байымды ***зорлап*** облыстық слетке әкетіпті (Досжанов). 2. *Ауыс. Әйелдің намысына тию, күштеу, қорлау.* Сол күні азанда әйелді ***зорлаған*** қылмыскер қамауға алынды (Тоқаев).

ЗОРЛАП-ЗОМБЫЛАП *Күш көрсету, зорлық жасау.* Ешкім бізді ***зорлап-зомбылап*** жүрген жоқ (Ф. Оразаев).

ЗОРЛАУ *Үлкенірек, дәуірек, зорырақ.* Денесі сенен ~ көрінді.

ЗОРЛЫҚ *Қиянат, әділетсіздік, күштеулік.* Ешкімге ***зорлық*** болмайды, әркімнің өз еркінде (Сланов).

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ *Қорлық-қиянат, зәбір-жапа.* Балуан-шолақ әлсіздердің күштілерден көрген ***зорлық-зомбылығына*** жаны төзбейтін (Өміров).

ЗОРЛЫҚСЫЗ *Күштемей, жәбір көрсетпей, қиянатсыз.* Бай ***зорлықсыз*** күн көрген бе (Шүкіров).

ЗОРЛЫҚШЫ *Зәбір көрсетуші, қиянат жасаушы, күш көрсетуші.* Тартыстың екінші басында — жуандар, ***зорлықшылдар*** (Р. Нұрғалиев).

ЗОРЛЫҚШЫЛ *Қиянатшыл, зорлағыш, зорлық көрсеткіш. Зорлықшыл* Андас аз аталарға, кедейлерге күн көрсетпейді (Кенен).

ЗОРМАН *зоол. Дене тұрқы 30–38 см-дей арқа жоны қоңырлау, бауыры сарғыш ірі тышқан; сартышқан.*

ЗОРСЫН *Өзін зор санау, мықтымсу.* Өзіңді өзің ***зорсынба*** (Ақберен).

ЗОРЫҚ *Шамадан тыс күш жұмсағандықтан, шаршау, болдыру.* Соншама жерге ат ***зорықтырып,*** несіне әуреленіп барамын енді (Т. Шаханов).

ЗОРЫРАҚ *Үлкенірек, дәуірек; мықтырақ, күштірек.* Мен сіздерден де ***зорырақ*** адамдарды көргенмін (Иманжанов).

ЗОРІНДЕТ *Жұқпалы кеселдің бүкіл елге тарап, аса үлғайған, індетке айналуы; пандемия.*

ЗҮ: Зу етті — а) *тез өтті;* ә) *тітіркенді, шымырлады, үрейленді.* ◊ **Жүрегім зу етті** — *қатты қорықты, жүрегі зуылдады.*

ЗУАЛА *Иленген қамырдың қиғаштап не төрт бұрыштап кесілген бөлегі не үзінділер.*

ЗУБР *зоол. Бизон тәрізді ірі денелі жабайы хайуан.*

ЗУЗА *көне. Мертіккен немесе жүре алмай қалған адамды алып жүретін зембіл тәрізді құрал.*

ЗУ-ЗУ *Зымырау, зу ете қалу.* Самсаған шаңғы қар бетімен ~ ға жөнелді. □ **Зу-зу етті** — *ары-бері зымырады, зулады.*

ЗҰЛА *Зымырау, заулау.* Бір кезде оянсам, поезд ***зулап*** келеді екен (Толыбаев).

ЗҰРНА *муз. Таяу Шығыс пен Орта Азия халықтарының үрлеп тартатын музыкалық аспабы.*

ЗҰҢРА *Зергерлік бұйымдарға пайдаланатын асыл тастардың бір түрі.* Ол ***зұңра*** секілді асыл тастарға сұғына, ынтыға қарайды (Д. Досжанов).

ЗҰЫЛ *Қатты ұшудан шығатын дыбыс, үн.* Түн тыныштығын жапалақтар қанатының ***зуылы*** бұзады (Ешенқұлов).

ЗҰЫЛДА 1. *Зу-зу еткен шуыл дыбыс шығару.* Жел шығады, қою қамыс ***зуылдайды*** (Мағжан). 2. *Тез жүру, зымырау.* Бұл кезде қара "Волга" ***зуылдап*** өте берді (Тоқаев).

ЗҰЫЛДАҚ *Зып-зып етіп сөйлей беретін, зыпылдақ.* Осы ***зуылдақтың*** от басына ойран салуы қалай? (М. Қуанышбаев).

ЗҰЛМАТ *Алапат, ауыр, қиын, зобалаң.* Таты бірбіріміздің болмайтын ***зұлмат*** күн туды (Бекетаев).

ЗҰЛМАТТЫҚ *Зұлымдыққа бейімділік, зобалаңдық, жауыздық.* Абай ***зұлматтық*** пен мейірбандықты мүлдем басқаша түсінді ("Қаз. әдеб.").

ЗҰЛПЫ *Асыл тұқымды үлектің екі жауырынан тізесіне қарай үйыса біткен жүні.* ~ түйе.

ЗҰЛЫМ *Сұм, сұрқия, жауыз.* Бақайшығына дейін қаруланған ***зұлым*** жау елімізге баса кірді (М. Хасенов).

ЗҰЛЫМДЫҚ *Жауыздық, сұрқиялық, сұмырайлық. Зұлымдық* қылып елді жеп, Ойладың әбден байуды (Шәкәрім).

ЗҰБӘРЖАҒДАН *Асыл тастың бір түрі; изумруд.*

ЗҰРИЯТ *көне. Тұқым, ұрпақ.* Ер шырағы сөнбес деп, Тілер болар ***зұриятты*** (Батырлар жыры).

ЗЫҒЫР I *бот. Сабағынан тоқыма талшық, дәнегінен май қалатын екпе дақыл.* □ **Зығыр бүргесі** (*зоол.*) — *зығыр жапырақтарын зақымдайтын насеком, жегі.* **Зығыр майы** — *зығырдан алынатын сұйық май.*

ЗЫҒЫР II *Ыза, кек, ашу.* **Зығырына** Жамбылдың Тисең саған оңай ма (Жамбыл). ◊ **Зығыры қайнады** — *ыза кернеді, ашуланды.*

ЗЫҒЫРДАН: Зығырданы қайнады — *ашу ызасын келтірді.*

ЗЫҒЫРЛАН *Ызалану, ашулану.* Зейнет мұлдем **зығырланып** кетті (Ә. Әбішев).

ЗЫҚЫ: зықысын алды [келтірді] — *әуреге түсірді, мазасын кетірді.* **Зықысы шықты** — *тынышы кетті, мазасы кетті.*

ЗЫМ-ЗИЯ *Дерексіз, із-түзсіз, белгісіз.* Босағадағы аттың ері ~ жоғалыпты.

ЗЫМИЯН *Залым, сұрқия, қу.* Сатыбалдылар неткен **зымиян** еді десеңші (Мекебаев).

ЗЫМИЯНДАН *Сұрқиялану, залымдану.* Мұстафа, Жаяу Мұсаға **зымияндана** қарайды (Ақышев).

ЗЫМИЯНДЫҚ *Жауыздық, зұлымдық, сұрқиялық.* Әрі барған сайын соның талай-талай **зымияндығын** байқап жағасын ұстайды (Ә. Нұрпейісов).

ЗЫМП: зымп берді — *зып берді, зып етті.*

ЗЫМЫРА *Зулау, зырқырау.* Өмір **зымырап** алға кетіп барады (Ғ. Мұстафин).

ЗЫМЫРАН *зоол.* 1. *Дене бітімі кішірек, ұшқыр құс.* 2. *Жаңа. Космос ракета дәуірі.* Біздің **зымыран** заманымызда көркем өнердің дамуы ерекше болды ("Қаз. әдеб.").

ЗЫМЫРАУЫҚ *Зуылдап тез ұшатын, ұшқыр.* Төменге сорғалаған нажағайдай **зымырауық** (Қайырбеков).

ЗЫМЫСТАН 1. *Адам төзгісіз, қатты.* Ат құлағы көрінбейтін **зымыстан** боран болды (Қыдырбекұлы). 2. *Қорлық, дозақ.* Бұлбұл құс **зымыстан** көрмей, Гүлстанның қадірін білмес (Мақал). 3. *Ауыс. Айлакер, қу, сұм.* Қанша **зымыстан** болсаң да, сен Құланнан айланды асыра алмассың (Нұрманов).

ЗЫНДАН 1. *Тұтқындарды жазалау үшін жер астынан қазылған терең қараңғы ор, апан.* Бекторы Ер Төстікті терең **зынданға** салып тастайды (Қаз. ертег.). 2. *Түрме, абақты.* Жоңғарлар қолға түсіріп, Арқалықты **зынданға** жапқан (М. Әлімбаев). 3. *Ауыс. Түнек, қапас; қараңғылық.* Түрмыстың таршылық **зынданын** бұзып, Еркіндік, кеңдік іздеген (Сейфуллин).

ЗЫҢ: зың етті — а) *Металдың соғылуынан шыққан дыбыс;* ә) *басы зеңіп ауырды.*

ЗЫҢ-ЗЫҢ *Даң-дың, у-шу.* Көше ~ ысқырық. □ **Зың-зың етті** — *зыңылдап ауырды, дыңылдады.*

ЗЫҢҚ: зыңқ етті — *шаңқ етті, саңқ етті.*

ЗЫҢЫЛ *Зың-зың еткен ұн, дыбыс.* Мың қоңыраудың ~ы естілді.

ЗЫҢЫЛДА 1. *Зың-зың ету, ызылдау.* **Зыңылдаған** оқ оның басынан асып жатты (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Дыңылдау, басы зеңіп ауыру.* Басы ~ай ауырып қоя берді. 3. *Сыңғыр қағу, зыңғырлау.* Стакан ~май, шық ете қалды.

ЗЫҢЫРАНУ *Күңірену, жердің қатты сілкінгенде дыбыс шығаруы.* Замана қайым болар жер **зыңыранса**, тау құлап, тас қабақтай жұмарласа (Абыл ақын).

ЗЫП: зып берді [қойды] — *жүрісіне көз ілеспеді; жалт берді.* **Зып дегізді** — а) *бірдеңені білдірмей қағып кетті;* ә) *сөз тасыды, жыпылдады.* **Зып етті** — *шапшаң қимылдады, лып етті.*

ЗЫП-ЗЫП: зып-зып етті — *зу-зу етті, зуылдады.*

ЗЫПЫЛДА *Зып-зып етіп, тез сөйлеу.* ~й жөнелді әйел.

ЗЫПЫЛДАҚ *Зыпылдап аузы-аузына жұқпайтын өсекші.* Қыздарға да қырындайды десті ~ ауыздар.

ЗЫР: зыр айналды — *шыр көбелек айналды.* ◊ **Зыр ете қалды** — *зар қақты, безектеді.* **Зыр етті** — *лезде жетіп келді.* **Зыр жүгірді [қақты]** — *зымырады, заулады.*

ЗЫРҒЫ *Зымырау, зырқырау.* Машина тас жолмен ~п барады.

ЗЫР-ЗЫР *Қатты зымырағанда, айналғанда шығатын дыбыс, ұн.* Дөңгелекті ~ айналдырды. □ **Зыр-зыр етті** — а) *шыр-шыр етті, зырылдады;* ә) *безектеді, зер қақты.* ◊ **Зыр-зыр қақты** — *зыр жүгірді, зырылдады.*

ЗЫРҚ-ЗЫРҚ: зырқ-зырқ етті — *солқ-солқ етті.*

ЗЫРҚЫЛ *зырқ-зырқ еткендік, солқыл.* Шекесінің ~ы басылар болмады.

ЗЫРҚЫЛДА *Зырқ-зырқ ету, солқылдау.* Екі шекесі ~п, құлағы шулады.

ЗЫРҚЫРА 1. *Заулау, зулау, зымырау, зырылдау.* Қайық ағыспен ~й жөнелді. 2. *Ауыс. Сырқырау, қақсау.* Тісім ~п жүр еді.

ЗЫРЛА *Зымырау, заулау; зулау.* Ол ~п келе жатқан жүк машинасын көрді.

ЗЫРЫЛ *Зырылдаған дыбыс, ұн.* Темір арқан ~ы бәсеңдей берді. ◊ **Зырыл қақты** — *тыным таппады; зырылдады.*

ЗЫРЫЛДА 1. *Зымырау, заулау.* Ол таудан құлаған кеспектей ~п жөнелді. 2. *Зыр айналу, зыр қағу.* Әр жеріне ~ған желдеткіш орнатқан. 3. *Ауыс. Зауылдау, тез өту.* Олар ауылға кеткелі де ~п, екі тәулік өте шығыпты. 4. *Ауыс. Сырқырау, дуылдау.* Екі табанының ~п ауырғанын сезді.

ЗЫРЫЛДАУЫҚ I 1. *көне. Дабыл беру үшін, мал үркіту үшін ағаштан жасалған құрал.* Жылқышы сауын биелерін ~ тартып айдай жөнелді. 2. *Желге қарсы зырылдатып ойнайтын айналмалы ойыншық.* Ертай ~ығын тынымсыз айналдырып түрды. 3. *Ауыс. Зыр-зыр еткен, мазасыз.* Ерекең өзінің кемпірін "Әлгі біздің ~ қайда екен?" деп отыратын.

ЗЫРЫЛДАУЫҚ II *Пәрбі, шойын тесетін құрал.*

ЗЫТ *Тез қашу, кету.* Әйтеуір ~ып бара жатқан біреу. 2. *Ауыс. Тайып тұру, кетіп қалу.* Енді ~ пасақ болмас. □ **Зыта жөнелді [зытып отырды]** — *тайып тұрды, тайқыды.*

ЗЫТТЫР *Жымқыру, көзден таса қылу, жасыру, жымқыру.* Бір шелектей бидайды жәшіктің ішіне **зыттырып** жіберді (Салғарин).

ЗЫТЫР 1. *Қашырып жіберу, жасырын жөнелту, жытыру.* Қашқынды түу Челябі жағына қарай **зытырады** (Аманшин). 2. *Ауыс. Тығу, қымқыру, жасыру.* Қалтаны тауып алып, кісі көрмес жерге **зытырғаным** мақұл (Мекебаев).

ЗІК: зік етті — *шаңқ етті, дүрсе қоя берді.*

ЗІКІР *көне. Бақсылардың ауру адамды емдеу үшін айтылатын діни сарыны.* Әкесінің осы *зікірін* баласы үйреніпті (Талжанов). ◊ **Зікір салды** — *бақсылық етті, ем-дом жасап ұшкірді.*

ЗІКІРЛЕ *Зікір айтты, зікір салды.* Бақсы ауруды ~ді.

ЗІКІРХАНА *көне. Зікір айтатын арнаулы орын.* Ол ***зікірханасына*** апарып, зікір салуды үйретеді (Дастанов).

ЗІКІРШІ *Зікір салушы адам.* Аса таяғын ұстап ойнақ салған ***зікірші*** де безек қағып жүр (С. Жүнісов).

ЗІЛ I *Бақша дақылдарын зақымдайтын ауру.*

ЗІЛ II 1. *Ауыр салмақ.* Есентай ***зіл*** салмақты адамның бірі (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Ашу, ыза, кек.* Әбіштің момақан жүзінде ***зіл*** бар (Өтесінов). □ **Зіл қара тас — *зіл көтерем, ап-ауыр.* Зіл салды [тастады] — *сес қылды, көрін төкті.* Зіл түсті [басты] — *уайым-қайғы басты.* Зілі қатты — *діні қатты.***

ЗІЛ III *Піл тұқымдасына жататын, ертеде жойылып біткен, ұзын жүнді, ет тұмсықты ірі азулы жануарлардың бір түрі; мамонт.* □ **Зіл батпан — *ап-ауыр, зіл көтерем.***

ЗІЛДЕЙ *Зіл батпан ауыр.* ~ жәшік.

ЗІЛДЕН *Сес көрсету, кәрін төгу.* Ол бізге ~е қарап қояды.

ЗІЛДІ *Ашулы, ызғарлы, сұсты.* Ол біреудің ***зілді*** сөзіне шыдай алмайтын.

ЗІЛДІЛЕУ *Зілдірек, қатаңдау.* Баласының даусы ~ шықты.

ЗІЛДІРЕК *Зілі басымдау, зілділеу.* Оның бұл сөзі ~ еді.

ЗІЛЗАЛА 1. *Апат, өте қатты жер сілкінісі.* Бұл іргені тіпті ***зілзала*** жер сілкінісі де қозғай алмайды (Жұмақанов). 2. *Ауыс. Бақытсыздық, қырсық, пәле.* Көптің басына түскен ***зілзала*** ғой бұл (Бақбергенов).

ЗІЛ-ЗАПЫРАН *Ыза, ашу, кек.* Көмейлеріне кептеліп отырған ~дарын бір-бір ақтарып алды.

ЗІЛМАУЫР *Зілбатпан, ауыр.* ~ қара тас басып қалғандай болды.

ЗІЛМАУЫРДАЙ *Ап-ауыр, батпандай, зілдей.* ~ тас темір.

ЗІЛСІЗ *Зілі жоқ, кексіз-тексіз.* Таңатқа ~ жекіп алды.

ЗІЛСІЗДЕУ *Жеңілдеу, бүкпесіз.* ~ әзіл-қалжың.

ЗІМПАРА *Металл, ағаш, т. с. с. заттарды өңдеп тегістейтін, бетін тегістеп, тазалауға арналған жабдық; наждак.* Металл қырларын егеумен егеп, ***зімпарамен*** ысқылады (Д. Шоқпарұлы).

ЗІН *кітаби. Көңіл, ықылас, зейін.* Көрдідағы ағашқа кетті ***зіні*** (XX ғ. қаз. ақын). ◊ **Зіні кетті — *ықыласы түсті, аңсары ауды.***

ЗІҢГІТТЕЙ *Соқталдай, дардай.* Кенжебек ~ жігіт болды.

ЗІП-ЗІЛДЕЙ *Ап-ауыр, батпандай.* ~ғып ағасын көтеріп алды.

ЗІРК: Зірк етті — *зекіді, зіркілдеді.*

ЗІРК-ЗІРК: зірк-зірк етті — *зіркілдеді, зекіп ұрысты.*

ЗІРКІ *Солқ-солқ ету, желу.* Түйелер ~п келеді.

ЗІРКІЛ *Зірк-зірк еткен ұн.* Трактордың ***зіркілінен*** өзге ұн жоқ (Бөкеев).

ЗІРКІЛДЕ *Ашу шақыру, зірк-зірк етіп, қатты ұрсу.* Осекеңнің аяғына барып жығылыңдар — деп ***зіркілдеді*** (Бодықов).

И

И I *Мал терісін өңдеу үшін айран, қатықтан дайындалған малма.* Біреу малма сапсиды, салып ***иін*** (Абай). ◊ **И болды — *жуасыды, басылды.* И қылды — *езді, қорлады.* Иі жұмсақ — *көңілшек, жуас; босаң.* Иі жұмсарды — *көңілденді, жібіді.* Иі қанды — а) *әбден жұмсарды, өңделді;* ә) *піскіштелді, шыңдалды.* Иі қатты — *қатыгез, бір бет.***

И II 1. *Ағаш, темір сияқты заттарды майыстырып бүгу.* Үсен инені алып ептеп ***иді*** (Алтынсарин). 2. *Ауыс. Бір нәрсеге икемдеп келтіру, көндіру.* Сәлима Жәзираны бұған ***иіп*** бермекші (Сүндетов). 3. *Ауыс. Орағыту, айналдыру, бұру.* Құсайын әңгімені қайтадан ***иіп*** әкелді (С. Жүнісов).

ИАНАЛДЫРЫҚ *көне. Ерте кезде жауын-шашыннан қорғану үшін бас киімнің үстінен киген жамылғы, башлық.*

ИӘ 1. *Келісу, мақұлдау ретінде айтылатын ишарат сөз. — Иә,* бір ажалдан қалдым. 2. *"Е", "Ә" мәнінде қолданылатын шылау сөз. — Иә,* оны қайдан білесіз? (Алпысбаев). 3. *Үстемелеп айту мәніндегі шылау сөз. Иә-а,* деді Күлән апай. 4. *Не, немесе, яки мәніндегі шылау сөз. Иә* өзіне, иә өзгеге рахымы қалмады (Д. Досжанов). 5. Кәне, кәнеки *мәндес шылау сөз. Иә, не боп қалды сондай-ақ?* (Қанахин). 6. *Бәсе, солай мәнінде қолданылатын шылау сөз. Иә-иә,* мен де есіттім (Ж. Молдағалиев). 7. *Мақұл, жарайды дегенді білдіретін шылау сөз.* Сен ~ десең болғаны.

ИБА *Инабат, ұят, сыпайылық.* Есенейдің мұнысы күйеу ***ибасы*** еді (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Иба жасады [қылды, етті] — *ізет, құрмет, сыпайылық көрсетті, ұялды.* Иба сақтады — *кішіпейілділік көрсетті.* Иба тұтты — а) *тәртіп сақтады, ізетті болды;* ә) *құрметтеді, қадірледі.***

ИБА-ӘДЕП *Ар-ұят, ізет-құрмет.* Шакизат өзін ***иба-әдеппен*** ұстаған еді (Әбілев).

ИБАЛЫ *Әдепті, инабатты, сыпайы.* Кісі болғың келсе, алдымен ***ибалы*** бол (Бектұрғанов).

ИБАЛЫҚ *Әдептілік, инабаттық, сыпайылық.* ~ қылды.

ИБАСЫЗ *Әдепсіз, инабатсыз.* Енең болса ~.

ИБАСЫЗДЫҚ *Әдепсіздік, инабатсыздық.* Жұрт мұны ~қа санады.

ИБЕЙ *жерг. Шығырдың тіреу ағашы.*

ИГЕР 1. *Белгілі бір мамандық пен шаруашылықтың амал-тәсілін жақсы білу; меңгеру.* Ол барлық мамандықты ~ді. 2. *Іске асыру, пайдалану.* Глубокий руднигін ***игеріп*** шығу міндеті тұр (Тоғызыншы шежіре). 3. *Өзіне-өзі келе алмау.* Аяқ-қолымды ~е алмай біраз отырдым.

ИГЕРУСІЗ *Әлі іске қосылмаған, игерілмеген.* ~ жатқан байтақ дала.

ИГЕРУШІ *Бір нәрсені толық меңгеруші, бағындырушы.* Зоотехник мамандықтарын ***игерушілер*** де жеткілікті (Қасенов).

ИГЕРІМ *Бір істің қыр-сырын жақсы білуі, меңгерімі.* Технологияның өнеркәсіптегі ***игерімі*** өте баяу жүруде ("Білім және еңбек").

ИГЕРІС *Молшылық, кеніш.* Бұрын мол ~ болған жоқ.

ИГІ 1. *Жақсы, ізгі.* Түсі ***игіден*** түңілме (Мақал). 2. *Қайырымды, адал, таза.* Аға, ***игі*** көңіліңізге рахмет (Танекеев). 3. *Күрделі сөздің құрамында жұмсалып, қалау, тілек мәнді білдіретін көмекші сөз.* Атадан ұл туса ***игі*** еді (Мақал). □ **Игі бастама** — *оң істің бастамасы.* ◊ **Игі жақсы** *(көне.)* — а) *үстемтап өкілдері, бай-манап;* ә) *ізгі ниет адамдар.* **Игі ниет** — *ақ бейіл, ізгі тілек.*

ИГІЛІК 1. *Қайырымды іс, жақсылық.* ***Игілікке*** үйреткен опық жемейді (Мақал). 2. *Бақыт, дәулет, ырыс.* Адам ~гі үшін істеліп жатқан істер. 3. *Қажетті жағдай, пайда.* Ортақ мұраттың ~гі ортақ. ◊ **Игілігін көрді** — *қызығын көрді, пайдаланды.* **Игілікке жаратты [жұмсады]** — *пайдасына жаратты, кәдеге асырды.* **Игілікке жетті** — *жақсылыққа қолы жетті.* **Игілікке ұстады** — *қажетіне жаратты, пайдаланды.*

ИГІЛІКТІ 1. *Шапағатты, қайырымды, рақымды.* Балалар ата-анасын ~ адамгершілігі үшін жақсы көреді. 2. *Маңызды, мәнді, нәтижелі.* Істің ~ болуы — адамның сенімінде.

ИДА *этногр. Ері өлгеннен кейінгі немесе талақ етіп тастап кеткеннен соңғы жүз күндік мерзім.* Ол ерінің ~ шайын берді.

ИДАРА *тар. Мекеме, кеңсе, басқарма.*

ИДЕАЛ 1. *Белгілі бір істі, жоспарды орындау жолындағы ойлы мақсат, асқақ арман.* 2. *Бір нәрсе туралы жақсы үлгі-өнеге.* Меруерттің анасы өз қызы үшін ~ болған.

ИДЕАЛИЗМ *Философиядағы бар нәрсенің бәрінің негізі материя деп санамай, идея, жан деп санайтын, ғылымға қарсы кертартпа бағыт.*

ИДЕАЛИСТ *Идеалистік философияны қуаттаушы, жақтаушы.*

ИДЕАЛИСТІК *Идеализмге тән. А* философия, ~ көзқарас.

ИДЕОГРАММА *лингв. Ұғымды білдіретін жазу таңбасы.*

ИДЕОГРАФИЯ *Идеограмма тәсілімен жазылған жазу.*

ИДЕОЛОГ *Бір таптың идеологиясын таратушы және қорғаушы.*

ИДЕОЛОГИЯ *Белгілі бір таптың яки саяси партияның өзі өмір сүрген қоғамның мүдделерін білдіретін саяси, діни, философиялық көз-қарастардың жүйесі, жиынтығы.*

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ *Идеологияға тән, соған қатысты.* ~ құрал.

ИДЕЯ 1. *Адам санасындағы бір нәрсенің бейнесі, сол нәрсе туралы таным, ұғым.* 2. *Адам ойының логикалық процесі, жоспар, жоба.* 3. *Белгілі бір ой, пікір; мақсат, мұрат.* 4. *иск. Көркем әдебиеттің, өнердің, мәнін, мазмұнын айқындайтын басты ой, түпкі ниет.*

ИДЕЯЛАС *Идеясы, арман-тілегі бір, пікірлес.* ~ достар.

ИДЕАЛИСТІК *Идеалистке тән, соған қатысты.* ~ көзқарас.

ИДЕЯЛЫ 1. *Алдына мақсат қойған, өзіндік ой-пікірі бар.* М. Сералин жаңа ***идеялы*** адам болды (Кенжебаев). 2. *Ойлы, парасатты, мазмұнды.* ~ шығарма.

ИДЕЯЛЫҚ 1. *Алдыңғы қатарлы ой-мақсатқа, идеяға тәндік.* ~ көзқарас. 2. *Көркемдік, мазмұндылық. Еңбектің өзінде терең* ~ сипат бар.

ИДЕЯЛЫЛЫҚ *Идеясы жоғарылық, мазмұны тереңдік.*

ИДИЛЛИЯ *әдеб. Табиғаттың жанға рақат көркін суреттейтін поэтикалық шығарма.*

ИДИОАДАПТАЦИЯ *биол. Эволюция процесінде организмдердің әр қилы орта жағдайына бейімделуі.*

ИДИОМА *лингв. Басқа тілге сөзбе-сөз аударуға келмейтін, лексика-грамматикалық тұрақты сөздер түйдегі.*

ИДІР *Желінге жиналған сүтті сауып алу үшін жасалатын тәсіл.* Апасы сиырды бір ***идіріп*** сауып алды (Толыбаев).

ИЕ 1. *Қожа, қожайын.* Ас ***иесімен*** тәтті (Мақал). 2. *Үстемдік жүргізуші адам, әкім.* Елубай ауыл ***иесінен*** ақыл сұрады (Ләмбеков). 3. *Жалдап адам ұстаушы жеке шаруа, өндіріс иегері.* Жер ~лері. 4. ***діни.*** *Алла тағала, жаратушы құдай, тәңір.* Жасаған ~. □ **Ие болды** — а) *қожа болды, иеленді;* ә) *қолы жетті, кенелді.*

ИЕГЕР *жаңа. Орденмен наградталған адам; лауреат.* Менің анам парасат ~і.

ИЕК 1. *Ауыздың төменгі жағындағы сүйектің сүйір ұшы.* Ол ***иегін*** сипап қояды (Ө. Ахметов). 2. *Ауыс. Өзеннің, теңіздің т. б. тереңдік өлшемі.* Алтыншы күн көресің, ***Иекке*** судың келгенін (Құламерген). □ **Иек ағаш** — *қада ағаштың араларын біріктіретін ұзын ағаш.* ◊ **Иек артпа** — а) *асу, кезең;* ә) *таяу, жақын жер.* **Иегі иегіне тимеді** — *қалш-қалш етіп дірілдеді, денесі қалтырады.* **Иегі кемсеңдеді** — *өксік қысты, жыламсырады.* **Иегі қимылдады** — *талғажау етті, нәпақа қылды.* **Иегі қышыды** — *ұміттенді, дәметті.* **Иегін көтерді** — а) *белгі берді, ишарат білдірді;* ә) *қадірін арттырды, бәлсінді.* **Иек артты** — *а) асылды, сүйенді; ә) белден асты; б) жалғасты, жақындады, жетті; в) арқа сүйеді, сенді; г) белгілі бір жасты ауқымдады.* **Иек асты** — *асып түсті, ілінді, жетті.* **Иек астында [астынан]** — *жуық маңда, жақында.* **Иекке алды** — *а) бағыт алды, беттеді; ә) қатты қысты, қыспаққа алды.* **Иек қақты** — *а) белгі берді, ымдады; ә) амандасудың, есендесудің ишаратын жасады; б) жан тапсырар алдында оқыс қимыл жасап, белгі берді.* **Иек сүйеді** — *а) арқа тұтты, сенді; ә) жанасты, жалғасты, тірелді; б) жуықтады, жақындады.*

ИЕКТЕ 1. *Төңіректеу, айналдыру.* Аю биыл қойшы ауылын тым ~п алып еді. 2. *Жақындау, жуықтау.* Әбді Айшаға ***иектеп*** келе жатыр еді. 3. *Ауыс. Үстемдік көрсету, басыну.* Үндемегенге әбден ***иектеп*** алған (Сматаев).

ИЕКТЕН: құлан иектенді — *таң қылаңданды, бозарды.*

ИЕКТЕС *Іргелес.* Олар ~іп қонған ауылдарға қатынасып тұрады.

ИЕКТІ *Иегі шығыңқы, үлкендеу.* Сопақ ~ бір жігіт келген еді.

ИЕКТІК *жерг. Кимешектің жағы.*

ИЕЛЕН *Иемдену, меншіктену.* Ол бөлмені өзі ~іп алыпты.

ИЕЛЕНУШІЛІК *Ие болушылық, меншіктенушілік, қожалық.* Құл ~.

ИЕЛІ I *Бас иесі бар, қожалы.* Өзі өлсе, шаңырақтың *иелі* болуынан оның жанына келетін пайда бар ма? (Тайшықов).

ИЕЛІ II *көне. Киесі бар, киелі.* ~ адам.

ИЕЛІК 1. *Ие болушылық, қожалық, басшылық.* Не малына, не жанына *иелік* жоқ (Ақышев). 2. *Иемденушілік, меншіктенушілік.* Болаттың ~гінде үш бөлмелі үйі бар. □ **Иелік қағаз** — *бір затқа ие екендігі куәландырылған құжат.*

ИЕМДЕН *Бір нәрсені меншіктену, иелену.* Гүлжамал Жарқынның ортаншы ұлын "менің балам" деп *иемденіп* жүретін (Жұмаділов).

ИЕН I *Ай дала, құла тұз.* Елден үркіп *иенде* отыруыңыз қалай? (А. Жүнісов). □ **Иен дала** — *кең, жазық жер, ай дала.*

ИЕН II 1. *Ұшы-қиыры жоқ кең, мидай. Иен* өлкеде бір бұта кездеспеді (Иманбаев). 2. *Қисапсыз көп, қалың, ну.* Оның араз-құразы да *иен* жұртқа мәлім (М. Әуезов). 3. *Көл-көсір, мол.* Даланың *иен* ауасы жетпегендей, ентіге берем (Қанахин).

ИЕН III *Иесіз, бос, оңаша. Иен* жатқан жылқыдан бөліп алдық (Батырлар жыры).

ИЕРАРХИЯ *Қызметі, шен-дәреже, атағы төменгілердің өзінен жоғарыларға бағыну тәртібі.*

ИЕРОГЛИФ *Идеограмма жазуына негізделген қытай, жапон, корей халықтарының белгілі ұғымды білдіретін өрнекті жазуы.*

ИЕСІЗ *Ешкім иеленбеген, меншіктенбеген.* ~ дала (үй).

ИЕСІЗДЕН *Бос қалу, аңырау.* Қала ~іп тұр.

ИЕСІЗДІК 1. *Қожасы, иесі жоқтық.* Бос үйдің осы бір *иесіздігі* көңілге тым ауыр (Шаймерденов). 2. *Бассыздық, ысырапқоршылық.* Бұл үй де ~тен жүдеп тұр.

ИЕСІСІН *Иесі болғансу, иемденгенсу.* Осы тұрған үшеуің де дүниенің *иесісініп* жүресіңдер (Тілеуханов).

ИЕШІЛДІК *Ие болушылық, басшылық.*

ИЕШІЛІК *Басшылық, қожалық, иелік. Өз міндетіне* ~ көзбен қарады.

ИЗЕ *Басын шұлғу, ию.* Екі сөзге келмей: "мақұл" — деп бас *изедім* (Танекеев). □ **Бас изеді** —а) *құптады, қостады, келісті;* ә) *сәлем берді, амандасты.*

ИЗЕК *Жай, баяу қозғалған, изектеген (жүріс).* Сол *изек* жүріспен Кеусер өзеніне әрең жеттік (Орманов). □ **Изек қақты** — а) *изектеді,* б) *қалғып-шұлғыды, мызғыды.*

ИЗЕКТЕ *Басты қайта-қайта изеу, шұлғу.* Басын ~п қалды.

ИЗЕН *Жіңішке жапырақты алабұта тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік. Изен,* жусан иістері де сәскенің хош лебіндей (М. Әуезов).

ИЗЕҢДІ *Изені қалың, изені мол.* ~ дала.

ИЗЕҢ *Жай, ақырын, ілбіген, изектеген жүріс.* Қызыл қоспақ кәдімгі балпаң *изеңіне* басты (Райымқұлов).

ИЗЕҢДЕ *Ілгері-кейін ақырын қозғалу, ырғалу.* Ол түйе жүрісінің ырғағына қарай *изеңдеп,* ойға шомып келеді (Әлімжанов).

ИЗЕҢ-ИЗЕҢ *Ырғаң-ырғаң, итең-итең.* Кежір құнанның өнбейтін *изең-изең* жүрісі шаршатты (Рахымжанов). □ **Изең-изең етті [басты]** — *ілгері-кейінді изеңдеп ырғатылды.*

ИЗОГЛОССА *лингв. Сөздердің таралу шегін картаға түсіру.*

ИЗОЛЯТОР I *тех. Электр тогын өткізбейтін зат.*

ИЗОЛЯТОР II *мед. Ауруларды оңашалайтын бөлме.*

ИЗОЛЯЦИЯ *тех. Электрдің сымдары мен басқа заттарын айыру, жекелеу.*

ИЗОТЕРМА *геогр. Температура бірдей жерлерді географиялық карталарда көрсететін сызықтар.*

ИЗОТОП *хим. Атом ядролары бір-бірінен нейтрон санымен ғана ажыратылатын, ал протон саны бірдей химиялық элементтер.*

ИКЕМ *Бейім, ыңғай, еп.* Шаруаға ~і бар адам. □ **Икемге келді** — а) *ыңғайға көнді, көндікті;* ә) *тіл тапты, келісті.* **Икемге көндірді** — *ыңғайға келтірді.* **Икем көрсетті** — *ыңғай білдірді.*

ИКЕМДЕ 1. *Бейімдеу, ыңғайлау.* Үй иесі жастықты өзіне қарай *икемдей* түсті (Есенжанов). 2. *Өзіне тарту, меншіктеу, телу.* Қарабастың *икемдеп* жүргенін білетін (Оразалин). 3. *Бір істің қырсырын жақсы меңгеру, игеру.* Балалары үй жұмысын өздері *икемдеп* алып кетті (Тұрманжанов).

ИКЕМДЕЛГІШ *Бейімделгіш, көнгіш.* ~ насеком.

ИКЕМДЕЛГІШТІК *Өзгергіштік, бейімделгіштік.* ~ қасиет.

ИКЕМДІ 1. *Ыңғайлы, ықшамды, бейімді.* Шаруаға ~, спортқа ~. 2. *Епті, іскер.* Істі ине тікпейді, *Икемді* қол тігеді (Мақал).

ИКЕМДІЛІК 1. *Бір істі орындауға тәнептілік, шеберлік.* Қыз бала үй шаруасына ~гімен елдің көркі. 2. *Белгілі бір нәрсенің орамдылығы, шеберлігі.* Тіліміздің байлығын, ~гін мақтан етеміз.

ИКЕМДІРЕК *Бейімдірек,ептірек.* Шаруаға ~.

ИКЕМСІЗ 1. *Бейімі жоқ, епсіз. Күлбала үй жұмысына* ~ болатын. 2. *Икемге, епке келмей иілікпейтін, епсіз.* Сол қолының саусақтары ~ еді.

ИКЕМСІЗДЕН *Қабілетінен айрылу, әлсіздену, нашарлану.* ~е берді.

ИКЕМСІЗДЕУ *Епсіздеу, бейімсіздеу.* Қалдар *икемсіздеу,* болбырлау болатын (Р. Райымқұлов).

ИКЕМСІЗДІК *Епсіздік, бейімсіздік, қабілетсіздік.* Ол өзінің ~гін көрсетіп алды.

ИКЕМШІК *тех. Егістік жерлерге дән, тұқым сепкенде боразда тұзу болу үшін қолданылатын ауыл шаруашылық құралы.*

ИКЕМШІЛ *Епші, икемді.* ~ жігіт.

ИКОНА *діни. Христиан дініндегілер сыйынатын құдайлардың суреті.*

ИКС 1. *Латын алфавитіндегі жиырма төртінші әріптің аты.* 2. *Белгісіз санды немесе басқа бір беймәлім нәрсені белгілейтін шартты белгі.*

ИҚУ-ҚИҚУ *Айғай-ұйғай, ию-қию, у-шу.* ~ басылды.

ИЛА *Амал, шара, айла.* Қалай ойласа да ақ мешіттен өзге *ила* жоқ (Құттыбаев) ◊ **Илаға жарамады** — *іске аспады, тұкке жарамады.* **Ила қылмады** — *арамдық жасамады, құлық қылмады.*

ИЛАЛА *Амалдау, айлалау, ілдалдала.* Төребай кендір арқанды әрі-бері *илалап* тартқылап көрді (Алдамжаров).

ИЛАН I *бот. Сабағының ұзындығы 30–40 см-дей құмды, жусанды жерге шығатын сасыр тәрізді көп жылдық шөптесін өсімдік.* ~ құмды, жусанды жерлерде өседі.

ИЛАН II *Біреудің айтқанына сену, нану.* Ата-анасы ұлының сөзіне *иланып,* үйып қалды (Алдабергенов).

ИЛАНАРЛЫҚ *Сенерлік, нанарлық.* ~ уәжі басым еді.

ИЛАНҒЫСЫЗ *Нануға болмайтын, сенімсіз.* ~ ертегілер.

ИЛАНҒЫШ *Біреудің айтқанына көнгіш, нанғыш.* Ол өрнеге ~.

ИЛАНҒЫШТЫҚ *Біреудің айтқанына сенгіштік, нанғыштық.* ~ қасиет.

ИЛАНДЫРҒЫШ *Сендіргіш, нандырғыш.* ~ күші басым.

ИЛАНЫМ *Дүниетаным, наным, сенім.* Әйтеуір көңілге әл кіргізер ***иланым*** болса жетіп жатыр (Т. Әлімқұлов).

ИЛАНЫМДЫ *Сенімді, нанымды.* ~ нақтылық.

ИЛАНЫМДЫЛЫҚ *Сеніміділік, нанымдылық.* Дәлелдердің ~ғы әсер етті.

ИЛЕ 1. *Теріні пайдалану үшін ішін қандырып уқалап жұмсарту, өңдеу.* ***Илеген*** қой терісінен тігілген тоннан қолайлы киім табылмайды (С. Мұқанов). 2. *Қамыр, балшық т. б. араластыру, ию қанғанша жұмсарту.* Жұмысшылар жер қазады, балшық ***илейді*** (Ө. Ахметов). 3. *Ауыс. Басып-жаншу, таптау.* Біздің болат сауыт танктер, Берлинді табанында ***иледі*** (Қ. Қазыбаев). 4. *Ауыс. Қанау, езу.* Жарлы-жақыбайларды табанында ***илеп*** келген алпауыттар (М. Сатыбалдиев).

ИЛЕК *Әжуа, тәлкек.* Ол тағдыр ~гіне мойын ұсынбаған өжет жан.

ИЛЕКТЕ *Бір нәрсені жұмарлау, бүктеу, умаждау.* Ол шынтағындағы қос жастықты ~п, көлбей жатты.

ИЛЕН *Мыжылу, үйпалақталу.* Өбден ~іп қалған қара костюм-шалбар жатыр.

ИЛЕУ *Құмырсқаның үясы, илеуі.* Қай жерде құмырсқаның ***илеуі*** жатса, сол жердің суы мол (Ш. Ахметов).

ИЛЕУ: илеуге келді [көнді] — *икемге келді, ыңғайға көнді.* **Илеуі жетті [қанды]** — *ию қанды.*

ИЛЛЮЗИЯ *Алдамшы елес, болмас іс.*

ИЛЛАҺИ *Құдай, тәңірі, құдайшыл.* Қайдам, қарағым ***иллаһи*** солай болғай да (Баязитов).

ИЛЛЮМИНАТОР *Кеменің, самолеттің дөңгелек қалың әйнекті терезесі.*

ИЛЛЮСТРАЦИЯ 1. *Көрнекілік үшін салынған сурет.* 2. *Келтірілген мысалдар.*

ИЛ 1. *Иге салынған, ию бар.* Дәмелі үйден екі-үш ***илі*** теріні алып шықты (Мыңжасарова). 2. *Ию қанған, ию жұмсақ.* Жеңешем тәуір еді-ау ***илі*** қайыс (Байғанин). ◊ **Илі қайыстай болды** — *биязы, жұмсақ болды.*

ИЛІК 1. *Икемге келу, ыңғайлану, иілу.* Сол аяғы гипстеп тастағандай ***ілікпей*** қақайып қалыпты (Тоғысбаев). 2. *Ауыс. Елжіреу, жібу, көну.* Жапарқұл амалсыз ***ілікken*** болды (Ж. Сатаев).

ИЛІК: ілік зат — *раугаштың тамырында немесе клетка шырынында болатын, тері илеуде қолданылатын химиялық зат.*

ИЛІККІШ *Бір нәрсеге икемделгіш, ыңғайлы.* Саусақ та ~.

ИМА *Түйенің биязы жүнінен жіңішке етіп иіріліп, сәндеп тоқылған ер кісілерге арналған жеңіл киім.*

ИМАМ *діни. Мешітті басқаратын және намаз оқығанда алда тұратын дін басшысы, жетекші.* □ Имам ағзам — *ұлы құдірет, таза ниет.*

ИМАМДЫҚ 1. *Мұсылмандарға мирасқорлық жолымен ең жоғары басшы болуға ерік беретін ислам догмасы.* 2. *Исламға тән атақ, дәреже.* Стамболдан ***имамдық*** алып қайтқан (Есенжанов). 3. *Мешіт имамдарының жалақысынан басқадай алып отыратын сыбағасы.*

ИМАН *діни.* 1. *Ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным.* Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге ***иман*** парыз деген (Абай). 2. *Адам бойына тән ізгілік, адамгершілік.* Ұят кімде болса, ***иман*** сонда (Мақал). 3. *Белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, үәде, үміт.* Бектай ~ына берік. ◊ **Иман айтты** — *құдайға құлшылық етті, дұға оқыды.* **Иманды адам [кісі]** — *ұятты кісі, таразысы тең ақыл иесі.* **Иманды құлға жолықсын!** *(тілек)* — *ізгі ниетті пендеге кездессін!* **Иман жүзді** — *кіші пейілді, жылы жүзді.* **Иман келтірді** — *шариғат заңы бойынша аят оқыды.* **Иманмен қаптап қойғандай** — *бір көргенге мұнтаздай.* **Иман салды** — *құран аятын оқып, иманын үйірді.* **Иман сұрады [тіледі]** — *құдайына жалбарынды.* **Иман таразыға салды** — *бағдарлады, байқады.* **Иман таразы қалышқа келді** — *жөнге келді.* **Иманы бетінде үзіліп түр** — *ұяң, ибалы, тәрбиелі.* **Иманы жоқ** — *ар-ожданнан айрылған, имансыз.* **Иманы жолдас болсын!** *(тілек)* — *жатқан жері жайлы болсын.* **Иманы кәміл болды** — *ақиқат сенді, нанды.* **Иманы күйсін** — *жаны шықсын, тұқымы құрысын.* **Иманы қалмады** — *құты қашты, қатты қорықты.* **Иманы қасын болды** — *зәре-құты қалмады, үрейі үшты.* **Иманын айтты** — *үрейі үшты, қатты қорықты.* **Иманына қамшы баспайын** — *сыйласып өтейін.* **Иманын сатты** — *ар-ұятын сатты.* **Иманын үшырды** — *үрейін алды, қорқытты.* **Иманын үйірді** — а) *өлер алдында кісіге құран оқытты;* ә) *үрейін үшырды.* **Иманы саламат болсын** — *иманы жолдас болсын, иманды болсын.* **Иманы тас төбесіне шықты** — *зәресі үшты, қатты қорықты.* **Иманы түршікті** — *төбе шашы тік тұрды.* **Иманы үшты [иманын үшырды]** — *қатты қорқытты, зәресін алды.*

ИМАНДАЙ *Шын, адал, рас.* Мен саған ***имандай*** сырымды айтып отырмын (Нұршайықов). ◊ **Имандай сенді [ұйыды]** — *бар ынта-ықыласымен иланды, сенді.*

ИМАНДАС *Пікірі бір, ниеттес.* Ол өзінің сол ~ досымен сұхбаттасады.

ИМАНДЫ 1. *Дінге берілген, иманы бар.* ~лар Мұхаммед уағыздарына сөзсіз нанады. 2. *Ауыс. Ар-ұяты мықты, адал.* Дәулет деген ~ жігіт. ◊ **Иманды болғыр [бол]** — *иманы кәміл болсын.*

ИМАНДЫЛЫҚ *Адамгершілік және адамгершілік ережелері; мораль.*

ИМАНЖАПЫРАҚ *бот. Жол бойына немесе басқа да жерлерге шығатын, үлкен жапырақты көп жылдық өсімдік.*

ИМАНИН *мед. Сырт жарақаттарды емдеуге қолданылатын антибиотик, күрең түсті ұнтақ.*

ИМАНСЫЗ 1. *Діннен безген, дінсіз.* Сендей ~дардың қолын босатса, қамшы ұстайсыңдар (Бодықов). 2. *Ауыс. Ұятсыз, арсыз, оңбаған.* Неткен ***имансыз*** еді, мектептен ұрламаса қайтеді екен (Сүндетов). ◊ **Имансыз кеткір** *(қарғ.)* — *иман бұйырмағыр.*

ИМАНСЫЗДЫҚ *Діннен безгендік, дінсіздік.* ~ көрсетті.

ИМАНШАРТ 1. *Иманға (адамгершілік, адалдық, ізгілік т. б.) байланысты уағыздардың жалпы жиынтығы; заң, ереже.* 2. *Араб әрпімен жазылған діни оқулық, әліппе.* Ол кезде әптиек, *иманшарт* болмаса қазақша емге кітап жоқ (Бектұров).

ИМЕ *Құлпының, кісеннің кілттеуге арналған доға сияқты иілген жері.* Кесек тасты салып жібергенде, *имесі* суырылып шықты (Иманбаев).

ИМЕК 1. *Доға тәрізді ішке қарай иілген, бүгілген.* ~ таяқ. 2. *Бүкірейген, еңкіш.* ~ шал еңкеңдей басып өте берді.

ИМЕКТЕ *Иірілдіру, ию.* Шегенің бір жағын ~п қойды.

ИМЕКТЕУ 1. *Доға тәрізді дөңестеу, сәл иіңкі.* Еркек тоқтылардың тұмсығы ~ келеді. 2. *Еңкіштеу, еңкектеу.* Ол *имектеу* қара сұр жігіт екен (Майлин).

ИМЕН 1. *Біреуден жасқану, қаймығу, тайсалу.* Батып айтуға әкеден ~ді. 2. *Ұялу, қысылу, қымсыну.* Бала *имене* басып, жаныма келді (Мұқаев).

ИМЕНИЕ *Помещиктердің иелігіндегі меншікті жері.*

ИМЕНШЕК 1. *Жасқаншақ, қорқақ.* ~ болма. 2. *Тым ұялшақ, ұяң, тартыншақ.* Дәмеш ~, тым тұйық еді.

ИМЕНШЕКТЕ 1. *Жасқаншақтық білдіру, қорғаншақтау.* Жас маман басқарманың кабинеттеріне ~п кірді (Төреханов). 2. *Ұялыңқырау, қымсыңқырау.* Ол ~й жымиып аз бөгелді.

ИМЕНШЕКТІК 1. *Жасқаншақтық, қорқақтық.* Бір ~ тежей берді. 2. *Ұялшақтық, ұяңдық, қымсынғыштық.* Ол ағасына ~пен қарай береді.

ИМЕНІС *Иеніңкіреу, именшектеңкіреу, қысылу.* Отырғандар шай ұрттаудың өзінен *именісіп,* бір-бірінен қорғалақтады (Тілеуханов).

ИМЕҢ: имең қақты — а) *бүрсеңдеді, дірілдеді;* ә) *құрдай жорғалады, маймаңдады.*

ИМЕҢ-ИМЕҢ: имең-имең етті — *маймаң-маймаң жүрді, имеңдеді.*

ИМЕҢДЕ *Имең-имең ету, еңкеңдеу.* Көшеде ~п жүреді.

ИМИ 1. *Иіңкі келу, ішке қарай иілу.* Арық біреу ~іп кіріп келді. 2. *Бүкшию, бүгілу, еңкіштену.* Айдабол сәл *имиіп* тұрды (Мұқаев).

ИМИГЕНДЕУ *Сәл иіңкі, дөңестеу.* Ол *имигендеу* құс тұмсықты болатын (Сәрсекеев).

ИМИНДЕР *хим. Имин тобы NH құрамында көп кездесетін органикалық қосылыстар.*

ИМИТАЦИЯ *муз. Көп дауысты шығармаларда негізгі тақырыптың әуелі бір дауыста, кейіннен басқа дауыстарда кезекпен қайталануы.*

ИММИГРАЦИЯ *Шетел азаматтарының екінші бір басқа елге көшіп баруы, қоныстануы.*

ИММУНДЫ: иммунды денелер (*биол.*) — *жұқпалы ауру туғызатын бактериялардың өсіп-өнуіне бөгет жасайтын немесе оларды өлтіріп тастайтын организмде түзілген ерекше заттар.*

ИММУНИЗАЦИЯ *биол. Адам мен жануарлар организміне жұқпалы ауруды дарытпау шарасын қолдан жасау құбылысы; егу қызметі.*

ИММУНИТЕТ *Организмде бар, ауру қоздырғыштарына қарсы тұратын, олардың уыттылығына төтеп беретін қасиет.* Актив ~.

ИММУНИТЕТТЕ *Адам мен жануарлар организмінде жасанды иммунитет туғызу.*

ИММУНОТЕРАПИЯ *мед. Ем вакцинасымен жұқпалы ауруларды емдеу.*

ИМПЕРАТОР *Монархиялық мемлекет басшыларының мирасқорлық, мұрагерлік атағы, сол атаққа ие адам.*

ИМПЕРИАЛИЗМ 1. *Капитализм дамуының монополистік стадиясы, оның ең жоғары және соңғы сатысы.* 2. *Капиталистік мемлекеттердің басқа бір елді басып алу мақсатын көздеген ішкі саясаты.*

ИМПЕРИАЛИСТ *Империализмнің саясатын қолдаушы, соны іске асырушы.*

ИМПЕРИЯ 1. *Ірі монархиялық мемлекет.* 2. *Колониясы бар ірі империалистік патшалықтар.*

ИМПОРТ *Шетелден екінші бір елге әкелінген товар, капитал.*

ИНАБАТ 1. *Адамгершілікке тән сезім, ізгі қасиет.* Ол ~пен тағзым етті. 2. *Ар-ұждан, ұят.* Оған қанға сіңген *инабат* атты өнеге ырық бере ме? (Хұсайынов) ◊ **Инабат тұтты** — ізет *білдірді, әдеп сақтады.*

ИНАБАТСЫЗ *Ұятсыз, арсыз, әдепсіз.* ~ тұл өмір.

ИНАБАТТЫ *Ибалы, әдепті, ізетті, ілтипатты.* ~ кісі.

ИНАБАТТЫҚ *Адамгершілікке тән ізгілік, әдептік.* ~ сезім.

ИНАБАТТЫЛЫҚ *Әдептілік, ибалылық, ізеттілік.* ~пен маған шай ұсынды.

ИНАБАТШЫЛ *Ибашыл, әдеп сақтағыш.* Қазіргі жастардың ~дары аз емес.

ИНАҚ *көне.* 1. *Белі жоқ, әтек.* Берке ұстап алып, *инақ* етіп жіберген (Есенберлин). 2. *Хан кеңесшісі (Ерте кезде оқымысты, дана кісілердің енін сылдырып тастап, билеушісі өзінің кеңесшісі етіп сарайында ұстаған).*

ИНВАЗИЯ *биол. Адамның, жан-жануардың және өсімдіктердің белгілі бір паразитпен зақымдануы.*

ИНВЕНТАРЬ 1. *Қандай да бір заттың есебі, тізімі.* 2. *Белгілі бір мекемеге тән бұйымдар, саймандар, жабдықтар.*

ИНВЕРСИЯ 1. *лингв. Сөйлемдегі сөздердің дағдылы орын тәртібін өзгерту, алмастыру.* 2. *лог. Ақиқат пікірден жалған пікір туу, логикада берілген шартты пікірді жаңадан шартты пікір етіп құру амалы.*

ИНГАЛЯТОР *мед. Дәрілік ерітінділерді ауаның ағымы немесе бу арқылы шашырататын аппарат, медициналық құрал.*

ИНГАЛЯЦИЯ *Демді ішке тарту, ауаны ішке жұту арқылы дәріні организмге жіберу, оны тыныс жолдарына енгізіп емдеу жолы.*

ИНГАЛЯЦИЯЛЫҚ *Ингаляцияға тән, соған қатысты.* ~ тәртіп.

ИНГИБАТОР *хим. Химиялық реакция жылдамдығын баяулататын немесе ферменттердің әсерін азайтатын қосылыстар.*

ИНДЕКС 1. *Белгілі бір заттардың аттары, кісі есімдері тізімінің жалпы реттік көрсеткіші.* 2. *Бір нәрсенің сандық көрсеткіші.*

ИНДЕТЕРМЕНИЗМ *филос. Табиғат пен қоғамдағы жалпы заңдылықты және еріктің абсолюттік бостандығын жоққа шығарушы идеалистік философиядағы көзқарас, ағым.*

ИНДЕТЕРМЕНИСТ *Индетерменизмді қуаттаушы, соны жақтаушы.*

ИНДИВИДУАЛИЗМ *филос. Барлық нәрсені жеке адамға табындыруға бағытталған идеалистік ұғым, буржуазиялық көзқарас.*

ИНДИВИДУАЛИСТ *Индивидуализмді дүниетаным ретінде мойындайтын адам.*

ИНДИВИДУАЛИСТІК *Индивидуализммен зардапталған.* ~ халық.

ИНДИЙ *хим. Химиялық элемент; қорғасыннан жұмсағырақ сирек металл.*

ИНДИКАТОР 1. *тех. Машина құрылыстарында қолданылатын стрелкалы өлшем аспап.* 2. *физ. Радиоқабылдағышта, поршеньді машинада т. б. қолданылатын электрондық лампылар.* 3. *хим. Қышқылдар мен сілтілер әсерінен өздерінің түсін өзгертетін, түрлі түске құбылтатын зат.*

ИНДИКАТОРЛЫ *Индикатор орнатылған, индикаторы бар.*

ИНДОЛОГ *Индология бойынша маман ғалым.*

ИНДУЗИУМ *бот. Бір қабат клеткадан тұратын үлкен қабат жамылғы.*

ИНДУИЗМ *Брахманизмді дәріптеуші.* ~ Индия республикасындағы басым дін.

ИНДУКТОР *физ. Ауыспалы токты шағын электромагнит машинасы.*

ИНДУКЦИЯ 1. *филос. Жалқыдан жалпыға, белгіліден белгісізге қарай ой қорыту тәсілі.* 2. *физ. Электр тогінің магнит жолында немесе магнит өрісінің өзгеру кезіндегі, белгілі бір өткізгіштегі қозуы.* □ **Индукция заряды** — *электр тогі жүрген кезде пайда болатын уақытша зарядтар.*

ИНДУС *Индуизмді уағыздаушы адам.*

ИНДУСТРИЯ *Техника жетістіктерімен жабдықталған фабрик, завод өнеркәсібі.* Ауыр ~.

ИНДУСТРИЯЛАНДЫР *Өндіріс пен өнеркәсіпті дамыту; ірі машиналы техниканы халық шаруашылығында қолдану.*

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ *Халық шаруашылығының барлық саласында ірі машиналы өндірісін құру процесі.*

ИНЕ 1. *Жіп сабақтап іс тігетін металдан істелген ұшы үшкір құрал, аспап.* Жуан ~. 2. *мед. Ауруларды емдейтін алтын, күміс т. б. металдардан жасалған ұзындығы 5–10 см ұшы үшкір ине.* 3. *Жануарлар мен жәндіктердің денесінде болатын өткір тікенек.* Араның ~сі. 4. *Қарағай, шырша сияқты т. б. қылқан жапырақты ағаштардың немесе өсімдіктердің тікен сияқты қылқандары.* Шыршаның ~сі. □ **Ине қармақ** — *инеден иіп жасаған қармақ.* **Ине салды** *мед.* — *ине терапиясымен емдеді.* **Ине сұғып алғандай** — *бірден шым етіп ауырды.* ◊ **Ине жұтқан иттей** — *жүдеу, қатып қалған.* **Ине жұтып қойғандай** — *байыз таба алмады.* **Ине қадалғандай болды** — *қатты шаншыды, жанға қатты батты.* **Инемен құдық қазғандай** — *өте ауыр, тым қиын.* **Инені жіпке тізді** — *тәптіштеп санады, термеледі.* **Иненің жасуындай** — *бір мысқал, кішкентай болмашы.* **Иненің көзінен оқ өткізген** — *құралайды көзге атқан мерген.* **Иненің көзінен өткендей** — *айла мен ақылға бірдей пысық.* **Ине шаншар жер [орын] жоқ** — *үйін тірескен көп, тығыз.* **Ине шаншым еті жоқ** — *арық, жүдеу, қатпа.*

ИНЕДЕЙ 1. *Ине сияқты; үшкір.* Селеудің ~ өткір тікенегі қой денесіне қадалады. 2. *Ауыс. Титтей, кішкентай, болмашы.* Одан ~ пайда келмейтінін Өсет жақсы біледі. ◊ **Инедей қадалды [шаншыды]** — а) *қатты батты, жанына тиді;* ә) *жайсыз тиді, тұршіктірді.* **Инедей түзу** — *атқан оқтай, тіп-тіқзу.*

ИНЕ-ЖІП 1. *Ине мен жіптің жинақталған атауы.* Тұр ғой әне, ***ине-жіп*** (Әлімбаев). 2. *Ұсақтүйек, көр-жер, зат.* Адам ~ке бола да жауласады. ◊ **Ине-жіпке тізді** — *барын есепке алды.* **Ине-жіптен жаңа шыққан** — *су жаңа, жаңадан тігілген.* **Ине-жіп сабақтап көрмеген** — *іс тігіп көрмеген, ақ саусақ.*

ИНЕЛІ 1. *Ине салынған, инесі бар.* ~ шприц. 2. *Ауыс. Қылтанды, тікенекті.* ~ итмұрынның сабақтары.

ИНЕЛІК I *Қанаттарында торланған сызықтары бар, өте жіңішке, бунақ денелі жәндік.*

ИНЕЛІК II *жерг. Ау тоқитын ағаш ине.*

ИНЕЛІКТЕЙ 1. *Жіп-жіңішке, кішкентай.* Мына бір ~ сары бала мазамды алды. 2. *Ауыс. Етінен арылған арық; жүдеу.* Ана ***инеліктей*** жігіт суыққа қалай шыдап отыр (Доспанбетов). ◊ **Инеліктей бұралған [ілмиген, қатқан]** — *әбден қатып семген, жүдеген, арыған.*

ИНЕРТТІ 1. *физ. Қуаты мол, екпіні қатты.* Дауыл бізді ~ қысымымен шошытқан. 2. ***хим.*** *Ешқандай химиялық қосылысқа түспейтін (газ).* Сутегі және ***инертті*** газдар іс жүзінде ерімейді (Химия).

ИНЕШЕ: инеше қадалды — *қатты батты, түйреді.*

ИНЖЕНЕР 1. *Техникалық білімі бар жоғары дәрежелі маман.* 2. *Ауыс. Өз ісінің шебері, жетік маманы.* Жазушы — адам жанының ~і.

ИНЖИР *бот. Тәтті шырынды жемісі бар, оңтүстікте өсетін ағаш.*

ИНИЦИАТОР *Бір істі бастаушы.* ~ болды.

ИНКАССАТОР *Сақтық кассаларынан, дүкендерден ақша әкеп беретін кассир.*

ИНКВИЗИТОР *Инквизиция сотының мүшесі немесе соты.*

ИНКУБАТОР *Жұмыртқадан балапан шығаратын аппарат.* □ **Инкубатордан шыққан балапандай** — *бәрі біркелкі, бірінен бірі айырғысыз, ұқсас.*

ИНКУБАЦИЯ *Балапандарды жасанды жолмен инкубатордан шығару.*

ИНКУБАЦИЯЛА *Инкубациядан өткізу.* Жұмыртқаны жыл бойы ~п отырды.

ИНСПЕКТОР *Белгілі бір жұмыстың дұрыс орындалғанын бақылап, тексеріп отыратын қызметкер.*

ИНСПЕКТОРЛЫҚ *Инспекторға тән қызмет лауазымы.* □ **Инспекторлық тексеріс [тексеру]** — *бақылау, тексеру негізінде жүргізілетін жұмыс.*

ИНСПЕКЦИЯ 1. *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын тексеру ісі; тексеріс.* 2. *Белгілі бір тәртіпті, заңдылықты бақылаушы мекеме; тексеру орны.*

ИНСТАНЦИЯ *Бір-біріне бағынатын мемлекет, мекеме жүйесіндегі төменнен жоғары қарай бағыну сатысы.*

ИНСТИНКТ *биол.* 1. *Жан-жануарлардың организмінің табиғи тіршілігіне тән, тұқым қуалайтын қасиет, қабілеттілік.* 2. *Еш нәрседен ойсыз, санасыз түйсік, соқыр сенім.*

ИНСТИТУТ 1. *Жоғары оқу орны.* 2. *Ғылыми-зерттеу мекемесі.*

ИНСТРУКТОР *Белгілі бір істі дұрыс жүргізуді үйретіп отыратын маман, нұсқаушы.*

ИНСТРУКЦИЯ *Бір іске байланысты нұсқаулар мен ережелер жиынтығы.*

ИНСУЛИН *мед. Асқазан асты, ұйқы безінен бөлінетін нәрсе; ұйқы безінің гармоны.*

ИНСУЛЬТ *мед. Мидың қан тамырларының зақымдануымен байланысты болатын ауру.*

ИНСЦЕНИРОВКА *театр. Белгілі бір көркем шығарманы сахнаға; радиоға лайықтап жазу.*

ИНТЕГРАЛ *мат. Кері дифференциялау арқылы шыққан шама.*

ИНТЕГРАЦИЯ 1. *экон. Мемлекетаралық экономикалық одақтардың құрылуы.* 2. *мат. Интеграл шығару, интеграл табу.*

ИНТЕГРАЦИЯЛА *Интеграл шығару, табу; интегралдау.*

ИНТЕЛЕКТУАЛ *Ақыл-ой, рухани жағынан күшті дамыған (адам).*

ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ *Кемеліне келген, өсіп-жетілген, парасатты.* ~ кейіпкер.

ИНТЕЛЕКТУАЛИЗМ 1. *Ойдың философиялық маңызы; ойшылдық, ақылдылық.* 2. *Идеалистік философиядағы ағым; ойшылдық.*

ИНТЕЛЛИГЕНТ *Оқыған, жоғары мәдениетті зиялы адам.*

ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ *Мәдениет пен ғылымның, техниканың салаларынан арнайы білімі бар адам; ой еңбегінің қызметкері.*

ИНТЕНДАНТ *Армияда әскери бөлімдерді азықтұлік, қару-жарақ, киіммен жабдықтап тұратын әскери қызметкер.*

ИНТЕНСИВТЕНДІР *Шаруашылық, өнеркәсіп қарқынын арттыра түсу, аса жоғары өнім алу.*

ИНТЕНСИВТІ 1. *Қарқынды, пәрменді. Пайдалы қазбалар интенсивті өндірілуде* ("Қаз. әдеб".). 2. *Орынды, тиімді.* Мұның өзі балық өсіруді *интенсивті* жүргізуге көп көмектеседі (Қадырбаев).

ИНТЕНСИВТІЛІК 1. *Қарқындылық, пәрменділік.* 2. *Орындылық, тиімділік.*

ИНТЕРВАЛ 1. *Әскер қатарының ара қашықтығы.* 2. *Жол қатынасының жиілігі.* 3. *Музыкада екі түрлі үннің арасы.*

ИНТЕРВИДЕНИЕ *Халықаралық телевизия хабарлары және сол хабарлар жүйесі.*

ИНТЕРВЬЮ *Тілші тарапынан алынатын әңгіме-хабар.*

ИНТЕРМЕДИЯ *театр. Сахнада, драмалық шығарманың көрінісі арасында ойналатын қысқа комедиялық пьеса немесе көрініс.*

ИНТЕРНАЦИОНАЛ 1. *Пролетариаттың халықаралық бірлестігі.* 2. *Халықаралық пролетариат гимні.*

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ *Әр түрлі халқы бар, көп ұлтты.* ~ ұжым.

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ 1. *Интернационалға тән қасиет.* 2. *Достық, туыстық, бауырмалдық.* ~ тәрбие.

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТ *Интернационализмді қуаттаушы, жақтаушы.*

ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ *Еңбекшілердің ұлтаралық және халықаралық бірлестігінің идеологиясы мен саясаты.*

ИНТЕРНАЦИОНАЛИСТІК *Интернационалистке тән.* ~ достық.

ИНТЕРПЕЛЛЯЦИЯ *Депутаттың үкіметке немесе оның жекелеген мүшесіне сұрау салуының айрықша түрі.*

ИНТЕРПОЛЯЦИЯ *Көшірмеші не аудармашының түпнұсқада болмаған сөздер мен тіркестерді мәтінге соңынан енгізуі.*

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ *Текстті, рольді, музыканы өзінше топшылап, түжырымдап жеткізушінің түсіндіруі.*

ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛА *Шығарманы өзінше түжырымдау, түсіндіріп беру.*

ИНТЕРФРАЗА *биол. Клетканың екіге бөлінуінің аралық кезеңі.*

ИНТЕРФРАЗАЛЫҚ *Интерфраза күйіндей, интерфраза жағдайындай.* ~ күйде.

ИНТЕРФЕРЕНЦИЯ *Сәуле, дыбыс т. б. толқындарының түйіскенде өзара әсер ету құбылысы.*

ИНТЕРЬЕР 1. *Бөлменің ішкі көрінісі.* 2. *Бөлменің ішкі бейнесі.*

ИНТОГРАММА *физ. Дыбыстардың акустика-физикалық сипатын анықтағыш.*

ИНТОКСИКАЦИЯ *мед. Организмнің улануы.*

ИНТОНАЦИЯ *Дауыс екпінінің біресе жоғарылап, біресе бәсеңдеп айтылуы, дауыс ырғағы.*

ИНТУИЦИЯ *Шындықты тәжірибенің көмегінсіз ашуға болады дейтін түсінік.*

ИНФАРКТ *мед. Жүрек бұлшық етінің жансыздануы.*

ИНФЕКЦИЯ *Жұқпалы ауру туғызатын қоздырғыш, микроб.*

ИНФЕКЦИЯЛЫ *Жұқпалы, қоздырғышты.* ~ аурулар.

ИНФЛЯЦИЯ *экон. Айналымдағы қағаз ақшаның шамадан тыс көбейіп кетіп құнсыздануы.*

ИНФРАҚЫЗЫЛ: инфрақызыл сәулелер *(физ.)* — *спектрде, оның қызыл ұшында болатын, көзге көрінбейтін сәулелер.*

ИНШАЛЛА *діни. Құдай қаласа, алла бұйыртса. Иншалла,* жолым болады екен (Жұмаділов).

ИНІШ *Көйлек, жейденің иығының ішінен салынатын астар.* ~і жыртылған көйлектер.

ИОН *физ. Бойында электр зарядтары бар атомдар мен молекула зарядталған электр бөлшектері.*

ИОНДА *Белгілі бір затта ионның пайда болуы, иондалу.*

ИОНДЫ *Ионы бар, ионға ұшыраған.* ~ газдар.

ИОНДЫҚ *Ионға қатысты, соған тән.* ~ ауа.

ИОНИКА *муз. Пианинонық, роялдің клавишасы сияқты басып ойналатын музыкалық аспап.*

ИОНОСФЕРА *Иондалған атомдардан құралған сирек газ қабаты.*

ИППОДРОМ *Ат жарыстары мен бәйгелерін өткізу үшін арнайы жасалған орын, алаң.*

ИПОТЕКА *Жылжымайтын мүліктерді кепіл етіп қарыз алу.*

ИРАНБАҚ *көне. Шығыс ертегілеріндегі жаннат бағы.*

ИРЕК I 1. *Түзу емес, иреңделген, иір-иір.* Село орталығын қақ бөлген ~ жол жатыр. 2. *Айқыш-ұйқыш, шимай.* Ол араб әрпімен жазылған хаттың әр *ирегін* әлі күнге ұмытқан жоқ (Мұқанбетқалиев).

ИРЕК II *этногр. Қолөнерінде немесе кесте тігісінде тігу өнерінің бір түрі.* □ **Ирек гүл** *бот. — гүл бұтақшаларының бірі оң жағынан, екіншісі сол жағынан ауысып келген гүл шоғыры.* **Ирек қалып** — *күміс бетіне иір-иір, толқынды ою, бедер түсіруге арналған соқпа қалып.*

ИРЕК-ИРЕК *Айқыш-ұйқыш, қисық-қисық.* ~ жазу.

ИРЕКТЕ 1. *Ирек салу, ирек шығару.* Мәлике ақ кимешегінің жағын **иректеп** ұсақ су моншақтар тізіпті (F. Мұстафин). 2. *Айқыш-ұйқыш етіп жазу, қазу.* ~п жазды.

ИРЕКТІ *Ирегі бар.* ~ кестелер.

ИРЕЛЕКТЕ *Ирелең-ирелең ету, ирелеңдеу.* ~ген қара сызық.

ИРЕЛЕҢ *Түзу емес, иреңдеген, бұралақ.* Машина асудың **ирелең** жолымен түсіп келеді (Өтесінов). □ **Ирелең етті** — *ирең етті, ирелеңдеді.*

ИРЕЛЕҢДЕ 1. *Сүйретілу, бұралаңдау.* Білектей бір қара жылан ~й жөнелді. 2. *Бойын жаза алмай ирең-ирең ету, ирелеңдеу.* Қияс белі шойырылған адамдай ~п қалыпты.

ИРЕҢ *Ауыс. Ирек, ирелең.* Күлшенің де өмірінің **ирең** соқпақтары көп (Бекбергенов). □ **Ирең етті** — *ширатыла жиырылды, иреңдеді.* **Ирең қақты** — *бұралаңдады, ирелеңдеді.*

ИРЕҢДЕ *Ирең-ирең ету, бұралаңдау, қираң-қираң ету.* Жылан қашты ~п.

ИРЕҢ-ИРЕҢ: ирең-ирең етті — *бұлғаңдады, қираңдады, ирелеңдеді.*

ИРЕТІЛ *Ирелеңдеу, иреңдеу.* Жылан ~іп кетіп барады.

ИРИДИЙ *мин. Күміс тәрізді жалтыраған, аса қатты, балқуы қиын металл.*

ИРИС I *Сүт пен қанттан жасалған қоңыр түсті конфеттің бір сорты.*

ИРИС II **бот.** *Сәндік үшін өсіретін күлгін түсті гүлдің түрі.*

ИРИТ *Малды бір-бірімен сүзістіру.* ~ соқ, соқ.

ИРРИГАЦИЯ *Жерді қолдан суару жүйесі.*

ИСКУССТВО *Өнер, көркемөнер.* Бейнелеу ~сы.

ИСЛАМ *VII ғасырда араб елінен тараған мұсылман діні.*

ИСТОРИОГРАФИЯ *Тарих ғылымының дамуы туралы және тарихи нұсқалар туралы ғылым.*

ИСТРЕБИТЕЛЬ *Жау авиациясымен айқасатын ұшқыр самолет.* Реактивті ~, ~ ұшқыш.

ИСІ *Барлық, күллі, дүйім.* ~ қазақ баласы, ~ қаржас елі.

ИСІН *Сауын малдарының июін кенет тоқтатуы; сүт бермей қоюы.* Сиыр сауып жатқанда көп сөйлесе, сиыр ~іп кетеді.

ИСІНШЕК *Үнемі исінуге бейім тұратын сауын мал.* ~ бие.

ИТ 1. *Қасқыр тұқымдас сүт коректі үй хайуаны.* 2. *көне. Қазақша жыл қайырудың он бірінші жылы.* ~ жылы. 3. *Ауыс. Оңбаған, жауыз.* Не деген тоғышар *ит* екенін біле алмай-ақ қойдым (Тиесов). 4. *Ауыс. Қатар-құрбылардың немесе жасы кіші бала-шағаға өзімсініп зілсіз айтатын сөзі.* Ол ~тің киім-кешек, тамағы бізден. □ **Ит арба** — а) *аяғы жаңа шыққан баланы жүруге дағдыландыру үшін әдейі жасалған қол арба;* ә) *екі дөңгелекті жеңіл қол арба.* **Ит ауруы** — *мешел сияқты созылмалы бала ауруы.* **Ит бүлдірген** *бот. — қысы-жазы көгеріп тұратын аласа бұталы дәмі ащы өсімдік.* **Ит бүлкіл [бүлкек]** — а) *көлік малының бір қалыпты баяу, жай жүрісі;* ә) *өндімейтін, өнбейтін жүріс.* **Ит жон** — *онша биік емес, дөңгелектеу жер.* **Ит жуа** — *саздау жерде өсетін жуаның ұсақ түрі.* **Ит жүзіс [малту]** — *жүзе білмейтін адамның жүзуі.* **Ит көйлек [жейде]** — *жаңа туған балаға кигізетін тігісі сыртына қараған көйлек.* **Ит ошаған** *бот. — тікенді шөптесін өсімдік.* **Ит тіс** — а) *күрек тіс пен азу тістердің арасындағы қисық біткен сойдақ тіс;* ә) *ою-өрнектің қолмен тігу түрінің атауы.* **Ит шабақ** — *құрбақаның әлі үлкеймеген, уылдырықтан жаңа шыққан кезі.* **Ит шана** — а) *кішкене қол шана;* ә) *солтүстік жақта ит жегетін шана.* ◊ **Ит арқасы қиян** — *өте алыс, ит өлген жер.* **Ит арқасы құрысты** — *қаһарланып қайратқа мінді.* **Ит [тазы] ашуын тырнадан алады** — *әлі жеткеніне күш жұмсайды.* **Ит әлегін шығарды** — *апшысын қуырды, берекесін кетірді.* **Ит байласа тұрғысыз** — *адам тұрып болмайтындай; жайсыз, жағдайсыз.* **Ит басына іркіт төгілді** — *аспа-төк, ағыл-тегіл молшылық.* **Ит болды** — а) *адамшылықтан кетті, абыройы төгілді;* ә) *қор болды, иті шықты.* **Ит жанды** — *жаны сірі, өлермен.* **Ит жегір [жесін]** *(қарғ.) — бүйырмағыр, қызығын көрмегір.* **Ит жем болды** — а) *рәсуа, ысырап болды;* ә) *қадірі болмады, қор болды.* **Ит жерік** — *толғағы қатты болып, көпке созылатын жерік.* **Ит жүрек** — *қызыққуанышы жоқ, құлазуға көнген көңіл.* **Ит жыны келді [ұстады]** — *күйіп-пісіп ыза болды.* **Ит жыныс** — *ит тұмсығы өтпейтін қалың ну (орман, тоғай).* **Итке бермесін [берсін]** — адам *баласының басына бермесін.* **Ит кемірген асықтай** — *өте жүдеу, арық, мұқалған, мыжырайып кеткен.* **Ит кешуге салды** — *азап тарттырды.* **Ит көзі түтін танымас болды** — *қалай болса солай, бәрі бір болды.* **Ит көйлекті бұрын тоздырды** — *аз да болса жасы үлкен.* **Ит көрген ешкі көзденді** — *ежірейді, үрікті.* **Ит қорлығын көрсетті** — *азап тарттырды, қиыншылық көрсетті.* **Ит қосты** — а) *итпен аң аулады;* ә) *біреуді мұқатты, сын тақты.* **Ит [иттей] қылды** — *абыройын түсірді, қорлады.* **Ит мінез** — *дөрекі, жағымсыз қылық.* **Ит мініп, ирек қамшылады** — а) *жол азабын тартты;* ә) *өлмешінің күнін көрді.* **Ит өлген жер** — *тым қашық алыс жер.* **Ит өлім** — *қадірсіз, жиіркеніштті өлім.* **Ит өмір** — *қорлықпен өткен тұрмыс.* **Ит пен құсқа жем болды** — а) *айдалада көмусіз қалды;* ә) *кім көрінгеннің қолында кетті.* **Ит пен мысықтай** — *бір-біріне өш, араз.* **Ит рәсуасы шықты** — а) *босқа шашылды, ысырап болды;* ә) *берекесі кетті, мазасын алды.* **Ит салпақ** — *ертеден қара кешке дейін біреудің жұмысын істеу.* **Ит сорпасын шығарды** — *діңкесін құртты, титықтатты.* **Ит сілікпесі шықты** — а) *титықтап тұралады, шаршады;* ә) *өрім-өрім болып, тамтығы қалды.* **Ит талағандай** — *үсті-басының сау тамтығы жоқ, өрім-өрім.* **Ит тартыс** — а) *бірін-бірі жеңе алмау, ит жығыс;* ә) *ұрыс-керіс.* **Ит те болса** — *қанша жаман болса да.* **Иттей ұлып қалды** — *жападан-жалғыз зарлап қалды.* **Иттен де көп** — *өте мол, тым көп.* **Ит терісін басына қаптады** — *жер-жебіріне жетті, масқарасын шығарды.* **Ит**

тиген арам ас — *керексіз, қадірсіз.* **Иттің баласы** *(қарап.)* — а) *ұрысқанда, кейігенде айтылатын балағат сөз;* ә) *немере-шөберені жақсы көргенде айтылады.* **Ит тиген күшіктей** — *көрінгенге жалтақ.* **Ит тиген табақтай қарады** — *жек көріністі сезіммен жиіркене қарады.* **Ит тиді** — *жас балаға біреудің сұқтануынан көз тиіп ауырды.* **Ит тұмсығы [мұрны], батпайтын [өтпейтін]** — *қалың ну ормантоғай.* **Ит түйнек** — *піспей, өспей қалып қойған қауын.* **Иттігі ұстады** — *қырсықты.* **Ит тілеуін тіледі** — *жамандық тіледі.* **Иттің [ит] етінен [етіндей]** — *жек көрді.* **Иттің итақайы** — *кім болса сол, кім көрінген.* **Ит ырғаққа [ырғылжыңға] салды [түсірді]** — *әуре-сарсаң етті, ары тарт, бері тартқа салды.* **Ит ырғын болды** — *мол олжаға кенелді, олжаға батты.* **Ит ырылдар** *(көне.)* — *күйеуден алатын кәде.* **Иті қырым жерге жүгірген** — *көп жерді көрген.* **Иті қырын жүгірді [жүрді]** — *жолы болмады; ісі оңына баспады.* **Итін шығарды** — *берекесін алды, мазасын кетірді.*

ИТАҚАЙ *Иттің күшігі.* ◊ **Иттің итақайы** — *Кім көрінген, кім болса сол.*

ИТАЛА: итала қаз *(зоол.)* — *қара қауырсынды жемсауы мен арқасы ақ ірі құс.*

ИТАРҚА *Көшіп-қонып жүргенде екі керегенің басын қосып жасаған уақытша баспана.* ***Итарқа*** етіп тұрғызған күдеге жауын да сіңбейді (Айтматов).

ИТАРҚАЛА *Итарқа сияқтандырып, үстінен қыр, жал шығару.* Үйді біреуі ***итарқалап*** салған (Алтайбаев).

ИТАРҚАЛАУ *Арқасы шығыңқы, биіктеу.* Адай жылқысының сауыры етсіздеу, ***итарқалау*** келеді (Жанәбілов).

ИТАРШЫ 1. *көне. Кішкене, шәуілдек қанден ит.* Мегежін, кәнден иттерді ***итаршы*** деген (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Біреудің сойылын соғушы; жағымпаз, жарамсақ, құйыршық.* Ол жанындағы жапты ***итаршыларын*** да, мені соққыға жықты (Бектұрғанов). □ **Итаршы болды** — *жағымпазданды, жарамсақтанды.*

ИТАРШЫЛАН *Жарамсақтану, жағымпаздану.* ~бай жайыңа отыр.

ИТАРШЫЛЫҚ *Біреудің сойылын соғушылық, жарамсақтық.* ~ жасады.

ИТАЯҚ *Итке тамақ құйып беретін ыдыс.* Бөрібасардың ~ ғына сорпа құйдым. ◊ **Итаяқ болды** — *жарамсыз болып істен шықты.* **Итаяқтан сары су ішкізді** — *азаптады, қорлады.*

ИТАЯҚТАЙ *Итаяқ сияқты үлкен.* Аузы ~.

ИТБАЛЫҚ 1. *Мұхитта, теңізде тіршілік ететін жарғақ табанды хайуанат; тюлень.* 2. *Қара суларда кездесетін бақабас ұсақ балық.*

ИТБЕГІ *Әр түрлі саят иттерін үйретуші, баптаушы.* Жұрт жамырай мақтасқан өйгілі ***итбегіні*** көрді (Т. Әлімқұлов).

ИТЕКТЕ *Өнбес жүріспен жүру, итеңдеу.* Жайдақ арбамен ***итектеп,*** домбырасын ұстап Сәтпай шықты (Сейфуллин).

ИТЕЛГІ *Сары шұбар, қанаты ұзын, мойны ақ жағал, кішкене қыран құс.*

ИТЕЛГІДЕЙ: ителгідей жұтынды — *сұқтанды, жалаңдады.*

ИТЕҢ *Өнбес жүріс, изең.* ~ жүріс өнбейді.

ИТЕҢДЕ *Ілгерілі-кейінді кетіп, изеңдеу.* Түйеге мініп, ***итеңдеп*** барғанша таң атар (Қыргызбаев).

ИТЕПЕ *көне. Түйені бас білдіріп үйретерде пайдаланылатын, бір басы ашалы ұзын істік таяқ.*

ИТЕР 1. *Бір нәрсені тұрған орнынан қозғап жылжыту, сырғыту.* Ағаш табақты маған ***итере*** салды (Нұршайықов). 2. *Бар пәрменімен серпіп тастау, итеріп қалу.* Көкірегімнен ~іп жіберді. 3. *Ауыс. Бір нәрсеге ұрындыру, арандату.* Сіз мені өлімге итермеңіз (Әзиев). ◊ **Итеріп салма сөз** — *шығарып салма, сырғытпа сөз.*

ИТЕРГІШТЕ *Үсті-үстіне итермелеу.* ~п айдап шықты.

ИТЕРМЕ I *Тұрткі, айдап салма.* Олар біреудің ***итермесіне*** ере қоймайтын адамдар (Ақышев). □ **Итерме кіреле** — *итерме арбамен жүк тасу, көшіп-қону.* ◊ **Итерме болды** — *тұрткі болды.*

ИТЕРМЕ II *Бал арасы ұясының (омартаның) аузын жапқыш.*

ИТЕРМЕЛЕ 1. *Үсті-үстіне итеру, ілгері бастыру.* Ол мені ~п үйге кіргізді. 2. *Киіп-жару, қағып-соғу.* Ержігіт жапырласқан қалың елді итермелеп, ағасына жақындады (Алдамжаров). 3. *Ауыс. Бір іске жетектеу, бастау.* Теріс жолға түсуге не мұқтаждық ***итермеледі*** (Шаймерденов).

ИТИ 1. *Ілгері қарай еңкею, итіну.* Олар ***итіп*** құлағалы тұрған жер үйге барды (Жағанова). 2. *Ауыс. Өте жүдеу көріну; имию.* ~іп жүргеннен гөрі бұлтиып жүрсең ғой (Қонарбаев).

ИТКІРМЕС *Киіз үй сүйегінің бөлігі, киіз есік, ергенек.* ***Иткірместің*** ілгегін ашып, үйге кірді (Дүйсенов).

ИТҚОҒА *бот. Сулы жерде өсетін, қоға тұқымдас өсімдік.*

ИТҚОНАҚ *бот. Көбінесе тарымен бірге өсетін біржылдық арам шөп.*

ИТҚҰЛАҚ *бот. Жазық жерлерде өсетін, иттің құлағына ұқсас өсімдік.*

ИТ-ҚҰС *табу. Қасқырдың бұрмалап айтылған аты.* Түнде ***ит-құстан*** секемденіп, малшылар сақ отырады (Соқпақбаев). ◊ **Ит-құсқа жем болды** — а) *қасқырға азық болды;* ә) *кім көрінгеннің қолында кетті.*

ИТМИЯ *бот. Мияның күнгей жерде өсетін бір түрі.*

ИТМҰРЫН *бот. Суық пен құрғақшылыққа шыдамды, тікенді, витамині көп бұта; шиповник.*

ИТПЕКТЕ *Жүрісі өнбеу, митыңдау, итшілеу.* ***Итпектеп*** ауылға жеткенше қашан (Бегалин).

ИТПЕЛЕ *Итпемен түйені бас білдіре бастау.*

ИТСИГЕК *бот. Тамыры жуан, көп жылдық, жартылай бұталы өсімдік; анабазис.*

ИТТАБАН I *Қалампыр тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ИТТАБАН II *этногр. Ою-өрнектің аты.*

ИТТЕЙ 1. *Ит сияқты.* Жат солай, таяқ жеген ~ бұратылып. 2. *Ауыс. Мейлінше, әбден; мықтап.* Тірісінде ***иттей*** ырылдасып, шуылдасып жүретіндер көп қой (Тоқмағамбетов). ◊ **Иттей арсылдады** — *жөн-жосықсыз беттен алды.* **Иттей болды** — *қор болды; иті шықты.* **Иттей қылды** — *масқарасын шығарды, қорлады.* **Иттей сүйреді** — *адам демеді, елемеді.* **Иттей талады** — *бәрі жабылып есін шығарды.* **Иттей ұлыды** — *зар қақты, жылады.*

ИТТЕН *Итшілеу, ит-қор болу.* ***Иттеніп*** жүріп өлмей ме, Өлсе бәрі қалмай ма? (Абай).

ИТТЕПКІ: иттепкісін шығарды — *парша-паршасын шығарды, қор қылды.*

ИТТЕС *Алакөздену, араздасу.* Иттермен тағы *иттесіп* жүреміз бе (Мырзалиев).

ИТТИМЕ: иттиме тиді — *көз, сұқ тиді; ауруға шалдықты.*

ИТТҮЙНЕК *Күзде пісіп жетілмей қалған кішкене қауын.*

ИТТІ *Иті бар, ит ерткен. Итті* қонақ жараспас (Мақал).

ИТТІК 1. *Итке тән қасиет.* Ит *иттігін* қылмай қоймас (Мақал). 2. *Ауыс. Адамшылыққа жатпайтын қылық; оңбағандық.* Мен бір *иттік* жасадым, кешір, көкетай (Тарази). ◊ **Иттігі жоқ** — *таршылық етпейді; қызғанбайды.* **Иттік жасады** — *залымдық етті, арамдық жасады.*

ИТШЕ *Ит сияқты, ит тәрізді.* Былтыр *итше* жүзіп үйрендім (Қанахин). ◊ **Итше жұлқысты** — *алысты, жағаласып-таласты.* **Итше сүйреді** — *масқаралады, қорлады.* **Итше талады** — *жан-жақтан анталады, түгін қалдырмады.* **Итше таласты** — *жағаласты, араз болды.* **Итше тепкіледі** — *бас-көз демей ұрды, аямай соқты.* **Итше ұлыды** — *қоймастан жылады.* **Итше ырылдады** — *ызыңдап көп жылады.* **Итше ырылдасты** — *жүз шайысты, ұрысты.*

ИТШОМЫРТ *бот. Жемісі шар тәрізді, шырынды, бұталы өсімдік.*

ИТ-ШОШҚА *экспр. Адам емес, оңбаған.* "Алғаның ас болмағыр, *ит-шошқа*" деп қарқылдап тұр (Жансүгіров).

ИТШІЛ *Итті жақсы көретін, итке үйір, иткүмар.* Аңшылар ~ болады.

ИТШІЛЕ 1. *Мазасы болмай берекесі кету, ит әуреге түсу.* ~п үйге де жеттік. 2. *Қиындық көру, азап шегу.* ~п қыстан да аман шықтық.

ИТШІЛІК 1. *Қара ниеттік, оңбағандық; иттік.* Оның жолдастары *итшілік* жасады (М. Ғабдуллин). 2. *Қиыншылық, ауыр бейнет.* Панасыздың көрері осындай *итшілік* күн (М. Әуезов).

ИТ-ЫРҒЫЛЖЫҢ *Өзара түсінбеушілік; әуре-сарсаң, қырсық.* Қадырғали *ит-ырғылжыңнан* әбден қажығанды (Мағауин). ◊ **Итырғылжыңға салды [түсірді]** — *әуре-сарсаң етті, шаршатты.*

ИТ-ЫРҒЫН *қарап. Орасан көп, мол.* Қамыстыбастың маусымы қызып, балық *ит-ырғын* (Шүкіров). ◊ **Ит-ырғын болды** — *мол олжаға кенелді, олжалы болды.*

ИТЫРЫҚТА *Титықтап шаршау, болдыру.* Буына пісіп келе жатқан Бауыршық *итырықтады* кеп (Д. Досжанов).

ИТІН 1. *Алға қарай ұмтылу, ұмсыну, төну.* Ол орнынан тұрмақ боп ~ді. 2. *Ауыс. Біреуден бірдеме дәмету, еміну.* Қыр соңынан қалмай ~гендерге оның да жауабы дайын тұрады.

ИТІНШЕК *Тартыншақ, шегіншек. Итіншек* ат сүріншек (Мақал).

ИТІНШЕКТЕ *Тартыншақтау, шегіншектеу.* Ат та ~п қайта-қайта сүріне берді.

ИТІНІП-ТАРТЫНЫП *Біресе ілгері, біресе кейін кетіп.* Машина ~ тұрды да қалды.

ИТІС-ТАРТЫС 1. *Іркес-тіркес, қабаттас.* Жер асты жолына біреулердің *итіс-тартыс* түсіп бара жатқанын аңдап қалды (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Даудамай, ұрыс-керіс.* ~ тиелген көш жолға шықты.

ИХТИОЛ *фарм. Жарақа жағатын қара қоңыр түсті қою дәрі.*

ИХТИОЛОГ *Ихтиология маманы.*

ИХТИОЛОГИЯ *Балықтардың тіршілігін зерттейтін ғылым.*

ИШАН *діни. Дін басшыларының жоғарғы атақтарының бір атауы.* Мұның атын атамайтын, тек *"ишан"* дейтін еді (Өтепов). ◊ **Ишанға қол тапсырды** *(діни.)* — *ишанның жолын қуған.*

ИШАНДЫҚ *Ишанға тән.* ~ дағуа.

ИШАНША *Ишанға ұқсап, ишан сияқты. Ишанша* салмақтанып, бата қылды (Сейфуллин).

ИШАРА *Түрлі ым-белгі, түспал, ишарат кейіп.* Жылаған әйелге "жылама" деген *ишара* берді (Есенжанов).

ИШАРАЛА *Ишарамен түспалдап, мегзеп түсіндіру.* Ол ішіп болдым дегенді *ишаралап,* кесесінің аузын басты (Кекілбаев).

ИШАРАТ *Ойды түрлі ым-белгі арқылы белгі білдіру әдісі, түспал.* "Доғар" дегендей *ишарат* қылды (М. Әуезов).

ИШАРАТТА *Ишаратпен білдіру.* Оның нені ~п отырғанын білді.

ИШІ *Тері илеуші адам.* Ол заводта тері илеген ~.

ИШІМТАС *Асыл тас; нефрит.*

ИЩА: ища [ищай] деспеді — *әй-шәй деспеді, ынтымақты болды.*

ИЩАЙ *Дене тоңып қатты тыршіккенде айтылатын сөз.* Нәзипа ~ әлі ұлып тұр ғой деп қымтана түсті.

ИЫҚ I 1. *Жауырын мен тоқпан жіліктің астасқан жері; иін.* Сынған қол — *иықтың* соры (Мақал). 2. *Жең түбінің үстіңгі жағы, киімнің иіні.* Танабай үлдары да *иықтарындағы* погондарын жұлып-жұлып құртты (Сейфуллин). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің жотасы, биіктеу жоғарғы жері.* Ол қазандықтың *иығында* тұрған білте шамды жақты (Бекенов). ◊ **Иығы асты** — *тұлғасы зор көрінді, еңсесі биіктеді.* **Иығы босады** — *үһ деп дем алды, жеңілдеді.* **Иығы бүтінделді** — а) *киімі түзелді, тәуір киінді;* ә) *тұрмысы түзелді, оңалды.* **Иығы жауып болды** — *әбден азаптанды, қажыды.* **Иығы көтерілді** — *мерейі өсті.* **Иығымен көтерді** — *бар ауыртпалықты көрді.* **Иығына асылды** — *еркеледі, назданды.* **Иығына мініп алды** — а) *басқа шықты, басынды;* ә) *біреудің арқасында күн көрді.* **Иығынан дем алды** — а) *ауырып әзер тыныстап отыр;* ә) *ісініп-кебінді, мақтанды.* **Иығынан түспеді** — *ығыр қылды, шаршатты.* **Иығына [екі иығына] су кетті** — *салы суға кетті, еңсесі түсті.* **Иығына шықты** — *иықтап алды, басынды.* **Иығы салбырады** — *жүні жығылды, еңсесі түсті.* **Иығы тең** — *терезесі тең; ешкімнен кем емес.* **Иығы түсті** — *үнжырғасы түсті; жасыды.* **Иық басты болды** — *бейнет көрді, азап шекті.* **Иық көрсетті [көтерді]** — *күш көрсетті, кеуде көтерді.* **Иық қағысты** — *қақтығысып-соқтығысты.* **Иыққа шықты** — *басынды, иықтап алды.* **Иық сүйесті** — *селбесіп бірбіріне көмектесті.* **Иықтан басты** — *еңсесін көтертпеді, жадыратпады.* **Иық теңесті [теңестірді]** — *күш салыстырды, бәсекелесті.* **Иық түйістірді** — *қатарласып жүрді, жұбын жазбады.* **Иық тіресті** — а) *иықтасып қатар отырды;* ә) *күш қосты, бірікті.* **Иық ішік** — *иыққа жамылатын жеңсіз ішік.*

ИЫҚ II *этногр. Өрнек пен өрнек арасын қосып тұратын ою-өрнегінің бір элементті.*

ИЫҚСЫЗ *Иығы құшық келген.* ~ адам.

ИЫҚТА 1. *Иығымен соғу, итеру.* Ол есікті ~й ашып шығып кетті. 2. *Иық түйістіру, жанасу, сүйкену.* Зина менімен ***иықтаса*** жүрді (Қайсенов). 3. *Иыққа салып көтеру.* Олар қап, қоржындарын ***иықтай,*** керуен сарайына кірді (Әбдіқадыров). 4. *Белгілі бір жерді басып өту, бөктерлеу.* Біз ***иықтап*** ауылға келіп те қалдық (Бектұров). 5. *Ауыс. Баса көктеу, омыраулау, ықтыру.* Жаңа келген ауылдарды ***иықтап*** еркінсіді (Ибрагимов). 6. *Ауыс. Иығынан басу, еңсесін көтертпеу.* Бірінбірі ***иықтаған*** ой (Досанов). ◊ **Иықтап алды** — *басынды, иектеді.*

ИЫҚТАН *Биік болып көріну, ерекшелену.* Осы сәт ***иықтанып*** сөйлегендей болды (Қаупынбаев).

ИЫҚТАС I 1. *Иығымен бірдей, бойы қатарлас.* Ол бой жағынан шешесімен ***иықтас*** (Жұмаханов). 2. *Ауыс. Тең-тұстас, қатар.* Ол өзімен ***иықтас*** біреу шақырса үнемі кешігіп барады (Аманшин).

ИЫҚТАС II 1. *Теңесу, қатарласу.* Нұрбек қызбен ***иықтасып*** қатар тұра қалды (Досанов). 2. *Ауыс. Терезесі тең, қатарлас.* Ораз кез келген адаммен ***иықтасатын*** өрелі азамат (Байжанов).

ИЫҚТЫ 1. *Қапсағай денелі, жауырынды.* Директор ұзын бойлы, ***иықты*** кісі (Сарғасқаев). 2. *Ауыс. Күшті, мықты.* Ол адам — ***иықтының*** иықтысы (Ырзабаев).

ИЫҚТЫҚ *Иық тұсы.* Оның өзгелерден ***иықтығы*** жоғары тұр (Нұрпейісов).

ИЫҚТЫЛАУ *Кең иықты, иығы үлкендеу.* Өмір кең ***иықтылау*** келген, ақсұр жігіт (Сарғасқаев).

ИЫҚТЫЛЫҚ *Қақпақ жауырындылық, иығы үлкендік.* Оның ~ғы өзгеден ерекше.

ИІ 1. *Малдың сауар алдында сүтінің емшек ұрпіне жиналып келуі.* Биелер құлынның аузы емшегіне тиер-тиместен-ақ ***иіп*** сала берді (Хасенов). 2. *Ауыс. Еміреу, елжіреу, мейірлену.* Құдайым-ау, шынымен ***иігенің*** бе? (Сматаев). // Жер де бабын тапсаң ғана ***иіиді.*** □ **Иіп кетті** — *иісінді.*

ИІК 1. *Икемге келу; иілгу.* Шүу деуге ерні әрең ***иікті*** (Сарғасқаев). 2. *Ауыс. Мойынсұну, көндігу.* Бастық қатып қалған ағаш сияқты тіпті ***иікпейді*** (Тұрманжанов).

ИІЛ 1. *Белі бүгілу, еңкею.* Өсетін ауылда белі ***иіліп*** шал тұрады (Мақал). 2. *Ауыс. Кішірею, кешірім жасау.* Мініңізді көріп-білгендер ақылын айтып еді, бірден ***иіле*** кеттіңіз (Шалқарбаев). ◊ **Иіліп жастық, жайылып төсек болды** — *асты-үстіне түсіп күтті, тік тұрды.*

ИІЛГІШ 1. *Солқылдақ, майысқақ.* Қатпаған сүйек ***иілгіш*** келеді (Дарқанбаев). 2. *Ауыс. Күні үшін жалпылдап асты-үстіне түсетін; пайдакүнем.* Кісі көбіне ісі түсіп тұрғанда ғана ***иілгіш*** келеді ғой (Алдабергенов).

ИІЛГІШТІК 1. *Жұмсақтық, майысқыштық, солқылдақтық.* Пластмассаға кейбір қоспалар ***иілгіштік*** қасиет береді (Нұрахметов). 2. *Ауыс. Бейімделгіштік, көнгіштік.* Адам өміріне ***иілгіштік*** қасиет те өте керек ("Қазақст. мект.").

ИІЛМЕЛІ *Жұмсақ, майысқақ, солқылдақ.* Генератордың роторы ~ келеді.

ИІЛМЕЛІК *Жұмсақтық, майысқақтық, солқылдақтық.* ~ қасиет.

ИІЛІК *И боларлық, иге жарамды.* Ақ талдың қабығында ***иілік*** және бояулық заттары болады (Орынбаев).

ИІЛІМ: иілімге келді — *айтқанға көнді; икемге келді.*

ИІЛІҢКІ *Аздап иілген, имектеу.* ~ қара қас.

ИІЛІҢКІЛІК *Аздап иілгендік, имектік.* ~ қасиет.

ИІЛІП-БҮГІЛ *Еңкейіп сәлем жасау, тағзым ету.* Тәуір келін ақ сақал мен ақ жаулықтының алдында ***иіліп-бүгіліп*** тұрады (Көшімов).

ИІЛІС *Бір нәрсенің иілген жері, иіні.* Жыраның жыл сайынғы өсуінен жол да біраз ***иіліс*** жасаған (Жортанов).

ИІН 1. *Иық.* Қара шашын тарқатып, екі ***иініне*** жайып салған (М. Әуезов). 2. *Киімнің жең түбі.* Пішуін пішіп, ~ін қондыра алмапты. 3. *Өзен, жол т. б. бұрылыс жасаған жері, иіліс.* Нұраның мына алдағы ***иінінде*** Талды деген ауыл болушы еді (Ө. Ахметов). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің жөні, ыңғайы, қисыны.* Сөз ~ін сезді. □ **Иін қағысты** — *иық түйістірді, қатарласты.* ◊ **Иін тіресті** — а) *өте көп, тығыз;* ә) *күш теңестірді.* **Иіні босады** — *жүгі жеңілдеді, жайланды.* **Иіні келді** — *реті, қисыны келді.* **Иініне көндірді** — *ырқына жүргізді, дегенін істетті.* **Иіні қақпақтай** — *жауырынды, иықты.* **Иінінен дем алды** — а) *аптығын баса алмай ентікті;* ә) *бұрқ-сарқ қайнады, буы бұрқылдады.* **Иініне су кетті** — *жүні жығылды, еңсесі түсті.* **Иінін тапты** — *ретін келтірді, есебін тапты.* **Иіні салыңқы** — *көңілі жабыңқы, ренжулі.* **Иіні тартты** — *иық тартқанда жаңа киім кием деген ескі наным.* **Иіні түсті [салбырады]** — *жүні жығылды, еңсесі түсті.*

ИІНАҒАШ *Екі жағына шелек іліп, иыққа салып су таситын құрал; мойынағаш.*

ИІНДЕ 1. *Бұрылыс жасау, иілу.* Құланды түбегі Арал теңізіне солтүстіктен ***иіндеп*** кірді (Әлжіков). 2. *Сабаның, местің қымызға, сүт, су сияқты сұйыққа лықа толуы, шұпілдеуі.* Оң жақта ***иіндеп*** тұрған қара саба (Алтайбаев).

ИІНДЕС *Жалғасу, қатарласу, иықтасу.* Жайлауға ел қонатын ***иіндесе*** (Шалабаева).

ИІНДІ I *Малдың соңғы сауылған сүті; екінші рет төліне емізіп барып сауылуы.* Қай түліктің болса да соңғы ***иіндісі*** қою, әрі майлы, жұғымды келеді (Қасиманов).

ИІНДІ II 1. *Иіні үлкенірек, кеңірек.* ~ қара саба. 2. *Иін жасаған, иілген (жер, өзен т. б.).* ~ иірімді шағын өзен. 3. *Ауыс. Ұрымтал, ретті, қолайлы.* Мына қу ***иінді*** жерінде соны ескертті (Бақбергенов).

ИІНДІК *көне. Бешпенттің сыртынан, екі иықтың екі жағынан сәл төмендеу тағатын әшекей.*

ИІНСІЗ *Иіні жоқ, иін жасалмаған.* Өзге уықтары қырық ру — бірі жіңішке, бірі ***иінсіз*** (Ғ. Мүсірепов).

ИІҢКІ *Иіліңкі, иілген, ішке тартыңқы.* Басы ***иіңкі,*** үнемі ойлы жүретін Ғарибулла көз алдымда тұр (Арыстанов).

ИІР I *Иіріліп келген, қисық, ирек.* ~ мүйіз (бұтақ, тұмсық).

ИІР II 1. *Жүннен, мақтадан ұршықпен жіп есу, ширату.* Шешелерім күндіз-түні ұршық ***иіреді*** (Қожабаев). 2. *Малды, суды т. б. бір жерге шоғыр-*

ландырып жинау, топтау. Әлден уақытта жылқыны Майдамтал қойнауына әкеліп **ширді** ("Қаз. әдеб."). 3. *Асықты тұрғызу үшін иіріп тастау; шыру.* Қорғасын құйған сақаның салмағы артады, **ширгенде** күлгіш келеді (Алтайбаев). 4. *Ауыс. Сөзбен үйіріп алу.* Ол солдаттарды елітіп **иіріп** бара жатқанын сезді (Сүндетов).

ИІР-ИІР *Ирек-ирек, бұрыс-бұрыс.* ~ жол (мүйіз, көше).

ИІР-ҚИЫР *Иір-иір, буылтық-буылтық.* ~ асфальт.

ИІРЛЕ *Иір жасау, иректеу.* Шеттерін ~п тіккен.

ИІРЛІК *Иір болушылық.* Жылан өз ~гін білмейді.

ИІРМЕК *Имектеліп, иіріліп келген (зат).* Алқаның өн бойы **ширмек** салпыншақтарға толы екен ("Мәдениет және тұрмыс").

ИІРМЕЛЕ *Бір жерге топтау, алқақотан жинау.* Ол бір қора қойды ~п шықты (Қыдырханов).

ИІРУ *Тоқыма өнеркәсібінің негізгі өндірісінің бірі, жіп жасаудың жиынтық процесі.* Жіп ~ фабрикасы, ~ машинасы.

ИІРУЛІ 1. *Иіру процесінен өткен, иірілген.* Ол ~ жібін алып, өрмек жасады. 2. *Ошарылған, топталған күйінде.* Көп жылқы ~ тұр.

ИІРІЛ 1. *Бір жерге жиналу, топталу, үймелеу.* Мал сайға ~ді. 2. *Ирелеңдеу, иреңдеу.* Айдаһар шыр айналып ~іп барып құлады.

ИІРІЛГІШ *Иірілуге бейім.* Аяқтары ~ келеді.

ИІРІЛІМДІК *Тез иірілгіштік қасиет.* Қылшықтың **иірілімдік,** беріктік қасиеттері түбіттен көп төмен болады (Ермеков).

ИІРІМ 1. *Судың дөңгелене шымырлап иіріліп аққан терең жері.* Кегеннің түйе бойлар **иірімдері** бар (Төреханов). 2. *Дөңгелене иіріліп келген жер.* Қалың ауыл Қабырға өзенінің **иірімі** — Ақсуатта отыр (Сәрсекеев). 3. *Жымиғанда, күлгенде пайда болатын беттің шұқыры.* Күлгенде екі бетінде, қос **иірім** толқын ойнайды (Мұхамеджанов). 4. *муз. Ырғақ, нақыш.* Әннің мол **иірімін** еркін тастасында гәп бар (Ахметбеков).

ИІРІМДЕН *Судың иірім болғаны, иірім жасап ағуы.* Ертістің **иірімденген** тұстары болар-болмас сылдыр қағып жатыр (С. Жүнісов).

ИІРІМДІ *Иірімі бар.* ~ жер (көл, өзен).

ИІРІС *Бәрі бір жерге жинала топталғандық, иірілгендік.* Нәдір **иірісте** тұрған жылқыны екі айналып шықты (Б. Тоқтаров).

ИІС *Адамның, жан-жануарлардың сезім мүшесіне әсер ететін нәрселердің қасиеті.* Ащы-тұщы ~ (жағымды-жағымсыз, жас). □ **Иісі қазақ** — *қазақ атаулының бәрі, күллі қазақ біткен.* **Иіс сабын** — *беті-қол жуатын жұпар сабын.* **Иіс сезу органдары** — *адам мен жануарлардың иіс қабылдайтын органы.* ◊ **Иіс алды** — а) *ішіл итке іздетті;* ә) *жас бала біреуге бауыр басып үйренді.* **Иіс алмас** — а) *шыдамды, көнтерілі адам;* ә) *ештеңені сезбейтін, надан.* **Иіс білмес** — *еш нәрсенің парқын айырмайтын топас.* **Иіс жасады [қылды]** — *марқұмдарға арнап шелпек пісіріп, иіс-қоныс шығарды.* **Иіс тиді** — *организм иіс газымен уланды.* **Иісі [жұпар] аңқыды** — *хош иіс мұрын жарды.* **Иісі аңқып кетті** — *иісі мұңкіп тарады, жайылды, иісі бұрқырады.* **Иісі мұрнына бармайды [кірмейді]** — *еш нәрсе сезбейді, түсінбейді.* **Иісі мұрын жарды** — *иісі аңқыды, мұрынға келді.* **Иісі мұңкіп тұр [қолқа атты]** — *жағымсыз иіс шығып жиіркеніштігі мұрын жарды.* **Иісін алды** — *иісін біліп қалды, иісін сезінді.* **Иісін сезді** — *бір сырдың ұшығын аңғарды.* **Иісін шығарды** — *бірдеменің басын бастады, шет пұшпақтап сездірді.* **Иісі сіңді** — *бауыр басты, үйренді.* **Иісі шықты** — а) *иістенді, бұзылды (тағам т. б. жайында);* ә) *бір ойдың шет пұшпағы көрінді.*

ИІСКЕ 1. *Мұрын арқылы бір заттың иісін сезу, иіс алу.* 2. *Ауыс. Мейірлену, емірену, аймалау.* Ұлпан иіліп, нәрестені өз шешесінен бұрын **иіскеді** (Ғ. Мүсірепов).

ИІСКЕЛЕ *Қайта-қайта иіскеу, иіскей беру.* Күшік баланың аяғын ~ді.

ИІС-ҚОҢЫС *Жағымсыз иіс, кір-қоқыс.* Олар төңіректі ~тан тазартты.

ИІС-ҚОҢЫСТЫ *Жағымсыз иісі бар.* ~ тар қос.

ИІСМАЙ *Беті-қолға, шашқа жағатын май; крем.*

ИІСМАЙЛЫ *Иісмай жаққан, иісмай иісі бұрқыраған.* ~ бозбала.

ИІССУ *Үстіге жағынатын хош, жұпар иісті; әтір, одеколон.*

ИІСТЕН *Иісі шығып бұзылу, сасып кету.* Ыдысты ~уден таза ұстау керек.

ИІСТІ *Иісі бар, иісі күшті.*

ИІСШІЛ *Иіс сезгіш.* Аңшы адам ішіл, **иісшіл** келеді (Бақбергенов).

ИІСШІЛДІК *Иіс сезгіштік.* Оның ~гі керемет.

ИЮ I 1. *Бір нәрсені майыстыру, бұгу.* Жас талды ~ оңай. 2. *Ауыс. Икемдеу, көндіру.* Өкенді мен еппен **июге** тырысайын (С. Мұқанов).

ИЮ II *Сауын малдың сүтінің үрпіне жиылуы.* Қозысын салмасаң қой ~ді қойды.

ИЮ-ҚИЮ *Азан-қазан, у да шу; шаң-шұң. Июқию,* айқай-шуға толы қырғын қызық сол күні басталды (Тұрысов).

Й

ЙОГ *Йогпен шұғылданушы.*

ЙОГА *Өзін-өзі азаптау, қинау арқылы орасан зор күшке ие болуға болады дейтін үнді еліндегі мистикалық ағымның жолын ұстаушы адам.*

ЙОД 1. *хим. Түсі қара қоңыр химиялық элемент.* 2. *мед. Спиртке еріткен қызғылт күрең түсті сұйық дәрі.*

ЙОДОФОРМ *мед. Жарақаттар мен іріңді жараларға себілетін иісі күшті, жылтыр ашық сары порошок.*

К

КАБА *Дәмі жартылай ащы жаңа пияз сорты.*

КАБАК *көне. Әр түрлі ішімдік сататын шарапхана.*

КАБАРЕ *Капиталистік елдердегі арнайы эстрадасы бар шағын ресторан.*

КАБЕЛЬ *Электр энергиясын жер я су астымен жеткізетін радио, телевизор, телеграф т. б. сымы, желісі.*

КАБИНА *Машина, ұшақ т. б. жүргізушілер үшін арналған шағын орын.* Машина ~сы, экскаватор ~сы.

КАБИНЕТ 1. *Қызмет, жұмыс істеуге арналған оңаша бөлме.* Директордың ~і. 2. *Оқу орындарында белгілі бір пән бойынша сабақ өткізу үшін арнайы жабдықталған бөлме.* Химия ~і, биология ~і. 3. *Кейбір елдегі министрлер үкіметіне кіретін құрам, үкімет.* Министрлер ~і.

КАБИНЕТТІК *Кабинетке қатысты, кабинет болар лық.* □ **Кабинеттік жүйе** — *талапқа сай жабдықталған бөлмеде оқыту жүйесі.*

КАБЛОГРАММА *Кабель арқылы берілген телеграмма.* ~ жіберді.

КАВАЛЕР I *Әйел адаммен жұптасып би билеуші; оны көпшілік орындарда күтуші еркек.*

КАВАЛЕР II *Орденмен және жоғарғы атақтармен наградталған адам.* Үш дәрежелі Даңқ орденінің ~і.

КАВАЛЕРИСТ *Атты әскер.* Бұрын ~ болған еді.

КАВАЛЕРИЯ *Атты әскерлерден құралған қарулы топ.*

КАВАТИНА *муз. Операдағы лирикалық сипаттағы шағын ария.*

КАВКАЗДА *Кавказ жерін мекендеуші халықтардың үлгісімен ою-өрнек салу, әшекейлеу.* Қынабы қараламен *кавказдалған* (Байзақов).

КАГОР *Қызыл-қоңыр түсті десертті шарап.*

КАДАСТР *кәсіб. Бір нәрсе жайындағы мәлімет, тізім, анықтама.* Пайдалы кен орындарының ~і, су ~і.

КАДЕТ *тар. Революциядан бұрынғы Ресейдегі либерал-монархиялық буржуазия партиясы* (1905–1907 ж.).

КАДЕТ: кадет корпусы — *революциядан бұрынғы Ресейдегі дворян балаларын офицерлік қызметке даярлайтын жабық орта әскери оқу орны* (1732–1917 ж.)

КАДМИЙ *хим. Мырыш рудасы құрамындағы ақ түсті, жылтыр, жұмсақ металл.*

КАДР I *Халық шаруашылығында түрлі үйымдар мен мекемелерде істеуге даярланған қызметкерлер құрамы.* ~ бөлімі (мәселесі, басшы).

КАДР II *Кинодағы, фотопленкадағы жеке суреттер, көрініс.* Кинокамера бір секундта 300 *кадр* түсіреді (Қайымов).

КАДРИЛЬ *Алты түрлі фигурадан тұратын, жұптасып билейтін би; сол биге тән музыка.*

КАЗАКТАР 1. *Ертеде Украина мен Ресей жерлерінен қашып келіп, өз еріктерімен орналасқан аугындардан құралған әскери жер шаруашылық үйымының мүшесі, сословие.* 2. *Осы аугындардың тұқымдары, шаруалар және солардан құрылған әскер құрамындағы бөлімдер.*

КАЗАРМА *Әскери бөлімшені орналастыруға арналған жатақ үй.*

КАЗЕИН *Сүтте болатын белоктік зат.*

КАЗЕМАТ *әск.* 1. *Артиллерия атқылауы мен авиабомбадан сақтану мақсатымен салынған қорғаныс құрылысы.* 2. *XX ғасырдың басына дейінгі түрмедегі бір адамдық камера.*

КАЗНАЧЕЙ *Мекемелер мен қоғамдық үйымдардағы жарна жинаушы, ақша мен қымбат бүйымдарды сақтаушы.* Жергілікті комитет ~і (билеті).

КАЗУИСТ *Жалған, теріс пікірді дәлелдеуге шебер адам.*

КАЙНЕК *Сиыр мен сарлық (қодас) бұқасының буданы.* Сиырдың сарлық бұқасымен буданы *кайнек* делінеді ("Тіл және аударма").

КАЙНОЗОЙ: кайнозой эрасы — *жердің геологиялық тарихының ең жас, қазіргі кезеңді қамтитын дәуірі.*

КАКАДУ *зоол. Ақ я қызыл түсті тоты құстың бір түрі.*

КАКАО *биол.* 1. *Дәнінен шоколад жасайтын тропикалық аймақта өсетін ағаш.* 2. *Сол ағаш жемісінің үнтағынан әзірлейтін кофе тәрізді үнтақ (порошок).*

КАКТУС *Жылы жақта өсетін қуаңшылыққа төзімді, тікенек жапырақты көпжылдық өсімдік.*

КАЛАМБУР *Сөздің әр түрлі мағынасын я дыбыс үқсастығын пайдаланып күлдіргі сөз айтушылық.*

КАЛГАН *бот. Тамырын дәрі-дәрмекке пайдаланатын өсімдік.*

КАЛЕЙДОСКОП *Ішінде құбылып, өзгеріп тұратын түрлі-түсті өрнекті көріністері бар цилиндр формалы оптикалық аспап.*

КАЛЕНДАРЬ 1. *Жыл ішіндегі күндер мен айлар ретімен көрсетілген анықтама кесте немесе кітапша.* Жыртылмалы ~. 2. *Белгілі бір жұмыс түрін жеке күндер мен айларға бөліп көрсететін парақша.* Жұмыс ~ы, жарыс ~ы.

КАЛЕНДАРЬЛЫҚ *Календарь бойынша белгіленген.* ~ жоспар (кездесу).

КАЛИБР *Мылтық пен зеңбірек үңгысының кеңдігі, диаметрі.* Зеңбірек ~і.

КАЛИЙ *Күміс түстес ақшыл, жұмсақ металл, химиялық элемент.* □ **Калий селитрасы** — *күрделі тыңайтқыш түрі.* **Калий карбонаты** — *көмір қышқылының калий тұзы.*

КАЛЛИГРАФ *Әдемі де көркем жазу өнерінің шебері.*

КАЛЛИГРАФИЯ *Анық, біркелкі, әдемі етіп жазу өнері.*

КАЛЛИГРАФИЯЛЫҚ *Көркем етіп жазу өнеріне лайық, соған қатысты.* ~ жазу.

КАЛОРИМЕТР *Калория өлшеуге арналған құрал.*

КАЛОРИЯ *физ. Жылылық мөлшерін өлшейтін бірлік.* Үлкен ~, кіші ~.

КАЛОРИЯЛЫҚ *Қуаттылық, қоректік.* Ішетін астың ~ғы, отынның ~ғы.

КАЛЬКА 1. *Сурет пен сызбаның көшірмесін түсіру сияқты сызу жұмысына пайдаланылатын*

мөлдір қағаз немесе мата. 2. *лингв. Бір тілдегі сөздерді я сөз тіркесін басқа тілге сөзбе-сөз аудару.*

КАЛЬКУЛЯТОР *Калькуляция жұмысымен шұғылданатын адам, есептеу құралы.*

КАЛЬКУЛЯЦИЯ *Товардың сататын және сатып алынатын бағасын, өнімнің өзіндік құнын есептеп шығару ісі.* Баға ~сы.

КАЛЬКУЛЯЦИЯЛА *Өнімнің өзіндік құнын есептеп шығару ісі.*

КАЛЬМАР *зоол. Теңізде тіршілік ететін ұзындығы 25–50 сантиметрдей моллюска.*

КАЛЬЦЕКС *мед. Тұмауға, сүзекке т. б. қолданатын ақ таблетка.*

КАЛЬЦИЙ *хим. Табиғатта известь, мрамор құрамында кездесетін ақшыл металл.*

КАЛЬЦИ *хим. Әк пен мрамордың негізін құрайтын ең кең тараған минерал.*

КАМБАЛА *Сырт пішіні жалпақ, тұрқы қысқа, екі бүйірі қабысыңқы теңіз балығы.*

КАМЕРА 1. *Қайсыбір мекемелерде арнайы бір мақсатта пайдаланатын жеке үй, бөлме.* Дезинфекция ~сы, жүк сақтау ~сы. 2. *Түрмедегі жеке бөлме.* Тергеу ~сы, бір кісілік ~. 3. *Фотоаппараттың пластинка не пленка салынатын ішкі жабық бөлімі.* 4. *Ішіне ауа толтыратын шинаның резеңкелі қабаты.* Футбол добының ~сы, автомашина ~сы.

КАМЕРАЛЫҚ *муз. Музыкант солистер мен шағын ансамбльге арнап жазылған аспаптық немесе вокальдық шығарма.* ~ оркестр (музыка, жанр, концерт).

КАМЕРГЕР *Кейбір монархиялық мемлекеттердегі ағa сарай қызметшінің атағы, шені; сондай-ақ сол атаққа ие адам.* Император сарайының ~і.

КАМЕРТОН *Музыкалық аспаптардың құлақ күйін келтіру үшін пайдаланатын екі түсті шағын болат аспап.*

КАМПАНИЯ 1. *Әскери операцияның белгілі бір әскер театрындағы соғыс, жорық.* 2. *Кезектегі бір саяси-қоғамдық не шаруашылық мақсатты орындау барысындағы науқан.* Сайлау ~сы, Егіс ~сы.

КАМФОРА *Медицинада, техникада қолданылатын өткір иісті, түссіз кристалл.* ~ ерітіндісі (майы).

КАНАЛ 1. *Су ағатын жасанды арна.* Суармалы ~. 2. *Байланыс, коммуникация линиясы.* Телевизор ~ы.

КАНАЛИЗАЦИЯ *Түрлі лас суларды ағызып әкететін, тазартатын, жерасты құбырлары мен каналдарының жүйесі.*

КАНАТ *Болат сымнан жасалған жуан мықты арқан.* □ **Канат жолы** — *вагонеткамен жолаушыларды, жүкті тасу үшін болат сымнан жасалған аспалы жол.*

КАНДИДАТ 1. *Депутаттыққа сайлауға, тағайындауға, өтуге лайықтап мекеме, ұйым, ұжымнан ұсынылған адам.* Мастерлікке ~. 2. *Диссертация қорғау негізінде берілген кіші ғылыми атақ, сондай-ақ осы ғылыми атаққа ие болған адам.* Филология ғылымының ~ы.

КАНДИДАТТЫҚ *Кандидат болуға жарайтын, соған лайық.* ~ диссертация (атақ, дәреже). □ **Кандидаттық минимум** — *кандидаттық диссертацияны қорғау құқығын алу үшін аспиранттардың тапсыратын емтиханы.*

КАНДИДАТУРА 1. *Кандидат болу құқығы мен мүмкіндігі бар және соған тілек білдіруші адам.* Лайықты ~.

КАНИЗАК *көне. Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі ел билеушілері көңілін аулау үшін сарайда арнайы ұстайтын қызметші әйел.* ~тар бөлмесі.

КАНИКУЛ *Оқушылар мен студенттерге берілетін мерзімді демалыс.* ~ға шықты, жазғы ~, қысқы ~.

КАНИСТРА *Бензин, су және басқа сұйық заттар сақтайтын ыдыс.*

КАНИФОЛЬ *Шырша ағаштарының шайырынан алынатын омырылғыш ашық түсті сарғыш зат.*

КАНОНАДА *әск. Өте күшті әрі жиі зеңбірек атысы.* Артиллерия ~сы

КАНОЭ *Бір тізерлеп тұрып есетін тұмсығы үшкір, кішігірім спорт қайығы.*

КАНОЭШЫ *Каноэ қайығымен жарысқа түсуші адам.*

КАНТАТА *муз. Жеке әншілер мен ансамбльге, хорға арнап жазылатын салтанатты не лирика-эпикалық түрдегі көлемді шығарма.*

КАНЦЛЕР *Кейбір мемлекеттердегі жоғары дәрежелі билік, атақ.*

КАПЕЛЛА *муз. Әншілер хоры, сондай-ақ әншілер мен музыкалық аспапта ойнайтын артистердің аралас ансамблі.* Қазақтың мемлекеттік хор ~сы.

КАПЕЛЬМЕЙСТЕР *Хор я оркестрді басқарушы дирижер.*

КАПИЛЛЯР 1. *анат. Қан айналуы мен лимфа жүйелерінің өте жіңішке қан тамырлары.* 2. *Тар түтікше.*

КАПИТАЛ 1. *Жалдамалы жұмысшы еңбегін қанау арқылы алатын қосымша табыс құны.* Финанс ~ы, өнеркәсіп ~ы. 2. *Мол ақша.* Имение сатып алмайды, *капиталы* жоқ (И. Тургенев).

КАПИТАЛИЗМ *Өндіріс құрал-жабдығының жеке меншіктігі мен капиталдың жалдамалы еңбекті қанауына негізделген қоғам құрылысы.*

КАПИТАЛИСТ *Капиталистік қоғамдағы үстем тап өкілі, жалдамалы еңбекті қанаушы капитал иесі.*

КАПИТАЛИСТІК *Капитализм принциптеріне негізделген, соған қатысты.* ~ қанау (елдер, система).

КАПИТАН *әск.* 1. *Армия мен флоттағы офицерлік атақ, шен.* 2. *Кеме командирі.* Катер ~ы. 3. *спорт. Команда жетекшісі, басшысы.* Футбол командасының ~ы.

КАПИТУЛЯНТ *Қиыншылық пен кедергілерге қарсы тұра алмай, әлсіздігін мойындаған, істен бас тартқан адам.*

КАПИТУЛЯЦИЯ *Жеңіліс табуларын мойындап, соғыс қимылдарын тоқтатып тізе бүгу, амалсыз берілу.*

КАПОТ *Мотор мен түрлі механизмдерді шаңтозаңнан сақтау үшін жауып тұратын жапқыш.* Машина ~ы.

КАПРАЛ *XVII–XIX ғасырдағы орыс армиясының кіші командиріне берілетін әскери атақ және сол атаққа ие адам.*

КАПРОН *Полиамидтен даярлаған синтетикалық талшықтың бір түрі және содан тоқылған мата.*

КАПСУЛА 1. *анат. Кейбір дәрілерді бұлінбеу үшін орайтын жабдық.* 2. *Дене мүшелерінің немесе олардың бөлшектерінің аты.*

КАПУСТА *бот. Қошалы бар, тамаққа пайдаланылатын бақша өсімдігі.*

КАПЮШОН *Сырт киімнің жағасымен бірге тігілген қайырмалы бас киім.*

КАРАБИН *Ұстауға қолайлы, жеңіл етіп жасалған, қысқа стволды винтовка.*

КАРАМЕЛЬ *Ішіне әр түрлі тәтті салынған сырты қатты кәмпит.*

КАРАНТИН 1. *Жұқпалы аурудың тарамауы үшін науқасы жазылып кеткенше басқалардан бөлек ұстау тәртібі.* ~ мерзімі. 2. *Эпидемияға ұшыраған ауданнан келген тауарларды, адамдарды қарайтын санитарлық орын.*

КАРАТ *0,2 грамға тең бағалы тастар мен інжу-маржандардың салмағын анықтайтын өлшем.* Екі ~ гауһар.

КАРАТЭ *Қару қолданбай өзін-өзі қорғаудың жапондық үлгісі.*

КАРБИД *хим. Металдың я металлиодтардың көміртегімен қосылысы.* Кальций ~і, темір ~і.

КАРБОНАТ *хим. Көмір қышқылының тұзы; сода.*

КАРБЮРАТОР *Іштен жанатын двигательдегі сұйық отын мен ауаны араластырып жанғыш қоспа даярлауға арналған аспап.*

КАРДИОГРАММА *мед. Жүрек қозғалысын сызықтар жүргізу арқылы анықтау тәсілі.*

КАРДИОГРАФ *мед. Жүрек қозғалысын жазатын аспап.*

КАРДИОЛОГ *Жүрек ауруының маман дәрігері.*

КАРДИОЛОГИЯ *Жүрек ауруын зерттейтін медицина саласы.*

КАРЕЛЬ *Карель АССР-ын мекендеуші халық, сондай-ақ сол халықтың өкілі.*

КАРЕТА *Төбесі жабық төрт дөңгелекті, рессорлы атты экипаж (арба).*

КАРИЕС *мед. Тістің сырт қабатының қабынып ісінуінен болатын ауру.*

КАРИКАТУРА *Біреуді күлкі, мазақ, әжуалай салған сурет.*

КАРИКАТУРАШЫ *Карикатуралық бейнелер салушы суретші.*

КАРКАС 1. *Құрылыстың негізгі қаңқасы.* 2. *биол. Оңтүстікте өсетін қатты қарағаш; тас ағаш.*

КАРНАВАЛ *Маска киіп көшеде шеру жасап өткізетін жиынтой; би кеші.*

КАРНИЗ 1. *Үй қабырғасының жоғарғы сырт ернеуі.* 2. *Перде ілу үшін терезе мен есіктің жоғарғы жағына қағылатын көлденең таяқша.*

КАРОТИН *Сәбізде, жуада, сүтте т. б. болатын қызғылтсары түсті пигмент.*

КАРС *Жылтылдаған жібек араласқан мата.* Белінде жасыл түсті *карс* белбеу (Абай).

КАРТА 1. *Жер бетінің сызбасы.* Қазақстан ~сы, географиялық ~. 2. *Әр алуан фигуралар бейнеленген картон қағаздан төрт бұрыштап жасалған ойын қағазы.* ~ ойнады (араластырды)

КАРТВЕЛЬ *Грузиндердің өзін-өзі атауы.*

КАРТЕЛЬ *экон. Өндіріс саласындағы ірі кәсіпиесінің рынокқа үстемдігін және келісушілердің тауарға бірыңғай нарық қойып, пайда түсіруін қамтамасыз ету үшін жасалатын монополиялық келісім түрі.*

КАРТЕР *техн. Іштен жанатын двигательді бұлінуден сақтайтын жабық металл қорап.*

КАРТЕЧЬ 1. *Жарылғанда жан-жаққа шашырай атылатын бытыра оқтары бар артиллерия снаряды.* 2. *Аңшы мылтығының ірі бытыра оғы.*

КАРТИНА 1. *Майлы бояумен салынған көркемдік мәні бар сурет туындысы.* 2. *Өзіндік декорациясы бар драмалық шығарма актісінің бөлімі.* Бірінші актінің екінші ~сы.

КАРТОГРАФ *Географиялық карта жасайтын маман.*

КАРТОГРАФИЯ *Географиялық карталар жасау жөніндегі ғылым.*

КАРТОДИАГРАММА *Статистикалық мағлұматтар диаграмма түрінде көрсетілген карта.*

КАРТОН *Қалың қатырма қағаз.*

КАРТОП *бот. Алқа (паслен) тұқымдас бақша өсімдігі (көкөніс)* 2. *Осы өсімдіктің асқа пайдаланатын крахмалға бай түйнегі.* ~ пісірді.

КАРТОПЕККІШ *Картоп егетін машина.*

КАРТОПҚАЗҒЫШ *Картоп қазатын машина.*

КАРТОТЕКА 1. *Анықтама немесе есеп тәрізді мәліметтер жазылған карточкалардың жүйеге келтірілген жиыны.* Кітапхана ~сы. 2. *Осы карточкалар сақталатын жәшіктер.*

КАРТОЧКА 1. *Төрт бұрыштап қиылған кішірек қатты қағаз.* Каталог ~сы. 2. *Шағындау фото сурет.* Паспорт ~сы.

КАРТУЗ *Ерлердің күңқағары бар бас киімі.*

КАРУСЕЛЬ *Серуендеуге арналған ат, піл, қайық т. б. формалы отырғышы бар ойнамалы әткеншек.*

КАРЦЕР *Жазықты болған адамды уақытша қамап ұстайтын жалғыз кісілік бөлме.*

КАРЬЕР *Жер бетіне жақын жатқан кен байлықтарын ашық әдіспен өндіретін жер.*

КАСКА *Металдан істелген шлем тәрізді бас киім.*

КАССА 1. *Бағалы, құнды қағаздар мен ақша сақтайтын жәшік, шкаф.* 2. *Мекемелер мен өндіріс орындарының қолда бар ақшасы.*

КАССАЦИЯ *заң. Күшіне енбеген сот үкімі мен қарарына келіспей жоғарғы сот орындарына берілетін шағым.*

КАССЕТА *Фотографиялық пленка, кинофильм лентасы орналасатын сәуле өткізбейтін жеңіл қорап.*

КАССИР *Ақша қабылдайтын, беретін, билет сататын касса қызметкері.*

КАССИРЛІК *Кассир болушылық, касса қызметін атқарушылық.* ~ қызмет.

КАСТА *Кейбір шығыс елдерінде тегіне, дәрежесіне қарай басқалардан ерекше орындағы қоғамдық топ.*

КАСТРӨЛ *Темірден жасалған, цилиндр формалы тамақ пісіруге арналған ыдыс.*

КАТАКЛИЗМ *Табиғаттағы, қоғамдағы қауырт, тосыннан болған өзгеріс, төңкеріс, күйзеліс.*

КАТАЛАЖКА *көне. Тұтқынды қамайтын үй, түрме.*

КАТАЛИЗ *хим. Катализатордың әсерінен химиялық реакцияның шапшаңдауы я баяулауы.*

КАТАЛИЗАТОР *хим. Химиялық реакцияны тездететін, баяулататын зат.*

КАТАЛОГ *Бірыңғай заттардың белгілі бір тәртіппен жасалған тізімі.*

КАТАР *мед. Тамақ, мұрын, өкпе сияқты мүшелердің шырышты қабығының суық тиіп ауруы; қабынуы.* Тамақ ~ы, асқазан ~ы

КАТАРАКТА *мед. Көздің мөлдір қабатының бұлдырланып, жанар нашарлайтын, көрмей қалатын ауру.*

КАТЕГОРИЯ *филос.* 1. *Болмыстың жалпы белгілері мен байланысын сипаттайтын ұғым.* 2. *Әр алуан пәндер мен құбылыстардың жалпы белгісін білдіретін ғылыми терминология атауы.* Грамматикалық ~, өнер ~лары.

КАТЕГОРИЯЛЫ *Категориясы бар, үшінші ~ асхана.*

КАТЕР 1. *Жақын қашықтыққа жүретін ескекті немесе моторлы шағын кеме.*

КАТЕТ *мат. Тік бұрышты үшбұрыштың тік бұрыш жасап тұрған екі жақ қабырғасының бірі.*

КАТОД *физ. Теріс зарядты электрод.*

КАТОК 1. *Конькимен сырғанап ойнайтын мұз алаңы.* 2. *Айналмалы цилиндрмен жол тегістейтін, таптайтын ауыр машина.* 3. *Егістіктегі топырақты уату, тегістеу жұмысында пайдаланатын шаруашылық құралы.*

КАТОЛИК *діни. Католик діні және сол дінді ұстаушы адам.*

КАТОЛИЦИЗМ *діни. Христиан дінінің негізгі бағытының бірі.*

КАТОРГА *Сотталған адамды аса ауыр режиммен жұмыс істететін ерекше жаза түрі.* ~ға айдады.

КАТОРГАЛЫҚ *Каторгаға қатысты, соған лайықты; азапты, ауыр.* ~ жұмыс (режим).

КАТУШКА 1. *Жіп, сым темір сияқты заттарды орап төгу үшін ағаштан жасалған құрал.* 2. *техн. Электротехника мен радиотехникада қолданылатын цилиндр формалы аспап.*

КАУЧУК *Тропикалық өсімдік сөлінен немесе химиялық тәсілмен алынатын резеңке өндіруге қажетті серіппелі зат.*

КАФЕ *Шай, кофе, сусын, жеңіл-желпі тағам сататын шағындау мейрамхана.*

КАФЕДРА 1. *Сөз сөйлеушілерге арналған биік орын, мінбе.* 2. *Жоғарғы оқу орындарында белгілі бір ғылым саласына қатысты пәндер оқытушылары мен профессорлар құрамын біріктіретін оқу бөлімі.* Қазақ тілі ~сы.

КАФЕЛЬ *Қабырға мен пешке нақыштап жапсыратын шыны таспен қапталған сырлы жұқа кірпіш.*

КАФЕТЕРИЙ *Керекті тамағын әркім өзі алып ішетін орын.*

КАШЕМИР *Жұмсақ, жұқа етіп саржа жіптерінен тоқылған мата.*

КАШТАН *бот. Жеуге жарайтын ірі жаңғақ тұқыдағы жемісі бар бук тұқымдас ағаш, сондай-ақ сол ағаштың жемісі.*

КАЮТА *Кемедегі адамдарға арналған жеке бөлме.*

КАЮТ-КОМПАНИЯ *Кемеде тамақ ішетін, дем алатын ортақ бөлме.*

КӘ *Итті шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

КӘДЕ *Қалыптасқан дәстүр, жөн-жора, салт-жоба.* Бұрынғының *кәдесі* деп көйлек кигізді (Соқпақбаев). □ **Кәдеге жарады [асты]** — *бір пайдаға асты, қажетке жарады.* **Кәдесін алды [берді]** — *салтқа байланысты жол-жоралғысын алды.*

КӘДЕЛІ 1. *Жөн-жоралғылы, сыйлы.* ***Кәделі*** қонақ келді (Құттыбаев). 2. *Әдетке айналған, дағдылы.* Бастың ***кәделі*** мүшелерін үлестіріп жатты (Сыланов).

КӘДЕСЫЙ *Естелік үшін берілетін сыйлық; сувенир.* Қарлығаш екі жастың үйлену тойына тамаша ~ берді.

КӘДЕСІЗ *Сый-сияпатсыз, жөн-жоралғысыз.* Қалыңсыз қыз болса да, ***кәдесіз*** күйеу болмайды (Мақал).

КӘДЕШІЛ *Жөн-жоралғыны ескергіш.* Құрманғазы ***кәдешіл*** де жан емес (Бақбергенов).

КӘДУІЛГІДЕЙ ***Кәдімгідей, әдеттегідей. Кәдуілгідей*** ызаланып айтты (Тілеуханов).

КӘДІ *биол. Асқабақ тұқымдас бір жылдық өсімдік.*

КӘДІК 1. *Күмән, шүбә, күдік.* Түсінде бір ***кәдік*** жоқ алдар деген (Абай). 2. *Қауіп-қатер.* Снаряд астында қимылсыз жату өмірге ***кәдік*** (Нұрпейісов).

КӘДІКСІЗ 1. *Күмәнсіз, шүбәсіз, күдіксіз. Кәдіксіз* нұрға орайды жердің шарын (Жансүгіров). 2. *Қауіп-қатерді ойламағандықтан. Кәдіксіз* түстім дүние қазған орға (Арқалық батыр)

КӘДІКТЕН *Шүбәлану, күдіктену, сескену. Кәдіктеніп* тұрғаным рас (Шүкіров).

КӘДІКТІ *Күмәнді, күдікті, сезікті. Кәдікті* жердің бәрін ақтарды (Қыдырханов).

КӘДІКШІЛ *Күмәншіл, күдікшіл, секем алғыш. Кәдікшіл* кәрі жүрек мықтап секем алғандай (Шүкіров).

КӘДІКШІЛДЕУ *Күмәншілдеу, секем алғыштау.* ~ адам.

КӘДІМГІ 1. *Әдеттегі, үйреншікті,* ~ футбол сайысына кіріседі. 2. *Нағыз, дәл.* ~ көшкен керуендей.

КӘДІМГІДЕЙ 1. *Әжептеуір, біраз.* Бұл сұрақ оны ~ ойға қалдырды. 2. *Әдеттегідей, күндегідей.* Бұл ~ еңбек заңына тән.

КӘДІМГІШЕ *Әдеттегіше, қалыптағыдай.*

КӘЗЕКЕЙ *Жеңсіз камзол.*

КӘЗЗАП *Оңбаған, сұрқия, жексұрын, алаяқ.* ~тардың тас-талқанын шығарды.

КӘЗЗАПТАН *Сұрқиялану, алаяқтану.* ~бай жайыңа отыр.

КӘЗЗАПТЫҚ *Сұрқиялық, алаяқтық.* Нағыз ***кәззаптыққа*** бастайтын осы жол (Алтайбаев).

КӘЗІНЕК *Пышақтың, қылыштың әдемілігі үшін жазылының немесе сабының дүміне, көбіне күмістен қапталатын қақталған металл.* Тозбай ма сәкінегі, ***кәзінегі,*** болғанмен болат пышақ бүгін асыл ("Жетісу").

КӨКІПІР *Сүзгіш, кепсер.*

КӨКІР-ШҮКІР *Ұсақ-түйек, көр-жер, анау-мынау.* ~ шаруа (нәрсе).

КӘЛ *Бұркітті шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

КӘЛДЕ *Адамның, жан-жануардың басы.* Ақ қойдың ~сі, қара қойдың ~сі.

КӘЛИМА: **кәлима қайырды** — *тілін кәлимаға келтірді; құдайға сиынды.*

КӘЛҮНГІР *Өте жұқа, жұмсақ жібек; кездеме.*

КӘМЕЛЕТ *Жетілген, толыққан кез, өсіп ер жеткен шақ.* □ **Кәмелетке толды [жетті, келді]** — *есейіп ер жетті.*

КӘМЕЛЕТТІК *Өсіп ер жеткен, азамат атанған.* ~ жасқа толды. □ **Кәмелеттік аттестат** — *он жылдық мектепті бітірген оқушыларға берілетін куәлік қағаз.*

КӘМЕЛЕТТІЛІК *Өсіп, ер жеткендік, таласқандық.*

КӘМЕЛЕТТЕН *Өсіп жетілу, ер жету.* Бұл ~удің белгісі.

КӘМПИТ *Тәтті етіп жасалған кондитер өнімі, тағам.*

КӘМШАТ *Кеміргіштер отрядына жататын терісі бағалы аң, құндыздың бір түрі.* □ **Кәмшат бөрік** — *кәмшат терісінен жасалған бас киім.*

КӘМІЛ *Рас, шын, ақиқат, сөзсіз, әбден.* Өзіне үлес қосары ***кәміл*** (С. Омаров).

КӘН *жерг. От жағатын пештен бастап , төрге дейін түтін мен жалын жүретін ұңғы үстінің қызуы, жылуы, ыстығы.* Анасы ***кәннің*** үстінде жатыр екен (Ә. Әлімжанов).

КӘНЕ I *"Қайда", "қайсы" мағынасындағы сұрау есімдігі.* Адам санасының өскені ***кәне?*** (Ғ. Мүсірепов).

КӘНЕ II *Бұйрық, сұрау мәнді ишарат одағайы. Кәне,* көмектесіп жіберейік (Шаймерденов).

КӘНИЗАК *Хан сарайындағы (тұтқын) қызметші әйел.*

КӘНИПАС *Жібек матаның бір түрі.*

КӘНІГІ *Әбден төселген, машықталған.* Кемісінің ***кәнігі*** мамандары өсіп жетілді (Нұршайықов).

КӘНІГІЛЕН *Әбден төселу, машықтану.* Көп көріп ***кәнігіленген*** көз (С. Мұқанов).

КӘНІГІЛІК *Әбден төселгендік, машықтанғандық.* Күрек тастасында да бір ***кәнігілік*** бар (Тоғысбаев).

КӘНІК *Дәнігу, дәндеу.* Құныққаннан ***кәніккен*** жаман (Мақал).

КӘП-КӘРІ *Біраз жасқа келген, егде тартқан, мыжырайған, шаруасы біткен.*

КӘПІР 1. *Мұсылман дінінен басқа діндегілер; дінсіз.* 2. *Ауыс. Оңбаған, қаныпезер, жексұрын.* Сірә, ***кәпірдің*** өзі де оңбас енді (Әлсеров). // *Соққан, ант ұрған.* Арақ татпаймыз, сол ***кәпірдің*** атының өзі жаман (Нәбиев).

КӘПІРЛІК 1. *Мұсылман дініне жат нәрсе, дінсіздік.* 2. *Ауыс. Оңбағандық, қатыгездік.* Үлкенге тіл тигізу — ***кәпірлік*** деп ұғындырады екен (С. Мұқанов).

КӘР 1. *Қаһар, ашу-ыза, ызбар.* Қанай ағасыз баруға әке ***кәрінен*** қорқамын (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Қиыншылық, таршылық.* Заманның ауыр қыспақ ***кәрін*** көрді (Тоқмағамбетов). ◊ **Кәрін қайтарды** — *жуып-шайып ашуын басты.* **Кәр қылды [көрсетті]** — *ашу шақырды, сес көрсетті.* **Кәр қысты** — *ашу-ыза кернеді.* **Кәріне мінді** — *қаһарланды, қатуланды.* **Кәрін төкті [шашты, шақырды, қадады, тікті]** — *бар ашу-ызасын білдіріп қатуланды, қаһарына көшті.* **Кәріне ұшырады [ілікті, кезікті, түсті, қалды]** — *қаһарына тап болды, қатты ашуызасын келтірді.*

КӘРДЕН *Үлкен кесе, шыны ыдыс.* Қымыз толтырған ~

КӘРЕНЕЙ *бот. Кішкене жапырақты, сары гүлді өсімдік.*

КӘРЗЕҢКЕ *Түрлі заттар салу үшін қоға, ши, тал шыбықтан тоқып жасалған бұйым (ыдыс).*

КӘРКИДЕН *Пілдің ең үлкен түрі.* ***Кәркиден*** пілдей қуатты (Абай).

КӘРЛІ *Қаһарлы, ашулы, ызбарлы.* ~ *кез* (қыс).

КӘРТЕМІШ *Мосқал тартқан, бойы, дене бітімі жасына сай емес, жетілмей қалған (адам, бала).* Қайдағы бала, ~ің ол менімен құрдас, биыл отызда.

КӘРІ 1. *Көп жасаған, қартайған, қария, қарт.* Құры жібер мына антұрған ***кәрі*** шалды (Абай). 2. *Көне, ескі, атам заманғы, ежелгі.* ***Кәрі*** Каспий қара көк көзін ашты (Абай). 3. *Ауыс. Бұрыннан келе жатқан, қалыптасып қалған.* ~ сайтаны ұстады. □ **Кәрі жілік** — *тоқпан жілікпен түйіскен жілік.* ◊ **Кәрі боз** — *ысылған, тәжірибелі.* **Кәрі көз** — *көпті көрген, кәнігі.* **Кәрі қойдың жасындай** — *күні санаулы.* **Кәрі құлақ** — *әңгімені көп білетін адам, өткен-кеткеннен хабары мол.* **Кәрі тарлан** — *көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, тәжірибелі.*

КӘРІ-ЖАС *Үлкен-кіші аралас, барлығы.* Тойға жиылған ~ көп еді.

КӘРІЗ *Жер асты суларын жер бетіне шығарып, су жүру үшін көлбей қазылған арық, канал.* Ойылған алақаны ***кәріз*** қазып (А. Тоқмағамбетов).

КӘРІ-ҚҰРТАҢ 1. *Жасы жеткен, қартайған адамдар.* 2. *Арық-тұрық, кәрі мал.* ~ қой (жылқы).

КӘРІҚЫЗ *бот.* 1. *Дәнінің сыртында киімге т. б. жабысқыш қармақ тәрізденген ілмешекті жемісі бар көп жылдық өсімдік.* 2. *Тұрмысқа шықпай, оң жақта көп отырып қалған бойжеткен.*

КӘРІЛЕУ *Қартайыңқырап қалған, қартаңдау.* ***Кәрілеу*** семіз әйел келді (Тарази).

КӘРІЛІ-ЖАСТЫ *Кәрі-жасы аралас, үлкенді-кішілі.*

КӘРІЛІК *Жасы ұлғайғандық, қартайғандық.* Жастық—жалын, ***кәрілік*** — күл (Мақал). □ **Кәрілік жеңді [келді, жетті)]** — *қартайды, қартаң тартты.*

КӘРІП 1. *Мұсәпір, бейшара, сорлы, гаріп.* Ер күйгелек болса, ***кәріп*** болар (Мақал). 2. *Кемтар, мүгедек.* Құлақтарың естімей ~ болмандар. □ **Кәріп болды** — *сорлады, бейшара болды.*

КӘРІП-ҚАСЕР *Мұсәпір, кемтар адам.* Қалғанын ***кәріп-қасерлерге*** шашамын (Ә. Әбішев).

КӘРІПТІК *Мұсәпірлік, кемтарлық, мүгедектік.* Қазіргі ***кәріптігі*** де бір басына жетіп артылар-лық (Баязитов).

КӘРІС *Өрнекті селдір жібек мата.* Абайдың белінде жасыл түсті ***кәріс*** белбеу (М. Әуезов).

КӘРІСІН *Кәрі санау, қомсыну, жаратпау.* ***Кәрісініп*** колхозға алмай қойды (Толыбаев).

КӘС ***кәсіби*** *Жер айдағанда борозда арасында кейде қалып қоятын шым.*

КӘСЕ ***кәсіби*** *Теңізде ау салуға қолайлы таяздау жер.*

КӘСЕК *Терезе мен есік рамаларына қағатын жақтау ағаш.* Есік, терезенің ~гін сырлады.

КӘСІБИ *Белгілі бір кәсіпке, мамандыққа тән.* ~ бағдар (шеберлік, даярлық). □ **Кәсіби сөздер** — *нақтылы бір мамандықпен байланысты айтылатын сөз.* ◊ **Кәсіби-техникалық училище** — *белгілі бір жұмысшы мамандығына баулитын орта оқу орны.*

КӘСІП 1. *Тіршілік әрекеті, мамандық.* Туған жылым, ***кәсібім*** көрсетілген (Бердияров). 2. *Ауыс.*

Жұмыс, еңбек, іс. ***Кәсіп*** оңға басты, жігіттер (Ә. Сәрсенбаев). □ **Кәсіп етті [қылды]** — *шұғылданды, әуестенді.* **Кәсіп иелері** — *мамандар.*

КӘСІПКЕР 1. *Кәсіпші, кәсіп істеуші, кәсіпқой мамандық иесі.* Егіншілікпен айналысушы ***кәсіпкерлер*** пайда бола бастады (Елеусізов). 2. *Ауыс. Істі, кәсіпті ұйымдастырушы, бизнесмен.* ~лер сауда-саттық жасап, тез арада байыды. □ **Кәсіпкер спортшы** — *қайсыбір елдердегі спорттың бір түрімен қаражат табу мақсатымен жарысқа түсуші адам.*

КӘСІПКЕРЛІК *Кәсіпқорлық, кәсіпқойлық,* ~ іс (табыс). Мамандыққа ***кәсіпкерлік*** тұрғыдан ғана қарайтыны айтылды ("Қаз. әдеб.").

КӘСІПҚОЙ 1. *Белгілі бір мамандықпен, кәсіппен шұғылданушы адам; профессионал.* 2. *Қара басына ғана пайдалы іс-әрекетшіл.* Мұнай алаңдарын ***кәсіпқой*** қожалар иемденді (Маташев).

КӘСІПОДАҚ *Кәсіпшілер одағы.* ~ ұйымы.

КӘСІПОРЫН *Түрлі бұйымдар, шаруашылыққа, тұрмысқа қажетті заттар шығаратын, өндіретін өндіріс орны.* Мұнай ~ы, құрылыс ~ы.

КӘСІПСІЗ *Тиянақты кәсібі жоқ, жұмыссыз, еңбексіз.* ~ жүрді.

КӘСІПТЕН *Мамандану, кәсіпке айналдыру.* Суретші мамандығына ~, мұғалімдікке ~.

КӘСІПТЕС *Істес, қызметтес, мамандас.* ~ адамдар.

КӘСІПТІК 1. *Кәсіпке, мамандыққа баулитын, үйрететін.* ~ дағды (оқу). 2. Шаруашылық үшін маңызы бар. ~ аңдар, (балық).

КӘСІПШІ *Белгілі бір кәсіппен шұғылданушы, кәсіпқор.* ~лер одағы, ~ адамдар.

КӘСІПШІЛ *Кәсіпке икемді, жақсы маман.* ~ актер (емес).

КӘСІПШІЛІК *Кәсіп етушілік.* Ас үстінде ***кәсіпшілік*** жайы өңгіме болды (Қабдолов).

КӨТЕП *көне. Жүк артқанда нардың өркешіне ауыр салмақ түспеу үшін салынатын қом, тазы.*

КӨУАП *жерг. Істікке түйреп, шоқтың қызуына қақтап пісіретін ет.*

КӨУМІС *Астаубас, ірі, үлкен, дәу бас.* ***Кәуміс*** — сөзінің ұғымы кәубас (дәу бас) сөзінің мағынасымен бірдей (Ә. Жақыпов).

КӨУСАР 1. *діни. Суы сүттен аппақ, қардан таза, қанттан тәтті, табаны толған інжу, мыс деп саналатын аңыздағы жұмақ суының аты.* Дон суы ***кәусар,*** ну атқан (Д. Әбілов). 2. *Ауыс. Кіршіксіз таза, мөлдір.* ~ күлкі (сөз, ауа)

КӨУСАРЛЫ *Шипалы, қасиетті.* Тазалығын сұрасаң, ***кәусарлы*** судың көліндей (Халық ақындары).

КӨШЕК *Мал жегеннен кейінгі қалған қалдық шөп.* Ақырдың ***кәшектерін*** сұрыптады (Еділбаев).

КВАДРАТ *мат.* 1. *Барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш; шаршы.* 2. *Санды өзіне өзін көбейткенде шығатын көбейтінді.* Тоғыз үштің ~ы, ~ түбір.

КВАДРАТТА *Санды өзіне-өзін көбейту; шаршылау.* Үйдің ауданын ***квадраттап*** өлшеді (Әбдіғапаров).

КВАДРАТТЫ *Квадраты бар, квадратқа лайық.* ~ өлшем.

КВАНТ *физ. Молекулярлық атомдық және ядролық жүйенің өзгеру барысында бөлінетін қуаттың ең аз бөлігі.* ~ сәулесі.

КВАРТАЛ 1. *Жылдың төрттен бірі, жылдың бір тоқсаны* (үш айы). 2. *Төрт жағынан кесіп өтетін көшелерге шектелген қаланың бір бөлігі.*

КВАРТЕТ *муз.* 1. *Төрт адам жеке партияда орындайтын музыкалық шығарма.* 2. *Төрт орындаушыдан құрылған ансамбль.* Әншілер ~і, шекті аспаптар ~і.

КВАРЦ *хим. Кремнеземнің кристалл күйінде кездесетін күйі, минерал.* □ **Кварц лампасы** — *кварцты электр шамы.* **Кварц сәулесі** — *медицинада емге пайдаланатын ультрафиолеттік сәуле.*

КВАС *Қара нанға ашытқы салып, және жеміс-жидек қоспасынан ашытып даярлайтын қышқылтым сусын.*

КВИНТА *муз. Гаммадағы бесінші басқыш және бірінші мен бесінші басқыштың аралығы.* Бұл тұста домбыраның ***квинтасы*** да сөз болады (Ж. Рсалдин).

КВИНТЕТ *муз.* 1. *Бес орындаушы жеке-жеке партияда ойнайтын музыкалық шығарма.* 2. *Сондай шығарманы ойнайтын бес орындаушыдан тұратын ансамбль.*

КВИТАНЦИЯ *Ақша, құжат, бағалы заттар қабылданғаны жайлы берілетін түбіртек қағаз.*

КЕБЕЖЕ *Тамақ, азық-түлік салу үшін әшекейлеп, оюлап жасайтын ағаш сандық.* Тамақ біткеннің бәрі көк ***кебеженің*** ішінде (Дәуренбеков). □ **Кебеже шана** *жерг.* — *шөп таситын қанатты шана.* **Кебеже қарын (құрсақ)** — а) *денелі әрі семіз, қарыны үлкен адам;* ә) *мама биелердің ауыз әдебиетінде айтылатын баламасы.*

КЕБЕЖЕДЕЙ *Бүйрегі шығыңқы, үлкен, рабайсыз.* ~ кеуде (тырсылдаған, шермиген).

КЕБЕЖЕҚАП *Түсті матаны киізге оюлап жапсырған кебеженің қабы.* ***Кебежеқапқа*** түсірген әсем өрнектері көз алдымда (Қанахин).

КЕБЕЖЕЛІ: кебежелі стол — *азық-түлік салатыны бар кең стол.*

КЕБЕК *Бидай ұнының ұрпағы, қауыз.* Ұнның жарымы ~. □ **Кебек жұтсын (қарғ.)** — *қақалып-шашалсын, қарасы батсын.*

КЕБЕКТЕ *Кебегінен ажырату, тазарту.* ~ген ұн.

КЕБЕКТІ *Кебегі мол, кебегінен ажыратылмаған.* ~ *қара ұн.*

КЕБЕН *жерг. 5–6 тонналық үйілген шөп, мая.*

КЕБЕНЕК 1. *көне. Малшылар аязда, жауын-шашында киетін жүқа киізден тігілген сырт киім.* Ерді ***кебенек*** ішінен таны (Мақал). ◊ **Кебенек киген** — *тірі жүрген, бұл дүниеде бар адам.*

КЕБЕНЕК II 1. *Ешкіде болатын жұқпалы індет.* Ешкіні ***кебенек*** аздырар (Мақал). 2. *экспр. Ешкіге айтылатын зеку, қарғыс.* Әй, шайт, ***кебенек*** (Қыдырханов). ◊ **Кебенек келгір [тигір, алғыр]** — *кебенек індетіне ұшырағыр.*

КЕБЕНЕКТЕ *Кебенек ауруына ұшырау.* ***Кебенектеген*** текедей біріңді-бірің сүзесің (Сматаев).

КЕБЕР *Жарылу, кеберсу, қабару, ісіну.* Аузы ***кеберіп*** әбден шөлдеді (Тарази).

КЕБЕРСІ *Кебу, құрғау.* Ерні ~ді, тамағы ~ді, аузы ~ді.

КЕБУ *Кепкен, құрғақ, құрғаған.* ~ отын (жер, тері).

КЕБУЛІК *Кебу болушылық, құрғақтық.* Ағаштардың ***кебулігі*** есепке алынуы шарт (Т. Жақыпбайұлы).

КЕБІН I 1. *Өлген адамның денесін орайтын ақ мата; ақырет.* ***Кебін*** киген келмейді, кебенек киген келеді (Мақал). 2. *Ауыс. Жақтырмағанда, ренжіп зекігенде киім мағынасында қолданыла-*

ды. Мә, ки мына ***кебіңіңді*** (С. Жүнісов). ◊ **Кебін киген** — *қайтыс болған адам.* **Кебін кидірді** — а) *жанын жаһаннамға жіберді;* а) *аяғын құштырды.* **Кебіні жоқ, көрі жоқ** —*өлігі көмусіз, ораусыз қалды.* **Кебіңді жалмағыр** *(қарғ.)* — *жатқаныңнан тұрмағыр.*

КЕБІН II *Мойны, маңдайы тегіс жабық болатын бәйге атының жабуы.*

КЕБІНДЕ *Кебінге орау, кебін кигізу.* Өзім келіп жуып, ***кебіндеп*** беремін (Баязитов).

КЕБІНДІ *Кебін киген, кебіні бар.* Аранын аша келген ақ ***кебінді*** ажал тәрізді (Әбілев).

КЕБІНДІК *Кебінге жарарлық, соған жетерлік.* ~ мата (бөз).

КЕБІНСІЗ *Ақ жауып, арулап көмілмеген.* Қорқамын мен ***кебінсіз*** қалам ба деп (Ғашық-наме).

КЕБІҢКІ *Аздап кепкен, кебіңкіреген.* Ішіңіз ***кебіңкі*** сияқты (Әубәкіров).

КЕБІР 1. *Шөлді жердегі бетіне тұзы шығып жататын сортаң жер, құ тақыр.* Жердің беті сортанданған ***кебірге*** айналды (С. Мұқанов). 2. *Құргақ, кебу.* ~ топырақ (құм, шөп).

КЕБІРЕ *Сортаңдану, көні кеуіп құргау.* Қардың бет жағы кіреуленіп, ***кебіреген*** (Бақбергенов).

КЕБІРТЕК 1. *Қабыршықтанып қатқан,* кебірсіген. ~ жер (дала, шөл, қар). 2. *Ауыс. Жентектелген, құргаған.* Жалғыз сөз көмейінде тұр ***кебіртек*** (Нәжімеденов).

КЕБІРТЕКСІ *Қабыршықтанып қата бастау.* Тезек ~п қалыпты.

КЕБІРТЕКТЕН *Кебу, құргау.* Тілі ~ді, ерні ~ді, тамағы ~ді.

КЕБІРТЕҢ 1. *Беті қабыршықтанып қата бастаған.* Шөл даланың ***кебіртең,*** сортаң топырағы (М. Ахметов). 2. *Ауыс. Қарлыққан, құргаған, кебірсіген.* Кәрі кісінің ***кебіртең*** үні (Ахтанова).

КЕБІРТЕҢДЕУ *Кеуіп қата бастаған, кебіртең тартқан.* ***Кебіртеңдеу*** топырақ бетінде із жатты (Мекебаев).

КЕБІС *көне. Мәсінің сыртынан киетін былғарыдан тігілген аяқ киім.* ◊ **Кебіс ауыз** — *итаяқтай үлкен ауыз.*

КЕБІСТЕЙ *Кебіс сияқты үлкен, қолқылдаған.* Кейбіреулері бұршақтай ғана, енді біреулері ***кебістей*** (Машанов).

КЕБІСШЕҢ *Кебіс киіп шыққан қалпында.* ***Кебісшең*** үйден шыға келген (Адамбеков).

КЕГЕЖЕКТЕ *Ілгері баспай артқа қарай шегіншектеп, шалқая беру.* Әубәкір ***кегежектеп*** шалқая берді (Тайшықов).

КЕГЕЙ I *Арба доңғалағының шабағы.*

КЕГЕЙ II *Қызыл тал сияқты бұтағы шашырай өсетін, құрылысқа жарамсыз терек тұқымы.*

КЕГЕР 1. *Кішірек келген, сұр тұсті сұңғуір үйрек.* Шегіркөз сұңғуір ***кегер*** де жүр (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Сұр, сұргылт.* Батырдың ***кегер*** атын мінді таңдап (Шипин).

КЕГЖЕҢ: басын кегжең еткізді — *басын оқыс көтеріп шалқайды.*

КЕГЖЕҢДЕ *Басын жоғары көтеріп шалқайта беру.* ~п кейін шегінді.

КЕДЕЙ 1. *Күн көріс, тұрмысы нашар, байлығы жоқ адам.* ***Кедей*** несімен бейілді болады (Ғ. Мүсірепов). 2. *Жұтаң, қайыршы, тіленші, тапшы.* Тілге (сөзге, малға).

КЕДЕЙ-КЕПШІК *Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.* ***Кедей-кепшіктің*** белі көтерілейін деді (Майлин).

КЕДЕЙЛЕН *Күнкөрісі, тұрмысы нашарлау, жарлылану.* ***Кедейленген*** соң сауда қылдық (Майлин).

КЕДЕЙЛЕУ *Жоқ-жітіктеу, тапшылау, жұпынылау.* ~ адам (үй, дастарқан).

КЕДЕЙЛІК *Кедей болушылық, жоқшылық, тапшылық.* ***Кедейлік*** кемдік емес (Мақал).

КЕДЕЙСІ *Өзін-өзі жарлы етіп көрсету, кедей күйде болғансу.* ***Кедейсіп*** үстіне өрім-өрім шапан киіп алыпты (Майлин)

КЕДЕЙСІН *Кедей деп санау, менсінбеу, қомсыну.* Сәлімді ***кедейсінір*** қызын бермейді (М. Әуезов).

КЕДЕЙШІЛІК *Кедей болушылық, жарлылық, жоқшылық.* ***Кедейшілік*** зардабын тартып өсті (Ысмайылов).

КЕДЕН I *Шетелге шығаратын немесе шетелден әкелетін заттарды мұқият тексеретін, байқап өткізетін орын, мекеме; таможня.*

КЕДЕН II *көне. Ұрыс-керіс, қақтығыс.* Кеден ***кеден*** болды, кедергі неден болды (Мақал).

КЕДЕРГІ 1. *Бөгет, тосқауыл, бөгеу.* Құс жолында ***кедергі*** жоқ (Жақаев). 2. *физ. Жылдамдықты тежейтін қарсы күш.* Электр лампасы спиралінің ~сі. 3. *Ауыс. Қиыншылық, қиындық, ауыртпалық.* Күрес жолында ***кедергілер*** көп ұшырасады ("Қазақст. мектебі"). □ **Кедергі болды [етті, жасады, келтірді, туғызды]** — *бөгет болды, кесір келтірді.*

КЕДЕРГІЛІ *Кедергісі бар, тосқауылды, бөгетті.* **Кедергілі** қашықтыққа жүгіруде ("Спорт").

КЕДЕРГІСІЗ *Бөгетсіз, тосқауылсыз, қиындықсыз.* ***Кедергісіз*** келешек жоқ (С. Шаймерденов).

КЕДЕРГІСІЗДІК *Кедергі болмаушылық, бөгетсіздік.*

КЕДЫ *Бұжырлы жұмсақ резина табаны бар спорттық ботинка.*

КЕДІР *Бұдыр-бұдыр, тегіс емес.* Миы шыққан ***кедір*** жол (Тобағабылов).

КЕДІР-БҰДЫР 1. *Ойлы-қырлы, ойқыш-ойқыш.* ~ жол (көше, тас, дала). 2. *Бұжыр-бұжыр, қатпарлы, тегіс емес.* Қолындағы ***кедір-бұдыр*** таяқ (Тоғызақов). 3. *Ауыс. бұрылысы мен бұралаңы мол, қилы-қилы.* Ол өмірдің ~ кезеңдерін көріп өскен.

КЕДІР-БҰДЫРЛЫ *Ойлы-қырлы; кедір-бұдыры көп.* ***Кедір-бұдырлы*** ескі сүрлеуге түсті (Әміров).

КЕДІР-БҰДЫРЛЫҚ 1. *Ойлы-қырлылық, тегіс еместік.* Жолдың ***кедір-бұдырлығы*** болмаса, жиырма-ақ шақырым жер (Оразақов). 2. *Ауыс. Ұйқасы мен жатықтығының жетпеушілігі.* Шығарманың тілінде ***кедір-бұдырлық*** бар ("Қаз. әдеб".).

КЕДІР-БҰДЫРСЫЗ 1. *Кедір-бұдыры жоқ, тегтегіс.* ~ жазық дала. 2. *Бұлтарыс-қалтарысы, бұралаңы жоқ, даңғыл.* Өмір деген ***кедір-бұдырсыз*** болып көрінеді (Хайруллин). 3. *Ауыс. Жатық, жүйелі.* ***Кедір-бұдырсыз*** оқылатын өлеңдердің ырғақтылығы ақын қаламына тән ("Қаз. әдеб".).

КЕЖ *Қиқар, қыңыр, қырсық, қасарыспа.* Кейбір ***кеж,*** қызғаншақ буралар буралық әдетін ала жаздай тастамайды (Х. Есенжанов).

КЕЖДЕН *Қиқарлану, қырсығу, ерегісу, қасарысу.*

КЕЖЕГЕ *Бас сүйектің желке тұсы; шүйде.* ~ тамыр. □ **Кежегесі кейін тартты [сүйреді, кетті]** — *жалқауланды, мойны жар бермеді.*

КЕЖЕК *Үйректің еркегі.* Үйрек ***кежектерінің*** салмағы 3,0–3,5 кг-ға жеткенде екінші рет іріктейді ("Қазақст. әйелдері").

КЕЖЕУІЛ *жерг. Күзет, қарауыл, шолғын, торуыл.* Үйқыны ұмытып ***кежеуілде*** жүрген (Ж. Орманбаев). ◊ **Кежеуіл салды** — *қарауылдады, шолды, торуылдады.*

КЕЖЕУІЛДЕ *Қарауылдау, шолу, тору.* Жанжағын банды ізінің ***кежеуілдеп*** (Бегалин).

КЕЖЕУІЛШІ *Қарауылдаушы, шолғышы, торушы.*

КЕЖІК *Қыңырлану, қырсығу, бәлі болу, бәлдемсу.* Шалулығы бәлден-дүр, төренің ***кежігуі*** елден-дүр (Бес ғасыр жырлайды).

КЕЖІЛДЕ *Керілдесу, керісу.* Екі жігіт ***кежілдесе*** кетті (Табылдиев).

КЕЖІМ *Кестелеп, оюлап әшекейлеген сәнді ат жабу. Үстіне* қызылдан ***кежім*** жапқан жүйрік (Нұршайықов).

КЕЖІМДЕ *Өрнек жасап сәндеу, әшекейлеу.* ***Кежімдеп*** ертталған сұлу күрең төбел бесті (F. Мүсірепов).

КЕЖІМДЕУЛІ *Кежім жауып ерттелген.* Атбегі ***кежімдеулі*** тұрған Құлагердің тұсына келді (Әлішеров).

КЕЖІР 1. *Қыңыр, кертартпа, қияс, жалқау, еріншек.* Олардың ішінде кертартпа ~і де көп.

КЕЖІРЕЙ 1. *Қыңыраю, қиястану.* Бұл кітапты қайтеміз деп ~ген жоқ. 2. *Тұмсығын көкке көтеру, бәлдену, кекірею.* Мұның ~юін қарай көр.

КЕЖІРЛЕН 1. *Қыңыраю, кертартпалану.* Немене ***кежірлене*** қалдың (Бегалин). 2. *Жалқаулану, керенаулану.* ***Кежірленбей*** жұмысты жөн істейтін бол (Д. Әбілев).

КЕЖІРЛЕУ *Қыңырлау, қиқарлау, қырсықтау, кертартпалау.* Күлкісі де кекесінді, ***кежірлеу*** (О. Сәрсенбаев).

КЕЖІРЛІК 1. *Қыңырлық, қырсықтық, қиқарлық.* Кедейлік үш ағайынды: тұңғышы — ***кежірлік***, ортаншысы — еріншектік, кенжесі — ұйқы (Алтайбаев). 2. *Керлік, керенаулық, қасарғыштық.* Старшинның ***кежірлігінен*** күн ілгері мезі (Т. Әлімқұлов).

КЕЗ I *Мерзім, мезгіл, уақыт.* Сәске ~ (ерте, басталар, балалық). □ **Кез болды** — *кезікті, жолықты, ұшырасты.* **Кез келген** — а) *кім болса сол, кім көрінген;* ә) *аяқ астынан тап болған, кездейсоқ.* **Кез қоспақ** — *нар мая мен бурадан туған тұқым.* **Кез өркеш** — *бура мен аруанадан туған нардың асыл тұқымы.* **Кезі [кезегі келді]** — а) *мезгілі жетті, уақыты туды;* ә) *реті түсті, орайы келді.* **Кезін берді** — *сәтін түсірді, орайын келтірді.*

КЕЗ II *көне. 71,12 см-ге тең ұзындық өлшемі, аршын.* Биіктігі қырық ~.

КЕЗ III 1. *көне. Жебенің ашаланып келген, серіппеге ілінер жері. Қозы жауырын қу жебе.* Алтыннан ойған алпыс ***кез*** (Ер Таргын). 2. *Айыр тұйенің екі өркешінің аралығындағы ойыс, қосылған жері.*

КЕЗ IV *Шарлау, қыдыру, аралау.* Тау ***кезіп*** жалғызымның күні өтті (F. Мүсірепов).

КЕЗБАС *Қас, өш, араз.* Олар бір-бірімен ~ екен.

КЕЗБАСТАУ *Дұрдараз, бірде олай, бірде былай.* Аралары ~ екендігін сездік.

КЕЗБАСТЫҚ *Араздық, өкпе.* Араларында ***кезбастық*** жоқ жандай қарсы алды (Жақанов).

КЕЗБЕ 1. *Қаңғыбас, қыдырымпаз.* ~ ақын (шал). 2. *Ауыс. Өткінші, ауыспалы.* Кезекті дүние, ***кезбе*** дәулет (Тұрлыбаев).

КЕЗБЕЛЕ *Шарқ ұру, шарлау, кезу.* Екі көзі үйдің ішін ***кезбеледі*** (Асанов).

КЕЗБЕЛІ *Көшіп-қонып кезіп жүретін.* Біздің күн ***кезбелі*** екенін Нүрекең дұрыс айтты (Сланов).

КЕЗБЕЛІК 1. *Байыз таппай шарқ ұрып қыдырушылық.* Теңізшілер ***кезбелік*** өмірге үйренген (Сариев). 2. *Қаңғыбастық, үйсіз-күйсіз, тентіреушілік.* ***Кезбелігің*** үшін түрмеге түсер едің (Сатаев).

КЕЗБЕШІЛ *Қыдыруға жаны құмар.* ~ жан.

КЕЗГІШ *Аралағыш, кезіп жүргіш.* Үміт арқалаған адам жер ***кезгіш*** келеді (Тұрысов).

КЕЗГІШТЕУ *Аралап қыдырғанды ұнатыңқырайтын.*

КЕЗГІШТІК *Кезгіш болушылық, кезбелік.* Өсекшіні ұнатпа — ***кезгіштігі*** бар оның (Ниязбеков).

КЕЗДЕ ***Кезбен өлшеу, метрлеу.*** Матаны ~ді, жер танабын ~ді.

КЕЗДЕГІ *Сол шақтағы, уақыттағы.* Қол қойған ~.

КЕЗДЕЙ *Кезге жуық, соған шамалас.* Бір ~ қайысбау.

КЕЗДЕЙСОҚ 1. *Күтпеген жерден, аяқ астынан, тосыннан.* ***Кездейсоқ*** көріп қалдым (Мағауин). 2. *Абайсызда, аңдаусызда, байқамай.* Аяғын ~ басып қалды.

КЕЗДЕЙСОҚТАУ *Ойламаған жерден, кенет.* Сүйіспеншілік кейде ***кездейсоқтау*** басталады ("Қаз. әдеб.").

КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ 1. *Аяқ астынан, күтпеген жерден, тосыннан.* Өмірде ~ бола береді. 2. *филос. Қажеттілікке қарама-қарсы ұғым.*

КЕЗДЕМЕ *Мата, бұл.* ~ні қолға алып метрлеп өлшеді.

КЕЗДЕС *Жолығу, кезігу, ұшырасу.* ***Кездесті*** батыр ұлға қиын кезең (Хакімжанова).

КЕЗДЕСКЕНДІК *Жолыққандық, кезіккендік, ұшырасқандық.*

КЕЗДЕСКЕНШЕ *Жолыққанша, кезіккенше, тап болғанша.* ~ сау бол.

КЕЗДЕСУ 1. *Біреумен танысу, әңгімелесу мақсатымен өткізетін жиын.* Еңбек ардагерлерімен ~ өткіздік. 2. *Жарыс, бәсеке.* ***Кездесу*** 2:1 есебімен Қайраттың пайдасына шешілді ("Спорт").

КЕЗДІК I *Қысқа сапты кішірек пышақ.* Алмабек ~гін қынынан шығарды.

КЕЗДІК II *Бір аршынға, кезге тең, соған жуық.* Бес ~ көлденең ағаш.

КЕЗДІКШЕ I *Кішірек кездік.* Қолыма ***кездікше*** пышағымды алдым (Тұрсынбаев).

КЕЗЕ *Қолдағы мылтық, найза т. б. қаруды біреуге қарай көздеу, бағыттау, оңтайлау.* Ол мылтықты ~ді (найзаны).

КЕЗЕГЕН: кезеген торғай — *сарғылт, жылтыр қара түсті торғай.*

КЕЗЕК I 1. *Бір нәрсені жасау немесе алу үшін келер сәтін, уақытын, күтіп тұрған адамдар тізбегі.* Газет алу үшін ~те тұрмын. 2. *Жұмыс уақытының алмасу жүйесі; смена.* Күндізгі ~, түнгі ~те, жұмыс істейді. 3. *Белгілі бір істің жөні, реті, ыңғайы.* Ән салу ~гі Әсенге келді. Әуелгі ~ менікі. 4. *Бірінен кейін бірі, алма-кезек.* Көзін айырмай екеуіне ***кезек*** қараумен болды (Майлин). ◊ **Кезегін алды** — *бір істі я сөзді бастау рәсімін істеді, жолын алды.* **Кезек берді** — *бір нәрсені айтуға я істеуге мүмкіндік жасады.*

Кезекке қойды [тұрды] — *кезек тәртібімен тізімге кіргізу.* **Кезек келді [жетті, тиді]** — *сәті түсті, кезі келді.* **Кезек күттірмейтін** — *шұғыл орындалуға тиісті, бірінші кезектегі.* **Кезектен тыс** — *жоспарланбаған, белгіленген мерзімнен бұрын.*

КЕЗЕК II *Әлдеқандай денеге түскен, ұзақ уақыт жазылмай жүретін жарақат.* Өсіресе күз күндері түскен жара ~ болады.

КЕЗЕКПЕ-КЕЗЕК *Бірінен кейін бірі.* Балаларды ***кезекпе-кезек*** алдына алды (Мағауин).

КЕЗЕКСІЗ *Кезекке тұрмай, кезек күтпей.* Ішке ***кезексіз*** кірмек болдым (Соқпақбаев). 2. *Кезектен тыс.* Ондағылар ***кезексіз*** совет шақырды (Өскеров). 3. *Ауыс. Ретсіз, орынсыз.* Өз үйінде ***кезексіз*** шешен келер сартылдап (Абай).

КЕЗЕКТЕГІ 1. *Кезекте тұрған, ретімен келген.* Бірінші ~, ~ міндет, ~ істер. 2. *Кезекшілік міндетін атқарып тұрған.* Тыңдап тұрған ***кезектегі*** өрт сөндіруші (Сүндетов).

КЕЗЕКТЕП *Бірін-бірі алмастырып, рет-ретімен.* Малды ***кезектеп*** жаю керек (Шопан сырласы).

КЕЗЕКТЕС 1. *орт. етіс. Кезекте-с.* 2. *Кезектесіп істеуші.* Оның ***кезектесі*** жоқ еді (Исабеков).

КЕЗЕКТІ 1. *Алда тұрған, алдын ала белгіленген.* ~ демалыс (жиналыс). // *Бірінен кейін бірі келетін, келесі.* ~ жүріс (емтихан). 2. *Реті келген, орынды, қажетті.* ***Кезекті*** жерде кесіп айтушы еді (Ұябаев). 3. *Күнделікті, күндегі, үйреншікті.* ***Кезекті*** бір жұмыс күні (Оразақов).

КЕЗЕКШІ 1. *Кезектілік тәртібімен қоғамдық қызметін орындаушы адам.* ***Кезекші*** рапорт берді ("Спорт"). 2. *Басқа мекемелер жабық кезде жұмыс уақыт кестесінен тыс жұмыс істеуші.* ~ дүкен (аптека).

КЕЗЕКШІЛІК *Кезекші болушылық.* Класс ~гі.

КЕЗЕН 1. *өзд. етіс. Кезе-н.* 2. *Бір нәрсе істеуге оқталу, оңтайлану, ыңғайлану.* Айтуға ~ді, сұрауға ~ді, баруға ~ді.

КЕЗЕНУЛІ *Кезеніп тұрған, көздеулі.* Қарсы алдында ***кезенулі*** тұрған наганды көрді (М. Қуанышбаев).

КЕЗЕҢ I 1. *Кез, уақыт, мезгіл.* Қилы ~, қысылтаяң ~, жауапты ~, қолайлы ~. 2. *Белгілі бір оқиғаның, істің дамуымен ерекшеленетін аралық.* Әлеуметтік ~ (бетбұрыс, жаңа). // *Даму сатысы, асу.* Клетканың пайда болуында төрт ***кезең*** болады (Мұсақұлов).

КЕЗЕҢ II 1. *Таулы жердегі екі жағы түйетайлы болып келген аласа бел, белес.* Көшті Күжібайдың ***кезеңінде*** тосып алмақ (Қ. Жұмаділов). 2. *Ауыс. Асар асу, сыналар шақ.* Алда үлкен ***кезең*** тұр (Х. Есенжанов).

КЕЗЕҢДЕН *Екі жағы белдену, кезең болу.* Екі босағасы ***кезеңдене*** түйіспей қалған көгілдір түсті Айыртау (С. Мұқанов).

КЕЗЕҢДІ 1. *Кезеңі бар, белесті.* ~ бір биікке жеттік. 2. *Ауыс. Қиын-қыстау, сыналар шақ.* ~ оқиға (жер, кез). ◊ **Кезеңдіге кез болды [ұшырады]** — *қауіп-қатері көп жағдайға душар болды.* **Кезеңді жау** — *ежелден көз тіккен, аңдысқан дұшпан.*

КЕЗЕҢДІК *Белгілі бір кезеңге лайық, соған қатысты.* ~ спектакль (туынды).

КЕЗЕҢШЕ *Кішірек, тарлау, шағын кезең.* ***Кезеңшеге*** шыға келгенбіз ("Лен. жас").

КЕЗЕР *Шөлдегендіктен еріннің кебуі, құрғап тобарсуы.* Ерні ~ді.

КЕЗЕРІҢКІ *Аздап кезерген.* Ерні ~.

КЕЗЕРІҢКІРЕ *Аздап кезеру, құрғаңқырап тобарсу.* Балауса ерні ***кезеріңкіреп*** (Нұрмаханов).

КЕЗЕТ *Су жырған жер, жырашық.* Кей жері су жырған ***кезет*** (Есенжанов).

КЕЗЕУЛІ 1. *Атуға даярланған, кезелген.* ~ мылтық (автомат, садақ). 2. *Дәттеген, көзделген.* Минаның екеуін де ***кезеулі*** жерге қойып болған (Қайсенов).

КЕЗ-КЕЗІМЕН *Мезгілімен, кезегімен, ретіменен.* Оларға ***кез-кезімен*** Нәби келді (Абай).

КЕЗҚҰЙРЫҚ *Ұсақ жәндіктермен, өлекселермен қоректенетін жыртқыш дала құсы.*

КЕЗНАР *Мырзақоспақ пен үлекті шағыстырып алынған ұрпақ; еркек түйе.*

КЕЗПАР *Лөк пен маядан туған түйе тұқымы, будан.*

КЕЗНЕС *Қысылу, қымсыну, қызару.* Ұялып ***кезнесіп*** (Абай).

КЕЗУШІЛІК *Тыным таппай толассыз аралаушылық, шарлаушылық.*

КЕЗІК *Жолығу, кездесу, ұшырасу.* Аман құтылып шығып ~ті. ◊ **Кезік аяқ** — *тыным таппайтын, дамыл көрмейтін.*

КЕЗІНДЕ *Мезгілінде, өз уақытында.* ***Кезінде*** ол да болған (Мыңжасарова).

КЕЙ *Қайсыбір, қайбір, бағзы бір.* ~ адам (жолы). □ **Кей кезде [мезгілде, сәтте, уақытта, шақта]** — *қайсыбірде, ара-тұра.*

КЕЙБІР *Қайсыбір, өзге бір.* ~ адам (жағдайда).

КЕЙБІРЕУ *Қайсыбір адам, әлдекім.* ***Кейбіреу*** мән бермейді (М. Шаханов).

КЕЙБІРЕУШЕЛЕ *Кейбір адамға ұқсау.*

КЕЙДЕ *Кей уақытта, кейбір кезде.* ***Кейде*** белінен шойырылып жатып қалатын (С. Мұқанов).

КЕЙ-КЕЙДЕ *Оқта-текте, анда-санда, кейбір кезде.* ***Кей-кейде*** күңіреніп, көлдей толқып (Жансүгіров).

КЕЙКЕҢ *Кегжең, кекең.* Басын ~ еткізді.

КЕЙКЕҢДЕ 1. *Керігу, қырсығу,* ***Кейкеңдеп*** жөнін де сұрамады (Сақбаев). 2. *Кегжию, кейкию, кекеңдеу.* Басын тасқа соққандай ***кейкеңдеп*** қалды (Д. Досжанов).

КЕЙКИ 1. *Басты жоғары көтеріп кекшию, кегжию.* Араз болған жандай ***кейкиді*** (Райымқұлов). 2. *Тәкаппарланып көзге ілмеу, менсінбеу, менменсу.* Сол ***кейкиген*** күйі көкке мұрнын көтеріп кетпесін (Нұржекеев). 3. *Маңғаздану, өзін жоғары ұстау, кекірею, нығызсу, бұлдану.* Бізді ~ген қалпында қарсы алды.

КЕЙКІ *Қайқы, таңқы.* Ол аласа бойлы, ~ мұрын сары әйел.

КЕЙКІЛЕУ *Таңқылау, қайқылау.* Өңі қоңыр, тұмсығы ***кейкілеу*** (С. Мұқанов).

КЕЙКІШ *Таңқыш, қайқы.* ***Кейкіш*** танауым, тыңдай бер (Жаркенов).

КЕЙУАНА 1. *Жалғыз өркешті көп боталаған ұрғашы түйе тұқымының құрметті кәрісі.* 2. *Жасы ұлғайған кәрі ана, кемпір.* Тоқсан жаста ***кейуана*** (Қайырбеков). 3. *Ауыс. Мейірімді, шапағатты.* Өзі бір ***кейуана*** жақсы адам (Тұменбаев).

КЕЙУАНАЛЫҚ *Ақылгөйлік, данышпаншылық.* Жайына қарап отырмай ***кейуаналық*** айтады (Кекілбаев).

КЕЙІ *Налу, ренжу, күйіну, қынжылу.* Ұмытып кеткеніне ***кейіді*** (Дүзенов).

КЕЙІГЕНДІК *Ренжігендік, налығандық, қынжылғандық.*

КЕЙІГЕНСІ *Ренжігенсу, налығансу, қынжылғансу.*

КЕЙІГІШ *Әр нәрсеге бір ренжи бергіш, налығыш.* ***Кейігіш*** боп барамын (Қазыбаев).

КЕЙІГІШТЕН *Кейи беру, жоқтан өзгеге ренжи беру.*

КЕЙІН 1. *Соң, соңыра, соңынан.* Түстен ~ (жиналыстан, аурудан). 2. *Сонан соң, сонан кейін, соңынан.* ~ білді (ұқты, жатты). 3. *Арт жағына қарай, кері.* ~ қайтты (оралды, тұрды, бұрылды). □ **Кейін келе** — *соңыра, соңынан барып.* **Кейін шегінді** — *кері тартты.* ◊ **Кежегесі кейін тартты** — *ындысы құрып жалқауланды, ерінді.*

КЕЙІНГІ 1. *Арт жақтағы, соңғы, арттағы.* ***Кейінгілер*** де тақау еді (М. Әуезов). 2. *Бір нәрседен соңғы.* Түстен ~ (туғаннан, үш жастан).

КЕЙІНДЕ 1. *Баяулау, артта қалыққырау.* Тазы түлкіні шала алмай ***кейіндей*** берді (Ш. Айманов). 2. *Бөгелу, кешіктіру.* Куәлік қағазын бірер жыл ***кейіндеп*** алды ("Мәдениет және тұрмыс").

КЕЙІНДЕГІ *Арт жақтағы, кейінгі, соңғы.* ***Кейіндегі*** мал келгесін барады (Аманшин).

КЕЙІНДЕУ 1. *Артқа таман, кейінірек.* ***Кейіндеу*** қалғандарын асықтырды (Х. Рахимов). // *Біраз уақыт өткен соң барып.* ***Кейіндеу*** бармақ тістедің (Мырзалиев). 2. *Көрсеткіші төмендеу, мешеулеу.* Экономикасы ~.

КЕЙІННЕН *Біраз уақыт өткен соң, кейінгі кезде.* ***Кейіннен*** мас болатынды шығарды (Тілегенов).

КЕЙІНШЕКТЕ 1. *Артқа тарту, шегіншектеу.* Топ ортасына кірмей ***кейіншектей*** берді (Қ. Ысқақов). 2. *Ауыс. Тартыншақтау, қаймығу.* ***Кейіншектеп*** тұрмасқа, келген жаудан сескеніп (Батырлар жыры).

КЕЙІНШЕКТЕГЕНДІК *Артқа тартушылық, шегінушілік, тартыншақтағандық.*

КЕЙІНІРЕК 1. *Біраз уақыт өткеннен кейін, соңырақ.* Нұрила ***кейінірек*** естіді (Ғ. Мүсірепов). 2. *Соңын ала, арт жақта.* Рыжов ***кейінірек*** келе жатқан (Бегалин).

КЕЙІНІРЕКТЕУ *Арт жаққа тамандау, кейіндеу.* Олардан сәл ***кейініректеу*** ру бастықтары (І. Есенберлин).

КЕЙІҢКІРЕ *Риза болмай, ренжіңкіреу.* Хатшы ***кейіңкіреп*** сөйледі (Жүздесу).

КЕЙІП 1. *Бет пішін, кескін-келбет.* Күлөнданың ***кейпі*** елестеді (Ерубаев). // *Сырт, бейне, тұр-тұрпат.* Мектеп үйінің әбден тозған ***кейпін*** аңғарды ("Қазақст. мект."). 2. *Бір нәрсеге лайықты белгі, ұқсас бейне, көрініс.* Дағдарған адамның ***кейпі*** бар (Жақсыбаев). 3. *Бейне, образ.* Үнамсыз ***кейіптің*** бірі — Қодар (М. Әуезов). ◊ **Кейпі кетті [қашты]** — *өңі бұзылды, түсі қашты.*

КЕЙІПКЕР *әдеби. Көркем шығарма қаһарманы,* геройы. Романның (повестің, фильмнің) ~і.

КЕЙІП-КЕСКІН *Тұр-тұрпат, тұр-әлпет, кейіп, пішін, келбет, бейне.* Ақырма, — деді ***кейіп-кескіні*** бұзылып (Б. Тілегенов).

КЕЙІПСІЗ *Тұр-тұрпаты нашар, ұқсықсыз.* ***Кейіпсіз*** жүзіне көзім түсті (Иманжанов).

КЕЙІПСІЗДЕН *Тұр-тұрпаты нашарлану, ұқсықсыны кету, бұзылу.* Көше ***кейіпсізденіп*** қарауыта берді (С. Мұқанов).

КЕЙІПСІЗДЕУ *Ажарсыздау, ұқсықсыздау.* ***Кейіпсіздеу*** жас жігіт (Аманшин).

КЕЙІПСІЗДІК *Кейіпсіз болушылық, ұқсықсыздық.* ***Кейіпсіздігін*** аңғарудан қалдым (Жұмаділов).

КЕЙІПТЕ *Кейпін бейнелеп суреттеу, кескіндеу.* Ағалық етіп отырған ақынды ***кейіптейді*** (М. Әуезов).

КЕЙІПТЕН 1. *өзд. етіс. Кейіпте-н.* 2. *Тұр-тұрпатын өзгертіп белгілі бір кейіпке түсу.* Ұлық ***кейіптене*** жымиды (Мағауин). 3. *Ажарлану, нұрлану.* Бет шырайы ***кейіптеніп,*** жылып іске кірісті (Сейфуллин).

КЕЙІПТЕС *Кескін-келбеті ұқсас.* Түрлері монғол ***кейіптес*** (Есенберлин).

КЕЙІПТЕУ *Жаратылыстағы жанды-жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіре бейнелейтін көркемдік тәсіл.*

КЕЙІПТЕУСІЗ *Кейпін бейнелеп суреттеусіз, келбетін келтірусіз.*

КЕЙІПТЕУШІ *Кескін-келбетін бейнелеуші, сипаттаушы.*

КЕЙІПТЕУШІЛІК *Кескін-келбетіне ұқсатып бейнелеушілік, суреттеушілік.* Табиғатты ~.

КЕЙІПТІ *Кескін-келбетіне ұқсас, кейіптес.* Өсімдік ~, қарлығаш ~, шал ~.

КЕЙІПТІЛЕУ *Кескін-келбеті тәуірлеу, бет ажары дұрыстау.*

КЕЙІС *Ренжіс, қынжылыс, налыс.* Көзінде (жүзінде, даусында, кейпінде) ~ бар, ~ білдірді (көрді, тапты).

КЕЙІССІЗ *Ренжусіз, кеюсіз, налыссыз.* ***Кейіссіз*** сыпайы ғана тіл қатты (Н. Ғабдуллин).

КЕЙІСТЕН *Көңілі толмау, ренжу, кейіңкіреу.* ~е сөйледі.

КЕЙІСТЕУ *Кейіңкіреген, налыған.* ***Кейістеу*** кеңеспен өткізді (Төленов).

КЕЙІСТІ *Риза болмаған, кейіген.* ~ үн (жүз, кескін, қабақ).

КЕЙІСТІК *Риза болмағандық, налығандық, наразылық.* Кесіп айтсам, ***кейістік*** туады (Нұржекеев). ◊ **Кейістік таныттты [білдірді]** — *кейіді, ренжіді.*

КЕЙІТ I *Дабыс, даңқ, атақ, лақап, дәріп.*

КЕЙІТ II *Біреуді ренжіту, ашуландыру.* Шешеңді ~е берме.

КЕК 1. *Ашу, ыза, қаһар.* Жібермес ***кек*** пен намысты (Кәрібаев). 2. *Өшпенділік, өштік, қастық.* Өзілде ***кек*** жоқ, өсекте шек жоқ (Мақал). ◊ **Кек алды** — а) *өшін алды, намысын жібермеді,* ә) *көңіліне алды, кек тұтты;* **Кек жібермеді** — *кегін қайтарды, өшін алды;* **Кек кернеді [биледі, қысты, қайнады]** — *тісін қайрады, қаһарына мінді.* **Кек қылды [тұтты, көрді, сақтады, түйді]** — *намысына тиіп ашуланды.*

КЕКЕ *Қағытып мұқату, келемеждеу.* Сөзінің басы мақтау, соңы ***кекеу*** (Найманбаев).

КЕКЕК *бот. Жоңышқаға ұқсас көп жылдық шөп.*

КЕКЕКТЕ 1. *Кегжеңдеу, кекеңдеу.* Жылқы кекекті жейді де ***кекектеп*** өледі (Қыдырбекұлы). 2. *Ауыс. Кекең-секең ету, бәлдену.* ***Кекектеп*** секек етем деп, шошқа туар сөздері (Абай).

КЕКЕҢ *Кекиген, кекірейген, кегжиген, кербез.* ~ адам, басын ~ өткізді.

КЕКЕҢДЕ 1. *Кекең-кекең ету, кекіреңдеу.* Қасқырдан үріккен жылқыдай ***кекеңдеді*** (Тәшенов). 2. *Ауыс. Кеуде керу, кекию, кербездену.* Кеуденді

кере берме, *кекеңдеме* (Бекхожин). ◊ **Кекең қақты** — *кекең-секең етті.*

КЕКЕҢКІРЕ *Қағытып мұқатыңқырау, кекете тұсу.*

КЕКЕҢ-СЕКЕҢ *Ылдым-жылдым, елтең-селтең, ұшқалақтық. Кекең-секеңі* көп жеңілтектеу бала (Нұршайықов).

КЕКЕП-МҰҚА *Сөзбен қағытып мұқату, келемеждеу.* Басқан ізін аңдып *кекеп-мұқап* жүретін (Нұршайықов).

КЕКЕСІН *Қағытпа сөз, шымшыма.* ~ үн (сөз, күлкі).

КЕКЕСІНДЕУ *Аздап кекесінді, кекетінді, мысқыл аралас.* Пулеметші *кекесіндеу* мырс етті (Сәрсенбаев).

КЕКЕСІНДІ *Ажуасы мен мысқылы аралас.* ~ сөз (күлкі).

КЕКЕСІНДІЛЕУ *Аздап кекесінді, кекесін аралас.* Ол ~ кейіпте еді.

КЕКЕСІНШІЛ *Кекеп-мұқағыш, мысқылшыл. Кекесіншіл* Бористі ұнатпайтынбыз (Сәрсенбаев).

КЕКЕТКЕНДІК *Сөзбен шалып қағытқандық, қағытып мұқатқандық.* Қайтарып алмай деп *кекеткендік* бар (Ө. Көшімов).

КЕКЕТКІШ *Сөзбен шалып қағытқыш, мұқатқыш. Кекеткішін* қайтерсің (Сүндетов).

КЕКЕТІНДІ *Кекетіп мұқатқан, кекетпе.* ~ сөз (күлкі, дауыс).

КЕКЕТІНДІЛЕУ *Аздап кекетінді, кекесіндеу, мысқылдау. Кекетінділеу* үнмен қол берді (С. Алдабергенов).

КЕКЕШ *Сөйлеу мүшелерінің кеміс болуынан тілі мүкіс адам, тұтықпа.* ~ адам (болды).

КЕКЕШТЕН *Сөздерді дұрыс айтпау, тұтығу.* Дәкен *кекештене* сөйледі (Иманбаев).

КЕКЕШТЕУ *Аздап кекештеніп сөйлейтін, тұтықпалау.* ~ жігіт.

КЕКЕШТІК *Дыбыстарды дұрыс айта алмаушылық, тұтықпалық. Кекештігің* кіндік шешеңе ұқсаған ("Қаз. әдеб".).

КЕКИ 1. *Басын шалқайтып кекшию, кекірею.* Немене, Қаңтарған мәстекше *кекиіп* қалғансың, сәлемің қайда? (Ж. Жұмақанов). 2. *Ауыс. Әлдеқандай болып бұлдану, бәлсіну.* Бұрынғы *кекиген* кердеңдеген байлар емес (Қаратаев).

КЕКС *Мейіз салып пісірген тәтті нан.*

КЕКСЕ 1. *Орта жастан асқан, жасы ұлғайған, сақайған, мосқал.* ~ адам (қатын). 2. *Ауыс. Талайды көрген құ, әккі.* Жіберді епті қатын *кексе* қызды (Ахметбеков).

КЕКСЕЛЕН *Біразға келген, есею, мосқал тарту.* Отыздан асқан әйелдерше *кекселеніп* қалыпты (Қанахин).

КЕКСЕЛЕУ *Жасы ұлкендеу, мосқалдау.* ~ әйел.

КЕКСЕЛІК *Кексе болушылық, мосқалдық.* Жастың *кекселігі* де бөгет емес (Шүкіров).

КЕКСІЗ *Дықсыз, зілсіз, кек сақтамайтын.* Менің *кексіз* көңілім ашылады желектей (Есенғараева).

КЕКТЕ *Кек санау, кек тұту.* Ал, аға, әділ сынды *кектемеңіз* (Айтыс).

КЕКТЕС *Өштес, қастас.* Сізбен қанды *кектеспіз* (Бектасов).

КЕКТЕСТІК *Өштестік, қастық, кектес болушылық.* Қалсын енді ~.

КЕКТЕСУШІЛІК *Араз болушылық, кек сақтаушылық.* Арамызда *кектесушілік* болмайды (Лекеров).

КЕКТІ *Кегі бар, кекке толы, өшпенді.* Біреуге жас басынан *кекті* ме екен (М. Әлімбаев). □ **Кекті сырқат [науқас, жара]** — *қатерлі кесапатты ауру.*

КЕКТІЛІК *Кекті болушылық, өшпенділік.* Ширата алар *кектілігі* үндес келеді (Ғ. Мүсірепов).

КЕКШЕҢ: кекшең етті — *кегжең еткізді.*

КЕКШЕҢДЕ *Басын оқыс көтеріп шалқайта беру.* Керіле алмай *кекшеңдеп* (Жансүгіров).

КЕКШИ 1. *Басын шалқақтату, қақшию, кегжию.* Басы *кекшиген* көк ат (Досымов). 2. *Ауыс. Менменсу, шікірею, кекірею.* ~мей жауап бер ("Қаз. әдеб.").

КЕКШІЛ *Кек сақтағыш, кек алғыш.* Кісі баласы *кекшіл* (Мақал).

КЕКШІЛДІК *Кек сақтағыштық, намысқойлық. Кекшілдігін* қоздырып алма (Көбесов).

КЕКІЛ *Адамның маңдайына қойған бір шоқ шаш пен жылқы, түйенің маңдайындағы бір шоқ қыл, шуда.* Бураның *кекіліне* ешқашан пышақ тигізбейді (Арғынбаев). ◊ **Кекіл қақты** — *басын шұлғыды, изеді.* **Кекіл қақпай аяң** — *тез-тез жүретін жылдам аяң.* **Кекіл қойды [жіберді]** — *маңдайына бір уыс шаш қалдырды.*

КЕКІЛДІ *Кекіл қойған, кекілі бар.* Жігіт болып шыға келдік *кекілді* (Шаханов).

КЕКІЛДІРІК *Аттың кекілі көзін жауып тұрмас үшін жүгеннің маңдай тұсынан басып тұратын кекілдік, кекілбасар деп те аталатын қайыс.*

КЕКІЛІК *Көбінесе таулы, тасты жерді мекендейтін көк сұр түсті жабайы кішірек құс.*

КЕКІР I *Қисық-қыңыр, кесір, қырсық, қарыспа. Кекірдің* өнері тозбаса, озбайды (Ахметов).

КЕКІР II *Асқазаннан бөлінген иісі жаман ауаны ауыз жолы арқылы шығару.* Үйдегілер әлсін-әлсін *кекіріп* қояды (А. Жүнісов).

КЕКІРДЕЙ 1. *Кекір сияқты.* 2. *жерг. Дардай, еңгезердей, сойталдай.* Тай емес, *кекірдей* атқа таңба бастырайын (Ақынжанов).

КЕКІРЕ I *биол. Тікен жапырақты көп жылдық арам шөп.* ◊ **Кекіреге тойған текедей** — *қоразданып маза бермейді, өкіреңдеді.*

КЕКІРЕ II кекіре балық *(зоол.)* — *уылдырығы қымбат бағаланатын қызыл балықтың бір түрі.*

КЕКІРЕБАС *биол. Тік сабақты, қоңыр түсті үлпілдек, белогы мол көп жылдық өсімдік.*

КЕКІРЕГҮЛ *биол. Биіктігі 20–30 см-дей тікен жапырақты гүлді өсімдік.*

КЕКІРЕЙ 1. *Басын жоғары көтеріп кейкию, кегжию.* Көке *кекірейе* қарады (Қабышев). 2. *Әлдеқандай болып бәлдену, бұлдану, тәкаппарлану. Кекірейіп* тәкаппарлануды білмейді (Есенберлин).

КЕКІРЕЛЕ *Тойыну, тояттау. Кекірелеп* етке тойып алды (Ш. Мұртазаев).

КЕКІРЕҢ: кекірең етті — *шалқақтады, кегжиді.*

КЕКІРЕҢДЕ 1. *Кекірең-кекірең ету, шалқақтау, кегжию.* Басы *кекіреңдеп*, қабақты түйе қарады (Майлин). 2. *Ауыс. Кердеңдеу, бәлдену, бұлдану, паңсыну.* Жырладым деп көр-жерді *кекіреңдеп* (М. Байсейітов).

КЕКІРЛІК *Кесірлік, тәкаппарлық. Кекірлігі* ұстайтын әдетіне бақты (Ө. Нұрпейісов).

КЕКІРСІ *Менменсу, паңсыну.* ~мей жөн отыр.

КЕКІРТ *Кесірлі, кесапатты, астамшыл.* Үлкен әкімдердей тым ***кекірт*** (Мағауин).

КЕКІРТТЕН *Кесірлену, тәкаппарлану.* ***Кекірттеніп*** басын шұлғи салды (Ахметбеков).

КЕКІРТТІК *Кесірлік, кесапаттық.* Бір ***кекірттік*** пайда бола бастады. ("Соц. Қаз.").

КЕКІРІК 1. *Ауыз жолмен шығатын иісті ауа.* ~ келді. 2. *Ауыс. Тәкаппар, кекір, кекірт.* Келемежшіл ***кекірік*** мен емеспін (Әбішев). ◊ **Кекірігі азды** — *майлы тамақты артық жеп күпті болды.* **Кекірік атты** — а) *мөлшерден тыс тамақтанды;* ә) *ішкені алдында, ішпегені артында болды.* **Кекірік мінез** — *өр көкіректік, кесапаттық.*

КЕКІРІКТЕ *Кекіру, кекірік ату.* Қайта-қайта ***кекіріктеп*** жұтқандай болды (Сматаев).

КЕЛ 1. *Бері қарай бет алып жүру, жылжу.* Үйге Дәмелі ***келді*** (Ерубаев). 2. *Жеткізілді, қолына тиді.* Хат ~ді. 3. *Белгілі бір жасқа толу, жету.* Сексенге ***келген*** қарт ана (Тұрманжанов). 4. *Мерзімі болу, уақыты жету.* Көктемде ***келді*** жарқ етіп (Ж. Молдағалиев). 5. *Бір әрекетке құлқы болу, керексіну.* 6. *Негізгі етістік пен есім сөздердің жетегінде айтылып көмекші қызмет атқарады.* Қорытындыға ~ді. Әңгіменің түйініне ~ейік. 7. *Үздіксіз болу, жалғаса түсу.* Оқып ~еді, ести алмай ~еді. 8. *Ұқсау, сәйкес келу.* Өңі әкесіне ~еді. □ **Келген бойда [бетте]** — *келе салысымен, дереу.* **Келе сала** — *келген бойда.* **Келмеске кетті** — а) *құрыды, жойылды;* ә) *дүниеден өтті, өлді.* ◊ **Келсең келдің өзі** — *еш нәрседен тайынбайтын, қызба.*

КЕЛБЕТ 1. *Түр-тұрпат, кейіп-кескін.* Күлкі ойнады ***келбетінде*** (Аманжолов). 2. *Бейне, көрік.* Туған жер ~і, еліміздің ~і, тіліміздің ~і. □ **Келбеті [келімі] келген [келіскен]** — *сымбатты, сұлу.* **Келбеті толған айдай** — *келісті өң, балғын тұр.*

КЕЛБЕТСІЗ *Көріксіз, ұсқынсыз.* ~ адам.

КЕЛБЕТТЕН *Көріктену, ажарлану, әрлену.* Кескіні бұрынғыдан да ***келбеттене*** түсті (Әбішев).

КЕЛБЕТТЕС *Келбет-кескіні ұқсас, тұстес.* Екеуі ~ екен.

КЕЛБЕТТІ *Көрікті, ажарлы.* ~ жігіт (әйел).

КЕЛГЕН-КЕТКЕН *Келіп-кетіп жатқан.* Қол қойып ***келген-кеткен*** жүгінетін (Адамбаев).

КЕЛГІНШІ *жерг. Сырттан жолаушылап келуші; ізден келуші.*

КЕЛГІШТЕ *Қайталап келе беру, жиі келу.* ~й берді, ~п кетті.

КЕЛДЕ *кітап.* Бас — ақ қойдың ***келдесі,*** қара қойдың келдесі (М. Әуезов).

КЕЛДЕК I *Ағаштан жасалатын жуан, қысқа таяқ.* Сен ***келдек*** көтерсең; мен шоқпар сайлармын (Қ. Ахметбеков).

КЕЛДЕК II *Бидай, арпа, тары т. б. топталған дәнді дақыл сабағының басы, масақ.* Бір ***келдекті*** ұстап дәнін сипады ("Қаз. әдеб.").

КЕЛДЕКТЕ *Сабақтың басын қосып топтау.* Қалдырмай ***келдектеп*** жиып отырады (Орманов).

КЕЛДІ-КЕТТІ *Сырттан келіп кеткен, уақытша келген.* ***Келді-кетті*** ешкім жоқ па? (Домбаев).

КЕЛЕ I 1. *Жылқы үйірі сияқты бір топ түйе, бір қора інген.* Бота қотыр болса, енесін былғайды; енесі ***келесін*** былғайды (Мақал). 2. *Ауыс. Ел арасы, көпшілік ортасы.* Келіншек ***келеден*** шықты (Райымқұлов). ◊ **Келеге келді** — *қалыбына түсті, өзіне-өзі келді.* **Келеге кеңес кіргізді** — *ортаға ақыл салды.*

КЕЛЕ II *Келешілердің бәйге атына жанамалап қосылатын жері.* Біз ***келеге*** таянғанда үш ат түйдек келеді екен (Бегалин).

КЕЛЕК *Қураған өсімдіктерден құралған қалың жыныс; қалтқы арал.* Ондаған жылғы пайда болған ***келек*** қалтқы арал екен (Дәуренбеков).

КЕЛЕКЕ *Мазақ, тәлкек; келемеж.* Жастықтың лайлысы — ***келеке*** ("Қаз. әдеб."). ◊ **Келеке етті [қылды, жасады, болды]** — *мазақтады, келемеждеді.*

КЕЛЕКЕ-КЕКЕСІН *Әзіл-оспақ, қағытпа сөз.* ***Келеке-кекесін*** жасаудың ұшқыны да, орны да жоқ (Талжанов).

КЕЛЕКЕЛЕ *Мазақтау, келемеждеу, тәлкек қылу.* Биғайшаны ***келекелей*** күлісті (Тілеков).

КЕЛЕ-КЕЛЕ *Жүре келе, бірте-бірте.* ***Келе-келе*** төселіп алдық ("Жетісу").

КЕЛЕКЕЛІ *Келеке ететін, ажуалы, сықақты* ~ әңгіме (өлең).

КЕЛЕКШЕ *Келекке ұқсап.* Өртенген өз-өзінен қу ***келекше*** (Айтыс).

КЕЛЕЛЕ *Түйелерді үйірлеп топтау.* ***Келелеген*** түйелері жабыла су ішті (Өмірбаев).

КЕЛЕМЕ *көне. Әйелдердің әсіресе ақын, өнерпаз қыз-келіншектердің құлапаралы, жібек, шәйіден тігілген киімі.* Ерлер киер кебене, қыздар киер ***келеме*** (Батырлар жыры).

КЕЛЕЛІ *Аса күрделі, маңызды.* ~ кеңес (әңгіме, жиын).

КЕЛЕМЕЖ *Келеке, мазақ, тәлкек.* Күлкісі ***келемежге*** бергісіз (Ғ. Мұстафин). ◊ **Келемеж етті [қылды, жасады, болды]** — *мазақтады, келемеждеді.*

КЕЛЕМЕЖДЕ *Мазақтау, ажуалау, қағыту.* Таз адамды ***келемеждеді*** (О. Бердібаев).

КЕЛЕМЕЖШІЛ *Мазақтағыш, ажуалағыш.* Алдар көсенің ***келемежшіл*** болатынын көрсетеді (Сейфуллин).

КЕЛЕҢСІЗ *Орынсыз, жөнсіз, ретсіз.* ~ әңгіме (сөз).

КЕЛЕҢСІЗДЕУ *Орынсыздау, оғаштау.* Гүләйға тіпті ***келеңсіздеу*** естілді (Тілеуханов).

КЕЛЕҢСІЗДІК *Жөнсіздік, оғаштық, ерсілік.* Осындай ***келеңсіздіктермен*** ымырасыз күрес ("Қаз. әдеб.").

КЕЛЕП *Ирілген жіптің шумағы.* Мақтадан созған ~тей.

КЕЛЕПАН *Қойды қырыққан кезде қошқардың құйрық жағында, күйек байлар бел тұсында қалдырылған жүн.*

КЕЛЕПАҢДАЙ *Кетпектей дәу, соқтандай.* ~ жігіт (қол, етік).

КЕЛЕПТЕ I *Келеп жасап жіпті шумақтау.*

КЕЛЕПТЕ II *Жіпті шумақтап жинау.* ***Келептеген*** жіпті жылы сумен жуады (Қасиманов).

КЕЛЕПТЕУЛІ *Шумақтап жинаған.* Жіпті сол ***келептеулі*** қалпында сөреге іледі (Қасиманов).

КЕЛЕР-КЕЛМЕС *Келетіні я келмейтіні белгісіз.* Оның ~іне көзі жетпеді.

КЕЛЕР-КЕТЕР *Келер пайда, шегер зиян, пайдазиян.* Одан ~ бәле жоқ.

КЕЛЕСАУ *Жарыместеу, нақұрыстау, есерсоқ.* Мұнысы мақсатсыз, ***келесау*** ыржиыс емес (Б. Шаханов).

КЕЛЕСАУЛАН *Есерсоқтану, нақұрыстану.*

КЕЛЕСАУЛАУ *Есерсоқтау,ептеп келесау.*

КЕЛЕСАУЛЫҚ *Есерсоқтық, келесау болушылық.*

КЕЛЕСАУША *Келесауға ұқсап.*

КЕЛЕСІ *Ендігі, алдағы келер.* ~ күні (жылы, сөз).

КЕЛЕШЕК *Алдағы уақыт, болашақ.* ~ ұрпақ (қамы, күн).

КЕЛЕШЕКСІЗ *Болашағы жоқ, алдағы уақыттан үміт күттірмейтін.*

КЕЛЕШІ *Бәйгіден келе жатқан аттардың алдынан шығушы.* ***Келешіге*** мен өзім кеттім (Бегалин).

КЕЛСАП *Келіге салған дәнді түйгіштеп уататын аспап, түйгіш.* Келіге ***келсап*** сай (Мақал). ◊ **Келсаппен салып жібергендей [соққандай]** — *жай соққандай етті.* **Келсап жалап күн көре алмас** — *мардымсыз нәрсе пайда бермес.* **Келсаппен түйгендей** — *дәл, анық, түсінікті.* **Келсаптың басындай** — *үлкен, дәу.*

КЕЛСАПТАЙ *Үлкен, жуан. қолағаштай.*

КЕЛТЕ *Қысқа, шолақ.* Кеңесіп пішкен тон ***келте*** болмас (Мақал). □ **Келте бақай** — *бойы бір тұтам, бәкене.* ◊ **Келте қайырды [тұжырды, түйді]** — *көпке созбай, тез доғарды, толықтырмай айтты.* □ **Келте пішу** — *асығыс шешім қабылдады.*

КЕЛТЕК 1. *Шоқпардың қысқа, шағын түрі.* 2. *Жуан таяқ.* ***Келтегі*** қолынан түспейді. ("Соц. Қаз".).

КЕЛТЕЛЕ *Қысқарту, шолтиту.* ~п қырықты (тұжырды, айтты).

КЕЛТЕЛЕУ *Қысқалау, шолақтау.* ~ мұрын (құйрық, шапан).

КЕЛТЕЛІ *Келтеленген, қысқаша.* ***Келтелі*** шашақ жібектей әдемі кекіл шашы бар (Жапсарбаев).

КЕЛТЕҢ: келтең етті — *шолтаң етті.*

КЕЛТЕҢДЕ *Қысқалық қылу, шолақ болу.* Тізеге жетпей ***келтеңдеп*** (Батырлар жыры).

КЕЛТЕСІНЕН 1. *Төтесінен, тігінен, тура.* ~ жолды кесіп өтті. 2. *Қысқа етіп, көп созбай.* ~ сұрады, ~ қайырды.

КЕЛТИ *Қысқалық қылу, шолақ болу.* Әлдеберді келіп тұр, Көксір тоны ***келтиіп*** (Көпішев).

КЕЛІ *Дәнді дақылдарды түйіп ұнтақтау үшін ішін құыстап жасаған ағаш құрал.* ***Келінің*** іші толған тары (Майлин). □ **Келі түбі** — *келі түйіскен адамға берілетін сыбаға.* **Келі түйді** — *келіге салып ұнтақтады, жаныштты.*

КЕЛІДЕЙ *Үлкен, добалдай.* ~ аяқ (балтыр).

КЕЛІ-КЕЛСАП *Келі мен келсап сөздерінен жасалған қос сөз.*

КЕЛІМ *көне. Кескін, келбет, түр.* Ұнады Ақбөртенің ***келімі*** (Үш ғасыр). ◊ **Келімі келген** — *келбетті, сымбатты, көрікті.*

КЕЛІМ: келім-кетім кісі — *келіп-кетушілер.*

КЕЛІМ: келімге келмеді (*жерг.*) — *ырыққа көнбеді, айтқанды істемеді.*

КЕЛІМДӘРІ *жерг. Тілді удай ашытатын қызыл қабықты бұрыш, лазы.* Пұлы күйген ***келімдәрі*** шайнайды (Мақал).

КЕЛІМДІ *көне. Келбетті, бітімі жақсы.* Жаралған сырт денесі бір ***келімді*** (Бердин).

КЕЛІМДІ-КЕТІМДІ *Келіп кетіп жатқан.* ~ қонақтар (кісілер).

КЕЛІМПАЗ *Келе беріш, жиі-жиі қатынап тұратын.* Бұл үйге ***келімпаз*** боп кеткен (С. Мұқанов).

КЕЛІМПАЗДАН *Жиі-жиі келе беру.*

КЕЛІМПАЗДЫҚ *Келе бергіштік, келімпаз болушылық.*

КЕЛІМСЕК *Шеттен келген, кірме.* Кейбіреулер мені ***келімсек*** дейтін көрінеді (Б. Тоқтаров).

КЕЛІМСЕКТЕ *Қайта-қайта келгіштеу, кезбелікке салыну.* Сен неге ~п жүрсің?

КЕЛІМСІЗ *Келіссіз, жарасымсыз, ұсқынсыз.* Достық, қастық, қызықты ой-біреуі де ***келімсіз*** (Жансүгіров).

КЕЛІН 1. *Ұлдың әйелі, келіншегі.* 2. *Інісінің, сондай-ақ жасы кіші басқа да ағайын-туғандардың әйелі.* Сауыншы ***келіндерім*** бар (С. Байжанов). ◊ **Келін түсірді [алды]** — *ұлына әйел алып берді.* **Келіннің бетін ашты** — *дәстүр бойынша жаңа түскен келінді өлең айтып таныстырды.*

КЕЛІНДЕЙ *Келін сияқты ізетті, ұялшақ.* ~ сызылды.

КЕЛІНДІ *Келін түсірген, келіні бар.* ~ болды.

КЕЛІНЖАН *Келінді еркелетіп айтылған сыпайы сөз.* Тойымыз да сенікі, айналайын ***келінжан*** (Мырзалиев).

КЕЛІН-КЕПШІК *Жас әйелдер, келіншектер.* ***Келін-кепшік***, бала-шағалар есен ғой (Ғ. Мүсірепов).

КЕЛІНСЫМАҚ *Келін аты бар.* Әйтеуір ~ біреу.

КЕЛІНСІ *Келін болғансу.* Қолғабысы жоқ, әйтеуір ~п жүр ғой.

КЕЛІНСІЗ *Келіні жоқ; келіннің қатысуынсыз.* ***Келінсіз*** отырғыза алмаймын (Есенжанов).

КЕЛІНШЕК *Жаңа түскен жас әйел.* ***Келіншек*** оның сөзін кек тұтқан жоқ (Есенжанов).

КЕЛІНШЕКБОЗ *бот. Қырда өсетін, малға жұғымды шөп.*

КЕЛІНШЕКСІ *Келіншек болғансу.* Әйтеуір ~іп жүрген біреу.

КЕЛІНШЕКСІЗ *Келіншегі жоқ; келіншегінің қатысынсыз.*

КЕЛІП-КЕЛІП *Жүріп-жүріп; ақыр аяғында.* Алдап ***келіп-келіп*** тастап кеткен (Дінисламов).

КЕЛІП-КЕТЕРІ 1. *Басып жүру, қатынап тұру.* 2. *Ауыс. Содан болатын, содан келетін.* ~ еш нәрсе жоқ. ~ пайда, ~ зиян.

КЕЛІС I *Келушілік, келгендік.* Бұл жолғы барысы-қуанышты ***келіс*** (Н. Ғабдуллин).

КЕЛІС II 1. *Өзара пікірлесіп бір тоқтамға келу, пәтуаласу, сөз байласу, уәделесу.* Бірге баруға ***келістік*** (Хангелдин). 2. *Келісімге келу, бітім жасау.* Ерлі-әйел керісер де ***келісер*** (Мақал). 3. *Жарасу, үйлесу.* Түсі ***келіспей*** ісі келіспес (Мақал).

КЕЛІСКЕН 1. *Көз тартарлық, әдемі.* ~ адам (~ тұлға, ~ іс). 2. *Үлкен, зор.* ***Келіскен*** аю екен (Бегалин).

КЕЛІССӨЗ *Мәселені талқылау, пікір алысумен шектелген келісім сөз.* ~ жүргізді.

КЕЛІССІЗ 1. *Орынсыз, лайықсыз, ұнамсыз, келімсіз.* ~ іс (сөз). 2. *Ұсқынсыз, келбетсіз.* Реңкі тым ~ екен.

КЕЛІССІЗДЕУ *Келімсіздеу, ұнамсыздау, жарасымсыздау, ұсқынсыздау.* ***Келіссіздеу*** мұрнын сүртіп қояды (Т. Жармағамбетов).

КЕЛІСТІ 1. *Көз тартарлық, келіскен.* ~ жігіт (үй, бітім). 2. *Үйлесімді, лайықты.* ***Келісті*** сөз кешігіп жүрер (Мақал).

КЕЛІСТІЛЕУ *Келбеттілеу, келімділеу, сымбаттылау, әп-әдемі, келістірек.* Өң-келбеті ***келістілеу*** (Б. Тоғысбаев).

КЕЛІСТІЛІК *Келбеттілік, сымбаттылық.*

КЕЛІСТІРЕК *Келбеттірек, әдемірек, сымбаттырақ.* Қызына онан көрі *келістірегін* сыйла (Есенжанов).

КЕЛІСТІРУШІ *Екі арада жүріп жарастырушы, татуластырушы;* Арада құдағи болып *келістіруші* әйел жүрген (М. Әуезов).

КЕЛІСТІРУШІЛІК *Екі араны жарастырушылық, келістіруші болушылық.*

КЕЛІСУШІ 1. *Келісімге келуші.* ~ болма. 2. *Ақылдасушы, кеңесуші.* Совхоз шаруасын *келісушілер* (Молдағалиев).

КЕЛІСІМ 1. *Екеу ара байласқан сөз, үәде.* Қыздың өзімен *келісімім* бар (Дәуренбеков). 2. *Шарт, бітім, келіссөз.* ~ге қол қойды. 3. *Үйлесім, жарасым, ұнасым.* Көкейімде *келісім* тауып отыр (Сейдімбеков). □ **Келісім алды [берді]** — *рұқсат етілді, мақұлданды.* ◊ **Келісімге бармады** — *қоштамады, ризашылық білдірмеді.* **Келісімге келді** — *келісті, жарасты.* **Келісім жасады** — *шартқа қол қойды.* **Келісім хат** — *келіссөзді құжатқа жазылған бітім, шарт.*

КЕЛІСІМДІ 1. *Келісіп қойған, келіскен.* ~ мерзім (жер, кеңес). 2. *Жарасымды, үйлесімді, ұнасымды.* ~ жігіт (ырғақ, ұзын шаш).

КЕЛІСІМПАЗ *Ымырашыл, келіскіш.* ~ саясат. (партия).

КЕЛІСІМПАЗДЫҚ *Мәмлеге келгіштік, ымырашылдық, позиция, ағым.* ~қа салынды.

КЕЛІСІМСІЗ 1. *Келісім алмай, рұқсатсыз.* Олардың *келісімінсіз* жүзеге асыра алмайды (Баялиев). 2. *Тартымсыз, ұнамсыз; ұсқынсыз.* ~ қылық, (шаруа, мінез).

КЕЛІСІМСІЗДЕУ *Тартымсыздау, ұнамсыздау.* Түбі бір қарағанда *келісімсіздеу* (Иманбеков). 2. *Ауыс. Орынсыздау, жараспайтын.* Мұным, өрине, *келісімсіздеу* болды (Нұршайықов).

КЕЛІСІМСІЗДІК 1. *Ымыраға келмегендік, келіспеушілік; алауыздық.* Өз ішіндегі *келісімсіздіктен* тоқтап қалған (Бегалин). 2. *Ауыс. Үйлесімсіздік, ұнамсыздық.* Мінезіндегі *келісімсіздікті* көрсетеді ("Қаз. әдеб.").

КЕЛІСІМШІЛ *Келіскіш, ымырашыл.*

КЕМ 1. *Аз, толмаған, жетімсіз, кеміс.* Салмағы ~ (білімі, жасы). 2. *Сапасы төмен, нашар, осал.* Кең болсаң, *кем* болмайсың (Мақал). 3. *Мүсәпір, кәріп, мүгедек.* Қорлама *кем* адамды (Алтынсарин). ◊ **Кем қылмады** — *қор қылмады.* **Кем санады [түтты]** — *менсінбеді, қораш көрді.* **Кем соқты [шықты]** — *кемістігі болды, аз болды.* □ **Кем тимеді [түспеді]** — *қалыспады, төмен болмады.*

КЕМБАҒАЛ 1. *Мүгедек, жарымжан.* Керемет жігітті *кембағал* еткен соғыс (Салғарин). 2. *Кедей, жарлы.* Қала ~ы, қара сирақ ~, ~ дихан.

КЕМБАҒАЛСЫ *Кембағал болғансу.*

КЕМДЕ-КЕМ *Өте сирек, ілеуде біреу.* Білмейтін адамы ~.

КЕМДЕТ *Кемсіту, кеміту.* Мен мұңлымын жырымды *кемдеткенге* (Өлімқұлов).

КЕМДЕУ 1. *Аздау, кемірек, жетімсіздеу.* Ылғалы ~ (оқуы, тазалық). 2. *Мүгедектеу, жарымжандау; жетімсіздеу.* Қолының *кемдеу* екенін білмейді (Өмірбеков).

КЕМДІ 1. *Кем, аз, шамалы, шағын.* Білетін жақсы-жаман *кемді* кісі (Ә. Ахметов).

КЕМДІК 1. *Аздық, жетімсіздік.* Қару-жарақтың *кемдігі-ай* (Арыстанов). 2. *Кемістік, кінәрат, мін. Кедейлік* кемдік емес (Мақал). 3. *Тапшылық, жоқшылық, зәрулік.* Құтылды ел *кемдіктен* (Малдыбаев). 4. *Мүкістік, ақаулық, мүгедектік.* Өлде кәрілік, өлде аяқтың *кемдігі* (Сегізбаев). ◊ **Кемдік көрді** — *зардап тартты, қысылды.* **Кемдік қылды** — *аздық етті.*

КЕМЕ *Су жолының қатынас құралы.* Екі *кеменің* құйрығын ұстаған суға кетер (Мақал).

КЕМЕЛ 1. *Өбден толып жетілген, өскен, ер жеткен.* ~ жас (талант, ой). *Асқан шебер, жетік, алғыр.* Сөзге ~, ойға ~. 2. *Шама-шарық, өлшем.* ◊ **Кемеліне келді [жетті, толды]** — *әбден толып жетілді, толысты.*

КЕМЕЛДЕН *Толысу, жетілу.* Ақылы *кемелденген* шақ (С. Мұқанов).

КЕМЕЛДЕНУШІЛІК *Толып жетілушілік, кәмелетке толушылық.*

КЕМЕЛДІ *Толып жетілген, кемелге келген.* ~ ой (жас, ел).

КЕМЕҢГЕР *Дана, даныштан.* ~ жазушы (ғалым, ойшыл).

КЕМЕҢГЕРСІ *Ақылгөйсу, кемеңгер болғансу.* ~іп отыр.

КЕМЕР 1. *Өзен, көлдің су орып кеткен жарлау жағасы.* Соқты келіп *кемеріне* толқыны (Ж. Сыздықов). 2. *Бір нәрсенің жақтауы, жиегі, жарқабағы.* Сайдың (таудың, қазанның, көпірдің) ~і. 3. **Кемерінен асты** — *деңгейінен асып төгілді.* **Кемеріне түсті** — *басылды, тыныштанды.*

КЕМЕР: кемер белбеу — *жағалы киімдердің сыртынан буынатын, өрнек-нақышпен бедерленген әсем, жалпақ, былғары белбеу.*

КЕМЕРЛЕ 1. *Ернеуіне жету, лықсып толу.* Көктемде өзен ~ не ағады. 2. *Өзен жағалауын тегістеп, биіктеп қалау.* Жиегін *кемерлеп* таспен өрген (Хұсайынов).

КЕМЕРЛІ *Кемері бар, жар қабақты.* Алтын ~, ~ тарелка, ~ балдақ.

КЕМЕРСІЗ *Кемері жоқ, жарқабақсыз.* Жар болмайды *кемерсіз* (Кенен).

КЕМЕШ *Іші кең, сыйымды ыдыс.* Желдік жылжымауы үшін қапталдың көлеміне сай *кемештеліп* тігілетін (Арғынов).

КЕМЕШІ 1. *Су жолы қызметкері, кемеде жұмыс істеуші. Кемеші* келсе, қайықпы судан шығады (Мақал). 2. *Кеме жасаушы.*

КЕМЕШТЕЛ *Кемеш етіп жасалу.*

КЕМИЕК *Астыңғы иегі тартыңқы кем, кеміс не шығыңқы.*

КЕМИЕКТЕУ *Астыңғы иегі тартыңқылау немесе шығыңқылау. Кемиектеу* біткен кішкене аузы (О. Сәрсенбаев).

КЕМДІК 1. *Кем болушылық.* 2. *Кемтарлық.* ◊ **Кемдікте ұстады** — *қажау көрсетті; қор тұтты.*

КЕМ-КЕМДЕП *Аз-аздап, біртіндеп.* Мұз ~ жұқарып барады.

КЕМ-КЕТІК 1. *Кемшілік, олқылық, жетімсіздік.* ~гін түзеді (толтырды, сынады). 2. *Ауыс. Әріпгасер, жарлы-жақыбай.* Жетісіп отырған ешкім жоқ, түгел *кем-кетікпіз* (Мағауин).

КЕМПІР *Жасы ұлғайған, қартайған әйел.* Бір уыс шүйкедей *кемпір* отыр (Сатаев).

КЕМПІРАУЫЗ *Шеге суыратын құрал; тістеуік.*

КЕМПІРҚОСАҚ *Жаңбырдан кейін күн сәулесінен пайда болатын доға тәріздес түрлі-түсті, жарық жолақ.*

КЕМПІРҚОСАҚТАН *Кемпірқосақ сияқтану, түрлі түске бояну.* Аязда күн нұры ~ып түрлі түске құбылады.

КЕМПІРЛЕУ *Қартайыңқыраған, егде тартқан, бірақ әлі кемпір емес. Кемпірлеу* біреуі ғана үн қатты (Нәжімеденов).

КЕМПІРӨЛДІ *этногр. Жаңа үйленген жастарға "өзгелер үйықтады, жата берулеріңе болады" деп білдірген әзіл белгісі үшін күйеу жігіттің қалың-дық жеңгесіне беретін кәдесі.*

КЕМПІР-ШАЛ *Жасы ұлғайып қартайған әйел-еркек.* Үйге ~дар жиналыпты.

КЕМПІРШӨП *бот. Көп жылдық шөптесін өсімдік.*

КЕМСЕҢ: **кемсең қақты** — *иегі мен ернін қозғап жыламсырады.*

КЕМСЕҢДЕ *Үнін онша шығармай жыламсырау.* Әйел *кемсеңдей* көзіне жас алды (Сегізбаев).

КЕМСЕҢ-КЕМСЕҢ: **кемсең-кемсең етті** — *иегін қозғай түсіп үнсіз, егіліп жылап жіберу.*

КЕМСИ *Тісі опырылып, аузы жапыраю.* Аузын *кемситіп* Күлбадам келді (М. Иманбаев).

КЕМСІ *Кем деп білу; қомсыну.* Кем сөйлеп, *кемсіп* қалмау саған сын (Ақ бидай).

КЕМСІНГЕНДІК *Кем тұтқандық, көңілге тоқ санамағандық.* Бұл қай ~?

КЕМСІТУШІЛІК *Кем тұтушылық, көңілге тоқ санамаушылық.*

КЕМТАЛАП *Талаптанбайтын, талапсыз. Кемталапсың,* шыбыжықтап, үйге қайтып келе бересің (І. Омаров).

КЕМТАР 1. *Жарымжан, мүгедек. Кемтар* адамды сәбидей күтті (Нұршайықов). 2. *Кедей, тапшы, жетімсіз.* Анық *кемтар* кедейліктің кейпін танытады (М. Әуезов). 3. *Ауыс. Кем, кемшін.* Тоғанның суы *кемтар* (Жансүгіров). □ **Кемтар соқты** — *мұқтаж болды, жетіспеді.*

КЕМТАРЛЫҚ 1. *Мүгедектік, жарымжандық.* Аяғының *кемтарлығынан* армияда болмаған (Қайсенов). 2. *Жоқшылық, кедейлік. Кемтарлыққа* шыдай алмай ауылға тартты (Тұрманжанов). □ **Кемтарлық көрді** — *мұқтаж болды, жетіспеді.*

КЕМТАРСЫ *Мүгедексу, жарымжансу.*

КЕМТІК 1. *Кем-кетік, жетімсіздік.* Кеткені келіп, *кемтігі* толды (Адамбеков). 2. *Кемтар, мүсәпір.* Бірі ақсақ, бірі соқыр, бірі *кемтік* (Абай).

КЕМТІКТІ *Кемтар, кембағал. Кемтікті* кедей кенелсін (Жансүгіров).

КЕМШІЛ *Жетпей жатқан, кем соғатын, жетіспейтін.* Дененде *кемшіл* жерің жоқ (Айтыс). □ **Кемшіл соғады** — *кем түседі.*

КЕМШІЛДЕУ *Аздау, кемдеу.* Бес-алты колхоз тұқымы *кемшілдеу* еді басында (Айтыс).

КЕМШІЛІК 1. *Кемістік, олқылық, жетімсіздік.* Артель жұмысында көп *кемшілік* бар (Бақбергенов). 2. *Ауыс. Жоқшылық, тапшылық.* Көп *кемшілік* көріп Ажар, Оқысам деп арман қылды (Байзақов). ◊ **Кемшілік көрді** — *жоқшылық пен қиыншылықтың азабын тартты.*

КЕМШІН 1. *Олқылық, кемшілік. Кемшін* жайларды батыл сынады ("Қаз. әдеб."). 2. *Кемдеу, аздау.* Әлмендейден күшім *кемшін* (Игенсартов).

КЕМІ I 1. *Аз дегенде, жоқ дегенде.* ~ 7 миллион, ~бес жыл.

КЕМІ II 1. *Азаю, кем тарту; қысқарту.* Жұмысшы қолы ~ді, салмағы ~ді. 2. *Бәсең тарту, құны төмендеу.* Бағасы ~ді, ризығы ~ді.

КЕМІК I *Сүйектің кеміруге болатын борбас, жұмсақ, майлы жері.* ~ сүйек.

КЕМІК II 1. *Кемдеу, кемтарлау. Кемік* иегі дірдір етеді (Қанахин). 2. *Толық емес, жартыкеш.* Түн ортасы ауа көтерілген *кемік* ай (Тарази).

КЕМІНДЕ *Жоқ дегенде, аз дегенде.* ~ жүз рет.

КЕМІР 1. *Сүйектің кемігін шайнап, майын сору, мүжу.* Кемікті ~ді, сүйекті ~ді. 2. *Бір нәрсені күрек тістерімен қажау.* Тіреу атаулыны аш мал *кеміріп,* ақ жаңқалап тастапты (Сейдімбеков). 3. *Ауыс. Жегідей жеу, мазалау.* Талай ойлар жас кеудемді *кемірген* (Хакімжанова).

КЕМІРЕК *Азырақ, кемдеу.* Крахмал мөлшері *кемірек* (Шағыров).

КЕМІРУШІ *Алдыңғы тісі жетілген өткір, суыр, күзен сияқты шөп жейтін сүтқоректі жануарлардың жалпы атауы.*

КЕМІС 1. *Аз, тапшы, жетімсіз.* Тұқым жеткілікті, көлік *кеміс* (Майлин). 2. *Мүгедек жарымжан.* Құлағы ~ (есі). 3. *Кемшілшік, жетіспеушілік.* Біле ме пенде шіркін өз *кемісін* (Жамбыл).

КЕМІСТЕУ 1. *Кемдеу, тапшылау, аздау.* Овощ жағы *кемістеу* (М. Ғабдуллин). 2. *Мүгедектеу, жарымжандау.* Бір аяғы *кемістеу* жігіт (Рахимов).

КЕМІСТІК 1. *Кемшілік, мін.* Қалтайдан *кемістік* таба алмайды (Саржайлау). 2. *Мүкістік, кемдік.* Бұл жүрек қызметінің *кемістігі* (Б. Омарұлы).

КЕМІСТІКСІЗ *Кемшіліксіз, ақаусыз, кемістігі жоқ.* Киім-тамақтан *кемістіксіз* өсірді (Қожабаев).

КЕМІТ 1. *өзг. етіс. Кемі-т.* 2. *Кем санау, қорлау.* Ұру адамды *кемітеді* (Семья тәрбиесі). 3. *Азайту, шегеру.* Енді бір санға *кеміт,* сонда теңесіп қаламыз.

КЕМІТУШІЛІК *Азайтушылық, төмендетушілік, кем санаушылық.*

КЕН 1. *Жер астынан қазылып алынатын пайдалы қазба байлық, руда. Кен* байлығы жерде (Мақал). 2. *Ауыс. Қайнар көзі, мол жер.* Ақылдың *кені* данышпан (Жамбыл). □ **Кен байлық** — *пайдалы қазбалар.*

КЕНГУРУ *Артқы аяқтары ұзын, сүт коректі қалталы жануар.*

КЕНДЕ 1. *Мұқтаж, тапшы, зәру.* Еш нәрседен ~ емес. 2. *Саяз, кем, олқы, аз.* Ақыл мен ойға *кенде* (Т. Әлімқұлов). ◊ **Кенде қалды** — *мешеулеп артта қалды.* **Кенде қылмады** — *тарлық көрсеткен жоқ; құр алақан емес.*

КЕНДІР 1. *Сабағының талшығынан арқан, жіп есіп, дәнінен май алатын өсімдік.* ~ екті, ~ майы. 2. *Кендірден есіп жасалған жіп, арқан. Кендірмен* қол-аяғын байлады (Жойқынбеков).

КЕНЕ I *Өрмекші тектес қан соргыш, кішкентай жәндік.*

КЕНЕ II *Байыту, жарылқау, қарқ қылу.* Малға ~ді.

КЕНЕ III *Жөткіріну, жұтыну тамағын кенеу.* ~ді (даусын, көмейін).

КЕНЕДЕЙ *Титімдай, кішкентай, құрттай.* Түспеген денесіне *кенедей* дақ (Малдыбаев). ◊

Кенедей жабысты [қадалды] — *ұстаған жерінен айырылмады, жібермеді.*

КЕНЕЗЕ *Жердің үстіңгі қабаты, қыртысы.* ***Кенезесі*** тоймаса, құлпыра ма онда жер (Жамбыл). ◊ **Кенезесі кепті (құрады)** — а) *тілі аузына сыймады, қатты шөлдеді;* ә) *ындыны кепті.*

КЕНЕЙ *Асықтың сақадан басқасы, ұтысқа тігілетін асық.* ◊ **Кенейі түгел** — *тамағы тоқ, киімі көк, уайым-қайғысыз.*

КЕНЕЛ 1. *ыр. етіс. Кене-л.* 2. *Қарық болу, рахатқа бату, баю.* Ен дәулетке ~ді.

КЕНЕН *Кең, дархан; өте бай, мол.* ~ көңіл (ой, ақыл).

КЕНЕП 1. *Талшықты өсімдік.* 2. *Кендір талшығынан тоқылған дөрекі мата.* ~ дорба (палатка, шапан, қап).

КЕНЕПТІ *Кенеппен қапталған.* ~ машинаның жүрісі баяу.

КЕНЕРЕ *Бір нәрсенің ернеуі, шеті, жиегі.* Қайықтың ~сі (өзеннің, тостағанның).

КЕНЕРЕЛЕ 1. *Ернеуіне дейін толу.* Тасыған Орал әлі ***кенерелеп*** жатыр (Санбаев). 2. *Жағалау. жиектеу.* Өзен жағасын ***кенерелей*** өскен жыңғыл (Сүндетов).

КЕНЕРЕЛІ *Кенересі бар, жиектелген.* Қара ***кенерелі*** жалпақ көзілдірік (Мырзахметов).

КЕНЕРЕСІЗ *Ұшан теңіз; кенересі жоқ.* ***Кенересіз*** көк мұхит (Есмамбетов).

КЕНЕТ *Күтпеген жерден, қапелімде.* ***Кенет*** тоқтай қалды (С. Мұқанов). 2. *Жедел, шұғыл, тығыз.* Алматыға ***кенет*** шақырылды (Бақбергенов).

КЕНЕТТЕН *Ойда жоқта, аяқ астынан.* ~ жылынған көктем күні.

КЕНЕУ *Күш-қуаты, қауқары, нәрі барлық.* ~і жоқ көже. Үйде ***кенеу*** болар тамақ жоқ (Аймауытов). ◊ **Кенеуі кетті** — *берекесі кетті, күйі болмады.* **Кенеуі кем (жоқ)** — а) *жұғымдылығы, сенімділігі жоқ, дәмсіз;* ә) *бейберекет берекесіз.* **Кенеуі кетті** — *күйі болмады.*

КЕНЕУЛІ 1. *Күш-қуатты, нәрлі.* Бидай көжеден бұл ***кенеулі*** (М. Иманбаев). 2. *Ауыс. Маңызды, мәнді.* ***Кенеулі*** ой көрікті тілмен айтылғанда (М. Әуезов).

КЕНЕУСІЗ 1. *Күш-қуаты, нәрлілігі төмен.* Тамағы тапшы әрі ***кенеусіз*** (С. Омаров). 2. *Ауыс. Мәнсіз, маңызсыз.* Сөз айтпаңыз ***кенеусіз*** (Сейітов).

КЕНЕШЕ *Кенеге ұқсап жабысып.* ~ қадалды (сорды, жабысты).

КЕНЖЕ 1. *Баланың ең кішісі.* 2. *Кеш туған төл.* ***Кенже*** туған бұзауды ұстады (Көшімов). 3. *Артта қалған, мешеу.* Микроорганизмдерді зерттеу басқа ғылымдарға қарағанда ***кенже*** (Шоқанов). ◊ **Кенже қалды** — *кейіндеп артта қалды.*

КЕНЖЕЛЕ 1. *Артта қалу, кейіндеу.* ~п қалған шаруашылық (Мәдениет). 2. *Төлдің кеш туылуы.* Бірлі-жарым құлындардың ***кенжелегені*** болмаса (Бегалин). 3. *Үлгіре алмай кешігіп кірісу, кешеуілдеу.* Оқу жылына ***кенжелеп*** кірістік (Арыстанов).

КЕНЖЕЛЕУ *Кейіндеу, кештеу.* Жаңа мәдениетке ***кенжелеу*** келген халық (Байсейітов).

КЕНЖЕЛЕУШІТІК *Артта қалушылық, кейіндеушілік, кешігушілік.*

КЕНЖЕЛІК 1. *Баланың ең кішісі болғандық.* ~тен көп пайда көрдім. 2. *Артта қалғандық, кейіндегендік.* Мәдениеттің ~гі, сана-сезімнің ~гі.

КЕНЖЕТАЙ *Баланың кішісі ретінде әлпештеген, еркелеткен атау.* ***Кенжетай*** ананың өзіне әлі де сәбидей (Т. Әлімқұлов).

КЕНТ *көне. Қала, шаһар.* Жақсы жүрген жеріне ***кент*** салады (Мақал).

КЕНТАВР *миф. Ертедегі грек аңыздарында айтылатын басы адам, денесі ат тәріздес мақұлық.*

КЕНШІ *Рудникте жұмыс істеуші, кен өндіруші, қазушы.* Озат ~, ~ болды.

КЕНІШ *Молшылық, байлық, береке.* Жинақылықтың түбі — ***кеніш*** (Абай).

КЕҢ 1. *Көлемді, аумақты, үлкен.* ~ көше (бөлме, алаң). 2. *Қолқылдаған, мол, байтақ.* ~ шапан (көйлек, жайлау), дала. 3. *Кеңінен, молынан, көптен.* ~ тараған, ~ қолдануда. 4. *Ауыс. Ақ бейіл, мейірбан, кішіпейіл.* Жаны ~, көңілі ~. ◊ **Кең байтақ** — *шексіз, шетсіз, ұлан байтақ.* **Кең балақ, салпы етек** — *қолынан іс келмейтін, олақ.* **Кең дүние тар болды** — *барар жері қалмады, дүниеден тұңілді.* **Кең есік** — *кең қолтық, бауырмал.* **Кең етек** — *ақ көңіл, дарқан.* **Кең жауырынды** — *зор кеуделі, ықты.* **Кең жүрек** — *шапағаты мол, бауырмал.* **Кең кеуде** — *мейірімді, кең пейіл.* **Кең көмей** — *тойымсыз, обыр.* **Кең құдай (*діни.*)** — *кешірімді, рақымы мол тәңірі, алла-тағала.* **Кең қолтық [кең есік]** — *аңқылдақ, бауырмал.* **Кең құлашты** — *парасатты, білімді.* **Кең құшақты (ықылас)** — *кең пейіл.* **Кең пейіл** — *кіші пейіл, шапағаты мол.* **Кең толғады** — *терең ойлап ақылға салды.*

КЕҢГІР *Басы мең-зең боп айналу, мәңгіру.* Басым ***кеңгіріп*** тұр. ("Жұлдыз").

КЕҢДІК 1. *Тар еместік, көлемділік, ептілік.* ***Кеңдігі*** кісі сыйғандай (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Кешірімділік, мейірімділік.* ***Кеңдік,*** тарлық қылсаңыз өзіңізден ("Қаз. әдеб").

КЕҢЕЙ 1. *Үлкею, ұлғаю, молаю.* Шеңбері ~ді, егістік жер ~ді. 2. *Өсіп-өркендеу, даму.* Өндіріс ~ді, мазмұны ~ді.

КЕҢЕС I *Бас қосқан мәжіліс, жиын.* ◊ **Кеңес берді [айтты]** — *пікір ұсынды, ақыл айтты.* **Кеңес құрды [өткізді, шақырды]** — *ақылдасты, пікір алысты.*

КЕҢЕС II *тар. Бұрынғы КСРО-ның мемлекеттік үкімет орны; совет.* ~ үкіметі.

КЕҢЕС III 1. *Бас қосып ақылдасу, ойласу.* Сыр бүкпей ***кеңесіп*** отырды (Д. Әбілев). 2. *Әңгімелесу, сұқпаттасу.* Оқып жүрген романы туралы ~тік.

КЕҢЕСҚОР *экспр. Кеңесқұмар, кеңесшіл.*

КЕҢЕССІЗ *Ақылдаспай, келісімсіз.* ***Кеңессіз*** сөз бастама (Алдаспан).

КЕҢЕСТІ *Ақылдасып отыратын, келісіммен шешетін.* ***Кеңесті*** елде кек болмас (Мақал).

КЕҢЕСШІ *Ақыл беруші, пікір айтушы.* Қарт — шеберлер жақсы ***кеңесші*** (Қасиманов). □ **Кеңесші дауыс** — *қосымша дауыс.*

КЕҢЕСШІЛ 1. *Ақыл бергіш, пікірлескіш.* ***Кеңесшіл*** ақыл озар (Мақал). 2. *Советшіл.* ~ батырақтардың белсенділігі қатты.

КЕҢЕСІМПАЗ *Кеңеске құмар, кеңесшіл.* Жолдыбай ***кеңесімпаз*** (С. Мұқанов).

КЕҢК: кеңк етті — *күлгенде я жылағанда дауыстың үзік-үзік шығуы.* ***Кеңк*** етіп күлді (Баялиев).

КЕҢКЕК: кеңкек төс — *шалқақтөс.* ***Кеңкек*** төс, кең жауырын (Жансүгіров).

КЕҢКЕЛЕС *Есалаң, жарымес, әпербақан.* Еш нәрсенің байыбына бармайтын ***кеңкелес*** (Алтайбаев).

КЕҢКИ *Көкірегін көтеру, кекірею, кердеңдеу.* Біреудің кісімсіп ***кеңкигенін*** (Орманов).

КЕҢК-КЕҢК *Жылағанда я күлгенде дауыстың үзік-үзік шығуы.* ~ күліп алды.

КЕҢКІЛ *Күлгенде я жылағанда үзік-үзік шығатын ün.*

КЕҢКІЛДЕК *Кеңк-кеңк еткіш.* Күлкісі ***кеңкілдек*** (Жұмақанов).

КЕҢКІШ *Таңқы, кертпе.* ***Кеңкіш*** мұрын қарт (Сәрсекеев).

КЕҢСЕ *Белгілі бір істі басқаратын, жүргізетін мекеме.* Совхоз ~сі.

КЕҢСЕСЫМАҚ *Мекеме бөлімшесі орналасқан шағын үй, шағын кеңсе.* ~ғында отыр.

КЕҢСЕШІЛ *Кеңсеқұмар, әкімшіл.* ***Кеңсешілдер*** мен бюрократтар (Қаратаев).

КЕҢСЕШІЛДІК *Кеңсешіл болушылық, қағаз бастылық.*

КЕҢСІРІК *Мұрынның жоғары жағындағы шеміршек сүйегі,* ~гі бұзылды. ◊ **Кеңсірік жарды** — *ісі аңқып, танауды қытықтады.* **Кеңсірік құрт** — *қой малында болатын ауру.*

КЕҢШІЛІК 1. *Кең дүние, еркіндік.* ~ заман, ~те өскен. 2. *Көлемділік, аумақтылық, кеңдік.* ***Кеңшілікке*** жайылған малдар (Сейфуллин). 3. *Ауыс. Жақсылық, рақымдылық.* Бір таршылықтың бір ***кеңшілігі*** бар (Мақал). ◊ **Кеңшілік берді** — *ерік берді.* **Кеңшілік етті [жасады, қылды]** — *кең пейілділікпен жақсылық білдірді, мейірім түсті.* **Кеңшілік тиді** — *еркін болды.*

КЕҢ *Көлемі арту, аумағы ұлғаю, кеңею.* Дария арнасы ***кеңи*** түсті (Сариев).

КЕҢІРДЕК 1. *Көмейден басталып, өкпемен ұштасатын тыныс түтігі.* ***Кеңірдегін*** жырта айғайлады (Жәкенов). 2. *Ауыс. Жемқор, тойымсыз.* Құлқыны кең, ***кеңірдегі*** тоймайтын адам (Шәріпов). ◊ **Кеңірдегінен алды** — а) *буындыра қысты, қылғындырды;* ә) *қыспаққа алып састырды.* ◊ **Қызыл кеңірдек болды** — *ұрысып-таласты, керісті.* **Кеңірдегін майлады** — *пара берді, аузын алды.* **Кеңірдек барқыт** — *жол-жол барқыт.* **Кеңірдек жыртысты** — *Қызыл кеңірдек болды.* **Кеңірдектей тойды** — *аузы-мұрнынан шыға тамақтанды.* **Кеңірдектен келді** — *белшесінен батты.*

КЕҢІРДЕКТЕ 1. *Суда кеңірдегінен келе тұру, жүзу.* Көлде ~й жүзді. 2. *Ауыс. Екілену, езеуреу.* Әлденені ***кеңірдектеп*** дәлелдеп жатты (Санбаев). ◊ **Кеңірдектеп тастады** — *сойды, бауыздады.* **Кеңірдектеп тойды** — *көп жеді.*

КЕҢІРДЕКТІЛЕР *зоол. Буын аяқтылардың бір тобы.* ***Кеңірдектілер*** буылтық құрттардан шыққан (Қашағанов).

КЕҢІРЕК 1. *Көлемдірек, үлкенірек.* ~ бөлме (алаң). 2. *Толығырақ, байыптырақ.* ~ сөйлес (түсіндір).

КЕҢІС 1. *Ашық жер, кең алаң.* Жазбай ма ол да ***кеңісте*** бой (Жармағанбетов). 2. *Ауыс. Кеңшілік, еркіндік.* Рахат түбі — ***кеңіс,*** Еңбек түбі — жеміс (Мақал).

КЕҢІСТІК 1. *Ашық жер, кең алқап.* Айнала тұтасқан аппақ ~. 2. *Аумақпен, көлеммен белгіленетін материяның өмір сүру формасы.* Космос ~гі, аспан ~ гі, ауа ~гі.

КЕП I *Кейіп, қалып, сиық.* "Ұрыны қарақшы ұрлайдының" ***кебі*** (Аманшин). ◊ **Кебін киді [күшты]** — *сиқына түсті, ұқсады.*

КЕП II 1. *Құрғау, дегду, сорғу.* Жақсы кісінің ашуы торғын орамал ***кепкенше*** (Мақал). 2. *Ашық жерде немесе ыстыққа құрғау, қақтау.* Қаудырап ***кепті*** (Нұрмаханов).

КЕП III 1. *Іші желге толу, қампаю; ісіну.* Іші қампайып ***кеуіп*** кетіпті (Оразақов). 2. *Ауыс. Асыптасу, бөсу, мақтану.* Мен батырмын деп ***кепті*** (Нұрманов).

КЕПЕ I *Уақытша баспана, лашық, күрке.* Қамыс ~ (балшық, шым).

КЕПЕ II *Ерте қыста туған марқа қозы.* Қозыдан — марқа, марқадан — бағлан, бағланнан — ***кепе*** (Қыдырбекұлы).

КЕПЕ III *Тезектің бір түрі.*

КЕПЕДЕЙ *Кепе сияқты, дүңкиген.* ~ болып жатып алды.

КЕПЕЛЕ *Жапалап көп қылып үю.* Төпелеп ішіп, ***кепелеп*** тышып (Мақал).

КЕПЕЛЕН *Көп болып үйіліп жату.* Сазан, торталар қабыршалақтап, қақталып, ***кепеленіп*** жатты (Сланов).

КЕПЕШ *Сырып я кестелеп тігілген тақия.* Ақ ***кепеш*** кигізді (Ж. Тілеков).

КЕПИЕТ 1. *Кие, құпия қасиет.* Нан қасиетті, ***кепиеті*** бар (Нұрманов). 2. *Кесір, кесапат.* Қылмаңыз ***кепиет*** (Алдаспан). ◊ **Кепиет атқыр [соққыр, ұрыңғыр]** — *киесі ұргыр, бір бәлеге ұшырағыр.*

КЕПИЕТСІ *Кесірлену, кесепаттану.* Неге ішпей отырсың ***кепиетсіп*** (Бөкеев).

КЕПИЕТСІЗ *Ұсқынсыз, сүйкімсіз.* Мес қарын ***кепиетсіз*** қалпын елестетті (Құмарова).

КЕПИЕТТІК *Кекірейгендік, кесірлік.* Кекірейген ***кепиеттігіңді*** қоймайсың (С. Мұқанов).

КЕПКА *Күңқағары бар жұқа бас киім.*

КЕП-КЕЛТЕ *Қып-қысқа, шоп-шолақ.* Құйрығы күзеген тайдай ~.

КЕП-КЕҢ *Әжептәуір кең, үлкен.* ~ баспана (етік).

КЕП-КЕСЕК *Әжептәуір кесек, ірі-ірі.*

КЕПКІШ *Тез кеуіп кететін, құрғағыш.* □ **Кепкіш май** — *мұсатыр спирті мен өсімдіктің майының қосындысы.*

КЕППЕ *Мақтаншақ, бөспе.* Сендей талай ***кеппенің*** көкірегі басылған (Айтыс). □ **Кеппе кеуде** — *ісіп-кеппе, мақтаншақ.*

КЕППЕЛЕУ *Мақтаншақтау, бөспелеу.* ~ адам.

КЕПСЕР *Қазандағы тағамды араластырып сүзуге пайдаланатын тесік ожау, кәкпір.*

КЕПСЕРЛЕ *Қаңылтырдан істелген заттардың шет-шетін қабыстырып ұстату, дәнекерлеу.*

КЕПСІ *Кебіңкіреу, дегду.* Құрсауы ***кепсіген*** күбідей (Қ. Сәрсекеев).

КЕПТЕ 1. *Сықитып тығыздау, нығырлау, толтыру.* Ішіне балшық ***кептеп*** тастаған (Қ. Ысқақов). 2. *Ауыс. Бастыру, баса кию.* Тақиясын басына ***кептеп*** киіп алған (Рахимов).

КЕПТЕР *Қанатының қауырсыны түрлі-түрлі, үлкен жемсаулы құс, көгершін.*

КЕПТЕРХАНА *Кептерге арнап жасалған үйшік, кептер өсіретін орын.*

КЕПТІРГІШ *Белгілі бір затты кептіруге арналған құрал, орын.* Астық ~, ~ агрегат.

КЕПШІК I *Қарын немесе жұқа тері қаптап, шеңбер түрінде жасаған, ұрып ойнайтын дабылды саз аспабы; даңғыра.*

КЕПШІК II *Астықты елеп тазалайтын ыдыс.*

КЕПІЛ *Дәлел, айғақ, куә, растаушы.* Екі жастың қосылғанына ***кепілмін*** (Ә. Тәжібаев). □ **Кепіл болды** — *жауапкершілігіне алды.* ◊ **Кепілге алды [шығарды]** — *түрмедегі адамды өз жауапкершілігімен уақытша босатып алды.*

КЕПІЛДЕМЕ *Кепілдікке алу куәлігі, кепілдік хат.* Комиссияның ~сі.

КЕПІЛДЕНДІР *Растандыру, куәландыру, айғақтау.* Орта білім алуын ~ді.

КЕПІЛДІ 1. *Тиянақты, тұрақты.* ~ өнім, ~ ақы төлеу. 2. *Міндеттеген, уәде еткен.* ~ мерзім.

КЕПІЛДІК 1. *Бір нәрсенің құнына уақытша қалдырылған адам.* Жүрміз біз бәріміз де ***кепілдікте*** (Сариев). 2. *Жауапкершілік, куәлік.* Куәгердің сөзі, ***кепілдігі*** жетеді (Д. Досжанов). 3. *Бір нәрсе істеуге, алуға еркіндік беретін куәлік қағаз.* □ **Кепілдік берді [етті]** — *өз атынан сенім білдірді, растады.* **Кепілдікке алды** — *жауапқа тартылған адамды өз жауапкершілігімен босатып алды.*

КЕПІРЕШ *Халық емінде қолданатын дәрі.*

КЕР I *Ашу, ыза, қаһар.* Досболдан келген ***керді*** көре жатармыз (Ақынжанов).

КЕР II *этногр. Күйеуі қайтыс болған әйелдің қасірет белгісі ретінде басына байлап алатын екі елі ақ шүберек.*

КЕР III *Қарсы, кері; кедергі.* Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма ***кер*** (Шәкәрім).

КЕР IV *Құла мен күрең аралығындағы жылқы түсі.* ~ төбел, ~ ат.

КЕР V 1. *Далдиған кең, кең байтақ.* ~ жайлау, ~ танау. 2. *Ауыс. Үлкен, кере қарыс.* ~ маңдай. □ **Кер айыл** — *ердің үстінен бастыра тартатын төс айыл.* **Кер дала** — *шексіз, ұшы-қиыры жоқ кең жазық.* **Кер жол** — *жалғыз аяқ қаптал жол.*

КЕР VI *Менменсінген, тәкаппар.* ~ адам (мінез). 2. *Қырсық, қыңыр.* Ол келін де бір ***кер*** жатқан (М. Шаханов). ◊ **Кер азу [ауыз]** — *бір бет, қыңыр, қырсық.* **Кер заман** — *қиыншылығы көп дәуір, уақыт.* **Кер кеуде [көкірек]** — *тәкаппар, өр көкірек.* ◊ **Кер маралдай керілді** (*фольк.*) — *бойына әсемдік жарасқан, майысып бұралана басқан.* **Кер мықын** — *кербез, сәнқой.*

КЕР VII *Бір нәрсені күшпен тартып созу.* Арқан ~ді, көген ~ді. **Аузын кере ашты** — *аузын кең ашты.* **Жел керді** — *кеуледі, кернеді.*

КЕРАЛАҢ *Қиын-қыстау, қысылтаң.* ~ жағдай (дүние, дәуір).

КЕРАМИКА 1. *Күйдірген балшықтан, қыштан жасалған бұйымдар.* Күмбез ~сы. 2. *Қыштан әр түрлі заттар жасау өндірісі мен өнері.* ~ өнері.

КЕРБАҚ *Ерегіскіш, кертартпа, қасарыспа.*

КЕРБАҚТАН *Ерегісу, кертартпалау, қасарысу.*

КЕРБЕЗ *Керіліп-созылған, сәнқой.* ~ сұлу (қыз, қимыл).

КЕРБЕЗДЕН *Сәндену, паңдану.* ~е күлді, ~е сөйледі.

КЕРБЕЗДІЛІК *Сәнқойлық, сылқымдық. **Кербездігі*** қона бермес керілгенге (Т. Әлімқұлов).

КЕРБЕЗСЫМАҚ *Сәнқойлау, кербезсіген,* кербездеу. ***Кербезсымақ*** қара әйел (Майлин).

КЕРБЕЗСІ *Кербез болғансу, кергу, қылымсу.* Әдемімін дегендей ***кербезсіп*** тұрады (“Қаз. әдеб.”).

КЕРБЕТЕГЕ *бот. Бетегенің бір түрі, өсімдік.*

КЕРГІ I *Бір нәрсені жаю, кептіру үшін керіп жасаған аспап; кергіш.* ***Кергі*** темірге саусағын іліктірді (Өбдірзақов). **Кергіге түсті [салды]** — *талқыға түсті, сыналып-мінелді.*

КЕРГІ II *Қыңыраю, бұлдану, бәлдену.* Үлкен әйел бәйбішемін деп ***кергиді*** (Досанов).

КЕРГІЛЕ 1. *Жан-жаққа тартқылау, созғылау.* Жіпті ~ді, көкпарды ~ді, етегін ~ді. 2. *Жұлқылау, түрткілеу.* Енесін ***кергілеп*** емді (З. Иманбаев).

КЕРГІМЕ *Бәлсінген, кісімсіген.* ***Кергіме*** кенеусіз сөз (Досжанов).

КЕРГІШ *Кесте тіккенде, көрпе қабығанда керіп қоятын арнаулы аспап* (Қасиманов).

КЕРГІШТЕ *Созғылау, барынша кере тұсу.* Арқанды ~ді, теріні ~ді.

КЕРҒАЙЗАҢ *Терінің көпке дейін иі қанбай, көк аязданып тұру қалпы.*

КЕРҒАЙЗАҢДАН *Кергу, қырсығу.* Сөзіне шыдамағандай ***кергайзаңдана*** қалды (Тілеуханов).

КЕРДЕН: керден басу — *аяғын ширақ емес, жай аттап басу.*

КЕРДЕҢ 1. *Керіліп-созылған, кербез, паң.* ~ келін (мінез, қылық). 2. *Ақылсыз, зердесіз, жөнсіз, қисынсыз.* Басында ми жоқ... Күлкішіл ***кердең*** наданның (Абай). ◊ **Кердең басты** — *маңғаздана, шірене басты.* **Кердең қақты** — *кердең-кердең етті, кердеңдеді.* **Кердең мойын** — *бір бет, тоң мойын.*

КЕРДЕҢДЕ *Бойын жоғары ұстап кекірею.* Жауап берді ***кердеңдеп*** (Асылбеков).

КЕРДЕҢДІК *Маңғаздық, шалқақтық, кербездік. **Кердеңдік*** маған жараспайды (Сматаев).

КЕРДЕҢСІ *Бәлсіну, кербезсу, маңғазсу.* ~ген менменге кім жуысын.

КЕРДЕРІ *Біртума нармал мен жөң буданы, нармаядан туса екінші, жөңнен туса — үшінші ұрпағы. Кейде кердары деп те аталады.*

КЕРДИ *Кекірею, кекшию, кердеңдеу.* Ел бастайтын билердей ***кердиіп*** (“Қаз. әдеб.”).

КЕРЕ I *Атау-кере адамның өлер алдында ішетін соңғы асы.*

КЕРЕ II *Кейбір сөздермен тіркесіп өлшем атауын білдіреді.* ~ қарыс, құлаш.

КЕРЕГЕ *Киіз үйдің ағаштан жасаған жиналмалы тор көзді сүйегі, қаңқасы.* Үйді жығып, уық, ~лерін буа бастады. □ **Кереге басы** — *кереге желісінің айқасып көктелген, уық байлайтын тұсы* **Кереге жал** — *жалы биік, күдірейіп тік, қалың біткен.* **Кереге көз [жол]** — *тор көз.* ◊ **Керегесін тұргызды** — ә) *үй қып бөлек шығарды;* ә) *іргесін қалады;* **Кереге тас** — *оқшау біткен, үлкен де биік тас.* **Керегесі кеңіді** — *шаңырағы биіктеді, тұрмысы жақсарды.*

КЕРЕГЕҚАП *Жинаулы керегені көлікке артарда бас-аяғына кигізетін өрнектелген киіз.*

КЕРЕГЕЛЕ *Айқыш-ұйқыш етіп төртбұрыштап торлау.* Терезелерін темірмен ***керегелеп*** тастапты (С. Жүнісов).

КЕРЕГЕЛІ 1. *Керегесі бар, іргесі қаланған.* Төрт ~ аядай үй. 2. *Дәулеті шалқыған; іргелі.* Шаруакүйі шалқыған ***керегелі*** әулет (Дүзенов).

КЕРЕГЕШІ *Кереге жасайтын шебер.*

КЕРЕГЕГӨЗ I *Айқыш-ұйқыш, төрт бұрышты тор.* Бөрік астынан ***керегегөз*** шыт орамал салыпты (Қасыбаев). **Керегекөз дәптер** — *тор көзді дәптер.*

КЕРЕГЕГӨЗ II *Далалы жерде өсетін қызылжасыл түсті гүл.* Сарғалдақ, айгүл, ***керегегөз*** сияқты гүлдер қаптап өседі (З. Шашкин).

КЕРЕГІ 1. *Керек болу, жетіспеу.* Дәулетті ауылға бірдене ***керегіп*** тұрғандай (Әдетов). 2. *Қажеті, іздегені.* Өзіңе ~ осы болса, ала бер.

КЕРЕГІНШЕ *Қанша керек болса сонша, қалауынша, қажетінше.* ~ алды, ~ пайдаланды.

КЕРЕҒАР *Бір-біріне қарама-қарсы, қашық, шалғай, алшақ.* Жыртқыштық пен жазықсыздық арасындай ***керегар*** (М. Әуезов).

КЕРЕҒАРЛЫҚ *Қарама-қарсылық, қайшылық, алшақтық, шалғайлық.* Қоғам мен жеке бастың арасында ***керегарлық*** жоқ ("Лен. жас").

КЕРЕК 1. *Қажет, тиіс, мұқтаж.* Маман ~, ~гі осы. 2. *Басқа сөздермен тіркесіп айтылатын көмекші сөз.* Айтса ~ (болса, көз жазып қалса). □ **Керегі жоқ** — *қажет емес.* **Керек болса (десе)** — а) *тіптен, ол аздай;* ә) *қажет болса.*

КЕРЕК-ЖАРАҚ *Күнделікті жұмысқа қажетті нәрселер.* Шаруашылықты ~пен қамтамасыз етті.

КЕРЕКСІЗ *Керегі жоқ, қажеті болмайтын.* ~ дүниедей, ~ істі атқарма.

КЕРЕКСІН *Қажетті санау, мұқтаж тұту.* Борсыған етті кім ***керексінеді*** (Ләмбеков).

КЕРЕКТІ *Керегі бар, қажетті.* ~ бастама (заттар, жерлер).

КЕРЕКТІК *Керегі барлық, қажеттік.* Оқудың ~гі, жұмыс жүргізудің ~гі.

КЕРЕМЕТ 1. *Өте жақсы, тамаша, ғажап.* ~ көрікті, күлкісі ~, ~ әнші. 2. Зор, күшті. ~ дауыл, ~ өзгерген, ~ қуанды. 3. *Ғаламат, ғажап.* Әлемнің жеті ~і. □ **Керемет болды** — *өте тамаша, жақсы іс болды.* **Кереметтің күші** — *құдіреттің ісі.* **Кереметі бар** — *сиқырлы сыры бар.*

КЕРЕМЕТСІ *Әлдеқандай болу, кегірсу.* ***Керемет-сініп*** керігіп отырсың (Мыңжасарова).

КЕРЕМЕТТЕЙ 1. *Ғажап, таң қаларлықтай.* ~ көрінді (төзімді, көктем). 2. *Өте, тым, әбден.* ~ риза, ~ әсер етті.

КЕРЕМЕТТІ *Кереметі бар, кереметі күшті.* ~ сөз қисыны, ~ нұр сәуле.

КЕРЕМЕТТІК *Таң қаларлық, ғажаптық.* Шашының ***кереметтігін*** жұрт көрді (Есенберлин).

КЕРЕН *Қазақстан жерінде бұрын өмір сүрген, көбіне батпақта жүретін мүйіз сыртты, ит тұяқты, қорқау, қомағай мақұлық.* Аузын керендей ашты деген сөз тіркесінің осы ***керен*** атауымен байланысы болса керек.

КЕРЕНАУ *Енжар, самарқау, жалқау.* Жұмсағанда әзер келетін ***керенау*** қайнысы (Х. Хасанов).

КЕРЕНАУЛАН *Енжарлан, еріншектен, жалқаулан, самарқаулан.* ***Керенаулап*** зорға түрды (М. Әуезов).

КЕРЕНАУЛЫҚ *Енжарлық, еріншектік.* ~қа қарсы күрес.

КЕРЕНАУСЫ *Енжарлану, керенау тарту.* ***Керенаусып*** жата берді (Т. Нұртазин).

КЕРЕҢ 1. *Құлағы естімейтін, саңырау.* Құлағы ~, ~ кісідей. 2. *Ауыс. Меңіреу, дүлей.* Дала — мылқау да ***керең*** (Хангелдин).

КЕРЕҢДЕН *Естімеу, саңырау боп қалу.* Құлақ қалған тарс етіп ***кереңденіп*** (Әмірбеков).

КЕРЕУЕТ *Үстіне көрпе, жастық салып, адам жатып ұйықтайтын төсек.* Ағаш ~ (темір).

КЕРЕШ *Аттарды бәйге жолына шығарып салушы.* ***Кереші*** шығып әр топтан ("Үш ғасыр").

КЕРЖЕҢДЕ *Кержең-кержең ету, қираңдау.* ***Керженделп*** барып отырып жатыр (Тарази).

КЕРЖИ *Кертию, кекірею, кекию.* ***Кержиіп*** өз айтқаным дұрыс деп барады (Тарази).

КЕРЖУСАН *бот. Жусанның бір түрі.*

КЕРЖІК *Кері қарай жиырыла біткен, таңқы, кержиген.* ~ мұрын (танау).

КЕРЗІ *Су өтпейтін тығыздау, қалың материал.* ~ етік.

КЕРКИ *Кекірею, кержию, кекию.* Өзі ***кергиген*** тәкаппар (Сарғасқаев).

КЕРКІЛ *Ұрыс-керіс, кейіс.* Араларынан ***керкіл*** шыға бастады (Ө. Өбішев).

КЕРКІЛДЕ *Ұрысып-керісу, дауласу.* Кереғар даумен ***керілдесіп*** отыр (Бегалин).

КЕРМЕ 1. *Бір нәрсе ілу, байлау үшін тартылған жіп, арқан.* Орамалын ~ жібіне ілді. 2. *Бір нәрсені тасалап тұратын жиналмалы қалқа, далда.* Кереуеті шымылдықпен немесе ***кермемен*** бөлінуі шарт (Байжанов). 3. *Садақтың тартылған жібі.* Садақтың ~сі. □ **Керме арқан** — а) **(ырым)** *этногр.* — *қайын жұртына алғаш барғанда күйеу мен құдалар алдынан керілетін арқан;* ә) *арасы қашықтау жерге екі қазық қағып, ат байлау үшін тартылған арқан.* **Кермеге түсті** — *қиын-қыстау жағдайға тап болды.* **Керме иық** — *кең жауырынды, келбеті келіскен.* **Керме қас** — *келіскен әдемі қас.*

КЕРМЕК *бот.* 1. *Тамырынан сары түсті боя алынатын көп жылдық өсімдік.* 2. *Жағымсыз қышқылтым, ащы сор татыған дәм, иіс.* ~ дәм, ~ иіс, ~ татиды.

КЕРМЕКТЕ *Кермек тату, бұзылу.* Тәтті сезімнің өзі ***кермектеп*** кеткен сияқты (Қ. Ысқақов).

КЕРМЕКТЕУ 1. *Кермек татыңқыраған, кермек иісі шығыңқы.* Шуы ~, ~ исі бұрқыраған. 2. *Ауыс. Кекесіндеу; мысқыл уыты аралас.* ~ күлкі, ~ шырайлы.

КЕРМЕКТІК *Кермек дәмі болушылық.* Судың ***кермектігін*** градуспен айырады (Мұсақұлов).

КЕРМЕЛЕ 1. *Жіп, арқан, сым, т. б. тартып, керіп тастау, созғылау.* Сыммен тартқан ***кермелеп*** (Жароков). 2. *Ауыс. Алдын орау, бөгеу, тежеу.* Нақылдармен ***кермелеп*** тастайтын (І. Омаров).

КЕРМЕЛІ *Керіп қойған, созып тастаған.* ~ сым. □ **Кермелі төсек** — *екі баған арасына құрылған аспалы жататын орын.*

КЕРМЕШЕ *кәсіб. Керіп қойып балық аулайтын шағын тор, ау.* Ау салып, ***кермеше*** тартты (Тобағабылов).

КЕРМЕШІ *Керме төгіп балық аулаушы.* ~лер звеносы.

КЕРНЕ 1. *Әбден толу, сыймай кету.* Желінін сүт ~ді, су ~ді, күш ~ді. 2. *Ауыс. Көңіл тасу, шаттығу.* Шаттық ~ді. 3. *Ауыс. Буу, қысу, булықтыру.* Намыс ~ді, өкініш ~ді.

КЕРНЕЙ I *Темір пештің, самауырдың түтіні шығатын мұржасы.*

КЕРНЕЙ II *Жезден жасаған, мойны ұзынша келген үрмелі музыкалық аспап, сырнай.*

КЕРНЕЙЛЕ I *Керней салу, орнату.* Ошақтың мұржасын -п ұзартты.

КЕРНЕЙЛЕ II *Керней тарту, ойнау.* Жаппай *кернейлеп* гуілге басты (Бөкеев).

КЕРНЕЙШІ *Керней тартушы, музыкант,* ~ жігіт.

КЕРНЕУ I *Істелетін жұмыстың электр зарядына қатынасымен анықталатын физикалық шама.* -і 110 вольт. ◊ **Кернеу атты** — *әбден толды, сыймады.* **Кернеуі жоқ** — *шексіз, ұзын, ұзақ.*

КЕРНЕУ II *Өзеннің, теңіздің, көлдің кенері, жиегі, шет жағасы.* Көлдің дәл ***кернеуін*** жағалап өте берген (Қанахин).

КЕРНЕУЛІ *Ток қосылған, ток жіберілген.* Жоғары ~.

КЕРОГАЗ *Керосин жағып тамақ істейтін примус тәрізді аспап.*

КЕРОСИН *Мұнайдан айырып алатын жанармай.*

КЕРСЕҢ *Ағаштан дөңгелектеп істеген үлкен шара, тегеш, тегене.* Үйде бір ~ айран тұр.

КЕРСЕҢДЕП *Керсеңді толтыра, керсең-керсең етіп.* Сорпаны ***керсеңдеп*** ішті (С. Мұқанов).

КЕРСОҚПАҚ *Қиын-қыстауы көп.* Рысқұлдың ***кер соқпақ,*** кескілескен қиын өмірі (Мұртазаев).

КЕРСІ *Кергу, кекірею, кісімсу.* ***Керсімей*** о да келді сұлу Зайда (И. Байзаков).

КЕРТ I *Бунақтап кесу, бунақтау.* Аршадан ***кертіп,*** жонып тиек салдым (С. Сейфуллин).

КЕРТ II *Түйе жейтін өсімдік.*

КЕРТ: керт басты [қара басты] — *сүйенер ешкімі жоқ жалғыз өзі.*

КЕРТАБАН *Кертақыс, шектен шыққан тіларзар.* ~ жалқау.

КЕРТАҒЫ *Түгі кер түстес тағы аңдардың жалпы атауы кербұғы, кертағы, кертарлан. т. б.*

КЕРТАҚЫС *Барып түрған қырсық, қыңыр, қияңқы, кертабан.* ~ шадыр мінез.

КЕРТАҚЫСТАН *Қырсығу, қыңыраю, кертабандану.*

КЕРТАРТПА 1. *Кері кеткен, реакцияшыл.* ~ дәстүр (заң, пікір). 2. *Ауыс. Қыңыр, қырсық.* ***Кертартпаның белгісі кең дүниені тар дейді*** (Мақал).

КЕРТАРТПАЛЫҚ *Кері кеткендік, ескі пигылды жақтаушылық.* -пен күрес, -ғын әшкереледі.

КЕРТАРТПАШЫЛ *Ескі пигылды жақтағыш.* ~ бағыт, ~ күштер.

КЕРТЕ *жерг.* 1. *Малға шөп салу үшін сырық ағаштарды көлденең бойлап жасаған қоршау, ақыр.* 2. *Ауыс. Өресі, быты.* ***Кертесі*** қысқа немеден, не кісілік шықсын.

КЕРТИ *Кекірею, кегжию.* Үйден ***кертиіп*** Дәрікүл шықты (Шүкіров).

КЕРТКІЛЕ *Кертіп жонғылау, кескілеу.* Тақтайды -п отыр.

КЕРТПЕ 1. *Керіп алынған кесінді, бөлік.* Балықтың бір ***кертпесін*** аузына салды (М. Жұмағұлов). 2. *Кесіп, тіліп түсірген ойық, із.* Құлағының ұшында ***кертпесі*** бар болатын ("Қаз. әдеб.").

КЕРТПЕК *Бунақтап кесілген жер, түс.*

КЕРТПЕШ *Кертілген жер, кертік.* □ **Кертпеш мұрын** [танау, тұмсық] — *таңқы мұрын.*

КЕРТПЕШТЕ *Керту, жонғылау, тілгілеу.* Табанына дейін ***кертпештеп*** сатылар жасаған (Марқабаев).

КЕРТҰҚЫЛ *Басбармақпен бастан ұпай алу әдісі; тоқай.*

КЕРТІК *Кертілген жер, тілік, кесік.* ~ мұрын.

КЕРТІҢДІ *Кертік-кертік, кертілген.* Қыры егеудің жүзіндей ***кертіңді*** (С. Мұқанов).

КЕРУЕН *тар. Алыс жерге жүк тасуға немесе сауда жасауға арналған көлік тізбегі.* Автомашиналар -і, автопоездар -і, астық -і. □ **Керуен басы** — *керуенді бастаушы адам.* **Керуен жолы** — а) *құс жолы;* ә) *керуен қатынайтын жол.* **Керуен сарай** — *жолаушылар түсіп дем алатын арнаулы жай.*

КЕРУЕНДЕ 1. *Керуенмен бірге жүру, кіре тарту.* Астықты ***керуендер*** әкелетін (С. Ысқақов). 2. *Ауыс. Сапар шегу.* Келгендей ***керуендеп*** шөлді қырмен (Бекхожин).

КЕРУЕНШІ *Керуен тартушы адам.* Ауылға ~лер келді.

КЕРУЕНШІДЕЙ *Керуенші сияқты.* Түнде жүрген ~.

КЕРУЛІ *Керіп ұсталған, тартылған.* ~ масаха-на, ~ арқан.

КЕРУЇШ *көне. Екі басы кере тартылған, садақ нұсқалы музыка аспабы, адырна.*

КЕРШЕ *Қоңыр түсі басым, керге жақын түс.* Мінгенім көш алдында сұлу ***керше*** (Айтыс).

КЕРШЕУ 1. *Сүйектердің түйіскен жеріндегі дәнекер шеміршек.* 2. *Ауыс. Жылқыда болатын ауру, шеміршекқата.*

КЕРШЕУЛЕ 1. *Тұрау, қазу, ұңғу.* Кенін қазып ***кершеулеп*** (Қ. Қуанышбаев). 2. *Жарықсызатты қиюластырып бекіту; құрсаулау.*

КЕРІ I 1. *Артқа қарай, кейін.* ~ шегінді, ~ қайтты, ~ қарады. 2. *Қарама-қарсы, қайшы.* ~ әсер етті, ~ түсініктер туды, ~ сұрау қойды. ◊ **Кері бақты** — *ерегісті, қасарысты.* **Кері кетті** — а) *нашарлады, оңбады;* ә) *ілгері баспады, қырсықты.* **Кері сөйледі** — *тетір, теріс айтты.* **Кері тартты** — а) *кейін бұрылды, қайта қайтты;* ә) *бөгет болды, тежеді.* **Кері тепті** — *жуытпады, жолатпады.*

КЕРІ II *Істің ыңғайы, кебі, сыңайы.* Мына сөзің суға кеткен тал қарымайдының ***кері*** ғой ("Қаз. әдеб."). ◊ **Керін киді** — *сыңайына кезікті.*

КЕРІК I *көне. Үлкендігі түйедей, өгіз сияқты маңдайында жалғыз мүйізі бар аң; носорог.* Сол жазирада ***керік*** деген аң көрдім, өгіз сияқты оттайды, маңдайында жалғыз мүйізі бар ("Мың бір түн").

КЕРІК II *Салт мінілетін, жұмысқа пайдаланылатын көлік.* Соған мініп баратын бір ***керікке*** қақым бар ма (С. Мұқанов).

КЕРІК III *астр. Аспанның жарты шарындағы терістік полюс үстіне орналасқан шоқ жұлдыз.*

КЕРІК IV *Әлдеқандай болып бұлдану, бәлсіну, керіліп-созылу, кердию.* Мардан біраз ***керігіп*** отырды (І. Жансүгіров).

КЕРІКТІК *Кербездік, керіліп- созылғандық.* Аурудың кербез ***керіктігіне*** таңданып күй шығарды ("Қаз. әдеб.").

КЕРІЛ I *Ұрыс-керіс, дау-жанжал, айтыс-тартыс.* ~ге басты. Құмар да адамдарымен ***керілге*** басқан (Т. Ахтанов).

КЕРІЛ II 1. *ыр. етіс. Кер-іл.* 2. *Созылу, шегі мен шетіне көз жеткізбеу.* -іп жатқан астықты алқап, ~ген кербез дала. 3. *Ауыс. Кербездену, шірену, маңғаздану.* Ойлаған жанша ***керіліп*** біраз тұрды (Жақанов).

КЕРІЛДЕ *Дауыс көтеріп дауласу, ұрысу.* -ген керіс.

КЕРІЛДЕС 1. *орт. етіс. Керілде-с.* 2. *Айтысу, таласып, дауласу.* 3. *Ұрысып-керісу, жанжалдасу.*

КЕРІЛІП-СОЗЫЛУ *Дененің құрыстырысын жазу; шірену, шалқаю.* ***Керіліп-созылып*** емханадан шықпайтын (Жәкенов).

КЕРІМ *Кербез, пақ, маңғаз; сылқым.* ***Керім*** марал — *сұлулықтың тәңірі* (Жас қайрат). 2. *Тамаша, керемет.* Теңіз қандай ***керім*** (Санбаев).

КЕРІМСАЛ I *Қазақстанның оңтүстігінде шілде кезінде соғатын аңызақ, ыстық жел.*

КЕРІМСАЛ II *Кербез, пақ, маңғаз.* Кейде бір кербез тарта қалатын ***керімсал*** еді ғой (Мұратбеков).

КЕРІМСІ *Керім, кербез, пақ болғансу.* ***Керімсуді,*** жалған керімдікті сынады ("Қаз. әдеб".).

КЕРІС I *көне. Серіппелі ағаш шыбығының екі ұшын қайыспен тартып, доғаша иіп жасаған қол қару, садақ* (ҚСЭ).

КЕРІС II *Салғыласқан дау-дамай, ерегіс, ұрыс.* -ті доғар, ~ сөз.

КЕРІС III 1. *орт. етіс. Кер-іс.* 2. *Салғыласу, жанжалдасу, ұрысу.* -іп қалды, -іп жатпады.

КЕРІСКЕДЕЙ *жерг. Келіскен, көз тартатын, үлкен.* Оның ***керіскедей*** денесі көз алдыма келе қалды (Әлсеров).

КЕРІСКЕК *Ұрысқақ, керіс-құмар.* ***Керіскек*** болса, келінің жау (Алдаспан).

КЕРІСКІ *Жұқа етіп басылған, қалпақ, сырмақ сияқты сәнді киім, бұйым тігуге арналған ақ киіз.* Кермиығым, кербезім! ***Керіскідей*** шандозым (Махамбет).

КЕРІССІЗ *Керіске бармайтын, ұрыспайтын.* Үйіші ***керіссіз*** болмас, Орман бөрісіз болмас (Мақал).

КЕРІСІНШЕ *Қарама-қарсы, мүлде, басқаша.* Ал мен ***керісінше*** ойлаймын (Жақыпов).

КЕРІШ-ШАЛЫС *Қажасқан сөз, кикілжің.* ~ сөз.

КЕРІШ *Топырақ пен құмнан бірігіп, қатып қалған тас; жер қыртысы.* Тап-тақыр ақ ***керішке*** ұқсаған қырат (Доспанбетов).

КЕС 1. *Өткір құралмен шорт қию, тілу, кесіп алу, тастау.* Ағаш -ті, аяғын -ті. 2. *Межелеп бөлу.* Жер -іп берді. 3. *Ауыс. Бір нәрсені басып өту, қию.* Жол өзенді ***кесіп*** өтетін (Еділбаев). 4. *Ауыс. Үкіммен жазаға тарту, соттау.* Естісімен ***кескен*** жазаңды (Бегалин). □ **Кесе өткен жоқ** — ***кішілікпен ізет көрсетті.*** **Кесіп айтты** — *тоқ етерін тура айтты, бетін күрт қайтарды.* **Баға кесті** — *баға қойды, баға белгіледі.* ◊ **Кесіп алса, қан шықпайды** — а) *без-бүйрек, қатал;* б) *тұқ тамбас сараң; терісі сүйегіне жабысқан арық.* **Кесіп өтпеді** — *қарсы келмеді.* ◊ **Кіндік кескен жер** — *туған жер.* **Пышақ кескендей тиылды** — *жым болды.*

КЕСАПАТ *Бәлелі қырсық, кесір.* Кейінгіге тимей ме ***кесапатым*** (Торайғыров). ◊ **Кесапаты тиді** — *жаман әсері болды, қырсығы тиді.*

КЕСАПАТТЫ *Бәлелі, қырсықты.* ~ жау (пішін).

КЕСАПАТТЫҚ *Бәлелілік, қырсықтық, кесірлілік.* Ақты төгу — қазақ ұғымында үлкен ***кесапаттық*** (М. Әуезов).

КЕСЕ I *Шай ішуге арналып фарфордан жасалған ыдыс, пиала, шыны аяқ.*

КЕСЕ-АЯҚ *Шай ішетін түрлі шыны ыдыстар.* Бөле ***кесе-аяқты*** шақ жинады (Ө. Нұрпейісов).

КЕСЕК 1. *Балшықтан құйған кірпіш.* ~ құйдық. 2. *Үлкен, ірі, бір бөлшек, түйір.* Қырық пұттық ***кесек*** мыс жатыр (Ғ. Мүсірепов).

КЕСЕКТІК *Ірілік, сомдық.* Денесінің ***кесектігіне*** қарамастан тез қимылдайды (Шашкин).

КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢ *Қарсы алдынан кес-кестеген, қиғаштаған.* Алдына ***кесе-көлденең*** тұра қалды (Өмірбеков). ◊ **Кесе-көлденең тартты [ұстады]** — *бетке ұстады, қарсы қойды.*

КЕСЕ-КӨЛДЕНЕҢДЕ *Алдынан кес-кестеу, көлбеңдеу, қиыс шығу.* Жолаушылар алды ***кесе-көлденеңдей*** берді (Молдағалиев).

КЕСЕКТЕ *Майдаламай ірілеу ету, кесек-кесек турау.* Қой етін ***кесектеп*** турады (Шопан сырлары).

КЕСЕКТЕУ I 1. *Ірілеу, кесегірек.* ~ біткен тұлға. ~ мұрын. 2. *Дөрекілеу, анайылау; тұрпайылау.* Қоңыр дауыспен ***кесектеу*** сөйлейтін (Тұрлыбаев).

КЕСЕҚАП *Көшіп-қонғанда ыдыс-аяқ сынбас үшін киізден жасалатын ыдыс қапшық.*

КЕСЕЛ 1. *Ауру, сырқат, дерт.* Жүйке -гі, түз -і; жұқпалы ~. 2. *Ауыс. Ұнамсыз дағды, жаман әдет.* Карта ойнау — ***кесел*** (Жәмішев). 3. *Ауыс. Қайғы-қасірет, мұң.* Қайтесің атын сұрап -імнің. ◊ **Кесел болды** — *кедергі болды.* **Кесел жасады [келтірді, тигізді]** — *зиян жасады.*

КЕСЕЛДЕН 1. *Дертке шалдығу, ауыру.* Адамның ***кеселденген*** қалін білді (Айтыс). 2. *Ауыс. Кесірлену, қырсығу.* ***Кеселдене*** айтқан сөзіне ренжіп қалды (Жақаев).

КЕСЕЛДІ 1. *Сырқатты, аурулы.* ~ түйін, ~ мал. 2. *Кесірлі, қырсықты.* ~ іс, ~ жалқау, ~ сөз. □ **Кеселді ісік** — *қауіпті ісік.*

КЕСЕЛДІК *Кеселге тән, соған қатысты.* ~ белгілер. ◊ **Кеселдік келтірді** — *залалын тигізді, кедергі болды.*

КЕСЕЛЕ I *Кесемен үстемелеп, кесені толтыру.* Қымызынды ***кеселеп*** құй (Балтабеков).

КЕСЕЛЕ II 1. *Кесе-көлденеңдеу.* Жолын ***кеселеп*** тұра қалды (Ә. Нұрпейісов). 2. *Төтелей жүру, кесіп өту.* Тауды ***кеселей*** басып жөнелді (Батырлар жыры).

КЕСЕЛЕТ *өзг. етіс. Кеселе-т.*

КЕСЕЛЕУ *қ. атау. Кеселе-у.*

КЕСЕЛ-КЕСАПАТ *Кедергі, кесір.* -тан сақтады.

КЕСЕЛСІЗ *Кеселі, дерті, ауруы жоқ, құлантаза.*

КЕСЕНЕ *Қабір басындағы ғимарат, кешене; мавзолей.*

КЕСЕР *Кілемнің жібін кесіп отыратын ілмек пышақ.*

КЕСКЕК 1. *Бұйда есебінде түйенің мұрындығына байлайтын ұзындау жұмыр таяқ.* 2. *Мал жауыр болғанда, құрттағанда басын бұра алмайтындай етіп мойнына байлап қоятын таяқ.*

КЕСКЕКТЕ 1. *Алдын орау, кесе көлденеңдеу.* Бірін-бірі ***кескектей*** оза шабысқан (Оразалин). 2. *Асқақтау, кесірлену, дандайсу.* Уысына ***кескектеген*** жауы бір түсті (Сыланов).

КЕСКЕКТІ 1. *Мойнында кескегі бар, кескек* байлаған. ~ ақсақ қой. 2. *Ауыс. Түп-тегі мықты, азулы, қарулы.* Мен ***кескекті*** ердің сойымын (Махамбет).

КЕС-КЕСТЕ *Алдын орағыту, кесе-көлденеңдеу.* Алдын ***кес-кестеп*** жүргізбеуге айналды (Мекебаев).

КЕСКІЛЕ 1. *Туралау, тілгілеу, боршалау.* -п өлтірді, тураған еттей -ді. 2. *Ауыс. Тілмелеу,*

тілкемдеу, жанын жегідей жеу. Көкірегін ~ді, жүрегін ~ді.

КЕСКІЛЕСКЕН *Қырқысқан, жан берискен.* ~ майдан, ~ күрес.

КЕСКІН *Бет-әлпет, пішін, көрік.* Қыз *кескіні* өзгермеген (Шаймерденов).

КЕСКІНДЕ *Бейнелеп көрсету, мүсіндеу.* Кейбір өнімдерді диаграмма бойынша *кескіндеген* ("Қазақст. мектебі").

КЕСКІНДЕМЕ *Белгілі бір нәрсенің бет-әлпетін, кейпін бояумен түсіретін бейнелеу өнерінің бір түрі.*

КЕСКІНДЕС *Пішін-нобайы ұқсас, нобайлас.* Әжем ~, аққу ~.

КЕСКІНДІ *Бет-әлпеті келіскен, келбетті, әрлі, реңді.* Атжақты келген *кескінді* жігіт (Мұқаев).

КЕСКІН-КЕЛБЕТ *Сырт пішін, түр-әлпет.* Дүниенің ендігі *кескін-келбеті* мүлде өзгеше (Есламғалиев).

КЕСКІНСІЗДЕУ *Реңсіздеу, келбетсіздеу.* Реңсіздеу, ~ келген.

КЕСКІР 1. *Лыпылдаған өткір, кесіп түсетін* 2. *жерг. Темір кесетін асыл, шапқы.*

КЕСПЕ *Үнды илеп, жұқалап жайып, жіңішкелеп кесіп істелетін тағам, салма.* ~ні кесті.

КЕСПЕК 1. *Сұйық зат құйып сақтайтын ағаш ыдыс, бөшке.* 2. *жерг. Жуандау келген қысқа келдек.* Бір-бір *кеспекті* қоныштарыңа сала келіңдер (М. Қуанышбаев).

КЕСПЕЛЕ *Тілім-тілім ету, кескілеу, турау.* Сазанды ~ді.

КЕСПЕЛТЕК 1. *Жуантық келген қысқа, келте.* ~ бөрене (темір). 2. *Аласа бойлы, жалпақ жауырынды.* ~ *адам* (денелі жігіт).

КЕСПЕЛТЕКТЕ *Кеспелтек-кеспелтек етіп кесу.* *Кеспелтектеп* үйіп тастаған отын (Бөкеев).

КЕСПІР *Кескін, түрпат, ұсқын.*

КЕСПІРСІЗ *Кескінсіз, ұсқынсыз.* Дардың қасына *кеспірсіз* біреу пайда болыпты (Қ. Жұмалиев).

КЕСТЕ I *Мата бетіне түрлі-түсті жіппен тоқыған, тіккен әшекейлі өрнек.* ◊ **Кестесі келісті** — *істің реті, қиюы келді.* **Кесте төкті** — *кесте тікті, кестеледі.*

КЕСТЕ II *Бір нәрсенің орындалу, өту уақыты, мерзімі, көрсетілген график.* Сабақ ~сі, көбейту ~сі, жарыс ~сі.

КЕСТЕК *Құрал ретінде қолға ұстайтын таяқ.* Бірінің *кестегі* зілдей тиді (М. Әуезов).

КЕСТЕЛЕ 1. *Мата бетіне түрлі-түсті жіппен әшекейлі өрнек салу, кесте тігу.* Етек-жеңін *кестелеген* көйлек (Тоқаев). 2. *Нақыштау, суреттеу, бейнелеу.* Шындықты шеберлікпен *кестелей* білген (Байжанов).

КЕСТЕЛІ 1. *Кестесі бар, өрнек салынған.* ~ орамал, ~ көйлек. 2. *Әшекейлі, өрнекті.* ~ сөз өрнегі, ~ жазу.

КЕСТЕШІ *Кесте тігудің шебері.* ~лер үйірмесі.

КЕСТЕШІЛ *Кесте тоқығыш.* *Кестешілін-ай,* қолы-қолына жұқпайды (Қонарбаев).

КЕСТІР 1. *өзг. етіс. Кес-тір.* 2. *Еркек төлдің ендерін сылып тастау, піштіру.* Еркек қойларды дер кезінде ~ді.

КЕСІК I *Қиылған, тілік, кертік.* ~ құлақ.

КЕСІК II *Жаза тартқызу кесімі.* Хан *кесігін* естісің, қарындасым болсаң да (М. Әуезов). 2. *Келісіп қойған баға, құн.* Байталға қырық жеті *кесігің* бар (Айтыс).

КЕСІКТІ *Нақты, тұжырымды.* ~ сөз, ~ шешім.

КЕСІЛ 1. *ыр. етіс. Кес-іл.* 2. *Жауапталу, жазалану, сотталу.* Атылу жазасына *кесілді* (Өмірбаев).

КЕСІМ I *Айыптау үкімі, үйғарым.* Сот ~і. ◊ **Кесім қылды** — *үкім шығарды.*

КЕСІМ II *Кесілген, тілінген.* Бір ~ ет.

КЕСІМДІ *Нақты, тұжырымды, шешімді, тиянақты.* Екеуіне *кесімді* ештеңе айтпады (Дүзенов).

КЕСІМДІЛІК *Нақтылық, тұжырымдылық.* Жауабының *кесімділігіне* назар аударды (Әлімжанов).

КЕСІНДІ *Заттың кесілген бөлігі, тілімі.* Ағаш ~сі, шұжық ~сі, ~ сызық.

КЕСІП-ЖАРЫП *Анық етіп, тиянақты етіп,* ~ ештеңе демеді.

КЕСІП-ПІШ 1. *Матаны т. б. өлшеп, қиып, бір нәрсе тігуге, жасауға әзірлеу.* Сәтенді ~ті. 2. *Ауыс. Алдын ала ұйғарып қою, шамалау, тиянақтау.* Өз көңілімен *кесіп-пішіп* те қойған (М. Әуезов).

КЕСІР 1. *Залал, зиян, зардап.* Бірдің *кесірі* мыңға (Мақал). 2. *Қырсық, қыңыр, кежір, тәкаппар,* ~ сөз, ~ мінез. ◊ **Кесір болды [қылды, жасады, келтірді]** — *кедергі жасады, зиянын тигізді.* **Кесірі тиді** — *зиянын тигізді, кедергі болды.* **Кесірі ұрды** — *қаһарына ұшырады.*

КЕСІРЛЕН 1. *Тәкаппарлану, кесапаттану, меншенсу.* Ханымыз *кесірленіп* құдырмаған (Айтыс). 2. *Қиқарлану, қырсығу, кежірлену.* Ауырса, тамақ ішпей *кесірлене* түсетін (Р. Тоқтаров).

КЕСІРЛІ 1. *Тәкаппар, кесапатты, меншендігі күшті.* *Кесірлі* манаптардың қыры сына бастады (Кенен). 2. *Қырсық, қиқар.* ~ кедейлік, ~ кекесін. 3. *Зиянды, зардапты.* *Кесірлі* кеселге душар болды (Тарази).

КЕСІРЛІК 1. *Тәкаппарлық, кесапаттық.* *Кесірлігін* ат тартып жүре алмайды (Мұхамеджанов). 2. *Зияндылық, зардаптылық, кертартпалық.* Іс емес пе мұның бәрі *кесірлік* (Исабеков).

КЕСІРТКЕ *Терісі ұсақ қабыршақты, құйрығы ұзынша, бауырымен жорғалайтын жәндік.*

КЕТ 1. *Бір жаққа кетіп қалу, шығып кету, ұзап кету.* Фермаға ~ті, үйге ~ті, әскерге ~ті. // *Жоғалу, көзге түспеу.* Кел демек бар, *кет* демек жоқ (Мақал). 2. *Белгілі бір себеппен не біреудің кінәсінен тайып тұру, босап кету.* Әйел ерден *кетсе* де, елден кетпейді (Мақал). Жұмыстан ~ті, институттан ~ті. 3. *Есім сөздермен тіркесіп, бір нәрсенің бітуін, таусылуын білдіреді.* Бөз орнына сөз беріп, құда, тамыр, дос *кетті* (Абай). 4. *Қолдағы барын жұмсап бітіру, тауысу, жарату.* Бар қаражаты ~ті, дүние-мүлкі ~ті. 5. *Белгілі бір қалыптан алға озу, алда болу, жылжу.* Сағат оннан ~ті, бес минут алға ~ті. 6. *Шығыс септігі жалғанған сөзге тіркесіп, болып өткен жайды білдіреді.* Туыс болудан ~ті. 7. *Көсемшемен тіркесіп, қимыл-әрекеттің кенет, бірден болғанын білдіреді.* Жүріп ~ті, отыра ~ті, ояна ~ті. ◊ **Кет әрі емес** — *онша теріс көрмейді, ұнатады.* **Кете барды** — *жүре берді.* **Кетер аяғым, кетпе таяғым** — *не қылса да өзіме, әуре болсам өзімнен.* **Кетсең кет, керекуден өт** — *атамнан әрі.*

КЕТА *Лосось тұқымдасына жататын еті қызғылт ірі балық.*

КЕТЕГЕН *Қолда тұрмай кете беретін, қашаған.* ***Кетеген*** болса, түйең жау (Алдаспан).

КЕТЕУ *Әлсіз, әлжуаз, осал.* Балтаның бозбаласы бәрі ***кетеу*** (Айтыс). ◊ **Кетеуі кетті** — *шырқы бұзылды, адам болудан қалды.*

КЕТИ 1. *Заттың шетінің сынуы, кертіліп кемік болу.* ***Кетиген*** сарай қабырғалары қалған (С. Мұқанов). 2. *Кетік болу.* ***Кетіп*** тіссіз қалған (Сәукетаев).

КЕТҚҰДА *Бұрынғы өткен құдандалықтар.* Арада жаушы жүрмектік ***кетқұдалардан*** әдетті ("Алпамыс батыр").

КЕТПЕКТЕЙ *Қолағаштай, үлкен.* Қолы ~ (тас).

КЕТПЕН *Жер қазуға, өңдеуге жұмсалатын құрал.*

КЕТПЕНДЕ *Кетпенмен жерді шауып босату, өңдеу.* ***Кетпендеп*** егін еккен дихан елі (Байтанаева).

КЕТПЕНДЕЙ *Үлкен, ірі, сойталдай.* Келіннің сөзі ***кетпендей*** (Мақал). Күрек тісі ~.

КЕТПЕНШОТ *Шағын кетпен.*

КЕТПЕСТЕЙ *Ұмытылмастай, жоғалмастай.* Естен ~ болды.

КЕТУЛЕН *жерг. Әр жері кетіңкіреген, тозған.* ***Кетуленген*** қабырғасына тіреді (Есенберлин).

КЕТІК 1. *Заттың бір шетінің сынып, опырылып кеміген жері.*~ кесе, өкшесі ~. 2. *Тұскен тістің орны.* ~ шал, ~ бала, ~ тісті адам. 3. *Ауыс. Кемшілік, олқылық, жетімсіздік.* ***Кетігімді*** толтыр, кемшілігімді түзе ("Лен. жас").

КЕТІКТЕН 1. *Шеті сыну, опырылу.* Бір шеті опырылып, ***кетіктеніп*** қалыпты (Тәжіғұлов). 2. *Тісі тұсіп кетік болып қалу, кетию.*

КЕТІКТЕУ *Аздап кемірілген, опырылған.* ~ ағаш қасық, тісінің бірі ~.

КЕТІКТІК *Кетік болушылық.* Тісінің ~гі болмаса.

КЕТІНЕ *Кему, азаю.* Егер де денсаулығы ***кетінесе*** (Хұсайынов).

КЕТІС 1. *орт. етіс. Кет-іс.* 2. *Басқа бір жаққа беталыс, жөнеліс.* Оспанның бұл ***кетісі*** — опасыздық (М. Жұмағұлов).

КЕУДЕ 1. *Дененің белден мойынға дейінгі бөлігі.* ***Кеудемнен*** жаралы болдым (М. Ғабдуллин). 2. *Тән, дене, бой.* Бар жүректер бір ***кеудеде*** жатсын соғып (Мәуленов). 3. *Ауыс. Менмен, тәкаппар.* Көкірек ***кеуде*** надандар, көңілдің назын білмейтін (Лекеров). ◊ **Кеуде көрсетті** — *көкірек көрсетті, тәкаппарланды.* **Кеуде көтерді [қақты, керді]** — *өр мінездікке салынды, дандайсыды.* **Кеудемен соқты** — *өр көкірекке салды, омырауға алды.* **Кеуде соғар батыр** — *өр кеуде батыр.* **Кеудесі жоғары** — *менмен, паң, өзімшіл.* **Кеудесі қарс айрылды** — *қатты қайғырды.* **Кеудесімен жер соққан** — *адуынды, ожар, даңғой.* **Кеудесіне сыймады** — а) *алқынды, демікті;* ә) *ісіп-кепті, мақтанды.* **Кеуде ұрды** — *мақтанды, масаттанды.*

КЕУДЕЛЕ 1. *Кеудесіне дейін бату; бойлау.* Балшыққа ***кеуделеп*** қалыпты (Бердіғұлов). 2. *Омыраулау, екпіндеу, ентелеу.* Әдеппен кезек күткесін, ешкім ***кеуделемеді*** (Мағауин). 3. *Бой бермеу, ырқына жібермеу.* Тоқаш ***кеуделеп*** көнбеді (Шашкин).

КЕУДЕЛЕУ *Көкіректеу, менмендеу.* Жел ~ жігіт.

КЕУДЕЛІ 1. *Сом денелі, иықты.* Өзі кесек, ***кеуделі*** келген (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Менмен, паң, тәкаппар.* Қожасы мен дегендей ***кеуделі*** жан екені танылады (Соқпақбаев).

КЕУДЕМСОҚ *Әпербақан, есерсоқ, ожар.* Белге сап күштеп жі-беретін ***кеудемсоқ*** (Мырзахметов). ◊ **Кеудемсоққа салды** — *ожар мінез көрсетті.*

КЕУДЕМСОҚТАН *Есерсоқтану, ожар мінез көрсету.*

КЕУДЕМСОҚТЫҚ *Есерлік, ожарлық.* ***Кеудемсоқтықтың*** үс-тірттігі де жоқ (Ғ. Мүсірепов).

КЕУДЕШЕ *Кеудеге киюге арналып тігілген тұйе жүнінен не түбіттен тоқылған, жаға, жеңсіз, жылы, жұқа киім.* Апам ~ тігіп берген.

КЕУДІР 1. *Құрғап кеуіп қалған, қатқан.* ~ нан, ~ топырақ. 2. *Қуаты кеткен, кеудіреген, қаусаған.* ~ шалдан таяқ жер ме.

КЕУДІРЕ 1. *Кебу, құрғау, қаудырау.* Тоны ~ді. 2. *Құр сүлдесі қалу, қаусап қартаю.* ~п қалған құр кеуде.

КЕУДІРЛЕ *Кеудір-кеудір ету, кеудіреу.* Киген тоны ***кеудірлеп*** жетіп келді (Батырлар жыры).

КЕУДІРЛЕК *Кеудір-кеудір еткен, кеудірлеген.* ~ мұз, ~ қар.

КЕУЕК 1. *Ішінде ештеңе жоқ бос жер, қуыс.* Қар ~гі, ағаш ~гі. 2. *Қоян паналайтын ұңғір, ін.* ***Кеуекте*** құлағын жылмитып көжек жатыр (Аманшин). ◊ **Кеуек бас** — *ақылы аз, қуыс кеуде.*

КЕУЕКТЕ *Ұңғірлеу, қуыстау.* Дөң басында ***кеуектей*** қазылған ор (Ғаббасов).

КЕУЕКТІ *Қуысты, ұңғірлі; саңлауы бар.* ~ жапырақ, ~ сабақ.

КЕУЕКШЕ *Шағын қуыс, кішірек кеуек.* Жанжағы бітеу келген ~.

КЕУЖІРЕ *Босау, кеудіреу, күйреу.* Күн асқан сайын күйреп, ***кеужіреп*** бара жатқандай (М. Қуанышбаев).

КЕУЗЕ 1. *Дәнді дақылды қабығынан тазарту; қауыздау.* Арпаны ~ ді. 2. *Ауыс. Жегідей жеп қинау, азаптау.* Әр нәрсе жанымды ***кеузейді*** ("Қаз. әдеб.").

КЕУКЕЛЕК *Безек қаққыш, бәйек болғыш.* ~ қақты.

КЕУКЕЛЕКТЕ *Безек қағу, бәйек болу.* ***Кеукелектеп*** жан-жағынан ұлын іздеді (Шашкин).

КЕУКЕРІН *көне. Құман тәрізденіп жасалған сусын құятын ыдыс, жанторсық.*

КЕУ-КЕУ 1. *Құстың шақырғанда айтылатын одағай сөз, па-па.* 2. *У-шу, ырду-дырду, абыр-дабыр.* ~ кеңес, ~ әңгіме, ~ сөз.

КЕУ-КЕУЛЕ 1. *Тұс-тұстан даурығу, көтермелеп қыздырмалау.* ***Кеу-кеулеп*** қыздырмалап қымыз ішіп (Торайғыров). 2. *Бастырмалату, тұс-тұстан ентелеп, ес жинатпау.* Олардың ~ген сұрағына жауап берді. 3. *Көтермелеп айғай-ұйғайға салу, қиқулау.* Тағы да, тағы да, деп ~ді.

КЕУЛЕ 1. *Қуыстану, ұңғу, ұңғірлеу.* Тау бұзып, кен ~п, жол салған. 2. *Кернеу, сыздау; толып кету.* Ішке қарай ~ген жұрт. 3. *Үрлеп толтыру, есу, кіру.* Қара суық етек-жеңін ~п барады. 4. *Жайылу, таралу, меңгеру.* Ән ырғағы ен даланы ~ барады. 5. *Ауыс. Өрлеу, дүрілдеу.* Баяғыдай ***кеулеген*** заманың жоқ (Жамбыл).

КЕУРЕ *Қурау, кебу.* Шоқтық шетінен ***кеуреп*** үзілген тобылғы тұқылдары (Өзиев).

КЕУРЕК I *Түйе жейтін шөптесін өсімдік.*

КЕУРЕК II *Қаудырап қатқан, кепкен.* ~ нан.

КЕУСЕН *Қырманда кемтарларға, дәстүр бойынша ауыл адамдарына дәндей берілетін сыбаға, үлес.*

КЕУІЛЖІР *Кеңсірік тұсының жоғарғы жағында болатын жұмсақ шеміршек.*

КЕУІМ *Қара көлеңке, алагеуім.* Үй іші қара *кеуім* тарта бастады (Байтанаев). ◊ **Кеуім тартты** — *қараңғы түсе бастады.*

КЕШ I *Ымырт жабылып, қараңғы түскен уақыт. Кеш* болса, театр алды адамдарға сыймайды (С. Мұқанов). *Кешке қарай болатын жиын, ойын-сауық.* Туған күн ~і, әдеби ~, сұрақ-жауап ~і. ◊ **Кеш батты** — *ымырт үйірілді, көз байланды.* **Кеш жарық** — *кешкі амандасу, қайырлы кеш.* **Кешке дейін** — *күні бойы, күн ұзаққа.* **Кешке таман [қарай, жақын]** — *ымырт жабыла, кешқұрым.*

КЕШ II *Дер кезінде емес, соңынан.* ~ ұқты, ~ піседі, ~ түрды. ◊ **Кеш қалды** — *кешікті, үлгермеді.*

КЕШ III *Суды, қарды т. б. жаяу кешіп өту, я көлікпен жүріп өту.* Өткелін білмей су *кешпе* (Мақал).

КЕШ IV *Кешіру, ғапу ету.* Оны өзім де *кешпеймін,* тарих та кешпейді (Ә. Әбішев).

КЕШЕ I 1. *Бүгінгі күннен бір күн бұрын өткен күн. Кеше* кешке сенің әніңді тыңдаған (Тоқмырзин). 2. *Ауыс. Бұдан бұрын, өткенде.* Күні *кеше* сау еді аяғы оның (Қызықбаев).

КЕШЕ II *Ай көрінбей қалатын қараңғы кез, түн.* Айдың өткен нешесі, ай қараңғы *кешесі* ("Қыз Жібек").

КЕШЕГІ 1. *Бұдан бір күн бұрынғы.* ~ әңгіме. 2. *Ауыс. Бұдан бұрынғы, өткендегі.* ~ қазақ шаруасының баласы.

КЕШЕЛ *Кешеуіл, соң. Кешел* туған әдіс (Талжанов).

КЕШЕЛДЕ *Кешігу, кідіру. Кешелдеп* қалған қара нардан бұрын қимылда (Райымқұлов).

КЕШЕЛІ *Кешеден бері. Кешелі* бері ойлаған жерден шыға бастадық (Р. Тоқтаров).

КЕШЕЛІ-БҮГІН *Таяу арада, күні кеше.* Ол әдебиеттің есігін *кешелі-бүгін* ашқан жас емес (І. Омаров).

КЕШЕЛІ-БҮГІНДІ *Таяу арада, кеше ғана.* ~ болып өтті.

КЕШЕН I *көне. Өлген кісінің моласын қоршап жасаған ескерткіш.* Өлгендерді есте қалдыру құрылыстары барқын, кейінірек *кешен* деп аталды (Қаз. тарихы).

КЕШЕН II *Белгілі бір нәрселердің тұтас жиынтығы.* Тиімді шаралардың өзара байланысты *кешені* қажет ("Соц. Қаз.").

КЕШЕҢ *Кештеу, кешеуілдеу.* Бұл *кешең* пісетін сорт (Жақаев).

КЕШЕҢДЕ *Кешіңкіреп қалу, баяулау, кідіру.* Қыстауға *кешеңдеп* көшу әдеті (Жәкенов).

КЕШЕУ *Кештеу, кешең.* Кейде мінің *кешеу* болмақ (М. Әлімбаев).

КЕШЕУЛЕ *Кешігіңкіреу, кешеңдеу.* Білім жолына *кешеулеп* келді (Талжанов).

КЕШЕУЛЕУ *Кешеуірек, кешің-кіреп қалған.*

КЕШЕУСІЗ *Кідіріссіз, кешігусіз.* Жұмысқа ~ келеміз.

КЕШЕУІЛ *Кешігіңкірегендік, кідіріңкірегендік.* Ендігі ~ шын ұнатпайтынымды дәлелдейтін еді.

КЕШЕУІЛДЕ *Кешігіңкіреу, кеш қалыңқырау.* Еңбекке *кешеуілдеп* кіріскенімді сезем ін (Ергөбеков).

КЕШЕУІЛДЕУ *Кешірек, кешеуілірек.* Хабар *кешеуілдеу* келіп жетті (Әбдіразақов).

КЕШЕУІЛДІК *Кешігіңкірегендік, кештеу қалғандық.* Су айдау қондырғысын салуда *кешеуілдік* болды (Өтесінов).

КЕШКЕ *Кешқұрым, кешкі уақыт, кешкі мезгіл. Кешке* уәделі жерге келді (С. Жүнісов).

КЕШКІ *Қараңғы түскендегі, түнгі уақыттағы* ~ ас (намаз, мектеп, отырыс). ◊ **Кешкі салым** — *кешқұрым, кешке қарай.*

КЕШКІЛІК *Кешке қарай, кешқұрым.* Кейде ~ көремін.

КЕШКІЛІКТІ *Кешқұрым, кеш сайын. Кешкілікті* ешқайда шықпайды (Ғаббасов).

КЕШКІР *Уақыт кешке таяну, қараңғы түсе бастау.* Уақыт ~ді, күн ~ді.

КЕШКІСІН *Кешке таман, кешкілік уақытта. Кешкісін* бөлмеде әңгімелесті (С. Омаров).

КЕШҚҰРЫМ *Кешке таман, кешкілік уақытта. Кешқұрым* вокзалдың буфетіне келді (Сәуіркенов).

КЕШПЕ *Жаяу кешіп өтетін өткел, таяз су. Кешпені* кешіп, жағаға шықтық (Салғарин).

КЕШПЕС *Кешуге болмайтын, ауыр.* ~ күнә.

КЕШСІЗ *Кеш болмай, қараңғы түспей.* Барған адам *кешсіз* келе алмайды (Майлин).

КЕШТЕТ *Кеш қалыңқырау, түнделету.* ~іп келе қалғаны жақсы болды ғой.

КЕШТЕУ *Уақытын оздырыңқырап, соңырақ.* Өткен түн *кештеу* жатқан (Әлімқұлов).

КЕШТІК *Кешкі уақыт, алдағы, ертеңгі күн.* Түстік өмірің болса, *кештік* мал жина (Мақал).

КЕШУ: кешу айтысты [сұрады] — а) *адамның өлер алдындағы арыздасып, қоштасуы;* ә) *кеш деп өтіну, аяғына жығылу.*

КЕШУСІЗ 1. *Кешіп өте алмайтын, өткелі жоқ.* Өтуге қиын *кешусіз* теңіз (Жамбыл). 2. *Кешіруге болмайтын, кешірілмес.* Өзін-өзі өлтіру — *кешусіз* күнә (С. Мұқанов).

КЕШІГУШІЛІК *Кеш қалушылық, кешіккендік.*

КЕШІК *Уақытынан кеш қалу, кідіру.* Бір сағаттай ~геді, жұмыстан ~ті, газет ~гіп келеді.

КЕШІЛ *Өмір бойы үйленбеген, сүрбойдақ.*

КЕШІР 1. *өзг. етіс. Кеш-ір.* 2. *Кешірім ету, ғапу ету; айыпқа бұйырмау.* ~ қалқам.

КЕШІРГІШ *Көңіліне кек сақтамайтын, кешірімпаз.* ~ адам.

КЕШІРЕК *Соңырақ, кейінірек.* ~ түрды (ұқты).

КЕШІРІЛМЕС *Кешіруге болмайтын, ауыр.* ~ күнә (қылмыс, кінә).

КЕШІРІМ 1. *Біреудің істеген қылмысын, жаман қылығын бетіне баспағандық, рақым, мархабат. Кешіріммен* қарай біліңдер (Әлімбаев). 2. *Жауапқа тартылған адамды жоғарғы өкімет орнының жазадан ақтауы.* Өкімет *кешірім* берді (Тоқаев). ◊ **Кешірім берді [жасады, етті, қылды]** — *айыпқа бұйырмады, ғапу етті.*

КЕШІРІМДІ *Кешіре білетін, кек сақтамайтын.* Шын махаббат рахымды, *кешірімді* болады (М. Әуезов).

КЕШІРІМДІЛІК *Кешірімді болушылық, кешіргіштік.* Ақәділдің *кешірімдігіне* сүйсінді (Жылқышиев).

КЕШІРІМСІЗ 1. *Кешіре білмейтін, қатыгез.* Өзгенің сөзіне *кешірімсіз* келеді (Нәжімеденов). 2. *Кешірілмейтін, кешірілмес.* ~ күнә (іс).

КЕШІРІМШІЛ *Кешірімпаз, кешіргіш.* ~ мінез (қауым, бол).

КЕШІРІМШІЛДІК *Кешірімшіл болушылық.*

КЕЩЕ *Ақыл-ойы кем, ұғым-түсінігі нашар, мығұла.* О, ***кеще***, су ми, неге атасың, есерсоқ (Жаркенов).

КЕЩЕЛЕУ *Ақыл-ойы кемдеу, топастау.* Сабаққа келгенде ***кещелеу*** екен (Ақышев).

КЕЩЕЛІК *Топастық, мығұлалық, надандық.* Әлі хат танымаған ***кещелігін*** мазақ етіпті (Д. Әбілев).

КЕЮЛІ *Реніштi, өкпелі, күйініштi.* Әбден налып ***кеюлі*** еді (Ә. Сәрсенбаев).

КИ 1. *Киім кию.* Пальтосын ~ді. 2. *Ауыс. Орану, жамылу, бүркену.* Жасыл ***киді*** кең далам (Кенен). 3. *Тағу, салу.* Көзілдірік ~ді.

КИ: кие жөнелді [киіп кетті] — *омыраулады; қосарланып сөзін бөлді; кие-жара өте шықты.*

КИБЕРНЕТИКА *Басқару процесінің жалпы заңдылығы мен ұйымдасқан жүйенің байланысы туралы ғылым.*

КИЕ *көне. Бірдеңенің пірі, иесі, қасиеті.* Жылқының ***киесі*** — Қамбар ата (Қасиманов). ◊ **Киесі атты [ұрды]** — *қарғысына ұшырады.* **Киесіне жолықты [ұшырады]** — *кесапаты тиді.*

КИЕЛЕ *Жадылау, арбау, дуалау.* Қазақтар ***киелеуді*** жады деп атайды (Уәлиханов).

КИЕЛІ *Киесі бар, қасиетті.* ~ сөз (мал, ағаш, сан).

КИЕЛІРЕК *Қасиеттірек, құдыреттірек.* Ананың батасы молланың бәддұғасынан ***киелірек*** (Мақалнама).

КИЕ-МИЕ *Киген бойда.* Бешпетті ***кие-мие*** сыртқа шықты (Дәулетбаев).

КИЕҢКІ *Биенің, байталдың несебі бұзылып ауыратын ауру; қарақаптал.*

КИЕСІЗ *Киесі жоқ, қасиеті шамалы.* Ел иесіз, жер ***киесіз*** емес (К. Ахметбеков).

КИЙ *Бильярд ойнауға арналған ұзын таяқ.*

КИКІЛЖІҢ *ұрыс-керіс, кейіс.* ~ сөз, өзара ~, үй-іші ~і. ◊ **Кикілжің туды [болды, кірді]** — *кейіс сөздер болды.*

КИКІЛЖІҢДЕ *Реніш білдіру, ұрыс-керіске* бару. Зілді үнмен ***кикілжіңдесіп*** тұрды (С. Мұқанов).

КИЛОВАТТ *Мың ваттқа тең электр тогы қуатының өлшем бірлігі.*

КИЛОВАТТ-САҒАТ *Ток қуаты бір киловаттқа тең энергия көзінің бір сағат бойы істеген жұмыс өлшемінің жүйеден тыс бірлігі.*

КИЛОГРАММ *1000 граммға тең өлшемнің метрикалық жүйесіндегі салмақ бірлігі.*

КИЛОВОЛЬТ *1000 вольтқа тең электр қуатының бірлігі.*

КИЛОМЕТР *1000 метрге тең ұзындық өлшемінің бірлігі.*

КИЛОМЕТРАЖ *Қашықтықтың километрмен берілетін өлшемі.*

КИЛІГУШІ *Омыраулаушы, соқтығушы; араласа кетуші.*

КИЛІК 1. *Біреудің ісіне, сөзіне кірісу, араласу.* Сөзін бөліп ~ті, араға ~ті, дауға ~ті. 2. *Дүрсе қоя беру, тиісу, соқтығу.* Қандай хақыңыз бар,- деп келе ***килікті*** (Шалқаров). // *Бас қою, тап беру.* Ішімдікке ~кен болар. 3. *Ауыс. Тосыннан келіп ұшырасу, тап болу, душар болу.* Боран ~ті, қолайсыз жағдайға ~ті.

КИЛІККІШ *Тап болғыш, ұшырасқыш.* Қырсықканда кісіге әр нәрсе ***киліккіш*** қой (Алдабергенов).

КИЛІКПЕ *Не болса соған кіріскіш, киліккіш.* Өмірде бар осындай ***килікпелер*** (Көпішев).

КИЛЬКА *Кәсіптік маңызы бар сельд тұқымдас майшабақ...*

КИМЕ: киме сөз — *көлденең, қағытпа сөз.*

КИМЕЛЕ 1. *Жұртты, қалың топты, көпірді итермелеп алға ұмтылу.* Екеуінің арасынан ***кимелеп*** өте берген (Әлімқұлов). 2. *Не болса соған беталды араласа кету.* Жасы үлкен сөйлеп отырғанда ***кимелеме*** (Сланов).

КИМЕШЕК *көне. Ақ матадан беті дөңгеленіп ойылып істелінетін әйелдің бас киімі.* ***Кимешегінің*** күндігі қарқарадай (Рахимов).

КИМЕШЕКТІК *Кимешек тігуге арналған, соған жетерлік.* ***Кимешектік*** ақ мата (С. Омаров).

КИМОНО *Жеңі кең халат түріндегі жапонның ұлттық киімі.*

КИНЕМАТОГРАФ *Кинофильмді түсіріп, оны көрсететін аппарат.*

КИНЕМАТОГРАФИЯ *Кинофильмдерді дайындап, көрермендерге көрсететін мәдениет пен өндірістің бір саласы.*

КИНЕСКОП *Теледидардағы магнитпен басқарылатын электронды сәулелі түтік.*

КИНО *Кинематография, киноөнер, кинотеатр, кинофильм.* ~ торабы (көрсетті).

КИНОАППАРАТ *Киноға түсіретін, кино көрсететін аппарат.*

КИНОАППАРАТУРА *Кинематографияда қолданылатын түрлі аппараттардың жиынтық аты.*

КИНОДОКУМЕНТ *Құжаттарға негізделген кинофильм, құжатты кинокадр.*

КИНОЖАРНАМА *Кино жөніндегі хабар.*

КИНОЖУРНАЛ *Күнделікті өмір тақырыбына арналған қысқа метражды кинофильм.*

КИНОЗАЛ *Кино көрсететін үлкен кең бөлме, жайлы орын.*

КИНОКАМЕРА *Киноға түсіретін аппарат.*

КИНОҚОНДЫРҒЫ *Кино көрсететін аппарат.*

КИНОЛАНДЫР *Киномен қамтамасыз ету.*

КИНОЛЕНТА *Кинофильм, кинокартина.*

КИНОМЕХАНИК *Кино қоюшы маман.*

КИНООПЕРАТОР *Киноға түсіретін маман.*

КИНОПЛЕНКА *Кино кадрлары түсірілетін лента.*

КИНОПРОКАТ *Киномен қамтамасыз ететін мекеме.*

КИНОРЕЖИССЕР *Фильмді қоюшы, кино картинаның режиссері.*

КИНОСЕАНС *Кинофильмді көрсетуге кеткен уақыт, сондай-ақ кинофильмді көрсету.*

КИНОСТУДИЯ *Кинофильмдер шығаруды ұйымдастыратын мекеме.*

КИНОТЕАТР *Көпшілікке кинофильм көрсететін үй.*

КИНОФЕСТИВАЛЬ *Кинофильмдерді сұрыптап, сыннан өткізу үшін арнайы көрсету.*

КИНОФИЛЬМ *Экранда көрсету үшін түсірілген кинематография туындысы; кинокартина.*

КИНОШЕЖІРЕ *Қоғамдық өмірдегі күнделікті оқиғаға арналған киножурнал немесе кинофильм.*

КИОСК *Ұсақ сауда жүргізетін шағын дүкен, дүкенше.*

КИПАРИС *Жылы жақта өсетін мәңгі жасыл шырша ағашы.*

КИРЕЛЕҢ *Кирең-кирең еткен, қисалаң.* Қасқыр *кирелең* ете түсті (Дәулетбаев).

КИРЕЛЕҢДЕ *Кирең-кирең ету, қисалаңдау.* *Киреңдеп* басып шығып кетті (Д. Досжанов).

КИРЕҢ *Жылқының бел омыртқасы шойырылып жүре алмай қалатын ауруы, шойырылма.*

КИРЕҢДЕ *Кирең-кирең ету; қисаңдау.* *Киреңдеп* жүре алмай қалды ("Жетісу").

КИРИЛЛИЦА *Орыс және басқа славян халықтары әліпбиіне негіз болған ескі славян әліпбиінің бірі.*

КИСЕЛЬ *Жеміс-жидек шырынын, тағы басқаларын крахмал қосып қайнату арқылы даярлайтын қоймалжың тағам.*

КИТ *зоол. Теңіз бен мұхитта тіршілік ететін ең ірі сүтқоректі жануар (балықтың ең ірі түрі).*

КИТЕЛЬ *Тік жағалы формалы пиджак.*

КИТІҢ *Кібіртік, мардымсыздық, өнімсіздік.* Ат ~ аяңына басты.

КИТІҢДЕ *Кібіртіктеу, мардымсыз жүріс жүру.* *Китіңдей* аяңдап келе жатқан (Сегізбаев).

КИІЗ *Малдың жүнінен қалың, тығыз етіп басылған бұйым, төсеніш.* ~ байпақ (есік). □ **Киіз басу** — *киіз жасап шығару.* **Киіз есік** — *сықырлауықты сыртынан жауып тұратын, ортасы ши, астары жарғақ теріден істеліп, пісірілген ақ киізден жасалған есік.* **Киіз кітап** — *жеке адамның өзі ғана пайдаланатын жазбалары.* **Киіз пісіру** — *киіз басып жатқан шиге ыстық су құйып киізді ширатып алу.* **Киіз тебу** — *киізді жасау, тығыздау үшін жүнді ораған шиді аунатып теуіп басу.* **Киіз үй** — *киізден жасалған қазақ үйі.* **Киіз үйдің сүйегі** — *киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауықтан тұратын негізгі қаңқасы.*

КИІЗДЕЙ *Киіз сияқты тығыз, қалың.* ~ тұтасқан (ұйысқан).

КИІЗДЕН *Ұйысу, тұтасу, нығыздану.* Шашы ұйысып *киізденіп* қалыпты (Саржайлау).

КИІЗКИІК *бот. Шөптің бір түрі.*

КИІК *зоол. Айыр тұяқты, ешкі тұқымдас жабайы дала аңы.* *Киік* қағынан ішкен егіз табар (Мақал). □ **Киік емшек** — *сүтті емшек.* **Киік желін** — *тез иіғіш, бойындағы сүтін иіп беретін.* **Киіктің асығындай** — *кішкентай да сүйкімді, оңтайлы, пысық, ширақ.*

КИІКОТЫ *бот. Киік жейтін, иісті шөп.*

КИІКТЕЙ *Киік сияқты, жүйрік.* ~ зымыраған, ~ орғып, үріккен.

КИІКТЕН *Кісіге үйір болмау, тағылану.* Шешіле сөйлеспейтін *киіктеу* бұл ақын (С. Мұқанов).

КИІКТЕУ *Кісіге онша үйір емес, тағылау.*

КИІМ *Адам денесіне киюге арналған бұйымдардың жиынтық аты.* Бас ~ (сырт, іш).

КИІМДІ *Үстінде киімі бар, киінген.* Модалы ~, қымбат ~ адам.

КИІМДІК *Киім боларлық, соған жарарлық.* ~ мата.

КИІМ-КЕШЕК *Әр түрлі киім.* Шопандарға ~ апарып берді.

КИІМСІЗ *Үстінде киімі жоқ, киім кимеген.* Жылы ~ (бас ~, ~ емес).

КИІМШЕҢ *Үстіндегі киіммен, шешінбестен.* ~ жатып қалды, ~ отыр.

КИІМІЛГІШ *Киім-кешек ілуге арналған ілмешегі бар тағаң (сорс, сәкі).*

КИІҢКІ *Киіп-жарып кеткіш, кимелегіш.* *Киіңкі* көңіл, қу үміт (Жансүгіров).

КИІП-ЖАР *Топтың арасын жарып кимелеу, омыраулау.* *Киіп-жарып* қайда барасың (Сегізбаев).

КИІТ *Құдандалы адамдардың бір-біріне киім-кешек түрінде беретін сыйлығы, сый-сияпаты.* □ **Киіт киді** — *құдалардан сыйлыққа киім-кешек алды.*

КЛАВИАТУРА ***муз.*** *Клавишті музыкалық аспаптардан және кейбір механизмдердің клавиштерінің жиынтығы.*

КЛАВИШ ***муз.*** *Кейбір музыка аспаптарындағы саусақпен басып ұн шығаратын тетік.*

КЛАПАН 1. *Газ, сұйық өтетін механизмдегі қақпақ.* Гудок ~ы. 2. *Қанның кері қозғалысын болдырмайтын жүректегі қақпақ, тетік.* Жүректің қан жүретін ~дары.

КЛАРНЕТ ***муз.*** *Ағаштан жасалған музыкалық аспап.*

КЛАСС I *Қоғамдық топ.*

КЛАСС II 1. *Белгілі бір оқу жылындағы бірге оқитын оқушылар тобы.* Оныншы ~ (бірінші). 2. *Мектептегі балалар оқитын бөлме.* ***Класс*** іші таза ("Қазақст. мұғ.") 3. ***Биол.*** *Тұр, топ.* Бауырымен жорғалаушылар ***класы*** (биология).

КЛАССИК *Ғылымның, өнердің, әдебиеттің т. б. жұрт таныған ең көрнекті, үлгілі қайраткері.* Әдебиет ~тері.

КЛАССИКА *Әдебиет пен өнердің үлгілі туындысы.* Дүние жүзілік ~ның асыл қазынасы.

КЛАССИКАЛЫҚ *Классикаға жататын, соған қатысты.* ~ музыка.

КЛАССИФИКАЦИЯ *Заттарды, құбылыстар мен ұғымдарды олардың жалпы белгілеріне қарай топтастырушылық.*

КЛАССИЦИЗМ *XVII–XVIII ғасырлардағы әдебиет пен өнердегі ежелгі грек, рим өнерін үлгі етіп алған бағыт.*

КЛАСТАС *Бір класта оқитын; бір класқа жататын.* ~ бала, құрбысы.

КЛЕЕНКА *Су өткізбейтін заттар қосып жасаған мата тәрізді нәрсе.*

КЛЕЙСТЕР *Крахмал мен ұнды араластырып жасаған желім.*

КЛЕТКА 1. *Протоплазма, ядро мен қабыршақтан тұратын тірі организм құрылымының ең кішкентай бөлшегі.* Нерв жүйесінің ~сы. 2. *Заттың бетіне салынған төртбұрыш немесе квадрат.* Шахмат ~сы.

КЛЕТКААРАЛЫҚ *Клеткалар арасындағы.* ~ заттар.

КЛЕТКАЛА *Жеке төртбұрыштарға немесе квадратқа бөлу.*

КЛЕТКАЛЫ *Клеткасы бар, клеткадан құралған.* Бактерия ~, бір~ организм. 2. *Жеке клеткаларға бөлінген.* ~ қағаз (дәптер).

КЛЕТКАСЫЗ *Клеткасы жоқ.*

КЛИЕНТ 1. *Зат сатып алу, заказ беру үшін немесе басқа да бір шаруамен ісі түсіп келген адам.* 2. *Адвокат, нотариус тағы басқаға өзін жүргізуді тапсырған адам.*

КЛИЗМА ***мед.*** *Артқы жақтан резина түтікпен жылы су жіберіп, ішекті тазалауға арналған аспап.* □ Клизма жасады — *жылы су жіберіп ішекті тазалады.*

КЛИМАТ *Белгілі бір жердің географиялық ерекшелігін танытатын ауа райының көп жылғы жағдайы.* ~ы қатаң, ~ы қиын.

КЛИМАТОЛОГ *Климатология маманы.*

КЛИМАТОЛОГИЯ *Климатты зерттейтін ғылым саласы.*

КЛИНИКА *Ауруларды емдейтін әрі студенттік тәжірибе мен ғылыми зерттеу жұмысы қоса жүргізілетін емдеу мекемесі; емхана.*

КЛИНИКАЛЫҚ *Клиникаға қатысты.* ~ аурухана. □ **Клиникалық өлім** — *жүрек соғуының тоқтағанынан бастап мидың жансызануына дейінгі адам халі.*

КЛОУН *Күлкілі, сықақ, әзілдік номерлерді орындайтын цирк артисі.*

КЛУБ 1. *Саяси білім, тәрбие беру үшін, еңбекшілердің мәдени дәрежесін көтеру, демалысын ұйымдастыру үшін қызмет ететін қоғамдық ұйым.* Жастар ~ы, спорт ~ы, интернационалдық ~. 2. *Осы ұйым орналасқан, жұмыс жүргізетін үй.* ~ үйі, ~ залы.

КНОПКА 1. *Қағаз, мата тағы басқаларын қатты бір затқа бекітіп, іліп қоюға керек жалпақ басты кішкене шеге.* 2. *Саусақпен басу арқылы электр тогын, әр түрлі механизмдерді іске қосу я тоқтату үшін қолданылатын жылжымалы түйме.*

КНЯЗЬ 1. *Ескі феодалдық Русьтегі әскер басшысы әрі өлке билеушісі.* 2. *Князь ұрпақтарына берілген атақ.*

КНЯЗЬДЫҚ *Князь билеген, қожалық еткен аймақ, князь қарауындағы өңір.*

КОАЛИЦИЯ *саяси. Жеке партиялардың, мемлекеттердің ортақ мақсатқа жету жолындағы бірлестігі, одағы.* Антигитлерлік ~.

КОБАЛЬТ *хим. Темірден гөрі қаттырақ қызғылттанып тұратын күміс түстес металл, химиялық элемент.*

КОБАЛЬТТЫ *Кобальт араластырылған.* ~ қағаз.

КОБЗАРЬ *Кобзаның сүйемелденуімен ән айтатын украинның халық жыршысы.*

КОБРА *Ыстық жақты мекендейтін басының артқы жағында теңбілі бар, өте улы, ірі жылан.*

КОД *Әр түрлі информация беретін шартты белгілер жүйесі.*

КОДЕИН *мед. Жөтелді басуға қолданылатын ақ түсті порошок дәрі.*

КОДЕКС *Белгілі бір жүйе бойынша тізілген құқықтың тиісті саласы жөніндегі заңдар жиынтығы.* Азаматтық ~, қылмысты істер ~і.

КОДИФИКАЦИЯ *Правоның (құқықтың) жеке тарауларына жататын мемлекет заңдарын бірыңғай жүйеге келтіріп біріктіру.*

КОКАИН *мед. Наркотиктік мақсатта, ауырғанды сездірмеу мақсатында қолданылатын улы зат.*

КОКА-КОЛА *АҚШ және басқа бірсыпыра елдердегі сергітетін, салқын сусын.*

КОКАРДА *Әскери фуражкадағы арнайы үлгімен жасалған металл значок.*

КОКС *Тас көмірді, торфты қыздыру арқылы алатын қатты отынның түрі.*

КОКСТЕ *Кокске айналдыру.*

КОКТЕЙЛЬ 1. *Шараптар қосындысынан қант, татымды заттар араластырып бапталған ішімдік.* 2. *Жеміс шырынына қант, жидек қосып даярлайтын сусын.*

КОЛБАСА *Ішекке немесе жасанды пленканың ішіне арнайы әдіспен пісіріп салынған ет.*

КОЛЕНКОР *Киім астарына, кітап мұқабасына жарататын мақтадан тоқыған матаның бір түрі.*

КОЛЛЕГИЯ *Әкімшілік, мәжілістік ұйымды, мекемені басқаруға ресми бекітілген адамдар тобы.* ~ның қаулысы.

КОЛЛЕДЖ *Англия, АҚШ, тағы бірсыпыра елдердегі жоғарғы және орта оқу орны.*

КОЛЛЕЖ *Франция, Бельгия, Швейцариядағы орта оқу орны.*

КОЛЛЕКТОР I 1. *Белгілі бір нәрсені жинап таратумен шұғылданатын мекеме.* Кітапхана ~ы. 2. *Белгілі бір нәрсенің үлгілерін жинаушы, құрастырушы, сақтаушы адам.*

КОЛЛЕКТОР II 1. *тех. Айналмалы токты тұрақтандыратын динамомашинаның бір бөлігі.* 2. *тех. Канализациядағы сұйық зат пен базды шығарып тұратын кең құбыр.*

КОЛЛЕКЦИОНЕР *Коллекция жинаушы.*

КОЛЛЕКЦИЯ *Біртектес заттардың жүйеге келтірілген жиынтығы.*

КОЛЛОДИЙ *мед. Медицина мен фотографияда қолданылатын эфир мен спирттің қосындысынан жасалған қою, жабысқақ, түссіз ертінді, сұйықтық.*

КОЛЛОИД *хим. Жан-жануардың көк етінен, өсімдік қабықтарынан өтпейтін, кристалданбайтын химиялық зат.*

КОЛЛОКВИУМ 1. *Студенттердің білімін тексеру, көтеру мақсатымен оқытушының олармен жүргізетін әңгімесі.*

КОЛОНИЯ 1. *Империалистік мемлекеттің басып алып, саяси және экономикалық бостандығынан айырған елі.* 2. *Басқа елден, өлкеден қоныс аударушылардың қонысы, елді мекені.* Неміс ~сы. 3. *Арнаулы мақсатпен бірге тұратын адамдар тобының мекені, жатақханасы.* Еңбек түзеу ~сы.

КОЛОНКА 1. *Автотранспортқа жанармай беретін құрал.* 2. *Жер астынан суды жоғары шығарып тұратын құбыр.* 3. *Баспа беттеріндегі ұзынша басылған жеке материалдар.*

КОЛОННА *Балканы тіреп тұратын дөңгелек тіреуіштің таянышы.* 2. *Бірінен соң бірі леклегімен қатарласқан шеру.*

КОЛОРИТ *Бояулар мен түстердің суретте құбылып өзара үйлесуі.* Ашық ~

КОМАНДА 1. *Әскери тәртіппен берілетін бұйрық, әмір.* ~ берді. 2. *Белгілі бір істі орындау үшін кем дегенде үш және одан да көп адамнан құралған топ.* "Қайрат" ~сы, футбол ~сы.

КОМАНДАШЫ *Команда беруші; әскери бөлімнің бастығы.* Түркістан майданының *командашысы* (А. Нұрханов).

КОМАНДИР *Әскери бөлімнің бастығы.* Рота ~і, кіші ~.

КОМБАЙН 1. *Әр алуан дақылдарды жинап, бастыруға арналған күрделі машина.* Астық ~ы, картоп ~ы. 2. *тех. Жүйелі процестерді орындайтын күрделі машина.* Көмір ~ы.

КОМБАЙНШЫ *Комбайн жүргізуші, айдаушы.*

КОМБАТ 1. *Батальон командирі.* 2. *Батарея командирі.*

КОМБИНАТ 1. *Түрлі өндіріс салаларын бірлестіретін ірі өнеркәсіп бірлестігі.* Металлургия ~ы.

2. *Түрлі дәрежелі оқу орындарының бірлестігі.* Оқу ~ы.

КОМБИНАТОРЛЫҚ *Ұластыруға негізделген, қиыстыруға негізделген.* ~ вариант (талдау).

КОМБИНАЦИЯ 1. *Біртектес нәрсенің белгілі бір тәртіппен тіркесуі, бірігуі.* Цифрлар ~сы, дыбыстар ~сы. 2. *Тақта және спорт ойындарында қолданылатын айла, тәсіл.* Шахмат ~сы.

КОМБИНАЦИЯЛА *Түрлі амал-тәсілдер қолданып әрекет жасау.*

КОМБИНЕЗОН *Бешпеті мен шалбары тұтастырылып тігілген өндірістік костюм.*

КОМБРИГ *әск. Бригада командирі.*

КОМЕДИЯ 1. *Күлкілі, сықақ, әзіл сюжетті драмалық шығарма.* Классикалық ~. 2. *Күлкілі оқиға.* 3. *Қасақана білмегенсіген екі жүзділік.*

КОМЕНДАНТ 1. *Әскери бекіністің, қорғанның, қалалық гарнизонның бастығы.* Гарнизон ~ы, бекініс ~ы. 2. *Тұрғын үй, жатақхана, театр т. б. мекеме үйлерінің ісін, тәртібін бақылап, басқарушы.* Жатақхана ~ы.

КОМЕНДАНТТЫҚ *Комендантқа тән, соған қатысты.* □ **Комендантты сағат** — *жүріп-тұруға уақыт жағынан шек қоюшылық.*

КОМЕНДАТУРА *Комендант кеңсесі.*

КОМЕТА *астр. Күн сәулесі әсерімен жарқырайтын ядросы бар тұманды дақ пен құйрық тәрізді аймыштардан құралған аспан денесі; құйрықты жұлдыз.*

КОМИК 1. *Күлкілі рольдерде ойнайтын актер.* 2. *Күлдіргіш, юморға икемді адам, қуақы.*

КОМИНТЕРН *Коммунистік интернационал.*

КОМИССАР *Айрықша уәкілдік берілген үкімет жүктеген ерекше, ресми қызметті атқаратын адам.*

КОМИССАРИАТ *Кейбір мемлекеттік, әкімшілік мекемелерінің атауы.*

КОМИССИОНЕР *Сауда ісін келістіруші делдал.*

КОМИССИЯ *Бір мәселені тексеріп шешу үшін құрылған арнайы уәкілдікке ие адамдар тобы.* Емтихан қабылдау ~сы.

КОМИТЕТ *Жеке бір жұмысты басқару үшін сайланған мемлекеттік немесе партиялық коллегиялық үйым.* Облыстық партия ~і.

КОММЕНТАРИЙ *Белгілі бір мәтінге түсініктеме беру, соны сипаттап өту.* ~ берді (жазды).

КОММЕНТАРИЙЛІ *Түсініктемесі бар.* Қиын сөздердің ~ тізімі.

КОММЕНТАТОР *Түсінік беруші, түсіндіруші; комментарийдің авторы.*

КОММЕРСАНТ *Сауда-саттықпен шұғылданушы.*

КОММЕРЦИЯ *Сауда-саттық әрекеттері, сауда операциясы.*

КОММУНА *Еңбек, мүлік ортақтығы бойынша бірлескен адамдар ұжымы.*

КОММУНАЛДЫҚ 1. *Коммунаға қатысты.* 2. *Қала шаруашылығына қатысты, сонымен байланысты.* ~ қызмет. □ **Коммуналдық үй** — *қала шаруашылығы мекемесі берген, бірнеше отбасы тұратын үй.*

КОММУНАР *1871 жылғы Париж Коммунасына қатынасқан революционер.*

КОММУНИЗМ *Қоғамдық-экономикалық құрылыстың бір түрі.*

КОММУНИКАЦИЯ *Жол қатынасы, бір орынның басқа орынмен байланысы; байланыс линиясы.* Су ~сы. энергетика ~сы.

КОММУТАТОР 1. *Электр тогын жіберіп, тоқтатып тұратын, оның бағытын реттейтін құрал.* 2. *Телефон байланысын ретке келтіретін арнаулы құрал.*

КОММЮНИКЕ *Халықаралық маңызы бар мәселе жөніндегі үкіметтің ресми мәлімдемесі.*

КОМОД *Киім-кешек салуға арналған тартпалы аласа шкаф.*

КОМПАНИЯ 1. *Уақыттарын бірге өткізетін немесе белгілі бір мақсатпен біріккен адамдар тобы, жиыны.* Жігіттер ~сы, қыздар ~сы. 2. *Кәсіп иелерінің сауда немесе өндірістік бірлестігі.* Акционерлік ~.

КОМПАНЬОН *Компанияға қосылушы, серіктес.*

КОМПАС *Әрдайым терістікті көрсетіп тұратын магниттік тілі бар жер жағдайын анықтайтын аспап.*

КОМПЕНСАТОР *Белгілі бір механизмнің жұмыс жағдайын теңестіретін, бірыңғайландыратын әр алуан аспаптардың аты.*

КОМПЕНСАТОРЛЫҚ *Компенсаторға тән, соған қатысты.* ~ қуат.

КОМПЕНСАЦИЯ *Келтірген зиянның, шығынның есесін қайтарып, төлеуін берушілік.* ~ төледі.

КОМПЕНСАЦИЯЛА *Шығынның орнын толтыру.*

КОМПЕТЕНТТІ 1. *Белгілі бір сала бойынша істі жетік білетін.* ~ пікір. 2. *Уәкілділігі бар, компетентке ие.* ~ үйым.

КОМПЕТЕНЦИЯ 1. *Белгілі бір адамның жетік білетін мәселесі, хабардарлық.* 2. *Белгілі бір мекеме немесе қызметкер уәкілдігінің міндеті.* Сот ~сы.

КОМПЛЕКС *Заттардың, іс-әрекет пен құбылыстың жиынтығы, үйлесімі.*

КОМПЛЕКТ *Бір бүтін заттың толық жиынтығы, жинағы.* Саймандар ~ісі.

КОМПОЗИТОР *Музыкалық шығарманың авторы.*

КОМПОЗИЦИЯ 1. *Әдебиет пен өнердің құрама бөліктерінің құрылысы, орны, арақатысы.* Романның ~сы. 2. ***муз.*** *Музыкалық шығарманы жазу теориясы.* ~ класы.

КОМПОНЕНТ *Бір нәрсенің құрамды бөлшегі.* Сюжет — композициядағы басты ~.

КОМПОТ *Көбінесе кептірілген жеміс-жидекке қант қосып, қайнатып даярлайтын сусын.*

КОМПРЕСС *Емдеу мақсатымен ауырған жерге тартатын сулы, сорғыш бинт, шүберек.* Қыздырғыш ~.

КОМПРОМИСС *Өзара көнісуден туатын келісім, ымыраға келушілік.*

КОМФОРТ *Тұрмысқа қолайлы жағдайлардың жиынтығы.*

КОМФОРТАБЕЛЬДІ *Қолайлы етіп жабдықталған, жанға жайлы.* ~ каюта (мейманхана).

КОНВЕЙЕР *Бір жұмысшының істеген материялын қолдан-қолға жеткізу үшін тынымсыз жүріп тұратын машина; транспортер.*

КОНВЕНЦИЯ *Арнайы бір мәселе жөніндегі мемлекеттердің өзара келісімі.*

КОНВЕРГЕНЦИЯ 1. *Бір-біріне тәуелсіз құбылыстардың бірлі-жарым белгілерінің сәйкес келуі.* 2. *биол. Әр алуан организмнің ұқсас тіршілік жағдайына бейімделуге байланысты пайда болған белгілерінің ұқсастығы.*

КОНВЕРТ 1. *Почтамен бір жаққа жіберу үшін төрт бұрышты етіп қағаздан жасалған пакет.*

2. *Емшектегі баланы орау үшін кездемеден жасайтын пакет түріндегі орауыш.*

КОНВОЙ *Тұтқындарды сақтап я қашырмай алып жүруші отряд.*

КОНГРЕСС 1. *Көбінесе халықаралық көлемдегі кең құрамды жиналыс, съезд.* Бейбітшілікті жақтаушылардың ~і. 2. *АҚШ және басқа кейбір елдердегі парламенттің аты.*

КОНДЕНСАТОР 1. *Электр қуатын жинақтаушы құрал.* 2. *Пайдаланған ыстық буды салқындатып суға айналдыратын аппарат.*

КОНДИТЕР *Конфет, торт т. б. тәтті тағамдарды даярлайтын маман. Кондитер* тағамдары — тәтті тағам.

КОНДИЦИЯ *Белгілі бір нәрсенің сапасы мен нормасының талапқа сай болуы.* Тұқым ~ға жеткізілмеген.

КОНДУКТОР *Теміржол поезында, сондай-ақ трамвай, троллейбус, автобустарда жолаушыларға қызмет етуші.*

КОНКУРС *Қатысушылар арасынан ең лайықты, үздік шыққандарын анықтауға мүмкіндік беретін жарыс.* □ **Конкурстан тыс** — *конкурсқа түспей-ақ.* **Конкурстан өтті** — *сынақтан сүрінбей өтіп, қабылданды.*

КОНСЕРВ *Ауа кірмейтіндей етіп жабылатын банкілерде сақталатын азық-түлік.*

КОНСЕРВАТИЗМ *Ежелгі, көнерген құрылысқа, тәртіпке бой ұрушылық, ескілікті сақтауға тырысушылық.*

КОНСЕРВАТОР *Консервативтік пиғылдағы адам.*

КОНСЕРВАТОРИЯ *Музыкалық білім беретін жоғары дәрежелі оқу орны.*

КОНСЕРВАЦИЯ 1. *Бір нәрсені бұзылып бүлінбеуі үшін арнайы түрде өңдеп сақтау жағдайы.* 2. *Басталған жұмысты белгілі бір себеппен уақытша тоқтату.*

КОНСИЛИУМ *Аурудың хал-жағдайы мен ерекшелігін, емдеу әдістерін белгілеу үшін дәрігердің жүргізетін кеңесі.*

КОНСПЕКТ *Бір нәрсенің қысқаша жазылған мазмұны.*

КОНСПИРАЦИЯ *Астыртын жұмыс істейтін ұйымның және оған қатысушылардың жұмысын құпияда сақтауға мүмкіндік беретін шаралар.*

КОНСТИТУЦИЯ 1. *Белгілі бір елдің мемлекеттік және қоғамдық құрылысының принциптері мен негізгі тұжырымдарын, азаматтардың правосы мен міндеттерін анықтайтын негізгі заңы.* 2. *Организмнің, дене құрылысының бітімі.*

КОНСТРУКТОР *Бір нәрсенің конструкциясын жасаушы, құрастырушы.*

КОНСТРУКЦИЯ *тех.* 1. *Машина мен түрлі құрылыс бөлшектерінің түзілісі, үйлесімі, құрамы.* 2. *лингв. Сөздердің грамматикалық құрылысы.* Сөздердің ~сы.

КОНСУЛ *Шет мемлекеттің белгілі бір қаласында немесе ауданында өз елі мен оның азаматтарының әкімшілік-праволық және экономикалық мүддесін қорғайтын тұрақты өкіл, ресми адам.*

КОНСУЛЬТАНТ *Өз мамандығына қатысты мәселелерден ақыл-кеңес беруші.*

КОНСУЛЬТАЦИЯ 1. *Белгілі бір мәселеге байланысты мамандардың кеңесі.* 2. *Белгілі бір мәселе бойынша мамандар тарапынан берілетін көмекті ұйымдастыратын мекеме.* Балалар ~сы. 3. *Белгілі бір пәнді ұғындырып түсіндіру үшін өткізілетін түсінік.*

КОНТАКТ *тех. Түйісу, жалғасу, жанасу.*

КОНТЕЙНЕР 1. *Мұнай өнімдерін құятын ыдыс.* 2. *Жүк тасуға арналған жабдық.*

КОНТИНГЕНТ 1. *Бірыңғай топ, категория түзейтін адамдар құрамы.* Студенттер ~і. 2. *Заттың әлдебір мақсатпен белгіленген шектік мөлшері, нормасы.* Құрылыс материалының ~і.

КОНТИНЕНТ *Құрлық, құрғақ жер бөлігінің бірі.*

КОНТРАБАНДА *Тыйым салынған немесе салық салуға жататын товарлар мен бағалы заттарды мемлекеттік шекарадан құпия түрде алып өтушілік.*

КОНТРАБАНДАШЫ *Контрабандамен шұғылданушы адам.*

КОНТРАБАС *Ең жуан дауысты, көлем жағынан ең үлкен шекті, қылды музыкалық инструмент.*

КОНТРАКТ *Келісуші жақтардың алған өзара міндеттерін белгілейтін келісім шарт.*

КОНТРАМАРКА *Театрға, кинога т. б. кіру үшін билеттің орнына берілетін талон.*

КОНТРАСТ *Айқын көрінетін қарама-қарсылық.* Бояулар ~ы.

КОНТРИБУЦИЯ *Жеңген елдің жеңілген мемлекеттен ақшалай немесе заттай алатын алымы.*

КОНТУЗИЯ *Снарядтың жарылуы, топырақтың үстінен басып қалуынан дененің сырт көрінісінен білінбейтін организмнің зақымдануы, ұрылып шайқалуы.*

КОНТУР *Заттың сыртқы пішіні, нобайы, нұсқасының сызықпен көрсетілген нұсқасы.*

КОНУС *Тік үшбұрыш катеттерінің бірінің айналасында айналу арқылы жасалған геометриялық дене.*

КОНФЕДЕРАЦИЯ *Тәуелсіз мемлекеттердің белгілі бір ортақ мақсатқа жету үшін жасасқан тұрақты одағы.*

КОНФЕРАНС *Эстрадалық концертті жүргізумен байланысты сахнада айтылатын сөз.*

КОНФЕРАНСЬЕ *Эстрадалық концертті жүргізетін, арасында дербес күлдіргі номерлерді орындайтын артист.*

КОНФЕРЕНЦ-ЗАЛ *Салтанатты кеш, мәжіліс өткізетін үлкен, кең бөлме.*

КОНФЕРЕНЦИЯ *Саяси, мемлекеттік, қоғамдық, ғылыми т. б. ұйымдар өкілдерінің белгілі бір мәселені талқылап шешуге арналған мәжілісі.*

КОНЦЕНТРАТ *Кептіріліп нығыздалған даяр азық, тамақ.*

КОНЦЕНТРАЦИЯ 1. *Бір жерге шоғырлау, топтау, жию.* Түз ~сы. 2. *хим. Құрамындағы ерітуші заттың артығын алып тастау жолымен ерітіндінің қоюлануы.* Ерітіндінің ~сы.

КОНЦЕРН *Финанс ретінен бір банк басқаратын империалистік елдердегі капиталистік өндіріс орындарының монополистік бірлестігі.*

КОНЦЕРТ 1. *Белгілі программа бойынша жұрт алдында жеке адамның я бір топ адамның музыкалық шығарманы орындауы.* 2. *Оркестрдің сүйемелдеуімен жеке инструментке арнап жазылған үлкен музыкалық шығарма.*

КОНЦЕРТМЕЙСТЕР 1. *Оркестрде ойнайтын топтың басқарушысы.* 2. *Симфониялық немесе*

опералық оркестрдің солисі. 3. *Әншіні музыкамен сүйемелдейтін пианист.*

КОНЦЕССИЯ *Бір мемлекеттің өз өндіріс орнын, пайдалы кендерін, жерін, жеке адамға, бірлестікке я басқа мемлекетке пайдалану үшін арнаулы мерзімге жалға беру шарты.*

КОНЦЛАГЕРЬ *Концентрациялық лагерь.*

КОНЬКИ *Мұз бетінде сырғанақ тебуге арналған, аяқ киімге бекітілген жіңішке сырғанақ темір.*

КОНЬЮНКТУРА *Қоғамдық өмірдің белгілі бір аумағында туған жағдай.*

КОНЬЯК *Жүзім спиртінен жасалған ішімдік.* Қазақстан ~гі, армян ~гі.

КООПЕРАТИВ *Мүшелерінің қаражатын ортақтастыру принципіне негізделген ұйым.* Тұрғын үй ~і.

КООПЕРАТОР *Кооперация қызметкері.*

КООПЕРАЦИЯ *Шаруашылықты бірлесіп жүргізу үшін материалдық немесе ақшадай жарна қосып, еркімен біріккен адамдар бірлестігі, еңбек ұйымы.*

КООПТАЦИЯ *Жаңадан сайлаусыз-ақ белгілі бір сайлау органының құрамын толықтыру; жаңа мүшелерді сайлаусыз құрамға өткізу.*

КООРДИНАТА *Жазықтықтағы я кеңістіктегі нүктенің орнын анықтайтын шама.*

КООРДИНАТОР *Жазықтықтағы я кеңістіктегі белгілі бір нәрсені координациялаушы адам.*

КООРДИНАЦИЯ *Ұғымдарды, іс-әрекетті үйлестіру, сәйкестендіру, келістіру.* Қозғалыс ~сы.

КООРДИНАЦИЯЛА *Координацияға келтіру, үйлестіру, құрылымдастыру, байланыстыру.* Күш-жігерімізді ~ймыз.

КОРАБЛЬ 1. *Теңіз бен мұхиттарда жүзіп жүретін кеме.* 2. *Қуаты зор ұшқыш аппарат.* Космос ~лі.

КОРД *Жүн матаның бір түрі.* ~тан тігілген костюм.

КОРДОН *Шекара күзетінде я тосқауылда тұратын отряд.*

КОРЕЙ *Кореяны мекендеуші ұлт; сол ұлттың өкілі.* Ұлты ~.

КОРИДОР *Кеңсе, квартира бөлмелерінің арасын қосатын тар ұзынша бөлме.*

КОРИФЕЙ 1. *тар. Ертедегі грек трагедиясында хорды басқарушы.* 2. *Ғылымның, көркемөнердің аса көрнекті қайраткері.* Орыс әдебиетінің ~і.

КОРНЕТ *Үрлемелі музыка аспабы.*

КОРОЛЬ 1. *Кейбір феодалдық, капиталистік мемлекет басшысының титулы.* 2. *Шахмат ойынындағы басты фигура.*

КОРПОРАЦИЯ *Кәсіптік, сословиелік мүдделері ортақ адамдардың біріккен тобы, одағы.*

КОРПУС 1. *Кеменің, механизмнің, аппараттың сыртқы түрқы; қабы.* Самолет ~ы. 2. *Белгілі бір алқапқа орналасқан үлкен үйлердің бірі.* Бас ~. 3. *Армия бөлімшесі.* Атқыштар ~ы. 4. *Типографиялық шрифт — кегль.* Аумағы 3,76 миллиметрлік ~.

КОРРЕКТОР *Корректурамен айналысушы баспахана қызметкері.*

КОРРЕКТУРА *Баспаханада әріптерді теруден кеткен қателерді түзетіп жөндеу жұмысы.*

КОРРЕЛЯЦИЯ *Заттардың, ұғымдардың өзара қарым-қатыстылығы, байланыстылығы.*

КОРРЕСПОНДЕНТ *Газет пен журнал, радио т. б. информация органдарының меншікті тілшісі, қызметкері.*

КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ 1. *Мерзімді баспасөзде жариялау үшін жергілікті жерден жеткен хабар.* 2. *Хаттар, почта-телеграфтық материалдар.*

КОРРОЗИЯ *Металдың және басқа кейбір қатты денелердің сыртқы жағдайдың әсерінен шіріп бүлінуі.*

КОСИНУС *мат. Тік бұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катеті мен оның гипотенузасының жанай қатынасы.*

КОСМЕТИКА 1. *Бет-ауызды, денені, гигиенаны сақтай отырып әдемілеу, өңдеу.* Емдеу ~сы. 2. *Бет-ауызды, денені әдемілеп өңдеуге керек заттар.*

КОСМОГОНИЯ *Әлемнің, соның ішінде жердің, айдың, күн мен жұлдыздың пайда болуын, дамуын зерттейтін астрономияның саласы.*

КОСМОГРАФИЯ *Астрономия мен физикалық география мағлұматтарына сүйенген әлем туралы сипаттама.*

КОСМОДРОМ *Космосқа ұшатын аппараттарды жинап, даярлап ұшыратын құрылыс пен техникалық құрал-жабдықтар комплексі.*

КОСМОНАВТ *Космос техникасын сынау мен ғылми бақылауды жүргізу мақсатымен космосқа ұшушы адам.*

КОСМОНАВТИКА *Космос туралы, планетаралық кеңістікке ұшу туралы ғылым.*

КОСМОПОЛИТИЗМ *Ұлттық мәдениет пен дәстүрді, өз отанын қорғау идеясын мойындамайтын, патриотизмге қарама-қарсы тұрған реакцияшыл буржуазиялық көзқарас.*

КОСМОС *Біртұтас әлем, ғарыш.*

КОСМОСТЫҚ *Космосқа қатысты.* ~ ракеталар.

КОСТЮМ *Пиджак пен шалбардан немесе жакет пен юбкадан құралған сырт киім.*

КОТАНГЕНС *мат. Тік бұрышты үшбұрыштың сүйір бұрышына қарсы жатқан катетінің қатынасы.*

КОТЛЕТ *Ет тартқыштан өткізіп нан үнтағын араластырып қуырып пісіретін тағам.*

КОФЕ 1. *Қайнатып сусын дайындайтын тропикалық белдеуде өсетін ағаштың дәні.* 2. *Сол ағаштың үнтақталған дәнін қайнатып даярлаған сусын.*

КОФЕИН *Кофе дәні мен шай жапырағынан жасалатын қоздырғыш зат.*

КОФТА *Әйелдер киетін жұқа, жылы кеудеше.*

КОЭФФИЦИЕНТ 1. *мат. Алгебра формуласындағы цифрмен көрсетілетін көрсеткіш.* 2. *Физикалық дененің белгілі бір қасиетін анықтайтын шама.* Үйкеліс ~і.

КӨБДІК *Ерте туған қозы.* Адам болмайтын бір **көбдік** шығарсың, сірә (Х. Есенжанов).

КӨБЕ I 1. *Тырнақтың айналасындағы жиек еті.* Тырнағының **көбесінен** қан ақты (Бәйшешек). 2. *Бір нәрсенің жиегі, шеті.* Жарылып мұз **көбесі** көтеріліп (Тоқмағамбетов). ◊ **Көбе құйрық** — *бүркіттің құйрығының дәл ортасында болатын екі тал қауырсын құйрық.* **Көбесі сөгілді** — а) *тігісі сетінеді;* ә) *қар ери бастады.*

КӨБЕ II *көне. Көбесі болаттан немесе темірден жасалған сауыт түрі.* **Көбебұзар** жебе бар (Махамбет).

КӨБЕБҰЗАР *Кез оқтың бір түрі.*

КӨБЕГЕН *Ерте туған қозы.* Ерте туған **көбеген** (Қыз Жібек).

КӨБЕЙ *Сан жағынан өсу, молаю, үлғаю, арту.* Зәулім үйлер **көбейген** (Смақов).

КӨБЕЙТКІШ *мат. Бір санды еселей көбейтетін екінші бір сан.*

КӨБЕЙТІНДІ *мат. Екі не одан да көп санды көбейткенде шығатын нәтиже.*

КӨБЕЛЕ *көне. Жағалап жүру, жиектеу.* Керей қайда барасың, Сырдың бойын *көбелеп* (Бұхар жырау).

КӨБЕЛЕК *Әсем түсті екі қанаты бар ұшатын насеком.* Гүл қайда болса, *көбелек* сонда (Мақал).

КӨБЕЛЕКТЕЙ *Көбелек сияқты ұрыншақ.* Шамға ұмтылған ~, көзсіз ~.

КӨБЕЛІ 1. *көне. Көбесі бар, қаптама сауытты. Көбелі* сауыт-сайманды (Шөреков). 2. *Ауыс. Мықты, берік.* Асқар таудай *көбелі* (Айтыс).

КӨБЕЛІК *Жиек, жағалық.* Жол *көбелігінен* баялыш кездеседі (Ә. Нұрпейісов).

КӨБЕНДЕ 1. *Аздап семіру, оңала түсу.* 2. *Мақтанып ісініп-кебіну.* Отырып от басында *көбендейді* (Кәрібаев).

КӨБЕҢ 1. *Ептеп оңалған, ет алған.* Майы шыныланбаған *көбең* семіздік (Далабаев). 2. *Ауыс. Борпылдақ, босаң, жетілмеген.* Қол үзіп қоңсыз *көбеңнен* (Райбаев). □ **Көбең бие** — *қоңданып, тойына бастаған бие.* **Көбең тартты** — *оңалды, қоңданды.*

КӨБЕҢДЕУ *Қоңдылау, еттілеу.* ~ жылқы.

КӨБЕҢСІ *Өзін-өзі көбең санау.* Көтермейді көлкуді, *көбеңсуді* (Нәжімеденов).

КӨБЕШІК *Үйілген шөп, шағын шөмеле.*

КӨБІ *Көбісі, көпшілігі, басым тобы.* Кешкі биге келгендердің ~ жастар.

КӨБІК 1. *Сұйық зат қайнағанда, шайқалғанда бетіне шығатын жеңіл көпіршік.* Еттің ~гі, сыраның ~гі. 2. *Малдың аузынан көпіріп шығатын сілекей.* Шабынған бурадай ақ *көбік* шашып (Аққошқаров). □ **Көбік ауыз** — *көп сөйлейтін мылжың, көкіме.* **Көбік қар** — *жаңа жауған, әлі жел қағып қатпаған бос қар.* **Көбік өкпе** — *ештемеге икемі жоқ, шалағай.* **Көбік сөз** — *мыжыма, лепірме сөз.* ◊ **Көбік шашу (ату)** — *көбігі мол шықты, бөлінді.*

КӨБІКСІЗ 1. *Көбігі жоқ.* 2. *Ауыс. Еш нәрсе қоспай, әсірелемей айтатын.* Көңілдегісін *көбіксіз* жеткізеді ("Қаз. әдеб.").

КӨБІКТЕ *Өсіру, дандайсыту.* Көкірегін *көбіктеген* мансап желігі (Бөкеев).

КӨБІКТІ *Көбігі мол, көбігі бар.* ~ саумал, ақ ~ бұлақтар.

КӨБІНЕ-КӨП *Көбінесе, көптен-көп.* Мен ~ малшылар арасында боламын.

КӨБІНЕСЕ *Көп жағдайда, көп уақытта, ылғида.* Жол бойы *көбінесе* Ваня сөйледі (Танекеев).

КӨБІНШЕ *Көбінесе, көбінекей.* Аялдамада ~ жастар.

КӨБІРЕК *Молырақ, көптеу.* Күн көзі *көбірек* түскен (Қайырбеков).

КӨБІРЕКТЕУ *Біршама көп.* Кетіп жатқандар ~.

КӨБІРШІК *Көпіршік, көбікше.*

КӨБІРШІКТЕН *Көбіршік ату.* Шампан ақ ~іп тасыды.

КӨБІСІ *Көбі, көпшілігі.* ~ жастар.

КӨГАЛ *Жайқалған көк шөпті жер, көк майса. Көгал* жерге шалқамнан жаттым (Бекенов).

КӨГАЛА *мед.* 1. *Адам денесіне көк таңдақ боп шығатын ауру.* ◊ **Көгала келсін (қарғ.)** — *көгаламен ауырғыр, өлгір.* 2. **Көк ала** — *жылқының түсі.* ~ ат.

КӨГАЛДАН *Көк шөп өсу, жасылдану, гүлдену.* Көшені ~дыр.

КӨГАЛДАУ *Көгалы молдау.* ~ жер.

КӨГАЛЖЫМ *Көкшіл.* ~ бояу, ~ су.

КӨГАРЫШ *Көк шөп, көгал.* Көл жағалай *көгарыш* (Асылбеков).

КӨГАШ *Кірді әрлендіру үшін пайдаланатын ашық түсті көк бояу.*

КӨГАШТА *Көк бояуға малу, көгерту.* ~п жуған көйлек.

КӨГЕН *Қой, қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бұршақтар (бір ұшы ілмекті, бір ұшы түйілген бау жіптер) тізбегі. Қысқа жіптер тағылған, ұшы түйілген ұзын арқан.* Қотанында *көгені* бар ауыл (F. Мұстафин). ◊ **Көген бойы** — *көгеннің ұзындығындай жақын.* ◊ **Көген көз** — *өңкей қыршын, өрім жас.* **Көген көзденді** — *телмірді, жәудіреді.* **Көген сабақ** — *түйнектен өсіп таралған сабақ.* **Көген тамыр** — *мақтаның қосалқы тамырлары мен бұршақтары.* **Көген тастам** — *көген бойы, жақын.* **Көгенін үзді** — *басымдық етті, жеңді.*

КӨГЕНДЕ 1. *Қозы-лақты қатарлата тізіп көгендегі бұршаққа байлау.* Қозыларын *көгендеп* қойды (Мәжитов). 2. *Ауыс. Басымдық ету, жеңу.* Азаматымызды қозыдай *көгендеп* әкетті (Ә. Нұрпейісов). ◊ **Көгендеген қозыдай** — а) *тізіп байлангандай;* ә) *сыпыра, түгелдей.*

КӨГЕНДЕЙ *Көген сияқты.* Көлденең тартқан *көгендей* (Жәмішев).

КӨГЕНДЕУЛІ *Көгендегі бұршаққа қатарлата тізіп байланған, байлаулы.* ~ төлдей.

КӨГЕНДІ *Көгенге байлаулы, тізбектеулі.* ~ қой.

КӨГЕНШЕ *Кішкене көген, шағын көген.* Бұршақтай *көгеншеде* есіп алды (Жансүгіров).

КӨГЕР 1. *Көк түске айналу, көк түске кіру.* Матаны ~тіп бояу керек. 2. *Гүлдену, жайлау, көктеу, өркен жаю. Көгергелі* тұр жерің (Жамбыл). 3. *Суықтан, әр түрлі көңіл-күйден адам өңінің өзгеруі, бозаруы.* Бастық *көгеріп* отыр екен (Уайдин). 4. *Ұрып-соғудан денеге түскен дақ.* Денесінде *көгерген* жері бар (Жакенов). 5. *Ылғалдың әсерінен заттың бұзыла бастауы.* ~ген нан (ет).

КӨГЕРТКІШ *Түсін көк етуші, көкке боялушы.* ~ бояу.

КӨГЕРШІН *Көкшіл сұр түсті, ақ қауырсынды, үлкен жемсаулы құс.*

КӨГЕРІҢКІ *Көкшілдеу, көгірек.* ~ тартқан бор.

КӨГЕРІС 1. *орт. етіс. Көгер-іс.* 2. *Көк шөп, бау-бақша.* Қаланың көркі — *көгеріс* ("Лен. жас").

КӨГЕРІСТІ *Көгерісі мол, бау-бақшалы.* ~ жер.

КӨГІЛДІР I *Аққудың балапаны.*

КӨГІЛДІР II *Көкшіл.* ~ аспан, ~ костюм. ◊ **Көгілдір тартты** — *көкшілденді.*

КӨГІЛДІРЛЕН *Көкшілдену, көгілдір тарту.* ~ген көше.

КӨГІЛДІРІК *Құйысқанның, өмілдіріктің түйіскен жеріне, жұгеннің кеңсірігіне қондыратын тас.* Орнатсаң келістіріп *көгілдірік,* жарасар көк деменге өмілдірік (халық өлеңі).

КӨГІЛЖІ *Көкшілдеу түске ену, көгілдірлену.* Қызыл күрең адырлар *көгілжиді* (Бөкеев).

КӨГІЛЖІМ *Көкшілтімдеу, көгілдірлеу.* ~ су. ◊ **Көгілжім тартты** — *көгілдірленді, көгілжімденді.*

КӨГІЛЖІМДЕН *Көгілжім түске ену, көгілжім тарту.* Қар ~іп ери бастады.

КӨГІРЕК *Сәл көкшіл түстілеу.* Көкше көктен гөрі *көгірек* (С. Мұқанов).

КӨГІС *Көкшілтім, көгілжім.* ~ шұбар рең.

КӨГІСТЕН *Көгілжімденді, көкшілтім түске ену.* Беті ~іп барады.

КӨДЕ *Далалы жерде шоқ-шоқ болып өсетін қысқа жапырақты сұлы тұқымдас майда шөп.*

КӨДЕК 1. *Есектің төлі, қодығы.* 2. *Ауыс. Сенгіш, аңғал.* Батыр аңғал, ер *көдек* (Мақал). 3. *Жас өспірім бала, сәби.* Жас *көдек* балам ержетті (Қамбар батыр).

КӨДЕЛІ *Көде мол өскен, көдесі бар.* ~ дала, ~ жер.

КӨДІК *Қарағайлы орман, қорыс.* Қарағайлы *көдік* бойында, қамшым қалды ойында (Доспамбет жырау).

КӨДІРЕ *Төзімді нәрседен жасалған бау, тиек.* ~ тиек.

КӨЖЕ *Дәнді дақылдардан сұйық етіп пісірілген ас, тағам.* Кеспе ~ (бидай, тары, ашығаң). ◊ **Көже қатық** — *көже жасауға нәр болатын ет, сүт, май т. б.* **Көже буаз қылды** — *болымсыз, сәл нәрсеге риза етті.*

КӨЖЕК *Қоянның баласы.* ◊ **Көжек жарыс** — *балалардың жарысып ойнайтын ойыны.*

КӨЖЕКТЕ *Аналық қоянның балалауы.* Қоян жылына 2–3 рет *көжектейді* (Қыдырбаев).

КӨЖЕЛІК *Көже жасауға жетерлік.* Бір-екі ~тары (күріш).

КӨЖЕ-МӨЖЕ *Көже және сол сияқты ас, тағам.* ~ ішіп, жата кетті.

КӨЗ 1. *Адамның, жан-жануардың көру мүшесі.* Бадана ~, (ит, бота, қарақат, көк). 2. *Заттың жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі.* Иненің ~і, керегенің ~і, аудың ~і. 3. *Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы.* Байлықтың сарқылмас ~і, бұлақ ~і. 4. *Бір нәрсенің нақты өз басы. Көзі* тұр ғой, айтсын (Тілегенов). 5. *Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ.* Өкесінің ~і, ескіден қалған ~. 6. *Ауыс. Ақыл, ес, сана.* Нұрын, сырын көруге, көкірегінде болсын *көз* (Абай). ◊ **Көз айырмады [жазбады, алмады, аудармады]** — *қадалып көп қарады, тесіле қарады.* **Көз ақы алды** — *көргені үшін төлеу алды, құр қалмады.* **Көз алартты** — *қарсылық білдірді, сұс көрсетті.* **Көз алдына келді [елестеді]** — *ойына алды, ойша елестетті.* **Көз алмады** — *тесіле, ұзақ қарады.* **Көз таныс** — *көрісіп жүретін, бірақ жете білмейтін адам.* **Көз байлады** — *алдап арбады, сиқырлады.* **Көз байланды** —*ымырт жабылды, қас қарайып қараңғы түсті.* **Көз байлаушы [бояушы]** — *арбаушы сиқыршы, фокус көрсетуші.* **Көзбен шолды** — *жалпылама шолып қарады, бағдарлады.* **Көз болды** — а) *басы-қасында жүрді, байқай жүрді;* ә) *куә болды, қарауыл болды.* **Көз бояды** — *алдады, өтірік айтты.* **Көз бояушы [байлаушы]** — *сиқыршы, алдағыш.* **Көзге көрінді** — *жүрт көзіне түсті, ауызға ілікті.* **Көзге күйік болды** — *көзге шыққан сүйелдей болды, жексұрын көрінді.* **Көзге қораш** — *сырт кейпі келіссіз, көрер көзге нашар.* **Көзге оттай [шоқтай] басылды** — *көзге ыстық көрінді.* **Көзге түртсе көргісіз [көз түртпесіз]** — *тастай қараңғы, жеті қараңғы түн.* **Көзге түсті [шалынды, ілікті]** — а) *көрінді, көрініп қалды;* ә) *жақсы танылды, көңіл аударды.* ◊ **Көзге шұқыды [түртті]** — а) *бетіне шыжғырып басты;* ә) *көзге күйік етті.* **Көзге шыққан [біткен, түскен] сүйелдей** — *елден ерекше жек көрініштi болды.* **Көзге [көзіне] ілмеді** — *елемеді, менсінбеді.* **Көзге ілінді** — а) *көзге түсті;* ә) *ісімен, ерекшелігімен елеулі болды.* **Көзден ғайып [таса, жоқ] болды** — *зым-зия жоғалды, көрінбеді.* **Көзден [екі елі] таса қылмады** — *аяғын қия бастырмады.* **Көзді ашып-жұмғанша** — *қас пен көздің арасында, әп-сәтте.* **Көздің жасын бұлады [көлдетті, көл қылды, төкті, сел етті]** — *ағыл-тегіл жылады, еңіреген етегі толды.* **Көздің жауын алды** — *әдемілігімен тартымды.* **Көздің қарашығындай сақтады** — *жоғалтпады, сары майдай сақтады.* **Көздің құртын жеді** — *қызықтырды, еліктірді.* **Көзді жұмды [жұмып жіберді]** — *алды-артына қарамады; ештеңемен санаспады.* **Көз жазбады** — а) *қарасынан адасып қалмады;* ә) *көз айырмай, тесіле қарады.* **Көз жазып қалды** — *қапелімде айрылып қалды, жоғалтты.* **Көз жасы жең бермеді** — *сазайын тартты, қарғысы жібермеді.* **Көз жасы қабыл болды** — *көз жасын көрді.* **Көз жасын тыйды** — а) *жылағанын қойды;* ә) *жұбанышы болды, қайғыдан арылды.* **Көз жетер [көрім, шалым] жер** — *шолып көре алатын жер.* **Көзі жетті** — а) *ақиқатына қанды, кәміл сенді;* ә) *анықтап ажыратты, таныды.* **Көз жұмды** — а) *нар тәуекелге басты;* ә) *марқұм болды, өлді.* **Көз жүгіртті** — *тез шолып қарады.* **Көз жіберді** — *шола іздеді, ой жіберді.* **Көз көрген** —*бірін-бірі білетін, етене таныс.* **Көз көрмес, құлақ естімес жер** — *жетуі қиын қиыр шет.* **Көз көрім** —*көрінетіндей қашықтық; алыс емес.* **Көз қарықтырды** — *күнге шағылысып қаратпады.* **Көз қиығын тікті** — *қырындай, тесіле қарады.* **Көз қырын салды** — а) *көмектесті, жәрдем берді;* ә) *жайлап назар аударды.* **Көз қыспайы бар** — *ымы-жымы бір.* **Көз қысты** — *көзімен белгі берді, келісім білдірді.* **Көз қысты, бармақ басты** — *жасырын алыс-беріс жасады.* **Көз майын тауысты [сарғайтты, ағызды]** —*егілді, елжіреді;* ә) *қадалып көп еңбектенді.* **Көз салды [тастады]** — а) *көңіл бөліп қарады, көзін тікті;* ә) *жәрдемдесті, көмектесті.* **Көзін сатты** — *телміріп қарады.* **Көз сүрінеді** — *көптігінен көз жаңылысады, аса мол.* **Көз тартады** — *көңіл аудартады, қызықтырады.* **Көз тиді** — *біреудің назары түсіп ауырды.* **Көз тоймады** — а) *қараған сайын қызыға түсті;* ә) *қанағат тұтпады.* **Көз тоқтатты** — *анықтап қарады, кідіріп көңіл бөлді.* **Көз түрткі болды [қылды, етті]** — *шет қақпай қылды.* **Көз түрткі** — *көзге күйік, жексұрын.* **Көз тікті [қадады]** — *тесіле, қадала қарады.* **Көз ұшында** — *көз жетер-жетпес жерде.* **Көз үйренді** — *жаттығып алды.* **Көзі шалды** — *көз қиығы түсіп кетті.* **Көз шарасы** — *көз алмасының орны, көз ұясы.* **Көз шырымын алды** — *сәл ғана мызғып алды.* **Көзі ашық** — *әр нәрседен хабары бар, білімді.* **Көзі ашылды** — а) *санасы оянды, өмірді біліп таныды;* ә) *сордан, пәледен арылды;* б) *жолы ашылды;* в) *сауаттанды, білім алды;* **Көзі бұлаудай болды** — *көп жылағаннан көзі күп боп ісіп кетті.* **Көзі бұлдырады** — *көзі қарауытып анық көре алмады.* **Көзі жайнады** — *қуанышқа бөленді, жаны рахат тапты.* **Көзі**

жаудырады [мөлдіреді, жаутаңдады] — *қиылып қарады, телмірді.* **Көзі қарақты** — *көзі жіті, білімді, сауатты.* **Көзі қимады** — а) *бергісі келмеді, сараңдық жасады, қызғанды;* ә) *дәті шыдамады, ар-ұяты жібермеді.* **Көз ілеспеді** — *қас қақпанша шапшаң қимылдады.* **Көз ілмеді** — *ұйқы көрмеді, ұйықтамады.* **Көзін ала алмады** — *ерікссіз қарай берді.* **Көзін аша алмады** — а) *қиындықтан құтылмады;* ә) *паңсып, маңғазсып болып қалды.* **Көзін бақырайтып қойып** — *көз алдында, көзінше.* **Көзіне көк шыбын үймелетті** — *қорлады, азапқа түсірді.* **Көзінен таса қылмады** — *қасынан тастамады, жіті бақылады.* **Көзін шел басты [бітті]** — *ешкімді менсінбеді, көкірек керді.* **Көзіне шөп салды** — *басқа біреумен көңілдес болды.* **Көзін жоғалтты** — *жойды, құртты, жоқ қылды.* **Көзін құртты** — *аластады, жоқ қылды.* **Көзін малмен ашқан** — *ес білгелі малмен айналысқан.* **Көзін сатты** — *телмірді, тіленді, көз сүзді.* **Көзін тапты** — *істің ретін, орайын келтірді.* **Көзінің ағы мен қарасындай** — *әлпештеп өсірген сүйіктісі.* **Көзінің жасы кеппеді [құрғамады]** — *жылаудан көз ашпады.* **Көзің көріп қолың ұстамағыр (қарғ.)** — *өзіңе бұйырмағыр.* **Көзі өңменінен өтті** — *ашу-ызамен тесіле қарады.* **Көзі тойды** — *қанағаттанды, нысап етті.* **Көзі түсті** — *көріп қалды, қызықты.* **Көзі тірісінде** — *дәм-тұзы бітпей тұрып.* **Көзі шайдай ашылды** — *ұйқысы тарап кетті, сергіп сала берді.* **Көзі шарасынан [ұясынан] шықты** — *үрейі қалмады, зәресі ұшты, қатты састы.* **Көзі шүңірейді** — *арықтап жүдеді, азып-тозды.* **Көзі шырадай жанды** — *қуанғаннан көзі жайнап сала берді.*

КӨЗАЙЫМ: көзайым болды [етті] — *сағынған, күткен адамы келіп, қуанышқа бөленді.*

КӨЗӘЙНЕК *Көзге киетін көзілдірік.*

КӨЗБЕ-КӨЗ *Бетпе-бет, жүзбе-жүз.* ~ әңгімелесті (сөйлесті).

КӨЗГЕЛДЕК *жерг. Көздей ғана кішкентай ыдыс.*

КӨЗДЕ 1. *Нысанаға алып дәлдеу.* ~п атты, дәл ~ді. 2. *Белгілі бір нәрсені мақсат ету.* ~ген мақсат (меже, арман).

КӨЗДЕЙ *Кіп-кішкентай, өте шағын.* ~ тесік, ~ шара, ~ аяқ. ◊ **Көзіндей көрді** — *дәл өзіндей санады, қадір тұтты.*

КӨЗДІ 1. *Көзі бар.* Жалғыз ~, Үлкен қара ~. 2. *Суы мол.* Жаңа бір ***көзді*** бұлаққа жолығады ("Қазақст. мұғ."). 3. *Ауыс. Білімпаз, көзі ашық.* Ақылды, ашық ***көзді*** білгіш болсам (Айтыс).

КӨЗЕ I *Қышты күйдіріп жасаған құмыра.*

КӨЗЕ II *Жөн сілтеу, бағыт беру.* Жырладың ұлы күннің ісін ***көзеп*** (Бердин).

КӨЗЕК *Күлдіреуіш мықты болу үшін екіншісінен өткізетін және тиегіндегі тесік.*

КӨЗЕЛ I *Ешкі терісінен істелген жұмсақ былғары мәсі.* ~ етік, мәсі.

КӨЗЕЛ II *Көпті көрген, сұңғыла.* ~ адам.

КӨЗЕЛ III *Ашылу, айқындалу, жадырау.* Өз-өзінен ***көзеліп*** жадырап кеткендей (М. Әуезов).

КӨЗЕМЕЛ *Иненің бір түрі.* ***Көземел*** инені көзсіз сабақтауға болады.

КӨЗЕМЕЛДЕ *жерг. Жөн сілтеу, бағыт беру; меңзеу.* ***Көземелдей*** білсе, күш те, жұмыс қолы да жеткілікті (Әбдіразақов).

КӨЗЕШІ *Көзе жасаушы шебер.*

КӨЗҚАРАС *Ой-пікір, ұғым, түсінік т. б.* Өмірге ~, діни ~.

КӨЗСІЗ 1. *Көзі жоқ.* ~ адам. 2. *Ауыс. Алдыартын ойламайтын, албырт.* Құлай сүйетін ***көзсіз*** сезім ("Қаз. әдеб."). ◊ **Көзсіз ерлік** — *қайтпас ержүрекке тән батылдық іс.* **Көзсіз көбелек** — *от пен суға түсерін білмейтін, еш нәрседен тайынбайтын.*

КӨЗСІЗДІК 1. *Көзі жоқтық.* 2. *Ауыс. Алдыартын ойламаушылық, албырттық.* Қол орақпен жинап алам деу — ***көзсіздік*** (Жақаев).

КӨЗТАНА *Бетіне асыл тас орнатқан сәндік үшін тағатын үлкен жарқырауық түйме.*

КӨЗТЕСІК *Сығалап көру үшін жасалған есіктегі кішілеу дөңгелек тесік.* Есіктегі әйнектелген ***көзтесіктен*** сығалаған (Сқақбаев).

КӨЗШЕ *Сабақ пен жапырақтың біріккен жеріндегі жанама бүршік, қолтық бүршік.*

КӨЗІК *Кезігу, табысу.* Қайтіп ***көзіккенімді*** білмеймін (А. Сүлейменов).

КӨЗІКТІРУ 1. *Бура мен інгенді қол көмегімен шағыстыру.* 2. *Ауыс. Біреуді біреуге жолықтыру, кезіктіру.*

КӨЗІЛДІРІК *Көзге киетін екі әйнекті оптикалық аспап; көзәйнек.*

КӨЗІНШЕ *Көзіне көрсетіп, ашықтан-ашық, көзбе-көз.* ~ айтты, ~ мақтады.

КӨЙЛЕК *Адам денесіне шақтап тігілген жұқа киім.* Шифон ~ киген келіншек. ◊ **Көйлек көк, тамақ тоқ** — *ішіп-жемі мол, әлді, ауқатты.*

КӨЙЛЕК-ДАМБАЛ *Көйлек және дамбал сөзінен жасалған қос сөз, ішкиім.* Үстінде ақ ***көйлек-дамбал*** (І. Есенберлин).

КӨЙЛЕК-КӨНШЕК *Адамның жеңіл-желпі жұқа киімдері.* ~ сатып алды.

КӨЙЛЕКСІЗ *Көйлегі жоқ, көйлек кимеген, жалаңаш.* Күншіл ***көйлексіз*** қалады (Мақал).

КӨЙЛЕКТІ *Көйлегі бар, көйлек киген.* Ұзын ~, бүрме ~.

КӨЙЛЕКТІК *Көйлек тіктіруге жарарлық.* ~ мата, ~ қамқа.

КӨЙЛЕКШЕҢ *Көйлек қана киген; көйлек киген бойда.* ~ жүр, ~ шықты, ~ отыр.

КӨЙІН *Алды аласа, арты биік, аяғы жіңішке, басы үлкен, мойны ұзын, имек келген, тұтас өркеш, биіктігі кіші тайлақтай ғана нар будандарының бірі.* **Көйін бота** — *денесі аласа, жүні тықыр, мойны имек, — үлекпен кердері маядан туатын сидаң аяқ бота.*

КӨЙІТ *Тоқтамай көп сөйлеу.* Бірдемені ***көйітіп*** лаға береді екенсің (С. Омаров).

КӨК I *Түпсіз түңғиық аспан әлемі, әуе.* Құс алған ***көкке*** қарар (Мақал). ◊ **Көк аспан [зеңгір]** — *көк жүзі; аспан күмбезі.* **Көк бойлады** — а) *биікке шапшып өсті;* ә) *көкпен жүзді, көкте самғады.* **Көкке атылды** — *аспанға шапшыды.* **Көкке жетті** — а) *әуеледі, аспанмен таласты;* ә) *қуанды, шаттанды.* **Көк көбесі сөгілді** — *найзағай жарқылдап, төңіректі сілкіндірді.* **Көк күмбезі** — *аспан әлемі.* **Көк соққан** — *оңбаған, құдай атқан.* **Көк соққыр** — *алла-тағаланың кәріне тап болғыр.* **Көктен сұрағаны жерден табылды** — *армандай боп тілегені аяқ астынан кезіге кетті, орындалды.* **Көктен түсті** — *тұтқиылдан пайда болды, ойламаған жерден келе қалды.* **Көкте түрған жұлдыз** — *қол жетпес арман.*

КӨК II *Киіз үйдің керегесін т. б. көктейтін түйенің терісінен істелген таспа, қайыс.* Қарап тұрдым керегенің **көгінен** (С. Сейітқазин).

КӨК III 1. *Заттың көгілдір аспан тәрізді түсі.* ~ ат (~ сиыр, ~ есек). 2. *Көгеріп шыққан өсімдік; өскен шөп.* ~ шалғын (~ шөп). 3. *Жеміс-жидек, көкөніс.* Бала **көкке** құмар болады (Қалдыбаев). □ **Көк ет** — *ішек-қарын мен өкпе-бауырды бөліп тұратын жұқа көк шандыр, бауыр ет.* **Көк тамыр** — *күре тамыр.* **Көк шай** — *шөлді тез басу үшін ішетін шай түрі.* ◊ **Көк айыл [долы]** — *қырсқақ көк бет әйел.* **Көк ала жамшы жамылды** *(этногр.)* — *ертедегі батыр киген киімді қастерледі.* **Көк ала қойдай [торғайдай] қылды [етті, сойды, сабады]** — *көк-жоса етіп қырып-соқты.* **Көк ауыз [езу]** — а) *көк мылжың;* ә) *аузына келгенін айта беретін қырсқақ.* **Көкаяз** — *борсып көгерген, қатқыл; шикі.* **Көк бақа** — а) *тырбиған арық (кісі);* ә) *жылт етер майы жоқ арық ет.* **Көк бөрі** — *азулы, адуынды.* **Көк бұрыл** — *көкшіл тартып ағара бастаған.* **Көк етікті** — *басқалардан тәуір, өзгелерден артық.* **Көк [көкей] жасық** — а) *жілігі татымаған арық ет;* ә) *ештеңеге арзымайтын.* **Көк желке** — а) *қарақұс, шүйде жалғасқан сырт мойын;* ә) *арқа тұс, ту сырт.* **Көк жұлын болды** — *әбден қалжырады, шаршап-шалдықты.* **Көк ине** — *ине атаулы.* **Көк қасқа айтты** *(діни.)* — *құрбандыққа ірі мал шалып құдайы берді.* **Көк майда** — *айдын шалқар.* **Көк майса** — *шөбі мол, жасыл шалғынды.* **Көк мылжың** — *ез малта, сөзуар, қырт.* **Көк найза** — а) *найзаның сапалы асыл түрі;* ә) *қара бидай.* **Көк сағал** — *енді-енді ғана сарғая бастаған, піспеген.* **Көк сеңгір** — *биік шың, мұзарт.* **Көк серек** — *мал қоритын ит.* **Көк соқта** — *күрт ерігеннен суы бетіне шығып көкшіл тартқан қар.* **Көк сүңгі** — *бұрынғы батырлардың найза іспетті бес қаруының бірі; асыл найза.* **Көк тайғақ** — *жауын-шашын мен ауа райының суық болуының қатар келуінен болатын жылтыр сырғанақ.* **Көк тиын** — *тіпке тұрмайтын, бағасы жоқ, соқыр тиын.* **Көк түйнек** — а) *пісіп жетілмеген;* ә) *ішті бүріп ауыртатын ауру.* **Көк шешек келгір** *(қарғ.)* — *шешекпен ауырғыр.* **Көк шалғын** — *жайқалған көк майса, қалың өскен шөп.* **Көк ішек болды** — а) *қара суды көп ішкеннен қарны кепті;* ә) *ішек — сілесі қатты.*

КӨКБАЗАР *Жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін, сондай-ақ басқа да азық-түлік түрлерін сататын үлкен сауда орны.*

КӨКБАЛАУСА *Өсіп жетілген балғын шөп.* Жүгерінің ~сы.

КӨКБАРАЗДА *Таза етіп крахмалдап жуу.* Кимешегін ~ды.

КӨКБАС *бот. Биіктігі жарты метрге жуық көп жылдық шөп.* ~ райхан (шөп).

КӨКБАУЫР *Түйеде болатын, бауыры көгеріп өлетін ауру.*

КӨКБИІК *бот. Қыраттау, қуаң жерге шығатын шөп.*

КӨКБОЗАТ *Темірқазық пен Жетіқарақшының аралығындағы қос жұлдыздың бірі.*

КӨКЕ 1. *Баланың үлкен ағаларын не әкесін құрметтегенде айтатын атауыш сөз.* **Көке**, кетпе, — деді баласы (Әлімқұлов). 2. *Бір нәрсенің ең зоры, мықтысы, бәрінен асқаны.* Жігіттеріміз өнердің **көкесін** көрсетті (Нұршайықов). ◊ **Көкесін көзіне көрсетті [танытты]** — *сазайын берді.* **Көкесін таныта істеді** — *жамсата істеді, қирата, опырып-жапырып істеді.*

КӨКЕБАС *Өзінен көп кішкене адамға еркелете қаратып айту, әкетай.*

КӨКЕЖАН *экспр. Әкеге не ағаға еркелеп, жалынып-жалбарына қарата айту, көкетай, көкебас.*

КӨКЕЙ *Ішкі сезім билеген ақыл-ой, ес, мақсат, мүдде.* Сенің де **көкейің** белгілі (Сариев). ◊ **Көкейге қонды [ұялады]** *ұнады, ойдан шықты.* **Көкейден кетпеді** — *ойда болды, ойдан шықпады.*

КӨКЕЙКЕСТІ *Ойда жүрген, діттеген, маңызды, басты.* ~ мәселе, ~ тілек. ◊ **Көкейкесті күй** — *халық шерін, арманын білдіретін сезімді, әсерлі күй.*

КӨКЕК I *Тұмсығы мен қанаты ұзын, тікше бітken айдары бар сарала түсті құс.* ◊ **Көкек зығыры** — *дымқыл, батпақты жерде өсетін жасыл мүк.*

КӨКЕК II *Қазақша жыл санаудағы наурыздан кейінгі ай (апрель).*

КӨКЕКТЕ *Көкек, көкек деп ұн шығару.* Көкек құс қонып **көкектеп** (Шипин).

КӨКЕЛЕ *Көке-көке деу.* **Көкелеп** әкесіне еркелеп жатқан (Ғаббасов).

КӨКЕМАРАЛ *бот. Көкпектің бүрі тәрізді, емге пайдаланатын шөп.* **Көкемаралды** бояуға да қосқан (Қасиманов).

КӨКЕСІНДЕЙ *Ең зор, ең иықты, бәрінен асқан.* Оның **көкесіндей** ер бар (Есенберлин).

КӨКЕТАЙ 1. *Әкесіне не ағасына еркелеп айтатын атау; жалынып-жалбарынған сөз.* **Көкетай**, кешірім ет (Сейтенов). 2. *Жасы кішіні еркелете айтатын атау сөз.* Жыламашы **көкетайым** (С. Жүнісов).

КӨКЕТАЙЛА *Көкетай, көкетай деп жалынып-жалбарыну, еркелету.* **Көкетайлап** тұра ұмтылды (Әлімжанов).

КӨКЕШ 1. *Әкесіне еркелей, сағына айтатын атау.* Майданда жүр **көкешім** (Пернедегі терме). 2. *Жасы кішіні еркелетіп атау.* **Көкешім**, бөпешім, түсе ғой ("Қаз. әдеб.").

КӨКЖАЛ 1. *Азулы жыртқыш, қасқырдың арланы.* Кішігірім тайыншадай **көкжал** арлан. 2. *Ауыс. Барынша өктем, бет қаратпас озбыр.* Ешкімнің ырқына көнбей кеткен **көкжал** (Жансүгіров).

КӨКЖАЛДЫҚ *Көкжал болушылық; озбырлық, өктемдік, азулылық.* Ағасының **көкжалдығынан** інілері де шошынды (Хұсайынов).

КӨКЖЕЛКЕ *Мойынның ту сырты.* **Көкжелкеден** қойып-қойып жіберді (Нұрпейісов).

КӨКЖЕЛІК *Малдың көктемде түлеуі.*

КӨКЖИЕК *Аспан мен жердің көз жететіндей түйіскен жері, горизонт.* **Көкжиекпен** ұштасады кең жазық (М. Қаназов).

КӨКЖОРҒА *Түйе кеселі.*

КӨКЖӨРЕ *Қаршыға тұқымына жататын жыртқыш құс.*

КӨКЖӨТЕЛ *мед. Үсті-үстіне жөтелдіретін балалардың жұқпалы ауруы.*

КӨККАСҚА: көккасқа шегіртке — *топ-топ боп ұшып жүретін ауыл шаруашылығына, әсіресе егінге зиянды жәндік.*

КӨККАУЫС *бот. Өсімдік аты.*

КӨККҰТАН *зоол. ұзын сирақты көк түсті құс.*

КӨКНӘР 1. *Апиын шығаратын өсімдік, апиынның көк қауашағы; мак.* 2. *Көкнәр өсімдігінің қауашағы қайнатқанда шығатын сөл.* 3. *Ұзын сабақты қызыл гүлдің, анардың басы, дәні.* 4. *Апиын.* Апиын — *көкнәр* өсімдігінің түйінін тіліп, содан шыққан сөлден жасалады ("Соц. Қаз.").

КӨКОРАЙ *Жайқалған көк шөпті, шалғынды жер.* ~ шалғын.

КӨКӨНІС *Тамаққа пайдаланылатын сәбіз, капуста, қызылша сияқты бақша дақылдарының ортақ атауы.*

КӨКПАР *Бауыздаған ту серке не ешкіні, екі жікке бөлініп, ат үстінде тартысатын ұлттық ойын.* ◊ **Көкпар тартты** — *көкпар сайысына түсті.*

КӨКПАРЛА *Көкпар ету, көкпар тарту.* Тартқылап, *көкпарлап* жатқан (Баязитов).

КӨКПАРЛЫ *Көкпар тартатын, көкпары бар, көкпар сайысына түсетін.* ~ қазақтар.

КӨКПАРШЫ *Көкпар тартушы, көкпар сайысының шебері.*

КӨКПАРШЫЛ *Көкпарды ұнататын, көкпар құмар, көкпар ойынының шебері.* Жігіт кезімде ~ едім.

КӨКПАРШЫЛА *Көкпар сайысына түсу.* Сабазың әлі *көкпаршылап* жүр (О. Сәрсенбаев).

КӨКПЕК *бот. Аласа боп өсетін, дәмі ащы, қатты шөп. Көкпек* десе, түйе төзбес (Мақал).

КӨКПЕКТЕН *Көкпек басу.* Жазың су көрмей ~іп кеткен.

КӨКПЕКТІ *Көкпек мол өскен, көкпегі көп,* ~ дала, ~ жер.

КӨКПЕҢБЕК 1. *Ашық көк, тым көк.* ~ теңіз (бояу, мұз, аспан). 2. *Көкорай, жасыл шалғынды.* ~ майса, ~ жер.

КӨКСАҒАЛ *бот. Тарының әлі пісіп жетілмеген, сарғыш тартқан түрі.*

КӨКСАҒЫЗ *бот. Каучук жасайтын көпжылдық шөпті бақбақ өсімдігі.*

КӨКСАУ *Өкпесін суық шалып көп жөтелетін көкірек ауруы.* ~ кісідей, ~ болып күркілдеп.

КӨКСАУЛАН *Көп жөтелу, көксауға айналу.*

КӨКСАУЛЫҚ *Көксау болушылық, көп жөтелушілік.* Осы бір *көксаулық* итше еріп арылмады (Бөкеев).

КӨКСАУЫР *Көк бояумен боялған былғары, сапалы көн.* ~ етік (былғары).

КӨКСАУЫРЛА *Көксауыр былғарымен әшекейлеу, ою-өрнек салу.* ~п тіккен етік.

КӨКСЕ *Аңсау, армандау.* Дәрігер болуды ~ йді, еркіндікті ~ йді.

КӨКСЕРЕК I *Ұлттық спорт ойындарының бір түрі.*

КӨКСЕРЕК II *Жас қасқырдың мықты, қайраттысы.* Мен даланың *көксерек,* көкжал мықтысымын (М. Сатыбалдиев).

КӨКСЕРКЕ I *Қызыл балық тұқымдасына жататын жыртқыш балық.*

КӨКСЕРКЕ II *Қауынның дәмі тәтті бір түрі.*

КӨКСЕУШІЛІК *Арман етушілік, аңсаушылық.* Баяғыны ~.

КӨКСҮҢГІ *Жаңбыр аралас қар жауып, шөп басына мұз қатуы.*

КӨКСІГЕН *Жерінен жеріген, безген, туған жер өлкесін тастап кететіндер.* Алма мойын сам үйрек, ана Еділден *көксіген* (Айтыс).

КӨКСІЛ 1. *Алғыр қыран.* Қос *көксіл* таудан ұшып талпынғанда (Жароков). 2. *Ауыс. Қажымас қайсар.* Оғы көктей өтіп кеткен *көксілім* ғой (Есенжанов).

КӨКСІРЕ *Көк жегісі келу, көкті құмарту.*

КӨКСІРЕУ *Көксіреу мұз; тұтасқан қалың мұз.*

КӨКТАС *Кәмір қышқылды, мыс тұзынан құралған ашық жасыл түсті минерал (малахит).*

КӨКТЕ I 1. *Шөптің, тағы басқа өсімдіктің көгеріп шығуы.* Жоңышқа ~п шықты, шабындық ~ді. 2. *Ауыс. Өсіп-өркендеу, жетілу, даму, гүлдену.* Осы елмен ғана *көктедім* (Баймолдин).

КӨКТЕ II 1. *Турасынан кесіп өту.* Теңіз төсін *көктей* ұшқан ақ шағала (С. Байжанов). 2. *Киіп-жару, кесе-көлденең өту.* Исатайды *көктеп* өтіп, өздігінен амал істей алмады (Жұмалиев).

КӨКТЕ III 1. *Инемен сирек етіп тігу, қабу.* Жыртылған көйлегінің жағасын *көктеп* берейік (Нәбиев). 2. *Керегені т. б. затты қайыспен, таспамен бекіту.* Кереге ~йтін таспа.

КӨКТЕГІШ *Өсіп-өнгіш, тез көктеп шығатын.* Тамырдан алған тұқым *көктегіш* (Ерлепесов). 2. *Кереге көгін өткізуге машықкан, көрпені көктеуге шебер адам.*

КӨКТЕЙ *Көк күйінде, шикідей; кеппеген, көк қалпы.* Жиденің мәуесін *көктей-ақ* жеп тауысамыз (Канахин). ◊ **Көктей қатқыр [солғыр]** — *қыршыныңнан қиылғыр.*

КӨКТЕМ *Қыстан кейін келетін жыл мезгілі, жазғытұрым.*

КӨКТЕМГІ *Көктем кезіндегі, сол уақыттағы.* ~ каникул.

КӨКТЕМДЕЙ *Көктем сияқты құлпырған.* Көңілі ~ көркем, ~ жас.

КӨКТЕМДІК 1. *Көктемге тән, соған қатысты.* ~ егістік. 2. *Көктемде көшіп-қонып көктейтін жер.* ~ қоныс.

КӨКТЕМЕ *Көктелген, топсалып жалғастырған.* Қозы жауырын *көктеме* оқ ұзындығы кез еді (Батырлар жыры). ◊ **Көктеме білезік** — ортасын топсалап жасаған білезік.

КӨКТЕМЕГІР *қарг. Қыршыныңнан қиылғыр.*

КӨКТЕМСІЗ *Көктем болмай жатып, көктем шықпай-ақ.*

КӨКТЕН *Көк түске айналу, көкшілдену.* Әуелі *көктеніп,* сосын күлгін түске енді (Кекілбаев).

КӨКТЕСІН *Көгалды, көк шөпті жер. Көктесінге* аунап біраз дем алайын (Ө. Өбішев).

КӨКТЕУ I 1. *Көгірек, түсі көкшіл.* 2. *Пісіңкіремеген.* Астық сәл *көктеу* ме деймін (Алтынтау).

КӨКТЕУ II *Көктемде қоныстайтын аймақ, көктемгі жайылым.* Бүгін ел *көктеуде,* ертең жайлауда ("Лен. жас").

КӨКТЕУ III *Жазының жондығын, шыбығын, етегін реттеп ұстап тұру үшін тігілген жуан жіп.*

КӨКТЕУ IV *Алыс шаншылып, әр жерінен ілінген уақытша тігіс.*

КӨКТЕУЛІ *Көктеу салынған, көктелген.* ~ көрпе.

КӨКТӨБЕТ 1. *Дәрілік улы қасиеті бар, маңқа ауруына қарсы қолданылатын шөп.* 2. *Қырма сақал қырқылжың адамға ұрысқанда қолданылатын сөз.* Қысқарт, *көктөбет,* енді сенің үргеніңді (айтқаныңды) тыңдар жәйім жоқ.

КӨКТІК 1. *Көк түсті болушылық. Көктігі* шымқай көк барқыттай (С. Мұқанов). 2. *Пісіп*

жетілмегендік, әлі жастық. Жас **көктікті** де піскесін (Бегалин). 3. *Ызақорлық, долылық.* Қайсар **көктікпен** қадала түсті (Ө. Нұрпейісов).

КӨКТІКЕН *бот. Өсімдік аты.*

КӨКТІЛІ *Көк түс аралас.* **Көктілі,** көкалалы төске толған (Байзақов).

КӨКШАҒЫР *Жусан тұқымдас өсімдік түрі.*

КӨКШЕ I *Көгілдір түсті, орташа салмағы 600 граммға жететін балық.*

КӨКШЕ II *Көкшіл түсті, көгілдір тартқан.* ~ қоян.

КӨКШЕШЕК 1. *Екі жылдық шөптесін өсімдік.* 2. *Сақа жеңгелердің ұрысқанда айтатын сөзі.* Ой, **көкшешек,** сенің-ақ қалжыңың таусылмайды екен.

КӨКШІ *Көкшілдену, көгеру.* Көк көзі одан бетер **көкшіе** түсті (Жылқышиев).

КӨКШОЛАҚ *бот. Жайылымдық шөп.*

КӨКШУЛАН *Көкшіл тартқан, бурыл.* ~ сақал.

КӨКШІЛ *Көк түстілеу, көгілдір.* ~ көз (орман). **Көкшіл тартты** — *көгілдір түске көшті.*

КӨКШІЛДЕН *Көкшіл түске ену, көкшіл тарту.* Барады **көкшілденіп** нұрлы жүзің (Хакімжанова).

КӨКШІЛДЕУ *Көкшіл түстілеу, көгілдірлеу.* ~ мата (орамал).

КӨКШІЛТІМ *Көкшіл тартқан, көгілдір түстілеу.* ~ бояу.

КӨКІ *Әр нәрсені бір шатып-бұтып артық сөйлеу, бетімен лағу.* Андрей базарда **көкіп** отырды (Шашкин).

КӨКІГІШ *Жөн-жосықсыз көп сөйлегіш, бөспе, көкіме.* Мұндай ~ті көргем жоқ.

КӨКІЛТАШ *көне. Бірге тумаған, бірақ хан шешімі бойынша жас балаға аға саналған адам.* Саянды Сүйінішке **көкілташ** етуді өтінді (Есенберлин).

КӨКІМЕ *Мыжып, өрепкіп көп сөйлейтін, мақтаншақ, бөспе.* Өзің бір **көкіме** екенсің ("Қаз. әдеб.").

КӨКІРЕК 1. *Омырау тұс, кеуде.* Қызын бір қолымен **көкірегіне** қыса түскен ("Қазақст. мектебі"). 2. *Көңіл, көкей, ой-сана.* **Көкірегі** көреген азамат (Ақ отау). 3. *Менмен, тәкаппар, өр кеуде.* Менмендік, **көкірек** оның мінезінде болған емес ("Қаз. әдеб."). □ **Көкірек ауруы** — *өкпе сырқаты, туберкулез.* **Көкірек маңқа** — *ветер. Жылқыда болатын жұқпалы ауру.* ◊ **Көкірегі ашық** — *білімді, оқыған, саналы.* **Көкірегі жұйрік, сезімтал, тұсінігі мол.** **Көкірегі жылады** — *ет жүрегі езілді, егілді.* **Көкірегі кең** — *кең пейілді, дарқан.* **Көкірегі көзді** — *көзі ашық, зерделі.* **Көкірегі қарс (қақ) айрылды** — *қайғырды, қасірет шекті.* **Көкірегімен көк тіреді** — *а) аспанмен таласты, биік, зәулім; ә) дегені болып асып-тасты.* **Көкірегінде оты бар** — *еті тірі, жігерлі.* **Көкірегінде сайрап тұр** — *көңілге айқын байқалып тұр.* **Көкірегіне құйды [тоқыды]** — *ұғып алды, тұсінді.* **Көкірегіне нан пісті** — *өр көкіректенді, ісініп-кебінді.* **Көкірегіне ұялады** — *көңіліне қонды, ұқты, тұсінді.* **Көкірегі ояу** — а) *парасатты, саналы;* ә) *ұйқыға кетпеген, ұйықтамаған.* **Көкірек бітті [керді, көрсетті, қақты, көтерді]** — *өр көкіректеніп дандайсыды.* **Көкірек көзі ашылды** — *сана-сезімі оянды, зерделі болды.* **Көкіректе сайрап тұр** — *бәрі есінде, көз алдынан кетпеді.*

КӨКІРЕКСІЗ *Жетесіз, көр соқыр, надан.* Барынды жоқ дейтұғын **көкірексіз** көксоқыр (Қайырбеков).

КӨКІРЕКСІН *Өзін өзі көтермелеу, әлдеқандай болып дандайсу.* ~ген адам, ~ді.

КӨКІРЕКТЕ *Құшке салып кеуделеу, кимелеу, өзеурету.* Намыс кернеп, **көкіректеп** қоймап еді (Бердіқұлов).

КӨКІРЕКТЕУ *Тәкаппарлау, өр кеуделеу.* Мақтаншақ адам **көкіректеу** болады (Сланов).

КӨКІРЕКТІ 1. *Кең кеуделі.* Ортадан жоғары бойы бар **көкіректі** кісі (Кекілбаев). 2. *Ауыс. Көзі ашық, есті, тәжірибелі.* Бәрін болжап білетін **көкіректі** қарттар бар (Тұрғынбеков).

КӨКІРЕКТІК *Тәкаппарлық, өрлік, паңдық.* Шақырғанға бармау — **көкіректік** (Тұрғынбеков).

КӨКІРЕКШЕ *Костюмнің ішінен киетін жеңсіз, жылы киім, кеудеше.*

КӨЛ 1. *Айналасы тұйықталған су тоспасы.* **Көл** жағалаған өлмес (Мақал). 2. *Ауыс. Мол, асып-тасыған көп.* Көрмеген көп дүние **көл** көрінді (Абай). ◊ **Көз жасы көл болды** — *көп жылады.*

КӨЛБАҚА *зоол. Көлде, шалшықты жерде тіршілік ететін бақа.* Құдықтағы **көлбақа** мұхиттан бейхабар (Мақал).

КӨЛБАР *Майынға салып жұретін, көннен тігілген дорба.* "Сізден қалмаймын" деп **көлбарын** майнына салды (Тұрмағамбет).

КӨЛБЕ 1. *Бір жамбастап жантайып жату.* Әдеттегідей тіке емес, **көлбей** жатыр (Ө. Әбішев). 2. *Көп жерді алып созылу.* Күріш алқабы **көлбеп** жатыр (Қырғызбаев).

КӨЛБЕГЕЙ *Көзді күн нұрынан қалқалайтын нәрсе.*

КӨЛБЕГЕЙЛЕ 1. *Көзді күн нұрынан, сәуледен қалқалау.* ~п қарады. 2. *Тасалау, жасыру.* Әдеті **көлбегейлеп** көрсетпей қалды.

КӨЛБЕК *Көлбектеген қимыл.* ◊ **Көлбек қағу** — *көлбек-көлбек ету, көлбектеу.*

КӨЛБЕКТЕ *Көлбек-көлбек ету.* Тым **көлбектеп** кеттің ғой (Қонарбаев).

КӨЛБЕЛЕҢДЕ *Көлбең-көлбең ету.* Неге сендер жүресіңдер көз алдымда **көлбелеңдеп** (Өтетілеуов).

КӨЛБЕҢ: көлбең қақты — *шайқақтап көлбеңдеді.*

КӨЛБЕҢДЕ *Ебедейсіз қимылдау, көлбең қағу.* **Көлбеңдеп** көз алдымнан кетпей қойды (Жұмағалиев).

КӨЛБЕҢКІ *Көлбей жатқан, көлбеу.* ~ тамыр.

КӨЛБЕҢКІРЕ *Көлбей тұсу.* Ол ағаштың **көлбеңкіреп** тұрғаны (Тоқмағамбетов).

КӨЛБЕТ 1. *өзг. етіс. Көлбе-т.* 2. *Сұлату, жайрату.* Сары атанды жұрт алдына **көлбеттім** ("Қаз. ертегі").

КӨЛБЕУ *Көлбей жатқан, көлбеңкі.* ~ жар (беткей, бұрыш).

КӨЛБЕУЛЕ *Көлбеу ету,* ~п қойды.

КӨЛБЕУЛЕУ *Созылыңқылау, сүйірлеу.* Тұмсығы **көлбеулеу** болса — жүйріктіктің белгісі (Жолымбетов).

КӨЛБЕУЛІК *Көлбей жатқандық, созылыңқылық.* Жер бетінің ~гі.

КӨЛБЕУІТ *Өзеннің кешіп өтуге болатын көлбей тұскен таяздау жері.*

КӨЛБІРЕ *Үлбіреу, көлкілдеу.* Қолын қысса, жас алақан **көлбіреп** (Ерғалиев).

КӨЛГЕКТЕ *Бұлтаққа салу, жалтару.* **Көлгектейтін** не бар (Ө. Нұрпейісов).

КӨЛГІР *Кекесін, сайқал.* ~ күлкі (сөз, көз).

КӨЛГІРЛЕН *Сайқалдану, біліп тұрып білмегенсу.* **Көлгірсіп** түсін суыта қойды (Сейфуллин).

КӨЛГІРЛІК *Көлгір болушылық.* ***Көлгірлігін*** қойып, ашық қимылға кетті (Ө. Нұрпейісов).

КӨЛГІРСІ *Бір нәрсені білмегенсу, жасанды қылық байқату.* ***Көлгірсуді*** білмейді (С. Омаров).

КӨЛ-ДАРИЯ 1. *Телегей-теңіз су, айдын-шалқар су.* Жер-көк ~ боп кетті. 2. *Аса мол, ағыл-тегіл.* ~ байлық (қымыз, ризашылық).

КӨЛДЕ *Көл-дария, көл болу, айнала-төңірек су болу.* ***Көлдеп*** жаңбыр жауса да (Т. Молдағалиев).

КӨЛДЕЙ *Көл тәрізді кең, мол.* Көңілі ~ тасыды, көз жасы ~ ақты.

КӨЛДЕН *Кең жайылу, шалқу, кеңею.* Көшелердің ***көлденіп***, көркемденіп (Кенен).

КӨЛДЕНЕҢ I *Белгілі бір заттың ені.* ~і сегіз метр, ~ он құлаштай.

КӨЛДЕНЕҢ II 1. *Кесе, көлбеу, тік емес.* ~ жатқан жота (көше, сызық). 2. *Ауыс. Тосын, кездейсоқ.* ~ ұсыныс (сөз, қырсық) 3. *Бөтен, жат, суық.* ~ жүріс (көз, жүрт). ◊ **Көлденеңді көк атты** — *кім көрінген, кездейсоқ адам.* ◊ **Көлденең жүріс** — *сезік тудыратын жүріс.* **Көлденең кәсіп (табыс)** — *қосымша табыс беретін жұмыс.* **Көлденең келді** — *қарсы тұрды, кедергі болды.* **Көлденең қонақ** — *күтпеген жерден келген мейман.* **Көлденең тартты [қойды]** — а) *алдына салып білдірді, сездірді;* ә) *арнады, сыйлады, ұсынды.* **Көлденең тұрды** — *қарсы келді, кедергі жасады.*

КӨЛДЕНЕҢДЕ 1. *Қиғаштау, кес-кестеу.* Ат жолы ***көлденеңдеп*** селоға соғады (Нұршайықов). 2. *Қарсы тұру, кесе көлденең келу, тосқауылдау.* Қайда барасың? — деп солдат ***көлденеңдеп*** қалды (С. Мұқанов).

КӨЛДЕУІК *Су жайылып кеткен жер, шалшық.* ***Көлдеуік*** шалшықтарға айналған бастаулар (Сәрсенбаев).

КӨЛДЕУІТ *Суы мол, балшықты, ылғалды жер.* ~ өлке.

КӨЛЕГЕЙ *Көзден таса, қалқалау.* Бұрын көзден ***көлегей*** тұрған нәрсе (Сейділдин). ◊ **Көлегей қабақ танытты** — *ұнатпады, жақтырмады.*

КӨЛЕГЕЙЛЕ *Тасалау, қалқалау.* Көзін қолымен ***көлегейлеп*** алысқа қараған (Жарықбаев).

КӨЛЕГЕЙЛІ *Күннің көзі тасаланып тұспейтін, жарығы аз.* Мен жатқанда ***көлегейлі*** күңгіртте (Ө. Тәжібаев).

КӨЛЕМ *Белгілі бір заттың аумағы, үлкендігі.* Егістік жердің ~і, өнеркәсіп ~і, мақала ~і.

КӨЛЕМДЕН *Үлкею, үлғаю, кеңею.* Аудан орталығы көркейе, ~е берді.

КӨЛЕМДІ *Көлемі үлкен, аумақты.* ~ шығарма (құрылыс).

КӨЛЕМДІК *Көлемге қатысты, аумақтық, мөлшерлік.* ~ өлшем, (салмақ). □ **Көлемдік меншікті энергия** *(физ.)* — *сыртқы тізбекке берілетін электр мөлшері.*

КӨЛЕМДІЛЕУ *Аумақтылау, көлемдірек.* ~ көрінді.

КӨЛЕМДІЛІК *Көлемді болушылық.*

КӨЛЕМДІРЕК *Көлемі үлкенірек, аумақтырақ.* ~ қызыл кілем.

КӨЛЕМСІЗ *Көлемі шағын, аумақсыз.* Көлденеңі ~.

КӨЛЕҢ 1. *Ерке, шолжаң.* ~ қыз. Күле бір ***көлең*** бұрылғанда, көкірегім күйіп кетеді (Нұржекеев). ◊ **Көлең берді [етті]** — *жалт етті, елестеді.* **Көлең қақты** — *көлбең қақты, көлбеңдеді.*

КӨЛЕҢДЕ *Кесе көлденеңде, көлбеңде.* Сондағы бейнесі ***көлеңдеп*** тұрып алды (Жұмаділов).

КӨЛЕҢКЕ 1. *Заттың жарық түсіп тұрған жағына қарама-қарсы жағы.* Үйдің ***көлеңкесіне*** жайғаса бердік (Тоқмырзин). 2. *Бір нәрсенің бейнесі, суреті, елесі.* Қыздың ***көлеңкесі*** де жоқ болып кетті (Сланов). 3. *Күн көзінен, жауын-шашыннан саялайтын пана, қорғаныш.* ***Көлеңке*** жасау керек (М. Хасенов). 4. *Ауыс. Таса, қалқа.* Сіздің ***көлеңкеңізде*** жүрсем де жарар (Аязби). ◊ **Көлеңкеде қалды** — *елеусіз қалды, ескерілмеді.* **Көлеңкесінде күн көреді** — *қамқорлығында болды.* **Көлеңкесінен қорықты** — *не болса содан сескенді, үрейленді.*

КӨЛЕҢКЕЛЕ 1. *Көлеңке түсіру, қалқалау.* Көзін қолымен ***көлеңкелей*** қарады (Бегалин). 2. *Күн көзі түспейтін саяда демалу.* Ағашты ***көлеңкелеп*** ойнап отырған (Тұрманжанов). 3. *Ауыс. Жасыру, бүркемелеу.* Ойымды айтқым келмес ***көлеңкелеп*** (Ернеуов).

КӨЛЕҢКЕЛЕУ 1. *Күннің көзі азырақ түсетін, ықтасындау, салқындау.* 2. *жерг. Ауыс. Ескерусіз, елеусіз.* Көптен бері ***көлеңкелеуде*** қала беретін (Ғ. Мүсірепов).

КӨЛЕҢКЕЛІ 1. *Көлеңкесі бар, көлеңке түсіп тұрған.* ~ жер. 2. *Ауыс. Кемшілікті, олқылықты.* Игілікті істерін ~ жақтары басып тұр.

КӨЛЕҢКЕСІЗ 1. *Көлеңкесі жоқ.* Ауыл ***көлеңкесіз*** жерде отыр (Смаханұлы). 2. *Ауыс. Бұкпесіз, ашық.* Көкірегінің ***көлеңкесіз*** шындығын жеткізді (Д. Әбілев) 3. *Кемшіліксіз, міні жоқ.* Дүниеде ***көлеңкесіз*** ештеңе болмайды (Бақбергенов).

КӨЛКЕК: көлкек қақты — *көлкектеді, маймаң қақты.*

КӨЛКЕКТЕ *Ырғалу, теңселу, толықсу.* Боз көденің нұрға бөленіп ***көлкектеп*** тұрған шағы (Ғаббасов).

КӨЛ-КӨСІР *Ағыл-тегіл, аса мол.* ~ қонағасы (қуаныш, дүние).

КӨЛКІ 1. *Сұйық заттың көлдей жайылып сел болуы; қалқу.* Көлдей ***көлкіген*** өзендер (Есмамбетов). 2. *Ауыс. Жұқа матадан тігілген бұйымның желкілдеп төгіліп тұруы.* ***Көлкіген*** қос етек жібек көйлек (С. Мұқанов).

КӨЛКІЛДЕ 1. *Сұйық заттың шамадан тыс көп болып жайылуы, лықылдап тұруы, шарасынан аса жиналуы.* Кемеліне дейін ***көлкілдеп*** суға толған (Ибрагимов). // *Жиналу, іркілу.* ***Көлкілдеген*** көз жасы (Д. Исабеков). 2. *Ауыс. Қолқылдау, кең болып қолпылдау.* ***Көлкілдеген*** кең балағы арық сирағын жаба алмай тұр (Тілегенов).

КӨЛКІЛДЕК *Көлк-көлк еткен, көлкілдеп тұратын.* ~ көбік.

КӨЛМЕК *Көлшік, тоспа.* ***Көлмек*** жасатып, мініс аттарын суаратын (Дәулетбаев).

КӨЛМЕКШЕ *Шағын көлмек.* Саулықтарын дәрі қосқан ***көлмекшеге*** тоғытып алмай қалған (Дәулетбаев).

КӨЛПАЛ *Бос көпірме, лепірме.* ~ сөз.

КӨЛПЕК *Үлпек, көлп-көлп еткен.* ~ қар.

КӨЛПІЛДЕ *Үлпілдеу, көлкілдеу.* Ақ шапаны ***көлпілдеп*** (Қамбар батыр).

КӨЛТАБАН I *Суы тартылған көлдің орны.* ***Көлтабан*** батпағының емдік қасиеті бар (Әбиев).

КӨЛТАБАН II *зоол. Балықтың бір түрі.*

КӨЛТАБАНДА *Суды жазық жерге жайып жіберу.* ~п суарылатын жер.

КӨЛТЕКТЕ Бұлтақтау, көлгірсу. ***Көлтектемей,*** көзіңе айтқан сыным (Айтыс).

КӨЛТІЛДЕ *Көлпілдеу, көлкілдеу.* ~ген ісік.

КӨЛШІК *Шағын көл, тоспа.* Әр жерлерде ~тер қалған.

КӨЛШІКТІ *Су жиналған ой-шұңқырлы.* ~ жер.

КӨЛШІКТЕН *Су жиналып, көлшікке айналу.* Жиналған жаңбыр суы ***көлшіктене*** қалыпты (Райымқұлов).

КӨЛІК *Жұмыс пен жол қатынасына пайдаланылатын мал.* Басты ***көлік*** түйе немесе ат жеккен арба (Нұршайықов). ◊ **Көлік майы** — *көлікке төленетін ақы, салық.* **Көлік малы** — *күш көлік ретінде пайдаланылатын мал.*

КӨЛІК-САЙМАН *Көлік пен оның жабдықтары.* Кішкене қорасына ***көлік-сайманымен*** зорға сыйды (М. Әуезов).

КӨЛІКСІЗ *Көлігі жоқ, жаяу.* ~ қалды (адам)

КӨЛІКТІ *Көлігі бар, көлікке мінген.* ~ адам (жолаушы).

КӨЛІКШІ *Көлік жүргізуші, жолаушы мен жүкті тасушы.* ***Көлікші*** кейін бұрылды (Әбілев).

КӨМ 1. *Затты топырақпен жауып жасыру.* Ұңғыға әлденені ***көміп*** жатқан (Ғ. Мүсірепов). 2. *Өлген адамды жерлеу.* Көрін қазып ***көмген*** күн (Жароков). 3. *Ауыс. Қоршау, басу.* Қайғыға ~ілді, ойға ~ілді, кітапқа ~іліп отыр.

КӨМБЕ 1. *Жасырып көмген қымбат заттар қоймасы.* Көп жасаған ***көмбенің*** үстінен шығар (Мақал). 2. *Астық, жеміс т. б. қоректік затты сақтайтын ұра, қойма.* Тамыр жемістерін ***көмбеде*** сақтаған (Жұмағұлов). 3. *Ат жарыстағы мәре, сөре.* ***Көмбеге*** бірінші болып келген аттарға бәйге беріледі (Керімбаев). 4. ***Ауыс.*** *Адам ойында сақтаған құпия сыр.* Көңілінің ***көмбесіндегі*** не бір асыл ойлар (Атынтаев).

КӨМБЕЛЕ *Көмбе жасау, көму.*

КӨМЕЙ 1. *Ауыз қуысын өңешпен жалғастырып тұратын мүше, жұтқыншақ.* Адамның ~і, құстың ~і, түлкінің ~і. 2. *Ауыс. Өзгелерге белгісіз ішкі ой, сыр.* ***Көмейдегі*** көп сөз. ~ін түсінді, ~ін сездірді. 3. *Бір нәрсенің шыққан жері, көзі.* Атылып жатқан фонтан ***көмейін*** тығындайды (Есенберлин). □ **Көмей құрт** — *малдың көмейін құрттататын ауру.* ◊ **Көмейі [көмекейі] бүлкілдейді** — а) *шешен сөйлейді;* ә) *бірдеме дегісі келеді;* б) *біреуден бірдеңе дәметті.* **Көмейі жоқ** — *талмай айтатын суырып салма.* **Көмейі жыбырлады** — *аңсары ауды, құмартты.* **Көмейі кең** — *түйені түгімен жұтатын.* **Көмейі байқалды [көрінді]** — *не дегісі келгені айтпай-ақ белгілі болды.* **Көмейінен бал тамады** — *әнді құйқылжыта, тамылжыта салады.* **Көмейіне тас тығылды** — *дыбысы шықпады, үні өшті.* **Көмейіне (көмекейіне) тірелді** — *айта алмай, бөгеліп қалды.*

КӨМЕЙЛЕ *Асап, қомағайлана жеу.* Тамақты ***көмейлей*** бастады (Мырзахметов).

КӨМЕЙЛІ 1. *Көмейі кең, үлкен.* Кең ***көмейлі*** кобра жылан (Сатыбалдин). Кең ***көмейлі*** көкшетаулық жылқышы (Бекхожин). 2. *Зор дауысты, асқақ үнді.*

КӨМЕК *Бір нәрсеге көрсетілген жәрдем, қолғабыс.* ~ берді (тигізді, болды).

КӨМЕКЕЙ 1. *Көмей.* ~і көсілген әнші, ~і бүлкілдеді. 2. *Адамның ішкі ойы, көңілі.* Аузын ашса, ~і көрінеді, ~ің белгілі. □ **Көмекей безі** — *топалақ ауруының бар-жоғын анықтайтын без.* **Көмекейі белгілі** — *не дегісі келгені айтпай-ақ түсінікті.* **Көмекейі көрінді** — *ойы белгілі болды.*

КӨМЕКСІЗ *Жәрдемсіз, қолғабыссыз.* Тапсырманы ~ өздігінен орындады.

КӨМЕКТЕС *Қолғабыс тигізу, қол ұшын беру.* Ата-анасына ~ті, бір-біріне ~іп өсті, оқуына ~ті.

КӨМЕКШІ *Бір істі тындыруға қолғабыс тигізуші, жәрдем беруші; Басқарушы адамға тікелей бағынып, оған жәрдемдесетін қызмет адамы.* Капитанның ~сі, машинистің ~сі. □ **Көмекші құрал** — *оқушыларға білім беруде пайдаланатын оқулық, әдебиет, көрнекі құрал.*

КӨМЕКШІЛ *Жәрдемдескіш, қайырымды.* ***Көмекшіл*** етіп өсірген (Әміров).

КӨМЕКШІЛІК *Көмек берушілік, жәрдемшілік.* ~ қызмет, ~ке жарады.

КӨМЕСКІ 1. *Бұлыңғыр, күңгірт, буалдыр.* ~ жарық, ~ тартты (түс, бояу). 2. *Анық, ашық емес, түсініксіз.* ~ жайлар (шешім, сөз, сыр).

КӨМЕСКІЛЕ 1. *Бұлыңғыр ету, күңгірт тарту.* Шам жарығын ***көмескілеп*** тұр (Сергалиев). 2. *Ашып-жарып айтпау, елеусіз қалдыру.* Мәселені ***көмескілемей,*** қабырғасынан қою керек ("Соц. Қаз.").

КӨМЕСКІЛЕУ *Бұлыңғырлау, күңгірттеу.* ~ бөлме (жарық, сәуле).

КӨМЕСКІЛІК *Бұлыңғырлық, күңгірттік.* Жарық түсіп ***көмескілік*** сейіле берді (Х. Рахимов).

КӨМЕШ *Күлге көміп пісірген көмбе нан.* Көшкен елдің ***көмеші*** болса, ру елдің ерулігі бар (Мақал).

КӨМКЕР 1. *Заттың шетін, жиегін қайырып, бүгіп тігу.* Матаның шетін ***көмкеріп*** тіге бастады (Нәбиев). 2. ***Ауыс.*** *Қоршау, орау, сәндеу.* ***Көмкерген*** көл жағалай майда құрақ (Неталиев).

КӨМКЕРМЕ *Үйге су, дымқыл жібермес үшін айналасына биіктеп үйілген топырақ.* ***Көмкермеге*** отырып ақтарыла сыр шерттік (Қанахин)

КӨМКЕРУ *Төсек жапқыш.* ***Көмкерудің*** үстіне құс төсек жиналыпты (М. Әуезов).

КӨМКЕРУЛІ *Көмкерілген, жиектелген.* Оңтүстік жағы тас жағамен ***көмкерулі*** (Исабаев).

КӨМПЕК *Денесі шынықпаған, бос.* Жүгімен жүріп жүдетер айыр өркеш ***көмпекті*** (Үш ғасыр).

КӨМПЕҢ *Шырақ, шымыр.* Көбік дене емес, ***көмпең*** шымыр (Хангелдин).

КӨМПИ *Ісіп кету, кумпию.* Үстіңгі ерні ***көмпиіп*** ісіп кеткен (Дүйсенов).

КӨМУСІЗ *Жерлеусіз.* ***Көмусіз*** қалған сүйегі (Алдамжаров).

КӨМІР 1. *Отқа жанатын қара түсті органикалық қатты зат.* Тас ~ (қоңыр, қазшылар, кені). 2. *Жанып біткен ағаштың сөнген шоғы.* Ағаш ~і (сексеуіл ~і) ◊ **Көмір қышқыл газы** (*хим*) — *қатты күйінде оңай бұзылатын заттарды сақтауда қолданылатын қышқылдық тотық.*

КӨМІРДЕЙ *Көмір сияқты, қап-қара.* ~ қара шаш (~ қара кісі, ~ қара ат)

КӨМІРЛЕН *Көмірге айналу.* Ағаш ***көмірленіп*** қана күйген (Тоқаев).

КӨМІРЛІ *Көмірі мол, көмірге бай.* ~ Қарағанды.

КӨМІРТЕГІ ***хим.*** *Органикалық заттардың ең маңызды құрамы болатын химиялық элемент.*

КӨМІРШІ *Көмір қазатын шахтада жұмыс істеуші.* ~лер қаласы. Көкем ***көмірші*** еді (Дінисламов).

КӨМІС *Көмуі, жерленуі, жөнелтуі.* Өлісіне қарай **көмісі** (Мақал).

КӨН I *Ірі қараның иленген (етік тігетін) қатты терісі.* **Көн** қатса қалыбына келеді (Мақал). ◊ **Көн етікті** — *кедей-кепшік, жарлы-жақыбай.* **Көн қотыр болды** — *терінің жүні түсіп, беті қабыршақтанды.* **Көн тақым [болды]** — *көлікпен жүруге әбден үйренген, дағдыланған.* **Көн тулақ** — а) *көнбіс, илеуге түскен;* ә) *арық, сартап мал.* **Көні жібіді** — *тұла бойы жіпсіді, терленкіреді.*

КӨН II 1. *Айтқанды істеу, тіл алу; бағыну, мойынсұну.* Әкей бірден **көне** кетті (Нәбиев) 2. *Қиындыққа төзу, шыдау.* Алла салса **көнермін** (Шөреков).

КӨНБІС *Төзімді, шыдамды.* ~ адам (жануар, мініске ~).

КӨНБІСТЕН *Көндігу, шыныгу.* Сөйтіп жүріп өл ~іп алды (Жарық жұлдыздар).

КӨНБІСТЕУ *Төзімділеу, шыдамдылау.* ~ адам.

КӨНБІСТІК *Шыдамдылық, төзімділік.* **Көнбістікпен** күн кешкен ауыл (Салғарин).

КӨНГІШ *Тіл алғыш, төзгіш.* Тәрбиеге ~, қиыншылыққа ~.

КӨНГІШТІК *Тіл алғыштық, төзімді болушылық.* Тәрбиеге ~.

КӨНДЕ *Көнмен тыстау.* Сіңірлеген ерді **көндемейді** (Арғынбаев).

КӨНДІК *Үйреніп кету, бейімделу, мойынсұну.* Адам не нәрсеге **көндікпейді** (С. Мұқанов).

КӨНДІККІШ *Төзгіш, бейімделгіш.* Ауа райы жағдайына **көндіккіш** (Серікбаев).

КӨНЕ 1. *Ертеде болған, бұрынғы, ежелгі, ескі.* Сөз етіп қарттар **көнені** (Тоғашев). ~ заман (ғасыр, тіл, тарих). 2. *Тозығы жеткен, әбден ескірген.* ~ шелек (сандық, қылқобыз). 3. *Көпті көрген, тәжірибелі.* Көпті көрген **көне** қарт (Талжанов). ◊ **Көне көз** — *көп жасап көпті көрген қарт.* **Көне [кәрі] құлақ** — *есіткені, көкірекке түйгені көп.* **Көненің көзі** — *өткен өмірдің куәгері.*

КӨНЕК I *Көбінесе бие саууға арналған көннен жасалған шұмегі бар ыдыс.* **Көнектен** шошыған бие оңбас (Мақал). ◊ **Көнекке тас салғандай** — *тамаққа тоймайтын обыр.* **Көнекті сырттан сұрады [салды]** — *сырғақтады, жоламады.*

КӨНЕК II *Ісіп-кеуіп кететін ауру.* Ел аштықтан ісініп **көнек** ауруына шалдыққан (Жұмаділов). ◊ **Көнек жара** — а) *бітеу жара;* ә) *асқынып түйыққа тірелген мәселе.*

КӨНЕ-КӨСКІ *Тозығы жеткен, ескі-құсқы.* Әкеңе **көне-көскіңді** сен ауысарсың (Ә. Нұрпейісов).

КӨНЕКТЕ *Көп-көптен, шелектеу.* Сүт бұлағын **көнектеп** те беріп жатыр (Сланов).

КӨНЕКТЕЙ *Көнек сияқты, далиған, үлкен.* ◊ **Көнектей болды [қылды]** — *күп боп ісіп кетті.*

КӨНЕЛЕ *сөйл. Көнелену, көнеру.* Сан соқпақты **көнелеп** (Бегалин).

КӨНЕЛЕН *Ескіру, тозу.*

КӨНЕЛЕУ 1. *Ертеректегі, ежелгі.* **Көнелеу** бір тілмен қазақылап сөйлеп қоятын (М. Әуезов). 2. *Ескілеу, тозыңқыраған.* **Көнелеу** сусар бөрік (Ә. Тоқтаров).

КӨНЕЛІК 1. *Бұрынғы заманнан қалған қалдық, ескілік.* **Көнелікті** лақтырып, жаңартыпты жас қалам (Бекхожин). 2. *Тозып, ескіргендік.* Үйдің ~гі болмаса, тұра берер ме едік. 3. *Көпті көріп оң-солын жете танығандық.* Көпті көрген **көнелілігімен** аман қалды (Р. Тоқтаров).

КӨНЕР 1. *Тозу, ескіру.* ~ген киім, ~ген кереге, ~ген ескерткіш. 2. *Беттің әжімденіп, әрі кетуі.* Беті біраз **көнеріп**, сызат түсіпті (О. Сәрсенбаев).

КӨНЕТОЗ *Ескі, ұсталған, киілген, көнеріп тозған.* ~ шапан (бөрік, сырмақ, папка).

КӨНПІІ *Ісіну, қампию, көтерілу.* **Көнпііп** піскен шелпек (Нәжімеденов).

КӨНСІ *Ындыны құрғау, шөлдеу.* ~п жатқан қырқаның басы.

КӨНТАҚА 1. *Терінің әбден қажалып мүйізденуі, күстенуі.* ~ алақан, терісіне ~ түсті. 2. *Кепкен, мүлде құраған.* Сүт бүріксең де жібімейтін ~.

КӨНТАҚАЛАН *Қажала-қажала сүйелдену, мүйіздену.* Жара ~сын.

КӨНТЕ: көнте белбеу — *көн теріден жасалған қалың, жалпақ күдері белбеу.* Көкала жорға ат мін деді, **Көнте** белбеу бу деді ("Едіге батыр").

КӨНТЕК I *Қойдың жүнін күпсітіп түсіретін қышыма, қотыр ауруы.*

КӨНТЕК II *Қалың, дүрдіген, томпақ.* ~ ауыз (ерін, алақан).

КӨНТЕКТЕН *Дүрдию, баттию.* Еріндері ~е кезерген.

КӨНТЕКТЕУ *Дүрдиіңкі, қалыңдау.* Ерні ~.

КӨНТЕРІ 1. *Жүнін қырып, күнге қақтаған сірі тері, көн.* Өбден сіреу болған **көнтері** суға қанша салғанмен жібімейді (Арғынбаев). 2. *Терісі қалың, бетпақ.* Ондай **көнтері** бетсіздікке бармас (Бөкеев). 3. *Ауыс. Ыстық-суыққа төзімді, көнбіс.* Бәтима да шаршау білмес **көнтерінің** бірі (Б. Соқпақбаев).

КӨНТЕРІЛІ *Шыдамды, төзімді, көнбіс, мықты.* Па, шіркін, **көнтерілі** бауырым-ай ("Лен. жас").

КӨНТЕРІЛІК *Шыдамдылық, көнбістік.* ~ танытты (Құмарова).

КӨНТІ *Дүрдию, ісіну, томпию.* Еріндері **көнтііп** кеткен (Найманбаев).

КӨНШІ: көңілі көншу — *көңілі жай табу, риза болу.*

КӨНІК *Белгілі бір жағдайға бейімделу, мойынсұну, көндігу.* Жүре-жүре **көндігіп** кеттік (Сегізбаев).

КӨНІККІШ *Бейімделгіш, дағдыланғыш.* Өріктің бүрлері ~.

КӨНІМДІ *Шыдамды, көнбіс.* Өндеуге ~.

КӨНІМПАЗ *Көнгіш, мойынсұнғыш, бейімделгіш.* Зорлыққа, құлшылыққа **көнімпаз** (Ақынжанов).

КӨҢ 1. *Қатып тұтасқан, қордаланып байланған мал қиы.* Қораның ~ін ойдырды. 2. *Ескі қоныс, қыстау.*

КӨҢҚАРҒА *жерг. көне. Жайлаудан ескі жұртқа көшетін кез.*

КӨҢ-ҚОҚЫР 1. *Қи аралас шөп-шалам.* Жаз бойы **көң-қоқырға** иленіп отырады (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Ескі-құсқы, көр-жер.* Үйдегі **көң-қоқырын** буа бастады (М. Қуанышбаев).

КӨҢСІ *Күлімсі иістің шығуы.* Қойдың ба, киіздің бе исі **көңсиді** (Тілеуханов).

КӨҢІЛ 1. *Ішкі эмоциялық сезім, сана.* Күлкімен **көңіл** көтерді (С. Мұқанов). 2. *Ой, қиял, арман.* **Көңіл** жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе (Мақал). ◊ **Көңілі алаң болды [алабұртты]** — *ойы бөлінді, алаңдады.* **Көңілі ауды [бөлінді, кетті, құлады]** —*құштар болды, ықыласы түсті.* **Көңілі бар** —*ұнатады, сүйеді.* **Көңілі босады [бұзылды]** —*қобалжыды,*

толқыды. **Көңілі жабықты [тарықты, қамықты]** — *қайғырды, уайымдады.* **Көңілі жай [тоқ]** —*ойында алаңы жоқ.* **Көңілі жақын** — а) *еркек пен әйелдің арасындағы жақындық;* ә) *тату, сырлас.* **Көңілі жарасты** — *ұнатты, тіл тапты.* **Көңілі жарым [жарымжан]** — *қайғылы, жарым көңіл.* **Көңілі қалды [қайтты, суынды]** — *ренжіді, өкпеледі.* **Көңілі құлазыды** — *жалғызсырады, зерікті.* **Көңілін аулады [алдады]** — *көңілін тауып, ойын бөлді.* **Көңіліне алды [келді]** — *реніш білдірді.* **Көңіліне дақ салды** — *ренжітті, өкпелетті.* **Көңіліне қарады** — *ренжіткісі келмеді.* **Көңіліне ұнады [жақты, үйлесті]** — *жаратты, жақсы көрді.* **Көңілін қалдырды [қайтарды, жықты]** — *бетін қайтарды, ренжітті.* **Көңілі соқты [шапты]** — *төбеті тартты.* **Көңілі толмады [тоймады]** — *ойындағыдай болмады, қанағат таппады.* **Көңілі түсті** — *ықыласы ауды, ұнатты.* **Көңілі хош болды** — *шат-шадыман болды.* **Көңіл айтты** — *марқұмның туғандарына жұбаныш білдірді, қайырлы болсын айтты.* **Көңіл бөлді [қойды, бұрды, аударды]** — *зер салды, ден қойды.* **Көңіл білдірді** — *сыңайын танытты.* **Көңілге қарады** — *ренжіткісі келмеді.* **Көңілге қонымды** — *ұйлесімді, ұнамды.* **Көңілге қуат [медет, медеу] тұтты** — *іштей жұбаныш етті.* **Көңілге тоқыды** — *жақсылап түсінді, ойда сақтады.* **Көңілге ұялады** — *орынды көрінді.* **Көңілдегі жерінен шықты** — *ойлағандай, діттегендей болды.* **Көңілді алаң етті** — *көңілдің тынышын алды.* **Көңілдің тынышын алды** — *алаң етті, мазалады.* **Көңіл жетер** — *қадір білер, сыйласатын.* **Көңіл жұбатары** — *ойға медет тұтары, алданыш етері.* **Көңіл жыртпады** — *сөзге келмеді, бетін қақпады.* **Көңіл көтерді [сергітті]** — *ойнап-күлді.* **Көңіл күйі [қошы]** — *ішкі сезімі, ой дүниесі, зауқы.* **Көңіл қазы, көз таразы** — *адал ниет, әділ іс.* **Көңіл қосты** —*бірін-бірі ұнатып, ерлі-зайыпты болды.* **Көңіл сұрады** — *ауру кісінің жағдайын, халін білді.* **Көңіл сүйер** — *ең жақын дос-жар кісі.*

КӨҢІЛДЕН *Жадырау, қуану, шаттанып жайраңдау.* Капитан ***көңілдене*** күлді (Ә. Сәрсенбаев).

КӨҢІЛДЕС 1. *Тілегі бір, ниеттес;* 2. *Көңілі жақын, ашына. Көңілдес,* пікірлес достар тапқан (С. Омаров).

КӨҢІЛДЕСТІК *Ниеттестік, пікірлестік, көңілі жақындық.* ~ жөнінен қолқа салды.

КӨҢІЛДЕТ *Жадырату, қуанту.* ***Көңілдете*** ысқыра бастады (Ә. Сәрсенбаев).

КӨҢІЛДІ 1. *Қуанышты, шат-шадыман.* Үшеуі де ***көңілді*** (Шаймерденов). 2. *Қызықты, сауықты.* ~ кеш, ~ күй, ~ ән.

КӨҢІЛДІЛЕУ *Көңіл-күйі жақсырақ.* Жүрт ~.

КӨҢІЛСІЗ 1. *Көңіл-күйі мәз емес, жабырқау.* Өзің ~сің ғой. 2. *Шабытсыз, ықылассыз.* ~ орындалған жұмыс.

КӨҢІЛСІЗДЕН *Зауқы болмау, ықыласы түспеу.* Ол кейінгі кезде ~іп кетті.

КӨҢІЛСІЗДЕУ *Жабырқаңқылау; енжарлау.* Ажары ~, ~ ун қатты.

КӨҢІЛШЕК *Ақ көңіл, қайырымды.* Мұндай ***көңілшек*** екенін білмейтін (Мағзұмов).

КӨҢІЛШЕКТІК *Ақ көңілділік, мейірімділік.* ~ жасамады.

КӨҢІРСІК *Көңірсіген, қолқаны жаратын, қоңырсық.* ~ иіс.

КӨП 1. *Едәуір, бірсыпыра; мол, қыруар.* ~ сөз (жылқы, пайда, сансыз ~). 2. *Ауыс. Үнемі, ұзақ уақыт.* ~ке бармады (кешікпеді, сөйледі) 3. *Халық, көпшілік, қауым.* **Көп аяқтылар (биол.)** — *дене пішіні құрт тәрізді бунақты, бірнеше аяғы бар жәндік.* ◊ **Көп аузы әулие (уәлі)** — *көпшіліктің айтқаны келеді.* **Көп болса** — *мықтағанда, әрі кеткенде.* **Көп жаса (алғ.)** — *өмірлі бол, өмірің ұлғайсын.* **Көп ретте** — *әдетте, әшейінде.* **Көптен бері** — *ерте заманнан; ұзақ уақыт.* **Көпті көрген** — *көп нәрсені басынан өткерген, тәжірибелі.*

КӨПЕ *Кіші-гірім үйілген шөп.* ~ге түскен шөп.

КӨПЕЙ 1. *Ең соңғы ұрпақ; кенже.* Үша берсеңші, ***көпейім*** (Бигелдинов). 2. *Кеш, кенжелеп туған қозы, көрпелдес.*

КӨПЕК *Тапал, аласа, кішкене.* ~ ит.

КӨПЕ-КӨРНЕУ *көз алдында, көрер көзге.* ~ жасырды (басынды)

КӨПЕНЕ *Кіші-гірім үймек шөп, көпе.* Шабылған шөпті ~ге салыпты.

КӨПЕНЕЛЕ *Кіші-гірім етіп шөп ұю.* Шөпті ~п жинады.

КӨПЕС *көне. Меншігінде сауда жасайтын кәсіпорны бар бай саудагер.* Әйгілі татар ~і.

КӨПСІ 1. *Көпсу, көтерілу.* Мақта ~ді, жүн ~ді. 2. *Шым-шым етіп көпіршу.* Тырнағының астынан ***көпсіп*** қан шықты (Қ. Сәрсекеев).

КӨПСІК *Борпылдақ, қопсыған.* ~ қар.

КӨПСІН *Көп көру, артық деп санау.* Осы көрген күніңді ***көпсініп*** жүрсің бе (Мұртазаев).

КӨПТЕ *Көп боп бірігу, қауымдасып жұмыла кірісу.* Жұмысты ~п бітірдік.

КӨПТЕГЕН *Бірталай, едәуір.* Жиналыста ~ мәселе қаралды.

КӨПТЕН *Баяғыдан, ертеден, ежелден.* ~ таныс, ~ көрмеген жолдас.

КӨПТЕН-КӨП *Аса мол, ырғын.* ~ рахмет.

КӨПТЕП *Молынан, көп етіп.* Мұғалім кадрлерін ~ қажет етті.

КӨПТЕП-КӨЛЕМДЕП *Жабыла кірісіп, қауымдасып.* ~ үй салды.

КӨПТЕУ *Көбірек, артығырақ.* Мұның ~. ~ тиеп жіберді.

КӨПТЕУІЛ *Әскери тұнғі күзетші, қарауыл.*

КӨПТІК 1. *Көп, мол болушылық.* ***Көптік*** қайда болса, молшылық сонда (Мақал). 2. *Грамматикалық категория.* □ **Көптік жалғау** — *сөзге көптік мағына үстейтін қосымша.*

КӨПТІР *Асыра сілтеу, бөсу.* ~е мақтады.

КӨПТІРМЕ *Көп сөзді, бөспе.* Дәлелсіз ~ сөз.

КӨПШЕ 1. *Көпке ұқсап.* Тап соның басқалардай сөзі ***көпше*** (Айтыс). 2. *лингв. Көптік ұғымды білдіретін грамматикалық категория.* ~ тұлға.

КӨПШІК *Ішіне жұн, мамық т. б. салып тігілген, өрнектелген жастықша.* ◊ **Көпшік қойды** — *көтермелеп, мадақтап сөйледі.* ***Көпшіктемей-ақ*** қой (Ә. Көшімов).

КӨПШІЛ *Көп көңілінен шығатын, қауымшыл, қоғамшыл.* Болмасын көкшіл, Болсайшы ***көпшіл*** (Абай).

КӨПШІЛДІК *Адамға ұйір болушылық, қауымшылдық.* ~ қасиет.

КӨПШІЛІК 1. *Қалың жұртшылық, ел-жұрт, қауым.* ~ солай шешті. 2. *Артығырағы, молы, көбісі.* ◊ **Көпшілік дауыс** — *көптің қолдауы, қос-*

тауы. **Көпшілік қолды** — *жұртшылыққа керекті, мұқтаж.*

КӨПІР I 1. *Үлкен өзен, сулардан өту үшін салынған құрылыс.* Ертіске салынған ~. 2. *Ауыс. Жалғастырушы, байланыстырушы.* Ертегі мен шындық өмір арасындағы ***көпір*** ұзара берді (Семья тәрбиесі).

КӨПІР II 1. *Көбігі шығу, көбіктену, көпіршу.* ***Көпіреді*** айрандай ашып, ұйып (Мәуленов). 2. *Ауыс. Мақтану, бөсу.* ~е сөйледі.

КӨПІРГІШ *Тез, мол көпіретін.* ~ сабын.

КӨПІРМЕ 1. *Көп сөзді, бөспе.* ~ сөз (мақтау). 2. *Көбік атқан, көпіршіген.* ~ су.

КӨПІРШІ I *Көпір салушы, жөндеуші.* ~ көпір салды.

КӨПІРШІ II *Көбіктену, көпіру.* Судың беті ***көпіршиді*** (Жақсыбаев).

КӨПІРШІК I *Судың т. б. сұйықтың бетіндегі көбігі.* Су бетін ақ ***көпіршік*** алып кетті (Қожахметов).

КӨПІРШІК II Қымызға сиыр сүті қосылып ~ болды (Б. Қыдырбекұлы).

КӨПІРШІКТЕН *Көпіршікке айналу, көбіктену.* Су беті ***көпіршіктенді*** (О. Ахметов).

КӨР I *Қайтыс болған адамды жерлеу үшін қазылған жер, қабір.* ***Көрдің*** бетін тақтаймен қалады (Шашкин). ◊ **Көр аузында** — *хал үстінде, өлім халінде.* **Көрге тықты** — *құртты, жойды.* **Көрден шыққандай [түрғандай]** — *тірі адам шошырлық.* **Көрінде өкір [өкіргір] (қарг.)** — *жазаңды тартқыр.*

КӨР II *Су қараңғы, соқыр.* Шықты көзім, болды ***көр*** (Абай). 2. *Ауыс. Түйсіксіз, надан.* Жаманның көкірегі ***көр,*** көзі соқыр (Мақал) □ **Көр шеге** —*қолдан соққан ірі шеге.* **Көр шиқан** — *аузы ашылмаған жара, бітеу ісік.* ◊ **Көр болғыр (қарг.)** — *соқыр болғыр.* **Көр көзін ашты** — *зердесін оятты, білмегенін білдірді.* **Көр мылқау** — *екі сөздің басын құрап сөйлей алмайтын.* **Көр ошақ** — *ешқайда шықпай, от басында қалып қойған.* **Көр соқыр** — а) *су қараңғы соқыр;* ә) *парықсыз, түйсіксіз.*

КӨР III 1. *Қарау, көз салып байқау.* Оны ең алдымен балалар ***көрді*** (Соқпақбаев). 2. *Кездесу, жолығу.* Баласын ~мегелі бір ай болды. 3. *Ауыс. Бір нәрсені бастан кешу, білу.* Көппен ***көрген*** ұлы той (Мақал). 4. *Айыптау жазғыру, кінәлау.* Бетеннен ***көрме*** (Майлин). 5. *Балау, санау, білу, тану.* Жаныма тең ***көріп*** ем. 6. *Қосымша мағына үстейтін көмекші етістік.* Өтініп ~, үйреніп ~, сұрап ~. ◊ **Көргеннен көз ақы алды [сұрады]** — *тілемсектенді, жоқтан өзгеден дәметті.* **Көрген күн** — *тіршілік, өмір.* **Көрген күні қараң болды** — *қорлық көрді, азап шекті.* **Көре алмады** — *қызғанды, күндеді.* **Көре білді** —*түсінді, болжады.* **Көрейін де өлейін** — *бір көргеннен жабысып айырылмады.* **Көрер [көрінер] көзге** — *ашықтан ашық, көз алдында.* **Көрер таңды көзімен атқызды** — *түнімен ұйықтамады, көз ілмеді.* **Көре тұра** — *біле тұра, әдейі.* **Көрмес түйені де көрмес** — *әдейі байқамады, көрмегенсіді.* **Көрсем көзім шықсын [ақсын, бұйырмасын]** — *көрмегенім үшін ант ішейін.* **Көрінгенге көз сүзді** — *телмірді, тіленді.* **Көрінгенге көз түрткі болды** — *жек көрініштті болды, жаманатты болды.*

КӨРБАЛА *Көргені жоқ, білімсіз, надан, түйсіксіз.* Нағыз ~.

КӨРБІЛТЕ *Көмескі, сілемі ғана бар.* ~ жол, ~ соқпақ.

КӨРБІЛТЕЛЕ *Көмескілеу, ұмытыла бастау.* Ойында ***көрбілтелеп,*** бүркемелейсің-ау (Мағзұмов).

КӨРБІЛТЕЛЕУ *Көмескілеу, болар-болмас.* ~ түрмыс.

КӨРГЕН-БАҚҚАН *Үйреншікті әдет, дағды.* ~ың өтірік, ~ы ұрлық.

КӨРГЕНДІ *Әдепті, тәрбиелі, білімді.* ~ семья (бала, жер)

КӨРГЕНДІЛІК *Тәрбиелілік, әдептілік.* Баланың ***көргенділік*** қылығы сүйсіндірді (Соқпақбаев).

КӨРГЕНСІ *Көп нәрсені білетін болғансу, білгірсу.* Соңыра ұят болып жүрмегей, деп ***көргенсіді*** (Жәкенов).

КӨРГЕНСІЗ *Тәрбие көрмеген, әдепсіз.* ~ қылық (мінез).

КӨРГЕНСІЗДІК *Тәлім-тәрбие көрмегендік, әдепсіздік.* Еркектердің ісіне араласуы ***көргенсіздік*** болады (Тиесов).

КӨРГІСІЗ *Көруге жарамайтын, көруге тұрғысыз.* Адам ~.

КӨРГІШ *Танығыш, сезгіш, қырағы.* ~ көз, алыстан ~.

КӨРГІШТЕ *Қарай беру, көрген үстіне көре түсу.* Суреттерін ***көргіштеп*** кетті (Мағауин).

КӨРГІШТІК *Байқампаздық, қырағылық.* Әр автордың ~гі әр түрлі.

КӨРДЕЙ *Көр сияқты, тастай қараңғы.* ~ қараңғы.

КӨРДЕМШЕ *жерг. Некесіз туылған жас нәресте, бала.*

КӨРЕ-БІЛЕ *Біле тұра, көріне көзге.* ***Көре-біле*** тұра өлімге ұмтылады (Дүзенов).

КӨРЕГЕН 1. *Көргіш, қырағы.* Көзі әлі ~. 2. *Алдағыны байқағыш, болжағыш.* Ақын қиялы қандай ***көреген*** (Бегалин).

КӨРЕГЕНДІК *Қырағылық, болжағыштық, даналық.* ***Көрегендікпен*** айтылған сөз (Мәдиев).

КӨРЕГЕНСІ *Көреген болғансу.* ~и қалуын.

КӨРЕР-КӨЗГЕ *Қарауға, байқап көруге.* ◊ **Көрер-көзге ұят** — *тура қарауға ыңғайсыз.*

КӨРЕРМЕН *Көруші, байқаушы.* ~ қауым, ~ халық.

КӨРЕСІ *Қорлық, қиыншылық, азап.* ***Көресіні*** осылардан көретін болдым-ау (Ә. Әбішев). ◊ **Көресіні көрсетті** — *көзіне көк шыбын үймелетті, әбден қорлады.*

КӨРЕШЕК *Бастан өткізер іс-әрекет.* Оларға әлі ***көрешегін*** көрсетем (Жұмаділдин).

КӨР-ЖЕР *Ұсақ-түйек, кәкір-шүкір.* ~ әңгіме, ~ дүниелер.

КӨРКЕЙ 1. *Гүлдену, көріктену, құлпыру.* Қала жыл өткен сайын ***көркейіп*** келеді (Ошамбаев). 2. *Барынша даму, әлдену, ауқаттану.* Еліңнің ***көркеюі*** — ер-азаматыңның көркеюі. (Ж. Молдағалиев).

КӨРКЕМ *Көрікті, әдемі, сұлу.* ~ жігіт, ~ бақша, ~ табиғат. □ **Көркем әдебиет** — *әдеби шығарма.* **Көркем гимнастика (спорт.)** — *әдемі қимылмен орындалатын көркемөнер элементі бар гимнастика.* **Көркем жазу** — *таза, әдемі етіп жазылған жазу.* **Көркем образ (әдеб.)** — *әдеби шығарма кейіпкерлерінің тұтас тұлғасы.* **Көркем сөз [тіл]** — *келісті қиыстырылған әдеби тіл.* **Көркем суретті фильм** — *әдеби жанрда шығарылған фильм.*

КӨРКЕМДЕ *Әдемілеу, құлпырту, безендіру, мәнерлеу.* ~п жазу. ~п оқу.

КӨРКЕМДЕУШІ *Әдемілеуші, көркем етуші.* ~ цех.

КӨРКЕМДІК *Көріктілік, әдемілік, сымбаттылық.* Жинақтың бітіміне ~гі сай шыққан.

КӨРКЕМШЕ *Әдемілеу келген, көріктірек.* ~ қыз.

КӨРКЕМӨНЕР *Әуесқой ұжымның орындауындағы өнер шығармалары.* ~ байқауы.

КӨРКЕМӨНЕРПАЗ *Әуесқой ұжымның орындауындағы еліміздегі халық шығармашылығының бір түрі.*

КӨРКЕМӨНЕРПАЗДЫҚ *Көркемөнерпазға қатысты, соған тән.*

КӨРКЕМӨНЕРШІ *Көркемөнер шебері.*

КӨРҚАП *Кебінін сүйретіп көрден шыққан адам.* Егер де ***көрқап*** болсаң, басыңды алам (Н. Ахметбеков).

КӨРЛАТ *Еш тәрбие көрмеген, тебір, тәрбиесі аз, көрбілте адам.*

КӨРМЕ *Қоғамның не жеке адамның материалдық я рухани жетістіктерін жұртқа көрсететін орын.* Сурет ~сі, кітап ~сі, ауыл шаруашылық ~сі.

КӨРМЕ: бір көрмеге — *алғаш көруге, әуелгі көзге түскенде.* Бір ***көрмеге*** түйық па өзі (Мырзақұлов).

КӨРМЕГЕНСІ *Әдейі көрмеген болу.* Құмарбекті көрсе де, ***көрмегенсіп*** өте берген (Досанов).

КӨРНЕК 1. *Белгілі бір заттың ұлгісі қойылған жер.* Далаға шықты ***көрнекке*** (Қамбар). 2. *Көрік, бейне, келбет.* Әдемі еді мөлдіреген Айна көлдің ***көрнегі*** (Сейфуллин).

КӨРНЕКСІЗ *Көріксіз, сиықсыз, келбетсіз.* Сыртай қарағанда ~ үй.

КӨРНЕКСІЗДЕУ *Көріксіздеу, сиықсыздау.* Бойы да, өңі де ~ адам екен.

КӨРНЕКТЕ *Әдемілеу, сәндеу, көркемдеу.* Сырт сипатын ***көрнектеп*** алды (Тілеков).

КӨРНЕКТІ 1. *Белгілі, танымал, әйгілі.* ~ ақын (ғалым, маман). 2. *Көз тартатын әдемі.* Сақалыңыз салалы, көз тартатын ~.

КӨРНЕКТІЛЕУ *Анығырақ, әжептеуір көрнекті.* ~ жерде тұр.

КӨРНЕКТІЛІК *Көрнекті болушылық, нақтылық.* Сабақтың ~гі.

КӨРНЕКІ *Түсінікті болу үшін көрсетуге негізделген, оқытудың әдісі.* 2. Көзге анық, әдемі көрінетін ~ тас үй. ◊ **Көрнекі құрал** (*пед.*) — *өтілетін тақырыпты оқушыларға анық та тартымды етіп жеткізу үшін көрсетілетін қосымша құрал.*

КӨРНЕКІЛЕ *Көрнекі ету, әдемілеу.* Көрсету үшін ***көрнекілей,*** әдейі істедім (Шәріпов).

КӨРНЕКІЛЕУ *Көрнектілеу, тартымдылау.* ~ үй, сандық.

КӨРНЕКІЛІК *Көрнектілік, тартымдылық.* Негізгі құрал ***көрнекілік*** (Жарықбаев). Сабақ берудегі ~.

КӨРПЕ *Жамылып жату, төсену үшін матаның арасына мақта не жүн салып, қабып тіккен үй мүлкі, жұрқан.* Құрақ ~ (сырыған ~, атлас ~). □ **Көрпе қимылдатар** (*этн.*) *Ескі дәстүр бойынша күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуінде қайын жұрт жеңгелеріне беретін ырым-жоралғысы.* ◊ **Дала ақ көрпеге оранды** — *кең жазық дала ақ қарға бөленді.* **Көрпесіне қарай көсілді** — *шама-шарқына қарай әрекет қылды, іс істеді.* **Түн көрпесін жамылды** — *қараңғы түсті.*

КӨРПЕ-ЖАСТЫҚ *Төсек-орын жабдығы.*

КӨРПЕҚАП *Тер сіңіп, кірлемес үшін көрпені матамен қаптап қоюға шақтап тігілген қап.*

КӨРПЕЛДЕС *Жұндес, ет алған марқа қозы.*

КӨРПЕЛЕН *Көрпеге ұқсап жайылып, қопсып-қобырау.* Көк шалғын ~іп жатыр.

КӨРПЕЛІК *Көрпе жасауға лайық, соған жетерлік, көрпе боларлық мата, жүн.*

КӨРПЕСІЗ 1. *Көрпесі жоқ.* 2. *Ауыс. Жамылғысы жоқ, жалаңаш.* ***Көрпесіз*** жатты кең дала (Машақов).

КӨРПЕ-ТӨСЕК *Жатар орынға қажетті мүлік.* ***Көрпе-төсекті*** жинастырды.

КӨРПЕШЕ *Төсеуге арналған шағын көрпе.*

КӨРПІЛДЕ *Көрп-көрп ету.* Көн етігің ***көрпілдеп*** (Бозінген).

КӨРПІЛДЕК *Қатпаған, жаңа жауған қар.* ~ қарға көмілді.

КӨРСЕТ 1. *Көргізу, қарату, қаратып алу.* Баласын ~ті, үйін ~ті. 2. *Білдіру, байқату, аңғарту.* Істің дұрыстығын ~ті, сапасын ~ті. 3. *Ауыс. Жасау, істеу.* Жақсылықты досыңа ***көрсет*** (Мақал). 4. *Сілтеу, нұсқау, айыптау, қаралау.* Итбай тұқымының ***көрсетуімен*** отыз шақты кісі алынған еді (С. Мұқанов).

КӨРСЕТКІШ *Орындалған істің, жұмыстың нәтижесі.* Жоғары ~, жақсы ~, ~і төмендеді. ◊ **Көрсеткіш тақта** — *еңбек нәтижесін көрсететін тақта.*

КӨРСЕТУШІ 1. *Көрсетіп беруші, нұсқаушы.* Жол ~. 2. *Ұстап беруші.* Мені ***көрсетушілер*** осында отыр (Ж. Молдағалиев).

КӨРСЕТІҢКІРЕ *Көрсете түсу.* Төс жүнін ***көрсетіңкіреп*** әкесі отыр (М. Әуезов).

КӨРТ (*құрт*) *Үлек пен кердеріден туған еркек түйенің азғын ұрпағы, нашар тұқым.*

КӨРТЫШҚАН *зоол. Жер астын мекендейтін кемірушілер тобына жататын ұсақ сүт қоректі жыртқыш жәндік.*

КӨРУ *ң. атау. Көр-у.* □ **Көру жүйкесі [қабілеті, мүшелері, өңірі, сезімі, түйсігі]** — *тірі организмдегі көру қызметін атқарушы орган.* **Көру өрісі** — *оптикалық аспаптардың кеңістікті қамту шеңбері.* **Көру трубасы** — *бинокль, телескоп, микроскоп тәрізді оптикалық аспаптардың жалпы атауы.*

КӨРШЕҢГЕЛ *Тағдырдың құрған түзағы.* Кедейге ***көршеңгел*** сап, ашып аран ("Қаз. әдеб").

КӨРШІ 1. *Үйлері қатарлас, есіктес тұратын адам, қоңсы.* 2. *Кеңістіктегі немесе жазықтықтағы екі объектінің басқалардан гөрі бір-біріне жақын орналасуы.* ~ бөлме (мемлекет).

КӨРШІ-КӨРШІ (*этногр.*) — *қазақтың халықтық ойын аты.*

КӨРШІ-ҚОЛАҢ *Ауылдас, іргелес отырған көршінің жиынтық аты.*

КӨРШІЛЕС *Көрші тұратын, іргелес.* ~ ел.

КӨРШІЛІК *Көрші тұрушылық.* ***Көршілігін*** де ұмытып, қолына найзасын алып шыға келетін (Есенберлин).

КӨРІК I *Ұста дүкеніндегі көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін теріден жасалған үрлеуіш.* ***Көрігің*** желді болса, көлігің жемді болар (Мақал).

КӨРІК II *Ажар, өң, келбет.* Әйел көркі, табиғат ~і, қала ~і. ◊ **Көркі енді [кірді]** — *ажарланды, құлпырды.*

КӨРІКСІЗ *Ажарсыз, өңсіз, сүреңсіз.* ~ адам, ~ сөз.

КӨРІКСІЗДЕН *Ажарсыздану, сұрықсыздану.* ~іп көнеріп кеткен.

КӨРІКСІЗДЕУ *Ажарсыздау, өңсіздеу.* ~ әйел.

КӨРІКСІЗДІК *Ажарсыздық, өңсіздік.* Тұлғаның ~гі.

КӨРІКТЕ *Көріктендіру, ажарлау.* ***Көріктедің*** қабірін (Жайлауов).

КӨРІКТІ *Ажарлы, өңді, көркем.* ~ әйел. ~ ғимарат.

КӨРІКТІЛІК *Көрікті болушылық.* ~гім үшін сүйді.

КӨРІКШІ *Көрік басушы адам.*

КӨРІМ 1. *Көресі, көрешек өмір.* Сенің де бітсін ***көрімің*** (Алпамыс). 2. *Пәле, жаманшылық.* Көрінген маған ***көрім*** бе (Нысанбайұлы). 3. *диал. Көрікті, әсем, сұлу.* ~ келіншек.

КӨРІМДІК *Жас нәрестені, жаңа тұскен келінді т. б. бірінші рет көргендігі үшін дос-жараннын дәстүр бойынша беретін кәдесі.* ~ сұрады, ~ берді.

КӨРІМДІК: *Көз көрімдік, көзбен көрерліктей, көзбен шалғандай.* Көлемі көз ***көрімдік*** қана (С. Мұқанов).

КӨРІН 1. *өзд. етіс. Көр-ін.* 2. *Есім, есімше сөздермен тіркесіп айтылатын көмекші етістік.* Білетін ~ еді, оқыған ~еді. 3. *Ауыс. Мәлім болу, танылу.* Қабілетті басшы ретінде ~ді.

КӨРІНГЕН *Кез келген, кім болса сол.* ~ге қызықты, ~ге көз түрткі болды.

КӨРІНГІР *Есім сөздермен тіркесіп келіп қарғыс мәнін үстемелейді.* Қара басыңа ~, өзіңе ~.

КӨРІНГІШ *Көзге түскіш, танылғыш.* Әсіре қызыл ***көрінгіш*** (Мақал).

КӨРІНЕ Көрер көзге, көзбе-көз, *көпе-көрнеу.* ***Көріне*** көзге жазым бола жаздады (Исабаев).

КӨРІНЕР-КӨРІНБЕС *Болар-болмас, көмескі.* ***Көрінер-көрінбес*** боп кішкентай үй тұр (Есенберлин).

КӨРІНЕУ *Ашықтан-ашық, анық, айқын.* Мұныңыз ***көрінеу*** куә ғой (Жұмаділов).

КӨРІНІС 1. *Бір нәрсенің тұр-тұрпаты, бейнесі.* Дала ~і, табиғат ~і, Алатау ~і. 2. *Көркем әдебиетте, бейнелеу өнерінде суреттелетін біртұтас оқиғаның жеке бөлімі.*

КӨРІНІШТІ: **жек көрінішті** — *жағымсыз, сұйкімсіз, жексұрын.* Жаман атаққа ие болып, жек ***көрінішті*** боп жүр (Ауталипов).

КӨРІПКЕЛ *Болашақты болжайтын сәуегей.* ~ әулие (тәуіп) ~і жоқ.

КӨРІПКЕЛДІК *Көріпкел болушылық.*

КӨРІС 1 *орт. етіс. Көр-іс.* 2. *Кездесу, жүздесу.* ***Көрісерге*** күн жақсы болғай (М. Әуезов). 3. *Амандасу, сәлемдесу.* Құшақтай ***көрісіп*** құттықтап жатыр (Құрманғалиева). 4. *Ұзатылатын қыздың төркін жұртымен қоштасып жылауы.* Шешесімен ~ті, жылап ~ті.

КӨС *Бір нәрсеге қолды немесе қолындағы ыдысты батыра мол етіп күреп алу.* Туырылған қазотыны қолымен ***көсіп*** алып лақтырып жіберді (С. Омаров).

КӨСЕ I *Теңіздің, айдын көлдің табанын жалжал етіп көтеріп тұратын су түбінің шөгіндісі, дөңес арал.*

КӨСЕ II *Жарытып сақал-мұрт шықпайтын, бет-аузы жылмағай еркек.* Сақал-мұрты жоқ ~ жігіт.

КӨСЕ III *Жанып жатқан отынды, күлді көсеумен қағыстыру, қозғау.* Әйел шымшуырмен от ~ді.

КӨСЕГЕ *Игі ниетті танытатын сөз; құт, берекс.* ***Көсегеде*** түйіскен төсті көр ғана ажыратсыншы (Д. Досжанов). ◊ **Көсегесі көгерді** — *өркені өсіп, дегеніне жетті.*

КӨСЕК *кәсіби. Мақта қозапаясының өнім беретін түйнегі, дәнінің сыртындағы қабығы.*

КӨСЕКТЕ *Мақта бұтағына көсек байлану, түйнектеу.*

КӨСЕМ *Белгілі бір әлеуметтік таптың идеялық, саяси жетекшісі, дем берушісі.* ***Көсемдер*** жол бастайтын тарыққанда (1916 жыл). ◊ **Көсем ат** — *тіркестіре жеккен аттың алдыңғысы.* **Көсем жеккен** — *қос атқа бір атты көсем етіп жеккен.* **Көсем тіл** — *сара, шешен тіл.*

КӨСЕМДЕ *Көсем жегу, көсем салу.*

КӨСЕМДІК *Көсемге тән қылық, іс-әрекет.* ◊ **Көсемдік етті [қылды, жасады, құрды]** — *жөн-жосықты білетін көсемдігін көрсетті.*

КӨСЕМСІ *Ақылгөйсіну, білгішсіну.* ~п шыға келді.

КӨСЕМШЕ *грамм. Етістік категориясына қатысты тұлға, етістіктің амалдық жанама түрі.*

КӨСЕМШІ *Көсемді жақтағыш, көсемге табынғыш.*

КӨСЕМШІЛДІК *Көсемшіл болушылық.*

КӨСЕҢКІРЕ *Көсей тұсу, одан әрі көсей беру.* Отты ~п қойды.

КӨСЕУ *Отты көсейтін құрал.* ***Көсеу*** ұзын болса, қол күймейді (Мақал). ◊ **Көштен қалып, көсеу мінген** — *көлігі жоқ, қара жаяу.*

КӨСЕУДЕЙ *Көсеу сияқты, ұзын, сыйдиған.* ~ болып қатып қалған.

КӨСЕУЛЕ *Отты, қоламтаны қағыстырып қозғау.* Пештің ішін ~п жатыр.

КӨС-КӨС *Түйе малын шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

КӨС-КӨСТЕ *Көс-көс деп айту, түйені шақыру.*

КӨСТЕК *Кеспелтек ағаш, жуан таяқ, келтек.* Білектей ***көстек*** екіге бөлініп қалған (Иманбаев).

КӨСТЕҢДЕ 1. *Көстең-көстең ету, ебедейсіз қозғалу.* Аяғын ***көстеңдей*** басты (Шарипов). 2. *Ауыс. Сүйреңдеу, сөз бермеу.* Үйренген ауыз ~генін қоймайды.

КӨСТЕҢ-КӨСТЕҢ *Сораң-сораң еткен, көстеңдеген қимыл.* Аяғын ~ басты.

КӨСТИ *Сораю, қоқию, оқшию.* Атқа мініп ***көстиіп*** келе жатқан жігіт (Сейфуллин).

КӨСТИТ 1. *өзг. етіс. Көсти-т.* 2. *Соғу, қонжиту, көкжиту.* Кез келгенді белуардан ***көстите*** береді (М. Әуезов). 3. *Ауыс. Төпеп айта беру.* Ауызына түскенін ***көстите*** берді (Оразалин).

КӨСІК *биол. Далалықта, құмдақ жерде өсетін сәбіз тәрізді жабайы өсімдік.*

КӨСІКТЕЙ *Көсік сияқты; салалы, көз тартатын.* ~ күрең ат.

КӨСІЛ 1. *Отырғанда, шалқасынан жатқанда тізені бүкпей, аяқты созып жіберу.* Неменеңе жетісіп үйде ***көсіліп*** жатасың (С. Жүнісов). 2. *Бауырын жаза құйғыта шабу, жосыту.* Көк ат ***көсіліп*** шауып келеді (Н. Ғабдуллин). 3. *Шабыттана шешіліп кірісу, өндіре қимылдау.* ~е сөйледі. 4. *Ауыс. ұзынан ұзаққа созылу; кең алқапты қамту.* ~іп жатқан талай жазық алқаптар бар (І. Омаров). ◊ **Көсіле алмады** — *еркіндей алмады.* **Көсіле түсті** — *қыза түсті, көсіліңкіреді.*

КӨСІЛІҢКІ *Әжептәуір көсілген, созыла тұскен.* ~ тау сілемі, ~ көңіл.

КӨТ 1. *Арт, арт жақ, өрістік. сондай-ақ жыныс мүшелерінің жалпы атауы.* Түкірік жұтса, ***көт*** қуанады (Мақал). 2. *Адамның бөксесі, май құйрығы, малдың сауырсыны.* ***Көтке*** теуіп бәрін де үйден

қуып (Батырлар жыры). 3. *Ауыс. Соңы, шеті, түбі.* Мен көрдім дүние деген иттің **көтін** (Абай). ◊ **Көт басар** — *көкпаршының артын алушы, торуылшы.* **Көт айналғыш** — *жалт бергіш, табансыз.* **Көті ашылды** — *абыройы айрандай болды, ұятқа қалды.* **Көті белгілі** — *өрісі тар, жайы анық.* **Көті бос** — *табансыз, тиянақсыз.* **Көті жерге тимеді [жер иіскемеді]** — *тыным таппады.* **Көті көктен келді** — *аяғы аспаннан келді.* **Көті қызды** — *делбесі қозды, көтерілді.* **Көті майлы** — *тұрмысы жақсы, ауқатты.* **Көтімен бал ашты** — *қисынсыз болжам айтты, сәуегейсіді.* **Көтін басты [тигізді]** — *аз ғана демалып отырды.* **Көтіне қарасын** — *шамасын білсін.* **Көтіне қыстырмады** — *елеп-ескермеді.* **Көтінен пысты** — *қатты қорықты, жым болды.* **Көті шелектей болды** — *мәз-мәйрам боп қуанды.* **Көті шөмейді** — *діңкесі құрып тұралап қалды.*

КӨТЕК *Шошынғанда, таңырқағанда оқыс айтылып қалатын ишарат сөз.* ***Көтек,*** мынау қайдан шыға келді (Соқпақбаев).

КӨТЕН *анат.* *Ұлы дәрет жолы, тура ішек.* ◊ **Көтен жеген** — *көтенді аламайымен, яғни тышарлықты майымен, ішегімен қоса алып, пісіріп жеу.* **Көтені түсті** — *қорықты, шошыды.*

КӨТЕР 1. *Бір нәрсені арқаға салып не қолмен жоғары көтеру.* Жүгін ~ді, штанга ~ді, қап ~ді. 2. *Бір затты тұрған орнынан алу.* Телефон трубкасын ~ді. 3. *Бір нәрсенің деңгейін өсіре, жоғарылата тұсу.* Фундаментті ~ді, су деңгейін ~ді. 4. *Ауыс. Жоғары бағытпен қозғау, төменнен жоғарыға көшіру.* Ту ~ді, парус желкен ~ді. 5. *Дене мүшелерін дағдылы қалыптан қозғау, қағу.* Аяғын ~ді, басын ~ді, қолын ~ді. 6. *Жөндеу, дамыту, өркендету.* Шаруашылықты ~ді, тұрмысын ~ді, білімін ~ді. 7. *Лауазым, атақ, дәрежені жоғарылату, арттыру.* Қызметін ~ді, дәрежесін ~ді. 8. *Төтеп беру, шыдау, төзу, көну.* Семіздікті қой ғана ***көтереді*** (Мақал). 9. *Іздеу, қайта қарау.* Істі қайтадан ~ді, архивті ~ді, мәселесін ~ді. 10. *Ауыс. Дерексіз зат есіммен тіркесіп келіп, белгілі бір іс-әрекетке итермелеу, жұмылдыру.* Көңіл ~ді, бөлмені басына ~ді, шу ~ді. ◊ **Көтер қолыңды** — *бағын, беріл.* **Көтеріп әкетті** — *одан әрі өршітті, қолдап кетті.* **Көтеріп қойды** — *алып жіберді, ішіп қойды.*

КӨТЕРГІШ *Жүкті көтеруге, тиеуге, түсіруге арналған құрал.* ~ кран (машина).

КӨТЕРЕМ *Етінен әбден арылған, өздігінен тұрудан қалған арық мал (адам).* ~ сиыр (қой, мал, ат, түйе).

КӨТЕРЕМДІК *Көтерем болушылық, арықтаушылық, қатты жүдеушілік.*

КӨТЕРЕ-МӨТЕРЕ *Көтерген бойда.* Қол сандығын ~ жүгіре жөнелді.

КӨТЕРМЕ 1. *Арбаның не шананың жетегін ершік үстінен сап көтеретін қайыс бау.* 2. *Көбірек мөлшердегі, үстеме, көтеріңкі.* ~ баға (ақы, сыйлық). 3. ***көне.*** *Қарақшыға жетіп қалған бәйге атын шаужайлап жетелей көрсететін көмек.* Жүйрікке керек ***көтерме*** (Үш ғасыр.). ◊ **Көтерме сауда** — *тауарды бөлшектемей, тұтасымен саудалау.*

КӨТЕРМЕЛЕ 1. *Сүйемелдеу, көтерісу.* Дулатты екі қолтығынан ***көтермеледі*** (Тарази). 2. *Қолдау, мадақтау.* Сұлу деп ***көтермелеп*** жүрген мұның өзі (Жұмаділов). // *Дем беру, кеукеулеу.* Домбыра ұстаған жігітті көп ішінен біреу ***көтермелеп*** қойды (Қ. Сәрсекеев).

КӨТЕРМЕЛЕУШІ Қолдаушы, сүйемелдеуші, ~ жұрт.

КӨТЕРМЕЛІ *Көтермесі бар, көтерме орнатылған.* ~ қақпа, ~ және жылжымалы қондырғы.

КӨТЕРМЕШІ 1. *Шаршап келе жатқан бәйгі атына шылбыр тастап сүйреп көмек беруші адам.* ***Көтермешісі*** жоқ болса, Құлагер де оза алмайды (Мақал). 2. *Ауыс. Көтерме саудамен кәсіп етуші саудагер, алыпсатар.* ~ саудагер. ◊ **Көтермеші үйым** — *шарт бойынша белгілі бір мекеменің жұмысын орындаушы ұйым.*

КӨТЕРУЛІ *Жоғарылатылған, көтерілген.* Жағасы ~, якорь ~.

КӨТЕРУШІ *Орнынан қозғап жоғарыға қоюшы, сүйемелдеп қолдаушы.* ***Көтерушілерге*** ілесе үйге кірді (Мыңжасарова).

КӨТЕРІЛІС *Халық бұқарасының яки белгілі бір көпшілік топтың саяси, әлеуметтік мәні бар құралды күресі, қарулы ереуілі.* Құлдар ~і, шаруалар ~і.

КӨТЕРІЛІСШІ *Көтеріліске қатысушы.* Жұпыны ауыл ***көтерілісшілерге*** тілектес (М. Жұмағұлов).

КӨТЕРІМПАЗ *Көтергіш, шыдамды, төзімді, мықты.*

КӨТЕРІҢКІ 1. *Еңсесі биіктеу, жоғарылау.* Орта шені ***көтеріңкі*** қырат (Баяндин). 2. *Әдеттегі шамадан, мөлшерден артығырақ.* ~ өнім (міндеттеме, дауыс, көңіл). ◊ **Көңіл күйі көтеріңкі** — *көңілді, шабыты жақсы.*

КӨТЕРІҢКІРЕК *Сәл көтеріңкілеу.* Даусын ***көтеріңкірек*** алыпты (З. Шүкіров).

КӨТЕУ *Тік ішектің қан тамырлары кеңейіп ауыратын сырқат; геморрой.* Көтіңе ***көтеу*** шықсын (***қарғ.***).

КӨТКЕНШЕКТЕ *Тартыншақтау, шегіншектеу.* Құлын ~п барып қаша жөнелді.

КӨШ I 1. *Қоныс, орын аударған үйлер, ауыл тобының тізбегі, кіресі.* ***Көшті*** қарайлатпай тез алып шықсын (Сатаев). 2. *Ауыс. Өмір кезеңі, ұлы тарихи белес.* Тарих ***көші*** көз алдымызға елес беріп, өтіп жатыр (Мусин). ◊ **Көш аман болсын!** — *қоныс аударушыларға амандық тілеу.* **Көш артық [ілгері, төмен]** — *анағұрлым, әлдеқайда.* **Көш басы** — а) *көшті бастаушы адам, керуенбасы;* ә) *спорт. Жарыста бірінші келе жатқан команда.* **Көш бойы** — *жаңа қонысқа жеткенге дейін;* **Көш ілгері** — *әлдеқайда, анағұрлым.* **Көш жер** — а) *көш жолының ұзына бойымен өлшенетін халықтың қашықтық өлшемі;* ә) *алыс, ұзақ жер.*

КӨШ II 1. *Бір жерден екінші жерге ауысу, қоныс аудару.* Кедей болсаң ***көшіп*** көр (Мақал). 2. *Бір орыннан жылжып қозғалу.* Бұлт ~ті, құм ~ті, келесі мәселеге ~ті. 3. *Ауыс. Бастан өткізу, кешу.* Дәурені ~ті, дүниеден ~ті. 4. *Амал-тәсілді өзгерту, ауысу.* Еш қызығы жоқ елеусіз тіршілікке ***көшкісі*** келеді (Кекілбаев). 5. *Сыры ұшу, бояуы кету.* Бояуы ~кен.

КӨШБАСШЫ *Көшті бастаушы адам, жолбасшы.* ***Көшбасшылар*** да қайтып оралған (Хангелдин).

КӨШБАСЫ 1. *Көшті бастаушы адам, керуен басы.* Тәжірибелі ~. 2. *Ауыс. Үлгі-өнеге беруші,*

жаңа бағыттың бастаушысы, төлбасы. Музыка өнерінің ~. 3. *Жарыста алда келе жатқан жеке адам яки команда.* ***Көшбасы*** болу оңай, көшті бастау қиын (Мақал).

КӨШЕ *Екі қатар боп тізілген үйлердің арасындағы жүруге, қарым-қатынасқа арналған кеңістік.* Қала ~сі (кең, ұзын).

КӨШЕЛЕС *Бір көшеде тұратын.* ***Көшелес*** бар, көрші бар (Арыстанов).

КӨШЕЛІ 1. *Көшесі бар.* Жалғыз ~ елді мекен. 2. *Ауыс. Байсалды, ой-өрісі кең.* ~ адам.

КӨШЕТ *Көшіріп егу мақсатымен өсірілген жас өсімдіктер, шыбықтар, көкөніс екпелері.* ~ отырғызылды.

КӨШЕТХАНА *Көшет өсіретін қора-жай.*

КӨШ-ЖӨНЕКЕЙ *Жол бойында, жол үстінде.* ***Көш-жөнекей*** жөндеп емізілмеп еді (Шүкіров).

КӨШ-КӨЛІК *Көшіп-қонуға пайдаланылатын көлік.* Ойдан өрлеп шығатын жол ***көш-көлікке*** қиын (Нұржекеев).

КӨШКІН *Таудан төмен қарай сырғып түсетін лек-лек қар.*

КӨШКІНДЕ *Жылжу, қалықтау.* Бұлт ***көшкіндеп,*** ауа райының өзгеретін сыңайы білінді (С. Қалиев).

КӨШ-ҚОН *Көшіп қонушылық, көшпенділік.* ***Көш-қонның*** кезінде қозылар отармен бірге айдалады (Арғынбаев).

КӨШПЕЛІ 1. *Көшіп-қонып тіршілік ететін.* ~ ауыл (өмір, ел, тұрмыс) 2. *Жылжымалы, әр жерге ауысып отыратын.* ~ балықтар (кино қондырғысы, бұлт).

КӨШПЕЛІЛІК *Көшпелі өмір.* ***Көшпеліліктен*** қол үзіп, отырықшылыққа бет қойды (Бадыров).

КӨШТЕС *Көшіп-қонымы бір.* ***Көштес*** болып келе жатқан қоңсылар (Хангелдин).

КӨШТІК *Көшке жуық, бір көш жерлік.* Бір ~ жер, алты ~ жер.

КӨШІЛ *Шошқаның ұрғашысы, мегежін;* "Қойды ***көшіл,*** түйені шошқа дейді, елге мәлім онысы емес мақтан" (Айтыс)

КӨШІП-ҚОН *Көшіп-қонып жүру, көшпенді болу.* ***Көшіп-қонуға*** қолайлы баспана, киіз үй.

КӨШІР 1. *өзг. етіс. Көш-ір.* 2. *Бір жазғанды екінші қайталап жазу.* ~іп жазды (~іп берді).

КӨШІРГІ *Көшпелі, жылжымалы.* ~ аппарат.

КӨШІРГІШ *Көшіріп жазушы.* Кітап ~тер.

КӨШІРМЕ *Түпнұсқа жазудан көшіріп алынған дана.* Жобаның ~сі (бұйрықтың ~сі, арыздың ~сі).

КӨШІРМЕШ *Түпнұсқаны көшіріп жазушы.* "Еңбекші қазақ" газетінде ***көшірмеші*** боп жүрген (Кәкішев).

КРАБ *зоол. Теңіз астында өмір сүретін шаян тәрізді жәндік.*

КРАН 1. *Әр алуан жүктерді көтеруге, тиеп түсіруге арналған механизм.* Көтергіш ~ (мұнаралы ~, құрылыс ~ы). 2. *Сұйық зат ағатын трубалардағы, жүйелердегі бұрандалы шұмектер.* ***Кранды*** бұрап қалса болды, су саулай жөнеледі (Ақтаев).

КРАНШЫ *Кранда істейтін жұмысшы.* ~ қыз.

КРАТЕР *Жанар таудың аузы, аумағы.* Везувий ~і.

КРАХМАЛ *Өсімдіктен алынатын, ұн тәрізді майда ақ ұнтақ.* Күріш ~ы, картоп ~ы.

КРАХМАЛДА *Крахмал қосу, крахмал салып ағарту.* Жейдесін ~ды.

КРЕДИТ *Товардай не ақшалай берілетін несие.*

КРЕДИТОР *Несиеге товар не ақша беруші.*

КРЕЙСЕР *Шапшаң жүзетін үлкен соғыс кемесі.*

КРЕМ 1. *Шоколадқа жеміс шырынын қосып даярлайтын қою тәтті тағам.* 2. *Бетке, теріге өң беретін, оларды жұмсартатын косметикалық майлы зат.* 3. *Аяқ-киімді күту үшін жағылатын жоғары сапалы етік майы.*

КРЕМЛЬ *Орыс қалаларының ескі ішкі бекінісі.*

КРЕМНИЙ *хим. Тас, шыны, құм, тау жыныстары құрамында кездесетін химиялық элемент.*

КРЕП *Жұқа шайы кездеме, қара түсті жұқа мата.*

КРЕПДЕШИН *Креп негізді жұқа жібек мата.* ~ көйлек.

КРЕСЛО *Арқасы және шынтақ тірейтін екі жақтауы бар кең, жұмсақ, сырты қапталған орындық.*

КРЕСТ *Қосу белгісіндей бірін-бірі кесіп өтетін стержень түріндегі христиан дінінің символы, шоқынатын нәрсесі.*

КРИМИНАЛИСТ *заң. Криминалистика маманы.*

КРИМИНАЛИСТИКА *заң. Қылмысты істі анықтап, тексерудің тәжірибесі мен әдісін белгілейтін ғылым саласы.*

КРИМИНОЛОГИЯ *заң. Қылмысты әлеуметтік құбылыс деп танитын, оны болдырмаудың шарасын анықтайтын ғылым саласы.*

КРИПТОГРАФИЯ *Шартты белгілермен жазылған құпия жазу.*

КРИСТАЛДАН *Заттың кристалдық күйге көшуі.* Майлардың көпшілігі ***кристалданбайды*** (Айтбаев).

КРИСТАЛДЫ *Кристалы бар.* ~ ұнтақ (иод, форма).

КРИСТАЛЛ *Қырлы, бір текті дене.* Шпат ~ы.

КРИТЕРИЙ *Бір нәрсені айқындаудың, тұжырымдаудың негізгі өлшемі, шегі.*

КРИТИЦИЗМ *фил. Ақиқат болмысты білуге болмайды дейтін реакцияшыл идеалистік философиялық ағым.*

КРИТОН *Тыстық мата.*

КРОКЕТ *спорт. Сым темірлі қақпалардан асыра допты өткізіп ойналатын ойын.*

КРОКОДИЛ *Тропиктік ендіктің суларын мекендейтін тас қабыршағы бар бауырымен жорғалайтын ірі жыртқыш жәндік.*

КРОСС *спорт. Жаяу жарыс; сондай-ақ тосқауылы бар жерден жүгіріп не атпен шауып өтетін жарыс.*

КРОССВОРД *Квадратқа бөлінген фигураны әріптермен толтыратын атау сөздер ойыны; сөзжұмбақ.* ~ әзірледі, ~ шешті.

КСИЛОФОН *муз. Ағаш пластинкалардан белгілі тәртіппен құралған, соғып ойнайтын музыка аспабы.*

КУӘ 1. *Бір нәрсеге айғақ болушы, растаушы.* Шеттеріңнен мына қылмысқа ***куә*** боласыңдар (Адамбеков). 2. Некесін қиғанда айтылады — ***куә,*** ***куә*** куәдүрміз, куәдірге жүре-дүрміз. ◊ **Куә болды** — *көзімен көрді; айғақ болды.* **Куәға тартты** — *куә етті.*

КУӘГЕР *Куәлікке жүретін адам я белгілі бір нәрсе.* Уақыттың тірі ***куәгері*** (Рахымжанов).

КУӘЛА *Растығына кепіл болу, айғақтау.* Бүкіл ауыл сөзімді ***куәлап-ақ*** береді (Төңірқұлиев).

КУӘЛІ *Куәсі бар, айғақты.* ***Куәлі*** істі куә табар (Мақал). ◊ **Куәлі ауыз** — *істің анықғанығын жете білетін адам.*

КУӘЛІК 1. *Белгілі бір нәрсені, жағдайды растайтын құжат.* Неке ~гі, мектеп ~і. 2. *Куә, айғақ болушылық.* Қатынның ***куәлігі*** — бала (Мақал). ◊ **Куәлік айтты [куәлікке жүрді]** — а) *ескі дәстүр бойынша жаңа түскен келіннің бетін ашу жорасы;* ә) *айғақ болды, растады.*

КУБ I 1. *геом. Алты жағы да квадрат болып келетін түзу бұрышты геометриялық фигура, текше.* 2. *мат. Үшінші дәрежелі сан. бір санды өзіне өзін екі рет көбейту.* Екінің ***кубы*** сегізге тең. 3. *Көлем өлшеуіші, кубометр.* Он ***куб*** топырақ тасып бермек (Бекенов).

КУБОК *спорт. Жеңімпаз спортшыға, озған командаға жүлдеге берілетін әшекейлі ваза.*

КУБОМЕТР *текше метр.* 100 ~ су.

КУЗОВ *Жүк машинасының қорабы.*

КУЛАК *тар. Адам еңбегін жалдаушы ауқатты шаруа, жекеменшік иесі.*

КУЛИНАР *Тағамдарды жақсы, дәмді пісіре білетін шебер.*

КУЛИНАРИЯ *Аспаздық өнер.* ~ курсы.

КУЛЬМИНАЦИЯ *астр.* 1. *Күннің меридианды бойлап өтуі.* 2. *Ауыс. Дамудың, өрбудің ең биік кезеңі, шиеленісудің ақтық нүктесі.* 3. *әдеб. Оқиға желісінің шарықтау шегі.* Күйдің ~сы, шығарманың ~сы.

КУЛЬТИВАТОР *Егістік жердің топырағын жұмсартып өңдейтін ауыл шаруашылық құралы.*

КУЛЬТИВАЦИЯ *Егістік жерді жұмсартып өңдеу, қопсыту жұмысы.*

КУПЕ *Бірнеше жолаушыға арналған поезд вагонындағы жеке бөлме.*

КУПОН 1. *Бағалы қағаздардың кесіп алынатын талоны.* Облигация ~ы. 2. *Театр ложасында отыруға арналған билет.*

КУРАНТ *Музыкалы дыбыс шығаратын мұнара сағаты.* Кремль ~ы.

КУРАТОР *Бірсулерді я бір нәрсені бақылап, соған қамқор болу тапсырылған адам.* Студенттер ~ы, зоологиялық бөлім ~ы.

КУРД *Кіші Азияны, ішінара Закавказье мен Орта Азияны мекендеуші халық.* ~ жігіті, ~ қызы.

КУРОРТ *Шипалы суы, тұзы, батпағы т. б. емдеу, демалу үшін пайдаланылатын орын; санаторий.* Қара теңіз жағалауының ~тары.

КУРС 1. *Жоғары оқу орнында білім беру жүйесінің жекелеген жылдық оқу баспалдағы, сатысы.* Бірінші ~, ақырғы ~. 2. *Қысқа мерзім ішінде белгілі бір мамандық беретін немесе білімін жетілдіретін орын, мекеме.* Үш айлық ~, кәсіптік бағдар беру ~ы. 3. *Емдеу жүргізудің толық мерзімі, мөлшері.* Ауру тиісті ***курсінен*** өтті ("Соц. Қаз.").

КУРСАНТ *Курста оқып білім алушы, курстың оқушысы.*

КУРСИВ *полиг. Жазба әріп тәрізді көлбеу шрифт.* ~ автордікі (шрифтісі).

КУРТКА *Кеудеге киетін шолақ сырт киім; кеудеше.*

КУРЬЕР 1. *Мекеменің ресми іс қағаздарын таситын адам.* 2. *Шұғыл жедел тапсырмалармен жүріп тұратын адам.* □ **Дипломатиялық курьер** — *шетелдік ведомостволарда дипломаттық іс-қағаздарын тасушы қызметкер.*

КҮШЕТКА *Арқалығы жоқ, бас жағы көтеріңкі, жастықты кішігірім диван.*

КҮБЕЖЕКТЕ *Күбжеңдеу, жасқаншақтау.* Хасен ***күбежектеп*** қалды (Д. Әбілев).

КҮБЖЕҢДЕ *Күбжең-күбжең ету, күбжіңдеу.* Бірдеме іздеген болып ***күбжеңдей*** берді (Шашкин).

КҮБЖІҢДЕ *Күбжің-күбжің ету, күйбеңдеу.* Смайыл да ***күбжіңдеп*** қалды (Өзиев).

КҮБІК *Мысықтың еркегі.*

КҮБІ *Іркіт пісетін, көже ашытатын, ағаштан жасалған ыдыс, бөшке.* ◊ **Күбі бел** — *жұпжуан, добалдай.* **Күбі кеуде** — *дәу, үлкен кеуде.*

КҮБІДЕЙ *Күбі сияқты үлкен, жуан, семіз.* ~ кісі.

КҮБІЖІК *Қыштан жасалған, ішіне астық сақтайтын құмыра ыдыс.*

КҮБІН 1. *Мақтану, асып-тасу, күпіну.* Қара желдей ***күбіні*** бұрын айтып бөседі (Асылбеков). 2. *Ыза кернеу, ашулану.* Милицияға көрінем деп ***күбініп*** жатты (Сүндетов).

КҮБІР *Сыбырласып сөйлескенде еміс-еміс естілетін дыбыс, сөз.* ~ етті.

КҮБІР-ЖЫБЫР *Өсек сөз; ыбыр-жыбыр.* ***Күбір-жыбыр*** әңгіме көбейген (Жұмақанов).

КҮБІР-КҮБІР *Тынымсыз күбірлеген ұн, дыбыс.* ~ сөз.

КҮБІРЛЕ *Дауысты естілер-естілмес етіп сыбырлай сөйлеу, міңгірлеу.* Жазуын ***күбірлеп*** оқи бастады (Жақанов).

КҮБІР-СЫБЫР *Күбірлеген, сыбырлаған ұн, өсек әңгіме.* Жүрттың арасынан ***күбір-сыбыр*** естілді (Т. Әлімқұлов).

КҮБІРТКЕ *Аяқ-қол тырнақтарының түбінің ісіп іріңдеуі, тырнақтың астына түсетін іріңді жара.* ~ жеді.

КҮБІШЕК ***көне.*** *Ішіне жанатын май құйып, соғысқа пайдаланатын құрал.*

КҮБІШЕКТЕЙ *Күбішек сияқты.* ***Күбішектей*** жуан Байсақал төңкеріліп отыра кетті (Талжанов).

КҮДЕ *Жинаулы шөп, үйме. Қойға азықты* ***күдеден,*** шөмеледен жегізу әдісі бар (А. Еламанов).

КҮДЕР: күдер үзді — *орындауға, болмасына көзі жетті, түңілді.*

КҮДЕРІ *Әбден иі қанып жұмсартылған тері, қайыс.* ~ биялай (белбеу, қамшы). ◊ **Күдері бел [жал]** — *ұзыннан ұзақ қайқаң қырқа, асу.*

КҮДИТ *Жалған нәрсені көптіріп, суылдата соғу, асыра айту.* ***Күдит*** өтірікті (Сәрсенбаев).

КҮДІК *Сезік, секем, шүбә.* ~ ой (айтты, туды).

КҮДІКСІЗ *Шүбәсіз, қаперсіз, алаңсыз.* Сөзіңізге ***күдіксіз*** сенемін (С. Мұқанов).

КҮДІКТЕН *Сезіктену, секем алу, күмәндану.* ~ген жоқ, ~е қарады, ~іп қалды.

КҮДІКТЕНГІШ *Секем алғыш, күмәнданғыш.* Әр неге ***күдіктенгіш*** арты бос адам (Байтанаев).

КҮДІКТІ *Сезікті, шүбәлі, күмәнді.* ~ ой, ~ сұрақ, ~ адам.

КҮДІКТІЛЕУ *Сезіктілеу, күмәнділеу.* Одан әргісі көңілге ***күдіктілеу*** (Сахиев).

КҮДІКШІЛ *Күмәншіл, сезіктенгіш.* Мұншалықты ***күдікшіл*** болармысың (Найманбаев).

КҮДІКШІЛДІК *Күмәншілдік, күдікшіл болушылық.* ~гіне басты.

КҮДІР I *зоол. Алтай тауында кездесетін елік тәрізді жүйрік, тарғыл түсті аң.*

КҮДІР II *Тегіс емес, кедір-бұдыр.*◊ **Күдір желке** — *желкесі шығыңқы, күдірейген.*

КҮДІРЕ *Төзімді, мықты.* ~ бел күреске сән.

КҮДІРЕЙ *Күжірею, дөңкию.* Жон арқасы қасқырдікі сияқты ***күдірейген*** (Рахымжанов).

КҮДІРЛЕН *Жоталану, жондану.* Дөң сияқтанып, ***күдірленіп*** дөңкиіп тұрады (М. Әуезов).

КҮДІРЛІ *Жоталанған, шығыңқы.* ~ белдер, ~ шыңдар.

КҮДІРСІЗ *Тегіс, жатық* ***Күдірсіз*** ойпаң, шөбі қау (Қыдырханов).

КҮДІС *Имек, еңкек, бүкір.* ***Күдіс*** жауырынын бір жазып алып, білек сыбанып кірісіп кететін (Ақтаев).

КҮДІСТЕН *Бүкірею, еңкею, иілу.* Кемпірдің жауырыны ғана ***күдістенген*** (С. Мұқанов).

КҮДІСТЕНУ *қ. атау.* ***Күдістен-у.***

КҮДІСТЕУ *Еңкектеу, бүкірлеу.* Жаурыны ~.

КҮДІСТІК *Еңкектік, имектік бүкірлік, күдіс болушылық.* Тіземнің ***күдістігін*** жоюым керек (Соқпақбаев).

КҮЖ *Жуан, қатты шыққан ұн.* ~ етті.◊ **Күж қара** — *толық, еңгезердей.*

КҮЖБАН *Торсиған, жуан.* ~ жігіт.

КҮЖДЕЙ *Жуан, толық.* Мойны ~, желкесі ~.

КҮЖДІ *Күжірею, күжірею, дүрдию.* Бөріше ***күждие*** қалды (Мусин).

КҮЖ-КҮЖ 1. *Қайталанып шыққан күжілдеген жуан ұн.* ~ еткен дауыс. 2. *Бірді-бірге егестіргенде айтылатын сөз.*

КҮЖІЛ *Қатты шыққан жуан дауыс.* Қымызға тойғандардың ***күжілі*** естілді (Ғ. Мұстафин).

КҮЖІЛДЕ *Жуан дөрекі дауыспен қатты сөйлеу.* Еркектердің ***күжілдеген*** даусы естілді (Бердіғұлов).

КҮЖІРЕЙ 1. *Дөңкию, қоржию, күдірею.* ~ген желке. 2. *Ауыс. Айбаттану, сес көрсету.* Айқын кішірейген сайын ол ***күжірейе*** түсті (Ә. Әбішев).

КҮЗ *Жаздан кейін келетін жылдың төрт мезгілінің бірі.* ~ айы, 1988 жылдың ~і. ◊ **Күзге салым** — *күз түсер шақта, күзге қарай.*

КҮЗГІ *Күз уақыты, күз мезгілі.* ~ қырман (ызғар, киім, сын).

КҮЗДЕ *Күз айында қыстауға көшерге дейін мал жайылымын қоныстану.* Баяғыда осы тауларды күз ***күздейді*** екен (Тиесов).

КҮЗДЕЙ *Күз бойына.* ***Күздей*** қора жөндетті (Нәжімеденов).

КҮЗДЕЙГІ *Күз бойғы.* ***Күздейгі*** адал харекеттің ырзығы (Досжанов).

КҮЗДЕУ *Малшылардың мал күздетуге арналған мекен-жайы, күздік.*

КҮЗДІГҮНІ *Күз айлары мезгілі.* ***Күздігүні*** туылыппын (Мәуленов).

КҮЗДІК 1. *Жаз жайлаудан қайтқан елдің мал күздетуге арналған мекен-жайы.* Ауылы тауға жақын ***күздікке*** қонған еді (С. Мұқанов). 2. *Күзде егілетін дәнді дақыл.* ~ бидай (егіс). 3. Күз мезгіліне арнап сойылатын соғым — ***күздікке*** бір тай сойдық.

КҮЗДІКТЕ *Күздік қоныста отыру.* Қызбелді ***күздіктеп*** отырған (С. Мұқанов).

КҮЗЕ I 1. *Жылқы малының жал-құйрығын қырқу, кесу.* Құнанша ~лген. 2. *Шаш, сақал т. б. түзету, түзеп алу.* Сақалын ~ді, шашын ~ді.

КҮЗЕК 1. *Күзгі күнгі мал қырқатын маусым.* Ел ***күзекке*** кіріскенді (Қ. Мұқанбетқалиев). 2. *Күзде, күзем алатын жер, қоныс.* Ел ***күзектеріне*** қонып, күземін алып жатқан уақ (Жансүгіров).

КҮЗЕКТЕ *Күзекте отыру, мекендеу.* Көлді ***күзектеп*** отырған (С. Мұқанов).

КҮЗЕМ *Қойдың күзгі қырқымы.* Мезгіл күзгі ***күзем*** екен (С. Мұқанов). ◊ **Күзем алды** — *күздігүні қойды қырқып, жүнін алды.* **Күзем жүн** — *Қойдың күзгі қырқылған жүні.* **Күзем үсті** — *қойдың күзгі қырқымы кезі.*

КҮЗЕМДІК *Күземде алынған.* ~ жүн.

КҮЗЕМЕ *Күзеп тасталған, күзелген.* ~ қыл (байтал).

КҮЗЕН *Сусар тұқымдас терісі бағалы жыртқыш аң.*

КҮЗЕР ***көне.*** *Терең құз.* Мен мұндай өте алмаймын ***күзеріңнен*** (XX ғ. қаз. ақын). ◊ **Күзер жол** — *үлкен, кең де даңғыл жол.*

КҮЗЕРЛІ *Басты, негізгі.* ~ қара жол.

КҮЗЕТ I *Қарауыл, сақшылық.* ~ қойды, қарулы ~, мал ~і, шекара ~і.

КҮЗЕТ II 1. *Сақшылық ету, қарауылдау.* Жылқыны ~ті, қойды ~ті. 2. *Аңду, із бағу, тору.* Жол ~ті, есігін ~ ті.

КҮЗЕТСІЗ *Күзеті жоқ, күзет қойылмаған.* Елдің шетін ***күзетсіз*** босқа қойма (Сүйінбай).

КҮЗЕТШІ *Қарауылшы, сақшы.* Совхозда ***күзетші*** боп істеген (Қаупынбаев).

КҮЗЕТШІЛІК *Күзетші болушылық, қарауылшылық.* ~ міндет. ~ қызмет.

КҮЗЕУЛІ *Жал-құйрығы күзелген.* ~ байтал.

КҮЗЕУСІЗ *Күзелмеген, қысқартып түзелмеген.* ***Күзеусіз*** мұрты мен қалың өскен қара сақалы (Сәрсекеев).

КҮЗУ *Өрмектің үстіңгі жіптерін тізіп шалып қоятын ширақ ірілген, ыспаланған жіп.*

КҮЙ I *Қазақ халқының музыкалық шығарма— сының бір түрі.* Радиодан ***күй*** күмбірледі ("Лен. жас"). □ **Күй аспабы** — *күй орындалатын музыкалық аспап.* ◊ **Күйге келтірді** — *домбыраны күй тартуға бейімдеді.* **Күй тартты [шертті]** — *музыкалық шығарманы орындады.*

КҮЙ II 1. *Хал-ахуал, тұрмыс-тіршілік.* ***Күйі*** бірдің күні бір (Мақал). 2. *Іс-әрекеттің белгілі бір қалпы.* Сол жатқан ~і, төмен қараған ~імде. Түспес ем мынадай ~ге. 3. *Ауыс. Ой, тебіреніс.* Көңілге түрлі ***күй*** салар, Көргеніңде елжіреп (Шипин). 4. *Ауыс. Зар, мұң, күйініш.* Қайғының күндізгүні ***күйін*** тартып (Жамбыл). ◊ **Күй таңдады** — *бап іздеді, күтім қажет етті.* **Күйі бірдің күні бір** — *тұрмысы, жағдайы шамалас адамдардың көретіні де бірдей, мұндас.* **Күйі кетті [тайды]** — *халі нашарлады, жағдайы болмады.* **Күйіне келді** — *бабына келді.*

КҮЙ III 1. *Жану, өртену.* Үйі бір түнде ***күйіп*** кетті (С. Мұқанов). 2. *Қатты ысып кету, аптап ыстық болу.* Күн дегенің ***күйіп*** тұр (Асылбеков). 3. *Ауыс. Қатты ашулану, терісіне сыймау.* Ызадан ***күйіп*** кеткен (Сапаров). ◊ **Күйіп кетті** — *зая кетті, ұтылды, ұпайы босқа күйді.* **Күйіп тұр** — *өте қымбат, удай қымбат.*

КҮЙБЕЖЕК *Күйбең, күйбек, күйбелек.* Көп нәрседен ***күйбежекпіз*** (Жәмішев).

КҮЙБЕЖЕКТЕ *Күйбектеу, күйбеңдеу.* Үйге кіре алмай, далада ***күйбежектеп*** жүрді (Ж. Молдағалиев).

КҮЙБЕКТЕ *Күйбең-күйбең ету, қыбыжықтау.* Жаныма келіп ***күйбектеп*** сәл тұрды (Мекебаев).

КҮЙБЕЛЕКТЕ *Күйбелек-күйбелек ету, күйбеңдеу.* Жоқтан өзгеге ***күйбелектей*** берсең, жүйкең таусылар (Иманбеков).

КҮЙБЕЛЕҢДЕ *Күйбең-күйбең ету.* Беткейде ***күйбелеңдеп*** бір әйел жүр (Әбдікерімова).

КҮЙБЕҢ *Тынымсыз күйкі тіршілік.* Баяғы бір күнделікті ***күйбең*** тұрмыс (Қонарбаев).

КҮЙБЕҢДЕ *Күйбең-күйбең ету, қипаңдау.* Шешесі ошақ басында ***күйбеңдеп*** жүр (Нарымбетов).

КҮЙБІЖІКТЕ *Қипақтау, кібіртіктеу.* Қос маңында ***күйбіжіктеп*** жүріп алды (С. Жүнісов).

КҮЙГЕЛЕК *Ашушаң, шамшыл.* ~ адам (мінез).

КҮЙГЕЛЕКТЕ *Жоқтан өзгеге күйіп-пісу, сабырсыздану.* Орынсыз ~ме.

КҮЙГЕЛЕКТЕУ *Ұстамсыздау, шыдамсыздау.* ~ адам.

КҮЙГЕЛЕКТІК *Күйгелек болушылық.* ~ке салынды, ~гін қоймады.

КҮЙДІРГІ I *Денені қатты күйдіріп шығатын іріңді жара.*

КҮЙДІРГІ II *Адамды босқа күйдіретін, шамдандыратын.* ~ мінез. (ой, сөз).

КҮЙДІРГІДЕЙ *Күйдіргі сияқты жанға бататын.*

КҮЙДІРГІШ *Тез, оңай күйдіретін, күйдіруге бейім, күйдіру қасиеті басым.* ~ зат (қасиет, сілті).

КҮЙДІРЕ-МҮЙДІРЕ *Күйдірген бойында.* Ернін ***күйдіре-мүйдіре*** қомағайлана сорды ("Лен. жас").

КҮЙДІРУШІ *Күйдіретін, өртейтін адам, нәрсе.* ~ пеш (кірпіш).

КҮЙДІРІП-ЖАНДЫР *Адамды қатты ызаландыру.* Осы сөзің ~ып барады мені.

КҮЙЕ I *Маңайындағы заттарға жұққан оттың қара дағы.* Ұста дүкенінің іші шаң, топырақ, ***күйе*** (Шәрипов). ◊ **Күйе жақты** — *босқа күйдірді, қаралады.*

КҮЙЕ II *Астықты, әр түрлі затты жеп құртатын микроб.* ◊ **Күйедей жеді** — *тұқ қалдырмай жойды, сыпырып-сиырды.*

КҮЙЕЗ *Бұлшық ет тканьдерінің қабынуынан мойынды бұрғызбай ауыртатын ауру.*

КҮЙЕК 1. *Қойдың қашу мерзімі.* Саулықтарды ***күйекке*** әзірлейді (Төлешов). 2. *Қойды мезгілсіз қашырмау үшін қошқардың беліне байлайтын арнаулы киіз.* ◊ **Күйек алды** — *қойды ұрықтандырды.* **Күйек асты болды** — а) *мезгілсіз қашты;* ә) *астыртын байланысты.* **Күйекке түсті** — *қой ұрықтандырылды, қашты.*

КҮЙЕКТЕНДІР *Күйек алу, күйектен өткізу, қашыру.* Қойды қошқармен ~ді.

КҮЙЕЛЕ 1. *Күйе жағу.* Қасын ***күйелеп*** қойған (Смаханұлы). 2. *Ауыс. Жала жабу, қаралау, пәле салу.* Күйе күйдірмесе де ***күйелейді*** (Уайдин).

КҮЙЕЛЕШ *Күйе-күйе, әбден күйе жағылып, алабажақ болу.* Бет-аузы ~, қабырғасы ~.

КҮЙЕЛЕШ-КҮЙЕЛЕШ *Әбден күйелеш болған.* Бет-аузым ~.

КҮЙЕЛЕШТЕУ *Күйелеш болыңқыраған.* Қазанға қарып жапқан ***күйелештеу*** нан (Соқпақбаев).

КҮЙЕЛІ 1. *Күйе басқан, күйеленген.* Тамағы майлының көйлегі ***күйелі*** (Мақал). 2. *Ауыс. Кінәлі, ұятты.* Жөн сөзге ***күйелі*** уәж таппады (Мекебаев).

КҮЙЕУ 1. *Әйелдің ері, жұбайы.* Айшаның ***күйеуінің*** аты Төребай (С. Мұқанов). 2. *Қыз айттырған, үйленген жігіттің қайын жұртына туыстық қатысы.* Жаман ***күйеу*** қайынсақ (Мақал). ◊ **Күйеу аттандырар** *(көне.)* — *қайындап барған күйеудің салт-жорасы.* **Күйеу бала** — *ерге шыққан қыздың жолдасы.* **Күйеуге тиді [шықты]** — *тұрмыс құрды, ерге шықты.* **Күйеу есік аша келді** — *үйленген жігіттің қайын жұртына жол-жорамен алғаш рет келуі.* **Күйеу жолдас [жігіт]** — *әйел алуға барған жігіттің қасына ерген серігі.* **Күйеу қазық** — *үй артындағы жел арқан байлайтын қазық.* **Күйеу қосшы** — *күйеудің айналасындағы жора-жолдас.* **Күйеу мұңлық, бұзау мұңлық** *(көне.)* — *күйеудің жолы тар.* **Күйеу түсті** — *күйеу жол -жорасын жасап, қыздың үйіне келді.*

КҮЙЕУСЫМАҚ *экспр. Күйеуді қорашсыну, кемсіну мағынасындағы сөз.* Әлгі үйдегі ***күйеусымағымыз*** бар емес пе (Дәуренбеков).

КҮЙЕУСІН *Күйеу деп санау, күйеу болғансу.* Енді ***күйеусініп*** ұялма (Бегалин).

КҮЙЕУСІРЕ *Күйеу іздеу, күйеуге шыққысы келу.* Торғын ***күйеусіреп*** жүрген қыз емес пе (Қазыбаев).

КҮЙЕУШІЛЕ *Қыздың аулына күйеу болып аттану.* Абай ***күйеушілеп*** аттанды (М. Әуезов).

КҮЙ-ЖАЙ *Хал-ахуал, жағдай.* ***Күй-жайы*** қалай (Ә. Нұрпейісов).

КҮЙЗЕ *Қинау, қажу, езу.* Тәкаппарлық жанымды жеп ***күйзеді*** (С. Хангелдин).

КҮЙЗЕЛТКІШ *Күйзелтетін, қайғыртатын.* Сенім жойғыш, сөндіргіш, жабырқаусып, жан ***күйзелткіш*** (Жансүгіров).

КҮЙЗЕЛІС I 1. *Күйзелушілік, жан азабы.* Үй ішінің әлпетінде бір ***күйзеліс*** барын байқады (Ә. Мүсірепов). 2. *Шаршағандық, қажығандық.* Орта жастан асқан әйел жүзінде ***күйзеліс*** бар ("Соц. Қаз.").

КҮЙЗЕУ *Жүдеу, жабырқау, күйзелген.* Малшылар тұрмысы ~ екен (Ақбаев). ◊ **Күйзеу тартты** — *жүдеді, күйзелді.*

КҮЙКЕНТАЙ *Орманды дала алқабын мекендейтін қырғи тұқымдас қыран құс.*

КҮЙКЕНТАЙДАЙ *Күйкентай сияқты, кіп-кішкентай.* ~ ғана.

КҮЙКИ *Бір уыс боп шөгу.* ***Күйкиіп*** отыр таста Ақан байғыз (Жансүгіров).

КҮЙКІ *Көзге қораш, сиықсыз.* Денесі тым ~. 2. *Тапшы, кем, мардымсыз.* Бейілі шикі, ақылы ***күйкі*** (Абай). ◊ **Күйкі тірлік [өмір]** — *көңілсіз, өнбес тұрмыс.*

КҮЙКІЛЕН 1. *Күйгелектену; уайымдану, қапалану.* Кінәлап, ***күйкіленіп*** жата алмаспын (Ө. Нұрғалиев). 2. *Қораштану, сиықсыздану.*

КҮЙКІЛЕУ *Көзге қораштау, сиықсыздау.* ***Күйкілеу***, кішірек денелі адам екен (С. Мұқанов).

КҮЙКІЛІК *Көзге қораштық, сиықсыздық.* ***Күйкіліктің*** төңірегін күлкіториды (М. Әлімбаев).

КҮЙ-ҚОҢ *Күй-жай, тұрмыс.* Бойдақ сиырды аралап ***күй-қоңын*** байқады (Ақ бидай).

КҮЙ-ҚУАТ *Күш-қайрат, әл.* Кетті бойдан ***күй-қуат*** (Мәуленов).

КҮЙЛЕ I 1. *Ұрғашы жануардың жыныстық шабытының қозу кезеңі.* Қонды саулық тез ***күйлейді*** (Тарту). 2. *Ауыс. Қызықтау, аңсау.* Күлкіні онша ***күйлеп***, шуламалық (Абай).

КҮЙЛЕ II *Домбыраның құлағын бұрап, тартуға келтіру.* Домбыраны ұзақ ***күйледі*** (Бақбергенов).

КҮЙЛЕС *Қызықтау, әуейілікке салыну.* Ат жараттық, сөн жараттық, әуейлік ***күйлестік*** (Абай).

КҮЙЛІ 1. *Ауқатты, жағдайлы. жайлы.* Ел биыл ~, ақсақал ~ ме? 2. *Семіз, қоңды.* ***Күйлі*** қойдың күйіті де тез келеді (Айнабеков).

КҮЙЛІ II *Күйге толы, сазды, әуезді.* Көктемнің ***күйлі*** әуезі әсерлі-ақ (Мәуленов).

КҮЙЛІ-ЖАЙЛЫ *Қуатты, ауқатты.* Өзің дағы жүрмісің ***күйлі-жайлы*** (Айтыс).

КҮЙЛІ-ҚУАТТЫ *Күйлі, әлді, мықты.* Ата, ~мысыз.

КҮЙЛІЛЕУ *Ауқаттылау, әлділеу, жағдайлырақ.* Қайын жұрты ~.

КҮЙЛІЛІК *Қоңдылық, семіздік.* Малдың ~гіне риза болды.

КҮЙМЕ *Төбесі жабық сәнді арба.*

КҮЙМЕЛЕ *Күйме жасау, күйме етіп жарақтау.* Киізбен көмкере жауып, ***күймелеп*** тастау керек (Өбілев).

КҮЙМЕЛІ *Күймесі бар, күйме орнатқан.* ~ арба.

КҮЙМЕШІ *Күйме жасайтын шебер.*

КҮЙРЕ *Қирау, сыну, бұзылу, бүлiну.* Армиясы ***күйреген*** соң сөзсіз тізе бүкті (Аманжолов).

КҮЙРЕК *Жасық, бос, сылбыр.* Мұраттың мінезі қатты емес, қайта ***күйрек*** (Т. Нұртазин).

КҮЙРЕКСІ *Жасу, босаңсу, боркеміктену.* ~п жаси берме.

КҮЙРЕКТЕН *Босаңсу, боркеміктену, күйрексу.* Соғыстың зардабы ма, ***күйректеніп*** кетіп еді (Д. Досжанов).

КҮЙРЕКТЕУ *Жасықтау, боркеміктеу.* Ізім сиректеу, қызым ***күйректеу*** (Беркімбаев).

КҮЙРЕКТІК *Жасықтық, боркеміктік.* ***Күйректік*** жасайтын жан емес (Қыдырханов).

КҮЙРЕҢДЕ *Күйрең-күйрең ету.* Белге соққан жыландай, Амалың құрыр ***күйреңдеп*** (Үш ғасыр).

КҮЙРЕТКІШ *Бұзып-жойғыш, талқандағыш.* Шылым жастар денсаулығын ***күйреткіш*** келеді (Оразақов).

КҮЙРЕТУШІ *Бұзып-жоюшы, талқандаушы.* Империализмді ~ күш.

КҮЙРЕУІК I *бот. Малға жұғымды, көбіне қой жейтін шөп.*

КҮЙРЕУІК II *Жасық, боркемік; уайымшыл.* ***Күйреуік*** те емес, қайсар жан (Сүйіншалиев).

КҮЙРЕУІКТІ *Күйреуік мол өскен.* ***Күйреуікті*** жайылымға жай ("Лен. жас").

КҮЙСЕ *Жеген жем-шөбін шайнау, күйіс қайыру.* Қызыл сиыр буы бұрқырап ***күйсеп*** жатыр (Ақышев).

КҮЙСЕГІШ *Күйіс қайыруға бейім.* ~ мал.

КҮЙСІ *Күйіне келу, күйлі болу.* Қазір де ***күйсіп*** тұрған бай үйдің біреуі (С. Мұқанов).

КҮЙСІЗ 1. *Күйі жоқ, жағдайсыз.* Қазірде ел ***күйсіз*** болғанмен, астықсыз емес (F. Ахметов). 2. *Қоңсыз, күтімсіз.* ***Күйсіз*** көлік жүгірмес (Мақал). ◊ **Күйсіз көлік** — *арық мал.*

КҮЙТ *Малдың қашу, күйлеу кезеңі.* Арық саулықтардың ***күйті*** нашар болады (Абзал жандар). ◊ **Күйті келді** — *қашар уақыты болды.*

КҮЙТАБАҚ *Радиоқабылдағыш құрылғысында ойналатын дыбыс жазылған дөңгелек табақша; пластинка.*

КҮЙТСІЗ *Жайсыз, күйі жоқ.* Тілім сенде айып бар, ***күйтсіз*** күні күйледің (С. Мұқанов).

КҮЙТТЕ I *Күту, баптау, қарау.* Шаруа ~ ді. Жан ~ ген адам.

КҮЙТТЕ II *Малдың күйлеуі, қашуы.* Жайлауда қошқар ***күйттеген*** саулықтарды ғана қашырады.

КҮЙТІҢДЕ *Күйбеңдеу, күйтің-күйтің ету.* Қара көрсетіп ***күйтіңдеп*** жүріп алды (Асқаров).

КҮЙШІ *Күй тартушы, шебер домбырашы.* Бармағынан бал тамған ~.

КҮЙШІЛ *Күй таңдағыш, бапшыл.* ***Күйшіл*** құс түлкі алмаса басыңа еңбек (Бозінген).

КҮЙШІЛІК *Күйші болушылық.* ~ өнер.

КҮЙШІЛ *Күйге, сазға жаны құмар.* ***Күйшіл*** жанды поляк өлерінде де күймен өліпті (Сейфуллин).

КҮЙШІЛІК *Күйші болушылық.* ~ өнер.

КҮЙІК 1. *От тиіп күйген жер, соның орны.* Қора-қопсының қара ***күйік*** орны ғана қалды (Өбілев). 2. *Ауыс. Қайғы-қасірет, күйініш.* Баланың жақсысы — қызық, жаманы — ***күйік*** (Мақал). ◊ **Күйік болды** — *уайым болды.* **Күйік тартты** — *қайғырды, қасірет шекті.*

КҮЙІКБАС *биол. Дәнді дақылдарды зақымдайтын ұсақ насеком, күйе.* Астық дақылдарына тараған ***күйікбас,*** дат саңырауқұлақтары бар (Т. Таубаев).

КҮЙІКТЕН *Жалын шалып күю.* Жер беті өрт шалғандай қара ***күйіктенді*** ("Соц. Қаз").

КҮЙІКТІ *Күйігі бар, қайғылы, шерлі.* ~ қыз (ашу, сөз).

КҮЙІН 1. *Ашу-ызаға булығу, назалану.* Түйілігіп, қатты ***күйініп*** айтты (Д. Досжанов). 2. *Торығу, уайымдау.* Өзінің дәрменсіздігіне ***күйінді*** (С. Мұқанов).

КҮЙІНДІ *Күйген, өрт шалған нәрсенің орны, қалдығы.*

КҮЙІНШЕ *Сол бойынша, сол қалпымен.* Еті ет ~, сүйегі кемік ~.

КҮЙІНІШ *Қайғы, уайым, реніш.* ***Күйінішін*** жасырмай ашына сөйледі (Еркебаев).

КҮЙІНІШ-СҮЙІНІШ *Қуаныш пен реніш, рақат пен бейнет.* Адамның басында болатын ~.

КҮЙІНІШСІЗ *Күйініші жоқ, күйінішті емес.* ~ айтады.

КҮЙІНІШТІ *Күйініші бар.* Оның өліміне бүкіл жолдастары ***күйінішті*** (М. Ғабдуллин).

КҮЙІП-ЖАЙ 1. *Күю, жану, түгі қалмау.* Түгі қалмай ***күйіп-жанып*** кетті ("Соц. Қаз"). 2. *Денесі қызып, ыстығы көтерілу.* Денесі ***күйіп-жанып*** әкетіп барады (Тілегенов). 3. *Ауыс. Ынтызары ауу, өліп-өшу.* ***Күйіп-жанып*** ол тұр (Нұржекеев).

КҮЙІП-ПІС *Ашу-ызаға булығу, ренжу.* Айбас іштей ***күйіп-пісті*** (Ақбаев).

КҮЙІС *Күйіс қайыратын жан-жануардың жеген шөбін қайталап шайнауы.* Ала сиырдың ***күйістен*** кейінгі күшенген демі естіледі (Күмісбаев). ◊ **Күйіс қайырды** — *мал жеген жемін қайтадан шайнап бойына сіңіреді.*

КҮЙІСТЕ *Күйіс қайыру, ішіп-жегенін бойына сіңіру.* ***Күйістесін*** қозы-лақ, қол-аяғын созып ап (Тұрманжанов).

КҮЙІСТІ *Күйіс қайыратын.* ~ мал.

КҮКІРТ *химия. Медицинада, техникада қолданылатын иіссіз, сарғыш түсті тұтанғыш химиялық элемент.* □ **Күкірт қышқылы** — *май тәрізді, түссіз минералды сұйық зат.*

КҮКІРТСІЗДЕН *Күкірттен тазарту.* Сода шойынды ***күкіртсіздендіруде*** кеңінен қолданылады (Нұрымбетов).

КҮКІРТТІ *Күкірт қосылған, күкірті бар.* ~ көміртегі, ~ мұнай.

КҮЛ I *Заттың жанғаннан кейінгі шоқ, тозаң тәрізді минералды қалдығы.* ◊ **Күл болды [қылды]** — *быт-шыты шықты.* **Күл болмаса, бүл болсын** — *не болса, о босын, күл талқан болсын.* **Күлге аунаған [шөккен] түйедей** — *үсті-басы шаң-тозаң.* **Күлге шөккен кәрі бура** — *қаруы қайтқан, қуаты тайған.* **Күл қылды** — *быт-шытын шығарды, талқандады, құртты.* **Күлі көкке [аспанға, желге] ұшты** — *талқаны шықты, жоқ болды.* Күл шашты — а) *жамандық тілеп қарғады;* ә) *болымсыз, татымсыз әрекет етті.*

КҮЛ II 1. *Малдың қарнына, желініне шығатын қотыр.* 2. *мед. Көбінесе жас балаларда болатын жұқпалы ауру; дифтерия.*

КҮЛ III *Қуанып, шаттану кезінде езу тартып түрлі үн шығару.* Сықылықтап ~ді, қарқ-қарқ ~ді, мұртынан ~ді. ◊ **Күле кіріп, күңірене шықты** — *екі жүзділік етті.* **Күлкі болды [етті, қылды]** — *күлкіге айналды, мазақ болды.* **Күлкінің ерні кезерді** — *мұң-шерге батты.* **Күлкің көмір болғыр** (*қарғ.*) — *бір бәлеге душар болғыр.*

КҮЛӘ *көне. Ханшаның киетін қалпақ сияқты бас киімі.*

КҮЛӘБІ *Жаздың орта кезінде ерте пісетін қауын.*

КҮЛӘПАРА *Су өтпес үшін тымақтың үстінен бастыра киетін бас киім.*

КҮЛБІЛТЕ *Жасырын іс-әрекет.* Әдейі ***күлбілтеге*** салып айтпай отыр (К. Ахметбеков).

КҮЛБІЛТЕЛЕ *Жасырып-жабу, бүркемелеу.* ***Күлбілтелейтін*** еш нәрсе жоқ (Есенжанов).

КҮЛБІРЕ *Күлтілдеп ісу, күлдіреу, қолдырау.* Отқа күйгендей ***күлбірей*** мөлтілдейді (Нәжімеденов).

КҮЛГІН *Күл түстес, күлге ұқсас түс.* ~ топырақ (сия, сәуле).

КҮЛГІНДЕ *Күлгін түске ену.* Жайнап ***күлгінденген*** шатқал (Қожабеков).

КҮЛГІНДЕУ 1. *Күлгін түстілеу.* Шашы көмірдей қара емес, сәл ***күлгіндеу*** (Мағауин).

КҮЛГІШ 1. *Күлегеш.* Біреуге ~. 2. *Әжуалағыш, мысқылдағыш.* Кісімсіп белгілі білгіш, Біреуге сондай-ақ ***күлгіш*** (Абай).

КҮЛДӘРІ *Үлбіреген жұмсақ жібек мата.* ~ белбеу.

КҮЛДЕ *Күлмен ысып тазарту, жуу.* ~п жуады.

КҮЛДЕЙ *Күл сияқты үп-үсақ.* ~ ғып турады.

КҮЛДЕН *Күлге айналу.* Тезектің шоғы ***күлденіп*** (К. Оразалин).

КҮЛДІБАДАМ 1. *Анық, ашық емес күлгін түс.* 2. *Ауыс. Шала-шарпы, нашар.* ~ дүниелер туралы ашына айтты.

КҮЛДІБАДАМДА 1. *Арзанқол болу, нашар болу.* ~п өлең жазу өнер емес. 2. *Көмескілену, бұлыңғырлану.* ***Күлдібадамданып*** болмашы жарық жылтырайды (Дала қырандары).

КҮЛДІ-КӨМЕШ *Күлге көміп пісірген көмеш нан.* ~ нан.

КҮЛДІ-КҮЙЕЛЕШ *Кір-кір, күйе-күйе.* Бетіқолдарын жумай, ***күлді-күйелеш*** боп жүр (Нұрпейісов).

КҮЛДІРА *Шаңырақтың шеңберіне, уықтың қарына шашақтап, тоғанақтап, түйіндеп, сән үшін байлайтын қолдан термелеп тоқыған енсіз құр.*

КҮЛДІРГІ *Күлкі келтіретін, күлкілі, күлдіргіш.* Өзі бір жайдары жан, ***күлдіргі*** еді (Көпішев).

КҮЛДІРГІЛЕУ *Күлкілілеу; құ тілділеу.* ~ жігіт.

КҮЛДІРГІШ *Күлкілі әңгіме айтқыш, әзілқой, қуақы.* Жазушылардың ішіндегі бір ***күлдіргіші*** (Мәуленов).

КҮЛДІРЕ 1. *Қолдырау, күлбіреу, күлтілдеу.* Алақаны да ***күлдіреп*** ойылып шыға келді (Мұратбеков). 2. *Ауыс. Тозығы жетіп үлбіреу.* Тысы ***күлдіреп*** жыртылған пұшпақ бөрік.

КҮЛДІРЕ II *Салдыр-гүлдір ету.* Арбасы ойға қарай ***күлдірей*** құлай берді (М. Әуезов).

КҮЛДІРЕУІК *Сулы бөртken.* Денесін қышыма ***күлдіреуік*** қаптайды (С. Омаров).

КҮЛДІРЕУІШ *Шаңырақ тоғанының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түтін шығып, жарық түсу үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың керегекөз боп түйісетін шыбықтары.*

КҮЛДІР-КҮЛДІР *Күлдіреп шығатын үн, сылдыр-гүлдір еткен дыбыс.* ~ етіп құлады.

КҮЛДІРЛЕ *Күлдір-күлдір ету.* ***Күлдірлеп*** көшкен мың көшпен (Ө. Нұрғалиев).

КҮЛЕГЕШ *Көп күлетін, күлкішіл.* ~ қыз, ~ жігіт.

КҮЛЕГЕШТЕ *Орынды-орынсыз күле беру; дамылсыз күлу.* Орынсыз ***күлегештеп,*** езуі жиылмайды (Жұмаділов).

КҮЛ-КҮБІР *Шаң-тозаң, қоқыр-соқыр.* ***Күл-күбір,*** қоқсықтан жаңы аулақ (Молдағалиев).

КҮЛКІ 1. *Адамның шаттану, масаттану күйін беретін көмейден шығатын үн.* Қарқылдаған ~, ду-ду ~. 2. *Әзіл, сықақ, мысқыл.* Доска ~, дүшпанға таба болма. ◊ **Күлкі болды** — *мазақ болды, ұятқа қалды.*

КҮЛКІЛДЕ *Көлкілдеу, ісіну.* Көзінің алды ***күлкілдеп*** тур (Есенберлин).

КҮЛКІЛДЕК *Көлкілдеген, ісіңкі жер.* Екі көзінің алдындағы қалталанған ***күлкілдекке*** жас сорғалап келеді (Әбілев).

КҮЛКІЛІ 1. *Күлдіргі, көңілді, қызықты.* Естігенбілген ***күлкілі*** жайларын әңгіме ғып ортаға салды (Нәжмеденов). 2. *Мазақ боларлық, күлкі боларлық.* Сөзді түсінбей ***күлкілі*** жайларға ұшырайды (Р. Нұрғалиев).

КҮЛКІСІЗ 1. *Күлкісі жоқ, күлкінің қатысынсыз.* Дедім ***күлкісіз*** салмақты үнмен (Шашкин). 2. *Көңілсіз, жабырқаңқы.* Үйқысыз, ***күлкісіз*** сабыламыз (Өзиев).

КҮЛКІШІ *Күлдіргі, күлкішіл, ойын-сауықшыл.* ***Күлкіші,*** қыдырымпаз бір сел атқан (Айтыс).

КҮЛКІШІЛ *Күлкіге әуес, күліп жүретін.* Өзіне таныс ***күлкішіл*** қыз (Тоқаев).

КҮЛ-ҚОҚЫР *Күл-қоқыс, қоқсық, шаң-тозаң.* Есік алды ~.

КҮЛ-ҚОҚЫС *Шаң-тозаң, сыпырынды, қоқсық.* Ауламыз ***күл-қоқыстан*** аяқ алып жүргісіз (Ө. Ахметов).

КҮЛЛІ *Барлық, бүкіл.* ***Күллі*** әлемді жарығына бөлеген (Хакімжанова).

КҮЛМАН: күлманын ашты — *абыройы айрандай төгілді.*

КҮЛМЕҢ: күлмең қақты — *күлім қақты, күлімдеді.*

КҮЛМЕҢДЕ *Күлімсіреу, күлімдеу, жымыңдау.* Қасында *күлмеңдеген* сұлу келіншегі бар (О. Сәрсенбаев).

КҮЛМЕТ *Қылмысты іс, айып.* Тентектігін қоймаса, *күлметі* ашылар (С. Омаров).

КҮЛПАРА: Күлпара болды — *быт-шыт, күлпарша болу, күйреу.*

КҮЛПАРША *Тас-талқан, быт-шыт.* ~ болды, ~сы шықты, ~ етті.

КҮЛПАРШАЛА *Тас-талқандау, быт-шытын шығару.* ~п бүлдірді.

КҮЛПЕТ *Уайым, қайғыға ұшырау, тарығып-тарыну, шерлену, күстана болу.* Құдай қылып басыма, қайғы, *күлпет* тар қылды (Батырлар жыры).

КҮЛСАУЫТ *Темекінің күлін, шылым тұқылын салатын сауыт, ыдыс.*

КҮЛ-ТАЛҚАН *Күлпарша.* ◊ **Күл-талқан болды** — а) *быт-шыты шықты;* ә) *шала бүлінді, бүлқан талқан болып ашуланды.* **Күл-талқаны шықты** — *быт-шыт болып қирады.*

КҮЛТЕ I *Шоқталып тұйілген бір буда жіп.* ◊ **Күлте құйрық [жал]** — *жылқының т. б. сәндікпен тарамдалған қалың, тығыз қыл будасы.*

КҮЛТЕ II *биол. Аталық пен аналықты түрлі зақымнан қорғайтын гүл серігі.*

КҮЛТЕКТЕ *Бүкпелеу, жасыру.* Мұны солдаттың өзіне *күлтектемей* тіке айту керек (Бұлқышев).

КҮЛТЕЛЕ *Шоқтау, шоғырлау.* Шашын ортасынан бір буып, *күлтелеп* қойған (Шашкин).

КҮЛТЕЛІ *Күлтеленген, күлтесі бар.* ***Күлтелі*** айғыр мінесің (Тарази).

КҮЛТІЛДЕ *Күлт-күлт етіп ісіну.* Көзінің алды *күлтілдеп* ісіп кеткен (Өміров).

КҮЛТІЛДЕК *Күлт-күлт еткен, күлтілдеген,* ~ май.

КҮЛШЕ *Қоламтаға көміп пісірген нан.*

КҮЛШЕДЕЙ *Күлшенің көлеміндей ғана, кішкентай.* Тілі қозға *күлшедей* ісініп, аузына сияр емес (А. Мекебаев).

КҮЛШЕЛІ *Күлшесі бар.* ***Күлшелі*** бала сүймелі (Мақал).

КҮЛШЕШЕК *Малда болатын жұқпалы кесел.*

КҮЛШІК *Темекінің күлін салатын ыдыс, күлсалғыш.*

КҮЛШІН *Етіктің өкше сірісінің орнына салынған жылтыр былғары.*

КҮЛІК 1. *Сәйгүлік, жүйрік, шапшаң.* Сұлтан ел барда ғана *күлік* (Мағауин). 2. *Атты санатқа қосуға байланысты ат сыны. Күлікте* күлкі қыла көрме (Мақал).

КҮЛІМ: күлім қақты — *жайдарлана жымыңдады, құлпырып жайнай түсті.* **Күлім көз** — *күлімдеген сүйкімді көз.*

КҮЛІМДЕ 1. *Күлім қағу, күлімсіреу.* ***Күлімдеп*** құшағын жая Сәуле тұр (Ө. Сәрсенбаев). 2. *Ауыс. Жайнап-жарқырау, құлпыру.* ~ ді күн көзі.

КҮЛІМПАЗ *Күлегеш, күлкішіл.* ***Күлімпаз*** жас келіншектерге қызыға, ынталы қарады (Бақбергенов).

КҮЛІМСІ *Сасық, қолаңса, жағымсыз иіс.* ***Күлімсі*** арақ иісі қолқамды атады (Шүкіров).

КҮЛІМСІЛЕУ *Сасықтау, қолаңса иіс.* ~ иісі бар.

КҮЛІМСІРЕ *Езу тартып күлімдеу, күлім қағу.* Қыз ішке *күлімсірей* кірді (Шүкіров).

КҮЛІҢГІР *Күлгін, солғын.* Лампалар *күліңгір* ақ шынымен қапталған (Ғабдуллин).

КҮЛІП *Ойнап әзіл-қалжың айту, күлісу.* ~ бірге жүреді.

КҮМӘН *Сезікті ой, шүбә, күдік.* ~ жоқ.

КҮМӘНДАН *Күдіктену, сенімсіздік білдіру.* Жұрт *күмәндануы* мүмкін (Оразақов).

КҮМӘНДАНҒЫШ *Күмән келтіргіш, күдіктенгіш.* ~ кісі.

КҮМӘНДІ *Күмән келтіретін, күдікті, күдігі мол.* Бұл мәселе Ақлима үшін де *күмәнді* (Әбдіхалықов).

КҮМӘНДІЛІК *Күмәнді болушылық, сезіктілік.*

КҮМӘНСІЗ *Күмәні жоқ, күдіксіз.* ~ сенді (ниет, шара).

КҮМӘНШІЛ *Күмәнданғыш.* Әрбір нәрсеге сенімсіздікпен қарайтын *күмәншіл* (Шәріпов).

КҮМБЕЗ 1. *Үлкен құрылыстың әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі, мұнара.* Мешіттің ~і (көк ~і). 2. *Күмбездеп жасалған мола.*

КҮМБЕЗДЕ *Күмбез тұрғызу.* Мешіт тәрізді *күмбездеген* сұлу бір сарай көресіз (Ахтанов).

КҮМБЕЗДІ *Күмбезі бар.* Көк ~ аэропорт вокзалы.

КҮМБІР *Домбыра үніне ұқсас дыбыс, күңгірлеген дауыс.* Күміс үн, *күмбір* күйлерге толы (Оңғарсынова).

КҮМБІР-КҮМБІР *Кейде бәсең, кейде көтеріңкі шыққан, қайталай күңгірлеген үн.* ***Күмбір-күмбір*** кісінетіп (Ақтамберді). ~ үн.

КҮМБІРЛЕ *Жай, қоңыр үн шығару, күңгірлеу.* ***Күмбірлеп*** күй шертілді ("Қаз. әдеб.").

КҮМБІРЛЕК *Күмбір-күмбір еткіш, күмбірлегіш.* Бос күбі *күмбірлек* келетін еді (Саржайлау).

КҮМБІРЛІ *Күмбір-күмбір еткен, күмбірлеген.* ~ күй (үн).

КҮМП *Тереңге шолп етіп батып кету, қойып кету, құлай кету.* Мұздай суға *күмп* берді (Әбдіков).

КҮМПЕК *Күмпиген, ісінген, қампиған.* Атлас көрпенің *күмпек* жоның қырши тістеді (Ө. Ахметов).

КҮМПИ 1. *Қоржию, қампию, ісіну.* ~іп піскен көмеш нан. 2. *Ауыс. Өз-өзінен ісіп-кебу, кісімсу.* Өз күшіне сеніп, *күмпиіп* жатқаны (С. Омаров).

КҮМПИІҢКІРЕ *Көзге үлкенірек көрініп күмпие түсу, күржиіңкіреу.*

КҮМП-КҮМП *Сұйығы мол затты піскенде, шалшық суға құлағанда шығатын дыбыс.* ~ пісті.

КҮМПІЛ *Күмп еткен дыбыс.* Толассыз *күмпіл* (Т. Әлімқұлов).

КҮМПІЛДЕ 1. *Күмп-күмп ету, күмбірлеу.* Сыртта *күмпілдетіп* күбі пісіп тұрған (О. Сәрсенбаев). 2. *Күмбірлеу, күңкілдеу.* Сәуе айтып өздерінше *күмпілдеседі* (Сматаев). 3. *Ауыс. Мақтанып бөсу, көпіру.* Бәрін өзім тындырам деп *күмпілдейтін* кісі емес (Алдабергенов).

КҮМПІЛДЕК *Бөспе, лепірме.* Сөзінде береке жоқ *күмпілдектер* (Қазақ мысалдары).

КҮМІЛЖІ *Қипақтап, кібіртіктеп сөйлеу, Күмілжи* сөйлеп, әзер айтып шықтым (Н. Ғабдуллин).

КҮМІЛЖІМ *Көмескі, күмілжіңкі.* Ойында *күмілжім* күдік бар (Аманшин).

КҮМІЛЖІҢДЕУ *Кібіртіктеген, аздап күмілжіңкі.* Даусы *күмілжіңдеу* шыққан (Жангелдин).

КҮМІЛЖІҢКІ *Кібіртік, көмескі.* ~ жауап (~ дауыс, ~ естілді).

КҮМІРЕМ *көне. Уайым, қайғы.* Күлмей ~ қап.

КҮМІС *Жылтыр ақ түсті қымбат бағалы металл.* ~ ақша, сақина, ~ білезік, ~ ыдыс. □ Күміс

медаль — *мектепті үздік бітіргені үшін берілетін медаль.* ◊ **Күміс көмей** — *тілінен бал тамған, жез таңдай.* **Күміс күлкі** — *сықырлаған сүйкімді күлкі.* **Күміс той** — *ерлі-зайыптылардың үйленгендеріне ширек ғасыр толуына арналған мерекелі жиын.*

КҮМІСҚҰЙРЫҚ *Тышқанның бір түрі.*

КҮМІСТЕ *Күміс жалату, күміспен қаптап әшекейлеу.* ***Күмістеген*** ер — тоқымын ерттеп мінген (Жакенов).

КҮМІСТЕЙ I *Күміс сияқты жалтыраған.* **Алтындай шайып, күмістей еледі** — *барынша қадірлеп, қастерледі.* **Сымға тартқан күмістей** — *келісті, сымбатты, сүйіктей.*

КҮМІСТЕЙ II *Күміс ақшалай.* Әр шаңырақтан ***күмістей*** бір сом елу тиын салық алынады (Есенберлин).

КҮМІСТІ *Күміс жалатқан, күміспен қапталған.* ~ сауыт (белдік).

КҮН 1. *Әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз.* ~ сәулесі (көзі). 2. *Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы тәулік уақыты; күндіз.* Үш ***күн***, үш түн күзетіп отырдым (F. Мүсірепов). 3. *Жиырма төрт сағатқа тең уақыт, тәулік.* Елін сатып асаған екі ***күн*** ғана жасаған (Мақал). 4. *Ауыс. Уақыт, мезгіл, кез, дәуір.* Бала ~і, жас ~ім, ~і келе. 5. *Ауыс. Ауа райы, табиғат құбылысы.* ~ жылы (суық, тұман). ◊ **Күн айықты [ашылды]** — *күн ашылды, бұлт сейілді.* **Күн көзі** — *күннің сәулесі, нұры.* **Күн көріс** — *тұрмыс, тіршілік жайы.* **Күн шуақ** — *күн сәулесі, жылуы.* **Күн ара** — *екі күннің бірінде.* **Күн арқан [қазық, найза, тұсау] бойы көтерілді** — *ұясынан шыққан күннің көмкеріле көтерілу мөлшері.* **Күн батты** — *күн ұясына кірді, кеш түсті.* **Күн батқанша** — *күні бойы, күн ұясына кіргенше.* **Күн жауды** — *жаңбыр болды, жауын-шашындатты.* **Күн жаумай су болды** — *берекесі кетті, ұнжырғасы түсті.* **Күн кешті [көрді]** — *өмір сүрді, тіршілік етті.* **Күн күркіреді** — *найзағай шатырлап, жаңғырықты.* **Күн қақты болды** — *күнге күйді, тотықты.* **Күн құлақтанды** — *қызыл күрең түске бөленіп, мұнарланып тұрды.* **Күн құрғатпай** — *араға күн салмай, күн сайын.* **Күн сайын** — *әр күні, күнде.* **Күн сынды** — *суықтың беті қайтып, күн жылыңқырады.* **Күн тәртібі** — *түрлі мәжілістерді өткізу реті мен ондағы қаралатын мәселелер.* **Күн тиді** — *күн өтті.* **Күн тұтылды** — *ай күннің көзін көлегейледі.* **Күн ұзаққа [ұзынға]** — *ертеден қара кешке дейін, күні бойы.* **Күн ұзарды** — *күннің шығуы мен батуы аралығындағы уақыт артты.* **Күн шайдай [ашық]** — *аспанда бұлт жоқ.* **Күн шұғыласы** — *күннің сәулесі, қызуы.* **Күн шықты** — *күн ұясынан көтерілді.* **Күні бойы** — *таң атқаннан кешке дейін, күн ұзаққа.* **Күні бүгін** — *дәл қазір, нақ осы кезде.* **Күні ертең** — *таяу уақытта, көп ұзамай.* **Күні кеше** — *осыдан біраз бұрын, таяу ғана.* **Күні қараң** — *халі мұшкіл, көргені азап.* **Күні туды** — а) *теңдікке қолы жетті;* ә) *ісінің сәті түсті, жолы болды.* **Күні түсті** — *ісі түсті, кіріптар болды.*

КҮНӘ 1. *Айып, қылмыс, жаза.* Талай қылмыстылардың сан ауыр ***күнәларын*** ұмытқан (Есенберлин). 2. *діни. Дінге, шариғатқа қайшы іс, теріс әрекет.* Ана дүниеге ***күнә*** арқалап кетесіз (Хұсайынов).

КҮНӘКАР *Күнәсы бар, күнәлы.* Құдайға ***күнәкар*** бола қоймас (С. Омаров).

КҮНӘКАРЛА *Күнәкар ету, айыптау.* Жеңгейді ***күнәкарлады*** (Ж. Молдағалиев).

КҮНӘКАРЛЫҚ *Күнәкар болушылық, айыптылық.* Бұлай деуі ~.

КҮНӘЛА *Айып тағу, жазғыру.* Оны ~саң орнымен.

КҮНӘЛІ *Күнәсі бар, айыпты.* ~ болатын жайым жоқ.

КҮНӘМШЫЛ *Кінә таққыш, секемшіл, шүбәшіл.* Шүбәшілсің, ***күнәмшылсың*** (М. Әлімбаев).

КҮНӘСІЗДАН-КҮНӘСІЗ *Нақақтан-нақақ, текке.* ~ қаза тапқан.

КҮНӘСІЗДІК *Күнәсіз болушылық, айыпсыздық.*

КҮНБАҒЫС *бот.* 1. *Ірі жапырақты, сары гүлді, дәні майлы биік өсетін дақыл.* 2. *Осы өсімдіктің дәні, шекілдеуік.*

КҮНБАЛЫҚ *зоол. Сирек кездесетін сыртты жылтыр, үлкен теңіз балығы.*

КҮНБАТЫС *Жердің төрт тарабының шығысқа қарама-қарсы жағы, батыс.* ***Күнбатысқа*** қарап намаз оқып жатқан (Бегалин).

КҮНБЕ-КҮН *Күн сайын, күнде, күніге.* ***Күнбе-күн*** сөйлесіп жүрген жоқ па (Ә. Сәрсенбаев).

КҮНБЕ-КҮНГІ *Күн сайынғы, әр күнгі жұмыс, қам, хабар.*

КҮНБЕ-КҮНДІК *Әр күндік, күнделікті.* ~ тіршілік.

КҮНГЕЙ 1. *Күн жақ, күн көзі көбірек түсетін жақ.* Төбешіктің ***күнгей*** бетінде жерден қазылған 5–6 үй бар (Тұрсынбаев). 2. *Оңтүстік тарап, күн сәулесі мол түсетін алқап.* ***Күнгей*** елден ауып келген ордалы жылан бар (Досанов).

КҮНГЕЙЛЕ 1. *Күнгейге шығу, шуақтау.* Арық қойларды ~тіп өріске шығарған. 2. *Күн сәулесін қалқалау, көлегейлеу.* Қолын көзіне ~ді.

КҮНГЕЙЛЕУ *Күнгейге, оңтүстікке таман.* Найман мен керейдің қалқаны ***күнгейлеу*** жатыр (Есенберлин).

КҮНГЕЙЛІ *Күн сәулесі мол түсетін, шуақты.* Отау іші қызыл-жасыл гүлге толы ***күнгейлі*** қойнау сияқты (Әбілев).

КҮНГІ *Белгілі бір күнге тән, соған қатысты.* Екі-үш ***күнгі*** айқастан соң жеңді (Мағауин).

КҮНДЕ I *Қызғану, көре алмау.* Ақындардың атақ-абыройын ***күндеп***, айтқан сөздерінен ғана қаймығады (Әлімжанов).

КҮНДЕ II *Бір-бір күнмен есептеу, күндемелеу.* Жүкшіні жүгіне қарай жалдап та алады, ***күндеп*** те салады (Жансүгіров).

КҮНДЕ III 1. *Күн сайын, күніге.* Бақшаға ***күнде*** барып қайтады (F. Мүсірепов). 2. *Етістіктермен тіркесіп, жағдайда, өзінде деген мағына үстемелейді.* Келген ~, жіберген ~.

КҮНДЕБАУ *көне. Екі рулы ел арасындағы татулықты нығайту үшін берілетін қыз.*

КҮНДЕГІ *Күн сайынғы, әдеттегі.* ~ әдеті, (тартыс, әрекет).

КҮНДЕГІЛІК *жерг. Кіндіктің төменгі жағына орнатқан көлденең ағаш; ұя ағаш.*

КҮНДЕЙ *Күн сияқты.* ~ қуатты (нұрлы, жауар). ◊ **Күндей балқып, майдай еріді** — *ұнамды қылық, жақсы мінез таныттты.*

КҮНДЕ-КҮНДЕ *Күн сайын, күн құрғатпай.* ~ келіп тұрды.

КҮНДЕЛЕ *Мінезі шәлкес биенің мойнына жіп салып сауу.* ***Күнделеп*** бие сауған (І. Жансүгіров).

КҮНДЕЛЕТ *Араға күн салмау, күн құрғатпау.* Оның себебіне ***күнделетіп*** үңіле бермеген (Жангелдин).

КҮНДЕЛІК 1. *Жеке адамның белгілі бір мекеме ісін үзбей жазып отыратын дәптері.* 2. *Оқушының сабақ кестесін, үй тапсырмасын жазатын, алған бағасын қондыратын дәптері.* ***Күнделігім*** бетінде кілең бестік (Сауытбеков).

КҮНДЕЛІКТІ *Күн сайынғы, әр күнгі.* Әкешешелерімен ***күнделікті*** байланыс жасасын (С. Омаров).

КҮНДЕМЕ *Бір күнге арналған, жеке күндерге бөлінген.* Алғаш кезде ***күндеме*** жұмыста жүрдік (Бекенов).

КҮНДЕМЕЛЕ *Бір-бір күнде, күн сайын ету.* Бір айда ***күндемелеп*** ақша тапқан (Төкежанов).

КҮНДЕС 1. *Бір еркектің бір-біріне өш, бақас әйелінің бірі.* ***Күндес*** шешенің баласы да күндес ("Соц. Қаз."). 2. *Ауыс. Бақталас, бәсекелес, күншіл.* ***Күндес*** байдың көшірі де ***күндес*** (Жансүгіров).

КҮНДЕСТІК *Бақталастық, күндес болушылық.* Үлкен әйел -гін жасайды.

КҮНДЕУШІЛІК *Бақталастық, көре алмаушылық, күншілдік.* Бұл — бос -.

КҮНДІЗ *Түнге қарама-қарсы күн жарығындағы тәуліктің жартысы.* Жұмахандікіне ***күндіз*** түстене келді (М. Әуезов). ◊ **Күндіз баласы** — *ертеден қара кешке дейін, күні бойы.* **Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмеді** — *әбден мазасызданды, әбігерге түсті.*

КҮНДІЗГІ *Күн бар кездегі.* - үзіліс.

КҮНДІЗГІДЕЙ *Күндізгі сияқты жап-жарық.* Жарығы -.

КҮНДІЗДЕТІП *Күндіз жарықта.* Келеді құба жонмен ***күндіздетіп*** (Әлімбаев).

КҮНДІЗ-ТҮНІ *Күндіз де, түнде де, тәулік бойы.* - қарбалас (салпақтады).

КҮНДІК I *этногр. Егде әйелдер кимешектің сыртынан күн тимеу үшін, кейде сәнге сәлде сияқты етіп ораған ақ мата, бас киім.* ***Күндігін*** қоқырайтқан әйелдерінің де бастары әр жерде ағаранДайды (Жансүгіров).

КҮНДІК II *Бір күнге жетерлік, әр күнгі.* Бір қатын өлсе, қырық ***күндік*** ісі қалады (Мақал). ◊ **Күндік жер** — *таңертеңнен кешке дейін жүріп өтер жер.*

КҮНДІКТЕП *Әр күнді есептеп шартпен жұмыс істеу.* Жұмысты ***күндіктеп*** берген соң подрядчик мейлінше қысады (Жансүгіров).

КҮНДІКШІ *кәсіб. Күндіктеп жұмысқа жалданатын адам.*

КҮНЕЛТ *Күн көру, өмір сүру.* Жабайы аңдар өз бетімен ***күнелтеді*** (Кененбаев).

КҮНЕС *Күн сәулесі мол түсетін жер, күн шуақ, күнгей.* Отырам ұзақ ***күнесте*** (Орманов).

КҮНЕСТЕ *Күн көзіне қыздырыну, шуақтау.* Қора сыртына шығып ***күнестеген*** мал (М. Хасенов).

КҮНЕСТЕУ *Шуақтау, күнгейлеу.* Беткейдің - жағы.

КҮНЖАРА *Майлы дақылдардың майын алғаннан кейінгі мал азығы ретінде пайдаланылатын қалдығы.*

КҮНЖІТ *бот. Дәнінен май алынатын ыстық жақта өсетін техникалық дақыл.*

КҮНКӨРІС *Тіршілік, тұрмыс.* Үй екі бөлмелі, ***күнкөріс*** төмен (С. Мұқанов).

КҮНҚАҒАР *Маңдай тұсты күннен қалқалайтын бас киімнің алғы тұсы.*

КҮНҚАЛҚА *Жеке үйлердің алдында, саяжайларда жаңбырдан, күннен қорғануға жапсыра салынған төбесі жабық орын; веранда.* Әңгіме балалар тамақтанатын ***күнқалқаның*** астында өткен (Ә. Тарази).

КҮННЕН-КҮНГЕ *Күн асқан сайын.* Бағы ***күннен-күнге*** көтеріле түсті (І. Есенберлин).

КҮНПАРАҚ *Бір жылдың барлық мезгілі, айы мен аптасы белгілі бір жүйемен көрсетілген анықтама кітапша; отрывной календарь.*

КҮНСІ *Күнге күю, күн өту.* ***Күнсіп*** далада отырмайық (С. Мұқанов).

КҮНСІЗ 1. *Жарқыраған күні жоқ, қараңғы.* - өмір жоқ. 2. *Ауыс. Кедей-кепшік, панасыз.* ***Күнсіздерге*** күн болған (Жамбыл).

КҮНТАЙЫМ *эмоц. Күнім, жаным, шырағым.* -ау, мұның не?

КҮНТАРТҚЫШ *Үлкейткіш әйнек.* ***Күнтартқышын*** Қанатқа бере салды (Б. Соқпақбаев).

КҮН-ТҮН *Күндіз-түні, күні-түні.*

КҮНШАШ *биол. Өсімдік аты.*

КҮНШЕ 1. *Күнге ұқсап, күн тәрізді,* - күркірейді. 2. *Тәулік шамасында.* Бір - ойланайын. ◊ **Күнше бат** (*қарғ.*) — *құрып кет, қарақ батсын.*

КҮНШЫҒАР *Күннің шығу сәтін бейнелейтін өрнек, үлгі.*

КҮНШЫҒЫС *Жердің төрт тарабының күн батысқа қарама-қарсы бағыты, шығыс.*

КҮНШІЛ *Іші тар, қызғаншақ.* Қасірет шеккің келмесе, ***Күншіл*** болма (Мақал).

КҮНШІЛДІК *Күншіл болушылық.* Қызғаншақтық пен ***күншілдік*** етектен талай тартты ғой (Досанов). ◊ **Күншілдік етті** — *күндеді, іш тарлық істеді.*

КҮНШІЛІК *Бір күндік ара қашықтық, күндік.* Одан бері бір ***күншілік*** жер (Домбаев).

КҮНІГЕ *Күн сайын, күн құрғатпай.* Тамақтан артылғанын ***күніге*** сатып тұрады (Шәріпов).

КҮНІМ *эмоц. Баланы, жақсы көрген адамын еркелеткенде айтылатын сөз.* Бара ғой, -.

КҮНІМЕН *Күні бойы, күн ұзағына.* Оңаша үйде ***күнімен*** көшіріп жатты (Әбілев).

КҮНІНДЕ Күн сайын, күн құрғатпай. ***Күнінде*** бір рет келеді ("Лен. жас").

КҮНІНЕ *Әр күні, күнде.* ***Күніне*** бір сағат кешкілікте сабақ беріп тұратын (Әбілев).

КҮНІ-ТҮНІ *Күндіз де, түнде де, күн-түн.* - жүріп отырды, (маза жоқ, -қасында).

КҮҢ *көне. Бас бостандығынан айрылған басыбайлы әйел, малай.* Анаңды ***күң*** қылғысы келді (Мусин).

КҮҢГІР *Күмбірлей шығатын күшті дыбыс, ұн.* - дауыс. - етті. - ұн.

КҮҢГІР-КҮҢГІР *Күмбірлеген даңғырлаған дыбыс, ұн.* ***Күңгір-күңгір*** еткен ескі домбыраның үніне құлақ тігеді (Көшімов).

КҮҢГІРЛЕ 1. *Күмбірлеген күшті дыбыс шығу.* Ол кезде қаралы дыбыстар қайта ***күңгірлейді*** (Мұраталиев). 2. *Сәулетті, әсем.* -ген сәнді сарай.

КҮҢГІРТ 1. *Жарығы аз, бұлыңғыр; бұлдыр.* - сәуле (дала). 2. *Өлсіз, көмескі.* Даусы ертеден көмескі, ***күңгірт*** шығатын (Ғ. Мұстафин). 3. *Белгісіз, жұмбақ.* Ақыры немен тынары ***күңгірт***

(Қ. Жармағамбетов). ◊ **Күңгірт тартты** — *қарауытты, көмескіленді.*

КҮҢГІРТТЕ 1. *Бұлыңғыр тарту, көмескілену.* Көк жиек ***күңгірттеніп*** түр (Көбеев). 2. *Түсініксіз ету, жұмбақтау.* Көп ***күңгірттемей-ақ*** көңіліндегі күдікті ақтарып салды (Нұржекеев).

КҮҢГІРТТЕУ 1. *Бұлыңғырлау, көмескілеу.* ~ сәуле. 2. *Түсініксіздеу, көмескілеу.* Ойын ~ жеткізді.

КҮҢГІРТТІ *Күңгірт тартқан.* Өмірінің қымбат шағын ~ көлеңкеде өткізуге тиіс (М. Сатыбалдиев).

КҮҢДІК *Күң болушылық.* Құлдық жоқ, ***күңдік*** те жоқ, теңдік бізде (Кәрібаев).

КҮҢК *Қысқа айтылған түсініксіздеу көмескі дыбыс, ун.* ◊ **Күңк етті** — *жақтырмаған пиғылмен сыбырлай сөйледі.*

КҮҢКІЛ 1. *Наразылықты, реніштi білдіретін күбір сөз.* Әйелдер ***күңкіл*** шығара бастады (Ө. Нұрпейісов). 2. *Біреудің сыртынан айтылатын өсекаяң.* Ауыл арасының ***күңкіл*** сөзіне құлақ аспады (Д. Досжанов).

КҮҢКІЛДЕ 1. *Ақырын, естілер-естілмес етіп сөйлеу.* Екі адамның ***күңкілдеген*** әңгімесі естіледі (Қыдырханов). 2. *Реніш білдіріп міңгірлеп сөйлеу.* Шешем анда-санда ***күңкілдейтінді*** шығарды (Боранбаев).

КҮҢКІЛДЕК *Ұсақ сөзді, пәлекөр.* Сырдаң, суайт, ***күңкілдек,*** сөз сөйлейтін күмпілдеп (Бекхожин).

КҮҢКІЛ-СҰҢКІЛ *қарап. Өсек-аяң, күңкіл-шұңкіл.* ~деріне сырттай қанық болатын.

КҮҢКІЛСІЗ *Күбір-сыбырсыз, өсек-аяңсыз.* Күншілдерге ***күңкілсіз*** сәт — көп қайғы (Неталиев).

КҮҢСІ *Жағымсыз иіс шығару, көңірсу.* Арақ пен пияздың ***күңсі*** исі (Сүндетов).

КҮҢСІК *Қоңырсыған, көңірсіген.* Құлағына еміс-еміс күбір, ***күңсік*** сөз келеді (Д. Досжанов).

КҮҢШІЛІК *Күң болушылық, күңдік.* Бұл хатты ***күңшілікке*** айдап әкетілген қыздар жазыпты (Бектемісов).

КҮҢІРЕН 1. *Күйініп зарлану, зар жылау.* Ел ***күңіреніп*** отыр (Н. Ғабдуллин). 2. *Айналаны жаңғырықтыра күшті ун шығару.* Үрейді ала ***күңіренеді*** (Ө. Тәжібаев).

КҮҢІРЕНІС 1. *орт. етіс. Күңірен-іс.* 2. *Қайғы, шер.* Күйзеліс ***күңіреніске*** ауысты (М. Сатыбалдиев).

КҮП I *Суға сүңгіп кеткеннен шығатын дыбыс.* Машина ***күп*** етіп арыққа түсіп кетті (Күмісбаев).

КҮП II *жерг. Сайдың тұйық, ойпаң жеріне іркілген су.*

КҮП III *Күдік, дұдәмал, қобалжу.* Болған соң көкірегінде ***күп*** күшті (Ізтілеуов).

КҮП: күп **болды** — *дұрдиіп ісінді, томпайды.* Беті ***күп*** боп ісіп кеткен (Мәшһүр Жүсіпов).

КҮПЕК *Еркек малдың жыныс мүшесін қаптап тұратын тері.* Шіркей малдың ұмасына, ***күпегіне*** жабысады (С. Омаров).

КҮПИ *Өзінше ісіп-кебу, мардымсу.* Сен неңе ***күпиесің*** (Сейсенбаев).

КҮП-КҮҢГІРТ *Барынша күңгірт, қап-қараңғы.* Төңірек ~.

КҮП-КҮРЕҢ *Қызыл қоңыр, қызыл қошқыл.* ***Күп-күреңжүзі*** қалай суық (Шамкенов).

КҮПКІ *Жүнін қырыққан қойды дәрілеген суға тоғытатын жер.* Қойды ~ге салды.

КҮПСЕК I *Өсік жүнді теріден жасалған төсеніш.*

КҮПСЕК II *Үлпілдек, жұмсақ, бос.* ~ қар, ~ шөп.

КҮПСЕКТЕ *Босату, қопсыту.* Қатты қарды ***күпсектете*** кесек-кесек етіп оя бастады (Мұратбеков).

КҮПСЕР ***көне.*** *Судан өткенде пайдаланылатын үрленген тері торсық.*

КҮПСІ *Ісіп-кебу, күпіну.* Кезінде біраз ~п еді.

КҮПТЕ Бір заттың сыртын ***бірдеңемен қаптау.*** Алтынмен апталған, күміспен ***күптелген*** көненің көздері (Тобағабылов).

КҮПТЕЙ *Быртиған, үлкен, күмпиген.* Сәтте-ақ ***күптей*** боп ісіп шыға келген (Досанов). ◊ **Күптей болды** — *быртиыпісті, торсиды.*

КҮПТЕН 1. *Күмәндану, қобалжу.* Бүркіт енді өзінің ***күптенген*** ойын ортаға салды (Есенберлин). 2. *Күпіну, бөсіп мақтану, масаттану.* Үлкен жұмыс атқардым деп ~ іп еді.

КҮПТІ 1. *Шамадан тыс тойған, кекірік атқан.* Бұл ауылдың итіне дейін ***күпті*** болатын шығар (Т. Нұрмағамбетов). 2. ***Ауыс.*** *Күдікті, күмәнді, дұдамал.* Көңілі ***күпті*** еді (Асылғазин). ◊ **Күпті көңіл** — *күмәнды, күдікті көңіл.*

КҮПТІЛЕУ *Күдіктілеу, дұдәмалдау.* Көңілі ~.

КҮПТІЛІК *Күпті болушылық, күмәнданушылық.* Көңіл ~гі әлі кетпеген.

КҮПШЕК *Арба дөңгелегінің білігін кигізетін, ортасында тесігі бар, шабақтарды қондыратын ортасындағы бөлігі.* Арба ~гі. ◊ **Күпшек сан** — *саны жуан, жұмыр.* Арбаның артқы дөңгелектері ***күпшектей*** бастады (Есенжанов).

КҮПШЕКТЕЙ *Күпшек сияқты, жуан, үлкен.* ~ қаңылтыр (қара домбыра).

КҮПШЕКТЕН *Жуандау, жұмырлану.* Күлтеленіп жалдары, ***күпшектеніп*** сандары (Жароков).

КҮПІ I *Ішіне жабағы салып, сыртын матамен тыстап тіккен қыстық жылы сырт киім.* Түйе жүн шекпен ***күпісін*** шешіп алып жерге төседі (Ақышев).

КҮПІ II *Лепіру, бөсу, мақтану.* Көлеңкесіне сыймай ***күпініп*** жүргенде сиыр тіліндей хат келген (Д. Досжанов).

КҮПІЛ *Бөспе сөз, орынсыз мақтан.* Бос ~.

КҮПІЛДЕ *Лепіру, бөсу.* Әншейінде ***күпілдегені*** болмаса, қояннан қорқақ (Аманшин).

КҮПІЛДЕК *Мақтаншақ, лепірме, бөспе.* Құр ***күпілдек*** көкірек емес пе шетінен (Сматаев).

КҮПІР 1. *Құдайға қарсылық сөз.* Құранға тіл тигізсең, ***күпір*** деймін өзіңді (Жамбыл). 2. ***Ауыс.*** *Артық іс, астамшылық.* ***Күпір*** сөйлеп, көкіме өйдеп (Жүздесу). ◊ **Күпір болды** — *күнәлі, жазықты болды.*

КҮПІРЛІК *Күпірлі болушылық.* ~ке жазбасын (жасама, етпе).

КҮПІРШІЛІК *Күнәға батушылық, күпірлік.* ~ жасама (болмасын).

КҮР ***кәсіби.*** *Теңіз жағасында пайда болатын мұз шоғыры.*

КҮРБЕЛЕКТЕ *Күйбежектеу, тартыншақтау, күйбеңдеу.* Алдымнан айғақ болып шығады-ау деп жүрмесең ***күрбелектеп*** қорқып сұқтан (Жамбыл).

КҮРБИ *Күжірею, күржию, қорбию.* Сыр бермей, сыртын ***күрбитіп,*** мелшиіп алған (Ақбаев).

КҮРБІК ***кәсіби.*** *Қабығы қалың, еті жұқа тәтті қауын.*

КҮРБІН *Күйбежектеу, тартыншақтау, қорыну.* Жас тілеу күдік басып ***күрбінгендей*** (Тоқмағамбетов).

КҮРГЕЙ *Таса, қоршау.* Қамалаған құм ***күргейінен*** құтылдық (Қабанбаев).

КҮРГЕЙЛЕ *Көлегейлеу, тасалау, қоршалау.* Жалғыз терезені ағаш діңі ***күргейлеп*** қараңғылап тұр (Нұрманов).

КҮРДЕ *Асау биені сауарда, теуіп жібермеу үшін артқы аяқтың шашасынан іліп алып, мойнына сап байлап қоятын жіп, арқан.*

КҮРДЕК *жерг. Жас төл мен арық малға арналған қора.*

КҮРДЕК-КҮРДЕК *Топ-топ, шоқ-шоқ.* ~ қызыл изен.

КҮРДЕЛЕН *Қиындау, шиеленісе түсу.* Мәселе ~ді, жұмысы ~ді.

КҮРДЕЛІ *Іргелі, негізгі, маңызды (еңбек, жұмыс, мәселе).* 2. *Ауыс. Қиын, ауыр, қауіпті.* ~ зақым (науқас, тағдыр).

КҮРДЕЛІЛІК *Күрделі болушылық.* Тоғышарлық ***күрделілікті*** сүймейді (Кекілбаев).

КҮРДЕЛІРЕК *Ауырырақ, қиынырақ.* Бұлармен күрес әлде қайда ***күрделірек*** (Оразақов).

КҮРДЕМШЕ *жерг. Некесіз туған бала, шата.*

КҮРЕ I *Негізгі, басты, өзекті.* ~ мәселе (міндет). ◊ **Күре жол** — *үлкен, даңғыл жол.* **Күре тамыр** — *қан жүретін үлкен тамыр.*

КҮРЕ II *Күрекпен бір жерге жинау, ысыру.* Жеңгей аулада қар ***күреп*** жүр (Бердияров). ◊ **Күреп алды** — *молшылыққа белшеден батты.*

КҮРЕК *Ұзындау етіп сапталған, жер қазуға арналған шаруашылық құрал.* Ағаш ~ (темір ~, бел ~, қол ~). **Күрек тіс** — *қасқа тіс, маңдай тіс.*

КҮРЕКТЕ *Күрекпен тазалау, жинау.* Көмірді үнсіз ***күректеп*** жатыр (Мырзағұлов).

КҮРЕКТЕЙ *Күрек сияқты үлкен.* ~ қол (иек, тістері).

КҮРЕҢ 1. *Қызыл қоңыр, қошқылтым түс.* 2. *Ауыс. Жабырқаңқы, тұнжыраңқы.* ~ қабақ. ◊ **Күрең жол** — *кең, даңғыл жол.* **Күрең қабақ болды** — *ренжісті, ұрысты.* **Күрең тартты** — *күреңдене түсті.*

КҮРЕҢДЕУ *Күрең тартқан, солғын күрең түсті.* ~ түсі. ~ жүзі.

КҮРЕҢОТ *бот. Астық тұқымдас өсімдік.* Ну болып өсетін ***күреңот.***

КҮРЕҢСЕ *бот. Саздау жерге шығатын шабындық шөп; иванчай.* ***Күреңсе*** тамаша өсімдік (Б. Мұқанов).

КҮРЕҢІТ *Күрең тарту.* Бетіне қан теуіп, ***күреңітіп*** кетті (Алтынбаев).

КҮРЕС 1. *Палуандардың белдесіп, бір-бірін жығуға тырысуы.* 2. *Белгілі бір мақсатты жүзеге асыру үшін алысу, арпалысу.* Басқыншыларға қарсы ***күресіңдер*** (Қайсенов). 3. *Ауыс. Аңдысу, таласу, тартысу.* Өмір мен өлім ***күресті*** (Лекеров).

КҮРЕСКЕР 1. *Күреске түсуші, күресші балуан.* Елден келген ***күрескер*** ақ қайың ала келгендей (Өмірбеков). 2. *Халық мүддесін қорғау жолында тынымсыз еңбектеніп әрекет жасаушы қайраткер.* Сөкен — қажымас ~.

КҮРЕСКЕРЛІК *Күрескер болушылық.* Еліміздің ~гін жырға қостық.

КҮРЕСШІ *Күрескер, күрес жүргізуші.* ~ ақын, белсенді ~, жігерлі ~, ~ азамат.

КҮРЕСІН *Бір жерге үйіліп қалған қоқыр-соқыр.* Бейбіт ***күресін*** төгілген шағын сайдан өтті (Ахметов).

КҮРЖЕҢДЕ *Қалбалақтау, бұрсеңдеу.* Анадайдан ***күржеңдеп*** асыға басқан күзетшіні көріп қалды (Қабдолов).

КҮРЖИ *Күжірею, қорбию.* Жон арқалары ***күржиіп*** көрінеді (Бақбергенов).

КҮРЖІ *Қоржынның аузындағы ілгек.* Қоржынының ***күржісін*** тарқатып, ішінен құрт пен май алды (Ғ. Ахмедов).

КҮРЖІК *Күржиген, қорбиған.* ~ желке.

КҮРЖІКТЕУ *Күржиіңкіреген, қорбиыңқы.* ***Күржіктеу*** жас жігіт (Есжанов).

КҮРЖІҢДЕ *Күржің-күржің ету, құржыңдау.* Орнынан тұрды да, ***күржіңдеп*** жүре берді (Өтесінов).

КҮРЗІ *көне. Салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар.*

КҮРЗІДЕЙ *Салмақты, ауыр, зілдей.* ~ жұдырық (~ қол).

КҮРКЕ 1. *Шағын баспана, қос.* Биік дөңнің басында орнатқан ***күркесі*** бар (Р. Тоқтаров). 2. *Төл қора.* ~дегі малды далаға шығарыңдар.

КҮРКЕЛЕ 1. *Күркеше етіп жасау.* ***Күркелеген*** көп арбалар — баспана тұрағы (Өзиев). 2. *Ауыс. Қорғалау, тасалау, бұркемелеу.* Баланы ***күркелеп,*** желдің өтінен қалқалады (Н. Ғабдуллин).

КҮРКЕЛІ *Күркесі бар, күрке тіккен.* Қос дөңгелекті ~ арба.

КҮРКЕТАУЫҚ *Мойны мен сирағы ұзындау ұй құсы.*

КҮРКЕШІК *Кішкене күрке.* Қойшының ~гі.

КҮР-КҮР *Күркілдеген, күркіреген дыбыс, гүр-гүр.* ~ етті.

КҮРК-КҮРК *Күрк еткен дыбыстың дүркін-дүркін қайталануы.* ~ жөтеледі (етті).

КҮРКІЛ *Күрк-күрк еткен дыбыс.* Ауру адамның әлсіз ~і сияқты.

КҮРКІЛДЕ 1. *Күрк-күрк жөтелу.* Қария булыға ***күркілдеді*** (Жәкенов). 2. *Тауықтың, кептердің т. б. құстардың ұн қатуы, дыбыс білдіруі.* Жем іздеген кептерлер ***күркілдесіп*** келе қонады (Д. Досжанов). 3. *Күркілдеу, күжілдеу.* Көрі төбеттің ***күркілдеген*** даусы басылып еді (Ақышев).

КҮРКІЛДЕК *Күркілдей беретін, көп жөтелетін.* Дәулеттің ***күркілдек*** тоқсандағы әкесі (Әшірбаев).

КҮРКІР *Күркілдеп жаңғыра шығатын дыбыс, шуыл, гүріл.* Күн ***күркірі*** алыстан талып естіледі (Н. Ғабдуллин).

КҮРКІРЕ 1. *Жаңғыра күрілдеу, гүрсілдеу.* Күн ~п, найзағай жарқылдады. 2. *Ауыс. Асып-тасу, болып-толу.* Кісі елінде ***күркірегенше,*** өз елінде дүркіре (Мақал). ◊ **Күн күркіреді** — *найзағай ойнады, жарқ-жұрқ етті.*

КҮРКІРЕУІК *Тынымсыз күркірей беретін.* ~ аспандай, (дауыс, өзен). 2. *Таулы жердегі аққан судың биіктіктен төмен құлаған сарқырамасы.*

КҮРМЕ 1. *Тез шешіп алатындай етіп ілмектеп байлау.* Қысқа жіп ***күрмеуге*** келмейді (Мақал). 2. *Ауыс. Кедергі жасау, тежеу.* Скважина маңайы аяқты ***күрмейтін*** борпық (Д. Досжанов).

КҮРМЕК *Күріш арасында өсетін арамшөп және соның дәні.* Күріш арқасында ***күрмек*** су ішеді (Мақал).

КҮРМЕКТЕ *Күрмектеп, ілгішектеп.* ~п байлады.

КҮРМЕЛЕ *Күрмек жасап байлау.* Күрде жіптің бір ұшын мойнынан ***күрмелеп*** байлайды (Бөриев).

КҮРМЕУЛІ *Күрмеліп байланған.* Аяғым неге ***күрмеулі*** (Мусин).

КҮРМЕЛІ *Күрмектеліп байланған.* Өмірінің шешілмейтін ***күрмелі*** түйініне айналды (Шашкин).

КҮРМЕУ *қ. атау. Күрме-у.* ◊ **Күрмеуге келмеді** — *келте, қысқа, шолақ.* **Күрмеу салды** — а) *тұзақ салды, күрмеп байлады;* ә) *аяқ байлау, жіпсіз байлады.*

КҮРМЕУЛІ *Күрмеп байланған.* Баудың бір шетінде белбеуімде ~.

КҮРП: күрп етті — *қарқ болды, кенелді.*

КҮРП-КҮРП *Сүт сауғанда, сүтті піскенде шығатын ун.* ~ сауды (пісті).

КҮРПІЛ *Күрп-күрп еткен ун, дыбыс.* Сауылған сүттің ***күрпілі*** тынды (Қабанбаев).

КҮРПІЛДЕ 1. *Мал сауғанда сүттің ыдысқа күрп-күрп етіп құйылуы.* Фермада ***күрпілдейді*** сауылған сүт (F. Орманов). 2. *Қорпылдау, борпылдау.* ***Күрпілдеген*** көн етігін шешіп, пештің жанына тастады (О. Сәрсенбаев).

КҮРПІЛДЕК *Күрп-күрп ете беретін.* Сықырлаған ***күрпілдек*** қалың қар (Мусин).

КҮРС *Салмақты нәрсе құлағанда шығатын дыбыс.* ***Күрс*** етіп құлады (К. Зәкенов).

КҮРС-КҮРС *Бірінен соң бірі құлағанда, қатты жөтелгенде шығатын дыбыс.* ~ құлады (жарылды, жөтелді).

КҮРСІ *көне.* 1. *Орындық, отырғыш.* ~лері көп бояулы. 2. *Тақ, мінбе.* Патшасы алтын ***күрсіде*** отыр еді (Мың бір түн).

КҮРСІЛ *Қатты шығатын дыбыс, гүрсіл, тарсыл.* Атқан мылтықтың ~і естіледі.

КҮРСІЛДЕ 1. *Күрс-күрс ету, тарсылдау.* Әлдекайда ***күрсілдеген*** мылтық даусы шығып жатты (Бақбергенов). 2. *Тымау тигенде қатты жөтелу.* Ол ыңқылдап, ~п түнімен ұйқы бермеді.

КҮРСІН *Сан қилы сезімдерді дем алысы арқылы білдіру.* ***Күрсінер*** де күңіренер (О. Сәрсенбаев).

КҮРСІНІС *Алуан түрлі сезімдерге толы дем алыс.* Бұл ***күрсініс*** жүбайына жайсыз тиді (Алдабергенов).

КҮРТ I *Айыр түйе мен үлектен туған түйе.*

КҮРТ II *Кенет, бірден.* ~ азайды (өсті, өзгерді). 2. *Морт, тез.* Ол Мәкіштің ***күрт*** кететінін жақсы біледі (Домбаев). ◊ **Күрт сынды** — *бірден сынды, опырылды.* **Күрт түсті** — *жүні жығылды, жасыды.*

КҮРТЕ *Арасына мақта салып матадан не былғарыдан тігілген қысқа жылы киім.* Үстінде сырмалы жолақ ~.

КҮРТЕШЕ *Қысқалау, кішірек күрте.*

КҮРТ-КҮРТ *Қатты нәрсені шайнағанда, не бір зат сынғанда шығатын дыбыс.* Арбадан шөп тістеп алып ***күрт-күрт*** шайнап тұр (Ақышев).

КҮРТПАН *Айыр інген мен нар бурадан туылған түйе, қоспақ бура.*

КҮРТІК *Жел үріп әкеп, бір жерге үйіп кеткен, бекіп үлгірмеген қар.* Аты ***күртік*** қарға қара саннан малтығып қалды (Сараев).

КҮРТІКТЕН *Ныгыздалу, қасаттану.* Қар ***күртіктеніп*** сай-сайды бітеп тастаған (Бодықов).

КҮРТІЛДЕ *Күрт-күрт еткен дыбыс шығу, қытырлау.* Қабыршық қар аяқ астында ***күртілдеді*** (Елубаев).

КҮРТІЛДЕК *Күртілдеуге бейім жусан.*

КҮРШЕК 1. *Құмыра тәріздес ыдыс.* 2. *Ілгішек, ілгек.* Есіктің ~гі.

КҮРК I *Жұмыртқа басушы мекиен.* ◊ **Күрк болды** — *мекиен тауықтың жұмыртқа басатын уақыты болды.*

КҮРК II *Сыннан өту үшін айнала тұру; алқ-ақотан шеңбер.* Порымына қарасып алдынан өтті ***күрктен*** ("Қамбар батыр").

КҮРІЛ *Күр-күр еткен дыбыс, гүріл.* Артиллерияның ~і.

КҮРІЛДЕ 1. *Жаңғырықкан күшті дыбыс шығу, күркіреу.* Найзағай ойнап, ***күрілдеген*** ун айналаны жаңғырықтырды ("Қаз. әдеб".). 2. *Дүрілдеу, сарқырау, гүрілдеу.* ~п аққан су, ~ген мотор даусы. 3. *Ақыру, айбат шегу.* ***Күрілдеп*** келген жаудан, күлімдеп келген жау жаман (Өбдіқадыров).

КҮРІЛДЕК *Толассыз, жиі күрілдейтін; жуан дауысты.* ***Күрілдек*** даусымен үйді басына көтере сөйледі (Шаймерденов).

КҮРІЛДЕУІК *Күрілдеп шығатын, күрілдек.* ~ таныс дауыс.

КҮРІШ *Суда өсетін дәнді дақыл және соның сопақша келген дәні.*

КҮРІШТЕЙ *Алпақ таза.* Тісі ~ аппақ.

КҮРІШТІ *Күріші мол, күріш егетін.* ~аудан.

КҮРІШТІК *Күріш егілген алқап, танап.* Шалғайдағы ***күріштікке*** қарай бет алып келеді (О. Сәрсенбаев).

КҮРІШШІ *Күріш өсіруші.* Озат ~.

КҮС I *Адам денесіне сірленіп қатып қалған кір.* ~ табан (қол).

КҮС II *Ысқылап жуу.* Арқасын жөкемен ***күсіп*** жуды ("Қаз. әдеб.").

КҮС III *Безу, тұқылу, жеру.* Пейілі жаман кісіден ***күседі*** (Мақал).

КҮС IV *Киімнің арасына, астарына жүн тарту.* Күпіге жабағы ***күсті*** (Қасиманов).

КҮС-КҮС *Қаптаған, қалың күс.* ~ жұдырық (бет, аяқ).

КҮСТАНА *Кінәсыз, жазықсыз.* Ондай ***күстана*** кесірің Жанәділ емес (Д. Досжанов). ◊ **Күстана қылды** — *орынсыз жазғырды, кінәлады.*

КҮСТАНАЛА *Кінәлау, айыптау, жазғыру.* Мені не деп ***күстаналасаң*** да көтерем (С. Жүнісов).

КҮСТЕМЕ *Тұрып қалған судың бетінде болатын өңез, қойыртпақ.*

КҮСТЕН *Күс басу, кірлену.* ~ген нәзік саусақтары. Қолы ~іп кетті.

КҮСТІ *Күсі бар, күс басқан.* ~ қол (аяқ, алақан).

КҮТ 1. *Біреуді тосу, аялдау, кідіру.* Мені үйден ***күт*** (Есенжанов). 2. *Құрмет көрсету, сыйлау.* Жүрт қонақты ***күту*** жабдығына кірісті (С. Мұқанов). 3. *Бағу, қарау, қаптау.* Техниканы ***күтіп*** ұста (Өрлеу). ◊ **Күтпеген жерден** — *кенеттен аяқ астынан.* **Күтіп алды** — *сый-сияпат жасады, құрметтеді.*

КҮТКІШ 1. *Күтуге бейім, күтуден жалықпайтын.* Өзің ***күткіш*** екенсің ("Қаз. әдеб".) 2. *Үміт артқыш, дәмешіл.* Көмек ~. 3. *Жақсы күтетін, баптағыш, сыйлағыш.* Қонақ ~, үлкенді ~.

КҮТУЛІ 1. *Күту үстінде, тосулы.* Алда алынбаған асулар ***күтулі*** (Найманбаев). 2. *Сайлы, күтімді, күтілген.* Жаңғозы келгенде үйі ***күтулі*** болсын (М. Молдағалиев).

КҮТУСІЗ 1. *Қараусыз, күтімсіз.* Екі баланы ***күтусіз*** тастау обал (Төреханов). 2. *Күтпеген, тоспаған.* Қабылға ***күтусіз*** жерден кездескен (Х. Рахимов).

КҮТУШІ *Күтетін адам, қызметші.* ~ болып істейді (әйел, қонақ).

КҮТУШІЛІК *Күтуші болушылық.* Мектептің ~гіне өзі сұранып келді.

КҮТІМ *Арнайы жасалған бап, жағдай.* Түйе көп ***күтімді*** қажет етпейді (Сүндетов). ◊ **Күтімге алды [күтім жасады]** — *аялап күтті, бағып-қақты.*

КҮТІМДІ *Күтімі бар, күтімі жақсы.* Үйіміз жайлы, шешеміз ***күтімді*** (Бегалин).

КҮТІМДІЛІК *Күтімді болушылық.* Айшаның ~гі бүкіл ауылға мәлім.

КҮТІМСІЗ *Күтімі жоқ, бапсыз.* ~ мал.

КҮТІМСІЗДІК *Күтімсіз болушылық.* Бұлар ***күтімсіздіктен*** қатты бүлінген (Д. Досжанов).

КҮТІМШІЛ *Күтім жасай алатын, бапшыл.* ~ жан, ~ адам.

КҮТІН 1. *өзд. етіс. Күт-ін.* 2. *Қамдану, әзірлену, сайлану. Күтініп* алпыс жігіт жатыр сайда (Байзақов).

КҮТІНУЛІ *Күтініп отырған, дайын, сай.* Дайындалып ***күтінулі*** қызды бір түнде алып кетіп отырды (А. Нұрқанов).

КҮТІҢКІРЕ 1. *Күте тұсу, тоса тұсу.* Достарым ***күтіңкіреп*** қалды (Ыдырысов). 2. *Күтім жасаңқырау, баптаңқырау.* Тамақ жағын кемітпей, өзіңді ***күтіңкіресің*** (Кәкішев).

КҮТІП-БАПТА *Жағдай жасау, қарау, баптау.* Бақшаны ***күтіп-баптаумен*** жүреді (Исабаев).

КҮТІР *Қатты нәрсені шайнағанда, уатқанда, сындырғанда шығатын дыбыс.* ***Күтір*** етіп астындағы мүз жарылғандай (Әбілев).

КҮТІР-КҮТІР *Күтірлеп шығатын дыбыс.* Қантты ***күтір-күтір*** шайнады (Мусин).

КҮТІРЛЕ *Күтір-күтір ету, қатырлау, шытырлау.* Қатып қалған нанды ***күтірлетіп*** жей бастадық (Қ. Омаров).

КҮТІРЛЕК *Күтір-күтір еткіш, қатырлақ.* Басқан қар да ***күтірлек*** (Тоғышев).

КҮТІРЛЕУІК *Күтірлек, күтірлегіш.* ~ қатқан нан.

КҮШ 1. *Әл, шама, қуат, қайрат.* Өкесі Мұңайтпас ***күш*** жағынан өте мықты кісі болыпты (Өзиев). 2. *Бір заттың өзгеге етер физикалық әсері, жұмыс істеу энергиясы.* Жел ~і, дауыс ~і, дәрі ~і, табиғат ~і. 3. *Физикалық денелердің бір-біріне әсер ету энергиясының күш-қуаты, шамасы.* Көтеру ~і, құлау ~і, тартылыс ~і. 4. *Әскер, қол.* Соғыстеңіз ~і, қарулы ~. 5. *Ауыр салмақ қиындық.* ~ түсті, отырып-тұруым ~. ◊ **Күш алды** — а) *әлденді, қуаттанды, күшейді;* ә) *жыққан адамның басынан аттап кетті.* **Күш көлік** — *шаруашылық жұмысына пайдаланатын көлік.* **Күш жиды** — *әлденді, қуаттанды, күшейді.* **Күшке мінді** — *қайраттанды, қаһарланды, күшейді.* **Күш көрсетті** — *қоқан-лоқы жасады, қорқытты.* **Күш салды** — *аянбай еңбектенді.* **Күш сынасты [таластырды]** — *бәсекелесті, жарысты.*

КҮШАЛА *Ыстық жақта өсетін улы дәнді, емдік қасиеті бар өсімдік.*

КҮШЕЙ 1. *Күші арту, нығаю, үдеу.* Қуаты ~ді; жел ~ді, боран ~ді. 2. *Үдей тұсу, қатаю, шиеленісу.* Тартыс ~ді, сын ~ді, сырқаты ~ді.

КҮШЕЙТКІШ 1. *Күшейтетін.* ~ репродуктор, дыбыс ~. 2. *тех. Электр тогын, дыбыстың күшін реттейтін тетік.* Токты ~, гидравликалық ~, ~ құрал, ~ машина.

КҮШЕЙТПЕЛІ *Күшейткіш, үдемелі.* ◊ **Күшейтпелі шырай** *(грамм.)* — *заттың бастапқы сындық қасиетін күшейте тұсетін шырай.*

КҮШЕЙТІҢКІРЕ *Күшейте тұсу.* Даусын ~.

КҮШЕН 1. *Организмге т. б. салмақ салу, ышқыну.* Күні жеткен бала ***күшенбесе*** де туылады (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Тыраштану, әлі келмеске ұмтылу.* Көзге түсем деп көп ***күшене*** берме (Уайдин).

КҮШЕНШЕК *Шамасына қарамайтын тыраш.* ~ ақын.

КҮШ-ЖІГЕР *Бойдағы әл, қайрат, қуат.* Барлық ~ін ғылымға жұмсап отыр.

КҮШТЕ *Күш жұмсау, зорлау, қинау.* Аяқ-қолын ***күштеп*** басып отыруға тура келді (О. Сәрсенбаев).

КҮШТІ 1. *Күші мол, әлді, қуатты.* ~ балуан (жігіт, түйе). 2. *Мықты, өктем, берік.* ~ қорғаныс (сенім, қарауыл). 3. *Өткір, қатты, әсерлі.* ~ иіс (аяз, жел, талап).

КҮШТІЛЕУ *Күші басымдау, мықтылау.* Баймырза маған қарағанда ~.

КҮШТІЛІК *Күшті болушылық.* ~гін көрсетті.

КҮШТІМСІ *Күшті болғансу, мықтысыну.* Еділеңдеп, ***күштімсіп*** тұрған батырың момақан күйге түсті (Ақ бидай).

КҮШТІРЕК *Күші басымырақ, мықтырақ.* Махаббаты жарыңның ажалдан да ***күштірек*** (Аманжолов).

КҮШТІСІН *Күшті болып көріну, мықтысыну.* ~ін бақты, ~уін қара.

КҮШІГЕН *зоол. Бүркіт тұқымдас жыртқыш қара құс.*

КҮШІГЕНДЕЙ *Күшіген сияқты.* Қызыл көрген ~.

КҮШІК *зоол.* 1. *Иттің және ит тұқымдас жыртқыш аңдардың баласы.* Баланың кішісі болғанша, иттің ***күшігі*** бол (Мақал). 2. *Ауыс. Кішкене жас бала.* Үш-төрт ~гіміз бар. 3. *Адамды кемсіткенде айтылатын сөз.* Ой, ***күшік***, неғұшы еді (Найманбаев). ◊ **Күшік күйеу** *(көне.)* — *үйленіп, ата-енесінің қолына кірген күйеу жігіт.*

КҮШІКТЕ *Иттің, тағы басқа жыртқыш аңдардың балалауы.* Қасқырдың ***күшіктеп*** жүрген оңаша мекені бар еді (Елубаев).

КҮШІКТЕЙ 1. *Күшік сияқты.* Жүртта қалған ~. 2. *Күшік кезінен, күшігінен.* ~ асыраған иті.

КІБІРТІК 1. *Баяу қимыл, сылбыр жүріс.* Аяқ басуы да тым ***кібіртік*** (Қанахин). 2. *Мүдіріс, күмілжушілік.* Тілінде бір ***кібіртік*** бар.

КІБІРТІКТЕ 1. *Баяу жүру, еркін қимылдамау.* Тұсаулы аттай ~ді. 2. *Мүдіру, күмілжу.* Нұрғазы ***кібіртіктеп,*** терезеге көз салды (К. Ахметбеков).

КІБІСЕ: кібісе жыл — *365 күнге тең, арабша толық жыл.*

КІДІ *Сәл нәрседен секем алғыш, кілт етпе.* Жігіттің ***кіді*** кеткенінен сырын ұқты (Сматаев).

КІДІКШІЛ *жерг. Көңіліне кіді алғыш, өкпелегіш.* Көңілі жарым адам ***кідікшіл*** болады (Т. Ахтанов).

КІДІЛЕН *Көңіліне кіді алу, кілт ету.* Дүйсен ***кіділене*** сөйледі (С. Омаров).

КІДІЛЕУ *Кілт етпелеу, өкпешілдеу.* ~ адам.

КІДІЛІК *Кіді болушылық.* Мінезінде ~гі жоқ.

КІДІҢДЕ 1. *Аяқты тез-тез басып, жедел жүру.* 2. *Кідің-кідің ету, қожаңдау. Кідіңдеген* бай-болыстардан құлағымыз тыныш болса (Есқараев).

КІДІР *Бөгелу, мүдіру, сәл кешігу.* Сәл ***кідіре*** тұршы (Мыңжасарова).

КІДІРУСІЗ *Тоқтаусыз, дамылсыз.* Тәулік бойы ***кідірусіз*** жер айдады (Д. Досжанов).

КІДІРІҢКІРЕ *Кідіре тұсу, бөгеліңкіреу, тоқтаңқырау. Кідіріңкіреп* барып, есікке бұрылды (Мыңжасарова).

КІДІРІС *Бөгеліс, үзіліс.* Бригада сәл ***кідіріс*** жасаған (Жылқышиев).

КІДІРІССІЗ *Бөгеліссіз, мұдіріссіз.* Аланға еш ***кідіріссіз*** жетті (Салғарин).

КІДІРІСТЕ *Кідіре тұсу, бөгеліңкіреу.* Қыз сәл ***кідірістеді*** (Төреханов).

КІЖІКТЕ *Кіжіңдеу, қожаңдау, қоқақтау.* Николай ***кіжіктей*** түсті (Хангелдин).

КІЖІН *Ызалану, ашулану.* Өзіне-өзі ***кіжініп*** жұдырығын түйді (Жүсіпов).

КІЖІНУЛІ *Ызалы, ашулы.* Іштей оларға ~.

КІЖІНІС *Реніш, ашу, ыза. **Кіжінісіне*** айызым қана түсті (Қабанбаев).

КІЖІҢ *Кірбің, кикілжің.* Мұсаға деген ***кіжіңін*** көрсете жүреді (Жұбанов).

КІЖІҢДЕ *Қоқан-лоқы жасау, кіжіну.* Кабинетіне шақырып алып ***кіжіңдейтін*** болған (Ақтаев).

КІЖІРЕЙ *Күжірею, қыжыраю.* Дәулет желкесін ***кіжірейте*** түсті (Сыланов).

КІЛБИ *Ілбию, кіртию, кілмию.* Өлгі көз тағы ***кілбиіп*** мүләйімси қалды (Нұрманов).

КІЛБИГЕНДЕУ *Жұқа өңді, нәзік сүйекті.* ~ адам.

КІЛЕГЕЙ 1. *Шикі сүттің бетінде пайда болатын майлы қабат.* Шайға құюға ***кілегей*** әзірле (Мырзағұлов). 2. *Өр алуан сұйық заттың бетінде пайда болатын жұқа қабат.* Кескінді ***кілегей*** боп қатқан сарысу секілді (Ж. Молдағалиев). □ **Кілегей қабық** — *ас қорыту мүшелерінің сілекей, сөл шығаратын ішкі қабаты.* ◊ **Кілегей тартты** — *қатыңқырады, қабыршықтанды.*

КІЛЕГЕЙЛЕ *Қабыршықтану, көлегейлеу.* Көзін ақ шел ~ді.

КІЛЕГЕЙЛІ *Сулы, ылғалды.* ~ зат (танау).

КІЛЕМ *Түрлі-түсті жіптерден өрнек сала тоқылып, еденге я қабырғаға пайдаланатын үй жиһазы.* Парсы ~і (жібек, қалы, масаты).

КІЛЕМДЕЙ *Кілем тәрізді, құлпырған, әдемі, әсем.* Жасыл ~, даламыз ~ жайнаған.

КІЛЕМДІ *Кілемі бар, кілем төселген.* Үйдің іші жасаулы, ***кілемді*** екен (М. Әуезов).

КІЛЕМШЕ *Шағын, кішірек кілем. Кілемшеге* жайғасып отырысты (Жағанова).

КІЛЕМШІ *Кілем тоқушы.* ~ қыз-келіншектер; *ұстаз* ~.

КІЛЕҢ I *Ылғи, үнемі, әрқашан.* ~ жастар, ~биік үйлер, ~ бестік баға, ~ көк.

КІЛЕҢ II *көне. Жер асты топырағының сумен араласып, мәңгі қатып жатуы.* Асты ***кілең,*** үсті мұз, күн-түн қатса жібімес (Доспамбет жырау).

КІЛЕТ 1. *Азық-түлік, тағы басқа заттар сақтайтын бөлмеше. Кілеттегі* бар тамақты ортаға алысты (Жансүгіров). 2. *кәсіб. Шахтаға тұсіп-шығуға арналған қорап. **Кілетке*** мініп ап төмен зулап келеміз (Ө. Ахметов).

КІЛЕТШІ *Шахтадағы кілетті бақылаушы жұмысшы.*

КІЛК-КІЛК ЕТТІ — *шыны майдың жүрекке тиюі. Майлы нәрсенің шылқ етуінен пайда болатын дыбыс.* Жүрегім ~ етті.

КІЛКІ *Қалқу, шылқу, жүзу.* Майы ***кілкіген*** сап-сары уыз қымыз (Сматаев).

КІЛКІЛДЕ 1. *Кемеріне жетіп толу, шұпілдеу.* Шелегі сүтке ***кілкілдей*** толды ("Қаз. әдеб"). 2. *Бір нәрсенің бетінде май қалқып жүзу, шылқу.* Майы ***кілкілдеген*** бір аяқ палау (Юсупов). 3. *Лық-лық ету, ірк-ірк ету.* ~ген батпақ, ~п ісінген.

КІЛКІЛДЕК *Кілкілдеп тұратын, кілкіп тұратын.* Жүрек қабында ***кілкілдек*** май клетчаткалары болады (Сыбатаев).

КІЛКІНДЕЙ *Өрімдей, жайсаң.* Жас өрім бір қалыпты ***кілкіндей*** жас (Өбенов).

КІЛМИ *Жүдеп-жадау, кілбию, кіртию.* Көршіге ***кілмие*** қарап біраз отырды (Тұрсынбаев).

КІЛТ I *Құлыпты, есікті, сандықты ашып-жабатын ашқыш.* Есіктің ~і. 2. *Ауыс. Белгілі бір нәрсені бұрап бекіту не босату үшін жұмсалатын құрал. **Кілтпен*** бұрап кіргізу үшін еген, өзек жасаңыз (Тракторист). 3. *Бір нәрсені тұсініп-білудің, іске асырудың тетігі, түйіні.* Басты міндеті — көптің көңілін ашар ***кілтті*** табу (Момышұлы).

КІЛТ II *муз. Нота жолының басында тұрып, нотаның мәнін айқындайтын белгі.*

КІЛТ III *Шұғыл, тез.* ~ тоқтады (бұрылды, өзгерді, үзілді). ◊ **Кілт етпе** — а) *бел, аяқ буындарының ауруы;* ә) *аяқ астынан лезде өкпелегіш.* **Кілт етті** — *өкпеледі, ренжіді.*

КІЛТЕҢ 1. *Түйткіл, қаяу.* Кірбіңі, ***кілтеңі*** аралас мазасыз ой (С. Омаров). 2. *Ауыс. Енсіз, қысқа, тар.* Шудың түйе байламас ну қамысының бір ***кілтеңімен*** өтті (Т. Әлімқұлов).

КІЛТИ *Кілт етпе болу, өкпелеп қылтия қалу. **Кілтие*** қалатыным бар еді (Шүкіров).

КІЛТИМЕ *Кілт етпе, өкпешіл.* ~ мінез.

КІЛТИПАН 1. *Мән-мағына, гәп, сыр.* Сұрағында ~ бар. 2. *Кемістік, ақау.* Бір ***кілтипан*** жалт етіп шыға келді (Оразақов).

КІЛТТЕ *Кілтпен бұрап жабу, құлыптау.* Есікті ***кілттеді*** де, сыртқа шықты (Қаназов).

КІЛТТЕУЛІ *Кілттелген, құлыптанған.* ~ есік (сандық).

КІЛТТЕУСІЗ *Кілттелмеген, ашық.* ~ есік (машина, сандық).

КІЛТШІ 1. *Кілт жасаушы ұста.* 2. *Бірнеше есіктің кілтіне ие адам, күзетші, қоймашы.* Қазына ***кілтшісінің*** әңгімесі есіне түсті (Сапаров).

КІЛТІЛДЕ *Кілт-кілт ету.* Буын-буыны ***кілтілдеп,*** үні шықпай қалды (Дәуренбеков).

КІМ *Адамға қатысты айтылатын сұрау есімдігі.* Оны ***кім*** көріпті (Рашев). ◊ **Кім білсін** — *білмеймін, қайдам.* **Кім де болса** — а) *әркім-ақ;* ә) *кім болса, ол болсын.* **Кім көрінген** — *кез келген, әркім.* **Кімнің тарысы піссе, соның тауығы** — *өзінде еркі жоқ, көрінгеннің жетегінде кетеді.*

КІМДЕ-КІМ *Кез келген біреу. Кімде-кім* менімен жүргісі келсе екі қадам алға бассын (Тоқаев).

КІНӘ *Кемшілік, мін, ағаттық, айып.* ~ менен (өзінде, ~сін түсіндірді). ◊ **Кінә қойды [тақты, қылды]** — *жазғырды, айыптады.* **Кінәсын мойнына алды** — *айыбын мойындады.*

КІНӘЗ *Ақсүйек, кербез, кердең.* Тегінде әкесі табиғатынан ***кінәз*** адам (Мұратбеков).

КІНӘЛА *Мінеу, айыптау, жазғыру.* Кетіп қалды деп ***кінәлап*** отыр (Жылқышиев).

КІНӘЛАҒЫШ *Кінә таққыш, мінегіш, айыптағыш. Кінәлағыш* болсаң, соғысты кінәла (Момышұлы).

КІНӘЛАУШЫ *Кінә тағушы, айыптаушы.* -лар жағы, -ның сөзі.

КІНӘЛЫ *Кінәсі бар, жазықты.* ~ адамдай, ~ емес, ~ болды.

КІНӘМСЫ *Айыпты болу, жазықты болу.* Мұның бетіне күдіктене, *кінәмси* қарады (О. Сәрсенбаев).

КІНӘМШЫЛ *Кінә таққыш, шамшыл.* ~ қыз (ене, көңіл, болма).

КІНӘМШЫЛДАН *Шамдану, ренжу, өкпелеу.* Қасен артына біраз *кінәмшылданып* қарады (М. Әуезов).

КІНӘМШЫЛДЫҚ *Кінәмшыл болушылық мінез.*

КІНӘРАТ 1. *Кемістік, ақау, мін.* Машинаның *кінәратын* тамырдай табады (Т. Нұртазин). 2. *Ауру, сырқат, кесел.* Бауырында қалған *кінәрат* бар (Сералиев). 3. *Қаяу, кірбің.* Араларындағы *кінәрат,* кірбің бұдан ғана емес (С. Байжанов).

КІНӘРАТСЫЗ *Кінәратсыз таза, кінәсіз.* Бәрі де ~.

КІНӘРАТТА *Сөгу, кінәлау, жазғыру.* Жоқтан өзгеге *кінәраттап* қыр көрсетіп қалады (Тоқаев).

КІНӘРАТТАН *Кесел табу, ауруға шалдығу.* Көзі кіртиіп, *кінәраттанған* баладай (Мұртазаев).

КІНӘРАТТЫ *Кінәраты бар, кінәлы.* ~ адам (сөз).

КІНӘРАТШЫЛ 1. *Кінәрат таққыш, кінәмшыл.* ~ адам. 2. *Ауруға шалдыққыш, әлсіз, нәзік.* Жас шағында өте *кінәратшыл* (Иманжанов).

КІНӘСЫЗ *Кінәсі жоқ, айыпсыз.* ~ жан (адам).

КІНӘСЫЗДЫҚ *Кінәсыз болушылық, айыпсыздық.* Өзінің ~ғын айтты.

КІНДІК 1. *Адамның, малдың қарнындағы ішкі дене мүшесімен жалғасатын ішек. Кіндігі* шұбатылып жатқан қызылшақа құлындар (Ғ. Мүсірепов). // *Қарынның орта тұсындағы шұқыр жер, кесілген ішектің орны.* 2. *Ауыс. Орталық, түйін, тірек.* Жер — ырыстың *кіндігі* (Мақал). □ **Кіндігінен жарады** — *бауырын тартып жарады.* **Кіндік ата [әке]** — а) *нәрестенің кіндігін кескен ер адам;* ә) *бір істің бастаушысы.* **Кіндік бала** — *туған кездегі кіндігін кескен бала.* **Кіндік бойы** — *белуарға дейінгі өлшем.* **Кіндік кесер** (*этногр.*) — *нәрестенің кіндігін кескенде берілетін кәде.* **Кіндік кесіп, кір жуған жер** — *туған жер, атамекен.* **Кіндік түс** — *дәл, нақ орта.* **Кіндік темір** — *арбаның, диірменнің т. б. тетігін қосып, жалғастырып тұратын өзек темір.* **Кіндік шеше** — *нәрестенің кіндігін кескен әйел адам.*

КІНДІКСІЗ 1. *Кіндігі жоқ.* 2. *Ауыс. Ұрпақсыз, тұқымсыз.* Дүниеден ~ кетті.

КІНДІКТЕС *Бір анадан туған, туыстас.* Өзінің де *кіндіктестен* тапшы екендігін еске түсірді (Ә. Сәрсенбаев).

КІНДІКТІ 1. *Бірге туған, туыс.* Еркек ~ден жалғыз. 2. *Ауыс. Ұрпақты, өсіп-өнген.* Қан *кіндікті* адамнан шөп кіндікті мал артық болып па (Бектасов).

КІП-КІШКЕНЕ *Тым кішкентай, титімдей.* Түйғындай ~ адам (бөлме).

КІП-КІШКЕНТАЙ *Кіп-кішкене, титімдей.* ~ бала (күрек, құс).

КІР I *Өлшеуіш, таразы.* Санақтағы сиырлар *кірге* түсірілді (Тілеков).

КІР II 1. *Таза емес, былғаныш, лас.* Бір көзін *кір* шүберекпен таңып апты (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Кірлеген, жуылған киім-кешек.* Жуған *кірі* шатырдай (Ә. Тәжібаев). ◊ **Кір басты** — *әбден кірледі, шаң-тозаңға батты.* **Кір боқша** — *кір салатын қалта.* **Кір жуып, кіндік кескен жер** — *атамекен, туған ел.* **Кір жуытпады** — *жаманат келтірмеді, қиятқа қалдырмады.*

КІР III 1. *Ену, келу, бару.* Үйге ~ді, қалаға ~ді, бастыққа ~ді. 2. *Ауыс. Пайда келу, олжа түсу.* Өткен жылы үш жүз мың сом ақша *кіріпті* колхоз кассасына (Б. Тоқтаров). 3. *Белгілі бір нәрсеге тән болу, жету.* Сарысу жазығына өзенге жақын жатқан жерлер де *кіреді* (Исмаилов). ◊ **Кіре беріс** — *үйдің, мекен-жайдың алды.* **Кісі кірсе шыққысыз** — *жиһаз-мүлкі көз тартатын, әдемі.* **Кіруге тесік [саңылау, жер] таппады** — *қиялғаннан не істерін білмеді.*

КІРАПАТ *Көлденең бөгет, ілдәлдәп қолбайлау, тосқауыл.* Көп асқанға бір апат, кесірліге бір *кірапат* (Мақал).

КІРБЕЛЕҢ *Реніш, кейіс, кірбің.* Оның көңіліне *кірбелең* кіргендей болды (Дәулетбаев).

КІРБІҢДЕ *Кірбіңдеу, кіржіңдеу, кібіртіктеу.* Кінәлінің қуанышы да *кірбіңдеп* қалады екен (Ә. Әбішев).

КІРБИ *Кіртию, кірбіңдеу.* Қалжыраған жүзін, *кірбиген* қабағын көрмеске керек (Кекілбаев).

КІРБІК *Жұқа ғана түскен кірбік (қар).* ~ қар.

КІРБІҢ *Реніш, кейіс, қаяу.* Қарттың жүзінде ~ бар.

КІРБІҢДЕ *Күмілжу, кібіртіктеу, міңгірлеу.* Кінәлі пішінмен *кірбіңдеп* отырып баяу сөйлеген (Жағанова).

КІРБІҢДЕУ *Қабағы қатыңқылау, реңжіңкілеу.* Қабағы ~.

КІРБІҢДІК *Кірбің болушылық.* -тен тез айықты.

КІРБІҢСІЗ *Кірбіңі жоқ, ренішсіз. Кірбіңсіз* жүрегінің дүрсілі естіліп тұрғандай (Мәуленов).

КІРБІҢШІЛ *Не болса соған кейігіш, ренжігіш.* Кейістен арылмайтын *кірбіңшіл* қабағы (О. Сәрсенбаев).

КІРГЕН-ШЫҚҚАН *Кіріп, шығып жатқан. Кірген-шыққанның* бәріне тінту басталды (С. Мұқанов).

КІРГІЗУЛІ *Кіргізіп қойылған, кіргізілген.* Отын ~.

КІРГІШТЕ *Қайта-қайта кіре беру.* Мұғалімдер бөлмесіне *кіргіштеп* жүрген (Қанахин).

КІРДЕЙ 1. *Кір сияқты.* Кепкен ~. 2. *Кір күйінде, қалпында.* ~ үстіңе киме.

КІРЕ I *көне. Жалдамалы күш көлігі.* Астығын Семейге *кіремен* жөнелтетін (Мыңжасарова). ◊ **Кіре айдады [тартты, салды]** — *кіремен жүк тасыды.*

КІРЕ II *көне. Жебені садақтың адырнасына салып тартқанда кіргізетін кертік.*

КІРЕ: кіре беріс — *төрге қарама-қарсы есік жақ, табалдырық маңы.*

КІРЕАҚЫ *Кіре жалдап жүк тасығаны үшін төлейтін ақы.*

КІРЕЙ *жерг. Күш көлігін жалдап табатын пайда.* Мал тапсаң *кірей* сал (Айтыс).

КІРЕКЕЙ *Аюдың ұрғашысы. Кірекейді* өлтірме, қонжығы қор болмасын (Мақал).

КІРЕКЕСТЕН *Бәлсіну, кейкию, кекірею.* "Бір күнде мені жарылқай қоймады" деп *кірекестене* берді (Дөнентаев).

КІРЕКЕШ *Кіремен жүк тасушы, жүкші, кіреші.* Араға балық тартып жүрген *кірекештер* (Х. Рахимов).

КІРЕЛЕ 1. *Кіремен жүк тасу, тасымалдау.* 2. *Ауыс. Топтап алу, молынан жинау, құрау, құрастыру.* Асыл бұйымды үйіне ***кірелеп*** жинап жатыр (Әбдіқадыров).

КІРЕҢКЕ *Сүт құю үшін жасалған ұзынша келген қыш құмыра.*

КІРЕСІЛІ-ШЫҒАСЫЛЫ 1. *Есі бір кіріп, бір шыққан.* Қанша жатты, білмейді, есі ***кіресілі-шығасылы*** (Құмарова). 2. *Ауыс. Тұрақсыз, өзгермелі, құбылмалы.* Шұбардың өзі тегінде ***кіресілі-шығасылы*** адам (М. Әуезов).

КІРЕУ *Көңілге түскен қаяу, мұң.* Бұл қайғының кетер ме көкіректегі ***кіреуі*** (Ақберен).

КІРЕУКЕ 1. ***көне.*** *Оқтан, найзадан қорғалу үшін жорыққа киетін темір сауыт.* Бадана көзді ~. 2. *Алтын жіппен тігілген қымбат, сәнді жібек шапан.* Күдеріден бау тағып, ақ ***кіреуке*** киер ме екенбіз (Әлімжанов). 3. *Ауыс. Бұлыңғыр, күңгірт болушылық.* Айнала ***кіреуке*** тарта бастады (Мыңжасарова). ◊ **Кіреуке басты [тартты]** — *күңгірт шалды, бұлыңғыр тартты.* **Кіреуке сауыт** — *болат не темір сымнан шығыршықтап істеп, өріп жасайтын торлы сауыт.* Болаттан өрген ***кіреуке*** сауыт, Екі қабат киеді ("Ақсауыт"). **Кіреуке тон** — *әсемдеп, сәнмен тігілген сырт киім.* **Кіреуке түсірді** — *қылау салды, қаяу түсірді.*

КІРЕУКЕДЕЙ *Кіреуке сияқты, мықты, берік.* Киілмеген ~ тозады.

КІРЕУКЕЛЕ *Бүркемелеу, көлегейлеу, бұлдырау.* Аспанды бұлт ***кіреукелепті*** (Жұбатыров).

КІРЕУКЕЛІ 1. *Кіреуке киген, кіреукесі бар.* ~ жігіт. 2. *Көңілінде кірбіңі бар, кейісті, мұңды.* Көңілі жабыңқы, ***кіреукелі,*** ашылып сөйлемейді (Еркебаев).

КІРЕУКЕЛЕН *Жұқа боп кебіру, кеуіп қалу.* Бет жағы ***кіреукеленіп,*** кебірген қан (Бақбергенов).

КІРЕУКЕСІЗ 1. *Кіреукесі жоқ, кіреуке кимеген.* 2. *Ауыс. Кіршіксіз, таза.* ~ мөлдір аспан.

КІРЕШІ *Кіре тартушы, кірекеш.* ~ боп жүк тасиды.

КІРЕШІЛЕ *Кіреші болып еңбек ету.* Қыс бойы ***кірешілеп*** теңге пұл тапты (Б. Шаханов).

КІРЖАҒАЛ *Кір-қожалақ, сатқалданған.* Көше жиегінде қыстан қалған ***кіржағал*** күртік қар (Серғазиев).

КІРЖИ 1. *Көңілсіз, ренжіген пішін көрсету, тыржию.* Оның іркілмей кеткеніне ренжігендей ***кіржиіп*** сәл тұрды (Сегізбаев). 2. *Кіртию, кірбию.* Тамақ батпай ***кіржиді*** де жүрді (Жойқынбеков).

КІРЖИІҢКІ *Реніштi, көңілсіз, кейіңкі.* Басының сақинасы ұстағандай ***кіржиіңкі*** (Т. Әлімқұлов).

КІРЖУҒЫШ *Кір жуатын машина.*

КІРЖІК *Кіржиген, тыржиған.* Кірпігі арғымақтың ***кіржік*** тартса (Ақберген).

КІРЖІКТЕ *Кіржию, тыржию, кірбию.* Ол ~п қалды.

КІРЖІҢ *Жақтырмаған, жаратпаған нышан, белгі.* ***Кіржің*** етіп ренжіп қалды (Қонарбаев).

КІРЖІҢДЕ *Жақтырмау, тыржыңдау, ренжу.* Күйеуі ***кіржіңдеп*** жақтырмай отыр (Қаназов).

КІРЖІҢ-КІРЖІҢ *Жақтырмай, ренжіп тыңдаушылық.* ~ етті.

КІР-КҮЙЕЛЕШ *Кір-қожалақ.* Қасы-көзі ~, үсті-басы ~.

КІР-КІР *Әбден кірлеген, лас, саталақ.* Үсті-басы ~, бет-аузы ~.

КІР-ҚОЖАЛАҚ *Әбден кірлеген, сатал-сатал.* Бет-аузы ~.

КІР-ҚОҚЫС *Кір-қоқыр, кір-қолаң.* Ешқандай ***кір-қоқыс*** жуытпайды (Серғазиев).

КІР-ҚОЛАҢ *Кір қоқыс, кір-қоң.* ~ исі шығады.

КІР-ҚОЛАҢДАУ *Кірленкіреген, ластау.* Дүниемүлкі де ***кір-қолаңдау*** күңгірт екен (Сланов).

КІР-ҚОҢ *Кірлеген киім-кешек.* Оның ~ын кім жуып береді (Ниязбеков).

КІРЛЕ 1. *Кір болу, ластану, былғану.* Көйлегінің жағасы өмірі ***кірлемейді*** (Р. Тоқтаров). 2. *Ауыс. Даттау, жамандау.* Біреудің жалғыз қарындасын ***кірлеме*** (Ө. Нұрпейісов).

КІРЛЕУ I *Сәл кір болған, кірлей бастаған.* ~ жейде (көйлек).

КІРЛЕУ II *Өрнектеліп болған текеметті, ыстық су құйып, бір нәрсемен орап білектеу.*

КІРЛІ *Ауыс. Айыпты, кінәлі, жазықты.* Сау басын шатастырмас ***кірлі*** іске (Үш ғасыр).

КІРМЕ *Басқа елден, сырт жақтан ауып келіп сіңген адам, келімсек.* ◊ **Кірме жол (кәсіб.)** — *темір жол станцияларындағы жол тарамдары.* **Кірме сөз** — *басқа тілден енген сөз.*

КІРМЕМБЕС *Самсаған, қаптаған, қалың қорыс.* ***Кірмембеске*** кіріспе, басың қалар ішінде (Мақал).

КІРНЕ ***мед.*** *Соқыр ішек бөлшегінің асқынып ауруы.*

КІРПИЯЗ 1. *Талғампаз адам.* Аса ұқыпты ***кірпияз*** кісі болғаны көрініп тұр (Жұмаділов). 2. *Жиіркеншек, секемшіл.* Төсегі мен дастарқанына қарап тыжырынатын ***кірпияз*** (Кекілбаев).

КІРПИЯЗДАН 1. *Кербездену, паңдану.* Маңғаз ғана қас керіп ***кірпияздanып*** тұрған (Сматаев). 2. *Жиіркеншек, секем алғыш болу.* Қуырдақты жемей ***кірпияздanып*** қалғаным оңай тимеді (Омарбеков).

КІРПІ *Терісін тікенек тәрізді тікенек басқан кіші-гірім жәндік.* **Кірпі қабақ** — *тұксиген ашулы кейіп, тұр.* **Кірпі шаш** — *тікірейіп тұратын қайратты шаш.*

КІРПІДЕЙ *Кірпі сияқты.* ◊ **Кірпідей [кірпіше] жиырылды [көрді]** — *жақтырмай тыжырынды.*

КІРПІК *Көз жиегіндегі қылшық.* ***Кірпік*** шаң — тозаңнан көзді қорғайды (Адам анатомиясы). ◊ **Кірпігі айқаспады [қақпады]** — *тұн баласы ұйқы көрмеді, көз ілмеді.* **Кірпігі зорға [рең] қимылдайды** — *әл үстінде, өлім алдында жатыр.* **Кірпігіне мұз қатты** — *ұзақ жол жүргіншіліктен жол азабын тартты.* **Кірпігінен қырау тамған** — *ашулы, қаһарлы.* **Кірпік жұлды** *(этногр.)* — *боталайтын түйелерді мұйізкөк ауруынан сақтау үшін қолданылатын халық емі.* **Кірпік қаққанша** — *көзді ашып-жұмғанша, лезде.* **Кірпік қақтырмады** — *қимылдатпады, тапжылтпады.* **Кірпік санайды** *(этногр.)* — *ескі наным бойынша, айда кемпір бар, ол сиқырлайды, жадылап өлтіреді деген наным.*

КІРПІКШЕЛІ *Кірпікшесі бар, талшықты.* ~ эпителий (құрттар).

КІРПІЛЕН *Тұксию, тікірею, тікенектену.* Басындағы ***кірпіленген*** түк емес (Х. Ерғалиев).

КІРПІШ *Балшықты қалыпқа салып құйған, күйдірген қыш, құрылыс материалы.* ~ құйды (қалады, заводы, үй). ◊ **Кірпіш қалаушы** — *кірпіш қалайтын құрылысшы.* **Кірпіш шай** — *тақта шай, құйма шай.*

КІРПІШЕ *Тікендей өткір ұсақ тұтіктер.* Ол ішек арқылы бауырға өтіп, ***кірпішелерін*** жоғалтады (Уәлиев).

КІРПІШІШ *Кірпіш құюшы, кірпіш даярлаушы.* ~ болып істейді.

КІРСІЗ *Кірі жоқ, таза,* ~ орамал (қол, ыдыс).

КІРСІН *Кір санау, лас деп жирену.*

КІРТ I *Қатты, морт етіп, затты қиғанда, тістегенде шығатын дыбыс.* Бидайықтың сабағын ***кірт*** еткізді (Айымбетов). ◊ **Кірт етті** — *кірт етіп сынды.*

КІРТ I *көне. Қоныс, мекен, тұрақ.* Әл-ғұсман патша жұрты екен, Дін Ісләмнің ***кірті*** екен (Доспамбет жырау).

КІРТИ *Шаршап қажудан көздің кірбиюі.* Көзі ***кіртиіп,*** жүзі солған (Есенжанов).

КІРТИІҢКІ *Қабағы түсіңкі, жүзі жабыңқы.* Қабағы ~.

КІРТ-КІРТ *Кұрт-кұрт, қырт-қырт.* Шеңгелдің түбірін ***кірт-кірт*** кесіп түсе берді (О. Сәрсенбаев).

КІРТІК *Іріңтік-іріңтік, іртік-іртік.* Жұмыртқаның шала піскен ***кіртік*** уызындай (Күмісбаев).

КІРТІЛДЕ *Кірт-кірт ету, қытырлау, күтірлеу.* Рауғашты ***кіртілдете*** шайнады (Тұрлыбаев).

КІРТІЛДЕК *Кірт-кірт еткіш, қыртылдақ.* ~ жұқа нан.

КІРТІҢДЕ *Кірбің-кірбің ету, кірбіңдеу.* Көзі ***кіртіңдеп,*** жұмыла берді (Дәулетбаев).

КІРТІҢ-КІРТІҢ *Кірбің-кірбің, кіржің-кіржің.* Аяғын ~ басты.

КІРХАНА *Кір-қоң жуатын орын.* Қазір бүтін бір ***кірхана*** ашыпты (М. Жұмағұлов).

КІРШ *Қатты нәрсенің кірт етіп кіруінен шығатын дыбыс.* ***Кірш*** етті өткір темір жау шекеге (Мәмбетов).

КІРШЕҢ *Кір көтермейтін, тез кірлегіш, кіршіл.* Кісі киімі ***кіршең*** (Мақал).

КІРШЕҢДЕУ *Онша кір көтермейтін, кірлегіштеу.* Ақ көйлек ~ болады.

КІРШЕҢДІК *Кіршең болушылық.* ~дігінен пайда жоқ.

КІРШ-КІРШ *Кірт-кірт, қарш-қарш, қашыр-құшыр.* Өткір найза тұла бойына ***кірш-кірш*** кірді ("Лен. жас").

КІРШІ I *Кір жуатын ыдыс, шылапшын.*

КІРШІ II *Таразы ұстайтын адам, таразышы.* ~ кірден жейді.

КІРШІК 1. *Кір, дақ.* Жағаларына ***кіршік*** жуытпай жүретін (Зәкенов). 2. *Ауыс. Жамандық, арамдық.* Көңілінде ~ жоқ.

КІРШІКСІЗ 1. *Кір жұқпаған қылаусыз таза.* ***Кіршіксіз*** ақ жейдесінің жеңін түсірді (Есқараев). 2. *Мұнтаздай, мұлтіксіз.* Кітапхананың ~ таза оқу залы. 3. *Шайдай ашық, мөлдір.* ~ аспандай. 4. *Ауыс. Мейлінше адал, таза, ақ.* ~ махаббат (арман, достық).

КІРШІКТЕЙ 1. *Аппақ, тап-таза, мұнтаздай.* ***Кіршіктей*** ғып тазалады станоктың тілдерін (Жароков). 2. *Ауыс. Адал, ақ.* ***Кіршіктей*** таза малымды бере алмаймын (С. Мұқанов).

КІРШІЛ I *Өткір заттың бір нәрсенің денесіне кіргендегі дыбысы.* Найза ~і. ◊ **Кіршіл қақты** — *кірш-кірш етіп кесіп түсті.*

КІРШІЛ II 1. *Тез кірлегіш, кіршең.* Кісі киімі ***кіршіл*** (Мақал). 2. *Кінәмшыл, дықшыл.* ~ көңіл.

КІРШІЛДЕ *Кірш-кірш ету, қыршылдау.* Табаныма ***кіршілдеп*** жантақ, тікен кірді-ай кеп (С. Қалиев).

КІРШІЛДЕК *Кірш-кірш еткіш, қыршылдақ.* ~ тамыр.

КІРШІЛДЕУ *Онша кір көтермейтін, кіршеңдеу.* ~ мата.

КІРІК 1. *Жымдаса бірігу, тұтасып кету.* Жеке тақтайларды жымдастыра ***кіріктірді*** ("Қаз. әдеб".). 2. *Ширау, басылу, тапталу.* ***Кірігіп*** қалған қар (Д. Исабеков). 3. *Сөз тіркесінің фонетикалық өзгеріске түсу арқылы бірігуі.* ~кен түбір.

КІРІККІШ *Жымдаса бірікқіш, тұтасқыш.* Ақшыл тартқан шоғырлар ***кірікқіш*** келеді (Малды туберк. сақта).

КІРІКТІРУШІ 1. *Біріктіруші, жымдастырушы.* Жастар жарастығының да ***кіріктірушісі*** (Дәрігер мерейі). 2. *Темір я бетонды дәнекерлеуші маман.*

КІРІҢКІ *Кіре түскен, батыңқы.* Үш үйдің біреуі баққа ***кіріңкі*** (Тарази).

КІРІПТАР *Тәуелді, бағыныштыы, қиын халге ұшыраған.* Ол қайнысына ***кіріптар*** келіншек Рәбиға (Тарази). ◊ **Кіріптар болды [қылды]** — *тәуелді етті.*

КІРІПТАРЛЫҚ *Кіріптар болушылық.* ~ не істетпейді.

КІРІП-ШЫҚ 1. *Бір кіріп, бір шығу.* ***Кіріп-шығып*** жүргеніңді көріпті (Тоқаев). 2. *Келіп кету, барып қайту.* Туыстарына ~ты.

КІРІС I *Садақтың керме бауы.*

КІРІС II *Ердің қастарының қиысқан түсы.*

КІРІС III *Белгілі бір кәсіптен түсетін ақшалай я заттай табыс, түсім.* Жүн сатудан 13 мың сом ***кіріс*** кірді (Бердіғұлов). ◊ **Кіріс келтірді [кірді]** — *пайда түсірді.*

КІРІС IV *Белгілі бір істі орындауға араласу, жұмылу.* Той қамына ~ті.

КІРІСПЕ *Сөз басы, алғы сөз.* Оқулықта ~ бар.

КІРІС-ШЫҒЫС *Табыс пен шығын; бюджет.* Жылдық ~, ~ журналы.

КІРІШ *Ақ балшық, ақ бор.* Топырағы дымқыл ***кіріш*** (Доспанбетов).

КІРІШТЕЙ *Кіріш сияқты аппақ.* Таза тісі ~.

КІС *зоол. Орман-тоғайда тіршілік ететін тері-сі бағалы аң, бұлғын.*

КІСӘПІР *жерг. Қалтаға түсетін ұры, қалта, кісе кесуші.* ***Кісәпір*** атандым (Бүркітбаев).

КІСЕ *Күміспен, жезбен әшекейлеп істеген пышақ қыны, шақпақ салатын қалташалары бар қайыс белбеу.* ***Кісенді*** буынып, ажарлы болып бар (Бегалин) ◊ **Кісе нан** — *ішіне ет, картоп, капуста т. б. салып пісіретін нан.* **Кісесінен белгілі** — *туысынан, жетесінен әйгілі, анық.* **Кісесінен басты** — *белінен басты, белін үзді.*

КІСІГЕ *көне. Жылқы қарнының майлы бөлегі.*

КІСЕЛЕ *жерг. Қауынды жалпақ етіп тіліп, етін пышақпен торлап керту.*

КІСЕН *Қолға, аяққа салынатын темір бұғау.* Қолына ~ салды.

КІСЕНДЕ *Қол-аяққа бұғау салу, кісен салу.* Аяғын ***кісендеп,*** Керекуге айдатсам (З. Ақышев).

КІСЕНДЕУЛІ *Кісен салынған, тұсалған.* Қол-аяғы ~.

КІСЕНДІ *Кісені бар, кісен салынған қол, аяқ қолы.*

КІСЕУ *жерг. Суық тию салдарынан пайда болатын жөтел.* Болса да құлында *кісеу*, атауда тісеу, Тай-құнан, құнан ертең тай шығады (Т. Жароков).

КІСІ 1. *Адам, пенде, жан.* От басында үш *кісі* отыр (Сланов). 2. *Ауыс. Бөтен біреу, бөгде адам.* Үйленгенше өз ұлың, үйленгенсін *кісі* ұлы (Мақал). 3. *Қонақ, мейман.* Үйге ~ келмек. ◊ **Кісі [жүрт] аяғы басылды** — а) *адамдардың жүріс-тұрысы азайып, тыныштанды; ә) беймезгіл уақыт болды, кешкірді.* **Кісі бетіне қарамады** — *қялды, қысылып-қымтырылды.* **Кісі бойы** — *биіктік, ұзындық, тереңдікті білдіретін халықтық өлшем.* **Кісі болар бала** — *келешегінен үміт күттірер жеткіншек.* **Кісі босағасы [үйі]** — *бөтен адамның үйі, біреудің есігі.* **Кісідегінің кілті аспанда** — *біреуге ісі түскеннің қиындығы көп.* **Кісі есігінде жүрді [өтті]** — *жалшылықта жүрді.* **Кісі жұтып қойғандай** — *сүйкімді, келісті.* **Кісі қолына қарады** — *өз бетімен күн көре алмады.* **Кісі құрлы [ғұрым] көрмеді** — *адам орнына санамады, менсінбеді.* **Кісі қызығарлық** — *назар аударарлық.* **Кісі салды** — *арага елші жұмсады.* **Кісі санатына кірді** — *адам қатарына қосылды.* **Кісі сыртынан тон пішті** — *біреу жайында өзінше пікір айтты, мінеді.* **Кісі тіліне ерді** — *біреудің сөзіне сенді, жетегінде кетті.* **Кісі шақырды** — а) *басқа жақтан кісі келтірді; ә) қонақ шақырды.*

КІСІКИІК *Тағы, жабайы, жатырқағыш.* Осынша *кісікиік* болар ма (Мұқаев).

КІСІКИІКТЕН *Жабайы боп кету, оқшаулану.*

КІСІЛІК 1. *Адамгершілік, азаматтық.* Кедейлігіне қарама, *кісілігіне* қара (Мақал). 2. *Әлдеқандай болған, дандайсыған, кісімсіген мінез.* Кәдімгідей *кісілік* пайда болыпты (Алдабергенов). ◊ **Кісілігі жоқ** — *адамгершіліктен жұрдай.* **Кісілігі ұстады** — *менменсіді, әлдеқандай болды.* **Кісілік жасады [қылды]** — *адамгершілік танытты, азаматтық көрсетті.*

КІСІЛІКТІ *Адамгершілігі мол, нағыз азамат.* Кісіге *кісілікті* кісі керек (Айтыс).

КІСІМСІ *Әлдеқандай боп дандайсу, бәлсіну, адамсу.* Қайдар *кісімсіп* те отырған жоқ (Байжанов).

КІСІМШІЛІК *Кісімсіген, дандайсыған мінез. Кісімшілігі,* көкірегі қалмапты ("Қаз. әдеб.").

КІСІНЕ 1. *Жылқы малының қатты дыбыс шығаруы, оқыранып шұрқырауы.* Жылқы ~ді, құлын ~ді. 2. *Қатты күлу.* Асыл өзгеше ~й күліп қойды.

КІСІСІЗ *Келімді-кетімді кісісі жоқ, қонақсыз.* Бұл үй ~ болмайды.

КІСІШЕ *Кісіге ұқсап, адамша.* Үлкен ~ (жынды, білмеген).

КІТАБИ *Сөйлеу тіліне емес, тек жазбаша тілге қатысты.* ~ сөз (ақын, тіл).

КІТАП 1. *Баспадан түптеліп шығарылған мәдени рухани қазына.* ~ оқыды (сөресі). ◊ **Кітап сөзіндей** — *айтқан ойы, сөзі анық, тиянақты.* **Кітап ұстады** (*діни.*) — а) *Құран оқыды; ә) қолына құран алып ант берді, шынын айтты.*

КІТАПҚҰМАР *Кітапты көп оқитын; кітапты сүйетін.* ~ қауым.

КІТАПХАНА *Көпшілік тұтынуына керекті кітаптар сақталып тұратын үй, мекеме.* Бай ~, үлкен ~.

КІТАПХАНАШЫ *Кітапхана қызметкері.* ~ болып істейді.

КІТАПША *Көлемі шағын, жұқа кітап: брошюра.* Журнал, саяси *кітапшалар* жіберіп жатты (Өбілдаев).

КІТІР *Құрғақ, қатыңқыраған затты кескенде, шайнағанда шығатын дыбыс.* ~ етті.

КІТІРЛЕ *Кітір-кітір ету, қытырлау.* ~ген қияқтар.

КІТІРЛЕК *Кітір-кітір ететін, кітірлейтін.* ~ нан.

КІШКЕНЕ 1. *Үлкен емес, титімдей, кішкентай.* ~ терезе, (бөлме, арал). 2. *Азғантай, шағын, аздап, сәл. Кішкене* ғана көз шырымын алды (Ә. Сәрсенбаев). 3. *Сәби, жас бөпе.* Қолдарында үлкен ұлының *кішкенесі* бар (Сейсенбаев). □ **Кішкене тіл** — *артқы таңдаймен жалғасып жатқан бөпешік.*

КІШКЕНЕМ *этногр. Жеңгесінің кенже қайнысына қоятын аты.*

КІШКЕНТАЙ 1. *Үлкен емес, титтей, құрттай.* ~ бөлме. 2. *Жас, өрімдей, бұлдіршіндей. Кішкентай* кезімде дәмін тартқаным бар (Өмірбеков).

КІШКЕНТАЙЛЫ *Кішкентайы бар, сәбилі, бөпелі.* ~ болды.

КІШ-КІШТЕ *Кіш-кіш деп дыбыс шығару.* Сәбиін тосқан Бағиланың ~ген дыбысы естілді.

КІШТ-КІШТ *Ұсақ малды айдап қайырғанда шығаратын дыбыс.*

КІШТ-КІШТЕ *Кішт-кішт деп дыбыс шығару. Кішт-кішт* деп мал қайырған көрілерше қарайсың (Есенжанов).

КІШМІШ *Кептірген сүйексіз майда жүзім.*

КІШІ 1. *Үлкен емес, шағын.* ~ дене (ұлт, бөлме). 2. *Кенже, соңғы, жас.* ~ ұлы (жеңгесі, ағасы). 3. *Қызмет бабы, лауазымы жағынан төмен.* ~ сержант (ғылыми қызметкер). ◊ **Кіші бесін** —*күн төбеден ауып кешкірген кез.* **Кіші жүз** (*этногр.*) —*Негізінен тайпалық бірлестіктен: Жетіру, Әлімұлы, Байұлы құралған қазақ халқының негізін құрушы тайпалық одақтың бірі.* **Кішіпейіл** —*әдепті, инабатты, сыпайы, ақ көңіл, қарапайым.*

КІШІ-ГІРІМ *Шамалы, орташа, кішіректеу.* ~ төбешік (қаладай).

КІШІК 1. *Кіші.* Өзін *кішік* санады (Сейдімбеков). 2. *Ауыс. Сыпайы, қарапайым.* Ұлық болсаң, *кішік* бол (Мақал).

КІШІЛЕУ *Кішірек, шағындау, шамалылау.* ~ төсек (бөлме).

КІШІЛІК 1. *Кіші болушылық, шағындық.* Екіүш жастай *кішілігі* бар (Қайырбеков). 2. *Ауыс. Сыпайылық, қарапайымдылық, ізгілік, ізеттілік. Кішілігі* мол азаматқа жарасты мінез (Айнабаев). ◊ **Кішілік қылды [етті]** — *ізеттілік көрсетті.*

КІШІМСІ *Кіші болғансу, кішірейгенсу.* Перизатқа *кішімсіне,* мүсіркей қарайды (Тарази).

КІШІРЕЙ 1. *Кішкентай болу, шегу, азаю.* Атам неге *кішірейіп* кеткен (Р. Тоқтаров). 2. *Қызмет дәрежесі, лауазымы жағынан төмендеу.* Мәртебесі ~ді, қызметі ~ді. 3. *Ауыс. Өзін төмен ұстау, ибадат қылу, бас ию.* Кешірім сұрап *кішіреюге* батылы жеткен жоқ (Алдабергенов).

КІШІРЕК *Кішілеу, шағындау.* ~ табақ (шелек, бала).

КІШІСІН *Кіші санау.* Бала жігітті *кішісінбей* бірден әңгімеге тартты (Бал дәурен).

Қ

ҚАБА *Қалың, тығыз, қою, қауқиған.* ~ жал, ~ жүнді. ◊ **Қаба сақал** — *қауқиған, қалың сақал.*

ҚАБАҒАН *Қауып алатын, қапқыш.* ~ ит.

ҚАБАҒАТ 1. *Орасан, керемет, қатты; өте, тез.* ~ күйзелді, ~ қорықты. 2. *Ірі, үлкен. мол.* ~ іс, ~ жоспар, ~ өнім.

ҚАБАДАН *кәсіби. Шіліктен, жас талдан тоқылған, балық аулайтын құрал.* Былқылдақ жас тал кесіп, ~ тоқыды.

ҚАБАДАНШЫ *Қабаданмен балық аулаушы.* Атақты ~.

ҚАБАҚ I 1. *Көз аңғалағының үстіңгі жағындағы қас өскен шығыңқы сүйек.* ~ғы түксиген, ~ғын керді. 2. *Ауыс. Адамның көңіл күйі, мінез-құлқы.* Шал жылы ~ көрсетті. ◊ **Қабағы ашылды [жазылды]** — *көңілі көтерілді, жаны жадырады.* **Қабағы жылыды** — *жылы шырай көрсетті, мейірімі түсті.* **Қабағы жібімеді** — *жылы шырай бермеді, көңілденбеді.* **Қабағы келіспеді** — *көңіл-күйі болмады, жабырқады.* **Қабағы кіржиді** — *ұнатпады, жақтырмады.* **Қабағы кірбің тартты [қабағын кірбің шалды]** — *көңіліне қаяу түсті, бір нәрсеге ренжіді.* **Қабағы қатыңқы [жабыңқы, салыңқы, түнеріңкі, түсінкі]** — *көңілі жабырқаңқы, ренжулі.* **Қабағым тартты (ырым)** — *қуанышқа не ренішке жору ретінде айтылады.* **Қабағына [қас-қабағына] қарады** — *көңілін аулады, ренжітпеді.* **Қабағынан қар жауды** — *қаһарына мінді, сұстанды.* **Қабағын аңдыды [бақты]** — *көңіл-күйіне қарай әрекет етті.* **Қабағын [қабақ] ашпады** — *көңілденбеді, тұнерді, тұксиді.* **Қабағында кірбің бар** — *бір нәрсеге ренжулі, көңілсіз.* **Қабағын қарс жапты** — *қатты ашуланды, тұнерді, тұксиді.* **Қабағын [қабақ] түйді** — *ашуланды, ренжіді, жақтырмады.* **Қабағының астымен қарады** — *ұрлана көз тастады.* **Қабағы түсті [салбырады]** — *ренжіді, тұнерді.* **Қабағы тырысты** — *ұнатпады, жақтырмады.* **Қабақ бермеді** — *жылы шырай көрсетпеді.* **Қабақ білдірді** — *сыңай таныттты, аңғартты.* **Қабақ қақты** — *ымдады, белгі берді.* **Қабақ [қабағын] түйді** — *қой деген белгі берді, қорқытты.* **Қабақ [қабағын] шытты [шытысты]** — *бір нәрсеге ренжіді, кейіді.*

ҚАБАҚ II *Жардың, шатқалдың екі жағасындағы биік жер, үсті.* Үй тік жардың ~ғына тігілген.

ҚАБАҚ III 1. *Бақша өсімдігі (асқабақтың қысқартып айтылған түрі).* 2. *Асқабақтың желінбейтін түрінен жасалған ыдыс.*

ҚАБАҚТАЙ *Үлкен, дәу, теңкиген.* Қарны ~.

ҚАБАҚТЫ *Қабақтылау келген, қабағы қалың.* Бүркіт ~ ер. Қалың ~ жігіт.

ҚАБАҚТЫЛАУ *Қабақты келген, қабағы шытыңқы.* ~ кісі.

ҚАБАҚТЫЛЫҚ *Қабағы қалыңдық, қабағы шытыңқылық.* Ер адамға ~ жарасады.

ҚАБАЛАН *Қалың болып біту, тығыз өсу.* Сақал-мұрты ~ып өскен. Егін ~ып біткен.

ҚАБАЛАУ *Қалыңдау, тығыздау.* ~ сақалды.

ҚАБАН 1. *Жабайы шошқа, жалпы үй шошқасының еркегі.* Қамыс іші толған ~. 2. *Ауыс. Аяу дегенді білмейтін, жыртқыш, қорқау.* Хан емессің *қабансың.* (Қамбар батыр). ◊ **Қабан қанжар** — *қанжардың үлкен бір түрі.* **Қабан құлақ** — *әрі қысқа, әрі үлкен құлақ.* **Қабан тұмсық** — *жалпиған үлкен тұмсық.* **Қабан тіс** — *сойдиған ірі, өткір тіс.*

ҚАБАНДЫҚ 1. *Қабанға тән қасиет, жыртқыштық.* Қабан ~ғын істемей қоймас. 2. *Ауыс. Жауыздық, зұлымдық.* Кеңгірбайдың *қабандығы,* парақорлығы жоқ (Тоқпанов).

ҚАБАР 1. *Ісіну, көнтию, дүрдию.* Көнтиіп, *қабарып* кеткен қалың ернін жалай берді (Тілегенов). 2. *Түсі бұзылу, өңі өзгеру, қызару.* Жүзі *қабарып,* қанын ішіне тартып алған (Жақанов). 3. *Ауыс. Ашулану, ызалану; тұнеру.* Өуелбай қабандай *қабарып,* отау үйіне кетті (Тоғысбаев).

ҚАБАРЖЫ *Көңілі қалу, ренжу; налу.* Мұнша неге ~п тұрсың?

ҚАБАТ I 1. *Қат-қат заттың бір қатары, қаты; қатпар.* Атмосфералық ~, көмір ~ы, киіздің ~ы. 2. *Заттың қабатталған жері, арасы, бүктесіні.* Көрпенің ~ы, киіздің ~ы. 3. *Бірнеше қабат.* Біздің пәтер бесінші ~та.

ҚАБАТ II *Рет, дүркін, мәрте; қайта, қайыра.* Екі-үш ~ қол соғылды. Сан ~ келіп-кетті.

ҚАБАТ III *Бірге, қатар, қоса.* Құлақ пен тілден ~ айырылды.

ҚАБАТ-ҚАБАТ *Бірнеше қабат, қалың.* ~ көрпе, ~ киім.

ҚАБАТТА 1. *Бірінің үстіне бірін қаттап салу, қабат-қабат ету.* Көрпені ~п төседі. 2. *Бірінің қатарына бірін қою, қосу, қос-қостау.* Екеуін ~п соқты.

ҚАБАТТАС 1. *Қабатына, тұсына келу, тұру, қатарласу.* Есенбек те қашқан киікпен *қабаттаса* берді (Хангелдин). 2. *Екі-үш оқиға, іс қатқабат келу, жарысу.* Ауру мен жоқшылық *қабаттасып,* құр сүлдері қалды (Соқпақбаев). 3. *Ауыс. Кимелесу, қосамжарласу.* Қоя түрсаңшы *қабаттаспай* (Сматаев).

ҚАБАТТАСТЫҚ *Қабаттасқандық, қос-қабат келгендік.*

ҚАБАТТАСУШЫЛЫҚ *Қабат келгендік, қабаттасқандық.*

ҚАБАТТЫ *Қабаты бар, қабаттап салынған.* Көп ~ үй. Бес ~ үй.

ҚАБЫ *Арасына салынған мақтасы сырғып кетпес үшін көрпенің, шапанның тысы мен астарын қабаттастыра тігу.* Көрпе ~ды.

ҚАБЫҚ *Белгілі бір заттың (ағаштың, жемістің т. б.) сыртқы қабы.* Талдың ~ғы, алманың ~ғы.

ҚАБЫҚТА *Қабығын аршу, сыдыру.* Ағаш ~ ды.

ҚАБЫҚТАЙ *Жұқа, үлбіреген.* ~ жұқа ерін.

ҚАБЫҚТАН *Қабық, қабыршық пайда болу.*

ҚАБЫҚТЫ *Сыртын қабық қаптаған, қабығы бар.* ~ сорт. ~ тұқым.

ҚАБЫҚША *Өте жұқа сыртқы қап.* Клетканы сыртынан мөлдір келген жұқа *қабықша* қаптап тұрады (Ботаника).

ҚАБЫҚШАЛЫ *Қабықшасы бар, сыртын қабықша қаптаған.* ~ клетка.

ҚАБЫЛ *Бір нәрсенің қабылданғандығы, құпталынушылық.* Тілек *қабыл.* Құшып перзент шуа-

ғын (Әбілев). ◊ **Қабыл алды** — *мақұл көрді, келісті.* **Қабыл болсын** — *ниетің, игі тілегің орындалсын.* **Қабыл етті [қылды]** — *мақұлдады, келісті, қолдады.* **Қабыл көрді [көрмеді]** — *мақұл көрді, келісті.*

ҚАБЫЛАН 1. *Жолбарыстан сәл аласалау, теңге шұбар түсті жыртқыш аң.* Бұл жерде ~ көп. 2. *Ауыс. Ер жүрек, батыл адам.* Қайғыға қабақ шытпас ~ еді. ◊ **Қабылан қабақ** — *сұсты, түсі суық.*

ҚАБЫЛАНДАЙ *Айбатты, қайратты.* ~ батырым.

ҚАБЫЛАНДЫҚ 1. *Қабыланға тән қасиет, мінез.* 2. *Ауыс. Ер жүректік, батылдық, өжеттік.*

ҚАБЫЛДА 1. *Бір нәрсені қабыл алу, өткізіп алу.* Мың тонна астық ~ды. 2. *Біреуді мекеменің, ұйымның мүшесі етіп алу.* Жұмысқа ~ды. 3. *Мекеме басшысының қызмет бабында біреумен кабинетінде ресми түрде кездесіп сөйлесуі.* Ол кісі бүгін ~ майды. 4. *Ауыс. Дұрыс көру, мақұлдау, құптау.* Мұны жұртшылық ықыласпен ~ды.

ҚАБЫЛДАҒЫШ I *Қашықтықтан электрмагниттік толқындар арқылы түрлі дыбыстар мен хабарлар қабылдайтын арнаулы аспап.* Ол ~тың құлағын бұрады.

ҚАБЫЛДАҒЫШ II *Тез қабылдайтын; алғыр, зерек.* Балалар тез ~ келеді.

ҚАБЫЛДАУ *Адам миында болатын түсіну, сезіну процесі.* Тәжірибе арқылы тексеріп көру — *қабылдаудың* дұрыстығының бірден бір өлшемі (Жарықбаев). □ **Қабылдау бөлмесі** — *келушілерді қабылдайтын арнайы орын; қабылхана.* **Қабылдау емтиханы** — *оқу орнына түсушілерге жүргізілетін сынақ.* **Қабылдау комиссиясы** — *бір нәрсені қабылдау үшін арнайы құралған адамдар тобы.* **Қабылдау күні** — *лауазымды басшылардың азаматтарды өтініші бойынша белгіленген мерзімде қабылдайтын уақыты.* **Қабылдау пункті** — *белгілі бір затты қабылдап алатын жер.*

ҚАБЫЛДАУШЫ *Бір нәрсені қабылдайтын адам.* Емтихан ~ жауабыма риза болды.

ҚАБЫЛХАНА *Келген кісілерді қабылдайтын бөлме; қабылдау бөлмесі.* Ол ~ға басын сұқты.

ҚАБЫН 1. *Суық тигендіктен немесе микроб түскендіктен белгілі бір дене мүшесінің қызарып ісінуі.* Екі өкпесі бірдей ~ды. 2. *Ауыс. Желігу, желпіну.* Қараспанды су алғандай ылғи *қабынып* жүреді (О. Сәрсенбаев). 3. *Ашу қысу, тұнеру; тұтігу.* Әкпар кенет қап-қара боп *қабына* қалды (Есенберлин).

ҚАБЫНА-СҮРІНЕ *Асып-сасып, асығыс-үсігіс.* ~ кіріп келді.

ҚАБЫНДА 1. *Қаулап өсу, қаптау; көбею, молаю.* Қазоты мен қарға тұяқ *қабындап* көтерілді (С. Мұқанов). 2. *Үдей түсу, күшею, өршу.* ~ған ой (сезім, сағыныш, уайым).

ҚАБЫНУ *Белгілі бір дене мүшесінің ауруға шалдығып ісінуі; асқыну процесі.* Аурулар арасында өкпенің ~ы жиі кездеседі.

ҚАБЫРҒА I 1. *Омыртқа мен төс сүйекті ұштастырып тұратын имектеу келген жіңішке сүйек.* Қара ~, сүбе ~. 2. *Ауыс. Жан-жануарлар қабырғасының екі жақ қапталы.* Таяқ оң ~ның үстінен тиіпті. 3. *Бір нәрсенің оң не сол жақ қанаты.* Жеке атқыштар мына *қабырғадан* ұратын болсын (Көшекбаев). ◊ **Қабырға ағайын** — *алыстау, жанама туыс.* **Қабырғадан қан кешті** — *қырғын соғысқа тап болды.* **Қабырғаңмен кеңес [ақылдас]** — *ақылға сал, ойлан.* **Қабырғасы жабық** — *семіз, қоңды (мал).* **Қабырғасы қайысты** — *қатты қайғырды, уайымдады.* **Қабырғасы қатпаған [қатаймаған]** — *ер жетпеген, әлі жас.* **Қабырғасы қатып, бұғанасы бекіді** — *кемел жасқа толды, келді.* **Қабырғасына [аяздай] батты** — *ауыр соқты, қиын тиді.* **Қабырғасына қол батпайды** — *семіз, жұнттай.* **Қабырғасын жапты** — *жыртығын бүтіндеді, кемін толтырды.* **Қабырғасын қаусатты [күйретті]** — *ауыр тиді, жаңа батты.* **Қабырғасы сөгілді [қақырады]** — *қабырғасы қайысты, жаны ашыды.*

ҚАБЫРҒА II 1. *Үйдің, қораның т. б. құрылыстың тік келген төрт жақтауы.* Ол ~ға сүйене кетті. 2. *Геометриялық фигуралардың жақтаушалары.* Тік бұрышты үшбұрыштың ~лары. □ **Қабырға газеті** — *белгілі бір ұйымның я ұжымның өздері шығарып тұратын газеті.* **Қабырға сағаты** — *қабырғаға іліп қоятын үлкен сағат.* ◊ **Қабырғасын көтерді** — *белгілі бір құрылыстың негізгі қаңқасын қалап бітірді.*

ҚАБЫРҒАЛАП 1. *Қабырғасын жерге төсеп, жантайып.* Ол шалқалап та, *қабырғалап* та жүзді (Әбділдаев). 2. *Көлденеңдеп, қапталдап.* Біз жалғыз аяқ жолмен *қабырғалап* келеміз (Жақыпбайұлы).

ҚАБЫРҒАЛАС I 1. *Қабырғасы ортақ (қатар); қанаттас.* Екеуі *қабырғалас* көрші бөлмелерге орналасқан (Байтанаев). 2. *Ауыс. Жанама, жақын.* Жаңылды әпкесінің күйеуінің *қабырғалас* ағайыны шығарып салды (Сарғасқаев).

ҚАБЫРҒАЛАС II *Жанамалай жүру, қатарласу.* Оңтайлы жас *қабырғаласа* беріп, арбаға қарғып түсті (Ғ. Мүсірепов).

ҚАБЫРҒАЛЫ 1. *Қабырғасы бар.* Бетон ~ дзот. 2. *Ауыс. Әлді, мықты, күшті.* ~ ел (халық, жігіт, мемлекет); ~ ат (жылқы, атан).

ҚАБЫРҒАЛЫҚ 1. *Жан-жануарлардың қабырға тұсы; қаптал.* Сол жақ *қабырғалығынан* қан ағып тұр (Жармағамбетов). 2. *Қабырғаға ілініп қойылатын.* Бір жақта *қабырғалық* үлкен сағат (Мұқанов).

ҚАБЫРШАҚ 1. *Бір нәрсенің бетіне қатқан жұқа қабат.* 2. *Үлудың, теңіз жәндіктерінің сыртындағы қатты қорабы.* Моллюскалардың ~тары кездеседі. 3. *Балық денесін жауып тұратын, бөлек-бөлек жұқа, қатты қабықша.* 4. *Жұқалау болып қатқан.* ~ мұз (қар).

ҚАБЫРШАҚТА *Қабыршағын алу, сындыру.* Бір шортан мен екі қылағайды *қабыршақтап* болды (Қанахин).

ҚАБЫРШАҚТАН *Қабыршақ пайда болу, қабыршақ қату.*

ҚАБЫРШАҚТЫ *Қабыршағы бар, қабыршақ қатқан.* ~ қыртыс (қар).

ҚАБЫРШАҚША *Қабыршақ тәрізді, қабыршақ секілді.* ~ сынды.

ҚАБЫРШӨП *бот. Кішкене жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, тарамданған сабақтары жерге жайыла өсетін, гүлдері ашық жасыл түсті көп жылдық шөп.*

ҚАБЫС 1. *Ыдыс бүйірінің ішке қарай майысуы.* Бүйірі сәл *қабысып,* шынысы шытынаған

(Қазыбеков). 2. *Ауыс. Жан-жануарлардың аштықтан екі бүйірінің ішке кіруі.* Іші **қабысып,** қаншырдай қатып қалған (Жылқышиев). 3. *Екі-үш түрлі нәрсенің бір-бірімен сәйкес келуі; жымдасу.* Рас, керегелері, уықтары біріне-бірі жақсы **қабысады** (Ләмбеков).

ҚАБЫСУ *грамм. Сөз бен сөздің жалғаусыз, қатар тұру арқылы байланысы.*

ҚАБЫСЫҢҚЫ *Аздап қабысқан, ішке қарай ойыстау.*

ҚАБІЛЕТ *Адам бойындағы бір нәрсеге деген бейімділік қасиет, іскерлік.* -і жетпейді.

ҚАБІЛЕТСІЗ *Қабілеті жоқтық, икемсіздік.*

ҚАБІЛЕТСІЗДЕУ *Қабілеті аздау, икемсіздеу.*

ҚАБІЛЕТТІ *Қабілеті мол, іскер.* ~ маман (спортшы).

ҚАБІР *Өлген адамды көму үшін қазылған жер; көр.* ~ басында сөз сөйледі.

ҚАБІРЛЕ *Өлікті қабірге салу, көму.*

ҚАБІРШІ *Қабір қазушы; өлікті жерлеуші, сүйекші.*

ҚАҒАБЕРІС *Қалтарыс, таса.* Бесеуі ~те қалып қойды. ◊ **Қағаберіс қалды** — *елеусіз, ескерусіз қалды.*

ҚАҒАБЕРІСТЕ *Көзден тасада, оңашада.* Онымен ~ кездестік.

ҚАҒАБЕРІСТЕУ *Көзден тасалау, қалтарыстау.*

ҚАҒАЖУ *Сырт, шет; шет қақпай. Қағажу* жүрген сорлыларға сыбаға тиді (Талжанов). ◊ **Қағажу көрді** — *түртпекке түсті.* **Қағажу қалды** — *естен шығарылды, ұмытылды.*

ҚАҒАЖУЛА *Шет қақпайлау, шеттету.* Қазір бұларды да **қағажулаған** жоқ (М. Әуезов)

ҚАҒАЖУЛАУ *Шеттеу, бөлектеу, оқшаулау.*

ҚАҒАЗ 1. *Жазуға, бір нәрсе орауға арналған жұқа зат.* 2. *Ауыс. Қолжазба, газет-журнал, кітап.* Ол алдындағы **қағазға** шұқшия қарайды (Тілегенов). 3. *Ауыс. Белгілі бір мекеменің мөрі басылып, қол қойылған куәлік; құжат.* Қолында бір жапырақ **қағаз** жоқ (Қабдолов). 4. *Қағаздан жасалған, қағаздан істелген.* ~ қалпақ (қапшық). ◊ **Қағазға [қағаз бетіне] түсірді** — *жазып қалдырды, жазды.* **Қағаз кемірген** *(экспр.)* — *үнемі қағазбен жұмыс істеген.* **Қағаз қарады** — *кітап оқыды.* **Қағаз шай** — *қағаз қорапты үкпе шай.*

ҚАҒАЗБАСТЫ *Қағаз жұмысы көп.* ~ қызмет.

ҚАҒАЗБАСТЫЛАУ *Қағазбасты жұмысы көптеу.*

ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚ *Қағазбасты жұмысының көптігі.*

ҚАҒАЗДА 1. *Қағазға түсіріп, тізіп жазу, хаттау.* Малды ортаның меншігі деп **қағаздайық** (Т. Нұртазин). 2. *Акт жасау, актілеу.* — Ойбай, Қарамендіні қазір **қағаздап** жатса керек (Ж. Молдағалиев).

ҚАҒАЗДАЙ 1. *Қағаз сияқты аппақ.* Ақ жүзі **қағаздай** боп кеткен (Райымқұлов). 2. *Қағаз тәрізді жұқа. Қағаздай* тері астына физиологиялық ертінді шаншылды (Оразақов).

ҚАҒАЗДАС *Бірінің үстінен бірі арыз жазысу, арыздасу.*

ҚАҒАЗ-ҚАЛАМ *Жазу-сызуға арналған керек-жарақ.*

ҚАҒАЗ-ҚАРЫНДАШ *Қағаз бен қарындаш, екеуі де.*

ҚАҒАЗСЫЗ 1. *Қағазға жазып алмай, ауызша.* ~ сөйледі. 2. *Ауыс. Куәлік қағазынсыз, құжатсыз.* Қала мекемелеріне ~ баруға болмайды.

ҚАҒАЗТЕСКІШ *Газет-журналдарды түптегенде, тіккенде қолданылатын аспап.* Құжаттарды ~пен тесіп тікті.

ҚАҒАЗШЫЛ *Не болса соған қағаз (документ) талап ететін, қағазқұмар.*

ҚАҒАЙ *көне. Жат, бөтен.* Бірақ амалы қанша, өгей емес, **қағай** емес — көнеді (Н. Қазыбеков).

ҚАҒА-МАҒА 1. *Қағып-соғып, кимелеп.* Ол ~ ішке кірді. 2. *Үстінің шаңын жолай қағып, қақ-қыштап.* Үстін **қаға-маға** орнынан көтерілді (Мағауин).

ҚАҒАН *көне. Ертедегі түркі қағанаттарының басшыларына берілетін ең үлкен атақ, хандардың ханы.*

ҚАҒАНАҚ 1. *Малдың іште жатқан төлін қоршап тұратын, іші мөлдір суға толы, түссіз жұқа қабық.* 2. *Ауыс. Тез жарылып кететін, әрең тұрған нәрсе.* — Мынауың бас емес, **қағанақ** екен ғой (Райымқұлов). **Қағанағы қарық, сағанағы сарық** — *уайым-қайғысы жоқ, мәз-мейрам.* **Қағанағын қақ жарып шыққан** — *іштен шыққан, өзі туған.* **Қағанағы тарс айырылды [қақ жарылды]** — *қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* **Қағанақ бас** — *құйқасы жұқа, тез жарылатын бас.*

ҚАҒАНАҚТАЙ *Шытырлап тұрған, жұп-жұқа.* Басы ~.

ҚАҒАНАҚША *Қағанақ тәрізді, қағанақ секілді.*

ҚАҒАНАТ *көне. Қаған иелігіне қарайтын жер; саяси бірлестік, мемлекет.* Түркі ~ы.

ҚАҒАНДЫҚ *Қаған болғандық; хандық.*

ҚАҒАР: бір қағары бар — *а) бір рет қағып тастауға жарайтын; ә) бір нәрсеге икемді, епті.*

ҚАҒАС *Шет, аулақ, тыс.* — Балам, пәле-жаладан **қағас** жүрсін (Шаймерденов). ◊ **Қағас қалды [қалдырды]** — *тыс қалды, шеттеді.*

ҚАҒА-СОҒА *Еш нәрсеге қарамай, ентелеп.* ~ кіріп келді.

ҚАҒАСТАУ *Шеттеу, тасалау, оңашалау.*

ҚАҒБА *ар. діни. Мұсылмандар аспаннан түсті, құдай жіберді деп табынатын Мекедегі үлкен қара тас.* **Қағбаға** тауап еткендей, Иіліп сәлем бергенім (Ақберген).

ҚАҒИДА *Әбден қалыптасқан барлық адамдарға ортақ заңдылық, бұлжымайтын тұжырым.*

ҚАҒИДАЛЫ *Белгілі бір қағидаға негізделген, заңдылыққа сүйенілген.* ~ пікір.

ҚАҒИДАЛЫҚ *Қағидаға негізделген, қағидаға тән.* ~ сөз.

ҚАҒУ: қағу көрмеді — а) *бұла болып емін-еркін өсті;* ә) *еш тежеусіз, өз бетімен өсті.*

ҚАҒУСЫЗ *Емін-еркін, тежеусіз.* ~ өскен.

ҚАҒУШЫ *Аң жүретін жерді тінте сүзіп шығушы; айдаушы.*

ҚАҒУШЫЛЫҚ 1. *Аңды айдап берушілік, айдаушылық.* 2. *Бір нәрсені қолмен қаққандық.*

ҚАҒУЫЛДА *Аңды қуып, үркітіп айдау.* Алыстан **қағуылдап** жүрген бір топ аңшылар көрінді (Тұрсынбаев).

ҚАҒЫЛ *Құрғақ, дегдіген (жер).* Қойларды адырдың **қағыл** беткейіне шығарсақ қайтеді? (Көшімов).

ҚАҒЫЛҒАН-СОҒЫЛҒАН *Онан-мұнан шыққан, қашқан-пысқан (адамдар).*

ҚАҒЫЛДАУ *Құрғақтау, аздап дегдіген.* Қараша үй көленке, **қағылдау** (Сералин).

ҚАҒЫЛЫС 1. *орт. етіс. Қағыл-ыс.* 2. *Ығысып орнынан қозғалу, сығылысу.* Тастекеңді көргенде ауылдың үлкен-кішісі **қағылысып** төрден орын ұсынды (Әлсеров).

ҚАҒЫМ: **қас қағымда [қас қағым сәтте]** — *көзді ашып жұмғанша, лезде.*

ҚАҒЫН 1. *Қағынды ауруына ұшырау; ұшыну, асқыну.* "Қатын-балам **қағынып** өлсін" деп қарғанатын да солар (Кекілбаев). 2. *Ауыс. Өз-өзінен біреуге тиісу, ұрыну, соқтығу.* Смағұл бүгін жоқ жерден **қағынып**, айналасын бүйі тигендей қылды (Тілегенов). 3. *Әдеттегіден күшейіп кету, өршу; бұзылу.* Құдайдың қысы да ~ып кетті. ◊ **Қағынып өлгір** — *қағынды келіп, өліп қалғыр.*

ҚАҒЫНҒАН *Қағынып кеткен, есірген, құтырынған (адам).*

ҚАҒЫНҒЫР *Қағынып кеткір (зілсіз қарғыс).* Ол ~ маған да өлең шығарған.

ҚАҒЫНДЫ 1. *Халық түсінігі бойынша ем қонуы қиын, асқынған, ұшынған ауру.* "Баласы екеуі де **қағындыға** шалдығыпты" деген өсек дүр ете қалды (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Қағынып-ұшынып қалған адам; құдай атқан, оңбаған.* — Әй, қағындылар-ай (С. Омаров). ◊ **Қағынды алмайды** — *ештеңесі кетпейді, ешқандай пәле жоқ.* **Қағынды келгір [алғыр, тигір]** — *қағынды болып ауырғыр; жетпегір.* **Қағындысы бар ма?** — *не жыны бар.*

ҚАҒЫНДЫ-СОҒЫНДЫ *Елден шыққан, оңбаған, жарамсыз адамдар.*

ҚАҒЫП-СОҒУ қ. *атау. Қағып-соқ-у.*

ҚАҒЫП-СОҚ *Біреуді соғып кету, қағысып қалу,* Бірін-бірі **қағып-соғып,** жұрт орындарынан түрегелді (Т. Нұрмағамбетов).

ҚАҒЫП-СІЛКІ *Бір нәрсені қағу; сілку; тазарту.* Үсті-басын ~ті.

ҚАҒЫРЛАУ *Тақырлану, тұқ таба алмай сандалып қалу (көбінесе азық-түліктің таусылғанына байланысты айтылады).*

ҚАҒЫС I *Бір нәрсені (домбырасының ішегін, есікті т. б.) қағу, соғу ісі, әдісі.* Күйші ~ынан жаңылар емес.

ҚАҒЫС II *Қаға беріс, қалтарыс.* Дала да көзден **қағыс** бұлдыр қалмаса керекті (Санбаев). ◊ **Қағыс естіді** — *жаңылыс, жаңсақ естілді.* **Қағыс жібермеді** — *қағып алды, қалт жібермеді.* **Қағыс қалды [қалдырмады]** — *назардан тыс қалды, елеусіз қалды.*

ҚАҒЫС III 1. *орт. етіс. Қақ-ыс.* 2. *Ауыс. Сөзге келу, керісу.* Әкесі мен шешесі **қағыса** бастады (Н. Қазыбеков). 3. *Сырғып орын беру, ығысу.* Екі кісі **қағысса,** бір кісіге орын бар (Мақал).

ҚАҒЫСТАУ *Көзден тасалау, шеттеу (жер).* ~ жерге орналастырды.

ҚАҒЫСТЫР 1. *өзг. етіс. Қағыс-тыр.* 2. *Ауыс. Есебін келтіру, ретін табу.* Ананы-мынаны **қағыстырып,** пайда табады (Тілегенов).

ҚАҒЫТ *Сөзбен шалу, кекету-мұқату.*

ҚАҒЫТПА *Қағытқан, кекеткен, әзіл-қалжыңы аралас.* ~ сөз (әзіл).

ҚАҒЫТПАЛА *Қайта-қайта қағыту, сөзбен тиісу.*

ҚАҒІЛЕЗ 1. *Арықша, жұқалтаң, талдырмаш.* ~ азамат. 2. *Жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы шапшаң, тез қимылдайтын.* ~ бала.

ҚАҒІЛЕЗДЕУ 1. *Талдырмаштау, жұқалтаң.* 2. *Ширақтау, ылдым-жылдым.* ~ әйел.

ҚАҒІЛЕЗДІК 1. *Жұқалтаңдық, талдырмаштық.* 2. *Ширақтық, сергектік.* Болат ана екеуіне қарағанда **қағілездігін** танытып, орнынан атып тұрды (Бабақов).

ҚАДА I. *Бір нәрсені ілу, байлау үшін жерге қадалған ұзын ағаш.* Атын ~ға байлады. ◊ **Қада қақты** — *келешек салынар құрылыстың орнына белгі соқты.*

ҚАДА II 1. *Ұзын нәрсені жерге тік тұрғызып қағу, орнату; тігу.* Үйдің төбесіне қызыл ту ~пты. 2. *Ұшты нәрсенің ұшын бір жерге кіргізу, сұғу, шаншу.* Алмас қанжарын дәл жүрек тұсынан **қадады** (Есенберлин). 3. *Бір нәрсені омырауға тағу, ілу.* Омырауына орден (медаль) ~ды. 4. *Киімге түйме тағу.* Үзілген түймелерін ~ды. 5. *Бір нүктеге тесіле қарау, көзін алмау.* Көзін ~ды. ◊ **Қадап айтты** — *нығырлай, тәптіштеп айтты.*

ҚАДАҒАЛА *Белгілі бір істі, нәрсені бақылау, тексеру.*

ҚАДАҒАЛАУШЫ *Бір нәрсені қадағалайтын адам, бақылаушы.*

ҚАДАҚ I *Жарты килограмға жуық (тең) салмақ өлшемі, фунт.* Екі **қадақ** кәмпит әкепті (Гумеров).

ҚАДАҚ II *Суық тигендіктен өкпенің қабынып ауруы.* Құдды бір **қадақ** ауруына ұшыраған адамдай (Райымқұлов).

ҚАДАҚ-ҚҰДАҚ *Әр жерде бір, сирек; қадау-қадау.*

ҚАДАҚТА *Қадақпен өлшеу.* Жаздағы еңбектен пұттап, **қадақтап** қана астық алған болады (Тоқмағанбетов).

ҚАДАҚТАЙ *Қадақ шамасында.* Екі ~ ұн.

ҚАДАЛ 1. *ыр. етіс. Қада-л.* 2. *Бір нәрсені қазбалай сұрау.* Мұның бәрі қашан боп жүр? — деп **қадала** сұрады (Тоқаев). ◊ **Қадалған жерінен қан алды** — *айтқанын істетпей қоймады.*

ҚАДАЛА *Қада қағу, қада орнату.* Жерді ~п белгі салды.

ҚАДАМ 1. *Жүру кезіндегі екі аяқтың аралық қашықтығы, адым.* Ұзыны сексен қадам, көлденеңі елу **қадам** (Сматаев). 2. *Ауыс. Жаңадан басталған іс-әрекет.* Кім біледі, бұл **қадам** былайғы өміріне өзгеріс әкелер (Жақсыбаев). ◊ **Қадам басқан сайын** — *сәт сайын, әр уақыт.* **Қадам басты** — а) *бір жаққа қарай кетті, жүрді, бет алды;* ә) *белгілі бір әрекетке тәуекел етті, бел байлады.* **Қадамын [әр қадамын] аңдыды** — *біреудің әрбір іс-әрекетін, жүрген жүрісін бақты.* **Қадамын ілгері аттатпады** — *ісіне кедергі жасады, аяғынан шалды.* **Қадамыңа гүл бітсін [нұр жаусын]** — *ісің сәтті болсын, бақытқа жет.* **Қадамың құтты [қайырлы, баянды] болсын** — *мақсат-мұратыңа жет.*

ҚАДАМДА *Аяқты кере басып жүру, адымдау.*

ҚАДАМДЫ *Қадамы үлкен; ісі ілгері басқан, өнімді.* Ерке өсірме баланды, Болсын десең **қадамды** (Қ. Әміров).

ҚАДАРИ-ҚАЛІНШЕ *Өз әлінше, шама-шарқынша.* ~ жәрдемдесіп тұрдық.

ҚАДАРЫНША *Шама-шарқынша, мүмкіндігінше.* Әркім ~ сый-сыяпат көрсетті.

ҚАДАУ *Қадалған сырық, тіреу, таяныш.* Солақ екен, қостың бақандай бір **қадауын** ала ұмтылды (Домбаев).

ҚАДАУБАС *Темір тесетін үшкір құрал; қадау.*

ҚАДАУ-ҚАДАУ *Әр жерде бір, сирек.* ~ шамдар.

ҚАДАУЛЫ *Қадалған, қадалып қойылған.* ~ ағаш (қылыш, түйме).

ҚАДЫМ: қадым заман — *өткен дәуір, баяғы заман.*

ҚАДІМ 1. *Революциядан бұрын қазақтар пайдаланған көне араб оқуы мен жазуы.* ~ оқуы (жазуы). 2. *Ауыс. Ежелгі, баяғы, бұрынғы.* ~ заманда (ғасырларда).

ҚАДІМШЕ *Көне арабша, ескіше.* ~ оқыды.

ҚАДІМШІЛ *Қадім оқуын жақтайтын (адам).* ~ болатын.

ҚАДІР *Жақсы қасиет, бедел, сый, құрмет.* ~і жоқ, ~ін түсінді (білді). ◊ **Қадір түні** *(діни.)* — *ораза айының соңғы тұндеріне сай келетін қасиетті тұн.* **Қадір түніндей күтті** — *қадір тұнін ұйықтамай өткізеді.* **Қадір тұтты** — *қадірледі, қастерледі, құрметтеді.* **Қадірі артты [асты]** — *абырой-атағы, беделі өсті.* **Қадірі кетті [түсті]** — *абыройдан айрылды, беделі қалмады.* **Қадірі қалмады** — *қадір-қасиетінен айрылды, құны тұсті.* **Қадірі қашты** — *қадірі кетті, сый-құрметтен айырылды.* **Қадіріне жетті [жетпеді]** — *қастерледі, қадірледі.* **Қадірі өтті** — *зарын тартты, құнын білді.*

ҚАДІР-ҚАСИЕТ *Сый-құрмет, абырой-атақ.* Туған жердің ~і бөлек қой.

ҚАДІРЛЕ *Қадір тұту, қастерлеу.* Ата-ананы ~йміз.

ҚАДІРЛЕС 1. *Қадірлейтін, сыйлас.* ~ замандасым. ~ абысын-ажын. 2. *Жора-жолдас, қатар-құрбы, дос-жаран.* Ең ардақты ~імнің бірі.

ҚАДІРЛІ 1. *Құрметті, сыйлы, беделді (адам).* ~ қонақ (іні). 2. *Қасиетті, құнды, бағалы (зат).* ~ бұйым (мүлік).

ҚАДІРЛІЛІК *Сыйлылық, құрметтілік, бағалылық.* Оның ~гі халықты сүюшілігінде.

ҚАДІРЛІРЕК *Сыйлырақ, құрметтірек; құндырақ.*

ҚАДІРМЕНДІ *Қадірлі, сыйлы, құрметті.* ~ ақсақал (қарт).

ҚАДІРМЕНДІЛІК *Қадірлілік, сыйлылық, құрметтілік.* Оған еңбек адамына деген ~ тән.

ҚАДІРСІЗ *Қадір-қасиеті жоқ; құрметсіз.* ~ болмады.

ҚАДІРСІЗДЕН *Қадір-қасиетінен айырылу, сыйы кету.*

ҚАДІРСІЗДІК *Қадір-қасиеті жоқтық.* ~тен жаман нәрсе жоқ.

ҚАЖА 1. *Қатты заттың ұйкеп, теріні сыпырып кетуі.* Тақымын үзеңгібау ~ды. 2. *Бір нәрсенің қабығын сындыру; мұжу, кеміру.* Ешкілер алма ағашын ~п тастапты. 3. *Ауыс. Біреудің жанына тие сөйлеу.*

ҚАЖАҚ-ҚҰЖАҚ: қажақ-құжақ етті — *қажақтады, талғажау жасады.*

ҚАЖАҚТА 1. *Мардымсыз бір нәрсені қажалау, кеміру, талғажау ету.* Қатқан құртты ~й берді. 2. *Ауыс. Көп сөйлеп, қажыту, мыжу, мазалау.* Мені ғана ~й берме.

ҚАЖАЛА *Қайта-қайта қажай беру, көп қажау.* Қу қамысты ~йды.

ҚАЖАС 1. *орт. етіс. Қажа-с.* 2. *Айтысу, сөз таластыру.* Олар біраз ~ып алды.

ҚАЖЕТ *Керек, мұқтаж, ділгір, зәру.* Ол бізге ~. Халық ~іне жарады. ◊ **Қажет деп тапты [санады]** — *керек деп білді.* **Қажет етті** — *керексінді, мұқтажсынды.* **Қажетке [қажетіне] жарады [асты]** — *керекке жұмсалды, пайдаға асты.* **Қажеті жоқ** — *керек емес.* **Қажеті қанша [не]** — *керегі шамалы, қажеті жоқ.* **Қажеті шамалы** — *зәрулігі жоқ, керек емес.*

ҚАЖЕТСІН *Қажет ету, керексіну.* Үздіксіз ізденісті ~еді.

ҚАЖЕТТІ *Қажеті бар, керекті.* ~ зат. ~ мәлімет.

ҚАЖЕТТІЛІК *Керектілік, мұқтаждылық.* Бұлар белгілі бір ~ тен туады.

ҚАЖЕТТІРЕК *Қажеті молдау, керегірек.*

ҚАЖЕТІНШЕ *Қанша қажет болса, сонша, керегінше.* Дәрі-дәрмекті ~ беріп тұр.

ҚАЖУШЫЛЫҚ *Қажығандық, шаршағандық, шалдыққандық.*

ҚАЖЫ I 1. *діни. Құдайға құлшылық етіп, қажы атану үшін Мекеге бару ісі.* Қартайған шағында ~ға барған деседі. 2. *Мекеге барып, құдайға құлшылық етіп келген кісі.* Атасы Тоқсанбай ~ның қойын бақты.

ҚАЖЫ II *Шаршау, шалдығу, қалжырау.* Өкең де ~п жүр.

ҚАЖЫҒАНДЫҚ *Қажушылық, шаршап-шалдыққандық.*

ҚАЖЫЛЫҚ *Қажы болушылық, қажы атанушылық.* Бақаңның ~ынан гөрі байлығы басым. ◊ **Қажылық құрды** — *қажылық етті, қажы болды.*

ҚАЖЫМАЙ-ТАЛМАЙ *Шаршамай, шалдықпай.* ~ қызметтерін атқарып жүр.

ҚАЖЫМАС *Қайтпас, қайсар; шаршамас.* ~ күрескер, ~ қайрат.

ҚАЖЫМАСТЫҚ *Шаршамастық, шалдықпастық.*

ҚАЖЫП-ТАЛ *Шаршап-шалдығу, қажу, болдыру.* ~ып әрең жетті.

ҚАЖЫР *Қайрат, күш, жігер.* Қайтпас ~ың болсын.

ҚАЖЫР-ҚАЙРАТ *Күш-қуат, жігер.* ~ы жетеді.

ҚАЖЫР-ҚУАТ *Әл-қуат, қайрат-жігер.* ~ы мол.

ҚАЖЫРЛАН *Қайраттану, жігерлену.*

ҚАЖЫРЛЫ 1. *Күш-қуаты мол, қайратты.* ~ азамат, ~ әйел. 2. *Қажымас, қайтпас; табанды, жігерлі.* ~ еңбек.

ҚАЖЫРЛЫЛЫҚ: қажырлылық көрсетті — *күш-қуаты молдық, қайраттылық.*

ҚАЖЫРСЫЗ *Қайратсыз, жігерсіз.* ~ адам.

ҚАЖЫРСЫЗДЫҚ *Қажыр-қайраты жоқтық, жігерсіздік.*

ҚАЗ I *Суда жақсы жүзетін, мойны ұзын, табаны жалпақ құс.* ◊ **Қаз бауыр** — *үйдек-түйдек,* қатпар-қатпар (бұлт). **Қаз мойын** — *иіліп келген әдемі мойын.* **Қаз омырау** — *кеудесі шығыңқы; омырауы көтеріңкі.*

ҚАЗ II 1. *Жерді күрекпен, кетпенмен ою, шұқырлау.* Ағаштың түбін ~ды. Окоп ~ды. 2. *Ін жасау үшін жерді аяғымен тырмалап ұңғу, қуыстау.* Түлкі ін ~ып алды. 3. *Ауыс. Өткенді тәптіштеп айту, қазбалау.* Аз-кем кемшілік болды, оның несін ~амыз.

ҚАЗ: қаз басты — а) *жас сәби қаз тұрып, аяғын апыл-тапыл басты, енді ғана жүре бастады;* ә) *бір нәрсенің жаңадан қатарға қосылуы, енді ғана қалыптаса бастауы.* **Қаз тұрды** — а) *сәби алғаш рет өз аяғымен тұрды;* ә) *бір нәрсе жаңадан ғана пайда болды, енді ғана қалыптаса бастады.*

ҚАЗ: **қаз қалпы** — *ешбір өзгеріссіз, сол күйі.* **Қаз қалпында** — *ешқандай өзгеріссіз, сол күйінде.* **Қаз қалпынша** — *сол күйінше, еш өзгеріссіз.*

ҚАЗА I 1. *Өлім-жітім, ажал.* Кенеттен келген ~. Тірлік бар жерде ~ бар. 2. *Ауыс. діни. Намаздың уақтысымен өтелмей қалуы.* Намазы ~ болды. ◊ **Қаза болды [тапты]** — *өлді, қайтыс болды.* **Қазаға ұшырады** — *қайтыс болды, өлді.* **Қаза жетті** — *ажал келді, өлді.* **Қаза қылмады [жібермеді]** — *намазын уақытылы оқып отырды, парызын өтеуді ұмытпады.* **Қазаның арты қайырлы болсын (тілек)** — *артының қайырын берсін.* **Қаза тапты** — *өлді, қайтыс болды.*

ҚАЗА II *кәсіб. Балық аулау үшін нар қамыстан, талдан қошқар мүйіздендіре кең ғып тоқылған тор көзді қоршау.* **Қазадағы балық** қазандағы балық (Мақал).

ҚАЗАҚ *Қазақстан Республикасының негізі тұрғын халқы.* ◊ **Қазақ әліпбиі [алфавиті]** — *қазақ тіліне тән дыбыстарды таңбалауға арналған әріптердің рет-ретімен тізілген жиынтығы.* **Қазақ арба** — *жайдақ, үлкен арба.* **Қазақ әдебиеті** — *қазақ халқының әдеби қазынасы.* **Қазақ ері** — *екі қасы да иіліп келген жайлы ер.* **Қазақ тілі** — *қазақ халқының ұлттық тілі.* **Қазақ үй** — *киіз үй.*

ҚАЗАҚБАЙ *экспр. Қазаққа тән қарапайым қасиет.* ~ тірлік.

ҚАЗАҚБАЙЛАУ *Қарапайымдау, жұпындылау.* Киімдері ~.

ҚАЗАҚБАЙШЫЛА *Қазаққа тән мінез, қылық көрсету.* ~п әйелін "қатын-әй" деп шақырды.

ҚАЗАҚБАЙШЫЛЫҚ *Қазаққа тән қасиет, ерекшелік.* Оның ~ғы жоқ.

ҚАЗАҚСТАН *Қазақстан Республикасы, қазақ жері, қазақ елі.* ~ жері, ~ астығы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ 1. *Қазақстанға тән, Қазақстанда тұратын.* ~ азамат, ~ жастар. 2. *Қазақстан тұрғыны, Қазақстан азаматы.* ~тар аз болған жоқ. ~ тарға сәлем.

ҚАЗАҚСЫН *Қазақ деп білу, қазақ деп санау.* ~ып отыр.

ҚАЗАҚТЫҚ 1. *Қазаққа тән, қазаққа қатысты.* ~ өнер (салт). 2. *Қазаққа тән қасиет, қазақ болғандық.* ~ымыз қайсы.

ҚАЗАҚУАР *Қазақ өмірімен, тіршілігімен таныс, оның тілін, әдет-ғұрпын жақсы білетін (басқа ұлт өкілі).* ~ ояз (неміс).

ҚАЗАҚША 1. *Қазақ тілінде.* ~ сөйледі. ~ға аударды. 2. *Қазақ құсап, қазақ тәрізді.* ~ малдас құрды. ~ тамақ жасады. ◊ **Қазақшаға судай** — *қазақ тілін жақсы біледі.* **Қазақша күрес** — *белбеуден ұстап, аяқтан шалып күресетін ұлттық ойын.*

ҚАЗАҚШАЛА 1. *Қазақша айту, қазақ тілінде сөйлеу.* Атым Серік, деді ол ~п. 2. *Қазақ тіліне аудару, тәржімелеу.* Ол орыс мәтелін ~ды.

ҚАЗАҚШАЛАП *Қазақ тәрізді; қазақ дәстүрімен.* ~ көрісті.

ҚАЗАҚШЫЛЫҚ 1. *Қазаққа тән әдет-ғұрып, қалыптасқан дәстүр.* ~ қа бармады, ~ жолмен. 2. *Ауыс. Қазақтың тұрмыс-тіршілікке ғана тән ақ ниет, аңғал мінезі.* — Әй, *қазақшылық-ай.* ~ығынды қой.

ҚАЗАҚЫ 1. *Қазақ үлгісі бойынша істелген.* ~ бесік (киім, дастарқан). 2. *Ауыс. Қазақтық қасиеттері мол; қарапайым (кісі).* ~ әйел (адам). ◊ **Қазақы бөрік** — *қазақ үлгісімен тігілген бөрік.* **Қазақ ер** — *ердің қазақ халқына тән үлгісі.* **Қазақы етік** — *қонышы ұзын былғары етік; саптама етік.* **Қазақы жылқы** — *жылқының қазақ жеріне бейімделген түрі.* **Қазақы қой** — *Қазақстан табиғатына бейім, қылшық жүнді, құйрықты қой.*

ҚАЗАҚЫЛАН *Қазақ арасында өсіп, оның әдет-ғұрпын, салтын, дәстүрін игеру.* ~ып кеткен қалмақтар.

ҚАЗАҚЫЛАУ *Қазақтық қасиеті молдау, ескілікті, қарапайым.* ~ кісі.

ҚАЗАҚЫЛЫҚ *Қазаққа тән қасиет, мінез; қарапайымдылық, кеңдік.* ~ ұмытылды.

ҚАЗАЛЫ *Кісісі өлген, өлімді-жітімді.* ~ үй (ауыл). ◊ **Қазалы болды** — *өлімге душар болды, қазаға кездесті.*

ҚАЗАН I 1. *Тамақ пісіруге арналған үлкен шойын ыдыс.* ~ толы ет. 2. *метал. Кен қорытатын үлкен шойын ыдыс; багранка.* Бұл ~ сағатына 40 тонна шойын қорытады. 3. *кәсіби. Судың балық көп жүретін, қыста қатпайтын, терең жері.* Әдетте ~ға балықтар үйір келеді. ◊ **Қазан асты** — *тамақ жасады, ет салды.* **Қазан бас** — *басы қазандай үлкен (кісі).* **Қазан көтерді** — *тамақ әзірлеуге кірісті, қазан асты.* **Қазан құйрық** — *құйрығы қазандай, үлкен (қой).* **Қазаны басқа** — *өз алдына бөлек үй, жеке отбасы.* **Қазаны майланды** — *қазанына семіз ет асты.* **Қазаны оттан түспейді** — *бір тамақтан кейін бір тамақ пісіріп үнемі ас әзірлейді.* **Қазан аузынан бөлісті [бөліп ішті]** — *бар тапқанын ортаға салды.* **Қазан бұзарлық** — *содырлық, сотқарлық, тентектік.* **Қазан құлағын [түтқасын] ұстады** — *билікке қолы жетті.* **Қазанның түп күйесіндей** — *қап-қара, тіптен қара.* **Қазан үстінен күн көрді** — *біреудің еңбегі есебінен күнелтті.*

ҚАЗАН II 1. *Күздің екінші айы; октябрь.* 2. *Ауыс. Ескінің жойылып, жаңаның жаңғыруы, өзгеру кезеңі.* Елу жылда ел жаңа, жүз жылда — *қазан* (Мақал). ◊ **Қазан соқты** — *аяз ұрды, суық шалды.* **Қазан ұрды** — *қазанның қара суығы ұрып, көк біткенді солдырды.* **Қазан болды** — *бақшадағы қауын-қарбыз таусылды, бітті.*

ҚАЗАНАҚ *бот. Сабағы тік, сарғылт түсті ірі гүлі бар, улы өсімдік.* ~ мамыр, маусым айларында гүлдейді.

ҚАЗАНАМА *Біреудің қайтыс болғандығы туралы хабар; некролог.*

ҚАЗАНАСПА *Қазан асатын ошақ; қазандық.* Алма ~ға от жақты.

ҚАЗАНАТ *Ұзақ жолға шыдамды, мықты ат, қазақ жылқысының байырғы бір тұқымы.* Арғымақтан туған ~ .

ҚАЗАН-АЯҚ *Ыдыс атаулы; аяқ-табақ, шынышәйнек т. б.* ~та жұмысың болмасын. ◊ **Қазан-аяғы бір** — *бір үйден тамақ ішетін, тату-тәтті (көрші).*

ҚАЗАНДАЙ *Үлкен, дәу.* Сәлдесі ~. Басы ~.

ҚАЗАНДАЙЫН *поэт. Қазандай.*

ҚАЗАНДАП *Қазан-қазан етіп; көптеп, молдап.* ~ ет асты.

ҚАЗАНДОП *Жерден бірнеше шұңқыр қазып, олардың үстінен доп домалатып ойнайтын балалар ойыны.* ~ ойнадық.

ҚАЗАНДЫҚ 1. *Ас үй, кухня.* Бұл есік ~қа апарды. 2. *Қазан асатын ошақ; қазанаспа.* ~қа от жақты.

ҚАЗАНЖАППА *Қазанға шаптап пісіретін нан.* ~ пісірді.

ҚАЗАН-ҚАЗАН *Бірнеше қазан; көп, мол.* ~ сүт пісірді.

ҚАЗАНҚАП *этногр. Көшкенде басқа заттарды күйелемес үшін қазанды салып қоятын қап.* ~ киізден тігіледі.

ҚАЗАН-ОШАҚ *Тамақ пісіруге қажетті ыдыс-аяқтың жалпы атауы.* Кемпірі ~ маңында жүр.

ҚАЗАНПЕШ *Үй жылытатын, тамақ пісіретін дөңгелек темір пеш.* ~ тің артында жатыр.

ҚАЗАНТОЙ *Әйелдер босанар алдында берілетін ырымтамақ.* Сасқалақтап жүріп, ~ беруді де ұмытпады.

ҚАЗАНТОЛМАС *анат. Адамның кеудесі мен қарнының түйіскен жеріндегі ойыс жері, жүрек түсы.* Қолы ~қа дәл тиді.

ҚАЗАНША *Қазанға құсас кішкене ыдыс.*

ҚАЗАНШҰҢҚЫР *геогр. Жер бедерінің ойыс келген жері.*

ҚАЗАНШЫ 1. *Шойыннан қазан құятын (жасайтын) маман. Қазаншының* еркі бар, қайдан құлақ шығарса (Мақал). 2. *Қоста қалып тамақ әзірлейтін адам.* Әр қоста ~ бар. ◊ **Қазаншы бала** *(кәсіб.) — балықшыларға тамақ пісіретін бала.*

ҚАЗАУЫЗ *техн. Шөп машинасының шалғысы ары-бері сырғып түру үшін жасалған, арасы қуыс тістер.* Шөп машинасының ~ы сынып қалды.

ҚАЗБА I *Археологиялық мақсаттағы жер қыртысын қазу, тексеру жұмыстары.* Бұлар ~дан табылған заттар. **Қазба байлық** *— жер қойнауынан қазылып алынған кең руда, әр түрлі металл.*

ҚАЗБА II *Қазбалап көп сөйлейтін, мыжыма.* ~ адам (шал).

ҚАЗБАЛА 1. *Бір нәрсені қайта-қайта сұрау немесе айту; қазымырлану.* Жұрт ~п қоймады. 2. *Бір нәрсеге жан-жақты тоқталу, тәптіштеу.* Оның бәрін ~п қайтесің.

ҚАЗБАЛЫ *Қазылып алынған (алынатын).* ~ байлық.

ҚАЗҒЫЛА 1. *Әр жерді бір қазу, қайта-қайта қазу.* Әр жерді ~п, әуре болды. 2. *Ауыс. Қазбалап сұрау; шүйілу, қадалу.* Ар жағын ~ған жоқ.

ҚАЗҒЫШ *Жер қаза білетін.* ~ машина (адам).

ҚАЗДАЙ *Қаз сияқты, қаз тәрізді.* Адасқан ~ жалғыз қалды. ◊ **Қаздай тізілді** *— қаз-қатар түрды, сап түзеді.*

ҚАЗДАҢ: қаздаң қақты [басты] *— аяғын тік ұстап, тез-тез жүрді.*

ҚАЗДАҢДА *Қаздаң-қаздаң етіп, тез-тез жүру.* Ол ~й басып, шалының қасына келді.

ҚАЗДАҢ-ҚАЗДАҢ: қаздаң-қаздаң басты [етті] *— аяғын тез-тез басып жүрді.*

ҚАЗДИ 1. *Қаққан қазықтай тікесінен тік түру немесе тік отыру.* Ердің үстінде ~ып отыр. 2. *Бір орнынан тапжылмау, қақию.* Түні бойы ~ып отырғаның.

ҚАЗЕКЕ *"Қазақ" сөзінің құрметпен айтылуы.* ~м не демейді.

ҚАЗЖУА *бот. Гүлі майда, сары түсті көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ҚАЗИ *діни. Шариғат заңдылықтарының сақталуын қадағалайтын дін адамы; дін басы.*

ҚАЗИНЕК *кәсіби. Шығырдың кегейіне айнала бекітілген қысқа ағаштар.*

ҚАЗКӨЗ *Ірілігі қаздың көзіндей бытыра.*

ҚАЗ-ҚАЗ *Жаңадан жүре бастаған сәбиге айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Қаз-қаз басты** *— а) аяғын апыл-тапыл басып, жаңадан жүре бастады; ә) жаңа ғана ұйымдасты, жұмысты енді-енді ғана бастады.* **Қаз-қаз тұрды** *— а) аяғын әнтек-әнтек жаңадан басты, енді-енді жүре бастады; ә) жаңа құралды, қалыпқа енді ғана келе бастады.*

ҚАЗ-ҚАТАР *Қатар-қатар, бірінен кейін бірі.* ~ түрды (тізілді).

ҚАЗМОЙЫН I *Торсықтың мойны ұзындау келген түрі. Қазмойынды* толтыра қымыз құйып берді.

ҚАЗМОЙЫН II *Өсем, ұзын мойын.* ~ арғымақ.

ҚАЗОТЫ *бот. Өзен бойында, арық жағаларында ұйыса тығыз өсетін, аласа әрі майда шөп.*

ҚАЗТАБАН I *бот. Гүлдері сары, көп жылдық дәрілік шөп.*

ҚАЗТАБАН II *Қаздың табанына ұқсас ою-өрнек.*

ҚАЗТАБАН III *техн. Егістік жерді культивациялауға арналған үш тағанды қайырмасыз соқа.*

ҚАЗТАБАНДЫ I *Қазтабан өсімдігі өскен, қазтабаны мол.*

ҚАЗТАБАНДЫ II *Қазтабан соқасы тіркелген, қазтабан соқасы бар.* ~ трактор (культиватор).

ҚАЗТАМАҚ *Көп жылдық не бір жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚАЗТАҢДАЙ I *бот. Шалғынды жерлерде өсетін шөп.*

ҚАЗТАҢДАЙ II *техн. Шөп машинасының шалғысы астындағы таңдайша; қазауызға бекітілген жұқа темір.*

ҚАЗУАР *зоол. Ірі су құсы.*

ҚАЗУЛЫ *Қазылып қойылған, қазылған.* ~ ор (құдық).

ҚАЗША *Қаз тәрізді, қаз сияқты.* Мойын ~ созды. ◊ **Қазша қаңқылдады** *— шу-шу етті; у-шу болды.* **Қазша таранды** *— асықпай-саспай байыппен таранды, әдеміленді.* **Қазша тізілді** *— бірінің артынан бірі жүрді, тізбектелді.*

ҚАЗЫ I 1. *Жылқының төстіктен төменгі майлы еті.* Соғымның ~сы екі елі шықты. 2. *Жылқының майлы қабырғасын етегімен қосып тіліп алып, оны тұздап, бұрыштап, ішекке тығып жасаған ұлттық тағам.* Қос ~. ◊ **Қазы байлады** *— семірді, май бітті.*

ҚАЗЫ II 1. *көне. Жүгініске келгендерге төрелік айтатын әкім.* ~ға алып барды. 2. *Ауыс. Билік айтушы, төреші.* Бұл іске ~ болған халық. 3. *Жаңа. Спорт ойындарындағы төреші, судья; арбитр.* ~лар тобы жеңісті Қазақстандық спортшыға берді. ◊ **Қазыға жүгінді** *— қазы алдына барып, арыз айтты.*

ҚАЗЫ III *діни. Ар-ождан жолында күресуші, газы.*

ҚАЗЫҚ 1. *Бір нәрсені байлауға арналған үшкір, кішірек келген жұмыр ағаш я темір.* ~ қақты, ~қа байлады. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің негізгі сүйеніші, тірегі.* Отбасы ~ғы — әке. ◊ **Қазық аяқ** *— тіптік, түп-түзу аяқ.* **Қазық бас** *— басы қақиып қалған.* **Қазық бас ер** *— алдыңғы қасы (басы) қақиған, сүйір бас ер.* **Қазығына қара айналды** *— мал бітті, жаңа бастады.*

ҚАЗЫ-ҚАРТА 1. *Қазы мен қарта, екеуінің жалпы атауы.* ~ сын алдына тартты. 2. *Ауыс. Дәмді, құнарлы тамақ.* Жегені ~.

ҚАЗЫҚБАУ *Қазақша жіп байлаудың бір әдісі, орай байлау.* Байлаудың күрмеу, ~ ілмек, шие деген түрлері бар. ◊ **Қазықбау шалды** — *жіпті, арқанды, т. б. қазықбау әдісімен байлады.*

ҚАЗЫҚБАУЛА *Қазықбау әдісімен байлау, қазықбау шалу.* Желінің екі басын ~ды.

ҚАЗЫҚТА *Қазық қағу, қазықпен бекіту.* ~п арқанмен бастырды.

ҚАЗЫҚТАЙ 1. *Қазық сияқты, қазық тәрізді.* ~ қатып қалды. 2. *Ауыс. Түп-түзу, тіп-тік, қақиған.* ~ аяқ (дене).

ҚАЗЫҚТАУЛЫ *Қазыққа байланған.* ~ түйе (қайық).

ҚАЗЫҚҰРТ *бот. Сабағы тік, өзі ақшыл не сұр біржылдық шөп.*

ҚАЗЫҚША I *Кішкене қазық.* ~ға байланған.

ҚАЗЫҚША II *Қазық тәрізді, қазық сияқты.* Жерге ~ кірді.

ҚАЗЫЛЫ *Қазы байлаған, семіз; қазысы мол.* ~ жылқы.

ҚАЗЫЛЫҚ I 1. *Жылқы етінің қазы айналдыруға жарамды бөлігі.* ~ғы жоқ. 2. *Қазы боларлық, қазы шығарлық.* ~ май (ет).

ҚАЗЫЛЫҚ II 1. *Қазы міндетін атқарушылдық.* ~пен күн көрді. 2. *Билік, төрелік.* Әділ ~ болмады. 3. *Төреші болушылық.* Ерғалидың ~ғы жұртқа ұнады. ◊ **Қазылық етті [жасады]** — *билік айтты, төрелік жасады.*

ҚАЗЫМЫР *Көп сөйлейтін, мазасыз,* ~ шал (кемпір).

ҚАЗЫМЫРЛА *Қазбалап көп сөйлеу, мазалау.* ~п қай-қайдағыны айтты. ~п сұрады.

ҚАЗЫМЫРЛАУ *Аздап қазымыр, мазасыздау.* ~ шал.

ҚАЗЫМЫРЛЫҚ *Қазбалап көп сөйлеушілік.* ~ғына шыдамады.

ҚАЗЫНА I 1. *Түрлі бағалы заттар, дүние-мүлік; материалдық байлық.* Алтын сандық ішінен асыл ~лар шықты. 2. *Жер қойнауындағы қазба байлық; кен, руда.* Жер қойнауындағы бай ~ны халық игілігіне жаратуда. 3. *Ауыс. Асыл мұра, мәдени-әдеби ескерткіш; рухани байлық.* Шәкәрімнің асыл ~ сы басылып шықты.

ҚАЗЫНА II *Мемлекет, өкімет, қоғам. Қазынаның* малы. Үйді ~дан алды.

ҚАЗЫНАЛЫ *Қазынасы мол, қазынаға бай.* ~ шаһар, ~ Қаратау.

ҚАЗЫНАЛЫҚ *Мемлекет қарамағындағы, өкіметке қарасты; қоғамдық.* ~ үй (пәтер).

ҚАЗЫНА-МҮЛІК *Асыл зат, дүние-мүлік, жиһаз.* ~ сенікі емес, халықтікі.

ҚАЗЫНАШЫ *Мекеменің, ұйымның ақшасын, бағалы затын сақтайтын, күтетін адам; қазына ұстаушы.*

ҚАЗЫНДЫ *Қазылған, қазылып тасталған.* ~ жер (топырақ).

ҚАЗІР 1. *Осы шақ, осы кез.* ~ әкесі осында жүр. 2. *Тез; жылдам, дереу.* ~ келемін (барамын).

ҚАЗІРГЕ *Осыған дейін, әзірше.* ~ жағдайымыз жақсы.

ҚАЗІРГІ *Осы күнгі, ендігі.* ~ уақыт (күн). ◊ Қазіргі таңда — *осы кезде, бүгінде.*

ҚАЗІРЕТ *Имамнан кейінгі жоғары дін басы.* Бұл — Құлтай ~тің үйі.

ҚАЗІРШЕ *Әзірше, уақытша.* ~ бір бөлмелі пәтер жетпей ме?

ҚАЙ *Сұрау есімдігі.* Түннің ~ шамасы? ◊ **Қай білгені?** — *не қылғаны, не істегені.* **Қай заман** — *талай уақыт өтті.* **Қай теңі** — *ұйлесетін нәрсе емес.* **Қай уақыт [уақ]** — *қай кез, қай заман.*

ҚАЙБАТ *Сырттан айтылған өсек сөз, ғайбат.* ~ айтпаймын.

ҚАЙБІР *Қаншалықты, нендей бір.* ~ оңып тұр дейсің.

ҚАЙБІРДЕ *Кейде, оқта-текте.* ~ ол да келіп кеткен.

ҚАЙБІРЕУ *Кейбіреу, қайсыбіреу.* ~ тұзақ салады.

ҚАЙҒЫ 1. *Қасірет, күйік, шер.* ~ға батты. 2. *Уайым, мұң.* Біреуге бас ~, біреуге мал ~. ◊ **Қайғы жеді [тартты]** — *мұңға батты, уайымдады.* **Қайғымен қан жұтты** — *қатты қайғырды, уайымдады.* **Қайғы шекті** — *күйік-шерге батты.*

ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТ *Уайым, мұң, шер.* ~ті басынан көп кешірді.

ҚАЙҒЫЛАН *Қайғыру, қамығу, мұңаю.* Арманына жете алмағанына ~ ды.

ҚАЙҒЫЛЫ *Қасіретті, аянышты.* ~ уақиға.

ҚАЙҒЫ-МҰҢ *Қасірет, уайым, күйік.* ~ы аралас ән.

ҚАЙҒЫР *Қамығу, мұңаю.* Күні не болар деп ~ды.

ҚАЙҒЫСЫЗ *Мұңсыз, уайымсыз.* ~ адам болмайды.

ҚАЙҒЫСЫЗДЫҚ *Уайымсыздық, мұңсыздық.*

ҚАЙҒЫ-ШЕР *Уайым, мұң, қасірет.* Өзінің ~ін айтты. ~дің қасіретін тартты.

ҚАЙҒЫШЫЛ *Қайғыра беретін, мұңайғыш, қамыққыш.* Әке *қайғышыл* болып алды.

ҚАЙДА 1. *Бір нәрсені білу, анықтау үшін қолданылатын сұрау есімдігі.* Ол ~ кетті? 2. *Қолдан келмейді, мүмкін емес. д. м.* Ондай болмақ ~. Сендерге барлаушы болу ~. ◊ **Қайда барсаң, бытпылдық** — *қайда да сол бір сарын.*

ҚАЙДАҒЫ 1. *Қай жердегі, қай жақтағы.* Ол ~ зоотехник? 2. *Не қылған, неткен.* ~ бала, міне жиырмаға келді. 3. *Түкке тұрмайтын, ескерусіз, елеусіз.* ~ пәлені қайдан шығарасың. ◊ **Қайдағы бір** — *бөгде, бөтен.*

ҚАЙДАҒЫ-ЖАЙДАҒЫ *Қай-қайдағы, өткен-кеткен.* ~ны айтты.

ҚАЙДАЛА *"Қайда", "қайда" деп бірнеше рет сұрау.*

ҚАЙДАМ *Анық еместікті, белгісіздікті білдіреді.* Елге аман оралмасын білді ме, ~.

ҚАЙДАН 1. *Қай жақтан, қай жерден.* ~ шықты? ~ келді? ~ білдің? 2. *Қайтып, қалай.* Дарияның жағасында тұрып түбіндегі толқынды ~ болжарсың. ◊ **Қайдан білейін** — *кім білсін, қайдам.* **Қайдан шықса, онан шықсын** — *не болса, сол болсын; тәуекел.*

ҚАЙҚАЙ 1. *Ағаш, темір т. б. заттардың майысып, бір басының көтеріліп қалуы.* Жиған тақтайлары ~ып қалыпты. 2. *Адамның, малдың белі иіліп, басының кекжию.* Қамшыны ~ып тұрып сілтеді. 3. *Ауыс. Тайып тұру, кету.* Ол қоштаспастан ~ды. 4. *Менменсу, кекірею, кегжию.* ~я берме, сенсіз де іс бітеді.

ҚАЙ-ҚАЙДАҒЫ 1. *Неше түрлі, қайдағы-жайдағы.* ~ суреттер (фактілер). 2. *Мәнсіз, мағынасыз бірдеңе.* Осы-ақ ~ны естіп жүреді.

ҚАЙҚАЙМА I *Өкшесі аласа, тұмсығы қайқиған сәнді етік.* Аяғында ~ етік.

ҚАЙҚАЙМА II *Ернеуінен аса толған, үйме.* ~ әрба шөп (табақ ет).

ҚАЙ-ҚАЙСЫ *Кез келгені, бәрі түгел.* ~сы да Нұрдәулеттен зәбір шеккендер.

ҚАЙҚАҚ *Аздап қайқиған, иіліңкі.* Белі ~.

ҚАЙҚАҚТА 1. *Басын шалқайта, кекжите жүру.* Тұйетауықтай ~п жүгірді. 2. *Белі майысу, қайқаңдау.* Соқаның соңында ~ған аттар. 3. *Ауыс. Бір нәрсені істегісі келмей бұлтақтау.* ~масаң қайтеді.

ҚАЙҚАҚТЫҚ *Қайқиып қалғандық, қайқиғандық.*

ҚАЙҚАЛАҚ 1. *Қайқалақ-қайқалақ еткендік; бұлталақ.* Қайықтың ~ғы тыныш қоймады. 2. *Ауыс. Бұлтаңға салғандық, көнгісі келмегендік.* Хан ~қа салды.

ҚАЙҚАЛАҚТА 1. *Қайқаң-қайқаң ету, әрі-бері бұлтақтау.* ~п барып құлап түсті. 2. *Ауыс. Естігісі келмеу, бұлтақтау.* Әбіш ~п көнбеді.

ҚАЙҚАҢ I *Тау қыратындағы биіктеу жер, белең.* Өр ~ға шықты. Қарсы беттегі ~ға шығып барады.

ҚАЙҚАҢ II **Қайқаң қақты [етті]** — а) *қайқаң-қайқаң етті, қайқақтады;* ә) *төмендеп барып тік көтерілді.*

ҚАЙҚАНДА 1. *Басын кекжитіп, шалқая жүру.* Қайда кеттің ~п? 2. *Белі майысып, маймаң қағу.* Қамшымен тартып жібергенде, белі ~п-ақ қалды. 3. *Ауыс. Паңсыну, кергу.* Ондайлардың бәлсініп ~йтын әдеті емес пе?

ҚАЙҚАҢДАУ *Сәл биіктеу, тіктеу келген, өрлеу.* ~ бел.

ҚАЙҚАҢ-ҚАЙҚАҢ: қайқаң-қайқаң етті — *қайқаңдап жүрді, қайқаңдады.*

ҚАЙҚЫ 1. *Кейін қарай иіле, шалқая тұсу; қайқаю.* Аяғында басы ~ған ақ пима. 2. *Ауыс. Кегжию, кейкию.* ~ып қайда барасың?

ҚАЙҚЫЫҢҚЫ *Кейін қарай сәл иіліңкі, шалқайыңқы.*

ҚАЙҚЫЫҢҚЫЛАУ *Сәл иіліңкілеу, шалқайыңқылау.*

ҚАЙҚЫ I *Қайқиған, имек.* ~ қылыш (бас, мүйіз).

ҚАЙҚЫ II *Таудың тік беті; тіктеу өр, қайқаң.* ~ға жауында машина шыға алмайды.

ҚАЙҚЫ III *Қылыштың бір түрі.* Қылыш төрт түрлі: *қайқы,* тура, қамқам, самсам.

ҚАЙҚЫЛА *Қайқы ету, имектеу; қайқиту.* Шананың табанын ~п шапты.

ҚАЙҚЫЛАУ *Кейін қарай сәл иіле түскен, имектеу; қайқырақ.* ~ кірпік (мұрын).

ҚАЙҚЫЛЫҚ *Қайқиып қалған күй, имектік.* Кірпігінің ~ғы әжептәуір.

ҚАЙЛА *Кен, көмір қазу жұмыстарына пайдаланылатын ағаш сапты темір құрал.*

ҚАЙЛАЛА *Қайламен ұру, соғу, жер қазу.*

ҚАЙЛАШЫ *Қайламен кен (жер) қазатын жұмысшы.* Екі ~ келе жатыр.

ҚАЙМАҚ 1. *Сүттің бетіне жиналған майлы қабаты.* Сүттің ~ ғын сыпырып алды. 2. *Ауыс. Ел ішіндегі бетке ұстары, таңдаулысы.* Жастардың жиналған мұнда *қаймағы* (О. Сүлейменов). ◊ **Қаймағы бұзылмаған** — *бүлінбеген, бұрынғы қалпы сақталған; тату-тәтті, ынтымақты.*

ҚАЙМАҚТА 1. *Қаймақ пайда болу.* Сүт ~ды. 2. *Қаймақ қосу, қаймақ қату.* ~п шай құйды.

ҚАЙМАҚТАЙ *Қаймыжықтай, жұқа (ерін).*

ҚАЙМАҚТАН *Сүттің бетіне қаймақ тұру.* Сүт ~а бастапты.

ҚАЙМАҚШЫ 1. *Су бетінің дір-дір етіп, шымырлап тыныш жатуы.* Жаңа ғана *қаймақшып* жатқан су бетінде көк бұйра толқын ойнай жөнелді (Тұрманжанов). 2. *Су бетінің жайлап қана қата бастауы.* Жағалау *қаймақшып,* кілегейлене бастапты (Ә. Нұрпейісов).

ҚАЙМАНА *Танымайтын, бөтен, бөгде.* ~ біреу (қазақ).

ҚАЙМЫЖЫҚ *Жұқа; қалың емес.* ~ мұз (ерін).

ҚАЙМЫЖЫҚТАЙ *Жұп-жұқа, үлбіреген; қаймақтай,* ~ ерін.

ҚАЙМЫҚ *Жүрегі дауаламау, бата алмау.* Шалынан ~ты.

ҚАЙНА 1. *Қатты қызудың әсерінен сұйықтықтың бұрқылдауы.* Қазан ~п жатыр. 2. *Ауыс. Күннің қатты ысып кетуі; шыжу.* Күн ~п тұр. 3. *Күшею, қыза түсу.* ~п жатқан жұмыс. Жәрмеңкенің ~ған кезі. 4. *Қаптап кетуі, құжынау, сапырылысу.* ~ған қалың жұрт.

ҚАЙНАҒА *Қайын жұрт жағының жасы үлкен еркектерінің ерлі-зайыптыларға туыстық қатысы.* Келін ~сына сәлем берді.

ҚАЙНАҚ *Қайнаған, қайнаудан өткен.* ~ су.

ҚАЙНАППІС *Шыңдалу, шыныгу.* Қан майданда ~ті.

ҚАЙНАР 1. *Судың жерден шымырлап шығып жататын көзді жері, бастау.* Өзеннің басы ұсақ ~лардан басталады. 2. *Ауыс. Береке көзі, молшылық қоры.* Халық өнерінің сарқылмас ~ы. ◊ **Қайнар бұлақ [көзі]** — а) *судың қайнап шығып жатқан жері, бастау;* ә) *бір нәрсенің негізі, сарқылмас қоры.*

ҚАЙНАС *Бірігу, жымдасу, тұтасу.* ~ып біткен шойындай.

ҚАЙНАТҚЫШ *Су қайнататын электр аспап.* ~ты салып қой.

ҚАЙНАТПА I *Қайнатып жасалған, қайнатылған.* ~ құрт.

ҚАЙНАТПА II 1. *Бір нәрсенің қайнатқаннан кейінгі нәрі, маңызы.* Шөп ~сы, 2. *Жеміс-жидектен қайнатып жасалған тәтті тағам; варенье.* Шие ~сы.

ҚАЙНАТЫМ: бір қайнатым — *бір рет қайнатуға жарайтын, бір салым.*

ҚАЙНАТЫНДЫ *Қайнатқан нәрсенің сөлі, маңызы; қайнатпа.* Жусаның ~сы.

ҚАЙНАУ: бір қайнауы кем — *кемшілігі бар, шала.*

ҚАЙНАУЛЫ *Қайнаған, даяр тұрған.* ~ шай.

ҚАЙРА 1. *Кескіш құралдардың жүзін қайрақпен егеп, өткір ету.* Балта ~ды. 2. *Ауыс. Қуат беру, жігерлендіру.* Өзін-өзі іштей ~ды. 3. *Біреудің қолтығына дым бұрку, айдап салу, өшіктіру.* Баласын әкесіне ~п салды.

ҚАЙРАҒЫШТА 1. *Қайта-қайта қайрау, қайрай тұсу.* Балта, пышақты ~й беретін. 2. *Ауыс. Жігерлендіру, күш-қуат беру.*

ҚАЙРАҚ *Кескіш құралдарды өткірлеу үшін арнайы дайындалған білеу.* ~пен пышақ қайрайды.

◊ **Қайрақ тас** — *қайрақ ретінде пайдалануға жарайтын кішірек келген жұқалау тас.*

ҚАЙРАҚТЫҚ *Қайрақ боларлық, қайраққа жарарлық.* ~ тас.

ҚАЙРАҚШЫ *Кескіш құралдарды қайраушы, өткірлеуші адам.* Қырықтықты ~ қайрайды.

ҚАЙРАН I *Күш-қуат, дәрмен.* Менен ешбір ~ жоқ.

ҚАЙРАН II *Таң, дал.* Оның мұнысына жұрт тіптен ~. ◊ **Қайран қалды [болды]** — *дал болды, таңданды.*

ҚАЙРАН III *Әттең, шіркін, есіл.* ~, жарық дүние-ай.

ҚАЙРАНСЫЗДЫҚ *Дәрменсіздік, әлсіздік.* Онда ~ бар.

ҚАЙРАҢ *Өзен-көлдің, теңіздің құмды, батпақты таяз жері; қайыр.* Кеме ~ға соғылды. ◊ **Қайраңға отырды** — *қиын-қыстау жағдайға душар болды.*

ҚАЙРАҢДА *Қайраңға кездесіп, жүре алмай қалу.* Кеме ~п қалды.

ҚАЙРАҢДЫ *Қайраңы бар, қайраңы көп.* ~ көл.

ҚАЙРАТ *Күш, қуат, қажыр, жігер.* Бойында ~ы бар. ◊ **Қайрат берді** — *жігерлендірді, дем берді.* **Қайрат көрсетті** — *қажырлылық таныттты.* **Қайрат қылды [етті]** — *қарсылық көрсетті, күш жұмсады.* **Қайраты қайтты [қашты]** — *күш-қуаты кетті, әлсіреді.* **Қайратына мінді** — *жігерленді, қайраттанды.*

ҚАЙРАТ-ЖІГЕР *Адам бойындағы күш, қуат.* Өзінде ~ мол.

ҚАЙРАТКЕР *Қоғамдық қызметке, саясатқа белсене қатысушы адам.* Қоғамдық ~, саяси ~.

ҚАЙРАТКЕРЛІК *Қайраткер болушылық.* Оның ~інде мін жоқ.

ҚАЙРАТ-КҮШ *Қуат, артықша күш.*

ҚАЙРАТСЫЗ *Қайраты аз, әлсіз.*

ҚАЙРАТСЫЗДЫҚ *Күш-қуаты аздық, әлсіздік, қауқарсыздық.*

ҚАЙРАТТАН 1. *Күш-қуат жию, қуаттану.* Курорттан ол ~ып қайтты. 2. *Жігерлену, құлшыну; бір іске бар ынтасымен кірісу.* Жомарт атқа ~а қонды.

ҚАЙРАТТЫ 1. *Қайраты мол, күшті, қуатты.* ~ жігіт (шал). 2. *Қажырлы, жігерлі.* ~ ана. 3. *Ауыс. Жұмсақ емес, қатты.* ~ шаш.

ҚАЙРАТТЫЛЫҚ *Жігерлілік, қажырлылық.* Әжемнің ~ғына сүйсінесің.

ҚАЙРАУЛЫ *Қайралып даяр тұрған, қайралған.* ~ пышақ.

ҚАЙСАР *Алған бетінен қайтпайтын, бір бет.* ~ адам.

ҚАЙСАРЛАН *Алған бетінен қайтпау, тайсалмау.* Ол ~а қарады.

ҚАЙСАРЛАУ *Аздап қайсар, қайсарырақ.* Ол сенен гөрі ~ екен.

ҚАЙСАРЛЫҚ *Қайсар болғандық, бір беттік.* Оның ~ғына таң қалды.

ҚАЙСЫ *Сұрау есімдігі.* Шыны ~, өтірігі ~.

ҚАЙСЫБІР 1. *Бәрі емес, кейбір.* ~ жобаларды, ~ уақыттарды. 2. *Қандай, нендей, қайбір.* Қылығының ~ін айтайын, ~і есте тұрады.

ҚАЙСЫБІРДЕ *Кейде, бірде, оқта-текте.* ~ ойлайсың, тіршілік тірегі не? — деп.

ҚАЙТ I 1. *Артқа қарай жүру, кері бұрылу.* Біз ауылға ~тық. Мал өрістен ~ты. 2. *Кему, бәсеңдеу.* Күші ~ты. Өзен суы ~ты. Ашу ~ты. 3. *Өтпей қалу, мұқалу.* Ұстараның жүзі ~ып қалды. 4. *Шығыс септігінде тұрған абстракты ұғымдағы кейбір сөздермен тіркесіп келіп, "айну", "таю", "өзгеру" деген мағынада жұмсалынады.* Райынан ~ты. Сөзінен ~ты. 5. *Ауыс. Қайтыс болу, өлу.* Әкесі 90 жасында ~ты.

ҚАЙТ II *"Қалай ет" деген күрделі сөздің қысқарған түрі.* Қолымнан келмеген соң ~ейін. ◊ **Қайтсе де [қайткен күнде де]** — *қалай да, негылса да.*

ҚАЙТА I *Тағы да, қайтадан, қайыра.* Бұрынғы қызметіне ~ отырды. Үйіне ***қайта*** барды.

ҚАЙТА II *Керісінше, қарама-қайшы.* Қыста қар жесе, мал семірмейді, ~ жүдей береді.

ҚАЙТАДАН *Қайыра, тағы да; жаңадан.* Шал ~ жол қамына кірісті.

ҚАЙТА-ҚАЙТА *Әлсін-әлсін, жиі.* ~ бас шұлғыды.

ҚАЙТАЛА 1. *Бір айтқанды екінші рет айтып шығу.* Кешегі сөзін ~ды. 2. *Белгілі бір әрекетті тағы да жасау, қайыра істеу.* ~п санап шықты. ~п сұрады. 3. ***пед.*** *Өткен сабақты тағы да оқу, пысықтау.* Өткен сабақты ~п келіңдер.

ҚАЙТАЛАМА *Бірнеше рет қайталанған.* ~ сүзек, ~ ауру. ◊ **Қайталама қос сөз** ***(грамм.)*** — *бір сөздің қайталануы арқылы жасалған қос сөз.*

ҚАЙТАР 1. *Әлденені кері қайыру.* Жүгенін өзіне ~ды. Қарымта ~ды. 2. *Малдың алдын басқа жаққа бұру.* Қой ~ды. 3. *Құран сүресін қайталап айту, қайыру.* "Құлқуалланы" үш ~ып, дұға жасады.

ҚАЙТАРА *Қайта, қайыра.* Үшінші ~ сөйледі.

ҚАЙТАРМА *Қайтарып қоюға болатын, қайтарылатын.* ~ жаға.

ҚАЙТАРЫМ *Қайта алынған, қайтарылған нәрсе; өнім.* Астықтың ~ы аз.

ҚАЙТКЕН: қайткен күнде — *қалай еткен күнде де.*

ҚАЙТКЕНДЕ *Қалай еткенде де.* Мен ~ де баруым керек.

ҚАЙТКЕНМЕН *Қалай еткенмен, қалай да.*

ҚАЙТ-ҚАЙТА *Қайт-қайт деп дауыстау, кейін қарай жасқау.*

ҚАЙТПАС I *Қайта келмейтін, қайта оралмас.* ~ сапарға аттанды.

ҚАЙТПАС II *Алған бетінен қайтпайтын.* Қайсар ~ ер.

ҚАЙТСЕ *Қалай етсе.* ~ де келеді.

ҚАЙТЫМ *Райынан қайтып, сабасына түсу.* ◊ **Қайтымы тез** — *тез қайтатын, кек сақтамайтын.*

ҚАЙТЫМДЫ *Ашуының басылуы оңай.* Балалар тез ~ келеді.

ҚАЙТЫМДЫЛЫҚ *Қайтымы тездік, кек сақтамаушылық.*

ҚАЙТЫП *Екінші рет, қайтадан, қайта.* Енді ~ ол бізді көре ме, көрмей ме?

ҚАЙТЫС *Дүние салу, дүниеден қайту.* ◊ **Қайтыс болды** — *өлді, о дүниеге аттанды.*

ҚАЙШЫ I *Бір нәрсені қию үшін жүздерін қарама-қарсы етіп бекіткен металл құрал.* Қағазды ~мен қиды.

ҚАЙШЫ II *Бір-біріне қарама-қарсы, керағар.* Көзқарастары бір-біріне мүлде ~. ◊ **Қайшы келді** — *пікірлері, сөздері бір-біріне қарама-қарсы болды.*

ҚАЙШЫЛА *Қайшымен кесу.* Ақ қағазды ~п отыр.

ҚАЙШЫЛАН *Ерсілі-қарсылы қозғалу; айқасу.* Аттардың құлағы ~ды.

ҚАЙШЫЛАС I *Ерсілі-қарсылы қозғалу, арыбері жүру.* ~ып жүрген ел.

ҚАЙШЫЛАС II *Қарама-қарсы, қайшы.* Онымен ~ келе берді.

ҚАЙШЫЛАУ *Қарама-қарсылау, керегарлау.*

ҚАЙШЫЛЫҚ *Қарама-қарсылық, керегарлық.* Капиталистік дүниенің ішкі ~ тарын ашты.

ҚАЙШЫЛЫҚТЫ *Қайшылығы бар, қайшылығы жетерлік.*

ҚАЙЫ I *Астыңғы жіптің ілмегінен үстіңгі жіпті өткізіп алып тігу.* Етіктің өкшесін~п тікті.

ҚАЙЫ II *Інгеннің бураға шөгерілгеннен кейін ұрықтанып кетуі.* Бұл інген биыл жылдағыдан ерте ~ды.

ҚАЙЫЗҒАҚ *Құйқада болатын ақ таңдақ қабыршық.*

ҚАЙЫЗҒАҚТАН *Қайызғақ пайда болу, қайызғақ түсу.* Басы ~ып кетіпті.

ҚАЙЫЗҒАҚТЫ *Қайызғағы бар, қайызғағы мол.*

ҚАЙЫҚ *Суда жүзуге арналған, сүйір тұмсықты қатынас құралы.* Желкенді ~, моторлы ~, сүңгуір ~.

ҚАЙЫҚША *Қайық тәрізді, қайық секілді.* ~ қалқыды, ~ қайқаңдады.

ҚАЙЫҚШЫ 1. *Қайық есуді кәсіп етуші, қайық есуші.* 2. *Қайық жасаушы, қайық жасаудың шебері.*

ҚАЙЫЛ: қайыл болды — *разы болды, риза-қош бейіл көрсетті.*

ҚАЙЫЛЫҚ *Қодас пен сиырды шағыстыру нәтижесінде алынған будан мал.*

ҚАЙЫМ: қайым өлең — *бір-екі ауыз өлеңмен қысқаша қайырып, алма-кезек жауаптасып отыратын айтыс өлеңі.* **Қайым айтыс** — *бір-бір ауыз өлеңмен қайырып отыратын айтыстың шағын, жеңіл түрі.*

ҚАЙЫМАЛ *Бураға шөгерілген, қайып кеткен.* ~ інген.

ҚАЙЫМАЛША *Тұмса түйе, қайымал тұмса.*

ҚАЙЫМАЛЫ *Боталай алатын інгеннің жалпы атауы.*

ҚАЙЫМДАС 1. *Қайым өлең айтып, айтысу, қақтығысу.* Көрейік *қайымдасып* аптықпастан (Айтыс). 2. *Ауыс. Сөзбен айтысу, тартысу; жауаптасу.* Қаңбақбай қанша қаһар төгіп жәбірлесе де, Күлпаш *қайымдаспай* құтылатын (Жәкенов).

ҚАЙЫН *Екі ел адамдарының күйеу мен келінге жақындық қатысын білдіретін атауыш сөз, туыстық термин. Қайыны* көлік беріп, кісі қосты (И. Байзақов). ◊ **Қайын аға [қайнаға]** — *жасы үлкен ағаларының ерлі-зайыптыларға жақындық қатысы.* **Қайын ата [қайната]** — *ерлі-зайыптыларға туған әкелерінің жақындық қатысы.* **Қайын ене [қайнене]** — *ерлі-зайыптардың туған шешелерінің оларға жақындық қатысы.* **Қайын жұрт** — *әйелінің төркіні күйеуге қайын жұрт болады.* **Қайын сіңлі** — *күйеуінің қарындастары әйелге қайын сіңлі болады.* **Қайын іні [қайнініі]** — *ерлі-зайыптылар інілерінің жезде мен жеңгеге жақындық қатынасы; қайны.*

ҚАЙЫНДА *Қайын жұртын аралау.* ~п келген күйеу.

ҚАЙЫНДЫҚ *Қайын болғандық: қайын інілік.* Ол ~ғын ақтады.

ҚАЙЫНСАҚ *Қайын жұртына бара бергіш, қайыншыл.* Жаман күйеу *қайынсақ* (Мақал).

ҚАЙЫНШЫЛ *Қайын жұртын жақсы көретін.* ~ күйеу.

ҚАЙЫНШЫЛА *Қайын жұртына бару, қайындау.* ~п кетті.

ҚАЙЫҢ 1. *Қабығы тегіс, жылтыр, жүрекше жапырақты, қатты сүректі ағаш.* Ақ ~, қызыл ~, сүйелді ~. 2. *Қайыңнан істелген, қайыңнан жасалған.* ~ оқ (құрық, таяқ).

ҚАЙЫҢДЫ *Қайың мол өскен.* ~ орман, ~ сай (жер).

ҚАЙЫР I 1. *Кетіп бара жатқан малдың алдын басқа жаққа бұру, бағытын өзгерту.* Мал ~ды. 2. *Бір нәрсенің шетін, етегін үстіне қарай тұру, көтеру.* Етегін ~ып, белбеуіне қыстырды. 3. *Кері қарай бұктеу.* Қолын артына ~ды. 4. *Бір нәрсені кері тартып қою.* Шашын артқа қарай ~ды. 5. *Біреудің затын өзіне қайтарып беру, иесіне тапсыру.* Ол алған малын ~ды. 6. *Келген адамды ауылына қарай қайта жіберу.* Оны үйіне ~ып жіберді. 7. *Өткір не ұшкір заттың жүзін майыру, мұқалту.* Балтаның жүзін ~ып тастапты. 8. *Ауыс. Ұзақ әңгіменің (жырдың) тоқ етерін айту, аяқтау, доғару.* Әңгімесін осы арадан ~ды. 9. *Аңға салу үшін қыран құсты күту, баптау.* ~ып отырған бүркітінен айырылып қалды.

ҚАЙЫР II *Толқын алып келіп, су түбіне үйіп тастаған қайран.* Су кемені Аралтөбенің *қайырына* әкеп тықты (Тоқбергенов).

ҚАЙЫР III 1. *Жақсылық, шапағат.* Ешқайсысынан ~ жоқ. 2. *Ауыс. Тиын-тебен, ақша; садақа.* ~ берді (тіледі, сұрады). ◊ **Қайыр жоқ** — *одан ешқандай жақсылық күтпе д. м.* **Қайыр кетті** — *мейірім жоғалды.* **Қайырын берсін** — *арт жақсылығын берсін д. м.*

ҚАЙЫР IV 1. *Хайыр.* 2. *"Қайта көріскенше сау бол" деген ишарат сөз.* ~ қош болыңдар.

ҚАЙЫРА *Қайта, қайталап.* ~ сұрады (көрсетті).

ҚАЙЫРҒЫШТЫҚ *Қайыра бергіштік, қайырып тастағыштық.*

ҚАЙЫР-ЗЕКЕТ 1. *көне. Мал санына қарай әр түтіннен алынатын діни салық; зекет.* 2. *Жетімжесірге, қарып-қасірге берілетін тиын-тебен, садақа.*

ҚАЙЫРЛА *Қайырға тап болып, жүре алмай қалу.* Кеме ~п қалды.

ҚАЙЫРЛЫ I *Қайыры, қайраңы бар (мол).* ~ көл (жер).

ҚАЙЫРЛЫ II *Қайыры, жақсылығы бар, шапағаты мол.* ~ адам (қоныс, жыл). ◊ **Қайырлы болсын** — *қуанышқа, жақсылыққа айтылатын игі тілек.* **Қайырлы күн [таң, кеш]** — *күннің қай мезгілінде кездескеніне қарай айтылатын сәлемдесу рәсімі.* **Қайырлы сапар** — *сапарың сәтті болсын.* **Қайырлы түн** — *жақсы жатып, жай тұрыңыз.*

ҚАЙЫРМА I *Әннің әр шумақтан кейін қайталанып отыратын бөлігі.* Әннің ~сы.

ҚАЙЫРМА II *Қайырылып қойылған, қайырылған.* ~ жаға (қоныш). // *Киімнің кері қайырылған немесе қайтарылып тігілген жері.* Ақ көйлегінің жеңіндегі ~сы.

ҚАЙЫРМА III *кәсіб. Соқаның топырақты аударып тастайтын қайқы темірі.*

ҚАЙЫРМАЛА *Ары-бері қайта-қайта қайыру, қайтармалау.*

ҚАЙЫРМАЛЫ *Қайырмасы бар; қайырма орнатылған.* ~ жаға. ~ соқа.

ҚАЙЫР-САДАҚА *Жетім-жесірге, жоқ-жітікке берілетін зат.* ◊ **Қайыр-садақа сұрады [тіледі]** — *қайыршылық қылды, тіленді.*

ҚАЙЫРСЫЗ *Қайыры жоқ, жақсылығы, шапағаты тимейтін. Қайырсыз* байдан қайнатқан су артық (Мақал).

ҚАЙЫРСЫЗДЫҚ *Қайыры жоқтық, шапағатсыздық.*

ҚАЙЫРУЛЫ *Қайырылған, қайырылып қойылған.* ~ мал, ~ шаш.

ҚАЙЫРУСЫЗ *Қайырылмаған; бетімен кеткен, иесіз.* ~ мал.

ҚАЙЫРШЫ 1. *Қайыр сұрап күнелтуге мәжбүр болған адам, тіленші.* 2. *Ауыс.* *Біреуден сұрауды әдетке айналдырған адам; сұраншақ, тіленшек.*

ҚАЙЫРШЫЛА *Қайыр сұрау, тілену.* ~п күн көрді.

ҚАЙЫРШЫЛЫҚ *Қайыр сұрап күн көрушілік, мүсәпірлік.* Қалған өмірі ~ пен өтті.

ҚАЙЫРЫЛЫС I 1. *орт. етіс.* *Қайырыл-ыс.* 2. *Қол ұшын беру, көмектесу, жәрдемдесу.* Қысылғанда ~ты.

ҚАЙЫРЫЛЫС II *Көшенің, жолдың қайырылатын жері; бұрылыс.* Онымен көшенің ~ында кездесті.

ҚАЙЫРЫМ I *Жақсылық, шапағат; мейірім.* ~ы мол.

ҚАЙЫРЫМ II *Қайыруға, қайтаруға көнгендік, бағынғандық.* Мал ~ бермеді. ◊ **Қайырымға келмеді** — *анау-мынауға қарамады, айтқанға көнбеді.*

ҚАЙЫРЫМ III *Екінші дүркін, екінші мәрте.* Келесі ~да.

ҚАЙЫРЫМДЫ *Қайырымы мол, мейірімді, шапағатты.* ~ адам (жан).

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ *Қайырымы молдық, мейірімділік.* Ол ~ғымен ұнады.

ҚАЙЫРЫМСЫЗ *Қайырымы жоқ, мейірімсіз; қатыгез.* ~ жан (бай).

ҚАЙЫРЫМСЫЗДЫҚ *Қайырымы жоқтық, мейірімсіздік; қатыгездік.*

ҚАЙЫРЫМШЫЛ *Қайырым жасайтын, қайырымы мол.* ~ адам.

ҚАЙЫС I *Ер-тұман әбзелдерін жасау үшін арнайы өңделген мал терісі.* ~ иледі (тілді).

ҚАЙЫС II *Ауыр жүк көтергеннен белі майысу, иілу.* Жас қыз белі **қайысып** әрең келеді (Б. Соқпақбаев).

ҚАЙЫСПАС *Мойымайтын, жігерлі; қайсар. Қайыспас* қара нар керек, — Біздің бүйткен бұл іске (Махамбет).

ҚАЙЫСТАЙ *Әбден пісіп-қатқан, мықты, төзімді.* Омардың **қайыстай** қара қатыны шай құя бастады (Жұмаділов). ◊ **Қайыстай қатты [қатқан]** — *әбден шыныққан, шыраған.*

ҚАЙЫСША *Қайыс тәрізді, қайыс секілді.* ~ созылды.

ҚАҚ I *Шөл жерлердегі шұқанақтарға іркіліп қалған жауын-шашын суы; атмосфералық тұсап.* Жылқыларды ~қа құлаттық. ◊ **Қақ түрды** — *жауын-шашын суы іркіліп қақ пайда болды.* **Қағынан** жеріді — *жылы орнын суытты, безді.*

ҚАҚ II *Су қайнатқан ыдыстардың түбіне түрып қалатын қатты зат, шөгінді.* Ыдыстың түбіне ~ түрып қалыпты.

ҚАҚ III *Кептірілген жеміс.* Алманың ~ғы, қауынның ~ғы.

ҚАҚ IV 1. *Үшкір затты бір жерге ұрып кіргізу, сіңіру.* Шеге ~ты. Қазық ~ты. 2. *Бір затпен екінші нәрсені жайлап ұру, тықылдату.* Есігін ~ты. // *Алақанымен біреудің сырт жағынан жайлап қақпалау.* Арқасынан ~ ты. 3. *Бір нәрсені саусақтың ұшымен іліп қағу.* Домбырасын жайлап ~ғып отыр. 4. *Жабысқан затты қолмен ажырату, тазарту.* Үстінің шаңын (қарын) ~ты. 5. *Төсеніштің жамылғыны, затты шетінен ұстап жерге ұру, сілку.* Киіз ~ты. 6. *Ағашын қатты сілкіп, жемісін жерге түсіру.* Алма ~ты. 7. *Бір нәрсені қатты ұрып, жұлып түсіру.* Шоқпарын ~ғып жіберді. Мүйізін ~ты. 8. *Тік тұрған бір затты екпінменен келіп соғып кету.* Машина ~ты. 9. *Ауыс.* *Есебін тауып, біреуден бір нәрсені түсіру, олжалау.* Қалтасын ~ты. // *Ұрлап кету, жымқыру.* Ол совхоздан 25 мыңды ~ты. 10. *Ауыс.* *Біреуді құр алақан қалдыру.* Астан ~ты. ◊ **Қағып алды** — а) *лақтырған нәрсені іліп түсті, қақшыды;* ә) *айтқаныңды ұғып ала қойды.* **Қағып салды** — *бір нәрсені ішіп жіберді; алып қойды.* **Қаққанда қанын, соққанда жанын алды** — *қатты қысып ұстады, ұрып-соқты.* **Қаққан қазықтай [қағып қойған қазықтай]** — *тікесінен тік, тіп-тік.*

ҚАҚ V *Дәл, нақ, түп-тура.* ~ мандай (шеке). ~ ортасы. ◊ **Қақ айырды [бөлді, жарды, тілді]** — *ортасынан тең бөлді, екіге жарды.*

ҚАҚА *Күннің қатты суып кетуі.* Күн ~п тұр.

ҚАҚАЙ 1. *Денесін тіп-тік ұстап, қатып қалу, сіресу.* Алдына ~ып тұра қалды. 2. *Ауыс.* *Жөнге келмеу, көнбеу, иілікпеу.* Әлі сол баяғы **қақайғанының** әлі қалмаған екен ғой (Уайдин). ◊ **Қақиып қалғыр (қарғ.)** — *сіресіп қатып қалғыр.*

ҚАҚАҚ: қақақ қақты — *қақақтады, қақаңдады.*

ҚАҚАҚТА *Қақақ-қақақ етіп, мазасын алу, тынышын кетіру; қақылдау.* Қатындары **қақақтап** жөн сұраса жөнелді (Кекілбаев).

ҚАҚАЛ 1. *Тамағына бірдеңе тұрып қалу.* Етке ~ып қалды. 2. *Ауыс.* *Бір нәрсеге тұншығу, дем ала алмау.* Түтінге ~ды. Шаңға ~ды. 3. *Техниканың бір нәрсеге кептеліп, тұрып қалуы.* Пулемет **қақалып** қалды (Бектемісов).

ҚАҚАЛЫП-ШАШАЛЫП *Ас тамағынан жөнді өтпей, берекесі кетіп.* ~ әрең ішті.

ҚАҚАҢ: қақаң қақты — *қақаң-қақаң етті, қақшаңдады.*

ҚАҚАҢДА *Қақаң-қақаң ету, қақшаңдау.* ~ған әйел.

ҚАҚАҢ-ҚАҚАҢ: қақаң-қақаң етті — *қақаңдады, қақшаңдады.*

ҚАҚАҢ-СҰҚАҢ *Жат мінез, ерсі қылық.* ~ы жоқ.

ҚАҚАС I *Тыс, тысқары, қағыс.* Қатынның қарғысынан **қақас** етсін сені (Алтайбаев). ◊ **Қақас қалды [қалдырды]** — *назардан тыс қалды.* **Қақас жібермеді** — *көңілден, көзден таса етпеді.*

ҚАҚАС II *Жаңылыс, басқаша; дәл емес.* ~ естіді. // *Мүкіс.* Құлағының **қақасы** бар еді (Ж. Молдағалиев).

ҚАҚАТҰЯҚ *Қу, сұм, сұмырай.* ~ кісі.

ҚАҚБАС 1. *Баласы жоқ, жалғыз басты кәрі адамды кемсіту үшін қолданылатын сөз.* 2. *Ауыс.* *Жексұрын, сұмырай, оңбаған.* Кәрі ~.

ҚАҚБАСТЫҚ *Сұмырайлық, оңбағандық, балаға мейірімсіздік.*

ҚАҚИ 1. *Қаздиып қатып қалу, тікесінен тік тұру.* Құмарбек қаққан қазықтай *қақиып* әлі тұр (Досанов). 2. *Ауыс. Бір нәрсеге көнбеу, иілкпеу. Қақиған* шалды игенсін Сұлтанғазы кеңіді (Ж. Молдағалиев).

ҚАҚҚЫ: қаққы көрді [жеді] — *біреуден зәбір шекті, қорлық көрді.* **Қаққыға ұшырады** — *әркімнің қаққысына душар болды.*

ҚАҚҚЫЗ *өзг. етіс. Қақ-қыз.*

ҚАҚҚЫЛА *Қайта-қайта қағу, қаға тұсу.* Үсті басын ~ды.

ҚАҚҚЫ-СОҚҚЫ: қаққы-соққы көрді — *зәбір-жапа шекті.*

ҚАҚҚЫШ 1. *Бір нәрсені қағатын, қағып жіберетін.* Шот ~. 2. *Ауыс. Қағып түскіш, алғыр.* Тазың *қаққыш* болса, аңға көбірек кездесесің (Ө. Нұрпейісов).

ҚАҚҚЫШТА *Қайта-қайта қағу, үсті-үстіне қағу.* Үстінің шаңын ~ды.

ҚАҚҚЫШТАУ *қ. атау. Қаққышта-у.*

ҚАҚПА I 1. *Үй, мекеме ауласының көлік кіретін үлкен есігі; дарбаза.* 2. *Ауыс. Ескі ел аралығындағы қатынаста маңызды роль атқаратын географиялық орын.* Гибралтар бұғазы — Атлант мұхитының *қақпасы.*

ҚАҚПА II *спорт. Футболшылар доп соғу үшін арнайы жасалған торлы тосқауыл.*

ҚАҚПА III 1. *Қағып тартылатын, қағып істелген.* ~ күй. 2. *Қағыта сөйлеген, әзіл-қалжыңы аралас.* ~ сөз, ~ қалжың.

ҚАҚПАЙ 1. *Қақпалап, ыңғайға көндіру ісі.* ~мен өскен бала. 2. *Ауыс. Ары итеріп, бері жығу әрекеті.* ◊ **Қақпайға түсті** — *әркімнің қаққысына ұшырады.* **Қақпай көрді** — *зәбір-жапа шекті, тұрткі көрді.* **Қақпай сөз** — *қақпайлаған, іліп-қаққан сөз.*

ҚАҚПАЙЛА 1. *Малды жасқап, керекті бағытқа қарай жүргізу, айдау, бұру.* Ақбас баспақты кезек *қақпайлап* айдап келеді (Қаназов). 2. *Біреуді еркіне жібермеу, тежеу.* Ертелікеш *қақпайлап* отыратын аға-апалар енді жоқ (Райымқұлов).

ҚАҚПАЙ-СОҚПАЙ *Қақпайлаған, соқтыққан қылық.* ~ ды көп көрді.

ҚАҚПАҚ *Әр түрлі ыдыстар мен іші қуыс заттардың аузын жабатын жапқыш.* Қазанның ~ғы.

ҚАҚПАҚТА *Қақпақ жасау, қақпақпен жабу.* Бетін ~п тастады.

ҚАҚПАҚТАЙ *Үлкен, дәу, жалпақ.* ~ бұжыр тас.

ҚАҚПАҚТЫ *Қақпағы бар, қақпағы жабылған.* ~ көк қобди.

ҚАҚПАҚША *Кішкене қақпақ.* Спирт шамын *қақпақшасын* жабу арқылы ғана өшіру керек (Мырзабеков).

ҚАҚПАҚЫЛ 1. *Домалақ келген бес тасты қолмен қағып ойнайтын ойын; бестас, қақпатас.* 2. *Допты бірден-бірге жүгіртіп, ары-бері тебу әдісі.* О баста аяғымен *қақпақыл* ойнай алмаушы еді (Әбділбаев). 3. *Ауыс. Біреулерден көрген тұртпек; қақпай.* Ол өмірдің ~ына көп түсті. ◊ **Қақпақылға салды** — *ары итеріп, бері жықты.* **Қақпақылға түсті** — *көпшіліктің қаққысына ұшырады.* **Қақпақыл етті [қылды]** — *біреуді қаққыға ұшыратты, зәбір-жапа шектірді.*

ҚАҚПАҚЫЛДА 1. *Бір нәрсені аспанға атып, қайтып қағып алу; қақпақыл етіп ойнау.* Тастарды ~п қояды. 2. *Допты бір-біріне қақпайлап тебу, қарсыласына алдырмау.* Қақпаға 40 метрдей таяп барып, *қақпақылдап* тұрады (Бердіқұлов).

ҚАҚПАҚЫЛША *Қақпақыл тәрізді, қақпақыл секілді.* ~ қағып алды.

ҚАҚПАЛА 1. *Малды ықпалап, бір жаққа қарай айдау, бұру.* Жорға дөненді қос маңына *қақпалап* айдап әкелді (Н. Ғабдуллин). 2. *Бірін-бірі қағу, мұқату.* Олар аракідік бірін-бірі *қақпалап,* қатар сөйлеп кетеді (Тоқаев). 3. *Ауыс. Біреуді еркіне жібермеу, тежеу; әр нәрседен тыйым салу.* — Жоқ, Қайныш, қашанғы мені *қақпалай* бересің (Б. Нұржекеев).

ҚАҚПАЛЫ *Қақпасы бар, қақпа орнатылған.* Көк ~ үй.

ҚАҚПАЛЫҚ *Қақпа боларлық, қақпаға жарарлық.* ~ тақтай.

ҚАҚПАН 1. *Аң аулау үшін темірден жасалған шаппалы құрал.* ~ салды (құрды). 2. *Ауыс. Айла-шарғы, алдау, арбау ісі.* Біреудің құрулы ~ына түспеді. ◊ **Қақпан бел** — *белі қайқиған, жалпақтау (бие).* **Қақпанға түсті [түсірді]** — *алданып қалды, шырмалды.* **Қақпан құрды** — *біреуді алдамақ болды, қолға түсіргісі келді.*

ҚАҚПАНДАЙ 1. *Қақпан тәрізді, қақпан секілді.* ~ тістесті. 2. *Жалпақ, үлкен.* ~ қолымен қысып ұстап алды. 3. *Мықты, күшті.* Босатар ма ~ қолдар.

ҚАҚПАНДАП *Қақпан құрып; мықтап, матап.* ~ ұстады.

ҚАҚПАНДЫ *Қақпаны бар, аяғына қақпан түскен.* ~ аяқ.

ҚАҚПАНШЫ *Қақпан құрып, аң аулайтын адам.* ~ шал.

ҚАҚПАНШЫЛ *Қақпан құрғыш, қақпан құрғанды ұнататын.*

ҚАҚПАШЫ I *көне. Қалалар мен бекініс сарайларының қақпасын күзетуші адам; қақпа қарауылы.*

ҚАҚПАШЫ II *спорт. Футбол қақпасын доптан қорғайтын ойыншы.*

ҚАҚПЫШ 1. *Тұздалып кептірілген сүрпі ет; борша.* Оның орнына алақандай *қақпыш* салған (З. Ақшөев). 2. *Кеуіп кеткен, сүр болған.* ~ ет (балық). 3. *Арық, қатпа.* ~ кемпір.

ҚАҚПЫШТАН *Қатып-семіп қалу; кебу, құрғау.* Тері шалбарының кепкен жері *қақпыштанып,* етін қажап келеді (Тоқмағамбетов).

ҚАҚСА I *Құлақ етін жеу, сарнау, зарлау.* — Не болды саған, сонша *қақсап* (Рашев).

ҚАҚСА II *Сырқырап ауыру, жанға бату.* Мына тісі құрғыр *қақсап* әкетіп бара жатқаны (Шәймерденов).

ҚАҚСАЛ 1. *Кексе тартқан, егде.* Кәрі ~. 2. *Ауыс. Тіс қаққан, қу, залым.* Ол талайды көрген ~.

ҚАҚСАУЫҚ *Зар жақ; сарнауық.* ~ кемпіршал.

ҚАҚ-СОҚ *Арам ой, қулық-сұмдық.* ~пен ісі жоқ.

ҚАҚТА I *Оттың қызуына ұстап пісіру.* ~п пісірді. 2. *Күннің, оттың қызуына ұстап кептіру.* ~ған балық. 3. *Отқа жылыну, қыздырыну.* Отқа тізесін ~ды. 4. *Аптап ыстықтың (күннің) күйдіруі.* Шілденің аптап ыстығы аймақты *қақтап,* шөптерді сарғайтып жіберген (Еділбаев).

ҚАҚТА II *Малдың желініндегі сүтті тұқ қалдырмай сауу.* Бұзау ***қақтап*** түрып еміп алыпты (А. Байтұрсынов).

ҚАҚТА III *Бір нәрсенің бетіне күмісті оюлап, өрнектеп, әшекейлеп бекіту, күптеу.* Күміспен ер-тұрманын ~ды.

ҚАҚТАЛҒАН *Тұздалған, ысталған, сүрленген ет, балық.* ~ сазан.

ҚАҚТАМА *Қазанға қарып пісірілген жұқа нан.*

ҚАҚТАН *Қақ пайда болу, қаққа айналу.* Жауын суы ~а бастапты.

ҚАҚТЫ *Қағы бар, қақ жиі кездесетін.* ~ шөл.

ҚАҚТЫ: күн [жел] қақты — *күннің қызуы өтіп тотыққан (жүз, өң).*

ҚАҚТЫҒЫП-СОҚТЫҚ *Біреуге тиісу, қақтығысу, соқтығысу.* Әркімге ~ып, тыныш жүрмейді.

ҚАҚТЫҒЫС I 1. *Айқас, шайқас.* Ақ гвардияшылармен ***қақтығыстар*** да болып тұрады (Тілегенов). 2. *Қағысып, керіспе қалу; пікір таласы.* Екеуі өлде неге ***қақтығысып*** қала береді (Бердияров).

ҚАҚТЫҚ 1. *Бір нәрсеге соқтығып қалу.* Столға ~ғып қалды. 2. *Ауыс. Біреуге тиісу, бәле іздеу.* — Өлер болсаң, Сәрсен екеуімізге ***қақтықпай*** өл (М. Әуезов).

ҚАҚШАҢ: қақшаң қақты — *қақшаң етті, қақшаңдады.*

ҚАҚШАҢДА 1. *Басы қақшаң-қақшаң ету, қақаңдау.* Ол басы ***қақшаңдап***, асыға басып келеді (Хангелдин). 2. *Ауыс. Қақшаң қағу, қақаңдау.* — Осы шалға не жетпейді ***қақшаңдап*** (М. Хасенов).

ҚАҚШАҢ-ҚАҚШАҢ: қақшаң-қақшаң етті — *қақшаңдады, қақшаң қақты.*

ҚАҚШЫ *Тікесінен тік түру; қақию.*

ҚАҚШЫ *Лақтырған затты жерге түсірмей қағып алу.* Ит қантты ~п алды. ◊ **Қақшып кетті** — *ұрлады, іліп кетті.*

ҚАҚЫ I *Ерік, право; құқ.* Қалай айтсаң да ~ң бар.

ҚАҚЫ II *бот. көне. Өгейшөп.* Анау сай-салаларды көргенде ***қақы***, қызғалдақ терген күндерім есіме түсіп кетті (Р. Райымқұлов).

ҚАҚЫЛДА 1. *Құстың қақақтаған дыбыс шығаруы.* Тауықтар ~ ды. 2. *Ауыс. Көп сөйлеу, жағы тынбау.* Кемпір таң атпай ~п оятып жіберді.

ҚАҚЫЛДАҚ *Қақылдап қалған, қақылдай беретін.* ~ кемпір.

ҚАҚЫЛДАУЫҚ *Қақылдай беретін, қақылдағыш.*

ҚАҚЫЛЫ *Қақысы бар, праволы.* Келуге ~.

ҚАҚЫЛЫҚТА 1. *Құстың қақылық-қақылық еткен дыбыс шығаруы; қақылдау.* ~ған тауық. 2. *Ауыс. Қарқ-қарқ күлу, қарқылдау.* Жүрт ***қақылықтап*** күлді (Баялиев).

ҚАҚЫНДА *Туралы, жөнінде, жайында.* Балалар ~ сөз болған жоқ.

ҚАҚЫР *Тамақты қырнай жөткірініп, қақырық шығару.* ~мақ болып, сыртқа шықты.

ҚАҚЫРА I 1. *Заттың қақ айрылып бөлінуі, ажырап кету, сөгілу.* Етігімнің үлтаны ~п қалған еді. 2. *Ауыс. Жарылу, ажырау.* Ылайым араларындағы туыстық құрсауы ***қақырамасын*** (М. Сатыбалдиев).

ҚАҚЫРА II *жерг. Ағаштан, қамыстан қаланып уақытша жасалған баспана; күрке.* Кеңсе деп отырғаны қамыстан соққан, сыланбаған ***қақыра*** еді (Т. Дәуренбеков).

ҚАҚЫРЫҚ *Қақырғанда ішкі ағзалардан бөлініп шығатын, организмге қажетсіз тұкірік.* ~ түсті (тастады).

ҚАҚЫРЫҚТЫ *Қақырық бөлінетін, қақырық араласқан.* ~жөтел.

ҚАҚЫРЫН 1. *өзд. етіс. Қақыр-ын.* 2. *Ауыс. Тамағын қырнау, дыбыс беру.* Өзі епте ***қақырынсам*** да, бұрылатын емес (Ахтанов).

ҚАҚЫРЫНЫП-ЖӨТКІРІНІП *Тамағын қырнап жөтеліп-жөткірініп.*

ҚАЛ I *Адам денесіндегі басқа түсті (қара, қоңыр, қызыл) таңба, мең.* Оң жақ көзінің астында ~ы бар.

ҚАЛ II 1. *Бұрынғы орында болу; еш жаққа кетпеу.* Үйде ~ды. 2. *Бар болу, сақталу.* Жүз сом ақшасы ~ды. 3. *Мезгілді уақытынан кешігу, үлгермеу.* Поездан ~ды. Жұмыстан ~ды. 4. *Жарыста, бәсекеде оза алмау; соңы болу.* Екінші орында ~ды. 5. *Ауыс. Керексіз болу, кәдеге аспау.* 6. *Дағдылы іс-әрекеттен тыйылу, істей алмау.* Үйқыдан ~ды. 7. *Ауыс. Негізгі етістіктермен тіркесіп келіп, көмекшілік қызмет атқарды.* Ойлап ~ды. Жатып ~.

ҚАЛА I *Әкімшілік, мәдени және өнеркәсіптік орындары бар, ірі елді мекен; шаһар.* Мен ~да тұрамын.

ҚАЛА II *Бір тектес заттарды бірінің үстіне бірін қиюластырып қою, тәртіппен орналастыру.* Кірпіш (тас) ~ды.

ҚАЛА III 1. *Бір нәрсеге қолқа салу, сұрау.* Бұркітін ~ды. 2. *Бір нәрсені мақұл көру, дұрыс санау, ұнату.* Менің баруымды ~ды.

ҚАЛА: қала берді [берсе] — *былайша айтқанда, тіптен.* Құлагер зары ***қала*** берді, Орта жүздің зары ғой (F. Мұстафин).

ҚАЛААРАЛЫҚ *Екі қала аралығындағы.* ~ қатынас (автобус). □ **Қалааралық телефон пункті** — *алыс жерлерге телефон соғатын орын, телефон жүйесі.*

ҚАЛАБАСЫ *Қала әкімі, мэр.*

ҚАЛАЙ *Сұрау есімдігі.* Әкеңнің жайы ***қалай?*** ◊ **Қалай айтсаң олай айт** — *не десең де өзің біл.* ***Қалай*** болса да [қалай да болмасын, қайткен күнде де]. **Қалай болса солай** — *құқысыз, бейберекет.* **Қалай дегенмен** — *қайткенмен, қалайда.*

ҚАЛАЙДА *Қалай болғанда да, қайткен күнде де.* ~ менің қалаға баруым керек.

ҚАЛАЙСАН *кәсіби. Қауынның еті дәмді, әрі ірі сорты.* Қауынның торлама, ***қалайсан***, қойбас сияқты сорттары бар.

ҚАЛАЙША *Қалай етіп, қайтіп.* ~ шығып кетіп жүр.

ҚАЛАЙЫ *Тез балқитын, ақ түсті (жылтырақ), жеңіл металл.* ~ дан жасалған. ~ қасық (ыдыс).

ҚАЛАЙЫҚ *Көпшілік, халық.* — Рұқсат бер, ***қалайық.***

ҚАЛАЙЫЛА *Қалайы арқылы ұста, қалайымен дәнекерлеу.* Шәугімнің шүмегін ~п тастады.

ҚАЛАЙЫШЫ *Қалайы қорытушы, қалайымен жұмыс істеуші.*

ҚАЛАҚ 1. *Екі жақ бүйірі жоғары қарай қайырылған, қоқыр-соқыр салуға арналған, күрек іспеттес зат.* 2. *Сылақшылар үй сылағанда пайдаланатын құрал; күрекше.* Лайды ~пен тегістейді.

◊ **Қалақ бас** — *қалақ сияқты жалпақтау болып келген бас.*

ҚАЛАҚАЙ *Тиген жерін дуылдатып ашытатын көп жылдық өсімдік.*

ҚАЛАҚТАЙ *Кішкентай, жеп-жеңіл, жұп-жұқа.* Домбырасы ~.

ҚАЛАҚША I 1. *Кішкентай қалақ.* Қолына ~ алды. 2. *Механизмнің жалпақтау келген кішірек тетігі.* Трактордың шөп көтеретін ~лары.

ҚАЛАҚША II *Қалақ тәрізді, қалақ секілді.* Қолың ~ сумаңдайды ғой.

ҚАЛАЛЫ *Қаласы бар, қала салынған.* ~ ел (жер).

ҚАЛАЛЫҚ *Қалаға тән, қалаға қарайтын.* ~ әкім.

ҚАЛАМ I *Ұшында қаламұшы бар, сиямен жазатын құрал.* ~мен жазып отыр. ◊ **Қалам қайраткері** — *жазу ісімен айналысушы адам.* **Қалам қас** — *жіңішке, қиылған қас.* **Қалам тартты** — *жазушылықпен айналысты.* **Қаламы жүйрік [қаламының желі бар]** — *жазуға төселген, жазғыш.* **Қаламы төселді** — *жазу ісіне шеберленді.*

ҚАЛАМ II *Уықтың шаңырақ көзіне кіретін қырлы сүйір бұрышты ұшы.* Уықтың ~ы.

ҚАЛАМА *Қаттау, қатипа сияқты қаттылау кездеме. Қалама* көйлек қаттысын, ғазіз жанның тәттісін (Бат. жыры).

ҚАЛАМАҚЫ *Басылып шыққан еңбегі үшін авторға төленетін ақша.* ~ алды (төленді).

ҚАЛАМГЕР *Ақын-жазушы, журналист; әдебиет майданының өкілі.*

ҚАЛАМГЕРЛІК *Жазу жұмысымен айналысушылық, жазушылық.* ~ жауапты өнер.

ҚАЛАМДА *Уықтың басын төрт қырлап, қалам шығару. Қаламдап* уықты қырлаған (О. Малқаров).

ҚАЛАМДАС *Жазушылық жұмыста бірге жүрген; әріптес.* ~ жолдастар.

ҚАЛАМДЫҚ *Уықтың төрт қырлы етіп жонылған сүйір ұшы (басы).* Уық ~тан сынды.

ҚАЛАМ-ҚАҒАЗ *Жазу-сызуға қажетті құралсайман.*

ҚАЛАМПЫР *бот.* 1. *Әсемдік, сәндік үшін өсірілетін иісі әдемі көп жылдық өсімдік.* 2. *Осы өсімдіктің хош иісті дәні мен гүлі.*

ҚАЛАМПЫРЛА *Қалампыр қосу, қалампыр араластыру.* ~ған шай.

ҚАЛАМПЫРЛЫ *Қалампыр қосқан, қалампыр араластырған.* ~ шай (насыбай).

ҚАЛАМСАП *Қаламның қаламұш қыстыратын сабы.*

ҚАЛАМҰШ *Қаламның сияға батырып, жазу жазатын ұшы.*

ҚАЛАМША *Уықтың төрт қырлап шығарған ұшы.*

ҚАЛАС: **қалас болды** — *құтылды, босанды.* Бұлардан *қалас* болған соң, Бойын жазып алған соң... (Қобыланды).

ҚАЛАСТЫР *Қалап қою, қалау.* Сөніп бара жатқан отты *қаластырып,* қайта жандырды (Тоқмағанбетов).

ҚАЛАУ *Біреудің қимас нәрсесін қолқалап сұрағандық, қалағандық; қолқа.* Кәне, ~ыңды айт? ◊ **Қалауың болсын [білсін]** — *ұнатқаныңды, қалағаныңды таңда; ерік өзіңде.*

ҚАЛАУ: **қалау райы (лингв.)** — *сөйлеушінің бір іске деген ықыласын, тілегін білдіретін грамматикалық тәсіл.*

ҚАЛАУЛЫ *Көпшілік қалаған, ұнамды, сүйікті.* Халықтың ~ ұлы (қызы).

ҚАЛАУШЫ *Құрлыс жұмысында үйдің іргесін, қабырғасын қалайтын маман.*

ҚАЛАУЫНША *Қалауы бойынша, қалағанынша, еркінше.* ~ ішті.

ҚАЛАШ *Ортасы ашық дөңгелек нан; калач.*

ҚАЛАША *Қала тәрізді; қаланың үлгісінше.* ~ салынған (киінген).

ҚАЛАШЫ *Қалаға барып, базарлап қайтқан адам.* ~лар да келді.

ҚАЛАШЫҚ *Шағын қала, кішкене ғана қала.*

ҚАЛАШЫЛ *Қалаға бара бергіш.* ~ болып кетті.

ҚАЛАШЫЛА *Қалаға барғыштау, қаланы аралап қайту.* ~п кетті.

ҚАЛБАҒАЙ I *Шу асауды ұстау үшін қолданылатын құрал; шалма.* Жүген-құрық тимеген асауларға *қалбағай* тасталады (М. Әуезов). ◊ **Қалбағай ойнатты** — *қаңғалақ қақтырды, ала жөнелді.*

ҚАЛБАҒАЙ II 1. *Жамбастың үстіңгі жағындағы сыртқа шығыңқырап тұрған омыртқа; ұша.* 2. *Қалқиған, делдиген.* Ат *қалбағай* тастың алдындағы қарағайда байлаулы тұр (Ә. Әбішев).

ҚАЛБАҒАЙ III *техн. Комбайнның егіс сабақтарын шалғысына қарай жығып беріп тұратын айналмалы тетігі.*

ҚАЛБАҒАЙ IV *зоол. Желкесінде сарғыш тұлымы бар, жалпақ қара тұмсықты аққұтанға ұқсас құс.*

ҚАЛБАҒАЙЛА *Қалбалақтау, қалбалақ қағу.* Жапырақтар әуеде *қалбағайлайды* (Т. Әлімқұлов).

ҚАЛБАҒАЙЛЫ *Қалбағайы үлкен, қалбағайы шығыңқы.* Кең сауырлы, тар мықын, *қалбағайлы,* Алды, арты бірдей келсе ерге жайлы (Абай).

ҚАЛБАҚ: **қалбақ қақты** — а) *қалбаңдады, далпдалп етті;* ә) *жаны қалмады, бәйек болды.*

ҚАЛБАҚТА 1. *Қалбалақтау, далпылдау.* Төменгі ауылдан біреу *қалбалақтап* келеді екен (Иманбеков). 2. *Ауыс. Бәйек болу, жаны қалмау.* Әйтеуір Айжанды көрсе, күлімсіреп, *қалбақтап* қалады (Шашкин).

ҚАЛБАЛАҚ: **қалбалақ қақты** — а) *қалбаңдап үшты, дапылдады;* ә) *асып-састы, дегбірсізденді;* б) *жаны қалмады, құрдай жорғалады.*

ҚАЛБАЛАҚТА 1. *Қалбаң-қалбаң ету, жалпжалп ету.* Қағаз (құс) ~п ұшты. 2. *Ауыс. Дегбірсіздену, сасқалақтау.* Кемпірі ~п соңынан жүгіріп келеді. 3. *Ауыс. Құрақ ұшу, бәйек болу, жаны қалмау. Қалбалақтап* төріне көрпе төседі.

ҚАЛБАЛАҢ: **қалбалаң қақты** — а) *қалбалақтады, қалбақ-қалбақ етті;* ә) *құрақ ұшты, жаны қалмады.*

ҚАЛБАЛАҢДА 1. *Қалбаң-қалбаң ету, далпылдау.* Әлгі торғай қалың шөпке түсті де, *қалбаңдап* қалды (Аймауытов). 2. *Ауыс. Құрақ ұшу, бәйек болу.* Анам *қалбалаңдап,* о жақ, бұ жағыма шықты (Соқпақбаев).

ҚАЛБАЛАҢ-ҚҰЛБАЛАҢ: **қалбалаң-құлбалаң етті** — а) *қалбақтады, далп-дұлп етті;* ә) *құрақ ұшты, бәйек болды.*

ҚАЛБАҢ: **қалбаң қақты [етті]** — а) *жалп-жалп етті; далбаңдады;* ә) *бәйек болды, құрақ ұшты.*

ҚАЛБАҢДА 1. *Қалбаң-қалбаң ету, жалпылдау.* Қарға ~й ұшты. 2. *Ауыс. Асты-үстіне түсу, құрақ ұшу.* Құдағиымыз мені көріп, ~п қалды.

ҚАЛБАҢ-ҚҰЛБАҢ: қалбаң-құлбаң етті — а) *қалбалақтады, жалп-жұлп етті;* ә) *асып-састы, дегбірі кетті.*

ҚАЛБИ *Қалқию, жарбию.* Анадай жерде ~ып қарақұс отыр.

ҚАЛБЫР I *Дәнді дақылдарды елеп, қиқымнан тазартатын құрал.*

ҚАЛБЫР II *Қаңылтырдан жасалған ыдыс.*

ҚАЛБЫРЛА *Қалбырмен дән тазарту, елеу.* Көз алдына астық ***қалбырлап*** отырған шешесі елестеді.

ҚАЛҒА *тар. Орта ғасырлардағы кейбір түрік ұлыстарында* (Қырым, Қазақ ордасы) *ханнан соңғы үшінші дәрежедегі ұлық, кіші уәзір.*

ҚАЛҒАН-ҚҰТҚАН *Қалып қалған, артылған; қалдық.* ~ тамақ (киім).

ҚАЛҒЫ 1. *Көзі ілініп кету, мұлгу.* ~п кетті. 2. *Ауыс. Тыныштық құшағына ену, маужырау.* Қараңғы түнде тау ***қалғып,*** Үйқыға кетер балбырап (Абай).

ҚАЛҒЫП-МҰЛГІ *Үйқысы келу, маужырау.* Қашан көрсең, ~п отырғаны.

ҚАЛҒЫСЫЗ: естен қалғысыз — *ұмытылмайтын, естен шықпайтын.*

ҚАЛҒЫШТА *Қайта-қайта қала беру.* Жомарт артта ~й береді.

ҚАЛДА *кәсіби. Диірменшінің диірменге астық (ұн) тартып бергені үшін алатын ақысы.* Диірменші ***қалдаға*** деп алды (Мұртазаев).

ҚАЛДАЙ I *Арба мен шананың жүк құлап кетпес үшін жасалған шарбақты қоршауы.* ***Қалдайының*** орта шеніне азын-аулақ жүк басқан (Б. Шаханов).

ҚАЛДАЙ II *тар. Шығыс Түркістандағы Қытай билігі негізіндегі ұлық.* Қарапшысын байланып, — ***Қалдай*** мінер ат екен. (Арқалық батыр).

ҚАЛДАЙША *Кіші-гірім қалдай, кішірек қалдай.*

ҚАЛДЫ *Қалы бар.* ~ қыз (бет).

ҚАЛДЫҚ I *Бір нәрсенің қалған бөлегі, сарқыншағы.* Көмірдің ~ғы, үнның ~ғы.

ҚАЛДЫҚ II *мат. Бір санды екінші санға бөлгеннен кейінгі бөлінбей қалған сан.*

ҚАЛДЫР-ҚҰЛДЫР: қалдыр-құлдыр етті — *қалдырлады, қалдыр-қалдыр етті.*

ҚАЛЕМШЕ *бот. Өсімдіктің бойында бұршік көздері бар бір жылдық сабақ не тамыр кесіндісі.*

ҚАЛАМШЕЛЕ *Қалемше арқылы көбейту, қалемшеден өсіру.* ~п отырғызылған шыбық.

ҚАЛЕНДАР *Ел ақтап, қайыр-садақа жинап, бал ашып, көріпкелдік жасап жүретін арқалы адам.*

ҚАЛЖА *Жас босанған әйелге арналып сойылған малдың жас еті.* ~ жеді (жеген).

ҚАЛЖАҚ *Қылжақ, тәлкек.* — Сіз ~ты қойыңыз.

ҚАЛЖАҚБАС *Қалжақтай беретін, тәлкекшіл, қылжақбас.* ~ қойшы.

ҚАЛЖАҚБАСТЫҚ *Қалжақбас болушылық, қылжақбастық.*

ҚАЛЖАҚТАТ *Қалжаққа айналдыру, қылжақтау; тәлкек ету.* Тәйт, әрі, ~пай.

ҚАЛЖАҚТЫҚ *Қалжақтағандық, қылжақ-қылжақ еткендік.*

ҚАЛЖАЛА *Босанған әйелге қалжа жегізу.* Мал сойып, ~ды.

ҚАЛЖАЛЫҚ *Қалжаға жарарлық.* ~ жас сорпа.

ҚАЛЖАУРА *Діңкесі құру, шаршап-шалдығу.* Айша таңға жуық ***қалжаурап*** кеп, қисая кетті (Мұратбеков).

ҚАЛЖУАР *Қақпа есігін іш жағынан көлденең өткізіп, бекітіп қоятын жуан ағаш.*

ҚАЛЖУЫР I ***көне.*** *Ішінде салдырлайтын заты бар қаңылтыр қорап (қалбыр).* Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына ***қалжуыр*** байлапты (Мақал).

ҚАЛЖУЫР II *Садақтың оғының бір түрі.*

ҚАЛЖЫҢ *Ойын-күлкі үшін айтылатын әзіл сөз.* ~ айтты. ◊ **Қалжыңға айналдырды [сүйеді, шаптырды]** — *сөзін әзілге бұрды.* **Қалжыңға басты** — *әзілдеді, қалжыңдады.*

ҚАЛЖЫҢБАС *Әзілқой, күлдіргі.* ~ жігіт (адам).

ҚАЛЖЫҢБАСТАН *Қалжыңбастық көрсету, қалжыңдау.* Қой, ~ба.

ҚАЛЖЫҢБАСТАУ *Қалжыңшыл, әзілкештеу.* ~ жігіт.

ҚАЛЖЫҢБАСТЫҚ *Әзілкештік, қалжыңқойлық.* ~ғы қалмаған.

ҚАЛЖЫҢДА *Қалжың айту, әзілдеу.*

ҚАЛЖЫҢДЫ *Қалжың аралас.* ~ сөз (жауап).

ҚАЛЖЫҢҚОЙ *Қалжыңбас, әзілшіл.* ~ жігіт.

ҚАЛЖЫҢҚОЙЛЫҚ *Қалжыңқой болушылық әзілкештік.* Кешегі ~ жоқ.

ҚАЛЖЫҢҚҰМАР *Қалжыңқой, әзілшіл.*

ҚАЛЖЫҢШЫЛ *Қалжыңбас, әзілқой.* ~ жан.

ҚАЛЖЫҢШЫЛДЫҚ *Қалжыңбастық, әзілқойлық.*

ҚАЛЖЫР ***зоол.*** *Дала құстарының бірі.* Бөктергі, лашын, құладын, ***қалжыр*** сияқты құстар бар (Қияда).

ҚАЛЖЫРА *Шаршап-шалдығу, титықтау.* Әбден ~ды.

ҚАЛҚА I *Бір нәрсенің ық жағы, тасасы.* Үйдің ~сы.

ҚАЛҚА II ***эмоц.*** *Жасы үлкен адамның өзінен кішіге еркелете айтатын ишарат сөзі.* Үйге кір, ***қалқам.***

ҚАЛҚАБАС ***эмоц.*** *Қалқатай, қалқажан.*

ҚАЛҚАЖАН ***эмоц.*** *Қалқаш, қалқатай.*

ҚАЛҚАЙ 1. *Бір орында қозғалмай тұру, қақию.* Ол ~ып әлі тұр. 2. ***Ауыс.*** *Аман-есен тірі жүру.* Әйтеуір ***қалқайып*** аман жүрсе екен (Асылғазин).

ҚАЛҚАЙМА ***қарап.*** *Қалқайтып тұрғызылған нәрсе; жауынқағар.* Екеуі ~ның астында тұр.

ҚАЛҚАҚТА 1. *Теңселу, шайқалу, ырғалу.* Теңізге түпсіз алдағы ***Қалқақтаймыз*** малтығып (Сейфуллин). 2. ***Ауыс.*** *Қалт-құлт етіп тіршілік ету.* Шүкір, Жұмеке, ***қалқақтап*** жүрміз ғой (Иманбаев).

ҚАЛҚАЛА I 1. *Бір нәрсенің қалқасына тығылу, тасалану.* Үшеуі тасты ~п, жата-жата қалысты. 2. *Көлегейлеу, тасалау; қорғау.* Бәрі де қолдарын маңдайларына ***қалқалап***, аспанға қарап қалыпты (Жұмаділов).

ҚАЛҚАЛА II *"Қалқашым, қалқашым" деп қайта-қайта айту.*

ҚАЛҚАЛЫ *Қалқасы бар, қалқа жасалған.* ~ аула, ~ жер.

ҚАЛҚАН I ***көне.*** *Батырлар оқтан, найзадан қорғанатын соғыс құралы.* ◊ **Қалқан болды [етті]** — *қорғады, сақтап қалды.*

ҚАЛҚАН II *Арбаның, шананың жүк үшін жасалған шарбақты қорабы; қалдай.* Арбаның ~ы.

ҚАЛҚАН III *анат. Құлақтың қалқиған сыртқы бөлігі.* Құлақ ~ы. ◊ **Қалқан құлақ** — *қалқиған үлкен құлақ.*

ҚАЛҚАНДЫ *Қалқаны бар.*

ҚАЛҚАНҚҰЛАҚ *Атжалман деп аталатын тышқан. Қалқанқұлақ* Бетпақдала шөлінде, Балқаш, Алакөл төңірегінде бірен-саран кездеседі (Жер жаннаты).

ҚАЛҚАНША I 1. *Кішірек келген қалқан.* 2. *Бір нәрседен қорғайтын зат.* Жаткалардың бәріне *қалқаншалар* орнатылды ("Лен. жас").

ҚАЛҚАНША II *бот. Өсімдік дәніндегі түрін өзгерткен тұқым жарнағы. Қалқанша* эндосперм мен ұрықтың екі арасында жатады (Т. Мұсақұлов).

ҚАЛҚАНША III *Қалқан тәрізді, қалқан секілді.* Қолына ~ ұстады.

ҚАЛҚАНША: қалқанша безі (*анат.*) — *жан-жануарлар организмінің зат алмасуын ретке келтіретін ішкі секреция безі.*

ҚАЛҚАНДА *Қалқаң-қалқаң ету.* Тұмағының құлағы *қалқаңдап* бір атты кісі келеді (Аймауытов).

ҚАЛҚАТАЙ *эмоц. Қалқажан, қалқаш.*

ҚАЛҚАТАЙЛА *Қалқатай, қалқатай деп қайта-қайта айту.*

ҚАЛҚАШ *эмоц. Қалқажан, қалқатай.*

ҚАЛҚИ 1. *Көзге оқшау көрінү, қалқаю. Қалқиып* қара мұржа қалыпты тек (Сейітов). 2. *Ауыс. Тірі жүру, өлмеу.* Олар *қалқиып* жүргенге ғана мәз ("Лен. жас").

ҚАЛҚИТ 1. *өзг. етіс. Қалқи-т.* 2. *экспр. Баспана жасап алу, үй тұрғызу.* Сендер де үйді *қалқита* беріңдер (Елубаев).

ҚАЛҚЫ 1. *Бір нәрсенің су бетінде жүзіп жүруі.* Су бетінде ~п жүр. 2. *Бір нәрсенің аспанда баяу жылжуы, қалықтауы.* Аспанда ақ шарбы бұлт *қалқиды* (Шашкин). 3. *Сұйықтықтың бетіне шыққан затты бөліп алу.* Сорпаның бетін *қалқып,* Мәмбетке құяды (Жансүгіров).

ҚАЛҚЫМА *Қалқып жүретін, қалқитын.* ~ ау (көпір, мұз).

ҚАЛМАҚ *Қалмақ елінің негізгі тұрғыны (халық).* ◊ **Қалмақ ер** — *қалмақ халқына тән ер үлгісі.* **Қалмақ жүріс** — *еш жерге тоқтамайтын, аялдамайтын жортуыл жүріс.* **Қалмақ сиыр** — *негізінен қалмақ жерінен тараған сиыр тұқымы.*

ҚАЛМАҚША *Қалмақ тілінде.* ~ сөйледі. ◊ **Қалмақша байлады [байластырды]** — *аттарды айқастырып, бірінің тізгінін екіншісінің құйысқанына байлады.*

ҚАЛМАҚШАЛА *Қалмақ тілінде сөйлеу, аудару.*

ҚАЛМАҚШЫЛАП *Қалмақтар құсап, матастырып.* ~ байлады.

ҚАЛМАҚЫ *Қалмақ үлгісінде жасалған.* ~ ер (қылыш).

ҚАЛПАҚ 1. *Жұқа ақ киізден, шұғадан тігілген еркектердің етегі түрік жеңіл бас киімі.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің үстіне төңкерілген сауыт.* Ауа насосы *қалпағының* астына будильник сағатын қоялық (Физика). ◊ **Қалпағын аспанға атты** — *қатты қуанды, мәз болды.* **Қалпақ құрлы көрмеді** — *қайырылып та қарамады, менсінбеді.* **Қалпақпен ұрып алды [қағып түсірді]** — *бір нәрсені қолға оп-оңай түсірді.*

ҚАЛПАҚТАЙ *Қалпақ секілді, қалпақ тәрізді.* ~ лақтырды. ◊ **Қалпақтай түсті [ұшты]** — а) *жалп етіп құлап түсті; мұрттай ұшты;* ә) *қатты ауырып қалды.*

ҚАЛПАҚТЫ *Қалпақ киген, басында қалпағы бар.* ~ кісі.

ҚАЛПАҚША I *Кішірек келген қалпақ сияқты зат.* Шөлмектің аузы *қалпақшамен* жабылды (Қымыз).

ҚАЛПАҚША II *Қалпақ секілді, қалпақ тәрізді.* ~ ұшып түсті.

ҚАЛПАҚШАҢ *Басында қалпағы бар, қалпақ киген.* ~ жігіт.

ҚАЛПЕ *діни. Ислам дініндегі қазіреттен кейінгі атақ.*

ҚАЛПЫ I *Өтірік, жалған, теріс, бұрыс.* Халық айтса, *қалпы* айтпайды (Мақал).

ҚАЛПЫ II қ. *Қалып.* Ойлаған ~. ◊ **Қалпына келді** — *бұрынғы күйіне түсті.*

ҚАЛПЫНДА *Бұрынғы күйінде; ешбір өзгерісі жоқ.* Әжесі әлі де баяғы ~.

ҚАЛПЫМЕН *Сол күйінде; бүтіндей.* Сол ~.

ҚАЛПЫНША 1. *Ешбір өзгеріссіз, әдеттегідей.* Әдеттегі ~ сүйсіне қарады. 2. *Бастан аяқ, бүтіндей, түгелдей.* Мынауың *қалпынша* кебек қой? (Сатыбалдин).

ҚАЛТ *Аяқ астынан, кенет; кілт.* Ол ~ тоқтады. ◊ **Қалт айтпайды** — *жалған (бекер) айтпайды.* **Қалт етпеді [еткізбеді]** — *тырп етпеді, орнынан қозғалмады.* **Қалт етсе [еткенде]** — *қолы сәл босай қалса.* **Қалт жібермеді** — *мұқият қадағалады.*

ҚАЛТА I 1. *Киімнің екі жанына, омырау тұсына тігіліп, уақ-түйек зат салып жүруге арналған бөлігі.* Жан ~, төс ~, қойын ~. 2. *Ауыс. Ақша, қаржы, байлық.* — *Қалтаңа* сенбе, мынаған сен,- деп сұқ саусағымен басын тықылдатты (С. Жүнісов). 3. *биол. Кейбір сүтқоректі жануарлардың күшігін салып өсіретін дене мүшесі.* ◊ **Қалтаға түсті** — *біреудің қалтасынан ақша ұрлады.* **Қалтасы жұқа [жұқарды]** — *ақшасы аз, қаражаты мардымсыз.* **Қалтасы қағылды** — *ақшасы таусылды, бітті.* **Қалтасы қалың [тоқ]** — *қаражаты көп, ақшасы мол.* **Қалтасы құрғамады** — *жанынан ақша үзілмеді.* **Қалтасына басты** — *қалтасына салып, алып кетті.* **Қалтасы [қалтасының түбі] тесік** — *ақшаның бетіне қарамайтын (адам).*

ҚАЛТА II 1. *Азық-түлік, оны-мұны салатын кішкене дорба.* Мұрат үйде *қалта* түбінде жатқан ескі томағаны алып келді (Сейдімбеков). 2. *анат. Кейбір органдардың сыртқы қабы.* Өт ~сы.

ҚАЛТАГҮЛ *бот. Мамыр-маусым айларында гүлдейтін көп жылдық шөптесін өсімдік.* Гүл өсіру шаруашылығында *қалтагүлдің* бұйра гүлді түрі өсіріледі (ҚСЭ).

ҚАЛТАҚ *Қалт-қалт еткен, қалтылдақ.* ~ бас. ◊ **Қалтақ қақты** — *қалт-қалт етті, қалтылдады.*

ҚАЛТАҚ-ҚАЛТАҚ: қалтақ-қалтақ етті — *қалтақтады, қалтақ-құлтақ етті.*

ҚАЛТАҚ-ҚҰЛТАҚ қ. *Қалтақ-қалтақ.*

ҚАЛТАҚТА 1. *Қалт-қалт ету, қалтылдау.* Басы ~ды. 2. *Ауыс. Өйтіп-бүйтіп күн көру; бірде жетіп, бірде жетпеу.* Әйтеуір жүрт қатарлы *қалтақтап* жүріп жатқан тіршілік қой (З. Ақышев).

ҚАЛТАЛАҚТА 1. *Басы қалтылдау, қалтақтау.* Кемпір басы *қалталақтап* бұрыштағы отыр. (Сарғасқаев). 2. *Аягын нық баса алмау, тәлтіректеу.* Бұларға есікті *қалталақтаған* кәрі шал ашты (Бәйшешек).

ҚАЛТАЛАН 1. *Киімнің қатпарлануы.* Жүннен жасалған киім ~ байды. 2. *Адамның көз алды терісінің ісініп, күлтілдеуі.* Шайхының көзінің алды да *қалталанып* түр (Т. Әлімқұлов).

ҚАЛТАЛАҢДА *Қалталаң-қалталаң ету, қалталақтау.*

ҚАЛТАЛЫ 1. *Қалтасы бар, қалта салынған.* ~ киім (куртка). 2. *Ауыс. Ақшасы көп, бай.* ~ бай. ◊ **Қалталы қасқыр** *(зоол.) — өте сирек кездесетін, дене тұрқы 100–130 см-дей жыртқыш аң.*

ҚАЛТАЛЫЛАУ *Ақшасы көптеу, байырақ.* ~ біреуге күйеуге шықты.

ҚАЛТАҢ *Қалтаңдаған күй, қалтақ.* Бай — балпаң, жарлы — *қалтаң* (Мақал). ◊ **Қалтаң етікізді** — *басын қалт көтеріп алды.* **Қалтаң қақты** — *қалт-құлт етті, қалталаңдады.*

ҚАЛТАҢДА 1. *Қалтаң-қалтаң ету, қалталақтау.* Басы ~ды. 2. *Аяғын нық баса алмау, тәлтіректеу.* Жақау шал да *қалтаңдап* солардың арасында жүр (Сүндетов).

ҚАЛТАҢ-ҚАЛТАҢ: қалтаң-қалтаң етті — *қалтаңдады, қалталақтады.*

ҚАЛТАҢ-ҚҰЛТАҢ: қалтаң-құлтаң етті — *қалт-құлт етті, қалтаңдады.*

ҚАЛТАР *Бір нәрсені жасыру, сыр бұғу.* Ол еш нәрсені *қалтарып* қалған жоқ ("Соц. Қаз").

ҚАЛТАРЫС 1. *Жұрт көзінен таса жер, қаға беріс.* ~қа тоқтады. 2. *Ауыс. Жасырын сыр, құлық.* Ол *қалтарыс,* құлығы жоқ адам (Жұмаділов).

ҚАЛТАРЫССЫЗ *Бүкпесіз, қалтқысыз, адал.* ~ айтты.

ҚАЛТАРЫСТАУ *Тасалау, оңашалау.* ~ жер.

ҚАЛТАШЫҚ *Кішкентай қалта.* Биғаным *қалташықтағы* бұршақтарын төге салып, құмалақ ашуға кірісті (М. Хасенов).

ҚАЛТИ *Бір орында сілейіп тұрып қалу, қозғалмау.* Үшеуі де ~ып тұр.

ҚАЛТ-ҚАЛТ: қалт-қалт етті — а) *қалтылдады, дірілдеді, селкілдеді;* ә) *қатты қорықты, зәресі қалмады.*

ҚАЛТ-ҚҰЛТ 1. *Тәлтірек қағып, қалтырақтап.* ~ басты (жүрді). 2. *Әрең-пәрең, зорға.* ~ тірлік етті. ◊ **Қалт-құлт етті** — а) *қалтылдады, қалтыл қақты;* ә) *әрең-пәрең тіршілік етті.*

ҚАЛТҚЫ I *Нәрсенің біріне-бірінің тимей тұрған жеріне қойылатын, соған лайықталған зат; кепіл.*

ҚАЛТҚЫ II 1. *Қармаққа, ауға байланатын жеңіл зат.* ~сы суға батып кетті. 2. *Ауыс. Күдік, күмән, шүбә.* Айтқанының бәрі *қалтқысы* жоқ шын төрізді көрінді (Рахимов).

ҚАЛТҚЫСЫЗ *Бүкпесіз, адал.* ~ достық (көңіл).

ҚАЛТЫЛ *Қалтылдағандық күй; діріл.* Қолына әлдебір ~ бар.

ҚАЛТЫЛДА 1. *Бір нәрсенің қалт-құлт етуі, селкілдеу.* Басы (қолы) ~ды. 2. *Мұздау, тоңу; дірілдеу.* Дірілдеп Таймас сорлы *қалтылдап* тұр (Жансүгіров). 3. *Ауыс. Қорқу, үрейлену.* Біреу білер жер келсе, Сөз таба алмас *қалтылдап* (Абай). 4. *Ауыс. Епсіп-сепсіп тіршілік ету, күнелту.* Жүз теңгесін жеткізе алмай ~п жүрген жоқ па.

ҚАЛТЫЛДАҚ *Қалт-қалт еткен, қалтылдап қалған.* ~ бас (қол).

ҚАЛТЫЛДАУЫҚ *Қалтылдап қалған, қалт-құлт еткен.* ~ кеме.

ҚАЛТЫР *Діріл, қалтыл.* Көңіл толқуының *қалтыры* емес (Н. Ғабдуллин).

ҚАЛТЫРА 1. *Дірілдеу, селкілдеу.* Қолы (буындары) ~ды. 2. *Тоңу, мұздау.* Тісі тісіне тимей ~п тұр. 3. *Ауыс. Қорқып кету, үрейлену.* Оның денесі ~п кетті. 4. *Ауыс. Қатты ашулану, ызаға булығу.* Қоясың ба, күшік?- деді, Оспан *қалтырап* (Майлин). 5. *Ауыс. Сараңдық жасау.* Ақшасы азаяды деп *қалтырайды* (Еркебаев).

ҚАЛТЫРАҚ *Қалтырағаң күй, қалтыр, қалтыл.* Оның қол-аяғына әлдебір ~ бітті.

ҚАЛТЫРАҚТА 1. *Қалтырау, дірілдеу.* Ол ~п жүре берді. 2. *Ауыс. Қорқу, зәресі ұшу.* — Құдаша, қорықпай-ақ қой *қалтырақтап* (Айтыс).

ҚАЛТЫРАП-ДІРІЛДЕ 1. *Мұздау, тоңу, тісі-тісіне тимеу.* 2. *Ауыс. Қорқу, зәресі ұшу.*

ҚАЛТЫРАУЫҚ *Қалтырап қалған, қалтылдақ.* ~ бас (қол).

ҚАЛУЕН *бот. Бойы биік, тікенді арамшөп.* Егінге аса зиянды арамшөптің бірі — *қалуен* (Қазақстан өсімдік).

ҚАЛШАДАЙ: қалшадай қатты — *қақиып, сілейіп қатты да қалды.*

ҚАЛШАҢ *Өскелең, өсіңкіреп кеткен.* Жылқы ішінде алады, *қалшаң* жүнді қарады (Батырлар жыры).

ҚАЛШАУ *Құсқа құстың шүйілуі, қайтпай тұсуі.*

ҚАЛШИ *Үнсіз сілейіп тұрып қалу.* Қыз тұрған жерінде ~ды да қалды.

ҚАЛШ-ҚАЛШ: қалш-қалш етті — а) *қалшылдады, дірілдеді;* ә) *қатты қорықты, зәре-құты қалмады.*

ҚАЛШЫЛ *Қатты діріл, селкіл.* Денемнің ~ы әлі басылмаған екен. ◊ **Қалшыл қақты** — *қалш-қалш етті, қалшылдады.*

ҚАЛШЫЛДА 1. *Қалш-қалш етіп, қатты қалтырау, дірілдеу.* Денесі ~ды., 2. *Суыққа тоңу, мұздау.* Ол суықтан ~ды. 3. *Ауыс. Қатты ашулану, ыза кернеу.* — Сен бұл шешімге қашан келдің? — деп *қалшылдады* Мамай (Жұбатыров).

ҚАЛЫ: қалы кілем — *түрлі-түсті ою-өрнектермен безендірілген, қымбат бағалы кілем.*

ҚАЛЫҚ *Қалып қойған, озық емес.* Қызметкердің де озығы мен *қалығы* бар (Т. Әлімқұлов).

ҚАЛЫҚПАН *Тазқара, сақалтай, құмай деп те аталатын бүркіт тұқымдас құс.*

ҚАЛЫҚТА 1. *Құстың қанатын қақпай, бір қалыпты самғай ұшуы.* Қияда қыран ~йды. 2. *Ауыс. Ән әуенінің шарықтап көкке көтерілуі, алысқа тарауы.* Алыстан салған ән түнгі ауада *қалықтап* анық естіле бастады (С. Жүнісов).

ҚАЛЫҚТАУ *Аздап қалық, сәл ғана қалған.* ~ келе жатыр.

ҚАЛЫҢДЫ *мат. Бір санды бір саннан алғаннан кейінгі қалған сан, қалдық.* ~ қанша?

ҚАЛЫҢ I *Айттырылған қалыңдық үшін төленетін мал-мүлік.* ~ берді (төледі).

ҚАЛЫҢ II 1. *Жұқа емес; қабат-қабат.* ~ көрпе (кітап, қар, киім). 2. *Көп, мол: нөпір.* ~ қол (жылқы). 3. *Қою, тығыз, жиі.* ~ жал (қас, шаш). 4. *Бітік, ну, жайқалған.* ~ шөп (егін, қарағай).

ҚАЛЫҢДА 1. *Астына қалың етіп төсеу, қабаттау.* Төрге ~п көрпе төседі. 2. *Бір нәрсенің қалыңдығы өсу, биіктей түсу.* Қи ~ды, қар (мұз)

~ды. 3. *Көбею, молаю.* Бетінің әжімі ~ды. 4. *Қоюлану, тығыздалу.* Бұлт ~ды. 5. *Бітік шығу, жиі өсу.* Қамыс (шөп) ~ды.

ҚАЛЫҢДАУ *Қалыңдығы әжептеуір, қалыңырақ.* ~ кітап (мата).

ҚАЛЫҢДЫ-ЖҰҚАЛЫ *Қалың не жұқа күйінде.* ~ кесе беру керек.

ҚАЛЫҢДЫҚ I 1. *Заттың қырынан алып қарағандағы қабаты.* ~ ғы бір елі. 2. *Көптік, молдық.* Ақбөкеннің **қалыңдығы** соншалықты, жер қайысады (С. Мұқанов). 3. *Жиілік, тығыздық.* Шашының ~ғын айтсайшы.

ҚАЛЫҢДЫҚ II *Біреуге атастырылған оң жақтағы қыз.* ~ ғын алуға барады. ◊ **Қалыңдық ойнады** — *күйеу жігіттің қалыңдығымен жасырын кездесіп, ойнап-күліп жүруі.*

ҚАЛЫҢҚЫ *Сәл қалған, қалып қойған, қалық.* Қазіргі әдеби даму барысы біршама **қалыңқы** (Мұртазаев).

ҚАЛЫҢМАЛ *Күйеу жағының қалыңдық үшін беретін малы; қалың.* ~ берді (төледі).

ҚАЛЫҢЫРАҚ *Аздап қалың, қалыңдау.* ~ киім (топырақ).

ҚАЛЫП 1. *Балқыған заттарды, кірпішті қатыруға арналған белгілі бір формадағы зат.* ~қа салып кірпіш құйды. 2. *көне. Етік, кебіс тігу үшін пайдаланылатын құрал.* **Қалып** адамның аяғының түрқына қарай үлкенді-кішілі жасалады (Қасиманов). 3. *Ауыс. Түр, пішін, кейіп.* Үнімді естімегендей **қалып** білдірді (Саин). 4. *Адамның не басқа бір заттың белгілі сәттегі күй-жайы, пиғылы.* Ол манағы **қалпында** әлі тұр (С. Мұқанов). ◊ **Қалпына [қалыбына] келді [түсті, көшті]** — *әуелгі күйіне қайта түсті, бұрынғыдай болды.* **Қалып алды** — *бір нәрсеге дағдыланды, төселді.*

ҚАЛЫПТА *Балқыған металды, балшықты қалыпқа құйып (салып), белгілі бір формаға келтіру.* ~п құйып тастады.

ҚАЛЫПТАС I 1. *Белгілі бір формаға келу, қалып алу.* Өрнек былғары бетіне әбден ~ ып дегдігенше тұрады. 2. *Орныгу, тұрақталу.* Ағартушылық көзқарасы ~ты. 3. *Дағдыға айналу, үйреншікті болу.* ~ып қалған зиянды қылық.

ҚАЛЫПТАС II *Ұқсас, тектес.* Ол жаңағы бір шал ~.

ҚАЛЫПТЫ 1. *Белгілі бір қалыпқа түсірілген; размерлі (аяқ-киім).* 42 ші ~ туфли. 2. *Қалыпқа түскен, тұрақты, өзгермейтін.* ~ температура. ~ шама. 3. *Үйреншікті, дағдылы.* Рахит ауруы бала сүйектерінің ~ өсуін бұзады. ~ қайың.

ҚАЛЫПТЫЛЫҚ *Қалыпқа түскендік; тұрақтылық.*

ҚАЛЫПША I *Кішкене қалып.*

ҚАЛЫПША II *Бұрынғысынша, әдеттегіше.* Сол бұрынғы ~ қалсақ қайтеді?

ҚАЛЫПШЫ *Зауыттың құю цехында балқытылған металды қалыпқа құятын маман жұмыскер; қалыптаушы.*

ҚАЛЫС I *Ешқандай қатысы жоқ, бейтарап.* ~ адам (ағайын). ◊ **Қалыс қалды [қалмады]** — *еш нәрсеге араласпады, шет қалды.*

ҚАЛЫС II 1. *орт. етіс. Қал-ыс.* 2. *Болымсыздық мәніндегі сөздермен тіркесіп келіп, "кем түспеді" дегенді білдіреді.* Сымпыс құйрық жиренге мінген біреу **қалысар** емес (Мұзапаров).

ҚАЛЫСТАУ *Қалысырақ, бейтараптау.* ~ қалды.

ҚАЛЫСТЫҚ 1. *Қалыс болушылық, қалыс қалғандық.* 2. *Ауыс. Әділдік, дұрыстық.* Нұрғайша қарағым, сен депутатсың ғой, **қалыстығыңды** айтшы (Б. Қожабеков).

ҚАМ I 1. *Бір нәрсенің жай-күйі, жағдайы.* Елдің ~ы, мал ~ы, қыс ~ы. 2. *Іс, әрекет, амал, айла.* Әбдіжан жүру **қамына** кірісті (Бегалин). ◊ **Қам жасады** — *бір нәрсеге алдын ала әзірледі.* **Қам [қамын] жеді [жемеді]** — а) *біреудің жайын ойлады, қамқорлық жасады;* ә) *уайымдады, қайғырды.* **Қамын ойлады** — *біреуге қамқорлық етті, жағдай жасады.*

ҚАМ II 1. *Өңделген, ийі қанбаған, шикі.* ~ қайыс (тері, кесек, кірпіш). 2. *Ауыс. Шала, піспеген.* Алғаның жаман жолықса, Үйінің іші шаң болар, Істінің бәрі **қам** болар (Майлықожа).

ҚАМ III *Қайғы-шер, мұң, уайым.* Басқа түскен **қам** да ұмыт (О. Сәрсенбаев). ◊ **Қам болды** — *қайғырды, қапаланды.* **Қам көңіл [көңілді]** — *мұнды, шерлі.*

ҚАМА I 1. *Бір нәрсені ұстау үшін жан-жақты қоршау, қыспаққа алу.* Ақтардың әскерін ~п алды. 2. *Малды қорға кіргізіп, бекітіп қою.* Жылқыны қораға ~ды. 3. *Түрмеге отырғызу, абақтыға жабу.* Әкемді ~ғалы бір ай болды.

ҚАМА II *Кішірек келген, жылтыр қара түсті, суда жүретін, терісі бағалы аң; кәмшат.* ~ бөрік.

ҚАМА III *кәсіб. Балық ұстау үшін шіліктен, қамыстан тоқып жасалған ау.*

ҚАМАЖАУ *Айнала қоршалғандық.* ~дан құтылды.

ҚАМАЖАУЛА 1. *Жан-жақтан қамау, қоршау.* Қалың қуғыншы ~п келіп те қалды. 2. *Ортаға алу, қаумалау.* Біз картты ~п ортаға алдық.

ҚАМАҚ: мырза қамақ — *қылмысты адамның үйінен ешқайда шықпау керектігі ескертілген жағдай; мырза қамау.*

ҚАМАЛ 1. *Қорған, бекініс.* Брест ~ы. 2. *Ауыс. Кедергі, тосқауыл, бөгет.* Бейбітшіліктің берік ~ы. ◊ **Қамал бұзар** — *ер жүрек, батыл, ер.*

ҚАМАЛА *Жан-жақтан қоршап, қаумалау.* Лақты ~п ұстады.

ҚАМАЛҚА *Амал, айла, тәсіл.* Одан құтылудың ~сын іздестірді.

ҚАМАР *кәсіби. Қаракөл елтірісінің құлпырып тұратын қымбат бағалы түрі.*

ҚАМАР: қамар белбеу — *әшекейлі, зерлі белбеу; кемер белбеу.*

ҚАМАУ 1. *Қылмысты адамды ұстап, абақтыға отырғызу әрекеті.* ~ға алды, ~да болды. 2. *Біреуді жан-жақтан қоршау ісі.* Банда ~да қалған қасқырдай болды.

ҚАМБА *Астық сақтайтын арнаулы орын; қойма.* Астық толтырылған ~. ◊ **Қамба егеуқұйрығы (зоол.)** — *егеуқұйрықтың көбінесе дәнмен қоректенетін түрі.* **Қамба кенесі (зоол.)** — *дәнді дақылдарға зиян келтіретін, кене тәрізді кішкене жәндік.*

ҚАМБАЛА *Астықты қамба-қамба етіп құйып алу, қамбаны толтыру.*

ҚАМБАРАТА *миф. жылқы малының пірі, киесі.*

ҚАМБАШЫ *Қамбаға иелік ететін, соны ұстайтын адам.* ~ боп істейді.

ҚАМДА *Бір нәрсеге қам жасау, әзірлік істеу; дайындау.*

ҚАМ-ЖАЙ *Бір нәрсенің қамы, жайы, жағдайы.* Елдің ~ы.

ҚАМЗОЛ *Әйелдер көйлек сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл сырт киім.*

ҚАМЗОЛДЫ *Қамзол киген, үстінде қамзолы бар.* ~ әйел.

ҚАМЗОЛДЫҚ *Қамзол тігуге жарарлық, қамзолға лайықты.* ~ мата.

ҚАМЗОЛШАҢ *Сыртынан қамзол ғана киіп, қамзолмен ғана.* ~ келді (жүр).

ҚАМҚА *көне. Зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.* ~ тон (шапан).

ҚАМҚАП *көне. Қама терісінен істелген қымбат бағалы сырт киім, ішік.* Күдеріден бау тағып, *Қамқапты* киер ме екенбіз (Алдаспан).

ҚАМ-ҚАРАКЕТ *Іс-әрекет, дайындық, әзірлік.* ~ жасады, ~і мол.

ҚАМҚОР *Біреудің қамын ойлайтын, оған тірек болатын.* ~ адам (кісі). ~ әке. ◊ **Қамқорына алды** — *қамқорлық етті, пана болды.*

ҚАМҚОРЛЫҚ *Қамқор болушылық, қамын ойлаушылық.* ~ жасады (істеді). ◊ **Қамқорлыққа алды** — *қамқорлық, тәлім-тәрбие берді, көмектесті.*

ҚАМҚОРСЫ *Қамқоршы болғансу, қорғағансу.* ~п сөйледі. ~ған болды.

ҚАМҚОРШЫ 1. *Біреудің қамын ойлаушы, біреуге қамқорлық жасаушы.* Ендігі ~ң мен. 2. *заң. Біреудің қамқорына алушы адам. Қамқоршы* дүние-мүлікке иелік правосына қайшы келетін әрекет жасай алмайды (Семья тәрбиесі).

ҚАМҚОРШЫЛ *Біреуге қамқорлық еткіш, біреудің қамын жегіш.* ~ адам (жан).

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ *Қамқоршы болушылық, қамқорлық етушілік.*

ҚАМПАЙ 1. *Бір нәрсенің қампиюы, тырсию.* ~ған қарын. 2. *Ауыс. Мақтану, бөсу.* Таң қаламын *қампайып*, Жоқты-барды шатқанға (Абай).

ҚАМПИ 1. *Қампаю, торсию, тырсию.* ~ған қарын. ~ған портфель (қоржын). 2. *Көлемі өсу, үлкею.* ~ған роман. 3. *Ауыс. Әлдеқандай болу, мақтану.* Қашан көрсең, *қампиып* бөсіп отырғаны (С. Омаров).

ҚАМСАУ *Суықтан, желден қорғаныш болармық зат, лыпа.* ~ болмады, ~ға жарамады.

ҚАМСЫЗ 1. *Жайбарақат, бейқам.* ~ жатқан ел, ~ отыр. 2. *Дайындықсыз, әзірліксіз.* Тойға ~ келген жоқ.

ҚАМСЫЗДАН *Қамсыз болмау.*

ҚАМСЫЗДАНДЫР 1. *Қамсыз ету; бір нәрсемен қамтамасыз ету.* 2. *Адам өмірін, дүниені, мал-мүлікті әлеуметтік тұрғыдан қорғау.* Өздерін ~ып қойды.

ҚАМСЫЗДАНДЫРУ *Республика азаматтары еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда материалдық жағынан қамтамасыз етіліп отыратын әлеуметтік жәрдем.* ◊ **Қамсыздандыру мекемесі** — *жеке азаматтарды, кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қамсыздандырумен шұғылданатын арнаулы орын (мекеме).*

ҚАМСЫЗДАУ *Жайбарақаттау, бейқамдау.* ~келе жатты.

ҚАМСЫЗДЫҚ 1. *Ешбір қам жасамаушылық, әзірленбегендік.* Қысқа ~ мал басының шығынына әкеп соқтырды. 2. *Жайбарақаттық, бейқамдық, қаперсіздік.* ~ қашан да қапы қалдырады.

ҚАМТАМА *Керек-жарақ, жабдық.* ~сы жоқ.

ҚАМТАМАСЫЗ: қамтамасыз етті [қылды] — *керек-жарақпен қамтыды, жабдықтады.*

ҚАМТЫ 1. *Белгілі бір іске тұтастай қатыстыру.* Жарыс еңбекшілердің барлық топтарын *қамтып* отыр (Байболатов). 2. *Бір нәрсені қолмен ұстау, қармау.* Бір май-шелпекке тап болдың, *қамтып* қал (Жәкенов).

ҚАМШЫ I *Қайыстан өрген, тобылғы сабы бар, көлік жүргізу үшін пайдаланылатын құрал.* ~ өрді (саптады). ◊ **Қамшы бойы** — *қамшының сабы мен өрімінің ұзындығындай.* **Қамшы болды** — *бір нәрсеге тұрткі болды.* **Қамшы жеді** — *таяқ жеді, соққы көрді.* **Қамшы жұмсады** — *қамшымен сабады, соқты.* **Қамшының астына алды** — *қамшымен ұрды, соқты.* **Қамшының сабындай** — *өте қысқа, шолтиған.* **Қамшы ойнатты** — *қоқаңдады, қорқытты, сабамақ болды.* **Қамшы салдырмады** — *тапсырылған істі ынта-жігерімен тез істеді.* **Қамшысынан қан сорғалаған [тамған]** — *қатыгез, қатал, жауыз.* **Қамшы тастады** (*этногр.*) — *дауласқан жақтардың билер алқасынан рұқсат сұрау дәстүрі.* **Қамшы үйірді** — *қорқытты, үрейлендірді.*

ҚАМШЫ II *анат. Еркек малдың жыныс мүшесі; шыбығы.* — Бұл не, әке? — деді баласы. — *Қамшысы* ғой, балам (Нұрманов).

ҚАМШЫГЕР *Қамшы ұрысына мықты (шебер) адам.* ~ адам.

ҚАМШЫГЕРЛІК *Қамшы ұрысына мықтылық.*

ҚАМШЫКЕСТІ *Әбден қамшы өткен.* ~ мәстек (ат).

ҚАМШЫЛ *Қамын ойлайтын, қам жасайтын.* ~ адам.

ҚАМШЫЛА 1. *Көлікті қамшымен соғу, ұру.* Атын ~ды. 2. *Ауыс. Біреуді сөзбен қайрау, жігерлендіру.* — Пікірлеріңді осындайда айтпағанда, қай жерде айтасың, — деп ол парторгты *қамшылай* түсті (М. Хасенов). ◊ **Қамшылар жақ** — *малдың оң жақ қапталы.*

ҚАМШЫЛЫ *Қамшысы бар, қамшы ұстаған.* Ол ~ қолын көтерді.

ҚАМШЫЛЫҚ *Қамшы боларлық, қамшыға жарарлық.* ~ таспа.

ҚАМШЫСАП *Қамшыға сап боларлық тобылғы; қамшының сабы.*

ҚАМЫҒУШЫЛЫҚ *Қамыққандық, қайғырғандық; жабырқаушылық.*

ҚАМЫҒЫҢҚЫ *Аздап қамыққан, жабырқаңқы.* ~ көңіл (үн).

ҚАМЫҚ *Бір нәрсеге қатты қайғыру, мұңаю, жабырқау.* Ол ~ғып қалды.

ҚАМЫҚҚАНДЫҚ *Қамығушылық, мұңайғандық, жабырқағандық.*

ҚАМЫР *Суға, сүтке илеген ұн; шикі нан.* ~ илейді (жайды). Етке ~ салды.

ҚАМЫРЛАН *Астық дәннің сүттеніп толысуы.* Әр сабағы екі-үштен собық салып, дәндері *қамырланды* (Сапаров).

ҚАМЫРЛЫҚ *Қамыр боларлық, қамырға жарарлық.* ~ ұн.

ҚАМЫРЛЫЛЫҚ *Қамырлы болғандық.*

ҚАМЫРША *Қамыр тәрізді, қамыр секілді.* ~ иледі (созды).

ҚАМЫРЫҚ 1. *Мұң, уайым, қайғы.* Көңілімнің *қамырығынан* қалай айығам? 2. *Мұңаю, қамығу.* Көңілі ~қандай.

ҚАМЫРЫҚТЫ *Мұңлы, шерлі; қамығыңқы.* ~ ой.

ҚАМЫС *Батпақты, сулы жерлерде өсетін, қияқ жапырақты көп жылдық өсімдік.* ~ қора (күрке, қалпақ). ◊ **Қамыс мысығы** — *қамыс арасында жүретін, ірірек келген жабайы мысық.* **Қамыс құлақ** — *әдемі, тік құлақ.*

ҚАМЫСАҚ *Қамысты, қамысы мол.* Еділдің етегі *қамысақ,* шүйгін болады.

ҚАМЫССЫРНАЙ *Қамыстан жасалған сырнай.* ~да жақсы ойнайды.

ҚАМЫСТЫ *Қамыс көп өскен, қамысы мол (қалың).* ~ көл (жер, өлке).

ҚАМЫТ 1. *Аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арба-шана әбзелі.* 2. *Ауыс. Ауыр азап, ауыртпалық.* Жалшылық *қамытын* алғаш қиген бұл үйде Қошан (Айымтаев). ◊ **Қамыт аяқ** — *екі бұтының арасы имиген, талтақ.*

ҚАМЫТБАУ *Қамыттың екі басын біріктіріп байлайтын бау.* ~ ды тартып байлады. ~ үзіліп кетіпті.

ҚАМЫТБАУЛЫҚ *Қамытбау боларлық, қамытбауға жарарлық.* ~ қайыс (жіп).

ҚАМЫТТА *Аттың мойнына қамыт кіргізу, салу.* Нағашым құла дөненін *қамыттап,* қашауа жекті (Әлсеров).

ҚАМЫТТЫҚ *Қамытқа жарарлық, қамыт боларлық.* ~ киіз.

ҚАН I 1. *Денедегі барлық клеткаларға қорек беріп тұратын қызыл түсті сұйық зат.* ~ ақты (шықты). 2. *Ауыс. Тұқым, тек, туыс; негіз.* Оның *қаны* басқа емес пе? (Шарипов). □ **Қан аздық** (*мед.*) — *денедегі қан мөлшерінің әдеттегіден кемуі.* **Қан айналымы** — *организмдегі қан айналу жүйесі.* **Қан алды** — а) *кеселге шалдыққан адамның, малдың белгілі бір жерінен қан ағызып, сол жердегі арам қанның мөлшерін азайту арқылы емдеу әдісі;* ә) *аурудың түрін анықтау үшін, денеден қан алып, оны анализге жіберу ісі.* **Қан берді** — *қан өткізіп, ауруға жәрдемдесті.* **Қан кетті** — *қан тамырларының жарақаттануынан денеден қан ақты.* **Қан құйды** — *қансыраған адамның денесіне дәрігерлік әдіспен қосымша қан ендірді.* **Қан қысымы** (*мед.*) — *қан тамырларының қабырғаларына түсетін қысым күшінің мөлшері.* **Қан плазмасы** (*биол.*) — *қан құрамындағы сұйық зат.* **Қан сорғыштар** (*зоол.*) — *жан-жануарлардың қанын сорып, тіршілік ететін насекомдар.* **Қан тамырлары** — *қанның денеге тарайтын жолдары.* **Қан түйіршіктері** (*биол.*) — *қан құрамындағы қызыл және ақ түйіршіктер.* **Қан тышқақ** (*мед.*) — *қан аралас өтетін тышқақ ауруы; дизентерия.* **Қаны тасыды** (*мед.*) — *қан қысымы артты.* ◊ **Қан айдады [тартты, түртті]** — *ажал құды, өлім айдады.* **Қанға жерік** — *қанқұмар, мейірімсіз.* **Қанға қан** — *қанды қанмен жуу.* **Қанға малды [бояды]** — *қырып-жойды, өлтірді.* **Қанға сіңген әдет** — *жастайынан қалыптасқан, үйреншікті дағды.* **Қанмен жуды** — *өшпенділікті қанмен, өліммен қайтарды.* **Қан жалатты** — *аузы-басын шиедей қан етті.* **Қан жауғыр** — *қан болғыр, қанға батқыр!* **Қан жоса қылды [болды]** — *сабап, қызыл жоса қанға бояды.* **Қан жұтты** — *қатты қайғырды, құсаланды.* **Қан жылатты** — *зар еңіретті, қан қақсатты.* **Қан қақсатты** — *зар еңіретті, зар илетті.* **Қан құстырды** — *қорлық көрсетті, азап тартқызды.* **Қан қылды** — *қанға бояды, қырып-жойды.* **Қан майдан** — *майданның қызған кезі; қырғын соғыс.* **Қан сасыды [сасытты]** — *қырғынға ұшыратты, қырды, жойды.* **Қан сиді [сигізді]** — *зар қақты, зар иледі.* **Қан сорпа болды [қан сорпасы шықты]** — *үсті-басын тер басты.* **Қан төкті** — *жанын құрбан етті, өлді.* **Қаны бұзық** — *арам ниет, жауыз.* **Қаны бір** — *бір кісіден тараған, қандас.* **Қаны қайнады** — *ашу қысты, ызаланды.* **Қаны қара** — *қара ниет, арам.* **Қаны [қанына] қарайды** — *ызаға булықты; көктенді.* **Қаны қашты** — *өңі қуарды, сұрланды.* **Қаны қызды** — *делебесі қозды, елікті.* **Қаны мойнында кетті** — *күнәкар болды; қанын жұқтеді.* **Қанына сіңді** — *үйреншікті болып кетті, әдетке айналды.* **Қанына тартты** — *тегіне бұрды, туысын жақтады.* **Қанын жұқтеді** — *біреуді өлтіріп, обалына қалды.* **Қанын қиды** — *жазадан босатты, өлтірмеді.* **Қанын торсыққа құйды** — *еш нәрседен тайынбады, қорықпады.* **Қанын [сүліктей] сорды** — *біреудің еңбегін қанады.* **Қанын судай ағызды [ішті]** — *қырып-жойды, өлтірді.* **Қанын ішіне тартты** — *түсін суытты, сұрланды.* **Қаны сұйық** — *төбелескіш, бұзық.* **Қан ішер** — *қанқұйлы, жауыз.*

ҚАН II *көне. Нағыз.* ◊ **Қан базар** — *әбден қызған, қайнаған базар.* **Қан жайлау** — *жайлаудың нағыз қызған кезі.* **Қан майдан** — *майданның нағыз қызған кезі; атыс, шабыс.* **Қан сәске** — *ұлы сәске.* **Қан сонар** — *аң аулауға болатын, нағыз қолайлы кез.*

ҚАН III 1. *Шөлі басылу, сусындау.* Шайға ~ды, қымызға ~ды. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге қанағаттану, құмардан шығу.* Әңгімесіне ~ды. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің аныққаныгына көзі жету; илану.* Мән-жайына ~ды.

ҚАНА I 1. *Өсімдіктің ұрығы, дәні орналасқан қуыс, солардың сыртын қоршап тұрған сауыт. Қанасынан* лықа шығып, Қызыл шоқ гүл қақ жарылған (Тоқмағанбетов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің сыртқы қабы, жамылғысы.* Жүрек шіркін қабынды ұрып, *Қанасына* сыя алмай (Мәуленов). ◊ **Қанасынан [қанадан] асты [шықты]** — а) *шектен шықты, әдептен озды;* ә) *асып-тасты, дандайсыды.* **Қанасына сыймады** — *асып-тасты, дандайсыды.* **Қанасын жарып шыққан** — *ішten шыққан (перзент).*

ҚАНА II *Жеті жасар бұркіт.* Жасына қарай бүркіт — былай аталады: бір жас — балапан, екі жас — қантүбіт, үш жас — тірнек, төрт жас — тастүлек, бес жас — мұзбалақ, алты жас — көктүбіт, жеті жас — *қана* (А. Сейдімбеков).

ҚАНА III *Қан ағу, қан шығу.* Мұрны ~ды.

ҚАНА IV *Тегін пайда табу, біреудің еңбегін жеу.* Байлар халықты ~ды.

ҚАНА V *Толық мағыналы сөздерден кейін келіп, тежеу реңкін қосу үшін қолданылатын демеулік; ғана.*

ҚАНАҒАТ *Барға ризалық; нысап, тойым.* Әркімге ~ керек. ◊ **Қанағат етті [қылды, тұтты]** — *барға риза болды, қанағаттанды.*

ҚАНАҒАТСЫЗ *Тойымсыз, нысапсыз.* ~ адам.

ҚАНАҒАТСЫЗДЫҚ *Тойымсыздық, нысапсыздық.* Қанағат қарын тойдырар, *Қанағатсыздық* жалғыз атын сойдырар (Мақал).

ҚАНАҒАТТАН 1. *Қанағат алу, тояттау.* Бүркіт ақжемге ~ды. 2. *Риза болу, көңілі көншу.* Жауабына ~ды. 3. *Ауыс. Бір нәрсемен ғана шектелу, тоқталу.* Бүгінде бір мамандықпен *қанағаттанып* қалуға әсте болмайды (Нұршайықов).

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚ 1. *Көңіл тоярлық, риза боларлық.* ~ сөз (жауап). 2. *Іске татырлық, жарамды.* ~ іс (жұмыс). 3. *пед. Жаманнан жоғары, жақсыдан төмен; орташа.* ~ баға.

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚСЫЗ 1. *Іске алғысыз, жарамсыз.* ~ жұмыс (сапа). 2. *Нашар, жаман.* ~ баға.

ҚАНАҒАТТАНАРЛЫҚТАЙ *Көңіл тоярлықтай, риза боларлықтай.*

ҚАНАҒАТТАНҒАНДЫҚ *Бір нәрсеге риза болғандық.*

ҚАНАҒАТТАНҒЫСЫЗ 1. *Көңіл тоярлықтай емес.* ~ іс. 2. *Нашар, жаман.* ~ баға.

ҚАНАҒАТТАНУШЫЛЫҚ *Көңіл толғандық, риза болғандық.*~ сезімі пайда болды.

ҚАНАҒАТТЫ *Қанағаты бар, қанағат боларлық.* ~ адам.

ҚАНАҒАТТЫЛЫҚ *Қанағаты барлық, нысаптылық.*

ҚАНАҒАТШЫЛ *Барға риза болғыш, мәсе тұтқыш, нысапшыл.* ~ адам (жан).

ҚАНАҒАТШЫЛДЫҚ *Барға риза болушылық, мәсе тұтушылық.* Бұл дүниеде ~тан қымбат еш нәрсе жоқ.

ҚАНАҒЫШ *Біреудің еңбегін жегіш.* Нағыз ~.

ҚАНАҒЫШТЫҚ *Біреудің еңбегін жегіштік.*

ҚАНАЛУШЫ *Біреудің езгісінде болған, қаналған.* ~ тап.

ҚАНАЛУШЫЛЫҚ *Қанауда болғандық.* ~тан құтылды.

ҚАНАР *Жұн, мақта, астық салуға арналған үлкен қап.* Бес-алты ~ жүн.

ҚАНАР-ҚАНАР *Бірнеше қанар, көп қанар.* ~ жүн (мақта).

ҚАНАРЛА *Қанарға салу, қанарды толтыру.* ~п астық алды.

ҚАНАТ I 1. *Құстың, шыбын-шіркейдің, т. б. жәндіктердің ұшу қызметін атқаратын дене мүшесі.* Құстың ~ы. 2. *Самолеттің жерден көтерілуіне, ұшып-қонуына қажетті негізгі бөлшегі.* 3. *Балықтың жүзуіне көмектесетін дене мүшесі.* 4. *Арба-шананың үстін кеңейту үшін жасалған шарбақ ағаш.* 5. *Шепте тұрған әскердің, футбол, волейбол алаңының екі жақ бөлігі.* Жаудың сол ~ына шабуыл жасадық. 6. *Ауыс. Таяныш, тірек.* -Апа, деді екі жас. — Ау, қарақтарым, *қанаттарым* (Сыланов). ◊ **Қанат байлап ұшты** — *асығып жетті, аяқ-қолы жерге тимеді.* **Қанат бітті [бітірді]** — *шабыттанды, рухтанды.* **Қанат жайды** — а) *өсті, өркендеді, дамыды;* ә) *етек алды, жайылды, таралды.* **Қанат қақты** — *талпынды, ұмтылды.* Қанаты бекіді — *бұғанасы қатты, ер жетті.* Қанаты қайырылды — *амалы таусылды, мысы құрыды.* Қанатын жайды — *екі қолын жайып жіберді.* Қанатын қиды — *үмітін кесті.* **Қанатының астына [қанатына] алды** — *қамқорлық жасады, пана болды.*

ҚАНАТ II *Керегенің көктелген әрбір, жеке бөлігі.* Он екі ~ ақ орда.

ҚАНАТТАН 1. *Қанат өсіп шығу, қанаты қатаю.* ~ған балапан. 2. *Ауыс. Шабыттану, рухтану, жігерлену.* Он ағасының ақыл-кеңесінен кейін *қанаттанып* алды (Құмарбеков).

ҚАНАТТАС I. *Іргелес, көршілес.* ~ ауыл (бөлме).

ҚАНАТТАС II 1. *Жалғасу, шектесу, іргелесу.* Арқат сандық тасты сеңгір көк таулармен *қанаттасады* (Жұмақанов). 2. *Қатарласу, жарысу.* Украина әдебиеті орыс әдебиетімен *қанаттаса* өсіп келе жатыр (Ғ. Мүсірепов).

ҚАНАТТАСТЫҚ *Іргелестік, шектестік, көршілестік.*

ҚАНАТТЫ *Қанаты бар.* ~ шана. ◊ **Қанатты сөз** — *ойды қысқа тұрде дәл беретін бейнелі сөз; афоризм.* **Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай** — *бағып-қағып, аялап өсіреді.*

ҚАНАТТЫҚ *Қанаттан тұратын.* Бес-алты ~ ақ боз үй.

ҚАНАТША *Қанатқа ұқсап, қанат сияқтанып.* Қолдарын ~ қақты.

ҚАНАУШЫ *Біреудің еңбегін қанау арқылы пайда табатын үстем тап өкілі.* ~ тап.

ҚАНАУШЫЛЫҚ *Біреудің еңбегін жеп, пайда табушылық.*

ҚАНДА *Қанға боялу, қанға батыру.* Көйлегін ~пты.

ҚАНДАЙ I *Бір нәрсенің түр-түсін, белгілерін білу үшін қойылатын сұрау есімдігі.* Саған ~ түс ұнайды?

ҚАНДАЙ II 1. *Ерекше, айрықша, тіптен, өте.* Сіздің халқыңыз *қандай* өнерлі? (Оразов). 2. *Белгілі бір істің нақтылы болғандығын білдіреді.* — Сен дестені жинауға кірістің бе? Кіріскенде *қандай* (Шашкин).

ҚАНДАЙЛЫҚ *Қалай болушылық, Қандай екендік.* Бұған дейін оның табиғатының *қандайлығын* білмейтінмін (С. Мұқанов).

ҚАНДАЛА *Адам қанын сорып тіршілік ететін жәндік.*

ҚАНДАС *Шығу тегі, қаны бір; бауырлас.*

ҚАНДАСТЫҚ *Қандас болушылық, туыстық.*

ҚАНДАУЫР 1. *Денеден қан алуға арналып, ұшын имештеу етіп, ұшкірлеп жасалған бәкінің басындай кішкене құрал.* 2. *Операцияға арналған хирург пышағы; скальпель.* 3. *Шағын қанжар, кездік.*

ҚАНДЕЛ *Балауыз шамын (свеча) орнататын арнаулы қондырғы; шамдал.*

ҚАНДЕН *Бойы аласа, кішкене келген ит тұқымы.* ~ ит.

ҚАНДЫ 1. *Қаны бар, қан араласқан.* ~ ет (жас, ірің). 2. *Қан аққан, қан төгілген,* ~ майдан. □ **Қанды жексенбі (*тар.*)** — *патша армиясы шеруге шыққан бейбіт халыққа оқ жаудырып, қырып тастаған күн.* ◊ **Қанды ауыз** — *ұстаған аңын жібермейтін (қақпан, мылтық).* **Қанды балақ** — а) *шұйілгенін іліп тұсетін (қыран);* ә) *жырынды, әккі, ақ қаптал (қарақшы).* **Қанды көйлек** — *жорықта бірге болған, майдандас.* **Қанды қол [мойын]** — *кісі өлтірген, құныкер (адам).* **Қанды шелек** — *опасыз, жырынды, қу.*

ҚАНДЫАҒАШ *Қабығы қара қоңыр түсті, жалпақ жапырақты ағаш.* Бұл маңда шырша, ұшқат, *қандыағаш* ұшырасады (Қазақст.).

ҚАНДЫМ *бот. Далалы аймақта, шөлді жерлерде өсетін, майда жапырақты бұта немесе ағаш.* Бетпақ даланың шөлді үстіртінде суыққа шыдамды бұта тектес *қандым* ағашы өседі (А. Балтабаев).

ҚАНДЫШӨП *бот. Шабындық жерлерде өсетін, қауырсын жапырақты көп жылдық шөп. Қандышөп* барлық шабындық жерлерде жабайы өседі (С. Субханбердин).

ҚАНДІКЕ *Садақ оғының (жебенің) жақтан шығар жері, кіріс.* Қақпадан атын қарғытты, *қандікеден* оғын ырғытты (Қобыланды батыр).

ҚАНЕ 1. *Біреуден бір нәрсе жайында білгісі келгенде қолданылатын сұрау есімдігі.* Келемін дегенің *қане*? 2. *"Келіңдер, іске кіріселік" деген мәндегі ишарат сөз.* — *Қане*, кім айтады? — *Қане*, не істейміз?

ҚАНЖАР *Белге байлап жүретін, қос жүзді үлкен пышақ (қару).*

ҚАНЖАРЛА *Қанжар салу, қанжар сұғу.* -п өлтіріпті.

ҚАНЖАРЛЫ *Қанжары бар, қанжар ұстаған.* ~ қарақшы.

ҚАНЖАРША *Қанжар тәрізді, қанжар секілді.* ~ қадалды.

ҚАНЖЕЛ *Тіс етінің ісініп, қабынып кететін, қышып, қанайтын ауруы; парадонтоз.*

ҚАНЖЫҒА *Бір нәрсе байлау, бөктеру үшін ердің екі жақ қапталының арт жағына өткізілген жіңішке, ұзын қайыс.* ◊ **Қанжығада көрісті [кездесті]** — *өмір бойы дұрдараз болып өтті.* **Қанжығадан қан кешті** — *кескілесіп соғысты, қырқысты.* **Қанжығаң майлансын [қандансын]** — *аң көп ілінсін, олжалы бол!* **Қанжығасында кетті** — *біреуге олжа (жем) болды, біреудің иелігінде кетті.*

ҚАНЖЫҒАЛАП *Қанжығаға байлап.* Үш қоянды *қанжығалап*, қас қарая оралды (Кәрменов).

ҚАНЖЫҒАЛАС I *Бірге жүрген, жорықтас, майдандас.* ~ дос (жолдас).

ҚАНЖЫҒАЛАС II 1. *Үзеңгілесіп бірге жүру, жанынан қалмау.* Шапқан жүртпен *қанжығаласып* Лашын да барады (Мағауин). 2. *Ауыс. Қатарласу, теңесу, жарысу.* Жасымыз да, біліміміз де олармен *қанжығаласа* алмайды (Талжанов).

ҚАНЖЫҒАЛЫ *Қанжығасы бар, қанжыға таққан.* ~ ер.

ҚАНЖЫҒАЛЫҚ 1. *Ердің қанжыға тағылған жері, қанжыға тұсы.* 2. *Қанжыға болармық, қанжығаға жарарлық.* ~ қайыс.

ҚАНЖЫЛЫМ *Аздаған жылы, жылымшы.* ~ су (шай).

ҚАН-ЖЫН *Сойылған малдың ішінен шыққан артық заттар.* ◊ **Қан-жыны араласқан** — *жүрістұрысы бір, сыр мінез (адам).* **Қан-жынын төкті** — *аузына келгенін айтып, тілдеді.*

ҚАНЖЫР *Түлкінің қаншығы.*

ҚАНКӨБЕЛЕК *Түнде ұшатын, жарыққа, отқа үйір көбелек.* ~ ұшып жүр. ◊ **Қанкөбелек ойнатты [ойнады]** — *шыр көбелек айналдырды, ұршықтай үйірді.*

ҚАНҚҰЙЛЫ *Қанышер, қанішер, жауыз.* ~ жау (адам).

ҚАНҚҰМАР *Қанішер, қанышер.* ~ жан (кісі), ~ жауыз.

ҚАНҚҰМАРЛЫҚ *Жауыздық, қанішерлік.*

ҚАНҚҰРТ *Тіс ауруы; қанжел.* Тісі *қанқұрттан* түсіп қалған.

ҚАННЕН-ҚАПЕРСІЗ *Алаңсыз, бейқам.* Ол үйінде ~ жатыр.

ҚАНСИГЕК *бот. Тау бөктерлерінде өсетін, гүл шоғыры масақ тәрізді шөп.* Сауыр мен Тарбағатайда ол қызылбояу, қазтабан, *қансигек*, ешкі мия секілді шөптермен қоректенеді (Қазақстан байлығы).

ҚАНСОҚТА I *Жаңа сойылған малдың таза қанына іш май, аздаған ет, дән қосып, түздықтап, бүйенге салып пісірген шұжық.*

ҚАНСОҚТА II *этногр. Қыран құсты дәніктіру үшін, өзі алған аңының етінен жылдай жегізген жем.* "Ақжем" мен "бозөкпені" құсты жүдету үшін берсе, *"қансоқта"* мен "қызылды" семірту үшін береді ("Лен. жас").

ҚАН-СӨЛ: қан-сөл жоқ — *өңі құп-қу, жүдеу.* **Қан-сөлі қашты** — *боп-боз болып қуарды, бозарды; жүдеу тартты.*

ҚАН-СӨЛСІЗ *Жүдеу, арық; құп-қу.* ~ өңі бозарып тұр.

ҚАНСЫЗ 1. *Қаны жоқ.* ~ ет. 2. *Ауыс. Сұпсұр, жүдеу.* ~ өң (бет).

ҚАНСЫЗДАН 1. *Қаны азаю, қаны таусылу.* Ауыр жараланып, ~ып қалыпты. 2. *Ауыс. Қаны қашу, сұрлану.* Өңі ~ып, бозарып тұруы ықтимал.

ҚАНСЫЗДАУ *Өңі бозарыңқы, сұрғылттау.* ~ жүзі бозарыңқы.

ҚАНСЫЗДЫҚ *Қаны аздық, қаны жоқтық.*

ҚАНСЫРА *Қан көп кетіп, әлсіреу, талықсу.* Жаралы еді, ~п өліпті.

ҚАНТ *Қант қызылшасынан жасалған ақ түсті, кристалды тәтті зат.* Шақпақ ~, үкпе ~. ◊ **Қант диабеті** (*мед.*) — *организмдегі зат алмасуының бұзылуынан болатын ауру.* **Қант қызылшасы** — *қызылшаның қант алынатын түрі.*

ҚАНТАЛА *Қан тамырларының зақымдануынан дененің қатты қызаруы.* Екі көзі ~п кеткен.

ҚАНТСЫЗ *Қанты жоқ, қант салынбаған.* ~ шай.

ҚАНТТАЙ *Қант секілді, қант тәрізді.* ~ еріді (аппақ).

ҚАНТТАН *Қант түйіршіктерінің түзілуі; қантқа айналу.* Балы ~ып кетіпті.

ҚАНТТЫ *Қанты бар, қанты көп.* ~ өсімдіктер (жүзім).

ҚАНТТЫЛЫҚ *Құрамында қанты көптік.* Қант қызылшасының ~ғы арта түсті.

ҚАНТҮБІТ *Екі жасар бұркіт.* Бүркіттің екі жастағысы — *қантүбіт* (Рахымқұлов).

ҚАНТША *Қант тәрізді, қант сияқты.* ~ шақты.

ҚАНТ-ШАЙ *Шай жабдығына қажетті тағамдар.* Қаладан ~ алдырды.

ҚАНТ-ШАЙЛЫҚ *Қант пен шайға жарарлық.* ~ ақша (тиын-тебен).

ҚАНТЫШҚАҚ *Іштің қан аралас өтіп ауыруы; дизентерия.*

ҚАНША 1. *Бір нәрсенің сан мөлшерін білу үшін қолданылатын сұрау есімдігі.* Енді ~ жер қалды? 2. *Қаншама, қаншалықты.* Мұз үстіне шықпа деп *қанша* жалындым (Ө. Нүрпейісов). 3. *Бір нәрсені жоққа шығару үшін қолданылады.*

Балалы-шағалы адамды үнемі жетектей берудің қажеті *қанша* (Мыңжасарова). ◊ **Қанша дегенмен** — *не дегенмен.*

ҚАНШАЛЫҚ *Қаншама, қаншалықты.* ~ қайғы жеді.

ҚАНШАЛЫҚТЫ *Қаншалық, қаншама.* Халық үшін ~ қызмет істесе, халық оған соншалықты құрмет көрсетеді.

ҚАНШАМА 1. *Қаншалықты, қаншалық.* Ол ~ қиналса да, құрбысына сыр бермеді. 2. *Өте көп, сансыз.* ~ адам сүйгенінен өлідей айрылды.

ҚАНШЫҚ 1. *Ит тұқымдас хайуандардың ұрғашысы.* 2. *Ауыс. Әйел адамға айтылатын балағат сөз.* Бетің тіліңгір қу ***қаншық,*** өлсең етті бүйткенше (Құмарова).

ҚАНШЫҚТАН: ала қаншықтанды — *боран бір күшейіп, бір басылды.*

ҚАНШЫЛ *Қанға тартушы, рушыл.* Күншіл болма, ***қаншыл*** болма, ұлым сен (Бұғыбаева).

ҚАНШЫЛДЫҚ *Қанға тартушылық, рушылдық.*

ҚАНШЫР I *Арыстанның ұрғашысы.* ***Қаншыр*** деген арыстанның ұрғашысы, — деді Ақан (С. Жүнісов).

ҚАНШЫР II *Далалы жерде тіршілік ететін, кішірек келген жіп-жіңішке сұр түсті құс.* Қырғидың алатын құсы: үйрек, бұлдырық, шіл, бөдене, ***қаншыр*** ("Лен. жас").

ҚАНШЫРДАЙ *Қаншыр сияқты жіп-жіңішке, сыптай.* Үйден ***қаншырдай*** қара сұр әйел шықты (Бақбергенов). ◊ **Қаншырдай қатқан** — *жіп-жіңішке, сып-сидам.*

ҚАНЫҚ 1. *Бір нәрсенің мән-жайына, егжей-тегжейіне көзі жету.* Сырына (мінезіне) ***қанықпыз.*** 2. *Бір нәрсенің бабына жетуі, кемеліне келуі.* Бояуы ~, көзі ~, үйқысы ~. ◊ **Қаныққан ауа** — *бір нәрсені бойына әбден сіңірген ауа.* **Қаныққан бу** — *молекулалары көбейіп шегіне жеткен бу.* **Қаныққан ерітінді** — *одан ары ери алмайтын ерітінді.* **Қаныққан көмірсутегі** — *өз күйіне жеткен көмірсутегі.*

ҚАНЫҚТА *Анық-таныгына көзі жету, түсіну.* Жиналып қапты халайық. Түсініп бәрін ***қанықтап*** (Тұрманжанов).

ҚАНЫҚТАУ *Сырына аздап болса да қанық, қанығырақ.* Оның сырына ~мыз.

ҚАНЫҚТЫ *Әбден белгілі, таныс.* Абай өз ортасына ***қанықты*** болған жайларды айтады (М. Әуезов).

ҚАНЫҚТЫҚ 1. *Мән-жайды жете білгендік.* Шығыс пен батыс мәдениетінің жетістігіне ~ғы байқалады. 2. *Кемеліне келгендік, бабына жеткендік.* Топырақтың қоректік заттарға ***қанықтығы*** ондағы микробиологиялық процестерге де байланысты (Мәденов).

ҚАНЫПЕЗЕР *Қанқұйлы, жауыз, қанішер.* ~ қарақшы.

ҚАНЫПЕЗЕРЛЕН *Қаны қараю, безеру.* ~іп отырып алды.

ҚАНЫПЕЗЕРЛІК *Қанқұйлылық, жауыздық.*

ҚАНЫСҰЙЫҚ *Қанышкер, зиянкес, зұлым.*

ҚАНІШЕР *Қанышкер, жауыз, қанқұйлы.*

ҚАНІШЕРЛІК *Жауыздық, қанышкерлік, қанқұйлылық.*

ҚАҢБАҚ 1. *Шөлді, шөлейтті жерлерде, далалы аймақтарда өсетін, шар тәрізді қауқиып бітетін өсімдік.* Ақ ~, қара ~. 2. *Ауыс. Қаңбақ сияқты қалбаланған жеп-жеңіл, салмақсыз.* ~ шал.

ҚАҢБАҚТАЙ 1. *Қаңбақ сияқты, жеп-жеңіл.* ~ жеңіл екен. 2. *Қаңбақ тәрізді, қаңбақ секілді.* ~ домалады. ◊ **Қаңбақтай ойнатты** — *әңгелек қақтырды, ұшырды.* **Қаңбақтай ұшырды** — *жалп еткізді.*

ҚАҢБАҚТЫ *Қаңбағы мол, қаңбақ өскен.* ~ жер (дала).

ҚАҢБАҚША *Қаңбақ тәрізді, қаңбаққа ұқсап.* ~ көтеріп әкетті (дөңгеледі, домалады).

ҚАҢҒАЛАҚ 1. *Ұршықтың дөңгелек басы.* Ұршықтың ~ғы. 2. *техн. Машина моторының айналатын қалағы.* ~ғы сынық желдеткіш. 3. *Ауыс. Жеңілтек, жеңіл; жаңғалақ.* ~ шал (адам). ◊ **Қаңғалақ қақты [қақтырды]** — *ұшып-қонды, зыр жүгірді.* **Қаңғалақ ойнады [ойнатты, ұшырды]** — *онда бір, мұнда бір соқтықты.*

ҚАҢҒАЛАҚТА *Ұшып-қону, жаңғалақтау.* Сөйткенше болған жоқ, оның өзі де ***қаңғалақтап*** жетіп келді (Мусин).

ҚАҢҒАЛАҚТАУ *Ұшқалақтау, жеңілтектеу.* ~ бала (шал).

ҚАҢҒЫ I 1. *Бетімен лағып кету, кезу, тентіреу.* ~п жүр. 2. *Барар жер, басар тауы қалмау.* Айдалада ~п қалды.

ҚАҢҒЫ II *Қаңғырып жүрген, қаңғыған.* Бір күні жолықты олар бір ***қаңғыға*** (Әленов).

ҚАҢҒЫБАС *Кезбе, қыдырымпаз.* ~ адам.

ҚАҢҒЫБАСТАН *Кезу, тентіреу; қаңғыру.*

ҚАҢҒЫБАСТАНУ *қ. атау. Қаңғыбастан-у.*

ҚАҢҒЫБАСТЫҚ *Ел кезушілік, кезбелік.*

ҚАҢҒЫМА *Кезбе, қаңғыбас.* ~ емес.

ҚАҢҒЫР I 1. *Қаңғырлап шыққан дыбыс.* Доңғалақтың ***қаңғыры*** көбейіп кетті (Сараев). ◊ **Қаңғыр етті [еткізді]** — *қаңғырлаған дыбыс шықты, қаңғырлады.*

ҚАҢҒЫР II *Тентіреу, ел кезу.* ~ып жүр.

ҚАҢҒЫРА *Үйдің, қораның, т. б. ішінде еш нәрсе қалмай, бос тұруы.* Ел көшіп кеткен, қыстау ***қаңғырап*** тұр (Тоқжігітов).

ҚАҢҒЫР-КҮҢГІР *Даңғыр-дыңғыр, салдыр-күлдір.* ~ дыбыс. ◊ **Қаңғыр-күңгір етті [еткізді]** — *қаңғырлаған, күңгірлеген дыбыс шықты.*

ҚАҢҒЫРЛА *Қаңғырлаған дыбыс шығару.* ~ған шелектер.

ҚАҢҒЫРЫҚ: қаңғырығы түтеді [қаңғырығын түтетті] — *қатты шаршады, қаны кепті.*

ҚАҢҒЫРЫС *Қаңғыбастық, кезбелік.* Әлде бос ~ па?

ҚАҢҚ: қаңқ етті [еткізді] — *"қаңқ" деген дыбыс шығарды.*

ҚАҢҚА 1. *Жан-жануарлардың бүкіл дене құрылысын құрайтын сүйектер жиынтығы.* Мамонттың ~сы. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің жалпы құрылысы, сыртқы бітімі.* Құрылыстың (үйдің) ~сы.

ҚАҢҚАЙ *Қақию, қаңқию.* Ортада ~ып мектеп тұр.

ҚАҢҚАЙМА *экспр. Қаңқайып тұрған зат.* Бастықтар орнатқан ***қаңқайма*** (Ғ. Мүсірепов).

ҚАҢҚАҚ *Қаңқайып қалған, қаңқиған.*

ҚАҢҚ-ҚАҢҚ: қаңқ-қаңқ етті [еткізді] — *қаңқылдаған дыбыс шығарды, қаңқылдады.*

ҚАҢҚИ *Қаңқаю, қақию.* Әр жерлерде бір шөп машинасы ***қаңқиып*** тұр (Шүкіров).

ҚАҢҚУ *Алып-қашпа, өсек-аяң.* ◊ **Қаңқу сөз** — *алып-қашпа сөз.*

ҚАҢҚУЛА *Өсек-аяң айту.* ~п болмады.

ҚАҢҚЫЛ *Қаңқ-қаңқ еткен дыбыс.* Иттің ~ы, қаздың ~ы.

ҚАҢҚЫЛДА 1. *Ит пен құстың қаңқ-қаңқ еткен дыбыс шығаруы.* Ит ~п қалды. 2. *Ауыс. Қазымыр адамның көп сөйлеп, мазаны алуы.* ~май тыныш отыршы.

ҚАҢҚЫЛДАҚ *Қаңқылдап қалған, қаңқылдай беретін.* ~ ит.

ҚАҢҚЫЛДАУЫҚ *Қаңқ-қаңқ етіп дыбыс шығаратын, қаңқылдай беретін.* ~ қаз (күшік).

ҚАҢСЫ 1. *Құрғау, кебу.* Жиекте қара қайық ~п жатыр. 2. *Тілі аузына сыймай, шөлдеу, сусау.* Таңдайы кеуіп, ~п қалыпты.

ҚАҢСЫҚ 1. *Қаңсып кеткен, құрғақ.* Киікотының иісі біртүрлі *қаңсық,* ащылау сезіледі (Мұртазаев). 2. *Күн қақтап тоздырған зат (бұйым).* Біреудің *қаңсығын* керемет көретін әдетіміз емес пе (Дүзенов).

ҚАҢСЫҚТАУ *Аздап қаңсыған, құрғақтау.*

ҚАҢСЫЛА *Иттің қатты (ащы) дауыс шығаруы.* Қара күшік ~п қалды.

ҚАҢТАР I *Қыстың екінші айы; январь.*

ҚАҢТАР II 1. *Шөп жегізбес үшін аттың басын кекжите байлау.* Аттар суысын деп ~ып тастады. 2. *Ауыс. Еш нәрсе бермеу, құр тастау.* Үш-төрт сағаттай күйеуі екеуін аштан-аш *қаңтарып* қойды (Сатыбалдин). 3. *Ауыс. Жұмыссыз бос қою.* Маман жоқ деп техниканы *қаңтарып* қоймақпысың? (Қыстаубаев).

ҚАҢТАРУЛЫ *Қаңтарылып қойылған, қаңтарылған.* ~ ат.

ҚАҢЫЛТАҚ *Жұқа, қалың емес.* ~ мүз.

ҚАҢЫЛТАҚТАЙ *Жұп-жұқа.* ~ нан.

ҚАҢЫЛТЫР *Жалпақ келген жұқа темір.* ~мен қапталған.

ҚАҢЫЛТЫРЛА *Қаңылтырмен қаптау (жабу).* ~ған пеш (шатыр).

ҚАҢЫЛТЫРЛЫ *Қаңылтырмен қапталған.* ~ үй.

ҚАҢЫЛТЫРША *Қаңылтыр тәрізді, қаңылтыр секілді.* ~ қаңғырлады.

ҚАҢЫЛТЫРШЫ *Қаңылтырдан әр түрлі бұйым жасайтын маман.* Ол ~ болып істейтін.

ҚАҢЫРА *Иесіз қалу, құлазу.* Үйі ~п бос тұр.

ҚАҢЫРАЙ *Қаңырап бос тұру, иесіз қалу.* ~ған үй.

ҚАҢЫРЫҚ: қаңырығы түтеді [кепті] — *шөлдеді, қаталады.*

ҚАП I 1. *Әр түрлі заттар салуға арналған ыдыс.* Сіздің ~ыңызға он шелек бидай сияды. 2. *Бір нәрсені қаптап қоятын қорғаушы зат.* Домбыраның ~ы, дәптердің ~ы. 3. *Белгілі бір анатомиялық дене мүшесінің сыртқы жамылғышы.* Жүрек ~бы, өт ~бы, ми ~бы. ◊ **Қап түбін қақты** — *тамақ қорының ең соңғысын пайдаланды; түгі қалмады, бәрін бітірді.*

ҚАП II 1. *Иттің (адамды, малды) тістеп алуы.* Ит ~ты. 2. *Балықтың қармақтағы жемді жеуі.* Қармақты балық ~ты. 3. *Ауыс. Шаң-тозаңның, иістің бір нәрсені тұтып қалуы.* Өкпені шаң (тозаң) ~ты. Иісі қолқаны ~ты.

ҚАП III *Өкінгенде, опық жегенде айтылатын ишарат сөз.* Қап, сені ме!

ҚАПА I *Қайғы, шер, мұң.* Ол ішкі ~сын сыртқа шығарды. ◊ **Қапа болды [шекті]** — *қайғырды, қамықты.*

ҚАПА II *Қапырық, ыстық, тымырсық.* Оңтүстіктің ыстығы мен ~сына әлі үйренбей жүр.

ҚАПАДАР *диал. Қапалы.*

ҚАПАЗ *Қараторғайға арнап, қолдан жасалған ұя.* Олар мектеп ауласындағы ағаштарға өздері жасаған *қапаздарын* іледі ("Қазақст. әйел").

ҚАПАҚ *көне. Жазалы адамның мойнына кигізетін дөңгелек тақтай.* Қарсы келсең *қапақты* киесің деп. Ашулы ақалақшы салған шатақ (Еркінбеков).

ҚАПАЛА *Ыстыққа шыдай алмау, күйіп-жану.*

ҚАПАЛАҚ 1. *сөйл. Қардың жерге ұшып түсіп жатқан әрбір түйірі; жапалақ.* Алғашқы қар *қапалағы* Нұрланның ұзын кірпігіне келіп қона қалды (Бөкеев). 2. *Ауыс. Қалбалақ, елпелек, епелек.* Дүниені *қапалақпен* босқа өткізбей, Мақсатқа жеткен артық құмарланған (Еңбек күйі).

ҚАПАЛАҚТА 1. *Қардың жапалақ-жапалақ жаууы.* ~п қар жауды. 2. *Ауыс. Қалбалақтау, елпелектеу, елпілдеу.* Шалды үй иесі ~й қарсы алды.

ҚАПАЛАН *Қамығу, қайғыру.* Кездесе алмағаным ~дым.

ҚАПАЛАНУШЫЛЫҚ *Қапаланғандық, қайғырғандық.*

ҚАПАЛЫ *Қайғылы, реніштi.* ~ адам (көңіл).

ҚАПАЛЫЛЫҚ *Қапа болғандық, реніштілік.* Жүзінде ~ бар.

ҚАПАС 1. *Жазалы адамдарды қамайтын орын.* Қараңғы ~қа қамап тастады. 2. *Ауыс. Ауыр азапты өмір, қиыншылық.* Олар жастық шағын ~та өткізді. 3. *Ауыс. Таршылық, қыспақ.* Мына *қапастан* тезірек кең далаға шықпаса болмас (Дүйсенов).

ҚАПАШ-ҚҰПАШ *Апыл-ғұпыл, асығыс-үсігіс.* ~ асады.

ҚАПЕЛІМДЕ *Кенеттен, жөпелдемеде.* Ол ~ не дерін білмей қалды.

ҚАПЕР *Ес, жад, ой.* Тілімді алмасаң да, *қаперіңде* жүрсін (Ахтанов). ◊ **Қаперінде болмады [жоқ]** — *есінде тұрмады, ұмытылды.* **Қаперіне алмады [ілмеді]** — *есептеспеді, санаспады.* **Қаперіне келмеді [кірмеді]** — *ойына кіріп те шықпады, ескермеді.* **Қаперінен шықты** — *есінен шықты, ұмытты.*

ҚАПЕРСІЗ *Бейқам, қамсыз; жайбарақат.* Ол ~ отыр.

ҚАПЕРСІЗДІК *Бейқамдық, жайбарақаттық.*

ҚАПИЯДА *Қапелімде, қапылыста.* ~ еш нәрсе істей алмады.

ҚАП-ҚАЛЫҢ *Әжептеуір қалың.* ~ кітап (қар).

ҚАП-ҚАП *Бірнеше қап, сансыз көп қап.* ~ бидай (астық).

ҚАП-ҚАРА 1. *Тым қара, өте қара.* ~ шаш (жүн). 2. *Ештеңе көрінбейтін, көзге түртсе көргісіз.* ~ түн (үңгір).

ҚАП-ҚАРАҢҒЫ *Көзге түртсе көргісіз, өте қараңғы.* ~ бөлме (түн, көше).

ҚАП-ҚАТТЫ *Әжептеуір қатты, өте қатты.* ~ нәрсе (бірдеңе).

ҚАПҚЫР: жер [тас] қапқыр — *өле қалғыр.*

ҚАПҚЫШ *Қабатын, қаба беретін.* ~ балық.

ҚАПСАҒАЙ *Зор денелі, ұзын бойлы; сүйегі ірі.* ~ денелі адам.

ҚАПСАҒАЙЛАН *Денесі ірілену, бойы зораю.* Бойы бұрынғыдан да гөрі сорайып, *қапсағайлана* түсіпті (Ә. Сәрсенбаев).

ҚАПСАҒАЙЛАУ *Денесі ірілеу, мықтылау.* ~ келген қара торы жігіт.

ҚАПСАҒАЙЛЫҚ *Денелілік, ірілік, ұзын бойлылық.*

ҚАПСЫР 1. *Есікті, киімнің алдыңғы екі бойын бір-бірімен қиюластыра жабу, қымтау.* Есікті еппен ~а қойды. 2. *Екі қолмен құшақтау, қысу.* Біреу оны артынан *қапсыра* құшақтай қалды (Арыстанов).

ҚАПСЫРМА 1. *Әйелдердің сыртқы киімінің екі өңірін бір-біріне қапсырып тұратын, күмістен жасалған әшекейлі сәнді ілгек.* 2. *техн. Екі затты бір-біріне қысып бекітетін қондырғы.* Дархан өз қолымен рельс пен рельсті жалғар *қапсырманың* бұрандасын бекіткен (Бөкеев).

ҚАПСЫРМАЛА *Қайта-қайта қапсыра беру.* ~п ұстады.

ҚАПСЫРМАЛАН *Бір-біріне қапсырылу, жымдасу.*

ҚАПСЫРМАЛЫ *Қапсырмасы бар, қапсырма тағылған.* ~ бешпент (белдік).

ҚАПСЫРЫҢҚЫ *Аздап қапсырылған.* ~ есік.

ҚАПТА I 1. *Бір нәрсені қапқа салу.* Бидай (астық, жүн) ~ды. 2. *Бір нәрсенің сыртынан қап жасау.* Былғарымен ~ды, қаңылтырмен ~ды.

ҚАПТА II 1. *Жайылу, басып қалу.* Су ~ды, бұлт (тұман, түтін) ~ды. 2. *Толып кету, көп болу.* Безеу (сүйел) ~ды. Қаптап жүр, ~п кетті.

ҚАПТАҒАЙ *көне. Жабайы түйе.*

ҚАПТАҒАЙЛА *Жан-жақтан андыздау, андағайлау.* Әскер ~п урысқа шықты.

ҚАПТАЙ: бір [екі, жарты] қаптай — *қап шамасындай (мөлшер, өлшем).*

ҚАПТАЛ I 1. *Таудың екі жақ қия беті.* Таудың ~ы. 2. *Малдың екі жақ қабырғаларының үсті (тұсы).* Су аттың ~ынан келді. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің екі жағы (жаны), өкпе тұсы.* Жолдың (көшенің) екі ~ында. ◊ **Қаптал жол** — *қапталдай* салынған жол.

ҚАПТАЛ II *Ат қапталына үйлестіріп жонылған, ердің екі қасына бекітілген, екі бөлек қисықтау шабылған ағаш.*

ҚАПТАЛ III *Молынан пішілген, кең етіп тігілген (киім).* ~ шапан (шекпен).

ҚАПТАЛДА *Тау беткейінен қиялай жүру.* Оң жағындағы бетке қарай ~ды.

ҚАПТАЛДАС I *Қатарласу, қабаттасу, жарысу.* Оған мен де ~тым.

ҚАПТАЛДАС II 1. *Қатарлас, тең.* Ол алғашқы жылдың өзінде сарабдал комбайншылармен *қапталдас* түсті (Ердің даңқы). 2. *Іргелес, көрші.* Жаңа театр Весновка өзенімен *қапталдас* ("Қаз. әдеб.").

ҚАПТАЛДАСЫП *Қабаттасып, бір-бірінен қалмай, жарыса.* ~ қалмады.

ҚАПТАЛДЫ *Қапталы бар.* ~ ер.

ҚАПТАЛДЫҚ 1. *Малдың қаптал тұсы.* Шалғынның биіктігі шөккен түйенің ~ғынан келеді. 2. *Ердің қаптал орналасқан жері.* Ерімнің *қапталдығын* түзеп қойды (Нұржекеев).

ҚАПТАМА *Бір нәрсенің сыртын қаптаған зат; қабы.* Сыртында ~сы бар.

ҚАПТАМАЛЫ *Сырты қапталған; қаптамасы бар.* ~ сыбызғы.

ҚАПТАУЛЫ *Қаптап қойылған, қапталған.* ~ астық (бидай).

ҚАПТЕСЕР *Кішкене үй тышқаны.*

ҚАПТЫ *Қабы бар, қапталған.* Қалың ~ дәптер.

ҚАПША *Қап тәрізденіп, қап секілденіп.* ~ көтерді.

ҚАПШЫҚ *Кішірек қап.* Қолында ~ғы бар.

ҚАПШЫҚТАП *Қапшыққа салып, қапшыққа толтырып.* ~ бидай алды.

ҚАПШЫҚША *Қапшық тәрізді, қапшық секілді.*

ҚАПЫ I 1. *Абайсыз, аңдаусыз, байқаусыз.* ~ басты (жығылды). 2. *Жаңсақтық, қателік; жаңылыс.* Айтуында ~ жоқ. 3. *Ыңғай, сәт.* Түн *қапысын* күзеткен батырмын де (Өзиев). ◊ **Қапы [қапысын] жібермеді** — *қапы қалмады, мұлт кетпеді.* **Қапы қалды [қалдырды, кетті]** — *опық жеді, өкінді;* **Қапы соқты [соқтырды]** — *опық жеді, өкінді; сан соқты.* **Қапысын аңдыды** — *сәтін күтті, ыңғайын тосты.* **Қапысын тапты** — *ыңғайлы сәтін кезіктірді.*

ҚАПЫ II *Екі беті ашық, терең сай, каньон.* Маң дала, ақсеңгір шың, үңірейген *қапы,* боз тұман, буалдыр аспан...

ҚАПЫДА *Абайсызда, аңдаусызда; қапылыста.* ~ бас салды, ~ қолға түсті. ◊ **Қапыда қалды [кетті]** — *санын соқты, өкінді.*

ҚАПЫЛ *Асып-сасу, әбігерге түсу.* Сен-ақ ~асың да жүресің.

ҚАПЫЛДЫҚ *Қапы қалушылық, опық жеушілік.*

ҚАПЫЛ-ҚҰПЫЛ *Асығыс-үсігіс, апыл-құпыл.* ~ жолға әзірленді.

ҚАПЫЛТ: қара аспанды қапылтты — *бір нәрсені төндірді.*

ҚАПЫЛЫҚ *Қапы қалушылық, опық жеушілік.*

ҚАПЫЛЫС *Ойламаған жерден, аңдаусызда.* ~ қаза тапты.

ҚАПЫЛЫСТА *Абайсызда, аңдаусызда.* ~ жазым болды.

ҚАПЫРЫҚ *Тымырсық, ыстық.* ~үй (бөлме), ~ күн (түн). ◊ **Қапырық атты** — *қапырықтанды, ысыды.*

ҚАПЫРЫҚТАН *Тымырсықтану, ауасы тарылу.* Үй іші ~ып кетті.

ҚАПЫРЫҚТАУ *Ыстығырақ, тымырсықтау.* Бөлме іші ~.

ҚАПЫРЫҚТЫҚ *Тымырсықтық, ыстықтық.* Күннің ~ғы болар.

ҚАПЫСЫЗ 1. *Қамсыз, әзірліксіз, бейқам.* ~ болмады. 2. *Тиянақтап, мұқияттап.* Қазылған скважинаны *қапысыз* байқаудан өткіздік (Қабдолов). 3. *Қалт жібермей, мұлтіксіз.* Күйші қимылын ол ~ бағып отыр. 4. *Ауыс. Қалтқысыз, риясыз, шынымен.* Осының бәріне ~ риза болды.

ҚАПЫСЫЗДА *Абайсызда, аңдаусызда, кенеттен.* ~ қолға түсірді.

ҚАПЫСЫЗДЫҚ *Қапы қалмаушылық, өкінбестік.*

ҚАР I *Қыста жауатын, ақ түсті кристалдардан тұратын атмосфералық жауын-шашын.* ~ жауды (еріді, суы). ◊ **Қар тоқтатты** — *егіс алқаптарына қарды жалдап үйді.* **Қар төсеніп, мұз жастанды** — *қиыншылыққа көнді, азап шекті.*

ҚАР II 1. *Жағымсыз мінезді, суық жүрісті әйел.* Әйелдің *қары* күлегеш (Мақал). 2. *Оңбаған,*

бұзық. Жұртым-ау, мен не қылдым осы *қарға?* (Қозы Көрпеш).

ҚАРА I 1. *Көмірдің, күйенің түсіндей (аққа қарама-қарсы түс).* ~ қой (шаш, көз). 2. *Қарапайым көрінген нәрсе, қарайған зат.* Алдымнан көрінген ~ — бекітулі тұрған ат сияқты. 3. *Бір нәрсенің нобайы, пішімі, аумақ, көлемі, сан мөлшері.* Майор Петрушкиннің *қарасын* алыстан таныды (Тоқаев). Кеншілер *қарасы* да әжептәуір көрінеді (Б. Тоқтаров). 4. *этногр. Өлікті аза тұтудың белгісі ретінде басқа салатын қара түсті орамал.* Қатындар басынан *қарасын* алмай бір жыл бойы жоқтайтын (Ә. Нұрпейісов). 5. *Халық арасынан шыққан қарапайым адам; бұқара халық.* Бақпен асқан патшадан, мимен асқан *қара* артық (Абай). □ **Қара ажырық** — *ажырықтың қоңырқай түсті түрі.* **Қара алқа** — *жемісі қара түсті алқа.* **Қара бұрыш** — *бұрыштың қара қошқыл түсті, хош иісті түрі.* **Қара қоңыз** — *қоңыздың қара түсті үлкен түрі.* **Қара өлең** — *өлең өсімдігінің қара қоңыр түсті түрі.* **Қара шыбын** — *үйде, қорада жүретін әдеттегі үй шыбыны.* **Қара ырғай** — *ырғайдың қабығы қара қоңыр түсті түрі.* ◊ **Қара ала** — *қара және ақ түстер аралас.* **Қара албасты** — *албастының дөкейі; нағыз албасты.* **Қара алтын** (*экспр.*) — а) *тас көмір;* ә) *мұнай.* **Қара аруақ** — *киелі, қасиетті аруақ.* ◊ **Қара аспанды төндірді** [суға алдырды, жаудырды] — *ақыр заман орнатты.* **Қара басы** — жеке өзі, соқа басы. **Қара басыңа көрінгір** *(қарғ.)* — *жаманшылық тек өз басыңа келгір!* **Қара басын күйттеді** — *өз басын ғана ойлады.* **Қара бауыр** — *тас бауыр, мейірімсіз.* **Қара бет** [жүз] — *ұятсыз, арсыз, жексұрын.* **Қара борандатты** — *қатты ашуланды, зіркілдеп ұрысты.* **Қара бұқара** [халық] — *қарапайым еңбек адамы, шаруа.* **Қара домалақ** — *аласа бойлы, топтолық (бала).* **Қара дүрсінге басты** [салды] — *дөрекілік көрсетті, тұрпайылық таныттты.* **Қараға ерді** — *топқа қосылды, дүрмекке ерді.* **Қара жаңбыр** [жауын, нөсер] — *ұзаққа созылған суық жаңбыр.* **Қара жарыс** — а) *бәйгісіз жарыс;* ә) *байқау, барлау; шағын сынақ.* **Қара жаяу** — а) *атсыз, көліксіз (адам);* ә) *ештеңесі жоқ, кедей.* **Қара жер болды** — *қатты ұялды.* **Қара жерге қаратты** [отыртты] — *ұятқа қалдырды.* **Қара жол** — *жүргінші көп жүретін үлкен жол.* **Қара жон** — *дәл жоны, арқа жоны.* **Қара жұдырық** — *ұрда-жық; жуан жұдырық.* **Қара жұмыс** [жұмысшы] — *дене күшін (еңбегін) қажет ететін жұмыс.* **Қара киді** (*этногр.*) — *қара киім киіп, аза тұтты.* **Қара көбейтті** — *көппен бірге болды, қатарға қосылды.* **Қара көбең** [көбеңде] — *іңір қараңғысы; ала көбең.* **Қара көбең тартты** — *іңір түсіп, қарауыта бастады.* **Қара көленке** — *күңгірт, қарауытқан; көмескі.* **Қара көрдей** — *қап-қараңғы, тастай қараңғы.* **Қара көрмегір** *(қарғ.)* — *тұлдырсыз қалғыр.* **Қара көрім** [көрінім] **жер** — *біраз қашықтық.* **Қара күз** — *нағыз күз; суық күз.* **Қара күйе жақты** — *масқарасын шығарды, абыройын төкті.* **Қара күңгірт** — *қарауытқан, бұлыңғыр.* **Қара күшке басты** [салды] — а) *ешбір әдіс-айласыз, дене күшіне ғана сүйенді;* ә) *зорлық жасады, белден басты.* **Қара қазан** — а) *күнде ошақтан түспейтін үлкен қазан;* ә) *шық бермес шығайбай, сараң (адам).* **Қара қазанның** [қара қазан, сары баланың] **қамы** [қайғысы] — *үй ішінің жайы, тіршіліктің қамы.* **Қара қарғадай** [өрттей] **қаптады** — *көп болып келіп, құжынап кетті.* **Қара қасқа кедей** — *түгі жоқ, тақыр кедей.* **Қара қатқақ** — *жер беті тобарсыған, тоңазыған кез.* **Қара қоңыз** — *дүниеқор, пасық.* **Қара қорым** [құрым] — *есепсіз көп, қаптаған.* **Қара қотыр болды** — *жараның беті қабыршақтанып қатты.* **Қара қошқыл** — *қызыл не қоңыр реңді қара түс.* **Қара құлақ** [қара құлақ болды] — *есейген (марқайған) төл.* **Қара құрым** — а) *тозығы жеткен ескі (киіз);* ә) *қаптаған, көп.* **Қара қылды қақ жарған** [тілген] — *өте әділ, адал.* **Қара нар** — *түйенің ең күштісі, мықтысы.* **Қара ниет** [пейіл] — *арам ойлы, залым, сұм.* **Қара нөпір** — *қалың, көп.* **Қараң өшкір** [батқыр] — *жоғалғыр, жоқ болғыр.* **Қара орман** — а) *ағашы қалың өскен орман;* ә) *есепсіз көп дүние.* **Қара өзек шақ** — *мал мен адамның азығы таусылған көктем кезі.* **Қара өлең** — *әр жолы он бір буынды болып келетін өлең түрі.* **Қара өкпе** — *жылқының жөткірініп ауыратын ауруының аты.* **Қара пар** — *жыртылған, бірақ әлі егіс егілмеген жер.* **Қара саба** —*үлкен, кең саба.* **Қара сабын** — *сақар қайнату арқылы алынатын сабын.* **Қара сан** — *санның орта тұсы, дәл ортасы.* **Қара сорпа болды** [қара сорпасы шықты] — *әбден терледі; шаршады.* **Қара сорпасын ұртта** [ұрттағыр] — *өліп қалғыр.* **Қара сөз** — а) *жай сөз, қарапайым сөз;* ә) *әдеб. Әңгіме, повесть, роман сияқты шығармалардың жалпы аты; проза.* **Қара суға түсті** — *қатты терледі, пора-порасы шықты.* **Қара суық** — *жауын-шашынсыз қатты суық.* **Қара сүмек болды** — *терге шомды, малшынды.* **Қарасы батты** [қарасын батырды] — *жоғалды, құрыды.* **Қарасы жоғалды** — *көзден ғайып болды, құрыды.* **Қарасы көрінді** [қарасын көрді] — *нобайы көзге шалынды, төбесі көрінді.* **Қарасын көрмеді** — *маңдайына жоламады, жуықтамады.* **Қарасын көрсетпеді** — а) *ғайып болды, жоғалды; төбесін көрсетпеді;* ә) *жеткізбеді, ұзап кетті.* **Қарасы өшті** [қарасын өшірді] — *жоқ болды, құрыды.* **Қара сіңір** — *қажырлы, қайратты.* **Қара табан болды** — *өсті, есейді, марқайды.* **Қара тақым** — а) *қара жаяу, кедей;* ә) *алаяқ, құ.* **Қара таласты** — *қабаттасты, қатарласты.* **Қара тартты** [түтты, көрді] — *ес көрді, қара санады.* **Қара тас** — а) *сараң, қатты;* ә) *қатығез, мейірімсіз.* **Қара тер болды** [қара терге түсті] — а) *қатты терледі;* ә) *босқа зорықты, құр әуре болды.* **Қара торы** — *ашық қоңыр, қоңырқай.* **Қара төбел** —*маңдайында кішкене ағы бар қара түсті (мал).* **Қара тұяқ болды** — *буыны бекіп, есейді.* **Қара түн** — а) *көзге тұртсе көргісіз, қараңғы түн;* ә) *ауыр азап, ауыртпалық.* **Қара түнек** — а) *қап-қараңғы (түн);* ә) *әділетсіздік, жоқшылық жайлаған (заман, өмір).* **Қара түтін** — *кір, лас, қою түтін.* **Қара тізім** — *айыптылардың, кінәлылардың тізімі.* **Қара тікті** (*этногр.*) — *өлік жатқан үйдің белдеуіне қара ту байлау салты.* **Қара тіл** — а) *сөзі өңменіңнен өтетін, өткір;* ә) *сөзге жүйрік, шешен, ділмар.* **Қара үзді** [қарасын үзді, қарасы үзілді] — а) *көзге көрінбей кетті, ұзады;* ә) *алға шықты, озды.* **Қара шаңырақ** — а) *үлкен атасы, әке-шешесі отырған үлкен үй;* ә) *ең алғашқы мәдени ошақ, мекеме.* **Қара шаруа** — *малшы, жалшы, дихан.*

ҚАРА II *Жылқы, түйе, сиыр малдарының жалпы аты.* Кедей баласына айттырған қыздың қа-

лыңмалы ең көп дегенде 10–15 *қарадан* аспайды (С. Омаров).

ҚАРА III 1. *Назар аудару, көз жіберу.* Жабықтан (терезеден) ~ ды. 2. *Іздеу, қарастыру.* Аң ~ды, кен ~ды. 3. *Көру, тексеру, аңғару, бағу, байқау, бақылау.* Мұғалім оқушылардың жазу жұмысын ~ды. Дәріні үш мезгіл ішіп ~дым. 4. *Ескеру, елеу, ден қою.* Біз адамдарды ісіне ~п бағалаймыз. 5. *Күту, тосу, бөгелу.* Кешкі асқа (тамаққа) ~ды. 6. *Бағып-қағу, күту, баптау.* Малды ~ды, ауруға ~ды. 7. *Біреудің қол астында болу.* Енді біз басқа министрлікке қараймыз. 8. *Есептеу, санау, ойлау.* Кім де кім арманына жетсе, мен оны бақытты деп ~ймын. 9. *Ауу, өту, қадам басу.* Жексенбіге ~ған түні жүріп кетті. 10. *Арнайы сөз ету, талқылау.* Ғылыми Кеңес алдағы жылдың жоспарын ~ды. ◊ **Қарайтын бет қалған жоқ** — *ұятты болды.* **Қарап жатты [отырды, тұрды, жүрді, қалды]** — а) *бір нәрсеге көз салды; байқады, барлады;* ә) *еш нәрсе істемеді, әрекеттенбеді.* **Қарап жүрмеді [жатпады, отырмады, тұрмады, қалмады]** — *бір нәрсе істеді; тыныш жүрмеді.*

ҚАРАБАЙ I *экспр. Дүниеқор, сараң, қайырымсыз.* Барып тұрған ~дың өзі.

ҚАРАБАЙ II *зоол. Басында қызыл айдары бар, қоңыр түсті, қауырсыны қап-қара, ұзын жіңішке тұмсықты қаз тектес құс.* **Қарабай** мен көккұтан Көтеріліп ұшқанша, Алдынан орап басады (Батырлар жыры).

ҚАРАБАЙЛЫҚ *Дүниеқорлық, сараңдық.*

ҚАРАБАЙЫР *Жай, қарапайым, қарадүрсін.* ~ жылқы.

ҚАРАБАЙЫРЛАН *Жұпыны тарту, қарапайымдану.* Ер-түрман өбзелдері бұл күнде тым ~ып бара жатыр.

ҚАРАБАЙЫРЛАУ *Қарапайымдау, жұпынылау.* ~ дүние.

ҚАРАБАЙЫРЛЫҚ *Қарапайымдық, жұпынылық.*

ҚАРАБАҚЫР *Жай металдан жасалған ұсақ тиын.*

ҚАРАБАЛЫҚ *зоол. Кәсіпшілік маңызы зор, қара қоңыр түсті балық.* Сусіңген көлінде сазан, шортан, *қарабалық* өседі (Қ. Күленов).

ҚАРАБАРАҚ *бот. Шөлді жерлерде өсетін бұта.*

ҚАРАБАРҚЫН I *Қарасы басым қоңыр түс; қара қоңыр.* ~ тау. ◊ **Қарабарқын тартты** — *қара қоңыр түске енді, қарабарқындады.*

ҚАРАБАРҚЫН II *Түйе жейтін өсімдік.*

ҚАРАБАРҚЫНДАН *Қарабарқын түске ауысу.*

ҚАРАБАС *бот. Астық тұқымдас ірі шөп.* Жатаған бидайық, шырмауық, *қарабас,* сұңғыла өседі (Т. Таубаев).

ҚАРАБАУЫР *зоол. Денесі тығыз, аяқтары қысқа, кептер тәрізді кішкене құс.* **Қарабауырдың** сүйіп қоныстанатын жері — сазды шөлдер (Ш. Әлиев).

ҚАРАБЕЗ *Омырау, шап бездері ісіп, қарайып кететін, жұқпалы түйе ауруы.*

ҚАРАБИДАЙ 1. *Егістіктерде өсірілетін, сабағы тік, жапырақтары таспа тәрізді, астық тұқымдас дәнді дақыл.* 2. *Осы дақылдың кенеулі нан пісіретін қоңырқай түсті дәні.*

ҚАРАБИЕ *этногр. Түнде ойналатын балалар ойынының бір түрі.* "Ақ сүйек", "*қарабие*", "тоқтышақ", ойындарының бәрін де ойнады (С. Бегалин).

ҚАРАБОТА *бот. Көл жағаларында өсетін, алабота тектес өсімдік.*

ҚАРАБҰРА *кәсіби. Су жолына тосқауыл, бөгет етіп қою үшін белінен буылған шыбық (қамыс, құрай).*

ҚАРАБҰРАЛА *Қарабурамен бөгеу, тосқауыл жасау.* Өзенді ~п бекітіп, арық шығарды.

ҚАРАБҰҒА *Қара қоңыр түсті алабұға тектес балық.* Күні бойы ілінгені жалғыз ғана *қарабұға* (Қ. Қазиев).

ҚАРАБҰЛДІРГЕН *бот. Өзен жағаларында өсетін тікенекті, жабайы өсімдік және сол өсімдіктің шырынды жемісі.*

ҚАРАҒАЙ *Таулар мен ормандарда тұзу әрі биік болып өсетін, қысы-жазы көгеріп тұратын, қылқан жапырақты ағаш.* ◊ **Қарағай басын шортан шалды** — *заман өзгерді, қилы-қилы оқиғалар болды.* **Қарағай мүйіз [мүйізді]** — *арбиған үлкен мүйіз.*

ҚАРАҒАЙДАЙ 1. *Арбиған, үлкен, зор.* ~ мүйізімен қағып тастады. 2. *Тіп-тік, тұп-тұзу.* ~ үй (клуб). 3. *Сіресіп, қатып тұрған; тіп-тік.* ~ былғары етік.

ҚАРАҒАЙЛЫ *Қарағай өскен, қарағайы қалың.* ~ орман (жер, алқап).

ҚАРАҒАЙШЫ *Орманнан қарағай кесетін, дайындайтын адам.*

ҚАРАҒАН *Суыққа төзімді, топырақ талғамайтын жіңішке бұта.* Ақ (боз, сары) ~.

ҚАРАҒАНДЫ *Қараған көп өскен, қарағаны қалың.* ~ дала (сай).

ҚАРАҒАНСЫ *Қарағандық кейіп таныту, қараған болу.*

ҚАРАҒАШ *Қуаншылыққа төзімді, қатты ағаш.*

ҚАРАҒАШТЫ *Қарағаш өскен, қарағашы қалың.* ~ алқап.

ҚАРАҒҰС *Бас сүйектің желке жақтың шығыңқы тұсы; шүйде.* Шоқпар ~тан тиіпті.

ҚАРАҒЫМ *экспр. Үлкен адамның жасы кішіге еркелетіп айтатын сөзі.* Көп жаса, ~.

ҚАРАҒЫМДА *"Қарағым" деп, қайта-қайта айту.*

ҚАРАҒЫМ-ШЫРАҒЫМ *Айналып-толғанған жылы сөз.* Ол ~нан кенде емес.

ҚАРАҒЫМ-ШЫРАҒЫМДА *"Қарағым-шырағым" деп, жылы сөйлеу, айналып-толғану.*

ҚАРАҒЫСЫЗ: ел бетіне қарағысыз етті [қылды] — *ұятқа қалдырды, масқара қылды.*

ҚАРАҒЫШТА *Қайта-қайта қарай беру.* Ол маған ~й берді.

ҚАРАДАЙ *Тектен-текке, қарадан-қарап.* ~ қысылды (босады). ~ зәресі ұшты.

ҚАРАДАН-ҚАРАП *Бостан-босқа, жайдан-жай.* ~ ұялды (құлады).

ҚАРАЖАТ *Қаржы, ақша, пұл.* ~ жағынан көмектесті.

ҚАРАЖАТСЫЗ *Қаражаты жоқ, ақшасыз, пұлсыз.* ~ кетті.

ҚАРАЖАТСЫЗДЫҚ *Қаражаты жоқтық, пұлсыздық.*

ҚАРАЖАТТЫ *Қаражаты бар, ақшалы, пұлды.* ~ адам.

ҚАРАЖАТТЫҚ *Қаражат боларлық, қаражатқа жарайтын.* ~ ақша (пұл).

ҚАРАЖЕМІС *бот. Қара түсті жемісі бар дәрілік өсімдік.* Көзге бірден түскені *қаражеміс* болды. (Б. Мұқанов).

ҚАРАЖИДЕК *бот. Ірі сабақты, қара домалақ жемісі бар көп жылдық өсімдік; "черника".*

ҚАРАЙ I 1. *Түсі қара тарту, қарағa айналу.* Өсімдіктер тез ~яды. 2. *Бір нәрсенің нобайы ғана көріну, қарауыту.* Машинаның үстінде екі-үш адам ~яды. 3. *Көп уақыт қағазға қарамай кеткендіктен оқығанын, білгенін ұмыта бастау.* Азды-көпті білгеніңнен ~ып қалыпты. 4. *Ауыс. Күнгa бату, былығу.* Кіммен *қарайсаң*, сонымен ағар (Мақал).

ҚАРАЙ II *Барыс жалғаулы есім сөздерді меңгеріп, оларды етістіктермен байланыстыру үшін жұмсалатын демеулік.* Бес-алты адам бізге *қарай* келе жатыр (Жылқышиев).

ҚАРАЙЛА 1. *Қайта-қайта қарау, тастап кете алмау.* Артыңа ~май жүре бер. 2. *Күту, тосу, бөгелу.* Ағайдың үйінде бір күн ~ дым.

ҚАРАЙЛАС I *Шамалас, мөлшерлес.* Екі жақтың да әскер саны ~.

ҚАРАЙЛАС II *Біреуге жәрдемдесу, көмектесу.* Туысқанға ~қан жоқ.

ҚАРАЙЛАСТЫҚ *Шамаластық, жуықтастық.*

ҚАРАЙТ 1. *өзг. етіс. Қарай-т.* 2. *Қалқайту, шошайту.* Тасып әкеп, *қарайтқан* мая да әжептеуір (Жұмаділдин).

ҚАРАЙЫМ *Түркі тілдерінің ішіндегі қыпшақ тобына жататын халық.* ◊ **Қарайым тілі** — *қарайым халқының ұлттық тілі.*

ҚАРАКЕУІМ *Іңір қараңғысы түскен кез, ымырт шақ.* ~ ұршық иіріп отыр. ◊ **Қаракеуім тартты** — *кеш батып, төңірек қарауыта бастады.*

ҚАРАКЕУІМДЕН *Қаракеуім тарту, күңгірттену.* Төңірек ~е бастады.

ҚАРАКӨЗ *Теңізде тіршілік ететін шабақтан сәл ұлкенірек, ұсақ балық; вобла. Қаракөз* Каспий, Арал теңіздерінде кездеседі (Саятшылық).

ҚАРАКӨЛ *Төлінің жүні қара, көк, қоңыр түсті болып келетін қойдың ерекше бір түрі және сол қой төлінің қымбат бағалы бұйра елтірісі.* ~ тымақ (жаға, ішік).

ҚАРАКӨЛЕҢКЕ *Қарауытқан, күңгірт.* ~ үй (бөлме). ◊ **Қаракөлеңке тартты** — *қарауытты, күңгірттенді.*

ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛЕН *Қаракөлеңке тарту, қарауыту, күңгірттену.* Үйдің іші ~е түсті.

ҚАРАКӨЛЕҢКЕЛЕУ *Аздап қарауытқан, күңгірттеу.* ~ жер.

ҚАРАКӨЛШЕ *Қаракөл елтірісінің орташа сапалы түрі.*

ҚАРАКҮЗЕН *зоол. Жүні қалың, жылтыр, қара түсті, терісі бағалы су күзені; норка.*

ҚАРАКҮЙЕ I *Жүннен жасалған киімдерді, бұйымдарды жеп, тіршілік ететін көбелек құрты.*

ҚАРАКҮЙЕ II *Саңырауқұлақ (грибок) споралары тарататын өсімдік ауруы.*

ҚАРАКҮЙЕШЕ *Қаракүйе тәрізді, қаракүйе секілді.* ~ жеді (кеуледі).

ҚАРАҚ I *экспр. Қалқа, шырақ.* Атың кім, *қарақ?*

ҚАРАҚ II *көне. Ашқарақ, ашкөз, тойымсыз.* Шортан шөлге шыдамсыз, Балықтан шыққан бір *қарақ* (Алдаспан).

ҚАРАҚ III *Көздің қарасы, қарашығы.*

ҚАРАҚАҒАЗ *Майдандағы жауынгердің мерт болғандығы туралы хабар жазылған қағаз.* Күйеуінен ~ келді (алды).

ҚАРАҚАЗ *зоол. Балықпен қоректенетін, суда жақсы жүзетін, түсі қара су құсы.*

ҚАРАҚАЛ *зоол. Құлағының сыртқы қара, ұшы шашақты, мысық тұқымдас, жыртқыш аң.*

ҚАРАҚАЛПАҚ *Қарақалпақ елінің жергілікті халқы.* ◊ **Қарақалпақ тілі** — *қарақалпақ халқының ұлттық тілі.*

ҚАРАҚАН: қарақан [құ] басы — *жеке басы, қара басы.*

ҚАРАҚАПТАЛ *Жылқының айғырында болатын жұқпалы жыныстық ауру.*

ҚАРАҚАС *зоол. Көбінесе орманды жерде кездесетін, күндіз ұйықтап, түнде тіршілік ететін кеміргіш.* Онда қызыл суыр, *қарақас* (лесная соня) сияқты кеміргіштер көбірек кездеседі (Қазақст. аң.).

ҚАРАҚАТ *Жабайы және мәдени түрде кездесетін шала бұта және осы бұтаның домалақ келген кішкене жемісі.* Қара ~ (қызыл, ақ). ◊ **Қарақат көз** — *мөлдіреген қара көз.*

ҚАРАҚАТТАЙ *Қарақат сияқты қап-қара, мөлдір.* Екі көзі ~ қап-қара.

ҚАРАҚАТТЫ *Қарақат өскен, қарақаты бар.* ~ сай.

ҚАРАҚОҒЫР *бот. Сарғалдақтар тұқымдасына жататын, көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚАРАҚТА *Көзінің сұғын қадау, аңду.* Бәріңіздің *қарақтағандарыңыз* Жауынбаев екеуміз болдық (Иманжанов).

ҚАРАҚТЫ 1. *Қырағы, көреген, көзі көргіш.* Қашқын ізі *қарақты* көзге сайрап жатыр екен (Сараев). 2. *Ауыс. Түйгені мол, көзі ашық, білімдар (адам).* Қарабай кең пейілді, *қарақты* адам (Өбілев).

ҚАРАҚТЫЛЫҚ *Қырағылық, зеректік.*

ҚАРАҚҰЙРЫҚ *Далалы жерді мекендейтін, аша тұяқты, сұт қоректі аң.*

ҚАРАҚҰЛАҚ I *Төлдің ширап, отыға бастаған кезі.*

ҚАРАҚҰЛАҚ II *Мысық тұқымдас дене тұрқы 80–85 см-дей жыртқыш аң.*

ҚАРАҚҰМЫҚ *бот. Астық тұқымдас мәдени дақыл және осы дақылдың арпаға ұқсас ірі дәні.*

ҚАРА-ҚҰРА 1. *Қарауытып көрінген жан-жануарлар; адам, мал т. б.* 2. *Қараңғыда қарауытып көрінген нәрселер.* ~ алыстан-ақ көзге шалынады.

ҚАРАҚҰРТ I *Түрі өрмекші тәрізді, түсі қара, улы жәндік.*

ҚАРАҚҰРТ II *астр. Аспанның Солтүстік жарты шарындағы шоқ жұлдыз; кассиопея.*

ҚАРАҚҰРТТАЙ *Өте көп, есепсіз.* ~ мал (жау). ◊ **Қарақұрттай қаптады** — *быжынады, құжынады.*

ҚАРАҚҰРТША *Қарақұрт тәрізді, қарақұрт құсап.* ~ қыбырлады (қаптады).

ҚАРАҚҰРЫМ *Есепсіз көп, қаптаған.* ~ халық (мал).

ҚАРАҚҰС *зоол. Жемтікке үйір, ірі келген жыртқыш құс.*

ҚАРАҚҰСША *Қарақұс тәрізденіп, қарақұсқа ұқсап.* ~ шүйілді.

ҚАРАҚШЫ I 1. *Ит-құсты, ұры-қарыны шошыту үшін қотанның, бау-бақшаның басына жарбайта қойылған адам пошымдас бейне.* Қотанның шетіне 2–3 жерден ~ жасап қоятын. 2. *Меншікті жердің шекарасын белгілеу үшін орнатылған арнайы белгі.* 3. *Бәйгіге (жарысқа) түскен*

аттар келіп тоқтайтын мәре. Бәйгі аттары ~ жанынан өтті.

ҚАРАҚШЫ II 1. *Жол торып, керуен тонаушы.* Қараңғыда жол торыған мен **қарақшы** емеспін (Бал дәурен). 2. *Ауыс. Елді талаушы; қанипезер, жауыз.* **Қарақшы** Гитлердің армиясы зор шығынға ұшырауда (Тоқаев).

ҚАРАҚШЫЛЫҚ 1. *Ел талаушылық, тонаушылық.* 2. *Ауыс. Жауыздық, қанипезерлік.* Неміс фашистері Отанымызға **қарақшылықпен** шабуыл жасады (Қазақст. әйел.).

ҚАРАЛ 1. *ыр. етіс. Қара-л.* 2. *Денсаулығын тексерту, емделу.* Дәрігерге ~ды.

ҚАРАЛА I 1. *Қара түске бояу, қара ету.* Тас көмірдің топырағы Денені басып **қаралап** (Сейфуллин). 2. *Тарыны келіге түйіп, сыртқы қауызынан айыру.* Шешем тары ~ ды. 3. *Ауыс. Дақ түсіру, былғау.* Ақ бетімді **қаралап,** жүрекке беріш түсірді (Сматаев). 4. *Ауыс. Айыптау, кінәлау.* Не себепті ол мені **қаралады** (Бағаев).

ҚАРАЛА II *этногр. Күмістің бетіне жүргізілген ою-өрнек.* Абай күміске **қарала** жүргізуді үйреттіреді (М. Әуезов).

ҚАРАЛАҚ *этногр. Үй арасында ойналатын балалар ойынының бір түрі.*

ҚАРАЛАУ *Қарағa жуық, аздап қара.* ~ жүн.

ҚАРАЛАУШЫ *Біреуді айыптаушы (адам).*

ҚАРАЛАУШЫЛЫҚ *Жала жабушылық, кінәлаушылық.*

ҚАРАЛТЫМ *Аздап қара, қаралау.* Қара шифонға ~ меруерт жүгірткен. ◊ **Қаралтым тартты** — *қара қошқылданды, қарайды.*

ҚАРАЛТЫМДАУ *Қаралау, қара қошқылдау.* ~ жолақ бар.

ҚАРАЛЫ I *Азалы, қайғылы.* ~ үй. ◊ **Қаралы ат** (*этногр.*) — *жал-құйрығы күзелген, өлген адамның асына сойылатын ат.* **Қаралы жиын [митинг]** — *өлген адамның қайғылы қазасына арналған жиын.* **Қаралы ту** (*этногр.*) — *өлген адамның жасына қарай түсі әр түрлі болып келетін ту.*

ҚАРАЛЫ II *Шақты, шамалы, жуық.* Жүз ~. мал (адам).

ҚАРАЛЫҚ I 1. *Қара түстілік, қара болып көрінушілік.* 2. *Ауыс. Арамдық, зұлымдық.* Егер көңілімде **қаралық** болса, партияға арыз берер ме едім (Қыдырханов).

ҚАРАЛЫҚ II *Қарағa (мал) татырлық, қара боларлық.* Әр әнің бір ~.

ҚАРАЛЫЛЫҚ *Қаралы болушылық, азалылық.*

ҚАРАМАҒЫ *Иелік, меншік, қол асты.* ~нда істеді, ~на алды.

ҚАРАМАЙ *Арбаның доңғалағын майлайтын қара түсті қоймалжың зат.*

ҚАРАМА-ҚАЙШЫ *Бір-біріне қарсы, қайшы; қарама-қарсы.* ~ пікірлер айтылды.

ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ *Қайшылық, қарсылық, сәйкессіздік.*

ҚАРАМА-ҚАРСЫ I *Бір-біріне қайшы, қарсы; керегар.* ~ ой (пікір, көзқарас).

ҚАРАМА-ҚАРСЫ II 1. *Ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі, олай-бұлай.* Оқ ~ атылып жатыр. 2. *Бетпе-бет, жүзбе-жүз.* Жұмсақ креслода екеуі ~ отыр.

ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚ *Керегарлық, сәйкессіздік.* ◊ **Қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күрес заңы** (*филос.*) — *даму атаулының негіздерін, оның қозғаушы күштерін ашып көрсететін диалектикалық заңдардың бірі.*

ҚАРАМАЛА *бот. Гүлі ұсақ, сарғыш жасыл бұта.*

ҚАРАМАЛЖЫН *Күміс қара түсті түлкі.*

ҚАРАМАТАУ *бот. Сортаң жерлерде өсетін, түйе мен уақ мал сүйсініп жейтін шөп.*

ҚАРАМЫ 1. *Көлемі, үлкендігі.* — Сен қарғаның **қарамындай** құсқа несіне өлгенше күйінесің (Ш. Айманов). 2. *Саны, мөлшері, шамасы.* Көл жағалай созылған халықтың **қарамы** едәуір (К. Ахметбеков).

ҚАРАМЫҚ I *бот. Егістік жерлерде өсетін, бір жылдық арам шөп.*

ҚАРАМЫҚ II *жерг. Шеңгел деп аталатын бұтаның жемісі.*

ҚАРАНДЫЗ *Тамыры жуандау қысқа, сабағының жоғарғы жағы бұтақты, сырты түкті, ашық сары гүлді, биіктігі 10–15 см көп жылдық өсімдік.*

ҚАРАҢ 1. *Қараңғы, түнек.* Аспанның асты кейде жарық, кейде **қараң** (Нұрғалиев). 2. *Ауыс. Ауыр, қиын; азапты.* Жеңілгеннің күні **қараң** (Ғ. Қарашев). ◊ **Қараң етті [қараң ете қалды]** — *қарайып кенеттен көрінді де, жоқ болды.* **Қараң қалғыр** *(қарғ.)* — *иесіз қал, қаңғырап қал.* **Қараң қалды** — *иесіз, бос қалды, қаңырап қалды.*

ҚАРАҢҒЫ 1. *Қараңғылыққа шомған, түнек.* ~ түн (үй, бөлме). 2. *Ауыс. Беймәлім, белгісіз, күмәнді.* Оның не жауап бергені Қанипаға да **қараңғы** (С. Омаров). 3. *Ауыс. Оқымаған, сауатсыз, білімсіз.* ~ адам (халық). ◊ **Қараңғы тартты** — *ымырт үйірілді.* **Қараңғы түсті** — *кеш болды.*

ҚАРАҢҒЫЛА *Үйдің, бөлменің ішін қараңғы ету.* Үйді ~ п, жатып қалды.

ҚАРАҢҒЫЛАУ 1. *Жарық аздау, күңгірттеу.* Екеуі ~ көшеге түсті. 2. *Ауыс. Белгісіздеу, беймәлімдеу.* Ол жағы маған ~. 3. *Ауыс. Сауатсыздау, білімсіздеу.* Бұл **қараңғылау** адамдарға әсер етуге лайық (Сейфуллин).

ҚАРАҢҒЫЛЫҚ 1. *Қараңғы түскендік, түнектік.* Сахнаны қою ~ басты. 2. *Ауыс. Сауатсыздық, надандық.* **Қараңғылықты** қойсаңшы, көп нәрсені аңғара алмаппын (Мәдениет және тұрмыс). ◊ **Қараңғылық басты** — *қараңғы түсті, түнек басты.*

ҚАРАҢДА *Қараң-қараң етіп көріну.* Қораның ық бетінде біреулер ~йды.

ҚАРАҢ-ҚАРАҢ: **қараң-қараң етті** — *қараңдап көрінді, қараңдады.*

ҚАРАҢ-ҚҰРАҢ *Қараң-құраң еткен, қараңдаған.* Кеңсе алды ~ адам. ◊ **Қараң-құраң етті** — *қараңдап көрінді.*

ҚАРАОТ *Далалы жерде өсетін қоңырқай түсті шөптердің жалпы атауы.* ~ қой малына жұғымды.

ҚАРАӨКПЕ *Өкпесі қарайып кететін мал ауруы.*

ҚАРАӨРІК *бот. Бау-бақшаларда өсірілетін, раушангүлділер тұқымдасына жататын жеміс ағашы және осы ағаштың қара көк түсті, ірі сүйекті жемісі.*

ҚАРАП: қарап болды [қылды] — *құрыды, жоқ болды.*

ҚАРАПАЙЫМ *Жұпыны, жай; қатардағы.* ~ жан.

ҚАРАПАЙЫМДАН *Қарапайым болу, жұпыныланy.* Қазіргі кейіпкерлер ~а бастағаны мәлім.

ҚАРАПАЙЫМДАУ *Аздап қарапайым, — жұпыныланy.* ~ киінген.

ҚАРАПАЙЫМДЫҚ *Қарапайым болушылық, жұпынылық.*

ҚАРАПТАН-ҚАРАП *Бостан-бос, жайдан-жай.* ~ отырып күлді.

ҚАРАР I *Белгілі бір мәселеге байланысты жоғарғы органдар қабылдаған шешім.*

ҚАРАР II *Қанағат, тойым.* Енді көп тағы да бір тоқты бересің дейді, Иман жоқ, *қарар* жоқ (Сейфуллин). ◊ **Қарар таппады [қылмады]** — *қанағат қылмады, тоймады.*

ҚАРАРСЫЗ *Еш нәрсеге қанағат қылмайтын, тойымсыз.* ~ бек (әмір).

ҚАРАС I 1. *орт. етіс. Қара-с.* 2. *Біреуге қарайласу, қол ұшын беру.* Бізге ~ ағайын-туыс және жоқ.

ҚАРАС II *Бір нәрсеге тесіле қарағандық, назар аударғандық.* Бұл ~ та терең мән жатыр.

ҚАРАСАН *Сиыр малында болатын өте қауіпті жұқпалы ауру.* ◊ **Қарасан келгір [тигір]** — *қарасан ауруымен ауырғыр.*

ҚАРАСОРА *бот. Сортаң жерлерде өсетін кендір сияқты ірі құрай.*

ҚАРАСӨЗ 1. *Жай, қарапайым сөз, ауызекі әңгіме.* 2. *Шешендік сөз, тақпақтап айтылған афоризм.* Қазаққа *қарасөзге* дес бермедім (Абай). 3. *Проза: әңгіме, повесть, роман.* Бейімбет өлеңнен гөрі *қарасөзге* шебер (С. Мұқанов).

ҚАРАСТЫ *Біреуге қарайтын, соның иелігіне жататын.* Оңтүстік облысқа ~ жер.

ҚАРАСТЫР 1. *Бір нәрсені іздестіру, табуға тырысу.* Маған да ~а жүріңіз. 2. *Амалын ойлау, қам жасау.* Ол тезірек ~ды. 3. *Талдау, анализ жасау.* Біз ~ып отырған тақырып.

ҚАРАСУ *Жерден шығып, жайлап ағып жатқан су.*

ҚАРАСЫ *Алыстан қарағандағы бір нәрсенің қалқиған бойы, нобайы.* Жолаушының ~ көрінді. ◊ **Қарасын батырды** — *кетіп қалды, жоқ болды; құрыды.* **Қарасын көрмеді** — *тең келмеді, шендесе алмады.* **Қарасын көрсетпеді** — а) *ұзап кетті, жеткізбеді;* ә) *алысқа, аулаққа, көз көрмес жерге кетті.* **Қарасы өшті** — *құрыды, жоқ болды.*

ҚАРАСЫН 1. *Бір нәрсенің алыстан қарайып көрінген бейнесі; қарасы.* Сүйіндіктің *қарасыны* көзге шалынды (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Біреудің қасында ес, серік болып, қарайып отырған адам.* *Қарасын* боп көз алдында қалқиып отырсам... (Мырзахметов).

ҚАРАСЫРА *Жалғызсырау, елегізу.* Қаладан шықпай жатып *қарасырап,* аяғын баспай тұрып алды (Ө. Нұрпейісов).

ҚАРАТ 1. *өзг. етіс. Қара-т.* 2. *Біреуге қарай бағыттау, тікелей арнау.* Әкесі өзіне *қаратып* айтып отырған іспетті (Боқасов). 3. *Белгілі себептермен бір нәрсені кейінге қалдыру, тоқсызу.* Шілдехананы Байдәулеттің келуіне *қаратып* отыр екен (Исабеков). 4. *Ауыс. Күшпен жаулап алу, бағындыру.* Кейіннен Ертіс бойын түгелдей өзіне *қаратып* алды (Баяндин). 5. *Табыс табу, пайда түсіру.* Айлығымды алып, үйге келсем, Ілеш отыр екен. — Қанша *қараттың?* — деп сұрады (Ө. Ахметов).

ҚАРАТАЛАҚ *Сиыр малының талағы ісіп кететін қатерлі ауруы.* ◊ **Қараталақ келгір** — *сиыр малына айтылатын қарғыс.*

ҚАРАТАМАҚ *зоол. Наурызек.* Өзендердің жағаларынан *қаратамақты* да кездестіреміз (Б. Мұқанов).

ҚАРАТАМЫР *Жапырағы ұзынша, гүлі қызыл қоңыр, 60–90 см келетін өсімдік.*

ҚАРАТАЯҚ *экспр. Ертеректе қалада оқығандарға қойылатын атау.*

ҚАРАТОРҒАЙ *Көктемде ұшып келетін, кішірек келген, қара түсті жыл құсы.*

ҚАРАТПА: қаратпа сөз (*лингв.*) — *біреудің назарын өзіне аудару үшін жұмсалатын оқшау сөз.*

ҚАРАТҰЯҚ *Малдың тұяғы қарайып, ақсап қалатын жұқпалы ауруы.*

ҚАРАТҰЙНЕК *Адамда, малда болатын, ішек түйіліп қалатын ауру.* ~ келгір.

ҚАРАТІКЕН: қаратікен түз — *түздың ірі-ірі келген, түсі жылтыр татымды сорты.*

ҚАРАУ 1. *Әділ емес; қиянатшыл, зорлықшыл.* Ол әдейі ~ жасайды. 2. *Ауыс. Қара ниет, арам.* Түп тілегі *қарау* болғанымен қазір Есенейдің дәлелдері ұтымды (Ғ. Мүсірепов).

ҚАРАУЛЫҚ 1. *Әділетсіздік, қиянатшылдық.* Оның ~ғы жоқ. 2. *Қара ниеттік, арамдық.* Ұрлап қоя ма деп, *қараулық* ойлаймын (Соқпақбаев).

ҚАРАУСЫЗ I *Ешкім қарамаған, күтімсіз.* Мал ~ қалды.

ҚАРАУСЫЗ II *Талқыланбай, қаралмай, сөз етілмей.* Оның арызы ~ жатыр.

ҚАРАУСЫЗДЫҚ *Бағусыздық, күтімсіздік.* ~тан құрап қалған.

ҚАРАУЫ *Қол асты, қарамағы.* *Қарауымдағы* саулықтардың әр жүзінен 140-тан қозы алдым (Дәрмағамбетов).

ҚАРАУЫЛ I 1. *Бір нәрсені қорғау, сақтау ісі; күзет.* Сен ~ға тұр. 2. *Күзетте тұрған адам, күзетші; сақшы.* Дүкеннің *қарауылы* бізге айқай салды (Тоқмағамбетов). ◊ **Қарауыл қарады** — *биік жерге шығып, жан-жағына көз салды, қарады.* **Қарауыл төбе** — *жан-жағы тегіс көрінетіндей биік жер.*

ҚАРАУЫЛ II 1. *Мылтық ұңғысының ұшына орнатылып, көзделетін нысанаға қарай дәл бағытталатын кішірек белгі.* Мылтықтың ~ы. 2. *Қаншалықты мергендігін байқау үшін көзделіп ататын нысана.* ~ға дәл тигізді. ◊ **Қарауылға алды** — *нысанаға алды, көздеді.*

ҚАРАУЫЛДА *Бір нәрсені қарау, бақылау, күзету.* Астықты ~п тұр.

ҚАРАУЫЛДЫҚ *Бір нәрсеге қарауыл болушылық, күзетші міндетін атқарушылық.* Түнгі ~қа барды.

ҚАРАУЫЛШЫ *Бір нәрсені қарайтын, бағатын адам; күзетші.*

ҚАРАУЫЛШЫЛЫҚ *Қарауыл қараушылық, күзетшілік.*

ҚАРАУЫТ *Қарайып көріну, күңгірттену.* Төңірек ~а бастады.

ҚАРАША I *Күздің соңғы айы; ноябрь.*

ҚАРАША II *Қара қоңыр, қарағa жақын (түс).* ~ інген. ~ үй.

ҚАРАША III *Қарапайым қара халық.* Исатай да ханның *қарашасы* (Аманшин).

ҚАРАШАЙ *Қарашай-черкес автономиялық облысында тұратын түркі тілдес жергілікті халық.*

ҚАРАШЕКПЕН *қарап. Қара шаруа, кедей.* ~ келді.

ҚАРАШУЛАН *Қара дағы басым сұр түс.*

ҚАРАШЫ *көне. Хан ордасындағы ақылшы, кеңесші.* Хан қасында **қарашы** (Мақал).

ҚАРАШЫҒЫМ *экспр. Қарағым, қалқам, күнім.* Осы кішкентай **қарашығымды** адам қатарына қоссам (Нұрманов).

ҚАРАШЫҒЫН *көне. Патшалық Ресей тұсында соғысқа жәрдем ретінде халықтан жиналатын қосымша салық.*

ҚАРАШЫҚ *Көздің ортасындағы қара түсті кішкене ноқат.* ~ғы үлкен.

ҚАРАШЫҚТАЙ *Кішкентай, болар-болмас.* Үлкендігі ~.

ҚАРАШЫЛ *Жалғыз-жарым малға, қараға үйір.* ~ ат (мал).

ҚАРАШЫЛДЫҚ *Қарашыл болғандық, қараға үйірлік.*

ҚАРАШІРІК I *Топырақтың үстіңгі қабатында болатын өсімдік қалдықтарының шіріндісі.*

ҚАРАШІРІК II *биол. Кейбір бақша дақылдарында кездесетін ауру.*

ҚАРБАЛАС I 1. *Асығыс-үсігіс, тығыл-таяң.* ~ кез (кезең). 2. *Қызу, қауырт.* ~ тірлік (тіршілік), ~ жұмыс (шаруа). 3. *Асығыс-үсігіс қимыл, жанталасқан әрекет.* Күндізгі **қарбалас** саябырсыған кез (Сақабаев).

ҚАРБАЛАС II *Жанталасу, аласұру.* Сөйтіп, ~ып жатырмыз.

ҚАРБАЛАСТА *Асығыста, қысылтаяңда.* ~ ұмытып кетіпті.

ҚАРБАЛАСТАУ *Қысылтаяңдау, тығыздау.* ~ кез.

ҚАРБАЛАСТЫҚ *Асығыстық, қауырттық.* Ісінен ~ байқалады.

ҚАРБАН *Талпыну, тырысу, тырбану.* ~ып қалды.

ҚАРБАҢ-ҚҰРБАҢ *Арбаңдаған, қорбаңдаған қимыл.* ◊ **Қарбаң-құрбаң етті** — *арбаңдады, қорбаңдады.*

ҚАРБЫ 1. *Бір нәрсені молынан асау, жеу.* Майлы еттен бірер ~п алды. 2. *Ауыс. Көбірек алып қалу, қамту.* Олар көбірек **қарбып** қалайық деп іштей келіскендей (Мағауин).

ҚАРБЫЗ *Домалақ келген, қабығы қатты, тәтті шырынды бақша дақылы; дарбыз.* ~ екті.

ҚАРҒА I *Қара немесе сұр қауырсынды тамақ талғамайтын еті арам құс.* Ала (қара) ~. ◊ **Қарға адым жер** — *өте жақын қашықтық.* **Қарға адым жер мұң болды** — *қарыс жер жүре алмады.* **Қарға тамыр [қарға тамырлы]** — *бір-бірімен араласып жатқан, ілік-шатыстығы мол (ел, халық).* **Қарға тұяқ** — *қатып-семген, ұсқынсыз (қол, саусақ).*

ҚАРҒА II *Ойын картасының бір түсі.* Қолындағы ~ның алтылығы еді.

ҚАРҒА III *Біреуге қарғыс жаудыру, нәлет айту.* **Қарғайын** десем — жалғызым, **қарғамайын** десем — жалмауызым (Мақал).

ҚАРҒАДАЙ 1. *Қарға секілді, қарға тәрізді.* ~ құжынады. 2. *Кіп-кішкентай, жап-жас.* ~ бала (қыз). ◊ **Қарғадай шулады** — *у-шу болды, шу-шу етті.*

ҚАРҒАДАЙЫНАН *Кішкентай кезінен бастап, жастайынан.* Ол ~ ер балаша киініп жүретін.

ҚАРҒАКӨЗ *бот. Ылғалды жерлерде өсетін, қара домалақ жемістері бар өсімдік.*

ҚАРҒА-ҚҰЗҒЫН *Қарға мен құзғын, екеуі де.* ~ға жем болды.

ҚАРҒАМ *экспр. Қарағым, қалқам.*

ҚАРҒАП-СІЛЕ *Қарғау, лағынет айту.*

ҚАРҒАТАБАН *бот. Басындағы бүрі қарғаның табанына ұқсас бұжыр-бұжыр өсімдік.* Анау өзекте **қарғатабан** болады (Б. Ырзабаев).

ҚАРҒАТАЙ *экспр. Қарағым, қалқам.*

ҚАРҒАТҰЯҚ *бот. Топырақ бетіне жақын жатқан тамыры мен түсі қарғаның тұяғына ұқсас өсімдік.*

ҚАРҒАШ *экспр. Қарғатай, сәулетай.*

ҚАРҒАША I *Қарға секілді, қарға тәрізді.* ~ шулады (қарқылдады).

ҚАРҒАША II 1. *Екі бөлек нәрсені біріктіріп ұстап тұратын екі басы иілген темір; скоба.* ~ салды. 2. *Қатар тұрған ағаштарды бір-бірімен байланыстыра қағылған көлденең ағаш.* 3. *Шытынап кеткен, сынған ыдысқа салынатын құрсау, шеңбер.* Қаңылтырдан **қарғаша** салынған пұшық шәйнек (Жұмаділов).

ҚАРҒАША III *Өрт жайылып кетпеу үшін, өрт келетін жақтың шөбін жағып жіберу әрекеті.* Ық беттің шөбін өртетіп, өрт алдынан **қарғаша** жасап жүр (Ғ. Мүсірепов).

ҚАРҒАШАЛА *Қарғаша салу; қапсыра қағу.* Салынған рельстердің жапсарын **қарғашалап** бір топ жұмысшы келеді (Жансүгіров).

ҚАРҒАШЫМ *экспр. Қарағым, қалқам.*

ҚАРҒЫ I *Иттің мойнына тағатын жалпақ қайыс.* ◊ **Қарғы тақты** — *итінің мойнына қарғы байлады.*

ҚАРҒЫ II *Секіру, ырғу.* Үстінен бір-ақ ~ды.

ҚАРҒЫБАУ 1. *Құда түскен адамның болашақ келінін иемденгеннің белгісі болсын деп қолына тағатын білезік, не мойнына алқа тағу рәсімі.* 2. *Біреудің затын сұрап алғаны үшін қарымта ретінде беретін сыйы, ақы.* ~ына тай-құнан жетектетті. 3. *Иттің мойнына тағатын жалпақ қайыс.* Төбет **қарғыбауын** үзіп кете жаздады. ◊ **Қарғыбау тақты** — *қарғыбау байлады.*

ҚАРҒЫЛА I *Қайта-қайта қарғу, секіру.*

ҚАРҒЫЛА II *Итінің мойнына қарғы тағу.* **Қарғылап** баққан иті жұтынып тез өсті (О. Сәрсенбаев).

ҚАРҒЫЛЫ 1. *Қарғысы бар, қарғы тағылған.* ~ ит (тазы). 2. *Ауыс. Біреуге берілген, арын, ожданын сатқан.* ~ жендет (тыңшы).

ҚАРҒЫМПАЗ *Қарғығыш, қарғи беретін.* ~ тұлпар (ат).

ҚАРҒЫН *Сай-сайдан, жылғалардан тасқындап аққан жаңбыр немесе еріген қар суы.* ◊ **Қарғын жүрді** — *сарқырап жаңбыр (еріген қар) суы ақты.*

ҚАРҒЫС *Біреуге айтылған зәрлі сөз; лағынет, нәлет.* ◊ **Қарғыс алды** — *лағынет естіді.* **Қарғыс айтты [ұрды]** — *біреудің қарғысына қалды.* **Қарғыс атқан** — *құдай ұрған, оңбаған.* **Қарғыс атқыр [атсын]** — *айтылған қарғыс дөп келгір, қарғыс ұрғыр.* **Қарғыс жаусын** — *қарғыстың астында қал.* **Қарғысқа [қарғысына] ұшырады [қалды]** — *біреудің қарғысын арқалады, қарғысталды.* **Қарғыс тиді** — *біреудің қарғысына ұшырады.*

ҚАРҒЫСТА *Қарғыс айту, жаманшылық тілеу.* ~п қуып шықты.

ҚАРҒЫСШЫЛ *Қарғысты көп айтатын, қарғыстай беретін.* ~ кемпір.

ҚАРДАЙ 1. *Қар сияқты, қар тәрізді аппақ, таза.* ~ жауды (борады). 2. *Ауыс. Аппақ, кіршіксіз, таза.* ~ шапан (көйлек), ~ күміс.

ҚАРЕКЕТ *Іс, әрекет.* Оның бұл ~інен түк шықпады.

ҚАРЕКЕТШІЛ *Іссіз тыныш отырмайтын, әрекетшіл.* ~ адам.

ҚАРЖАЛ *Болдыру, шаршау, титықтау.* Менің-ше, бұл *қаржалған* ат емес (С. Мұқанов).

ҚАРЖАС 1. *Айтысу, таласу, тартысу.* Карта ойнаған *қаржасар* (Мақал). 2. *Ауыс. Шайнасу, жұлысу.* Алғашқы күн көп *қаржасса* да, жеңісе алмаған (М. Әуезов).

ҚАРЖЫ I *Ақша, қаражат, пұл.*

ҚАРЖЫ II *Қағып алу, ұстау, тұту.* Сиқыршы атылған оқты ~п алды (Ертегі). Сілтенген қылышты қалқанмен ~ды.

ҚАРЖЫЛА *Қаржы беру, қаржымен қамтамасыз ету.* Бізді сол мекеме ~п отыр.

ҚАРЖЫЛАЙ *Ақшалай, пұлдай.* Олар ~ көмектесіп тұрды.

ҚАРЖЫЛАН *Қаржымен қамтамасыз етілу.* Денсаулық сақтау ісі мемлекет есебінен *қаржыланады* (ҚСЭ).

ҚАРЖЫЛАНДЫР *Шаруашылыққа ақшалай қаржы бөлу.*

ҚАРЖЫЛЫ *Қаржысы мол, қаржыланған.* ~ шаруашылық.

ҚАРЖЫСЫЗ *Қаржысы жоқ, ақшасыз, пұлсыз.* ~ кетті (емес).

ҚАРЖЫСЫЗДЫҚ *Қаржысы жоқтық, қаражатсыздық, пұлсыздық.* ~тың салдары.

ҚАРИ *көне. Құранды жатқа білетін дін адамына берілетін атақ.*

ҚАРИЯ *Көп жасаған адам; қарт.*

ҚАРИЯЛЫҚ 1. *Көп жасағандық, қарттық.* 2. *Ауыс. Көрген-білгені молдық, парасаттылық.* Отағасы *қариялығын* істеп, бізге басу айтты (Ә. Ахметов).

ҚАРИЯША *Қария тәрізді, қария секілді.* ~ толғанды (алысқа сілтеді).

ҚАРҚ: қарқ етті — *қарқ-қарқ еткен ұн шығарды, қарқылдады.*

ҚАРҚАРА I 1. *Ерте кездегі тырна тектес, сирағы ұзын, қауырсыны әдемі құс.* ~ құсы. 2. *Қыздардың бас киіміне сәндік үшін тағылатын құс қауырсыны. Қарқара* — бас киімге қадаған қауырсын (Қасиманов).

ҚАРҚАРА II *көне.* 1. *Жас әйелдердің, қыздардың төбесі биік, шошақтау келген, салтанатта киетін бас киімі.* 2. *Ауыс. Мәртебе, мерей.* Халқымыздың *қарқарасын* көтерер, өрелі биігін танытар көрсеткіштің бірі — өнер ("Қаз. әдеб.").

ҚАРҚАРАДАЙ 1. *Қоқиған, қоқырайған, биік.* ~ жаулық (күндік). 2. *Үлкен, ірі.* ~ азамат (бәйбіше).

ҚАРҚАРАЛЫ *Қарқарасы бар, қарқара киген.* ~ қыз.

ҚАРҚ-ҚАРҚ: қарқ-қарқ етті — *бірнеше рет қарқылдады.* **Қарқ-қарқ күлді** — *қарқылдап қатты күлді.*

ҚАРҚЫЛ 1. *Қарғаның қарқылдаған дыбысы.* Қарғаның ~ы. 2. *Қатты күлген күлкі.*

ҚАРҚЫЛДА 1. *Қарғаның қарқ-қарқ етіп ұн шығаруы.* Қарға ~ды. 2. *Қарқ-қарқ етіп қатты күлу.* Ол ~п күлді.

ҚАРҚЫЛДАҚ *Қарқылдап күле беретін (адам).*

ҚАРҚЫН *Екпін; жылдамдық, шапшаңдық.* Шаруашылық тез ~мен дамыды. ◊ **Қарқыны басылды [қайтты]** — *екпіні бәсеңдеді, саябырлады.*

ҚАРҚЫНДА 1. *Үдеу, екпіндеу.* Жүйткі, поезд, *қарқында* (Хангелдин). 2. *Тездетіп даму, еселену.* Көмір өндіру ісі де *қарқындап* кете алмады (С. Мұқанов).

ҚАРҚЫНДЫ *Қарқыны күшті, екпінді.* ~ еңбек (жұмыс, іс).

ҚАРҚЫНДЫЛЫҚ *Қарқыны күштілік, екпінділік.*

ҚАРЛА *Қар жеп, шөлін қандыру.* Аз ғана *қарлап* алды (Б. Тоқтаров).

ҚАРЛАТ 1. *өзг. етіс. Қарла-т.* 2. *Қар жауу, қар түсу. Қарлатып,* борандатып қыс келді (Балғабаев).

ҚАРЛЫҚ *Ертедегі халық аты.* ~тар тобы.

ҚАРЛЫ *Қары бар, қары мол.* ~ тау (тебе, қыс). ◊ **Қарлы боран** — *қар жауып тұрған кезде соққан боран.*

ҚАРЛЫҒАН *бот. Орманды алқаптарда өсетін, ұсақ жапырақты, жемісті бұта.*

ҚАРЛЫҒАШ 1. *Қанаттары ұзын айыр құйрықты, кішкене ала құс.* 2. *Ауыс. Белгілі бір жаңалықтың, істің алғашқы бастаушысы.* Көркемөнер көгіне алғаш қанат қаққан топ *қарлығаштың* бірі — Елубай Өмірзақов (Бадыров).

ҚАРЛЫҒАШТАЙ *Қарлығаш тәрізді, қарлығаш секілді.* ~ қалықтады (қанат қақты).

ҚАРЛЫҒАШША *Қарлығаш тәрізді, қарлығаш секілді.* ~ қанатымен су септі.

ҚАРЛЫҒАШЫМ *Қыз, әйел баланы қарлығашқа теңеу мәнінде айтылатын сөз.* Қарындасым, *қарлығашым,* көктен түсіп келдің бе? (Қ. Ыдырысов).

ҚАРЛЫҒЫҢҚЫ *Аздап қарлыққан, қарлығып қалған.* ~ дауыс (ун).

ҚАРЛЫҚ I 1. *Суық тигенде дауыстың бұзылып, қырылдаңқырап шығуы.* Даусы ~ты. 2. *Күшті жарықтың әсерінен көздің қызарып ауруы.* Көзі ~ып жүр.

ҚАРЛЫҚ II *Жезөкшелік, суық жүрістілік.* Опа жаққан әйелдің, Көңілінде бар *қарлығы* (Майлықожа).

ҚАРМА I 1. *Қазанға қарылып пісірілген қатырма нан. Қармадан* бір үзім жедім (Бөкеев). 2. *Май салып, ыдысқа қарып пісірілген балық.* Бір табақ балықтың *қармасын* тауысты (Шүкіров).

ҚАРМА II 1. *Бір нәрсені ұстау, тұту.* Енді сен сол Қарғабайды *қарма* (Сатыбалдин). 2. *Жел тию, суық ұстау.* Бойынды суық *қармаған* шығар (Қ. Жұмаділов).

ҚАРМАҚ *Балық аулау үшін ілмек тәрізді етіп жасалған құрал.* ◊ **Қармағына [қармаққа] ілінді [ілікті, түсті]** — *біреудің алдауына түсті.* **Қармаққа шаншар еті жоқ** — *өте арық.* **Қармақ салды [тастады]** — а) *қармақпен балық аулады;* ә) *біреуді алдап қолға түсіруге әрекеттенді.*

ҚАРМАҚБАУ *Қармаққа тағу үшін арнайы жасалған жіңішке капрон жіп.* ~ы үзілді.

ҚАРМАҚСАП *Қармақбау байланатын ұзын шыбық.*

ҚАРМАҚТЫ *Қармағы бар, имек.* ~ бала.

ҚАРМАҚША *Қармақ тәрізді, қармақ секілді.* ~ иілді.

ҚАРМАҚШЫ *Қармақ салып балық аулаушы.*

ҚАРМАЛА *Екі қолмен жан-жағындағы заттарды сыйпалау.*

ҚАРМАЛЖЫҚ *Мойны шымқай қара емес, аздаған көк қылшығы бар қара түлкі.*

ҚАРНА *диал. Шаншы, түйре.* Қапыда қалма, соқ солдат, Талайынды **қарнадым** (С. Жанғабылов).

ҚАРАӨКПЕ *Жылқы мен түйеде болатын өкпе ауруы.*

ҚАРАӨРІК *бот. Бау-бақшаларда өсірілетін мәдени жеміс ағашы және осы ағаштың қара көк түсті жемісі.*

ҚАРПЫ I 1. *Ауызды толтыра жеу, молынан асау.* ~п жеді. 2. *Ауыс. Көбірек алып қалу, молынан қамту.* Осы тұста бір **қарпып** қалайыншы деген ниет ол кісіде атымен болмайды (Сейдімбеков).

ҚАРПЫ II *Басылып жатқан киізді кіріктіру үшін, білекпен баса шырату, дөңгелете айналдыру.*

ҚАРПЫМ *Қарпу мүмкіндігі; қамтым, алым.* ~ы мол адам.

ҚАРПЫМДЫ *Қарпымы мол, алымды.* ~ жазушы (адам).

ҚАРПЫМДЫЛЫҚ *Қарпымы молдық; алымдылық.*

ҚАРПЫС 1. *орт. етіс. Қарпы-с.* 2. *Қақтығысу, соқтығысу.* Олар қара өлеңмен ~а кетеді.

ҚАРС: қарс айырды [айырылды] — *екіге бөлді, қақ айырды.*

ҚАРСАҚ *Түлкі тұқымдас, терісі бағалы кішкене жыртқыш аң.* ◊ **Қарсақ жон** — *сары ала майлы сорпа.* **Қарсақ жорытпас** — *аң жүрмес жер.*

ҚАРСАҚТЫ *Қарсақ жорытқан, қарсағы бар.*

ҚАРСАҚША *Қарсақ тәрізді, қарсақ секілді.* ~ тісін ақситты (ыржалақтады).

ҚАРСАҢ I *Белгілі бір уақиғаның алдындағы мезгіл.* Мереке ~ы болатын.

ҚАРСАҢ II *Қарсы жақ беткей.* Ол ~ға шықты.

ҚАРСАҢЫНДА *Белгілі бір уақиғаның алдында.* Мерекенің ~.

ҚАРС-ҚАРС: қарс-қарс айырды [айырылды] — *қарсылдатып айырды, қақ бөлді.*

ҚАРСЫ I 1. *Бір нәрсенің қарсы жағы, бет алды.* Жүйектің ~ бетіне кетті. 2. *Қарама-қарсы, бетпе-бет.* ~ жүрді (кездесті, шыға келді). 3. *Іс-әрекеттің, қимылдың бір нәрсеге қарай бағытталғанын білдіреді.* Басмашыларға ~ соғысты. 4. *Барыс жалғаулы сөздермен тіркесіп келіп, "қарай", "қарсаң" д.м. жұмсалынады.* Жаңа жылға ~ той жасады. ◊ **Қарсы айдап салды [қарсы қойды]** — *біреуге біреуді егестірді.* **Қарсы алды** — *біреуді тосып алды, күтіп алды.* **Қарсы алдында** — *дәл алдында, қарсысында.* **Қарсы келді [түрды, шықты]** — *қарсылық көрсетті, қарсыласты.*

ҚАРСЫ II *Белгілі бір іс-әрекетке қайшы келу.* Комиссия оған ~.

ҚАРСЫЛА 1. *Қарсы алу, күту, тосу.* Тез **қарсылап** ал қонақты (Есенжанов). 2. *Отқа қақтау, ұстау.* Су киімін отқа **қарсылап**, кептірді ("Лен. жас").

ҚАРСЫЛАС I *Қарсы әрекет істеу, қарсы тұру.* Ол ~қан жоқ.

ҚАРСЫЛАС II *Қарсыласқан адам; қарсы жақ.* Қайсар ~ынан допты тартып алды.

ҚАРСЫЛАСУШЫ *Қарсыласқан адам, қарсы болушы, қарсы тұрушы.*

ҚАРСЫЛЫҚ *Қарсы тұрушылық, қарсыласушылық.* ◊ **Қарсылық жасады [көрсетті, етті, қылды]** — *қарсы тұрды, қарсыласты.*

ҚАРТ *Жасы ұлғайған, қартайған.* ~ адам (ана).

ҚАРТА I *Жылқының қатпар-қатпар болып келген майлы ішегі және осы майлы ішектен жасалған дәмді тағам.* ~ жеді.

ҚАРТА II *Ойнайтын карта.* Кешке кел, ~ ойнаймыз.

ҚАРТАЙ *Жасы келу, ұлғаю.* Өке-шешесі ~ды.

ҚАРТАЛАН 1. *Қартасы майлану; семіру.* Бәрі де жоталанып, семіріп, **қарталанып** келе жатқан (М. Әуезов) 2. *Ауыс. Қатпарлану, бұжырбұжыр болу.* Айналасы **қарталанған** сары құм көрінеді (Есенжанов).

ҚАРТАЛЫ *Қартасы майлы, семіз.* ~ жылқы.

ҚАРТАМЫС *Мосқал тартқан; кәрілеу.* ~ әйел (мал). ◊ **Қартамыс тартты** — *мосқалданды, қартая бастады.*

ҚАРТАМЫСТАУ *Мосқалдау, егделеу.* ~ әйел.

ҚАРТАМЫСТЫҚ *Мосқал тартқандық, егделік.*

ҚАРТАҢ *Жасы келген, қартайған.* ~ адам (кісі). ◊ **Қартаң тартты** — *қартайды, жасы келді.*

ҚАРТАҢДАУ *Жасы келіп қалған, қартая бастаған.* ~ әйел (еркек).

ҚАРТАҢДЫҚ *Қартаң тартқандық, мосқалдық.*

ҚАРТАҢҚҰЛАҚ *бот. Түбін қазып жеуге болатын пиязшықты өсімдік.* Бригадир қамшының сабымен **қартаңқұлақтың** түбін қазғылап біраз отырды (Ш. Мұртазаев).

ҚАРТСЫН *Қарт деп білу, қарт деп қомсыну.* ~ып отыр.

ҚАРТТАУ *Аздап қартаң тартқан, егделеу.* ~ адам (кісі).

ҚАРТТЫҚ *Жасы келгендік, егде тартқандық.* ~қа мойынсұна қоймаған адам.

ҚАРУ 1. *Ұрыста қолданылатын шабуыл және қорғаныс құралдары.* ~ кезеді (жұмсады, асынды). 2. *Белгілі бір еңбек өнімін өндіретін құралсайман.* 3. *Ауыс. Күш-жігер, қайрат.* Білегінің ~ы әлі қайтпаған. ◊ **Қаруын қайтарды** — *есесін, қарымын қайтарды.*

ҚАРУ-ЖАРАҚ *Соғыс кезінде қолданылатын құралдардың жалпы атауы.* Армияны ~пен жабдықтады.

ҚАРУ-ЖАРАҚТАН *Қару-жарақ алу, қаруланы.*

ҚАРУЛАН 1. *Қолына қару алу, қаруға ие болу.* Автоматпен ~ды. 2. *Ауыс. Жігерлену, рухтану.* Жаңа идеямен ~ды.

ҚАРУЛАС *Соғыста бірге болған, бірге соғысқан.* ~ досы.

ҚАРУЛЫ 1. *Қаруы бар, қару асынған.* ~ адам (әскер). 2. *Ауыс. Қайратты, күшті.* ~ жігіт (азамат). ◊ **Қарулы көтеріліс** — *қолға қару алып қарсы шыққан күрес.*

ҚАРУЛЫЛЫҚ 1. *Қаруы барлық, қару-жарағы молдық.* 2. *Ауыс. Күштілік, қайраттылық.* Жігіттер оның ~ғына қайран қалды.

ҚАРУЛЫРАҚ *Күштірек, әлдірек.*

ҚАРУ-САЙМАН *Қару-жарақ, құрал-жабдық.* ~ын қамдады (асынды).

ҚАРУСЫЗ 1. *Қаруы жоқ, қаруланбаған.* ~ солдат. 2. *Ауыс. Күш-қайраты аз, әлсіз.* ~ жігіт.

ҚАРУСЫЗДАН *Қарулы күштерді қысқарту, жою.*

ҚАРУЫ: қаруы қайтты [қаруын қайтарды] — *есесі қайтты.*

ҚАРШ: қарш етті — *қарш еткен дыбыс шықты.*

ҚАРШАДАЙ *Кішкентай, жас.* ~ бала (қыз). ◊ **Қаршадай басынан** — *жастайынан, кішкентайынан.*

ҚАРШАДАЙЫНАН *Кішкентайынан, жастайынан.* ~ еңбекке араласты.

ҚАРШАҚЫЗ *жаңа. Жаңа жылды қарсы алу кезінде Аяз атаның қасына ілесіп жүретін қыз; Снегурочка.*

ҚАРШ-ҚАРШ: **қарш-қарш шайнады** — *қаршылдата шайнады.* Ауыздығын ~ шайнады.

ҚАРШЫ *көне. Ішіне көрпе-жастық салу үшін арнайы тігілген қап; ұлттық жиһаз.* **Қаршының** ішіне салынған көрпе-жастық шаң баспай таза тұрады (ҚСЭ).

ҚАРШЫҒА *Шағын денелі, имек тұмсықты қыран құс.* ◊ **Қаршыға көзді** — *көзі өткір.* **Қаршыға төс** — *төсі шығыңқы.* **Қаршыға тұмсық** — *тұмсығы ішке қарай иіліп келген.*

ҚАРШЫҒАША *Қаршыға тәрізді, өткір, ұшқыр.* ~ қағып түсті (бүрді).

ҚАРШЫЛ *Қарш-қарш еткен дыбыс.* Аузының ~ы естіледі.

ҚАРШЫЛДА *Қарш-қарш еткен дыбыс шығу.*

ҚАРЫ I 1. *Қолдың иық пен білек аралығы, ішкі жағы, иіні.* Қоржынын қолының ~на ілді. 2. *Ауыс. Уықтың жоғарғы тұзу жағы.* Уықтың ~. ◊ **Қары талды** — *екі қолы салдырап қалды.*

ҚАРЫ II 1. *Қыздырылған темірдің денені күйдіруі.* Қолын пешке ~п алды. 2. *Ауыс. Қатты аяз ұрып, денені тоңдыруы.* Аяз бетті ~п барады.

ҚАРЫ III *Қартаю, мосқал тарту.* Атты арығанда, жігітті *қарығанда* көр (Мақал).

ҚАРЫ: **қарына тартты** — *туған-туысына, тамыр-танысына бұрды.* Қарына тартпағанның *қары* сынсын (Мақал).

ҚАРЫЗ 1. *Біреуден алған немесе біреуге уақытша берген несие.* ~ берді (алды, сұрады). 2. *Ауыс. Адамгершілік парыз.* Ана ~ы өмір бойы өтеліп бітпейді. ◊ **Қарызға батты** — *көп қарыздар болды.* **Қарызын өтеді** — *парызынан құтылды.*

ҚАРЫЗДАН *Біреуден қарыз алу, борыштану.*

ҚАРЫЗДАР 1. *Біреуге борышты; қарыз алған.* 2. *Ауыс. Өзіне тиісті міндетін өтей алмаған; міндетті.* Сол үшін де мен Отан алдында *қарыздармын* (Шүкіров).

ҚАРЫЗДАРЛЫҚ *Қарыздар болғандық, борыштарлық.*

ҚАРЫҚ I *Көздің суықтан әсіресе шаңқан қарлы далада жүруден болатын ауруы.*

ҚАРЫҚ II *кәсіби. Бау-бақша, егін арасындағы арықтан тартылған қысқа арық.* ~ аршыды.

ҚАРЫҚ: **қарық болды** — *жарыды, кенелді.*

ҚАРЫҚТА *Қарық жүргізу, қарық қазу.* ~п суарды.

ҚАРЫҚТЫҚ *Денеден қан алу үшін қолданылатын тұтік, аспап.*

ҚАРЫМ I *Қарымта.* Мынау соның ~ы.

ҚАРЫМ II 1. *Күш, қуат, әл.* Қар тебуге *қарымы* әлсіз еді (Бегалин). 2. *Ауыс. Ауқым, ая.* Оның еңбектерінен суретшінің *қарымын* аңғарамыз ("Қаз. әдеб.").

ҚАРЫМА *Қазанға, табаға қарып пісірілген тағам, ас; қарма.*

ҚАРЫМДЫ 1. *Күшті, қарулы, әлді.* ~ адам. 2. *Ауыс. Құлашы кең, ауқымды.* Кең ~ сыншы.

ҚАРЫМДЫЛАУ *Күштілеу, қарулылау, әлділеу.* Менен көрі ~ .

ҚАРЫМДЫЛЫҚ 1. *Күштілік, қарулылық, әлділік.* 2. *Ауыс. Құлашы кеңдік, ауқымдылық.*

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС *Байланыс, алыс-беріс.* Достық ~.

ҚАРЫМТА *Біреудің жасаған жақсылығы немесе қылған қиянаты үшін қайтарылған есе; қарымжы.* ◊ **Қарымтасын қайтарды [қайырды]** — *есесін, қарымын қайтарды.*

ҚАРЫМТАШЫЛ *Қарымта қайтарғыш.*

ҚАРЫН 1. *Адамның, жан-жануарлардың ас қорытатын мүшесі; асқазан.* Жақсы ас қалғанша, жаман *қарын* жарылсын (Мақал). 2. *Сойылған қойдың қарнынан өңделіп, май салуға, сусын құюға арналған ыдыс.* Бір ~ май. ◊ **Қарны ашты** — *тамақ ішкісі келді, жүрегі сазды.* **Қарны қабақтай** — *қарны тым үлкен, шермиген.* **Қарны қабысты** — *бүйірі орта түсті, ашықты.* **Қарны қампиды** — *бүйірі шықты, тойынды.* **Қарын аршыды** — *малдың ішек-қарнын тазалады.* **Қарын безі** (*анат.*) — *қарын астында болатын секрециялық без.* **Қарын бөле** — *емшектес қыздардан туған балалар.* **Қарын қышқылы** (*биол.*) — *қарында бөлініп шығатын қышқыл.* **Қарын салды** — *қарны шықты, семірді.* **Қарын сөлі** (*биол.*) — *қарыннан алынатын сөл.* **Қарын үйқысы** — *жас сәбидің дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы үйқысы.*

ҚАРЫНАЯҚ *Біреудің меншікті, мөлшерлі ыдысы.* Өкесінің ~ғымен тамақ ішті.

ҚАРЫНБАЙ *экспр. Тектен тыс сараң, қытымыр.*

ҚАРЫНБАЙЛЫҚ *Сараңдық, дүниеқоңыздық.*

ҚАРЫНБҰРМЕ *этногр. Қарынның ішіне ұсақталған ет, май, пияз, бұрыш т. б. қосып жасаған ұлттық тағам.*

ҚАРЫНДАҒАН *Бірнеше қарынға толтырылған.* ~ май.

ҚАРЫНДАЙ: **үрген қарындай** — *торсиған, тырсиған.*

ҚАРЫНДАС 1. *Бірге туған ағасынан жасы кіші қыз.* 2. *Жасы үлкен ер адамның айтатын қаратпа сөзі.* — *Қарындас, үйде кім бар?* 3. *көне. Ағайын-туған, бауыр.* Тар қолтықтан оқ тисе, Тартып алар *қарындас* (Сейфуллин)

ҚАРЫНДАСТЫҚ 1. *Қарындас болушылық; қарындасқа тән қасиет.* 2. *көне. Ағайындық, туыстық, бауырлық.* Сіздер мен біздердің *қарындастығымыз* тіпті әріден басталады ("Қаз. әдеб.").

ҚАРЫНДАШ *Өзегі графиттен жасалған жазусызу құралы.* ~пен жазды.

ҚАРЫНДЫ *Қарны үлкен, қарны жуан.* ~ кісі.

ҚАРЫНДЫЛАУ *Қарны үлкендеу, қарны жуандау.*

ҚАРЫН-ҚАЖАҚ *Оны-мұны, ұсақ-түйек ет; ішек-қарын.* ~ын түгел пісіріпті.

ҚАРЫН-ҚАРЫН *Бірнеше қарын; көп, мол.* ~ май.

ҚАРЫНСА *Атты бөгелек шақпау үшін бауырына кигізілетін арнайы қап.* Атты ерттеп, ~сын жақсылап байла.

ҚАРЫНСАУ *Қарны үлкен, қарны жуан.* ~бие (ат).

ҚАРЫНША *анат. Жүректің қолқа арқылы бөлінетін жеке-жеке бөлігі.*

ҚАРЫС I *Бас бармақ пен ортан қолдың аралығымен өлшенетін ұзындық өлшемі.* Ұзындығы бір ~. ◊ **Қарыс аттам шықпады** — *ешқайда бармады.* **Қарыс жер** — *өте жақын қашықтық.* **Қарыс сүйем** — *бас бармақ пен сұқ саусақтың аралық мөлшері.*

ҚАРЫС II 1. *Жағы, қолы сіресіп, ашылмай қалу.* Жағы ~ып қалды. 2. *Ауыс. Қасарысу, көнбеу.* Ол бермейміз деп ~ып отырып алды.

ҚАРЫСҚАҚ *Қарысып қалғыш, қасарысқыш.* ~ қыз (мінез).

ҚАРЫСПА *Қарысып қалған, қасарыспа.* ~ шал (мінез).

ҚАРЫСПАЛЫҚ *Қарысып қалғандық, қасарыспалық.* Сүйекке біткен ~.

ҚАРЫСТА *Қарыспен өлшеу.* ~й бастады.

ҚАРЫСТАЙ *Ұзындығы қарыс шамасындай, қарыс мөлшеріндей.* ~ кездік (ішек).

ҚАРЫСТАП *Аз-аздап, әрең дегенде.* Сүйемдеп, *қарыстап* ілгері жылжып келеді (Қазыбаев).

ҚАРЫШ *көне. Адым, қадым.* Бағандар алып қадаммен басқан *қарышын* (Нәбиев).

ҚАРЫШТА *поэт.* 1. *Адымдау, ілгері басу.* Шұу, жануар, *қарышта* (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Еселеп өсу, өркендеу, қарқындау.* Еліміздің экономикасы ~п өсті.

ҚАРЫШТЫ *Қарқынды, екпінді.* ~ қадам.

ҚАС I *Қабақтың үстіне шығатын түк.* ~ы қалың, ~ына қырау түрды. ◊ **Қас қағымда [қаққанша]** — *лезде, тез, жылдам.* **Қас қағым сәтте [уақытта, арасында]** — *көзді ашып-жұмғанша, лезде.* **Қас қақпады [қас қақпастан қарады]** — *тесірейе қарады, көзін тайдырмады.* **Қас қарайды** — *кеш түсті, ымырт жабылды.* **Қас пен көздің арасында [арасынша]** — *лезде, тез арада, жылдам.* **Қасын керді** — *кербезденді, маңғазданды.*

ҚАС II *Ердің алдыңғы басы мен артқы басы.*

ҚАС III *Үзіктің шаңыраққа жетіп тұратын шеті.*

ҚАС IV 1. *Біреуге жамандық ойлаушы, өш.* 2. *Дұшпан, жау.* Ол кімнің дос, кімнің *қас* екенін ұқты (Есенберлин). ◊ **Қас көрді** — *қас деп білді, дұшпан санады.* **Қас қылғандай [қас қылғанда]** — *әдейі, жорта істегендей.* **Қас қылды** — *қастық жасады, дұшпандық істеді.*

ҚАС V *Нағыз, тым, аса; қаса.* ~ батыр (жүйрік, надан).

ҚАСА *Жылқы мен есек айғырларының ұрықтық жыныс мүшесі.* Қақпан құра білмеген *қасасын* алдырады (Мақал).

ҚАСАБА I 1. *Батырлар киетін дулығаның төбесінің үстіндегі шошағы.* Басына киген дулыға, *Қасабасын* қайқайтып ("Ана тілі"). 2. *Ерте кезде әйелдер киетін ұзын төбелі бас киім.* Қазақ әйелдерінің бас киімі *қасаба* жайындағы жорамал бұрын-соңды айтылмаған тың пікір (Қаз. әдеб.).

ҚАСАБА II 1. *Шошақбас ердің басы. Қасабасын* қақайтып, Ақ найзасын өңгеріп, Атына мініп алады (Батырлар жыры). 2. *Ошақтың үш бұтының ішкі жағына орнатылған қайқы бас темір.*

ҚАСАБА III *Жасамыс, мама (бие).* Оның *қасаба* биедей қарны тым өсіп кеткен (Қанахин).

ҚАСАБАЛЫ *Жасы талайға келген, жасамыс.* ~ қатын.

ҚАСАБДАР *Қымбат бағалы қалың мата.* Үстінде мол *қасабдар* шапан (М. Қаратаев).

ҚАСАҒА *Ошақтың қазан тұратын шеңбері.*

ҚАСАҚАНА *Әдейі, біле тұра.* Мен ~ үндемедім.

ҚАСАҚАНАЛЫҚ *Біле тұра әдейі істеушілік, қасақылық.*

ҚАСАҚЫ *Ерегіспе; зиянкес.* ~ жау (дұшпан), ~ мал.

ҚАСАҚЫЛАН *Әдейі істеу, ерегісу.*

ҚАСАҚЫЛЫҚ *Әдейі істеушілік, ерегісушілік; қастық.*

ҚАСАЛЫҚТЫ *көне. Байсалды, парасатты.* Бәрі кісі-ақ еді *қасалықты* (Абай).

ҚАСАМ *көне. Ант, серт. Қасам* етем ешкімге айтпасыма (Ғашық-наме). ◊ **Қасам ішті** — *антсу ішті, қарғанды.*

ҚАСАҢ 1. *Қатып қалған, қатты.* ~ көн (қайыс, тері). 2. *Ауыс. Қатал, қатығез; мейірімсіз.* ~ адам, ~ жүрек. ◊ **Қасаң қабық (*анат.*)** — *көз алмасының сыртқы қатты қабығы.* **Қасаң тартты** — *қатайды.*

ҚАСАҢ *Жылқы бедеулігінің екінші атауы.*

ҚАСАҢДА 1. *Қатып кету, қатаю.* Ақша қар аязбен ~п үлгеріпті. 2. *Ауыс. Жан-жылуын азайтып алу, мейірімсіздену.* Балғын сезім *қасаңдамаған* (Қызыров).

ҚАСАҢДАУ I 1. *Қаттылау, аздап қатайған.* ~ жер (топырақ). 2. *Ауыс. Қаталдау, қатаңдау.* ~ жүрек.

ҚАСАҢДЫҚ *Қатып, сіресіп қалғандық.*

ҚАСАҢСЫ *Қату, қатаю.*

ҚАСАП 1. *Малды сойып сату ісі.* ~ жасап жатыр. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге епті, шебер.* Ол союға *қасап* болса, Зылиқа ішекқарынға *қасап* (Ғ. Мұстафин).

ҚАСАПТА *Қасап жасау.* Мал ~ған адамдай.

ҚАСАПТЫҚ *Қасапқа арналған.* ~ мал.

ҚАСАПХАНА *Мал соятын арнаулы орын.*

ҚАСАПШЫ *Мал соятын маман.*

ҚАСАПШЫЛЫҚ *Қасапшы болушылық.* ~ істейді.

ҚАСАР *Айтқанға көнбеу, қасарысу.* ~ып отырып алдым.

ҚАСАРМА *Қасарып қалған, қыңыр, қырсық.* ~ мінез.

ҚАСАРМАЛЫҚ *Қасарып қалушылық, қасарушылық.* ~тан пайда жоқ.

ҚАСАРЫС 1. *Айтқанға көнбеу, қасару.* 2. *Жан ұшыра қарсылық көрсету, қарысу.* Олар бекіністерінен айрылғысы келмей, қатты *қасарысты* (Сейітов).

ҚАСАРЫСПА *Өз айтқанынан қайтпайтын, қисық, қыңыр.* ~ адам, ~ мінез.

ҚАСАРЫСПАЛЫҚ *Айтқанға көнбеушілік, қасарушылық.*

ҚАСАС *көне. Қас, өш.* ~қан жау.

ҚАСАСТЫҚ *Қастық, өштік.* ~пен әдейі істеді.

ҚАСАТ *Тығыздалып қалған, қатқыл.* ~ қар.

ҚАСАТТА *Қасат жасау, тығыздап үю.* Темір жолдың өне бойын қар ~п тастайтын.

ҚАСИДА *кітаб. Көтеріңкі пафоспен жазылған, діни мазмұнды мақтау өлең; ода.*

ҚАСИЕТ *Әрбір затқа тән айрықша белгі, ерекшелік, жақсы белгі.* Басты ~і. ◊ **Қасиет тұтты** — *қадірледі, қастерледі.* **Қасиеті кетті** — *қадірі түсті.*

ҚАСИЕТСІЗ *Сүйкімсіз, жексұрын.* ~ адам.

ҚАСИЕТСІЗДІК *Жексұрындық, сүйкімсіздік.*

ҚАСИЕТТЕ *Қадірлеу, қастерлеу, құрметтеу.* ~п ұстады (сақтады).

ҚАСИЕТТЕС *Қасиеті бір-біріне жақын.* ~ зат (ақын).

ҚАСИЕТТІ *Қасиеті мол, қастерлі; қадірлі.* ~ ел (адам, қара шаңырақ).

ҚАСИЕТТІЛІК *Қастерлілік, қадірлілік.*

ҚАСКӨЙ *Қаскүнем, зиянкес.* ~ жау (дұшпан).

ҚАСКӨЙЛЕН *Қаскөй болу, қаскүнемдік ету.* ~іп бақты.

ҚАСКӨЙЛІК *Қаскүнемдік, зиянкестік.* ~пен қиратты.

ҚАСКҮНЕМ *Қаскөй, зиянкес.* ~ жан (адам, біреу).

ҚАСКҮНЕМДІК *Зиянкестік; жауыздық.* ~ әрекет.

ҚАСҚА *Малдың маңдайында болатын, ұзынша келген ақ түсті жолақ.* ~ ат (бие, сиыр). ◊ **Қасқа бас** — *маңдай шашы жоқ адам.* **Қасқа тіс** — *адам мен малдың алдыңғы төрт тісі.*

ҚАС-ҚАБАҚ 1. *Қас пен қабақ.* 2. *Ауыс. Көңіл күйі, ішкі толғанысы.* Бір үйдің адамдары бір-бірінен *қас-қабағын* қайтіп жасырады? (Нұржекеев). ◊ **Қас-қабағына қарады** — *көңілін аулады.* **Қас-қабағын бақты [аңдыды]** — *айтқанына көнді, ыңғайына жүрді.*

ҚАСҚАЙ 1. *Көзге анық көрініп, тұп-тұзу жату.* ~ып жатқан жол. 2. *Ауыс. Қаймықпай тұра қалу, тайсалмау.* Атаманды *қасқайып* қарсы алды (Тұрлыбаев).

ҚАСҚАЙТ *Тура көздеу, дәлдеу.* Басымнан ~ып салып қалды.

ҚАСҚАЛА *Маңдай шашын тықырлап алу.* Шашын ~п тастапты.

ҚАСҚАЛАН *Маңдай шашы түсу.*

ҚАСҚАЛАУ *Аздап қасқалана бастаған.* Маңдайы ~.

ҚАСҚАЛДАҚ *Қара-қоңыр түсті, маңдайы ақшылдау келген су құсы.* ◊ **Қасқалдақтың қанындай** — *өте тапшы, зәру, қат.*

ҚАСҚАЛЫ *Қасқасы бар; қасқа ат мінген.* Осы кезде күрең *қасқалы* да ұзай берді (Иманәлиев).

ҚАСҚАН *Мәнті пісіретін арнаулы ыдыс.*

ҚАСҚАР *Қасқайып қарсы тұру, қасарысу.* Қарсы келсе *қасқарып,* Семсерімен шабысты (Батырлар жыры).

ҚАСҚАРША *Жіңішке келген, ұзын мойынды, су құятын тұтқалы, құман тәрізді ыдыс.*

ҚАСҚИ 1. *Анық, айқын көріну, сайрап жату.* Қара жол жатыр *қасқиып* (Мусин). 2. *Ауыс. Тайсалмау; қасқаю.* Қас батырдай *қасқиып* тұр түрегеп (Мұқашев).

ҚАСҚЫР 1. *Ит тұқымдас жыртқыш бөрі.* ~ ұлыды (аулады). 2. *Ауыс. Жауыз, жыртқыш.* Ажал бейне фашист сұм *Қасқыр* болып шапқанда (Аманжолов). 3. *Өжет, батыл.* — *Қасқыр* ғой Мәжит, — деп, Жәкең өз ойын қайталады (Нұржекеев). ◊ **Қасқыр тартты** — *малды қасқыр тістеп кетті, талады.* **Қасқыр шапты [тиді]** — *малға қасқыр тиді, шабуыл жасады.* **Қасқыр ішік** — *қасқыр терісінен жасалған сырт киім.*

ҚАСҚЫРЛЫҚ 1. *Қасқырға тән қасиет, іс-әрекет.* 2. *Ауыс. Жауыздық, жыртқыштық, қаныпезерлік.* Оның ел талаған *қасқырлығын* жұрт ұмытпас (Арыстанов). 3. *Өжеттік, өткірлік.* Биғайшаның *қасқырлығына* қатты риза болды (Әбілев).

ҚАСҚЫРТАҢДАЙ *Жас баланың таңдайында болатын кемістік. Қасқыртаңдай* баланың дұрыс қоректенуіне, сөйлеуіне үлкен кедергі жасайды (ҚСЭ).

ҚАСҚЫРША *Қасқыр тәрізді, қасқыр секілді.* ~ ұлыды (бас салды, алақтады). ◊ **Қасқырша талады** — *талан-таражға салды, тонады.*

ҚАСПАҚ 1. *Сүт пісіргенде ыдыстың түбіне жабысып қалатын маңызды қалдық.* ~ қырып берді (жеді). 2. *Ауыс. Танауға, бетке жабысып қалған мұрынбоқ.* Баланың бетіндегі *қаспағын* кетірсеңші (Ж. Молдағалиев). ◊ **Қаспақ бет [мұрын]** — *мұрынбоқ жабысқан, салтақ-салтақ бет.*

ҚАСПАҚ-ҚАСПАҚ *Сатал-сатал, кір-қожалақ.* Беті ~.

ҚАСТАН *көне.* *Қас, өш, жау.* Қатынға үйден шыға *қастан* болған (Айтыс).

ҚАСТАНДЫ *Қастық ойлаған, зиянды.* ~ жау (ниет), ~ әрекет.

ҚАСТАНДЫҚ *Қаскүнемдік, зиянкестік.* ~ жасады (істеді).

ҚАСТАНШЫЛ *Қаскөй, қаскүнем.* ~ адам.

ҚАСТАС *Өштесу, өшігу.* ~қан жау.

ҚАСТАУЫШ I *Егістікті зиянды айтын қаракүйенің бір түрі.* Қаракүйе, *қастауыш* зақымдаған егістіктен жиналған тұқымды сатуға рұқсат етілмейді (Агранам).

ҚАСТАУЫШ II *Қасқа жағатын бояу.*

ҚАСТЕР *Қадір, қасиет, құрмет.* ◊ **Қастер тұтты** — *қастерледі, ардақтады.* **Қастерін арттырды** — *қадірін көтерді, қастерледі.*

ҚАСТЕРЛЕ *Қадір тұту, құрметтеу.* Қатты ~йді.

ҚАСТЕРЛІ *Қадірлі, қасиетті, ардақты.* ~ дүние (зат).

ҚАСТЕРЛІЛІК *Қадірлілік, қасиеттілік, ардақтылық.*

ҚАСТЫ *Қасы бар, қасы қалың.* Қиғаш (қара) ~.

ҚАСТЫҚ *Өштік, жаулық, дұшпандық.* ◊ **Қастық қылды [жасады, етті, істеді]** — *дұшпандық жасады, зиянкестік етті.*

ҚАСША *Қас адамша, дұшпанша.* Қаспен ~ сөйлескен.

ҚАСЫ I *Ердің алдыңғы және артқы жақтауы.* Ердің ~нан ұстады.

ҚАСЫ II *Дененің қышыған жерін тырнақпен ары-бері тырналау.* Айғырдың құлақ түбін ~ды.

ҚАСЫ III *Жаны, маңы, тұсы.* ~нан өте шықты.

ҚАСЫҒЫШТА *Қайта-қайта қасу, қаси беру.*

ҚАСЫ-КӨЗІ: **қасы-көзі қиылған** — *бет-пішіні келіскен, әдемі.* **Қасы-көзін төңкерді** — *қасын керіп, қылмың қақты.*

ҚАСЫҚ *Ас алып ішуге арналып жасалған, жіңішке сапты бүйым.* Ағаш (сырлы) ~. ◊ **Қасық басындай** — *онша үлкен емес, кішкентай.* **Қасық қаны қалғанша** — *ең соңғы демі біткенше.*

ҚАСЫҚТАЙ *Қасық мөлшеріндей, аз ғана.* ~ қанын қиды.

ҚАСЫҚТАП *Қасықпен алып, қасықпен мөлшерлеп. Қасықтап* жинап, шөміштеп төкті (Мақал).

ҚАСІРЕТ *Басқа түскен уайым-қайғы.* ~ке душар болды. ◊ **Қасірет тартты [шекті]** — *қасіретке душар болды, қайғыға ұшырады.*

ҚАСІРЕТТІ *Қайғылы, уайымды, мұңды.* ~ жан (адам), ~ күн (күй).

ҚАТ I *Қабат, қатпар.* — Мынауың неше *қат* еді?

ҚАТ II *Мұқтаж, зәру, ділгір.* Ол ~ нәрсенің бірі.

ҚАТ III 1. *Кеуіп, қатып-семіп қалу; қатаю.* Жегені ~қан қара нан. 2. *Ауыс. Бір қалыптан шықпау, өзгермеу.* ~ып қалған қағида. 3. *Тыбыр етпеу, қозғалмау.* Зұбайда Қаламұштің бетіне қарап, *қатып* қалған (Ахтанов). 4. *Өлу, тыраю.* —

Сен *қата* қалсаң, мен қуанар едім (Саин). ◊ **Қата қалғыр** *(қарғ.)* — *өлім келгір, өле қалғыр.* **Қатқан қазықтай** — *тіп-тік.* **Қатқан қара** *(экспр.)* — *Ұзындау келген арық адам.* **Қатып кетті** *(эмоц.)* — *дұрыс болды, жақсы болды.*

ҚАТ IV 1. *Температураның төмендеуінен сұйық заттың тоңазып мұзға айналуы.* Су ~ты, қырау ~ты. 2. *Қатты суықтан адам денесінің тоңуы; мұздау.* Аяздан екі аяғы **қатып** қалды (Шүкіров).

ҚАТ V *Сұйық тағамға айран, сүт қосу.* Сүт ~қан шай. Құрт ~қан көже.

ҚАТ: жауап **қатты** — *жауап берді, тіл қатты.*

ҚАТ: түн **қатты** — *түнімен жұрді, түнделетті.*

ҚАТА *Ешкінің ауруы.* ◊ **Қата келгір** — *Ешкіге қарғыс ретінде айтылатын, "ауырғыр, өлім келгір" мәніндегі сөз.*

ҚАТАЙ 1. *Жұмсақ күйден қатты күйге көшу.* Қабығы (сабағы, тамыры) ~ды. 2. *Ауыс. Өсіп жетілу, ширау, шығығу.* Бала уақыт өткен сайын **қатая** берді (Қалмырзаев). 3. *Беки түсу, қайраттану.* Балжан бірден **қатайып** алды (Ә. Нұрпейісов). 4. *Үдей түсу, күшею.* Қыс аяғы **қатаймаса** жарар (Иманбаев).

ҚАТАЛ 1. *Біреуге қатаң талап қойғыш, тәртіп сақтағыш.* ~ әке (бастық). 2. *Рақымсыз, мейірімсіз, қатығез.* ~ адам. 3. *Ауыс. Зілді, қаһарлы; қатаң.* ~ үн (бұйрық). 4. *Қиыншылығы мол, азапты, ауыр.* ~ үкім (заң). 5. *Қолайсыз, жайсыз; қатты.* ~ қыс (ауа райы).

ҚАТАЛА *Ыстықтан таңдайы кеуіп, қатты шөлдеу.*

ҚАТАЛАҒЫШ *Шөлдегіш, сусағыш.* ~ адам.

ҚАТАЛДАН *Қатая түсу, қаһарлану.* Бастық ~ып алды.

ҚАТАЛДАУ *Қаталырақ, қатаңдау.* ~ жігіт (кісі). Мінезі ~.

ҚАТАЛДЫҚ 1. *Қатаң талап қойғыштық.* 2. *Қатығездік, мейірімсіздік.*

ҚАТАЛЫРАҚ *Қаталдау, қатаңдау.* ~ үн, ~ талап.

ҚАТАҢ 1. *Қатал, қатты.* ~ тәртіп, ~ талап. 2. *Қаһарлы, зілді, зәрлі.* ~ үн (дауыс). 3. *Ауыс. Жайсыз, қолайсыз.* ~ қыс (табиғат). ◊ **Қатаң сөгіс [ескерту]** — *айыпты ісі үшін берілетін жазаның түрі.*

ҚАТАҢДА *Күшею, үлғаю; қатаю.*

ҚАТАҢДАУ *Қаталдау, қаттырақ.* Сырт көзге ~.

ҚАТАҢДЫҚ 1. *Қатаң мінез көрсетушілік, қаталдық.* 2. *Ауыс. Жайсыздық, қолайсыздық.* Табиғаттың ~ғы.

ҚАТАҢЫРАҚ *Қаталырақ, қаттырақ.*

ҚАТАР I 1. *Бірыңғай заттың тәртіппен тізілген тізбегі.* ~ға келіп тұрды. Алдыңғы ~да отыр. 2. *Бір нәрсенің жаны, қасы.* Председательдің ~ында отыр. 3. *Белгілі бір топтың бір мүшесі, құрамы.* Партия ~ына алынды. 4. *Ауыс. Жасы теңдес, құрбы-құрдас.* *Қатарыңнан* кем қалмассың (С. Жүнісов). ◊ **Қатарға қосылды** — а) *басқа жұртпен теңелді, адам болды;* ә) *пайдалануға берілді, іске қосылды.* **Қатар түзеді** — *сап құрды, қатарға тұрды.*

ҚАТАР II *Қоса, қабат, бірге.* ~ еңкейді (бітірді, жетті).

ҚАТАР III *Матаны жиырып, бүріп тігу.* ~ып тікті.

ҚАТАРАРАЛЫҚ *Екі қатардың арасындағы жер, кеңістік.* Жүйектің ~ығы

ҚАТАРДАҒЫ 1. *Көптің бірі, ел қатарлы.* ~ қызметкер. 2. *Командир не басшы емес, жай.* ~ солдат.

ҚАТАР-ҚАТАР *Қаз қатар тізілген, бірнеше қатар.* ~ үй.

ҚАТАР-ҚҰРБЫ *Жас жағынан теңдес адам, құрбы-құрдас.* ~ңның алды бол.

ҚАТАРЛА *Бірінен соң бірін қою, тізбектеу.* Кітаптарын ~ап жинап тастады.

ҚАТАРЛАС I *Жас жағынан теңдес адам, құрбы-құрдас.* Өз ~ының алды.

ҚАТАРЛАС II 1. *орт. етіс. Қатарла-с.* 2. *Қатарға жету, қатарда жүру.* ~а жүріп келеді.

ҚАТАРЛЫ 1. *Қатары бар; қатарластыра егілген. көп* ~ орман алқабы. 2. *Ауыс. Жас жағынан шамалас, жасты.* Өзі ~ жастардың бірі.

ҚАТАРМА *Киімнің қатарып тігілген жері.* ~лары бар киім.

ҚАТАРСЫН *Қатар-құрбы санау.* Оған ~ып қалжың айтты.

ҚАТАРЫНАН *Бір мезгілде, бірден.* — Білмейміз, деді екі-үш оқушы **қатарынан** (Төлепов). 2. *Бірінен кейін бірін.* Бір дақыл бір танапқа **қатарынан** екі-үш жыл егілді (Ерлепесов).

ҚАТЕ 1. *Теріс іс, жаңылыс әрекет.* Менен бір ~ кетті. 2. *Біреудің жазба жұмысында жіберген кемшілігі.* Шығармасында үш бірдей емле ~сі бар.

ҚАТЕЛЕС *Қате жіберу, жаңылу.* ~іп жүр.

ҚАТЕЛЕСКІШ *Қателесе бергіш, қате жібергіш.* ~ адам.

ҚАТЕЛЕУ *Аздап қате, қатерек.* Мені ~ түсінді.

ҚАТЕЛІК *Дұрыс еместік, терістік.* ~гін мойындады (кешірді).

ҚАТЕР *Тосыннан кездесетін қиындық, қауіп.* ◊ **Қатерге ұшырады** — *қатерге душар болды, кезікті.*

ҚАТЕРЛЕН *Қауіптену, сақтық ойлау.*

ҚАТЕРЛІ *Қауып-қатері мол.* ~ соғыс (жау). ~ сапар (жорық). ◊ **Қатерлі ісік [дерт]** — *рак ауруы.*

ҚАТЕРЛІЛІК *Қатері молдық, қауіптілік.*

ҚАТЕРЛІРЕК *Қатері молдау, қауіптірек.*

ҚАТЕРСІЗ *Қауіп-қатері жоқ.* ~ сапар (ауру).

ҚАТЕРСІЗДІК *Қатері жоқтық, қауіпсіздік.*

ҚАТЕСІЗ *Қатесі жоқ, кемшіліксіз.* ~ іс (жазу).

ҚАТИПА *Сай-сай жолағы бар қалың мата.* Үстіндегі **қатипа** көйлегі өзіне жарасып-ақ тұр (Аймауытов).

ҚАТ-ҚАБАТ 1. *Бірінің үстіне бірі жиналған, үйілген, қабат-қабат.* ~ көрпе. 2. *Үсті-үстіне қабаттасқан, көп.* ~ оқиға (шаруа, жұмыс).

ҚАТҚАҚ 1. *Жер бетінің суықтан тоңазып, қатқан күйі.* Қазір жер ~. 2. *Жер қатқан кез, мезгіл.* Азанғы ~та жүріп кетелік.

ҚАТҚАҚСЫ *Аузы кеберсу, таңдайы кебу.* Бәрі де ~п шөлдеп келеді.

ҚАТҚАҚСЫРА *Аздап шөлдеу, шөліркеу.* ~п келеді.

ҚАТҚАҚТАН *Суықтан қату, тоңазу.* Жер ~а бастады.

ҚАТҚАҚТАУ *Аздап қатқан, қата бастаған.* ~ жер.

ҚАТҚАН-ҚҰТҚАН *Көп сақталынып, кебіңкіреп қалған (ет).* ~ын асты. //*Қатып қалған, қалған-құтқан.* ~ нан (құрт-май).

ҚАТ-ҚАТ *Бірнеше қабат, қабат-қабат.* ~ көрпе-жастық (кітап, қағаз).

ҚАТ-ҚАТТАП *Қат-қат етіп, қабаттап.* ~ салып қойды.

ҚАТ-ҚАТЫМЕН *Қатталған күйінде, рет-ретімен.* ~ алды.

ҚАТҚЫЛ 1. *Қаттылау, қатыңқыраған.* ~ жер (жол), ~ топырақ (қар). // *Топырағы берік, қыртысты жер.* Өзен жағасының ~ына шықты. 2. *Ауыс. Қатал, зілді.* Оның дауысы ~ шықты.

ҚАТҚЫЛДАН 1. *Қату, қатаю.* Жер ~а бастады. 2. *Ауыс. Даусы қаттырақ шығу, қатаңдану.* Даусы бірте-бірте ~ып барады. 3. *Ауыс. Күн суытып, қақап кету.* Күн болса *қатқылданып* тұр (Жанәділов).

ҚАТҚЫЛДАУ 1. *Қаттылау, қаттырақ.* ~ жер (алақан). 2. *Ауыс. Қатаңдау, қаталдау.* ~ ун, дауыс.

ҚАТҚЫЛДЫҚ 1. *Қатқыл тартқандық, қаттылық.* 2. *Ауыс. Қатаңдық, қаталдық.* Үнінде бір ~ бар.

ҚАТПА 1. *Ішек қызметінің бұзылуынан үлкен дәрет жұрмей қалатын адам және мал ауруы.* Малда маңқа да, ~ да жоқ. 2. *Жіңішке келген, арық.* ~ шал (бала, жігіт). ◊ **Қатпа келгір** — *қатпа болып ауырғыр.* **Қатпа қара** — *жіңішке, арық қара кісі.* **Қатпа бота** — *кесел салдарынан ет алмайтын немесе қатпа ауруымен ауырған бота.*

ҚАТПАЛАУ *Қатпа келген, арықтау.* ~ кемпір.

ҚАТПАР 1. *Бір нәрсенің қабатталған, бүктелген жері.* Балағының ~ы. 2. *Бет, мойын терісіндегі қыртыстанған жер; әжім.* Ұртындағы *қатпарлар* азайған сияқты (Иманбаев). 3. *Ауыс. Адамның ішкі дүниесіндегі қалтарыс, бүкпе.* Ол *қатпары* көп, өте қиын кісі (Шашкин).

ҚАТПАР-ҚАТПАР *Бірнеше қатпар, қатпары мол.*

ҚАТПАРЛА *Қатпар-қатпар ету, қатпар жасау.*

ҚАТПАРЛЫ *Қатпары бар, қыртыс-қыртыс.*

ҚАТПАРШАҚ *Қатпар-қатпар қарын, жалбыршақ.* Сиыр, қой-ешкінің қарны: тазқарын, жұмыршақ, *қатпаршақ* және ұлтабар (Ә. Әбішев).

ҚАТТА I 1. *Бір нәрсені бірінің үстіне бірін қойып реттеп қою, қатпарлау.* Көйлектерін ~п қойды. 2. *Ауыс. Есепке (тізімге) алу, тіркеп жазу.* Үй мүлкін ~ды.

ҚАТТА II *Мал-мүлікті кәмпескелеу, тәркілеу.* Сот үкімі бойынша үй-жайын ~ды.

ҚАТТАМА *Жебе, найзалардан қорғану үшін киетін сауыт түрі.* Сауыт түрлерінің атаулары: көбе, кіреуке, *қаттама* (Ана тілі).

ҚАТТАУЛЫ *Қаттап қойылған, реттеулі.* ~ киім.

ҚАТТЫ I 1. *Жұмсақ емес; тастай.* ~ зат (нәрсе, ағаш, жер). 2. *Ауыс. Күшті, ащы, зор.* ~ дауыс (айқай). 3. *Ауыс. Дәті берік, мықты; қатал.* Тым *қатты* екенсің ғой, Кәкен (Түменбаев). 4. *Ауыс. Сараң, шығайбай.* Ол қолынан дым шықпас *қатты* адам еді.

ҚАТТЫ II 1. *Өте, тым, аса.* ~ қамықты (қуанды, сағынды). 2. *Мықтап тұрып, жеріне жеткізе.* ~ соқты (таңды, күлді). 3. *Еш нәрсені сезбей, тырп етпей.* ~ ұйқтады (ауырды). ◊ **Қатты айтты** — *бет-жүзіне қарамады, тура сөйледі.* **Қатты батты** — *күшті әсер етті.* **Қатты кетті** — *ашуланды, мінез көрсетті.* **Қатты қайырымға келмеді** — *ауыр жұмыс істеуге жарамады.*

ҚАТТЫҚ *Қат болғандық, тапшылық.*

ҚАТТЫЛАН *Қатты болу, қатаю.*

ҚАТТЫЛАП *Қатты етіп, мықтап.* Жіпті ~ байлады.

ҚАТТЫЛАУ 1. *Қаттырақ, мықтырақ.* ~ металл (қабат). 2. *Ауыс. Қатаңырақ, қаталырақ.* ~ айтты (кетті).

ҚАТТЫЛЫ-ЖҰМСАҚТЫ *Қаттысы мен жұмсағы аралас.*

ҚАТТЫЛЫҚ 1. *Мықтылық, беріктік.* Болаттың ~ғы. 2. *Ауыс. Күштілік, қарқындық.* Желдің ~ғы. 3. *Ауыс. Қаталдық, қатігездік.* Сен де ондай ~ғыңды қой. 4. *Ауыс. Ащылық, зорлық.* Даусының ~ғы. 5. *Ауыс. Сараңдық, шығайбайлық.* Ағасының *қаттылығына* біраз қамықты (Тәшенов).

ҚАТТЫРАҚ 1. *Қаттылау, бериктеу.* Темірден де ~. 2. *Басымырақ, күштілеу.* ~ қысты (тиді, шықты).

ҚАТУ 1. *Қатаң, қатал. Қату* болсаң, тату боласың (Жылқышиев). 2. *Көңіл қалдыратын, қатты.* ~ сөз.

ҚАТУЛАН *Түсін суыту, ызғарлану.* Әкесі ~ып алды.

ҚАТУЛЫ *Қатуланған, ренжулі.* ~ жүз (пішін, қабақ).

ҚАТУЛЫҚ *Ызбар, реніш, кейіс.* ~ бар.

ҚАТШАП *көне. Құран сүрелерін оқығанда қолға ұстайтын таяқша.* Екеуі *қатшапқа* таласып жатқанда, молда үшеуін бірдей шықпыртты (Ғ. Мұстафин).

ҚАТ-ШОТ *Есеп-қисап, санақ.* ~ жүргізді.

ҚАТШЫЛЫҚ *Тапшылық, жеткіліксіздік.*

ҚАТЫБАС *Қатығез, мейірімсіз, қайырымсыз.* ~ кісі.

ҚАТЫБАСТАН *Қатыгездену, мейірімсіздену.*

ҚАТЫБАСТЫҚ *Қатігездік, қаталдық.* ~ көрсетті.

ҚАТЫГЕЗ *Қатыбас, мейірімсіз.* ~ ана (кісі).

ҚАТЫГЕЗДЕН *Қатыбастану, мейірімсіздену.*

ҚАТЫГЕЗДЕУ *Мейірімсіздеу, қатыбастау.* Шешесі ~.

ҚАТЫГЕЗДІК *Мейірімсіздік, қатыбастық.* ~ке бара қоймас.

ҚАТЫҚ I 1. *Тамаққа қосатын ет, май, сүт сияқты нәрлі тағамдар.* ~ етерлік қана ет бар. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің нәрі, дәмтатуы; тұздығы.* Мақалдар мен нақылдарды шешендік сөздердің *қатығы* деуге болады (Адамбаев). ◊ **Ас қатық** — *асқа қатық болардық тағам.* **Көже қатық** — *көжеге қатық болардық ет, май.* **Шай қатық** — *шайға қатық болардық сүт, кілегей, қаймақ.*

ҚАТЫҚ II *Құрт жасау үшін айранды сүзу арқылы алынған қоймалжың сұзбе.* Қапқа құйып, *қатық* жасайсыз ба? (Мырзақұлов).

ҚАТЫҚСЫЗ 1. *Қатығы жоқ, қатық қосылмаған.* 2. *Дәмді, сөлді тағам қосылмаған.*

ҚАТЫҚТАЙ *Қатық сияқты, қатық тәрізді.* ~ қою. ◊ **Қатықтай ұйыған** — *тату-тәтті, ұйымшыл.*

ҚАТЫҚТЫ *Қатығы бар; нәрлі, дәмді.* ~ көже (ас).

ҚАТЫҚТЫҚ *Қатық болардық, қатыққа жарарлық.* Еті тым арық, ~ғы шамалы.

ҚАТЫМ *діни. Қайтыс болған адамға бағыштап, құранды түгел оқып шығу немесе оқыту парызы.* ~ түсіртті.

ҚАТЫН 1. *Зайып, жар, жұбай.* ~ы ұл тапты. 2. *Жалпы әйел атаулы.* ~дар тамақ жасап жүр. 3. *Ауыс. Су жүрек, қорқақ.* **Қатын** болмасаң, шық бері. ◊ **Қатын алды** — *үйленді, отбасылы болды.* **Қатын ашу** — *болар-болмас нәрсеге шап ете қалатын ашу.* **Қатын болды** — *күйеуге тиді, ерге шықты.* **Қатын өсек** — *шындыққа жанаспайтын бос сөз.* **Қатын үстіне барды [алды, тиді]** — *әйелі бар адамға күйеуге шықты.*

ҚАТЫНА *Барып-келіп тұру, ары-бері қатынасу.* Үш-төрт рет ~ды.

ҚАТЫНАС I 1. *Ары-бері жүріп тұру, барып-келу ісі; қатыс.* ~ тоқтап қалды. 2. *Қарым-қатынас, байланыс.* Достық ~, сауда-саттық ~. □ **Қатынас қағаз** — *бір нәрсе жайындағы ресми, жазба құжат.*

ҚАТЫНАС II 1. *Бір-біріне барып-келіп тұру, келіп-кету.* ~қан кісіден беріп жіберді. 2. *Бір нәрсеге араласу, қатысу.* Егін орағына (жиын-терімге) ~ты. Жиналысқа ~ты.

ҚАТЫН-БАЛА *Қатыны мен баласы; үй іші.* ~сы елде қалды.

ҚАТЫНБАСША *Қатын-қалаштың ісін істеуші, қазан-аяққа араласушы ер адам.* Шешей ~ еркекті жек көретін.

ҚАТЫНБАСШАЛЫҚ *Қатын ісіне араласушылық.* Қалаға барған соң, *қатынбасшалығын* қоя ма? (Тоғысбаев).

ҚАТЫНБҰРАШ *Қатынқұмар ер адам, әйелін т.б. ауыл әйелдерін басқалардан қорғаштайтын, қызғанатын адам.*

ҚАТЫНДЫҚ 1. *Қатынға тән қасиет (мінез).* Ол ~ғын істеді. 2. *Қатын болушылық, әйелдік.* Өйел еркекке *қатындыққа* жаралған (Ғ. Мүсірепов).

ҚАТЫНЖАНДЫ *Қатынды жақсы көретін.* ~ еркек.

ҚАТЫН-ҚАЛАШ *Үлкенді-кішілі әйелдер.* ~ келіп кетті.

ҚАТЫНҚҰМАР *Қатынға әуестенуші ер адам.*

ҚАТЫНСЫРА *Қатын алғысы келу.* ~п жүр.

ҚАТЫНШЫЛ *Қатынжанды, қатынқұмар, қатынды жақсы көретін адам.* Көрдің бе жамандың *қатыншылын* (Ө. Сараев).

ҚАТЫҢҚЫ: қабағы қатыңқы [қатыңқылау] — *жүзі сынық, реніште.*

ҚАТЫҢҚЫРА *Аздап қату, қатая түсу.* Буы-ны ~п кетіпті.

ҚАТЫП-ПІСІП *Ысылып, жаттығып, үйреніп.* Үй шаруасына ~ алған.

ҚАТЫП-СЕМІП *Әбден кеуіп, құрап, қатып.* ~ қалған нан.

ҚАТЫР 1. *өзг. етіс. Қат-ыр.* 2. *Ауыс. Жерге отырғызып кету, алдау.* — Ой, ит-ай, *қатырды* мені (Аманшин).

ҚАТЫРҒЫ 1. *Қалыңдау, қатты.* ~ қағаз (папка). 2. *Киімнің иығына, жағасына крахмалдап салған қатты зат.*

ҚАТЫРҒЫШ *Бір нәрсені қатыра алатын, қатыратын.* ~ қасиет, ~ зат.

ҚАТЫР-ҚҰТЫР *Қатты затты басқанда, шайнағанда шығатын қатырлаған дыбыс.* ~ шайнады.

ҚАТЫРЛА *Қатырлаған дыбыс шығару.* Мұз ~п сына бастады.

ҚАТЫРЛАҚ *Қатырлай беретін, қатырлағыш.* ~ қағаз.

ҚАТЫРМА 1. *Қатырылған, қатты.* ~ жаға. 2. *Қатырылған зат, қатты нәрсе.* Қалтаның бір бетіне ~ салды.

ҚАТЫРМАҚАҒАЗ *Сызуға, сурет салуға тағы басқа нәрселер жасауға арналған қатты, қалыңдау қағаз; картон.*

ҚАТЫРМАЛА 1. *Қатты күйге өзгерту, қатайту.* 2. *Крахмалға салу, крахмалдау.*

ҚАТЫРМАЛЫ 1. *Қатырма қағаздан жасалған.* ~ папка (куәлік). 2. *Крахмалдап қатырған.* ~ тік жаға.

ҚАТЫРМАШ *жерг. Қатырлақ жұқа нан.*

ҚАТЫС I 1. *Бір нәрсеге араласу, көппен бірге болу.* Съезге (пленумға) ~ты. Жарысқа (байқауға) ~ты. 2. *Барып-келіп тұру, қатынасу.* Сәкен қалаға жиі *қатысып* тұрды (Сатаев).

ҚАТЫС II 1. *Бір нәрсеге қатысушылық, араласқандық.* Оның сабаққа ~ы нашар. 2. *Қатынас, байланыс.* Әлгі сұрақтың маған ~ы жоқ.

ҚАТЫССЫЗ *Қатынассыз, байланыссыз.* Бізге ~ әңгіме.

ҚАТЫСТЫ *Байланысты, қатынасты.* Сізге ~ пікір.

ҚАТЫСТЫҚ *Қатынастық, байланыстылық.* ~ белгілер. ◊ **Қатыстық сын есімдер (лингв.)** — *өзге сөз таптарынан жасалған туынды сын есімдер.*

ҚАТЫСТЫЛЫҚ *Қатысы барлық, байланыстылық.*

ҚАУ *Тығыз өскен қалың құ шөп, боз.* ~ басқан төмпешіктер.

ҚАУАШАҚ *Өсімдік тұқымы, дәнегі жататын кішкене сауыт; қауашық.* Гүлінің *қауашағы* әлі толық ашылып болмаған ("Жетісу"). ◊ **Қауашақ ашты [жарды]** — *өсіп-жетілді, жеміс салды.*

ҚАУҒА *Құдықта су тартып алуға арналған көнтеріден жасалған шелек.* ◊ **Қауға бас [сақал]** — *қауқиған, үлкен бас.* **Қауға тартты** — *құдықтан қаугамен су құйды.*

ҚАУҒАДАЙ *Қауқиған, үлкен* ~ бас, ~ сақал.

ҚАУҒАЛАП *Қаугамен тартып, қаугамен алып.* ~ суарды.

ҚАУҒАША *Қауға тәрізді, қаугаға ұқсап.*

ҚАУҒАШЫ *Қаугамен құдықтан су алушы адам.*

ҚАУДАН I *бот. Далалы жерде өсетін, ұзын ақ шөп; қау.* ~ы қалың алқап.

ҚАУДАН II *Капустаның байланған басы; кочан.*

ҚАУДАНДЫ *Қаудан өскен, қауданы бар.* ~ өлке (жаға).

ҚАУДЫР 1. *Қаудырап кепкен, құраған.* ~ шөп (тон). 2. *Ауыс. Қан-сөлден айрылған, қатқан.* ~ шал. ◊ **Қаудыр ете қалды [түсті]** — *қаудырлады, қаудыр-қаудыр етті.*

ҚАУДЫРА 1. *Әбден кеуіп кету, қаудырлау.* ~п кеуіп кеткен. 2. *Ауыс. Әбден қартаю, қаусау.* Өңкей *қаудыраған* шалдар (Сатаев).

ҚАУДЫРАҚ *Қаудырап кеуіп қалған, қаудырлақ.* ~ тон (шалбар).

ҚАУДЫР-ҚАУДЫР: қаудыр-қаудыр етті — *қаудырлады.*

ҚАУДЫРЛА *Қаудыр-қаудыр ету, қаудырау.* Шалбары ~ды.

ҚАУДЫРЛАҚ *Қаудыр-қаудыр еткен, қаудырлаған.* ~ тон.

ҚАУЕСЕТ *Алып-қашты сөз, өсек-аяң.* ~ тарады.

ҚАУЕСЕТШІЛ *Алып-қашты сөзге жаны құмар.* ~ кемпірлер.

ҚАУЖА 1. *Бір нәрсені малжаңдап жеу, талшық ету.* Бір түйір нанды ~п отыр. 2. *Ауыс. Сөзбен тиісу, қажау.* — Е, мені *қаужап* қайтесің (Т. Әлімқұлов).

ҚАУЖАҢДА *Қаужаң-қаужаң етіп жеу, тамақтану.*

ҚАУЖАҢ-ҚАУЖАҢ: қаужаң-қаужаң етті [еткізді] — *қаужаңдады.*

ҚАУЗА I 1. *Бір іске қозғау салу.* Отты ~п отыр. 2. *Ауыс. Біреуге көмектесу, жәрдемдесу.* Қарындасыңды ~й жүр. 3. *Ауыс. Күту, баптау, жайлау.* Жігіттер малын ~йды.

ҚАУЗА II *Арпаны не бидайды қауызынан айыру; кеузеу.* Арпаны келіге салып ~п тұр.

ҚАУҚАЛАҚ: қауқалақ қақты — *қауқалақтады, қауқаңдады.*

ҚАУҚАЛАҚТА *Ебелек қағу, қалбалақтау.* Ол мәре-сәре, балаша ~п жүр.

ҚАУҚАР *Әл, күш, қуат.* Онда не ~ бар? ◊ **Қауқары кетті [қашты]** — *күші азайды.*

ҚАУҚАРЛАН *Әл, күш біту, қуаттану.* Ол ~ып алды.

ҚАУҚАРЛЫ *Күш-қуаты мол; қарулы, әлді.* ~ кісі.

ҚАУҚАРЛЫҚ *Қуаттылық, әлділік.* ~ғы шамалы.

ҚАУҚАРСЫЗДЫҚ *Әлсіздік, күшсіздік, дәрменсіздік.*

ҚАУ-ҚАУ *Қау-қаулаған, қаумалаған.* ~ әңгіме. ◊ **Қау-қауға алды** — *қаумалады, қолпаштады.*

ҚАУ-ҚАУЛА *Ортаға алып, жан-жақтан көтермелеу, қолпаштау.*

ҚАУҚИ *Бір нәрсенің үлкен болып көрінуі; қауқаю. Қауқиған* денесі болмаса Бошай боркемік неме екен (Иманәлиев).

ҚАУҚЫЛДА *Ағынан жарылу, қауқалақтау.* Ағайым ~п жатыр.

ҚАУҚЫЛДАҚ *Қауқылдап қалған, ақ көңіл; аңқылдақ.* ~ кісі (адам).

ҚАУЛА 1. *Жаппай тез өсу, көктеу.* Жоңышқа ~п өсті. 2. *Ауыс. Сан жағынан өсу, қауырт көбею; қаптау.* Талапты жастар ~п өсіп келеді. 3. *Лаулап тез жану, лапылдау.* Өрт ~п барады. 4. *Ауыс. Күшейе түсу, өршу, үдеу.* Өсек-аяң өрттей ~ды.

ҚАУЛЫ I *Жиналыста алынған шешім.* Жиналыстың (бюроның) ~сы. ◊ **Қаулы алды [қабылдады]** — *белгілі бір шешімге келді.* **Қаулы етті [шығарды]** — *қаулы қабылдады, қаулы алды.*

ҚАУЛЫ II *Қау өскен, қауы көп.* ~ жер (өлке).

ҚАУЛЫ-ҚАРАР *Қабылдаған қаулылар мен қарарлардың жиынтығы.*

ҚАУМА *көне. Жиын, мәжіліс, кеңес.* Жамандықтың белгісі — *Қаумаға* басы енбеген (Ақберен).

ҚАУМАЛА *Қаумалау, қоршау, ортаға алу.* Алды-артын ~п алды.

ҚАУМЕТ I *көне. Тірі жан, тіршілік иесі.* Сағынар денсаулықты, жанды *қаумет* (XX ғ. қаз. ақын).

ҚАУМЕТ II *жерг. Күш, шама, әл.* Өзір балаларды асырар *қаумет* бар (Ақтаев).

ҚАУМЕТ III *Құлақтың сырғалығы, жұмсақ етті жері.*

ҚАУМЕТТІ *Күшті, әлді, қауқарлы.* Мен қайбір ~ адаммын.

ҚАУПАЛАҚ: қаупалақ қақты — *елпектеді, қалбалақтады.*

ҚАУПАЛАҚТА *Елпек қағу, қалбалақтау. Қаупалақтап* келіп құшақтай алды (Тоғысбаев).

ҚАУПІ *Көзге үлкен болып көріну, қауқию.* ~іп тұр.

ҚАУСА 1. *Әбден ескіру, тозығы жету.* ~ған арба (шана). 2. *Ауыс. Қартайып, күш-қуатынан айрылу.* ~ған кемпір-шал.

ҚАУСЫР 1. *Киімнің екі бойын (өңірін) бір-біріне айқастыра қымтау.* Шекпенінің өңірін ~ды. 2. *Ауыс. Қысу, ығыстыру; қусыру.* Жаудың екі бүйірін *қаусыра* шабуылға шықты (Ұлтанбаев). 3. *Ауыс. Белгілі бір жасты дендеу, еңсеру.* Әкеміз елулерді *қаусырған* кісі екен (Қанахин).

ҚАУСЫРМА I *Әшекейлі ілгек, қапсырма.*

ҚАУСЫРМА II *Айқасып келген, қаусырылған.* ~ жағалы шапан.

ҚАУСЫРМАЛА 1. *Қайта-қайта қаусыра беру.* Шапанының екі бойын ~ды. 2. *Ауыс. Қысу, ығыстыру, тықсыру.* Жылқы үйірін екі жақтан *қаусырмалай* берді (Дәуренбеков).

ҚАУСЫРМАЛЫ 1. *Екі жағы бір-бірімен айқасып келген, қаусырылған.* ~ өңір (жаға). 2. *Екі жағына ашылатын, жарма.* ~ есік.

ҚАУСЫРУЛЫ *Қаусырылып қойылған, айқастырылған.* ~ өңір (шапан).

ҚАУТАП *Дәмдеп, тұздап отқа қақтап пісіретін тағам.*

ҚАУЫЗ 1. *Астық дәнінің сыртқы қабығы.* Бидайдың ~ы, ~ы жарылған тары. 2. *Ашылайын деп тұрған гүл басының жұқа қабы.* Гүл ~ын аша бастады. ◊ **Қауыз жарды [ашты]** — *гүл ашты, гүлдеді.*

ҚАУЫЗДАН *Қауыз пайда болу.* Бидай дәні ~ды.

ҚАУЫЛДЫРЫҚ *Қамыс сабағының қабығы.* Қамыстың *қауылдырығы* ызыңдады (Тоқмағанбетов).

ҚАУЫМ *Ерікті түрде ұйымдасқан, бірлескен адамдар тобы.* ~ға қарсы шықпады. Шопандар ~ы.

ҚАУЫМДАС *Ұйымдасу, бірігу, топтану.* Кедейлер ~ты.

ҚАУЫМДАСТЫҚ *Қауымдасқан тірлік.* ~қа кірді.

ҚАУЫМДЫҚ *Қоғамдасқан, бірлескен.* ~ құрылыс (қоғам).

ҚАУЫМШЫЛ *Қауымның мүддесін ойлайтын, көпшіл.* ~ адам (кісі).

ҚАУЫМШЫЛДЫҚ *Қауымның мүддесін көздегендік, көпшілдік.*

ҚАУЫН *Асқабақ тұқымдасына жататын, оңтүстік аймақта өсетін бақша өсімдігі және осы өсімдіктің тәтті жемісі.* ~ жеді [жарды].

ҚАУЫНДЫ *Қауыны көп, қауын көп өсетін.* ~ жер (аймақ).

ҚАУЫНДЫҚ *Қауын егілген немесе қауын егуге арналған жер.*

ҚАУЫНҚАҚ *Қауынды жұқалап тіліп, кептіріп алған тәтті тағам.* ~ жасады.

ҚАУЫН-ҚАРБЫЗ *Қауын мен қарбыздың жалпы атауы.* ~ екті.

ҚАУЫНҚҰРТ *Қауынды қайнатып, содан шыққан қоймалжыңнан сықпалап жасаған тағам.* ~ қайнатты.

ҚАУЫНША *Қауын тәрізді, қауын секілді.* ~ жарылды.

ҚАУЫНШЫ *Қауын егуші, қауын өсіруші.* Тәжірибелі ~.

ҚАУЫНІШЕК *Қауынды жіңішкелеп тіліп, ішекше өріп, кептіріп алған тағам.* ~өрді.

ҚАУЫРСАҚ *Бұлбұлша сайрайтын, дауысы өте сүйкімді, қараторғайдан үлкендеу, құйрығы ұзын, тау баурайын мекендейтін құс.*

ҚАУЫРСЫН *Құс қанаты мен құйрығының ұзын талшықтары.* ◊ **Қауырсын қалам** — *қауырсыннан жасалған қалам.*

ҚАУЫРСЫНДАН *Қауырсын өсіп шығу, қауырсыны жетілу.* Балапандары ~ды.

ҚАУЫРСЫНДЫ *Қауырсын өсіп шыққан.* ~ балапан.

ҚАУЫРТ *Бәрі бірдей, жаппай; тез, жылдам.* ~ жұмыс.

ҚАУЫРТТЫҚ *Асығыстық, жылдамдық, қарбаластық.*

ҚАУЫС I *көне. Қараша (ноябрь) айының арабша атауы.* Аңырап, **қауыстың** өзінде күн бір суытса, бір жылынып тұратын (Әбдіқалықов).

ҚАУЫС II *Жақын адаммен кездесу, қауышу.* Туыстарымен ~ты.

ҚАУІП *Қатерлі жағдай; қатер, қорқыныш.* ~ ойлады. ◊ **Қауіп етті [қылды]** — *қауіптенді, қорықты.* **Қауіп туды [төнді]** — *қауіп пайда болды, қатер төнді.*

ҚАУІП-ҚАТЕР *Қатерлі жағдай, қорқыныш.* ~ жиі кездеседі.

ҚАУІПСІЗДЕН *Қауіптен құтылу, қауіпсіз болу.*

ҚАУІПСІЗДЕУ *Қауіпі аздау, қатерсіздеу.* ~ жер [орын].

ҚАУІПСІЗДІК *Ешқандай қауіп жоқтық, қатерсіздік.*

ҚАУІПСІН *Қауіп ойлау, қауіптену.* ~іп тұрғандар бар.

ҚАУІПТЕН *Қауіп ойлау, күдіктену.* Түсімнен ~іп ем.

ҚАУІПШІЛ *Қауіптенгіш, қауіп ойлағыш.* ~ адам.

ҚАҺАР 1. *Ашу, ыза, айбар; кәр.* Үнінде ~ бар. 2. *Ауыс. Ызғар, суық.* Қыстың ~ына шыдамады. ◊ **Қаһар шашты** — *қатты ашуланды, қаһарланды.* **Қаһарына мінді** — *кәріне мінді, ашуланды.* **Қаһарына ұшырады [ілікті]** — *ашуына душар болды.* **Қаһарын төкті [тікті]** — *ашуланды, ызғар шашты; кәрін төкті.*

ҚАҺАРЛАН *Қатты ашулану, кәрлену.* Хан балаға ~ды.

ҚАҺАРЛЫ 1. *Ашулы, ызалы, кәрлі.* ~ шал (дауыс). 2. *Ауыс. Ызғарлы, қатал.* ~ қыс.

ҚАҺАРЛЫЛЫҚ *Қаһарлы болғандық, қаһарланғандық.*

ҚАҺАРМАН *Батыр, ер.* Халқымыздың ~ ұлы.

ҚАҺАРМАНДЫҚ *Батырлық, ерлік.* ~тың үлгісі.

ҚАШ I 1. *Бір нәрседен қорқып безу, зыту.* 2. *Ауыс. Бір нәрсені істегісі келмеу, бас тарту.* Жұмыстан [оқудан] ~ты. 3. *Ауыс. Кету, құру, азаю.* Жердің оты ~ты. ◊ **Қаша жөнелді [тұра қашты]** — *бірден қашты, безді.*

ҚАШ II *Қой, ешкі, сиыр малдарының ұрықтануы.* Қойы ~ып кетті. ◊ **Қашпаған қара сиырдың ұзына қаратты** — *екі талай нәрсені күттірді, босқа емексітті.*

ҚАША I 1. *Тіреулерге екі басын көлденең өткізіп қоятын ұзын ағаш.* Мен қораның **қашасын** алып тастадым (Шопан серігі). 2. *Осындай қашалардан жасалған қоршау.* Екі көзін *қаша* жақтан алмайды (Қалдыбаев).

ҚАША II 1. *Ағашты қашаумен тесу.* Орта шенінен таралғы өткізетін тесік **қашайды** (Қасиманов). 2. *Тасты шапқымен шеку.* Ақымақпен тойға барып тасқанша, Ақылдымен тауға барып, тас **қаша** (Мақал).

ҚАШАҒАН *Қашып ұстатпайтын, тұра қашатын.* ~ қара бие.

ҚАШАҒАНДЫҚ *Қашып ұстатпайтындық, қашқыштық.*

ҚАШАҚ *Қашқын, босқын.* Сені бізге біреулер **қашақ** — дейді (Ө. Ахметов). ◊ **Қашақ қиял** — *жеткізбейтін, жүйрік ой.*

ҚАШАҚТА *Аздап қашу, қашқалақтау.* Жауапкершіліктен ~йды.

ҚАШАҚТЫҚ *Қашып тоқтамайтындық.*

ҚАШАЛА *Қаша орнату, қашамен қоршау (бекіту).* Үйілген шөпті ~п тастады.

ҚАШАЛЫ *Қашасы бар, қашаланған.* ~ аула (шөп).

ҚАШАН 1. *Бір нәрсенің уақытын, мезгілін білу үшін қойылатын сұрау есімдігі.* ~ келеді? 2. *"Оған дейін", "соған шейін" деген үстеулік мағынада жұмсалынады.* ~ көз үйренгенше қарай бер. 3. *"Көп уақыт болды", "талай уақыт өтті" д. м. білдіреді.* Күн ұясынан көтерілгелі **қашан** (Байтанаев). ◊ **Қашан болсын [қашан болса да]** — *әр уақытта, әр кез.* **Қашан да болса** — *қай уақытта да.*

ҚАШАНҒА *Қай уақытқа дейін, қай мезгілге шейін?* **Қашанға** ол жаман бола бермек? (Иманжанов).

ҚАШАНҒЫ *Баяғы, ежелгі, бұрынғы.* Бұл оның ~ әдеті.

ҚАШАНҒЫСЫНША *Баяғысынша, бұрынғысынша.* Шілде ~ ыстық.

ҚАШАНДА *Әр кез, қашан болса да.* ~ солай.

ҚАШАННАН *Баяғыдан, ежелден, көптен.* Бұл үй **қашаннан-ақ** төрт жолдың торабында тұр (Исабаев).

ҚАШАҢ: қашаң тартты — *алыстады, жырақтады.*

ҚАШАҢДА *Алыстау, жырақтау.* Ол ~ келе жатты.

ҚАШАҢДАУ *Алысырақ, қашығырақ; жырақтау.* ~ жер.

ҚАШАР I *Сиырдың екі жасар ұрғашысы.*

ҚАШАР II *жерг. Қысқа арналған жылы мал қора.* Отарларды Үлкенсайдағы **қашарларға** құлату керек (К. Ахметбеков).

ҚАШАУ *Балғамен ұрып, ағаш, тас тесетін құрал.*

ҚАШАУА *Сәндеп жасалған жеңіл ат шанасы.*

ҚАШАУЛА *Қашаумен кесу, тесу, қашау.* Тас ~п тұр.

ҚАШАУШЫ *Бір нәрсені қашаумен қашайтын (қашаған) адам.*

ҚАШҚАҚ *Қаша беретін, қашатын, қашқыш.* ~ сиыр.

ҚАШҚАҚТА *Бір нәрседен қашу, жуымау.* Ол бізден ~п жүр.

ҚАШҚАЛАҚ *Қаша беретін, қашқақ.* ~ адам.

ҚАШҚАЛАҚТА *Жоламау, қашқақтау.* Қиыншылықтан ~ды.

ҚАШҚАР: қашқар құман — *Қашқар қаласында жасалған, мойны ұзын құман.*

ҚАШҚАРГҮЛ *бот. Қашқар жерінде өсіп, басқа жерлерге тараған мәдени гүл.*

ҚАШҚЫН *Қашып кеткен, қашып жүрген.* ~ адам.

ҚАШҚЫНДЫҚ *Бой тасалаушылық, қашып жүргендік.*

ҚАШҚЫН-ПЫСҚЫН *Қашып-пысып жүрген.* Орда толы ~ адамдар.

ҚАШЫ *Су бөгеу үшін жасалған бөгет; дамба.*

ҚАШЫҒЫРАҚ *Алыстау, жырағырақ.* ~ жер.

ҚАШЫҚ *Алыс, жырақ, шалғай.* Ол жер бізден ~.

ҚАШЫҚСЫН *Қашық деп санау, алыссыну.* Жолды ~ып, тіке тартты.

ҚАШЫҚТА *Алыс кету, жырақтау.* Ауылдан ~п кетті.

ҚАШЫҚТАУ *Алыстау, жырағырақ, шалғайлау.* ~ жер (жайылым).

ҚАШЫҚТЫҚ *Алыстық, жырақтық, шалғайлық.*

ҚАШЫҢҚЫ: өңі [түсі] қашыңқы — *аздап түсі бозарған.*

ҚАШЫП-ПЫСЫП *Бой тасалап, тығылып.* Өздері ~ жүр.

ҚАШЫР *Есек айғыры мен биенің шағылысуынан туған будан мал.*

ҚАШЫР-ҚҰШЫР *Қашырлаған, құшырлаған дыбыс.* ~ шайнады.

ҚАШЫРЛА *Қашырлаған дыбыс шығару, қашыр-қашыр ету.* Тістері ~п кетті.

ҚАШЫРТҚЫ *Су жерге жайылу, тарау, сіңу үшін, құлақтағы суды атызға тарам-тарам етіп бөліп, бұрып жіберетін көмей.*

ҚАШЫРТҚЫЛА *Құлақтағы суды тарам-тарам етіп бөлу.* Қанша ~ғанмен су жақсы жайылмады.

ҚАЮ *Ілмек біз арқылы екі тарамыс (жіп) бір-біріне ілмеленіп тігілетін мықты тігіс.*

ҚАЯЗ *Көбінесе теңізде жүретін еті тәтті, ірі балық.*

ҚАЯЗЫ *Тері сияқты заттардың суда көп уақыт болғандығынан әбден су сіңді болып ылбырап кетуі.* Кешелі бергі жаңбырдан тоны ~п кетіпті.

ҚАЯУ *Қайғы, мұң, реніш.* Көңілінде ~ жоқ.

ҚАЯУЛАН *Ренжу, қайғыру, уайымдау.* Көңілі ~ды.

ҚАЯУЛЫ *Реніштi, мұңды, шерлі.* ~ көңіл (адам).

ҚАЯУЛЫҚ *Мұңлылық, шерлілік.* Ерді жаяулық емес, *қаяулық* аздырады (Мақал).

ҚАЯУСЫЗ *Қайғысыз, мұңсыз, уайымсыз.* ~ көңіл.

ҚАЯУСЫЗДЫҚ *Қайғысыздық, мұңсыздық, уайымсыздық.*

ҚИ I *Малдың қорадағы тұяғымен тапталған нәжісі.* ~ шығарды (ойды). // *Боқ, нәжіс.* Құстың ~ы. ◊ **Қи садырасы** — *қидың суы, ертіндісі.*

ҚИ II 1. *Бір нәрсені кесу, шабу.* Жіпті пышақпен ~ып жіберді. 2. *Қиюын келтіру, қиюластыру.* Ағаштан ~ып үй жасады. 3. *Ауыс. Жолды, көшені кесіп өту.* Көшені ~ып өтті.

ҚИ III *Қымбат затын біреуге беруге тура келу. Қидым,* ала биемді ала ғой (Тұлпар).

ҚИБАСПАҚ *Уақ малда болатын бақай ауруы.* Қойы ~пен ауырған.

ҚИБЫЖЫҚ *Қипақтаған, сипақтаған қозғалыс.* ~ты қой. ◊ **Қибыжық қақты** — *қибыжықтады, шыдамсыздық танытты.*

ҚИБЫЖЫҚТА *Қозғалақтау, қипақтау.* Ол не дерін білмей, ~п отыр.

ҚИҒАШ *Қисық, тұзу емес.* Оғы сәл ~ кетті. ◊ **Қиғаш келді** — *қарсы тұрды, теріс деп білді.* **Қиғаш қабақ көрсетті** — *қыңыр қарады, жақтырмады.* **Қиғаш қас** *(фольк.)* — *иіліп келген әдемі қас.*

ҚИҒАШТА *Қиғаш жүру, бір жағына қисық кету.* ~п кетті. ◊ **Қиғаштай салды [тартты]** — *қиғашынан жүрді, қиғаш тартты.*

ҚИҒАШТАУ *Сәл қиғаш; қисығырақ.* ~ жол.

ҚИҒАШТЫҚ *Қиғаш болғандық, қисықтық.*

ҚИҒАШЫРАҚ *Сәл қиғаштау, қисығырақ.* Сәл ~ кетті.

ҚИҒЫЛА *Қайта-қайта қию, кескілеу.* Пышақпен ~ды.

ҚИҒЫЛЫҚ *Қиқарлық мінез, бұзықтық.* ~ты қой. ◊ **Қиғылық салды** — *шатақ шығарды, қиқар мінез көрсетті.*

ҚИҒЫР *Қиып түсетін, қиғыш, кескіш.* ~ қылыш.

ҚИДАЙ *Қи секілді, қи тәрізді.* ~ шашылды. ◊ **Қидай сыпырды** — *түгін қоймай алып кетті, ештеңесін қалдырмады.*

ҚИДА-ҚИДА *Сан жерден қиылған, бөлінген; бөлек-бөлек.* Өн бойы ~. ◊ **Қида-қидасы шықты** — *жұлма-жұлмасы шықты.*

ҚИДАЛА *Қида-қидасын шығарып кесу, бөлшектеу.* Қазыны ~п кесті.

ҚИДАЛАС *Қырқысу, шабысу, кескілесу.* Қан майданда ~тық.

ҚИДАС *Сусар мен бұлғынның буданы.*

ҚИДАСЫН *Әбден бекіген, шыныққан, қайнасып қатқан.* Саптыаяқтай ерінді, *қидасын* кәрі жілікті (Ақтамберді жырау).

ҚИҚ *Қиқ-қиқ еткен, қиқылдаған дыбыс.* Ешкім ~ деген дыбыс шығармады. ◊ **Қиқ етті [қиқ ете қалды]** — *қиқ етіп дыбыс шығарды.*

ҚИҚА *Бірнеше бөлшекке бөлінген, жұлма-жұлма зат.* Түлкінің ~сы шыққан.

ҚИҚАЙ *Қисаю, қыңыраю; ырыққа көнбеу.* Шал ~ып, тілін алмай жүр.

ҚИҚАҚ *Бір нәрсені істегісі келмегендік, қиқақтық.* Қатал шеше баласының ~ғына көнген жоқ.

ҚИҚАҚ-СИҚАҚ *қарап. Бір нәрсені істегісі келмеушілік, қиқақтағандық.* ~ты қой.

ҚИҚАҚТА 1. *Қиқақ-қиқақ етіп жүру, қисаңдау.* ~п жөнді жүрмеді. 2. *Ауыс. Бір нәрсені істегісі келмеу, қырсығу.* ~ғандар да болды.

ҚИҚАҚТЫҚ 1. *Қиқаңдағандық, бұлтақ қақңдық.* 2. *Бір нәрсені істегісі келмегендік.*

ҚИҚАЛА *Қиқа-қиқа етіп кесіп тастау, ретсіз бөлшектеу.* Ол етті ~п турады.

ҚИҚАЛАҚ 1. *Қиқаң-қиқаң еткендік, қисаңдық.* Арбаның *қиқалағы* шаршатып-ақ тастады (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсені істегісі келмегендік, бұлталақ.* ~ты қойсаңдар қайтеді! ◊ **Қиқалаққа басты [салды]** — *қиқалақтады, бұлтарды, жалтарды.*

ҚИҚАЛАҚТА 1. *Қиқаң-қиқаң ету, қисаңдау.* ~п комбайнға әрең жеттім. 2. *Ауыс. Бір нәрсені істегісі келмеу, қиқаңдау.* ~ май айтқанды істе.

ҚИҚАҢ *Қисықтық, қиқарлық; қиқақ.* Жетеді осы уақытқа дейінгі *қиқаңың* (Сматаев). ◊ **Қиқаң етті** — *қисаңдық ете қалды.*

ҚИҚАҢДА 1. *Қиқаң-қиқаң ету, қисаңдау. Қиқаңдай* басып Әшірбек кірді (Жақсыбаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсені істегісі келмеу, жөнге көнбеу.* Көп ~ма.

ҚИҚАҢДЫҚ *Қиқаңдағандық, істегісі келмегендік.*

ҚИҚАҢ-ҚИҚАҢ *Қиқаңдаған қимыл.* ◊ **Қиқаң-қиқаң етті [еткізді]** — *қиқаңдады, істегісі келмеді.*

ҚИҚАҢ-СИҚАҢ *Қиқаңдағандық, қиқарлық.* Сен ~ды қой.

ҚИҚАР *Қисық, қыңыр.* ~ бала (адам).

ҚИҚАРЛАН *Қырсығу, қыңырлану.*

ҚИҚАРЛАУ *Қыңырлау, бір беттсу.* ~ бала.

ҚИҚАРЛЫҚ *Қыңырлық, қисықтық.* Баламның ~ғы бар. ◊ **Қиқарлыққа басты [салды]** — *қиқарлық жасады, қыңырлық көрсетті.*

ҚИҚАРСЫ *Қиқарлану, қыңырлану.* Ол ~п отыр.

ҚИҚА-СИҚА *Қиқиып-сиқиып қалған, қисық-қисық.* Тістері ~.

ҚИҚИ 1. *Қисай, қиқаю.* ~ған көпір. 2. *Ауыс. Қырсығу, қыңыраю.* ~ып, бұрылмай кетті.

ҚИҚИЫП-ЖИҚИЫП *Қисайып, мыжырайып.* ~ өскен.

ҚИҚ-ҚИҚ: қиқ-қиқ етті — *қиқылдады, қиқылдаған дыбыс шығарды.*

ҚИ-ҚОҚЫС *Сыпырынды, қиқым-сиқым.* ~тың ішінен тауып алдым.

ҚИҚУ *Қиқуланған дыбыс, айқай-шу.* Бір кезде ~ естілді ◊ **Қиқуға басты [қиқу салды]** — *айқайлады, шулады, қиқулады.*

ҚИҚУЛА *Қиқу салу, айқайлау.* Қалың жылқыны ~п қуа жөнелді.

ҚИҚУШЫЛ *Қиқу салғыш, қиқулағыш.* ~ *даңғой.*

ҚИҚ-ШИҚ *Қиқ-шиқ еткен дыбыс.* ◊ **Қиқ-шиқ етті** — *қиқылдады, шиқылдады.*

ҚИҚЫ-ЖИҚЫ *Қиқайған, қисайған; ретсіз.* Үйлер ~ салынған.

ҚИҚЫЛ *Қиқылдаған дыбыс, ұн.* ~ы естіледі.

ҚИҚЫЛДА 1. *Қиқылдаған дыбыс шығару.* ~п қарсы алды. 2. *Ауыс. Деміге күлу, қиқ-қиқ ету.* Ол ~п күліп жіберді.

ҚИҚЫЛДАП-ШИҚЫЛДАП *Қиқ-қиқ етіп, шиқылдап.* ~ күлді.

ҚИҚЫМ *Бір нәрсенің майда, ұсақ қалдығы; қоқым.* Нан ~ы.

ҚИҚЫМДА *Майдалау, ұсақтау.* Хатты ~п жыртты.

ҚИҚЫМ-СИҚЫМ *Ұсақ-түйек, майда-шүйде; көржер.* ~ қағаз.

ҚИЛА *Қи тастау; бұлғау.* Қаршыға қазан қайнаттырады, Ителгі етек **қилады** (Мәтел).

ҚИЛЫ I *Түрлі, әр қалай.* ~ шара, ~ жолы бар. ◊ **Қилы заман [кезең]** — *бұралаңы көп, қиын-қыстау уақыт.*

ҚИЛЫ II *Қиы бар, қиы көп.* ~ қора (төбе).

ҚИЛЫ-ҚИЛЫ *Сан алуан, түрлі, алуан-алуан.* ~ оқиға (кезең).

ҚИМА I 1. *Бір нәрсенің қиып келтірілген, қиюластырған жері.* Қораның ~сынан қарғып түсті. 2. *Арба доңғалағы шеңберінің құрастырмалы жеке бөлшектері.* ~сы түскен ырдуан. 3. *физ. Дененің көлденең қиылғандағы көрінісі.* Көлденең **қимасы** бір миллиметр нейлон жібі 75 кг жүк көтереді (Ғалам ғажап).

ҚИМА II *Түйе, сиыр сияқты ірі қараның бүйенге жалғас майлы ішегі.* Түйенің ~сы ұзын болады. ◊ **Қимасы қышыды** — *жанына батты; іш тартты, іш бұрды.*

ҚИМАЙ *Малдың қиынан жасалынып, емдік мақсатта қолданылатын май.* ~ жасады.

ҚИМАҚ *Ертеректе қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген түрік тектес халық.*

ҚИМАҚЫ *Қимақ ұлгісіндегі, қимаққа тән.* ~ шекпен.

ҚИМАЛЫ *Қиып келтірілген, қиюластырылған.* ~ үй (қора). ◊ **Қималы құдық** — *қиыстырып шегенделген құдық.*

ҚИМАС *Қымбат, асыл, ардақты.* ~ дос (көңіл).

ҚИМАСТЫҚ *Қимағандық, көңіл жықпастық.* ~пен қоштастық.

ҚИМЫЛ 1. *Қозғалыс, қыбыр, жыбыр.* Оның ~ын бақты. 2. *Іс-әрекет, жұмыс, еңбек.* Қыздардың ~ына сүйсіне қарайды.

ҚИМЫЛДА 1. *Қыбырлау, қозғалу.* Қыздың кірпігі ғана ~п жатыр. 2. *Жұмыс істеу, еңбек ету.* Біз күліп жүріп, жапыра **қимылдадық** (Сарғасқаев).

ҚИМЫЛСЫЗ *Қыбыр етпей, қозғалмай.* ~ жатты, ~ қатып қалыпты.

ҚИМЫЛСЫЗДЫҚ *Қимылдамағандық, қыбыр етпеушілік.*

ҚИНА 1. *Жанын көзіне көрсету, азаптау.* Аяқ-қолымды байлап, **қинай** бастады (Қ. Әміров). 2. *Мазасын кетіру, тынышын алу.* "Жауап берген кім?" деген ой оны қатты **қинады** (Тоқаев).

ҚИНАЛЫС *Қиналғандық, қиындыққа душар болғандық.* Үнінде ~ бар.

ҚИНАУШЫ *Қинаған, қиындық көрсеткен адам.*

ҚИНАУШЫЛЫҚ *Қинағандық, қинау көрсетушілік.*

ҚИПАҚ *Қипақ-қипақ еткендік, қипақтағандық.* Байқаймын, үйінде бір ~ бар.

ҚИПАҚ-СИПАҚ *Қипақтағандық, сипақтағандық.*

ҚИПАҚСЫЗ *Қипақтамай, қипақ-сипақты білмей.* ~ істеді.

ҚИПАҚТА 1. *Тынышы кету, мазасыздану; қозғалақтау.* Жігіт ер батқан аттай **қипақтап** тұр (Қанахин). 2. *Сипақтау, батылы бармау.* Ол ~п, сәл тұрып қалды.

ҚИПАҚТЫҚ *Қипалақтағандық, қипақ-қипақ еткендік.*

ҚИПАҢ-ҚИПАҢ: қипаң-қипаң етті — *қипақтады, қипаңдады.*

ҚИПЫҢДА *Қипың-қипың ету, қиқақтау.* Ол да ~п қалды.

ҚИРА 1. *Быт-шыты шығу, сыну.* ~ған кесе. 2. *Күл-талқан болу, бұзылу.* ~ған қала. 3. *Ауыс. Құру, жойылу.* Қазіргі кезең ескіліктің ~ған кезеңі.

ҚИРАҒАТ *діни. Құранның мақамдап оқылатын белгілі бір сүресі, аят.*

ҚИРАҒАТТАП *Мақамдап, нәшіне келтіріп.* Шал ~ құран оқи бастады.

ҚИРАЛАҢ *Қиралаңдаған қозғалыс.* ◊ **Қиралаң етті** — *қисаң етті, қиралаңдады.*

ҚИРАЛАҢДА *Қиралаң-қиралаң ету, қисалаңдау.* Ит ~п қаша жөнелді.

ҚИРАҢ *Қиранданған қозғалыс.* ◊ **Қиран [қиран-қиран] етті** — *қиранданды, қиқаңдады.*

ҚИРАҢДА *Қиралаңдау, қиқалаңдау, қисалаңдау.* Ол ~й басты.

ҚИРАТҚЫШ *Қирататын, бұзғыш.* ~ машина (граната).

ҚИРАТУШЫ *Бұзушы, бұлдіруші, сындырушы.*

ҚИСАЙ 1. *Бір жағына қарай ауытқу, ауу.* Мұржасы ~ып кеткен. 2. *Ауыс. Жамбастап жату, жантаю.* Ол диванға барып *қисая* кетті. 3. *Ауыс.*

Қырсығу, қиқарлану. Рақым бір *қисайса*, тырысып көнбейтін еді (Бектемісов). 4. *Ауыс. Өлді, қайтыс болды.* Садақаны сауда бер, *қисайған* соң не пайда (Мақал).

ҚИСАЙЫС *Қисайып қалғандық, қисайғандық.* Бұл тегін ~ емес.

ҚИСАҚ *Қиқалаң, қисаң.* ~ты қой.

ҚИСАҚТА *Қисаңдау, қиқалақтау, қиқаңдау.* Төрт дөңгелек ~п барады.

ҚИСАЛАҚТА *Қисалаңдау, қиқалаңдау, қисаңдау.* Ол ~п өз үйіне жетті.

ҚИСАЛАҢ *Қисалаңдаған қимыл.* ◊ **Қисалаң [қисалаң-қисалаң] етті** — *қисалаңдады, қиқаң-қиқаң етті.*

ҚИСАЛАҢДА *Қисаңдау, қисалақтау.* Танк ~п тұрып қалды.

ҚИСАҢ *Қисаңдаған қимыл.* ◊ **Қисаң [қисаң-қисаң] етті** — *қисаңдады, қиқаң-қиқаң етті.*

ҚИСАҢДА 1. *Қисалаңдау, қираңдау.* Ол ~п кеңсеге жетті. 2. *Ауыс. Істегісі келмеу, қиқалақтау.* Қол қоймай ~са, маған айт.

ҚИСАП *көне. Есеп.* Дұрыс шығар, *қисапқа* сендерден жүйрік деймісіңдер (О.Сәрсенбаев). ◊ **Қисап жоқ** — *өте көп, есепсіз.*

ҚИСАПСЫЗ 1. *Өте көп, есепсіз.* 2. *Ауыс. Қанағатсыз, тойымсыз.* Ол да бір *қисапсыз* жан екен (Райымқұлов).

ҚИСАПСЫЗДЫҚ 1. *Есепсіз көптік, молдық.* 2. *Ауыс. Қанағатсыздық, тойымсыздық.*

ҚИСАПТА *көне. Есебін алу, есебін шығару.* Ас иесі пұлын *қисаптап* отыр екен (Батырлар жыры).

ҚИССА *Ауыз әдебиетіне тән сюжетті жыр, дастан.*

ҚИССАШЫ *Қиссаны жатқа айтушы, қисса жырлаушы.*

ҚИССАШЫЛ *Қиссаны жақсы көретін, қиссақұмар.* ~ жан.

ҚИСЫҚ 1. *Бір жағына қарай қисайып кеткен; тұзу емес.* ~ ағаш 2. *Ауыс. Қырсық, қитар.* Жігітке *қисық* мінез мінмен тең (Айтыс) 3. *Ауыс. Дұрыс емес, теріс, қыңыр. Қисық* тәрбие қырсығын тигізбей қоймайды (М. Әлімбаев).

ҚИСЫҚ-ҚЫҢЫР *Тұзу емес; қисайған, қыңырайған.* ~ ағаш.

ҚИСЫҚТАУ *Аздап қисайған, қисайыңқыраған.* ~ тал.

ҚИСЫҚТӨС *Қоспақ пен айыр тұйенің арасынан шыққан, суыққа шыдамсыз, өзі әлсіз тұйе тұқымы.*

ҚИСЫҚТЫҚ 1. *Бір жағына қисайып кеткендік, қисайғандық.* 2. *Ауыс. Қырсықтық, қыңырлық.* Шатынап тұрған ана екі көз *қисықтықтың* белгісі (Жұмалиев).

ҚИСЫН *Бір нәрсенің ыңғайы, жөні, реті.* ~ы бола қоймас. ◊ **Қисыны келді** — *реті табылды, жөні түсті.* **Қисыны кетті** — *берекесі кетті, сәті түспеді.*

ҚИСЫНДА *Қисынын келтіру, жүйелеу.* Әуелгі сөзді қалай *қисындап* бастаудың ретін таппады (Н. Ғабдуллин).

ҚИСЫНДАС *Қисыны келе кету, үйлесу.* Өтірігі ~а кетті.

ҚИСЫНДЫ *Орынды, жүйелі.* ~ сөз (әңгіме).

ҚИСЫНДЫЛЫҚ *Қисыны келгендік.*

ҚИСЫНСЫЗ *Жөнсіз, ретсіз, орынсыз.* ~ іс (сөз).

ҚИСЫНСЫЗДАУ *Жөнсіздеу, орынсыздау, ретсіздеу.* ~ әңгіме.

ҚИСЫНСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, орынсыздық, ретсіздік.* Сұрағының ~ғына ұзақ күлді.

ҚИТ: қит етсе — *бірдеңе десе, сәл нәрсе істесе.*

ҚИТАР 1. *Екі көзінің жанары бір-біріне қиғаштала біткен, қисық.* Көзі ~. 2. *Ауыс. Жөнге көнбейтін, қырсық, қиқар.* ~ мінез.

ҚИТАРЛАН 1. *Көзі қисаю, қылилану. Қитарланған* шегір көзі күлім қағады (Майлин). 2. *Ауыс. Қырсығу, қиқарлану.* Түз құсы *қитарлана* бұлқынды (Сейдімбеков).

ҚИТАРЛАУ *Көзі сәл қисықтау, қылилау.* Көзі сәл ~.

ҚИТАРЛЫҚ 1. *Көзі қисықтық, қылилық.* Көзінің ~ғы мүлде байқалмайды. 2. *Ауыс. Қиқарлық, қырсықтық.* Азкем *қитарлығы* болғанмен, жұмысы жаман емес (Сыланов).

ҚИТИ *Қитығу, қырсығу.* Соған-ақ ~ып қалды.

ҚИТ-ҚИТ *Қит-қиттаған сөз, өсек.* Елдің ~ы таусылмай-ақ қойды.

ҚИТ-ҚИТТА *Жел беру, қоздыру.* Шешесі одан сайын ~ды.

ҚИТҰРҚЫ *Қулық-сұмдығы, айласы басым.* ~ адам (мінез).

ҚИТҰРҚЫЛАН *Қулық істеу, айлакерлену, сұрқиялану.*

ҚИТҰРҚЫЛЫҚ *Қулық істегендік, айлакерлік.*

ҚИТЫҚ I *Қырсығу, қыңырлану.* Құйттай нәрсеге ~ғып қалды.

ҚИТЫҚ II *Қырсықтық, қиқарлық.* ~ғы басылатын емес ◊ **Қитығына тиді** — *ызасын келтірді, ашуландырды.*

ҚИТЫҚТАН *Қырсығу, қыңырлану.* Ол табан асты *қитықтанып,* ақия қарады (Сүндетов).

ҚИТЫҢ *Қитың-қитың еткен жүріс.* ~ы көп.

ҚИТЫНДА *Қитың-қитың ету.*

ҚИУА *Алыс жер, қиян, шалғай. Қиуадан* шауып, Қисынын тауып, Тағыны жетіп қайырған (Абай).

ҚИЫҚ I 1. *Белгілі бір затты қиғаннан кейінгі қалған қалдық.* Матаның ~тары. 2. *Бір нәрсенің шеті, шет-пұшпағы.* Көтеріліп келе жатқан айдың *қиығы* көрінді (Нұрманов).

ҚИЫҚ II *Қиылған, қиғаш.* Мысырлықтар табаны квадрат *қиық* пирамиданың көлемін дәл таба білген (Жәутіков). □ **Қиық ен** — *мал құлағындағы қиықша етіп салынған ен.* ◊ **Қиық көз** — *сығырайған, қысық көз.*

ҚИЫҚТАН *Қиықшалану, сығыраю.* Көзі ~ып кетті.

ҚИЫҚТАУ *Сәл сығырайған, қиықшалау.* ~ көз.

ҚИЫҚША I 1. *Қиғаштау кесіліп, майға пісірілген нан.* Апам ~ пісірді. 2. *Қиықшалап жасалған әшекейлік зат, ою-өрнек.* Әйелдердің металдан жасалған әшекейлері — сырға, білезік, *қиықша* т. б. (ҚазССР тарихы).

ҚИЫҚША II *Қиғаштылып келген, қиықшаланған.* Үш бұрыш ~ хат (ен, көз).

ҚИЫҚШАЛА *Қиық етіп кесу.* ~п пісірген самсалар.

ҚИЫҚШАЛАУ *Қиықша болып келген, қиықшалана түскен.* ~ кесінді.

ҚИЫЛ 1. *ыр. етіс. Қи-ыл.* 2. *Қиып қойғандай сұлу көріну.* Зейнеп қою қара қасы *қиылып,* Бейсенге сөз тастады (С. Омаров). 3. *Ауыс. Көзін сүзе, наздана қарау.* Елдос Анардың жүзіне *қиыла* бір қарап алды (Байтанаев). 4. *Ауыс. Жалыну,*

жалбарыну. — Ата, айтыңызшы, деп тағы **қиылмыз** (Мұратбеков).

ҚИЫЛЫС *Екі жолдың немесе екі көшенің бірін-бірі қиып өткен жері.* Екі көшенің ~ында.

ҚИЫН I 1. *Машақаты көп, жеңіл емес.* ~ іс (жұмыс), ~ сапар. 2. *Оңайшылықпен бола қоймайтын, оңай емес.* Қазір орын алу өте **қиын** (Бегалин). 3. *Қыр-сыры мол, күрделі, ауыр.* Жұмбақ айтысы — айтыстардың ішіндегі ең қиыны (С. Мұқанов). ◊ **Қиын бала [класс]** — *тәлім-тәрбиеге оңай көне қоймайтын бала (класс).* **Қиынға түсті [айналды, соқты]** — *қиындады, ауырлады.* **Қиынға құлаш ұрды [сермеді]** — *ұлы мақсатқа талпынды.* **Қиынға салды [жұмсады]** — *жауапты жұмысқа жекті.* **Қиыннан қиыстырды** — *қисынын тапты, үйлесімін келтірді.* **Қиынның [дүниенің, қияметтің] қиыны** — *өте қиын жұмыс.* **Қиын тиді [соқты]** — *ауыртпалығы күшті болды; оңайға түскен жоқ.*

ҚИЫН II *Бір нәрсенің қиюласқан, қиысқан жері, тұсы.* ~ы кеткен көне орындықтар. ◊ **Қиыны қашты** — *қисыны кетті, берекесі қашты.*

ҚИЫНДА 1. *Қиындық молая түсу, кедергі көбею.* Тауға шығу барған сайын **қиындады** (Т. Әлімқұлов). 2. *Оңайлықпен істемеу, күрделену, ауырлау.* Қазіргі жастарды түсіну ~п барады. 3. *Ауыс. Нашарлау, әлсіреу.* Сырдекеңмен араларың **қиындап** бара ма, қалай? (Ахтанов).

ҚИЫНДАС *Қиыны келу, жымдасу.*

ҚИЫНДАУ 1. *Қиынырақ, күрделірек; ауырлау.* ~ сабақ. 2. *Ауыс. Мінезі шәлкем-шалыстау, шатақтау.* Келіннің мінезі ~. ◊ **Қиындау болды [соқты, тиді]** — *ауырлау соқты, қиынға түсті.*

ҚИЫНДЫ 1. *Мата, былғары, киіз т. б. заттарды кесіп-пішкеннен, қиғаннан кейін қалған қалдық.* Мата ~лары. 2. *Қиып алынған зат, нәрсе.* Өсімдік сабақтарының ~лары, газет-журнал ~лары.

ҚИЫНДЫҚ 1. *Азап, бейнет; қиыншылық.* Малды үлкен ~пен ордан өткізді. 2. *Жоқшылық, мұқтаждық.* ~ты көп көрді. 3. *Ауыс. Кедергі, бөгет.* Ескі салт-санамен күресу жолында талай **қиындықтар** да кездесті (С. Мұқанов). ◊ **Қиындық әкелді [келтірді]** — *қиындық туғызды, қиындатты.* **Қиындық көрді** — *азап шекті, бейнет көрді.* **Қиындыққа ұшырады** — *ауыртпалыққа кездесті, азап көрді.*

ҚИЫНДЫҚСЫЗ *Азап көрмей, оңай.* ~ жеңіп шықты (өтті).

ҚИЫН-ҚЫСПАҚ *Үргін-сүргін, қысылтаяң.* ~ іс (жағдай).

ҚИЫН-ҚЫСТАУ *Ауыр азапты, қиыншылықты.* ~ жылдары (кезеңде).

ҚИЫНСЫН *Қиын көру, ауырсыну.* Аз жұмысты **қиынсынсаң** көп жұмысқа тап боларсың (Мақал).

ҚИЫНШЫЛЫҚ 1. *Қиындық, ауыртпалық.* Алғашқы **қиыншылықтарға** төзе алмағандар бокты тастап кетті (Тәшімбаев). 2. *Бейнет, азап, мехнат.*

ҚИЫНЫРАҚ *Бейнеті көптеу, қиындау; ауырлау.* ~ жұмыс (есеп).

ҚИЫР 1. *Алыс, жырақ, шалғай.* ~ шет (түкпір). 2. *Шет, түкпір, бұрыш.* Бір **қиырдан** екінші **қиырға** асып кете бермеген (Сейфуллин). ◊ **Қиырға құлаш ұрды [қиырға шапты]** — *алысқа талпынды (ұмтылды), қиянға самғады.* **Қиырдың қиыры** — *алыстың алысы, шеттің шеті.* **Қиыр жайлап, шет қонып** — *ел жұрттан бөлек, оқшау.* **Қиыр шет** — *шалғай жер.* **Қиыр шығыс (геогр.)** — *Азияның шығыс бөлігі.*

ҚИЫРСЫЗ *Шетсіз-шексіз.* ~ дала.

ҚИЫРСЫН *Алыссыну, қашықсыну, шетсіну.* ~ып әрең келді.

ҚИЫР-ШИЫР *Шым-шытырық, иір-қиыр.* ~ жол (із).

ҚИЫРШЫҚ *Ұсақ түйіршікті, түйір-түйір.* ~ тас (құм, қар).

ҚИЫРШЫҚТА *Түйір-түйір ету, түйіршіктеу.* ~п қар жауып тұр.

ҚИЫРШЫҚТАУ *Аздап қиыршық, сәл қиыршықтанған.* ~ қырбақ түсті.

ҚИЫРШЫҚТЫ *Түйірлі, қиыршығы бар.* ~ топырақ (құм).

ҚИЫС I 1. *Қиюласу, қиындасу.* Шанақ тақтайшалары бір-бірімен жақсы **қиысқан** (С. Омаров). 2. *Үйлесу, жымдасу, байланысу.* Шығарманың идеялық мазмұны мен көркемдік түрі әдемі **қиысқан** (І. Омаров). 3. *Ұйқасу, ұндесу.* Өлеңнің әрбір сөзі шебер **қиысқан** (Жұмалиев).

ҚИЫС II 1. *Қисық, қиғаш.* Сәл ~ кетті. 2. *Қырын, қиялай.* Дастарханға ~ отырды. 3. *Бұрыс, бір бүйір.* Қыстауы бұдан екі шақырымдай **қиыс** қалып тұр (Ер есімі). ◊ **Қиыс қабақ** — *қырын қабақ, жаратпаған сыңай.* **Қиыс қарады** — *теріс қабақ көрсетті, жақтырмады.*

ҚИЫСПАС *Бірінен-бірі жаның аямайтын, қимас.* ~ дос.

ҚИЫСПАСТЫҚ *Қимастық, қимаушылық.* ~ белгісіндей.

ҚИЫСТА 1. *Қиыс жүру, қиялай кету.* Түйелі **қиыстап,** бұл екеуінің аралығына қарай беттеді (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Бұра тарту, лағу.* Қақпайлап отырмасаң, **қиыстап** кетуім де кәдік (Талжанов). ◊ **Қиыстай тартты** — *қиялай, қиғаштай жүрді.*

ҚИЫСТАН *Қырсығу, қырсықтану.* Ол әлде неге ~ып тұр.

ҚИЫСТАУ 1. *Қиғаштау, бір бүйірлеу, қырыырақ.* Жол шетінде ~ тұр. 2. *Бұрыстау, шеткерірек.* Қайырбаев **қиыстау** түрған орманға қарай беттеді (Нұршайықов).

ҚИЫСТЫҚ *Қисықтық, қыңырлық.* ~ғына басты.

ҚИЫСУ *лингв. Сөз бен сөздің жіктік жалғаулар арқылы байланысқан түрі.*

ҚИЫСЫРАҚ *Сәл қиыстау, бұрысырақ.* Есіктен ~ тұр.

ҚИЮ *Бір нәрсенің қиюласқан жері, қиыны.* ◊ **Қиюы келді** — *сәті түсті, орайы келді.* **Қиюы қашты [кетті]** — *берекесі кетті, сәті түспеді.* **Қиюын тапты [келтірді]** — *қиюластырды, үйлестірді.*

ҚИЮЛА *Қиюын келтіру, қиюластыру.*

ҚИЮЛАС *Қиюы келу, сәйкесу.* ~а қоймады.

ҚИЮЛЫ *Қиюын тапқан, қисынды.* ~ сөз.

ҚИЯ I 1. *Таудың, шыңның тік құлама беті.* Тау ~ларын қар басқан. 2. *Ауыс. Аспан, көк, биік.* Бүркіт ~ға көтерілді. 3. *Ауыс. Алыс жер, шалғай; қиян. Қиядан* қылт еткенді көреді деп (М. Әлімбаев). ◊ **Қияға көз салды** — *алысқа қарады, алдын болжады.* **Қияға қанат қақты [қияға құлаш ұрды, сермеді]** — *алыс армандарға талпынды.* **Қияға самғады** — *биікке көтерілді, шарықтады.*

ҚИЯ II *Бір жағына қарай қисайған, құлама, тік.* ~ жартас (бет, жол).

ҚИЯ III *Қиғаш, көлденең; қиялай.* Күн ~ түсіп тұр. ◊ **Қия баспады [бастырмады]** — *ешқайда шықпады, тырп етпеді.* **Қия өтпеді** — *сыйлады, құрметтеді.*

ҚИЯҚ I 1. *бот. Шалғынды жерлерде өсетін, сабағы жіңішке, жапырақтары таспа тәрізді ұзын болып келген шөп.* 2. *Өсімдік жапырақтарының ұш жағы сүйір түрі.* Жол шетіндегі ши *қияқтары* желкілдеп, қаулап өскен (Соқпақбаев). ◊ **Қияқ мұрт [мұртты]** — *жіңішке сүйір мұрт.*

ҚИЯҚ II *Құстың қанаты, қанат қауырсыны.* Ердің қайғысын түлпардың түяғы, сұңқардың *қиялы* алады (Саятшылық).

ҚИЯҚ III *Қыл қобыздың ысқышы.* Қобыздың мойнына байланған *қияқты* шешпек болды (Ө. Сараев).

ҚИЯҚТА 1. *Қияқ (жапырақ) шығару.* Күріш *қияқтағанда* атыздағы су көп болу керек (Бал дәурен). 2. *Қияқ тәрізді ету, сүйірлеу.* Ол *қияқтап* қойған жирен мұртының жиегін сүртті (А. Сүлейменов).

ҚИЯҚТАЙ *Қияқ тәрізді, жіңішке, ұшкір, сүйір.* Мұрты ~.

ҚИЯҚТЫ I *Қиялы бар, қияқ, көп өскен.* ~ жер.

ҚИЯҚТЫ II *Ұшы екі жұзді, өткір найза.*

ҚИЯЛ 1. *псих. Адамның ойлау жүйесіне ғана тән психикалық процесс.* 2. *Қиялданудан туған ой жемісі; фантазия.* Бұл діншілдердің ~ынан шыққан. 3. *Орындалуы қиын, шындыққа жанаспайтын арман, мақсат, тілек.* Оның бәрі — ~. ◊ **Қиялға батты [шомды, шомдырды]** — *қиялға бой ұрды, қиялдады.* **Қиял құсы (поэт.)** — *жүйрік ой, сана.*

ҚИЯЛА *Қиямен жүру, қиғаштай қаптал дау.* Бетке ~п шығып кетті.

ҚИЯЛАУ *Аздап қана қия, қиярақ.* ~ жер (бет).

ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП: Қиял-ғажайып ертегі — *ертегінің ғажайып оқиғаларға толы түрі.*

ҚИЯЛДА 1. *Қиялға берілу, санамен шолу.* Көп ~ды. 2. *Бір нәрсені армандау, көксеу.* Ұшқыш болсам деп те ~йды.

ҚИЯЛДАС *Қиялы бір, армандас.*

ҚИЯЛДЫ *Қиялға бай, ойлы.* ~ бас (бала).

ҚИЯЛДЫҚ *Қиялға тән, қияли.* ~ ұғым.

ҚИЯЛИ 1. *Қиялға тән, фантастикалық.* ~ ой (түсінік). 2. *Ауыс. Ақылынан, есінен адасқан.* ~ адам (бала).

ҚИЯЛИЛАУ *Қиялға берілініп кіреген, аздап есінен адасқан.* ~ адам.

ҚИЯЛИЛЫҚ *Қияли болғандық, қиялшылдық.* Оның ~ғына өскен ортасы айыпты.

ҚИЯЛШЫЛ *Қиялға берілгіш, қиялдағыш.* ~ жігіт.

ҚИЯЛШЫЛДЫҚ *Қиялға берілгіштік, қиялдағыштық.* Оған ~ пайда болды.

ҚИЯМЕТ 1. *Діни сенім бойынша, о дүниеге барған әрбір адам өтетін қыспақ.* 2. *Ауыс. Ауыр азап, бейнет.* Басынан кешпеген ~і жоқ. ◊ **Қияметтің қыл көпірі** — *қиынның қиыны.*

ҚИЯМЕТ-ҚАЙЫМ 1. *Діни сенім бойынша, жер бетіндегі тіршіліктің күлталқан болып күйреуі, құруы.* ~ болмасын. 2. *Ауыс. Басқа түскен қиыншылық, ауыртпашылық, азап.* Бастан кешірген ~дарымды жырлап бердім.

ҚИЯМЕТТЕЙ *Өте қиын, азапты.* ~ қиын.

ҚИЯМЕТТІК *Мәңгілік, өмір бақилық.* ~ дос болайық.

ҚИЯМЕТШІЛ *Қияметке сенетін.* Әлі жетпеген ақыретшіл, қолы жетпеген *қияметшіл* (Мақал).

ҚИЯМПҰРЫС *Қырсық, қыңыр, кесірлі.* ~ тентек.

ҚИЯМПҰРЫСТАН *Қырсықтану, қыңырлану.* ~а сөйледі.

ҚИЯМПҰРЫСТЫҚ *Қырсықтық, қисықтық, қыңырлық.*

ҚИЯН *Алыс жер, шалғай; жер түбі.* Көзі ~нан шалады.

ҚИЯНАТ *Зорлық-зомбылық, озбырлық.* Ешкімге ~ жасамады. ◊ **Қиянат көрді** — *зәбір-жапа шекті, қорлық көрді.*

ҚИЯНАТКЕР *Озбыр, қиянатшыл.*

ҚИЯНАТКЕРЛІК *Зорлық-зомбылық жасаушылық, қиянатшылдық.* ~тен сақтандырды.

ҚИЯНАТҚОР *Қиянатшыл, зорлықшыл, озбыр.* ~ адам (бай).

ҚИЯНАТҚОРЛЫҚ *Озбырлық, қиянатшылдық.*

ҚИЯНАТСЫЗ *Ешбір қиянаты жоқ.*

ҚИЯНАТСЫЗДЫҚ *Қиянаты жоқтық, зорлықсыздық.*

ҚИЯНАТТАП *Қиянат көрсетіп; кінәлап.* ~ қатты ұрысты.

ҚИЯНАТТЫ *Қиянатқа толы, әділетсіз.* ~ іс (қылық).

ҚИЯНАТТЫҚ *Қиянатшылдық; әділетсіздік.*

ҚИЯНАТШЫЛ *Зорлық-зомбылық жасаушы, зорлықшыл.* ~ адам (жан)

ҚИЯНАТШЫЛДЫҚ *Қиянат көрсеткендік, зорлықшылдық.*

ҚИЯНДАП *Алыстап, шығандап.* Мал қамы үшін ~ кетті.

ҚИЯҢКЕС *Қияңқы, бұзық.* ~ жан (бала).

ҚИЯҢ-КЕСКІ *Кескілескен, қырқысқан.* ~ ұрыс (соғыс).

ҚИЯҢКЕСТІК *Қияңқылық, бұзықтық.*

ҚИЯҢҚЫ *Қыңыр, қырсық, бұзық.* Ұлы ~ болып өсті.

ҚИЯҢҚЫЛАН *Қырсығу, қитығу.* ~ып отырып алды.

ҚИЯҢҚЫЛЫҚ *Қырсықтық, қыңырлық.* ~ істеді. ◊ **Қияңқылыққа басты** — *қияңқылық істеді, қияңқылық көрсетті.*

ҚИЯПАТ I *Кескін, кейіп, пішін.* Ол екеуінің *қияпаты* да басқалардан бөлек (Ақышев). ◊ **Қияпат білдірді** — *сыңай танытты.*

ҚИЯПАТ II 1. *Алапат, сұрапыл, ғаламат.* Соғыстың қандай *қияпат* екенін сол күні-ақ түсіндім (Есенберлин). 2. *Ауыртпалық, қиыншылық, азап.* Оның алдында әлі де ~ы көп істер тұр.

ҚИЯПАТСЫЗ *Кескінсіз, ұсқынсыз.* ~ жан.

ҚИЯПАТСЫЗДАН *Ұсқыны кету, өңі қашу.*

ҚИЯПАТТАН *Кейпі өзгеру, нұрлану.* Күләш ән салғанда аса бір әсем *қияпаттанып* алады екен (Қайырбеков).

ҚИЯПАТТЫ *Кескінді, келбетті.* ~ әйел (қыз).

ҚИЯР *Асқабақ тұқымдас, жатаған сабақты, бір жылдық бақша дақылы.*

ҚИЯС 1. *Қиғаш, қиыс.* Мойнын сәл ~ бұрды. 2. *Қисық, бұрыс, бір қырын.* Олар ~ кетті. 3. *Ауыс. Қыңыр, қырсық, қикар.* Бұл да жасынан ~ еді.

ҚИЯСТА 1. *Қиғаштау, қиыстау.* ~й қашты. 2. *Ауыс. Қашу, қашқалақтау.* Сұлтанбек те *қиястап,* безіп жүр (Әбдіхалықов).

ҚИЯСТАН *Қырсығу, қитықтану.*

ҚИЯСТАУ 1. *Қиғаштау, қиыстау.* Бағыты сәл ~. 2. *Бұрыстау, шалғайлау; шеткерірек.* Барар жері жолдан аздап ~. 3. *Ауыс. Қыңырлау, қырсықтау.* Ол бала кезінде-ақ ~ еді.

ҚИЯСТЫҚ 1. *Қиғаштық, бұрыстық.* 2. *Қыңырлық, қиқарлық.*

ҚИЯУ *көне. Қыстау, тұрақ, мекен.* Көп көпірдің *қияуы,* жапанда қонды қыбайға ("Қобыланды батыр").

ҚОБАҒАН *Қоңқиған, дөңес.* ~ мұрын.

ҚОБАЛАҚ *Қолапайсыз, икемсіз; қолбаңдаған.* — Өй, *қобалақ,* жат солай! (Ә. Нұрпейісов).

ҚОБАЛЖУ *Ел ішіндегі толқу; бас көтеру.* Кронштадт бүлігі шаруалардың *қобалжуын* айқын көрсетті (ҚазССР тарихы).

ҚОБАЛЖУШЫЛЫҚ *Қобалжығандық, толқушылық.* Ел ішінде ~ бар.

ҚОБАЛЖЫ 1. *Ішкі дүниесі әлем-жәлем болу, қатты толқу.* Қыз қатты ~п кетті. 2. *Ауыс. Құбылу, айну.* Олар Орал сыртына көшеміз деп *қобалжи* бастады (Елеусізов). 3. *Ауыс. Зәресі қалмау, қорқу, үрейлену.* Бала бұрыстау біткен екен, оған *қобалжымаңыз* (Е. Қонарбаев).

ҚОБАЛЖЫҢҚЫ *Қобалжыған, қобалжып тұрған.* ~ үн (дауыс).

ҚОБАЛЖЫС *Қобалжығандық, толқығандық.* Қимылында бір түрлі *қобалжыс* бар (Хангелдин).

ҚОБАҢ *Жаздық ақ бидайдың Кубаннан тараған дәні ірі сорты; кубанка.*

ҚОБДИ 1. *Әр алуан ұсақ-түйек зат салуға арналған кішкене жәшік.* 2. *Әйелдер сәндік бұйымдар салып жүретін әшекейлі кішкене сауыт; шкатулка.*

ҚОБДИША *Кішкене, шағын қобди.*

ҚОБЫ *геогр. Тау аңғарындағы астау тәрізді болып біткен ойпаң, кейде жазық жер.* Машина кең *қобыны* қуалай жүріп келеді (Керімбаев).

ҚОБЫЗ *Мойны имек, шанағы ожаудың басы тәрізді, ысқышпен ысып ойналатын екі-үш ішекті ұлттық музыка аспабы.* Қыл ~, бас ~.

ҚОБЫЗША *Қобыз тәрізді, қобыз секілді.* ~ зар төкті.

ҚОБЫЗШЫ *Қобыз ойнаушы, қобыз шалушы.*

ҚОБЫЗШЫЛЫҚ *Қобыз ойнаушылық.* ~ өнер.

ҚОБЫЛА *Қобы салу, сай жүргізу.* Ердің астын ~п шабады.

ҚОБЫЛАУ *Аздап қобы, қобы болып келген.* ~ нәрсе.

ҚОБЫЛЫ *Қобысы бар, қобы салынған.* ~ алқап.

ҚОБЫРА 1. *Үрпею, қодию, ербию, көтерілу.* Ол ~ған шашын тарады. 2. *Қоқсу, шашылу.* Үстел үсті, терезенің алды *қобыраған* газет-журнал (Сатыбалдин). 3. *Ауыс. Өре түрегелу, көтерілу, дүрлігу.* Жұрт *қобырап* орындарынан тұра бастады (Қыдырбекұлы).

ҚОБЫРАЙ *Қомақты көріну, қорбию.* Өзі *қобырайып* қалың киініп алған (Көшімов).

ҚОБЫРСЫ *Бейберекет шашылу, қоқырсу, қоқсу, ұбырсу.* Үйі ~п жатыр.

ҚОҒА *Өзен-көл жағаларында өсетін, ұзын жапырақты, бойшаң өсімдік.*

ҚОҒАДАЙ *Қоға секілді, қоға тәрізді.* ~ қалың егін. ◊ Қоғадай жапырды — *қырып-жойды, баудай түсірді.* **Қоғадай жапырылды** — а) *бірін-бірі баса көктеп кейін қарай ықты;* ә) *бәрі бірдей иіліп ізет етті, құлдық ұрды.* **Қоғадай иілді** — *асты-үстіне түсті.*

ҚОҒАЖАЙ *бот. Орман ішінде өсетін, көк гүлді, шипалық өсімдік.*

ҚОҒАЖАЙЛЫ *Қоғажай қалың өскен, қоғажайы мол.* ~ көл (шалшық).

ҚОҒАЛЫ *Қоғасы бар, қоға қалың өскен.* ~ көл (өңір).

ҚОҒАМ 1. *саяс. Тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі қауымдасқан адамдардың материалдық игіліктерді өндіру тәсілі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынастарының жалпы жиыны.* 2. *Белгілі бір мақсатта топтасқан, ынтымақтас, ниеттес адамдардың ерікті бірлестігі; қауым, әлеуметтік топ, творчестволық одақ.* Буржуазиялық ~, табиғат қорғау ~ы.

ҚОҒАМИ *Қоғамдық, қоғамға тиесілі, соған тән.*

ҚОҒАМДА *Басын біріктіріп топтау, жинастыру.* — Қойынды жауып жібермей, алды-артын *қоғамдап* тебіндет (Сейдімбеков).

ҚОҒАМДЫҚ *Қоғамға тән, қоғамға қатысты.* ~ сана (күрес, қатынас). ◊ **Қоғамдық айыптаушы** *(заң.)* — *сот мәжілісінде қылмыскерді жұртшылық атынан кінәлаушы адам; бұқаралық ұйым өкілі.* **Қоғамдық байлық [дәулет, игілік]** — *көпке ортақ қазына, халық табысы.* **Қоғамдық бақылаушы** — *сауда орындарының, транспорттың, т.б. халыққа қызмет етуші мекемелердің жұмысын тексеруші жұртшылық өкілі.* **Қоғамдық еңбек** — *қоғам мүддесі үшін істелген еңбек.* **Қоғамдық меншік** — *қоғам мүшелерінің барлығына ортақ материалдық игілік.*

ҚОҒАМТАНУ *Қоғамның даму заңдылықтарын зерттейтін пән.*

ҚОҒАМШЫЛ *Қоғам мүддесін көздейтін, қоғамды сүйетін.* ~ адам (азамат).

ҚОҒАМШЫЛДЫҚ *Қоғамды сүюшілік, көпшілдік.*

ҚОҒАША *Қоға тәрізді, қоға секілді.* ~ жапырылды.

ҚОҒЫР *бот. Қызыл күрең түсті әдемі гүлі бар шөптесін өсімдік.*

ҚОДАҢ *Біреуге қоқаңдап сес көрсетушілік, қодыраң.* Сен мына ~ыңды қой.

ҚОДАҢДА *Сес көрсету, қоқаңдау.* ~п мазаны алды.

ҚОДАҢ-ҚОДАҢ *Қайта-қайта қоқаңдаған әрекет.* ◊ **Қодаң-қодаң етті** — *қоқаңдады, қодыраңдады.*

ҚОДАС *Орта Азияның таулы аймақтарында өсетін, сиыр тұқымдас ұзын жүнді үй жануары.*

ҚОДИ 1. *Қодыраю, қоқию.* ~ып отыр. 2. *Ауыс. Қыр көрсету, паңдану.* — Бұл сүйеушінің буына *қодиып,* өз әлін білмей бара жатқан адам (Бегалин).

ҚОДЫҒА *Маралдың, бұланның төлі; бұзауы.*

ҚОДЫҚ *Құланның төлі, есектің, қашырдың тақайы, көдегі.*

ҚОДЫРАЙ 1. *Қоқию, күдірею.* Бөркі ~ып кеткен. 2. *Ауыс. Сес көрсету, қоқилану.* — Сен комсомолмын деп *қодыраятын* шығарсың (Ж. Молдағалиев).

ҚОДЫРАҢ I *Біреуге қоқаңдаған, едіреңдеген қылық.* ◊ **Қодыраң қақты** — *қодыраңдады, едіреңдеді.*

ҚОДЫРАҢ II *Бұрынғы егіннің орнына өз бетімен шыққан жабайы бидай.* ~ бидай.

ҚОДЫРАҢДА *Қоқаңдау, қожаңдау.* Ол бізге ~п күн көрсетпеді.

ҚОДЫРАҢ-ҚОДЫРАҢ *Қайта-қайта қодыраңдаған, едіреңдеген қимыл.* ◊ **Қодыраң-қодыраң етті** — *қодыраңдады, едіреңдеді.*

ҚОЖ I *Тас көмірдің жанып болып, қайнасып қорып қалған қоқысы.*

ҚОЖ II *Ұсталар мен зергерлер көрік көлгейіне көмір салу, ыстық шоқты көсеп алу, күл шығару үшін жылқының жауырын сүйегінен жасалған қалақ.*

ҚОЖА I 1. *Белгілі бір заттың, нәрсенің иесі, бастығы.* 2. *Үй иесі, от басы.* Мен де енді бір үйдің *қожасымын* (Күмісбаев).

ҚОЖА II *діни. Ислам дінін таратушы, уағыздаушы; дінбасы.*

ҚОЖАҒАЙ *Қайнатқан, әлі еруі жетпеген металл.*

ҚОЖАЙЫН 1. *Белгілі бір шаруашылықтың иесі, бастық.* Қара шаруалар *қожайынына* тап берді. (Аманшин). 2. *Үй иесі, отағасы.* Акулина әжей — *қожайынның* үлкен шешесі (Сматаев).

ҚОЖАЙЫНДЫҚ *Бірдемеге ие болушылық, қожалық, басшылық.*

ҚОЖАЙЫНСЫ *Қожайын болғансу, бастықсыну.* Шал ~п отыр.

ҚОЖАҚ *Қожақтағандық, қожаң.* Өткен соң базар, Қайтқан соң ажар, Не болады құр *қожақ?* (Абай).

ҚОЖАҚАТ *бот. Майда тікенді құрай тектес өсімдік және сол өсімдіктің жеуге жарайтын қара көк түсті жидегі.*

ҚОЖАҚ-ҚОЖАҚ *Қайта-қайта қожақтағандық.* ◊ **Қожақ-қожақ етті** — *қожақтады, қожаңдады.*

ҚОЖАҚТА *Қожаңдау, қоқаңдау.* ~й берме!

ҚОЖАЛАҚ *Айғыз-айғыз, кір-кір, сатпақ-сатпақ.* ~ бет (үй).

ҚОЖАЛАҚ-ҚОЖАЛАҚ *Өне бойы қожалақ, сатпақ-сатпақ.* ~ бет.

ҚОЖАЛАҚТА *Қожалақ-қожалақ ету, сатпақтау.*

ҚОЖАЛЫҚ I *Қожа болғандық, иелік.* ~ ету оңай емес.

ҚОЖАЛЫҚ II *Қожа деген атаққа ие болғандық; дінбасы болушылық.*

ҚОЖА-МОЛДА *Дінді уағыздаушылар, дін иелері.*

ҚОЖАНАСЫР *Аңқау, аңғал, ақ көңіл.* Ол *қожанасыр* неме ғой, бірдемені бүлдіріп алар (М. Ғабдуллин).

ҚОЖАНАСЫРЛАУ *Аңқаулау, аңғалдау.* ~ кісі.

ҚОЖАНАСЫРЛЫҚ *Аңғалдық, аңқаулық.* — Құдабай-ау, *қожанасырлығың* қалмайды-ау (Жұмаділов).

ҚОЖАНАСЫРША *Қожанасыр тәрізді, қожанасыр сияқты.* ~ сөйледі.

ҚОЖАҢ *Қожаңдаушылық, қожаң-қожаң етушілік.* ~ыңды қой.

ҚОЖАҢДА *Қожаң-қожаң ету, қодыраңдау, әкіреңдеу.* Бет алды ~й берме.

ҚОЖАҢ-ҚОЖАҢ: **қожаң-қожаң етті** — *қожаңдады, қодыраңдады.*

ҚОЖАСЫН *Қожа болғансу, қожайынсыну.* ~ып қақпаны өзі ашты.

ҚОЖБАН *Аса ірі, дәу, күжірейген.* Кәрі, *қожбан* қоңыр бұқа қызыл қашырдың соңында (Ғ. Мұстафин). ◊ **Қожбан қара дәу** — *еңгезердей бұжыр адам.*

ҚОЖЫР *Бұжыр, бұдыр.* ~ тас (тау).

ҚОЖЫРА 1. *Бір нәрсенің берекесі кету, құру, сүйылу.* Өңгіменің аяғы *қожырай* бастады (С. Омаров). 2. *Малдың сүті кему, азаю, суалу.* Күн суытса сиыр *қожырап* сүтті аз береді (Сейітов).

ҚОЖЫРАЙ *Қожыраю, күжірею, қоржию.*

ҚОЖЫРАҢҚЫ *Қожыраған, берекесі жоқ.* ~ қимыл (ауыл).

ҚОЖЫР-ҚОЖЫР *Бұжыр-бұжыр, тегіс емес.* ~ тас (тау).

ҚОЖЫРЛАН *Қожыр-қожыр болу, бұжырлану.*

ҚОЖЫРЛАУ *Аздап қожыр, бұжырлау.* Беті ~.

ҚОЖЫРМАҚ *Бұжыр-бұжыр, тегіс емес.*

ҚОЖЫРМАҚТАН *Қожырмақ болу, қожырлану, бұжырлану.*

ҚОЖЫРМАҚТЫ *Қожырмағы бар; қожыр-қожыр.* ~ жуан қайың.

ҚОЗ I *Шоғы сөнбеген ыстық күл.* Бауырды ~ға көміп пісіреді.

ҚОЗ II *Бір нәрсенің, істің, уақиғаның өрши түсуі, асқынуы.* Оның көкірек ауруы ~ды.

ҚОЗА I *Зергерлер жасаған әр түрлі әшекейлі сырға, алқа сияқты зат.*

ҚОЗА II *кәсіб. Мақта өсімдігінің сабағы; қозапая.* Мұқаң ~ны аралады.

ҚОЗАЛЫ *Қозасы бар, қоза таққан.* ~ қыз (шолпы).

ҚОЗАЛЫҚ *Мақта егілген немесе егілетін жер.* Ол ~қа беттеді.

ҚОЗАПАЯ *Мақтаның қозасы.*

ҚОЗБА 1. *Мезгіл-мезгіл қозып кететін ауру; ұстама.* 2. *Ауыс. Ұнамсыз мінез.* ~сы ұстады.

ҚОЗҒА 1. *Бір нәрсені қимылдату, қыбырлату.* Денесін ~ды, қолын ~ды. 2. *Бір нәрсені орнынан жылжыту, сырғыту.* Бала әр нәрсені ~ды. ◊ **Қозғау салды** — *бір нәрсенің ілгері жылжуына түрткі болды.*

ҚОЗҒАҒЫШ *Бір нәрсені қозғайтын, қозғай беретін.*

ҚОЗҒАҒЫШТЫҚ *Қозғай беретіндік.*

ҚОЗҒАЛАҚ: **қозғалақ қақты** — *қозғалақтады, тыпыршыды; мазасызданды.*

ҚОЗҒАЛАҚТА *Қайта-қайта қозғала беру, тынышсыздану.* Ол ~й берді.

ҚОЗҒАЛҒЫШ *Қозғала беретін, қимылдағыш.*

ҚОЗҒАЛҒЫШТЫҚ *Қозғала бергіштік, қимылдағыштық.*

ҚОЗҒАЛМАЛЫ *Әрі-бері қозғалып тұратын.* Буындар ~ келеді.

ҚОЗҒАЛТҚЫШ *Бір нәрсені қозғалтып тұратын, қимылдатқыш.*

ҚОЗҒАЛЫС 1. *Қимыл, іс-әрекет, жүріс-тұрыс.* ~ы сәнді. 2. *филос. Материя болмысының мәңгілік формасы, оның өмір сүру тәсілі; өзгерісі, дамуы.* Біздің айналамыздағы материяның барлығы да *қозғалыста,* өзгерісте болады (Марксистік филос.). 3. *Ауыс. Халықтың жаппай наразылығы; ереуіл, көтеріліс.* Он алтыншы жылдың ~ы.

ҚОЗҒАУСЫЗ *Ешқандай қозғалысқа түсірілмеген, қимылсыз.* Ол іс әлі ~ жатыр.

ҚОЗҒАУШЫ *Бір нәрсені қозғалысқа келтіруші, түрткі болушы.* ◊ **Қозғаушы күш** — *бір нәрсеге қозғау салатын негіз.*

ҚОЗҒЫШ *Тез қозып кететін, тітіркенгіш.* ~ жүйке.

ҚОЗҒЫШТЫҚ *Тез қозып кеткіштік, қозатындық.* Нерв жүйесінің ~ғы.

ҚОЗДА I 1. *Қойдың қозы табуы, төлдеуі.* Қой ~ды. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің туындап көбеюі; өсу, молаю.* Отырғандардың әңгімесі ~й түсті.

ҚОЗДА II 1. *Қоз пайда болу, қоз көбею.* Ақтан *қоздап* жанған оттың шаласын ысырып қойды (Бөкеев). 2. *Ауыс. Тұтану, жану, өршу.* Іштей үміт оты *қоздады* (Лекеров).

ҚОЗДЫРҒЫШ *Бір нәрсені қоздырып жіберетін, өршіткіш.* Аурудың ~ микробы.

ҚОЗДЫРҒЫШТЫҚ *Қоздырып жіберетіндік, әсерлендіргіштік.*

ҚОЗДЫРУШЫ *Қоздырып жіберуші, өршітуші, әсерлендіруші.*

ҚОЗДЫРУШЫЛЫҚ *Қоздырып жіберушілік, қоздырғандық.*

ҚОЗЫ 1. *Қойдың жас төлі.* ~ бақты, ~ жамырады. 2. *Ауыс. эмоц. Жас бала.* Ана қосарлана ұмтылған қос *қозысын* бауырына басты (Саржайлау). ◊ **Қозы алды** — *саулықтарды тұғел қоздатып, төлін аман өсірді.* **Қозы бөлді [айырды]** — *күз түскеннен кейін қозыны енесінен ажыратып, бөлек бақты.* **Қозы қарын** — *кішкентай ғана қарын.* **Қозы көш жер** — *онша қашық емес жер; жақын жер.*

ҚОЗЫГҮЛ *бот. Кішірек келген әдемі қызыл гүл.*

ҚОЗЫДАЙ *Қозы сияқты, қозы тәрізді.* ◊ **Егіз [тел] қозыдай** — *жұп жазбайтын; тел өскен.* **Қозыдай жамырады [шулады]** — *у-шу болды, улап-шулады.*

ҚОЗЫЖАУЫРЫН *Масағы болаттан жасалған, жалпақ басты садақ оғы; жебе.*

ҚОЗЫЖЕГІШ *зоол. Денесі ірі келген жыртқыш құс; сақалтай.*

ҚОЗЫҚА *Арқардың, арқалдың (муфлон, дала жабайы қойы) төлі, қозысы.*

ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ *Саңырауқұлақтың басы доғаланып келген түрі.*

ҚОЗЫҚҰЛАҚ *Жолжелкен өсімдігі. Қозықұлақ* көбінесе арық бойларында өседі ("Лен. жас").

ҚОЗЫҚҰЛАҚТАН *Өсімдіктің жаңадан жапырақ жарып өсіп келе жатуы.* Көк құрақ ~ып өсіп келеді.

ҚОЗЫҚҰМАЙ *Тау құздарын мекендейтін ең ірі жыртқыш құс.*

ҚОЗЫ-ЛАҚ *Қой мен ешкінің төлі.* Ойпаңда ~ жайылып жүр.

ҚОЗЫЛЫ *Қозысы бар, соңына қозы ерткен.* ~ қой (саулық).

ҚОЗЫМ *эмоц. Жас баланы жақсы көру, еркелету кезінде айтылатын ишарат сөз; балақаным, ботам.*

ҚОЗЫОШАҒАН *бот. Егін арасында өсетін көк гүлді, тікенді арамшөп.*

ҚОЗЫШЫ *Қозы бағатын бақташы.* ~ бала.

ҚОЙ I *Күйіс қайыратын уақ мал.* ~ бақты. ◊ **Қой аузынан шөп алмайтын** — *өте момын, жуас.* **Қой бас жамбы** — *қойдың басына ұқсас етіп құйылған жамбы.* **Қойдан қоңыр [қойдан қоңыр, жылқыдан торы]** — *мол-момақан, жұп-жуас.* **Қой жылы** — *ескі жыл санау есебі бойынша сегізінші жыл аты.* **Қой көз [көзді]** — *әдемі, үлкендеу қоңыр көз.* **Қой қора** — *қойға арналған, қой жататын қора.* **Қой мойын [мойынды]** — *қойдың мойнындай әдемі мойын.* **Қой торы** — *өте жуас, әрі шабан мініс аты.* **Қой тіс [тісті]** — *бір өңкей уақ тіс.* **Қой үстіне боз торғай жұмыртқалады** — *бейбіт заман орнады, тыныштық болды.*

ҚОЙ II 1. *Қолындағы затты бір жерге қалдыра тұру, орналастыру.* Айранды әкеліп алдына ~ды. // *Қалдыру, сақтау.* Баласына кесіп ет ~ды. 2. *Күзеттіру, бақтыру.* Күзет ~ды, қарауыл ~ды. 3. *Біреуді қызметке алу, жұмысқа орналастыру.* Секретарлыққа ~ды. 4. *Бір нәрсені істемеу, тыйылу, тастау.* Жаман мінезіңді ~. 5. *Еркіне жіберу, өсіру.* Сақал (шаш, мұрт) ~. 6. *Бағалау, баға беру.* "Бес" ~ды. 7. *Өлген кісіні жерлеу, көму.* Шалды ~ып қайтты.

ҚОЙ III *Ұру, соғу, періп жіберу.* Жұдырықпен ~ып қалды.

ҚОЙ IV *"Болмайды" деген тыйым сөз.* — **Қой,** не де болса қалмайық (М. Әуезов). ◊ **Қой болды** — *ешбір нәтиже шықпады, аяқсыз қалды.*

ҚОЙ V *Бір нәрсенің, істің растығын, дұрыстығын күшейте түсу үшін қолданылатын көмекші сөз.* Келмей-ақ ~.

ҚОЙБАЛЫҚ *зоол. Карп тұқымдасына жататын балықтардың бағалы бір түрі; семга.* Шардарада қаяз, жайын, *қойбалық* өндейтін балық заводы жасалды ("Лен. жас".).

ҚОЙБҰЛДІРГЕН *бот.* 1. *Тау белдеулерінде өсетін жатаған сабақты шөптесін өсімдік.* Шалғын арасына *қойбұлдірген* бітік өсіпті (Ә. Қалдыбаев). 2. *Осы өсімдіктің топталып біткен маржандай уақ, қызыл түсті жемісі.*

ҚОЙҒЫЛА *Бірнеше рет қойып-қойып жіберу, соққылау.*

ҚОЙҒЫШТА *Қойып-қойып жіберу, соққылау, қойғылау.* Ол келе сала ~й бастады.

ҚОЙ-ЕШКІ *Қой мен ешкі: уақ малдардың жалпы атауы.*

ҚОЙҚАҚ *Асып-тасушылық, қойқаң.* Ел ұлықтың ~ғын көтерер емес.

ҚОЙҚАҚТА *Қойқақ-қойқақ ету, қойқаңдау.*

ҚОЙҚАЛАҚ *Қойқалақ-қойқалақ еткендік, қойқаң.* ~ты қой.

ҚОЙҚАЛАҚТА *Қойқалақ-қойқалақ ету, қойқаңдау.*

ҚОЙҚАЛАҢ *Қойқалаң-қойқалаң еткендік, қойқаң.*

ҚОЙҚАЛАҢДА *Қойқалаң-қойқалаң ету, қойқаңдау.* Ол ~п, теріс айналып кетті.

ҚОЙҚАҢ *Қолапайсыз қозғалыс, ерсі қимыл; қойқақ.* ◊ **Қойқаң ете қалды** — *қолапайсыз қозғалды, қойқаңдады.*

ҚОЙҚАҢДА *Қойқаң-қойқаң етіп, одыраңдай жүру; қойқақтау.*

ҚОЙҚАҢ-ҚОЙҚАҢ *Қайта-қайта қойқаңдағандық; қойқақ-құйқақ.* ~ басты. ◊ **Қойқаң-қойқаң етті** — *қойқаңдады, қойқақтады.*

ҚОЙҚАП *миф. Бақсылардың жыны мекендейтін жер.* Айтушылар бұл жер ертеде бақсының *қойқабы,* жын-сайтанның ойнағы болыпты деседі (Т. Әлімқұлов).

ҚОЙҚАРАҚАТ *бот.* 1. *Таулы жерде жабайы түрде өсетін жемісті бұта.* 2. *Осы бұтада өсетін, домалақ келген, уақ, мойылдай қара түсті жеміс.*

ҚОЙ-ҚОЗЫ *Қой мен қозы; қой және оның төлі.*

ҚОЙ-ҚОЙЛА *"Қой, қой" деп айту, тыныштандыру.*

ҚОЙҚЫН *көне. Жуан жіптен тоқылған қалың мата.* Ақ *қойқындай* кір болды, Арулардың ажары (Ақберен).

ҚОЙЛЫ *Қойы бар, қойы көп.* ~ ауыл (өңір).

ҚОЙЛЫҚ 1. *Қойдың құнындай, қойдың құнына тұрарлық.* Бір ~ ақша. 2. *Қойға арналған, қой сыярлық.* Мың жарым ~ қора.

ҚОЙМА 1. *көне. Қымбат дүниелер, қазына жасырылған жер.* 2. *Зат сақталынатын арнаулы орын; склад.* Ол қамыт-сайман тұратын *қойма* болса керек (Ақышев). 3. *Ауыс. Бір нәрсенің өте көп, мол сақталған жері; қор.* Қазақстан — түсті металл *қоймасы* ("Лен. жас").

ҚОЙМАЛЖЫ *Қоймалжың тарту, қойылу.* Бидай көже ~п қалыпты.

ҚОЙМАЛЖЫҢ *Аздап қоюлау; сұйық емес.* ~ көже (ботқа).

ҚОЙМАЛЖЫҢДАН *Қоймалжың тарту, қоюлану.*

ҚОЙМАЛЖЫҢДАУ *Аздап қоймалжың; қоюлау.* ~ жас сорпа.

ҚОЙМАШЫ *Қойма ұстаушы.* Ол ~ болып істейді.

ҚОЙНАУ 1. *Таудың жан-жағы биіктеу аңғары, іші.* Жазғы жайлауымыз осынау Қаратау *қойнауы* (Сыланов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің қойны, құшағы.* Республикамыздың жер *қойнауы* асыл қазынаға толы (Айдаров).

ҚОЙНАУЛАП *Қойнау бойын қуалап, сұғына кіріп.* Тауды ~ келеді.

ҚОЙНАУЛЫ *Қойнауы бар, қойнауы мол.* Кең ~.

ҚОЙТАС *Қойдың үлкендігіндей ірі-ірі тас.* ~тар көп.

ҚОЙТ-ҚОЙТ *Екі қошқарды не текені сүзістіру үшін айтылатын ишарат сөз.*

ҚОЙТ-ҚОЙТТА 1. *Қошқар, текелерді бір-біріне айдап салғанда қойт-қойт деп айту.* 2. *Ауыс. Біреуді біреуге айдап салу, ерегістіру, өшіктіру.*

ҚОЙТҰТҚЫ *Қойды артқы аяғынан іліп ұстауға арналған шопан құралы.* ~мен аяғынан іліп алды.

ҚОЙТҰЯҚ *Қой тұяғындай етіп құйылған кесек алтын немесе күміс.*

ҚОЙША *Қой тәрізді, қойға ұқсап.* ~ өріп жүр (санады). ◊ **Қойша бауыздады [қырды]** — *қырып-жойды, өлтірді.* **Қойша жамырады** — *жан-жақтан шулады, у-шу болды.* **Қойша ырды** — *дегеніне көндірді, айтқанын істетті.*

ҚОЙШЫ *Қой бағатын кісі, шопан.*

ҚОЙШЫ-ҚОЛАҢ *Қойшы, малшы-жалшы.* ~дар әңгімелесіп отырған.

ҚОЙШЫЛА *"Қойшы", "қойшы" деп айту.*

ҚОЙШЫЛЫҚ *Қой бағушылық, шопандық.*

ҚОЙЫЛ 1. *Қоюлана түсу, қоюы көбею.* Көже ~ып қалыпты. 2. *Ауыс. Үдей түсу, күшею.* Түн ортасы ауып, қараңғылық *қойыла* түсті (Тілепов).

ҚОЙЫЛЫМ *Спектакльдің кезекті көрсетілуі.* Бұл үшінші ~.

ҚОЙЫЛЫС *Мәселенің қойылу тәртібі, реті.*

ҚОЙЫН 1. *Үстідегі киімнің кеуде тұстағы ішкі жағы.* Орамалды ~ына тығып алды. 2. *Кең құшақ.* Бала анасының ~ында жатыр. 3. *Ауыс. Жер қойнауы, асты, қуыс.* Олар тау *қойнынан* үңгіп алынған жыныстық сыртқа шығарып жүр (Жұмақанов). □ **Қойын дәптер [кітапша]** — *қойын қалтаға салып жүретін кішірек дәптер; блокнот.* **Қойын қалта** — *киімнің кеуде тұсындағы ішкі қалтасы.* ◊ **Қойнына барды** — *төсекте жатқан әйелге (қызға) қол салды.* **Қойнын ашты** — *қарсы алды, жылы қабылдады.* **Қойнынан бөзі, аузынан сөзі түскен** — *болбыр, бос.* **Қойнына салды** — *біреудің баласын бауырына басты, бақты.* **Қойнын құтты қылсын** — *тұрмыс құрған жастарға айтылатын тілек.* **Қойның құр жатпасын** — *көп балалы бол деген тілек.*

ҚОЙЫНДАС 1. *Құшақтасып бірге жату, бір төсекте жату.* 2. *Ауыс. Ұштасу, астасу, байланысу.* Бұл поэмада ақынның жан сезімі бүкіл халықтық оқиғамен *қойындасып* кеткен (Мәуленов).

ҚОЙЫН-ҚОЛТЫҚ *Қойын мен қолтық.* ~ғынан жел үрлеп тұр, ~ын тінтіді.

ҚОЙЫРТПАҚ 1. *Сүт араластырған (қосқан) айран немесе қымыз; сусын.* Мен қойын бағып, *қойыртпағын* ішіп қана отырған байдың бірі емеспін (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Екі-үш нәрсенің араласып кетуі, қоспа, былық.* Жыпықтың *қойыртпақ* әңгімесін Күлпаш тыңдап отырған (Жөкенов).

ҚОЙЫРТПАҚТА *Әр нәрсені араластыру, шатпақтау.* Ол ~п сөйледі.

ҚОЙЫРТПАҚТАУ *Қойыртпағы басым, былығы көбірек.* Сәл ~.

ҚОҚАЙ 1. *Сораю, сойдию.* ~ған ағаш. 2. *Қоқыраю, қодыраю.* Оның да *қоқайған* бөркі қалыпты ғой тек (Р.Тоқтаров). 3. *Ауыс. Серейіп қатып қалу, қоқию.* Жұмаш *қоқайып* қатып қалған бір қойдың етін жерге тастады (Санбаев).

ҚОҚАЙЛАН *Қодыраңдау, қоқақтау, қыр көрсету.* Бастық болып, *қоқайланғаны* кімге керек (Жақсыбаев).

ҚОҚАЙМА *Қоқиған, қодырайған, қоқима.* ~ бөрік (қалпақ).

ҚОҚАЙМАЛЫ *Қоқаймасы бар, қоқайған.*

ҚОҚАҚ *Қоқаңдаған мінез, қодыраң.* ~ты қой.

ҚОҚАҢ-СОҚАҚ *Қоқақтап көтерілу, орынсыз доңайбат.*

ҚОҚАҚТА *Қодыраңдау, қоқаңдау.* Ашулы ана көсеуін көтеріп *қоқақтағанымен,* ұрмады (Мағауин).

ҚОҚАЛАҚ 1. *Қоқалақтап, тыныш отыра алмаушылық.* 2. *Наразылық, дүрбелең, қозғалыс.* Бұлар ел ішіндегі *қоқалақты* естіп, атқа мініпті (Жансүгіров).

ҚОҚАЛАҚТА *Тыныш отыра алмау, қоқалақ-қоқалақ ету.* Ол ~й бастады.

ҚОҚАН: қоқан арба — *үлкен қос доңғалақты жеңіл арба.* **Қоқан ер** — *қоқандықтардың стилінде жасалған ер.*

ҚОҚАН-ЛОҚЫ *Әншейін құр далбаса, сес, қоқаң; қорқытқандық.* ◊ **Қоқан-лоқы жасады** — *қорқытты, айбат шекті.* **Қоқан-лоқы көрсетті** — *қоқаңдады, сес көрсетті.*

ҚОҚАН-ЛОҚЫЛЫҚ *Қорқытушылық, сес көрсетушілік.*

ҚОҚАҢ *Қодыраң, едірең, қоқақ.* Ол жасауылдың *қоқаңынан* қыңбады (Т. Әлімқұлов).

ҚОҚАҢДА 1. *Қоқаң-қоқаң ету, қопаңдау.* Ат үстінде *қоқаңдап* келе жатқан ақтың солдаттарын көрді (Лекеров). 2. *Ауыс. Едіреңдеу, сес көрсету.* Аблезге табан астында *қоқаңдап* шыға келгеніне таң (Тарази).

ҚОҚАҢ-ҚОҚАҢ *Қопаң-қопаң, қопақ-қопақ.* ◊ **Қоқаң-қоқаң етті** — *қоқаңдады, сес көрсетті.*

ҚОҚИ 1. *Қоқаю, қодыраю, дөңкию.* Ол ат үстінде ~ып отыр 2. *Ауыс. Едірею, қораздану, сестену.*

— Вася, сен енді командирмін деп *қоқиып* жүруіңді қой (Қайсенов). ◊ **Қоқиды көрді** — *біреуден қорлық көрді, қиянат шекті.*

ҚОҚИҚАЗ *зоол. Сирағы ұзын, тұмсығы ішке қарай иілген, қызғылт түсті, ірі су құсы; фламинго.*

ҚОҚИЛАН *Қодыраңдау, едіреңдеу, қораздану.*

ҚОҚИМА *Қоқиған, қодырайған.* ~ *бөрік.*

ҚОҚИТ 1. *өзг. етіс. Қоқи-т.* 2. *Ауыс. Үлкейтіп көрсету, зорайту.* Жолбарыс деп неге сонша ***қоқитады*** оны (Қыдырбекұлы).

ҚОҚСЫ *Ыбырсу, шашылу, былығу.* ~*ған қағаз.*

ҚОҚСЫҚ *Ескі-құсқы заттар, қыл-қыбыр.*

ҚОҚСЫТ 1. *өзг. етіс. Қоқсы-т.* 2. *Ауыс. Бұтып-шату, былықтыру.* Сапарбекке тағы да бірдеңелерді ***қоқсытты*** (Жұмақанов).

ҚОҚТЫ *Өзен, көл жағалауындағы қалың өскен, малға пана болар лық жер; жыныс.* Күн қызбай малды ***қоқтыға*** түсіре қояйын (Сыланов).

ҚОҚТЫҚ *Сыпырынды зат, күл-қоқыр, қоқсық.* Қораның айналасын ~*тан тазарт.*

ҚОҚТЫҚ-СОҚТЫҚ *Қоқыр-соқыр, ескі-құсқы.*

ҚОҚШЫ *Қоқию, қодыраю.* Сөлдесі ~*ып кетіпті.*

ҚОҚЫЛ *Тауықтың қоқылдаған дыбысы, үні.* Қорадан тауықтың ***қоқылы*** естілді (Әлжіков).

ҚОҚЫЛДА *Әтеш пен тауықтың қоқ-қоқ етіп дыбыс шығаруы.* Тауықтар ~*п жатыр.*

ҚОҚЫЛЫҚ *Қоқылықтаған дыбыс; қоқыл.* Тауықтың ~*ғы.*

ҚОҚЫЛЫҚТА *Қоқылық-қоқылық ету, қоқылдау.*

ҚОҚЫМ *Белгілі бір заттың ұсақ-түйек қиқымы.* Бидайдың ~*ы.*

ҚОҚЫМДА *Қоқым ету, уату.* ~*п тастапты.*

ҚОҚЫМ-СОҚЫМ *Әр түрлі ұсақ-түйек қалдық.*

ҚОҚЫР I *Әр түрлі сыпырынды зат, ұсақ-түйек, қоқсық.* Үйлерінің алды толған ~.

ҚОҚЫР II *көне. Хан-сұлтандар киетін, оқалы, зерлі бас киім.* Уәлиге де патша ағзам құндыз ішік, оқалы ***қоқыр*** берді (Есенберлин).

ҚОҚЫРАЙ 1. *Қоқаю, қодыраю, қоқию.* 2. *Ауыс. Меншенсу, әлдеқандай болу.* Басшымен танысып алған соң, ол ***қоқырайып*** шыға келді (Қалмырзаев).

ҚОҚЫРАЙМА *Қоқырайған, қоқиған, қоқайма.* ~ *қалпақ.*

ҚОҚЫРАҚ *Шоқаң-шоқаң, ербең-ербең еткендік, қоқырақтағандық.*

ҚОҚЫРАҚТА 1. *Қоқыраң-қоқыраң етіп шабу.* Ол ~*п шауып келеді.* 2. *Ауыс. Қоқаңдау, күш көрсету.* Қайсы біреулерге ұқсап, қатын-балаға ***қоқырақтай*** бермейді (Сегізбаев).

ҚОҚЫРАҢ *Қоқыраң-қоқыраң еткендік, қоқыраңдағандық.*

ҚОҚЫРАҢДА 1. *Қоқаңдап шабу, қоқаң-қоқаң ету.* Солдаттар ~*п шауып жүр.* 2. *Ауыс. Қодыраңдау, қоқаңдау, қодаңдау.* Зылиқаға еркектік қылып, ***қоқыраңдай*** береді (Майлин).

ҚОҚЫРСАУЫТ *жаңа. Қоқыр-соқыр салатын ыдыс.*

ҚОҚЫР-СОҚЫР 1. *Әр түрлі сыпырынды зат; қоқтық-соқтық.* 2. *Ауыс. Үйдегі әр түрлі ескі-құсқы, ұсақ-түйек зат.* Тіптен үйіндегі ***қоқыр-соқырға*** дейін сатып жіберді (Иманбеков).

ҚОҚЫРСЫ *Үйдің іші шашылып жатуы, қоқсу.* Үйдің іші ~*п кетіпті.*

ҚОҚЫРСЫҚ *Әр түрлі тастанды зат, қоқыр-соқыр.*

ҚОҚЫРШЫ *жаңа. Елден ескі-құсқы зат қабылдап алатын адам.* Күрекең арбасы аударылып қалған ***қоқыршының*** үйіне түсті (Қабышев).

ҚОҚЫС *Керексіз, әр түрлі тастанды зат, қоқыр-соқыр.*

ҚОҚЫТ 1. *Қоқырсыту, қоқсыту, ыбырсыту.* Әйелдер өз отының басын ***қоқытпай*** ұстауға тиіс (Келіншектерге кеңес). 2. *Ауыс. Бықсытып бір нәрсені айту, қоңырсыту.* Әркім өз білгенінше ~*ып жүр.*

ҚОЛ I 1. *Адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін дене мүшесі.* ~*ын жуды.* 2. *Ауыс. Қолтаңба, жазу; почерк.* Көкемнің ***қолы*** көзіме оттай басылды (Дүзенов). 3. *Жұмыс күші, адам.* Бел орақтың кезінде шөп шабу үшін көп ***қол*** керек (С. Мұқанов). □ **Қол айна** — *алып жүруге ыңғайлы кішірек айна.* **Қол ара** — *бір ғана адам кесе алатын кішірек ара.* **Қол бұран** *(кәсіби.)* — *қолмен бұрау арқылы шахта үстіне көмір шығаратын қарапайым құрал.* **Қол добы** *(спорт.)* — *қарсы жақтың қақпасына допты қолмен лақтыру арқылы кіргізуге тырысатын ойын; гандбол.* **Қол кілем** — *үй жағдайында қолдан тоқылған кілем.* **Қол қырықтық** — *малдың жүнін қолмен қырқатын қайшы.* **Қол орақ** — *егін, шөп оратын орақ.* **Қол орамал** — *кішкене орамал; бет орамал.* **Қол пулемет** — *қолмен сүйреп жүруге ыңғайлы кішкене пулемет.* **Қол сағат** — *қолға тағатын сағат.* **Қол шатыр** — *жауында қолға ұстап жүретін шатыр.* **Қол шалғы** — *қолмен шөп шабатын шалғы.* **Қол шығыр** — *қолмен бұрау арқылы су шығаратын шығыр.* ◊ **Қол алды** — *сәлемдесті, амандасты.* **Қол алысты** — *уәделесті, серттесті.* **Қол артты** — *арқа сүйеді, тірек етті.* **Қол астында** — *қарамағында, билігінде.* **Қол байлау [болды]** — *кедергі, бөгет.* **Қол бала** — а) *барып кел, алып келге жұмсалатын бала;* ә) *қолда өскен; үйреншікті.* **Қол басындай** — *жұдырықтай, кішкентай.* **Қол батпайды** — *тығыз, қатты, тығыршықтай.* **Қол бөгеу** — *бөгеу болатын (іс).* **Қол бұлғады** — а) *қолын ары-бері бұлғақтатып, қоштасты;* ә) *бері кел деп, шақырды.* **Қолға алды** — а) *қолына ұстады, көрді;* ә) *істі орындауға кірісті; айналысты, шұғылданды.* **Қолға [қолына] қарады** — а) *жайылымға шықпай, қорада болды (мал);* ә) *біреуге кіріптар болды (адам);* б) *дәме етті.* **Қолға қондырды [түсірді]** — *қызды айналдырып, өзіне қаратты; үйленді.* **Қолға түсті** — *ұсталды, тұтқын болды.* **Қолдан берді** — а) *қызды той жасап, күйеуге берді;* ә) *көріп-біліп тұрып, айырылып қалды.* **Қолдан шығармады** — *уысынан босатпады; еркіне жібермеді.* **Қолды болды** — *із-тұзсіз жоғалды, ұрланды.* **Қолдың [бес қолдың] саласындай** — *біркелкі, әдемі, әсем.* **Қол еңбегі** — *қолмен орындалатын жұмыс.* **Қол жайды** — а) *қолын көтеріп, бата тіледі;* ә) *бір нәрсені емініп сұрады, тіледі.* **Қол жетпес** — *орындалуы қиын, арман болған.* **Қол жұмсады** — *ұрды, соқты.* **Қол көтерді** — а) *бағынды, тізе бүкті; берілді;* ә) *ұрды, соқты; қол жұмсады.* **Қол күші** — *қолмен істелетін еңбек.* **Қол қойды** — а) *қағазға қолтаңбасын салды; растады;* ә) *қолдады, құптады.* **Қол қуатты болсын** — *бір нәрсе істеп жатқанда айтылатын тілек.* **Қол қусырды** — *бағынды, тағзым етті.* **Қол қусырып**

отыр — *еш нәрсе істемей текке отыр.* **Қол салды** — а) *ұрлады, жымқырды;* ә) *біреудің қойнына бармақ болды.* **Қол созды [сермеді]** — *бір нәрсеге талаптанды, ұмтылды.* **Қол созым [ұсыным] жер** — *онша алыс емес жер.* **Қол соқты [ұрды, шапалақтады]** — *қол ұрып, қошемет көрсетті.* **Қол сұқты** — а) *біреудің ішкі ісіне араласты;* ә) *сұғанақтық етті, ұрлады.* **Қол тапсырды** *(діни)* — *тәуеп етті, сыйынды.* **Қол тигізбеді** — а) *бір жері зар қақсап ауырды;* ә) *еш нәрсеге жәрдем етпеді, көмегі болмады.* **Қол ұстасып** — *тізе қосып, бірігіп.* **Қол ұстату** — *Күйеу баланың киіз үйдің сыртында, қыздың үйдің ішінде тұрып, киіз үйдің жабығынан бір-біріне қолдарын ұстату салты.* **Қол ұшын берді** — *қолғабыс етті, көмек көрсетті.* **Қол үзді** — *байланыс жасаспай кетті; аралары суыды.* **Қолы алдына сыймады** — *не істерін білмеді, жалықты.* **Қолы аузына жетті [өз қолы өз аузына жетті]** — *өзін-өзі асырайтын дәрежеге жетті.* **Қолы ашық [сақи]** — *мырза, жомарт, береген.* **Қолы бармады** — *батылы жетпеді.* **Қолы батпады** — *ұруға, соғуға аяды.* **Қолы [қол] бос** — *істейтін ешқандай жұмысы жоқ.* **Қолы епті** — *бір нәрсені істеуге шебер, икемді.* **Қолы жеңіл** — *істеген ісі оңға басатын, сәті түсетін.* **Қолы [қол] жетті [жетпеді]** — *бір нәрсеге ие болды, арманы орындалды.* **Қолы жүйрік** — а) *бір нәрсені тез істеп тастайтын, тындырымды;* ә) *біреуді ұрып жіберуге дайын тұратын.* **Қолы кесілді** — *еш нәрсе істей алмады, мысы құрыды.* **Қолы қалт етсе** — *қолы сәл босап қалса.* **Қолы қатты** — а) *қолы қатты тиетін;* ә) *еш нәрсесін бермейтін сарақ.* **Қолы қолына жұқпайды [тимейді]** — *жұмысты жылдам істейді.* **Қолы құтаймайды** — *берекесі болмайды, байымайды.* **Қолы [қол] қысқа** — *кедей, жарлы.* **Қолымен күл көседі** — *біреудің бар жұмысын істеді.* **Қолымен қойғандай** — *дәл, нақтылы.* **Қолымен істегенді мойнымен көтерді** — *өз күнәсін өзі тартты.* **Қолынан боқ та [түк те] келмейді** — *бір нәрсе істеуге шамасы жетпейді.* **Қолынан екі келсе, бірін қылсын** — *қолынан келгенін істесін, аямасын.* **Қолынан келгенше** — *мүмкіндігінше, өз әлінше.* **Қолына түкіріп отыр** — *әлекендей жалынып, дайын отыр.* **Қолын [жіпсіз] байлады** — *бір нәрсені істеуге кедергі болды, бөгет жасады.* **Қолында болды [өсті, жүрді]** — *біреудің тәрбиесінде болды, қарамағында өсті.* **Қолын жылы суға малды** — *тұрмыстың қызығын көрді.* **Қолын қақпады** — *бетін қайтармады; қарсы тұрмады.* **Қолының жымысқысы [сұғанақтығы] бар** — *бірдеңені қымқырып кететін, жымқырма (адам).* **Қолы тар** — *сарақ, қытымыр.* **Қолы [қол] тиді [тимеді]** — *жұмыстан қолы босады; бос уақыты болды.* **Қолы тиді** — *ұрды, соқты, сабады.* **Қолы ұзарды** — а) *біреу жәрдемдесті, көмекке жарыды;* ә) *байыды, әлденді.* **Қолы ұзын** — *беделді, сөзі өтімді.*

ҚОЛ II *көне. Әскер, жасақ, жауынгер.* Қалың ~.

ҚОЛ III *Жөн, ыңғай, лайық.* Бұл жұмыс саған ~ емес. ◊ **Қол көрді** — *дұрыс деп тапты, мақұл көрді.*

ҚОЛА *Мыс пен басқа бір химиялық элементтің қосындысынан алынған металл; қорытпа.* □ **Қола дәуірі** — *тұрмыста қола металы кең тараған тарихи-мәдени кезең; тас дәуірінен кейінгі дәуір.* **Қола жүлдегері** — *қола медалымен наградталған спортшы.* **Қола медаль** — *үшінші орын алған жүлдегерге берілетін, қоладан жасалған медаль.*

ҚОЛАБА *көне. Ат үстінде қолға ұстайтын, бір басы шоқпар сияқты үлкен, сабы қысқа ұшқыр қару.* Өкпеден салдым *қолаба* (Бозінген).

ҚОЛАБАДАЙ *Үлкен, дәу; домалақ. Қолабадай* басы бар (Қаз. ауыз әдеб.).

ҚОЛАҒАШ *Қазық қағуға арналған бір басы жуан құрал; қолтоқпақ.* ◊ **Қолағаш мұрын** — *қоңқиған, үлкен мұрын.*

ҚОЛАҒАШТАЙ *Үлкен, жуан, қоңқиған.* Мұрны ~.

ҚОЛАЙ *Жөн, ыңғай.* ~ына жақты. ◊ **Қолай көрмеді** — *ыңғайсыз деп санады, қолайсыз көрді.* **Қолайы келсе** — *реті, жөні келсе.*

ҚОЛАЙЛА *Ыңғайлау, әзірлеу.* Мылтығын *қолайлап* алды (Аймауытов).

ҚОЛАЙЛЫ *Ыңғайлы, жөнді, тиімді.*

ҚОЛАЙЛЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, жайлылық.*

ҚОЛАЙСЫЗДАН *Ыңғайсыздану, қысылу.* Ол ~ып отыр.

ҚОЛАЙСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, жөнсіздеу.* ~ жағдай.

ҚОЛАЙСЫЗДЫҚ *Ыңғайсыздық, жөнсіздік.*

ҚОЛАЙСЫЗЫРАҚ *Ыңғайсыздау, жөнсіздеу.*

ҚОЛАҚПАНДАЙ *Үлкен, дәу.* ~ жігіт (балға).

ҚОЛАҚЫ *Бір іске көмектескені үшін берілетін ақы, төлем.* ~ сұрады.

ҚОЛАМТА *Жанып біткен оттың ыстық күлі.* ~ға көмді.

ҚОЛАМТАЛАН *Оттың сөніп, ыстық күлге айналуы.*

ҚОЛАМТАЛЫ *Қоламтасы бар.* ~ от (шоқ).

ҚОЛАҢ *Қалың, тығыз өскен; жуан.* ~ шаш.

ҚОЛАҢСА I *Аттың алдыңғы аяғының ішкі жағындағы мүйізгек.* Қан аттың *қолаңсасынан* келді ("Ер Қосай" жыры).

ҚОЛАҢСА II *Терлегенде қолтықтан шығатын жағымсыз иіс.* ~сасиды.

ҚОЛАПАЙСЫЗ *Икемсіз, ебедейсіз; ыңғайсыз.* ~ адам.

ҚОЛАПАЙСЫЗДАН *Ыңғайсыздану; қысылу, қымтырылу.*

ҚОЛАПАЙСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, икемсіздеу.* Дене бітімі ~.

ҚОЛАПАЙСЫЗДЫҚ *Ебедейсіздік, икемсіздік.*

ҚОЛАТ *Тау беткейлеріндегі сай-жыралардың арасында жатқан ұзынша келген, дөңестеу, кең аңғар.* Қой ~та жатыр.

ҚОЛАТ-ҚОЛАТ *Бірнеше қолат; қолаты көп.* ~ күнгейлер.

ҚОЛАУ *Көп мінілген тай-құнанның аяғынан ақсап қалуы.* Құнаны ~ боп қалды.

ҚОЛ-АЯҚ *Қол мен аяқтың жалпы атауы.* ~ғы сырқырады. ◊ **Қол-аяғы жерге тимеді** — *зыр жүгірді, елпең қақты.* **Қол-аяғын бауырына алды [жиды]** — *аман-есен босанды.* **Қол-аяғы ұзарды** — *біреуді анда-мұнда жұмсап, жетісіп қалды.*

ҚОЛБАҚЫР *Сабы бар, кішкене металл ыдыс.*

ҚОЛБАҢ *Олпы-солпы, кең; қолапайсыз.* Үстіндегі киімі ~.

ҚОЛБАҢДА *Қолбаң-қолбаң ету, далбаңдау.*

ҚОЛБАСШЫ *Қол бастаушы, қолға басшылық етуші; әскербасы.*

ҚОЛБАСШЫЛЫҚ *Қолбасшы болушылық, армияны басқарушылық.*

ҚОЛБАСЫ *Қолды, әскерді бастаушы, қолбасшы.*

ҚОЛБАУ *Бесікте жатқан жас баланың қолын бастырып байлап қоятын жалпақ бау.* Бесіктегі баланы бастырып қою үшін, шүберектен әдемілеп сырыған жалпақ *қолбау* және тізебау жасалады (Х. Арғынбаев).

ҚОЛБЫРА *Олпы-солпы болу, сөлбіреу.* Үстіне киген ішігі *қолбырап,* сүйретіліп тұр (Алдабергенов).

ҚОЛҒАБЫС *Көмек, жәрдем.* Қолынан келген ~ын аямады. ◊ **Қолғабыс берді [етті, тигізді]** — *көмектесті, көмек көрсетті, жәрдемдесті.*

ҚОЛҒАНАТ *Бір нәрсеге болысушы, жәрдемші бала.*

ҚОЛҒАНАТТЫҚ *Қолғанат болушылық, жәрдемшілік.* Балаларым ~қа жарап қалған.

ҚОЛҒАП *Суықтан қорғау үшін қолға киетін киім.*

ҚОЛҒАПТЫҚ *Қолғап боларлық, қолғап тоқуға жарарлық.* ~ былғары (жүн).

ҚОЛДА I *Бағымда, күтімде.* Мал ~ тұрады.

ҚОЛДА II *Біреуді жақтау, айтқанына қосылу.* Ол бізді ~ды. ◊ **Қолдай гөр** — *жалбарыныштық тілек.*

ҚОЛДАЙ *Қол қалпында, бойынша, қол күйінде.* Бұғыны сойып, қолын *қолдай,* санын сандай таратты (Сыланов).

ҚОЛДАН *Бір нәрсені пайдалану, жұмсау, іске асыру.* Бибі ғылымның жаңалықтарын батыл *қолдана* алады (Еділбаев).

ҚОЛДАНБАЛЫ *жаңа. Практикалық мәні күшті, шаруашылыққа пайдасы зор.* ~ еңбектер.

ҚОЛДАН-ҚОЛҒА *Бір қолдан екінші қолға, бірден-бірге.* ◊ **Қолдан-қолға ауысты** — *бірден-бірге өтті.* **Қолдан-қолға тигізбеді** — *бірінен кейін бірі іліп әкетті, қастерледі.*

ҚОЛДАНУШЫЛЫҚ *Қолданғандық, пайдаланғандық, жұмсаушылық.*

ҚОЛДАНЫС *Қолдану ісі, пайдалану әдісі.* Өркімнің өзіне тән сөз ~ы бар.

ҚОЛДАП: **екі [қос] қолдап** — *екі (қос) қолмен ұстап.*

ҚОЛДАП-ҚОШТАП *Қуаттап, жақтап, мақұлдап.* Айтқандарын ~ отырды.

ҚОЛДАС 1. *Екі кісі қолдарын айқастырып ұстау.* Әлсіздері ~ып көтерді. 2. *Ауыс. Бірігу, бірлесу, күш қосу.* Кешегі ұрыста автоматчиктердің бірінші взводы үшінші батальонмен *қолдасып* шабуыл жасаған еді (М. Ғабдуллин).

ҚОЛДАСЫП *Бір-біріне қол беріп, қол алысып.* ~ амандасты (қоштасты).

ҚОЛДАУ I 1. *қ. атау. Қолда-у.* 2. *Жақтау, қуаттау.* Ол өзіне ~ іздегендей. ◊ **Қолдау тапты** — *қолдаушылар көбейді.*

ҚОЛДАУ II *Малдың алдыңғы аяғының (қолының) қолтықпен ұштасқан тұсы, бұлшық етті жері. Қолдау* еті бесіктей (Батырлар жыры).

ҚОЛДАУ: **арзан [төмен] қолдау** — *құны төмендеу, арзандау.*

ҚОЛДАУЛЫҚ *Мал аяғының қолдау тұсы.* Атты қазыққа әкеліп, *қолдаулықтан* қыл тұсаумен буып тұсады (Нәжімеденов).

ҚОЛДАУШЫ *Жақтаушы, қуаттаушы.*

ҚОЛДАУШЫЛЫҚ *Қолдағандық, жақтағандық.*

ҚОЛДЫ I *Тез өтіп кететін, сұранысты, өтімді.* Көпшілік ~ тауар. ◊ **Қолды болды** — *ұрланды, ұрлап кетті.* **Қолды етті [қылды]** — *ұрлатты, алғызып қойды.*

ҚОЛДЫ II *Жайлы, қолайлы, оңды.* Өзімізге ~сы осы.

ҚОЛДЫ-АЯҚ: **қолды-аяққа тұрғызбады** — *дегбірін алды, асықтырды.* **Қолды-аяққа тұрмады** — *шыдамсызданды, тыпыршыды.*

ҚОЛДЫ-АЯҚТЫ *Бір нәрсеге оңтайлы, ыңғайлы; тіл алғыш.* ~ бала.

ҚОЛДЫЛАУ: **жеңіл қолдылау** — *онша қымбат емес, арзандау.*

ҚОЛДЫЛЫҚ: **ала қолдылық** — *бәрін бірдей көрмеушілік, алалаушылық.*

ҚОЛДЫРА *Терісі күлдіреп, ісініп кету.* Қолы ~п кеткен.

ҚОЛДЫРАҚ *Қолдырап ісініп кеткен тері; күлдірек.* Денесіндегі *қолдырақ* жарылып, жараға айналады (Сейкетова).

ҚОЛЖАЗБА *Біреудің қолмен жазған, я машинкаға бастырған туындысы; шығармасының түпнұсқасы.*

ҚОЛЖАУЛЫҚ *Қол сүртетін орамал; қол орамал.* Маңдайынан аққан терді ~пен сүртті. ◊ **Қолжаулық болды** — *біреудің мазағында болды, илеуінде жүрді.* **Қолжаулық етті [қылды]** — *мазақтады, қорлады.*

ҚОЛЖУҒЫШ *Беті-қол жуу үшін арнайы жасалған су ағатын түтігі бар бұйым.*

ҚОЛКЕСЕР *Мал сойған адамға берілетін ырым ет.* ~ де бермеді.

ҚОЛҚ: **қолқ етті** — *кең киімді кигендегі қолайсыз күй; күп етті.*

ҚОЛҚА I 1. *Жүрек қарыншаларынан басталып, дененің әр түрлі мүшелеріне қан тарататын ең ірі және басты тамыр.* 2. *Кеңірдек пен өкпенің түйіскен жері; тыныс органдарының негізгі бөлігі.* Бу атып, танау, *қолқа* будақ-будақ (Ө. Нұрғалиев). ◊ **Қолқаны алды [қапты]** — *дем алуын қиындатты, тұншықтырды.* **Қолқаны атты** — *мұрынға жаман иіс келді.* **Қолқаңды құрт жесін (қарғ.)** — *қолқа құртына ұшыра!* **Қолқасын суырды [үзді]** — *екі аяғын бір етікке тықты, тықсырды.*

ҚОЛҚА II 1. *Жақын адамның бір нәрсені қалауы, сұрауы.* 2. *Ауыс. Өтініш, тілек.* Бастыққа ол өз *қолқасын* да айтып жатыр (Саржайлау). ◊ **Қолқа салды** — *бір нәрсені қалады, сұрады.*

ҚОЛҚА III *Жүк артқан түйенің тарту арқанының дәл төске келетін жеріне өткізіп қоятын жең сияқты киіз.*

ҚОЛҚАЙЫР *Тапқан табыстан берілетін садақа.* ~ берді.

ҚОЛҚАЛА *Бір нәрсені қалап сұрау, өтіну.*

ҚОЛҚАЛЫҚ *Қалауға тұрарлық, өтініш етерлік.* Күпің ~ киім екен.

ҚОЛҚАН *Көп боталаған кәрі інген.*

ҚОЛҚА-НАЗ *Назды өтініш, тілек.*

ҚОЛҚАШЫЛ *Қолқа салғыш, қолқалағыш.*

ҚОЛҚ-ҚОЛҚ: **қолқ-қолқ етті** — *қолқылдады, қолпылдады.*

ҚОЛҚЫЛДА *Қолқ-қолқ ету, қолпылдау.*

ҚОЛҚЫЛДАҚ *Қолқылдап қалған, кең.* ~ киім (етік).

ҚОЛМА-ҚОЛ *Бірден, дереу, іле-шала.* Ол ~ тауып берді. ◊ **Қолма-қол есеп айырысу** — *басынабас бірден нақты ақша немесе басқа зат беру арқылы есептесу; наличный расчет.*

ҚОЛӨНЕР *Қарапайым еңбек құралдарының көмегімен қолдан жасалған бұйым, зат.* ◊ **Қолөнер училищесі** — *түрлі шеберлікке үйрететін орта дәрежелі оқу орны.*

ҚОЛӨНЕРЛІК *Қолөнерге қатысты; қолөнеріне үйрететін.* ~ бұйым.

ҚОЛӨНЕРШІ *Қолөнерімен айналысушы шебер, маман.* ~лер көп.

ҚОЛӨНЕРШІЛІК *Қолөнерімен айналысушылық.* ~пен айналысты.

ҚОЛП: қолп етті — *қолқ етті, қолқылдады.*

ҚОЛПАШ *Біреуге көрсетілген қошемет, құрмет.* ~ көрсетті.

ҚОЛПАШТА *Көтермелеу, дәріптеу, қолдау, құрметтеу.*

ҚОЛПАШТАУШЫ *Қолпаш көрсетуші, көтермелеуші, дәріптеуші, қолдаушы.*

ҚОЛПАШТАУШЫЛЫҚ *Қолпаш көрсетушілік, көтермелеушілік, дәріптеушілік, қолдаушылық.*

ҚОЛПАШШЫЛ *Біреуді қолпаштауды ұнататын.* ~ адам.

ҚОЛП-ҚОЛП: қолп-қолп етті — *қолпылдады, қолқылдады.*

ҚОЛПЫЛДА *Кең болғандықтан қолп-қолп ету, қолқылдау.* Үстінде ~ған ескі күрте.

ҚОЛСОҚПАҚ *"Күнәсі" үшін біреудің қолын (алақанын) белдікпен соғып ойнайтын ұлттық ойын.* Жастар алқа-қотан отырып, **қолсоқпақ** ойнады (Соқпақбаев).

ҚОЛТАҢБА 1. *Автордың кітап бетіне өз қолымен жазған жазуы; автограф.* ~ сұрады. 2. *Өнер шеберлерінің құрылыс, өнер, мәдениет істеріндегі өзіндік ерекшелігі, стильдік өрнегі.* Көрнекті құрылысшының ~сы.

ҚОЛТОҚПАҚТАЙ *Қолтоқпақ тәрізді шағын, кіп-кішкентай.* Өзі ~ ғана.

ҚОЛТУМА 1. *Қолда туып-өскен.* ~ мал. 2. *Ауыс. Өзіне тән, өзіндік.* Қазақтың байырғы ~ мақал-мәтелдері.

ҚОЛТҰЗАҚ *Ұштары тұйықталған жіңішке жіпті екі қолдың саусақтарына іліп алып ойнайтын ойын; шалма.*

ҚОЛТЫҚ I 1. *Адам, жан-жануарлар қолының төспен ұштасқан жерінің асты, иық пен иінінің ішкі жағы.* ~ғына қолы тиді. 2. *Киім жеңінің боймен жалғасқан жерінің асты; қолтық тұсы.* Бешпентінің **қолтығы** жыртық екен (Жағанова). ◊ **Қолтығына кірді [тығылды]** — *біреуді арқа тұтты, қорғаныш етті.* **Қолтығына қысты** — *панасына алды, қамқорлық етті.* **Қолтығынан демеді [сүйеді]** — *біреуге қамқоршы, жебеуші болды, жәрдемдесті.* **Қолтығына су [дым] бүрікті** — *айдап салды, желіктірді.* **Қолтығында кетті [кете барды]** — *біреудің еркіне көнді.*

ҚОЛТЫҚ II *геогр.* 1. *Белгілі бір мекен-жайдың немесе орман-тоғай, сай-саланың тасалау, ықтасындау жері.* Сиырлар өзен аңғарындағы **қолтықта** жатыр (Көшімов). 2. *Мұхит, теңіз, көл суының құрылыққа ішкерілей кірген жіңішке бөлегі; қойнау.* Бозаралға дейінгі аралықта зерттелмеген бірде-бір **қолтық,** бұғаз жоқ (Тайыров).

ҚОЛТЫҚСҮЙЕР *этногр. Құданың қолтығынан сүйегені үшін алатын кәде.* ~ алды.

ҚОЛТЫҚТА 1. *Біреудің қолтығынан сүйемелдеу, ұстау.* ~п үйге кіргізді. 2. *Бір нәрсені қолтығына қысу.* Ол папкасын **қолтықтап** есіктен шыға берді (Тоғысбаев).

ҚОЛТЫҚША I *Ою-өрнектің иіліп келген ішкі жағы.* Ол үшкілдер мен **қолтықшалардан** құралады (Қасиманов).

ҚОЛТЫҚША II *Қолтық тәрізді, қолтық секілді.*

ҚОЛТЫРАУЫН *Ыстық жақтарда болатын бауырымен жорғалайтын су мақұлығы; крокодил.*

ҚОЛТЫРМА *Қолға ұстап шөп тырмалайтын тырма.*

ҚОЛТЫРМАШ *Арқаға көтерген жүкті қолтықтың астынан алып, байлап қоятын жіп.*

ҚОЛТЫРМАШТА *Арқадағы жүкті бастырып, байлап қою, таңу.* Арқасындағы құрайын ~п алыпты.

ҚОЛҰСТАТАР *этногр. Жеңгесіне күйеу бала тарапынан берілетін кәде.* Ит ырылдатар дей ме, **қолұстатар** дей ме, әйтеуір, толып жатқан ырымдар (Жұртбаев).

ҚОЛҰЗДІК *Соғым сойып берген кісіге еттей берілетін ақы; қолақы.* ~ берді (алды).

ҚОЛХАТ *Бір нәрсені алғандығын жазбаша түрде растап, қол қойған құжат қағаз.* ~ алды (жазды).

ҚОЛШАТЫР *Жауыннан, күн көзінен қорғану үшін қолға ұстап жүретін, әдемі жеңіл шатыр.* Қолында қызыл гүлді ~ы бар.

ҚОЛШОҚПАР 1. *Қару ретінде пайдаланылатын басы жұдырықтай таяқ.* Белбеуіне ~ қыстырған. 2. *Ауыс. Біреудің сойылын соғатын адам.* Шалабайлар — байдың **қолшоқпарлары** (Ғ. Мүстафин). ◊ **Қолшоқпар болды** — *біреудің сойылын соқты, сөзін сөйледі.*

ҚОЛЫ-ҚОЛЫНА: қолы-қолына жұқпай [тимей] — *тез, көз ілеспей.*

ҚОЛЫНДА *Қарауында, қамқорында, билігінде.* Ол нағашы апайының ~ қалыпты.

ҚОМ 1. *Түйе өркештерінің түп жағындағы тұтаса біткен жота тұсы, майлы жері.* 2. *Түйеге жүк арту үшін, оның жотасына (қомына) орай салынған қабат-қабат киіз.* Көштердің соңы түйелерінің **қомын** алып та үлгерген жоқ (Есенберлин). □ **Қом арқан** — *екі ұшы қомға бекітілген арқан.* ◊ **Қом байлады [жиды]** — *семірді, қоңданды.*

ҚОМАҒАЙ 1. *Тамақсау, ашқарақ.* ~ адам. 2. *Ауыс. Нысапсыз, қанағатсыз.* Өзінің **қомағай** құлқынын оңай олжамен толтырмақ (Жәкенов).

ҚОМАҒАЙЛАН 1. *Бір нәрсені апыл-ғұпыл жеу, ашқарақтану.* Ол ~а ұрттады. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге нысапсыздық көрсету, қанағатсыздану.* Садуақас темекісін **қомағайлана** тартты (Бегалин).

ҚОМАҒАЙЛАУ *Тамақсаулау, ашқарақтау.* ~ адам.

ҚОМАҒАЙЛЫҚ 1. *Ашқарақтық, тамақсаулық.* 2. *Ауыс. Бір нәрсеге нысапсыздық, тойымсыздық.* Күншілдік, **қомағайлық,** ұсақтық сияқты адамдағы ит мінездермен алысты (Ғ. Мүсірепов).

ҚОМАҚТА 1. *Шашырап кеткен нәрселерді бір жерге жинау, шоғырлау.* Қойды ~п, төбеге қарай бұрды. 2. *Ауыс. Бір нәрсені үлкейтіп көрсету, ұлғайту.* Хабарды қатындар қоспасымен **қомақтап** жеткізді (Бектасов).

ҚОМАҚТЫ *Аумақты, көлемді, үлкен.* ~ қоржын.

ҚОМАҚТЫЛАУ *Аумақтылау, көлемдірек, үлкендеу.*

ҚОМАҚТЫЛЫҚ *Аумақтылық, көлемділік, үлкендік.*

ҚОМАҚТЫРАҚ *Көлемдірек, аумақтырақ, үлкенірек.*

ҚОМДА I *Түйенің үстіне қом салу.* Түйесін ~ды.

ҚОМДА II *Екі қолын қимыл-қозғалысқа ыңғайлау.* Қолын ~ды.

ҚОМДАН *Түйенің қом жиюы, семіруі.* Күз болысымен алаботаға тояттаған түйелер ***қомдана*** бастады (Тоқаев).

ҚОМДАУЛЫ *Қом салынған.* ~ түйе.

ҚОМДЫ 1. *Қом салынған, қомданған.* Кейбір ***қомды*** түйелерде ағараңдаған әйел кимешектері көрінеді (Есенберлин). 2. *Қоңды, семіз, күйлі.* Құр ат, ***қомды*** түйе іріктілерін сұрыптап, базарға айдатты (М. Әуезов).

ҚОМДЫҚ *Түйенің қом орналасқан жері, жотасы.*

ҚОМПАЙ 1. *Бір нәрсенің аумағы өсу, үлкею.* Бүйірі ~ды. 2. *Аузы томпаю, ұрты бұлтию.* Бала аузы ***қомпайып***, өкпелеп қалды (Сүндетов).

ҚОМПАҢ: қомпаң етті — *орнынан қозғалақтады.*

ҚОМПАҢДА 1. *Қомпаң-қомпаң ету, орнынан қозғалақтау.* Қарауыл шал да ***қомпаңдап*** ұмтылады (Сералиев). 2. *Ауыс. Аузы томпайып сөйлеу, өкпелеу.* Сәл еркелеу ме қалай, аузын толтыра ***қомпаңдап*** сөйлейді (С. Жүнісов).

ҚОМПАҢ-ҚОМПАҢ: қомпаң-қомпаң етті — *қопақтады, қомпаңдады.*

ҚОМПИ 1. *Қомпаю, торсию, ісіну.* Бауырсақ ~ып піскен. 2. *Ауыс. Аузы томпаю, бұлтию, өкпелеу.* Ол балаша ***қомпиып,*** орнынан көтерілді (Нұрманов).

ҚОМП-ҚОМП: қомп-қомп етті — *аузын бұлтитып сөйледі, қомпылдады.*

ҚОМПЫЛ *Қомпаңдап сөйлегендік, өкпелегендік.*

ҚОМПЫЛДА *Аузын томпитып сөйлеу, өкпелеу.*

ҚОМСЫН *Көңілі толмау, олқысыну, менсінбеу.* Орнын ~ып жүр.

ҚОМША 1. *Түйенің қомы; кішірек қом.* 2. *Ауыс. Тозығы жеткен, ескі-құсқы киіз, төсеніш.* Есімнің әжесі ***қомша*** жайып, есік жақта тұрғандарды төрге шақырды (Лекеров).

ҚОМЫЗ *Қырғыз халқының ағаштан шауып жасалған үш ішекті, пернесіз, шертіп ойналатын ұлттық музыкалық аспабы.* ~ ойнады.

ҚОМЫЗШЫ *Қомызда ойнаушы, қомыз тартушы.*

ҚОМЫТ *көне. Тозығы жеткен, ескі-құсқы киімкешек.* Мен ***қомыт*** киіп, қозы бағып жүрген едім (Бегалин).

ҚОН 1. *Ұшып келе жатқан қанатты нәрсенің бір жерге келіп түсуі, отыруы.* Құс ~ды. 2. *Көшкен ел-жұрттың белгілі бір жерге келіп, үй тігуі.* Ел Сарша көлге келіп ***қонған*** (С. Омаров). 3. *Адамның бір үйге немесе бір жерге түнеп шығуы.* Үйіне ~ды. 4. *Белгілі бір жерге жайғасу, орналасу.* Қойшы атына ~ды. 5. *Ауыс. Белгілі бір қасиеттің адам бойынан орын алуы; дару.* Іскерлік баланың бойына өзінен-өзі ***қона*** қоймайды (Семья тәрбиесі). 6. *Ауыс. Киімнің құйып қойғандай, дәл келуі.* Киімнің ***қонғаны*** сондай, тамсанып-тамсанып қойды (Алдабергенов).

ҚОНАҒА *Кешке қарай, кешқұрым.* ~ қайтты.

ҚОНА-ЖАТ *Қонай-түнеп біраз күн жату.*

ҚОНАҚ I 1. *Жолаушылап келе жатып үйге түскен адам, мейман.* ~ты аттандырды, ~қа барды (шақырды). 2. *Сый-сияпат көрсету үшін үйге, елге арнайы шақырылған адам.* Ол біздің елге ***қонаққа*** келді (Ғ. Мүсірепов). □ **Қонақ бөлме** — *қонаққа арналған, қонақ жататын бөлме.* **Қонақ үй** — *қалалар мен селоларда жолаушылардың уақытша тұруына, түнеуіне арналған мекенжай; мейманхана.* ~де жатты. ◊ **Қонақ болды** — *мейман болды, қонды.* **Қонақ етті [қылды]** — *сыйлады, құрметтеді.* **Қонақ күту** — *қонақты сыйлау, құрметтеу салты.* **Қонақ басты болды** — *қонақ көп келіп, әбден шаршатты.*

ҚОНАҚ II *бот. Дәні тары тәрізді, бір жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚОНАҚАСЫ 1. *Қонаққа арнап әзірленген тағам, ас.* ~ жеді. 2. *Өлген адамға арнайы сойылған мал.* ~ға ту бие сойды. ◊ **Қонақасы берді** — *қонақтың құрметіне арнайы ас, тағам берді.*

ҚОНАҚЖАЙ I *Қонақуар, меймандос.* Өздері ~ адамдар екен.

ҚОНАҚЖАЙ II *Қонақ үй, мейманхана.* Бізді ~ға әкеп түсірді.

ҚОНАҚЖАЙЛЫ *Меймандос, қонақуар.* ~ адам.

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ *Қонақуарлық, меймандостық.* ~ көрсетті.

ҚОНАҚ ЖҮГЕРІ *бот. Астық тұқымдасына жататын, жүгеріге ұқсас көпжылдық өсімдік.*

ҚОНАҚҚӘДЕ 1. *Тамақ ішіп болғаннан кейін, мейман тарапынан істелетін өлең-жыр айту, домбыра тарту салты.* Бар құрметін аямайды достардан, Астан кейін ***қонақкәде*** басталған (Ә. Ахметов). 2. *Қонақтың жатар алдында сыртқа шығу әдеті.* Аман ***қонақкәде*** істеп, тысқа шықты (Ғ. Мұстафин).

ҚОНАҚ-ҚОПСЫ *Келімді-кетімді кісі, мейман.* Үй болғасын ~сы болады.

ҚОНАҚҚҰМАР *Қонаққа барғыш, қонақжай.* ~ жан.

ҚОНАҚОТ *бот. Қонаққа ұқсас жабайы шөп.* Қой малы, ~ тасбеде секілді шөптерге тез семіреді.

ҚОНАҚТА I *Құстың белгілі бір жерге қонып отыруы.* Құс ~п отыр.

ҚОНАҚТА II *Қонақ болып жату, мейман болу.* Көктемге салым ол іздеп келіп, ұзақ уақыт ***қонақтап*** жатты (Мұратбеков).

ҚОНАҚТЫҚ *Қонаққа арналған, қонаққа тән.* ~ парыз.

ҚОНАҚУАР *Қонақжай, меймандос, қонақуар.* ~ халық.

ҚОНАҚУАРЛЫҚ *Қонақжайлылық, меймандостық.*

ҚОНАҚШЫЛ 1. *Қонақуар, қонақжай.* Қазақтың ~ әдеті. 2. *Қонаққа барғыш, қонаққа барғанды ұнататын.* ~ адам.

ҚОНАҚШЫЛДЫҚ *Қонақжайлылық, меймандостық.*

ҚОНАЛҚА *Қонып шығатын жер, түнейтін орын.* Ықлас ***қоналқаға*** басқа жер таңдады (Т. Әлімқұлов).

ҚОНАЛҚАЛЫҚ *Қоналқа боларлық, қоналқаға жарайтын.* ~ жер.

ҚОНАР-ҚОНБАСТАН *Қона салып, қонысымен.* Самолет ~ секіріп түсті.

ҚОНДЫРҒЫ *тех. Белгілі бір аппарат (прибор) орнатылған арнаулы механизм.*

ҚОНДЫРМА I *Бір нәрсенің үстіне қондырыла орналастырылған зат.* Пластикалық бірнеше *қондырма* жасау керек (Оразақов).

ҚОНДЫРМА II *саяс. Белгілі бір қоғамның экономикалық базисіне негізделген қоғамдық идеялар мен көзқарастардың жиынтығы.*

ҚОНДЫРМАЛЫ *Қондырылған, алып-салуға ыңғайлы.* ~ мүсін.

ҚОНДЫРМАЛЫҚ *Қондырмаға тән, қондырмаға жататын.* ~ категория.

ҚОНЖИ *экспр.* 1. *Жалпиып отырып алу, жапырайып жайғасу.* Төрде ~ып әкем отыр. 2. *Атылып барып, бір нәрсенің үстіне қона түсу, мініп алу.* Көкжалдай ыршып барып Әлімқара, *Қонжиды* көк желкеге осы кезде (Әленов).

ҚОНЖИТ 1. *өзг. етіс. Қон-жит.* 2. *Қойып қалу, салып жіберу.* Маңдайынан қасықпен *қонжитпасын,* Етегіне кетсе ұлың оратылып (Нәжімеденов).

ҚОНЖЫҚ *Аюдың баласы.* Аюдың екі ~ғы бар екен.

ҚОНТАЙШЫ *Жоңғар ханы, қоңтажы.*

ҚОНЫМ *Киімнің денеге шақ (тура) келуі, жарасуы.* Бибі қызының үстіндегі киімнің *қонымын* байқады (Н. Ғабдуллин).

ҚОНЫМДЫ *Үстіне қона кететін, жарасымды.* Үстеріне кигендері ~.

ҚОНЫМДЫЛЫҚ 1. *Киімнің қона кететіндігі; жарасымдылық.* Көйлегінің ~ғы өзіне жарасып-ақ тұр. 2. *Ауыс. Ұғынықтылық, түсініктілік.* Абай өлең-жырлардың *қонымдылығына* аса көңіл аударды (Ақынжанов).

ҚОНЫМСЫЗ *Шақ емес; ұйлесімсіз.* ~ киім.

ҚОНЫМСЫЗДЫҚ *Қонымды еместік, ұйлесімсіздік.*

ҚОНЫС *Малды ауылдың жылда қонып жүрген жері; жайлы орын.* ◊ **Қоныс аударды** — *мекенжайын ауыстырды, қонысын өзгертті.* **Қоныс етті** — *мекендеді, жайлады.* **Қоныс құтты [жайлы] болсын** — *жаңа мекенжайға көшіп келген адамға айтылатын тілек.* **Қоныс тепті** — *бір жерге келіп орналасты, орнықты.*

ҚОНЫСЖАЙ *Мекенжай, орын.* ~ болды.

ҚОНЫСМАЙЛАР *Жаңа қонысқа көшіп келгенде жасалатын тамаққа шақыру ырымы.* ~ға шақырды.

ҚОНЫСТА *Қоныс тебу, мекендеу.* Бір жерді ~п жүр.

ҚОНЫСТАНУШЫ *Қоныс тебуші, мекендеуші.*

ҚОНЫСТАС *Қонысы бір, қонысы іргелес.* ~ отыр.

ҚОНЫСТАСТЫҚ *Қонысы бірлік, мекендестік.*

ҚОНЫСТОЙ *Жаңа үйге кіру қуанышына арналған той-томалақ.* ~ өткізді.

ҚОНЫСТЫҚ *Қоныс болармлық, мекендік.* ~ жер (орын).

ҚОНЫШ *Аяқ киімдердің балтырды жауып тұратын бөлігі.* Етіктің ~ы. ◊ **Қонышынан басты** — *ойына келгенін істеді, шалқыды.* **Қонышынан кешті** — *белшесінен батты.*

ҚОНЫШТЫ *Қонышы бар, қоныш салынған.* ~ мәсі (бәтіңке).

ҚОҢ 1. *Малдың жоны, сауыр еті.* Бір жүгіріп, бір құлап, Тер құйылды *қоңынан* (Хакімжанова). 2. *Малдың күйі, семіздігі.* Ол малды түгел аралап, *қоңын* көрді (Естаев). □ **Қоң ет** — *сауырдың қалың еті.* ◊ **Қоң алды [алмады]** — *ет алды, семірді.* **Қоң бітті [жинады]** — а) *семірді, ет алды;* ә) *тұрмысы оңалды, әлденді, байыды.* **Қоң етін кесіп [ойып] берді** — *жанын аямады.* **Қоңы таймады** — *арықтамады, жүдемеді.* **Қоңы түзу** — *семіз, күйлі.*

ҚОҢАЙ 1. *Ет алу, семіру.* Мал көкке тойынып, *қоңайып* алды (С. Омаров). 2. *Ауыс. Оңалу, әлдену, тыңаю.* Нағашымның үйіне келгелі көңілім өсіп, *қоңайып* қалдым (Соқпақбаев).

ҚОҢАШ *Тұрткі, мүшек.* Аралдың бұл *қоңаш* күйін мұғалім ағай жақсы ұқты (Қалдыбаев).

ҚОҢАШТА *Жан-жақты тиісу, мүшектеу.* Балалар оны ~п ала жөнелді.

ҚОҢДАН 1. *Ет алу, семіру.* Саулықтар тез ~ды. 2. *Ауыс. Қор жию, әлдену, баю.* Арын үйінің орнығып, *қоңданып* алған кезі болатын (Ақышев).

ҚОҢДЫ 1. *Қоңы бар, семіз; арық емес.* ~ жылқы. 2. *Ауыс. Ауқатты, күйлі, әлді.* — *Қоңдысы* да, қара шаңырағы да сонау шеткі үй (Т. Әлімқұлов).

ҚОҢДЫҚ *Малдың сауыр тұсы, жамбастың еті қалың жері. Қоңдықтарын* май басқан (Қ. Қуанышбаев).

ҚОҢДЫЛАУ 1. *Семіздеу, күйлілеу, еттілеу.* ~ мал. 2. *Ауыс. Ауқаттылау, әлділеу; байырақ.* Олар ~ тұрады.

ҚОҢДЫЛЫҚ *Семіздік, күйлілік, еттілік.*

ҚОҢДЫРАҚ 1. *Семізірек, күйлірек.* 2. *Ауыс. Ауқаттырақ, әлдірек.*

ҚОҢҚАЙ *Бір нәрсенің дөңкиіп көрінуі; қоңқақ тарту.* Мұрны ~ып, азып қалыпты.

ҚОҢҚАЙМА *Қоңқайған, қоңқайып қалған.* ~ доға.

ҚОҢҚАҚ *Ортасы көтеріңкі, дөңес.* ~ мұрын.

ҚОҢҚАҚТАУ *Мұрны аздап қоңқиған, дөңестеу.* Мұрны ~.

ҚОҢҚИ *Дөңкию, қоңқаю.* ~ған шал.

ҚОҢҚЫЛДА 1. *Бір нәрсесін жоғалтқандай болу, көңілі құлазу.* Үйін сағынып ~п жүретін. 2. *Қарны ашу, ішегі шұрылдау.* Әлтай интернаттың нормалы нанын місе тұтпай *қоңқылдап,* әрең шыдайды (Мұртазаев).

ҚОҢСЫ 1. *Кедей ауыл; кірме.* Ертеде байдың ~сы болған. 2. *Бірге отырған ауыл-үй, көрші-қолаң.* Көшен деген қойшы жігітпен *қоңсы* отырдық (Нұржекеев). ◊ **Қоңсы қонды [болды]** — *қатар отырды, көрші болды.*

ҚОҢСЫЗДЫҚ *Қоңы жоқтық, күйсіздік.*

ҚОҢСЫ-ҚОЛАҢ *Қоңсы отырған ауылдас адамдар, көрші.* ~дар кіріп келді.

ҚОҢСЫЛАС *Қоңсы отырған, көршілес.* ~ болды.

ҚОҢСЫЛАСТЫҚ *Қоңсы отырғандық, көршілестік.*

ҚОҢСЫЛЫҚ *Қоңсы отырғандық, көршілестік.*

ҚОҢТАРАЗ *Еті семіз емес, арықтау.* Байланып жүргендіктен еттері *қоңтараз* (С. Мұқанов).

ҚОҢТАРЫС *Көңіл күйі нашар, көңілі құлазыған.* Жай таба алмай жүрегім, Көңілім күпті, *қоңтарыс* (Шығыс жұлдыздары).

ҚОҢТОРҒАЙ *Жадау, жүдеу, орташа ғана.* Үйдің жағдайы *қоңторғай* екенін кейіннен білдім (Шүкіров).

ҚОҢТОРҒАЙЛАУ *Жадаулау, жүдеулеу.*

ҚОҢТОРҒАЙЛЫҚ *Жадаулық, жүдеулік.*

ҚОҢЫЗ *Сырт пішіні әр түрлі порымды, қатты қанатты жәндік (насеком).*

ҚОҢЫЗДЫҚ: дүние қоңыздық — *дүниеқорлық, дүниеқұмарлық.*

ҚОҢЫЗША *Қоңыз тәрізді, қоңыз сияқты.* ~ жорғалады.

ҚОҢЫЛТАҚ 1. *Сырт киімнің ішінен басқа киім киметен; жалаңқабат, жадағай.* Жалаңаш етіне тонды **қоңылтақ** киген (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Көңілі жабырқаңқы, жүдеу.* Ақ кемпір үйіне келе жатып, қайтадан көңілі **қоңылтақ** тартты (Сараев).

ҚОҢЫЛТАҚСЫ 1. *Киімі жұқа болып, тоңа бастау.* Жәнібек бойын суық кеулеп, **қоңылтақсы** бастады (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Көңілі құлазу, жабыркау.* Көңілім **қоңылтақсып** қалғандай болды (Қабанбаев).

ҚОҢЫЛТАҚТАУ *Жадағайлау, жұқалау.* Киімі ~ еді.

ҚОҢЫЛТАҚТЫҚ *Жалаң қабаттық, жадағайлық.*

ҚОҢЫЛТАЯҚ *Аяқ киімді жалаң аяққа шұлықсыз кию.* Етігін ~ киді.

ҚОҢЫР 1. *Қара мен қызылдың аралығындағы қою күрең түс. Ауыс.* 2. *Жұтаң, жадау.* ~ ғана тіршілігі бар. 3. *Ықылассыз, көңілсіз, салқын.* Кәдірбек Әтікені **қоңыр** қарсы алды (Нұржекеев). □ **Қоңыр аю** — *аюдың қоңыр түсті түрі.* **Қоңыр бүйра шай** — *шайдың қоңыр түсті бүйра түрі.* **Қоңыр қаз** — *өзен суларында жүретін қоңыр түсті жабайы қаз.* **Қоңыр торғай** — *шағын тым жұпыны торғай.* ◊ **Қоңыр дауыс [үн]** — *бір қалыпты ырғақпен айтылатын құлаққа жағымды үн.* **Қоңыр жаз [күз]** — *жаздың ауа райы жанға жайлы кезі.* **Қоңыр жел [самал]** — *жанға жайлы салқын жел.* **Қоңыр күй** — *қарапайым, орташа тіршілік.* **Қоңыр қызыл [қызыл қоңыр]** — *қоңыры басым қызыл түс.* **Қоңыр салқын** — *суық та, жылы да емес; жанға жайлы.*

ҚОҢЫРАЙ *Қоңыр тарту, қоңыр түске ену.* Бәтима күнге күйіп, **қоңырайып** кетіпті (Әбдіков).

ҚОҢЫРАЙЫС *Бір-біріне дұрдараз қарау.* ~ып отыр.

ҚОҢЫРАУ 1. *Ішіндегі тербеліп тұратын білеу арқылы дыбыс шығаратын құрал.* Құлынға ~ тақты, ~ соқты. 2. *Шырылдап дыбыс беру үшін жасалған техникалық құрал.* Сағаттың **қоңырауы** шырылдап қоя берді (Қанахин).

ҚОҢЫРАУБАС *бот. Гүлі қоңырау пішіндес көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚОҢЫРАУЛА 1. *Қоңырау соғу, қоңырау қағу.* 2. *Малдың мойнына қоңырау тағу.* Үніне күңгірлеген үйлессін деп, Қойыпты құлындарын **қоңыраулатып** (Мәуленов).

ҚОҢЫРАУЛЫ 1. *Қоңырау тағылған, қоңырауы бар.* ~ қос ат (құлын). 2. *Соңынан сөз, өсек ерген.* ~ адам (кісі).

ҚОҢЫРАУША I *Кішкентай қоңырау.*

ҚОҢЫРАУША II *Қоңырау тәрізді, қоңырау секілді.* Үні ~ сыңғырлайды.

ҚОҢЫРАУШЫ *Қоңырау соғушы, қоңырау қағушы адам.*

ҚОҢЫРБАС *бот. Далалы жерде өсетін көп жылдық шөп.* Өсетін шөптің дені — бетеге, **қоңырбас**, еркекшөп және әр түрлі жусандар (Әбішев).

ҚОҢЫРЖАЙ *Ыстық та емес, суық та емес; қоңыр салқын.*

ҚОҢЫРЖАЙЛАН *Қоңыржай тарту.* Ауа райы ~а бастады.

ҚОҢЫРҚАЙ 1. *Қоңыр күрең, қошқылдау.* ~ бұлт (түс). 2. *Ауыс. Қарапайым, жұпыны.* ~ тіршілік. 3. *Ауыс. Жағымды, жайлы.* ~ ұн (дауыс).

ҚОҢЫРҚАЙЛАН *Қоңыр күрең тарту, қоңыраю.* Оның жүзі ~а түсті.

ҚОҢЫРҚАЙЛАУ *Аздап қоңырқай тартқан, қоңырлау.*

ҚОҢЫРЛА 1. *Қоңыр түске бояу, қоңырайту.* Қағазды ~п бояды. 2. *Қоңыр тарту, қоңыр түске ену.* Жұлдыз көрінісімен құм **қоңырлап** сала берді (Сараев).

ҚОҢЫРЛАУ *Сәл ғана қоңыр, қоңырқай.*

ҚОҢЫРЛЫҚ *Шөп нашарлау өсетін шөл жер.* Құм сирек, **қоңырлық** көбірек кездесе бастады (Жұмалиев).

ҚОҢЫРСЫ *Күйген заттан жағымсыз иіс шығу; көңірсу.*

ҚОҢЫРСЫҚ *Қоңырсыған иіс.*

ҚОҢЫРСЫТ *Жағымсыз нәрсені айтып көку, бықсыту.* — Әкем-ау, осы сен неменені **қоңырсытып** отырсың (Адамбеков).

ҚОҢЫРША *Қоңырқай, сәл ғана қоңыр.* ~ шәлі.

ҚОПА *Қоға, құрақ өскен қорысты жер.* Қорысты ~.

ҚОПАЙ *Күдірею, күжірею, қодыраю.* Қоңыр ала бүркіт құсап, **қопайып** қайдан келдің (М. Әуезов).

ҚОПАҚ-ҚОПАҚ: **қопақ-қопақ етті** — *қопақтады, қопаң-қопаң етті.*

ҚОПАҚТА 1. *Қопақ-қопақ ету.* Аттың үстінде ~п барады. 2. *Ауыс. Тынышсыздану, мазасыздану.* ~п отыра алмады.

ҚОПАЛАҚ *Қопаңдап қалған, елпілдек, асыпсасып жүретін.* ~ адам.

ҚОПАЛАҚТА *Қопалақ-қопалақ ету, елпелектеу.* ~май отыр.

ҚОПАЛЫ *Қопасы бар, қопа басқан.* ~ жер.

ҚОПАҢ: **қопаң етті** — *орнынан оқыс көтеріліп барып, қайта отырды.*

ҚОПАҢДА *Қопаң-қопаң ету, қозғалақтау.* ~п барады.

ҚОПАР 1. *Жер қыртысын аудару, астын үстіне шығару.* Жерді ~ды. 2. *Ауыс. Өткенді қазбалау, қайта жаңғырту.* Автор арғы-бергі өткенді **қопарып**, сөз қылады (Р. Ыдырысов).

ҚОПАРҒЫШ *Бір нәрсені қопарып тастайтын.* ~ зат (дәрі).

ҚОПАРЫЛЫС *Бір нәрсенің қопарылуы; жарылыс.*

ҚОПАРЫНДЫ *Қопарылған жер, топырақ.* ~ жер.

ҚОПАШЫҚ *Көлемі шағын қопалы жер.*

ҚОП-ҚОҢЫР *Өте қоңыр.* ~ жүн.

ҚОП-ҚОЮ *Өте қою.* ~ айран.

ҚОПСЫ *Тығыз нәрсенің көпсіп көтерілуі.* ~ған жүн.

ҚОПСЫҚ *Борпылдақ, жұмсақ, бос.* ~ топырақ (жүн).

ҚОПСЫҢҚЫ *Қопсыған, бостау.*

ҚОПСЫТҚЫШ *Бір нәрсені босатып, қопсытуға арналған.* ~ культиватор (құрал).

ҚОР I *Қымыздың ашытқысы.* ~ сұратып жіберді.

ҚОР II 1. *Белгілі бір мақсат үшін жиналған ақша қаражаты.* 2. *Мол жиналған қазына, байлық.* 3. *Бір нәрсенің жиналып қалған запасы.* Мұнда алтын ~ы бар.

ҚОР III *Сорлы, бейшара, байғұс.* ~ адам. ◊ **Қор болды** — *сорлады, соры қайнады.* **Қор етті [қыл-**

ды] — *сорын қайнатты, сорлатты.* **Қор тұтты** — *менсінбеді, төмен санады.*

ҚОР: қор етті — *қорылдап ұйықтап кетті.*

ҚОРА 1. *Мал қамауға арналған орын, жай.* ~ға мал қамады. 2. *Есік алдындағы төңірегі қоршалған ашық жер; аула.* Машина көрші үйдің ~сында тұр. Балалар ~да ойнап жүр.

ҚОРАБА *Жиналған байлық; қор.* **Қорабасы** бар тұрмысты адамға шыққа жаман ба? (Ө. Ахметов).

ҚОРАБАЛАН *Қорлану, баю.*

ҚОРАБАЛЫ *Қоры мол, бай, дәулетті.* ~ үй.

ҚОРА-ЖАЙ *Мал қамауға, отын-шөп ұюге арналған орын, жай.*

ҚОРАЗ *Тауықтың еркегі; әтеш.*

ҚОРАЗДАН 1. *Қоқырайып, қоқиып қимыл көрсету.* 2. *Ауыс. Мақтанып, масаттану.* Құсы да, иесі де **қоразданар,** Алпыс екі айлалы түлкі алғанда (Абай).

ҚОРА-ҚОПСЫ *Мал қамауға арналған орын; қора-жай.* ~ салды, ~ң аман ба?

ҚОРА-ҚОРА *Өте көп, мол.* ~ қой.

ҚОРАЛА 1. *Малды қорға иіру, қамау.* Екеуі мал ~ды. 2. *Белгілі бір жерді айналдыра қоршау, бекіту.* Мына жерді **қоралай** салайын деп едім (Дәуренбеков).

ҚОРАЛАН 1. *ыр. етіс. Қорала-н.* 2. *Көпшіліктің әлдебір себеппен белгілі бір жерге жиналып қалуы; топтасу.* — Бұлар **қораланып** неғып жүр? (Асабаев).

ҚОРАЛАН: күн [ай] қораланды — *күннің айналасы бозғылт сәулесімен шеңберленді.*

ҚОРАЛАП *Қора-қорасымен, топ-тобымен.* Қырдағы ел малды **қоралап** сатты (Ақышев).

ҚОРАЛАС *Мекен-жайы іргелес, қатар жатқан.* Қойымыз ~.

ҚОРАЛЫ *Қорасы бар, қорамен қамтамасыз етілген.* ~ қой-ешкі.

ҚОРАЛЫҚ *Қора боларлық, қорға жарарлық.* ~ жер.

ҚОРАМ *Көлем, аумақ.* Төмпедей-ақ **қорамы** бар екен ғой мұның (С. Мұқанов).

ҚОРАМА *көне. Оқ құюға арналған қалып.* Ертеде **қораманы** күйдірген қыштан жасаған (ҚСЭ).

ҚОРАМСАҚ *Жебе салып жүруге арналған арнайы қалта.* ~қа қол салды.

ҚОРАП 1. *Бір нәрсенің қатты заттан жасалған сыртқы қабы.* "Казбек" шылымының ~бы. 2. *Арба, шана, машина үстіне орнатылған қоршау.* Екеуі **қорабына** ақ кірпіш артқан машинаға отырды (Дала дауылпаз).

ҚОРАПТА *Сыртына қорап жасау.*

ҚОРАПТЫ *Қорабы бар, қорап орнатылған.* ~ арба (машина).

ҚОРАПША *Шағын, кішірек қорап.*

ҚОРАСАН 1. *Шешек ауруын тұңғыш рет емдеп жазған әулие адамның аты.* 2. *Сол адам атымен аталған ауру аты.* ◊ **Қорасанға қой айтты** *(көне.)* — *құдайға жалынып-жалбарынды.*

ҚОРАШ *Көзге олқы көрінетін, жұпыны.* Ауыл өте ~.

ҚОРАШСЫН *Көңілі толмау, олқысыну.*

ҚОРАШТАН *Қораш көру, қорашсыну.*

ҚОРАШТАУ *Көзге олқы, жұпынылау.*

ҚОРАШТЫҚ *Қораш болғандық, жұпынылық.*

ҚОРАШЫЛ *Қорада жайлы, қорадан шықпайтын.* ~ ит (мал).

ҚОРБАЛАҢ *Қорбаң-қорбаң еткен қозғалыс; қорбаң.*

ҚОРБАҢ: қорбаң қақты — *қорбаңдады, қорбаң-қорбаң етті.*

ҚОРБАҢДА *Қорбаң-қорбаң ету, ебедейсіз қозғалу.* ~п кіріп келді.

ҚОРБАҢ-ҚОРБАҢ: қорбаң-қорбаң етті — *қорбаңдады, қорбаландады.*

ҚОРБИ *Кең киім кигендіктен қомпиып көріну.* Шапаны ~ып, жараспайды.

ҚОРҒА 1. *Бір нәрсені қауіп-қатерден аман алып қалу, сақтау.* Отанын ~ды. 2. *Біреуге болысу, көмектесу, жақтау.* Қадишаның мінезін білетіндер Айманкүлді **қорғады** (Тілегенов). 3. *Ғылыми атақ алу үшін ғылыми кеңесте өз пікірлерін дәлелдеп шығу.* Диссертация ~ды.

ҚОРҒАЛА 1. *Бір нәрсені пана тұту; қорғаныш іздеу.* Бұтаға ~ған торғай да аман қалады. 2. *Бір нәрсені қорғаштап сақтау.* Басын ~ды.

ҚОРҒАЛАҚ *Жасқаншақ, именшек, қорғаншақ.* ~ адам.

ҚОРҒАЛАҚТА *Жасқаншақтау, именшектеу.* Ол бұл жолы ~мады.

ҚОРҒАМПАЗ *Қорғаншақ, бас сауғалағыш.*

ҚОРҒАМПАЗДЫҚ *Қорғаншақтық, бас сауғалағыштық.*

ҚОРҒАН I 1. *Жау шабуылынан қорғану үшін жасалған қамал, бекініс.* ~ға кірді. 2. *Бір нәрсені айналдыра соққан қоршау, дуал.* Әрбір үйдің ~ы бар. 3. *Ауыс. Арқа сүйер тірек; пана.* Ендігі қалған **қорғаным** әкем ғана (Ө. Сәрсенбаев).

ҚОРҒАН II 1. *өзд. етіс. Қорға-н.* 2. *Жасқаншақтау, имену, сескену.* Сұрағын ~бай сұрады.

ҚОРҒАНДА *Қорған салу; қоршау, бекіту.*

ҚОРҒАНСЫЗ *Арқа сүйенері, тірегі жоқ, панасыз.* ~ әйел.

ҚОРҒАНСЫЗДЫҚ *Қорғаны жоқтық.*

ҚОРҒАНША *Қорған секілді, қорған тәрізді.* ~ қоршап тұр.

ҚОРҒАНШАҚ *Жасқаншақ, именшек.* ~ адам.

ҚОРҒАНШАҚТА *Қорғану, жасқаншақтау.* ~п қаша берді.

ҚОРҒАНШАҚТЫҚ *Қорғана бергіштік, жасқаншақтық, именшектік.*

ҚОРҒАНЫС *Қорғану бағытында жүргізілетін ұрыс.* ~та жаттық, ~ министрлігі (комитеті).

ҚОРҒАНЫСТЫҚ *Қорғай алатындық.* Соғыстың ~ сипаты.

ҚОРҒАНЫШ 1. *Қорғап, сақтап қалатын нәрсе.* Табиғи ~. 2. *Қамқоршы, таяныш, сүйеніш.* ~ы жоқ әйел.

ҚОРҒАНЫШТЫҚ *Қорғаныш боларлық, қорғап қаларлық.* ~ қызмет.

ҚОРҒАСЫН *Сұрғылт түсті, жұмсақ әрі салмақты металл.*

ҚОРҒАСЫНДА *Қорғасын қосу, қорғасын салу.*

ҚОРҒАСЫНДАЙ *Ауыр, салмақты.*

ҚОРҒАСЫНДЫ 1. *Қорғасыны бар, қорғасыны мол.* ~ алқап (жер). 2. *Қорғасын қосылған, қорғасын құйылған.* ~ сақа.

ҚОРҒАСЫНША *Қорғасын тәрізді, қорғасын секілді.* ~ балқыды.

ҚОРҒАУШЫ 1. *Біреуді қауіп-қатерден сақтаушы.* 2. *Белгілі бір мүддені жақтаушы; қамқоршы.* Бейбітшілікті ~. 3. *заң. Сот процесінде қылмыс-*

ты адамның правосын жақтаушы; адвокат. 4. спорт. Қарсыластар шабуылына тойтарыс беретін ойыншы.

ҚОРҒАУШЫЛЫҚ *Қорғаушы болушылық, қорғағандық.*

ҚОРҒАУЫШ *Сыртқы әсерлерден сақтайтын жамылғы зат.*

ҚОРҒАШТА *Бір нәрсені қорғау, қору.*

ҚОРДА *Көң, қи т. б. заттардың бірнеше жыл бойы жатқан үйіндісі.* Егістік жерге ~ төгу керек.

ҚОРДАЛАН *Көп уақыт бойы жиналу, үйілу.* ~ып қалыпты.

ҚОРДАЛЫ 1. *Қорда жиналған, қордасы мол.* ~ жер (қора). 2. *Ауыс. Қоры көп, қазыналы.* ~ байлық.

ҚОРЕК *Өмір сүріп, өсіп-өнуіне қажетті азық, тамақ.* Негізгі ~гі — сүт.

ҚОРЕКСІЗ *Азықсыз, тамақсыз.*

ҚОРЕКТЕН *Қорек, нәр алу, тамақ жеу.*

ҚОРЕКТІ *Азықтық сапасы мол, кенеулі.*

ҚОРЕКТІК *Қорек болармық, азықтық.* ~ сапа (тамақ).

ҚОРЕКТІЛЕУ *Қоректік қасиеті молдау, құнарлылау.*

ҚОРЕКТІЛІК *Жүгымдылық, құнарлылық, нәрлілік.*

ҚОРЖАҢ *Қимылы ебедейсіз, қоржиған (адам).*

ҚОРЖАҢДА *Қоржаң-қоржаң ету, ебедейсіз қимылдау.*

ҚОРЖИ *Қорбию, күжірею.* Аюдың баласындай ~дым да қалдым.

ҚОРЖЫН *Жолаушы жүргенде әр түрлі нәрсе салу үшін иірген жүннен тоқылған екі басты қап.* ~ға салды (артты). □ **Қоржын үй [қора]** — *екі бөлмесі бір-біріне қарама-қарсы салынған үй.* ◊ **Қоржын түбі қағылды** — *азықтары таусылды, сарқылды.* **Қоржыны тоқ** — *табысы мол, олжалы.*

ҚОРЖЫНДА *Қоржын сияқты етіп екі бөлікке бөлу.* ~п үй салды.

ҚОРЖЫНДАП *Қоржын-қоржын етіп, қоржынын толтырып.* ~ кітап тасыды.

ҚОРЖЫНША *Қоржын тәрізді, қоржын секілді.* ~ артып алды.

ҚОРҚ: қорқ еткізді — *қорқылдатты, қорқ-қорқ еткізді.*

ҚОРҚАҚ *Жүрексіз, су жүрек.* ~ бала.

ҚОРҚАҚТА *Жүрексіздену, үрейлену, қорқу.* ~йтын адам емес.

ҚОРҚАҚТАУ *Жүрексіздену, су жүректену.* ~ адам.

ҚОРҚАҚТЫҚ *Жүрексіздік, батылсыздық.* Жалыну — ~тың белгісі.

ҚОРҚАУ 1. *Нағыз жыртқыш қасқыр.* 2. *Ауыс. Жауыз, залым, озбыр.* Ол — өзімшіл, **қорқау** адам (Ө. Ахметов).

ҚОРҚАУЛАН *Аранын аша түсу, аш көздену.*

ҚОРҚАУЛЫҚ 1. *Жыртқыштық, қасқырлық.* 2. *Ауыс. Жауыздық, озбырлық.* Бұл тіпті **қорқаулық** қой. Бауырымды өлімге қалай қиям! (Жыл он екі ай).

ҚОРҚОР *Темекі, есірткі салып тартатын трубка.*

ҚОР-ҚОР: қор-қор етті — *қорылдаған дыбыс шықты, қорылдады.*

ҚОРҚ-ҚОРҚ: қорқ-қорқ етті — *қорқылдады, қорқырады.*

ҚОРҚЫЛ *Қорқ етіп шыққан дыбыс.*

ҚОРҚЫЛДА *Қорқ-қорқ ету.*

ҚОРҚЫНЫШ *Бір нәрседен қорыққанда пайда болатын сезім; үрей.* ~ жоқ (бар).

ҚОРҚЫНЫШТЫ *Кісі шошынарлық, үрейлі.* ~ сезім пайда болды.

ҚОРҚЫНЫШТЫЛЫҚ *Зәре-құтын кетіргендік, үрейлілік.*

ҚОРҚЫРА *Қорқылдаған дыбыс шығару, қорқ-қорқ ету.* Бауыздалған мал ~п жатыр.

ҚОРҚЫТ *фольк. Халық ауыз әдебиетіндегі ажалдан қашып құтылу жолын іздеуші бейне.* ◊ **Қайда барсаң Қорқыттың көрі** — *өлімнен қашып құтыла алмайсың.* **Қорқыттың көрі** — *үрей, қайғы-қасірет.*

ҚОРЛА 1. *Қорлық көрсету, жәбірлеу.* Тұтқынды ~ды. 2. *Ауыс. Біреудің ар-намысына тию, басыну.* — Ауылымды тойыңа шақырмай бір **қорладың** (Жансүгіров).

ҚОРЛАН I *Ашу-ыза кернеу, кекке булығу, намыстану.* Мен ызадан қатты ~дым.

ҚОРЛАН II *Мол етіп қор жиып алу, бау.* Ол аз уақыттың ішінде ~ып алды.

ҚОРЛАУШЫ *Қорлық көрсетуші, зорлық-зомбылық етуші.*

ҚОРЛАУШЫЛЫҚ *Қорлық көрсетушілік, азаптаушылық, зәбірлеушілік.*

ҚОРЛЫ *Қоры бар; бай, дәулетті.* ~ адам.

ҚОРЛЫҚ 1. *Күштінің әлсізге көрсеткен озбырлығы; зәбір, жапа.* Көрген ~ғын айтты. 2. *Ауыс. Ар, ұят, намыс.* Тіл білмеу деген үлкен ~. ◊ **Қорлығы өтті** — *намысына әбден тиді, ызасы өтті.*

ҚОРЛЫҚ-ЗОРЛЫҚ *Қиянат, азап, зәбір, жапа.* ~ көрді.

ҚОРМАЛ *Бір нәрсені қорып жүруші адам.*

ҚОРПЫЛ *Қорп-қорп еткен дыбыс.*

ҚОРПЫЛДА *Қорп-қорп ету.*

ҚОРС: қорс етті — а) *ұшкір нәрсені сүғып алғанда шығатын дыбыс;* ә) *әзіл-оспақты, қалжыңды көтере алмай ашуланып, дүңк ете түсті.*

ҚОРС-ҚОРС: қорс-қорс етті — *жиі қорсылдады.*

ҚОРСАҢ *Қорс-қорс еткендік.* ◊ **Қорсаң етті** — *ашуланды, торсаңдады.*

ҚОРСАҢДА *Ашулану, торсаңдау.* Ол әлі ~п жүр.

ҚОРСЫЛ *Шошқаның қорс-қорс еткен үні.* ~ естіледі.

ҚОРСЫЛДА 1. *Қорс-қорс ету.* Шошқа ~ды. 2. *Ауыс. Мұрнын үздік-үздік тартып жылау.* ~п жылады.

ҚОРСЫЛДАҚ *Қорс-қорс етіп қалған, қорсылдаған.* ~ шошқа.

ҚОРСЫН *Қор санау, қомсыну.*

ҚОРТАҢДА *Қортаң-қортаң ету.* Оспан ~п жүгірді.

ҚОРТИ *Бойы қысқа болу, мыртию.*

ҚОРТПА *Бекіре тұқымдас, кәсіптік маңызы зор ірі балық.*

ҚОРТТАУ *Аяну, қорғаншақтау, аяқкестену.* Жаман бай жанын **қорттап** суыққа бір тоңбаған (Шал ақын).

ҚОРТЫҚ *Аласа бойлы, тапал, мыртық.* Қойды шартық бұлдіреді, елді **қортық** бұлдіреді (Мақал).

ҚОРТЫҚТАУ *Аласалау, тапалдау.* Бойы ~ екен.

ҚОРУШЫ *Бір нәрсені қоритын адам.*

ҚОРУЫЛДА *Қору, күзету.* Ауланы ~п жүр.

ҚОРУЫШТА *Қайта-қайта қору, қорғаштау.*

ҚОРША 1. *Бір нәрсені айналдыра бекіту, қоршау жасау.* Ағаштарды шарбақпен ~п қойды. 2. *Жан-жағынан қамап алу.* Олардың бір тобын *қоршап* алып, жойып жіберді (Т. Ыдырысов). 3. *Біреуді ортаға алу, қаумалау.* Бір топ әйел оны ~п алды.

ҚОРШАМА *Айналасы қоршалған жер; қоршау.* ~ жасады.

ҚОРШАМАЛА *Қоршама жасау, қоршау.*

ҚОРШАУ I 1. *Бір нәрсені айнала жасалған шарбақ, бөгесін.* Албарды ~мен қоршаған. 2. *Бір нәрсені шеңбер жасап қысу әдісі.* Жаудың ~ынан шықты. 3. *Түс-түстан қаумалағандық, ортаға алғандық.* Біз кеншілердің ~ында қалдық.

ҚОРШАУ II *Түйе үстіне көшкенде балалы әйел отыруға арналған орын; қоршама.* Аманкүл мен Ғабдолланы *қоршауға* мінгізіп, Қайрақбай түйенің бұйдасын қолына ұстады (Дүйсенов).

ҚОРШАУЛА *Қоршау жасау, қоршама қою.* Үйдің айналасын ~п таста.

ҚОРШАУЛЫ *Қоршауы бар, қоршалған.* ~ қора.

ҚОРЫ I *Бір нәрсені басқадан қорғау, қорғаштау, қарауылдау.* Таудың аңын ~ды.

ҚОРЫ II *Асқазандағы тамақтың, түрлі сөлдердің, өттің әсерінен еріп, бойға сіңуі.* Ас ~ды.

ҚОРЫ III *Кен рудасының, металдың жоғары температурада балқуы.* ~ған қорғасын.

ҚОРЫҒЫШ *Жақсы қоритын.* ~ металл.

ҚОРЫҒЫШТА *Қайта-қайта қору, қорып жүру.*

ҚОРЫҚ I 1. *Малға жайлы, шөбі, суы мол, өлкелі жер.* 2. *Шөбін шауып алу үшін, малдың жайылуына уақытша тыйым салынған жер; шабындық.* ~та мал жатыр. 3. *Сирек кездесетін аңдар мен жануарларды, құнды өсімдіктерді қорғап өсіретін арнаулы аймақ.*

ҚОРЫҚ II *Бір нәрседен қатты зәресі қалмау, шошу.* Ауыр істен қорықпа, Ауыр сөзден *қорық* (Мақал).

ҚОРЫҚТЫҚ I *Шошынған баланың төбесіне су толтырылған ыдыс қойып, соған ерітілген қорғасынды шыж еткізіп құю арқылы емдеу ырымы.* Балаға ~ құйды.

ҚОРЫҚТЫҚ II *Отқа қыздырылған тастарды сүт құйылған ыдысқа салып пісірген сүт.* Қойшылар ~ жасап берді.

ҚОРЫҚТЫҚ III *Қорық боларлық, қорыққа жарарлық.* ~ жер.

ҚОРЫҚШЫ *Қорық қараушы, қарауыл.* Орман ~сы.

ҚОРЫҚШЫЛЫҚ *Қорықшы болушылық.* ~қа келісті.

ҚОРЫЛ *Қор-қор еткен, қорылдаған дыбыс.* Қонақтың ~ынан оянып кеттім.

ҚОРЫЛДА *Қорылдаған дыбыс шығару; қор-қор етіп үйықтау.*

ҚОРЫЛДАҚ *Үнемі қорылдай беретін, қорылдап үйықтайтын.* ~ бала (кісі).

ҚОРЫМ I *Тас, топырақ үйіліп жасалған ежелгі мола, бейіт, қабір.* Сақ заманының ~ы, Алтын адам табылған Есік ~ы.

ҚОРЫМ II *Өлген адамдардың сүйегі қойылған қалың бейіт.* Әкесі жатқан ~ға барды.

ҚОРЫМ III *Тау беткейлеріндегі есіліп, үйіліп жатқан жарықшақ тастар жиыны.* Тас ~дары.

ҚОРЫМАЛ қ. *Қормал.* ~ адам.

ҚОРЫМДЫ *Қорымы бар, қорымы көп.* ~ жер.

ҚОРЫН 1. *өзд. етіс. Қору-н.* 2. *Бір нәрседен жасқану, тайсалу.* Жарасынан ~ды.

ҚОРЫНШАҚ *Қорғаншақ, жасқаншақ.*

ҚОРЫНШАҚТА *Қорғаншақтау, жасқаншақтау.* Білместігімнен ~п отырмын.

ҚОРЫС *Бірнеше жыл бойы адам аяғы баспаған, қамысты, қопалы жер; жыныс.* Көл жағасы қалың ~.

ҚОРЫТ 1. *Ой-пікірді түжырымдау.* Ойын ~ты. 2. *Бір нәрсенің жалпы есебін шығару, жинақтау.* Санын ~ып жаз.

ҚОРЫТҚЫШ *Қорытып жіберетін, қорытатын.*

ҚОРЫТПА *Қорытылып алынған металл.* Шойын ~сы.

ҚОРЫТУШЫ *Қорытқан, қорытатын адам.*

ҚОРЫТЫНДЫ *Белгілі бір шешім, байлам, түжырым.*

ҚОРЫТЫНДЫЛА *Қорытындысын шығару; жинақтау.* Бір жылдық жұмысын ~ды.

ҚОС I 1. *Бір нәрсеге екінші бір нәрсені әкеліп біріктіру.* Қойын қойға ~ты. // *мат. Бір санды екінші бір санға қосып есептеу.* Беске бесті ~. 2. *Бір нәрсенің үстіне екінші нәрсені үстеу, араластыру.* Сүтке су ~ты. 3. *Екі жасты үйлендіру.* Сөйтіп қызын батырға *қосты* (Ер Тарғын). 4. *Біреуге ақшалай не малдай жәрдем беру.* Мынау сендерге *қосқаным* болсын (Жұмақанов).

ҚОС II *Пар, екі, егіз.* Шанаға ~ ат жекті. ◊ **Қос бармақ** — *бір бармағы егіз біткен.* **Қос етек** — *етегіне желбір жүргізген, сәнді (көйлек).* **Қос қабат** — *қосарланған, екі қабат.* **Қос қазы** *(этногр.)* — *екі қабырғаны ұштастыра жасалған қазы.* **Қос қолдап** — *екі қолмен ұстап.* **Қос нүкте** *(лингв.)* — *бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден соң қойылатын тыныс белгісі.* **Қос сөз** *(лингв.)* — *екі сөздің қосарланып айтылуынан жасалған сөз.*

ҚОС III 1. *Белгілі бір жұмысты істеуге шыққан адамдар тобы.* Олар өздері бір ~ болып отыр. 2. *Осы топтағы адамдар тұратын уақытша баспана. Қоста* аспазшы Аманбек қана бар екен (Б. Шаханов). ◊ **Қос айдады** — *жер жыртты, егін екті.*

ҚОСА *Бірге, үстіне.* Оған ~ мені де жіберді. ◊ **Қоса қабат** — *қабаттасып, бірге.*

ҚОСАҒАСЫ *Қосқа басшылық етуші адам.* ~на барып жолық.

ҚОСАҚ 1. *Сауу үшін ұзын арқанмен мойындарынан қосақтай байланған қой мен ешкілер тобы.* Кешікпей ~ ағытылды. 2. *Қосақталған мал.* Айдағаны жалғыз-ақ ~. 3. *Ауыс. Ерлі-зайыпты кісілердің бірі, жары.* Сенің анаң Зейнеп көп жыл ащы-тұщыны бір татқан *қосағым* еді (Мекебаев). ◊ **Қосағынан айырылды** — *жұбайы қайтыс болды.* **Қосағын жазбады** — *үнемі бірге болды, бірге жүрді.* **Қосақ арасында кетті** — *бекерден-бекер күйді.*

ҚОСАҚТА 1. *Қойды қосаққа байлау.* Қой ~ды. 2. *Екі малды бір-біріне қосып байлау.* Жылқыларды екеу-екеуден ~ды. 3. *Ауыс. Біреуге жұбай етіп қосу.* — Мырзаны кедей қызына *қосақтап* қайтесің? (С. Омаров).

ҚОСАҚТЫ *Қосағы бар; қосақталған, қосақтаулы.* ~ қой (жылқы).

ҚОСАЛҚЫ 1. *Қосымша, жанама.* ~ шаруашылық (табыс). 2. *спорт. Қажет кезінде негізгі*

ойыншыларды ауыстыратын. Бұл футбол командасының ~ тобы.

ҚОСАЛҚЫЛАН *Қабаттасу, қосылу.* Бұл сөздің алдынан қалай да бір қысаң дауысты **қосалқылаңып** отырады (Қазіргі қаз. тілі).

ҚОСАНЖАРЛА *Қабаттасу, қатарласу, килігу.* Жәнібек **қосанжарлап** қасынан қалмай жүр (Жұмаділов).

ҚОСАР *Атты адамның қатары, жаны.* Жетелеп өз атымды **қосарға** алдым (Батырлар жыры).

ҚОСАРЛА *Парлау, жұптау; қосағына алу.*

ҚОСАРЛАН *Қоса қабаттасу, қосанжарласу.* Екеуі ~а келді.

ҚОСАУЫЗ *Екі ұңғылы мылтық.* ~ын ала ұмтылды.

ҚОСАЯҚ *Екі артқы аяғы мен құйрығы ұзын келген, секектеп жүретін дала тышқаны.*

ҚОСКІНДІК *Жас төлдің кіндігі ісіп ауыратын ауру.* Қозы ~ болып ауырды.

ҚОС-ҚОС *Екеу-екеу, жұп-жұп.* ~ түйе.

ҚОС-ҚОСТАП *Қосарлап, қос-қосымен.* Кілемдерді ~ төсеп тастаған.

ҚОСҚЫШ *Екі нәрсені бір-бірімен қосып, жалғастырып тұратын нәрсе.*

ҚОСМҮЙІЗ *этногр. Арқардың, қошқардың мүйізіне ұқсатып салынған ою, өрнек.* ***Қосмүйіз*** — қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейтін ою (Қасиманов).

ҚОСПА I *Тары жармасына май мен қант қосып жасалған ұлттық тағам; жент.* ~ жедік.

ҚОСПА II 1. *Әр түрлі заттардан қосылған қосынды.* ~ әзірледі. 2. *Бір нәрсенің құрамына қосылған зат.* ~ның әсері мол. 3. *Ауыс. Өтірік, жалған.* Жұрт оның сөзінің **қоспасы** бар екенін біледі (Шашкин).

ҚОСПА III *Екі нәрсенің қосылған, түйіскен жері.* Керегенің ~сы.

ҚОСПАЖЕМ *Әр түрлі минералды заттардың қоспасынан тұратын жем.* Малға ~ берді.

ҚОСПАҚ I *Айыр түйе мен нарды будандастырудан алынған түйе тұқымы.* Көзің бірден қызыл **қоспаққа** түсті-ау, шырағым (Райымқұлов).

ҚОСПАҚ II *Қосарланған, қатар тұрған.* Арт жағында Жаншаның **қоспақ** дүкені (Есенжанов).

ҚОСПАҚТА *Қосарлау, қосақтау.* Конькиін **қоспақтап,** оң иығына аса салды (Қанахин).

ҚОСПАЛЫ *Қоспасы бар, қосылған.* ~ шолпы.

ҚОССАЙЫС *спорт. Белгілі бір спорттың екі түрі бойынша өткізілетін жарыс.* ~тан алдына жан салмады.

ҚОССАЙЫСШЫ *Қоссайыспен айналысатын спортшы.*

ҚОСТА I *Біреудің сөзін мақұлдау, қолдау.*

ҚОСТА II *Қос-қос етіп бөлу, топтау.* Жылқыны **қостап,** қысқы жайылымға айдап салды (Ақышев).

ҚОСТАБАН *Екі тұяқтың арасы ісініп, іріңге толып кететін қой ауруы.* Қойда құлық, **қостабан** сияқты аурулар болып тұрады (Арғынбаев).

ҚОСТАС *Бір қостағы, қосы бірге (адам).*

ҚОСТОТЫҚ *хим. Екі тотықтың қосындысы.* Оған бромның **қостотығын** араластырды (Химия).

ҚОСУ *мат. Сандарды бір-біріне қосатын арифметикалық амал.* ~ амалы.

ҚОСШЫ *Бірсуге қызмет етуші, күтуші адам.* Мың жаманға басшы болғанша, Бір жақсыға **қосшы** бол (Мақал). ◊ **Қосшы одағы [ұйымы]** — *Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ауылды жерде алғаш ұйымдасқан кедей шаруалар ұйымы.*

ҚОСШЫ-ҚОЛАҢ *Біреудің қасына еріп, қызметін істеп жүрген адамдар.* ~ы келді.

ҚОСШЫЛЫҚ *Біреуге қосшы болушылық.* Бір жігітті ~қа алды.

ҚОСЫЛҒЫШ *мат. Қосылатын сандар.* ***Қосылғыштардың*** орнын ауыстырғаннан қосынды өзгермейді (Арифметика).

ҚОСЫЛЫС *Бірнеше нәрседен біріккен қосынды, қоспа.* Бор ~тары.

ҚОСЫМША I *Қосалқы, жанама.* Комиссия көптеген **қосымша** фактілер тауыпты (Бақбергенов). ◊ **Қосымша ақы (экон.)** — *нормадан тыс істелген жұмыс үшін төленетін ақша.* **Қосымша бет** — *құжаттарды толтырғанда, жазғанда орын болмағанда жапсырылатын қосымша парақ.* **Қосымша еңбек** — *жұмыскерлердің қосымша жұмыс уақыты ішінде істеген еңбегі.* **Қосымша құн (экон.)** — *жалдама жұмысшының еңбегі арқылы оның күшінің құнынан артық алынатын құн.* **Қосымша өнім [табыс]** — *жоспардан тыс алынатын түсім; табыс.* **Қосымша төлем** — *үстеп, қалғанын қосып төлеу; доплата.*

ҚОСЫМША II *лингв. Түбір сөзге қосылып, оған жаңа мағына үстейтін морфема.*

ҚОСЫМШАЛЫ *Қосымшасы бар; жалғау немесе жұрнақ жалғанған.* ~ сөз.

ҚОСЫН *көне.* 1. *Жауынгерлер тобы, әскер.* Жұрт оларды қызыл емес, ақтардың **қосыны** деді (Сейфуллин). 2. *Жауынгерлер тобы тұратын жер.* Күн батып, ұрыс тыйылып, екі әскер де өз **қосындарына** қайтып оралды (Мың бір түн).

ҚОСЫНДЫ 1. *Әр түрлі нәрседен қосылған қоспа.* Микстураны әр түрлі ~дан жасайды. 2. *мат. Бірнеше қосылғыштарды қосқаннан шыққан нәтиже.* ~ сан.

ҚОТАН *Мал тұнейтін орын; қора.* Қой ~да жатыр.

ҚОТАНДА *Малды қорағa иіру, қоралау.* Жұрт малдарын ~п жүр.

ҚОТАНДАС *Қотаны іргелес, қоралас.* Ауылы аралас, қойы ~.

ҚОТАН-ҚОТАН *Бірнеше қотан, қора-қора.* ~ қой.

ҚОТАНШЫЛ *Қотанды жақсы күзететін, қотан қорығыш.* ~ иттер.

ҚОТАР 1. *Сұйық затты бір ыдыстан екінші ыдысқа бірден аудара құю.* Қымызды тегенеге ~ып алды. 2. *Ауыс. Белгілі бір мәтінді бір тілден екінші тілге аудару.* Түрікмен тілінен қазақшаға ~ды.

ҚОТЫР *Адам мен хайуандардың терісінде болатын жұқпалы, қышыма ауру.* ***Қотыр*** қолдан жұғады (Мақал).

ҚОТЫРАШ *Қотыр-қотыр, бұжыр-бұжыр.* ~ тас.

ҚОТЫРЛАН: қара қотырланды — *жарасы жазыла бастады.*

ҚОШ I *Бір-бірінен айырылысар, қоштасар кезде айтылатын сөз.* -*Қош,* елім, ***қош,*** туған жер! (Ж. Молдағалиев). ◊ **Қош айтты** — *амансаулық тілеп қоштасты.* **Қош бол!** — *қоштасар кезде амандық, саулық тілеп айтылатын сөз.*

ҚОШ II *Ұнамды, жағымды; құптаған.* — Уағалайкөмассалам! — деп, Субай адвокат **қош** даусымен сәлем алды (Жансүгіров). ◊ **Қош алды** —

құптады, мақұлдады. **Қош көрді** — *ұнатты, жаратты; мақұл көрді.*

ҚОШАҚАН *экспр.* 1. *Қойдың жас, кішкене қозысы.* 2. *Ауыс. Кішкене баланы еркелеткенде айтылатын сөз.* — Қойшы енді, қоңыр *қошақаным* менің! (Сүндетов).

ҚОШЕМЕТ *Біреуге жасалған сый, құрмет, қолпаш.* Бұл еңбек адамына деген ~еді. ◊ **Қошемет білдірді [көрсетті]** — *құрметтеді, сыйлады.*

ҚОШЕМЕТТЕ *Құрмет білдіру, сыйлау.* Ел әкемді ~ді.

ҚОШЕМЕТШІ *Қошемет еткен, сыйлаған; құрметтеуші.* ~ адам.

ҚОШЕМЕТШІЛ *Қошемет ете білетін, қошемет құмар.* ~ қауым.

ҚОШ-ЕСЕН: қош-есен бол — *қош-сау бол.*

ҚОШҚАР *Қойдың күйекке түсетін піштірілмеген еркегі.* Асыл тұқымды ~лар. ◊ **Қошқар тұмсық** — *мұрны қоңқиған.*

ҚОШҚАРДАЙ *Ірі, үлкен. Қошқардай* қос ұлы бар (Ә. Әбішев).

ҚОШҚАРЛЫҚ *Қошқар болғандық.* ~ жасайды.

ҚОШҚАРМҰЙІЗ *Қошқардың мұйізі тәрізді ою, өрнек.* ~ ою-өрнегі.

ҚОШҚАРША *Қошқар тәрізді, қошқар секілді.* ~ сүзісті.

ҚОШ-ҚОШ *Қойды тыныштандыру немесе ұйту үшін айтылатын ишарат сөз.* ~, қошақаным.

ҚОШҚЫЛ *Қара қоңыр; күреңдеу.* ~ қою түтін.

ҚОШҚЫЛДАН *Қошқыл тарту, күреңдену.* Өңі ~ып кетті.

ҚОШҚЫЛДАУ *Қара қоңырлау, күреңдеу.*

ҚОШҚЫЛТ *Сұйықтау қара қоңыр; ақшыл күрең.* ~ түтін.

ҚОШ-САУ: қош-сау бол — *аман-есен бол.*

ҚОШТА *Біреудің пікірін қолдау, құптау.* Біз де ~дық.

ҚОШТАС *Қош айтысу, "қош бол"деу.* Ол ~ып, машинаға мінді.

ҚОШТЫҚ: көңіл қоштығы — *көңілдің жай тапқандығы.*

ҚОЮ 1. *Сұйық емес.* ~ айран (бөкпен). 2. *Ауыс. Қалың, тығыз, жиі.* ~ қара қасы бар (шаш).

ҚОЮЛА *Қою ету, қойылту.* Көжені ~п құйды.

ҚОЮЛАН 1. *Қою тарту, қойылу.* Бұлт ~ды. 2. *Ауыс. Жиілену, тығыздалу.* Қамыс барған сайын *қоюлана* түсті (Жетпісбаев).

ҚОЮЛАУ *Қоюланыңқырап кеткен, қоюырақ.* ~ түтін.

ҚОЮЛЫҚ 1. *Сұйық еместік.* Тамақтың ~ғы. 2. *Ауыс. Жиілік, тығыздық, қалыңдық.* Шаштың ~ғы.

ҚОЯ 1. *Құстың бөтегесі мен иттің асқазанында қорытылмай қалып қойған жарамсыз зат.* Құстың ~сы түсті. 2. *Ауыс. Іште жасырын жатқан сыр, бұлық.* -Шарбақбайдың да талай *қоясын* ақтарып бердім (Нұрманов). ◊ **Қоясын шығарды [ақтарды]** — *жасырын сырын ашып масқара қылды, әшкереледі.*

ҚОЯБА *Құстың қоясы.* Құсыңның *қоябасын* түсіріп пе едің? (Көшімов).

ҚОЯЛА *Қоя жиналып қалу.* Құсы ~п қалыпты.

ҚОЯЛАТ *Қоясын түсіру, құстыру.*

ҚОЯН 1. *Кеміргіштер тобына жататын ұзын құлақ сұтқоректі жабайы әрі ұй хайуаны.* 2. *Екіше жыл қайырудағы төртінші жылдың аты. Қоян* жылы осы жерді су басып кеткен (Мырзақұлов). □ **Қоян ерін** — *қоянның ерні сияқты жырық ерін.* **Қоян жақ** — *қоянның жағы сияқты шығыңқы жақ.* **Қоян жон** — *қоянның жоны тәрізді дөңес келген.* ◊ **Қоян жүрек** — *қорқақ, су жүрек.*

ҚОЯНЕРІН *бот. Жапырақтарының жиегі қоянның ерні сияқты дәрілік шөп.*

ҚОЯНЖЫРЫҚ I *Адамның үстіңгі ерні жырық болып біткен кемістік.*

ҚОЯНЖЫРЫҚ II *Жапырақтары сопақша, ұшбеске тармақталған, гүлдері жиналып, масақ тәрізденіп сабақ басына орналасқан, биіктігі 25–45 см, кішілеу келген тікенді бұта.*

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ *Аралас-құралас, тығыз бірлікте.* Олар жастармен ~ араласып кетті.

ҚОЯН-ҚОЛТЫҚТАС *Араласу, тығыз бірлікте болу.*

ҚОЯНҚҰЙРЫҚ *бот. Астық тұқымдасына жататын шөп.* Алдымен *қоянқұйрық,* атқонақ, арпабас сияқты өсімдіктері бар сай-саланы пайдалану керек (Жұмағұлов).

ҚОЯНСҮЙЕК *бот. Құмды жерлерде өсетін бұта.*

ҚОЯНТОБЫҚ *бот. Тамыр түйнегі жеуге жарамды, көп жылдық құм өсімдігі.* Құм төбенің қойнауында өсіп тұрған мол *қоянтобыққа* кездесіп, қазып алдым (Қанахин).

ҚОЯНШӨП *бот. Лалагүл тұқымдасына жататын, көген тамырлы көп жылдық өсімдік. Қояншөп* овощ ретінде барлық жерде қолдан өсіріледі (ҚСЭ).

ҚОЯНШЫҚ 1. *Ауызынан ақ көбік ағып, талып жығылатын ұстамалы ауру; талма.* 2. *Ауыс. Жынды, есер, есалаң.* Сенің *қояншық* ұлыңа менде беретін қыз жоқ (Д. Исабеков). ◊ **Қояншығы ұстады** — *қырсығып қалды, жынданды.*

ҚОЯРДА-ҚОЙМАЙ *Жалынып-жалбарынып, қыр соңынан қалмай.* ~ сұрап алды.

ҚУ I *Иілген ұзын мойынды, әдемі су құсы; аққу.* Көрінер көк жүзінде қаз бен *құу* (Алтынсарин).

ҚУ II 1. *Кеуіп кеткен, құрғақ.* ~ шөп, ~ ағаш. // *Әбден кеуіп кеткен құрай, шырпы.* От керек болса, шақпақпен *құды* тұтатып алып, жаға қоямыз (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Құрғыр, құрып кеткір.* ~ жалғыздық, ~ соғыс. 3. *Ауыс. Опасыз, баянсыз, жалған. Қу* өмір жолдас болмас, әлі-ақ өтер (Абай). □ **Қу басы** — *бір өзі, қарақан басы.* **Қу дала [мекиен, жапан]** — *елсіз, сусыз құла түз.* ◊ **Қу ауыз** — *бардың өзін жоқ деп отыратын адам.* **Қу аяқ** — *залым, зымиян, сұмырай.* **Қу бас** — *балалары өлген немесе бала көрмеген адам.* **Қу бастан қуырдақ ет алды** — *жоқтан бар жасайтын адам.* **Қу борбай** — *құшиған, келісімсіз.* **Қу жақ** — *сарнап-қақсап қалған.* **Қу жаны қуырдақ болды** — *жаны қалмады, бәйек болды.* **Қу құдай** — *ренжігенде айтылатын сөз.* **Қу мандай** — *бағы ашылмаған, сорлы.* **Қу мүйіз** — *әккі болған, ысылған (адам).* **Қу сирақ** — *дәнеңесі жоқ, кедей; жарымаған.* **Қу сүйек** — *арық, еті қашқан.* **Қу тақым** — *мінген аты өле беретін сұмырай.* **Қу таңдай** — *таңдайы тақылдап қалған, сөзуар.* **Қу тұяқ** — *қу, сұм, сұмырай.* **Қу тізесін құшақтады** — *әйел алмады, үйленбеді.* **Қу тілденді** — *қуланды, қуақыланды.* **Қу тілді** — *күлдіргі, әзілқой.*

ҚУ III *Темір, тас шақпақпен от тұтату үшін, арнайы мақтадан әлде сиырқұйрық сияқты шөптің бүрінен әзірлеп қойған зат.*

ҚУ IV 1. *Айлакер, амал тапқыш.* ~ бала (келіншек). 2. *Ауыс. Алаяқ, сұм, сұмырай.* Ол — бүкіл елді жерге отырғызып кеткен *қу* (Т. Әлімқұлов).

ҚУ V 1. *Біреудің соңына түсу, жүгіру.* Ол бандының соңынан ~ды. 2. *Біреуді жүрген жерінен кетіру, тайдыру.* Елден ~ды, үйден ~ды. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің соңына түсу, ынтығу.* Білім ~ды, атақ ~ды.

ҚУАҚЫ *Әзілқой, күлдіргі, қалжыңбас.* ~ жігіт (адам).

ҚУАҚЫЛАН *Қулану, қутың қағу.* — Қойшыей, саған да ой келе ме? — деді Қанипа *қуақыланып* (Нұршайықов).

ҚУАҚЫЛАУ *Қу тілділеу; аздап қуақы.* ~ жігіт.

ҚУАҚЫЛЫҚ *Қуақы болғандық, қу тілділік.* Оның ~ғы бар.

ҚУАЛА 1. *Ұстап алу үшін қашқанның артынан қуу.* Балалар қозы ~ды. 2. *Бір нәрсенің ізіне түсу, өкшелеу.* Сиырдың ізімен ~п келіп тұрмыз. 3. *Малды алдыға салып жеделдете айдау, тез жүргізу.* Жылқыларымды ~й жөнелдім. 4. *Малды, құсты бір жаққа айдап тастау; үркіту.* Ана малды ~п таста. 5. *Біреуді тұрған жерінен күшпен айдап шығу.* Үйінен ~п шықты. 6. *Ауыс. Қызметтен қуу, жұмыстан шығару.* Жұмыстан ~ды. 7. *Бір жаққа еріксіз жіберу, жұмсау.* Бригадир қайда ~са сонда барады. 8. *Бір нәрсенің бойын бойлау, жағалау.* Олар сайды ~й жүріп кетті. 9. *Ауыс. Бір нәрсенің соңына түсу, соны діттеу.* Өнер ~ды, сөз ~ды.

ҚУАЛАҒЫШ: тұқым қуалағыш — *тұқымнан тұқымға ауысатын, тегіне тартатын.*

ҚУАЛАНДЫ *Көп қуылған, құғынды.* Бұл машина әбден *қуаланды* болғандығы көрініп тұр (Дәулетбаев).

ҚУАЛАСПАҚ *Балалардың бірін-бірі қуалап ойнайтын ойыны.* Екеуі ~ ойнады.

ҚУАН *Бір нәрсеге мәз болу, шаттану.* Анасын көріп, ~ып кетті.

ҚУАНЫШ 1. *Бір нәрсеге қуану сезімі; шаттық.* ~ көп болсын! 2. *Ауыс. Біреудің көңілге медеу тұтарлық жұбанышы, қызығы.* Көкаяқ біздің үйдің *қуанышы* еді (Жұмақанов). ◊ **Қуаныш әкелді** — *қуантты, қуанышқа кенелтті.* **Қуанышқа батты [бөленді, кенелді]** — *мәз болды, шаттанды.* **Қуанышқа бөледі** — *қуантты, мәз етті.* **Қуаныш білдірді** — *бірге қуанды, қосыла қуанды.* **Қуаныш етті [қылды, көрді]** — *қуанды, мәз болды.* ◊ **Қуаныш құтты [қайырлы] болсын** — *қуанышты адамға айтылатын игі тілек.* **Қуанышында шек жоқ [шек болмады]** — *қатты қуанды, шаттанды.* **Қуанышын жасыра [ішіне сыйғыза] алмады** — *мәз болды, шаттанды.* **Қуанышыңды жер көргір (қарғ.)** — *жастай солғыр!* **Қуаныштан жүрегі жарылып кете жаздады** — *қатты қуанды, шаттанды.* **Қуанышы қойнына сыймады** — *мәз болды, шаттыққа бөленді.*

ҚУАНЫШТА *Қуаныш ету, қуану.* Дәмешті *қуаныштаған* көрші-қолаң үйдің ішін басына көтерді (Шашкин).

ҚУАНЫШТЫ *Қуанышы мол; ризалық сезімге бөленген.* ~ күн, ~ хабар.

ҚУАНЫШТЫЛЫҚ *Қуанышқа бөленгендік, қуангандық.*

ҚУАҢ 1. *Ылғалы тапшы, шөл-шөлейтті.* ~ дала. 2. *Жауын-шашынсыз, құрғақ.* Жаздың басы ~ болды. 3. *Ауыс. Құқыл тартқан, бозарған.* Бөлім бастығының *қуаң* жүзінде қан жүгірді (Исабаев). ◊ **Қуаң тартты** — а) *жауын-шашын болмай, жер беті сарғайып кетті*; ә) *өңі құқылданды, түсі қашты.*

ҚУАҢДАН 1. *Жауын-шашын болмай құрғай бастау, сарғаю.* Бетеге *қуаңданып*, жоңышқа сарбалақ тартқан (Жұмақанов). 2. *Ауыс. Өңі қашу, бозару.* Ақшыл жүзі *қуаңданып*, ернін тістеп алған (Әдібаев).

ҚУАҢДАУ 1. *Жауын-шашыны аздау, құрғақтау.* 2. *Ауыс. Жүзі құқылдау, бозарыңқы.* Есен бет пішіні *қуаңдау* жігіт еді (Иманжанов).

ҚУАҢДЫҚ 1. *Жауын-шашынсыздық, құрғақшылық.* 2. *Ауыс. Өңі қашқандық, құқыл тартқандық.* Әйтеуір жүзінде *қуаңдық* бар (Ғ. Мүсірепов).

ҚУАҢШЫЛЫҚ *Жауын-шашынсыздық, құрғақшылық.* Ол жақта биыл ~ көрінеді.

ҚУАР 1. *Күнге күйіп құрау, сарғаю.* Шөп біткен ~ып кетті. 2. *Ауыс. Өңі қашу, бозару, құқылдану.* Өңі ~ып, көзі үңірейіп кеткен. 3. *Ауыс. Бала-шағасынан айырылып, жалғыз басы қалу.* Жалғыз басың *қуарып* не бітірмексің? (Исабеков).

ҚУАРҒАН *"Құрап қалған", "соры қайнаған".* Уа, *қуарған,* Қозыбақ (М. Әуезов).

ҚУАРҒЫР *"Қуарып қалғыр", "құрығыр".* Ей, ~, жетімек.

ҚУАРЛА *Бір нәрсені қазбалау, құдалау.* Ол ~п қоймады ғой.

ҚУАРЫҢҚЫ 1. *Аздап қуара бастаған, қуаң тартқан.* ~ шөп. 2. *Ауыс. Өңі құқыл тартқан, бозарыңқы.* ~ жүз.

ҚУАТ 1. *Күш, әл, дәрмен.* Бойында ~ы бар жігіт. 2. *Күнделікті ішетін астан алынатын, адам тіршілігіне қажетті нәр; каллорий.* Жүгері дәнінің *қуаты* да жоғары (Құсайынов). 3. *физ. Нақты уақыт бірлігі ішінде істелген жұмысқа тән физикалық шама; энергия.* 75 мың киловат *қуаты* бар алты агрегат жұмыс істейді (Тәжіғұлов). 4. *экон. Өндіргіш күш; пәрмен, қарқын.* Заводтың *қуаты* екі есе артты (Жаңарған өлке). 5. *Ауыс. Медеу, тірек, сүйеніш.* — Екеуінің тірі жүргендері бізге *қуат* (Жақсыбаев). ◊ **Қуат алды** — *қуаттанды, жігерленді.* **Қуат берді** — а) *әлдендірді, күш қосты*; ә) *қайраттандырды, жігерлендірді.* **Қуат болды** — *медеу тұтты, сүйеніш етті.* **Қуат етті [қылды]** — *көңіліне демеу тұтты, дәтке қуат етті.* **Қуат кетті** — *күші кеміді, әлсіреді.* **Қуат көрді [тұтты]** — *демеу санады, тірек тұтты.* **Қуаты артты** — *шама-шарқы өсті, күшейді.* **Қуаты қайтты** — *әлі кетті, күші азайды.*

ҚУАТСЫЗ 1. *Күш-қуаты аз, әлсіз, қайратсыз, жігерсіз.* 2. *Қауқары жоқ, нәрі аз.* ~ тамақ.

ҚУАТСЫЗДЫҚ 1. *Күшсіздік, әлсіздік.* 2. *Қауқарсыздық, нәрсіздік.*

ҚУАТТА *Біреудің пікірін қолдау, қоштау.* Менің сөзімді ~ды.

ҚУАТТАН 1. *Әлдену, күш жию.* Біраз демалып, ~ып алдық. 2. *Жігерлену, қайраттану.* Жеңістен кейін ел ~ып кетті.

ҚУАТТЫ 1. *Қуаты мол; әлді, қайратты, қауқарлы (адам).* ~ шал. 2. *Ауыр жұмыс атқаратын,*

мүмкіндігі мол (техника). ~ машиналар. 3. *Экономикалық жағынан күшті дамыған мықты (ел).* ~ ел (республика). 4 *Энергиясы өте жоғары.* ~ су электр станциялары. 5. *Калориясы мол; майлы.* ~ тамақ. 6. *Қарқынды, пәрменді.* Ол техниканың *қуатты* қимылын көзбен көрді (Жұмақанов). ◊ **Қуатты ма?** — *аман-есен бе, сау-саламат жүр ме?*

ҚУАТТЫЛАУ *Күштірек, әлдірек.*

ҚУАТТЫЛЫҚ 1. *Қайраттылық, әлділік.* 2. *Күштілік, мықтылық.* Ол кеңестік қарудың ~ғын тағы да паш етті. 3. *Экономикалық жағынан күшті дамығандық.* Мемлекетіміздің ~ғы артты. 4. *Энергия молдығы.* ~ғы мол СЭС. 5. *Калориясының көптігі; майлылық.* ~ғы жоғары тамақ. 6. *Қарқындылық, пәрмеңділік.* Ленингор комбинатының *қуаттылығы* үш есе өспек (Бакенов).

ҚУАТТЫРАҚ *Күштірек, әлдірек, мықтырақ.*

ҚУҒЫН 1. *Қуушылық, қуу әрекеті.* ~ шықты. 2. *Біреудің соңына түсушілік, құдалаушылық.* ~ды көп көрді. ◊ **Қуғынға салды** — *біреуді қуғындады, құдалады.* **Қуғынға түсті [ұшырады]** — *қуғын көрді.* **Қуғында болды** — *қуғында жүрді, қуғын көрді.* **Қуғында жүрді** — *құдаланды, қашып-пысып күн көрді.* **Қуғын көрді** — *қуғынға түсті.*

ҚУҒЫНДА 1. *Қуғын салу, қуу.* ~ған жау. 2. *Ауыс. Құдалау, соңына түсу.* Маған бола сендерді де ~п жатыр ма?

ҚУҒЫН-СҮРГІН *Ала-сапыран кез.* ~нен аман қалды. ◊ **Қуғын-сүргінге түсті [салды, ұшырады]** — *қуғын көрді, құдаланды.* **Қуғын-сүргін көрді** — *қуғындалды, құдаланды.*

ҚУҒЫНШЫ *Қуып келе жатқан адам; қуушы.* ~ жетті.

ҚУҒЫНШЫЛЫҚ *Біреудің соңына түсушілік; құдалаушылық.*

ҚУҒЫШТА *Қайта-қайта қуу, қуа беру.*

ҚУДАЙ *Аппақ, ақ.* Шашы ~.

ҚУДАЛА 1. *Біреудің артына түсу, қыр соңынан қалмау.* 2. *Ауыс. Бір нәрсені қазбалап сұрау.* Оның жайын ~май-ақ қой.

ҚУДЫРЛА *Құдыр-құдыр ету, қаудырлау.*

ҚУЖАҢ *Қутың қаққан, жылмаңдаған.*

ҚУЖАҢДА *Қутыңдау, жылмың қағу.*

ҚУЖАУЫРЫН *Жөнсіз міністен болатын жылқы ауруы.*

ҚУЖЫҢДА қ. *Қужаңда.*

ҚУЗА 1. *Бір нәрсені қозғау, ысыру, қаузау.* Отты ~п қойды. 2. *Бір нәрсені реттеу, жинастыру.* — Жарайды, барынды *құзай* бер (Алтайбаев). 3. *Көлікті жеделдете бастыру, тездету.* Манарбек көкбөртені *құзай* түсті (Тілеуханов).

ҚУҚҰМАЛАҚ *Уақ малда болатын ауру.*

ҚУҚЫЛ *Қан-сөл жоқ, бозарған.* ~ жүзіне қан жүгірді. ◊ **Қуқыл жүзді [өңді]** — *жүзі қуқыл тартқан.*

ҚУҚЫЛДАН *Өңі бозару, сұрлану.* Өңі ~ып кетті.

ҚУҚЫЛДАУ *Аздап бозарған, сұрқай.*

ҚУЛА 1. *Бір нәрсенің бойын жағалау; қуалау.* Сайды ~п барады. 2. *Бір нәрсені кеулеу, ұңғу.* Үңгіп, *қулап* жер өзегін, Бара жатыр жігіті (Боранбаев).

ҚУЛАН *Қуақылану, айлакерлену.* Мен де ~ып алдым.

ҚУЛАУ *Аздаған қулығы бар, айлакерлеу.* ~ адам (бала).

ҚУЛЫҚ I 1. *Алдамшы іс-әрекет; амал, айла, тәсіл.* ~ жасады. 2. *Залымдық, арамдық.* Ойпырмай, соншама ~ты қайдан үйренген? ◊ **Қулығы көген басынан аспады** — *қулығы алысқа бармады, тез әшкере болды.* **Қулығына құрық [найза] бойламас** — *нағыз алаяқ, қу, сұм.* **Қулыққа салды [барды, көшті]** — *қулық істеді, амалдады.* **Қулық сақтады** — *арамдық ойлады, айла жасады.* **Қулық сауды [қуалады]** — *үнемі арамдық етті.*

ҚУЛЫҚ II *Тұмса құлындаған жас бие.* Мырза бүгін мама биелерді босаттырып, көбінесе *құлықтарды* байлатты (Ғ. Мұстафин). ◊ **Қулық құлындады** — *бірінші рет құлындады.*

ҚУЛЫҚ-СҰМДЫҚ 1. *Амал-айла, айлакерлік.* Ол ~ты білмейді. 2. *Залымдық, зұлымдық.* Одан барлық ~ты күтуге болады. ◊ **Қулық-сұмдығы жоқ [қулық-сұмдықты білмейтін]** — *ақ пейіл, адал, жаны таза.*

ҚУЛЫҚШЫЛ *Қу, айлакер, алдамшы.*

ҚУЛЫҚШЫЛДАУ *Аздап қу, айлакерлеу.* ~ кісі.

ҚУМА *Бірден-бірге ауысқан, бір-біріне жалғас.* ~ жел (толқын). ◊ **Кума құдалық** — *үш-төрт адамның бір-біріне қыз беріскен, қыз алысатын құдалығы.*

ҚУМАДАН *Қам кірпіштің өртеп, қыш жасайтын пеш.*

ҚУМАЛА *Қуа беру; қазбалау.*

ҚУНА 1. *Демалу, тыныгу.* Қай уақытта келсеңіз де есігім ашық, аунаңыз, *қунаңыз* (Естаев). 2. *Тыңаю, ширау, құлпыру.* Сасырды әлсіреген малға берсең, *құнап* шыға келеді (Бөкеев). 3. *Ауыс. Құлпыру, жайнау, тазару.* Ол бейне сау күніндегідей *құнап* шыға келді (Қабдолов).

ҚУНАҚ *Тың, ширақ, құнақы.* Қарт әлі *құнақ,* тың екен (С. Мұқанов).

ҚУНАҚТЫҚ *Ширақтық, құнақылық.*

ҚУНАҚЫ *Ширақ, тың, сергек.* Жасы жер ортасына келсе де, *құнақы* (Сыланов).

ҚУНАҚЫЛАН *Тыңаю, ширау, құлпыру.* Қара шал *құнақыланып* барады (Әлішев).

ҚУНАҚЫЛАУ *Ширақтау, тыңырақ, пысықтау.*

ҚУНАҚЫЛЫҚ *Ширақтық, сергектік, пысықтық.*

ҚУНАҢ: қунаң қақты — *ойнақ салды, секектеді.*

ҚУНАҢДА *Ойнақ салу, секектеу.* Екі ақ лақ анасынá қарай *құнаңдап,* секектеп жүгіре жөнелді (Тұрманжанов).

ҚУРА 1. *Ылғалдың жетіспеуі салдарынан өсімдіктің құрап кетуі; солу, сарғаю.* Өсімдіктер ~п кетті. 2. *Бір нәрсенің күнге қақталып, қатты кеуіп кетуі; құрғау.* Сабаның ауыз жағы ~п кетіпті. 3. *Ауыс. Құру, жоқ болу.* Уылжыған ақша бет *құрасайшы* (Сейфуллин). ◊ **Курап қалсын** — *қарап қалсын, құрысын.* **Курап отыр** — *тұгі жоқ, жетіспейді.*

ҚУРАЙ I *биол.* 1. *Биік болып өсетін шөп тектес, ірірек өсімдіктердің жалпы атауы.* 2. *Осы өсімдіктердің мал жемейтін қатты сабағы.* ◊ **Қурай басын сындырмайды** — *тұқ істемейді, еңбек етпейді.*

ҚУРАЙ II *муз.* Көне музыкалық аспап. Хайролланың өзі атақты гармоншы, оның үстіне *құрайды* да жақсы ойнайды ("Қаз. әдеб.").

ҚУРАЙДАЙ *Жіп-жіңішке; ұп-ұзын, сойдиған.*

ҚУРАЙ ЖУСАН *бот. Жусан туысына жататын бір не екі жылдық шала бұта.*

ҚҰРАЙЛАН *Шөп тектес өсімдіктер сабағының іріленіп, қатайып кетуі.*

ҚҰРАЙЛЫ *Құрайы бар, құрай өскен.* ~ дала (сай).

ҚҰРАЙ-СҰРАЙ *қарап. Құрай және тағы басқа сол сияқты заттар.* ~ да табылар емес.

ҚҰРАЙШЫ *Құрай музыкалық аспабында ойнаушы адам.*

ҚҰРАҚ *Кеуіп кеткен, құраған; құрғақ.*

ҚҰРАТ 1. *өзг. етіс. Құра-т.* 2. *Ауыс. Сорын қайнату, сорлату, құрту. ...**Қуратып*** мен сорлыны тастап кетпе (Қозы Көрпеш).

ҚҰРЫЛ *Құрысу, бүрісу; кішірею.* Өкпенің қабынған клеткалары ***құрылып,*** дәнекер тканьге айналды (Исамбаев).

ҚҰСАҚ *Тұмса бұзаулаған сиыр.*

ҚҰСЫН *Қу болғансу, өзін-өзі құ санау.*

ҚҰСЫР 1. *Екі нәрсені айқастыра қосу, біріктіру.* Екі қолын ~ды. 2. *Бір нәрсені шетінен бастап ысыру, бөксеру.* Ат машина кең қолатты ~ып келеді. 3. *Қысу, ығыстыру, тықсыру.* Өрт бізді ~ып барады. 4. *Белгілі бір жас мөлшеріне жақындау, алқымдау.* Ол жасы алпысты ~ған адам.

ҚҰСЫРМА *Құсырылған, құсырылып келген.* Киіз үй дөңгелек, ***құсырма*** төбелі болады (ҚазССР тарихы).

ҚҰСЫРМАЛА *Екі жақтан қысу, құсыру.*

ҚҰСЫРЫҢҚЫ *Аздап құсырылған, қысыңқы.* Танауы ~.

ҚҰТҰМСЫҚ *зоол. Тропиктік аймақта өсетін қаздың бір түрі.*

ҚҰТҰЯҚ *Тұяқтың сырты қабыршықтанып, жарылып, айналасы білеуленіп ісіп кететін жылқы ауруы.*

ҚҰТҰЛЕК *Кейде жана деп те аталатын сегіз жасар бүркіт.*

ҚҰТЫҢ *Қуланған адамның сырт пішініндегі өзгеріс.* ◊ **Құтың қақты** — *құтың-құтың етті, қуланды.*

ҚҰТЫҢДА 1. *Құтың қағу, қулану; ойнақылану.* Қалай саумысың, — деді Шұлақ ***құтыңдап*** (Дәуренбеков). 2. *Құлдыраңдау, бұлтаңдау; қунақылану. **Құтыңдаған*** құлыншақ, Тынышсыз да ұрыншақ (Шопашев).

ҚҰТЫҢ-ҚҰТЫҢ *Қайта-қайта құтыңдаған кейіп.* ◊ **Құтың-құтың етті** — *құтыңдады, қуланды.*

ҚҰШИ *Кішірею, бүрісу, тарылу.* Жағы ~ып кетіпті.

ҚҰШИЫҢҚЫ *Құшиған, бүріскен.* ~ бет.

ҚҰШЫКЕШ *Әзілқой, күлдіргі.* ~ жігіт.

ҚҰШЫКЕШТЕН *Қулану, әзіл айту.* Ол ~генін қоймады.

ҚҰШЫКЕШТЕУ *Аздап сайқымазақтау, күлдіргі.* ~ бала.

ҚҰШЫКЕШТІК *Қуланғандық, құшыкештенгендік.*

ҚҰШЫҚ *Құшиған, тар; бүрісіңкі.* ~ жауырын. ◊ **Құшық бет** — *беті сопиған.* **Құшық шеке** — *шекесі құшиған, тар маңдайлы.*

ҚҰШЫҚТАЛ *Қусырылу, тарылу.* Пирамидалар биіктеген сайын ***құшықтала*** береді (Мұртазаев).

ҚҰШЫҚТАУ *Аздап құшиған, қусырылыңқы.* Шекесі ~.

ҚҰШЫҚТЫҚ *Құшиғандық, бүрісіңкілік.*

ҚУЫҚ *Адам мен жан-жануарлардың несеп жиналатын ішкі органы.* ~пен зәр жолдары. ◊ **Қуық байлану** — *қуыққа жиналған несептің бөлініп сыртқа шыға алмау кеселі.* **Қуық бас** — *кішкене, шақша бас.*

ҚУЫҚТАЙ *Жіңішке, тар, құшиған.* ~ бір бөлмелі үй.

ҚУЫМПАЗ *Бір нәрсені қуа беретін, қуғанды жақсы көретін.*

ҚУЫМПАЗДЫҚ *Қуа бергіштік, қуғанды ұнатушылық.*

ҚУЫНДЫ *Ары-бері қуылған, тыным көрмеген.* ~ жылқы.

ҚУЫНЫМ: қуыным жасау — *қайтадан іс қозғау, шағымданып тергеуге беру.*

ҚУЫР I 1. *Бір нәрсені қызған қазанға салып, араластыра отырып пісіру.* Бидай ~ды. 2. *Етті, картопты қыздырылған майға су қоспай пісіру.* Құырдақ ~ды. 3. *Ауыс. Күннің қатты қыздыруы; күйдіру.* Мына күн ***қуырып*** барады (Исабеков). 4. *Ауыс. Екі аяғын бір етікке тығу, жанын шығару.* Хатира секретарьды ***қуырып*** барады (Сыланов). ◊ **Қуырып жеді** — *жанын шығарды, апшысын қуырды.*

ҚУЫР II *Ащы заттың тілді, ауызды тызылдатып ашытуы.* Тіл ~ды.

ҚУЫРДАҚ *Туралып, майға қуырып пісірілген ет, тағам.* ~ қуырды (жеді).

ҚУЫРДАҚТЫҚ *Қуырдақ болармық, қуырдаққа жарарлық.* ~ ет.

ҚУЫРДАҚШЫЛ *Қуырдақты жақсы көретін, қуырдақты ұнататын.* ~ын қарашы.

ҚУЫР-ҚУЫР: қуыр-қуыр қуырмаш — *балалардың қуырмаш ойынын ойнау кезінде айтылатын сөз.*

ҚУЫРМАШ *Балалар ойынының аты.* ~ ойнады.

ҚУЫРШАҚ I 1. *Сәби бейнесіндегі қыз балалар ойыншығы.* ~ сатып әперді. 2. *Осы ойыншықпен ойнайтын ойын.* ~ ойнады. 3. *Ауыс. Әркімнің еркінде кететін, біреудің айтқанын істейтін адам; марионетка.* Көрінгеннің айтқанын істейтін мені ***қуыршақ*** дейсіндер ме? (Дүзенов). ◊ **Қуыршақ театры** — *қуыршақтар арқылы ойын көрсететін балалар театры.*

ҚУЫРШАҚ II *Насекомдар дамуының личинка мен жанды насеком аралығындағы қозғалмайтын, қоректенбейтін даму сатысы.*

ҚУЫРШАҚТАЙ *Кіп-кішкентай, әдемі.* ~ қыз (үй).

ҚУЫРШАҚТАН *Насеком личинкасының қуыршақ сатысына өтуі.* Келесі көктемде жұлдызқұрттар ***қуыршақтанады*** (Шайкенов).

ҚУЫРШАҚША *Қуыршақ тәрізді, қуыршақ секілді.* ~ киіндірді.

ҚУЫРЫМ: бір қуырым — *бір рет қуыруға жарарлық.*

ҚУЫС 1. *Бір нәрсенің ішіндегі бос жер; кеуек.* Бидай сабағының іші ~ келеді. 2. *Ішіне бір нәрсе қою үшін арнайы жасалған бір жағы ашық ойық.* Сөмкесін партаның ~ына қойды. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің көзден таса, қалтарыс жері; тұқпір.* Кең аула ішінде тінтілмеген ***қуыс*** қалған жоқ (Адамбеков). □ **Қуыс ине** (*мед.*) — *укол салу немесе қан алу үшін қолданылатын медициналық құралдың ұш жағы.* **Қуыс үй** — *үй аты бар жай; үй атаулы. Қуыс* үйден құр шықпа (Мақал). ◊ **Қуыс кеуде** — *қолынан еш нәрсе келмейтін, дәрменсіз.* **Қуыс құрай** — *еш нәрсеге шамасы келмейтін, қауқарсыз, бос.*

ҚУЫС-ҚУЫС *Қуысы көп, бірнеше қуысы бар.* ~ бөлмелер.

ҚУЫСҚҰЛАҚ I *Ағашты ұңғып шабу үшін, екі жақтауы ішіне қарай иілдіре жасалған шот.* Ерші саймандары; шапашот, үскі, аталғы, *қуысқұлақ,* ыңғыру (Жүнісов).

ҚУЫСҚҰЛАҚ II *Екі шеті (жақтауы) ішке қарай иіліп келген үлкен күрек.*

ҚУЫСҚҰЛАҚ III *Ұшы қуыс жуан біз.* Кейде сүйекті екі жерден *қуысқұлақпен* теседі (Арғынбаев).

ҚУЫСПАҚ *Бірін-бірі қуалап ойнайтын балалар ойыны.*

ҚУЫСТА 1. *Қуыс жасау, қуыс ету.* 2. *Ұңғу, ұңғірлеу.* Жерді *қуыстап* кіріп барады (Хайдаров).

ҚУЫСТАН 1. *ыр. етіс. Қуыста-н.* 2. *Бір нәрседен сезіктену, күдіктену, секем алу.* Өзі ~ып жүр.

ҚУЫСТАУ *Аздаған қуыс, қуысырақ.*

ҚУЫСТЫ *Қуысы бар, қуыс жиі кездесетін.* ~ жер.

ҚУЫСТЫҚ 1. *Қуыс болармық.* ~ жер. 2. *Сезіктілік, күдіктілік.* ~ғың бар, қол көтеріп нең бар еді.

ҚҰБА *Ақшыл сұр, бозғыл, сұрқай (түс).* ~ інген. □ **Құба жон** — *сұрқай тартқан үстірт (дөңес).* **Құба қалмақ** (*көне.*) — *ойраттардың ерте кездегі аты.* **Құба тал** (*бот.*) — *сабағы жіңішке, әрі майысқақ боз түсті тал.* **Құба түз [дүз]** — *құ медиен, шөл дала.* ◊ **Құба төбел** — *жұпыны, орташа.*

ҚҰБАҚАН 1. *Ақ пен боздың аралығындағы түс; сұр.* ~ ат. 2. *Ауыс. Қарапайым, жұпыны; орташа.* ~ тіршілік.

ҚҰБАҚАНДАУ *Сұр, сұрғылт, сұрқай.*

ҚҰБА-ҚҰП *Жақсы, дұрыс, орынды.*

ҚҰБАЛАН *Құба түске ену, сұрғылттану, сұрлану.* ~ған ақ селеу.

ҚҰБАЛАУ *Құбаға жақын; ақшыл сұр.*

ҚҰБАҢ 1. *Ақшыл, бозғылт; құба.* ~ жүз. 2. *Сұр, сұрғылт.* ~ дала (бел). ◊ **Құбаң тартты** — *ақшыл тартты, бозарды.*

ҚҰБАРЛАН *көне. Құмай тазы.* *Құбарлан* ертіп, құс салған (Ақберен).

ҚҰБАША *Аққұба, ақшыл.* ~ жігіт.

ҚҰБЫЖЫҚ 1. *миф. Қорқынышты бейнелі мақұлық.* Бір ~ жұтқалы жатқандай. 2. *Ауыс. Қорқынышты зат, шошынарлық нәрсе.* Ақбақай құйрығына байланған *құбыжықтан* үрікті (Есенберлин). ◊ **Құбыжық болды** — *қорқынышты көрінді, шошытты.* **Құбыжық көрді** — *қорықты, шошынды.* **Құбыжық қып [етіп] көрсетті** — *қорқынышты етті.*

ҚҰБЫЖЫҚТАН *Қорқынышты болу, шошыту.* Ол ~ып тұр.

ҚҰБЫЖЫҚТЫҚ *Қорқыныштылық, үрейлілік.*

ҚҰБЫЛ 1. *Әлденеше түске ену, сан түрлі бояумен түрлену.* Түсі ~ып отырады. 2. *Бір қызарып, бір бозару; түсі өзгеру.* Оның түсі ~ып кетті. 3. *Тұрақсыз күй таныту.* Ауа райы ~ып тұр. 4. *Ауыс. Жалт-жұлт ету, құлпыру.* Ол күн сәулесімен ~ып тұр. 5. *Ауыс. Айнып қалу, жалт беру.* Таужан аяқ астынан *құбылып* шыға келді (Сәрсенбаев).

ҚҰБЫЛА 1. *Намаз оқыған кезде бет қарататын жақ, Мекке жақ.* ~ға қарай тізерлеп отыра кетті. 2. *Ауыс. Оңтүстік батыс жақ.* ~дан соққан аңызақ жел. ◊ **Құбылаға бас қойды [берді]** — *басын құбыла жаққа қаратып, намаз оқыды.*

ҚҰБЫЛАНАМА 1. *Дүниенің төрт жағын көрсететін аспап; компас.* Қолдарында ~ бар. 2. *Ауыс. Бағыт сілтер, жол көрсетер белгі.* Үркерді аспан *құбыланамасы* деуге болады (Х. Әбішев).

ҚҰБЫЛҒЫШ *Жиі-жиі құбылып тұратын, өзгергіш, айнығыш.*

ҚҰБЫЛҒЫШТЫҚ *Құбыла бергіштік, айнығыштық.*

ҚҰБЫЛЖЫ 1. *Құбылу, түрлену, өзгеру.* Жүзі ~ды. 2. *Дауыстың түрліше толқуы; тамылжу.* *Құбылжыған* ән салып, Саяда бұлбұл сайрап тұр (Халық ақындары).

ҚҰБЫЛМАЛЫ 1. *Түрлі түске еніп, құбылып тұратын.* ~ түс (түр). 2. *Бірде олай, бірде бұлай болып өзгеріп тұратын, өзгергіш.* ~ ауа райы. 3. *Қылт етпе, айнымалы.* ~ мінез. 4. *Түрліше ырғақпен, сазбен айтылатын; құйқылжыған.* ~ дауыс (үн).

ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ *Жиі өзгеріп, құбылып тұратындық; құбылғыштық.*

ҚҰБЫЛТАС *Сан түрлі түске еніп, құбылып тұратын асыл тас; александрит.*

ҚҰБЫЛЫМПАЗ *Құбыла беретін, өзгерімпаз.*

ҚҰБЫЛЫС 1. *Қоршаған ортада болып тұратын әр түрлі өзгеріс.* Табиғаттың бұл ~ына таң қалдық. 2. *Адамның бет-бейнесіндегі, ішкі дүниесіндегі өзгеріс.* Бет ~ын байқап қалды.

ҚҰБЫР *Сұйық заттарды жер асты арқылы өткізу үшін металдан жасалған іші қуыс зат; труба.*

ҚҰДА *Ерлі-зайыпты адамдардың ата-аналары, ересек туған-туыстары бір-біріне құда болып саналады.* Сол күні ~ келді. ◊ **Құда болды** — *қыз беріп, қыз алысты.* **Құда тарту** (*этногр.*) — *қыз ұзату тойында құдаларды суға сүйреп, ырым алатын ойын-сауық.* **Құда түсті** — а) *біреудің қызын баласына айттыра барды;* ә) *бір нәрсені қолқалап сұрады.* **Құда да тыныш, құдағи да тыныш** — *ешқандай дау-дамай жоқ; бәрі де орнынша.*

ҚҰДА БАЛА *Құдасының баласы (ұлы), құдасының жасы кіші туысы.* Бұл сол үйдің туған ~сы.

ҚҰДАҒИ *Күйеу мен қалыңдықтың шешелері бір-біріне құдағи болып саналады.* ~ келіп отыр.

ҚҰДАҒИЛЫҚ *Құдағи болғандық.* ~тан кетті.

ҚҰДАЕКЕ *"Құда" сөзінің құрметпен айтылуы. Құдаеке* кісі жібер Жамбылыңа, Жамбылды болар ма екен алдыруға? (Жамбыл).

ҚҰДАЖАН *"Құда" сөзінің сыпайы түрде айтылуы.*

ҚҰДА-ЖЕКЖАТ *Құда және оның туыстары.* ~ келді.

ҚҰДАЙ 1. *діни. Бүкіл ғаламды жаратушы; алла тағала, құдірет.* ~ жаратты. 2. *Ауыс. Ең мықты әмірші, бастық.* Кеңшардың қазіргі ~ы осы. ◊ **Құдай айдап** — *тәңірдің жазуымен, дәм бұйырып.* **Құдай ақы [ақына]** — *ешқандай өтірігі жоқ, шын.* **Құдай алдында сұраусыз** — *ешбір сұрауы жоқ.* **Құдай алмады** — *өлмеді, құрымады.* **Құдай атқан [атқыр]** — *құраған, оңбаған, құдай ұрған.* **Құдай атты [ұрды]** — *ісі оңға баспады, қырсық шалды.* **Құдай басқа бермесін [салмасын]** — *ешкімнің басына кезіктірмесін.* **Құдай берді** — *сәті түсті, ыңғайы келді.* **Құдай бетін көрсетпесін** — *бетін аулақ қылсын.* **Құдай бұйыртса [бұйырса]** — *сәті түссе, орайы келсе, тәңір жазса.* **Құдай біледі** — *анығын қайдам; менің ойымша.* **Құдай білсін [бір құдайдың өзі білсін]** — *негайбыл, белгісіз.*

Құдайға аманат — *бір құдайға тапсырдым.* **Құдайға жазған** — *айыпқа батқан, күнәкар.* **Құдайға жазды** — *күнәлы, жазықты болды.* **Құдайға құлшылық қылды [етті]** — *аллаға жалбарынды.* **Құдайға [бір құдайға] сиынды** — *құлшылық етті, табынды.* **Құдайға [бір құдайға] тапсырды** — *біреудің аман-есен болуын құдайдан тіледі.* **Құдайға тәубе [шүкір]** — *қанағат тұтқан жағдайда айтылады.* **Құдайға шет болма** — *құдай алдында айыпты, күнәкар болма.* **Құдайдан безген (қарғ)** — *қадірқасиеттен жұрдай, оңбаған.* **Құдайдан қайтсын (тілек)** — *есесін құдай қайырсын.* **Құдайдан қорықпады** — *ұялмады, қызармады.* **Құдай деген** — *бәріне де көне беретін.* **Құдай дескен** — *құдайдың атын атап, уәделескен.* **Құдайдың еркесі (экспр.)** — *өз еркімен жүрген, ешкімге бағынбайтын адам.* **Құдайдың зарын қылды** — *бір нәрсені қайта-қайта айтты, зарлады.* **Құдайдың құдіреті** — *бір нәрсеге таңданғанда, таңырқағанда айтылады.* **Құдайдың күтты күні** — *күнде, күн сайын.* **Құдай жарылқады** — *ісі оңға басты, сәті түсті.* **Құдай [алдыңнан] жарылқасын** — *құдай оңдасын, сәтін берсін.* **Құдай көз жасын иді** — *тілегі орындалды, арманына жетті.* **Құдай көрді** — *пір тұтты, табынды.* **Құдай қаласа** — *сәті түссе, орайы келсе.* **Құдай қосқан** — *шариғат жолымен қосылған; бұйрықты (жар, қосақ).* **Құдай оңдады** — *ісі оңға басты, сәті түсті; құдай жарылқады.* **Құдай сақтай көр [құдай сақтасын]** — *бетін аулақ қылсын, көрсетпесін.* **Құдай сүйер қылығы жоқ** — *оңып тұрған жоқ; сұйкімсіз.* **Құдай тапсын [тапқыр]** — *жаманшылыққа ұшыра, оңба.* **Құдай тілеуіңді берсін (тілек)** — *тілегің орындалсын, арманыңа жет.* **Құдай ұрған** — *құдай атқан, аруақ соққан, оңбаған.* **Құдай [төбеңнен, тас төбеңнен] ұрғыр [ұрсын]** — *құдай жазаңды бергір, тәңір атқыр.* **Құдай ұрды** — *іс оңға баспады, құдай атты.* **Құдай үшін** — *өтіну, жалыну кезінде айтылатын сөз.* **Құдайын танымады [ұмытты]** — *көзінің еті өсті, асып-тасты.*

ҚҰДАЙДАЙ 1. *Құдай сияқты, құдай тәрізді.* ~ сыйлады (көрді). 2. *Ауыс. Мықты, керемет, сұмдық.* Басқа қыздардың суретін салғанда ***құдайдай*** ("Жетісу"). ◊ **Құдайдай көрді [сенді]** — *мықты деп білді, бас иді.*

ҚҰДАЙЕКЕ *Құдай сөзінің құрметпен айтылуы.*

ҚҰДАЙЛАП: а құдайлап — *тәңірге сыйынып, тілеу тілеп.*

ҚҰДАЙЛЫҚ *Құдай болушылық, құдайға тәндік.*

ҚҰДАЙСЫ *Өзін-өзі құдай санау, мықтысыну.*

ҚҰДАЙСЫЗ *Құдайдың барлығын мойындамайтын, дінсіз.* ~ адам.

ҚҰДАЙСЫЗДЫҚ *Құдайдың барлығына шек келтірушілік.*

ҚҰДАЙШЫЛ *Құдайға сенуші, діншіл.* ~ адам.

ҚҰДАЙШЫЛДЫҚ *Құдайға сенушілік, діншілдік.*

ҚҰДАЙШЫЛЫҚ: құдайшылығын айтты — *дұрысын, шындығын айтты.*

ҚҰДАЙЫ *Құдай жолына беретін қайыр-садақа.* Әжем мына ауылға ~ға кетті. ◊ **Құдайы берді** — *құдайы ас таратты.* **Құдайы шалды** — *мал атап сойып, құдайы берді.*

ҚҰДАЙЫ: құдайы көрші — *құдай қосқан көрші.* **Құдайы қонақ** — *кез келген үйге қонуға кездейсоқ түскен қонақ.*

ҚҰДА-ҚҰДАҒИ *Құда мен құдағи, екеуі де.* ~лар келді.

ҚҰДАЛАС *Ұл мен қызын атастыру, құда болу.*

ҚҰДАЛЫҚ *Құда болушылық, құда түсушілік.* ~ жайын сөз етті. ◊ **Құдалыққа барды** — *біреудің қызына құда түсті.*

ҚҰДАНДА *Құда, жекжат.* Бірі мен бірі ~.

ҚҰДАНДАЛЫ *Қыз алысып, қыз берискен, сүйек шатысы бар.* ~ жекжат.

ҚҰДАНДАЛЫҚ *Құданда болушылық, жекжаттық.*

ҚҰДАСЫН *Құда болғансу, құда санау.* ~ып қалжың айттым.

ҚҰДА ТАРТЫС *Қыз алуға келген құдалар жағы айтыс, өлең айта алмаса жұмбақ шеше алмаса, оларды ортаға салып, әжуалаған қыз-келіншектерден құтылу үшін, құдалар жағынан берілетін рәсім, кәде.*

ҚҰДАУАНДА *Құдай тағала; о құдай.* ***Құдауанда,*** түсімде Нәзигүл жағама жармасып жүр (Жәкенов).

ҚҰДАША *Ерлі-зайыпты адамдардың жасы кіші әйел туыстары; қыздары.*

ҚҰДАШАЛАП *Құдаша, құдаша деп қайтақайта айтып.* Әй, қыздар, кедейсінбей өлеңіңді айт, Тұсыңа келіп тұрмын ***құдашалап*** (Кенен).

ҚҰДАШАЛЫҚ *Құдаша болғандық.* — Сенің маған ~ғың жақын.

ҚҰДАЯ *О, құдай, құдай тағала.* ***Құдая,*** жаманыңмен теңді қылма (Алдаспан). ◊ **Құдая тоба [тәубе]** — *шүкірлік еткенде айтылатын қошемет сөз.*

ҚҰДДЫ *Дәл, нақ, бейнебір.* Бұл құстың даусы ***құдды*** баланың жылағаны сияқты (Гумеров).

ҚҰДИ *Бір нәрсенің жоғарыдан төмен қарай шаншыла төнуі.*

ҚҰДЫҚ *Жердің су шығатын қабатына дейін қазылып су шыққан жер, тік шұңқыр.* ~ қазды.

ҚҰДЫҚШЫ *Құдық қазуды кәсіп еткен адам, құдық қазушы.* ~лар келді

ҚҰДЫР *Денесінің алдыңғы бөлігі артынан қарағанда аласалау бұғы тектес кішірек аң. Құдір деп те аталады.* ***Құдырдың*** сыртқы пішіні аздап кенгуруге және бұғыға ұқсастау келеді (Қазақст. аң байлығы).

ҚҰДІРЕТ 1. *Құдай, алла, жаратушы.* ~ке жалбарынды. 2. *Ауыс. Керемет күш,' ғажайып қасиет.* Адамды адам еткен ***құдіреттің*** өзі (Бақбергенов).

ҚҰДІРЕТТЕН 1. *Айбындану, шабыттану, күшею.* Қыз домбыра тартқанда ***құдіреттеніп*** кетті (Тоқмағамбетов). 2. *Ауыс. Тәкаппарлану, паңсыну.* Әлжанның мұншалық ***құдіреттене*** қалуының себебі де бар (Есенберлин).

ҚҰДІРЕТТІ 1. *Құдіреті күшті, кереметі мол.* ~ құдай. 2. *Айбынды, қаһарлы.* ~ Қазақстан ұланы.

ҚҰДІРЕТТІЛІК 1. *Құдіреті күштілік, керемет-тілік.* 2. *Айбындылық, қуаттылық.*

ҚҰДІРЕТТІРЕК *Құдіреті күштірек.*

ҚҰЖ I *Бәрін керісінше жасайтын, аңыздық алып, дәу.* ~ емес шығар, ақылға көнер.

ҚҰЖ II *Бұжыр, бұжыр-бұжыр.* ~ тастар. ◊ **Құж қара** — *жуан қара бұжыр (кісі).*

ҚҰЖАТ *Белгілі бір жайды я фактіні сипаттап куәландыратын іс қағазы; документ.* ~

көрсету, ақтау ~ы. ◊ **Құжат тігілетін папка** — *іс қағаздарын тігіп қоятын жабдығы бар мұқаба; скоросшиватель.*

ҚҰЖ-ҚҰЖ I *Бұжыр-бұжыр, қатпар-қатпар.* Ол жерде қабығы тілдің терісіндей *құж-құж* ағаштар өседі (Қанахин).

ҚҰЖ-ҚҰЖ II *Быж-быж, қыж-қыж.* Қауынқақ шірнесіне сұғынған ара *құж-құж* (Серәлиев). ◊ **Құж-құж етті** — *бірі кіріп, бірі шықты, құжынады.* **Құж-құж қайнады** — *араның ұясындай быжынап сапырылысты.*

ҚҰЖТЕКЕ *этногр. Отырып ойнайтын асық ойындарының бір түрі.*

ҚҰЖЫНА *Жапырлау, қаптау, бықу.* ~ған мал.

ҚҰЖЫРА 1. *Мешіт, медресе жанындағы шәкірттер тұратын кішірек бөлме.* Бұрынғы медресенің шәкірттері жататын *құжыралар* қазір осылардың мекен-жайы (Сейдеханов). 2. *Іші тар, кішкене ғана аласа үй; баспана.* Саманнан соққан *құжыра* Жаман да болса өз үйі (М. Әлімбаев).

ҚҰЖЫРАЙ *Тұқыраю, тұқшию.* Қуанышбек деген *құжырайған* қара шал екен (Майлин).

ҚҰЖЫРАЛЫ *Құжырасы бар, құжырасы көп.* ~ медресе.

ҚҰЖЫРАНДА *Құжыраң-құжыраң ету, құнжыңдау.* Кемпір-шал бір-біріне *құжыраңдап,* Қалмады қуанбаған алапта адам (Айтыс).

ҚҰЖЫРЛАН *Бір нәрсеге іштей ызалану, кектену.*

ҚҰЗ 1. *Таудың биік шыңы, тік жартас.* Бүркіт ұясын биік ~ға салады. 2. *Терең, тұңғиық, шыңырау.* Төмен қарасаң көз жетпейтін *құз* (Тоқмағамбетов).

ҚҰЗАР *Асу бермес биік, заңғар.* Таудың ~ басы.

ҚҰЗАРТ *Тасты, жақпарлы биік шың.*

ҚҰЗҒЫН 1. *Көбіне өлексені жемтік ететін қарға тұқымдас құс.* ~ қарға. 2. *Ауыс. Жауыз, озбыр, қанішер.* Олар мінген эшелонды жолшыбай фашист *құзғындары* бомбалады (Жәкенов).

ҚҰЗҒЫНДЫҚ *Құзғынға тән қасиет; тойымсыздық.*

ҚҰЗҒЫНША *Құзғын секілді, құзғын тәрізді.* ~ ұшып жетеді.

ҚҰЗДЫ *Құз болып біткен, құзы бар.* ~ қия.

ҚҰЗ-ҚИЯ *Құз бен қия, екеуі де.* Қаратаудың ~сы.

ҚҰЗЫР *Әмір, билік.* — *Құзырың* жетсе, сол кісіні ертіп келші маған (Сәрсекеев).

ҚҰЙ I 1. *Сұйық затты екінші ыдысқа қотару.* Шәугімге су ~ды. 2. *Сұйық тағамды ыдыстарға бөліп, ішуге әзірлеу.* Келіншек шай ~ып отыр. 3. *Өзен суларының бір-біріне немесе көл мен теңізге келіп қосылуы.* Іле Балқашқа ~яды. 4. *Жауын-шашынның нөсерлетіп қатты жауып кетуі.* Қара жаңбыр ~ып тұр. 5. *Балқытқан металдан бір заттың бейнесін, мүсінін қалыпқа құйып жасау.* Шойыннан ~ған ескерткіш. ◊ **Құйып қойғандай** — *киімі дәп-дәл, шап-шақ.* ◊ **Құя беріс** — *өзеннің басқа бір суға құйылар жері.*

ҚҰЙ I *Өзінен су шықпайтын, суды қолдан құйып толтыратын құдық.*

ҚҰЙ II *Мейлі, не.* — ~, сен, ~ сенбе.

ҚҰЙ: төбеңе құй қаздым ба? — *саған не жаздым, қастандық еттім бе?*

ҚҰЙҒАН *Өзен-судың құя берісі.* Ауыл өзеннің ~ында отыр.

ҚҰЙҒЫЗ *өзг. етіс. Құй-ғыз.*

ҚҰЙҒЫТ *Құйындатып қатты шаба жөнелу.* Біреу ~ып шауып келеді.

ҚҰЙҒЫШТА *Қайта-қайта құя беру, жиі құю.*

ҚҰЙҚА 1. *Адам басының шаш өсетін терісі.* ~сындағы тыртығы көрініп тұр. 2. *Мал басының ұйтілген етті терісі.* ~сы сыдырыла пісіпті. 3. *Ауыс. Жердің өсімдік өсетін сыртқы қабаты.* Жер *құйқасы* тартпа сазға айналған (Ә. Сәрсенбаев). ◊ **Құйқа тамыры құрысты** — *жақтырмады, суқаны сүймеді.* **Құйқа тамыры шымырлады** — *жаны тыршікті.*

ҚҰЙҚАЛАҚ *Мал сойғанда төстің үстіңгі жағындағы етті терісімен қоса кесіп алып, отқа қақтап пісірген тағам.* Жігіттер отқа ~ пісіріп жатыр.

ҚҰЙҚАЛАҚТА *Отқа қақтап құйқалақ жасау.* Етінің көбін *құйқалақтап* жүріп-ақ бітірді (Көшімов).

ҚҰЙҚАЛЫ 1. *Құйқасы қалың.* ~ бас. 2. *Ауыс. Құнарлы, тың.* Совхоз жері тоғайлы, *құйқалы* (С. Омаров).

ҚҰЙҚЫЛЖЫ 1. *Бір нәрсенің құбылып, өзгеріп тұруы; ойнақшу.* Оның ~ған қас-қабағында терең сыр бар. 2. *Құстың аспанда ары-бері жалт-жұлт бұрылуы.* Бүркіт ~п төмен қарай сорғалады. 3. *Ауыс. Ән-күйдің төгілдіре айтылуы; тамылжу.* Сұлу ән ~иды.

ҚҰЙМА I *Құйылып жасалған, құйылған.* ~ қабырға. ◊ **Құйма алтын [күміс]** — *құйылған кесек алтын (күміс).* ◊ **Құйма құлақ** — *тез ұққыш, зерек, зерделі.*

ҚҰЙМА II *Балқытылған металды қалыпқа құйып, қатайту нәтижесінде алынған зат; кесек металл.* Алмастың қаттылығы бірде-бір *құймада* кездеспейді (Нұрахметов).

ҚҰЙМАҚ *Айранға не сүтке ұнды қоймалжың етіп езіп, майға пісірген жұмсақ нан.*

ҚҰЙМАЛА *Сұйық затты қайта-қайта құю.* ~п жуынды.

ҚҰЙМАЛАС *Бірге құйылған, іргелес, қанаттас.* ~ қабырға.

ҚҰЙМАЛЫ *Құйылып жасалған.* ~ білезік (үзеңгі).

ҚҰЙМЫР *Ойнақшыған, жайнаң, ойнақы.* Шекер *құймыр* отты көзді (Ж. Аймауытов).

ҚҰЙРЫҚ 1. *Жан-жануарлар денесінің арт жағында орналасқан, үстіне жүн, қыл шыққан мүшесі.* Жылқының ~ғы. 2. *Адамның отыратын дене мүшесі.* Ол ~ғын тасқа қойып отырды. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің үшкірленіп, сүйірленіп келген шет жағы, ұшы.* Ұшақтың ~ғы. ◊ **Құйрығы жерге тимеді [құйрығы жер иіскемеді]** — *зыр жүгірді, дамыл таппады.* **Құйрығын басты** — *жаңа отыра бастады, жаңадан отырды.* **Құйрығын бұландатты [бұлғаңдатты]** — *алдап-арбады, құлыққа басты.* **Құйрығын қысты** — *жым болды; қорықты.* **Құйрығын майлады** — *жаңа мінген атына ырым ретінде сый көрсету салты.* **Құйрығын сүзді [тарады]** — *бәйге атындай жаратты, баптады.* **Құйрығын сыртқа салды** — *тайқып шыға келді, жонын көрсетті.* **Құйрығын ұстатпады [шалдырмады]** — *тұлкі бұлаңға салды.* **Құйрығын шаншып [тігіп]** — *асыр салып, ойнақтап.* **Құйрық тістесіп келді** — *бәйгеге қосылған аттар бірінен соң бірі келді.*

ҚҰЙРЫҚ-БАУЫР *Қойдың піскен бауыры мен құйрығынан жасалған дәмді тағам.* Құдаға ~ асатты.

ҚҰЙРЫҚ-ЖАЛ 1. *Жылқының құйрығы мен жалы.* Атының ~ын сүзді. 2. *Ауыс. Арқа сүйер тірек, сүйеніш.* Балаларым — менің ~ым. ◊ **Құйрық-жалы төгілген [сүзілген]** — *өте сұлу, әдемі (жылқы).*

ҚҰЙРЫҚТАН *Құйрық пайда болу, құйрығы өсу.* Қозысы *құйрықтанып* дөңгеленер (Жансүгіров).

ҚҰЙРЫҚТАС *Құйрық тістесу, бірінің ізін бірі басу.* Жирен ат онымен ~ып та қалды.

ҚҰЙРЫҚТЫ 1. *Құйрығы бар.* ~ кесіртке. 2. *Құйрығы ұлкен.* ~ қой (қозы). ◊ **Құйрықты жұлдыз** *(астр.)* — *кометаның қазақ арасындағы ежелгі аты.* **Құйрықты жұлдыз секілді** — *жарқ етіп көзге түскен, талантты (адам).*

ҚҰЙТАҚАНДАЙ *Құйттай, кішкентай, титтей.* ~ бала (қыз).

ҚҰЙТТАЙ *Кіп-кішкентай, титтей.*

ҚҰЙТЫМДАЙ қ. *Құйттай.* ~ балалар.

ҚҰЙТЫҢ: құйтың етті [қақты] — *құйтыңдады, құйтың-құйтың етті.*

ҚҰЙТЫҢДА *Құйтың қағу, құйтың-құйтың ету.*

ҚҰЙЫ *көне. Шұңқыр жер; ұйық. Құйыға* белуардан кетті батып (Байзақов).

ҚҰЙЫЛ 1. *ыр. етіс. Құй-ыл.* 2. *Ауыс. Қаптап кету, ағылу.* Біздің үйге кісілер *құйыла* бастады (Ж. Молдағалиев).

ҚҰЙЫЛТ 1. *өзг. етіс. Құйыл-т.* 2. *Қатты екпінмен құйындата шабу.* Ол күрең жорғамен ~ып барады. 3. *Ән-күйді төгілте шырқау.* Әнді ~ып тұр.

ҚҰЙЫЛЫС *Өзеннің көлге немесе бір-біріне құятын жері; құйған.* Үйі өзеннің ~ында.

ҚҰЙЫМШАҚ *Омыртқаның жамбаспен жалғасқан жеріндегі бөлігі.* ◊ **Құйымшағынан майы шыққан** — *өте семіз, майдан жүре алмайтын.* **Құйымшағы тесілді [ойылды]** — *көп отырып еңбектенді.*

ҚҰЙЫМШАҚТА: сиыр құйымшақтады — а) *бірте-бірте кішірейді, жіңішкерді;* ә) *істің соңы сүйылды, берекесізденді.*

ҚҰЙЫН *Үйіріле, ұйтқи соғатын екпіні қатты жел.* ~ соқты. ◊ **Құйын болып [боп]** — *көз ілеспей, жылдам, тез.* **Құйын соққандай** — *ұйқы-тұйқы, астан-кестең.*

ҚҰЙЫНДА 1. *Желдің ұйтқи соғуы, құйынға айналуы.* ~ған жел. 2. *Ауыс. Заулау, зымырау.* Ысқырып, желдей *құйындап.* Біз қалдық артта шаң қауып (Қайырбеков).

ҚҰЙЫНДАЙ *Құйын секілді, тез, жылдам.* ~ құтырынды (зымырады). ◊ **Құйындай ақты [жүйткіді]** — *желдей есті, зымырады.* **Құйындай ұшты [ұшырды]** — *заулады, зымырады.*

ҚҰЙЫНДАТ 1. *өзг. етіс. Құйында-т.* 2. *Ауыс. Екпіндете шабу, заулату, зымырау.* Ол ~а шауып келеді.

ҚҰЙЫНДЫ *Қорытылып, белгілі бір қалыпқа құйылған металл.* Металл ~лары.

ҚҰЙЫНША *Өте тез, жылдам, лезде.* ~ соқты.

ҚҰЙЫРШЫҚ 1. *Құйымшақтың сүйірленіп келген үш жағы.* 2. *Ауыс. Біреудің қолшоқпары, сойылын соғушы.* Бай-құлақтың ~ғы.

ҚҰЙЫРШЫҚТАН *Жарамсақтану, жағымпаздану.* Мына Тоқаға не жоқ ей, *құйыршықтанып,* жеңгетай болып (Мұратбеков).

ҚҰЙЫСҚАН *Ердің еңіс жерлерде ат мойнына түспеуі үшін былғары не қалың қайыстан жасалатын әбзел.* ~ы ұзын. ◊ **Құйысқанға қыстырылды** — *өзіне қатысы жоқ іске араласты.* **Құйысқан тістесті** — *бірінің соңынан бірі келді, қалыспады.* **Құйысқаны берік** — *өзіне-өзі сенімді, мықты.*

ҚҰЙЫСҚАНДА *Құйысқан тақты, құйысқан салды.*

ҚҰЙЫСҚАНДАСЫП *Құйрық тістесіп; қалыспай.* ***Құйысқандасып,*** үзеңгілесіп қалғанда делебем қозып кетеді (Мусин).

ҚҰЙЫСҚАНДЫҚ 1. *Құйысқан болармық, құйысқанға жарарлық.* ~ қайыс. 2. *Аттың (ердің) құйысқан тұратын жері.* ~қа көз тастады.

ҚҰҚ *Жас баланы қорқытқанда айтылатын сөз.* ~ келе жатыр.

ҚҰҚАЙ *Азап, бейнет, қиындық.* Жасынан ~ды көп көрді.

ҚҰҚЫ *көне. Адамның қақы, еркі.* Істеріңе араласуға ~м жоқ.

ҚҰҚЫҚ *Мемлекет тарапынан, болмаса тиісті қаулы, заңмен әрбір адамға берілген ерік, бостандық.* Әкімшілік жасауға менің *құқым* жоқ (С. Сарғасқаев).

ҚҰЛ 1. *Құлдық дәуірде басында еркі жоқ, иесіне бүтіндей тәуелді шаруа адамы.* 2. *Ауыс. Пенде, пақыр.* Алланың сүйген ~ы. 3. *Ауыс. Бір нәрсеге табынушылық, соның жетегінде кетушілік.* Адам — ар-намыстың ~ы ғой. □ **Құл иеленуші** — *құлдың еңбегін қанаушы, құл иесі.* **Құл иеленушілік құрылыс** — *құлдарды қанауға негізделген қоғамдық-экономикалық формация.* **Құл қылды [етті]** — *еркінен айырды, тәуелді етті.*

ҚҰЛА I *Сары мен жиреннің арасындағы жылқы түсі.* ~ байтал. ◊ **Құла түз [дала]** — *елсіз, иен дала.* **Құла кер** — *құла мен кердің арасындағы жылқы түсі.* **Құла қасқа [төбел]** — *қасқасы бар құла жылқы.*

ҚҰЛА II 1. *Жығылу, сүрініп етпетінен түсу.* Бала ~п қалды. 2. *Қирау, опырылу, бұзылу.* Үйі ескіріп ~ған. 3. *Биіктен төмен қарай ұшып түсу.* Жартастан ~ды. 4. *Ауыс. Тақтан түсу, орнынан айрылу.* Патша ~ды. 5. *Емтиханнан өте алмай қалу.* Емтиханнан ~п қалды.

ҚҰЛАБА *Көнерген, егде тартқан, қақсал.* Бетіне әжім кірген *құлабалар* "алла" деуге әлі келмей екпінді сеңге құрбан болып жатыр (Ж. Аймауытов).

ҚҰЛАҒДАР *Хабардар, құлақтас.* Бұл жайдан әкем ~.

ҚҰЛАДЫН *Қаршыға тұқымдас кішірек келген жыртқыш құс.* ***Құладының*** дене түрқы 43,5–52,5 см, салмағы 350–550 грамм (ҚСЭ). ◊ **Құладын жортпас [ұшпас] шөл дала** — *елсіз, сусыз құ медиен.*

ҚҰЛАЗЫ 1. *Игерілмей, пайдаға аспай, құр бекер жату.* ~ған кең дала. 2. *Иесіз, қаңырап бос тұру.* Үйі ~п бос тұр.

ҚҰЛАҚ I 1. *Адам мен жануарлардың есту мүшесі.* 2. *Бас киімнің құлақты жауып тұратын бөлігі.* Тымақтың ~ғы. 3. *Белгілі бір заттың ұстауға арналған жері, тұтқасы.* Қазанның (самауырдың) ~ғы. 4. *Музыка аспабының ішегін қатайтатын немесе босататын тетігі.* Домбыраның ~ғы. □ **Құлағы елең етті** — *құлағын тіге қойды.* **Құлағы қанды** — *көп естіп, құлағы үйренді.* **Құлағы**

мүкіс [құлағының мүкісі бар] — *құлағы нашар естиді.* **Құлағына жақты [жылы тиді]** — *айтқаны ұнады, көңілінен шықты.* **Құлағына қонды** — *айтқанын ұқты, түсінді.* **Құлағына құйды** — *қайта-қайта айтып түсіндірді.* **Құлағына мақта тықты** — *естімеді, тыңдамады.* **Құлағынан кетпеді [құлағында қалды]** — *даусы есте қалды, ұмытылмады.* **Құлағына салды** — *естіртті, айтты.* **Құлағына тиді [жетті]** — *естіді, хабарланды.* **Құлағын сарсытты [сасытты]** — *айта-айта мезі қылды.* **Құлағын түрді [салды, тосты, төседі, тікті]** — *сөзге ден қоя тыңдады, зейін салды.* **Құлағы тарс [тас] бітті** — *тұк естімей қалды.* **Құлағы тыныш** — *ешкім мазасын алмайды.* **Құлағы шалды [құлағына шалынды]** — *естіді, хабардар болды.* **Құлақ бау** — а) *бас киімнің құлағына тағылған бау;* ә) *дога мен тәртені бекітіп, байластыратын қайыс.* **Құлақ жарды [тұндырды]** — *даусы қатты шығып, құлақтан өтті.* **Құлақ күйін келтірді** — *музыкалық аспаптың құлағын бұрап, нәшіне келтірді.* **Құлақ шеке** — *құлақтың үстіңгі жағы.* ◊ **Құлағына алтын сырға** — *естімей-ақ қой.* **Құлағынан ағып кетті** — *айтқан сөзді ұқпады, тыңдамады.* **Құлағынан күн көрінеді** — *өте жүдеу, арық.* **Құлағынан тартып тұрғызғандай** — *әлсіз, көтерем.* **Құлағына [құлағының ұшына] шейін қызарды** — *қатты ұялды, жер болды.* **Құлағына ілмеді** — *тыңдамады, естігісі келмеді.* **Құлағын шулатты** — *біреуді сыртынан сөз қылды, өсектеді.* **Құлағының етін [құртын] жеді** — *мезі етті, ығыр қылды.* **Құлағы түрік [түріңкі]** — *әр нәрседен хабардар.* **Құлақ асты [қойды]** — *тыңдады, санасты.* **Құлақ кесті құл [күң]** — *басыбайлы құл, меншікті малай.* **Құлақ қақпады** — *тыныш отырды, ұн шығармады.* **Құлаққа түрпідей тиді** — *сөзі өрескел естілді.* **Құлаққа ұрған танадай [құлақ кескендей]** — *тып-тыныш, жымжырт.* **Құлақ құрышын қандырды** — *құмардан шықты, айызын қандырды.*

ҚҰЛАҚ II *Арықтағы суды бөліп беру үшін әр жерден қойылған тоспа, бұрма.* Бір ~ су.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС *Шет пұшпақтап есіне салу.* ~ етті.

ҚҰЛАҚТА *Құлағынан ұстау, құлағына жармасу.* Екі жылқышы күрең байталды *құлақтап* тұрып ноқталап алды (Бегалин).

ҚҰЛАҚТАН *Хабарлану, есту.* Ел түгел ~ды.

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ *Белгілі бір жағдай туралы хабарландыру.*

ҚҰЛАҚТАНДЫРЫЛ *ыр. етіс. Құлақтандыр-ыл.*

ҚҰЛАҚТАС: құлақтас болды — *жай-жапсарынан хабардар болды.*

ҚҰЛАҚТЫ 1. *Құлағы бар.* ~ сары тегене. 2. *Құлағы үлкен.* ~ адам. 3. *Ауыс. Ұғымтал, зерек. Құлақтыға* сөз айтсаң, Құлағыңның астында (Каз. әдеб. хрестом.). □ **Құлақты жарғанат** — *дене тұрқы кішкентай, құлағы үлкен жарғанат.*

ҚҰЛАҚША *Заттың кішірек келген тұтқасы.*

ҚҰЛАҚШЫН *Құлағы бар жылы бас киім; малақай.*

ҚҰЛАЛЫ *Құласы бар.* ~ жылқы.

ҚҰЛАМА 1. *Таудың, жардың тік беті.* ~ құз (жартас). 2. *Судың құлап аққан тұсы.* Су ~сы.

ҚҰЛАМАЛЫ *Құламасы бар, құлама болып келген.* ~ құз (ылди).

ҚҰЛАН *Есектен сәл үлкенірек, жылқы тектес тағы аң.* □ **Құлан аяқ** — *аяғы әсем, мүсінді келген.* **Құлан жал [құйрық]** — *әдемі, төгіліп тұрған жал.* ◊ **Құлан бүлкекке басты** — *жорыта жөнелді.* **Құлан жорытпас, құладын ұшпас дала** — *құу дала, елсіз, сусыз жер.*

ҚҰЛАНДАЙ *Құлан сияқты; жүйрік.* Шапқан ~.

ҚҰЛАНИЕК *Таң жаңа саз беріп ата бастаған кез.*

ҚҰЛАНИЕКТЕ *Таң жаңа ата бастау, бозару.* Таң ~ді.

ҚҰЛАНҚҰЙРЫҚ I *бот. Сабағы тұп жағынан бұтақтанып өсетін улы өсімдік.*

ҚҰЛАНҚҰЙРЫҚ II *Бұршақ тұқымдасына жататын бұта.*

ҚҰЛАНТАЗА *Бүтіндей, мүлде, біржолата.* Аурудан ~ айығып кетті.

ҚҰЛАНША *Құлан тәрізді, құлан секілді.* ~ ойнақтады.

ҚҰЛАТЫ *Соны, тың, бұрын ешкімнің қолы жетпеген. Құлаты* тауға қол салып... Қолды бір бастар ма екенбіз (Ақтамберді жырау).

ҚҰЛАШ 1. *Керіле созылған екі қол ұшының арасы.* ~ын жайды. 2. *Екі қол ұшының ара қашықтығына тең ұзындық өлшемі.* Бір (екі) ~. ◊ **Құлаш бойы** — *бір құлаштай; құлаш созым.* **Құлаш жазды [жайды]** — а) *барынша әрекет етті, көсілді;* ә) *дамыды, өркендеді.* **Құлаш жайып қарсы алды** — *шын көңілмен қуанып қабылдады.* **Құлаш созым жер** — *жап-жақын, қол жетер жер.* **Құлаш ұрды [созды, сермеді]** — *талаптанды, талпынды, ұмтылды.* **Құлашын кең [алысқа] тастады [сілтеді]** — а) *қарқынын үдетті, арындады;* ә) *көсіліп сөйледі; тереңнен толғады.*

ҚҰЛАШ-ҚҰЛАШ *Бірнеше құлаш, әлденеше құлаш.* ~ жіп.

ҚҰЛАШТА *Құлашын керу, құлашын созу.* Қымызды ~й сапырды. ◊ **Құлаштап жүзу (спорт.)** — *екі қолды кезекпе-кезек ілгері созып жүзу әдісі.*

ҚҰЛАШТАЙ *Ұзындығы құлаш созым.* ~ ішек (жылан).

ҚҰЛҒАНА *Қауіпті жара түрінде білінетін жұқпалы ауру.* ◊ **Құлғана болғыр** *(қарғ.)* — *құлғана ауруымен ауырғыр.*

ҚҰЛДАН *Біреудің еңбегін қанау, құл ету.*

ҚҰЛДАНУШЫ *Біреудің еңбегін қанаушы, езуші үстем тап өкілі.*

ҚҰЛДИ *Шығырау құздың құлай беріс төменгі жағы.*

ҚҰЛДИЛА 1. *Ылдиға, еңіске қарай тұсу.* Балалар етекке ~ды. 2. *Аспаннан төмен қарай сорғалау.* Аққу ~й жөнелді. 3. *Ауыс. Кері кету, құлдырау.*

ҚҰЛДЫҚ 1. *Құл болушылық, тәуелділік.* ~тан құтылды. 2. *Ауыс. Бас иіп қостаушылық, ризашылық.* Сөзіңе ~. ◊ **Құлдығың болайын** — *садағаң кетейін, құрбаның болайын.* **Құлдыққа салды** — *тәуелді етті, қанады.* **Құлдық қылды** — *бас иді, табынды.* **Құлдық ұрды** — *құрдай жорғалады; бас иді.*

ҚҰЛДЫРА 1. *Төмен қарай екпінмен құлау.* Лақтырған тас ~п сайға түсті. 2. *Көз ілеспей зымырау, заулау.* Құлындай ~п жүгіріп келді. 3. *Ауыс. Құрт төмендеу, кейін кету.* Бұл шаруашылық кейінгі кездерде ~п кетті.

ҚҰЛДЫРАҢ *Құлдыраңдап жүгіргендік, құлдырағандық.* ◊ **Құлдыраң қақты** — *тез-тез жүгірді, құлдыраңдады.*

ҚҰЛДЫРАҢДА *Құлдыраң қағып жүгіру, құлдыраң-құлдыраң ету.* Асау тайдай ~ды.

ҚҰЛЖА 1. *Арқардың қошқары.* 2. *Құлжаның асығы, сақа.* ~сын берді.

ҚҰЛЖАЛЫ *Құлжасы көп, құлжасы бар.* ~ жер (тау).

ҚҰЛҚАЙЫР *бот. Үлкен жапырақты, биік өсетін, ашық гүлді өсімдік.*

ҚҰЛ-ҚҰТАН 1. *Малшы-жалшы, кедей-кепшік.* 2. *Ауыс. Сансыз, ойсыз тобыр.*

ҚҰЛҚЫН 1. *Тамақ, кеңірдек.* 2. *Қара бастың қамы, өз пайдасы.* Ермедім **құлқыны** үшін алдауепке (Тәкежанов). ◊ **Құлқыны құрыды** — *ынтасы ауды, есі кетті.* **Құлқының құрғыр** — *ындының құрысын, тамағыңа тас тығылғыр.*

ҚҰЛҚЫН: құлқын сәрі — *таң жаңа атып келе жатқан кез.*

ҚҰЛҚЫНДАС *Ымы-жымы бір, жемтіктес.*

ҚҰЛҚЫНҚҰМАР *Қара басының қамын ойлаушы; пайдакүнем.* Ол ~ адам.

ҚҰЛҚЫНШЫЛ *Бас пайдасын ойлайтын, құлқынқұмар.*

ҚҰЛМАҚ *бот. Шырмалып өсетін, жіңішке сабақты, ашытқылық қасиеті бар көп жылдық өсімдік.*

ҚҰЛПАТША *Үлек пен айыр інгеннен туған біртуманың екінші атауы.*

ҚҰЛПЫ *көне. Өңі құлпырып тұратын жібек мата.* Қыз балалар киер киім **құлпыдан,** Жаяу озбас деп ойлайды жылқыдан (Көруғлы).

ҚҰЛПЫНАЙ *Жұпар иісті, қызыл түсті тәтті жемісі бар көп жылдық шөптесін өсімдік, соның жемісі.*

ҚҰЛПЫР 1. *Құбылу, жайнау, тұрлену.* Жер беті ~ып тұр. 2. *Ауыс. Көркімен көз тарту.* Қамар күннен-күнге **құлпырып,** он бес жасына жетті (Торайғыров).

ҚҰЛПЫРҒЫШ *Неше түрлі болып құбылғыш, тұрленгіш.* ~ тас.

ҚҰЛПЫРМА *Құлпырып тұрған; құбылмалы.*

ҚҰЛПЫРМАЛЫ *Құлпырып тұратын, құбылғыш, құлпырғыш.* ~ плющ.

ҚҰЛПЫРЫС *Құлпырған түр; қайта түлеушілік.* Осындай бір ~ керек.

ҚҰЛПЫТАС *Қабыр басына орнатылған ескерткіш тас.* ~ қойды.

ҚҰЛТҰҒЫР *Ергашты, шабан ат.* Менің құнаным мойнын қамыт қаққан **құлтұғыр** еді (Бегалин).

ҚҰЛТЫЛДА *Құлт-құлт ету, ойнақшу.* Тау суындай **құлтылдап,** Сүмбілдейін жылтылдап (Қыз Жібек).

ҚҰЛШАР *көне. Құлдың баласы.* **Құлшар** өссе, қожаның құлы (Мақал).

ҚҰЛШЫЛЫҚ 1. *Құлдық, тәуелділік.* ~пен өткен өмір. 2. *Құдайға сиынып, табынушылық.* Шыңғыс шекпенін жайып, **құлшылыққа** кірісті (С. Мұқанов). ◊ **Құлшылық қылды [етті, ұрды]** —*құдайға табынды, сиынды.*

ҚҰЛШЫН *Ықыласпен жігерлене кірісу, жанын сала ұмтылу.* Олар жұмысқа ~ып кірісті.

ҚҰЛШЫНЫС *Ұмтылыс, талпыныс.* ~ бар.

ҚҰЛЫҚ I *Адамның мінез-құлқын, ниетін білдіретін психологиялық қасиеттердің жиынтығы.* Оның ~ғын сезгендей болдым. ◊ **Құлқыны кетті [ауды]** — *ынтасы ауды, ниеті кетті.* **Құлқы сүймеді [соқпады]** — *көңілі қаламады, ұнатпады.*

ҚҰЛЫҚ II *Құлақтың ішіне жиналып, қатып қалатын бұлақ.* Құлағына ~ қатып қалыпты.

ҚҰЛЫҚ III *көне. Қойдың бақай безі ісініп ауыратын ауру.* Қойда болатын **құлық** ауруын халық арасында "айырма", "мамыр" деп те атай береді (Х. Арғынбаев).

ҚҰЛЫҚСЫЗ *Ынтасыз, селқос.* ~ сөйледі.

ҚҰЛЫҚСЫЗДАУ *Ынтасыздау, селқостау.*

ҚҰЛЫҚСЫЗДЫҚ *Ынтасыздық, селқостық.*

ҚҰЛЫҚТАН *Ниет қою, ынтасын салу.* Шоқан сурет салуға **құлықтанып** алғанды (Бегалин).

ҚҰЛЫҚТЫ *Ынталы, ниетті, ынтық.* Ол кетуге онша ~ емес.

ҚҰЛЫҚТЫЛЫҚ *Ынталылық, ниеті барлық.*

ҚҰЛЫН *Жылқының алты айға дейінгі төлі*

□ **Құлын жарғақ** — *құлын терісінен жүнін сыртына қаратып тіккен сырт киім.* **Құлын тастады** — *іш тастады, құлыны өлі туды.* ◊ **Құлындағы даусы [құраққа] шықты** — *жан даусы шығып айқайлады.* **Құлын мүшесі бұзылмаған** — *уыздай жап-жас; балғын.*

ҚҰЛЫНДА *Биенің құлын тууы.* Биелер ~п жатыр.

ҚҰЛЫНДАЙ *Құлын сияқты; әдемі, сұлу, мүсінді.* ◊ **Құлындай шырқырады [шыңғырды]** — *қатты айқайлады.*

ҚҰЛЫНДЫ *Құлыны бар, құлын ерткен.* ~ бие.

ҚҰЛЫН-ТАЙ *Жылқының үлкенді-кішілі төлдері.* ~ шапқылап жүр.

ҚҰЛЫН-ТАЙДАЙ *Құлын, тай секілді; татутәтті, ынтымақты.* ~дай бірге өскен. ◊ **Құлын-тайдай алысты [тебісті]** — *жұбын жазбай, бірге өсті.* **Құлын-тайдай шұрқырасты** — *улап-шулап мәз болысып қалды.*

ҚҰЛЫНША *Құлын секілді, құлын тәрізді.* ~ ойнақтады.

ҚҰЛЫНШАҚ *экспр.* 1. *Құлынның әдемілігіне, сұйкімділігіне қарай айтылатын ишарат сөз.* **Құлыншақ-ау, құлыншақ,** Бола берме ұрыншақ (Батырбекова). 2. *Ауыс. Жас балаға еркелете айтылған сөз.* Жалғыз ұлым — ~ғым...

ҚҰЛЫНШАҚТАЙ *Құлыншақ секілді сұп-сұйкімді; жап-жас.*

ҚҰЛЫНЫМ *экспр. Баласына айтылатын еркелету сөз.* Қозым менің, **құлыным,** Әрі қызым, әрі ұлым (Аманжолов).

ҚҰЛЫНЫМДА *Құлыным-құлыным деп емірену, елжіреу.* Әйелдің ~ған даусын естіді.

ҚҰЛЫП *Есікті бекітіп қоюға арналған, кілтпен жабылып-ашылатын құрал.* Ол есікке ~ салды.

ҚҰЛЫПТА *Құлып салу, бекіту.* Есікті ~.

ҚҰЛЫПТАУЛЫ *Құлып салынған, бекітулі.* Есік ~ екен.

ҚҰЛЫПТЫ *Есігінде құлып бар, құлып салынған.*

ҚҰМ *Түрлі тау жыныстарының, тастың өте майда түйіршіктері; борпылдақ, шөгінді жыныс.*

□ **Құм бетеге (бот.)** — *құмды жерде өсетін бетеге.* **Құм бидайық (бот.)** — *құмды жерде өсетін бидайық.* **Құм бұлау** — *қыздырған құммен емдеу.* **Құм ебелек (бот.)** — *құмды жерде өсетін ебелек.* **Құм жілік** — *майы кетіп, қара кемігі қалған жілік.* **Құм қайрақ** — *ұстара, бәкі т. б. қайрауға арналған*

жұмсақ қайрақ. **Құм сағат** — *уақытты мөлшерлейтін қарапайым аспап.* **Құм тышқан** *(зоол.)* — *сыртқы түрі егеуқұйрыққа ұқсас, құмды жерді мекендейтін тышқан.* ◊ **Құм жілік болды** — *әбден арықтады, арықтады.*

ҚҰМА *көне. Некесіз, құқығы кемшін әйел.* Бөкенші, Борсақ *құмадан* туып па? (М. Әуезов)

ҚҰМАЙ I *Таулы жерді мекендейтін ірі жыртқыш құс.*

ҚҰМАЙ II *Тазы иттің ең жүйрік, шалымды түрі.* ~ тазы.

ҚҰМАЙ III *бот. Тары тәріздес көп жылдық арам шөп.* Алқапқа су жіберсе *құмай,* шырмауық тәрізді арамшөптер қаулап кетеді (З. Асабаев).

ҚҰМАЙТ *Құмды жер, құмдауыт.* ~ өлке.

ҚҰМАЙТТЫ *Құмды, құмдауытты.* ~ жер (дала).

ҚҰМАҚТАТ *Құмды жермен жүру.* ~ып барады.

ҚҰМАҚТАУ *Құмдақтау, құмдауыттау.*

ҚҰМАҚТЫ *Құмды, құмдақты.* ~ дала.

ҚҰМАЛАҚ *Қой, ешкі сияқты жануарлардың домалақ қиы.* Қойдың ~ғы. ◊ **Құмалақ асты [салды, тартты]** — *бал ашып, сәуегейлік жасады.*

ҚҰМАЛАҚТА *Құмалақ тастау.* Бәрте лақ ~ған.

ҚҰМАЛАҚТАЙ *Кішкентай, ұсақ, майда.* Тұқымы ~ ғана. ◊ **Құмалақтай шашылды** — *басы біріқпеді, шашырап кетті.*

ҚҰМАЛАҚШЫ *Құмалақ салып бал ашушы.* ~ шал.

ҚҰМАЛАҚШЫЛ *Құмалақ ашуға, аштыруға әуес.* ~ еді, жарықтық.

ҚҰМАН *Қолға су құюға арналып, мыстан не шойыннан істелген шұмегі мен тұтқасы бар шәугім.* Қолында ~. ◊ **Бұхар құман** — *Бұхарда жасалған құман.*

ҚҰМАР I 1. *Ынтық, ынтызар, асық.* Оны көруге ~мын. 2. *Әуес, құштар, қызықтағыш.* Ән ~ жігіт. ◊ **Құмардан шықты** — *бір нәрседен ләззат алды, құмары қанды.* **Құмары қанды [басылды, тарқады]** — *көңілі жай тапты, мауқы басылды.*

ҚҰМАР II *Ақша, мал-мүлік салып ойнайтын карта ойыны.* ~ ойнайды.

ҚҰМАРЛАН *Құмарту, қызығу.*

ҚҰМАРЛАУ *Әуестеу, үйірлеу.* Дүние ~.

ҚҰМАРЛЫҚ *Бір нәрсеге құмартушылық, қызығушылық.*

ҚҰМАРПАЗ 1. *Бір нәрсеге қызыққыш, әуесқой.* ~ адам. 2. *Құмар ойынына берілген адам.* ~дар да жиналды.

ҚҰМАРПАЗДЫҚ *Бір нәрсеге қызығушылық, әуесқойлық.*

ҚҰМАРТ 1. *Ынтызар болу, ықыласы ауу.* Бірбіріне қатты ~ты. 2. *Көксеу, қызығу.* Өзім *құмартқанмен* тағдырым ол қызметті маған жазбады (С. Мұқанов).

ҚҰМАРТҚЫШ *Бір нәрсеге қызыққыш, әуесқой.*

ҚҰМАРТУШЫЛЫҚ *Қызығушылық, әуестік.* Оған деген ~ бар.

ҚҰМАРШЫҚ *бот. Құмды жерде өсетін, тары тектес дәні бар жабайы өсімдік.*

ҚҰМБЕРІШ *бот. Тау беткейлерінде, тасты жерде өсетін жапырағы жіңішке таспа пішінді көп жылдық өсімдік. Құмберіш* әсемдік үшін өсіріледі (ҚСЭ).

ҚҰМДАЙ 1. *Құм сияқты, ұсақ, майда.* ~ тары. 2. *Есепсіз көп, сансыз.* "Үлкен жер" ақиқаты мұндай болды, Бір басқа пәле деген *құмдай* болды (С. Мұқанов).

ҚҰМДАҚ *Құмдауыт, құмайт.* Түбі ~.

ҚҰМДАҚТАУ *Құмайттау, құмдауыттау.*

ҚҰМДАҚТЫ *Құмдауытты, құмайтты.* ~ жер.

ҚҰМДАСЫН *Құмды, құмайтты.*

ҚҰМДАУ *Құмайттау, құмдақтау.*

ҚҰМДАУЫТ *Құмдақты, құмдасын.* ~ топырақ.

ҚҰМДЫ *Құмы көп, құм араласқан.* ~ жер.

ҚҰМДЫҚБОЗ *бот. Құмды жерлерде өсетін шөптесін өсімдік. Құмдықбоз* Қазақстанда Ертіс, Ақтөбе, Мойынқұмда, Каспий маңында тараған (ҚСЭ).

ҚҰМҚАТА *Малдың шөппен араластырып құм жеп қоюынан болатын кесел.* ~ға шалдыққан.

ҚҰМҚҰРТ *зоол. Теңіз жағалауындағы құмда тіршілік ететін бунақ денелі құрт.*

ҚҰМСАҒЫЗ *бот. Күрделі гүлділер тұқымдасына жататын, көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚҰМТАС *геол. Құм шөгінділерінің байланысып, қатып қалуынан пайда болған жыныс.*

ҚҰМШАЙҒЫШ *техн. Сумен жуу арқылы құмды бөгде заттардан айыратын машина.*

ҚҰМШЫҚ *Кішігірім құмды төбешік, төмпешік.*

ҚҰМЫҚ I *Түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын, негізінен Дағыстан жерінде тұратын халық.*

ҚҰМЫҚ II *бот. Құмды жерде өсетін, дәні тарыға ұқсас шөптесін өсімдік.*

ҚҰМЫҚ III *Дауыстың, үннің еркін, ашық шықпай тұншығып шығуы.* Даусы ~ғып естілді.

ҚҰМЫР I *зоол. Бұлбұлша сайрайтын, торғайдай ғана кішкене құс.*

ҚҰМЫР II *Кеңсірікті құрт жайлап, малды (қой, ешкі, түйе) пысқырта беретін індет.* Қойда көбірек кездесетін *құмыр* (пысқырық) ауру бар (С. Омаров).

ҚҰМЫРА *Саз балшықтан күйдіріліп жасалған, ауыз жағы ықшамды келген ыдыс.* □ **Қыш құмыра** — *қыштан жасалған құмыра.*

ҚҰМЫРАШЫ *Құмыра жасайтын шебер.*

ҚҰМЫРАШЫЛЫҚ *Құмыра жасауды кәсіп етушілік.*

ҚҰМЫРСҚА *Топтанып тіршілік ететін, бунақ денелі жәндік.* **Құмырсқа қышқылы** *(хим.)* — *суда, спиртте еритін, өткір иісті, түссіз зат.* ◊ **Құмырсқа бел** — *жіп-жіңішке, нәзік, қыпша бел.* **Құмырсқа жегіш** *(зоол.)* — *тропиктік Америкада тіршілік ететін, тек құмырсқа жеп күн көретін жануар.* **Құмырсқаның илеуіндей** — *құж-құж қайнаған, қалың.*

ҚҰМЫРСҚАДАЙ 1. *Құмырсқа тәрізді, құмырсқа секілді.* ~ жыбырлады. 2. *Ауыс. Жіңішке, нәзік.* ~ белі бар. 3. *Қаптаған, құжынаған.* ~ қалың қол. ◊ **Құмырсқадай қаптады [құжынады, бықынады, қайнады]** — *қаптап кетті, ығы-жығы, көпір болды.*

ҚҰМЫТЫ *Шіркейден кішірек келген қанатты жәндік.*

ҚҰН I *тар. Ерте кезде кісі өлтірген адам тарапынан төленетін айып мал; төлем.* ~ төледі. ◊ **Құн даулады [сұрады]** — *өлтірілген адамы үшін төлем беруді талап етті.* **Құн дауы** — *өлтірілген адамның құнын талап еткен дау.* **Құнына қалды** — *біреудің пәле-жаласына жолықты.* **Құнын алды** — *өлтіргені үшін құнын төлетіп алды.* **Құнын жоқтады** — *біреудің құнын төлеуді талап*

етті. **Құнын тартқызды [тартты]** — *өлтірген адамы үшін малдай құн төледі; айып тартты.*

ҚҰН II *экон.* 1. *Тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория.* Тауар ~ы. 2. *Белгілі бір затқа тән баға, нарық; ақы.* — Сен оған жерінің ***құнын*** түгел төлейсің (Исабаев). 3. *Ауыс. Белгілі бір затқа тән қадір-қасиет.* Жаның сүйер елің болмаса, онда сенің өміріңнің не ***құны*** бар? (Есенберлин). ◊ **Құн заңы** — *қоғамдық еңбек негізінде жүргізіліп отыратын экономикалық заң.* **Құны бір тиын** — *қадір-қасиеті жоқ, тұкке тұрмайтын.* **Құны кетті [түсті]** — *қадір-қасиеті жоғалды, беделі түсті.*

ҚҰНАЖЫН *Үш жасқа аяқ басқан ұрғашы сиыр.*

ҚҰНАЙ *Құндыздың күшігі.* Маңдайдағы жұлдызым, Судағы ***құнай,*** құндызым (Жұмалиев).

ҚҰНАН *Үш жасқа аяқ басқан еркек жылқы.* □ **Құнан бәйге [жарыс]** — *тек құнандар ғана қатыстырылатын ат жарысы.* **Құнан қой** — *қойдың екі жастан асып, үшке аяқ басқан піштірілген еркегі.* **Құнан қымыз** — *екі түн асқан күшті қымыз.* **Құнан өгіз** — *ірі қара малдың екі жастан асқан піштірілген еркегі.* ◊ **Құнан шаптырым** — *шамамен 4–5 шақырымдай жер.* **Құнан шығар** — *құнан жасына таяп қалған мал.*

ҚҰНАНША I *Құнан жасындағы кішірек мал.*

ҚҰНАНША II *Құнан тәрізді, құнан секілді.* ~ күзеді (тулады).

ҚҰНАР 1. *Жердің өсімдікке нәр беретін қоректік қуаты.* ~ы аз жер. 2. *Тамақтың, астың қоректік қуаты, нәрі.* ~ы мол тағам.

ҚҰНАРЛАН *Жердің шұрайлана түсуі; тыңаю.* Жер ~ып қалды.

ҚҰНАРЛЫ 1. *Топырағы шұрайлы.* ~ топырақ. 2. *Жүгімды, нәрлі.* ~ тамақ. 3. *Ауыс. Мазмұнды, мәнді. Құнарлы* ойдың енді өмірлік арқауын тапқанын көреміз (Ғ. Мүсірепов).

ҚҰНАРЛЫЛЫҚ 1. *Жерге, топыраққа тән шұрайлылық қасиет.* 2. *Тағамның, мал азығының нәрлілігі, жүгімдылығы.*

ҚҰНАРСЫЗ 1. *Өсімдік жақсы өспейтін, құнары төмен.* ~ топырақ (жер). 2. *Жүгімы төмен; нәрсіз.* ~ тағам (жем-шөп). 3. *Ауыс. Әсерсіз, мәнсіз.* ~ сөз (ой).

ҚҰНАРСЫЗДАН *Жердің, топырақтың тозуы, мол өнім беруге жарамай қалуы.* Жер ~ып, егін егуге жарамай қалды.

ҚҰНАРСЫЗДАУ 1. *Құнары кемдеу, шұрайсыздау.* ~ жер. 2. *Күш-қуаты аздау, нәрі төмендеу; жүгімсыздау.* ~ тағам.

ҚҰНАРСЫЗДЫҚ 1. *Жердің, топырақтың құнары аздық, шұрайсыздық.* 2. *Тағамның, мал азығының жүгімы аздық; нәрсіздік.*

ҚҰНАРТ *Құнарлылығын арттыру, шұрайлылығын жақсарту.*

ҚҰНДА I *Бір нәрсенің құнын арттыру, бағасын өсіру; қадірлеу.*

ҚҰНДА II *көне. Өлген адамның құнын сұрау, даулау.*

ҚҰНДАҚ I 1. *Сәбиді бесікке салғанға дейінгі жаялыққа сап, жұмсақтап ораған бөлеуі, жөргек.* Бала ~та ораулы жатыр. 2. *Ауыс. Жаңа ұсталған бүркіттің қанаты сынбау үшін арнайы жасалған қорап.* — Бүркітті ***құндағына*** бөлеп, қанжығаңа байлап берейін (Жақыпбайұлы). ◊ **Құндағында қағынған** — *кішкентай күнінен-ақ бұзылған.*

ҚҰНДАҚ II *Мылтықтың оқпанды бекітетін, үстіңгі жағы ойық, ағаш бөлігі.* Мылтықтың ~ғы.

ҚҰНДАҚТА 1. *Сәбиді жөргекке орау; бесікке бөлеу.* Сәбиді ~п алды. 2. *Қыран құсты құндағына салып орап алу.* Олар қара балапанды ***құндақтап*** алып, аттануға айналды (Көшімов).

ҚҰНДАҚТАУЛЫ 1. *Құндақталған, бөленген.* ~ бала. 2. *Құндаққа салынған, қорапталған.* ~ домбыра (бүркіт).

ҚҰНДАУШЫ *Өлген кісінің құнын даулаушы.* ~лар ауылға сау ете түсті.

ҚҰНДЫ 1. *Бағалы, қымбат.* ~ сыйлықтар берілді. 2. *Аса маңызды, мәнді, қажетті.* ~ еңбек.

ҚҰНДЫЗ 1. *Өзен-көлде тіршілік ететін терісі өте бағалы аң.* 2. *Осы аңның қымбат бағалы терісі.* ~ бөрік.

ҚҰНДЫЗДА *Құндыз терісімен әдіптелген, жиектелген.* Жағалауын ~ған бөркіне үкі тағыпты.

ҚҰНДЫЗДАЙ *Жалт-жұлт еткен, әдемі, сәнді.* Шашы ~.

ҚҰНДЫЗДЫ 1. *Құндызы бар, құндызы көп.* ~ көл (жер). 2. *Құндыз терісімен жиектелген.* ~ сәукеле.

ҚҰНДЫЗДЫҚ *Мал аяғындағы шаша мен тұяқтың екі ортасындағы жіңішке жер.* Ақбас ауруында тұяқтың дәл ***құндыздығынан*** бірнеше ақ бөріткендер шығады (Арғынбаев).

ҚҰНДЫЛАУ *Бағалырақ, қымбаттау.* ~ болғаны жақсы.

ҚҰНДЫЛЫҚ 1. *Қымбаттылық, бағалылық.* Бұлғын терісінің ~ғы артты. 2. *Маңыздылық, мәнділік.* Кітаптың тарихи ~ғы барған сайын арта түседі.

ҚҰНДЫРАҚ 1. *Бағалырақ, қымбатырақ.* Бордақыланған мал ~ өтеді. 2. *Маңыздырақ, мәндірек.* Соңғы еңбегі алдыңғыға қарағанда ~.

ҚҰНЖИ *Мойыны ішіне кіре иілу, бүкшию.* ~ып отыр.

ҚҰНЖЫҢ: құнжың қақты — *құнжың-құнжың етті, құнжыңдады.*

ҚҰНЖЫҢДА 1. *Екі иығы ішке кіріп, құнжың-құнжың ету.* Уәйіс те ***құнжыңдап*** қалталарына қолын салып жатыр (Аманшин). 2. *Ауыс. Құтыңдау, құлану.* Менің қарық болғанымды қайдан білесің, — деді Кекжиме ***құнжыңдап*** (Сқақбаев).

ҚҰНЖЫҢ-ҚҰНЖЫҢ: құнжың-құнжың етті [қақты] — *бүгжеңдеп қозғалақтады, құнжыңдады.*

ҚҰНСЫЗ I 1. *Құны төмен, бағасыз.* Бұл жақта астық ~. 2. *Қадір-қасиеті жоқ, қадірсіз.* ~ бай (бастық). 3. *Мәнсіз, мағынасыз.* ~ сөз (ой).

ҚҰНСЫЗ II *тар.* 1. *Егер өліп кетсе, құн төлем сұрамайтын.* 2. *Ауыс. Іздеусіз, сұраусыз, жоқтаусыз.* Ақтан жалғыздығын, ***құнсыз,*** бодаусыз кетер саяқтығын тұңғыш рет сезді (Бөкеев).

ҚҰНСЫЗДАН *Бағасы кему, құны төмендеу.*

ҚҰНСЫЗДЫҚ 1. *Бағасы төмендік, кемдік.* 2. *Құны жоқтық, қасиетсіздік.* Адамгершіліктен жұрдай... Тұу, не деген ***құнсыздық*** (Шүкіров).

ҚҰНТ *Адамның ұқыптылық, жинақылық қасиеті. Құнт* болса бәрі де болады (Неталиев). ◊ **Құнт [құнты] жоқ** — *ұқыптылық жетіспейді.* **Құнт қойды [қоймады]** — *зейін салды, ықылас қойды.* **Құнт қылмады** — *көңіл бөлмеді, құнттамады.*

ҚҰНТИ 1. *Мейлінше қысқару, шолтию, шонтию.* Құлақтары ~ған. 2. *Қушию, кішірею.* Егін көлемі *құнтиған* сайын біз де үдей түсеміз (Орманов).

ҚҰНТСЫЗ *Құнты жоқ, құнсыз.* Ол хат жазуға ~ еді.

ҚҰНТСЫЗДЫҚ *Құнты жоқтық, құнсыздық.*

ҚҰНТТА 1. *Бір нәрсеге құнт қою, құнсыздау.* ~п кірісті. 2. *Тәптіштеу, қадағалау.* Ол қолына алып, ~п қарап шықты.

ҚҰНТТЫ *Ұқыпты, жинақы.* Үй іші тіршілігіне ~ әйел.

ҚҰНТТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, жинақылық.*

ҚҰНТЫҢ: құнтың қақты — құнтың-құнтың етті, құнтыңдады.

ҚҰНТЫҢДА *Құнтың қағу, тез-тез қимылдау.* ~п кірісіп кетті.

ҚҰНУ *зоол. Түр-тұлғасы жағынан сусарға ұқсас, сирек кездесетін аң.*

ҚҰНЫКЕР *тар. Өлтірген кісісі үшін құн төлейтін адам; айыпкер.*

ҚҰНЫКЕРЛІК *Құныкер болғандық, айыпкерлік.*

ҚҰНЫҚ 1. *Бір нәрсеге мейлінше берілу, құмарту.* Картаға ~ғып алған. 2. *Ауыс. Дәндеу, дәнігу.* Көлденең табысқа әбден ~ғып кеткен.

ҚҰНЫС 1. *Әлде бір аурудың салдарынан омыртқаның сыртқа қарай шығып, күдірейіп, бүкірейіп қалуы.* Оның ~ ағасы бар. 2. *Ауыс. Денені тік ұстамай, бүкірею, бүкшию.* Ақбілек бүктетіліп, *құныс*ып үрейлене тыңдады (Аймауытов). □ **Құныс балық** — *албырт тұқымдасына жататын балық; горбушка.*

ҚҰНЫСТАУ *Аздап құныс, бүкірлеу.* Белі ~ болып кетті.

ҚҰНЫСТЫҚ *Құныс болғандық, бүкірлік.*

ҚҰП 1. *Мақұл, жарайды, жақсы.* — *Құп.* Қазір атқа жіберейін (Сейфуллин). 2. *Дұрыс, жөн.* — *Құп* айттыңыз. Соғыстан қайтпады ғой (Дүйсенов). ◊ **Құп алды** — *мақұл көрді, жөн көрді.* **Құп болады** — *жарайды, жақсы, мақұл.* **Құп көрді** — *мақұлдады, қоштады.*

ҚҰПИЯ *Кез келген адамға айтылмайтын жасырын сыр.* Бір ~м бар.

ҚҰПИЯЛА *Жария етпеу, жасыру.*

ҚҰПИЯЛАС *Ымы-жымы бір, сырлас.*

ҚҰПИЯЛАУ *Жасырындау, жұмбақтау.* ~ сыр (әңгіме).

ҚҰПИЯЛЫ *Құпиясы бар, жасырын.* ~ іс (қуаныш).

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ *Құпия болғандық, жасырындық.* Ешбір ~ғы жоқ.

ҚҰПИЯСЫЗ *Ешқандай құпиясы, жасырыны жоқ.* ~ іс (әңгіме).

ҚҰПИЯСЫЗДЫҚ *Құпиясы жоқтық, жасырын сыры жоқтық.*

ҚҰПИЯШЫЛ *Құпияны сақтағыш, сыр түйгіш.* ~ адам.

ҚҰП-ҚУ 1. *Құрғақ, кебу, кепкен.* ~ шөл (отын). 2. *Құрап тұрған, тап-тақыр.* ~ құба жон. 3. *Ауыс. Өңі қашқан, бозарған; боп-боз.* Өңі ~.

ҚҰП-ҚҰНАҚ *Сергек, ширақ, тың.* Өне бойы ~.

ҚҰП-ҚҰРҒАҚ *Құрғақ, кебу, құп-қу.* ~ шөп (топырақ).

ҚҰПТА *Бір нәрсені мақұлдау, қоштау.* Мені ~ды.

ҚҰПТАРЛЫҚ *Қоштарлық, мақұлдарлық.* ~ іс (ой).

ҚҰР I *Киіз үйдің керегелері мен уықтарын таңып, байланыстырып тұратын жалпақ бау.* Кереге ала ~мен таңылған.

ҚҰР II *Тауық тұқымдас жабайы тау құсы.*

ҚҰР III *Мінілмеген, семіз, қоңды.* ~ ат (айғыр). ◊ **Құр атқа мінгендей болды** — *тынықты, сергіп қалды.*

ҚҰР IV 1. *Бір нәрсені жасау, орнықтыру, орнату.* Алтыбақан ~ды. 2. *Бір нәрсені көлденең ұстау, тұту.* Шымылдық ~ды. 3. *саяс. Қоғамдық, әлеуметтік күштер негізінде бір істі ұйымдастыру, бір нәрсенің негізін қалау.* Совет үкіметін ~ды.

ҚҰР V *Бекер, бос, жай, әншейін.* Қойма, еркем, *құр* күліп, Жан сөзімді есіңе ал (Кәрбозин). ◊ **Құр алақан** — а) *қолында дымы жоқ, құр қол;* ә) *қара жаяу, бос.* **Құр ауыз кетті [қайтты, шықты]** — *тамақ ішпей кетті.* **Құр әншейін** — *жай ғана, бекер, босқа.* **Құр бекер [босқа]** — *бекерден-бекер, бостан-босқа, тектен-текке.* **Құр далбаса** — *бос әуре, жай сөз.* **Құрдан құр** — *бостан-босқа, тектен-текке.* **Құр долбар** — *жай сөз, әншейін болжал.* **Құр жібермеді** — *өткізбеді, тегін жібермеді.* **Құр кетті** — а) *дәм татпай кетті;* ә) *еңбегі зая кетті.* **Құр кеуде [көкірек]** — *мақтаншақ, даурықпа; бос адам.* **Құр көкірекке [кеудеге] салды** — *бостан-бос мақтанды, даурықты.* **Құр қалды** — *үлес алмады, бос қалды.* **Құр қол** — *қолында еш нәрсесі жоқ.* **Құр сөз** — *бос әңгіме, жай сөз.* **Құр сүлдері қалды** — *әбден арықтады, жүдеді.* **Құр текке** — *бекерден-бекер, бостан-бос.*

ҚҰР VI *Жылқыны шақырғанда, тоқтатарда, ұстарда айтылатын ишарат сөз.* Аттар *құр*, жануар, *құр* дегенде тоқтай қалды (С. Мұқанов).

ҚҰРА 1. *Матаның, терінің қалған қиындысынан құрастырып, іс тігу.* Малдың пұшпақтарынан *құрап* тіккен ішіктер де болады (Қасиманов). 2. *Бір нәрселердің басын қосып, топтастыру, жинау.* Жақсылық соңғы үш-төрт жылдың ішінде мал *құрап* алды (М. Әуезов).

ҚҰРАҒЫТ *Бір нәрсеге құмарту; талпыну.* — Е, шырағым, сен оқу іздеп *құрағытып* келген бала емес сияқтысың (Бегалин).

ҚҰРАЙЛА *Жылқыны құрайлап айдау.* Жылқы қуып *құрайлап,* Олжа үлескен айқайлап? (Қ. Шөкенов).

ҚҰРАЙТ *Айғырдың күйін келтіру үшін айтылатын ишарат сөз.* ~, жануар ~.

ҚҰРАЙТТА *Айғырға "құрайт", "құрайт" деп дыбыс беру.*

ҚҰРАЙЫШ *Жүнін сыртына қаратып, сеңсеңнен тіккен түрікмен халқының ұлттық бас киімі.*

ҚҰРАҚ I *Матадан, теріден қалған әр түрлі қиынды, қалдық.* ~ көрпе. ◊ **Құрақ құрады** — *құрақтарды қиындастырып тікті.*

ҚҰРАҚ II 1. *Су жиегіне жайқалып қалың өсетін балауса шөп; жас қамыс.* Көк жасыл *құрақтар* көрінеді (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Жас өспірім, балдырған.* Ұлым менің желкілдеген *құрағым* (Жанаев). ◊ **Құрақ ұшты** — *жаны қалмай қызмет етті.*

ҚҰРАҚ-ҚҰРАҚ *Жамау-жамау, шоқпыт-шоқпыт.* Үстіндегі киімі ~.

ҚҰРАҚТАЙ 1. *Құрақ сияқты, құрақ тәрізді.* 2. *Ауыс. Жас, балғын, балауса.* Өнеге еді, нар еді, Жастарыма *құрақтай* (Сариев). ◊ **Құрақтай жапырылды** — *жік-жапар болды, құрақ ұшты.*

ҚҰРАҚТЫ *Құрақ мол өскен, құрағы қалың.* ~ көл (қара су).

ҚҰРАЛ 1. *Белгілі бір шаруашылық үшін қажетті аспап, сайман.* Ұстаның қолында ~дары бар. 2. *Соғыста, ұрыста пайдаланылатын әскери қару.* Соғыс *құралдары* арбаға тиеліп, үсті кенеппен жабылды (Ә. Әбішев).

ҚҰРАЛАЙ 1. *Киіктің төлі, лағы.* Киіктер ~ын өргізді. 2. *Ауыс. Сүйкімді, көрікті, сұлу.* Өте ме сұм өмірдің тепкісінде, Бота көз Күләнда атты *құралайың* (Саин). 3. *Мамыр айының екінші жартысында болатын, киіктің төлдеу уақытына сай келетін, жауын-шашынды мезгіл; амал.* *Құралай* амалы мамырдың 23-інен басталып, 10 күнге созылады (М. Ысқақов). ◊ **Құралайды көзге атқан** — *атқан оғы дәл тиетін, мерген.* **Құралай көз** — *мөлдіреген әдемі көз.* **Құралай [құралайдың] салқыны** — *киіктің төлдейтін кезіне сәйкес келетін жауынды-шашынды суық.*

ҚҰРАЛАЙДАЙ *Әдемі, сұлу, сүйкімді.* ~ қыз.

ҚҰРАЛАЙГҮЛ *бот. Таулы жерлерде, шабындықтарда өсетін, көп жылдық шөптесін өсімдік.* ~дің 40 шақты түрі белгілі.

ҚҰРАЛДАН *Құрал-сайманмен қамтамасыз етілу, жабдықтану.* Сүйменмен ~ған.

ҚҰРАЛДЫ *Құралы бар, құралмен қамтамасыз етілген.*

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ 1. *Құралдар мен жабдықтар жиынтығы.* Біраз ~ беруге үйғарыпты. 2. *Соғысқа қажетті қару-жарақ жиынтығы.* Зауыт соғыс ~тарын жасап шығарады.

ҚҰРАЛПЫ *Жас шамасы, мөлшері тең, қатар, тұстас.* Жасы мен ~.

ҚҰРАЛ-САЙМАН 1. *Әр түрлі іске қажетті құралдар мен саймандар.* Қажетті ~дар жеткілікті. 2. *Түрлі шаруашылыққа, өндіріс орындарына қажетті техникалық жабдықтар.* Механизаторлар техниканы, ~дарды жөндеу жұмыстарына кіріскен. 3. *Соғысқа қажетті әскери қару-жарақтар.* Ақтың әскерлері ~дарын тастай қашты.

ҚҰРАЛСЫЗ *Тиісті аспаптан, қару-жарақтан айырылу; құралсыз қалу.*

ҚҰРАЛСЫЗДАН *Құрал-сайманнан, қару-жарақтан айрылу, құралсыз қалу.*

ҚҰРАЛЫПТАС *Жас жағынан шамалас, құралпы.* Жасы өзім ~.

ҚҰРАМ *Бір бүтін нәрсенің барлық бөлшектері, жиынтығы.* Жиналыс төралқасының ~ы.

ҚҰРАМА 1. *Жеке, бөлек нәрселерден құралған, құранды.* ~ стол (арба). 2. *Әр түрлі топтан құралған бірлестік, топ.* Әскери ~лардың командирлері отыр. □ **Құрама команда** *(спорт.)* — *спорттың белгілі бір түрі бойынша әр жақтан шақыртылған спортшылардан құралған команда.* **Құрама отряд** — *түрлі маман иелерінен құралған отряд.* **Құрама сан** *(мат.)* — *кем дегенде үш не одан да көп бөлшектері бар сан.*

ҚҰРАМА: түгі **[ештеңесі, қылшығы] құрамады** — *еш нәрсесі кетпеді.*

ҚҰРАМАЛЫ *Құрастырмалы, жинамалы, алмалы-салмалы.* ~ үй (стол).

ҚҰРАМДАС *Бір құрамдағы; бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас.* Бұл патриоттық тәрбиенің ~ бөлігі.

ҚҰРАН *Ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары жазылған діни кітап.* Қолындағы ~ын төсекке қойды. ◊ **Құран аударды [шығарды]** — *өлген адамның аруағына арнап құранды бастан-аяқ оқып шықты.* **Құран оқыды [қайтарды]** — *өлген адамның аруағына арнап құраннан аят оқыды.* **Құран түсірді** — *өлген адамға арнап құран оқытты, аударды.* **Құран ұстады** — *ант-су ішті, ант берді.*

ҚҰРАНДАЙ 1. *Құран сияқты, құран секілді.* ~ жаттап алды. 2. *Ауыс. Имандай, құдайдай.* ~ шыны (сенді).

ҚҰРАНДЫ 1. *Әр нәрседен құралған, қосылған, біріккен; құрама.* ~ жасақ (ел). 2. *Құрастырмалы, жинамалы.* ~ үй (ер). ◊ **Құранды азық** — *түрлі концентраттың қосындысынан жасалған құрама жем.* **Құранды ер** *(этногр.)* — *әр бөлшегі жекежеке жасалынып содан кейін құрастырылған ер.*

ҚҰРАСТЫР *Бөлшектерден құрап, бір нәрсе жасау.*

ҚҰРАСТЫРМАЛЫ *Құрамалы, жинамалы.* ~ үй (темір бетон).

ҚҰРАСТЫРУШЫ 1. *Бір нәрсені құрастырып жасайтын адам.* Кеме ~лар. 2. *Әдеби нұсқаларды жинап, жүйелеп, кітап етіп шығарушы.* Жинақтың ~сы.

ҚҰРАУ I *Құралған, жамау.* ~ шапан (көйлек). ◊ **Құрау түспеді** — *еш жері жамалған жоқ; бүтін.*

ҚҰРАУ II *Жылқы малын шақыру одағайы.*

ҚҰРАУ-ҚҰРАУ I *Жамап-жасқап қойған, қырық құрау.* ~ терезе.

ҚҰРАУ-ҚҰРАУ II *Жылқыны құраулап шақыру.*

ҚҰРАУЛА *Жылқы малын шақыру, құрау-құрау деу.* Жылқышының ~ған даусы естіледі.

ҚҰРАУЛЫ *Құралған, жамауы көп.* ~ есік (киіз).

ҚҰРБАҚА *Көбінесе құрлықта тіршілік ететін бақа.*

ҚҰРБАН 1. *Құдай жолына арнап сойған мал.* ~ға өгіз сойды. 2. *Бір нәрсенің жолына арналған садақа.* Жиған-тергенім жолыңа ~. 3. *Ауыс. Белгілі бір мақсатты орындау жолында жанын қиған адам.* Мен үшін ~ болған адам. 4. *Шығын, зиян.* Қоян жылы келген жұттың да *құрбаны* аз болған жоқ (Қалиев). ◊ **Құрбан айт (діни.)** — *ораза өткен соң, жетпіс күннен кейін болатын мұсылмандардың діни мейрамы.* **Құрбан болды [етті, қылды]** — *жанын қиды, пида етті.* **Құрбан шалды** — *аруаққа арнап мал сойды.*

ҚҰРБАНДЫҚ 1. *Құдай жолына мал айтып сою әдеті.* ~ айтып, мал шалды. 2. *Бір нәрсенің жолына бағышталған садақа.* Еркек тоқты *құрбандық* деген (М. Әуезов). 3. *Белгілі бір мақсат үшін жан қиюшылық.* Отан үшін біз *құрбандық* (М. Ғабдуллин). ◊ **Құрбандығың болайын** — *садағаң кетейін, жолыңда өлейін.* **Құрбандық берді** — *құдай жолына құдайы берді.* **Құрбандыққа шалды [қиды]** — а) *өлімге қиды;* ә) *біреу үшін текке күйдірді.* **Құрбандық шалды** — *құдай жолына арнап мал сойды.*

ҚҰРБЫ *Жасы қатар, шамалас адам, құрдас.* Менің ~м.

ҚҰРБЫ-ҚҰРДАС *Жасы қатар, замандас адамдар.* ~тары келді.

ҚҰРБЫЛАС *Жас жағынан шамалас, тұстас.* ~ адамдар.

ҚҰРБЫЛЫҚ *Құрбы болғандық, құрбыға тән қасиет.* ~ наз (парыз, ақыл).

ҚҰРҒА 1. *Кеуіп кету, кебу.* Топырағы ~п кетті. 2. *Кеберсу, кезеру.* Көсеубайдың таңдайы *құрғап* қалған екен (Т. Әлімқұлов).

ҚҰРҒАҚ 1. *Құрғап қалған, құрғаған.* ~ жер (ауа, киім). // *Құрлық.* ~қа шыққан жайын — қанаты қырқылған құспен тең. 2. *Кебу, қу, құрап қалған.* ~ отын (қамыс, қарағай). 3. *Жауын-шашыны аз, ылғалсыз.* Жазы ~, қысы қатал. 4. *мед. Қақырықсыз, түкіріксіз.* ~ жөтел. 5. *Ауыс. Бос, жай, жалаң.* ~ сөз (әңгіме, уәде).

ҚҰРҒАҚСЫ *Құрғақ тарту, кеберсу.* Жер ~п тұр.

ҚҰРҒАҚТА *Құрғату, құрғақ ету.* Баланы ~п, орап қойыпты.

ҚҰРҒАҚТАЙ 1. *Құрғақ күйінде, кебудей.* ~ жиып ал. 2. *Ауыс. Өзін ғана, жалаң.* Үлкен самауыр шайды *құрғақтай* ішіп алды (Ақышев).

ҚҰРҒАҚТАУ 1. *Құрғағырақ, кебуірек.* ~ киім (отын). 2. *Жауын-шашыны азырақ; ылғалды.* Ауа райы ~.

ҚҰРҒАҚТЫҚ *Құрғақ болғандық, кебулік.* Киімнің ~ғы.

ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚ *Жауын-шашын аз болушылық, қуаңшылық.* ~ болды.

ҚҰРҒАМА *Құр болмау, босамау.* Газет, журналдардың нөмірлері де бір *құрғамайтын* болар (М. Әлімбаев).

ҚҰРҒАТҚЫШ *Бірдемені құрғататын нәрсе.* Астықты ~тан өткізді.

ҚҰРҒАТПА *Құр қоймау, бос қалдырмау, босатпау.* Ол да қалтасын ~ды.

ҚҰРҒЫР 1. *Құрып кеткір, жоғалғыр.* Әлгі қағазы *құрғырға* мөр бастырып алайын (Жүнісов). 2. *Құдай ұрғыр, оңбағыр.* — *Құрғыр,* әрірек қисайшы (Есенжанов).

ҚҰРДАЙ 1. *Құр сияқты, құр тәрізді.* 2. *Құр құсап, құрша.* ~ қаптады (шұбырды). ◊ **Құрдай жорғалады** — *аяғынан тік тұрып қызмет етті, жаны қалмады.*

ҚҰРДАН-ҚҰР *Бостан-бос, тектен-тек.* Бұл шақырыс ~ емес.

ҚҰРДАС *Бір жылы туған, жасты, құрбы.* Екеуміз ~пыз.

ҚҰРДАССЫН *Құрдас санау, құрдас болғансу.*

ҚҰРДАСТЫҚ *Құрдас болғандық, бір жыл туғандық.*

ҚҰРДЫМ 1. *Өзен суын бойына сіңіріп алып жатқан құмды жер.* Ол өзен аяғы Аралға жетпей *құрдым* барып, құрып жатыр (Қыдырбекұлы). 2. *Өзен, көл түбіндегі тұпсіз терең жер; оқпан.* — Ойбай, *құрдым* шығар асты (Қаназов). 3. *Ауыс. Тұңғиық, шыңырау.* Құздан *құрдымға* құлағандай құлдырап кеттің де бардың (Хангелдин). ◊ **Құрдым болды [құрдымға айналды]** — *жоқ болды, жоғалды.* **Құрдымға кетті** — *құрыды, жоғалды.*

ҚҰРЖИ *Құнжию, бүрісу.* Ол ~ып отыр.

ҚҰРЖЫҢ *Құржиған қалып, құнжың.* Ең болмаса, қонақ келгенде *құржыңыңды* қойсаңшы (С. Омаров). ◊ **Құржың қақты** — *құржыңдады, құнжың-құнжың етті.*

ҚҰРЖЫҢ-ҚҰРЖЫҢ *Құнжың-құнжың, бүкшең-бүкшең.* ~ қимыл. ◊ **Құржың-құржың етті** — *құнжыңдады, бүкшең-бүкшең етті.*

ҚҰРЖЫҢДА *Құнжыңдау, бүкшеңдеу.* ~п жүр.

ҚҰРҚҰЛАҚ *Ағзада "С" витамині жетіспеушіліктен болатын адам ауруы; дерт, кесел.* Тағам құрамында "С" витамині жеткіліксіз болса, адам *құрқұлақ* ауруына ұшырайды (М. Исамбаев).

ҚҰР-ҚҰР *Жылқыны ұстар кезде тоқтату үшін айтылатын ишарат сөз.* ~, жануар, ~.

ҚҰР-ҚҰРЛА *Жылқыны тоқтату, тыныштандыру үшін, "құр" "құр" деп айту.*

ҚҰРҚЫЛ *"Құрқ", "құрқ" еткен дыбыс.* Құстар да ~ды қойды.

ҚҰРҚЫЛДА *"Құрқ", "құрқ" еткен дыбыс шығару.*

ҚҰРҚЫЛТАЙ *зоол. Дене тұрқы торғайдан да шағын кішкентай құс.* Балалар қамысты ұялап жүрген ~ларды аңдыды. ◊ **Құрқылтайдың ұясындай** — *өте тар, кішкентай.*

ҚҰРЛЫ *Тәрізді, сияқты.* Ит *құрлы* бағамыз жоқ (Майлин).

ҚҰРЛЫҚ *геогр. Жан-жағын мұхит пен теңіз қоршап жатқан қара жер.* Олар ~қа шықты.

ҚҰРМА *Тропиктік аймақта өсетін пальма ағашы және сол ағаштың дәмді жемісі.*

ҚҰРМА: құрма ау — *көлге, теңізге құрылатын үлкен ау.*

ҚҰРМАЛА *Қайта-қайта арқан құру, керу.* Аттарды *құрмалап* ұстап ап, ертеп жатыр (Ө. Нұрпейісов).

ҚҰРМАЛАС *Бір-бірімен байланысу, сабақтасу.* Бұл сөйлемдер *құрмаласа* байланысқан (Қаз. тілі). ◊ **Құрмалас сөйлем** (*лингв.*) — *екі не одан да көп жеке сөйлемдерден құралып, құрмаласа байланысқан күрделі сөйлем.*

ҚҰРМАЛАУ *Ұзын арқанды құрып тұрып жылқыны ұстау әдісі.*

ҚҰРМАЛЫ *Құрылып қойылатын, құрылған.* ~ ау.

ҚҰРМЕТ *Қадір, қастер, сый.* Бұл үлкен ~. ◊ **Құрмет грамотасы** — *республикаға сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін ресми награда.* **Құрметке бөледі [бөлінді]** — *қадірледі, қастерледі.* **Құрмет көрсетті** — *құрметтеді, сыйлады.* **Құрмет етті [қылды, жасады]** — *құрметтеді, сыйлады.* **Құрмет тұтты [санады]** — *бедел көрді, абырой-атақ санады.* **Құрмет тақтасы** — *еңбек ардагерлерінің суретін іліп, аты-жөнін жазатын тақта.*

ҚҰРМЕТТЕ *Сыйлау, қастерлеу.* Ол қатты ~йді.

ҚҰРМЕТТІ *Аса қадірлі, сыйлы, бағалы.* ~ ұстаз (адам). ◊ **Құрметті атақ** — *сіңірген жемісті еңбегі үшін берілетін ресми атақ.* **Құрметті қарауыл** — *арнаулы қонақтардың құрметіне қойылған әскери сап.*

ҚҰРМЕТТІЛЕУ *Қадірлілеу, сыйлылау.* Ақын жолы ~.

ҚҰРМЕТТІЛІК *Қадір-қасиеті барлық, сыйлылық.*

ҚҰРСАҚ 1. *Асқазан, қарын.* ~ қуысы. 2. *Бала не төл жатқан іш құрылысы, жатыр.* Ана ~ғы. 3. *Ауыс. Бала, перзент.* Бақытгүлдің алдында жеті *құрсақты* жерге берді (Шүкіров). ◊ **Құрсақ көтерді** — *перзент көрді, бала туды.* **Құрсақ шашу** (*этногр.*) — *көптен бала көтермеген әйел екіқабат болғанда жасалатын ырым.*

ҚҰРСАҚТАН *Құрсақ көтеру, буаз болу.* Құрсағы жуан боз бие Құлын салмас демеңіз. Құлын туған құлаша, *Құрсақтанбас* демеңіз (XIX ғ. қаз. ақын.).

ҚҰРСАУ 1. *Белгілі бір затты қысып тұру үшін, сыртынан айналдыра ұстатқан темір шеңбер.* Ағаш күбінің ~ы босапты. 2. *Ауыс. Қыспақ, қамау, қоршау.* Ескі салттың *құрсауынан* шыға алмай келді ("Соц. Қаз".).

ҚҰРСАУДАЙ *Құрсау сияқты, мықты.* ◊ **Құрсаудай қысты** — *қыспаққа алды, қысты.*

ҚҰРСАУЛА 1. *Сыртынан темір шеңбермен қысып бекіту, құрсау салу.* Темірмен ~п тастаған. 2. *Ауыс. Қыспаққа алу, қысу.* Мына сұм тағдыр аяқ-қолын жаздырмай ***құрсаулап*** тастаған жоқ па? (Дүйсенов).

ҚҰРСАУЛЫ *Құрсауы бар, құрсау салынған.* ~ шәйнек (кесе).

ҚҰРТ I *Қатықтан (сүзбеден) әр түрлі етіп жасалып, кептірілген сүт тағамы.* ~ жеді. ◊ **Құрт жайды** — *құрт жасап, кептіруге қойды.* **Құрт қайнатты** — *құрт жасау үшін іркітті қазанға құйып қайнатты.*

ҚҰРТ II *Денесі жұмыр, ұзынша келген, ірелеңдеп жылжитын омыртқасыз кішкентай жәндік. Құрттардың* 95 мыңға жуық түрі бар (Қайымов).

ҚҰРТ III *Туберкулез ауруының халықтық атауы.* Тұман түбі — жұт, тұмау түбі — ***құрт*** (Мақал). ◊ **Құрт ауруы** — *өкпе ауруы, туберкулез.* Ол ***құрт*** аурудан қайтыс болды (Байтұрсынов).

ҚҰРТ IV 1. *Көзін жою, жоқ қылу.* Күзетшіні ~ты. 2. *Жазасын беру, сазайын тартқызу.* Мұныңды командир естісе ***құртады*** ғой (Тоғысбаев).

ҚҰРТАҚАНДАЙ *Титімдей, құрттай, кішкентай.*

ҚҰРТАҢ *Құрт ауруына шалдыққан мал.* Қойды ***құртаң*** бүлдіреді, Елді сұлтан бүлдіреді (Мақал).

ҚҰРТҚА *зоол. Терең суларда тіршілік ететін, еті дәмді, ірі балықтың бір түрі.*

ҚҰРТҚАШАШ *бот. Жапырағы таспа тәрізді, көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ҚҰРТ-ҚҰМЫРСҚА *Әр түрлі ұсақ жәндіктер.*

ҚҰРТ-МАЙ *Құрт және май, екеуі де.* ~ға кенелді.

ҚҰРТПА *зоол. Бекіре тұқымдас, өте құнды, ірі балық; белуга.* ***Құртпа*** балық Каспий теңізін, Еділ, Орал өзендерін мекендейді (Қ. Күленов).

ҚҰРТТА 1. *Хайуандар денесіне, етке құрт түсу, құрттап кету.* Қозы ~п кетіпті. 2. *Құрттаған малдың құртын алу, құрттан тазарту.* Қойын ~п отыр.

ҚҰРТТАЙ *Өте кішкентай, құртақандай.* ◊ **Құрттай қаптады** — *құжынап кетті, қаптады.*

ҚҰРТТАП-БИТТЕП *Үсті-басын бит басып, азып-тозып.* Жазбаймын десе, ***құрттап-биттеп*** аштан өледі (Шашкин).

ҚҰРТТАУЫШ *Мал құрттау үшін, ағаштан жонып жасап алған қалақша.*

ҚҰРУ-ҚҰРУ *Жылқы малын құрулап шақырған ишарат сөз.*

ҚҰРУ-ҚҰРУЛА *"Құру-құру" деп дыбыс беру.*

ҚҰРУЛА *"Құру, құру" деп шақыру.*

ҚҰРУЛЫ 1. *Құрылып қойылған, ілінген, ұсталған.* ~ шымылдық (перде). 2. *Орнатып қойылған, дайындалған.* ~ ошақ (шарық).

ҚҰРША *Құр тәрізді, құр секілді.* ~ ұшты (қонды). ◊ **Құрша жорғалады** — *құрақ ұшты, жарамсақтанды.*

ҚҰРШАЯН *зоол. Шаянның құрғақ жерде тіршілік ететін түрі.* Біздің жерде ~ көп.

ҚҰРЫ *Жоқ болу, жоғалу, жойылу.* Құстың 39 түрі ~ған. ◊ **Құрып кет [құрып кеткір]** — *жоқ бол, құры.*

ҚҰРЫҒАН *Құрып қалған, оңбаған.* — Мынау бір ***құрыған*** бала екен (Уайдин).

ҚҰРЫҚ 1. *Жылқы ұстау үшін, ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.* Мойнына ~ салды. 2. *Ауыс. Айла-шарғы, құлық-сұмдық.* Жәнібек ханның ***құрығы*** Өбілқайырдікінен ұзын болып жүрмесін (Есенберлин). ◊ **Құрығы ұзын** — *айла-шарғысы мол, құлығы жетерлік.* **Құрық әкетті** — *бой бермеді, ерікке көнбеді.* **Құрық берді** — *бір нәрсеге итермеледі, жел берді.* **Құрық бойламады** — *тереңдігі құрықтан асты.* **Құрық бойы [құрық бойындай]** — *қашықтығы құрық бойымен бірдей.* **Құрыққа сырық жалғады** — *есебін тапты, амалдады.* **Құрық салды [тастады]** — *қолға түсіруге әрекет етті, ұстамақ болды.* **Құрық сілтем [тастам, созым] жер** — *жақын аралық, таяу маң.*

ҚҰРЫҚТА 1. *Құрық салу, құрық тастау.* ~п ұстады. 2. *Ауыс. Еркіне жібермеу, тежеу.* Қызғаныш асауды тез ***құрықтап*** үлгердім (Ә. Сәрсенбаев).

ҚҰРЫҚТАЙ 1. *Ұзын, сұңғақ.* Мойны ~ ұзын. 2. *экспр. Сорайған, сидиған.* Сирағым сырықтай, бойым ***құрықтай*** (Құсайынов).

ҚҰРЫҚША *Кішірек келген құрық.*

ҚҰРЫҚШЫ *Құрық салушы, құрықпен жылқы ұстаушы.*

ҚҰРЫЛ *Құрылдаған дыбыс.* Бақаның ~ы.

ҚҰРЫЛҒЫ *техн. Жүйе, құрылым.* Электротехникалық ~лар.

ҚҰРЫЛДА *Құр-құр еткен дыбыс шығару.* ~ған дыбыс.

ҚҰРЫЛДАҚ *Құрылдай беретін, құрылдап қалған.* ~ бақа.

ҚҰРЫЛТАЙ *Көп адам қатысып, халықтық мәселелер қаралатын үлкен жиналыс.* Дүние жүзі қазақтарының ~ы өтті.

ҚҰРЫЛЫМ *Бір нәрсенің құрылысы, құрамы.* Жер ~ын анықтады.

ҚҰРЫЛЫМДАС *Құрылымы жағынан ұқсас, құрылымы жағынан бір-біріне жақын.*

ҚҰРЫЛЫМДАСТЫҚ *Құрылымдас болушылық, құрылымы бірегейлік.*

ҚҰРЫЛЫМДЫ *Құрылымы бар, құрылымы бір.* ~ тіл (сөйлем).

ҚҰРЫЛЫМДЫҚ *Құрылымға тән, соған қатысты.* ~ қасиет (ерекшелік).

ҚҰРЫЛЫС 1. *Белгілі бір жобамен салынып жатқан әр түрлі мекеме жайы, түрғын үй.* 2. *Бір нәрсенің белгілі құрамы.* Ол ми ***құрылысы*** жайлы айтпақ болатын (Ж. Молдағалиев). ◊ **Құрылыс банкісі** — *құрылыс үшін күрделі қаржы бөлетін банк.* **Құрылыс материалдары** — *әр түрлі құрылыс салуға қажетті материалдар.* **Құрылыс машиналары** — *құрылыс жұмыстарына қажетті техника.*

ҚҰРЫЛЫСТЫҚ *Құрылысқа жарамды, құрылыс үшін қажетті.* ~ материал.

ҚҰРЫЛЫСШЫ *Құрылыста жұмыс істейтін адам, құрылыс маманы.* ~лар тобы көрінді.

ҚҰРЫМ I *Күн қақтап, ыс сіңіп, қарайған киіз.*

ҚҰРЫМ II *Қызыл қоңыр немесе қара түсті бояу.* ◊ **Құрым етік** — *құрымға боялған былғарыдан тігілген етік.*

ҚҰРЫМДАЙ *Құрым сияқты; қызыл қоңыр, қара қошқыл.* ~ қара шай.

ҚҰРЫМДАН *Күреңіту, қараю.* Киізі ~а қоймапты.

ҚҰРЫС 1. *Денесі сіресу, бой жаздырмау.* Тұла бойы ~ты. 2. *Ауыс. Кіржіп қалу, жаратпау.*

Оларды көрсе болды жыны ұстаған адамдай *құрыса* қалатын (Сарғасқаев).

ҚҰРЫСҚАҚ *Кіржіп қалғыш, тырысқақ.* ~ адам (мінез).

ҚҰРЫСТА *Бойын жаздырмай қою, сірестіру.* Жауырыны ~п қалды.

ҚҰРЫС-ТЫРЫС 1. *Киімнің қыртыстанып, үйпаланып қалған жері.* Шалбарының балағы ~. 2. *Ауыс. Жаратпаушылық, кіржің.* Оның ашу қысқан *құрыс-тырысы* әлі де тарқай қоймаған (Көшімов).

ҚҰРЫСЫП-ТЫРЫС 1. *Сірестіріп ұстап қалу.* Тұла бойы ~ып қалыпты. 2. *Ауыс. Жақтырмау, ұнатпау.* Көрсе болды, енесі *құрысып-тырысады да* қалады (Арыстанов).

ҚҰРЫШ *Болаттың ең берік түрі.*

ҚҰРЫШТАЙ *Құрыш сияқты берік, мықты.* ~ берік.

ҚҰРЫШТАН *Мықты, берік болу, шыңдалу.*

ҚҰРЫШШЫ *Құрыш балқытушы, құрыш құюшы.*

ҚҰС I *Дене аумағы әр түрлі, қанаты, қауырсыны бар, ұшып-қонып жүріп тіршілік ететін жәндік. Құс* қанатымен ұшып, құйрығымен қонады (Мақал). □ **Құс базары** — *құстардың көп болып бір жерге жиналған тобы.* **Құс жастық [төсек]** — *құстың мамығынан жасалған жастық.* **Құс қалам** — *құстың қауырсынынан жасалған қалам.* **Құс мұрын [тұмсық]** — *орта шені дөңкиіп келген мұрын.* **Құс мылтық** — *оғы онша алысқа ұшпайтын, көбінесе құс ататын мылтық.* **Құс ойнағы** — *құстардың жұп құру кезіндегі түрлі ойыны.* **Құс салды [құс салып, ит жүгіртті]** — *қыран құстармен саят құрды.* **Құс төс** — *алға шығыңқы, бұлтиып тұрған төс.* **Құс фабрикасы [фермасы]** — *құс өсірумен, оның өнімдерін өндірумен айналысатын арнаулы орын.* ◊ **Құс болып ұшты** — *самғады, зымырады, зулады.* **Құс үйқы** — *сергек ұйқы, аз ұйықтайтын ұйқы.* **Құсың құтты болсын (тілек)** — *жаңа ұйленген ер адамға айтылады.*

ҚҰС II 1. *Ішкен ас сіңбей, жүрегі айнып, кері шығу.* 2. *Ауыс. Ұрлаған дүниелері сіңбей, иесіне қайтарып беру.* Ұрлағанын, жегенін *Құсып* жатты ыңқылдап (Сыздықов).

ҚҰСА *Қайғы-қасірет, уайым-шер.* Ол ~дан өле жаздады. ◊ **Құса болды [құса жеді]** — *қайғы-қасіреттің зардабын шекті.*

ҚҰСАҒАШ *Саят құстарын отырғызу үшін жасалған түғыр. Құсағашты* ластаса, сұңқардан да үміт үз (Ө. Әлімжанов).

ҚҰСАЛАН *Құса болу, шерлену.* Ол ақыры ~ып дүние салды.

ҚҰСАЛЫ *Қайғы меңдеген, мұңды, шерлі.* ~ адам (жүрек).

ҚҰСАЛЫҚ *Құса болғандық, қасіретке батушылық.*

ҚҰСА-ШЕР *Қайғы-қасірет, уайым, шер.* ~ін тарқатты.

ҚҰСБЕГІ *Әр түрлі саят құстарын қолға үйретіп, баптаушы.*

ҚҰСБЕГІЛІК *Құсбегі болушылық, құс баптаушылық.*

ҚҰСЖОЛЫ *Аспандағы ұзыннан ұзақ созылып жатқан ақшыл жолақ; алыс жұлдыздар сілемі.*

ҚҰСҚАНАТЫ *Қысқы қар еріп кеткеннен кейін жазғытұрым жауатын қар.* ~ өтті.

ҚҰСҚОНБАС *Құс қонбайтын тікенді өсімдік.*

ҚҰСТАЙ *Құс секілді, құс тәрізді.* Қанаты қырқылған ~. ◊ **Құстай ұшты** — *заулады, зымырады.*

ҚҰС ТАҢДАЙ *Құстың таңдайындай; бұжыр-бұжыр.*

ҚҰС ТАҢДАЙЛАП *Таңдай-таңдай етіп, бұжырлап.* ~ тастаған шағыл.

ҚҰСТЫ *Құсы бар, құсы көп.* ~ көл (өлке).

ҚҰСХАНА *Құстар тұратын қора.*

ҚҰСША *Құс тәрізді, құс секілді.* ~ сайрады (ұшты).

ҚҰСШЫ *Құс салатын, құс аулайтын адам.*

ҚҰСЫҚ *Ас сіңбегендіктен асқазаннан кері қайтқан.*

ҚҰТ *Береке, байлық.* Әйел — үйдің *құты* (Мақал). ◊ **Құт болды [құт дарыды]** — *береке орнады, байлықтың басы болды.*

ҚҰТАЙ *Тұрақтау, орныгу.* Мамандар ~майды.

ҚҰТАН *Сулы, сазды жерді мекендейтін, сирағы мен тұмсығы ұзын құс; ләйлек.*

ҚҰТ-БЕРЕКЕ *Байлық, береке, ырыс.* ◊ **Құт-береке дарыды** — *береке кірді, ырысқа кенелді.*

ҚҰТЕКЕЙ *Құт қонған адам (жер).* Ел қонған ескі қорда *құтекей* деп, Тілейміз тілеуінді қысыжазы (XX ғ. қаз. ақын.).

ҚҰТҚАР 1. *Бір нәрседен аман алып қалу, сақтау.* Ұлын ~ып қалды. 2. *Ауыс. Азат ету, босату.* Ленинградты жау қоршауынан *құтқарды* (Бектемісов).

ҚҰТПАН I *Құт-береке, ырыс, құт.* Үзілмес үміт мерекем, Құшағы *құтпан* берекем (Смаханұлы). □ **Құтпан айғыр** — *құтты айғыр; байлық басы.*

ҚҰТПАН II *діни. Бес уақыт оқылатын намаздың ең соңғысы; бесінші намаз.* Ауылдағы қарттар ~ оқыды.

ҚҰТПАН III *Асыл тұқымды қой.*

ҚҰТПАН IV *Қалың, қаба; тығыз.* Үйірде *құтпан* жалды айғыр, жанына ерген аяғын Құлағын жымып жеппейді (Базар жырау).

ҚҰТСЫЗ *Құты жоқ; жолы ауыр, қырсық.*

ҚҰТТЫ *Құт қонған, берекелі.* ~ мекен (орын). ◊ **Құтты болсын айтты** — *қуанышқа, жақсылыққа ізгі тілек білдірді.* **Құтты жеріне [орнына] қондырды** — *қызын күйеуге берді, ұзатты.* **Құтты қонақ болды** — *ақжолтай болды.*

ҚҰТТЫҚТА *Біреуге құтты болсын айту, тілек білдіру.* Жаңа жылмен ~ды.

ҚҰТТЫЛЫҚ *Құтты болушылық.*

ҚҰТХАНА *Құтты үй, игілікті мекен-жай.*

ҚҰТЫ 1. *Түрлі дәрі-дәрмек салынатын, аузы тар, іші бүйірлі, кішкене шыны ыдыс.* 2. *Жауынгерлер ішіне сусын құйып, белбеуіне бекітіп жүретін жарты литрлік металл ыдыс; фляга.* Ол беліндегі *құтысын* шешіп алды (Шәріпов).

ҚҰТЫ: ◊ **құты қашты** — *берекесі кетті, асып-састы.* **Құтын алды** — *қатты қорқытты, шошытты.*

ҚҰТЫЛ *Бір нәрседен азат болу, босану.* Малайлықтан ~ды.

ҚҰТЫЛА *Құты-құтыға бөліп салу.*

ҚҰТЫЛЫ *Құтысы бар, құтыға салынған.* ~ дәрі-дәрмек.

ҚҰТЫР 1. *Орталық нерв жүйелерінің бұзылуынан жүйкесіздік ауруына ұшырау.* ~ған ит. 2. *Ауыс. Орынсыз желігу, елігу.* Дауылды күні бала мен ит *құтырады* (Мақал). ◊ **Құтырған қасқырдай** — *жанын жеді, арпалысты.*

ҚҰТЫРУ *Нерв жүйесінің бұзылуынан болатын ауру; жындану.*

ҚҰТЫРЫҚ *Құтырып кеткен, құтырған; жынды.* ~ адам (кісі).

ҚҰТЫША *Кішкентай құты.*

ҚҰШ 1. *Құшақтап сүю, аймалау.* 2. *Ауыс. Жар ету, үйлену.* Мынандай қызды **құшқан** адамның арқасына қанат бітетін шығар (Мағауин).

ҚҰШАҚ 1. *Екі қолдың ішкі жағын қамтитын адамның алдыңғы иіні.* Ана ~ғындағы нәрсте. 2. *Ауыс. Мейірім, шапағат.* Ана **құшағынан** ыстық не бар (Соқпақбаев). 3. *Бір нәрсенің ырқы, ықпалы, шырмауы.* Мен сол күнді қалың ойдың **құшағында** жүріп өткіздім (Әбдіков). ◊ **Құшағына алды** — *құшақтады; аясына алды.* **Құшақ жайды** — а) *құшағын кең ашып, қарсы алды;* ә) *қанат жайды, өркендеді.* **Құшақ жайып қарсы алды** *шын көңілімен қабылдады, ризашылықпен қатты сыйлады.*

ҚҰШАҚ-ҚҰШАҚ *Бірнеше құшақ; көп.* ~ шөп.

ҚҰШАҚТА 1. *Құшағына алу, қапсыра қысу.* 2. *Ауыс. Қолынан тастамау, айрылмау.* Естай М. Әуезовтың "Абайын" **құшақтап** жүргені (Жұмаділов).

ҚҰШБЕГІ *көне. Белгілі бір аймаққа билік жүргізуші адамға берілетін лауазым.* Бұл Ташкент **құшбегінің** арнаулы қонағы (Есенберлин).

ҚҰШНАШ *көне. Ем-дом жасаушы; балгер, тәуіп.*

ҚҰШТАР *Бір нәрсеге құмар, ынтық, әуес.* Майраның әніне ~. ◊ **Құштар болды** — *аңсары ауды, құмартты.*

ҚҰШТАРЛАН *Құмарту, ынтығу, қызығу.*

ҚҰШТАРЛЫ *Құштар, ынтық, іңкәр.* ~ жүрек (көңіл).

ҚҰШТАРЛЫҚ *Құмарлық, ынтықтық, іңкәрлік.* ~ғы күшті.

ҚҰШХАНА *Мал соятын қасапхана.* Мал ~да сойылады.

ҚҰШЫП-СҮЙІП *Құшақтап, сүйіп, аймалап.* Баласын ~ жатыр.

ҚҰШЫР *Жан басынан астықтай алынатын діни салық; ұшыр.* Қасен молда елден пітір, **құшыр** жинап алады (С. Омаров).

ҚҰШЫР: құшыры қанды — *айызы қанды, құмардан шықты.*

ҚҰШЫРЛАН 1. *Айызын қандыру, құмарын тарқату.* Шылымын ~а сорды. 2. *Ауыс. Жігерлену, қайраттану; өшігу, өршелену.* Ол кеткен соң жирен **құшырланып,** тысқа шықты (Аймауытов).

ҚҰШЫРЛЫ *Құшыры мол; өршеленген, өршіген.*

ҚҰЮЛЫ *Құйылып қойылған, құйылулы.* ~ тамақ (сүт).

ҚҰЯҢ *Жұлын (жүйке) талшықтарына суық тиюден болатын бел ауруы; радикулит.* Белінің ~ы бар.

ҚЫБЫ *Бір нәрсенің орайы, реті, ыңғайы.* ◊ **Қыбын тапты** — *жөнін, ретін келтірді.*

ҚЫБЫ: қыбы қанды — *айызы қанды, рақаттанды.*

ҚЫБЫЖЫҚ *Қыбыжықтағандық, қипық.* Ешбір ~ байқалмады. ◊ **Қыбыжық қақты** — *қыбыжықтады, қипақтады.*

ҚЫБЫЖЫҚТА *Бір нәрсені батып айта алмау, жасқаншақтау.* Ол ~п қалды.

ҚЫБЫР *Баяу қимыл, сылбыр қозғалыс.* Еш ~ байқалмайды. ◊ **Қыбыр еткен жан жоқ** — *тырс еткен пенде жоқ, ешкім жоқ.* **Қыбыр етті [еткізбеді]** — *қимылдады, қозғалды.*

ҚЫБЫР-ЖЫБЫР *Баяу қимылдаған қозғалыс, қыбыр-қыбыр.* Ауыл арасында ~ байқалады.

ҚЫБЫРЛА 1. *Қимылдау, қозғалу.* ~ған құрт-құмырсқа. 2. *Ауыс. Жайлап жұмыс істеу, еңбектену.* Еңбегіңнің нәтижесін көрген сайын ~й бергің келеді.

ҚЫБЫР-СЫБЫР *Әр түрлі сөз, өсек-аяң.* ~ көбейді.

ҚЫБЫРСЫЗ *Ешбір қозғалыссыз, қимылсыз.* ~ жатыр, ~ қарап отыр.

ҚЫДИ *экспр.* 1. *Қақию, қаздию.* **Қыдиып** қасында тұрғанын жаратпады білем (Қ. Ысқақов). 2. *Ауыс. Шекірею, сәндену.* Жақып бір күні **қыдиып** үйге тағы келіпті (Нұржекеев).

ҚЫДЫҢ *Есектің екпінді, бірақ өнімсіз жүрісі.* Тайқараның ~ы саябырлар емес.

ҚЫДЫҢДА 1. *Қыдың-қыдың ету, тықақтау.* Екі күнде бір барып, **қыдыңдағанымыз** жараспас (Байжанов). 2. *Ауыс. Қодыраңдау, қоқақтау, қоқаңдау.* Көңілінен шықпаса **қыдыңдап** жүртқа бүйідей тиеді (Тілегенов).

ҚЫДЫР I 1. *Біреудің үйіне шақырусыз барып, ас ішу, әңгімелесу.* ~п кетті (барды). 2. *Аралап, әр нәрсені көру, бой жазу, серуендеу.* Мұрат оны жүрт **қыдырып** жүрген алаңға қарай ертіп әкетті (Тұлпар). 3. *Ауыс. Біреумен көңіл қосу, жүру.* Әйелің басқа біреумен **қыдырып** қойған жоқ па? (Жақсыбаев).

ҚЫДЫР II *миф. Халық аңызында ақ сақалды шал бейнелі ел аралап жүретін "әулие", қызыр.* ◊ **Қыдыр дарыды [шалды]** — *бақ қонды, ісі ілгері басты.*

ҚЫДЫРЛЫ *Қыдыры бар; әулиелі.* ~ адам (қонақ).

ҚЫДЫРМА 1. *Ауыл-үй арасында шақырусыз қыдырып жүретін адам, қыдырымпаз.* Олар қызық қуған, түстік аңдыған, жай **қыдырмалар** (М. Әуезов). 2. *Жөңкіліп жүрген, көшпелі.* ~ бұлт.

ҚЫДЫРМАШЫ *Қыдырғыш адам, қыдырымпаз.*

ҚЫДЫРЫМПАЗ 1. *Орынды-орынсыз қыдыра беретін адам, қыдырғыш.* 2. *Ауыс. Қыз-келіншектерге көп барғыш, жүрімпаз.* Бойдақ күнінде тым **қыдырымпаз** еді ("Лен. жас").

ҚЫДЫРЫМПАЗДЫҚ *Қыдырымпаз болушылық, көп қыдырғыштық; кезбелік.*

ҚЫДЫРЫС *Қыдыруға шыққандық, қыдырғандық.* ~қа кетті, ~та жүр.

ҚЫДЫРЫСТА 1. *Біраз жерлерге арнайы барып қыдыру.* Сол кезде әжем екі-үш күнге бір жаққа **қыдырыстап** кете қойған еді (Өкімқұлов). 2. *Бой жазу, серуендеу; аралау.* Мейманханаға орналастым да, **қыдырыстап** қайтайын деп көшеге шықтым (Жанғалиев).

ҚЫЖЫЛ *Ашу, ыза, кек.* Жүрегінде ~ бар. ◊ **Қыжылы түсті [келді]** — *ашуы келді, ызаланды.*

ҚЫЖЫЛДА I *Ашу қысу, ызадан жарыла жаздау.* Кеудесіндегі **қыжылдаған** ыза-кекті бұлқындырып сыртқа шығарады (Ш. Сариев).

ҚЫЖЫЛДА II *Ішкен тамағы жақпаған жағдайда кеудесін тырнап, аузынан қара су ағып ауыру.* Жүрегі ~ды.

ҚЫЖЫЛДЫ *Қыжылы бар, кекті.* ~ көкірек (кек).

ҚЫЖЫМ *Әдемі, түкті мата; плюш.* Үстінде қара ~ камзолы бар.

ҚЫЖЫРА *көне. Ескіше жыл санау жүйесі.* Һарон-әл-Рашид **қыжыра** бойынша 193 жылы өлтірілді ("Білім және еңбек").

ҚЫЖЫРЛАН *Кектену, ызалану.* Ол іштей ~ып отыр.

ҚЫЗ I 1. *Ұрғашы жынысты сәби, әйел бала.* Әйелі ~ тапты. 2. *Балиғатқа толған қыз бала; бойжеткен.* Екі қазақ **қызы** Совет Одағының батыры атағын алды (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Қыз айттырды** — *қызға құда түсті, сөйлесті.* **Қыз алып қашты (көне.)** — *қызды әке-шешесінің келісімінсіз зорлықпен алып кетті.* **Қыз алып, қыз берісті** — *бірбірімен құда-құдандалы болды.* **Қыздан туғандай [қыздың баласындай]** — *өте сүйкімді, әдемі.* **Қыздың жиған жүгіндей** — *өте әдемі, жинақы.* **Қыз көрді [қарады]** — *ауыл аралап, қалыңдық іздеді.* **Қыз қуу (этногр.)** — *қыз бен жігіт бірін-бірі кезекпен қуып ойнайтын ұлттық ойын.* **Қыз мінезді** — *мінезі биязы, жұмсақ.* **Қыз танысу (этногр.)** — *ұзатылатын қыздың ел-жұртымен қоштасу салты.* **Қыз ұзатты** — *қызды күйеуге берді, құтты орнына қондырды.* **Қызын қияға, ұлын ұяға қондырды** — *қызын күйеуге берді, ұлын үйлендірді.*

ҚЫЗ II 1. *Оттың, күннің қызуынан ысып кету.* Қазан ~а бастады. 2. *Адам денесінің ыстығы көтерілу.* Денесі ~ып тұр. 3. *Ауыс. Ішімдік ішіп масаю, масаңсу.* Арақ ішіп, ~ып отыр. 4. *Қарқындау.* Пішен шабудың **қызып** жатқан кезі (М. Хасенов). 5. *Көтеріліп кету, өршелену.* Шын **қызсам,** сөзім жалын, Домбырам найза (Жамбыл).

ҚЫЗ III *Жылу әсерінен бір нәрсенің көгеріп, дәмінің бұзылуы; бұлыну.* Астық өздігінен **қызып** кетсе, оны желдету керек (Агроном. анықтама.).

ҚЫЗА-ҚЫЗА *Өрши-өрши, үдей-үдей.* **Қыза-қыза** келе, кім біледі, даусы ашылып та кетер (Дүйсенов).

ҚЫЗАЛАҚ *Өсіп қалған, бірақ әлі балиғатқа толмаған қыз.*

ҚЫЗАМЫҚ I *мед. Денесіне қызарған бөртken шығып ауыратын, жұқпалы балалар ауруы; скарлатина.* Бұл кісіге бала кезінде **қызамық** шыққан (Б. Момышұлы).

ҚЫЗАМЫҚ II *бот. Қызыл қоңыр түсті домалақ жемісі бар, көп жылдық бұта.* **Қызамық** қыс кезінде жасыл қалпын сақтайды (Т. Таубаев).

ҚЫЗАМЫҚТАН 1. *Қызамық сияқты бөрткен шығу.* Күрекең терісіндегі **қызамықтана** күлдіреп тұрған бөрткендерді көрсетті (Әлімжанов). 2. *Ауыс. Қызару, қызғылт түске ену.* Ай да **қызамықтанып** тұр ("Қаз. әдеб").

ҚЫЗАНАҚ *Қызыл түсті жемісі тағамға пайдаланылатын бір жылдық көкөніс; помидор.* ~ салаты.

ҚЫЗАР 1. *Қызыл түске ену.* ~ып жанған от. 2. *Қаны бетке тебу, жүзінде қан ойнау.* Жүзі нарттай ~ды. 3. *Ауыс. Қысылу, ұялу.* Ұялғаннан ~ып кетті. ◊ **Қызара бөртті** — *қаны бетіне тепті.*

ҚЫЗАРАҚТА *Ыза болу, шамдану, намыстану.* Балам ~п қалды.

ҚЫЗАРЫҢҚЫ *Аздап қызарған, сәл қанталаған.* ~ көз (жүз).

ҚЫЗАУ *Дірмен тасының бетіне шекіген сызаттар.*

ҚЫЗБА I *Қызып, көтеріліп кететін, қызу қанды.* ~ мінез (жігіт). ◊ **Қызба қанды [қызба қандылық]** — *қызып кететін, албырт.*

ҚЫЗБА II *мед. Қан қысымы бірде көтеріліп, бірде кеміп кететін ауру.* ~ ауруы бар.

ҚЫЗБАЛАН *Қызып кету, өршелену, өрекпу.* ~ып сөйлеп тұр.

ҚЫЗБАЛАУ *Аздап қызып кететін, қызба қандылау.* ~ жігіт.

ҚЫЗБАЛЫҚ *Қызып кетушілік, ұстамсыздық.* ◊ **Қызбалық етті [жасады, көрсетті]** — *ұстамсыздық көрсетті, сабырсыздық жасады.* **Қызбалыққа салынды** — *ашуға бой ұрды.*

ҚЫЗҒАЛДАҚ *Жіңішке ұзын сабақты, ал қызыл түсті, үлбіреген әдемі дала гүлі.* ◊ **Қызғалдақ атты** — *қызғалдақ құлпырып гүл шашты, жайқалды.*

ҚЫЗҒАЛДАҚТАЙ *Желкілдеп құлпырған, әдемі.* ~ қыз, ~ құлпырған (жайнаған).

ҚЫЗҒАН *Жақын адамды басқадан қорғаштау, қызғаныш сезімі басым болу.* Әйелін ~ды.

ҚЫЗҒАНҒАНДЫҚ *Қызғаныш білдірушілік.*

ҚЫЗҒАНДЫҚ 1. *Қызып, ысып кеткендік.* Жер беті қатты ~тан сағымданып тұр. 2. *Дене қызуы көтерілгендік. Ауыс.* 3. *Жұмыс қарқыны артқандық, үдей түскендік.* 4. *Мас болғандық, масайғандық.*

ҚЫЗҒАНШАҚ *Қызғаныш сезімі күшті, іші тар.* ~ адам.

ҚЫЗҒАНШАҚТАУ *Қызғанып қалатын, іші тарлау.* ~ әйел.

ҚЫЗҒАНШАҚТЫҚ *Қызғаншақ болғандық, іші тарлық.* Ол ~ғын көрсетіп алды.

ҚЫЗҒАНЫШ *Бір нәрсені қызғану сезімі, қызғаншақтық қасиет.*

ҚЫЗҒАНЫШТЫ *Қызғанышы бар, қызғаныш сезімі билеген.* ~ жан (көзқарас).

ҚЫЗҒАНЫШТЫҚ *Қызғаныш білдіргендік.*

ҚЫЗҒЫЛТ *Ақшылдау келген қызыл түс, солғын қызыл.* ~ шапан.

ҚЫЗҒЫЛТТАН *Қызғылт түске ену, қызғылт тарту.*

ҚЫЗҒЫЛТТАУ *Аздап қызғылт; солғын қызылдау.* ~ сәуле.

ҚЫЗҒЫЛТЫМ *Жұқалаң, солғын қызыл түс.*

ҚЫЗҒЫЛЫҚТЫ *Қызықты, тартымды.* ~ әңгіме (ойын).

ҚЫЗҒЫШ *Желкесінде қара қауырсынды айдары бар, кішкентай қоңыр ала құс.*

ҚЫЗҒЫШТАЙ: қызғыштай қорыды [қорғады] — *қорғаштады, ара түрды.*

ҚЫЗДАЙ *Жібектей сызылған, сыпайы, биязы.* ~ жігіт (мінезі бар). ◊ **Қыздай алды [қосылды]** — *қыз кезінде қосылды, үйленді.*

ҚЫЗДЫҚ 1. *Қызға тән, қызға қатысты.* ~ қасиет. 2. *мед. Қыз баланың қынап қуысын жауып тұратын жұқа перде; қыздың қыздық белгісі.*

ҚЫЗДЫРМА *Әңгімені қыздырып жіберетін қызыл сөз.* ~сөз. ◊ **Қыздырманың қызыл сөзі** — *біреуді біреуге айдап салатын жел сөз.*

ҚЫЗДЫРМАЛА *Қыздыру, елірту, құтырту.* Қызды айтсам, қызықты айтсам **қыздырмалап** (Абай).

ҚЫЗ-КЕЛІНШЕК *Қыз-қырқыны аралас жас әйелдер жиыны.* ~терге жұмыс жоқ.

ҚЫЗҚАШАР *этногр. Қызды қашырып жіберуге септігі тиген адамға жігіт тарапынан берілетін кәде, сый-сияпат.*

ҚЫЗ-ҚЫЗ: қыз-қыз қайнады — *қатты ысып кетті.*

ҚЫЗ-ҚЫРҚЫН *Қыз балалар тобы.*

ҚЫЗМЕТ 1. *Еңбек ету аясындағы жұмыс, кәсіп.* ~ке кетті. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің мәні, маңызы, орны.* Машина мен жылқының ~і басқа-басқа. ◊ **Қызмет бабы** — *жұмыс жағдайы.* **Қызмет қылды [етті, істеді, жасады, көрсетті]** — а) *еңбек етті, жұмыс істеді;* ә) *сый көрсетті, құтті.*

ҚЫЗМЕТКЕР *Белгілі бір мамандық бойынша кеңсе жұмысында істейтін кісі.* ~дің баласы.

ҚЫЗМЕТТЕС *Бірге қызмет істейтін, қызмет орны бір.* ~ жолдас.

ҚЫЗМЕТТЕСТІК *Қызметтес болушылық, бірге қызмет істеушілік.*

ҚЫЗМЕТШІ *Біреуге қызмет қылушы, қызмет етуші.*

ҚЫЗОЙНАҚ *этногр. Бозбалалар мен бойжеткендердің бас қосып өткізетін ойын-сауық кеші.* Жоғарғы ауылда ~ болмақ.

ҚЫЗСАУСАҚ *Жүзімнің сүйірленген, сопақша тәтті сорты; (дамские пальчики).*

ҚЫЗТАЛАҚ *Жолың болғыр, бәтшағар д. м. налыс.* Бу ақпа құлақ *қызталаққа* сөз өте ме? (С. Нарымбетов).

ҚЫЗТЕКЕ *Еркектік те, әйелдік те жыныстық белгісі бар адам; гермофродит.* Мынау ~ емес пе?!

ҚЫЗУ 1. *Оттың, күннің табы, ыстық леп.* От ~ы. 2. *Дененің ыстығы, температурасы.* Сол күні ~ым қайта көтерілді. 3. *Ішімдіктің әсері, уыты.* Мастық ~ы не істетпейді. 4. *Ауыс. Қауырт, қарқынды.* Жұмысқа ~ кірісіп кетті. ◊ **Қызу еңбек** — *қарқынды, қызған еңбек.* **Қызу қолдады [қуаттады]** — *бір ауыздан мақұлдады.* **Қызу қанды** — *тез көтеріліп кететін, қызба.*

ҚЫЗУЛАН *Қызып кету, өршелену.* ~а сөйледі.

ҚЫЗУЛАУ *Аздап мас, масаңдау.* ~ адам.

ҚЫЗУЛЫ 1. *Қызған, қызып тұрған.* ~ пеш (монша). 2. *Ауыс. Қарқыны күшті, қайнаған.* ~ еңбек (тіршілік).

ҚЫЗУЛЫҚ 1. *Қызып тұрғандық, қызғандық.* Пештің ~ғы төмен. 2. *Ауыс. Тез көтеріліп кететіндік, қызбалық.* 3. *Ауыс. Мастық, масаңдық.*

ҚЫЗУЛЫРАҚ 1. *Қызуы күштірек, ыстығырақ.* ~ от (күн). 2. *Ауыс. Қарқыны күштірек, қарқындырақ.* ~ еңбек.

ҚЫЗШЫЛ *Қызқұмар, қызжанды.* Мұның ~ын қара.

ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ *Бір нәрсеге құмартушылық, ынтығушылық.*

ҚЫЗЫҒЫРАҚ *Қызықтау, тартымдырақ.*

ҚЫЗЫҚ I 1. *Қызықты, тартымды, тамаша көрініс.* Көрген ~тарын да айта алмады. // *Тойдуман, ойын-сауық.* Өмір болса, алда талай ~ бар. 2. *Ауыс. Жан рахаты, ләззат.* Сенен көрген ~ғым қайсы? 3. *Таң қаларлық, кездейсоқ жай.* Ол мынандай бір ~тың үстінен шықты. ◊ **Қызығына [қызыққа] батты** — *тамашасын көрді, қызықтады.* **Қызығына түсті** — *бір нәрсенің қызығына елітті.* **Қызығын көрді** — *рақатына батты, жақсылығын көрді.* **Қызық көрді** — а) *қызықтады, тамашалады;* ә) *қызық дәурен сүрді, рақатқа батты.*

ҚЫЗЫҚ II *Құмарту, ынтығу, әуестену.* Ақжібек белбеу-менің көптен *қызығып* жүрген нәрсем (Соқпақбаев).

ҚЫЗЫҚ-ДУМАН *Ойын-сауық, тамаша, дырду.* ~ көп болсын.

ҚЫЗЫҚҚАНСЫ *Қызыққан түр көрсету, құмартқансу.* ~ған түр көрсетті.

ҚЫЗЫҚҚОЙ *Қызыққа жаны құмар, әуесқой.* ~ адам.

ҚЫЗЫҚҚЫШ *Бір нәрсеге қызығатын, құмартқыш.*

ҚЫЗЫҚҚЫШТЫҚ *Бір нәрсеге әуестеңгіштік, құмартқыштық.*

ҚЫЗЫҚСЫН *Қызық көру; қызыққан пішін көрсету.*

ҚЫЗЫҚТА 1. *Қызық көру, тамашалау.* Тойлы ауылдың қызығын ~ды. 2. *Қызығын көру, қуанышына қуану.* Немереңді ~п отырғанға не жетсін.

ҚЫЗЫҚТЫЛАУ *Қызығырақ, тартымдылау, әсерлеу.* ~ ойын.

ҚЫЗЫҚТЫЛЫҚ *Тартымдылық, әсерлілік.*

ҚЫЗЫҚТЫРАҚ *Тартымдырақ, қызықтылау.* ~ кітап (әңгіме).

ҚЫЗЫҚШЫЛ *Қызық десе делебесі қозатын, сауыққой.* ~ жас.

ҚЫЗЫҚШЫЛЫҚ *Қызық дүние, рақат өмір.* ~ты көп көрді.

ҚЫЗЫЛ 1. *Қанның түсіндей түс; қырмызы.* ~ көйлек (орамал). 2. *Жылқыдан басқа малда болатын ашық қоңыр түс.* ~ сиыр. 3. *Жылқы малында болатын ағы басым көкшіл түс.* ~ ат. 4. *Ауыс. Малдың, аңның еті.* Аузы ~ға тиіп, жетісіп қалды. 5. *Адам жүзіндегі қызғылт рең, шырай.* Жүзіне ~ жүгірді. 6. *Қырмандағы ұшырылған, тазартылған астық, дән.* Қырман толы ~. 7. *Шайдың күрең түсті қоюы, шығымы.* Алдына ~ы үйірілген ыстық шай келді. □ **Қызыл ағаш** — *сүрегінен жиһаз жасайтын бағалы ағаш.* **Қызыл балдыр** — *теңізде өсетін балдыр өсімдігінің бір түрі; багрядка.* **Қызыл бұрыш** — *жемісті бақша өсімдігі.* **Қызыл крест** — *табиғат апатына тап болған адамдарға, елге көмек көрсететін халықаралық ерікті қоғам.* **Қызыл кітап** — *тұқымы азайып, құрып бара жатқан хайуанаттар мен құстарды, өсімдіктерді тіркейтін арнаулы кітап.* **Қызыл қасқыр** — *жүні қызыл қоңыр түсті, қасқыр тұқымдас жыртқыш аң.* **Қызыл түйіршік (биол.)** — *қан құрамындағы гемоглобинді қызыл талшық; эритроцит.* ◊ **Қызыл ала** — *қызыл аралас ақ түс.* **Қызыл ала қылды [етті]** — *қанға бояды, қанқан етті.* **Қызыл ауыз [езу]** — *көп сөйлейтін, көк мылжың.* **Қызыл балақ** — *алғыр құс, қыран.* **Қызыл борбай** — *буыны бекіп, бұғанасы қатпаған, жас.* **Қызыл жон етті [қылды]** — *қызыл ала қан қылды, сабады.* **Қызыл кеңірдек болды** — *керісті, айтысты, жанжалдасты.* **Қызыл көбейсін** — *қырманшыларға айтылатын тілек.* **Қызыл көз** — *барып тұрған жалақор, бәле құғыш.* **Қызыл көрген құзғындай [қарғадай]** — *ашқарақ, аш көз.* **Қызыл көрмеді [тістемеді]** — *көп уақыттан бері ет жемеді.* **Қызыл қанға боялды [батты, бөкті, малынды]** — *төбелестен үсті-басы қан болды.* **Қызыл қарын жас бала** — *үйелмелі-сүйелмелі сәби.* **Қызыл қоңыр** — *қызылы басым қоңыр түс.* **Қызыл құлақ** — *алыпсатар, саудагер.* **Қызыл қырғын** — *кескілескен соғыс, қан майдан.* **Қызыл май болды** — а) *көліктің қатты жүрістен майы іріп кетуі;* ә) *арам тер болды, босқа сабылды.* **Қызыл өңеш болды** — *керілдесті, дауласты.* **Қызыл си-**

рақ — *жұлығы шыққан кедей, жарлы.* **Қызыл сөз** — *байлауы жоқ жылтыр сөз.* **Қызыл табан болды** — *көп жүріп шаршады, қалжырады.* **Қызыл танау болды** — *аласұрды, жанталасты.* **Қызыл тер болды** — *терлеп-тепшіді, шаршап-шалдықты.* **Қызыл тілді** — *сөзге жүйрік, шешен.* **Қызыл шеке болды** — *бет-аузы қан болғанша төбелесті.* **Қызыл шұнақ аяз** — *бет қаратпайтын аяз, үскірік.* **Қызыл шырайлы** — *өңі қызғылт тартқан.* **Қызыл іңір** — *ымырт түсіп, қас қарайған кез.*

ҚЫЗЫЛ АСЫҚ *Аяқтың тобықтан төменірек түсы.* Шабындықтар биыл ~тан аспады.

ҚЫЗЫЛАША *Ойын қартасының жүрек белгісі салынған түрі; түйетабан.*

ҚЫЗЫЛБАЛЫҚ *Еті мен уылдырығы бағалы, кәсіптік маңызы зор ірі балық.*

ҚЫЗЫЛБАС *Қазақ эпостарында суреттелетін басқыншы, жау елдің аты.*

ҚЫЗЫЛДА 1. *Қызыл түске бояу, қызыл жабу.* 2. *Ауыс. Бастырылған астықты тазалау, үшыру.* 3. *Ет жеу.* Қалған етін балалар ~р.

ҚЫЗЫЛДАУ *Сәл қызыл, жұқалаң қызылмен жабу, қызарыңқы.* Түсі ~.

ҚЫЗЫЛДЫ-ЖАСЫЛДЫ *Қызылы, жасылы аралас.* ~ көрпе.

ҚЫЗЫЛДЫҚ *Қызыл болғандық, қызыл түс.* Түлкінің *қызылдығы* — өзінің соры (Мақал).

ҚЫЗЫЛЖАНДЫ *Етті жақсы көретін, етқұмар.* Балам тым ~.

ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛ *Қызыл, жасыл түске малынған, қызылды-жасылды.* Әйелдер ~ киінген.

ҚЫЗЫЛ-ЖАСЫЛДАН *Қызыл-жасыл түске ену, құлпыру.*

ҚЫЗЫЛ-ЖОСА *Қып-қызыл, шиедей.* Бет-ауыздары ~ қан.

ҚЫЗЫЛ ИЕК *анат. Тіс түбірлерін жауып, бекітіп тұратын ет; десна.* Күміс тістің ~гін бұзылудан сақтайды. ◊ **Қызыл иек болды** — *тісі түсіп қалды, қартайды.*

ҚЫЗЫЛ ИЕКТЕН 1. *Тісі түсіп, қызыл иегі қалды, қызыл иек болып қалды.* 2. *Күннің таңертеңгі қызарып шығуы.* Күн ~іп шықты.

ҚЫЗЫЛҚАЗ *Қауырсындары қызғылтым келген, мойны, сирағы ұзын су құсы.*

ҚЫЗЫЛҚАНАТ *зоол. Тұщы суларда өсіп-өнетін, қанаты қызыл түсті балық түрі. Қызылқанат* көлдерде ауланады (К. Күленов).

ҚЫЗЫЛҚҰДА *Әйелдері әлі жүкті де емес адамдардың алдын ала құда түсу кәдесі.*

ҚЫЗЫЛСУ *Қыста қатып қалған өзендердегі мұз үстіне шығып кеткен су.* Ертіс үстінен ~ жүрді.

ҚЫЗЫЛСЫРА *Етті аңсау, ет жегісі келу.* Балаларым ~п қалыпты.

ҚЫЗЫЛША I *Балалардың денесіне бөртіп, қызарып шығатын жұқпалы ауру.* Ұлына ~ шығыпты.

ҚЫЗЫЛША II *Тамыр түйнегі тамаққа, қант дайындауға пайдаланылатын бақша өсімдігі.*

ҚЫЗЫЛШАҚА 1. *Әлі өсіп жетілмеген.* ~ балапан. 2. *Ауыс. Жаңа туған, жас.* Ол ~ нәрестені ана қойнына сала берді.

ҚЫЗЫЛШАШЫ *Қызылша егуші, қызылша өсіруші.*

ҚЫЗЫЛШАШЫЛЫҚ *Қызылшашы болушылық, қызылша өсірумен айналысушылық.* Оның негізгі кәсібі — ~.

ҚЫЗЫЛШЫ *Аңшыға ілесіп, атқан аңын жинап, алып жүретін адам.*

ҚЫЗЫЛШЫЛ 1. *Ет жеуді жақсы көретін, етқұмар.* 2. *Жылтыраған құмар.* Қыздың *қызылшыл* көңілі бәсеңдеп қалды бір сәтке (А. Жүнісов).

ҚЫЗЫМПАЗ *Тез қызып кететін, қызба.*

ҚЫЗЫН *Делебесі қозу, еліру.* Бала ~ ып алған.

ҚЫЗЫҢҚЫ *Аздап ішімдік ішкен, масаңдау.* Өзі аздап ~.

ҚЫЗЫР *миф. Халық аңыздарында көбінесе ақ сақалды шал бейнесінде елес беретін әулие; қыдыр.* ◊ **Қызыр қонды [шалды, дарыды, қолдады]** — *тілегі орындалды, жолы болды.*

ҚЫҚЫҚТА *"Қық-қық" деп көмейінен күлу.* Ол ~п күлді.

ҚЫҚЫЛЫҚТА *"Қықылық-қықылық" еткен дыбыс шығару.*

ҚЫЛ *Жалдың, құйрықтың жіңішке әрі ұзын бір талы.* □ **Қыл арқан** — *қылдан есілген арқан.* **Қыл мойын** — *жіңішке, ұзын мойын.* ◊ **Қылға тізді** — *түгін қалдырмай жиып-терді, жіпке тізді.* **Қылға ілініп тұр** — *жағдайы нашар, қауіпті.* **Қылдай бөлді** — *бірдей етіп, тепе-тең бөлді.* **Қылдан тайды** — *жаңсақ кетті, жаңылды.* **Қыл жуытпады** — *жуып-шайды, ақтады.* **Қыл кеңірдектен алды [қысты]** — *жан алқымға алды, қысты.* **Қыл құйрық** — *жылқы малы.* **Қыл мойынға тақалды** — *өлер халге жетті.* **Қыл үстінде** — *мүшкіл халде, қиын жағдайда.* **Қылы қисаймады [сынбады]** — *түгі құрымады, мұрты сынбады.*

ҚЫЛ II *Жасау, істеу, ету.* Өзіңді ат та ~дың, құс та ~дың. ◊ **Қылмағанды [қыласыны] қылды** — *көрмеген қорлықты көрсетті, істемегенді істеді.*

ҚЫЛАҒАЙ I *Қоспақ пен айыр түйеден туған әлсіз, осал, бақырауық түйе тұқымы.*

ҚЫЛАҒАЙ II *Шортанның шорағайдан кішірек түрі.*

ҚЫЛАМЫҚ *Жұқалаң түскен, қылауланған.* ~ қар.

ҚЫЛАМЫҚТА *Қылаулап, жайлап қар жауу.* Қар ~п қана тұр.

ҚЫЛАҢ I *Бозғыл түсі басым, ақшыл.* Алдыңғы ат баран болмай, *қылаң* болды (Ақан сері). ◊ **Қылаң берді** — *бозғылт тартты, ағарып көрінді.*

ҚЫЛАҢ II *Қылт-жылт етіп тез қозғалатын, бұлтақ, жылпос.* Биің *қылаң* болса, жұртың ылаң болар (Мақал). ◊ **Қылаң етті** — *қылт етіп көрінді.* **Қылаң қақты [ұрды]** — *тез-тез қозғалып, сыпсың қақты.*

ҚЫЛАҢДА I *Айнала бозғылт тарту, жарық түсе бастау.* Таң ~п атып келеді.

ҚЫЛАҢДА II *Бір сәтке қылт етіп көріну, қылаң ете қалу.* Сөйткенше жондары ~п қараңғылыққа сүңгіп кетті.

ҚЫЛАҢДАУ *Бозғылдау, ақшылдау.*

ҚЫЛАҢ-ҚЫЛАҢ: қылаң-қылаң етті — *бозаңдап көрінді, ағаңдады.*

ҚЫЛАҢ-СЫЛАҢ *Қылаңдап-сылаңдап қалған, қылмың қаққан.* ~ қыздар.

ҚЫЛАҢЫТ *Ақшыл тарту, бозару.*

ҚЫЛАП *Өз ісіне шебер, ұста; ұқыпты.* Шаруаға *қылап,* ұстаған асына берік жан (С. Жүнісов).

ҚЫЛАУ I 1. *Сілбілеп, ұшқындап түскен ұлпа қар.* Жерге ~ түсті. 2. *Ауыс. Шашқа, сақал-*

мұртқа түсе бастаған ақ. Мұрты мен сақалында ~ жоқ. ◊ **Қылау шалды** — *шашқа, сақал-мұртқа ақ түсе бастады.*

ҚЫЛАУ II 1. *Керексіз, босқа жатқан, кішкентай нәрсе.* Көшеде көлденең жатқан ~ жоқ. 2. *Ауыс. Бөтен ой, жат пікір.* — Сағаң дегенде көңілімде титімдей **қылау** жоқ (С. Омаров). ◊ **Қылау түсті [түспеді]** — *дақ түсті, нұқсан келді.*

ҚЫЛАУ III *Пышақ, қанжар, қылыш сияқты өткір құралдарды қайраганда жүзінде қалатын уақ бұршік.* ◊ **Қылауы түспеген** — *жап-жаңа, сондай жаңа; өткір.*

ҚЫЛАУ IV *Мал төлінде, әсіресе жас бұзауда кездесетін жұқпалы індет; ауру.*

ҚЫЛАУДАЙ *Титтей, зәредей.* Аспанда ~ бұлт жоқ.

ҚЫЛАУЛА *Ұшқындап қар жауу, қылау түсу.* Қар ~п тұр.

ҚЫЛАУСЫЗ *Кіршіксіз, таза; мінсіз.* ~ ниет.

ҚЫЛАУЫТ *Қылау түсу, қылаулау.* Қар ~ып тұр.

ҚЫЛБҰРАУ *Қинау, жазалау кезінде санды, тақымды буып, азаптайтын қылдан есілген арқан.* ◊ **Қылбұрау салды** — *тақымын қыл бұраумен буып, қатты қинады, азаптады.*

ҚЫЛҒЫ 1. *Жұтып жіберу, жалмап қою.* ~п жіберді. 2. *Ауыс. Бір нәрсені өз пайдасына асыру, жеп қою.* Он жеті мың сомның дүниесін **қылғып** қойыпты (Қыдырбекұлы).

ҚЫЛҒЫН 1. *Тынысы тарылып, үні шықпай қалу; буыну.* Алқымнан соғып қалғанда, ~ып кетті. 2. *Ауыс. Жан даусы шығу, қатты айқайлау.* — Неге сонша **қылғынасың?** (Сыланов).

ҚЫЛДА *Қылын алу, қылдан тазарту.* Май ~п отыр.

ҚЫЛДАЙ 1. *Қылдырықтай, жіп-жіңішке; нәзік.* Белі ~. 2. *Ауыс. Титтей, зәредей.* ◊ **Қылдай болды** — *тепе-тең етті, қақ жарды.* **Қылдай бөлді** — *теңдей бөлді.*

ҚЫЛДЫРЫҚ I *Тырнаның, сұқсырдың мойыны.*

ҚЫЛДЫРЫҚ II *Қыл сияқты, жіңішке.*

ҚЫЛДЫРЫҚТАЙ *Жіп-жіңішке, қылдай; нәзік.* Белі ~.

ҚЫЛДЫРЫҚТАН *Жіңішкере түсу, құшию.*

ҚЫЛЖАҚ *Орынсыз, жөнсіз айтылған тәлкек сөз.* ~ты қой. ◊ **Қылжаққа айналдырды** — *әзілдеген болып, тәлкек етті.* **Қылжақ қылды [етті]** — *мазақ етті, келемеждеді.*

ҚЫЛЖАҚБАС *Жөнсіз әзілдейтін, әр нәрсені айтатын қылжақшыл, бейпіл ауыз адам.* ~ адам.

ҚЫЛЖАҚБАСТАУ *Ылғи қылжақтап жүретін, бейпіл ауыздау.* ~ жігіт.

ҚЫЛЖАҚБАСТЫҚ *Қылжақбас болушылық, қылжақтағандық.* Оның ~ғынан әбден ығыр болдық.

ҚЫЛЖАҚТА *Әзілдеген болып, бейпіл сөйлеу.*

ҚЫЛЖАҚШЫЛ *Қылжақтай беретін, қылжақ құмар.* ~ адам.

ҚЫЛЖАЛАҚ 1. *Бір нәрсені істегісі келмей, әр түрлі сылтау айтушылық, қиқаң.* — Сен мұндай **қылжағыңды** қой (Жыл он екі ай). 2. *Ауыс. Әзілдегенсіп, жөн-жосықсыз сөйлегендік.* Соның-ақ **қылжалағы** бір бітпейді (Сарғасқаев).

ҚЫЛЖАЛАҚТА 1. *Қылжалақ-қылжалақ ету, қисаңдау.* Ол ат үстінде ~п келеді. 2. *Бір нәрсені істегісі келмеу, қиқаңдау.* Ақат бұлай болмайды деп **қылжалақтайды** (Бердіқұлов). 3. *Әзілдегенсіп, жөн-жосықсыз сөйлеу, қылжалақтау.* Келіншек көрсе болды, **қылжалақтап** қасынан кетпей қояды (Боқасов).

ҚЫЛЖАҢ 1. *Ары-бері қисаландағандық, қылжаңдағандық.* Ақсақ-тығына мастықтың **қылжаңы** қосылып, үйіне әрең жеткіздім (С. Омаров). 2. *Ауыс. Орынсыз қалжың, қылжақ.* Жас адамның **қылжаңы** көп болады (Хангелдин). ◊ **Қылжаң етті** — *қиқаң етіп, құлап түсті.*

ҚЫЛЖАҢДА 1. *Әрі-бері теңселу, қылжаң-қылжаң ету.* Көшеде мас болып, **қылжаңдап** жүрген бірде-бір жан көрмейсің (Шәріпов). 2. *Ауыс. Әзілдеген болып, аузына келгенін айту, жөн-жосықсыз сөйлеу.* Сәтбай **қылжаңдап,** Гуляны қажап отыр (Сейфуллин).

ҚЫЛЖИ 1. *Әлі құрып, қалай болса солай қисайып, жата кету.* Балалар ~ып ұйықтап қалған. 2. *Ауыс. Өлу, жан тапсыру.* Сөйтіп жүріп, бір күні ~ғанын білмей де қалады.

ҚЫЛЖИЫС *Қалай болса солай қылжия кеткен күй, қылжигандық.* ~ы жаман, өліп қалған жоқ па?

ҚЫЛЖУҒЫШ *Қазан жуу үшін арнайы жасалған бұйым.* Қолында тоқпақтай **қылжуғыш,** қазан жуып отыр (Жұмақанов).

ҚЫЛИ *Қисық, қиғаш (көз).* ~ көз бала үйге келді.

ҚЫЛИЛАН *Көзі қыли болып қалу.* Көзі ~ып қалыпты.

ҚЫЛИЛАУ *Көзі аздап қисықтау, қиғаштау. Көзі ~.*

ҚЫЛИЛЫҚ *Қыли болғандық, көзі қисықтық, қиғаштық.*

ҚЫЛКӨПІР *Діни наным бойынша жаны жаннатқа барар жолдағы азапты, ауыр өткел; қиямет.*

ҚЫЛҚ: қылқ етқізді — *қылғып жұтып жіберді.*

ҚЫЛҚА *Қылдырықтай, жіп-жіңішке жер.* ◊ **Қылқа мойын** — *жіп-жіңішке, қылдай мойын.*

ҚЫЛҚАЛАМ *Сурет өнерінде қағазға, кенепке бояу жағу үшін қолданылатын құрал.*

ҚЫЛҚАН 1. *Мәңгі жасыл ағаштарда жапырақ орнына өсетін тікенек.* Қарағайдың ~ы 2. *Балықтың ұсақ тікенек сүйегі; қылтан.* ~ы тамағына кетпесін.

ҚЫЛҚЫ I 1. *Бір нәрсенің ұп-ұзын болып сораюы; сидию.* Мойны ~ып, қасымда балам тұр. 2. *Бір нәрсеге көзін тігіп, кетпей қою.* ~ып қасынан шықпай қойды.

ҚЫЛҚЫ II *Енесі жампоз мая, атасы таза үлек, жалғыз өркеш буданның төртінші ұрпағы.*

ҚЫЛҚ-ҚЫЛҚ: қылқ-қылқ жүтты — *үсті-үстіне жұта берді, қылқылдатты.*

ҚЫЛҚОБЫЗ *Шанағын тізеге сүйеп қойып, ысқымен тартылатын екі ішекті музыка аспабы.*

ҚЫЛҚҰЙРЫҚ *зоол. Құйрық қауырсыны ұшкір келген, шіл тектес дала құсы.*

ҚЫЛҚҰРТ *зоол. Тоспа суда, арықта болатын, қыл сияқты жіңішке әрі ұзын құрт.*

ҚЫЛ-ҚЫБЫР *Жұн-жұрқа, қылшық.* ~дан тазартты.

ҚЫЛҚЫЛДА *Бір нәрсені қайта-қайта талап етіп сұрау, әбден мезі ету.* ~п қоймады.

ҚЫЛҚЫЛДАТ 1. *өзг. етіс. Қылқылда-т.* 2. *Қылқ-қылқ етқізіп жұту, ішу.* Торсықты аузынан **қылқылдатып** жұта бастадым (Соқпақбаев).

ҚЫЛҚЫҢ: **қылқың етті** — *қылт етіп көрінді.*

ҚЫЛҚЫҢДА *Қайта-қайта мойнын созып қарау.* Біреудің басы **қылқыңдап** біраз тұрып, қайта жоқ болды (Нұрманов).

ҚЫЛҚЫҢ-ҚЫЛҚЫҢ: **қылқың-қылқың етті** — *мойнын қылқыңдатып, қайта-қайта қарады.*

ҚЫЛМАЙҚАН *Жанды еркек жыныстардың жыныс мүшесінің денеге ұласар жері.*

ҚЫЛМИ *Жылмиып әсем көрініу, қылтиып сәндену.* Мұздай киініп, -я қалыпты.

ҚЫЛМЫҚ *Мойны ұзын, түгі тықырлау, сүті мол нар маяның бір түрі (түйе).*

ҚЫЛМЫҢ *Күлім қағып, жағымды қылық көрсеткендік; қылмыңдағандық.* -ы өзіне жарасып тұр. ◊ **Қылмың қақты [етті]** — *күлмеңдеп, жылмың қақты.*

ҚЫЛМЫҢДА *Қылмың-қылмың ету, күлмеңдеу.* Маған -й қарады.

ҚЫЛМЫҢ-ҚЫЛМЫҢ: **қылмың-қылмың етті** — *қылмыңдады, күлмеңдеді.*

ҚЫЛМЫС 1. *Қоғамдық құрылыс пен жеке бастың мүддесіне қарсы бағытталған айыпты іс-әрекет.* -тың ізі суыды. 2. *Ауыс. Адамгершілікке жат қылық, жарамсыз іс.* — Осындай қарбалас уақытта қонып жатудың өзі **қылмыс** (Шаймерденов). ◊ **Қылмыс кодексі** — *айыпты іске қолданатын заңдар жиынтығы.*

ҚЫЛМЫСКЕР *Қылмысты іс істеген адам; айыпкер.*

ҚЫЛМЫСКЕРЛІК *Қылмыскер болушылық, айыптылық.*

ҚЫЛМЫСТАС *Істеген қылмысы, айыбы бір.* - серігі.

ҚЫЛМЫСТЫ 1. *Қылмысы бар, қылмыс істеген.* - адам. 2. *Ауыс. Айыпты, жазықты, күнәлы.* Қиянатпен елді алдап, **қылмысты** болғым келмейді (Момышұлы). ◊ **Қылмысты іс** — *қоғам мүддесіне, біреудің жеке басына қастандық жасағаны үшін жүргізілетін іс.*

ҚЫЛП: **қылп еткізбеді** — а) *қыбыр етқізбеді, тапжылтпады;* ә) *бұлжытпай таныды, тап басты.* **Қылп етті [қылп ете қалды]** — *сезіктенді, секем алды.*

ҚЫЛП-ҚЫЛП: **қылп-қылп етті** — *қылпылдады.*

ҚЫЛПЫ *Өте өткір болып тұру, қылпылдау.*

ҚЫЛПЫҚ *Қылтиып көрінген болмашы нәрсе; қылтық.* Бетегеден басқа қылтиған - жоқ. ◊ **Қылпық жуытпады** — *еш нәрсе жұқтырмады; таза ұстады.*

ҚЫЛПЫЛДА I *Лыпылдап тұру, қылпу.* -п тұрған орақ.

ҚЫЛПЫЛДА II *Сезіктену, секемдену.* Екі түйменің біреуі үзіліп кете ме деп, мен **қылпылдап** отырмын (Ғ. Мүсірепов).

ҚЫЛТ: **қылт етті** — а) *қылаң етіп көрінді;* ә) *бұртия қалды, өкпеледі.*

ҚЫЛТА I *Тізенің астыңғы жағындағы сіңірлі тірсек.* -сынан шымшып алды. ◊ **Қылтасын қиды** — *мысын құртты, мүсәпір етті.*

ҚЫЛТА II *геогр.* 1. *Өзеннің, көлдің жіңішкеріп келген жері.* Қапшағай **қылтасына** су электр станциясы салынды (Баяндин). 2. *Бұрылысты, қалтарысты тар жер.* Бір күні екеуі бір **қылтадан** шыға келді (Талжанов).

ҚЫЛТАЛАН *Қылта болу, тарылу.*

ҚЫЛТАЛАУ *Ені тарлау, жіңішкелеу.* - жер.

ҚЫЛТАМАҚ *Тамақтан ас өтпей қалатын ауру.*

ҚЫЛТАН *Балық етінің арасындағы жіңішке сүйек.* Тамағына балықтың -ы тұрып қалды.

ҚЫЛТАНАҚ 1. *Дақылды өсімдіктердің масағы мен селеу басына сорайып біткен жіңішке қылтық.* Бидайдың -ғы. 2. *Балықтың қылқаны, ет арасындағы тікенек сүйегі.*

ҚЫЛТАНАҚТА *Әр жерден сойдиып жіп-жіңішке болып көріне бастау.* -п мұрт шығып келеді.

ҚЫЛТАНАҚТАЙ 1. *Тікірейген, қатты.* Шашы -. 2. *Ауыс. Титтей, құрттай, зәредей.* Ешкімге **қылтанақтай** жазығы жоқ (Ғ. Жұмабаев).

ҚЫЛТИ 1. *Бір нәрсенің төбесі ғана көрінеу.* Бастары ғана -яды. 2. *Ауыс. Қылт ете қалу, өкпелеу.* Жігіт басымен -я қалғаны несі?!

ҚЫЛТИМА *Қылт ете қалғыш, өкпелегіш.* - адам (мінез).

ҚЫЛТ-ҚЫЛТ: **қылт-қылт етті** — *төбесі андасанда бір көрінді.*

ҚЫЛТ-СЫЛТ: **қылт-сылт етті** — *тез өкпелеп, тез райынан қайтты.*

ҚЫЛТЫҚ *Қылтиып көрінетін кішкене нәрсе.* Бет-аузында - жоқ.

ҚЫЛТЫЛДА 1. *Қылт-қылт етіп көріну, қылтыңдау, қылтию.* Тас арасында әлдекімнің басы **қылтылдайды** (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Қылт ете түсу, өкпелеу.* Осы-ақ **қылтылдап** отырады екен (Рахымжанов).

ҚЫЛТЫҢ *Қылт етіп көрінгендік.* Басының -ы ғана байқалады.

ҚЫЛТЫҢДА 1. *Қылтың-қылтың етіп көріну.* Ін аузында -п тұр. 2. *Ауыс. Сан құбылып, қылтың-қылтың ету.* Ол қыз кезінде-ақ **қылтыңдап** қалған мінезсіз адам болатын (Сатыбалдин).

ҚЫЛТЫҢ-ҚЫЛТЫҢ: **қылтың-қылтың етті** — *қылтыңдап әлсін-әлсін көрініп қалды.*

ҚЫЛТЫҢ-СЫЛТЫҢ *Қылтың-сылтың еткендік, жеңілтектік.* -ды қой. ◊ **Қылтың-сылтың етті** — *жеңілтектік көрсетті, қылтыңдады.*

ҚЫЛША I *Тау беткейлерінің тастақты жерлерінде тарам-тарам болып өсетін, эфир майына бай, дәрі жасайтын жасыл өсімдік.* **Қылшаны** отқа жағып, күлін насыбайға салады (Тұрлыбаев). ◊ **Қылша мойны талша** — *бәріне де көнген, көнбіс.*

ҚЫЛША II *Қызылша сөзінің халықтық айтылу нұсқасы.*

ҚЫЛШАН *көне. Жебе салып жүру үшін, жылқының қылынан тоқып жасалған оқ қабы; қорамсақ.* **Қылшанымды** сары жүн оққа толтырып, Жанға сақтау болған жұрт (Қазтуған).

ҚЫЛШЫҚ 1. *Жүннің ірі, әрі қатқыл талшығы.* 2. *Ауыс. Бір нәрсеге жабысып қалған қыл-қыбыр, жүн-жұрқа.* - жоқ. ◊ **Қылшығы жығылмады [қисаймады, құрамады, сынбады]** — *түгі кетпеді, мүрты қисаймады.* **Қылшығына қылау түсірмеді [қылшық жұқтырмады]** — *шаң жуытпады, кір келтірмеді.*

ҚЫЛШЫҚТА 1. *Қылшығын ажырату, айыру.* Түбіт -п отыр. 2. *Қыл-қыбырдан тазарту, қылын алу.* **Қылшықтады,** шайқады, Тұзын татып байқады (Жансүгіров).

ҚЫЛШЫҚТЫ *Қылшығы бар, қылшығы мол.* - жүн.

ҚЫЛШЫЛДА 1. *Өткір болып, қылпып тұру.* ~ған қара қанжар. 2. *Ауыс. Жас шамасы кемеліне келу, толықсу.* ~ған жас жігіт.

ҚЫЛЫ *Екі алапты қосып тұрған ені тар, жіңішке жар.* Екі көлді қосып жатқан **қылыны** бөгеп тастады ("Қаз. әдеб.").

ҚЫЛЫҚ 1. *Кісінің жеке басына тән мінез-құлық.* ~ғы жақсы, ~ғымен ұнады. 2. *Ауыс. Біреу тарапынан істелген ұнамсыз іс-әрекет.* Оны ондай ~қа барады деп ойлағам жоқ. ◊ **Қылығы өтті** — *ызасы өтті.* **Қылығы тәтті** — *мінез-құлқы сүйкімді, қылықты.* **Қылық көрсетті [шығарды]** — а) *қылығымен сүйкімді көрінді;* ә) *оқыс мінез таныттты.*

ҚЫЛЫҚТАН *Қылық шығару; мінезімен сүйкімді көріну.* Қыз ~а күлді.

ҚЫЛЫҚТЫ *Мінез-құлқы сүйкімді, тартымды.* Ұнамды ~ қыз (келіншек).

ҚЫЛЫҚТЫЛЫҚ *Мінез-құлықтағы сүйкімділік, ұнамдылық, тартымдылық.*

ҚЫЛЫМСЫ *Қысылған болып сызылу, бәлсіну, тәлімсу.*

ҚЫЛЫШ 1. *Болаттан істелген, өткір жүзді.* 2. *Өрмек арқауын ұрып, тығыздай түсу үшін, арнайы жасалған, жалпақтау ағаш құрал.* Қолында өрмектің ~ы. ◊ **Қылыш жүзінде** — *қиын-қыстау жағдайда; қыл үстінде.* **Қылыштың жүзі, найзаның ұшымен** — *күшпен, қарумен қорқытып.* **Қылыштың жүзіндей** — *кесіп түсерлік, өткір.* **Қылышынан қан тамған** — *қаһарлы, зәрлі, жауыз.* **Қылышын сүйретіп қыс келді** — *шаруашылыққа қиындық келтіретін кезең тақалды.*

ҚЫЛЫШБАЛЫҚ *зоол. Дене тұрқы ұзын болып келген, тұқы тұқымдас балық.* Көп кешікпей бір **қылышбалықты** суырып та алдым (М. Сүндетов).

ҚЫЛЫШКЕР *Қылыш шабуға маманданған сарбаз, жауынгер.*

ҚЫЛЫШТА *Қылышпен шабу, кесу.* ~п өлтіртті.

ҚЫЛЫШТАЙ *Қылыштың жүзіндей, өткір.* Азу тісі ~.

ҚЫМБАТ 1. *Құнды, бағалы.* ~ тон (бұйым). 2. *Ауыс. Аса қадірлі, қасиетті, аяулы.* Туған жерім, сен неткен **қымбатсың** (Ө. Өбішев). ◊ **Қымбат көрді** — а) *нарқы артық деп есептеді;* ә) *қадірледі, қастерледі.* **Қымбатқа түсті** — *бағасы жоғарылау болды.*

ҚЫМБАТСЫН *Заттың нарқы жоғары деп білу, қымбат санау.* ~ып алмады.

ҚЫМБАТТА *Заттардың, тамақтың өзіндік құны жоғарылап, нарқы көтерілу.* Тамақтың бағасы тағы да ~ды.

ҚЫМБАТТАУ *Бағасы белгілі шамадан артықтау, құны жоғарылау.* Бағасы тым ~.

ҚЫМБАТТЫ 1. *Өте құнды, бағалы.* ~ дүние. 2. *Ауыс. Аса құрметті, қадірлі.* ~ жолдасы.

ҚЫМБАТТЫҚ 1. *Бағасы жоғарылық; құндылық.* 2. *Ауыс. Қадірі артықтық, жоғарылық.*

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ *Заттардың, тамақтың бағасының, нарқының тым қымбаттап кеткендігі.* Қазір тым ~ болып тұр.

ҚЫМБАТЫРАҚ 1. *Бағасы артығырақ, құны жоғарырақ.* ~ киім. 2. *Ауыс. Қадірі артығырақ, орны бөлегірек.* Қарындасым інімнен ~.

ҚЫМ-ҒУЫТ *Бей-берекет, шым-шытырық; қарбалас.* ~ кез. ◊ **Қым-ғуыт болды** — *аласапыран болды, қарбаласқа айналды.*

ҚЫМҚАП *Алтын немесе күміс жіп араластырып тоқылған қалың жібек мата.* Киді **қымқап** мауытты Сыйынған пірі — Дәуіт-ті (Қамбар батыр).

ҚЫМ-ҚИҒАШ *Шым-шытырық, шытырман, қым-ғуыт.* ~ ұрыс (оқиға).

ҚЫМҚЫ *Бір нәрсені жасырып қалу, ұрлау, жымқыру.*

ҚЫМҚЫР 1. *Бір нәрсенің шетін ішке қарай жымыру, бүгу.* Ол ернін ~ып алды. 2. *Бір нәрсені қағып кету, жымқыру.* 200 теңгесін ~ып кетті.

ҚЫМҚЫРМА *Ұсақ-түйекті іліп кететін жымысқылық.* Қолының ~сы бар.

ҚЫМС: қымс етсе — *бірдеме деп айта қалса, қит етсе.*

ҚЫМСЫН *Имену, ұялу, қысылып-қымтырылу.* Қыз ~ып қалды.

ҚЫМТА 1. *Киімнің етегін, көрпенің шетін қайырып, айнала бітеу.* Көрпесін ~ды. 2. *Басып қалу, бүркеу, тұмшалау.* Жер дүниені ~ған ақ көрпе қар.

ҚЫМТАЛА *Қайта-қайта қымтау, қымтай түсу.*

ҚЫМТАП-ШЫМҚА 1. *Саңылау қалдырмай қымталау; тұмшалап тастау.* Баласын ~п әуре. 2. *Ауыс. Жабу, жасыру, бүркемелеу.* Майкөтов өз әрекетін **қымтап-шымқап** ұстау өнеріне ерте жетілді (Тиесов).

ҚЫМТЫ 1. *Бір нәрсені тежеп, қысып ұстау.* Ат тізгінін ~п ұстаған. 2. *Ауыс. Бір нәрсені бүгу, жасыру.* Қолда бардың бәрін жөнелтіп жатырмыз, **қымтып** қалған ештеңеміз жоқ (Мұратбеков).

ҚЫМТЫЛ 1. *ыр. етіс. Қымты-л.* 2. *Ұялып қалу, қысылу.* Ораз қысылып та, **қымтылып** та көрді (Дәулетбаев).

ҚЫМТЫР *Ұрлап алу, жымқыру.* Қолына іліккенді ~ып кетеді.

ҚЫМТЫРЫЛ 1. *ыр. етіс. Қымтыр-ыл.* 2. *Ұялып, қысылып қалу.* — Жоқ, қайным, — деп, жеңгесі ~ып қалды.

ҚЫМЫЗ *Бие сүтінен ашытылып жасалған тағамдық әрі дәрілік қасиеті күшті, қышқыл дәмді сусын.* ~ ішті.

ҚЫМЫЗДЫҚ *Жапырағы сопақша келген, жеуге жарамды, қышқылтым дәмді жабайы шөп.* ~ тердік. ◊ **Қымыздық қышқылы** — *қымыздық сөлінен бөлінетін қышқылтым дәмді зат.*

ҚЫМЫЗҚОР *Қымызды жақсы көретін, қымызқұмар.*

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ *этногр. Бие байлағаннан кейінгі ауылдастарын алғашқы қымыз ішуге шақыру салты.* Әкем ~ берді.

ҚЫМЫЗСЫРА *Қымыз ішкісі келу, қымызға аңсары ауу.* ~п отырған ел.

ҚЫМЫЗХАНА *Көпшілік келіп, қымыз сатып алып, сусындайтын орын.* ~ға бардық.

ҚЫМЫЗШЫ *Бие сауып, қымыз ашытатын адам.* ~ның үйінде отыр.

ҚЫМЫЗШЫЛ *Қымызды жақсы көретін, қымызқұмар.* ~ адам.

ҚЫМЫЗШЫЛА *Ел қыдырып, қымыз ішу.* Қонақтары ~п жүр.

ҚЫМЫҢ *Қылмыңдаған көңіл күйі.* Жүзінде ~ бар.

ҚЫМЫҢДА *Қымың-қымың ету; қозғалақтау.*

ҚЫМЫҢ-ҚЫМЫҢ: қымың-қымың етті — *қымыңдады, қымың қақты.*

ҚЫМЫРАН *Түйе сүтінен жасалған тағам, әрі шипалық қасиеті күшті сусын; шұбат.*

ҚЫН *Қылыш, пышақ сияқты өткір құралдарды салып қою үшін жасалған қынап.* ~ынан пышағын шығарды.

ҚЫНА I 1. *Топырақ бетіне, тасқа қабыршақ тәрізденіп жабысып өсетін, споралы өсімдік.* Тасын ~ басқан. 2. *Сол өсімдіктен жасалған, шашқа жағатын бояу.*

ҚЫНА II 1. *Киімнің белін жиырып, бүгіп тігу.* Үстінде белін ~ған бешпент. 2. *Белін қатты қысып буу.* Жәмеш көшкенде камзолдың сыртынан белін ~п буатын.

ҚЫНАДАЙ *Қына түстес; қызыл күрең.* ~ қызыл түлкі.

ҚЫНАЙ: **қынай бел** — *жіп-жіңішке, талдырмаш бел.*

ҚЫНАЛА 1. *Қынамен бояу, қына жағу.* Тырнағын ~п алыпты. 2. *Қына өсіп шығу.* Тас *қыналап,* тақыршықтар көктей бастапты (Әбілев).

ҚЫНАМА *Белі бүріліп, жиырылып тігілген.* ~ шапан (камзол).

ҚЫНАМАЛА *Белін қынама етіп тігу, қынау.* Үстінде белін ~п тіккізген бешпенті бар.

ҚЫНАМЕНДЕ *этногр. Күйеу жігіт қалыңдық отауына алғаш келгенде жасалынатын жастардың ойын-сауығы.*

ҚЫНАП 1. *Қылыштың қабы, қын.* 2. *анат. Сүт қоректілердің ұрғашыларындағы жыныс жолының алғы қуысы.* 3. *бот. Өсімдік жапырағының сабақты орап тұратын төменгі бөлігі.* Жапырақ ~бы.

ҚЫНЖЫЛ *Бір нәрсеге кею, ренжу, налу.* ~ып келеді.

ҚЫНЖЫЛЫС *Қынжылғандық күй, реніш.* ~ы байқалмайды.

ҚЫҢ *Қыңқ етпеу, айылын да жимау.* Бірақ оған *қыңатын* ол да жоқ (С. Жүнісов). ◊ **Қың демеді** — *қыңқ етпеді, былқ етпеді.*

ҚЫҢБА *Айылын да жимау, былқ етпеу.* Ол жасауылдың қоқаңынан *қыңбады* (Т. Әлімқұлов).

ҚЫҢҚ: **қыңқ етпеді** — *төзді, шыдады.*

ҚЫҢҚ-ҚЫҢҚ: **қыңқ-қыңқ етті** — *қыңқылдады.*

ҚЫҢҚЫЛ *Қыңқылдап айта бергендік, қыңқылдағандық.*

ҚЫҢҚЫЛДА *Қайта-қайта айта беру, мазалау.*

ҚЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ 1. *Мазаны алатын қыңқыл сөз.* Бірақ ~ шығарған ешкім жоқ. 2. *Ауыс. Жеңіл — желпі ауру.* Кетпен шауып жүрсе ғой, кәріліктің анау-мынау *қыңқыл-сыңқылы* жоламас еді (О. Сәрсенбаев).

ҚЫҢСЫЛ *Иттің, қасқырдың көмейінен шығатын аяныштыұні.* Ит ~ы естіледі.

ҚЫҢСЫЛА 1. *Иттің, қасқырдың көмейінен аяныштыдыбыс шығаруы.* Майлыаяқ ~й басталды. 2. *Ауыс. экспр. Бірдеңені ызыңдап айтып, жылана беру.* Патшадан қайта-қайта, болыстар әскер сұрап, бұралқы *қыңсылады* (Әукебаев).

ҚЫҢЫР 1. *Бір жағына қарай қисық.* — Бір арықтың бойында оқтай түзу терек те, *қыңыр* жиде ағашы да өседі (Тұрманжанов). 2. *Ауыс. Қырсық, қиқар.* Нағашы Тұяқбай *қыңыр* еді (Есенберлин). ◊ **Қыңыр кетті [тартты]** — *бұра тартты, қисайды.* **Қыңыр қарады** — *жақтырмады, ұнатпады.* **Қыңыр сөз** — *іліп-шалған қырсық сөз.* **Қыңыр сөйледі** — *қиқарланып, қырсығып айтты.*

ҚЫҢЫРАЙ 1. *Бір жағына қарай қисаю.* ~ған арбаның қасына келді. 2. *Қасарысу, қиқарлану, қырсығу.* Ол ~ып қалды.

ҚЫҢЫРЛАН *Қиқарлану, қасарысу.* Күреспей ~ып тұрып алады.

ҚЫҢЫРЛАУ 1. *Бір жағына қарай қисықтау.* ~ ағаш. 2. *Ауыс. Қырсықтау, қиқарлау.* Ол—сәл ~ жігіт.

ҚЫҢЫРЛЫҚ 1. *Қисықтық, тұзу еместік.* 2. *Ауыс. Қиқарлық, қасарысқандық.* Сәдір әкесінің *қыңырлығына* шыдай алмай кетті (Хангельдин). ◊ **Қыңырлыққа [қыңырлығына] басты** — *қиқарлық істеді, қырсықтық жасады.*

ҚЫП: **іші қып ете қалды** — *сезіктенді, қауіптенді.*

ҚЫП-ҚЫЗЫЛ 1. *Шиедей, нарттай.* ~ бояу. 2. *Ауыс. Нағыз, барып тұрған.* Ана елтірілер бұған ертең *қып-қызыл* ақша ғой (С. Жүнісов).

ҚЫП-ҚЫСҚА *Тым келте, шолақ.* ~ таяқ (жіп).

ҚЫПША: **қыпша бел** — *нәзік, жіңішке бел.*

ҚЫПЫЛ *Бір нәрсені күте-күте тынышы кету.* ~дап әрең отыр.

ҚЫПЫЛЫҚ *Қыпыл қаққандық, тынышы кеткендік.* ◊ **Қыпылық қақты** — *қыпылықтады, дегбірі кетті.*

ҚЫПЫЛЫҚТА *Тынышы кету, дегбірсіздену.* "Қап, қызметінен кешігеді-ау" деп, әпкесі *қыпылықтады* (Т. Әлімқұлов).

ҚЫР I 1. *геогр. Созылып жатқан биік жер.* 2. *Қырлы нәрсенің сырт жақ шеті.* Пышақтың ~ы. 3. *Киімге үтік басқанда пайда болатын тұзу қатпар.* Костюм-шалбардың ~ы сынбаған. *Ауыс.* 4. *Адам бойындағы қасиеттердің бір сыры.* Бұл жолы ол соны ~ымен көрінді. 5. *Біреуге көрсетілген сес, айбат.* Бұл маған істеген ~ы болар. 6. *Бір нәрсеге деген икем, еп.* Саудаға ~ы жоқ. **Қыр астында** — *алыс емес, жақын.* ◊ **Қыр көрсетті** — *қоқан-лоқы жасады, қорқытты.* **Қыр мұрын [мұрынды]** — *қырланып келген әдемі мұрын.* **Қыры жоқ** — *икемсіз, епсіз.* **Қыры кетті** — *ісі оңға баспады.* **Қыр соңынан қалмады** — *соңына түсті, құдалады.* **Қыры сынды** — *беті қайтты, тауы шағылды.* **Қыры тайды** — *күйі кетті, нашарлады.* **Қырына алды** — *біреудің соңына түсті, ерегісті.*

ҚЫР II 1. *Сақал-мұртты, шашты ұстарамен алу, сыпыру.* Сақал-мұртын ~ған. 2. *Өткір құралмен бір заттың бетіндегі нәрсені қырнап кетіру, қырғыштау.* Қазан түбіндегі қаспақты ~ды.

ҚЫР III *Жаппай өлтіру, жойып жіберу.* Аңын да тегіс ~ып жіберіпті.

ҚЫРАҒАТ *Құран сүрелерін оқудағы дауыс ырғағы, мәнері.* Ол *қырағатқа* басқан сайын жұрт оны үйып тыңдады (Хангелдин).

ҚЫРАҒАТТА *Құран сүрелерін ырғағына келтіріп, мақамдап оқу.*

ҚЫРАҒЫ 1. *Тез байқайтын, көреген.* Жазушының ~ назары. 2. *Өте сақ.* **Қырағы** болу керек, арамызда әлі де жансыздар бар (Өтетілеуов). ◊ **Қырағы көз** — *бір нәрсені тез байқайтын, көреген.*

ҚЫРАҒЫРАҚ *Тез байқағыштау, көрегендеу.*

ҚЫРАҒЫЛАН *Қырағы болу, көргіш болу.* Ол ~ып кетті.

ҚЫРАҒЫЛАУ *Көргіштеу, көрегендеу.* Әдетте әйел кезі ~.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ 1. *Көргіштік, байқағыштық.* 2. *Сақтық, сезімталдық.* — Жігіттерге айт, *қырағылығын* күшейтсін (Тәшенов).

ҚЫРАН 1. *Алғыр құстардың жалпы атауы.* 2. *Ауыс. Батыр, ер жүрек, алғыр.* Бұл қазақ ~ы — Бауыржан Момышұлы. ◊ **Қыран жаңқандай қылды [дүрліктірді]** — *әлек-шәлегін шығарды.* **Қыран көз [көзді]** — *тез байқайтын, алғыр.* **Қыран қабақ** — *қабағы тіксиген, сұсты.* **Қыран құс** —*алғыр құс.* **Қыран күлкі** — *ішек-сілесі қатып, жаппай күлген күлкі.*

ҚЫРАНДЫҚ 1. *Қыран құсқа тән қасиет; алғырлық.* 2. *Ауыс. Ерлік, батырлық.* Ол бұл жерде де ~ғын көрсетіп қалды.

ҚЫРАНҚАРА *Қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс.* ***Қыранқара*** зиянды кемірушілерді жеп, өлекселерді жойып пайда келтіреді (ҚСЭ).

ҚЫРАНОТ *бот. Қауырсын жапырақты, гүлсіз өсімдік; папоротниктің бір түрі.* Інжугүл мен *қыранот* өсімдіктерінің тамыр-сабақтарынан препараттар жасайды (Т. Мұсақұлов).

ҚЫРАН-ТОПАН: қыран-топан күлкі — *ішек-сілелері қатқан жаппай күлкі.*

ҚЫРАҢ *Сәл биіктеу, дөңес жер; қырат.* Малдың бір шеті ***қыраңға*** шығып кетіпті (М. Әуезов).

ҚЫРАҢДАУ *Биіктеу, дөңестеу.*

ҚЫРАТ *Биіктеу, дөңес жер.* Қой ~та жатыр.

ҚЫРАТТЫ *Қырат-қырат, қыраты көп.* ~ жер (белес).

ҚЫРАУ 1. *Тоңазыған дымқыл ауаның жерге, ағашқа қар тәрізді болып ағарып қонған күйі.* Жерді ~ басқан. 2. *Ауыс. Қартайған адамның сақалы мен шашына, самайына түскен ақ.* Самайын ~ шалыпты.

ҚЫРАУЛА *Қырау түсу, қырау басу.*

ҚЫРАУЛЫ *Қырауы бар, қырау қатқан.* ~ терезе.

ҚЫРАУЫТ *Ақшыл тарту, қырау түсу.* Тортөбелдің де мойыны ***қырауытып*** келеді (Ахтанов).

ҚЫРБАЙ 1. *Қырғи қабақ, дүрдараз.* Бастықпен ~. 2. *Шаруаға қыры жоқ, орашолақ.* Ол шаруаға ***қырбай*** келіндеріне үрсатын (Аймауытов). ◊ **Қырбай қабақ** — *қырғи қабақ, араз.*

ҚЫРБАЙЛЫҚ *Қырғи қабақтық, араздық.*

ҚЫРБЫҚ *Ұшқындап жауған, жұқа қар, қырбақ.* ~ қар.

ҚЫРБЫҚТА *Ұшқындап қар жауу.* Қар ~п тұр.

ҚЫРҒАУЫЛ *Жылы жақты мекендейтін тауық тұқымдас қызғылт не сұр түсті әдемі құс.*

ҚЫРҒИ *Имек тұмсық, өткір тырнақты қарлығаштың бір түрі.* ◊ **Қырғи қабақ** — *бір-бірімен араз, дүрдараз.*

ҚЫРҒИДАЙ: қырғидай тиді — *әптер-тәптерін шығарды, дүрліктірді.*

ҚЫРҒИЛЫҚ 1. *Қырғиға тән қасиет.* 2. *Ауыс. Ұшқырлық, алғырлық.*

ҚЫРҒИША *Қырғи тәрізді, қырғи секілді.* ~ қағыш түсті. ◊ **Қырғиша тиді** — *опыр-топырын шығарды.*

ҚЫРҒЫ *Ағаш өңдейтін темір құрал.* Бұлардан басқа біз, *қырғы,* бояу сияқты құралдар да болады (С. Қасиманов).

ҚЫРҒЫЗ *Қырғыз Республикасының жергілікті халқы; ұлт.* □ **Қырғыз өрім** — *өрімі қырғыз қамшысының өріміндей өрілген (қамшы).*

ҚЫРҒЫН *Қиян-кескі ұрыс, қан төгіс.* Ол бір ~да ерлікпен қаза тауыпты. ◊ **Қырғынға ұшырады** — *жаппай өлді, қырылды.* **Қырғын келгір** — *жаппай қырылғыр, өлім келгір.*

ҚЫРҒЫН-СҮРГІН *Ел тыныштын кетірген шапқыншылық, бүлікшілік.* Ел ~ге ұшырай жаздады.

ҚЫРҒЫНШЫЛЫҚ *Қырып-жоюшылық, шапқыншылық.*

ҚЫРҒЫШ *Бір нәрсені қыру үшін темірден жасалған жүзі бар құрал.* Қазанды ~пен қырды.

ҚЫРҒЫШТА *Қырғышпен қайта-қайта қыру.*

ҚЫРЖИ 1. *Қыртыстану, қатпарлану.* Бұқаның мойнынша ***қыржиған*** кәрі қайың (Майлин). 2. *Ауыс. Ұнатпау, тыржию.* Ол ~ып отыр.

ҚЫРЖЫҚ 1. *Қатпарланған, қыртыстанған; қыржиған.* Салтыковтың ***қыржық*** мойны ішіне кіріп кеткен (Алтайбаев). 2. *Ауыс. Қырсық, қыңыр; бір мойын.* Бұл сұраққа ***қыржық,*** қыңыр шал бөгелген жоқ (Көшімов).

ҚЫРЖЫҢ *Қыржыңдаған күй, қыржыңдаған қалып.* ◊ **Қыржың етті** — *тыржыңдады, жақтырмады.*

ҚЫРЖЫҢДА *Қыржың-қыржың ету, ұнатпау, жақтырмау.*

ҚЫРКҮЙЕК *Күздің алғашқы айы; сентябрь.*

ҚЫРҚА 1. *Ұзыннан-ұзақ созылып жатқан биік жер; қыр.* Бір ~ға шыға келді. 2. *Ауыс. Белгілі бір мөлшер, шама; белес.* Ол қырықтың ~сынан енді асты.

ҚЫРҚАЙ *Бәрі, түгел, жаппай, шетінен.* ~ үйқыға кетті.

ҚЫРҚАЛА *Қырқаның үстімен жүру, жотамен жүру.*

ҚЫРҚАЛАН *Қырқа болу, жоталану.* Тау ~а созылып жатыр.

ҚЫРҚАЛАУ *Аздап қырқа, сәл ғана қырқа.* ~ жер.

ҚЫРҚАЛЫ *Қырқасы бар, қырқа-қырқа болып келген.* ~ жер.

ҚЫРҚАР *Қу, айлакер.* — Зауыт шаптырып жатқан шығар? — деп, ***қырқар*** түлкі аңқаусырады (Ғ. Мүсірепов).

ҚЫРҚАРЛЫҚ *Қулық, сұмдық, айлакерлік.*

ҚЫРҚАСЫН *Кішігірім қырқа, қырқашық.* Үйдің іргесіндегі ~ға шықты.

ҚЫРҚАСЫНДАУ *Аздап қырқасын, сәл биіктеу.* ~ жер.

ҚЫРҚ-ҚЫРҚ: қырқ-қырқ етті — *қырқылдаған ұн шығарды.*

ҚЫРҚЫ *этногр. Өлген адамның қайтыс болғанына қырық күн толуына байланысты берілетін құдайы ас.* ◊ **Қырқынан шықты [шығарды]** — *жаңа туған балаға қырық күн толғаннан соң, ырымдап, көрші-қолаңына тамақ беру салты.*

ҚЫРҚЫЛҒЫР: тілің қырқылғыр *(қарғ.)* — *тілің кесілгір.*

ҚЫРҚЫЛДА *Қырқылдау, қырқыраған дыбыс шығару, қырқ-қырқ ету.* Үйрек ~йды.

ҚЫРҚЫЛДАҚ: қырқылдақ торғай *(зоол.)* — *өзен, көл жағаларында тіршілік ететін кішкене сұр құс.*

ҚЫРҚЫЛДАУЫҚ *Қырқылдай беретін, қырқылдағыш.* ~ үйрек.

ҚЫРҚЫЛЖЫҢ I *Ұсақ-түйек ұрыс-керіс.* Осы *қырқылжыңның* бәрі сол Бақыттың кесірінен болып отыр (Мұратбеков).

ҚЫРҚЫЛЖЫҢ II *Жасы есейіп қалған көп сөзді адам.* Сол төренің өзі **қырқылжың** неме болса да, тым қатынжанды деседі (Жәкенов). ◊ **Қырқылжың тартты** — *жасы келіп, істен гөрі сөзге көбірек бой ұрды.*

ҚЫРҚЫМ *Қой қырқатын науқан, қырықтық кез.* ~ жүріп жатыр.

ҚЫРҚЫМШЫ *Қой қырқатын адам; қырқымға қатысушы.*

ҚЫРҚЫНДЫ *Өрмек жіптерінің тоқуға келмей қалғандықтан қырқып тасталынған жері.* Алашаның бойларын тігу үшін осы **қырқындыны** пайдаланған жөн (Қасиманов).

ҚЫРҚЫНШЫ *Қырық санының реттік түрі.* ~ жылдары.

ҚЫР-ҚЫР: қыр-қыр етті — *даусы қырылдап шықты, қырылдады.*

ҚЫРҚЫС I *Қиян-кескі. ұрыс, соғыс.* Сұрапыл ~та қаза тапты.

ҚЫРҚЫС II *Өзара таласу, тартысу, айтысу.* Өзара ~ып жатыр.

ҚЫРЛА *Қыр шығару, қыр түсіру.*

ҚЫРЛАУ *Қыр болып келген, аздап қыры бар.* ~ жер.

ҚЫРЛЫ *Бірнеше қыры бар.* ~ арқалық (бөрене).

ҚЫРЛЫҚ *Қырға тән, қырға қатысты.* ~ өсімдік (жайылым).

ҚЫРЛЫЛЫҚ *Қырлы болып келушілік.* Алты **қырлылық** құрылыстың беріктілігін арттырады (Ж. Өбиев).

ҚЫРМА: қырма сақал — *жігіт ағасы болып қалған, егде тартқан.* **Қырма таз** — *шашы түсіп, селдіреп қалған таз.*

ҚЫРМАЛА *Қайта-қайта қыру, қыра беру.* Қазанын ~й береді.

ҚЫРМАН *Астық бастыратын, тазалайтын ашық алаң.* ~да жұмыс істеп жүр. ◊ **Қырман басты** — *дәнді масағынан бөлді, қауызынан ажыратты.* **Қырман толсын** *(тілек)* — *астық мол болсын.*

ҚЫРМАНДАП *Қырман-қырман етіп, мол ғып.* ~ тары алды.

ҚЫРМАНТҮП *этногр. Қырман аяқталар кезде кәде бойынша елге берілетін азын-аулақ астық.*

ҚЫРМАНШЫ *Қырманда жұмыс істейтін адам.*

ҚЫРМЫЗЫ *Ашық қызыл.* ~ гүл (камзол).

ҚЫРНА *Бір нәрсені қырып тазарту.*

ҚЫРНАҒЫШ *Асыл темірден жасалған сүйек, тас өңдейтін құрал.*

ҚЫРНАП-ЖОН *Қырнау, жону; өңдеу.*

ҚЫРНАУЫШ *Қырып тазалайтын, қырнайтын құрал.* Бұл өңірде бұрғалауыш, **қырнауыш** т. б. қолданылады (Қасиманов).

ҚЫРПУ *Бір нәрсенің жиегі, етегі.* Басында **қырпуына** алтын төккен ақ киіз қалпақ (Аманшин).

ҚЫРПУЛА I *Тегістеп кесу, қысқарту.* Сәл ғана **қырпулаған** салалы сақалы ағарыпты (Тоқмағамбетов).

ҚЫРПУЛА II *Жиектеу, жағалау.* Жігіт ұзын көпірдің шет жағын **қырпулай** басып келе жатыр (Жұмалиев).

ҚЫРПЫ *Бір нәрсенің ұш жағын тегістеп кесу, қырқу.* Егінді ~п орды.

ҚЫРСАУ *Шабан, кежір, жалқау.* ~ ат.

ҚЫРСАУЛАН *Қырсығу, кежірлену. Қырсауланып* тұрған неме желе жөнелді (Ақ бидай).

ҚЫРСАУЛАУ *Шабандау, жалқаулау.* ~ жүрісті ат.

ҚЫРСАУЛЫҚ *Жалқаулық, кежірлік.*

ҚЫРСЫЗ *Еш нәрсеге ебі жоқ, икемсіз.* Шаруаға ~ адам.

ҚЫРСЫЗДАН *Қыры жоқ болу, икемсіздену.* Шаруаға ~ып барады.

ҚЫРСЫЗДАУ *Икемсіздеу, епсіздеу.* Жұмысқа ~.

ҚЫРСЫЗДЫҚ *Икемсіздік, епсіздік.*

ҚЫРСЫҚ I *Адамға кездейсоқ кездесетін кесір-кесапат, пәле.* ~қа кезікті. ◊ **Қырсығы тиді** — *кесірі, залалы тиді.* **Қырсық айналдырды** — *пәлеге ұшырады, қырсыққа кездесті.* **Қырсық сөз** — *қыңыр сөз, кекесін.* **Қырсық шалды** — *пәлеге тап болды.*

ҚЫРСЫҚ II *Өзінің айтқаны болмаса басқаға көнбейтін, қыңыр, кертақыс.* ~ шал (әйел).

ҚЫРСЫҚ III *Қиқарлану, қисаю.* ~ғып қалады.

ҚЫРСЫҚТАН *Қырсығу, қыңырлану.* Ол ~ып қалды.

ҚЫРСЫҚТАУ *Қырсығып қала беретін, қыңырлау.* ~ адам.

ҚЫРСЫҚТЫҚ *Қыңырлық, қисықтық; кесапаттық.*

ҚЫР-СЫРЫ *Бір нәрсенің өзіне тән қасиеті, ерекшелігі.* Ол қой жаюдың ~н үйретті.

ҚЫРТ I *Мылжың, езбе, сөзуар.* ~ адам.

ҚЫРТ II *Бір нәрсені тістеп, бөліп түскенде шығатын дыбыс.* ~ еткізіп тістеді.

ҚЫРТ III *Көп сөйлеу, мылжыңдау; оттау.* Ол пәлен еді деп ~ады.

ҚЫРТИМА *Қыртиып қалғыш, қырсық.* ~ мінез.

ҚЫРТ-ҚЫРТ *Қаттырақ затты тістегенде не шайнағанда шығатын дыбыс.* ~ тістейді.

ҚЫРТТЫҚ *Мылжыңдық, сөзуарлық, езбелік.*

ҚЫРТЫЛ *Қыртып көп сөйлегендік; мылжың.* ~ын тыңдама.

ҚЫРТЫҢДА *Тыржыңдап жақтырмау, кіржіңдеу.* ~п сөз тыңдамады.

ҚЫРТЫС 1. *Жердің сыртқы қабаты, беті.* Жер ~ы. 2. *Заттың бүктеуінен пайда болатын қатпар.* Жейдесіне ~ жуытпайды. 3. *Адамның маңдайына, бетіне түскен әжім, сызық.* Маңдайына ~ пайда болды. ◊ **Қыртысы жазылды [тарады]** — *қабағы ашылды, ашуы тарқады.*

ҚЫРТЫС-ҚЫРТЫС 1. *Киімнің қатпарланған, тыртысқан жері.* Көйлегінің ~ын жазды. 2. *Ауыс. Өкпе, реніш.* Бәріміздің де **қыртыс-тыртысымыз** жазылып, сайрай бастадық (Жұмалиев).

ҚЫРТЫСТА *Бір нәрсенің қыртысын аршу, бетін жұқалап алу.*

ҚЫРТЫСТАН *Қыртыс пайда болу, қатпарлану.*

ҚЫРТЫСТАУ *Қыртысы қалыңдау.* Беті ~.

ҚЫРТЫСТЫ *Қыртысы бар, қыртысы қалың.* ~ жер (қоныш).

ҚЫРУАР *Сансыз көп, мол.* ~ шаруа (жұмыс).

ҚЫРШ: қырш етті — *бір нәрсені тістегенде не кескенде шығатын дыбыс.*

ҚЫРШАҢҚЫ 1. *Жылқыда болатын тері ауруы; індет, қышыма, қотыр.* Жылқының қотырын кейде **қыршаңқы** деп те атайды (С. Омаров). 2. *Ауыс. Қырсық, қыңыр, шақпа тілді.*

ҚЫРШАҢҚЫЛАН *Қырсықтану, қыңырлану.* — *Қыршаңқыланба*, жөніңді айт (Ө. Нұрпейісов).

ҚЫРШАҢҚЫЛЫҚ *Қырсықтық, қыңырлық.*

медаль — *мектепті үздік бітіргені үшін берілетін медаль.* ◊ **Күміс көмей** — *тілінен бал тамған, жез таңдай.* **Күміс күлкі** — *сығырлаған сүйкімді күлкі.* **Күміс той** — *ерлі-зайыптылардың үйленгендеріне ширек ғасыр толуына арналған мерекелі жиын.*

КҮМІСҚҰЙРЫҚ *Тышқанның бір түрі.*

КҮМІСТЕ *Күміс жалату, күміспен қаптап әшекейлеу. Күмістеген* ер — тоқымын ерттеп мінген (Жақенов).

КҮМІСТЕЙ I *Күміс сияқты жалтыраған.* **Алтындай шайып, күмістей еледі** — *барынша қадірлеп, қастерледі.* **Сымға тартқан күмістей** — *келісті, сымбатты, сүйріктей.*

КҮМІСТЕЙ II *Күміс ақшалай.* Әр шаңырақтан *күмістей* бір сом елу тиын салық алынады (Есенберлин).

КҮМІСТІ *Күміс жалатқан, күміспен қапталған.* ~ сауыт (белдік).

КҮН 1. *Әлемге жарық, қызу беріп тұратын жұлдыз.* ~ сәулесі (көзі). 2. *Таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы тәулік уақыты; күндіз.* Үш *күн,* үш түн күзетіп отырдым (Ғ. Мүсірепов). 3. *Жиырма төрт сағатқа тең уақыт, тәулік.* Елін сатып асаған екі *күн* ғана жасаған (Мақал). 4. *Ауыс. Уақыт, мезгіл, кез, дәуір.* Бала ~і, жас ~ім, ~і кеше. 5. *Ауыс. Ауа райы, табиғат құбылысы.* ~ жылы (суық, тұман). ◊ **Күн айықты [ашылды]** — *күн ашылды, бұлт сейілді.* **Күн көзі** — *күннің сәулесі, нұры.* **Күн көріс** — *тұрмыс, тіршілік жайы.* **Күн шуақ** — *күн сәулесі, жылуы.* **Күн ара** — *екі күннің бірінде.* **Күн арқан [қазық, найза, тұсау] бойы көтерілді** — *ұясынан шыққан күннің көмкеріле көтерілу мөлшері.* **Күн батты** — *күн ұясына кірді, кеш түсті.* **Күн батқанша** — *күні бойы, күн ұясына кіргенше.* **Күн жауды** — *жаңбыр болды, жауын-шашындатты.* **Күн жаумай су болды** — *берекесі кетті, ұнжырғасы түсті.* **Күн кешті [көрді]** — *өмір сүрді, тіршілік етті.* **Күн күркіреді** — *найзағай шатырлап, жаңбырықты.* **Күн қақты болды** — *күнге күйді, тотықты.* **Күн құлақтанды** — *қызыл күрең түске бөленіп, мұнарланып тұрды.* **Күн құрғатпай** — *араға күн салмай, күн сайын.* **Күн сайын** — *әр күні, күнде.* **Күн сынды** — *суықтың беті қайтып, күн жылыңқырады.* **Күн тәртібі** — *түрлі мәжілістерді өткізу реті мен ондағы қаралатын мәселелер.* **Күн тиді** — *күн өтті.* **Күн тұтылды** — *ай күннің көзін көлегейледі.* **Күн ұзаққа [ұзынға]** — *ертеден қара кешке дейін, күні бойы.* **Күн ұзарды** — *күннің шығуы мен батуы аралығындағы уақыт артты.* **Күн шайдай [ашық]** — *аспанда бұлт жоқ.* **Күн шұғыласы** — *күннің сәулесі, қызуы.* **Күн шықты** — *күн ұясынан көтерілді.* **Күні бойы** — *таң атқаннан кешке дейін, күн ұзаққа.* **Күні бүгін** — *дәл қазір, нақ осы кезде.* **Күні ертең** — *таяу уақытта, көп ұзамай.* **Күні кеше** — *осыдан біраз бұрын, таяу ғана.* **Күні қараң** — *халі мұшкіл, көргені азап.* **Күні туды** — а) *теңдікке қолы жетті;* ә) *ісінің сәті түсті, жолы болды.* **Күні түсті** — *ісі түсті, кіріптар болды.*

КҮНӘ 1. *Айып, қылмыс, жаза.* Талай қылмыстылардың сан ауыр *күнәларын* ұмытқан (Есенберлин). 2. *діни. Дінге, шариғатқа қайшы іс, теріс әрекет.* Ана дүниеге *күнә* арқалап кетесіз (Хұсайынов).

КҮНӘКАР *Күнәсі бар, күнәлы.* Құдайға *күнәкар* бола қоймас (С. Омаров).

КҮНӘКАРЛА *Күнәкар ету, айыптау.* Жеңгейді *күнәкарлады* (Ж. Молдағалиев).

КҮНӘКАРЛЫҚ *Күнәкар болушылық, айыптылық.* Бұлай деуі ~.

КҮНӘЛА *Айып тағу, жазғыру.* Оны ~саң орнымен.

КҮНӘЛІ *Күнәсі бар, айыпты.* ~ болатын жайым жоқ.

КҮНӘМШЫЛ *Кінә таққыш, секемшіл, шүбәшіл.* Шүбәшілсің, *күнәмшылсың* (М. Әлімбаев).

КҮНӘСІЗДАН-КҮНӘСІЗ *Нақақтан-нақақ, текке.* ~ қаза тапқан.

КҮНӘСІЗДІК *Күнәсіз болушылық, айыпсыздық.*

КҮНБАҒЫС *бот.* 1. *Ірі жапырақты, сары гүлді, дәні майлы биік өсетін дақыл.* 2. *Осы өсімдіктің дәні, шекілдеуік.*

КҮНБАЛЫҚ *зоол. Сирек кездесетін сырты жылтыр, үлкен теңіз балығы.*

КҮНБАТЫС *Жердің төрт тарабының шығысқа қарама-қарсы жағы, батыс. Күнбатысқа* қарап намаз оқып жатқан (Бегалин).

КҮНБЕ-КҮН *Күн сайын, күнде, күніге. Күнбе-күн* сөйлесіп жүрген жоқ па (Ө. Сәрсенбаев).

КҮНБЕ-КҮНГІ *Күн сайынғы, әр күнгі жұмыс, қам, хабар.*

КҮНБЕ-КҮНДІК *Әр күндік, күнделікті.* ~ тіршілік.

КҮНГЕЙ 1. *Күн жақ, күн көзі көбірек түсетін жақ.* Төбешіктің *күнгей* бетінде жерден қазылған 5–6 үй бар (Тұрсынбаев). 2. *Оңтүстік тарап, күн сәулесі мол түсетін алқап. Күнгей* елден ауып келген ордалы жылан бар (Досанов).

КҮНГЕЙЛЕ 1. *Күнгейге шығу, шуақтау.* Арық қойларды ~тіп еріске шығарған. 2. *Күн сәулесін қалқалау, көлегейлеу.* Қолын көзіне ~ді.

КҮНГЕЙЛЕУ *Күнгейге, оңтүстікке таман.* Найман мен керейдің қалқаны *күнгейлеу* жатыр (Есенберлин).

КҮНГЕЙЛІ *Күн сәулесі мол түсетін, шуақты.* Отау іші қызыл-жасыл гүлге толы *күнгейлі* қойнау сияқты (Әбілев).

КҮНГІ *Белгілі бір күнге тән, соған қатысты.* Екі-үш *күнгі* айқастан соң жеңді (Мағауин).

КҮНДЕ I *Қызғану, көре алмау.* Ақындардың атақ-абыройын *күндеп,* айтқан сөздерінен ғана қаймығады (Әлімжанов).

КҮНДЕ II *Бір-бір күнмен есептеу, күндемелеу.* Жүкшіні жүгіне қарай жалдап та алады, *күндеп* те салады (Жансүгіров).

КҮНДЕ III 1. *Күн сайын, күніге.* Бақшаға *күнде* барып қайтады (Ғ. Мүсірепов). 2. *Етістіктермен тіркесіп, жағдайда, өзінде деген мағына үстемелейді.* Келген ~, жіберген ~.

КҮНДЕБАУ *көне. Екі рулы ел арасындағы татулықты нығайту үшін берілетін қыз.*

КҮНДЕГІ *Күн сайынғы, әдеттегі.* ~ әдеті, (тартыс, әрекет).

КҮНДЕГІЛІК *жерг. Кіндіктің төменгі жағына орнатқан көлденең ағаш; ұя ағаш.*

КҮНДЕЙ *Күн сияқты.* ~ қуатты (нұрлы, жауар). ◊ **Күндей балқып, майдай еріді** — *ұнамды қылық, жақсы мінез танытты.*

КҮНДЕ-КҮНДЕ *Күн сайын, күн құрғатпай.* ~ келіп тұрды.

ҚЫСА I *Қыспақ, қиындық.* Көрдік, міне, нысанды, Алты ай қыс көрген ***қысаны*** (Пернедегі терме).

ҚЫСА II *Қатты қыстау, қинау, зорлау.* Бірақ қорыққандығын білдіріп, атты ***қысаған*** жоқ (С. Мұратбеков).

ҚЫСАҒА *Ұзақ, созылмалы, ет алдырмайтын қылқұрт сияқты мал ауруы.*

ҚЫСАҢ *Ені тар, енсіз.* ~ шатқал. ◊ **Қысаң дыбыс** (*лингв.*) — *ауыз қуысының тар ашылуынан жасалған, келте дыбыс.*

ҚЫСАҢШЫЛЫҚ *Қиын-қыстау заман, тар кезең.*

ҚЫСАС *Қас, өш.* ~ жасамады.

ҚЫСАСТАН *Қастасу, өштесу.* Дәмежанның сөзіне Мұхаметжан ***қысастанып,*** өршелене түсті (М. Әуезов).

ҚЫСАСТЫҚ *Қастық, өштік.* ~ жасады.

ҚЫСҚА *Келте, шолақ, шорт.* Жауапты ~ қайырды. ◊ **Қысқа күнде қырық жерге қойма қойды** — *айла-шарғы жасады, құлық сауды.*

ҚЫСҚАЛАУ *Ұзын емес, келтелеу.* ~ арқан (өмір).

ҚЫСҚАЛЫҚ *Келтелік, шолақтық.*

ҚЫСҚАР *Қысқа болып қалу, шолтию.* Пілтесі ~ып қалды.

ҚЫСҚАРАҚ *Онша ұзын емес, қысқалау.*

ҚЫСҚАРТ 1. *өзг. етіс. Қысқар-т.* 2. *Сөзді тоқтат, сөйлеме.* — ***Қысқарт,*** — деді оның сөзін бөліп (Дәуренбеков).

ҚЫСҚАСЫ *Тоқ етерін айтқанда.* ***Қысқасы,*** ел санатына тез қосылып кетті (С. Омаров).

ҚЫСҚАШ 1. *Оттан шоқ алатын, сабы бар қысқыш темір құрал; шымшуыр.* ~пен самауырынға шоқ салды. 2. *Ұстаның қызған темірді қысып ұстайтын құралы.* Ұстаның бір қолында ұзын ~.

ҚЫСҚАША *Қысқа түрде; тұжырымдап, қысқартып.* ~ айтып берді.

ҚЫСҚАШАЛАП *Қысқартып, төтесінен.* Мен ***қысқашалап*** жөнімді айттым (Шүкіров).

ҚЫСҚЫ I *Бір нәрсені қатты қысып қоятын құрал.* ~ға қысып қойды.

ҚЫСҚЫ II 1. *Қыс кезіндегі.* ~ демалыста үйіне барды. 2. *Қысқа арналған.* ~ мал жайылымы.

ҚЫСҚЫШ *Бір нәрсені қысып қоятын құрал.* Үзілген сымның екі ұшын кере тартып, ***қысқышпен*** ұстатты (Самғау).

ҚЫСПА *Жүрегі қысылып қалатын ауру.* — Жүрегінің ~сы бар.

ҚЫСПАҚ 1. *Екі жағы қысылған, тар.* ~ жол. 2. *Айналасы тұйықталған, қамау жер.* Алтын храм қаланың ортасында ескі үйлердің ***қыспағында*** екен (Ахтанов). 3. *Ауыс. Қысым, зорлық.* Сондай ***қыспақта*** отырған даланың еңбекшілері (С. Мұқанов). ◊ **Қыспаққа алды [салды]** — *қысым көрсетті, қысты.* **Қыспаққа түсті** — *қысым көрді, жаны қиналды.*

ҚЫСПАҚТА 1. *Екі жағынан қысу, қамау.* Екі өзен екі жақтан ~ды. 2. *Ауыс. Қыстау, қинау.* — Ішіп жібер тағы да, — деп, ***қыспаққа*** алды (Ш.Ахметов).

ҚЫСПАЛА *Қысу, сығылыстыру.* ~ма, тура жүр.

ҚЫСТА I. *Қыстап шығу.* Үш-төрт отар бір жерге ~йтын болды.

ҚЫСТА II *Жан алқымға алу; қинау, зорлау.* — Бізге баланың орман ішіндегі тұрағын көрсет, — деп ***қыстайды*** (Көшекбаев).

ҚЫСТАЙ *Қыс бойы, қыс өткенше.* ~ жайылып шығады.

ҚЫСТАҚ *Ауылды жердегі елді мекен; поселок.*

ҚЫСТАЛА *Қыстау, қинау, жан алқымға алу.* Мені бүйтіп ~ма.

ҚЫСТАЛАҢ *Қиын-қыстау кезең; қысылтаяң, қысылшаң.* ~ шақ.

ҚЫСТАЛАҢДЫҚ *Қысылғандық, қиындық, таршылық.* Өмірінің осыншама ~ғына налыды.

ҚЫСТАС *Мөр, ұршық, мұштек жасайтын, пышақпен жонып, кесуге ыңғайлы жұмсақ тас.*

ҚЫСТАУ *Малшылардың мал қыстататын қысқы мекені.* Шопандар ~да.

ҚЫСТАУЛАС *Қыстауы бірге, қатар.* ~ адамдар.

ҚЫСТАУЛЫҚ *Қыстау боларлық, мал қыстатуға жарарлық.* ~ жер.

ҚЫСТЫГҮНІ *Қыс күндері, қыс кезі.*

ҚЫСТЫҚ I *Қысқа арналған, қыста пайдаланылатын.* ~ киім (отын).

ҚЫСТЫҚ II *Ашуға булығу, ыза кернеу.* Үнсіз тұрып-тұрып, ***қыстығып*** жылап жіберді (Оразалин).

ҚЫСТЫР 1. *өзг. етіс. Қыс-тыр.* 2. *Қосып айту.* Орысшаны да ~ып жіберді. 3. *Бір нәрсені жоғарыға іліп қою.* Көйлегімнің етегін беліме ~дым.

ҚЫСТЫРҒЫШ *Бір нәрсені қыстырып қоятын, қыстыратын.* Киім ~.

ҚЫСТЫРҒЫ *Бір нәрсені қыстырып қоятын зат.* Картиналар ~лар арқылы іліп қойылады.

ҚЫСТЫРМА *Бір нәрсенің арасына қосылған, қыстырылған.* ~ сұрақ (сөз).

ҚЫСТЫРЫЛ 1. *ыр. етіс. Қыстыр-ыл.* 2. *Бір жерге сығылысу, қысылысу.* Олар араға ~ып отыра кетті. 3. *Ауыс. Өзіне қатысы жоқ іске орынсыз араласу.* Ол Раушан мен Ержан арасындағы сөзге жиі ***қыстырылатын*** (Ахтанов).

ҚЫСЫ-ЖАЗЫ *Бүкіл жыл бойы.* ~ жылқының соңында.

ҚЫСЫҚ *Сығырайған, қысыңқы.* ~ көз.

ҚЫСЫҚТЫҚ *Сығырайғандық, қысыңқылық.* ***Қысықтығынан*** ба, қалай, сол көзі төменірек сияқты (Ғ. Мұстафин).

ҚЫСЫЛ 1. *ыр. етіс. Қыс-ыл.* 2. *Екі заттың арасынан өте алмай кептелу, сыймау.* 3. *Ауыс. Ұялу, қызару, ыңғайсыздану.* Ол не дерін білмей ~ып қалды. 4. *Сасу, қиналу.* Баяғы құлық, бір алдау, ***Қысылған*** жерде — жан алдау (Абай).

ҚЫСЫЛА-ҚЫМТЫРЫЛА 1. *Қысылып, сыймай, әрең дегенде.* Жолаушылар ұзақ түнді ~ әрең өткізді. 2. *Ауыс. Ұяла, қызара, қымсына.* Олар үлкендерден ***қысыла-қымтырыла*** келіп, бір шеттен отырысты ("Қазақст. мұғ".)

ҚЫСЫЛТАЯҢ *Аласапыран, қарбалас, асығыс.* ~ шақ (кез).

ҚЫСЫЛТАЯҢДЫҚ *Асығыстық, қарбаластық; қиыншылық.*

ҚЫСЫЛШАҢ 1. *Аласапыран, қарбалас, қысылтаяң.* ~ кез. 2. *Қиын-қыстау, ауыр.* Осындай ***қысылшаң*** мезгілде әкесі келіп, баласын өлімнен құтқарады (Талжанов).

ҚЫСЫЛШАҢДЫҚ *Қиыншылық, таршылық, ауыртпалық.*

ҚЫСЫЛЫҢҚЫ *Қысылған, ұялған, иманген.* ~ күй.

ҚЫСЫЛЫП-ҚЫМТЫРЫЛ 1. *Қысылу, таршылық көру.* Жатақханада екі баласымен ~ып әрең жатыр. 2. *Ауыс. Ұялу, қымсыну, қымтырылу.* Бір стақан шайды ~ып әрең ішті.

ҚЫСЫЛЫС *Қысылғандық, ұялғандық.* Жүзінде ~ нышан жоқ.

ҚЫСЫМ 1. *физ. Белгілі бір ауданға түсіп тұрған күш, физикалық шама.* Ондағы ~ жүз атмосфераға дейін көтеріледі. 2. *Ауыс. Қорлық, зорлық, қиянат.* Фашистер *қысымында* ол еркіндікке қол бұлғап жатты (Қирабаев). ◊ **Қысымға алды** — *қысты, қорқытты.* **Қысымға түсті** —*қысылды, қиналды.* **Қысым көрді** — *зорлық көрді, қиыншылық тартты.*

ҚЫСЫМДЫ *Қысымы мол, қысымы бар.* Жоғары ~ су.

ҚЫСЫМДЫЛЫҚ *Бір нәрсенің қысым күші, қысымы.* Ауаның ~ғын өлшеді.

ҚЫСЫМШЫЛЫҚ *Жәбір-жапа, зорлық.* Патша ~ғы.

ҚЫСЫҢҚЫ 1. *Ені тар, құшиған.* Әдетте ердің алды *қысыңқы* болады (Арғынбаев). 2. *Сығырайған, қысық.* ~ көз.

ҚЫСЫҢҚЫЛАУ *Сәл қысық, қысығырақ.*

ҚЫСЫР *Қашпай қалған, бойдақ.* ~ мал (сиыр). ◊ **Қысыр әңгіме [кеңес, сөз]** — *бос сөз, жай әңгіме.* **Қысыр емген** — *семіз, жұнттай.*

ҚЫСЫРА 1. *Малдың қысыр қалуы, төлдемеу.* 2. *Ауыс. Жердің тусырап жатуы.* Мұнда сусыз-дықтан *қысырап* жатқан көп жер бар (Ғ. Мүсірепов).

ҚЫСЫРАҚ *Үйірге қосылмағандықтан қысыр қалып құлындамаған жас байтал не бие.* ~тың үйірі.

ҚЫТАЙ *Қытай халық республикасының байырғы халқы.* ◊ **Қытай пияз** — *иісті, өте ащы пияз; чеснок.*

ҚЫТҚЫЛ *Қыт-қыт еткен дыбыс.* Құлаққа тауықтың ~ы естіледі.

ҚЫТҚЫЛДА *Қыт-қыт деген дыбыс шығару.* Кейде тауық боп ~йды.

ҚЫТ-ҚЫТТА 1. *Қыт-қыт деген дыбыс шығару.* 2. *Ауыс. экспр. Қиқ-шиқ етіп күлу.* — Өкең жақсы ма? — деп *қыт-қыттап* күлді (Ө. Нұрпейісов).

ҚЫТЫҚ *Қолтыққа, тамақ астына біреудің қолы тигенде күлкі келтіретін сезім.* ~ғы келді, ~ғын келтірді. ◊ **Қытығына тиді** — *жынын келтірді, ызаландырды.*

ҚЫТЫҚСЫЗ *Қытығы жоқ; қытығы келмейтін.* ~ адам.

ҚЫТЫҚСЫН *Қытығы келу.* Баланың желкесінен сүймекті, анау *қытықсынып,* мойнын ішіне ала қойды (Нәжімеденов).

ҚЫТЫҚТА *Қолтығын, тамағын қолмен жыбырлатып, қытығын келтіру.* Баланы ~п күлдірді.

ҚЫТЫҚШЫЛ *Қытығы тез келетін.* ~ адам.

ҚЫТЫҚШЫЛДЫҚ *Қытығы тез келетіндік.*

ҚЫТЫМЫР 1. *Қатал, қатты.* ~ кісі. 2. *Ауыс. Суық, аязды, ызғарлы.* ~ қыс.

ҚЫТЫМЫРЛАН *Бір нәрсеге тарлық ету, қытымыр болу.* Балзия *қытымырланып* алған (С. Омаров).

ҚЫТЫМЫРЛАУ 1. *Қаталдау, қаттылау.* ~ өйел. 2. *Суықтау, ызғарлылау.* ~ қыс.

ҚЫТЫМЫРЛЫҚ *Қаттылық, қаталдық.* Ол суға да ~ жасады.

ҚЫТЫР *Жұқа, қатты нәрсе сынғанда шығатын дыбыс.* Қанттың ~ы естілді.

ҚЫТЫР-ҚЫТЫР: қытыр-қытыр етті — *қытырлады, қытырлаған дыбыс шықты.*

ҚЫТЫРЛА *Қытыр-қытыр ету, қытырлаған дыбыс шығару.* Мұз ~п сынды.

ҚЫТЫРЛАҚ *Қытыр-қытыр ететін, қытырлайтын.* ~ қағаз (нан).

ҚЫШ 1. *Балшықты отқа күйдіру арқылы алынған қатты зат.* ~тан әр түрлі бұйымдар жасайды, ~ құмыра. 2. *Күйдірілген кірпіш.* Үйі қызыл ~тан соғылған.

ҚЫША I 1. *Қолдан егілетін бір жылдық техникалық дақыл өсімдік.* 2. *Далада өсетін, сарғыш гүлді жабайы шөптесін өсімдік. Қыша* дәнді бұршақ не отамалы дақылдардан кейін себіледі (ҚСӘ). 3. *Қыша өсімдігінің дәнегінен жасалатын асқа пайдаланатын ащы дәмді азық қатығы, тұздық; горчица.* ◊ **Қыша қағаз** — *бір бетіне қыша жағылған дәрілік қағаз; горчичник.*

ҚЫША II *Жан алқымға алып қыстау, қатты қыспаққа алу, қинау, зорлау.* Сен мені көп ~ма.

ҚЫШКЕР *Қыш құюшы маман.* ~ адам.

ҚЫШҚЫЛ I *хим. Құрамында сутегі бар, металдармен қосыла алатын, қышқыл дәмді химиялық қоспа.*

ҚЫШҚЫЛ II *Ашқылтым, кермек дәмді.* ~ қымыз (айран).

ҚЫШҚЫЛДА *Қышқыл дәмін тату, ащылау.* Құмырсқа өбден үймелеген кезде әлгіні жалап *қышқылдайды* (Бөкеев).

ҚЫШҚЫЛДАН *Қышқылы көбею, қышқылға айналу.* Азықты химиялық заттармен консервілегенде ол тез *қышқылданады* (Құсайынов).

ҚЫШҚЫЛДАУ *Аздап қышқыл, ащылау, кермектеу.* ~ дәм.

ҚЫШҚЫЛДЫ *Қышқылы бар, ашқылтым, қышқыл дәмді.* ~ жер (тағам).

ҚЫШҚЫЛДЫҚ *Қышқылы барлық, ащылық, кермектік.*

ҚЫШҚЫЛТЫМ *Аздап қышқылы бар, ашқылтым.* ~ дәм.

ҚЫШҚЫЛТЫМДАУ *Аздаған қышқылтым, ашқылтымдау.* ~ иіс.

ҚЫШҚЫР *Айқайлау, бақыру.* Ол қатты ~ды.

ҚЫШШЫ *Күйдірген балшықтан түрлі бұйым жасайтын маман.*

ҚЫШЫ *Адам денесінің жүйке талшықтарының тітіркенуінен пайда болатын жайсыз сезім.* Денем ~п кетті. ◊ **Қышыған жеріне тиді** — *осал жерін дөп басты.*

ҚЫШЫМА *Жұқпалы тері ауруы, қотыр.* Аяғының ~сы бар.

ҚЫШЫР I *Былғарының бедері, терінің қатпары.*

ҚЫШЫР II *Қышырлап шыққан дыбыс.* Тісінің ~ы естіліп тұр. ◊ **Қышыр етті [еткізді]** — *қышырлап кетті, қышырлады.*

ҚЫШЫР-ҚЫШЫР: қышыр-қышыр етті — *қышырлаған дыбыс шықты.*

ҚЫШЫРЛА *Қышыр-қышыр ету, шықырлау.* Аузында құм ~ды.

Л

ЛАБОРАНТ *Ғылыми мекемелердегі, лабораториялардағы ғылыми-техникалық қызметкер.*

ЛАБОРАНТТЫҚ *Лаборант қызметін атқарушылық.* ~ мамандық.

ЛАБОРАТОРИЯ *Техникалық және ғылыми-зерттеу тәжірибелерін жасайтын, арнайы жабдықталған орын.*

ЛАВА I *Вулкан атқылаған кезде шығатын отты қоймалжың қоспалар.*

ЛАВА II *Шахтадағы көмір оятын орын.*

ЛАВР *бот. Жапырақтары үнемі көгеріп тұратын, хош иісті, бұталы ағаш.* ◊ **Лавр веногы** — *лавр жапырағынан өрілген венок.* **Лавр жапырағы** — *тағамға пайдаланатын хош иісті лавр ағашының жапырағы.*

ЛАВСАН *Синтетикалық матаның бір түрі.*

ЛАГЕРЬ 1. *Палатка тігіп уақытша тұрақтап тұратын, дем алатын орын.* Туристер (альпинистер) ~і. 2. *Әскерлердің елді мекеннен тысқары, уақытша орналасқан орны.* 3. *Соғыста қолға түскен тұтқындарды, қылмысты деп табылған, айдалған адамдарды ұстап қамайтын жазалау орны.* Соғыс тұтқындарының ~і. 4. *саяс. Белгілі бір бағыт ұстаған қоғамдық-саяси ұйым, топ.* Социализм (империализм) ~і.

ЛАҒМАН *Қамырдан жіңішкелеп созып, үстіне бөлек әзірленген ет пен түрлі көкөніс қосып берілетін ұлттық тағам.*

ЛАҒЫЛ *Қызыл түсті асыл тас; рубин; қызыл жақұт.* Сұлудың қылығы бар неше түрлі, Қолына *лағыл,* жақұт, тақты дүрді (Ақсауыт.) ◊ **Лағыл алқа** — *лағыл тасты алқа, өңіржиек.* Топырағым торқадай Тасым *лағыл* алқадай (Н. Байғанин). ◊ **Лағыл тұмар** — *лағыл тас орнатылған тұмар.* Сізді іздеп бір жас оғлан келгенді, Мойнына таққан алтын *лағыл* тұмарын (Алпамыс батыр).

ЛАҒЫНЕТ *Жек көрген адамға айтылатын теріс тілек; қарғыс.* Саған ~. ◊ **Лағынет айтты [жаудырды]** — *жамандық тіледі, қарғады.* **Лағынет атсын (қарғ.)** — *қарғыс ұрсын!* **Лағынет қамытын киді** — *қарғысқа белшесінен батты, қарғыс арқалады.* **Лағынет соқсын!** — *қарғыс атсын!*

ЛАҒЫНЕТТЕ *Балағаттау, қарғап-сілеу.*

ЛАД *муз.* 1. *Музыкалық дыбыстардың, ырғақтың өзара байланысу жүйесі.* 2. *Гармон мен үрмелі музыка аспаптары басқыштарының аты.*

ЛАДАН *Хош иісті быламық май, христиандардың діни ғибадаты кезінде қоңырсытып жағылады.*

ЛАДЬЯ *спорт. Шахматтың мұнара тәріздес тасы; тура.*

ЛАЖ *Айла, амал, шара.* ◊ **Лаж бар ма?** — *қолдан келер шамасы қалмады, айласы таусылды.* **Лаж [лажы] болса** — *ыңғайы келсе, мүмкін болса.* **Лаж жасай алмады** — *ретін келтіре алмады.* **Лаж [лажы] жоқ [қалмады]** — *шарасыз, амалсыз.* **Лажы бітті [құрыды]** — *амал-айласы таусылды.* **Лажын тапты** — *ыңғайын тапты, ретін келтірді.*

ЛАЖДА *Амалдау, есебін табу.* ~й тұрды.

ЛАЖСЫЗ *Амалсыз, шарасыз.* ~ шегіндік.

ЛАЖСЫЗДАН *Шарасыздан, амалсыздан.*

ЛАЖЫ *Эмаль; тыныке.*

ЛАЖЫЛАУ *Көгілдір шыны түстес ерітіндімен бояу. Әр түрлі бұйымдар жасау үшін қолданатын тәсілдер;* ою, қашау, ыстау, *лажылау* т. с. с. болып кете береді (Д. Шоқпарұлы).

ЛАЗЕР *физ. Атомдар мен молекулалардан шығатын электромагниттік қуатты сәуле көзі; оптикалық кванттық генератор.* ~ сәулесі.

ЛАЗЫМ *Дұрыс, жөн, лайық.* Адам болып туған соң, адам болып өлу *лазым* (Мусин).

ЛАЙ 1. *Тұнық, таза емес; былғаныш.* ~ су. 2. *Үй салуға, кірпіш құюға иленген балшық.* ~ жасадық.

ЛАЙЛА *Суды лай араластырып былғау.* Суды ~ды.

ЛАЙЛАУ *Ластау, былғаныштау.* Суы ~.

ЛАЙЛЫ *Батпақты, балшықты.* ~ су.

ЛАЙНЕР 1. *Жолаушы және жүк таситын үлкен мұхит кемесі.* Мұхит (жолаушылар) ~і. 2. *Рейс бойынша ұшатын үлкен жолаушылар самолеті.* ИЛ-18 әуе ~і.

ЛАЙСАҢ *Жауын-шашыннан жердің миы шығып езіліп жатуы, батпақ.* ~ жер.

ЛАЙСАҢДАН *Лайға айналу, былғану.* Су ~ып жатыр.

ЛАЙСАҢДАУ *Лайсаңды, батпақты.* ~ жер.

ЛАЙСАҢДЫ *Батпақты, лайлы.* ~ су.

ЛАЙСАҢДЫҚ *Батпақ болғандық; ластық.*

ЛАЙСЫЗ *Мөлдір, тұнық, таза.*

ЛАЙЫҚ *Ыңғайлы, дұрыс, сай.* Өзіне ~. ◊ **Лайық санады [көрді]** — *ыңғайлы деп санады, қолайлы көрді.*

ЛАЙЫҚСЫЗ *Ыңғайсыз, қолайсыз, тең емес, сай емес.*

ЛАЙЫҚСЫЗДАУ *Ыңғайсыздау, қолайсыздау.* ~ дауыспен күлді.

ЛАЙЫҚСЫЗДЫҚ *Жөнсіздік, қолайсыздық.*

ЛАЙЫҚСЫН *Ыңғайлы деп табу.*

ЛАЙЫҚТА *Сай ету, ыңғайлау.* Даусына ~п ән жазды.

ЛАЙЫҚТАУ *Өзінің қолайына ыңғайлырақ, қолайлырақ.* Даусына ~.

ЛАЙЫҚТЫ *Орынды, қолайлы, ыңғайлы.* Ол осы орынға ~ адам.

ЛАЙЫҚТЫЛАУ *Орындылау, қолайлылау, ыңғайлылау.*

ЛАЙЫҚТЫЛЫҚ *Ыңғайлылық, қолайлылық, орындылық.*

ЛАЙЫМ *Әрқашан, әрдайым, үнемі, әмсе.* ~ тыныштық болсын.

ЛАЙЫМДА *Әр уақытта, әрқашанда.* ~ үміт оты сөнбесін.

ЛАК *хим. Заттарға әдемі жылтыр түс беретін түссіз смола ерітіндісі.* ~ жалатқан.

ЛАКМУС *хим. Қышқылдың әсерімен өзі сіңген қағазды қызыл түске, ал сілтінің әсерімен оны қайтадан көк түске өзгертіп бояйтын зат.*

ЛАКТА *Лак жағу, лакпен сырлау.*

ЛАҚ I *Ешкінің жасқа толмаған төлі.* ~ сойды. ◊ **Лақтай ырғыды [секірді]** — *асыр салды, ойнақтады.*

ЛАҚ II *Ауыс. Не болса соны айту, бөсу.* Садық орынсыз *лағып* сөйлемейді (М. Сәрсекеев).

ЛАҚ: лақ еткізді [етті] — *сұйық затты ақтарып алды.*

ЛАҚА *Бауыры теңбіл келген, басы жалпақ, мұрты бар, қоңыр түсті үлкен балық.* □ **Лақа бас** — *доғалдау келген жалпақ басты.* **Лақа мұрт** — *мұрты лақаның мұрты сияқты едірейген.*

ЛАҚАП *Жалған хабар, қауесет.* □ **Лақап ат** — *жалған есім.* **Лақап сөз** — *алып қашты дақпырт сөз, жалған хабар.*

ЛАҚАТ *Қабірдің өлік денесі қойылатын қуысы; ақымы.*

ЛАҚАТТА *Қабірдің бір жақ қабырғасын кеуектеп қазу.* ~ п қазды.

ЛАҚ-ЛАҚ: лақ-лақ төгілді — *лақылдап, асыптасып төгілді.*

ЛАҚПА 1. *Лағып бетімен кететін, көпіріп бос сөйлейтін.* ~ сөз. 2. *Топтан оза шабатын, өрен жүйрік ат.* □ **Лақпа ат** — *жүйрік, бәйгеден (дара, оқшау) келген.*

ЛАҚСА I *бот. Түйе жейтін тікенді шөп.*

ЛАҚСА II *Тісі түсіп, әбден қартайған.* ~ ат (кісі).

ЛАҚТА *Ешкі малының төлдеуі.* Ешкінің алды ~й бастады.

ЛАҚТЫ *Соңынан лақ ілескен, лағы бар.* ~ ешкі.

ЛАҚТЫҚ *Лаққа тұрарлық, лаққа татырлық.* Қотыр ~ құны жоқ.

ЛАҚТЫР *Бір затты белгілі қашықтыққа қолмен ытқытып жіберу, тастау.* Бас киімдерін аспанға ~ды.

ЛАҚША *Лақ сияқты, лақ секілді.* ~ секірді (бөктерді).

ЛАҚЫЛДА 1. *Жиегінен, кемерінен асып төгілу.* Су ~п, кемерінен асып жатыр. 2. *Ауыс. Өршелене түсу, лепіру. Лақылдап* келе жатқан қос батыр жуаси қалды (Ердің даңқы).

ЛАҚЫЛДАҚ *Лақ ете қалған, лепірме.*

ЛАЛАГҮЛ *бот. Пиязшығы бар, көп жылдық шөптесін өсімдік туысы, әсемдік үшін өсіріледі; лилия.*

ЛАМА I *Оңтүстік Американы мекендейтін жүні аса құнды түйе тұқымдас жануар.*

ЛАМА II *Будда дінінің сопысы, дінбасы.*

ЛАМАЙЗМ *Тибет пен Монғолиядағы буддизмнің бір тармағы.*

ЛАМПА *Жарық түсіруге арналған шам.* Электр (шахтер) ~сы.

ЛАНДШАФТ *геогр. Белгілі бір аймақтың жалпы көрінісі, жер бедері.*

ЛАҢ *Елді дүрліктіріп әбігер қылатын әрекет.* ◊ **Лаң салды** — *ойрандады, бүлдірді.*

ЛАҢДА *Ойрандау, бүлдіру.*

ЛАҢСА *бот. Итсигек тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік.*

ЛАҢСЫЗ *Бүлікссіз, жанжалсыз.* Той ~ өтті.

ЛАҢШЫЛ *Жанжалқұмар, бүлікшіл.*

ЛАП *Бұрынғы уақытта тізгін босат, атта, тұра шап деген мағынада айтылған жарлық сөз.* Айдаушының қолындағы ұзын сапты жалаушa төмен сілтеніп,*"Лап!"* — деген қатты дауыс шықты (Мағауин).

ЛАП: лап берді [қойды] — *жапа-тармағай ұмтылды, жүгірді.* **Лап етті [еткізді]** — *лезде жанды, бірден тұтанды.*

ЛАПАС I *Төбесі жабық, жан-жағын ашық етіп жасаған жай, бастырма.* ~ астында отыр.

ЛАПАС II *Лыпа, киім.* Мына диуананың *лапастары* болмаса, дауысы менің бегімнің дауысына ұқсайды екен (Алпамыс батыр).

ЛАПАСТА *Лапас етіп жабу, көлегейлеу.* Төбесін ~п жауып тастады.

ЛАП-ЛАП: лап-лап етті — *лаулап, шалқып жанды.*

ЛАПЫЗ *бот. Лалагүлділер тұқымдасына жататын сабағы қысқа, гүлі ірі, ашық түсті, көп жылдық өсімдік.*

ЛАПЫЛ 1. *Лаулап жанған оттың алауы.* Жанған оттың ~ы. 2. *Ауыс. Жүрек отының жалыны, сезім қуаты.* Жүрегінің ~ы. ◊ **Лапыл қаққан** — *жалындаған, отты (жүрек).*

ЛАПЫЛДА 1. *Жалындап жоғары көтерілу, алаулау.* Сабан ~п жанып жатыр. 2. *Ауыс.* Дененің *қызуы көтеріліп, күйіп-жану.* Денесі ~п тұр. 3. *Жүрегі алабұртып, алып ұшу.* Құмарлық сезімі *лапылдаған* бойымды үрей лезде салқындатты (Өбдіков).

ЛАПЫЛДАҚ *Лаулап жанғыш, алаулағыш.* ~ жалын.

ЛАС 1. *Таза емес, былғаныш, кір.* ~ жер (адам). 2. *Ауыс. Пасық, арамза.* ~ іс.

ЛАСТА *Лас ету, былғау, кірлету.* Астауды ~п тастаған.

ЛАСТЫҚ *Былғаныштық, настық.*

ЛАСЫ *кәсіб. Қаракөл елтірісінің тықыр жүнді жылтыр жері.*

ЛАТУНЬ *мин. Тот баспайтын жез бен қола араласқан қоспа металл.*

ЛАТЫН: латын тілі — *Үнді европада италия тілдері тобына жататын өлі тілдердің бірі, ежелгі Рим жұртының көне тілі.* **Латын алфавиті** — *ежелгі Римде қалыптасқан дүние жүзіне кең тараған алфавиттің бірі.* **Латын әрпі** — *латын алфавитінің белгілі бір әрпі.*

ЛАТЫНША *Латын тілінде, латын алфавитінде.* ~ жаздым.

ЛАТЫШ *Латвия Республикасының жергіліктті халқы, негізгі тұрғыны; ұлт.*

ЛАУ *көне. Қызмет бабымен жолаушылап жүрген адамдарды бір ауылдан екінші ауылға жеткізіп салатын көлік.* Мен ~мен бардым. ◊ **Лау тартты** — *жолаушы тасыды.*

ЛАУ: лау етті — *бірден тұтанды, лап етті.*

ЛАУАЗЫМ *Қызмет бабындағы дәреже, атақ.*

ЛАУАЗЫМДЫ *Жоғары атақты, дәрежелі.* ~ кісі.

ЛАУАЗЫМШЫЛ *Атаққұмар, шеншіл.* ~ адам.

ЛАУЛА 1. *Оттың маздап жануы, лапылдау.* ~п жанған от. 2. *Ауыс. Өрбу, өршу.* Соғыстың нағыз *лаулап* тұрған кезі (Жүнісов).

ЛАУ-ЛАУ: лау-лау етті — *әңгіме ду-ду етіп қызды.*

ЛАУРЕАТ *Ғылым, өнер, ауыл шаруашылық саласында айрықша сыйлыққа ие болған адам.* Мемлекеттік сыйлықтардың ~ы.

ЛАУШЫ *Лау айдаушы.*

ЛАШЫҚ *Уақытша тұруға арналған күрке, сиықсыз, кедейқолды баспана.* Жарлының жаман ~ғы.

ЛАШЫН *зоол. Жыртқыш құстар тұқымдасына жататын саят құсы.* ◊ **Лашын құстай шүйілді** — *қаһарланды, кәрін төкті.*

ЛӘББАЙ *Құп, мақұл.* ~ тақсыр.

ЛӘБЛЕМЕ *Асханада тағам дайындағанда пайдаланылатын қызыл қызылша.*

ЛӘЗЗАТ *Жан рақаты; сүйсінгендік.* ◊ **Ләззат алды [тапты]** — *рақаттанды, сүйсінді.*

ЛӘЗЗАТСЫЗ *Рақатсыз, қызғылықсыз.* ~ өмір.

ЛӘЗЗАТТАН *Рақат табу, сүйсіну.* Ол ~а жымиды.

ЛӘЗЗАТТЫ *Рақатты, қызғылықты.* ~ күй.

ЛӘЗЗАТТЫҚ *Рақат табушылық, сүйсінушілік.*

ЛӘЙЛЕК *Сидам сирақты жыл құсы.*

ЛӘЙЛІ I *бот. Ұзын сабақты, гүлдері ақ, құлқайыр түсті көп жылдық өсімдік.*

ЛӘЙЛІ II 1. *Басы ауған жаққа лағып сенделу, бос жүру.* Құрдан-құр ~п жүргенің дұрыс емес. 2. *Арақ ішіп мас болу, теңселу.* Ол арақ ішіп ~п кетті.

ЛӘКІР *Таза қанды бура мен аруанадан туған ұрпақ.*

ЛӘМ: ләм демеді — *үндемеді, тіл қатпады.*

ЛӘМБӨК *Сырт киімдік, судыраған жылтыр қара мата.*

ЛӘМ-МИМ: ләм-мим демеді — *тіл қатпады, үндемеді.*

ЛӘМІ: сөз ләмі *(жерг.)* — *сөз саптауы, айтар ойы, емеуріні.*

ЛӘҢГІ *Аяқпен теуіп ойнайтын балалар ойыны.* ~ тепті.

ЛӘҢКЕ *Тыстық матаның бір түрі; сорты.*

ЛӘСТІК *Сырт киімнің астарына, көрпе тысына қолданылатын атлас тоқылымды жылтыр қара мақта мата.*

ЛӘУЛІК *Ақық, жақұт сияқты асыл тас.* О, дариға *ләулік* тас... іздесем Қорлан табылмас (Естай ақын).

ЛӘШКЕР *көне. Сарбаз, қол, әскер.* Өзінің *ләшкері* мол, көңілі тоқ (Батырлар жыры).

ЛЕБЕДКА *техн. Ауыр жүк көтеретін тетік, аспап, шығыр.*

ЛЕБЕДКАШЫ *Лебедка тетігін іске қосушы адам.*

ЛЕБІЗ *Сөйленген сөз, ұн.* Жігіттің ~ін естідік.

ЛЕБІЗДЕС *Өзара пікірлесу, сөйлесу.*

ЛЕБІЗДІ: лебізді сөз — *жағымды, жанға демеу боларлық жылы сөз.*

ЛЕГЕН *Кір, қол жуатын кішірек шылапшын.*

ЛЕГИОН *әск. Кейбір елдердегі ерекше әскер бөлімдерінің аты.*

ЛЕЗГИН *Әзірбайжан мен Дағыстан Республикасының құрамындағы тұрғын халық.*

ЛЕЗГИНКА *Лезгин халқының биі және сол бидің музыкасы.*

ЛЕЗДЕ *Тез, жылдам, шапшаң.* Оны ~ қуып жетті.

ЛЕЗДЕМЕ *Күнбе-күнгі тығыз шараларды шешу үшін өткізілетін қысқа жиналыс; летучка.*

ЛЕЗДІК *Жылдамдық, шапшаңдық.*

ЛЕЙКОЗ *мед. Қан құрамындағы эритроциттердің азаюынан болатын ауру; қанның ағаруы.*

ЛЕЙКОЦИТ *биол. Қандағы ақ түйіршік.*

ЛЕЙТЕНАНТ *әск. Орта дәрежедегі офицерлік атақ, шен.* Аға ~.

ЛЕЙТМОТИВ *муз.* 1. *Музыкалық шығармалардың ән бойынша қайталанып отыратын негізгі әуені, басты сарыны.* 2. *әдеб. Көркем шығармадағы желісін үзбейтін басты пікір, негізгі ой.*

ЛЕК *Топ, қатар, сап.* Алдыңғы ~гі баудай түсті.

ЛЕКЕР *Бірдемеге әсері тиетін дәнекер, байланыс, ілдалда.*

ЛЕКЕРЛЕ *Ілдалдалау, дәнекерлеу.* Белдігін сыммен тігіп, ~п берді.

ЛЕК-ЛЕГІМЕН *Топ-тобымен, тізбек болып.* Халық ~ ағылды.

ЛЕКСЕМА *лингв. Тұтас бір ұғымға не мағынаға ие сөз.*

ЛЕКСИКА *лингв. Белгілі бір тілдегі сөздердің жалпы жиынтығы, тілдің сөздік құрамы.*

ЛЕКСИКАЛАН *Өз алдына жеке мағынаға ие болу.* Кейбір сөздер ~ып кеткен.

ЛЕКСИКАЛЫҚ *Белгілі бір тілдің сөз байлығына, лексикасына қатысы барлық, соған тәндік.* ~ қор (құрам). □ **Лексикалық мағына** — *әрбір сөздің өзге сөздермен қарым-қатынасқа түспей тұрғандағы негізгі мағынасы.*

ЛЕКСИКОГРАФ *лингв. Сөздік жасаумен айналысатын тіл маманы.*

ЛЕКСИКОГРАФИЯ *лингв. Сөздік жасаудың теориясы мен практикасы.*

ЛЕКСИКОЛОГ *лингв. Тілдің сөздік құрамын, тілдегі сөз байлығын зерттейтін маман.*

ЛЕКСИКОЛОГИЯ *лингв. Тілдің сөздік құрамы мен сөздік қорын зерттейтін тіл білімінің саласы.*

ЛЕКСИКОН *Жеке адам қолданатын сөздер жиынтығы, сөздік қор.*

ЛЕКТОР *Лекция, дәріс оқитын адам.*

ЛЕКТОРЛЫҚ *Лектор болушылық, лекция оқушылық.* ~ шеберлік (жұмыс).

ЛЕКЦИЯ *Оқу материалы бойынша немесе белгілі бір тақырыпқа жасалған арнаулы баяндама.* ~ оқыды (дайындады).

ЛЕКЦИЯЛЫҚ *Лекцияға тән, лекция оқу арқылы жүзеге асатын.* ~ насихат (жұмыс).

ЛЕКІ 1. *Заулау, зырғу.* Ілгері *леки* ұмтылған көлік (Мекебаев). 2. *Үдей түсу, күшею.* Бір жүйрік ән *лекіп* қоя берді (Сыланов). 3. *Ауыс. Алып ұшу, лепіру. Лекіген* қуанышын қайда жасырарын білмеді (Достық).

ЛЕКІЛДЕ 1. *Екпіндеу, зырлау, арындау.* Астындағы тұлпары ~п келеді. 2. *Еркіндеу, үдей түсу, күшею.* ~ген жел. 3. *Ауыс. Желпіну, елпілдеу.* Көңіл деген ~й қуанады.

ЛЕКІЛДЕК *Лек-лек еткен, лекілдеген.*

ЛЕКІТПЕ *Жүйткіп кететін, төкпе (күй).*

ЛЕМІШ *Соқаның жер жыртатын тісі, пышағы.*

ЛЕНИНИЗМ *саяс. Пролетариат диктатурасы дәуірінде марксизмді одан әрі дамыту және нақтылау жөніндегі лениндік ілім.*

ЛЕНИНШІЛ *Ленин жолын қуған.* ~ адам, ~ большевик.

ЛЕНИНШІЛДІК *Лениншіл болушылық, Ленин іліміне берілгендік.*

ЛЕНТА 1. *Бағалы маталардан жасалып, әдемілік үшін қолданылатын, шашқа тағатын жалпақ әрі ұзындау мата.* Жібек ~, орден ~сы. 2. *Техникаға және басқа нәрселерге қолданылатын ұзын*

әрі жұқа таспа. Изоляциялық ~, жазу машинкасының ~сы.

ЛЕНТАЛЫ *Лента байлаған, лента таққан.*

ЛЕҢГІР *Кемені тоқтатын ырғақ темір; якорь.*

ЛЕП 1. *Жайлап соққан майда жел, самал.* 2. *Ауыс. Жігер, екпін, қуат.* Басшылардың жұмыс стилінен жаңа бір ***леп*** аңғарылатын секілді (Сарғасқаев). ◊ **Леп белгісі (*грамм.*)** — *лепті сөйлемнің соңынан қойылатын тыныс белгісі.*

ЛЕПЕС *Сөз, лебіз.* Жақсы ***лепес,*** жарым ырыс (Мақал).

ЛЕП-ЛЕЗДЕ *Жылдам, әпсәтте.*

ЛЕПТІ *Жалынды, қуатты, екпінді.* Аса екпінді, ***лепті,*** сұлу өлең (Аманшин). ◊ **Лепті сөйлем (*грамм.*)** — *кісінің қорқу, қуану, таңдану сияқты ерекше сезімін білдіретін сөйлем.*

ЛЕПТІЛІК *Екпінділік, қарқындылық.*

ЛЕПІЛДЕ *Ұшып-қону, елпілдеу.* Өзіңе ~п не болды сонша?

ЛЕПІЛДЕК *Елпілдеген, ұшып-қонба.* ~ мінез

ЛЕПІР 1. *Күпсіну, бөсу, есу.* Ол ерлігін айтып, ~іп отыр. 2. *Ауыс. Алып-ұшқан, асып-тасқан.* Оның ~ген көңілі су сепкендей басыла қалды.

ЛЕПІРМЕ *Құр күпсінген, бөспе.* ~ сөз.

ЛЕПІРІС *Лепіргендік, көңілі тасығандық.*

ЛИБЕРАЛ *саяс. Либерализмді жақтаушы, либерал партиясының мүшесі.*

ЛИБЕРАЛДЫҚ *Либералға тән қасиет; ымырашылдық, келісімпаздық.*

ЛИБЕРАЛИЗМ *Буржуазиялық мүддені жақтаушы, ағым.*

ЛИБЕРАЛШЫЛ *Либерализмді жақтаушы, соның жолын қуушы.*

ЛИБРЕТТО *муз. Күрделі музыкалық шығармалардың мазмұны, әдеби мәтіні (тексі).*

ЛИГА *Одақ, бірлестік.* Бүкіл дүниежүзілік ~.

ЛИДЕР 1. *Саяси партияның немесе қоғамдық ұйымның басшысы, жетекшісі.* 2. ***спорт.*** *Жарыста бірінші орында келе жатқан спортшы немесе команда.*

ЛИКЕ *Сиырдың шап майы. Лике* болмаса желін толмас (Мәтел).

ЛИКЕР *Хош иісті, тәтті шарап.*

ЛИЛИЯ ***бот.*** *Су ішінде өсетін ақ гүлді, жалпақ жапырақты өсімдік, лала.*

ЛИМИТ *Бір нәрсенің шекті мөлшері, бекітіп белгілеген өлшемі.*

ЛИМИТТЕ *Бір нәрсеге лимит белгілеу, шектеу.*

ЛИМИТТІ *Шек қойылған, шектелген.* ~ жоспар.

ЛИМОН 1. *Оңтүстікте өсетін мәңгі жасыл түсті цитрус тектес жеміс ағашы.* 2. *Осы ағаштың қабығы сары, шырынды, хош иісті жемісі.* □ **Лимон қышқылы (*хим.*)** — *үш негізді органикалық қышқыл.*

ЛИМОНАД *Лимон немесе басқа жемістердің шырынынан жасалған салқын сусын.*

ЛИМФА *анат. Адамның, жануардың денесінде болатын түссіз сұйық зат.*

ЛИНГАФОН *Тіл заңдылықтарын жазатын аппарат.*

ЛИНГВИСТ *Тіл заңдылықтарын зерттейтін маман.*

ЛИНГВИСТИКА *Ғылымның тіл заңдылықтарын қарастыратын саласы; тіл білімі.*

ЛИНЗА *Екі жағы да жарық сәулесін өткізетін оптикалық әйнек.*

ЛИНКОР *Қару-жарақпен жабдықталған үлкен соғыс кемесі.*

ЛИНОЛЕУМ ***хим.*** *Еденге төселетін қатты, қалың төсеніш.*

ЛИНОТИП ***техн.*** *Әріптерді жол-жолымен тұтастырып тізіп құятын машина.*

ЛИНОТИПИСТ ***техн.*** *Линотип машинасында әріп теруші.*

ЛИРА I ***муз.*** *Көне дәуірдегі музыкалық ішекті аспап.*

ЛИРА II *Түркияның, Италияның ақша өлшемі.*

ЛИРИЗМ *Нәзік сезімге толы көңіл күйі.*

ЛИРИК *Көңіл қылын шертетін, нәзік, сыршыл сезімді.* ~ ақын.

ЛИРИКА *Ақынның нәзік сезімін, көңіл-күйін суреттейтін поэзия түрі.*

ЛИРИКАЛЫ *Нәзік сезімді, сыршыл.* ~ өлең.

ЛИРИКАЛЫҚ *Нәзік сезімге толы, сыршыл.* ~ поэма (ән).

ЛИРО-ЭПИКАЛЫҚ *Сыршыл эпос шығармаларына тән, соған қатысты.* ~ дастан.

ЛИРО-ЭПОС *Эпостық және лирикалық, сыршыл суреттеу әдісі астасып келетін, өлеңмен жазылған шығарма.* Айман-Шолпан ~ы.

ЛИРО-ЭПОСТЫҚ *Лиро-эпостық шығармаларға тән.* ~ поэма (дастан).

ЛИТВА *Литва Республикасының жергілікті халқы, негізгі тұрғыны, ұлт.*

ЛИТИЙ ***хим.*** *Менделеевтің периодты системасының 1 тобына жататын химиялық элемент; күміс түсті ақ, жеңіл металл.*

ЛИТОСФЕРА ***геол.*** *Жер шарының сыртқы қатты қабаты, қыртысы.*

ЛИТР *1000 куб. см-ге тең сұйықтықтың мөлшері; сыйымдылық өлшеуіші.* ~ сүт.

ЛИТРЛЕ *Литрмен өлшеу.* Сүтті ~п өлшеді.

ЛИТРЛІК *Литр болатын, литрге тең.* Он ~ ыдыс.

ЛИФТ *Көп қабатты үйлер мен басқа да орындарда жоғары шығарып, төмен түсіретін жылжымалы құрылғы.*

ЛИЦЕЙ *Балаларға білім беретін орта және жоғарғы арнаулы оқу орны.*

ЛИЦЕНЗИЯ *Мемлекет орындарының сыртқы сауда шараларын жүргізу үшін беретін рұқсаты.*

ЛОБИЯ ***бот.*** 1. *Бұршақ тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік; фасоль.* 2. *Осы өсімдіктің бүйрек пішіндес дәні.*

ЛОБЛЫ 1. *Жүрегі айнып лоқсу.* 2. *Әлдебір қиын іске дауаламай алдын ала тітіркену.* Жүрегі ~ды.

ЛОБОГРЕЙКА *Егінді орып жинайтын алғашқы қарапайым машина.*

ЛОГАРИФМ ***мат.*** *Сандардың дәреже көрсеткішін есептеп шығару амалы.* □ **Логарифм сызғышы** — *сандардың дәреже көрсеткішін есептеп шығаратын құрал.*

ЛОГАРИФМДЕ *Белгілі бір санның логарифмін табу.*

ЛОГАРИФМДІК *Логарифмге қатысты, логарифмге тән.* ~ таблица (кестелер).

ЛОГИКА 1. *Ойлаудың жолдары мен оның формалары туралы ғылым.* 2. *Ойлану барысы, ой қорытындысы.*

ЛОГИКАЛЫ *Қисынды, ойлы, жүйелі.*

ЛОГИКАЛЫҚ *Ойға қонымды, қисынды.* ~ ұғым (байланыс).

ЛОГИКАСЫЗ *Қисынсыз, жүйесіз.*

ЛОГОПЕД *Тіл кемістігін, сақау, кекеш адамдарды емдейтін маман.*

ЛОГОПЕДИЯ *Педагогика ғылымының тілде болатын кемістіктерді зерттеп, оны жоюдың жолдарын іздестіретін бір саласы.*

ЛОЖА 1. *Театр залының қабырғасына жанай салынған, құрметті адамдарға арналған оңаша орын.* 2. *Құпия ұйым бөлімшесі, солардың жиналатын орны.* Масон ~сы.

ЛОКАТОР *Дыбыстық не электромагниттік толқындар арқылы объектінің орнын анықтайтын қондырғы.*

ЛОКОМОТИВ *Рельсті жолдармен темір жол вагондарын сүйрейтін машина (паровоз, тепловоз, электровоз).*

ЛОҚСЫ *Жүрегі айну, көтерілу.*

ЛОҚСЫҚ *Жүрегі көтерілгендік, құсқысы келгендік.* Ішінше жүрегі көтеріліп, *лоқсық* қысты (Қанахин).

ЛОҚЫ I *Мініс мал жауырынын әбден ірің кеулеп жазылмас жарага, мандамға айналған шағы.*

ЛОҚЫ II 1. *Айну, жылысу, ығысу.* 2. *Бір жағына қарай ауып кету, ауытқу.* "Ғылымды әзір қума, қой, ұлықсат деген үлкен той" — деп осыған *лоқыдым* (Шәкәрім).

ЛОҚЫЛДА *Ішті солқылдата жайсыз желу.* Ат ~п желіп келеді.

ЛОҚЫЛДАҚ *Лоқ-лоқ етіп, іштің ауыртатын, желісі жайсыз.* ~ желісті ат.

ЛОМБАРД *Кепілдікке мүлік алып, қарыз ақша беретін мекеме; несие орны.*

ЛОҢҚА I *Ыстықтай отқа қойғандықтан шоқтығы ісіп, іріңдеп кететін жылқы ауруы.*

ЛОҢҚА II *Суық тиіп ауырған адамды емдеу үшін қолданылатын медициналық жабдық (банка).* ~ төңкерді.

ЛОТЕРЕЯ *Арнайы билеттер бойынша ақшалай-заттай ұтыс ойыны.*

ЛОТО *Ағаш кубиктермен жауып ойнайтын, әр түрлі нөмірлері бар ерекше ойын.*

ЛОТОС *бот. Ақ түсті ірі гүлі бар, жұпар иісті көп жылдық су өсімдігі.*

ЛОЦМАН *Кеме жүзе алатын жерлерді жақсы білетін, жолбасшы маман.*

ЛӨК *Аруананың еркегі.*

ЛӨКЕТ *Үлкен жалпақ пышақ.* ~ пышақ.

ЛУПА *Ұсақ нәрсені үлкейтіп көрсететін оптикалық құрал.*

ЛҰҒАТ *кітаб.* 1. *Көне әдебиеттерде сөздік мағынасында қолданған сөз; сөздік.* 2. *Ауыс.* Сөз, *лепес.* Парсы, ғарап *лұғатпен* келтірер ем, — Ғалымдық дариясынан ішсем қанып... (Н. Наушабайұлы).

ЛҰҒАТТЫ: лұғатты сөз — *өнегелі, ойлы, парасатты сөз.*

ЛҮП: лүп етті — а) *жүрек дір етіп, сезе қойды;* ә) *ақырын ғана леп желпіді.*

ЛҮП-ЛҮП: лүп-лүп соқты — *алып-ұшып, үстіүстіне дүрсілдеді.*

ЛҮПІЛ *Жүрек қағысының бұлкілі.* Өз жүрегінің ~ін сезді. ◊ **Лүпіл қақты** — *жүрек соғысы жиілеп кетті.*

ЛҮПІЛДЕ 1. *Жүректің дүрсілдеп қатты соғуы.* Жүрегі ~ ді. 2. *Ауыс. Толқу, сезімге берілу.*

ЛЫҚ: лық етті — *екпіннің, салмақтың әсерінен кенет иркіле қалды.*

ЛЫҚ: лық [лықа] тойды — *аузы-мұрнынан шыға тойды.* **Лық [лықа] толды [толтырды]** — *кемеріне дейін толды, шұпілдеді.*

ЛЫҚИ *Мейлінше ішіп-жеу, тыңқия тою.* Тамаққа ~я тойып алды.

ЛЫҚ-ЛЫҚ: лық-лық етті — *аузы-мұрнынан шықты.*

ЛЫҚСЫ *Кедергіден аса алмай, қайта ығысу.* ~ ған су.

ЛЫҚЫЛ *Солқ-солқ еткізген ауру.* Басымның ~ы мазамды алды.

ЛЫҚЫЛДА 1. *Шұпілдеп толу, керней түсу.* Өзен суы арнасына ~й толды. 2. *Босап кету, солқылдау.* Кетпенімнің басы ~п босай берді.

ЛЫП: лып етті — *жып берді, тез қимылдады.*

ЛЫПА *Денесін жабардай болар-болмас жұқа бірдеме.* Үстінде ~ жоқ. ◊ **Лыпа болмады** — *пана болмады, қамсау болмады.* **Лыпасы қалмады** — *киімі әбден тозды, киерге түгі қалмады.*

ЛЫПАСЫЗ *Киімі жоқ, киімсіз.* ~ қалды.

ЛЫП-ЛЫП: лып-лып етті — *шапшаң, ширақ қимылдады.*

ЛЫПЫ: лыпып түр — а) *шапшаң, ылдым-жылдым қимылдады;* ә) *қайралып, өткірленген пышақ туралы.*

ЛЫПЫЛ: лыпыл қақты — *шапшаң қимылдады, дедек қақты.*

ЛЫПЫЛДА 1. *Зыр қағу, зуылдау.* ~п бәрін де өзі істеп жүр. 2. *Өткір болу, жалаңдау.* Қыры пышақтай ~п түр екен. 3. *Өшіп барып қайта жану, сығыраю.* Шам ~й бастады.

ЛЫПЫҢ: лыпың қақты — *лыпылдап тез жүрді, ылдым-жылдым басты.*

ЛЮК *Кеме, танк, самолет ішіне кіріп-шығуға арналған қақпақты ашық есік.*

ЛЮКС *Жақсы жабдықталған қонақ үй (бөлме), вагон.*

ЛЮСТРА *Жарық беру үшін бірнеше лампасы бар аспалы шам; қандыл, тармақты шамдал.*

М

МА *Сұраулық мағына тудыратын шылаудың бір варианты.* Барды ~? Жасады ~?

МАВЗОЛЕЙ *Ұлы адамның қабірі үстіне тұрғызылған монументті құрылыс.* Қожа Ахмет Яссауидың ~і.

МАГИСТР *Білім беру жүйесінде берілетін ғылыми атақ.*

МАГМА *Жердің терең қойнауында пайда болатын отты қоймалжың; балқыған жыныс.*

МАГНЕЗИЯ *Магний тотығы.*

МАГНИТ *Темір немесе болаттан істелген нәрсені өзіне тартып алатын қасиеті (магниттік өрісі) бар минерал; магнетит.*

МАГНИТОФОН *Магниттік тәсілмен дыбыс жазуға, әрі оны қайта жаңғыртуға арналған аппарат.* ~ ойнатты, ~ға жазды.

МАҒЗҰМ *Жас молда, бала молда.* Он екі қажы мен ***мағзұмдар*** бар (Есенжанов).

МАҒЛҰМАТТЫҚ *Маглұмат боларлық; мәліметтік.*

МАҒЛҰМДА *Маглұм ету, мәлімдеу.* Жағдайын әкесіне ~ды.

МАҒЛҰМХАТ *Бір нәрсені маглұмдап жазған хат.*

МАҒЫНА *Белгілі бір сөзге тән ұғым, мән.* Сөздің ~сы. 2. *Мазмұн, маңыз.* Мұғалім "Өзірге ***мағынасына*** түсінбесең де, тіліңді жаттықтыра бер", — деді (С. Омаров). ◊ **Шын мағынасында** — *шынында, шын мәнінде.*

МАҒЫНАЛАС *Мағынасы жағынан жақын, үйлес.* ~ атау, ~ сөз.

МАҒЫНАЛЫ 1. *Мағынасы терең, кең.* ~ сөз. 2. *Мәнді, мазмұнды.* ~ әңгіме (өмір).

МАҒЫНАЛЫЛЫҚ *Мағынасы тереңдік, мәнділік.*

МАҒЫНАСЫЗ 1. *Ұғымсыз, түсініксіз.* ~ сөз. 2. *Мәнсіз, мақсатсыз.* Ол терезеге ***мағынасыз*** қадалды (Қаназов).

МАҒЫНАСЫЗДЫҚ *Мағынасы, мәні жоқтық.*

МАҒЫРЫП *көне. Батыс.* Әдейі іздеп ***магырып*** пен машырықтан келіп тұр (Исқақов).

МАДАҚ *Біреуге қарата айтылған сөз, жоғары баға.* ~ сөз, ~ етті.

МАДАҚТА *Біреудің жақсы қасиетін мақтап, көкке көтеру, дәріптеу.* Ерлігін ~ды.

МАДАҚТАУШЫЛЫҚ *Мадақтағандық, мақтағандық.*

МАДАҚШЫ *Біреуді орынсыз мадақтаушы, мақтаушы.*

МАДЬЯР *Венгр халқының байырғы атауы, мажар.*

МАЖАР *Мадияр (венгр) халқының Алтын Орда заманындағы аталу нұсқасы.* Артық туған ***мажардан,*** батыр Қоян және бар (Шалкиіз жырау).

МАЖЫРА 1. *Күннің жаймашуақтанып, жылы бастауы.* ~п күн көрінді. 2. *Ауыс. Адам көңіл күйінің жадырауы; көңілдену.* Оны көріп, қойшының көңілі ***мажырады*** (Жансүгіров).

МАЖЫРА-ЖАЙ *Жаймашуақ, жайдары, жарқын.*

МАЗА *Тыныштық, тыным.* Өзіне де, өзгеге де ***маза*** жоқ (Аққошқаров). ◊ **Маза бермеді** — *тынышын кетірді, мазалады.* **Мазаны [мазасын] алды [кетірді]** — *тынышын кетірді, маза бермеді.* **Мазасы [маза] болмады [кетті, қашты]** — *тынышы кетті, мазаланды.*

МАЗАҚ *Келеке, келемеж.* ~тан құтылды. ◊ **Мазақ болды** — *күлкілі халге ұшырады.* **Мазаққа қалды** — *күлкіге ұшырады.* **Мазақ қылды [етті]** — *келемеж етті, келекеледі.*

МАЗАҚТА *Біреуді келемеждеу, келекелеу, қытығына тию.*

МАЗАҚТАҒЫШ *Біреуді мазақ еткіш, келемеждегіш.* ~ адам.

МАЗАҚТАМА *Әзіл, қалжың, келемеж.* ~ жаттады.

МАЗАҚШЫЛ *Келекешіл, келемеждегіш.*

МАЗАЛА *Тыныштық бермеу, тыным таптырмау.*

МАЗАЛЫ *Жайлы, тыныш.* ~ бала.

МАЗАҢ *Мазасыз, беймаза.* ~ ой.

МАЗАҢДЫҚ *Беймазалық, мазасыздық.*

МАЗАР *Қабір басына тұрғызылған сәнді құрылыс.* Алашахан ~ы.

МАЗАСЫЗ 1. *Тыным таппайтын, тынышсыз.* ~ кемпір (шал). 2. *Сапырылысқан, қарбалас шақ.* Малдың да, малшының да ***мазасыз*** күйі басталды (Тоқтаров). 3. *Жайсыз, жағдайсыз.* Тар жерде қысылып, ***мазасыз*** ұйықтап шықты (Исабаев).

МАЗАСЫЗДАН *Мазасы кету, тынышсыздану.*

МАЗАСЫЗДАУ *Тынышсыздау, беймазалау.* ~ кісі, ~ ұйықтады.

МАЗАСЫЗДЫҚ *Тынышсыздық, беймазалық.*

МАЗАТТАН ***көне.*** *Масаттану, рақаттану.* Бұл күнгі талай құлдар, талай күндер қатарға енер, ***мазаттанар*** (Дөнентаев).

МАЗДА 1. *Жалындамай, бықсымай бір қалыпты еркін жану.* От ~п жанды. 2. ***Ауыс.*** *Жайнау, жарқырау.* Көкіректе ***маздаған*** қуаныш бар (Ә. Сәрсенбаев).

МАЗДАҚ *Маздап жанған от.* Біз аунаған шаңдақтардан Біздер жаққан ***маздақтардан...*** (Баймолдин).

МАЗМҰН 1. *Белгілі бір шығармадағы айтылмақ түйінді ой, пікір.* Әңгіменің (романның) ~ы. 2. ***Ауыс.*** *Мән, мағына.* Қазір ұлттық ойындардың бірқатары жаңа түр, жаңа ***мазмұнға*** ие болды (Төшімбетов).

МАЗМҰНДА *Шығарманың мазмұнын баяндап айтып беру.*

МАЗМҰНДАМА I *Оқушылардың шығарма мазмұнын баяндаған жазба жұмысы.* Оқушылар ~ жазды.

МАЗМҰНДАМА II ***саяс.*** *Екі мемлекет арасында болған дипломатиялық келіссөздер туралы ресми хабар; коммюнике.*

МАЗМҰНДАН *Мазмұнның ашыла түсуі.* Ғасырлар өткен сайын молығып байып, ***мазмұндана*** түседі (Сәрсекеев).

МАЗМҰНДАС *Мазмұны үйлес, ұқсас.* Түркі тілдес халықтарда осы аттас, ***мазмұндас*** жырлар ұшырайды (Сейдеханов).

МАЗМҰНДЫ *Мәнді, маңызды, мағыналы.*

МАЗМҰНДЫҚ *Мазмұнға сай, мазмұнға қатысты.*

МАЗМҰНДЫЛЫҚ *Мазмұны тереңдік, мән-мағынасы жоғарылық.*

МАЗМҰНСЫЗ *Мазмұны жоқ, мәнсіз.*

МАЗМҰНСЫЗДЫҚ *Мазмұны жоқтық, мәнсіздік.*

МАЗУРКА ***муз.*** *Жылдам екпінмен биленетін поляк халқының биі.*

МАЗУТ *Мұнайдан бензинді, керосинді айырып алғаннан кейінгі қалдық май.*

МАЙ 1. *Жан-жануарлардың денесіне жиналған, суда ерімейтін, органикалық табиғи зат.* Қойдың еті мен ***майы*** — өте сапалы тамақ (Ермеков). 2. *Малдың сүтінен алынатын жоғары сапалы тағам.* Алты қарын ***майымыз*** бар (Сейфуллин). 3. *Өсімдіктерден алынған жоғары сапалы тамақ.* Токоферол күнбағыс ***майында*** 3–4 есе көп (Субханбердин). 4. *тар. Көлік күші.* Ат беріңіз, ***майын*** мінем де, басын қайтарам (Мұстафин). □ **Май қарағай** — *қарағайдың Сібірде өсетін бір*

түрі. **Май құйрық** — *жұмсақ, майлы құйрық.* **Май мұрын** — *үлкен, домалақ мұрын.* **Май табан** — *май басқан қалың табан.* **Май шабақ** — *кішірек келген майлы балық.* **Май шам** — *маймен жанатын шам.* ◊ **Май басты** — *қатты семірді.* **Май көт болды** — *майлы аяқ болды.* **Майдан қылшық суырғандай** — *жайлап, ақырындап.* **Май тоңғысыз** — *жылы, жайма-шуақ (күн).* **Май шелпек** — *оңай олжа, тегін байлық.* **Майын тамызды [ағызды]** — *мәнерлеп, шебер сөйледі.*

МАЙБАЛЫҚ *зоол. Теңізде тіршілік ететін балықтың бір түрі.*

МАЙДА 1. *Ұсақ, уақ.* ~ ақша (құм, шөп). 2. *Ауыс. Биязы, жұмсақ, әдепті, сыпайы.* Үні (сөзі) ~, ~ тілді. ◊ **Майда қоңыр [шуақ]** — а) *жанға жайлы (үн, дыбыс);* ә) *қоңыр салқын, шуақты кез (ауа райы, күн).*

МАЙДАГЕР *тар. Ұсақ қолөнермен шұғылданушы. Майдагерлердің* меншігінде тек ұсақ құралдар болуы мүмкін (Қазақст. тарихы).

МАЙДАЙ *Жағымды, жайлы.* ~ сөз. ◊ **Майдай еріді** — *жаны елжіреді, балқыды.* **Майдай жақты** — *жанға жақты, ұнады.* **Майдай жұқты** — *сіңді, сіңімді болды.*

МАЙДАЛА 1. *Бір нәрсені ұсақтау, уату, ұгу.* Етті *майдалап* турады (Сейдімбеков). 2. *Ауыс. Сыпайылап, бипаздап сөйлеу.* Баласының *майдалап* айтса да, сынап отырған ажарына қарап, күле түсті (М. Әуезов).

МАЙДАЛАҒЫШ *Майдалағыш, ұгіткіш.* ~ әкелді.

МАЙДАЛАН 1. *ыр. етіс. Майдала-н.* 2. *Тым ұсақтанып кету, майда-шүйдемен айналысу.* Мұншалықты ~ып кеткені жарамады.

МАЙДАЛЫҚ *Ұсақтық, уақтық.* Түу! Қайдан жұққан *майдалық* (Иманбеков).

МАЙДАН 1. *Соғыс жүріп жатқан жер, соғыс шебі.* Қазақ халқы да *майдан* мен тылда елеулі еңбек етті (Тоқпанов). 2. *Соғыс, ұрыс.* ~ға аттанды, ~нан қайтты. 3. *Алаң, ашық жер.* 4. *Ауыс. Белгілі бір қызу іс-әрекет.* Еңбек ~ы, әдебиет ~ы.

МАЙДАНГЕР *Майданда болған, жауынгер.*

МАЙДАНДАС I *Майданда бірге болған, бірге соғысқан.* ~ дос (жолдас).

МАЙДАНДАС II *Соғысу, айқасу, шайқасу.* Махаббат пен ғадауат *майдандасқан,* — Қайран менің жүрегім мұз болмай ма!? (Абай).

МАЙДАСЫН *Баласыну, жассыну, кішкенесіну.* Бізді үлкендер *майдасынады* (Серәлиев).

МАЙДА-ШҮЙДЕ *Уақ-түйек, болмашы.* ~ зат (іс).

МАЙКА *Жұқа әрі жеңіл матадан тігілген, кеудеге киетін іш киім.*

МАЙКЕШЕҢ *Тек майка киген қалпында.*

МАЙҚАН *Қырмандағы бастырылған астықты шөп-шалаңынан, шарынан тазарту ісі.*

МАЙҚАНА: майқана көрмеген — *үлгі, тәртіп, жиын-топ отырысын көрмеген. Майқана* көрмеген —әзілге жоқ (А. Тоқмағамбетов).

МАЙҚАНДА *Қырмандағы астықтың бетін сыпырып, оны шөп-шарынан тазарту.*

МАЙҚАРА *бот. Шөл-шөлейтті жерлерде өсетін қара жусан.* Қыс болса *майқара* бұйырғын, көкпекті жайылымды таңдаймыз (С. Қалиев).

МАЙҚАРАЛЫ *майқара өскен, майқарасы бар.* ~ жер.

МАЙҚҰРАЙ *Ылғалды жерде өсетін құрай тектес өсімдік.* Алатаудың жырасы, Мақта, кендір, *майқұрай* Өнерлі егіз ұясы (І. Жансүгіров).

МАЙЛА 1. *Бір нәрсеге май жағу, сылау.* Арбаның дөңгелегін ~ды, шашын ~ды. 2. *Үйдің ішісыртын сылау, әктеу.* Үйін ~ды.

МАЙЛАН 1. *ыр. етіс. Майла-н.* 2. *Май жию, қоңдану, семіру.* Құйымшағы *майланған* қойлар төзімді келеді (Ермеков).

МАЙЛАУЛЫ *Майлап қойылған, майланған.* ~ арба.

МАЙЛАУШЫ *Бір нәрсені майлайтын адам, майлау ісімен айналысушы.*

МАЙЛЫ 1. *Майы мол, майы көп.* ~ ет (сүт). 2. *Ауыс. Жақсы өнім беретін, құнарлы.* ~ топырақ. ◊ **Майлы күйедей жұқты [жабысты]** — *жармаса кетті, ұстаған жерінен айырылмады.* **Майлы қасықша [қасықтай] жылпылдады** — *ылп-жылп етіп, іші-бауырына кіріп алды.* **Майлы ішектей айналдырды** — *бірдеңені сылтау етіп, жанынан шықпай қойды.*

МАЙЛЫҚ *Майлы нәрсені сүртетін орамал.* ~ орамал. ◊ **Майлық пен сулыққа бірдей** — *жанжақты, бесаспап (адам).*

МАЙЛЫЛАУ *Майы көптеу, семіздеу.* ~ ет (сүт).

МАЙЛЫЛЫҚ *Майы көптік, майы молдық.* Сүттің ~ғы.

МАЙЛЫРАҚ *Майлылау, семіздеу.* ~ сүт (ботқа).

МАЙ-МАЙ *Үсті-басына, бет-аузына май жағылған, былғаныш.* Киімінің бәрі ~, үсті-басы ~.

МАЙМАҚ I *Аяқ сүйегінің қисайып бітуі, майманған.* ~ аяқ.

МАЙМАҚ II *Түйенің аяғына тұсетін ауру.*

МАЙМАҚТАН *Аяқ сүйегінің қисаюы; маймақ болу.*

МАЙМАҚТАУ *Аздап қисықтау, қисайған.* Аяғы ~.

МАЙМАҚТЫҚ *Қисық аяқтық, аяқтың қисықтығы.*

МАЙМАҢ: маймаң басты — *ырғатыла, шайқала басты.* **Маймаң қақты** — а) *маймаң-маймаң етті, маймаңдады;* ә) *құрдай жорғалады, бәйек қақты.*

МАЙМАҢДА 1. *Маймаң-маймаң ету, маймаң қағу.* Қыз *маймаңдай* басып, кері қайтты (Нұрманов). 2. *Ауыс. Құрдай жорғалау, бәйек болу.* Ол бірдеңе сұрай келгенде осылай *маймаңдап,* тілінің майын ағызатын (Ө. Әбішев).

МАЙМИ *Қисаю, майысу.* Артқы аяғының тірсектері *маймиып* жатыр (С. Мұқанов).

МАЙМИТ *Қисайту, майыстыру.*

МАЙМӨҢКЕ I *Тоқымашылық ісінде кілемнің, алашаның жіптерін теріп отыратын қайқы басты, ағаштан істелген жұқа қалақша.*

МАЙМӨҢКЕ II *Жұмсартып, жағымды сөйлеуге тырысушылық.* Ол ~ні білмейді.

МАЙМӨҢКЕЛЕ *Жуып-шаю, жұмсарту, бұлталақтау.*

МАЙ-МҮЙ *Май-пай, оны-мұны.* Әр түрлі *маймүй,* шай-пай ала келеміз (М. Әуезов).

МАЙМЫЛ *Дене құрылысы жағынан адамға ұқсас келетін сүт қоректі жануар; мешін.*

МАЙМЫЛДАН *Біреудің істегенін істеу, еліктеу.* — Тәйт әрі, *маймылданба* (Ө. Сәрсенбаев).

МАЙОНЕЗ *Жұмыртқаның сары уызынан, қышадан, шекілдеуік майынан сірке суын қосып жасаған тағам дәмдендіргіш, тұздық.*

МАЙОР *Капитаннан дәрежесі жоғары әскери атақ.*

МАЙПАЗДА *Бипаздау, майдалау, жұмсақтау.* ~п сөйледі.

МАЙПАҢ *Биязы, жұмсақ, байпаң.* — Қарағұлдың *майпаң* мақамы ғой мынау (М. Сатыбалдиев). ◊ **Майпаң басты [қақты]** — *байпаң қақты.*

МАЙПАҢДА 1. *Майпаң қағу, байпаңдау.* Тең басып төрт аяғын ***майпаңдаған*** (Т. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Біреудің асты-үстіне түсу, жағыну.* Бастықтар алдында ***майпаңдап,*** ол да уәде берді (А. Байтанаев).

МАЙРЫЛ *Өткір заттың жүзінің мұқалуы.* Кетпеннің жүзі ~ды.

МАЙСА *Қаулап өскен майда көк шөп.*

МАЙСАЛЫ *Майса өскен, майсасы қалың.* ~ жер (алаң).

МАЙСАҢ 1. *Майсалы, көгалды.* ~ жер (ойпат). 2. *Ауыс. Жұмсақ, жанға жайлы.* ~ жорға (әуез).

МАЙСАҢДА *Жайтаңдау, жайнаңдау, шалқу, масайрау.* Мыналарды ***майсаңдап,*** қошеметпен қарсы алды (М. Әуезов).

МАЙСАҢДАТ *өзг. етіс. Майсаңда-т.*

МАЙСӨК *Ақталып, майға шыланған тары.* Алдарына ~ қойды.

МАЙСЫЗ *Майы жоқ.* ~ сүт (ет).

МАЙСЫЗДАН *Майы азаю, майы жоғалу.* Сүті барған сайын ***майсызданып*** барады (К. Ахметбеков).

МАЙСЫЗДАУ *Майы аздау, майы кемдеу.* ~ ет.

МАЙТАЛМАН *Өз ісінің асқан шебері.* ~ домбырашы.

МАЙТАЛМАНДЫҚ *Бір нәрсеге асқан шеберлік.*

МАЙТАМЫР *Гүлдері ақшыл көк түсті, тамыры жуан тарамдалған, биіктігі 30–100 см көп жылдық шөптесін өсімдік.*

МАЙШОҚЫРАҚ *Шабыстың жай, баяу түрі.*

МАЙШЫ *Май жинайтын, май таситын кісі.* ~ның арбасы түр.

МАЙШЫЛ *Май жегіш, майқұмар. Майшылын* қара бұл неменің (Қабышев).

МАЙЫ: майын мінді — *біреудің атын сұрап алып, уақытша пайдаланды.*

МАЙЫП: майып болды — *бір жері сынды, зақымданды.* ◊ **Майып қылды [етті]** — *мертіктірді, кемтар қылды.*

МАЙЫР *Бір нәрсенің жүзін қайыру.* Кетпеннің жүзін ~ды.

МАЙЫС 1. *Қалыпты, түзу нәрсенің бір жағына қарай қисаюы.* Шыбық (белағаш) ~ты. 2. *Ауыс. экспр. Қылымсу, сызылу.* Ақ сұр әйел жорта ***майысты*** (Т. Әлімқұлов).

МАЙЫСҚАҚ *Майысқыш, иілгіш.* ~ ағаш (біз).

МАЙЫСҚАҚТЫҚ *Майысқыштық, иілгіштік.*

МАЙЫСҚЫШ *Майысқақ, иілгіш.*

МАЙЫСҚЫШТЫҚ *Майысқақтық, иілгіштік.*

МАКАРОН *Тұтік сияқты іші қуыс, кепкен қамыр кеспе.*

МАКЕТ *Бір нәрсенің кішірейтіп істелген үлгі жобасы.* Мәдениет сарайының ~і, газеттің ~і.

МАКИНТОШ *Мықты, тығыз матадан пальто сияқты етіп тігілген жеңіл сырт киім.*

МАКЛЕР *Товар және валюта биржаларында келісім жасау кезіндегі делдал.*

МАКРОЭКОНОМИКА *Бүкіл үлкен-үлкен өндіріс орындары.* Қазақстанның ~сы.

МАҚАЛ *Үлгі-өнеге ретінде айтылатын, әрі қысқа, әрі нұсқа нақыл сөз.*

МАҚАЛА *Газет-журнал үшін жазылған көлемі шағын ғылыми-публицистикалық шығарма.* ~ жазды (жариялады).

МАҚАЛДА *Сөйлеген сөзінде мақал келтіріп сөйлеу, нақылдау.* ~п сөйледі.

МАҚАЛНАМА *Мақалдар жиыны; мақалдар жинағы.* 1975 жылы шыққан ***мақалнама*** қолымызда отыр (М. Әлімбаев).

МАҚАЛШЫЛ *Мақалдағыш, нақылшыл, мақалға үйір.* ~ болып кетіпті, ~ын қарай гөр.

МАҚАМ *Әуез, мәнер, нақыс, ырғақ.*

МАҚАМДА *Мақамына келтіріп айту, мәнерлі ырғаққа салу.*

МАҚАМДЫ *Нақысты, әуенді.* ~ ұн (дауыс, ырғақ).

МАҚАМШЫЛ *Мақамдағыш, мақамын келтіргіш, нақысшыл.* ~ молда.

МАҚАТ *Аюдың еркегі, кей жерлерде сіті деп те аталады.*

МАҚАУ 1. *Сөйлеу қабілетінен айырылған, мылқау.* ~ бала. 2. *Ауыс. Еш нәрседен хабары жоқ, түйсіксіз.* Жаңалықты көрмейтін нағыз ***мақау*** сенсің (Шыңғысов).

МАҚАУЛАН 1. *Кекештену, мылқаулану.* 2. *Ауыс. Білмегенсу, түсінбегенсу, сезбегенсу.* Қойшы, әй қыз ***мақауланбай*** (Домбаев).

МАҚАУЛАУ *Тілінің аздап мүкістігі бар, мылқаулау.*

МАҚАУЛЫҚ *Мақау болғандық, мылқаулық.*

МАҚАУПЕС *Адам денесі шіріп ауыратын науқас, қатерлі ауру.*

МАҚПАЛ 1. *Жылтыр, түкті, жұмсақ қалың мата; плющ.* ~ шапан (камзол). 2. *Ауыс. Жұмсақ, майда.* Жыртылып тасталған ***мақпал*** топырақ (Қалмырзаев).

МАҚПАЛДАЙ *Жұмсақ, майда.* ~ топырақ (ақ саусақ).

МАҚПАЛДАН *Жұп-жұмсақ болу, жұмсару.* Емес пе көк ала бас ақ буралар, Оралған шудалары ***мақпалданып*** (І. Жансүгіров).

МАҚРҰМ *Құр алақан, бос, жұрдай.*

МАҚСАРЫ *бот. Екпелі дәнді дақыл.* Биыл 5 га жерге ***мақсары*** ектік (Егіншілік).

МАҚСАТ *Бір нәрсеге (нәтижеге) жету үшін алға қойылған міндет.*

МАҚСАТКЕР *Алдына мақсат қойған адам.*

МАҚСАТСЫЗ *Алға қойған белгілі міндеті, ойарманы жоқ, қалай болса солай. Мақсатсыз* адам — қанатсыз құспен тең (Мақал).

МАҚСАТСЫЗДЫҚ *Мақсаты жоқтық, мақсат қоймағандық.*

МАҚСАТТАН *Алдына мақсат қою.* Үй салмаққа ~ып жүрмін.

МАҚСАТТАС *Мақсаты бір, бір мақсаттағы.* ~ адам (жолдас).

МАҚСАТТЫ *Мақсат еткен, мақсат етіп қойылған.* ~ әңгіме.

МАҚСАТТЫЛЫҚ *Мақсат қоя білгендік, мақсаты барлық.*

МАҚСАТШЫЛ *Мақсат қойғыш, мақсаты көп.* ~ адам (жас).

МАҚТА I 1. *Басында қауашақты ақ үлпа өсетін техникалық дақыл.* ~ екті, ~ егістігі аяқтал-

ды. 2. *Осы өсімдіктің ақ үлпа талшығы.* ~дан жіп иірді. ◊ **Мақта майы** — *мақта дәнінен алынған май.* **Мақтамен бауыздады** — *сөзбен жұмсақтап соқты, оңдырмады.*

МАҚТА II *Біреуді немесе бір нәрсені мадақтау, дәріптеу.*

МАҚТАЛЫ 1. *Мақта көп өсетін, мақтасы мол.* ~ өңір (алқап). 2. *Арасына мақта салған.* ~ фуфайка (шалбар).

МАҚТАЛЫҚ *Мақта егетін егістік жер.* Мақташылар *мақталыққа* қарай шұбап барады (Ш. Шалқаров).

МАҚТА-МАТА: мақта-мата комбинаты — *мақтадан мата тоқитын комбинат.*

МАҚТАН *Мақтаныш.* Ей, қойдым, айтпа маған *мақтаныңды,* Мақтанып, тыңдамаймын шатқаныңды (Жолдыұлы). ◊ **Мақтан етті [тұтты]** — *мақтанды, мақтаныш қылды.*

МАҚТАНАРЛЫҚ *Мақтан тұтарлық, дәріптерлік, мақтаныш етерлік.* Екіншісі өз елінің ішінде *мақтанарлық* мақтанды іздейді (Абай).

МАҚТАНТОРҒАЙ *зоол. Өте әдемі кішкене торғай.* Қамыс арасынан жиі кездесетін құстың бірі — *мақтанторғай* (Қазақст. жан-жануары).

МАҚТАНШАҚ *Мақтана беретін, мақтанғанды тәуір көретін, бөспе.* ~ адам (кісі).

МАҚТАНШАҚТАУ *Аздап мақтан сүйгіш, бөспелеу.* ~ бала.

МАҚТАНШАҚТЫҚ *Мақтан сүйгіштік, бөспелік.* ~ қасиет (әдет).

МАҚТАНШЫЛЫҚ *Мақтанғандық, мақтанушылық, бөспелік.* ~ байқалды.

МАҚТАНЫШ *Бір нәрсеге ризашылықтан туатын көңіл-күй, сезім; мақтан.*

МАҚТАУ *Біреудің істеген ісіне, еңбегіне берілген жоғары баға.* Бригада бастықтардан *мақтау* алды (Арулар). ◊ **Мақтау қағаз** — *оқудағы, еңбектегі үздік еңбегі үшін берілетін грамота.*

МАҚТАУЛЫ *Алдыңғы қатарлы, бетке ұстар, озат.* ~ оқушы (маман, келін).

МАҚТАШЫ *Мақта өсірумен шұғылданатын адам.* ~лардың аудандық слеті болды.

МАҚТАШЫЛЫҚ *Мақташы болу, мақта шаруашылығымен айналысушылық.*

МАҚҰЛ 1. *Құп, жақсы, жарайды.* — *Мақұл,* хат жазысып тұралық (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Дұрыс, жөн.* Жақсы келіп, жақсы кеткенің *мақұл* (Б. Аманшин).

МАҚҰЛДА *Бір нәрсені құптау, қоштау, жөн көру.* Қалампыр баласының Жетісу жағына кетуін *мақұлдайды* (С. Мұқанов).

МАҚҰЛДЫҚ *Бір нәрсеге келісушілік, құптаушылық.* Ағжан іркілместен *мақұлдығын* айтты (Ғ. Сыланов).

МАҚҰЛЫҚ 1. *Жан-жануар, құрт-құмырсқа, жәндік.* 2. *Ауыс. Надан, топас, сезімсіз.* — Апырау, қайдан келген бұл екі аяқты *мақұлықтар* ("Қаз. әдеб".).

МАҚҰЛЫҚТЫҚ *Мақұлыққа тән қасиет.* ~ ерекшелік (түйсік).

МАҚШАР: мақшар күні (*діни.*) — а) *өлген кісіден жауап алатын күн;* ә) *қиын-қыстау кез.* ~ болғанда.

МАЛ I 1. *Төрт тұлік үй жануарлары.* ~ бақты, ~ы күйлі. 2. *Дүние, мүлік, дәулет.* 3. *Зат, тауар.* 4. *Ауыс. Табыс, кіріс, пайда.* Еңбексіз тапқан *мал* есепсіз кетер (Мақал). 5. *Надан, топас, сезімсіз.* Бәрімізді *малға* санады (Е. Оразақов). □ **Мал базары** — *мал сататын базар.* ◊ **Мал шаруашылығы** — *көбіне мал өсірумен айналысатын шаруашылық.* **Мал айтты [шалды]** — *мал сойып, құрбандық шалды.* **Мал болмайды** — *тірі қалмайды, өледі.* **Мал бітті** — *байыды, дәулетке кенелді.* **Мал тайды** — *жарлылық күйге түсті, кедейленді.* **Мал тапты** — *табыс кірді, кіріс кіргізді.* **Мал құлағы саңырау** — *ешкім есті көрмесін.*

МАЛ II 1. *Бір нәрсенің ұшын сұйық заттың ішіне салу, батыру.* Қолын сүтке ~ды, аяғын суға ~ды. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге басқаша рең беріп тұруы.* Батыс жақты ал қызыл нұрға *малды* (С. Шаймерденов).

МАЛА *Жыртылған жердің топырағын майдалау үшін пайдаланатын қарапайым құрал.* □ **Мала ағаш** — *ағаштан жасалған мала.* **Мала тас** — *тастан жасалған мала.*

МАЛАЙ *Бай есігінде жүріп, қара жұмысын істейтін, малын бағатын жалдамалы қызметші, жалшы.*

МАЛАЙЛЫҚ *Кісі есігінде жүргендік, малай болғандық, жалшылық.* ~та жүр.

МАЛАҚАЙ *Құлағы бар жылы бас киім, құлақшын.* Басында ~ы бар, ~ киген.

МАЛАЛА *Бір нәрсені (топырақты) маламен ұсату, майдалау.* Егісті *малалап* бітірді (Ы. Кененбаев).

МАЛАХИТ *мин. Ашық жасыл түсті асыл тас.*

МАЛ-БАС *Үй іші мен мал-жаны.* ~ аман ба?

МАЛҒҰН *Адамгершіліктен жұрдай, қайырымсыз, опасыз.*

МАЛДАН 1. *Мал ету, малға ие болу.* Сөйтіп екеуінің де малын *малданып,* бай болды (Қаз. ертег). 2. *Ауыс. Бір нәрсені өзіне меншіктеу, иелену, сіңіріп кету.* Байдалы біздің ақ балтаны содан бері *малданып* жүр (Жұмақанов).

МАЛДАС *Екі аяқты айқастыра отырыс.* Қалкен *малдасын* жиды (Тілегенов). ◊ **Малдас құрды** — *екі аяғын айқастырып отырды.*

МАЛДЫ *Малы көп, малға бай.* ~ адам (колхоз). ◊ **Малдының беті жарық** — *әл-ауқаты бар кісінің жүзі жарқын, сөзі өтімді.*

МАЛДЫ-ЖАНДЫ *Малы да, жаны да көп.* ~ адам.

МАЛДЫҚ *Малға тән қасиет, малға тән қылық.* ◊ **Малдықтан кетті** — *мал болудан қалды.*

МАЛДЫЛАУ *Малы көптеу, малы барлау.* ~ үй (адам).

МАЛДЫЛЫҚ *Малы көптік, малы барлық.*

МАЛ-ЖАЙ *Малы-жайы; екеуі де.*

МАЛ-ЖАН *Үй іші, мал-басы. Мал-жан,* әкешешең аман ба, шырағым (Райымбеков).

МАЛЖАНДЫ *Малқұмар, малсақ.* ~ адам.

МАЛЖАНДЫЛЫҚ 1. *Малқұмарлық, малсақтық.* 2. *Ауыс. Дүниеқоңыздық, сараңдық.* Ер жете бұл тілек дүние сүйгіш *малжандылыққа* айналып кетеді (Есенжанов).

МАЛЖАҢДА *Малжаң-малжаң ету, шайнаңдау.* ~п жеп отыр.

МАЛЖАҢ-МАЛЖАҢ: малжаң-малжаң етті — *бір нәрсені малжаңдап көп шайнады.*

МАЛҚОР *Малқұмар, малсақ.* ~ адам (кісі).

МАЛҚОРЛЫҚ *Малқұмарлық, малсақтық.*

МАЛҚҰМАР *Малқор, малжанды.* ~ адам.

МАЛМА *Үлкен ыдысқа құйылып, тері илейтін и.* Біреу *малма* сапсиды салып иін (Абай). ◊ **Малма аяқ** —*жүріс-тұрысы шабан, іске икемсіз адам.* **Малма тымақ** —*ии түскен, ынта-жігерінен айрылған ынжық адам.*

МАЛМАН *Малмада тұрған, иге салынған тері.*

МАЛМАНДАЙ *Үсті-басы су-су, белшесінен суға малынған.* Үстіміз ***малмандай су*** (Қ. Сатыбалдин).

МАЛ-МҮЛІК *Жеке адамның иелігіндегі мал, дүние-мүлік.* -ін сатты, -і кәмпескеге ілікті.

МАЛ-ПҰЛ *Дүние-мүлік, қаражат.* ***Мал-пұл*** тауып күнелтті (Қаз. ертег.).

МАЛСАҚ *Малжанды, малқұмар.* ~ болып өсті.

МАЛСАҚТЫҚ *Малжандылық, малқұмарлық.*

МАЛСЫЗ *Малы жоқ, кедей.* ~ адам (үй).

МАЛСЫЗДЫҚ *Малы жоқтық,* кедейлік.

МАЛТА *Сүзбеден сығып, домалақтап дайындаған уақ құрт.* ***Малта*** жылқышылардың жан қалта азығы болатын (Тарту). □ **Малта тас** — *теңіз толқыны, су ағынымен мұжылып, жұмырланып қалған майда тас.* ◊ **Малтасын езді** — *бір айтқанын қайталап, сөзінің дәмін кетірді.*

МАЛТЫ *Адамның, малдың суда жүзуі.* -п шықты.

МАЛТЫҒЫШ *Малтуға шебер, жүзгіш.* ~ кісі.

МАЛТЫҒЫШТЫҚ *Жақсы малти алатындық, жүзгіштік.*

МАЛТЫҚ *Қалың қарда, балшықты, батпақты жерде ілініп-салынып зорға жүру.* ***Малтығып,*** бір тығылып, бір тұрып әрең жүрді (С. Сейфуллин).

МАЛШЫ I *Мал бағатын кісі, бақташы.* Әкесі ~.

МАЛШЫ II *Суға малыну, су-су болу.* Өзім дәл мұндай селге ***малшып*** жаурамаған едім (К. Сегізбаев).

МАЛШЫ-ЖАЛШЫ *Байдың мал-жайын бағып-қағып күтуші малайы.*

МАЛШЫЛА *Бір нәрсені сүйыққа қайта-қайта малу.* Бала неме тамақты ***малшылайды*** (М. Әуезов).

МАЛШЫЛЫҚ *Мал кәсібімен айналысу, мал бағушылық.*

МАЛЫНУ 1. *Суға, сүйықтыққа түсу.* 2. *Ауыс. Өне бойын жауып кету.* Алтынға ~.

МАМА I *Ат байлайтын діңгек ағаш.* Салт атқа мінген екеу аттарын үй жанындағы ***мамаға*** байлады (Б. Дәулетбаев). ◊ **Мама ағаш** — *ат байлайтын діңгек.*

МАМА II *Ананың емшегі.* Енекемнің еме кет, төсінде екі ***мамасын*** (Қобыланды батыр). ◊ **Мама бие** — *сүтті, сары қарын, үлкен бие.*

МАМА III *Апа, шеше.*

МАМАН *Белгілі бір кәсіп иесі, қызметкер.*

МАМАНДАН *Белгілі бір кәсіптің маманы болу, үйрену.*

МАМАНДАС *Мамандығы бір.* ~ жолдас (дос).

МАМАНДЫҚ *Белгілі бір кәсіптің түрі, қызмет.* Механизатор ~ғын меңгерді.

МАМОНТ *Ежелгі заманда тіршілік еткен, піл тұқымдас ірі денелі, сүт қоректі жануар.*

МАМЫҚ 1. *Құстың үлпілдеген жұмсақ жүні.* Жастықтардың ***мамықтары*** бұрқырап қалды (С. Адамбеков). 2. *Сол мамық жүннен жасалған жұмсақ жастық, төсек-орын.* Үйге келісімен ақ ***мамыққа*** қисая кетті (З. Шашкин).

МАМЫҚЖЕГІ *Құстың мамығын жейтін құрт.*

МАМЫҚТАЙ *Жүп-жұмсақ, мақтадай.* ~ төсек, алақаны ~.

МАМЫҚТАН *Жұмсару, былпылдау.* — Міне, — деп гүлдің ақ ***мамықтанған*** сабағын көрсеттім (Х. Рахимов).

МАМЫҚТЫҚ *Мамыққа тән қасиет; жұмсақтық.*

МАМЫР I *Көктемнің соңғы айы; май.*

МАМЫР II 1. *Адамның, малдың қартайған кездегі аяғының ауырлығы, зіл батпан кезі.* 2. *Күзді күні май басып ұша алмай қалған үйрек, қаздарда болатын семіздік.*

МАМЫР III: **мамыр асып ай болды** — *шалқыған дәулетке кенелді.* ***Мамыр асып ай болдың,*** несібеңді жұрттан тіледің (Д. Бабатайұлы).

МАМЫРА *Жайма-шуақ, жадыраңқы.* Айналайын, табиғат ананың жан сергітер ***мамыра*** шағы бір (К. Ахметбеков).

МАМЫРА-ЖАЙ *Жайма-шуақ, жадыраңқы; маужыраған.*

МАМЫРГҮЛ *Ақшыл көк түсті немесе ақ гүлді, хош иісті мәдени өсімдік; сирень.*

МАМЫРЛА *Жайлап, маймаңдап басу, ырғатыла баяу қозғалу.* Үйрек-қаздар ***мамырлап*** келеді (Әдібаев).

МАМЫРЛАС *Табысу, қауышу, көрісу.* ***Мамырласып*** ел болып, байсалды жайлау табылды (Бұқар жырау).

МАМЫРСТАН *Мамыра-жай, жайма-шуақ, бейбіт.* ***Мамырстан*** майдың ақ таңдақ таңы рауандап атып келеді (С. Сейітов).

МАНА I *Бағана, біраз бұрын.* ~ келді.

МАНА II *Барқыт тәріздес, жүннен тоқылған сырт киімдік мата.*

МАНАҒЫ *Бағанағы, бұрынғы.* ~ орнында отыр.

МАНАҒЫДАЙ *Әлгіндегідей, бағанағыдай.* ~ емес (қарап қапты).

МАНАҒЫДАН *Бағанадан, манадан.* Жігіт жүзі ***манағыдан*** да жадырай түсті (Ж. Молдағалиев).

МАНАДАН *Бағанадан, манағыдан.* ~ үнсіз отыр, ~ бері.

МАНАЛЫ: маналы бері [берлі] — *біраздан бері, бағанадан бері.*

МАНАП *Феодалдық-рулық қоғам кезіндегі дәулетті тап өкілі, билік иесі, бай.*

МАНАПТЫҚ *Манапқа тән қасиет, жай-жағдай.*

МАНАР: манар тау — *кең алқапты, салқар тау.* Бас-басыңа би болсаң, ***Манар*** тауға сыймассың (Абай).

МАНАСШЫ *Манас жырын жырлаушы, жыршы.*

МАНАТ I *Ақша, алтын теңге.*

МАНАТ II *Сырт киімдік құнды мата.* Екі ғана жирен-ай, Өңкей ***манат*** киген-ай (Қаз. әнд.).

МАНАУРА *Керіліп-созылу, есінеп қалғып-мұлгу, маужырау.* -п отыр.

МАНАУРАҢҚЫ *Манаураған, керіліп-созылған.* ~ қалып.

МАНГО *Тропикада өсетін мәңгі жасыл өсімдік және сол өсімдіктің сарғыш көк, тәтті жемісі.* -дан шырын жасайды.

МАНДАМ *Жылқының мойнының, екі жағын және тамағының астын без басып, уытты жараға айналатын індет.* Оның желі тартып кеткен *мандамын* неше жерден қиып, анжы өткіздім (Саятшылық).

МАНДАРИН *Жемісті цитрус ағашы және соның сарғыш қызыл түсті домалақ жемісі.*

МАНДАТ *Уәкілділік туралы құжат қағаз.*

МАНДАТТЫ *Мандаты бар, мандатпен қамтамасыз етілген.* ~ уәкіл (депутат).

МАНДОЛИН *Шанағы домалақ, көп (темір) ішекті музыкалық аспап.*

МАНДЫ *Ілгері басу, өну, өңду.* Жүрісі (ісі) ~мады, шаруашылығы (жұмысы) ~ған жоқ.

МАНДЫМА *Бір нәрсенің өңдімеуі, өнбеуі, ілгері жылжымауы.* Ісі ~ды.

МАНДЫМДЫ *Өнімді, жартымды.* ~ іс (ақша, жауап).

МАНДЫМСЫЗ *Өнімсіз, жартымсыз.* ~ іс-әрекет.

МАНДЫРЫМДЫ *Мардымды, мандымды.*

МАНЕКЕН *Үстіне киім кигізіп, үлкен-кішілігін білу үшін жасалған адам бейнелі үлгі, қалып.*

МАНЕКЕНШІ *Көрмеде жаңа киім үлгілерін киіп көрсететін адам.*

МАНЖАҚЫ *Бедеу сөзінің синонимі, екінші аты.*

МАНИФЕСТ *Саяси партиялардың немесе қоғамдық ұйымдардың белгілі бір маңызды мәселе туралы халыққа арнаған жазбаша үндеуі.* ~ қабылданды.

МАНОМЕТР *Сұйық пен газ қысымын өлшейтін құрал.*

МАНСАП *Атақ-дәреже, лауазым, шен.* ~ қуды (іздеді).

МАНСАПҚОР *Шенқұмар, атаққұмар.* ~ адам (емес).

МАНСАПҚОРЛЫҚ *Шенқұмарлық, атаққұмарлық.*

МАНСАПҚҰМАР *Мансапқор, әкімшіл, шенқұмар.* ~ адам (кісі).

МАНСАПШЫЛ *Мансапқұмар, шенқұмар.* ~ адам (жан).

МАНСҰҚ *Жоқ қылу әрекеті, жарамсыз ету ісі.* Фельетонның жауы — жазғанды *мансұққа* шығарғандық (Ж. Алтайбаев). ◊ **Мансұқ болды** — *қажетсіз, жарамсыз болды.* **Мансұқ етті [қылды]** — *қажетсіз деп тапты, жоққа шығарды.*

МАНСҰҚТА *Жоққа шығару, жарамсыз ету.* Оның нені жақтап, нені *мансұқтайтыны* белгісіз (Қ. Жұмаділов).

МАНСҰҚТЫҚ *Жоққа шығаргандық.*

МАҢ I *Маңай, аймақ, айнала.* Баян ~ын аралады, осы ~ға белгілі. ◊ **Жуыр маңда** — *жақында, таяу уақытта.*

МАҢ II *Жай, ақырын, баяу.* Екі-үш түйе аяқтарын *маң* басып келе жатыр (М. Әбдіхалықов).

МАҢ III *Жайлап жүріп кету.* Бет ауған жаққа *маңып* кетті (Тоқаев).

МАҢАЙ *Бір нәрсенің төңірегі, маңы.*

МАҢАЙЛА *Бір нәрсенің маңына жақындау, жуық келу.* ~п бара алмайды.

МАҢАЙЛАС 1. *Жуықтас, жапсарлас, іргелес.* Бұл ара жыраға *маңайлас* болатын (К. Ахметбеков). 2. *Жақындас, жуықтас.* Маған *маңайласқанның* бәрі алақанын жаяды (Ғ. Мұстафин).

МАҢҒАЗ *Кербез, паң, тәкаппар.* Ол ~ адам.

МАҢҒАЗДАН *Кеудесін көтеру, паңдану, паңсыну, тәкаппарлану.* ~а қарады.

МАҢҒАЗДАУ *Кербездеу, паңдау, тәкаппарлау.* ~ адам (жігіт).

МАҢҒАЗДЫҚ *Кербездік, паңдық.*

МАҢҒАЗСЫ *Маңғаздану, паңсыну, кекірею.* ~ған ағалар.

МАҢДАЙ 1. *Бастың алдыңғы бөлігінің жоғарғы, екі көздің үстіңгі жағы.* ~ынан сүйді, ~ында төбелі бар. 2. *Есіктің жоғарғы жағы; маңдайша.* Мектеп есігінің *маңдайында* қызыл ту желбіреп тұр (С. Омаров). 3. *тар. Әскердің алғы бөлігі; авангард.* 4. *Ауыс. Бір нәрсенің ең жақсысы, таңдаулысы, алдыңғы қатарлысы.* Аудандағы жігіттердің *маңдайы* еді (Уайдин). ◊ **Маңдай алды** — *ең үздігі, озығы.* **Маңдайға жазған** — *бұйыртқан, өзіне тиесілі.* **Маңдайға тиді** — *тақсіретін тартты, азабын көрді.* **Маңдайдан сипады** — *іш тартты, есіркеді.* **Маңдай тер** — *істеген адал еңбек, жұмсалған күш.* **Маңдай терін төкті [сыпырды]** — *аянбай еңбектенді.* **Маңдай тіреді** — *бір нәрсеге таяу келіп тоқтады.* **Маңдайы жарқырады [ашылды, жарылды]** — *бағы ашылды, жолы болды.* **Маңдайынан шертпеді [шерткізбеді]** — *бетінен қақпады, еркіне жіберді.* **Маңдайынан шертіп жүріп** — *таңдап, талғап жүріп.* **Маңдайына сыймады** — *жоғалтып алды; өлді.* **Маңдайының соры бес елі** — *барып тұрған бақытсыз, бағы жанбаған.* **Маңдайыңнан жарылқасын!** — *алдыңнан жарылқасын, жолың болсын, ісің оңғарылсын!* **Маңдайы тасқа тиді [тимеді]** — *беті қайтты, тауы шағылды.*

МАҢДАЙЛА *Бір нәрсені бетке алып жүру, нысана ету.* Тайсойғанды *маңдайлап,* Жүріп те кетті сайланып (Ы. Шөреков).

МАҢДАЙЛЫ *Маңдайы үлкен, маңдайы кең.* Жазық (кең) ~.

МАҢДАЙЛЫҚ *Бас киімнің маңдайы, маңдай жағы.*

МАҢДАЙША 1. *Екі босағаның үстіңгі жағын бекітіп тұратын көлденең ағаш.* Үйдің *маңдайшасы* аласа екен (Бегалин). 2. *Есіктің үсті, үстіңгі жағы.* Бөлменің *маңдайшасында* сағат тұратын (С. Мұқанов). 3. *Мекеменің аты жазылған жазу тақтасы.* ~сын жаңалапты.

МАҢҚ: маңқ етті — *түйенің, иттің бір дүркін тұншыққан дыбыс шығаруы.*

МАҢҚА I *Малдың мұрнынан қан аралас жалқаяқ ағып тұратын ауру.* ~сын ағызды.

МАҢҚА II *Жылқы малында болатын жұқпалы ауру.* Басты балта бұзар, Жылқыны *маңқа* бұзар (Мақал).

МАҢҚИ *Еш нәрсемен ісі жоқ, жайбарақат тұру.* Нұрлан *маңқиып* тұра берді (З. Шашкин).

МАҢҚ-МАҢҚ: маңқ-маңқ етті — *маңқылдаған дыбыс шығарды.*

МАҢҚЫЛДА *Маңқ-маңқ еткен дыбыс шығару, ұру.* ~п ит үрді.

МАҢ-МАҢ: маң-маң басты — *аспай-саспай жайлап жүрді.*

МАҢЫЗ I *Бір нәрсенің өмірде алатын орны, мәні.* ~ы зор.

МАҢЫЗ II *Сүттің кілегейі.*

МАҢЫЗДАН *Мәні арта түсу, бағасы көтерілу, жоғарылау.*

МАҢЫЗДЫ *Аса құнды, мәнді, маңызы зор.* ~ мәлімет (тапсырма, шарт).

МАҢЫЗДЫЛЫҚ *Маңызы зорлық, мәнділік.*

МАҢЫЗСЫ *Әлдеқандай болу, паңсыну.* ~п отыр.

МАҢЫРА *Қой мен ешкінің "мә-ә-ә" деген дыбыс шығаруы.* Қой ~ды.

МАҢЫРАМА *Қой мен ешкінің ортақ атауы, тұяқ.* Ауылда ~ қалмаған.

МАҢЫРАУЫҚ *Маңырай беретін, маңырағыш.* ~ қой (ешкі).

МАҢЫСТА *Аспай-саспай жүру, маң-маң басу.* Жексенбіде тауға тарттық ***маңыстап*** (С. Сейітов).

МАП-МАЙДА 1. *Тым ұсақ, уақ.* ~ топырақ (құм). 2. *Ауыс. Сыпайы, әдепті.* Сөзі (тілі) ~.

МАР *Ірі, үлкен; нар.* Дөңгелек біткен *мар* арша, Көзіме қанық үйімдей (Орманов). ◊ **Мар қасқа** — *көрнекті, мақтаулы, таңдаулы.*

МАРАЙМА *Жайдары, жадыраңқы, кең пейіл.* Қадырхан ақын жігіттің ***марайма*** мінезін танып қалды (Д. Досжанов).

МАРАЛ *Аша тұяқтылар тобына жататын сүт қоректі, салалы мүйізді ірі аң; бұғының ұрғашысы.* "Қатонқарағай" совхозының ***марал***, бұғы өсіретінін біледі (Тәжіқұлов).

МАРАЛДЫ *Марал өскен, маралы көп.* ~ Алтай (совхоз).

МАРАЛОТЫ *Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Маралотының* кейбір түрлерін мал жемейді (ҚСЭ).

МАРАЛШЫ *Марал өсіретін адам, марал бағушы.*

МАРАПАТ *Қошемет, құрмет, мадақ.*

МАРАПАТТА *Мадақтау, мақтау, дәріптеу.*

МАРАФОН *спорт. Алыс қашықтыққа жүгіру жарысы.*

МАРАФОНШЫ *Алыс қашықтыққа жүгіруші.*

МАРГАНЕЦ *хим. Суда жақсы еритін, көкшіл түсті химиялық элемент.*

МАРГАНЦОВКА *Марганецтің судағы ерітіндісі.*

МАРГАРИН *Сиыр майы мен өсімдік майын араластырып жасаған май.*

МАРҒАУ 1. *Сылбыр, селқос, самарқау.* ~ қимылдады (қозғалды). 2. *Мүлгіп жатқан, құлазыған.* ~ сахара (дала). 3. *Дәйексіз, белгісіз бағыт, алыс жақ.* Нетесің босқа сұрап Сарыбайды, сұрасаң Сарыбайды *Марғау* кеткен (Қозы Көрпеш).

МАРҒАУЛАН *Жайбарақаттану, самарқаулану.*

МАРҒАУЛАУ *Самарқаулау, селқостау.*

МАРҒАУЛЫҚ *Жайбарақаттық, самарқаулық, сылбырлық.*

МАРҒАУСЫ *Марғау тарту, сылбырсу.* Мүлгіп қырат қатарынан ***Марғаусиды*** дала жым-жырт (С. Сейітов).

МАРДАН *кәсіб. Тірі балық сақтау үшін, шыбықтан тоқып, су ішіне қоятын ыдыс.* Ұсталған балықты ~ға салады.

МАРДЫМ *Өнім, маңдым.* Жүрісінің ~ы жоқ.

МАРДЫМА *Өңдімеу, өнбеу.* Ісі ~ды.

МАРДЫМДЫ *Өнімді, жарытымды; маңдымды.* ~ іс бітірмеді (нәтиже шықпады).

МАРДЫМДЫЛЫҚ *Өнімділік, мандымдылық.* ~ты көре алмадым.

МАРДЫМСЫ *Тәкаппарлана қарау, әлдеқандай болу.* ~п қарайды.

МАРДЫМСЫЗ *Аз, шамалы, болмашы.* ~ ақы (жұмыс, өнім).

МАРДЫМСЫЗДАУ *Жартымсыздау, шамалылау.* ~ жалақы (жарық).

МАРДЫМСЫЗДЫҚ *Жартымсыздық, өнімсіздік.*

МАРЖАН 1. *Ашық қызыл, қызғылт не ақ түсті тас, ұсақ моншақ.* 2. *Ауыс. Қолға түсе бермейтін, қымбат, асыл.* Сөз ~ы. □ **Маржан алқа** — *маржаннан тізілген мойын әшекейі, маржан моншақ.* **Маржан түйме** — *інжу көзді күміс түйме.* **Маржан сырға** —*маржаннан көз салынған сырға; інжуден көз қойған салпыншағы бар сырға.*

МАРЖАНДА *Бір нәрсеге маржандарды бастырып тігу, маржанмен көмкеру.* Етегін ақ көйлектің ***маржандаған*** (Ақан сері).

МАРЖАНДАЙ *Біркелкі, майда, әдемі.* Тісі ~ тізілген.

МАРКЕТИНГ *Тұтынушылардың, бизнестің және мемлекеттің сұранысын қанағаттандыру мақсатын көздейтін, тауарларды өткізу, қызмет көрсету.*

МАРКА 1. *Конвертке жапсырылатын, бет жағында түрлі суреттері бар, көлемі шағын ғана төрт бұрышты қағаз.* Почта ~сы. 2. *Шаруашылық орындарының өз өніміне соғатын фирмалық белгісі; таңба.* Қазақстан ~сы басылған бұйым. 3. *Батыс Европаның кейбір елдеріндегі ақша өлшемі.* Германия ~сы.

МАРКЕР *Егістік жерге борозда жүргізу үшін пайдаланылатын құрал.*

МАРКЕРЛЕ *Тұқым себу үшін жерді маркермен белгілеп алу.* Көшеттерді қолмен отырғызғанда жерді екі бағытта ***маркерлейді*** (Ерлепесов).

МАРКШЕЙДЕР *Жер қойнауындағы пайдалы қазбаларды зерттеу және оны өндіру үшін геодезиялық, геологиялық жұмыстармен айналысатын адам; инженер.*

МАРҚА *Ерте туған үлкен қозы.* Ерте туған ***марқа*** қозылар әдемі, тәтті шөпті тауып жейді (К. Шөкенов).

МАРҚАЙ 1. *Есею, өсу, үлкею.* 2. *Өркендеп-өсу, ілгерілеу, алға басу.* Әдебиетіміздің ***марқайып*** қалғанын көрсетеді (Сүйіншалиев).

МАРҚАСҚА *Нағыз мықты, зор.* Сегіз қырлы, бір сырлы деген мықты ***марқасқа*** бағлан жігіт болса керек (Т. Ахтанов).

МАРҚҰМ *Қаза болған, дүние салған адам.* ~ анам.

МАРЛАТ *Мардымсыған, кекірейген адам, бюрократ.* Кіп-кішкентай болып, сондай ***марлат*** өзі (Мағауин).

МАРМЕЛАД *Жеміс шырыны мен картоп ұнынан жасалатын кондитерлік тағам.*

МАРС *астр. Күн жүйесіндегі төртінші планета; қызыл жұлдыз.*

МАРТЕН: мартен пеші — *болат қорытуға арналған пеш.*

МАРТЕНШІ *Мартен пешінде болат қорытушы.* ~лерге көмектесті.

МАРТУ *миф. Жын-шайтан, албасты.* Ертедегі қазақтар албастыны ***марту*** деп те атайды (Исқақов). ◊ **Марту басты [бас-қыр]** — *албасты басты, шайтан иектеді.*

МАРХАБАТ *Рақым, қайырым.* ◊ **Мархабат етіңіз** — *ризашылық етіңіз, қайырымдылық жасаңыз.*

МАРХАБАТСЫЗ *Мейірсіз, құлықсыз. Мархабатсыз* дүние — бос, Хайуанға оны қосыңдар (Абай).

МАРХАБАТТЫ *Қайырымды, рақымды.* ~ адам.

МАРХАБАТТЫЛЫҚ *Қайырымдылық, рақымдылық.*

МАРШ I *Әскери адамдардың қатар түзеп, ұйымшылдықпен сапта жүретін жүрісі.*

МАРШ II *Жігерлі, екпінді ырғақпен орындалатын музыкалық шығарма.*

МАРШАЛ *Генералдан жоғарғы әскери атақ, шен.*

МАС 1. *Спиртті ішімдікті көп ішудің салдарынан өзін-өзі билей алмай қалған жағдай.* ~ адам, ~ шофер. 2. *Ауыс. Есінен айырылған, ынтық, құштар.* Махаббатқа *мас* қыз бен жігіт бір-біріне елжірей еркеледі (Қанахин). ◊ **Мас болды** — *есіріктенді.* **Мас етті [қылды]** — *уыты басына шықты, еліртті.*

МАСА *Қанаты бар қан сорғыш жәндік.* ~ талады (шақты).

МАСАЙ *Аздап мас болу, қызу, елту.* Жігіттер ~я бастады.

МАСАЙРА *Рақаттану, шаттану, қатты қуану.*

МАСАЙРАУШЫЛЫҚ *Мәз болушылық, қуанушылық.*

МАСАҚ I *Астық дақылдарының дәнді басы.* Астықтың бір *масағын* да ысырап етпеу керек (Қалмырзаев). ◊ **Масақ терді** — *дәнді дақылдардың аңызда қалған дәнді жинады.*

МАСАҚ II *көне. Садақ оғының түп жағы, ұшына кері аша жағы.* Садағын қалмақ алады, *Масақты* мықтап қадады (Қамбар батыр).

МАСАҚТА *Масақ теру, масақ жинау.* ~п жинады.

МАСАҚТАН *Егіннің бас алуы; масақ пайда болу.* Биыл дәнді дақыл кеш *масақтанады* (Алғы шепте).

МАСАҚТЫ *Масақ пайда болатын, масағы бар.* ~ дақыл.

МАСАҚША *Кішкене масақ.*

МАСАҚШЫ *Масақ теруші.* ~лар келді.

МАСАЛА *Масадан қорғану, масадан сақтану.* Жылқы ~ды.

МАСАҢ *Аздап мас, масайған; қызу.* ~ адам, ~ кісі.

МАСАҢДА *Масаң болу, масаң тарту.*

МАСАҢДЫҚ *Масайғандық, қызып қалғандық.*

МАСАҢСЫ *Мас болғансу, мас адамға ұқсау.* Өтірік ~ды.

МАСАТ *Көтеріңкі көңіл, масайраған күй. Масатпен* отырушы ед, күліп-ойнап (Бәйзақов).

МАСАТТАН *Рақаттану, шаттану.* ~а қарады.

МАСАТЫ *Жұмсақ түкті жібек мата, барқыт.* ~мен тысталған. □ **Масаты кілем** — *жұмсақ, түкті кілем.*

МАСАХАНА *Масадан қорғану үшін, дәкеден тігілген бітеу шымылдық.* ~ға кірді.

МАСКҮНЕМ *Ішкілікке салынған адам, арақ-құмар, ішкіш.*

МАСКҮНЕМДІК *Ішкілікке салынғандық, арақ-құмарлық, ішкіштік.*

МАСҚАРА *Арнамысқа тиетін өрескел іс, ұят. Масқара-ай,* сұмдық-ай, — деп Балзия бетін басты (С. Омаров). ◊ **Масқара болды** — *ұятқа қалды, күлкі болды.* **Масқара етті [қылды]** — *ұятқа қалдырды, масқаралады.*

МАСҚАРАЛА *Масқарасын шығару, ұятқа қалдыру.* ~ды.

МАСҚАРАЛЫҚ *Масқара болғандық, ұят жағдай.* ~тан құтылды.

МАСҚАРАПАЗ *Күлкілі ойын көрсететін сайқымазақ, цирк артисі; клоун.* Сахнаға ~ шықты.

МАСҚАРАШЫЛЫҚ *Масқаралық, ұятқа қалғандық, сорақылық.*

МАССА *физ. Белгілі бір нәрсенің (материяның) негізін құрайтын заттардың барлық көлемі, мөлшері, шамасы.*

МАССАТ *Болаттан жасалатын төрт қырлы оқ, сайгез деп те аталады.* Кілең болат жинатып, *массаттан* соғып оқ алды (Батырлар жыры).

МАСТАН *Бір нәрсеге масаттану, дандайсу.* ~ған желбастар.

МАСТЫҚ *Мас болушылық, есіріктік.*

МАСЫҚ *Мақтану, дандайсу; желігу.* Мансапқа *масыққан* Баймағамбет өзін жамандатады (Қ. Сатыбалдин).

МАСЫЛ *Жатып ішер, арамтамақ.* ◊ **Масыл болды** — *біреуге ауыртпалығын түсірді; зиянын тигізді.*

МАСЫЛДЫҚ *Масыл болушылық, арамтамақтық.* ~ғын тыйды.

МАТ 1. *Шахмат ойынындағы лажсыз жеңіліс.* — Енді *маттың* ауылы алыс емес (Жәкенов). 2. *Жеңіліс, ұтылыс.* Жарлылық пен жалғыздық дұшпаныңа *мат* қылар (Базар жырау). ◊ **Мат болды** — *шахмат ойынында жеңіліс тапты.* **Мат қойды** — *жеңді, ұтты.*

МАТА I *Мақтадан, жүннен тоқылған кездеме.* ~дан тігілген.

МАТА II 1. *Қатты байлау, бекіту.* Түйені ~п тастады. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге тыйым салу, жол бермеу.* Хатшының шұғыл тапсырмасы оның адымын аштырмай, *матай* түсті (Соқпақбаев).

МАТАСУ *лингв. Сөз тіркесіндегі анықтауыш пен анықталатын сөздердің арасындағы грамматикалық байланыс.*

МАТАУЛЫ *Матап байланған, бекітулі.* ~ жылқы, қол-аяғы ~.

МАТЕМАТИК *Математика маманы, математика мұғалімі.*

МАТЕМАТИКА *Сандық қатынастар жайлы ғылым.*

МАТЕРИАЛ 1. *Құрылысқа қажетті керек-жарақ, зат, бұйымдар.* ~ жетіспейді. 2. *Баспасөз бетінде жарияланған мақала, шағын көлемді шығарма.* Оның ~ын оқыдық. 3. *Белгілі бір адамға, іске қатысты жиналған факт.* Үстінен ~ жинады. 4. *Мата, кездеме, бұл.* Қызым көйлектік *материал* беріп жіберіпті ("Өркен").

МАТЕРИАЛДЫҚ *Заттық, күнделікті тұрмысқа қажетті.* ~ база, ~ қажеттіктер.

МАТЕРИАЛИЗМ *Материя, табиғат, болмыс — алғашқы, ал сана, рух, ой — туынды (екінші) деп санайтын ғылыми философиялық бағыт.*

МАТЕРИАЛИСТ *Материяны танып-білуге болады деп санайтын және материализмнің ғылыми философиясын мойындайтын адам.*

МАТЕРИЯ *филос. Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін объективтік шындық, дүниенің түп негізі.*

МАТРИАРХАТ *Алғашқы қоғамның бір сатысы. Аналық дәуір, әйелдер үстемдігі басым болған дәуір.*

МАТРИАРХАТТЫҚ *Матриархатқа тән (ерекшеліктер, дәуір).*

МАТРОС *Әскери-теңіз флотындағы ең кіші әскери атақ, теңізші.*

МАТТАҚАМ *Қу, айлакер, мұттайым.* Бұл кездескен адам оған тым ***маттақам*** көрінді (Иманжанов).

МАТЫР *Бір нәрсені суға тұтастай салу, батыру.* Манарбек суға басын ***матырды*** (Тілеуханов).

МАУ *Бір нәрсенің өсіп, жетілу кезеңі, жыныстық кәмелет.* Қыз он беске жеткенде ***мау*** тартады (Шал ақын).

МАУБАС I 1. *Ылғи тұйық, мәңгіріп бей-жай күйде жүретін, мәнжу, болбыр адам.* 2. *Ауыс. Көп ұйықтайтын, ұйқышыл.* — Үйқыда басың қалсын, басың қалғыр, ***маубас*** (Қаназов).

МАУБАС II *Ағашты, орманды жерді мекендейтін, тұнде үнемі шақырып жүретін байғыз тәріздес құс.*

МАУБАСТАН 1. *Меңіреулену, мәңгіру, болбырау.* — Енді міне, ***маубастанып*** сиыр соңында жүргені анау (Иманбеков). 2. *Ауыс. Ұйқысы келу, қалғып-мұлгу.* Тал түсте ~ ып, ұйқысын жеңе алмай отыр.

МАУБАСТАУ *Жуастау, момындау, бостау, болбыр.* ~ қатын.

МАУБАСТЫҚ *Маубас болғандық; бостық, бұйығылық, мең-зеңдік.* Барып тұрған ~.

МАУЖЫР *Дел-сал, тып-тыныш, тылсым.* ~ кеш (түн).

МАУЖЫРА *Балбырап ұйқысы келу.* ~п ұйқыға кетті.

МАУЖЫРАҢҚЫ *Мең-зең, дел-сал.* ~ қалып (күй).

МАУҚЫ: мауқы басылды [мауқын басты] — *құмары қанды, сағынышы басылды.*

МАУСЫМ I *Жаздың алғашқы айы; июнь.*

МАУСЫМ II *Белгілі бір межелі мезгіл, кезең.* Қысқы ~.

МАУСЫМДЫҚ *Мерзімдік, кезеңдік (іс, жұмыс).*

МАУСЫМДЫЛЫҚ *Кезеңге бөлінушілік, мерзімділік.*

МАУЫЗДАЙ *Ірі, алпамсадай.* ~ азамат, ~ он жігіт.

МАУЫҚ *Жыртқыш аңдардың жыныстық қатынасқа құмартып, желігу кезеңі.* Мәлін қаңтарда ~ғады.

МАФИЯ *Билікті адамдардың ұйымдасқан түрдегі жасаған қылмысы.* ~ етек алған ел.

МАХАББАТ 1. *Әйел мен еркектің бір-біріне деген құштарлық сезімі, сүйіспеншілік.* 2. *Атаананың балаға, адамдардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік ыстық ықыласы.* Ана ~ы.

МАХАББАТТЫ *Құштарлы, құмарлы.* ~ сезім.

МАХАББАТШЫЛ *Махаббат құмар, сүйіспеншіл.* ~ жүрек (жастар).

МАХОРКА *Сапа жағынан төмен сорттағы темекі.* Газет қиындысына ~ орады.

МАХПУЗ *Пешене, тағдыр, жазмыш.* Тәңір бар боп, мен тартқан азабымды, Әділ емес ***махпузда*** қойса сызып (Әбенов).

МАХШАР *Діни ұғым бойынша өлген адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет.*

МАШАЙЫҚ *көне. Ақылды адам, абыз.*

МАШАҚАТ *Адам басына түсетін бейнет, азап, қиыншылық.* ~қа түсті.

МАШАҚАТТАН *Машақатын көру, әуреге түсу.* ~ып жүр.

МАШАҚАТТАУ *Машақаты молырақ, бейнеті көбірек.* ~ жұмыс.

МАШАҚАТТЫ *Машақаты мол, бейнетті, азапты.* ~ жылдар (күндер).

МАШИНА *Іштен жанатын двигатель арқылы механикалық қозғалысқа түсетін транспорттың жалпы атауы; автомобиль.* Жеңіл (жүк) ~сы.

МАШИНАЛАН *Машинамен қамтамасыз ету, машинамен жабдықтау.* Колхоз шаруашылығы ~ған.

МАШИНАЛЫ *Машинасы бар, машина иемденген, машиналанған.* ~ шаруашылық.

МАШИНАСЫЗ *Машинасы жоқ.* ~ бір адым аттамайды.

МАШИНИСТ *Паровоз немесе тепловоз жүргізуші маман.* Локомотив депосының ~ері.

МАШИНКА *Қол жазбаны таңбалы әріптермен басатын машина, машинка.* ~ға басты, ~дан шықты.

МАШЫҚ *Қалыптасқан дағды, үйреншікті әдет.* Ескі ~тан шыға алмады. ◊ **Машық алды** — *дағдыланды, үйренді, әдеттенді.* **Машық болды** — *әбден жаттықты, дағдыланды.* **Машық етті** — *әдетке айналдырды, қалыптастырды.*

МАШЫҚТА *Әдет ету, дағдылану.* Сурет салуды ***машықтап*** кетті (Р. Тоқтаров).

МАШЫҚТЫ *Әбден қалыптасқан, үйреншікті, дағдылы.* ~ әрекет (қимыл, әуен).

МАШЫҚТЫҚ *Машықтылық, үйреншіктілік, дағдылық.*

МАШЫРЫҚ *көне. Шығыс, араб шығысы.* Бұлар әдейі іздеп, мағырып пен ***машырықтан*** келіп тұр (Исқақов).

МАЯ I *Әрі биік, әрі ұзынша етіп, жондандыра үйілген шөп.* Қора сыртына төрт-бес ***мая*** шөп жиналған (Аймауытов). ◊ **Мая жон** — *дөңкиген, жұмыр.*

МАЯ II *Жалғыз өркешті нар түйенің інгені, аруана.*

МАЯК 1. *Өзен-көлдің, теңіздің жағасын бағдарлау үшін арнайы жасалған мұнара шам.* ~тың жанынан өтті. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге жөн сілтеуші, бағыттаушы.* Көкке өрледі қызыл ту Жер жүзінің ***маягы*** (Қалауова).

МАЯКТЫ *Маягы бар, маяк қойылған.* ~ жаға (көл).

МАЯЛА *Пішен мен сабанды мая етіп ию, жинау.* Шөпті ~п үйді.

МАЯЛАУЫШ *Пішен, сабан маялайтын машина. Маялауыштың* жылжымалы, тұрақты, тіркемелі түрлері болады (ҚСЭ).

МАЯЛЫ *Маясы бар, мая салынған.* ~ қой қора.

МАЯ-МАЯ *Бірнеше мая, көп мая.* ~ шөп (сабан).

МАЯТНИК *Белгілі бір осьтің маңында тербеліп тұратын ұзынша келген тілше темір.* Қабырға сағатының ~гі.

МАЯТНИКТІ *Маятнигі бар, маятник орнатылған.* ~ сағат (прибор).

МАЯШЫ *Мая салатын адам.* ~ шал, ~лар келді.

МӘ *"Ал", "ала гой" деген мағынадағы ишарат сөз.* — *Мә*, ала ғой, — деді әкем (Оразов). ◊ Мә,

саған — *міне, саған. — Мә,* саған "кеңшілік", — деп баланы тартып-тартып жіберді (Мырзақұлов).

МӘДЕНИ *Мәдениетке, мәдениеттілікке қатысты.* ~ мұра (қайраткер).

МӘДЕНИ-АҒАРТУ *Халықтың мәдениеті мен білімін, сауатын арттыру орны.* ~ мекемелері (жұмысы, мәселелері).

МӘДЕНИЕТ 1. *Адамзаттың өндірістік, қоғамдық және ақыл-ой жетістігінің жиынтығы.* Қазақ халқының көне ~і. 2. *Аса жоғары мәдениеттілік.* Ол биік ~ке ие адам. 3. *Бір нәрсенің жоғары сатысы, шарықтап даму күйі.* Әнші дауысының (тіл) ~і. ◊ **Мәдениет сарайы** — *мәдени жиындар өтетін үлкен де жарық, кең үй.* **Мәдениетін көтерді** — *мәдени дәрежесін жақсартты, арттырды.*

МӘДЕНИЕТСІЗ *Мәдениеті жоқ, мәдениеті дамымаған.*~ адам.

МӘДЕНИЕТСІЗДІК *Мәдениеті жоқтық, мәдени дәрежесі төмендік.*

МӘДЕНИЕТТЕН *Мәдениетке жету, мәдениетті болу.*

МӘДЕНИЕТТІ *Мәдениеті жоғары, мәдени дәрежесі дамыған.* ~ адам (жан, ел).

МӘДЕНИЕТТІК *Мәдениетке қатысты, мәдениетке тән, байланысты.*

МӘДЕНИЕТТІЛІК *Мәдениеті жоғарылық, мәдениеті молдық.* ~ке тәрбиелейді.

МӘДЕНИЕТТІРЕК *Мәдениеті жоғарырақ, мәдениеті басымдау.*

МӘДЕНИЕТШІЛ *Мәдениетке әуес, мәдениет құмар.* ~ адам.

МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК *Көпшіліктің мәдениетін арттыратын.* ~ жұмыстар.

МӘДЕНИ-ТҰРМЫСТЫҚ *Күнделікті тұрмыстіршілікке қажетті.* ~ қызмет.

МӘЖБҰР *Істеуге, істелуге тиіс, еріксіз міндетті.* Шара қолдануға ~ болдық. ◊ **Мәжбүр етті [қылды]** — *амалсыздан істеуге тиіс болды.*

МӘЖБҰРЛЕ *Мәжбүр қылу, шарасыз ету.*

МӘЖБҰРЛІК *Мәжбүр болғандық, шарасыздық, амалсыздық.*

МӘЖНҮН *Есуас, жынды; түсініксіз мінезді.* ~ болды.

МӘЖНҮНДЕУ *Есуастау, жындылау.* ~ інісі бар.

МӘЖНҮНДІК *Жындылық, есуастық.* — Е, оның не *мәжнүндігі* бар (Мұртазаев).

МӘЖІЛІС I *Белгілі бір мәселені талқылау үшін бас қосатын отырыс, кеңес.* ~те сөйледі, ~ке қатысты. ◊ Мәжіліс құрды — *бас қосып әңгімелесті.*

МӘЖІЛІС II *жаңа. Қос палаталы парламенттің төменгі палатасының аты.*

МӘЖІЛІСҚОР *Мәжілісқой, мәжіліске құмар.* ~ адам (жан).

МӘЖІЛІСҚҰМАР *Мәжілісқор.* ~ адам.

МӘЖІЛІСТЕС *Мәжілісте бірге болып жүрген, пікірлес.* ~ кісі, ~ болды.

МӘЗ *Қуанышты, көңілді, шат.* Бала біткеннің бәрі мәз (Қ. Жармағамбетов). ◊ **Мәз болды** — *қуанды, көңілденді, шаттанды.* **Мәз емес** — *айтарлықтай емес, шамалы.* **Мәз қылды** — а) *риза етті, қуантты;* ә) *шек-сілесін қатырды, күлдірді.* **Мәз таппады** — *риза болмады, жетіспеді.*

МӘЗДЕН *Мәз болу, масаттану.* ~ер дәнеме жоқ.

МӘЗ-МЕЙРАМ *Шат-шадыман, мәре-сәре.* ~ ел (жастар, күлкі). ◊ **Мәз-мейрам болды** — *күлкіге қарық болды, қуанды.* **Мәз-мейрам етті [қылды]** — *шек-сілесін қатырды, күлдірді; риза етті.*

МӘЗІР *Дастархандағы, асханадағы тағамдардың жиынтық көрінісі; меню.* Дастархан (ресторан) ~і.

МӘЗІР: бар мәзірі — *қолдан келер сый-сияпат, құрмет.*

МӘЙЕК 1. *Жас төлдің ұлтабарынан алынып, сүттен ірімшік жасауға пайдаланылатын ұйытқы, қорытқы.* Ол сиырын сауып, сүтіне *мәйек* салып та үлгерді (Мұстафин). 2. *Ауыс. Белгілі бір нәрсеге арқау боларлық зат, ұйытқы.* Мақал — сөздің *мәйегі* (М. Әлімбаев). ◊ **Мәйегі аузынан шықты** — *қатты семірді; тойынды.*

МӘЙІТ *Өлген кісінің денесі, сүйегі.* ~ті үйден шығарды.

МӘЙІТХАНА *Өлген адамды уақытша сақтайтын салқын орын, суық жер; морг.* ~ға апарды.

МӘКҮРІК *Зиянды, арам зат.* Ауызға келген түкірік, қайта жұтса — *мәкүрік* (Мақал).

МӘЛІК I *Әмірші, патша!*

МӘЛІК II *Қара малда болатын жұқпалы ауру.* ◊ **Мәлік келгір!** — *сиыр малына айтылатын қарғыс.*

МӘЛІМ *Аян, белгілі, анық.* ~ болды, маған ~ емес.

МӘЛІМДЕ *Болған оқиғаны хабарлау, айтып жеткізу.* Бастыққа ~ді.

МӘЛІМДЕМЕ *Белгілі бір оқиға туралы жазбаша не ауызша хабарлама.* Қысқаша ~сін тыңдады.

МӘЛІМДІК *Мәлім болғандық, белгілілік, мағлұмдық.*

МӘЛІМЕТ *Мағлұмат, ақпар, дерек.* ~ берді.

МӘЛІМЕТСІЗ *Дерексіз, ақпарсыз, хабарсыз.* ~ дүние, ~ кетті.

МӘЛІМЕТСІЗДЕУ *Мәліметі аздау, белгісіздеу.* Шығу тегі (қайдан келгендігі) ~.

МӘЛІМЕТСІЗДІК *Мәлім еместік, белгісіздік.*

МӘЛІМЕТТІ *Мәліметі бар, деректі.* ~ хабар.

МӘЛІМСІЗ *Мәлім емес, белгісіз.*

МӘЛІМСІЗДІК *Мәлім еместік, белгісіздік.*

МӘЛІН *Орман-тоғай арасында өсетін, сырт пішіні үй мысығына ұқсас, кішірек аң.*

МӘЛІСКЕН *Сырт киімдік, қалың матаның бір түрі.* Қызыл ~, ~нен тігілген шапан.

МӘЛІШ I *Ұсақ-түйек, өнімсіз іс.* ~ сауда (тіршілік).

МӘЛІШ II *Салпақ құйрықты қой тұқымы.* ~ қойдың құйрығы.

МӘМПӘСИ *Түрлі-түсті, кішірек, қатты кәмпит.* Базарлыққа ~ әкелді.

МӘМІЛЕ *Келісім, бітім.* Олармен ешқандай ~ жоқ. ◊ **Мәмілеге келді [келмеді]** — *бітімге келді, келісті.*

МӘМІЛЕГЕР *Екі елді, екі адамды келістіруші, ара әбайын (би).* Ол парасатты ~.

МӘМІЛЕЛЕС *Келісу, бітісу.* ~іп байқады.

МӘМІЛЕШІЛ *Бітімшіл, келісімпаз.* ~ адам (ел).

МӘМІЛЕШІЛДІК *Келісімпаздық, бітімшілдік.* ~ке орын жоқ.

МӘН *Бір нәрсенің сыр-сипаты, мағынасы, маңызы.* ~і бар (жоқ), ~і зор. ◊ **Мән бермеді** — *көңіл қоймады, назар аударманы.*

МӘНБІ *Шын болған оқиға, ақиқат іс; факт.* ~ келтірді, тарихи ~.

МӘНБІР *Белгілі бір оқиғаның қозғаушы күші, себебі; фактор.* Тұрақты ~лер, уақытша ~.

МӘНДАЛА *Көбіне сырт киім тігетін, сапалы да бағалы шұға.*

МӘНДЕН *Мәнге ие болу, мән алу.* Аренда мәселесі қазір *мәнденіп* отыр ("Алматы ақшамы").

МӘНДЕС *Мән-мағынасы жақын, мағыналас.*

МӘНДІ *Мәні бар, мәні зор.* ~ сөз (іс, шаруашылық).

МӘНДІЛІК *Мәні зорлық, маңыздылық.* ~гі зор.

МӘНДІР *Ірімшік жасауға дайындалған сүтті ұйытатын мәйек.*

МӘНДІРЕК *Мәні үлкенірек, маңыздырақ.*

МӘНЕР 1. *Әшекейлеп, оюлап салынған өрнек.* Үйдің жасалу ~і. 2. *Ән салу, айту, келісті ырғақ.*

МӘНЕРЛЕ 1. *Әшекейлеу, өрнектеу.* 2. *Сөзді нақышына келтіріп сөйлеу, әдемілеп оқу.* ~п оқы (сөйле).

МӘНЕРЛІ *Әшекейлі, өрнекті, ырғақты, нақыстық.*

МӘН-ЖАЙ *Бір нәрсенің мәні, жай-жапсары, қыр-сыры.* Дәрігерге ~ды түсіндірді.

МӘНЖУ *Бос, болбыр, момын.*

МӘНЖУБАС *қ.* *Мәнжу.*

МӘНЗЕЛ *Мәніс, мән.* Өзінің не *мәнзелі* бар, — деп сұрады (Бегалиев).

МӘНЗЕЛДЕС *Тәріздес, сияқты.* От (бұлт) ~.

МӘНЗЕЛДІ *Тәрізді, сияқты.* Жүріс-тұрысы, әрекеті, мінезі *мәнзелді* (Алтайбаев).

МӘНЗҰР: мәнзұр қылмады — *елемеді, ескермеді, елең қылмады.* Қара сирақ мұны *мәнзұр* қылған жоқ (О. Сәрсенбаев).

МӘН-МАҒЫНА *Бір нәрсенің мәні, мағынасы, маңызы.*

МӘНСІЗ *Мәні, мағынасы жоқ.* ~ сөз (өмір).

МӘНСІЗДЕН *Мағынасыздану, мәнінен айрылу.* Тіршілік ~іп шыға келді.

МӘНСІЗДІК *Мәні жоқтық, мағынасыздық, маңызсыздық.*

МӘНТІ *Еттурағыштан өткізген етті қамырға орап, судың буына пісірген тағам.* ~ жеді (пісірді).

МӘНІС *Бір нәрсенің мәні, жай-жапсары, сыры.* Сөз ~і, істің ~і. ◊ **Шын мәнісінде** — *шын мәнінде, шынында.*

МӘНІССІЗ *Мағынасыз, мәнсіз, маңызсыз.* ~ іс-әрекет.

МӘҢГҮРТ *Жарымес, топас, есуас.* ~ адам.

МӘҢГҮРТТІК *Топастық, есуастық, ессіздік.*

МӘҢГІ I 1. *Өмір бақи, ылғи, үнемі.* ~ ұмытпайды (жасай берсін). 2. *Біржола, мүлдем, үзілді-кесілді.* ~ көзін жұмды (қоштасты). ◊ **Мәңгі бақи** — *өмір бойы, мәңгілік.* **Мәңгі от** — *даңқты ерлер құрметіне үнемі лаулап жанып тұратын алау от.*

МӘҢГІ II *Есеңгіреу, мең-зең болу, мәңгіру.* Өзі ~п қалды.

МӘҢГІЛІК 1. *Мәңгі бақилық, өмірлік.* ~ өмір (мәселесі). 2. *Мүлдем, біржолата.* ~ке көз жұмды (қоштасты).

МӘҢГІР *Басы зеңгу, мең-зең болу, есеңгіреу.* Ол ~іп, мең-зең күйге түсті.

МӘПЕ *Ерекше күтім, бағым, бап.*

МӘПЕЛЕ *Аялап күту, бағып-қағу, әлпештеу.* ~п өсірді (күтті, бақты).

МӘПЕЛІ *Күтімді, бапты.* ~ бала (әке-шеше).

МӘРЕ 1. *Сөре, көмбе.* ~ осы жер болсын. 2. *Ауыс. Белгілі бір меже.* Оның кешегі ~сі 81 қой қырқу еді.

МӘРЕЛІ *Мәре қойылған, келісілген, межелі.* ~ жер (күн).

МӘРЕ-СӘРЕ *Мәз-мейрам, шат-шадыман.* ~ жастар (халық). ◊ **Мәре-сәре болды** — *қатты, қуанды, мәз болды.*

МӘРЕМ *Бүлінген, талқан болған, быт-шыты шыққан.* Жер ыңыранса, дүние *мәрем* (Мәтел).

МӘРМӘР *Жылтыр әрі қатты қымбат тас; мрамор.*

МӘРМӘРЛЕ *Мәрмәрмен көркемдеу, айшықтау, безендіру, әрлеу, сәндеу.*

МӘРМӘРЛІ *Мәрмәр тастан жасалған; мраморлы.* Керегі жоқ алтын, мыстың. Ақ *мәрмәрлі* құлпытас та! (Ғ. Жұмабаев).

МӘРТ *Ер көңілді, кең пейілді, батыл, жомарт.* Жігіт ~ екен.

МӘРТЕ *Рет, қайтара.* Үш ~ қайталады, мың ~ рахмет.

МӘРТЕБЕ *Абырой-атақ, даңқ, дәреже.* ◊ **Мәртебе көрді** — *мақтаныш етті, мастанды.* **Мәртебең өссін** *(алғ.)* — *дәрежең биік болсын, абыройың артсын.* **Мәртебесі артты [асты]** — *беделі өсті, абыройы артты.* **Мәртебесі биік [жоғары]** — *дәреже-даңқы артық, беделі жоғары.* **Мәртебесі көтерілді [өсті]** — *беделі артты, абыройы асты.*

МӘРТЕБЕЛІ *Мәртебесі жоғары, абыройлы, сыйлы.* ~ мейман (азамат). ◊ **Мәртебелі бол!** — *қадір-қасиетің артсын, дәрежең биік болсын!*

МӘРТЕБЕЛІЛІК *Мәртебесі биіктік, абыройлылық, қадірлілік.*

МӘРТТІК *Жомарттық, мырзалық, кеңдік.* Оның ~гіне таңданды.

МӘСЕЛЕ *Шешімін табуды керек ететін іс.* ◊ **Мәселе көтерді** — *бір іске қозғау салды, қолға алды.* **Мәселе қойды** — *бір істі көпшіліктің талқысына салды.*

МӘСЕЛЕН *Айтылған ойды түсіндіру, дәлелдеу үшін қолданылатын қыстырма сөз; мысалы.* ***Мәселен,*** балаларды Москваға апарып қайттым (М. Әлімбаев).

МӘСЛИХАТ *Мәжіліс, кеңес.* ~ өтті, ~қа қатысты. ◊ **Мәслихат құрды** — *бас қосып әңгімелесті, кеңесті.*

МӘСЛИХАТТАС I *Мәжілістес, мәслихатта бірге болған адамдар.* ~ адам, ~ болды.

МӘСЛИХАТТАС II *Ақылдасу, кеңесу, пікірлесу.* ~ып қайтты.

МӘССАҒАН *Таңдану кезінде айтылатын ишарат сөз.* ◊ **Мәссаған, безгелдек** — *міне, керек болса; міне, саған.*

МӘСТЕК 1. *Бой-тұрқы тапалдау, тегі нашар жылқы.* 2. *Ауыс. Аласа бойлы, кішкене, шағын денелі адам. Мәстектердің* сүбесі сере түскен заман-ай (Жиембет).

МӘСТЕКШЕ *Мәстек тәрізді, мәстек сияқты.* ~ шоқырақтады.

МӘСУЕК *Тісті, тістің етін ысқылайтын қолдан жонылған ағаш.* Асыққанда *мәсуегін* де ұмытқан... (Ө. Нұрпейісов).

МӘСІ *Жұқа былғарыдан тігілген, кебіспен киетін, өкшесіз, қонышты аяқ киім.* Аяғына ~ киген.

МӘСІЛІ *Мәсісі бар, мәсі киген.* ~ аяғын кебіске сұқты.

МӘСІЛІК *Мәсі тігетін, мәсіге лайықты.* ~ былғары.

МӘСІШЕҢ *Мәсі киген қалпында.* ~ далаға шықты (үйге кірді).

МӘТЕК *Төбеден не шекеден саусақпен шертіп алатын ұпай.* Басынан ~ алды.

МӘТЕЛ *Тұжырымды әрі ықшам нақыл сөз.* Халық ~і.

МӘТЕЛДЕ *Мәтел қосып, мәнерлеп сөйлеу.* Сөзін ~п бастады.

МӘТКЕ I *Үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты белагаш; арқалық.* Үйдің ~сі қайқайып кетіпті.

МӘТКЕ II *Ойын картасының бетінде әйел суреті бейнеленген қағазы.* Қарғаның ~сі.

МӘТКЕЛІК *Мәтке боларлық, белагаштық, арқалықтық.* ~ ағаш.

МӘТІБИ *Қожа, би.* Іниме мен кәдімгідей *мәтібимін* (Қанахин).

МӘТТАҚЫМ *Қу, айлакер мұттайым.* Бұл оған *мәттақам* көрінді (М. Иманжанов).

МӘТІБИЛЕУ *Қожалау, биірек.* Ол маған ~.

МӘТІН *Жазылған баяндама, әңгіме, оның бір бөлігі немесе текст.* Негізгі ~, әңгіме ~і.

МӘУ: мәу демеді — *үндемеді, жауап қатпады.*

МӘУЕ 1. *Жеміс, жидек, миуа.* Бауының *мәуесін* көрген бағбанның көңіл күйі көтеріңкі (Еділбаев). 2. *Ауыс. Еңбек нәтижесі, жемісі.* Бұл — ащы тер, тәтті еңбектің *мәуесі* ("Қаз. әдеб.").

МӘУЕЛЕ *Қаулап өсу, толысып пісу. Мәуелеп* тұрған алма мен алша (Мұртазаев).

МӘУЕЛІ 1. *Жеміс-жидекті, миуалы.* ~ бақ (ағаш). 2. *Ауыс. Нәтижелі, табысты, жемісті.* ~ еңбек.

МӘУЛЕТ *Мұрсат, мүмкіндік, еркіндік.* Үш күн *мәулеттен* кейін екі палуан қайтадан белдеседі (Хангелдин). ◊ **Мәулет алды** — *мүмкіндікке қолы жетті, мұрсат берілді.* **Мәулет берді** — *мүмкіндік жасады, мұрша берді.*

МӘУЛІМ *Торғынға тұқ қондырылған мата.* Масаты, *мәулім* киінген, көркіне көңілі сүйінген (Базар жырау).

МӘУЛІТ: мәуліт күні (миф.) — *Мұхаммед пайғамбардың туған* күні.

МӘУРІТ *Белгілі бір уақыт, кесімді мезгіл, кезең.* Бәрі сондай, жігіттер, *Мәуріті* өтсе басылар, Әр нәрсенің кезінен (Үш ғасыр).

МӘУІТІ *Оң жағы майда тұқті келген қалың мата, шұға.* Үстінде көк *мәуіті* ішігі бар (Ж. Жұмақанов).

МӘШ *Дәл, дәп, үйлес, үндес, сәйкес.* Менің даусым мен оның даусы *мәш* келіп, әсерлі шықты (Әлсеров).

МӘШҺҮР *кітаб. Аты әйгілі, даңқты.* ~ жазушы (күйші, ғалым).

МӘШҺҮРЛІК *Көпке белгілілік, әйгілілік.*

МӘШІ *Есектің, қашырдың ұрғашысы.* Бір күні қоңыр ~ есек мініп келді.

МЕ *"Ма" демеуінің жіңішке сыңары.* Келмеді ~? Жүрді ~?

МЕГАВАТТ *физ. 1 000 000 в ваттқа тең бірік.*

МЕГАГЕРЦ *физ. Тербеліс жиілігін анықтайтын өлшем бірлігі.*

МЕГАФОН *Дауысты күшейтіп естірту үшін пайдаланылатын конус пішінді құрал.*

МЕГЕЖІН *Шошқаның ұрғашысы.* Буаз ~.

МЕГЗЕ *Бағыттау, нұсқау.* ~ген тұсқа бұрылдым.

МЕДАЛИСТ *Мектепті үздік бітіріп, медальға ие болған оқушы.*

МЕДАЛЬ *Құнды металдан дөңгелек етіп істеліп, беті әр түрлі суреттермен бейнеленген награда белгісі немесе мерекелік сувенир.* ~мен наградталды, Абайдың 150 жылдық мерекелік ~і.

МЕДАЛЬОН *Ішінде біреудің келбеті не бірдеменің суреті бар, сопақша я дөңгелек келген, мойынға асып жүретін бұйым.*

МЕДБИБІ *Емдеу орындарындағы кіші медициналық персонал; медсестра.* Гүлбаршын ауруханада *медбибі* болып істейді ("Соц. Қаз.").

МЕДЕТ *Демеу, сүйеніш, таяныш.* ◊ **Медет берді [болды]** — *қуат берді, демеді.* **Медет етті [қылды]** — *арқа тұтты, сүйеніш көрді.* **Медет көрді [санады, тұтты]** — *сүйеніш көрді, демеу етті.*

МЕДЕТКЕР *Демеуші, жәрдемші, сүйеніш.* Бұл жолда маған ел де *медеткер* (Сыланов).

МЕДЕУ *Көңілге сүйеніш, тірек, медет.* Кейде ел жақтан келген бір жапырақ қағаздың өзі үлкен *медеу* (Сарғасқаев). ◊ **Медеу болды** — *тірек, сүйеніш болды.* **Медеу етті [қылды]** — *көңілге тоқ санады, сүйеніш етті.* **Медеу тұтты [көрді]** — *көңілге қуат санады, тірек етті.*

МЕДЕУЛІК *Медеу боларлық, сүйеніш етерлік.*

МЕДИАТОР *Темір ішекті музыкалық аспаптарды ойнағанда пайдаланатын, мүйізден не пластмассадан жасалған зат.*

МЕДИЕН *Ұшы-қиыры жоқ елсіз иен дала.*

МЕДИЦИНА *Түрлі ауруларды емдеу жолы және олардан алдын ала сақтандыру туралы ғылым.*

МЕДРЕСЕ *Ислам дінін оқытатын орта және жоғары дәрежелі оқу орны.* ~де оқыды. ◊ **Медресе көрген** — *мұсылманша білім алған, оқыған.*

МЕДРЕСЕЛІК *Медресеге қатысты, соған тән.* ~ білім (тәрбие).

МЕЖЕ *Мөлшер, шама, шек.* Менің биылғы *межем* — жүз саулықтан жүз он қозы алу (Ө. Ахметов).

МЕЖЕЛЕ 1. *Мөлшерлеу, шамалау.* 2. *Шек қою, белгілеу.* Заводтың жаңа корпусын салатын жерді *межелеп* қойды (Жұмақанов).

МЕЖЕЛІ *Алдын ала белгіленген, мөлшерлі, нысаналы.* ~ жер (күн, кезең).

МЕЖЕСІЗ *Межесі жоқ, шексіз.* Менің *межесіз* ойға ойыстап бара жатқанымды анам сезінетін (С. Нұрмағамбетов).

МЕЗГЕ *Нұсқау, бағыттау, мезгеу.* Жолды ~п тұр.

МЕЗГІЛ *Күннің, айдың, жылдың белгілі бір кезеңіне сай келетін кез, уақыт, мерзім.* Түн ортасы ауған *мезгіл* (Алтайбаев). ◊ **Мезгіл бағыныңқы сабақтас [сөйлем]** — *басыңқыдағы оқиғаның мезгілін білдіретін бағыныңқы сөйлем.* **Мезгіл пысықтауыш** — *баяндауыш қызметіндегі етістіктің қашан, қай мезгілде болғанын білдіретін пысықтауыш.* **Мезгіл үстеу** — *қимылдың мезгілін, уақытын, мерзімін білдіретін үстеу.*

МЕЗГІЛДЕС *Бір мезгілге тән, бір уақытқа қатысты.*

МЕЗГІЛДІ *Мерзімді, белгілі мөлшерлі.* ~ күн (уақыт).

МЕЗГІЛДІК *Белгілі бір мезгілге, уақытқа тән, қатысты.* ~ шаруа (іс).

МЕЗГІЛ-МЕЗГІЛ *Дамыл-дамыл, жиі-жиі, ауық-ауық.* ~ суарды (жүріп кетті).

МЕЗГІЛСІЗДЕУ *Мерзімге сай еместеу; жағдайсыздау.*

МЕЗЕТ *Бір сәт, кез, мезгіл.* Ел орынға отырған ~.

МЕЗЕТТЕ 1. *Кезде, мезгілде, әп-сәтте.* Тамақ ішіп болған *мезетте* келді (Талжанов). 2. *Лезде, тез, жылдам.* Шоқан бұл жайды *мезетте* шолып шықты (Бақбергенов).

МЕЗЕТТІК *Бір сәттік, әп-сәттік.* ~ жұмыс (қуаныш).

МЕЗОЗОЙ *геол. Палеозой мен кайнозой аралығындағы дәуір, эра.* ~ эрасы.

МЕЗОЛИТ *Палеолит пен неолит аралығындағы тас дәуіріне жататын кезең.* ~ дәуірі (кезеңі).

МЕЗІ: мезі болды [қылды, етті] — *ығыр қылды, запыс болды.*

МЕЗІЛЕ *Мезі ету, ығыр қылу.* Күн сайын қайталана-қайталана *мезілеген* жәйттар (Бөкеев).

МЕЗІЛЕУ *Аздап мезі болған, ығырлау.* ~ болды.

МЕЗІРЕТ *Ықылас білдіру, ілтипат көрсету ишараты.* ~ білдірмеді. ◊ **Мезірет етті [жасады, қылды]** *ілтипат көрсеткен болды, көңіл білдіргенсіді.*

МЕЙЛІ *Жарайды, бәрібір, өзің біл.* — ***Мейлі,*** бізге бәрібір (Жансүгіров).

МЕЙЛІНШЕ *Бар мүмкіндігінше, барынша, сонша, тым.* ~ зерек, ~ көпшіл (тамақ жеді).

МЕЙМАН *Үйге келген қонақ.* ~ жігіт. ◊ **Мейман етті [қылды]** — *құрметтеп сыйлады, қонақ етті.*

МЕЙМАНА: мейманасы асты [тасыды] — *көңілі өсті, масаттанды.*

МЕЙМАНГЕРШІЛІК *Қонақ күте білушілік, қонақжайлылық.* ~ көрсетті (жасады).

МЕЙМАНДОС *Қонақты жылы жүзбен, кең пейілмен қарсы алатын, қонақжай.* ~ адам (халық).

МЕЙМАНДОСТЫҚ *Қонақжайлылық, кең пейілділік.* ~ жасады.

МЕЙМАНДЫҚ *Қонақтық, қонаққа барушылық.* ~қа барды, ~ көрсетті.

МЕЙМАНХАНА *Қонақ келіп тұсетін көпшілік үйі.* "Қазақстан" ~сы.

МЕЙМАНШЫЛ *Қонақжай, қонақшыл, меймандос.* ~ адам (бәйбіше).

МЕЙРАМ *Салтанатты мереке, той.* ~ жақындап келеді.

МЕЙРАМДА *Мейрамға қатынасу, мерекелеу, тойлау.* ~п отыр, ~ған халық.

МЕЙРАМДЫҚ *Мерекелік, шат-шадымандық.* ~ салтанат (шеру).

МЕЙРАМШЫЛ *Мерекешіл, той-думаншыл.* ~ жастар.

МЕЙІЗ *Кептірілген жүзім.* Дастарханға ~ салды.

МЕЙІЗДЕЙ *Мейіз сияқты, тәтті.* ◊ **Мейіздей қатқан** — *әбден бабына келген, жараған ат.*

МЕЙІЗДЕН *Әбден кепкен, қатайған.* ~іп қалған өрік.

МЕЙІЛ *Ерік, ырық, ықылас.* Атып тастасаңдар да ***мейілдерің*** (Қазыбаев). ◊ **Мейлің білсін** — *еркің білсін, қалауың болсын.*

МЕЙІР *Ықылас, ынта, ниет, көңіл.* ◊ **Мейірі қанды** — *құмарынан шықты, шөлі басылды.* **Мейірі қатты** — *мейірімсіз, қатыгез, рақымсыз.* **Мейірін төкті** — *мейірленді, пейілін салды.* **Мейірі түсті** — *ықыласы түсті, ниеті ауды.*

МЕЙІРБАН *Рақымы мол, қайырым, шапағаты зор.* ~ ана (әке, жан).

МЕЙІРБАНДЫ *Рақымды, мейірімді, шапағатты.* ~ адам (қарт).

МЕЙІРБАНДЫЛЫҚ *Мейірімділік, қайырымдылық, шапағаттылық.* ~ғына қатты риза болды.

МЕЙІРБАНСЫ *Өзін, шапағатты етіп көрсету.* Ол ~и қалды.

МЕЙІРЛЕН *Мейірі, көңілі тұсу, ықыласы ауу, еміренү.* Маңдайынан ~е сүйді.

МЕЙІРЛІ *Рақымды, қайырымды, шапағатты, мейірімді.* ~ ана.

МЕЙІРСІЗ *Рақымсыз, қатыгез, қатал.* ~ бай (өлім).

МЕЙІР-ШАПАҒАТ *Рақым, ықылас, ілтипат.* ~ын төкті, ~қа толы.

МЕЙІРІМ *Қайырымды көңіл, мейірлі пейіл, ықылас.* Көз жанарында аталық ~ бар. ◊ **Мейірімі түсті** — *көңілі тұсті, ықыласы ауды.*

МЕЙІРІМДЕН *Ықыласы ауу, пейілдену, іші жылу, көңілі тұсу.* ~ген ана.

МЕЙІРІМДІ *Мейірлі, мейірбанды.* ~ ана (ата).

МЕЙІРІМДІЛІК *Мейірбандылық, қайырымдылық, рақымдылық.* ~ қасиет, ~ке үйретті.

МЕЙІРІМСІЗ *Қайырымсыз, рақымсыз.* ~ жау (дұшпан).

МЕЙІРІМСІЗДЕН *Рақымсыз болу, қатыгездену.* Әйел ~іп алған.

МЕЙІРІМСІЗДІК 1. *Қайырымсыздық, рақымсыздық.* 2. *Қаталдық, қатыгездік.* Оның ~гі бүкіл елге белгілі.

МЕЙІРІМШІЛ *Қайырымшыл, шапағатты, мейірбанды.*

МЕЙІРІМШІЛДІК *Мейірбаншылық, қайырымдылық.* Балаға деген ~гі зор.

МЕКЕ *діни. Мұхаммед пайғамбар туған, Мекке қаласының атынан қалыптасқан атау.* **Мекке жүгері** — *жүгерінің дәні уақ, дәнді, сары түсті сорты.* ~ екті.

МЕКЕМЕ *Белгілі бір шаруашылық саласы, мәдени-ғылыми қызметпен шұғылданатын орын, үйым.*

МЕКЕМЕАРАЛЫҚ *Мекеме мен мекеме арасында болатын.* ~ байланыс.

МЕКЕН *Қоныс, тұрақ, орын, жай.* Туып өскен ~. ◊ **Мекен пысықтауыш** (*лингв.*) — *қимылдың, іс-әрекеттің орнын білдіретін пысықтауыш.* **Мекен етті [қылды]** — *орын тепті, қоныстанды.* **Мекен тепті** — *орналасты, орнықты.*

МЕКЕНДЕ *Белгілі бір жерді қоныстау, жайлау, тұрақтану.*

МЕКЕНДЕС *Мекені бір, қоныстас.* ~ адам (жан).

МЕКЕНДЕСТІК *Мекені, тұрағы бір болушылық, қоныстастық.*

МЕКЕНДЕУШІ *Белгілі бір орынды қоныстанушы, жайлаушы.* ~ ел (халық).

МЕКЕНДІ *Елді-мекенді жер.* ~ ел (жер).

МЕКЕНДІК *Мекен боларлық, қоныстық.* ~ аймақ.

МЕКЕН-ЖАЙ 1. *Қоныс, тұрақ, орын, жай.* Жазғы ~ы. 2. *Үй-жай, құрылыс, ғимарат.* Жаңадан ~ салдырды.

МЕКЕНСІЗ *Тұрақ-жайы, қонысы жоқ.* ~ ел (жан).

МЕКЕР *Қу, залым, айлакер.*

МЕКЕРЛЕН *Қулық-сұмдыққа салыну, қулану, айла жасау.* ~е сүйкенді.

МЕКЕРЛІК *Қулық, айлакерлік, залымдық.* ◊ **Мекерлік қылды** — *қулық істеді, жәдігөйлік етті.*

МЕКИЕН *Тауық тұқымдас құстардың жұмыртқалайтын ұрғашысы.*

МЕКТЕП 1. *Бастауыш, орталау және орта дәрежелі жалпы білім беретін оқу орны.* ~ке барды, ~те оқиды. 2. *Ауыс. Бір нәрсені үйреніп шығу, тәжірибе алу орны.* Естайдың, Біржан мен Ақанның әндерін үйренуі үлкен *мектеп* болады (Жұбанов). ◊ **Мектеп көрген** — *жүйелі білім алған, оқыған.*

МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ *Жанында жатақханасы бар жалпы білім беретін мектеп.*

МЕКТЕПТАНУ *Балаларға жалпы оқу әдісін, тиянақты білім беру жағын зерттеу, мұғалімдерді соған даярлау, баулу жайлы педагогика ғылымының саласы.* ~ орталығы.

МЕКТЕПТЕС *Бір мектепте қатар оқыған.* ~ жолдасы.

МЕКІРЕН *Малдың төліне мейірі түскендегі ыңырануы.* Саулық қозысын ~е иіскеді.

МЕЛДЕК *көне. Кеңірдек, тамақ.* ◊ **Мелдек атты** — *шамадан тыс тойды, ықылық атты.*

МЕЛДЕКТЕ *Қатты тою, аузы-мұрнынан шыға ішу.* Қымызға ~й тойды.

МЕЛЖЕМДЕ *Мыжу, мылжалау, жоқ қылу.* Жау бізді ~гісі келеді.

МЕЛЖЕМДІ *Мықты, қарулы, күшті.* ~ жігіт, ~ қол (саусақ).

МЕЛИОРАТОР *Жер суландыру жұмысының маманы.*

МЕЛИОРАЦИЯ *Жерді суландыру жұмысы.*

МЕЛИОРАЦИЯЛЫҚ *Жерді суландырумен байланысты, суландырушылық.* ~ жұмыс (құрылыс).

МЕЛОДИЯ *Белгілі бір музыкалық тұтастықты құрайтын дыбыстар жүйелігі, ырғақ сазы.* Көкшенің көркем әндерінің дәстүрінде жазылған шалқыған *мелодия* (А. Жұбанов).

МЕЛОДРАМА *әдеб. Эмоциялық сезімге, шиеленіскен тартысқа құрылған пьеса.* Облыстық театр ~ қоюға әуес.

МЕЛОДРАМАЛЫҚ *Мелодрамаға қатысты ерекшелік.* ~ пьеса (шығарма).

МЕЛШИ *Үн-түнсіз сілейіп қалу, сазару.* Ол ~ді де қалды.

МЕЛЬХИОР *Мыс пен никельдің қосындысынан тұратын, күміске ұқсас қымбат металл.* ~ қасық.

МЕМЛЕКЕТ *Үкімет басшылығымен халықты ұйымдастырушы, ұлттық, ауқымдық саяси қоғамдық бірлік.*

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ *Екі мемлекет арасындағы.* ~ қатынас (келісім).

МЕМОРАНДУМ 1. *Дипломатиялық жазбаша қатынастың тақырыбы болып табылатын, мәселенің мәнін егжей-тегжейлі ашып көрсететін дипломатиялық құжат.* 2. *Белгілі бір мәселе бойынша баяндау жазбасы, қызмет анықтамасы.*

МЕМОРИАЛ *Бір нәрсенің құрметіне орнатылған жазуы бар ескерткіш.* "Бейбітшілік паркі" атом бомбасының құрбандарына арналған *мемориал* (Ө. Кекілбаев). □ **Мемориал тақта** — *бір нәрсенің құрметіне арнап бекітілген ескерткіш тақта.*

МЕМУАР *Естелік түрінде жазылған өмірбаяндық әдеби шығарма.* ~ жазды.

МЕМУАРЛЫҚ *Мемуарға тән, мемуар сипатты.* ~ шығарма (роман, еңбек).

МЕМУАРШЫ *Мемуар жазушы, мемуар жазумен айналысатын адам.*

МЕН I *Бірінші жақты білдіруші жіктеу есімдігі.* ~ келдім (барамын). ◊ **Мен мұндалап** — *ерекше көрініп, оқшауланып.*

МЕН II *Сөйлем мен сөйлемді, сөйлемдегі сөздерді өзара байланыстыратын жалғаулық.* Ән ~ жыр, ғылым ~ әдебиет.

МЕНДІК *Маған тән, маған тиісті, маған қатысты.* ~ үлес (ақша).

МЕНЕДЖМЕНТ *Өндірісті басқарудың принциптері, әдістері, құралдары және формаларының жиынтығы.*

МЕНЕДЖЕР 1. *Жалдамалы кәсіби басқарушы.* 2. *Өндірісті басқару жөніндегі маман.* 3. *Кәсіби спорттағы жаттығуды, спортшылардың ойын, тағы басқаларын ұйымдастыратын іскер адам.*

МЕНЕН *Бенен, пенен жалғаулықтарының қаң сыңары.* Жер ~ көк, жалшы ~ кедей.

МЕНИНГИТ *мед. Менингоккок инфекциясының салдарынан болатын ми қабының ауруы.* ~пен ауырды.

МЕНМЕН *Тәкаппар, өзімшіл, өр көкірек.* ~ адам.

МЕНМЕНДІК *Тәкаппарлық, өр көкіректік.* Өзінде ~ бар.

МЕНМЕНСІ *Көкірегін көтеру, тәкаппарлану, дандайсу.* ~и қарады.

МЕНМЕНШІЛ *Тәкаппар, өзімшіл, менмен.* ~ бастық.

МЕНМЕНШІЛДІК *Өзімшілдік, тәкаппаршылық, менмендік.* Онда ~ деген атымен жоқ.

МЕНСІН *Ұнату, жақтыру, тәуір көру.*

МЕНСІНБЕУШІЛІК *Өзгені жаратпай паңдануышылық, жақтырмаушылық.*

МЕНШІК *Біреудің жеке өзіне тән иелігі.* Адамның ~гі.

МЕНШІКТЕ *Өзі ие болу, иелену.* ~п алды.

МЕНШІКТІ *Белгілі бір қоғамға, қоғам мүшесіне, жеке адамға тиісті, солардың иелігіндегі.* ~ орын (малы). □ **Меншікті салмақ** — *тиісті салмақ.* ◊ **Меншікті тілші** — *газет пен журналдардың белгілі бір жерден хабар жазып тұратын тұрақты қызметкері.*

МЕНШІКТІЛІК *Біреуге тиістілік, соған тәнділік.*

МЕНШІКШІЛ *Меншіққұмар, жекешіл.*

МЕНШІКШІЛДІК *Меншіққұмарлық, жекешілдік.* ~ пиғыл (сана).

МЕНІҢШЕ *Менің ойымша, өз шамалауымша.*

МЕҢ *Адамның денесінде болатын кішкене қара дақ.* Иегінде ~і бар.

МЕҢГЕР 1. *Бір істі игеру, оның қырсырын жақсы білу.* Техниканы ~ді. 2. *Бір нәрсені басқару, басшылық ету.* Оқу ісін ~ еді.

МЕҢГЕРУШІ *Мекеме, ұйым басшысы, жетекшісі.*

МЕҢГЕРУШІЛІК *Мекеме, ұйым ісін басқарушылық, жетекшілік.* ~ қызметте.

МЕҢДЕ 1. *Басу, билеу.* Ой ~п алды. 2. *Ауыс. Ауруы күшею, асқыну.* Ауруы біртіндеп ***меңдей*** берген (Әлішев).

МЕҢДУАНА *Үлкен жапырақты, дәрі-дәрмек ретінде пайдаланылатын ақ гүлді улы өсімдік.* ◊ **Меңдуана жегендей** — *басы айналып, әңкі-тәңкі болған.*

МЕҢЗЕ *Нұсқау, бағыттау, мегзеу.*

МЕҢЗЕЛДЕС *Секілді, сияқты, тәрізді.* Найзағай ~.

МЕҢ-ЗЕҢ *Дел-сал, әрі-сәрі.* Басы ~, ~ халде жүрді. ◊ **Мең-зең болды** — *басы ауырып, дел-сал күй кешті.*

МЕҢ-ЗЕҢДЕН *Дел-салдану, әрі-сәрі болу.* "Ит тиген" бала жүдейді, ұйқысы қашады, ***меңзеңденеді*** (Исабаев).

МЕҢ-ЗЕҢДІК *Дел-салдық, әрі-сәрілік.*

МЕҢЗІ *Басы мең-зең болу, қатты ауыру.* Басы ~п тұр.

МЕҢСІЗ 1. *Меңі жоқ.* ~ бет. 2. *Ауыс. Ешқандай дақ жоқ, кіршіксіз.* ~ аспан.

МЕҢІРЕЙ *Есеңгіреу, аңыраю, аңқию.* Иесі ~іп тұр.

МЕҢІРЕУ 1. *Делқұлы, дел-сал.* ~ адамша. 2. *Қалың орман, дүлей жыныс; джунгли.* 3. *Ауыс. Тыптыныш, жым-жырт.* ~ дала (тыныштық).

МЕҢІРЕУЛЕН *Меңіреу күйге түсу, жым-жырт, құлазыған күй кешу.* Бір кездерде ***меңіреуленіп***, түнеріп тұратын өлке еді-ау бұл (Майлин).

МЕҢІРЕУЛЕУ *Аздап меңіреу, сәл-пәл мәңгірген.* ~ бала.

МЕҢІРЕУЛІК *Тыныштық, жым-жырттық.*

МЕҢІРЕУСІ *Меңіреу болғансу, тұк білмегенсу.*

МЕРГЕН *Атқан оғы мүлт кетпейтін, көздеген жеріне тигізетін, дәл атқыш.* ~ аңшы (солдат).

МЕРГЕНДІК *Көздегеніне дәл тигізе алатындық, дәл атқыштық.* ~гі жағынан алдына жан салмайды.

МЕРДІГЕР *Белгілі бір жұмысты орындап шығуды мойнына алушы, міндеткер, міндеттенуші.*

МЕРДІГЕРЛІК *Шартпен белгілі бір жұмысты орындауды міндетіне алғандық, міндеткерлік.*

МЕРЕЗ 1. *Денені іріткіп-шіріткіп жіберетін аса жұқпалы ауру.* Жақындаса, ***мерезі*** жоқ қой жұғатын (Дүйсенов). 2. *Ауыс. Арам, қара ниет.* Ішінде жылан жатса да, сездірмейтін ***мерез*** адам (Бәйшешек).

МЕРЕЗДЕН *Арамдық ойлау, қара ниеттену.*

МЕРЕЗДІК *Қара ниеттілік, арамдық.*

МЕРЕЙ *Абырой, атақ, мәртебе.* ◊ **Мерей түтты** — *абырой санады, мәртебе көрді.* **Мерейі артты [асты]** — *абыройы артты, беделі өсті.* **Мерейін көтерді** — *мәртебесін жоғарылатты, беделін арттырды.* **Мерейің үстем болсын (алғ.)** — *абыройың артсын, беделің көтерілсін.* **Мерейі өсті** — *абыройы артты, мәртебесі жоғарылады.* **Мерейі тасыды** — *қуанышқа бөленді.*

МЕРЕЙГЕР *Белгілі бір мүшел жасқа толған адам; юбиляр.*

МЕРЕЙЛЕН *Мерейі өсу, көңілі көтерілу, тасу.* Ол ~е түсті.

МЕРЕЙЛІ *Мәртебелі, абыройлы.* ~ мереке (еңбек).

МЕРЕКЕ *Салтанатты той, мейрам.* ~ құтты болсын!

МЕРЕКЕЛЕ *Мейрамдау, тойлау.* Жеңіс күнін ~ді, туған күнін ~ді.

МЕРЕКЕЛІ *Той-думанды, салтанатты.* ~ күн (той).

МЕРЕКЕЛІК *Мерекеге арналған, салтанатты.* ~ концерт (жиын).

МЕРЗІМ *Мезгіл, уақыт.* Бір жұма ~ беріңіз.

МЕРЗІМДІ *Мөлшерлі, кесімді, уақтылы.* ~ уақыт (шаруашылық). ◊ **Мерзімді баспасөз** — *күнделікті шығып тұратын газет-журналдар.*

МЕРЗІМДІК *Белгілі бір уақыттық, мезгілдік.* ~ ақы (курс).

МЕРИДИАН *геогр. Жер шарының полюстері арқылы экваторды тура көлденең кесіп өтетін тұзу сызық.*

МЕРИНОС *Биязы жүнді қой тұқымы.* Арқар ~ қойы.

МЕРТ: мерт болды — *қаза тапты, өлді.*

МЕРТІК *Бір жері сыну, шығу, майып болу.* Өзі оңбай ~гіпті. ◊ **Мертік ас** *(этногр.)* — *мертіккен адамға жинайтын ас, тағам.*

МЕРУЕРТ *Әсемдік, сәндік үшін қолданылатын қымбат бағалы асыл тас.* □ **Меруерт моншақ** — *меруерттен тізген асыл моншақ.* **Меруерт жүзік** — *көзіне меруерт қойған жүзік.* **Меруерт сырға** — *меруерттен жарқыраған көзі бар алтын яки күміс сырға.*

МЕРУЕРТГҮЛ *бот. Жұпар иісті, ақ гүлді, шашақтала өсетін көп жылдық гүл. Меруертгүл көбінесе орман алқаптарында өседі* (С. Субханбердин).

МЕРУЕРТТЕЙ *Меруерт сияқты өте әсем, әдемі.* Тісі ~.

МЕРУЕРТТІ *Меруерті бар, меруерт таққан.* ~ сырға (қыз).

МЕС *Ешкінің бітеу терісінен қымыз, айран құю үшін жасалған ыдыс.* ~ке қымыз құйды. □ **Мес көрік** — *ұста көрігі; үлкен көрік.* ◊ **Мес қарын** — *тамақты көп ішетін, жуан қарын.*

МЕСЕЛ *Көңіл, пейіл, ниет.* ◊ **Меселі[н] қайтты [қайтарды]** — *көңілі қалды, тауы шағылды.*

МЕСТЕЙ *Жуан, семіз, торсиған.* ~ біреу шықты.

МЕТАЛЛ *Балқығыштық, созылғыштық қасиеті бар, жылылық пен электр тогын өткізетін химиялық элементтердің жалпы атауы.*

МЕТАЛЛУРГ *Металлургия маманы.* ~термен ақылдасты.

МЕТАЛЛУРГИЯ *Металл өндіретін, оларды өңдейтін өнеркәсіп орны.* ~ комбинаты.

МЕТАН *Көміртегі мен сутегінің қосылуынан пайда болған химиялық қоспа; түссіз және иіссіз газ.*

МЕТАТЕЗА *лингв. Бір сөз ішіндегі дыбыстардың орын алмастыруы.*

МЕТАФОРА *Сөздің ауыспалы, бейнелі мағынада қолданылу құбылысы.*

МЕТЕЙ *жерг. Ағаштан жасалған кішкене күбі; ыдыс. Метей* — бітеу ағаш шелек (Қасиманов).

МЕТЕОРИТ *Аспан әлемінен орасан зор жылдамдықпен жерге келіп түсетін физикалық дене.* ~ ағып түсті.

МЕТЕОРОЛОГ *Метеорология маманы.* -тар ауа райын күні бұрын біледі.

МЕТЕОРОЛОГИЯ *Ауа райы мен басқа да атмосфералық құбылыстарды зерттейтін ғылым.* - станциясы.

МЕТЕОСТАНЦИЯ *Метеорологиялық зерттеулер жүргізетін станция.*

МЕТИЛ: метил спирті — *көміртегінің бір атомы мен сутегінің үш атомының қосындысынан тұратын химиялық зат; спирт.*

МЕТИС *Екі түрлі нәсілдің арасынан шыққан тұқым, будан.*

МЕТКЕЛ *Дөрекі тоқылған мата.* Үстінде қос желбіршегі бар *меткел* көйлек (Талжанов).

МЕТОДОЛОГИЯ *Ғылыми зерттеу методы туралы ілім, әдістеме.*

МЕТОНИМИЯ *филол. Екі ұғымның жақындығына, ұқсастығына, көршілестігіне қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі.*

МЕТР *Ұзындық өлшемінің жүз см-ге тең өлшем бірлігі.* Бес - мата.

МЕТРЛЕ *Метрмен өлшеу.* -п сатты.

МЕТРЛІК *Бір метрге тән, метр шамасында.* Он - баржа.

МЕТРО *Қалада жер астында салынған электр темір жолы және сол жолда жүретін электр поезы.* -ға түсті (мінді).

МЕТРОПОЛИТЕН *Ірі қалаларда жер астынан салынған электр темір жол жүйесі.* Алматыда - салынып жатыр.

МЕТРОШЫ *Метро салушы, метро қызметкері.* -лармен бірге тұрады.

МЕХАНИЗАТОР *Техника тілін білетін маман.* Үш жылдай - болып істеді.

МЕХАНИЗАЦИЯ *Механикаландыру жүйесі.* Ауыл шаруашылық -сы.

МЕХАНИЗАЦИЯЛА *Қолмен істелетін жұмыстарды машинамен істейтіндей ету, машиналандыру.*

МЕХАНИЗМ *Машинаны қозғалысқа келтіретін қозғаушы күш, тетік.*

МЕХАНИК *Механика маманы.*

МЕХАНИКА *Денелерді механикалық қозғалысқа келтіретін техника саласы.*

МЕХНАТ *Ауыр азап, бейнет, қиыншылық.* Мал бағу — *мехнаты* көп еңбек (Жұмақанов). ◊ **Мехнат кешті [шекті]** — *азап көрді, бейнет шекті.*

МЕХНАТСЫЗ *Бейнетсіз, азапсыз.* - еңбек жоқ.

МЕХНАТТАН *Бейнеттену, азаптану.*

МЕХНАТТЫ *Азапты, бейнетті.* - еңбек (жол).

МЕШЕЛ 1. *Организмде керекті заттардың жетіспеуінен болатын ауру; рахит.* - бала. 2. *Ауыс. Артта қалған, мешеу.* - ел.

МЕШЕЛДІК 1. *Мешел болушылық, мешел ауруына шалдығушылық.* - түбіне жетті. 2. *Ауыс. Артта қалушылық, мешеулік.* Өмірім әлде осылай *мешелдікпен* өтер ме екен? (Оразақов).

МЕШЕУ *Артта қалған, дамымаған, кенде.* - ел (колхоз). ◊ **Мешеу қалды** — *кейін қалды, дамымады.*

МЕШЕУЛЕ *Кенде қалу, кейіндеу.* Жүрегі аурулы балалар *мешеулеп*, өз қатарынан қалып қояды (Дайыров).

МЕШЕУЛЕУ *Аздап мешеу; дамыңқырамай қалған.* - бала.

МЕШЕУЛІК *Артта қалғандық, дамымағандық.*

МЕШКЕЙ *Тамақты көп ішетін, тойымсыз, обыр.* ***Мешкейдің*** алдында ас қалмас (Мақал).

МЕШКЕЙЛІК *Тамақсаулық, обырлық.*

МЕШІН I 1. *көне. Маймыл.* Ауру *мешін* осыны Азар-азар айтыпты. (Қ. Мырзалиев). 2. *Ескіше жыл қайырудағы тоғызыншы жылдың аты.* - жылы туыпты.

МЕШІН II *Суда жүретін қоңыз.*

МЕШІТ *Мұсылман қауымының намаз оқуға жиналатын, құдайға сиынатын орны.* -ке барды.

МЕЩАН *Ой өрісі тар, тоғышар адам.*

МЕЩАНДЫҚ *Ой өрісі таяздық, тоғышарлық.* - пиғыл (түрмыс).

МИ I 1. *Адамның және жан-жануарлардың орталық нерв жүйесінің ең басты мүшесі.* 2. *Ауыс. Ақыл, ой, сана.* Бұл жас ұйым, жаңа жиын, Жастың *миын* молайтар (ҚСЭ). ◊ **Миға [миына] кірмеді** — *ұқпады, түсінбеді.* **Миға [миына] қонды** — *ұғынды, ұқты, түсінді.* **Ми қайнатты** — *өте ыстық болды.* **Миы айналды** — *басы қатты, шатасты.* **Миы ашыды [қатты]** — *басы қатты, не істерін білмеді.* **Миы жетпеді [жетті]** — *есебін таба алмады, ақылы жетпеді.* **Миы қатты** — *басы қатты, есебін таба алмады.* **Миына қонды [жетті]** — *санасына жетті, түсінді.* **Миына құйды** — *ұғындырды, түсіндірді.* **Миына сыймады** — *көңіліне қонбады, ақылы жетпеді.* **Миына сіңді** — *жете ұғынды, түсінді.* **Миын жеді** — *қайта-қайта айтып, миын ашытты.* **Миын су қылды** — *басын қатырды, шатастырды.*

МИ II *Батпақты жер, ұйық, тартпа.* Екі түйенің біреуі *миға* түсіп, үйелеп өлді (Бегалин). ◊ **Ми батпақ** — *езіліп жатқан батпақ.* **Ми қылып жіберді** — *езіп жіберді, мыжыды.* **Миы шықты** — *езілді, батпақ болды.*

МИҒҰЛА *Ақылсыз, мисыз, су ми.* Тұк білмейтін *миғұла* екен (Райымқұлов).

МИҒҰЛАЛЫҚ *Ақылсыздық, мисыздық, есуастық.*

МИДАЙ: мидай дала [жазық] — *жазық дала, құла түз.*

МИЗАМ I *Қыркүйек айының ескіше атауы.* ***Мизамда*** ми қайнаған ыстық болды (С. Жүнісов).

МИЗАМ II *Қыркүйек айында өсімдіктердің үлпаларынан пайда болатын, өрмекшінің торы сияқты, үшпалы ақ сілбі.* Шұбатылған *мизамдар* жер бауырлап қалқып барады (Исабаев).

МИЗАМ III *көне. Низам, заң, үкім.* Барлық жерді қазынаға мүлік қылып, *мизам* шығарған ("Айқап").

МИКРОАВТОБУС *Ішіне аз ғана адам сиятын кішкене, шағын автобус.*

МИКРОАМПЕР *физ. Ампердің миллионнан бір бөлшегі.*

МИКРОБ *Жай көзге көрінбейтін, өте ұсақ тірі организм.*

МИКРОБИОЛОГ *Микроорганизмдерді зерттейтін адам, микробиология маманы.*

МИКРОБИОЛОГИЯ *Микробтардың тіршілігін зерттейтін ғылым.* - ғылымы.

МИКРОКЛИМАТ *Белгілі бір шағын көлемді аймаққа ғана тән ауа райы.* Теплица ішінде - жасалады.

МИКРООРГАНИЗМ *Жай көзге көрінбейтін бір клеткалы, өте ұсақ тірі организм; микроб.*

МИКРОСКОП *Көзге көрінбейтін заттарды үлкейтіп көрсететін оптикалық құрал.* ~пен қарады.

МИКРОСКОПИЯ *Көзге көрінбейтін заттарды микроскоппен зерттеу әдістерінің жалпы атауы.*

МИКРОФОН *Үнді, сөзді зорайтып, алысқа жеткізетін құрал.* ~нан саңқылдаған үні естілді.

МИКСТУРА *Емдік қасиеттері бар заттардың қоспасынан тұратын сұйық дәрі.* ~ны пайдаланды.

МИҚАТА *Кеще, милау.* Маған ***миқата*** қыздар ақыл айтпаса екен (Хұсайынов). ◊ **Миқата болды** — *басы қатты.*

МИҚИ *Қисаю, мыжыраю.* Аяғында ~ған пима.

МИҚҰРТ *Миға түскен микробтан пайда болатын ауру; менингит.* ~ ауруы, ~тан жазылды.

МИЛАС *Араласу, баттасу, қосылу.*

МИЛАУ *Кеще, мигұла, су ми.* ~ неме.

МИЛАУЛЫҚ *Кещелік, мигұлалық.*

МИЛАУЫТ *Батпағы шығып, езіліп жатқан.* ~ жер (саз).

МИЛИТАРИЗМ *Соғыс қуатын күшейту, басқыншылық соғыстарға әзірлену жөнінде ірі капиталистік мемлекеттер жүргізіп отырған саясат.*

МИЛИТАРИСТ *Милитаризмді жақтаушы, милитаризм саясатын жүзеге асырушы.*

МИЛИЦИОНЕР *Милиция қызметкері.* ~ акт жасады.

МИЛИЦИЯ *Қоғамдық меншікті, азаматтардың қауіпсіздігін, дүние-мүлкін қорғайтын, тәртіп сақтайтын әкімшілік мекеме.* ~ бөлімі (қызметкері).

МИЛЛӘТ *тар.* *Ұлт.* Бүкіл қазақ ~і.

МИЛЛИАРД *Мың миллион.* ~ пұт астық.

МИЛЛИАРДЕР *Монополистік капиталдың өкілі, ірі капиталист.*

МИЛЛИГРАМ *Грамның мыңнан бір бөлігі.* Екі жүз елу ~.

МИЛЛИГРАМДЫҚ *Миллиграм мөлшеріндегі.* ~ ыдыс.

МИЛЛИМЕТР *Метрдің мыңнан бір бөлігі.* Жетпіс ~.

МИЛЛИМЕТРЛІК *Миллиметр мөлшері.* ~ өлшем.

МИЛЛИОН *Сан* мыңға тең. ~нан асады, ~ға тең.

МИЛЛИОНДАҒАН *Сан миллион, бірнеше миллион.* ~ солдат (клетка).

МИЛЛИОНЕР *Байлығы миллионмен есептелетін адам.* Досымның ~ болғысы келеді.

МИЛЫ *Миы көп, ақылды, ойлы.* ~ адам (бала).

МИЛЫҚ 1. *Маңдайдың бас киім жауып тұратын жері.* Бөркі ***милығына*** түсіп кеткен (Майлин). 2. *Бас киімнің милықты жауып тұратын жері.* Елтірі тымағының ***милығын*** көтеріп қойды (Бегалин).

МИЛЫҚТА *Бас киімді милығына түсіріп, баса кию.* Құлақшынын ~й киіпті.

МИЛЫРАҚ *Миы көбірек, ақылдырақ.*

МИЛЬ *Су бетінің қашықтық өлшемі.*

МИМЫРТ *Баяу, шабан, жай.* ~ жүріс (аяң).

МИМЫРТТА *Жай жылырлап жүру, шабан қозғалу.* Саулықтар ~п жылжып келеді.

МИМЫРТТЫҚ *Шабандық, баяулық, сылбырлық.*

МИНА *Жарылған жеріндегі нәрселерді қопарып, талқандап тастайтын соғыс қаруы.* ~ түсті (жарылды).

МИНАЛА *Мина қою, мина құру.* Олар көпірді ~ды.

МИНАЛЫ *Минасы бар, мина қойылған.* ~ алаң (көпір).

МИНАРЕТ *Елді намазға шақыру үшін азаншыға арнап жасалған мешіт мұнарасы.*

МИНАШЫ *Мина қою ісінің маманы.* ~лар келді.

МИНЕРАЛ *Табиғи түрде өзара қосылған химиялық элементтер жиынтығы.* ~дарға бай.

МИНЕРАЛДА *Минерал қосу, минерал беру.* Ең алдымен топырақты ~ған жөн.

МИНЕРАЛДАН *Минерал пайда болу.* Ішінара тұздар ***минералданады,*** белоктар ыдырай бастайды (Құс өсіруші).

МИНЕРАЛДЫ *Минералы бар, минерал қосылған.* ~ тұздар (сулар).

МИНЕРАЛОГ *Минерология маманы.* Дарынды ~.

МИНЕРАЛОГИЯ *Минералдар туралы ғылым.*

МИНИМУМ I *Ең кіші, ең аз мөлшер, шама.* ~ жоспар.

МИНИМУМ II *Белгілі бір пән бойынша тапсырылатын емтихан.* ~ тапсырды (өткізді).

МИНИСТР *Мемлекеттік лауазым иесі, үкімет мүшесі.* ~дің кабинеті.

МИНИСТРЛІК *Мемлекеттік басшылық жасайтын мекеме.* ~те бөлім басқарады.

МИНОМЕТ *Минаны ататын зеңбірек.*

МИНОМЕТШІ *Миномет бөлімшесінде қызмет атқаратын әскери миномет атқыш адам.* ~ лер аман екен.

МИНУС *Математикада азайту, шегеру белгісі (-) немесе теріс шаманы білдіретін таңба.* Тыста суық ~ 30 градус.

МИНУТ *Алпыс секундқа тең уақыт мөлшері, өлшемі.* Бес ~ уақыт.

МИНУТСЫЗ *Минуты кем.* Бес ~ төрт.

МИНУТТАЙ *Минут мөлшерінде, минут шамасында.* Он ~ уақыт қалды.

МИНУТТЫҚ *Минутқа тең, 60 секундтық уақыт мөлшері.* ~ жұмыс, 15 ~ жол. ◊ **Минуттық үнсіздік** — *қаза болған адамдарға құрмет көрсету мақсатымен өткізілетін бір минуттық үнсіздік сақтау салты.*

МИПАЛАУ *Пісірілген бастың миын алып, оған ет, құйқа, май қосып, үстіне тұздық құйып жасалған тағам.* ~ жасады (жеді).

МИРАС *Атадан әкеге, әкеден балаға қалатын мұра.* ~ қа қалды.

МИРАСҚОР *Мирас иесі, мұрагер.* Әкесінің ~ы.

МИРАСҚОРЛЫҚ *Мұрагерлік.*

МИСАҚ *зоол.* *Қазақстанды мекендейтін үйректің бір түрі.*

МИССИОНЕР *Басқа діндегілер арасына өз дінін, әдет-ғұрпын уағыздайтын, насихаттайтын адам.*

МИССОНЕРЛІК *Миссионер міндетін атқарушылық, миссионер болушылық.*

МИСТИК *Табиғаттан тыс күшке, кереметке сенетін адам.*

МИСТИКА *Табиғаттан тыс күшке сенушілік; мистицизм.*

МИСЫЗ *Миы жоқ, ақылсыз, есуас.* ~ адам, ~ емес.

МИСЫЗДЫҚ *Ақылсыздық, есуастық.*

МИТИНГ *Белгілі бір саяси оқиғаларға арналған жиын.* ~ ашты, ~ке қатысты.

МИТЫҢ *Титықтаған қозғалыс, қыбыр, мардымсыз жүріс.* Оның *митыңына* еріп, аз-кем кешігер (Талжанов).

МИТЫҢДА *Мардымсыз қыбырлау, өнімсіз жүру.* -п келеді.

МИТЫҢ-МИТЫҢ *Қыбыр-қыбыр, титың-титың.* - жүріс.

МИУА *Мәуе, жеміс.* - жеді.

МИУАЛА *Жеміс өсу, жеміс шығу.* Жемістерді *миуалап*, Көктей түссін бақша-бау (Қ. Сатыбалдин).

МИУАЛЫ *Миуасы бар, жемісті.* - бақ.

МИФ *Дүниенің шығуы туралы, табиғат құбылыстары туралы аңыз-әңгімелер.* Грек -і.

МИФОЛОГИЯ *Мифтердің жиынтығы, миф туралы ілім.*

МИХРАБ *Мешіттегі құбыла жаққа қаратылып жасалған имам тұратын орын.*

МИЧМАН *Әскери-теңіз флотындағы офицерлік атақ және сол атаққа ие адам.*

МИШЫҚ *Мидың артқы бөлігі; кішкене ми.*

МИЫҚ *Мұрт өсетін жер. Миығына* сұлу біткен сүйір мұрты батырды елестетті (Дүзенов). ◊ **Миығынан күлді** — *мұртынан күлді, езу тартты.*

МИЯ *Дәні ащы, ақшыл я қызыл түсті өсімдік. Миының* иісі көкірек жарады (Х. Әдібаев).

МИЯЛЫ *Мия өскен, миясы көп.* - жер (беткей).

МИЯСАР *көне. Көңіліне жаққан, лайықты; бейім.* Тал бойына бір жігіт таба алмайды *миясар* (Қамбар батыр.).

МИЯТ *Көңілге медеу, тірек, сүйеніш.* - көрді. ◊ **Мият тұтты** — *медет етті, арқа сүйеді.*

МИЯУ *Мысықтың миялаған дыбысы.* Мысықтың -ы.

МИЯУЛА *Мысықтың миялау-миялау деп дыбыстауы.* -ған мысық.

МОДА *Киімнің, тұрмыс заттарының сыртқы пішіні жағынан өз заманына сай сәні.* Соңғы -мен киініпті.

МОДАЛЫ *Модамен тігілген, сәнді.* - пальто (көйлек).

МОДАЛЬДЫ: модальды сөз *(лингв.)* — *сөйлеушінің айтайын деген ойға қатысын, көзқарасын білдіретін сөз.*

МОДАШЫЛ *Мода құмар, сәнқой.* - әйел (қыз).

МОДЕЛЬ *Үлгі; макет.*

МОДЕЛЬДЕ *Бір нәрсенің үлгісін (макетін) жасау.*

МОДЕЛЬЕР *Сәнді модельді заттың жеке үлгісін дайындайтын маман; модельші.* - машинаның моделін жасады.

МОДЕЛЬШІ *Үлгіші, макетші.* -лердің республикалық конкурсы өтті.

МОЖА *Мыж-мыж болған, әбден қартайған.* - шал (адамдар).

МОЖА-МОЖА *Әбден қартайған, мыж-мыж.* - кемпіршал.

МОЖАНТОМПАЙ *Қақ-соқпен ісі жоқ, қарапайым.* - бала.

МОЖАНТОМПАЙЛЫҚ *Қарапайымдылық, жуастық.* - мінез (қасиет).

МОЖЫҒАН *Мүжіліп әбден қартайған, еңбекке жарамай қалған.*

МОЖЫҚ *Кетік, басы мүжілген, шолақ.*

МОЗАИКА *Әр түрлі тас қиындыларынан, шыны сынықтарынан өрнектеп жасалған көркемөнер туындысы.* Үй қабырғалары - мен көркемделген.

МОЙНАҚ I 1. *Түйенің мойны т.б. малдың алқымынан басына дейінгі мойын терісі.* Көнекті түйенің *мойнағынан* жасайды ("Зерде"). 2. *Тау басының түйе мойнына ұқсас иіліп келген жері.* Бір топ аттылар *мойнаққа* қылт етіп шыға келді (Байтұрсынов).

МОЙНАҚ II 1. *Көріктің отқа жел үрлейтін өңеші, үрімпар.* -тан үйлдеген жел отты одан бетер лапылдатып жатыр. 2. *Пышақ т. б. сабына салынатын сақина шығыршық.* Орақтық сабында -ғы бар екен.

МОЙЫ *Қиыншылық көріп қажу, жасу.* Ауыртпалыққа -мады.

МОЙЫЛ *Діңі мен бұталары қара сұр түсті, қабықты, гүлі ақ, биіктігі 2–10 метрдей бұта өсімдік және осы аваштың жемісі.* ◊ **Мойыл көз [көзді]** — *қара көз.* **Мойыл қара** — *мойылдай шымқай қара.*

МОЙЫЛДАЙ *Қап-қара.* Көздері -.

МОЙЫМА *Қиыншылыққа иілкпеу, жасымау.*

МОЙЫН 1. *Басты кеудемен жалғастырып тұратын дене мүшесі.* Қойдың -ы. 2. *Бір нәрсенің басымен жалғасқан жері.* Күректің -ы. □ **Мойын жіп** — *мойынға байланатын жіп.* **Мойын омыртқа** — *мойын тұстағы омыртқа.* ◊ **Мойны астына келді** — *оңбай құлады; ойсырай жеңілді.* **Мойны босады** — *қолы тиді, арқа басы кеңіді.* **Мойны жар бермеді** — *кежегесі кейін тартты, ерінді.* **Мойны жуан** — *әлді, күшті.* **Мойны қашық** — *арасы алыс, алшақ.* **Мойнымен көтерді** — а) *қиыншылыққа төзді; ә) өз қатесін өзі түзеді.* **Мойнына алды [алмады]** — а) *күнәсін, айыбын мойындады; ә) бір нәрсені міндетіне алды.* **Мойнына арқан салды** — *дегеніне көндірді, бағындырды.* **Мойнына артты [жүктеді]** — *міндеттеді, жүктеді, борышты етті.* **Мойнына бұршақ [шылбыр] салды** — *құдайдан тіледі, жалбарынды.* **Мойнына қойды** — *күнәсін мойындатты.* **Мойнына қоржын салды [ілді]** — *қайыр тіледі, тентіреді.* **Мойнына құрық түсті** — *құтыла алмастай болды.* **Мойнына құрым ілді** — *көпке масқара етті, қорлады.* **Мойнына мінді** — *қарыздар болды, жауапкер болды.* **Мойнына мініп алды** — *біреуге масыл болды, даярға ие болды.* **Мойнына салды** — *күнәсін мойнына қойды, мойындатты.* **Мойнына су кетті [құйылды]** — *ұнжырғасы түсті, жүні жығылды.* **Мойнына түсті** — *мойнына жүктелді, міндетті болды.* **Мойнын бұрады [қайырды]** — *ырқына көндірді, дегенін істетті.* **Мойнын бұрды** — *көңіл бөлді, қарады.* **Мойнын ішіне тықты** — *ұнжырғасы түсті, жасыды.* **Мойны ырғайдай, биті торғайдай болды** — *азып-тозды, жүдеп-жадады.* **Мойын бермеді** — *ырыққа көнбеді, келіспеді.* **Мойынды қашыққа [сыртқа] салды** — *сырттады, алыстады, қашты.* **Мойын қойды** — *ынта қойды, белсене кірісті.*

МОЙЫНАҒАШ *Мойынға салып, шелекпен су әкелетін құрал, иінағаш.* -пен су әкелді.

МОЙЫНДА *Бір нәрсені мойынына алу, көну.* Айыбын -ды.

МОЙЫНДАС *Мойындарын тіістіру, қатар қою.* Екеуі -ып жатыр.

МОЙЫНДАУШЫЛЫҚ *Мойынға алушылық, бой ұсынушылық.*

МОЙЫНДЫ *Мойыны бар, мойыны ұзын.* - домбыра (қаз, қой).

МОЙЫНДЫҚ *Иештің мойыны, мойын тұсы. Мойындықта* тұрған шырпыны алды (Мұқанбетқалиев).

МОЙЫНСЕРІК *тар. Алғаш ұйымдасқан шаруалар ұйымы; артель.*

МОЙЫНСҰН *Бір нәрсеге көну, бағыну.* Қой бағуға ~ып алды.

МОЙЫНТҰМАР *Шынжырға өткізіп, мойынға тағатын әйелдердің сәндік бұйымы; кулон.* Оның ~ының алтын емес екені бадырайып біліниіп тұр.

МОЙЫНТҰРЫҚ *Арба, шана, соқа тартатын өгіздердің мойнына салатын арнаулы ағаш құрал.*

МОҚАЛ *Доғал, тұқыл.* Ұшы ~.

МОҚАЛДАУ *Доғалдау, тұқылдау.* Ұшы ~, ~ тұмсық.

МОЛ *Аса көп.* ~ өнім (ақша, отын). ◊ **Мол қол** — *қолы ашық, жомарт, береген.*

МОЛА *Өлген адамды жерлейтін көр, бейіт.*

МОЛАДАЙ *Мола сияқты, дөңкиген, қоқиған.* Былшиып ~ болып отырысын қарашы.

МОЛАЙ *Көбею, үлғаю.* Су ~ды, байлығымыз ~ды.

МОЛАҚ *Шолақ, қысқа.* ~ қарағаш, тілі ~.

МОЛАЛЫ *Мола бар, моласы көп.* ~ сай (жер).

МОЛАСЫНДАЙ: бақсының моласындай — *бұл жерде күлкі болып, жеке-дара қалуды айтып отыр. Моласындай* бақсының Жалғыз қалдым — тап шынымы! (Абай).

МОЛДА *Құранды, діни ғибадатты жақсы білетін дін адамы.* ~ құран оқыды. ◊ **Молда болды** — *жуасыды, момын болды.*

МОЛДАВАН *Молдова Республикасының жергілікті халқы.*

МОЛДАЛЫҚ *Молдаға тән іс-әрекет, мінез-құлық.* Өзінің ~ғы да шамалы. ◊ **Молдалық құрды** — *молданың міндетін атқарды, молда болды.*

МОЛДАТОРҒАЙ *Сексеуіл арасында жорғалап жүріп тіршілік ететін сұр торғай.* Аяқ астынан шыр-шыр етіп *молдаторғайлар* ұшады (Т. Әлімқұлов).

МОЛДАШЫЛ *Молдаға табынғыш, сенгіш.* ~ адам.

МОЛДЫҚ *Мол болушылық, көптік, байлық.*

МОЛЕКУЛА *Заттардың ең кішкентай бөлшегі.*

МОЛИБДЕН *Күміс түсті жылтыр металл.*

МОЛЛЮСКА *зоол. Жұмсақ денелі жәндік.*

МОЛОТИЛКА *Астық бастыратын алғашқы машина.*

МОЛТАҚ *Келте, шолақ, молақ.* Саусағы түсіп қалған *молтақ* қолдарын созды (Ахтанов).

МОЛТАҚТАУ *Шолақтау, келтелеу.* Ұшы ~.

МОЛШЫЛЫҚ *Байлық, көптік, молдық.* ~қа кенелді.

МОЛЫҚ *Көбею, баю, молаю.* Артықбай ауылы ет пен қымызға *молықты* (Ғ. Мүсірепов).

МОЛЫНАН *Молдап, көптеп, кеңінен.* Табыстарың ~ жетеді.

МОМАҚАН *Момын, жуас.* Ол ~ жігіт екен.

МОМАҚАНСЫ *Момақан болғансу, жуас болып көріну.* ~п қалыпты.

МОМЫН *Момақан, жуас.* ~ кісі (бала).

МОМЫНДЫҚ *Жуастық, момақандық.*

МОМЫНСЫ *Момын болғансу, жуас болғансу.* ~ған тұр көрсетті.

МОНАРХ *Монархия билеп-төстеген елдің өкімет басында отырған жеке-дара билеушісі; император, патша, король, т. б.*

МОНАРХИЯ *Мемлекетті басқару ісі мұрагерлік дәстүрмен жеке адамның әкімшілігіне негізделген мемлекет.*

МОНАРХИЯШЫЛ *Монархияны жақтаушы, соның мүддесін көздеуші.* ~ адам.

МОНАСТЫРЬ *Меншігінде шіркеу мұқтажына пайдаланатын жер мен қаржысы бар діни орталық.* ~ ашты, ~ға барды.

МОНАХ *Шіркеу ережелерінің негізінде сопылық, тақуалық парыздарын айнытпай орындап жүрген діни адам.*

МОНАХТЫҚ *Монахқа қатысты, соған тән.* ~ қауым, ~ парыз.

МОНҒОЛ *Моңғолия жерін мекендейтін түрғылықты халық.*

МОНДАНАҚ *Жастардың дөңгелене отырып ойнайтын халық ойыны.* ~ ойнады.

МОНДАНАҚТАЙ *Әп-әдемі, сұп-сұйкімді.* Баласы ~ екен.

МОНДЫБАЙ *экспр. Жуас, момын.* Иіс алмас *мондыбайлар* ғой, жұмған аузын ашпайды (Т. Әлімқұлов).

МОНДЫБАС *қарап. Қой аузынан шөп алмайтын жуас.*

МОНИЗМ *филос. Дүниенің негізінде бір ғана бастама бар деп танитын философиялық ілім; идеалистік ұғымда бұл бастамарух, материалистік ұғымда — материя.*

МОНОГРАФИЯ *Белгілі бір мәселе бойынша жан-жақты жазылған ғылыми еңбек.*

МОНОЛОГ *Драматургиялық шығармалардағы кейіпкерлердің өзімен-өзі сырласа айтқан сөзі, ой желісі.*

МОНОПОЛИСТ *Монополия өкілі; ірі капиталист.*

МОНОПОЛИЯ *Көп пайда табу үшін тауар өндіруді не оны өткізуді өз қолдарына шоғырлаған капиталистер бірлестігі.*

МОНТАЖ *Машинаның, құрылыстың жеке бөлшектерін (тетіктерін) құрастырып, бүтін бір нәрсе жасау жұмысы.* ~ жұмыстары жүргізілді.

МОНТАЖДА *Монтаж жасау, жүргізу.* Олар қырық үй ~ды.

МОНТАЖШЫ *Монтаж жасаушы, монтаждаушы.*

МОНТАНСЫ *Білмегенсу, сезбегенсу.*

МОНТАНЫ *Жүзі сынық, жымпиған.*

МОНТАҢ: монтаң қақты — *алдыға түсіп алып, құрдай жорғалады.*

МОНТАҢДА *Монтаң қағу, бүлкілдеп жүріп отыру.* ~п ілесе бердім.

МОНТЕР *Машиналардың бөлшектерін жинап, монтаж жасаушы адам.* Ол ~дің міндетін атқарды.

МОНТИ *Момақан болу, томпию.* ~ып отыр.

МОНУМЕНТ *Елеулі оқиғаны мәңгі есте сақтау үшін арнайы салынған ірі ескерткіш.*

МОНУМЕНТАЛДЫ *Монументті, ірі, кесек, асқақ.* ~ туынды.

МОНУМЕНТАЛДЫҚ *Асқақты, асқаралы, кесек.* ~ бейнелеу өнері.

МОНУМЕНТТІК *Монументке тән.* ~ өнер.

МОНША *Жуынып-шайынатын, бу бұлауына шабынатын орын.* ~ға түсті.

МОНШАҚ *Жіпке тізіп, әсемдік үшін мойынға салып жүретін түрлі-түсті, уақ асыл тас.* Мой-

нында ~ғы бар. ◊ **Моншақ төгу** — *асыл тастарды тізіп тігу.* Қоштасарда жан-жағына *моншақ төгіп* кестелеген жібек орамал ұсынады (Ә. Кекілбаев).

МОНШАҚТА 1. *Моншақ тағу, моншақпен безендіру.* Тақиясын ~п тастапты. 2. *Ауыс. Көзінен моншақ тәрізді жас ағу.* Көзінен жас ~ды.

МОНШАҚТЫ *Моншағы бар, моншақ таққан.* ~ қыз (тақия).

МОНШАШЫ *Монша жағушы, монша дайындаушы.* ~ шал.

МОП-МОМАҚАН *Өте жуас, моп-момын.*

МОП-МОМЫН *Тым жуас, аса момын.* Көрер көзге ~.

МОР I *Қисық не қатты ағаштыиюу, тұзету үшін жаққан көң я ағаштың ыстық қозы, қоламта.* Ағашты ~ға салды.

МОР II *Тұтін, ыс.* ◊ **Мор салды** — *тұтін салды, ыстады.*

МОРАЛЬ *Адамдардың бір-біріне, қоғамға деген қатынасын ретке келтіретін тәртіптердің, принциптердің, ережелердің жиынтығы; қоғамдық сана.*

МОРДВА *Мордва елінің жергілікті халқы.*

МОРЖ *Солтүстік теңіздерде өмір сүретін сүт қоректі ірі хайуан.*

МОРЗЕ: морзе әліппесі — *физик Морзе ойлап тапқан телеграфтық аппаратқа қажетті тире мен нүктеден тұратын шартты белгілер жүйесі.*

МОРЛА *Ағаштыморға салып қыздыру, балқыту.* Қисық ағаш түзелер, Тезге салып *морласа* (Батырлар жыры).

МОРТ 1. *Бірден шорт үзілетін, күрт сынатын.* ~ ағаш. 2. *Ауыс. Күрт кететін, томырық.* ~ мінезді. ◊ **Морт кетті** — *қатты ашуланды.*

МОРТТЫҚ *Шорт сынғыштық, күрттік.* ~ қасиет.

МОРТЫҚ *бот. Құмды жерлерде өсетін құнарлы шөп.* Еламан сай бойындағы шөптің дені *мортық* екенін топшылады (Ө. Нұрпейісов).

МОРФЕМА *лингв. Сөздің мағыналы бөлшегі.*

МОРФИЙ *мед. Көкнәрден алынатын күшті дәрі.*

МОРФОЛОГИЯ *лингв. Грамматиканың сөз формаларын зерттейтін, үйретететін саласы.*

МОРЫ *Шіріп тозу, омырылу. Морыған* ескі қамыс шатыр құлады (Ысқақбаев).

МОРЯК *Теңіз флотында қызмет істейтін адам, теңізші.*

МОСҚАЛ *Біраз жасқа келген, егде, қартамыс.* ~ кісі (әйел). ◊ **Мосқал тартты** — *қартайды, қартамыс болды.*

МОСҚАЛДАН *Жасы келу, қартаю.* ~ып қалыпты.

МОСҚАЛДАУ *Мосқал тартқан, қарттау.* ~ кісі.

МОСҚАЛДЫҚ *Жасы келгендік, егделік, қартаңдық.*

МОСЫ *Ілгегіне шелек, шәугім іліп тамақ пісіретін, үш таганды темір құрал. Мосыда* үлкен қара шәугім асулы тұр (М. Әуезов).

МОТОБОЛ *Мотоциклмен доп ойнау.*

МОТОБОЛШЫ *Мотобол ойнаушы.*

МОТОКРОСС *Мотоциклшілер жарысы.* Одақтық ~қа қатысты.

МОТОР *Машинаның қозғаушы күші, тетігі.*

МОТОРЛЫ *Моторы бар, мотор қойылған.* ~ қайық.

МОТОРОЛЛЕР *Мотоцикл іспетті шағын транспорт түрі.* ~ге мінгесіп, үйіне кетті.

МОТОРШЫ *Моторды іске қосушы, мотор жөндеуші адам.*

МОТОЦИКЛ *Екі не үш доңғалақты, іштен жанатын двигателі бар шағын транспорт түрі; машина.* ~ айдады.

МОТОЦИКЛШІ *Мотоцикл жүргізуші.*

МОһ-МОһ *Жылқыны шақырғанда айтылатын ишарат сөз.*

МОШҚА *Қасақана тексеру, сынап байқау.* Атыңыз кім еді? — деп, біле тұрса да қайта *мошқады* (Тілеков).

МӨЙМІЛДЕ *Шұпілдеу, лық толу.* ~ген қара керсен, беті ~ген су екен.

МӨЛДЕК 1. *Бау-бақша егуге арналған шағындау бөлек жер. Мөлдекке* егілген ағашқа тыңайтқыш берді (Орынбаев). 2. *Ауыс. Кішкене, кішігірім. Мөлдек* той өткізді (Бақбергенов).

МӨЛДІР *Тұнық, кіршіксіз таза.* ~ су (аспан). ◊ **Мөлдір қара** — *шымқай қара.*

МӨЛДІРЕ 1. *Түп-тұнық болып жату, жарқырау.* ~п жатқан су. 2. *Көзі жайнау, мөлтілдеу.* Көздері ~ді.

МӨЛДІРЛЕН *Мөлдір болу, тұну.* Су ~ді, ~ген өзен.

МӨЛДІРЛЕУ *Аздап мөлдір, тұнықтау.* ~ су (әйнек).

МӨЛДІРЛІК *Тұнықтық, тазалық.*

МӨЛИ *Көзін төмен салып сүмірею.* ~іп қарады.

МӨЛТ: мөлт етті — *мөлдіреп көрінді, мөлдіреді.*

МӨЛТЕК: мөлтек аудан — *үлкен қалалардың жаңадан салынған, тұтас архитектуралық кешенді аймағы; микрорайон.* Жатақхана "Айнабұлақ" ~ында екен.

МӨЛТЕКТЕ *Жаутаңдау, жалт-жалт қарау.* Сенің *мөлтектейтін* жөнің жоқ (Сегізбаев).

МӨЛТЕҢ: мөлтең қақты — *мөлтеңдеді, жаудырады.*

МӨЛТЕҢДЕ *Жаудырау, жаутаңдау.* — Не істейміз енді? — дегендей *мөлтеңдейді* (Н. Серәлиев).

МӨЛТ-МӨЛТ: мөлт-мөлт етті — *екі көзінен жас мөлтілдеп ақты.*

МӨЛТІЛДЕ *Мөлт-мөлт ету, мөлдіреу.* Көзінен жас ~ді.

МӨЛТІЛДЕК *Мөлтілдеген, мөлдіреген.* Қара тас болса-дағы ерігендей, *Мөлтілдек* қара көзбен төнген кезде (С. Мұқанов).

МӨЛШЕР *Белгілі бір заттың, нәрсенің сандық шамасы; аумақ, көлем.* ~і қанша?

МӨЛШЕРЛЕ *Шамалау, болжалдау.* Көзбен ~ді, ~п қойды.

МӨЛШЕРЛЕС *Шамалас, көлемдес, қаралас.* ~ келеді.

МӨЛШЕРЛІ *Болжамды, өлшемді.* ~ жер (түс).

МӨЛШЕРСІЗ *Өлшеусіз, ағыл-тегіл, мол.* ~ байлық, су ~ көп жайылды.

МӨНДІН *Суырдың баласы, күшігі.*

МӨҢКЕ *Сазанның кішірек түрі. Мөңке* — тұнық, таза суларда ең көп тараған балық (Т. Мұсақұлов).

МӨҢКІ 1. *Тұлау, әлем-тапырақ, шат-шәлекей болу.* Ат ~ді. 2. *Ауыс. Қатты ашулану, шамда-*

ну. Әрине, бұл айтқандарыма туларсың, ***мөңкірсің*** (Ә. Қарақұлов).

МӨҢКІГІШ *Тулағыш, мөңки беретін.* ~ ат (есек).

МӨҢІРЕ *Сиыр малының, бұғының ұн шығаруы, дыбыс беруі.* Бұзау ~ді, ~ген сиыр.

МӨҢІРЕУІК *Мөңірей беретін, мөңірегіш.* ~ сиыр (бұзау).

МӨП-МӨЛДІР *Тұп-тұнық, тап-таза.* ~ су (аспан).

МӨР 1. *Бетінде ойып жазылған жазуы бар, бір нәрсені растау, куәландыру үшін басатын мемлекеттік мекеме белгісі.* 2. *Сол мөрдің қағазға түскен таңбасы.* Мінездеменің соңында ~ бар ма? □ **Мөр басты** — *мөрінің таңбасын түсірді, мөрледі.* **Мөрі өшті** — *таңбасы көрінбей қалды.*

МӨРЛЕ *Мөр басу, мөр соғу.* Қолыма қаулы жазып, берді ***мөрлеп*** (Ізтілеуов).

МӨРТАБАН *Мөр басуға арналған құрал; штемпель.* Қағаздың бір шекесіне ***мөртабанды*** келтекпен қойып кеп жіберді ("Соц. Қаз.").

МӨРЛІ *Мөрі бар, мөрленген.* ~ қағаз (анықтама).

МӨШКЕ: мөшке сиыр — *сүтті, сауын сиыр.* Екі ***мөшке*** мен шолақ аттан айырылған күні жайың білінер (Б. Майлин).

МУЗЫКА *Жан сырын ән, әуен, ырғақ арқылы бейнелейтін көркемөнер саласы.* ~ тыңдады (ойнатты).

МУЗЫКАЛАТ *Музыка ойнату; музыка тартқызу.* ~ ып той жасады.

МУЗЫКАЛЫ *Музыка ойнаған, сазды, әуезді.* ~ пьеса (кеш).

МУЗЫКАЛЫҚ *Музыкаға қатысты, музыкамен байланысты.* ~ аспап (білім).

МУЗЫКАНТ *Музыка аспабында ойнайтын маман.*

МУЗЫКАТАНУ *Халықтың байырғы және қазіргі әуенін, ән ырғағын зерттеу, көркемөнер саласын жан-жақты саралау, жүйелеу кешені.* ~ орталығы.

МУЗЫКАШЫЛ *Музыкамен әуестенуші, музыка құмар.* ~ халық.

МУЛЬТФИЛЬМ *Жас балаларға арналған суретті кино.* ~ жасады, ~ге барды.

МУМИЯ I *Тау жыныстарының арасынан шығатын, дәрілік қасиеті бар табиғи қоспа.*

МУМИЯ II *Мумия жағылып, бальзамдалғандықтан көп уақыт бұлінбей сақталған мәйіт.* Саркофагта бальзамдалған адамдар ***мумиялары*** қойылған ("Қаз. әдеб".).

МУНДИР *Әскери киім.* Үстінде офицерлік ~,~ін шешті.

МУСКАТ 1. *Жүзімнің жұпар иісті сорты.* 2. *Жүзімнің осы сортынан жасалған шараптың аты.*

МУСКУС *Бірқатар жануарлардың ұрық безінен алынатын жұпар иісті зат.*

МУССОН *Өзінің бағытын маусым сайын өзгертіп тұратын күшті теңіз желі.*

МУСТАНГ *Жабайыланып кеткен жылқы.*

МУТАЦИЯ *биол. Генотиптің өзгеруіне байланысты организмде болатын тұқым қуалау өзгергіштігі.*

МУФЛОН *Таулы, қыратты жерлерде болатын жабайы қой, арқардың бір түрі; арқар.*

МУФТА *тех. Машинаның мотор күшін артқы белтетікке қосатын жалғастыру тетігі.*

МҰҒАЛІМ *Оқушыларға сабақ беретін оқытушы, ұстаз.* ~ сабақ берді. □ **Мұғалімдер бөлмесі** — *мектептегі оқытушыларға арналған бөлме.*

МҰҒАЛІМДІК *Оқытушылық, ұстаздық.* ~ қызмет, ~тен босанды.

МҰҒДАР ***көне.*** *Шама, мұрша, мөлшер.* Ал, хош деуге ***мұғдары*** болмады (Дала дидары).

МҰҒДАРЛА *Шамалау, мөлшерлеу, болжау.* ~п жатпады.

МҰҒДАРЛАС *Шамалас, мөлшерлес, қарайлас.*

МҰҒДАРЛЫ *Мөлшерлі, болжалды.* ~ жерге жетті.

МҰЖҒЫЛА *Мұжи түсу, ұзақ мұжу.* Талдың жас бұтағын ~ды.

МҰЖЫ 1. *Сүйектің етін тазарта жеу.* Жілік ~ды, ~ған омыртқа. 2. ***Ауыс.*** *Құлақтың құрт етін жеу, қажау.* Әкесін ***мұжып,*** мазасын кетіріп жүр (Т. Нұртазин).

МҰЖЫҚ I *Шеті мұжілген, кемірілген.* ~ асық (тау).

МҰЖЫҚ II ***тар.*** *Орыс шаруасы, қарашекпен.*

МҰЖЫЛ 1. ***ыр. етіс.*** *Мұжы-л.* 2. *Бір нәрсенің қажалып тозуы, жемірілуі.* ~ған тау (қарындаш).

МҰЗ *Аяздан, суықтан қатқан су.* ~ қатты, ~дан тайғанақтады. □ **Мұз айдыны** — *конькимен сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған алаң; мұзойнақ.* ◊ **Мұзға отырғызып кетті** — *жер соқтырып кетті, алдады.* **Мұз жүрек** — *жібімейтін тас жүрек.* **Мұз қара көк (жерг.)** — *мүлде; тегіс.*

МҰЗАРТ *Таудың мұз қатқан шыңы; мұзтау.* Су сол ***мұзарттан*** тамшылап жиналған болар (Қожабеков).

МҰЗАРТТЫ *Мұзарты бар, мұзарт басқан.* ~ шың (тау).

МҰЗБАЛАҚ *Алғыр, қыран, бес жасар бүркіт.* ~ құйылып келіп, іліп әкетті.

МҰЗДА *Тоңу, жаурау, қалшылдау.* Денесі ~ды.

МҰЗДАЙ I *Суп-суық, тастай.* ~ су.

МҰЗДАЙ II *Тегіс, тұтас.* Милиционер ~ қаруланған. ◊ **Мұздай киінді** — *тегіс киінді.*

МҰЗДАЙЛЫҚ *Суықтық, тастайлық.* Судың ~ғына таңырқады.

МҰЗДАҚ 1. *Мұз түскен, мұз қатқан.* Биелерді ***мұздақ*** түспеген өріске шығарған жөн (Дүйсенбаев). 2. *Тау шыңдарындағы мәңгі қатып жатқан мұз; мұзарт.* Іле Алатауындағы ***мұздақтар*** ери бастады (Естімеген елде көп).

МҰЗДАҚТА *Тоңазу, қату.* Қар беті ***мұздақтап,*** жалтырап жатыр (Қаратаев).

МҰЗДАТҚЫШ *Ет, балық тағы басқа тағамдарды мұздатып, қатырып тастауға арналған жабдық; морозилка.* Тоңазытқыштар мен ***мұздатқыштар*** миллион дана ("Соц. Қаз".).

МҰЗДЫ *Мұз қатқан, мұз басқан.* ~ тау (қырқа).

МҰЗЖАРҒЫШ *Мұзды бұзып, жол ашатын арнаулы кеме, мұзбұзғыш.* ~ кемелер.

МҰЗОЙНАҚ *Көпшіліктің сырғанақ теуіп бой жазуы үшін, арнайы жасалған орын, мұз айдын; каток.* ***Мұзойнақ*** — айна теп-тегіс, Бейне дерсің көк теңіз (М. Рәшев).

МҰЗХАНА *Мұз сақтайтын орын (жай).*

МҰҚА *Мінеу, кемсіту, кекетіп қағыту.* "Білгішсің" деп мені ~ды.

МҰҚАБА *Кітаптың, дәптердің сыртқы қалың қабы, тысы.* Кітаптың ~сы.

МҰҚАБАЛА *Кітапты, дәптерді қаптау, тыстау.* Ажар жыртылған кітабының тысын ~п алды.

МҰҚАБАЛЫ *Тысты, қабы бар, тысталған.* ~ кітап (дәптер).

МҰҚАБАСЫЗ *Мұқабасы, тысы жоқ, тысталмаған.* ~ кітап.

МҰҚАБАШЫ *Кітап қаптаушы, кітап тыстаушы.* Мамандығы ~.

МҰҚАЛ 1. *Бір нәрсенің жүзі майрылу, тойтарылу, тұқылдану.* Біз ~ып қалды. 2. *Ауыс. Сағы сыну, беті қайту. Мұқалмайды* талабым, Өзімді өрге саламын (Кәрбозин).

МҰҚАТ *Кекету, кемсіту.*

МҰҚАТҚЫШ *Мұқата беретін, кекеткіш.* ~ адам.

МҰҚАТУШЫЛЫҚ *Мұқатқандық, кекеткендік.*

МҰҚИЯТ *Бір нәрсеге ұқыпты қарайтын, тыңғылықты, тиянақты.* ~ қарады (адам).

МҰҚИЯТТА *Ұқыптау, құнттау, қадағалау.* Сөздерін ~п тыңдады, ~п жиып қойды.

МҰҚИЯТТЫ *Ұқыпты, тыңғылықты, тиянақты.* ~ бала.

МҰҚИЯТТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, тиянақтылық.* ~пен қайта қарады.

МҰҚТАЖ *Қажет, зәру, ділгер.* Бар *мұқтажы* адамның жерден өнбек (Торайғыров).

МҰҚТАЖДАН *Бір нәрсеге ділгер болу, қажетсіну.* ~ып қалды.

МҰҚТАЖДЫҚ *Зәру болушылық, ділгерлік.* ~қа тап болды.

МҰҚТАЖСЫЗ *Қажетсіз, ділгерсіз.* Қан ішкен ғұмыры *мұқтажсыз* болған емес (Ж. Нәжімеденов).

МҰҚТАСАР *Құраннан кейінгі шариғат ережелері толық жазылған діни кітап.*

МҰҚЫЛ *Үшкір емес; доғал.* ~ саусақ.

МҰҚЫЛДАН *Ұшы қайту, доғалдану.* Найзасы ~ып қалыпты.

МҰҚЫЛДЫҚ *Доғалдық, шолақтық, тұқылдық.*

МҰҚЫМ I *Тіптен, мүлдем, біржола.* ~ қалды, ~ түріліп алды.

МҰҚЫМ II *Бүкіл, күллі, түгел.* ~ ел алдында, ~ қазаққа жайылды.

МҰҚЫР *Тұқыл, тоқал.* Мүйізі жоқ *мұқыр* екен (Бөкеев).

МҰНАЙ *Әр түрлі жағармай алынатын қара түсті, сұйық табиғи шикізат.* Ембінің ~ы.

МҰНАЙЛЫ *Мұнайға бай, мұнай шығатын.* ~ өлке (жер).

МҰНАЙШЫ *Мұнай өндіру ісімен шұғылданушы, мұнай шығарушы.*

МҰНАР *Күн ашық кездегі ауаның күңгірттігі, буалдырлығы.* Ауыл *мұнарға* батып, үнсіз тұр (Иманбаев). ◊ **Мұнар басты** — *күңгірттенді, мұнарланды.* **Мұнар тартты [шалды]** — *бұлыңғырланды, бұлдырланды.*

МҰНАРА 1. *Өте биік етіп түргызылған арнайы минарет.* 2. *Мешіттің елді намазға шақыруға арналған биік түғыры.* Азаншы ~ға шықты.

МҰНАРАЛЫ *Мұнарасы биік, мұнара салынған.* ~ ақ мешіт.

МҰНАРЛА *Буалдыр тарту, күңгірттену. Сағым мұнарлаған* сор шынында әдемі-ақ! (Р. Тоқтаров).

МҰНАРЛАН *Буалдырлану, күңгірттену.* Алыстан ~ып Қаратау көрінді.

МҰНАРЛАУ *Буалдырлау, күңгірттеу.* Күн ~, ~ бояу.

МҰНАРЛЫ *Мұнар басқан, мұнартқан.* ~ тау (бұлт).

МҰНАРСЫЗ *Буалдырсыз, бұлыңғыр емес, ашық ауа.* Бүгін күн ~ батты.

МҰНАРТ *Буалдырлану, күңгірттену.*

МҰНДА *Осында, бұнда.* Мен ~мын, ~ қызы тұрады.

МҰНДАҒЫ *Осындағы, бұндағы.* ~ мінезіңді қой, ~ хабарды айтыңдар.

МҰНДАЙ *Бұл сияқты, дәл осындай, бұндай.* ~ тау еш жерде жоқ.

МҰНДАЙДА *Осындай кезде, мұндай жағдайда.* ~ шыдамың жете ме?

МҰНДАЙЛЫҚ *Дәл осындай, бұл сияқты, осыншалық.* ~ салмақты деп ойламапты.

МҰНДАЛАП *Осындалап, өзіне тартып, еліктіріп.* Шақырады *мұндалап,* Мұнай қала, газ қала (Өтетілеуов).

МҰНДАР *Бейшара, сорлы, мүсәпір.* — Айтпайтын сөзіңді айт-тың ғой, *мұндар-ау*! (С. Мұқанов).

МҰНТАЗДАЙ *Тап-таза, кіршіксіз.* ~ төсек (үй). ◊ **Мұнтаздай таза** — *тіптен таза, кір шалмаған.*

МҰНТАЗДАН *Кірінен арылу, тазалану.*

МҰНША *Осынша, сонша, бұнша.* ~ қой қайдан келді?

МҰНШАЛЫҚ *Осыншалық, соншалық.* ~ ықылас қояды деп ойлаған жоқ.

МҰНШАЛЫҚТЫ *Осыншалықты, соншалықты.* ~ сұлулықты көрген емес.

МҰНШАМА *Осыншама, соншама.* ~ ғашық болар жан сияқты емес қой.

МҰҢ 1. *Қайғы, шер, қасірет.* Жүзінде ~ бар, ~ын айтты. 2. *Ауыс. Қиын, азап, күш.* Темір жолға жетуің ~, оны көру ~ болды. ◊ **Мұңға батты** — *қайғырды, күйзелді, шерленді.* **Мұң екен** — *іле-шала, артынша, күтіп отырғандай.* **Мұңын мұндады** — *біреудің қайғысына бірге қайғырды.* **Мұңын шақты** — *біреуге мұңын айтты, зарын шақты.*

МҰҢАЙ *Қайғыру, уайымдау.* Ол ~ып отыр.

МҰҢАЮШЫЛЫҚ *Мұңайғандық, қайғырғандық.* ~ байқалды.

МҰҢҒЫЛ *Дым білмес, мигұла.* Аузыңды жұмсаң, *мұңғыл* екен дейді (Қабышев).

МҰҢДА: мұңын мұндады — *қайғысына қайғырды, мұңына ортақтасты.*

МҰҢДАҚ *Мұңды, шерлі адам.* Көп ~тың бірі.

МҰҢДАР *Қайғысына қайғыратын, қуанышына ортақтас.* Ел *мұңдары* Абай (М. Әуезов).

МҰҢДАС I *Уайым-қайғысы, мұңы ортақ адам.* Айлас қатын *мұңдас* (Мақал).

МҰҢДАС II *Бір-біріне мұңын шағу, сырласу.* Екеуі ұзақ ~ты.

МҰҢДАСТЫҚ *Мұңы ортақтастық, уайым-қайғысы біргелік.*

МҰҢДЫ *Қайғылы, шерлі, зарлы.* ~ жүз (адам).

МҰҢДЫЛЫҚ *Зарлылық, шерлілік.* Даусында ~ басым.

МҰҢ-ЗАР *Қайғы-қасірет, мұң-шер.*

МҰҢ-МҰҚТАЖ *Тілек-талап, өтініш.* Жастардың ~ы көп.

МҰҢ-НАЛА *Қайғы-қасірет, шер-шемен.*

МҰҢСЫЗ *Қайғысыз, уайымсыз; төрт құбыласы тең.* Бала үшін *мұңсыз,* қамсыз ойыннан артық бақыт нәрсе бар ма? (К. Сегізбаев).

ҚАМДА *Бір нәрсеге қам жасау, әзірлік істеу; дайындау.*

ҚАМ-ЖАЙ *Бір нәрсенің қамы, жайы, жағдайы.* Елдің ~ы.

ҚАМЗОЛ *Әйелдер көйлек сыртынан киетін жеңсіз, жеңіл сырт киім.*

ҚАМЗОЛДЫ *Қамзол киген, үстінде қамзолы бар.* ~ әйел.

ҚАМЗОЛДЫҚ *Қамзол тігуге жарарлық, қамзолға лайықты.* ~ мата.

ҚАМЗОЛШАҢ *Сыртынан қамзол ғана киіп, қамзолмен ғана.* ~ келді (жүр).

ҚАМҚА *көне. Зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата.* ~ тон (шапан).

ҚАМҚАП *көне. Қама терісінен істелген қымбат бағалы сырт киім, ішік.* Күдеріден бау тағып, *қамқапты* киер ме екенбіз (Алдаспан).

ҚАМ-ҚАРАКЕТ *Іс-әрекет, дайындық, әзірлік.* ~ жасады, ~і мол.

ҚАМҚОР *Біреудің қамын ойлайтын, оған тірек болатын.* ~ адам (кісі). ~ әке. ◊ **Қамқорына алды** — *қамқорлық етті, пана болды.*

ҚАМҚОРЛЫҚ *Қамқор болушылық, қамын ойлаушылық.* ~ жасады (істеді). ◊ **Қамқорлыққа алды** — *қамқорлық, тәлім-тәрбие берді, көмектесті.*

ҚАМҚОРСЫ *Қамқоршы болғансу, қорғағансу.* ~п сөйледі. ~ған болды.

ҚАМҚОРШЫ 1. *Біреудің қамын ойлаушы, біреуге қамқорлық жасаушы.* Ендігі ~ң мен. 2. *заң. Біреудің қамқорына алушы адам. Қамқоршы* дүние-мүлікке иелік правосына қайшы келетін әрекет жасай алмайды (Семья тәрбиесі).

ҚАМҚОРШЫЛ *Біреуге қамқорлық еткіш, біреудің қамын жегіш.* ~ адам (жан).

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ *Қамқоршы болушылық, қамқорлық етушілік.*

ҚАМПАЙ 1. *Бір нәрсенің қампиюы, тырсию.* ~ған қарын. 2. *Ауыс. Мақтану, бөсу.* Таң қаламын *қампайып*, Жоқты-барды шатқанға (Абай).

ҚАМПИ 1. *Қампаю, торсию, тырсию.* ~ған қарын. ~ған портфель (қоржын). 2. *Көлемі өсу, үлкею.* ~ған роман. 3. *Ауыс. Өлдеқандай болу, мақтану.* Қашан көрсең, *қампиып* бөсіп отырғаны (С. Омаров).

ҚАМСАУ *Суықтан, желден қорғаныш болатын зат, лыпа.* ~ болмады, ~ға жарамады.

ҚАМСЫЗ 1. *Жайбарақат, бейқам.* ~ жатқан ел, ~ отыр. 2. *Дайындықсыз, әзірліксіз.* Тойға ~ келген жоқ.

ҚАМСЫЗДАН *Қамсыз болмау.*

ҚАМСЫЗДАНДЫР 1. *Қамсыз ету; бір нәрсемен қамтамасыз ету.* 2. *Адам өмірін, дүниені, малмүлікті әлеуметтік тұрғыдан қорғау.* Өздерін ~ып қойды.

ҚАМСЫЗДАНДЫРУ *Республика азаматтары еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда материалдық жағынан қамтамасыз етіліп отыратын әлеуметтік жәрдем.* ◊ **Қамсыздандыру мекемесі** — *жеке азаматтарды, кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қамсыздандырумен шұғылданатын арнаулы орын (мекеме).*

ҚАМСЫЗДАУ *Жайбарақаттау, бейқамдау.* ~келе жатты.

ҚАМСЫЗДЫҚ 1. *Ешбір қам жасамаушылық, әзірленбегендік.* Қысқа ~ мал басының шығынына әкеп соқтырды. 2. *Жайбарақаттық, бейқамдық, қаперсіздік.* ~ қашан да қапы қалдырады.

ҚАМТАМА *Керек-жарақ, жабдық.* ~сы жоқ.

ҚАМТАМАСЫЗ: қамтамасыз етті [қылды] — *керек-жарақпен қамтыды, жабдықтады.*

ҚАМТЫ 1. *Белгілі бір іске тұтастай қатыстыру.* Жарыс еңбекшілердің барлық топтарын *қамтып* отыр (Байболатов). 2. *Бір нәрсені қолмен ұстау, қармау.* Бір май-шелпекке тап болдың, *қамтып* қал (Жәкенов).

ҚАМШЫ I *Қайыстан өрген, тобылғы сабы бар, көлік жүргізу үшін пайдаланылатын құрал.* ~ өрді (саптады). ◊ **Қамшы бойы** — *қамшының сабы мен өрімінің ұзындығындай.* **Қамшы болды** — *бір нәрсеге тұрткі болды.* **Қамшы жеді** — *таяқ жеді, соққы көрді.* **Қамшы жұмсады** — *қамшымен сабады, соқты.* **Қамшының астына алды** — *қамшымен ұрды, соқты.* **Қамшының сабындай** — *өте қысқа, шолтиған.* **Қамшы ойнатты** — *қоқаңдады, қорқытты, сабамақ болды.* **Қамшы салдырмады** — *тапсырылған істі ынта-жігерімен тез істеді.* **Қамшысынан қан сорғалаған [тамған]** — *қатыгез, қатал, жауыз.* **Қамшы тастады** (*этногр.*) — *дауласқан жақтардың билер алқасынан рұқсат сұрау дәстүрі.* **Қамшы үйірді** — *қорқытты, үрейлендірді.*

ҚАМШЫ II *анат. Еркек малдың жыныс мүшесі; шыбығы.* — Бұл не, әке? — деді баласы. — *Қамшысы* ғой, балам (Нұрманов).

ҚАМШЫГЕР *Қамшы ұрысына мықты (шебер) адам.* ~ адам.

ҚАМШЫГЕРЛІК *Қамшы ұрысына мықтылық.*

ҚАМШЫКЕСТІ *Әбден қамшы өткен.* ~ мәстек (ат).

ҚАМШЫЛ *Қамын ойлайтын, қам жасайтын.* ~ адам.

ҚАМШЫЛА 1. *Көлікті қамшымен соғу, ұру.* Атын ~ды. 2. *Ауыс. Біреуді сөзбен қайрау, жігерлендіру.* — Пікірлеріңді осындайда айтпағанда, қай жерде айтасың, — деп ол парторгты *қамшылай* түсті (М. Хасенов). ◊ **Қамшылар жақ** — *малдың оң жақ қапталы.*

ҚАМШЫЛЫ *Қамшысы бар, қамшы ұстаған.* Ол ~ қолын көтерді.

ҚАМШЫЛЫҚ *Қамшы боларлық, қамшыға жарарлық.* ~ таспа.

ҚАМШЫСАП *Қамшыға сап боларлық тобылғы; қамшының сабы.*

ҚАМЫҒУШЫЛЫҚ *Қамыққандық, қайғырғандық; жабырқаушылық.*

ҚАМЫҒЫҢҚЫ *Аздап қамыққан, жабырқаңқы.* ~ көңіл (үн).

ҚАМЫҚ *Бір нәрсеге қатты қайғыру, мұңаю, жабырқау.* Ол ~ғып қалды.

ҚАМЫҚҚАНДЫҚ *Қамығушылық, мұңайғандық, жабырқағандық.*

ҚАМЫР *Суға, сүтке илеген ұн; шикі нан.* ~ илейді (жайды). Етке ~ салды.

ҚАМЫРЛАН *Астық дәннің сүттеніп толысуы.* Әр сабағы екі-үштен собық салып, дәндері *қамырланды* (Сапаров).

ҚАМЫРЛЫҚ *Қамыр боларлық, қамырға жарарлық.* ~ ұн.

ҚАМЫРЛЫЛЫҚ *Қамырлы болғандық.*

МҰСЫЛМАНДЫҚ *Мұсылман жолын қуу, мұсылманшылық.*

МҰСЫЛМАНША 1. *Мұсылман оқуы бойынша; арабша.* ~ оқыды. 2. *Мұсылман дәстүрі бойынша, мұсылман салтынша.* ~ малдас құрды.

МҰСЫЛМАНШЫЛЫҚ *Қайырымдылық, мейірімділік.* ~ғы бар (жоқ).

МҰХИТ *Жер шарының 70 %-ін алып жатқан, құрлықты материктерге және аралдарға бөліп тұрған су қабаты.* ~тан келген жылы ағыс.

МҰХРАБ *Мешіт ішіндегі намаз оқылатын жер.*

МҰХТАСИБ *Мұсылман елдерінде дін қағидаларының орындалуын бақылайтын адам; лауазым.*

МҰШ *көне. Жұдырық.* Көптің көңілі қожырар, Көрсетсең күшпен *мұшыңды* (Үш ғасыр).

МҰШТА *Жұдырықтау.* Сандалтқаның жетті деп, Біреуі келіп *мұштады* (Ү. Кәрібаев).

МҰБАДА *Алда-жалда, егерде. Мұбада,* сіз рауят етпек болсаңыз, мағынасыз, нәрсіз сөздерді қайталамаңыз (М. Әуезов).

МҰБАРАК *Қайырымды, мейірман, қайырлы.* Қарт әженің *мұбарак* жүзін елестетеді (Есенберлин). ◊ **Мұбарак болсын!** — *құтты болсын, қайырлы болсын.*

МҮГЕДЕК *Кемтар, жарымжан, он екі мүшесінің біреуі кем.* ~ шал (адам). ◊ **Мүгедек етті [қылды, болды]** — *майып қылды, мертіктірді.*

МҮГЕДЕКТІК *Жарымжандық, кемтарлық, кемдік.* ~ гін ойлады, ~гін ұмытты.

МҮДӘЙІ *Алдау-арбауға әзір тұратын адам.* Айтылған сөзі екі ұшты, көбейген аяр *мүдәйі* (Базар жырау).

МҮДДЕ *Алға қойған мақсат, тілек, арман.* Халқының ~сі, өндірістің ~сі.

МҮДДЕЛЕС *Мүддесі бар; мақсаты ортақ, тілектес.* ~ екендіктерін айтты.

МҮДДЕЛЕСТІК *Мүддесі бірлік, тілектестік.* ~ жағы мол.

МҮДДЕЛІ *Арман-тілегі бір, мақсатты.* ~ іс (жұмыс).

МҮДДЕЛІЛІК *Ортақ мүддесі болғандық.* ~гін арттырды.

МҮДДЕШІЛ *Өз мүддесін қорғайтын.* ~ адам.

МҮДІР I 1. *Сөзден тосылу, жауап таба алмай жаңылып қалу.* Сөзден ~ді. 2. *Кідіру, тоқтау.* Қараңғыда жол таба алмай ~іп қалды.

МҮДІРІССІЗ *Тоқтаусыз, бөгетсіз, кідіріссіз.* ~ сөйледі, ~ өте шықты.

МҮЙЕТ *Бір нәрсенің төңірегіндегі көтеріңкі зат.* Қырма таз алғашқыда айналасында көтеріңкі *мүйеті* бар дақтар сияқты болады (С. Омаров).

МҮЙЕТТЕ *Жан-жағын қоршау, биіктету.* Айналасын көрпемен қоршап, *мүйеттеп* қойған (Ә. Нұрпейісов).

МҮЙІЗ *Сиыр, ешкі малдарының және жабайы жануарлардың бас сүйегіндегі қатты өсінді.* Сиырдың ~і. ◊ **Мүйіз шақша** — *мүйізден жасалған шақша.* **Мүйіз шықты** — *қарық болды, кенелді, жетісті.* **Мүйізі қарағайдай болды** — *мәртебесі өсті, табысқа жетті.* **Мүйізі сырқырады** — *жаны ашыды, есіркеді.*

МҮЙІЗГЕК *Қолдың ойылуы, аяқтың қажалуы салдарынан мүйізденіп кеткен қатты тері.* Оның алақандары да ~.

МҮЙІЗГЕКТЕН *Терінің көн болып, қатайып кетуі.* Терісі ~іп кеткен.

МҮЙІЗДЕ 1. *Мүйізбен қағып жіберу, сүзу.* Сиырлар оны жан-жағынан *мүйіздеді* (Қайсенов). 2. *Ауыс. Біреуді қағып-соғу, тырт-кілеу, сыйдырмау.* Бұл топ құлақшынды жігітті біраз *мүйіздеді* (Адамбеков).

МҮЙІЗДЕН *Көңдену, сірілену, қатаю.* Алақаны ~ді.

МҮЙІЗДЕП *Мүйіз салып, мүйізбен әрлеп.* Сабын *мүйіздеп* өткір шаппа жасап берді (С. Алдабергенов).

МҮЙІЗДІ 1. *Мүйізі бар, мүйіз өскен.* ~ саулық (ешкі). 2. *Мүйізден жасалған, мүйізбен өрнектелген.* ~ көзілдірік (садақ). ◊ **Мүйізді ірі қара** — *сиыр малы, қара мал.*

МҮЙІЗЖАПЫРАҚ *бот. Жапырақтары бұтақты, көп жылдық су өсімдігі.*

МҮЙІЗКЕСЕР *этногр. Мүйізден әр түрлі бұйым жасайтын ұстаға қолақы ретінде берілетін кәде.* ~ін берді.

МҮЙІЗКӨК *Ішектің жыныс мүшесінде болатын түйін, беріш, кесел.* Тек *мүйізкөкті* сылып тастаса ғана түйе қайып, боталайтын болады (Арғынбаев).

МҮЙІЗТҮМСЫҚ *зоол. Ыстық жақта мекендейтін, түмсығының үстінде бір я екі мүйізі бар сүтқоректі ірі жануар.*

МҮЙІС 1. *Құрлықтың теңізге, көлге сұғына еніп жатқан бөлігі.* 2. *Мектеп жанындағы тірі хайуанаттар орналастырылған бұрыш.* Ол мектепте тірі табиғат *мүйісін* жасауға көмектесті (Семья тәрбиесі).

МҮК *бот. Көбіне дымқыл жерлерде өсетін, көгеріңкі, майда, қалың түкті, қарапайым өсімдік.* ~ өскен жер.

МҮКӘММАЛ *Дүние-мүлік, қазына-байлық.* Оның мол ~ы бар.

МҮКЖИДЕК *бот.* 1. *Батпақты, дымқыл жерде өсетін мәңгі жасыл бұта.* ~ өскен жер. 2. *Осы өсімдіктің қызыл түсті жидегі.* Шіркін, *мүкжидек* терер ме еді (М. Гумеров).

МҮКТЕН *Мүк басу, мүк өсіп кету.* ~іп кеткен.

МҮКТІ *Мүк өскен, мүгі көп.* ~ алаңқай (орман).

МҮКІС *Тіл, құлақ сияқты дене мүшелерінің азын-аулақ кемістігі, ақаулығы.* Құлағы ~, тілінің ~і бар.

МҮКІСТЕН *Мүкіс пайда болу, мүкіс тарту.* Құлағы аздап ~е бастады.

МҮКІСТІК *Кемістік, ақаулық.*

МҮЛӘЙ *Мүләйген күйге ену.* ~іп қалыпты ғой.

МҮЛӘЙІМ *Қулық-сұмдықтан ада, бейкүнә.* ~ пішінмен қарады.

МҮЛӘЙІМДІК *Мүләйген пішін, кейіп.*

МҮЛӘЙІМСІ *Дым білмегенсу мүсәпірсу, момақансу.*

МҮЛІГІ 1. *Үйқылы-ояу бей-жай күйде болу, қалғу.* ~п отыр. 2. *Ауыс. Маужырау, жым-жырт қалыпта болу.* Түн ~п тұр.

МҮЛІГІП-ҚАЛҒЫП *Үйқылы-ояу, бей-жай күйде болу.* Ол ~ отыр.

МҮЛДЕ 1. *Біржолата, үзілді-кесілді.* ~ келмей қойды. 2. *Тіптен, еш.* ~ ұқсамайды (өзгеше).

МҮЛТ *Қиыс, жаңсақ, жаңылыс.* ~ басты. ◊ **Мүлт кетті** — а) *дәл тигізе алмады;* ә) *қателесті, жаңылды, дөп баспады.*

МҮЛТІК *Ақау, кінәрат, мін.* Еш ~ жоқ.

МҮЛТІКСІЗ *Кемістіксіз, мінсіз.* ~ орындады.

МҮЛІК *Дүние, жиһаз, бұйым.* ~ алып қайтты.

МҮЛІКБАСЫ *Тауар жайын айыра білетін білгір маман; товаровед.* Әлгі кісі бізді ~на жөнелтіп жіберді.

МҮЛІКТІК *Мүлік болармық, дүниелік.* ~ зат (бұйым).

МҮМКІН *Белгілі бір істің болу-болмау ықтималдығы; бәлкім.* ~ келер (барып қайтар). ◊ **Мүмкін емес** — *болу мүмкіндігі жоқ, шүбәлі.*

МҮМКІНДІК *Қолайлы жағдай, мүмкіншілік.* ~гі мол (зор). ◊ **Мүмкіндік болмады [бермеді]** — *жағдайы келмеді.* **Мүмкіндік туғызды [тудырды]** — *жағдай жасады.*

МҮМКІНШІЛІК *Мүмкіндік жағдай.* ~гі бар.

МҮНАФИҚ *Екі жүзді (адам), имансыз.*

МҮҢК: мүңк ете қалды — *жағымсыз иіс шықты.*

МҮҢКІ *Жағымсыз иістің айналаға таралуы, жайылуы.* Терi иісі ~п кетті.

МҮҢКІР-НӘҢКІР *діни.* *Діни уағыз бойынша өлген адамнан сұрақ-жауап алушы және оны қолма-қол жазалаушы періште.*

МҮҢКІТ *Жағымсыз сасық иіс шығару, бықсыту.*

МҮҢСІК *Мұңкіген, сасық.* ~ иіс.

МҮРДЕ *Өлік, мәйіт, өлген адамның денесі.* Беті шала-шарпы бүркелген ***мүрде*** қар астында қала берді (Шүкіров).

МҮРДЕМ: мүрдем кет [кеткір] — *сеспей қат, қазаға ұшыра.*

МҮРДЕШІ *Көр қазушы, мәйітті, мүрдені көрге түсіріп, баптап қоюшы.*

МҮРІТ *Діни лауазымды адамдарға қол тапсырып, солардың ісін дәріптеуші шәкірт; ізбасар.* Молданың ~ і.

МҮСӘПІР *Бейшара, байқұс, сорлы.* ◊ **Мүсәпір болды** — *кіріптарлық күйге түсті, бейшара халге түсті.*

МҮСӘПІРХАНА *Мүгедектерді бағып-күтуге арналған орын.* ***Мүсәпірхана*** бар ма? — деп айғай салды біреу мүгедектер арасынан ("Жұлдыз").

МҮСӘПІРШІЛІК *Мүсәпір болғандық, бейшаралық.* ~ байқатты (көрсетті).

МҮСӘТІР ***хим.*** *Суда жақсы еритін мөлдір түсті, кристалды зат; аммиак.* ◊ **Мүсәтір спирті** — *аммиактың судағы ертіндісі.*

МҮСІН 1. *Дене, бәден; фигура.* ~і әлі бұзылмаған. 2. *Біреудің пішінін метал тектес заттан құйып, я ағаштан ойып жасаған бейне.* Алаң ортасында Белгісіз жауынгердің алып ***мүсіні*** тұр (Өдібаев).

МҮСІНДЕ *Тастан, шойыннан мүсінін салу, кескінін тұрғызу.* Шебер Жамбылдың кескінін ~й бастады.

МҮСІНДЕМЕ *Бір нәрсенің мүсіні, кескіндеме.*

МҮСІНДЕС *Бейнелес, пішіндес, келбеттес.* ~ бейне (адам).

МҮСІНДІ *Сымбатты, кескінді, келбетті.* ~ дене (жігіт).

МҮСІНДІЛІК *Келбеттілік, әдемілік, әсемдік.*

МҮСІНСІЗ *Келбетсіз, кескінсіз, көріксіз.*

МҮСІНХАНА *Мүсін жасайтын орын; шеберхана.* ~ға барды.

МҮСІНШІ *Мүсін жасаушы; скульптор.* Ол тұңғыш ~ еді.

МҮСІНШІЛІК *Мүсін жасаумен айналысушылық.* ~ өнері.

МҮСІРКЕ *Есіркеу, жаны ашу, аяу.* ~й қарады.

МҮСІРКЕГІШ *Есіркегіш, аягыш.* ~ ана.

МҮСІРКЕУШІЛІК *Есіркеушілік, аяушылық.* ~ рай танытты (көрсетті).

МҮТТАЙЫМ *Қу, сұм, зұлым.* — Ой, ***мұттайым***-ай, алдаған екен ғой (Жансүгіров).

МҮФТИ *Шариғат жолын, дін қағидаларын сақтауды қадағалайтын дін адамы.*

МҮШӘЙРА *Өнер жарысы, жазба ақындар сайысы.* Өнер ***мүшәйрасын*** біздің республикамыздан бастады (Ж. Исмағұлов).

МҮШЕ I 1. *Адам, жан-жануар денесінің бөлігі.* Он екі ~сі сау. 2. *этногр. Сойылған мал етінің қонағына қарай тартар негізгі бөлшегі (жамбас, жілік, сүбе, бұғана, т. б.).* Құданың алдына сыбағалы ***мүшесін*** қойды (Көбеев). 3. *Белгілі бір ұйымның құрамына енетін адам.* Бригада ~і. 4. *Алғашқы, табиғи қалпы, уыз күйі.* Құлын ~сі бұзылмаған.

МҮШЕ II *этногр. Тарту-таралғы, сыйлық.* Асқа жиналғандарға ***мүше*** беріп тарқатты (Иманжанов).

МҮШЕ-КОРРЕСПОНДЕНТ *Ғылымға сіңірген еңбегіне қарай сайлау арқылы өтетін, академикке дейінгі ғылыми атақ.*

МҮШЕЛ *Адам жасының әрбір 12 жылдан тұратын бөлігі (13, 25, 37...).* Өзінен ~ кіші. ◊ **Мүшел жас** — *12 жылдан тұратын циклды жас.*

МҮШЕЛДІ *Мүшел жасына келген, мүшелге толған.* ~ жас (той).

МҮШЕЛЕ *Мал етін мүше-мүшеге бөліп бұзу; жіліктеу.* Етті ~п берді.

МҮШЕЛЕН *Дене мүшесі толысу.* Денесі ~іп, толысып келеді.

МҮШЕЛТОЙ *Белгілі бір межелі жасқа (50, 60, 70, 80) толғанда жасалатын мерей той.* Ақын елуге толған ~ын жасады.

МҮШЕЛІ 1. *Ішіне малдың бас, жамбас, жілік сияқты бір мүшесі салынған.* ~ тамақ (ас). 2. *Сымбатты, келісті, денелі.* ~ адам.

МҮШЕЛІК *Белгілі бір ұйымға мүше болғандық.* ◊ **Мүшелік билет** — *белгілі бір ұйымға қатысты екендігін білдіретін ресми құжат.* **Мүшелік жарна** — *бір нәрсеге мүше ретінде төленетін қаржы.*

МҮШКІЛ *Ауыр, қиын, нашар.* Халі ~.

МҮШКІЛДЕН *Жағдайы ауырлану, қиындалу.* Халдері ~е бастады.

МҮШКІЛДІК *Халі ауырлық, қиындық, нашарлық.* Халдерінің ~гін айтты.

МҮШТІК *Темекі тартуға арналған тұтік.*

МЫҒЫМ 1. *Шымыр, тығыршықтай мықты.* Денесі ~. 2. *Қуатты, күшті.* Мемлекетіміз ~. 3. *Өз ісіне мұқият, ұқыпты, тыңғылықты.* Өз ісіне (жұмысына) ~.

МЫҒЫМДА 1. *Мықтау, қатты тежеп ұстау.* Тізгінді ~п ұстады. 2. *Нықтап, нығарлап айту.* Өнегелі бала сөйтеді, — деп ***мығымдай*** түсті (Соқпақбаев).

МЫҒЫМДЫҚ *Мықтылық, беріктік.* Іске ~ғы жақсы.

МЫҒЫМСЫ *Мықтымсу, мықтысыну, күштісіну.* Өңкей ~ған біреулер.

МЫЖ-МЫЖ 1. *Мыж-тыж, құрыс-тырыс, ұйпа-тұйпа боп мылжаланған.* Костюмы ~. 2. *Ауыс. Беті шалбар-шалбар әжім басқан.* Бет-аузы ~. ◊ **Мыж-мыж болды** — *мылжа-мылжа болды, қыртыстанды.* **Мыж-мыжы шықты** — *ұйпа-тұйпа болды, мылжа-мылжасы шықты.*

МЫЖ-ТЫЖ *Мыжылған, қыртыстанған.* ~ы шықты, ~ болды.

МЫЖЫ 1. *Мыжғылау, жаныштау, мылжалау, езу.* 2. *Ауыс. Мылжыңдап көп сөйлеу, жалықтыру, мезі ету.* ~май жайыңа отыршы.

МЫЖЫМА *Мылжың, көкезу, тантық.* Ол ~ адам.

МЫЖЫҢ *Бір айтқанын қайталап, мәнсіз көп сөйлейтін адам, тантық.*

МЫЖЫҢДА *Мылжыңдау.* Ол ~п жатпады.

МЫЖЫРАЙ 1. *Әбден тозығы жетіп мұжілу, басылу.* ~ған үй (қора). 2. *Ауыс. Шөгу, мыжмыж болу.* ~ған қара шал.

МЫЗҒЫ *Көз шырымын алу, көз іліп алу.* Аздап ~п алды.

МЫЗҒЫМА *Орнынан қозғалмау, тапжылмау, былқ етпеу.* Орнынан ~ды.

МЫЗҒЫМАС *Тапжылмайтын, өзгермейтін; берік.* ~ сенім (одақ).

МЫЗҒЫМАСТЫҚ *Беріктік, мықтылық.* Халықтар достығының ~ғын дәлелдейді.

МЫҚ *Уақ ағаш шеге. Мығы* бар сауыр етік табанында (Қозы Көрпеш).

МЫҚИ *зоол. Арқасы қара қоңыр, бауыры ақ, қоңыр жолақты жыртқыш құс. Мықи* зиянды кемірушілерді жеп пайда келтіреді (ҚСЭ).

МЫҚТА 1. *Бір нәрсені тас қылып бекіту, мықты ету.*~п таңып тастады. 2. *Бар күш-жігерін жұмсау, қатыру.* Шаруашылықты ~п қолға алды.

МЫҚТАҒАНДА *Ең әрі кеткенде.* Шет жағы *мықтағанда* кісінің белуарынан келеді (С. Омаров).

МЫҚТАСА *Әрі кетсе, асып кетсе.* — *Мықтаса,* бір жарым пұт шығар (Шүкіров).

МЫҚТЫ 1. *Берік, бекем, нығыз.* ~ арқан-жіп. 2. *Күшті, қуатты, әлді.* ~ жігіт.

МЫҚТЫЛЫҚ *Беріктік, бекемдік, күштілік, қуаттылық.*

МЫҚТЫМСЫ *Күштімсу, күштісіну.* ~п отыр.

МЫҚТЫСЫН *Мықты болғансу, күштісіну.* ~ған жігіттер.

МЫҚШЫ *Мықшыңдау, зорға көтеру.* ~ып көтере алмай барады.

МЫҚШЫМА *Өкшесін мықшита, маймита тіккен.* ~ етік (кебіс).

МЫҚШЫҢДА *Бар күшін жиып тырбану, мықшың-мықшың ету.*

МЫҚЫН *Бел омыртқаның екі жағы.* ~ы жұп-жұмыр.

МЫҚЫНДЫ *Мықыны шығыңқы.* ~ қыз.

МЫҚЫНДЫҚ *Мықын тұсы.* ~ғында шағын қанжар.

МЫҚЫР *Тапал, тайпақ, аласа, қортық, мыртық.* ~ шал (емен).

МЫҚЫРАЙ *Қортию, мыртию, тайпию.* Ол столда ~ып отыр.

МЫҚЫРАЙТ *Мыржиту, қоржиту.*

МЫҚЫРЛЫҚ *Тайпақтық, қортықтық, тапалдық.* ~ғы байқала бермейді.

МЫЛЖА: мылжа-мылжасы шықты — *быт-шыты шықты, мылжасын шығарды.*

МЫЛЖАЛА *Мылжа-мылжасын, шығару, езгілеу.* Жыланның басын ~ды.

МЫЛЖА-МЫЛЖА *Мыж-мыжы шыққан, мылжаланған.* ~ болды (етті).

МЫЛЖЫҢ 1. *Мыжып, көп сөйлейтін адам.* Қошығұл бір сөзін қайталай беретін *мылжың* (С. Мұқанов). 2. *Ешқандай мән-мағынасы жоқ, көпірме бос сөз.* Бос ~ның керегі жоқ.

МЫЛЖЫҢДА *Не болса соны айтып мыжу, танту.*

МЫЛЖЫҢДАУ *Бос сөзге үйірлеу, көп сөзділеу.* ~ шал.

МЫЛЖЫҢДЫҚ *Көкезулік, мыжымалық, тантықтық.*

МЫЛҚАУ 1. *Сөйлеу қабілетінен айрылған, құлағы естімейтін (адам).* ~ адам (бала). 2. *Ауыс. Керең, мақау (адам).* Қадірін, бағасын ұқпасам өлеңнің, Мен мүлде *мылқаумын*, мен онда кереңмін (Бақтыгереева).

МЫЛҚАУЛАН *Мылқау қалпына түсу, сөйлей алмау.*

МЫЛҚАУЛАУ *Жақсы сөйлей алмайтын, тілі кемістеу.* ~ адам.

МЫЛҚАУЛЫҚ *Тілсіздік, мақаулық.*

МЫЛҚАУСЫ *Мылқау болғансу, мылқау тәріздену.* ~п отырып алды.

МЫЛТЫҚ *Оқ-дәрімен атылатын соғыс қаруы.* Иығына ~ асты.

МЫЛТЫҚТЫ *Мылтығы бар, мылтық асынған.* ~ жігіт (адам).

МЫНА *Сілтеу есімдігі; осы, мынау.* ~ жерде (сияқты ағаш).

МЫНАДАЙ *Мына сияқты, осындай.* ~ өңгіме (сұрақ).

МЫНАУ *Мына, осы.* ~ кең дүниеде. ◊ **Мынау деген** — *таңдаулы, мақтаулы, айтулы.*

МЫҢ *Он жүздің қосындысынан тұратын есептік сан.* ~ қой (теңге). ◊ **Мың алғыс [мың да бір рахмет]** — *көп рахмет.* **Мың батпан** — *өте ауыр, салмақты.* **Мың болғыр [мың жаса!]** — *көп жаса, ұзақ өмір сүр.* **Мыңға балады** — *аса қатты қадірледі, ешкімге теңгермеді.* **Мың да бір ем [дауа]** — *ең бір пайдалы да қажетті ем.* **Мың құбылды [құлпырды]** — *түрленді, алуан түске енді.* **Мың саққа жүгіртті** — *неше құбылтты, түрлендірді.* **Мың сан** — *есепсіз көп, аса мол, сансыз.*

МЫҢБАС: мыңбас шырмауық (*бот.*) — *түймеге ұқсас көп дән салып, жанындағы өсімдікке шырмалып өсетін өсімдік.*

МЫҢБАСЫ *көне. Ерте кездегі әскери лауазым, мың жауынгердің басшысы.*

МЫҢБЕГІ *көне. Мыңбасы, мың адамнан құралған әскери топтың басшысы.*

МЫҢҒЫР *Қаптау, қаулап өсу.* Төрт түлік мал төскейінде *мыңғырып*, бақ-береке қаулады (Жұмабаев).

МЫҢҒЫРҒАН *Жер қайысқан, көп.* ~ мал. ◊ **Мыңғырған бай** — *мыңды айдаған бай.*

МЫҢДАҒАН *Бірнеше мың, сан мың.* ~ кісі (шақырым).

МЫҢДАЙ *Мыңға жуық, мың шамасындай.* ~ жылқы (адам).

МЫҢДАП *Мың-мыңдап, қаптап.* ~ өрген ақбөкен, ~ мал жатыр.

МЫҢЖАПЫРАҚ *бот. Ашқылтым дәмі бар, хош иісті, гүлі уақ, биіктігі 20–120 см көп жылдық шөптесін өсімдік.* ***Мыңжапырақ*** ғасырлар бойы халық медицинасында үзбей қолданылып келеді (С. Субханбердин).

МЫҢҚ: мыңқ етті — 1. *Иттің ақырын ғана, бір рет дыбыс шығаруы.* 2. *Күңк етіп, тұсініксіз бірдеңе деп сөйлеу, міңгірлеу.* ◊ **Мыңқ етпеді** — а) *жақ ашпады, мелшиді;* ә) *былқ етпеді, елең қылмады.*

МЫҢҚ-МЫҢҚ: мыңқ-мыңқ етті — *бір нәрсені міңгірлеп айтты, мыңқылдады.*

МЫҢҚЫЛ *Міңгір, мұрнынан шыққан тұсініксіз сөз.* — Көп ***мыңқылыңды*** қойып, ер артымнан (Райымқұлов).

МЫҢҚЫЛДА *Мыңқ-мыңқ ету, міңгірлеу.*

МЫҢҚЫЛДАҚ *Мыңқылдап қалған, мыңқ-мыңқ еткен.* ~ жан.

МЫҢ-МӘРТЕБЕ *Шексіз көп, мың сан.* ~ алғыс.

МЫҢ-МИЛЛИОН *Сан мыңдаған, миллиондаған, көп.* ~ жеткіншек.

МЫҢ-МЫҢДАП *Әлденеше мыңдап, бірнеше мың.* ~ қой қоздады (айдады).

МЫНТАМЫР *бот. Жол бойында, арық жиегінде өсетін дәрілік өсімдік; жолжелкен.* ***Мынтамыр,*** жаужапырақ, қанжыға, қоға секілді шөптер бар (І. Жансүгіров).

МЫРҒАМ: мырғамға батты — *қарық болды, кенелді.* Тасы көктеп, тау гүлдеп, ***мырғамға*** батқан біздің ел (С. Керімбеков).

МЫРЖИ *Қыжыраю, мықыраю.*

МЫРЖЫҚ *Мыжырайған, быржиған.* ~ сарысы көшір екен.

МЫРЗА 1. *Құрметтеуді, сыпайыгерлікті білдіру мақсатында сауатты, білімді адамдардың есімдеріне және әмірші әулеттері аттарына қосылып айтылатын сөз.* Хан әулеті — төре, би әулеті — шора, әмір әулеті — ***мырза*** (Мағауин). 2. *Ауыс. Қолы ашық, жомарт адам.* ***Мырза*** екен, қолындағысын бере салды ("Жетісу"). ◊ **Мырза терек** — *тұзу өскен, сымбатты ақ терек.*

МЫРЗАҚОСПАҚ *Бура мен балқоспақтан туған будан: нардың үшінші ұрпағы.*

МЫРЗАЛЫҚ 1. *Жомарттық.* ~ танытты. 2. *Ауыс. Қолы ашықтық, кең пейілдік.* ~ етті (көрсетті).

МЫРЗАСЫ *Мырза болу (болғансу); жомартсыну.* ~май-ақ қой.

МЫРЗАСЫН *Мырзасу, мырза болғансу.* ~ып жүретін жігіт.

МЫРҚЫМБАЙ 1. *Жалшы-жақыбай, жұпыны, қарапайым.* — Біз сияқты ***мырқымбайларға*** мәдениеттен ніс сездіріп отырмасаң болмас (Қонарбаев). 2. *Кім болса сол.* Сол ~ды қойшы.

МЫРС: мырс етті — *миығынан күлді, жымың етті.*

МЫРС-МЫРС: мырс-мырс күлді — *мырсылдап күлді, жымың-жымың етті.*

МЫРСЫЛ *Мырс-мырс еткен күлкі.* Медеу ол ***мырсылдың*** ар жағында қандай зіл жатқанын сезіп жым болды (Ә. Әбішев).

МЫРСЫЛДА *Мырс-мырс ету.* ~п күлді.

МЫРСЫН *Ұрғашы мысық.*

МЫРСИ *Алдану, санын соғып қалу.* Өмірбек ***мырсиғанын*** сонда білді (Б. Соқпақбаев).

МЫРТИ *Қортию, тайпию.* ~ған жігіт.

МЫРТЫҚ *Қортық, тайпақ, тапал.* ~ қара (саусақ).

МЫРТЫҢ: мыртың-мыртың етті — *митың-митың етті, мыртыңдады.*

МЫРТЫҢДА *Митыңдау.*

МЫРШЫМ *Жастардың алқа-қотан отырып жүзікті аузына жасырып ойнайтын ұлттық ойыны.*

МЫРЫШ *Сұрғылт көгілдір түсті, балқығыш металл.* ◊ **Мырыш тотығы** — *иіссіз, дәмсіз, ақ ұнтақ.*

МЫРЫШТА *Мырыш қосылған, мырышталған.* Металдың беті ~лған екен.

МЫРЫШШЫ *Мырыш өндіруші, мырыш қорытушы.* ~ жұмыскер.

МЫС *Қызғылт-сары түсті, созып, қақтауға төзімді металл.* ◊ **Мыс қазан** — *мыс қорытатын қазан.* **Мыс қазандай қайнады** — *бұрқ-сарқ етіп буырқанды.*

МЫСАЛ I *Бір нәрсенің аныққаныгын түсіндіру үшін сөз аралығында келтірілетін дәлел.* ~ айтты (келтірілді).

МЫСАЛ II *әдеб. Тәрбиелік мәні бар, астарлы сықақ өлең, әңгіме.* Крыловтан ~дар аударды.

МЫСАЛГЕР *Мысалшыл, сықақшыл.* Ұлы Абай — ұлы ***мысалгер*** (Шаймерденов).

МЫСАЛДА *Мысал келтіре отырып айту.*

МЫСАЛДАС *Тәріздес, сияқты.* Бар еді Рүстемде үш ғауһар тас, Жоқ еді жүртта ғауһар ол ***мысалдас*** (Ізтілеуов).

МЫСАЛШЫ 1. *Мысал жазушы, сықақшы.* ~ ақын. 2. *Мысалқой, мысалқұмар, мысал келтіруге әуес.*

МЫСАЛЫ *Мәселен деген магынадағы қыстырма сөз.* ***Мысалы,*** ақталған азаматтарды алалық ("Зерде").

МЫСКЕР *Мыстан түрлі заттар жасайтын адам, мыс шебері.* Әкесі ~ еді.

МЫСҚАЛ 1. *Жиырма бес грамға тең салмақ өлшемі.* Жүз елу ~. 2. *Ауыс. Болар-болмас, шамалы.* ~ үлес қосқан жоқ.

МЫСҚАЛДАЙ *Болар-болмас, азғантай, кішкентай.* Жүзінде ~ реніш жоқ.

МЫСҚАЛДАП 1. *Мысқал-мысқал етіп.* Ғауһарды ~ өлшейді. 2. *Ауыс. Аз-аздап, там-тұмдап.* Ауру батпандап кіріп, ***мысқалдап*** шығады (Мақал).

МЫСҚЫЛ *Әжуа, сықақ, келеке.* Ащы ~, ~ араластырды. ◊ **Мысқыл етті** — *мысқылдады, шенеді.* **Мысқыл садағына түйреді** — *ащы мысқылмен әжуа етті.*

МЫСҚЫЛДА *Әжуалау, келемеждеу.* ~п сөйледі.

МЫСҚЫЛДЫ *Әжуалы, кекесінді.* ~ күлкі (жүзбен қарады).

МЫСҚЫЛСЫЗ *Кекесінсіз, әжуасыз.* Асқар осы сөзді ***мысқылсыз*** көпшіліктің алдында айтты (Қ. Жұмалиев).

МЫСҚЫЛШЫ *Сықақшы, сықақ жазатын.* ~ адам.

МЫСҚЫЛШЫЛ *Әжуашыл, сықақшыл.* ~ жігіт (жазушы).

МЫСҚЫЛШЫЛДЫҚ *Сықақшылдық, әжуашылық.* ~ жағынан алдына жан салмайды.

МЫСТАН *Айлакер, аяр.* Кәрі ***мыстанды*** қуып жібермегеніне өкінді (Т. Әлімқұлов). ◊ **Мыстан кемпір** (*миф.*) — *ертегілерде кездесетін, жауыз-*

дықтың, зұлымдықтың символы ретіндегі мифтік кейіпкер.

МЫСТАНДЫҚ *Арамзалық, зұлымдық.* ~пен сығырая қарады.

МЫСТЫ *Мысы бар, мыс шығаратын.* ~ өңір (өлке).

МЫСЫ *Бір нәрсенің сесі, күші, пысы.* Келініне асылық сөйлеткен осы бір жүз сомның *мысы* екенін кемпір енді білді (Досымов). ◊ **Мысы басты [жеңді]** — *сесі жеңді, сесі басты.* **Мысы құрыды** — *әлі құрыды, лажы таусылды.* **Мысын басты** — *кеудесін басты, бетін қайтарды.*

МЫСЫҚ *Жолбарыс тұқымдас сұт қоректі үй жануары.* ~ миялады. ◊ **Мысық дәме** — *болымсыз нәрседен үмітті.* **Мысық көз** — *көзінің қиығы қигаштау біткен (адам).* **Мысық мұрт** — *мұрты мысықтың мұртындай, тікірейген.* **Мысық табандады** — *ақырын басып, бұқпантайлады.* **Мысық тілеу** — *тілеуі жаман, қара ниет.*

МЫСЫҚҚҰЙРЫҚ *бот. Далалы жерде өсетін, тары тәрізді дәні бар жабайы өсімдік.* Қара сұлы, ~ қаптап кетіпті.

МЫСЫҚТОРҒАЙ *Зор дауысты, кішірек келген әнші құс; сарғалдақ.*

МЫТ *Үш саусақпен қатты шымшып алу.* Иығынан ~ып жіберді.

МЫТҚЫЛА *Шымшылау, қайта-қайта нұқу.* Кәдіржан мені бір-екі рет *мытқылады* (Есімжанов).

МЫШ *Дәні піспей солып, мейіз болып қатып қалған бидай.* Ішіндегі *мыш* бидай асханаға барсын (Ерғалиев).

МЫШТАЙ: мыштай болды — *жымдай болды.*

МІЗ: міз бақпады — *шімірікпеді, селт етпеді, былқ етпеді.*

МІН I *Кем-кетік, кінәрат, ақау.* ~і көп (жоқ). ◊ **Мін жоқ** — *кемшілігі жоқ, мінсіз.* **Мін көрді** — *кемшілік деп санады.* **Мін тақты** — *кінәлады, айыптады.* **Мінін бетіне басты** — *кемшілігін көзіне айтты.* **Мінін қазды [терді]** — *мін табуға тырысты, мін іздеді.*

МІН II 1. *Көлікке отыру, атқа қону.* Атқа (өгізге) ~ді. 2. *Автобусқа, машинаға, ұшаққа т.б. отыру.* Автобусқа ~ді.

МІНАЖАТ *дінн. Құдайға сыйынушылық, құлшылық етушілік.* Аллаға ~ етті.

МІНАЖАТХАНА *Құдайға құлшылық етіп, тілеу тілейтін орын.* ~ға кірді.

МІНАЖАТШЫЛ *Құдайға мінажат қылғыш, сыйынғыш.* ~ адам.

МІНӘСӘР *Жарасымды, үйлесімді, мінәсіп.* Жайшылықта ажарына *мінәсәр* жарасып түр (С. Омаров).

МІНӘСІП *Лайықты, жарасымды, мінәсәр.* Шыжаландау Байсал бойына *мінәсіп* емес дүр (Т. Әлімқұлов).

МІНБЕ *Көпшіліктің алдына шығып сөз сөйлейтін арнайы орнатылған биік мінбер; трибуна.* ~ге шықты, ~де сөйлеп тұр.

МІНБЕЛЕ *Бір нәрсеге ентелеп, жақындай түсу.* Балалар отқа *мінбелей* жайғасты (Арыстанов).

МІНГЕС *Ат, түйе т. б. үстінде отырған адамның артына міну.* Өкесінің артына ~ті.

МІНГІ *Мінетін көлік.* ~ ат (түйе).

МІНДЕ *Мін тағу, мінеу.* Қыз сөзін оғаш көріп *міндемеді* (Жолдинов).

МІНДЕТ *Парыз, борыш.* Оның ~і. ◊ **Міндет артты** — *қызмет жүктеді, іс тапсырды.* **Міндет қылды [етті]** — *міндетсінді.* **Міндетіне алды** — *мойнына алды.*

МІНДЕТСІ *Істеген ісін бұлдау, бәлсіну.* ~п отыр, ~генін қоймады.

МІНДЕТТЕ *Біреуге шаруа жүктеу, тапсыру.* ~п қойды.

МІНДЕТТЕМЕ *Сөзсіз орындаймын деп жазбаша түрде берілген уәде, жүктеме.* ~ алды (қабылдады).

МІНДЕТТІ *Орындауға тиісті, борышты.* ~ жұмыс.

МІНДЕТТІЛІК *Міндетті болу, міндетіне алу, борыштылық.*

МІНЕ I *Сілтеу есімдігі.* ~, ауылы.

МІНЕ II *Біреудің кемшілігін көрсету, сынау, шенеу.* Біз өзімізше ~йміз.

МІНЕГІШ *Мін таққыш, сынағыш, шенегіш.* ~ болып алды.

МІНЕЗ *Әр адамға тән, лайық психикалық қасиеттердің жиынтығы.* ~і жаман (жайдары). ◊ **Мінезге бай** — *мінезі жақсы, салмақты.* **Мінез көрсетті [шығарды]** — *ашу шақырды, оқыс қылық көрсетті.* **Мінезі ауыр** — *салмақты, байыпты.*

МІНЕЗДЕ *Біреудің мінез-құлық, іс-қимылын сипаттау.*

МІНЕЗДЕМЕ *Жеке адамның өз басына тән қасиеттерін, қызметіне қатысты мәліметтерді жан-жақты талдап баяндайтын жазбаша сипаттама, құжат.* ~ берді, ~сін оқыды.

МІНЕЗДЕС *Мінездері бірдей, мінездері ұқсас.* Ақын (қыз) ~.

МІНЕЗДІ *Өзіндік жағымды мінезі бар.* ~ жан (адам).

МІНЕЗДІК *Мінезге тән, мінезге қатысты.* ~ сипат.

МІНЕЗДІЛІК *Жағымды мінез.*

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ *Адамның іс-әрекетінен, жүріс-тұрысынан байқалатын өзіндік қасиет.* ~ғы ерекше, ~ғы жақсы.

МІНЕЗСІЗ *Мінезі нашар.* ~ адам (әйел).

МІНЕЗСІЗДЕУ *Мінезі нашарлау, ұрма-соқпа.* ~ адам.

МІНЕЗСІЗДІК *Мінезі нашарлық.* ~ жат қылық.

МІНЕКИ *Міне.* ~, ауыл көшіп жатыр, ~, мініс атың.

МІНЕП-ШЕНЕ *Мінеп-сынау, кем-кетігін айту, кемшілігін көрсету.* Мінез-құлықтарын ~ді.

МІНЕР *Мінуге жарайтын, мінілетін.* ~ ат, ішер тамақ берді. ◊ **Мінер жақ** — *көліктің сол жағы, адам мінетін жағы.*

МІНЕУШІ *Мінші, сын айтушы.* ~лер аз болған жоқ.

МІНСІЗ 1. *Кем-кетігі, міні жоқ.* ~ адам (жұмыс). 2. *Ауыс. Кіршіксіз, мұлтіксіз, қалтқысыз.* ~ қызмет (еңбек).

МІНСІЗДІК 1. *Міні жоқтық, мін болмаушылық.* 2. *Кіршіксіздік, қалтқысыздық.* ~тің жүгі ауыр.

МІНШІ *Сыншы, мінеуші.* Дайын іске сыншы да, ~де көп.

МІНШІЛ *Мін таққыш, сыншыл.* ~ адам.

МІНІС *Мінетін ат, мінуге жарайтын көлік.* ~ке төзімді.

МІНІСКЕР 1. *Мінуге төзімді, көнбіс.* ~ ат. 2. *Ауыс. Қолынан бәрі келетін, өнерлі, шебер, майталман.* Күнтай он саусағынан өнер тамған ***міниске́р*** (С. Мұқанов).

МІНІСКЕРЛІК 1. *Мініске төзімділік, көнбістік.* Атының ~гі ғажап. 2. *Ауыс. Шеберлік, майталмандық.* Жеті жұрттың ~гін үйренген.

МІҢГІР *Ашық-анық естілмейтін күбір, күңкіл.* Баласының ~іне құлақ қоймады. ◊ **Міңгір етті** — *күңк етті, міңгірледі.*

МІҢГІРЛЕ *Бір нәрсені естілер-естілмес етіп күбірлеу, анық айтпай міңгір-міңгір ету.* Әлденені айтып ~ді.

МІҢГІР-МІҢГІР: міңгір-міңгір етті — *күбір-күбір етті, міңгірлеп сөйледі.*

МІР I *Өте тұзу тиетін садақ.* Тілім — ***мір***, сөзім — оқтай қадалғанда (Шәкәрім). ◊ **Сөзі мірдің оғындай** — *сөзі өңменіңнен өтетін, жанға қатты бататын.*

МІР II ***көне.*** *Моншақ тізетін жіп.* Сөзімді гауһар деген нана алмасаң, Сен де бір тесік тассың ***мірге*** өтпеген (И. Байзақов). ◊ **Мірге тізген моншақтай** — *біркелкі, сұйкімді.*

МІРДЕЙ *Мірдің оғындай, өткір.* Тілі ~.

МІРІ ***көне.*** *Ескіше бес тиындық ақша.* Боза ішіп бір ***міріге*** судай тастың, Суға әкеп сүңгіткенде көзіңді аштың (Майлықожа). ◊ **Мірге өтпеді** — *бес тиынға жарамады.*

МІСЕ: місе қылды [түтты] — *барға қанағат қылды, риза болды.*

МІСКІН *Бейшара, мүсәпір, мүскін.* Тіспай бұл ***міскінге*** бұрылып та қарағаң жоқ (Райымқұлов).

МІСКІНДІК *Бейшаралық, мүскіндік.* Түрінен ~ байқалады.

Н

НАҒАШЫ *Шеше жағынан туысқан адамдар.*

НАҒАШЫЛА *Жиендердің нағашыларына қыдырып баруы.* ~п барды.

НАҒАШЫЛЫҚ *Нағашы болғандық.* ~ғы бар.

НАҒЫЗ *Шын, дәл, тура.* ~ әкесі (шешесі).

НАҒЫЛЕТ *Қарғыс атқан, құдайдан безген жексұрын, найсап.* Құдайдан безген ~. □ **Нағылет айтты** — *қарғап-сіледі, қарғады.*

НАҒЫП *Неге, неліктен, қалайша, не себепті; негып.* Айтшы, аға, ***нағып*** жеңілдік? (Абай).

НАДАН 1. *Көр соқыр, топас.* ~ адам (кісі). 2. *Ауыс. Хат танымайтын, қараңғы.* Ол өліпті таяқ деп білмейтін ***надан*** (Торайғыров).

НАДАНДЫҚ 1. *Топастық, көр соқырлық; білімсіздік.* 2. *Ауыс. Қараңғылық; сауатсыздық.*

НАДАНШЫЛЫҚ *Бір нәрсенің байыбына бармайтын надандық, білместік.*

НАДҰРЫС ***көне.*** *Дұрыс емес, қате, теріс.* Ақылдың көкірегінде көзі барлар, Шығармас бұл сөзімді ***надұрысқа*** (Үш ғасыр).

НАЗ I *Әйел қауымынан шыққан сері, сал, ерке-тотай әнші, керімсал.* Ерлер киер кебене, ***наздар*** киер Кегеме (Батырлар жыры).

НАЗ II 1. *Өкпе, базына, реніш.* 2. *Әзіл, қалжың.* ~ы балдай тәтті. ◊ **Наз айтты** — *өкпесін айтты.*

НАЗ: наз бедеу — *әсем, сұлу жүрісті жарау бие.*

НАЗА *Күйініш, нала, реніш, кейіс, ыза.* Ананың ~сы жаман. ◊ **Наза болды** — *қапаланды, ренжіді.* **Назасына қалды [жолықты]** — *біреуді ренжітіп алды; қарғысына қалды.*

НАЗАЛАН *Қапалану, күйіну, налу.* Баласына қатты ~ды.

НАЗАЛЫ *Реніштi, қапалы.* Тағдырына ~ еді.

НАЗАР 1. *Зейін, ықылас.* ~ымыз әншіде. 2. *Ауыс. Көз, жанар.* ~ымыз ұшырасып қалды. ◊ **Назар аударды [салды]** — *көңіл қойды, қарады.*

НАЗАРЛА *Назар салу, зейін қою.*

НАЗДАН *Еркелеу, мейірлену.* Келіншегі ~а қарады.

НАЗДЫ 1. *Базыналы, өкпелі, қылықты.* ~ хат. 2. *Әзілді, қалжыңды.* ~ лебіз (еркелік).

НАЗДЫҚ *Базыналық, еркелік.*

НАЗДЫЛЫҚ *Ынтызарлық, еркелік, қылықтылық.* ~ мейірбандылыққа ауысты.

НАЗҚОЙ *Назданғыш, еркелегіш.* ~ әйел.

НАЗШЫЛ *Назқой, назданғыш.* ~ адам.

НАЗЫМ ***көне.*** *Нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі.* Нұржан өлеңдерінің көпшілігі ***назым,*** терме болып келеді (Кенжебаев).

НАЗЫМШЫ *Назым өлеңдерін айтушы, орындаушы адам.*

НАЗЫРҚА *Місе тұтпау, кею, ренжу.* — Мөңке аға, ***назырқамашы*** (Ә. Нүрпейісов).

НАЙ I *Үрлеп тартатын көне музыкалық аспап. Най* — өзбек, азербайжан халықтарының үрлемелі аспабы (Қуатбаев).

НАЙ II *Темекі тартатын түтік. Най* — шылым тартатын трубка (Қасиманов).

НАЙЗА *Ұшын темірден істіктеп жасаған ұзын сапты ескі соғыс құралы, сұңғі.* Қолында ~сы бар. ◊ **Найза бойы** — *найзаның ұзындығымен шамалас келетін өлшем.* **Найза кірпік** — *тікірейген ұзын кірпік.* **Найза тас** — *шаншыла біткен сүйір тас.*

НАЙЗАГЕР *Найзашы, найза өнеріне шебер.*

НАЙЗАГЕРЛІК *Найзашылық.* ~ өнер.

НАЙЗАҒАЙ *Ыстық және суық ауаның соқтығысуынан пайда болатын күшті жарқыл; жай.* ~ жарқылдады (ойнады). ◊ **Найзағай түсті** —*жай түсті.*

НАЙЗАҒАЙЛЫ *Найзағай жарқылдаған.* ~ нөсер (жел, дауыл).

НАЙЗАҒАЙША *Найзағай сияқты, найзағай тәрізді.* ~ жарқ етті.

НАЙЗАЛА 1. *Найза салу, найзамен шаншу, түйреу.* ~п өлтірді. 2. *Ауыс. Сынап-мінеу, тілімен түйреу. Найзалап* ескілікті өткір тілмен (Балтабеков).

НАЙҚАЛ 1. *Ырғалу, теңселу, жайқалу.* ~ған бидай. 2. *Ауыс. Ырғалып-жырғалу, асықпау.* Өстіп ***найқалып*** жүріп, Қалдыбай аудан орталығынан түсте шықты (Тілепов).

НАЙСАП *Оңбаған, жексұрын, арамза.*

НАЙСАПТАН *Оңбағандық істеу, сұрқиялану.* — *Найсаптана* бермей сөз тыңда (Ә. Әбішев).

НАҚ *Дәл, тура, дәлме-дәл.* ~ бастан ұрды. □ **Нақ өзі** — *дәл өзі.*

НАҚАҚ *Бостан-бос, жазықсыз.* ~ күйдірді.

НАҚАҚТАН-НАҚАҚ *Бекерден-бекер, бостан-бос.* ~ жаза шекті.

НАҚАҚТЫҚ *Күнәсі жоқтық, пәктік, кінәсіздік.*

НАҚПА-НАҚ *Тұпа-тура, дәлме-дәл.* ~ айтып берді.

НАҚПА-НАҚТЫҚ *Дәлме-дәлдік, нақтылық.* Оған ~ тән.

НАҚСҰЙЕР *Қадірлі, ең сүйікті жар.* Мұнаура Қарабай мырзаның *нақсұйері* (Д. Әбілев).

НАҚТЫ *Дәл, тура, айқын.* ~ жауап берді.

НАҚТЫЛА *Дәлдей түсу, анықтау, айқындау.* Уақытын ~п алайық.

НАҚТЫЛЫ *Дәл, нақты, айқын.* ~ іс (шаруа).

НАҚТЫЛЫҚ *Дәлдік, анықтық, айқындық.*

НАҚТЫРАҚ *Дәлірек, айқынырақ, анығырақ.* ~ айт (сөйле).

НАҚҰРЫС *Есалаң, жынды, жарымес.* ~ адам.

НАҚҰРЫСТАН *Есерсоқтану, жындану.*

НАҚҰРЫСТАУ *Есалаңдау, есерсоқтау.* ~ әйел (адам).

НАҚҰРЫСТЫҚ *Есерсоқтық, жындылық, жарыместік.*

НАҚЫЛ *Ғибрат, өнеге, ақыл сөз.* ~ сөз.

НАҚЫЛДА *Ғибрат айту, тақпақтау, нақыл айту.* Ылғи ~п сөйлейді.

НАҚЫЛШЫ *Ғибрат айтушы, ақылгөй.*

НАҚЫШ 1. *Ою-өрнек, нақыс, әшекей.* 2. *Саз, ырғақ, мәнер.* Күйді ~ына келтіре орындады.

НАҚЫШТА 1. *Оюлау, өрнектеу, әшекейлеу.* ~п жасады. 2. *Ән-күйді құйқылжыта орындау.* Әзиз аккордионды *нақыштап,* әдемі тартады (Тарази).

НАҚЫШТЫ 1. *Оюлы, өрнекті, әшекейлі.* ~ бұйым (білезік). 2. *Сазды, ырғақты, әуезді.* ~ ән (күй).

НАҚЫШТЫЛЫҚ *Нақышына келгендік, әшекейлілік.*

НАЛА 1. *Қарғыс, лағнет.* Ел ~сына қалды. 2. *Қайғы-қасірет, мұң-шер.* Жаны жара, көңілі *нала* (Есенберлин). ◊ **Нала болды** — *кейіді, ашуланды, қапаланды.*

НАЛАЛЫ *Қапалы, қайғылы, құсалы, шерлі.* ~ әке-шешке (жар).

НАЛЫ *Күйіну, қамығу, ренжу.* Өз тағдырына ~ды.

НАЛЫС *Реніш, күйініш.* ~тан еш нәрсе шықпайды.

НАМ *көне.* 1. *Арғы тегі, негізі.* 2. *Ат, есім.* ~ыңыз кім?

НАМА *көне. Жазу, хат. Нама* жазып Мысырдың патшасына... (Ғашық-наме).

НАМАЗ *Мұсылмандардың құдайға бағыштап күніне бес рет оқитын дұғасы.* ~ оқыды, ~ға тұрды (жығылды). ◊ **Намазы бұзылды** — *намазын басқа бір бөгде нәрсе бөліп кетті.* **Намазы қаза болды** — *намазын өткізіп алды.*

НАМАЗДЫГЕР 1. *Кешке таман.* 2. *Күн батар алдында оқылатын үшінші намаз мезгілі.* ~мен ақшамның арасында.

НАМАЗШАМ *Кешкі намаз уақыты, ақшам.*

НАМАЗШЫ *Намаз оқитын адам.* ~лар жиналды.

НАМАЗШЫЛ *Намазқой, намазын қаза жібермейтін адам.*

НАМЫС 1. *Адамгершілік, ар, абырой.* Ерді *намыс* өлтіреді (Мақал). 2. *Ұят, ұждан.*

НАМЫСҚОЙ *Ар-абырой, намысшыл.* ~ адам (жігіт).

НАМЫСҚОЙЛЫҚ *Намысшылдық, ар-абырой сақтағыштық.*

НАМЫССЫЗДЫҚ *Намысы жоқтық, ынжықтық.* Баласының ~ғына налыды.

НАМЫСТАН *Намыс қылу, арлану.*

НАМЫСТЫ *Намысы зор, намысқой.* ~ кісі.

НАМЫСШЫЛ *Намысқой, ұяты зор.* ~ ер.

НАМЫСШЫЛДЫҚ *Намысқойлық, арлылық.* ~ғына іштей сүйсінді.

НАН I 1. *Ұнды илеп, қамыр болған соң табаға, тандырға, пешке пісірілген тағам.* ~ жеді. 2. *Иленген ұн, қамыр.* Етке ~ салды. ◊ **Нан атсын [ұрсын]** — *нанның кесіріне жолығайын.* **Нан соғар** — *арам тамақ, жатып ішер.*

НАН II *Бір нәрсеге сену, ілану.* Асыл гүлім, ашық күнім, *нан* маған (Мәуленов).

НАНҒЫСЫЗ *Нанымсыз, сенімсіз, ілануға болмайтын.* Адам айтса ~.

НАНҒЫШ *Сенгіш, іланғыш.* Сөзге ~.

НАНДЫҚ *Нанға жететін, азықтық.* ~ қасиет.

НАНКЕ *Сарғылт түсті қалың мата.*

НАНЫМ *Бір нәрсеге иланғандық, сенім.* Халықтың ~ы.

НАНЫМДЫ *Сенімді, иланымды, күмәнді емес.* ~ мәлімет (жауап).

НАНЫМДЫЛЫҚ *Сенімділік, иланымдылық.*

НАНЫМСЫЗ *Сенуге болмайтын; шынайы емес.* ~ жерлері көп.

НАНЫМСЫЗДАУ *Сенімсіздеу, күмәнділеу.* ~ өңіме.

НАНЫМСЫЗДЫҚ *Сенімсіздік, шүбәлілік.*

НАР I 1. *Жалғыз өркешті, асыл тұқымды түйе.* 2. *Ауыс. Нән, ірі, үлкен.* ~ қамыс. 3. *Ауыс. Нән Қайратты, күшті, мықты.* Жігіттің ~ы екен. □ **Нар қоспақ** — *аруана мен бураның буданы.* ◊ **Нар тәуекел** — *бір іске батыл кіріспе кету.*

НАР II *Адам жату үшін арнайы жасалған сәкі, сөре.* Жігіттер ~ға жатты.

НАРАЗЫ *Бір нәрсеге разы емес, қарсы.* Оған ~ болды.

НАРАЗЫЛАУ *Разы еместеу, реніштілеу.* ~ кейіпте отыр.

НАРАЗЫЛЫҚ *Бір нәрсеге келіспеушілік, қарсылық.* ~ туды.

НАРАУ *Әлсіз, нашар.* Бестік шамның сәулесі *нарау* тартты (Жұмаханов).

НАРБОТА *Бір жасқа толмаған аруана төлі.*

НАРДАЙ *Түйедей, таудай, алпамсадай.* ~ болып отыр. ◊ **Нардай шөгіп қалды** — *қартайды, жүріп-тұра алмай қалды.*

НАРЗАН *Солтүстік Кавказдан шығатын арасан суы.*

НАРКЕСКЕН *Болаттан соғылған екі жүзді алмас қылыш.*

НАРКОЗ *Операция кезінде уақытша ұйықтатып тастайтын, адам денесінің белгілі бір бөлігін біраз уақыт жансыздандыратын укол.*

НАРҚАЙСАР *Сарғыш қызыл гүлді, биіктігі бір метр шамасында, жоғарғы жағы бұтарланып, тік өсетін өсімдік.*

НАРЛЫҚ *Ерлік, батырлық; күштілік, мықтылық.*

НАРТ I *Қып-қызыл, шымқай қызыл.* ~ алма.

НАРТ II *Сібір халқының итке не бұғыға жегетін ұзынша шанасы.*

НАРТТАЙ *Қып-қызыл, албыраған.* Екі беті ~.

НАРТТАН *Қызару, албырау.* ***Нарттанып*** шығыс атырап, Таң келеді арайлап (Ә. Сәрсенбаев).

НАРУАНА *көне. Нарға жүкті арту үшін бастары айқастырылған екі аша саты.* Кіреге шыққан керуендей, ***Наруанаға*** буып, нарға артып, Сүрелеп жүкті тайлаған (Үш ғасыр).

НАРША *Жас нар, буыршын нар.* Қазақта жас нарды — ***нарша***, жас атанды — атанша деп атайды (Қаз. әдеб.). Түйедегі ***наршасын***, Әлпештеген ханшасын... (Ақтамберді)

НАРЫҚ 1. *Заттың кесімді бағасы, құны.* Базар ***нарқынан*** артық сұрамаймын (Бегалин). 2. *Ауыс. Қадір-қасиет, құн, парық. Бір үйдің* төресі өзім болып, ештеңенің ***нарқын*** білмеймін-ау (Асанов).

НАРЫҚНАМА *Заттың бағалары жазылған қағаз; калькуляция.*

НАРЫҚСЫЗ 1. *Заттың нарқы жоқ.* ~ бұйым. 2. *Құнсыз, бағасыз.*

НАРЫҚСЫЗДЫҚ *Құнсыздық, зат бағасының арзандауы, бағасыздық.*

НАРЫҚТА 1. *Заттың құнын белгілеу, бағалау.* 2. *Ауыс. Құнын білу, қадірлеу, қастерлеу.*

НАРЫҚТЫ *Құнды, бағалы.* ~ мал (шапан).

НАРЫН *Піскен ет пен қамыр ұсақталып туралып, үстіне сорпа құйылып араластырылған тағам.*

НАС *Былғаныш, лас; тазалық жоқ.* ~ адам.

НАСАЙ-ТОПЫР *Насаттанып топырлаған, ретсіз, тәртіпсіз.* Сәулесі жоқ адамның бәрі соқыр, ата-анасыз үйлерде ***насай-топыр*** (Мақал).

НАСАР *Жібек мата, кездеме.* Алып келген базардан қара ***насар***, жар-жар! (Айтыс).

НАСАТ *жерг. Керемет, шектен тыс, тым.* Тұрсын ет жеңді, ***насат*** ірі жігіт еді ("Қаз. әдеб.").

НАСАТТАН *Көңілі тасу, қуану, шаттану.* Жеңіске ~ған халық.

НАСАТТЫ *Көңілді, қуанышты, шат-шадыман.* ~ жүз.

НАСИХАТ 1. *Ақыл-кеңес, өсиет.* ~ айтты. 2. *Белгілі бір жаңа идеяны немесе ғылым жетістіктерін елге тарату ісі.* ~ жұмыстары.

НАСИХАТТА *Белгілі бір жаңа идеяны не ғылым жетістіктерін елге айтып түсіндіру, үгіттеу.* Халықтар достығын ~ды.

НАСИХАТТЫҚ *Насихаттауды талап ететін, үгіттік.* ~ жұмыс.

НАСИХАТШЫ *Насихат жүргізуші, бір нәрсені уағыздаушы; үгітші.* ~лар жұмыс істейді.

НАСИХАТШЫЛЫҚ *Үгітшілік, уағызшылық.* ~ қабілеті зор.

НАСОС *Сұйық зат пен газды соратын, айдайтын механизм.*

НАСТАУ *Тазалығы нашарлау, былғанаштау, ластау.* ~ адам.

НАСТЫҚ *Ластық, таза еместік.*

НАСЫБАЙ 1. *Тіл астына, ерінге салып ату үшін үгітілген темекіге қылша, арша т.б. өсімдіктің күлін қосып жасаған зат.* ~ атты. 2. *Ауыс. Кішкене сәбидің шұметейі.* □ **Насыбай уқалады** — *темекі үгіп, күл қосып, насыбай жасады.*

НАСЫБАЙШЕЛЕК *Насыбай уқалайтын арнаулы ыдыс; насыбайкелі.*

НАСЫБАЙШЫ *Насыбай ататын адам.*

НАСЫБАЙШЫЛ *Насыбай атқыш, насыбай құмар.* ~ шалдар.

НАСЫР: насырға шапты — *бір нәрсенің бағдары шиеленісіп, соңы үлкен лаңға айналды.*

НАТРИЙ ***хим.*** *Ақ түсті, жұмсақ әрі жеңіл химиялық элемент.*

НАТУРАЛИСТ *Табиғат зерттеуші.*

НАТЮРМОРТ *Сурет өнеріндегі адамның қатысынсыз өз бетімен өсетін жеміс және гүл түрлерін бейнелейтін жанр.*

НАУ ***көне.*** *Дау, жала.* ***Нау*** жүрген жерде дау жүреді (Мақал).

НАУ: нау тарту — *гүлдің, өсімдіктің жаңадан өсіп, шешектенуі.*

НАУА 1. *Малдың су ішуіне, жем, тұз жеуіне арналған үлкен, ұзынша астау.* ~ға су құйды. 2. *Астық, көмір т.б. заттар ағып тұратын арнаулы нәрсе.* Көмір ***науадан*** біркелкі құйылып түр (Өмірбеков).

НАУАДАЙ: науадай құйды — *табысты көп тапты.*

НАУАЛАП *Науа-науа етіп, толтырып.* ***Науалап***, шығырлаттым құдығымды (Ж. Сыздықов).

НАУАН *Үлкен, биік.* Құрыш құс ұшты заулап ауаны есіп, Алдымнан ашылды бір ***науан*** есік (Шалабаева).

НАУАНДА *Үлкею, биіктеу.* ***Науандап*** өсіп қалыпты (Райымқұлов).

НАУАТ *Қайнатып барып қатырған мұз түсті мөлдір қант.*

НАРУАН *Көбіне түйе жүнінен иірілген жіптен қолдан тоқыған кілем.* ***Наруанға*** буып, нарға артып, Сүрелеп жүкті тайлаған. (Базар жырау).

НАУБАЙ *Нан пісіретін орын, наубайхана.* Базарда ***наубайға*** жабылғаннан сатылады (Бақбергенов).

НАУБАЙХАНА *Нан пісіретін, нан жабатын орын; пекарня.* Машина ~ қақпасынан өтті.

НАУБАЙШЫ *Наубайханада нан пісіретін адам.*

НАУБАЙШЫЛЫҚ *Нан пісірумен айналысушылық.* Мұнда ***наубайшылық*** кәсіп бар ("Соц. Қаз.").

НАУҒЫ *Арғы тек, тұқым.* Ана Африкадағы жирафты көріп, түйе де соның бір ***наугысы*** (тұқымы) деп ойлаған ғой (С. Бегалин).

НАУҚАН *Қауырт істелетін мерзімді іс.* Егіс ~ы, төл алу ~ы.

НАУҚАНДЫ *Науқанмен істелетін, қауырт, қат-қабат.* ~ жұмыс.

НАУҚАНШЫ *Науқан кезінде жұмыс істеуші, науқанға қатысушы.* Еріншек егіншіден, ерінбеген ***науқаншы*** озады (Мақал).

НАУҚАНШЫЛЫҚ *Науқанбастылық, науқангершілік.*

НАУҚАС 1. *Ауру, сырқау, кесел.* ~қа шалдықты. 2. *Ауру адам, сырқат кісі.* ~ төсегінде отыр.

НАУҚАСТАН *Сырқаттану, ауыру.* ~ып қалды.

НАУҚАСТАУ *Денсаулығы нашарлау, сырқаттау.* ~ әйел (бала).

НАУҚАСТЫ *Аурулы, аурушаң, дімкәс.* ~ болып қайтты, ~ болды.

НАУҚАСТЫҚ *Аурушаңдық, дімкәстік, сырқаттық.*

НАУРЫЗ *Жыл басы, жаңа жыл.* Жыл құсы мұнда *наурыздан* кейін келеді (Аймауытов). □ Наурыз көже — *жаңа жылдың құрметіне арналған дәстүрлі тағам.*

НАУРЫЗДАМА: наурыздама қылу — *жаңа жылда болатын мерекені мейрамдау, тойлау.*

НАУРЫЗЕК *Наурыз айында келетін аяғы жіңішке, құйрығы ұзын көк ала торғай; қаратамақ. Наурызек* келіп, жаздың белгісі де көрініп қалды (Х. Әбішев).

НАУРЫЗНАМА *Наурыз мейрамына арналған мерекелік тағам; наурыз көже.* Көжеден *наурызнама* он бір астау, Ішем деп ескі кегін алды жата (Айтыс).

НАУРЫЗШЕШЕК *Наурыз айында гүлдейтін гүлді өсімдік.*

НАУША 1. *Жаңа.* 2. *Жас жігіт, бозбала.* 3. *Ауыс. Бойшаң, бойжеткен, сымбатты.* ~ жігіт (қыз).

НАФТАЛИН *Техникада, шаруашылықта қаракүйеден қорғауға қолданылатын, сасық иісті ақ кристалл.*

НАФТАЛИНДЕ *Қаракүйе түспеу үшін, киімге нафталин себу, салу.*

НАША *Белгілі бір өсімдіктерден жасалған, есірткі, адамды еліртетін зат.* ~ тартты.

НАШАҚОР *Нашашы, наша тартушы; наркоман.*

НАШАҚОРЛЫҚ *Наша тартқыштық, нашақұмарлық.*

НАШАЛЫ: нашалы болу — *мастану, көңілі тасу, шалқу. Нашалы* боламыз ғой сөйлеп шалқып (Абай).

НАШАР 1. *Шамалы, осал, жаман.* Денсаулығы ~. 2. *Ауыс. Жарлы-жақыбай, жоқ-жітік.* Жер, суы *нашарлардың* кем болатын (Кенен).

НАШАРЛА 1. *Бастапқы қалпынан төмендеу, бәсеңдеу, азаю.* Жұмыс қабілеті ~ды. 2. *Ауыс. Ауруы асқыну.* Денсаулығы ~ды.

НАШАРЛАУ 1. *Сапасы төмендеу, жаманырақ.* Егін ~ шықты. 2. *Ауыс. Тұрмысы жұдеулеу, кедейлеу.* Ақбала әйелі өлген *нашарлау* біреуге тұрмысқа шықты (Ә. Нұрпейісов).

НАШАРЛЫҚ *Жамандық, осалдық, шамалылық.*

НАШАРСЫ *Нашар болып көріну, нашар болғансу.* ~п отыр.

НАШАРСЫН *Біреуді жамансыну, кемсіну.* Байды зорсып, кедейді *нашарсынып,* Бұзылдың көзі құрғыр, елді талған (Жансүгіров).

НАШАТЫР *Жүрек ауырғанда, иіс тигенде қолданылатын, ащы иісті дәрілік спирт.*

НӘЖІС *сып. Жеген тамақтың қорытылғаннан кейінгі қалдығы, боқ.* Қозы ауырғанда іші өтіп, *нәжісі* сарғыштанады (Халықов).

НӘЗІК 1. *Үзіліп түрған, жіп-жіңішке талдырмаш.* ~ бел. 2. *Әсем, көркем, сәнді.* ~ саусағын шошайтты. 3. *Ауыс. Берік емес, әлсіз; осал.* Жіп *нәзік* жерінен үзіледі (Мақал).

НӘЗІКТЕН *Нәзік тарту, әлжуаздану.*

НӘЗІКТЕУ *Талдырмаштау, нәзігірек.* ~ қыз.

НӘЗІКТІК *Жіңішкелік, талдырмаштық, биязылық.*

НӘЗІР *Құдай жолына берілетін садақа, қайыр.* ~ берді.

НӘК *Алмұрттың бір сорты. Нәк,* өрік, жүзім түрлі жемісі көп (А. Тоқмағамбетов).

НӘЛ *Аяқ киімнің өкшесі мен тұмсығына қағылатын кішкене темір тақа.* Етікті *нәл* сақтайды, Жігітті әл сақтайды (Мақал).

НӘЛДЕ *Аяқ киімге нәл қағу.*

НӘЛІМ *Жіңішкелеу келген, теңбіл дақты балық.*

НӘМӘРТ *Тексіз, жетесіз, нашар.* Мен *нәмәрт* емеспін. Уәде — уәде (Дәуренбеков).

НӘН 1. *Үлкен, дәу, зор.* ~ бөрене. 2. *Ауыс. Мықты, күшті.* Алтай-қарпықтың *нәндері* Шәкен тобын толықтыра түсті (Х. Сүйіншәлиев). 3. *Семіз, майлы.* ~ мал.

НӘНДІК 1. *Үлкендік, дәулік.* 2. *Ауыс. Күштілік, мықтылық.* Үш ай жарым соғысып, *Нәндігімді* білдірдім (Көрұғылы).

НӘНСІ *Ірісіну, мықтысыну.* ~ген мырзалар.

НӘПАҚА *Табыс, рызық.* Өкімет берген ұн-шай, қант бірсыпыра *нәпақа* болып қалды (Қайырбеков).

НӘПАҚАЛЫ *Табысы азғантай, күнкөрістік, талғажау болармық.*

НӘП-НӘЗІК *Жіп-жіңішке, өте әлсіз.* Белі ~.

НӘПСІ *Жыныстық сезім, ындын, құмарлық.* ~нің құлы.

НӘПСІҚҰМАР *Нәпсінің құлы, нәпсіқор.* ~ еркек.

НӘПСІҚҰМАРЛЫҚ *Нәпсінің құлы болғандық, нәпсіқорлық.*

НӘПІЛ *Бес уақыт намаздан тыс, қосымша намаз.* Ниет қыла білмейді не қылады *нәпілді* (Абай).

НӘПІЛШІЛ *Артық, қосымша намаз оқығыш.* Шыңғыстың ашуын тарату үшін осындай *нәпілшіл* бола қалатыны бар (С. Мұқанов).

НӘР *Ас болармық талшық, қорек. Қаужаңдап қатқан құртты қажайды.* Басқа *нәр* жоқ (Аймауытов). ◊ **Нәр татпады [сызбады]** — *еш нәрсе жемеді, тұк ішпеді.*

НӘРЕГЕЙ *Әлсіз, нашар, әлжуаз.* Суық тиген қозы *нәрегей* болып нашар өседі (Шүкіров).

НӘРЕСТЕ *Жаңа туған жас бала, сәби, бөпе.*

НӘРЕСТЕЛІ *Кішкене сәбиі бар, нәрестелі, бөпелі болған.* ~ әйел.

НӘРЕСТЕЛІК *Сәбілік.* ~ кезең аяқталды.

НӘРКЕС *бот. Бақшада өсірілетін, күлтесі ақ немесе сары түсті, хош иісті әдемі гүл; нарцисс.* ◊ **Нәркес көз** — *әдемі, сұлу көз.*

НӘРКЕСТІК 1. *Нәркеске тән қасиет.* 2. *Ауыс. Әдемілік, сұлулық.* Сонау бір жылдардағы *нәркестіктің* ізі де жоқ (Ғаббасов).

НӘРКҮМӘН *Әрі-сәрі, дүдәмал.* Кітапты қолымызға алғанда біз де дәл осындай *нәркүмән* сезімде болдық (Қыдыров).

НӘРЛЕН *Нәр алу, қоректену.*

НӘРЛІ 1. *Құнарлы, қуатты; нәрі көп.* ~ тағам (шөп). 2. *Ауыс. Мәнді, маңызды.* Оның бүгінгі биігі қанша айтсаң да таусылмайтын *нәрлі* әңгіме (Бодаубаев).

НӘРЛІЛІК 1. *Қуаттылық, жұғымдылық.* 2. *Ауыс. Құнарлылық, шұрайлылық.* Тіліміздің *нәрлілігі* оның мағыналық өрісінің кендігімен айқындалады (Мәд. және тұрм.).

НӘРСЕ *Әр түрлі зат, іс-әрекет, мәселе.*

НӘРСІЗ 1. *Қорексіз, тамақсыз.* ~ жатып алды. 2. *Нәрі аз, қуаты шамалы.* ~ ас.

НӘРСІЗДЕН *Қоректік қасиетінен, құнарынан айырылу, құнарсыздану.* Топырақ ~е бастады.

НӘРСІЗДЕУ *Құнары аздау, сапасы нашарлау.*

НӘРСІЗДІК 1. *Құнарсыздық, қуатсыздық.* 2. *Ауыс. Сапасыздық, құнсыздық, әсерсіздік.* Өлең сөзінің *нәрсіздігі* бәрімізді де ойлантуға тиісті (Алматы ақшамы).

НӘСІЛ 1. *Тұқым, ұрпақ, тек.* 2. *Тегі, тұқымы жағынан бір-біріне ұқсас келетін адамдар тобы (раса).* Ақ (қара, сары) ~.

НӘСІЛДЕС *Шыққан тегі, тұқымы жағынан бір-біріне жақын, тектес, тұқымдас.* Түрік ~ тайпа.

НӘСІЛДЕСТІК *Шыққан тегі, негізі бір, тектестік.*

НӘСІЛДІ *Нәсілі бір; текті.*

НӘСІЛШІЛ *Өз нәсілін басқадан артық деп санаушы, өктемшіл.*

НӘСІЛШІЛДІК *Нәсілдік теорияны жақтаушылық.*

НӘСІП *Несібе, ырзық.* — Бұйырған *нәсіпті* ішіп-жеп жатырмыз (Шаймерденов).

НӘТИЖЕ *Белгілі бір іс-әрекеттің қорытындысы, жемісі.* Еңбегінің ~сі, жұмыс ~сі.

НӘТИЖЕЛІ *Нәтижесі мол, табысы көп.* ~ еңбек (жұмыс).

НӘТИЖЕЛІЛІК *Жемістілік, табыстылық.*

НӘТИЖЕСІЗ *Жеміссіз, пайдасыз.* ~ іс (тәжірибе).

НӘТИЖЕСІЗДІК *Жеміссіздік, пайдасыздық.*

НӘТІ I *Нәсілі, тегі. Нәті* орыс емес пе еді? (М. Дүзенов).

НӘТІ II *Шамасы, сірә. Нәті,* осы күн қатты жауады-ау, деймін (А. Нұрманов).

НӘУБЕТ *Апат, кесапат, ауыртпалық.* Бұл халыққа ауыр ~. ◊ **Нәубет келді [түсті]** — *басқа ауыртпалық түсті, қиыншылық келді.*

НӘУЕТЕК *Еш нәрсеге икем-бейімі жоқ, болбыр.* — Әй, *нәуетекай,* не үй жұмысына, не түз жұмысына қыры жоқ (Шаймерденов).

НӘУЕТЕКСІ *Ештеңеге икем-бейімі жоқ болып көріну.* Біреулер: "Балта, балға саптай алмайтын ем", — деп *нәуетексиді* (Тұрманжанов).

НӘУЕТЕКТІК *Икемсіздік, бейімсіздік, қырсыздық.* — Бұ *нәуетектікті* қойсайшы (А. Сүлейменов).

НӘУМЕЗ *Өкпелі, қапалы.* Халық азаматтық правоның барлық түрінен шетке қағылып, *нәумез* болды (Қасиманов).

НӘУМЕЗДЕН *Қапалану, қорлану.* Өзіне бұрылмай кеткен адамды көзінің астымен сүзіп, қатты *нәумезденді* (Ғаббасов).

НӘШ *Нақыш, ырғақ, мәнер.* Шын күйші *нәшпен,* күй әуеніне орай, баппен қағады (Н. Сералиев). ◊ **Нәшін келтірді** — *сәндеп, мәнерлеп орындады.*

НӘШТЕ *Нақышына келтіру, сәндеу, мәнерлеу.* Зергер қолымен *нәштеп* соғылған бұйым (І. Омаров).

НӘШТІ *Нақышты, сәнді, өрнекті.* ~ күй.

НЕ I *Сұрау есімдігі.* О, ~? ~ істейміз? ◊ **Не әкеңнің құны [көз құны] бар** — *қандай өшің бар еді.* **Не бетін айтады [бетімен қарайды]** — *ұялмай қалай тіл қатады.* **Не жазды [не жазып қалды]** — *қандай жазығы бар.* **Не көрінді** — *басыңа не күн туды.* **Не қара басты** — *жаңылыс басуына не себеп болды.*

НЕ II *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын жалғаулық.* Түлкінің інін қазады, *не* үйіне бос қайтады (Қаз. ертег.).

НЕБІР *Не қилы, не түрлі.* Өтті ғой *небір* ауыр хал (Қанатбаев).

НЕВРОЛОГИЯ *Медицина ғылымының нерв жүйесі ауруларын зерттейтін саласы.*

НЕГАТИВ *Суретке тартылған заттың ақ жері қара, қара жері ақ болып көрінетін жарық сезгіш пластинкаға түскен бейнесі.*

НЕГЕ *Неліктен, не себепті.* ~ келмей қалды?

НЕГЕШ *Әр нәрсені білуге құмар бала, сұрауы таусылмайтын бала.*

НЕГР *Африканың жергілікті қара түсті халқының жалпы атауы; зәңгі.*

НЕГІЗ *Бір нәрсенің түп-төркіні, тегі.* Ең жақсысы — қартады, ***Негізіне*** тартады (Мақал). ◊ **Негізі жарымаған** — *арғы тегі түк көрмеген.*

НЕГІЗГІ *Басты, әуелгі.* ~ міндеті.

НЕГІЗДЕ *Бір нәрсені дәлелдеу.*

НЕГІЗДЕМЕ *Айғақтама, дәлелдеме, дәйектеме.*

НЕГІЗДЕС *Тектес; төркіндес.* Түркі ~ тілдер.

НЕГІЗДЕУ *Айғақтау, дәлелдеу, негіздеме.* Одан да өзіңіздің ***негіздеу,*** дәлелдеуіңізді келтіріңіз (Момышұлы).

НЕГІЗДІ *Дәлелді, дәйекті.*

НЕГІЗСІЗ *Дәлелсіз, айғақсыз.* ~ тұжырым (пікір).

НЕГІЗСІЗДІК *Дәлелсіздік, дәйексіздік.*

НЕГІЗІНДЕ *Сайып келгенде, шын мәнінде, шындығында, асылында. Негізінде* ол қалаға келген жоқ еді (Соқпақбаев).

НЕГІЗІНЕН *Түптеп келгенде, асылында.* — Мұныңыз ***негізінен*** дұрыс (Тілеков).

НЕҒАЙБІЛ *Істің жүзеге асу-аспауы белгісіз, күмәнді.* Келу-келмеуі ~.

НЕҒҰРЛЫМ *Мүмкін болғанша, мүмкіндігінше.* ~ қарапайым киіну керек.

НЕЙБЕТ *Құр алақан, бос.* ~ қайтты.

НЕЙЛОН *Жасанды талшық және содан тоқылған синтетикалық мата.* ~ көйлек.

НЕЙРОН *Жүйке клеткасының ғылыми атауы.*

НЕЙТРОН *физ. Атом ядросындағы электрлік зарядынан айрылған материалдық бөлшек.* ◊ **Нейтрон бомбасы** — *нейтрон зарядтарының ыдырауына негізделген қару.*

НЕКЕ *Ер адам мен әйелдің ерлі-зайыпты болып бас қосуы.* ~лерің берік болсын! □ **Неке жүзігі [сақинасы]** — *жаңа үйленген ерлі-зайыпты адамдардың бір-біріне сыйға тартатын жүзігі.* **Неке куәлігі [қағазы]** — *жұбайлардың некеленгендігін растайтын ресми құжат.* **Неке сарайы** — *жас жұбайлардың некесін қию дәстүрі өтетін орын.* **Неке суы** — *некесі қиылғаннан кейін жас жұбайларға ішкізетін ырым су.* ◊ **Неке бұзды** — *ерлі-зайыптылар ажырасты, айырылысты.* **Некесін қиды** — *жұбайлардың ерлі-зайыпты болғандығын заңдандырды.*

НЕКЕҚИЯР *Жас жұбайлардың некесін қиған адамға берілетін сый жоралғы, ырым.* Байдан ~ алды.

НЕКЕЛЕ *Некесін қию, заңдандыру.*

НЕКЕЛІ *Некесі қиылған, заңды түрде үйленген.* ~ әйелі.

НЕКЕН *көне. Жалғыз-жарым, жеке; жалқы.* Жалғанда құдай деген сен бір ***некен*** (Ғашықнама).

НЕКЕН-САЯҚ *Жалғыз-жарым, бірен-саран.* ~ машина.

НЕКЕС *Жексұрын, сұм; арам.* Атасы ***некес*** кәуірдің, Мәстегін айдап келген ер (Ер Тарғын).

НЕКЕСТІК *Жексұрындық, арамзалық.* Жал бітейін мойнына дегеннен соң, ***Некестігін*** ол есек біледі енді (Молда Мұса).

НЕКЕСІЗ *Некесі қиылмаған, заңсыз.* ~ тұрып жатыр. ~ туған бала.

НЕКЕСІЗДІК *Некесі қиылмағандық, заңсыздық.*

НЕЛІКТЕН *Қалайша, неге, не себептен.* Бала ***неліктен*** күйгелек болады? (Семья тәрбиесі).

НЕМЕ *қарап.* 1. *Олқысынған, қомсынған кезде айтылатын сөз, шірік.* Жаман ~, бала ~. 2. *Жек көргендіктен айтылатын ишарат сөз.* Жауыз ~, ит ~.

НЕМЕНЕ I *Ұл жағынан туған бесінші ұрпақ; шөпшектен туған бала.*

НЕМЕНЕ II *Не, не нәрсе.* — ***Немене,*** бірдеме айтқысы келіп отыр ма? (Өбдіков).

НЕМЕРЕ *Ұлынан туған бала.* ~ сүйіп отыр, ~ көрді.

НЕМЕРЕ-ШӨБЕРЕ *зат. Үрім-бұтақ, өрен-жаран.*

НЕМЕРЕЛЕС *Әкелері бір туысқан адамдар.* ~ адамдар.

НЕМЕРЕЛІ *Немересі бар, немере көрген.* ~ болды.

НЕМЕСЕ *Не болмаса, яки, ягни, не.* Оқығандарың ***немесе*** естігендерің бар ма? (Дүйсенов).

НЕМЕҰРІН *этногр. Алыс ағайындардың жаңа отауға қосқан заттай көмегі, жәрдемі.* Жаңа тұрмысқа қосқан ***немеурінім*** деп, Зейнеп оларға ас үйдің көнетоз кигізін жіберген еді (С. Мұқанов).

НЕМКЕТТІ *Қалай болса солай, селқос, немқұрайды.* ~ қарады.

НЕМКЕТТІЛІК *Немқұрайдылық, селқостық.*

НЕМҚҰРАЙДЫ *Қалай болса солай, немкетті.* Жұмысты ~ істеді.

НЕМҚҰРАЙДЫЛЫҚ *Селқостық, немкеттілік.* ~ танытты.

НЕМІС *Алманияның негізгі тұрғын халқы.*

НЕНДЕЙ *Қандай, не.* ~ жаңалықтарың бар?

НЕНДЕЙБІР *Не бір, қандай бір.* Омар ***нендейбір*** жаңалықтың куәсі болмады дейсіз (Б. Тоқтаров).

НЕНДЕЙЛІК *Қандайлық, қандай бір.* ~ асыл мұра қалдырдың?

НЕНЕЦ *Ресей Федерациясының құрамына кіретін Таймыр автономиялы округтері негізгі халқын құрайтын ұлт.*

НЕОЛИТ: **неолит дәуірі** — *тас дәуірінің соңғы кезеңі.*

НЕОЛОГИЗМ *лингв. Тілдегі жаңа сөз бен жаңа мағына.*

НЕРВ 1. *Адам денесінің ағзалары мен ұлпаларын мимен байланыстырып тұратын тармақталған жүйені құрайтын нәзік өсінді талшықтар.* Көру ~тері. 2. *Адамның көңіл-күйінің бұзылған шағы, ашулы, беймаза сәті.* ~ісі ұстап, айналадағыларға түгел айқайлап, мазаларын алды. ◊ **Нервісіне тиіп** — *біреудің намысына тие сөйлеу, ашуын келтіру.*

НЕСЕП **сып.** *Адамдар мен жануарлардың кіші дәреті; зәр.*

НЕСИЕ *Біреуден уақытша қарызға алған немесе біреуге уақытша қарызға берген ақша, зат.* ~ге алды (сұрады).

НЕСІБЕ *Сыбаға, ризық, үлес.* Баланың ~сі ғой.

НЕСІНЕ *Неге, неге бола.* ~ қызығасың?

НЕТКЕН *қарап. Негылған, өзгеше, қандай.* Аспан ~ әдемі.

НЕТКЕНМЕН *Қайткенмен, қалай еткенмен де.* ~, сөйлескім келді.

НЕШЕ *Сұрау есімдігі, қанша?.* Олардың жасы ***нешеде?*** (Сейфуллин). □ **Неше алуан [түрлі, қилы]** — *әр түрлі, сан салалы.*

НЕШЕМЕ *Қаншама, талай.* Содан бері ~ жылдар өтті.

НЕШЕУ *Қанша, қаншасы.* ~і қырға шықты?

НЕШІК: амал нешік — *амал қанша.*

НЕШІНШІ *Реті, саны жағынан қаншасыншы.* ~ атаң ол саған?

НИГИЛИЗМ *Қалыптасқан қоғамдық нормаға жоққа шығарушы, қарсы болу ісі.*

НИЕТ *Бір нәрсеге деген бейіл, ықылас, ынта.* ~і жақсы. □ **Ниет білдірді** — *ықыласын аңғартты, көңілін танытты.* **Ниеті ақ [жақсы, түзу, дұрыс]** — *көңілі адал.* **Ниеті ауды** — *көңілі кетті, ықыласы түсті.* **Ниеті жаман [қара]** — *арам ойлы, ойы бұзық.*

НИЕТТЕН *Ниет білдіру, ықыластану.* Нағашысына кетпекке ~ді.

НИЕТТЕС *Тілектес, көңілдес.* ~ адам (жолдастары).

НИЕТТЕСТІК *Тілектестік, көңілдестік.* ~ білдірді.

НИЕТТІ *Ниеті бір, тілегі бір.* ~ адамдар.

НИЕТТІЛІК *Тілеулестілік, пейілділік.* Ақ ~.

НИЗАМ *көне. Заң, ереже.*

НИЗАМНАМА *көне. Заң ережелерінің жиынтығы.*

НИКЕЛЬ *Күміс түсті, тотықпайтын қатты металл.*

НИКЕЛЬДЕ *Бір нәрсенің бетіне никель жалату, никельмен қаптау.*

НИКЕЛЬДІ *Никель жалатқан, никельмен қапталған.* ~ кереует.

НИКОТИН *Жүйкеге әсер ететін, өткір иісті улы зат; наркотик.*

НИЯЗ *көне. Құдай жолына берілетін қайыр-садақа.* Әулие-әмбиелер жолына жеті тиын ***нияз*** (Сараев).

НОБАЙ *Бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы.* ~ы дұрыс.

НОБАЙЛА *Шамалау, жобалау, долбарлау.*

НОВЕЛЛА *Қара сөзбен жазылған қысқа көлемді әдеби шығарма, шағын әңгіме.*

НОВЕЛЛАШЫ *Шағын повесть, әңгіме жазумен айналысатын жазушы.*

НОВОКАИН *Ауруды басатын, бәсеңдететін қасиеті бар дәрі.*

НОҒАЙ *Негізінен Ставрополь өлкесі мен Дағыстан жерінде тұратын түркі тектес халық.*

НОҒАЛА *Көздің қарашығына түскен ақ шел.* Көзіне ~ түсті.

НОҒАТЫҚ *Бір жылдық дәнді-бұршақты екпе дақыл.*

НОЙЫС *Дойыр мінезді, дөрекі, дөкір.* ~ адам.

НОЙЫСТАН *Дөкір мінез көрсету, дойырлану.*

НОЙЫСТАУ *Дөкірлеу, шадырлау, дойырлау.*

НОЙЫСТЫҚ *Дөкірлік, дөрекілік, дойырлық.* Оның ~ғы бар.

НОКАУТ **спорт.** *Қарсы соққыдан боксердің естен танып құлап түсуі, жеңілуі.* ~ алды, ~ке түсірді.

НОҚАЙ *Тұк білмейтін, ожар, ұрдажық, дүлей.*

НОҚАЙЛАН *Ожарлану, дүлейлену.*

НОҚАЙЛАУ *Топастау, надандау, дүлейлеу.* Сәл ~.

НОҚАЙЛЫҚ *Топастық, надандық, дүлейлік.* Мұнысы ~ екен.

НОҚАТ I *Кішкентай ғана қара дақ, нүкте.* Көзін бір ~тан алмады.

НОҚАТ II *Бұршақ тұқымдас мәдени дақыл, соның ішіндегі домалақтау дән.*

НОҚТА *Мал басына кигізетін ауыздығы жоқ жүген тәрізді әбзел.* Құлынға ~ кигізді. ◊ **Ноқта киді [салды]** — *еркінен айрылды, ырқына көндірді.* **Ноқта түсті** — *басы байланды, кіріптар болды.*

НОҚТАЛА 1. *Малдың басына ноқта кигізу.* Атын ~ды. 2. *Ауыс. Біреуді өз ырқына бағындыру, еркіне көндіру.* Айжан әйтеуір сары жігітті *ноқталап* алды (Абзал жандар).

НОҚТАЛАН *Екіқабат әйелдің бетіне жолақтанып көлденең дақ түсу.* Мұрнының үсті ~ып қалыпты.

НОМЕНКЛАТУРА 1. *Белгілі бір пән атаулары, терминдерінің жиынтығы немесе тізбесі.* 2. *Жинақ, номенклатуралық қызметкерлер.*

НОМИНАЛ *Тауарда, ақша белгісінде көрсетілген баға.*

НОМИНАЛДЫ *Нақтылы көрсетілген, тиісті құнмен белгіленетін.* ~ баға, көрсетілген баға.

НОРВЕГ *Норвегияның негізгі тұрғын халқы.*

НОРКА 1. *Күзен тұқымдас, жүні жылтылдаған, терісі бағалы кішкене аң.* 2. *Осы аңның қымбат бағалы терісі.* Басында ~дан тігілген бөрік.

НОРМА 1. *Мөлшер, өлшем, шама.* Олар бір сменада екі *нормаға* дейін орындап жүр ("Қазақст. әйелд."). 2. *Қалыптасқан заңдылық, тәртіп, ереже.* Адамдардың мінез-құлық ~лары.

НОРМАЛА *Норма қою, мөлшерлеу, шамалау.* Үнды әркімге ~п береді.

НОРМАЛЫ *Нормаға түскен, мөлшерлі, өлшеулі.*

НОРМАЛЫҚ *Нормаға тән, нормаға қатысты.*

НОРМАТИВ *Жұмыс уақытының, материалдық және ақша ресурстарының есептеліп белгіленген мөлшері.*

НОРМАТИВТІ *Нормативі бар, нормаға түскен, жүйеленген.* ~ еңбек. □ **Нормативті грамматика** — *тіл нормалары үлгілерін белгілейтін грамматика.*

НОРМАТИВТІК *Нормативке қатысты, нормативке тән.* ~ акті.

НОТА I 1. *Музыкалық дыбыстарды жазу үшін пайдаланылатын графикалық белгілер жүйесі.* ~ға түсірді, ~ жазатын қағаз. 2. *Музыкалық шығарманың мәтіні.* ~ға қарап орындады.

НОТА II *Бір мемлекеттің екінші бір мемлекетке ресми түрде берген дипломатиялық актісі.* ~ тапсырды.

НОТАРИАЛДЫҚ *Түрлі заңды актілер мен құжаттарды куәландыратын (мекеме).* ~ кеңсе (істер).

НОТАРИУС *Заңды актілер мен құжаттарды куәландыруға уәкілдігі бар адам.* Ол ~ке куәландырып алды.

НОЯН I *Монғолия мен Жоңғар қалмақтары әскерлерінің ішіндегі басшы адам, ақсүйек, феодал.*

НОЯН II 1. *Ірі, ер кейіпті, батыр тұлғалы адам.* 2. *Ауыс. Орасан, қыруар, үлкен.* Мұның бәрі бір жаз түгіл екі жылға созылатын *ноян* жұмыс (Дүзенов).

НӨКЕР *Хан мен бек, сұлтандардың қасында жүретін қызметшісі, серігі.* Соңына ерген ~і бар.

НӨЛ *Жоқ ұғымын білдіретін сандық белгі; ноль.*

НӨМІР 1. *Біртекті заттардың реттік саны.* Газеттің бірінші ~і шықты. 2. *Ауыс Қонақ үйлерінде жеке бөлме.* ~дің есігін қақты. 3. *Ауыс. Концерттік бағдарламадағы кезекті ән, күй, би реті.* Жекелеген би ~лерімі з бар.

НӨМІРЛЕ *Бірыңғай заттардың реттік санын көрсету.* Үйлерді ~ді.

НӨМІРСІЗ *Арнайы белгіленген саны жоқтық (болмау).* ~ қорап (орын).

НӨПІР *Қалың, қаптаған, қара құрым, көп.* ~ халық.

НӨСЕР *Шелектеп құйған қатты жаңбыр.* ~ құйып тұр.

НӨСЕРЛЕ *Нөсерлеп жауу, шелектеп жауу.* Жаңбыр ~п жауды.

НУ *Арасынан ит тұмсығы өтпейтін, қалың, жиыс.* ~ орман (қамыс).

НУЛАН *Қалың болып бітік өсу, ну болу.* Орман ~ып кетіпті.

НУЛЫ *Арасынан адам жүре алмайтындай қалың ағашты орман, ну тоғайлы.* ~ өлке (жер, орман).

НҰҒАРА *Былғарыдан, көннен жасалған әуездік аспап; дабылдың бір түрі.* Қалмақтар шық деп жекеге, Қамбар бек ұрды ***нұғара*** (Қамбар бат.).

НҰҚСАН *Зиян, залал, кемістік, кінарат.* ~ келтірді.

НҰҚЫ *Бір нәрсені қолмен, таяқпен түрту.* ~п қалды (жіберді).

НҰҚЫЛА *Қайта-қайта нұқу, түрткілеу.* Бүйірімнен ~п мазамды кетірді.

НҰР *Сәуле, жарық, шұғыла.* Күн ~ы. □ **Нұр жайнады** — *жарқырады, жайнады.* **Нұр жаусын [жауғыр]** — *жақсылық болсын, жаның жадырасын.* **Нұр үстіне нұр** — *одан да жақсы, одан да тамаша.* **Нұр шашты** — *шұғыласын төкті, нұрға бөледі.*

НҰРА *Су шайып, қазылып кеткен терең жыра.* Тобылғылы ***нұрадан,*** Сексеуілді жырадан жалғыз шауып жол шекті (Қобыланды).

НҰРЛАН *Нұрға бөлену, жайнау.* ~ып кетті.

НҰРЛЫ *Нұрға бөленген, шұғылалы, сәулелі.* ~ жүз (дала).

НҰРЛЫЛЫҚ *Нұрлы, шұғылалы күй.*

НҰРСЫЗ *Нұры жоқ, шұғыласыз, сәулесіз.* ~ шапақ (көз).

НҰРСЫЗДАН *Нұры сөну, нұры тау.* Көзі ~ды.

НҰРСЫЗДАУ *Нұры аздау, жанарсыздау.* ~ көз.

НҰРШАШУ *Мереке, салтанат кездерінде әуеге атқылайтын түрлі-түсті сәндік ұшқындар; салют.*

НҰСҚА I 1. *Белгілі бір заттың ең алғашқы түп негізі.* Ауыз әдебиет ~лары. 2. *Ұзынырға, негіз.* Мен мақаламның ***нұсқасын*** жазып та қойдым (Ахтанов). 3. *Ауыс. Үлгі, өнеге.* Ақылдының сөзі қысқа, Айта қалса үлгі, ***нұсқа*** *(Мақал).* 4. *Түр-түлға, кескін-келбет.* Сыйласарлық тектінің кім танымас ***нұсқасын*** (Абай).

НҰСҚА II *Бір нәрсені көрсетіп жіберу, жөн сілтеу.* Орындыққа ~ды.

НҰСҚАЛЫ *Үлгілі, өнегелі, гибратты.* ~ сөз (өнер).

НҰСҚАМА *Кітап бетінің астыңғы жағына жеке берілетін қосымша мәлімет.*

НҰСҚАУ 1. *Ақыл-кеңес, жөн-жоба.* Қысқа-қысқа ~ берді. 2. *Ауыс. Тапсырма.* "Мал сойылмасын" деген ***нұсқаудың*** бар екені растын (Өшімов).

НҰСҚАУШЫ *Белгілі бір істің дұрыс орындалуын қадағалап, жөн сілтеп отыратын ресми адам.* ~ болып істейді.

НҰТ *Бұршақ тұқымдас бір жылдық дәнді дақыл.*

НҰКТЕ 1. *грамм. Ойдың аяқталғанын білдіретін, сөйлем соңына қойылатын тыныс белгі.* ~ қойды. 2. *Ауыс. Кішкене ғана қара дақ, ноқат.* Қара кемпір бір ***нүктеге*** тесіле қарады (Жақсыбаев). Нүкте қойды — *бір істі тәмәмдап шықты, аяқтады.*

НЫҒА *Нығыздау, нықтау.* ~п тұрып сексеуіл түсіріп берді.

НЫҒАЙ *Беки түсу, күшею.* Экономикасы ~ып келеді.

НЫҒАРЛА 1. *Таптау, жаншу, ныгыздау.* Шөпті ~п басты. 2. *Қатты басу, түйгіштеу.* Астында жатқан баланы тізесімен ~п қояды (Б. Соқпақбаев). 3. *Ауыс. Әр сөзін тәптіштей, қадай айту.* Сөзін шегелеп, ***ныгырлап*** айтады (Ахтанов).

НЫҒЫЗ 1. *Тығыз.* Жүн ~ салынышты. 2. *Мықты, берік.* Ол құрыштан құя салғандай ***ныгыз*** отыр (Жұмаділов).

НЫҒЫЗДА *Нықтау, тығыздау.* Қарды ~п тастапты.

НЫҒЫЗДАУ *Тығыздау, мықтырақ.* Терісі ~ келеді.

НЫҒЫЗДЫҚ 1. *Тығыздық.* 2. *Мықтылық, беріктік, мығымдық.* Өркім-ақ өзінің ***нығыздығын*** көрсетпек тәрізді (Нәжімеденов).

НЫҒЫЗСЫ *Нықсу, мығымсу, мықтысыну.* Москалдауы ~п өрең сөйлейді.

НЫҚ *Берік, бекем, орнықты.* Аяғын ~ басты.

НЫҚА *Тығыздау, мөлдектетіп толтыру.* Бидайды қапқа ~п салды.

НЫҚАП *Өзін танытпау үшін бетке киіп алатын киім; бет перде.* Бетінде ~бы бар, ~киген адам.

НЫҚТА 1. *Ныгыздау, тығыздау.* Есікті ~п жапты. 2. *Қадап айту; ныгырлау.* Сөзін ~п айтты.

НЫҚТАУ *Беріктеу, мықтылау, бекемдеу.* Тұлғасы ~.

НЫҚТЫҚ *Мықтылық, беріктік, бекемдік.* ~ғын көрсетті.

НЫҚЫР *Сөзбен ныгырту, батыра айту, ықтыру.* Сол кемпірден-ақ тізгінінді ала алмай-ақ қойдың-ау, — деп Рабиғаны ***нықырды*** (Баялиев).

НЫМША *Кеудеге киетін жеңсіз киім, кеудеше.*

НЫП-НЫҚ *Берік, бекем, ныгыз.* Орнында ~ отыр.

НЫСАЙ 1. *Пигыл, ниет.* Сатан келіншектің ***нысайын*** түйгендей болды (І. Жансүгіров). 2. *Сыңай, түр, қалып.* Бекбол азғана таңырқаған ***нысайға*** мініп, көз алмай қараса да, мұның түсін танымады (М. Әуезов).

НЫСАН I 1. *филос. Бізден тыс өмір сүретін материалдық дүние.* 2. *Зерттеуге, бақылауға арналған зат, құбылыс, объект.* Зерттеу ~ы.

НЫСАН II *Аспан денелері, планета.* Қызыл фашистер жеті ***нысанды*** жолынан тайдыратын еді (Мағауин).

НЫСАНА 1. *Көздеп ату үшін қойылған белгі, меже.* Оғы ~ға дөп тиді. 2. *Ауыс. Алға қойған мақсат.* Медицинаның көздеген ***нысанасы*** — адамды ажалдан сақтап қалу (Жыл он екі ай). □ Нысанаға алды — а) *мылтығын бір нәрсеге қарай бағыттады, көздеді;* ә) *мақсат етті, межеледі.*

НЫСАНАЛА *Бір нәрсені нысана ету, көздеу.* ~п атты.

НЫСАНАЛЫ *Нысанаға алынған, көзделген, белгіленген.* ~ жер (мақсат).

НЫСАП *Тойымдық, қанағат, ынсап.* ~тан айрылды.

НЫСАПСЫЗ *Қанағатсыз, тойымсыз.* ~ адам.

НЫСАПСЫЗДЫҚ *Тойымсыздық, қанағатсыздық, ашкөздік.*

НЫСАПТЫ *Қанағатшыл, көзі тойғыш.* ~ адам.

НЫСАПТЫЛЫҚ *Барға қанағаттылық.* ~ әркімге керек.

НЫСПЫ I *Адамның аты-жөні, есімі.* Менің ~м — Дулат.

НЫСПЫ II *Мүлде, тіпті, құр алақан, атымен.* Дүние-мүлік ~сымен жоқ.

НЫШАН *Бір нәрсенің белгісі.* Жақсы ~.

НІЛ 1. *Көк шөптің шырынды бояуы.* Шалбарына көк ~ жұғыпты. 2. *Көк түсті бояу. Нілге* салып шайқаған кірдей (Ш. Құмарова). □ Ніл қара көк — *шымқай қара көк, көкпеңбек.*

НІЛДЕ *Нілге салу.* Шебер қолмен сәл-пәл ***нілдеген*** бір тартар ақ жібек шаршысы бар (Аманшин).

НІЛДЕЙ *Ніл сияқты ашық көк.* ~ көк. ◊ Нілдей бұзылды — *аяқ астынан айнып қалды, тез өзгерді.*

О

О I 1. *Адамның алуан түрлі сезімімен байланысты айтылатын одағай сөз.* ***О***, ғажап (тамаша, шіркін). 2. *Ренжігенде, кейігенде, есіркеп-мұсіркегенде аяушылықты білдіретін.* ***О***, байғұс (бейшара, сорлы). ◊ **О, бәрекелді** — *бір нәрсені сүйсініп ризалық білдіру, құптау барысында айтылады.* **О, дариға** — а) *таңқалу, мадақтау;* ә) *өкіну мағынасында айтылады.* **О, жасаған [тәңірі]** — *жалыну-жалбарыну, өтіну мағынасын білдіреді.* **О, тоба [тәубе]** — а) *бір нәрсеге таңдану;* ә) *өзінөзі шүкіршілік ету кезінде айтылады.*

О II *"Ол" жіктеу есімдігінің сөйлеу тіліндегі ықшамдалған варианты.* ***О*** не, *о* да, *о* кісі, *о* кезде. □ **О баста [бастан]** — *әуелде, алғашқы кезден.* **О бір** — *сонау, анау кез.* **О дүние** *(діни)* — *адам өлгеннен кейін де тіршілік етеді-міс дейтін ұғым, ақиреттік өмір.* **О дүниеге аттанды [кетті, сапар шекті]** — *қайтыс болды, өлді.* **О заман да, бұ заман** — *бұрын-соңды, ілгерілі-кейінді.* **О қып, бұ қып** — *өйтіп-бұйтіп, ылалап.*

ОАЗИС *геогр. Шөлдер мен шөлейттердегі өсімдік өсетін көгалды, сулы алқап.*

ОБА I *Тастан, топырақтан үйіп жасалған көлемі мен биіктігі әр түрлі төбешік, төмпешік, қорым. Обалардың* бірін қақ маңдайға алыңыз да тарта беріңіз (Ө. Әбішев).

ОБА II *мед. Өте қауіпті, қатерлі жұқпалы ауру, індет.* ~ келді, ~ға ұшырады.

ОБАҒАН *этногр. Қамыстың ішін ұңғып, қамысты найза сияқты бәсекелесе атып ойнайтын балалар ойыны.*

ОБАДАЙ *Ірі, дөңкиген, үлкен, нән.* Отырса *обадай* боп көрінеді, Маңқиып, жүрсе аяғын басады паң (Малдыбаев).

ОБАДАЙ: обадай опты — *тұқ қалдырмай сыпырып-сиырды, жалмады.*

ОБАЛ *Қиянат, айып, күнә.* Нанды басқан ~. Екі жасты айырған — *обал* (Мақал). □ **Обал болды** — *қиянат болды, қиын болды.* **Обал жасады [қылды]** — *қиянат етті, жәбірледі.* **Обал жоқ** — *сауап болды, өзіне де сол керек.* **Обалы жібермеді** — *тақсыретін тартты, зардабын шекті.* **Обалы қанша** — *жазығы не.* **Обалы не керек [нешік]** — *орынсыз жазғырудың керегі жоқ.* **Обалына қалды** — *көз жасына қалды, қиянат жасады.* **Обалын көтерді** — *айыпты болды, күнәлі болды.* **Обалы [өз обалы] өзіне** — *өзінен көрсін, обал жоқ.*

ОБАЛДАУ *Әділетсіздеу, қиянаттау. Обалдау* болған жоқ па (Жақсыбаев).

ОБАЛСЫ *Жаны ашып аяу, мүсіркеу.* ~п қарады.

ОБАЛЫ *Обасы бар, оба қойылған.* ~ жер.

ОБАШЫҚ *Кішігірім оба.* Қасында шағын ~.

ОБЕЛИСК *Ұшар басы сүйірленіп келген қырлы тас бағана, ескерткіш.*

ОБЕРТОН *муз. Ән үндестігіне жаңа реңк беретін қосымша дауыс ырғағы.*

ОБИ *Дөңкию, дүңкию, күжірею.* Алексей екеуміз тар жерде әлі *обиып* отырмыз (Сегізбаев).

ОБЛИГАЦИЯ *Мемлекеттік заемның билеті.* ~ заем.

ОБЛЫС *Республика құрамындағы ең ірі әкімшілік-аумақтық бөлік, аймақ.*

ОБЛЫСАРАЛЫҚ *Облыс арасында болған, істелген (іс).* ~ олимпиада (конференция, жарыс).

ОБЛЫСТЫҚ *Облыс көлеміндегі, облысқа қатысты.* ~ газет (байқау, бөлімше).

ОБОЙ *Түргын үйлердегі пәтерлердің қабырғасына жабыстыратын әшекейлі жапсырма қағаз (мата), түсқағаз.*

ОБОЙМА *әскери. Оқ сауыты. Қорамсақ.* Пистолеттің ~сы.

ОБРАЗ *Өмір шындығының көркем шығармадағы, өнердегі жинақталған әдеби бейнесі.* Жағымды-жағымсыз ~, қазақ әйелдерінің ~ы.

ОБРАЗДА *Көркемдеп бейнелеу, кейіптеу.* Дыбысты ой-пікірді ~п көрсету.

ОБРАЗДЫ *Бейнелі, айшықты.*~ сөздер.

ОБРАЗДЫЛЫҚ *Бейнелілік, көркемдік.* Суреттерге тән ~.

ОБСЕРВАТОРИЯ *астр. Астрономиялық, метеорологиялық, геофизикалық бақылау жүргізетін арнаулы үй не мекеме.*

ОБСТРУКЦИЯ *Кедергі, кедергі жасау.* Парламенттік ~.

ОБСТРУКЦИЯЛЫҚ *Мәжілісті болдырмау үшін әдейі айқай-шу көтеріп кедергі жасаушылық.*

ОБЪЕКТ 1. *филос. Адам санасынан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін материалдық дүние, ақиқат.* 2. *Белгілі бір жұмыс (құрылыс) істеліп жатқан жер.* Құрылыс ~ісі.

ОБЪЕКТИВИЗМ *саяс. Қоғамдық ғылымдардың, идеялардың және теориялардың таптық және партиялық мәнін бүркемелеуде буржуазиялық ғылым мен публицистиканың қолданатын әдісі.*

ОБЪЕКТИВТІ 1. *Объект ретінде адамның санасынан тыс, оған тәуелсіз, өз бетінше өмір сүретін, материалдық дүниеге тән ақиқат.* ~ даму заңдылығы. 2. *Ауыс. Дәлелді, нақтылы, әділ.* ~ түрғыдан қарағанда.

ОБЪЕКТИВТІЛІК *Дәлелді нақтылық, ақиқаттық.* ~ жағдай.

ОБЫҚ 1. *Ашқарақтану, қомағайлану.* Адырбай кеседегі қымызды *обыға* бір-ақ жұтты (Қаражігітов). 2. *Ауыс. Араны ашылу, аш көздену.* Борышын түгел бере алмай, Көрінгенге *обықты* (Абай).

ОБЫЛ *жерг. Сүріну, жығылу, құлау.* Орнымнан үш *обылып* зорға түрдым (Мырзақұлов).

ОБЫР *Ашқарақ, қомағай, жебір. Обыр* балапанды асырау оңайға соқпайды (Қасенов).

ОБЫРДАЙ: обырдай опты — *сүліктей сорды, жалмады.*

ОБЫРЛАН *Ашқарақтана қомағайлану, жемқорлану.* Қасқыр тұмсығын сұғып жіберіп *обырлана* асады (Иманбаев).

ОБЫРЛЫҚ 1. *Қомағайлық, жемқорлық, жыртқыштық.* Қасқырды адам *обырлығы* үшін жек көреді (Өмірбеков). 2. *Ауыс. Місе түтпаушылық, қанағатсыздық.* Ақшаға деген құмарлық мұнда *обырлыққа* айналып кеткен (І. Омаров).

ОВАЦИЯ *Салтанатты түрде ұзақ ду қол шапалақтау.*

ОВЧАРКА *Қасқыр тектес иттің бір түрі.*

ОҒАШ 1. *Ерсі, дөрекі, өрескел.* ~ қылық (сөз, мінез). 2. *Ауыс. Оқшау, бөлек, жекедара.* Оның *оғаш* түрған бойшаң гүлге көзі түсті (Тұрманжанов).

ОҒАШТАН 1. *Ерсі, өрескел қылық көрсету.* 2. *Даралану, бөлектену.* Елден ~ып бөлек жүр.

ОҒАШТАУ *Ерсілеу, өрескелдеу.* ~ естілді (көрінді).

ОҒАШТЫҚ *Іс-әрекеттегі өрескелдік, ерсілік.* ~ғы байқалмады.

ОҒЫЗ *Ежелгі түрік тайпасы.* □ **Оғыз тобы** — *түрік халықтарының (түрік, түркімен, азербайжан, гагауз) бір тобы.* **Оғыз тілі** — *түркі тайпаларының бірі — оғыздардың тілі.*

ОҒЫП-БҰҒЫП *Өйтіп-бүйтіп, ілдалдалап.* Дүйсенжаным *оғып-бұғып* ешкімге телміртпей түр еді (Сералиев).

ОДА *әдеб. Көркем әдебиеттегі көтеріңкі пафоста жазылған поэзиялық шығарма; мадақ өлең, қошемет.*

ОДАҒАЙ 1. *Түрпайы, анайы, өрескел.* ~ көрініс (дауыс, іс). 2. *грамм. Адамның көңіл-күйін, сезімін білдіретін сөз табы.*

ОДАҒАЙЛА *Өз алдына жеке дараланып бөлектену, оқшаулану. Одағайлап* шетке шыға берді (Райымқұлов).

ОДАҒАЙЛАУ *Ерсілеу, дөрекілеу, оғаштау, өрескелдеу.* ~ көрінді.

ОДАҒАЙЛЫҚ *Ерсілік, дөрекілік, өрескелдік.* Қу балалар да бірденені сезе ме, *одағайлықтарын* саппа тыйды (Найманбаев).

ОДАҚ 1. *Қоғамдық топтардың, жеке адамдардың тығыз ұйымдасқан бірлестігі.* Екі жастың еркімен бас қосқан ~ғы. 2. *Мемлекеттік бірлестік.* Тәуелсіз Мемлекеттер ~ғы. 3. *Ұйым, қоғамдық бірлестік.* Жазушылар (композиторлар) ~ы. 4. *Белгілі бір мақсатты бірлесіп жүзеге асыру үшін мемлекеттер арасында жасалатын бітім, келісім, шарт.* Атлантика ~ғы. □ **Одақ болды [жасады]** — *жақтасты, одақтасты.*

ОДАҚТАС I 1. *Бір одаққа енетін, бір одақ құрайтын.* От басының бірінші ***одақтасы*** да әкесі (Шүкіров). 2. *Ниеті бір, жақтас, серіктес.* Жеңешем өзіне *одақтас* болуға шақырады (Дүзенов).

ОДАҚТАС II *Бір одаққа бірігу, топтасу, ұйымдасу.* Жұмысшылардың байлармен ***одақтаса*** алмайтынын да білгейсіз (Ә. Әбішев).

ОДАҚТАСТЫҚ *Одақ болушылық, ұйымдасушылық.* ~ пиғыл.

ОДАН-БҰДАН *Анадан-мынадан, әр жерден бір.* ~ құрастырды (жинастырды, сұрастырды).

ОДЫР *Ұрда-жық, дүңк етпе, томырық.* ***Одыр*** мінез, ұрда-жық орталарына бір түсті (Қуанышбаев).

ОДЫРАЙ *Адыраю, едірею, ежірею, ожыраю.* Ол үріккен өгіздей маған ***одырая*** қарады (Хасенов). Құрмаш оның бетіне ***одырая*** қарады (Жақсыбаев).

ОДЫРАҢ *Дөрекі, тұрпайы, өрескел.* Ондай ***одыраң*** сөзге Есекең бұлк етпейтін (Асқаров). ◊ **Одыраң етті [қақты]** — *көзі шатынап одыраңдады.*

ОДЫРАҢДА 1. *Оқыс қимылдап одыраң-одыраң ету.* Еңгезердей қара жігіт ***одыраңдап*** шыға келді (Талжанов). 2. *Ауыс. Қоқаңдау, қожаңдау, дікіңдеу.* Оразаңды ашпай тұрып, ***одыраңдайсың*** кеп (Бөкеев).

ОДЫРАҢДАУ *Ерсілеу, өрескелдеу.* Оның Бақтығұлы күйректеу, ***одыраңдау*** көрінді (Нысаналин).

ОДЫРЛЫҚ *Тоң мінезділік, дүңк етпелік, дөкірлік.* Ол болмысынан ***одырлыққа*** жоқ екен (Иманбеков).

ОЖАР I *Бас-көзіне, алды-артына қарамайтын ұрда-жық, одыр.* Ойсыз баладан ***ожар*** мінез туады (Мақал). 2. *Огаш, дөрекі, ерсі.* ~ қимыл, ~ қылық.

ОЖАРЛАН *Дөрекі мінез көрсету, дөрекілену.* ~а қарады.

ОЖАРЛАУ *Мінезі, қимыл-әрекеті дөрекілеу, ерсілеу.* ~ жігіт. ~ адам.

ОЖАРЛЫҚ *Дөрекілік, ерсілік, өрескелдік.* ~ әрекет.

ОЖАУ 1. *Сұйық затты құюға арналған сабы бар ыдыс; шөміш.* Айжан қолына ~ды алып, қымыз сапыруға кірісті. 2. *техн. Түрлі өндірісте қолданылатын металл шөміш.* Экскаватор ~ы.

ОЖАУЛА *Ожаумен құю, шөміштеу.* ~п құйды.

ОЖАУША I *Кішкене ожау.*

ОЖАУША II *Ожау сияқты.* ~ иілген.

ОЖЫРАЙ I *Бақырайып қарау, адыраю, одыраю.* ~я қарады, ~я бұрылды. 2. *Оқшаулана көзге түсу, бадыраю.* Онсызда ***ожырайып*** оқшау біткен жалбыр қабағын түйіп алды (Кекілбаев).

ОЖЫРАҢДА *Ерсі мінез көрсетіп адыраңдау, едіреңдеу.* Айтқожаның ***ожыраңдай*** бір нәрсені айтқысы келді (Бегалин).

ОЗ 1. *Алға озып шығу, ілгері кету.* Мінген аты ***озса*** — өзі озып келгендей қуанды ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Еңбек жарысында табысқа қолы жету, үздік шығу.* Жайда озған тойда да ***озады*** (Мақал). 3. *Ерен шығу, асу, арту.* Өлі директор болғалы Өукеннен ***озғаны*** болмады (Досымов). 4. *Уақыт жылжып, заман ілгері кету.* Заман ілгерілеп, өмір ***оза*** берді (Тілеуханов). ◊ **Оза көшіп, кең жайлады** — *арқаны кеңге салып, емін-еркін дәурен сүрді.* **Оза шапты** — *қатардан озды, асып түсті.*

ОЗАН I *көне. Ежелгі тұрік жырауы.* Елден елді аралап, — ***Озан*** сөйлер саралап (Қорқыт-Ата кітабы).

ОЗАН II *жерг. Ащы дауыс, айқай.* Даяшының ***озаны*** шыққанда етек-жеңі мол жұрт шартаққа қарай лек-легімен ағыла бастады (Т. Әлімқұлов).

ОЗАНДА *Дауыстап қатты жылау, ойбайлау.* Бәрінің ***озандаған*** дауыстары құдайға жетерліктей еді (Бөкеев).

ОЗАТ *Алдыңғы қатарлы, үздік, озық.* ~ күрішші, оқу ~ы. □ **Озат ойлы** — *өресі биік, білімді.*

ОЗАТТЫҚ *Үздік шығушылық, озықтық.* ~ үйткысы.

ОЗБЫР *Біреуге жәбір көрсетуші, зорлықшы, қатыгез, зұлым.* ~ адам. ~ жендет.

ОЗБЫРЛАН *Озбырлық көрсету, қатыгездену.* ~ған қасқыр.

ОЗБЫРЛАУ Зорлықшылдау, қатыгездеу, залымдау. ~ адам.

ОЗБЫРЛЫҚ *Баса-көктеп жәбір көрсетушілік, зұлымдық.* ~ көрді (жасады, істеді).

ОЗБЫРШЫЛ *Зұлымдық жасаушы, зорлық-зомбылық етуші.* Болса да ***озбыршылар*** салған түрме (Ерубаев).

ОЗҒЫН *Алдыңғы қатарлы, озық, озат.* ~ ой, ~ ел.

ОЗҒЫНДА *Алға таман озып шығу, ілгерілеу.* Абай топтың алдына таман ***озғындап*** келе жатты (М. Әуезов).

ОЗМЫШ: жазмыштан озмыш жоқ — *тағдырдың дегеніне көнесің, бұйрығына бас иесің.*

ОЗОН *хим. Оттегінің үш атомынан құрылатын көгілдір түсті газ; ауа.*

ОЗОНАТОР *техн. Бұзылған ауаны озонмен жаңарту үшін қолданылатын аспап.*

ОЗЫҒЫРАҚ 1. *Алға шығыңқылау, ілгерірек.* Пулеметші өзгелерден ***озығырақ***, басқалары кейінірек (Көшімов). 2. *Үздіктеу, озаттау.* Ол өзі оңай ойдан ***озығырақ*** (Орманов).

ОЗЫҚ 1. *Алдыңғы қатарлы, үздік, озат.* Республика ауыл шаруашылығының ~ қызметкері. 2. *Мезгіл жағынан алда, ерте.* Алматы уақыты Мәскеуден үш сағат ***озық***, бұрын жүреді (Нұршайықов). 3. *Ерекше, артық.* Сен бәрінен ~ боп көрінесің. 4. *Алда, ілгері.* Олар оқ бойы ~ келе жатыр.

ОЗЫҚТАУ *Ерекшелеу, артықтау, үздіктеу.* Кей ретте менен ***озықтау*** да байқалады (Омарбеков).

ОЗЫҚТЫҚ *Алдыңғы қатарда болушылық, үздік шығушылық.* Ол бұл мәселеден де өзінің ***озықтығын*** көрсетті (Д. Досжанов).

ОЗЫҢҚЫ *Ілгерірек, озықтау.* Мәдениеті ~.

ОЗЫҢҚЫЛАУ *Сәл-пәл артықтау, ілгерірек.* Сәл ***озыңқылау*** келе жатқан (Тұрлыбаев).

ОЙ I 1. *Объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым.* Асығып жақсы ***ойды***, жақсы еңбекті бұлдірмеу керек (Ғ. Мұстафин). 2. *Ақыл, ес, сана.* Ол бой жағынан ғана емес, ***ой*** жағынан да өзгеріп

қалыпты (С. Мұқанов). 3. *Көңіл, ниет, пейіл.* Ержанның *ойы* Раушанда отырған (Ахтанов). □ **Ой болжамы** — *әр түрлі деректердің негізінде объектінің өмір сүруі, құбылыстың байланысы мен себебі туралы қорытынды жасау.* **Ой еңбегі [жұмысы]** — *шығармашылық еңбек.* **Ой желке** — *желкесі ойқы, аласа.* **Ой тиянағы** — *бір немесе бірнеше пікірден жаңа пікір алудың логикалық ойлау амалы.* ◊ **Ой ауды** — *көңіл бөлінді.* **Ой басты** — *қалың ойға қалды.* **Ойға алды [салды]** — а) *есіне түсірді, ойлады;* ә) *мақсат тұтты, көздеді.* **Ойға батты [кетті, қалды, түсті]** — *неше түрлі ой ойлады, ойланды.* **Ойға кетті** — *өткен-кеткенді еске түсірді.* **Ойға қонымды** — *ақылға сыйымды, түсінікті.* **Ойға олақ [тапшы]** — *ойға шолақ; топас.* **Ойға оралды [түсті]** — *ұмытқаны еске түсті.* **Ойда жоқ жерден [жерде, жоқта]** — *аяқ астынан, тосыннан.* **Ойдан кетпеді [шықпады]** — *ұмытылмай есінде қалды, ұмытпады.* **Ойдан шығарды** — а) *өзі ойлап құрастырды, өтірік айтты;* ә) *есіне алмады, ұмытты.* **Ойды қозғады** — *көңілге тұрткі салды.* **Ой жүгіртті [жіберді]** — *әр жайды ойша барлады.* **Ой келді** — *жаңа бір пікір туды.* **Ой салды [түсірді, тастады]** — *әр түрлі пікір туғызды, ой ұялатты.* **Ой тоқтатты** — а) *бір тоқтамға келді;* ә) *ер жетті, ақылы кірді.* **Ой туды [түсті]** — *жаңа пікір пайда болды.* **Ой түбіне жетпеді** — *көп ойланды, ой ұшығын ұстай алмады.* **Ойы ауды** — *көңілі бөлінді, алаң болды.* **Ойы басқа [бөлек]** — *жұрт ұйғарған пікірден тыс, өзге пікірде.* **Ойы бұзылды** — а) *айныды;* ә) *көңілі жамандыққа ауды.* **Ойы ойран, ақылы айран** — *көңілі әркі-тәркі; бей-жай.* **Ойы оңға, санасы санға бөлінді** — *не істерін білмей дел-сал болды, басы қатты.* **Ойына кіріп шықпады** — *елең де қылмады, елемеді.* **Ойынан шықты** — *көңіліндегідей болды, діттегені болды.* **Ойына сап ете қалды [түсті]** — *есіне бірден келді.* **Ойын онға, санасын сан саққа жүгіртті** — *қиялға батты, ойға қалдырды.* **Ойын тербетті** — *сезімін оятты, жүрегін қозғады* (Абай).

ОЙ II 1. *Шұңқыр жер, ойпаң, ойпат.* Жігіттер тобы *ойға* таман түсті (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Қалалы жер.* Елде сияз, ***Ойда*** аяз, Оңбай-ақ түр әр түрі (Абай).

ОЙ III 1. *Жерді, мұзды т. б. шұңқырлап қазу, ұңғу.* Қол сүйменмен тоң ***ою*** оңай болған жоқ (Боранбаев). 2. *Оймыштау, нақыштау.* Ағаштан -ып қуыршақ-ойыншықтар жасады. □ **Ойып алды** — *мол нәрседен қалауынша бөліп алды.* ◊ **Ойып алғандай** — *әдемі, дөп-дөңгелек (көз).*

ОЙ IV *Қуанып-сүйінгенді, таңданғанды, өкініп-күйінгенді білдіретін одағай сөз.* -, ағай-ай, -, тоқтай тұр. -, ақылыңнан айналайын.

ОЙ-АРМАН *Мүдделі арман-тілек, мақсат.* Халықтың -ы.

ОЙБАЙ *Қорыққанда, сасқанда айтылатын одағай сөз.* - бауырым, - көке-ау, - ол не дегеніңіз! ◊ **Ойбай салды [ойбайға басты]** — *айқайлап жылады, бақырды.*

ОЙБАЙ-АЙ *Үрейленгендік, шошығандық сезімді білдіру.* - бұл не деген бассыздық.

ОЙБАЙ-АУ *Таңдану, таңырқау сөз.* -, солай ма екен? -, сондай да болушы ма еді?

ОЙБАЙЛА 1. *Дауысты қатты шығарып бақыру, айғайлау.* Бір баланың ***ойбайлаған*** дауысы естілді (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Ауыс. Байбалам салу, шыр-шыр ету.* Ожаубай ***ойбайлап*** ат-тонын ала қашты (Иманғалиев).

ОЙБАЙШЫЛ *Айқайшыл, даурықпа.* - кісі.

ОЙБАУЫРЫМДА *Өлген кісіге бауырым-бауырым деп жылап келу, жоқтау.* Хасен -п дауыс шығарып келді.

ОЙҒЫЛА *Ою тұсу, қаза тұсу, қазғылау.* Жердің тоңын сүйменмен -п жатты.

ОЙДАҒЫДАЙ *Көңілдегідей, ойлағандай.* Бәрі -, емтихан - өтті.

ОЙДАҒЫ: ойдағы ел — *бауырдағы ел.* Қырдағы ел ***ойдағы*** елмен араласып (Абай).

ОЙДА-ЖОҚТА *Аяқ астынан, кенеттен.* - болды кез.

ОЙДАН-ҚЫРДАН *Әр жақтан, оннан-мұннан.* - жинаған зат.

ОЙДА-ҚЫРДА *Ойда да, қырда да, бәрінде бірдей.* - қаптаған мал.

ОЙДАҒЫ-ҚЫРДАҒЫ *Алыс-жақындағы, андағы-мұндағы, әр жердегі.* Бір көлікпен ***ойдағы-қырдағының*** бәрін жинау мүмкін емес (Е. Оразақов).

ОЙДАУЫТ *Ойпаттау жер, ойпаң.* Арғы жағы ***ойдауыт,*** панасынды, жел қағары мен тосқауыл болар бұтасы бар (Ысқабаев).

ОЙДЫМ *Ойылған, шұңқырлау жер, ойыңқы жер.* Бұлар ***ойдым*** жерді таңдап алып, соған жайғасты (С. Омаров).

ОЙДЫМ-ОЙДЫМ 1. *Ойлы-қырлы, ойқы-шойқы.* Айнала -, жол -. 2. *Бөлек-бөлек, ала-құла.* Қырат жердің шөбі ***ойдым-ойдым,*** құрай бастапты (Сатаев).

ОЙДЫМША *Күлгенде білінетін бет шұңқыры.* Қыздың екі бетінде екі ***ойдымша*** пайда бола қалды (Бердияров).

ОЙ-ЖОТА *Сайлы, шұңқырлы, дөңесті жер.* Алдымызда қалың сексеуіл басқан ***ой-жота*** бар (Сейфуллин).

ОЙҚАНАҚ *Шұқанақ.* Болғанда мен жалтыр көл, сен ***ойқанақ,*** Аруағың қанша айтқанмен теңелмейді (Айтыс).

ОЙҚАСТА 1. *Бір жерде тұрмай ойнақшу, орағыту.* Бәйге аттары жарыс алаңында әрлі-берлі ***ойқастап*** жүр (Сқақбаев). 2. *Ауыс. Біреудің көңілін аудару үшін қыр көрсету, қойқаңдау.* ***Ойқастап*** үйінің алдынан екі-үш өттім (Нұржекеев).

ОЙ-ҚИЯЛ *Ой-арман.* -ға батты.

ОЙҚОЙ *Көңіл күйіне байланысты айтылатын одағай сөз.* -, дәурен, -, заман-ай!

ОЙҚЫ *Тұтін ұйтқып шығу.* Оңынан түндік ашыпсың, Ошағың түзе ***ойқысын*** (Жансүгіров).

ОЙҚЫЛ *Ойдым, ойыс жер.* - жер.

ОЙҚЫЛДАН *Ойыстану, шұңқырлану.* Беті -ып жатыр.

ОЙ-ҚЫР *Ойы да, қыры да, түгел.* Ол жердің -ы оған таныс.

ОЙҚЫЛЫҚ *Жер бетінің ойыстығы.* Бұл жер егін егуге - етеді.

ОЙҚЫ-ШОЙҚЫ 1. *Кедір-бұдыр, тегіс емес, шұқанақ.* Машина ***ойқы-шойқы*** қисық жолмен өзен бойлап келе жатты (Әбдіков). 2. *Ауыс. Қалай болса солай, қиқы-жиқы.* Нағашыңның ***ойқы-шойқы*** сөзін кітаптан оқиды екенбіз (Д. Досжанов).

ОЙЛА 1. *Бір нәрсені ақылға салу, ойланып-толғану.* Мәрия әр нәрсенің артын ***ойлап*** отыратын

(Жұмаділов). 2. *Біреу жайлы ескеру, қам жеу.* Кейуана сүт кенжесі Алтынтананы көп *ойлайтын* (Д. Досжанов). □ **Ойлаған жерден шықты** — *ойындағыдай болды, ойына дөп келді.* **Ойлағаны болды** — *ойына алғаны орындалды, ойындағысы болды.* **Ойламаған жерден** — *кенеттен, қапелімде.*

ОЙЛАҒЫШ *Үнемі ой үстінде жүретін, көп ойлайтын, ойлампаз.* **Жаңалық ~.**

ОЙЛАС *Ойы бір жерден шығатын, пікірлес.* Ақтаушыларымен *ойлас* едім (Ғ. Мүсірепов).

ОЙЛАУ I *филос. Адамның сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстарының өздеріне тиісті қарым-қатынастарын жалпылап миында бейнелеу.* ~ процесі, ~ қабілеті.

ОЙЛАУ II *Шұңқырлау, төмендеу, ойпаңдау.* *Ойлау* жерде бір түп алма ағашы тұр екен (Тұрманжанов).

ОЙЛАУЫТ *Ойлау жер, ойпаң.* Ауыр жаралыны демеп ~ жерге жеткізді.

ОЙЛЫ I 1. *Сана-сезімі мол, ақылды, саналы.* Алғыр ~, озық ~, терең ~. 2. *Мағыналы, мәні терең.* *Ойлы* сөз ұзақ болмайды (Мақал).

ОЙЛЫ II *Ой-шұңқыры көп, тегіс емес.* Ақыры ~ ойпатты бір алқапқа шықтық.

ОЙЛЫ-ҚЫРЛЫ *Кедір-бұдыр, тегіс емес.* ~ жер.

ОЙЛЫЛЫҚ *Саналылық, ақылдылық, естілік.* Оның жанарынан *ойлылықты* көрдім (Қазыбаев).

ОЙМА I *Қымбат металдан, ағаштан ойып жасалған, оюланған, әшекейленген, бедерленген.* ~ жүзік, ~ төсек. □ **Ойма домбыра** — *шанағын ағаштан ойып жасаған домбыра.* **Ойма ен** — *құлақтың шетінен шаршылап кесіп алу арқылы салынатын белгі.* **Ойма жаға** — *дөңгелек етіп төменірек ойылған жаға.* **Ойма күміс** — *ағаш ерге ойып салған күміс әшекей.* **Ойма таз** — *шашы әр жерінен ойдым-ойдым болып түсіп қалған таз.*

ОЙМА II *этногр. Етіктің қоныш пен басы қосылатын жері.* Өкшелігі мен *оймасын* кестелеп, өрнектеп тігіпті (Сматаев).

ОЙМА III *мед. Ем қонбайтын қарын жарасы (каллезная).* Қарынның *ойма* (каллезная) жарасын кесіп алып тастау тиімді (Өбисатов).

ОЙМАҚ *Іс тіккенде ине кірмес үшін саусаққа киетін жез, темір не былғарыдан жасалған кішкентай саусаққап.* Қас шеберде *оймақ* болмас (Мақал). ◊ **Оймақ ауыз [ерін]** — *дөңгелене бітken әдемі ауыз.*

ОЙМАҚТА *Оймақпен өлшеу, там-тұмдау.* Ол көк ніл мен бояуға дейін *оймақтап* сата жөнелді (Ә. Нұрпейісов).

ОЙМАҚТАЙ *Кішкентай ғана, шағын ғана.* ~ үй, ~ бөлме.

ОЙМАҚШЫ *Тігіншілікті кәсіп ететін, ісмер.* Шешеміз *оймақшының* шебері екен (Жолданов).

ОЙМАҚШЫЛ *Оймақпен іс тігуді сүйетін.* Салақ қатын сауықшыл, Олақ қатын *оймақшыл* (Мақал).

ОЙМАЛА *Бір нәрсені ойып кесу.* Қоныш, басты етікші өзі *оймалап* пішеді (Қасиманов).

ОЙМАУЫТ I *Ойдым, ойпат, ойпаң.* Айналасы ат шаптырым *оймауытта* жатқан Өзен қаласы (М. Сатыбалдиев).

ОЙМАУЫТ II *Аңызда қазақпен жауласқан жат жұрт.* Он сан *оймауыт,* тоғыз сан торғауыт деген жау еді ("Ер Тарғын" жыры).

ОЙМАЛЫ *Оюлы, өрнекті, бедерлі.* ~ қақпа.

ОЙМАШЫ *этногр. Ағаш ұқсату қол өнерінің көне түрлерінің бірі.*

ОЙМЫШ *Ойып түсірген ағаштың, сүйектің, тастың бедері.* ~ жазу.

ОЙМЫШ-ӨРНЕК *Зергерлердің шеберлігімен жасалатын ою-өрнек.* ~ салынған.

ОЙМЫШТА *Оюлау, өрнектеу, әшекейлеу.* ~ған төсек.

ОЙМЫШТЫ *Бедерлі, оюлы, өрнекті.* ~ кебеже, ~ сандық, ~ сырмақ.

ОЙНА 1. *Жас балалардың түрлі ойындарды ойнауы, сауық-сайран құруы, асыр салу.* Ақсүйек ~. 2. *Ауыс. Әзілдеу, қалжыңдау.* *Ойнап* сөйлесең де, ойлап сөйле (Мақал). 3. *Белгілі бір аспапты тарта білу, орындау.* Қобызда ~ды, домбырада ~ды. 4. *Белгілі бір кейіпкердің ролін сахнада бейнелеу.* Шоқанның сүйген қызы Айжан ролінде Зәмзәгүл *ойнады* ("Қаз. әдеб."). 5. *Ауыс. Белгілі бір мамандықты, техника тілін меңгеру.* Техниканың құлағында ~ды.

ОЙНАҒЫШ 1. *Ойыншыл, ойын-құмар.* Егер ойнағыш болсаң, ұтып әперетін болсаң мә, менің орныма *ойна* (Т. Дәуренбеков). 2. *Қалжыңдағыш, қалжыңбас.* *Ойнағыш* шерлі жанмен тентек тағдыр (С. Омаров).

ОЙНАҚ *Асыр салып ойнайтын ашық, кең жер, жайлы орын.* Іннің маңы қасқырдың *ойнағы* (М. Әуезов). ◊ **Ойнақ қақты** — а) *қолды-аяққа тұрмады;* ә) *жайдары, ойнақы қылық көрсетті.* **Ойнақ қылды** — *астан-кестеңін шығарды, опыр-топыр етті.* **Ойнақ салды** — *асыр салды, секірді.*

ОЙНАҚТА 1. *Асыр салып, әрі-бері жүгіру, ойнақ салу, секіру.* Бұзау ~ды, киік ~ды, құлын ~ды. 2. *Бір орында тұрмау, тайраңдау.* Қыз *ойнақтай* басып шыға келді (Тоқмырзин). 3. *Ауыс. Арлы-берлі қозғалақтап ойнақшу.* ~ған көз, ~ған саусақ. 4. *Ауыс. Лаң шығару, ойран салу.* Ау, сен кімнің үйінің, төріне кеп, *ойнақтап* тұрсың? (Доспанбетов). ◊ **Ойнақтаған бота [тайлақ] от басады** — *ұшқалақтап желіккен бір пәлеге ұшырайды.*

ОЙНАҚШЫ 1. *Бір орында тұрмау, тыпыршу.* Астындағы аты *ойнақшып* бір орнында тұрмайды (Мекебаев). 2. *Бір қалыпта тыныш тұрмау, қозғалақтау.* ~ған көз, ~ған қабақ.

ОЙНАҚЫ 1. *Қалжыңбас, қуақы.* Қыз да *ойнақы* жауап қайтарды (Қонарбаев). 2. *муз. Жеңіл ойналатын музыка сазы.* ~ музыка ырғағы. □ **Ойнақы көз** — *ойнақшып, құбылып тұратын көз.*

ОЙНАҚЫЛАН *Ойнақшып, қуақыланып.* Көңілденіп, *ойнақыланып* отырып, қатаң сөздерін түгел ұққанды (М.Әуезов).

ОЙНАҚЫЛАУ *Аздап ойнақы, қуақылық, құбылмалылау.* ~ ун, ~ ой.

ОЙНАҚЫЛЫҚ *Қуақылық, ойнап тұрушылық, құбылмалылық.* Балаға тән ~.

ОЙНАМАЛЫ *Құбылмалы, өзгермелі.* ~ буын, ~ бақай.

ОЙНАМПАЗ *Ойыншыл, әзілқой.* ~ жан.

ОЙНАП-КҮЛ 1. *Ойын-сауық құрып, көңіл көтеру.* Жастық шақта ~. 2. *Ауыс. Жасырын жүріп көңіл қосу, тамыр болу.* Жақыпты сенен өзгемен де *ойнап-күледі* дейді (Нұржекеев).

ОЙНАС *Жасырын жүретін көңілдес әйел, некесіз жыныстық қатынас, суық жүріс.* ~ жасау.

ОЙНАСШЫЛ *Ойнасқа берілген, көлденең жүрісі көп адам, ойнасқор.*

ОЙ-ОЙ *Таңдану, өкіну, күмәндану мағынасын білдіретін одағай сөз. Ой-ой,* ақылды адам тарлық жасай ма! (Шашкин).

ОЙ-ӨРІС *Білім шамасы, дүние таным аясы. Ой-өрісі* біршама айқындала түсті (Беркімбаев).

ОЙПАҢ *Төмен, ойлау жер.* Машина ***ойпаңға*** түскенде жоғалып көз алдайды (Серәлиев).

ОЙПАҢДАУ *Ойлау, ойыстау.* ~ жер.

ОЙПАҢДЫ *Ойлы, ойысты.* ~ жазық.

ОЙПАҢ-ТОЙПАҢ *Астаң-кестең, ойран-топыр.* ~ын шығарды, ~ болды.

ОЙПАТ *геогр. Теңіз бетінен төмен жатқан жазықтық.* Зайсан ~ы, Торғай ~ы.

ОЙПАТТАН *Ойпаң тарту, төмендеу, шұңқырлану.* Көрдің үсті ***ойпаттанып*** шөгіп кеткен (Кекілбаев).

ОЙПАТТАУ *Ойпаңдау, төмендеу.* ~ жер.

ОЙПАТТЫ *Ойдым, ойпаң.* ~ жер.

ОЙПЫЛ-ТОЙПЫЛ 1. *Астан-кестең, опыр-топыр.* Мұндай ***ойпыл-тойпыл*** кез өте қиын (А. Жүнісов). 2. *Ұйқы-тұйқы, алай-тұлей.* Жүрегі ***ойпыл-тойпыл*** боп кетті (Әбуталиев) □ **Ойпыл-тойпылын шығарды** — *астан-кестең етіп, быт-шыт қылды.*

ОЙПЫР-АЙ *Таңданғанды білдіретін көңіл-күй одағайы; апыр-ай.* ~, бұ не нәрсе.

ОЙПЫРЫМ-АЙ *Бір нәрсеге таңырқағанда айтылатын сөз. Ойпырым-ай,* өңің бұзылып кетті ғой! (Арыстанов).

ОЙ-ПІКІР *Бір нәрсе жайындағы жалпы түсінік, ұғым.* Кейде ***ой-пікір*** ұқсастығы зерттеліп жүр (Талжанов).

ОЙРАН I *Опыр-топыр әлек, бүлініиілік.* Соғыс ***ойраны*** сағат сайын өршіді (Б. Момышұлы). □ **Ойран болды** — *астаң-кестеңі шықты, қирады, бүлінді.* **Ойран етті [қылды]** — *тас-талқанын шығарды, бұлдірді.* **Ойран салды** — *бұлдірді, қиратты.* **Ойраны шықты** — *қирады, бүлінді.*

ОЙРАН II *Ылғалды, тұбіртекті, томарлы, шалғыны мол жер.* Ана бір қоныс сулы, шүйгін болған соң ~ атанды.

ОЙРАН-АСЫР *Әлем-тапырық, ойран-топыр.* Көңілім ~, айналасы ~. □ **Ойран-асыр болды [етті]** — *астан-кестеңін шығарды, быт-шыт етті.* **Ойран-асырын шығарды** — *тас-талқан етті, талқандады.*

ОЙРАН-БОТҚА *Астан-кестең, быт-шыт.* Ойы ~, ой-санам ~.◊ **Ойран-ботқа болды** — *астан-кестеңі шықты, бүлінді.* **Ойран-ботқасы шықты** — *быт-шыт болды, күйреді.*

ОЙРАНДА *Талқандау, қырату, бұлдіру.* Жау ордасын ~ды.

ОЙРАН-ТОПЫР *Астан-кестең, быт-шыт, ойран-асыр.* Ойы ~, үй іші ~. ◊ **Ойран-топыр қылды** — *тас-талқанын шығарды, бұлдірді.* **Ойран-топырын шығарды** — *күл-талқан етті, бұлдірді.* **Ойран-топыры шықты** — *астан-кестең, быт-шыт болды.*

ОЙРАНШӨП *бот. Қызыл түсті бояу алынатын және дәрілік шөп.*

ОЙРАНШЫ *Тас-талқан қылып ойран салушы адам, бүлікті.* Әр түрлі ұлттардың өкілдері, ***ойраншылардың*** айуандық қылықтарын батыл айыптады (СҚ, 1989, 16 маусым).

ОЙРАТ *Алтайлықтардың көне атауы.*

ОЙСАНА *Білім-ғылымнан жан-жақты біліктілік, білімділік (эрудит).* "Өркеннің" ~ атты бөлімі бар.

ОЙСОҚТЫ: ойсоқты болды — *көп ойлап ерғаштыболды, шаршады.*

ОЙСЫЗ 1. *Ақылсыз, зердесіз, санасыз.* Бұйырса, келін ***ойсыз*** емес көрінеді (Танекеев). 2. *Ауыс. Уайымсыз, қайғысыз, алаңсыз.* Әйтеуір ***ойсыз*** жүрер күні жоқ (Мекебаев). ◊ **Ойсыз құлақ** — *топас, надан.*

ОЙСЫЗДАУ *Ақылы аздау, уайымсыздау, қайғысыздау.* Досының қабыры басында бұдан гөрі жеңіл, ***ойсыздау*** сезініп еді өзін (Бөкеев).

ОЙСЫЛҚАРА *миф.* 1. *Түйенің пірі, сақтаушысы, атасы.* 2. *Ауыс. Түйе малы.* ***Ойсылқара*** атабаба аруағына біткен мал деуші еді (Әбдіразақов).

ОЙСЫРА I *Бір нәрсенің күрт төмендеуі, азаюы.* Фашистердің әскері Москва түбінде ***ойсырай*** жеңілді (Жүнісова). 2. *Олқылану, кемдігі біліну.* Олардың ортасында Уасиланың орны ***ойсырайып*** бос тұрды (Асылғазин).

ОЙ-ХОЙ *Шіркін-ай, дүние-ай.* ***Ой-хой,*** қызық дәурен қимас күндер-ай! (Д. Досжанов).

ОЙША *Ойлау арқылы, оймен.* ~ есіне түсірді, ~ шолып шықты.

ОЙШАҢ *Зерделі, ойлы, ақылды.* ~ балалар, жасынан ~.

ОЙ-ШҰҚЫР 1. *Ойлы-қырлы, кедір-бұдырлы жер.* Көрмеген жердің ***ой-шұқыры*** көп (Мақал). 2. *Ауыс. Кем-кетік, кемістік, олқылық.* Өмірдің ***ой-шұқыры*** көп қой (Оразақов).

ОЙШЫЛ *Көп ойлайтын, данышпан, дана.* ***Ойшыл*** — оңаша қалса да жалғызсырамайды (Мақал).

ОЙШЫЛДЫҚ *Даналық, кемеңгерлік, данышпандық.* ~ ана сүтімен бірге бітетін қасиет.

ОЙЫҚ I 1. *Жартылай дөңгелене ойылған.* Нұрым Сәнтайдың ***ойық*** көйлегінің омырауына тесілді (О. Сәрсенбаев). 2. *Мұздың ойылған жері, суат.* Біреу осы арадан ***ойық*** жасап, мал суарған болуы керек (Алдабергенов). □ **Ойық ен** — *малдың екі құлағының алдыңғы не артқы жақтарынан оя кесіп алған түрі.*

ОЙЫҚ II *мед. Теріде немесе органдардың кілегей қабығында әр түрлі жағдайларға байланысты пайда болатын жара.*

ОЙЫҚТАЛ *Сәл ғана ойылу, оймыштану.* Дөннің үстінде ***ойықталып*** бозғылт дақтар пайда болады (Жиенбаев).

ОЙЫҚТАУ *Сәл ғана ойық.* Тұмсығы ~.

ОЙЫҚША *Кішігірім ойық, шұқырша.* Мұз ~лары.

ОЙЫЛ 1. *ыр. етіс. Ой-ыл.* 2. *Көп жұруден, қара жұмысты көп істеуден аяқтың, қолдың, малдың арқасының жарақаттануы, жауыр болуы, күлдіреуі.* Алақаны ~ды, өкшесі ~ды. 3. *мед. Жас балаларда көп кездесетін ауыз қуысының шырышты қабығының қабынуы; стоматит.* Аузы ~ды.

ОЙЫН I 1. *Ойнау үшін жасалатын әрекеттер, қимылдар.* Артистердің ~ы, балалар ~ы. 2. *Әзіл, қалжың, әжуа.* ~ға айналдырғысы келді, ~ы жоқ шын сөзі екен. □ Ойын алаңшасы — *түрғын үйлердің қораларындағы балалар ойнайтын арнаулы орын.* ◊ Ойын баласы — *он үш жасқа дейінгі жас бала.* Ойынға салынды [ойын қуды] — *көп ойнай-*

тын болды, ойынға берілді. **Ойын көтермеді** — *қалжыңға түсінбей ашу шақырды, өкпеледі.* **Ойын салды** — а) *асыр салды, сайрандады;* ә) *ұрыс салды, соғысты.* **Ойынға келеді** — *әзілдегісі келеді.* **Ойының осылсын [осылғыр]** *(қарғ.)* — *ойынға салынған балаға айтылатын кейіс сөз.*

ОЙЫН II *арх. Ұрыс, соғыс.* Тарғын салды ***ойынды*** ("Ер Тарғын" жыры). Бір ***ойында*** алпыс ала балта сындырған, — Айсаның ару ұлы Қолай бар ("Алдаспан").

ОЙЫН-ДУМАН *Ойын-сауық, той-думан.* ~ қыза түсті.

ОЙЫНДЫ I *Киімнің жаға мен жең қондыратын жері.* Бір аш құмырсқа көйлегінің ***ойындысынан*** секіріп түсті (Кекілбаев). □ **Ойынды ет** — *кесек ет, санның бұлшық еті.*

ОЙЫНДЫ II *Тірі малдың сыртқы көрінісіне айтылатын сөз. Ол жылқының көкірегі мен алдыңғы екі аяғының арасындағы дене бітімінің сомдалуы. "Ойынды* еті бесіктей" — "Тайбурыл" (Б. Қыдырбекұлы).

ОЙЫНДЫ III *Құйқалы, шұрайлы.* Ойыл деген ***ойынды,*** — Отын тапсақ тойынды ("Алдаспан").

ОЙЫНДЫ-ШЫНДЫ *Қалжың-шыны аралас.* Ол ***ойынды-шынды*** сөздерін батыл айта беретін (С. Мұқанов).

ОЙЫН-КҮЛКІ *Сауық-сайран, әзіл-қалжың.* Жігіттер, құдай *ойын-күлкіден* айырмасын (С. Мұқанов).

ОЙЫНПАЗ *Ойынқұмар, ойынға берілгіш.* ~ бала.

ОЙЫН-САУЫҚ *Дәстүрлі ұлттық ойындарының жалпылама атауы.* ~тардың өзіне тән атаулары бар. ◊ **Ойын-сауық құрды** — *думандатты, сауық-сайран салды.*

ОЙЫНСЕРІК *спорт. Спорттық ойынға қатысушы; қарсылас, әріптес.* Азды-көпті ***ойынсерік*** болдық (Қаз. әдеб.).

ОЙЫН-ТОЙ *Той-думан, ойын-сауық.* ~дан қалмайды.

ОЙЫНШЫ *Ойынға қатынасушы, ойын ойнайтын адам.* Шебер ~.

ОЙЫНШЫҚ 1. *Балалар үшін жасалған әр түрлі ойын заттары.* Балабақшада ~тар көп. 2. *Ауыс. Түкке тұрмайтын, болмашы, оңай.* Манағы қорыққаны мұның қасында ***ойыншық*** екен (Нұржекеев). ◊ **Ойыншық болды** — *келемежге айналды, еріккенінің ермегі болды.* **Ойыншық емес** — *ойнауға болмайды; көңіл бөлетін нәрсе.* **Ойыншық етті [қылды]** — *келемеждеді, ажуалады.* **Ойыншық көрді** — *оңай санады, елемеді.* **Ойыншыққа айналды** — *мазақ қылды, келемеж етті.*

ОЙЫНШЫҚТАЙ *Кіп-кішкентай, сұп-сұйкімді.* Өзі сондай сүйкімді. ***Ойыншықтай*** мендегі (Елубаев). ◊ **Ойыншықтай көрді [көрінді]** — *елемеді, жеңіл деп санады.*

ОЙЫНШЫЛ 1. *Ойынды жақсы ойнаушы, жақсы көретін.* Сашка ~, жақсы бала. 2. *Әзілқой, қалжыңбас, қуақы.* Біз оның ақ көңіл, ***ойыншыл*** жан екенін білдік (Көшімов).

ОЙЫН-ШЫНЫ: ойын-шыны аралас — *қалжыңы бар, шыны бар.*

ОЙЫҢҚЫ *Жартылай дөңгелене ойылған, ойықтау.* Екі жағы ~.

ОЙЫС I 1. *Ояң, ойлау келген жер, ойпаң.* Жатқан жерім ***ойыс*** (Бақбергенов). 2. *Сәл ғана ойық, иіліңкі.* Қылыштың жүзі ***ойыс*** жағында (Жұбатыров).

ОЙЫС II *Көшу, жылжу, бет алу, бұрылу.* Мен жолдың ортасына қарай сәл ***ойыса*** жүрдім (Нұржекеев). Із осылай ***ойысты*** (Жамбыл).

ОЙЫСТА *Бұрылу, ауысу.* Біраздан соң солға таман ***ойыстадық*** (Жиренов).

ОЙЫСТАУ *Ойлау, ояңдау келген, ойпаңдау. Ойыстау* жерде тұрған ұшқыштар үйі (Мұсабаев).

ОЙЫСЫҢҚЫ *Шұңқырлау, ойықтау, ойыңқы, ойыстау.* Табиғат жасаған ба иіп садақ, Ішіне ***ойысыңқы*** биік қабақ (Ырзабаев).

ОКЕАНАРИУМ *зоол. Мұхит зерттеу ғалымдарының теңіз жануарлары мен жәндіктерін зерттейтін әрі көрме ретінде формасы аквариум сияқты үлкен арнайы орын.*

ОКЕАНОГРАФ *Мұхит табиғатын зерттеуші.*

ОКЕАНОГРАФИЯ *Мұхит табиғатын зерттейтін ғылым.*

ОКЕАНОЛОГ *Мұхит зерттеушісі, океанология маманы.*

ОКЕАНОЛОГИЯ *Дүние жүзі мұхиттарындағы әр түрлі процестерді зерттейтін ғылымдар жиынтығы.*

ОККУПАНТ *Басып алушы, басқыншы.*

ОККУПАЦИЯ *Бір мемлекеттің территориясын басқа мемлекеттің әскер күшімен басып алуы, басқыншылық.*

ОККУПАЦИЯЛА *Жаулап алу, басып алу.* ~ған аудандар.

ОКОП *әск. Жаяу әскер оқтан қорғану үшін қазылған ор тәріздес бекініс.*

ОКРУГ *Аумақтық-әкімшілік бөлік.* Әскери ~, сайлау ~ы.

ОКРУГТІК *Аумақтық-әкімшілік бөлікке тән.* ~ сайлау.

ОКТАВА 1. *муз. Гамманың сегізінші дәрежесі, аттас дауыстардың түрлі жоғарылық интервалы.* 2. *әдеб. Сегіз жолды өлеңнің алғашқы алты жолы шалыс қиқас болып, соңғы екі жолы бір қиқасты болуы.*

ОКУЛИСТ *мед. Көз ауруын емдейтін дәрігер.*

ОҚ I 1. *Дәрімен атылатын қарудың жез гильзаларына ыңғайлап салынған ұшы доғал немесе сопақша қорғасын.* Тоғанды байласаң — ырыс, ***оғыңды*** сайласаң — ұрыс (Мақал). 2. *көне. Садақ жебесі.* Ата көрген ***оқ*** жонар (Мақал). □ **Оқ арық** *(жерг.)* — *бас арықтан егін арасына қарай жүргізілген түзу арық.* ◊ **Оқ астына алды** — *оқ жаудырып жіберді.* **Оқ атым [жетер] жер** — *мылтық, садақ оғының жетер шамасындағы аралық.* **Оққа байлады** — *өлімге басын тікті, жанын аямады.* **Оқ жыландай көрді [көрінді]** — *жек көрді, ұнатпады.* **Оқты көзбен [көзімен] атты [қарады]** — *айбар шеге көз тастады.* **Оқ тістесті** — *ант етісті, серттесті.*

ОҚ II *Арбаның доңғалағы салынатын жұмыр темір, білік.*

ОҚ III *көне. Қыпшақтардың мыңдық саны.* Өкемнің отыз оқ жұрты, жетпіс ***оқ*** қолы болыпты (Д. Досжанов).

ОҚА *Жібек және зер жіптерден өрнектеле тоқылған зер.* Оның үстінде жиегіне ***оқа*** салып тігілген қызыл барқыт қамзол (Исабаев).

ОҚА: оқа емес [оқасы жоқ] — *ештеңе етпейді, тұқте емес.*

ОҚАЛА *Зермен көмкеру, әдемілеу.* ~ған қырмызы қамзол.

ОҚАЛАҚ *Оқыра, сәйгел.* Сиырға ~ тиді. ◊ **Оқалақ тиген сиырдай** — *адыраңдаған, елірген.*

ОҚАЛАҚТА 1. *Оқыра (сәйгел) тигеннен тыншып тұра алмау, ойға-қырға безу.* **Оқалақтаған** бұзау үшке бөлінді (Мырзақұлов). 2. *Ауыс. Тасыраңдап зыр жүгіру.* **Оқалақтап** қызын ала жөнелгені несі (Иманбеков).

ОҚАЛЫ *Зерлі, зер басқан, зермен көмкерген.* ~ бөрік, ~ қамзол, ~ шапан.

ОҚАП 1. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы, бөгеті көп жер.* Жазық дала екені рас, бірақ **оқабы** көп (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Бейнет, мехнат, қиыншылық.* Жолында талай **оқап** бар, үрікпе одан (Жақаев).

ОҚБАҚ *Қырысты қоспақты қылағай нар мен қоспақты қылағай нардың бурасын шағылыстырудан туған түйе.* **Оқбақ** нардың жүні селдір, шудасы аздау, сирақтары әлсіз жіңішке (Ш. Жанәбілов).

ОҚБАҚЫР *Металл қорытатын, ернеуінде суағары бар тұтқалы ыдыс.* **Оқбақыр** — темірден, сазбалшықтан жасалған, қорғасын, қола, үре, күміс, алтын қорытатын тұтқалы ыдыс (Д. Шоқпарұлы).

ОҚ-ДӘРІ *Атыс қаруына қажетті оқ, дәрі, мылтық, снаряд т. б. жабдықтар.* Армияға **оқ-дәрі,** киім-кешек үздіксіз жөнелтіліп жатты (Ақышев).

ОҚЖЫЛАН *Оқша атылып шағатын жіңішке улы жылан.*

ОҚИҒА *Болып өткен іс, елеулі құбылыс.* Бастан кешкен ~.

ОҚИҒАЛЫ *Уақиғаға толы, уақиғаға мол.* ~ кезеңдер.

ОҚҚАҒАР *Оқтан қорғану мақсатымен киетін темір сауыт.* Бектің төсінде болат **оққағарлар** жарқылдайды (Санбаев). ◊ **Оққағары бар** — *ұнемі сәтіне кезігіп, бәле-жала жуытпайтын.*

ОҚПАҚ I *зоол. Балшық, батпақты қамыс арасында тіршілік етіп, түнде жүретін ұзын сирақты көкқұтан тұқымдас құс.* Түнде ұшатын **оқпақ** деген құс бар (Сералиев).

ОҚПАҚ II *зоол. Дене бітімі қораш, аяқтары сорайған ұзын, жапырақ өркеш, жүні сұйық, сіңіре бұдандастырудан алынған түйе.*

ОҚПАН 1. *Ойылып түскен жер қуысы, шұқыр.* Ол **оқпанға** аяғын тығып ап, мойыны үзіліп өлген екен (Бақбергенов). 2. *Ердің астындағы қол сиятындай қуыс.* Кей ер бар жанға жайлы үсті жалпақ, Тегіс тиер **оқпаны,** сонша талпақ (Шәкәрім). 3. *Дәрімен атылатын қарудың іші қуыс, түтік тәрізді бөлігі.* Бұл тапаншаның **оқпаны** ұзын (Жолымбетов). 4. *Шахтадағы кен өндіретін қуыс жер.* Шахтерлердің арнаулы киімін киген соң, **оқпанның** аузына келіп отырдық (Бодаубаев).

ОҚПАНДА 1. *Қуыс етіп қазу, ұңғірлеу.* Төңкеріп шымды, *Оқпандап* жерді (Ибраһим). 2. *Ауыс. Ойша тұжырымдау, пайымдау.* Нарбота үйге кіргенде молдаға көрсетер ізетін ойша **оқпандап** алды (Омаров).

ОҚПАНДЫ *Ыңғайлы, қолайлы.* Аттық мылтық, **оқпанды** жерді тауып (Еркінбеков).

ОҚТА 1. *Ату үшін қарудың ұңғысына оқ салу.* Мылтық ~ды. 2. *Ауыс. Арнау, бағыштау.* Бүркіт жауға **оқтап** өткір сөз айтты (Есенберлин).

ОҚТАЙ *Тіп-тік, түп-түзу.* ~ түзу асфальт жол. ◊ **Оқтай атылды** — *бірден қарсы шапты.* **Оқтай зулады** — *көз ілеспей зымырады.* **Оқтай қадалды [қадады]** — *қаһарлы раймен тікірейе қарады.* **Оқтай тиді** — *шаншудай қадалды.* **Оқтай үшты** — *жұлдыздай ақты, зымырады.*

ОҚТАЛ 1. **ыр. етіс.** *Оқта-л.* 2. *Бірдеңе айтпақ, жасамақ боп ұмтыл.* Бірер **оқталып** тұрып, қосар кеңесін білмей іркілді (Сатаев).

ОҚТАЛЫС *Ілгері ұмтылған талпыныс.* Мұның өзі нысанасына атылар сәттегі **оқталысы** тәрізді (Сейдімбеков).

ОҚТА-ТЕКТЕ *Анда-санда бір, кей-кейде.* ~ пысқырып қояды.

ОҚТАУ *Қамыр жаятын ұзынша жұмыр ағаш.* Қуатты алақан астында **оқтау** тынымсыз, шапшаң қимылдайды (Бердияров). ◊ **Оқтау жұтқандай** — *қақайып, сіресіп қатып қалған, тіп-тік.*

ОҚТАУДАЙ 1. *Түп-түзу, тіп-тік.* ~ тіп-тік, ~ түзу көше. 2. *Сүмбілдей қатқан, жұп-жұмыр.* ~ бұрым, ~ жұмыр білек. ◊ **Оқтаудай боп жараған** — *қаншырдай қатып, әбден бабына келген (ат).* **Оқтаудай ойнады** — *зыр қақты.*

ОҚТАУЛА 1. *Оқтаумен қамыр жаю, жұқалау.* Ол нан **оқтаулаған** Бикенмен сыбыр-сыбыр әңгімеге кірісті (Нақсыбаев). 2. *Оқтаудай етіп жұмырлап орау.* Сүлеймен қойнынан **оқтаулай** оралған бір парақ қағазды алып шықты (Сатаев).

ОҚТАУЛЫ *Қаруға оқ салулы, атуға әзір.* ~ мылтық. ~ пистолет.

ОҚТЫ *Оғы бар, оқталған.* Жалғыз ~, қорғасын ~. ◊ **Оқты көзімен атты [қарады]** — *қаһарлана, зәрлене қадалды.*

ОҚТЫҚ 1. *Арба, шананың жетегі, тертесі.* Шананың ~ғы, арбаның ~ғы. 2. *Мылтықтың оқ салатын қуысы.* **Оқтығың** наган, оғың жай (Әбдіқадыров). 3. *Шідердің балағының аралығы.* Аяғына салғаны, **Оқтығы** таза күдерді (Қамбар батыр).

ОҚТЫН-ОҚТЫН *Әлсін-әлсін, ауық-ауық, дамылдамыл.* ~ жаңбыр сіркіреді.

ОҚУ 1. *Тиісті оқу орнында берілетін білім.* **Оқу**-білім бұлағы, Білім өмір шырағы (Мақал). 2. *Белгілі оқу орнында күнделікті өтетін сабақ.* **Оқу** — білім азығы (Байғанин). □ **Оқу бөлімі** — *белгілі бір мекеменің білім беру жүйесін меңгеретін бөлігі.* **Оқу жылы** — *оқып үйрену барысында жоспармен шектелген бірнеше айлық мерзім.* **Оқу құралы** — *білім беру ісіне қажетті оқулық пен басқа да бұйымдар.* **Оқу орны** — *білім, мамандық беретін, ағарту мекемесі.* **Оқу программасы** — *оқу жылында әр пәннен берілетін білім мен игерілетін дағдылардың мазмұны мен көлемін белгілейтін жоспар.* **Оқу шеберханасы** — *жалпы білім беретін мектептерде оқушыларды қарапайым құралдармен үйретуге арналып жабдықталған бөлме.* **Оқу ісінің меңгерушісі** — *мектептегі педагогикалық процестің ұйымдастырушысы, әрі басқарушысы.*

ОҚУ-АҒАРТУ *Хат таныту, сауаттандыру, білім беру ісі.* Игібай ~ майданында ұзақ жылдар қызмет істеді.

ОҚУ-БІЛІМ *Ізденумен, үйренумен жинақталған білім, мағлұмат жиыны.* Ақылбайдың *оқу-білімі* ауылда оқыған мұсылманша (М.Әуезов).

ОҚУЛЫ *Көп оқыған, білімдар. Оқулы* болудан ақылды болу қиын (М. Әлімбаев).

ОҚУЛЫҚ *Программа мен дидактика талаптарына сай нақты оқу пәнінің мазмұнын ғылыми негізде жүйелеп, баяндайтын оқу кітабы.* Ыбырай алғаш рет ана тілінде *оқулық* — хрестоматия шығарды (Ақынжанов).

ОҚУ-ТӘРБИЕ: оқу-тәрбие жұмысы — *әрі білім беру, әрі тәрбие беру жұмысы.*

ОҚУ-ТОҚУ *Оқу арқылы білім алу, зердедегі білім.* Оның -ы көп.

ОҚУШЫ 1. *Мектеп қабырғасында немесе белгілі бір мамандық алатын оқу орнында оқитын жасөспірім.* Мектеп -сы, училище -сы. 2. *Газет-журнал, кітап оқитын адамдар, оқырман.* - қауым, талғампаз -.

ОҚУШЫЛЫҚ *Оқушыға тән, тиісті.* - форма, - тәртіп, - билет.

ОҚША *Көз ілеспестей тез.* - зулады, - зымырады. ◊ Оқша атылды — *бірден ытқып түсті.* Оқша қадалды — *шаншыла, тесіле қарады.* Оқша борады — *жаңбырдай жауды.*

ОҚШАНТАЙ 1. *этногр. Былғарыдан тігіліп, белдікке тағып оқ-дәрі, құрал салып жүретін қалта; кісе.* Ол *оқшантайынан* қарыс сапты қара қанжарын алды (Жұртбаев). 2. *Мылтық оғын салып жүретін жалпақша келген оқ салғыш қорамсақ.* Оның патрон толы *оқшантайын* беліме іштен байладым (Ә. Әбішев).

ОҚШАУ *Жеке-дара, бөлек, оңаша.* - өскен, - орналасқан. □ Оқшау сөз *(лингв.)* — *сөйлемдегі басқа сөздермен байланысқа түспей, өз алдына бөлектене жұмсалатын сөз.*

ОҚШАУЛА *Даралап бөлу, оңашалау, бөлектеу.* Ауру күдігі бар малды *оқшаулап* ұстап, олар жеке емделеді (Наурызбаев).

ОҚШАУЛАНУШЫЛЫҚ *Дараланушылық, бөлектенушілік.* - пен ұлттық тұрпайылық жоғалуға тиіс.

ОҚШАУЛАУ *Өзгеден шеткерірек, оңашалау.* - жер, - орын.

ОҚШАУЛЫҚ *Шеттеушілік, өзімен-өзі болушылық.*

ОҚШАУ-ОҚШАУ *Бөлек-бөлек, дара-дара, жекежеке.* - қонған.

ОҚШАУЫРАҚ *Елден бөлегірек, оңашарақ, шеткерірек.* - кетті.

ОҚШИМА *Төбесі сүйірлеу, етек жағы қайқы келген бөрік қалпақ.* Бастарына кигендері әшекейлене кестеленген *оқшима* қалпақ (Есенберлин).

ОҚШЫРАЙ 1. *Едірейе, одырая қарау, қоқыраю.* -я бұрылды, -я қарады. 2. *Тіп-тік болып оқшию, биікше болу.* Қарсы қабақта *оқшырайған* шоқының тастақ етегінен қайнап шығып жатқан қасқа бұлақ бар (Мағауин).

ОҚЫ 1. *Жазылған сөздерді дауыстап не іштей қайталап шығу.* Қала шекарасындағы "Хош келдіңіздер!" деген ілтипат сөзді *оқып* едім (Иманбеков). 2. *Белгілі бір оқу орнында білім алу, ілім-білімді меңгеру.* Екеуі де баласының *оқып*, білімді болғанын қалаған (Өрлеу). 3. *Ішінен дұға айтып, арбау, дуалау.* Аурулы үйде қонақтап, Емдейді *оқып*, үшкіріп (С. Мұқанов).

ОҚЫҒАН *Көзі ашық білімді адам, зиялы.* Қазақ *оқығандары* да екі жүйеге бөлінген (С. Мұқанов).

ОҚЫҒАНДЫҚ *Көп білім алғандық, білімділік.* -ғы үлкен мақтаныш.

ОҚЫҒАНСЫ *Оқып тұрған адам болып көріну.* Өзінше бірдеңені *оқығансып* тұрады (Сатыбалдиев).

ОҚЫҒЫШ 1. *Кітапты көп оқитын.* Өзіміздің кітап - баламыз екен. 2. *Нақысына келтіріп, бабымен оқитын.* Даусы зорлығының үстіне ол мейлінше *оқығыш* екен (С. Мұқанов).

ОҚЫЛЫМ *Белгілі бір құжаттың мәжілісте, жиналысқа дауысқа салып бекіту үшін оқылған нұсқасы.*

ОҚЫМЫСТЫ *Ғалым, ғұлама.* - адам.

ОҚЫМЫСТЫЛЫҚ *Білімге, ғалымға тән қасиет.* - беделі бар.

ОҚЫРА 1. *Сиыр малының терісінің астында өсіп жетілетін өте зиянды сәйгел құрт, оқалақ. Оқыра* бөгелектің зиянкестігінен пайда болатын сиыр ауруларының бірі (Жанәбілев). 2. *Ауыс. Ағаш діңіндегі бұтақ орны, без, өзек.* Өру мен тоқуға бұтақсыз, *оқырасы* жоқ бүтін ағаштар таңдап алынады (Қасиманов). 3. *мед. Көзге түскен шел, шодырая тұтасқан ақ.* Сен көзімнің *оқырасын* алып, шымылдығын аштың (Асыл ана). ◊ Оқыра тигендей қылды [болды] — *ойран-топыр болды, астан-кестеңін шығарды.*

ОҚЫРАЙ *Бір жақ шекесінен одырайып қарау.* Оспан оған *оқырая* қарап еді (Хангелдин).

ОҚЫРАҚТА *Одырайып, үркектену, оқыс жалтару.* Ол жақындағанда ат *оқырақтап*, қаша жөнелді (Т. Әлімқұлов).

ОҚЫРАЛА *Сиыр малына сәйгел тиіп, құйрығын тігіп алып, тым-тырақай қашуы. Оқыралаған* өгіздер сай жаққа безіп жоғалды (Мизамбеков).

ОҚЫРАН *Жылқы малының еміренгенде не бір нәрсені сезгенде дыбыс білдіріп, осқыруы.* Оның аты осы манда адам барын сезгендей осқырып, *оқыранып* қояды (М. Қуанышбаев).

ОҚЫРАҢДА *Орынсыз оқырақтау, қожаңдау, әкіреңдеу.* Жалына қоң бітсе мал түгелдердің осылай *оқыраңдайтын* әдеті (Қажыбаев).

ОҚЫРМАН *Әдебиет оқитын қауым, жұртшылық.* Бүгінде М. Әуезовтің, О. Сүлейменовтің әдеби шығармаларын шетелдік *оқырмандар* өз тілдерінде оқиды (Кеңбейілов).

ОҚЫС 1. *Күтпеген жерде, кенет, шұғыл.* Сол сәтте күтпеген *оқыс* жағдай болды (Күмісбаев). 2. *Естуге, көруге ерсі өрескел, тұрпайы, дөрекі.* Ол өзінің *оқыс* қимылынан қымсынғандай болды (Тұрысов). ◊ Оқыс кетті — *жаңсақтық істеді, қателесті.*

ОҚЫСТАН *Күтпеген жерден, кенеттен.* Жайма-шуақ, күннің кейде *оқыстан* астаң-кестеңі шығатыны бар (Ысқабаев).

ОҚЫСТАУ *Ерсілеу, өрескелдеу, тұрпайылау.* Даусының *оқыстау* шыққанын өзі сезген жоқ (Сатыбалдиев).

ОҚЫСТЫҚ *Оғаштық, тосыннан, кенеттен болған ерсілік, өрескелдік.* Қимылында еш *оқыстық* жоқ (Сейдімбеков). □ Оқыстық болды — *қате кетті, жаңсақ басты.*

ОҚЫТУ *Білім беру, шеберлікке, іс-әрекет дағдыларына үйрету және оларды меңгеру процесі.* Оқытуды еңбекпен ұштастыру — *оқыту* әдістерін жетілдіруді талап етеді ("Халық мұғ.").

ОҚЫТУШЫ *Оқу орындарында сабақ беретін, дәріс оқитын, семинар өткізетін, лаборатория жұмыстарын басқаратын оқу пәнінің маманы, мұғалім.* Ол орта мектепке **оқытушы** болып орналасты (Т. Жармағамбетов).

ОҚЫТУШЫЛЫҚ *Оқытушыға тән қасиет, мұғалімдік, ұстаздық.* ~ қабілет.

ОЛ 1. *Үшінші жақты білдіретін жіктеу есімдігі.* Мен сұрайтын едім де, **ол** айтатын еді (Әбішев). 2. *Едәуір қашығырақтағыны, алысырақтағыны нұсқайтын сілтеу есімдігі.* Бұл әдісті кең қолдануға **ол** кезде мүмкіндік болмады (Қалиев).

ОЛАЙ *Дәл соншалық, ондай.* Бірақ, **олай** болған жоқ (Нұрмағамбетов). □ **Олай [болатын] болса** — *ондай жағдайда, ендеше, демек.*

ОЛАЙ-БҰЛАЙ *Біресе олай, біресе бұлай, әрлі-берлі.* ~ лақтырды, ~ қозғалды, ~ қарады. ◊ **Олай-бұлай болып кетсе** — *қапелімде өле қалса.*

ОЛАЙША *Дәл сол сияқты, солайша.* Өз басым **олайша** өмір сүрмес едім (Ж. Молдағалиев).

ОЛАҚ I *Іске икемі жоқ, ебедейсіз, епсіз.* Жасында салақ болсаң, Өскенде **олақ** боларсың (Мақал).

ОЛАҚ II *Малға (қойға) құлақтың ұшының алдыңғы жағынан орай кесіп алып салынатын ен.*

ОЛАҚТАУ *Іс істеуге икемсіздеу, қырсыздау, епсіздеу.* Сөзге ~, шаруаға ~.

ОЛАҚТЫҚ *Іске, шаруаға қыры жоқтық, епсіздік, ебдейсіздік.* **Олақтықтан** салақтық жаман (Мақал).

ОЛБЫР-СОЛБЫР *Алқам-салқам, олпы-солпы.* Киімі ~.

ОЛДА-БІЛДӘ *"Құдай ақы", "құдай біледі".* **Олда-білдә** келеді (Ғ. Мұстафин).

ОЛЖА 1. *Күтпеген жерде пайда болған көлденең табыс.* Олар **олжаларды** партизандар құрамасына табыс етті (Қайсенов). 2. *Тиімді, жағымды.* Түнгі істеген жұмыс та бір **олжа** жұмыстай көрінеді (Кенжетаев). □ **Олжа бала** — *некелі әкесіз туған сәби.* **Олжа болды** — *пайда етті, пайдаланды.* **Олжаға [белшесінен, шаш етектен] батты [кенелді]** — *байлыққа қарық болды да қалды.* **Олжа қылды [түсірді]** — *қажетке жаратты, пайдаланды.* **Олжа салды** — *қарсы жақты жеңіп, тігілген бәйгені бөлісті, иеленді.*

ОЛЖАЛА *Олжаға түсіру, иелену.* Ол бір кеште бір қойды оп-оңай **олжаланып** үйіне қайтты (Өшімханов).

ОЛЖАЛАС 1. *Күтпеген жерде түсімізге еншілес, ортақтас.* Ол әумесер ертең Мәди қолға түсе қалса, **олжалас** болудан да тайынбайды (Әбішев). 2. *Ауыс. Жемтіктес, мүдделес.* Құтырды көпті қойып, азғанасы, Арызшы орыс — олардың **олжаласы** (Абай).

ОЛЖАЛЫ *Түскен кірісі бар, табысты.* ~ оралды, ~ қайтты, ~ болды.

ОЛЖАСЫЗ: олжасыз емес — *қолы құр емес; олжалы.*

ОЛЖАШЫЛ *Олжа тапқыш, олжақұмар.* Ол ~ адам.

ОЛИГАРХИЯ 1. *Ат төбеліндей ақсүйектердің я капиталистердің, финанс магнаттарының саяси және экономикалық үстемдігі.* 2. *Ақсүйектер я капиталистер, финанс магнаттары билеген мемлекет.*

ОЛИМПИАДА 1. *Ежелгі грек олимпия ойындарының үлгісімен 4 жылда бір өткізілетін халықаралық спорт ойындар жарысы.* 2. *Жалпы сахналық ойындар мен түрлі бәсеке, жарыстар.* Жазғы ~, одақтық~, аудандық ~.

ОЛИМПИАДАШЫ *Олимпия ойындарына қатысқан спортшы.* Рудныйлық ~.

ОЛИФА *Зығыр не кендір шайырларын қайнатып, майлы бояулар жасауға пайдаланылатын қабыршық түзгіш сұйық зат; зәйтүн майы.*

ОЛҚЫ 1. *Ныгыздалмаған, орта, бос.* Ойпаң жердің **олқысын** толтырып жасалған жол (Исабаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің кем соғуы, кемістігі.* Тілдің ~сы, көңілдің ~. ◊ **Олқы көрді** — *азырқанды, қомсынды.* **Олқы соқты [түсті]** — *жетімсіздігі, кемшілігі болды, кемістік жасады.*

ОЛҚЫЛА *Онша кемітпей бостау, орталау ету.* Мына ыдысты ~й түс.

ОЛҚЫЛАУ *Жетіспей жатқан, кемдеу.* Сәл осы арасы ~ болды.

ОЛҚЫЛЫҚ 1. *Ныгыздалып толмағандық.* Қаптың ~ғы, жәшіктің ~ғы. 2. *Ауыс. Іс-әрекеттегі жетіспегендік, кемшілік.* Мал басының ~ғы, қызметтегі ~.

ОЛҚЫЛЫ-ТОЛҚЫЛЫ *Әрі-сәрі, екі ойлы, делсал.* Қарт ~ күйде отыр.

ОЛҚЫРАҚ 1. *Аса толмаған, босырақ, ортарақ.* Қапшық ~. 2. *Ауыс. Кемірек, төменірек.* Бұл ән музыкалық жағынан Біржанның басқа әндерінен **олқырақ** түседі (Жұбанов).

ОЛҚЫСЫН *Місе тұтпау, қомсыну.* Өзіңді ~ды, ~ып қалды.

ОЛЛАҺИ *діни. "Құдай ақы", шынымменен.* **Оллаһи,** ұмытып кетіппін, кешір мені (Жақанов).

ОЛ-ПҰЛ *Ұсақ-түйек, жеңіл-желпі, анау-мынау.* ~ шаруа, ~ заттар.

ОЛПЫ-СОЛПЫ 1. *Жинақы емес; қалай болса солай, қиқы-жиқы.* Киімі ~. 2. *Ауыс. Ширақ емес, болбыр, бос.* Жүріс-тұрысы ~.

ОЛПЫ-СОЛПЫЛЫҚ *Болбырлық, бостық.* Ісінен ~ байқалмайды.

ОМ *физ. Электр кедергісінің халықаралық жүйедегі бірлігі.*

ОМА: ома қапты — *жер жастанды, өліп түсті.*

ОМАҚА *Белгіленген жерді, шекараны көрсету үшін топырақтан, тастан т. б. үйілген шағын үйінді.* Тұрғызып **омақаны** әрбір жерге (Көпеев).

ОМАҚАЛА *Омақаға ұқсатып ұю.* Азыңқы жерге **омақалап** көң төккен (Досжанов).

ОМАҚАС *Кенет ұшып түсу, мұрттай ұшу.* ~а жығылды (құлады).

ОМАЛ *Бір жерде отырып қалу, еш нәрсеге араласпау.* **Омалып** кешке дейін үйде отыр (Рахимов).

ОМАН *кәсіб. Үлкен, кең.* ~ арық, ~ ағаш.

ОМАРТА 1. *Бал арасын өсіретін шаруашылық.* Аким **омарта** ұстайтын (Тарази). 2. *Бал арасының бал жиятын үйшігі.* Ол өзі әкелген **омартаны** Бобровка деревнясына орналастырды (Құмарбеков).

ОМАРТАШЫ *Бал арасын өсіруші, омарта ұстаушы адам.* Ол ~ мамандығын алды.

ОМАШ *көне. Ерте заманда жер жыртуға пайдаланылған ағаш соқа.* **Омашты** жеке ат не жеке өгіз де сүйрей алады (С. Мұқанов).

ОМБЫ *Жел, боран үйіп, тапталған күртік, қасат қар.* Тайдай құлжа *омбыға* түсті (М. Мағауин). Машина мұз боп қатып қалған *омбыға* келіп, алдыңғы екі дөңгелегі батты да кетті (Ж. Жұмақанов).

ОМБЫЛА *Күртік, қасат қарға белуардан батып малтығу, зорға жүру.* Қарды -ды.

ОМЛЕТ *кулин. Жұмыртқадан істелген тамақ.*

ОММЕТР *физ. Әрекетті электр кедергілерін тікелей өлшейтін аспап.*

ОМОГРАФ *грамм. Жазылуы бірдей болғанмен айтылуы мен мағынасы әр түрлі сөздер мен сөз формалары.*

ОМОНИМ *лингв. Айтылуы мен жазылуы бірдей болғанмен мағыналары әр түрлі сөздер мен сөз тіркестері.*

ОМПА 1. *Асықтың аша жағын төмен қарата тік түскен кейпі.* 2. *Ауыс. Істің күтпеген жерден, қиыннан сәті келуі.* Асығы **омпа** түсті — *ойламаған сәттілік болды.* 3. *Асықты омпа тігіп ататын ойын.* Қара жол бойында бір топ бала *омпа* ойнап жатыр (Әзиев).

ОМСЫРАЙ *Опыраю, бір нәрсенің орны омырайып, бос қалу, ойсырау.* Оның орны *омсырайып* көрінді (Жақаев).

ОМЫҚ *Күш-қайраты бітіп отырып қалу, омалу.* Ол үйде отыра-отыра *омыққан* көңілден серпілу мақсатында тоғайға барды (Домбаев).

ОМЫР 1. *Шорт сындыру, опырып жіберу.* Қаусап тұрған қайықты *омырып* өте шықты (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Бір шетінен опырып алу, сындыру.* Ол салқын қой етінен *омырып* аузына салды (Серғалиев).

ОМЫРАЙ *Ішке қарай ойысып, орны үңірейіп қалу, опыраю.* Жағы -ды, аузы -ды.

ОМЫРАУ 1. *Жан-жануардың, адамның көкірегі, кеудесі, алқымы.* Нұралы биенің *омырауын* шапалақтап қойды (Домбаев). 2. *Киімнің кеуде тұсы.* Күзекең үстіндегі кең қолтық қасқыр ішігінің *омырауын* ағытты (О. Сәрсенбаев). 3. *Ауыс. Әйелдің төсі, емшегі.* Екеуіне екі *омырауымды* емізіп, ұйықтатып тастадым (Иманғалиев). 4. *Ауыс. Бір бет, өр кеуде, меңмен.* Тұйық адам кейде *омырау* келеді (Қонарбаев). ◊ **Омырауға алды [салды]** — *тықсырды, киіп жарды.* **Омырау жасады [көрсетті]** — *кие жөнелді, кеудеге салды.* **Омырауы жасқа малынды [боялды]** — *қайғыға батты, зар еңіреді.*

ОМЫРАУЛА 1. *Айтқанға көнбеу, бой бермеу.* Ақ-қараны ажыратпай, құр *омыраулайсың* (Нұржекеев). 2. *Күш көрсету, кеудеге салу, басып көктеу. Омыраулап,* киіп-жарып келе жатыр (Ақтанов). 3. *Еңсеру, алқымдау.* Ол отызды *омыраулап* қалған жігіт (Жылқышиев).

ОМЫРАУЛЫ *Алқымы кең, кеуделі, апай төсті.* Еділбай қойына тән қасиет — кеудесі кең әрі *омыраулы* (Әбуғалиев).

ОМЫРАУЛЫҚ 1. *Малдың көкірек тұсы, кеуде ауқымы.* Арқардың *омыраулығы* және кеуделігі биязы жүнді қойдан жоғары (Есенжолов). 2. *Киімнің қайырып тігілген кеуде тұсы.* Пиджақтың *омыраулығының* астында балалар үйінің белгісі де болуға тиіс (Тоқтаров). 3. *этногр. Әшекейлік үшін аттың омырауына ұстайтын қайыс.* Пар аттың өбзел-сайманы екі қамыт, екі *омыраулық* қайыс, терте қайысы (А. Сыздықов).

ОМЫРАУША I 1. *көне. Төсінің өскендігін білдірмес үшін, қыздар киетін тар кеудеше.* 2. *Алжапқыш.* Ұстаханадан алдына *омырауша* байлаған Ботан шықты (Тоғысбаев).

ОМЫРАУША II *Алқа, өңірше, өңіржиек.*

ОМЫРҒЫШ *Шорт сындырғыш, опырып жібергіш.* Көмір -.

ОМЫРТҚА *Бір-бірімен шеміршек буындар арқылы жалғасып, ортасындағы өзегінде жұлын болатын, жан-жануарлардың қаңқа негізі саналатын арқа сүйегі.* Ауыз -, бел -, мойын -. ◊ **Омыртқасы бекімеген** — *буыны қатпаған, жас.* **Омыртқасын омырды [үзді]** — *белін сындырды, құртты.*

ОМЫРТҚАЛА *Мал сойғанда омыртқаны жіктеп бөлу.* -п бұзды.

ОМЫРТҚАЛЫЛАР *зоол. Дене тірегі омыртқалардан тұратын ең жоғарғы сатыдағы жануарлар тобы.*

ОМЫРТҚАСЫЗДАР *зоол. Омыртқасы жоқ жануарлар тобы; ұсақ жәндіктер.*

ОМЫРЫҚ *Омырылып түскен, опырылған.* Шал *омырық* сарғыш тістері ырсиып, үңірейіп үнсіз қалды (Ысқақов).

ОМЫРЫЛҒЫШ *Опырылғыш, опырылып кететін, тез сынғыш.* Дәнді бұршақтың өркендері - болады.

ОМЫРЫЛҒЫШТЫҚ *Омырылғыштық, омырыла бергіштік, морттық.*

ОН *Тоғыздан кейінгі есептік сан.* Өтемістен туған он едік (Махамбет). □ **Он күндік** — *он күнмен шектелетін уақыт аралығы.* **Он шақты** — *шамасы онға жуық.* ◊ **Он екі де бір гүлі ашылмаған** — *кіршіксіз таза, беті ашылмаған.* **Он екі де бір нұсқа жоқ** — *еш нәрсенің әлі басы да құралмағаны.* **Он екі мүше** — *тұп-тұгел тұтас дене.* **Он екі саққа [әр саққа, неше саққа] жүгіртті** — *неше түрлі құбылтты.* **Он қолынан [саусағынан] өнері тамған** — *ағаштан түйін түйетін, өте шебер, ісмер.* **Он салса бір баспайды** — *іске бейімі жоқ, жалқау.* **Он сан** — *қисынсыз көп, қырық рудан құралған.* Орманбеттен аттанған *он сан* ноғай ("Қозы Көрпеш — Баян сұлу"). **Он саусағындай біледі** — *бәрін жыға таниды, жете түсінеді.* **Он сегіз мың ғалам [әлем]** — *жер жүзі, күллі әлем.*

ОНАН-МҰНАН *Әр жерден бір.* - сығалап қарады.

ОНБАСЫ *көне. Орта Азия мен қазақ хандықтарындағы он сарбаз (әскер) үстінен қарайтын әскери лауазым.*

ОНБАСЫЛЫҚ *көне. Он сарбаз үстінен қараушылық, онбасы болушылық.* Оны *онбасылыққа* алды. - етті.

ОНДА 1. *Ол нәрседе, ол істе, ол жерде.* Менің - шаруам жоқ. 2. *Ол кезде, сол уақытта.* Тыныштбай екеуміз *онда* Омардың малын бағып жүргенбіз (Тілегенов). 3. *Олай болған жағдайда, олай еткенде. Онда* тапсырманы кім орындайды (Тоқаев).

ОНДАҒАН *Ұзын ырғасы он шақты, көптеген.* Бүгінгі Дарханда *ондаған* өнеркәсіп орындары бар (Байжанов).

ОНДАҒЫ *Ол жақтағы, жердегі. Ондағы* дәрігерлердің айтуынша, мұғалімнің өкпесі қабынған (С. Мұқанов).

ОНДАҒЫ-МҰНДАҒЫ *Арғы-бергідегі, анау-мынау.* Таң атып *ондағы-мұндағы* көрінген мезгіл (Бадыров).

ОНДАЙ *Ол секілді, соған ұқсас.* ***Ондай*** ойдан аулақ бол (Дәрмағанбетов).

ОНДАЙ-МҰНДАЙ *Анау-мынау, ұсақ-түйек, онымұны.* ~ жағдай, ~ тапсырма.

ОНДА-МҰНДА *Әр жерге (жерде) бір, әрлі-берлі.* ~ нұсқады, ~ болды.

ОНДАТРА *зоол. Сазды, шалшықты суларды мекендейтін терісі бағалы кішігірім жыртқыш аң.*

ОНДЫҚ 1. *Саны он кісіден тұратын сарбаз, әскер.* Сенің отрядың соңына Мерәлінің ***ондығы*** барады (Райымқұлов). 2. *Алғашқы он саннан тұратын жиын.* Мына тұрған жігіттер бүгінгі шабыста алғашқы ***ондыққа*** енгендер (Бердіқұлов). 3. *Карта ойынындағы тоғыздықтан кейінгі реттік қағаз.* Олардың қолындағысы қарғаның алтылығы еді, үстіне ***ондық*** шықты (Т. Әлімқұлов). 4. *тар. Он сарбаздың үстінен қарайтын басшы; онбасы.* Бұрын-соңды ол ***ондық*** болып көрген емес (F. Ахмедов). □ **Ондық бөлшек** *(мат.) — бөлімі 10 санының бүтін дәрежесі болатын бөлшек.* **Ондық логарифм** *— негізі 10-ға тең болатын логарифм.* **Ондық санау жүйесі** *— санаудың кең тараған жүйесі.* **Ондық шам** *— біліктің ені өзгелеріне қарағанда жалпақтау болатын шынылы май шам.*

ОНЖЫЛДЫҚ: **онжылдық мектеп** *— жалпы білім берстін орта мектеп.* ~ қазақ орта мектебі.

ОНКОЛОГ *Қатерлі ісік ауруларын емдейтін маман дәрігер.*

ОНКОЛОГИЯ *Қатерлі ісік ауруларының пайда болу себептерін анықтайтын, емдейтін медицина ғылымының саласы.*

ОНКҮНДІК 1. *Айдың он күн аралығындағы мерзімі.* 2. *Бір нәрсеге арналған сондай он күн.* Өткен ***онкүндікте*** жалаушаға Галя ие болған (Оңғарсынова).

ОНОМАСТИКА *грамм. Тіл білімінің жалқы есімдер жиынтығын зерттейтін саласы.*

ОН-ОНДАП *Он-оннан топтап.* Мысалды ~ келтіруге болады.

ОНСАЙЫС *спорт. Жеңіл атлетиканың он түрі бойынша өтетін спорт жарысы.* Киевте ***онсайысшылардың*** дәстүрлі ойыны болып өтті ("Соц. Қаз.").

ОНСАЙЫСШЫ *Онсайыс жарысына қатысатын спортшы.*

ОНТОЛОГИЯ *Жалпылық негізін, болмыс принциптерін, оның құрылымы мен заңдылықтарын қарастыратын философия саласы.*

ОНША *Бөлендей дерлік, соншалықты.* Көз таныс жұмыс ***онша*** қиындық келтіре қоймас (Сапаров). ◊ **Оншадан мұнша жүріп** *— жүріп-жүріп кеп, өзі өз болғалы.* **Онша емес** *— көңілдегідей емес, шамалы.*

ОНШАЛЫҚ *Оншама, соншалық.* Бүгін бұл маңайда ***оншалық*** әбігер байқалмайды (Тілегенов).

ОНШАЛЫҚТЫ *Соншалықты, оншама.* Шал мына хабарға ***оншалықты*** селт ете қойған жоқ (Нұрмағанбетов).

ОНШАМА *Бөлендей, соншама.* Зейнегүлдің үйі мектепке ***оншама*** қашық емес (Сарғасқаев).

ОНША-МҰНША *Жеңіл-желпі, анау-мынау.* Ол ***онша-мұнша*** сөзге жоқ жігіт (Әбділдаев).

ОНЫ-МҰНЫ *Болмашы, анау-мынау, ол-пұл.* Зейнеттер қолдарында ***оны-мұнысы*** бар жетіп келді (Сейсенов).

ОНЫНШЫ *Тоғыздан кейінгі реттік сан.* ~ бесжылдық, ~ класс.

ОНІКІ *Ол кісінікі.* ~ дұрыс емес.

ОҢ I 1. *Солға қарама-қарсы жақ.* ~ қол, ~ көз, ~ жақ. 2. *Дұрыс, жөн, түзу.* Шаруа ***оңға*** басып келеді (Қаз. әдеб.). □ **Оң дамыту** *(саяс.) — алға қарай, жағымды түрде дамыту.* **Оң өзгеріс** *(қог.-саяс.) — бұрынғы күйінен жағымды жаңалығымен ерекшеленіп тұратын өзгеріс.* ◊ **Оң батасын берді [алды]** *— ризашылығын білдірді, сәт сапар тіледі.* **Оңға баспады** *—* а) *жолы болмады;* ә) *ісі оңбады.* **Оң жағына қондырды** *— қамқорына алды, пана болды.* **Оң жағынан тұрды** *— істің сәті түсті.* **Оң жақ** *(этногр.) — бой жеткен қыздың ұзатылғанға дейін жүретін туған үйі, төркіні.* **Оң жол** *— дұрыс бағыт.* **Оң көзі** *— сенімді адамы, жан ашыры.* **Оң көзімен қарады** *— шын пейілмен күтті.* **Оң қабағын берді** *— жылы шырай көрсетті, жақсы көңіл білдірді.* **Оң қолы** *— сенімді көмекшісі, сойыл соғары.* **Оң мен солын айырды [таныды, білді, аңғарды]** *— ер жетіп есейді.* **Оң мен солына қарады** *— өмірге абайлап назар салды.* **Оң толғағын берсін** *(тілек) — оңай босансын, толғағы жеңіл болсын.*

ОҢ II *Жөнді болу, жетісу.* Оның да ***оңып*** тұрғаны шамалы (Асылғазин).

ОҢ III 1. *Бояуы кету, өңі түсу.* Әсіре қызыл тез ***оңар*** (Мақал). 2. *Ауыс. Өзгеру, құбылу.* Әлде бірдемеден секем алғандай, түсі ***оңып*** сала берді (Қайырбеков).

ОҢАЗА 1. *Қомағай, ашқарақ, тамақсау.* Еңбексіз жалқау наздарға, Құлқынды қожа, ***оңаза*** (Жансүгіров). 2. *Ауыс. Ындыны құрыған, аңсары ауған.* Ол Махамбетке бір түрлі ***оңаза*** қомағайлықпен қарады (Әбуталиев).

ОҢАЗАЛАН 1. *Араны ашылып, ашқарақтану, обырлану.* Олар ораза ұстағандай ***оңазаланып*** қырып барады (Жансүгіров). 2. *Ауыс. Ындыны құру, құмарту.* Оны кездестіремін бе деп талайларға ***оңазаланып*** қараған сәттерім де болды (Шыңғысов).

ОҢАЗАЛЫҚ *Обырланған ашқарақтық, тамақсаулық.* ~ жасады.

ОҢАЙ *Қиындығы, ауырлығы жоқ, жеңіл.* Ағаш кессең ұзын кес, қысқартуы ***оңай*** (Мақал).

ОҢАЙЛА *Іс қиындай түспей жеңілдену.* Алуы ~ды.

ОҢАЙЛАУ *Қиын болмайтындай, жеңілдеу.* ~ сабақ, ~ тақырып, ~ есеп.

ОҢАЙЛЫҚ *Қиынға соқпайтындық, жеңілдік.* ~пен көне қоймады.

ОҢАЙЫРАҚ *Басқаларға қарағанда жеңілірек.* Бұл кісімен сөйлесу ~.

ОҢАЛ 1. *Оңдалып жөніне келу, түзелу.* Көңіл бірауыз сөзден ***оңалады*** (Т. Әлімқұлов). 2. *Қатарға қосылу, жетілу.* Орны бар ***оңалар*** (Мақал). Тұрмыс халіміз біртіндеп ***оңала*** бастады (Қ. Асанов). 3. *Етейіп қоңдану, семіру.* Құла қасқа қазір көкке тойып ***оңалып*** қалды (О. Сәрсенбаев). 4. *Ауыс. Сырқатынан жазылу, сауығу.* Базаралы науқасынан ***оңалды*** (М. Әуезов).

ОҢАША *Өзгелерден оқшау, жекедара, бөлек.* Екеуі ~ қалды. □ **Оңашаланған мүше** *(грамм.) — айқындауыштың бір түрі.*

ОҢАШАЛА *Жеке шығару, даралау, оқшаулау.* ~п жасырын айтқан.

ОҢАШАЛАУ *Жұрт назарынан тыс, бөлектеу, оқшаулау. Оңашалау* жүргенді ұнататын (Жақсыбаев).

ОҢАШАР *Жұрт тарап, үй іші босау, кеңу.* Үй іші ~ды.

ОҢАШАРАҚ *Басқалардан шеттеу, бөлектеу.* ~ отырды.

ОҢБА I *Өркендемеу, өспеу, жетіспеу.* Ағайыннан айырылған қайда барса *оңбайды* (Қаз. әдеб.).

ОҢБА II *Түсі өзгермеу, қалпынша тұру.* ~йтын бояу.

ОҢБАҒАН *Ниеті қара, жексұрын, сұрқия.* ~ адам, ~ неме.

ОҢБАҒАНДЫҚ *Қара ниеттік, жексұрындық, сұрқиялық.* Неткен ~.

ОҢБАҒЫР *Қаргыс, лағнет атқыр. Оңбағырдың* күлкісінің зәрі өңменіңнен өтердей еді (Қазыбеков).

ОҢҒАҚ I *зоол. Судан шығарғанда түсі оңып кететін, денесі ұсақ қабыршықты, шырышы мол тұқы тұқымдас балық.*

ОҢҒАҚ II 1. *Өңін тез өзгертетін, оңғыш.* Шыт оңды-ақ екен. Бірақ *оңғақ* екен (Әлімбаев). 2. *Айнығыш, өзгергіш, тұрақсыз.* Қызық келсе қызықпа, *оңғаққа* ерме (Абай).

ОҢҒАР I *Жолы болып, ісі оңға басу.* Әкемнің жолын *оңғар,* аман барып сау қайтсын (Нұржекеев).

ОҢҒАР II *тарихи. Оң қол, оң қанат.* Ұлы жұңғар және *оңғар* болып екіге бөлінеді.

ОҢҒЫШ 1. *Түсі тез оңып кететін, оңғақ.* ~ мата, ~ бояу. 2. *Ауыс. Айнығыш, өзгергіш, тұрақсыз.* Ол оның еліктегіш, тез *оңғыш* еместігін дәлелдейді (Бердібаев).

ОҢДА 1. *Дұрыстау, жөнге келтіру, түзеу.* Түрмысын ~ды, шаруасын ~ды, көлігін ~. 2. *Сәті түсу, жолы болу, жарылқау. Оңдағанда* тірі екен, әйтеуір! (Райымқұлов).

ОҢДЫ *Жөнді, жақсы, дұрыс, тәуір.* ~ адам, малға ~ күтім керек.

ОҢДЫЛАУ *Басқасынан гөрі тәуірлеу, жақсылау.* Қарсы алдындағы екі қоңыр үйдің *оңдылауына* көз салды (Т. Әлімқұлов).

ОҢДЫЛЫҚ *Жөні түзулік, құрылымы дұрыстық.* Онысы — жайылым жайы, қора *оңдылығы* (Шопан серігі).

ОҢДЫРМА 1. *Еш нәрсе тындыра алмау, тұқ бітірмеу.* Қой, мынауың орынбасар болып *оңдырмас!* (Алдабергенов). 2. *Рақым етпеу, аямау.* Шоқпыт баласы *оңдырмайтынына* байлардың көзін жеткіздің (Әбілев).

ОҢДЫ-СОЛДЫ *Ерсілі-қарсылы, әрлі-берлі.* Тәуекел ата қолындағы таяғын *оңды-солды* сермеп қояды (Нұрмағанбетов).

ОҢЖАҢБЫРЫҚ *Саңырауқұлақтың бір түрі.*

ОҢҚА I *Асықтың аша жағының жоғары қарап тік тұру қалпы.* Асық ~ түсті.

ОҢҚА II *мед. Суық тиіп ауырғанда арқаға қоятын банка.* Науқасқа дәрі-дәрмектер беріп, кеудесіне *оңқа* (банкі) қойдырған жөн (Исамбаев).

ОҢҚАЙ 1. *Тек оң қолымен іс істейтін, жазатын (адам).* Ең болмаса *оңқай* да емессіз, солақай қолмен құбылтасыз (Жақанов). 2. *Малдың оң жақ аяғының асығы.* Құнан қойдың *оңқай* асығы (Салғарин). ◊ **Оңқай асықтай** — *шаруаға епті, ыңғайлы, оңтайлы.*

ОҢҚА-ШОҢҚА: оңқа-шоңқа болды [-сы шықты] — *аяғы аспаннан келді, омақаса құлады.*

ОҢ-СОЛЫ: оң-солын таныды [білді] — *жақсы-жаманды айырды.*

ОҢСЫН *Өз ісін, өз қылығын жөнсіну.* — Ой, бөспе, — деді ешкі қомсынып, Серке өз қылығын *оңсынып* (Рашев).

ОҢТАЙ *Шаруаның реті, қисыны, жөні. Оңтайын* іздеп таба алмады (Бердіқұлов).

ОҢТАЙЛА *Қолайлы ету, ыңғайлау, икемдеу.* Олар автоматтарын *оңтайлап* орман ішіне кірді (Ошамбаев).

ОҢТАЙЛЫ *Ыңғайлы, икемді, епті.* ~ жер, ~ киім, ~ отырыс. □ **Оңтайлы ету** — *барынша қолайлы жасау.*

ОҢТАЙЛЫҚ *Бір нәрсеге икемділік, ыңғайлылық.* Үй шаруасына ~ көрсетті.

ОҢТАЙЛЫЛАУ *Икемдігі бар, қолайлылау.* ~ жер.

ОҢТАЙСЫЗ *Ыңғайсыз, қолайсыз.* ~ тиді.

ОҢТАЙСЫЗДЫҚ *Икемі жоқтық, ебедейсіздік.* ~ғыңыздан болды.

ОҢ-ТЕРІС *Істің ақиқатқа қатысы, дұрыс-бұрысы. Оң-теріс,* обал-сауап құр сөз болып тұр (Байтұрсынов).

ОҢТҮСТІК 1. *Әлемнің төрт бұрышының бірі, солтүстікке қарама-қарсы жағы.* Жел ~тен соқты. 2. *Өте ыстық жылы жер, жылы өлке.* Осы жердің *оңтүстігін* қыстауы етті (Есенберлин).

ОҢТҮСТІК-БАТЫС *Бір заттың оңтүстік жағының батыс түсы.* Оның адресі қаланың *оңтүстік-батыс* жақ шетінде екен (Омаров).

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС *Бір нәрсенің оңтүстік жағының шығыс түсы.* Олар *оңтүстік-шығысқа* қарай тарта берді (Болғанбаев).

ОҢЫҢҚЫ *Түсі бозарыңқы, қашыңқы, солыңқы, өңі қуарыңқы.* Жартылай жеркепедегілердің түстері де *оңыңқы* ("Қаз. әдеб.").

ОП I *Өте терең қазылған шұңқыр, ор.* Ұлығы *опқа* қамаса, жуаны жұт боп жалайды (М. Әуезов).

ОП II 1. *Қомағайлана асау, жұту.* Бір рет *обып* алды (Әжікеев). 2. *Ауыс. Жеп қою, жалмау, сіңіру.* Өте сақ болыңыз, әсіресе социалистік мүлікті *обып* қоймасын (Бегалин).

ОПА I *Қыз-келіншектер бетіне жағатын майда, жұмсақ, ұісті ақ ұнтақ; пудра.* Зуһра бұрынғыдай *опа,* далап, иіс май жағынбайды (Кекілбаев).

ОПА II *Мейір-шапағат, ізгілік.* Ұятсызда ~ болмайды ◊ **Опа бермеді [көрсетпеді, қылмады]** — *қайыр шапағаты тимеді.* **Опасы жоқ сұм жалған [дүние, дүние боқ]** — *тұрлауы жоқ пәни жалған.* **Опа таппады** — *жақсылық көрмеді.*

ОПА III *көне. Алтын, күміс, шыны секілді заттардың жарқырауық беті.*

ОПА-ДАЛАП *Бет-ауызға жағатын, жұпар ұісті түрлі косметикалық заттар.* Ері сүймес әйелге, *опа-далап* не пайда? (Мақал).

ОПАДАР *Сөзге берік, опалы, баянды. Опадарым,* хан қызы, Дұға қылып тұрыңыз (Ғашық-наме).

ОПАЙ-ТОПАЙ 1. *Ұмар-жұмар, опыр-топыр.* ~ алыс басталып кетті. 2. *Астаң-кестең, бей-берекет.* Бұлар оның ~ын шығарды.

ОПАҚ: отырса опақ, тұрса сопақ — *іс әрекеті, жүріс-тұрысы ұнамсыз, жағымсыз.*

ОПАЛ *Түссіз не сүттей ақшыл, сарғыш қызыл түсті минерал.*

ОПАЛА *Бетіне опа жағу, әдемілену.* Бибі бетін аппақ етіп ***опалап*** алған (Есенберлин).

ОПАЛЫ *Баянды, тұрақты, тұрлаулы.* ~ жар, ~ жолдас.

ОПАСАУЫТ *Опаға арналған қорап.*

ОПАСЫЗ 1. *Екі жүзді, сатқын.* Ол Отанын сатқан ***опасыз*** (Әлішев). 2. *Тұрақсыз, тұрлаусыз.* Бір қалыпта тұрмайтын қайран ***опасыз*** жалған-ай! (Сақабаев). ◊ **Опасыз дүние** — *жалған, фәни дүние.*

ОПАСЫЗДЫҚ 1. *Сатқындық, екі жүзділік, оңбағандық.* Мен сенен мұндай ***опасыздықты*** күтпеген едім! (Хасенов). 2. *Жауыздық, дұшпандық.* Неміс фашист басқыншылары елімізге ***опасыздықпен*** шабуыл жасады (Ертілесов). ◊ **Опасыздық етті [жасады, қылды, істеді]** — *тұрлаусыздық істеді, алдады.*

ОПАТ *Өлім, қырғын.* Несіпбай басын сарапқа салдырған осы ***опат*** (М. Әуезов). ◊ **Опат болды** — *мезгілсіз қазаға ұшырады, мерт болды.* **Опат қылды [етті]** — *өлім құштырды, мерт қылды.*

ОПАШЫЛ *Айтқанын екі етпей орындайтын, мейірімшіл, сертшіл.* Балташ жолдасқа ***опашыл*** болатын (Аймауытов).

ОПЕРА *Сахнадағы артистердің оқиғаны оркестрдің сүйемелдеуімен орындайтын, сахналық музыкалы-драмалық шығарма.*

ОПЕРАТОР 1. *Кино түсіруге арналған техникалық құралдардың қызметін реттейтін адам, маман.* 2. *Өнеркәсіп пен әскери техникаларының тетігін басқарушы, бақылап ретке салушы.* Аға ~, дыбыс ~ы.

ОПЕРАЦИЯ 1. ***мед.*** *Адам не жануар денелеріндегі кеселді жою үшін жасалатын хирургиялық емдеу тәсілі.* 2. *Белгілі бір жұмыстың орындалу барысы, атқарылу процесі.* Барлау ~сы. □ **Операция бөлмесі** — *ауруларға операция жасалынатын арнаулы бөлме.* **Операция жасады** — *ауруды не жараны хирургиялық жолмен кесті.* **Операция столы** — *ауру адамға операция жасау үшін дайындалған орын, арнаулы стол.*

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ *Операция жасауға арналған, соған лайық.* ~ бөлмелер.

ОПЕРЕТТА *Музыкалы комедия араласатын, операның шағын түрі.*

ОП-ОҢАЙ *Ешбір қиындықсыз, жеп-жеңіл.* Қолына ~ ілікті.

ОП-ОҢАША *Жеке, оңаша.* ~ отырып әңгімелестік.

ОП-ОҢДЫ *Тәп-тәуір, жап-жақсы.* ~ бала, ~ өлең.

ОППА I *Қатты боранның соң ой-шұңқырларға үйілген борпылдақ, бос қар.* Машина ~ға батып қалды.

ОППА II *Адамды, малды тартып кететін ми батпақ, тартпа.* Жылқы түссе қайтып шыға алмайтын ***оппа*** (Тілеков).

ОППАЛЫ *Қалың оппа қар жиналған, оппасы бар.* ~ қора.

ОППОЗИЦИЯ *Билеуші партияға не үкімет саясатына өз көзқарасын қарсы қоюшы, күресуші адам не партия.*

ОППОНЕНТ *Белгілі бір ғылыми зерттеулерге талдау жасап, баға беруші лауазымы бар адам, ғалым.*

ОПТИКА ***физ.*** *Жарықтың таралуын, жарық пен зат арасындағы құбылыстарды зерттейтін физика ғылымының бір саласы.*

ОПТИКАЛЫҚ *Оптикалық жүйе-оптикалық кескіндер құрайтын, әйнекті аспаптардың жиынтығы.* □ **Оптикалық кескін** — *бір бейнені қалаған формада жасайтын әйнекті аспаптағы көрініс.*

ОПТИМАЛДЫ 1. *Тиімді, ұтымды, үйлесімді.* ~ жоспар. 2. *Қолайлы, қажетті, жеткілікті.* ~ температура.

ОПТИМЕТР *Дененің ұзындығын өте дәлдікпен өлшейтін оптика-механикалық аспап.*

ОПТИМИЗМ *Болашаққа, өмірге сеніммен қарайтын бағыт, өршіл көзқарас.*

ОПТИМИСТ *Болашаққа жарқын сенім артатын, өршіл көзқарасты адам.*

ОПТИМИСТІК *Оптимизмге толы, өршіл ойлы; сенімді.* ~ леп.

ОПТЫҚ *Күші әлсіреу, шаршау, діңкелеу.* Ол жұмыстан қарны ашып, ***оптығып*** келді (Жұмаділов).

ОПЫҚ I *Қапы қалушылық, өкініш.* Улы ***опық*** күні бүгінге шейін жанымды жегідей жейді (Қанахин). ◊ **Опық жеді [жегізді]** — *бармағын тістеді, өкінді.*

ОПЫҚ II *Санын соғып қалу, өкіну.* Қайран өнерім! — деп, кедей одан сайын ***опығып*** жылай беріпті (Қасиманов).

ОПЫҚТЫ *Опық жеген, өкініштi. Опықты күндерді ұмытқандай боламын* (Мұртазаев).

ОПЫН *Опық жеу, өкіну, опығу.* Әттеген-ай! — деп ***опынды*** Мәрзия (Тарази).

ОПЫР 1. *Бүтін затты бөлу, бөлшектеу, ұзу.* Дөңгелек таба нанның бір шетінен ***опырып*** алды (Байхонов). 2. *Бір нәрсені қырату, сындыру, шағу.* Омыртқасын ~ды. 3. ***Ауыс.*** *Белгілі бір істі жапырып істеу, тындыру.* Абызбай жұмысты ***опыра*** істейтін аңқылдақ жігіт (Жақаев).

ОПЫРАЙ 1. *Тісі түсіп қалу, қызыл иек болу.* Аузы ***опырайған,*** сақалы құдай бір шал тұр! (Шәкәрім). 2. *Орны өгейсіп олқы көріну.* Жоламанның орны ***опырайып*** көрінді (М. Қуанышбаев).

ОПЫРАҢДА *Аузын опыраң-опыраң еткізу.* Онысы несі екен аузы ***опыраңдап*** (М. Әуезов).

ОПЫРМАЛЫ *Орта тұсынан опырып екіге бөлетін, бүктемелі.* ~ мылтық, ~ домбыра.

ОПЫРЫҚ I *Жер қабаттарының жарылуы әсерінен тау жыныстарының табиғи алғашқы қалпының бұзылуы.*

ОПЫРЫҚ II *Тісі түсіп қаусаған, омырайған.* ~ ауыз, ~ шал, ~ кемпір.

ОПЫРЫЛҒЫШ *Опырылып қалғыш, опырыла бергіш; морт.* ~ келеді.

ОПЫРЫЛМАЛЫ *Опырылған, опырыла беретін.* ~ жер.

ОР I 1. *Табиғат әсерінен болған немесе қазылған шұңқыр жер.* Терендігі бес құлаш ***орды*** тезақ бітірді (Сматаев). 2. *Соғыс алаңдарында арнайы қазылған бекініс; окоп.* Жоғары қарасам, бір самолет көрінді, біз ***орға*** құлап түстік (Қайсенов). □ **Ор қазғыш** — *жер суландыру, құрғату және т. б. мақсаттарда пайдаланылатын ор қазуға арналған машина.* ◊ **Орға жығылды [құлады, түсті]** — *басына іс түсті, істі болды.* ◊ **Орға жықты [итерді, құлатты]** — *мерт қылды, апатқа*

ұшыратты. **Ор қазды** — *біреуге жаманшылық істеді, қастандық жасады.*

ОР II 1. *Тектес жан-жануарлардың ішіндегі ең ірісі, ең үлкені.* ~ қоян (жылан, түлкі, киік, теке). 2. *Қызғылтым қоңыр түс.* ~ ешкі, ~ көз.

ОР III 1. *Егін, шөп тағы басқаларды орақпен ору, кесу.* Орайы келсе орақ *ор,* кезі келсе кетпен шап (Мақал). 2. *Егін бастыру, астық жинау.* Трактор тіліп жерімді, Комбайн *орды* егінді (Жапсарбаев). ◊ **Орып жіберді [түсті]** — *тартып жіберді, тіліп түсті.*

ОР IV *Су ағысының қазып кетуі, жыру.* Тоғанды су *орып* кетіпті (Шалқарбаев).

ОРА 1. *Бір затты қағазға не матаға көрінбейтін етіп қымтау, орап алу.* Қолында таптүйнақтай қып *ораған* бірдеңесі бар қонақ әйел үйге кірді (Кекілбаев). 2. *Бір нәрсені айналдыра домалақтап түю.* Жіп ~ды, сым ~ды. 3. *Шанду, бұркеу.* Сәлде ~ған, беліне белбеу ~ды. 4. *Ауыс. Айнала жүру, бір айналып келу.* Ол көштің арт жағын бір *орап* қайтты (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Орап алды** — *асып түсті, басым болды.*

ОРАҒЫТ 1. *Алдын орап ойқастау, кескестеу.* Олай-былай ~ты, алдын ~ты. 2. *Ауыс. Әр нәрсені бір шолып, сөзін ұстатпау.* Құнанбай тұспалдап, *орағытып,* ұқтырмай сөйледі (М. Әуезов).

ОРАҒЫШ *Орауға икемді, орайтын.* Мойын ~, бел ~, балтыр ~.

ОРАҒЫШТА *Айналыңқырап жүру, орала өту.* Алдын ~ды.

ОРАҒЫШТЫҚ *Орауға шеберлік, орай алатындық.* Ол ши ~ғын көрсетті.

ОРАЗА *діни. Жылына бір ай бойы күндіз тамақ ішпей ауыз бекітетін діни парыз.* Ол шалдарға еліктеп отыз күн *ораза* ұстайды (Д. Досжанов). □ **Ораза айт** *(діни)* — *ораза айы біткен соң үш күн бойы ауыл аралап, дәмататын діни мейрам.* ◊ **Оразасын ашты** — *таңертеңгі асын ішті.* **Ораза тұтты [ұстады]** — *ауыз бекітті, діни парызын өтеді.*

ОРАЗДЫ *Басына жақсылық үйір, құт-берекелі, бақытты. Оразымен* оттас ет, қыдыр атамен жолдас ет (Жармағамбетов). ◊ **Оразының баласы он үшінде баспын дер** — *ынтымақ-берекесі бар, бақытты адамның ұрпағы ерте жетіліп, тез өседі.*

ОРАЗДЫҚ *жерг. Тамақты дәмдендіретін хош иісті көк-сөк, укроп.*

ОРАЙ I *Адамның төбесіндегі шаштың үйіріліп өскен жері.* Шашын түзеді, *орай* шашы бәрібір қайтадан тікірейіп кетті (Юсупов).

ОРАЙ II 1. *Бір іс-әрекеттің реті, ыңғайы, жөн-жосығы. Орайы* келсе орақ ор (Мақал). 2. *Белгілі бір жағдайға сай, соған лайық.* Айтысты наурыз мейрамына *орай* жылда өткізбек ойдамыз ("Алматы ақшамы"). ◊ **Орайы келді [болды, түсті]** — *реті келді, сәті түсті.* **Орайын тапты** — *қисынын келтірді.*

ОРАЙ III *Үйірілген, оратыла айналған қозғалыс, қимыл. Орай* да борай қар жауса (Махамбет).

ОРАЙЛА *Туралау, ыңғайлау, көздеу.* Алда жүз шақырымдай жер бар, аттардың күшін соған *орайла* (Молдағалиев).

ОРАЙЛАН *Ретіне келу, жөнге түсу.* Осы жұмыс *орайланғанша* түра тұр (Ауызекі).

ОРАЙЛАС *Ұқсас, сай; сәйкес.* Елжан екеуміздің ойымыз *орайлас* келді (Иманбеков).

ОРАЙЛЫ *Ретті, қолайлы, ыңғайлы.* ~ сөз, ~ кезең.

ОРАЙСЫЗДЫҚ *Жайсыздық, қолайсыздық, ыңғайсыздық.* ~ пайда болды.

ОРАЙЫНДА *Реті, қолайы келгенде, ыңғайында. Өңгіме* ~, сөз ~.

ОРАҚ 1. *Егін, шөп оруға арналған жарты ай тәрізді имек өткір жүзді еңбек құралы.* Бел ~, қол ~. 2. *Егін ору кезі; науқан.* ~ басталды, ~қа шықты. □ **Орақ мұрын [тұмсық]** — *ортасы дөңестене келген имектеу үлкен мұрын.* ◊ **Орақ ауыз, от тілді [орақ тілді, от ауыз]** — *өткір, тұрашыл, тілді кісі.* **Орақ берекеге [тілек]** — *егіннің түсімі мол болсын!* **Орақ салды [түсті]** — *егін ору кезі басталды.*

ОРАҚАУЫЗ *Шешен, өткір тілді адам. Орақауыз* билер өткен қазақта (Ауызекі).

ОРАҚТАЙ 1. *Имиген, қисық.* Атылатұғын садақтай, имиіп алмас *орақтай* (Көроғлы). 2. *Ауыс. Батыл, өткір.* ~ тіл, ~ жер.

ОРАҚТҰМСЫҚ *зоол. Биік тауды мекендейтін құс.*

ОРАҚШЫ *Орақ оруға шебер адам. Орақшының* жаманы орақ таңдайды (Мақал).

ОРАҚШЫЛЫҚ *Орақ ору кәсібі, шеберлігі.* Құсманның *орақшылық* өнері соңғы күні ғана танылды (Сегізбаев).

ОРАЛ I 1. *Белгілі бір жерден қайту, қайтып келу.* Ол туған ауылына қайта ~ды. 2. *Екінші рет соғу, көңіл бөлу.* Дағдыдан шығып, кейін ~ған себебім бар.

ОРАЛ II *Сәтті кез, ыңғай, ыңғайлы жай, жағдай.* Сөздің ~ы кеп тұр. ◊ **Оралыңның барында** — *дәуренің жүріп тұрғанда; кезінде.*

ОРАЛ III *Күш, шама, әл, қуат, мүмкіндік.* Барында *оралыңның* ойнақтап өт, қара жер әліақ бір күн кетер тартып (Халық өлеңі).

ОРАЛҒЫ I *Кедергі, бөгет.* Семья болу оңай ма, оқуға *оралғы* түседі (Әкімқұлов). ◊ **Оралғы болды** — *бөгет жасады, кедергі келтірді.*

ОРАЛҒЫ II *Қайтқан қарым, төлем, өтем.* Апамның өшкенінің *оралғысы,* жоғалғанының жоралғысы сен (Жұмақанов). ◊ **Оралғысы болсын** *(тілек)* — *өткен-кеткеннің өтеуі, қайтуы болсын!*

ОРАЛМА *Алыстан орағытатын, айналма, бұрылыс, орағытпа.* Ол жол ~.

ОРАЛМАЛЫ *Оралып өсетін, оратылған.* Өсімдіктің ~ мұрттары болады.

ОРАЛУЛЫ *Орап қойған, ораулы тұрған.* ~ қағаз, ~ мата.

ОРАЛЫМ I 1. *Сөз саптау; қисын.* Сөз ~ы, тіл ~ы. 2. *Еп, икем. Оралымы* азайған ауыр дене бірнеше бұтақты сындырып барып әрең тыныққты (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Оралымға келмеді** — а) *уақыт тығыз, қысқа болды;* ә) *аузына сөз түспеді, сөзі қиыспады.*

ОРАЛЫМ II *Бұрылыс, квартал.* Жол айырықтарында жаңа *оралымдар* жасау жобаланды ("Лен. жас").

ОРАЛЫМ III *Айналмалы алаң, шеңбер. Оралымы* он шақырымдық жерге екі ат та қарқындап қапты (С. Мұқанов).

ОРАЛЫМДЫ 1. *Өрісі кең, икемді.* ~ тіл, ~ сөз. 2. *Іске, өнерге бейім, шебер.* Шаруаға ~, биге ~.

ОРАЛЫМДЫЛЫҚ *Ой-өрісі кеңдік, тапқырлық, алғырлық.* Тілдегі ~, өндірістегі ~.

ОРАЛЫМСЫЗДЫҚ 1. *Келте қайырушылық, өресіздік.* Шаруашылық басшыларының ~ғы. 2. *Икемсіздік, пайымсыздық.* Орашолақтық пен ***оралымсыздық*** — малшының жауы (Ұябаев).

ОРАМ I 1. *Заттың сыртын ораған бума, байлам.* Бір ~ қағаз (мата, жіп) 2. *Сөз саптауы; оралым.* Сөз ~ы, тіл ~ы, ой ~ы.

ОРАМ II *Қиғаш, бұрыс көше (квартал).* Тағы бір-екі ~ды кесіп өткен соң іздеген үйді таптық.

ОРАМА I *Бір затты, бұйымды орайтын қағаз.*

ОРАМА II *Жайма қамыр мен тартылған ет араластыра, бүктеп орам жасаған тағам.* Балалар таза еттен гөрі ~ны тәуір көреді.

ОРАМА: **орама білезік** — *орап тұратын, жұмыр білезік.* **Орама нан** — *арасына ет салып, қамырға оратылған, буға пісетін дәмді тағам.* **Орама пеш** — *сырты қаңылтырмен қапталған дөңгелек пеш: голланд пеші.* **Орама теру** *(этногр.)* — *өрмектің ерсісі, қарсысы және арқауы бәрі бір түсті жіптен тоқылатын тәсіл.* **Орама ши** — *әрбір талының сыртына боялы жүн орап тоқылған ораулы ши.*

ОРАМАЛ 1. *Бет және қол сүртуге арнайы жасалған, төрт бұрышты мата.* Бет ~, майлық ~, сулық ~. 2. *Әйелдер басына салатын жаулық; бас орамал, жаулық.* Жібек ~, түбіт, шыт ~. □ **Орамал тастамақ** *(этногр.)* — *дөңгелене отырғандарды айналып жүріп, қалаған адамның сыртынан орамал тастап ойнайтын жастар ойыны.*

ОРАМАЛА 1. *Қайта-қайта орағыштау, орай беру, айналсоқтау.* Қағазды ~ды, жіпті ~ды. 2. *Ауыс. Сынап-мінеу, шалуыттау.* Сөйлейсің қалай-қалай ***орамалап*** (Айтыс).

ОРАМДАС *Араласу, астасу.* Ортақ оймен ~ты.

ОРАМДЫ 1. *Көкейге қонымды, орынды.* ~ тіл, ~ іс, ~ ой. 2. *Икемді, ыңғайлы, бейімді.* Орамды жігіт, ~ қол, қимылы ~.

ОРАМДЫЛЫҚ *Бір іске қабілеттілік; ептілік, икемділік.* Мәрзияның ***орамдылығына*** ол іштей сүйсінді (Әкімқұлов).

ОРАМ-ОРАМ *Буда-буда, шүйде-шүйде, келде-келде.* ~ жіп.

ОРАМСЫЗ 1. *Икемі жоқ, ебедейсіз.* ~ адам, ~ киім. 2. *Орынсыз қылық, әрекет.* ~ мінез.

ОРАМСЫЗДЫҚ *Бейімі жоқтық, ыңғайсыздық.* ~ көрсетті.

ОРАНГУТАНГ *зоол. Үстін түк басқан, адам тәрізді, құйрықсыз маймыл.*

ОРАНЖЕРЕЯ *Өсімдіктер өсіру үшін арнайы жасалған, бірқалыпты температура сақталатын жарық орын.*

ОРАНЫП-ҚЫМТАН *Жылы киініп тұмшалану, орану.* ~ып отыр.

ОРАНЫШ *Бір нәрсенің сыртын ораған зат.* **Оранышынан** су өтті (Ғаббасов).

ОРАҢ: **ораң етті** — *қолапайсыз қимылдады; арбаң етті.*

ОРАҢДА *Ораң-ораң ету, қолайсыз қимылдау, сораңдау.* Жәнібек ***ораңдап*** зорға жүріп келеді (Жұмаділов).

ОРАСАН 1. *Өте, аса, тым.* ~ мол, ~ қымбат, ~ зор. 2. *Ерекше, айрықша, ғажайып.* ~ батылдық, ~ өзгеріс, ~ күш.

ОРАСАНДЫҚ *Таң қаларлық, молдық, көптік.* Көрген қорлық ***орасандығынан*** көзімнен жас ытып-ытып кетті (Сейфуллин).

ОРАТОРИЯ *муз. Жеке дауысқа, хорға не симфониялық оркестрге арналып жазылған, көп бөлімді музыкалық шығарма.*

ОРАУ *Бір нәрсенің сыртын ораған зат, орам.* Газеттің ~ы, матаның ~ы. □ **Орау машинасы** — *көптеп шығарылатын тағамдық заттарды даналап немесе белгілі мөлшермен топтап орауға арналған автомат.* ◊ **Орау болды [аяғына орау болды]** — *қол байлау болды; кедергі жасады.* **Орауда отырған әйел** — *жас босанған, емшекте баласы бар әйел.*

ОРАУЛЫ 1. *Сыртында орауы бар, оралған.* ~ қағаз, ~ нәрсе, ~ киім. 2. *Таңулы, байлаулы.* Қол-аяғы ~. □ **Ораулы ши** *(этногр.)* — *түрлі-түсті жіппен оралып тоқылған шым ши.*

ОРАУШЫ *Затты буып-түйетін, байлайтын қызметкер.*

ОРАУЫШ *Бір затты сыртынан орауға арналған мата, қағаз.* Балтыр орауыш, мойын ~.

ОРАШОЛАҚ *Еш нәрсеге бейімі жоқ, епсіз, ебедейсіз, олақ.* Жасынан қалада өскен ол ауыл тіршілігіне ***орашолақ*** еді (Соқпақбаев).

ОРАШОЛАҚТАН *Ебедейсіздену, олақтану.* Оны бір нәрсеге жұмсаса ~п бүлдіріп алады.

ОРАШОЛАҚТАУ 1. *Іске қыры жоқтау, епсіздеу.* Шаруаға ~. 2. *Үстірттеу, қысқалау, жүйесіз.* ~ сөз, ~ пікір.

ОРАШОЛАҚТЫҚ *Сөзге, іске олақтық, қырсыздық.* Мақал-мәтелдерді аударуда әлі де ***орашолақтық*** көзге көп шалынады (Әлімбаев). ◊ **Орашолақтық жасады [көрсетті]** — *қырсыздық, олақтық істеді.*

ОРБИТА *Аспан планеталарының күнді айналу жолы; планета сыртындағы кеңістік.* □ **Орбитаға шықты** — *спутник не корабль жерден ажырап, планетаның сыртына шықты.* **Орбита станциясы** — *орталық телевизия хабарларын алысқа таратуға әрі алыстан қабылдауға арналған байланыс жүйесі.*

ОРБИТАЛЫҚ *Орбита үшін жұмыс істеуге арналған, орбитаға шығарылатын.* ~ станция.

ОРГАН I ***муз.*** *Ішіне көрікпен сығымдалған ауа толтырылатын кернейлер жиынтығынан тұратын көлемі үлкен, үрлемелі клавишті музыка аспабы.*

ОРГАН II *Белгілі бір мекеме, ұйым, әкімшілік орын.* Баспасөз ~ы.

ОРГАН III *Жануарлар мен өсімдіктің белгілі бір қызмет атқаратын мүшесі.* Ас қорыту ~ы, тыныс алу ~ы.

ОРГАНИЗМ *Адам және жан-жануарлар денесі, ағза.* □ **Организмді тірілту** — *тыныс алу органдары, жүрек және орталық нерв жүйесінің баяулаған не жаңа тоқтаған жұмысын қалпына келтіру; реанимация.*

ОРГАНИКАЛЫҚ 1. *Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне жататын.* ***Органикалық*** дүние миллиондаған жылдарға созылған эволюция процестері негізінде қалыптасқан (ҚСЭ). 2. *Организмге тән, денеде болатын.* Жануарлардың ~ құрылыстары. □ **Органикалық зат** — *белгілі бір дене, құрылым.* **Органикалық қосылыстар** — *құрамында көміртегі, сутегі,*

азот бар химиялық қоспа. **Органикалық қышқылдар** — *құрамында карбоксия тобы (СООН) бар органикалық қосылыс.* **Органикалық тыңайтқыш** — *жерді құнарландыру үшін пайдаланатын, жай және химиялық қоспалар.* **Органикалық химия** — *көміртекті химиялық қосылыстардың өзгеру заңдылықтарын зерттейтін химияның бір саласы.*

ОРҒЫ *Секіру, ырғу.* Ор киіктей [текедей] ~ды, қояндай ~ды.

ОРҒЫЛ-ОРҒЫЛ *Қырат-қырат, белес-белес. Орғыл-орғыл* таулардан орағытып өткен жүйрігім (Мағауин).

ОРҒЫЛА 1. *Қарғу, секіру, ырғу.* Құландар қырын кетіп *орғылаған* (Бектемісов). 2. *Ора тұсу, жапыру.* Тікенекті тоғайды, Дәй орақпен *орғылап* (Манас).

ОРҒЫШ *Оруға шебер, ұста.* Колхоздың барлық *орғыштары* егінді жапыра шауып жүр (Нұршайықов).

ОРДА 1. *Орта ғасырдағы көшпелі елдердің ұлыстық, мемлекеттік атауы, әкімшілік, саяси басқару орталығы, ел билеушілер тұрағы.* Алтын Орда хандарының жазғы *ордасы,* көбіне Дон, Днепр бойында болған (Мағауин). 2. *Ауыс. Өнер білім, мәдениет т. б. топталған орны, қайнаған ортасы.* Ғылым-білім ~сы, ойын-сауық ~сы. 3. *Ауыс. Үлкен еңселі, салтанатты үй.* Таңдап алған белгілі *ордалары* бар (Мағжан). **Орда бұзды** — *хан сарайына шапты, қамал бұзды.*

ОРДАЛЫ 1. *Кең сарайдай үйі бар.* Ақ ~, ~ шаңырақ. 2. *Ауыс. Өскен-өнген, тұқым-тұқияны көп, әулетті.* Дәулетбай сияқты *ордалы* байдың қызына кім қызықпайды (Исабеков). □ **Ордалы жылан** — *бір жерге үймелеп жиылған жылан.*

ОРДАҢ *Тәкаппар, кердең; өрескел.* ~ емес, әдепті. ◊ **Ордаң етті** — *тәкаппарлық жасады, кердеңдеді.*

ОРДАҢДА *Кердеңдеу, маңғаздану, паңсыну, тәкаппарсыну.* Ол төрт түлігі сай адамдай *ордаңдай* басты (Қаз. әдеб.).

ОРДЕН *Отан қорғауда және қоғамға сіңірген ерекше еңбегі үшін берілетін үкімет наградасы.* Батыр ана ~і, Халық қаһарманы ~і. □ **Орден алды [тақты]** — *орденге қолы жетті.*

ОРДЕР 1. *Пәтер алғанда не басқа бір затқа иелік еткенде берілетін куәлік қағаз; құжат.* 2. *Біреуді ұстауға, қамап қоюға үкімет жағынан шығарылған арнаулы шешім қағаз.* Қағазды Асқар алып оқыса, оны тұтқындау туралы *ордер* екен (С. Мұқанов).

ОРДИНАТОР *мед. Емханадағы, ауруханадағы емдеуші дәрігер.*

ОРКЕСТР *Музыкалық шығарманы ғралуан аспаптарда орындайтын музыканттар тобы.* Домбыра ~і, ұлт аспаптар ~і.

ОРКЕСТРЛІК *Оркестрге арналған, оркестр үшін.* ~ сюиталар, ~ кіріспе.

ОРҚАШ *Өркеш-өркеш, ойлы-қырлы.* Қонақтар есіктің *орқаш* табалдырығынан аттады (Аймауытов).

ОРҚЫРА *Жылқының шұрқырауы, қатты кісінеуі.* Бес қасқыр мен айғырдың *орқырай* тістесіп кісінегенін баяндайтын "Боз айғыр" күйі (С. Мұқанов).

ОРЛА *Ор, шұңқыр қазу, орға айнала төңірек топырақ үю.* Ақбөпең келіп жығылар Алдын қазып, *орласа* (Алдаспан).

ОРЛЫ 1. *Оры бар, ор қазылған;* 2. *Ой-шұңқырлы, шұқанақты.* ~ бекініс, ~ жер.

ОРМА I *Астығы орылған атыз, егінжай.* Қой шабындық *ормасы* мен астығы жиналған егістікке жайылады (Шопан сырласы).

ОРМА II *Судың орып кеткен жері. Ормаға* лық етіп түсіп кеткен көк ат суға күп етті (Бегалин).

ОРМАН *Кең алқапта өскен көп ағаш, қалың тоғай.* Қалың ~, жасыл ~, көк ~. □ **Орман сусары** — *ақшыл қоңыр түсті, құйрығы ұзын, бағалы аң.* **Орман шаруашылығы** — *ағаш өсіру, күту, оны пайдалану жүйелерін қамтитын ауыл шаруашылығының бір саласы.*

ОРМАНДАН *Орман пайда болу, орманға айналу.* Жеріміз ұлан-байтақ *орманданды* (Айнабекұлы).

ОРМАНТАНУ *Орман жайлы түсінік беретін ғылым, пән.* ~ кафедрасы.

ОРМАНША *Аумағы шағындау орман.*

ОРМАНШЫ *Орман қызметкері.* ~ болып істейді.

ОРМАНШЫЛЫҚ *Орман шаруашылығымен айналысушылық, орман егушілік.* Біздің негізгі кәсібіміз *орманшылық* (Исабаев).

ОРНА 1. *Қоныс тебу, орнығу.* Жаңа қала *орнады* (Мәуленов). 2. *Қалыптасу, беку, құрылу.* Ескі өмір қирап, оның орнына жаңа заман *орнады* (Д. Досжанов).

ОРНАЛАС 1. *Орнығу, жайғасу.* Бәріміз бір мейманханаға *орналастық* (Нұршайықов). 2. *Жұмысқа, қызметке тұру.* Оқытушы болып ~ты.

ОРНИТОЛОГ *зоол. Құстар өмірін зерттеуші ғалым.*

ОРНИТОЛОГИЯ *Зоологияның құстар өмірін зерттейтін саласы.*

ОРНЫҚ 1. *Бір жерге мекендеу, қоныстану.* Көшпелі ауыл ~ғып село болды. 2. *Ауыс. Көңілі орнына тұсу, жайлану, тыныштalу.* Жүрегі ~ты, ойы ~ты, көңілі ~ты.

ОРНЫҚСЫЗ *Нықтап орнықпаған, орны жайсыз.* ~ тұрған мүсін, ~ ыдыс.

ОРНЫҚТЫ 1. *Тиянақты, жайлы, қолайлы.* ~ пікір (семья, жігіт). 2. *Ауыс. Байыпты, салмақты.* ~ бала, ~ адам.

ОРНЫ-ОРНЫМЕН *Жөнімен, ретімен.* Сөзді ~ сөйледі, шаруаны ~ істеді.

ОРНЫ-ОРНЫНА: орны-орнына қойды — *бір затты өз ретімен орналастырды.*

ОРПА *жерг. Құмды, шөлейтті жерлерден қазылған бастау, тайыз құдық.*

ОРТА I 1. *Белгілі бір мөлшерге жетпеген, толық емес, жартылай.* ~ қап тезек, ~ шелек су. 2. *Бір мезгілдің аралығы, жартысы.* Айдың ~сы, жылдың ~сы. 3. *Белгілі бір жердің деңгейі.* Қаланың ~сы, үйдің ~сы. □ **Орта бойлы** — *онша биік те емес, аласа да емес, орташа.* **Орта білім** — *он жылдық білім дәрежесі.* **Орта ғасыр** *(көне)* — *көне дәуір мен жаңа дәуір аралығы.* **Орта есеппен** — *шамамен, орташасын алғанда.* **Орта жүз** — *қазақ халқының этникалық құрамына енген рулар мен тайпалардың саяси, экономикалық және мәдени бірлестігі.* **Орта мектеп** — *он жылдық білім беретін оқу жүйесі.* **Ортаға алды** — *қаумалады, кеу-кеуледі.* **Ортаға салды** — а) *көрген-білгенін басқаларға айтты;* ә) *өз мұлкін көпшілікпен бөлісті.* **Орта жол [жол ортасы]** — *баратын жеріне*

дейінгі жол аралығы. **Орта қолды жұмыс** — *қиын да емес, оңай да емес, орташа.* **Орта толсын!** *(тілек)* — *бас көбейсін, жан көбейсін!* **Орта шаруа** — *әл-ауқаты орташа адам.*

ОРТА II *Адам қоршаған, қатынас жасайтын адамдар тобы.* ***Ортаңа*** қарап өзіңді таны (Мақал). Өскен ~, шыққан ~.

ОРТАЙ 1. *Деңгейі төмендеу, қайту, тартылу.* Теңіз ~ды, қазан ~ды 2. *Ауыс. Бәсеңдеу, саябырлау, басылу.* Көңілі ~ды, пейілі ~ды, қайғысы ~ды.

ОРТАҚ I *тар. Бірнеше адамнан немесе көп адамдардан құралған бірлестік, шаруашылық.* Әркім қос өгізін ***ортаққа*** өткізіп, жер жыртуға шықты (Соц. Қаз.).

ОРТАҚ II *Көпшілікке арналған, баршаға тән.* Шебердің қолы ***ортақ*** (Мақал). □ **Ортақ етіс** *(лингв.)* — *екі не одан да көп адамдардың қимыл-әрекетін бейнелейтін етіс категориясы.* ◊ **Ортақ болды** — *қожалық етісті, бөлісті.* **Ортақ тіл тапты** — *ойлары бір жерден шықты, пікірлес болды.*

ОРТАҚТАС I *Еншілес, иелес.* Табысқа ~, олжаға ~.

ОРТАҚТАС II *Бір нәрсеге ортақ болу, бірлесу, ұжымдасу.* Көп жан колхоз боп ***ортақтасып*** егін салды (Нұртазин).

ОРТАҚТЫҚ *Ортақ болушылық.* Ешкімнің ~ғы жоқ.

ОРТАҚШЫЛ *Қолында барын ортаға салғыш, көпшіл.* Ол студент шағында көпшіл, ***ортақшыл*** сияқты еді (О. Сәрсенбаев).

ОРТАҚШЫЛДЫҚ *Қоғамшылдық, көпшілдік.* Шын жолы адамдықтың ***ортақшылдық*** (Тәкежанов).

ОРТАЛА *Толы затты азайту, тең жартысына жету.* Екеуі жабылып табақты ***орталай*** да алған жоқ (Нұрмағамбетов). Қазір күз болса ***орталап*** қалды (Ибрагимов).

ОРТАЛАУ 1. *Толы емес, жартылау, аздау.* ~ шелек, ~ кесе. 2. *Ауыс. Нашарлау, орташа.* Оның ерке өскен кенжесі оныншы класты ***орталау*** бітірді (Адамбеков). □ **Орталау мектеп** — *8 класты білім беретін толымсыз орта мектеп.*

ОРТАЛЫҚ 1. *Белгілі бір аралықтың бел ортасы, орта тұсы.* Дөңгелене қонған ауылдың ***орталығында*** үлкен қамыс кепе тұр (Тоқмағамбетов). 2. *Саяси-әкімшілік орындар орналасқан басты қала.* Өскемен — кенді Алтайдың ***орталығы*** (Жарық жұлдыздар). 3. *Ауыс. Негіз, тірек, күш.* Өнер ~ғы, мәдени ~. □ **Орталық баспасөз** — *орталықтан басылып шығатын газет-журнал.*

ОРТАЛЫҚТАНДЫР *Бір ортаға жинақтау, топтау, біріктіру.* Шопандар қонысын ~ды.

ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ 1. *қ. атау. Орталықтандыр-у.* 2. *Белгілі бір қызмет түрін бір орталыққа шоғырландыру, бір орталыққа бағындыру.* ~ стрелкасы пайдалануға берілді.

ОРТАН: ортан бел — *дәл ортасы, тең жартысы.* **Ортан жілік** — *жамбас пен асықты жілікті ұштастыратын аралық жілік.* **Ортан қол [саусақ]** — *бес саусақтың ортасындағы, ұшіншісі.* **Ортан қолдай** — *сайдың тасындай мықты.*

ОРТАНҒЫ *Орта шеніндегі, орта тұсындағы аралық.* ~ бөлме, ~ парта.

ОРТАНШЫ 1. *Бір нәрсенің ортасындағы, ортаңғы.* ~ жәшік. 2. *Үлкен де емес, кіші де емес, шағын.* ~ чемодан, ~ кесе. 3. *Бірге туған үш баланың екіншісі.* ~ ұл, ~ қыз, ~ келін.

ОРТАНШЫМ *этнограф. Жеңгесінің ортаншы қайнысына қойған аты.* Бәріміздің ұйтқымыз еді ***ортаншым*** (Тоқтаров).

ОРТАША I *Жақсы да, жаман да емес; қанағаттанарлық.* ~ баға, ~ білім.

ОРТАША II *Шаруашылығы жағынан бай-кулак пен кедейдің аралығындағы шаруа.* Кедейлер мен ***орташалар*** көмекке бір-бір қой берсін деген байлам жасалды (Жігер).

ОРТАШАЛАН 1. *Азаю, кему.* Зәуренің әкесінің малы жұтқа ұшырап, ***орташаланып*** қалған (“Қаз. әдеб.”). 2. *Орта шаруаға айналу.*

ОРТАШАЛАУ 1. *Орта бағамен, нашарлау.* Ол институтты ***орташалау*** бітірді (Шашкин). 2. *Шаруа жайы орташаға жете қабыл болу.* Медеш ***орташалау*** кісінің баласы еді (Майлин).

ОРТАШЫЛ *Көпшілік қауымға бейім, көпшіл.* Ол әңгімешіл, ***орташыл*** болатынды (Исаев).

ОРТҚЫ *Секіру, ырғу, шоршу.* Балық мезгілмезгіл ***ортқып*** жатты (Қаз. әдеб.).

ОРТОДРОМИЯ *Жер бетіндегі екі нүктенің арасындағы ең қысқа сызық.*

ОРТОПЕДИЯ *мед. Адам организмінің кемістігін түзеу үшін, емдеу және профилактикалық шараларды жүргізетін хирургияның бір саласы.*

ОРУЛЫ *Орылған, шабылған.* ~ шөп, ~ егін.

ОРУСЫЗ *Орылмай қалған, орылмаған.* ~ тұрған астық.

ОРФОГРАФИЯ *лингв. Тілдегі сөздерді дұрыс қолдану және дұрыс жазу ережелерінің жүйесі.*

ОРФОГРАФИЯЛЫҚ *Орфографияға тән, соған қатысты.* ~ ереже. □ **Орфографиялық сөздік** — *белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуын көрсететін емле сөздігі.*

ОРФОЭПИЯ *Сөзді әдеби тілдің нормасына сай етіп дұрыс айта білу қағидасы.*

ОРХОН: орхон жазуы — *Орхон өзенінің бойынан табылған түркі ескерткіштері жазылған, көне түркі жазуы.*

ОРШЫ *Бір орында тұрмай ыршу, ытқу.* Бозторғай ***оршып*** түсіп, тұмсығы жыланға тиер-тимес елбелектеп жүр екен (Аймауытов).

ОРЫМ *Ору ісі, орақ кезі.* Күріш ~ы, жоңышқа ~ы, көктемгі ~.

ОРЫН 1. *Бір нәрсені қоятын, орналастыратын кеңістік; отыратын, тұратын, жататын жер.* Тойға барсаң бұрын бар, Бұрын барсаң ***орын*** бар (Мақал). 2. *Белгілі бір мәртебе, қызмет, жұмыс.* Қарағым, отырған ***орныңды*** бұлдама (Бегалин). 3. *Ауыс. Бір нәрсені екінші нәрсемен салыстырғанда алатын ерекшелік, салмағы, реті.* Абайдан кейін қазақ поэзиясына жаңалық қосқандардың ішінде Сәкеннің ***орны*** бөлек (Қаз. әдеб.). ◊ **Орны бөлек** — *басқадан ерекше, жөні басқа.* **Орны біткен ескі жара** — *қасіреті, күйігі басылған ескі әңгіме.* **Орнына егін [жуа, пияз] ек** — *орнымды меншіктеп иемдене берсін, не істесе, өз еркі.* **Орнына келді** — *өз қалыбына түсті, тәртіпке келді.* **Орнынан алды [алыпты]** — *қызметінен түсірді.* **Орнынан тұрғысыз етті** — *қатты ұялтты, масқаралады.* **Орнын сипап [сипалап] қалды** — *орнынан таба алмай қалды.* **Орнына жалғыз [қуыс] құрай** —

қолыңнан ештеңе келмейді барың да, жоғың да бірдей. Орны үңірейді — *жоқтығы білінді.* Орын алды — *белгілі бір өзіндік сипатқа ие болды.* Орын тепті — *бір жерге тұрақтады, қоныстанды.*

ОРЫНБАСАР *Мекеме бастығының бірінші көмекшісі, оның қызметін атқаратын адам.* Совхоз директорының ~ы, газет редакторының ~ы.

ОРЫНБАСАРЛЫҚ *Орынбасар қызметін атқарушылық.* ~қа мені ұсынды.

ОРЫНДА 1. *Тиісті бір міндетті, жұмысты бір іске асыру, атқару.* Тапсырманы ~ды, жоспарды толық ~ды. 2. *Белгілі бір рольде ойнау, ән айту, күй шерту.* Домбырашы "Ақжеленді" *орындап* берді (Қаз. әдеб.).

ОРЫНДАУ *ҚҰ. атау. Орында-у.* □ Орындау қағазы — *соттың шешімін іске асыру үшін жасалатын құжат.*

ОРЫНДАУШЫ 1. *Белгілі бір жұмысты, шаруаны атқарушы, істеуші, орнына келтіруші.* Ол кісі не айтса, біз *орындаушымыз* (Сарғасқаев) 2. *Рольде ойнаушы, күй шертуші, ән айтушы.* Жас ~, жеке ~.

ОРЫНДАУШЫЛЫҚ *Шаруаны атқарушылық, істеушілік.* ~ ыңғай көрсетті.

ОРЫНДЫ 1. *Орны бар.* Жүз ~ демалыс үйі. 2. *Ретті, жөнді, қисынды.* ~ сөз, ~ сұрақ. □ Орынды жерінде — *кезі келгенде, ретті жерінде.*

ОРЫНДЫҚ *Кісі отыратын отырғыш.* Ол *орындыққа* жайғасып отырды (Әбдірахманов).

ОРЫНДЫ-ОРЫНСЫЗ *Жөнді-жөнсіз, қисынды-қисынсыз, ретті-ретсіз.* ~ мақталды.

ОРЫН-ОРНЫМЕН *Белгілі тәртіппен, жүйемен.* Үйдегі бұйым ~ орналастырылған.

ОРЫН-ОРНЫНА 1. *Өз тұрған жеріне, ретімен.* Ол киімдерін ~ апарып іліп қойды. 2. *Ыңғайына, жөніне, ретіне қарай.* Шығармашылық күшті ~ қойып, дұрыс пайдаланды.

ОРЫНСЫЗ *Жөн-жосықсыз, ретсіз, қисынсыз.* ~ әрекімге өкпелеме.

ОРЫНСЫЗДАУ *Ретсіздеу, қисынсыздау.* ~ болды ~ айтты.

ОРЫНША *Баяғы қалпында, өзгеріссіз.* Өзірге бәрі ~.

ОРЫС *РФР-ін мекендеуші негізгі тұрғын халық.*

ОРЫСША 1. *Орыс тілінде.* ~ сөйледі, ~ жазды. 2. *Орыс сияқты.* ~ киінді, пешті ~ салған.

ОРЫСШАЛА *Орыс тілінде сөйлеу, орысшаға аудару.* Ол ~п кетті.

ОС 1. *Қамшы, шыбық сияқты заттармен тартып жіберу, салып қалу.* Баланы Қайсар екі рет қыл шылбырмен *осып* жіберді (Ғ. Мүсірепов). 2. *Сойылған малдың етін жайғау, боршалау.* Апам соғымның етін ~қылап жатыр.

ОСАЛ *Мықты емес күші аз; әлсіз.* Ол бұған қарағанда ~ екен.

ОСАЛДА *Күш-қуаты азаю, әлсіздену.* Қарт кісі, қайта айналып жасармайды, Күн санап күш-қуаты *осалдайды* (Айтыс).

ОСАЛДАУ *Күш-қуаты аздау, бостау, болбырлау.* Бригадирлерің *осалдау* болса, мұндай табыс қайда сендерге! (Алшынбаев).

ОСАЛДЫҚ *Осал болушылық, бостық, босаңдық, болбырлық.* ~ етті, ~ жасады.

ОСЕМЕНАТОР *вет. Малды қолдан ұрықтандыратын адам.*

ОСЕТИН *Солтүстік Осетин республикасының негізгі тұрғын халқы.*

ОСҚЫЛА *Бір нәрсемен осып-осып жіберу.* Ол кез-келгенін қамшымен *осқылап* сабай береді (С. Мұқанов).

ОСҚЫР *Жылқы малының бір нәрседен шошынып, қатты пысқыруы, ұркуі.* Аты үркіп, *осқырып* ала жөнелді (Тұрлыбаев).

ОСҚЫРЫҚ *Осқырған ұн, дыбыс.* Жылқының ~ғы естілді.

ОСМА *бот. Қасты өсіру әрі қарайтып әдемі көрсету үшін езіп пайдаланатын зат; қара бояу.* Қасына ~ жағыпты.

ОСМАН *зоол. Уылдырығы жеуге жарамайтын ірі балық.*

ОСМИЙ *мин. Платина тобына жататын дүниедегі ең ауыр металл.*

ОСПАДАР *Өрескел қылықты, ожар, ұрда-жық мінезді адам.* Ол Сәрсектей *оспадар,* ожар емес (Ө. Әбішев).

ОСПАДАРЛАН *Ұрда-жық мінез көрсету, дөрекілік істеу.* Ол *оспадарланып* қол жұмсауды сүймейтін (Лекеров).

ОСПАДАРЛАУ *Өрескел мінезділеу, тұрпайылау.* Өзі бір ~ жігіт екен.

ОСПАДАРЛЫҚ *Тұрпайы қылық, дөрекілік, сөлекеттік.* Шынайы сезімнің адамы *оспадарлыққа* баруы мүмкін емес (Еркебаев).

ОСПАДАРСЫЗ *Сөкет, сөлекет, келеңсіз.* ~ қимыл әрекет.

ОСПАДАРСЫЗДЫҚ *Тұрпайылық, сөлекеттік, келеңсіздік.* Ол өз ісінің *оспадарсыздығын* жаңа сезді (Ниязбеков).

ОСПАҚ *Тура айтпай, астарлап сөйлеген сөз, тұспал.* Айгүл шалдың *оспағын* аңғармай қалды (Ғ. Мүсірепов).

ОСПАҚСЫЗ *Әзіл-қалжыңсыз, тұспалсыз.* Астарлап сөйлемейінше әзілсіз, *оспақсыз* отыра ма (Құрманғалиева).

ОСПАҚТА *Астарлай айту, жұмбақтап сөйлеу.* *Оспақтамай* жөніңді айт (Мұқаев).

ОСПАҚШЫЛ *Оспаққа жаны құмар, әзілқой.* ~ жігіт.

ОСТЕОЛОГИЯ *биол. Анатомияда дененің сүйек құрылысын зерттейтін бөлім.*

ОСТЕОМИЛИТ *мед. Жілік майы немесе сүйек қабынып кететін жұқпалы ауру; сүйекте болатын зәрлі ісік.*

ОСТЕОХОНДРОЗ *мед. Сүйектердің буын араларына минералды тұз жиналатын ауру.*

ОСТЕРТАГИОЗ *Күйіс қайыратын малда жұмыр құрттар қоздыратын кесел.* ~ құрттар малдың ұлтабарында және аш ішегінде болады, кездеседі.

ОСЫ *Нақтылықты, дәлдікті білдіретін сілтеу есімдігі.* ~ өткен жазда, өлеңнің ~ арасы, ~ күні.

ОСЫЛАЙ *Қимылдың алуан түрлі сапасын, тәсілін білдіретін сын және бейне үстеулерінің бірі.* Өткенді ~ есіме түсірдім.

ОСЫНДА *Қимылдың орнын, мекенін білдіретін мекендік үстеу.* Бағимаш әлгі өзірде *осында* келді (Әбілев).

ОСЫНДАҒЫ *Осы жердегі.* ~ бар қызметкер болып сенбілікке шықтық.

ОСЫНДАЙ *Осы сияқты, осы тәрізді.* *Осындай* сидаң жігіт елде мол-ақ (Абай).

ОСЫНДАЙДА *Осы уақытта, осындай кезде.* Жиналған жұрт сөйлейді ***осындайда*** (Дастандар).

ОСЫНША *Соншама, соншалықты.* ***Осынша*** ақымақ болғаным — көрінгенге қызықтым (Абай).

ОСЫНШАЛЫҚ *Сондайлық, соншама қуатты қайдан алдық.*

ОСЫНШАЛЫҚТЫ *Сондайлықты, соншалықты.* Жеке басы болса ***осыншалықты*** қысылар ма еді (Мекебаев).

ОСЫНШАМА *Осы сияқты, осындай, соншама.* ***Осыншама*** түнжыраудың себебін мен кейін ғана түсіндім (Ә. Сәрсенбаев).

ОСЫР *Арттан жел жіберу.*

ОСЫРАҚ *Арттан жел жібергіш адам, мал.*

ОТ I 1. *Қызуы аса күшті алаулаған жалын.* Ошақтағы *от* жалындай жанды. 2. *Ауыс. Күш-қуат, қажыр-қайрат, жігер.* Жүрегінде ***оты*** бар ер жігіттер, Осы жауға аттанып кетпек болды (Дастандар). □ **От киіз** — *киіз үйдің төрінен от басына дейін жететін астыңғы беті қара жүннен, үстіне өрнек салған сырмақ, әшекейлі текемет.* ◊ **От ала келгендей** — *өте асығыс жүрген адамға айтылады.* **От алғалы тұр** — *бәле іздеуге, бұлдіруге дайын тұр.* **От алып ораққа түсті** — *ештеңеден тайынбады.* **От ауызды [от ауызды, орақ тісті]** — *өткір тілді, ділмар, шешен.* **От басы [от басы, ошақ қасы]** — *үй іші, бала-шаға.* **От басында отыр** — *үйкүшік болып, күйбің шаруамен айналысты.* **От басыңнан өрт шықсын! [қарғ.]** — *үй-ішіңнің астан-кестеңі шықсын, ойран болсын!* **От берді [қойды, салды]** — *желіктірді, өшіктірді.* **От боп жанды [күйді]** — *қатты күйінді, күйзелді.* **От жағып, күл шығарды** — *үй-ішінің күйкі жұмысымен айналысты.* **От жүрек** — *еш нәрседен қорықпайтын батыл, қайсар.* **От кешіп, мұз төсенді** — *өмірдің ащы-тұщысын көп көрді, азап шекті.* **От көзді** — *жанары өткір, айбатты.* **Отқа итерді** — *пәлеге айдап салды.* **Отқа күйіп, суға батуға бар** — *жанын пида етуге дайын.* **Отқа күймейтін, суға батпайтын [отқа салса жанбайды, суға салса батпайды]** — *жаны сірі, мықты.* **Отқа май құйды** — *дау-дамайды өршітті, жел берді.* **Отқа оралып, суға сүрінбе!** — *пәле-жаладан аулақ бол!* **Отқа салды** — *азап тартқызды, қинады.* **Отқа табынды** — *отты пір тұтып, соған сыйынды.* **Отқа түсті** — *біреу үшін жанын пида етті.* **Отпен ойнады** — *пәлеге ұрынды, соқтықты.* **Отқа салды [тастады] тұтатты [үрледі, жақты]** — *араларына жік салды, араздық тудырды.* **Отымен [отпен] кіріп, күлімен [күлмен] шықты** — *есікте жүрді, күң болды.* **Отымның алды, суымның тұнығы** — *тұңғыш, ең алғашқы бала, келін.* **Оты өшпеді** — *шаңырағы иесіз қалмады, аты ұмытылмады.*

ОТ II *Малға азық боларлық шөп.* Мал күйлі, жер *от* (Ғ. Мұстафин). ◊ **Отқа қойды** — *малды шөпке жіберді.* **Оттан қалды** — *шөп жей алмады, жайылмады.* **Оты қанды** — *тойынды.* **Оты қашты** — *жердің шөбі таусылды.* **Отын оттап, суын ішті** — *біреудің жерін мекендеді.*

ОТА 1. *Егінді арам шөптен тазарту, шөптеу.* Ол киіздей боп қаулаған арам шөбін ***отады*** (Хасенов). 2. *Қырып жою, жоқ қылу, құрту.* Әскер торын кең жайып, Амантай отрядын *отап* қиратты (С. Мұқанов).

ОТАҒАСЫ *От басының, үй ішінің иесі.* Үй иесі — ***отағасының*** от басында болғаны жақсы ғой (Сейдеханов).

ОТАЙ *Шөп қаулап шығу, құнарлану.* Май айында шөп өсіп жер ***отаяды*** (М. Исқақов).

ОТАҚ 1. *Егін арасынан шыққан арам шөпті құрту, тазарту, отау шарасы.* Бізді жаз болса ***отаққа*** айдайды ("Қаз. әдеб.") 2. *Егін арасына шыққан арам шөп.* Егінді ***отақ*** басып кетіпті (Тобағабылов).

ОТАҚТА *Арам шөпті құрту, жою, жұлу.* Мақта ~ды, егін ~ды.

ОТАҚШЫ *Егінді арам шөптен тазартушы, отаққа қатысушы.* Майдаш бір топ ***отақшыларды*** басқарады (Гумеров).

ОТАМАЛЫ I *Көктемнің бас кезіндегі ауа райының ең жайсыз, сәуір айының мерзімі.* ***Отамалы*** — жылдың төртінші айы (М. Исқақов).

ОТАМАЛЫ II *Арам шөбін отауды қажет ететін, оталуға тиісті, оталатын.* ~ егін, ~ дақыл.

ОТАМАН ***көне.*** *Орта ғасырларда белгілі бір топтың, басшысы. Атаман.* ***Отаманды*** одақ деп... (Мұрат).

ОТАН 1. *Туған ел, өскен жер.* Біздің ***Отанымыз*** Қазақстан. 2. ***жерг.*** *Үй іші, отбасы, жанұя.* Өстіп жүріп біреудің ***отанын*** бұзармын — деді ол (Шалқаров). □ **Отан соғысы** — *Отанды қорғайтын әділетті соғыс.*

ОТАНДАС I *Отаны бір, бір отанда өмір сүретін.* Аңдысқан аталастан, тілектес ***отандас*** артық (Тілеков).

ОТАНДАС II *Бірге өмір сүру, семья құру.* Ағаңмен ***отандасқаныма*** ширек ғасыр болыпты (Дәулетбаев).

ОТАНСЫЗ *Отаны жоқ; опасыз, сатқын.* Мені осында біреулер, ***отансыз,*** жат, кірме деп мазақ етеді (Субханбердин).

ОТАНШЫЛ *Өз отанын сүйген,* отанына *шын берілген.* ~ жас, ~ жүрек, ~ қарт.

ОТАНШЫЛДЫҚ *Отанды сүюшілік, отаншыл болушылық.* ***Отаншылдық*** — әр адамға керекті ең ұлы қасиет (Нұршайықов).

ОТАР I 1. *Бөлек бағылатын бір қора қой.* Ерте айдап әкелген ***отар*** қораға кіргісі келмеді (Тиесов). 2. *Мал бағылатын жайылым.* ***Отар*** алыс емес (Тарази).

ОТАР II *Белгілі бір мемлекетке бағынышты, соның қарауындағы, тәуелді бодан ел.* Кешегі ***отар*** езілген, Қатарға кірді теңелді (Ә. Сәрсенбаев).

ОТАРБА ***тар.*** *Поездың ең алғашқы қазақша аты.* Шойынжол дегенмен ***отарба*** зымырайды екен (Сматаев).

ОТАРЛА I *Малды жайылымға топтап жаю, бағу.* Малды ***отарлап,*** жайып-бағу жағдайында киіз үй әлі де құнын жойған жоқ (Ермеков).

ОТАРЛА II *Бір мемлекеттің екінші мемлекетті өзіне тәуелді етуі, бодан ету.* ***Отарлап,*** отанына ойран салды (Сыздықов).

ОТАРЛАС *Бір отарда бағылатын, отары бір.* Бір ~ қой.

ОТАРЛАУШЫЛЫҚ *Отар етушілік.* ~ саясат, ~ шара.

ОТАРЛЫ I *Қоралы қойы бар.* ~ мал жайылым.

ОТАРЛЫ II *Өзіне тәуелді елі бар.* ~ мемлекет.

ОТАРЛЫҚ *Отарлау саясатына қатысты (іс).* ~ система. ~ саясат.

ОТАР-ОТАР *Қора-қора, бірнеше қора.* ~ қой.

ОТАРШЫ *Басып алып, отар етуші.* Патша ~лары.

ОТАРШЫЛ *Өзіне тәуелді етіп, бағындыруға бейім, отарлауға құмар.* Шетел ~дары.

ОТАРШЫЛДЫҚ *Тәуелді етушілік, отар етіп билеушілік.* ~ саясат, ~ системасы.

ОТАС *Ерлі-зайыпты болып өмір сүру, тұрмыс құру.* Ақан жаны сүйіп алған жары Үркиямен ұзақ *отаса* алмады (Мағжан).

ОТАУ I *Жаңадан тұрмыс құрып, енші алып бөлінген үлдың үйі; отау үй.* Ағайым *отау* болып, енші алып кетті (Аймауытов). □ **Отау иесі** — *жеке шаңырақ иесі, кіші үйдің иесі.* ◊ **Отау жабар (көне)** — *ұзатылатын қалыңдықтың отауын тіккенде әйелдердің күйеу шешесінен алатын кәдесі.* **Отау құтты болсын!** — *баласына енші беріп, бөлек үй тұрғызғанда айтылатын тілек.* **Отау шаруа** — *кішігірім, болар-болмас, азын-аулақты шаруа.*

ОТАУ II *спорт. Тоғызқұмалақ тақтасындағы құмалақтар орналасқан 9 ұяның жалпы атауы.* Әрбір ойынның тоғыз-тоғыздан *отауы* болады ("Спорт").

ОТАУ III *жерг. Біраз шөмеленің жиынтығы.* Үш жігіт жоян *отау* шөпті трактордың шанасына әп-сәтте тиеп алды (Бөкеев).

ОТАУЛА *Отау етіп бөлек шығару, отау тұрғызу.* Келер жаз үй салып *отаулап* шығарам (Иманбаев).

ОТАУЛАН 1. *ыр. етіс. Отау-лан.* 2. *Кермек тату, тамақты қырнау.* Шайқайды мырза басын қайта-қайта, қымыздың *отауланған* дәмін татып (Майлин).

ОТАУЛЫ *Отауға ие болған, отау тіккен.* Есжанның үш ұлы бар, үш *отаулы* (Адамбаев).

ОТАШЫ *Сынған жерді орнына сала білетін адам; сыныққшы. Оташы* шал епті екен. Шытынап кеткен сүйекті сыртынан сипап бір-бірлеп салды ("Жүздесу").

ОТАШЫЛЫҚ *Сынықты орнына салушылық, оташы болушылық.* Оташы *оташылықтан* түскен қалдықтың бәрін табанда отқа жақтырды (Орманбаев).

ОТБАСЫ қ. *Жанұя.*

ОТ-ЖАЛЫН *Өмір мен өлім арпалысы, алапат соғыс.* Соғыстардың *от-жалынында* адамдар ширап, шыныға түсті (Қарағұлов).

ОТ-ЖІГЕР *Күш-қуат, қайрат.* Бойындағы *от-жігер* әкесінен дарыған (Доспанбетов).

ОТҚАСАЛАР *этногр. Жаңа түскен келіннің үлкен үйлердің босағасын аттаганда апаратын ілуі, кәде.*

ОТҚЫСҚАШ *Шымшуыр, от көсеу үшін, шоқ қысып ұстау үшін темірден жасалған қысқаш.*

ОТСЫЗ I 1. *Оты жоқ, от жақпай.* Химияның көмегімен *отсыз* түтін жасауға болады (Мырзабаев). 2. *Ауыс. Жігерсіз, қуатсыз, жалынсыз.* Қалқам-ай, мен үндемей жүрмін көп, Ойлама *отсыз,* ойсыз, суық жан деп (Абай).

ОТСЫЗ II *Жайылымдық шөбі аз, шөпсіз (жер).* Жоңғар қақпасы бауырының жері қуаң тартып, малы *отсыз* қалғанын бір көрген емес (Тоқтаров).

ОТТА 1. *Мал жайылу, шөп жеу, отығу.* Арғымақ аттың баласы аз *оттар* да, көп жусар (Мақал). 2. *Ауыс. Аузына келгенді сөйлеу, көку, мылжыңдау.* ~ май жайыңа отыр.

ОТТАЙ *От сияқты, от тәрізді.* Көзіне ~ басылды, көзі ~ жайнады.

ОТТАР *Қысқаш, көсеу.* "Баршын үйге барады, қолына *оттар* алады" (Алпамыс).

ОТТЕМІР *Шымшуыр, отқысқыш.*

ОТТАУЫҚ *Көп сөйлейтін, көкіме.* — Әй, сенің өзің бір *оттауық* неме екенсің (Қайырбеков).

ОТТЕГІ *хим. Дем алу, оттың жануы үшін ауа құрамына кіретін химиялық элемент, газ. Оттегі* — адамның күш-қуаты, жақсы денсаулық негізі (Бекенов).

ОТТЫ I *Шөбі мол, қалың өскен.* Отар *отты* өрістің көк шөбін бырт-бырт үзіп, шашырап жайылып жатыр (Қаз. әдеб.).

ОТТЫ II 1. *Оты сөнбеген, ыстығы бар, қызулы. Отты* шар құлаған батыс жақ талаурап тұр (Нысаналин). 2. *Ауыс. Жігерлі, қайратты.* Оның тұлғасы сұқсыр ілер қаршығадай оңтайлы да, *отты* еді (Қажыбеков). ◊ **Отты жылдар** — *азабы көп, қиыншылығы мол кез.* **Отты көз** — *өжет, жанары ұшқын атқан.*

ОТТЫҚ I *Малға жем-шөп салатын арнаулы орын, ақыр.* Боранды, үскірік күндері мал аулада тұрып *оттықтардан* азықтанады (Қаз. әйелдері).

ОТТЫҚ II 1. *Пештің, самауырынның от жағатын жері.* Самауырынның ~ғына от салды. 2. *Сіріңкенің шиін оталдыратын жері; күкірт.*

ОТШАҢ *Жайылуға құмар, отшыл.* Көкем салқында қой *отшаң* — деп асығатын еді (Тиесов).

ОТШЫЛ *Отқұмар, отшаң.* Осыларды малдың да, *отшыл* аңның да құныға жейтін шөбі (С. Мұқанов).

ОТЫЗ *Жиырма тоғыздан кейінгі есептік саны.* Үлкен балам ~ға толды.

ОТЫЗДАЙ *Отыз шамасындай, отызға жуық.* Баубектің жанында *отыздай* адам бар (Сатаев).

ОТЫЗ-ҚЫРЫҚ *Отыз бен қырық шамасында.* Шатыр астында жатқан ~ адам.

ОТЫЗЫНШЫ *Жиырма тоғыздан кейінгі реттік сан.* ~ үйде тұрамын.

ОТЫҚ 1. *Төлдің шөп жей бастауы, жайылу, оттау.* Жетім қозы — тас бауыр, Түңілер де, *отығар* (Абай). 2. *Ауыс. Шөп қаулап шығу.* Қар кеткен қырқалар тез *отығыпты* (Жанботаев).

ОТЫН *Жағу үшін кесілген жарылған ағаш, дайындалған көмір, тезек, мұнай т. б.* От жаққалы жатқаным бір үлкен үй, *Отын* жиып қойыпты талай күндік (Шәкәрім). ◊ **Отын жастық, құм құндақ** — *өмірдің ауыртпалығы туралы айтылатын сөз.* **Отын өшірді** — *ошағын ойрандап, берекесін кетірді.*

ОТЫНДЫҚ *Отынға жарайтын, отын болар лық.* Әйелдер ағаштың сынығын жиып, *отындық* шөп-шалам терді (Құрманғалиева).

ОТЫН-СУ *Ас-тағам дайындауға қажетті заттар.* Апамның *отын-суын* әзірлеп беруім керек (Құрманаев).

ОТЫНСЫЗ 1. *Жағатын отыны жоқ.* Ауыл ортасындағы жалғыз мектеп *отынсыз* отыр (О. Сәрсенбаев). 2. *Отын жақпастан, отын болмай-ақ. Отынсыз* тамақ пісірді, сусыздан сусын ішірді (Үш ғасыр).

ОТЫНШЫ *Отын-су дайындайтын адам.* Олар сексеуіл іздеп жүрген *отыншылар* еді (Д. Досжанов).

ОТЫР 1. *Белгілі бір жерге жайғасу.* Жүресінен ~ды, шөкесінен ~ды. 2. *Көлікке, машинаға тұсу, міну.* Поезға ~ды, арбаға ~ды. 3. *Бір жерге қоныс тебу, мекендеу.* Қоңсы ~ды, көрші ~ды. 4. *Ауыс. Тұрмеге қамалу, сотталу.* Ол бес жыл ~ып шықты. ◊ **Отырып қалды** — *томсырайып үнсіз қалды.* **Отырған орның орман болсын** *(алғ).* — *шалғынды, жерұйықта тіршілік жаса!* **Отырмай омал!** *(қарғ.)* — *тіл алмаған адамға айтылатын, отырған жеріңнен тұра алмай қал мәніндегі сөз.*

ОТЫРАР-ОТЫРМАСТАН *Отырмай жатып, ілешала.* Шалдар ~ қымыз құйылды.

ОТЫРҒЫЗ 1. *өзг. етіс. Отыр-ғыз.* 2. *Ағаш тігу, жеміс өсімдік егу.* Картоп ~ды, тал ~ды, гүл ~ды.

ОТЫРТ: отыртып кетті — *айласын асырды, жер соқтырды.*

ОТЫРЫҚШЫ *Бір жерді тұрақты мекен етіп, қоныс тепкен, орныққан.* Көшпелі ауыл ***отырықшы,*** колхозды ауылға айналды (Ғ. Мұстафин).

ОТЫРЫҚШЫЛАН *Отырықшылыққа айналу, қоныстану.* Бұл жерлерге халық қоныстанып, ***отырықшылана*** бастайды (Д. Досжанов).

ОТЫРЫҚШЫЛЫҚ *Отырықшы болушылық.* Оның жолы — ***отырықшылыққа*** бейімделіп, жер шаруашылығына ден қою (Сматаев).

ОТЫРЫС 1. *Отыру, отырған күйі, қалпы.* Жападан жалғыз бөлініп қалған бұл ***отырысын*** өзі енді ыңғайсыз сезінді ("Ақ бұлақ"). 2. *Көп адам бас қосқан көңіл көтеріс ойын-той.* ***Отырыс*** енді қызайын деді (Ниязбеков). 3. *Мәжіліс, жиылыс.* Ісіміз әкімшілік ~ында қаралатын болды.

ОТЫРЫС-ТҰРЫС *Отыру, тұру қимылының жалпы атауы, жүріп-тұру.* ~тары сыпайы.

ОУ 1. *Ау сөзімен мәндес сөз. Оу,* жұртым, не болды сонымен? (Нұрмағанбетов). 2. *"Пәлі" сөзі сияқты сүйсінгендікті, таңданушылықты білдіреді. Оу,* кілең бектер сіздің үйде екен ғой ("Қаз. әдеб.").

ОФИЦЕР *Әскери командалық басшы құрам мен теңіз флотындағы адам.*

ОФИЦИАНТ *Асхана, мейрамханаларда тамақ әкеліп беруші, даяшы.*

ОФСАЙД *спорт. Футбол ойынында ойыншының ойыннан тыс деп саналатын жағдайы.*

ОФТАЛЬМОЛОГ *мед. Көз ауруының маман дәрігері.*

ОФТАЛЬМОЛОГИЯ *мед. Көз аурулары және оны емдеу туралы ілім.*

ОХ 1. *Сүйсінгенде, таңданғанда айтылатын қошемет сөз.* ***Ох,*** шіркін, сондағы дәмі-ай! ("Бәйшешек"). 2. *Қатты күйінгенде, өкінгенде айтылатын сөз.* ***Ох,*** қандай мейірімсіз жандар бола береді десеңізші (Исабаев).

Оһ *Қысылғанда, қорыққанда, қуанғанда айтылатын сөз.* ***Оһ,*** қандай жақсы! ***Оһ,*** қандай дәмді!

ОһО *Таңданғанда, қуанғанда айтылатын одағай сөз.* ***Оһо,*** жақсы келдіңдер, төрлетіңдер, отырыңдар! (Төлешов).

ОЧЕРК *Болған оқиғаны қысқаша суреттейтін көлемі шағын, әдеби публицистикалық шығарма.*

ОШАҒАН *Үлкен жапырақты, домалақ дәнді, тікенекті өсімдік.*

ОШАҒАНДАЙ *Ошаған тәріздес. Құлпырған.* "Алтыннан неше түрлі қоңырау тағып, түрленді жердің жүзі *Ошағандай"* ("Қамбар батыр").

ОШАҚ 1. *Үстіне қазан қойып, тамақ пісіруге арналған үш аяқты қоршау темір.* Киіз үй ортасына үш аяқты шойын ***ошақ*** қойылды (Жылқышиев). 2. *Қазан асып, тамақ пісіретін қазылған орын; жер ошақ.* Зейнеп жер ***ошақтың*** басында жүр екен (Қазыбаев). 3. *Ауыс. Үй-іші, бала-шаға.* Біздің де ***ошағымыз*** толып отырған жоқ (Қыдырханов). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің шоғырланған, шоқталған жері.* Өндіріс ~ғы, мәдениет ~ғы. ◊ **Ошағын талқандады** — *ойран салды, қиратты.* **Ошағының басы аман** — *үй-іші, ауыл-аймағы есен-сау.* **Ошақ басы [бұты]** — *үй-іші, семья.* **Ошақ құрды** — *үй болды, тұтін тұтетті.* **Ошақтың үш бұты деп отыр [көне]** — *өз үй-ішінің амандығын тіледі, қамын жеді.* **Ошақтың үш бұтына берсін!** — *біреуге кіріптар болмай, іздегені өз үйінен табылсын!*

ОШАҚСЫЗ 1. *Ошағы жоқ, ошақ орнатылмаған.* ~ үй болмайды. 2. *Ауыс. Үйсіз-күйсіз, семьясыз.* Көзқұйрықтай кезіп жүріп, отансыз, ***ошақсыз*** қаламыз әлі (Бөкеев).

ОШАҚТАЙ 1. *Ошақтың аумағындай, көлеміндей.* Бектемір отырғанда орны ***ошақтай*** жерді алады екен (Тоғысбаев). 2. *Ауыс. Үлкен, кең, аумақты.* Арқасы ***ошақтай*** жауыр қара байтал (М. Әуезов).

ОШАҢ: ошаң етті — а) *қараң-құраң етті, қараңдады;* ә) *сытылып шықты.*

ОШАР *Бір жерге иіру, топтау.* Ол қалың жылқыны көкжиекке ***ошарып*** тастады (Тоқтаров).

ОШАР: бір ошар жан — *бір топ жан, бір қора адам.*

ОШАРЛАН *Бір жерге жиналу, топталу, шоғырлану.* Жұрт тарқамай ***ошарланып*** қалды (Т. Әлімқұлов).

ОШАРЛЫ *Қалың топ, бір қора жан.* Осынша малды бағып, ***ошарлы*** жан отырмыз (Ақбаев).

ОШАРЫЛ 1. *Бір нәрсеге бөгеліп қалу, тоқталу.* Бәрі бір сәт ***ошарылып*** қалған (Дәуренбеков). 2. *Түгелімен қопарылу, жөнкілу.* Отырғандар ***ошарыла*** көтерілді (Салғарин).

ОЮ *Бір нәрсенің бетіне түсірілген түрлі нақыс, бедер, өрнек.* Қақпағын ***оюлармен*** өзі әшекейлеген домбырасын қолына алды (Нұржекеев). □ **Ою ойды [салды]** — *әдемі, әшекейлі өрнектер жасады.*

ОЮЛА *Ою салу, өрнектеу, әшекейлеу.* Киіз ~ды, ағаш ~ды.

ОЮЛЫ I *Оюы бар, оюланған, өрнектелген.* ~ сырмақ, ~ текемет, ~ сандық [табақ].

ОЮЛЫ II *Бөлшектеп ойып қойған.* Ол жиекте жатқан ***оюлы*** шымды нұсқады (Сатаев).

ОЮ-ӨРНЕК *Әсем әшекей, нақыш.* Мешіттің қабырғалары қошқар мүйіз ***ою-өрнектермен*** безендірілген ("Лен. жас").

ОЮШЫ *Түрлі-түсті өрнек үлгілерін жасаушы, ою өрнегінің шебері.* Халық мұндай шебер адамдарды ***оюшы*** деп атады (Қасиманов).

ОЮШЫЛЫҚ *Ою-өрнек оя білушілік, оюшы болушылық.* Халық өнерпаздары зергерлік, кестешілік және ***оюшылық*** өнерді дамытты (Қасиманов).

ОЯ I *көне. Балиғат, кәмелет.* Өсті жігіт сүйріктей, Жетті де жас ***ояға*** (Шопашев).

ОЯ II *Малдың өрістігінің айнала төңірегі. Қазақ қашанда жылқының арық-семіздігін денесінің үштөрт мүшесіне — ойынды етіне, оясына, үйегіне, шөгежегіне қарай айырған.* "Астындағы наз бедеу,

оясы толмай зорығып" (Базар жырау). "Тұлпар тулақ болады, Орта түссе *оясы* (Мәтел).

ОЯЗ *тар.* 1. *Ресейдегі губернияның құрамына кіретін әкімшілік-аумақтық бөлік (уезд).* Оған жеті *ояздың* елін түгел шақырды (С. Мұқанов). 2. *Оязды басқарушы, әкім.* Оңашада *оязға* мақтамаймын елімді (Абай).

ОЯЗ *Босаң, болбыр, кемшін.* Аттардың еті ~ көрінді.

ОЯЗДА *Етінен арылып аз-маз жұдеу, сәл-пәл арықтау, ояз болу.* Жаз жайлайтын аттардың бұл кезде еттері *ояздап* болған (М. Әуезов).

ОЯЗДАУ *Арықтау, жұдеулеу.* Еті *ояздау* екен, сонда да Әулиеатаға жеткізерлік әлі бар (Тоғысбаев).

ОЯЗДЫҚ *Жұдеулік, босаңдық, арықтық.* Қашқан түлкіге дөп түсе алмай қалса — етінің *ояздығы* (Саятшылық).

ОЯН 1. *Ұйқыдан тұру, ұйқысын ашу.* Өли дәл осы кезде *оянып* кеткен (Тарази). 2. *Ауыс. Жандану, тіріліу.* Өзен-көл қысқы ұйқыдан *оянады* (Салықов). 3. *Ауыс. Ой-санасы жетілу, оң-солын білу, түсіну.* Сол әлеуметтік, тарихи өзгерістердің әсерімен оның ой-санасы *оянады* (Ишанов).

ОЯҢ *Шұңқырлау ой жер.* Өзі таяғына таянып қыратқа шықты, ат *ояңда* тұр (Серәлиев).

ОЯҢДА *Ойпаң тарту, шұңқырлану.* Жер бұрынғыдай емес, ~п кеткен.

ОЯҢДАУ *Ойыстау, шұңқырлау.* ~ жер.

ОЯСТА *Бір жаққа ығысу, ойысу.* Бір топ адам ағаштың көлеңкесіне қарай *оястады* (Мыңжасарова).

ОЯТ 1. *Ұйқыдан тұрғызу, ұйқысын ашу.* Мені өзің тұрған кезде ерте *оят* (Дәрмағанбетов). 2. *Ауыс. Сана-сезімін жетілдіру, көзін ашу.* Өз халқының көкірегін *оятып,* көзін ашты (Иманғалиев).

ОЯТ: қыз оятты *(этногр.)* — *қызға сөз айтты, сөз салды.*

ОЯТАР *Қоңыраулы сағат (будильник).* Нағима бас жағында, текшеде тұрған *оятарды* алып қарады. Он екі жарым. Өрине, түнгі (Қаз. әйелдері).

ОЯУ 1. *Ұйықтамаған қалыпта.* ~ отырды, ~ жатты. 2. *Ауыс. Сезімтал, сезгіш.* Жүрегі — айна, көңілі *ояу* (Абай).

ОЯУЛЫҚ *Ояу болушылық.* Ол өзінің *ояулығына* көзін жеткізді ("Лен. жас").

Ө

Ө *Көңіл күйін білдіретін одағай. Ө,* бәрекелді, *ө,* айналайын.

ӨБЕК: өбек болды — *жаны қалмады, бәйек болды.* ◊ **Өбек қақты [ұшты]** — *жаны қалмады, қалбалақтады.*

ӨБЕКТЕ 1. *Аялау, әлпештеу, бәйек қағу.* Аясында балалары, ұшып-қонып *өбектейді* (З. Қалауова). 2. *Ауыс. Қалбалақтап асып-сасу, құрдай жорғалау.* Құнанбайдың күтіп тұрғанын көріп, *өбектеп* қамшыланып асыға жүріседі (М. Әуезов). 3. *Ауыс. Жағыну, жағымпаздану.* Майда тілмен ~ді.

ӨБЕКТЕГІШ *Өбектей беретін, жаны қалмайтын.* Қыздар жігіттің *өбектегіш* келгенін ұнатады (Аманшин).

ӨБЕРЕ *жерг. Шөберенің баласы.* Бәрі балам, немерем, *Өберем* мен шөберем (Жамбыл).

ӨБІС 1. *орт. етіс. Өп-іс.* 2. *Ауыс. Сүйісу, аймаласу. Бір-бірімен жалғасу, қосылу, түйісу.* Бір-бірімен қоян-қолтық *өбіскен* шыңдар (Әлімжанов).

ӨБІСТІРМЕ *этногр. Екі өңірді қабыстырып алып үстіге жамылып жүретін жеңсіз киім.*

ӨГЕЙ 1. *Өзі тумаған, өз кіндігінен емес.* ~ әке, ~ шеше. 2. *Асырап алған, өзінен тумаған (ұл, қыз).* ~ бала, ~ қыз. 3. *Ауыс. Бөтен, жат. Өгей* өңір, ~ өлке. ◊ **Өгей көрмеді [санамады, тұтпады]** — *жатсынбады, жатырқамады.*

ӨГЕЙЛЕ 1. *Тосырқау, жатырқау, бөтенсіну.* Жек көрсең қайтіп ~п шеттемесін. 2. *Аңсау, сағыну.* Малға дейін үйреншікті өрісін *өгейлейді* (Кекілбаев). ◊ **Өгейлеп қалды** — *жатырқап қалды.*

ӨГЕЙЛЕУ *Жаттау, бөтендеу, оғаштау.* Суық түрі ~ көрінді оған.

ӨГЕЙЛІК 1. *Өз әке-шешесі емес, бірге тумағандық.* Өгей әке *өгейлігін* істеді (Есенберлин). 2. *Ауыс. Бөтендік, жаттық, басқалық.* Бала ~гін істеді ◊ **Өгейлік етті [жасады, қылды, істеді]** — *өгей екенін көрсетті, бөтендік қылды.* **Өгейлік көрді [көрмеді]** — *тұрмыстан жапа шекті, соққы көрді.*

ӨГЕЙСУШІЛІК *Жатсынғандық, жатырқағандық.* ~тің ақыры сағынышқа ұштасты.

ӨГЕЙСІ 1. *Бөтенсу, жатсыну, жатырқау.* Елді ойлап, жаңа қоныста ~и бердім. 2. *Аңсау, сағыну.* Көп сарылып ~генім де бар.

ӨГЕЙШӨП *бот. Ылғалды жерлерде өсетін, бас жағы күнбағардың басына ұқсас, сары гүлді, көп жылдық аласа шөп.*

ӨГЕЙШІЛІК *Жаттық, бөтендік, қақұы.* Өмірден көп ~ көрді.

ӨГІЗ 1. *Сиыр малының піштірілген еркегі; күш көлігі.* Атан ~, дөнен ~, құнан ~. 2. *Ауыс. Ірі, дөңкиген, дәу.* Өли дегені бір *өгіз* екен (О. Сәрсенбаев) 3. *Ауыс. Топас, дойыз.* Қой деңдер деймін мына *өгіздеріңе* (Дәуренбеков). □ **Өгіз арба** — *өгізге жегілетін ырдуаны бар үлкен арба.* **Өгіз соқа** — *өгізге жегілген соқа.* ◊ **Өгіз аяң** — *өте шабан, баяу жүріс, іс.* **Өгіз аяңға басты [салды, кірісті]** — *өте, баяу қозғалды, жай жүрді.* **Өгіз жон** — *дөңкиген, күжірейген.* **Өгіз олжа** — *мол олжа.* **Өгіз терісі талыс** — *мықты берік, көнбіс.*

ӨГІЗАЙ *Алабұғаның үлкені.*

ӨГІЗДЕЙ 1. *Өгіз сияқты, өгіз тәрізді.* Оқалақ құған ~. 2. *Ауыс. Ірі үлкен, дәу, еңгезердей.* Қорада үлкендігі құнан *өгіздей* қара қошқар бар (Көшімов). ◊ **Өгіздей болды** — *үп-үлкен болды, өңкиді.* **Өгіздей өкірді** — *даусын шығарып қатты жылады, бақырды.* **Өгіздей өңкиген** — *денесі ебедейсіз үлкен, еңгезердей.* **Өгіздей өңмеңдеді** — *жолындағыны басажанша, кимеледі.* **Өгіздей өрге сүйреді** — *ерінбей жалықпай еңбек етті.*

ӨГІЗТАРТЫС *этногр. Екі адам еңбектеп тұрып, мойындарына арқан салып тартысатын ойын, бұқа тартыс.*

ӨГІЗШАҒАЛА *зоол. Балықпен қоректенетін, құйрығы қысқа, ақ бауыр ұлкен құс; шағаланың бір туысы.*

ӨГІЗШЕ I *Сиыр малының екі жастан асқан піштірілген тайыншасы, еркек тана.* ~нің терісінен жасалған көрік мықты ғой.

ӨГІЗШЕ II *Өгіздей, өгіз сияқты.* ◊ **Өгізше [өгіздей] өкірді** — *қатты дауыс шығарып жылады, бақырды.*

ӨЖЕТ *Алған бетінен қайтпайтын қайсар, батыл, бір бет, өр.* Ер адам ~ болу керек.

ӨЖЕТСІН *Батылсыну, қайсарсыну, өрсіну.* Менің ақ барайыншы — деді *өжетсінген* жас азамат (Көшімов).

ӨЖЕТТЕН *Батылдану, қайсарлану, жігерлену.* Ол *өжеттеніп* өршеленіп кетті (Әкімқұлов).

ӨЖЕТТЕУ *Батылдау, қайсарлау, ер жүректеу.* Шәкен еркінірек, *өжеттеу* болып өсті (Кенжетаев).

ӨЖЕТТІК *Батылдық, ер жүректік, қайсарлық.* Оның отырысынан *өжеттік* байқалады (Арыстанов).

ӨЖЕТТІЛІК *Батылдылық, ер жүректілік, қайсарлылық.* Оның мінез-құлқында ~ байқалады.

ӨЗ *Басқа емес, тек өзі ғана.* ~іне әбден ескерттім. □ **Өз алдына** — а) *дербес, жеке, бөлек;* ә) *ерекше, басқаша.* **Өз әлінше** — *шама-шарқынша, әлі келгенше.* **Өз бетімен [бетінше]** — а) *өздігінен, өзінше;* ә) *жайына, жөніне.* **Өз билігі өзінде** — *ешкімге тәуелді емес, ерікті.* **Өз дегенінен қайтпайды** — *өз айтқанын істеп, бетінен қайтпады.* **Өзін өзі басқару** (*пед.*) — *өздерін өздері билеу, ұйымдасып істеу.* **Өз жөніне [жайына] кетті** — *өзінше бөлек кетті.* **Өз обалы өзіне** — *біреуге өкпелемесін, өзінен көрсін.* **Өзімен кетсін!** — *жаманшылық соның өзінен айрылмасын.* **Өзі өз болып [болғалы]** — а) *туғаннан, жаратылғаннан бері;* ә) *өз қолы өз аузына жеткелі.* **Өз қолы өз аузына жетті** — а) *тұрмысы түзелді, шаруасы оңалды;* ә) *азамат болды, есейді.* **Өз қотырын өзі қасыды** — *өзіне тиісті істі өзі істеді.* **Өз табағын өзіне тартты** — *өзі істегенді өзіне біреу істеді.* **Өз тізгіні өзіне тиді** — *өзі би, өзі қожа болды.* **Өзі илейтін [уқалайтын] терінің пұшпағы** — *түбінде өзі істейтін жұмыс.* **Өзім білем** — *менмен, тәкаппар.* **Өзіне өзі келді [келе алмады]** — *ес жиды, әлденді.* **Өзіне қарап тон пішті** — а) *өзін жұртқа өлшем қылды;* ә) *бар нәрсені өзімен өлшейді.* **Өзінен-өзі қуыстанды** — *секем алды, сезіктенді.*

ӨЗАРА *Бірімен-бірі, екеу ара.* Бұлар *өзара* сөйлесіп кетті (Есенжанов). □ **Өзара әсер** — *заттар мен құбылыстардың өзара байланыс негізін құрайтын қозғалыс.* **Өзара байланыс** — *заттар мен құбылыстардың әр түрлі қасиеттері мен сыр-сипаттарының бір-бірімен байланысын білдіретін ұғым.* **Өзара сын** — *бірінің кемшілігін бірі көрсететін жолдастық сын.*

ӨЗБЕК *Өзбек Республикасының негізін құрайтын, түркі тілдес халық.*

ӨЗГЕ *Бөлек, бөтен, басқа.* Оны *өзге* әйелдер қостай жөнелді (Ә. Нұршайықов). ◊ **Өзгеге [басқаға] не жорық** — *бұл солай болғанда, басқа не істемейді.*

ӨЗГЕЛЕН *Басқаша боп өзгеру, ерекшелену.* Өзіме орын таппай, аласұрып ~ем.

ӨЗГЕЛЕУ *Бөлектеу, басқашалау, ерекшелеу.* Домбыра тартуы басқадан ~ көрінді.

ӨЗГЕЛІК *Бөлектік, бөтендік, жаттық.* ~ жоқ еді. □ **Өзгелік етіс** (*грамм.*) — *істің басқа біреу арқылы істелетіндігін білдіретін етіс.*

ӨЗГЕР 1. *Жаңа сапаға көшу, басқа түрге ауысу, құбылу.* Алматының көркі ~ді. 2. *Бірінің орнына бірі келу, алмасу, жаңару.* Жұмысшылар кезектесіп *өзгеріп* тұрды (Есенберлин).

ӨЗГЕРГІШ *Өзгере беретін, алмасып тұратын, құбылғыш.* Өсімдік жапырақтары *өзгергіш* келеді (Мұсақұлов).

ӨЗГЕРГІШТЕУ *Жиі өзгеретін, құбылмалылау.* Сөздік құрам ~ келеді.

ӨЗГЕРГІШТІК *Басқа түрге, сапаға ауысушылық, өзгеріп тұрушылық, құбылғыштық.*

ӨЗГЕРЕК *Басқашалау, өзгешелеу, ерекшерек.* Бұл одан көрі ~.

ӨЗГЕРМЕЛІ *Өзгеріп тұратын, құбылмалы, тұрақсыз.* ~ өмір, ~ күй, ~ қалып.

ӨЗГЕРМЕЛІЛІК *Өзгергіштік, құбылмалылық.*

ӨЗГЕРТКІШ *Өзгерте беретін, құбылтқыш.* Қос білектің *өзгерткіш* құдіретіне мойынсұндым (Еділбаев).

ӨЗГЕРУШІЛІК *Өзгеріске тұсушілік, өзгергендік.*

ӨЗГЕРІМПАЗ *Өзгере бергіш, өзгергіш.* ~ неткен жан ең.

ӨЗГЕРІМПАЗДЫҚ *Өзгере бергіштік, өзгергіштік.*

ӨЗГЕРІС *Бұрынғы қалыптан басқаша айырмашылық, өзгерген жайт.* Сол уақыттан былай Ақанның жанында үлкен *өзгеріс* болады (Мағжан). □ **Өзгеріс енгізді** — *өзгертті, жаңартты.* **Өзгеріске түсті [ұшырады]** — *жаңа күйге ауысты, өзгерді.*

ӨЗГЕРІССІЗ *Бәз-баяғы қалпы, ешқандай өзгерісі жоқ.* Мұнда кісілер ~ қайта тізіліпті.

ӨЗГЕРІССІЗДІК *Еш өзгерісі жоқтық.*

ӨЗГЕШЕ *Әдеттен тыс, ерекше, бөлекше, айрықша.* ~ жан, ~ қуаныш, ~ әуен.

ӨЗГЕШЕЛЕ *Басқаша ету, ерекшелеу.* Ол "однако" дегенді *өзгешелей* айтты (Жұмақанов).

ӨЗГЕШЕЛЕН *Ерекшелену, бөлектену.* Ерекше ызғарлықпен *өзгешеленіп* шыққан Дөңгелек саз елі болатын (М. Әуезов).

ӨЗГЕШЕЛЕУ *Басқарақ, ерекшелеу.* Менің түсінігім бұлардан ~.

ӨЗГЕШЕЛІК *Заттың өзіне тән айырмашылық белгісі, ерекшелік.* Әрқайсысының өзіндік *өзгешеліктері* бар (Байжанов).

ӨЗГЕШЕРЕК *Басқашарақ, ерекшелеу.* Бәрі өздері ойлағаннан гөрі ~.

ӨЗДЕН *көне. Хан уәзірлері, бегі әлде дұбірі.* Сыпыра сынды сұм жырау, *өзден* сұлтан Жәнібек оны көрген көріңмін (Едіге батыр).

ӨЗДІГІНЕН *Өз бетімен, өзінше.* Қозылары марқайып, ~ жайыла береді. □ **Өздігінен сәулелену** (*физ.*) — *сыртқы электромагниттік өріс кванттарының әсерінсіз-ақ атом жүйесінің сәуле шығаруы.*

ӨЗДІГІНШЕ *Ешкімнің көмегінсіз, өз бетімен.* Сұрамасаң ~ ештеме айтпайды.

ӨЗДІК *Өзі істейтін, өзіндік.* Әр оқушының *өзіндік* жұмыс жүргізуі қажет. □ **Өздік есімдік** (*грамм.*) — *тек тәуелдік жалғауының бірінде тұрып қана көптеліп, жіктеліп қолданылатын есімдік.* **Өздік етіс** (*грамм.*) — *істің, әрекеттің өз субъектісіне жұмсалуын көрсететін етіс.*

ӨЗЕК I *Бір кезде су ағып, кейіннен құрғап қалған көгалды, жыралы сай-сала, өзен арнасы.* Алаңды қақ жарып терең ~ жатыр.

ӨЗЕК II 1. *Өсімдік пен ағаштың ортасындағы жұмсақтау бөлік, жіңішке қуыс.* Ағаштың ішінде жұқа **өзегі** болады (Әбиев). 2. *Қамшы өрімінің арасына салынатын қатты зат.* Қолындағы қамшының **өзегіне** қорғасын құйып өргізген (Нұрпейісов). 3. *Сыздауықтың ортасындағы жұлын сияқты ақ зат.* Иманжапырақ сыздауықтың **өзегін** тартып алады (Сарғасқаев). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің негізі, арқауы, түйіні.* Бұл мәселені әңгіменің **өзегі** етуге бел байлады (Жұмаділов). □ **Өзек болды [етті]** — *негіз болды, арқау етті.*

ӨЗЕК III *анат. Жұтқыншақтан асқазанға дейінгі ас өтетін жол, өңеш.* Ол ыстық шайды **өзегін** күйдіре ұрттап отыр (Оразалин). ◊ **Өзегі жанды [күйді]** — *өзегі өртенді.* **Өзегіне от [өрт] салды** — *ішкі сезімін қозғады, жүрегін тербеді.* **Өзегіне өрт [шоқ] түсті** — *қызғаныш оты лаулады, іші күйді.* **Өзегін жарып шыққан** — *өзінен туған перзент.* **Өзегін тілді** — *ішін өртеді, күйіндірді.* **Өзегі өртенді [өзегін өртеді]** — а) *іші күйді, қызғанды;* ә) *қасірет шекті, күйінді, қайғырды;* б) *жанына батты, күйінді.* **Өзегі талды [үзілді]** — *қарны ашты, ашықты.* **Өзегі үзілді** — *жаны ашыды, егілді, елжіреді.* **Өзек жалғады** — *аздап тамақ ішті; жүрек жалғады.* **Өзек жарды** — *таңдаулы, озық.* **Өзекке тепті** — *қастық ойлады, жамандылық істеді.*

ӨЗЕКТЕ *Өзек салу, өзек жүргізу.* Ол ақ қайыстан **өзектеп** қамшы өріп отыр (Н. Ғабдуллин).

ӨЗЕКТЕН *Өзек пайда болу, өзек жару.* Бүршік атып, көк ~ген ағаш бұтағына қадалды.

ӨЗЕКТЕС I *Бір-бірімен тығыз байланысты, сабақтас.* Табиғат пен адам қашанда ~.

ӨЗЕКТЕС II *Сабақтасу, байланысу, үндесу.* Осыған үндесетін, ~етін пікірді оқыдық.

ӨЗЕКТЕСТІК *Сабақтастық, байланыстылық.*

ӨЗЕКТЕУ *Өзексымақ, шұңқырлау, ойлау (жер). Өзектеу* жерде қирап жатқан арбасын тауып алдық (Жансүгіров).

ӨЗЕКТІ I *Сай-салалы, ой шұқырлы (жер).* Биыл ~, шілікті жерлер шабылмай қалды.

ӨЗЕКТІ II 1. *Сабағының ортасы қуыс, өзегі бар (өсімдік)* Қуыс ~, жұмсақ ~, шымыр (бітеу) ~. 2. *Ауыс. Ең басты, негізгі; келелі (мәселе).* ~ ой, ~ іс, ~ мәселе.

ӨЗЕКТІ: өзекті жан — *бойында жаны бар тірі адам. Өзекті* жанға бір өлім (Мақал).

ӨЗЕКШЕ *Кіші-гірім сай-сала, кішкене терең сай.* Бала кішкене ~ден жүгіріп өтті.

ӨЗГЕЛЕН *Өңештеу, барын салу, айтқанынан қайтпау.* Ол айтқанынан қайтпай **өзгеленіп** отырып алды. (Жұмаділов).

ӨЗЕН *Белгілі арнамен ағатын табиғи су.* Ертіс ~і, Шу ~і.

ӨЗЕНШЕ *Кіші-гірім өзен, кішкене өзен.* Теріс бұтақ, Дулығалы дейтін екі **өзенше** бар (Нұрқанов).

ӨЗЕНШІ *Өзен бойында (пароходта, кемеде т. б.) жұмыс істейтін адам.* ~лер астық тасуды ойдағыдай атқаруда.

ӨЗЕУРЕ 1. *Бір нәрсені қайта-қайта сұрай беру, өңештеу.* Өз дегенін **өзеуреп** өткіземі (Жәмішев). 2. *Көзімен ішіп-жеу, ынтығу, құмарту.* Сәнияға о да **өзеурей** қарады (Райымқұлов). 3. *Асты-үстіне түсу, бәйектеу, өбектеу.* Өгіздей балаға **өзеурейсің** де тұрасың! (Арыстанов).

ӨЗ-ӨЗІ *Бірімен-бірі, өзара өзді-өзі.* Жиналған ақшаны **өз-өзі** бөлісе алмады ("Лен. жас.").

ӨЗ-ӨЗІНЕН *Өзінен-өзі, қараптан-қарап тұрып.* ~ ойға кетті (жымиды, күбірледі).

ӨЗІМ: өзім деген — *айтқанына көнетін, сенімді. Өзім* деген кедей-жалшыларды ертіп, уәделі жерге жетем (С. Омаров).

ӨЗІМЕН-ӨЗІ *Еш нәрсемен ісі жоқ.* ~ болды, ~ сырласты.

ӨЗІМСІ *Өзіне жақын тұту, өзім деп санау.* "Байғұс-ау" деген сөз тым **өзімсіп** естілді (Тілеуханов).

ӨЗІМШІЛ 1. *Өз қара басының ғана қамын көздейтін, өз мүддесін қоғам мүддесінен жоғары санайтын.* Бастық **өзімшіл** болса коллективтің соры (Сағанаев). 2. *Ауыс. Өр көкірек, менмен, тәкаппар.* Аудан басшысы өр көкірек **өзімшіл** жігіт (Досжанов).

ӨЗІМШІЛДЕУ *Өр көкіректеу, менмендеу, тәкаппарлау.* Бәтес **өзімшілдеу,** өкпешілдеу (С. Мұқанов).

ӨЗІМШІЛДІК 1. *Жеке басының мүддесін көздеушілік, өз пайдасын ойлаушылық.* Құрсын-ай, **өзімшілдік** деген қандай жаман еді (Салғарин). 2. *Өр көкіректік, менмендік, тәкаппарлық. Өзімшілдік,* мансапқорлық — қоғамға жат мінез.

ӨЗІНДЕЙ *Өзің сияқты, өзің тәрізді.* Мен де ~ жаспын. ◊ **Өзіңдей көр** — *басқаны да өзің сияқты деп біл.*

ӨЗІНДІК 1. *Өзіне ғана тән; дербес, жеке.* Оның бұлай аталуының да **өзіндік** тарихы бар (Жанұзақов). 2. *Өзіне жетерлік, өзіне лайық.* Өр қаланың ~ өрнегі болуға тиісті. □ **Өзіндік құн (экон.)** — *кәсіпорынның белгілі бір өнімді өндіруге жұмсаған жалпы шығыны, сомасы.*

ӨЗІНЕ-ӨЗІ: өзіне-өзі қызмет ету — *халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің жетілдірілген әдістерінің бірі; дүкен.* Дүкен~ қызмет ету әдісі бойынша жұмыс істеді.

ӨЗІНЕН-ӨЗІ 1. *Қараптан қарап, жайдан-жай.* Ол ~ қысылды, ~ ашуланды. 2. *Айтпаса да, онсыз да.* ~ түсінікті (белгілі).

ӨЗІН-ӨЗІ 1. *Өз басын өзі, бір өзі.* Үлкендік — адам ішінен **өзін-өзі** бағалы есеп қылмақ (Абай). 2. *Жақынын, ең жақынын, ет жақынын, ағайынын. Өзін-өзі* күндейді, Ол арсыздық белгісі (Абай). □ **Өзін-өзі бақылау** — *адамның өз жан дүниесін, психикасын танып-білудегі зерттеу әдісінің бір түрі.* **Өзін-өзі тәрбиелеу** — *теріс қылықтарды жоюға бағытталған, адамның жүйелі және саналы әрекеті.* ◊ **Өзін-өзі биледі** — а) *өзінше билік құрды;* ә) *ұстамдылық көрсетті.*

ӨЗІНШЕ 1. *Өз шамалауынша, өз түсінігінше.* Айтақын да **өзінше** ойлады (Бақбергенов). 2. *Өз шама-шарқынша, әлінше.* Әркім **өзінше** пайымдайды ғой (Кәкішев). 3. *Жеке дара, дербес, өз бетінше, өз алдына. Өзінше* бір колхоз, совхоз (Асабаев).

ӨЙ *Таңданғанда, таңырқағанда айтылатын одағай сөз. Өй,* сабаз! *Өй,* жаса!

ӨЙ-ДӨЙТ *Біреуді көтермелеу, қоштау, кекету кезінде айтылатын сөз. Өй-дөйт* шіркін!, ~ деген!, ~ дерсің!.

ӨЙТКЕНМЕН *Олай болғанмен, қанша дегенмен.* ***Өйткенмен,*** жөнін білген мақұл болар (М. Әуезов).

ӨЙТКЕНШЕ *Әйткенмен, олай еткенше.* ***Өйткенше*** партизан отрядына барыңдар, — деді олар (Қайсенов).

ӨЙТКЕНІ *Олай болған себебі, ұйткені.* ***Өйткені*** оның өзі бұрынғы партизан (Ыдырысов).

ӨЙТІП-БҮЙТІП *Әйтіп-бұйтіп, амалдап, лаждап.* ~ жүріп адам қатарына қосылдым.

ӨК *Сиыр малын қайыру, айдап жіберу үшін қолданылатын одағай сөз.* ***Өк,*** әй өк! Арам қатқыр көк сиыр (Майлин).

ӨКПЕ I *Адам мен жан-жануарлардың тыныс алу мүшесі.* Оттегі ауадан ~ге оңай жетеді. □ **Өкпе ауруы** — *өкпеге суық тиіп, қабынудан пайда болатын жұқпалы ауру; өкпе туберкулезі.* **Өкпе қабынуы** — *әр түрлі аурулардың асқынуы салдарынан пайда болған ауру.* ◊ **Өкпемен қақты (этногр.)** — *ұшынғанда, қорыққанда қолданатын халықтық ем.* **Өкпесі аузына [алқымына] тығылды [күйді]** — *ентікті, өкпесі өшті.* **Өкпесі қабынды [өшті]** — *ентікті, алқынды.* **Өкпесін [екі, қос] қолына алып** — *асығып-үсігіп, бар пәрменімен.* **Өкпе тұс** — *қаптал жақ, тұспа-тұс жақ.*

ӨКПЕ II *Кісіге көңілі қалғанда айтылатын наз, реніш.* Ақтоқты Ақанға ***өкпесін*** айтты (Мағжан). ◊ **Өкпе жұрмейді** — *ренжуге, өкпелеуге болмайды.* **Өкпе сақтады** — *ренжіді, өкпеледі.* **Өкпесі қара қазандай** — *қатты өкпелі, ренжулі.*

ӨКПЕ-БАЗЫНА *Еркелей айтылған наз, әзілқалжың.* Жеңешемнің ***өкпе-базынасы*** шымбайыма қатты батты (Бердияров).

ӨКПЕ-БАУЫР *Өкпесі мен бауыры аралас.* ~дан қуырдақ қуырды. ◊ **Өкпе-бауыры езілді** — *ықыласы тұсті, еміренді, мейірленді.*

ӨКПЕК: өкпек жел — *өңменнен өтіп кететін суық жел.* Өңменнен өтер ***өкпек*** жел соғып тұр (Асанбаев).

ӨКПЕКТЕ *Үілдеп екпіндеп соғу.* ~ген суық жел.

ӨКПЕҚҰРТ *Адамның, малдың өкпесінде болатын ауру.* Ері ***өкпеқұртынан*** қайтыс болды (Ғ. Мүсірепов).

ӨКПЕЛЕ 1. *Біреуге ренжу, налу.* Бермеген соң сол қонақ ***өкпеледі.*** Елемеді мені деп кектенеді (Шәкәрім). 2. *Ауызын бұртитып, томсырау, қылтию.* Беті жаманның айнаға ***өкпелеуі*** жөн бе? (Байтұрсынов).

ӨКПЕЛІ *Біреуден көңілі қалған, өкпелеген, реніштi.* ***Өкпелі*** кейіп танытты (Ахметов).

ӨКПЕЛІК *Адамның, малдың өкпесі жатқан тұс, бүйір.* Елікті ~гінен көздеп атып жіберді.

ӨКПЕ-НАЗ *Өкпе-реніш, өкпе-базына.* Жұрт іштеріне түйген ***өкпе-наздарын*** айтты (Қожахметова).

ӨКПЕШІЛ *Өкпелегіш, ренжігіш.* Қарттар көбіне ~ келеді.

ӨКСІ 1. *Солығын баса алмай қатты жылау, еңіреу.* Ағыл-тегіл жылады, тоқтай алмай ***өксіді*** (Төреханов). 2. *Ауыс. Дүниеден опық жеу, налу.* Ол өткен өміріне ~ді.

ӨКСІК 1. *Қатты күйініп жылаған кездегі солық.* Кеудесін ашы ***өксік*** қысты (Ә. Нұрпейісов). 2. *Ауыс. Қайғы-қасірет, өкініш, күйік.* Екеуінің де өмірі ***өксікпен*** өтпек (Тілегенов).

ӨКСІКТІ *Қайғы-қасіретті, мұңды, шерлі.* Көзіне өткен ғасырдың ***өксікті*** қайғысы елестеді (Сариев).

ӨКТЕ 1. *Күштеу, өктемдік жасау, өршелену.* Теңестіру жұмысын епті жүргізбей, ***өктеп*** жүргізуге бола ма? (С. Мұқанов). 2. *Суыт жүру, тездету.* Бұл араға түн ортасында ***өктеп*** жеткен (Көшімов).

ӨКТЕМ *Тегеурінді, пәрменді, батыл күшті.* Бұйрық өте суық та, ***өктем*** (Айымбетов). ◊ **Өктем келді [қылды]** — *күш көрсетті, басым түсті.* **Өктем сөз** — *күш көрсете сөйлеген қоқан-лоқы сөз.*

ӨКТЕМДЕ *Күшею, өршелену.* Тек оның көкіректеп, ***өктемдеп*** кететіні бар (Бердіқұлов).

ӨКТЕМДЕУ *Басымдау, үстемірек.* ***Өктемдеу*** дауыстан бірден жұмсақ үнге көшті (Исабеков).

ӨКТЕМДІ *Қарқынды, пәрменді, тегеуірінді.* ~ бұйрық берілді.

ӨКТЕМДІК *Күш-қуаттың басымдылығы, үстемдік.* Батырбек оған өзінше ***өктемдік*** жасады (Жақсыбаев).

ӨКТЕМДІЛІК *Үстемділік, басымдылық.* Үнінде ***өктемділік*** басым (Сәрсекеев).

ӨКТЕМСІ 1. *Менменсіну, әлдеқандай болу.* Өзі мұлдем ***өктемсіп*** жүр (Алдабергенов). 2. *Ауыс. Бой бермеу, өршелену.* ***Өктемсіп*** үйренген әке аулын шауып, әлек қылмаса? (Ә. Хасенов).

ӨКТЕМШІЛ *Өктем сөйлейтін үстемшіл.* Кейде тіпті өкпешіл, әрі ***өктемшіл*** (Зікібаев).

ӨКТЕМШІЛДІК *Өктем сөйлейтіндік, үстемшілдік.* ~ке басты.

ӨКТЕМІРЕК *Үстемірек, басымырақ.* Бір сөзі бір сөзінен ***өктемірек*** (Иманасов).

ӨКТІМ-ӨКТІМ *Ауық-ауық, дамыл-дамыл.* Күн күркіреп, ***өктім-өктім*** жаңбыр құйды (Есенберлин).

ӨКШЕ 1. *Табанның артқы жағы, бөлігі.* Менің ~м ауыратын болды. 2. *Ауыс.* Аяқ киімнің ***өкше*** тұратын бөлігі. Өлдекімнің ***өкшесінің*** тықылын естідім (Мұқаев). ◊ **Өкше аударды** — *басқа жаққа көшті; қоныс аударды.* **Өкше басар** — *жас мөлшері жақын, тетелес.* **Өкше басып жүрген** — *жас мөлшері қарайлас, жас деңгейі шамалас.* **Өкшелеп қуды** — *ізбе-із, қалмай қуды.* **Өкшеңді жалтырат** — *бұл арадан тез кет, тайып тұр!* **Өкшесі жерге тимейді** — *шапшаң жүгірді, дамыл таппады.* **Өкшесі қанамады** — *құрсақ көтермеді, бала таппады.* **Өкшесін басты** — *жасы шамалас, жасы таяу адамдар туралы айтылады.* **Өкшесін жерге тигізбеді** — а) *аяғының ұшымен жүрді;* ә) *жаяу жүргізбеді, көтермеледі,* б) *қуып жіберді.* **Өкше [табан] тіреді** — а) *берік бекіп қарсы тұрды;* ә) *бір жерге тұрақтап мекен қылды.*

ӨКШЕЛЕ 1. *Өкшесімен басу, өкшесімен жүру.* Аяғымды ***өкшелеп*** басып үйге кірдім (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Қарасынан көз жазып қалмай соңына түсу, тақымдау.* Түрім қашқан жауды ***өкшелей*** қуып, есін жиғызбады (Қазыбаев).

ӨКШЕЛЕС *Жасы шамалас, тетелес, қатарлас.* Сапарғалидың ***өкшелес*** інілері бар (Талжанов).

ӨКШЕЛІК *Аяқ киімнің сірісі, сірілік.* ***Өкшелікке*** ең шымыр ұлтан салады (Қасиманов).

ӨКІЛ 1. *Белгілі бір елдің, ұйымның мүддесін білдіретін, оны жүзеге асыратын ресми адам.* Қазақстанның сол кездегі дербес ***өкілі*** Өшім Омаров болатын (Талжанов). 2. *Белгілі бір топтың ұйымның, таптың атынан келген кісі.* Бәріне де бізден сен ***өкілсің*** (Тұменбаев). □ **Өкіл ата** — *тумаған қамқор ата, әке.* **Өкіл әке** — *жастар қосылғанда*

туған әкенің орнына әке болған адам. **Өкіл бала [қыз]** — *тумаған, бірақ туған баласынан кем көрмейтін баласы, қызы.* **Өкіл күйеу** — *қызды қолынан алған бөтен кісіге жігіт "өкіл күйеу" болады.*

ӨКІЛ II *көне. Көкей, ой, көңіл.* **Өкіліне түспеді** — *көкейіне қонбады, көңіліне орнықпады.* "Айтып еді бір сөзді, *өкіліне* түспеді" (Едіге батыр).

ӨКІЛДІК 1. *Белгілі бір қызметті атқаруға берілген билік, құқық.* Төтенше *өкілдігі* бар, өкімет орны керек болды (Өмірбаев). 2. *Бір елдің, мемлекеттің мүддесін қорғайтын мекеме.* Ол Қазақстанға ~ке келді (Дәуренбекова).

ӨКІЛЕТТІ 1. *Толық ерікті, құқықты.* Отанымыздың *өкілетті* уәкілі ретінде сезіндік (Өтепов). 2. *Ауыс. Қадірлі, беделді.* Депутаттар-халықтың ~ өкілдері. 3. *Қажетті деп танылған мекемелердің бәрінен тиісті өкілдер қатыстырылған жиын.* Бүгін ~ актив жиналысы өтті. □ **Өкілетті елші** — *шетелде өз елінің мүддесін қорғауға толық правосы бар елші.* **Өкілетті өкіл** — *белгілі бір право берілген өкіл.*

ӨКІЛЕТТІК *Белгілі бір міндеттелінген істі орындаудағы құқықтылық.* Заң жобасында еңбек коллективінің ~гі күшейтіле түсетіні айтылған.

ӨКІЛСІ *Өкіл болғансу, өкілмін деп мығымсыну.* **Өкілсіп** өзімізге марқамсынған (Жансүгіров).

ӨКІМ *Белгілі бір мәселе жөнінде шығарылған үкім, шешім, байлам.* Бақтығұл бір *өкімді* күткендей болды (М. Әуезов). ◊ **Өкім қылды** — *бұйырды, өктемдік жасады.*

ӨКІМДЕ *Өктемдік жүргізу, зорлау.* Қарбаңдадым *өкімдеп* (Абай).

ӨКІМЕТ 1. *Мемлекет басқарудың билігі.* 2. *Билік иесі, әкім.* Оқысаң үлкен *өкімет* болар едің (Нарымбетов). 3. *Мемлекеттік құрылысты басқару жүйесі; үкімет.* Қазақстанда бүкіл ~ билігі халықтың қолында. □ **Өкімет ісі** — *мемлекет жұмысы.* Қазақтың қарапайым қызы *өкімет* ісіне араласты (Мәуленов).

ӨКІМЕТТІК *Әкім болушылық. Өкіметтікке* кеш іліндім (Д. Досжанов).

ӨКІМСІ *Күш көрсету, баса-көктеу.* Ел көзінше *өкімсіп* адамшылық айтты (Кереева).

ӨКІМШІ *Билік айтушы, үкім шығарушы.* Өмір сорақылықтарының *өкімшісі* бол, — дейді Абай (М. Әуезов).

ӨКІН *Опық жеу, қапы қалу.* Қазір енді сонысына *өкініп* отыр (Есенберлин).

ӨКІНІШ *Белгілі бір сәтсіздікке байланысты болған уайым, опық, реніш, кейіс.* Орны толмас ~.

ӨКІНІШСІЗ *Уайымсыз, опықсыз, кейіссіз. Өкінішсіз* өлім жоқ (Мақал).

ӨКІНІШТІ *Өкінішке толы, опыққа толы, кейісті, реніштi.* Жауыздық әрекетін кеш біліп қалғанымыз ғана *өкінішті* (Арыстанов).

ӨКІР 1. *Сиыр малының күжілдеп-күрілдеп азанқазан дыбыс шығаруы.* Қоңыр қасқа сиыр *өкіріп,* аяқтарымен жерді тартып қар боратты (Кәрменов). 2. *Ауыс. Қатты айғайлап бақырып жылау.* Бала ~іп жылады.

ӨКІРЕК 1. *Ақырған, бақырған (дауыс).* Айналаға зекіред, салады екен *өкірек* (Баймолдин). 2. *Ауыс. Айтқанынан қайтпайтын өр кеуде, үрда-жық. Өкірек* өскен өзім деп, Анайы өскен безіндеп (Тұрманжанов).

ӨКІРЕКТЕ 1. *Қатты айту, әкіреңдеу.* Қазақ дәстүрінде нағашының жиенге өктем сөйлеп, *өкіректеуге* хақысы бар (О. Сәрсенбаев). 2. *Ауыс. Өршелене өзеуреу, кеңірдектеу. Өкіректей* бермей, бізге де бір құлақ тоссайшы (Қабанбаев).

ӨКІРЕҢДЕ *Өзінікі жөн деп, өзгеге бой бермеу, өңмендеу.* Қайткенде *өкіреңдеп* өз пікірін өткізу Сыздыбаевта да бар (Рашев).

ӨКІРІК *Қатты өкірген дыбыс, дауыс.* Өгіздің ~гі құлақты жарды.

ӨЛ *Жүректің соғуы тоқталып, өмірі таусылу; қаза болу.* Ер жігіт елі үшін *өледі* (Мақал). ◊ **Өлгенде көрген** — *зарығып жүріп көрген, тапқан.* **Өлген жері осы** — *қатты ұятқа қалды.* **Өлгенше [өлердей]** — *жақсы көрді, сүйді, қадір тұтты.* **Өлгені тірілді, өшкені жанды** — *жоғы орнына түсіп, түгелденді.* **Өл деймісің** — *не қыл дейсің, қайтейін.* **Өл десең өліп, тіріл десең тірілейін** — *не десең де айтқаныңды істейін.* **Өле жаздады** — а) *жаны қиналды, қысылды;* ә) *жаны қалмады, бәйек болды.* **Өлердегі сөзін айтты** — *қиыла, таусыла сөйледі.* **Өлердей қорқады** — *зәресі қалмайды; қатты қорқады.* **Өлер жерін білмейді [өлерін білмейді]** — *ойламай, абайламай әрекет етті.* **Өлермендік қылды** — *қара күшке салып біреуге қысым көрсетті.* **Өлеріне көрінді** — *дүние салған адамның артық әрекеті туралы айтылады.* **Өлмегенге өлі балық жолығады** — *қисыны келейін десе, қиыннан қиысады.* **Өлмес күніңді көр** — *тіршілік қамыңды ойла.* **Өлі бойға жан жүгірді** — *күш қуаты кірді, әлденді.*

ӨЛАРА *Ескі ай мен жаңа айдың аралығындағы мерзім, уақыт, түн қараңғылығы.* Екі айдың арасындағы *өліара* күндер болатын (Дүзенов).

ӨЛГЕН-ЖІТКЕН *Әр түрлі себептермен өлген, жоғалған адам немесе мал. Өлген-жіткендер* есіме түсті (Жұмақанов).

ӨЛГЕН-ТІРІЛГЕН: өлген-тірілгеніне қарамайды — *ештеңені елең қылмайды, ескермейді.*

ӨЛГЕНШЕ 1. *Өмірінің соңғы демі біткенше, мәңгі бақи. Өлгенше* естен қалмайды, Өзгеше біткен қылығы (Абай). 2. *Ауыс. Ұзақ, көп, сарыла.* Ол Жұманның келіншегімен *өлгенше* сөйлесіп еді (Мыңжасарова).

ӨЛ ДЕ МАҒАН *Күл болмаса, бұл болсын, одан арман.* Мәстегің көтермесе, жайыңа жүр, *өл де маған* (М. Әуезов).

ӨЛДІМ-ТАЛДЫМ: өлдім-талдым дегенде — *өйтіп-бұйтіп, әрең дегенде.*

ӨЛЕКСЕ 1. *Жан-жануардың көмілмей қалған өліктігі, жемтік.* Жақсы ит *өлексесін* көрсетпейді (Мақал). 2. *Ауыс. Қолынан еш нәрсе келмейтін жасық адам.* Жігітсінуін өңшең, *өлексенің* (Оразалин). ◊ **Өлексесін сүйретті** — *көнін көтере алмады, қалқиып бос жүрді.*

ӨЛЕКСЕЛЕН *Дәрмені кету, өлімсіреу. Өлекселенген* көзіне жан бітті (С. Мұқанов).

ӨЛЕКСЕЛЕУ *Жанары тайған, өлімсіреген.* Бозамық, ~ жанарына нұр жүгірді.

ӨЛЕКСЕЛІК *Құр кеудесін сүйреткен өліктік.* Жар сүйе білмеген адамның *өлекселіктен* өлі артық екенін ұмытпа! (Өбішев).

ӨЛЕКШІН I *көне. Қасқыр мен иттің, жолбарыстың ұрғашысы.* Мынау — сырттаны ғой, *өлекшіні* қайда екен (Жақыпбайұлы).

ӨЛЕКШІН II *Өлексеге үйір үлкен қарақұс, құшіген.*

ӨЛЕҢ I *бот. Ылғалды жерде өсетін, жапырағы қатты көп жылдық майда нәрлі шөп.* ***Өлеңді*** жерге өгіз семіреді (Мақал).

ӨЛЕҢ II 1. *Белгілі буын өлшемі бар, ырғаққа, үйқасқа құрылған көркем сөз, поэзия.* Жоқтау ~, жұмбақ ~, қайым ~, қара ~. 2. *Ауыс. Нотаға түскен ән, әуен.* Туғанда дүние есігін ашады ***өлең*** (Абай).

ӨЛЕҢДЕТ *Өндетіп өлең айту, думан құру.* Ол ~е жөнелді.

ӨЛЕҢ-ЖЫР *Өлеңмен жазылған шағын және ұзақ көлемді көркем шығарма.* ***Өлең-жыр*** десеішкен асымды жерге қоямын (Сәрсекеев).

ӨЛЕҢШІ *Өлең айтушы, таратушы.* ***Өлеңшінің*** бәрі ақын болмайды (Мақал).

ӨЛЕҢШІЛ *Өлеңді сүйетін, өлең құмар, өлең айтқыш.* ~ өлке, ~ ауыл.

ӨЛЕҢШІЛДІК 1. *Өлең жазғыштық, ақындық.* Е. Ысмайылов Жамбылдың ~ творчествосына талдау жасады. 2. *Өлең айтқыштық, ән құмарлық, әншілік.* Алтыбақан ойыны өнершілікке, ~ке баулиды.

ӨЛЕ-ӨЛГЕНШЕ *Ақырғы демі біткенше; өмір бақи.* Жақсылықтарыңызды ***өле-өлгенше*** ұмытпаспын (Тұрлыбаев).

ӨЛЕРДЕЙ *Аса қатты, өте, шамадан тыс.* ~ өтінді, ~ күйінді, ~ қуанды.

ӨЛЕРЛІК *Өліп кететін, өлетін.* ~ халге жетті.

ӨЛЕРМЕН 1. *Өлу халіне жеткен, өлмеші.* Бір де рет ұйқым қанбай, ***өлермен*** болдым (Соқпақбаев). 2. *Өлген-тірілгеніне қарамайтын, жансебіл.* Шаруа десе түсіп кететін ***өлермен*** жігіт (Қабанбаев).

ӨЛЕРМЕНДЕН *Өлген-тірілгеніне қарамау, жансебілдену.* ~е кірісті.

ӨЛЕРМЕНДІК 1. *Өлім халіне жетушілік, арыпашып жүдеушілік.* ***Өлермендікпен*** бұл қысты да артқа тастауға жақын қалды (Исабеков) 2. *Ауыс. Өлген-тірілгендігіне қарамаушылық, жанкештілік.* ***Өлермендікпен*** арпалысты, босатпады (Иманбаев). ◊ **Өлермендік жасады [қылды, етті]** — *қара күшке салды, жанкештілік жасады.*

ӨЛЕР-ӨЛМЕС *Өлме-талма, әрең-әрең.* ~ күн кешу.

ӨЛЕРШЕ *Өлердей, әбден, қатты.* Оны ***өлерше*** сабап тастапты (Тарази).

ӨЛЕСІ: өлесі болды — *өлермен болды.* Өзім де ***өлесі*** болып жүрдім (Нұршайықов).

ӨЛЕУСІРЕ 1. *Өлім халіне жету, өлермен болу, әлсіреу.* Қақпандағы қасқыр ***өлеусіреп*** қалыпты (Т. Әлімқұлов). 2. *Болар-болмас жылтылдау (от, шам).* ***Өлеусіреп*** май шам жанып тұр (Жақыпбайұлы).

ӨЛКЕ I *Аймақ, өңір, атырап.* Жасыл желекті ~.

ӨЛКЕ II *Өзен, сала.* "Ұзын ***өлке*** жота мен тал аман бол, Тайлақ би ел жақсысы, көп аман бол" ("Қозы Көрпеш"). Ақтөбе, Қызылорда облыстарында әлі де өзен мағынасында қолданылады.

ӨЛКЕЛЕС *Бір өлкеде, бір жерде тұратын; жерлес.* ~ тердің қамба-сына астық құйды.

ӨЛКЕЛІ *Өлкеге бай, аймақты, көлемді.* Елі бай, кең ***өлкелі*** Қазақстан (Тоқмағамбетов).

ӨЛКЕТАНУ *Белгілі бір аймақты танып білудің жиынтық ұғымы.* ~ әдебиеттері, ~ жұмысы. □ **Өлкетану мұражайы [музейі]** — *белгілі бір өлкені жан-жақты танып білуге арналған мұражай.*

ӨЛКЕТАНУШЫ *Елдің белгілі бір аймағын танып білуші адам.* Жас ~лар.

ӨЛМЕЛІ I. *Жасы жетіп өлуге тақалған, әбден қаусаған.* ~ кемпір-шал.

ӨЛМЕЛІ II. *Шықпа жаным шықпамен күн көрген, мұшкіл.* ~ күн, ~ ауыр тұрмыс. ◊ **Өлмелінің күнін көрді** — *өтіп-бүтіп күн көрді.*

ӨЛТІР *Тірі қоймау, өмірін жою.* Жарықбайды біреулер ~іп кетіпті. ◊ **Өлтіре әшкереледі** — *қатты ұялтты, масқара етті.* **Өлтіре сабады** — *өлім халіне жеткізе ұрып-соқты.* **Өлтіре сынады** — *мінін бетіне басты.*

ӨЛТІРІ *этногр. Қалыңдықтың үйіне күйеу жағы әкелетін ең алғашқы дәстүрлі кәде, құдайы мал.* ***Өлтірі*** әдетте, қалың малдан кейін келеді (С. Жүнісов). ◊ **Өлтірісін берді** — *құдайысын таратты.*

ӨЛШЕ 1. *Заттың көлемін, ауданын, салмағын белгілі өлшем арқылы анықтау, мөлшерлеу.* Жер ~ді, қан қысымын ~ді. 2. *Киімді бойға шақтап көру.* Ол киімін бойына ***өлшеп*** көрді (Әбдіқадыров). □ **Өлшеп тіккендей** — *шап-шақ, дәп-дәл, құйып қойғандай.* ◊ **Өлшеу қылды** — *ақыл таразысына сап салыстырды, салмақтады.*

ӨЛШЕГІШ *Бір нәрсені өлшейтін.* ~ аппарат, қар ~.

ӨЛШЕМ 1. *Бір нәрсенің көлемін, салмағын анықтайтын өлшеу бірлігі.* Биіктік ~, ұзындық ~. 2. *Ауыс. Меже, шек.* Былтырғы биылға ~ болмайды.

ӨЛШЕМДЕС *Мөлшерлес, теңдес, шамалас.* Квадраттың қабырғаларымен диагоналы ***өлшемдес*** ("Қазақ. мект.").

ӨЛШЕМДЕСТІК *Бір шамада болушылық, мөлшерлестік, теңдестік.*

ӨЛШЕМДІ *Өлшемі бір, мөлшерлі.* ~ өнім, ~ нәтиже, ~ жұмыс.

ӨЛШЕМДІК *Өлшемділік, өлшейтін.* ~ қуаты.

ӨЛШЕМСІЗ 1. *Өлшем бірлігімен шектелмейтін.* ~ кесінділер. 2. *Ауыс. Шектен тыс, мөлшерден артық.* Кейде тіпті ***өлшемсіз*** сезіктену бар (Ә. Сәрсенбаев). 3. *Мөлшерленбеген, размерсіз (безразмерный).* ~ шұлық, ~ үйық.

ӨЛШЕП-ПІШ 1. *Тігілген киімді үлгіге салып лайықтап мөлшерлеп кесу.* Киінген өз бойына ***өлшеп-пішіп*** (Тоғызақов). 2. *Ауыс. Ой елегінен өткізу; шамалау, болжау.* Алданбасын, аптықпасын, алды-артын ***өлшеп-пішсін*** (Жұмақанов).

ӨЛШЕУЛІ *Өлшеніп қойылған, мөлшерлі, санаулы.* Жолдаманың ***өлшеулі*** күні өтіп барады (О. Сәрсенбаев). ◊ **Өлшеулі күні бітті [жетті]** — *діни сенім бойынша о баста үйғарылған өмір сүру мерзім күні бітті.*

ӨЛШЕУСІЗ *Шектен тыс, көп, қисапсыз.* ~ дүние-мүлік ~ дәулет, ~ еңбек.

ӨЛШЕУІШ 1. *Бір заттың салмағын, көлемін, ауданын өлшеу үшін қолданылатын аспап.* Электр ~ колба, безбен. 2. *Ауыс. Меже, шек; өлшем.* Ескіге жаңа — ***өлшеуіш,*** жаманға жақсы өлшеуіш (Мақал).

ӨЛІ I 1. *Қаза тапқан, өмірі таусылған, өлген.* ***Өлі*** арыстаннан, тірі тышқан артық (Мақал). 2. *Ауыс. Санасыз, надан, топас.* Көкірегің ***өлі*** болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың (Абай). □ **Өлі аруақ** — *діни ұғымда өлген ата-бабаның рухы.* **Өлі бой** — *тіршіліктен тұңіліп суыған "құр" сүлде.* **Өлі бүйым** — *үйдегі дүние-мүлік.* **Өлі ет** — а) *тірі денедегі тканьдары шіріген жансыз ет;* ә) *қонақ*

келместен бұрын сойылған малдың еті, ескі ет. **Өлі жүн** — *малдың тұлеп түспеген қысқы жүні.* **Өлі су** — а) *қайнамаған, шикі су;* ә) *ағыны жоқ, бөгелген қара су.* ◊ **Өлі бойға жан жүгірді** — *өшкен үміті жанды.* **Өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ** — *санатта, есепте жоқ.* **Өлі жара** — *бітпес ескі кек.* **Өлі төсекте жатқанда** — *өтірік айтатын жер емес.*

ӨЛІ II *Жылқының түйнек сияқты ауруы.* Күрең бесті *өлі* тигеннен жаман биледі (Майлин).

ӨЛІДЕЙ *Өлік қалпында, өлік күйінде.* Тірідей айрылу *өлідей* айрылудан бетер (Мақал).

ӨЛІК 1. *Өлген адам мен жан-жануардың жансыз денесі, сүйегі. Өлікке* өкпе жүрмейді (Мақал). 2. *Ауыс. Қолынан еш нәрсе келмейтін қауқарсыз.* Мен бір жүрген тірі *өлікпін,* ешкімге керегім шамалы (Тілеуханов).

ӨЛІМ 1. *Тіршіліктің бітуі, ажал, қаза.* Ол Зәмзәні *өлімнен* алып қалды (Субханбердин). 2. *Ауыс. Ар, ұят, намыс.* Басқара алмасам, нағыз *өлім* сол ғой маған (Сарғасқаев). ◊ **Өлім аузынан қалды [қайтты]** — *өле жаздап барып, аман қалды.* **Өлім аузында жатыр** — *ауруы меңдеді, әл үстінде жатыр.* **Өлім болды** — *ұят, масқара болды.* **Өлімге бел байлады** — *тәуекелге барды.* **Өлімге көзі қимады** — *есіркеді, аяды.* **Өлім түртті** — *ажал айдады, өлімге бастады.* **Өлім халіне жетті** — *ауыр қиыншылық кешті.*

ӨЛІМДІ *Өлім-жітімді, қаралы, қазалы. Өлімді* жерде аузыңды тый (Мақал).

ӨЛІМ-ЖІТІМ *Ығын-шығын, қаза.* Малдың ~і азайды.

ӨЛІМ-ЖІТІМСІЗ *Ығынсыз-шығынсыз.* Көп малдың іші *өлім-жітімсіз* тұра ма (Ақышев).

ӨЛІМСЕК *Шыдамды, төзімді, жаны сірі. Өлімсек* кемпір базарға сүйретіліп өзі келді.

ӨЛІМСІРЕ 1. *Өлетін адамдай әрең қимылдау, жай сөйлеу. Өлімсіреген* дауыспен ол "Пышақ салып алды", — деді (Бекенов). 2. *Болар-болмас жылтырау, әрең жану.* ~ген жарық, ~ген от. 3. *Әрең естілу, әлсіреп жету.* Жандостың ~ген даусы естілді.

ӨЛІМТІК 1. *Өлі дене, өлексе, жемтік.* Жақсы ит *өліметігін* көрсетпейді (Мақал). 2. *Қолынан ештеңе келмейтін өлмеші, шала жансар, олақ.* Ондай *өліметіктің* өлгені артық (Тоқмағанбетов). ◊ **Өліметігін артты** — а) *салмағын салды, ауыртпалығын арттырды;* ә) *кінәсын жуды, айыбын төлетті.*

ӨЛІМШІ 1. *Өлудің аз-ақ алды, өлетін жағдай. Өлімшінің* күнін көріп әрең жетті (Исабаев). *Өлімші* халдегі оны арқалап келе жатты (Бөриев). 2. *Өлеусіреп әрең көрінген (сәуле, жарық).* ~ сәуле, ~ жарық. ◊ **Өлімші болды** — *халі нашарлады, өлер болды.*

ӨЛІП-ӨШ 1. *Шаршап шалдығу, өлермен болу.* Тірі деген хабарын алған соң, *өліп-өшіп* іздеп келді (Кереева). 2. *Жалбақтап асты-үстіне түсу.* Нұрым Қамардың алдына *өліп-өшіп* барады (Торайғыров). 3. *Ауыс. Тағаты таусылу, ынтығу, құмарту. Өліп-өшіп* жүріп үйленіп алды (Алшынбаев).

ӨЛІП-ТАЛЫП *Аса қатты қиналу, діңкесі құру.* Ол ~ ауруханаға жеткізді.

ӨЛІП-ТІРІЛ *Жан-тәнін салу, барынша, қатты қорғау.* Сен оны *өліп-тіріліп* қорғамай-ақ қой! (Қабышев).

ӨЛІ-ТІРІСІ *Бары-жоғы, аман-жаманы.* Шешемнің де *өлі-тірісін* білмедім (Сармурзин).

ӨМІЛДІРІК *Былғары не қайыстан жасалған, аттың ерінің артқа кетпеуі үшін тағылатын әбзел.* Ол *өмілдірік,* құйысқанын реттеп, тартпаларын тартып жатыр екен (Кененбаев).

ӨМІЛДІРІКТЕ *Атқа өмілдірік салу.* Ақбозын Балуан Шолақ сол күні *өмілдіріктеп,* шап айылын берік тартып ерттеді (С. Мұқанов).

ӨМІР 1. *Материяның қозғалу, даму, өсу көріністерінің жалпы жиынтығы, тіршілік.* Жер мен су біз үшін *өмір* (Исабаев). 2. *Адам мен жан-жануарлардың, өсімдіктердің физиологиялық тіршілік ету, өсу процесі.* Бұл хирург 46 жауынгердің ~ін сақтап қалды. 3. *Өсу, даму процесінің белгілі бір кезеңі, сатысы тірі организмнің тіршілік ету мерзімі; ғұмыр.* 4. *Ауыс. Ешқашан, ешуақыт.* Өтірікке ~де сенбе. ◊ **Өмір бақи [бойы]** — *ылғи, үнемі, әрқашан.* **Өмір берді** — *жаратты, дүниеге келтірді.* **Өмірге бойлады** — *өмірге үңіле қарады, өмірді терең түсінді.* **Өмірге қадам басты** — *жаңадан тіршілік ете бастады.* **Өмірге оралды** — *ажалдан аман қалды, өлмеді.* **Өмірден тепкі жеді** — *тұрмыстың соққысын көрді, азап шекті.* **Өмірдің ащы-тұщысын көрді** — *тұрмыстың жақсы-жаманын басынан кешірді.* **Өмір жасың ұзақ болсын! (алғ.)** — *көп жаса!* **Өмір зайғы [зая] өтті [болды]** — *өмірі бос, тектен-текке кетті.* **Өмір кешті [сүрді]** — *тіршілік етті.* **Өмір серік** — *жұбай, жар, ерлі-зайыпты.* **Өмір тауқыметін көп көрген** — *тұрмыстың соққысына ұшыраған өмірдің зардабын көп тартқан.* **Өмір шамы сөнді** — *өлім сағаты жетті, тіршілік оты өшті.* **Өмірі кісі есігінде өтті** — *жалшылықпен күн кешті.* **Өмірін [көрген күнін] итке берсін [бермесін]** — *көрген күні күн емес.* **Өмірін сарп етті [қылды]** — *жан аямай қызмет етті.* **Өмірі өксіді** — *қайғы-қасіретте күн кешті.* **Өмірі өтті** — *бос өмір сүрді.*

ӨМІРБАЯН *Жеке адамның өмір тарихы.* Өзінің ~ын жазды (сұрады, айтты).

ӨМІРЗАЯ 1. *Таңға жақын көрініп, ағып түсетін жұлдыз.* 2. *Кеспелтек шоқпар.*

ӨМІРЕМ: өмірем қап! (қарғ.) — *жер қап, мұрдем кет!*

ӨМІРЛЕС *Тіршілігі бір, тағдырлас.* Ұрандас, үндес, *өмірлес,* Қырғызым-бауырым, отандас (Әлімбаев).

ӨМІРЛІ: өмірлі бол! (алғ.) — *көп жаса, ұзақ өмір сүр!*

ӨМІРЛІК 1. *Тұрмысқа пайдалы, өмірге қажетті.* ~ мақсат (талап-тілек). 2. *Ауыс. Өмір бақи, мәңгілік, тұрақты.* ~ жар (дос, жолдас).

ӨМІРШЕҢ *Өмірге бейім, икемді, өмір сүргіш.* ~ ой-қиял (сөз, дәстүр).

ӨМІРШЕҢДІК *Өмірге бейімділік, икемділік.* ~ін көрсетті, ~ке баулыды.

ӨМІРІ *Өмір бойы, әрқашан, ылғи да.* Сіздің жақсылығыңызды ~ ұмытпаспыз.

ӨМІРІНШЕ *Өмір бойы, өмір бақи.* ~ кемтар боп қалды.

ӨН 1. *Өсімдіктің тамыр тартып көгеріп шығуы; өсуі.* Қызылшаның түйнегі ~іп шықты. 2. *Өсу, туу, пайда болу.* Өсіп, *өнген* жеріміз — ауыл (Жақсыбаев). 3. *Ауыс. Істің нәтижелі болуы, ілгері басуы.* Егер ісім *өнсін* десең ретін тап (Абай).

ӨН: өн [өне] бойы — а) *тұла бойы, бүкіл денесі;* ә) *әрдайым, үнемі;* б) *түгелімен, тұтасымен.*

ӨНБЕС: өнбес іс — *өнімсіз, мардымсыз іс.*

ӨНГІШ *Жақсы өнетін, тез шығатын.* Арам шөп ~ келеді.

ӨНГІШТІК *Жақсы өнетіндік, тез шығатындық.* Кейбір тұқымдар ~гін жоғалтып алады.

ӨНДІ *Өнімді болу, маңду.* Жұмыс ~меді, жүрісі ~.

ӨНДІР I *Уылжыған, қыршын жас.* Еңкейген кәрі, *өндір* жас (Әлімбаев).

ӨНДІР II 1. *өзг. етіс. Өн-дір.* 2. *Бір нәрсені құлшына, жігерлене істеу.* Мақтаны ~е терді. 3. *Қайтарып алу, төлеттіру.* Тонды *өндіріп* алу керек (Сейсембаев).

ӨНДІРГІШ: өндіргіш күш (*экон.*) — *өндіріс құралжабдықтары мен қоғамның материалдық байлығын жасайтын адам еңбегі.*

ӨНДІРДЕЙ *Жап-жас, өрімдей. Өндірдей* өз құрбылары бірге кетіп барады (Қазыбаев). ◊ **Өндірдей жас** — *балғын балауса, сындарлы сұлулық.*

ӨНДІРУШІ *Белгілі бір өнім өндіретін адам.* Астық ~, түз ~, өнім ~.

ӨНДІРШЕК *Жұтқыншақтан басталатын өңештің бойы, алқым.* ~гін созды, ~гі сорайып. ◊ **Өндіршегі үзілді** — *діңкесі құрыды, зорланды.*

ӨНДІРШЕКТЕ 1. *Өндіршектен ұстау, жармасу.* ~п жағадан алды. 2. *Ауыс. Өзінікін құптап орынсыз дауласу, таласу.* ~п өзеуреді (қоймады).

ӨНДІРШІН *Жас буын, жеткіншек.* Өзі *өндіршін* жас, пікірлері орнықты (Сәрсекеев).

ӨНДІРШІНДЕЙ *Өрімдей, жап-жас.* ~ жігіт.

ӨНДІРІМДІ *Өндіріп істейтін, қарымды.* ~ техника.

ӨНДІРІС *Тұтынуға қажетті материалдық игіліктерді, құнды заттарды жасап шығаратын өнеркәсіп саласы.* Балық ~і, ~тің экономикалық тиімділігі. □ **Өндіріс анархиясы** (*экон.*) — *товар өндірісінің жоспарсыздығы, қоғам-дық шаруашылықтың бет-бетімен кетуі.* **Өндіріс қуаты** — *өнеркәсіп салаларының кәсіпорын, оның бөлімшелерінің белгілі бір уақыт, өлшемі ішінде барынша көп, сапалы өнім шығаруы.* **Өндіріс құрал-жабдықтары** — *еңбек жұмсалатын зат пен сол затты өңдейтін құрал.* **Өндіріс тәсілі** — *өндірістік қатынастардың өндіргіш күштермен бір тұтастығы.*

ӨНДІРІСТІК *Өндіріске тән, өндіріске қатысты.* ~ бұйым (жабдық). □ **Өндірістік қатынас** — *қоғамның экономикалық базисы болып табылатын материалдық игіліктер өндірісінің процесіндегі адамдардың біріне-бірінің қатынасы.*

ӨНЕ: өне бойы — *үнемі, әрқашан, әрдайым.*

ӨНЕГЕ *Тәлім-тәрбие, үлгі, ақыл.* Балаға *өнегені* өзіміз көрсетуіміз қажет ("Қазақст. мек."). ◊ **Өнеге алды [түтты]** — *үлгі, нұсқа, тәрбие алды, үйренді.* **Өнеге болды** — *үлгі болды.*

ӨНЕГЕЛЕ *Үлгі көрсету, игі әсерін тигізу.* Табиғат *өнегелеп* сол бірлігін (Ибраһим).

ӨНЕГЕЛІ *Үлгілі, көргенді, тәрбиелі. Өнегелі* іс, ~ оқушы (сөз мұғалім,).

ӨНЕГЕЛІК *Көпшілікке үлгі болушылық, үнамдылық.* Ініге *өнегелік* — аға салты (Ыдырысов).

ӨНЕГЕЛІЛІК *Жағымды ісімен жұрт ілтипатына ие болушылық, үлгілік.* Ата-аналардың ~гі — балаларына үлгі.

ӨНЕГЕСІЗ *Тәлім-тәрбиесіз, үлгісіз, көргенсіз, білімсіз.*

ӨНЕГЕСІЗДІК *Тәрбиесі жоқтық, үлгісіздік.* Қателігімді, *өнегесіздігімді* тез түзете қойдым (Айымбетов).

ӨНЕР 1. *Бір шаруаны ұқсатып жасау қабілеті, шеберлік, іскерлік.* Зергерлік ~і, ақындық ~. 2. *Шындық өмірді творчестволық жолмен, көркем образдар арқылы суреттейтін көркем өнердегі жанр.* Көркем сурет ~і, театр ~і. 3. *Ауыс. Кәсіп, қарекет.* Оқудан шыға ұстады, ата *өнерін* (Абай). ◊ **Өнер көрсетті [бастады, шығарды]** — *тосын қылық жасады.* **Өнері тасыды** — *асқан шеберлік көрсетті, шеберлігін танытты.*

ӨНЕРБЕТ *Қолынан әр түрлі іс келетін шебер адам, өнерлі кісі.*

ӨНЕР-БІЛІМ *Өнер мен білімнің жымдасып ұштасқан жиынтығы. Өнер-білім* бәрі де, Оқуменен табылған (Алтынсарин).

ӨНЕРЖАЙ: өнержай үйі — *қаламгерлердің, өнер адамдарының демалуына және творчествомен айналысуына мүмкіндік жасайтын қоғамдық жай, орын (дом творчества).*

ӨНЕРКӘСІП *Халық шаруашылығының шикі затты өңдейтін және одан жаңа бұйымдар жасайтын саласы; кәсіпорын.* Тоқыма ~бі, тамақ ~бі, ауыр ~бі.

ӨНЕРКӘСІПТІ *Завод-фабрикалы, өндірісті.* ~ жас қала (аудан, орталық, ел).

ӨНЕРКӘСІПТІК *Өнеркәсіпке қажетті, өндірістік.* ~ негіз (құрылыс, бағыт).

ӨНЕРЛЕ 1. *Көркемдеп әшекейлеу, әрлеу.* Қыздарға үлкен сын еді Кестені тігу *өнерлеп* (Исахметов). 2. *Ауыс. Амалдау, құбылту, өңін айналдыру.* Қолымнан Тынбайынды болыс қылдым, *Өнерлеп* арыз жазып Орынборға (Айтыс).

ӨНЕРЛЕН *Өнерге ие болу, білу.* Сен маған түрлі кәсіп өнер бердің, Сәулеңде оқып-біліп *өнерлендім* (Еңбек күйі).

ӨНЕРЛІ *Талантты шебер, ісмер, өнерпаз. Өнерлінің* өзегі талмас (Мақал).

ӨНЕРЛІЛІК *Бір нәрсеге жетіктілілік, іскерлілік.* Ердің ерлігі — *өнерлілігі* ("Қаз. әдеб.").

ӨНЕРНАМА *Адамның мәдени және рухани қызметтерді орындауға бағытталған ісі.* Доспамбет пен Шалкиіз *өнернамалары* айрықша (Бес ғасыр).

ӨНЕРПАЗ *Қолынан әр алуан іс келетін, ісмер, шебер, өнерлі.* Әсемпаз болма өрнеге, *өнерпаз* болсаң арқалан (Абай).

ӨНЕРПАЗДЫҚ *Шеберлілік, өнерлілік. Өнерпаздық* тұқым қуалайды деген сөз бар (Рүстемов).

ӨНЕРСІЗ *Қолынан ештеңе келмейтін, өнері жоқ, орашолақ. Өнерсіз* байлық — өлі дүние (Мақал).

ӨНЕРСІЗДІК *Қолынан ештеңе келмеушілік, орашолақтық.* Әлде *өнерсіздігінен* ұялып ортаға келмеді ме? (Тоғысбаев).

ӨНЕРТАБЫС *Ғылымда, шаруашылықта, техникада өнімді көбейтерлік мәні бар, бір нәрсені жетілдіру арқылы ойлап табылған жаңалық (изобретение).*

ӨНЕРТАНУ *Өнерді зерттейтін қоғамдық ғылымдар жиынтығы.* ~ ғылымы.

ӨНЕРТАНУШЫЛЫҚ *Өнер зерттеушілік.*

ӨНЕРТАПҚЫШ *Өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалықтар ұсынушы (изобретатель).*

ӨНЕРТАПҚЫШТЫҚ *Өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалық ашушылық (изобретательство).*

ӨНЕРШІ 1. *Қолынан алуан түрлі іс келетін адам. Өнершінің* шеберлігі жалпыдан өз өнерін асыруда (С. Мұқанов). 2. *Өнші-күйші, өнерпаз.* Облыстық мәдениет сарайының *өнерші* қауымы осы кеште бізге арнап келе қалды (Байтанаев).

ӨНЕРШІЛІК *Әр түрлі іс істей білушілік, өнерге әуестенушілік.* Алтыбақан ойыны *өнершілікке,* өлеңшілікке баулиды жастарды (Шопан серігі).

ӨНЖОРҒА *этногр. Әйелдер тағатын, күміс шолпы, алқа.*

ӨНІК 1. *Жер бетіне көктеп шыққан алғашқы өнім.* Жауын-шашын болса, *өнік* жетіліп кетеді (Әлімов). 2. *Өнімді, қарқынды, нәтижелі.* Аққайша келгелі, жұмыс *өнік* (Нәжімеденов).

ӨНІКТІ 1. *Егуге қолайлы, өнімді.* Қорық территориясында 1200 *өнікті* өсімдік өседі ("Қазақст. мұғ."). 2. *Пәрменді, қарқынды.* ~ іс (еңбек, жұмыс).

ӨНІМ 1. *Егілген дақылдардан алынатын түсім (астық, жеміс-жидек, овощ).* Егіннен мол *өнім* алу — диқанның ежелгі арманы ("Қаз. әдеб."). 2. *Мал шаруашылығынан түсетін пайда, табыс (ет, сүт, жүн).* Түйеден алынатын ~нің түрлері. 3. *Өнеркәсіп орындары өндіретін зат.* Риддер полиметалл комбинаты майдан үшін *өнім* шығара бастады (Жанұзақов).

ӨНІМДІ 1. *Шығымы, өнімі мол.* Жоғары *өнімді* асыл тұқымды мал (Дәуренбеков). 2. *Нәтижелі, табысты.* ~ жыл (еңбек, жүріс).

ӨНІМДІЛІК *Түсімді мол берушілік, нәтижелілік.* Еңбек ~гі, жоғары ~.

ӨНІМДІРЕК *Ұтымдырақ, тиімдірек, өнімділеу.* Жұмысты таңертеңгі кезде істесе, ол *өнімдірек* болады (Жұмабаев).

ӨНІМСІЗ *Нәтижесіз, құнарсыз, мардымсыз.* ~ жүріс (жұмыс, әрекет, іс).

ӨНІМСІЗДЕУ *Өнімді емес, мардымсыздау.* ~ қимыл (әрекет, шаруа).

ӨНІМСІЗДІК *Өнбей жатқандық, нәтижесіздік.* Жұмыстың ~гі .

ӨНІМТАЛ 1. *Жақсы өнім беретін, өсімтал.* ~ сорт (бұршік). 2. *Тез көбейгіш, өнгіш.* Микробтар өте *өніметал* келеді (Аса жұқпалы ауру).

ӨНІМТАЛДЫҚ *Өсімталдық, өнгіштік.* Орманның *өніметалдығы* топырақтың механикалық құрамына байланысты (Орынбаев).

ӨНІП-ӨС 1. *Өсіп-өну, өркен жаю.* Микробтар қанға сіңеді де тез *өніп-өсе* бастайды (Қайрақбаев) 2. *Басына бас қосылып көбею, өрбу.* Әсемкүлден *өніп-өсіп,* көгеріп отырмын ("Қаз. әдеб."). 3. *Ауыс. Шарықтап даму, өркендеу.* ~кен өміршең мәдениет, ~ өлке.

ӨҢ 1. *Ажар, көрік, жүз, рең, бет-пішін.* Мұраттың ақ құба *өңі* тотығып қарауытқан (Ахтанов). 2. *Заттың теріс жағына қарама-қарсы жылтыр жағы; оң жағы.* Ол дивандағы жапқыштың *өңін* айналдырды (Жақсыбаев). 3. *Түрі-түсі бояуы.* Мұндай талшықтардың жуудан *өңі* кетеді екен (Құрманов). 4. *Ауыс. Адамның ұйықтамаған, ояу кезі.* Түсінде қорыққан, *өңінде* қуанар (Мақал). □ **Өң киім** *(жерг.)* — *өңі бүтін жаңа киім.* ◊ **Өң алды** — *белгілі бір түске енді.* **Өң [өңін] алдырмады [бермеді]** — а) *сыр бермеді;* ә) *реңін, көркін сақтады.* **Өң берді** — *ажар берді, көркейтті.* **Өң жоқ, түс жоқ** — *сүреңсіз, көріксіз; үрейі ұшқан.* **Өң мен түстей** — *айқын емес, бұлыңғыр.* **Өңі бұзылды [жібімеді]** — *өңі қашып сұрланды.* **Өңі бүтін** — *жаңа, өңі түзу, киілмеген (киім).* **Өңі кетті** — *оңды, түсі өзгерді.* **Өңі кірді [енді]** — *бетіне қан жүгірді, ажарланды.* **Өңі қашты** — а) *өңі бұзылды, боп-боз болды;* ә) *маңызы, мәні кетті.* **Өңін айналдырды** — *дұрыс айтпады, бұрмалады.* **Өңін бермеді** — *әуелгі қалпын сақтады, бояуы оңбады.* **Өңі сынық** — *өңі солғын, жүзі жүдеу.* **Өңі тайды [түсті]** — а) *бояуы оңды, түсі кетті;* ә) *ажары кетті, көріксізденді.*

ӨҢГЕ *Бұдан басқа, бөтен, өзге.* Мен түгілі, *өңге* балаларда да ұн жоқ (Райымқұлов).

ӨҢГЕЛЕ *Басқашалау, жаңарту.* Бұл дүние кезек берер істі *өңгелеп* (Шәкәрім).

ӨҢГЕР *Көлік үстінде отырып бір нәрсені ердің алдыңғы жағына көлденең салу.* Салт атпен қой *өңгеріп* жүре берді (Байжанов).

ӨҢДЕ 1. *Әдемілеу, әсемдеу.* Қабір үстін жыл сайын балшықпен сылап *өңдеп* тұрады екен (С. Мұқанов). 2. *Бір нәрсенің кемшілігін түзеу, ретке келтіру.* Жүсіпбек әндерін қайтадан талдап, *өңдеп* отыратын еді (Елебекова). 3. *Заттың сапасын арттыру, құрамын жақсарту.* Тері ~ді, ағаш ~ді. 4. *Егін егу үшін топырақты майдалап, жерді тыңайту.* Жерді дұрыс *өңдеп,* тиімді пайдалана білу керек (Құрманов).

ӨҢДЕГІШ *Заттың сапасын арттырғыш, жақсартқыш.* Астық ~, жер ~.

ӨҢДЕС *Өңі бір, түстес, ұқсас.* Бұтында пальтосы *өңдес* шалбар (Сқақбаев).

ӨҢДЕУ: өңдеу өнеркәсібі — *өндірістің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық шикізаттарын өңдеумен айналысатын саласы.*

ӨҢДЕУШІ *Өңдеу жұмысын жүргізуші адам.* Ағаш ~, тері ~, жер ~.

ӨҢДІ *Реңді, ажарлы, көрікті. Өңді* қыздың бәрі жөнді қыз емес (Нұршайықов).

ӨҢДІЛЕУ 1. *Ажарлылау, көріктілеу.* Тұрсынқожа Жүсіптен *өңділеу* көрінеді (Юсупов). 2. *Өңі ұқсас, өңдес, түстес.* Өңі жұқа, қытай *өңділеу* ме, қалай (Ахтанов).

ӨҢДІЛІК *Реңділік, көріктілік, сұлулық.* Сәнәйдің дене бітімі ерекше *өңділікті* танытады (Құмарбеков).

ӨҢЕЗ *Көп түрып қалғандықтан ыдыстың ішінде, жиегіне базданып қалған жұғынды.* Дәукен қарт месті арыққа салып, *өңезін* қырып әбден жуды (Серәлиев).

ӨҢЕЗДЕН *Өңез пайда болу, баздану.* Торсықтарының іші-сырты көгеріп, қымызы *өңезденіп* кететін (С. Мұқанов).

ӨҢЕЙ *Реңі кіріп, ажарлану.* Өзі келгелі аздап *өңейіп* қалды (Смаилов).

ӨҢЕШ 1. *Жұтқыншақ пен асқазан арасындағы ас жүретін жол.* Жарты аяқ қымыз *өңешінде* тұрып қалған сияқтанды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Ішіп-жейтін ас, құлқын. Өңеш* үшін әйел сатудың сарқынышағы алыс-беріске айналды (Дөненталев). □ **Өңеш рагы** — *өңештен тамақ өтпейтін ауру; қылтамақ.* ◊ **Өңеші кең** — *парақор, жемқор.*

Өңеші кепті — *сусады, шөлдеді.* **Өңеш қызартты** — *таласып-тармасты, дауласты.* **Өңешіне тықты** — *аузын алды, пара берді.* **Өңешінен [өңештен] өтіп кетті** — *ішіп-жеп қойды, қажетке жаратты.* **Өңешін жыртты** — *бақырды, айғайлады.* **Өңешін жібітті** — *сусын, ішімдік т. б. ішті.* **Өңешін созды** — *айғайға басты, өзеуреді, даурықты.*

ӨҢЕШТЕ *Даурығып дауыс көтере сөйлеу, айқайлау.* Жақып қанша **өңештесе** де, станок бергізе алмаған (Өтесінов).

ӨҢЕШТІК *Киімнің (көйлектің) жоғары түймесі; алқымға, тағатын түйме.*

ӨҢКЕЙ *Жаппай, өңшең, кілең.* Совхоз орталығына кіре бергенде **өңкей** ақ шатырлы ақ шаңқан еңселі үйлер (Досанов).

ӨҢКЕҢДЕ *Ыңғайсыз қозғалу, өңкең-өңкең ету.* Байбол **өңкеңдей** еңбектеп келіп, Бақсыбайдың иығынан тартты (Сматаев).

ӨҢКИ *Денелі адамның дөңкиіп көрінуі.* Тізерлеген күйінің өзі шөккен нардай **өңкиіп** көрінеді (Б. Шаханов).

ӨҢКИГЕН *Денесі қорбиған, дөңкиген.* ~ солдат.

ӨҢК-ӨҢК: өңк-өңк етті — *желе жортты, өңкілдеді.* Сиыр **өңк-өңк** етіп, қаша жөнелді (Соқпақбаев).

ӨҢКІЛДЕ 1. *Өңк-өңк етіп қатты желу.* Өрістен **өңкілдеп** шауып келген түйе жолындағы қазан-ошақты жайпап өтті (Тобағабылов). 2. *Ауыс. Бар денесімен еңкілдеп жылау.* **Өңкілдеп** қайта жылады (Шүкіров).

ӨҢМЕН *Көкірек, кеуде.* Ол қос ауыз мылтығын **өңменіме** тіреді (Алтайбаев). ◊ **Өңменінен [көзі, жел, сөзі] өтті** — а) *оқты көзін қадады;* ә) *суық жел сүйектен өтті;* б) *ар-ұятына тиді.* **Өңменін созды** — *мойнын соза қарады.*

ӨҢМЕН: өңмең қақты — *кеуделеп киіп-жарды, өзеуреді.*

ӨҢМЕНДЕ *Кие-жара ұмтылу, ентелеу, кеуделеу.* Мұхамед тағы **өңмендеп** келе жатқан Власовтың қолындағы мылтығын жұлып алды (Тоқаев).

ӨҢСІЗ 1. *Бояуы оңған, өңі түскен.* Басында **өңсіз** ескі топ тақия (Көшімов). 2. *Өңі қашқан, аппақ құдай.* Гүлсім әжесінің қасында **өңсіз** төмен қарап отыр екен (Бегалин). 3. *Ауыс. Реңсіз, ажарсыз, пішінсіз.* Сөзі тәуір болғанымен өзі **өңсіз** екен (Нұршайықов).

ӨҢСІЗДЕН *Бояуы кетіп өңі түсу, оңу.* Күн тиіп **өңсізденген** сұрғылт кепкасымен желпінді (Өзиев). 2. *Бетінің ажары кетіп, өңі қашу.* Беті **өңсізденіп** жүрген әйелдерге сәбіз шырыны пайдалы (Субханбердин).

ӨҢСІЗДЕУ 1. *Реңсіздеу, көріксіздеу; ажарсыздау.* Жолдасымның апасы ~ еді. 2. *Күйсіздеу, жүдеулеу, жадаулау.* Қарияның жайы болмай ~ жүрген кезі болатын.

ӨҢСІЗДІК *Өңі нашарлық; реңсіздік.* ~ қыз балаға үлкен кедергі.

ӨҢ-ТҮС *Бет-бейне, келбет.* **Өң-түсіне** қарағанда оқыған баласың (Әбдіхалықов). ◊ **Өң-түс жоқ** — *өң жоқ, түс жоқ, аппақ құдай.* **Өң-түсі бұзылды [қашты]** — *реңінен қаны қашты, бозарды.*

ӨҢШЕҢ *Кілең, біркелкі, өңкей.* ~ бала (боздақ, қасқа мен жайсаң).

ӨҢІР I 1. *Киімнің алдыңғы екі бойы.* Айтбай бетінің терін **өңірімен** сүртті (Бекенов). 2. *этногр. Көйлектің омырау тұсына, кимешектің жағына жапсыратын әшекейлі, өрнекті қымбат мата, өңіржиек.* Апам елден әкелген **өңірін** көрсетті (Молдағалиев). 3. *Көкірек, кеуде, омырау.* **Өңірі** толған ордендер мен медальдар еді (Бодаубаев).

ӨҢІР II *Атырап, аймақ, өлке.* Алтай ~і, Оңтүстік ~і, Ертіс ~і. Базаралы бұл **өңірдегі** ең қымбат жан еді (М. Әуезов).

ӨҢІРЕ *Еңіреп жылау, өкіру.* — Өшір үніңді, **өңіреме,** — деп ақырды (Ш. Түменбаев).

ӨҢІРЕҢДЕ *Едіреңдеу, қодыраңдау.* Омырауында жез знағы бар **өңіреңдеген** жендет айқайлады (С. Бегалин).

ӨҢІРЖИЕК *Көйлектің омырауына, кимешектің жағына жапсыратын әшекейлі, өрнекті өңір.* Алқа, түйме, **өңіржиектерін** дүкенге беріп, бұлар да шәй, секер алды (Құрманғалиева).

ӨҢІРЛЕ 1. *Жеке-жеке өңірлерге бөліну.* ~п суару (айдау, себу). 2. *Белгілі бағытпен беттеу, бойлау, жағалау.* Жол жиегін **өңірлеп** шыққан Арқаның боз көдесі жайқалып тұр (Ер есімі).

ӨҢІРЛЕС *Аймақтас, өлкелес.* Бұл ән онымен **өңірлес** басқа облыстардың көркемөнерпаздар репертуарынан тұрақты орын алған ("Қаз. әдеб".).

ӨҢІРЛІК *Белгілі бір өңірге, аймаққа тән.* ~ жағдайлар.

ӨҢІРТАЛ *Екі тақталы, ортасында бір қарыс күміс шынжыры бар қымбат бағалы алқа, өңіржиектің түрі.*

ӨҢІРШЕ 1. *Түрлі-түсті тастармен әшекейленген үш тақталы алқа.* 2. *Оқа, зер.*

ӨП *Беттен сүю.* Ана шіркін баласын, Емірене **өбетін** (Жандыбаев).

ӨП-ӨҢДІ *Әп-әдемі, сымбатты.* Жап-жас, **өп-өңді** әйел асханаға кіріп кетті (Шәріпов).

ӨП-ӨТІРІК *Көрінеу өтірік, жалған.* ~ қиналған болды (аң-қаусыды).

ӨПШІН *көне. Ат жабу.* Толып жатқан көп қалмақ, Атына **өпшін** жабады (Ер Тарғын).

ӨР I 1. *Ылдиға қарама-қарсы тіктеу келген биіктік.* **Өрге** қарай моторға күш түсті (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Жоғарғы нысана, мақсат, мұдде.* Ұйымдастыру жұмысы совхоз шаруашылығын бірден **өрге** сүйреді (Тоғысбаев). 3. *Ауыс. Батыл, өжет, ер.* Өзімнен басқа **өр** кім бар, Бәрін де жеңдім дей берме (Шәкәрім). ◊ **Өрге бастырмады** — *жеңістік бермеді, есе бермеді.* **Өр кеуде** — а) *бір бет, өр көкірек;* ә) *еңсесі биік.* **Өр көкірек** — *менмен, тәкаппар.* **Өр көкіректенді** — *менменсіді, тәкаппарлыққа салынды.* **Өр көкіректік** — *өзімшілдікке салынушылық, тәкаппарлық.* **Өр мінезді** — *өжет, өткір.*

ӨР II 1. *Малдың жайылымға беттеп шығуы.* Мал ~е бастады. 2. *Ауыс. Көп адамның бір жерден топталып шығуы.* Бір үйден **өріп** шығатын бір топ жансың (Сәрсекеев). ◊ **Өре түрегелді** — *бәрі орындарынан сау етіп тұрды.* **Өріп жүр** — *қаптап, толып жүр.*

ӨР III 1. *Жіпті, шашты, қайыстың жеке талдарын бір-біріне айқастыра орап тоқу.* Шашын бір **өрім** етіп ~ді, қамшы ~ді. 2. *Салынып жатқан құрылыстың іргесін көтеру, қалау.* Қызыл кірпіштен **өрген** екі этажды мектеп үйі (Серәлиев).

ӨР: аман-сау өрді — *жақсы жатып жәйлі тұрды.*

ӨРБІ *Көбею, өсіп-өну, даму.* Өз кіндігінен ~ді. Біраздан соң жарасымды әңгіме **өрбіді** (Нысаналин).

ӨРБІГІШ *Өрбуге бейім.* Шырмауық тез ~.

ӨРГЕК *Өр көкірек, батыл.* Өскен ел **өргек** те өктем сөйлер болар! (Әлімбаев).

ӨРЕ I 1. *Құрт-ірімшік, жеміс-жидек бір тегіс кебу үшін жасалған биік сөре; жайма.* Қанаттың әжесі шиден жасалған **өреге** құрт жайып жатыр (Асылбеков). 2. *Ауыс. Адамның білім-дәрежесі, ой-өрісі.* Ол қыздың **өресі** қандай екенін осы сөзінен байқады (Ә. Әбішев). ◊ **Өре бастырды** — *іске асырды, қуаттады.* **Өресі биік** — *адамгершілік сезімі жоғары, өресі биік кең.* **Өресі жазылды** — *көңілкүйі көтерілді, көңілденді.* **Өресі жетпеді** — *білім деңгейі ой-өрісі жетіспеді.*

ӨРЕ II *Бір шетін аттың алдыңғы оң аяғына, екінші шетін артқы сол аяғына салатын тұсау.* Салторы қираландап басып, **өресімен** жайылып жүр (Ақбаев). □ **Өре жіп** — *жылқы малының құралжабдығы.* **Өре салды** — *өреледі, тұсады.*

ӨРЕ: **өре киіз** — *киіз үйдің сыртына сәндік үшін жабатын ақ киіз.*

ӨРЕКПҰЛ *Әлде неден қобалжулы, үрейлі.* Бапаң әлденеге **өрекпулі,** жүрегі аузына тығылады (Қайырбеков).

ӨРЕКПІ 1. *Даурығу, еліру, өршелену, екілену.* Шәкеңнің бұрын **өрекпи** сөйлеу әдетінде жоқ еді (Юсупов). 2. *Әлде неге өкпесі қабыну, жүрегі қобалжу.* Жүрегі ~ді.

ӨРЕКТІКЕН *Түйе малы сүйсініп жейтін өсімдік.*

ӨРЕЛЕ 1. *Малдың алдыңғы және артқы бір аяғын шалыс байлау, матау.* Өбден бастыққанша інгенді сауар алдында **өрелеп** қойғанның зияны жоқ (Қымыз және шұбат). 2. *Ауыс. Алдаусыратып ұстау, еркіне жібермеу.* Игілік би ақынды маңайынан ұзатпай, **өрелеп** ұстайды (Ғ. Мүсірепов).

ӨРЕЛЕС *Қатарлас, теңдес, шамалас.* Бізбен ~, әжесімен ~.

ӨРЕЛЕУЛІ *Өре салулы, тұсаулы.* Қара бурыл ат екі аяғынан **өрелеулі** (Ғ. Мүсірепов).

ӨРЕЛІ *Келелі, кең көлемді, ауқымды.* ~ іс (пікір, ой, сөз).

ӨРЕЛІК *Билік, тыйым, шек.* Ойында **өрелік,** тойда төрелік жоқ (Нәбиев).

ӨРЕЛІЛЕУ *Жан-жақты, тереңдеу, ауқымдылау.* Нақты жұмыстың өзін аздап **өрелілеу** ойлап, өрістілеу шешсе (Қабдолов).

ӨРЕЛІЛІК *Жан-жақтылық, тереңділік, ауқымдық.* ~ танытты.

ӨРЕМ: **өрем қапты [қап]** — *сеспей қатты, мүрдем кетті.*

ӨРЕН I *Жас өспірім ұрпақ, жеткіншек.* Біз — бақытты балғын ұрпақ, Ұлы халық **өреніміз** (Жұмағалиев).

ӨРЕН II *Жүрттан асқан, озат, үздік.* ~ жігіт (жүйрік).

ӨРЕН-ЖАРАН *Ағайын-туған, бау-шарбақ.* Қайдар алпысқа толғанда **өрен-жараны** түгел жиналды (Жұмаділов).

ӨРЕҢ *Өрлеуіт, өр сымақ.* "Жоғары мен төменге, ылди менен **өреңге**" (Шал ақын).

ӨРЕСКЕЛ *Сөлекет, ерсі, оғаш.* ~ сөз (сұрақ, оқиға).

ӨРЕСІЗ *Ой-өрісі тар, білімсіз.* Сәкен **өресіз,** тар шеңберлі сындарға соққы беріп отыратын (Ишанов).

ӨРЕСІЗДІК *Ауқымы тарлық, білімсіздік.* Жетістікті жұмыстың орындалу процентімен өлшеу **өресіздік** (Досанов).

ӨРЕШЕ *Киіз үйдің босаға жағында шимен қоршалған ас-су, қазан-аяқ тұратын бұрыш, орын.* Әжесі **өрешеге** құрт жайып жүр (Асылбеков).

ӨРЕШЕЛЕ *Өреше құру, өрешемен қоршалу.* Ол ақ шимен **өрешелеп** қойған қазан-аяқ жақты есіне алды (Ә. Нұрпейісов).

ӨРЕ-ШӨРЕ: **өре-шөремен жүрді** — *анау-мынауға алданып, абыр-сабыр болып.* Өстіп **өре-шөремен** жүргенде көктем келді (Мағауин).

ӨРКЕН I *Өсімдік сабағындағы бұршіктер түбінен пайда болатын желі, өре.* Қауынның **өркен** сабағы үш-төрт күннен кейін шыға бастайды (Алманиязов). ◊ **Өркен жайды** — а) *бұтақ жайды, көгерді;* ә) *өсіп-өрбіді, көбейді.* **Өркенің өссін [өскір]** — *үрім-бұтақты бол, өсіп-өн.*

ӨРКЕН II *Ботаның іште жатып жинаған нәрі, тоңғағы.* Жас ботаның **өркенін** (доңғағын) түсіру үшін оның аузына бір кесе жылқы майын құяды (Жақыпов).

ӨРКЕНДЕ 1. *Өсімдіктердің желі тартуы, көктеу.* Таңқурайдың бұршіктері тез **өркендеп** кетеді (Мұсақұлов). 2. *Ауыс. Ілгері басу, даму, көркею.* Өскемен қаласы күн сайын өзгеріп, күн сайын **өркендеу** үстінде ("Лен. жас").

ӨРКЕНДІ *Өркені өскен, табысқа жеткен.* ~ ауыл (бастама, еңбек).

ӨРКЕНИЕТ *Белгілі бір қоғамдық-саяси формацияның қоғами, мәдени дамуы жағынан көтерілген сатысы.* ~ті ел, ~ті мемлекет.

ӨРКЕШ *Түйенің арқасына бір не екі айыр болып тік шаншылған қомы.* Екі **өркеші** тік шаншылған семіз буыршын шөгіп жатыр (С. Мұқанов).

ӨРКЕШ-ӨРКЕШ *Дөңес-дөңес, шоқы-шоқы.* ~ жақпар тас (таулар, құм).

ӨРКЕШТЕН 1. *Төбе-төбе, жал-жал, жота-жота болу.* Әшейінде заңғар тартқан өзге таулар да **өркештеніп** шөгіп қалыпты ("Зерде"). 2. *Ет алу, май басу, қоңдану.* Ол ноқта-бүйдадан босатып, **өркештеніп** қоң алсын деп еркін жайылысқа жіберген (Әбуталиев). 3. *Ауыс. Көңілі өсіп, тасу, өршелену.* Мен **өркештеніп,** Мұхаңа сүйсіне қарап қалдым (Нұршайықов).

ӨРКЕШТІ 1. *Өркеш біткен, өркеші бар; семіз.* Айыр ~, тік ~, сыңар ~. 2. *Дөңес-дөңес, өркеш-өркеш.* ~ құм (адыр, толқын).

ӨРКЕШТІК *Жүк батып, қажамас үшін өркешке кигізетін түйе әбзелі.* ~ — екі өркешке екі бөлек кигізетін әбзел.

ӨРКӨКІРЕК *Даңғой, мақтаншақ.* ~ жігіт.

ӨРЛЕ 1. *Жоғарылап жүру, өрге көтерілу.* Баян тауға қарай ~й жүрді. 2. *Көкке көтерілу, аспандау, әуелеу.* Бабы келген бүркіт қияға **өрлеп** алып, түлкіге шаншыла түседі (С. Мұқанов). 3. *Ауыс. Ілгері басу, даму, өсу.* Көп ұлтты әдебиет шырқау биікке **өрлеп** барады (Ғ. Мұстафин).

ӨРЛЕМЕ: **өрлеме қазба** — *жер астынан кен қазып алу жұмысы кезінде кеннің ұзын бойымен жүргізілетін тік немесе көлбеу қазба.*

ӨРЛЕҢ *Өр мінездену, өршу.* Қоңырқай келісімді өңі алабұртып, **өрленіп** кетіпті (Жылқышиев).

ӨРЛЕУІТ *Шамалы биіктеу, өрлеу жер.* Байтал таулы жерге келген соң *өрлеуітке* шыға алмай әбден қалжырады (Жансүгіров).

ӨРЛІ *Өрі бар, көтеріңкі, биіктеу.* Жол саламыз жосылтып *өрлі* жерде (Бейбітшілік).

ӨРЛІК *Өжеттілік, өр мінезділік, бір беттілік. Өрлігіңе* тапқырлығың сай екен, балам (Тілеуханов).

ӨРМЕ *Өріп жасалған, өрілген.* ~ қамшы (жүген, білезік).

ӨРМЕК *Алаша, шекпен тоқу үшін қазыққа кериліп, желісі жерге реттеліп тартылған тоқыма құралы (станок).* ~ құрды (тоқыды). □ **Өрмек ағаш** — *өрмек тоқу станогының барлық әбзелдері.* **Өрмек [күзу] жіп [шыбық]** — *жүнінен екі қабатталып иірілген, ерсі жіптерді тізіп мосы көтермеге (арқалыққа) ілінген тік кергіш.* **Өрмек құрды** — *өрмек жіптерін тоқуға даярлап станокқа орналастырды.* **Өрмек қылыш** — *ерсі жіп пен қарсы жіптің арасындағы арқауды бекітетін, нықтайтын қылыш пішіндес ағаш.* **Өрмек мосы** — *үш аяқты көтерме мосы, арқалық.*

ӨРМЕКШІ I *Тор құрып, шыбын-шіркеуді аулап қоректенетін буын аяқты жәндік.*

ӨРМЕКШІ II *Өрмек тоқушы адам (маман).* ~ жүн түтті.

ӨРМЕЛЕ 1. *Биікке тырмысып шығу, өрге көтерілу.* Қияға ~ді, сатымен ~ді, ағаш басына ~ді. 2. *Жорғалау, тырбану.* Құмырсқа ~ді.

ӨРМЕЛІ *Өріліп жасалған, өрілген.* ~ қамшы (жүген).

ӨРМЕШІ *Шебер өретін адам, өрімші.* Шідерді шебер *өрмешілер* жұмсақ иленген жұқа қайыстан ғана жасайтын (Арғынбаев).

ӨРНЕК 1. *Оюлы бедер, әшекей, нақыш.* Кілем ~гі, архитектуралық ~. 2. *Ауыс. Үлгі, өнеге, тәжірибе.* Айтыстарда өнеріңе *өрнек* болатын пайдалы сөздер көп айтылады (Кенжетаев). □ **Өрнек салды** — *өрнектеді, әшекейледі, бедерледі.*

ӨРНЕКСІЗ *Өрнек салынбаған, нақышсыз.* ~ текемет.

ӨРНЕКТЕ 1. *Өрнек салу, бедерлеу, нақыштау, әшекейлеу.* ~ген түс киіз (шақша, қобдиша). 2. *Ауыс. Қиыстырып мәнерлеу, әдемілеу.* Сөзді мақал-мәтелмен ~п, өленді оймен ~ді.

ӨРНЕКТЕС *Ою-өрнегі бір, ұқсас.* Сырмақ оюлары бір-бірімен ~.

ӨРНЕКТЕУШІ *Өрнек салушы, өрнектейтін адам.* Қыш ~, өлең ~.

ӨРНЕКТЕУІШ *Өрнек жасайтын, салатын аспап.* ~ құрал.

ӨРНЕКТІ *Бетіне ою-өрнек салынған, әшекейленген.* ~ бәкі (палас).

ӨРНЕКТІЛІК 1. *Ырғағы әр түрлілік, әр қилылық.* Әміреніп даусының тазалық, *өрнектілік* жағынан оған таласатын қазақ әншісін мен өзім көрген жоқпын (С. Мұқанов). 2. *Көркемділік, нақыштылық.* Өленнің түрі мен тілінің көркемдігі, *өрнектілігі* жағынан үлгі болары сөзсіз (XX ғ. қаз. ақын).

ӨРНЕКШІ *Өрнек салушы, оюшы.* Ол қолөнер ісінің ~сі.

ӨРСІЗ *Өрі жоқ, тұзу.* ~ жер (жол).

ӨРСІП *Тәкаппарсу, менменсіну.* Жоқ та шығар мінездері *өрсінген* (Бекхожин).

ӨРТ 1. *Айналаны түгел шарпып қаулап жанған от.* Қарат деген мал фермасында *өрт* шықты (Молдағалиев). 2. *Ауыс. Кенеттен болған қауіп-қатер.* Соғыс ~і. 3. *Уайым, қайғы.* Жүрекке ~ салды. □ **Өрт сөндіргіш** — *өрт сөндіруге арналған техника.* **Өрт сөндіруші** — *өрт сөндіру қызметін атқарушы.* ◊ **Өрт болып жанды** — *тұла бойы күйіп-жанды, қызды.* **Өрт қойды [салды]** — *от қойды, өртеді.* **Өрт мінезді** — *өткір, өжет.* **Өрт сөндіргендей** — *өңі қап-қара болып тұнерген, тұтіккен.*

ӨРТЕ 1. *От қойып жандыру, күйдіру, жағу.* Жау жерді ~п жіберді. 2. *Ауыс. Уайымға салу, қайғыға батыру.* Ананың күйігі ішін *өртеді* (С. Мұқанов). 3. *Дуылдату, тызылдату, ашыту.* Коньяк өзегін *өртеп,* төмен сырғи жөнелді ("Қаз. әдеб.").

ӨРТЕГІШ *Өрт салғыш, күйдіргіш, жандырғыш.* ~ мина (оқ).

ӨРТЕҢ *Бұрынғы шөбі өртеліп, орнына шыққан балауса көк шөп.* Түні бойы *өртеңге* тойған жылқы құдықтың суын шөлі қанғанша сыңғытады (Ақышев).

ӨРТТЕЙ *Қып-қызыл, нарттай.* Дала гүлдері ~ қызыл болады.

ӨРТХАБАРЛАҒЫШ *Өрт және оның орнын хабарлайтын техникалық құралдардың жиынтығы (пожарная сигнализация).*

ӨРУЛІ *Өріп қойған, өрілген.* ~ қос бұрым.

ӨРШЕЛЕН *Ерегісу, шабалану; екілену.* Төбеттер әлденеге *өршелене* үрді (Нәбиев).

ӨРШІ 1. *Қалыпты жағдайдан қарқыны арту, үдеу, күшею.* Құлкен бұрынғыдан бетер *өршіп* кетті (Өтесінов). 2. *Өріс алып кету, жан-жаққа жайылу, қаулай түсу.* Көтеріліс ~ді, от ~ді.

ӨРШІК 1. *Бір нәрсенің күшеюі, бой бермей өршелеуі.* От ~ті, дауыл ~ті. 2. *Өзеуреу, өңештеу, екілену.* Кенбайдың жұбатқанына онан сайын *өршігіп* кетті (Өтесінов).

ӨРШІЛ *Алған бетінен таймайтын бір бет, қайсар. Өршіл* жігіт дегенге айтып салып, шыға берер (Шәкәрім). **Өршіл ат** — *шоқтығы аласа, өрге қарай жақсы шабатын ат.*

ӨРШІЛДЕН *Қайсарлану, қасарысу.* Сырттансынбақ, қусынбақ, *өршілденбек,* Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек (Абай).

ӨРШІЛДЕУ *Өр көкіректеу, қайсарлау.* Осының өзі қызбалау, *өршілдеу* болар ма екен, қалай? ("Қаз. әдеб.").

ӨРШІЛДІК *Қайсарлық, батылдық, өжеттік.* Жас ұлан Қайырғали *өршілдікті,* адалдықты серік етеді ("Қазақст. мект.").

ӨРІК *Жеміс ағашы және сол ағашқа шығатын сары, қара түсті домалақ шырынды жеміс.* Жабайы ~, қара ~.

ӨРІК-МЕЙІЗ *Алуан түрлі жеміс-жидек.* Ол базардан бір-екі жәшік ~ әкелді.

ӨРІМ 1. *Жұмырлап өрілген шаш, бұрым; таспа.* Жанында *өрімі* тарқатылған қамшы жатыр (Смайлов). 2. *Ауыс. Жас өспірім, жеткіншек.* Ол жерде өзіңдей талай *өрім* жатыр (Нарымбетов).

ӨРІМДЕ *Тарамдап өру, талдау.* Гүлдария шашын ұзақ тарады, қос *өрімдеді,* шолпысын тақты (Әдібаев).

ӨРІМДЕЙ *Жап-жас, уыздай жас.* Кілең бір ~ қыз-жігіттер.

ӨРІМ-ӨРІМ *Жалба-жұлба, дал-дұл, пәре-пәре.* Киімдері ~.

ӨРІМШІ *Өргіш, өрудің маманы.* Кейбір **өрімшілердің** түйіні тұрманның тозығы жеткенше ыдырамайды (С. Мұқанов).

ӨРІМШІЛІК *Өру ісімен шұғылданушылық.* Менің өз ұстаған өнерім **өрімшілдік** (Бақбергенов).

ӨРІС I 1. *Ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер.* Мал ~тен қайтты. 2. *Ауыс. Білім дәрежесі, дүние танымы.* Жамбылдың ақындық ~і кең. 3. *Үрім-бұтақ, жегжат-жұрағат.* Ұлқызың **өрісің**, тынысың деген осы да (Сапаров). ◊ **Өріс алды** — *ілгері басты, дамыды.* **Өріс бермеді** — *мүмкіндік бермеді, қақпайлады.* **Өрісі кеңейді [кеңіді]** — а) *жан-жақты өсті, дамыды;* ә) *жан-жақты болып, өсіп-өнді.* **Өрісіңді өрт алғыр, жайлауыңды жау алғыр! (қарғ.)** — *жамандық айнала шырмасын!* **Өрісі тар** — *шолақ ойлы, білімі таяз.*

ӨРІС II *кәсіб. Құрылған өрмек жібінің ұзындығы.* Өрмек жібінің ~ін өлшеді.

ӨРІССІЗ 1. *Мал жайылатын жері жоқ, жайылымсыз. Өріссіз* мал — өнімсіз (Мақал). 2. *Ауыс. Ағайын-туғансыз, жұрағатсыз.* Мен де **өріссіз** жан емен (Бегалин).

ӨРІСТЕ 1. *Жайылымға шығу, өріске кету.* Кең жазықты шапырай **өрістеп** мал жайылып жүр (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Алға басу, өркендеу, даму.* Қазір техниканың ~ген заманы.

ӨРІСТЕС 1. *Жайылымы бір, қатар.* Ауылы іргелес, малы ~ жатқан. 2. *Ауыс.* Ой-өрісі, дүние танымы бір, үндес, **өрелес**. Өмірден таңдап алған жолы өзіммен үндес, **өрістес** (Бектепов).

ӨРІСТІ 1. *Жайылымы кең.* ~ дала. 2. *Ағайын-туғаны көп, жегжат-жұрағатты.* Ол Өмірбайын үйлендіріп, **өрісті**, қонысты болды (Құмарова). 3. *Өнегелі, өрелі.* Оның сөзінің төркінінен **өрісті** азамат екенін танырық (Ө. Ахметов).

ӨРІСТІК I *Өріс бола алатын, өріске жарамды, шұйғын.* Кең жазықта ~ жерлер мол-ақ.

ӨРІСТІК II *Малдың тезек, үлкен дәрет шығарар мүшесі.*

ӨРІСТІЛІК *Өресі кеңдік, өрелілік.* Оның өнерінің ~гіне таң қаласың.

ӨРІСШІЛ *Өріс құмар, жайылымпаз.* ~ саулық.

ӨРІСШІЛДІК *Өріс құмарлық, жайылымпаздық.* "Аймүйіздің" қыс-жанды **өрісшілдік** қасиеті бұдан да артып шықты (Бегалин).

ӨС 1. *Өсімдіктің, шаш, сақал-мұрттың жетілуі.* Бойлап ~кен шөп, сақалы ~ті. 2. *Адамзат, жан-жануарлардың үлкеюі, ер жетуі.* Бота, құлын, бұзау, лақ, қозы тулап, Қуанып ойнақтайды олар да **өсіп** (Шәкәрім). 3. *Сан жағынан арту, молаю.* 1973 жылы Одақ бойынша жұмысшылар саны 2,5 миллион адамға **өскен** ("Қазақст. мект."). 4. *Ауыс. Қызмет дәрежесінің, атақ лауазымының жоғарылауы.* Ол аудандық партия комитетінің бірінші секретарына дейін **өскен** кісі ("Қаз. әдеб."). 5. *Ауыс. Алға басу, өркендеу, ілгерілеу.* "Абай" романы сияқты романдар тек есейген, **өскен** прозаның ортасынан шығады (Мұстафин). □ **Өсе келе** — *дами келе, қалыптаса келе.* ◊ **Өспей өндіршегің үзілгір! (қарғ.)** — *қыршыныңнан қиылғыр, желкең үзілгір!*

ӨСЕК *Біреуді сыртынан даттап, кінәлап айтқан жалған сөз.* Әлдекімдердің ~ке таңғанына ол қатты күйінетін. ◊ **Өсек бақты [қуды, аңды-ды]** — *жұртты шағыстыруды күйттеді.* **Өсек басты болды** — *қаңқу сөзге, жаманатқа ілікті.* **Өсек гуледі [гуілдеді, лаулады]** — *өсек үсті-үстіне айтылды, жайылды.* **Өсек ерді** — *артынан сөз ерді, өсекке ілінді.* **Өсек жүргізді** — *дос-жараның арасына от жақты, жауықтырды.* **Өсекке ерді** — *жалған сөзге сенді, алданды.* **Өсекке қалды** — *сөзге қалды, жамандалды.* **Өсекке шалынды [шырмалды, ілінді]** — *сөзге қалды, сөзге ұрынды.* **Өсек тасыды [терді]** — *біреуді біреуге шағыстырды, даттады.* **Өсекті жүндей сабады** — *жалған сөзді үсті-үстіне төпеді.* **Өсекті қарша боратты [судай сапырды]** — *өтірік сөзді үсті-үстіне айтты, бұрқыратты.*

ӨСЕК-АЯҢ *Жаңсақ пікір, қауесет сөз.* ~нан жаман тамұқ жоқ. □ **Өсек-аяңға үйір** — *өсекқұмар, өсекке әуес.*

ӨСЕК-ЖАЛА *Тағылған айып, кінә, өсек-өтірік.* Ол **өсек-жаланың** құрбаны болды (С. Омаров).

ӨСЕККҰМАР *Қауесет сөзге әуес, өсекшіл.* Ол ауылдың ~ әйелі еді.

ӨСЕК-ӨТІРІК *Біреудің сыртынан айтылған өсек-аяң.* Ұстазы туралы ~ке ол сенбейтін.

ӨСЕКТЕ *Біреуді сыртынан орынсыз даттау, жамандау.* "Атын араққа сатып келіпті!" — деп **өсектеді** жұрт (Майлин).

ӨСЕКШІ *Өсек тасушы, өсек айтушы.* ~лердің аузына құм құйылсын.

ӨСЕКШІЛ *Өсекқұмар, лақапшыл, қауесетшіл.* ~ қауымнан соққы көрді.

ӨСЕКШІЛДІК *Өсек сөзге құмарлық, өтірік айтушылық.*

ӨСЕР *Өсетін, көркейетін, гүлдейтін, дамитын. Өсер* елдің жігіті бірін-бірі батыр дейді (Мақал).

ӨСЕР: өсер көбейсін! *(алғ.)* — *бала-шаға, малжаның көп болсын!*

ӨСИЕТ *Кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге.* Әкенің ~і. □ **Өсиет айтты [қалдырды]** — *өзінен кейінгіге ақыл, кеңес берді.*

ӨСИЕТНАМА *Жазылған, хатқа түскен өсиеттер жиынтығы.* Халық ақындарының өсиет өлеңдері іріктеліп, *"Өсиетнама"* деген атпен жарық көрді ("Қаз. әдеб.").

ӨСИЕТТЕ *Үлгі-өнеге айту, ғибраттау.* "Әкенің баласы — дұшпаның, адамның баласы — бауырың", — деп Абай **өсиеттеді** (Оразалин).

ӨСИЕТШІ *Өсиет айтушы, ақылшы.* Ол жалаң ~ ғана емес, жол нұсқаушы да.

ӨСИЕТШІЛ *Өсиет айтқыш, ғибратшыл.* ~ рубаяттар.

ӨСКЕЛЕҢ 1. *Тез өскіш, өсімтал, жетілгіш.* Бағымы келіссе қойдың жүні ~ келеді. 2. *Ауыс. Жан-жақты өскен, ілгері дамыған, өркендеген.* ~ талап (ұрпақ, өмір, өнер).

ӨСКЕЛЕҢДЕ *Денесі ұзару, биіктеп өсу.* Биыл денесі **өскеленделп** қалған баласы, мінез жағынан да ересек тартқан сияқты (М. Әуезов).

ӨСКЕЛЕҢДЕУ *Ұзындау, өсіңкі.* Көптеген жылқылардың жұмсақ түбіті **өскеленделу** келеді (Иманғалиев).

ӨСКЕЛЕҢДІК 1. *Тез өскіштік, өсімталдық.* Мұндай **өскеленделік** микробтарға ғана тән қасиет (Оразақов). 2. *Ауыс. Қарқындап алға дамушылдық, өркендеп жетілгендік.* Поэзия ~гі, өмір ~гі.

ӨСКІН *Тұқымнан өсіп шыққан өсімдік көгі, өнік.* Ұрықтан ~, одан өркен шығады да, одан өсімдік өсе бастайды (Мұсақұлов).

ӨСКІНДЕУ *Өсіңкіреп кеткен.* ~ шаш.

ӨСКІНШЕ *бот. Өсімдіктің өркен алар жеріндегі бұршік; өскін.* Кейбір өсімдіктердің бір бүйірінен томпақ *өскінше* пайда болады (Мұсақұлов).

ӨСКІШ *Тез өсіп жетілгіш, өсімтал, дамығыш.* Ерте туған қозы жылдам **өскіш** келеді (Шопан серігі).

ӨСПІРІМ: жас [жаңа] өспірім — *жас тұлек, жеткіншек.*

ӨСТІ *Осылай істеу, сөйту.* Рота командирі шешім қабылдағанда **өстуші** еді (Ж. Тілеков).

ӨСІК *Өсіп кеткен, өсіңкі.* Қойдың жүні машинамен қырыққандай тықыр емес **өсік** (Қожабаев).

ӨСІМ 1. *Адам, жан-жануарлардың, өсімдіктің көбейіп өсуі; өнім.* Мақта ~і де ойдағыдай. 2. *экон.* Қосымша түсетін жанама пайда, өнім. Тапқан малымның бір бөлімін **өсімге** беремін ("Қаз. әдеб."). □ **Өсімге берді** — *артығымен көбейтіп қайтаруға келісті, шарт жасады.*

ӨСІМДІ *Өсімтал, өнімді, өсуге бейім.* Шал мен кемпір жыл сайынғы **өсімді** төлін сойып жейді (Қаз. ертег.).

ӨСІМДІК *Жер бетіне өніп-өсіп шығатын ағаш, бұта, шөп тәрізді тірі организмдер.* Дәрілер алынатын **өсімдіктер** бес жүзден астам (С. Субханбердин). □ **Өсімдік анатомиясы (биол.)** — *өсімдіктердің органдары мен тканьдерінің микроскоптық құрылысын зерттейтін ботаниканың бір бөлімі.* **Өсімдік зиянкестері** — *өсімдіктің өсіп-өнуіне, зақым келтіретін немесе мүлде құртып жіберетін жәндіктер.* **Өсімдік кенесі** — *кенелер отрядына жататын кәдімгі өсімдік қоректі кенелердің бірнеше тұқымдасы.* **Өсімдік майы** — *алуан түрлі өсімдіктер дәнегінен техникалық жолмен алынатын табиғи өнім.* **Өсімдік морфологиясы** — *ботаника ғылымының өсімдіктердің дамуындағы сыртқы, ішкі құрылысын, форма түзілуі заңдылықтарын зерттейтін саласы.* **Өсімдік селекциясы** — *ауыл шаруашылық өсімдіктерінің жаңа сорттарын, гибридтерін шығаратын ғылыми әдісі.*

ӨСІМДІЛІК *Өнімділік, шығымдылық, түсімділік.* Шаруашылық дақылдарының ~гі арта түсуде.

ӨСІМҚОР *Мұқтаждарға өсімімен қайтаруға қарыз ақша, зат, мал беріп содан пайда табатын адам.* Бидің өзі көп мал ұстамайтын, нағыз **өсімқор** адам еді (Молдағалиев).

ӨСІМҚОРЛЫҚ *Несиеге қарыз беріп, пайда табумен шұғылданушылық.*

ӨСІМСІЗ *Қосымшасыз, ұстемесіз.* ~ қарыз.

ӨСІМТАЛ *Тез өскіш, көбеюге бейім, жетілгіш.* 16 мен 24 жастың арасында шаш **өсімтал** келеді (Ғалам ғажап.).

ӨСІМТАЛДЫҚ *Тез өскіштік, көбейгіштік.* Қоян шаруашылығының артықшылығы — оның **өсімталдығында** (Қыдырбаев).

ӨСІНДІ *Жан-жануарлар денесіндегі өсіп шыққан артық ет.* Мал түгімен жалғасатын оның арнаулы **өсіндісі** болады (Т. Досжанов).

ӨСІҢКІ 1. *Аздап өскен, ұзынырақ.* Сақал-мұрты ~, шашы ~. 2. *Ауыс. Өскелең, қажетті.* Бұл — өмірдің ~ талабына сай мәселе. 3. *Ауыс. Көңілі көтеріңкі.* Көңілі ~.

ӨСІҢКІЛЕУ *Аздап өскен, ұлкендеу.* Ол енді аңғарды, іші **өсіңкілеу** сияқты екен (Шүкіров).

ӨСІП-ӨН 1. *Өсімдіктің бұршік жаруы, жапырақ жаюы, өнім беруі.* Егіншілердің арқасында мол астық ~іп отыр. 2. *Ұрпақ жаю, көбею, көркею. Өсіп-өнген* жан екен — Он бес ұлы бар екен (Ә. Ахметов).

ӨСІП-ӨНУШІЛІК *Дамуға бейімділік, өсушілік, жетілушілік.* Катонқарағай бұғыларының ~гі бұрынғыдан да арта түсуде.

ӨСІП-ӨРБІ *Ел қатарына қосылу, даму.* Аздан өсіп көбейіп, **өсіп-өрбіп** дамыған (Керімбеков).

ӨСІРУШІ *Баптаушы, күтуші.* Қой ~, құс ~, мақта ~.

ӨТ I *Бауырдан бөлінетін, ас қорытуға қажетті сарғылт түсті, ащы сұйық зат.* Бауырдың төменгі бетінде **өт** қалтасы орналасқан (Адам анатом). ◊ **Өті жарылды** — а) *өліп кетті, мерт болды;* ә) *қатты ашуланды, бұлқан-талқан болды.* Өтін **алып аузына [көтіне] құйды** — *жанын көзіне көрсетті, тықсырды.*

ӨТ II 1. *Бір нәрсенің арасынан жүру, кешу, өзеннің екінші жағасына шығу.* Алаңнан ~ті, жолдан ~ті, өзеннен ~ті. 2. *Шекарадан асу, бөтен жерден қоныс тебу.* Сол күні шекарадан **өтіп** кетпекші болған екен (С. Омаров). 3. *Қоғамның белгілі бір ұйымына мүше болу.* "Қазақ тілі" қоғамының мүшелігіне ~ті. 4. *Белгілі бір әрекеттің, уақиғаның іске асуы, болуы.* "Қазақ тілі" қоғамының құрылтай съезі ~ті. 5. *Ауыс. Қаза болу, демі біту; өлу.* Дүниеден ~ті. 6. *Ауыс. Уақыттың, мезгілдің жылжуы.* Ай ~ті, жыл ~ті, уақыт ~ті.

ӨТ III *Қайралған құрал-жабдықтың өткірленуі, кесуі. Өтпес* пышақ қол кесер (Мақал).

ӨТЕ I *Парызын, міндетін, борышын қайтару, атқару.* Жақсылығын ~ді, борышын ~ді, кінәсін ~ді.

ӨТЕ II *Ерекше, тым, аса, сонша.* ~ жақсы (көп, дарынды).

ӨТЕЛ *Әбден пайдаланып тозығы жеткен көржер, ескі-құсқы (утиль).* Киізінің сапасы өте нашар, **өтел** десе де болады ("Мәдениет және тұрмыс").

ӨТЕМ *Қарымта, қайтарым, өтеу.* Бұларға **өтем** бар ма? Ондай **өтем** бола ма өзі? (Кекілбаев).

ӨТЕМАҚЫ *Айып пұл.* Алдағаны үшін **өтемақы** (Өркен).

ӨТЕ-МӨТЕ *Ерекше, айрықша, аса, тым.* ~ қажет (құнды, қымбат).

ӨТЕН *жерг. Үй, шаңырақ, баспана.* Тіпті, **өтеніне** апталап, айлап қонбай да кетеді (Исабеков).

ӨТЕСІН *Бір нәрсенің қарымтасы, есесі, төлемі.* Ақтың полкі **өтесінді** енді көрді (М. Әуезов).

ӨТЕУЛІ *Төленген, өтелінген.* Құны **өтеулі** емес пе? (Иманбаев).

ӨТЕУСІЗ *Өтеуі жоқ, теңдесі жоқ өтелмеген.* Ананың қарызы **өтеусіз** қарыз (Дүйсенов).

ӨТЕУШІЛІК *Парызын, міндетін, борышын орындаушылық.* Әскери міндетті ~ үлкен парыз.

ӨТЕУІ *Бір нәрсенің төлемі, ақысы, қарымтасы.* Осы астықтың **өтеуін** сенің егініңнен алмақпыз (О. Сәрсенбаев). ◊ **Өтеуі қайтты** — *төлеуі орнына келді, есесі қайтты.*

ӨТКЕЛ 1. *Өзеннен өтетін таяз жер, кешу.* Нұрлан **өткелден** өтіп үйіне келді (Молдағалиев). 2. *Ауыс. Қиын іс, ауыр жағдай, тар кезең.* Енді бұл беттен қайтуға **өткел** жоқ, дауа жоқ (Аймау-

ытов). ◊ **Өткел бермеді** — *өзеннен жалдап өту қиынға соқты.*

ӨТКЕЛ: өткел қағаз (*жерг.*) — *рұқсат етілген қағаз (пропуск).*

ӨТКЕЛЕК 1. *Малды жеке-жеке өткізу үшін ағаштан жасалған тар, қыспақ жол.* Қолға үйрету үшін биелер **өткелекке** кіргізілді (Иманғалиев). 2. *Ауыс. Қиын-қыстау жағдай, қысылшаң кезең.* Жар үшін **өткелектен** өткен қызық (Өбенов). ◊ **Өткелектен өтті [өткізді]** — *қиындық көрді, азап шекті.*

ӨТКЕЛСІЗ *Кешіп, жалдап өтетін жері, өткелі жоқ.* Орынсыз отқа жұмсама, **Өткелсіз** суға жұмсама! (Бозінген).

ӨТКЕН-КЕТКЕН I *Ары-бері жол жүрген адам, жолаушы, жүргінші.* ~нен сұрастырды (аман-саулық білдірді).

ӨТКЕН-КЕТКЕН II *Бұрынды-соңды, ілгері-кейінді.* ~ді осылайша есіне түсірді (айтты, әңгімеледі).

ӨТКЕР 1. *Белгілі бір жұмысты, шаруаны атқару, орындау.* Әскери міндетті ~ді. 2. *Өмір өткізу, тіршілік кешу.* Не қилы шытырманды басынан ~ген.

ӨТКЕРМЕ I *Қазақша жіп байлаудың бір түрі.* Арқан-жіптерді байлаудың: күрмеу, қазық бау, **өткерме** байлау деген түрлері бар (Қасиманов).

ӨТКЕРМЕ II *Темір жолдан кесе өту үшін, пароходқа мінуге т. б. арналып салынған көпір.* Олар пристань мен пароходты ұштастырған **өткерменің** дәл үстіне барып тұрды ("Қаз. әдеб.").

ӨТКЕРМЕЛЕ *Бірнеше рет ары-бері өткізіп ілу, тоқу.* Орап ілу, торлап ілу, **өткермелеп** ілу осы сияқты тоқудың әлденеше түрі бар (Қасиманов).

ӨТКИІЗ *этногр. Оттың орнын ойық етіп қалдырып, суық өтпеу үшін айнала төңірек жерге (бірінші қабатқа) жаюға арналған киіз.*

ӨТКІЗГІШ *физ. Өз бойынан электр тогы мен ылғалды өткізетін зат.* Жартылай ~.

ӨТКІЗГІШТІК *Токты, жарықты, жылуды өткізетін қасиеттің барлығы.* Электр ~, жылу ~, жарық ~.

ӨТКІН: өткін жел — *өңменнен өтетін, ызғырық жел.*

ӨТКІНШІ 1. *Тез арада, уақытша (құбылыс).* ~ жауын-шашын (сырқат). 2. *Олай-бұлай жүретін, өте шығатын, жүргінші.* ~ біреуден сұрады (машина).

ӨТКІНШІЛІК *Қысқа мерзімдік, уақытшылық.* ~ қана қауқары бар.

ӨТКІР 1. *Қайралып жүзі өткірленген, бірден кесіп түсетін.* ~ пышақ, ~ қайшы, ~ балта. 2. *Ауыс. Өжет, батыл, пысық (адам).* ~ жігіт (қыз). ◊ **Өткір тіл [сөз]** — *бетің бар, жүзің бар демей тура сөйлейтін.*

ӨТКІРЛЕ 1. *Құрал-саймандардың жүзін қайраққа, шарыққа салып қайрау, шыңдау.* Орақтарыңды әкеліңдер, егеп, **өткірлеп** берейін (Қ. Омаров). 2. *Ауыс. Ойды жинақтап тұжырымдау, жетілдіру, құлпырту.* Менің сөзімді қазақшаға тым **өткірлеп** аударған болуың керек (Дүзенов).

ӨТКІРЛЕУ 1. *Құштірек, өтімді.* Терістіктен **өткірлеу** суық ызғар білінеді (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Өжеттеу, батылдау.* Біздің семьяда тілі ашық, **өткірлеуі** осы аға болатын (Ө. Әзиев).

ӨТКІРЛІК 1. *Кесіп түсушілік, өтімділік.* Станоктың **өткірлігі** сондай, темірдің өзін кеседі (Дәуренбеков). 2. *Ауыс. Батылдық, өжеттік, мықтылық.* Жамила бұрынғы **өткірлік** мінезімен даусын шығарыңқырады (Бекенов).

ӨТКІШТІК *Өту қасиеті молдық, өтіп кететіндік.* Рентген сәулелерінің әр түрлі денелерден ~гі.

ӨТПЕЖЕЛ *Желдің өтуі, желорай.* Сужылытқышты іске қосудан бұрын шамалы **өтпежел** жасап, міндетті түрде түтін тартуын тексеріңіз (Алматы ақшамы).

ӨТПЕЛІ *Ауыспалы, өткінші, құбылмалы.* ~ дәуір (кезең, өмір). □ **Өтпелі жас** — *балалардың 11–12 жастан 15–16 жасқа дейінгі өсу кезеңі (переходный возраст).* **Өтпелі турнир** — *төменгі дәрежелі топтан жоғары дәрежелі топқа өту үшін іріктеу ойындар.*

ӨТТІ: өтті жел — *суық жел.*

ӨТТІ-КЕТТІ 1. *Өтпелі, өкініштті.* ~ кезең (тарих, уақыт). Ол бір **өтті-кетті** дүние (А. Байтанаев). 2. *Өтіп кеткен, өтесілі.* **Өтті-кетті** малы жоқ, ешкімге қарыз емеспін (Тоғысбаев).

ӨТІЛ I *Тілек, талап, өтініш.* ~ айтты, ~і бар. □ **Өтіл қылды** — *рұқсат сұрады, өтінді.*

ӨТІЛ II *Берген дүниесі, өткен заты.* Санай берсе ~і көп-ақ. ◊ **Өтілі өтті** — *біреуге жақсылығы өтті, қызметі сіңді.*

ӨТІМ *Бір нәрсенің өту қарқыны; өтімділік.* Әдеби кітаптардың ~і арта түсті.

ӨТІМДІ *Қолдан-қолға тез өтетін; базарлы.* Буыншақ-түйіншек **өтімді** заттарға толы (Қ. Омаров). ◊ **Сөзі өтімді** — *сөзі нанымды, қадірлі, жетімді.*

ӨТІМДІЛЕУ 1. *Сөзі жүретін, айтқанын істете алатын (адам).* Сөзі ~. 2. *Жоғары бағамен сатылатын нарықтылау, құндылау.* Шетел бұйымдары бізде ~.

ӨТІМДІЛІК I *Қадірлілік, қасиеттілік.* Қайынсіңлісіне **өтімділігі** осында екен ғой (Сүндетов).

ӨТІМДІЛІК II *Жұмсалған шығынның (қаражат т. б.) ақталуы, қайта өндірілуі.*

ӨТІМДІРЕК *Өтімділеу, өтімді.* Сөзі ~ болды.

ӨТІМПАЗ *Өтуге бейім, өткіш.* Су қандай **өтімпаз** болса, жел де сондай өтімпаз (Мұстафин).

ӨТІМСІЗ *Тез өтпейтін, құнсыз.* ~ бұйым (зат).

ӨТІН *Жалынып-жалбарыну, қиылып сұрау.* Қырғызтай әлгі әнді қайта сал деп **өтінді** (Бақбергенов).

ӨТІНІШ *Арыз, тілек, шағым.* ~ білдірді (жасады, айтты).

ӨТІНІШТІ *Жалыныштыны, өтінген.* ~ пішінмен (рай, тілек).

ӨТІРІК *Шындықтан алшақ, жалған. Өтірік* мың болса да, бір ақиқатты жеңе алмайды (Мақал). □ **Өтірік өлең** — *қазақ халқының тұрмыс салтына байланысты шығарылған өлең түрі.* ◊ **Өтірік пен өсекті жүндей сабады** — *жалған сөзді қарша боратты, біреуді гайбаттады.* **Өтірікті шындай асқақты тыңдай қылды** — *жалған сөзді шын қылып айтты, көзбен көргендей баяндады.*

ӨТІРІКСІЗ *Жалғаны жоқ, бүкпесіз, қоспасыз. Өтіріксіз* турашыл, Еш сөзі жоқ таппаған (Абай).

ӨТІРІК-ШЫНДЫ *Өтірігі бар, шыны бар. Өтірік-шынды* әңгіме бізге жеткен (Сейфуллин).

ӨТІРІКШІ *Үнемі өтірік айтатын адам; алдампаз. Өтірікші* түске дейін өзіне де сенбейді (Мақал).

ӨТІРІКШІЛ *Өтірік айтуға бейім, алдамшыл.* Ол ~ адам.

ӨТІС *Алыс-беріс, ауыс-түйіс.* Ол, әрине, *"өтістерді"* қайтарып алатын есепті той ("Лен. жас").

ӨШ I 1. *Араз, қас, жау.* Содан бері екеуі ~. Қайтқан малға қасқыр **өш** (Мақал). 2. ***Ауыс.*** *Бір затқа әуес, құмар, ынтық.* Қантқа ~, аштыға ~. □ **Өш болды** — *жауықты, қастасты, өштесті.* ◊ **Өш [өшін] алды** — *қарымын қайтарды, кек алды.* **Өші кетті** — *есесі қайтпады, кегін ала алмады.*

ӨШ II 1. *Жанбай қалу, сөну.* От ~ті. 2. *Бір заттың бетіндегі жазуы, бояуы кету, жойылу.* Жазуы **өшпеген** сияқты (Мұртазаев). 3. ***Ауыс.*** *Құру, кему, жоғалу.* Ол өсіп кетіп бара жатқан жоқ, **өшіп** кетіп бара жатыр (Дүзенов). ◊ **Өшкені жанып, өлгені тірілді** — *үзілген үміті қайта жанды, қуанышқа кенелді.*

ӨШПЕНДІ *Дұшпан, қас, жау.* ~ кек (жау).

ӨШПЕНДІЛІК *Дұшпандық, қастық, көре алмаушылық.* ~ оты, ~гі жоқ.

ӨШПЕС *Ойдан, естен кетпес, ұмытылмас.* ~ ерліктер (мұра, із, ескерткіш).

ӨШТЕС *Дұшпан болып қастасу, жауласу.* Жоқ нәрседен ~еді.

ӨШТЕСТІРУШІ *Жауластырушы, қастастырушы (адам).* ~лер бар.

ӨШТІК *Өшігушілік, қастық.* Осы адамға деген **өштігі** қоза бастады (Жұмақанов).

ӨШТІ-ҚАСТЫ *Жау, дұшпан, көре алмаушылық.* Ақсақалға ондай **өшті-қасты** кім бар екен? (Аймауытов).

ӨШІГУЛІ *Жауығулы, өштесулі.* Ол маған көптен ~.

ӨШІК *Егесу, ерегісу, қастасу.* Сен **өшігетіндей** ештеңе болған жоқ (Сыбызғы сазы).

ӨШІР 1. *Отты, шамды, өртті сөндіру.* Шамды ~, отты ~. 2. ***Ауыс.*** *Бір нәрсені жоқ ету, жою, жоғалту.* Ол жазғанын жеңімен **өшіріп** тастады (Бектұров). 3. ***Ауыс.*** *Даусын басу, үнін шығармау.* Радионы ~іп тастады. ◊ **Өшір үніңді!** — *даусыңды шығарушы болма, сөйлеме!*

ӨШІРГІШ *Қағазға жазылған жазу-сызу, шимайды өшіруге арналған резина құрал; резеңке.* Ол қолына қарындаш пен **өшіргіш** алды (Исабаев).

П

ПА I *Сөйлемге не сөзге сұраулық мағына үстейтін демеулік.* Рұқсат ~, дұрыс ~, рас ~.

ПА II *Адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін, сүйініп-сүйсінуін, таңдануын білдіретін одағай сөз.* **Па,** шіркін! ***Па,*** деген!

ПАВИАН *Негізінде Африканы мекендейтін тұмсығы ұзын, денесі ірі маймыл.*

ПАВИЛЬОН 1. *Бақтың ішінде немесе аулада төбесі жабық, жеңіл-желпі салынған сәнді, шағын үй; саябақ.* 2. *Көрмелерде экспонаттар қоятын және кино, фото түсіруге арналған үй.*

ПАГОДА *Будда дінінің мінажатханасы.*

ПАҒАЛ ***кәсіби.*** *Мақтаның сыртқы қабығы, қауашағы.*

ПАДИША ***тар.*** *Патша сөзінің дыбыстық тұрғыдан өзгертіп айтылған түрі.*

ПАДА *Ірі қара мал табыны, бір қора сиыр.*

ПАДАШЫ *Мал бақташысы, сиыр бағушы.*

ПАЕК *Белгілі бір мерзімді күнге арнап, тиісті мөлшерде берілетін азық-түлік.* Нан ~гі, қазына ~гі.

ПАЙ *Мүдделі ортақ іске мүше боп кіргендердің өз тараптарынан беретін, төлейтін үлесі, жарнасы.*

ПАЙҒАМБАР 1. *Әулие, көріпкел, алланың дінін, уағызын қауымға таратушы.* Исламда әулиелердің ең үлкені ***пайғамбарлар*** мен сахабалар болып саналады (Дастанов). 2. ***Ауыс.*** *Өзінше білгір, әулие.* Енді бүгін ***пайғамбар*** бола қалыпсыз (Шашкин). ◊ **Пайғамбар жасы** — *алпыстан асқан шақ.* **Пайғамбардың үмбеті** — *пайғамбар жолын қуушы, мұсылман.*

ПАЙДА 1. *Өндіріс, ауыл шаруашылық өнімдерінен, саудадан түсетін мол табыс, таза кіріс; түсім.* ~ алынды (түсті). 2. *Адамға тиімді, жағымды іс-әрекет, олжа.* ~ бар (көп, мол). 3. *Жәрдем, көмек, сап.* Харекет қыл, ***пайдасы*** көпке тисін (Абай). ◊ **Пайда болды** — *кезікті, тап болды, көрініс берді.* **Пайдаға асты** — *қажетке жарады, іске татыды.* **Пайда келтірді** — *артық үнем түсірді.* **Пайда көрді [тапты]** — *табысқа қарық болды, олжа тапты.* **Пайда қылды** — а) *олжа етті, үнем тапты;* ә) *кәдесіне жаратты.* **Пайдасы тиді** — *себі болды, жақсылығы тиді.*

ПАЙДАКҮНЕМ *Оңай олжа табуды құптайтын адам, пайдақұмар.* ***Пайдакүнем*** сиқыр мінезден аулақ (Байтанаев).

ПАЙДАҚОР I *Жоқ жерден пайда табуды мақсат ететін пайдақұмар.*

ПАЙДАҚОР II ***жаңа.*** *Сауда-саттық жасап пайда түсіруші саудагер.* Менеджер, ***пайдақор*** болғысы келгендер жолдамалар бойынша қабылданады (“Соц. Қаз”).

ПАЙДАҚОРЛЫҚ *Пайдакүнемдік, пайдақұмарлық.* ~ абырой әпермейді.

ПАЙДАҚҰМАР *Пайдакүнем, пайдакеш.* ~ саудагер.

ПАЙДАЛАН *Қажетіне жарату, пайдаға асыру.* Табиғат сұлулығын адам игілігіне ~а білу керек.

ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚ *Белгілі бір затты пайдаға асырушылық, қажетке жаратушылық.* Суды бей-берекет ***пайдаланушылыққа*** тыйым салынды (Бағаев).

ПАЙДАЛАНЫМ ***жаңа.*** *Белгілі бір нәрсені пайдалану; эксплуатация.* Жалпы ***пайдаланымдағы*** өзен транспорты бар (“Соц. Қаз”).

ПАЙДАЛЫ 1. *Тиімді, пайдасы мол.* В, витамині денсаулыққа ***пайдалы*** (Т. Дарқанбаев). 2. *Қажетті, керекті, жарамды.* ~ пікір (нәрсе, кеңес). □ **Пайдалы қазындылар (*геол.*)** — *жер қыртысында органикалық не органик жолдармен жаралған және өнеркәсіптерде қолданылатын табиғи минералдық шикі заттар.*

ПАЙДАЛЫЛЫҚ 1. *Белгілі бір іске тікелей пайдасы барлық.* Моншаның ~ғы, тәртіптің ~ғы. 2. *Тиімділік, қажеттілік, қолайлылық.* Көмекші шопан боп жүргеніңнің өзі елге ***пайдалылығың*** (Нұршайықов).

ПАЙДА-ПАҚЫРШЫЛЫҚ *Пендешілік жасап пайда тапқысы келушілік.* Ақтардан қалған қару-

жарақ іздеп, *пайда-пақыршылық* істей бастадым (Аймауытов).

ПАЙДАСЫЗ 1. *Түкке қажеті жоқ, керексіз, пайдасы жоқ.* ~ арам шөпті отады. 2. *Қажетсіз, тиімсіз.* Онымен таласудың ~ екеніне көзім жетті.

ПАЙДАСЫЗДЫҚ *Қажеті жоқтық, керексіздік.* Сақып айтыса берудің *пайдасыздығын* түсіне қалды (Иманбаев).

ПАЙДАШЫЛ *Пайдакүнем, пайдақор.*

ПАЙДАШЫЛДЫҚ *Болмашыны пайда көрушілік.* Жеке бастың ~ғы.

ПАЙЛА *Пайымдап ойлау, ақылға салу.* Адамдар *пайласа* көңілі зерек ("Алматы ақшамы").

ПАЙ-ПАЙ *Әлдебір нәрсеге таңғалғанда, таңырқағанда, сүйініп-сүйсінгенде көңіл-күйді білдіре айтылатын ишарат сөз.* ~ қандай әдемі еді! ~ балалықтың бал дәурені-ай!

ПАЙРА *Сиырдың бітеу жапасынан не көң жаққаннан болатын күл.*

ПАЙШЫ *Тұтынушылар одағының мүшесі, жарнашы.* Ақшаға ештеңе жоқ, әуелі ~ болу керек.

ПАЙЫ *Сырт киімдік жеңіл мата.* Сәкен жасыл *пайымен* тысталған жекей бөрігін киетін (С. Мұқанов).

ПАЙЫЗ: пайыз тапты — *тағат етті.* □ **Пайыз торғай** (*зоол.*) — *шымшық тұқымдас торғайлардың бір түрі.*

ПАЙЫМ *Ақыл, парасат, түсінік.* Тек оны түсіну үшін парасатты *пайым* қажет (Қыдырханов).

ПАЙЫМДА *Бір нәрсенің жайын ой елегінен өткізіп байқау, бағдарлау.* Өткенді оймен ~йміз.

ПАЙЫМДАҒЫШ *Бір нәрсені байқағыш, аңғарғыш.* Ол әр нәрсені ~.

ПАЙЫМДАУ *Белгілі бір нәрсе жайлы топшылау пікір, тиісті түйін, қорытынды.* Сөзі де нып-нық, *пайымдауы* да үлкен адамдай (Қазыбаев).

ПАЙЫМДЫ *Байсалды, тыңғылықты, тиянақты, байыпты.* Ол *пайымды* жігіт екен (Жұмаділов).

ПАЙЫМДЫЛЫҚ *Адам мінез-құлқына тән байсалдылық, тиянақтылық, орнықтылық.* Оның қой көзінен *пайымдылық* аңғарылады (Жиренов).

ПАЙЫМСЫЗ *Байлам-байыбы, жөн-жобасы жоқ, берекесіз, пәтуасыз.* ~ сөз (мінез).

ПАЙЫМШЫЛ *Бір нәрсеге мән беріп пайымдағыш, тез аңғарғыш, байқағыш.* Қыз өжет те ақылды, *пайымшыл* болатын (Құрманғалиева).

ПАКЕТ 1. *Сырты ораулы үлкенді-кішілі бума, түйіншек.* 2. *Ресми хат салынған конверт.*

ПАКЕТТЕ *Ресми хабарды пакетке салу.* Түс ауа *пакеттеген* қағазды алдым (Бақбергенов).

ПАКТ *саяс. Мемлекеттер арасында жасалатын өзара ынтымақ-достық, сауда-саттық жайлы келісім, шарт.*

ПАҚЫР *Халі мүшкіл байғұс, сорлы.* Балалы кісі *пақыр* болмас (Мақал).

ПАҚЫРЛЫҚ *Халі мүшкілдік, кедейлік.* Өпөдемі азамат ~ халге түсіпті.

ПАҚЫРШЫЛЫҚ *Жоқшылық, зәрушілік, мұқтаждылық. Пақыршылық* түсіп жүр ғой басына деп күлше нанын жырып беруші еді (Ахтанов).

ПАЛ *жерг.* 1. *Бақша ішіндегі суаруға ыңғайлап бөлген жер.* 2. *Мақта, қызылша т. б. егілген жүйек, атыз.*

ПАЛАС *Еденге төсейтін алуан түсті алаша тәрізді төсеніш.*

ПАЛАТА I *Ауруханалар мен емдеу орындарындағы аурулар жататын арнаулы бөлме.*

ПАЛАТА II 1. *Жоғарғы мемлекеттік заң орындарының аты.* 2. *Кейбір ұйымдардың, мекеменің аты.* Қарулар ~сы, кітап ~сы, сауда ~сы.

ПАЛАТКА *Қалың кенеп матадан керіп тігіп қоятын шатыр.*

ПАЛАУ *Ішіне ет, сәбіз, кейде мейіз салып, күріштен басқан түркі халықтарының ұлттық тағамы.* Алдарына үйме табақ *палау* әкеліп тартты (Д. Досжанов).

ПАЛЕОАНТРОПОЛОГИЯ *антр. Қазғанда табылған адам сүйектерінің физиологиялық типі мен эволюциясын зерттейтін антропология ғылымының бір саласы.*

ПАЛЕОГРАФ *Палеография маманы.*

ПАЛЕОГРАФИЯ *Көне жазба ескерткіштердің қай жерде, қашан жазылғанын зерттейтін тарихи филологиялық ғылым.*

ПАЛЕОЗОЙ *Жердің үшінші заманындағы, ертедегі тіршілік эрасы.*

ПАЛЕОЗОЙЛЫҚ *Палеозой эрасына тән.* ~ фундамент.

ПАЛЕОЛИТ *Ежелгі тас дәуірі.*

ПАЛЕОНТОЛОГ *Палеонтология ғылымының маманы.*

ПАЛЕОНТОЛОГИЯ *Өткен дәуірлерде тіршілік етіп, қалдықтары жер астында сақталған, тек қазба түрде табылған жануарлар мен өсімдіктерді зерттейтін ғылым.*

ПАЛИТРА 1. *Суретшілер бояу езетін тақтайша.* 2. *Ауыс. Көркемөнер шеберлерінің, ақын-жазушылардың мәнерлі, көркем стилі; шеберлік бейнесі.*

ПАЛЛАДИЙ *хим. Менделеевтің периодты системасының тобындағы химиялық элемент.*

ПАЛУБА 1. *Кеме корпусының өн бойын алып жататын көлбеу жабын.* 2. *архит. Биік ғимараттар салғанда айналдыра құрылған тақтайлар.*

ПАЛЬМА *Тропикалық жерлерде өсетін мәңгі жасыл ағаш.*

ПАЛЬТО *Етегі тізеден төмен түсіп тұратын жағалы киім.*

ПАМПА *Оңтүстік Америкадағы өсімдіктер өсетін жазық бөлігінің жалпы аты.*

ПАМФЛЕТ *әдеб. Бір нәрсені мінеп-сынап, әшкерелеп жазылған, көбінесе саяси бағытқа негізделген, өткір де уытты мақала.*

ПАНА 1. *Адамзат, жан-жануарлар паналайтын, қорғалайтын орын, баспана.* Жалғыз түп қарағаш ~ болудан қалған. 2. *Ауыс. Тірек, қамқор, сүйеніш.* Оны *пана* көріп, арқа тұтып келіп отыр (Әбуталиев). ◊ **Пана болды** — *қорғаныш болды, қолтығына алды.* **Пана қылды** — *арқа сүйеу етті, қорғаныш тапты.*

ПАНАЖАЙ *Уақытша баспана.* Үйімді менің *панажай* еткен (Сапарбаев).

ПАНАЛА 1. *Бас сауғалау, қорғалау, бой тасалау.* Қабыл қараңғы түскенше *паналап,* жасырына түрмақ (Рахимов). 2. *Ауыс. Тірек ету, қорғану, саялау.* Саған *паналауға* келдім, — деді Балуаншолақ Ақылбайға (С. Мұқанов).

ПАНАЛЫ *Тасасы, ығы бар; саялы.* ~ жер (ағаш, қамыс).

ПАНАЛЫҚ *Көлеңкесі мол, пана болармық.*

ПАНАМА *Жазда ыстыққа киетін жиегі жалпақ, көбіне ақ матадан тігілген жеңіл бас киім.*

ПАНАСЫЗ 1. *Баспанасы жоқ, үйсіз, қалқасыз. Панасыз* болса сайдан без (Мақал). 2. *Қамқоршысы жоқ, әке-шешесіз, жетім.* Ол әке-шешесі жоқ ***панасыз*** бала еді (С. Мұқанов).

ПАНАСЫЗДЫҚ 1. *Баспанасы жоқтық, үйсіздік. Панасыздық* салдарынан өсіп-өнуі де қиын болған (ҚазССР тарихы). 2. *Қорғансыздық, қамқорсыздық, сүйенері жоқтық.* Балалар ***панасыздық*** сезінген жоқ (Ә. Сәрсенбаев).

ПАНАШЫ *Біреудің жағдайын ойлайтын, қамын жейтін қамқоршы. **Панашысы*** осы екенін енді білді (Тілеуханов).

ПАНАШЫЛ *Біреуге жақсылық, қамқорлық жасауға бейім тұратын, қамқоршыл.* Біздің жақтың адамдары мейірбан, ***панашыл*** келеді (Жұмаханов).

ПАНБАРҚЫТ *Жібек жіптен биязы әрі тұқтілеу етіп тоқылған мата.*

ПАНЕЛЬ *Үй жасауға қолайлы, дайын қалпында пайдаланылатын ірі плита.* Қазір ірі ***панельдер*** мен бетондардан салынған үйлерге таңданбаймыз ("Соц. Қаз.").

ПАНЖАРА *Шамның сыртындағы шынысы (пузырь).* Ол ***панжарасыз*** (жайдақ) шам жақты (Қасиманов).

ПАНИ *көне. Жалған, опасыз, тұрақсыз.* ~ дүние (өмір, жалған).

ПАНИСЛАМИЗМ *XIX ғ. соңында ислам діні үстем болған елдерде қалыптасқан діни-саяси ағым.*

ПАННО 1. *Сәндеу, көрік беру мақсатымен сырлы бояу арқылы үй қабырғасына өрнектеп салынған бейнелер, суреттер.* 2. *Сурет, өрнек салынған, график сызылған үлкен материя.*

ПАНОРАМА 1. *Жоғары биік жерден қарағанда төмен жатқан жердің жалпы көрінісі, аумағы.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің кесек тұлғасы, аумақты бейнесі мен көрінісі.*

ПАНСИОН *Мемлекет қамқорлығына алынған, тегін тамақ, тегін киім беріп оқытатын, жатақханасы бар арнаулы орын.*

ПАНСИОНАТ *Емделуге немесе дем алуға келген адамдарды толық қамқорлығына алатын мемлекеттік санаторий, демалыс үйі.*

ПАНСЛАВИЗМ *XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басында орыс дворяндары мен буржуазиясы арасындағы үлттық идеология және соған ұқсас саяси ағым.*

ПАНТЕИЗМ *филос. Құдайды табиғатпен тең санап, табиғатты құдайдың бейнесі деп танитын философиялық бағыт.*

ПАНТЕОН *Ежелгі Рим архитектурасындағы бүкіл құдайларға арналып жасалған ескерткіш; ғибадатхана.*

ПАНТЕРА *Мысық тұқымдас, теңбіл шұбар түсті жыртқыш аң; леопард.*

ПАНТОГРАФ *Жоспар мен чертеждарды және карталарды кішірейтілген масштабпен қайта сызуға арналған аспап.*

ПАНТОКРИН *мед. Марал, теңбіл бұғының қатаймаған мүйізінен дайындалған дәрі.*

ПАНТОМИМИКА Сөзсіз ымдау, бас изеу, ишарат көрсету, мәнерлі дене қозғалысы.

ПАНТЫ *Қымбат бағалы дәрі жасау үшін дайындалатын марал мен теңбіл бұғының қатаймаған жас мүйізі.*

ПАҢ *Тәкаппар, керім, кербез.* Ол ~, текті тұқымның қызы.

ПАҢДАН *Тәкаппарлану, менменсу, кербездену.* Ахун молда кілем үстіне ***паңдана*** отырды (Бектұров).

ПАҢДАУ *Тәкаппарлау, менмендеу, кербездеу.* Сағадат ~ еді.

ПАҢДЫҚ *Менмендік, тәкаппарлық, кербездік.* Табиғатымда жоқ ***паңдық*** пайда болды (Мұқаев).

ПАҢСЫ *Менменсу, тәкаппарсыну, кербезсу.* Бай ауылдың бәйбішесімін деп ***паңсынып,*** кердең демейді (Сматаев).

ПАҢШЫЛДЫҚ *Менмендік, кербездік, тәкаппарлық.* ~тан.

ПАПА *Католик шіркеуіндегі ең жоғарғы билік иесі.*

ПАПАХА *Әр түрлі елтіріден жақтауын биіктеп, тікірейте тігілген бас киім.*

ПАПИРУС *бот. Тропиктік Африкада өзен, көл жиегінде өсетін көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ПАПКА *Қағаз, құжаттар сақтау үшін картоннан, былғарыдан жасалған мұқаба.*

ПАПОРОТНИК *бот. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің бір тобы, споралы, гүлсіз өсімдік; қырыққұлақ.*

ПАР I *Күздік, жаздық дәнді дақылдар егу үшін жыртылатын, ауыспалы егіс танабы.* ~ жыртты (көтерді).

ПАР II 1. *Екі, қос, жұп.* ~ *ат жеккен.* 2. *Біріне бірі тең, сай, қатар, лайық.* Ер қосылса жарына, жар қосылса ***парына*** ("Жыр-аманат"). ◊ **Пар келді** — *біріне-бірі сай, лайық болды.*

ПАРА I *Өз мүддесі үшін біреуге жасырын түрде берілетін ақша, қымбат зат, алым.* Парақорлар ~ны бадырайтып алып жатады.

ПАРА II *көне. Бір нәрсенің бөлшегі, бөлігі, саласы.* Бұл сәбилер — оның жүрегінің ***парасы*** (М. Хұсайын).

ПАРА: бір пара — а) *бірсыпыра, біраз, бірталай;* ә) *бір бөлек, бір топ.* Бұл жұрттың сөз тыңдамас бір ***парасы*** (Абай).

ПАРАБЕЛЛУМ *Автомат-пистолеттің бір түрі.*

ПАРАБОЛА *мат. Дөңгелек конустың кез келген жанама жазықтығына параллель болатын жазықтықпен сол конустың қиылысатын сызығы.*

ПАРАД *Ұлы мерекелерде әскерлердің, физкультурниктердің, сондай-ақ жалпы көпшіліктің леклек боп саппен тізіліп өтетін салтанатты көрінісі.*

ПАРАДОКС *Әдеттен тыс, күтпеген, ойда жоқ оғаш пікір, оқиға, көрініс.*

ПАРАЗИТ *биол.* 1. *Басқа организмде тіршілік етіп, соның қанының не шырынының есебінен қоректенетін өсімдіктер мен жәндіктер, микробтар мен құрттар.* ~ құрттар (бактериялар). 2. *Ауыс. Біреудің еңбегін қанаушы жатып ішер, масыл.* ~ атқамінерлер.

ПАРАЗИТИЗМ 1. *биол. Екі организмнің қатар өмір сүру барысында, біреуінің екіншісін пайдаланып өсіп дамуы, қоректенуі.* 2. *Ауыс. Біреудің еңбегін қанау, басқаның еңбегі есебінен өмір сүрушілік, араптамақтық.*

ПАРАЗИТОЛОГ *Паразиттердің шығуы, пайда болуы және биологиялық процестерін зерттейтін биология ғылымының бір саласы.*

ПАРАЗИТОЛОГИЯ *Биология ғылымының паразитизм құбылысын жан-жақты зерттейтін бір саласы.*

ПАРАЗИТТІК 1. *Бір организмнің екінші организмді жеп қоректенуі, соның пайдасынан тіршілік ету тәсілі.* ~ өмір (тіршілік). 2. *Ауыс. Арамтамақтық, жатып ішерлік, тоғышарлық.* ~ сезім күшейді.

ПАРАҚ 1. *Дәптердің, кітаптың бір парақ қағазы, беті.* Бір ~ қағаз. 2. *Ауыс. Белгілі бір оқиғаның, тарихи желісінің беті, белгісі.* Өмір ~ғы, тарих ~ғы, шежіре ~ғы.

ПАРАҚОР *Пара алғыш, парашыл, жемқор.* Ол өзі өте ~ кісі еді.

ПАРАҚТА 1. *Дәптердің, кітаптың бетін әрібері аударыстыру, ашу.* Ол кітабын ~п отыр. 2. *Ауыс. Өткенге зер салу, бағдарлау.* Тарих беттерін ~ды.

ПАРАЛА I *Пара беріп аузын алу.* Ербол Хамутовты *паралап* келген сияқты (М. Әуезов).

ПАРАЛА II *Пара-парасын шығарып жырту, талқандау.* Жейдемді *паралады* қармақ іліп (А. Нұртазин).

ПАРАЛИНГВИСТИКА *лингв. Тіл білімінің фонациялық сипатын, қасиетін зерттейтін бөлімі.*

ПАРАЛЛЕЛЕПИПЕД *геом. Қарама-қарсы жақтары өзара қос-қостан параллель тік төртбұрыш болатын призма тік бұрыш.*

ПАРАЛЛЕЛОГРАМ *Қабырғалары екі-екіден тең болатын төртбұрыш.*

ПАРАЛЛЕЛЬ 1. *мат. Бір жазықтықта жататын әрі өзара қиылыспайтын қос сызық.* 2. *геогр. Жер шарында экватормен қатарластыра сызылған сызықтар.* 3. *Бір нәрсеге тең, барабар, қатар.*

ПАРАМАГНЕТИЗМ *физ. Сыртқы магнит өрісіне орналастырылған кейбір денелердің сол өріс бағыты бойынша магниттелу қасиеті.*

ПАРАМЕТР *Мәні, көлемі мен мөлшері әр түрлі элементтерді бір-бірінен ажырату үшін қолданылатын өлшем.*

ПАРАНЖЫ *Орта Азияда әйелдердің жүзін басқа адамдарға көрсетпеу үшін жамылып жүретін, торлы жамылғы, бетперде.* ~ жамылған әйелдерді алғаш рет Самарқантта көргем.

ПАРА-ПАР *Барлық жағынан тең, бірдей, тепетең.* Ерлікке ~, ерлікпен ~.

ПАРА-ПАРА *Быт-шыт, күлталқан, дал-дал.* Үсті-басы ~.

ПАРАСАТ *Ақыл-ой, сана-сезім.* Ол үлкен ~ иесі.

ПАРАСАТСЫЗДЫҚ *Ессіздік, парықсыздық, түйсіксіздік; ақылсыздық.* Үлкенге тіл тигізу ~.

ПАРАСАТТА *Ақыл сала ойлану, толғану.* Ол осылай ~п отырды.

ПАРАСАТТЫ *Ақылды, ойлы, білімді, зерделі.* ~ адам.

ПАРАСАТТЫЛЫҚ *Адамға тән байыптылық, байсалдылық.* Қазизаға ~ тән.

ПАРАФИН *Мұнайдан, көмірден алынатын, сарғыштау түсті, исі, дәмі жоқ, балауыз тәрізді ерігіш зат.*

ПАРАФРАЗА *лингв. Өзге бір текстті, басқа біреудің ойын өз сөзімен айтып беру амалы.*

ПАРАШЫЛ *Пара алғыш, парақор.* ~ адам.

ПАРАШЮТ *Самолеттен секіріп түсуге арналған құрылғы аспап.*

ПАРАШЮТШІ *Парашютпен секіруді жақсы игерген адам, парашютпен секірудің шебері.*

ПАРДА *көне. Айла, әдіс, еп.* Сұлыққа сүйеп *пардамен,* тізгінді орап қаңтармай (Базар жырау).

ПАРИК *Басқа киетін жасанды шаш.*

ПАРК 1. *Халықтың тынығуына, демалуына, серуендеуіне арналған бау, бақ.* Демалыс ~і. 2. *Машина, трактор, трамвай, тролейбустар тұратын, айналасы қоршалған кең алаң.* □ **Хайуанаттар паркі** — *ірі қалаларда болатын әр түрлі хайуанаттар топтастырылған орын; зоопарк.*

ПАРКЕТ *Жіңішке әрі қысқа етіп, емен, қайың т. б. ағаштардан дайындалған, тақтайлардан қиюластырып төселген еден.*

ПАРҚАДАР: парқадар тапты — *тыныштық тапты, береке көрді, тұрақтады.*

ПАРЛА I 1. *Екі-екіден жұптау, қос-қостан қосарлау.* Атты екі-екіден ~п жекті. 2. *Біркелкі қылу, теңдей ету.* Екеуі де киімдерін ~п тіктірген.

ПАРЛА II 1. *Денеден қатты тер шығу, буы бұрқырау.* Тер ақты моншақ *парлап* самайлардан (Рашев) 2. *Көзден ағыл-тегіл жас ағу.* Қос жанарынан *парлаған* жас бетін жуды (Еділбаев).

ПАРЛА III *Аспанда қалықтап ұшу.* Баба бүркіт барлап ұшады, бала бүркіт *парлап* ұшады (Мақал).

ПАРЛАМЕНТ *Мемлекеттердегі заң шығаратын жоғарғы өкілдік жиналыс.*

ПАРЛАМЕНТАРЛЫҚ *Біріккен Ұлттар Ұйымының үкіметтен тыс, халықаралық одағы.*

ПАРЛАМЕНТЕР *Жауласушы екі ел тарапынан дұшпанымен келіссөз жүргізуге жіберілген адам.*

ПАРЛАМЕНТТІК *Парламентке тікелей қатысты, соның қызметіне, іс-әрекетіне тиісті.* ~ органдар. ~ өкіметтіктер, ~ кеңес, ~ басқару.

ПАРЛАН 1. *ыр. етіс. Парла-н.* 2. *Буы бұрқырау, пар шығу, булану.* Монша ~ды.

ПАРНИК *Көкөніс және гүл көшеттерін өсіруге арналған шынылы құрылыс; теплица.*

ПАРОВОЗ *Рельсті темір жолда бу күшімен жүретін дөңгелекті локомотивтің бір түрі.*

ПАРОДИЯ *әдеб. Жазушының туындысының, алған әдеби бағытының стилін, жанрын сынау, соған ұқсатып жазылған әдеби-көркем жанр.*

ПАРОЛЬ *Әскери қызметтегілердің өз адамы екенін білуі үшін қолданылатын жасырын шартты белгі, сөз.*

ПАРОМ *Жүктер мен транспортты, адамдарды тасып, өзеннің арғы жағына өткізетін үлкен сал.*

ПАРОМШЫ *Паромды жүргізуші, паром жұмысшысы.*

ПАРОХОД *Бу машинасының немесе атомның күшімен жүретін су кемесі.*

ПАР-ПАРДАН *Екі-екіден, қос-қостан, жұбымен.* Қала халқы *пар-пардан* ағылып жатыр (Шашкин).

ПАРСЕК *астр. Шамасы 206,265 астрономиялық бірлікке тең астрономиядағы қашықтықтың өлшеуі.*

ПАРСЫ *Иранның негізгі халқы.*

ПАРТА *Мектеп балалары отыратын кластағы үстел.*

ПАРТЕР *Театрлар мен концерт залдарындағы көрермендер отыратын орталық орын.*

ПАРТИЗАН *Партизан соғысына қатысушы, партизан отрядының жауынгері.* □ **Партизан қозғалысы** — *жау басып алған жерлерде халық ерікті түрде қатысып ұйымдастырылған, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауға белсене ат салысқан күрестің бір түрі.*

ПАРТИЗАНДЫҚ: партизандық соғыс — *жау армиясының тылына әрекет жасаушы және қарулы отрядтың күресі.*

ПАРТИЗАНШЫЛЫҚ *Партизан болушылық, соған лайық іс-әрекет етушілік.*

ПАРТИТУРА *муз. Көп дауысты музыкалық шығарманың жиынтығы.*

ПАРТИЯ I 1. *Қандай да бір қоғамдық таптың мүддесін қорғап, күресін басқаратын, өкімет билігіне ұмтылатын саяси ұйым;* ~ ұйымы. 2. *Іштей жікке, саяси екі жаққа бөлінген топ, одақ, жік.* Болды да ***партия*** Ел іші жарылды (Абай).

ПАРТИЯ II 1. *муз. Музыкалық шығармалардағы әрбір жеке ұн, жеке адам орындайтын бөлім.* Маро ~сын қазақ тілінде орындады. 2. *спорт. Шахмат ойыны.* Шахмат ~лары.

ПАРТИЯҚОР *қарап. Жікке, топқа бөлінуге құмар, топқұмар.* Жиында нелер сұрқия ***партияқорлар*** бар (М. Әуезов).

ПАРТИЯЛАС *Жақтас, топтас.* Ол екеуі бір ~ болатын.

ПАРТИЯЛЫҚ *Партияға, партия мүшесіне тікелей қатысты, соған тән.* ~ тапсырма (тәртіп, принцип).

ПАРТИЯШЫЛДЫҚ *Өзара жақ-жақ болып айтысудан туатын жікшілдік, топшылдық.* Ол арызшылдық, ***партияшылдық*** мінезге әбден қанық еді (С. Жүнісов).

ПАРТЫЛ *Жағымсыз қатты дыбыс.* Педальді басып қалып, құлақ тұндырған ***партылды*** өзімен бірге алып, сырғи берген (Әкімқұлов).

ПАРТЫЛДА *Парт-парт ету: бартылдау.* Автобустың патрубкасы бастырмалатып, үсті-үстіне ***партылдап*** алды (Қабанбаев).

ПАРФЮМЕР *Парфюмерия өндіріс орнының қызметкері.*

ПАРФЮМЕРИЯ 1. *Гигиеналық және косметикалық мәні бар парфюмериялық бұйымдар жасайтын өнеркәсіптің бір саласы.* 2. *Шашқа, бетіқолға, киімге жағатын хош иісті әтір, иіссу, иісмай сияқты заттар.*

ПАРФЮМЕРИЯЛЫҚ *Парфюмерия бұйымдарын жасауға қажетті, парфюмерия боларлық.* ~ жұмсақ майлар.

ПАРША I *Алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқыған жылтырауық жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.*

ПАРША II *Бір бөлек, бір кесек.* Бір ~ қағаз.

ПАРШАЛА *Быт-шыт қылу, бөлшек-бөлшек ету, тілгілеу, кескілеу.* Жау оғы оның денесін ~п кетті.

ПАРША-ПАРША *Бөлшек-бөлшек, быт-шыт, тілім-тілім, жырым-жырым.* Бет-аузы ~, тұла бойы үсті-басы ~. ◊ **Парша-парша болды [етті, қылды]** — *быт-шыты шықты, тілім-тілім болды.* **Парша-паршасы шықты** — *быт-шыт болды, парапарасы шықты.*

ПАРЫЗ I *дін. Мұсылмандықтың міндетті түрде өтейтін борышы.* □ **Бес парыз:** *Иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, ғұшыр-зекет беру, қажыға бару.*

ПАРЫЗ II *Адам бойына тән азаматтық борыш, қастерлі міндет.* Көріскен кісіні айыру — ***парыз*** (Аймауытов).

ПАРЫЗДАР *Борыштар, қарыздар.* Мен анама ~мын.

ПАРЫЗ-ҚАРЫЗ *Адамгершілік, азаматтық борыш, міндет.* Ел алдындағы ~дарын өтеу керек.

ПАРЫҚ 1. *Бір нәрсенің екінші нәрседен айырмасы, айырмашылық, ерекшелік.* Арзан мен қымбаттың ~ғын айыр. 2. *Бір нәрсенің қадір-қасиеті, мән-жайы, жай-жапсары.* Ештеңенің ~ғын білмейтін көргенсіз болма. 3. *Белгілі бір істің байыбы, пайымы.* Әр нәрсенің ~қына баға беру керек. 4. *Ауыс. Белгілі бір затқа тән баға, құн.* Бұл әр нәрсенің ~ын да, нарқын да білетін адам. ◊ **Парқына жетпеді** — *мәнісін түсінбеді, бағаламады.* **Парық айырды [етті]** — *бір нәрсені айыра білді, жақсы-жаманның нарқын ажыратты.*

ПАРЫҚСЫЗ *Жақсы мен жаманды ажырата алмайтын, еш нәрсеге мән бермейтін, жорықсыз, жөнсіз.* Ол ~ адам болатын.

ПАРЫҚСЫЗДЫҚ *Еш нәрсенің қадір-қасиетін, мән-жайын білмеушілік, жорықсыздық, жөнсіздік.* Тұраш әйелінің ***парықсыздығына*** іштей ренжіді (С. Мұратбеков).

ПАРЫҚТА 1. *Бір нәрсенің мән-жайын, жай-жапсарын тереңнен ұғынып ажырата білу, анықтау.* ***Парықтасақ*** олжа көп Қазақстан жерінде (Байғанин). 2. *Белгілі бір нәрсені қадірлеп-қастерлеу, жоғары бағалау.* Керек нәрсені мезетінде ***парықтай*** алмаймыз (Д. Досжанов).

ПАРЫҚТЫ 1. *Мәнді, мағыналы, мазмұнды.* Алған білімдерін қажетіне ***парықты*** жарата алмай отыр (?). 2. *Қадірлі, қастерлі, парасатты.* Ол өзі тындырымды, ~ жігіт.

ПАРЫЛДА *Пар-пар еткен қатты дыбыс, ұн шығару.* Мотоциклдің ышқынған даусы ***парылдап*** барып өше қалды (Еділбаев).

ПАС I *Карта ойынында қолым келмеді, ойнамаймын деген мағына.*

ПАС II ***спорт.*** *Спорт ойынында допты серіктесіне қарай беру әдісі.*

ПАСПОРТ 1. *Жеке адамның аты-жөнін және тұрақты тұрғын орнын растайтын ресми құжат.* 2. *Машина, техника құралдарын тіркейтін, соған берілген құжат.* □ **Паспорт жүйесі** — *халықтың өсуін, орын ауыстыруын есепке алып, реттеуге негізделген право нормаларының жолы.* **Паспорт столы** — *паспорт беретін жер.*

ПАСПОРТИСТ *Паспортты жазып, толтырып отыратын қызметкер.*

ПАССАЖ *муз. Жылдам, тез ойнайтын музыкалық шығарма.*

ПАССИВ *Бір нәрсеге немқұрайды қарайтын, енжар, селқос (адам); актив емес.*

ПАСТА *Түрлі ұнтақ заттар араластырылған қамыр тәрізді косметикалық және кулинариялық заттардың аты.*

ПАСТЕРИЗАЦИЯ *Сүт, шарап, сыра сияқты сұйық тағамдарды белгілі бір температурада қыздыру әдісі.*

ПАСХА 1. *Еврейлердің көктемгі діни мейрамы.* 2. *Христостың қайта оралуы аталатын Христиандардың көктемгі мейрамы.* 3. *Осы мейрамға арнап, төрт бұрышты мұнара тәрізді етіп ірімшіктен істелген тәтті тағам.*

ПАСЫҚ *Надан, топас, оңбаған, арам.* Сиыр сушыл келеді, *Пасық* адам күншіл келеді (Мақал).

ПАСЫҚТЫҚ *Надандық, топастық, оңбағандық, арамдық.* Адам бойындағы *пасықтық* мерезді көп болып кіріссек жоямыз (Сүндетов).

ПАТЕНТ 1. *Белгілі бір ғылым, өнер салаларында жаңалық ойлап тапқан адамды растайтын куәлік қағаз.* 2. *Сауда жасауға, болмаса белгілі бір кәсіп қылуға право беретін куәлік.*

ПАТЕНТТІ *Патенті бар, патентке ие.* ~ автор.

ПАТЕТИКА *әдеб. Аса жоғары, көтеріңкі, масаттанған серпін, салтанат.*

ПАТЕТИКАЛЫҚ *Жоғары, көтеріңкі ырғақты, серпінді, салтанатты.* ~ гимн.

ПАТИССОН *бот. Жапырағы жалпақ, үш не бес бұрышты, асқабақ тұқымдасына жататын бір жылдық өсімдік.*

ПАТИХА *діни.* 1. *Құранның бірінші сүресі, кіріспе.* 2. *Діни сенімге негізделген бата, дұға, тілек.*

ПАТОГЕНЕЗ *Аурудың пайда болу және асқыну процесі.*

ПАТОЛОГ *мед. Патология ғылымының маманы; дәрігер.*

ПАТОЛОГИЯ *мед. Мал және адам организмдерінің ауруға шалдығуын, физиологиялық процестерінің өзгерісін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

ПАТОЛОГИЯЛЫҚ *Патологияға жататын, соған тән.* □ **Патологиялық анатомия** — *адам мен мал денесіндегі әр түрлі сырқаттардың әсерінен болатын өзгерістерді зерттейтін ғылыми пән.* **Патологиялық физиология** — *аурудың пайда болу себептерін, оның құбылысын және ауру организмнің процесін зерттейтін ғылыми пән.*

ПАТРИАРХ 1. *тар. Рулық қоғамдағы ру басы, ақсақал.* 2. *Православие шіркеуінде жоғары діни билікте болған адамның лауазымы, атағы.*

ПАТРИАРХАЛДЫ 1. *Ескі рулық қоғам.* 2. *Ауыс. Ескі салт, әдет-ғұрыппен бірге, біте қайнаған.*

ПАТРИАРХАТ *Семья билігі ру, ақсақалға көшкен рулық қоғам формасы.*

ПАТРИАРХАТТЫҚ 1. *Рулық, ру басылық.* ~ тайпалық өмір. 2. *Ауыс. Ескі салт-санаға берілгендік, ескі әдет-ғұрыптан айырылмаушылық, кертартпалық.* □ **Патриархаттық шаруашылық** — *ежелгі егіншілік пен мал шаруашылығы.*

ПАТРИОТ *Өз Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.*

ПАТРИОТИЗМ *Өз Отанын, халқын шексіз сүюшілік, барша күш-қуатын Отан мүддесіне арнаған адамға тән терең сезім.*

ПАТРИОТТЫҚ *Патриотқа тән қасиет, іс-әрекет, Отаншылдық.* Бұларың нағыз ~ іс.

ПАТРУЛЬ *әск. Белгілі бір учаскедегі, аудандағы тәртіпті, қауіпсіздікті байқап шолуға, қарауылға шыққан қарулы әскерлер, күзетшілер тобы.*

ПАТСАЙЫ I *Тығыз тоқылған жібек матаның бір түрі.* ~ көрпе (шапан, орамал, көйлек).

ПАТСАЙЫ II *Қауынның тәтті түрі.*

ПАТША 1. *Революцияға дейінгі Россия монархының титулы.* 2. *Ауыс. Ел басқарушы, әмірші, құдай.* Орман ~сы, аң ~сы. 3. *Ауыс. Құны, бағасы артық, ең құнды, ең асыл.* Жылқы — малдың *патшасы,* Түйе — малдың қасқасы (Мақал). □ **Патша ағзам** — *мәртебелі, құдіретті патша.*

ПАТШАҒАР 1. *Оңбаған, жексұрын, тентек, бұзық.* Ө ~, әрі тұршы ~. 2. *Біреуге риза болғанда айтылатын ишара сөз.* О, ~ ~ деп, разы болды.

ПАТШАЛЫҚ 1. *Бір патша билеген, патшаға тәуелді, қатысты.* ~ өкімет. 2. *Патшаның қол астындағы мемлекет, патша өкіметі, патша үстемділігі.* ~ құрды, ~ты құлатты.

ПАТЫРЛА *Патыр-патыр ету, пытырлау, сарылдау.* Пулемет ~ды, от ~п жанды.

ПАУ *Бір нәрсеге риза болғанда, көңілдегенде айтылатын одағай сөз.* ~ деген! ~ шіркін! ~ дерсің!

ПАУЗА 1. *Сөйлеу кезінде болатын сәл кідіріс, үзіліс.* 2. *муз. Музыканттардың ойын арасында тоқтап-тоқтап тыныс алуы.*

ПАФОС *Ақын, жазушы, әнші, күйші, композитор т. б. өнер қайраткерлерінің ерекше шабыттанып, жігерленетін кезі, ынта, зауық, ықылас.* Азаматтық ~, романтикалық ~, революциялық ~.

ПАФОСТЫ *Пафосқа, яғни ынта-жігерге, зор шабытқа толы.* Зор ~, үлкен ~.

ПАФОСТЫҚ *Пафосқа, зор шабыт, ынта-жігерге лайық.* Ескендір үнінде *пафостық* сарын басымырақ (Сариев).

ПАҺ *Па, пау сияқты одағай сөз.* ~, сарбазымай! ~, шіркін!

ПАҺ-ПАҺ *Па-па, пай-пай, о шіркін.* ~ деп, таңдайын тақ-тұқ қақты. ~, өнерің үстесін, балам!

ПАЦИЕНТ *Дәрігерге қаралушы, емделуші адам.*

ПАЦИФИЗМ *саяс. Бейбітшілікті сақтау үранын қуаттай отырып, әділ соғысқа да, үлт бостандығы соғысына да қарсы шығатын буржуазиялық ағым.*

ПАШ *Анық, айқын, ашық, әйгілі, белгілі.* Атың әлемге ~. ◊ **Паш етті [қылды]** — *сырын ашып әйгілеу, жұртқа мәлім қылу.*

ПАША *Осман империясындағы азаматтық және әскери атақ.*

ПАШАҚ I *жерг.* 1. *Қауын-қарбыз тұқымы.* 2. *Қауын-қарбыздың қабығы.*

ПАШАҚ II *жерг. Кішкене, ұсақ.* Бұл елдің жылқысы шетінен *пашақ* болады екен (Жұмақанов).

ПАШАҚ-ПАШАҚ *жерг. Быт-шыт, пәре-пәре.* Оның басының ~ғы шығыпты.

ПАШПЫРТ: пашпырты бітті — *хал-жағдайы мүшкіл болды, саудасы бітті.* Орынборда бірлескен "оңшыл-ұлтшыл" аталатындардың *пашпырты* бітуге жақын (С. Мұқанов).

ПАШТЕТ *Қара еттен, бауырдан, құс етінен ұнтақталып істелген тамақ.* Екі ~тен алдырды.

ПАШЫРЛАТ *Бырт-бырт ету, бытырлату, қытырлату.* Қоянның жіңішке қабырғасын етімен қоса *пашырлата* шайнады (Мекебаев).

ПАЯ *Өсімдік сабағы.* Жүгері ~сы, мақта ~сы.

ПӘЙКЕ *Бұғының танасы.* Қолтығы ала бұғының, *пәйкесіндей* Бөгенбай (Үмбетбай жырау).

ПӘЙКЕЛ *Маралдың тайыншасы.* Бұлдіршінді бура бұзар, ***пәйкелді*** бұғы бұзар (Мәтел).

ПӘК *Кіршіксіз таза, адал, бұзылмаған, бүлінбеген.* Жаны ~, ~ ниет (ой, жүрек).

ПӘКТІК *Тазалық, адалдық, бұзылмағандық.* Қыздың жүзінде балалықтың ұяңдығы, ***пәктігі*** бар (Балғабаев).

ПӘЛЕ I *Қырсық, кесел, жала.* Ел ішіне маскүнемдік деген ~ жабысты.

ПӘЛЕ II *Пысық, қу, шебер.* Өзі сөзге ***пәле*** екен.

ПӘЛЕК *Қауын-қарбыз, асқабақ, қияр тәрізді өсімдіктер мен жеміс дақылдарының көлбей өскен өркені. Пәлек* арасына бұғынған қол басындай қиярды үзіп алды (Д. Досжанов). □ **Пәлек жинағыш** — *орылған пәлек жинайтын машина.* **Пәлек турағыш** — *пәлекті малға берер алдында немесе сұрлемге салар алдында турайтын машина немесе механизм.*

ПӘЛЕҚОР *Жалақор, пәле іздегіш, пәле қуғыш.* Өзі сондай ~ адам.

ПӘЛЕҚОРЛЫҚ *Жалақорлық, пәле қуғыштық.* Абай ~пен мықтап күрескен.

ПӘЛЕЛІ *Пәлесі көп, дау-шары, қырсығы мол.* ~ іс (адам). ◊ **Пәлелі сөз** — *дау-дамайға, жамандыққа толы әңгіме.* **Пәлелі жерге бармақ сұқпа** — *қырсығы тиетін істен (кісіден) аулақ жүр.*

ПӘЛЕЛІК *Ниеті жамандық, қулық, сұмдық. Пәлелік* өз басыңнан кетпесін! (Нұрпейісов).

ПӘЛЕН 1. *Белгісіздікті, тұспалдап айтуды білдіретін есімдік.* ~ жылғы, ~ колхоз. 2. *Әлдебіреу, әлдекім, белгісіз адам.* ***Пәленнен*** осам-ау, ***пәлендер*** сөйтіп жатыр ғой деп қайғыруды білмеуші еді (Доспанбетов). ◊ **Пәлен демеді** — *тіс жарып сөйлемеді, тұқ айтпады.*

ПӘЛЕНДЕЙ *Айтарлықтай, дегендей, оншама, соншалықты.* ~ мән бермеді (ештеңе жоқ, жаны күйзелмейді).

ПӘЛЕН-ПӘШТУАН *Анау-мынау, өйтіп-бұйтіп.* ~ демеді.

ПӘЛЕН-ТҮГЕН *Анау-мынау, пәлен-пәштуан.* ~ демейік (деу қиын).

ПӘЛЕНШЕ *Әлдекім, пәлен адам, әлдебір нәрсе.* ~нің баласы (қызметі).

ПӘЛЕНШЕ-ТҮГЕНШЕ *Пәлендей-түгең, анау-мынау, анадай-мынадай.* Ел ұстаған ***пәленше-түгенше*** дейтін ақсақалдар екен (М. Әуезов).

ПӘЛШЕ *Айла, амал.* Айналасы белгілі аз ақша ғой, ***пәлшесін*** тауысайық жыртып тастап (Шәкәрім).

ПӘЛІ *Адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін білдіретін одағай сөз.* ~ менің үнім пленкаға жазылды ма?

ПӘМЛЕ *Ойлау, пайымдау, байыбына жету.* Ділуар боп жүр бұл кезде, сөйлеген сөздің бағдарын сезбейтін ***пәмлеп*** анайы (Базар жырау).

ПӘН *Мектеп оқушыларына арналған білімнің бір саласы, жеке сабақ.* Тарих ~і, химия ~і, музыка ~і. □ **Пән апталығы** — *барлық көңілді бір пәнге бөлу.*

ПӘНАРАЛЫҚ: **пәнаралық байланыс** — *мектепте өтетін сабақтарды өзара тығыз, байланыста өткізу тәсілі.*

ПӘНДІК *Әрбір жеке пәнге лайық, соған арналған, белгілі бір пән өтетін.* ~ кабинет (газет, үйірмелер).

ПӘРАМАШ *Ішіне тартылған ет салып майға пісірген дөңгелек күлше нан (беляш).*

ПӘРМЕН 1. *Қарқынды екпін, тегеурінді қуат.* Бар ~імен тепті, бар ~імен құлаштап малтыды. 2. *Күрделі бір істі орындату үшін берілетін әмір, бұйрық.* Бардың ісі ***пәрменменен,*** жоқтың ісі дәрменменен (Мақал). ◊ **Пәрмен етті** — *жарлық етті, әмір берді, бұйырды.* **Пәрмені күшті құдайай (діни.)** — *құдіреті күшті, жаратқан ие.*

ПӘРМЕНДЕ *Екпіндеу, қуаты тасу, қарқындау.* Оның дүрілдеп, ***пәрмендеп*** тұрған кезі (Тілегенов).

ПӘРМЕНДІ *Қарқынды, екпінді, күшті.* Көптеген ~ шаралар жүзеге асырылды.

ПӘРМЕНДІЛІК *Қарқындылық, қуаттылық, екпінділік.* Жарыстың ~гі, сабақтың ~гі.

ПӘРМЕНСІЗ *Қуаты аз, қарқыны төмен, қаусарсыз.*

ПӘРМЕНСІЗДІК *Күші жоқтық, қарқынсыздық, дәрменсіздік.* Құрылыс жұмысының ~гі, оқыту әдісінің ~гі.

ПӘРМЕНІНШЕ *Бар екпінімен, бар күшімен.* Бар ~ құйғыта жөнелді.

ПӘРУАЙ *Сана, сезім, ес, қапер.* Оның сөзі ~ына кіріп те шықпады.

ПӘРУАЙСЫЗ *Қамсыз, қаперсіз.* Олар өрекпіп, ***пәруайсыз*** балалықтың бақытты шағымен елітіп, алысып келеді (Ғаббасов).

ПӘРУАЙСЫЗДЫҚ *Қамсыздық, қаперсіздік.* Оның мінезінің ***пәруайсыздығы*** ес кірмеген балаға тең (М. Әуезов).

ПӘРУАНА *Түнде отқа түсетін "жынды" көбелек.*

ПӘРУАР *Тәрбиеші, жетекші, алға бастаушы.* Құдайдың сүйген құлының діни ***пәруарларына*** ешбір нұқсан келтіруге мүмкін емес (Әбілев).

ПӘРУАРДІГЕР *діни. Жаратушы алла, құдай.* Сені маған кез қылған ***пәруардігер*** (Абай).

ПӘРІМ *Ителгі тұқымдасына жататын қыран, жыртқыш құс.*

ПӘС I ***көне.*** *Шашақты биік тақия.* Басында қызыл ***пәсі*** бар (А. Жұбанов).

ПӘС II *Бір затқа тән қадір-қасиет, құн, баға.* Сөз болған соң ол сөздің ***пәсі*** болмай тұра ма? (Мырзалиев). □ **Бір пәс** — *бір сәт.* ◊ **Пәсі қайтты** — *көңілі қалды, десі қайтты.* **Пәсін басты** — *десін қайтарды, көңілін қалдырды.*

ПӘС III 1. *Биік емес, аласа, пәкене.* Бөлменің төбесі ~. 2. *Ауыс. Нашар, кем, төмендеу, басыңқы.* Жүзі ~ (көңіл-күйі, қабағы). ◊ **Пәс болды** — *ада болды, басылды.* **Пәс тартты** — *солғындады, қабаржыды.*

ПӘСТІК 1. *Биік емес аласалық, пәкенелік, төмендік.* Шкафқа бойы жетпей ~ етті. 2. *Ауыс. Пасықтық, арамдық.* Абай билеп-төстеуші топтың рухани ***пәстігін*** көріп ызаланды (Әлімқұлов).

ПӘТЕР *Қалада, селода, елді мекендердегі тұрғын үй.* Үш бөлмелі ~і бар.

ПӘТЕРАҚЫ *Тұрғын үйге ай сайын төленетін төлем.* Ол бұл үйде ~ төлеп бір айдай тұрды.

ПӘТЕРШІ *Пәтерді жалға алушы, пәтерде тұрушы адам. Пәтерші* жіберуге лайықтаған бөлме есігін сыртқа шығарыпты (Жақсыбаев).

ПӘТУА 1. *Белгілі бір іс жөнінде бітім, келісім, уәде.* Қой сенен ***пәтуа*** шықпас (Мәжитов). 2. *Тұрақ, тиянақ, береке, тұрлау.* Оның жер басып

жүргенінде еш *пәтуа* жоқ (Жақаев). ◊ **Пәтуаға келді** — *келісімге келісті, тоқтамға келді.*

ПӘТУАЛА *Мақұлдау, растау.* Дәрігер анық екіқабат екенін ***пәтуалады*** (Қанахин).

ПӘТУАЛАС *Бір сөзге тоқтасу, келісу.* Беріштің ұраны "Ағатай" болсын деп ***пәтуаласады*** (Әбуталиев).

ПӘТУАЛЫ 1. *Нәтижелі, келісімді, шешімді.* ~ байлам таппады. 2. *Уәдеде нық тұратын, уәдеге берік.* Ол сөзі ***пәтуалы*** басшы атанған (Әбуталиев). 3. *Ісіне тиянақты, тұрақты, берекелі.* Жалғыз ұлының ер жетіп, ***пәтуалы*** қызмет етуін жақсы үмітпен күтетін (Н. Ғабдуллин).

ПӘТУАСЫЗ 1. *Тұрақсыз, табансыз, уәдеде тұрмайтын.* Ол ***пәтуасыз*** адам болатын (Ғ. Ахметов). 2. *Дәйегі, берекесі жоқ.* "Мақұл, апа", — деп кеткен еді ***пәтуасыз*** неме (Нарымбетов).

ПӘТУАСЫЗДЫҚ *Табансыздық, тұрақсыздық, тұрлаусыздық.* Қарттың ендігі ісінің ***пәтуасыздық*** боларын ұқты (Мұқанбетқалиев).

ПӘУЕСКЕ *Төбесін, сыртын былғарымен жапқан, ою-өрнек сап сәндеп жасаған, күймелі жеңіл арба.* Ояз көп ***пәуескемен*** кепті (М. Әуезов).

ПӘУЕСКЕЛЕТ *Пәуескемен сән түзеп жүру.* Жазда ~іп жүретін.

ПЕ *Ба, па сұраулық шылауының фонетикалық варианты.*

ПЕДАГОГ *Мектепте, техникумдар мен училище және жоғары оқу орындарында студенттер мен оқушыларға білім, тәрбие беретін оқытушы, мұғалім.*

ПЕДАГОГИКА *Оқыту, білім беру және тәлім-тәрбие жұмысын жүргізудің методы туралы ғылым.* ~ институты (училищесі, факультеті).

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ *Педагогика методына тікелей байланысты, соған қатысы бар мамандық (коллектив).* □ **Педагогикалық кеңес (совет)** — *мектеп, техникум, училищелердегі коллективті басқару және сол мекемелерінің маңызды мәселелерін кеңеске салып, шешіп отыратын басқару орны.* **Педагогикалық оқу** — *мұғалімдер, халық ағарту жүйесі қызметкерлерімен және ата-аналармен жыл сайын өткізілетін кеңес.* **Педагогикалық практика** — *жоғары оқу орындарының студенттерінің алған ғылыми-теориялық білімдерін және практикалық дайындықтарын педагогтік қызметте қолдануға үйрететін оқу процесінің бір бөлімі.*

ПЕДАГОГТІК *Мұғалімдік, оқытушылық, тәрбиешілік.* ~ қызмет (жұмыс).

ПЕДИАТР ***мед.*** *Балалар ауруын емдейтін дәрігер, балалар дәрігері.*

ПЕДИАТРИЯ ***мед.*** *Медицина ғылымының бала ауруларын емдеу және оларды зерттеу саласы.*

ПЕЙЗАЖ 1. *Табиғаттың сұлу көрінісі.* 2. *Табиғат көрінісін бейнелеген сурет, картина және табиғатты көркем тілмен суреттеу.*

ПЕЙЗАЖДЫҚ *Табиғатқа, оның көрінісіне тән.* ~ шығармалар, ~ картиналар.

ПЕЙІЛ I *Ниет, пиғыл, ықылас.* Ақ ~ (адал, кең). ◊ **Пейілі ауды** — *көңілі кетті, ықыласы түсті.* **Пейілі бұзық** — *ниеті жаман, қара ниет.* **Пейілі кең** — *қолы ашық, жомарт, мырза.* **Пейілін кеңге салды** — а) *таршылық, сараңдық қылмады;* ә) *кеңшілік жасады, кешірім етті.* **Пейілі тар** — а) *қытымыр, сараң;* ә) *ниеті жаман, қара ниет, қызғаншақ.* **Пейілі түсті** — *назары, ықыласы ауды.*

ПЕЙІЛ II *Ынтық, бейім, сыңай.* Өзі аш қалуға ***пейіл*** (Т. Дәуренбеков).

ПЕЙІЛДЕН *Шын ниетімен көңілдену, мейірі түсу, ықыластану.* Әйел ***пейілдене*** дастархан жайды (Әбдірахманов).

ПЕЙІЛДЕС *Ниеттес, көңілдес, тілеулес.* Ниетім бір, ***пейілдес*** ем (Жұмағалиев).

ПЕЙІЛДІ *Көңілі кең, адал ниетті.* Кең ~, ақ ~.

ПЕЙІЛДІЛІК *Көңілі кеңдік, адал ниеттілік.* Кең ~.

ПЕЙІЛСІЗ *Ықылассыз, ынтасыз, көңілсіз.* ~ әрекетте ынта болмас.

ПЕЙІШ 1. ***діни.*** *"О дүниедегі" ұжмақ, жаннат.* Молдалар намаз оқысаң ***пейішке*** барасың дейді (О. Сәрсенбаев). 2. ***Ауыс.*** *Керемет ғажап нәрсе, рахат.* — Мыналарың ***пейіш*** қой, — деді (Ә. Жәмішев).

ПЕЛЕНГ *Компастың магниттті тілінің бағдарымен қажетті зат көрінген я дауыс, дыбыс шыққан жақтың ара қатысы.*

ПЕЛЕНГАТОР *Пеленгімен шұғылданушы яки жау жағының сигналын, хабарын ұстаушы маман.*

ПЕЛЕНГАЦИЯ *Пеленгімен анықтау, туралап есептеп шығару ісі.*

ПЕЛЕНГІЛЕ *Компас тілінің бағытымен кез келген зат немесе естілген дыбыс бағытының арасындағы бұрышты анықтау.*

ПЕМЗА *Бір нәрсені тазартуға, ажарлауға қолданылатын жеңіл кеуек тас.*

ПЕН *Бен, пан жалғаулық шылауларының фонетикалық варианты.* Ақ ~ қараны тани білді.

ПЕНДЕ 1. *Тірі жан, адам, адамзат.* Құдайдан қорық, ***пендеден*** ұял (Абай). 2. *Өз басында еркі жоқ, біреуге тәуелді адам, құдайдың құлы.* Ол да құдайдың ***пендесі*** емес пе (Тоқмағамбетов). ◊ **Пенде болды [қылды]** — а) *бейшара, мүсәпір халге түсті;* ә) *қолды болды, тұтқынға түсті.*

ПЕНДЕШІЛІК 1. *Адамға тән осалдық, қателік, күнәһарлық.* Кейде ***пендешілік*** жасаймыз-ау (Ләмбеков). 2. ***Ауыс.*** *Бос әурешілік, бекершілік.* Сөйтсе, онысы ***пендешілік*** екен (Сейсенов).

ПЕНИЦИЛЛИН ***мед.*** *Әр түрлі өсімдіктің көгеріндісінен жасалатын, түрлі микробқа қарсы қолданылатын антибиотик.*

ПЕР *Қолмен, таяқпен немесе басқа да затпен ұрып жіберу, салып қалу, соғу.* Ол арланның маңдайынан ***періп*** қалды (Жылқышиев).

ПЕРГАМЕНТ ***тар.*** 1. *Ертеде қағаз орнына пайдаланылған жас мал терісі, жарғақ.* 2. *Жарғаққа жазылған ерте дәуірге тән жазу, қолжазба.* 3. *Май мен ылғал өткізбейтін жылтыр қағаз.*

ПЕРГІЛЕ *Соққылау, үсті-үстіне ұрғылау, тоқпақтау, пергіштеу.* Оны бас-көз демей ~ді.

ПЕРҒАУЫН 1. *Ертедегі мысыр патшаларының атағы, титулы.* 2. ***Ауыс.*** *Әулие, пайғамбар.* Қара молда ***перғауын,*** қойған болса алдауын (Д. Әбілев).

ПЕРДЕ 1. *Есік-терезеге, театр сахнасына құрылатын шымылдық.* Терезе ~сі. 2. *Әйелдер бетіне салатын бүркеншік; танытпау үшін киетін маска.* Қазақ әйелдері ғана ***перде,*** не паранжы салмай, жүрт көзіне көріне алған (Ө. Әлімжанов). 3. ***театр.*** *Операның, балеттің, драманың бөлімі,*

акт. Екінші ***перденің*** бас кезінде ол сахнаның сыртында күзетте тұрып ән салатын (Байсейітов). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің жұқа қабыршығы, шарана. Пердесін* жыртып жіберіп, әкем қозының құлағына, аузына үрлеп жатыр (Иманбеков). ◊ **Перде бұзды — бүлік шығарды, шатақ шығарды. Перде жамылды** — *жасырынды, тығылды.* **Перде жыртты** — а) *быт-шытын шығарды, тас-талқан етті;* ә) *көңіл қалдырды, бет ашты.* **Пердесі жыртылмаған** — *ұяң, әдепті.*

ПЕРДЕЛЕ 1. *Бір нәрсенің бетін жабу, бүркеу.* Шілтерлі шымылдық биік төсекті ***перделеп*** тұр (М. Әуезов). 2. *Бетті көрінбейтіндей, танымайтындай етіп тұмшалау, маска кию.* Ол бет-аузын ~п алған.

ПЕРДЕЛІ 1. *Перде тұтылған, перде ұстаған.* ~ терезе (есік). 2. ***театр.*** *Бір немесе бірнеше бөлім, актіден тұратын.* Бір ~ пьеса.

ПЕРДЕЛІК 1. *Перде тігетін, перде жасайтын, пердеге жетерлік.* ~ масаты. 2. ***театр.*** *Бір бөлімнен тұратын, бір актілік.* Бір ~ пьеса.

ПЕРЕН *Барқыттың қалыңдау түрі.* Байдың қызы жамылар масаты мен ***перенді*** ("Қобыланды батыр").

ПЕРЗЕНТ 1. *Бала, сәби, ұрпақ. Перзентімнің* үлкені осы бала (Досымов). 2. *Ауыс. Тұңғыш іс, бастама.* Бесжылдықтар ~і.

ПЕРЗЕНТСІЗ *Баласыз, ұрпақсыз.* ~ өмір — өмір емес.

ПЕРЗЕНТТІ *Балалы, сәбилі, ұрпақты.* ~ болу үлкен бақыт.

ПЕРЗЕНТХАНА *Екіқабат, жүкті әйелдердің босану үйі.* Әрипа ~да ұл туды.

ПЕРИГЕЙ ***астр.*** *Ай орбитасының не жердің жасанды спутнигі орбитасының Жерге ең жақын нүктесі.*

ПЕРИГЕЛИЙ *Орбитаның Күнге ең жақын нүктесі.*

ПЕРИЗАТ 1. *Періден туған, пері тектес.* Ол ***перизат*** болғанда біз адамзат (Батырлар жыры). 2. *Ауыс. Көркем сұлу.* Ол қыз адамзаттың ~ы.

ПЕРИЗАТТАЙ *Перінің қызындай әдемі, көркем, нұрлы.* ~ көрікті.

ПЕРИМЕТР ***мат.*** *Түйық контурдың ұзындығы.*

ПЕРИОД ***физ.*** *Қозғалыс қайталап отыратын уақыт аралығы.*

ПЕРИОДТЫҚ: периодтық система — *Д. И. Менделеев ойлап тапқан химиялық элементтер заңының график түрі.*

ПЕРИСКОП *Бекіністерде, сұңғуір қайықтар, бронды машиналар ішінде отырып, сырттағыны байқайтын оптикалық құрал.*

ПЕРИФЕРИЯ *Орталықтан қашық шеткері жер, шет аймақ.*

ПЕРНЕ 1. *Домбыра, гитара сияқты ішекті аспаптарды ойнағанда дыбысты күшейту үшін саусақпен басатын тетік.* Домбыраның ~сі. 2. *Ауыс. Нәзік сезім, көңіл күйі.* Жүрек ~сі.

ПЕРНЕЛЕ *Ішекті аспаптарға перне тағу.* Домбырасын ~ді.

ПЕРНЕЛІ *Пернесі көп, көп перне тағылған.* Көп ~ домбыра.

ПЕРПЕНДИКУЛЯР ***геом.*** *Берілген түзумен тік бұрыш жасайтын сызық.*

ПЕРРОН *Вокзалдың поезд тоқтайтын, жолаушылар жүріп-тұратын алаңы.*

ПЕРСОНАЖ ***әдеб.*** *Драма, роман, повестердің және поэмалардың кейіпкерлері.*

ПЕРСПЕКТИВА *Болашақта істелетін іс туралы жоспар.* Бесжылдықты өркендету ~сы.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫ *Дамудың, өсудің, істелетін істің я шаруаның болашағын ескеретін, оларды толық қамтитын, келешекті болжайтын.* Еліміздің ~ жоспары.

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ *Болашақта, келешек жағдайда істелетін іс жоспарына тікелей қатысты.* ~ жоспар (шаралар).

ПЕРФОКАРТА *Перфорациялық карта; перфорациямен тесілген барақ.*

ПЕРФОЛЕНТА *Арнайы құрылғымен тесіктер тесу арқылы әр түрлі информация түсіруге я жазуға арналған лента түріндегі қағаз.*

ПЕРФОРАТОР 1. *Есептеу цифрларын арнайы код бойынша перфокартаға немесе перфолентаға тесік түрінде түсіруге арналған көмекші машина.* 2. *геол. Тау жыныстарын, кенді бұрғылайтын машина.*

ПЕРФОРАЦИЯ *Перфоратормен тесік тесу және сол тесілген тесік.*

ПЕРЦОВКА *Бұрышталған арақ.*

ПЕРІ ***миф.*** 1. *Діни сенім бойынша, аспанда, су ішінде тіршілік ететін жамандық пен зұлымдықтың күш иесі.* Көк долыдан дәу ***пері*** қашты (Мақал). 2. *Ауыс. Сайтан, жынды, есерсоқ.* Серілігі де, ***перілігі*** де бар көңілді жігіт (Күмісбеков). ◊ **Перінің салқыны тиді** — *жын ұрды, есуас болды.* **Пері қақты [шалды, соқты, неленді]** — *есі ауысты, жынданды.*

ПЕРІШТЕ *діни.* 1. *Мифология мен діни ұғымдар бойынша, құдайдың әмірін жеткізіп тұратын, табиғаттан тыс мифтік көмекшілер.* Алланың сүйісініп жаратқаны ***періштелер*** болыпты ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Кінадан пәк уыз жас, сәби бала.* Күнәсіз таза ***періште,*** Жас балдырған нәрестe (С. Мұқанов). 3. *Ауыс. Кіршіксіз адал жан, таза адам.* Ол адамның ***періштесі*** (Майлин). 4. *Ауыс. Асқан сұлу, көркем, әдемі ару.* Мынадай ***періште*** тегін кісінің қолына түспейді ғой (Жұмаділов). ◊ **Періште қақты** — *құдай сақтады, оңдады.* **Періштенің құлағына шалынды (*діни.*)** — *айтқаны келді, тілегі орындалды.* **Періште түтты** — *әулие санады.*

ПЕРІШТЕСІН *Періште болғансу, әулиесу.* Ол өтірік ~е қалды.

ПЕССИМИЗМ *Болашаққа сенімсіздікпен қарап, сары уайымшылдыққа салынушылық.*

ПЕТИТ ***полигр.*** *Өте ұсақ типографиялық шрифт.*

ПЕТИЦИЯ *Мемлекет басшысына немесе жоғары өкімет органының атына көпшілік атынан тапсырылатын жазбаша өтініш.*

ПЕТРОГЛИФ *Көне тарихи ескерткіштердің бір саласы; тасқа салынған суреттер.*

ПЕТРОГРАФИЯ ***геол.*** *Геология ғылымының тау жыныстарын зерттейтін бөлімі.*

ПЕЧЕНЬЕ *Сүт, жұмыртқа, май, қант т. б. қажетті заттар қосып иленген қамырдан пісірілетін түрлі формалы кондитер тағамы.*

ПЕШ 1. *Тамақ пісіруге, үй жылытуға арналған темірден не кірпіштен жасалған құрылыс.* 2. *Еріткіштерді буландыруға, материалдарды қыздыруға, балқытуға металл қорытуға пайдаланылатын өнеркәсіптік орын.* Домна ~і.

ПЕШЕНЕ *Жазмыш, тағдыр.* Құдайдың *пешенеңе* жазғаны азап (Шипин). ◊ **Пешенеге бітті [тиді]** — *несіп болды, бұйырды.* **Пешенеге жазған** — *маңдайға жазған, бұйырған.*

ПЕШКІ 1. *Шахматтың ең әлсіз, қарапайым ойын тасы.* Каспаров ~сін алға жылжытты. 2. *Ауыс. Елеусіз, кішкене.* Ол үшін мен де бір *пешкімін* (Жұмаділов)

ПЕШПІ 1. *Пеш салатын адам. Пешші,* етікші секілді мамандықтар жойылып барады (Сарғасқаев). 2. *Өндіріс орнындағы пеш жұмысшысы.*

ПИАНИНО *Тігінен тұрған сандыққа ұқсас, басып ойнайтын тілдері бар музыкалық аспап, фортепьянонын бір түрі.*

ПИАНИСТ *Пианинода ойнайтын музыкант.*

ПИГМЕНТ *биол. Клетка мен түрлі органдарда болатын боялыш зат.*

ПИҒЫЛ *Ішкі ой, ниет, пікір.* ~ы жаман.

ПИҒЫЛДАС *Ниеттес, пікірлес.* ~ дос.

ПИДА *Құрбан, садақа.* Жанын ~ етті.

ПИЖАМА *Үйде киетін жадағай жеңіл киім.*

ПИКЕТ 1. *әск. Барлаушы топ.* 2. *саяс. Үкіметке талап қоя шыққан ереуілші топ.* 3. *Километрдің оннан біріндей темір жол өлшеуіші.* 4. *геод. Геодезистердің жер өлшегенде жерге қағып кетіп отыратын нөмірлі ағаш немесе темір қазығы.*

ПИКТОГРАФИЯ *Көне замандағы суретті жазу.*

ПИЛОТАЖ *Самолеттің не планердің ұшып жүріп әр түрлі фигуралар жасау үшін қолданатын маневрлік қозғалыстары.*

ПИЛОТКА *Әскери жеңіл бас киім.*

ПИМА *Жүннен басылған қысқы аяқ киім.*

ПИНГВИН *зоол. Суда да, құрлықта да жүре алатын, бірақ ұша алмайтын құс.*

ПИНЦЕТ *мед. Металдан т. б. істелген кішкене қысқыш.*

ПИПЕТКА *Дәрі тамызатын шыны түтікше.*

ПИРАМИДА I *архит. Ежелгі Египет перғауындарының қабіріне ескерткіш белгі ретінде орнатылған ерекше құрылыс.*

ПИРАМИДА II *мат. Жақтарының бірі көп бұрыш, қалғандары үш бұрыш болып келетін геометриялық фигура.*

ПИРАМИДОН *мед. Дәмі ащылау, суда еритін, кристалды ақ таблетка.*

ПИРАТ *Теңіз қарақшысы, кеме тонаушы.*

ПИРИТ *хим. Темір мен күкірттің химиялық қосылысы.*

ПИРОМЕТР *тех. Күшті қызулықты өлшейтін аспап.*

ПИРС *Екі жағынан кемелер келіп тоқтау үшін жағалаудан суға қарай сүғындырыла салынған құрылыс.*

ПИСТОН *Патрондағы дәріге от беретін арнаулы зат.*

ПИЯЗ *Тағамды дәмдендіретін аса пайдалы бақша дақылы.* ~ қосқан самса.

ПИЯЗШЫҚ *Кейбір көп жылдық өсімдіктердің түйнегі, топырақ астындағы бөлігі.*

ПИЯЛА 1. *Кесе, шыны-аяқ.* Бір ~ шай. 2. *Білтелі шамның шынысы.* Ол шамның ~сын тазартты.

ПЛАГИАТ *Басқа біреудің шығармасын, тапқан жаңалығын өзімдікі деп иемденіп кететін әдеби ұрлық.*

ПЛАКАТ *Үгіт-насихат, көрнекі оқу құралы ретінде пайдаланылатын қысқа мәтінді сурет.*

ПЛАНЕТА *астр. Күнді айналатын, Күннен жарық және жылу алатын үлкен аспан денелері.*

ПЛАНЕТААРАЛЫҚ *Екі не үш-төрт планеталар аралығын зерттейтін. Планетааралық* автомат станциясы ұшырылды (ҚСЭ).

ПЛАНТАТОР *Басыбайлы жалшылардың еңбегін қанап, плантациядан пайда тауып байыған үстем тап өкілі.*

ПЛАНТАЦИЯ *Ерекше күтім қажет ететін ауыл шаруашылық дақылдары егілген арнаулы жер.*

ПЛАНШЕТ 1. *Топография, геология, география карталарын салып жүруге арналған, беті жылтыр жалпақ папка.* 2. *Бетіне чертеж сызуға, сурет салуға арналған жиналмалы тақта.*

ПЛАСТИКАЛЫҚ: пластикалық хирургия — *денедегі кемістікті түрлі әдіспен түзейтін хирургияның бір саласы.*

ПЛАСТИЛИН *Балшық пен балауыз қосындысынан тұратын, түрлі мүсін жасауға керекті жұмсақ материал.*

ПЛАСТМАССА *Химиялық жолмен алынған әрі жеңіл, әрі төзімді материал.*

ПЛАТИНА *мин. Алтыннан да қымбат бағаланатын түсі ақ, сирек кездесетін металл.*

ПЛАТФОРМА I 1. *Поезға мінетін жердегі биіктеу алаң.* 2. *Товар тиейтін жайдақ вагон.*

ПЛАТФОРМА II *саяс. Белгілі бір партияның, ұйымның ұстаған жолы, бағыты; іс-әрекетінің бағдарламасы.*

ПЛАЦДАРМ *әск. Соғыс ашуға, шабуыл жасауға даярлық жүргізілетін жер.*

ПЛАЦКАРТ *Әрбір төрт кісілік орны нөмірленіп бөлінген поезд вагоны.*

ПЛАЩ *Су өткізбейтін жеңіл сырт киім.*

ПЛАЩ-ПАЛАТКА *Су өткізбейтін матадан жасалған үлкен шатыр.*

ПЛЕВРА *анат. Өкпе мен кеуде қуысының ішкі бетін жауып тұратын сірі қабық.*

ПЛЕВРИТ *мед. Өкпе қабынып, суық тиюден болатын ауру.*

ПЛЕНУМ *Белгілі бір ұйымның немесе партияның сайланып қойылған басшы органы мүшелерінің толық құрамды жиналысы.*

ПЛЕНКА 1. *Кино, фото суреттер түсіретін жарық түсіргіш таспа.* 2. *Дыбысты жазып алатын таспа.*

ПЛИТА I *Тастан не металдан жасалған шаршы тақта.* Мрамор ~, бетон ~.

ПЛИТА II *Ас пісіретін пеш.* Газ ~, тоқ ~.

ПЛОМБА 1. *Товарға, не басқа бір затқа тағылатын кішкентай қорғасын белгі.* Есіктің ~сы, жәшіктің ~сы. 2. *Тіске түскен ақауды бітейтін зат.* Ауырған тісіне ~ салдырды.

ПЛОМБАЛА *Пломба салу.*

ПЛОМБИР *Балмұздақтың шоколад қосқан түрі.*

ПЛОТИНА *Өзенді бөгеуге арналған гидротехникалық құрылыс.*

ПЛУТОНИЙ *хим. Радиоактивті химиялық элемент.*

ПЛЮРАЛИЗМ *Пікір бостандығы, көзқарастардың әр алуандығы.*

ПНЕВМОНИЯ *мед. Өкпенің қабынуы.*

ПО *Құсты ұшыру үшін айтылатын одағай сөз. По* деп құстарды ұшырып жіберді ("Ауызекі").

ПОВЕСТЬ *әдеб. Романға қарағанда сюжеті жағынан онша күрделі емес әдеби шығарма; прозалық жанр.*

ПОВИДЛО *Жемістен қант қосып қайнатылған қою, тәтті тағам.*

ПОГОН *Әскери киімнің иығына тағылатын белгі.*

ПОДВАЛ *полигр. Газеттің көлденең сызықпен бөлінген тұтас етегі, белдеуі.*

ПОДПОЛКОВНИК *Майор мен полковник аралығындағы аға офицерлік әскери атақ.*

ПОДШИПНИК *тех. Механизмнің айналып тұратын бөлшегін тіреп тұратын тетік.*

ПОДЪЕЗД *Көп пәтерлі үйлердің кіре беріс бөлігі.*

ПОЕЗД *Бір не бірнеше локомотивке тіркелген вагондар тізбегінен тұратын темір жол составы.*

ПОЗИТИВ *Негативтен қағазға не арнаулы шыныға түсірілген фотографиялық сурет.*

ПОЗИТИВИЗМ *филос. Буржуазиялық философияда кең өріс алған идеалистік бағыт.*

ПОЗИЦИЯ 1. *әск. Ұрыста әскер орналасқан жер.* 2. *саяс. Белгілі бір мәселе жөніндегі көзқарас, беталыс.* 3. *спорт. Денені ұстау қалпы.* 4. *муз. Қолды, саусақтарды ыңғайлап ұстау қалпы.*

ПОЛИАТРИТ *мед. Буын ауруы.*

ПОЛИГЛОТ *әск. Көп тілді білетін маман.*

ПОЛИГОН *әск. Әскери жаттығулар, сынаулар жүргізілетін орын, жер.*

ПОЛИГРАФ *тех. Бір жазуды екіншіге көшіретін аспап я көшіру ісі.*

ПОЛИГРАФИСТ *Полиграф ісінің маманы.*

ПОЛИГРАФИЯ *Текстік және графикалық материалдарды басып шығаруға арналған техникалық құралдар жиынтығы.*

ПОЛИМЕР *хим. Молекулалары қайнатылып топтасатын, молекулалық массасы үлкен химиялық қосылыстар.*

ПОЛИМЕТАЛЛ *мин. Қорғасын мен мырыш, мыс, алтын, күміс, кадмий, кейде висмут, қалайы, индий, галлийден тұратын комплексті рудалар.*

ПОЛИНЕВРИТ *мед. Бірнеше нерв талшықтарының қабынуынан болатын ауру.*

ПОЛИОМИЕЛИТ *мед. Нерв жүйесінің зақымдануынан қол-аяқтың қозғалмай қалуына апарып соғатын ауру.*

ПОЛИП *мед. Кейбір органдардың ішкі кілегей қабықтары қабыну салдарынан пайда болатын қатерсіз ісік.*

ПОЛИСЕМИЯ *лингв. Бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы; көп мағыналылық.*

ПОЛИТЕИЗМ *Көп құдайға табынушылық.*

ПОЛИТЕХНИЗАЦИЯ *Политехникалық білім беру жүйесіне көшу, соны іске асыру ісі.*

ПОЛИТЕХНИКА *Техниканың барлық саласын қамтып, өндірістің негізгі ғылыми принциптерімен таныстыратын білім жүйесі.*

ПОЛИТЕХНИКАЛАНДЫР *Политехникалық білім беру жүйесін іске асыру.*

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ *Техниканың әр саласынан білім беріп, өндіріске маман кадрлар дайындайтын, көп салалылық (институт, техникум).* □ **Политехникалық білім беру** — *оқушыларды өндіріспен таныстырып, еңбекке баулуды көздейтін коммунистік тәрбиенің құрамды бөлігі.* **Политехникалық оқу** — *мектепте политехникалық білім беру міндеттерін жүзеге асыратын оқу-тәрбие процесі.*

ПОЛИТРУК *Ротадан бастап барлық әскери бөлімшелерде болатын саяси жетекші.*

ПОЛИФОНИСТ *Композитор, полифониялық музыканың авторы.*

ПОЛИФОНИЯ *Музыкадағы көп дауыстылықтың түрі, яғни бірнеше дауыстың бірігіп көп дыбысты болып үндесуі.*

ПОЛИЭТИЛЕН *хим. Этилен газынан алынатын термопластикалық полимер.*

ПОЛК *әск. 3–5 не одан да көп батальоннан тұратын әскери бөлім.*

ПОЛКОВНИК *әск. Подполковниктен жоғары офицерлік атақ.*

ПОЛОНЕЗ *муз.* 1. *Поляк халқының салтанатты биі.* 2. *Сол биге арнап шығарған музыка.*

ПОЛОНИЙ *хим. Сирек кездесетін, радиоактивті химиялық элемент.*

ПОЛОТНО 1. *Тығыз тоқылған, қалыңдау мата.* 2. *Майлы бояумен салынған сурет.*

ПОЛЬКА *муз. Қарқынды би, соған арналған музыка.*

ПОЛЮС 1. *геогр. Жердің айналу осінің ең қиыр нүктесі және соның төңірегі.* Солтүстік ~, Оңтүстік ~. 2. *физ. Магниттің я электромагниттің екі басының бірі.* Теріс ~, оң ~.

ПОЛЯК *Поляк республикасының негізгі тұрғыны.*

ПОЛЯР: поляр түні — *полюсте бірнеше ай бойына үнемі түн болып тұратын мезгіл.*

ПОЛЯРИЗАТОР *физ. Толық не жартылай поляризацияланған оптикалық жарық сәулесін алуға арналған құрылғы.*

ПОЛЯРИЗАЦИЯ *физ. Жарық толқындарының белгілі бір жазықтықта жату қасиеті.*

ПОЛЯРИЗАЦИЯЛАН *Поляризация пайда болу.*

ПОМАДКА *Жеміс шырынына қант қосып істеген конфеттің түрі.*

ПОМЕЩИК *Басыбайлы шаруаның еңбегін қанап байыған ірі жер иесі, үстем тап өкілі.*

ПОМИДОР *Қызыл, сарғыш түсті жемісі тағамға пайдаланылатын бір жылдық көкөніс; қызанақ.*

ПОП *Шіркеудегі дін өкілі.*

ПОРА-ПОРА *Ағыл-тегіл, борша-борша.* ~ жас ақты. ◊ **Пора-порасы шықты** — а) *ағыл-тегіл жылады;* ә) *қара терге түсті, тер шұмектеді.*

ПОРОЛОН *Жұмсақ мебель, киім, кілем т. б. заттар жасауда кең қолданылатын, химиялық жолмен алынған зат.*

ПОРОШОК *Бір нәрсені тазартатын арнайы жасалған ұнтақ.* Тіс ~гі, кір жуатын ~.

ПОРТ *Теңіз, пароход тоқтап, жүк алып, жүк түсіретін жағалаудағы орын.*

ПОРТАЛ *архит. Ғимаратқа салтанатты сипат беру үшін қолданылатын архитектуралық элементтің түрі.*

ПОРТВЕЙН *Жүзім шарабының күшті түрі.*

ПОРТРЕТ 1. *өнер. Бейнелеу өнерінде: кескіндеме, мүсін, графика, фото өнерінің басты жанрының бірі.* 2. *әдеб. Көркем әдебиеттегі кейіпкерлердің түр-түсін, кескін-келбетін, жүріс-тұрысын суреттеушілік.*

ПОРТСИГАР *Шылым салатын сауыт.*

ПОРТФЕЛЬ *Кітап, қағаз т. б. салып алып жүруге арналған қолайлы сумка.*

ПОРТЬЕРА *Қалың матадан істелген есік я терезе пердесі.*

ПОРУЧИК *әск. көне. Орыс армиясында XVII ғ-дан бастап қолданылған офицерлік шен, немесе подпоручиктен бір дәреже жоғары атақ.*

ПОРШЕНЬ *техн. Машина цилиндрінің ішінде оның осі бойынша қозғалатын жылжымалы деталь.*

ПОСЕЛКЕ *Қала үлгісімен салынған елді мекен.*

ПОСЕЛКЕЛІК *Поселкеге қарасты.* ~ совет.

ПОСТСКРИПТУМ *Хаттың аяқ жағына қол қойғаннан кейін "PS" таңбаларын қойып тұрып, одан кейін жазылған сөздер.*

ПОСТУЛАТ *Сипаттауды керек етпейтін жорамал.*

ПОСЫЛКА *Почта арқылы салып жіберілген зат.*

ПОТЕНЦИАЛ 1. *физ. Белгілі бір жердегі электр магнитінің қалпын көрсететін шама.* 2. *саяс. Бір елдің қару-жарақ, соғыс күштерінің жиынтығы.* 3. *Адам бойындағы қабілет, іске қосылатын қуат.*

ПОТЕНЦИОМЕТР *физ. Ток күшін, электр қуатын өлшейтін құрал.*

ПОЧТА *Хат, ақша, газет-журнал, посылка т. б. заттарды бір жерден екінші жерге жеткізу ісімен айналысатын мекеме.*

ПОЧТАМТ *Қалалық жердегі орталық почта.*

ПОЧТАШЫ *Почтаға келген хат, газет-журналдарды адрес бойынша тарататын почта қызметкері.*

ПОШТАБАЙ *көне. Би-болыстардың тапсырмасымен жүріп-тұратын, іс қағаздарын тиісті жерге жеткізіп келетін шабарман.*

ПОШЫМ *қарап. Сыртқы пішін, түр-тұлға.* ~ы бөлек адам.

ПОЭЗИЯ 1. *әдеб. Өлеңмен жазылған көркем шығарма.* Жамбыл — қазақ ~сының алыбы. 2. *Ауыс. Көркемдік, сұлулық.* □ **Поэзия күні (кеші)** — *ақындар мен оқырман қауымының әдеби дәстүрге айналған кездесу күні.*

ПОЭМА *әдеб. Белгілі бір оқиғаны өлеңмен баяндайтын, сюжетті көркем шығарма.* Құлагер ~сы.

ПОЭТИКА *әдеб. Поэзиялық шығарманың құрылысын, суреттеу, бейнелеу тәсілдерін зерттейтін ғылым.*

ПРАГМАТИЗМ *филос. Ақиқатты практикалық пайдалылық тұрғысынан түсінетін буржуазиялық философияда кең таралған субъективті-идеалистік бағыт.*

ПРАГМАТИКА *Логикада пайдаланылатын таңбалар жүйесіне адамның қатынасын зерттейтін семиотиканың бөлімі.*

ПРАКТИКА *Теорияның іс жүзіне асуынан туған тәжірибе; қалыптасқан дағды.* Педагогикалық ~, өндірістік ~.

ПРАКТИКАЛЫҚ *Іс жүзіне асатын, өмірмен байланысты.* ~ көмек (іс).

ПРАКТИКАНТ *Практикада жүрген адам.*

ПРАКТИКУМ *Жаттықтыру сабағы.*

ПРАПОРЩИК 1. *Армияда мерзімді уақытын өтегеннен кейін одан ары қарай өз еркімен қызмет етіп жүрген адамға берілетін әскери атақ және осы атаққа ие адам.* 2. *көне. Патша армиясындағы ең кіші офицерлік шен.*

ПРЕЗИДЕНТ 1. *Республикалық басқару формасына негізделген елдердің мемлекет басшысы, ел ағасы, ел басшысы.* Н. Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш ***президенті*** болып сайланды. 2. *Кейбір қоғамдық, ғылыми ұйымдардың басшысы.* Қаныш Сәтбаев — Қазақстан ҒА-ның тұңғыш ~і болған.

ПРЕЗИДИУМ 1. *Жиналысты, мәжілісті басқару үшін уақытша сайланған орган.* Кеңестің ~мы. 2. *Кейбір мекемелердің белгілі мерзімге сайланып қойылған басқарушы органының аты.* ~ мүшелігі.

ПРЕЙСКУРАНТ *Товар және қызмет көрсету түрлеріне қойылған бағалардың (тарифтердің) жиынтық көрсеткіші.*

ПРЕЛЮДИЯ *муз. Аспапты музыкалық пьеса жанры.*

ПРЕМЬЕРА *Жаңа спектакль, кинофильм т. б. көпшілікке арналған ойын-сауық түрінің алғаш қойылуы.*

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР *Үкімет басшысы; Министрлер кабинетінің төрағасы.*

ПРЕПАРАТ 1. *мед. Арнаулы фабрикада, лабораторияда әзірленген химиялық не фармацевтік дәрі-дәрмек.* Химиялық ~. 2. *Химиялық зерттеуге әзірленген зат.* Радий ~ы.

ПРЕСС *Материалды қысып нығырлайтын, тығыздайтын құрал.*

ПРЕСС-АТТАШЕ *Дипломатиялық өкілдіктің (елшілік, миссия т. б.) баспасөз жөніндегі қызметкерінің атауы.*

ПРЕСС-КОНФЕРЕНЦИЯ *Қоғамдық-саяси мәселелер жөнінде пікірлесу үшін баспа орындарының уәкілдері мен үкімет, қоғам қайраткерлерінің бас қосқан жиналысы.*

ПРЕСТЕ *Әр түрлі материалдарды нығыздау, қысу.*

ПРЕФЕРАНС *Ақша салып ойнайтын карта ойынының түрі.*

ПРЕФИКС *лингв. Түбір сөздің алдынан жалғанатын қосымша.*

ПРИЗМА 1. *мат. Көлемі табанының ауданы мен биіктігінің көбейтіндісіне тең келетін геометриялық дене.* 2. *физ. Оптикалық аспаптың мөлдір шынысы.*

ПРИМА *Мандолин тәрізді музыкалық аспап.*

ПРИМУС *Керосинмен жағып ас пісіруге пайдаланылатын құрал.*

ПРИНЦ *Патшаның, корольдің баласына берілетін атақ; титул.*

ПРИНЦЕССА *Патшаның, корольдің қызына берілетін атақ; титул.*

ПРИНЦИП *Саясаттағы, ғылымдағы негізгі қағида; іс-әрекеттегі жетекші ереже.* Мемлекеттік ~.

ПРИОРИТЕТ *Бір нәрсені ойлап табу, жаңалық ашудағы бірінші, алғашқы болушылық.*

ПРИСТАНЬ *Кеме тоқтайтын орын.*

ПРОБИРКА *Лабораторияларда пайдаланылатын шыны түтікше.*

ПРОБЛЕМА *Зерттеуді, шешуді қажет ететін күрделі мәселе.*

ПРОБЛЕМАЛЫҚ *Проблема боларлық, проблемаға қатысты.* ~ мәселе. □ **Проблемалық оқыту әдісі (пед)** — *мектеп оқушыларын шығармашылық ойлауға баулып, дүниетанымын кеңейтетін тәсіл.*

ПРОГРЕСС *Бүкіл адамзат тарихы мен қоғамның заңды түрде дамып, алға басу процесі.* Қоғамдық ~.

ПРОГРЕСТІК *Алға басқандық, ілгері дамығандық.* ~ көзқарас.

ПРОГРЕСШІЛ *Алдыңғы қатарлы, озық.* ~ адамзат.

ПРОЕКЦИЯ *мат. Бір нәрсенің түзу сызықтар арқылы жазықтыққа түскен кескіні.*

ПРОЕКЦИЯЛА 1. *Проекциясын сызып кескіндеу.* Теңбіл-теңбіл дақ түрінде ***проекциялап*** түсіреді (Өбішұлы). 2. *Проекцияны экранда үлкейтіп көрсету.* Бұл аппарат экранға едәуір үлкейтіп ***проекциялай*** алады ("Қазақст. мект.").

ПРОЖЕКТОР *Күшті жарық беретін құрал.*

ПРОЗА *әдеб. Қара сөзбен жазылған көркем шығарма; әдебиет жанры.*

ПРОЗАШЫ *Шығарманы проза жанрында жазушы.*

ПРОКАТ *Металдарды арнаулы әдіспен өңдеу процесінен кейін алынатын өнім.* □ **Прокат станы** — *металдарды өңдеуге арналған машина.*

ПРОКАТТА *Металдар мен қорытпаларды прокат станында өңдеу.*

ПРОКАТШЫ *Прокат өндірісіндегі жұмысшы.*

ПРОКУРАТУРА *заң. Мемлекеттік заңның орындалуын бақылау және заңды бұзушыларды сотқа тарту міндеті жүктелген орын.*

ПРОКУРОР *Мемлекеттік заңдардың дұрыс орындалуын бақылап отыратын прокуратура қызметкері.*

ПРОЛЕТАРИАТ *Буржуазиялық қоғамдағы жалдамалы, қаналушы жұмысшы табы.* □ **Пролетариат диктатурасы** — *социалистік революция нәтижесінде орнайтын социализм құрылысы мен коммунистік қоғам құруға көшуді көздейтін жұмысшы табының өкіметі.*

ПРОЛЕТАРЛЫҚ *Пролетар басшылығымен, солардың қатысуымен.* ~ революция (интернационализм).

ПРОЛОГ *әдеб. Көркем шығарманың кіріспе бөлімі.*

ПРОПАН *хим. Мұнай және табиғи газдар құрамында болатын түссіз, иіссіз, жанғыш зат.*

ПРОПЕЛЛЕР *Самолет, дирижабль т. б. айналғыш тетігі.*

ПРОПОРЦИОНАЛ *мат. Екі шаманың бір-біріне теңдігі, тәуелділігі.*

ПРОПОРЦИЯ 1. *Екі қатынас арасындағы теңдік.* 2. *Заттың бөліктерінің шама жағынан өзара қатысы, сай келушілігі.*

ПРОПОРЦИЯЛЫ *Мөлшер, шама жағынан үйлесімді, сәйкес.*

ПРОПУСК *Бір жерге кіру немесе басқа жаққа бару үшін берілетін рұқсат қағаз, куәлік.*

ПРОРАБ *Құрылыс жұмысын басқарушы инженер.*

ПРОРЕКТОР *Жоғары оқу орны ректорының орынбасары.*

ПРОСПЕКТ *Еңбектің алғашқы жобасы, нобайы.*

ПРОТЕЗ *Адамның кеміс мүшелерінің (аяқ, қол т. б.) орнына қойылатын жасанды зат.*

ПРОТЕИН *биол. Белоктың бір түрі.*

ПРОТЕКТОРАТ *Империалистік үлы мемлекеттің құрамындағы тәуелді мемлекет.*

ПРОТЕКЦИОНИЗМ *Капиталистік елдерде шетелден әкелінетін тауарларға жоғары баж салығын салу кейбір тауарларды әкелуге тыйым салу саясаты.*

ПРОТЕРОЗОЙ: протерозой эрасы — *жер тарихының археозой мен палеозой арасындағы эрасы.*

ПРОТЕСТАНТ *Христиан дінінің бір саласы және соның қағидаларын орындаушы адам.*

ПРОТИВОГАЗ *Улы газдан қорғау үшін басқа киетін зат.*

ПРОТОКОЛ 1. *Жиналыстың, мәжілістің барысы туралы жазылған қысқаша мазмұндама.* Жиналыстың ~ы. 2. *Қоғамдық тәртіпті бұзғандық жөнінде жасалатын акт.*

ПРОТОКОЛДА *Протокол жазу, протокол жасау.* Сіздер ***протоколдай*** қойыңыз (Қабдолов).

ПРОТОН *физ. Атом ядросының құрамына кіретін оң зарядты кішкене бөлшек.*

ПРОТОПЛАЗМА *биол. Тірі организмдегі клетка құрамының негізгі бөлшегі.*

ПРОТОТИП *Әдеби кейіпкердің өмірде болған нақтылы тұп тұлғасы.*

ПРОФЕССИОНАЛ *Белгілі бір кәсіпке маманданған адам.* ~ әнші.

ПРОФЕССИОНАЛДЫҚ *Профессионал болып қалыптасқандық.* ~ өнер.

ПРОФЕССОР *Жоғары оқу орны оқытушысы мен ғалым ұстаздарға берілетін үлкен ғылыми атақ.*

ПРОФИЛАКТИКА *Денсаулық сақтау ісінде түрлі аурудан сақтандыру, аурудың алдын алу шаралары.*

ПРОФИЛАКТОРИЙ *Профилактикалық шаралармен айналысатын мекеме.*

ПРОЦЕДУРА 1. *Бір істі орындау, атқару тәртібі.* Сот ісінің ~сы. 2. *мед. Емдеу ісі, шаралары.* Емдеу ~сы.

ПРОЦЕНТ *Бірлік ретінде алынатын бүтін санның жүзден бір бөлігі.* □ **Процент күйттеу** — *жалаң процент қуу (процентомания).*

ПРОЦЕНТТЕ *Процентін шығару.*

ПРОЦЕСС 1. *Іс-әрекеттің даму барысы, қимылдың өрістеу қалпы.* Ойлау ~і. 2. *Белгілі бір нәтижеге жету үшін жасалатын әрекеттердің жиынтығы.* Өндіріс ~тері. 3. *заң. Сот ісінің жүргізілу тәртібі, реті.* Сот ~і.

ПСИХИАТР *мед. Психикалық ауруларды емдейтін маман дәрігер.*

ПСИХИАТРИЯ *мед. Психикалық аурулардың себебін, емдеу әдістерін зерттейтін медицина ғылымының бір саласы.*

ПСИХИКА *Белгілі бір адамға тән ішкі сезімдер дүниесі.* Балалар ~сы.

ПСИХИКАЛЫҚ *Психикамен байланысты.* ~ құбылыс.

ПСИХОЗ *мед. Елегізіп, есаланданып ауыру.*

ПСИХОЛОГ 1. *Психология маманы.* 2. *Адамның көңіл күйін, жан дүниесін танығыш, жетік білетін адам.*

ПСИХОЛОГИЗМ *әдеб. Кейіпкердің ішкі жан сезімін тереңдете бейнелеу әдісі.*

ПСИХОЛОГИЯ 1. *Ой, сезім, түйсік, елес, тілек, ерік, қабілет, мінез, әдет сияқты психикалық әрекеттердің заңдылықтары туралы ғылым, пән.* 2. *Адамның мінез-құлқы, сана-сезімі, ой-өрісі.* Ол адам ***психологиясын*** айнытпай танитын кісі болатын (М. Ғабдуллин).

ПСИХОПАТОЛОГИЯ *мед. Жалпы психика аурулары туралы ілім.*

ПСИХОТЕРАПЕВТ *Психотерапия маманы арқылы емдеу жүйесі.*

ПСИХОТЕРАПИЯ *Психикалық ықпал ету әдісі.*

ПСИХРОМЕТР *физ. Ауа дымқылдығын өлшейтін аспап.*

ПУ *Бір нәрсені ұнатпаған, жақтырмаған кезде айтылатын ишарат сөз.* Пу, қандай тағылық.

ПУБЛИЦИСТ *Публицистика маманы.* Шоқан ірі ғалым, *публицист,* кеменгер ойшыл болды (Мәуленов).

ПУБЛИЦИСТИКА *Қоғамдық саяси мәселелер жөнінде жазылған әдеби жанр.*

ПУДИНГ *кулин. Ұн немесе күрішке жұмыртқа, сүт, жүзім т. б. араластырып пісірілген тағам.*

ПУЛЕМЕТ *Жердегі және әуедегі нысананы көздеп атуға арналған автоматтық қару.*

ПУЛЕМЕТШІ *Пулеметтан оқ атушы жауынгер.*

ПУЛЬТ 1. *муз. Нота қойылған тұғырық, сүйеніш.* Дирижер ~і. 2. *Электр станциясын басқаруға арналған аппараттар орнатылған орын.* 3. *Өндірістік процестерді басқаруға арналған пункт.*

ПУНКТ 1. *Өзіне жүктелген тиісті міндеті бар белгілі бір атқару орны.* Астық қабылдау ~і. 2. *әск. Бақылау жүргізетін, басшылық жасайтын жер.* Бақылау ~і. 3. *Заң жобасының, қаулы-қарардың, ережелердің белгілі бір тармағы, бөлімі.* Қаулының екінші ~і.

ПУНКТИР *Бір-біріне жақын орналасқан нүктелерден не қысқа сызықтардан тұратын үзік-үзік сызық.*

ПУНКТУАЦИЯ *лингв. Тыныс белгілерін қою ережелері және оның жүйесі.*

ПУТЕВКА 1. *Санаторий, курорт, демалыс үйі, немесе алып құрылыс сияқты жерлерге барушыларға берілетін жолдама қағаз.* 2. *Шофердің барар маршруты, артар жүгі көрсетілген рұқсат қағаз.*

ПҰЛ *Ақша, қаржы-қаражат.* Жеті сомнан *пұл* төледі (Бадыров).

ПҰЛДЫ *Бағалы, құнды, нарықты.* Я, шырағым, торымның *пұлды* екені рас (Сыланов).

ПҰРҚЫ *Шайқы, диуана, дуана, бақсы. Пұрқылардың* жолына түс! Құштарлар көп оған да (Хафиз).

ПҰТ *Салмағы 16 килограмға тең ауырлық өлшемі.* Миллиард ~ астық.

ПҰТ: пұтқа табыну — *құлшылық ететін, табынатын жасанды мүсінге сиыну.*

ПҰТТА *Пұт мөлшерімен өлшеу.* Биыл астықты ~п алдық.

ПҰТТЫҚ *Пұттың салмағындай, пұт болар-лық.* Екі ~ кірдің тасы.

ПҰШАЙМАН *Бейшара, сорлы, мүсәпір.* Ол ~ халде еді. ◊ **Пұшайман болды [жеді]** — *опық жеді, қапа болды, өкінді.*

ПҰШАЙМАНДЫҚ *Мүсәпірлік, сорлылық.* Індет — адам баласына түскен *пұшаймандық* (М. Әуезов).

ПҰШАЙТ-ПҰШАЙТ *Қойды шақырғанда, қозысын телігенде айтылатын сөз.* Қойды *пұшайт-пұшайт* деп шақырады (Қасиманов).

ПҰШМАН *Қайғы, қасірет, қапа.* Ішіміз толды *пұшманға* ай, жалғызымнан айырылып (Қобыланды).

ПҰШПАҚ 1. *Малдың, аңның сирақ терісі.* ~ ішік. 2. *Ауыс. Белгілі бір кеңістіктің, мекеннің, көшенің бір шеті, бөлігі.* Отанымның әр *пұшпағы* мен үшін қасиетті (Нұрмұхамедов). 3. *Ауыс. Әңгіменің, сөздің шет жағасы, бір ұшы.* Әңгіменің бір ~ғы. ◊ **Пұшпағы қанамаған** — *бала көтермеген, бала сүймеген.* **Пұшпағына да татымайды [тұрмайды]** — *ширегіне де келмейді.* **Пұшпағынан сабылды** — *болдырды, шаршады.* **Пұшпағына түсті [пұшпағын соқты, пұшпағынан келді]** — *өте ұзын болып сүйретіліп жатты.* **Пұшпағын ұстады** — *бір билікке ие болды.* **Пұшпақ алдырмады** — *малдан шығын шығармады, мал басы аман болды.*

ПҰШПАҚТА 1. *Өңшең пұшпақтан құрап киім тігу.* Ішікке *пұшпақтаған* жанат тыстап (Айтыс). 2. *Ауыс. Бөлшектеу, жырымдау.* Ол жердің тоңын *пұшпақтап* ыдырата түсті (Қойшыбаев).

ПҰШТЫ *Мұрны таңқию, келтию.* Әжімсіз маңдай, *пұштыған* мұрын (Бердияров).

ПҰШЫҚ 1. *Жұқпалы ауру салдарынан мұрны кем болып қалған; самал тұскен, таңқы.* Сыпайы сырын жасырмас, *Пұшық* мұрнын жасырмас (Мақал). 2. *Ауыс. Шүмегі кетілген, сынық.* ~ шайнек.

ПҰШЫҚТАУ *Мұрны сәл пұшық, таңқылау.* Ол ~ келген жас жігіт еді.

ПҰШТЫНДА *Пұштию, пұштаңдау.* Мұрны ~ды.

ПҰЛІШ *Түкті, бағалы барқыт мата.* ~ бешпент (қамзол).

ПЫР: пыр етті — *құс табан астынан бірден көтеріліп ұша жөнелді.*

ПЫРАҚ I 1. *фольк. Қиял-ғажайып ертегілерде, эпостарда кездесетін қанатты тұлпар.* Қос арғымақ ертегінің *пырағы* құсап кетті (Р. Тоқтаров). 2. *Жүйрік ат, сәйгүлік, арғымақ.* Жануар ат емес, *пырақ* еді (Есламғалиев).

ПЫРАҚ II *астр. Экваторлық шоқ жұлдыз; пегас. Пырақ* шоқ жұлдызын айқын бақылауға болады (ҚСЭ).

ПЫРАН *Батырлардың соғысқа арнап киер киімі — көбе (сауыт) т. б.* Дауыт соққан *пыранды,* кебінім деп киейін ("Қобыланды батыр").

ПЫР-ПЫР *Пырылдап шыққан дыбыс.* Олардың бәрі ~ ұйықтап жатыр. ◊ **Пыр-пыр етті** — *қайта-қайта пырылдады.*

ПЫР-ПЫРЛА *Пыр-пыр етіп ұшу.* Үйректер *пыр-пырлап* ұшып кетіп жатыр (Нәбиев).

ПЫРЫЛ *Бір қалыпты пыр-пыр еткен дыбыс.* Ол торғайлардың *пырылынан* оянды (Жүздесу).

ПЫРЫЛДА *Пыр-пыр еткен дыбыс шығу.* ~п ұшты (ұйықтады).

ПЫРЫЛДАУЫҚ *муз. Үрмелі музыкалық аспаптың бір түрі.* Қазақтың ұлттық музыка аспаптары: домбыра, қобыз, *пырылдауық,* даңғара т. б. ("Қазақст. әйелдері").

ПЫС *Зәресі ұшу, қорқу.* Жылқышының бәрі қорқып, пысып жүр (М. Әуезов).

ПЫС: пыс етті — *пысылдаған дыбыс шықты.*

ПЫСҚЫР *Жылқының танау арқылы кенет қатты дем шығаруы.* Жылқы ~ды. ◊ **Пысқырып та қарамады** — *көзге ілмеді, керек те қылмады.*

ПЫСҚЫРЫҚ I *Пысқырған дыбыс; пысқырғандық.* Отардың әр түстан естілген *пысқырығы* шопан жанының бір тыныштығы (Қыдырханов). ◊ **Пысқырық атты** — *қайта-қайта пысқырды.*

ПЫСҚЫРЫҚ II *вет. Қойдың танауында болатын ауру.* Құмыр қойда да болады, бірақ оны *пысқырық* деп атайды (Арғынбаев).

ПЫС-ПЫС *Пысылдаған дыбыс.* ~ етіп ұйықтап жатыр, танау ~ етті.

ПЫСТАН *Ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстін жез, күміспен қақтаған былғары.* Күміс *пыстандары* отқа шағылысып жалтылдайды (Құмарбеков).

ПЫСЫ I *Сұсы, мысы, сесі.* Өзі осалдың сені басар ***пысы*** жоқ (Мырзалиев). ◊ **Пысы басты [жеңді]** — *мысы басты, ұстем түсті, тайсалтты.*

ПЫСЫ II 1. *Есілген, иірген жіптің, басылған киіздің қатты ширауы, шымырлана түсуі.* Арқан ескенде қатты ~п кетпеуіне мұқият болу керек. 2. *Ауыс. Ысылу, шыныгу, ширау.* Диқандар тәжірибе үстінде ***пысыды*** ("Соц. Қаз.").

ПЫСЫҒЫРАҚ *Пысықтау, шырақтау.* Ендігәрі ***пысығырақ*** болыңыз деді лейтенант (Райымқұлов).

ПЫСЫҚ 1. *Қатты ширатылған, ширақ (жіп, арқан), не өте шымыр басылған (киіз).* Арқан ~ еселіпті. 2. *Ауыс. Еті тірі, епті, іскер, ширақ.* Жетімдік мені ширақ жүруге, ***пысық*** болуға мықтап үйреткенді (Мұқаев).

ПЫСЫҚАЙ *Пысықсымақ, жылпос, құ.* Адамдар арасында ***пысықай*** да мол (К. Ахметбеков).

ПЫСЫҚСЫ *Пысық болып көріну, пысықсыну.* Балы жетпей қалып, ***пысықсып*** ректорға кірген (Сүндетов).

ПЫСЫҚСЫМАҚ *экспр. Пысық болып көрінуші, пысықай.* ***Пысықсымақтар*** түртпектеп сөзге ілгіштеді (Иманбеков).

ПЫСЫҚТА 1. *Бос басылған киізді шидің үстіне салып, ыстық су құйып, білектеп пысыру, шымырлай түсу.* Киізді кейде пысырады, яғни ***пысықтайды*** (Қасиманов). 2. *Қайта-қайта тәптіштеп жетілдіре түсу, мұқияттау.* Әбден ~ды. 3. *Сабақты, оқыған жаттаған нәрсені еске түсіру, қайталау.* Екеуміз үйден шықпай сабақ ***пысықтаймыз*** (Айымбетов).

ПЫСЫҚТАУ *Шырақтау, пысығырақ.* Шәкіржан бұған қарағанда ***пысықтау*** екен (Райымқұлов).

ПЫСЫҚТАУЫШ ***грамм.*** *Баяндауыштың әр алуан белгілерін айқындап, іс-әрекеттің сапасын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.*

ПЫСЫҚТЫҚ *Қолынан іс келіп, ұқсатушылық, еті тірілік, ширақтық.* ~ етті (көрсетті, жасады).

ПЫСЫҚША *Пысықтау, шырақтау, пысықсымақ.* Солардың көбі жәй ***пысықша*** біреулер екен (Жұмаділов).

ПЫСЫЛ *Пыс-пыс еткен дыбыс, мұрыннан шыққан дем.* Қорадан сиырлардың болымсыз ***пысылдары*** ғана естіледі (Есенберлин).

ПЫСЫЛДА *Дыбыстың үздік-үздік шығуы.* Мұрны ~ды, паровоз ~ды.

ПЫСЫНА *Қапырықтан күйіп-жану, ыстықтау.* Ол әп-сәтте ***пысынап*** терлеп, ырсылдады да қалды (Мұқаев).

ПЫСЫТҚЫЛА *Ыстық тағамды, суды т. б. затты сапырыстырып, салқындату, суыту.* Тегешке ыстық су құйып, салқын сумен ***пысытқылады*** (Ш. Құмарова).

ПЫШАҚ 1. *Мал союға, нан т. б. кесуге арналған жүзі өткір, сабы бар құрал.* ***Пышағы*** бар сүйгенін жер (Мақал). 2. ***техн.*** *Кейбір машиналар мен түрлі құралдың кескіш бөлігі.* Соқаның ~ғы, ет тартқыштың ~ғы. ◊ **Пышақ жұмсады [салды]** — *пышақ салды, пышақтады.* **Пышақ жүзі, қыл үсті** — *қиыншылық кез, қауіп-қатерлі кезең.* **Пышақ кескендей тыйылды [үзілді, тоқтады, басылды]** — *бірден тыйылды, сап болды.* **Пышақ кесті** — *үзілді-кесілді, бір жола.* **Пышаққа ілікті [ілінді]** — *бауыздады, сойды.* **Пышаққа ілінгір [түскір]** *(қарғ.)* — *сойылғыр, бауыздалғыр.* **Пышақ сыртындай [қырындай]** — *жұп-жұқа (өлшем).* **Пышақ үстінен бөлді [үлестірді, талады]** — *қолмақол, табан астында бөлісті.*

ПЫШАҚСЫЗ *Пышағы жоқ: пышақ ұстамайтын.* Шаруа ***пышақсыз*** жүруші ме еді? (Дәуренбеков). ◊ **Пышақсыз бауыздады** — *қатты ұялтып жазғырды, жерге кіргізді.*

ПЫШАҚТА *Пышақ салып жаралау, тілгілеу.* ~п өлтіріп кетіпті.

ПЫШАҚТАЙ 1. *Тіліп тұсетін, өткір.* Аузы үлкен ошақтай, Азу тісі ***пышақтай*** (Алпамыс). 2. *Тыртиған арық.* Арқасы ~, жоны ~.

ПЫШАҚТАСТЫР 1. ***өзг. етіс.*** *Пышақтас-тыр.* 2. *Біреумен біреуді өштестіру, жауықтыру.* Ұлы орысшылдық пен ұлтшылдық талай еңбекшілерді ***пышақтастырды*** (Ғ. Мүсірепов).

ПЫШАНА ***тар.*** *Пешене, маңдай, тағдыр, жазмыш.* Жазғанын бір көрерміз ***пышанаға*** (М. Әуезов).

ПЫШҚЫ *Ағаш кесетін кішірек аратемір.* Ағаш шеберлері балта, ***пышқы*** сияқты аспаптарды пайдаланады (Қасиманов).

ПЫШ-ПЫШ *Өсек сөз, алып қашпа әңгіме, күңкіл.* Жұрттың ***пыш-пышын*** елең қылмады (Әлсеров).

ПЫШ-ПЫШТА *Біреуді сыртынан жамандау, өсектеу.* ~ғаннан жаман нәрсе жоқ.

ПЫШТАЙ: пыштай болды — *тыйыла қалды, жым болды.*

ПЫШТУ *Жақтырмағанда, менсінбегенде айтылатын сөз.* Оларға ~ деймін де жүре берем.

ПЫШЫЛ *Пыш-пыш еткен дыбыс; пысыл.*

ПЫШЫЛДА *Пыш-пыш ету, пысылдау.* Мұрны ~ды, паровоз ~ды.

ПЫШЫЛДАҚ *Пыш-пыш еткіш, пышылдауық, пышылдағыш.* ~ мұрын.

ПЫШЫРА *Басы бірікпей бөлек-бөлек болып бөліну, шашырау.* Отрядтар ***пышырап*** бестен бөлінген (Дүйсенов).

ПІДИЯ ***діни.*** *Ислам діні бойынша өлген адамның күнәсін ақтау үшін молдаларға берілетін құдайы (мал, ақша, т. б.) зат.*

ПІДИЯЛЫҚ *Підияға байлайтын, підияға арналған (мал, ақша).* ~ шығынды ағайын-туған болып көтерді.

ПІКІР *Өмірдегі заттар мен құбылыстар туралы көзқарас, тұжырым, пайымдау.* Педагогикалық ~, ғылыми ~, творчестволық ~. □ **Пікір алысты** — *ойларын ортаға салды, ақылдасты.*

ПІКІРЛЕС I *Ойы, көзқарасы бір жерден шығатын, ниеттес, көңілдес.* Екеуінің ойы ~.

ПІКІРЛЕС II *Пікір алысу, ақылдасу, кеңесу.* Екеуі сөйлесіп ~ті.

ПІКІРЛЕСТІК *Бір пікірде болушылық.* Семьяда сырластық, ~ дегендерді бала ұғу керек.

ПІКІРЛІ *Белгілі бір пікірі бар.* Жат ~, ашық ~.

ПІКІРТАЛАС *Белгілі бір қоғамдық мәні бар мәселені, болмаса ғылыми жұмысты талқылау барысындағы айтыс-тартыс, дау (дискуссия, диспут).* ~тың қызған кезі.

ПІКІРІНШЕ *Біреудің көзқарасынша, ойлауынша.* Дәрігердің ~, мамандардың ~.

ПІЛ *Екі үлкен сойдақ тісі бар, ұзын тұмсықты, Африка мен Азияда мекендейтін, сұт қоректі аса ірі хайуанат.*

ПІЛДЕЙ *Піл сияқты ірі, үлкен.* ~ азамат (жігіт).

ПІЛЛӘ *Жібек құртының талшық алынатын ұясы.*

ПІЛМАЙ *Арал теңізінде және оған құятын өзендерде таралған көшпелі балық.* **Пілмай** — дене тұрқы 150–220 сантиметрге, орташа салмағы 15–21 килограмға дейін баратын балық.

ПІР 1. *діни. Қолдап-қорғаушы рух, аруақ.* ~іме сиынып жүр едім. 2. *Ауыс. Демеуші, қолдаушы, сүйеуші.* Менің ***пірім*** — Сүйінбай, сөз сөйлемен сиынбай (Жамбыл). ◊ **Пірге қол берді [тапсырды]** (*діни.*) — *қазірет, ишан сияқты дін басының патиқасын алды, дін жолына тұсті.* **Пір тұтты** — *әулиедей бас иді, құрмет тұтты.*

ПІРӘДАР *діни. Пірге барып қол беріп келген, діндар, сопы.* Бір ~ адамның баласы екен.

ПІС I 1. *Шикі тамақтың отқа қайнап, қақталып піскен соң жеуге жарауы.* Ет те ***пісіп*** қалған екен (І. Жансүгіров). 2. *Жемістің, егіннің, бау-бақша өсімдіктердің дәні толып жеуге жарауы.* ~кен егін (күріш). 3. *Ауыс. Малдың семіріп ет алып жетілуі, қонданыы.* Қанапия жайлаудың қозысы ***пісіп***, қымызы көбейгенде ұзатылмақ (Сатаев). 4. *Ауыс. Кемеліне келіп, әбден ші қану, шегіне жету.* Әңгіме ~ті, сөзі ~ті. 5. *Ауыс. Көнбіс болып шығыгу, ширау; пысу.* Еңбекке ~кен, тәртіпке ~кен.

ПІС II *Саба мен күбінің ішіндегі қымызды, іркітті, қаймақты піспекпен күрпілдетіп, бабына келтіре шайқау.* Қымыз ~ті.

ПІС III 1. *Ұшы үшкір құралмен түйреу, шаншу.* Ол қолындағы пышақты көкжалдың жұқа шабына ~іп қалды. 2. *Ауыс. Сөзбен қадау, бетін қайтару.* Ол тілін бір ***пісіп*** алды (Тұрлыбаев).

ПІСКІЛЕ *Ине, найза сияқты үшкір затпен бір нәрсені сұққылау, тыққылау.* Олар үйді, пішенді найзаларымен ***піскілеп*** тінтіп жүр (Аймауытов).

ПІСМІЛЛӘ *Бір нәрсеге кірісер алдында айтылатын, алланың атымен дегенді білдіретін ишарат сөз.*

ПІСПЕК *Мес, саба, күбі сияқты ыдыстардың ішіне салып қымыз, іркіт, қаймақ пісетін сабы бар құрал.* Сабаның ~гін үнемі тазалап жуып отырады.

ПІСПЕКТЕ 1. *Піспекпен піскілеу, йін қандыру.* Сабадағы қымыздың иісін аңқыта ~п тұрды. 2. *Ауыс. Шанышқылау, сұққылау.* Жауырынынан тиген шаншу бірнеше жерден ~ді.

ПІСТЕ *бот. Ыстық жақта өсетін аласа бұта және осы бұтаның бір жағы сүйір жемісі.* ◊ **Пісте мұрын** — *ұзындау, үшкір мұрын.*

ПІСТЕЛЕН *Сүйірлену, қырлану.* ~ген үшкір мұрын.

ПІСТЕЛЕУ *Сүйірлеу, үшкірлеу.* ~ келген мұрын.

ПІСТИ *Бір нәрсенің сүйірленуі, үшкірленуі.* Танауы ~ген жас жігіт.

ПІСТІК: пістік мұрын (танау) — *үшкір, сүйір мұрын.*

ПІСІАС *Ірімшік, сарсу, қатық сияқты сүттен жасалған дайын тағамдар.* Менің шешем ~ты биыл көп алды.

ПІСІКТІК *мед. Организмнің жұқпалы ауруды, кейбір улы заттарды қабылдамаушылық қасиеті (иммунитет).* Дене ***пісіктігі*** бір қалыпты тұра бермейді (Оразақов).

ПІСІКШІЛІК *Күзгі жиын-терін мезгілі.* Шілде айы өткен, ***пісікшіліктің*** дер кезі (Хангельдин).

ПІСІП-ҚАТ *Қиындыққа көндігу, шыныгу, ширау.* Ол күресте ~қан.

ПІСІР 1. *ыр етіс. Піс-ір.* 2. *Киізді шиге орап, үстіне ыстық су құйып, тепкілеп ширықтыру, ширатып қатайту.* 3. *Металды отқа қыздыру, балқыту.* ***Пісіргені*** көк құрыш көріктердің (Молдағалиев). 4. *Ауыс. Ойға алған нәрсені жетілдіру, жеріне жеткізу, шыңдау.* Сөз ойын салмақтап, ~іп ортаға салады. ◊ **Пісіріп же** — *не істесең де мейлің, не қылсаң, о қыл.*

ПІСІРУШІ 1. *Ас-тағамды әзірлеп дайындаушы; аспаз.* Ол ас ~ болып орналасты. 2. *Металды балқытып біріктіруші.* Ол комбинатқа болат ~ болып орналасты.

ПІСІРІМ: сүт пісірім — *жарты сағаттық мерзім.*

ПІТІНӘ *Аласа, қортық, мәстек.* "*Пітінәның* бойы тұрған жерде ойы тұрады" (Мәтел).

ПІТІР *діни. Ораза айында жан басынан алынатын діни салық.* ***Пітір,*** садақасын беріп бізді оқытты (Аймауытов).

ПІШ I 1. *Киімді тігер алдында өлшеп, не үлгіге салып кесу.* Киім ***пішсең*** кең піш, тарылтуы оңай (Мақал). 2. *Ауыс. Бір нәрсені жобалау, мөлшерлеу.* Ол ойланып, ~іліп істелген іс.

ПІШ II *Еркек малдың енін сылып алып тастау, ақтау.* Жылқышы өзінің бір-екі айғырын ***пішті*** де, көп жылқыға қосып жіберді (Қаз. ертег.).

ПІШ III *Таңданушы, таңырқауды білдіретін ишарат сөз.* ***Піш-ш-ш*** "жас баласың!" Неткен жас? (С. Мұқанов).

ПІШЕН *Мал азығы үшін шабылатын шөп.* ~ шапты (жинады).

ПІШЕНДЕМЕ *50–55 процентке дейінгі ылғалдылықта кептірілетін және саңлаусыз етіп жабылған темір-бетон қоймаларда сақталатын мал азықтық шөп.* Алғашқы күні 85 тонна ***пішендеме*** салыныпты("Соц. Қаз".).

ПІШЕНДІК *Пішен шабылатын жер.* ~ке шабатын машиналар келді.

ПІШЕНШІ *Пішен шабатын адам, шөпші.* ***Пішеншілер*** айтар шапқанын (Кенен).

ПІШІПЕ *Тарттырылған, піштірілген ақта мал.* ~ тайыншалар бордақылауға қойылды.

ПІШТУ *Менсінбегендікті, жақтырмағандықты білдіретін ишарат сөз.* Бәріне ***піштү*** дедім. ◊ **Піштү құрлы көрмеді** — *елемеді, ескермеді.*

ПІШІМ *Киімнің үлгісі, пішілуі.* Ірі тігін фирмаларына үлгі ***пішім*** даярлап береміз ("Мәдениет және тұрмыс").

ПІШІН *Заттың сыртқы түрі, кескін-кейіп түлгасы, келбеті.* Бұл ағаштардың жемістерінің ***пішіні*** қауынға ұқсас болып келеді (Құрманов).

ПІШІНДЕ *Бейнелеу, кескіндеу.* Жанша көп адамдарды ойша ***пішіндеді*** (Есенжанов).

ПІШІНДЕМЕ *этногр. Оюлау, өрнектеу, бейнелеу.*

ПІШІНДЕС *Бейнелес, түлғалас, кейіптес.* Жұмыскер ~ жас жігіт шығып қарады.

ПІШІНДІ 1. *Түрі ұқсас, пішіндес.* Ол ер ~ жігіт болып өсіпті. 2. *Сымбатты, келбетті, кескінді.* Ол "ай десе — аузы, күн десе — көзі бар" өте ***пішінді*** көрінді (Қанахин).

ПІШІНСІЗ *Түрсіз, келбетсіз, өңсіз.* Жәмила мінеп-сөгетін ***пішінсіз*** де емес (М. Әуезов).

ПЬЕСА 1. *Театрда көрсетуге арналған драмалық шығарма.* Еңлік-Кебек ~сы. 2. *муз. Көлемі шағын музыкалық шығарма.* ***Пьеса*** — жеке не бірнеше аспапқа жазылатын музыкалық шығарма (Қуатбаев).

ПЮРЕ *Пісірілген жемістен, көкөністен езіп жасалған тағам.*

Р

РА *Разы, риза.* Нағашыңа бардың ба, *ра* болып қайттың ба? ("Лен. жас").

РАБАЙ *Кейіп, бет-келбет, бейне, рай.* Ол не нәрсеге болсын немкетті ***рабаймен*** қарайтын (Бөкеев).

РАБАЙДА *Анда-санда, оқта-текте.* Жарылқасындай балажан еркек ***рабайда*** бір кездесер (Қанахин).

РАБАЙСЫЗ *Қолапайсыз, жөнсіз.* ~ жуан дауыс, ~ арық.

РАБАТ *көне. Қаланың шетіндегі абатты мекен-жай.* Хан салғандай кәдімгі, орыны едің ***Рабат*** (Базар жырау).

РАББЫ *діни. Жасаған ие, жаратушы.* — О, ***раббым!*** — Жарылқай көр.

РАГУ *Ірірек етіп туралған еттен (балықтан, овощтан) жасалған тамақ.*

РАДИАТОР ***техн.*** *Іштен жанатын двигательді судың, желдің көмегімен салқындататын тетік.* Самолет ~ы.

РАДИАЦИЯ *Күн қызуынан, қуатты жарылыстан шығатын күшті сәуле, жарқыл.* Күн ~сы.

РАДИАЦИЯЛЫ *Радиациясы бар, радиациясы күшті.* ~ аймақ.

РАДИЙ ***хим.*** *Радиоактивті химиялық элемент; металл.*

РАДИКАЛ 1. ***мат.*** *Математикалық таңба, санның түбірін есептеп шығару белгісі.* 2. ***хим.*** *Химиялық бір қоспадан екіншісіне өзгеріссіз көшетін молекуладағы атом тобы.*

РАДИО *Арнаулы станциялардан электромагнит толқындары арқылы алыс қашықтыққа хабар беретін және қабылдайтын сымсыз аппарат.* ~мен хабарлады. ~ тыңдады.

РАДИОАКТИВТЕН *Радиоактивті қасиетке ие болу.* ~ген зат.

РАДИОАКТИВТІ *Радиоактивтілік қасиеті бар.* ~ металл, ~ элемент, ~ шаң-тозаң.

РАДИОАКТИВТІЛІК *Кейбір химиялық элементтердегі атомдық ядроның күшті жарық (сәуле) шығару арқылы ыдырауы, өздігінен түрлену құбылысы.* Полоний мен радийдің сәулелену құбылысы — ***радиоактивтілік*** деп аталады ("Білім және еңбек").

РАДИОЖУРНАЛ *Радио арқылы эфирден беріледі әр алуан жанрлық хабарлар.*

РАДИОКОМЕНТАТОР *Саяси, экономикалық және мәдениет, спорт тақырыптарына радиодан шығып сөйлеуші журналист немесе маман; шолушы.*

РАДИОКОМИТЕТ *Радиохабарларды таратып отыратын орталық мекеме.*

РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ *Сигналдар мен дыбыстарды, түрлі хабарларды беретін аппарат.* □ **Радиоқабылдағыш құрылғылар** — *радиоқабылдағышпен байланысты техникалық механизм.*

РАДИОЛА *Өзінде радиоқабылдағышы мен электр ойнатқышы бірге жабдықталған аппарат.*

РАДИОЛАНДЫР *Радиотрансляция желілері тораптарын салу, радиоқабылдағыштарды қондыру.* Мектепті ~ды.

РАДИОЛОГИЯ *Радиоактив құбылыстарын зерттейтін ғылым.* ~ ғылыми зерттеу институты.

РАДИОЛОКАТОР *Радиотолқындар арқылы алыстағы түрлі объектілердің тұрған орнын білдіретін қондырғы.*

РАДИОЛОКАЦИЯ *Радио толқыны арқылы бір объектінің ара қашықтығын не тұрған жерін анықтау.*

РАДИОМОНТАЖ *Пьесадан және әдеби шығармалардан үзінділер мен эпизодтарды құрастырып, радио арқылы беру.*

РАДИООЧЕРК *Шындықты қысқаша суреттеп, радио арқылы берілетін, көлемі шағын әдеби шығарма.* Бибігүл туралы ~ берілді.

РАДИОСИГНАЛ *Радио арқылы берілетін белгі, сигнал.* Космос ~ қабылдағышы.

РАДИОСТАНЦИЯ *Радио арқылы хабар тарату және қабылдауға арналған станция.* Қабылдау ~сы, жарық ~сы.

РАДИОТЕЛЕГРАФ *Радио арқылы телеграмманы беру және қабылдайтын байланыс жүйесі.*

РАДИОТЕЛЕСКОП *Космостық радиосәулелерді қабылдауға және осы сәулелердің сипаттамаларын зерттеуге арналған құрал.*

РАДИОТЕЛЕФОН *Телефон хабарларын радиотолқындар көмегімен таратуға, әрі қабылдауға арналған аппарат.* Транзисторлы ~.

РАДИОТЕХНИК *Радио аспаптарының маманы.*

РАДИОТЕХНИКА *Радио диапазонындағы электромагниттік тербелістер мен толқындарды генерациялау және күшейту, тарату, қабылдау тәсілдері мен оларды пайдалану жолдарын зерттейтін ғылым.*

РАДИОТОЛҚЫН *Белгілі бір қашықтықтағы сигналды сымсыз тарататын электрмагнитті толқын.*

РАДИОТОРАП *Орталық радиохабарлардың программасы мен жергілікті хабарларды таратуға арналған қабылдағыш, күшейткіш т. б. аппараттардың жиынтығы.* Совхоз ~бы, лагерь ~бы.

РАДИОХАБАР *Радио арқылы берілетін қоғамдық-саяси, көркем және музыкалық хабар.*

РАДИОЭЛЕКТРОНИКА *Хабар беру және қабылдау үшін электромагниттік өріс энергиясын пайдалану мәселелерін қарастыратын ғылым мен техниканың саласы.*

РАДИСТ *Радио арқылы дыбыс сигналымен хабар беретін және қабылдайтын маман.*

РАДИУС ***геом.*** *Шеңбердің кез келген нүктесін оның орталығымен қосатын түзу кесінді.*

РАДОН *Техника мен медицинада пайдаланылатын радиоактивті химиялық элемент, газ.* ~ газы.

РАДОНДЫ *Құрамында радоны бар, радонданған.* ~ су.

РАЗМЕР *Киімнің адамға дәлдігін көрсететін өлшем.* Аяқ киім ~і.

РАЗРЯД *Белгілі заттар мен құбылыстардың қалпын бөліктеудегі дәреже көрсеткіші; категория.* Үшінші ~ты шофер, алтыншы ~ты токарь, бесінші ~ты сылақшы.

РАЗЪЕЗД *Қарсы келе жатқан поезды өткізіп жіберу үшін темір жол бойындағы бір бұйірге*

қарай айрылған бұрылыс жол және осындай жердегі станция.

РАЗЫ *Адамның бір нәрсеге қанағаттанғандығын білдіретін қуаныш, сүйініш сезімі, ырза, риза.* Ғалия балаларға *разы* жүзбен қарады (Мизамбеков). □ **Разы болды** — *көңілі тойды, көңілі құп алды.*

РАЗЫЛЫҚ *Бір нәрсеге көңіл толғандық, қанағаттанғандық, ырзалық, ризалық.*

РАЙ I *Адамның көңіл күйі, ыңғай, кейіп.* Махамбет асыққан *рай* білдірді (Әбуталиев). Шәкен көңілді *рай* танытты (Жақанов). ◊ **Рай бермеді** — *жылы қабақ көрсетпеді; ыңғай бермеді.* **Райынан қайтты** — *сабасына түсті, ашуы басылды.*

РАЙ II *грамм. Іс-әрекеттің, қимылдың не бұйрық мағынасын, не қалау, тілек мағынасын, не шартын білдіретін етістік категориясы.* Ашық ~, бұйрық ~, қалау ~.

РАЙЛАН *Бетіне қан жүгіріп нұрлану, ажарлану, жадырау, жайнау.* Ыбыраев та разы болып, *райлана* сөйледі (Өтесінов).

РАЙЛАС I *Бір нәрсеге ұқсас, сәйкес, түстес.* Басы да таудың табиғатымен *райлас,* ақ бұрыл тартқан (Қыдырханов).

РАЙЛАС II *Біреумен ой-пікірі бір болу, үйлесу, сыбайласу.* Сұлтанғазы соғылғанмен *райласамын* десеңші! (Ж. Молдағалиев).

РАЙЛАСТЫҚ *Үйлесімі бір, үндестік, сыбайластық.* Идея мен көркемдік арасындағы *райластық* шүбә туғызбайды (Мүсірепов).

РАЙЛЫ *Келбетті, көрікті, әдемі.* Жігіттің *райлы* келбетіне қарағысы келе береді (Тоқмағамбетов).

РАЙХАНГҮЛ *Сабағының тікенектері бар, хош иісті әдемі ал қызыл гүл.*

РАЙЫС I *көне. Бастық, басқарма, билеуші, төр ага.* Хорезмді жаулап алу соғысын *райыс* Кутейба басқарды (Тоқжігітов).

РАЙЫС II *көне. Рақат, жұмақ.* — Ой, неғыласың, батыр, жаным *райыс* тауып түр (Алтынсарин).

РАК 1. *Шаян.* 2. *Организмде болатын қатерлі ісік.* Асқазан ~ы, (ісігі).

РАКЕТА 1. *Атылғанда әуеге жарық шашатын, фейерверктер жасау және түрлі белгілер беруде қолданатын, ішінде от алғыш дәрі толтырылған гильза түріндегі снаряд.* Сигнал (белгі) ~сы, ~ снаряды. 2. *Өз массасын біртіндеп бөліп шығару нәтижесінде пайда болатын, реактивті күш әсерінен қозғалатын ұшу аппараты.* Метеорологиялық ~, континентальдық ~.

РАКЕТАЛЫҚ *Ракетаға қатысы бар, ракетамен байланысты, соған тән.* ~ самолет, ~ қондырғы. □ **Ракеталық қару** — *басқарылатын немесе басқарылмайтын ракеталардың көмегімен нысанаға жеткізілетін қырып-жою құралының жүйесі.*

РАКЕТАШЫ *Ракета атқыш; ракета бөлімінде гі жауынгер.*

РАКЕТКА *Теннис ойынында қолданылатын қалақ.*

РАКЕТОДРОМ *Ракета ұшыратын алаң.*

РАКОВИНА *Су ағатын шұмектің астына қойылатын ыдыс.*

РАКУШКА *Үлудың қабыршағы.*

РАҚАТ *Жан тыныштық, ләззат.* Мехнат болмай *рақат* болмас (Мақал). ◊ **Рақатқа батты [рақат құшағына батты]** — *жан тыныштығына бөленді.* **Рақат тапты** — *қызық дәурен сүрді.*

РАҚАТТАН *Рақатқа бату, сүйсіну.* Жидебай *рақаттанып* отырып шәй ішті (Төреханов).

РАҚАТТЫ *Ләззаты мол, қуанышқа толы.*

РАҚМЕТ *Ілтипат білдіріп айтылатын ризалық алғыс.* Ол ~ін айтып қоштасты.

РАҚЫМ *Қайырым, мейірім, шапағат.* Абай әжесінің *рақым* күйін сезеді (М. Әуезов). ◊ **Рақым етті [қылды]** — *мархабат етті, қайырымдылық жасады.* **Рақым шақат [шапағат] жоқ** — *мейірім, бейіл жоқ.* **Рақымынан үмітті** — *қайырымынан дәмеленді.* **Рақымы [рақымшылығы] түсті** — *мейірімі түсіп, жан ашырлық жасады.*

РАҚЫМДЫ *Мейірімді, мейірбанды, қайырымды.* Туыстардың бір-біріне ~ болғаны қандай ғанибет.

РАҚЫМСЫЗДЫҚ *Өте қаталдық, мейірімсіздік.* Бір қатал қол *рақымсыздықпен* қатты ұстады (М. Әуезов).

РАҚЫМШЫЛ *Мейірбанды, қайырымшыл.* Мен ~ адамдарды сыйлаймын.

РАҚЫМШЫЛДЫҚ *Қайырымы молдық, мейірімділігі.* Оның ~ әділетіне сеніп отырғам жоқ.

РАМАЗАН *Мұсылман календарының 9-шы айының аты, діни ораза айы.* ~ айты, ~ айы. □ **Рамазан айы** — *бұл айда мұсылман халқы отыз күн ораза ұстап намаз оқиды (таң намазы, пешін намазы, асыр намазы, ақшам намазы, құтпан намазы).*

РАМАТ *көне. Бұрын үй басынан, әрбір түтіннен алынатын шаңырақ салығы, түтін салығы.* ~ ақшасы.

РАМПА *театр. Сахнаға жарық түсіретін электр шамдарын жасырып тұратын қалқа.* ~ оттары.

РАНГ *әск. Арнайы берілетін атақ, әскери дәреже.* Екінші ~ты капитан, дипломатиялық ~ілер.

РАҢ *Көктемнің басында қар суымен өсіп шығатын, бойы аласа майда шөп.*

РАҢДЫ *Раң шөбі өскен, раң шөбі бар.* Қой көктемде *раңды, жапырақты шөптерді сүйсіне жейді (Береке бастауы).*

РАПА *мед. Емдік мақсатқа пайдаланатын көлдер мен теңіздердің қанықкан тұзды суы.* Емдік ~.

РАПС *Май және жем алынатын сары жапырақты өсімдік.*

РАПСОДИЯ *Халық ән-билерінің тақырыбы негізінде жазылған музыкалық шығарма.*

РАС *Өтірік емес; ақиқат, дұрыс, тура, шын.* Көп айтса көптің сөзі *рас* (Хангелдин). *Рас,* жанымда Қасымбек болды (Ахтанов).

РАСИЗМ *саяси. Бір нәсіл артық, бір нәсіл кем деп есептейтін адамгершілікке жат, ғылым жолына қарсы реакцияшыл теория.*

РАССОЛЬНИК *Ішіне тұзды қиыр, ет я колбаса турап салынған қышқылтым сүйық сорпа.*

РАСТА *Бір нәрсенің шындығын, дұрыстығын қуаттау, дәлелдеу, мақұлдау.* Оның пайдалы екенін Сапаржан інім де *растаса* керек (Б. Тәжібаев).

РАСТЫҚ *Ақиқаттық, шындық, дұрыстық.* Осы сөздің ~ғына көзіңді жеткізем.

РАСЫМЕН *Шынымен, шындығында.* Бұл ~ солай ма?

РАСЫНДА *Шындығында, асылында. Расында* да ештеңе білмейді екенбіз (С. Жүнісов).

РАСЫТХАНА *Астрономиялық, метеорологиялық т. б. бақылау жүргізетін ғимарат; обсерватория.* Арменияда Бюрокан ***расытханасы*** бар ("Біл. және еңбек").

РАТИН *Сырт киімге арналған жұн мата.*

РАТИФИКАЦИЯ *Белгілі бір халықаралық шартты жоғарғы өкімет органының бекітіп, оған заңды күш беруі.*

РАТИФИКАЦИЯЛА *Мемлекеттер арасында жасалған шартты жоғарғы өкімет орындарының бекітуі.* Бітім договорын ~ды.

РАУА *Орынды, лайықты, жөн.* Мұндай қонаққа не берсең де ***рауа*** (Жанысбаев).

РАУАН *Таңғы жарық, сәуле, нұр.* Терезеден аппақ таңғы ***рауан*** еніп түр (Мұратбеков).

РАУАНДА *Таң бозарып ата бастау, қылаңдау.* Таң ~п келеді.

РАУАНДЫ *Жарық, сәулелі, нұрлы.* Таңғы ~ сәуле ғой.

РАУАЯТ *Ақыл, жөн, жоба.* Оспан шариғат орайынан ұзақ-ұзақ ***рауаяттар*** айтатыны бар (С. Омаров).

РАУҒАШ *бот. Көбінесе тау күңгейлерінде өсетін көп жылдық қышқылтым дәмді өсімдік.*

РАУЛАНУ *Жалтырау, сәуле шашып жайнау, шұғылалану.* Шаттанамыз көргенде ***рауланған*** алтындай (Базар жырау).

РАУНД *спорт. Бокс рингінде жұдырықтасып сайысуға берілетін белгілі мөлшер, уақыт.*

РАУШАН *Риза, хош, разы.* Өперейін кегінді ***раушан*** болса көңіліңіз ("Алпамыс").

РАУШАНГҮЛ *Әдемі ашық түсті алқызыл гүл.*

РАУШАНДАЙ *Раушан гүліне ұқсас, сұлу, көрікті.* Ашылған ***раушандай*** қарындасым (Қадыров).

РАФИНАЦИЯ *Қалыпқа түсіру, тазарту, аршу, қорыту ісі.* ~ цехы. ~ қазаны.

РАФИНАЦИЯЛА *Тазартылмаған заттарды олардың құрамындағы бөгде қоспалардан ажырату, айыру, аршу.* ~йтын цех.

РАХИТ *мед. Организмде тұз бен әктің жетіспеуіне байланысты сүйектің дұрыс дамып, өсуіне кедергі тудыратын балалар ауруы; мешел.*

РАЦИОН *Адамға я малға белгілі мерзімде берілетін азықтың мөлшері мен құрамы.*

РАЦИОНАЛДЫ *Пайдалы, орынды, тиімді.* Жерді ~ түрде пайдалану.

РАЦИОНАЛИЗАТОР *Өндіріс барысын жақсартумен шұғылданатын адам, жаңашыл.*

РАЦИОНАЛИЗАТОРЛЫҚ *Түрлі әдісті қолданып, жұмыстың сапасын жақсартушылық, жаңашылдық.* ~ ұсыныс.

РАЦИОНАЛИЗАЦИЯЛА *Өндіріс орнындағы жұмыс процестерін жетілдіре, жақсарта түсу.* Өндірісті ~.

РАЦИОНАЛИЗМ *филос. Ойлауды сезім қабылдауынан айырып қарап, білудің бірден-бір бұлағы ақыл деп есептейтін философиялық идеалистік бағыт.*

РАЦИЯ *Бір жерден екінші жерге алып жүретін тасымалды радиостанция.* ~мен хабарлады.

РӘМІЗ *Қазақстанның мемлекеттік нышандары:* а) *Мемлекеттік ту;* ә) *Елтаңба;* б) *Мемлекеттік Әнұран.* 1997 жылы 8 қараша күні Президент резиденциясында астананың Ақмолаға көшуіне байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік ***рәміздерін*** шығарып салу рәсімі болды ("Егемен Қазақстан").

РӘПАТ *Түр-келбет, өң, кейіп, пішін.* Үй-ішінің ***рәпатына*** көңілің толады (Б. Шаханов).

РӘСУА *Орынсыз шашылып төгілу, ысырап, шығын.* Бар байлықты ~ етіп пайдаланды. ◊ **Рәсуа болды [қылды]** — *босқа шашылды, ысырап болды.* **Рәсуасы шықты** — *берекесі кетті.*

РӘСУАГЕРШІЛІК *Ысырап етушілік, төгіп шашушылық.* Қолдағы күш-қуатты тиімді пайдаланбау ***рәсуагершілік*** емес пе? ("Қаз. әдеб")

РӘСУАЛА *Ысырап қылу, төгіп шашу, шығындау.* Қымбат уақыттарымызды орынсыз рәсуалаймыз (О. Бөкеев).

РӘСІМ 1. *Салт, әдет-ғұрып, дәстүр.* Құдайы қонақты қондырмау қазақта жоқ ***рәсім*** (Ж. Өмірбеков). 2. *Белгіленген тәртіп бойынша өтетін салтанатты ресми акт.* Космонавтарға "Халық қаһарманы" жоғары атағын беру ***рәсімі*** өтті ("Егемен Қазақ.").

РӘҮІШТЕС *Сипаттас, тәріздес, ұқсас.* Су астындағы алтын ***рәүіштес*** қиыршақ құм (Ш. Айтматов).

РӘҮІШТІ *Сипатты, тәрізді, сияқты.* Жанна жаңа ашылған гүл ***рәүішті*** жайнап шыға келген (Қ. Жұмаділов).

РЕАКТИВ ***хим.*** *Химиялық реакцияны жүзеге асыруға қолданылатын зат.* Химиялық ~тер.

РЕАКТИВТІ 1. *Химиялық талдауда реактив қызмет атқарушы.* 2. *Сатылап шығатын газдың серпуімен қозғалатын түрі.* ~ двигатель, ~ самолет, ~ снаряд.

РЕАКТОР *Әр түрлі типтегі физика, химиялық реакциялар негізінде жұмыс істейтін қондырғы; аппарат.* Атом ~ы, ядролық ~.

РЕАКЦИОНЕР *Алдыңғы қатарлы, прогресшіл нәрсенің бәріне қарсы кертартпа адам.*

РЕАКЦИЯ I 1. ***физиол.*** *Организмнің ішкі және сыртқы тітіркендіргіштерге әр кезде беретін жауабы.* Организмнің суыққа ~сы. 2. ***хим.*** *Заттардың өзара химиялық әсерлестігі.* Химиялық ~, ядролық ~.

РЕАКЦИЯ II ***саяс.*** *Күні бітуге айналған таптардың қоғамдық прогреске жасайтын қарсылығы.*

РЕАКЦИЯЛЫҚ *Қоғамдық дамуға қарсы кертартпалық.* ~ саясат, ~ ағым, ~ үкімет.

РЕАКЦИЯШЫЛ *Кертартпа, қаскөнем.*

РЕАЛДЫ 1. *Іске асатын, шын, ақиқат.* Ақынның әр шығармасының объектісі ***реалды*** болып келеді ("Соц. Қазақстан"). 2. *Іс жүзіндегі, нақтылы.* Биыл зейнеткерлердің ~ зейнетақысы 30 % көбейіп отыр.

РЕАЛДЫҚ *Іске асатын, шындық.* Жазушы ***реалдық*** өмірді нанымды суреттеген ("Соц. Қаз.").

РЕАЛИЗМ *Әдебиет пен көркем өнердегі шындықты кейіптік бейне арқылы толық және дұрыс етіп суреттейтін әдіс.*

РЕАНИМАЦИЯ ***мед.*** *Ауру ауыр халінде жатқан кезде организмді жандандыру, тірілту әрекеті.*

РЕВАНШИЗМ ***саяси.*** *Соғыста жеңілгендердің кек қайтаруға құмарлығы, өшпенділік, кекшілдік.*

РЕВАНШИСТІК *Өш алуға құмартушылық, кек алушылық.* ~ топ, ~ саясат.

РЕВИЗИЯ 1. ***саяси.*** *Өзгерістер енгізу мақсатымен белгілі бір ілімді яки теорияны қайта*

қарау. 2. *Белгілі бір мекемені (дүкенді, т. б.) тексеру.* ~ жүргізді, ~ болды.

РЕВИЗОР 1. *Тексеру жұмысын жүргізуші, соны істеуге сенім берілген кісі.* Финанс бөлімінің ~ы. 2. *Темір жолдарда поездардың жүріп-тұруын бақылаушы.*

РЕВМАТИЗМ *мед. Дене буын-буыны мен сүйекте болатын, шаншып, сырқырап ауыратын дерт;* ~ *жүрегіне шапқан.*

РЕВОЛЮЦИОНЕР *Революция ісіне жан-тәнімен берілген адам, революцияны жақтаушы.* ~ жазушы.

РЕВОЛЮЦИЯ 1. *Дәурені өткен қоғамдық және саяси құрылысты жоюға және жаңа прогрестік қоғам орнатуға әкеліп жеткізетін, қоғам өміріндегі түбірлі өзгеріс; төңкеріс.* Ұлы Октябрь социалистік ~сы. 2. *Ауыс. Прогрессивті дамытуға ықпал жасайтын әрекет.* Мәдени ~, ғылыми-техникалық ~.

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ *Революция жолын қуған, революцияны жақтайтын.* Ғ. Мұратбаев Советтік шығыстың *революцияшыл* аса талантты уәкілі еді (Әміров).

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛДЫҚ *Революция жолын қуушылық, революция ісіне берілгендік.*

РЕГЕНЕРАТОР *Зауыттың газ және басқа пештерінде қызған ауаның жылуын пайдалануға арналған жабдық.*

РЕГЕНЕРАЦИЯ 1. *техн. Пайдаланылған өндіріс бұйымдарын белгілі операциялар арқылы өндіріс процесінің бастапқы бұйымдарына айналдыру ісі.* 2. *биол. Дене мүшелерінің жойылған бөлшектері клеткаларының қалпына келу құбылысы.*

РЕГИОН *Белгілі бір елге, облысқа я құрамды мемлекетке тиісті жер, аймақ.*

РЕГИОНАЛДЫҚ *Белгілі бір елге, облысқа, я бірнеше мемлекетке қатысы бар.*

РЕГИСТР 1. *Әр түрлі тізім; журналдардың соңындағы мазмұны, тізім көрсеткіші.* 2. *муз. Дауыс күші, дәрежесі.*

РЕГИСТРАТОР *Мекемеге келген кісілерді тіркеп жазып отыратын қызметкер, тіркеуші.*

РЕГИСТРАТУРА *Мекемеге келген кісілерді, қағаздарды тіркейтін бөлім.*

РЕГИСТРАЦИЯ *Есептеу үшін тізімге алу, тіркеу.*

РЕГИСТРАТОРЛЫҚ *Қағазға тіркеушілік, тізімдеушілік.*

РЕГЛАМЕНТ *Мәжілісті жүргізудегі келісілген уақыт мөлшері, өлшемі.* ~ белгілеу, ~ сақтау.

РЕГРЕСС *Дамудың кері кетіп құлдырауы, кері шегінушілік, шегініс.*

РЕДАКТОР *Баспада, радиохабар мен телевизияда текстті әдеби тілдің стильдік нормаларына түсіріп өңдеуші, газет-журнал редакциясының басшы қызметкері.* Бас ~, жауапты ~, әдеби ~, техникалық ~.

РЕДАКТОРЛЫҚ *Редактор болушылық, редакция ісімен шұғылданушылық.* Мен "Социалистік Қазақстан" газетінің *редакторлығына* ауыстым ("Қаз. әдеб.").

РЕДАКЦИЯ 1. *Түрлі газет, журнал, кітаптарды, басқа да баспа материалдарын өндіріске әзірлейтін ұйым, мекеме.* ~ қызметкері, ~ хаттары. 2. *Редакторлық коллектив орналасқан үй.* "Егемен Қазақстан" газетінің ~сы.

РЕДАКЦИЯЛА *Авторлық шығарманы баспасөзде, радиода, телевизияда жариялауға әзірлеу, түзетіп жөндеу, өңдеу.*

РЕДКОЛЛЕГИЯ *Газеттер мен журналдарды, кітаптарды шығару қызметін коллектив болып басқару органы, редакциялық алқа.* ~ мүшесі, ~ құрамы.

РЕДУКЦИЯ 1. *биол. Дене мүшелерінің күрделіліктен қарапайым түрге қарай дамуы, шөгуі.* 2. *лингв. Екпінсіз дауысты дыбыстардың әлсіздену.*

РЕДУКЦИЯЛАН *Редукцияға ұшырауы; кішірею, шөгу.* Тамыр сабақтың бойындағы *редукцияланған* жапырақтарды байқаймыз (Мұсақұлов).

РЕЕСТР *Адамның, мал-мүлік, дүниенің қағаз бетіне рет-ретімен тізімдеп жазған аты.*

РЕЕСТРЛІК *Алфавит ретімен жазылған сөздер.* ~ сөздер.

РЕЖИМ 1. *Мемлекеттік құрылыс.* Патшалық ~, демократиялық ~. 2. *Тамақты ішіп-жеудің, жатып-тұру, демалудың межелі дұрыс орындалу ережесі, орныққан тәртібі.* Тамақтану ~і, еңбек ~.

РЕЖИССЕР *Театр мен киноларда қойылатын ойын-сауықтардың көркемдік жағын басқарушы әрі ұйымдастырушы.* Спектакльдің ~і, педагог ~, ұстаз ~.

РЕЖИССЕРЛІК *Режиссер болушылық, режиссурасын басқарушылық.* ~ тәжірибе, ~ тапқырлық, ~ туынды.

РЕЗЕРВ 1. *Кейбір заттардың қоры; шығатын жері, қайнар көзі.* Ішкі ~, өндірістік ~. 2. *әск. Запастағы әскер, әскери адам.* Әскери ~.

РЕЗЕРВАЦИЯ *Кейбір капиталистік елдерде жергілікті елді атамекенінен күштеп көшіріп қоныстандыру үшін бөлінген құнарсыз жер.*

РЕЗЕРВИСТ *әск. Міндетті әскери қызметтен босатылып, резервке шығарылған әскери қызметкер.*

РЕЗЕРВУАР *Сұйық заттар мен газдарды сақтайтын үлкен ыдыс.*

РЕЗЕРПИН *мед. Гипертония ауруына қарсы пайдаланылатын дәрі.*

РЕЗИДЕНТ *Белгілі бір елде тұрақты орналасқан шетелдік дипломатиялық өкіл.*

РЕЗИДЕНЦИЯ *Мемлекет басшысының, үкіметтің, оның басшысының немесе жоғары лауазым иесінің тұрақты орны.*

РЕЗИНА *Каучуктен вулканизациялау арқылы алынған өнім; жұмсақ, майысқақ, жұмсақ материал.* ~ етік, ~ қолғап, ~ дөңгелек.

РЕЗОНАНС *Дыбыстың жақсы ашық естілуі.*

РЕЙД I *Теңіз. Порттың кіре берісіндегі кеме тоқтайтын қолайлы жер.*

РЕЙД II 1. *әск. Жауынгерлік әрекеттер жүргізу үшін әскер бөлімдерінің жаудың тылына кіріп кетуі.* 2. *Ауыс. Тұтқиылдан жүргізілетін тексеру ісі.* Облыстық ~, бұқаралық ~.

РЕЙС *Белгілі бір маршрут бойынша кеменің, самолеттің, автобустың жүріп-тұруы.* Алматы Ташкент самолетінің ~і.

РЕКОМЕНДАЦИЯ *Біреудің жеке басына берілген мінездеме, сипаттама.*

РЕКОНСТРУКЦИЯЛА *Белгілі бір құрамды қайта құру, жабдықтау, өзгерту.* Темір-бетон заводының жаңа цехын ~ды.

РЕКОРД *Еңбекте, спортта қол жеткен ең үздік, ең жоғары табыс.*

РЕКОРДТЫҚ *Рекорд боларлық, үздік.* Шығанақ Берсиев тарыдан *рекордтық* өнім алды (Қыдыров).

РЕКОРДШЫ *Үздік табысқа жетуші, рекорд жасаушы.* ~ шопан, ~ күрішші, ~ сауыншы.

РЕКТОР *Университет және басқа жоғары оқу орнының жетекшісі, басшысы.* Университет ~ы, институт ~ы.

РЕКТОРАТ *Университет және кейбір жоғары дәрежелі оқу орындарының басшы, жетекші, әкімшілік тобы.* ~ мәжілісі, студенттерге ~ алғыс жариялады.

РЕЛИКТ *Ескі заманнан сақталған зат; қалдық, жұрнақ.*

РЕЛЬЕФ *Жер бетінің ой-қыры; құрылық беті және мұхит түбі бедерлерінің жиынтығы.*

РЕЛЬС *Үстінен поезд, трамвай тағы басқа транспорттың доңғалағы жылжып жүретін болат білеу жол.*

РЕМАРКА *Автордың пьеса жөніндегі жазған түсініктері, ескертпелері.*

РЕНЕССАНС *Қайта өркендеу дәуірі.*

РЕНЖУЛІ *Қабағы қатыңқы, кеюлі, өкпелі.* Қорланның өңі сынық, әлде неге ***ренжулі*** сияқты (Кәрменов).

РЕНЖУШІЛІК *Абыржушылық, көңілсіздік, кеюшілік.* Ең алдымен оларда өте күйгелектік, ***ренжушілік*** пайда болады (Табынбаев).

РЕНЖІ *Кею, қапа болу, қынжылу.* Рас, Әйтеннің анасы аздап ***ренжіді*** ("Қазақстан әйелдері").

РЕНЖІГІШ *Өкпелегіш, жабырқағыш, қапаланғыш, кейігіш.* Адамның бала кезі нағыз сезімтал, ***ренжігіш*** болады (Қайрақбаев).

РЕНТА *экон. Капиталдан, мүліктен, жерден түсетін табыс, кіріс, өсім.* Абсолютті жер ~сы.

РЕНТАБЕЛЬ *Табыс, кіріс, өнім.*

РЕНТАБЕЛЬДІ *Пайдалы, тиімді, табысты.*

РЕНТАБЕЛЬДІЛІК *Тиімділік, өнімділік, табыстылық.* Мал шаруашылығының ~гі арта түсті.

РЕНТГЕН *Рентген және гамма сәулелері экспозициялық дозасының жүйеден тыс бірлігі.* ~ сәулесі, ~ аппараты. ~ге салды.

РЕНТГЕНОГРАММА *Рентген сәулесі арқылы пленкаға түсірілген фотографиялық кескін.*

РЕНТГЕНОГРАФИЯ *Рентген сәулесі арқылы күңгірт заттардың ішкі құрылысын фотоға түсіру тәсілі.*

РЕНТГЕНОЛОГ *Рентгенологияның жайын білетін маман дәрігер.*

РЕНТГЕНОЛОГИЯ *Рентген сәулесін қолдану жайлы ғылым.*

РЕНТГЕНОТЕРАПИЯ *Рентген сәулесімен емдеу әдісі.*

РЕНІШ *Бір нәрсеге риза болмаудан, көңіл қалудан туған кейіс, өкпе.* ***Реніш*** білдірген келіншекке бригадир жұбата тіл қатты (Құмарбеков).

РЕНІШСІЗ *Өкпе-наласыз, кейіссіз; ренжусіз.*

РЕНІШТІ *Жабырқаңқы, көңілссіз.* Рахимовтың кабинетінен Сақа ***реніштi*** шықты (Шашкин).

РЕҢ *Келбет, өң, шырай, рай.* Эльзаның жүзінде еркелік ***рең*** бар (Сматаев).

РЕҢДЕН *Ажарлану, әрлілену, райлану.* Параметраз келгенде Ақсұлу айбарланып, ***реңденіп*** кетеді (Жылқышиев).

РЕҢДЕС *Түстес, өңдес, пішіндес.* Ол тобылғы ~ қара торы жігіт.

РЕҢДІ *Ажарлы, әрлі, нұрлы.* Үріп ауызға салғандай ***реңді*** қыз екен (Исабеков).

РЕҢДІЛІК *Ажарлылық, әрлілік, нұрлылық.* Бибігүлдің бет пішінінде ~ байқалады.

РЕҢК 1. *Түр, түс, келбет, әр, өң.* Барлығының ***реңктері*** бір түрлі нашар (С. Сейфуллин). 2. *лингв. Мағыналық ерекшелік, сәл ғана өзгешелік.* Сөзге интеллектуалды ***реңк*** берген жақсы (Сығаев).

РЕҢСІЗ *Өңсіз, түрсіз, сұрықсыз.* Нұрлан оның сұрланған ***реңсіз*** жүзіне аянышпен қарады (Шашкин).

РЕПАРАЦИЯ *Соғыстың шығуына кінәлы болған мемлекет жеңілгенде, соғыстың барысында өзі келтірген зиянды жеңген мемлекетке толық немесе жартылап төлеуі.*

РЕПАТРИАЦИЯ *Соғыс тұтқындарын, тұтқындалған азаматтарды, қашып көшкендерді, қоныс аударғандарды соғыстан кейін отанына қайтару.*

РЕПЕРТУАР *Әншілердің, музыканттардың, артистердің негізгі, ұдайы орындайтын шығармалары, рольдері.*

РЕПЕРТУАРЛЫҚ *Репертуарға арналған, соған тән.* ~ коллегия.

РЕПЕТ *Әлпет, түр, түс.* Аспанның ***репеті*** жаман (Мұқаев). ***Репеті*** қашып, берекесі кеткен (О. Бодықов). ◊ **Репеті қашты** — *түрі бұзылды, сұрланды.*

РЕПЕТИТОР *Сабақты үлгере алмайтын оқушыға, артық білгісі келетін оқушыға үйде қосымша сабақ оқытатын мұғалім.*

РЕПЕТИЦИЯ *Театрда ойын көрсету немесе көп алдында шығып сөйлеу үшін күні бұрын жүргізілетін дайындық.* ~ жасады, ~ өтті.

РЕПЕТСІЗ *Сұрықсыз, сұреңсіз.* ***Репетсіз*** серіктерін көріп Тобағабылдың жүрегі тілінді ("Қаз. әдеб.").

РЕПЛИКА *Сөйлеп тұрған кісінің сөзін бөліп айтылған қақпа сөз, ілікпе сөз.* ~ берді, ~ тастады.

РЕПОРТАЖ *Баспасөз бетінде, радиода, теледидарда берілетін күнделікті жаңалықтар туралы әсерлі суреттеме түрінде баяндау.* Фантастикалық ~, суреттеме ~.

РЕПОРТЕР *Жергілікті оқиғаларды, хабарларды жазып тұратын, радио, теледидардан беретін хабаршы.*

РЕПРЕССИЯ *Жаппай қуғын-сүргін, жазықсыз жазалау.*

РЕПРОДУКТОР *Дыбысты күшейтіп шығаратын құрылғы, тетік.*

РЕПРОДУКЦИЯ *Суреттерді фотография, клише арқылы дәл өзіндей етіп түсіру, көшіру, көбейту ісі.*

РЕПС *Бетінде аздап кеңірдек бедері бар мата.* ~ көйлек (шапан, тон).

РЕПУТАЦИЯ *Атақ, даңқ, абырой.* Жақсы ~ға ие болды.

РЕСМИ *Айрықша, ерекше, арнаулы.* ~ сапар (хабар, кездесу, оппонент).

РЕСМИЛЕУ *Ресми заңдарды сақтағыш.* Сөзі ***ресмилеу*** шықты (Мұханбетқалиев).

РЕСМИЛІК *Қызмет бабына байланысты ресми заңдардың бәрін сақтағандық.* Ешқандай ***ресмілікті*** қажеті жоқ қой деп ойлаймын (Байғұтов).

РЕСПУБЛИКА *Барлық билік белгілі мерзімге сайланғандардың қарамағына берілетін мемлекеттік билік формасы.* Халықтық демократиялық ~, буржуазиялық ~.

РЕССОР *техн. Арбаның, вагонның, машинаның т. б. шанағы мен білік арасына орнатылған*

солқылдақ серіппелі темір тетік. Машинаның ~ы, вагонетка ~ы.

РЕСТАВРАТОР *Көркемөнер ескерткіштерін әуелгі қалпына келтіруші маман.* Суретші ~.

РЕСТАВРАЦИЯ *Бастапқы сәнін жоғалтқан архитектуралық ескерткіштер мен бейнелеу өнері туындыларын, қолжазбалар мен кинофотодокументтерді қалпына келтіру, өңдеу ісі.*

РЕСТАВРАЦИЯЛА *Реставрация жасау; бір нәрсені қайтадан қалпына келтіру.* Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін *реставрациялады* ("Білім және еңбек").

РЕСТОРАН *Тамақ, ішімдік сататын, билеп, демалатын асхана тектес қоғамдық орын.* ~ның банкет залы.

РЕСУРС *Қаражат қор.* Табиғат ~ы, азық-түлік ~ы, еңбек ~ы.

РЕТ 1. *Белгілі бір нәрсеге тән, тәртіп, қатар.* Қабайдың өзі олардың әкелгенін *ретімен* қалап жатыр (Ақбаев). 2. *Істің жөні, ыңғайы.* Сөздің ~і келді.

РЕТ-РЕТІМЕН *Тәртіппен, бірінен соң бірі, қатар-қатарымен.* Жұртты төрден төмен қарай *ретретімен* орындықтарға орналастырды (Мекебаев).

РЕТСІЗ *Қалай болса солай орынсыз, ыңғайсыз, жөнсіз.* Селодағы үйлер *ретсіз,* қалай болса солай салына берген (Жылқышиев).

РЕТСІЗДЕУ *Орынсыздау, ыңғайсыздау, жөнсіздеу.* Жалғыз кіріп баруды *ретсіздеу* көрді (Бегалин).

РЕТСІЗДІК *Жүйелі тәртіптің жоқтығы, жөнсіздік.* Жайлау жайылымдарын пайдалануда ~ байқалады.

РЕТТЕ *Ыңғайлау, жөндеу, тәртіпке келтіру.* Алдын ала құжаттарымызды ~п қойғанбыз.

РЕТТЕГІШ *Белгілі бір істі тәртіпке келтіретін тетік.* Жігіт жалма-жан *реттегіш* тетікті бұрады (Салғарин).

РЕТТЕУЛІ *Жүйеге келтірулі, жинақтаулы, тәртіпке келтірулі.* Бізде іс-қағаздары әр уақытта да *реттеулі* тұрады (Н. Ғабдуллин).

РЕТТЕУШІ *Тәртіпке келтіруші, ретке салушы, жүйелеуші.* ~ температура (милиционер).

РЕТТЕУІШ *Бір нәрселерді реттеп тұруға арналған тетік. Реттеуішті* іске қосарда оның дұрыс екеніне көз жеткізу керек (Өбдіраманов).

РЕТТІ *Орынды, тиісті, ыңғайлы. Ретті* жерінде қолынан келген көмегін аяған жоқ (Қаназов).

РЕТТІК *Заттың орналасу тәртібін білдіретін, есептік, қатарлық.* Элементтің ~ нөмірі, ~ сан.

РЕТТІЛЕУ *Тәртіптілеу, тәуірлеу.* Бұл жақтағы жұмыс бабы *реттілеу* көрінеді (Р. Тоқтаров).

РЕТТІЛІК *Тәртіптілік, ұқыптылық.* Гүлинаның ісінен бір түрлі *реттілік* танылатын (М. Жүсіпов).

РЕТУШЬ *Суреттегі, фотосуреттегі, негативтегі кескінді қаламмен, бояумен түзету немесе химиялық жолмен өңдеу ісі.* Суреттерді ~пен жасады.

РЕФЕРАТ *Ғылыми еңбектің, мақаланың немесе баяндаманың қысқаша жазылған мазмұндамасы.*

РЕФЕРЕНДУМ *Дауыс бергізу арқылы төтенше маңызды мәселе туралы халықтың пікірін білу әдісі.* Жаңа конституцияның жобасы жөнінде ~ өткізілді.

РЕФЕРЕНТ *Белгілі бір мәселе жөнінде ақыл, кеңес, түсінік беріп отыратын немесе баяндама әзірлейтін қызметкер, көмекші.*

РЕФЛЕКС *физиол. Тірі организмнің сыртқы әсерге (тітіркендіргіштерге) орталық нерв системасы арқылы қайтаратын реакциясы.*

РЕФЛЕКТОР 1. *Кішкене ойыс айна орнатылған телескоп түрі.* 2. *Ойыс айна тәріздес келген сәуле таратқыш.*

РЕФОРМА *Өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, қоғамның, өмірдің кейбір жағын жетілдіру, дамыту мақсатында қайта өзгерту.* Мектеп ~сы (ақша ~, аграрлы ~).

РЕФОРМАТОР *Бір нәрсені өзгертуші, қайта құрушы.*

РЕФОРМАШЫ *Реформаны жүргізуші, өзгертуші. Реформашылар* келгенде актысын қолдарына ұстата берді (Исабаев).

РЕФОРМИСТІК *Реформаны жақтаушылық, реформашылдық.*

РЕФРАКТОР *Сәулені сындыруға бейімделген линзасы бар телескоп.*

РЕФРАКЦИЯ *Атмосферада жарық сәулелерінің сынуы және дыбыс қозғалысының өзгеру бағыты.*

РЕЦЕНЗИЯ *Көркем шығарма, ғылыми еңбек, спектакль т. б. туралы жазылған сын, пікір.*

РЕЦЕНЗИЯЛА *Біреудің еңбегіне сын пікір айтып талдау, бағалау.* Оның жұмысын ~ды.

РЕЦЕПТ 1. *Дәрігердің дәрі беру, әзірлеу және оны қолдану туралы жазбаша нұсқау қағазы.* ~ жазып берді. 2. *Бірдеңені дайындаудың жолы; ереже, норма.* Сен бұлай істе деп ~ айта алмаймыз.

РЕЦЕПТОР *биол. Тітіркенуді қабылдайтын нерв талшықтары.*

РЕЦИДИВ *Белгілі бір құбылыстың қайталануы.*

РЕЦИДИВИСТ *Бірнеше рет қылмыс істеген адам.*

РИЗА *Адамның көңіл күйінің қанағаттанғандығын, ұнатқандығын білдіретін сүйсіну белгісі; разы.* Жүсіпбектің өнеріне елі *риза* (Елебекова). □ **Риза болды** — *қанағаттанды, көңілі толды.*

РИЗАЛА *Риза ету; көңілдендіру.* Екі жас әкені әп-сәтте *ризалады* (Серіккалиев).

РИЗАЛЫҚ *Көңіл толушылық, разы болушылық, ризашылық.* Гүлжан тағы да *ризалығын* білдірді (Дүйсенов).

РИЗАШЫЛЫҚ *Риза болушылық, ризалық.* Мұқаң болса Жүсіпбекке дән *ризалығын* сөзбен айтуды керексінбеді (Елебекова).

РИЗЫҚ *Бұйырған нәсіп, ырыс.* Өмірдің саған да беретін бір *ризығы* болар (Шәріпов).

РИЗЫҚСЫЗ *Несібесіз, рызықсыз.* Үмітсіз кісі — *ризықсыз* кісі (Мақал).

РИЗЫҚТЫ *Аузының салуы бар, несібелі.* ~ жан екенсің.

РИКША *Шығыс және Оңтүстік Азияда адам жегіліп жүк, кісі таситын жұмсақ рессорлы, екі доңғалақты жеңіл арба.*

РИНГ *спорт. Боксшылардың жекпе-жекке шығуы үшін арқанмен қоршалған ойын алаңы,* ~ алаңы. ~ке шықты.

РИТМ *Музыканың, бидің, жұмыстың ырғағы, үйлесімі.* Сөз ~і, еңбек ~і, би ~і.

РИТМДІК *Ритмге тән, ырғақтылық.* Оқушыларды өлеңнің *ритмдік* нормасын түсінуге баулиды ("Қазақст. мек.").

РИТМИКА *Ырғақ, үйлесім жайындағы ілім, ритм жүйесі.* ~ гимнастикасы, ~ оқытушысы.

РИТОРИКА *Шешендік өнер теориясы.*

РИТОРИКАЛЫҚ *Риторика ережесіне негізделген, риторикаға байланысты.* Автордың шұрайлы тіліне, *риторикалық* сөз саптау мәнеріне риза боласыз ("Қаз. әдеб.").

РИФ *геогр. Су астында, я су деңгейінен сәл шығып тұратын құз жартас.*

РИЯ *Бірдеңені шын көңілімен емес, тек басқаға көз қылып көрсету үшін ғана істелген іс; екі жүзділік, сайқалдылық.* Расын айтқысы келмеді, Амантай *риямен* сөйлегісі келді (С. Мұқанов).

РИЯЛЫ *Шын ниетпен емес, көлгірсу.* Алыс жұрағат бір-бірімен *риялы* шыраймен көрісті (Аманшин).

РИЯСЫЗ *Шын ықыласпен істелген, қалтқысыз, бүкпесіз.* Біздің айтқан сөзімізге ол ~ бір күліп алды.

РИЯСЫЗДЫҚ *Қалтқысыздық, бүкпесіздік, шынайылық.* ~ ізгі ниетті адамдарға тән қасиет.

РИЯШЫЛ *Жәдігөй, сұрқия, зымиян.* ***Рияшыл*** жалған жыршыларды да бет жүзіне қарамай түйредім (Жамбыл).

РИЯШЫЛДЫҚ *Жәдігөйлік, зымияндық.* Біз оның ~ғына жол бермеуіміз керек.

РОБОТ *Сырт көрінісі адам бейнесін елестететін, адам істейтін жұмысты орындайтын автомат.*

РОК-ТОП *Музыкалық ансамбльдің бір түрі.* ***Рок-топтардың*** концертін тамашалағанға не жетсін ("Өркен").

РОЛЬ 1. *Актердың театрда ойнайтын әдеби образы.* Жүсіпбек жасаған Әлібек ***ролі*** өте жақсы шыққан (Елебекова). 2. *Маңыз, мән.* Машинаның, техниканың ***ролі*** ерекше болды (Әбілдаев).

РОМ *Алкоголі күшті ішімдіктің бір түрі.*

РОМАН *Күрделі сюжетті, кесек тұлғалы әдеби шығарма.* "Бақытсыз Жамал" ~ы.

РОМАНИСТ I *Роман жазушы, романшы.* Талантты жас ~.

РОМАНИСТ II *Роман тілдері мен әдебиетінің маманы.*

РОМАНС *Жеке дауысқа, не жеке аспапқа арналып жазылған әннен гөрі күрделі, шағын лирикалық музыкалық шығарма.* Абайдың ән ~тары.

РОМАНТИЗМ *XIX ғасырдың бас кезінде әдебиетте және көркемөнерде классицизмнің жүйесіне қарсы шыққан ағым; әдебиеттегі романтикалық бағыт.* ~ ағымы, ~ методы.

РОМАНТИК 1. *Романтизмді қолдаушы.* 2. *Ауыс. Арманшылдық, қиялшылдық.* ~ жігіт.

РОМАНТИКА *Асқақ арман, тәтті қиял.* Жаны ~ға толы адам.

РОМАНТИКАЛЫ *Асқақ арман, тәтті қиял құған.* Әркімнің ой өрісі, көзқарасы, бағдары *романтикалы* пікірі болады (Әшімов).

РОМАНТИКАЛЫҚ *Асқан арманшылдық, қиялшылдық.* ~ жанр, ~ сезім, ~ ағым, ~ образ.

РОМАШКА *Гүлді жапырақшасы бір-біріне тығыз жанасып ортадағы сары гүлшоғына жиналған ақ гүлді өсімдік.* ~ гүлі.

РОМБ 1. *мат. Төрт жағы бірдей, тең параллелограмм.* 2. *Төрт бұрышты қиықша.*

РОТА *Батальон құрамына енетін әскери бөлімше.* Санитарлық ~, саперлық ~, жаяу әскер ~сы.

РОТАЛАС *Бір ротада қызмет істеген, ротада бірге болған.* Соғыстан кейін ~ жолдастарымызбен кездесіп тұрдық.

РОТАТОР *Текстік материалдың, схеманың т. б. көшірмесін басып шығаруға арналған аппарат.*

РОТАЦИЯ *Көп тиражды кітаптарды, газеттерді басып шығаратын айналмалы баспа машина.* ~ машинасы.

РОЯЛЬ *Клавишті музыкалық аспап, фортепьяноның бір түрі.*

РОЯЛЬШЫ *Рояль ойнаушы.* Күйші, гитаршы, баяншы, ***рояльшыларды*** қатар ойнатсаң (С. Омаров).

РУ *Бір әулеттен тараған туыстық, қандастық топ, үлкен тайпаның бір тармағы.*

РУБАСЫ *Бір рулы елді басқарушы, ру бастығы.* ***Рубасы*** ескі би бір кезде күрсінді... (Ғ. Мұстафин).

РУБАЯТ *Таяу және Орта шығыс поэзиясында кең тараған өлең түрі; төрттаған.* ***Рубаят*** алғаш парсы және тәжік ауыз әдебиетінде таралған (ҚСЭ).

РУБЕРОИД *Картон қағаздан жасалып, бетіне мұнай битумы сіңірілген материал.*

РУБИН *Қызыл түсті, қымбат бағалы тас, лағыл.*

РУДА *Металдар бөлініп алынатын табиғи шикізат, кен.*

РУДИМЕНТ *биол. Организмдегі дамып жетіле алмай, өзінің маңызын жойған соқырішек, құйыршық сүйек сияқты мүшелер.*

РУДИМЕНТТІ *Өсе алмаған, жетіле алмаған, маңызын жойған.* ~ башай, ~ омыртқа.

РУДНИК *Кен шығаратын жер, бір не бірнеше шахтадан және жер үстіндегі әр түрлі цехтардан құралған таукен кәсіпорны.*

РУЛАС *Туыстас, қандас, аталас.* ~ туысы, ~ ағайыны.

РУЛАСТЫҚ *Туысқандық, туыстық, қандастық.* Ол жерлестігіне, ***руластығына*** емес, іскерлігіне қарады (С. Мұқанов).

РУЛЕТ *Сопақша етіп тураған ет не картоптан істелген дәмді тағам.*

РУЛЕТКА *тех. Бетіне метрлік және сантиметрлік бөліктер сызылған, дөңгелете оралған өлшеуіш металл лента.*

РУЛОН *Шиыршықтап оралған қағаз, мата т. б.*

РУЛЫ *Бір әулеттен тараған, бір ру (ел).* Бір ~ ел, отыз ~ ел.

РУЛЫҚ *Руға қатысты, соған тән.* Ауылда ***рулық*** алауыздық әлі де күшті еді (Өтепов).

РУЛЬ *Машинаны, самолетті, кемені басқаратын тетік, тұтқа.* Трактор ~і, самолет ~і.

РУНА *Жазудың өте ескіден келе жатқан бір түрі.* ***Руна*** жазуын ең алғаш көне герман тайпалары қолданған (ҚСЭ).

РУХ 1. ***филос.*** *Табиғи материалдық бастамадан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы білдіретін философиялық ұғым.* Ата-бабаның ***рухы*** қолдасын! (Тоқмырзин). 2. *Ауыс. Рухани күш-қуат, батылдық.* Әннің қаншалықты ***рух*** беретінін көрдіңіз ғой өзіңіз (Жақанов). ◊ **Рухын көтерді** — *жігерлендірді, әруақтандырды.* **Рухы түсті** — *еңсесі түсті, жүні жығылды.*

РУХАНИ *Адамның ой санасына, ішкі дүниесіне байланысты, соған тән.* Мәдениет — халықтың ең үлкен ***рухани*** ризығы ("Қазақст. мұғ.").

РУХТАН *Қайраттану, жігерлену, шабыттану. Рухтанған* жауынгерлер атой салып арындап алға аттады (Мендібаев).

РУХТАНҒЫШ *Жігерленгіш, қайраттанғыш, шабыттанғыш.* Бәрі майдан үшін деген зор *рухтанғыш* бағыт болды (Ж. Молдағалиев).

РУХТАНДЫРҒЫШ *Күш-жігер беретін, шабыттандырғыш.* "Құрыш қалай шынықты" романы Павел Корчагиннің *рухтандырғыш* күшін баяндады ("Қазақст. мект.").

РУХТАС *Рухы бір, бір рухтағы.* Шынайы художник қашан да өзінің туған халқымен *рухтас* келеді (Ә. Тәжібаев).

РУХТЫ *Рухы көтеріңкі, шабытты, жігерлі.* Бәрі де *рухты* іс үшін арпалысқан жандар (Жарық жұлдыздар).

РУШЫЛ *Рулық жікке, атаға бөлінгіш. Рушыл* болма, жершіл болма, ұлым сен! (Бұғыбаева).

РУШЫЛДЫҚ *Руға бөлінушілік, ру мүддесін жақтаушылық.* Елдің шырқын бұзған - болған.

РҰҚСАТ *Басқа біреудің тарапынан екінші кісіге берілетін ризалық, келісім.* Есімбек директордан *рұқсат* алып, елге қайтпақшы болды (Оразақов).

РЫНОК *Товар айырбасының айналымы.* Дүние жүзілік -, халықаралық -.

РЫЦАРЬ *Феодалдық Европадағы әскери-дворян тобына жататын адам.*

РЫЧАГ *Жылжымайтын тіреуіштен айнала қозғалатын қатты дене.*

РЭКЕТ *Біреулерді қорқытып, қымбат зат не ақшасын тартып алушы, бопсалаушы.*

РЮМКА *Арақ, шарап ішетін кішірек шыны ыдыс.*

С

САБА I 1. *Жылқының тұтас терісінен жүнін қырып илеп, ыстап жасалған қымыз ашытатын сыйымды ыдыс.* Сары қатын қымыз толы *сабаны* күрпілдетіп пісе бастады (Шүкіров). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің шеңбері, арнасы, көлемі, аясы.* Ырғыз бір өзі алпыстан аса көлді толтырады, *сабасы* кең (Тоқмағанбетов). ◊ **Саба бие** — *көп құлындаған, сары қарын үлкен бие.* **Саба құрсақ** — *кең құрсақ үлкен қарын.* **Сабасына қарай піспегі** — *біріне-бірі лайық, сайма-сай.* **Сабасына түсті (келді)** — *ақылы орнына түсті, ашуы тарқады, басылды.*

САБА II 1. *Ұрып-соғу, жазалау.* Құндақбайды *сабап* жатқанда бір жыламайтын (Сәрсеков). 2. *Ауыс. Желдің, боранның қатты соғып үйтқуы.* Жел біресе алдан, біресе арттан *сабады* (Соқпақбаев). 3. *Ауыс. Бөсу, өтірікті көпірту.* Өз елін мақтаймын деп өтірікті *сабап* қайта келген (Абай).

САБАЯҚ *Сабаның астына қойылатын ағаштан жасалған тұғыр.*

САБАДАЙ *Үлкен, мол, кең.* - жайылған мол қарын (желін).

САБАЗ *Біреудің іс-қылығына, мінез-құлқына, кең пейілдігіне риза болғанда айтылатын көтерме сөз.* Біз үйінде он күн шалжиып жатқанда, *сабаз* қабағын бір шытпады (О. Сәрсенбаев).

САБАЗДЫҚ 1. *Асқан батылдық, өжеттік, табандылық.* Батылдық, *сабаздық* істеңдер, сабаздыққа *сабаздық* болсын (Момышұлы). 2. *Азаматтық, кеңдік.*

САБАҚ I 1. *Өсімдіктің тамырынан басына дейінгі бұтақты, жапырақты бөлігі, негіз. Сабағы* жаман жемістің, дәмі де жаман (Мақал). 2. *Нәзік келген кішкентай тарам, желі.* Жапырақтың Ағы. □ **Бір сабақ жіп** — *ұзындау қып сабақтаған жіп.*

САБАҚ II 1. *Мектеп жүйесінде белгілі бір пәнді өткізетін оқу сағаты және пән.* Мектептегі әдебиет -ғына қатыстық. 2. *Оқушыға үйде орындауға тапсырған оқу жұмысы.* -ты істемей келіпті. - оқыды. 3. *Ауыс. Үлгі, өнеге, мысал, тәжірибе.* Мен мұны - болсын деп айтып отырмын. ◊ **Сабақ алды** — *тәлім алды, үйренді.* **Сабақ болды** — *қорытынды шығаратындай ой салды.*

САБАҚТА 1. *Жіпті иненің көзінен өткізу.* 2. *Ауыс. Сөзді, әңгімені одан әрі жалғастыру, дамыту.* Ашот сөзін бастап, әрі қарай *сабақтап* әкете алмады (Салахов).

САБАҚТАН *Сабақ пайда болу.* Өсімдіктің *сабақтану* кезеңі басталды (Д. Өбілев).

САБАҚТАС I 1. *Бір сабақтан өсіп-өнетін, бұтағы бір.* - ағаш. 2. *Бір-бірімен жалғас, сарындас, үндес.* Халқымыздың тағдыры орыс жұртының тағдырымен *сабақтас* ("Қаз. әдеб."). □ **Сабақтас құрмалас сөйлем** — *құрамындағы жай сөйлемдер біріне-бірі бағынып құрмаласқан сөйлем.*

САБАҚТАС II *Бірге сабақ оқитын, кластас, парталас.* Кенжәлі Ақынғұлмен *сабақтас* болғанды (Мыңжасарова).

САБАҚТАС III *Бір-бірімен ұштасу, жалғасу.* Бір-бірімен сан ғасыр алшақ жатқан уақиғалардың өзі өзара *сабақтас* болады ("Қаз. әдеб.").

САБАҚТАСТЫҚ *Сарындастық, үндестік, жалғастық, байланыстылық.* Адам мен табиғаттың арасында көрінбейтін *сабақтастық* бар (Жұртбаев).

САБАҚТАУЛЫ *Иненің көзінен сабақ өткізілген, сабағы бар.* - ине.

САБАҚТЫ 1. *Сабағы ірі, үлкен (өсімдік).* Бұл агрегат ірі *сабақты* мал азығын ұсақтауға арналған ("Лен. жас"). 2. *Инеге өткізілген жібі бар, жіп тағылған.* Өжем омырауындағы *сабақты* инесін маған суырып берді (Тұрманжанов). □ **Сабақты етістік** (*лингв.*) — *табыс септіктегі тура толықтауышқа мағынасы сабақталып тұратын етістік.* ◊ **Сабақты ине сәтімен** — *орайы келген іс оңады.* **Сабақты жіп қалдырмады** — *еш нәрсені тастамады, түгелдей сыпырды.*

САБАҚША *Негізгі сабақтан өскен қосымша кішірек сабақ.* Тұқым себілгеннен кейін *сабақшалар* өсіп шығады (Ажкеев).

САБАЛА I *Саба-саба ету, саба толтыру. Сабалап* қымызын, астаулап етін жеді (С. Мұқанов).

САБАЛА II 1. *Ұрғылау, соққылау.* Ол атын баскөзге қарамай *сабалап* қашты (Рахымжанов) 2. *Үстіүстіне төпелеу, бастырмалату, борату.* Жауын сіңір ет пісер уақыт бойы *сабалады* (Қабышев).

САБАЛАҚ *Түте-түте үйпалақтанған, үрпиген. Сабалақ* жүнді қара мысық жерде жатыр (Уайдин).

САБАЛАҚТА *Үйпалақтау, түтелеу.* Ол шынашағына ***сабалақтаған*** жүнді созғылап қойды (Иманбаев).

САБАЛЫ 1. *Сабасы мол, саба-саба.* Айранға той күбілі, Қымызға той ***сабалы*** (Ә. Тәжібаев). 2. *Ауыс. Етек-жеңі кең, мол денелі.* Алдаберген сұпының ***сабалы*** ірі денесін тани қойды (Ө. Нұрпейісов).

САБАН *Дәнді дақылдардың бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы.* Күріштің жұмсақ ***сабаны*** малға құнарлы жем (Жақаев). □ **Сабан тураушы** — *сабанды майдалап турайтын құрал, машина.*

САБАНТОЙ *Астықты жинап алған соң өткізілетін мереке, қызық-думан.* Совхоз еңбеккерлері ~ өткізді. ("Лен. жас").

САБАНХАНА *Сабан жиналған жер.* "***Сабанхана*** өртенді" десең Самарқанд өртенді" дер (Мақалнама).

САБАНШЫ *зоол. Жабайы дала мысығы. Сабаншы* (манул) — үй мысығынан үлкендеу, жүні тығыз келген мысық (Қыдырбаев).

САБАТ I *Шөбі шүйгін, салқын жер, көгал.* Өзен бойындағы көп ауылдың отырған жері көк майсалы, қалың шілікті кең ***сабат*** (Хангелдин).

САБАТ II *Қымыз дәмдес қышқыл өсімдік; қымыздық. Сабат* (қымыздық) оны иге қосатын (Қасиманов).

САБАТТА *Көлеңкелеу, саялау, салқындау.* Жағада ***сабаттап*** жылқылар жүр (Шүкіров).

САБАТТЫ *Саялы, көгалды (жер).* ~ шалқар көл.

САБАУ *Жүннің үйысқанын жазып, тазарту үшін пайдаланатын жіңішке таяқ.* Ауылдың қатындары, қолдарында қос ***сабауы.*** (Майлин).

САБАУДАЙ 1. *Үп-ұзын, салалы, сойдиған.* Ол ***сабаудай*** саусақтарымен пернені дөп басады (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Мықты, берік, күшті. Сабаудай* қара торы жігіт (Арыстанов).

САБАУДАЙ-САБАУДАЙ *Ірі, мықты.* ~ төрт жігіт кірді.

САБАУҚҰЙРЫҚ *Құйрығы ұзын кеміргіш тышқан.*

САБАУЛА *Сабаумен ұру, соғу.* Ол ұйысқан жүнді ***сабаулап*** жатқан сияқты (Оразов).

САБАУША *Кішігірім, қысқа сабау таяқ.*

САБАУШЫ *Сабау сабаушы.* Сабау жүн ***сабаушылардың*** санына қарай әр кісіде екі-екіден болу керек (Қасиманов).

САБЫЛ 1. *Әуре-сарсаңға түсу, бас сандалу.* 2. *Әрлі-берлі жүріс, сапырылыс.* Қанша ***сабылып*** іздегенмен пәтер табылмаған (Тоқмырзин). Төрт машина ***сабылып,*** станциядан жүк тасиды (Тілегенов).

САБЫЛМА *Құр сапырылыс, сабылыс, бос дүрлігіс.* Сарай маңның ***сабылмаларының*** гәпті білгенше өліп-өшетін әдеті бар (Кекілбаев).

САБЫЛЫС *Бос жүріс, құр әуре, сапырылыс.* Жоспар орындалғанша ***сабылыс*** саябырлаған емес (Иманбеков).

САБЫН *Кірді, беті-қолды жууға арналған май мен сілті қосындысынан тұратын ерігіш зат.* Ақ ~, кір ~, иісті ~, қол ~.

САБЫНДА *Сабынмен жуу, тазалау.* Үстімді ~п ұзақ жуындым.

САБЫНСУ *Сабынның сұйықтау, қоймалжың түрі; шампунь.* Қала магазиндерінің сөрелерінде жоғары сапалы "Диона" ***сабынсуы*** пайда болды ("Алматы ақшамы").

САБЫНСАУЫТ *Сабынды салуға лайықталған құты.*

САБЫНШӨП *Биіктігі 80 сантиметрге дейін жететін, көп жылдық шөп тектес майда жапырақты өсімдік.*

САБЫНШЫ *Сабын қайнатушы, сабын жасаушы.* Ол ~ семьясында дүниеге келді.

САБЫР *Шыдам, тағат, төзім.* Ол сөзімді ***сабырмен*** тыңдады. (Дәуренбеков). ◊ **Сабыр етті [қылды]** — *шыдамдылық жасады.* **Сабыр таппады** — *дегбірі қашты, тағатсызданды.* **Сабыр түбі сары алтын** — *шыдам арты жақсылық, игілік.* **Сабыры қалмады [таусылды]** — *шыдамы таусылды.*

САБЫР: сабыр болды — *жауын-шашыннан жер батпағы шықты, лайсаңға айналды.*

САБЫРЛА I *Саябырлау, баяулау.* Халық азырақ ***сабырлады*** (Ғ. Мүсірепов).

САБЫРЛА II *Сазды, балшықты жермен жүру; аяқты ауыр алу.* Батпақты ***сабырлаған*** дөрігер сілесі құрыды (Ө. Нұрпейісов).

САБЫРЛАН *Сабырлы қалыпқа түсу, байсалдану.* Мен ~а қалдым.

САБЫРЛЫ *Салмақты, ұстамды, байыпты.* Ол ***сабырлы*** жігіт (Домбаев).

САБЫРЛЫЛЫҚ *Ұстамдылық, шыдамдылық, салмақтылық.* ~ сақтады. ~пен тыңдады, ~ көрсетті.

САБЫРСЫЗ *Шыдамсыз, тағаты жоқ.* ~ мінез (адам).

САБЫРСЫЗДАН *Шыдамы кету, төзі таусылу, тағатсыздану.* ~а күтті (қарады).

САБЫРСЫЗДАУ *Шыдамсыздау, төзімсіздеу.* Атам ~ кісі еді.

САБЫРСЫЗДЫҚ *Шыдамы жоқтық, тағатсыздық.* ~ көрсетті (жасады).

САБЫТ *Тауқымет, ауыртпалық.* Ол бар малдың күндізгі ***сабытын*** өз мойнына алды (Ақтаев). ◊ **Сабытын [сабағатын] салды [артты]** — *ауыртпалық түсірді, біреуге масыл болды.*

САГО *Пальма ағашының өзегіндегі крахмалдан жасалған жарма.*

САҒА I 1. *Өзеннің не тау сілемінің түйіскен жері.* Сырдарияның ***сағасы*** мен Қаратаудың бектерлерін кімдер мекендемеген (Тұрсынқұлов). 2. *Қылыштың, пышақ т. б. нәрселердің сабы мен темірінің қосылған жері.* Найзасын дәлдеп ***сағасынан*** қадады (Хакімжанова). 3. *Домбыраның перне орналасқан жіңішке мойны.* Оның перне басқан саусағы төменгі ***сағаға*** бір-ақ секіреді (Жақанов).

САҒА II *Жазғытұрым және жазды күні түйе жейтін өсімдік.*

САҒАҚ 1. *Жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы.* Ол атының ***сағағынан*** ұстап тұр (Дәуренбеков). 2. *Бір нәрсенің екінші нәрсемен түйіскен жері. Сағағынан* үзілгелі тұрған торсықтай алмалар көзге түсті (Жалғыз салт атты).

САҒАЛ *Сарғыш, сарғылтым, жолақ.* Егін сары ***сағал*** болып қалыпты (Лекеров).

САҒАЛАС *Сағасы бір, бір сағаға баратын. Суы сағалас* жақын жер (Әутәліпов).

САҒАЛАТ *Бір нәрсені сағасына дейін бойлата кіргізу.* Ол ағаш күрегін бидайға ***сағалата*** сұңгітті.

САҒАЛДА *Сағал-сағал болу, кір-қожалақтану.* Таңертең батпақ ***сағалдаған*** "газик" келді (Бигелдинов).

САҒАЛДЫРЫҚ *Аттың сағасында дәл келетін жүгеннің астыңғы жағынан тартып байлайтын қайыс бау.* Қыл жүгеннің ***сағалдырығы*** қылқындырып барады (Жұртбаев).

САҒАЛ-САҒАЛ *Сағалдану, кір-қожалақ тарту.* Үсті-басы ~.

САҒАЛЫ *Сағасы үлкен, сағасы бар.* ~ пышақ (көзілдірік).

САҒАН *Қымыз құйған ыдыс.* Сатым ***сағаннан*** бір аяқ қымыз құйып берді (Нәжімеденов)

САҒАНА ***көне.*** *Күмбез үй, ғимарат.* ***Сағана*** жасауға кім көрінгеннің шамасы келе бермейді (С. Мұқанов).

САҒАНАҚ *Керегелік желінің ең қысқа ағашы.*

САҒАТ 1. *Тәуліктегі уақытты есептейтін механизм.* Қол ~, қабырға ~, қалта ~. 2. *Алпыс минутке тең уақыт өлшемі.* Абай аралап жүргелі ***сағаттан*** артық уақыт өтті (М. Әуезов). 3. *Белгілі бір мерзім, уақыт.* Айырылысар ***сағат*** жақындай түсті (Тиесов). ◊ **Сағаты бітті (жетті)** — *өмірі таусылды, ажалы жетті.*

САҒАТСЫЗ 1. *Сағат жоқ.* 2. *Белгілі уақыты, мерзімі жоқ, мөлшерсіз.* Біздікі ~ жұмыс қой.

САҒАТТАП *Сағат бойы, бірнеше сағат.* Манас жырын ~ айтты.

САҒАТШЫ *Сағат жөндеуші шебер.* ***Сағатшы*** Степан келді (Мұстафин).

САҒДАР *жерг. Малға шашқан шөптің сояу қалдығы.* Шөптің ***сағдарымен*** төл қораны құрғақтады (Рахимов).

САҒДАРЛАН *Сағдар қалу, сояулану.* ~ған шөп.

САҒЫ: сағы сынды — *тауы шағылды, беті қайтты.*

САҒЫЗ *Каучук бөлетін өсімдік шайыры.* ~ шайнады.

САҒЫЗДАЙ: сағыздай созылды [созды] — *бір мәселені тез шешпеді, созбақтады.*

САҒЫЗДАУ *Шабандау, баяулау, сылбырлау.* Бұрлыққан торы ***сағыздау*** жүріп келеді (Жұмаділов).

САҒЫЗДАН *Қоюлану, қатаю, созылыңқы тарту.* Дән ***сағыздана*** бастапты (Мұратбеков).

САҒЫМ 1. *Ауаның біркелкі қызбауына байланысты табиғатта болатын құбылыс.* Алыста ~ бұлдырайды. 2. *Ауыс. Бұлдыр, күңгірт, бұлыңғыр.* Жүзін ~ шалды. ◊ **Сағым құды** — *қол жетпеске ұмтылды, болмастан дәметті.*

САҒЫМДАЙ *Сағым сияқты.* ◊ **Сағымдай құлпырды** — *әр түрлі күйге түсті, өзгерді.*

САҒЫМДАЙ *Мұнарту, бұлдырау, бұлыңғырлану.* ***Сағымдай*** мұнартқан шексіз кең дала (С. Хайдаров).

САҒЫМДЫ *Сағым басқан, сағым тартқан.* ~ сар дала (сағыныш).

САҒЫМША *Сағым тәрізденіп, сағымға ұқсап.* ~ бұлдырады (мұнартты).

САҒЫН *Көруге құмарту, аңсау.* Атасы немерелерін қатты ~ды.

САҒЫНҒЫШ *Аңсағыш, зарыққыш.* Адам туыстарын көрмесе ~ келеді.

САҒЫНЫШ *Құмартқан сезім, аңсаған тілек.* ~пен күтті.

САҒЫНЫШТЫ *Сағына күткен, зарыққан.* ~ сәлем (хат, үн).

САДАҒА *Бір нәрсенің жолына айтылған, құрбан етілген зат, бұйым.* Бастан құлақ ***садаға*** (Мақал). ◊ **Садаға кет (кеткір)** — *татымады, жарамады.* **Садағаң (садаға) кетейін** — *біреуге ризашылық білдіргенде, құрбаның болайын деген мағынада жұмсалады.*

САДАҒАЛА *Садаға қылып шығарып тастау, құрбан ету.*

САДАҚ ***көне.*** *Ағаштан иіп жасаған соғыс құралы, жақ.* Батырдың қолында ***садақ*** (Бегалин). ◊ **Садақ сыртты күшек сан** — *жотасы күжірейген, күшті.*

САДАҚА *Жоқ-жітіктерге ақшалай не заттай берілетін қайыр, құдайы.* Қайыршының ***садақадан*** жиналған тиыны азайды (Сақбаев). ◊ **Садақа етті (қылды)** — *құдайы үлестірілді.* **Садақа шалды** — *құдай жолына мал сойды.*

САДАҚБОЗ *Шөбі қалың шабындық, құнарлы жайылымдық жер.*

САДАҚКӨДЕ *Тікенекті шөптің бір түрі.* Тікенек шөпке жататын селеу, ***садақкөде*** (Ермеков).

САДАҚСАН *Бұрқіттің бір тегінің атауы.*

САДАҚТАЙ: садақтай атылды — *зу етті, зымырады.*

САДАҚШЫ *Садақты жақсы тартатын адам.* ~ қыз.

САДАН *Бет-жүзі, келбет-әлпет, түр-түсі, сұрпеті.* Табылар беті тегіс ***саданынан,*** балқытар сөзі қайда сөзіңдейін ("Айтыс").

САДЫРА I *Мал үйірі, шағын дәулет.* Алдыңа бес ***садыра*** біткен күні, қайтадан құдатамыр бұлақ етер (Жұмаділов).

САДЫРА II *Малдың қиы мен зәрі араласқан қоймалжың зат.* Қысқы ***садыра*** әлі кеппеген (Адамбеков).

САДЫРАЛА *Малдың іші өту, тышқақтау.* Мал екі-үш күн ***садыралап*** жүрді де, тез оңалып кетті (Тарази).

САДЫРАЛЫ *Лас, былғанышты.* ~ қора (шөпшалам).

САЖЫН *Үш кезге пара-пар ұзындық өлшемі.* Қалыңдығы үш жарым ***сажын*** тұз қабаты шықты (Ермұратов).

САЗ I 1. *Су араласып, батпаққа айналған топырақ.* Белорус ормандарында ***саздар*** көп болады (Т. Жанұзақов). 2. *Көгалы қалың, дымқыл алқап.* Саумал көл, алда сайран ***саз*** (С. Мәуленов). ◊ **Саз бет** — *ұялмайтын, бетсіз.* **Саз беттенді** — *сұрланды, сазарды.* **Сазға отырғызды** — *сан соқтырды, алдап кетті.*

САЗ II 1. *Үн, әуез, ырғақ.* Құрманғазы шығармаларының әсем ~ы тыңдаушыны бірден баурап өкетеді. 2. *Ауыс. Мәнді, мағыналы, маңызды.* Аз істесең де ***саз*** істе (Мақал).

САЗ III *Шығыс халықтарының шертіп ойнайтын шекті аспабы.*

САЗАЙ: *Жаза, зауал, сыбаға. Құдай сазайыңды берсін! (қарғыс).* **Сазайын (сазасын) тартты** — *мықтап жазалады, көресіні көрсетті, өз істеген жамандығы өзіне келді, есесі қайтты.*

САЗАН *Тұщы суда мекендейтін, еті тығыз, бағалы кәсіпті балық.*

САЗАНДАЙ: ақ сазандай — *толық, аппақ.* Ақ *сазандай* жұмыр сан жалт ете қалды (Т. Иманбеков).

САЗАР *Мелшіп қалу, бедірею.* Майлы бүйендей толық жігіт *сазарып* тұр (Сатыбалдин).

САЗАРЫҢҚЫ *Түнеріңкі, ашулы, ызалы.* Оның *сазарыңқы* өңін көргісі келмеді.

САЗАРЫС *Ашулы күй, ызалы қалып.* Тілеш ақ сары реңнің *сазарысынан* шошынды (Т. Әлімқұлов).

САЗГЕН *Саздан жасалған сырнай сияқты үрлемелі аспап.* Желбуаз, ~, дабыл, үілдек — музықалық аспаптар.

САЗҒЫЛТ *Саздауыт, саздау.* Жорғадан шаң шықпайтын *сазғылт* жердің тақ-тақ жолы (Жансүгіров).

САЗДА I 1. *Жер сыздану, ылғалдану, дымқылдану.* Жер бір *саздап,* гүлдер жайнап өсетін кез ғой (Есмырзаев). 2. *Батпаққа бату, балшықтау.* Машина Құлтемір өзенінің өткелінде *саздап* қалды (Жұмаділов). Машинамыз *саздап* балшықтап шыға алмай жатырмыз (Шаймерденов).

САЗДА II *Нәшіне келтіру, баптау.* Қоймашы *саздап* қана сәлем берді (Досжанов).

САЗДАЙ: саздай иледі — *дегеніне көндірді, айтқанын істетті.*

САЗДАҚ *Ылғалды, саздауыт, дымқыл.* Алма *саздақ* жерде де өседі (Хабибуллин).

САЗДАҚТЫ *Ылғалы мол, сазды.* ~ топырақ (жер).

САЗДАУЫТ *Сазы көп, саздақ.* Екеуі көкпеңбек *саздауытқа* жетті (Құрманаева).

САЗДЫ I *Балшық араласқан, батпақты.* Өзеннің арғы беті *сазды* ойпат (Балғабаев).

САЗДЫ II *Ырғақты, мәнерлі, әуезді.* Жұмабек *сазды* қазақ әнін шырқап жіберді (Тілегенов).

САЗДЫЛЫҚ *Әуезділік, ырғақтылық, әуенділік.* Ән о бастағы мың құбылған *саздылығын* жоғалтпаған (“Қаз. әдеб.”).

САЗҚҰНДЫЗ *Суда да, құрғақта да жүре алатын терісі бағалы аң; нутрия.*

САЗСЫРНАЙ *Үілдек аспаптар тобына жататын қазақтың ұлттық аспабы.* Ансамбльде ~, жетіген, асатаяқ болуы қуантады.

САЗШӨП *Өзен жағалауларында, ойпаттарда, сазды жерлерде өсетін жабайы өсімдік.*

САЗЫҒЫРЛАН *Саз сияқты болып тұтқырлану.*

САЗЫРАЙ *Бедірейіп сазару, саз беттену.* Сағи *сазырайған* күйде әлі отыр (Сегізбаев).

САЙ I 1. *Өзегі мен табаны жазық келетін, жары жоқ ойпаң жер.* Екі жотаның арасы жайдақ ~. 2. *Бас киімнің құранды бөліктері.* Құндыз бөркінің *сайларына* күміс қадатқан (С. Мұқанов). ◊ **Сайда саны, құмда ізі жоқ** — а) *қайда екені белгісіз, дерексіз;* ә) *берекесіз, шашыранды, есепте жоқ.* **Сайда саның, құмда ізің қалдырмады** — *ұшты-күйлі жоқ болды.* **Сайдың тасындай** — *таңдаулы, ірі, мықты.* **Сай сүйекті (сүйегін) сырқыратты [шымырлатты]** — *қайғыртып егілтті, қатты күйзелтті.*

САЙ II 1. *Сәйкес, лайық, дәл.* Ұқсас нәрселердің бәрі өз заманына *сай* туа бермек (Талжанов). 2. *Дайын, әзір.* Жігіттің жол жарағы *сай* болсын (М. Әуезов). ◊ **Сай келді** — *тура, дәл, тең келді.*

САЙ III *Белгілі бір межеге тоқталу, тірелу.* Строгов жақсы бір қиялға *сайды* (М. Әуезов).

САЙГЕЗ *Садақ оғының бір түрі.* “Садақ толған *сайгез* оқ, масағынан өткеріп...” (Доспанбет жырау).

САЙГҮЛІК *Шашасына шаң жұқпас жүйрік ат.* Ол *сайгүлігінің* қас-қабағына қараумен болатын (Сматаев).

САЙҒАҚ I *Жапан түз, кең далада үйір-үйір болып өмір сүретін аң; ақбөкен.* *Сайғақ* өткен даладан солдат та өтеді (Мақал).

САЙҒАҚ II 1. *Қару ретінде жұмсайтын қатты ағаш; сойыл.* Бәріміз түгелдей *сайғақ* алып, соңына түстік (Нұрманов). 2. *Зираттың басына белгі ретінде қойылған діңгек ағаш.* Есеннің бейітіне қарағай діңгектен *сайғақ* орнатқан (Бөкеев).

САЙДАҚ *көне. Ығай мен сығай, саңлақ.* Хан қасында *сайдақтар,* Қатыны жоқ бойдақтар (Қобыланды).

САЙДАҚТАЛ *Іріктелу, оқшаулану.* Бәйгеге аттары құйрықтары сүзіліп, *сайдақталып* шықты (Танекеев).

САЙДАҚТАТ *Айбақ-сайбақ ету, арбиту.* ~ып жазып отыр.

САЙДАҚЫ *жерг. Сұм, қу, сайқал.* Образдарда түлкі *сайдақы,* аю — аңқау ретінде сипатталады (Сиранов).

САЙДАУЫЛ *Таңдаулы, сайдақ, іріктелген.* Ылғи *сайдауыл* жігіттер лек-легімен аттанды (Мусин).

САЙҚАЛ 1. *Жеңіл жүріске салынған жезөкше, жәлеп, жүргіш. Сайқал* әйел өз қылмысын тіріде күйеуіне сездірмейді (“Қаз. әдеб.”). 2. *Ауыс. Алдамшы, әзәзіл, жалған, сиқыр.* ~ күлкі (мінез, сөз).

САЙҚАЛДАН *Өтірік көлгірсу.* ~ып сөйледі (күлді).

САЙҚАЛДАУ *Сиқырлау, көлгірлеу.* ~ күлкі.

САЙҚАЛДЫҚ *Әзәзілдік, қитұрқылық.* Данияров тәжірибелі ұрының *сайқалдығын* баппен бақты (Азиев).

САЙҚАЛСЫ *Өтірік көлгірсу, әзәзілдену.* Рымбек кісіге міндетсіп, *сайқалсып* жүретін (Молдағалиев).

САЙҚЫЛ *Су жиналған шұңқыр, ой жер. Сайқылға* түспе ащылы болады (Иманбаев).

САЙҚЫМАЗАҚ *Әжуа, келеке, келемеж.* Марқұм әзілкеш, *сайқымазақ* кісі еді (“Қаз. әдеб.”).

САЙҚЫМАЗАҚТА *Әжуалау, келемеждеу, мысқылдау.* Жігіттер оны *сайқымазақтап,* тәлкек қылды (Жансүгіров).

САЙҚЫМАЗАҚТЫ *Қуақылық, қалжыңбастық.* Шегенің “шеше” дегені *сайқымазақтық* (Нұржекеев).

САЙҚЫН *Мидай кең, ен дала. Сайқын* дала сайрап жатыр (Әміренов).

САЙЛА 1. *Дауыс беру жолымен басқару ісіне өкіл ету, дауыс беру.* “Теренөзек” колхозының жаңа председателін *сайлаймыз* (Бабақов). 2. *Дайындау, әзірлеу.* Саймандарымды *сайлап,* іске кірістік (Б. Әлімжанов).

САЙЛАНБАЛЫ *Сайлайтын, сайлауға тиісті.* ~ орын.

САЙЛАУ *Дауыс беріп, басқару ісіне өкіл таңдау ісі.* Қарабала алдағы келе жатқан *сайлау* туралы айтты (Шүкіров).

САЙЛАУЛЫ *Дайын, әзір.* Той жабдығы *сайлаулы,* ел күтіп отыр (Сыланов).

САЙЛАУШЫ *Сайлауға қатысушы, дауыс беруші.* ~ лармен кездесті, ~лар аманаты.

САЙЛАУЫТ I *Сайы көп, сайлы.* Толассыз жауған жаңбыр суы *сайлауыт* жерге іркілді (Бөкеев).

САЙЛАУЫТ II *Сақадай сайланған, әбден іріктелген.* Ауылдың ***сайлауыт*** жігіттері соғысқа аттанды (Мусин).

САЙЛЫ I *Сайы көп, қалың сай.* ~ жер.

САЙЛЫ II *Керек-жарағы сай, бәрі тұгел, лайық.* Бүркітшінің аты, жолдасы ***сайлы*** болу керек (Ш. Айманов).

САЙЛЫҚ *Керек-жарағы сай болярлық, тұгелдік.* Төрт құбыласының ***сайлығы*** шамалы (Ж. Молдағалиев).

САЙМАН *Құрал, аспап, керек-жарақ, бөлшек, құрал.* Құрылысқа керек ~ды жинап алдық.

САЙМАНДА *Жарақтау, сайлау, әзірлеу.* Ол қоңыр атын ***саймандап*** әзірледі (Ғ. Мүсірепов).

САЙМА-САЙ *Дұп-дұрыс, тұгел, лайық.* Бұл төрт түлігі ***сайма-сай*** шаруашылық (Есқожин).

САЙРА 1. *Бұлбұл сияқты әнші құстардың құйқылжыта әдемі ән шығаруы.* Қос терекгің басынан бұлбұл ***сайрады*** (М. Әуезов). 2. *Сарнап, тынбай сөйлеу, жағы сөнбеу.* Үміт сөзді күтіп тұрғандай ***сайрап*** қоя берді (Тілегенов). 3. ***Ауыс.*** *Анық-айқын көріну, қасқаю.* Даңғыл жол ұзыннан ұзақ ***сайрап*** жатыр (Әутәліпов).

САЙРАҒЫШ *Сайрай алатын, әнші, шешен.* ~ құс (адам).

САЙРАҚ *Ұзаққа апарар күре жол.* "Тоғыз жол торабы ***сайрақ***, пышақ жаны қайрақ" (мақал).

САЙРАМПАЗ *Көп сөйлейтін сөзуар, сөйлемпаз, тілмар.* Бұл ***сайрампаздардың*** аузына құм толтыру қиынға түспейтінін біледі (О. Сәрсенбаев).

САЙРАН 1. *Ойын-сауық, думан, қызық.* Жастық шақтың ***сайранына*** куә болған туған жер (Әзиев). ◊ **Сайран салды** — *қызық дәурен сүрді, ойнап — күлді, думандатты.*

САЙРАНДА *Сауық-сайран салу, думандату.* Міне, ~ған туған жер.

САЙРАНШЫЛ *Думанқұмар, сауыққой.* ~ жігіттер (жастар).

САЙРАУЫҚ *Сайрағыш, әнші.* Бұтаққа қонған ***сайрауық***, заржақ құстар тынбай әндетеді (О. Сәрсенбаев).

САЙ-САЛА *Су жүретін жыра, ойпаң жер.* Дала суы ***сай-саладан*** өзенге құйды (Рахимов).

САЙ-СҮЙЕК: сай-сүйегі сырқырады [шымырлады] — а) *қатты күйзелді, тұршікті;* ә) *тұла бойы қатты ауырды.*

САЙТАН *діни. Діни ұғым бойынша адамзатқа қарсы күш; жын-пері.* Қалың ағаш ішінде ~ көп дегенді естігем. 2. ***Ауыс.*** *Бірді-бірге соғатын сайқымазақ (адам).* Жәнібек ***сайтан*** күлдірмей қоюшы ме еді (Мұстафин). □ **Сайтан білсін** — *кім екені белгісіз, кім білсін.* ◊ **Сайтанның сабалағындай** — *ойда жоқ жерден, тұтқиылдан.* **Сайтаны ұстады** — *қырсықты, қасарысты.*

САЙТАНДАН *Сайтан мінезге салыну, сайтан тәріздену.* ~ған мінез (қимыл).

САЙТАНДЫҚ *Алдамшы, жалғаншы.* ~ жолға түсті.

САЙТАНСЫ *экспр. Өтірік монтансу, көлгірсу.* ~ күлді.

САЙТАНША: сайтанша жетіп келді — *кенеттен сап ете түсті.*

САЙЫН *Істің дұркіндік созылыңқылығын білдіретін шылау.* Жыл ~, күн ~, сағат ~.

САЙЫП: *:* **сайып келгенде** — *қорыта айтқанда, түптеп келгенде.*

САЙЫПКЕР *Сайысқа түсуге жетік адам; сайысшы.* Ол жылқы баласын танудың нағыз ***сайыпкері*** (Бақбергенов).

САЙЫПКЕРЛІК *Сайысқа түсуге жетілгендік, шеберлік.* ~гін жасады.

САЙЫПҚЫРАН *Асқан батыр, мықты, ер.* Есім ***сайыпқыран*** батырлығымен даңқы шыққан (Сәрсекеев).

САЙЫПҚЫРАНДЫҚ *Орасан ерлік, мықтылық.*

САЙЫС I *Адамдардың өзара күш, өнер салыстырып сайысқа түсуі, жарыс.* Спорт ~ы, өнер ~ы. ◊ **Сайысқа салды** — *жарысқа түсірді, жіберді.*

САЙЫС II *Тартысу, таласу, айтысу.* Өмір бойы ашық жаумен ***сайысып*** келе жатыр (Арыстанов). ◊ **Сайысқа түсті** — *күш сынасты, таласып-тартысты.*

САЙЫСКЕР *Сайыс өнеріне шебер.* Жамбылдың қасында ***сайыскер*** Мақыш бар (Бегалин).

САЙЫСТЫҚ *Сайысқа жарайтын.* Бір ***сайыстық*** емесін жігіт сезер (Жандыбаев).

САЙЫСШЫ *Сайыс шебері.* Жас ***сайысшылар*** үлкен жүлдеден үміткер ("Спорт").

САКСОФОН *муз. Үрлемелі музыкалық аспап.*

САҚ I *Қырағы, абай, көреген.* Ол жүрісі ***сақ***, сыбысын білдірмеуге тырысты (Тоқаев). ◊ **Сақ құлақ** — *бәрін біліп, сезіп отыратын адам.*

САҚ II *жерг. Ірі етіп жармаланған арпа, бидай, тары т. б. дақылдар дәні.*

САҚ: сақ етті — *а) саңқ етті; ә) сарт етті, дөп тиді.*

САҚА 1. *Асықтың ең үлкені, ірісі.* Таукеңмен құлжа ***сақаға*** талай таласқанбыз (Бердіқұлов). 2. ***Ауыс.*** *Жасамыс, үлкен, ірі, тәжірибелі.* ~ жігіт (айғыс). □ **Сақа тартты** — *қартайды, жасы келді.* ◊ **Сақа түйе** — *10 жастан асқан ірі түйелердің жалпы атауы.*

САҚАДАЙ *Ірі, үлкен, мықты.* ***Сақадай*** он жігітті таңдап алды (С. Нұрпейісов). ◊ **Сақадай сай [сайланды]** — *тас түйін, әзір дайын.*

САҚАЙ I *Есею, ер жету, үлкею.* Адамның есейіп ***сақайған*** мезгілі болады (Талжанов).

САҚАЙ II *жерг. Аурудан жазылып кету, сауығу.* Әбдіраш ***сақайып*** алды (Доспанбетов).

САҚАЛ *Еркек адамның иегіне, жағына шығатын түк.* Қария аппақ ***сақалына*** саусақтарын апарды (Иманбеков). ◊ **Сақалға ақ кірді** — *қартайды, мосқал тартты.* **Сақалды басымен [сақалы сапсиып]** — *үлкен басын кішірейтіп, дап-дардай боп.* **Сақалды құл жарытпас [кекесін]** — *кәнігі пысықайдың іс-әрекеті туралы айтылады.* **Сақал сипады [сақал сипап қалды]** — *құр алақан қалды, бәрінен жұрдай болды.* **Сақалын бұлдады [сатты]** — *үлкендігін бетке ұстады.* **Сақалын жұлды** — *күйіп-пісті, долданды.* **Сақалын сыйлады** — *жасы үлкендігін құрметтеді.*

САҚАЛАН *Есею, ер жету, ұлғаю.* Айтбала әбден ***сақаланғанда*** қолы жеткен жан серігі (Әлсеров).

САҚАЛАУ *Ересектеу, үлкендеу, мосқалдау.* ~ жігіт.

САҚАЛДЫ *Сақал шыққан, сақалы бар.* ◊ **Сақалды басымен** — *жасы үлкендігіне қарамастан.*

САҚАЛ-МҰРТ *Жоғарғы еріннің үстіне, жаққа, иекке шығатын түк.* Жігіттің ~ы өсіп кеткен.

САҚАЛТАЙ *Болар-болмас сақалы бар жыртқыш құс; қозықұмай.* Жыртқыш құстардың ең көріктісі — ***сақалтай*** немесе қозықұмай (Қыдырбаев).

САҚАЛ-ШАШ *Иек пен басқа шыққан түк.* Солдаттардың ~тары өскен.

САҚАЛЫҚ I *Сақа болуға жарайтын (асық). Сақалыққа* жарайтын бір асық алдым (Төреханов).

САҚАЛЫҚ II *Ер жеткендік, есейгендік, мосқалдық.* Сырбайдың өлеңінде ***сақалық*** пен тәжірибелілігі байқалды ("Қаз. әдеб.").

САҚАР I *Алабота, қалақай, торғай оты т. б. ащы шөптердің қайнатылған күлінен сүзіп алынған ұнтақ.* **Сақар** алаботаның, итсигектің күлін қайнатып алған ұнтақ (Қасиманов). ◊ **Сақар қайнатты** — *сақарға май, су қосып қайнатып, сабын жасады.* **Сақарға қайнатып алған [салған] сүйектей** — *өңі қашқан, құпқу.*

САҚАР II *діни. Ораза кезінде таң атпай ішетін ас; сәресі.* Кәрібай молда ***сақарын*** ішті (Майлин).

САҚАРШАМ *жерг. Сәресі ішетін мезгіл.* ***Сақаршам*** кезінде шалқалап ай туды (Сегізбаев).

САҚАУ I *Тілінің мүкісі, ақауы бар.* ***Сақау*** қыздың тілін анасы біледі (Мақал). □ **Сақаулар мектебі** — *сақау балаларды оқытатын арнайы мектеп.*

САҚАУ II *Құлын мен тайда болатын, тіл асты бөртіп, алқымы ісіп кететін жұқпалы ауру.* ***Сақау*** — құлын мен тайдың қызуын қатты көтереді (Наурызбаев).

САҚАУЛАН *Сөздерді дұрыс айта алмау, тілі мүкістену.* Қанатбек тілін төсеп, ***сақауланып*** сөйлейтін (Еділбаев).

САҚАУЛЫҚ *Тілдегі кемістік, мүкістік.*

САҚАУШӨП *бот. Шөптің бір түрі; қансигек.*

САҚБОЗ *Өте сақ, үркек.* Құсбегілер қаршығаны қолдарына ұстап, құстың ***сақбозы*** деп атайды ("Спорт").

САҚЕТЕР *Денеге қатты тиетін бос мойын шоқпар.* "***Сақетер*** тиді санымa, сақсырым толды қанымa" ("Бес ғасыр жырлайды").

САҚИ I *Қолы ашық, жомарт, мырза.*

САҚИ II *Қақайып тік тұру, сіресу.*

САҚИЛЫҚ *Жомарттық, мырзалық.* ◊ **Сақилыққа қол салды** — *қолы ашылды.*

САҚИНА I 1. *Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалатын жүзік.* Қыздың саусақтарындағы ***сақиналар*** жарқ ете түсті (Бейсенова). 2. *Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т. б. жасалған дөңгелек шеңбер.* Біздер су құзғындарының мойнына **сақина** кигіздік ("Қаз. әдеб.").

САҚИНА II *Ұстамалы бас ауруы (мигрень).* Сырқатының сыры, терлемей басылмайтын — ***сақина*** (Бабақов). ◊ **Сақинасы ұстады** — *басы ауырып қалды.*

САҚИНАЛА *Шеңбер салу, дөңгелектеу, сақина кигізу.* Құсты ~ды.

САҚИНЕК *Қылыштың, пышақтың, біздің сапқа жетесі сұғынған жерін қысып ұстап тұратын шығыр.*

САҚПАН I *Төл алу кезіндегі қойшылардың жәрдемшісі. Сақпанға* жоғары класс оқушылары барады (Бейсенова).

САҚПАН II *көне. Тас атуға арналған ойыншық құрал.* Ол *сақпан* тасындай атылды (Сматаев).

САҚПАНШЫ *Жаңа туған қозы-лақты бағып-қағушы адам.* ~лар қозыға ойдағыдай күтім жасады.

САҚПАНШЫЛЫҚ *Төл алуға көмектесушілік.* ~қа жіберді.

САҚ-САҚ: сақ-сақ күлді — *сақылдап қатты күлді.*

САҚСИ *Тістердің ақсиып көрінуі, ақсию.* Тістері ***сақсиып*** кетті (Б. Қыдырбекұлы).

САҚСЫЗДЫҚ *Бейқамдық, қамсыздық.*

САҚСЫН *Қырағы, сақ болғансу.* Өте қараңғы түндерден ***сақсынып***, қораның шетіне қисайды (Ақтаев).

САҚТА 1. *Қолда ұзақ ұстау, көп тұру.* Түркияның ұлттық музейінде бір хат төрт ғасыр бойы ***сақталды*** (Ғалам ғажап). 2. *Аман алып қалу.* Жан ~ды, ажалдан ~ды.

САҚТАҒЫШ *Бір нәрсені сақтайтын.* Сыр ~, есіне ~.

САҚТАНЫС *Сақтанғандық, қорғаныс, сақтық.* Олар ~ үстінде.

САҚТАУШЫ *Бір нәрседен сақтап қорғаушы.* Оның бар ***сақтаушысы*** тек мына меңіреу тас қараңғылық (Өзиев).

САҚТЫҚ *Сақ болушылық, қырағылық, абай болушылық.* Шал ***сақтық*** үшін қайығының шынжырына құлып салды (Қ. Ысқақов). □ **Сақтық банкі** — *ақша сақтайтын халық банкісі.* **Сақтық қор** — *сақтап қойылған қажетті дүние.* ◊ **Сақтық жасады** — *абай болды, сақтанды.*

САҚУАТТЫ *Бесаспап, өнерлі.* Әрі сері, әрі жомарт, ***сақуатты*** ("Батырлар жыры").

САҚШЫ *Бір нәрсені қорғаушы, сақтаушы; Отан шекарасын қорғаушы әскер.* Шекара ~сы.

САҚШЫЛЫҚ *Қырағылық, күзетшілік.* Мызғымай ***сақшылық*** етеді (Ш. Мұртазаев).

САҚЫЛДА 1. *Сақ-сақ еткен дыбыс шығару.* Олардың жақын келгендері ***сақылдап***, үстіне құмды боратып жатыр (Мағзұмов). 2. *Сұйық заттың қатты бұрқылдауы, қайнауы.* Айсұлу ***сақылдап*** тұрған ыстық суды шаша салды (Мырзахметов). 3. *Қатты күлу.* Қыз ~п күліп, мәз болды. ◊ **Сақылдаған сары аяз** — *өте қатты суық.*

САҚЫЛДАҚ *Сақылдаған қатты дыбыс.* ***Сақылдақ*** аяңмен жүріп отырмын (Жұмақанов).

САҚЫН *Сақтық, қырағылық.* Дүшпаныңнан бір ***сақын***, достарыңнан мың ***сақын*** (Шалкиіз жырау).

САҚЫР: сақыр етті — *сақылдаған дыбыс шығарды.*

САҚЫРЛА 1. *Сақыр-сұқыр дыбыс шығару.* Трактор ~п кеп тоқтады. 2. *Қатты қайнау.* ~п су қайнады.

САҚЫР-САҚЫР *Сақырлаған дыбыс; сақыр-сұқыр.*

САҚЫР-СҰҚЫР: сақыр-сұқыр етті — *сақырлады, сақыр-сақыр етті.*

САЛ I *Терең сулардан өту үшін бірін-біріне байластырған бөрене кеспелтек ағаштар.* Біреулер ***салға*** асылып жүзіп келеді. ◊ **Сал ағызды** — *кесілген ағаштарды өзен бойымен жіберді.* **Салы суға кетті** — *еңсесі түсті, ренжіді.*

САЛ II *Денені жансыздандырып, қозғалтпай тастайтын ауру.* Мәди *сал* ауру болып жатып қалды (Ә. Әбішев). ◊ **Сал бөксе болды [етті]** — *әбден қалжырады, шаршады.* **Сал бөкселік** — *орнынан тез тұра алмаушылық, сылбырлық.* **Сал сүйек** — *селқос, жалқау.* **Сал төсек болды** — *тұра алмай, төсек тартып жатып қалды.*

САЛ III *көне. Сәнді киініп, ерекшеленіп жүретін сері әнші, мырза.* Бәйтен ***салдың*** кигені сары ала биқасап (Ақышев).

САЛ IV 1. *Затты, нәрсені бір жерге қою, орналастыру.* Ол ақшаны қалтасына ~ды. 2. *Үй жасау, құру.* Мектеп ~ды, үй ~ды. 3. *Көмекші сөздермен тіркесіп келіп еріп қалу, іру мағынасын білдіреді.* ~ып жіберді (өтті). 4. *Зат есіммен тіркесіп айту, мәлімдеу мағынасын білдіреді.* Жар ~ды, ұран ~ды, ән ~ды. 5. *Етістік сөздермен тіркесіп, көмекшілік қызмет атқарады.* Өңі бұзылып ***сала*** берді (Тілегенов). ◊ **Салған бетте [бойда]** — *бірден, алғаш бастағанда.* **Салған бойы [бойымен]** — *тоқтамай жүріп, тура жүріп.* ◊ **Салған жерден** — *ә дегеннен, бірден.* ◊ **Салып ұрып [отырып]** — *тез, шапшаң жүріп.*

САЛА 1. *Қатарласа созылған сайдың тізбегі, өзен арнасының тарауы, айырығы.* Туған жердің ылдиы, өрі, сайы, ***саласы*** алақанымда (С. Мұқанов). 2. *Тармақ, тарау, бөлік.* Гравитациялық биология атты жаңа ***сала*** дүниеге келді (Білгенге маржан).

САЛА: сала құлаш — *кере құлаш, ұзын.* Пілдің тілі ***сала*** құлаш екен.

САЛАБА 1. *Тозығы жеткен, алба-жұлба.* Тұрдыбек ауыз үйдегі төселген ***салаба*** ескі құрым киіздің үстінде отыр (Соқпақбаев). 2. *Лас, кір-қожалақ.* ***Салаба*** сары қатынның айтқаны өтірік (Көшімов). ◊ **Салабасы шықты** — *быт-шыты шықты, тозды.*

САЛАҚ *Шаруаға ыңғайы жоқ қырсыз, ұқыпсыз.* Олақтан да **салақ** жаман (Мақал).

САЛАҚ: салақ-салақ етті — *салпақтады, салақтады.*

САЛАҚПАН *көне. Садақ тәрізді атылатын қарудың түрі.* ***Салақпанымды*** қолға алып, толғап-толғап тартып қалдым (Әбдіразақов).

САЛАҚСЫ *Бір нәрсеге мән бермеу, немкетті қарау.* Ол қабілетті еді, соңғы кезде ***салақсып*** кетті (Беркімбаев).

САЛАҚТА 1. *Салақ-салақ ету, салбырау, шұбатылып бұлғаңдау.* Ол екі аяғы ~п келе жатыр. Тілі ~ды, етегі ~ды. 2. *Бостан-бос жүру, салпақтау.* Жігіт жұмыс істемей құр ***салақтап*** жүр (Жүнісов).

САЛАҚТАУ *Шаруаға икемі жоқ, ұқыпсыздау.* ~ адам (әйел).

САЛАҚТЫҚ *Ұқыпсыздық, немкеттілік.* Іске ~, ~ жасады.

САЛАЛА *Сала-салаға бөлу, жүйелеу, тармақтау.* Шашын ***салалап*** ұзақ тарады (Беркембаев). Жұмысты ***салалап*** айта бастадым (Нұршайықов).

САЛАЛАС *Тармақтас, құрамдас.* Бұл әдісті ***салалас*** кәсіпорындардың игілігіне айналдыру керек (Еділбаев). □ **Салалас құрмалас** (*грамм.*) — *құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысқан құрмалас сөйлемнің түрі.*

САЛАЛЫ 1. *Ұзындау болып келген, тарамды.* Қыз ~ саусақтарын майыстыра іс тігіп отыр. 2. *Тармағы мол, көп тараулы.* Бұл көп ~ кәсіпорын.

САЛАЛЫҚ *Аймақтық, кәсіптік.* ~ бірлестіктер.

САЛААРАЛЫҚ *Ғылымның, өндірістің т. б. салалардың тоғыспалы аралығы.* ***Салааралық*** сипаттағы ғылыми — техникалық міндеттерді шешу көзделген ("Соц. Қаз.").

САЛАҢ: салаң ете қалды — *аяқ астынан сопаң етті.*

САЛАҢДА *Салаң-салаң ету, салпаңдау.* Әкесі ***салаңдаған*** бірдемені киіктің бауырынан суырып алды (Нұрманов).

САЛА-САЛА *Тарам-тарам, тармақ-тармақ. бөлім-бөлім.* ~ өзен (тармақ).

САЛАТ *Жеміс-жидектен әр түрлі тұздық құйылып жасалған тәбет ашатын салқын тағам.*

САЛАУАТ I *Шүкір, қанағат.* Үлкендер барға қанағат, жоққа ***салауат*** айтысты (Мизамбеков). ◊ **Салауат жасады** — *қоштасты.* **Салауат күтіп тұр** — *ұлықсат күтіп тұр.*

САЛАУАТ II *көне. Текке, босқа.* Қызды жастай атастырып мал берсе, өскен соң ол басқаға барса, онда қалың мал ***салауат*** кетеді ("Айқап").

САЛАУАТТАС *Қоштасу, тілдесу.* Өзіңнен соңғы рет ***салауаттасып*** кетейін деген едім (Б. Тәжібаев).

САЛАУАТТЫ *Парасатты, байыпты.* ~ пікір (ой, сөз, адам).

САЛАУАТТЫҚ *Саулық, амандық.* Жанына ***салауаттық*** тіледі (Шаймерденов).

САЛАУАТТЫЛЫҚ *Парасаттылық, байыптылық.* Оның байсалды сөзінде ~ мол.

САЛАУМАЛЕЙКУМ *Сәлеметсіз бе? Амансыз ба? Салаумалейкум!* — деді жүргінші (Б. Майлин).

САЛБАҢДА *Салбаң-салбаң, жалбаң-жалбаң ету, салбаңдау.* Жапырақ есектің құлағындай ***салпаңдап*** тұр (От ортасы).

САЛБУРЫН *Көп адамның қос тігіп, бұркітпен апталып аңға шығуы.* ***Салбурынға*** қатысқандар бүркіт иесі құсбегіне бағынады (Сейдімбеков).

САЛБЫР *Салбыраған, салыңқы.* Есік алдында тұрған ***салбыр*** ұрт, шиқан бет кісі екен (Арыстанов).

САЛБЫРА 1. *Төмен қарай түсіп тұру, салақтау.* Құстың қанаттары ***салбырап*** әрең-әрең қозғалды (Бақбергенов). 2. *Ауыс. Еңсесі түсу, тұнжырау.* Аз күнде жігіттің сағы сынып, иығы ***салбырап*** кетті (Бектұрғанов).

САЛБЫРАҢҚЫ 1. *Сәл түсіңкі, салыңқы, салбыраған.* Жаппардың ***салбыраңқы*** қабағының алды дір-дір етті (Оразалин). 2. *Ауыс. Еңсесі түсіңкі, көңілсіз, тұнжыраңқы.* Нағиманың қабағы көрінеу ***салбыраңқы*** (Т. Әлімқұлов).

САЛБЫР-САЛАҚ *Қалай болса солай, іркіс-тіркіс.* Жігіттердің өздері де ***салбыр-салақ*** топыр еді (Х. Есенжанов). ~ топыр.

САЛҒАННАН *Салған жерден, а дегеннен, бірден, басталысымен.* Думан ***салғаннан*** бар көңілін Ділдәға бөлді (Қойшыбаев).

САЛҒАСТЫР *Салыстыру, теңестіріп көру.* Ескі тізіммен ~ды.

САЛҒЫЛА *Қайта-қайта салып жіберу, ұрғылау.* Ол баласын шапалақпен ~ды.

САЛҒЫЛАС *Айтысу, пікір таластыру.* ~аса берді, сөзбен ~ты.

САЛҒЫРТ I *Немқұрайды, селқос, көңілсіз.* ~ тартып тыңдады.

САЛҒЫРТ II *көне. Салық, алым.* Шаруалар феодалдарға ***салғырт*** төледі (Қаз. тарихы).

САЛҒЫРТ-САЛАҚ *Селсоқ, бейқам.* Қимылы болпыш, ***салғырт-салақ*** (М. Әуезов).

САЛҒЫРТТАН *Енжарлану, селсоқтану, көңілсіздену.*

САЛҒЫРТТАУ *Селсоқтау, сүлесоқтау.* ~ отыр (тыңдады, істеді).

САЛҒЫРТТЫҚ *Селсоқтық, енжарлық,* Жұмысқа ~ байқалады. ◊ **Салғырттыққа салынды** — *немқұрайды істеді.*

САЛҒЫШ 1. *Бірдеме (зат, нәрсе) салынатын ыдыс.* Нан ~, күл ~. 2. *Белгілі бір сөздермен тіркесіп шебер, майталман мағынасын білдіреді.* Ән ~, үй ~.

САЛҒЫШТА *Тықпалау, тыққыштау.* Тамақты аузыма ***салғыштап*** жатырмын (Қанахин).

САЛДАҚЫ *Сайқал, жүзі қара, залым.* Ол әркімнен қалған ***салдақы*** еді (Мыңжасарова).

САЛДАҚЫЛЫҚ *Жүзі қаралық, сайқалдық.*

САЛДАМА *көне. Әбден тозған, ескі.* ***Салдамасы*** шыққан ескі машина жол ортада бұзылды (Қабанбаев).

САЛДАМАЛЫҚ *Ескілік, кертартпалық.* Рухани ~.

САЛДАН *Сал тарту, денесі ауырлау.* Ауруға шалдыққан адамның аяқ-қолы, бөксесі ***салданады*** (Исамбаев).

САЛДАР *Нәтиже, себеп.* Соғыстың ~ынан мүгедек болды.

САЛДАРЛАС *Себептес, байланысты.* ~ сипаты бар.

САЛДАРЛЫ *Байыпты, салмақты, салауатты.* ***Салдарлы*** адам қамында мұрнын бір шүйіріп, тоқтай қалды (Ғ. Сыланов).

САЛДАРЛЫҚ *Байсалдылық, салмақтылық.*

САЛДАУ I *Сырық, сырғауыл.* ***Салдауы*** майысып әрең тұр (Мағауин).

САЛДАУ II *Аздаған салдығы бар, кербездеу.* Өзі ~ жігіт.

САЛДАУЫР *Салмағы бар ауыр зат.* Шлангты ~ байлап су түбіне батырдық.

САЛДУАР *Аудың астына байлайтын, қармақтың ілмесінің сағасына тағатын ауыр зат.* Қарт ***салдуармен*** шырмалып қалған ауды ажыратты (Қасиманов).

САЛДЫҚ *Салға тән мінез.* ◊ **Салдық құрды** — *салдарша киініп, қызық қуды.*

САЛДЫР *Заттардың бір-біріне соқтығысуынан болатын дыбыс, қаңғыр-күңгір.* Машина ~ы, арба ~ы.

САЛДЫРА 1. *Қаңғыр-күңгір ету, қаңғырлау.* Босаға маңы ***салдырап*** кетті (Нұрмағамбетов). 2. *Ауыс. Әлсіреу, босау.* Иығы ~п қалыпты.

САЛДЫРАҚ *Салдыр-гүлдір еткен, салдырлық.* ~ арба (қаңылтыр).

САЛДЫРАУЫҚ *Салдыр-салдыр ететін, салдырлақ.* ~ машина (арба).

САЛДЫР-ГҮЛДІР *Қаңғыр-күңгір, тарсыл-гүрсіл.* Терезе ***салдыр-гүлдір*** етіп, әйнегі быт-шыт болды (Дүйсенов).

САЛДЫРЛА *Заттардың бір-біріне соқтығысуынан болатын қаңғырлау.* Леген мен шелек ***салдырлап*** үй-ішін түгел оятты ("Қаз. әдеб.").

САЛДЫРЛАҚ *Аузын ашса көмекейі көрінетін аңқау, ақ көңіл.* Келінім ақ көңіл, ***салдырлақ*** болатын (Есенберлин).

САЛДЫР-САЛАҚ *Не нәрсеге де ат үсті қарайтын ұқыпсыз, орашолақ.* ~ адам (Киілген киім, жиналған жүк).

САЛДЫР-САЛАҚТЫҚ *Немқұрайдылық, ұқыпсыздық.* ~ғы көрініп тұр.

САЛДЫР-СҰЛДЫР *Салдыр-күлдір, қаңғыр-күңгір.* ***Салдыр-сұлдыр*** есік ашылды (Ысқақов).

САЛДЫРТЫП *Қатты жүріп, салып-ұрып.* Күшік ***салдыртып*** артымыздан келді ("Қаз. әдеб.").

САЛИҚАЛАН *Салмақтану, байсалдану.* Жігіт ***салиқалана*** қалыпты (Дәулетбаев).

САЛИҚАЛЫ *Байсалды, ұстамды.* ~ әйел (азамат, сөз).

САЛҚА: салқа жортты — *жедел шапшаң жүрді.*

САЛҚАЛА *көне. Айқын көріну, қалқу.* Ақ балықтар шалшық судың бетіне ***салқалап*** шыға келді (Дүзенов).

САЛҚАМ *Тозығы жеткен, алқам-салқам.* Әкем ***салқамы*** шыққан төсек ағаштың үстінде отыр (Әбдіқадыров).

САЛҚАМДАН *Дал-дал болған қирап қалған.* ~ған киім (сайман).

САЛҚАМСОҚ *Салдыр-салақ, алқам-салқам.*

САЛҚАМСОҚТАУ *Қалай болса солай, алқам-салқамдау.* Кетіп қалғаның не? — деп аузын бұртитты ***салқамсоқтау*** Сырым (Ф. Оңғарсынова).

САЛҚАР *Кең, мол, шалқар.* ~ көш (дала).

САЛҚИ *Солпаю, салпию.* Төсек жанында ***салқиып*** Ханшайым тұр (Құмарова).

САЛҚЫ: салқы төс — *төсі түсіңкі, салпиған.*

САЛҚЫЛДА *Салқ-салқ ету; солқылдау.* Айғанымның толық білегі төменгі жағы ***салқылдап,*** салбырап кеткен (С. Мұқанов).

САЛҚЫЛЫҚ *Селсоқтық, босаңдық, енжарлық.* Жігіттіктің қадірін ғылыммен біл, ***Салқылық,*** салақтықты былай қой да (Үш ғасыр).

САЛҚЫНДА 1. *Суық тарту, күн суыту.* Күн ~п кетті. 2. *Ауыс. Адамдар арасындағы қатынастың сиреуі, нашарлауы.* Екеуінің арасы ***салқындап*** бара жатқан сияқты ("Қаз. әдеб.").

САЛҚЫНДАТҚЫШ *Өндіріс салалары мен тұрмыс қажетінде ауаны салқындату үшін қолданылатын құрал.*

САЛҚЫНДАУ 1. *Суықтау, ызғарлылау.* Үй ***салқындау*** екен (Оразалин). 2. *Ауыс. Селсоқтау, көңілсіздеу.* ~ амандасты (қарады).

САЛҚЫНДЫҚ 1. *Суық болушылық, ызғары барлық.* Үйдің ***салқындығымен*** бойым дірілдеңкіреді (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Енжарлық, салғырттық, селқостық.* Салғырттық өнерге ***салқындық*** туғызады (І. Омаров). 3. *Ауыс. Реніш, араздық.* Аралары на ~ кірді.

САЛҚЫН-САЛҒЫРТ *Немқұрайды, селсоқ.* Жұмысқа ***салқын-салғырт*** қарауға болмайды ("Қаз. әдеб.").

САЛМА I *кәсіб. Егінге су жіберетін арық.* Су ие бермей ***салманы*** жарып кетті (Шүкіров).

САЛМА II *Құлып салу үшін есікті бастырып тұратын темір.* Есіктің сыртында жуандығы білектей темір ***салма*** бар (Ақышев).

САЛМА III *жерг. Терең құдықтан қауға шелекті көтеріп шығару үшін жасалған аумалы ағаш құрал.*

САЛМА IV *Жайған қамырды үзіп-үзіп суға сап қайнатып жасалған тағам.*

САЛМАҚ 1. *Заттың, нәрсенің ауырлығы.* Өзінде ешқандай ***салмақ*** қалмаған ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауырт-*

пашылық, қиыншылық. Бүкіл бір мектептің жарты *салмағы* менің мойнымда (Ғ. Қабышев). 3. *Ауыс. Атақ-абырой, бедел.* Аға сұлтаннан Шорманның *салмағы* әлдеқайда басым (Ақышев). ◊ **Салмағы артты** — *ауырлады, семірді.* **Салмақ салды** — *бір нәрсені орындауды міндеттеді, жүктеді, міндет артты.*

САЛМАҚПЕН *Байсалдылықпен, байыппен* ~ сөйледі (көрді, айтты).

САЛМАҚТА 1. *Ауырлығын байқап көру, салмағын сынау.* Командир қол жүктерімізді *салмақтап* қарады (Ә. Сәрсенбаев). 2. *Ауыс. Ақыл таразысына салу, ойлану.* Мәкен бәйбіше өзі естіген сөзді сынап, *салмақтап* отырушы еді (М. Әуезов).

САЛМАҚТАН *Байсалды болғансу, қадірін арттыру.* Қатын алсаң қалмақтан, төрде жатып *салмақтан* (Бұқар жырау).

САЛМАҚТЫ 1. *Салмағы көп, салмағы ауыр.* Егін *салмақты* дәнін көтере алмай, сабағынан майысты (Рашев). 2. *Ауыс. Байсалды, байыпты, орнықты.* ~ ой (пікір, сөз).

САЛМАҚТЫҚ *Ауырлық, салмақтылық.* Спорттық ~ категориялар.

САЛМАҚТЫЛАУ *Ауырлау, салмағы артықтау.* Ол Қуатқа қарағанда *салмақтылау* (Келімбетов).

САЛМАҚТЫЛЫҚ 1. *Салмағы ауырлық, артықшылық.* Ең маңызды көрсеткіш — тұқымның толық *салмақтылығы* (Ерлепесов). 2. *Ауыс. Байсалдылық, байыптылық.* Сөз ~ғы, ой ~ғы, пікір ~ғы.

САЛМАҚТЫРАҚ *Ауырырақ, күштірек, маңыздырақ.* ~ көрінді (болды).

САЛОН *Кеме, самолет, автобус т. б. ішінде жолаушылар отыратын орын.*

САЛП: салп етті — *заттың, нәрсенің жерге түсіп кеткендегі шығатын дыбысы.*

САЛПАҚ *Әрлі-берлі бос сабылғандық, салпаң.* Осы *салпаққа* Сарыбай мен түйе шаршар емес (С. Мұқанов).

САЛПАҚТА *Сабылып көп жүру, сандалу, салпаңдау.* Ол артымыздан *салпақтап* жүріп келеді (Алдамжаров).

САЛПАҢБАЙ *Құр сандалатын, пәтуасыз, берекесіз.* Бұлар жай ~лар ғой.

САЛПАҢДА 1. *Салпаң-салпаң ету, салбырау.* Піл *салпаңдаған* тұмсығымен ауыр бөренелерді іліп алып жүре береді (Айтматов). 2. *Ауыс. Сандалып бос жүру, әуре болу.* Сидиған салт басымен *салпаңдап* жүре беріппін (Шамкенов).

САЛПИ *Салбырау, төмен түсу.* Ол ерні *салпиып* көмекейіне шейін көріне күлді (Оразалин).

САЛПЫ *Салбыраған, төмен түсіңкіреген. Салпы* ауыз Андрейдің дүкені ашық тұр (Мұстафин). ◊ **Салпы етек** — *жинақы емес; салақ.*

САЛПЫЛ *Салпылдаған қозғалыс.* Жас ат мойнындағы қамыттың *салпылынан* үрікті (Бәйшешек).

САЛПЫЛАУ *Салпыңқылау, салбыраңқы.* ~ біткен ерін.

САЛПЫЛДА 1. *Салақтау, салбырау.* Шерниязды омырауынан алтын сағаттың бауы *салпылдап* тұр (Ә. Әбішев). 2. *Ауыс. Бос сандалу, салпаңдау.* Баласы ~п қасынан қалмады.

САЛПЫЛДАҚ *Салп-салп еткен; салпыншақ.* Ғалияның құлағында *салпылдақ* алтын сырғасы жалтырайды (Тарази).

САЛПЫНШАҚ *Ат әбзелдерінде ұзбелі, өрнекті салбырап тұратын әшекейлер. Салпыншақтың* шашағы ретінде жылқының қылын қосып сыратын болған (Сейдімбеков).

САЛ-САЛ *Быт-шыт, дал-дал.* Өне бойы сал-сал қозғала алмай қалыпты (Ақышев).

САЛ-СЕРІ *Әнші-күйші бозбала, сылқым жігіт.* Әлжан Біржанның *сал-серілері* тобына қосылған жігіт ("Қаз. әдеб".).

САЛ: сал сойыл — *әпербақан, ұрдажық.* **Сал сүйек** — *бос, болжыр (адам).*

САЛТ I *Ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып, дәстүр.*

САЛТ II *Жеке, жалғыз; бір өзі.* Ол *салт* күйі, қоскa беттеді (Қайырбеков). □ **Салт атты** — *атқа салт мінген.* **Салт басты, сабау қамшылы** — *бір өзі, бойдақ.*

САЛТАҚ *Былғанған, лас, кір, сағал-сағал.* Қоңыр көйлегіне шай төгіліп, *салтақ* дақ қалды (Аманшин).

САЛТАҚ-САЛТАҚ *Кір-кір, жағал-жағал.*

САЛТАҚТА *Ластау, былғау.* Лай су төгіліп үсті-басымды *салтақтап* тастады ("Қаз. әдеб.").

САЛТАНАТ *Мейрамда, тойда болатын сәулетті, сәнді көрініс.* Жалмұқан тобы өз *салтанатымен* ұзап барады (С. Жүнісов). □ **Салтанат сарайы** — *мерекелі жиындарды өткізетін сәнді сарай.* ◊ **Салтанат құрды** — *мерейі үстем болды, дәуірледі.*

САЛТАНАТТА *Мерекелеу, мейрамдау, тойлау, тамашалау.* Қызықты біздер көріп, ~п жатырмыз.

САЛТАНАТТЫ *Сәнді, сәулетті, тамашалы.* ~ күн (музыка, жиын).

САЛТАНАТТЫЛЫҚ *Сәнділік, әдемілік.* Киімнің ~ғына қарап тұр.

САЛТАҢ *Жеке, жалғыз бас.* Ол сыланбаған *салтаң* келіншек (Еділбаев). ◊ **Салтаң жүріс** — *жүксіз бос жүріс.*

САЛТҚЫ *Қақпаны ішінен жабатын көлденең ағаш.* Ол қақпа *салтқысын* бір жағына сырғытты (Тоғысбаев).

САЛТ-МАШЫҚ *Халық тұрмысында ертеден қалыптасқан әдет-ғұрып.* Біз олардың елдік *салт — машығынан* біраз жайлар естідік (М. Әуезов).

САЛТ-САНА *Қоғамдық ойдың, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың жиынтығы.* Халықтық *салт-сана,* дәстүрлерді өмірге енгізуді қолға алды ("Қаз. әдеб.").

САЛТТА *Салт, жеке-дара жүру.* Ол алғашында туысының үйіне жатып *салттап* істеді (Досжанов).

САЛУАЛЫ *ұ. Салауатты.* ~ адам (пікір, сөз).

САЛУАТ *Біреуден алашақ еңбегін, ақысын алмай бос жіберу; кешіру. Салуат* кешіру, кешірімді білдіреді (Қасиманов).

САЛУЛЫ *Жайып қойған, төселген.* ~ төсек (текемет, көрпе). ◊ **Салулы төсек, салқын үй** — *жайлы, қолайлы жағдай.*

САЛУЫ: аузының салуы бар — *несібелі кәсіпті, бір нәрсенің сәті түскіш, салымды.*

САЛФЕТКА *Тамақ ішкеннен кейін қолымен ауызды сүртетін жұқа қағаз, шүберектен тігілген қол орамал.* ~мен сүртті, ~ны жайды.

САЛЫҚ *Жеке адамдар мен кәсіпорындардан міндетті түрде алынатын мемлекеттік алым.* ◊ **Салық етті (қылды)** — *кінә қойды, бетіне басты.* **Салық салды** — *алым алатын болды.*

САЛЫҚШЫ *көне. Салық жинаушы.* Ауылға ~лар келіпті.

САЛЫМ I *Екі мәре аралығында тартылатын көкпар.* ***Салым*** болып, белді, білекті жігіт атқа мінді (Байжанов). ◊ **Салым — көкпар тартты, салымға қатысты.**

САЛЫМ II *Бұйырған нәрсе, ырзық, несібе.* Туғаннан ***салымы*** бөлек жаратылған (самғау). ◊ **Салымы жоқ — *жолы болмайтын, несібесіз.***

САЛЫМ III *Қарай, таман, жуық.* Күзге ~, жазға ~.

САЛЫМДЫ *Жолы болғыш, несібелі.* Ол Қармақшының бәрінен ***салымды*** екен (Бердіқұлов). ◊ **Салымды бос (тілек) — *жолы болсын, табысты бол.***

САЛЫМСЫЗ *Жолы болмайтын, жолы ауыр.*

САЛЫН 1. *ыр. етіс. Сал-ын.* 2. *Бір нәрсенің соңына қатты тұсу, берілу.* Тоғышарлыққа ~ды, өзім білемге ~ды, сары уайымға ~ды.

САЛЫНДЫ *Су тасыған кезде жағаға шығып қалатын ағаш, шөп-шалам.* Ойдым-ойдым іркінді қара суды ***салынды*** басып кеткен (Сейдімбеков).

САЛЫҢҚЫ 1. *Түсіңкі, салпы, салбыраңқы.* Сергей төменгі ерні ***салыңқы*** жігіт еді (Момышұлы). 2. *Ауыс. Пәс, қатыңқы, тұнжыраңқы.* Қабағы ~, жүзі ~.

САЛЫҢҚЫЛАУ *Сәл түсіңкі, салбыраңқы, қатыңқылау.* Қабағы ~.

САЛЫП-ҰРЫП *Асығып-үсігіп, тез, шапшаң.* ~ келеді (жетті).

САЛЫС 1. *орт. етіс. Сал-ыс.* 2. *Бәсекеге түсу, жарысу, салғыласу.* ***Салысатын*** жер осы, аянба (Жұмалиев).

САЛЫСТЫР *Екі не одан да көп нәрселер мен құбылыстардың артық-кемдігін сарапқа салу, салғастыру.* Өмірдегі жақсы мен жаманды ***салыстырып*** қараймын (Беркімбаев).

САЛЫСТЫРМАЛЫ *Бірімен-бірі салыстыратын.* ~ мысал (әдіс, талдау).

САЛЫСТЫРУШЫ *Салыстыра қараушы, сарапшы.*

САЛЬДО *Кіріс пен шығыс арасындағы айырма.*

САЛЮТ 1. *Салтанатты жағдайда не мереке құрметіне арнап аспандата атылатын қызылды-жасылды фейерверк және әскери адамдардың қолын шекесіне қойып құрмет көрсету, сәлемдесу белгісі.*

САМ *Кешкі шам жағылар кез; ымырт, бейуақ.* Жұлдыздардың көрінуі ***сам*** жарығының ұзақтығына байланысты (Х. Әбішев). ◊ **Сам жамырады — *ымырт түсті, қараңғылық қоюланды.***

САМА *Демдеген шайдың қалдығы; шама.* Соңғы қайнатым шайдың ***самасын*** төгіп тастадым. (Асқаров).

САМАЙ *Бас сүйектің құлақ пен маңдай аралығындағы екі жақ бөлігі.* Ол алақанымен ***самайын*** уқалай берді (Сарғасқаев).

САМАЙЛАТ *Бүкіл самайын жауып, самайын бастыру.* Құсайынбек ақ кенеп кепкесін ***самайлата*** киді (Жігер).

САМАЙЛЫ: ақ (күміс, қырау) самайлы — *самайына ақ түскен, самай шашы ағарған.*

САМАЙЛЫҚ *Кимешектің, бас киімнің самай тұсы.* Әйелдердің *самайлығынан* шып-шып тер шықты (Мусин).

САМАЛ I *Жанға жайлы қоңыр салқын жел.* ~ есті (соқты). ◊ **Самалы оңынан туды — *ісі оңға басты.***

САМАЛ II *Мұрын сүйегін үңірейтіп жеп қоятын жұқпалы ауру.* Мұрнына ***самал*** түскен бір ағайынға аюдың өті керек (Ш. Мұртазаев).

САМАЛ III *жерг. Жынды, делқұлы.* Мынау нағыз ***самал*** екен (Диал. сөздік).

САМАЛА *Жан-жаққа шашылған нұр, сәуле.* Аспан тұңғиығында жұлдыздар ***самала*** сәуле шашып тұр (Омарбеков).

САМАЛАДАЙ 1. *Жап-жарық, жарқыраған, сәуле шашқан.* Ақ ***самаладай*** жарық (Мыңжасарова). 2. *Ауыс. Сансыз көп, қаптаған.* Сайланған ***самаладай*** өңшең сандақ, Астына жүйрік жорға мінген таңдап (Малдыбаев).

САМАЛАЛЫ *Жарығы мол, нұр шашқан.* Терезесі сәулелі, ~.

САМАЛДА *Салқын самалмен дем алу, салқындау.* ~п отыр (қайтты).

САМАЛДАЙ *Самал сияқты, салқын.* Шілдедегі ~ есті.

САМАЛДАЙ *өзг. етіс. Самалда-т.*

САМАЛДАУ *қ. атау. Самалдау.*

САМАЛДЫ *Самалы, желі бар.* ~ кеш (жаз).

САМАЛДЫҚ *бот. Сабағы қысқа, бұтақтары көп, жапырақтары кезектесіп орналасқан бір жылдық шөп тектес өсімдік.* ***Самалдықтың*** тері илеуде өндірістік маңызы өте зор (Химия өнімдері).

САМАН *Сабан араластырған балшықтан құйылған шикі кірпіш.* ~ үй, ~ нан салынған.

САМАР I *Қымыз құятын, ет жасайтын үлкен астау, тегене.* Буы бұрқыраған бір үлкен ағаш ***самар*** келді (Аманшин).

САМАР II *Тіл мен жағына сүйенген, шешен.* Асан бір ***самар*** көрінеді (М. Әуезов). ◊ **Самар жақ — *тілін безеген, сөзуар.***

САМАРҚАУ 1. *Жай, баяу, жайбарақат.* Қой жайылымын қимағандай ***самарқау*** жылжиды (Сейдімбеков). 2. *Енжар, керенау, селқос.* Ол айналасына немқұрайды қарайды, ***самарқау*** (Қаназов).

САМАРҚАУЛАН *Селқос тарту, немқұрайдылыққа салыну.*

САМАРҚАУЛАУ 1. *Баяулық, жайлау, жайбарақаттау.* Поезға мінетін шығармыз деп ***самарқаулау*** жүргенбіз (Кәкішев). 2. *Селқостау, көңілсіздеу.* ~ жауап берді (көз тастады).

САМАРҚАУСЫ *Самарқау тарту.* ~п отыр (қалды).

САМАУРЫН *Оттығы ішінде, шай қайнатуға арналған металл ыдыс.*

САМБО *спорт. Әр түрлі қиын тәсілдер қолданатын күш сайысы.*

САМБОШЫ *Самбомен шұғылданушы.* ~лар секциясы.

САМБЫР *Қатты сөйлегенде шығатын дыбыс.* Даладан апамның ~ы естіледі.

САМБЫРЛА *Қатты дабырлап сөйлеу.* ~п сөйледі, ~ған үн.

САМБЫР-СҮМБЫР *Дабыр-дүбір, у-шу.* ~ сөйлесіп жатыр.

САМҒА 1. *Қатты екпінмен ұшу, шарықтау.* Ол ***самғап*** келе жатқан бүркітті көрді (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Шарқ ұру, қарқындау, қарыштау.* Ойы ~ды, қиялы ~ды.

САМҒАҚ *Самғайтын, самғауыш.* ~ қиял (ой).

САМҒАУЫҚ *Самғай түсетін.* ~ әулет.

САМДАҒАЙ *Тез қимылдайтын, ширақ, жылдам.* Ол сөзді пысық, қимылы ***самдағай*** (Сқақбаев).

САМДАҒАЙЛЫҚ *Жылдамдық, ширақтық, ептілік.* ~ жасады (етті).

САМДАУ *Бағдарлау, аңдау, байқау, аумағын айыру.* "Ақылы болса аңдасын, барған жауын ***самдасын***" ("Батырлар жыры").

САМИЯН I *Өгіз жеккенде мойынтұрықты бекітіп қоятын жұмыр темір.* ***Самиянын*** сайлатып, Қос-қос өгіз байлатып (Манас).

САМИЯН II *Жанға жайлы, самал жел.* ***Самиян*** салқын ауа дүние тынысын кеңіте түскендей (Хайруллин).

САМИЯН III *жерг. Ұшы-қиыры жоқ, елсіз, сусыз кең дала.* ~ сары дала (сахара, бел).

САМОСВАЛ *Қорабындағы жүкті техника тетігімен өзі түсіретін машина.*

САМП: самп етті [ете қалды] — *даусы ашық естілді, көтеріңкі шықты.*

САМПЫЛДА *Дауысты көтеріңкі шығара сөйлеу, самп-самп ету.* ~ған үнге зер сала қарады. ◊ **Сампылдап қоя берді** — *даусын көтере сөйлеп кетті, саңқылдады.*

САМСА I *Жұқа жайылған қамырға майда ет пен пияз салып, майға пісіретін тағам.* Піскен ~ның иісі мұрын жарады.

САМСА II *Бірінен соң бірі тізіліп, қаз-қатар тұру.* 2. *Сансыз көп, қаптап кету.* Аспан ашылып жұлдыздар ***самсап*** тұр (Иманбаев).

САМСАМ *Діни қиссаларда, ауыз әдебиетінде көбірек айтылатын, қылыштың төрт түрінің бірі.*

САМСАШЫ *Самса пісіруші, самсаны шебер пісіретін адам.*

САМСОЗ *жерг. Сұлесоқ, дел-сал.* Жай соққандай ***самсоз*** отырып қалдым (Мекебаев).

САМУРАЙ *Жапониядағы ірі князьдар мен ұсақ дворяндардың әскери-феодалдық тобы.*

САМҰРЫҚ *Мифологиялық ұғым бойынша бүркіт атаулының ең зоры.* Ертедегі тұлпарды да, ~ты да адам қиялы тудырған.

САМҰЙРЕК *Қазақстанда мекендейтін сұқсыр, шұрегей, бұла сияқты ұйректердің бір түрі.* "Алма мойын ***самұйрек***, ана Еділден көксіген" (Шалкиіз жырау).

САМЫРСЫН *Өте биік өсетін қылқан жапырақты ағаш; қарағайдың бір түрі.*

САН I *Мал мен аңдардың артқы аяғының тірсегіне дейінгі, адам аяғының тізесіне дейінгі бөлігі.* Оқ жігіттің ***санына*** тиіпті (Т. Нұртазин). ◊ **Санын соқты [ұрды]** — *алданды, өкініште қалды.* Санын шапалақтады — *қуанды, шаттанды.*

САН II 1. *Белгілі бір заттың, құбылыстың есеп мөлшері.* Жаудың ***саны*** аз көрінеді (С. Әбішев). 2. *Есеп мөлшерінің таңбалау, жазу белгісі.* 3. *Газет-журналдардың номері.* Газеттің келесі ~ында өлеңдерім шықпақшы. 4. *көне. Он мың деген мағынадағы сөз.* Оның қолында он ***сан*** ноғай бар еді ("Батырлар жыры"). □ **Сан алуан [қилы]** — *толып жатқан, әр түрлі.* **Сан есім** *(грамм.)* — *заттың санын, ретін, есебін білдіретін сөз табы.* ◊ **Санда бар, санатта жоқ** — *еске алмайтын, ескермсітін.* **Сан рет** — *өте көп, әлде неше қайта.* **Сан саққа жүгіртті** — *әр түрлі айып тақты, кінәлады, әуреге түсірді, мың құбылтты.*

САНА I *Объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы.* Жақсы мен жаманды ажыратуға ***сана*** керек (Тоқмырзин). ◊ **Санамен сарғайды** — *ой азабына түсті, қатты уайымдады.* **Санасы оянды [санасын оятты]** — *ойы дамыды, санасы жетілді.*

САНА II 1. *Санын анықтау, есептеу.* Ағайым қалтасына 10 сомды ***санап*** балаға ұсынды (Қалиев).

САНА III *Бағалау, қатарға қосу, есептеу.* Өзін зор ***санады.***

САНА IV *көне. Тілек өтініштi білдіретін -шы, -ші орнына қолданатын жұрнақ.* Қарғалар-ау, қарғалар, Біздің елге бар ***сана*** (Тілашар).

САНАГЕР *Ойшыл, дана адамдар.* Әр кез-кезеңнің ***санагерлері*** айтқан ұлағатты ойларын келтіруді жөн көремін ("Білім және еңбек").

САНАҒЫШ *Есебін алатын, санауға шебер.* ~ адам, тиын ~.

САНАҒЫШТА *Қайта-қайта санай беру.* Тиынын ~дым.

САНАҚ *Белгілі мақсатпен жүргізілетін есеп, сан анықтау* ісі. ~ комиссияны (жүргізді); мал ~ғы, халық ~ғы. ◊ **Санақта бар, санатта жоқ** — *бар-жоғы белгісіз, ескерусіз.*

САНАҚШЫ *Санақ жүргізуші, бір нәрсенің есебін алушы.* ~ келді, ~ лар қорытындысы.

САНАЛАН *Санасы өсу, ақылы молаю.* ~ып біраз ескі әдетті тастапты.

САНАЛЫ *Санасы молдық.* Саяси ~ ғы мол.

САНАМАЛА *Анықтап, тәптіштеп санау, есептеу.* Ол кішігірім құрылыстарды ***санамалап*** шықты (Қаупынбаев).

САНАМАЛЫ *Санаулы ғана, аз.* А зат.

САНАС 1. *орт. етіс. Сана-с.* 2. *Есептесу, ескеру.* Олар бізбен ***санасқан*** емес ("Қаз. әдеб").

САНА-СЕЗІМ *Ойлау қабілеті, ақыл-ой, пікір.* ~і өзгерді (төмен). ◊ **Сана-сезімі оянды** — *ой түсті, түсінігі молайды.*

САНАСЫЗ *Санасы кем, ақылсыз, ойсыз.* ~ адам, ~ емес.

САНАСЫЗДЫҚ *Ақылы кемдік, ойсыз.* ~ адам.

САНАТ *Бір нәрсенің қатары, есеп.* Мұндай арам ниетті адамзат ***санатына*** қоспаған жөн (Келімбетов). ◊ **Санатқа қосылды [ілікті]** — *қатарға қосылды, теңелді.* **Санаттан шығарды** — *қатарға қоспады, шеттетті, ығыстырды.*

САНАТКЕР *Алдыңғы қатарлы, басты, таңдаулы.* Момбеков рухани игілікті жаңғыртатын ***санаткер*** ("Лен. жас").

САНАТОРИЙ *Табиғи шипалы емдері бар, демалатын орын.*

САНАТТАЛ *Санатқа ілігу, қатарға кіру.* Той қылып ойда-қырда ***санатталған*** (Айтыс).

САНАТТЫ Жұрт есептесетін, алдыңғы қатарлы совхоздың ***санатты*** шопанының біреуі Төлеген Байілесов (Мәуленов).

САНАУЛЫ *Азғантай, көп емес.* ~ ғана адамдар жиналды. ◊ **Санаулы дем [күн]** — *қысқа өмір, азғантай тіршілік.* ***Санаулы*** уақыт — аса тығыз, аз уақыт.

САНАУШЫ *Санақ жүргізуші, есептеуші.* Мал ***санаушылар*** үйге кештетіп жетті (Т. Дәуренбеков).

САНАУЫШ *Газды, электр қуатын есептеуге арналған арнайы құрал.* ***Санауыштың*** тығыны бұзылыпты (М. Мағауин).

САНАЦИЯ *Кәсіпорындарды банкрот болудан құтқару немесе бәсекелестік қабілетін арттыру мақсатында банкілер жүргізетін шаралар жүйесі.*

САНБАТ *әск. Санитарлық батальон.* Кешікпей ***санбаттан*** көмек те келді (Ә. Әбішев).

САНДАҒАН *Өте көп, толып жатқан.* ~ жыл (ертегі, шығарма, үйірме).

САНДАҚТАЛ *Бөліну, айрықшалану, ерекшелену.* Қайдардың қыстауы Қаражардың қабағында ***сандақталып*** көрінген (Майлин).

САНДАЛ I *Жазда киетін жеңіл аяқ киім.* Жеңіл ***сандалын*** киіп, терезеге келді (Қ. Тоқаев).

САНДАЛ II *Жуан боп өсетін өте қатты ағаш.*

САНДАЛ III 1. *Қаңғу, тентіреу.* Бала босқа ~ды. 2. *Ауыс. Жоқтан өзгені айтып бос сөйлеу, былжырау.* Шаштараз ызалы кескінмен: — ***сандалма*** деді (О. Әубәкіров).

САНДАЛАҚТА *Арлы-берлі шайқалу, теңселу.* Мұқатай соқадағы ***сандалақтаған*** күрең биеге жақындады (Жансүгіров).

САНДАЛМАЛЫ *Тентіреулі, салпақтаулы.* ~ өмір (күн).

САНДАЛЫС *Сандалған жүріс, сенделіс.* Бос ~пен уақыт өтті.

САНДАН *Сан еті қалыңдану, қоңдану.* Тарғылдың бөтегесі шығып, ***санданып*** семірді (Алтайбаев).

САНДУҒАШ 1. *Неше түрлі құбылтып сайрайтын құс; бұлбұл.* ***Сандуғаштардың*** мың құбылта сайрағанын естідім (Мекебаев). 2. *Ауыс. Әнді жақсы салатын адам, шебер әнші.* ***Сандуғаш*** Күләш қарапайым адам еді (Шара).

САНДЫ *Саны етті, жуан.* Серке ~.

САНДЫҚ *Әр түрлі бұйым салуға арналған ағаштан жасалған үй жиһазы, мүлік.* ~ты кілттеді. □ Сандық тас — *текшеленіп біткен, үсті тегіс тас.*

САНДЫҚҚАП *Сандықтың сыртынан кигізілетін, кестеленген киіз қап.* Киізден аяқ киім, ***сандыққап*** тігілді (“Халық мұғ.”).

САНДЫҚТАЛ *Текшеленіп жиналу.* Көрпе ***сандықталып*** жиналған (Қабанбаев).

САНДЫҚША *Кішкене сандық.* Ол кішкене ***сандықшадан*** сурет алды (“Қаз. әдеб.”).

САНДЫҚШАЛАН *Сандықша тәрізді текшелену.* ~ып қаланған тас.

САНДЫРА *Әбден шаршау, қалжырау.* Түстен кейін болдырап ***сандырарсың*** (Айтыс).

САНДЫРАҚ 1. *Қатты ауырып, есінен танып жатқанда адамның шатасып сөйлеген сөзі.* Мен қатты ауырғанда талай ***сандырақ*** айтыппын (Бақбергенов). 2. *Ауыс. Қалай болса солай айтылатын сөз.* Жаманның айтқаны емес, ***сандырағы*** келеді (Мақал).

САНДЫРАҚТА 1. *Қатты ауырып, есінен танғанда шатасып сөйлеу.* Мақсұттың қызуы көтеріліп, есінен танып ***сандырақтай*** бастады (Шалабаев). 2. *Ешбір жүйесіз бос сөйлеу, оттау, шатасу.* Ол көрінгенмен ұстасып, ***сандырақтап*** жүр (Жақанов).

САНИТАР *Ауруларға, жаралыларға жедел жәрдем көрсететін медициналық кіші қызметкер.*

САНКЦИЯ *Жоғары заң орнының бір іске ризалық беруі.* Прокурор қамауға ***санкция*** бермеді (Баялиев).

САН-САПАЛАҚ *Алуан түрлі, шым-шытырық.* ***Сан-сапалақ*** жұмыстан қалжырадым (“Қаз. әдеб.”).

САНСКРИТ *Ежелгі және орта ғасырдағы үнділердің діни әдебиет пен философиялық, көркем әдебиет пен ғылыми әдебиетінің тілі.*

САНСЫЗ *Есебі жоқ, көп.* ~ алғыс (жұмыс, ой).

САНСЫРА *Шаршап-шалдығу, болдыру; дел-сал болу.* Кәрі дене ***сансырап*** қалыпты (Саматаев).

САНТЕХНИК *Тұрғын үй мен мекемелерде техникалық тәртіпті сақтайтын маман.*

САНТИМЕТР *Метрдің жүзден бір бөлігі.*

САҢ I *Пышақ тигізбей бітеу сойылған мал терісі.* □ Саңдай бітеу [бүтін] — *тұтас, бүтін.*

САҢ II *Көңіл, ықылас.* Саңым ауды — *көңілім ауды.*

САҢ III *Шыттан қалыңдау келген ақ түсті мата.*

САҢҒУЫР *Құстың саңғитын мүшесі.* Абылғазы құстың санын, төсін, ***саңғуырын*** ұстап көрді (М. Әуезов).

САҢҒЫ *Құстың нәжіс шығаруы.* Тұғырына ***саңғыған*** сұңқар оңбас (Мақал).

САҢҒЫР *Саңғырлаған дыбыс.* Шырынның қатты ***саңғырына*** Ерболдың айғайы қосылды (“Қаз. әдеб.”).◊ Саңғыр етті — *саңғыраған дыбыс шығарды.*

САҢҒЫРЛА 1. *Саңғыр-саңғыр ету; салдырлау.* Радио ***саңғырлап*** тұр (Шамкенов). 2. *Күмбір-күмбір ету, жаңғырығу.* Академияның кіре беріс залы ***саңғырлап*** тұр.

САҢҒЫРЫҚ *Құстың нәжісі, қиы.* Құс ~ғы мен ағаш күлі топырақты жақсы тыңайтады.

САҢҒЫТ *Аңдар мен құстардың нәжісін шығаруы; қи шығару.* Бұл құс таза суды лайламай, жағаға шығып ***саңғытатын*** (Жүздесу).

САҢҚ: саңқ етті — *әр түрлі дыбыстардың қатты шығуы.*

САҢҚИ *Мұрынға самал жел түсіп пұштиып қалу.* Мұрын ~ып тұр. 2. *Ашық-шашық болу, аңқаю.* Үміт ***саңқиып*** ашық қалған есіктен сыртқа қарады (Тілегенов).

САҢҚ-СҰҢҚ: саңқ-сұңқ етті — *саңқылдаған үн шығарды.*

САҢҚЫЛ *Саңқылдаған қатты дауыс, үн.* Оның сөйлеген ***саңқылы*** кешкі тұнық ауаны шайқады (Әуезов).

САҢҚЫЛДА 1. *Қатты дабырлау, даңғырлап үн шығару.* Радио ***саңқылдап*** қоя берді (Найманбаев). 2. *Сампылдап қатты сөйлеу.* Жақыптың ***саңқылдаған*** үні құлағымда тұр (Қажыбаев).

САҢЛАҚ 1. *Ұшқыр, жүйрік.* Қазақы жылқыдан нелер ***саңлақ*** шықпады дейсіз (Орманбаев). 2. *Ауыс. Елден ерек, озат, шебер.* Үмбетбай суырып салма ***саңлақ*** ақын (“Қаз. әдеб.”).

САҢЛАҚТА *Елден ерек шығу, озу.* Талантты жастардан талай ***саңлақтар*** шыққалы тұр (“Спорт”).

САҢЛАҚТЫ *Озат шыққан, алдыңғы қатарлы.* Еліміздің ~ адамдарының қатары арта түспек.

САҢЫЛАУ 1. *Қабыстырылған екі заттың қиыспай қалған ашық жері; жырықша тесік.* Бірімқұл тастардың ***саңылауын*** шыммен, шөппен тас қып бекітті (Құрманбаев). 2. *Түйсік, сана, сезім.* Көпте де сана бар, *Саңылау* бар (Байтанаев). ◊ Саңылау тапты — *ыңғайын келтірді, жолын тапты.* Саңылауы жоқ — *түсінігі жоқ, түйсіксіз.*

САҢЫЛАУЛА *Саңылау жасау, қиюын сәл ашу.* ~п сығалады (ашты).

САҢЫЛАУЛАҒЫШ: саңылаулағыш агрегат — *аңыз топырағын аудармай жыртатын агрегат.*

САҢЫЛАУЛАУ *Ылғал үшін аңыз топырағын аудармай жырту.*

САҢЫЛАУСЫЗ 1. *Саңылауы жоқ, тесіксіз.* ~ есік (қараңғылық). 2. *Ауыс. Түйсігі жоқ, сезімсіз.* ~ жан.

САҢЫЛАУСЫЗДАН *Есерлену, түйсіксіздену, ақымақтану.* Осынша *саңылаусыздағаны* несі (Әбілев).

САҢЫРАЙ *Танауға зақым келуден үңірейіп қалу, таңқиып сиқы бұзылу.* Мұрны жырық, кеңсірігі *саңырайған* қара атанды көрдім (Ақышев).

САҢЫРАУ 1. *Құлағы естімейтін, керең.* ~ адам. 2. *Ауыс. Еш нәрсені құлаққа ілмейтін, елемейтін меңіреу.* Жазықсыз жанның зары сазбеттердің құлағына енбейді, бұлар туа *саңыраулар* (Талжанов).

САҢЫРАУҚҰЛАҚ *биол. Ылғалды жерде өсетін қалпақ тәрізді қалқаны бар, гүлдемейтін өсімдік.*

САП I *Пышақ, балта, қамшы т. б. құралдардың қолға ұстайтын жері.* Пышақтың ~бы, қамшының ~бы.

САП II *Бірінің жанына бірі тізбектеле тұратын қатар.* **Саптағы** атты солдаттардың жалпы саны жүзге тарта бар (Көшімов). ◊ **Сап түзеді** — *қатарланып тізілді.*

САП III *көне. "Айту" деген мағынада қолданылады.* Бұл жайында сөз *сабы* тұра тұрсын тіреліп (Шамкенов).

САП IV *Таза, ешбір қоспасыз.* **Сап** күмістей салдырап, Күліп аққан бұлағым (Орманов).

САП V *"Тоқта", "сабыр ет", "тыйыл" мағынасында жұмсалатын сөз.* Сап-сап көңілім, *сап* көңілім! (Абай). ◊ **Сап болды [басылды, тыйылды]** — *мүлде бітті, жойылды.*

САП: сап ете қалды [түсті] — *табан астында пайда болды, аяқ астынан тап болды.*

САПА 1. *Белгілі бір заттың, құбылыстың басқа бір заттар мен құбылыстардан айырылатын ерекше қасиеті, белгісі.* Қазақы қойдың еті мен майының ~сы өте жоғары. 2. *филос. Заттың ішкі елеулі байланыстары мен қасиеттерінің тұрақты жүйесі.*

САПАЛДЫРЫҚ *Бұрандастырған түйеден тараған үшінші және одан кейінгі ұрпақтары.*

САПАЛЫ *Сапасы артық, сапасы жоғары.* ~ шығарма, білім, тұқым.

САПАН: басы бапан, аяғы сапан — *берекесі кетіп, әбігерге түскен жағдай.* Бұл істің басы бапан, аяғы *сапан* боларына күмән жоқ (Х. Есенжанов).

САПАР *Бағыт алып шыққан мақсатты алыс жол.* Түрлыбай алыс *сапардан* оралды (Мекебаев). ◊ **Сапарың оң [сәтті] болсын** — *жолға шыққан адамға айтылатын ізгі тілек.*

САПАРЛА *Сапарға шығу, жол жүру, саяхаттау.*

САПАРЛЫҚ: сапарлық билет — *транспортпен жүруге право беретін арнайы билет.*

САПАРНАМА *Сапар кезінде көрген-білген уақиғаларды жазып отыратын жол жазба.* Бағаев көрген-білгендерінен очерктер, *сапарнамалар* жазды (Т. Ыдырысов).

САПАРШЫ *Жолға шыққан адам, жолаушы.* Көбен *сапаршыларды* шығарып салуға келген жоқ (Жұбатыров).

САПЕР *әск. Инженерлік құрылыс жұмысымен айналысатын әскери қызметкер, маман.*

САПЕРЛІК *Саперге тән, сапер жұмысымен айналысатын.* ~ рота.

САПИЯН *Ешкі терісінен жасалған былғарының ең сапалы түрі.* ~ етік (қолғап).

САПҚЫР: табаныңнан сапқыр — *табаныңнан таусылғыр.*

САППАС *Парықсыз, топас, сезімсіз.* Осыны да түсінбейтін не деген *саппас* едің? (Жұмаділов).

САППАСТЫҚ *Оңбағандық, парықсыздық, сезімсіздік.* Сақал сатқан *саппастықтан* сақтасын (М. Әлімбаев).

САПСАЛҒЫ I *көне. Аузын ағашпен тиектеп, көннен жасалған сайман салғыш қалта.*

САПСАЛҒЫ II *Еркек малды пішерде қылтадан қысып ұстау үшін арнап жасалған қысқаш.*

САП-САЛҚЫН *сұп-суық, мұздай.* ~ су (сүт, бөлме).

САПСАҢДА: сапсаң-сапсаң ету, селтеңдеу. Енді қартайғанда ~п қайда барамын.

САП-САРЫ *Ашық сары, нағыз сары.* Жеңгемнің бипаз қолы *сап-сары* құймақ пісірді (Соқпақбаев).

САП-САУ *Денсаулығы жақсы, дін аман.* Ол *сап-сау* күйі жеңіске жетті ("Қаз. әдеб.").

САПСИ *Қаулап өсіп кету, қауқию.* Сақалы *сапсиып* өсіп кеткен.

САПСЫ *Иге салған теріні, жуған кірді арыбері аударыстыру, қозғау.* Терін күбідегі иге салып күн сайын бірнеше рет *сапсиды* (Қасиманов).

САПТА I *Белгілі бір құрал-сайманға сап жасау.* Ол бос отырмай күректі *саптап* отыр (Лекеров).

САПТА II *Іріктеу, таңдау, саралап алу.* Бәрін де ол пристав *саптап* алды (Жамбыл). ◊ **Сөз саптады** — *сөз құрастырды, сөз айтты.*

САПТАМА *Ішінен киіз байпақ киетін, қонышы жуан қара санға жететін қазақы былғары етік.* ~ етік. Жылқышы ата *саптамасын* шешті (Тиесов).

САПТАН *Қатар түзеу, сапқа тұру.* Түні бойы рота дайындалып, *саптанды* (С. Сейітов).

САПТАС *Бір саптағы, қатарлас.* Олар бізге қарама-қарсы *саптаса* қалыпты (Есенберлин).

САПТАУЛЫ *Сапталған, сапты, даяр.* ~ найза.

САПТЫАЯҚ *Ағаштан шауып жасалған аяқ, ыдыс.* Қыз кетік *саптыаяққа* құйып көже ұсынды (С. Мұқанов).

САПФИР *Мөлдір, көк түсті әдемі табиғи асыл тас.*

САПЫ *Кішкене өткір қылыш, семсер.* Олар қындарынан жаландаған *сапыларын* суырды (Кекілбаев).

САПЫЛДА *Сап-сап етіп қатты сөйлеу, сампылдау.* Ол ~п сөйлеп отыр.

САПЫЛДАҚ *Сапылдап қатты сөйлейтін адам.* ~ жеңгей.

САПЫР 1. *Сұйық затты, дәнді жоғарыдан төмен қарай бірнеше рет төгу, ағызу, құю.* 2. *Ауыс. Алай-түлей ету, астан-кестеңін шығару.* Дауылын, жауынын *сапырған*, жерде жетерлік қайғы бар (Мақатаев). 3. *Ауыс. Көпіртіп сөйлеу, көйіту.* Нүркей өтірік сөзді судай *сапыратын* кісі еді (Сейдімбеков).

САПЫРҒЫШТА *Қайта-қайта сапыру.* Кеспені ~п отыр.

САПЫРУЛЫ *Сапырып қойылған, сапырылған.* ~ сары қымыз.

САПЫРЫЛЫС 1. *Ығы-жығы, ары-бері, бей-берекет қозғалыс.* Демалыс күні көшеде адамдар **сапырылысып** жатады (Рахимов). 2. *Шым-шытырық, қым-қиғаш.* **Сапырылысқан** ойлар басымнан өтті (Қыдырханов).

САПЫРЫНДЫ *Аумалы-төкпелі, шым-шытырық, аласапыран.* Қайтейін күн туған соң **сапырынды** (М. Әуезов). □ **Сапырынды сөз** — *өтірігі көп бос сөз.*

САР: сар желді — *бір қалыппен көсіле желді, ағындата жөнелді.* **Сар желіс** — *ағыны күшті желіс.* **Сар жол** — *үлкен, кең жол.*

САР: сар етті — *бірден сарқырап төгілді.*

САРА 1. *Ашық, айқын, таза, анық.* Ол көзі ашық, жаны **сара** адам (Тоқтаров). 2. *Асыл, үздік, озық, ерен.* Жігіттің өзің тұстас **сарасы** едің (Тәңірбергенов). □ **Сара жол** — *мақсаты айқын дұрыс жол.* ◊ **Сараға салды** — *ретке келтірді.* **Сара тілді [тілген]** — *тұп-тұзу, ап-айқын.*

САРАБДАЛ 1. *Байсалды, салмақты.* **Сарабдал** ағаның бір ауыз сөзі ашуды тез басты (Тұменбаев). 2. *Әбден ысылған, кәнігі.* Ол құрыш қол, **сарабдал** комбайншылармен тең түсті. ("Қаз. әдеб").

САРАҒАШ *бот. Биіктігі 2–3 метрдей, қара қызыл түсті жидегі бар, шоқ-шоқ болып өсетін тікенді бұта.*

САРАДЖА: сараджа қойы — *ұяң жүнді, құйрықты қойдың тұқымы.*

САРАЙ 1. *Іші әшекейлі әсем, салтанатты ғимарат.* Спорт ~ы, мәдениет ~ы. 2. *Ұсақ-түйек заттар қоятын, мал байлайтын, шөп сақтайтын қарапайым жабық.* Ағайымның **сарайда** астығы, қорада малы (Бердияров). 3. *Ауыс. Адамның ішкі жан тұкпірі.* □ **Сарай ақыны (көне)** — *ханды мадақтап өлең шығаратын, ханның жанында жүретін ақыны.* ◊ **Жан сарайы** — *адамның ішкі сезімі, жан дүниесі.*

САРАЙЛАП *Сарай толтырып.* ~ астық жинады (мал ұстады).

САРАЛА *Жеке-жеке талдау, іріктеу.* Ол біраз міндеттерді **саралап** шыққан (Ахметбеков).

САРАЛЖЫН *бот. Басы бұрлі болып өсетін сыпыртқы жасауға қолайлы құрай.* Жайықтың жағасына жусан мен **саралжын** шығады ("Айқап").

САРАЛЖЫҢ: *түлкінің бір түрі.*

САРАЛЫ *Сараланған, сұрыпталып реттелген.* **Саралы** ойсарайына келдім кіріп (Шалабаева).

САРАЛЫҚ *Анықтық, айқындық.* Оның өз заманына, тарих жолына деген көзқарасында **саралық** мол ("Қаз. әдеб.").

САРАЛЫП *Тұқы тұқымдас балық.*

САРАМАС *Бас жарадан қатты ісіп, адамды қазаға ұшыратын ауру.*

САРАМАС I *Біреуді ит етінен жек көретін адам.* Адам атаулыны жек көретін адамды мизантроп дейді. — Оны қазақ **сарамас** дейді, — деді қазақ тілін білетін Федор Неизвигин ("Жетісу").

САРАМАС II *Алды-артын ойламайтын, парықсыз, жеңілтек.*

САРАМЖАЛ *Істі орын-орнына келтіріп тұратын ұқыпты, бесаспап.* Ол қолы таза, **сарамжал** әйел болды (Данаев).

САРАҢ 1. *Ешнәрсесін бермейтін қытымыр, қарынбай.* Нысанбай деген **сараң** бай болды (Әзірбаев). 2. *Ауыс. Іске, сөзге, қимылға шабан, баяу.* Сөзге ~, әңгімеге ~.

САРАҢДАН *Сараң тарту, сараң болу.*

САРАП *Талқы, сын, талдау.* Шығарма жұртшылық **сарабына** берілді (Мұстафин). ◊ **Сарапқа салды** — *талқыға түсірді, талдады.* **Сарапқа түсті** — *бәйгеге түсті, сыналды.*

САРАПТА *Сарапқа салу, талдау.*

САРАПШАҢ *Бетті күннен, шаңнан қорғау үшін бетке жауып жүретін тор.* Кейбіреулер бетін қорғау үшін ~ тоқытты.

САРАПШЫ *Сарапқа салушы, бағалаушы, сыншы.*

САРАПШЫЛ *Жақсылап талдай білгіш, сыншыл.*

САРАПШЫЛЫҚ *Сыншы болушылық, жақсы талдай білушілік.* ~ көрсетті.

САРАСАНА *Өмірдегі өз орны мен ролін, міндетін толық түсінушілік (самосознание).*

САРАТАН *маусым айының ескі аты.*

САРАФАН *Әйелдер киетін жеңі жоқ, жеңіл көйлек.*

САРБАЗ *Жасақшы қол; әскер, жауынгер.* **Сарбаз** боп, қару ұстадым (Бақбергенов).

САРБАЗДЫҚ *Әскерлік, жауынгерлік.* ~қа алды.

САРБАЛАҚ *Балақ жүні сарғыш келетін қыран құс.* Шыңғыстың бір **сарбалақ** қыраны жайын бүркіт екен ("Мәдениет және тұрмыс").

САРБӨРТПЕ *Суға бірнеше рет шайып, қансөлінен арылтқан, қыран құсқа беретін ет.* Бүркітке тоят, **сарбөртпе** сияқты жем береді (Сейдімбеков).

САРБУЫН *Буында сар су жиналып іскен ауру.*

САРБҰҒА *Дәрілік шөптің тамыры.*

САРГІДІР: саргідір тартты — *егде тартты, жасы ұлғайды.*

САРҒАЙ 1. *Сары түске айналып өзгеру.* **Сарғайып** таң атты (Мұқаев). 2. *Ауыс. Сарыла күту, сағыну, зарығу.* Енесі **сарғая** күтіп отырған ауылына барды (Жүнісова).

САРҒАЙЫҢҚЫ *Сәл сарғыш тартқан, сарғылтым.* Кітаптың ~ беттерін аштым.

САРҒАЛДАҚ 1. *Көкек, мамыр айларында гүлдейтін сары түсті гүл.* 2. *Қараторғайдан ірілеу, қалың ағаш бұтақтарында бұғып жүретін құс.* **Сарғалдақты** кейбір жерлерде мысық торғай деп атайды (Төрехожаев).

САРҒАҚ *Дәнді дақылдардың басы толып, көксағал боп піскен кезі.* **Сарғағында** ормасаң, сақалыңды сипарсың ("Соц. Қаз").

САРҒЫЛТ *Сарыға жақын түр, сарғыш.* ~ жапырақ (тартты).

САРҒЫЛТТАУ *Сарғылт тартқан, сарғыштау.* ~ тіс (дәрі, көйлек).

САРҒЫШ *Жұқалтым сары, сарғылт* □ **Сарғыш күрең** — *сарың реңді, күрең түс.* ◊ **Сарғыш қоңыр** — *сарғыштау қоңыр түс.* **Сарғыш тартты** — а) *түсі сарғайды, сары түске енді;* ә) *түсі оңды, ескірді.*

САРДАР *көне.* 1. *Сарбаздардың басшысы; қолбасы.* Біздерді сарбаздар деп Аманкелдіні **сардар** дейтін (Т. Ыдырысов). 2. *Ауыс. Көш басы, жетекші.* Жансүгіров қазақтың көркем сөз өнерінің **сардары** ("Қаз. әдеб").

САРДИНА *Шабақ тұқымдас кішкентай теңіз балығы.*

САРДОБА *Су сақтау үшін жер астынан жасаған құрылыс; резервуар.*

САРЖА I *көне. Сүйекпен әшекейленген әдемі садақ; жақ.* Әкесі баласына арнап, *саржа* жасап береді (Қаратаев).

САРЖА II *Астарлық матаның сусылдақ жылтыр түрі.*

САРЖАҚ *Мал төлінің тамағы ісіп кететін ауруы, шығу.*

САРЖАЛҚЫН *Қызғылт реңді сары түс.* ~ көйлек (бояу).

САРЖАН 1. *Циркуль тәрізді бір, екі метрлік жер өлшеу құралы.* 2. *Осы құралмен өлшенетін, арасы үш кезге (2 м 13 см-ге) тең ұзындық өлшемі.* Аралары бірнеше *саржан* жер (Есенжанов).

САРЖАНДА *Жерді саржанмен өлшеу.* ~п есептеді.

САРЖҰЛДЫЗ *астр. Аспан әлемінің солтүстігінен қыс айларында анық көрінетін сары түсті жұлдыз; капелла. Саржұлдыз* көтеріле берсе, суық та көтеріле береді (Х. Әбішев).

САРКАЗМ *әдеб. Зілді кекесін, өткір күлкі.*

САРКЕБІР *Әбден кеуіп, құрғап, сарғайып кеткен.* Ышқырдан *саркебір* асықтар сусып түсіп жатыр (Әшірбаев).

САРКОФАГ *Құнды, бағалы материалдардан безендіріліп жасалған мавзолейлер мен ғибадатханаларда сақталатын тас табыт.*

САРКҮЙІК *бот. Тау беткейлерінде өсетін, аласа жұмыр шөп.*

САРҚ-СҰРҚ *Сүйық заттың қатты қайнауы, бұрқ-бұрқ етуі.* ◊ **Сарқ-сұрқ етті** — *қатты сарқылдап қайнады.*

САРҚЫ 1. *Сүйық затты тұнық қалдырмай құйып алу.* 2. *Ауыс. Бір нәрсені түгесу, тауысу.* Бойындағы бар қуатын *сарқыды* (Мекебаев).

САРҚЫЛДА *Бұрқ-сарқ қайнау, сақырлау.* Қазандағы су ~п қайнады.

САРҚЫН 1. *Ыдыстың түбінде қалған сүйық зат; сарқынды.* Түбінде бір үрттам *сарқын* қалған шараны қолына алды (З. Ақышев). 2. *Бір нәрсенің қалдығы, жұрқаны, сарқыншақ.* Атадан қалған дәулеттің *сарқыны* жұмсалды (Жұмаділов).

САРҚЫНДЫ 1. *Сарқылған сүйық зат.* Ағып тоқтаған судың ~сы, сия ~сы. 2. *Бір нәрсенің ақырғы қалдығы, соңғы сарқыны.* Ол бар *сарқынды* қуатын жұмсады (Бөкеев). □ **Сарқынды су** — *өндірісте пайдаланғаннан кейін ағызылып жіберілетін су.*

САРҚЫНШАҚ 1. *Бір нәрсенің ыдыс түбінде қалған қалдығы; сарқынды.* Молшылық заманның *сарқыншағы* — дорба түбінде сақталған аз ғана ұн (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің соңы, аяғы, арты.* 3. *Ауыс. Күні өткен зиянды іс-әрекет.*

САРҚЫРА 1. *Судың биіктен төмен қарай күшті сарынмен құлай ағуы; сарылдау.* Кең арықтан тау суы *сарқырап* ағып жатыр (Қ. Шәріпов). 2. *поэт. Сүйық заттың қатты құйылуы; сорғалау.* Қызыл қан сағанақтан *сарқырады* (Ахметбеков).

САРҚЫРАМА *Биіктен құлай аққан су.* Өзеннің басы сонау биік *сарқырамадан* басталады (Тілеков).

САРҚЫТ 1. *Үлкен кісілерден, қонақтан қалған тамақ.* Келіншектер ақ үйден келген табақтардың бірінің *сарқытын* біріне қосты (Кекілбаев). 2. *Тойға, қонаққа барған адамдардың алып келетін тағамы, дәмі.* Рахаң бір жаққа шықса кіндік баласына *сарқытын* ала келеді (Қазыбаев).

САРЛЫҚ *Таулы Алтай мен Монғолия жерінде таралған, сүті аз болғанымен, өте майлы, сиырдың ерекше түрі.*

САРМАН *миф. Жын аты.* Шақырайын алыстан *сарманымды* (Айтыс).

САРМАТ *Ежелгі заманда өмір сүрген тайпалардың жалпы аты.*

САРНА 1. *Ауыз жаппай сампылдау, қақсау.* 2. *Жан қатты қиналғанда шығатын бебеу, зарлау.* 3. *Желдің, боранның дамылсыз соғуы.* Дала желі ән тербегендей *сарнайды* (Ж. Молдағалиев).

САРНАУ I *Керегеге сызық салу, сыздықтау, жолақтау. "Сарнау"* дегеніміз керегенің бас жағын, уықтың қарын сай-сай етіп сызықтау (Қасиманов).

САРНАУ II *Мұңлы зар, шер.* Қыз ~ын қоятын емес.

САРНАҚ *Киіз үй сүйегіне сызық салатын, әр жерінде 3–4 тісі бар, жоңғы құрал. Сарнақ* — киіз үй сүйегін жасаушылардың соңғы құралы (Қаз. календары).

САРНАУЫҚ *Сарнай беретін, зарлауық.* ~ кемпір.

САРП: сарп ұрды — *әбден салпақтады, шаршады, титықтады.*

САРПАЙ *Ұрғашы малдың жыныс мүшесінің жан-жағындағы бұлшық — еріндік.* Туар кезде малдың *сарпайы* қалыңдай бастайды... ("Соц. Қаз.").

САРПЫЛ *Бос сандалыс, сабылыс, көп жүріс.* Көп күнгі *сарпылған* жүрістен шаршады (Тоқаев).

САРПЫЛДА *Табанынан таусылу, сабылу.* Отыз құлы таусылды табанынан, Су төгіп, таң атқанша, ол *сарпылдап* (Абай).

САРПЫШТАҚ *Бұркітке өте ұқсас құстың бір түрі.* Бүркітті *сарпыштақтардан* ажыратады белгі — құйрығы мен мойнының ұзындығы (Саятшылық).

САРСАЗАН *бот. Биіктігі 5–40 см, алабота тұқымдасына жататын шала бұта.*

САРСАҢ *Әуре, әбігер, сергелдең.* Таусылмады бұл ~. ◊ **Сарсаң болды** — *әуреге түсті, әбігерленді.* **Сарсаңға салды** — *әбігерге түсірді.* **Сарсаң етті [қылды]** — *әбден әуреледі, сабылтты.*

САР-САР *Сарқырап шыққан дыбыс.* ~ құйылған сүт (су) ◊ **Сар-сар етті** — *қатты сарылдады.*

САРСОЛМА *бот. Шөлейтті жерде өсетін мал азықтық шөп.*

САРСУ I 1. *Ағзаның кеселге шалдығуына байланысты, әсіресе буынға жиналатын сарғыш түсті сүйықтық.* Тізесіне *сарсу* жиналып жұмыстан шеттеген (Сараев). 2. *Іш қуысына, буындарға сарсу жиналып қалатын ауру, дерт.* Түйе малында "қатпа", *"сарсу"* аурулары өте қатерлі індет (Арғынбаев). 3. *Малдың, жануарлардың қанынан алынып, жұқпалы ауруларға егілетін сүйық зат; сыворотка.* Фибринды бөлгендегі қалған сүйық зат *сарсу* деп аталады (Адам анат.).

САРСУ II 1. *Үйытқан айраннан, іріткен сүттен бөлінетін сары түсті су.* Іркіттің бетіндегі кілкілдеп тұрған *сарсу* (С. Мұқанов). 2. *Сарсуды ұзақ қайнатқан соң, кептірген құрт тәрізді тағам.*

САРСЫ *Сарсу байлану.* Өкпесі ~п істі.

САРСЫ: құлағы **сарсыды** — *бір айтқанды қайта-қайта естіп мазасы кетті, ығыр болды.*

САРСЫҚ I *Буыны кілтілдеп ауыратын ауру, сарып.* Аяққа түскен **сарсық** ("Үш ғасыр").

САРСЫҚ II 1. *Сасып кеткен иіс, шірік зат.* **Сарсық** судан жемтік іздеді (Қ. Сатыбалдин). 2. *Ауыс. Күні біткен, ескінің қалдығы.* Арылды ауылымнан ескі **сарсық** ("Айтыс").

САРСЫЛ 1. *Тырп етпеу, тапжылмау; сарылу.* -ып көп отырды. 2. *Зарығу, сарғаю.* Жұрт -а күтті. 3. *Әбден шаршау, сандалу.* Таңнан қара кешке дейін -ып жүрді.

САРСЫЛЫС *Бір нәрсені сарғая күткендік, зарығушылық.* -та таң атып, күн батпайды.

САРТ I *Екі заттың қатты соқтығысынан шығатын дыбыс.* Есік **сарт** жабылды (Ерубаев). ◊ **Сарт ете түсті [қалды]** — а) *бір нәрсе сарт етіп қатты тиді*; ә) *сап ете қалды, тез жетті.* **Сарт еткізді [етті]** — *тарс ете қалды.*

САРТ II *көне. Саудагер, бақалшы.* 2. *Ауыс. Ұйғыр, өзбек, тәжік секілді саудамен айналысатын қала жұрты.* Неге ғана бұзылды **сартша** сыртың (Абай).

САРТАБАН *зоол. Тұрқы қысқа, жалпиған, сары түсті балық.*

САРТАҢДАҚ *Теңбіл-теңбіл, таңдайланған сарғыш түсті.* Сарқұдықтың **сартаңдақ** шөліне қарай құлдилап бара жатқан еді (Т. Қаупынбаев).

САРТАП 1. *Жел қағып, күн қақтап, қатып-семген, сарғыш тартқан.* **Сартап** болған жалғыз аяқ сүрлеу жол (Досымов). 2. *Ауыс. Әбден жараған, шыныққан.* **Сартап** болып, жараған сұлу қаракөк ат (М. Әуезов).

САРТАПТАН *Тапталып, шырышықтанып қатып қалу.* Қар -ып қалыпты, -ған жол.

САРТАПТАУ *Сарғыш тартып, қатып-семген.*

САРТАПТЫҚ *Қатып-семгендік, шырлық.* -тан арылу қажет.

САРТ-СҰРТ *Екі нәрсенің жиі соқтығуынан шығатын сартылдаған дыбыс.* ◊ **Сарт-сұрт етті** — *қатты сартылдады.*

САРТҰҚЫШ *Балық тұқымдасына тән, соның бір түрі.*

САРТЫЛ *Бір нәрсенің сартылдаған дыбысы.* Станок -ы, есік -ы.

САРТЫЛДА 1. *Сарт-сұрт еткен дыбыс шығару, сартылдау.* Ыдыс-аяқ -ды. 2. *Еш нәрседен қаймықпай, қысылмай, бөгелмей ашық айту.* Құлғайша аққөңіл, **сартылдап** тұрған ашық адам (Жұмаділов).

САРУАР *көне. Қожа, ие, пір.* Ғашықтардың **саруары**, Зұлиха Юсуф пайғамбар (Қыз Жібек).

САРША *Шілденің аяқ кезі мен тамыздың бас кезіндегі ми қайнататын ыстық, аптап.* Шілденің **сарша** ыстығы келді (Есенберлин). □ **Сарша тамыз** — а) *аспан айналып жерге түсетін ыстық*; ә) *тамыз айының ескіше аталуы.*

САРШҰНАҚ *Ашық далалы, шөлейтті жерлерде мекендейтін құлақ қалқаны кішірек, түсі қоңыр-сары тышқан.* ◊ **Саршұнақ аяз** — *сақылдаған сары аяз, қатты суық.*

САРЫ 1. *Піскен егіннің немесе апельсиннің түріндей түс.* ~ май (гүл, дала). 2. *Сары түсті, сары оңді.* — Анау -ны шақырыңдар. □ **Сары ала қаз** — *шағын көлдерде тіршілік ететін сауыр жүні ақ, сарғыш реңді жабайы қаз.* **Сары (са) алтын** — *қоспасыз таза алтын.* **Сары атан** — *үлкен атан түйе.* ◊ **Сары жел** — *тоқтаусыз соққан жел.* **Сар желіс** — *шаппай желген қатты желіс.* **Сар (бұлкекке) желіске салды** — *желе жортты, көсіле шапты.*◊ **Сары жон** — *шөбі ерте піскен үстірт.* ◊ **Сары құлақтанды** — *өсімдік сабақтары мен жапырақтары сарғайып, пісе бастады.* **Сары мия (бот.)** — *жемісі сары түсті мия.* **Сары шымшық (зоол.)** — *құрт-құмырсқамен қоректенетін кішкене торғай.* **Сары таң** — *жаздың ұзақ таңы.* ◊ **Сары ауыз балапан** — а) *жас бала, сәби*; ә) *түкке түсінбейтін, тәжірибесіз.* **Сары (шұнақ) аяз (қызыл шұнақ сары аяз, сақылдаған сары аяз)** — *қақаған суық, қатты аяз.* **Сары балақ тартты** — *егін пісе бастады, сарғайды.* **Сары (сар) дала (поэт.)** — а) *ұшы-қиыры жоқ, шетсіз-шексіз, кең дала, мидай жазық*; ә) *сусыз, елсіз, қаңырап бос жатқан жер.* **Сары езу** — *аузынан уыз дәмі кетпеген балғын жас.* **Сары жамбас болды** — *науқастанып ұзақ төсек тартты.* **Сары жол (жолды)** — *жолы қиын, қырсықты адам.* **Сары жілік** — *егде тартқан, сары қарын.* **Сары қарын** — *мосқал тартқан (әйел).* □ **Сары самқай** — *жылқының алдыңғы және артқы аяғының тұсамысы тұсындағы сақина тәріздес сүйек өсіндісі.* ◊ **Сары тап болды** — *ысылды, қатып-семді.* **Сары шора шақ** — *тоқтасқан кез.* **Сары тұғыр** — *әбден әккі болған айлалы қу.* **Сары тіс** — *біраз жасқа келген, жасамыс.* **Сары (сар) уайым** — *жанды жегідей жеген қайғы-қасірет.* **Сары үрпек балапан** — *жас сәби.* **Сары ізіне шөп салды** — *жамандық істеді.*

САРЫ II *Ит тұқымдастарының зәр, сарық шығаруы; сиюі.* Ит **сарып**, төбесіне қарға саңғып (Әбдіқадыров).

САРЫАНДЫЗ *Қазақстандағы жабайы өсімдіктің бір түрі.*

САРЫБАС: сарыбас жоңышқа [беде] — *сары гүлді жоңышқаның бір түрі.* **Сарыбас құрай (бот.)** — *гүл шоғыры сары түсті шөптесін өсімдік.*

САРЫҚ I *Салпаң (ұзын) құйрықты мәліш қой.* ~ қой.

САРЫҚ II *Иттің зәрі, сідігі.* Иттің -ғы.

САРЫҚ III *Буындары ісіп кететін ауру; сарбуын.* Жоламан аяғының **сарығы** сыздағанын сезді (Сараев).

САРЫҚ IV *көне. Тыныгу, тыныстау.* Аттар аз да болса **сарығып**, тынықсын деп жерге түсті (С. Жүнісов). ◊ **Сарығын басты** — а) *демін алды, тынықты*; ә) *шөлін қандырды, сусындады*; б) *құмарынан шықты, мауқын басты.*

САРЫҚАЛУЕН *Қазақстандағы жабайы өсімдіктің бір түрі.*

САРЫҚАНАТ *Байқалда кездесетін балықтың түрі.*

САРЫҚАС: сарықас торғай (*зоол.*) — *түрқы 10–14 см-дей, көзінің үстіңгі жағы (қасы) сарғыш келген кішірек қоңыр құс.*

САРЫҚПА *Ыдыстағы сүйық заттың қалдығы; сарқынды.* Шай жиылды, **сарықпа** да сүйылды (Қ. Жармағамбетов).

САРЫЛ I *Сар-сар еткен дыбыс, сырыл.* Су -ы, өзеннің -ы.

САРЫЛ II *Бір нәрсені ұзақ құту, сарғаю, зарығу.* ~ып ұзақ отырды.

САРЫЛДА *Сар-сар еткен дыбыс шығару, сарқырау.* Су ***сарылдай*** жөнелді (Күмісбаев).

САРЫЛЫҚ *Сарғыштық, сары түстілік.* ~ғы маған тартқан.

САРЫЛЫС *Ұзақ тосушылық, сарғайып зарығушылық.* ~ әбден мезі етті.

САРЫМАЙ *Кілегейді күбіде пісу арқылы немесе қаймақты шайқау арқылы алатын май.* ~ жақты.

САРЫМАҚ *Жолбарыстың баласы, күшігі.* Сайтаяқтай еріндім, ***сарымақтай*** азулым (Бұқар жырау).

САРЫМСАҚ 1. *Тау беткейлерінде өсетін ұзынша ақ сүйрікті жабайы өсімдік, жуа, пияздың бір түрі.* ~ көп өсетін беткей. 2. *Бірнеше бөлектен тұратын, ақ сұр қабықты түйнекті ащы дәмді бақша дақылы.*

САРЫМСАҚТА *Тамаққа сарымсақ қосу, араластыру.* Етті ***сарымсақтап***, қайта ысытты (Жақыпбайұлы).

САРЫМСАҚТЫ *Сарымсағы көп.* ~ сай.

САРЫН I 1. ***көне.*** *Ән жанрының бір қалыпты дауыспен, ырғақты айтылатын түрі.* Қорқыттан санаулы ғана ***сарын*** жетіпті (Сейдімбеков). 2. *Әуен, саз, ырғақ.* Күй ~ы, ән ~ы. 3. *Ауыс. Қисын, ыңғай, желі, жоба.* Мақала полемикалық ***сарында*** жазылған (Есқожин). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің нобайы.* Мысқыл ~ы, уайым ~ы.

САРЫН II *Сарылдап, күрілдеп дыбыс шығарған ағын.* Су ~ы, өзен ~ы.

САРЫНДА I 1. *Белгілі бір сарынға салу, әуендету.* ***Сарындап*** сөз бен күйді алуан түрге (Жансүгіров). 2. *Бір нәрсенің ұзынырғасын баяндау, хабарлау.* Апамның ***сарындап*** отырғаны сол болса керек (Жұмаділдин).

САРЫНДА II *Құлаққа ызыңдаған дыбыс келу, сарын естілу.* Отырар шаһарының дабысы ***сарындап*** жете бастады (Д. Досжанов).

САРЫНДАМА ***әдеб.*** *Батыс әдебиетіндегі реакцияшыл, кертартпа бағыт.* Кейбір жазушылар реакцияшыл ***сарындамаға*** көшті (Ғ. Мүсірепов).

САРЫНДАС *Бір сарындағы, үндес, негіздес.* Әңгімелердің бәрі осы ~.

САРЫНДАСТЫҚ *Үндестік, ұқсастық, жақындық.* Қазақ, түркімен күйлерінің ***сарындастығы*** анық сезіледі (Бердібаев).

САРЫНДЫ 1. *Сазды, әуенді, үнді.* ***Сарынды*** ән бір қалыппен баяулады (Саин). 2. *Үндес, негіздес, ұқсас.* Қарасам байымдап, сөзің сол ***сарынды*** (Абай).

САРЫНДЫЛЫҚ *Саздылық, әуезділік.* Ән ***сарындылығы*** сонша, елтіп тыңдайсың ("Қаз. әдеб").

САРЫП *Малда, адамда болатын жұқпалы ауру.*

САРЫП: сарып қылды [етті] — *өмірін, күш-жігерін құрбан етті, тауысты.*

САС *Абдырап сасқалақтау, абыржу.* Қыз қатты ~ты.

САСАЙ 1. *Аталық малдардың күйек алу кезінде іске жарамай қалуы.* Бұқа ***сасай*** болған болуы керек, сиырдан шеттеп тұр (Әлжіков). 2. *Ауыс. Тұкке тұрғысыз, жарамсыз.* Тәкешіңнің өзі де, ақылы да ***сасай*** екен (Ә. Әбішев).

САСҚАЛАҚ *Болар-болмасқа сасып қалатын, абдырағыш.* Досым өте ~ жан еді.

САСҚАЛАҚТА *Асып-сасу, абдырау, абыржу.* Апам ***сасқалақтап*** жүгіріп жүр (С. Мұқанов).

САСҚАЛАҚТЫҚ *Асып-сасушылық, әбігері шығушылық.* ~ жасады.

САСЫ 1. *Бұзылу, былығу, иістену.* Ыстықта ет ***сасып*** кетті (С. Жүнісов). 2. *Жаман иісі шығу, мұңку.* Тер ~иды, арақ ~иды.

САСЫҚ 1. *Сасып кеткен, иістенген, мұңкіген.* ***Сасық*** иіс қолқаны жарады (Тұрлыбаев). 2. *Ауыс. Пасық, арам.* Олардың ***сасық*** ойын білеміз (Ниязбеков). □ **Сасық жуа** *(бот.)* — *жеуге жарамсыз, иісі сасық жуа.* **Сасық көкек** *(зоол.)* — *төбесінде айдары бар, ұзын тұмсықты сары шұбар жыл құсы.* **Сасық күзен** *(зоол.)* — *қызғылт сары қылшықты, сасық иісі шығып тұратын дала күзені.* **Сасық қоңыз** *(зоол.)* — *дене тұрқы 17–23 мм қара түсті қоңыз.* **Сасық меңдуана** *(бот.)* — *гүлі күлгін сары түсті, улы өсімдік.* **Сасық тұмау** — *тұмаудың ауыр түрі.* ◊ **Сасық ауыз** — *әр нәрсені қоңырсытып жүретін өсекшіл.* **Сасық құлық** — *ішкі есебі пайдакүнемдік қана, жымысқы мінез.*

САСЫҚҚҰРАЙ *бот. Ақ гүлді, жағымсыз иісі бар құрай.*

САСЫҚТАБАН *Жылқы тұяғы іріңдеп, сасып кететін ауру.*

САСЫҚТАУ *Аздап сасыған, иістенген.* ~ иісі шықты.

САСЫҚШӨП *бот. Қызғылт гүлі бар, шөп тектес көпжылдық жабайы өсімдік.*

САСЫП-ПЫСЫП *Асығып-үсігіп, асып-сасып.* ***Сасып-пыспай*** ізімді жасырдым (Ахтанов).

САСЫП-САБДЫРАП *Асып-сасу, абдырау, асығып-үсігу.* ***Сасып-сабдырау*** жоқ, бірқалыпта (Қалмырзаев).

САСЫР *бот. Сабағы жуан, сары гүлді, жағымсыз иісі бар құрай.*

САТ 1. *Затты өз құнына тұратын ақшаға беру, саудалау.* Базарға мал семіртіп ***сатты*** (З. Ақышев). 2. *Ауыс. Құндау, бұлдау.* Ол қызметін ***сататын*** адам емес (Ә. Сатыбалдиев). 3. *Бас пайдасын көздеп біреуге опасыздық істеу.* Мырзаның ***сатып*** кететінін баяғыда-ақ білгенмін (Мұқаев). ◊ **Сатып алды** — *пара беріп, істі өз пайдасына шешті.*

САТАЛ *Кір, лас, сатпақ.* ~ киім (бет).

САТАЛА *Сатал-сатал ету, ластау.* Киімін ***саталап*** алыпты ("Лен. жас").

САТАЛАҚ *Кір-қожалақ, сатал.* ~ бетті бала (киімді біреу).

САТАЛДА *Сатал-сатал ету, былғау, ластау.* Еденді ~п тастапты.

САТАЛ-САТАЛ *Сауыс-сауыс, кір-қожалақ, сатпақ-сатпақ.* Жеңі ~.

САТАРМАН *Сатушы адам, саудагер.* Саудаға қызған ***сатармандар*** базарда қаптап жүр (Мағауин).

САТЕЛЛИТ 1. *Сөз жүзінде тәуелсіз, ал шын мәнінде күшті бір мемлекетке бағынышты мемлекет.* 2. *Тәуелді, бағынышты адам.* 3. *Өз қожасын қорғаушы қарулы адам.* 4. *Планета серігі.* 5. *Тісті дөңгелек.*

САТИРА ***әдеб.*** *Тұрмыста кездесетін кемшіліктерді сынай, әжуалай суреттейтін әдеби жанр; сықақ, мысқыл.* Оның бұл сөзі ***сатираға*** айналды (М. Ғабдуллин).

САТИРАЛЫ *Сатира араласқан күлкілі.* ~ шығарма.

САТИРАЛЫҚ 1. *Сатира жанрында жазылған.* ~ өлең (шығарма). 2. *Әзіл-сықағы араласқан, әжуалы.* ~ кеш.

САТИРАШЫ *Сатира жанрында еңбек етуші, сықақшы.*

САТҚА: сатқа ұрғандай — *арықтау, жүдеу, шөжу, кіртию.* Аз күнде ***сатқа*** ұрғандай жүдеп кетті (Жұмаділов).

САТҚАҚ 1. *Іш ауруының асқынған түрі; тышқақ.* Күн өтіп кетсе, ***сатқақ*** болу ғажап емес (Талжанов). ◊ **Сатқақ келгір** (*қарғ.*) — *сатқақ болып ауырғыр.*

САТҚЫН *Адалдығы жоқ, опасыз, арсыз.* ~ болды (атанды).

САТҚЫНДЫҚ *Сатып кеткендік, опасыздық.* ~ саясат (жасады).

САТПАҚ *Кір-қожалақ, лас.* ~ бет бала.

САТПАҚ-САТПАҚ *Сатал-сатал, кір-қожалақ.* Беті ~.

САТПАҚТА *Сатпақ-сатпақ ету, ластау.* Бетін ~п алды, киімін ~ды.

САТУЛЫ *Есебі бар, ақылы; сатылатын.* Қалада бәрі ~.

САТУРН *астр. Күн системасындағы ірі планета; көкбозат.*

САТУСЫЗ *Ақысыз, пұлсыз, тегін.* Халық құрметі ~.

САТУШЫ *Дүкенде зат сататын адам; дүкенші.*

САТУШЫЛЫҚ *Сауда қызметкері болушылық.*

САТЫ 1. *Үйдің, қораның төбесіне шығу үшін жасалған екі таянышы бар баспалдақ.* Төбеге ***сатымен*** көтерілдім (Қайсенов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің даму, өсу кезеңі, мерзімі.* Түйсік шындықты танудағы бірінші ***саты*** (Ысмайылов). 3. *Ауыс. Дәреже, атақ, шен.* Ол өзінен бір ***саты*** кем үзеңгілестерін көзге ілмейді (Сқақбаев).

САТЫЛ 1. *ыр. етіс. Сат-ыл.* 2. *Өз мүддесін ғана ойлап, біреуге опасыздық жасау, сатқын болу.* Жауға ~ды, ақшаға ~ды.

САТЫЛЫМ *Сауда, товар айналымы.* Заттар бүгін ***сатылымда*** ("Алматы ақшамы").

САТЫЛА *Бірінен соң біріне біртіндеп өту, бірте-бірте өсу.* Ол әскери лауазымның бәрін ***сатылап*** атқарып келе жатқан адам (Тілеков).

САТЫЛҒЫШ *Сатылып кететін, сатқын, сатынды.*

САТЫЛҒЫШТЫҚ *Сатылып кеткендік, сатылушылық, опасыздық.* ~ әрекет.

САТЫЛЫ 1. *Сатысы бар.* ~ үй. 2. *Бірнеше сатыдан тұратын.* Төлдетудің ***сатылы*** жүйесі бар (Оралбаев).

САТЫЛЫЛЫҚ *Сатылы болғандық, біртіндік.* Оқытудың жүйелілігі мен ~ғы болады.

САТЫМДЫҚ *Сатылатын, сататын, сатуға арналған.* Дүкен ***сатымдық*** нәрсеге лық толған.

САТЫМСАҚ *Сатқын, арсыз.* Ол ***сатымсақ*** емес (Жұмақанов).

САТЫН *Сатуға арналған, сатылатын. Сатын* малы жоқ ("Лен. жас").

САТЫНДЫ *Сатқын, опасыз.* Сүйтіп ол ***сатынды*** болды (Хусайынов).

САТЫР *Сатырлаған дыбыс, тарсыл.* Шапалақ ~ы. ◊ **Сатыр ете қалды [етті]** — *сатырлаған дыбыс шықты, сатырлады.*

САТЫР-КҮТІР *Сатырлаған, күтірлеген дыбыстың құлаққа естілуі.* ◊ **Сатыр-күтір етті [ете қалды]** — *сатырлады, күтірледі.*

САТЫРЛА *Сатыр-сұтыр еткен дыбыс шығару.* Қара жаңбыры ***сатырлап*** сабалап тұр (Иманғалиев).

САТЫР-СҰТЫР *Сатырлаған, шатырлаған дыбыстың естілуі.* ~ оқ жауды (есік қағылды). ◊ **Сатыр-сұтыр етті** — *сатырлады, тарс-тырс етті.*

САТЫС *Сатылатын, сататын. Сатыс* үшін әкелген малдар бар (Жұмаділов).

САУ I 1. *Ауру-сырқаудан аман, дені таза.* Саша есін жиды, ***сау*** сияқты (Шаймерденов). 2. *Ауыс. Дені бүтін, бүлінбеген.* Дененің терісі ***сау*** (Оразақов). ◊ **Сау басына сақина тіледі** — *өзіне-өзі істеді.* **Сау басын саудаға салды** — *даушатақты өзі тілеп алды.* **Сау желді** — *қатты екпіндеп желді.* ◊ **Сау сиырдың боғы емес** — *анау-мынаудан құр емес, қатысы бар.*

САУ II *Емшекті саумалап тартып, сүт шығару.* Сиыр ~ды.

САУ: сау ете түсті [қалды] — а) *тұтқиылдан пайда болды;* ә) *бұрқ ете түсті.*

САУАЛ *Біреуге қойылған сұрақ.*

САУАЛДА *Қайта-қайта сұрағыштау.* Білмеген сөзді білдірер, ***сауалдап*** сауат ашқандай (Майлықожа).

САУАЛДАМА *Сұраулық.* Толтырылған ***сауалдаманы*** қиып алып, газет редакциясына жолдады ("Соц. Қаз").

САУАП *Шапағатты, игілікті іс, сауап.* Екі жасты қосқанның ***сауабы*** бар (Мақал). ◊ **Сауабына қалды (сауабын алды)** — *алғысына бөленді, рахметін алды.* **Сауап болды** — *өзіне де сол керек.*

САУАР: сауар көбейсін (*тілек*) — *сүт мол болсын, мал көбейсін.*

САУАРЛЫҚ *Сауға болатын, сауға жарайтын.* ~ сиыр (мал).

САУАТ *Оқып-жаза білетіндік, хат танығандық.* Әкесінің әжептәуір ~ы бар. ◊ **Сауат ашты** — *хат таныды.* **Сауаты ашылды** — *ой-өрісі, түсінігі кеңіді.*

САУАТСЫЗ 1. *Хат танымайтын, оқымаған.* Қолынан жазу келмейді, ***сауатсыз*** (Сқақбаев). 2. *Білімі нашарлау, белгілі бір нәрседен түсінігі, сауаты шамалы, шорқақ.* Қолымда ***сауатсыз*** жазылған арыз ("Қаз. әдеб.").

САУАТСЫЗДАУ 1. *Шала сауаттылау, сауаты кемдеу.* ~ жазылған түсініктеме (хат) 2. *Хабары шамалылау, білімсіздеу.* Ол топографиядан ~.

САУАТСЫЗДЫҚ 1. *Хат танымаушылық, сауаты жоқтық.* Ол Ғазизаны ***сауатсыздықты*** жоятын мектепке берді (Тоғысбаев). 2. *Білімі саяздық, нашарлық.* Қазір тілде ***сауатсыздық*** бел алып кетті ("Қаз. әдеб.")

САУАТТЫ 1. *Дұрыс оқып, дұрыс жаза білетін, білімді.* 2. *Жан-жақты хабардар, көзі ашық.* Кенен көрген-білгенін жазып отыратын өте ***сауатты*** адам (Бақбергенов). 3. *Қатесіз жазылған, мұлтіксіз.* ~ жазылған хат.

САУАТТЫЛАУ *Сауаты жоғарылау.* ~ адам.

САУАТТЫЛЫҚ 1. *Хат тани білетіндік.* ~қа қолы жетті. 2. *Әр жайдан хабары барлық, көзі ашықтық.* Ол бұл жайдан ~ танытты.

САУҒА 1. *Соғыстан түскен олжадан не ауланған аңнан берілетін сый.* Ертеде батырлар,

аңшылар олжасын бөлісіп, *сауға* берген (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Араша сұрау, бір жолға ашуды қи деген мағынада айтылады.* Қонақ *сауға* сұраған нышан блдірді (К. Ахметбеков).

САУҒАЛА *Бір нәрсені пана етіп сақтану, қорғаштану.* Кенжеболат басын *саугалап* құтылды (Нұрқанов).

САУҒАШЫ *Түскен олжадан сый сұраушы, сый алушы.* ~ болсаң жылқыға жүр.

САУДА 1. *Затты сату мен сатып алу айналымы жөніндегі шаруашылық әрекеті.* Жамантай ~ кәсібімен айналысты. 2. *Ауыс. Бәсеке, таластартыс.* Бұл әңгімені *саудаға* салудың қажеті жоқ (Кекілбаев). ◊ **Саудаға салды** — а) *сатпақшы болды, саудалады*; ә) *сөз қылды, әңгіме етті.* ◊ **Саудасы бітті (шешілді)** — *іс бітті, шешілді.* **Саудасы бітті** — *құрыды, қатардан шықты, жұмысы бітті.*

САУДА: сауда нүктесі — *Сауда жасайтын, оны іске асыратын арнаулы орын.*

САУДАГЕР *Заттың тұрақты, өзіндік бағасын асырып қайта сататын сатарман, алыпсатар.* Адам баласының ең арамы да, арсызы да *саудагер* екені даусыз (Ғ. Мүсірепов).

САУДАГЕРЛІК *Заттың құнын арттырып сатушылық, алыпсатарлық.* ~пен айналысты.

САУДАЙЫ *Бетімен кеткен, алаңғасар, жеңілтек. Саудайы-ай,* сауды алмадың-ау, сырқауды алып (Абай).

САУДАЙЫЛЫҚ *Алаңғасарлық, парықсыздық.* Үйіне он бес күндей жоламады, баяғыша *саудайылық* елде құрып (Торайғыров).

САУДАЛА *Затты сату немесе алу үшін нарқын белгілеу, бағасына келісу.*

САУДАЛАС 1. *орт. етіс. Саудала-с.* 2. *Сөз жарыстыру, егесу, сөз таластыру.* Ұзақ күн *саудаласса* да, Тәкежандар бұл сөзден де ұта алмады (М. Әуезов).

САУДАЛЫ *Саудасы қызған, саудасы бар.* ~ базар.

САУДАЛЫҚ *Саудаласуға жарайтын, саудалауға тұратын.* ~ жүктерімен керуен келді.

САУДА-САТТЫҚ *Сатып алу, сату сияқты алыс-беріс іс.* ~пен айналысты.

САУДАСЫЗ *Ақысыз, пұлсыз; тегін.* Абай мен Базаралы арасы *саудасыз* достық (М. Әуезов).

САУДЫР 1. *Саудыр-саудыр ету, саудырлаған дыбыс шығару.* Жерде кесек темірлер *саудырап* жатыр (Ақбаев). 2. *Ауыс. Құр сұлдері қалу, зорға ілініп тұру.* Сүйегі шашылуға жақын *саудыраған* шал келді (Ы. Ысқақов).

САУДЫРАҚ *Саудыр-саудыр еткен, қаудырлақ.* Бұйымы аң терісінен жасалған *саудырақ* (Т. Әлімқұлов).

САУДЫРЛА 1. *Саудырау, қаудыр-қаудыр ету.* ~ған сарқұлақ қағаздарын сатырлатып санады. 2. *Ауыс. Салдырлап, аңқылдап қатты сөйлеу.* Қарашаш *саудырлап* сөйлей кірді (Нәжімеденов).

САУҚАТ *Бір жақтан заттай жіберілген сәлемдеме.* Баға жетпес *сауқат* екен (Әзиев).

САУҚЫМ: сауқым салды — *дуылдасып әңгіме құрды.* Жоқтан өзге сөйлесіп, *сауқым* салды (Абай).

САУЛА 1. *Заулап ағу, қатты құйылу.* Тер ~ды, сүт ~п ақты. 2. *Зу-зу ету, жөңкіліп есу.* Жігіттер *саулап* жүріп келеді (Жансүгіров).

САУЛЫҚ I *Үш жастан асқан қозылы қой. Саулықтардың* қозылары аман (Тесов).

САУЛЫҚ II *Ауру-сырқаудан аман болушылық.* Курорт біткенді адақтап *саулығымды* ойлап мен жүрмін (Д. Досжанов).

САУМА *Сауатын аппарат.* Электр *саумамен* күніне 40-тан 50-ге дейін сиыр сауады.

САУМАЛ *Әлі ашуы жете қоймаған бие сүті.* Дұрыс ашымаған қымызды *саумал* дейді (Сатаев).

САУМАЛА 1. *Арқан не жіпті сығымдап, сырып тарту.* Үбедей тесіктің ернеуіне аяғын тіреп, беліне ораған арқанды *саумалай* жіберіп тұр (Салғарин). 2. *Аз-аздап икемге келтіру, суыртпақтап тарту.* Қисынын тартып, *саумалап*, қартты сөзге тарту керек (Әлжіков)

САУМАЛДАУ *Шала ашыған.* Қымыз ~ екен.

САУМАЛДЫҚ *Ақ гүлді, биіктігі 5–10 см-дей, қышқылтым жапырақты жабайы өсімдік.*

САУСАҚ *Қол басының алақанға қосылған салалы бөлігінің бірі.* Сұқ *саусағын* көтерді (Төшенов). ◊ **Саусағынан (бармағынан) бал тамған** — *асқан өнерлі, бес аспап.* **Саусақпен санарлықтай (санағандай)** — *көп емес, аз ғана.*

САУСАҚҚАНАТ БАЛЫҚТАР *Балықтардың бір түрі.*

САУ-СӘЛЕМЕТ *Аман-есен, дін аман.* ~ жүріп жатыр.

САУ-СӘЛЕМЕТТІК *Аман-есендік.* ~ке не жетсін.

САУ-САУ *Қайта-қайта сауылдау, сауылдап құйылу.* ~ төгілді.

САУСЫЛДА *Сеңдей соғылысу, бір-бірімен қақтығысу.* Жолтай бастап *саусылдап*, он солдат ауылға келді (Қ. Тайшықов).

САУ-ТАМТЫҚ: сау-тамтығы қалмады — *дал-дұлы шықты, әбден тозды.*

САУУЛЫ *Әлі сауылып отырған мал.* ~ інген.

САУШЫЛЫҚ *Ден тазалық, амандық.* ~ тіледі.

САУЫҚ *Ойын-тамаша, көңіл көтеретін думанды жиын-той. Сауықпен* уақыт өткіздік (Елебекова). □ **Сауық кеші** — *көңіл көтеретін ойын, тамаша.*

САУЫҚ *Ауру-сырқаудан жазылу, айығу.* ~ғып кетті, ~ға бастады.

САУЫҚҚОЙ *Ойын-сауыққа құмар, думаншыл.* ~ жігіт (жас).

САУЫҚҚОЙЛЫҚ *Ойын-тойды, тамашаны жақсы көретіндік.* Оның жаратылысынан *сауыққойлығынан* ба, еркін отырады (Жұмаділдин).

САУЫҚ-САЙРАН *Қызығы мол, дырдулы той-думан.* ~мен көп жүріп қалды (З. Ақышев).

САУЫҚ-САЙРАНШЫЛ *Сауықшыл, думаншыл.* ~ адам.

САУЫҚТА *Ойын-тамаша жасау, думандау.* Көшеге ~п шықтық.

САУЫҚТЫ *Думаны мол, қызықты.* ~ кеш (ел).

САУЫҚШЫ *Той-думаншыл, ойын-тамашаға құмар.* Өз ақылгөйіміз, өз *сауықшымыз* бар. (Ө. Сәрсенбаев).

САУЫҚШЫЛ *Той-думаншыл, тамашашыл.* Абай әні *сауықшыл* жастар жүрегін бірден баурады (Қ. Жұмаділов).

САУЫҚШЫЛДЫҚ *Ойын-тамашаға құмарт-қыштық. Сауықшылдығын,* қонақжайлығын дәріптеп жатыр (Т. Әлімқұлов).

САУЫЛДА 1. *Саулап құйылып кету, төгілу.* Бидайлар апанға ***сауылдап*** құйылып жатыр (Б. Майлин). 2. *Жапырлап, қаптап келу.* Бір топ қыз бен жігіт ***сауылдап*** бір-ақ кірді (Қ. Жұмаділов).

САУЫМ *Сүт сауып алу мерзімі.* Сиырдың түскі ***сауымы*** еді (Ә. Көпбаев). ◊ **Бие сауым (уақыт)** — *биенің екі сауымының аралығы, бір сағаттай уақыт.* Бие ***сауым*** уақыт өтті (М. Есламғалиев).

САУЫН 1. *Сүт беретін, сауылатын мал.* Сауатын ***сауыны*** да сол (Ә. Нұрпейісов). 2. *Сүт сауып алу мерзімі.* ***Сауын*** аяқталған сияқты (М. Сүндетов).

САУЫН *Ас берумен байланысты күнілгері немесе бір жыл бұрын айтылатын хабар.* Келесі жылы болатын асқа ***сауын*** айтылды (С. Талжанов).

САУЫНДЫҚ *Сауып ішуге лайық.* ***Сауындыққа*** берген сиырын алмаймын деді (М. Дүзенов).

САУЫНШЫ *Мал сауумен шұғылданатын кәсіп иесі.*

САУЫНШЫЛЫҚ *Мал сауумен шұғылданушылық.*

САУЫР 1. *Малдың бел омыртқасынан құйымшақ тұсына дейінгі жерінің үсті.* Ол көк шыбығымен атты ***сауырға*** салып жіберді (К. Ғабдуллин). 2. *Малдың белдеме мен сан үсті терісінен жасалатын былғарының қалың түрі.* ***Сауырдан*** тігілген кебіс киді. (ҚазССР тарихы). 3. *Ауыс. Көк орай шөбі мол, шұрайлы, құнарлы жер.* Сарыбай ***сауырында*** күндіз-түні бірдей өмір аттары жүзді (С. Мәуленов). ◊ **Ат сауырын берді** — *қол ұшын берді, қарайласты.* **Көк сауыр етік** —*сауыр терісінен өңделіп, көк түске боялған былғарыдан тігілген қонышты аяқ киім.*

САУЫРАҒАШ *Қылқан жапырақты ағаш түрі.*

САУЫРЛА 1. *Көлікті қамшы не шыбықпен сауырдан тартып-тартып қалу.* Астымдағы атты ***сауырлай*** салып жібердім (О. Бөкеев). 2. *Айғырдың өзге жылқыны сауырынан тістелеуі.* Буырыл айғыр ауа жайылған биені ***сауырлап*** әкеп үйіріне қуып тығатын (З. Ақышев). 3. *Ауыс. Біреудің қыр соңына түсіп, қудалау.* Шәкен ***сауырлап*** бәрін елден қуды (Ғ. Мұстафин).

САУЫРЛЫ *Сауыры кең, жалпақ.* Астында жұмыр ***сауырлы*** күрең аты бар (Х. Мұстафин).

САУЫРСЫН *Май жамбас, сауыр.*

САУЫС *Әбден баттасып қатып қалған кір, қатқан мұзқар.* Үсті-басы баттасқан ***сауыс*** (Қ. Сатыбалдин).

САУЫСҚАН *Қарға тұқымдас ала қанатты, ұзын құйрықты құс.*

САУЫС-САУЫС *Әбден кір болған, лас.* ~ киім.

САУЫСТАН *Әбден кір болып баттасу, ластану.* ~ып қатқан мұз.

САУЫТ I *Оқ-найзадан сақтану үшін денеге киетін тор көзді киреуке.* Тұла бойын көк болат ***сауыт*** құрсап келеді. (Сейдімбеков).

САУЫТ II *Әр түрлі заттарды салуға арналған кішігірім ыдыс, құты.* Дәрі ~ы, сыя ~ы, темекі ~ы.

САУЫТ-САЙМАН *Әр түрлі құрал-жабдық.* Тұрысбек ***сауыт-сайманын*** арқалап келді (Жұмақанов).

САФ *Қоспасыз, таза.* ***Саф*** ауа жанынды сергітеді (Шойбеков).

САФТАН *Тап-таза болу, бүкпесіз көріну.* ***Сафтанып*** сала берер сараланып (Оразбаев).

САХАБА *діни. Ислам дінін таратқан Мұхамед пайғамбардың серіктері.*

САХАР *Таң алды мезгілі, ала көбең кез.* ~ алдындағы тәтті ұйқы.

САХАРА 1. *Ауа райы қуаң, шөлді аймақ.* ~ құмы, ~ шөлі. Желмен жарысып, сағым қуып өскен ***сахара*** жігіттері (Сматаев). 2. *Кең байтақ жазық дала.* ***Сахараға*** үйреніп қалған басым, қалаға көндіге алмаймын ба деп қорқам (С. Шаймерденов).

САХАРОЗА *Суда жақсы еритін, дәмі тәтті ақ кристалл.*

САХНА *Театрдағы ойын-сауық көрсетуге лайықталған орын.* ~ға шықты. □ **Сахна шебері** — *сахна өнерінің үздігі, майталманы.*

САХНАЛА *Сахнаға қоюға лайықтау, сахнада көрсету.* Ысмайылов көрнекті рольдерді ***сахналап*** келген актер ("Қаз. әдеб.").

САХНАЛЫҚ *Сахнаға көрсетуге лайық.* ***Сахналық*** шығармаға қолымыз жиі жетіп жүрген жоқ (І. Омаров).

САҢАР *Аққудың қоразы.* "Айдынды көлге қал шауып, тоғызын соғып ұшырған, қу сұлтаны ***саңарсың***" (Шалкиіз жырау).

САЯ 1. *Жанға жайлы, көлеңкелі салқын жер.* Мен ағаштың ***саясына*** аялдадым (Жәкенов). 2. *Ауыс. Арқа сүйер, қамқор, пана.* Қамқоршы, ***сая*** болған ұстазы (Дәуренбекова). ◊ **Сая болды (қылды]** — *пана тұтты.* **Сая тапты** — *жаны рақатқа бөленді, жаны жадырады.*

САЯБАН *Бақтың ішінде дем алуға арналған. Саябақ; беседка.* Әңгімелесіп ~да отырмыз.

САЯБЫР *Ақырын, баяу, сәл толастаған.* Жұмыстары ***саябыр*** даяшылар шеткері столда отыр (Досанов). ◊ **Саябыр тапты** — *толас тапты, тыншыды.* ◊ **Саябыр тартты** — *бәсеңдеді, сиреді, баяулады.*

САЯБЫРЛАУ *Жиі емес, баяулау.* Қарт ~ қозғалады, ~ сөйлейді.

САЯБЫРЛЫ *Баяу, тыншыған.* ~ шақ (мезгіл, уақыт).

САЯБЫРЛЫҚ *Баяулағандық, бәсеңдік,* ~ орнады.

САЯБЫРСЫ *Жайлап бәсеңдеу, біртіндеп басылу.* Сыбыр-күбір ~ғандай болды.

САЯЖАЙ *Жаз айларында демалу үшін қала сыртында салынған шағын үй; бау-бақша.* Жазда көбіне ~да боламыз.

САЯЖОЛ *Екі жағын ағаш көмкерген жол; аллея.* Павлодардың Бейбітшілік көшесі, тамаша ***саяжол*** ("Лен. жас").

САЯЗ 1. *Терең емес, таяз.* Балалар өзеннің жайылма ~ына түсті. 2. *Ауыс. Ой-өрісі тар, білімі шала.* Сын деген атпен кейде ***саяз*** пікірлер айтылып жүр (Мұстафин).

САЯЗДА 1. *Таязданып қалу, су тартылу.* Теңіз жиегі мүлде ***саяздап*** кетіпті (Баяндин). 2. *Ауыс. Терең бойламау, ой-өрісі кемдеу.* Ол ойынның келісті жақтары мен ***саяздап*** тұрған кезеңдерін жілік-жілік етіп талқылайды (С. Бердіқұлов).

САЯЗДАУ 1. *Онша терең емес, таяздау.* Судың ~ жері. 2. *Ауыс. Ой-өрісі тарлау.* ~ адам.

САЯЗДЫҚ 1. *Терең еместік, таяздық.* Судың ~ғы, өзеннің ~ғы. 2. *Ауыс. Түсінігі, білімі төмендік.* Жауапкершілікті сезінбеу — ***саяздық*** (Момышұлы).

САЯҚ 1. *Өз алдына бөлек жүретін, тусыған, бойдақ.* ***Саяқ*** арқар ауылды төңіректейді (Қырғызбаев). 2. *Ешкімге қосылмай жеке жүретін, дара, оқшау.* ***Саяқ*** жүрсең, таяқ жерсің (Мақал).

САЯҚ *шегіртке. Көптеген екпе өсімдіктерді зақымдайтын обыр шегіртке сияқты зиянды жәндік.*

САЯҚСЫ 1. *Үйірге қосылмау, оқшаулану, бөлектену.* Қысырақ үйірілген бөрте бурыл, ***Саяқсып*** шет жайылып емес жуыр (Жансүгіров). 2. *Ауыс. Өзгеден оңашалап шеттеу, жеке дара болу, оқшау жүру.* Кербала ***саяқсып*** жүріп сақтыққа үйренген (Жұртбаев). 3. *Ауыс. саябырсу, азаю, бәсеңдеу.* Заман өзгерді, баяғы әңгіме ***саяқсыды*** (Сараев).

САЯҚТА *Өзгелерден жекелену, оқшаулану.* Сәурік ***саяқтап*** жайылып жүр (Д. Досжанов).

САЯҚТЫҚ *Өзгеден оңашаланғандық, даралық.* ~қа еті үйренді.

САЯЛА 1. *Көлеңкелі жерде тыныстау, салқындау.* Терек көлеңкесін ***саялап*** отырмыз (Қаназов). 2. *Ауыс. Қамқор тұту, паналау.* Жәлменде би сен едің, ***Саялай*** келген мен едім (Айтыс).

САЯЛЫ *Салқыны мол, көлеңкелі.* ~ бақ.

САЯСАТ *Белгілі бір мүдделерді қорғауға бағытталған, ел басқарудағы ішкі және сыртқы қарым-қатынастардың әрекеті, ұстаған бағыты.*

САЯСАТШЫ *Саясатпен айналысушы. Саясатты жақсы білетін саясаткер.*

САЯСАТШЫЛ *Саясат жөнінде көп айтқыш, саясатқа құмар.* ~ адам.

САЯСАТШЫЛДЫҚ *Саясатқа құмарлық.* Оның ~ғына ыза болды.

САЯСИ *Саясатқа қатысты, саясатпен байланысты. (хабар, жетекші).* □ **Саяси ахуал** — ***саяси хал-жағдай.*** **Саяси хабарламашы [саяси хабаршы]** — *саяси тақырыпқа хабарлама жасаушы.* ***Саяси экономия*** — *материалдық игіліктерді өндіру мен бөлу, оны айырбастау мен тұтынуға байланысты қоғамдық қатынастарды жан-жақты зерттейтін ғылым.*

САЯТ 1. *Құс салып, аң аулаушылық.* Балуан қаршыға сап, ***саятта*** жүр. (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Серуен, сейіл.* Барлық жастар ***саят*** қызығына берілді (М. Әуезов).

САЯТКЕР *Құс салып, аң аулауға әуес, соған машықтанған адам.* Әкем жасынан ***саяткер*** болған (Ж. Смағұлов).

САЯТКЕРЛІК *Құс салып, аң аулауға машықтанғандық.* ~пен айналысты.

САЯТТА 1. *Құс салып, аң аулау.* Елмін қыран салып, ***саяттаған*** (Ниязбеков). 2. *Серуендеу, қыдыру.* Ерте тұрып қала сыртына ***саяттап*** қайттым (Тұрысов).

САЯТТЫҚ *Құс салып, аң аулаушылық.* ~ етті (құрды).

САЯТШЫ *Құс салып, аң аулауды кәсіп еткен аңшы.* Таң ата ***саятшылар*** аттанып кетті (Е. Рахимов).

САЯТШЫЛ *Құс салып, аң аулауға әуес.* Ол әрі ***саятшыл***, әрі ат танығыш (Қаратаев).

САЯТШЫЛА *Саятқа шығу, саяттау.* Қасқыр қуып, ***саятшылап*** Жетібас жүр (Д. Досжанов).

САЯТШЫЛЫҚ *Құс салып, аң аулаушылық.* ~қа аттанды (баулыды).

САЯХАТ 1. *Зерттеу не танысу мақсатымен алыс жерге, ел аралауға шыққан сапар.* 2. *Жақын жерде құратын сейіл-серуен, бой жазу.* Қарт ұстаз шәкірттерімен ***саяхат*** жасауды ұйғарды (Ө. Ахметов).

САЯХАТТА 1. *Алыс жерлерге сапарға шығу, ел аралау.* 2. *Серуендеу, сейіл құру.* Бүгін қаланы ***саяхаттап***, ертең елге кетемін (Арыстанов).

САЯХАТШЫ *Саяхат жасаушы адам.* Білгір ~.

СӘБИ *Жас нәреске, бұлдіршін, бөбек.*

СӘБИЛІК *Буыны бекімеген бұлдіршін кез, бөбектік.* ~ жас (қалпы, түсінік).

СӘБИХАНА *Емшек жасындағы сәбилерді күтіп-бағатын мекеме.*

СӘБІЗ *Қызғылт сарғыш түсті, тәтті дәмді, бір жылдық бақша өсімдігі.* ~ салаты.

СӘБІР *Кішкентай, ұсақ, башақ. Картоптың ұсақ сәбірі ғана қалыпты.*

СӘДЕП *көне. Теңіз түбінен алынатын асыл тастардың сыртқы қабығы, қабыршағы.* ~пен қапталған алмас пышақ.

СӘЖДЕ *Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге жайылатын жайма мата; жайнамаз. Сәждеге* басы тиіп көрген жан емес. (З. Ақышев). ◊ **Сәждеге бас ұрды (басын қойды, басын салды]** — *құдайға құлшылық етті, намаз оқыды.*

СӘЙГЕЛ *Жазда сиыр малына маза бермейтін сона. Сәйгел* қуған сиырларда ес жоқ (Мұстафин).

СӘЙГҮЛІК *Жүйрік жылқы.*

СӘЙКЕС I *Бір нәрсемен ыңғайлас, үйлес, ұқсас.* Программаға ~, жағдайға ~.

СӘЙКЕС II *Сай тұсу, үйлесе кету.* Әңгіметіз ~е кетті.

СӘЙКЕССІЗ *Ешбір ретке, ыңғайға келмейтін, үйлессіз.*

СӘЙКЕССІЗДІК *Біріне-бірі үйлеспейтін, сай келмейтін, үйлесімсіздік.*

СӘЙКЕСТЕ *Бір нәрсенің ретіне сай келтіру, лайықтау, үйлестіру.* Олар өз әрекеттерін жаңа жағдайға ***сәйкестеді*** (Өтепов).

СӘЙКЕСТІК *Бір-біріне сай үйлестік, ұқсастық.*

СӘЙКЕСТІР *Ыңғайға, жөнге келтіру, үйлестіру.*

СӘКӘКУ *Селтеңдеген нәтижесіз ойын-күлкі.*

СӘКІ *Отыруға, жатуға арналған, тақтайдан биіктеу жасалған орын, нар.* ~ге жайғасты (отырды).

СӘЛ I *Азғана, шамалы, болмашы.* ~ ыңғайсыз болды (қабақ шытты). □ **Сәл болмағанда** — *енді кешіккенде, аз кідіргенде.*

СӘЛ II *Халі нашар, жаман.* Әкем ауру, халі ***сәл*** (Торайғыров). Тұрмыстары да ~.

СӘЛДЕ *Қожа-молдалар бастарына орайтын ақ мата, шалма.*

СӘЛДЕГҮЛ *Жазық жерде өсетін гүлді өсімдік.*

СӘЛЕМ 1. *Шын көңілден білдірген ниет, тілек, сәлемет.* 2. *Біреудің біреуге жеткіз, айт деген аманаты, ауызша хабары.* Туған елдің ***сәлемін***, Кім жіберген хатқа орап (Мәуленов). □ **Сәлем хат** —*есен-саулық сұрасқан, жазбаша хабар.* ◊ **Сәлем берді** — *есен-саулық сұрасты, амандасты.* **Сәлем етті** — *иіліп тәжім етті, құрмет білдірді.* **Сәлемі түзу** — *көңілі тұзу, ықыласы адал.*

СӘЛЕМШӨП *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СӘЛЕМДЕМЕ *Біреу арқылы беріп жіберген сыбаға, сәлем-сауқат.* Дос-жарандарға ***сәлемдеме*** жібердім (Бектұрғанов).

СӘЛЕМДЕС *Есен-саулық білісу, амандасу.* Бізбен қол беріп ***сәлемдесті*** (Бөриев).

СӘЛЕМЕТ *Аман-есен, сау-саламат.* ***Сәлемет*** боларсыз, аға (Соқпақбаев).

СӘЛЕМЕТТЕН *Сауығу, жазылу.* Махмұт ***сәлеметтеніп*** келеді (Әбілев).

СӘЛЕМЕТТІК *Ден тазалығы; есен-саулық.* ~ті сақтады.

СӘЛЕМ-САУҚАТ *Біреу арқылы жіберілген аздаған сыбаға, сәлемдеме.* Жеңгем үйге деген ***сәлем-сауқатын*** да әзірлеп қойыпты (Сегізбаев).

СӘЛЕМШІ *Сәлем бере, айта кірген адам.* Күнде үйіліп баса беретін ***сәлемшілер*** азайды (М. Әуезов).

СӘЛ-КЕМ *Аздап қана, болмашы ғана.* ~ аялдады (тұрды).

СӘЛ-ПӘЛ *Шамалы, болмашы ғана, азғантай.* Есін ***сәл-пәл*** жинады (Серәлиев).

СӘЛІРЕК *Азырақ, кішкене ғана.* ~ аласа (кіші, аз).

СӘМБІ: сәмбі тал — *иіліп майысатын, солқылдақ қызыл шілік.*

СӘМЕК *бот. Мақта түбінде өсетін арам шөп.* Пәлек арасын ***сәмек*** шөп басып кетіпті (О. Тәжиева).

СӘН I. *Әдемі, жарасымды өң беріп, жайнатып жіберетін көрік.* Жерге ***сән*** берген әдемі көгілдір шырша (Құрманов). 2. *Жарасым, салтанат.* Көш өз ***сәніне*** кірді (Тұрсынқұлов). □ **Сән ательесі** — *жаңа үлгілі киімдер тігетін ателье.* ◊ **Сән құды** — *әсіре әсемдіктің жылтырап көрінудің соңына түсті.* **Сән құрды [түзеді]** — *бой түзеді, сәнденді.* **Сәні болмады [кетті]** — *қызығы, жайы, қасиеті болмады.* **Сәнін келтірді** — *берекесін алды, шырқын бұзды.*

СӘНГЕР *Киім үлгілерін пішіп, жасайтын маман.* Суретте: "Шанель" фирмасының ***сәнгері*** Карл Логерфельд ("Алматы ақшамы")

СӘНДЕ *Әсемдеу, әдемілеу, әшекейлеу.* Жүкаяққа осы үйдің көзге тартар мүлкі ***сәндеп*** жиналыпты (Н. Ғабдуллин).

СӘНДІ *Көрікті, әдемі, әсем.*

СӘНДІК *Әсемдік, әдемілік.* ~ бұйым, ~ үшін өсірілген өсімдік.

СӘНДІЛЕУ *Келістілеу келген, әдемілеу.* Көйлек мен үшін тым ~ көрінді.

СӘНДІЛІК *Келістілік, әдемілік.* Киімнің ~гі.

СӘНҚОЙ *Әдемілікке әуес, сән қуғыш.* Ол кейінгі кезде ***сәнқой*** болып алды (Нұршайықов).

СӘНҚОЙЛЫҚ *Жылтыраған құмарлық, сән қуғыштық.* Бұрынғы ***сәнқойлықтан*** белгі жоқ (Еділбаев).

СӘН-САЛТАНАТ *Жарасымды ажар-көрік, сәулет.* Мұндай ***сән-салтанатты*** тұңғыш көруім (Шәріпов).

СӘН-САЛТАНАТТЫ *Көрікті, келісімді, сәулетті.* ~ ауыл (тұрмыс, көш).

СӘН-СӘУЛЕТ *Әсем көрік, құлпырған көрініс.* Үйдің төңірегі ~ беретін бұтаталдармен қоршалған.

СӘНСІ *Әдемі болғансу, сәнденгенсу.* ***Сәнсісің*** күйгеніңнен шыдай алмай (Айтыс).

СӘНСІЗ *Ажар-көркі жоқ, көріксіз, келіссіз.* Көш берекесіз, ***сәнсіз*** кетіп барады (Ғ. Мүсірепов).

СӘНХАНА *Киім тігетін жер; сән ательесі.* ~ның арнаулы журналы.

СӘНШІЛ *Жылтыраған жаны құмар, сәнқой.* ~ адам.

СӘҢКЕ *Жоғарғы сортты ақ ұн.* Бұл бидайдың ақ ***сәңкесі*** қандай (Әзиев).

СӘҢКИ *Кетіп қалу, пұштию.* Шүмегі ***сәңкиген*** жез шәугім (Әлсеров). Майыр ***сәңкиген*** мұрнын шұқыды (Ж. Аймауытов).

СӘРЕСІ 1. *Ораза кезінде аузы берік адамның таң алдында ішіп-жейтін тамағы.* Ол ***сәресі*** ішіп, таң қылаң бере ыдысын жинады (Сегізбаев). 2. *Таң алдындағы алағеуім кез.* ***Сәресіде*** орнымнан тұрдым (Жыл он екі ай).

СӘРПЕҢКЕ *Жұқа, астарлық жібек мата.* Көк ***сәрпеңке*** көйлегі... аяғында қисық табан етігі бар (Ғ. Мұстафин).

СӘРСЕНБІ *Аптаның үшінші күні.*

СӘРІ *Таң бозарып келе жатқан алағеуім кез.* Сәресі, бүгін ол малдарын ***сәріден*** айдап кетіпті (Мағауин).

СӘРІ: бір сәрі — *жөні басқа.* Бастық шақырса өз алдына ~.

СӘСКЕ *Күн арқан бойы көтерілген кез.* □ **Сәске түс** — *шаңқай түс мезгілі.*

СӘСКЕЛЕТ *Күн арқан бойы көтеріле, сәскеге жақын.* Заводқа ***сәскелетіп*** жеттік (Қаназов).

СӘСКЕЛІК 1. *Күн жоғары көтеріліп қалған кез. Сәскелікке* көтерілген күн шекені қыздыра бастады (Қ. Омарова). 2. *Сәске кезінде берілетін тамақ.* ***Сәскелік*** пен кешкі астық уақытын үнемі ұстана алмаймын (Мұқатаев). □ **Сәскелік жер** — *сәскеге дейін жететін қашықтық.*

СӘТ 1. *Ыңғайлы бір мезет; белгілі бір кез.* Бір ~ ойланып қалды. 2. *Істің қолайлы кезі, орайы, оңтайы.* Кездесудің ***сәті*** бүгін ғана түсті (Алтынтау). ◊ **Сәт сапар** — *жолы оңынан келсін, жолы болсын.* **Сәті түсті** — *ыңғайы, орайы келді.*

СӘТЕН *Сапалы мақта жібінен тығыз етіп тоқылған жылтыр мата.* Қызыл ~ көрпе.

СӘТСІЗ *Ойдағыдай емес, нәтижесіз.* ~ жағдайлар аяқ астынан болуы мүмкін.

СӘТСІЗДІК *Іс-әрекет ойдағыдай болмағандық, сәті түспегендік.*

СӘТТЕ *Көзді ашып-жұмғанша, лезде.* Осы ***сәттегі*** жан сезімін айтып жеткізу қиын (Жұмақанов).

СӘТТЕМЕ *Белгілі уақытты көрсететін сағат; құм сағат.* Ол қолындағы ***сәттемеге*** қарады (Бердіқұлов).

СӘТТІ *Ойдағыдай, нәтижелі, ұтымды.* Сапары ~ болды.

СӘТТІК *Қас қаққандай ғана бір демдік, мезгілдік.* Қуанышы да, күйінгені де бір ғана ***сәттік*** жан (Дүзенов).

СӘТТІЛІК *Ойдағыдай болған жетістік, сәті түскендік, орайы келгендік.*

СӘУЕ *Аян беру, түске кіру, нышан.* Сәби самасына ***сәуе*** боп енген (Жұмаділов).

СӘУЕГЕЙ *Алдын ала не боларын болжай білетін көріпкел "әулие" адам.* Ақтоқты ***сәуегей*** әкеге де сенбейді (С. Жүнісов).

СӘУЕГЕЙЛЕН *Алдын ала болжай білгенсіну, әулиесіну.* Ол үлкендерше ~ді.

СӘУЕГЕЙЛІК *Болашақты болжай алатындық, көрегендік.* ~ қайдан келсін.

СӘУКЕЛЕ *көне. Қазақ қыздарының ұзату тойында киетін оқалаған сәнді, әшекейлі бас киім.*

Жібек *сәукелесін* киіп бара жатыр екен (Қыз Жібек).

СӘУЛЕ 1. *Шашырап түскен жарық, нұр.* ~й ~сі, күн ~сі. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің жалт еткен нышаны, елесі.* Қыздың бота көзінде қуаныш *сәулесі* тұр (Сүндетов). 3. *Ауыс. Түйсік, сана, сезім.* Кеуденде *сәулең* болса — оқы (Уәлиев). □ **Сәуле ауруы** — *рентген сәулесінің денеге мөлшерден тыс өтіп кетуінен болатын сырқат.*

СӘУЛЕЛЕ *Сәулесін түсіру.* Шамның жарығы ~ген бөлме.

СӘУЛЕЛЕН 1. *Жарық түсу, нұрлану.* Үй іші ~іп қалыпты. 2. *Ауыс. Жарқырау, айқындалу.* Санасына *сәулеленіп* қалыпты (Сқақбаев).

СӘУЛЕЛІ 1. *Сәулесі мол, нұрлы.* Алтын арай күн *сәулесі* шұғыла шашты (Кененбаев). 2. *Ауыс. Қуанышты, қызығы көп.* ~ өмір (ай, күн).

СӘУЛЕЛІК: сәулелік әдіс — *рак ауруын рентген сәулесімен күйдіріп емдеу.*

СӘУЛЕМ *экспр. Шырағым, қалқам, жарығым.* Сағынғанда *сәулемді,* Сол балдаққа қараймын (Хакімжанова).

СӘУЛЕСІЗ 1. *Жарықсыз, жарық түспейтін.* Ақылсыз би болмас, *Сәулесіз* үй болмас (Абай). 2. *Ауыс. Түйсіксіз, санасыз.* Жан емеспін *сәулесіз* де жалынсыз (Қазықбаев).

СӘУЛЕТ *Сән-салтанат, көрік.* Дәулетіне ~і сай. □ **Сәулет өнері** — *құрлыстағы айшықты өнер; архитектура.* ◊ **Сәулет құрды** — *салтанатты, сәнді етті.*

СӘУЛЕТАЙ *экспр. Жігіт тарапынан қызға еркелете айтылатын "қалқатай" "шырағым" мәніндегі сыпайы сөз.*

СӘУЛЕТКЕР *Сәулет өнерінің маманы, сәулетші, архитектор.* Елібай мүсін қиған *сәулеткер* еді (М. Сатыбалдиев).

СӘУЛЕТКЕРЛІК *Сәулет өнерімен шұғылданушылық, архитекторлық.*

СӘУЛЕТСІЗ *Сәнсіз, көріксіз, ажарсыз. Сәулетсіз* қара тіршілік, Еттім қашан сені арман (Саин).

СӘУЛЕТТЕ *Әдемілеп безендіру, сәндеу.* Басына барынша *сәулеттеп* күмбез тұрғыздым (Бодаубаев).

СӘУЛЕТТЕН *Гүл-гүл жайнау, құлпыру.* Аудан күннен күнге *сәулеттеніп* келеді (Жүнісова).

СӘУЛЕТТІ 1. *Салтанатты, көрікті. Сәулетті* сарайдың бірінші қабаты бітті (Исқақов). 2. *Қызығы мол, көрікті.* ~ ой, (өмір, заман).

СӘУЛЕТТІК *Сәулетке тән, көркемдік.* ~ ескерткіштер.

СӘУЛЕТТІЛІК *Сәнділік, әсем көріктілік. Сәулеттілік,* сұлулық секілді ұғымнан тиыштық жырағырақ өсті (Т. Молдағалиев).

СӘУЛЕТШІ *Сәулет өнерінің маманы, архитектор. Сәулетші* болу үшін тынымсыз тер төгу керек ("Білім және еңбек").

СӘУЛЕШ *экспр. Сәулетай, қалқаш. Сәулешім,* бал мінезбен, Өзіңе ғашық қылдың (Талғаров).

СӘУЛІМ *Сойталдай, солқылдаған, зіңгіттей.* Кешегі бірге оқыған балалар, бүгін *сәулім* қыз, жігіт болды (Әбілов).

СӘУЛІМДЕН *Бой жету, есею.* Жаңа ғана бойы *сәулімдене* бастаған сұлудың көркі қызықтырды (Әбішев).

СӘУМЕҢ: сәумең қақты — *сумаң-сумаң етті, телмірді.*

СӘУМЕҢДЕ *Телміру, телмеңдеу.* Жаңа спектакльге билет іздеп, *сәумеңдеп* жүрміз (Оралбаев).

СӘУРІК *Үйірге түсе қоймаған жас айғыр.*

СӘУІР *Жылдың мезгіліне сай келетін төртінші айдың арабша аты.* Қыстың жаман боларын *сәуірде* білдім (Қазыбаев).

СВЕТОФОР *Көшелер мен жол бойындағы қозғалысты реттеп тұратын түрлі-түсті сигналды фонарь, бағдаршам.*

СЕАНС *Белгілі мерзімде болатын істің, шараның бір-бірінің арасын алшақтатпай көрсетудің реті, жөні.*

СЕБЕБІ *Бір нәрсенің уәжін, себебін түсіндіретін шылау сөз.* Қатты айтудың *себебі* таусылды (Өмірбеков).

СЕБЕЗГІ *Жуынып-шайынуға арналған, жоғарыдан су шашатын тетік; душ.* Жаз айларында *себезгі* (душ) басқа да суларды жылыту үшін күн энергиясын пайдалануға болады ("Білім және еңбек").

СЕБЕЗДЕ *Жайлап бұрку, баяулап жауу.* Толассыз *себездеп,* ақ жаңбыр жауған (Ә. Әзиев).

СЕБЕЛЕ 1. *Үздіксіз жауу, нөсерлеу, тұру.* Бүрке *себелеген* жауын күшейе түсті (Жәкенов). 2. *Сепкілеу, бұрку.* Бүлдіргенге аздап *себелеп* қант салу керек (Мусин).

СЕБЕНЕЛЕ *Аздап шашыратып бөлу.* Дихан арық суын *себенелеп* төрт құлаққа бөлді (Иманбеков).

СЕБЕП *Бір құбылыстың болу-болмауына сылтау болатын дәлелді уәж, дәйек.* Олар ауылға баруға *себеп* табылғанына қатты қуанды (Еділбаев). □ **Себеп бағыныңқы сөйлем (*грамм.*)** — *басыңқының алдына келіп, баяндауышы тиянақсыз формада тұрып байланысқан сөйлем.*

СЕБЕПКЕР *Бір нәрсенің болу-болмауына себепші; дәнекер болушы.* Осы тойдың негізгі *себепкері* болған сыйлы адам отыр (Соқпақбаев).

СЕБЕПКЕРЛІК *Бір нәрсенің болу-болмауына себепкерлік.* ~ етті (жасады).

СЕБЕП-САЛДАР *Бір нәрсеге ұйтқы болған іс-әрекет.* Актер Қарагөз трагедиясының қоғамдық қайшылық туғызған *себеп-салдарын* жеткізе білді ("Қаз. әдеб.").

СЕБЕПСІЗ *Ешбір негізсіз, жайдан-жай, дәлелсіз.*

СЕБЕПТЕС *Бір нәрсенің іске асуына негіз, тұрткі болу.* Жақсы үлгі адамдар арасында жоғары парасатты қатынас өркендеуіне *себептеседі* ("Мәдениет және тұрмыс").

СЕБЕПТЕСТІК *Өзара байланыстық, сабақтастық.* Оқиғалар арасындағы *себептестікті* ескеру керек (Нұрғалиев).

СЕБЕПТІ *Себебі бар, себепке қатысты.* Сол ~.

СЕБЕПШІ *Бір нәрсенің болу-болмауына себепкер.* Өрттің шығуына өзі *себепші* болған (Тарази).

СЕБЕПШІЛ *Себеп іздей беретін, сылтаушыл.* Жұмысқа кешіге беретін адам ~ болады.

СЕБЕТ *Жас шыбықтан өріп тоқыған, зат салатын бұйым; корзинка.* Ол шыбықтан *себет* тоқиды (Бақбергенов).

СЕГМЕНТ *мат.* 1. *Шеңбердің доғасымен және оның хордасымен шектелген бөлігі.* 2. *Дене мүшесін-дегі жеке бөлік, бөлікше.*

СЕГРЕГАЦИЯ *Нәсілге қарап кемсіту, қорлау түрі.*

СЕГІЗ *Жетіден кейінгі есептік сан.* ~ жас. (жыл, ай). □ **Сегіз жылдық мектеп** — *сегіз жылда бітетін орталау оқу орны.* **Сегіз өрім [сегіз өрім бұзау тіс]** — *сегіз таспадан өрілген қамшы.* ◊ **Сегіз сай** — *төбесі сегіз бөлік болып тігілген бас киім (тымақ).* ◊ **Сегіз бейіш (діни.)** — *"Құнәсіз жандардың" о дүниедегі мекен-жайы.* **Сегіз кессе, сіркедей қан шықпайды** — *безеріп қалған, қатыгез.* **Сегіз қырлы, бір сырлы** — *жан-жақты, қолынан да, тілінен де келетін.* **Сегіз саққа жүгіртті** — *мың құбылтты, сан өзгертті.*

СЕГІЗАЯҚ *зоол. Сегіз тармақты мүшесі бар теңіз жәндігі.*

СЕГІЗДІК *Карта ойынындағы жетіліктен кейінгі қағаз.* Қарғаның ~гі.

СЕГІЗКӨЗ *Белдің төменгі тұсы мен жамбас сүйектерінің жалғасқан аралығы.* ~ім сіресіп қалыпты.

СЕГІЗІНШІ *Жетіден кейінгі реттік сан.* ~ март (үй, класс).

СЕЗ *Бір нәрсені іштей байқау, сезу, білу.* Иыққа түскен ауыртпалықты бала да болса ***сезетін*** сияқты (К. Ахметбеков).

СЕЗГІШ *Бір нәрсенің рет-жөнін байқай қойғыш, аңғарғыш.* Ол ойшыл, ***сезгіш***, болжағыш (Ишанов).

СЕЗГІШТІК *Іштей түсіне қоятын байқағыштық, білгіштік.* Әкесі Абайдың ***сезгіштігін*** өзге балаларынан артық санаушы еді (М. Әуезов).

СЕЗІК *Бір нәрседен күдіктенуден туған күмән, шүбә, секем.* Ол ~ тудырар ештеңе таппады. ◊ **Сезік алды** — *күдіктенді, күмәнданды.*

СЕЗІКСІЗ *Сезік алмайтындай, күдіксіз, күмәнсыз.* Ол осы елдің үйреншікті болған ***сезіксіз*** адамы (С. Жүнісов).

СЕЗІКТЕН *Әлденеден күдік алу, қауіптену, күмәндану.* Бәсти ***сезіктене*** қарайтын болды (Х. Рахманов).

СЕЗІКТЕНГІШ *Секем алғыш, күмәншыл.* ~ адам.

СЕЗІКТІ *Күмәнді, секемді, күдікті.* ***Сезікті*** секірер (Макал).

СЕЗІКШІЛ *Әр нәрседен секем алғыш, күдікшіл.* ***Сезікшіл*** ана жүрегінде көп күдік бар (Рахманбердиев).

СЕЗІМ 1. *Сыртқы дүние мен құбылыстардың адамға еткен іс-әрекетін сезіну, байқау, қабылдау қабілеті.* 2. *Түрліше түсінудің әсерінен болатын түсінік, ұғым, ой, сана-сезім.* Бүгін Балуан Шолаққа ерекше ***сезім*** пайда болды (С. Мұқанов). □ **Сезім мүшесі** — *сыртқы дүниені танып түсіне білудің көзі.*

СЕЗІМДІ *Сезу қабілеті мол, сезімтал.* Сөйлеген сөзінен ***сезімді*** екені байқалды (Бұлқышев).

СЕЗІМДІЛІК *Тез аңғара қойғыштық, сезімталдық.* Қазақ оқушылары Пушкин өлеңдерінің ***сезімділігін*** түсінді (Қаратаев).

СЕЗІМПАЗ *Сезе қоятын, сезімтал.* ***Сезімпаз*** көңіл, жылы жүрек, "таппадым" деп түңілме (Абай).

СЕЗІМСІЗ *Ештеңені түйсіне қоймайтын ойсыз, түйсіксіз.* Бұл ***сезімсіз*** жаратылған жан екен (Жақсыбаев).

СЕЗІМСІЗДЕН *Сезу қабілетінен айырылу, жансыздану.* Қолы ~іп қалды.

СЕЗІМСІЗДІК *Сезімі жоқтық, түйсіксіздік.* Қаршыға осы туысының ***сезімсіздігіне*** ыза болды (Рахымжанов).

СЕЗІМТАЛ *Бір нәрсені тез сезіне, байқай қоятын, байқампаз.* Нәзікен ***сезімтал*** бала (Тұрлыбаев).

СЕЗІМШІЛ *Сезімге берілгіш, әсершіл.* Сыздықтың әдепті мінезі, ***сезімшіл*** тілі оған ұнады (М. Әуезов).

СЕЗІНГІШ *Сезімтал, байқағыш, аңғарғыш.* Ақын өз осалдығын ***сезінгіш*** болады (І. Омаров).

СЕЗІНГІШТІК *Тез түсіне қойғыштық, аңғарғыштық.* Оның ***сезінгіштігін,*** іскерлігін ұстартқан еді (Дінисламов).

СЕЗІНІС *Сезе, байқай қоятын қасиет.* Мұндай ***сезініс*** әйел адамда ылғи болады (Р. Тоқтаров).

СЕЙДІН *Көңіл күйі көтеріңкі, сергек.* Көңіл де ***сейдін,*** аттарымыз да сейдін(Сейфуллин).

СЕЙСЕНБІ *Аптаның дүйсенбіден кейінгі екінші күні.*

СЕЙСЕП *Көрпе кірлемес үшін қаптап қоятын астар.* Гүлді шыттан ~ тіктім.

СЕЙСМИКА *Жер сілкінісі.* ~ға төзімді.

СЕЙСМИКАЛЫҚ *Жер сілкінісіне қатысты.* ~ станция (толқын).

СЕЙСМОГРАММА *Жердің жоғарғы қабатының қозғалу жиілігін көрсететін, қағазға түскен иректерек белгі.*

СЕЙСМОГРАФ *Жердің қабатының қозғалысын жазып алатын аспап.*

СЕЙСМОГРАФИЯ *Жердің жоғары қабатының қозғалыс сейсмографпен жазу ісі.*

СЕЙСМОЛОГ *Жер сілкінісін қадағалап, зерттеу жұмыстарын жүргізетін ғалым.*

СЕЙСМОЛОГИЯ *Жердің жоғарғы қабатының тербеліс қозғалысын зерттейтін ғылым.*

СЕЙСМОМЕТР *Жер тербелісін зерттейтін құрал.*

СЕЙФ *Құнды заттар, құжаттар сақталатын ашылуы өте құпия темір жәшік.*

СЕЙІЛ I *Таза ауада, таза жерде бой жазып, көңіл көтеретін серуен.* Екі жас ***сейілден*** қайтты (М. Әуезов). ◊ **Сейіл құрды** — *көңіл көтерді, сайрандады.*

СЕЙІЛ II 1. *Бір нәрсенің саябырлап басылуы, азаюы.* Қою шаң ***сейіле*** берді (Рахымжанов). 2. *Бір нәрседен айығу, тарқау, тазару.* Қоңырсыған түтін иісі таңғы самалмен ***сейіліп*** кеткен ("Қаз. әдеб.").

СЕЙІЛДЕ *Бой жазу, серуендеу, қыдыру.* Елдос ***сейілдеп*** ауылдан ұзап кетіпті (Нысаналин).

СЕЙІЛМЕЛІ *Сейілуі тез, сейілгіш.* Ол ***сейілмелі*** селдір мұнардан шығып келе жатқандай (Мусин).

СЕЙІЛШІ *Серуен құрушы, бой жазып қыдырушы.* ***Сейілшілер*** тобы пайда болды (А. Сатаев).

СЕЙІЛШІЛ *Сейілшіл, сауықшыл.* ***Сейілшіл*** қандай тамаша ел еді (Ж. Молдағалиев).

СЕЙІС *көне. Жүйрік атты жаратушы, бапкер.* Шын ***сейістер*** ат қояр, Желіде түрған құлынға (Үш ғасыр).

СЕКЕК 1. *Секең-секең еткен қимыл.* Ол Қоянкөктің алып қашпа ***секегіне*** еті үйреніп алған (Иманәлиев). ◊ **Секек қақты** — *ұшып-қонды, секеңдеді.*

СЕКЕК-СЕКЕК: секек-секек етті — *ербең-ербең етті, секеңдеді.*

СЕКЕКТЕ *Секең-секең ету, секеңдеу.* Автобус ойлы-шұқыр жерлермен ***секектеп*** ұзақ жүрді (Кәрменов).

СЕКЕЛЕК *Секең-секең еткен, орнықсыз.* Гүлпар тым ~.

СЕКЕЛТЕ *Секелек қағу, секең-секең ету.* Ойлы-қырлы даламен *секелектеген* қарт әбден шаршады ("Мәдениет және түрмыс").

СЕКЕМ *Құдік, сезік, үрей.* Оның үрейлі көзінде сұмдық *секем* тұр (Қанахин). ◊ **Секем алды** — *сезіктенді, қауіптенді.*

СЕКЕМАЛ *Секем алғыш, үркек.* Ақмоншақ шекесінен қарайтын *секемал* (Талжанов).

СЕКЕМДЕН *Әлденеден секем алу, күдіктену.* Көңілім *секемдене* қалды (Ғаббасов).

СЕКЕМДІ *Сезікті, күдікті, үрейлі.* Неге айтты? — деген *секемді* дұдамал ұйтқып өтті (К. Ахметбеков).

СЕКЕМДІК *Сезік туғызатын күмәндық, күдіктік.* Өкініш аяғы *секемдікке* ойысты (Сүндетов).

СЕКЕМДІЛІК *Күдіктілік, шұбалылық.* -пен қарады.

СЕКЕМСІЗ *Ешқандай күдігі жоқ, шұбәсыз.* Тіл қатады *секемсіз* (Аманжолов).

СЕКЕМШІЛ *Күдікшіл, қауіптенгіш.* Азаптың өзі-ақ сәби жүрегін *секемшіл* еткен (Бекбосынов).

СЕКЕМШІЛДІК *Секем ала бергіштік, күдікшілдік.* ~ бірте-бірте оянды.

СЕКЕҢ *Секеңдеген, селтеңдеген ұшқалақ қимыл.* Ол баласының *секеңін* ұнатпады ("Қаз. әдеб."). ◊ **Секең етті [қақты]** — *секеңдеді, селтеңдеді, шошаңдады.*

СЕКЕҢДЕ *Секең-секең ету, секектеу, шоқаңдау.* Көлбақаша *секеңдеп* үй қояндары жүр (Майлин).

СЕКИ *Қозғалмай серейіп тұру, селтиіп қалу.* Тоқа шал *секиіп* тұр (Бөкеев).

СЕКПІЛ *Бетке шашырап түсетін ұсақ-ұсақ қоңыр дақ.*

СЕКПІЛДЕН *Секпіл түсу, секпіл пайда болу.*

СЕКПІЛДІ *Бетінде секпілі бар.* ~ бала.

СЕКРЕТАРИАТ *Мекеменің хатшылық жұмыстарын жүргізетін бөлімі мен сондай бөлімдегі қызметкерлер тобы.*

СЕКРЕТАРЬ 1. *Мекеменің не ұйымның күнбекүнгі істерін басқарып отыратын жауапты басшы.* 2. *Жеке адамның не белгілі бір ұйымның іс жұмыстарын жүргізетін хатшы қызметкер.* Мен сол кісінің *секретары* болып істедім (Н. Өбуталипов). 3. *Жиналыстың хаттамасын жазатын хатшы адам.* Жиналыстың *секретарын* сайлау керек.

СЕКРЕТЕР *Арнайы жазу үлгісі.*

СЕКРЕЦИЯ *физиол. Без клеткаларынан организмге берілетін маңызды зат.* Ішкі ~ бездері.

СЕКСЕК: сексек ата (көне) — *ешкі малының пірі деген ұғым.*

СЕКСЕН *Жетпіс тоғыздан кейінгі есептік сан.* -ге келді (шықты).

СЕКСЕНШОҚ *бот. Тамырдан өсетін шырмауық тәрізді шөп.*

СЕКСЕНІНШІ *Сексен санының реттік түрі.* ~ бөлме (поезд, үй).

СЕКСЕУІЛ *Құмды жерлерде өсетін, діңі бұраң-бұраң боп келетін қылтан жапырақты қатты ағаш.*

СЕКСИ *Селтиіп оғаш көріну, состию.* Ол екі көзі шарасынан шығып, *сексиіп* тұр (Түменбаев).

СЕКСТЕТ *муз. Алты адамдық* музыкалық топ.

СЕКТА *Бір діннің ішіндегі өзіндік ауытқушылығы бар діни топ.*

СЕКУНД *Минуттың алпыстан бір бөлігіне тең уақыт өлшемі.*

СЕКУНДОМЕР *Уақытты нөлден бір секундқа дейін дәл көрсететін құрал.*

СЕКЦИЯ 1. *Ұйымның, мекеменің құрамындағы бөлік, бөлімше.* Әдебиет ~сы. 2. *Бүтін нәрсенің бір бөлігі.* Үйіміз екі ~дан тұрады.

СЕКІЛДЕН *Бір нәрсеге ұқсау, сол тәріздену.* Гүлжан қол жетпейтін жұлдыз *секілденді* (Еділбаев).

СЕКІЛДІ *Екінші бір нәрсеге ұқсаған, сол сықылды.*

СЕКІР *Бір жерден екінші жерге қарғу, ырғу.* Ол алғаш рет парашюттан *секірді* (Дәуренбеков).

СЕКІРГІШ *Қарғығыш, ырғығыш.* Ол *секіргіш* еді (Тәшімбаев).

СЕКІРЕКТЕ *Қайта-қайта ыршу, шоқырақтау.* Доңғалақтар *секіректей* бастады (Иманбеков).

СЕКІРМЕ *Жердегі торлана сызылған сызықтан секіріп ойнайтын балалар ойыны. Секірме* ойнаған төменгі класс қыздары жүр (Ө. Қанахин).

СЕКІРМЕК *Жіпті айналдырып, секіретін қыз балалар ойыны.* Кішкентай сары қыз *секірмек* ойнап тұр (М. Айымбетов).

СЕКІРМЕЛІ *Ырғып өтетін, қарғымалы.* Жарас орта белдеуіне барғанша *секірмелі,* оңай да еді (Бегалин).

СЕКІРТПЕ *Аузынан көбік ағып, секіріп, тыпырлап ауыратын жұқпалы ауру.* Қой малында болатын *секіртпе* індеттерінен ерте сақтанған жөн ("Айқап").

СЕКІРТПЕЛІ *Секіріп кететін, қарғымалы.* Күнтөбе шоқтығында шаңғы спортына қолайлы, *секіртпелі* сатылар бар (Тілеков).

СЕКІРІС *спорт. Биіктікке немесе ұзындыққа секіретін спорт ойынының түрі.*

СЕЛ *Қар мен мұздың еруінен, қатты нөсердің әсерінен болатын су тасқыны.* Таудың қары еріп, *сел* жүріп жатр (Мыңжасарова). ◊ **Сел ағызды [қылды]** — *тасқындатты, молайтты.* **Сел [сел-сел] болды** — *қара терге түсті, жан тері шықты.*

СЕЛБЕ *Біреуді демеу, қолдау.* Ол ойыншыларды *селбеп* қояды (Адамбаев).

СЕЛБЕҢДЕ *Селтек-селтек етіп ұшып-қону, ебелек қағу.* Ол *селбеңдеп* біраз жерге дейін ілесті (К. Ахметбеков).

СЕЛБЕС *Бір-біріне көмектесу, септесу.* Көпшілік қой біріне-бірі *селбесіп* елге жетті (Жансүгіров).

СЕЛБІ *Ағаштың қу бұтағы, бересі, бостаны.* Шақпақ шақсам от түспес, қарағайдың бұл күнде *селбі* болған қуынан ("Ер Сайын").

СЕЛДЕ 1. *Қатты жауу, сел боп ағу.* Далада *селдеп* құйған жаңбыр (Тәрази). 2. *Ауыс. Ағылтегіл тасқындау, төгіле жөнелу.* Ой-санаңа нұр құйылса, Күш-жігерің толып *селдер* (Хакімжанова). Байлығы ~ді.

СЕЛДІР 1. *Қалың емес, сирек.* ~ шаш (сақал, шөп, мұрт). 2. *Тығыз емес, жұқа.* Күншығыс жақ терезедегі перде жұқа, *селдір* (Сейфуллин).

СЕЛДІРЕ *Жиілігі сиреу, сұйылу, азаю.* Жұрт қатары да *селдіреді.* Қос бұрымы ~п жіңішкерген.

СЕЛДІРЕК *бот. Астық тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік.*

СЕЛДІРЛЕУ *Сиректеу, сеп-селдір.* Қойлар *селдірлеу* шоқ талдың түбінде тұр (Тәукебаев).

СЕЛДІР-СЕЛЕУ *Сирек, қалың емес.* ~ өсімдік.

СЕЛЕБЕ I *Ушы ұшкір, жүзі өткір ұрыс қаруы.*

СЕЛЕБЕ II ***көне.*** *Басқа түскен апат, қиынқыстау кезең.* Көпке келген ***селебе,*** селебені еле-ме (Мақал).

СЕЛЕБЕ III *Қатты жауған жауын.* Жылы жауын ***селебеге*** айналды (Шашкин).

СЕЛЕКТОР *Мекеме ішіндегі қызметкерлермен хабарласып отыратын электромеханикаық байланыс құрылғысы.*

СЕЛЕКЦИОНЕР *Селекция жөніндегі маман.* ~ ғалым.

СЕЛЕКЦИЯ *Будандастыру арқылы малдың не өсімдіктің жаңа түрлерін шығару, жақсарту, сұрыптап алу әдісі.*

СЕЛЕКЦИЯЛА *Будандастыру әдісімен өсімдіктің жаңа сорттарын, мал тұқымын жақсарту, сұрыптау.*

СЕЛЕҢДЕ *Селтең-селтең ету, бос жүру.*

СЕЛЕУ *Шөл далада өсетін бас жағы үлпілдеген селдіреуік ақ шөп.*

СЕЛЕУЛЕН 1. *Селдір тартып сұйылу.* Қалың жүні ***селеуленіп*** қалыпты (С. Жүнісов). 2. ***Ауыс.*** *Ақшыл тартып көріну, бозарып көріну.* Мұртқа түскен ақ қырау ***селеуленіп*** көрінді (Дәулетбаев).

СЕЛИТРА *Азот қышқыл тұздарының жалпы атауы.* ~ ерітіндісі.

СЕЛК: селк етті [ете қалды, ете түсті] — *дене дір етіп, оқыс шошынды.*

СЕЛКЕУ 1. *Жібі жақсылап тартылмай, бос қалған.* Өрмектің ***селкеу*** қалған жібін түзетті (Қыдырханов). 2. *Селтиіп бөлек шыққан, оқшау, жеке, шеті.* Шал табыннан ***селеу*** шыққан сиырларды қайырмақтап қойды (Ғаббасов). 3. ***Ауыс.*** *Оғаш, өрескел, ерсі.* Тұла бойында "мынау қалай" дегізетін бірде-бір ***селкеу*** мүше болсайшы (Сейдімбеков).

СЕЛКЕУЛЕ *Бос қалу, тартылмау.* Түйінді ***селкеулемей,*** шиелей беріпті (Сматаев).

СЕЛКЕУЛІК *Олпы-солпылық, бостық.* Уақиға ***селкеулігі*** драматургиялық шығармадан орын алмауға керек (Мұстафин).

СЕЛК-СЕЛК *Әлсін-әлсін селкілдеу.* ◊ **Селк-селк етті** — *денесі қатты селкілдеді.*

СЕЛКІЛ *Селк-селк еткен қозғалыс.* Жолдың ***селкіліне*** кемпір шыдай алмады (Қанахин). ◊ **Селкіл қақты** — *дір-дір етті, селкілдеді.*

СЕЛКІЛДЕ 1. *Селк-селк етіп қозғалу.* Арба қатты ~ді. 2. *Қатты тоңып қалтырау, қалшылдау.* Тұла бойыма ызғар өтіп ***селкілдеп*** кеттім (Жылқышиев). 3. ***Ауыс.*** *Селтең-селтең етіп, бос жүру, селтеңдеу.* Ауылдың ***селтеңдеген*** бозбаласы түгел жиналды (О. Сәрсенбаев).

СЕЛКІЛДЕК *Селк-селк ететін, секілдеген.* Ол ***селкілдек*** жеңіл тарантас арбаға ат жектірді (Құмарова).

СЕЛҚОС *Немқұрайды, енжар, ықылассыз.* ~ қабылдады (амандасты, қарады, қозғалды).

СЕЛҚОСТАН *Енжар тарту, немқұрайды қарау.* Төлеубай ***селқостанып*** ешкіммен сөйлескісі келмеді (Н. Ғабдуллин).

СЕЛҚОСТАУ *Көңілсіздеу, енжарлау, ықылассыздау.* Нұртай сөзін ***селқостау*** тыңдады (Жақсыбаев).

СЕЛҚОСТЫҚ *Енжарлық, салақтық.* Әсте жігітке *селқостық,* жалқаулық жараспайды (Әбілдаев).

СЕЛО *Ауылды жердегі елді мекен.* ~ халқы (тілшісі).

СЕЛ-СЕЛ: сел-сел болды — а) *әбден шылқып терледі;* ә) *көз жасы көл болды.*

СЕЛСОҚ *Енжар, ықылассыз, селқос.* Оның ***селсоқ*** көзқарасы аянышты екен (Байжанов).

СЕЛСОҚТАН *Көңіл-күйі болмау, енжарлану, селқостану.* Шолпан ***селсоқтанумен*** болды (Хангелдин).

СЕЛСОҚТАУ *Ықыласы жоқ, енжарлау, селсоқтау.* ~ тіл қатты (қарады).

СЕЛСОҚТЫҚ *Енжарлық, ықылассыздық, салғырттық, селқостық.*

СЕЛТ: селт етер — *бір нәрсеге құлақ асатын, сөз түсінетін есті.* Ауылдың ***селт*** етерлері түгел осында (Т. Әлімқұлов).

СЕЛТ: селт етті — *оқыс қозғалды, шошып кетті.*

СЕЛТЕК *Селтең-селтең еткен, бос селтиген.* Елдегі еркек, Босқа ***селтек*** (Абай). ◊ **Селтек қақты** — *селтеңдеп бос жүрді.*

СЕЛТЕКТЕ *Қалбалақтап ұшып-қону, босқа жүгіру. Селтектеп* жүрген Біркенің екпінін басу керек (С. Көбеев).

СЕЛТЕҢ *Ұшып-қону секектеген бос қимыл.* Біраз күн ***селтеңмен*** күн кештім (Ө. Әлімбаев). ◊ **Селтең етті** — *шошаң етті, секең етті.*

СЕЛТЕҢДЕ *Селтең-селтең етіп бос жүру.*

СЕЛТИ *Қозғалмай тұрып қалу, состию, қалшию.* Ол **селтиіп** босағада тұрып қалды (Мархабаев).

СЕЛІК ***жерг.*** *Суға малшыну, су болу.* Жанардың үсті-басы суға ***селікті*** (Ахтанов).

СЕМ 1. *Еті қашу, солу.* Бала сал ауруына ұшырап, аяқтары ***семіп*** қалған (Бекенов). 2. *Жоқ болу, құру, өшу.* Күннің қызылы ***семді*** (Кекілбаев).

СЕМАНТИКА ***лингв.*** *Тілдегі жеке сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы, мәні.*

СЕМАСИОЛОГИЯ ***лингв.*** *Сөздердің мағынасын зерттейтін тіл білімінің бір саласы.*

СЕМАФОР *Темір жолдың бос я бос еместігін машинистке білдіріп тұратын сигнал.*

СЕМЕСТР *Жоғары оқу орынындағы жарты жылдық оқу мерзімі.*

СЕМИНАР 1. *Жоғары оқу орындарындағы оқытушының басшылығымен студенттерді топқа бөліп өткізілетін практикалық сабақ.* 2. *Белгілі мамандық бойынша ұйымдастырылатын арнаулы оқу жүйесі.* Мектеп директорларының үш күндік ***семинары*** өтті ("Қаз. мектебі").

СЕМИНАРИСТ *Семинарияда оқушы.*

СЕМИНАРИЯ ***тар.*** *Орта білім беретін арнайы оқу орны.*

СЕМСЕР 1. *Болаттан істелген екі жүзді өткір қару.* Майдангерлер ***семсерді*** ораққа ауыстырды ("Қаз. әдеб."). 2. ***спорт.*** *Фехтованиеде қолданылатын ұзын, ұшкір қару; шпага.*

СЕМСЕРБАЛЫҚ *Тұрқы төрт метрге жуық алабұға отрядына жататын балықтың түрі.*

СЕМСЕРЛЕ *Семсермен шаншу, семсер жұмсау.*

СЕМСЕРЛЕСУ ***спорт.*** *Сапы (эскадрон, рапира) арқылы спортық мақсатта сайысу.*

СЕМСЕРШІ ***спорт.*** *Семсерлесу спортына қатынасушы; фехтовальщик.*

СЕМІЗ *Денесі толық, май басқан.* ~ адам (мал). ◊ **Семіз сөз** — *батыл әрі ірі айтылған сөз.*

СЕМІЗДЕУ *Қоңдылау, толықтау.* ~ мал.

СЕМІЗДІК 1. *Толықтық, етжеңділік.* ***Семіздіктен*** пенжағының түймелері үзіліп кетердей тырсылдап тұр (М. Хасенов). 2. *Ауыс. Асып-тасушылық, дандайсушылық.* Ақылсыз сезімнің жетегінде жүріп, ***семіздікті*** көтере алмаппын (М. Иманбаев).

СЕМІЗОТ *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СЕМІЗШЕ *Жуандау, толықша;* ~ келген кісі (әйел).

СЕМІК *Семіңкіреген, бұріскен, қатыңқылау.* Піспеген дән ***семік*** болады (Нұрахметов).

СЕМІР 1. *Май басу, қоңдану.* Мал ~ген кез. 2. *Ауыс. Дандайсып мақтану, масаттану.* Алматыда ағам бар деп ***семіріп*** жүрмін (Исабаев).

СЕМІРГІШ 1. *Тез от алғыш, тез толатын.* Қазақ жылқысы ~ келеді.

СЕН I *Екінші жақтағы жіктеу есімдігі.* Сен қайда, ол қайда (Абай). ◊ **Сенен аяғанды ит жесін** — *саған қимағаным, өзіме бұйырмасын.* **Сен тұр, мен айтайын** — *бірінен бірі өткен; таңдаулы, таңдамалы.*

СЕН II *Бір нәрсеге илану, сену.* Жақыпбек ағайынға ***сенеді*** (Мұстафин).

СЕНАТ *Кейбір елдердегі парламенттік заң шығаратын жоғарғы палатаның аты.*

СЕНАТОР *Сенат мүшесі басшысы.*

СЕНБЕСТІК *Нанбастық, иланбаушылық.*

СЕНБЕУШІЛІК *Нанбаушылық, иланбаушылық.* Бұл не? ***Сенбеушілік*** пе маған (Д. Әбілев).

СЕНБІ *Аптаның алтыншы күні.* ~де дем алдық.

СЕНБІЛІК *Белгілі бір сенбі күні көпшілік боп істейтін жұмыс.* Жұрт ~ке жиналды (қатысты).

СЕНГІСІЗ *Адам сенбейтіндей, нанғысыз.* Адам ~ оқиға.

СЕНГІШ *Әр нәрсеге нанғыш, иланғыш.* Жас адам ***сенгіш*** болады (Мұстафин).

СЕНГІШТЕУ *Нанғыштау, иланғыштау.* Бөлебай ырым-жырымға ***сенгіштеу*** (О. Сәрсенбаев).

СЕНГІШТІК *Нанғыштық, иланғыштық.* ~ мінез.

СЕНДЕЛ 1. *Текке сандалу, әуре болу.* Ол өз ойымен әуре болып ***сенделіп*** жүре берген (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Меңзең болу, дел-сал күйге ену.* Исахмет сот кеңесінен ***сенделіп*** шықты (Сүндетов).

СЕНДЕЛМЕ *Жел диірменнің жел қағып, оның жұмыс істеуіне бірден-бір күш беретін дөңгелекке орнатылған қалағы.*

СЕНДЕЛМЕЛІ *Қалақтары бар.* Жел диірмен сияқты ***сенделмелі***, Жас балаша қызығып сәкегүлге (Шәкәрім Құдайбергенов).

СЕНЕК *Үйдегі кіре беріс бөлме, дәліз.* Үй ***сенегімен*** қосқанда екі-ақ бөлме (Н. Ақышев).

СЕНСАЦИЯ *Таң қаларлық оқиға, естімеген тосын хабар.*

СЕНІМ 1. *Жеке адамдар арасындағы, не жеке адамдар мен қоғам арасындағы қатынастардың сапалық өлшемі, наным.* Адам ең бастысы, ***сенімнен*** айырылмау керек (Рахманбердиев). 2. *Күткен үміт ықылас, ниет.* Жұрт ***сеніміне*** ие болып, сүйіспеншілігіне бөлену оңай емес (Боқаев). □ **Сенім ақтады** — ***сенімінен шықты.*** **Сенім ахуалы (саяси.)** — *түсінісу жағдайы (саяси атмосфера).* ◊ **Сеніміне ие болды [сенімге кірді]** — *сенімнен шықты.*

СЕНІМДІ *Сенім артуға болатын, іске, сөзге берік.* Қатты аяз болғанымен, машинамыз ***сенімді*** (Сегізбаев).

СЕНІМДІЛІК *Сенім артушылық, мығымдық.*

СЕНІМДІРЕК *Сенімді ақтайтын, сенімділеу.* Басқаларға қарағанда Бәкір ***сенімдірек*** (Шарипов).

СЕНІМПАЗ *Сенгіш, иланымпаз.* Қазақ деген— ақ көңіл, ***сенімпаз*** ел (Есенберлин).

СЕНІМСІЗ *Тұрлаусыз, опасыз.* Бұлар біздің өмірімізге жат, ***сенімсіз*** адам (Тілегенов).

СЕНІМСІЗДЕН *Күдіктену, қауіптену.* Ол бетіме ***сенімсіздене,*** күдікпен қарайды (Бақбергенов).

СЕНІМСІЗДЕУ *Онша сенімді емес, күдіктілеу.* Инженердің жауабы ~ болды.

СЕНІМСІЗДІК *Сенімнен айрылушылық, сенбеушілік.* ~ білдірді (тудырды, көрсетті).

СЕНІМХАТ *Біреуге тиесілі ақшаны не бір затты екінші адамның алуы үшін расталған куәлік қағаз.*

СЕНІМШІЛ *Сенімге берік, сенгіш.* Мені тым ***сенімшіл*** екен деп ойлама (М. Әлімбаев).

СЕНІСТІК *Бір-біріне риясыз сенгендік, сенім білдіргендік.* Екеуміз ***сеніскен*** дос болдық (С. Мұқанов).

СЕҢ *Көлдер мен теңіз, өзендердің беттерінде қатып қалған мұздардың көктемде еріп сынған бөлшектері, мұз ағыны.* ◊ **Сең жүрді** — *қатқан мұз жарылып, ағыспен жылжыды.* **Сең соққан балықтай [жайындай]** — *ес жия алмады, дел-сал болды.*

СЕҢГІР *Зәулім, биік, заңғар.* Ол ~ тауларға шықты.

СЕҢГІРЛЕН *Зәулімденіп биіктеу, әуелеу.* Шағыл тас шоқылар ***сеңгірлене*** түскен (Жанботаев).

СЕҢГІР-СЕҢГІР *Биік-биік, зәулім-зәулім.* ~ тау.

СЕҢДЕЙ: сеңдей соғылысты [соқтығысты] — *аласапыран болды, сапырылысты.*

СЕҢКЕ *Кебегінен айырылтып тартылған ақ бидай ұны.* ***Сеңкенің*** ұнына аунатып алғандай аппақ (Адамбеков).

СЕҢСЕҢ *Марқайған қозының қырқылмаған өскелең жүн терісі.* ***Сеңсең*** жағалы қара ішік тұр (І. Жансүгіров).

СЕП I *Күш, жәрдем, көмек.* Көмектесу — шаруа адамына көп ***сеп*** (Нұрманов). ◊ **Себі тиді [себебін тигізді]** — *қол ұшын берді, көмектесті.*

СЕП II 1. *Айдалған жерге ұрық шашу, дән себу.* Судан шөбін мүмкіндігінше ерте ***себеді*** (Баяндин). 2. *Тағамның дәмін келтіру үшін әр түрлі аластырылып қосу.* Бұрыш ~ті. 3. *Ауыс. Қатты төгу, бұрқырау.* Оқ ***сеуіп*** тұр (Мұздықбаев).

СЕПЕРАТИЗМ *саяс. Бөлінушілікке, оқшаулыққа бой ұратын саяси ағым.*

СЕПЕРАТИСТ *Сепараттық ағымға қосылған; келісімпаз, ымырашыл.*

СЕПЕРАТОР *Сүттен қаймақ айыратын сүт машина.*

СЕПКІШ *Дән, ұрық, себетін, себу жұмысын орындайтын машина.* Дән ~.

СЕПСЕҚУЫР *бот. Алақан жапырақты, емдік қасиеті бар, құрай типтес өсімдік.* ***Сепсеқуыр*** мен уқорғасын да өте әсем (Т. Мұсақұлов).

СЕП-СЕЛДІР *Сұп-сұйық, қадау-қадау, сирек.* ~ тоғай (шаш).

СЕП-СЕМІЗ *Денесін май басқан, жақсы семірген.* ~ болып алыпты.

СЕП-СЕРГЕК *Жып-жинақы, шып-ширақ.* Ол — сексендегі ~ қарт.

СЕПСИС *мед. Іріңдеткіш микробтардың қанға еніп, организмді уландыруы.*

СЕПСІ 1. *Тырп етпеу, қозғалмау, тапжылмау.* Күн көтерілгенше ***сепсімей*** жатып, ұйқыларын қандырды (Көшімов). 2. *Апшу, азаю, кеміп қалу.*

СЕПТЕ 1. *Есілген жіпсулардың үзілген жерлерін қайта ширатып жалғау; біріктіру.* Ол түндік бауының сетінеген жерін ***септеді*** (Тиесов). 2. *Ауыс. Байланыстыру, жалғастыру, ұластыру.* Тозған елді ***септей*** білген мін емес (Спатаев).

СЕПТЕС 1. *Бір-біріне қол ұшын беру, көмектесу.* Екі жарты бір бүтін болып ***септесіп*** отырған күйі бар (Қаназов). 2. *Ауыс. Ұласу, жалғасу.* Туған жер баяғынша көкжиекпен ***септесіп*** жатыр (Бақбергенов).

СЕПТЕСТІК *Жалғастырушылық, септеушілік; тұтастық.* Мұнда өзара ~ бар.

СЕПТІК *Көмек, жәрдем.* Қолымнан келген ***септігім*** осы болды (Ш. Хұсайынов).

СЕПТІК: септік жалғау (*лингв.*) — *сөздерді септеу кезіндегі жалғанатын қосымшалар.*

СЕРБЕК *Бел омыртқаның сыртқа шығатын жері.* Жылқының бел омыртқа ***сербегі*** шығыңқы болса, кемістікке саналады (А. Сыздықов).

СЕРБІ *Ербию, селтию.* Маған шашы ***сербиген*** бір жаман қызды да жазбады (Мағауин).

СЕР: сер бойдақ — *ұйленбеген сұр бойдақ.*

СЕРВАНТ *Әр түрлі ыдыс-аяқтар қою үшін жасалған беті әйнекті шкаф.*

СЕРВИЗ *Асқа, шайға арналған ыдыс-аяқтардың толық жиынтығы.* Шай ~і, ас ~і.

СЕРГЕК 1. *Сақ ұйықтайтын, сезімтал.* Оралтай ұйқыға өте ***сергек*** (Бегалин). 2. *Ауыс. Жеңіл, ширақ.* Қыпшақбай ***сергек*** сөйледі (Қайырбеков). ◊ **Сергек тартты** — *бойы жеңілдеді, сергіді.*

СЕРГЕКТЕН *Серги тұсу, ширау.* Дайыр ***сергектеніп*** сақайып алған (М. Әуезов).

СЕРГЕКТЕУ *Қимылы, іс-әрекеті жылдамдау, ширақтау.* Ол бүгін ~.

СЕРГЕКТІК *Ширақтық, сезімталдық.* ~ жасады (танытты).

СЕРГЕЛДЕҢ *Әуре-сарсаң, әбігер.* ~де мен жүрмін. ◊ **Сергелдеңге салды [түсті]** — *әуреге, әбігерге түсірді.*

СЕРГЕЛЕН *Ширау, сергу.* Барақ жылынып, біраз ***сергеленіп*** қалдық (Бегалин).

СЕРГІ *Денесі сергек тарту, ширау, тыңаю.* Біраз ұйықтағанға жақсы ***сергіп*** қалыппын (Бердіқұлов).

СЕРГІТКІШ *Көңіл жадырататын, ширатқыш.* Дене ~ дәрі.

СЕРЕ *Бір сүйем ұзындыққа тең өлшем.* □ **Сере қазы** — *семіздігі бармақ пен шынашақ аралығына тең қазы.*

СЕРЕЙ 1. *Ұзынынан сұлап жату, тыраю.* Қадір сол ***серейіп*** құлаған күйі жатыр (Әбдіраманов). 2. *Қақиып қатып қалу, сораю, состию.* Әрекетсіз ***серейіп*** тұрып қалыппын (Әзиев).

СЕРЕЙГЕН *Бойшаң келген ұзын тұра.* Сырықтай ***серейген*** ұзын жігіт екен (З. Қабдолов).

СЕРЕК *Сыриған ұзын, серейген.* Айналасын қоршаған ***серек*** таулар (Сматаев). □ **Серек құлақ** — а) *ұзынша келген, тікше құлақ;* ә) *қызбөрі ойынының екінші аты.*

СЕРЕНАДА *муз. Сүйіспеншілік әні, лирикалық ән.*

СЕРЕҢ: серең етті [еткізді, серең ете қалды] — *тыраң асты, сұлап түсті.*

СЕРЕҢДЕ 1. *Сораң-сораң етіп жүру.* Қара шал ***сереңдеп*** бірден төрге озды (Рахманбердиев). 2. *Ербең-ербең ету, сөлеңдеп ебдейсіз қозғалу.* ***Сереңдеген*** қара көлеңке — адам бейнесі екен (Тарази).

СЕРЕҢ-СЕРЕҢ: серең-серең етті — а) *сораң-сораң етті, сораңдады;* ә) *ербең-ербең етті, ербеңдеді.*

СЕРЕТЕ *тар. Үстінде үйілген қорымы бар, адам қойылған жер.* Мына жерді мола деуге де, ***серете*** деуге де келеді (Есенберлин).

СЕРЖАНТ *Әскерлер мен милиция қатарындағы кіші командирлік атақ.*

СЕРИЯ 1. *Бір нәрсенің ретімен келетін жалғасы.* Кинофильмнің екінші ~сы. 2. *Бір маркамен шығарылатын ұқсас бұйымдар.*

СЕРИЯЛАП *Топ-тобымен, көптеп.* ~ шықты, ~ келіп жатыр.

СЕРИЯЛЫҚ *Серия бойынша, сериядағы тән.* ~ кітап (өндіріс, картина).

СЕРКЕ 1. *Бес-алты жастағы тарттырылған теке.* Бір тастың үстінде қой бастаған көк ***серке*** тұр (Машанов). 2. *Ауыс. Ел ағасы, беделді азамат.* Іниіз жігіттің ***серкесі*** екен (Жылқышиев). ◊ **Серке сан [санды]** — *сұлу бітімді, мүсінді.*

СЕРКЕЛІК 1. *Серкеге лайық қылық, мінез.* 2. *Ауыс.* Жұртқа бас болушылық. Серілік пен ***серкеліктің*** заманы кетті ("Қаз. әдеб.").

СЕРКЕШ *Ешкінің бір мен екі жас аралығындағы тарттырылған еркегі.*

СЕРЛЕТ *Жаңбырдың, жауынның нөсерлете екпінмен жаууы.* ***Серлеттім*** сөздің түрлерін, әр саладан қамтылған (Базар жырау).

СЕРМЕ 1. *Құлаш керіп сілтеу, ұру.* Тұтқыш үрейленіп, оңды-солды ***сермей*** түсті (Әбдіков). 2. *Ауыс. Көсілте тұсу, төгілту.* Мына қыз сөзді қалай-қалай ***сермейді*** (Серікбаев).

СЕРМЕЛЕ *Қайта-қайта сермеу.* Қолын ~п қояды.

СЕРНЕ *Бірнеше адам бірігіп бас қосып, мал сойып жеу салты.* Еркектер жиналып ***серне*** жесіп жүрді (С. Жүнісов).

СЕРПІ 1. *Аяқ не қолды шұғыл сермеу, сілтеу.* 2. *Бір нәрсені, затты ысырып тастау, итеру, кері қайтару.* Ол көрпені ***серпіп*** тастады (Мұртазаев). 3. *Ауыс. Жоқ қылу, аластау.* Көңілді күлкі ашу-ызаны ***серпіп*** жіберді (Е. Рахимов).

СЕРПІЛ 1. *ыр. етіс. Серпі-л.* 2. *Ауыс. Сергу, бой жазу.* Далаға шығып, біраз ~іп қалдым.

СЕРПІЛІС I. *Көтеріңкі көңіл күй, шабыт.* Суырылып шыққан ақындай өзінде ***серпіліс*** бар (Жақанов). ◊ **Серпіліс жасады [танытты, тапты]** — *қарқын көрсетті, шабыттанды.*

СЕРПІЛІС II *Серпіп тастайтын, серіппелі.* Электр сүргіні ***серпіліс*** болмау үшін ақырын түсіру қажет ("Лен. жас").

СЕРПІМДІ *Иілгіш, созылмалы, серпінді.* Темір—созылғыш, ***серпімді*** (химия).

СЕРПІН 1. *Сыртқа тебетін күш.* Перфоратордың ***серпініне*** бұрғышылардың бәрі бірдей төзбейді (Дүйсекеев). 2. *Ауыс. Қарқын, екпін.* Қимылымызда жаңа ***серпін*** пайда болды (Еділбаев).

СЕРПІНДЕ *Жаңа күшпен арындау, екпіндеу.* Сері жүректен ***серпіндей*** шыққан екпінді ән (Бегалин).

СЕРПІНДІ *Қарқынды, үдемелі.* ~ әуен (шешім, жігер).

СЕРПІНДІЛЕУ *Қарқындылау, екпінділеу.* Есік әдеттегіден ~ ашылды.

СЕРТ *Уағдалы сөз, ант.* Қамза сертінде тұрды (Құмарбеков). ◊ **Серт байлады [берді, етті, қылды]** — *уәде берді, серттесті.* Сөз бұзбады, *сертін* орындады.

СЕРТТІ *Уәделі, анты бар.* Бүгін бізге *сертті* күн (Талжанов).

СЕРТШІЛ *Уәдеге берік, сертте тұрғыш.*

СЕРТШІЛДІК *Сөз бергіштік, уәдешілдік.* Құрғақ ~ке жол бермеу керек.

СЕРУ *Өрмек тоқылғанда астыңғы жіп пен үстіңгі жіпті жұптап тізу үшін қолданылатын жіңішке жұмыр ағаш.*

СЕРУЕН *Бой жазып қыдырушылық.* Кешке қарай далада *серуенге* шықты (Еділбаев). ◊ **Серуен жасады** — *қыдырыстады, бой жазды.*

СЕРУЕНДЕ *Бой жазып қыдырды.* Қырға шығып ~дік.

СЕРУЕНДІ *Серуен құрған, серуендеген.* ~ күндер (көш).

СЕРУЕНДІК *Серуенге лайық, ойын-күлкілік.* Әжібай мырза *серуендік* қыла жүрді (Торайғыров).

СЕРУЕНШІ *Серуен құрушы, қыдырушы.*

СЕРУЕНШІЛ *Серуенге шыққыш, серуенге жаны құмар.* ~ адам.

СЕРУЛЕН *Жігерлену, күшке ену.* Таң ата шаһар шетіне біз де шықтық. Алуға *серуленіп* аттан түстік ("Батырлар жыры").

СЕРІ *Сәнді киініп, салдық құратын өнерлі сал жігіт.* Қамза жасында *сері* болған (Нұржекеев). 2. *Ауыс. Нағыз жігіт, шынайы мырза.* Каримов ақын жанды, ер көңіл, *сері* жігіт (Дүйсенов).

СЕРІК 1. *Сапарға бірге шығатын не бірге жұмыс істейтін тағдыры ортақ адамдар.* Атығай — Бөгембайдың жорықтарды бірге жортқан қанды көйлек *серігі* (Ақышев). 2. *Ауыс. Ермек, алданыш.*

СЕРІКСІЗ *Серігі жоқ, жалғыз.* ~ тойға келді.

СЕРІКТЕС *Бір-біріне серік болған, пікірлес (адам).* Мұқаңмен біраз күн *серіктес* болдым (Нұршайықов).

СЕРІКТІК *Серік болушылық, серіктікке жарауышылық.* Мені ~ке алды.

СЕРІЛЕУ *Аздаған серілігі бар.* Өзі — ~ адам.

СЕРІЛІК *Ойын-сауыққа әуесшілдік, сауыққойлық.* ◊ **Серілік құрды** — *сән түзеп, салдық құрды.* **Серілікке салынды** — *салдыққа, сәнқойлыққа бой ұрды.*

СЕРІППЕ I *Спираль тәрізді оратылып жасалған болат темір; пружина.* Бәкінің *серіппесі* босамаған (Шашкин).

СЕРІППЕ II *Ату құралдарының от алдыратын тетігі; шүріппе.* Мылтықтың ~сін қайырды.

СЕРІППЕЛІ *Серіппесі бар, серіппе орнатылған.* ~ пышақ.

СЕС *Сұс, айбат, ызғар.* Олар қатты наразылық ниетпен *сес* байқатты (Жүртбаев). ◊ **Сес алды** — *қауіптенді, сезіктенді.* **Сес берді** — *белгі жасады.* **Сес білдірді [жасады, көрсетті, қылды]** — *айбат көрсетті, қорқытты.* **Сесі қайтты [сесін қайырды]** — *беті қайтты, сағы сынды.*

СЕСКЕН 1. *Жасқаншақтап қорқу, қаймығу.* Жауыздық бар *сескенер,* жақсылық бар ес берер (Мақатаев). 2. *Көңілге күдік алу, қауіптену.* Ол біреуді оятып алам ба деп *сескенді* (Байтанаев).

СЕСКЕНГІШ *Сескеніп қалғыш, күдік алғыш.*

СЕСКЕНУШІЛІК *Қаймығушылық, қорқушылық.* Қарадай ~ бар.

СЕСКЕНШЕК *Жасқаншақ, қорқақ.* ~ адам.

СЕСКЕНШЕКТЕ *Жасқаншақтап қорқу, қаймығу.* ~п қалды.

СЕСПЕЙ: сеспей қатты [қатырды] — *дереу жан тапсырды, бірден өліп кетті.*

СЕССИЯ 1. *Жергілікті, жоғары мәжілістердің, сенаттың, халықаралық ұйымдардың кезектегі жиналысы.* 2. *пед. Жылына екі рет қайталанып отыратын, жоғары оқу орындарындағы студенттердің емтихан тапсыру мерзімі.* Студенттердің қысқы және жазғы ~лары.

СЕСТЕН *Түсін суыту, сұстану, қатулану.* Жандос Абылайға *сестене* қарады (Қойшыбаев).

СЕСТРА *мед. Емдеу орындарындағы ауруларды бақылап, белгіленген емді беруші кіші медицина қызметкері.* ~ укол салды.

СЕСТІ *Түсі суық, сұсты.* Түрі өте ~.

СЕСТІЛІК *Түрі суықтық, сұстылық.* Жүзінде ~ бар.

СЕТІ *Түйенің не жылқының танауына пышақ ұшымен белгі салу, жыру.*

СЕТІК 1. *Танауы жыртылған, жырық.* Күдербек *сетік* танау болатын (Ғ. Мүсірепов).

СЕТІЛ 1. *Қырқылу, сетінеу, тарқатылу.* Жалғаулы түйеннің қай тұстан *сетілгені* өзіне аян (Иманбеков). 2. *Ауыс. Ыдырау, сейілу, сиреу.* Бұлт *сетіліп,* көк дүр еткен (Есмырзаев).

СЕТІНЕ 1. *Ыдырап тарқатылу, сөгілу.* Көйлектердің тігісі *сетінеп* кетіпті (Келімбетов). 2. *Ауыс. Сұйылу, сейілу, тарқау.* Аспанды тұтастырған ақ бұлт әлі *сетінемеген* (Жұмабаев). 3. *Ауыс. Жырылып шетке шығу, шеттеу.* Кейбіреулер топтан *сетінеп* шығып жатыр (Д. Досжанов).

СЕЯЛКА *Жерге тұқым себу қызметін атқаратын, ауылшаруашылық машинасы.*

СИ I *муз. Музыкалық дыбыстардың жетінші нотасы.*

СИ II *Кіші дәретке отыру, зәр төгу.* Бақа сисе — көлге *сеп* (Мақал).

СИГАРА *Темекі жапырағынан жуан етіп оралған шылым.*

СИГАРЕТА *Жұқа қағазға жіңішке етіп оралған фильтрлі не фильтрсіз темекі.*

СИГЕКТЕ 1. *Дәретке қайта-қайта отыру.* Бала ~й берді. 2. *қарап. Тоқтамай ағу, саулау.* Мұрнынан қан ~ді.

СИГНАЛ 1. *Автомобиль, мотоциклдердің дыбыс беру тетігі.* Машина ~ берді. 2. *Қимыл-әрекетті бастау үшін не хабарды екінші жаққа білдіру үшін берілетін шартты белгі.* Командир қызыл ракетамен *сигнал* берді (М. Ғабдуллин).

СИГНАЛДЫ *Сигнал орнатылған, сигналы бар.*

СИГНАЛИЗАЦИЯ *Дүкендер мен үйлерге, мекемелерге орнатылатын сигнал беру жүйесі.*

СИГНАЛСЫЗ 1. *Сигналы жоқ, сигнал орнатылмаған.* 2. *Ешбір белгісіз, хабарсыз.* ~ жарылыс болмайды.

СИДА I 1. *Биік өскен, бұтақсыз.* ~ терек (ағаш). 2. *Ауыс. Ұзын бойлы, арық, серейген.* ~ бойлы жігіт.

СИДА II *Әр жерден қағып қойып тал тоқитын қазықша; қада ағаш.* ***Сидаларды*** әр жерге қағып тал тоқиды (Қасиманов).

СИДАҚТА *Сидаң-сидаң ету, тайраңдау.* Ол шыдай алмай, ***сидақтап*** шыға келді судан ойнап (Т. Ізтілеуов).

СИДАЛАН *Жіңішкеру, сидию.* Күзде ағаштар ***сидаланып*** шыға келеді ("Қаз. әдеб.").

СИДАЛАУ *Жіңішкерек келген, сидамдау.* ~ ағаш.

СИДАМ 1. *Сидаланып өскен, ұзын.* ***Сидам*** теректердің арасы лезде қыз-жігіттердің даусына толды (Баязитов). 2. *Жинақы, ықшам; ашаңдау.* Аңшылардың қай-қайсысы да - ~ оңтайлы жігіттер.

СИДАМДА *Ағаштың бұтақтарын шауып тегістеу.* Ағаштың бұтағын аршып ***сидамдадық*** (Соқпақбаев).

СИДАМДЫҚ *Сидығандық, жіңішкелік, ашаңдық.* ~ғы өзіне жарасады.

СИДАҢ 1. *Жапырақтары сирек, сида.* Тастың арасында өскен ағаштар ***сидаң*** (Тұрсынқұлов). 2. *Ауыс. Жіңішкелеу, ұзындау.* Ұстазымыз ***сидаң*** денелі қараторы жігіт екен (Атымтаев). ◊ **Сидаң тартты** — *жапырақтары сиреді, селдіреді.*

СИДАҢДА *Сидаң-сидаң ету, сораю.*

СИДИ *Сыриып ұзару, арықтау.* Ол бұрынғыдай емес, ***сидиып*** қалыпты ("Қаз. әдеб.").

СИҚЫР 1. *Көз байлау қабілеті бар адам, жәдігер.* Үнді жерінде ***сиқыр*** адамдар болған ("Ғалам. ғажап."). 2. *Ауыс. Құпия сыр, жұмбақ.* Күй ~ы (ән, сөз ~ы).

СИҚЫРЛА 1. *Сиқырлық жасау, көз байлау.* Сиқыршы кемпір мұны әбден ***сиқырлап*** тастаған (М.Әуезов). 2. *Ауыс. Басын айналдыру, алдап-арбау.* Ол әйел сені ***сиқырлап*** қақпанға түсіре алмас (Есенберлин).

СИҚЫРЛЫ 1. *Сиқыры бар, айлалы.* ~ сөз (әуен). 2. *Ауыс. Жұмбақ сиқырлы, құпиялы.* Ғабит тілі сырлы да ***сиқырлы*** тіл ("Қаз. әдеб.").

СИҚЫРЛЫҚ *Алдап-арбаушылық айлакерлік.* Күлкі деген— ***сиқырлықтың*** басы (Бақбергенов).

СИҚЫРСЫ *Айла жасау, қулану.* Ол жуасып, ***сиқырси*** қалыпты (Қажыбаев).

СИҚЫРСЫЗ *Айла-шарғысыз, құлықсыз, бүкпесіз.* ~ сырын ашты.

СИҚЫРСЫН *Айлакерсіну, қуланғансыну.* ~ып сөйледі.

СИҚЫРШЫ 1. *Сиқырлық жасаушы, көз байлаушы.* Халық гипнозшыны әулие, ***сиқыршы*** деп білді (Ғалам. ғажап) 2. *Ауыс. Айлакер, қу, сұм.* Гүлжамал ***сиқыршы*** Бақжановтың торына шырмалды (Оразақов).

СИҚЫРШЫЛЫҚ *Алдап-арбаушылық, көз байлаушылық.*

СИЛИКАТ *мин. Құрамында оттекті кремний бар минерал.*

СИЛИКОЗ *мед. Жер асты кенінде істейтін адамдардың ауруы.*

СИЛЛАБИКАЛЫҚ *әдеб.* Тұрақты буын ырғағына негізделген (өлең ұйқасы). ~ жүйе (өлең).

СИЛЛОГИЗМ *филос. Екі пікірден жаңа үшінші пікір алынатын тиянақты ой қорытындысы.*

СИЛОС *Дәнді дақылды өсімдіктерді жас кезінде ұнтақтап дайындаған малдың құнарлы азығы.*

СИМБИОЗ *бот. Екі организмнің селбесуі, бірігіп тіршілік етуі.*

СИМВОЛ *Белгілі бір құбылыс не ұғымның орнына балама ретінде алынған екінші бір зат не құбылыс.* Қыз деген — сұлулық ***символы*** (Қанахин).

СИММЕТРИЯЛЫ *Теңдік, мөлшерлестік заңына бағынған, симметрияға құралған.* ~ көрініс (құбылыс).

СИМПОЗИУМ *Халықаралық көлемдегі пікір алысу, сұхбаттасу.*

СИМПТОМ *мед. Аурудың не бір құбылыстың сыртқы белгісі, нышаны.*

СИМФОНИЯ *муз. Оркестрге арналып жазылған, көлемді музыкалық шығарма.* □ **Симфония оркестрі** — *музыкалық аспаптардың бірлестігінен құралған үлкен оркестр.*

СИНАНТРОП *Бұдан 400 мың жыл бұрын шығыста өмір сүрген адам тектерінің бірі.*

СИНГАРМОНИЗМ *лингв. Сөз ішіндегі не сөздер аралығындағы дауысты дыбыстардың үндесу заңы.*

СИНДРОМ *Белгілі бір ауруға жатпайтын, бірнеше ауру белгілерінің кездесуі.*

СИНЕКДОХА *Жекенің орнына көпше, жалқының орнына жалпының не осылардың керісінше айтылу ерекшелігін көрсететін стильдік белгі.*

СИНОЛОГ *Қытай тілін, әдебиетін, тарихын зерттеуші маман, шығыстанушы.*

СИНОЛОГИЯ *Шығыстану ілімінің бір саласы, қытайтану ілімі.*

СИНОНИМ *Айтылуы басқа болғанмен, мағынасы бір-біріне жуық, бірінің орнына бірі жүре алатын лексикалық топ.*

СИНОПТИК *Ауа райының өзгерістерін зерттейтін маман, метеоролог.*

СИНОПТИКАЛЫҚ *Синоптикаға негізделген, соған сүйенген.* □ **Синоптикалық карта** — *әр түрлі шартты белгілермен жасалған, белгілі бір аймақтың, елдің ауа райындағы өзгерісті білдіретін схема.* **Синоптикалық метеорология** — *жоғарғы кеңістіктердің атмосфералық ерекшеліктерін зерттеу арқылы, ауа райын болжайтын метеорологияның бір саласы.*

СИНТАКСИС *лингв. Сөз тіркесі мен сөйлем құрылысын зерттейтін грамматиканың бір саласы.*

СИНТЕЗ 1. *филос. Анализге қарама-қарсы логикалық процесті білдіретін, заттарды өзара бірлікте қарайтын ұғым.* 2. ***хим.*** *Химиялық реакция жолымен әр түрлі заттардан белгілі бір химиялық қосылыс алу тәсілі.*

СИНТЕЗДЕ *Бір затты екінші бір затпен араластыру, қосу, жаңа қоспа алу.* Ионитті ***синтездеп*** алу арзанға түседі (Жатқанбаев).

СИНТЕЗДІ *Синтезге түскен, бірігіп қосылған.* ~ өнер.

СИНТЕТИКА *Химиялық жолмен алынатын талшықтардан тоқылған жасанды мата.*

СИНТЕТИКАЛЫҚ: синтетикалық тілдер (*лингв.*)— *сөйлем құрамындағы сөздердің өзара байланысы ішкі флексия, екпін түсу жолдарымен және жалғау жалғану арқылы болатын ішкі тілдер.*

СИНУС *мат. Тригонометриялық синус, косинус, тангенс, котангенс ұғымдарының бірі.*

СИОНИЗМ *саяс. XIX г. аяғында еврейлердің буржуазияшыл, ұлтшыл шовинизмін дәріптеуден туған реакцияшыл ағым.*

СИОНИСТ *Сионизмді қолдайтын, сол жолды қуушы адам.*

СИПА *Бір нәрсені, денені қолмен сылау.* Маңдайынан ~ды, бетін ~ды. ◊ **Сипап кетті — жылан жалағандай қылды, дымын қалдырмады.**

СИПАҒЫШТА *Қайта-қайта сипалау.* Жалтыр басын ~й берді.

СИПАҚ: сипақ қақты — *не істерін білмей сипақтады, қипақтады.*

СИПАҚТА *Батылы бармау, кібіртіктеу.* Ол ~п біраз тұрды.

СИПАЛА 1. *Бір нәрсені әрлі-берлі сипау.* Ол иығын ~п біраз тұрды (Өлсеров). 2. *Ауыс. Қараңғыда бір нәрсені іздеп қарману. Сипалап* жүріп, есікті зорға таптым (Д. Досжанов).

СИПАЛАҚТА *Қыбыжықтау; сипақтау.* Самат ~п біраз отырды.

СИПАЛАН 1. *өзд. етіс. Сипала-н.* 2. *Ауыс. Әдемілену, сәндену.* Әли қырынып бір сағат *сипаланды* (Қабдолов).

СИПАҢДА *Сипаң-сипаң ету, бұлғақтау.* ~п кетпей тұрып алды.

СИПАТ 1. *Кейіп-кескін, келбет.* Ілескүлдің түр *сипатынан* гөрі ізеті ұнады (Нұржекеев). 2. *Ерекшелік белгі, қасиет.* Есепті шешудің өзіндік *сипаты* бар ("Қазақстан. мектебі"). ◊ **Сипат алды — *дәстүрді қалыпқа түсті, белгілі бағыт алды.***

СИПАТТА *Бір нәрсені жан-жақты суреттеу, жазу, баяндау.* Төлегеннің ерлігін Мәлік *сипаттап* берді (Жетпісбаев).

СИПАТТАМА *Бір нәрсені толық, жан-жақты қамтитын ауызша не жазбаша анықтама.*

СИПАТТАС *Бір-біріне ұқсас, типтес.*

СИПАТТЫ 1. *Сипатқа ие, сипаты бар.* Жаңа ~ өмір көрінісі. Ай ~ қыз, гүл ~.

СИПАТТЫЛЫҚ *Сипат алушылық.* Мемлекеттілік ~.

СИРАҚ 1. *Адамның, хайуанның тізесі мен тобығының арасы, жіліншік.* Ұзын *сирақ* сары қыз табалдырықтан аттай берді (Дүйсенов). 2. *Сойылған малдың ұйытіліп пісірілген, тұяғы алынған жіліншігі.* Көкем алдыма бүйрек, құлақ, *сирақ* қойды (Ә. Нұршайықов). 3. *Ауыс. Стол, орындық т. б. нәрселердің жерге тірейтін аяқтары.* Орындықтың ~ы. ◊ **Сирағы шыққан кедей — *құ кедей, тақыр кедей.***

СИРАҚТЫ 1. *Сирағы бар, сирақ орнатылған.* 2. *Аяғы ұзын, сыриған.* Ұзын ~ы.

СИРАТ *Діни ұғым бойыншы күнәсін анықтау үшін өткізетін қиямет-қайымның қыл көпірі.* Қиямет-қайымның *сират* көпірінен құтылатын күн жоқ (Ш. Хұсайынов).

СИРЕ 1. *Сиректену, селдіреу.* Ормандағы ағаштар *сиреп* кетіпті (М. Ахметов). 2. *Саны кему, азаю.* Ауладағы балалар жан-жаққа тарап, ~й бастады.

СИРЕК 1. *Жиі емес, селдір.* ~ шаш (тоқылған мата). 2. *Ілеуде бір, аз, анда-санда.* Киноға ~ барамыз. □ **Сирек металдар — *қымбат бағалы, техникалық маңызы зор металдар.***

СИРЕКСІ *Жиілігі кему, азаю.* Хат-хабар ~п кетті, кісі аяғы ~ді.

СИРЕКТЕ 1. *Сирек тарту, селдіреу.* Орман алқабы ~п қалыпты. 2. *Саны азаю, кему.* Қатар ~й бастады.

СИРЕКТЕУ 1. *Онша жиі емес, селдірлеу.* ~ тоғай (ағаш). 2. *Анда-санда, оқта-текте.* Ол хатты ~ жазатын.

СИРЕКТІК 1. *Арасы қашық болушылық, селдірлік.* Жеміс ағаштарын әр түрлі ~те еккен жөн. 2. *Өте аздық, кемдік, көп еместік.* Мал аяғының *сиректігінен,* шөп қаулап өсіпті (Нәжімеденов).

СИРЕТ *Арасын сиректендіру, жиілетпеу.* Жүгерінің арасын ~іп жатырмыз.

СИРЕТКІШ *Жиі затты сиретуге арналған, сұйылтқыш машина.* ~ машина (аппарат).

СИСА *Мақтадан тоқылатын, арзан бағалы, түрлі түсті, жұқа шыт мата.* ~ дан көйлек тікті.

СИСТЕМА 1. *Белгілі бір тәртіп, жүйе.* ~ны өзгерту, жұмыс ~сы. 2. *Әлеуметтік, қоғамдық, мемлекеттік құрылыс.* Капиталистік ~. 3. *Белгілі бір заттың құрамы.* Нерв ~сы, қан айналу ~сы.

СИСТЕМАЛЫ 1. *Жүйелі, тиянақты, сатылы.* Оқушыларға ~ білім беру керек. 2. *Белгілі бір системаға тән, арнаулы стандартпен шығарылған.* "Вальтер" ~ пистолет.

СИЫҚ *Түр-түрпат, көрік, түр-сұрық.* Адам қызығарлық ~ы жоқ.

СИЫҚСЫЗ *Кескін-келбет нашар, көріксіз, сұрықсыз.* ~ адам (жан).

СИЫҚСЫЗДАН *Сұры қашу, көріксіздену, ажарсыздану.* Өңі күннен-күнге ~ып барады.

СИЫҚСЫЗДАУ *Ұсқынсыздау, көріксіздеу.* ~ үй (кісі).

СИЫҚСЫЗДЫҚ *Көзге қораштық, сұрықсыздық.* Қырғауылдың айыбы — тек ***сиықсыздығы*** ("Қаз. ертег.").

СИЫҚТЫ *Көрікті, келісті.* ~ жігіт (қыз).

СИЫН 1. *діни. Жаратушы құдірет құдай бар деп табыну, бас ию.* Құдайға иштей ~ушы еді, аруаққа ~ды. 2. *Ауыс. Қадірлеу, ардақтау, қастерлеу.* Панфилов пен Бауыржанға сан рет *сиындық* (Нұршайықов).

СИЫР I. 1. *Қара мал, мүйізді ірі қара; төрт түліктің бірі.* ~ бақты. 2. *Осы түліктің ұрғашысы, аналығы.* ~ сауды, сауын ~. □ **Сиыр бұршақ (*бот.*) — *жапырағы ірі, сарғылт жасыл гүлді, бұршақ тұқымдасының бір түрі.*** ◊ **Сиыр бүлдірген — *ылғалды жерде өсетін бүлдіргеннің жабайы түрі; ежевика.* Сиыр жоңышқа — *бұршақ тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік.* Сиыр жылы — "он екі мүшел" жыл жүйесінің екінші жылы. Сиыр қарақат — *басына жеміс шығатын тікенекті бұта; барбарис.* Сиыр сәске — *сиыр сауатын түс мезгілі.* Сиыр құйымшақтанды — *бір нәрсе ұзаққа созылды, аяқсыз қалды.***

СИЫР II *Бір затты орнынан сыпырып алу, сыдыру.* Көрпесін ~ып тастады.

СИЫРДАЙ *Дардай, епетейсіз үлкен.* ~ қыз. ◊ **Сиырдай мүйіздесті — *өзара қырқысты, түртпектесті.***

СИЫРҚҰЙРЫҚ *бот. Басы шашақты ұзын құрай.*

СИЫРСІЛЕКЕЙ *бот. Ұсақ гүлді, күңгірт қызыл түсті, раушан гүлділер тұқымдас көпжылдық өсімдік.*

СИЫРШЫ I *Сиыр бағатын кісі, бақташы.* Колхозда ~ болып істейді.

СИЫРШЫ II *астр.* Аспанның солтүстік шарындағы шоқжұлдыз.

СИЯ *Жазуға арналған әр түрлі бояулы сұйық зат.* ~мен жазу жазды.

СИЯЗ *көне.* Съезд сөзінің бұрынғы кездегі айтылу түлғасы. Ақы-пұл дауға сияз үстінде орын қалдырмау мақұл (М. Әуезов).

СИЯКӨК *Егін арасында өсетін арам шөп.*

СИЯҚ *Адамға не басқа бір затқа тән түр-тұлға, келбет, пішін.* Қараған қайран қалар сиясына (Еркінбеков).

СИЯҚТАН *Бір нәрсеге ұқсау, сол секілдену, тәріздену.* Тау ~ып көрінді.

СИЯҚТЫ *Тәрізді, секілді.* Бала ~, артист ~.

СИЯЛА *Сиямен былғау, сия тию.* Көйлегімді ~п алдым.

СИЯСАУЫТ *Сия құятын кішкене құты, дәуіт.*

СКАЛЬПЕЛЬ *Операцияда қолданатын кішкентай пышақ; құрал.*

СКАРЛАТИНА *мед. Көбіне жас балаларда кездесетін өте жұқпалы тамақ ауруы.*

СКАФАНДР *Космоста, су астында, зерттеу жұмысын жүргізу үшін лайықталып тігілген, киім, костюм.*

СКВЕР *Қала ішіндегі адам дем алатын, саялайтын кішігірім жасыл алаң, бақ.*

СКЕТЧ *әдеб. Әзіл-қалжыңға құрылған кішкене пьеса.*

СКИПИДАР *Қылқанды өсімдіктердің шайырын қайнату арқылы айырылып алынған ащы иісті сұйық зат.*

СКИРД *Ұзындау етіп биіктеп үйген мая шөп, астық.*

СКИФ *Біздің дәуіріміздің бірнеше ғасыр бұрын қазақ даласында Қара теңіз бойында өмір сүрген көшпенді дала тайпасының ерекше жалпы аты.*

СКЛЕРОЗ *мед. Организмдегі қан тамырларының қатаюы, ұмытшақтық ауру.* ~ адамға күн сәулесін қабылдауға болмайды.

СКРЕПЕР *Топырақ, кен, көмір т. б. әкететін үлкен қырғыш машина.*

СКРИПКА *муз. Төрт ішекті, ысқышпен ысып ойналатын музыкалық аспап.*

СКРИПКАШЫ *Скрипкада ойнаушы.*

СКУЛЬПТОР *Сәулет өнерін жасаушы, мүсінші.*

СКУЛЬПТУРА *Әр түрлі заттарды (балшық, балауыз, тас, металл, ағаш) кесу, ою, жабыстыру арқылы жасалған сәулет өнері.*

СЛАЙД *Негатив түріндегі фотосурет.*

СЛАЛОМ *спорт. Биік таудан, әр түрлі кедергілерден өтетін шаңғы спорты.*

СЛЕСАРЬ *Темірден жасалған нәрселерді жөндейтін маман.*

СЛЕТ *Белгілі бір көпшілік ұйым мүшелерінің жиналысы.*

СЛЮДА *мин. Металлургия, химия өнеркәсібінде машина үшін қажетті, түсі сарғыш жалтыр болып келетін минерал.*

СМЕНА *Басқа жұмысшымен ауыстыруды қажет ететін мерзімді жұмыс уақыты.*

СМЕНАЛАС *Сменасы бір, бір сменада істейтін.*

СМЕНАЛЫ *Сменаға бөлінген.* Екі ~ мектеп.

СМЕТА *бухг. Алдын ала жасалатын кіріс пен шығыс есебі.* Кіріс-шығыс ~сы.

СМОЛА *Қарағайдан, кейбір өсімдіктерден алынатын тез жабысатын жабысқақ зат; қара май.*

СНАЙПЕР *Көздеген нысанасына дәл тигізетін мерген.*

СНАЙПЕРЛІК *Мерген болушылық.* ~ үйретін бөлім.

СОБАЛАҚ I 1. *Әбден ұйысқан, шыратылған (жүн).* *Собалақ* жүн басқан сиырдың арқасы көрінді (Ә. Көшімов). 2. *Ауыс. Бос белбеу ынжық, былжыр (адам).* Шимайбек — тентек *собалақ* (Ш. Смаханұлы).

СОБАЛАҚ II *Отқа көміп пісірілген нан.* — *Собалақ* берейін бе пісіріп? (Жармағанбетов).

СОБАЛАҢ *Шұбалған ұзын.* Сонда көрдім пальтомның сөлекетін, *собалаңын...* (Д. Әбілбаев).

СОБОР *Қаладағы не монастырьдағы ең үлкен шіркеу.*

СОБЫҚ *Жүгері өсімдігінің дән байлайтын жері; сота.* Жүгері *собықтары* қатайып кетіпті (Қазиев).

СОБЫҚТАН *Собық салу, собық баулау.* Жүгері ~а бастапты.

СОБЫҚША *Кішкене собық.* Сиыр жоңышқаның ~сы жетілген кез.

СОВДЕП *тар. Жұмысшы, шаруа және солдат депутаттарының советі деген сөздің қысқарған түрі.*

СОВЕТ *Ұжымдық орган.* Жоғары ~.

СОВЕТТЕН *Советтік жүйеге, қоғамдық құрылысқа көшу.*

СОВЕТТІК *Совет үкіметі құрылысына тән, совет өмір салтына қатысты.* ~ өмір (шаруашылық, қоғам).

СОВХОЗ *Өндірілген өнім мемлекеттік меншік болып табылатын ауыл шаруашылық кәсіпорын.* ~ басшысы (еңбекшілері).

СОҒЫМ *Қыста сойылуға арналған, бағып-күтілген семіз мал.* □ **Соғым басы** — *соғым сойған үйдің көрші-қолаңды асқа шақыру салты.*

СОҒЫМДЫҚ *Соғымға сояға жарайтын семіз мал.*

СОҒЫС I *Мемлекеттердің және бір-біріне қайшы таптардың арасындағы болатын қарулы күрес, ұрыс.* Ұлы Отан ~ы, азамат ~ы. ◊ **Соғыс қылды [салды]** — *соғысқа шықты, соғысты.*

СОҒЫС II 1. *орт. етіс. Соқ-ыс.* 2. *Ұрысу, шекісу; түйісу.* Екеуінің басы ~ып қалды.

СОҒЫСҚҰМАР *Соғыс ашуға дайын тұратын, соғысты тілейтін.* **Соғысқұмарларды** құртыңдар (Ибраһим).

СОҒЫСҚҰМАРЛЫҚ *Соғыс тілейтіндік, соғысты жақтаушылық.*

СОҒЫССЫЗ *Соғыс салмай, соғыс ашпай; шатақсыз.* **Соғыссыз** жатқан бейбіт жатқан ауыл (С. Жүнісов).

СОДА *Қышқылтым дәмі бар, иіссіз, ақ түсті кристалды ұнтақ; натрий карбонаты.*

СОДАН *Сол уақыттан, сол кезден деген сөздердің қысқарған түрі.* ~ кейін (бері).

СОДАНА *Қазақстандағы жабайы өсімдіктің бір түрі.*

СОДЫР *Сотқар, тентек, бұзақы.* **Содыр** Солтан еліре түрегелді (Өтетілеуов).

СОДЫРЛАУ *Тентектеу, бұзақылау.* ~ жігіт, мінезі ~.

СОДЫРЛЫ *Тентектігі басым, бейбастығы мол.* Ағасы *содырлының* інісі қадірлі (Мақал).

СОДЫРЛЫҚ *Тентектігі, бұзақылығы барлық.* Ол ешкімге ~ мінез көрсеткен жоқ.

СОДЫР-СОЙҚАН *Бұзақы, лаң салғыш, бүлікшіл.*

СОЗ I *мед. Адамның жыныс мүшесінен ірің ағып ауыратын жұқпалы ауру.*

СОЗ II 1. *Бір нәрсені тарту, ұзарту.* Арқанды ~ды. 2. *Сөзді көбейту, жалғастыра түсу.* Ол әңгімесін ~а түсті. 3. *Бір істі, уақытында бітірмеу, кешеуілдету.* Егін жинауды қар түскенше ***созды*** (Жұмаділдин).

СОЗАҚ *Адырна, садақтың жағының екі басын тартып байлаған кермесі.* Кезегендей кезеді, созағын-ақ ***созады*** ("Қобыланды батыр").

СОЗАҚТА *Көпке созылу, кешеуілдеу, созалақтау.* Жұрт жиналысқа ***созақтап*** жинала бастайды (Соқпақбаев).

СОЗАЛАҢ *Созаланған жай, сылбыр қимыл.* Ауыр қозғалып ***созаланған*** аттан түсті (Бөкеев). □ **Созалаң басты** — *ырғатылып жай қозғалды.*

СОЗАЛАҢДА *Жай қимылдау, баяу қозғалу.* ~й орнынан әрең көтерілді.

СОЗАЛАҢДЫҚ *Шұбалаңқылық, сылбырлық.* Авторды бір сарынды да, сүрең ***созаланғдықтан*** сақтандырды ("Қаз. әдеб".).

СОЗАЛАҢҚЫ 1. *Баяу, сылбыр, маргау.* Самат сөзге сылбыр, жүріс-тұрысқа ***созаланқы*** ("Лен. жас"). 2. *Ұзаққа созылған, кешеуілдеген.* Кеш біршама ***созаланқы*** болғанымен, мазмұнды шықты ("Мәдениет және тұрмыс").

СОЗАЛАҢҚЫЛАУ *Сәл соза түсу, созылыңқылау, баяулау.* Дауысымды салмақты да ***созалаңқылау*** шығардым (Ө. Жылқышиев).

СОЗАЛАҢҚЫЛЫҚ *Шұбалаңқылық, баяулық, сылбырлық.* Комедия ***созалаңқылықты*** көтермейді (Тоқпанов).

СОЗАН *Түйенің ауытын тігетін ағаштан немесе темірден жасалған үлкен ине.*

СОЗБАЙ: созбайға салды — *ұзаққа созды, кешеуілдетті.*

СОЗБАЙЛА 1. *Созғылау, тартқылау.* Жігіттер жылқышыны ***созбайлап*** жатқан (С. Жүнісов). 2. *Баялату, соза түсу.* Ол даусын баппен әріден ***созбайлап*** көтерді (Сатыбалдиев).

СОЗБАҚ: созбаққа салды — *бір нәрсені ұзаққа созды, кешеуілдетті.*

СОЗБАҚТА *Бір нәрсені соза түсу, ұзарту.*

СОЗБАЛА 1. *Бір нәрсені созғылау, тартқылау.* Әжем отыр шүйкесін ***созбалаған*** (Сапарбаев). 2. *Ұзаққа созыңқырау, кешеуілдетіңкірею.* Еңбекақыларын ай сайын ***созбайлап*** төлемеді (Аманшин).

СОЗБАЛАҚ: созбалаққа салды — *ұ. созбаққа салды.*

СОЗБАЛАҚТА *Созалаңға салу, кешеуілдету.* Ол той мерзімін ***созбалақтап*** келеді (Кекілбаев).

СОЗҒЫЛА *Қайта-қайта созу, соза беру.*

СОЗҒЫШТА Қайта-қайта созу, соза беру.

СОЗУЛЫ *Созылған, керілген.* Ол ~ аяғын жиды.

СОЗЫЛҒЫШ *Созылуға бейім, созылымды.* Жүн ***созылғыш*** келеді (Ермеков).

СОЗЫЛҒЫШТЫҚ *Созылатын қасиеті болушылық, созылымдылық.*

СОЗЫЛМА *Ұзаққа созылатын, көпке баратын.* ~ шиқан (ауру).

СОЗЫЛМАЛЫ 1. *Ұзаққа созылған, созылыңқы.* Ауру тиянақты емделмесе, ***созылмалы*** түрге ауысады ("Мәдениет және тұрмыс"). 2. *Жай, баяу.* Әндері бірде лирикалы, ***созылмалы***, екпінді болып келеді ("Қаз. әдеб.").

СОЗЫЛМАЛЫҚ *Созылуға бейімділік, созылғыштық.*

СОЗЫЛУЛЫ *Созылған, керілген.* Қолы ~.

СОЗЫЛЫМДЫ *Созылуы жақсы, созылғыш.*

СОЗЫЛЫМДЫЛЫҚ *Созылуға бейімділік, созылушылық.* ~ы резинка сияқты.

СОЗЫЛЫҢҚЫ 1. *Созылған, ұзындау.* ***Созылыңқы*** жатаған үйде кемпір мекендейді екен (Ө. Тарази). 2. *Ұзағырақ, баяу.* Оның даусы қатқыл, бірақ ***созылыңқы*** шықты (Қ. Құрманғалиева).

СОЗЫЛЫҢҚЫЛЫҚ *Созуға, ұзартуға болатындық.* Жүннің ~ғы жақсы.

СОЗЫМ: қол созым — *жап-жақын жер.*

СОЗЫМДЫ 1. *Жақсы созылатын, созылғыш.* Жүннің ***созымды*** қасиеті мықтылығына байланысты (Ермеков). 2. *Баяу, жай, созылып айтылатын.* О бастағы ***созымды*** күйін Ықылас қыза келе басқаша тартып кетті (Т. Әлімқұлов).

СОЗЫМДЫЛЫҚ 1. *Созымды болушылық, созылғыштық.* Жүн ескіре келе ***созылымдық*** қасиетін жоя бастайды (Еламанов). 2. *Созылып орындалатын баяу, жай.* Үннің ***созымдылығы*** сезімтал музыка маманын қайран қалдырды ("Қаз. әдеб.").

СОЗЫМТАЛ 1. *Созылғыш, созылуға бейім.* ~ қасиетінен айрылады. 2. *Созылыңқы айтылатын, баяулау. Созымтал* саз, әсем ән естілді (Т. Әлімқұлов).

СОЗЫМТАЛДЫҚ *Созымтал болушылық, созылғыштық.* ~ғы нашарлаған.

СОЗЫНДЫ *Бір нәрсенің ұзартылған жалғасы.*

СОЗЫҢҚЫ 1. *Созылған, керілген. Созыңқы* келген бұл клетканың жалпы ұзындығы 7 микрон ("Адам анатом."). 2. *Жай, баяу.* ~ үнмен ән салды.

СОЗЫҢҚЫЛАУ *Сәл созыңқы, ұзыншалау.*

СОЙ I *Арғы заты, тегі.* Мен ақсұңқар құстың ***сойы*** едім, Шамырқансам тағы кетермін (Махамбет).

СОЙ II 1. *Малды бауыздау, терісін іреп сыдыру.* Нағашым қуанып, бір тоқтысын ***сойды*** (Ақышев). 2. *Қатты тіліп түсу, кесіп кету. Ұрып-соғу, сабау.* Ол ұлынан үміт үзіп, ***сойып*** салған (Алтынтау). ◊ **Сойып қаптап қойғандай [қаптағандай]** — *айнымаған дәл өзі, аузынан түскендей.*

СОЙҒЫЛА *Жырым-жырым ету, тілгілеу.* Бытырай ұшқан шойын жаңқалары қарағайдың қабығын ырсита аршып, ***сойғылап*** кетіпті (Момышұлы).

СОЙҒЫШ *Малды жақсы соя білетін қасапшы.*

СОЙДАҚ *Сойдиған, сойдиып тұрған.* Қыстан қалған ***сойдақ*** шөптер баланың аяғын инедей тесіп өтті (Т. Жармағанбетов). □ **Сойдақ тіс** — *сойдиған ұзын тіс.*

СОЙДАҚТА *Айқыш-ұйқыш ету, сойдию.*

СОЙДАҚТАЙ Арбиған ұзын. Ол өзінің ***сойдақтай*** саусақтарын көрсете қолын көтерді (Д. Әбілов).

СОЙДАҚТАУ *Сойдиған, ірілеу, ұзындау.*

СОЙДАҢДА *Сойдию, сораю, көстеңдеу.* Жалғыз тісі ***сойдаңдай***, үңіреңдей күлді (Нәжімеденов).

СОЙДАУЫЛ *Үлкен, ірі.* Рацияның ***сойдауыл*** діңгегі — бәрі таңсық (К. Ахметова).

СОЙДАУЫЛДАЙ *Зіңгіттей, еңгезердей. Сойдауылдай* жігіттер — инженердің өзімен бірге көшіп келгендер (С. Бақбергенов).

СОЙДИ *Сорайып шығып тұру.* Ол дөңнің үстінде ***сойдиып*** тұрған жартастың түбіне барды (Тарази).

СОЙҚАН 1. *Бүлік, лаң, ойран.* 1941 жылы ~ басталды. 2. *Сойқан салғыш адам.* Ол — әбден пәле қуған ***сойқан*** (Ә. Әзиев). ◊ **Сойқан салды** — *бүлік салды, лаңдады.*

СОЙҚАНДА *Лаң салу, бүлік шығару.*

СОЙҚАНДЫ *Сойқаны мол, бүлік салғыш. Сойқанды* топ түнгі жортуылға дайындалды (Ә. Әзиев).

СОЙҚАНДЫҚ *Лаң салушылық, бүлікшілдік.* Сотқарлықтың ақыры ***сойқандыққа*** жеткізеді (Ш. Хұсайынов).

СОЙҚАНШЫ *Бүлік салғыш, лаңдаушы.* ~ бандылар.

СОЙҚАНШЫЛ *Сойқан салуға әуес, лаңшыл.* Кітапта ***сойқаншылардың*** жантүршігерлік айуандығы суреттеледі (Еркінбеков).

СОЙҚЫ *Тұрпайы, дөрекі.* Мына ~ не істер екен?

СОЙЛЫ *көне. Текті, нәсілді.* Үйде сайдың тасындай ~ отыр.

СОЙТАЛ *Төрт жасқа шығар ягни байталдан бір жас үлкен ұрғашы дөнежін жылқы.*

СОЙТАЛДАЙ *Еңгезердей, ірі сорайған, биік.*

СОЙЫЛ *Қару ретінде ыңғайлы етіп жонып жасалған мықты, ұзын ағаш.* ◊ **Сойыл салым** — *сойыл жететіндей жақын жер.* **Сойыл соғар** —*біреудің сөзін сөйлеуші, шашбауын көтеруші.* **Сойылын соқты** — *біреудің сөзін сөйлейді, жыртысын жыртты.*

СОЙЫЛДА *Сойылмен соғу, сойылмен ұру.*

СОЙЫЛДАЙ *Еңгезердей, үлкен.* ~ сегіз ұлы бар.

СОЙЫЛДЫ *Сойыл ұстаған, сойылы бар.*

СОЙЫЛДЫҚ *Сойыл жасауға жарайтын, сойыл боларлық. Сойылдық* шоқпар болса қатқан қайың (Айтыс).

СОЙЫЛШЫ *Сойыл соғуға мықты адам.*

СОЙЫМ *Сойылатын мал, сойыс. Сойым* малды әкелуге Сәпей барады ("Лен. жас.").

СОЙЫМДЫҚ *Соғуға лайықты, жарамды мал.*

СОЙЫМПАЗ *Мал соғуға епті, мал сойғыш.*

СОЙЫС *Соғуға жарайтын мал, сойым.* ◊ **Сойыс көбейсін** — *мал сойылып жатқанда айтылатын жақсы тілек.*

СОЙЫСТЫҚ *Соғуға жарайтын.* Оның ***сойыстық*** қана малы бар (С. Мұқанов).

СОҚ 1. *Періп жіберу, ұру.* Темірді қызған кезде ***соқ!*** (Мақал). 2. *Аттың сауырына қамшы басу.* Боз аттың сауырына құлаштап бір ***соқты*** (Д. Әбілбаев). 3. *Тарсылдату, қағу.* Мен есікті ұзақ ~тым. 4. *Бір жерге бару, аялдау, тоқтау.* Шоқан Қызылжарға бұрын да бірер ***соққан*** (Ақышев). 5. *Металдан әр түрлі бұйым, құралдар жасау.* Әкем білезік, сақина ~атын шебер еді. 6. *Ғимарат, үй құрылыстарын тұрғызу, салу.* Ол жазда кесек құйып, там ***соқты*** (Т.Әлімқұлов). 7. *Ауыс. Тамақты ашқарақтана жеу, қомағайлана асау.* Қарнымыз ашып, алдымыздағы тамақты лезде ***соғып*** алдық ("Лен. жас"). 8. *Ауыс. Бір нәрсені көйіту, бөсу.* Шәріп өтірікті әбден ***соқты*** (Мәшһүр Жүсіпов). □ **Соғып алды** — *аңды ұрып ұстап алды.* **Соғып салды** — а) *сойып салды, ұрып тастады;* ә) *сөзбен аузын аштырмады.*

СОҚА *Жер жыртуға арналған ауылшаруашылық құралы.*

СОҚА: **соқа басы** — *ешкімі жоқ, жалғыз басы.*

СОҚАЛА *Соқамен жер жырту.* Жерді ~п жүрміз.

СОҚАЛЫ *Соқа тіркелген, соқасы бар.* ~ трактор.

СОҚА-САЙМАН *Соқасы, саймаңы — барлығы.* ~ жөндеуге кірісті.

СОҚАШЫ *Соқа айдаушы, соқа жүргізуші.*

СОҚИ *Сопайып жалғыз қалу.* Қартайған шағында ***соқиып*** жалғыз қалды ("Лен. жас").

СОҚҚАН 1. *Жынды, әумесер.* Тұу, ***соққан***-ай, кісіні тірі масқара етті (Райымқұлов). 2. *Ант атқан, оңбаған.* Бұл өлімді тон жамылған ***соққандардың*** істеп отырғаны анық (Бектаев).

СОҚҚЫ *Жаудың бетін қайтарып тойтарыс, шабуыл.* ◊ **Соққы берді** — *бетін қайтарды, тойтарыс берді.* **Соққыға жықты** — *өлімші етіп ұрды.* ◊ **Соққы жеді** — *таяқ жеді, сазайын тартты.*

СОҚҚЫЛА 1. *Қайта-қайта ұру, соғу.* Балалар қарды домалақтап, бір-бірін ***соққылап*** жүр ("Қаз. әдеб".). 2. *Үсті-үстіне тарсылдатып қағу.* Ол машина терезесін ***соққылап*** тұр (Шаймерденов). 3. *Үсті-үстіне шабуыл жасау, соққы беру.* Аянбай біздің жігіттер, тойтарды қарды ***соққылап*** (Талғаров).

СОҚПА I *Қолдан соғылған үй, там, пеш.* Үйде ***соқпа*** пеш бар (З. Иманбаев). ~ там, ~ үй.

СОҚПА II *Аурудың оқта-текте қатты ауырып кететін кезі; ұстама.* Науқасы соқпа ғой, ***соқпа*** қатқыл келеді (М. Әуезов).

СОҚПАҚ *Жалғыз аяқ жол, алғашқы із, сұрлеу.* Адасқанның алды жар, арты ***соқпақ*** (Абай).

СОҚПАҚТЫ *Соқпақ салынған, соқпағы бар.* ~ жол.

СОҚПАҚШЫЛ *Соқпақпен жүргіш.* Соқыр сиыр ***соқпақшыл*** (Мақал).

СОҚПАЛЫ 1. *Анда-санда ұстап қалатын, ұстамалы (ауру).* 2. *Ұрып-соғып ойналатын аспап.*

СОҚПАН *көне. Ертедегі ұрыс құралы.* Халық тарихында қырғын майдандарда ұрыс құралы ***соқпан*** болған (Қасиманов).

СОҚТА 1. *Сыздауықтың, шиқанның ортасындағы өзегі өлі ет.* Сыздауықтың ***соқтасын*** сығып алды (Бердіқұлов). 2. *Иленген қатты зат.* Иттің аузына түскен ***соқта*** жаншылмай шықпас (Мақал). ◊ **Соқтасы суыды** — *көңілі қалды, ренжіді.*

СОҚТАЛ *Үлкен, дәу, ірі денелі адам.* — Ол жерге мына екі ***соқталдың*** бірі барсын (Т. Жармағанбетов).

СОҚТАЛА *Жұмбаздау, илеу, шылау.* Жидекті елеуішке салып, ***соқталап*** езеді (Мусин).

СОҚТАЛЫ 1. *Иленген, тығыздалған.* ~ көк мұз (қар.) 2. *Үлкен кесек, ірі.* Тобықтының ***соқталы*** жуандарының бірі — Оразбай (Т. Әлімқұлов). 3. *Дәу, биік.* Оспанның ұзын сирағы ***соқталы*** зор аттың тізесіне шейін созыла түскен (М. Әуезов).

СОҚТАН *Төрт жасқа шығар дөнен бура.*

СОҚТАНДАЙ *Денелі, ірі, үлкен денелі.*

СОҚТАУЫЛДАЙ *Дардай, үлкен, зор.* Өзі ***соқтауылдай*** жігіт болып қалды (С. Мұқанов).

СОҚТЫҒЫС *Қақтығыс, шайқас.* Полициямен ~та 70 адам өлді.

СОҚТЫҚ 1. *Бір нәрсеге соғылысу, қақтығысу.* Сыртқа шыға бере Исаға ***соқтығып*** қалдым (Қабанбаев). 2. *Ауыс. Біреуге тиісу, өз-өзінен ұрыну.* Ол ***соқтығып*** әркімге бір ұрынды ("Қаз. әдеб.").

СОҚТЫҚҚЫШ *Әр нәрсеге соқтығып жүретін, жанжалшыл.*

СОҚТЫҚПА *Әр нәрсеге тиіскіш, ұрыншақ.*

СОҚТЫҚПАЛЫ 1. *Соқтықғыш, ұрынғыш.* Көпшілік арасында ~ сөз айтпа. 2. *Ауыс. Қиын-*

қыстауы, кедергісі мол. Соқпақты, *соқтықпалы* ғылым дүниесіне алғаш із салған ғалым Шоқан.

СОҚЫР 1. *Көру мүшесінен айырылған, жанары жоқ.* Атымтай аурудан айыққанымен, *соқыр* боп қалған (Досымов). 2. *Ауыс. Ештеңені білмейтін надан, топас.* □ **Соқыр тұман** — *ештеңе көрінбейтін қою тұман.* ◊ **Соқырға таяқ ұстатқандай** — *тайға таңба басқандай; айқын, анық.* ◊ **Соқыр сенім** — *білім-ғылымға сүйенбеген дүние таным.* ◊ **Соқыр тиын бермеді** — *тұқ бермеді, сараң.* ◊ **Соқыр тиынға татымайды [тұрмайды]** — *тіккке тұрмады, татымсыз.*

СОҚЫРАЙ *Соқырлану, көзді тер басу.* Қан құйылған көздер *соқырайып* қарауытады (Ғ. Мүсірепов).

СОҚЫРЛАУ *Көзі нашар көретін.* Өзі ~ болып қапты.

СОҚЫРЛЫҚ 1. *Көре алмаушылық, соқыр болушылық.* Жігіт ~ сездіргісі келмегендей. 2. *Ауыс. Надандық, топастық.* Көз соқырлығынан көкірек *соқырлығы* жаман (Мақал).

СОҚЫРТЕКЕ *Көзі байланған адамның өзін қоршаған адамдарды қолмен қармалап ұстауға тырысатын ойын түрі.*

СОҚЫРТҮЙЕ *Түйе санының бір жүзге толғанын аңғартатын сөз.* □ **Бір соқыр** — *жүз түйе;* **екі соқыр** — *екі жүз түйе,* **үш соқыр** — *үш жүз түйе.*

СОҚЫРТЫШҚАН *Жүні сары, әрі өте жұмсақ кішкентай тышқан.*

СОҚЫРІШЕК 1. *Адамның оң жақ бүйірінде ащы ішектің тоқ ішекке келіп жалғасқан жеріндегі өсінді. Соқырішектің* ұзындығы 5–6 см. болады (Қайрақбаев). 2. *Соқырішек ауруының асқынған түрі; аппендицит.* Жігіт *соқырішек* болып операция жасатты ("Қаз. әдеб.").

СОЛ I *Оңға қарама-қарсы жақ.* ~ға бұрылды (жүрді).

СОЛ II *Анау, осы мағынасында жұмсалатын сілтеу есімдігі.* ~ жолы (күні, жылы).

СОЛ III 1. *Қурау, сему.* Терезе алдындағы гүл ~ып қалыпты. 2. *Қиыншылықтан, аурудан әбден жүдеп, бозарып қалу.* Қадиша қайғыдан *солып* қалды (Жүнісова).

СОЛАЙ 1. *Бір бағытқа қарай, сол жаққа қарай.* Шымбай кетсе, *солай* кеткен шығар (Дәуренбеков). 2. *Осылай, сондай.* Келесі жолы тағы *солай* болды (Қабышев).

СОЛАҚ *Қойдың құлағының артын оя кесіп салатын ен.*

СОЛАҚАЙ 1. *Оң қолынан сол қолы бұрын қимылдайтын, сол қолы икемді.* Әли оң қолымен ештеңе істей алмайтын *солақай* (Тарази). 2. *Асыра сілтеуші, үрдажық (адам).* *Солақай* бастықтың білімсіздігі елдің жүйкесін жеді (Жанботаев).

СОЛАҚАЙЛАН *Қисық кету, бұра тарту.* Ол жоқ жерде *солақайлана* қалатын (Хұсайынов).

СОЛАҚАЙЛАУ *Кері тартпайлау, солшылдау, бір беткейлеу.* Газет тым *солақайлау,* белсенділеу кеткен (Нәжімеденов).

СОЛАҚАЙЛЫҚ *Асыра сілтеушілік, теріс бақайлық.*

СОЛАҢ: солаң етті — *сөлекет шапшаң қозғалды, шұбалаң етті, аяқ астынан шыға келді.*

СОЛБАҢ *Солбаң-солбаң ету, солбыраю.*

СОЛБАҢДА 1. *Солаң-солаң ету, сөлпеңдеу.* Ауруханаңың халаты тобығына дейін *солаңдап* тұр (Әлімжанов). 2. *Солбыраю.* Артынша көйлегі *солбаңдаған* қара кемпірдің өзі көрінді (А. Жақсықбаев).

СОЛБЫР *Босаң, ынжық, былжыр.* *Солбыр* неме еріне басып өзіме беттеп еді (Кекілбаев).

СОЛБЫРА 1. *Ұзынды-қысқалы болу, жинақы болмау.* Үсті-басы *солбырап* сахнаға шықты (Бадыров). 2. *Ауыс. Еңсесі түсу, сүмірею.* Күмісайдың алдында *солбырап* Ошан тұр (Сарғасқаев).

СОЛБЫРАЙ 1. *Ұзынды-қысқалы болу, шұбатылу.* ~ған шапан (көйлек). 2. *Ауыс. Үнжырғасы түсу, сүмірею.* Елең-алаңда біреу *солбырайып* босағада тұр (Тоқтаров).

СОЛБЫРЛАУ *Бәсеңдеу, солғындау, осалдау.* Бұрынғыдай екпінді емес, *солбырлау* сөйледі (Есенжанов).

СОЛҒҰРЛЫМ *Соншалық, сондай.* Деталь неғұрлым берік болса, машина *солғұрлым* төзімді келеді (Өтетілеуов).

СОЛҒЫН 1. *Бәсең, баяу, сылбыр.* Досан *солғын* жауап берді (Соқпақбаев). 2. *Анық емес, күңгірт, көмескі.* Оның көз жанары тым *солғын* (Еділбаев). 3. *Ауыс. Өз деңгейінен төмен, әлсіз.* Соңғы шумақ алдыңғы шумақтан әлдеқайда *солғын* (Мүсірепов). ◊ **Солғын тартты** — *көмескіленді, күңгірттенді.*

СОЛҒЫНДА 1. *Бәсеңдеу, баяулау, әлсіздеу.* Судың ағысы *солғындап,* құлаққа әрең шауып жатыр (Жұмаділов). 2. *Көмескі тарту, күңгірттену.* Көз жанары *солғындап,* өңі бозғылт тартты (Байтанаев).

СОЛҒЫНДАУ 1. *Әлсіздеу, баяулау.* Даусы бәсеңдеп *солғындай* бастады (Д. Досжанов). "Отау" шамы *солғындап* барады (Сыланов).

СОЛҒЫНДЫҚ *Жүдеулілік, жұтаңдық, күңгірттік.* Тойдың *солғындығына* осылардың бәрі кінәлі (Нұржекеев).

СОЛҒЫР: *көктей солғыр.* *"Қыршыныңнан қиылғыр" мағынасындағы қарғыс.* Япырмай, мына көктей *солғыр,* — деп әйел Жанболатты біраз қарғап алды (С. Мұратбеков).

СОЛДАТ *Қатардағы әскери адам, сарбаз, жауынгер.*

СОЛДАТТЫҚ *Солдатқа қатысты, солдатқа тән.*

СОЛИДОЛ *Машина, трактор т. б. тетіктерін майлайтын қоймалжың қоңыр май.*

СОЛИСТ *Музыкалық шығарманы жеке орындайтын адам.*

СОЛҚ: солқ етті [еткізді] — *сыртқы күштің әсерімен бір нәрсе кенеттен қозғалды, зірк етті.*

СОЛҚ-СОЛҚ: солқ-солқ етті — а) *солқылдады, селкілдеді;* ә) *басы қатты ауырды, зырқылдады.*

СОЛҚЫЛ *Секілдеген, солқылдаған күй.*

СОЛҚЫЛДА 1. *Солқ-солқ ету, селкілдеу.* Жер сілкінгендей ағаш үй *солқылдады* (Өтемісов). 2. *Іріңнің не басқа бір себептен адам мүшесінің қатты ауруы.* Басым *солқылдап* алып барады (Домбаев). 3. *Жылау, ексу, еңіреу.* 4. *Ауыс. Тәуекелге келе алмай, босаңдық білдіру.* Жұдырық өткен сайын *солқылдай* бастаған сияқты (Ахтанов).

СОЛҚЫЛДАҚ 1. *Солқылдаған, майысқақ иілгіш.* *Солқылдақ* арба тоқтай қалды (Құмарова). 2. *Ауыс.*

Құбылмалы өзгермелі. Оның ***солқылдақ*** пікірін біліп тұрмын (Алдабергенов).

СОЛҚЫЛДАҚТАУ 1. *Бостау, майысқақтау.* Жануардың қылыш сырты қазысы, ***солқылдақтау*** жалы бар (Жансүгіров). 2. *Нақтылы емес, екі ұштылау.* Бастықтың ***солқылдақтау*** мінезін білетін (О. Сәрсенбаев).

СОЛҚЫЛДАҚТЫҚ 1. *Майысқақтық, иілгіштік.* Арбаның ~тығы шаршатты. 2. *Ауыс. Тұрақсыздық, құбылмалық.* Ол ~ көрсетті (жасады, танытты).

СОЛМА *вет. Қара малда кездесетін ауру; пироплазмоз.*

СОЛО *муз. Көп дауысты шығарманы орындау үстінде бір аспаптың басқа аспапқа қарағанда ерекше бөлініп ойнауы.*

СОЛПАҢДА *Солпаң-солпаң ету.*

СОЛПИ 1. *Етек-жеңінің олпы-солпы болуы; солбыраю.* ~ған киімі тым жұпыны. 2. *Мойына су кету, сүмірею.* Бір сұрағыма да жауап бермей ***солпиып*** тұра берді (Бөкеев).

СОЛПЫ 1. *Жерге сүйретілген, шұбатылған.* Мына жері олпы, мына жері ***солпы*** екен ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Ойқы-шойқы, кедір-бұдыр.* Жұмыстағы олпы-***солпыны*** жойыңдар (Салахов).

СОЛПЫЛАУ *Шұбалаңқылау, сүйретіңкілеу.* Шапанының етегі ***солпылау*** екен ("Қаз. әдеб".).

СОЛПЫЛДА *Солп-солп ету, солпию.* Бір қолы жансыз, ***солпылдап*** санын ұрады (Тілегенов).

СОЛПЫЛДАТ *Емшекті солп-солп сору.*

СОЛТАҚ *Аяғын сылтып басатын; сылтық.*

СОЛТАҚТА *Сылти басу, ақсаңдау.*

СОЛТҮСТІК *Оңтүстікке қарсы жақ; терістік.*

СОЛТҮСТІК-БАТЫС *Солтүстік пен батыстың аралығындағы бағыт.*

СОЛЫҚ: ***солығын басты*** — а) *тынықты, дем алды; ә) жылағанын, өксігін қойды.*

СОЛЫҚТА *Бүйірін соғу, ентігу.* Қасқыр қамыс арасына ***солықтап*** жата кетті (Иманбаев).

СОЛЫҢҚЫЛЫҚ *Әбден жүдеп солғандық, арығандық.*

СОЛЫРҚА *Қатты шаршап демігу, ентігу.*

СОЛЬФЕДЖИО *муз. Музыкалық есту қабілетін арттыру, дамыту үшін өтілетін пән. Әннің нотасын оқыту, айту, әндету ісі.*

СОЛЯРКА *Трактор мен машинаның жүру үшін қажетті сүйық май.*

СОМ I *Жүз тиынға тең бұрынғы ақша құны.*

СОМ II *Жылқы малында кездесетін жара ауру.*

СОМ III *Мықты, жуан, күшті.* Саусағы білектей, сандары көпірдің ***сом*** тіреуіндей (Сауытбеков). Хасен ***сом*** тұлғалы азамат (Н. Ғабдуллин).

СОМА *Белгілі бір мөлшердегі ақша.*

СОМАДАЙ *Үлкен, дәу, еңгезердей.* Ол ~ болып класта екі жыл отырды.

СОМАЛЫ *Ақшалы, қаражатты.* Магазин сонша бай, көп ***сомалы*** (Жансүгіров).

СОМАТОЛОГИЯ *мед. Адамның дене құрлысын, оның түрлері мен ерекшеліктерін зерттейтін медицина саласы.*

СОМБАЛ *Тиюге бейімдеу, қысқалап кескен жуан бөрене.* "Жігіт ауыры — шомбал, ағаш ауыры — ***сомбал***" (Мақал).

СОМБРЕРО *Етегі кең жасалған қамыс қалпақ.*

СОМДА 1. *Берік те бекем етіп жасау.* Ол ***сомдап*** шапқан орындыққа жайғасты (Тұрлыбаев). 2. *Ауыс. Келісті, әдемі етіп мүсіндеу.* Халық батырының нағыз тұлғасын суретші осылай ***сомдаған*** (Абдуллин).

СОМДАЙ *Сом мөлшеріндей.*

СОМДЫҚ *Бір сомға тән, сомға жететін.*

СОМПАЙ *Сомпиып шығып тұру, солпаю.*

СОМПАҢ: сомпаң етті — *сопаң етті, сойдиды.*

СОМПИ *Сойдию, сидию.* Ол ~ып босағада тұрды.

СОНА *Жануарларды шағатын қос қанатты қан сорғыштардың ішіндегілердің ірісі.* ◊ **Сона көзденді** — *тікірейді, ежірейді.* **Сона тигендей жыбырлады** — *ыршып түсті.*

СОНАҒҰРЛЫМ *Анағұрлым, едәуір, әлдеқайда.*

СОНАДА *Баяғыда, ерте кезде.* Келе жатқан Тарғынды, ***Сонадан*** байқап көреді (Ер Тарғын).

СОНАДАЙДАН *Анадайдан, көз көрім жерден, алыстан.*

СОНАЛА *Сонадан қорғау, қашу.*

СОНАН *Сонан бері, сол кезден бастап, қазірге дейін.* ◊ **Сонан кейін (сонан соң)** — *сол кезден кейін.*

СОНАР *Қалың қар жауып ашылғаннан кейінгі аңға шығуға қолайлы тынық күн.* Қыранның бабы жетілді, ***сонар*** жоқ (Иманбаев). ◊ **Ұзын сонар** — *ұзаққа созылған.* Ұзын ***сонар*** лекция жалықтырып жіберді (Тоғасылов).

СОНАРЛА *Аңды жаңа жауған қардағы ізіне түсіп аулау.*

СОНАРЛЫ *Сонарлатып аң аулаған қолайлы күндері мол.*

СОНАРШЫ *Сонарда аңға шығушы.*

СОНАТА *муз. Бірнеше бөлімнен құралған, темпі, ырғағы күрделі музыкалық шығарма.*

СОНАУ 1. *Анау деген сілтеу есімдігі.* 2. *Баяғы ерте, бағзы.* ***Сонау*** бір қыс күндері естен кетер ме (Досжанов).

СОНДА 1. *Сол кезде, сол уақытта.* Бір пәленің болғанын ***сонда*** ғана білді. 2. *Сол жерде, сол жақта.* Әжем мен қарындасым ***сонда*** қалды (Н. Ғабдуллин).

СОНДА *Сонда да. Солай болса да, сөйтсе де.* Өкпек желден құтылдым, ***сонда*** да тоңған денемнің түршігуі басыла қоймады (С. Мұқанов).

СОНДАҒЫ *Сол кездегі, сол мезгілдегі.*

СОНДАЙ I *Сол сияқты, сол тәрізді.* ~ адам (бала, заман).

СОНДАЙ II *Соншалықты, кереметтей, соншама.* ~ мықты (пәк, қажет).

СОНДАЙ-АҚ *Сонымен бірге, соған қоса.*

СОНДАЙЛЫҚ *Сондай, соншалықты.*

СОНДЫҚТАН *Сол себепті, солай болғандықтан.*

СОНЕТ *әдеб. Екі төрт шумақты, екі үш шумақты — он төрт жолды өлең.*

СОНША *Соншалықты, соншама, кереметтей.*

СОНШАЛЫҚТЫ *Осыншама, соншама.*

СОНШАМА *Соншалықты, сонша.*

СОНЫ 1. *Бұрын таныс емес, жаңа.* Ауыл маңы жасаңғырап, ***соны*** түр танытаты (Б. Шаханов). 2. *Ешкім аяқ баспаған, тың.* Малды ***соны*** жайылымға салдым (Ақтаев).

СОНЫЛА *Соны жерге жайылу.*

СОНЫЛАУ *Жаңалау, өзгешелеу.* Нақтылы кәсіби атаулары, кәсібі жоқ өлкелердің құлағына ***сонылау*** естіледі (І. Омаров).

СОНЫЛЫҚ *Соны болушылық, жаңалық.*

СОНЫМЕН *Қысқасы, сөйтіп.* ◊ **Сонымен бірге [қатар]** — *сонымен қоса, сонымен қабат.*

СОНЫРҚА 1. *Соны қуып жайылу, сонырқалау.* ***Сонырқап*** сан шүйгінді өтті жазым (Орманов). 2. *Ауыс. Қызығу, таңдану, таңырқау.* Қарт аңшы қызу шайқасқа ***сонырқай*** қарап, тамашалаған (Қожабеков). 3. *Ауыс. Бөтенсіну, жатсыну, тосырқау.* ***Сонырқап*** оралдым мен жыл құсындай (Бекхожин).

СОНЫРҚАЛА *Соны қуу, жүре жайылу.*

СОҢ *Бір нәрседен кейін.* Жиналыстан (жұмыстан, ойыннан) ~.

СОҢҒЫ *Кейінгі, ақырғы.* ~ рет (күндер, айлар, жылдар).

СОҢЫ *Арты, ақыры, аяғы.* Әке-шешем ***соңында*** қарап тұр (Жұмаділов). Барлығы мал ***соңында*** ("Қаз. әдеб."). ◊ **Соңына шырақ алып түсті** — а) *ізін бақты, аңдыды, құдалады;* ә) *бір нәрсеге құмартты, қызықты.*

СОҢЫНАН *Кейіннен, артынан.* ~ келерсің.

СОҢЫНША *Іле-шала, соңына.*

СОҢЫРА *Кейін, соңынан.*

СОП *Өгізді жүргізу үшін айтылатын дыбыс.* "Соп борозда! Шаңырақ мүйіз ***соп, соп!***" (Д. Өбілов).

СОПА: сопа басы — *соқа қара басы.*

СОПАЙ 1. *Бір нәрсенің сопақ болып ұзаруы.* Қыздың жағы ***сопайып*** азып кетіпті (Сматаев). 2. *Қалтию, қалқию.* Кемпір екеуі ***сопайып*** жалғыз қалды (Исабеков). ◊ **Сопайғаннан сопайып [жалғыз] қалды** — *өзінен басқа ешкім қалмады.*

СОПАҚ *Дөңгелек емес, ұзынша.* ◊ **Сопақ бет** — *ат жақты болып келген бет.*

СОПАҚТАУ *Сопақшалау, ұзыншалау.* Халел ***сопақтау*** төбенің басына шықты (Есенберлин).

СОПАҚША *Сопайған ұзынша келген.* □ **Сопақша ми (анат.)** — *жұлынның бастағы тікелей жалғасы.*

СОПАҚШАЛА *Сопақтау, ұзыншалау.* Помидордың сыртқы пішіні домалақ та, ***сопақшалау*** да болады (Помидор өсіру.).

СОПАҢ: сопаң етті — *кенеттен пайда болды, қылт шыға келді.*

СОПАҢДА *Сопаң-сопаң ету.* Құрай ***сопаңдап*** көздеріме кіре жаздады (Ө. Нұрғашов).

СОПРАНА *муз. Әйелдердің ең биік даусы.*

СОП-СОЛҒЫН *Түсі тым солғын, күңгірт, көмескі.* Өңі ~.

СОП-СОПАҚ *Өте сопақ, тым сопайған.*

СОПЫ *Дін жолына тіскен құдайшыл адам, тақуа.*

СОПЫЛЫҚ *Сопы болушылық.* ~ нәсиет сөз.

СОР I *Кесір-кесапат, бақытсыздық, ауыртпалық.* Оның радиода сөйлегені өзіне ***сор*** болды (Қазыбеков). ◊ **Сорға айналды** — *бақыты тайды, қырсық шалды.* **Сор айдады** — *қырсық шалды.* **Сор жеңді** — *соры қайнады.* **Соры арылмаған** — *қырсыққа белшесінен батқан.* **Соры қайнады** — *қайғыға душар болды.* **Соры қайнап, сорпасы төгілді** — *бақытсыздыққа ұшырап, берекесі қашты; күні қараң болды.* **Сорың құрғыр** *(қарғ.)* — *бақытың кесілгір (күйгір).* **Сорың құрғыр** — *қарғыс емес, жанашырлық, мүсіркеуді білдіреді.*

СОР II *Аяқ батып кететін тұзды батпақ.* Моншақтың ***сор*** жағында түйелер жайылып жүр (Алдамжаров).

СОР III 1. *Бір нәрсені ерін арқылы ішке тарту, ему.* Бала емшекті рахаттана ***сорып,*** ұйқыға кетті ("Қаз. әдеб."). 2. *Бір нәрсені ауызға салып талмау, жалмау.* Қарт әже жас өрікті ***сорып*** тұр (Байжанов). 3. *Шаң, түтін, газ, су т. б. заттарды арнаулы түтік арқылы тарту, сыртқа шығару.* Түтіктің ауасын насос арқылы ***сорып*** шығара бастаған (О. Сәрсенбаев). 4. *Бір нәрсені ақ жем қылу, бозарту.* Суық су сорған қолы ***сорқырап*** қақсай бастады (Ниязбеков). 5. *Біреудің еңбегін қанау, жатып жеу.* Ол жеті атасынан бері кедейлерді ***сорған*** қорқау (Т. Нұртазин).

СОРА I *Көзден аққан жас, мұрынан аққан су.*

СОРА II *бот. Сортаң жерге шығатын алабота тәрізді өсімдік.*

СОРАҒЫТ *Сорғалау, құйылу.* Ыстық жастар беттен тарамданып ағып, ***сорағытып,*** жылып тамады (Сматаев).

СОРАБА *Қыздар киетін тақия тәріздес, бірақ артында салпыншағы, төңірегінде шашағы бар бас киім.* "Қыздар киер ***сораба,*** салбыратып шашағын, жаман жігіт бүлдірер өз отбасын, ошағын" (Халық өлеңдері).

СОРАЙ *Биіктеп ұзару, сырию, сойдию.* ~ған бой, жақ сүйегі ~ған.

СОРАҚЫ *Шектен шыққан, өрескел.* ~ қателік (іс, хал, қылық).

СОРАҚЫЛАУ *Ерсілеу, өрескелдеу.*

СОРАҢ I *Топырағы сор, сортаң жер.* Сазды ***сораң*** дымқыл тисе болғаны қамырдай иленіп жатады (Қабдолов).

СОРАҢ II *Алабота тәрізді сортаңға шығатын өсімдік.* Сортаңға сары ***сораң*** бітеді (Х. Есенжанов).

СОРАҢ III *Биік шың, сорайған биік құз.*

СОРАҢ: сораң етті — *ербең етті, шошаң етті.*

СОРАҢДА *Сораң-сораң ету, арбаңдау.*

СОРАҢДЫ *Сор топырақты, сортаңды.* ~ жер.

СОРАҢША *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СОРАҢЫТ *Сор пайда болу, сор басу.* Қазір сол көл асты ***сораңытқан*** табандық (Қаназов).

СОРАП I 1. *Ескі жолдың сүрлеуі, сілемі.* Соқпақ ***сорабы*** біздің ауылға барады (Құмарбеков). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің ізі, жобасы.* Сөз ***сорабы*** соларға қарай анық бет түзеді (К. Мұхамбетқалиев).

СОРАП II 1. *Түйені суару кезінде су ішкізу үшін айтылатын сөз.* 2. *Ауыс. Ыстық нәрсені сыздықтатып сорып ішкенде шығатын дыбыс.*

СОРАПТА *Сұйықты сыздықтатып сорып ішу, ұрттау.* Әжей шайды ***сорaптап*** тартып отыр (Әбдікерімов).

СОРБОТҚА *Сарбуын, сарып ауруынан болған ісікке тартатын тұз қосып шыланған ұнның ұнтағы.*

СОРБЦИЯ *Қатты заттардың, газдар түсін немесе ертіндегі бояулардың түсін оз бойына сіңіруі.*

СОРГО *бот. Оңтүстікте өсетін жүгері тәрізді малға жұғымды көк шөп.*

СОРҒАЛА 1. *Төмен қарай ағу, саулау, құйылу.* Ыстық жас ***сорғалап*** барып иегіне жиылды (А. Нұрменов). 2. *Ауыс. Төмен қарай құлдилау,*

зулау. Лашын аспанға шырқап шығып қайта төмен *соғалады* (Соқпақбаев).

СОРҒЫ *Суы тартылып, құрғай бастау; дегду, кебіңкіреу.* Сортаңы *соғып* жер түледі (С. Бегалин).

СОРҒЫЛА *Қайта-қайта сору, сора тұсу.*

СОРҒЫШ I *Ылғалды өз бойына сіңіріп алатын құрғатқыш.* Жазған жазуын *соғыш* қағазбен жауып отыр (Семья тәрбиесі).

СОРҒЫШ II *бот. Ылғалды жерде өсетін, тәтті дәмі бар шөптің бір түрі.*

СОРҒЫШТА *Бір нәрсені сора тұсу, қайтақайта сору.* Темекіні үсті-үстіне *соғыштады* (Тайжанов).

СОРҒЫШТЫҚ *Сорып алатын, сіңіретін.* ~ қасиет, қан ~.

СОРЛА *Соры қайнау, азап көру.*

СОРЛАН *Сор пайда болу, тұздану.* Минералды тыңайтқыштар қосылған судың шамадан тыс берілуі алқаптың *сорланып,* бүлінуіне әкеп соқтырады ("Соц. Қаз.").

СОРЛЫ I *Бақытсыз, мұсәпір, бейшара. Сорлыға* сойылдың жуан басы тиеді (Мақал).

СОРЛЫ II *Соры, тұз ерітіндісі мол.* ~ жер.

СОРЛЫЛЫҚ *Бағы жанбаушылық, мұсәпірлік, бейшаралық.*

СОРЛЫ-СОРТАҢ *Шаруашылыққа қолайсыз, соры мол жер.* Даланың жері *сорлы-сортаң* (Бірмағанбетов).

СОРМАҚТА *Сыздап ауырған жерге тартып байлайтын шипасы бар қайнатылған түйе жүні.* Шажамай, *сормақта,* тарлау — осылардан олар не білер екен? (Алтайбаев).

СОРМАҢДАЙ *Қайғы-қасіретке батқан, әбден сорлы болған шерменде.*

СОРПА *Суға қайнап піскен еттің сұйық сөлі.* "Ет — етке, *сорпа* — бетке" — деп қазақ бекер айтпаған ("Қаз. әдеб."). ◊ **Сорпаға шығары** — *бетке ұстар, жақсысы, беделдісі.* **Сорпадай сапырды** — *астан-кестен қылды.* **Сорпалығы бар** — *жілігі татыр мал.*

СОРПАЛА *Сорпасу ішкізу, қалжалау.* Ауру адамды ~ жатырмын.

СОРПАЛАН *Сорпа ішу, әл жинау.* Олар *сорпаланып* әл жиды (Сқақбаев).

СОРПАЛЫҚ *Сорпа болармық, сорпасулық.*

СОРПА-СУ *Тамақтық маңызы шамалы, сорпажорпа.*

СОРПА-СУЛЫҚ *Сорпа болармық.* ~ соғым іздейік.

СОРП-СОРП: **сорп-сорп етті** — *қайта-қайта сорпылдатты.*

СОРПЫЛДА *Сорп-сорп ету.* "Иірім" аталатын ағыс, шұқырға құйылып жатқандай *сорпылдайды* да жатады (С. Мұқанов).

СОРТ *Белгілі бір нәрсе сапасының дәреже көрсеткіші.* Күріштің жаңа *сорттары* өсіріліп шығарылды (Ерлепесов).

СОРТАҚЫМ: **сортақым пенде** — *жерг. өмірде көп бейнет шеккен адам.*

СОРТАҢ *Тұзы молдау жер.* Ащыкөл төпырағы *сортаң,* түз татып тұрады (Байхонов).

СОРТАҢДА *Сортаң тату, сортаңдау.*

СОРТАҢДЫ *Сортаңы мол, ащылау.* ~ жер.

СОРТАҢДЫҚ *Сортаң болушылық.*

СОРТИМЕНТ *Бір нәрсенің сапасын, сортын көрсету.*

СОРТТА *Сапасына қарай іріктеу, сортқа бөлу.* Тұқымды мұқият *сорттаған* дұрыс (Б. Шағыров).

СОРТТЫ *Жоғары сортқа жататын.* Бұл *сорттың* тұқымдардың дәні ғой ("Лен. жас").

СОРТТЫҚ *Сапаның жаңа сорттары, сортына тән.* Тұқымның құндылығы оның *сорттық* сапасына байланысты (Овощ өсіруші.)

СОРТІКЕН *бот. Шөлді жерде өсетін тікен шөп.* Қатпаны емдеу үшін кеуел *(сортікен)* деп аталатын шөптің тамыры пайдаланылады (Х. Арғынбаев).

СОРЫҚ *Суы тартылып құрғай бастау, дегду, соғу.* Жаңбыр ашылып, жер *сорығып* қалған екен (Тоқмырзин).

СОРЫНДЫ *Сорылып алынған сұйықтық.*

СОСЛОВИЕ *Мемлекетте заң жүзінде жағдайы бірдей адамдарды біріктіретін қоғамдық топ (Саяси сөздік).*

СОСТИ *Урке қарау, үдірею, едірею.*

СОТ 1. *Азаматтық дау-таластарды тексеріп, шешім қабылдайтын, қылмысты істерді қарайтын мемлекеттік заң орны.* 2. *Дау-таластар мен қылмысты істерді қарайтын мәжілістің ресми бастығы. Сот* хатшысына істі тез әкелуін өтінді (Жақыпов).

СОТА I *Қысқалау келдек, таяқ.* Бозбалалардың бірі *сота,* бірі балта ұстап төбелеске әзірленді ("Қазақстан әйелдері").

СОТА II *Жүгері собығы.* Біздер жүгерінің *сотасын* жинай бердік (Наменгенов). □ **Сота тілік ен** — *ұзыннан тілінген ен.*

СОТАНАҚ *Сотқар, тентек, құяңқы, бұзақы.*

СОТАНАҚТАУ *Бұзақылау, сотқарлау, қияңқылау.* ~ бала (жігіт).

СОТАНАҚТЫҚ *Тентек болушылық, сотқарлық.* Балалар ~ жасады.

СОТҚАР *Бұзақы мінезі бар, шектен шыққан содыр, тентек.* Әмек шәкірттердің ішіндегі *сотқары* болатын (Оразақов).

СОТҚАРЛАН *Бұзақылық жасау, сотанақтық істеу, қиқарлыққа салу.* Ол ~а жымиды.

СОТҚАРЛЫҚ *Тентек, бұзақы болушылық, сотанақтық.* ~ты қойды, ~ жасады.

СОТТА *Сот тәртібімен қылмыскерді жазалау.*

СОТТЫ *Ісі сотқа түскен айыпты, кінәлі.* ~ болды.

СОУС *Тамақтың дәмін келтіріп, тәбет ашқызатын тұздық.*

СОФИЗМ *Мәселені шатастырып, жалған қағиданы дәлелдеу мақсатымен құралған ой қорытындысы.*

СОФИСТИКА *Жалған дәлелдерді қасақана қолдаушылық, шатастыратын сөзуарлық.*

СОЦИАЛ *саяси. Социалдық мағынасын білдіретін күрделі саяси терминнің бірінші бөлегі.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТ *саяси. Социал-демократтарды жақтаушы.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЗМ *Социал-демократтардың идеологиясы мен тактикасы.*

СОЦИАЛИЗМ *Өндірістік қатынастардың негізгі өндіріс құрал жабдықтары қоғамдық меншікте болатын қоғамдық құрылыс; коммунизмнің бірінші фразасы.*

СОЦИАЛИСТ *Социалистік партияның мүшесі.*

СОЦИАЛИСТІК *Социализмнің негізінде орнығып, жүзеге асқан, социализмге тән.*

СОЦИОЛОГ *Социология жөніндегі маман, әлеуметтанушы.*

СОЦИОЛОГИЗМ *Фактілерді, социологиялық тұрғыдан түсіндіру, социология тұрғысынан қарау.*

СОЦИОЛОГИЯ *Қоғам турала және оның даму заңдары туралы ілім, әлеуметтану.*

СОЦИАЛ-ШОВИНИЗМ *1914–1918 жылдардағы дүнижүзілік бірінші соғыс кезінде туып, "буржуазиялық отанды қорғау" идеясын ұсынған, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ұлтшылдық ағым.*

СОЦИАЛ-ШОВИНИСТ *Социал-шовинизм саясатын жақтаушы адам.*

СОЯ *Әр түрлі тағам әзірленетін бұршақ тұқымдас дақыл.*

СОЯР: сояр көбейсін — *мал сойып жатқанда айтылады.*

СОЯУ *Өсімдіктердің жапырақ пен бүрінен айрылған сида сабақтары, ұшкір қалқандары.* Шырыштың қураған ***соялары*** ғана ызыңдайды (Мұртазаев). 2. *Тікен, шөгір. Сояу* кіріп неше жыл шөлде тозды аяғым (Малдыбаев). 3. *Ауыс. Ірі, ұзын, сойдақ.* ~ кірпік (тырнақ, тіс).

СОЯУДАЙ 1. *Ұзын, сидиған, өткір.* ~ тырнақ (шеге, тіс). 2. Жападан-жалғыз көп жыл ***соялай*** болып шалымыз екеуміз ғана тұрдық (Жұмаділов).

СОЯУЛАН *Жапырағынан айрылу; сояу тарту.* Бұта біткен жапырағынан ажырап ***соялануын*** қалған (Қаражігітов).

СӨГЕ *Еліктің ұрғашысы. Сөгеден* соқпа етінді, лағы қалар жетімді (Мақал).

СӨГЕРЛІК *Мал қабырғасының омыртқамен ұштасқан жері.* Мына ингеннің басқа түйелерден ***сөгерлігі*** артық екенін байқады (Ә. Нұрпейісов).

СӨГЕТ *Таулы жерде, тоғай арасында өсетін аласалау ағаш.*

СӨГУСІЗ *Сөгілмей, тарқатылмай қалған.*

СӨГІН *Өзін-өзі іштей кінәлау.* Өзінің шалағайлық қатесіне іштей ***сөгінді*** (Ғ. Қайырбеков).

СӨГІС 1. *Қатені түзету үшін кінәлап бетке айтылатын ауыр сөз.* Ешкіммен келіспестен көсемдік жасаса, басқалардан ***сөгіс*** естімей ме (Мекебаев). 2. *Белгілі бір ұйымның тәртіп бұзушыларға бұйрық арқылы беретін ескертпе жазасы.* Қызметтен қумақшы еді, ***сөгіспен*** жаны әрең қалды (Тоғысбаев).

СӨДЕГЕЙ *жерг. Сылбыр, енжар, сұлесоқ ерсі.* Оның қимыл-қозғалысы тым ***сөдегей*** (Ғаббасов).

СӨДЕГЕЙ *Сөлекет, ұшқары, күдікті, бөтен.* Ол ~ сылбыр, енжар дегенді білдірмейді!

СӨЗ 1. *Белгілі бір мағынаға ие, заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі единицасы.* Түгел ***сөздің*** түбі бір — түп атасы Майқы би (Мәтел). ***Сөз*** сөзді тудырады. 2. *Бір нәрсе жайында айтылған әңгіме.* Көр-жерді ***сөз*** етіп тұрып қаппыз (Т. Нұртазин). 3. *Жиналыста көпшілікке қарата айтылған пікір, мәлімдеме.* Отырғандар мына ***сөзден*** көп жайға қанықты ("Қаз. әдеб."). 4. *Әнге арналған өлең тексі.* Ән ***сөзі***, әр кімге түсінікті (Сейітов). □ **Сөз табы** — *лексикологиядағы негізгі сөздер мен көмекші сөздердің топ-топқа бөлінуі.* **Сөз төркіні** — *сөздің тұпкі мағынасы, тұпкі тұр-тұрпаты.* ◊ **Сөз болды** — *әңгіме етті.* **Созге келді** — а) *тілдесті, керілдесті;* ә) *сөз айтуға шамасы келді.* **Сөзге қалды [ілікті]** — *өсекке таңылды.* **Созге құлақ қойды [салды, асты]** — *айтқанды тыңдады.* **Сөзге жеңсік бермеді** — *сөзге тоқтамады, өршелене сөйледі.* **Сөзді жүндей сабады** — *көп сөйледі, бөсті.* **Сөздің қысқасы** — *тоқ етері; сөздің дұрысы.* **Сөздің майын тамызды** — *сөзді әдемілеп, шебер сөйледі.* **Сөз жоқ** — *анық, даусыз.* **Сөз қонбады [дарымады]** — *ұқпады, түсінбеді.* **Сөз салды** — *араға адам салып пікірін білдірді.* **Сөз саптады** — *жүйелеп сөйледі.* **Сөз тізгінін берді** — *емін-еркін сөйлеуге ерік берді.* **Сөз ұстар** — *айтыс кезінде, айтысушы жақтың атынан сөз сөйлейтін басшы кісі.* **Сөз шығарды** — *әңгіменің шетін шығарды.* **Сөзі аяқ асты болды [далаға кетті, жерде қалды, зая болды]** — *айтқанын ешкім елемеді.* **Сөзі бір жерден шықты** — *айтқандары үйлесе кетті.* **Сөзі дуалы (көне)** — *айтқаны келетін киелі деген мағынада айтылады.* **Сөзі мірдің оғындай** — *сөзді жеріне жеткізе айтты.* **Сөзінде тұрды** — *айтқанын орындады.* **Сөзін жерге тастамады** — *дегенін екі етпеді.* **Сөзінің жаны бар** — *айтқаны дұрыс.*

СӨЗБЕ-СӨЗ *Нақ сол қалпында, дәлме-дәл.*

СӨЗДЕС *көне. Тілдесу, сөйлесу.* Сол арада кездесті, кезекпе-кезек ***сөздесті*** ("Батырлар жыры").

СӨЗДІК *Мағынасын ашып, түсінігі берілген, басқа тілге аударылып, алфавиттік тәртіппен берілген сөздер жиынтығы.* Түсіндірме ~, қазақша-орысша ~. □ **Сөздік қор** — *жалпы халыққа ортақ, күнделікті өмірде қолданылатын сөздер жиынтығы.* **Сөздік құрам** — *тілдің байырғы сөздерін де, шеттен кірген сөздерді де қамтитын сөздердің тұтас жиынтығы.*

СӨЗСІЗ *Сөз жоқ, даусыз.*

СӨЗТІЗБЕ *Сөздікке берілетін сөздердің алфавитке түскен тізімі.* **Сөздік қор** — *жалпы халыққа ортақ, күнделікті өмірде қолданылатын сөздер жиынтығы.* ~ жасау (тізу).

СӨЗУАР *Шешен, тілмар, сөзшең.* Қазақтың ***сөзуар*** қарттарын талай кездестірдік қой (Дүйсенов).

СӨЗУАРЛАН *Шешенсу, көп сөйлеу.* Ол ~ып кетіпті.

СӨЗУАРЛАУ *Көп сөйлегіштеу, тілмарсыған.*

СӨЗШЕҢ *Көп сөйлегіш, сөзуар.*

СӨЗШЕҢДЕН *Сөзді көп сөйлеп кету, тым сөзуарлану.*

СӨЗШЕҢДІК *Көп сөйлегіштік, сөзуарлық.*

СӨЙДЕ *"Солай де" деген тіркестің қысқарған түрі.*

СӨЙЛЕ *Ойды ауызша түрде сөзбен баяндау, айту.*

СӨЙЛЕМ *Аяқталған ойды білдіретін өзара грамматикалық байланыстағы сөздер тобы.* Хабарлы ~, сұраулы ~, лепті ~.

СӨЙЛЕМДІК *Сөйлемге тәнділік, сөйлемге қатыстық.*

СӨЙЛЕМПАЗ *экспр. Көп сөйлегіш, сөзуар.*

СӨЙЛЕМШЕ *Шағын, қысқа сөйлем.*

СӨЙЛЕСТІР *этн. Қыз жеңгелерінің күйеу жігітті қалыңдықпен кездестіріп, сөйлестіріп алатын сыйы.*

СӨЙЛЕУІК *Көп сөйлейтін, көк мылжың.* Үйренген ауыз — ***сөйлеуік*** (Серғалиев).

СӨЙТ *"Солай ет" деген тіркестің бірігіп барып, қысқарған түрі.* Бүгінше ***сөйт***, қонақ үйіне барып тұр (Қ. Жұмаділов).

СӨЙТІП *Солай етіп, сонымен.* ~, біздер келіп қалдық.

СӨК I *Киімнің тігісін сөгу, тігісті ыдырату.*

СӨК II *Жер-жеріне жетіп ұрысу, жазғыру.*

СӨК III *Қауызынан арылған ақтаған тары.* Тары жарма, **сөк** үшін өсірілді (Агроном. анықтама).

СӨКЕТ *Теріс іс, ұят, сөлекет.*

СӨКЕТСІН *Ыңғайсыз көру, ұятсыну.*

СӨКЕТТЕУ *Ұяттау, ерсілеу, сөлекеттеу.*

СӨКЕТТІК *Ұяттау, ерсілік, сөлекеттік.*

СӨКТЕ *Дәнді, тарыны қауызынан айырып ақтау, тазарту.*

СӨЛ *Өсімдіктің шырыны.* **Сөлін** сақтап, балауса шөп сүрленді (Тоқмағанбетов).

СӨЛДІ *Сөлі бар, шырынды; маңызды, шұрайлы.*

СӨЛЕҢ: **сөлең етті** — *құйрығын салақтатып шыға келді.*

СӨЛЕҢДЕ *Шұбалту; сөлең-сөлең ету.* Ол **сөлеңдеген** пальто киіп алыпты (Омашбаев).

СӨЛКЕБАЙ 1. *көне. Бір сомдық күміс ақша.* Қолын қимылдатса қалтасы **сөлкебайға** толады (С. Жүнісов). 2. *Күміс тиындар мен таналарды тізбектеп жасаған қыздар шаш бауы.* Қырмызы шашына таққан **сөлкебайын** сыбдырлатып үйге кірді (Б. Дәулетбаев).

СӨЛПЕКТЕ *Сөлпек-сөлпек ету, сөлеңдеу.* Артынан **сөлпектеп** ереді де тұрады (Тоқтаров).

СӨЛПИ *Сөмпию, сүмірею.*

СӨЛПІРЕЙ *Сөлпию, сүмірею.* Оның сол **сөлпірейген** қалпы (Тілегенов).

СӨМКЕ *Күнделікті қолға ұстайтын тұрмыс бұйымы.*

СӨМКЕЛІ *Сөмкесі бар сөмке асынған.* ~ қыз.

СӨМПИ *Сөлпию, сүмірею.* ~іп үйден шықты.

СӨН 1. *Оттың, жарықтың жанып бітуі, өшу.* Үйде таң атқанша шам **сөнбеді** (Еділбаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің таусылуы; бітуі, құруы.* Маған түк те керегі жоқ — сенсеңіз, өзге жарық көмектеспес **сөнсеңіз** (Мырзалиев).

СӨНДЕ *Адамның айнадағы бейнесі, суреті, келбеті.* "Кіріп барса Ләйла жоқ, Қайысым қалай шыдасын, суретімді **сөнде** қыл, құдіреті күшті құдасын" (Шәкәрім, "Ләйлі-Мәжнүн").

СӨҢКЕ I *бот. Аласа боп өсетін бұта.*

СӨҢКЕ II *Қуарап қалған, кеуіп кеткен.* Орман ақ **сөңке** отынға айналмай ма (Зәкенов).

СӨРЕ I *Үстіне құрт, ірімшік т. б. тағамдарды кептіруге арнап, төрт бағана үстіне жайған өре.* Ол ~ге құрт жайды.

СӨРЕ II 1. *Киім-кешек, ыдыс-аяқ, кітаптар қойылатын тақта.* Иіс сабын, айна-тарақ, иіс-су. Толып тұрған **сөрелерге** қарадым (Ө. Нұрғалиев). 2. *Адам отырып-жатуға арналған сәкі.* Мен көпшілік вагонының үстіңгі **сөресінде** жатырмын (Бәйшешек).

СӨРЕ III *Бәйгеден, жарыстан озып, бұрын келген жерді белгілейтін көмбе, мәре.* Түйғын **сөреге** итальяндықтардан бұрын жетті ("Спорт").

СӨРЕЛЕ *Сөре, сәкі жасау, сәкілеп қою.* Жер астына түсер жерді **сөрелеп** қойыпты (Ғ. Мүсірепов).

СӨТПЕ: **сотпе тері** — *тұсік малдың немесе туу мерзіміне жетпей жарып алынған төлдің терісі.*

СПАРТАКИАДА *Көпшілік қауым қатынасатын спорттық мереке.*

СПЕКТАКЛЬ *Театрда көрсетілетін ойын-сауық.*

СПЕКТР *Шеңбер жасайтын сызық.* Күн ~і, жарық ~і. ◊ Спектрлік талдау — *зат шығаратын сәуле спектрі бойынша оның құрамын анықтау әдісі.*

СПЕКТОГРАФ *Спектр шамасын өлшейтін аспап.*

СПЕКТРОСКОП *Спектрлік анализді жүргізетін құрал.*

СПЕЛЕОЛОГ *Табиғат ғажайыптарымен таныстыратын маман-экскурсовод.*

СПЕРМАТОЗОИД *биол. Еркектің жыныстық клеткасы.*

СПИДОМЕТР *Автомобиль, мотоциклдің жүрген жол қашықтығын және қозғалыс жылдамдығын білдіретін аспап.*

СПИКЕР *Парламент төрағасы.*

СПИРОМЕТР *Өкпенің көлемін өлшейтін аспап.*

СПИРТ *Қант не крахмал қосылған сұйықты ерекше айдау арқылы алынатын өте күшті ішімдік.*

СПИРТТЕ *Спиртке салып қою, спиртпен сүрту, қатыру.*

СПОРА *Жеке организмге айнала алатын қасиеті бар дара клеткалар.*

СПОРТ *Организмнің шығуына қажетті дене жаттығуы.*

СПОРТШЫ *Спорт ойынымен шұғылданушы.*

СПРИНТ *спорт. Қысқа қашықтыққа жүгіретін жүгіріс.*

СПРИНТЕР *Спринтке жүгіретін спортшы.*

СПУТНИК *Жылдамдығы планета жылдамдығына сай, Орбитаға шығарылған жасанды жер серігі.*

ССУДА *Мекемеге не жеке адамға мемлекет тарапынан берілетін қарыз ақша.*

СТАБИЛИЗАТОР *техн. Электр тогының тербелісін, тербеліс жиілігін реттеп тұратын аппарат.*

СТАВКА *Әскери бастықтар орналасатын орын, штаб.*

СТАДИОН *Көруші әуесқойлар отыратын орындары бар, спорт жарысын өткізуге лайықталған алаң.*

СТАЖ *Белгілі бір жұмыс саласындағы қызмет істеген уақыт мөлшері.*

СТАЙЕР *спорт. Ұзақ қашықтыққа жүгіруші я коньки тебуші адам.*

СТАКАН *Цилиндр формалы сұйықтық ішуге арналған шыны ыдыс.*

СТАН *муз. Ноталарды жазатын бес сызық, желі, арқау.*

СТАНДАРТ *Бұйымның сапасы мен қасиеті жағынан танылған, қалыптасқан үлгі.* Мемлекеттік ~.

СТАНДАРТТА *Бір үлгіге салу, стандартқа келтіру.* Үйді ~п салды.

СТАНОК *Металдан, ағаштан т. б. заттан бұйым жасайтын, өңдейтін машина.*

СТАНЦИЯ 1. *Темір жол мен тағы басқа жол қатынастарының бойындағы жолаушылар тоқтайтын пункт.* Автобус ~сы, темір жол ~сы. 2. *Техникалық жабдықтаумен шұғылданатын мекеме, кәсіпорын.* Электр ~сы, машина-трактор ~сы.

СТАРОСТА *Класс, аудиториялардағы қоғамдық басшы жұмыстарды жүргізетін сайланып қойылған оқушы, студент.*

СТАРТ *спорт. Белгілі бір қашықтықты жеңу таласындағы спорттық жарыстың басталатын жері.*

СТАРТЕР *техн. Механикалық жолмен двигательдерге от беретін тетік.* Еламан моторға от беріп, *стартерді* баса берді (І. Есенберлин).

СТАРШИНА 1. *көне. Революциядан бұрынғы белгілі бір руға тән істі басқару үшін сайланған адам.* 2. *әск. Армия мен соғыс-теңіз флотындағы кіші командирлік құрамның жоғары атағы, шендік белгі.*

СТАТИСТ *Санақшы қызметкер.*

СТАТИСТИКА *Қоғам мен халық шаруашылығының дамуындағы сандық өзгерісті көрсететін ғылым.* ~ басқармасы.

СТАТИСТИКАЛЫҚ *Статистикаға тән.* ~ мәліметтер.

СТАТУЭТКА *Сымбат, өнер суреті.*

СТАТУЯ *Адамды не басқа жануарларды скульптура өнері арқылы бейнелеу.* Тас ~, мрамор ~.

СТАТЬЯ *Заңның тәртібіне байланысты документтің тармағы, тарауы.* Қылмыстық кодекс ~сы.

СТЕНД *Әр түрлі суреткер, портреттер, графиктер ілінетін тақта.*

СТЕНОГРАММА *Біреудің сөйлеген сөзін нақ сол қалпында стенографиялық белгілермен қағаз бетіне түсіру ісі.*

СТЕНОГРАФИЯ *Сөйлеушінің айтқандарын ерекше белгілер арқылы бұлжытпай тез жазу амалы.*

СТЕНОГРАФИЯЛА *Стенографияға түсіру.* ~п күнделікке түсірді.

СТЕНОКАРДИЯ *мед. Жүректің талма, демікпе ауруы.*

СТЕТОСКОП *мед. Аурудың ішкі құрылысын тыңдайтын аспап.*

СТИЛИСТИКА *Тіл ғылымының тілдік тәсілдер жүйесін зерттейтін саласы.*

СТИЛЬ 1. *Заттың негізгі белгісі мен қасиетін білдіретін ерекше көрінісі, сипаттық бейне ұқсастығы.* 2. *Белгілі бір ойды, идеяны білдіруде жалпы халыққа тән тілдік құралды пайдалану амалының жиынтығы.*

СТИПЕНДИАТ *Арнаулы стипендия алып тұратын студент.*

СТИПЕНДИЯ *Оқу орындарындағы студенттерге ақшалай берілетін жәрдем.*

СТОЛ *Тамақ ішуге, жазуға арналған үй мүлкі, үстел.*

СТОМАТОЛОГ *Тіс ауруының дәрігері.*

СТОМАТОЛОГИЯ *Медицинаның тіс ауруын зерттейтін саласы.*

СТРАТЕГ *Стратегия маманы, қолбасшы.*

СТРАТЕГИЯ *Соғысты жүргізу ғылымы, өнері.*

СТРАТОСТАТ *астр. Стратосфераға ұшуға арналған жабдықтармен жабдықталған аэростат.*

СТРАТОСФЕРА *астр. Атмосфераның жоғарғы қабаты.*

СТРЕЛКА 1. *Өлшеу аспаптарында қозғалып, өзгерістерді көрсетіп тұратын жіңішке, жұқа тілше.* Сағат ~сы. 2. *Жол бойындағы қозғалыстың бағытын көрсететін белгі.*

СТРЕЛКАШЫ *Темір жолдағы рельсті ашып-жауып тұратын жұмысшы.*

СТУДЕНТ *Жоғары оқу орындарында оқитын оқушы.*

СТУДИЯ 1. *Суретші мен скульптордың шеберханасы.* 2. *Көркем суреттің, сәулет өнерінің, музыка мен балеттің мектебі (класы).* Эстрадалық ~, театр ~сы.

СТЮАРДЕССА *Әуе жолындағы жолаушыларға қызмет ететін қызметкер.*

СУ 1. *Өзен, көл т. б. тұзетін мөлдір сұйық зат.* Әйелдер *су* тасып жүр (Т. Нұртазин) 2. *Ағынды өзен.* 3. *Құрғақ емес, ылғал.* Үсті-басы *су* болды (Құмарова). □ **Су айдыны** — *судың жиналған орны, көл, бассейн.* **Су жайылма** — *өзен тасқындарынан кейін ойпаң жерде пайда болатын сулы алқап.* **Су жылан** — *суда тіршілік ететін жылан.* **Су тышқан** — *қара-қоңыр түсті кеміргіш, егеуқұйрық.* ◊ **Су жаңа** — *инежіптен жаңа шыққан зат.* **Су жұқпас** — *өтірікті судай сапыратын алаяқ.* **Су жүрек** — *қорқақ, қояншүрек.* **Су инесі** — *сүзекіні, ауды тоқу және жамап жөндеу үшін қолданылатын ине.* **Су қараңғы** — *ештеңе көрмейтін соқыр.* **Су ми** — *ақылы жоқ, мисыз.* **Су сепкендей басылды** — *пышақ кескендей тиылды, тез тынды.* **Су тегін** — *қымбат емес, арзан.* **Су түбіне кетті** — *қайтып келмеді, құрыды.* **Су төгілмес жорға** — *төрт аяғын тең басқан жорға.*

СУАҒАР *Жоғарғы еріннің үстіндегі ойыс.* **Суағарына** кішкене мұрт қойған (Дәуренбеков).

СУАЙТ *Барып тұрған өтірікші.* Ол сужұқпас, ~тың бірі.

СУАЙТТАУ *Жалған сөйлегіштеу, өтірікшілеу.*

СУАЙТТЫҚ *Жалған сөйлегіштік.*

СУАЛ 1. *Судың буға айналып тартылуы; кебу, құрғау.* Талай өзендер ~ып қалды. 2. *Сүт шықпай қалу.* Сиыр күннен-күнге **суалып** барады (Сапаев). 3. *Ауыс. Жүдеу, солу, ару.* Өңі жүдеу, ұрты **суалған** (Р. Тоқтаров).

СУАЛЫҢҚЫ *Салыңқы, жүдеңкі.* **Суалыңқы** ұрты бұрынғыдан бетер суалған (Тайшықов).

СУАЛМА *Құрғақ емес, сулы жер.* Бұл жерде шағын көлдер, **суалмалар,** жылғалар көп (Құс өсіруші).

СУАР 1. *Жан-жануарларға су беру, сугару.* Жігіт ат ~ып жүр. 2. *Жерді, егінді, өсімдікті ылғалдандыру, су жіберу.* Олар сол далада арық қазып, жер **суарды** (Алтынтау). 3. *Қызған ыстық темірді суға батырып шыңдау, қатайту.* Ұстара соқтырып, оны **сумен** суардым (Өмірбекұлы).

СУАРҒЫШ *Суаратын аспап.* Автоматты ~.

СУАРМАЛЫ *Арнайы сугарылатын, суды қажет ететін.* ~ егістік жер.

СУАРЫМ *Суару мөлшері.* **Суарым** сайын 500–600 текше метр су жұмсайды (Шағыров).

СУАТ *Өзеннің, бұлақтың мал суаратын жері.* Қозылар тойған соң **суатқа** қайтады (Бақбергенов).

СУАТТА *Суаттан су ішу.* Бұлар қарағай түбіндегі бұлақтан **суаттап** шықты (Жанботаев).

СУАТТЫ *Суаты мол, суаты көп.* Шалғыны кең ~, малға жайлы.

СУБЕДЕ *Қазақстанның көптеген жерінде өсетін жабайы өсімдік.*

СУБИДАЙЫҚ *Көп жылдық және бір жылдық шөптесін өсімдік.*

СУБВЕНЦИЯ *Жәрдем қаржы.*

СУБОРДИНАЦИЯ *Кіші қызметкерлердің өзінен үлкен жоғарғы қызметкерлерге қатаң бағынуы.*

СУБОЯУ *Суда еритін бояу; акварель.* Оларды түрлі-түсті қарындаштармен де, **субояумен** де бояуға болады ("Балдырған").

СУБСИДИЯ *Жәрдем ақша.* Ол 20 мың ~ сұрады.

СУБТРОПИК *Тропиктерге жақын ыстық өлкелер.* ~ аймақ.

СУБҰЛДІРГЕН *Жерге жайылып өсетін бұтақты, жіңішке жапырақты өсімдік.*

СУБЪЕКТ 1. *филос. Сыртқы дүниеге қарама-қарсы тұрған, саналы адам.* 2. *грамм. Сөйлемнің негізгі тұрлаулы мүшесі, бастауыш.*

СУБЪЕКТИЗМ 1. *филос. Сыртқы тіршілікті, материалдық дүниені жоққа шығаратын және оны субъектінің санасында ғана өмір сүреді деп санайтын идеалистік философиялық бағыт.*

СУВЕНИР *Базарлық ретінде берілетін әдемі бұйым, зат.*

СУВЕНИРЛІК *Сувенир болар лық.* - бұйым, - бұйымдар.

СУДАЙ *Су тәрізді, су сияқты.* - ақтарылды. ◊ **Судай ағылды** — *үсті-үстіне келіп жатты.* ◊ **Судай ақты** — *мүдірмей сөйледі.* **Судай жаңа** — *инежіптен жаңа шыққан.* **Судай сапырды** — а) *қалай болса солай сөйледі;* ә) *алды-артына қарамай шапты, ретсіз жұмсады.* **Судай сімірді** — *талан-таражға салды, ішіп-жеді.* **Судай сіңіп, тастай батты** — *жым-жылас жоқ болды, құрыды.* **Судай шайқады** — *астан-кестеңін шығарды.* **Судай шапты** — *қалай болса солай жұмсады.*

СУДЫР 1. *Бірдеменің сыбдыры; сылдыр.* Сәл жел шайқаса болды жапырақтар *судыр* қағады (Баязитов). 2. *Жылтыр сөздің иесі, тұрлаусыз, жылпос.* Неше түрлі *судыр* суқан сияқты ұсақ саудагерлер бар (Ақышев).

СУДЫРА 1. *Сыбдырау, сылдырау. Судыраған* қағаздар шашылып жатыр (О. Сәрсенбаев). 2. *Ауыс. Құрғақ сөзбен жылпылдау.* Ол ерні-ерніне жұқпай *судырады* (Сүндетов).

СУДЫРАҚ 1. *Сусылдап тұрғыш, судырағыш.* - плащ (шәйі, қағаз) 2. *Ауыс. Көпірме, құрғақ сөзді, бөспе.* Бөс, *судырағым,* бөс, — деді Бұланбай (Құсайынов).

СУДЫРЛА 1. *Судыр-судыр ету, сусылдау. Судырлаған* сабанмен жылжып барамын (Бөриев). 2. *Жылпылдап тез сөйлеу.* Тәжімет баяндамасын *судырлатып* оқи жөнелді ("Лен. жас".).

СУДЫР-СУДЫР: судыр-судыр етті — *қайта-қайта судырлады.*

СУДЫН 1. *Қылмысқа баға беретін билік иесі, сот.* 2. *Спорт ойындарында билік айтушы, төрелік етуші.*

СУКӨРІК *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУҚАБАҚ *Қауашағынан ыдыс жасайтын қабақ.*

СУҚАЙ: суқай түн — *мазасыз, тынышсыз түн.*

СУҚАЙТ: суқайт жел — *тынымсыз, мазасыз жел.*

СУҚАЛБЫР *Су құбыры арқылы су жиналатын ыдыс.* Әжетханадағы *суқалбыр* ақау болса, одан күніне 12.00 литр су ағады ("Алматы ақшамы").

СУҚАН: суқаны сүймейді — *жақтырмады, ұнатпады.*

СУҚАРАҚҰС. *Жыртқыш ірі құс.*

СУЛА 1. *Су ішкізу, суғару.* Аттарын *сулап* алып, қайта аттанбақ (Т. Тілеуханов). 2. *Су тигізу, ылғалдау, дымқылдау.* Темекіні тілімен *сулап* жапсырды (Жәкенов).

СУЛАС *Суы бір, араласып жатқан.* Теңізбен теңіз *сулас* болмаса, теңіз болмайды (Адамбаев).

СУЛАУ *Құрғақ емес, дымқылдау.* - тезек.

СУЛЫ 1. *Суы молырақ, сулырақ.* Олар қуаңшылық жылы *сулы* жерге жылады ("Білгенге маржан"). 2. *Дымқыл, ылғалды.* - бидай.

СУЛЫҚ I *Қолдың суын сүртетін орамал.*

СУЛЫҚ II *Ылғал, су өткізбейтін сырт киім.* Жылқышы *сулығын* киді.

СУЛЫҚ III *Жүгеннің сағағындағы темір ауыздық.* Ат жалын күдірейте, *сулығын* шайнады (Ерғалиев).

СУЛЬФАТ *Күкірт қышқылының тұзы.*

СУЛЬФИДИН *Күкіртті сутегі қышқылының тұзы.*

СУМАҚАЙ *Сұғанақ, жылмақай, жылпос.* Әлгі *сумақай* құлағына сыбырлап үлгірді (Ә. Нұрпейісов).

СУМАҚАЙЛАН *Сумаңдау, сұғанақтану, жылпостану.* -бай жөніне жүр.

СУМАҢ: суман қақты [етті] — *жылмаң қақты, жылп-жылп етті. Ағып жетіп келеді.*

СУМАҢДА *Жылп-жылп ету, жылмаң қағу, сыпсыңдау.*

СУМАҢ-СУМАҢ: суман-суман етті — *тым сумаңдады, жылпылдап кетті.*

СУОТЫ *Екпе жем-шөп өсімдігі.*

СУПЕРМАРКЕТ *Күнделікті сұраным тауарларын сатып алушылар өзіне-өзі қызмет ететін ірі магазин.*

СУПЕРФОСФАТ *Негізінен фосфордан тұратын химиялық тыңайтқыш.*

СУРЕТ *Бір заттың қағазға не басқа бір нәрсеге түсірілген бейнесі.* ◊ **Суретке түсті** — *суретін салғызды.*

СУРЕТКЕР *Өнер саласында творчестволық қызмет атқарушы.*

СУРЕТКЕРЛІК *Сурет, образ жасаудағы шеберлік.*

СУРЕТТЕ *Көркем образбен бейнелеу, сипаттау.*

СУРЕТТЕМЕ *Сурет көріністері арқылы баяндалған жазба дерек.* Әңгіме, пьеса, *суреттемелер* кітап болып шықты (Майшекин).

СУРЕТТІЛІК *Бейнелілік, жан-жақты көрсете білушілік.*

СУРЕТШІ *Сурет салушы маман адам. Суретті қалпына келтіруші* — *көнерген, ескірген, тозған суреттерді, ескерткіш гимараттардың, үй-жайлардың төбесіндегі ою-өрнек, әшекейлерді қайта жаңартушы.* Жиырмаға жуық *суретші* — *қалпына келтірушілер жұмыс істейді* ("Білім және еңбек").

СУРЕТШІЛ *Сурет салғыш, бейнелегіш.*

СУРЕТШІЛДІК *Сурет салуға бейімділік.*

СУСА 1. *Таңдайы кеуіп шөлдеу, қаталау.* Науқас әйел *сусап* жатты (Тоқмырзин). 2. *Ауыс. Аңсау, ынтығу, құмарту.* — Мына *сусап* тұрған ел естісін үніңді, шырқа (Ж. Кәрменов).

СУСАМЫР *мед. Қайта-қайта шөлдеп шөлі қанбайтын, суды көп ішкізетін ауру.* Киіктің қаны *сусамыр* ауруына шалдыққандарға пайдалы (Саятшылық).

СУСАР *Суда жүретін қоңыр түсті, терісі бағалы кішірек аң.*

СУСАРҒАЛДАҚ *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУСЕПКІШ *Гүлге, терезе алдындағы өсімдіктерге себезгілеп су құятын ыдыс.*

СУСОРДЫ *Су сорып, ақ жем болған.* Аяқтары *сусорды,* ақ жем болып бозарып кетіпті (Ғ. Мүсірепов).

СУ-СУАН *Су, шалап, көже сияқты сұйық тағам.* Үй жаққа барып *су-сауан* ішейік (Ә. Ақбаев).

СУСЫ *Жылпылдап көлгіру. Сусып* қолға түрмайтын, Балықты да әкепті (Жұмағалиев).

СУСЫЗ *Суы, ылғалы жоқ: құрғақ.* ~ елдің күні жоқ.

СУСЫЗДЫҚ *Ылғалдың жоқтығы, құрғақтық.*

СУСЫЗ-НУСЫЗ *Бұтасыз, құ тақыр. Сусыз-нусыз* бедеріп жатқан бетпақ шөл (Мәуленов).

СУСЫЛ *Зуылдаған жай сыбыс, суыл.* Айналада ~ көп. ◊ Сусыл қақты — *су-су етті, сусылдады.*

СУСЫЛДА *Су-су ету, сусыл қағу.*

СУСЫЛДАҚ 1. *Тез сырғи жылжитын, сусымалы.* Башайларым *сусылдақ* ұлпа құмға батты (Ө. Ахметов). 2. *Зыпылдақ, зуылдақ. Сусылдақ* шешей судырлатып, сөзді елге тасып жүр (Майлин).

СУСЫМА *Тез жылжитын, сусылдақ.* ~ құм (шағыл, жібек).

СУСЫМАЛЫ *Жылжымалы, сырғымалы.* ~ құм (топырақ).

СУСЫН *Шөлді қандыратын сұйық тағам.*

СУСЫНДА 1. *Шөлін қандыру, шөлін басу.* Жол ұзақ, *сусындап* алу керек (Сүндетов). 2. *Білім алу, нәр алу, ләззаттану.* Адамдар рухани байлықтан ылғи *сусындайтын* болсын (Жарық жұлдыз).

СУСЫНДЫҚ *Сусын болуға жарарлық.*

СУСЫНХАНА *Қоғамдық тамақтану орындарының бірі.*

СУСЫҢ: сусың қақты — *сумаң-сумаң етті, сусылдады.*

СУСЫРА *Қатты шөлдеу, қаталау.*

СУТАРТАР *Су құсы.*

СУТАС *Кіршіксіз таза мөлдір минерал.*

СУТЕГІ *хим. Оттегімен қосылып, су түзетін жеңіл газ.*

СУФИЗМ *XII–XVI ғасырдағы мұсылман дініндегі бір ағым.*

СУХАР *Өбден кепкен қатырлақ нан.*

СУША 1. *Судай, су тәрізді.* 2. *Ауыс. Керегінше, қалауынша.* Ұстаздардың лекциясын *суша* сіміремін (Нұршайықов). 3. *Ауыс. Тоқтамай, мұдірмей. Суша* ағызып оқимын (С. Мұқанов).

СУШЫ 1. *Су тасушы.* Құлтай *сушы* арбамен су тасиды (Иманәлиев). 2. *Егістік пен шабындық жерді суаратын адам, мұрап.* Егіннен *сушылар* кеш оралды (Баязитов).

СУШЫЛ *Суға құмар, жүзгіш.* Сүріндірмей шығаратын нағыз *сушыл* жылқы еді (Сараев).

СУШЫЛҚАРА *Жемін су астынан алатын, жүзу жарғағы жоқ құс.*

СУШЫНЫ *Ыдыс түрі; графин.* Бас жағындағы *сушыныда* мөлдіреп тұрған қарақаттың шырынын ішіп шөлін басты (“Қаз. әдеб”.).

СУШІЛІК *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУЫ 1. *Ыстық күйден салқын күйге келу, салқындау.* Ауа райы *суып* кетті (Исабаев). 2. *Тыныгу, дем алу.* Аттар *суыса* шөпке қою керек (Тұлпар). 3. *Ауыс. Көңілге кірбің келу, салқын тарту.* Жұлдызға көңілі *суыған* Оқас шұғыл шешім қабылдады (Досымов).

СУЫҚ 1. *Салқын, жылы емес.* Жүсіпбек қандай *суық* болса да тоңатын емес (Елебекова). 2. *Ауыс. Ызғарлы, қатаң, салқын.* Смағұл балаға о бастан *суық* (Тілегенов). ◊ Суығына тоңды, ыстығына күйді — *бар бейнетін арқалады.* Суық (көзбен) қарады [қарсы алды] — *жақтырмаған рай білдірді.* Суық қолын сұқты — *ұрлады, қымқырды.* Суық соз [хабар, сыбыс] — *алып-қашпа жағымсыз хабар.* Суық ұстады [шалды, тиді, өтті] — *салқын тиді.*

СУЫҚТАУ 1. *Суығырақ, салқындау.* Бүгін күн ~ екен. 2. *Сұсы басым, ызғарлылау.* Бәкірмен сөз *суықтау* болды (Жүренов).

СУЫҚТЫҚ 1. *Салқындық, суытып кетушілік.* Клубтың *суықтығын* бірден байқадым (Нұршайықов). 2. *Ауыс. Салқындық, ызғарлылық.* Шал мен кемпірдің арасында *суықтық* бар (Т. Жармағамбетов).

СУЫЛ *Сусылдаған дыбыс, зуыл.* Аққулар қанаттарының *суылымен* бұларды желпіп өтті (Сапарбеков).

СУЫЛДА *Зуылдау, зу-зу ету.* Аяғының астында құм *суылдайды* (Жиренов).

СУЫЛДАҚ 1. *Сырғып тұратын, суылдағыш. Суылдақ* жібек көрпе сәл қозғалғандай болды (“Қаз. әдеб”.). 2. *Ауыс. Өтірікті қосып сыпылдатып сөйлейтін, зуылдақ.* Шынымен мына *суылдақтың* мерейі үстем болды ма (Бегалин).

СУЫЛДЫР *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

СУЫР I *Тиын тұқымдас кеміргіштердің ішіндегі ең ірісі.*

СУЫР II 1. *Бір затты белгілі орнынан тартып шығару, жұлу.* Берке қанжарды *суырып* алды (Есенберлин). 2. *Ауыс. Бір нәрсені шаңнан тазарту, ұшыру.* Сыбанып екі білегін, Бидайын желпіп *суырған* (Малқаров).

СУЫРМА *Үстел, шкаф сияқты үй жиһазына орнатылатын тартпа жәшік.* Үстелімнің *суырмасын* аштым (Т. Нұртазин).

СУЫРМАЛЫ *Суырмасы бар, алмалы-салмалы.* ~ шкаф.

СУЫРТПАҚ *Мата қиындысынан суырып шығарып алған жіп.* Кіндікті *суыртпақ* жіппен байлайды (І. Омаров). ◊ Бір суыртпақ жіп алмады — *ештеңесіне тимеді, бір сабақ жіп алмады.*

СУЫРТПАҚТА 1. *Ептеп, біртіндеп суыру, шығару.* Мұз боп қатқан маядан шөпті *суыртпақтап* жатырмын (Өлсеров). 2. *Үзіп алмай сыздықтатып, ақырындап шығару.* Өткен күннен *суыртпақтап* сыр тартады (Көрменов).

СУЫРЫЛ 1. *ыр. етіс. Суыр-ыл.* 2. *Ауыс. Өзгеленіп ерекшелену, алға түсу.* Ол кішкене күнінен осылайша *суырылып* шыға беретін (Қазыбаев).

СУЫРЫПСАЛМА *Өз жанынан қолма-қол өлең шығара білетін ақын.*

СУЫС *Көңіл қалысу, араздасу, ренжісу.*

СУЫСТЫҚ *Кірбеңдік, салқындық.* Араларында *суыстық* бар сияқты (Р. Тоқтаров).

СУЫТ *Асығыс, тығыз, жедел үрдіс.* Жүрісі ~, ~ аттанды.

СҰҒАНАҚ 1. *Жымысқы, ұры, тіміскі.* 2. *Ауыс. Ашқарақ, обыр, қомағай.* Ол *сұғанақтарды* әшкереледі (Толыбаев). ◊ Сұғанақ аңшы — *жабайы аңды, құсты, балықты ұрықсатсыз жасырын аулаушы адам; браконьер.*

СҰҒАНАҚТАН 1. *Ашқарақтану, обырлану.* ~а жеді. 2. *Сұқтанып ұрлана қарау.* Ол үй ішіне *сұғанақтана* қарап өтті (Ахтанов).

СҰҒАНАҚТАУ *Жымысқылау, аш көзділеу.*

СҰҒАНАҚТЫҚ *Ашкөздік, қомағайлық, обырлық, жемқорлық.*

СҰҒЫН I *Бұғының еркегі.*

СҰҒЫН II *Бір нәрсеге жан салып кірісу, аянбау.* Ол етті ~ып жеді.

СҰЙҚЫЛ 1. *Қою емес, сұйық.* ~ шаш, шөбі ~ жер. 2. *Ауыс. Берекесіз, пәтуасыз.* Бұл өзі **сұйқыл** жігіт пе деп қалдым ("Қаз. әдеб".).

СҰЙҚЫЛДАН 1. *Қоюлығы азайып сұйылу.* Қымыздың бар маңызы түбіне шөгіп, **сұйқылдана** бастады (Тоқмағамбетов). 2. *Ауыс. Бәсеңсу, берекесіздену, сұйылу.* Ол аулына тұрақтамай, жүрісі **сұйқылданып** барады (Аманкелдиев).

СҰЙҚЫЛДАУ *Қою емес, сиректірек.* ~ шаш (шөп).

СҰЙҚЫЛТ 1. *Қою емес, сиректірек, сұйығырақ.* Шәйі ~ екен. 2. *Ауыс. Ретсіз, жөнсіз, суыт.* Ағамыздың **сұйқылт** келісін теріс деп санаймын (Көшімов).

СҰЙҚЫЛТЫМ *Сұйықтау, сұйығырақ.* ~ сары шашты (көже).

СҰЙЫҒЫРАҚ *Сұйықтау, сұйқылтым.* Сиыр сүті қой сүтінен **сұйығырақ** (Еламанов).

СҰЙЫҚ 1. *Ағатын қасиеті бар, сылдыр су.* Судан да басқа ~ заттар бар. 2. *Қою емес, қалың емес, селдір.* Биыл жердің шөбі **сұйық** екен (Иманбаев). 3. *Ауыс. Берекесіз, пәтуасыз.* Қыста зуылдаған бір **сұйық** жігіт келді ("Қаз. әдеб.").

СҰЙЫҚТА *Сұйылу, сиреу, азаю.* Смена мүшелері бұйығы тартып **сұйықтап** барады (Жәмішев).

СҰЙЫҚТАУ 1. *Қоюламай аздап сұйық, суы молырақ.* — Қарағым, шайды **сұйықтау** құйшы (Есенбер-лин). 2. *Қалың емес, сирек, селдір.* Мұрты ~, шашы ~. 3. *Ауыс. Берекесіздеу, пәтуасы аздау.* Тұрағы кемдеу, жүрісі **сұйықтау** ("Лен. жас").

СҰЙЫҚТЫҚ *Сұйық зат, сұйытылған нәрсе.*

СҰЙЫЛ 1. *Сұйық бола бастау, сұйқылдану.* Уыз **сұйылып,** сүт ағарды ("Қазақст. әйелдері"). 2. *Селдіреу, сиреу.* Ағаш арасындағы қалың шөп **сұйылған** (Ләмбеков). 3. *Ыдырай бастау, тарай бастау.* Тұман **сұйыла** бастаған ("Қаз.әдеб."). 4. *Ауыс. Қожырау, берекесі кете бастау.* Сөз бара-бара **сұйылып** кетіп еді (Алдабергенов).

СҰЙЫЛТҚЫШ *Қоюды сұйылтатын, сұйық еткіш.*

СҰҚ I 1. *Ішіп-жеп қадалған көз.* Келіншек жігіт жанарының **сұғын** аңғарды ("Лен. жас"). 2. *Ашқарақ, қомағай адам (ит).* **Сұқ** семірмес, ұры байымас (Мақал). ◊ Сұғын қадады — *тесіле, қадала қарады.*

СҰҚ II 1. *Бір нәрсені пісіп алу, енгізу.* Аякең дәрігерлердің денесіне ине **сұққанын** да сезбеді (Тоқтаров). 2. *Белгілі бір нәрсенің ішіне салу, шығу.* Ол дәптерін екі бүктеп қалтасына **сұқты** (Караманұлы). □ Сұқ қол (саусақ) — *бас бармақ пен ортан қолдың аралығындағы саусақ.*

СҰҚИ *Үңіле, шұқшия қарау.* Сейдуәли аң іздеп, қырдың басынан етекке **сұқиып** қарайды (Сейфуллин).

СҰҚҚЫ *Техникалық бөлшек.*

СҰҚҚЫЛА 1. *Үшкір затпен бір нәрсені тіспектеу, тұйреу.* Бати сармойын пышақпен түйенің қолтығынан **сұққылай** берді (Бөкеев). 2. *Ауыс. Дененің шаншып ауруы.* Жауырыным **асты сұққылап** ауырады (Қабышев).

СҰҚПА *Есіктің не қақпаны сыртынан не ішінен бекітетін ағаш я темір.* Есіктің ~сы.

СҰҚПАТ *Тұрпат, сұрпат, адамның сырт көрінісі, келбет өте жаман тұрмен көрінуі.* "Ұстап алып кемпірді, **сұқпатына** келтірді" ("Алпамыс батыр").

СҰҚСИ *Дөңкиген, өңірейген.* Ана бөле қыздың **сұқсиған** мұрны бір жағына қыңыр біткен (Бегалин).

СҰҚСЫР 1. *Сұр түсті кішкене үйрек.* 2. *Жексұрын, сұм.* — Әй, **сұқсұр** сен бе едің... жауым (F. Сыланов).

СҰҚСЫРЛАН *Өңі қашу, сұрлану.*

СҰҚТА *Бір нәрсені сұқ саусақпен көрсету, нұсқау.*

СҰҚТАЙ: сұқтай қадалды — *көңіліне келді, қатты кейіді.*

СҰҚТАН *Тесіле қарау, көзін тігу.* Қыздың денесіне **сұқтана** қарады (Өтесінов).

СҰЛА *Ұзыннан түсіп жату, көлбей құлау.* Көшеде біреу **сұлап** жатыр ("Қаз. әдеб".). ◊ Сұлап түсті — *ұзыннан құлады.*

СҰЛАМА *Кең көсіліп жатқан жазық (жер).* Анау бұлдыр-бұлдыр көрінген **сұлама** бел (Әбдіразақов).

СҰЛАТПА: сұлатпа бұтақтар — *аналық ағаш пен бұтаның бұтақтарын жерге иіп, топырақпен бастырып, балашық шыбықтар өсіру әдісі.*

СҰЛБА 1. *Бір заттың алыстан бұлдырлаған бейнесі, тұлғасы.* Олар жолда кенеттен пайда болған **сұлбаларға** оқ жаудырды (Жолымбетов). 2. *Бір нәрсенің жалпы жобасы, нобайы.* Сүрлеудің **сұлбасы** ғана қалыпты (Иманғалиев).

СҰЛБАЛАН *Сұлбасы көрінү.* Жеке тамдар алыстан **сұлбаланып** көрінеді (А. Мекебаев).

СҰЛТАН 1. *Шығыс елдеріндегі жергілікті билеушілердің лауазымы.* Төре тұқымы **сұлтандар** жағы бөлікке қырқысты (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Ең жақсы, ең тәуір.* Жігіттің ~ы.

СҰЛТАНДЫҚ *Сұлтан болушылық, әкімдік.*

СҰЛУ 1. *Кескін-келбеті көрікті, ажарлы, өңді.* Ай десе аузы, күн десе көзі бар **сұлу** еді ол қыз ("Қаз. әдеб".). 2. *Сәнді, әсем.* ~ табиғат (қала, жер).

СҰЛУЛА 1. *Әсемдеу, сәндеу, әдемілеу.* Сәкең сол жақ миығын **сұлулап** шиырып қойды (Есенжанов). 2. *Нақышына келтіру, көркемдеу. Сұлулап* жырға сыйғызған, Сөйлеген өткір тіл күшті (Кәрібаев).

СҰЛУЛАУ *Ажарлылау, сымбаттылау.* Ол менен **сұлулау** болар (Домбаев).

СҰЛУЛЫҚ 1. *Келбеттілік, өңділік, ажарлылық.* Қыз **сұлулығына** жанары арбалып қалды (Т. Нұртазин). 2. *Әсемдік, әдемілік.* Бұл қоныс Оразға табиғат **сұлулығымен** ыстық (Арыстанов).

СҰЛУСАРЫ *астр. Ғылымда Алдебаран деп аталатын жұлдыз, кейде үркер қызы деп те аталады.*

СҰЛУША *Әдеміше келген, әдемілеу.*

СҰЛУШАШ *бот. Бір өркенде екі түрлі пішінде болатын жапырақтары бар, суда өсетін өсімдік.*

СҰЛУЫРАҚ *Келбеттірек, әдемірек.*

СҰЛЫ *Малға азық ретінде өсірілетін екпе дақыл.*

СҰЛЫҚ: сұлық түсіп жатты — *халі нашарлап, қимылсыз жатты.*

СҰЛЫП *көне. ұрық, тұқым, жаратылыс, тек.* Екі асылдың **сұлыбынан** сәтті күні бінә ғып... (Базар жырау).

СҰМ 1. *Залым, қу.* Пәле қуған адамдар **сұм** болады (Айтыс). 2. *Қан ішер, жауыз.* Аяздай қысқан, алпауыт, Аузы қарыс **сұм** бар ед (Кәрібаев). □ Сұм дүние (жалған) — *опасыз, баянсыз*

өмір. Сұм заман — *қу заман, тар заман.* Сұм тағдыр — *қатал, аямас тағдыр.*

СҰМДАН *Залымдық ойлап, қуақылану.*

СҰМДЫҚ 1. *Қара ниеттілік, арамзалық, сұмырайлық.* Бір *сұмдық* істейтінін ол іштей сезді (Есенберлин). 2. *Жаман, жайсыз іс, хабар.* Бастан талай-талай *сұмдықтар* өтті (Бақбергенов). 3. *Керемет, өте, аса.* *Сұмдық* таң қалғаным есімде (Жұмаділов).

СҰМДЫҚ-АЙ *эмоц. Сөкет қылық, ұят, масқара.* ~, енді не дейін!? ~, не бетім қалды!

СҰМҚАЙ *Қу, алаяқ, оңбаған.* Ол ~ кісі.

СҰМҚЫЛА *Түрі сары, топырағы болмайтын шырмауық тәріздес арамшөп.*

СҰМПАЙЫ *Сұмырай, жексұрын, сұйкімсіз.* Тана Бөжей деген қарақшы атанған *сұмпайының* тырнағына ілінді (Бердіқұлов).

СҰМПАЙЫЛЫҚ *Жексұрындық, сұйкімсіздік.* Өмірдегі сыпайылық — сыпайылық, Өнердегі "сыпайылық" *сұмпайылық* (М. Әлімбаев).

СҰМ-СҰРҚИЯ *Сұмдығы, сұрқиялығы аралас.*

СҰМСЫН *Сұм болу, сұмдық ойлау.* Сом темірге балға бар, *Сұмсынғанға* алла бар (Мақал).

СҰМЫРАЙ *Жауыз, сұм, сұмпайы.*

СҰМЫРАЙЛАН *Жексұрын болып көріну, сұйкімсіздену.* ~ып қарады.

СҰМЫРАЙЛЫҚ *Жаман қылық, жексұрындық.* ~ жасады.

СҰҢҒАҚ I *Аққудың әдемі ұзын мойыны.*

СҰҢҒАҚ II *Ұзын бойлы, биік, тік сылан.*

СҰҢҒАҚТАН *Бойшаң тарту.* ~ып қалыпты.

СҰҢҒАҚТАУ *Сұңғағырақ, бойшаңдау.* ~ көрінді.

СҰҢҒАҚТЫ *Ұзын, биік.* *Сұңғақты* сұлу мүсін көз тартады (Жұмаділдин).

СҰҢҒАҚТЫҚ *Бойшаңдық, ұзындық.*

СҰҢҒАҚТЫЛАУ *Бойы ұзындау, бойшаңдау.* ~ болатын.

СҰҢҒАТ *Бейнелеу өнері; живопись.* Ол Ленинградтағы И. Е. Репин атындағы *сұңғат* (живопись), мүсін және сәулет институттарының түлегі (Білім және еңбек).

СҰҢҒЫ *Мылтықтың басындағы өткір найза.* Ол болат *сұңғысы* жалт ете қалған су жаңа бесатарға қарады (Тұрысов).

СҰҢҒЫЛА 1. *Тез сезе қоятын, зерек, зерделі.* 2. *Ауыс Қу, пәле, залым.* ~ қыз екен.

СҰҢҒЫЛАЛАУ *Зейінділеу, зерделілеу, зеректеу.* Ішіндегі *сұңғылалау* біреуі алға шықты (Сқақбаев).

СҰҢҒЫЛАЛЫҚ *Зерделілік, зеректік.* Оның ойын *сұңғылалықпен* сезе қойды (Жақсыбаев).

СҰҢҚ: сұңқ етті — *даусы жағымсыз естілді.*

СҰҢҚАР 1. *Бүркіт тұқымдас қыран құс.* Жүйрік ат, айлалы *сұңқар* әркімді-ақ еліктірген (Сейдімбеков). 2. *Ауыс. Ер жүрек, батыл, қайратты.* Қызыл ~, жігіттің ~ы.

СҰҢҚИ *Еңкіш тарту, имию, бүкшию.* Ол *сұңқиып* үйге кірді (Мұратбеков).

СҰҢҚ-СҰҢҚ: сұңқ-сұңқ етті — *суырыла сөйледі, сұңқылдады.*

СҰҢҚЫЛ *Сұңқ-сұңқ еткен жағымсыз ұн, дыбыс.*

СҰҢҚЫЛДА 1. *Сұңқ-сұңқ ету, тілмарсу.* Көрші әйел келіп *сұңқылдап* көп отырды (Қасиманов). 2. *Зарлап жылау, дауыс салу.* Шешем мені көре сала *сұңқылдап* жылап қоя берді ("Балдырған").

СҰҢҚЫЛДАҚ: сұңқылдақ аққу — *аққу құстың бір түрі.*

СҰП-СҰР *Өңі қашқан, қан жоқ, сөл жоқ.* Баламның өңі *сұп-сұр* болып кетіпті (Қанахин).

СҰПА *Сұрықсыз, кескінсіз.* "Сұм аяқ, *сұпа* бөрікті, Сыпыра сынды сұм жырау" ("Едіге батыр").

СҰПЫ *Жұқа ақ мата, ақ дабы.* Ақ *сұпыдан* жаулық тікті (Қасиманов).

СҰПЫДАЙ *Боп-боз, аппақ құдай.* Өңі ~ болып кетіпті.

СҰР I *Сиық, түр, түс.* Өзгертіп бұл кәрілік алар *сұрын* (Алдаспан). ◊ Сұры қашты — *өңі қашты, түсі бұзылды.*

СҰР II *Қоңылт тартқан, бозғылт.* ~ шинель (пальто). □ Сұр жылан — а) *сұр түстес жылан;* ә) *қас дұшпан, сұрқия.* ◊ Сұр тері́скен — *бағалы мал азығындық өсімдік.*

СҰРА 1. *Бір нәрсені білгісі келу.* Сәбит менен Раушан жайын *сұрады* (С. Сейітов). 2. *Бір затты, нәрсені беруді өтіну.* Бастыққа кіріп үй *сұрадым* (Қалиев). ◊ Жөн сұрады — *жай-күйді, хал-жағдайды білді.* Кешірім сұрады — *айып-кінәсін кешуді өтінді.*

СҰРАҒЫШ *Бір нәрсені сұрай бергіш, сұрампаз.*

СҰРАҒЫШТА *Қайта-қайта сұрай беру.*

СҰРАҚ *Жауап алу үшін қойылатын сұрау, сауал.* Ол күтпеген ~ қойды. ◊ Сұрақ алды — *қылмыскерден сұрақ сұрады.*

СҰРАҚТЫ *Сұраулы пішін, келбет, түр.* Мен *сұрақты* көзбен инженерге қарадым (Иябаев).

СҰРАНШАҚ *Үнемі сұрана бергіш, тілемсек.*

СҰРАНШАҚТЫҚ *Жоқтан өзгені сұрай бергіштік.* ~ғын қоймады.

СҰРАНШЫ *Сұрай беретін, сұраншақ адам.* Тойдан да, *сұраншылардан* да Ұлпан әбден қажыды (Ғ. Мүсірепов).

СҰРАНЫС *Қажет етушілік, керек затты талап етушілік.*

СҰРАПЫЛ 1. *Алай-дүлей, ұйқы-тұйқы.* Сол жылғы қыс керемет *сұрапыл* болды (Түменбаев). 2. *Ауыс. Қиян-кескі, кескілескен.* ~ соғыс жылдары.

СҰРАПЫЛДАН *Ұйқы-тұйқысын шығару, астан-кестен болу.* Жорға тепсеңінің *сұрапылдана* соққан дүлей бораны қойшыны ширата түсті (Бегалин).

СҰРАПЫЛДЫ *Қиыншылық, азабы мол, қатігез.* Сол *сұрапылды* күндерді көз алдына келтірді (Ө. Әбішев).

СҰРАУ *Жауап берілуді керек ететін сауал, сұрақ.* ◊ Сұрау салды — *жоғалған, хабар-ошарсыз кеткенге іздеу салды.* Сұрауын тапты — *тілін тапты.*

СҰРАУЛЫ *Сұралынатын, сұрауы бар.* ~ кейіп (жүз, көз). □ Сұраулы сөйлем *(лингв.)* — *жауап күту мақсатымен айтылатын сөйлем.*

СҰРАУСЫЗ 1. *Сұрайтын иесі жоқ, жоқтаушысыз.* Азын-аулақ малдың орны *сұраусыз* болмайды (Ниязбеков). 2. *Ешкімнен сұрамай-ақ, рұқсатсыз.* Хатшы бала біреудің жылқысын *сұраусыз* мініп жүр (Дәуренбеков).

СҰРАУЫҚ *Жоқтан өзгені сұрайтын, сұрамшақ.* Сұғанақ қатын *сұрауық* (Мақал).

СҰРҒЫЛДАН *Сұрғылт тарту, сұрлану, өңі бұзылу.* *Сұрғылданды* ойменен қыздың өңі (Майлин).

СҰРҒЫЛТ 1. *Сұрлау келген, сұр. Сұрғылт* далада селт еткен сыбыс жоқ (Жақаев). 2. *Ауыс. Сұреңсіз,*

сұрқы қашқан, жүдеу. Алдағы **сұрғылт** күндер мехнаты бүгіннен шаршатады (Тоқтасынов).

СҰРҒЫЛТТАН *Сұрғылт тарту, бозару.* Ақанның өңі **сұрғылттанып** түр (Бекқожин).

СҰРҒЫЛТТАУ *Сәл сұрғылт тартқан, сұрғылт келген.* Аппақ емес, **сұрғылттау** (Тоқтаров).

СҰРҚАЙ 1. *Сұрғылт, сұр.* Күн көзі **сұрқай** даланы сипай өтті (Алшынбаев). 2. *Ауыс. Сұреңсіз, сұрықсыз.* Бұл қала бір сарынды, **сұрқай** мекен екен (Шәріпов). 3. *Ауыс. Жабырқаңқы, көңілсіз.* Табиғаттың сондай бір **сұрқай** шағы ("Қаз. әдеб"). 4. *Ауыс. Беймаза, ауыр, қиын.* ~ заман (өмір).

СҰРҚАЙЛАН *Өңі кету, бозару.* Боз көйлегінің екі иығының үсті **сұрқайланып** көрінеді (Нәжімеденов).

СҰРҚАЙЛАУ *Сұры қашқандау, сұрықсыздау.*

СҰРҚАЙЛЫҚ *Сұрықсыздық, сұреңсіздік.* Көркем дүниеге мұндай **сұрқайлықтың** керегі жоқ ("Қаз. әдеб.").

СҰРҚИЯ *Оңбаған, залым, сұмырай.*

СҰРҚИЯЛАН *Сұйкімсіз, жексұрын болу, зымияндану.*

СҰРҚИЯЛЫҚ *Екі жүзділік, оңбағандық.* Дуанбасының **сұрқиялық** әрекеті төртінші перде де ашылатын сияқты ("Қаз. әдеб").

СҰРҚЫЛТАЙ 1. *Торғайдың үлкендігіндей кішкене беймаза құс.* Өзінше **сұрқылтайдың** бағасы бар (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Екі жүзді опасыз, қаскүнем.* Әр заманға бір **сұрқылтай** деген сөз бар (Ж. Молдағалиев).

СҰРЛАН *Түсі бұзылу, бозару.* Жүзі өрт сөндіргендей **сұрланып** кеткен (Мекебаев).

СҰРЛАУ *Сұр тұстілеу, сұрғылттау.* Ғалия **сұрлау,** ат жақты қыз (Жұбанов).

СҰРСЫЗ *Сиықсыз, келбетсіз.* Гүлге орады жатқан **сұрсыз** даламды (Қ. Ыдырысов).

СҰРСЫЗДАН *Түрі бұзылу, үскіны кету.* Оның түрі **сұрсызданып** бара жатқан төрізді ("Қаз. әдеб").

СҰРСЫЗДЫҚ *Үскіны жоқтық, сиықсыздық.*

СҰРША *Ашаңдау келген ақ сұр тұс.* □ **Сұрша балық** — *албырт тұқымдасына жататын балық.*

СҰРЫҚ *Сыртқы тұс, үскін.* Малды ауылдың **сұрқы** бөлек (М. Әуезов).

СҰРЫҚСЫЗ *Сұрқы нашар, сиықсыз.* ~ адам (кейіп, дала).

СҰРЫҚСЫЗДАН *Сұрқы кету, түсі қашу.*

СҰРЫҚСЫЗДАУ *Сұрқы нашарлау, көріксіздеу.* ~ қыз.

СҰРЫҚСЫЗДЫҚ *Сұрқы кеткендік, сиықсыздық.*

СҰРЫП *Бөз, шыттан қалыңдау, сарғыштау келген жылтырлау ақ мата.*

СҰРЫП: сұрып ет — *сүйексіз жұмсақ ет.*

СҰРЫПТА *Таңдап, талғап алу, іріктеу.*

СҰРЫПТАУЛЫ *Іріктеулі, таңдаулы.* Жігіттердің **сұрыптаулы** әңгімесі де жадағайланып қалған ("Қаз. әдеб").

СҰС *Айбат, қаһар, ызғар.* Жылқының ізінен адаспай келе жатқан әккі ішілердің де **сұсы** жаман (С. Жүнісов). ◊ **Сұс көрсетті** — *сұстанды, айбаттанды.* **Сұсы басты** — *айбаты жасытып тастады, мысы жеңді.*

СҰСТАН *Сес көрсету, қатулану, ызғарлану.* Ол мекенге **сұстана** қарады (Қабышев).

СҰСТЫ *Түсі суық, қаһарлы.* Мұхаметжанның ажары бүгін тым **сұсты** (Жанботаев).

СҰСТЫЛАУ *Зілділеу, қатулау.* ~ көрінді.

СҰСТЫЛЫҚ *Түсі суықтық, қаталдық.*

СҰСТЫРАҚ *Қаталдау, ызғарлылау.* Өңі бүгін **сұстырақ** көрінді (Ерғалиев).

СҰХБАТ *Әңгіме-дүкен құрып отыратын отырыс, жиын.*

СҰХБАТТАС *Жиналып әңгіме-дүкен құру, әңгімелесу, сөйлесу.*

СҮБЕ 1. *Қабырға етегіне біткен, майлы, қалың ет.* Тоқтының жамбас, **сүбеден** бастап шұрайлы жерлерінің бәрін асыпты (Арыстанов). 2. *Ауыс. Маңдай алды, таңдаулы.* Ербол осы елдің **сүбе** адамының бірі (М. Әуезов).

СҮБЕЛЕ *Ішке қабырғалай ену, жағалай ену.* Аманкелді бастаған көтерілісшілер қаланың түстұсынан **сүбелей** енді (Аманкелдиев).

СҮБЕЛЕН 1. *Қабырғаға май біту.* 2. *Ауыс. Маңғазсу, шірену.* Құдамын деп **сүбеленетін** баяғы заман жоқ (А. Жүнісов).

СҮБЕЛІ 1. *Қоңды, семіз, майлы.* Бұлар ала жаздай аялай семірткен **сүбелі** саулықтар (Айдаров). 2. *Ауыс. Ең жақсы, маңдай алды, таңдаулы.* Сәбит, Ғабит, Ғабиден **сүбелі** жазушыларымыз (Талжанов).

СҮБЕЛІК *Малдың сүбесі, сүбе тұсы.* **Сүбелігіне** сере келетін семіз малдар осында (Бодықов).

СҮГЕН *Тұқы тұқымдасына жататын ірі де бағалы ау балығы.*

СҮДІГЕР *Дәнді дақылдар егу үшін күзде жыртылған жер; зябь.* Жігіттер **сүдігер** жыртып бітірді (М. Хасенов).

СҮДІН *жерг. Кейіп, үскін.* Жайсаңның сүйкімсіз **сүдінін** көз алдыма келтірдім (Б. Мұқаев).

СҮДІНСІЗ *Ұсқынсыз, кейіпсіз, сиықсыз.* Бұл бөрінің түрі сияқты **сүдінсіз** неме (Есенжанов).

СҮЗ I *Мүйізімен қағу, соғу; мүйіздеу.* Қызыл сиыр ала қашарды **сүзген** (Домбаев). ◊ **Сүзе қарады** — *көзінің астымен қарады.*

СҮЗ II 1. *Сұйық затты сүзгіден өткізу.* Шелектегі ерітіндіні **сүзіп,** шыбықтарға бүркеді (М. Ахметов). 2. *Тормен балық үстау.* Көлден балық **сүздік** ("Қаз. әдеб."). 3. *Ауыс. Айналаны шарлап шығу, тінту, іздеу.* Ағаш арасын **сүзіп** келемін (Н. Ғабдуллин). ◊ **Сүзіп шықты [өтті]** — а) *аралап қарап шықты, шолды;* ә) *көз жүгіртті, сүзе қарады.*

СҮЗБЕ *Айраннан сүзіп алатын қою тағам, қатық.*

СҮЗГІ *Сұйық заттан қоюды бөліп алатын сүзгіш.*

СҮЗГІЛЕ *Қайта-қайта сүзу, мүйіздеу.*

СҮЗЕГЕН *Мүйіздей беретін, сүзгіш, сүзетін мал.* **Сүзеген** бұқа құдыққа түсіп кетіпті ("Қаз. әдеб."). ◊ **Сүзеген бұқаша (бұқадай) қарады** — *жақтырмай, көзінің астымен қарады.*

СҮЗЕК *Сандырақтап, қалшылдатып ауыртатын жұқпалы ауру.*

СҮЗЕКІ *кәсіб. Балықты сүзіп аулайтын сүзгі, тор.* Сазанды **сүзекі** аумен аулайды (Саяхатшылық).

СҮЗУЛІ *Таралып қиылған, қысқартулы.* Жүйріктердің құйрықтары **сүзулі,** кекілдері түюлі (З. Ақышев).

СҮЗІНДІ *Сүзіліп алынған, тазаланған (су, май, т. б.).*

СҮЗІС 1. *орт. етіс. Сүз-іс.* 2. *Ауыс. Қақтығысып қалу, шекісу.* Ол екеуі ~іп қалды.

СҮЙ 1. *Ерінді тигізіп, мейірлене өбу.* 2. *Ғашық болу, ынтығу, құмарту.* Аманкелді Зылиқаны

қатты *сүйді* (Нұрқанов). 3. *Жақсы көру, жарату.* Бұл журналды *сүйіп* оқитын көп оқырманның бірімін ("Қазақст. әйелдері").

СҮЙГІЛІК: игілікке сүйгілік — *сый-сыяпат, құрмет...* Үсен торыға мініп, игілікке *сүйгілік* білдіре келіпті (Б. Дәулетбаев).

СҮЙДЕ *"Солай де" сөзінің қысқартылып айтылуы...* Ия, ия *сүйдеп* еділіз, есімде (І. Есенберлин).

СҮЙЕ 1. *Құлап кетпеу үшін бір нәрсеге тіреп қою, демеу.* Домбырасын керегеге *сүйей* салды (Ә. Әбішев). 2. *Ауыс. Біреуді жақтау, қолдау...* Колчакты мақтап, қазақты Колчак *сүйеді* дейді (С. Шәріпов).

СҮЙЕК 1. *Адам мен жан-жануарлар денесінің қаңқасы.* 2. *Киіз үйдің кереге, уық т. б. ағашы, қаңқасы.* Ағаштан киіз үйдің *сүйегін* жасайды (ҚазССР тарихы). 3. *Ауыс. Өлген адамның денесі, өлік.* Байдалы *сүйекті* оң жаққа орналастырып, үйдің белдеуіне қара тікті (М. Әуезов). 4. *Ауыс. Ататек, заты.* Самалбектің *сүйегі* қырғыз (М. Әуезов). ◊ **Сүйегі асыл** — а) *Мықты, қайратты;* ә) *Атақты, текті.* ◊ **Сүйегін қорлады** — *намысын аяққа басты, зәбірледі.* **Сүйек жақын (туыс)** — *сүйекшатыс, құдандалы.* **Сүйек жаңғыртты** — *қайтадан қыз алысып, қыз берісті.* **Сүйекке біткен (сіңген)** — *әдетке айналған, қалыптасқан.* **Сүйекке таңба салды** — *ұятқа қалдырды.* **Сүйек шатыс** — *құдандалы, жекжат.*

СҮЙЕК-САЯҚ *Қалған-құтқан ет, сүйек-мүйек.*

СҮЙЕКТЕ *Сүйекпен әшекейлеу, көркемдеу, безеу.*

СҮЙЕКТЕН *Сүйек пайда болу, қатаю.*

СҮЙЕКТЕС *Қыз алып, қыз беріскен, құда-құдандалы.* Дала байымен *сүйектес* болуға қала байы ден қойды (Латиева).

СҮЙЕКТЕСТІК *Жақындық, құдандалық.*

СҮЙЕКТІ *Сүйегі ірі, зор. Сүйекті* жауырыны жайыла бастаған (Көрменов). □ **Сүйекті жеміс** — *өрік, шабдалы, алма, шие сияқты сүйекшелі жемістер.*

СҮЙЕКТІЛЕУ *Сүйегі ірі, ірілеу.* Бет әлпеті ~. Денесі ~.

СҮЙЕКТІЛІК *Ірілік, үлкендік, зор тұлғалылық.* Сомадай жігіттің ~гінен сескенді.

СҮЙЕКШІ *Өлікті жерлеуші, қоюшы. Сүйекшілер* қабыр басынан қайтты (Байтанаев).

СҮЙЕКТІЛІК *Сүйек жону өнері.* Ол *сүйекшілік* өнерін дамытты (Қасиманов).

СҮЙЕЛ 1. *Теріге шығатын домалақ келген кішкене қатты бөрткен.* 2. *Ауыс. Аяқ-қолдың қажалып, ойылуынан болатын өлі еттенген тері.* Жарасовтың қажалған аяғы *сүйел* боп кетті ("Қаз. әдеб").

СҮЙЕЛДЕН *Терінің қатайып сүйелге айналуы; сүйел болу.*

СҮЙЕЛДІ *Сүйел түскен, сүйелі қалың.* ~ алақан (қол).

СҮЙЕЛШӨП *Ойлы-қырлы жерде өсетін шөптесін өсімдік.*

СҮЙЕМ *Бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін өлшем.* Сынық (қарыс) ~.

СҮЙЕМДЕ *Сүйеммен өлшеу.*

СҮЙЕМДЕЙ *Болар-болмас, кішкентай.* ~ жер.

СҮЙЕМЕЛ 1. *Тірек, сүйеніш.* Ақлимада Нұрилаға *сүйемел* боларлықтай күш жоқ (Ғ. Мүсірепов). 2. *Көмек көрсетуші, қолдаушы, жәрдемші.* Достардың ыстық демі, қиыншылық күндерінде *сүйемел* болып отырды (Т. Жармағамбетов).

СҮЙЕМЕЛДЕ 1. *Қолтықтау, сүйеу, демеу.* Үмітті *сүйемелдеп* төсегіне әкелді (Тілегенов). 2. *Ауыс. Көмек беру, жәрдем ету, қолдау.* Сүрінгенді *сүйемелдеген* адамшылық парыз (Еділбаев). 3. *Ауыс. Музыкалық аспаппен әншіге қосылу.* Бұлар әнді домбырамен *сүйемелдеп* орындайтын майталман артистер (Сариев).

СҮЙЕМЕЛЕ *қ. Сүйемелде.*

СҮЙЕНІШ 1. *Сүйенетін зат, тіреуіш.* 2. *Ауыс. Қолдаушы, сенімді тірек, қамқор.* Көңіліндегі жалғыз *сүйеніші* Жанна еді (Жұмаділов).

СҮЙЕУЛІ *Сүйеліп қойылған.*

СҮЙЕУСІЗ *Тірексіз, қорғанышсыз.* ~ өсті (қалды).

СҮЙЕУШІ 1. *Тірек, тіреуіш.* 2. *Қолдаушы, қамқоршы.* Оның ~сі бар.

СҮЙКЕ 1. *Қалай болса солай сүрте салу.* Шофер бетін бір *сүйкеп* тастады (Ә. Нұрпейісов). 2. *Жанамалап жанасып өту.* Ол жол-жөнекей Смағұлды *сүйкей* өтті (Домбаев). 3. *Айдақ-сайдақтатып жаза салу.* Ол қағаз алып *сүйкеп* жаза бастады (Ниязбеков).

СҮЙКЕКТЕ *Тез-тез жазу, сойдақтата түсу.* Ол ~й салды.

СҮЙКІМ *Жағымды қылық, сүйкімділік.* Адам болуға тән мінезің, ісің, *сүйкімің* болуы керек (Жақаев).

СҮЙКІМДЕН *Сүйкімді көріну, жақсы болу.*

СҮЙКІМДІ 1. *Тартымды, жарасымды.* Зейнеш сыпайы, өте *сүйкімді* жан (Көшімов). 2. *Құлаққа жағымды, жайлы.* ~ нәзік саз.

СҮЙКІМДІЛЕУ *Ұнамдылау, тартымдылау.* ~ әйел.

СҮЙКІМДІЛІК *Жарасымдылық, ұнамдылық, тартымдылық.* ~гі жоқ.

СҮЙКІМСІЗ *Сүйкімі жоқ, жағымсыз.* ~ жан (дауыс, көрінді).

СҮЙКІМСІЗДЕН *Сүйкімі кету, ұнамсыз көріну.* ~іп көрінді.

СҮЙКІМСІЗДЕУ *Сүйкімі жоқтау, ұнамсыздау.* ~ қылық (мінез).

СҮЙКІМСІЗДІК *Сүйкімі жоқтық, ұнамсыздық.* Оның *сүйкімсіздігінен* жанына адам жуымады ("Қаз. әдеб").

СҮЙМЕН 1. *Қатқан жерді, мұзды оятын ұшы бар ауыр сом темір.* 2. *кәсіб. Балық аулауда қолданатын темір ұшы бар таяқ.* 3. *жерг. Құлатқан қарағайды бұтағын аршып, 3–4 метрді кескен соң орнынан қозғау, ырғау үшін жасалған әлді таяқ.*

СҮЙМЕНДЕ *Сүйменмен ою, шұңқырлап қазу.*

СҮЙМЕНШІ *Сүйменмен жұмыс істеуші, сүймендеуші. Сүйменшілердің* ізінше нарел айдаушылар іске кірісті ("Лен. жас").

СҮЙРЕ 1. *Затты орнынан екінші орынға жерге тигізе тарту, дарылдату.* 2. *Ауыс. Біреуге қол ұшын беру, көмектесу, демеу.* Мұғалімі Гүлжанды қатарынан қалдырмай *сүйреп* келеді (Дүйсенов).

СҮЙРЕЛЕ *Біраз жерге дейін сүйрету.*

СҮЙРЕЛЕҢДЕ *Ирелеңдеу, ирең қағу.* Жылан ~п ініне кірді.

СҮЙРЕҢ: **сүйрең қақты** — *жылмаң қақты, сұмаңдады.*

СҮЙРЕҢДЕ *Сүйрең қағу, сұмаңдау. Аузы-аузына жұқпау, өсекті көйіту.* Бағиланың ерні *сүйреңдеп,* бір сөйлеп кетсе тоқтамайды (Ахтанов).

СҮЙРЕҢ-СҮЙРЕҢ: сүйрең-сүйрең етті — *сумаң-сумаң етті, жылмың қақты.*

СҮЙРЕТКІ *Бір үшы көлікке тіркеліп, екі үшы жерге сүйретіліп жүретін, жүк тасуға арналған қарапайым сүйретпе.* Екі сырғауыл ағаштан істелген *сүйреткіге* қазан-ошағын салды (Елебекова).

СҮЙРЕТПЕ I 1. *Арба, шана т. б. жүре алмайтын қиын жерлерге көлікке жегіп шөп, отын таситын құрал сүйреткі.* Сиыр қорадан *сүйретпе* толы жапалары бар Орал шықты (Қабанбаев). 2. *техн. Машина, трактордың соңына тіркелген тіркеме.* Тракторға тіркеген *сүйретпеден* шөп түсіріп жатыр (Санбаев). ◊ **Сүйретпеге салды** — *ұзаққа созды, жылжытпалады.*

СҮЙРЕТПЕ II *кәсіб. Аң тез қашып кетпес үшін қақпанға байланған ауыр зат.* Қақпанның ауыр *сүйретпесі* бар еді (Әжікеев).

СҮЙРЕТПЕ III *Ірі малдың бас терісінен немесе мойын терісінен жасалған қымыз құятын ыдыс; үлкен торсық.* Сабадан соңғы үлкен көн ыдыс — *сүйретпе* (С. Мұқанов).

СҮЙРЕТПЕЛЕП *Сүйретпеге құйып, толтырып.* - қымыз келді.

СҮЙРЕТІЛ 1. *ыр. етіс. Сүйрет-іл.* 2. *Ілініп салыну, әрең қозғалу.* -ін орнымнан әрең тұрдым.

СҮЙРІК *Қамыс, борық т. б. сияқты сулы жерде өсетін өсімдіктердің жұмсақ, тәтті тамыры, сүйір.* □ **Сүйрік саусақ** — *жіңішке, ұзын, салалы саусақ.*

СҮЙРІКТЕЙ *Жіп-жіңішке, сұлу, әдемі.*

СҮЙРІКТЕН *Тұқымның тамырлануы.* Тұқым *сүйріктену* үшін мол су қажет (Д. Әбілев).

СҮЙРІКТЕУ *Сүйірлеу, үшкірлеу.* Мандай жағы *сүйріктеу* (Рашев).

СҮЙСІН *Бір нәрсеге риза болу, рахаттану, ләззаттану.*

СҮЙСІНЕРЛІК *Көңіл толарлық, рахаттанарлық, қуанарлық.*

СҮЙІК *Сүйікті, сүйкімді, жағымды.* Бір әйел — *сүйік*, екі әйел — күйік (Мақал).

СҮЙІКТІ *Қымбатты, ардақты, құрметті.* *Сүйікті* анасын қатты сағынды (Жиенбаев).

СҮЙІКТІЛІК *Сүйікті болушылық, сүйкімділік.*

СҮЙІН *Белгілі бір іске қатты риза болу, сүйсіну.* Күйінерім де, *сүйінерім* де бір өзің (Д. Әбілев).

СҮЙІНШІ *Қуанышты жеткізген адамға берілетін сый-сияпат, жоралғы.*

СҮЙІНШІЛЕ *Қуанышты хабарды әкелу, сүйінші сұрау.*

СҮЙІНІШ *Қатты қуаныш, елжіреген сезім.*

СҮЙІНІШТІ *Қуанышты, разы болғандық, сүйсінгендік. Сүйіншті,* нәтижесі көріне бастады (Ө. Сәрсенбаев).

СҮЙІНІШТІЛІК *Ұнамдылық, сүйкімділік.*

СҮЙІП-ҚҰШ *Аймалау, елжіреу, мейірлену.*

СҮЙІР *Сүйірленіп келген, үшкір. Сүйір* тұмсықты қайықты суға түсірдім (Б. Жүнісов). □ **Сүйір бұрыш** (*геом.*) — *шамасы 90°-тан кем бұрыш.*

СҮЙІРЛЕ *Сүйір ету, үшкірлеу.*

СҮЙІРЛЕУ *Үшкірлеу келген, сәл сүйір.*

СҮЙІС *Сүйгендік, сүюшілік.* Өне бойы осы *сүйістен* рахат тапқандай (Қайырбеков).

СҮЙІСПЕНШІЛІК *Құштарлық, ынтықтық көңіл күй.*

СҮЛГІ *Беті-қол, ыдыс-аяқ сүртетін орамал.*

СҮЛДЕР *Адамның әбден жүдеп-жадаған шаршаған кейпі.* Жер үстінде құр *сүлдерім* ғана жүрмін (Нұршайықов). ◊ **Сүлдері құрыды [құр сүлдерін құрытты]** — *әбден титықтады, тұралады.*

СҮЛЕ *Селқос, немқұрайды, үстірт.* Жұмабай жауапты *сүле* қайырды (Сақабаев). ◊ **Сүлесі суға кетті** — *діңкеледі, шаршады.*

СҮЛЕЙ *көне. Жыршы, суырыпсалма, жырау.* Ол тіл жағына сүйенген *сүлей* екен (Ә. Сәрсенбаев).

СҮЛЕЛЕН *Ұнжырғысы түсу, көңілсіздену, созалаңдау.* Ол көптен *сүлеленіп* ауырып жүр.

СҮЛЕЛЕ *Әбден шаршау, қалжырау.* Ол тіптен -п қалыпты.

СҮЛЕСАПА *Еш нәрсеге көңілі жоқ, селқос, бейжай, сүлесоқ.* Мінеме *сүлесапа* жүрісімді (Қ.Шаңғытбаев).

СҮЛЕСОҚ *Селқос, ықылассыз, енжар.*

СҮЛЕСОҚТАН *Селқостану, ықылассыздану, енжарлану.*

СҮЛЕСОҚТАУ *Селқостау, енжарлау.*

СҮЛЕСОҚТЫҚ *Самарқаулық, селқостық, енжарлық, селқостық.* Тұрысында бір *сүлесоқтық* бар (Доспанбетов).

СҮЛІК *зоол.* 1. *Суда тіршілік ететін жұмыр денелі, қара түсті қан сорғыш құрт.* 2. *Ауыс. Біреудің еңбегін қанаушы, арамтамақ.* Мына мырза қай елдің *сүлігі* (Ә. Әбішев). ◊ **Сүлік қара** — *жіңішке, жұмыр қара түсті жылқы.* **Сүлік салды** — *ауырған жерге сүлік жіберіп, арам қанды сорғызатын медициналық тәсіл.* **Сүлік сорғандай болды [бозарды]** — *өңі қашты, бозарды, құқыл тартты.*

СҮЛІКТЕЙ *Жіңішке, жұмыр, жылтыр.* Ақ байтал десең, көз алдыңа *сүліктей* жылқы келеді (Ізбасаров). ◊ **Сүліктей қадалды [жабысты]** — *қадалған жерінен қан алды.* **Сүліктей созылды** — *көсіле бауырын жазды.* **Сүліктей сорды** — *елді аяусыз қанады.*

СҮМБІ *Мылтықтың ұңғысын тазалайтын ұзын, жұмыр темір.*

СҮМБІ: сүмбі тал — *майысқақ жіңішке бұтақты тал.*

СҮМБІДЕЙ *Жіп-жіңішке, тұп-тұзу.* Тезге түскен соң, *сүмбідей* боп шыға келді ("Қаз. әдеб"). ◊ **Сүмбідей боп жарады** — *бабына келді, бауырына жарады.*

СҮМБІЛ *бот. Пиязшығы бар гүлді өсімдік.*

СҮМБІЛ: сүмбіл шаш — *ұзын әрі жуан, майылдай қара шаш.*

СҮМБІЛЕ I 1. *Ескіше тамыз айы. Сүмбіле* туып, су суыды. 2. *Тамыз айында көрінетін жарық жұлдыз. Сүмбіле* — өте жарық үлкен жұлдыз (Қ. Сәрсеков).

СҮМБІЛЕ II *Мылтықтың ұңғысын сүмбімен тазарту.* Стволдың ішін *сүмбілеп* отырмын (Жұмаділов).

СҮМБІЛЕ III *астр. Ғылым тілінде Сириус деп аталатын жұлдыз.*

СҮМЕ *Аң, малдың сүті, сүт тағамдары.* Мал *сүмесімен* күн көрген көшпенділер (Жұмаділов). 2. *Сауын сиырдың ұрпі.* Сиырдың - сімен жұмсапты.

СҮМЕК *Түйе аяғына түсетін құрт ауру. Сүмек* болған жылқы да, *сүмек* болған түйе де... аяғын мүлде баса алмай, көтеріп тұрады (Х. Арғынбаев).

◊ **Сүмек болып терледі** — *қара суға түскендей терледі.*

СҮМЕКТЕ *Су, тер сорғалау, саулау.*

СҮМЕЛЕК *Жалқау, сүйкімсіз адам, құлқынның құлы.*

СҮМЕЛЕКТЕ *Сүмең қағу, тіміскілену.*

СҮМЕЛЕКТЕУ *Сүйкімсіздеу, қырсыздау, жүгымсыздау.* Қайнағасы *сүмелектеу* кісі еді ("Қаз. әдеб.").

СҮМЕЛЕКТІК *Сүмелек мінез, сүмелек болушылық.* Ол ~гін қашан қояды.

СҮМЕЛЕҢ: сүмелең қақты — *тіміскіленді, түртіншектенді.*

СҮМЕЛЕҢДЕ *Жан-жағына алақтап қарап іздеу, тіміску.*

СҮМЕҢ: сүмең қақты — *сенделу, телмеңдеу, тентіреу.*

СҮМЕҢДЕ *Сүмең-сүмең ету, телмеңдеу, жорту.*

СҮМЕҢ-СҮМЕҢ: сүмең-сүмең етті — *сүмең қақты, сүмеңдеді.*

СҮМЕ-СҮМЕ: сүме-сүме болды [сүме-сүмесі шықты] — *әбден малшынды, су болды.*

СҮМЕСІН *Сүтке су не сүт қосылған сүт тағамының түрі.* Сүтке сүт қосылса — *сүмесін,* сөзге сөз қосылса — демесін (Мақал).

СҮМЕТІЛ 1. *Су-су болу, малшыну.* Су-су *сүметілген* тонын пешке кептірді (Нан иісі). 2. *Сүйретілу, бүрісу.* Әр барақтан *сүметілген* адамдар шықты (Сейфуллин). 3. *Сүйретілу, шұбатылу.* Пальтосының етегі *сүметіліп* жерге тиеді (Т. Нұрмағамбетов).

СҮМПІ *Сүмірею, бүрісу.* Шалым *сүмпіп* қала берді (Т. Әлімқұлов).

СҮМІРЕЙ *Құты қашу, еңсесі түсу, солбыраю.*

СҮГНЕК *Үй төбесіндегі шатырда еріп, солбырап тұратын мұз сүңгісі.*

СҮНДЕТ *Мұсылман діниндегілердің орындауға тиісті дәстүрлі парызы, міндетті заңы.* □ **Сүндет ат** — *сүндетке отырғызылатын баланың арнаулы жылқысы.* ◊ **Сүндетке отырғызды** — *жасы 5 пен 10 арасындағы ер балаларды піштіретін діни салт.* **Сүндет той** — *сүндетке отырғызылған балаға арналған кеш, той.*

СҮНДЕТТЕ *Баланы сүндетке отырғызу.* Баланы *сүндеттедік* (Балабеков).

СҮҢГУШІ *Сүңгі білетін, сүңгу шебері.*

СҮҢГУІР *Су түбіне жақсы сүңгитін.* Бұл — дүние жүзіндегі үздік ~ кеме. □ **Сүңгуір қайық** — *теңіздер мен мұхиттардың түбін зерттеу үшін және әскери мақсаттар үшін жабдықталған шағын, бітеу кеме.* **Сүңгуір үйрек** — *қопалы өзен-көлдерде мекен ететін төбесінде айдары бар, сүйір тұмсықты үйрек.*

СҮҢГІ I 1. *көне. Темірден, болаттан қырлап жасалған ұшы үшкір найза.* Кісілер сәйгүліктерін ерттеп, *сүңгілерін* қайрап жатыр (Ө. Әлімжанов). 2. *кәсіб. Балық аулайтын құрал.* Балықшылар *сүңгілерін* алып, үйге қайтты (Әбдіков).

СҮҢГІ II *Тұтіннен, ыстан, шаң-тозаңнан пайда болатын сауыс.* Шаң *сүңгілері* есік ашылса бірге қозғалады (Мұстафин).

СҮҢГІ III *Төбедегі, шатырдағы қар еруінен сүйірленіп қатқан мұз.* Мұртына *сүңгі* мұз тұрды (Нұржекеев).

СҮҢГІ IV 1. *Су астында көрінбей жүзу.* Әлсінәлі *сүңгіп* жүзіп жүрмін (Өтетілеуов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің ішіне кіру, көрінбей кету.* Жылы көрпенің астына *сүңгіп* кеттім ("Қаз. әдеб").

СҮҢГІ V *мед. Адамның ішкі құрылысын зерттеуге арналған тұтік тәріздес жабдық, зонд.* Асқазанымды ~мен тексерді.

СҮҢГІГІШ *Жақсы сүңгі алатын, сүңгуір.*

СҮҢГІГІШТІК *Жақсы сүңгі алушылық.* ~ те өнер ғой.

СҮҢГІЛЕ 1. *Бір нәрсені сүңгімен шанышқылау, сұққылау.* 2. *Ауыс. Сөзбен түйреу, қағыту.* Сөзбен *сүңгілеп* кетермін деуші едім (Нұршайықов).

СҮҢГІЛЕН *Ағаш, шөп басындағы қардың еріп қатып қалуы, сүңгі пайда болу.*

СҮҢГІЛІ *Сүңгісі бар, сүңгі орнатқан.* ~ мылтық.

СҮҢГІШІ *Сүңгі салғыштар. Сүңгішілер* кейінге серпіл, деген дауыстар шықты (Д. Досжанов).

СҮП-СҮЙКІМДІ *Үріп ауызға салғандай, әп-әдемі.* ~ қыз (бала, бота).

СҮП-СҮЙРІК *Жіп-жіңішке, ұзын.* ~ саусақ.

СҮП-СҮЙІР *Жіп-жіңішке, ұшкір. Сүп-сүйір* таска иегін ілді (Мұқаев).

СҮР I 1. *Ұзақ уақыт сақтау үшін, тұздалып қақталған ет.* Жылқы етінің *сүр* иісі кеңсірік жарады (Жақыпбайұлы). 2. *Ауыс. Көп уақыттан бері өзгеріссіз жатқан нәрсе.* ~ қар (дала, шөп). ◊ **Сүр бойдақ** — *көпке дейін үйленбей жүрген ер адам.*

СҮР II 1. *Дененің бір жерін аздап сыдырып кету, жырту.* Жығылғанда бетімді жер *сүріп* кетті (Мақатаев). 2. *Өткір затпен, екінші нәрсенің бетін жұқалап алу, сылу.* Шешем сапсыз шалғымен тері *сүрді* (Соқпақбаев).

СҮРГЕК *Тайғанақ, тайғақ.* Көк *сүргек* мұзға аттары тайғанап, әрең жүріп келеді (Хангелдин).

СҮРГЕКТЕ *Тайғанақтау, сырғанақтау.*

СҮРГЕЛЕҢ *Сергелдең, дүрбелең.* Өмір мен өлім жағаласқан *сүргелең* заман (І. Омаров).

СҮРГІ 1. *Ағашты тегістеп өңдеу үшін қолданылатын аспап.* Тақтай *сүргі* тиген соң жылтырап, жайнап кетті (Жақсыбаев). 2. *Теріні қырып, қыртысын жазатын ағаштан, темірден жасалған қырғы құрал.*

СҮРГІЛЕ *Сүргімен тегістеу, өңдеу.*

СҮРГІЛЕН *ыр. етіс. Сүргіле-н.*

СҮРГІЛЕС *ор. етіс. Сүргіле-с.*

СҮРГІЛЕТ *өзг. етіс. Сүргіле-т.*

СҮРГІЛЕУШІ *Сүргілеп өңдеуші адам.*

СҮРГІН *Азабы мол, қымқуыт сергелдең.* Ене тағдыры талай *сүргінге* толы екенін кейін білдім (Бөкеев). ◊ **Сүргінге түсті** — *қуғын көрді, ұйқытұйқысы шықты.* **Сүргін салды** — *ойран салды.*

СҮРГІНШІ *Қуғын-сүргінге түсуші.* Жел үні *сүргіншінің* қиқуындай (Сақабаев).

СҮРГІШ *Ерітінді құйінде, конверт, құлып аузын бекітіп, мөр басатын қызыл қоңыр түсті қатқыл зат.*

СҮРГІШТЕ *Сүргіш ерітіп, мөр басу.*

СҮРДЕ *Үстінен бастыра сүйреткен ауыр нәрседен кейін тапталып, киіздей боп сарғайып кеткен қалың шөп.*

СҮРЕ 1. *діни. Құранның бір тарауы, бөлімі.* Ол құранның он сегізінші *сүресін* әндете айтты (Есенберлин). 2. *Бір нәрсенің нобайы, нұсқасы; негізі.* Шоқан өз арманының *сүресін* көріп отыр

(Бақбергенов). □ **Сүре айтыс** *(әдеб.)* — *екі ақынның көп мәселені қамтып, ұзақ жауаптасу айтысы.*

СҮРЕЙ *Жынды, делқұлы.* Мына **сүрей** ұлың әңгір таяқ ойнатты (Тілегенов).

СҮРЕК *бот. Ағаш діңі мен бұтақтардың негізгі қатты бөлімі.* Еменнің **сүрегінен** шпалдар, паркет жасайды (Ботаника).

СҮРЕКТЕН *Сүрекке айналу, қатаю.* Жаңғақ жеміс сересі **сүректеніп** кеткен (Т. Мұсақұлов).

СҮРЕЛЕ *Егжей-тегжейлі, жүйелі әңгімелеу.* Бұл жерде бәрін ұзын **сүрелеп** тұруға уақыт жоқ (Есенжанов).

СҮРЕЛІ *Жүйелі, салалы, мағыналы.* Шоқан **сүрелі** әңгімені аузын аша, аңыра тыңдаған (Бегалин).

СҮРЕН: сүрен жүріс — *сапырылысқан жүріс, сабылыс.* **Сүрен қосты** — *айқайға басты.* **Сүрен салды** — а) *бүлік салды, сойқан салды;* ә) *азан-қазан қылды.*

СҮРЕҢ I *Әбігер, сергелдең, қарбалас.*

СҮРЕҢ II *Кескін, кейіп, өң, ажар.* Дәрігердің байсалды **сүреңін** көргенде жүрегі орнына түсті (С. Омаров).

СҮРЕҢ III *жерг. Соқпақ, із.* Анар жолы да бөтен, тың **сүреңге** түсіп алды (Байтанаев).

СҮРЕҢДІ *Сергелдеңі мол, әбігерлі.* Сонау бір **сүреңді** жылдары тап жауы әбден құтырды (Сыланов).

СҮРЕҢСІЗ *Сұры қашқан, сиықсыз.* ~ сұр дала.

СҮРЕҢСІЗДЕН *Сұры қашу, сиқы кету.*

СҮРЕҢСІЗДЕУ *Өңсіздеу, сиықсыздау.* Айнала ~ көрінді.

СҮРЕҢСІЗДІК *Сұрқы қашқандық, ажарсыздық.*

СҮРКІЛ *Құғын-сүргін; аласпыран.* Москва түбінде жауға болған **сүркіл** дәл осы арада (С. Мұқанов). ◊ **Сүркілге салды** — *алды-артына қаратпай қуды.*

СҮРЛЕ 1. *Етті, балықты тұздап желге қақтыру немесе тұтінге салу, ыстау.* Етті жаз айларында бұзылып кетпес үшін тұздап, **сүрлейді** (С. Мұқанов). 2. *Мал азығын тұздап, леп шығармай топырақ астына көму.* Зябь жыртып, егін жинап, жем **сүрледік** (Айтыс).

СҮРЛЕМ *Бабына келтірілген, ұзақ сақталған мал азығы.* Совхозда **сүрлем** беру жүзеге асырылды (Бұралқиев).

СҮРЛЕМДЕ *Сүрлем әзірлеу, шөп сүрлеу.* Жүгері **сүрлемдеп** бітірдік (Шеденов).

СҮРЛЕМДІК *Сүрлем жасауға арналған, сүрлем болармық.* ~ жүгері.

СҮРЛЕУ *Көптен бері жүрмеген ескі, көмескі жол.* Ескі **сүрлеу** бірде оңға, бірде солға бұрылады (Байжанов).

СҮРЛЕУЛІ *Сүрленген, сүрлеген (мал азығы).*

СҮРЛЕУСІЗ *Жол түспеген, ізсіз.* ~ адыр (қалың қар).

СҮРМЕ *Кірпік, қасты бояйтын қынадан жасалған бояу.* Қыз қасы-көзіне **сүрме** жағыпты ("Қаз. әдеб".)

СҮРМЕЛЕ *Сүрме жағып бояу.*

СҮРМЕЛІ *Сүрме жағылған, сүрмемен боялған.* Қасы-көзі ~.

СҮРТ *Бір нәрсені суынан құрғату, кірінен арылту, тазарту.*

СҮРТКІЛЕ *Суланған, кірлеген нәрсені қайта-қайта сүрту.*

СҮРТКІШ *Бір нәрсенің бетін тазарту үшін пайдаланылатын шүберек, қағаз.*

СҮРТКІШТЕ *Сүрткілей беру, дамыл-дамыл сүрту.* Терезені ~й бастады.

СҮРІК *Жоғары сортты жұмсақ былғары.* Аяғында **сүрік** етік (М. Жұмағұлов).

СҮРІН 1. *Аяғын шалыс басып, жығылып қала жаздау.* Жердегі бөренеге **сүріпп** кеттім (Қанахин). 2. *Ауыс. Жаңсақ басу, жаза басу, жаңылу, қателесу.* Осы жарыстан **сүрінбей** өтсе болды (Ауыл ажары).

СҮРІНГІШ *Жиі сүріне беретін, сүріншек.* Тұсауын кеспесе бала **сүрінгіш** болады деседі ("Қаз. әдеб.") .

СҮРІНШЕК I *Төс сүйектің бірінші буыны.*

СҮРІНШЕК II *Қайта-қайта сүріне беретін, сүрінгіш, аяғына қан тұскен ат.*

СҮРІНШЕКТЕ *Жиі сүріне беру, тайғанақтау.*

СҮРІНШЕКТІК 1. *Сүрініп жығыла берушілік.* Жүйрік атта үркектік, **сүріншектік** қасиеттер болады (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Жаза басушылық, жаңылушылық, қателесушілік.* Ақында **сүріншектік** көп кездеседі (Ерубаев).

СҮРІНІП-ҚАБЫНЫП *Жығылған-сүрінгенге қарамай, асып-сасып.*

СҮРІНІС 1. *Сүрініп кетушілік.* Осындай **сүрініспе** Төкен шыдай алмады (Шамкенов). 2. *Ауыс. Жаңсақтық, қателесушілік.* Тәжібаевтың **сүріністерінен** гөрі сәтті табыстары басым (Қаратаев).

СҮРІС *Қақтығысып қалу, таласу, ұрысу.* Қатындар керілдеспей, **сүріспей** отыр (Жансүгіров).

СҮТ *Сүт қоректі жануарлардың емшегінен шығатын қоректік маңызы бар сұйық зат.* □ **Сүт бота** — *уызынан сүтке жарыған, әлі отықпаған жас бота.* **Сүт қоректілер** *(зоол.)* — *сүтпен қоректенетін, жоғары сатыдағы омыртқалы жануарлар.* **Сүт машина** — *сүттен қаймағын арылтатын машина.* **Сүт өнімдері** — *сүттен даярлайтын тағамдар.* ◊ **Сүт ақы** — *күйеу баланың қыз шешесіне беретін сыйы.* **Сүт кенже** — *ең соңғы туған бала.* **Сүтке тиген күшіктей** — *жүні жығылды, сүмірейді.* **Сүтке тойған қозыдай** — *монтиған, сұйкімді.* **Сүт пісірім** — *сүт пісіп ұлгіретіндей ғана аз уақыт.* **Сүттен ақ, судан таза** — *кінәсы жоқ, адал.* **Сүтін ақтады** — *еңбегін өтеді, сенімнен шықты.*

СҮТЕЙ *Малдың желіні сүтке толу, сүт көп шығу.*

СҮТЖАПЫРАҚ *бот. Кескен кезде жапырағынан сүт сияқты сұйықтық шығатын өсімдік.*

СҮТЖҰҚПАН *Сүтке бұқтырылған нан.* Майжұқпан, **сүтжұқпан** сияқты ас түрлерін даярлау сиреп барады ("Лен. жас").

СҮТҚҰЛАҚ *бот. Сүтжиде, тікенжиде өсімдіктерінің тағы бір атауы.*

СҮТСІЗ 1. *Сүті аз, сүті жоқ.* ~ сиыр (мал). 2. *Сүт қосылмаған, сүт қатпаған (шай).* Бүгін **сүтсіз** шай іштік (Ауызекі).

СҮТСІРНЕ *Сүтті айрықша әдіспен ұйыту арқылы дайындалатын тағам; сыр.* Құмыра жанында бір орама шұжық пен екі кесек **сүтсірне** жатқанын көрмей-ақ білем ("Жалын").

СҮТТЕЙ *Аппақ, кіршіксіз, таптаза.* ~ ақ (таза). ◊ **Сүттей ақ (судай таза)** — *күнәдан пәк, адал.*

Сүттей жарық — *күндізгідей жарық.* **Сүттей үйыды** — а) *тату-тәтті, ынтымақты болды;* ә) *қалтқысыз сенді, иланды.*

СҮТЕН *Еркек балықтың ұрықтық шәуеті.*

СҮТТЕН *Өсімдіктің, астық дәнінің нәрленуі, дәні толыға бастау.* Жүгерінің әбден ***сүттенген*** кезі (Ж. Молдағалиев).

СҮТТЕП *Өсім, берген қарызды өсімімен алу.* Берген қарызды өсімімен алу бұрын да болған. Қазақ оны ***сүттеп*** алу дейді.

СҮТТІ *Сүтті көп беретін, сүті мол.* ~ бие (сиыр).

СҮТТІГЕН *Сабағынан улы ақ сүт шығатын өсімдік.*

СҮТТІЛІК *Сүтті көп берушілік.* Сиырдың ***сүттілігі*** жеміне, күтімділігіне байланысты (Мал шаруаш.).

СҮТІН *Мақсат, бағдар, болашаққа сенім, мұрат.*"Қуаныш сол жүрегіме, сол ***сүтінім*** — ұстар нық" (Хафиз ғазалдары).

СҮТХАНА *Сүт сақтайтын арнаулы үй.*

СҮТШӘРБАТ *Балмұздақ, жеміс шырыны және сүт араластырып жасалған салқындатылған сусын. Сүтшәрбат,* торт, пирожныйлар — міне, осыншалық ішім-жем тағамдарын тек жәрмеңкелерден ғана көре аласыз ("Алматы ақшамы").

СҮТШІ *Сүт тасушы, сүт сатушы.*

СУФ *Балгердің үшкірген кездегі шығаратын дыбысы, сөзі. Суф* деп үшкірді (Есенжанов).

СУФЛЕР *Театр сахнасында актер сөзін сыбырлап айтып отыратын адам.*

СФИНКС *Ежелгі Египеттегі басы адам, денесі арыстан бейнесіндегі тас мүсін.*

СХЕМА 1. *Бір заттың ішкі-сыртқы құрылысын, оның бөліктерін бейнелейтін сызықтар жүйесі.* 2. *Белгілі бір заттың ең негізгі белгілерін көрсететін жоба, үлгі.*

СХЕМАТИЗМ *Істің байыбына бармай, мәнін ашпай үстірт қараушылық.*

СХОЛАСТИКА *Болмысты зерттеуден қашып шіркеу догматтарына, қағидаларына сүйенген орта ғасырдағы идеалистік философия.*

СЦЕНАРИЙ 1. *Кинофильмге негіз болатын әдеби шығарма.* 2. *Театрда ойнаушылардың, концерт қоюшылардың сахнаға шығу, ойнау тәртібі, реті көрсетілген жазба.* Үлкен қонцертке ***сценарий*** керек (Рсаев).

СЧЕТЧИК *Электр энергиясының есебін көрсететін құрал.*

СЪЕЗД *Партия, совет және басқа қоғамдық ұйымдар өкілдерінің әлеуметтік, келелі мәселелерді қарайтын, талқылайтын, шешетін жиналысы.*

СЫБА *Түгін қалдырмай балағаттау, боқтау.*

СЫБАҒА 1. *Қадірменді, сыйлы адамға арнайы сақтаған соғым еті, мүше.* Ауылға барып ***сыбағамды*** жеп мәз болдым ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Әр адамның өзіне лайық еншісі, үлесі.* Қазақ романының қазынасына С. Мұқанов қосқан ***сыбаға*** айрықша (Бердібаев). ◊ **Сыбағасын алды (сыбағасы қайтарылды)** — а) *еншісіне, үлесіне ие болды;* ә) *жазасын алды, сазайын тартты.* **Сыбаға тартты** — *сый, құрмет көрсетті.*

СЫБАҒАЛАС *Үлестес, сыбағасы бір.*

СЫБАҒАЛЫ 1. *Сыбағасы бар.* 2. *Ауыс. Арнаулы, тиісті, лайықты.* Мерекеге ***сыбағалы*** сыймен келдім (Сыланов). □ **Сыбағалы салмақ** — *заттың өзіне тән ауырлық.*

СЫБАЙ *Жақын, аралас құралас.* Төрт үйім екі-екіден ***сыбай*** қонған (Айтыс).

СЫБАЙЛАС 1. *Шектес, көршілес, қатарлас.* ***Сыбайлас*** жатқан үш алып — Кеген, Текес, Қарқара (Ш. Уәлиханов). 2. *Ауыс. Бір-бірімен тығыз байланысты, ауыз жаласқан.* Бұлар бір-бірімен әбден ***сыбайлас*** болып алған қулар екен ("Қаз. әдеб"). □ **Сыбайлас бұрыш** *(геом.) — бір қабырғасы ортақ; былайғы екі қабырғасы бір түзу сызық болатын екі бұрыш.*

СЫБАЙЛАСТЫҚ *Жақындық, байланыстылық, таныстық.* ~ғын күшейтті (тапты).

СЫБАЙ-САЛТАҢ *Жалғыз-жарым, жеке басы.* Ол ***сыбай-салтаң*** кісі екен (Байтанаев).

СЫБАН *Білегін жалаңаштап, жеңін түріну.* ◊ **Сыбана кірісті** — *ынта-жігерін сала кірісті.*

СЫБДЫР *Желпілдеген нәрсенің не желдің әсерінен болатын нәзік дыбыс.* ◊ **Сыбдыр етті** — *сыбдырлады.* **Сыбдыр қақты** — *сыбдыр-сыбдыр етті.*

СЫБДЫРА *Сыбдыр қағу, сыбдырлау.*

СЫБДЫРЛА *Сыбдыр-сыбдыр ету, тысырлау, сыбдырау.*

СЫБДЫР-СЫБДЫР: сыбдыр-сыбдыр етті — *сыбдырлады, тысырлады.*

СЫБДЫРСЫЗ *Дыбыс шығармастан, ұн-тұнсіз.* Жігіт кітап бетін ***сыбдырсыз*** баппен аштыы (Бейсенова).

СЫБЫЗҒЫ *Құрайдан, ағаштан, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап.*

СЫБЫЗҒЫДАЙ *Даусы, үні сыбызғы үніндей нәзік, жіңішке, сазды.* ~ үні (ызылдады).

СЫБЫЗҒЫЛАТ *Жіңішке, нәзік дауыспен өлеңдету, даусын баппен созу.* Ол ***сыбызғылатып*** ішегін тартып ән салады (Сматаев).

СЫБЫЗҒЫШЫ *Сыбызғы тартатын, сыбызғыда шебер ойнайтын адам.* Елден асқан ~.

СЫБЫЛЫҚ *Жылбысқа, жұмсақ.* Қойны-қоныштарына ***сыбылық*** қар толды (Есламғалиев).

СЫБЫЛЫҚТА *Толассыз ақырындап жауу.* Тәулік бойы ***сыбылықтап*** жауатын ақ жаңбыр басталды (Түрлыбаев).

СЫБЫЛЫҢҚЫ *Дымқыл басқан, бұлыңғырлы.* ***Сыбылыңқы*** күз мезгілі (М. Қуанышбаев).

СЫБЫР *Ақырын айтылатын сөз, күбір.* Берік олардың ***сыбырын*** естіп қалды (Тоғысбаев). ◊ **Сыбыр етті** — *құпия сыр айтты, сыбырлады.*

СЫБЫР-КҮБІР *Сыбырласқан, күбірлескен сөз.* Ол ***сыбыр-күбірдің*** сырын ептеп шамалады (Нұржекеев).

СЫБЫРЛА *Басқаға естіртпей ақырын айту.*

СЫБЫРЛАҚ I *Малдың қызыл асығымен бірге біткен өте майда сүйек.*

СЫБЫРЛАҚ II *Сыбырлап сөйлейтін, даусы ашық емес.* ***Сыбырлақ*** домбыраға қосылып ән салды (Тілеков).

СЫБЫР-СЫБЫР *Сыбырлаған, көп сыбыр.*

СЫБЫРШЫ *Театр сахнасында актер сөзін сыбырлап айтып отырушы; суфлер.* Суфлерсіз ойын қоюға болмайтын, оларды "***сыбыршы***" дейтінбіз (Сыланов).

СЫБЫС 1. *Өтірік-шыны аралас, ұзын құлақ хабар.* Мені қызметі жоғарылайды деген бір ***сыбыс***

шығыпты (Тілемісов). 2. *Дыбыс, ұн, ызың.* Әлжаппар ***сыбысын*** білдірмей тайып тұрды (Ақбаев).

СЫБЫССЫЗ *Дыбыссыз, үнсіз.*

СЫБЫС-СЫПСЫҢ *Өсек-аяң, қауесет.*

СЫҒАЙ: ығай мен сығай — *бірінен бірі асқан, таңдаулы, мықты адамдар.* Батыр Баян үш мың салт атты ***ығай мен сығай***... жаужүрек қолмен Сыр бойына беттеді (І. Есенберлин).

СЫҒАЙЛА *Іріктеу, таңдау, сайлап алу.*

СЫҒАЛА *Бас бұғып қарау, жасырынып қарау, көздеу.*

СЫҒАРАҢДА *Сығаң-сығаң ету, жақсы көре алмау.* ***Сығараңдап*** отырып, көп жерін қиқалап тастаған екен (К. Ахметбеков).

СЫҒЫЛЫҢҚЫ *Екі жағы ішке қарай қысылған.* Жер нағыз шар емес, ол ***сығылыңқы*** (Х. Әбішұлы).

СЫҒЫЛЫС *Ию тіресу, қысылысу.* Өзен бойына ***сығылыса*** қонған ауыл (Лекеров).

СЫҒЫМ 1. *Күші басымнан көрген қыспақ, қысым.* Ит жеңген жаудың ***сығымынан*** әрең құтылды (М. Әуезов). 2. *Бір уыс, бір кесек.* Қомағайдың сазайы — бір ***сығым*** май (Мәтел).

СЫҒЫМДА 1. *Бір нәрсені алақанға салып қысу, сығу.* Ол мықты қолдарымен қарындашты ***сығымдап*** отыр (Арыстанов). 2. *Ауыс. Қыспаққа салу, жазалау.* Ол Кербаланы әбден ***сығымдады*** (Жұртбаев). 3. *Ауыс. Аз-аздап, там-тұмдап.* Сәлім азықты малға ***сығымдап*** берді (Оразалин).

СЫҒЫМДЫЛЫҚ *Қатты сығылғандық.*

СЫҒЫН *Үстіндегі су болған киімін бұрап, сығып, суын ағызу.* Ол ***сығынып***, шоқ талдың түбінде үстін кептірді (Тоқтаров).

СЫҒЫНДЫ *Шырын, сөл.* Апельсин ***сығындысы*** ауруға пайдалы (Оразақов).

СЫҒЫҢҚЫ *Құшық, жабысыңқы.* Эллипсоид екі бүйірі ***сығыңқы*** шар (Қалығұлов).

СЫҒЫР *Құдай атқан, соққан.* Жетпегір Айдос ***сығырдың*** жүрген жері ылғи осы (Нәбиев). ◊ **Сығыр алғыр** — *құдай атқыр.* **Сығыр құдай** — *налыған кейіс сөз.* **Сығыр көз** — *сығырайған қысық көз.*

СЫҒЫРАЙ 1. *Жарықтың өлеусіреп көмескіленуі, сәл жылтырауы.* ***Сығырайған*** жарықты жек көремін (Адамбеков) 2. *Жақсы көре алмай сықсию, көзі бітию.* Кемпір мен жаққа ***сығырая*** қарады (Иманбеков).

СЫҒЫРАЙМА *Сықсиған, бітиген.* ***Сығырайма*** май шам (Кекілбаев).

СЫҒЫРДАҢ *Қатаң, қытымыр, қатығез.* Университет профессоры Бейкер ***сығырдаң,*** өзімшіл адам (Әбдіков).

СЫҒЫРАҢДА *Сығыраң-сығыраң ету, қайта-қайта сығыраю.*

СЫҒЫРДАҢДАУ *Сараңдау, қытымырлау.*

СЫҒЫРДАҢДЫҚ *Сараңдық, қытымырлық.*

СЫДЫР 1. *Қатты тиген заттан денеге жарақат түсу, терісін алып кету.* Мойнының бір қабат терісін қыл арқан ***сыдырып*** түсті (Алдамжаров). 2. *Бір нәрсенің сырт жағын сылып алу, сыпыру.* Бәтіш қай жетіскеннен қабық ***сыдырып,*** бүршік жинайды дейсің (Мусин). 3. *Тілінген таспаны қатты нәрсенің арасынан өткізу; ысқылау, тегістеу.* Ол таспа ***сыдырып*** отыр (Ә. Нұрпейісов).

СЫДЫРА *Жапа-тармағай, жаппай.* ***Сыдыра*** көшкен салқар көшті елестетіңіз (Сейдімбеков).

◊ **Сыдыра жыртқыш** — *егістік жерді жұмсартып, қопсытатын арнаулы соқа.* **Сыдыра жырту** — *жердің топырағын аудармай, бет жағын қопсытып өту әдісі.*

СЫДЫРҒЫ *этногр. Ортасына тіс орнатылған таспаны өңдеу үшін қолданылатын құрал. Бір сыдырғы, бір шама, тәп-тәуір, әжептәуір...* Келіншектің бір ***сыдырғы*** көркі де бар екен (М. Хасенов).

СЫДЫРМА *Етікке бас орнату, бастаманың ұлтанын тігіп ұлтару.*

СЫДЫРМАЛАТ *Тездету, шапшаңдату.* Ол сөздерін ***сыдырмалатып*** қайта айтып • шықты (Т. Жармағамбетов).

СЫДЫРТ 1. *өзг. етіс. Сыдыр-т.* 2. *Жүгірту, зымырату.* Жеңіл машина ***сыдыртып*** келеді (Қырғызбаев).

СЫДЫРЫМ *этногр. Тарамыстың, таспаның сыдырылған жіңішке бір талы, талшығы.*

СЫДЫРЫМТА *Барымтаға алған малды қайтармай сіңіріп кету жайы.*

СЫДЫРЫНДЫ *Таспа жонғанда, ағаш үстіріктегенде түсетін ұсақ жоңқа.*

СЫЗ I 1. *Ылғалы мол, дымқыл жер.* Бөлмеден ~ иісі шығады. 2. *Ауыс. Көңілдегі реніш, ашуыза.* Ана жүрегінің ~ы баласын иіскегенде басылады. ◊ **Сыз өтті** — *суық тиді, тоңды.*

СЫЗ II 1. *Қарындаш пен қаламмен қағаз бетіне сызық жүргізу, чертежін салу.* Жерлерді ***сызып*** беруге сауатым жоқ (Әбдіхалықов). 2. *Жазған жазуды жоқ қылу, өшіру.* Мақаламның керек емес жерлерін ***сызып*** тастады ("Қаз. әдеб"). 3. *Белгілі бір сөздің, сөйлемнің астына қаламмен белгі соғу.* Хаттың кейбір жерлерін астын көк сиямен екі ***сызады*** (Қаназов).

СЫЗ: таң сыз берді — *таң ағарып ата бастады.* Таң ***сыз*** беріп келе жатқан кезде екі кісі сөйлесіп отыр еді (Майлин).

СЫЗАМЫҚ *Болар-болмас сызық, сызат.* Шығыс жақ ~ тартты.

СЫЗАТ 1. *Болар-болмас сынықтың ізі, жарықшақ.* Жарық сынық әйнектің ***сызатынан*** бізге өлеусірей сығалайды ("Қаз. әдеб"). 2. *Ауыс. Көңіл кірбіңі, реніш.* Екі ел арасына ***сызат*** түспегенін қалаймын (Сейдімбеков).

СЫЗАТТА 1. *Сызат пайда болу, сызат түсу.* 2. *Әрең-әрең, сыздықтау, тамшылау.* Биені сауғанда сүт ***сызаттап*** зорға шығады (Қымыз).

СЫЗАТТАП *Біртіндеп, жайлап.* Хабарды ***сызаттап*** жеткізді (Тоғызыншы шежіре).

СЫЗАТТЫ *Сызығы бар, жарық түскен.* ~ жер (топырақ).

СЫЗАШЫҚ *Жерден шығатын судың көзі.*

СЫЗБА *Схема, чертеж.* Оқушылар қилы-қилы ***сызбалар*** мен таблицалар жасады ("Қазақст. мектебі").

СЫЗБА: дым сызбады — *нәр татпады.*

СЫЗБАЛЫҚ: сызбалық өлшеуіш — *сызуға қажетті өлшеуіштер.*

СЫЗБАҚТА *Сорғалау, саулау.* Қан ***сызбақтаған*** орақ тұмсығын сипады (Ә. Әбішев).

СЫЗҒЫЛА *Үсті-үстіне сызу, шимайлау.* Ол машинкаға басылған мақаласын ***сызғылай*** бастады (Жағанова).

СЫЗҒЫР *Ысқырып нәзік ұн шығару.* Даусы жіңішке, ***сызғырып*** шықты (Мырзақұлов).

СЫЗҒЫРЫҚ *Сызылта шыққан ун, дыбыс.* Шегірткелер сызғырады, көп ***сызғырық*** қосылып өзгеше үн құрады (Мұстафин).

СЫЗҒЫТ *қ. Сызыл.* Өніңді бір ***сызғытшы*** төгілтіп (Қ. Қуанышбаев).

СЫЗҒЫШ *Тура сызық түсіру үшін қолданылатын құрал.* Логарифмдік ~.

СЫЗДА 1. *Бебеулетіп, солқылдатып ауру.* Жаралы аяғым қатты ***сыздайды*** ("Қаз.әдеб"). 2. *Ауыс. Шірену, менменсу, паңдану.* Оның ***сыздаған*** түрін көріп теріс айналды (Жұртбаев).

СЫЗДАН 1. *Әлдеқандай болу, маңғаздану.* Үйішіне ***сыздана*** қарады. (Тоқаев). 2. *Ашуын ішіне жиып ызбарлана қарау.* Рыскүлдің ашуы бетіне шығып ***сыздана*** қарады (Жұртбаев).

СЫЗДАУ *Дымқылдау, ылғалдау.* Жер әрі су, әрі ***сыздау*** (Хайруллин).

СЫЗДАУЫҚ *Суық тию салдарынан денеге шығатын шығу; шиқан.*

СЫЗДАУЫТ *Сызды, дымқыл жер.* Мына жер қоғалы, қамыс өскен ***сыздауыт*** (Әбдірахманов).

СЫЗДИ *Сызылу, ыздию.* Үшеуі ***сыздиып*** әскер киімін киген (Әбуталиев).

СЫЗДЫ 1. *Дымқыл, ылғалды, сызы мол.* ***Сызды*** ауа, тұманды күн (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Қаһарлы, зәрлі, зілді.* Ол бұйрықты, ***сызды*** дауыспен сөйледі (С. Мұқанов).

СЫЗДЫҚ 1. *Тіс аралығындағы сызат, жік.* Үзаққа шаппас — тісінің ***сыздығы*** қысқа (С. Мұқанов). 2. *Етіктің, теріден тігілген киімдердің тігісінің аралығына салатын жіңішке әдіп былғары.* Шал аралығына ***сыздық*** жүгіртіп біріктірген қоныштыны аударып қарады (Тілеуханов). 3. *Өзеннің жыра аққан жіңішке тармағы, сызат.* Сарысу өзені ***сыздық*** арнамен сырға қарай ағады (Мағауин).

СЫЗДЫҚТА 1. *Сәл баяулау, ақырындау, жайлау.* Шекесінен ***сыздықтап*** қан ағып тұр (Сматаев). 2. *Киімге, үй жиһаздарына өрнек ретінде кемерлеп сызық салу.* Қақпақтың ішкі оң жағына ***сыздықтап*** қола жағылған (Тоқаев) 3. *Болар-болмас жарық, сәуле түсу.* Қарағай бұтақтарының арасынан сәуле ***сыздықтай*** түскен (Үйқысыз түн).

СЫЗУ 1. *мат. Чертеждерді орындау және оқу жайындағы мағлұматтарды баяндайтын пән.* Мен ***сызудан*** сабақ беріп жүрмін ("Қазақст. мектебі"). 2. *Бір нәрсенің жөн-жобайын нақты көрсеткен белгі.* Қабырғадағы әдемі өрнектер бас зергердің ***сызуымен*** жасалған (Д. Досжанов). 3. *Ауыс. Оқу, жазу.* Екі ұлым да орысша жазу, ***сызу*** біледі (М. Жұмағұлов).

СЫЗУЛЫ *Сызықпен жүргізілген, созылған.* ~ қағаз (сөз).

СЫЗЫҚ 1. *Қағаз бетіне болмаса басқа бір затқа қиғаш не түзу тартылған сызат, сызу.* Қағаздың бетіне жуан қаламмен ***сызықтар*** жүргізілген (Еділбаев). 2. *Ауыс. Бетке, маңдайға түскен әжім.* Маңдайын үш тарам нәзік ***сызықтар*** таңбалағанын аңдады (Тоқмырзаев) 3. *Ауыс. Тағдыр бұйрығы, жазуы.* Алланың ***сызығы*** екі бола ма екен (Қозы Көрпеш). 4. *Ауыс. Көңілдегі қайғы-қасірет, шер.* Жаралы көңілімнің жазылмай ***сызығы*** (Абай).

СЫЗЫҚТА *Сызық жүргізу, сызат салу.*

СЫЗЫҚТАЛ *Сызық жүргізілу.*

СЫЗЫҚТАН *Түзу сызық сияқты болу, түптүзу болу.* Қан ***сызықтана*** қатып қалыпты (С. Мұратбеков).

СЫЗЫҚТЫ *Сызық сызылған, сызық жүргізілген.* Қисық ~,түзу ~.

СЫЗЫҚТЫҚ *Сызыққа құрылғандық.* ~ алгебра (өлшеуіш, спектр).

СЫЗЫҚША 1. *Болар-болмас сызат, қысқа сызық; әжімденген сызат.* Батырбектің көзінің жиегіндегі ***сызықшаларды*** көріп ойланып қалдым (Шамкенов). 2. *лингв. Тиреден кіші сынық сызық; дефис.*

СЫЗЫҚШАЛЫ *Сызықша жүргізілген, сызбаланған.* ***Сызықшалы*** жолақ жүгірткен (ҚазССР тарихы).

СЫЗЫЛ I 1. *ыр. етіс.* Сыз-ыл. 2. *Белгілі бір істің нобайының қағазға түсірілуі; белгі соғылу.*

СЫЗЫЛ II 1. *Сыпайы мінез көрсету, инабат сақтау.* Менің келінім ~ып тұрады. 2. *Кербездену, сырбаздану, жайымен асықпай қимылдау.* Келіншек ***сызыла*** басып аялдамаға жетті (Рысбекова).

СЫЗЫЛМА *Ерекше бір сызылтып, мәнерлі, сазды шығатын.* Сыбызғының ***сызылма*** үні қосылды (Қ. Исабаев).

СЫЗЫЛМАЛЫ *Жаңға жайлы, сызылған сазды.* ~ сазды әуен.

СЫЗЫҢҚЫ *Сызылып тұрған, қиғаштанған жіңішке.* ***Сызыңқы*** сирек біткен екі қасы (Ә.Тәжібаев).

СЫЙ I 1. *Ерекше көрсетілген құрмет, зор қошемет.* Қария ~ға кенелді. 2. *Түрлі себептерге байланысты берілетін сыйлық, тарту.* ***Сыйға*** алған самауырдан шай ішеміз ("Қаз. әдеб".). 3. *Ауыс. Біреуге арналған сыбаға, үлес.* Егер өз заманыңның рухына лайық болмасаң, өмір ***сыйынан*** құр қаласың (Қирабаев). ◊ **Сый аяқ** — *қонаққа берілетін арнаулы тағам, ас.* **Сыйға сый, сыраға бал** — *жақсылыққа жақсылық, сыйлықтың да өз қарымтасы бар.* **Сыйға тартты** — *сыйлады, тарту етті.* **Сый қонақ** — *қадірлі қонақ.* **Сыйы өтті** — *беделі артты, қадірі асты.*

СЫЙ II 1. *Белгілі бір жерге жайғасу, сіңу, ену, орналасу.* Опера үйіне мың екі жүз кісі ***сыяды*** (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Біреуге ұнау, жағу.* Қанша жерге жұмысқа орналастырдым, еш жерге ***сыймады*** (Ауызекі) 3. *Ауыс. Отаспау, жараспау, сыйыспау.* Қырғи қабақ боп, өз үйіне өзі ***сыймай*** кетіп тынды (Ә. Нұрпейісов).

СЫЙ-ҚОШЕМЕТ *Ерекше көрсетілген сый-сыяпат, сый-құрмет.*

СЫЙ-ҚҰРМЕТ *Қадірлі адамдарға ақ ниетпен көрсетілетін зор қошемет.*

СЫЙЛА 1. *Құрмет-қошемет көрсету, қадірлеу, қастерлеу.* Сәбит Кенен ақынды айрықша ***сыйлады*** (Есқожин) 2. *Сыйға тарту, сыйлыққа беру.* Қарт аңшы дәу түлкіні Қоңырбайға ***сыйлады*** (Көшімов).

СЫЙЛАҒАНДЫҚ *Қадір тұтушылық, қастерлеушілік.*

СЫЙЛАҒЫШ *Адамды, жалпы үлкенді құрметтегіш, қадір тұтқыш.*

СЫЙЛАҒЫШТЫҚ *Сыйлай білушілік, құрметтегіштік.*

СЫЙЛАН 1. *Сый-құрметке бөлену, қадір қасиетке кенелу.* Адай түгіл, алашқа, ***сыйланды*** та-

лай бұл басым (Ақберен). 2. *Сыйлыққа бөлену, сыйға тартылу.* Хатта бинокльмен **сыйлануы** жазылған (Тоқмағамбетов).

СЫЙЛАС I *Бір-біріне қадірлес, қошеметтес.*

СЫЙЛАС II *Өзара достық қарым-қатынас жасау, ынтымақты болу.* Амандық болса табысармыз, **сыйласармыз** (Рүстемов).

СЫЙЛАСТЫ *Сый-құрмет көрсететін, қадірменді.* - адам (жолдас).

СЫЙЛАСТЫҚ *Сый-құрметке лайық, татулық, достастық.*

СЫЙЛАСУШЫЛЫҚ *Өзара бірін-бірі құрметтеушілік, қадір тұтушылық.*

СЫЙЛАСЫМДЫ *Үйлесімді, жарасымды.*

СЫЙЛАСЫМДЫЛЫҚ *Өзара қадір-құрметке ие болушылық.*

СЫЙЛЫ 1. *Құрметке лайықты, қадірлі.* Адам еңбегімен **сыйлы** (Ертілесов). 2. *Қастер тұтатын, қымбат санайтын.* Қазақтың **сыйлы** асының бірі — құрт (Ибрагимов).

СЫЙЛЫҚ 1. *Сыйға берілетін зат; тарту-таралғы.* Әкесі туған күніне бір керемет **сыйлық** әкелді (Рахманбердиев) 2. *Жарыста, сайыста озғандарға берілетін жүлде, бәйге.* Жиналыстың артынан озаттарға **сыйлық** берілді (Жылқышиев)

СЫЙ-САУҚАТ *Сыйлық тарту мақсатымен берілетін тарту-таралғы.*

СЫЙ-СЫБАҒА *Әркімнің үлесіне тиетін тарту-таралғы.*

СЫЙСЫЗ *Қадірі жоқ, беделсіз.* Баламыз ел арасына **сыйсыз** емес ("Лен. жас").

СЫЙ-СЫЯПАТ 1. *Құрметтеген адамға берілетін тарту-таралғы.* Аудан еңбеккерлері сүйікті жазушысына **сый-сыяпатын** жасады (Ж.Молдағалиев). 2. *Біреуге көрсетілген зор қошемет, қадір-құрмет.* Құдасының бұл жолғы **сый-сыяпаты** тіптен ерекше ("Қаз. әдеб"). ◊ **Сый-сыяпат көрсетті** — *зор құрмет көрсетті, ерекше сыйлады.*

СЫЙШЫЛДЫҚ *Сыйлық беруге, тарту-таралғы үлестіруге жомарттық, қонақжайлылық.*

СЫЙЫМ *Бір нәрсенің көп сыюы; сыйымдылық.*

СЫЙЫМДЫ 1. *Ішіне көп нәрсе сыятын; бүйірлі.* Мына самауыр - екен. 2. *Белгілі бір ортада сіңіп кететін сұйықтарды, жағымды.* Сыпайы болсаң, елге **сыйымды** боласың (F. Мүсірепов) 3. *Жарасымды, орынды, лайықты.* Бұл кинодастанды қалай мақтасаңыз да **сыйымды** (Байжанов).

СЫЙЫМДЫЛЫҚ *Ыдыстардың, қоймалардың сыю мүмкіндігі; сыйымы.*

СЫЙЫМСЫЗ 1.*Жүрген жеріне қадір-қасиеті жоқ.* Өз отының басын сыйламаған адам; өз үйіне **"сыйымсыз"** ("Қаз. әдеб"). 2. *Істеген ісі үйлесімсіз, лайықсыз, жарамсыз.* Орайдың бұл ісі заңға **сыйымсыз** (М. Хасенов)

СЫЙЫМСЫЗДЫҚ *Жүгымы жоқтық, сыймаушылық.*

СЫЙЫН *Құдайға құлшылық ету.*

СЫЙЫНУШЫ 1. *Құдайға табынушы, сенуші.* 2. *Біреуге құдайдай сеніп, пір тұтушы.* "Қарекеңе" табыс үшін *сиынушылар* саны кеми бастады (Оразақов).

СЫЙЫС 1. *Жайғасу, орналасу.* Ептеп *сиысып* отырып жатырмыз (Жәкенов). 2. *Тіл табысу, өзара келісу, мәмілелесу.* Екеуміз бір облыста ***сиысып*** қызмет істесе алмаймыз (Т. Ахтанов). ◊ **Сиыса алмады** — *тіл табыса алмады, ұрыса берді.*

СЫҚ 1. *Сулы затты, жуылған кірді қысып не бұрап суын шығару.* Кірлерді **сығып** қолдарым талып қалды ("Лен. жас".). 2. *Күш қолданып қысу, сығымдап бұру.* Айдаһар тас қорғанды сыртынан орап ***сыға*** бастады (Қаз. ертег.).

СЫҚА *Лық толтыру, нығыздап сыйғызу.*

СЫҚАҚ 1. *Әжуа, әзіл-оспақ; мысқыл, тәлкек.* Байсал айтылған ***сықаққа*** шыдай алмады (Ш. Хұсайынов). 2. *әдеб. Көркем әдебиет пен журналистикадағы уытты, ащы тілмен жазылатын жанр.* ***Сықақ*** өлеңдер газетке жиі басылды (Соқпақбаев).

СЫҚАҚ-ӘЗІЛ *Жағымсыз іс-әрекетті мінейтін күлкі, келеке-мазақ.* -ге үйір.

СЫҚАҚҚОЙ *Қуақы тілді, әзілқой, мысқылшыл.*

СЫҚАҚТА *Кем-кетікті келеке ету, мысқылдау.*

СЫҚАҚШЫ *Келемеждеуге шебер, тәлкекшіл, мысқылшыл.*

СЫҚАҚШЫЛ *Әжуашыл, мысқылшыл.* Асқар — ең ***сықақшыл*** ақын (Жұмалиев).

СЫҚАҚШЫЛДЫҚ *Әжуашылдық, келеке етуге шеберлік.*

СЫҚАС *Иін тіресу, сығылысу.*

СЫҚАУЛЫ *Әбден толы, нығыздаулы.* Сарай астыққа ***сықаулы*** (Д. Әбілев).

СЫҚАУЫРЫН *көне. Тезге салған ағаштың қатты қысып, басып тұрып түзейтін не бүгетін ағаш құрал.*

СЫҚИ 1. *Мейлінше тою.* Жеміске ***сықия*** тойдық (Н. Ғабдуллин). 2. *Мұнтаздай боп киіну, мұздай киіну.* Генералға қарап офицер біткен ***сықияды*** да жүреді (Исабаев).

СЫҚҚЫШТА *Қайта-қайта сығу.* Жылан шаққан жердің қанын ***сыққыштай*** беру керек (Баяндин).

СЫҚПА *Уысқа сап, төрт саусақпен сығымдап істеген құрт.* Бүгінгі тамағым екі-ақ ***сықпа*** (Сматаев). □ **Сықпа құрт** — *сығымдап жасалған құрт.* **Сықпа май** — *құтыдағы сығылып шығатын май.* **Сықпа сақар** *(этногр.)* — *қолмен сығымдап жасалған қара сабынның бір түрі.*

СЫҚПАЛА *Уысқа, алақанға салып, уыстап сығымдау.* Бүйен басын ***сықпалап,*** бір тәрелке май алды (Қайырбеков).

СЫҚПАЛЫ *Тығыз, қауырт, шұғыл.* Тығыз программа, ***сықпалы*** уақыт қой (Момышұлы).

СЫҚПАЛЫ: сықпалы жуу құралдары — *кір жуатын сабын, порошок т. б. сияқты заттар.*

СЫҚПЫРТ 1. *Жер-жебіріне жетіп, түгін қалдырмай сөгу.* Ол туған-туысты ***сықпырта*** боқтады (Тілегенов). 2. *Өтірікті судай сапыру.* Ол өтірікті ***сықпыртып*** жіберетін ("Қаз. әдеб").

СЫҚПЫТ 1. *Бет-әлпет, түр-түс, кескін.* Үміт келген кісінің ***сықпыты*** ұнамағандай елемеді (Тілегенов). 2. *Бір нәрсенің нышаны, үсқыны.* Үйдің қазіргі ***сықпыты,*** өзгеше бір жуас күйге шақырады (Бөкеев).

СЫҚСИ 1. *Көзді сәл жұмыңқырай қарау, сығыраю.* Ербол әлденені сезгендей ***сықсия*** қарады (М. Әуезов). 2. *Болар-болмас жарық түсіру, бітіе көріну.* Алдарынан өлшемнің отындай ***сықсиған*** жарық көрінді (Сараев).

СЫҚСИМА *Болар-болмас сығырайған, жылтиған.* Ол ***сықсима*** шамды жерге қойды (Салғарин).

СЫҚСИЮ *қ. атау. Сықси-у.*

СЫҚ-СЫҚ: сық-сық күлді — *сылқылдап күлді.*

СЫҚСЫҢДА *Даусын қатты шығармай, жай кемсеңдеп жылау.* Ол ***сықсыңдап*** жылаған болды (Жұмаділов).

СЫҚСЫРАЙ *Көзін сығырайта қарау, сығыраю.*

СЫҚТА I 1. *Нығыздау, нықтау.* Жақсы қашап, дұрыс орнатып, ***сықтап*** апару керек (Ғ. Мұстафин). 2. *Зорлау, қыстау.* Сыйды ***сықтамақ*** жоқ (Мақал).

СЫҚТА II *Егіле жылау, қамығу.* Көп болса, Хадиша жылар, ***сықтар*** (С. Бақбергенов).

СЫҚЫ: сықып жатқан — *қалтаған, толып кеткен.*

СЫҚЫЛДАН *Бір нәрсеге ұқсау, тәріздену, сияқтану.*

СЫҚЫЛДЫ *Секілді, тәрізді, сияқты.*

СЫҚЫЛЫҚ *Шаттана, рахаттана күлген күлкі.*

СЫҚЫЛЫҚТА *Мәз бола, ішексілесі қата сықылықтап күлу.*

СЫҚЫР *Заттардың үйкелісуінен, немесе қозғалуы нәтижесінде естілетін дыбыс.*

СЫҚЫР-СЫЛДЫР: сықыр-сықыр етті — *қайта-қайта сықырлады.*

СЫҚЫРЛА 1. *Сықыр-сықыр ету, шыртылдау.* Қарбыз ***сықырлап*** барып қақ айрылды (Тарази). 2. *Сырқырау, буын-буыны босау.* Сырқырап, ***сықырлап*** тұрған денесін әзер қозғады (Д. Досжанов). 3. *Аяз қысу, шақырлау, сақылдау.* Дала ***сықырлаған*** аяз (С. Мұқанов).

СЫҚЫРЛАУЫҚ I *Сықырлай бергіш, сықыр-сықыр ететін.*

СЫҚЫРЛАУЫҚ II *Киіз үйдің ши есігінің ішкі жағынан жабылатын, оюлап жасалған, жарма ағаш есік.* Ол табалдырық, ***сықырлауықтан*** бастап — бәрін жасаушы еді, — деді Тауман (Ғ. Сланов).

СЫҚЫРСЫЗ *Сықырлатпай, шықылдатпай, дыбыс шығармай.* Балуан қақпаны ***сықырсыз*** ашты (С. Мұқанов).

СЫЛА I 1. *Үйдің, қораның қабырғаларына балшық, лай соғу.* Үй қаладым, қабырғасын ***сыладым*** (Жәмішев). 2. *Қолмен сипау, жағу, ұқалау.* Баланы маймен ***сылап*** жатқыздым ("Қаз. әдеб"). 3. *Ауыс. Сипап аялау, күту, баптау.* ***Сылап,*** сипап құрметте, өмірлік сүйген жарыңды (Лекеров).

СЫЛА II *кәсіб. Бекіре, сазан, шортан тәрізді ірі ақ балықтың бір түрі...* Тұнып тұрған ***сыла,*** сумаңдаған шортан шоғырын көрді (Ө. Сараев).

СЫЛА: сыла бой — *артық еті жоқ, ашаң.*

СЫЛАҒЫШ *Әктегенде, сылағанда пайдаланылатын құрал.*

СЫЛАҚ *Топырақ пен құмды араластырып жасаған, үй сылайтын балшық.*

СЫЛАҚТА *Сылақ жұргізу.* Үйді ***сылақтап*** жатыр (Оразалин).

СЫЛАҚШЫ *Сылақ жұмысын жүргізуші, үйді сылаушы.* ***Сылақшы*** қыздардың қимылы ширақ (Ө. Нұрғалиев).

СЫЛАҚШЫЛЫҚ *Сылақшы кәсібін меңгерушілік.* -қа үйрендім.

СЫЛАЛАН *Арықтау, ашаңдану, таразылану.* Құс аз күнде бой жүні сүзіліп ***сылалаңып*** сала берді (А. Сейдімбеков).

СЫЛАЛАУ *Арықтау, ашаңдау.* Қыз бойы ***сылалау*** көрінді (Ауызекі).

СЫЛАМА: сылама үй — *сыланған үй.*

СЫЛАМА *көне. Сәнді, әдемі тігілген бас киім.* Қарқарадай ***сыламасы*** бар келіншектер де келді (Тоқмағамбетов).

СЫЛАН 1. *ыр. етіс. Сыла-н.* 2. *Бой түзеу, сәндену, тарану.* Қауырт кезде ***сыланып*** жатуға уақыт тапшы (Бабақов).

СЫЛАНЫП-СИПАНЫП *Таранып-қаранып, сәнденіп.* Қыздар ***сыланып-сипанып*** жатыр ("Қаз. әдеб").

СЫЛАҢ 1. *Сұңғақ, кербез, сәнқой, керім.* ***Сылаң*** тоқал Айғанша қысыр жыландай жүйткіп жүр (Ғ. Мүсірепов) 2. *Сұңғақ бойлы әдемі, сұлу, көркем.* Мынау ***сылаң*** келіншекті кездестірем деп ойламаған (Омарбеков). ◊ **Сылаң етті** — *сымпың қақты, бұлаң етті.* **Сылаң қақты** — *жайнады, құлпырды.*

СЫЛАҢ: сылаң-сылаң етеді — *бұлаңдады, жайнаң қақты.*

СЫЛАҢДА *Сылаң-сылаң ету, сәндену.* Ол жұмысқа ***сылаңдап*** келіп, ***сылаңдап*** кетеді (Досымов).

СЫЛАП-СИПА 1. *Қолмен, алақанмен жайлап уқалау, сипау.* Жігіт дойыр көгерткен денесін ***сылап-сипап*** есін жиды (Оразақов). 2. *Алдап-сулау, алдарқату.* Сырғалы оны өйтіп-бүйтіп ***сылап-сипап*** жолға салды (Абдрахманов). 3. *Мәпелеу, күту.* Заманбек екі жүйрікті ***сылап-сипап*** бағып отыр ("Қаз. әдеб"). 4. *Ауыс. Жым-жылас қылу, тұқ қалдырмау.* Столды жинап, дастархандарын ***сылап-сипап*** қойыпты (Омарбаев).

СЫЛАУ *Сары буын мен бел ауруын сипалап уқалап емдеу әдісі, былау.* ***Сылауды*** әуелі жайлап сипалаудан бастап уқалайды (Оразақов).

СЫЛАУЛЫ *Сыланған, майланған.* - үй (қора).

СЫЛАУШЫ *Үй сылайтын адам, сылақшы.* Үй -, сылақ -.

СЫЛБЫР 1. *Бос, босаң, былжыр.* ***Сылбырдың*** аты шылбырына сүрінер (Мақал). 2. *Баяу, жай, ақырын.* Ол ***сылбыр*** аяңдады (Нұржекеев).

СЫЛБЫРА 1. *Болбырап-солбырау, болжырау, ыбылжу.* ***Сылбырап*** барып, арбаға міндім (Қаназов). 2. *Себелеп, толастамай үзбей жауу.* Тамшысы майдаланып, ***сылбыраған*** ақ жаңбыр (Абдрахманов).

СЫЛБЫРЛАҢ *Сылбыр тарту, ыбылжу.*

СЫЛБЫРЛЫҚ *Босаңдық, былжырлық.*

СЫЛДЫР I 1. *Заттардың бір-біріне тиюінен пайда болатын дыбыс.* Жаңағы ***сылдыр*** шыққан жерден бір бала шыға келді (Арыстанов). 2. *Өсімдік жапырақтарының жел қаққанда шығатын сыбдыры.* Жапырақ ***сылдырынан*** басқа еш нәрсе естілмейді (Арулар). ◊ **Сылдыр етті** — *сылдырлады.* **Сылдыр қақты** — *сылдыр-сылдыр етті.*

СЫЛДЫР II 1. *Сөзінің мәні жоқ, бос сөзді.* Жігіттің өзі ***сылдыр*** ма деп ойладым ("Білім және еңбек"). 2. *Суы көп, қоюы жоқ, сұйық.* Дәмі жоқ ***сылдыр*** бірдене (Асқаров). ◊ **Сылдыр көмей, жез таңдай** — *сөзге жүйрік, шешен.* **Сылдыр сөз** — *мәнсіз, бос сөз.* **Сылдыр су** — *іліп алары жоқ, қатықсыз сұйық тамақ.*

СЫЛДЫРА 1. *Жай, баяу қозғалу, ағу, сыбдырау.* ***Сылдырап*** аққан тау суы, күнге шағылысады (Лекеров). 2. *Сыңғыр-сыңғыр ету, шылдырлау.* Қоңырау *сылдырады* (А. Сатаев).

СЫЛДЫРАҚ *Бос құр.* - сөз.

СЫЛДЫРЛА *Сылдыр-сылдыр ету, сыңғырлау.* Медальдары -ды.

СЫЛДЫРЛАҚ *Сылдыр-сылдыр ететін, сылдырлай дыбыс шығаратын.* ~ (ойыншық, қағаз).

СЫЛДЫРМАҚ I 1. *Сылдырлаған, сыңғырлаған ұн, дыбыс шығару үшін заттарға тағылған сылдырауық.* Даңғара мен асатаяққа темірден жасалған ***сылдырмақтар*** тағатын (Сарбалаев). 2. *Сылдыр-сылдыр етіп дыбыс шығаратын балалар ойыншығы.* Дүкенде неше түрлі ***сылдырмақтар*** бар (Келіншектер).

СЫЛДЫРМАҚ II *Ішінде ұсақ ұрығы бар өсімдік қауашағы.* Шеңгелде жез қоңырауға ұқсас ***сылдырмағы*** болады (Қанахин).

СЫЛДЫРСЫЗ *Тыныш, баяу, жай.* ~ ағатын дария.

СЫЛДЫР-СЫЛДЫР *Шылдыр-шылдыр, сыңғыр-сыңғыр.*

СЫЛҚ *Күрт, кілт, сұлқ.* ~ құлады (тоқтады, түсті). ◊ **Сылқ етті** — *әлсіреп құлап түсті.* **Сылқ түсті** — а) ***сылқ етіп құлады***; ә) *ұнжырғасы түсіп, сұлқ басылды.*

СЫЛҚИ 1. *Күш-қуат, әлден айрылу, әлсіреу.* ~ып отыра кеттім. 2. *Әбден тою, қану, қажетінше ішіп-жеу.* Жуман ***сылқия*** тойып алды (М. Әуезов).

СЫЛҚИТ 1. *өзг. етіс. Сылқи-т.* 2. *Мейлінше сілейту, сірестіру.* Ол көзімнен ***сылқита*** бір ұрды (Жылқышиев).

СЫЛҚ-СЫЛҚ: сылқ-сылқ күлді — *сылқылдап күлді, рахаттана күлді.*

СЫЛҚЫЛ *Сылдырлап, сыңғырлап шыққан дыбыс, ұн.* Домбыра ***сылқылы*** тоған суының құламадағы ағысын естіртіп еді (Баялиев).

СЫЛҚЫЛДА I 1. *Мықты болмай сылқылдап босап кету.* Тордың бір шегесі ***сылқылдап*** бос тұр (Қайсенов). 2. *Ауыс. Былқ-сылқ ету, солқылдау.* Мынау сол ***сылқылдаған*** келіншек еді (Досымов).

СЫЛҚЫЛДА II 1. *Әзілдесіп рахаттана күлу, мәз болу.* Абай қатты ***сылқылдап*** күлген (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Судың сылдырлап сыңғырлап ағуы. Сылқылдап* ағып жатқан ағын суда (О. Сәрсенбаев).

СЫЛҚЫЛДАҚ 1. *Босап кеткен, былқылдаған.* Үстелдің аяғы ***сылқылдақ*** екен (Ауызекі). 2. *Былжырақ, былқылдақ.* Жер ***сылқылдақ*** екен (Мұстафин). 3. *Сылқ-сылқ еткен күлкі.* ***Сылқылдақ*** күлкінің соңы ашық сырға ойысты (Б. Әбдіразақов).

СЫЛҚЫЛДАТ 1. *өзг. етіс. Сылқылда-т.* 2. *Қылқылдату, ашқарақтана, құныға жұту.* Сапты аяқтағы қымызды ***сылқылдатып*** жұтып салды (Иманбаев). 3. *Әнді, күйді безілдету, бебеулету.* Өленді ~ты.

СЫЛҚЫМ *Кербез, кердең, сал, сері.* ~ келіншек (сұлу, жігіт).

СЫЛҚЫМДАН *Кербездену, сәндену, паңдану.* ~а киінген қыз.

СЫЛҚЫМДАУ *Кербездеу, серілеу, паңдау.* Домбыра ұстаған ***сылқымдау*** бозбалалар (Жансүгіров).

СЫЛҚЫМДЫҚ *Кербездік, сәнқойлық, мырзалық.*

СЫЛҚЫТ *Қомағайлана қылқыту, сылқ-сылқ жұту.* Қария қымызды ***сылқытып*** алды (Соқпақбаев).

СЫЛП: сылп еткізді — *таңқалып ауыздарын шылп еткізді, сылпылдаған ұн шығарды.*

СЫЛП-СЫЛП *Шалп-шалп, салп-салп, шылп-шылп.* Жаңбыр ***сылп-сылп*** етеді (Сейфуллин).

СЫЛПЫЛ *Сылп-сылп еткен дыбыс.* Жаңбырдың бір сарын ***сылпылы*** әбден мезі қылды (Ө. Қанахин).

СЫЛПЫЛДА *Шылп-шылп ету, сылп-сылп ету.* Аяқ асты ***сылпылдап*** жатыр (Мұратбеков).

СЫЛПЫЛДАҚ *Қар еріген лайсаң кез. Сылпылдақ* көктем кезі (Н. Ғабдуллин).

СЫЛПЫҢ *Ілбіген, ыбылжыған, баяу, босаң.* Осы ***сылпыңмен*** бес-алты шақырым жер жүрдік (С. Мұқанов).

СЫЛТ: сылт етті — *кілт етті, қылт етті.*

СЫЛТАУ *Бір нәрсенің орындалуына, істелуіне негіз болатын себеп, уәж, дәлел.* Елге оралуға ***сылтау*** таба алмады (Ж. Молдағалиев). ◊ **Сылтау етті [қылды]** — *не болса соны желеу етті.*

СЫЛТАУРАТ *Бір нәрсені уәж, желеу ету, сылтау ету.*

СЫЛТАУШЫЛ *Жоқтан өзгені сылтау еткіш, себеп тапқыш.*

СЫЛТЫ *Аяғын шекіп басу, ақсаңдау.*

СЫЛТЫҚ *Аяғы сәл ақсақ.* Бір жақ аяғының ***сылтығы*** бар офицер көрінді (Дәулетбаев).

СЫЛТЫҚТА *Ақсаңдау, шойнаңдау, ақсау.*

СЫЛТЫМА *Сәл ақсап басатын кемістік.*

СЫЛЫ 1. *Сыдыру, сыпыру, етті сүйегінен ажырату.* Қой сойғанда төс етін бөлек ***сылып*** алады (Қасиманов). 2. *Денедегі өскен артық етті кесіп алып тастау.* Сырқаттың жарасын пышақпен ***сылып*** тастау керек (Ғ. Мұстафин) 3. *Ауыс. Түптамырымен құрту, жою.* Өмірдегі түрлі қайшылықтарды ***сылып*** тастап арылу керек (Ф. Оразаев).

СЫЛЫМ: сылым еті жоқ — *тым арық, қатпа.*

СЫЛЫН 1. *ыр. етіс. Сыл-ын.* 2. *Етпен арылып қатты жүдеу.* Нұргүл аз күннің ішінде ***сылынып*** қалыпты (Алдабергенов)

СЫЛЫҢҒЫР *Ашаң жүзді, жұқа, жүдеу.* Жылы жүзді ***сылыңғыр*** әйел келді (Н. Серәлиев).

СЫМ I *Радио, телефон-телеграф байланысы мен жарық беру үшін, электр тогын өткізетін, қымбат металдан жасалған желі, сым темір.* Телефон ***сымы*** өрмек жібіндей созылған (Момышұлы). ◊ **Сымға тартқандай** — *тіп-тік, тұп-тұзу.* **Сымға тартқан күмістей** — *тал бойында міні жоқ сұлу.*

СЫМ II *Шегені сыптығырлау үшін, күмісті созу үшін қолданылатын бірнеше тесігі бар темір қалып.*

СЫМАҚ *Ұқсас, тәріздес, іспеттес.* Біреуі шешен ~.

СЫМБАЛ *Үлкен ғып қатты буылған тең бума.* Қуандықта үш ***сымбал*** бұл ұрлаттым (Айтыс).

СЫМБАЛДА I *Мығымдап байлау, теңдеу.* Қарт белін ***сымбалдап*** буып алыпты (Ж.Молдағалиев).

СЫМБАЛДА II *Әдемілеу, сәндеу.* Күмбездің ішкі бетін жұлдызды аспандай ***сымбалдайды*** (Х. Әбішұлы).

СЫМБАТ *Сырт көрініс, мүсін, тұлға.*

СЫМБАТТА *Көркемдеу, мәнерлеу, сәндеу.*

СЫМБАТТАН 1. *өзд. етіс. Сымбатта-н.* 2. *Құлпыру, сұлулану, ажарлану, көріктену.* Сұлушаш күн санап ***сымбаттанып*** келеді (Нұрмағамбетов).

СЫМБАТТАС *Көрік кескіні ұқсас, түстес.* Күнменен ***сымбаттас,*** Күміс көл Бурабай (Ж. Молдағалиев).

СЫМБАТТЫ *Кескінді, көрікті, ажарлы.*

СЫМБАТТЫЛАУ *Көріктілеу, сәнділеу.*

СЫМБАТТЫЛЫҚ *Келбеттілік, әрлілік, көркемдік.*

СЫМБАТТЫРАҚ *Көркемдірек, әдемірек.* Жас қала ***сымбаттырақ*** көрінді (Мәуленов).

СЫМБАТШЫ *Тас қашау шебері, мүсінші.*

СЫМБЫЛБАЙ *қарап. Дәнеме, ештеме, еш нәрсе.* Сыпайылап айтқанда ***сымбылбай*** да жоқ (Гумеров).

СЫМБЫРЛА *Сылдырлау, сыңғырлау, күмбірлеу.* Айналадағы қарағай ***сымбырлап*** сыр шертеді (Мәуленов).

СЫМДАЙ 1. *Сымға ұқсаған, сым тәрізді.* ~ орады (созды). 2. *Ауыс. Түп-түзу, тіп-тік.* ~ түзу көше. ◊ **Сымдай майысты** — *мың бұралды.* **Сымдай тартылған** — *оқтай түзу.*

СЫМП: сымп етті [сымп берді] — *сып етті, жып берді.*

СЫМПИ *Бір нәрседен құр алақан қалу, жұрдай болу.*

СЫМПЫЛ *Сыбдырлап, сусылдап шығатын ұн, дыбыс.* Қаз қаңқыл, үйрек ***сымпыл***, аққу сыңқыл (Үш ғасыр).

СЫМПЫЛДА 1. *Сусылдау, суылдау, судырау.* Іргеден үйрек ***сымпылдайды*** (Бөкеев). 2. *Ауыс. Сампылдау, зуылдау, сумаңдау.* Автобустан ***сымпылдаған*** қыздар түсіп жатыр (Тоғысбаев).

СЫМПЫЛДАҚ 1. *Сусылдақ, суылдақ.* ***Сымпылдақ*** шүрегей үйрек мойынынды бұрғаныңша ұзап кетеді (Тілеуханов) 2. *Ауыс. Сумаң-сумаң еткен, жыпылдап сөйлегіш.* ***Сымпылдақ*** қатын жүгіре басып жетіп келді (З. Ақышев).

СЫМПЫҢ: сымпың қақты [етті] — *сусылдады, сумаңдады.*

СЫМПЫҢДА *Сымпың-сымпың ету, сумаңдау.*

СЫМПЫС *Шаруаға қыры жоқ, берекесіз, сұйық адам.* Өмірде нендей бір сұрқия ***сымпыстар*** жоқ (Тоқтаров). □ **Сымпыс құйрықты [қылыш құйрықты] биe** — *құйрық қылшығы селдір, сұйқылтым.*

СЫМПЫСТАН *Азаю, селдіреу, сиреу.*

СЫМПЫСТАУ *Қысқалау, аласалау, келтелеу.* Есік ашылып ***сымпыстау*** жігіт кірді (Ж.Молдағалиев).

СЫМЫРЛАР *Жеміс ағаштары мен жидек бұталарына түсетін зиянкес жәндіктер.*

СЫН I 1. *Белгілі бір істі орындауға байланысты байқау, сынау, тексеріс.* 2. *Жұмыстың жақсы, жаманын талдап, екшеп айтылатын пікір.* Газетте ***сынның*** ұшығы тиген біреулер редакцияға келеді (Сатыбалдиев). 3. *Жағымсыз қылық үшін тағылатын айып, кінә, мін.* Сенің осы қылығыңа қояр ***сыным*** көп (Ғ. Омаров). □ **Сын мақала** — *белгілі бір шығарманың жетістігі мен кемістігін көрсеткен мақала.* ◊ **Сынға алды** —*сынады, мінеді, айып тақты.* **Сын көзбен қарады** — *жан-жақты, терең ойлы.* **Сын сағатта** — *қысылтаяң кезде, шешуші күн туғанда.* **Сынға салды** — *талқыға түсірді, сынаққа түсті.*

СЫН II *Табиғи бітім, сән, қалып.* Сырлы аяқтың сыры кетсе де, ***сыны*** кетпейді (Мақал). □ **Сын есім (грамм.)** — *заттың түр-түсін, сапасын білдіретін сөз табы.* ◊ **Сыны кетті [қашты]** — *сәні кетті, сиқы бұзылды.*

СЫН III 1. *Қирау, бүліну, жарылу.* 2. *Ауыс. Иілу, мою, қайысу, басылу.* Нағжанның тентектігі басылып, мінезі ***сынған***. 3. *Ауыс. Ауа райының ызғары қайту, саябырлау.* Күн сәл ***сынса***, жолға шығар едік (Серәлиев).

СЫНА I *Ұшын сүйірлеу етіп, ағаш, тас жарғанда сызатқа қағатын қысқа ағаш не темір.* Ағашына қарай ***сынасы*** (Мақалнама). □ **Сына жазу** — *ертедегі парсылар және кейбір халықтар қолданған сына тәрізді сызықша жазу.* ◊ **Сына болды** — *екі ортаға жік салды.* **Сынасын тапты** — *қиюын тапты, ретін келтірді.*

СЫНА II 1. *Кемшілікті көрсетіп мінеу, сын айту.* Кестені қол тігеді, көз ***сынайды*** (Мақал). 2. *Мінез-құлықты, іс-әрекеттің сыңайын байқау, тексеру, аңғару.* Қонақ аз отырып, көп ***сынайды*** (Мақал).

СЫНА III *Былғарыдан жасалған шыны ыдыстарға арналған қап, уыққап тәріздес етіп пішіледі.* "Былғары ***сына*** піштіріп, шыныаяқпен іштірген..." ("Бес ғасыр жырлайды").

СЫНАҒЫШ 1. *Сынға алғыш, мінегіш.* Ол өсе келе өзгені ***сынағыш*** болды (Қазыбеков). 2. *Бір нәрсені байқағыш, аңғарғыш, абайлағыш.* Әкесіндей бұл-дағы, Абайлағыш, ***сынағыш*** (С. Мұқанов).

СЫНАДАЙ *Сына тәрізді, сына сияқты.* ◊ **Сынадай қыстырылды** — *кірісті, килікті, соқтықты.* **Сынадай сығылысты** — *тар жерде иін тіресті, қыстырылысты.*

СЫНАҚ 1. *Сын, тексеріс.* Жасынан ол да талай ***сынақ*** көрген (Н. Хасенов) 2. *Меңгерген білімді тексеретін емтихан.* ***Сынақтан*** сүрінбей өтіп, институтқа қабылдандым ("Қазақст. әйелдері"). ◊ **Сынақ жүргізді** — а) *емтихан алды;* ә) *тәжірибеден өткізді, байқау жүргізді.*

СЫНАҚСЫЗ *Байқаудан, сыннан өткізбей.*

СЫНАҚТА *Сыннан өткізу, тексеру, сынау.*

СЫНАҚША *Студенттердің емтиханда алған бағасы көрсетілетін құжат.* Декан студентке студенттік билет пен ***сынақшаны*** тапсырып түр ("Лен. жас").

СЫНАҚШЫ *Сынақ, емтихан алушы.* ***Сынақшылар*** билеттерді реттеп жатыр ("Лен. жас").

СЫНАЛА 1. *Ағаш не қатты заттың сызатына сына қағу, сына ұру.* Қайыркен қайланың істік ұшын тас сызаттарына ***сыналап*** ұрады (Еділбаев). 2. *Ауыс. Ынғайлы жер тауып сұғыну, жайлап қыстырылу.* Ол көп арасынан ***сыналай*** өтті (Жағанова).

СЫНАЛАС *Қалың көпір боп сығылысу, топырлау.* Бұл арада киіздей тұтып, ***сыналасып*** жатқан жау әскері (Ө. Нұрпейісов).

СЫНАЛАСТЫР *Жігін білдірмей жымдастыру, сіңістіру, кіріктіру.* Бұл жерде ***сыналастыра*** ұйқастыру қиын шаруа емес (Р. Нұрғалиев).

СЫНАМА *Жаңадан жасалған заттың жарамдылығын тексеретін әдіс.*

СЫНАМПАЗ *Сын айтқыш, сынағыш, мінегіш.* ~ кісі (қыз).

СЫНАП *Күмістей жылтыраған, ақшыл түсті сұйық металл, химиялық элемент.*

СЫНАП-МІНЕ *Кекету-мұқату, кінәлау, айыптау.*

СЫНАПТАЙ *Сынаптай таза, мөлдір.* ***Сынаптай*** тұнық, күркіреген тау өзені (Б. Соқпақбаев). ◊ **Сынаптай бұзылды** — *тез айныды, қылт ете қалды.*

СЫНАПТЫ *Сынап салынған, сынабы бар.*

СЫНАУСЫЗ *Сынға ілінбей, сыннан өтпей.*

СЫНАУШЫ I *Біреуді мінеуші, сынға алушы адам.* Жұмыс жөнінен ***сынаушылар*** табылады (Тоғысбаев).

СЫНАУШЫ II *Белгілі бір техниканы тексеруден өткізетін маман қызметкер.* Бұның авторлары самолет ***сынаушылар*** тобы екені белгілі ("Білім және еңбек").

СЫНАША *Сына сияқтанып, сынадай боп.* ◊ **Сынаша қадалды** — *жабысты, айрылмады.* **Сынаша сығылысты** — *ию тіресті, қысылып-қымтырылды.*

СЫНҒЫШ *Қирауға бейім; күйрегіш, опырылғыш.* Діңгене ауруымен ауырған баланың сүйегі нәзік ***сынғыш*** болады (Дарқанбаев).

СЫНДА *Сәндеу, әдемілеу, сомдау.* Сыпайы ***сындап*** қана мен айтайын (Айтыс).

СЫНДАР *Тіп-тік, бойшаң, сұңғақ.* Құба талдай майысқан ***сындар*** бозбала күлімдеп тұр еді (Сыланов).

СЫНДАРЛА *Бағдарлау, қадағалау, тәптіштеу.* Ыбырай Сұлтанмахмұтқа ***сындарлап*** қарап қойды (Д. Әбілев).

СЫНДАРЛЫ I 1. *Ұзын бойлы, сұңғақ келген, сымбатты.* Бұл қаланың ағаштары да ***сындарлы*** сұлу көрінді (Мәуленов). 2. *Әдепті, сыпайы.* 3. *Ауыс. Сабырлы, салиқалы, парасатты.* Жазушылар ***сындарлы*** да терең гуманистік ұсыныстарды қызу қолдады ("Қаз. әдеб.").

СЫНДАРЛЫ II *Қысылтаяң, қиын, шешуші.* Көктем — қыруар істің басын құрайтын ***сындарлы*** шақ (Бағаев).

СЫНДАРЛЫЛЫҚ *Парасаттылық, сабырлылық.*

СЫНДАС *Сияқты, тәрізді, ұқсас.*

СЫНДЫ I *Сияқты, секілді, тәрізді.*

СЫНДЫ II *Сындарлы, сынамалы, қысылшаң.*

СЫНДЫР 1. *өзг. етіс. Сындыр.* 2. *Үзу, бөлу.* Ол нанды қолымен ***сындырып*** дастархан үстіне тастады (Тоқмырзин).

СЫН-ЕСКЕРТПЕ *Кемшілікті сынаған пікір.*

СЫН-СИПАТ *Бір заттың өзіне тән сапасы, қасиеті.*

СЫН-СЫҚАҚ *әдеб. Адам өміріндегі, қоғамдық құбылыстағы жағымсыз іс-әрекеттерді әжуалап, мысқылдап сынайтын әдеби шығарма.*

СЫН-СЫМБАТ *Көрік-келбет, бет-ажар.*

СЫНТАС *көне. Ерте кездердегі адамдардың тастан қашалған мүсіні, сымбат, балбал.*

СЫНШЫ 1. *Жақсы-жаманын айырып сын айта алатын, мінін көргіш мінші.* Ата балаға ***сыншы*** деген бар (Кәрменов). 2. *Жазушы шығармасына талдап баға беретін, әдеби сынмен шұғылданушы маман.*

СЫНШЫЛ 1. *Біткен істі немесе біреуді мінегіш, сынағыш.* 2. *Әдеби шығармаларды талдап, пікір айтқыш.*

СЫНШЫЛДЫҚ 1. *Сын көзбен қараушылық, сынағыштық.* 2. *Көркем шығармаға пікір айтушылық, сыни көзқарас.*

СЫНЫҚ I 1. *Адамның, малдың сүйегінің сынған, қираған, мертіккен жері.* 2. *Бір нәрсенің қираған, жарылған, бөлшектенген бөлігі.* Кірпіш -ғы, металл -ы. ◊ **Сыныққа сылтау іздеді [тапты]** — *не болса соны желеу етті.* **Сынықтан басқаның бәрі жұғады** — *адам не нәрсеге болса да бейімделеді.*

СЫНЫҚ II 1. *Быт-шыт боп сынған, күйреген, қираған. Сынық* айнаның алдында тұрмын (Ерғалиев). 2. *Ауыс. Көңілі жабырқаңқы, жүзі солғын, жүдеу.* Оның сыртқы ажары ***сынық*** (Ғ. Мүсірепов). 3. *Ауыс. Мінезі жатық, сыпайы, әдепті.* Ханымқұл өзінің ***сынық*** мінезіне салды (Таң нұры). □ **Сынық ине, тұтам жіп** — *үйдің керек-жарағы, үй мүлкі.* **Сынық мүйіз** — *тік бұрыш жасалмай ылғи дөңгелене иірілген ою түрі.* **Сынық сүйем** — *бармақ пен сұқ қолдың буыны бүгіліп барып белгіленетін өлшем.*

СЫНЫҚСЫ *Сыпайы болғансу, мүләйімсу. Сынықсы* күліп, шығып кетті (Жұмаділов).

СЫНЫҚТАУ 1. *Жүзі жүдеулеу, жабырқаңқылау.* Баяғы еркелік жоқ, ***сынықтау*** (Төшенов) 2. *Бәсеңдеу, төмендеу.* Кеше ғана күн ***сынықтау*** еді (Ысқақов).

СЫНЫҚТЫҚ 1. *Мінез құлыққа тән сыпайылық, биязылық.* Сыпайылық, ***сынықтық,*** шапағаттылықты жақсы көрмейтін пенде жоқ (Қазыбеков) 2. *Ауыс. Көңіл-күйі келіспеушілік, жабырқаңқылық.* Апасының түсі ***сынықтығын*** інісі байқады (Т. Әлімқұлов).

СЫНЫҚШЫ *Мертіккен адамның сынған, шыққан жерлерін орнына салушы адам; оташы.*

СЫНЫҚШЫЛЫҚ *Сынық салумен шұғылданушылық, оташылық.*

СЫНЫП *Белгілі бір оқу жылындағы оқушылар тобы; класс.* Үлгілі ***сыныптарға*** байрақ (жалау) тапсырылады (Ұлан)

СЫҢАЙ *Бір нәрсенің ыңғайы, кейпі, түрі.* Олардың -ын байқады. ◊ **Сыңай берді [танытты, көрсетті, байқатты]** — *ыңғай білдірді, белгі етті.*

СЫҢАЙЛАС 1. *Бір нәрсеге ұқсас, сол тәріздес.* Тіл ұшына жаңағы ***сыңайлас*** сұрақтар келе береді (Б. Мұқаев). 2. *Қатарлас, теңдес. Сыңайласым,* жөнінді айта отыр (Ғ. Мүсірепов).

СЫҢАЙЛЫ 1. *Тәрізді, сияқты.* Олар әлі ұйқыда жатқан ***сыңайлы*** ("Қаз. әдеб"). 2. *Ыңғайлы, бейім.* Мақалада тәртіп бұзуға ***сыңайлы*** жеткіншектерге тоқталған ("Қазақст. мект.").

СЫҢАР 1. *Егіздің серігі, екеудің бірі; жалғыз.* 2. *Бір заттың теңі, қатары.* Іздеп табар ***сыңарын*** қырандар да (Оңғарсынова). ◊ **Сыңар езу (жақ)** — *қырсық-қыңыр, кертартпа, бірбеткей.*

СЫҢАРЛАС *Қатарлас, теңдес, серіктес.* Қасқырда ***сыңарласына*** қас қылмайды (Тілегенов).

СЫҢҒЫР 1. *Сымбырлап, сылдырлап шыққан ұн, дыбыс.* Ордендер мен медальдар ***сыңғыры*** естілді (Қ. Омаров). 2. *Сыңғырлаған сылқ-сылқ еткен.* - етіп күлді (дауыс).

СЫҢҒЫРЛА 1. *Сылдырлау, шылдырлау.* Стақандар ***сыңғырлаған*** сайын менің атым аталады (Сатаев). 2. *Сылқылдау, сыңғыр қағу, сыңқ-сыңқ ету. Сыңғырлаған* күміс үн құлақты қытықтайды (Ахтанов).

СЫҢҒЫРЛАҚ 1. *Сылдыр-сылдыр еткен, күңгірлеген.* Қоңыраудай ***сыңғырлақ,*** Құлыншақ даусы тым сұлу (Д. Әбілев). 2. *Сыңғырлаған, сыңқылдаған, ашық.* Даусы ашық, ***сыңғырлақ*** көрінеді (Қонарбаев).

СЫҢҒЫРЛЫ *Сыңғыры мол, сыңқыл қаққан. Сыңғырлы* күлкіге толтырды ("Білім және еңбек").

СЫҢҒЫР-СЫҢҒЫР: сыңғыр-сыңғыр етті (қақты) — *сыңғырлады, шылдырлады.*

СЫҢҒЫТ *Қылқылдата жұту, сіміру.* Олар шарапты әжептәуір ***сыңғытты*** (Рахманбердиев).

СЫҢҚ: сыңқ етті (сыңқ етіп күлді) — *назды күлкімен сыңғыр ете күлді.*

СЫҢҚЫЛ *Сылдыраған әсем де майда ұн, дыбыс.* Аққудың арман ***сыңқылын,*** Деуші едім қайдан іздесем (Күзембаев). ◊ **Сыңқыл қақты** —*сылдырады, сыңқылдады.*

СЫҢҚЫЛДА 1. *Әзілдеп сылқылдап, сылқ-сылқ күлу.* Биғайша даусын шығара ***сыңқылдай*** күлді (Нұрмағамбетов). 2. *Сылдыр қағу, сылдырау (су).* Ерке бұйра бұлақ жатыр аунап, суйкімді жас үнімен ***сыңқылдаған*** (Аманжолов). 3. *Қиқу салу, қиқулау (құс).* Су сабалап, аққудың ***сыңқылдаған*** үні естіледі (Жақыпбайұлы).

СЫҢҚЫЛДАҚ *Құлаққа жағымды, әдемі үнмен қиқулағыш, сыңқылдаған ұн шығаргыш.* Көлдерде ***сыңқылдақ*** аққудың түрлері тіршілік етеді ("Қазақст. әйелдері").

СЫҢСУ *көне. Ұзатылған қыздың ел-жұртымен қоштасардағы айтатын жыры; тұрмыс-салт дәстүрлерінің бірі.* Қыздар аттанар мезгілі жеткен шақта ***сыңсу*** айтылады (Мағауин).

СЫҢСЫ I 1. *Өлген адамды жоқтап, дауыс айтып жылау.* Кәкеш жаназаға киімдер дайындап, аузын басып ***сыңсиды*** (Адамбеков). 2. *Әдемі сызылған, жіңішке дауыспен ән салу.* Ұзамай ***сыңсыған*** дауыс қайта көтерілді (Майлин).

СЫҢСЫ II *Самсау, қаптау, быжынау.* Арал — ну қамыс, ***сыңсыған*** жыңғыл, сексеуіл (Тоғызбаев). □ **Сыңсыған қол** — *самсаған қалың әскер.*

СЫП: сып берді [етті] — *көзді ашып-жұмғанша жып етті, зып берді.*

СЫПА I *тар. Өз ісімен көпке үлгі болған, мінезді, парасатты ел ағасы.* Олар бір ел иесі ***сыпа*** болса, Қалайша ұрыменен болады тең (Айтыс).

СЫПА II *Ағаштан биіктетіліп жасалған нар, сәкі.* Ағаштан жасалған ***сыпа*** үстінде топшылар отыр (Қыдыров).

СЫПАЙ *көне. Жауынгер, әскери шендегі қызметкер.* Сырт бейнесі Дешті қыпшақ сыпайларына ұқсайды (Есенберлин).

СЫПАЙЫ 1. *Әдепті, инабатты, биязы.* Қаламгерлер сапына қосылатын кісі халық алдында ***сыпайы*** болуы қажет (М. Өлімбаев). 2. *Жұпыны, қарапайым.* Келіншек ***сыпайы*** ғана киінген ("Қаз. әдеб.").

СЫПАЙЫГЕРШІЛІК 1. *Әдептілік, биязылық.* Балаларды еңбекке, ***сыпайыгершілікке*** ерте баулу керек ("Мәдениет және тұрмыс"). 2. *Қарапайымдылық, кішіпейілділік.* Жігіт жүзінен ***сыпайыгершілікті,*** сабырлылықты аңғардым (Нәбиев).

СЫПАЙЫЛА 1. *Ізет жасау, әдептілік көрсету.* Келіншек ***сыпайылап*** сызыла тіл қатты (Мәуленов). 2. *Жарасымды қарапайымдау ету, жұпынылау.* Киімдері ***сыпайылап*** тіккен ақ костюмдер ("Білім және еңбек"). 3. *Бір нәрсе жайында жайлап айту, жұқалап жеткізу.* Ойынға бара алмайтынын ***сыпайылап*** айтып еді (К. Ахметбеков).

СЫПАЙЫЛАУ *Әдептілеу, кішіпейілділеу.*

СЫПАЙЫЛЫҚ 1. *Ізеттілік, инабаттылық, әдептілік.* 2. *Айла шарғы қулығы жоқ қарапайымдылық.* Сен ***сыпайылықты*** қой да, кеме капитаны өзің бол (Ғаббасов).

СЫПША *Лайға жылқының құйрық-жалын қосып, тастан өрген көп заманға шыдайтын шағын күмбез.* Аралбай батыр ***сыпашасының*** есігін күншығысқа қаратыпты (Ж. Тұрлыбаев).

СЫП-СИДА *Тіп-тік, ұп-ұзын, сидиған.* Асан ***сып-сида*** болып өсіп кеткен ("Спорт").

СЫП-СИДАМ *Сорайған, сидиған.* Әр жерде ***сып-сидам*** талдар қылтияды (Қ. Нұрғалиев).

СЫП-СЫЛДЫР 1. *Мұлде сұйық, сылдыр су.* Берген тағамы ***сып-сылдыр*** бірдеме ("Лен. жас"). 2. *Тұйіні жоқ, татымсыз, сұйық.* Айбастың бюрода сөйлеген сөзі ***сып-сылдыр*** болып шықты (Қойшыманов).

СЫП-СЫМБАЛ *Әдемі, көркем.* Алмабек басаяғы ***сып-сымбал*** сұңғақ бойлы (С. Омаров).

СЫПСЫҢ 1. *Өтірік өсек-аяң, сыбыс.* Бұл ***сыпсың*** сөз дереу құлаққа шалынды (Ниязбеков). 2. *Жаратылған, тартқан сымдай, саптағай, жүрдек (адам, жылқы).* Ол мама ағашқа байланған ***сыпсың*** торының қасына келді ("Мәдениет және тұрмыс").

СЫПСЫҢ: сыпсың етті (қақты) — *сумаң етті, сымпың қақты.*

СЫПСЫҢДА *Сумаң қағу, сүйреңдеу, сып-сып ету.*

СЫПСЫҢ-СЫПСЫҢ *Күңкіл-сүңкіл, сыбыр-сыбыс.* ~ сөз (әңгіме).

СЫП-СЫП: сып-сып етті — *сыпылдады, сусылдады.*

СЫП-СЫПАЙЫ 1. *Бып-биязы, мап-майда.* Ол ***сып-сыпайы*** сәлем берді (Ж. Молдағалиев). 2. *Әп-әдемі, тап-таза.* ~ киінген жігіт.

СЫПТА *Түп-түзу етіп жону, шабу.* Бос отырғанша бөренелерді ***сыптай*** бер (Қ. Ысқақов).

СЫПТАЙ *Тартылған сымдай тұп-тұзу, оқтай.* ***Сыптай*** биік жігіт келді (Райымқұлов). ◊ **Сыптай киінді** — *сәнді, жинақы киінді.* **Сыптай қылды** — *тап-түйнақтай етті, жөндеді.*

СЫПТАН *Сыптай бөлу, жинақылану, ықшамдалу.*

СЫПТЫҒЫР 1. *Арық, жұқалау, талдырмаш.* Жүзбаев ***сыптығыр*** ашаң денесін тіктеп, ширығып алған ("Қаз. әдеб"). 2. *Ауыс. Ықшам, оңтайлы, ыңғайлы. Сыптығыр* бала жігіттер велосипедпен құсша зымырайды (Кекілбаев).

СЫПТЫҒЫРДАЙ *Ысылған, ширақ, ықшамды.*

СЫПТЫҒЫРЛА *Жіңішкелеп бұтау, сидамдау.* Ағашты ~п бұтады.

СЫПЫЛДА 1. *Жыпылдап тез сөйлеу, сып-сып ету.* Сара ***сыпылдап*** сөйлеп жүр (Зәкенов). 2. *Жылмаң қағу, сумаңдау.* Шыны-аяғын сылдыратпай ***сыпылдап*** жүр (Тұрманжанов).

СЫПЫЛДАҚ *Сып-сып етіп өсек айтқыш, өсекшіл.* Кешегі ***сыпылдақ*** тағы келді (Шүкіров).

СЫПЫР I 1. *Үй-іші, қора-қопсыны қоқыр-соқырдан тазарту, жинау.* ***Сыпырамын*** үй ішін, жуам аяқ-табақты (Мырзалиев). 2. *Түгін қалдырмау, жинап алу.* Үміт келсе, ол үйдегіні түгел ***сыпырып*** алып жатыр екен (Тілегенов). 3. *Жұлып алу, шешіп тастау.* Ол отыра қалып, сынар етігін ***сыпырып*** алды ("Қаз. әдеб"). 4. *Алып тастау, сыдыру.* Ол аюдың терісін ***сыпырып*** алды (Сауытбеков). ◊ **Сыпырып алды (кетті, әкетті)** — а) *күштеп тартып әкетті; ә) еш нәрсені қалдырмады, сыпырып-сиырды.*

СЫПЫР II *Топалаң, қарасан. Сиырда болатын індет.* Сиырды қарғағанда қазақ "ай ***сыпыр*** келгір!" дейтіні сондықтан.

СЫПЫРА I *Қамыр илейтін жұқа жарғақ тері.* Ол ***сыпырада*** қамырды жаймалай бастады (Құмарова).

СЫПЫРА II 1. *Тұтас, бастан-аяқ, бүтін.* Жақсылық қылсаң — ***сыпыра*** қыл (Мақал). 2. *Сый, құрмет.* ◊ **Сыпыра соқты (жалмады)** — *тұқ қалдырмай жеді.*

СЫПЫРҒЫШ *Қора-қопсы, үй-ішін, көшені сыпыру үшін өсімдіктен не ағаш бұталарынан буып жасаған сыпыртқы.*

СЫПЫРҒЫШТА *Шаң-тозаңнан тазарту, сыпыру.* Үйді **-й** береді, **-п** жүр.

СЫПЫРМА *Сусыма, сырғыма.* Жалпақ ***сыпырма*** тастардан түсу сондай қиын (Бегалин).

СЫПЫРТ 1. ***өзд. етіс.*** *Сыпыр-т.* 2. *Зулату, зымырату, жүйткіту.* Диктор дайын текстi сырғытып, ***сыпыртып*** шығумен шектелуге тиіс емес ("Қаз. әдеб."). 3. *Түгін қоймай сыбау, боқтау.* Мен жеті атасынан бастап ***сыпыртқаннан*** басқа еш лажым жоқ (Ахметшин).

СЫПЫРУЛЫ *Тазаланып сыпырылған.* Көшелер **~.**

СЫПЫРУШЫ *Көшені, ауланы сыпыратын адам.*

СЫПЫРЫЛ 1. ***ыр. етіс.*** *Сыпыр-ыл.* 2. *Сылыну, сыпырылу, айрылу.* Ағаштардың жапырақтары ***сыпырылып*** қалыпты (Келімбетов).

СЫПЫРЫНДЫ *Тазалағанда, сыпырғанда жиылған қоқсық, қоқыр-соқыр.*

СЫПЫРЫП-СИЫР 1. *Тұқ қалдырмай, жалап-жұқтау, жалмап-жұту.* Бұл тағамды ***сыпырып-сиырып*** тастадым (Сатаев). 2. *Бар-жоқты жинаптеру.* Колхоздар бар астығын ***сыпырып-сиырып*** мемлекетке өткізді (М. Хасенов).

СЫР I 1. *Әркімнің өзіне тән, өзгеге белгісіз құпия ойы.* 2. *Істің мән-жайы, жай-жапсары.* Бұл үйді сағалап келуінде бір ***сыры*** бар (Шүкіров). ◊ **Сыр алдырды** — *сырын ашып қойды, құпиясын білдіріп алды.* **Сыр ашты (шашты, шертті)** — *көңілдегі сырын ақтарды.* **Сыр бермеді (білдірмеді)** — *жақ ашпады, білдірмеді.* **Сыр бүкті** — *ішкі құпиясын жасырды, сыр ашпады.* **Сырға берік** — *сырын сыртқа шығармайтын.* **Сыр тартты** — *ішкі құпиясын білді, сыңайын байқады.* **Сыры ашылды** — *жасырын пікірі, ойы әшкереленді.* **Сырына қаныҚ** — *істің мән-жайынан хабардар.*

СЫР II *Ерекше әдіспен ашыған сүттен қатылау етіп жасаған сүт тағамы.* Сиыр сүті ***сыр*** өндіруде аса бағалы шикізат ("Қымыз").

СЫР III *Бір затқа ерекше түс, рең беру үшін пайдаланылатын сұйық зат; бояу.* Дүкеннен еденнің ***сырын*** сатып әкелдім ("Қаз.әдеб"). ◊ **Сыры кетті** — *сыры түсті, ескірді.*

СЫРА *Сәл қыздыратын күші бар, астық дәнінен ашытатын шөл қандыратын сусын.*

СЫРАЛҒЫ *Үйреншікті, дағдылы, сыр мінез.* ***Сыралғы*** дос-жарандарын сағынды (Боқаев).

СЫРАЛҚЫ ***көне.*** *Аңшыдан, егіншіден, т. б. кәсіпшілерден алынатын олжа, сый, үлес.* Ерден сауға, мергеннен ***сыралқы*** (Мақал).

СЫРАХАНА *Сыра сататын орын, үй.*

СЫРАШЫ *Сыра жасаушы, сыра сатушы.*

СЫРБАЗ I *Баптап, былбырап піскен қозының жас еті.*

СЫРБАЗ II 1. *Адамгершілігі мол, байсалды, байыпты (адам).* ***Сырбаз*** жазушыдан творчестволық бұрқаныстар күтеміз ("Қаз. әдеб."). 2. *Кербез, паң, көркем.* Талай ***сырбаз*** келіншектер бар ғой (Ғ. Мұстафин).

СЫРБАЗДАН *Кербездену, сылқымдану, паңдану.*

СЫРБАЗДЫҚ *Кербездік, сылқымдық, паңдық.*

СЫРҒА 1. *Сәндік үшін әйелдердің құлағына тағатын қымбат металл мен асыл тастан жасалған зат.* Әйелдер ***сырғаларын*** да ауыстырыпты ("Мәдениет және тұрмыс"). 2. *Малдың құлағына бекітетін нөмірлі қаңылтыр.* Қозының оң құлағына нөмірлі ***сырға*** тағылды (Серікбаев).

СЫРҒА: сырғасы тайды — *бақайы шықты, мертікті.*

СЫРҒАҚ I *Қарсыз қара суықта жер бетін басқан тайғақ жылтыр көк тайғақ.* Қара ***сырғақ*** қарашамен сыз келді (Шаңғытбаев).

СЫРҒАҚ II *Табансыз, тұрақсыз.* ***Сырғақ*** келе—тін мінез, әсіресе, жастарда басымырақ (Бәйшешек). ◊ **Сырғақ жүрді** — *қашқақтады, жоламады.*

СЫРҒАҚСЫ *Сырттап қашқақтау, шеттеу.* Роза ***сырғақсып,*** тысқа шығып кетті (Н. Ғабдуллин).

СЫРҒАҚТА 1. *Сырттап қашқалақтау, шеттеп жүру.* Ол соңғы кезде ***сырғақтап*** қоныс таппай кетті (Досымов). 2. *Жылжытпалау, әнеміне деп созу.* Жәуке қызының ұзатылуын тездету жағына келгенде ***сырғақтай*** берді (С. Омаров).

СЫРҒАЛА I *Алыстан тору, төңіректеп сағалау.* Түлкі жортпай ***сырғалайды*** үреймен (Ә. Сәрсенбаев).

СЫРҒАЛА II *Малдың құлағына сырға тағу, салу.* Өз қойын колхоз қойымен бірге ***сырғалап*** қосып жіберген (Мусин).

СЫРҒАЛАН *Сырға тағынған, сырға салынған.*

СЫРҒАЛЫ I *Жабайы жоңышқаның бір түрі.*

СЫРҒАЛЫ II *Сырға тақҚан, сырға салған.* **~** қыз.

СЫРҒАЛЫҚ *Құлақтың сырға өткізетін жұқа жері, қаумет.*

СЫРҒАНА 1. *Жоғарыдан ылдиға қарай сырғып түсу.* Екеуі жардан ***сырғанай*** түсті (Төрекұлов). 2. *Ауыс. Тез жылжу, зымырау.* Мезгіл шіркін ***сырғанайды*** сынаптай (Жұмағалиев). 3. *Ауыс. Тұрақтамау, байыздамау.* Дүние баяны жоқ ***сырғанаған*** (Үш ғасыр).

СЫРҒАНАҚ 1. *Коньки я шанамен сырғанайтын жер; мұз айдыны.* Қыс болса ***сырғанақты*** бірге тебеміз (Қонарбаев). 2. *Баянсыз, тұрлаусыз, тұрақсыз.* **~** тағдыр (тірлік).

СЫРҒАНАҚТА *Қайта-қайта тайғанақтау, тайғақтау.* Ол ***сырғанақтап*** азар дегенде шықты (Қараманұлы).

СЫРҒАУЫЛ *Жіңішкелеу келген ұзын ағаш; сырық.*

СЫРҒАУЫЛДАЙ *Сорайған, ұп-ұзын.*

СЫРҒЫ *Бір орында тұрмау, жылжу, ысырылу.* Балуан отырған биігінен төменге ***сырғып*** түсті (С. Мұқанов). ◊ **Сырғи жөнелді** — *зымырап кетті.*

СЫРҒЫМА *Желдің, боранның әсерінен сусыған құм, қар.* Әлсін-әлсін жел үйірген ***сырғыма*** шаң (Сатаев).

СЫРҒЫМАЛЫ *Жылжымалы, сусымалы.* Әбсаттар бөлмесінің ***сырғымалы*** терезесін шалқасынан ашып тастады (О. Сәрсенбаев). □ **Сырғымалы график** — *күнделікті өзгеріп отыратын график.* **Сырғымалы табан** — *ауыл шаруашылық машинасының бөлігі.*

СЫРҒЫТПА *Шығарып салма, жылжытпа (сөз).* Ол ***сырғытпа*** сылдыр сөзге бой алдырып бара жатыр (Ә. Нұрпейісов).

СЫРҒЫТПАЛА *Сырғытпаға салу, созбалау.* Ол өздігінен айтпай, ***сырғытпалап*** тұр (Алтайбаев).

СЫРҒЫШ *Астықты, қарды, тағы басқа сол тәрізділерді жылжытып, сырып жинайтын құрал.* Мосқал кісі ***сырғышпен*** көпене қарды шірене итеріп келеді (Мұстафин).

СЫРДАҚ *көне. Нар түйеге жүк арту үшін жасалған қом.*

СЫРДАҚ: сырдаққа салды — *қашқалақтады, сырт айналды.*

СЫРДАҚТА *Сырдаңдау, сырттау, қашқалақтау.* Ол ауылынан ***сырдақтап,*** көбіне бізде болады (Нәбиев).

СЫРДАҢ I *Сараң, қолы тар, қатты.* Түзде — мырзаң, Үйде — ***сырдаң,*** Сөзі қылжаң еркесіп (Абай). 2. *Жұтаң, тапшы, кедей.* Сиырлының үйі айран, сиырсыздың үйі ***сырдаң*** (Мақал).

СЫРДАҢ II *Сырғақ, сырдаң, қашқалақ.* Шал суық қарап, ***сырдаң*** қалыпта жүреді (Бөриев). ◊ **Сырдаң тартты** — *сырт айналды, қашқалақтады.*

СЫРДАҢДА *Сырғақтау, қашқалақтау.* Жігіт сыр бермей, ***сырдаңдайды*** (Юсупов).

СЫРДАҢДЫҚ I *Сараңдық, саяқтық, тұрлаусыздық. Жұтаңдық, тапшылық.* Ішінің ***сырдаңдығын*** бүркеуге тырысады (І. Омаров).

СЫРДАҢДЫҚ II *Сырғанақтаушылық, қашқалақтаушылық.*

СЫРДЕСТЕ *Сыр мінез, сырға берік, сыралғы. **Сырдесте*** құрдастар өзара күлісіп алды (Әдібаев).

СЫРИҒАН *Сидиған, ұзын.* Қыз күнінде аяқ-қолы ***сыриған*** ап-арық еді (Мұратбеков).

СЫРҚАТ *Ауру, науқас, кесел.*

СЫРҚАТТАН *Науқастану, ауыру, кеселге ұшырау.*

СЫРҚАТТАУ *Науқастау, дімкәстау.*

СЫРҚАТТЫ *Науқасты, аурулы, кеселі бар.* Төрт жасар бала ***сырқатты*** болып шықты (Мәуленов).

СЫРҚАТТЫҚ *Науқастылық, аурулық.*

СЫРҚЫНДЫ *Жырынды, тіс қаққан.* Көпті көрген ***сырқынды*** шалдар, төребилер отыр (Әбуталиев).

СЫРҚЫРА *Шаншып, қақсап ауру. **Сырқырап*** күллі сүйегі, Қозғалса, қазір сынардай (Т. Молдағалиев).

СЫРҚЫРАМА *Қақсап, шаншып, шағып ауыратын науқас.*

СЫРҚЫРАУЫҚ *Әлсін-әлсін сырқырай беретін, жиі қақсайтын.* Осы ~ тізем мазамды әбден алды.

СЫРЛА *Сырмен сырлау, бояу.*

СЫРЛАС I *Көңілі жақын, ниеттес, пікірлес.*

СЫРЛАС II *Сыр бөлісу, шүйіркелесу.*

СЫРЛЫ 1. *Боялған, сырланған.* 2. *Ауыс. Сырға толы, құпиясы мол.* Мәкеннің айтатыны Абайдың ***сырлы*** сезім жырлары (М. Әуезов).

СЫРМА I *Арасына жүн, мақта салып, немесе жай сырыған киім. **Сырма*** шапанының екі етегін қайырып алған (Тілегенов).

СЫРМА II *Қарлы борасын, бұрқақтан кейінгі лайсаң.* Боран бұрқағы басылып, ***сырма*** жүріп жатыр (А. Нұрманов).

СЫРМА III *Темірден, пластмассадан жасалып, түйме орнына киімге пайдаланатын бұйым; замок.* Үстіндегі киімдерінің біреуінде түйме не ***сырма*** (замок) көрінбейді (Ғ. Мұсабаев).

СЫРМАҚ *Түрлі-түсті киізден, матадан сырып, оюлап жасаған әшекейлі ұлттық үй жиһазы.*

СЫРМАҚША *Шағын сырмақ.*

СЫРМАҚШЫ *Сырмақ оюшы, сырмақ шебері.*

СЫРМАЛА *Сырып тігу.* Басында ***сырмалап*** тігілген шошаймасы бар (Нұршайықов).

СЫРМАЛЫ *Сырып тігілген, сырмаланған.* ~ көрпе (кеудеше, шапан).

СЫРНАЙ I *Ауызбен үрлеп ойнайтын, құрайдан, ағаштан жасалатын музыкалы аспап.*

СЫРНАЙ II *Ән-күй тартатын көп тілді музыкалық аспап, гармонь.* Көшеде ***сырнайды*** кергілеп, өлеңдетіп жүрген жастар бар (Ғ. Мүсірепов).

СЫРНАЙЛАТ *Сырнай тарту, гармоньға қосылу.*

СЫРНАЙЛЫ 1. *Сырнайы бар.* 2. *Ауыс. Үнді, сазды, қоңыраулы. **Сырнайлы*** сырлы үніммен.

СЫРНАЙШЫ *Сырнай ойнаушы, гармоншы.*

СЫРПЫЛ *Сырп-тырп еткен дыбыс.* Үйге жақындаған аяқ ***сырпылы*** естілді (Елубаев).

СЫРПЫЛДАТ *Аяқ киімді сүйрете басып, тырпылдай жүру.* Сүйретпесін ***сырпылдатып,*** кухняға бет алды (Аманшин).

СЫРПЫЛДАҚ *Сиырдың жаңа тастаған қоймалжың жапасы.* Бастама етік көрпілдек, сиыр жапасы ***сырпылдақ*** (Шал ақын).

СЫР-СИПАТ *Мән-жай, жай-жапсар.* Ол оның ***сыр-сипатына,*** құдіретіне түсіне қойды (Хангелдин).

СЫРСЫЗ I *Сыршылдығы жоқ, сыршыл емес.*

СЫРСЫЗ II *Бояуы жоқ, бояу жағылмаған, сырланбаған.*

СЫР-СЫМБАТ *Көрік, келбет, тұрпат.*

СЫР-СЫР: сыр-сыр етті — *сырылдаған дыбыс шығарды.*

СЫРТ *Бір нәрсенің ішіне қарама-қарсы жақ, тыс.* Үйдің ***сыртында*** анадай барып қарап тұрмын (Соқпақбаев). □ **Сырт дүние** — *қоршаған орта, айнала, төңірек.* **Сырт естуі** — *бөгде біреудің айтуы.* **Сырт киім** — *ішкі киімдердің сыртынан киілетін киім.* **Сырт хабар** — *біреу арқылы естілген хабар.* ◊ **Сырт адам (кісі)** — *бөгде кісі, бөтен кісі.* **Сырт айналды (берді)** — *теріс қарады, қашқалақтады.* **Сырт қалды** — *шеттеп қалды, еленбеді.* **Сырттан (сыртынан) тон пішті** — *аныгына көз жеткізбей құр долбарлады.* **Сырты бүтін, іші түтін** — *көңілі жарым, ішқұса.* **Сыртына шығармады** — *сыр бермей ішке бүкті, ішінен тынды.*

СЫРТ: сырт етті — *тырс етті.*

СЫРТАҚТА *Жоламау, қашқақтау, шеттеу.* Батырбек Есентайға өкпелеп, ***сыртақтап*** жоламайды (Жақсыбаев).

СЫРТБАҚАЙ *қарап. Адамға үйір емес, кісікиік.* Шүйіркелесуі аз, ***сыртбақай*** кісілерге тап болғандай (Иманбеков).

СЫРТБАҚАЙЛАН *Адамдардан оңашалану, оқшаулану.*

СЫРТҚАРЫ *Тысқары, шеткері.* Отан қорғаудан ешкім ***сыртқары*** қалмақ емес (Нұрқанов).

СЫРТҚАРЫЛАУ *Тысқарырақ, шеткерірек.* ~ түр (кетті).

СЫРТҚЫ *Сырт жақтағы; өзінен тыс, бөтен, бөгде. **Сыртқы*** жаудан елін қорғады (Тілеуханов).

СЫРТ-СЫРТ *Тырс-тырс, тысыр-тысыр.* Тамшы ***сырт-сырт*** тамып тұр (Ө. Асқаров).

СЫРТТА *Шеттеп қалу, алыстап кету.*

СЫРТТАЙ I *Біреудің айтуы бойынша, сырттан.* Ол туралы ***сырттай*** естігенім бар (Жақанов).

СЫРТТАЙ II *Өндірістен қол үзбей, өз бетімен (оқу).* Ол Алматы ауыл шаруашылығы институтында ***сырттай*** оқиды ("Қаз. әдеб".).

СЫРТТАН I 1. *Алғыр, күшті, қырағы әрі сақтығымен ерекшеленетін зор ит, қасқыр.* Ит асырасаң ***сырттаннан*** қой бермейді қорадан (Мақал). 2. *Ауыс. Күшті, мықты, қайратты, алғыр.* Бұл өзі жігіттің ***сырттаны*** (Сматаев).

СЫРТТАН II *бот. Құмда өсетін улы шөптесін өсімдік; переступень.*

СЫРТТАНДЫҚ *Күштілік, ірілік, мықтылық.* ***Сырттандық*** ірі қалпын ұстанып қабылдады (Д. Әбілев).

СЫРТТАНСЫ *экспр. Өзінше мықтымсыну, күштімсіну.* Несіп ***сырттансып*** отыр (Д. Әбілев).

СЫРТТЫҚ *Сырт киімдерді тыстауға жарайтын қалың мата.* Есімбектің үстінде ***сырттықпен*** тыстаған қара сеңсең ішігі бар (Шөкенов).

СЫРТЫЛ *Тықылдап, сыртылдап естілген дыбыс.*

СЫРТЫЛДА *Сырт-сырт ету, тырсылдау.*

СЫРТЫЛДАҚ *Сырт-сырт еткіш, тырсылдақ.* - машина, - буын.

СЫРУ *Арасын жиі етіп тігу.*

СЫРШЫ *Сыр жағушы, бояушы.* Ол құрылысқа ***сыршы*** болып орналасты (Сегізбаев).

СЫРШЫЛ *Сырға толы, нәзік сезімді.* Бұл ақынның қаламынан туған ***сыршыл*** шумақтар (Досанов).

СЫРШЫЛДЫҚ *Сырға толы нәзіктік, сезімталдық.*

СЫРЫ I *Жиі етіп, бастырып тігу.* ***Сырыған*** шалбарымды дайындап қойдым (Қ. Сәрсекеев).

СЫРЫ II *Кері ысырып тастау, сыпырып тастау.* Балшықты жан-жаққа ***сырып*** тастадым (Қизатов).

СЫРЫҚ *Киіз үйдің киізін жөндеуге, тұндікті көтеріп ашуға арналған ұзын таяқ.* Екеуі арбадан ағаш ***сырықтарды*** түсіріп, қос тігуге кірісті (Дәуренбеков).

СЫРЫҚТА *Сырық жұмсау, ұру.* Тебінісіп қамалар, тоқтатып болмас ***сырықтап*** (Абай).

СЫРЫҚТАЙ *Ұзын, биік.* Ол бүгінде ***сырықтай*** жігіт болған (Тарази).

СЫРЫҚША *Кішірек сырық.* Үйдің арт жағынан ***сырықша*** көзге шалынады (Байжанов).

СЫРЫЛ *Сыр-сыр еткен дыбыс.* Аурудікі ме, көкірегінде ***сырыл*** бар (Р. Сейсенбаев).

СЫРЫЛДА *Сыр-сыр ету, сырылдаған дыбыс шығару.* Өкпесі -п түні бойы ұйықтамаған.

СЫРЫЛДАҚ *Сыр-сыр еткен дыбыс, ұн.*

СЫРЫЛДАУЫҚ *көне. Дабыл қағатын құрал.* Сөйткенше "жау шапты" деп айғай шықты, ***Сырылдауық*** тартылды кідірместен (И. Байзақов).

СЫРЫМТА *Жасырын жолмен қарымтасын, есесін қайтару.* Көргендерге барымта, Көрмегенге ***сырымта.***

СЫРЫСТЫР *Ысырыстыру, жинау.* Отты ***сырыстырып*** жатып қалдым (Хангелдин).

СЫТЫ *Сәл жыртып кету, жыру, сету.* Қасқыр құрең айғырдың танауын ***сытып*** кеткен (Ғ. Мұстафин).

СЫТЫҚ: ***сытық ине*** — *көзі сынған, не жырылып кеткен ине.*

СЫТЫЛ *Жылп етіп шығып кету, құтылу.* Түлкінің күшігі -ып қашып кетті.

СЫТЫР: ***сытыр етті*** — *сықырлады, сыртылдады.*

СЫТЫРЛА *Сырт-сырт ету; сыртылдау.* ***Сытырлап*** жанған пештің алдына кеп отырдым (Лекеров).

СЫЯПАТ *Сый, құрмет, мәзірет.* Тойда қонақтарға дастархан ***сыяпатын*** көрсетіп жатты (Жақанов).

СЫЯПАТТЫ 1. *Қадірлі, құрметті, сыйлы.* 2. *Келбетті, келісті, сымбатты.* Суретте ***сыяпатты*** бір кісі тұр (Сатыбалдиев).

СІБІРЛЕ *Таңның бозарып атуы, жарық түсу.* -п атты таң.

СІЗ *Сен есімдігінің сыпайы түрі.* "***Сіз***" деген әдеп, "Біз" деген көмек (Мақал).

СІЗ-БІЗ *"Сіз" деп сыпайылық қарым-қатынас жасау, ізеттілік.* -бен жүрміз.

СІЛБІ I *Өрмекшінің өрнегін тоқуға қажетті талшық зат.*

СІЛБІ II *Баяулап, себезгілеп ұзақ жауған жауын-шашын.*

СІЛБІЛЕ *Жауын-шашынның себезгілеп, ұзақ жаууы.*

СІЛЕ: **сілесі қатты** — *қатты шаршады, дің келеді.*

СІЛЕГЕ *Қоралардың төбесіне үйген шөпті боран ұшырып кетпеу үшін үстінен кесе көлденең тастайтын ағаш бастырық.* Қоралардың төбесіндегі үйген шөпке ***сілеге***, бөренелерден бастырық салды (Ж. Тұрлыбаев).

СІЛЕЙ *Мелшиіп қатып қалу, қалшию.*

СІЛЕЙТ *Сұлатып салу, қырып салу.* Қырық адамды ұрып-соғып ***сілейтіп*** салды (Шарипов).

СІЛЕКЕЙ *Адамның немесе айуанның ауыз қуысынан рефлекс жолымен бөлініп шығатын созылмалы сұйықтық.* ◊ ***Сілекейі шұбырды*** — *таң-тамаша қалды, аузын ашып өзін ұмытты.*

СІЛЕКЕЙЛЕ *Сілекейін жағу; сулау.*

СІЛЕЛЕ *Сілесі қатып шаршау, болдыру.*

СІЛЕМ *Ұзыннан ұзақ созылып жатқан тау жоталарының аласарып, таусылар жері, жоталардың жалғасы.*

СІЛЕМДЕН *Сабақтаса жалғасу, созылу.*

СІЛЕМДЕС *Бір-бірімен жалғас, сабақтас.* Тарбағатай Алтай тауымен ***сілемдес*** (Бегалин).

СІЛЕМДЕУ *Тарамысты жалғап ширату.*

СІЛЕМДІ *Жалғасып жатқан, тұтасқан, созылған.* ***Сілемді*** тау сәнін киргізіп тұрған қарағай ("Қазақст. әйелдері").

СІЛЕН *Ант-су ішу, қарғану.*

СІЛЕТ *Сылтау, міндет.* Ол жақындығын ***сілет*** қып, ерікке қоймады (С. Омаров).

СІЛЕУСІН *Мысық тектес жыртқыш аң.* Бұл өңірде ***сілеусін,*** борсық, ұшар тиін көп ("Қазақст. әйелдері").

СІЛКІ *Қағу, соғу, сілкілеу.* Үсті-басын қағып, ***сілкіп*** орнынан тұрды (Тоқаев). ◊ **Сілкіп тастады** — *итеріп, ысырып тастады.*

СІЛКІЛЕ 1. *Қағып-соғу; жұлқылау.* Сапар Құлтайдың қолын жібермей, біраз ***сілкілеп*** тұрды (Шамкенов). 2. *Ауыс. Кемшілігін бетіне басып сөгіп алу, ұрсу.* Бұл жігітті біраз ***сілкілеп*** талқылап алу керек (Досанов).

СІЛКІН 1. *өзд. етіс. Сілкі-н.* 2. *Ауыс. Жұлқыну, ұрсу, ашулану.* — ***Сілкінбе,*** қаралы үйге қарғыс жүрмейді (Бөкеев).

СІЛКІНДІР 1. *өзг. етіс. Сілкін-дір.* 2. *Ауыс. Көңіл көтеру, селт еткізу.* Бұл облысты дүр ***сілкіндірген*** оқиға болды (Тарази).

СІЛКІНІС 1. *Қатты қозғалыс, шайқалыс.* Жер ~і көбейді. 2. *Ауыс. Еңсе көтеру, серпіліс.* Ойына күшті бір ***сілкініс*** қозғау салғандай болды (Еділбаев).

СІЛТЕ 1. *Нұсқап жіберу, жөн көрсету.* 2. *Қол, қамшы т. б. нәрселерді сілтеу.* "Ары түр" дегендей қолын ***сілтеді*** (Мағауин). ◊ **Асыра сілтеді** — *артық айтты, қатты кетті.* **Жөн сілтеді** — *бағыт берді, жол көрсетті.*

СІЛТЕМ *Бір сілкіп қалған сілкініс, серпіс.* Қамшының екінші ***сілтемі*** есік сыртын осып өтті (К. Ахметбеков).

СІЛТЕМЕ *Нұсқап көрсететін белгі; көрсеткіш.* Кейде сыншы адрессіз ***сілтемелер*** жасайды ("Қаз. әдеб").

СІЛТЕУ: сілтеу есімдігі (*лингв.*) — *грамматикада белгілі бір бағыт-бағдарды көрсету қызметін атқа-ратын есімдік.*

СІЛТІ *хим. Тиген жерін күйдіріп, ойып түсіретін химиялық ерітінді.* **Сілтідей тынды** — *тып-тыныш болды, қозғалмады.*

СІЛІКПЕ: сілікпесі шықты — а) *көп қайнап езіліп кетті;* ә) *әбден қалжырады, діңкеледі, титықтады.* □ **Сілікпе тоңба** — *сіңір мен құйқаның қойылжыған сорпасынан жасайтын тағам; холодец.*

СІЛІКПЕЛЕУ *Талқыға салу, ұрсып сөгу.* Қожамолдаларды күн сайын жиналысқа салып, ***сілікпелеп*** жатады (Ахметбеков).

СІЛІМТІК *Итаршы сүмелек.* Қазақ жерінен ақтың соңғы ***сіліміктерін*** қуды (Рахымжанов). ◊ **Сілімтігі шықты** — *тоз-тозы шықты, ескірді.*

СІЛІМТІР *Бір заттың еш нәрсеге жарамайтын қаңқасы, қалдығы.* Бұл үйдің сүйреуге ***сіліміпірі*** жарамады (Майлин).

СІМТІК *Әр нәрсені қазбалап жүретін; тіміскі.* ***Сімтік*** сопылар осында отыр (Жансүгіров).

СІМІР *Тоқтаусыз жұту, ішу.* Сырлы тостаған қымызды ***сіміріп*** алды (Досанов).

СІҢ 1. *Бір затқа судың, тердің сіңіп кетуі; сорылу.* Қызылшаң дейтін өзен құмға кеп ***сіңетін*** (Қараманұлы). 2. *Ауыс. Кірігіп-бірігіп кету, етене болу.* Ол қазақ ішіне келіп, ***сіңіп*** кеткен (Шарипов). 3. *Ауыс. Жоқ болу, көрінбей кету.* Рота солдаттары ағаш ішіне ***сіңіп*** кеткен еді (Ш. Сыздықов).

СІҢБІР *Мұрынды сұқ саусақ пен бас бармақтың ұшымен қатты дем шығарып тазалау.* — Мұрынды бір ***сіңбіріп*** жіберші, балам (Райымқұлов). ◊ **Сіңбіруге мұрша жоқ [мұршасын келтірмеді]** — *уақыт тығыз, асығыс.*

СІҢБІРІК *Мұрын қуысынан ағатын сора.* Кейде танауынан ***сіңбірік*** ағады (Сыбанбаев).

СІҢЛІ *Бір анадан туған қыздардың, ет жақын әйелдердің кішісі.*

СІҢІМДІЛІК *Бойға жақсы тарайтындық, жұғымдылық.* Май ~гі артты.

СІҢІМСІЗ *Тез қорытылмайтын, бойға тарамайтын; жұғымсыз.*

СІҢІР *Дене мүшелерін байланыстырып тұратын ақшыл сары мықты зат.* Жылқының артқы жіліншік ~лері жақсы жетілген. ◊ **Сіңірі тартылды** — *сіңірі бүрісіп қатты ауырттты.* **Сіңірі шыққан кедей** — *түгі жоқ, қалт-құлт еткен адам.* **Сіңірі шықты** — *әбден жадап-жүдеді, арықтады.* **Сіңірі созылды** — *көп бейнет етті, діңкеледі.*

СІҢІРГІШ *Жақсы сіңетін, бойына тез тартып алатын.* Қызылшаның тұқымы ылғал ***сіңіргіш*** келеді (Ажкеев).

СІҢІРГІШТІК *Бойына жақсы сіңіре алатындық.* Жылу ~, ылғал ~.

СІҢІРЛЕН *Сіңір болу, тарамыстану.*

СІҢІРТЕК *Тарамыстау, сіңірлілеу.* Қолы жұмсақ емес, ***сіңіртек*** (Тұрманжанов).

СІҢІСТІ *Үйреншікті, дағдылы.* Мал жайына байланысты сөздер құлағына ***сіңісті*** болып өсті (Исабаев).

СІРӘ *Дәу де болса, бәлкім.* ~, осы жұрт бір нәрсе білетін шығар. □ **Сірә да** — *ешқашан да, ешуақытта да.*

СІРГЕ *Енесін еміп қоймау үшін төлдің (тана, торпақ-тайыншаның) тұмсығын тесіп өткізіп қоятын істік ағаш.* Балалар жамырауық үштөрт бұзаудың ***сіргесін*** күзетеді (Қ. Ысқақов). □ **Сірге жияр** *(этногр.)* — *ең соңғы қымызды жинау, сақтау.* **Сірге мөлдіретер** *(этногр.)* — *күздігүні бие ағытардағы ақырғы қымызға көрші-қолаңын шақыру кәдесі.*

СІРГЕЛЕ *Бұзау, тана, торпақ т. б. мұрнын тесіп, сірге өткізу.*

СІРГЕЛІ *Тұмсығында сіргесі бар, сірге өткізілген.*

СІРГЕЛІК *Сірге өткізілген жер; тұмсықтың, мұрынның асты.*

СЫРҒАЛЫҚ *Құр тоқығанда қолданатын қолдың алақаны сияқты төрт тесікті аспап.* ***Сырғалық*** — өрмекті, күзусіз, серусіз тоқығанда қолданады (Қасиманов).

СІРЕ *Тығыздау, сіресу, қату.* Бет-аузындағы ***сіре*** боп қатқан қанды жуып-шайды (Тұрысов).

СІРЕЛЕ *Сіреп салу, ныгыздап толтыру.* Қоржында ***сірелеп*** салған сүр ет (Д. Досжанов).

СІРЕС 1. *Мұз болып қату, тоңазу.* Тұла бойымызды ***мұздай*** су сорып, сіресіп қалдық (Төреқұлов). 2. *Икемге келмеу, қозғалмау.* Аяқ-қолым ***сіресіп***, жансыз қалғандай көрінді (Тілегенов). 3. *Қалшиып қатып жүру, тік тұру.* Болат командир алдында ***сіресіп*** тұр (С. Омаров). 4. *Сыймай қаптап, толып тұру.* Дүкен дүниеге ***сіресіп-ақ*** тұр ("Лен. жас"). 5. *Ауыс. Айтқанға көнбеу, қасарысу, ерегісу.* Әкем бұрынғы ***сірескен*** қалпынан айнып қалыпты (Түменбаев).

СІРЕСПЕ ***мед.*** *Бұлшық еттерді жиырып, сірестіріп тастайтын жұқпалы ауру; столбняк.* ***Сіреспе*** жарақаттанған жерге шаң-тозаңның түсуінен пайда болады (Телеуғалиев). 2. *Ауыс. Сіресіп қалған, оқтау жұтқандай.* ~ аударма (сөйлем).

СІРЕСПЕЛІК *Сіресіп қалғандық.* Оқулықтағы аударманың ***сіреспелігінен*** асқан залал жоқ (Елеукенов).

СІРЕУ *Қатып қалған, сірескен (қар).* Үстібастары мұз ***сіреу*** (Кенжетаев).

СІРЕУЛЕ *Ныгырлап, ныгыздап тастау.* Қар ***сіреулеп*** тастаған далаға қарап келемін ("Мәдениет және тұрмыс").

СІРКЕ I *Бит пайда болатын тұқым, биттің ұрығы.* Киімдерді жарты сағат қайнатса бит, *сіркелер* өледі (Телеуғалиев). □ **Сірке жауын** —*себезгілеп жауатын майда жауын.* ◊ **Сіркесі су көтермеді** — *көңілі ештеңеге соқпады, жақтырмады, жаратпады.*

СІРКЕ II *Тамақтың дәмін кіргізу үшін қосылатын қышқыл, сұйық зат; сірке суы.* Стол үстінде бұрыш, *сірке* суы тұр (Тиесов). □ **Сірке қышқылы** *(хим).* — *көп сатылы синтез арқылы ацетилленнен алынатын химиялық зат.*

СІРКЕЛЕ *Сірке тұсу, қаптап кету.* Басы -п кетіпті.

СІРКІРЕ *Жаңбырдың бұркіп жаууы, себезгілеу.* Жаңбыр *сіркіреп* барып басылды (Баялиев).

СІРКІРЕУІК *Сіркіреп тұратын, бұркіп, сылбыр жауатын.*

СІРНЕ *Өсімдік пен жануардың клеткалары мен тканьдарында болатын сұйық зат; шырын, сөл.*

СІРНЕЛЕН *Сірнеге айналу, қату.*

СІРТАҚА *Сірленіп қалған, әбден тозған. Сіртақа* қызыл етігі дала адамының кейіпін танытады ("Каз. әдеб.").

СІРІ 1. *Сиырдың, түйенің қатып қалған терісі.* Ол заманда қолға түскен батырларды *сіріге* тігіп тастайды екен. (Ертегіден). 2. *Етіктің өкшесіне қойылатын қатты, қалың көн.* Киіле-киіле *сірісі* қисайған кебіс (Кекілбаев). 3. *Ауыс. Көн болып қатып қалған, мұйізденіп кеткен.* Алақаны әбден *сірі* болған (Мағауин). □ **Сірі табан** — *түйе табан.*

СІРІК *бот. Биік тауда өсетін бетеге тәріздес шөп.*

СІРІЛЕН *Сіресіп қату, құрысып қалу.*

СІРІЛІК *Етік өкшесінің сірі салынған жері.* Етігінің биік өкше *сіріліне* күміс шегелер тізілген (Оразалин).

СІРІҢКЕ *От тұтату үшін, басына күкірт жағылған жіңішке шырпылар салынған қорап.* Дүкенге *сіріңке* түспей жатыр (Амандықов). □ **Сіріңке қара** — *қатқан қара.*

СЮЖЕТ *Әдебиет және жүйелеу өнерінде болатын оқиғалардың арқауы, жүйе-желісі.* Әңгіменің -і.

СЮЖЕТТЕС *Жүйе-желісі бір, мазмұндас.*

СЮЖЕТТІ *Сюжетке бай, сюжеті бар, жүйе-желісі бар.*

СЮЖЕТТІК *Сюжетке негізделген, сюжетке тән.*

СЮИТА *муз. Әр түрлі музыкалық пьесалардан тұратын көлемді шығарма.*

СЮРПРИЗ *Ойда жоқ нәрсе, күтпеген сыйлық.*

Т

ТА *Да шылауының фонетикалық варианты.*

ТАБА I 1. *Нан пісіретін көмбе.* -ға пісірілген нан өте дәмді болады. □ **Таба нан** — *табаға пісірілген тәтті, дәмді нан.* 2. *Тамақ пісіру я қуыру үшін металдан жасалған, дөңгелекше келген, тұтқалы ыдыс.* -ға салып, ет қуырды.

ТАБА II *Біреудің сәтсіз ісіне қуанып шоқ-шоқ деп табалаушылық.* Дұшпанның -сына қалды. ◊ **Таба болды** — *күлкі, мазақ болды.* **Табасы қанды** — *біреудің сәтсіз ісіне қуанды.*

ТАБАҚ I 1. *Тағам салатын үлкен, дөңгелек жайпақ ыдыс.* Үлкен - ыстық ас; ағаш -, темір -. 2. *Ән-күй жазылған музыкалық пластинка.* ◊ **Табақ тартар** — *күйеу жігітке төс салып, ұсынылған табаққа сый беру кәдесі.* **Табақ тарту** — а) *табаққа салып тамақ әкелді;* ә) *кәделі сыбағасын (құдаға жамбас, күйеуге төс, қызға асықты жілік т. б.) беріп сыйлады.*

ТАБАҚ II *Бір парақ қағаз.* Аян бір *табақ* ақ қағазға жазып алды (С. Сейфуллин). ◊ **Баспа табақ** — *баспа орындарында, полиграфия саласындағы өлшем мөлшері. 40 000 таңба басылған жазу көлемі, шамамен кітаптың 16 беті.*

ТАБАҚТАЙ *Табақ сияқты үлкен, жалпақ.* Беті -.

ТАБАҚТАС *Дәмдес, дастарқандас; аралас-құралас.* - болды.

ТАБАҚША *Шағын табақ.* Нан тураған *табақша* да алдыма келіп қалды (Баязитов).

ТАБАҚШЫ *Тойға, жиынға, асқа келген қонақтарға табақ таратушы адам.* -лар зыр жүгіріп қызмет көрсетіп жүр.

ТАБАЛА *Біреудің көрген қиыншылығына, сәтсіздігіне қуану, күлу.* Сыртынан жаман туыс *табалайды* (Алдаспан).

ТАБАЛАУШЫ *Біреудің кемшілік ісіне қуанып, мазақтаушы, миығынан күліп шоқ-шоқ деуші.* Оны -лар да болды.

ТАБАЛАУШЫЛЫҚ *Біреудің көрген азабы мен сәтсіздігіне қуанушылық, күлушілік.* Сөзінде - бар.

ТАБАЛДЫРЫҚ *Есіктің маңдайшасына қарама-қарсы, төменгі жағында еденге тиіп тұратын екі босаға арасындағы көлденең ағаш.* Есіктің -ғы. ◊ **Табалдырығын аттады** — а) *үйге кірді, үйге бас сұқты;* ә) *өмір кезеңінің бір баспалдағына көтерілді.* **Табалдырығын тоздырды** — *қайта-қайта бара берді.*

ТАБАН 1. *Аяқтың жер басатын жалпақ жері.* Адамның -ы, түйенің -ы. 2. *Аяқ киімнің т.б. заттың жерге тиіп тұратын астыңғы, төменгі жағы.* Шананың -ы, трактордың -ы. 4. *Өзеннің, өзектің, сайдың су ағатын төменгі етегі, арнасы.* Өзеннің -ы, сайдың -ы. ◊ **Табан ақы [еті], маңдай тері** — *жан қинап істеген адал еңбек.* ◊ **Табан астында** — *кенеттен, күтпеген жерден; тез, жылдам.* ◊ **Табан аузында** — *қолма-қол, кідіріссіз, бөгелместен.* ◊ **Табан елі** — *табан қалыңдығындай семіз, майлы қазы.* ◊ **Табан жазбай** — *тапжылмай, тырп етпей.* ◊ **Табан тіреді** — а) *бір жерге келіп жайғасты, орнықты;* ә) *бір тоқтамға келді; тиянақ етті.* ◊ **Табан тіресті** — *бетінен қайтпады, беріспеді.* ◊ **Табаны жерге тимеді** — а) *құстай ұшты, зымырады, зулады;* ә) *әлпештелді, бұла болып өсті.* ◊ **Табаны күректей** — *бақандай, табандатқан.* ◊ **Табанын алдырды** — *табаны қалдырап ойылып қалды.* **Табанынан жарылған** — *ағып тұрған су жорға.* ◊ **Табанынан тік тұрды** — *аянбай қызмет етті.* ◊ **Табанына салды** — а) *жауын жеңіп, бас ұгізді, дегеніне көндірді;* ә) *қорлады, азаптады.* **Табанын жалады** — а) *құл*

дық ұрып жалынып-жалпайды; ә) жағымпаздан-ды, жарамсақтанды. ◊ **Табанының бүрі (табанында бұдыр) жоқ** — *тұрақсыз, жалтақ.* ◊ **Табаны тасқа тиді** — *өмір тауқыметін тартты, қажыды.*

ТАБАН II *Каспий, Азов теңізінде болатын, жалпақ денелі, кәсіптік маңызы бар балық.*

ТАБАНДА I *Лезде, қолма-қол, табан аузында.* Тапсырманы *табанда* орындады (Жігер).

ТАБАНДА II 1. *Табан тіреп қозғалмау, сіресу.* Қойлар ұйлығып, *табандап* тұрып қалды (Оразалин). 2. *Бар күшімен жұлқу.* *Табандап* тартты (Лен.жас). 3. *Ауыс. Қасарысып көнбеу.* *Табандап* отырып алудың ретін таппады (О. Сәрсенбаев).

ТАБАНДА III *Табаны тозған аяқ киімге резинка, киіз т. б. заттардан қосымша табан салу, тас ұлтан қағу.* *Табандаған* пима берді (Иманбаев).

ТАБАНДАҒАН *Түп-тура, дәп-дәл.* ~ жиырма жыл.

ТАБАНДЫ 1. *Табан салған, табаны бар.* Ағаш ~ шана. 2. *Ауыс. Сөзіне берік, тұрақты, тиянақты.* ~ адам.

ТАБАНДЫЛЫҚ *Табанды болушылық, тұрақтылық, төзімділік, тиянақтылық.*

ТАБАНСЫЗ 1. *Табаны жоқ, табан салмаған.* ~ аяқ киім (шана). 2. *Ауыс. Тұрақсыз, тиянақсыз, төзімсіз.* *Табансыз,* жүрексіз ұлына қарауға жиренгендей (Кереев).

ТАБАС *Асыл тастың бір түрі.*

ТАБАШЫ *Табалаушы, күндеуші.* *Табашымен* көрші болсаң, қақпаң биік болсын (Мақал).

ТАБАШЫЛ *Табалағыш, күндегіш.* Жаман сопы тобашыл, Жаман адам *табашыл* (Мақал).

ТАБЕЛЬ *Жұмысшылар мен қызметкерлердің күнделікті істеген еңбегін жазып отыратын есеп тақтасы не тізімі, кесте.* Бригадир *табель* толтырды (Құндызбаев). // *Оқушылардың оқу үлгірімін көрсететін есеп, дәптер.*

ТАБЕЛЬШІ *Табель толтырушы.*

ТАБИҒАТ 1. *Адам санасынан тыс өмір сүретін бізді қоршаған материалды дүние.* ~ заңы (байлығы). 2. *Жаратылыс, табиғат жағдайының жиынтығы (жер жағдайы, өсімдігі мен жануарлары, климаты т. б.).* Қазақстан ~ы. 3. *Ауыс. Әрбір заттың, құбылыстың өзіне тән ерекшелігі, қасиеті.* Адам баласы *табиғатында* жаңалыққа үйір ("Қаз. әдеб."). □ **Табиғатты қорғау** — *қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жүргізілетін қоғамдық түрлі шаралар.* **Табиғаты қаламады** — *жек көрді, көңілі соқпады.*

ТАБИҒАТТАНУ *Табиғат, жаратылыс жайлы түсінік беретін ғылым саласы, пән.*

ТАБИҒАТТАС *Жаратылысы бір, ұқсас, табиғаты бірдей.* Даламен *табиғаттас* Тарлан ақын (Жұмағалиев).

ТАБИҒИ 1. *Жаратылыстың өзіндегі табиғатқа тән, жасанды емес; таза, қоспасыз.* ~ жайлым (алмас, жібек). 2. *Боямасыз, нанымды.* Адамның ~ қалпы.

ТАБИҒИЛЫҚ *Табиғи болушылық.* ~ ұлы ұстазға тән.

ТАБЛЕТКА *Ұнтақтан престеу арқылы дөңгелетіп қатырған дәрі.* Аспирин ~сы.

ТАБЛИЦА *Графика түрінде берілетін мәлімет.* Менделеев ~сы.

ТАБУ *Алғашқы қоғам дәуірінде діни сеніммен байланысты белгілі бір сөз, іс, зат атын атауға салынған тыйым.*

ТАБЫН I *Сиыр малының, аңның (киік, бұғы) үйірлі тобы.* Бір ~ сиыр.

ТАБЫН II 1. *Діндар адамның құдайға, табиғат құбылысына құлшылық етуі, сиынуы.* Отқа ~у, пұтқа ~у. 2. *Ауыс. Бас ию, құрмет тұту, бағыну.* Тәңірім деп малы барға *табынбаймын* (Саин).

ТАБЫНҒЫШ *Бас ұғіш, құлдық ұрғыш.* Басшыларға ~.

ТАБЫНДАП *Табын-табын болып жайылу, топталу.* Бұғылар тауда *табындап* өретін еді (С. Мұқанов).

ТАБЫНУШЫ *Құдайға, табиғат құбылысына бас июші, сиынушы.* Отқа ~, мал дүниеге ~.

ТАБЫНШЫ *Табындағы малды бағатын бақташы, сиыршы.* Совхоз ~сы.

ТАБЫС I 1. *Белгілі бір істі орындау, атқару нәтижесінде түсетін пайда, кіріс.* Жылдық ~, жаздайғы ~. 2. *Қол жеткен жетістік, жеңіс.* Республика ~ы. □ **Табыс септігі** — *кімді? нені? деген сұраққа жауап беретін септік атауы.*

ТАБЫС II 1. *орт. етіс. Тап-ыс.* 2. *Татуласу, түсінісу, достасу.* Ұрыспай ~тыр // *Дидарласу, кездесу, көрісу.* Сағынысқан ағайын шұрқыраса *табысты* (Рсалин). 3. *Төлдің енесіне қосылуы, жамырауы.* Қозылар енесімен оңай *табысады* (Ермеков). ◊ **Табыс етті [қылды]** — *бір нәрсені біреуге тапсырды, қолына тигізді.* **Тіл табысты** — *өзара тілге келді, мәмлеге келісті.*

ТАБЫСКЕР *Пайда келтіргіш, кіріс кіргізгіш.* ~ адам (жігіт).

ТАБЫСКЕРЛІК *Табыскер болушылық.* ~гі бар.

ТАБЫССЫЗ 1. *Табысы жоқ, кіріссіз.* ~ емес, ~ қалмады. 2. *Ауыс. Жетістіксіз, нәтижесіз.* Үш шабуылы *табыссыз* болды (М. Ғабдуллин).

ТАБЫСТА *Тапсыру, аманат ету.* Малды ~ды, ұлын ~ды.

ТАБЫТ *Өлген адамның денесін салатын арнаулы қорап.* Марқұмның денесін ~қа салды.

ТАҒА *Аттың тұяғына қағатын, доға тұрінде соғылған темір.* ~ қақты. // *Етік өкшесіне қағылған темір.* Етік ~сы.

ТАҒАЙ *Нағашы.* Ерді *тағайынан* таны (Мақал).

ТАҒАЙЫН *Анық, ақиқат, рас.* Оның бастық болғаны *тағайын.*

ТАҒАЙЫНДА *Біреуді белгілі бір қызметке белгілеу; бір орынға қою.* Директор етіп ~ды.

ТАҒАЙЫНДЫ *Тұрақты, белгілі, тыңғылықты.* *Тағайынды* руымыз бар, атамыз бар (Қазақ ССР тарихы).

ТАҒАЛА I *Аттың тұяғына тага қағу.* ~ған аттай.

ТАҒАЛА II *Көбінесе алла, құдай, хақ сөздерімен қосарланып, "құдіретті ием, жаратушы" деген діни табынуды білдіретін атау.* Құдай ~, алла ~.

ТАҒАЛЫ *Тага қағылған, тағасы бар.* ~ ат тайып жығылғандай.

ТАҒАЛЫҚ *Тұяқтың тага қағылатын түсы.* Тұяғы жұқа, *тағалығы* төмен (Бақбергенов).

ТАҒАМ *Ас, тамақ, дәм.* Стол үстінде неше түрлі *тағам* ("Қаз. әдеб.").

ТАҒАМДАС *Дәмдес-тұздас, дастархандас.* ~ болды, ~ адамы.

ТАҒАМДЫҚ *Тағамдық, астық.* Сары майдың ***тағамдық*** маңызы өте жоғары ("Лен. жас").

ТАҒАН *көне. Ошақ, тағы сол сияқтылардың бұты, аяғы, тіреуіш.* ***Тағанның*** үш бұтындай бір үйде үшеу (Малқаров). 2. *Үш аяқты темір ошақ.*

ТАҒАН *Қарғаның бір түрі.* Қарағай басына ұя салған ***тағандар*** у-шу ("Қаз. әдеб.").

ТАҒАНАҚ *зоол. Торғай тұқымдас құс.* Сұр ***тағанақ*** торғай барлық жерде ұялайды ("Қазақст. мект.").

ТАҒАНДА *Бір орыннан қозғалмау.* Ажал тағанына шегелеп, ***тағандап*** тастаған Прометеймін (Д. Әбілев).

ТАҒАНДЫ *Тиянақты, төзімді, табанды.* Сүйген тақырыбы бар табанды да ***тағанды*** қаламгер ("Қаз. әдеб.").

ТАҒАТ *Шыдам, төзім, сабыр.* ~ жоқ (қалмады). ◊ **Тағат қылмады (таппады, тұтпады)** — *шыдамы жетпеді, дегбірсізденді.* **Тағаты бітті (жетпеді, таусылды, тозды)** — *тағат қалмады.*

ТАҒАТСЫЗДАН *Сабырсыздану, дегбірсіздену.* ~а күтті; ~ып тыпыршып жүр.

ТАҒАТСЫЗДЫҚ *Тағатсыз болушылық.* ~ байқатты.

ТАҒАТТА *Шыдамы жету, сабыр сақтау.* ~й алмады.

ТАҒАТТЫ *Шыдамды, төзімді, сабырлы.* Еркектері — әйелдей ***тағаттылар*** (Ж. Молдағалиев).

ТАҒАТТЫЛЫҚ *Шыдамдылық, төзімділік, сабырлылық.*

ТАҒАШЫ *Таға соғатын, ат тағалайтын адам.* Шебер ~.

ТАҒДЫР 1. *Адам еркінен тыс болатын оқиға барысы, түрлі жағдайдың тоғысу салдары.* Адам ***тағдырды*** жеңуге тиісті (Ө. Сәрсенбаев). 2. *діни. Құдіреттің жазуы, жазмыш.* Әуелде ***тағдыр*** неден, Қожам сенсін, не керек (Абай). 3. *Болып өткен өмір жолы, тұрмыс, болашақ.* Өз ~ын сол адаммен байланыстырды. ◊ **Тағдырдың салғаны [жазғаны]** *(діни.)* — *Құдіреттің маңдайына [пешенесіне] жазғаны.* **Тағдыр жетті** — *ажалы жетті, күні бітті.* **Тағдыры шешілді** — *істің тетігі анықталды.*

ТАҒДЫРЛАС *Тағдыры бір, тағдыры ұқсас.* ~ халық (жандар).

ТАҒДЫРЛАСТЫҚ *Тағдырлас болушылық.* Екі халықтың ~ғы айтылды.

ТАҒДЫРЛЫ *Тағдыры бар, тағдырға ие.* Алуан ~ адамдар.

ТАҒДЫРСЫЗ *Тағдырдың бұйрығынсыз, жазмышсыз.* ***Тағдырсыз*** дұшпан аңдып ештеңе етпес (Айтыс).

ТАҒЗЫМ *Ізет, құрмет, қошемет етті (жасады, қылды).* **Тағзым көрсетті** — *ізет білдірді, қошеметтеді.*

ТАҒЫ I 1. *Қолға үйренбеген жабайы жанжануар.* ~ жылқы, ешкі. 2. *Ауыс. Даму жағынан артта қалған; надан, мәдениетсіз.* ~ ел (тайпа). 3. *Ауыс. Мейірімсіз, қатігез.* ~ қылық дәстүр.

ТАҒЫ II *Және, мұның үстіне, әлі.* Мәлік ***тағы*** бір бөлтірікті атып түсірді (З. Шашкин).

ТАҒЫ III *Орталық Азиядағы жабайы жылқының бір түрі.* Түні бойы ***тағы*** мен тарпаң айғырларының азынай кісінеген дауыстары естіледі (Мағауин).

ТАҒЫЛАН I *зоол. Үстінде 20–30 сантиметрлік инесі болатын жартастың қуысын мекендейтін, кемірушілер тобына жататын тау тағысы; үлкен кірпікшешен.* ***Тағыланды*** Жайра деп те атайды ("Соц. Қаз.").

ТАҒЫЛАН II 1. *Жабайылану, тағыға айналу.* Жыл бойы адам көрмеген жануарлар ***тағыланып*** та қалған (Орманбаев). 2. *Ауыс. Жауыздық, қатыгездік көрсету.* ***Тағыланған*** жендеттер қолынан қаза тауып жатты (Қайсенов).

ТАҒЫЛЫҚ *Тағы болушылық.* ~ мінез (іс-әрекет).

ТАҒЫША *Тағыға ұқсап, тағы сияқты.*

ТАЖАЛ 1. *Діни наным бойынша ақыр заман болғанда шығады-мыс делінетін аждаһа.* ~ жалмағандай. 2. *Ауыс. Апат, қырғын; бәлекет.* Соғыс ***тажалы*** қайта оралып келмесін (М. Әуезов). 3. *Ауыс. Сұмырай, сұмпайы, бәлекет.*

ТАЗ 1. *Адам басында болатын жұқпалы жара, қотыр.* Қотыр қолдан жұғар, ***таз*** тақиядан жұғар (Мақал). 2. *Ауыс. Басы таз адам.* ***Таз*** таранғанша, той тарқар (Мақал). □ **Таз қарын** — *күйіс қайыратын жануардың 4 бөлімді қарнының тықыр түкті, бастапқы ең үлкен бөлімі.* ◊ **Таз кебін киді (қалпына түсті)** — *баяғы күйіне түсті, бұрынғы қайталанды.*

ТАЗА 1. *Кірсіз, кір шалмаған, мұнтаздай.* ~ киім (бөлме). 2. *Ешқандай қоспасыз; табиғи, сап.* ~ жібек (алтын). 3. *Ауыс. Кіршіксіз, адал, пәк.* Ниеті ~, ары ~, судан ~.

ТАЗАЛА *Жуып-шайып, сүртіп, кір-қоқыстан арылту.* Бөлмені ~ды, ысқалап ~ды.

ТАЗАЛАУ *Тазарақ, тазарақтау көйлек, (үй).*

ТАЗАЛАУШЫ *Шаң-тозаңнан, кір-қоқыстан арылтушы. Астық ~ машина, аула ~.*

ТАЗАЛЫҚ 1. *Кір-лас болмаушылық.* ***Тазалық*** — денсаулық кепілі (Мақал). 2. *Ауыс. Ақ ниеттілік, адалдық, пәктік.* Ар-ұждан ~ғы, пейіл ~ғы.

ТАЗАР *Кір-қоқыстан, шаң-тозаңнан арылу, тазалану.* Аула ~ды, ауа ~ды, үсті-басы ~ды. 2. *Ауыс. Жаман пиғылдан арылу.* Ар-ұжданы ~ды.

ТАЗАРАҚ *Тазалау, кірі аздау, тазарақтау.* ~ бөлме (киім).

ТАЗАРТҚЫШ *Кір-қоқыс, шаң-тозаңды тазалағыш құрал. Машина (механизм).*

ТАЗҚАРА *зоол. Үлкен жыртқыш құс, жыл құсы.*

ТАЗША *Басы таз бала.* Шеттегі түрегелді жетім ***тазша*** (Жансүгіров).

ТАЗЫ *Аң алатын жүйрік ит, құмай.* ~мен аңға шықты. ◊ **Тазы қуған қояндай** — *қатты қорқып, сасқалақтады.*

ТАЗЫҒЫР *Шөпсіз, тақыр жер.* Сортаң сол бір от орнындай ***тазығырдан*** басталып кетіпті (Ғ. Мүсірепов).

ТАЙ I *Екі жасқа әлі толмаған жылқы.* Арда емген ~. □ **Тай бәйге (жарыс)** — *тай мініп жарысатын бәйге.* □ **Тай егіз** — *бір жастан асқан, піштірілген еркек тайынша.* □ **Тай тұяқ** — *тайдың тұяғына ұқсас, тұтас бір кесек күміс.* **Тайға да, Танаға да жетті** — *жұрттың бәріне түгел жетті.* ◊ **Тайға таңба басқандай** — *өте анық, тасқа басылып қалғандай.* **Тай шаптырым жер** — *онша алыс емес қашықтық.* **Тай шықты** — *жылқы төлі бір жасқа толды.*

ТАЙ II *Тең, көлемді бума, байлам.* Отыз ***тай*** жібекті әкеліп тастай салды (Корей ертегілері).

ТАЙ III 1. *Аяқ не басқа бір нәрсенің сырғанап, тұрған орнынан жылжып кетуі.* Ат ~ып жығылды. 2. *Ауыс. Қашу, қарасын көрсетпеу.* Жаудан *тайсам,* әке емен мен саған (Шаңғытбаев). 3. *Алған беттен тайқу, айну, өзгеру.* Сөзден ~ды, серттен ~ды. ◊ **Тайып отырды (тұрды, берді)** — *кетіп қалды, зытты.*

ТАЙГА *Солтүстік Евразияның көп жерінде, Сібір мен Қиыр Шығыста өсетін қылқан жапырақты, ну қарағайлы орман.*

ТАЙҒАҚ 1. *Тайғанақ, табан тұрмайтын сырғанағыш.* Таудың ~ қиясы, ~ жол. Табаны ~. 2. *Ауыс. Тұрақсыз, баянсыз; айнығыш.* ~ мінез (адам).

ТАЙҒАҚТА 1. *Тайғанақтау, тайғанай беру, сырғанақтау.* Көк мұздан аяғы *тайғақтай* берді ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Тайсақтау, айну; жасқану. Тайғақтамай,* айтқан сөзде тұр ("Соц. Қаз.").

ТАЙҒАНА *Тайғанақтау, сырғанау.* Аяғы ~ды, ~п жығылды.

ТАЙҒАНАҚ 1. *Табан тұрмайтындай сырғанақ, тайғақ.* ~ жол (тас, құз). 2. *Ауыс. Тұрақсыз, табансыз, айнығыш.* ~ болма (мінез).

ТАЙҒАНАҚТА *Табан тұрмай тая беру, сырғанақтау.* Мұздың үстімен *тайғанақтай* беттеді (С. Мұқанов).

ТАЙҒАНАҚТЫҚ *Тайғанақ болушылық.* Қыстағы жолдың ~ғы.

ТАЙҒЫШ 1. *Тайғанақтағыш, сырғанағыш.* Аяғы ~. 2. *Ауыс. Табансыз, айнығыш.* ~ жігіт.

ТАЙЖАҚЫ *Тай, құлын, құралай терісінен тіккен жеңіл әрі жылы ішік.* ~ киген жігіт.

ТАЙҚА *Батылы бармай тайсалу, тайсақтау.* Тап бергеннен *тайқаймыз* (Абай).

ТАЙҚАҚ *Табансыз, тұрақсыз, айнымалы.* Бұл жолы неғып *тайқақ* соққанын (Шашкин).

ТАЙҚАҚСЫ *Қашқақтау, сырдақтау, тайсақтау.* ~и берді.

ТАЙҚАҚТА *Табансыздық көрсету, қашқақтау.* Кездесуден ~ды, айтудан ~й берді.

ТАЙҚАЛАҚТА 1. *Қайта-қайта таю, тайғанақтау.* Машиналар *тайқалақтап* маза берер емес (Сармұрзин). 2. *Ауыс. Қашқақтау, тайқақтау.* Біздің үйден неге *тайқалақтап* жүрсіз (Өмірбеков).

ТАЙҚАР I *Екі жасар есек.* Ол *тайқар* есекті тепеңдетіп тартып отырады (Ө. Нарымбетов).

ТАЙҚАР II *Тамыры жеуге жарайтын өсімдік.*

ТАЙҚАРДАЙ *Аса ірі, үлкен.*

ТАЙҚАУ *Сәл шалқақ келу, тайқы болу.* ~ған маңдай.

ТАЙ-ҚҰЛЫН *Жылқы малының жас төлдері.*

ТАЙ-ҚҰЛЫНДАЙ: тай-құлындай тебісті — *жастайынан бірге ойнап, қатар өсті.*

ТАЙҚЫ I *Тайпиған, кейкі, қайқы, шалқия біткен.* ~ табақ. □ **Тайқы маңдай** — *жалпақ емес, тайпиған маңдай.*

ТАЙҚЫ II *Жалт беру, тайсалу, қашқақтау.* ~п шыға келді.

ТАЙҚЫЛАУ *Сәл тайпиған, шалқиыңқылау біткен, қайқылау.* ~ маңдай.

ТАЙЛА *Тең-тең етіп буу, бума-бума етіп байлау.* Матаны ~ды, шөпті ~ды.

ТАЙЛАҚ *Екіге әлі толмаған түйе төлі.*

ТАЙЛЫ *Тайы бар, тай ерткен.* ~ бие.

ТАЙЛЫҚ I *Тайдың құнына татырлық.* Зерлеген қара шақшам *тайлық* еді (Үш ғасыр).

ТАЙЛЫҚ II *Қаймығу, беттемеу, ығысу.* Оттан қорыққан қасқыр, жүздесуден ~ты.

ТАЙЛЫ-ТАЯҚ *Үлкен-кіші, ауыл-аймақ түгелімен, барлығы.* ~ғымен барып көрді, ~ғымен қорғады. ◊ **Тайлы-таяғы қалмады** — *барлығы келді, бірі де қалмады.*

ТАЙМ *спорт. Спорт ойынының уақытпен белгіленетін бір бөлігі.* Футбол ойынының бірінші ~ы.

ТАЙМАҢ: тайман қақты — *тайсалмады, именбеді.*

ТАЙМАҢДА *Еш нәрседен именбеу, тайсалмау.* ~ған пысық жан.

ТАЙМЕН *Жайық өзенінде кездесетін балықтың бір түрі.*

ТАЙПА *Таптық қоғамға дейінгі тілі мен жері ортақ, рулық байланысы берік адамдар қауымдастығы, ірі этникалық топ.* Түрік ~лары, бір ~ ел.

ТАЙПАҚ 1. *Биік емес, аласа, жатаған.* ~ жер үй (адам). 2. *Шұңғыл емес, жайпақ.* ~ табақ.

ТАЙПАҚТАУ *Сәл тайпақ, тайпағырақ, аласалау.* ~ келген жігіт.

ТАЙПАҚТЫҚ *Тайпақ болушылық, аласалық.* ~ғын әзілдеді.

ТАЙПАҚША *Тайпақтау, аласалау.* ~ тау.

ТАЙПАЛ *Аттың жайлы, біркелкі жұмсақ жүріске салуы, жорғалау.* Жорға су *тайпалып,* бұраңдап жайнаған (Шәкәрім). ◊ **Тайпалаған жорға** — *төрт аяғы тең жорға, су жорға.*

ТАЙПАЛАС *Бір тайпаға жататын, тайпасы бір.* ~ адамдар.

ТАЙПАЛЫ *Бірнеше тайпадан тұратын.* ~ ел, ~ ру.

ТАЙПАҢДА *Шалқалап жүру, тайпалу; жорғалау.* ~ған жорға.

ТАЙПИ *Жермен-жексен болып жапырау, жалпию.* ~ған үй.

ТАЙРАҢ 1. *Аяқты алшаң басқан жүріс.* Тайлақ құсап *тайраңға* басты (С. Жүнісов). 2. *Ауыс. Еркінсіп, масайраған қылық.* Шошыр ма бәлкім, *тайраңын* оның көрген көп (Сариев).

ТАЙРАҢДА 1. *Тайраң-тайраң етіп жүру, жүгіру, желу.* ~ған ботақан. 2. *Ауыс. Еркінсу, дандайсу.* Қашанғы есіртіп, *тайраңдатып* қоясыңдар (Тілегенов).

ТАЙРЫЛҒАН *Табанынан тозған, жүре алмай қалған.* Табанынан *тайрылған* әкем менің көрдің бе? (Алпамыс батыр).

ТАЙСАҚ *Жалтақ, жасқаншақ.* ~ жауап берді (қылық көрсетті).

ТАЙСАҚТА *Қаймығу, имену, жасқаншақтану.* ~п шыға келді.

ТАЙСАЛ *Қаймығу, имену, жасқану.* Қиындықтан ~ды, жаудан ~ды.

ТАЙ-ТАЙ *Бума-бума, тең-тең.* ~ мата.

ТАЙТАЛАҚТА *Тайраңдау, тайрақтау.* Сары атан *тайталақтап* желіп келеді (F. Мұстафин).

ТАЙТАЛАС I 1. *Талас-тартыс, егес, қақтығыс.* Басылған бақ күндестік, *тайталас* (Торайғыров). 2. *Қатарлас, бірге, тең.* ~ түсті, ~ өсті.

ТАЙТАЛАС II *Күресу, қарсыласу, таласып-тартысу.* Өлім мен өмір ~ты, ақыл мен ашу ~ты.

ТАЙТАЛАСҚЫШ *Таласып-тартысқыш, ерегіскіш.* ~ әдетін қойдырды.

ТАЙТЕРІ *Тай терісінен жасалған, жүнін үстіне қаратып астыға салып отыратын төсеніш, бөстек, тулақ.* Қызыл *тайтерінің* үстінде ағаш шауып отыр екен (М. Әуезов).

ТАЙ-ТҰЛАҚ *Арық-тұрақ, нашар жылқы малы.* Мінгендері *тай-тұлақ* емес, кілең сайгүлік (Есенберлин).

ТАЙТҰЯҚ *Аумағы тайдың тұяғындай кесек күміс, алтын жамбы.* Өз қолынан үлкен *тайтұяқ* сыйлады (М. Әуезов).

ТАЙФУН *Оңтүстік шығыс Азия мен Тынық мұхитының батыс жағалауында болатын сұрапыл дауыл, циклон.*

ТАЙЫЗ *Терең емес; саяз, таяз.*

ТАЙЫЗДА *Тереңдігі кеміп, түбіне жақындап азайып қалу.* Өзен суы ~п қалған.

ТАЙЫЗДАУ *Онша терең емес.* ~ өзен.

ТАЙЫЗДЫҚ *Тайыз болушылық.* Өзеннің ~ғы.

ТАЙЫН *Тайсалу, қаймығу, жасқану, имену.* Несіне ~асың.

ТАЙЫНБА *Жасқанбау, тайсалмау, именбеу.* Түтеген оқтан *тайынбай*, бара жатты ең алда (Сейітов).

ТАЙЫНША *Екі жасқа жетпеген торпақ.* Қорада жүні түспеген көпей *тайынша* тұр (Ғ. Мүсірепов).

ТАЙЫНШАДАЙ *Тайынша сияқты ірі, үлкен.* ~ қасқыр (арлан).

ТАКСАТОР 1. *Баға кесуші.* 2. *Орман ағаштарының көлемін өлшеуші маман.*

ТАКСАЦИЯ 1. *Бағалау, баға кесу.* 2. *Өнімді мөлшерлеу.* 3. *Көлемін мөлшерлеу.*

ТАКСИ *Белгілі нарықпен ақша төленетін, жолаушылар мен түрлі жүк таситын жалдама машина.*

ТАКСИШІ *Такси жүргізуші шофер.*

ТАКСОМЕТР *Таксидің жүрген жолына сай ақы мөлшерін есептейтін механикалық есептегіш; счетчик.*

ТАКСОФОН *Телефон-автомат.*

ТАКТ *муз. Музыкалық шығарманың ұзындығының мөлшерлі ырғақтары. Ырғақ өлшемі.*

ТАКТИК *Тактикаға шебер адам.* Талантты ~.

ТАКТИКА 1. *экспр. Соғыс жүргізудің теориясы мен практикасын қарастыратын әскери өнердің бөлігі.* Теңіздегі ұрыс ~сы. 2. *Қоғамдық, саяси күрестің әдістері мен тәсілдерінің бірлігі.* Партия ~сы.

ТАКТИКАЛЫҚ *Тактикаға жататын, тактикамен байланысты.* ~ күрес (мәселе).

ТАҚ I *Монархтың (хан, шах, патша, корольдің) отыратын орындығы, билікке ие болу белгісі.* Патша ~ғы. ◊ **Таққа отырды [мінді]** — *патша болды; хан сайланды.* **Тақтан түсті [құлады, тайды]** — *патшалықтан, хандықтан айрылды.*

ТАҚ II 1. *Жұппен алмасып келіп отыратын сан (1, 3, 5, 7...).* 2. *Ауыс. Жеке, дара, жалғыз.* Кебек сынды *тақ*қа бер (М. Әуезов).

ТАҚ III *Нақ, тура, дәл.* ~ осы жерде (бір айда).

ТАҚ IV 1. *Бір нәрсені қадау, жапсыру, ілу.* Түйме ~ты, орден ~ты, үкі ~ты. 2. *Байлау, орау.* Галстук ~ты.

ТАҚ: **тақ етті.** 1. *Сарт еткен, тақылдап естілген дыбыс.* Тасқа ~ етті. 2. *Сақ етіп, дәлме-дәл тіл қатты. Тақ* етіп дәл жауап берді.

ТАҚА I 1. *Аяқ киімнің табанына байлайтын жылқының төрт не екі тұяғы.* ~ жасады. 2. *Аяқ киімнің өкшесі, өкшелігі.* Биік ~.

ТАҚА II *Нақа, нағыз, тура, мүлде.* Басқаны қойдың әншім *тақа* құртып (Жансүгіров). ◊ **Тақа болмай бара жатса** — *жөні келмесе, амалы жетпеске.* ~ды.

ТАҚА III *Жақындау, жуықтау, таяну.* Кешкі алтыға *тақап* қалған екен (Ә. Нұршайықов).

ТАҚАҚТА *Бір нәрсені қайта-қайта айтып не сұрап мазаны алу.* ~п күнде сұрайды, ~п түсіндірді.

ТАҚАС I 1. *Талас-тартыс, егес, ерегіс.* Қан төгіскен сонау бір *тақас* тар заманда (І. Омаров). 2. *Қиын-қыстау, қысылшаң.* ~ заман.

ТАҚАС II *Ерегісу, егесу, таласып-тартысу.* Тағы да *тақасып* келіп, тағы да таласып келіп (Мүсірепов). *Тақасу* өнер емес (Малқаров).

ТАҚАСТЫҚ *Ерегісушілік, егесушілік, тақас болушылық.* Бақастық пен *тақастық* жақсылыққа бастамайды ("Қаз. әдеб.").

ТАҚАУ *Таяу, жуық, жақын.* Жүзге ~, мектеп іргесіне ~, көктемге ~.

ТАҚАУЛАУ *Таяуырақ, жақындау, жуықтау.* ~ келіп қалды.

ТАҚИЯ *Кестелеп, сырып тігілген дөңгелек, жеңіл бас киім.* Өзбек ~сы. □ **Тақия қарын** — *қарынның тықыр тұқты бөлігі.* **Тақия телпек** — *тақия теуіп ойнайтын балалар ойыны.* ◊ **Тақияда тамтығы қалмады** — *бәрінен жұрдай болды.* **Тақияңа тар келе ме [тарлық етпейді]** — *осы да жетер, бұда болса пайда.* **Тақияң жерге түседі [түсердей]** — *зәулім, биік.*

ТАҚИЯДАЙ *Тақия сияқты кішкентай, көлемсіз.* ~ алаң (көл).

ТАҚИЯЛЫ *Тақиясы бар; тақия киген.* ~ жігіт.

ТАҚИЯШАҢ *Басына тақия киген.* ~ жүрді.

ТАҚПАҚ *Жаттап алып, көпшілік алдында айтатын шағын, қысқа өлең.* ~ айтты (үйренді).

ТАҚПАҚТА 1. *Өлең жолын жатқа айту, өлеңдете айту.* Асыл сөзді *тақпақтап*, топ алдында желмеген (Жамбыл). 2. *Сөздің майын тамызып, қиыстырып, термелеп айту.* ~й сөйледі (жөнелді).

ТАҚПАҚШЫ *Тақпақ айтушы; тақпақ айтудың шебері.*

ТАҚПАҚШЫЛ *Термелеп, нақылдап сөйлегіш.* Шетінен ~.

ТАҚСЫР *тар. Мәртебесі жоғары адамға жалыну, жалбарыну, құлдық ұру мәнінде айтылатын қаратпа сөз.* Алдияр ~.

ТАҚСІРЕТ *Ауыртпалық зардабы, азап, қиыншылық.* Тату үйге *тақсірет* жоламас (Мақал). ◊ **Тақсіретін тартты [шекті]** — *азабын көрді, зардабын тартты.*

ТАҚТА I 1. *Бормен жазуға арнап жасалған класс тақтасы.* Әріптерді *тақтаға* жазды (Әмірров). 2. *Түрлі құлақтандыру, жарнама, газет, т. б. ілінетін арнаулы тақтай.* Құрмет ~сы, мемориал ~сы.

ТАҚТА II *Арасын межелеп бөлшектеген егістік жер.* Аттарын егіндік *тақтаға* жақын жайғанды (Қасенов).

ТАҚТАЙ *Бөренені ұзынынан тіліп жасалатын екі жағы тегіс жұқа ағаш кесіндісі, құрылыс материалы.* Үй сырланған, асты-үсті *тақтай* (Б. Майлин).

ТАҚТАЙДАЙ *Тақтай сияқты тегіс, тұзу.* ~ жол.

ТАҚТАЙЛА *Тақтай төсеу, салу.* Еденді ~ды.

ТАҚТАЙЛЫ *Тақтай төселген, тақтай салынған.* ~ еден.

ТАҚТАЙША *Кішкене тақтай, шағын тақтай.*

ТАҚТАҚ I *зоол. Інге ұя салатын ақ құйрық торғай.* Сұр *тақтақ* лып беріп жер астына кіріп жоқ болды (Көшімов).

ТАҚТАҚ II *Әбден тапталып қалған кедірбұдырсыз, тегіс.* ~ жол.

ТАҚ-ТАҚ 1. *Тарс-тарс, сарт-сарт.* ~ еткен дыбыс. 2. *Сөзге пысық, зерек.* Таңдайы ~ ете қалады.

ТАҚТАЛА *Тақта-тақта етіп бөлу.* ~ған егістік жер.

ТАҚ-ТҰҚ *Болар-болмас, жетер-жетпес.* Өзіне ~ жетеді.

ТАҚУА *Діндар, діншіл.* Аузынан құдай түспейтін *тақуа* кісі (Қайырбеков).

ТАҚУАЛАН *Тақуа болу, тақуаға тән қылық көрсету.* ~ды да қалды.

ТАҚУАЛАУ *Діншілдеу, діндарлау.* Құнанбай арабша оқымаған адам болса да, діндар, *тақуалау* (М. Әуезов).

ТАҚУАЛЫҚ *Тақуа болушылық.* ~ғын сөз етті.

ТАҚУАСЫН *Тақуа болғансу, діндарсыну. Тақуасынған* өңшең діндар (Шашубай).

ТАҚЫ *Амал, айла, әдіс, құлық. Тақысын* тауып, тастың өзімен өрмеледі (F. Орманов).

ТАҚЫЛ 1. *Тақ-тақ еткен дыбыс, тықыл.* Ат тұяғының ~ы. 2. *Сөз, лебіз.* Пайдасыз ақыл, байлаусыз *тақыл* (Абай).

ТАҚЫЛДА 1. *Тақ-тақ еткен дыбыс шығару; тарсылдау.* ~ мотор үні; есік ~ды. 2. *Мүдірмей, бөгетсіз тықылдап сөйлеу.* ~п айтып шықты; сұраққа ~п жауап берді.

ТАҚЫЛДАҚ *Сөзуар, сайрауық, тақылдауық.* Мұнша ~ болар ма.

ТАҚЫЛЕТТЕС *Ұқсас, сияқты; тақылетті.* Жылқы ~ аң, өзі ~ адамдар.

ТАҚЫЛЕТТІ *Сияқты, іспетті; тақылеттес.* Күзен терісінен парик киген кісі *тақылетті* (Қабдолов).

ТАҚЫЛ-ТАҚЫЛ *Аз-аздап, жиі-жиі.* ~ тамақ ішті.

ТАҚЫЛ-ТҰҚЫЛ *Жетер-жетпес; бірде бар, бірде жоқ, тақ-тұқ.* ~ тамақ.

ТАҚЫМ *Тізенің астыңғы, ішкі жағы.* ~ын жазды, ~ына қысты. **Тақым қағар** — *атқа мінгенде тақым тимеу үшін былғарыдан, киізден жасалған зат.* **Тақым бұрау салды** — *қылмыстыны азаптады, аяусыз жазалады.* **Тақымға салды [тақымы батты]** — *тізесін батырды, күш көрсетті.* **Тақымы толмады** — *міне тұтпады, қорашсынды.*

ТАҚЫМГЕР *Тақымға алғыш, көкпарға түскіш.* ~ жігіт.

ТАҚЫМДА 1. *Көлікті жүргізу үшін тақым қағу, тақым қысу.* Атымды ~дай түстім. 2. *Ауыс. Қыр соңынан қалмау, ізіне (соңына) түсу.* Байларды біраз *тақымдады* (F. Мүсірепов).

ТАҚЫМДЫ *Талап қойғыш, табанды.* Халқы оның көңілін табу үшін *тақымды* болу керек (Есенберлин).

ТАҚЫМДЫҚ *Тақымның түсы.* Аяғы *тақымдыққа* дейін гипс-теліпті (Ә. Сәрсенбаев).

ТАҚЫМКЕШ *Тақымға алғыш, жекпе-жек тартыста жеңгіш.* Тартыста жеңген адам бізде *тақымкеш* деп аталады (Көшімов).

ТАҚЫР *геогр.* 1. *Ешбір өсімдік өспейтін, шөпсіз құқыл жер. Тақырға* не шығушы еді (Рахимов). 2. *Шөбі құрап қалған, тапталған тегіс жер.* Төбе басы *тақыр* (Саин). 3. *Тықыр, жалтыр.* ~ кілем, ~ бас. ◊ **Тақырға отырғызды** — *жер соқтырды, алдап кетті.* **Тақыр кедей** — *түгі жоқ, нағыз кедей.*

ТАҚЫРАЙ *Шашы алынып, тақыр болу.* ~ған басы, ~ған шекесі.

ТАҚЫРЛА *Түк қалдырмау, тақыр ету, тықырлау.* Желке шашын *тақырлап* алдырған (Бек). Табақ түбі *тақырлаған* (Тоқаев).

ТАҚЫРЛАУ *Шөбі сирек, тақыр жер. Тақырлауға* қонған таз тырна, таң маңынан ұшар ол (Алдаспан).

ТАҚЫР-ТАЗА *Бүтіндей, біржола.* ~ айрылдық.

ТАҚЫРШАҚ *Шөп шықпаған сортаң, тақыр жер.* ~ жер. ◊ **Тақыршаққа отырғызды** — *жер соқтырды, алдап кетті.*

ТАҚЫРШЫЛЫҚ *Құрғақшылық, қуаңшылық.* ~ жыл, ~ болды.

ТАҚЫРЫП 1. *Лекцияның, баяндаманың, шығарманың, жазған еңбектің аты; тема.* Өңгіменің ~бы, лекцияның ~бы, сабақ ~бы. 2. *Шығарманың, еңбектің негізгі мазмұны, түйіні.* Көркем әдебиет жазғанда *тақырып* түзу болу керек (С. Сейфуллин).

ТАҚЫРЫПТАС *Тақырыбы бір, ортақ, ұқсас.* ~ өлеңдер (шығармалар).

ТАҚЫРЫПТЫҚ *Белгілі бір тақырыпқа қатысты.* ~ кештер.

ТАҚЫРЫППША *Жеке бөлімдер мен тараулардың аты; қысқа, шағын тақырып.* Лекциясын жеке ~ ларға бөліп оқыды.

ТАҚЫС *Қу, әккі, айлакер.* Сыр бермейтін ~, көпті көрген ~.

ТАҚЫСТАН *Қулану, әккілену.* ~ып алған (бойын бақты).

ТАҚЫСТАУ *Қулау, әккілеу, айлакерлеу.* ~ бала.

ТАҚЫСТЫҚ *Тақыс болушылық.* ~ қулығына салды.

ТАЛ I *Майысқақ бұтақты, жіңішке жапырақты бұта, ағаш.* Шыбығын қадай салсаң — *тал* болады (Қ. Ысқақов). ◊ **Тал бойы** — *бүкіл денесі, тұла бойы.* **Тал шыбықтай** — *нәзік талдырмаш.*

ТАЛ II *Бір тектес, ұқсас заттардың жеке біреуі, данасы.* Бір *тал* гүл ала келмепті-ау (Мұртазаев).

ТАЛ III 1. *Есінен тану, талықсу.* ~ып қалды (түсті). 2. *Қатты шаршау, әлсіреу, діңкелеу.* Қанаты ~ды, ~ып жығылды.

ТАЛ: тал түс — *шаңқай түс, талма түс.*

ТАЛА 1. *Иттің, қасқырдың және басқа жыртқыш аңның тістеп, жұлып жара түсіруі.* Қасқырға шабатын төбеттер бұны *талап* та тастайды (М. Әуезов). 2. *Ара, маса, сона сияқты жәндіктердің денені шағып дуылдатуы.* Маса ~ды, ара ~ды. 3. *Ауыс. Елді тонап шауып алу, тартып алу.* Қазына-мүлкін *талады,* жерін шапты (Есенберлин).

ТАЛАБА *Медресе шәкірті.* Имандар даярлайтын оқуға жыл сайын 25 *талаба* қабылданбақ ("Қаз. коммунисі").

ТАЛАҒЫШ *Ел шауып тартып алғыш, тонағыш.* Ел ~ банды.

ТАЛАЙ *Маңдайға жазған бақ, несібе.* -ын сынады, -ына жазғанын көрді, -ына тап келді. ◊ **Талайың өссін** *(алғыс)* — *мерейің үстем болсын, бақытты бол!.* **Талай төмен түсті** — *беделі түсті, көңлі басылып қалды.*

ТАЛАЙ II 1. *Әлденеше, бірнеше; көптеген.* ~ күн (адам, жеңіс, ғасыр). 2. *Неше түрлі, алуан түрлі.* ~ды көрген адам. ◊ **Талайдан бері** — *көптен бері, бұрыннан.* **Талай жер** — *едәуір алыс жер.* **Талайды көрді** — *жақсы-жаманды бастан кешу.*

ТАЛАЙҒЫ *Көптен бергі, көптен келе жатқан.* ~ дау- жанжал (дерт).

ТАЛАЙЛЫ *Бақытты, несібелі.* Таз екенін қайтесің, *талайлысын* айтсаңшы (Мақал).

ТАЛАЙСЫЗ *Бақытсыз, сорлы.* ~ болды.

ТАЛАҚ I *көне. Ері тарапынан некені бұзу, әйелін тастау жайы.* Мен сенен *талақ*! — деді Айдарбек Зейнепке (Майлин). 2. *Дүниеден, тіршіліктен безді. Талақ* етіп бұл ғаламды (Абай). □ **Талақ қағаз [хат]** — *некенің бұзылғаны туралы куәлік.*

ТАЛАҚ II *Қарынға жабыса біткен, қан түзетін жүйеге жататын мүше; көк бауыр.* ◊ **Талағы жабысты (кекесін)** — *ымы-жымы бірігіп, жігі айрылмастай болды.* **Талағының биті бар** — *еті тірі, пысық.* **Талағы тарс айрылды [жарылды, кетті]** — *бұлқан-талқан боп, қатты ашуланды.*

ТАЛАҚАЙ: ту талақай — бей-берекет, опыр-топыр, астан-кестен.

ТАЛАҚТАЙ *Талақ сияқты.* Көкпеңбек ~, ~ түтікті.

ТАЛАҚША *Талаққа ұқсап, айрылмай, қыр соңынан қалмай.* ~ жабысты.

ТАЛАНДЫ *Тоналған, тартып алынған. Талан-дыдан* қалған дүние (Хұсайынов).

ТАЛАНТ 1. *Ерекше біткен табиғи дарын, асқан қабілеттілік.* Музыкалық ~, ақындық ~. 2. *Ерекше дарынды адам.* Өмір шындығын сенімді көрсету ірі *таланттың* ғана қолынан келеді (С. Мұқанов).

ТАЛАН-ТАРАЖ *Мал-мүлкін, байлығын талаушылық, тонаушылық.* Үнді халқы жаудың *талан-таражына* ұшырады ("Соц. Қаз."). ◊ **Талан-таражға түсті** — *кім көрінгеннің қолында талауда кетті.*

ТАЛАНТСЫЗ *Таланты жоқ, дарынсыз.* ~ адам (жазушы).

ТАЛАНТТЫ *Ерекше дарынды, қабілетті.* ~ ғалым (суретші, халық).

ТАЛАНТТЫЛЫҚ *Талантты болушылық.* Баланың ~ғынан зор үміт күтті.

ТАЛАП 1. *Ынта, ықылас, жігер.* Талантты өсіретін *талап* (Мақал). 2. *Міндет, жауапкершілік.* Қатаң ~, ата-ана ~бы, ◊ **Талабын жер қылды** — *көңілін бөліп тастады, меселін қайтарды.* ◊ **Талабыңа нұр жаусын!** *(алғыс)* — *алдыңнан жарылқасын, бақытты бол!* **Талабы таудай** — *үміті зор, қабілетті.* **Талап етті [қылды]** — а) *талпынды, ұмтылды;* ә) *сөзсіз орындалуын қажет деп тапты.*

ТАЛАПАЙ 1. *Шашылып қалған нәрсені таласа-тармаса жинап алу әрекеті.* Кірпішін *талапайға* түсіретін шығар (Сейдімбеков). 2. *Талан-тараж, тонаушылық.* Арыс бойындағы ауыл *талапайға* ұшырай бастады (Кекілбаев). ◊ **Талапайға салды [түсті]** — *көрінгеннің қолында, талауында кетті.*

ТАЛАПАЙЛА *Таласып-тартысып бөліп алу, талапайға салу.* Алма-өріктерін көшедегі балалар *талапайлап* кетеді екен (Нұржекеев).

ТАЛАПКЕР 1. *Бір істі тындыруға тырысқыш, ізденгіш.* ~ жігіт (ақын). 2. *Заң. Сотқа, заң орнына арыз жазып ресми талап қоюшы, ізденуші, жоқтаушы адам.* Сотта *талапкер* мен жауапкер тыңдалды ("Соц. Қаз.").

ТАЛАПКЕРЛІК *Талапкер болушылық, ізденгіштік.* ~гі ұнады.

ТАЛАПСЫЗ *Талабы жоқ, ынтасыз, мақсатсыз. Талапсызбен* тамыр болғанша, талаптымен таныс бол (Мақал).

ТАЛАПСЫЗДЫҚ *Талапсыз болушылық.* Барып тұрған ~.

ТАЛАП-ТАЛҒАМ *Талап пен талғам, мақсат, міндет.* Бүгінгі оқушы қауымның *талап-талғамы* өскелең ("Лен. жас".).

ТАЛАПТАН *Алдына қойған мақсатқа жетуге тырысу, ұмтылу.* Оқуға *талаптанатынбыз* (Нұршайықов).

ТАЛАПТАНУШЫЛЫҚ *Тырысып ізденушілік, ынталылық.* Үйренуге ~.

ТАЛАПТАС *Талабы бір, мақсат-мүддесі ортақ.* Бір шекken өткен өмір азабын *талаптасым* (Достық жыры).

ТАЛАПТЫ *Көздеген мақсатына жетуге ұмтылғыш, талантты, қабілетті. Талаптымен* таласпа, өнер — ердің қанаты (Мақал).

ТАЛАПТЫЛЫҚ *Талапты болушылық, талантты-лық, қабілеттілік.* ~ғына сүйсінді.

ТАЛАП-ТІЛЕК *Алдына қойған мақсат, міндет, жауапкершілік.* Ақындық өнерге *талап-тілек* күшейді (Исмаилов).

ТАЛАПШЫЛ *Талап қойғыш, талап етkіш.* Өзіне де, өзгеге де қатаң *талапшыл* ("Қаз. әйелдері.").

ТАЛАПШЫЛДЫҚ *Талапшыл болушылық.* ~ғы көрініп тұр.

ТАЛАС I 1. *Белгілі бір нәрсе, мәселе жайындағы пікір тартысы, айтыс, керіс.* Пікір ~ы, ғылыми ~. 2. *Тартыс, бәсеке.* Өлеңге әркімнің-ақ бар *таласы* (Абай). 3. *Теңбе-тең, тайталас, қатармақатар.* Қарақшыға *талас* келдік (Мұстафин).

ТАЛАС II 1. *Дауласу, тартысу, айтысу.* Білікке ~ты, үлкен кісімен ~ты. 2. *Иттің, қасқырдың т. б. жыртқыш аңның бір-бірімен тістесіп, жұлқыласуы.* Қасқыр мен иттер қатты *таласты* (Санбаев).

ТАЛАСА-ТАРМАСА *Асығыс-үсігіс, жедегабыл.* ~ сөйледі (қимылдады).

ТАЛАСҚЫШ *Талас тудырғыш, даукес, жанжалқой.* Билікке ~, орынға ~.

ТАЛАСҚЫШТЫҚ *Таласқыш болушылық.* Әтешке тән *таласқыштық* ("Қаз. әдеб.").

ТАЛАССЫЗ *Таласы жоқ, даусыз, дау-дамайсыз.* ~ мәселе (ақиқат).

ТАЛАС-ТАРТЫС *Дау-дамай, жанжал, ұрыс-керіс.* ~ тудырды (тоқтамады).

ТАЛАС-ТАРТЫССЫЗ *Талас-тартысы жоқ, дау-дамайсыз.* Мәселені ~ шешті.

ТАЛАСТАУ *Таласы баршылық, аздап пікір таласын тудыратын.* ~ мәселе.

ТАЛАСТЫ *Таласы көп, таласы бар.* ~ жер (мәселе).

ТАЛАУ *Асқан жүйрік, асыл тұқымды мініс аты.* Тұлпардан туған ***талаудың***, Артынан телміріп қиқу таянса, қара терге боянса (Ер Тарғын). Тұлпар туған бурылды ***талауым*** деп мінейін (Қобыланды батыр).

ТАЛАУРА 1. *Шапақ шашып, қызыл жалқындалу.* ~п күн шығып келе жатты. 2. *Қызара бөртіп қабыну, ісіну.* Денесі ***талаурап*** қызарған ("Соц. Қаз.").

ТАЛҒА *Таңдау, сұрыптау.* Тамақты ~п ішеді.

ТАЛҒАҒЫШ *Талғампаз, таңдағыш.* Тамақ ~, киім ~.

ТАЛҒАЖАУ *Қоректік зат, талшық.* Қыс бойы қамыстың шашағын ***талғажау*** етті ("Қаз. әдеб.").

ТАЛҒАЖАУЛА *Талшық ету, қорек қылу.* Қамыстың шашағын жұлып, ***талғажаулап*** жүрген сиыр не оңады (С. Әсіпов).

ТАЛҒАМ *Бір нәрсеге деген ұнамды көзқарас, талғағыштық.* Эстетикалық ~, көркемдік ~.

ТАЛҒАМДЫ *Талғампаз, талғағыш.* Шешелері ***талғамды,*** кербез адам (Соқпақбаев).

ТАЛҒАМДЫЛЫҚ *Талғамды болушылық.* Ақындық ~, эстетикалық ~.

ТАЛҒАМПАЗ *Таңдағыш, сұрыптағыш.* Табиғат-қатал, ***талғампаз*** ана (Есенберлин).

ТАЛҒАМПАЗДЫҚ *Талғампаз болушылық.* ***Талғампаздық*** білімнен, мәдениеттен (Қанахин).

ТАЛҒАМСЫЗ *Талғам қойылмай, қалай болса солай.* ***Талғамсыз,*** парықсыз жансыз ("Лен. жас").

ТАЛҒАМСЫЗДЫҚ *Талғамсыз болушылық, талғам қоя білмеушілік.* Орыс тіліне аударуда ***талғамсыздық*** бар ("Қаз. әдеб.").

ТАЛҒАМШЫЛ *Талғампаз, талғамды.* ~ қыз (ақын).

ТАЛҒАМШЫЛДЫҚ *Талғамшыл болушылық.* ~ керек.

ТАЛҒАУЛЫ *Таңдамалы, таңдаулы.* ~ ой. □ **Талғаулы салалас** — *біркелкі ыңғайластығын танытатын құрмалас сөйлем.*

ТАЛҒАУЛЫҚТЫ: **талғаулықты жалғаулық** *(грамм.)* — *сөйлем ішінде кезектесіп қолданылатын жалғаулық түрі.*

ТАЛҒАУСЫЗ *Талғамай, қалай болса солай.* ***Талғаусыз*** жұтқан тамақты жыртады (Мақал).

ТАЛДА 1. *Бір-бірлеп салалау, тарамдау.* Жалын ~п тарады. Шашын ~п өрді. 2. *Бір істің егжей-тегжейін ажырата зерттеу, тексеру.* Шығармасын ~ды, сөзіне ~у жасады.

ТАЛДАҒЫШ *Талдай алатын, саралағыш.* Аспапты ~.

ТАЛДАМА *Белгілі бір мәселені, жұмысты дайындау үстінде қолданылатын есептеу, пайымдау.* ~ дәптер, ~ жасады, ғылыми ~.

ТАЛҒАМПАЗДЫҚ *Талғампаз болушылық.* ***Талғампаздық*** төркіні — талғампаздық (М. Әлімбаев).

ТАЛ-ДАРАҚ *Тал мен терек, бұта аралас ағаш.* Шөлге бейімді ***тал-дарақтар*** екті ("Қаз. әдеб.").

ТАЛДАУ *Талқылаушылық, баға берушілік.* ~ жүргізді [жасады].

ТАЛДАУСЫЗ *Талдау жасамай, тексермей.* Мақала ***талдаусыз*** қалып қойған ("Қаз. әдеб.").

ТАЛДЫРМАШ *Тал шыбықтай үзіліп түрған нәзік, жіңішке.* ~ қыз (бала жігіт).

ТАЛДЫРМАШТАН *Жіңішкеру, тартылып жүдеу.* Денесі біртіндеп ***талдырмаштанып,*** бойшаң бола бастайды (Семья тәрбиесі).

ТАЛДЫРМАШТАУ *Нәзіктеу, жіңішкерек.* ~ қыз.

ТАЛҚАН *Қуырылған бидай мен тарыны диірменге тартып я келіге түйгенде жасалатын майда ұнтақ.* Дорбадағы ***талқаннан*** уысымен қармады (Серкебаев). ◊ **Талқан етті (қылды, талқаны шықты)** — *қиратты, күлпарша етіп бұлдірді.*

ТАЛҚАНДА 1. *Қуырылған бидай мен тарыны түйіп, ұнтақтау, талқан жасау.* 2. *Ауыс. Күлпарша етіп бұлдіру, құрту.* Жауды ~ды, қамалды ~ды.

ТАЛҚАНДАЙ *Талқан сияқты, майда, құрғақ.* Суға шыланған ~.

ТАЛҚАНДЫҚ *Талқан боларлық, талқанға жарарлық.* ***Талқандық*** дән таусылды (Сқақбаев).

ТАЛҚЫ 1. *Иден шыққан теріні керіп-созатын, ұқалап жұмсартатын ағаштан жасалған құрал.* 2. *Ауыс. Сын тезіне түскендік, тексеріс.* Коллектив ~сы, көп ~сы. 3. *Ауыс. Басқа түскен қиындық, азап, қыспақ.* Өмір ~сы, тұрмыс ~сы. ◊ **Талқыға түсті (салды)** — *пікір талқысынан өткізді, тек-серіске салды.*

ТАЛҚЫДАЙ *Үлкен, дәу.* Аяғында ***талқыдай*** тозуға қараған кенеп ботинка (Нұрпейісов).

ТАЛҚЫЛА 1. *Иден шыққан теріні талқыға салып жұмсарту.* Теріні ~ды. 2. *Ауыс. Бір істің егжей-тегжейіне жету, тексеру.* Мәселе жиналыста ~нды.

ТАЛМА I 1. *Есі ауысып талып қалатын ұстамалы ауру.* ~сы бар адам. 2. *Тез талатын, әлсіз, нәзік.* Адамның ең ***талма*** жері осы тұс қой ("Қаз. әдеб."). □ **Талма шақ** — *қара өзек шақ; көктем кезі.*

ТАЛМА II *Талдырмаш. Талма* денесі бұралып дастархан жайды (Рамаданов).

ТАЛМА III *Ауызға салып, әрлі-берлі тамсанып дәмін көру.* Екі ***талмап***, бір жұтсын.

ТАЛМА IV *Шаршап-шалдықпау, тынымсыз әрекеттену.* Жаумен ***талмай*** алысам (Орманов).

ТАЛМА: **талма түс** — *тал түс, тапа тал түс.*

ТАЛМАЛЫ *Әбден талдыратын, шаршатып қажытатын.* Қыстың ***талмалы*** ұзақ түнінде қалжырап барып көз шырымын алды (Жақанов).

ТАЛМАУРА *Әлсіреу, өлімсіреу, үзілу.* Лиза ***талмаурап*** барып ұйықтап кетті (Бал дәурен).

ТАЛМАУСЫ *Әлсіреп талықсу, үзілу.* ***Талмаусып*** шықпай жатыр көрдің бе үнім (Торайғыров).

ТАЛМАУСЫРА *Талықсу, әлсіреу, нашарлау.* Жүрегі әлсіреп, ***талмаусырай*** беретін (С. Мұқанов).

ТАЛМАУЫР: **Талмауыр жер** — *талма, ұрғанда қатты ауыратын жер.* ***Талмауыр*** жерден дәлдеп соқты (М. Сәрсекеев).

ТАЛОН 1. *Бір затты алу үшін берілетін бақылау қағаз.* Етті талонмен береді ("Соц. Қаз."). 2. *Бір документтің я квитанцияның жыртылғаннан кейін қалатын бөлігі.* Жыртылмалы ~.

ТАЛПАЙ *Жалпаю, талпию.* Иегі ***талпайып,*** шеке жағы құшиған (А. Нұрманов).

ТАЛПАҚ *Жалпиған, тәмпиген.* ~ танау, ~ қара бала.

ТАЛПАҚТАУ *Талпиыңқыраған, жалпақтау.* ***Талпақтау*** келген танауы қусырыла түскен (Райымқұлов).

ТАЛПИ *Жалпию, тәмпию.* Мұрнын көріп ***талпиған*** (Жұмағалиев).

ТАЛПЫН 1. *Қимыл-қозғалыс жасап тырмысу, ұмтылу, жүруге тырысу.* Жас нәресте ұмтылып, *талпынуын* қоймайды (Жароков). 2. *Ауыс. Белгілі бір мақсатқа жету үшін талаптану, әрекеттену.* Институтқа түсем деп *талпынып* жүрген (Ж. Молдағалиев).

ТАЛПЫНЫС *Тырысушылық, талаптанушылық; алға ұмтылыс.* Мұның ең соңғы *талпыныс* екенін білдім (Мұқаев).

ТАЛТАЙ *Аяқтың арасын екі жаққа тарбитып ашу.*

ТАЛТАҚ *Екі айыр заттың арасы қисайыңқырап біткен, талтайған.* ~ аяқ (бут, мүйіз).

ТАЛТАҚАЙ *Талтақ-талтақ ететін, талтақтау.* Уәлидің *талтақай* семіз қатыны келді (Тарази).

ТАЛТАҚТА *Талтақ-талтақ басу, алшаңдау. Талтақтап* аяқтарын әзер басатын (Сқақбаев).

ТАЛТАҢ: талтаң басты — *алшаңдады, алшаң-алшаң жүрді.*

ТАЛТАҢБАЙ *Талтаңдап жүретін, ақылсыз, ойсыз адам.*

ТАЛТАҢДА 1. *Аяқтың арасын кең ашып, талтаңдап тұру.* Аяғын *талтаңдай* басады (Қаражігітов). 2. *Ауыс. Дандайсу, еркінсу, мардымсу. Талтаңдап* жүргенің Омарғалидің арқасы (Түймебаев).

ТАЛТИ *Аяқтың арасын кеңірек ашып тарбиту.* Қарсы алдымда *талтиып* тұра қалды (Уайдин).

ТАЛША *Жіңішке, талдай.* Қылша мойның талша — *не істесең де көндім, құлдық.*

ТАЛШЫҚ I *Зат құрамының жеке бөлшектері, талы.* Шуаш жүн *талшықтарын* бір-біріне жабыстырады (Омаров).

ТАЛШЫҚ II *Жүрек жалғарлық азын-аулақ қорек.* Мұның еті үшеуіне *талшық* (Құттыбаев).

ТАЛШЫҚТА 1. *Бір-бірлеу, тал-тал ету, талдау. Талшықтап* жинайтын жүн (Қыдырбекұлы). 2. *Ауыс. Аз-аздау, там-тұмдау, үнемдеу.* Шұжықтың бір-екі керткенін ғана *талшықтап* жеді (Хасенов).

ТАЛШЫҚТАН *Талшық-талшық боп бөліну, тарамдану.* ~ып өсті.

ТАЛШЫҚТЫ *Талшығы мол, тарамдалған.* Синтетикалық смоладан *талшықты* плиталар алынады ("Халық мұғ.").

ТАЛШЫН *биол. Шамшат тұқымдасына жататын биіктігі 30–35 метрдей болатын ағаш.*

ТАЛЫҚ *Шаршау, қалжырау, діңкелеу. Талығып* жатып қалғып кетіппін (Қайырбеков).

ТАЛЫҚСЫ 1. *Есінен шала-шарпы тану, есеңгіреу.* 2. *Әлсіреу, қалжырау.* Алыстан *талықсып* келе жатса да, екпіні әлі қатты (Әбдірахманов).

ТАЛЫС *Жылқының бас терісінен жасалған, оны-мұны салып қоятын ыдыс.* Етікшінің ~ы.

ТАЛЫСТАЙ *Зор, үлкен, дәу.* ~ аяқ (үлкен ботинка).

ТАМ I 1. *Қолдан құйған балшықтан, кірпіштен салынған шатырсыз үй. Там* салғанның тамтығы қалмас (Мақал). 2. *жерг. Төрт құлақты мола, бейіт.* Төрт құлақты *тамдары* көрінген дөңесті көрсетті (Қайырбеков).

ТАМ II *Сұйық заттың сыздықтап созалаңдап ағуы.* Су ~ды, жас ~ды, қан ~ды.

ТАМАҚ I *Мойынның алдыңғы жағы, алқым, жұтқыншақ.* Тамақтан өткеннің бәрі *тамақ* (Мақал). **Тамағы кеберісті (кепсіді) — *аузы құрғады, таңдайы кепті.* Тамағына тас тығылсын! — *оны жегенше, қақалып қалсын деген мағынадағы қарғыс.* Тамағын кенеді — *тамағын қырнап үнін түзеді.* Тамағы істі (емшегі) — *дәмеленді, емексіп қалды.***

ТАМАҚ II *Ішіп-жем, тағам.* Кешкі ~, түскі ~, ертеңгі ~. **Тамақтан қалды — *ас батпады.***

ТАМАҚСАУ *Ашқарақ, қомағай.* ~ адам (түлік, бүркіт).

ТАМАҚСАУЛАУ *Ашқарақтау, қомағайлау. Тамақсаулау* неме еді (Баялиев).

ТАМАҚСАУЛЫҚ *Ашқарақтық, қомағайлық.* ~ зиянды, ~тық салдары.

ТАМАҚСЫРА *Тамақ ішкісі келу, ашқарақтану. Тамақсырап* қалғандар тоқмейілсіп тойынды (Сауытбеков).

ТАМАҚТА *Қасқырдың қой-ешкі, тағы басқаларын тамағынан тістеп орып жіберуі, өлтіруі.* Қасқыр *тамақтаған* еліктің лағындай (Мағауин).

ТАМАҚТАН *Тамақ ішіп-жеу, қарын тойдыру.* Мезгілімен ~ды, ~ып алды, дұрыс ~ды.

ТАМАҚТЫҚ *Қоректік, нәр болғарлық.* ~ сапасы жақсы нәрсе.

ТАМАМ *Барлық, күллі, дүйім. Тамам* адам зұлымдығынан құтылар еді (Шәкәрім).

ТАМАМ: тамам болды [қылды, етті] — *бітірді, аяқтады, түгесті.*

ТАМАМДА *Бітіру, аяқтау.* Оқуын ~ды, жұмысын ~ды.

ТАМАН *Жақын, таяу, жуық.* Бері ~, үйге ~, кешке ~.

ТАМАНДАУ *Жақындау, жуықтау.* Сайға ~, қалаға ~.

ТАМАША 1. *Ерекше жақсы, өте жақсы, керемет.* ~ өлең (туынды). 2. *Ойын-сауық, қызық думан.* Тарады келген халық *тамашаға* (Байзақов).

ТАМАШАЛА *Ойын-сауық құру, сұйсіне қызықтау.* Сұлу табиғатын *тамашалады* ("Лен. жас").

ТАМАШАЛЫ *Қызық-думаны мол, көңілді.* ~ кеш, ~ той.

ТАМАШАЛЫҚ *Қызықтық, ғаламаттық.*

ТАМАШАШЫЛ *Сауықшыл, қызықшыл.* ~ халық, ~ жас-желең.

ТАМБУР 1. *Темір жолдың жолаушылар вагонының екі арасындағы жабық алаң.* 2. *Архит. Жаңбырдан, бораннан қорғау үшін сыртқы есік алдына жалғаса салынған бөлме.*

ТАМПОН *Қан тоқтату немесе ірің шығару үшін жараның аузын бастыратын тығыз мақта я дәке.*

ТАМПЫҚ: тампық мұрын — *тәмпіш танау, тампыш мұрын. Тампық* мұрын бала жігіт... Мен де зауытқа барам! — деді (Ө. Қанахин).

ТАМСА *Тағамның дәмін ауызбен байқап көру, я болмаса татқандай болу.* Аузында *тамсап* тұрған бірдеме бардай (Нұржекеев).

ТАМСАН 1. *өзд. етіс. Тамса-н.* 2. *Ауыс. Аузының суы құрып таңдану, таңырқану.* Өнеріне таңдай қағып, *тамсанып* шыққан (Әлімбаев).

ТАМСАНЫС *Таңырқасқан, таңданысқан іс.* Әйелдердің *тамсанысы* естіліп тұрды (Әлімқұлов).

ТАМТАМ *муз. Гонг типтес соқпалы музыкалық аспап.*

ТАМ-ТҰМ *Азғана, шағын, шамалы.*

ТАМ-ТҮМДА *Аз-аздау, ептеп-септеу.*

ТАМТЫҚ *Қалған қалдық, жұғана.* Кімінің -ғы қалған жоқ.

ТАМҰҚ 1. *Діни ұғым бойынша, күнәкар адамға о дүниеде азап көрсететін жер, тозақ.* ***Тамұқтың*** отына күйіп жанады деп қорқытқан (М. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Ауыр азап, михнат, бейнет.* Надандықта көрген күн ***тамұқ*** болды (С. Мұқанов).

ТАМҰҚТАЙ *Тамұқ сияқты.* Осы екі жыл ***тамұқтай*** көрінді (Жүнісов).

ТАМШЫ *Сұйық заттың ең кішкене бөлігі.* Жауын -сы, бір ~ су, жас -сы.

ТАМШЫЛА *Сұйық заттың тамшыға айналып ағуы.* Қан -ды, тер -ды, су -ды.

ТАМЫЗ I *Жаздың шыжыған ыстық кезі, жыл мезгіліндегі 8 ай аты; август.* Сарша ~, -дың торғын кешінде.

ТАМЫЗ II *Сұйық затты ағызу, сорғалату, тамшылату.* Аузына су -ды, май -ды.

ТАМЫЗ III *Отты жандыру, тұтату.* Сұлудың жүрегін от ***тамызып*** (Бұлқышев).

ТАМЫЗДА *Ыстықтап шөліркеу.* ***Тамыздап*** таңдай қағып шөлдеген ел (Пернедегі термелер).

ТАМЫЗЫҚ *От тұтататын шырпы, жаңқа сияқты кепкен, құраған ұсақ отын.* Құ тезекке ***тамызық*** сап лапылдатып жаға бастады (Ғаббасов).

ТАМЫЗЫҚТА 1. *Тамызық салып от тұтату, жағу.* Отыр жай отын жағып ***тамызықтап*** (Жароков). 2. *Ауыс. Жайлап, ақырындап қимыл жасау.* Көк жусанның аңқыған хош иісін ***тамызықтап*** әкеліп жатқандай (Бақбергенов).

ТАМЫЗЫҚТЫҚ *Тамызық боларлық, тамызық етерлік.* ~ шырпы.

ТАМЫЛЖЫ 1. *Маужырағаи тыныштыққа бөлену, тымық болу.* ***Тамылжыған*** май түні (Жанұзақов). 2. *Ауыс. Құлақ құрышын қандыру, елжірету, балқыту.* Ән сазы ***тамылжып*** барып тынған (Лекеров).

ТАМЫР I 1. *Өсімдіктің су мен қоректік затты жеткізіп тұратын түбі, тарамы.* Шошқа шөптің ***тамырын*** жейді (Бақбергенов). 2. *Қан жүретін жол.* Ноғайқұловтың ***тамырын*** медсестра таба алмай әлек (Әлімқұлов). 3. *Ауыс. Себеп, түбір, негіз.* Осы достың ***тамыры*** ертеден басталады (М. Ғабдуллин). ◊ **Тамыр жайды** — *кең қанат жайды, өріс алды.* **Тамырына балта шапты** — *түп тамырымен құртты, жойды.* **Тамырын басты (ұстады)** — *сыр тартты, ыңғайын байқады.*

ТАМЫР II *Алыс-беріс жасап жүретін дос-жар, көңілдес, сыбайлас.* Мына тұрған Жекекөлде ***тамырым*** бар (Шәймерденов).

ТАМЫРДӘРІ *бот. Биіктігі бір метрден асатын, іші қуыс, жұмыр боп тік өсетін көп жылдық өсімдік.*

ТАМЫРЛАН 1. *Тамыр жаю, тамыры таралып өсу.* 2. *Ауыс. Мықталу, өріс алу.* Төңірегіне өзі сияқтыларды жинап ***тамырланып*** алыпты (Қыдырбекұлы).

ТАМЫРЛАС I 1. *Тамыры бір ортақ.* ***Тамырласа*** өскен шоқ ағаш ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Негіздес, шығу төркіні бір.* ***Тамырлас*** шежіредей мың ғасырмен (Қожамұратов).

ТАМЫРЛАС II *Дос-жар болу, көңілдес болу, бірге өсу.* Орыс-қазақ ***тамырласа*** бастаған (Сариев).

ТАМЫРЛАСТЫҚ *Бауырластық, туыстастық.* Тарихи ~, тағдыр -ғы.

ТАМЫРЛАУ *Алыс-берісі бар дос-жарандау.* Шығыспен ***тамырлау*** ылаушы (С. Мұқанов).

ТАМЫРЛЫ *Тамыры терең, таралып өскен, тамыры жуан.* Қарға ~ қазақ, терең ~ достық.

ТАМЫРЛЫҚ *Тамыр болушылық, тамырластық.* Мұның онымен аздап ***тамырластығы*** болатын (С. Мұқанов).

ТАМЫРЛЫРАҚ 1. *Тамыры тереңдеу.* 2. Мықтырақ, *жуанырақ.* Қыз өзінен ***тамырлырақ*** көрінген ("Қаз. әдеб.").

ТАМЫР-ТАНЫС *Көңілдес, жолдас-жора, дос-жар.* Біразымен ***тамыр-таныс*** боп кеткенбіз ("Соц. Қаз.").

ТАМЫР-ТАНЫСТЫҚ *Тамыр-таныс болушылық.* Қылмыстыны ***тамыр-таныстықпен*** қорға деген заң жоқ (Сатыбалдиев).

ТАМЫРШЫ 1. *Тамырды ұстап, ауруды табатын емші.* Менің әкем — ***тамыршы*** (Бегалин). 2. *Ауыс. Сезімтал, аңғарғыш.* Қылт еткізбес қылықты ***тамыршы*** озар (Абай).

ТАМЫРШЫЛДАУ *Досшылдау, көпшілдеу.* Төртінші ***тамыршылдау*** келеді (Абай).

ТАМЫРШЫША *Тамыршыға ұқсап.* Үй ішіндегі құбылысты ***тамыршыша*** бағып жата берді (Шаймерденов).

ТАН *Айтқан сөзінде тұрмау, жалтару, мойындамау, тайсалу.* Тергеу кезіндегі сөзінен сотта ***танып*** кетті (Ауызекі).

ТАНА I *Екі жасқа жетпеген торпақ, тайынша.*

ТАНА II *Ақықтан, күмістен жасалған әйелдер киіміне тағатын түйме.* Күмістен безеліп жасалған ***таналар*** тағылатын (Арғынбаев). ◊ **Тана көз** — *мөлдіреген дөңгелек әдемі көз.*

ТАНАКӨЗ *биол. Өсімдік атауы.*

ТАНА-МОНШАҚ *Тана, моншақ сияқты сән бұйымдары.* Ұмсынтайға да ***тана-моншақ*** тағармыз (Кемеңгеров).

ТАНАП *Пайдалануға жарамды жердің белгілі бір бөлігі, участок.* Үлесіне тиген ***танап*** бапталды (Ауыл ажары). ◊ **Жер танабын қуырды** — *айшылық жерді алты аттады, өнімді болды.*

ТАНАПТЫҚ *Жеке танаптарға бөлінген.* ***Танаптық*** жүйені қолданып екпе шөп өсірді (Жанботаев).

ТАНАУ *Мұрынның дем алатын қуысы.* ***Танауын*** қысып оятып жіберді (Боздаубаев). ◊ **Танау қақты** — *ашу шақырып шыға келді, елірді.* **Танауын (көкке) көтерді** — *ісініп-кебінді, әлдеқандай боп дандайсынды.* **Танауы шелектей болды** — *мақтанып жер-көкке сыймады.*

ТАНАУЛА *Алқыну, демігу, өкпесі өшу.* Екі иінінен дем алып, ***танаулап*** тұр (Нәжімеденов).

ТАНАУРА *Ентіге дем алу, танаулау.* Майыр ***танаурап,*** қатты демігіп орындығына отырды (М. Әуезов).

ТАНГЕНС *мат. Тік бұрышты үшбұрыштың берілген сүйір бұрышына қарсы жатқан катетінің екінші катетке қатынасына тең тригонометриялық функцияның бірі.*

ТАНДЫР *Нанды қабырғаларына жапсырып, қарып пісіруге арналған кірпіштен дөңгелектеп қаланған сырттағы пеш.* ~ға нан жапты. ◊ **Тандыры кепті** — *қатты шөлдеді, сусады.* **Тандыр нан** — *тандырға пісірген нан.*

ТАНДЫРЛА *Кеуіп құрау, қаңсу, қатты шөлдеу.* Ыстық *тандырлатып* кептіріп барады (Нарымбетов).

ТАНК *Пушкамен, пулеметпен жабдықталған шынжыр табан соғыс бронемашинасы.* Ауыр ~.

ТАНКЕР *Сұйық зат тасуға арналған кеме.* Мұнай ~і.

ТАНКИСТ *Танк жүргізуші.*

ТАНТАЛ *Қатты, баяу балқитын сұрғылт түсті металл, химиялық элемент.*

ТАНТЫ *Орынсыз мылжыңдау, көку.* Енді не *тантып* тұрсың (Ниязбеков).

ТАНТЫҚ *Аузына келгенін тантитын мылжың.* Қисыны жоқ қышқырған неткен *тантық* (Абай).

ТАНТЫҚТЫҚ *Мылжыңдық, көпсөздік.* Бұл мінез *тантықтығын* былай қойғанда естен кетер емес (Оразалин).

ТАНТЫРАҚТА *Бұтып-шашу, былықтыру.* Сенікі қай *тантырақтау* ("Жұлдыз").

ТАНЫ 1. *Ұмытып қалмай еске түсіру, айнытпай тап басып білу.* Жамиланы ~ды, даусын ~ды. 2. *Бір нәрсенің мәнін айыра білу, сезу, байқау.* Ер сүрінбей ел *танымас* (Мақал).

ТАНЫҒЫСЫЗ *Мүлдем басқа түрге енген, тануға болмайтындай өзгерген.* Адам *танығысыз* аянышты түрге енген (Жүнісов).

ТАНЫҒЫШ *Танып білуге шебер.* Өнер иелерін *таныгыш* (Бадыров).

ТАНЫҒЫШТЫҚ *Таныгыш болушылдық.* Адам *таныгыштығы* әркімнің аузында аңыз (Қазыбаев).

ТАНЫҚ *Беймәлім, белгісіз.* Білгенге анық, білмегенге *таныҚ* (Мақал). Өткен күн ойға күңгірт, көзге *таныҚ* (Шәкәрім).

ТАНЫҚТА *Анық ету, дәлелдеу.* Дүние атасынікі екенін *таныҚтап* куәландырып тұр (Құрманғалиев).

ТАНЫМ 1. *Ақиқат дүниені, өмірді танып білу жөніндегі білім.* Өресіне қарамай *таныМы* (Сәрсекеев). 2. *Белгілі бір ғылым саласындағы таным-білімнің жиынтығы.*

ТАНЫМАЛ *Бұрыннан белгілі, көз таныс, үйренШікті.* Танымайтын кісіңнен *танымал* шайтан артық (Мақал).

ТАНЫМАСТАЙ *Танып білуге болмастай қатты өзгерген, таныгысыз.*

ТАНЫМДЫҚ *Танып-білуге қатысты, танымға тән. Танымдық* қасиеті де жоқ емес сәтті спектакль ("Қаз. әдеб.").

ТАНЫМПАЗ *Тануға шебер, таныгыш. Таным-паз* болсаңыз, түсіндіріңізші ("Жұлдыз").

ТАНЫМПАЗДЫҚ *Танымпаз болушылық.* Сыншының ~ғы, ~ қасиет.

ТАНЫРЛЫҚ *Тануға болармық.* Өзге жұртты *таныРлық* жайың жоқ (Жұмаханов).

ТАНЫС I *Бұрыннан білетін, танитын, танымал.* Жүз ~, көз таныс, ~ кісі. Бір көрген біліс, екі көрген *таныс* (Мақал).

ТАНЫС II 1. *Бөтен адаммен жүздесіп білісу.* Көптен бері *танысам* екен деген тілегі де болатын (Есенберлин). 2. *Бірдеменің мән-жайын білу, тексеру, зерттеу.* Колхоз өмірімен *таныстық* (Серікқалиев).

ТАНЫС-БІЛІС *Сыралғы, танымал.* ~ адам, ~ болды.

ТАНЫСТАС *Білістес, пікірлес, сырлас.* Ұлы *таныстас,* бөрі құлақтас (Мақал).

ТАНЫСТАУ *Таныс сияқты, ептеп білетін.* Даусы ~ адам.

ТАНЫСТЫҚ *Таныс болушылық, танысушылық.* Сол жолы Иванмен *таныстығымыз* басталды ("Білім және еңбек").

ТАҢ 1. *Күн шығар алдындағы елең-алаң мезгіл, таңертең.* Батар күннің атар *таңы* бар (Мақал). *Таңға* жақын көзі ілініп кетеді (Исмайылов). ◊ **Таң азаннан** — *ертемен, құлқын сәріден.* **Таң асты** — *ат отқа қойылмай дем алды, суытылды.* **Таң атты** — *жарық түсті.* **Таң атырмады** — *күн көрсетпеді, тыныштық бермеді.* **Таңды таңға ұрды** — *түн баласына ұйықтамады, таңды көзбен атқызды.* **Таң қылаң бере** — *таң бозарып атқанда, таң бозамықтана бастағаннан.* **Таң сәріден** — *елең-алаңнан, таң азаннан.* **Таң сыз берді** — *таң атты.*

ТАҢ II 1. *Шат, шап.* Аттыға еріп, жаяудың *таңы* айрылыпты (Мақал). 2. *Кейбір аңдардың құйрығының төменгі жағындағы ақ таңдақ.* Қоян ырғыған сайын *таңы* жарқылдайды (Ә. Кекілбаев).

ТАҢ III *Үйреншікті емес, таңғажайып, таңсық, аң-таң.* Көрмегенге көсеу *таң* (Мақал). ◊ **Таңым бар** — *қайран қалам, таңырқаймын.*

ТАҢ IV 1. *Тас қып орап тастау, шандып байлау.* Басын ~ды, бөшкені шанаға ~ды. 2. *Ауыс. Кінәны, қылмысты басқаға аудару, жала жабу.* Қылмысынды басқаға ~ба, өсекке ~ды.

ТАҢБА 1. *Белгі, ен, мөр.* Аттың санындағы ~, әріп ~сы, қол ~сы. 2. *Ауыс. Қалу, дақ, кек.* Ауыр бейнет өз *таңбасын* қалдырған (Әлішев). ◊ **Тайға таңба басқандай** — *ап-айқын, айдай анық.*

ТАҢБАЛА *Таңба салу, белгі соғу.* Қоздаған қойдың қозысын *таңбалайды* (Ысқабаев).

ТАҢБАЛЫ *Таңба салынған, таңбасы бар.* ~ тас (сан, саулық).

ТАҢБАШЫ *Таңба, ен салушы.*

ТАҢҒАЖАЙЫП *Таңғаларлық, ғажап, керемет.* ~ сұлулық. (ерлік, оқиға, құбылыс).

ТАҢҒАЛ *Қайран қалу, аң-таң болу.* ~ іс істеді.

ТАҢҒАЛУШЫЛДЫҚ *Қайран қалушылық, аң-таң болушылық.*

ТАҢҒЫ *Азанғы, таң сәрідегі.*

ТАҢҒЫШ 1. *Бір нәрсені таңатын, байластырып буып тұратын зат.* ~ шүберек, аяқ ~. 2. *Екі керегенің сағанағын (жігін) кіріктіріп тұратын өрнекті жалпақ құр.*

ТАҢҒЫШТА *Шандып байлау, қатты таңу.* Төмен қарап бірдеңені ~п жатыр.

ТАҢДА *Өзіне керектіні, ұнамдыны таңдап алу, талғау.* Мамандық ~ды, қыз ~ды.

ТАҢДАҒЫШ *Таңдай білетін, таңдампаз.* Қалындық ~, тамақ ~.

ТАҢДАЙ *Ауыз қуысының үстіңгі жағындағы тілге қарама-қарсы орналасқан жұқа қабыршақ ет.* ◊ **Таңдай қақтырды** — *таң-тамаша етті, қайран қалдырды.* **Таңдайы кепті** — *қатты шөлдеді, сусады.* **Таңдайын жібітті** — *аздап сусын ішті.* **Таңдайынан бал тамған** — *бұлбұл көмей әнші, шешен.*

ТАҢДАЙЛА *Таңдай-таңдай етіп қиғаштап бедерлеу, бөлу, салалау.* Маридің жүні аласа,

жылтыр, кейде *таңдайлана* өрнектеліп келеді (Қасиманов).

ТАҢДАҚ *Денеге түскен ойдым-ойдым дақ, таңлақ теңбіл.* Ақ *таңдақ* соры шыққан қуаң дала (Нұршайықов).

ТАҢДАҚТАН *Ойдым-ойдым болу, теңбілдену.* Тобарсыған ернін ақ *таңдақтанып* кеткен тілімен жалап (О. Сәрсенбаев).

ТАҢДАҚТАУ *Ойдым-ойдымдау, алабажақтау.* Жолды *таңдақтау* қып тастаған ("Жалын").

ТАҢДАМА *Іріктелген, ең жақсы.* Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы, Сонда да солардың бар *таңдамасы* (Абай).

ТАҢДАМАЛЫ *Таңдаулы, ең шұрайлы, жақсы деген.* Ақынның ~ өлеңдері, ~ отряд.

ТАҢДАН *Таңғалу, таңырқау.* Бекен тауға *таңдана* қараумен болды (Жақанов).

ТАҢДАНАРЛЫҚ *Таңдануға тұрарлық, таңғаларлық.* Мұның *таңданарлық* еш нәрсесі жоқ ("Соц. Қаз.").

ТАҢДАНЫС *Таңырқаушылық.* Шын *таңданыс* үстінде бір сауал білдірдім (Сейдімбеков).

ТАҢДАУЛЫ *Ең жақсы, мынау деген, таңдамалы.* ~ жастар (ұстаз, шығарма, тігінші).

ТАҢДЫҚ I *Таңғалушылық, таңырқаушылық.* Оның не *таңдығы* бар (Ш. Хұсайынов).

ТАҢДЫҚ II *Бір таңға жетерлік, соған жарарлық.* Әдебиетіміздің бүгін *таңдық* қана емес, тарихи маңызы бар (І. Омаров).

ТАҢЕРТЕҢ *Күннің ертеңгі мезгілі, азанғы уақыт.*

ТАҢЕРТЕҢГІ *Таңғы, азанғы.* ~ шай (сауын, ас).

ТАҢЕРТЕҢГІЛІК *Таң атқан уақыт, таңертеңгі мезгіл.*

ТАҢҚ: таңқ етті — *тарс етті.* Шақшаның тығынын *таңқ* еткізіп ашты (Кекілбаев).

ТАҢҚЫ *Саңқию, аңқию.* Танауы *таңқыған* бала еді (Ақышев).

ТАҢҚ-ТАҢҚ *Тирс-тирс, сарт-сұрт.* ~ күлді (соқты).

ТАҢҚҰРАЙ *бот. Раушан гүлділер тұқымдасына жататын, жартылай бұта көп жылдық өсімдік; малина.*

ТАҢҚЫ *Келте, қысқа, шолтиған.* ~ мұрын (танау, құйрық).

ТАҢҚЫЛАУ *Келтелеу, қысқалау, шолақтау.* Мұрны ~.

ТАҢҚЫЛДА *Таңқ-таңқ ету, қатты дабырлау. Таңқылдап* сені оятып жібердім бе (Н. Ғабдуллин).

ТАҢҚЫЛДАҚ *Таңқылдағыш, тарсылдақ.* Бұның *таңқылдақ* даусы құлағын тесе жаздайтын (Ә. Нұрпейісов).

ТАҢЛАҚ *Дақ, таңба, таңдақ.* Күн батыстағы ақ *таңлаққа* қарап қадалуда (М. Әуезов).

ТАҢНАМА *Таңертеңгілік спектакль, ойын-сауық.* Егер..., *таңнамаларға,* ойын-сауықтарға жетік кәсіпқой фотосуретші шақырғыңыз келсе,.. ("Алматы ақшамы").

ТАҢСЫҚ 1. *Құмар, әуес.* Қауын ленинградтықтарға *таңсық* қой (Әбдіразақов). 2. *Зәру, қат.* Қанттың қазақ арасына *таңсық* екенін білетін (Исаев). ◊ **Таңсық болды** — *құмар, зар болды.*

ТАҢСЫҚҚОЙ *Әуесқой, құмарпаз.* Естіген жаңағы, аңызға *таңсыққойлар* топтанып ақ самаурыннан шай ішкен (Бақбергенов).

ТАҢСЫҚТА *Құмарту, әуес болу.* Жұмбақ қызды *таңсықтадың* өзіңше (М. Әлімбаев).

ТАҢСЫҚТАУ *Әуесқойлау, құмарлау.* Бұл өңірдің адамдарына *таңсықтау* дәм ("Лен. жас").

ТАҢ-ТАМАША *Аң-таң, таңырқаған күй.* ~ болды (қалдырды, қылды).

ТАҢ-ТАМАШАЛА *Таң-тамаша ету, қызықтау.* Қаланы *таң-тамашалап* аралап келем (Шашкин).

ТАҢУЛЫ *Таңылған, байлаулы.* Самырсынға *таңулы* жап-жас қыз отыр (Бөкеев).

ТАҢЫРАЙ *Саңқию, аңқию, таңқию. Таңырайған* танауына мысқылдай қарайды (О. Сәрсенбаев).

ТАҢЫРАҢДА *Кекіреңдеу, тайраңдау. Таңыраңдауын* қайтерсің (Алдабергенов).

ТАҢЫРҚА *Аң-таң болу, таңдану, таңғалу.*

ТАҢЫРҚАҒЫШ *Қызық көргіш, таңданғыш, таңғалғыш.* Әр нәрсеге ~.

ТАҢЫРҚАУЛЫ *Таңқалған, таңырқаған.* Мынау сақина ғой, деді Далабай *таңырқаулы* пішінмен (Әутәліпов).

ТАҢЫРҚАУШЫЛЫҚ *Таңқалғандық, таңырқағандық.* Әуелде *таңырқаушылық* тудырды ("Лен. жас").

ТАП I *Туыстық, нәсілдік, кәсіптік жөнімен оқшауланған белгілі бір топ.* Татар ма, орыс па, қай *тапқа* жатары белгісіз бір бала жігіт (Мағауин).

ТАП II *тар. Өндірістің тарихи бір системасында алатын орны мен өндіріс құрал-жабдығының қатынасына, қоғамдық жолмен ұйымдастырылған еңбек өнімінің үлес мөлшері мен оны алу әдісіне қарай ажыратылатын адамдардың үлкен тобы.* Жұмысшы ~бы, қанаушы ~, үстем ~.

ТАП III *Бір заттың екінші бір затқа түсірген таңбасы, ізі, дағы.* Қамшы ~бы, тырнақ ~бы.

ТАП IV *Шоқтың қолаптасынан қалған жылы леп, қызу.* Оттың ~бы.

ТАП V 1. *Іздегенін кездестіру, кезіктіру, иелену.* Үйін ~ты, көлік ~ты, амал ~ты, сөз ~ты. 2. *Ауыс. Кіріс кіргізу, пайда келтіру.* Табыс ~ты, етіз ~ты.

ТАП VI *Дәл, нақ, нағыз.* ~ ортасы (өзі, сол күні). ◊ **Тап басты** — *дәл үстінен, ойлаған жерден шықты.*

ТАП: тап болды — *жоқ жерде кездесті, дұшар болды.*

ТАП: тап берді — *бас салғысы келіп ұмтылды.*

ТАПА: тапа тал түс — *шаңқай түс.*

ТАПАЛ *Аласа, мыртық, мықыр, жатаған.* ~ бойлы (үй, келіншек).

ТАПАЛА *Малдың жас қиын дөңгелентіп илеу.* Сиырдың жас тезегін *тапалады* (Шәріпов).

ТАПАЛДАУ *Аласалау, кішілеу, тәпелтектеу.* Ол дөңгелек жүзді *тапалдау* жігіт еді (Алдабергенов).

ТАПАЛДЫҚ *Тапал болушылық.* Бойы ~ғынан қорынатын.

ТАПАЛТАҚ *Аласалау, жатағандау.* Командир — *тапалдау* денелі адам (Жылқышиев).

ТАПАЛТАҚТАУ *Тапалтақ келген, кішіректеу.* ~ жігіт.

ТАПАЛША *Аласалау, тапалдау.*

ТАПА-ТЫП *Қимылсыз, әрекетсіз, өзіара ахуал, тыныштық. Тапа-тып* тыныштықтың табы батып, Білмедім не қыларға ішім пысып (Ақылбай).

ТАПАНША *Жақын жерге атылатын қысқа, кішкене қол мылтық; пистолет.*

ТАПЖЫЛДЫРМА 1. *Тырп еткізбеу, міз бақтырмау, тапжылтпау.* Жауды *тапжылдырмай*

ұстап қалды (Ахтанов). 2. *Айтқанды екі етпеу, мұлтіксіз орындау.* ~й орындады.

ТАПЖЫЛМА *Табан аудармау, қозғалмау, мізбақпау.* ***Тапжылмай*** отырып бір сағат күтті (Шашкин).

ТАПҚАНСЫ *Тапқан болғансу.* Мұның шиқанды жерін ~ды.

ТАПҚАН-ТАЯНҒАН *Жиған-терген бар қаражат.* ***Тапқан-таянғаны*** өздеріне жетер еді (Тоғысбаев).

ТАПҚЫР *Тез ойлап, ұтымды сөз айта алатын алғыр, зерек.* ***Тапқыр*** би қорғаған адамын қиындықтан алып шығатын (С. Мұқанов).

ТАПҚЫРЛАН *Тапқыр болу, алғырлану.* Біздегі сатира тілі... өткірленіп, ***тапқырланып*** бейнелі сөздермен байып келе жатыр ("Қаз. әдеб.").

ТАПҚЫРЛЫҚ *Тапқыштық, зеректік.* Ағасының мына ***тапқырлығына*** таңырқап қалды (Қараманұлы).

ТАПҚЫРСЫН *Тапқыр болғансу, тапқырлық жасағансу.* ~уын өзінің.

ТАПҚЫШ *Таба білетін, зерек, тапқыр.* ***Тапқыш*** болсаң өзің тап (Сауыркенов).

ТАПҚЫШТЫҚ *Тапқырлық, айла-әдісті тез табушылық.* Актердің айла-амал ***тапқыштығы,*** іздемпаздығы аңғарылды (Оразбаев).

ТАПСЫН *Білгішсініп әлдекандай болып сөйлеу.* Мәкен ***тапсына,*** таусыла сөйледі (Тілегенов).

ТАПСЫР 1. *Міндеттеу, жүктеу.* Осы жұмысты өзіңе ***тапсыруды*** ұйғардық (Жұмалиев). 2. *Белгілі бір затты біреуге өз қолымен табыс ету, беру, өткізу.* Мынаны Гүлназға ***тапсыруыңды*** өтінемін (Күмісбаев).

ТАПСЫРМА *Тапсырылған жұмыс, жүктелген міндет.* Директордың ~сы.

ТАПСЫРЫНДЫ *Тапсырылған, міндеттеген, жүктелген.* Өтегелдінің арнап әкелген ***тапсырынды*** сәлемі жоқ (М. Әуезов).

ТАПСЫРЫС *Белгілі бір нәрсені дайындау үшін алдын-ала берілетін тапсырма; заявка.* Орал облыстық тұтынушылар одағы... Мағжан Жұмабаевтың кітабына 100 данаға ***тапсырыс*** беріпті ("Қаз. әдеб.").

ТАПТА 1. *Табанымен басу, жаншу.* Сиыр кіріп, жоңышқаны ***таптап*** кетіпті (Нұрмағанбетов). 2. *Темірді ұрып жұқарту, өткірлеу.* Балтаны ~ды, қылышты ~ды. 3. *Ауыс. Қиратып бұлдіру, жанышып жоқ қылу.* Басқыншылар осы бақытты өмірімізді жойғысы, ***таптағысы*** келді (С. Мұқанов).

ТАП-ТАЗА *Айта қаларлықтай таза, мұнтаздай.* ~ бөлме. (киім, аула).

ТАП-ТАҚЫР *Тақыр, тып-тықыр.* Басы ~, үйдің маңы ~.

ТАП-ТАП: тап-тап берді — *тұра ұмтылды.*

ТАП-ТАПАЛ *Ап-аласа, жап-жатаған.* ~ үй, бойы ~.

ТАП-ТАР *Едәуір тар, шап-шағын, кең емес.* ~ бөлме (көше).

ТАПТАС *Бір таптан шыққан, табы бір.* Өзінің ***таптас*** бауырына етінен ет кесіп беретін (Мұстафин).

ТАП-ТАТУ *Айта қаларлықтай тату, жапжарасымды.* ~ семья (жұрді).

ТАПТАУЛЫ *Тапталып даяр болған.* Өткір алмас ***таптаулы,*** қынапқа қылыш қаптаулы (Бат. жыры).

ТАПТАУРЫН *Тапталып қалған жер.* Жалғыз аяқ ***таптаурын*** жол (Қаражігітов).

ТАПТАУРЫНДАУ *Таптаурын болыңқыраған, тапталыңқыраған.* ~ сүрлем (қар).

ТАП-ТАЯУ *Жап-жақын, тиіп тұрған.* Мектебіміз ~ жерде.

ТАП-ТҮЙНАҚТАЙ *Мұнтаздай, жып-жинақы.* Бөлме іші ~, үсті-басы ~.

ТАПТЫҚ *Тапқа тән, тапқа қатысты.* ~ қоғам (күрес, көзқарас, сана-сезім).

ТАПШЫ *Жетімсіз, кемшін, аз; қат, зәру.* Азық ~, қаражат жағы ~, суға ~.

ТАПШЫЛ *Тап намысын қорғағыш.* ~ күрескер (әдебиет).

ТАПШЫЛАН *Жетімсіз болу, тапшы болу.* Ас-су ***тапшылана*** түсті (Нұршайықов).

ТАПШЫЛАУ *Жетімсіздеу, аздау, кемшіндеу.* Сабын жағы ~.

ТАПШЫЛЫҚ *Аздық, кемшіндік.* Түбекке тән ауыз суға ***тапшылық*** бар (Оразақов). ◊ **Тапшылық көрді [тартты]** — *жоқшылықтың азабына ұшырады, жетімсіздік көрді.*

ТАПЫЛДА *Табанын жерге тап-тап басу.* Табаны жерге ***тапылдап,*** Көмекейі тақылдап (Мақал).

ТАПЫРАЙ *Таңыраю, таңқию.* Танауы ***тапырайып*** отырып алыпты (Ердің даңқы).

ТАПЫРАҚ *Тапырағдаған жүріс.* Жүрісі жаман ***тапырақ*** (Шұғаев). ◊ **Тапырақ қақты** — *аяғын әлтек-тәлтек басты, тапырақтады.*

ТАПЫРАҚТА *Тапырақ-тапырақ ету, тапыраңдау.* Біреулер ***тапырақтап*** суға жүгірді (Рахманбердиев).

ТАПЫРАҢ *Тапырақ, тайпақ.* ***Тапыраң*** басқан ат тұяғының дүрсілі естілді (Ахметбеков). ◊ **Тапыраң қақты** — *тапырақ қақты.*

ТАПЫРАҢДА *Тапыраң-тапыраң ету, аяғын әлтек-тәлтек басу.* Бұрынғыдай ***тапыраңдап*** шаба жөнелмеді (Тілегенов).

ТАПЫРАШ *Тапырақтап жүретін жүрісі нашар жылқы.* Байрақтарға тек жаман ***тапыраштарын*** ғана қосып отырған (Әбдіразақов).

ТАПЫР-ТҰПЫР *Апыр-тапыр, алас-құлес.* ~ жүргізген (етті).

ТАПЫРЫҚ *Тапырлаған дыбыс, жүріс.* Өлжанның бұл ***тапырық*** қылығына таң қалам (Есенберлин). ◊ **Тапырық етті** — *тапырақтады, апыр-тапыр басты.* **Тапырық қақты** — *бейімазаланды, берекесізденіп жүгірді.*

ТАР *Қысалаң, аумағы шағын.* **Тар жерде қол созды** — *таршылықта көмек берді.* ◊ **Тар жол тайғақ кешу** — *ауыртпалығы көп өмір сапары.* **Тар заман [кезең]** — *аласапыран дәуір, қиын-қыстау шақ.* **Тар құрсағын кеңейтті, тас емшегін жібітті** — *перзент көтерді, нәрестелі болды.*

ТАРА I 1. *Бытырау, жан-жаққа тарап кету.* Қонақтар таң алдында ғана ***тарады*** (Оразалин). 2. *Көп жайылу, таралу.* Осы әңгіме расында елге ***тарап*** кеткен (С. Омаров). 3. *Денеге сіңу.* Никотин темекі түтінімен араласып денеге ***тарайды*** (Оразақов). 4. *Ауыс. Басылу, қайту, айығу.* Өкпесі ~ды, ашуы ~ды.

ТАРА II *Шаш, тағы сол сияқтыларды тарақтау; жазып, салалап бөлу.* Шашын ~ды, жалын ~ды.

ТАРАҒЫШ *Жайылғыш, тарап кеткіш.* Ол тез ***тарағыш,*** танымал ("Лен. жас").

ТАРАҒЫШТА *Қайта-қайта тарау, тарамдау.* Күдірейген қалың жалын қолымен ***тарағыштап*** қойды (С. Омаров).

ТАРАЖ *Талан-тараж қос сөзінің екінші сыңары.*

ТАРАЗБАН *Таразышы, таразы ұстаушы.* Колхоз базарының ***таразбаны*** (Адамбеков).

ТАРАЗЫ I *Белгілі бір заттың салмағын анықтайтын өлшеуіш аспап.* Терген алманы ***таразы*** басына арқалап келеді (Жылқышиев). ◊ **Ой таразысына салды** — *ойланды, ақылға салды.* **Таразыға тартты [салды]** — а) *өлшеп салмақтады;* ә) *ақылға салды, ойланды.* **Таразысы басым болды** — *салмағы, абыройы артты.*

ТАРАЗЫ II *астр.* 1. *Иран жыл мерзімінің 7 айына және Қазан айына сай келетін жұлдыз бен Зодиак белгісі.* 2. *Көбінесе қыстығұні таңға жуық көрінетін шоқ жұлдыз, орион.* ***Таразы*** туса, таң суыр (Мақал).

ТАРАЗЫ III *Арықтау, ашаң, етжеңсіз, талдырмаш.* ***Таразы*** дене, ашаң жүз (Есенжанов).

ТАРАЗЫЛА 1. *Салмағын таразымен өлшеу, анықтау.* Астықты ***таразылап*** өлшеді ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Шамалау, салмақтау, бағалау.* Олар әнге өз бағасын беріп, әділ ***таразылайды*** (Бал дәурен).

ТАРАЗЫЛАУШЫ *Шамалаушы, өлшеуші, бағалаушы, сарапқа салушы.* Осының бәрін ***таразылаушы*** — режиссер (Тоқпанов).

ТАРАЗЫЛЫ 1. *Таразысы бар, таразыны иемденген.* ~ сатушы. 2. *Ауыс. Сарапқа салынатын, ақылмен өлшенетін.* ***Таразылы*** күн болса арыз етер (Алтынсарин).

ТАРАЗЫШЫ *Таразыға салып өлшеуші, таразымен салмақ айырушы.* Қырманда ***таразышы*** боп істеді (Мұратбеков).

ТАРАЙ *Тарылу, азаю, кему.* ***Тарайып*** тыныс тіршілік (Тұрманжанов).

ТАРАҚ *Шашты, тағы сол сияқтыларды жазып тарайтын, шағын аспап.* ~пен шашын тарады. □ **Тарақ балта** *(көне)* — *жыртқыш хайуандарды ұрып-соғу үшін жасалған құрал.* **Тарақ бау** — *ер тоқым үзеңгісінің қайыстан жасалған, екі тарам бауы.*

ТАРАҚАН *зоол. Шарушылыққа зиянды қанаты ұзын, мұртты, қара және жирен түсті жәндік.*

ТАРАҚҚҰЙРЫҚ *зоол. Кеміргіштер тобына жататын, егінге зиянды ұзын құйрық саршұнақ.*

ТАРАҚТА *Салалап бөлу, тарау.* Айна алдында шашын ***тарақтап*** тұр ("Мәдениет және тұрмыс").

ТАРАЛҒЫ *Үзеңгіні ерге жалғастыратын, айылбасы бар қайыс бау, тұрман.* ***Таралғымды*** ағытып қойдым (Мұстафин).

ТАРАМ *Бір нәрсенің бөлшектенген тармағы, саласы, бөлігі.* Енисей өзенінің ~ы, шашын қырық ~ ғып өрді.

ТАРАМДА *Тарам-тарам етіп бөлу, салалау.* Сақалын ~ды, ~нып өскен жас терек.

ТАРАМДЫ *Тарамы бар, тармақты, салалы.* Мол ***тарамды*** білім бұлағы тәрізді елестейді (Байжанов).

ТАРАМ-ТАРАМ *Тарамы мол.* ~ жол (өзен).

ТАРАМЫС 1. *Бұлшық еттерді қаңқа сүйектерге байланыстырып тұратын созылмалы, мықты талшық.* Оқ сүйек пен ***тарамыстың*** арасынан өткен екен (Ошамбаев). 2. *Сойылған малдың жілінішік сіңірін кептіріп, соның талшықтарынан ширатып есіп жасалатын мықты жіп.* Дәметкен ***тарамыс*** ширатып отыр (Сейдімбеков). 3. *Ауыс. Жүдеу, тарамыстай, арық қатқан.* ◊ ***Тарамыс*** денелі әйел (Еділбаев). **Тарамысына ілінді** — *қатты жүдеді, құр сүлдері қалды.*

ТАРАМЫСТАН *Еті қашу, сіңірлену, таралу.* Әкесінің ***тарамыстанған*** қолынан ұстады (Д. Досжанов).

ТАРАМЫСТАУ *Арықтау, жүдеулеу.* ***Тарамыстау*** келген кісі көзіне жылы ұшырады (Келімбетов).

ТАРАМЫСТЫ *Арықтау, тарамыстай тартылған.* Өн бойы ***тарамысты,*** тым шымыр көрінеді (Сегізбаев).

ТАРАМЫСША *Тарамысқа ұқсап.* ***Тарамысша*** тыртыстың (Мақатаев).

ТАРАН 1. *Бөрене қазықты қағатын сайман; копер.* 2. *әск. Дұшпанның самолетін не танкісін өзінікімен соқтығыстырып қиратқандық.* ~ға шықты, ~ соққы.

ТАРАНТАС *Төрт дөңгелекті көбіне үсті жабық жақтаулы жеңіл арба.* Арғымақ жеккен ***тарантасы*** келіп тоқтай қалды (Есенберлин).

ТАРАҢ *Сараң, қытымыр, тар.* Қолы сараң, қойны ***тараң,*** көңілі арам (Шалқабаев).

ТАРАҢДАУ *Тарлау; ықшамдау, шағындау.* Аласа, ***тараңдау*** кесек үй төбесінен басқандай болады (О. Сәрсенбаев).

ТАРАҢДЫҚ *Пейілі тарлық, сараңдық.* Жас жігіттің болмас жерде ***тараңдық*** жасап ашуға тығылғанына ренжиді (А. Сүлейменов).

ТАРАП *Белгілі бір жақ, тұс.* Муссон — Үнді Мұхит ***тарапынан*** соғатын жел (Қ. Сатыбалдин).

ТАРАПТЫ I *Жөнінде, туралы.* Қазиден ***тарапты*** қателесіп-ақ қояйын (Мырзахметов).

ТАРАПТЫ II *Сан салалы, бөлшекті.* Ірі, әр тарапты шаруашылық ("Лен. жас").

ТАРАТҚЫШ *Таратып тұратын, үлестіргіш.* Газет ~, инфекция ~, азық ~.

ТАРАУ *Бір нәрсенің бөлімі, тармағы, саласы.* Романның ~ы.

ТАРАУЛА *Тарауға бөлу, салалау.* Әр бөлімді жеке-жеке ***тараулайды*** (Нұршайықов).

ТАРАУЛЫ *Тарауға бөлінген, салалы.* Тоқсан ~ жол, қырық ~ ой.

ТАРАУЫҚ *діни. Ораза уақытында кешкі намаздан кейін оқылатын аят, намаз.*

ТАРАШТА *Қайта-қайта тарау, тарай беру.* Бұрымының ұшын ***таратып*** үнсіз келеді (Иманбеков).

ТАРБАЙ *Арбию, тарбию.* Аяқтарын ***тарбайта*** жатқан қазға ұқсайды (С. Мұқанов).

ТАРБАҚ *Тарбиған, талпақ.* Салпы ерін, ***тарбақ*** танау, киік сағақ (И. Байзақов).

ТАРБАҚА *Арқасында қызыл ұсақ ноқаттары бар амфибиялар тұқымдасына тән бақаның бір түрі.*

ТАРБАҚТА *Тарбаңдау, тарбаң-тарбаң етіп жылжу.* Бақалар ***тарбақтап*** қашып барады ("Қаз. әдеб.").

ТАРБАҚТАУ *Тарбиғандау, талпақтау.* ~ үлкен мұрын.

ТАРБАҢ *Тарбаң-тарбаң еткен қимыл, ербең.* Екі қолы ***тарбаң*** етті (Б. Қыдырбекұлы).

ТАРБАҢДА *Тарбаң-тарбаң ету, тарбию, арбию.* Алдымыздан *тарбаңдап* семіз сарышұнақтар қашады (Әкімқұлов).

ТАРБИ *Арбию, жарбию, тарбию.* Ортада *тарбиып,* әрі қарап борсық тұр (Ә. Нұрпейісов).

ТАРҒАҚ I *Секпіл, шұбар, қара дақ (түс).* **Тарғақ бет** — *секпіл бет.*

ТАРҒАҚ II *Далалы, шөлейтті жерлерде болатын кішкене, сұр түсті құс.* Жерде сұр *тарғақ* қықылдап жүгіреді (Ғ. Мұстафин).

ТАРҒАҚ III *Шөлейт жерде өсетін, астық тұқымдас шөп.* **Тарғақ** — құнарлы мал азығы ("Соц. Қаз.").

ТАРҒЫЛ *Шұбар ала теңбіл түс.* ~ мысық (бет).

ТАРҒЫЛДАН 1. *Тарғыл тарту, таңдақтану.* Таулардың картада *тарғылданған* қырқаларын шолды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Дауыстың барқырап, қырылдап шығуы, қарлығу.* Молданың даусы *тарғылдана* қатал шықты (Айтмағанбетов).

ТАРҒЫЛДАУ 1. *Аздап тарғыл, тарғыл түстілеу.* **Тарғылдау** көз жанарына дейін ұқсас (Қаупынбаев). 2. *Дауысы қарлығыңқылау.* Даусы *тарғылдау* шықты (О. Сәрсенбаев).

ТАРҒЫЛТ *Барылдақ, қарлыққан.* Атай *тарғылт* діріл араласқан баяу үнмен сөз сүрлеуіне түсті (Е. Тұрысов).

ТАРҒЫЛТТАН *Тарғылт тарту, қарлығу, барлығу.* Даусы *тарғылттанып* шықты (Құмарова).

ТАРИҚАТ *діни. Дүниені тәркі ету, сопы болу ғұрпы.* **Тариқат,** яғни сопы болам деуші өзін-өзі ұмыту керек, мүрит болуы керек (Қ. Шүлембаев).

ТАРИФ *Ресми белгіленген баға; нарық көрсеткіші.* Темір жол ~і, почта ~і.

ТАРИФТЕ *Баға белгілеу, нарық қою.* Еңбек ақыны ~ді.

ТАРИХ 1. *Даму процесіндегі ақиқат болмыс.* Заң ~ы, диалектика ~ы. 2. *Адамзат қоғамының даму барысы туралы ғылым.* Жаңа ~, қазақ халқының ~ы. 3. *Ауыс. Адамдар есінде сақталған бір нәрсенің жай-жапсары туралы жағдай, әңгіме; елеулі бір оқиға.* Ол сәтсіз махаббатының *тарихын* еске түсірді (Жақсыбаев).

ТАРИХАЯТ *лингв. Күнделікті өмірде қолданылмайтын, жойылып кеткен заттың немесе құбылыстың атауы; историзм.* ~ сөздер.

ТАРИХИ *Тарихқа байланысты, соған қатысты.* ~ қаулы (музей, шындық).

ТАРИХНАМА *Тарихи білімнің дамуы туралы, тарихи деректер жөніндегі ғылым.* Қожалар *тарихнамасы* — өте қымбат қолжазба (Бегалин).

ТАРИХТЫҚ *Тарихқа қатыстылық; тарихи.* **Тарихтық** мәні бар (С. Мұқанов).

ТАРИХШЫ *Тарих зерттеушісі, тарих маманы.* Жас ғалым, *тарихшы* Пейілжан келген (Есенберлин).

ТАРИХШЫЛ *Тарихты ұнататын, соған қызыққыш.* ~ адам.

ТАРИХШЫЛДЫҚ 1. *Затты, құбылысты тарих тұрғысынан зерттеушілік; историзм.* Осы заманғы рух *тарихшылдыққа* қайшы келмейді ("Қаз. әдеб."). 2. *Тарихи фактіге, тарихи шындыққа толық сәйкестік.* Әдебиеттанудағы ~.

ТАРҚА 1. *Жан-жаққа тарап кету, бытырау, шашырау, ыдырау.* Той ~ды. 2. *Ауыс. Басылу, жөндеу.* Ашуы ~ды, мастығы ~ды.

ТАРҚАТ *Байлаулы я өрулі нәрсені шешу, жазу.* Шашын ~ты, жіпті ~ты.

ТАРҚЫЛ *Тарқ-тарқ еткен дыбыс; тарқылдаған күлкі.*

ТАРҚЫЛДА *Тарқ-тарқ ету, қарқылдап күлу.* Көнекбай *тарқылдай* күліп келеді (Тоқмырзин).

ТАРҚЫЛДАҚ *Күлкісі өрескел, дарақы.* Бай біткендер мақтаншақ, *тарқылдақ* (Майлин).

ТАРЛАН 1. *Тарғыл, шұбар секпілді аралас түс.* Ителігінің түрі қара *тарлан* ("спорт"). 2. *Ауыс. Өз ісіне шебер, майталман.* Қалибек — сахна *тарланы* (Сиранов). **Тарлан балық** — *жайын пішіндес шұбар балық.* ◊ **Тарлан тартты** — *егде тартты, жасы ұлғайды.*

ТАРЛАН БОЗ 1. *Тарғыл, шұбар аралас боз.* 2. *Көпті көрген, майталман, шыныққан.*

ТАРЛАНДАН *Тарлан тарту, қартаю.* Ақ боз аттай өзің де *тарландандың* (Малқаров).

ТАРЛАНДЫҚ *Көпті көрген тәжірибелік, әккілік, майталмандық.* ~тан танбайтын.

ТАРЛАУ I *Биіктеу боп өсетін шалғын шөп.*

ТАРЛАУ II *Кең емес, тарырақ.* Арбаның үсті екі адамға *тарлау* (Соқпақбаев).

ТАРЛЫҚ 1. *Тар болушылық, кең еместік.* Үш бөлмелі үй *тарлық* етті (Уайдин). 2. *Ауыс. Тапшылық, аздық, жетіспеушілік.* Уақытының *тарлығын* айтты (Наменгенов).

ТАРМАҚ *Бір нәрсенің тарауы, бөлігі, саласы.* Тау ~ғы, темір жол ~ғы.

ТАРМАҚТА *Жеке тармақтарға бөлу.* Ойларын *тармақтап* қағазға түсірді (Еділбаев).

ТАРМАҚТЫ *Салалы, тармақталған.* Маралдың мүйізі бес *тармақты* (Туған жер).

ТАРМАҚША *Шағын тармақ, бөлікше.* Тамырдың әр *тармақшасының* көбеюге қабілеті бар (Тұрдиев).

ТАРМАС 1. *Жақындау, таяу.* Бұл күннің түске *тармасып* қалғаны (Т. Әлімқұлов). 2. *Жармасу, жабысу.* Екі-үш бала есікке *тармасып* сығалап тұр (Бағаев).

ТАРНА *Тамыр жемісі бар мал азығындық дақылға жататын, екі жылдық шөптесін өсімдік.*

ТАРПА: тарпа бас салды — *шап беріп ұстап алды.*

ТАРПАҢ *Жабайы жылқының қазір жойылып кеткен бір түрі.* Үйірден қысқа, қалың қара жалы ұйысқан, *тарпаң* айғыры бөлініп шықты (Мағауин).

ТАРПАҢ 1. *Бас білмейтін, ұйретілмеген, асау жылқы.* Біздің байтал тебеген *тарпаң* еді (Айтыс). 2. *Ауыс. Шадыр, шалдуар, шайпау мінезді.* Біздерден, ғибрат алған талай *тарпаң* (Сыланов).

ТАРПАҢДА *Тарпаң-тарпаң басу, тапырақтау.* Тайлақтай *тарпаңдаған* балаң бар (Есенжанов).

ТАРПАҢДАУ *Асауырақ, шайпаулау.* Көк құнан *тарпаңдау* және қашаған болатын (Бегалин).

ТАРПАҢДЫҚ *Асаулық, шайпаулық.* Жылқының ~ғы, мінездің ~ғы.

ТАРПАҢ-ТҮРПАҢ *Тапыр-тұпыр, тасыр-тұсыр.* *Тарпаң-түрпаң* тайлағым (Боранбаев).

ТАРП-ТҮРП *Тарп-тарп, тарс-тарс.* ~ жүргізді, аяғын ~ басты.

ТАРПЫ *Малдың алдыңғы аяғымен жерді не басқа нәрсені ұруы.* Ат жер ~ды.

ТАРПЫ *Ой, жады, көңіл, көкей.* **Тарпыңды сақта** — *ойыңда, көңіліңде сақта.* "Сізден де шығар адам жоқ, ойласаң ақыл *тарпыңды*" (Қозы Көрпеш).

ТАРПЫЛ *Тарп-тарп еткен дыбыс, жүріс.* Аяқ ~ы.

ТАРПЫЛДА *Тарп-тарп етіп жүру.* Аяғын ~та басып келеді.

ТАРС 1. *Құлағанда, ұрылғанда, атылғанда қатты шығатын дыбыс, ұн.* Мылтық ~ етті. 2. *Ауыс. Мықтап, қатты етіп деген мағынаны білдіреді.* Есікті ~ жапты, көзін ~ жұмды.

ТАРС *Мүлде, тіпті, әбден.* Есінен ~ шығып кетті.

ТАРС-КҮРС *Тарсылдаған, күрсілдеген дыбыс. Тарс-күрс,* бұл не қылған алыс-жұлыс? (А. Жұмағалиев).

ТАРС-ТҰРС *Сарт-сұрт еткен, тарсылдаған дыбыс.* ~ атыс (жарылыс).

ТАРСЫЛ *Тарсылдаған, тасыр-тұсыр еткен дыбыс.* Есіктің ~ы, құлаған заттың ~ы.

ТАРСЫЛ-ГҮРСІЛ *Тарсылдаған, гүрсілдеген дыбыс.* Төңіректе *тарсыл-гүрсіл* күшейіп кетті ("Лен. жас").

ТАРСЫЛДА *Тарс-тарс еткен дыбыс шығару, сартылдау.* ~п атылған мылтық.

ТАРСЫЛ-ТҰРСЫЛ *Тарс-тұрс еткен дыбыс, дүрсіл.* Құлақ тұндырған ~.

ТАРСЫН *Тар көру, тар деп есептеу.* Бөлмені ~ды, пәтерді ~ды.

ТАРТ 1. *Затты өзіне қарай сүйреу, жылжыту.* Арқанның бір ұшын өзіне қарай *тарта* берді (Есенберлин). 2. *Тасу, жеткізу.* Алыс жолға түйемен жүк *тартқанда* (Айтыс). 3. *Орау, байлау, шанду.* Орамал *тартқандар* арасынан Бәтиді көре алмады (К. Оразалин). 4. *Керу, ұстау.* Темір арқанмен тартып *тастаған,* темір труба тұр (Ғ. Мұстафин). 5. *Сорды, жұтты, ішіне алды.* Темекі ~ты, ылғал ~ты. 6. *Музыкалық күй аспабында ойнау, шерту.* Домбыра ~ты, сырнай ~ты. 7. *Туыс адамдардың тұр-кескін, мінез-құлық жағынан ұқсауы, үйлес келуі.* Әкеңе аумай *тартқан* екенсің (Адамбеков). 8. *Біреуге бір нәрсені сыйлап беру, арнау.* Қонаққа *тартпақшы* болған алғашқы сыйлығы (Ө. Сәрсенбаев). 9. *Ауыс. Адамды қызықтыру, ынтықтыру, көңілін аудару.* Онда адамды өзіне *тартатын* сүйкімділік бар (Иманжанов). 10. *Ауыс. Ұн қылу, ұгу, майдалау.* Құмаршық дәнін диірменге *тартады* (Ө. Сәрсенбаев). 11. *Ауыс. Заттың салмағын анықтау, кіреге салу, өлшеу.* Таразыға ~ты. 12. *Ауыс. Бірден жүріп кету, жөнелу.* Ұрыстан алып шығысымен баласы Қасым ханға бірден *тартқан* (Есенберлин). ◊ **Тарт қолыңды** — *тыйыл, тоқтал!* **Тарт тіліңді** — *сөйлеме, қысқарт!* **Тартып алды** — *бір нәрсені күш қолданып зорлықпен алды.* **Тартып жіберді** — *ұрып жіберді, салып қалды.*

ТАРТА *"Жуық", "шақты" мәніндегі септеулік шылау.* Халық саны екі есеге *тарта* өсті (С. Ысқақов).

ТАРТАР I *зоол. Түсі қоңырша келген кішкентай құс.* Африкадан қайтатын *тартар* деген құс бар (М. Әлімбаев).

ТАРТАР II *бот. Жапырақты шөптің бір түрі.* Жарасының аузына *тартар* жапырағын қойды ("Қаз. әдеб.").

ТАРТАРЛЫҚ: көз тартарлық — *көңіл бөлерлік, қызықтарлық.*

ТАРТҚАНСЫ *Тартқан қалып білдіру, тартқан болу.* Қарабай ләззат лебін *тартқансиды* (Әбілев).

ТАРТҚЫЛА *Қайта-қайта тарту, тарта беру.* Етегін ~ды, жіпті ~ды.

ТАРТҚЫШ 1. *Бірдемені тартатын құрал, нәрсе.* Рычагты ~. 2. *Тартуға бейім, тартымпаз.* Ауа ~, күн сәулесін ~.

ТАРТҚЫШТА *Қайта-қайта тарту, тартқылау.* Қонышын ~ды, мұрнын ~ды.

ТАРТПА I *Ер-тоқымды бастырып байлайтын қайыс бау, тұрман.* Ерттеулі атының *тартпасын* босатты ("Лен. жас").

ТАРТПА II *Столдың суырма жәшігі.* Құжаттар столдың *тартпасында* жатқан ("Жалын").

ТАРТПА III *Аңға салатын саят құстарын қайырғанда шынықтыру, ширату үшін берілетін ет.*

ТАРТПА IV *Өзіне сорып, тартып кететін батпақты сор.*

ТАРТПАҚ *Кейінге тартқыш, тартыншақ.* ~ сөз (мінез).

ТАРТПАҚТА *Кейін қарай тартыншақтау, кері тарту.* Аналар *тартпақтап* қорқа берген (С. Мұқанов).

ТАРТПАҚЫ *Кейін тартқыш, кертартпа.* ~ мінез.

ТАРТПАЛА *Тартпаны тарту, байлау.* Ер орнына *тартпалап* тастаған көрпе (Ж. Молдағалиев).

ТАРТПАЛЫ *Тартпасы бар, суырма жәшікті.* ~ стол.

ТАРТУ *Біреуге арнап берілетін сый-сияпат, бағалы зат, сыйлық.* ~ апарды, коллектив ~ы. ◊ **Тарту тартты** — *сый берді, сый-сияпат көрсетті.*

ТАРТУ-ТАРАЛҒЫ *Сый-сияпат, тарту-таралғы.* ~ әзірледі, ~сын көрсетті.

ТАРТУШЫ *Бәйгеге қосқан атты алдынан шығып қоса жарысып демеуші, оған жәрдемдесуші.* Тоқауылда тұрған ~.

ТАРТЫЛ 1. *ыр. етіс. Тарт-ыл.* 2. *Судың құрып қалуы, азаюы.* Көл ~ды, өзен ~ды.

ТАРТЫЛҒЫШ *Тартылуға бейім, тартылымпаз.* ~ тамыр.

ТАРТЫЛЫС *Тартылу, тартылым.* Аспан денелерінің ~ы. □ **Тартылыс заңы** — *табиғатта болатын тартылу құбылысы.*

ТАРТЫМ I *Өзіне адамды тартатын.* ~ы жоқ сүйкімсіз.

ТАРТЫМ II *кәсіби. Балықшылар балығын өткізетін өзен, көл, т. б. жағасындағы орын. Тартым* бойында адам көп ("Соц. Қаз.").

ТАРТЫМ: бір тартым — *бір рет шегуге жарайтын.* Бір ~ темекі.

ТАРТЫМДЫ *Көңіл аударатын, қызықты, сүйкімді.* Ақын *тартымды* да татымды әсем сөздер тапқан (Қаратаев).

ТАРТЫМДЫЛЫҚ *Тартымды болушылық.*

ТАРТЫМСЫЗ *Тартымды емес.* Әңгімесі аса *тартымсыз* да болған жоқ (Нұрмағамбетов).

ТАРТЫМСЫЗДАУ *Аздап тартымсыз, тартымсызырақ.* Оным *тартымсыздау* болса, айып етпеңіз (Ауыл ажары).

ТАРТЫМСЫЗДЫҚ *Тартымсыз болушылық.*

ТАРТЫН 1. *өзд. етіс. Тарт-ын.* 2. *Имену, жасқану, қаймығу.* Ойларынды *тартынбай* айтындар (Ахметов). 3. *Кейіншектеу, көніңкіремеу.* Келісім бермей *тартынып* жүрмін ғой.

ТАРТЫНШАҚ 1. *Жетекке жүрмейтін, көтеншек, шегіншек. Тартыншақ,* асау маямды беріп

кетті (Тұрманжанов). 2. *Именшек, жасқаншақ.* Сіздің осындай ***тартыншақ*** мінезіңізге қайран қаламын (С. Омаров).

ТАРТЫНШАҚТА 1. *Кейін тарту, шегіншектеу.* Анау ***тартыншақтап*** жүрмей қойды (Тұрсынқұлов). 2. *Ауыс. Имену, жасқану.* Несіне ***тартыншақтайсың,*** неден аянасың (Хасенов).

ТАРТЫНШАҚТАУ *Аздап тартыншақ.* Мінезі ~, үй жұмысына ~.

ТАРТЫНШАҚТЫҚ *Тартыншақ болушылық.* Осы ***тартыншақтықты*** қашан қоясың? (Өрлеу).

ТАРТЫҢҚЫ *Ішке қарай кіріңкі, қабысыңқы.* Кеуде шығыңқы, қарны ***тартыңқы*** көрінеді (Ақышев).

ТАРТЫҢҚЫРА *Тарта тұсу, аздап тарту.* Шал кәрі тарланның қасына келіп, тартпасын ***тартыңқырап*** қойды (С. Санбаев).

ТАРТЫС *Біреумен немесе бір нәрсемен жүргізілетін күрес, айқас, егес, талас.* Өмір ~ы, тап ~ы.

ТАРТЫССЫЗ *Тартысы жоқ, тартыспай-ақ, егессіз, күрессіз.* ***Тартыссыз*** бақыт жоқ (Д. Әбішев).

ТАРТЫС-ТАЛАС *Бір мәселе жөніндегі айтыс-керіс.* Қызмет бабында ***тартыс-талас*** бола береді (Б. Тоғысбаев).

ТАРТЫСТЫ *Тартысы мол, қызу айқасты, таласты.* Жарыс ***тартысты*** болмақ ("Спорт").

ТАРТЫСШЫЛ *Тартыс құмар, айтысқыш.* Өзінің қарақты деп танитын ***тартысшыл*** билері (Әбілев).

ТАРХАН *тар. Ерте замандарда тоғыз рет ерлік жасаған адамға берілген жоғары атақ, лауазым.*

ТАРШЫЛЫҚ *Қиыншылық, жоқшылық, тапшылық.* ~ көрді, ~қа ұшырады.

ТАРЫ 1. *Дәнді дақылдардың бір түрі.* ***Тарының*** сабаны да бағалы мал азығы ("Соц. Қаз."). 2. *Осы дақылдың дәні.* ~ түйді, ~ көже.

ТАРЫҒУШЫЛЫҚ *Қиыншылық, жоқшылық көрушілік,қысылушылық, мұқтаждық.* Өмірде ***тарығушылық*** бар дейтін (Ерубаев).

ТАРЫДАЙ *Тары сияқты, кіп-кішкене.* ~ шашылды, ~ түйін.

ТАРЫҚ *Қиыншылық көру, қиналу, мұқтаж болу.* Азық түлікке ***тарығып*** отырған жұрт (Нәбиев).

ТАРЫЛ 1. *Белгілі бір кеңістіктің, киімнің кішірейіп, тар боп қалуы, тарылуы.* Соқпақ жол ***тарыла*** түсті (Иманжанов). 2. *Ауыс. Пейілі құру, сараңдық жасау.* Бір қойға соншама неге ***тарылдың*** (Домбаев).

ТАРЫЛДА *Тар-тар ету, дарылдау.* Трактордың ~ған даусы. Алдынан ***тарылдап*** жүк машинасы өтті (Д. Досжанов).

ТАРЫЛДАҚ *қарап. Тарылдап қалған, дарылдақ.*

ТАРЫН *Тарығу, қиыншылыққа тап болу, қысылу.* Қазір де молшылық, ***тарынар*** емеспіз (Райымқұлов).

ТАРЫНҒЫШ *Тарына бергіш, тарыншақ.* Болар болмасқа ~.

ТАРЫНШАҚ *Тарына бергіш, тарынғыш, кейігіш.* ~ адам.

ТАРЫШЫ *Тары өсіруші.* Тәжірибелі ~, даңқты ~.

ТАС *Таулы жерлердегі қатты кристалл жыныс, соның үлкенді-кішілі бөлшектері.* Сұрғылт ***тас*** өз орнында тұр (Мағауин). **Тас көмір** — *жер астынан алынатын қазба байлық, отын.* **Тас түлек** — *төрт жасар қыран.* **Тас жетім** — *туғанын туысқаны қалмаған тақыр жетім.* ◊ **Тас жүрек** — а) *қатыгез, мейірімсіз;* ә) *қорықпайтын, жау жүрек.* **Тас керең** — *тіпті естімейтін саңырау.* **Тастай қараңғы** — *көзге тіртсе көргісіз қараңғы.* **Тасы өрге домалады** — *бағы жанды, ісі оңғарылды.*

ТАС: тас төбе — *Дәл төбе, нақ төбе.* Жүрегім ~ме шықты.

ТАСА *Қаға беріс жер, қалтарыс.* Қақпаның ***тасасындағы*** тас дуалға барып жасырынды (Райымқұлов).

ТАСАЛА *Бір нәрсені қалқалау, жасырыну.* Үшашаны ***тасалап*** тұрған соңғы белестің жонына шыға келдік (Тникин).

ТАСАЛАУ *Қаға берістеу, қалтарыстау.* Сырт көзден ~ жер, көрер көзге ~.

ТАСАЛЫ *Көзден таса, жасырынатын жері бар.* ~ жер.

ТАСАТТЫҚ *көне.* 1. *Белгілі бір тілектің орындалу мақсатымен құдай жолына мал сойып, жұртқа тамақ беру, құрбан шалу әдеті.* ~ берді (шалды, жасалды). 2. *Садаға, құрбандық.* Көрер қызығымды соның жолына ***тасаттық*** етіп отыр (Әбдікерімов).

ТАСБАҚА *зоол. Сүйек қабығы бар, қысқа аяқтарымен баяу жылжып қозғалатын жәндік.* ◊ **Тасбақа аяң [жүріс]** — *шабан қимыл, баяу жүріс.*

ТАСБАҚАША *Тасбақаға ұқсап. Тасбақаша* жылжып келе жатқан жау танкілері көрінді (Хасенов).

ТАСБАУЫР *Мейірімсіз, рақымсыз, қатігез.* Жетім қозы ***тасбауыр*** (Мақал).

ТАСБЕДЕ *Тас арасына шығатын беде шөп.*

ТАСБҰЙЫРҒЫН *Қиыршық тасты жерлерде өсетін шөп.* Тастақ шөлдерге ***тасбұйырғын*** мен түбіртек өседі (Б. Мұханов).

ТАСБҮЛДІРГЕН *бот. Раушан гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік; костяника.*

ТАСЖАРҒАН *бот. Тасты жерде өсетін бұта.*

ТАСКЕНЕ *Кішкене, жабысқақ кене.*

ТАСҚАБАҚ *Қабығы қатты, сары асқабақ. Тасқабақ* тәтті болады (Ауызекі тіл).

ТАСҚАЛАҚ *көне. Таси беретін, тасымпаз.* Тар қазан ***тасқалақ,*** мешкей адам ашқарақ (Мақал).

ТАСҚАЯҚТАЙ: тасқаяқтай қағыстырды — *бірді-бірге үрды, үйіріп әкетті.*

ТАСҚОРЫҚТЫҚ *Отқа әбден қыздырылған тасты ыдысқа салып жіберіп пісірілген сүт.*

ТАСҚЫЛА *Үсті-үстіне тасу, таси беру.* Қарлығаш та тұмсығымен ***тасқылап*** өзіне ұя соғады (Шашкин).

ТАСҚЫН 1. *Кемерінен асып, жайылған су, сел.* Таудан құлап аққан күшті ***тасқын*** (Әлімжанов). 2. *Ауыс. Асып-тасқан жігер, күш.* Көкірегіме әлдеқайдан жаңа бір ***тасқындар*** келген сияқтанады (Нұршайықов).

ТАСҚЫНДА 1. *Арнасынан асып жайылу, арындау.* Көктемгі көк өзендей ***тасқындаған*** (С. Омаров). 2. *Ауыс. Асып-тасу.* Күмбірлеген күй ***тасқындай*** түсті (Сегізбаев).

ТАСҚЫНДЫ *Тасқындаған, тасыған, тасқыны зор.* Буырқанып аққан ***тасқынды*** өзен тәріздес (Нұршайықов).

ТАСӨКПЕ *Өкпенің беріштеніп, семіп қалатын ауруы.* Қойда ***тасөкпе*** деп аталатын ауру болады ("Лен. жас").

ТАСПА 1. *Иленген тақыр теріден тілінген жіңішке қайыс.* ~ тілді, ~мен тікті. 2. *Белгілі бір материалдан ұзынша етіп жасалған нәрсе.* Транспортер ~сы. ◊ **Таспа бел** — *жіңішке бел, құмырсқа бел.* ◊ **Таспа жол** — *жіңішке ұзын жол.* ◊ **Таспа құрт** — *малда, аңда болатын ауру қоздыратын құрт.*

ТАСПАЛА I *Таспа етіп, жіңішкелеп тілу.* Иленген қайыстарды ***таспалап*** тіледі (Қасиманов).

ТАСПАЛА II *Таспамен тігу, көктеу.* Қазақ ерлерінің бөлшектері ***таспалап*** көктеу арқылы біріктіріледі (Арғынбаев).

ТАСПАЛЫ *Таспадан өрген, таспадан тұратын.* Сегіз ~ бұзау тіс қамшы.

ТАСПАШӨП *Шөптесін және бұташық түрінде өсетін көп жылдық жабайы өсімдік.*

ТАСПИҚ *Діни адамның құдайға сыйыну кезінде қолына ұстап санап, тартып отыратын моншақ тізбектері.* ~ғын тартты.

ТАСТА 1. *Затты, нәрсені белгілі бір жерге қоя салу, түсіру, құлату.* Бар затты оның алдына ***тастай*** салды ("Қаз. әдеб."). 2. *Бір нәрсені я біреуді қалдырып кету, ілестірмеу.* Екі қызын ***тастап*** кетіпті (Жойқынбеков). // *Ажырасу, айырылысу.* Ол да бұрынғы әйелін төрт баламен ***тастаған*** (Қабышев). 3. *Ауыс. Ұмыту, тыйылу.* Еркелікті ***таста,*** азамат болдың ("Соц. Қаз.").

ТАСТАЙ 1. *Тас сияқты.* Суға батқан ~. Адам ***тастай*** берік, гүлдей нәзік (Мақал). 2. *Ауыс. Сұп-суық, мұздай.* ***Тастай*** суық құдық суы құрып барады ("Лен. жас".). ◊ **Тастай батып, судай сіңді** — *зым-зия жоғалды, із-түзсіз кетті.* **Тастай қараңғы** — *көзге түртсе көргісіз, қап-қараңғы.* **Тастай түйілді** — *шұқшиды, шүйілді.* **Тастай қатты** — *тапжылмады, сіресті.*

ТАСТАҚ *Тас араласқан, тасы көп.* ~ жер (жол).

ТАСТАҚТАУ *Тастылау, тастағырақ.* Оған себеп бұл ~гүстың ***тастақтау*** болып келуі (Н. Ғабдуллин).

ТАС-ТАЛҚАН 1. *Күл-талқан, күл-парша, бытшыт.* ~ы шықты (етті). 2. *Ауыс. Бұлқан-талқан.* Кешкісін ***тас-талқан*** болып ашуланбасы бар ма (Т. Нұрмағамбетов).

ТАСТАМ: **таяқ тастам жер** — *жап-жақын, тиіп түрған таяу жер.*

ТАСТАНДЫ *Тастап кеткен, тасталған, керек етілмеген.* ~ бала (әйел).

ТАСТҰЛЕК *Төрт жастағы бұркіт.*

ТАСТЫ *Тасы бар, тас араласқан.* Қоянерін таудың ұсақ ***тасты*** беткейлерінде өседі (Субханбердин).

ТАСШЫ *Тас қалаушы, тас қашаушы.* Ол ***тасшы*** болып істей жүріп 10-класты бітірді (Т. Жанұзақов).

ТАСЫ I *Бір нәрсені я біреуді бір жерден екінші жерге апару, жеткізу.* Топырақ ~ды, су ~ды, жолаушы ~ды.

ТАСЫ II 1. *Ағын судың жағадан асып, арнасынан шығып басқа жерге жайылуы.* Өзеннің қатты бір ***тасыған*** жылы ғой (Тұлпар). 2. *Сұйық нәрсенің қатты қайнап ыдыстан асып төгілуі.* Сүт ~ды. 3. *Ауыс. Асып-тасу, молығу.* Дәулеті ~ды, күші ~ды. 4. *Ауыс. Көңілі шалқу, масайрау, масаттану.* Терісіне сыймай ~ды, көңілі ~ды.

ТАСЫМАЛ 1. *Жүкті, затты бір жерден екінші жерге жеткізу ісі.* ~ жұмыс (шөп), жолаушылар ~ы. 2. *Қағаз бетінің бір жолына сыймаған сөз буынын екінші жолға бөліп, көшіріп жазу әдісі, ережесі.*

ТАСЫМАЛДА *Жүкті, затты тасу, жеткізу.* Суды ~п жеткіздік.

ТАСЫНДЫ 1. *Тасылып әкелінген, жеткізілген.* Судың бетіне шыпта сияқты төселіп жатқан ***тасындының*** үсті толған жұмыртқа (Қанахин). 2. *жерг. Кесек сабынның жуыла-жуыла мүжіліп қалған қалдығы.*

ТАСЫР I *Тарс-тұрс шыққан дыбыс, дүрсіл.* Әлдене ***тасыр*** еткендей болды (Д. Досжанов).

ТАСЫР II 1. *Топас, дөкір, сезімсіз.* Бұл сөзді ***тасыр*** ұқпас, талапты ұғар (Абай). 2. *Әпербақан, ардың-күрдің, ұрдажық.* Тарпаң жылқы бойлауық, ***тасыр*** кісі сөйлеуік (Мақал).

ТАСЫРАЙ *Бақыраю, бажыраю.* Жеңгесінің көзі ~ып кетті.

ТАСЫРАҚ *Тасырлатқыш тасыраң, тасырең.* Бұл әдепкі мінез емес, алаң-жұлаң, ***тасырақ*** (Сәтібеков).

ТАСЫРАҚТА *Тасыр-тұсыр тапырақтау, тарпылдау.* Тұра сала ***тасырақтап*** жүгіреді (Тарази).

ТАСЫРАҢ *Алаң-жұлаң еткен, тарсылдақ, тасырақ.* Мынауың бір ***тасыраң*** жігіт екен (Мәжитов).

ТАСЫРАҢДА *Тасыраң-тасыраң ету, алаң-жұлаң ету, тасырақтау.* Үлкен бар, кіші бар демей, ***тасыраңдағанына*** жыны келді (Т. Әлімқұлов).

ТАСЫРҚА 1. *Ат тұяғына тас батып, кібіртіктеп баса алмай ақсаңдау, ауырсынып кібіртіктеу.* Жануар ***тасырқап*** жүр деп, кер байталды аяды (Көшімов). 2. *Ауыс. Тосырқау, бөтенсіну.* ***Тасырқап,*** кібіртіктеп сөйледі (Д. Досжанов).

ТАСЫРЛА *Тасыр-тасыр ету.* ***Тасырлап*** шапқан аттардың дүбірі естілді (Сатыбалдиев).

ТАСЫРЛЫҚ *Тасыр болушылық, топастық, даңғойлық, есерсоқтық.* Мұнысы батылдық болмай, ***тасырлық*** болды (Ө. Ахметов).

ТАСЫР-ТҰСЫР *Тарс-тұрс еткен дыбыс, тарсыл-гүрсіл.* Сырттан ***тасыр-тұсыр*** жүріс естілгендей болды (Байтанаев).

ТАТ I *Дат, тот.* Босағада ***тат*** басқан ауыр қалқан жатыр (Д. Досжанов).

ТАТ II 1. *Тамақтың, сусынның, сорпаның дәмін тілмен байқау, ауыз тию.* Сорпаның дәмін ~ып көрші. 2. *Ауыс. Тұрмыстың, өмірдің ащы-тұщысын көру, білу.* Екеуміз алда ***тататын*** ащы азап көп (Боранбаев).

ТАТАЛАУ *Кеукеулеу, қошаметтеу.* Ал енді өзің айт, — деп жігіттер Дәрменді ***таталап*** қол берді (Ж. Аймауытов).

ТАТАУ *көне. Арам пиғыл, жаман ой.* Көңлінде бір ~ бар. Жасырын ~ сөз (ой).

ТАТАУСЫЗ *Жасырыны жоқ, бүкпесіз.* ***Татаусыз*** көңілмен еркін сыр ағытты (С. Омаров).

ТАТТАН *Тат басу, тотығу.* ~ған темірдей.

ТАТТЫ *Тәтті, тоты бар.* Қызыл ***татты*** құмды пайдалануға болмайды (Тұрдиев).

ТАТУ *Сыйлас, араз емес, ынтымақты.* ***Тату*** үйдің тамағы дәмді (Мақал).

ТАТҰЛАС *Ренжіскенін қойып, қайтадан табысу, жарасу.* Ағайынды адамдардың ***татұласқаны*** мақұл болар (Шүкіров).

ТАТУЛАСТЫҚ *Тату болушылық, ынтымақтастық.* Берік ***татуластықтың***, достықтың құшағы ашылатынын ойлады (Сейсенбаев).

ТАТУЛЫҚ *Тату болушылық, жақсы сыйластық.* Құдалық үзілгенмен ***татулық***, достық сияқты дәнекер қалыпты (Доспанбаев).

ТАТУ-ТӘТТІ *Араларында көңіл кірбіңі жоқ, сыйластықты.* ***Тату-тәтті*** тұрып жатты ("Лен. жас").

ТАТЫ I *Парапар келу, тең түсу; бір нәрсеге тұрарлық болу.* Бірдің мыңға ***татитыны*** да бар (Мақал).

ТАТЫ II 1. *Дәмі шығу, дәмі біліну.* Тойғанға тауық еті де топырақ ***татиды*** (Мақал). Сөзі су ~иды. 2. *Дәмі бұзылу, ішуге жағымсыз болу, айну.* Қымыз ***татып*** кетті (Майлин).

ТАТЫМ I 1. *Дәм, татығандық.* Тұз салмаған тамақта ***татым*** бөлек (Мырзалиев). 2. *Бір ұрттам, бір жұтым, бір тістер.* Бір ~ тұз (қымыз, нан).

ТАТЫМ II *Жұғым, мән-мазмұн, тату.* Сөзінің ***татымы*** жоғын жұрт та біле бастаған (Тілегенов).

ТАТЫМАЛ *Татып кеткен, ішуге жағымсыз (қымыз).* Ыстық қой, қымызымыз ***татымал*** боп кетеді (Ләмбеков).

ТАТЫМДЫ 1. *Дәмі жақсы, дұрыс, дәмді.* Тұзы ~. 2. *Іске жарамды, көңіл тойғандай, толымды.* ~ сөз (өлең, табыс, іс).

ТАТЫМСЫЗ 1. *Татымы жоқ, дәмсіз.* Тұз болмаса тамақ ***татымсыз*** болады (Машанов). 2. *Ауыс. Іске жарамсыз, мәнсіз, құнсыз.* ***Татымсыздың*** тасығанынан астығының шашылғаны көп (Мақал).

ТАТЫМСЫЗДЫҚ *Іске жарамсыздық, құнсыздық.* Әңгіме ~ғы, пікір ~ғы.

ТАТЫР *Тұзды, сортаң, тақыр жер.* Еріксіз егін шығардық, ***Татыр***, тақыр жерлерге (Шипин).

ТАТЫРАН I *Тақыр жер, татыр.* Теріні ***татыранның*** сортаңымен тұздады (Жүнісов).

ТАТЫРАН II *жерг. Шойындай қара.* Қою қара мұртты, шүңірек көз, ***татыран*** қара (Д. Досжанов).

ТАТЫРЛЫҚ *Пара-пар келетін, жарайтын, тұрарлық.* Бір өзі мыңға ***татырлық*** (Сейітқазин).

ТАТЫР-ТАТЫМАС *Шамалап қана татитын.* Тұзы ~.

ТАУ *Жер бетінен жоғары да көтеріңкі өркештене тізбектеліп, созылып жатқан заңғар, құзды, құзартты биіктік.* ◊ **Тауда жүріп, таста өскен** — *ел-жұртынан бөлек жүріп, ауыр өмір кешкен.* **Тау күйіп, тас жанса да** — *қандай қиыншылық болса да.*

ТАУАН *Күш-қуат, әл-дәрмен.* Үлкен жанжалға ***тауаны*** жоқ (М. Әуезов). *Көлем, мөлшер.* ~ы аз. ◊ **Тауаны қайтты [шағылды]** — *беті қайтты, мәселі қайтты.*

ТАУАНДЫ *Табанды, қайсар.* Құдайым сені ***тауанды*** етсін (Жұмаханов).

ТАУАНСЫЗ *Қайратсыз, қауқарсыз, ынжық.* Маған ол қарсы сөзге жоқ, ***тауансыз*** көрініп еді (Бәйішешек).

ТАУАП: тауап қылды [етті] — а) *құлшылық етті, табынды;* ә) *таазым етті, бас иді, қадір тұтты.*

ТАУДАЙ *Тау сияқты, үлкен зор.* ~ боп үйілген қар. ◊ **Таудай талап (үміт)** — *мұратына жетуге деген зор ынта, ықылас.*

ТАУЕШКІ *Таулы жерді мекендейтін жабайы ешкі.* ***Тауешкі*** атып алыпты ("Қаз. әдеб.").

ТАУ-КЕН *Кен рудасы, тау-кен рудасы.* ***Тау-кен*** жұмысын жақсартамыз (Достық нұры).

ТАУҚҰДІРЕТ *зоол. Батпақты, көлді жерде жүретін аяғы мен тұмсығы ұзын құс.*

ТАУҚЫМЕТ *Ауыртпалық, азап, қиыншылық.* Қысы-жазы бар ***тауқыметін*** көтеретін осы ауыл емес пе? (Тілегенов). ◊ **Тауқыметін тартты (көрді)** — *зардабын тартты, азабын көрді.*

ТАУЛАҚ *Тауешкінің төлі, лағы.*

ТАУЛЫ *Тауы бар, тауы көп.* ***Таулы*** жер бұлақсыз болмас (Мақал).

ТАУЛЫ-ТАСТЫ *Тауы, тасы бар.* ~ жер (өңір).

ТАУПЫҚ *көне. Ынсап, нысап, қанағат.* Адамға ~ берсін.

ТАУСАҒЫЗ *бот. Каучук тектес өсімдік.*

ТАУСЫНШАҚ I *Жуылған сабынның қалдығы.* Жұмырланған, жуылған сабынның ***таусыншағы*** сияқты (Машанов).

ТАУСЫНШАҚ II *Көне дәуірден сақталып қалған зат, құбылыс.*

ТАУТАЙЛАҚ *Көне замандардағы бірқатар түркі тайпаларының жабайы түйеге қойған атауы.* — Осы Қаратау мен Қызылқұмнан ертеде ***таутайлақ***, құлан аулайтын едік, — деп әкемнің әкесі айтатын еді (Экспедиция материалынан).

ТАУТАН I *Жолбарыстың ұрғашысы.*

ТАУТАН II *Ұсақ балықтың бір түрі.* Су қоймасында кең тараған ұсақ балықтың бірі — ***таутан*** (Қыдырбаев).

ТАУТАҢДА *Өрекпу, өршелену.* ***Таутаңдаған*** шолаққа кісенді қара құлпы бар (М. Әуезов).

ТАУТАРЫ *Мал азығына тән көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ТАУ-ТАС *Таулы-тасты жер.* Маңайдағы ***тау-тасты*** шарлапты (Көшімов).

ТАУ-ТАУ *Төбе-төбе, үйме-үйме.* Астық ***тау-тау*** боп үйіліп жатты (Боранбаев).

ТАУТЕКЕ *зоол. Жабайы ешкінің еркегі.*

ТАУ-ТӨБЕ *Жиналған үлкен үйінді.* ***Тау-төбе*** астықты қырманнан көресің ("Соц. Қаз.").

ТАУША *Там үйдің қабырғасындағы ыдыс-аяқ қоятын қуыс.* Өзбек үйлеріндегі ***тауша*** сияқты (Ахтанов).

ТАУШЫҚ *Шағын тау.* Биік түсы бірер жүз метрдей ***таушық*** бар екен (С. Мұқанов).

ТАУЫ: тауы қайтты (шағылды) — *сағы сынды, көңілі қалды.*

ТАУЫҚ 1. *Қораз бен мекиен, балапан тобынан құралатын үй құсының жалпылама аты.* ***Тауыққа*** шашқан тарыдай бытырап жатыр (Жұмаділдин). 2. *Жұмыртқасы мен еті үшін ұстайтын үй құсы; қораздың мекиені.* ~ жұмыртқалады. 3. *көне. Қазақ жыл атының бірі.* Жасым бар жиырма жеті ***тауық*** жылым (Үш ғасыр.). ◊ **Тауық қора** — *тауық ұстайтын күрке.*

ТАУЫҚШЫ *Тауық асыраушы, күтуші.* ***Тауықшылардың*** бірі қалмай қол соқты (Қабышев).

ТАУЫС I *Қырғауыл тектес ұзын құйрықты алуан түсті әдемі құс.*

ТАУЫС II *Бір істі бітіру, тамамдау; түгесу, аяқтау.* Айтып ~а алмады, жеп ~ты.

ТАЯ I *Жақындау, жуықтау, тақау.* Жасы елуге ~ды, кететін күн ~п қалды.

ТАЯ II *Сүйеу, тіреу.* Екі қолын мықынына ~ды.

ТАЯЗ 1. *Терең емес, саяз.* Жүзуді *таяз* жерден үйрен (Мақал). 2. *Ауыс. Онша тереңге бара алмайтын, өресі шамалы.* Ойы ~, білімі ~.

ТАЯЗДА *Түбіне жақындап азайып қалу.* Амазонка жағасы *таяздап* қалды (Қайымов).

ТАЯЗДАУ I 1. *Терең емес, ептеп таяз. Таяздау* кей тұстары ып-ыстық болып жатады (Дәуренбеков). 2. *Өресі тарлау.* Білімі ~.

ТАЯҚ *Қолға ұстап немесе таянып жүруге арналған ағаштан жасалған құрал.* Сәлімнің *таяқ* ұстаған қолына жармасты (Р. Тоқтаров). ◊ **Таяқ астында жүрді — қорлықпен өмір сүрді. Таяқ бойы** — *биік емес, аласа.* **Таяқ жеді** — а) *тепкі көрді, сабалды;* ә) *өмір соққысын көрді.* **Таяққа жықты** — *аяусыз ұрып-соғып тастады.*

ТАЯҚТА *Таяқпен ұрып-соғу, сабау.* Екеуін де ~п қуып шықты.

ТАЯҚТАЙ *Таяқ сияқты ұзын, сорайған.* Ниязы бар *таяқтай* (Тұрманжанов).

ТАЯҚША I *Кішкене таяқ.* Қолындағы *таяқшасын* лақтырып жіберді (Әбуталиев).

ТАЯҚША II *Жұқпалы аурудың микроскоппен көрінетін құрты; бацилла.* Топалаң ~сы, туберкулез ~сы.

ТАЯНЫШ 1. *Құлап кетпей ұстап тұру үшін қажетті тіреу, сүйеніш.* Арбаның артқы *таянышына* сүйеніп, бей-жай отырған (Жұмаділов). 2. *Ауыс. Арқа сүйер тірек, сүйеніш.* Мүсілімнің бар *таянышы* ("Лен. жас").

ТАЯУ *Жақын, жуық, тақау.* Әділ өзенге *таяу* дөңге көтерілді (Ә. Сәрсенбаев).

ТАЯУДАҒЫ *Жақын маңдағы, жуықтағы.* Бұл *таяудағы* міндетіміз (Жұмабаев).

ТАЯУЫРАҚ *Жақынырақ, жуығырақ.* Ана келінге қарай *таяуырақ* отыршы (Сейфуллин).

ТӘБӘРІК 1. *Құранның бір аяты.* Мен саған *тәбәрікті* оқып шығам (М. Әуезов). 2. *Сый-сияпат, тарту-таралғы, естелік үшін берілген дүние.* 3. *Қайтыс болған кісінің құдайысынан алатын киім, бұйым.* Мынау өлгі балама *тәбәрік* деп алған шүберек қой (Тобағабылов).

ТӘБЕТ *Адамның асқа деген зауқы, көңіл қалауы.* Тамақ барда *тәбет* жоқ, *тәбет* барда тамақ жоқ (Мақал). ◊ **Тәбеті тартпады** — *зауқы соқпады, ас ішкісі келмеді.* ◊ **Тәбеті шапты** — *тамақ ішкісі келді, асқа зауқы соқты.*

ТӘЖ *Патша мен хандардың басына киетін алтынмен әшекейленген арнаулы бас киімі.*

ТӘЖ-ТАҚ *Хан, патша, корольдің арнаулы бас киімі мен басқару кезінде отыратын орындығы.* Соғыс патшалардың, корольдердің *тәж-тағынан* айырылуымен аяқталып еді (Ғ. Мүсірепов).

ТӘЖІК *Тәжікстандағы жергілікті тұрғын халық, ұлт, сол ұлттың өкілі.*

ТӘЖІКЕ *Айтыс, тартыс, ұрыс, керіс.* ~нің қаншаға созылары белгісіз.

ТӘЖІКЕЛЕ *Келемеждеу, қылжақ ету.* Біреуді біреу ~п отырды.

ТӘЖІКЕЛЕС *Біреумен сөзге келісу, айтысу, керісу.* Онымен ~пе, ұятқа қаласың.

ТӘЖІМ: тәжім етті [қылды] — а) *бас иіп құрмет көрсетті, ізет қылды;* ә) *этногр. Ұрын келген күйеу бала құрметіне жайылған дастарқан басында оның бас иіп, ізет етуі.*

ТӘЖІРИБЕ *Белгілі бір істі үнемі істеумен, машықтанумен болатын жұмыс дағдысы.* Мұғалімдік ~, шаруашылық ~.

ТӘЖІРИБЕЛЕН *Тәжірибе жинақтау, үйрену, машықтану.* ~ іп қалған.

ТӘЖІРИБЕЛІ *Тәжірибесі мол.* ~ басшы (жұмысшы, маман).

ТӘЖІРИБЕЛІЛІК *Тәжірибелі болушылық.* ~гі артты.

ТӘЖІРИБЕШІ *Тәжірибе беруші, үйретуші.* ~ ұстаз.

ТӘЙ *Жас баланың тік тұрып жүре бастауы.* ~ тұрады, ~ басқан.

ТӘЙЕМ *Шариғат заңы бойынша сусыз жерде алақанды жерге тигізіп, топырақпен бет сипау дағдысы.* Топырақпен *тәйем* соғып, намазға отырды (Ақышев).

ТӘЙКЕ *Асықтың алшысына қарсы беті.* ~сінен қойды (тұрды). ◊ **Тәйкесінен түсті** — *ыңғайсыз құлады, сәтсіздікке ұшырады.*

ТӘЙКЕМДЕС *жерг. Тәжікелесу, қақтығысу, ренжісу.* Бағана екеуің *тәйкемдесіп* қала жаздадыңдар (Қ. Қуанышбаев).

ТӘЙТ *Жекіру, зеку мағынасында айтылатын одағай сөз.*

ТӘЙ-ТӘЙ *Сәбидің аяғын апыл-тапыл басып жүре бастаған кезі.* ~ басты (түрды).

ТӘЙ-ТӘЙЛӘ *Аяғын жаңадан апыл-тапыл басып жүре бастаған нәрестені жүргізіп үйрету.*

ТӘЙТІК *қарап. Бетімен кеткен жүгенсіз, тыйымсыз өскен бейбастақ.* Мына *тәйтік* балаға тым болмаса тәйт демегені несі (Ә. Нұршайықов).

ТӘЙІРІ *Көңілі толмағанда, ұнатпағанда айтылатын одағай сөз.* Жалғыз ауыз лебіз жазғанда не тұр *тәйірі* (Әбділдаев).

ТӘКАППАР *Өр көкірек, меңмен, өз құнын білетін, өр мінезді.* ~ жігіт (сұлу).

ТӘКАППАРЛАН *Өр көкірек болу, тәкаппар болу.* Басын *тәкаппарлана* көтеріп сөз қатты (Н. Ғабдуллин).

ТӘКАППАРЛАУ *Өр көкіректеу, меңмендеу.* ~ адам (қыз).

ТӘКАППАРЛЫҚ *Тәкаппар болушылық.* ~ танытты (білдірді).

ТӘКАППАРСЫ *Өр көкірек болғансу, меңмексу, әулиесіну.* "Тақсыр, тақсыр" деген сайын *тәкаппарсытып* Тасырды суреттейді (М. Әлімбаев).

ТӘК-ТӘК *Еркіне жібермеу, тежеу мағынасында айтылатын одағай сөз. Тәк-тәктің* күшімен зорға тұрған тағы біреу бар (Тілегенов).

ТӘК-ТӘКТА *Еркіне жібермеу, тежеу.* Өз сезімін өзі *тәк-тәктап* тұншықтырып бағатыны несі (Қанахин).

ТӘЛІП *кәне. Медреседе оқитын шәкірт, оқушы.*

ТӘЛКЕК *Мазақ, келемеж, келеке.* ~ қылды (етті).

ТӘЛКЕКТЕ *Келемеждеу, тәлкек қылу, мазақтау.* ~й бастады (беретін).

ТӘЛКЕКШІЛ *Тәлкек қылғыш, келемеждегіш, мазақтағыш.* ~ болма.

ТӘЛПІШ *Ерке, шолжың, бейәдеп, тәрбиесі кем.* ~ қылық, ~ бала.

ТӘЛПІШТІК *Тәлпіш болушылық, еркелік.* ~гін қойды.

ТӘЛТИ *Қалқию, жарбию.* Өзгермеген бойы *тәлтиіп* қана көрінеді (Қыдырбекұлы).

ТӘЛТІРЕК *Денесін ұстай алмай бұралақ, қисалақ еткендік.* ~ қақты (басты).

ТӘЛТІРЕКТЕ *Аяғын жөндеп баса алмай бұралақтау, бұлғақтау, қисалақтау.* ~п жүре бастады (орнынан тұрды).

ТӘЛІМ *Үлгі, өнеге, тәрбие.* ***Тәлім*** көргені көрініп тұр (Сарғасқаев). ◊ **Тәлім алды** — а) *үлгі алды;* ә) *дәріс алды, білім алды.*

ТӘЛІМГЕР *Тәлім-тәрбие беруші, ұстаз.* Талай жасты баулыған ***тәлімгер*** (Жұмадилдин).

ТӘЛІМДІ *Үлгілі, өнегелі, тәрбиелі.* ~ жігіт.

ТӘЛІМДІК *Тәлім-тәрбиеге қатынасты, соған лайық.* Мен үшін ***тәліімдік*** маңызы үлкен сабақ еді ("Қаз. әдеб.").

ТӘЛІМДІЛІК *Тәлімді болушылық.* ~ке тәрбиеледі.

ТӘЛІМСУШІЛІК *Бәлсінгендік, керігушілік.* Оныcы ~.

ТӘЛІМСІ *Әлдеқандай болу, бәлсіну, кергу.* Аяқ астынан ***тәлімси*** қалатын (Шойбеков).

ТӘЛІМСІЗ *Үлгі-өнегесіз, тәрбиесіз.* ***Тәлімсіз*** тәйтік болмасаң игі еді (Тоқаев).

ТӘЛІМСІЗДІК *Тәлімсіз, тәрбиесіз болушылық.* Ұлының ~гі жүрегін жаралады.

ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ *Үлгі-өнеге, көрсетілген жөнжоба.* Өскен ортасының ***тәлім-тәрбиесі*** аз болған жоқ ("Лен. жас"). ◊ **Тәлім-тәрбие алды** — *үлгі алды, өнеге тұтты.* **Тәлім-тәрбие берді** — *баулыды, тәрбиеледі.*

ТӘЛІМІ *Суармайтын егістік, суармай өсіретін дақыл.* ~ жер (арпа). ◊ **Тәлімі бидай** — *суармаған жерге өскен бидай.*

ТӘМПЕҢДЕ *Жас нәрестенің аяғын апыл-тапыл басуы, тәлтіректеп жүруі.* ***Тәмпеңдеп*** жүре бастаған сәбиге мейірлене қарады ("Қаз. әдеб.").

ТӘМПИ *Тәмпіш, келте мұрын.* Мұрны ~ген бала.

ТӘМПІШ *Кішкене келген, қысқа, келте (мұрын).* ~ мұрын (танау).

ТӘМПІШТЕУ *Мұрны келтелеу, тәмпіш келген.* ~ мұрын.

ТӘМСІЛ *кітаби. Өсиет, нақыл түрінде айтылатын астарлы мазмұны бар әңгіме.* Тоқылдақ кемпір туралы ***тәмсіл*** (Бөкеев).

ТӘН I 1. *Адамның тұла бойы, денесі.* ***Тән*** шіріп, топырақ боп, тозып бітті (Торайғыров). 2. *Ер адамның жыныс мүшесі, әурет.* Үлкен кісілер моншада ~ін қолымен көлегейлеп жуынады.

ТӘН II *Біреуге, бір нәрсеге қатысты.* Адамға ~ байсалдылық.

ТӘНӘПІС *жерг. Сабақ бергенде, қызмет уақытында, жиналыс өтіп жатқанда болатын үзіліс.* Кешіріңіз, ***тәнәпіс*** уақыты ғой (Сейдаханов).

ТӘНДІК *Біреуге, бір нәрсеге тән болғандық, қатыстылық.* Мақал-мәтелдер қалың еңбекші бұқараға ***тәндігін*** көрсетеді (Адамбаев).

ТӘНТІ *Мейлінше риза, көңілі толған, сүйсінген, разы, риза.* Сол күннен бастап Мұқаң саған ***тәнті*** екен (Жақанов). ◊ **Тәнті болды** — *риза болды, сүйсінді.*

ТӘНТІЛІК *Тәнті болушылық, ризалық, разылық.* ~гін білдірді.

ТӘНТІРЕКТЕ *Тәнтірек-тәнтірек ету.* ***Тәнтіректеп*** барып, құлап түспей әрең қалды (Оралбаев).

ТӘҢІР *діни.* 1. *Құдай, алла-тағала, құдірет.* Жақсылығыңыз ***тәңірден*** қайтсын (Жұмалиев). 2. *Құдіретті күш иесі, пір.* Сұлулық ~і, су ~і. ◊ **Тәңір алғыр (алсын)** — а) *құры, жоғал;* ә) *бәтшағар, жолың болмағыр.* **Тәңір атқан** — *көк соққан, оңбаған.* **Тәңір атқыр** — *құдай ұрғыр, көк соққыр.* **Тәңір жазса** — *құдай бүйыртса, дәм тартса.* **Тәңір жарылқасын (алғ.)** — *құдай оңдасын, жаманшылық көрмесін.*

ТӘҢІРСІ *Күштісіну, мықтысыну, құдайын ұмыту.* ~ген байлар мен билер.

ТӘҢІРШЕ *Тәңірге ұқсап.* ***Тәңірше*** бөлейін бе, пендеше бөлейін бе (Қожанасыр хикаялары).

ТӘПЕЛТЕК *Аласа, тапал, бәкеле.* ~ жігіт (денесі, бойлы).

ТӘПЕЛТЕКТЕУ *Аласалау, тапалдау, бәкенелеу.* ~ әйел (біреу).

ТӘПЕЛТЕКТІК *Тәпелтек болушылық.* ~гінен қорсынатын, ~гін мысқылдады.

ТӘПСІР *көне. Құранда айтылғандар мен ондағы жеке сөздерге берілген анықтама, түсініктеме.* Құранның татарша ***тәпсірін*** бастырып шығарған (Тоқжігітов).

ТӘП-ТӘТТІ 1. *Тым тәтті, айта қаларлықтай тәтті.* Дәмі ~ екен. 2. *Ауыс. Сүйкімдірек, ұнамдырақ.* ~ үміт (арман, ой).

ТӘП-ТӘУІР *Жап-жақсы, әжептәуір.* Оқуы ~, қазақшасы ~.

ТӘПТІШ *Жан-жақты, тиянақты.* Табылған ит жайында ***тәптіш*** сөз басталды (Т. Әлімқұлов). ◊ **Тәптішке алды** — *қазбалап сұрады, тәптіштеді.*

ТӘПТІШТЕ *Бір нәрсені жан-жақты қарап білу, тексеру.* ~п сұрап алды (қарап шықты).

ТӘРБИЕ *Семья, мектеп, қоршаған ортада қалыптасқан адамның қоғамдық және өмірде байқалатын тәртіп пен мінез-құлық дағдысы.* Ата-ана ~сі, ~ мен білім егіз, патриоттық ~. ◊ **Тәрбие алды (көрді)** — *тәрбиеленді, тәлім алды.* **Тәрбие берді** — *үлгі көрсетті, тәрбиеледі.*

ТӘРБИЕЛЕ *Адамның сана-сезімі мен мінез-құлқына әсер ету, белгілі бір іске баулу, дағдыландыру.* Жақсы азамат етіп ~ді.

ТӘРБИЕЛЕНУШІ *Тәрбие көріп жүрген, тәрбиеленген адам.* Балалар үйінде ~лер.

ТӘРБИЕЛІ *Тәрбие көрген, өнегелі, әдепті.* ~ қыз (семья, орта).

ТӘРБИЕЛІЛІК *Тәрбиелі, әдептілік.* ~гін байқатты.

ТӘРБИЕСІЗ *Тәрбиесі жоқ, дұрыс тәрбие көрмеген, әдепсіз, көргенсіз.* ***Тәрбиесіз*** адам кімге тәрбие бермек ("Қазақст. мұғ.").

ТӘРБИЕСІЗДІК *Тәрбие көрмегендік, әдепсіздік.* ***Тәрбиесіздік*** жақсылыққа бастамайды ("Соц. Қаз.").

ТӘРБИЕШІ *Тәлім-тәрбие беруші, ұстаз, тәрбие жұмысын жүргізуші адам.* Бала-бақша ~сі, интернат ~сі.

ТӘРЕЛКЕ *Ас ішетін, тағам салатын дөңгелектеу келген жайпақ ыдыс.* Екі ~ ас ішті.

ТӘРЖІМЕ *Бір тілден екінші тілге аудару ісі, аударма.* "Мың бір түннің" қазақша ~сі.

ТӘРЖІМЕЛЕ *Бір тілден екінші тілге аудару.* Айтқанын сөзбе-сөз ~п берді.

ТӘРЖІМЕШІ *Бір тілден екінші тілге тәржіме жасаушы, сөзбе-сөз аудармашы.* ~ арқылы сөйлестік.

ТӘРЖІМЕШІЛІК *Аудармашылық.* ~ке баулыды.

ТӘРК: тәрк етті (болды қылды) — *дүниеден безді, талақ етті.*

ТӘРНЕК *Тез пісетін, сопақша келген қауынның түрі.*

ТӘРТЕ *Арба мен шананың көлік жегетін қос жетегі, арыс.* Арбаның ~сі. ◊ **Тәртесі қысқа — ой өрісі тар, ақылы аз (адам).**

ТӘРТІП 1. *Белгілі бір қоғам мүшелеріне ортақ, орындалуы міндетті ереже, заң.* Еңбек ~бі, әскери ~. 2. *Бір нәрсенің реті, жөн-жобасы.* Пәтер айырбастау ~бі, алфавит ~бі. 3. *Жеке адамның мінез-құлқы.* ~бін жиналыста қарайтын болды. ◊ **Тәртіп бұзды — *белгіленген ережені сақтамады, заңды орындамады.* Тәртіпке түсті (келді) — *жөнге түсті, реттелді.* Тәртіп орнатты — *тәртіпсіздікті жөнге түсірді, ретке келтірді.* Тәртіп сақтады — *әдепті болды.***

ТӘРТІПСІЗ 1. *Қалай болса солай, жөнге келмеген, ретсіз, жүйесіз. Тәртіпсіз* салынған үйлер көрінеді (Жұмалиев). 2. *Ауыс. Тәртібі нашар, тәртіп бұзғыш.* ~ оқушы (қызметкер).

ТӘРТІПСІЗДЕУ *Тәртібі онша емес, тәртібі нашарлау, сөлекеттеу, жөнсіздеу.* ~ жігіт, ~ жинастырған.

ТӘРТІПСІЗДІК *Тәртіпсіз болушылық.* Шектен шыққан ~.

ТӘРТІПТЕ *Тәртіпке келтіру, жөндеу, реттеу.* Үй ішін ~ді, мүгедектерге жәрдем беру ісі ~лді.

ТӘРТІПТІ *Әдепті, өнегелі.* ~ бала.

ТӘРТІПТІЛІК *Тәртіпті болушылық. Тәртіптілік* — оның қанына сіңген қасиеті ("Жұлдыз").

ТӘРІЗДЕН *Бір нәрсе тәрізді боп көріну, ұқсау.* Қиялындағы ару ~ді, асқар тау ~ді, даусын естіген ~ді.

ТӘРІЗДЕС *Ұқсас; тәрізді.* Адам ~, шырша ~.

ТӘРІЗДІ *Сияқты, секілді, іспетті; ұқсас.* Атаанаң ~.

ТӘРІЗІ *Шамасы, ыңғайы, сірә. Тәрізі* жас жігіттің қылығына ренжіп тұрған болар ("Қаз. әдеб.").

ТӘСІЛ *Белгілі бір істі орындап шығуда қолданылатын әдіс, амал, айла.* Тасқарада *тәсіл* көп сияқты (Ғ. Мүсірепов)

ТӘСІЛДЕН *Бір нәрсені істеуге төселу, жаттығу.*

ТӘСІЛҚОЙ *Айла-амалы, әдісі көп, мол.* Амангелді алысқанының қапысын табатын *тәсілқой* екен (С. Мұқанов).

ТӘСІЛНАМА *Жүзеге асырылуға тиісті жұмыстардың реті, әдісі көрсетілетін нұсқаулар жиынтығы.* "Шартты школасы" деп аталатын *тәсілнама* да жасалды ("Халық кеңесі").

ТӘСІЛІМ: жан тәсілім — *ажал, өлім.* Жау жан *тәсілімі* алдында өршелене қарсылық көрсетті ("Соц. Қаз.").

ТӘТЕ *Жасы үлкен туыс әйел, апа.* Ханшайымды *тәтемнің* айтқанынан ғана білемін (Жұмақанов).

ТӘТЕЖАН *Тәте сөзіне жалыныш, еркелеу мәнін үстемелейтін қаратпа сөз. Тәтежан,* кетпеңізші ("Лен. жас").

ТӘТЕЙ *Жасы үлкен әйел адамға ізет білдіру, сыпайыгершілікпен айтылатын қаратпа сөз. Тәтей,* айтқаныңызды ұқтым ("Жетісу").

ТӘТЕЛЕ *Тәте-тәте деп қайталау, үсті-үстіне айта беру.* ~п жік-жапар болды.

ТӘТТІ 1. *Дәмі қант, бал сияқты жағымды, тіл үйіретін.* ~ жүзім (қауын, алма). 2. *Бал, қант, кәмпит.* Баланы ~ге үйір қылмау керек. 3. *Ауыс. Артық, қымбат, жақын.* Ата-анадан мал *тәтті,* алтынды үйден жан *тәтті* (Мақал). 4. *Ауыс. Жанға жайлы, ұнамды, жағымды.* Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен *тәтті* күй (Абай). 5. *Ауыс. Ынтымақты, тату, сыйлас.* Боп жүрді екі жағы *тәтті* құда (Жансүгіров). ◊ **Тәтті аузының дәмін кетірді** — *өз қадірін өзі кетірді, жек көрініштті болды.* **Тәтті тамыр [түбір]** — *қант қызылшасының жемісі.* **Тәтті тіл** — *жанды еріткен жақсы сөз, әңгіме.* **Тәтті үйқы** — *тыпырлап етпей, рақаттана үйықтаған үйқы.*

ТӘТТІ-ДӘМДІ *Жылы-жұмсақ, дәмді тамақ.* ~сін баласының аузына тосты.

ТӘТТІҚҰМАР *Тәттіні жақсы көретін, тәттіні құмарта жейтін.* ~ бала-шаға.

ТӘТТІЛЕ *Тәтті ету, тәтті дәмін кіргізу.* Әжем қаймақ жағып *тәттілеп* қояды (Қанахин).

ТӘТТІЛЕУ *Аздап тәтті, тәттірек.* ~ дәмі бар.

ТӘТТІЛІК *Тәтті болғандық; тәттіге тән.* ~гі бар шырын, женттің ~гі.

ТӘТТІРЕК *Аздап тәтті, тәттілігі басым.* Дәмі ~.

ТӘТТІСІН *Тәтті көру, тәтті деп білу.* ~іп жегісі келмеді.

ТӘТІ *Маңдайда, бетте, мойында болатын, көзге көрінер — көрінбес мең.* — Апа, бала нысаналы. Маңдайында *тәтісі* бар екен ("Қаз. әдеб.").

ТӘУ: тәу етті — *қасиетті деген нәрсеге басын иіп, маңдайын тигізді; таазым етті, сыйынды.* **Тәу айырды *(діни)* — *кітап көтеріп бата берді.***

ТӘУБЕ 1. *Тағдырға ризалық, шүкіршілік, қанағат тұтушылық.* Бұған да ~, құдайға ~. ◊ **Тәубеге келді *(діни)* — *астамшылық етпеді, шүкіршілік білдірді.* Тәубе етті [қылды]** — *шүкіршілік қылды.* **Тәубесі қабыл болды *(діни)* — *тілегі орындалды.* Тәубесіне келтірді [түсірді]** — *құдайын есіне келтірді.*

ТӘУБЕЛЕ *Шүкіршілік қылу, тәубе деу.* Сергіп кеткендей болғанына *тәубелеп-ақ* еді (Әлімқұлов).

ТӘУБЕЛІК *Тәубе етерлік, шүкіршілік.* Әр күнің — мың *тәубелік* (Жұмағалиев).

ТӘУБЕШІЛ *Тәубеге келгіш, шүкірлік еткіш, қанағатшыл.* ~ жан.

ТӘУБЕШІЛІК *Тәубешіл болушылық, тәубе қылушылық, тәубе деушілік.* ◊ **Тәубешілік етті (жасады, қылды)** — *шүкіршілік қылды, қанағат тұтты.*

ТӘУЕКЕЛ *Бір іске жалтақтамай батыл кіріскендік, белді бекем буғандық.* Не де болса *тәуекел* деп арланға тура ұмтылдым (С. Мұқанов). ◊ **Тәуекелге бел байлады [буды]** — *тәуекел деп іске кірісті, бекінді.* **Тәуекел етті [қылды]** — *не де болса бел шешіп, батыл кірісті.*

ТӘУЕКЕЛДІ *Тәуекелге баратын, тәуекелді керек ететін.* ~ іс.

ТӘУЕКЕЛДІК *Тәуекел еткендік.* ~ істеді, ~гіне қайран қалды.

ТӘУЕКЕЛСІЗ *Тәуекелге бел бумайтын, батылсыз.*

ТӘУЕКЕЛШІЛ *Тәуекелге бел байлағыш, батыл, ежет.* Әкем *тәуекелшіл,* шыдамды адам еді (Тұрсынбаев).

ТӘУЕКЕЛШІЛДІК *Тәуекелшіл болушылық.* ~гіне риза болды, ~ке салынды.

ТӘУЕЛДЕ *Тәуелді ету, меншіктеу, иемдену.* Хадишаны өзіне *тәуелдейтін* тәрізді (Ақынжанов).

ТӘУЕЛДІ *Біреуге я бір нәрсеге бағынышты, кіріптар, басыбайлы.* Шетелге ~, табиғатқа ~. ◊ **Тәуелді септеу** (*грамм.*) — *септік жалғауларының зат есімнің тәуелді түріне жалғануы.* ◊ **Тәуелді болды** — *бағынышты болды.* **Тәуелді етті (қылды)** — *бағындырды, бас идірді.*

ТӘУЕЛДІК *Тәуелділік, кіріптарлық.* ◊ **Тәуелдік жалғау** (*грамм.*) — *белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін білдіретін арнаулы морфологиялық тұлға.*

ТӘУЕЛДІЛІК *Тәуелді болушылық, бағынышты-лық, басыбайлылық.* ~ке қарсы күрес, саяси ~.

ТӘУЕЛСІЗ *Толық еркі бар, ерікті, бағынышты емес.* ~ мемлекет етіп жариялады.

ТӘУЕЛСІЗДІК *Тәуелсіз болушылық, еріктілік, бостандық.* Отаны үшін, оның *тәуелсіздігі* үшін от кешкен ерлерді қастерлейді (Ыдырысов).

ТӘУЕТ *Алдыңғы екі аяғы ұзын, шегіртке тектес жәндік, дәуіт.* □ **Тәует бас** — *әдемі, тік, сұлу бас.*

ТӘУЛІК *24 сағатқа тең мөлшердегі күн мен түннің уақыт аралығы.* Боран үш ~ толассыз соқты.

ТӘУЛІКТЕ *Тәулік бойына созылу, жалғасу.* ~п көз ілмеді.

ТӘУРАТ *Еврейлердің діни кітабы, тора.* Қайда *тәурат,* құран, зәбүр, қайда інжіл? (Қ. Шаңғытбаев).

ТӘУТИ *Мыжырайып көріну, қалтию, селтию.* ~ген аласа үйлер.

ТӘУІП *Ел арасында әр алуан ем-дом жасайтын емші; бақсы-балгер.* ~ке қаралды (емдетті).

ТӘУШЕ *кәсіби. Жеміс ағашының гүл ашып, жеміс салатын бұршігі; түйін.* Өрік ағашының ~лері түйін байлады.

ТӘУІПТІК *Балгерлік, емшілік.* Менің ондай *тәуіптік* өнерім жоқ еді (Омаров). ◊ **Тәуіптік жасады (құрды)** — *ем-дом жасады, балгерлік етті.*

ТӘУІПШІЛІК *Ем-дом жасаушылық, балгерлік.* Сонда *тәуіпшілікпен* айналысса керек (Ізбасаров).

ТӘУІР *Біршама жақсы, оңды.* ~ жігіт, қазақшасы ~. ◊ **Тәуір болды** — а) *ауруынан айықты, жазылды;* ә) *жөн болды, дұрыс болды.* **Тәуір көрді** — *жақсы көрді, ұнатты.*

ТӘУІРЛЕН 1. *өзг. етіс. Тәуірле-н.* 2. *Аурудан айыға бастау, бері қарау.* Күнбе-күн *тәуірлендім* дәмге қарап (Ахметбеков).

ТӘУІРЛЕУ *Жақсырақ, оңдырақ, дұрысырақ.* Жағдайы бұдан гөрі *тәуірлеу* (Бейсенова).

ТӘУІРЛІК *Жақсылық, дұрыстық.* Атадан қалған бақташылықтың бір *тәуірлігі* осында (Молдағалиев).

ТӘУІРМИЯ *бот. Далалы, шөлейтті жерде өсетін, биіктігі 40 сантиметр бұршақ тұқымдас көп жылдық өсімдік.*

ТӘУІРІРЕК *Тәуірлеу, жақсырақ, оңдырақ.* Бұрынғысынан ~ жұмыс (үй).

ТӘШЕК *Өрік сияқты жемістің сүйегі, дәні.* Жемістің етін жеп, ~гін шағарды.

ТӘШТЕК *Мыртық, қортық, тапал.* Ешкінің асығындай *тәштекті* жек көрем (Жүнісов).

ТӘШТІ 1. *Көзге қораш болып мыртию.* Өзі де бір *тәштіп* ап, көп сөйлейтін бейбақ екен (А. Сүлейменов). 2. *Ауыс. Өзін-өзі көтеріп шәлтию, маңғаздану.* Сыртынан ғана семіз екен, жөнсіз *тәштимеді* (Жүздесу).

ТӘШТИТ *Араб орфографиясында бір әріптің екі рет қайталанғанын білдіретін белгі, таңба.* Мәтқасың, *тәштит* — кірпік, секін — көзің (Абай).

ТВОРЧЕСТВО *Ақыл-ой арқылы мәдени, материалдық игілік жасауға бағытталған адамның қызметі.* Ақын-жазушылар ~сы, актер ~сы.

ТЕ *Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын "да" ыңғайластық жалғаулығының жіңішке түлғасы.*

ТЕАТР 1. *Драмалық шығарманы актерлер күшімен сахнада бейнелеу, ойнау өнері.* 2. *Драмалық шығарманы қоятын, ойын-сауық көрсететін орынжай.* ~ халыққа толы, ~ға бардық. 3. *Драмалық шығармалар жиынтығы.* Өуезовтің ~ы, Мүсіреповтің ~ы.

ТЕАТРТАНУ *Театр өнерінің теориясы мен практикасын, тарихын зерттейтін ғылым.*

ТЕАТРШЫЛ *Театрды ұнататын, театрқұмар.* Шешесі ~ еді.

ТЕБЕГЕН *Маңына жан жолатпайтын, теуіп жіберетін (жылқы). Тебеген* деп биеден безбе, Қос қанатың емес пе (Мақал).

ТЕБЕН *Ұзын, жуан ине, жуалдыз.* Тонды шешем *тебен* инемен тігеді (С. Мұқанов). ◊ **Тебен мұрт** — *тікірейген қайратты жуан мұрт.*

ТЕБЕТЕЙ *Тұмақ, бөрік ішінен ер адамдар киетін тақия.* Басында кішкентай қызыл ~і бар.

ТЕБЕТЕЙЛІ *Тебетей киген, тебетейі бар.* ~ шәкірттер.

ТЕБІЗ I *көне. Бұзық, қияңқы, тентек.* Тентек пенен *тебізді* бір қоймаңыз (Қозы Көрпеш).

ТЕБІЗ II *жерг. Шөбі қалың ойпаң жер.*

ТЕБІН I *Тұяқты мал аршып жейтін қар астындағы шөп; қысқы жайылым, тебіндік.* Жылқыны ~ге айдады.

ТЕБІН II 1. *өзд. етіс. Теп-ін.* 2. *Ауыс. Ашулану, ыза болу.* ~іп жетіп келді.

ТЕБІНГІ *Тоқым қысқа болғанда аяқ киім мен шалбар балағын қорғайтын, ер-тұрман құрамына қатысты әбзелдердің бірі.* Ол *тебінгіге* аяғын тірей, шірене отырған (Райымқұлов).

ТЕБІНГІДЕЙ *Тебінгі сияқты кішкентай, алақандай.* ~ жер (бұлт).

ТЕБІНГІЛІК *Көліктің тебінгі тұратын жері; қаптал, бүйір. Тебінгілігі* де мұздақтан сықырсықыр етеді (Ахметбеков).

ТЕБІНДЕ I *Қар астындағы шөпті тұяғымен тарпып жайылу.* Жылқы малы ~п жайыла береді.

ТЕБІНДЕ II 1. *Көк шөптің және басқа заттың қаулап шыға бастауы.* Күзгі жауынмен қайта *тебіндеген* көк шөп (Бал дәурен). 2. *Сақал-мұрттың жаңадан шыға бастауы.* Мұрты жаңа ғана ~п келе жатқан бала жігіт.

ТЕБІНДЕЙ *Құрттай, кішкентай, алақандай. Тебіндей* жердің құр алақан қалмауын қадағалап отырады (Х. Мұстафин).

ТЕБІНДЕС *Қысқы мал жайылымы бір, тебіні ортақ. Тебіндесім,* егіндесім, қазағым (Достық жыры).

ТЕБІНДІК *Тебінге жарамды жер; қысқы жайылым.*

ТЕБІНСЕКТЕ *Тебіне түсу, тебін кіреу.* Шабдарды *тебінсектеп,* қамшы салуы жиілей бастады (Әжікеев).

ТЕБІНШЕК *Қайта-қайта тебіне беретін.* Шабан жылқы *тебіншек* (Мақал).

ТЕБІНШЕКТЕ *Мінген көлігін қайта-қайта тебіну, тебіне беру.* Атын ~ді.

ТЕБІРЕН *Жан дүниесі толқу, толғану, шабыттану.* Нәзік сазды әндерді *тебірене* ұйып тыңдайтын (Жәкенов).

ТЕБІРЕНІС *Жан толқуы, толғаныс, күйзеліс.* Жүрек ~і, жан дүниесінің ~і.

ТЕБІРЕНІСТІ *Қатты тебіренген, толқыған; толғанысты.* ~ сәт (сыр).

ТЕБІС *Ауыс. Алысу, тартысу, керісу.* Алыста жүрсе, кісінесіп, жақында жүрсе *тебісер* (Мақал).

ТЕГЕН *Тегеурін, күш, екпін.* "Туғалы Арғынға орай *тегенің* жоқ, көңіліңді көтермесең сөзбен демеп" ("Біржан мен Сара").

ТЕГЕНЕ *Ағаштан, темірден әшекейленіп істелген қымыз, ас құятын үлкен шұңғыл ыдыс.* Ағаш ~. ◊ **Тегене құйрық** — *үлкен құйрық.*

ТЕГЕНЕДЕЙ 1. *Тегене сияқты.* 2. *Үлкен, аумақты, теңкиген.* Құйрықтары ~.

ТЕГЕНЕЛЕ *Тегене-тегене ету, әлденеше тегенеге құю. Тегенелеп* алға келді, Бал татыған сары қымыз (Сатыбалдин).

ТЕГЕРШІК *Механизмнің жүрісін ретке келтіретін шойын дөңгелек.* Станок ~гі.

ТЕГЕРІК *Дастарқанды күйдіріп кетпес үшін ыстық шәугім мен шәйнектің астына қойылатын бұйым.*

ТЕГЕРІШ *Киіз үйдің керегесі мен уығын айналдыра қысып ұстайтын әрі сәндік қызметін атқаратын жалпақ бау; таңғыш.* Масаты ~, термелеп тоқыған ~.

ТЕГЕУРІН I *Екпін, қарқын, пәрмен.* ~іне төтеп бере алмады.

ТЕГЕУРІН II Қыран құстың алдыңғы жембасар үш тырнағына қарсы бітken жалғыз тырнағы, мұйіз сияқты қатты зат. Бүркіттің ~і.

ТЕГЕУРІНДЕ *Екпіндеу, қарқындау, үдей түсу.* Жатқандай *тегеуріндеп* теңіз тасып (Хакімжанова).

ТЕГЕУРІНДІ 1. *Екпінді, қарқынды, пәрменді.* ~ шабуыл (соққы). 2. *Қайратты, күшті, қуатты.* ~ жігіт.

ТЕГЕУРІНДІЛІК *Тегеурінді, қарымды болушылық.* Атты әскердің ~гі.

ТЕГЕУРІНДІРЕК *Тегеуріні қаттырақ, әжептәуір тегеурінді.* ~ шабуыл (күш).

ТЕГЕШ *Ас, су құю үшін жасалған ернеуі тік, шұңғыл үлкен ыдыс.* ~ке сүт құйды.

ТЕГЖЕЙЛЕН *Ретке түсу, тәртіпке келу. Тегжейленіп,* текшеленген уставтар жоқ (Момышұлы).

ТЕГІ 1. *Сірә, асылында, заңды.* Үлкен болуға *тегі* көп асығатын (М. Әуезов). 2. *Тіптен, тіпті, мүлде.* Қалтасында ақша *тегі* болмайды (Жансүгіров).

ТЕГІЛДІРІК *Ер-тұрман жабдығы.* Атқа салдым *тегілдірік,* терлікті (Қобыланды батыр).

ТЕГІН I *Ақысыз-пұлсыз, төлеусіз.* ~ концерт.

ТЕГІН II *Тектен-тек, жайдан-жай, бекер.* Бұл келісі ~ емес, ~ айтпаған шығар.

ТЕГІНДЕ *Сірә, негізінде, асылында. Тегінде,* тілшіге ренжіген жайыңыз бар-ау (Ерғалиев).

ТЕГІНДІК *Тегін болушылық.* Медициналық қызмет көрсетудің ~гі.

ТЕГІНДІКПЕН *Жайдан-жай, тектен-тек, бостан-бос. Ол* ~ мойынсұнбас.

ТЕГІННЕН-ТЕГІН *Жайдан-жай, тектен-тек.* ~ келмейді (ескертпейтінін біледі).

ТЕГІНШІЛІК *Тегін болушылық; жайшылық.* ~пе әйтеуір.

ТЕГІНШІЛІКПЕН *Оңайшылықпен, жайдан-жай, бостан-бос.* ~ беріле қоймас.

ТЕГІС I *Кедір-бұдырсыз, ұңғыл-шұңғылсыз, жапжазық.* ~ жер беті.

ТЕГІС II *Барлығы, бәрі, түгел, тұтас.* Балашаға ~ аман.

ТЕГІСТЕ 1. *Теп-тегіс ету.* Шұңқырды қармен толтырып ~ді. 2. *Заттың шетін біркелкі етіп кесу, теңестіру.* Сабақтың ұшын ~п қырықты.

ТЕГІСТЕУ *Біршама тегіс, кедір-бұдыры аз, жазықтау.* ~ жер (алаң).

ТЕГІСТЕУШІ *Металды ажарлап, өңдеу, тегістеу жұмысымен айналысатын маман.* Өндіріс бірлестігінің ~сі.

ТЕГІСТЕУІШ *Бір нәрсені тегістейтін құрал, машина.* Тұқым себер алдында ~терді қолданады.

ТЕГІСТІК 1. *Тегіс болушылық.* Егін алқабының ~гі, асфальт жолдың ~гі. 2. *Жазық, мидай дала.* Ақбөкеннің көбіне-көп *тегістікте* жайылатынын көріп те жүр (Мекебаев).

ТЕГІСТІЛІК *Тегіс болушылық, тегістік.* Егістік жердің ~гі.

ТЕГІСШІЛДІК *тар. Тең праволы болушылық, еріктілік, теңдік.* Ұраны *тегісшілдік* салғанымыз (Майлин).

ТЕГІСІРЕК *Кедір-бұдыры аздау, жазықтау, тегістеу.* Заттарын *тегісірек* жерге көшірді ("Лен. жас").

ТЕЖЕ 1. *Аттың басын тарту, жүрісін баяулату.* Атының басын *тежеді* (Мұстафин). 2. *Бетін қайырып тастау, тізгіндеп ұстау.* 3. *Кедергі жасау, бөгеу, кешеуілдету.* Өніп-өсуін ~йді.

ТЕЖЕУЛІ *Тежелген, бөгелген; шектеулі, мөлшерлі.* Ақтайдың ішкі тіршілігі *тежеулі* (Көшімов).

ТЕЖЕУСІЗ *Тежеуі жоқ, тежеу көрмеген, кедергісіз.* Тізгіні ~ өскен.

ТЕЖЕУІШ *техн. Түрлі машина мен транспорттың жүрісін реттейтін тетік.* Мастер *тежеуіш* пен генераторды реттеп жібереді (Далабаев).

ТЕЗ I 1. *Қысық ағашты тұзету үшін не тұзу ағаштыю үшін қолданылатын құрал. Тез* қасында *қисық* ағаш жатпас (Мақал). 2. *Ауыс. Талқы, сын, ауыртпалық.* Көптің ~ін көрмеген, тағдыр ~і, өмір ~і. ◊ **Тезге салды** — *көндірді, мінезін тұзеді, сынап-мінеді.*

ТЕЗ II *Жылдам, шапшаң, лезде, әп-сәтте.* ~ келді (жүрді, істеп бітірді). Кеш ~ өте шықты. ◊ **Тез арада** — *лезде, шапшаң, жылдам.*

ТЕЗБЕ-ТЕЗ *Жылдам, шапшаң, лезде.* ~ істеп тастады.

ТЕЗДЕ *Шапшаңдау, жылдамдау. Тездеп* хабар келмеді (Жамбыл).

ТЕЗДЕТКІШ *Тездететін, жылдамдататын нәрсе.* Бұл реакцияға кальций ионы, протромбин *тездеткіші* қатынасады (Айтбаев).

ТЕЗДЕУ *Жылдамдау, шапшаңырақ, тезірек.* Қайтуың *тездеу* емес пе ("Лен. жас").

ТЕЗДІК *Жылдамдық, шапшаңдық.* Қимылдың ~гі, жауаптың ~гі.

ТЕЗЕК *Отын орнына пайдаланылатын малдың кепкен қиы.* ~ жинады (жақты). ◊ **Тезек тастады** — *қи тастады, тышты.*

ТЕЗЕКТЕ *жерг. Тезек тастау.* Көк дөнен *тезектеп* тұр (Кекілбаев).

ТЕЗЕКШІ *Тезек теруші, тезек жинаушы. Тезекші* қара күннен бір ұл туды (Алпамыс).

ТЕЗИС 1. *Белгілі бір шығармада, баяндамада сөйлейтін негізгі ой-пікірдің қысқаша желісі.* 2. *Белгілі бір мәселе туралы қысқаша түрде баяндалған қағида, тұжырымдама.* Апрель ~і.

ТЕЗИСТЕ *Қысқаша тұжырымдау, тезис жасау.* Баяндаманы ~ді.

ТЕЗИСТІК *Тезиске тән, тезис болармақ.* ~ материал.

ТЕЗ-ТЕЗ *Өте жылдам, лезде.* ~ жазып берді (үлестірді).

ТЕЗІНЕН *Жылдам, лезде; кідірместен.* ~ қайта оралды.

ТЕЗІРЕК *Жылдамырақ, шапшаңырақ.* ~ келіңіз (әкелсін).

ТЕИЗМ *филос. Материалистік ғылыми көзқарасқа жанаспайтын, дүниені құдай жаратқан, барлығына құдай ие дейтін философиялық діни ілім, құдайшылдық.*

ТЕЙЛОРИЗМ *Техниканы қолданудың тиімділігі мен қарқынды еңбекке негізделген капиталистік өндіріс орнындағы еңбекті ұйымдастыру жүйесі.*

ТЕК I *Шыққан негізі, нәсілі, тұқымы.* Шыққан ~гі жақсы.

ТЕК II 1. *Құр бекер, босқа, жай.* Уақытты *текке* өткізіппіз ("Жалын") 2. *Тегін, ақысыз.* Жетпей тұрған жерінде *тек* берем деп (Абай).

ТЕК III *Бір, жалғыз ғана, жалаң.* Кейбір мұғалімдер *тек* сабақ бергенін біледі ("Лен. жас").

ТЕК IV *"Қой", "тыныш" деген тәрізді тежеу мағынасында қолданылатын одағай сөз. Тек,* не болса соны айта берме ("Лен. жас").

ТЕКЕ *Ешкі малының екі жастан асқан, күйекке түсетін еркегі.* Бақ-бақ еткен *текені* Қар жауғанда көреміз (Мақал). ◊ **Теке көз** — *аласы басым, адырақ көз.* **Текені әке (жезде), ешкіні апа (әпке) деп отыр** — *кішіпейіл болу, кішірею.* **Теке сақал** — *иекке ғана біткен шоқша сақал.* **Теке сүмбіле** — *тамыз айының екінші жартысы.* ◊ **Теке тірес** — *қатты ерегісіп бірін-бірі жеңе алмау.*

ТЕКЕЖАУМЫТ *Асыл тұқымды түрікмен жылқысы.* Түлпары *текежаумыт* дейді халық (Әбдікәдіров).

ТЕКЕКТЕ *Аттың бірқалыпты жүрмей, секектеп жүруі.* Арғымақтарын *текектетіп,* таянып келді (Қанахин).

ТЕКЕМЕТ *Бетіне әр түрлі ою-өрнек салынып басылған бағалы киіз.* ~ төрге төселген.

ТЕКЕМЕТШЕ *Шағын текемет.*

ТЕКЕСАҚАЛ *бот. Сабынкөк тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік.*

ТЕКЕШІК 1. *Жасы толмаған теке, лақ теке.* Өз асыраған *текешігім* өз басыма секірді (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Бастықсымақ, дікектеп қалған.* Ауылдың атқа мінген *текешіктері* қор қылып өлтірді (Т. Әлімқұлов).

ТЕККЕ *Бекер, құр босқа, жайдан-жай.* Аталарымыз *текке* айтпаған болар (Шашкин).

ТЕКСЕР 1. *Анық-қанығына жету, айқындау.* Кінә кімде деп *тексерер* мен емес (Шаймерденов). 2. *Қадағалау, бақылау, байқау.* Кімнің қай лагерьден қалай келгенін кейін *тексеремін* (Хұсайынов).

ТЕКСЕРУСІЗ *Тексеру жоқ, тексерілмейтін.* ~ емеспіз.

ТЕКСЕРУШІ *Тексеру жүргізуші, байқаушы, бақылаушы.* Қаладан ~ келді.

ТЕКСЕРІС *Тексеру ісі.* ~ болды (қорытындысы).

ТЕКСТ *Белгілі бір жазылған шығарма немесе соның үзіндісі.*

ТЕКСТОЛОГ *Текстология ғылымының маманы.*

ТЕКСТОЛОГИЯ *Әр алуан әдеби мұралар мен тарихи құжаттардың мәтінін анықтайтын филология ғылымының бір саласы.*

ТЕКСІЗ 1. *Тегі белгісіз, отансыз.* Бұл араға мен *тексіз* келімсекпін (Р. Тоқтаров). 2. *Ауыс. Тәлім-тәрбиесі нашар, көргенсіз. Тексіз* өскен шикі өкпелер (Әдібаев).

ТЕКСІЗДІК *Тегі жамандық, тәрбиесі нашарлық.* Оның әлгі ісі ~гін көрсетеді.

ТЕКТЕН-ТЕК *Бостан-бос, бекерден-бекер, жайдан-жай.* ~ зардап шеккен.

ТЕКТЕС 1. *Шыққан тегі бір, нәсілдес, тұқымдас.* Негр ~, арқар ~. 2. *Бір нәрсеге ұқсас, сол сияқты, іспеттес.* Осы *тектес* сауалды мен саған қойсам (Н. Ғабдуллин).

ТЕКТЕСТІК *Тегі бір болушылық, туыстастық.* Үнді-еуропа тілдерімен ~гі байқалады.

ТЕКТОНИКА *геол.* 1. *Жердің қыртысы мен құрылымы соның өзгеру заңдылығы.* 2. *Жер қыртысының құрылысы мен онда болатын өзгерісті зерттейтін геология ғылымының бір саласы.*

ТЕКТҰР *Жартастың текше жапсары.* Бүркіт ұясын қиын жалама тастың *тектұрына* салады (Саятшылық).

ТЕКТІ 1. *Шыққан тегі бір, тұқымдас, тектес.* Келбеті Кавказ *тектілерге* ұқсаңқырайды (С. Мұқанов) 2. *Тегі, шыққан жері жақсы.* Сыйласарлық *тектінің* Кім танымас нұсқасын (Абай). ◊ **Текті жер** — *үлгілі-өнегелі ел, ауыл.*

ТЕКШЕ I 1. *Тау үстіндегі төрт жағы бірдей шаршы боп келген ашық тау алаңы.* ~ жер, тас. 2. *Баспалдақтап жасалған сөре.* Кітап шкафтың ~сінде тұр.

ТЕКШЕ II *көне. Ұсақ-түйек, құнды заттарды салатын қобдиша.* Дәрі-дәрмек салатын ~.

ТЕКШЕЛЕ *Қабырғаларын тік бұрыштау, текше жасау.* Жүкті ~п жинады.

ТЕКШЕЛІ *Текшесі бар, текшеленген. Текшелі* жолмен жоғары өрледік ("Жалын").

ТЕКІРЕК *Аттың жайсыз шоқақтаған желісі.* Ол жайсыз жүрістен *текірекке* ауысты (Көбеев).

ТЕКІРЕКТЕ *Шоқақтап желу, текірек қағу.* ~п желді.

ТЕЛ *Екі енені бірдей емген төл, не бір енені емген қос төлдің сыңары.* ~ қозы (құлын). ◊ **Тел емді** — *таршылық көрмеді.* ◊ **Тел қозыдай** — *жұптасып қатар, тең.*

ТЕЛЕВИЗИЯ *Техниканың электрлік құралдар арқылы объектінің кескінін алыстан көрсетуді іске асыратын саласы.*

ТЕЛЕВИЗИЯЛЫҚ *Телевизияға қатысты, соған тән.* ~ бағдарлама, ~ хабар.

ТЕЛЕВИЗОР *Телевизиялық хабарды қабылдап, объектінің кескінін көрсететін әрі дыбыс естіртетін радиотехникалық аспап.*

ТЕЛЕГЕЙ 1. *Көп жерді алып жатқан теңіз, мол су. Телегей* беті теңселді, Тербелген бейне бесіктей (Ә. Тәжібаев). 2. *Өте көп, мол.* Маңғыстау — *телегей* байлық мекені ("Қаз. мұғ.").

ТЕЛЕГЕЙЛЕН *Телегейге айналу, суы көл-көсір боп молаю.* Сен менің *телегейленген* теңізімсің (Тайшықов).

ТЕЛЕГЕЙ-ТЕҢІЗ 1. *Ұшы-қиыры жоқ, көл-көсір.* ~ су. 2. *Орасан көп, есепсіз.* ~ байлық (білім).

ТЕЛЕГРАММА *Телеграф не радио арқылы берілген тез хабар, сондай-ақ сол хабар жазылған бланк.*

ТЕЛЕГРАФ 1. *Хабарды алыс қашықтыққа радио не электр сымы арқылы шапшаң жеткізуге арналған электр жүйесі.* 2. *Аппарат арқылы алыстан хабар алып, хабар таратып отыратын мекеме.* ~ үйі.

ТЕЛЕГРАФИСТ *Телеграмманы қабылдап және жіберіп отыратын телеграф қызметкері.*

ТЕЛЕДИДАР *Объектінің кескіні мен дыбысын электрлік сигналдар арқылы алысқа тарату әрі сол объектінің кескінін көрсетіп, дыбысын естіртумен шұғылданатын радиотехника саласы, телевизор.* ~ жүйесі (программасы).

ТЕЛЕҚАБЫЛДАҒЫШ *Телевизиялық құрылғысы бар қабылдағыш.*

ТЕЛЕОЛОГИЯ *Табиғат құбылысының мақсатқа сай дамуы жайындағы идеалистік ілім.*

ТЕЛЕОРТАЛЫҚ *Теледидар хабарын ұйымдастырып отыратын орталық, мекеме.*

ТЕЛЕПАТИЯ *Ешбір аралық адамсыз-ақ өзгенің ойы мен сезімінің алыстан берілуі, қашықтан сезілуі.*

ТЕЛЕСКОП *Аспан денелері мен шырақтарын бақылауға арналған астрономиялық оптикалық прибор.*

ТЕЛЕСПЕКТАКЛЬ *Теледидар арқылы көрсететін спектакль.*

ТЕЛЕСТАНЦИЯ *Теледидар арқылы суретті хабар тарататын станса.*

ТЕЛЕСТУДИЯ *Теледидар арқылы берілетін хабарды ұйымдастыратын мекеме.*

ТЕЛЕТАЙП *Телеграммада жазылған сөздерді өзі басып беретін жазу машинкасындағыдай клавиштері бар телеграф аппараты.*

ТЕЛЕТРАНСЛЯТОР *Теледидар арқылы берілетін хабарды трансляция жасайтын, тарататын құрылғы.*

ТЕЛЕФОН *Техникалық аспаптар жүйесі арқылы алыстан сөйлесетін аппарат.* ◊ **Телефон соқты** — *телефон арқылы сөйлесті, хабарласты.*

ТЕЛЕФОНДА *Телефон соғу, шалу, звондау.* Мәжіліс болмайтынын оған ~.

ТЕЛЕФОНДАНДЫР *Телефон орнату, телефонмен қамтамасыз ету.* Селолық жерді ~ды.

ТЕЛЕФОНИСТ *Телефон стансасында істеуші қызметкер.*

ТЕЛЕФОНОГРАММА *Телефон арқылы берілетін жаңалық, хабар, қатынас сөз.*

ТЕЛЕХАБАР *Теледидар арқылы берілетін жаңалық, хабар.* ~ даярлады (берілді).

ТЕЛҚҰЖАТ *Құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірме данасы.*

ТЕЛМЕҢ: **телмең қақты** — *бір нәрсені сұрап мазалады, ығыр етті.*

ТЕЛМЕҢДЕ *Дәмелене жалтақтай қарау.* Жүрмесін жетегіме жұрт *телмеңдеп* (Жамбыл).

ТЕЛМІР 1. *Көз алмай тесіле қадалып қарау. Телмірдім* көлдің бетіне (Саин). 2. *Көзін сатып дәмелену, күні түсу.* Жатқа *телмірген* адамдай көлік сұрауды лайық көрмеді (М. Әуезов).

ТЕЛПЕК 1. *Темір бас киімнің бір түрі.* Алтын қалпақ, жез *телпек,* баса киіп көзіне ("Қобыланды батыр") 2. *Тақия сияқты жұқа бас киім.* Баста киіз *телпегі* (Жароков).

ТЕЛПЕКБАЙ: атқа жеңіл телпекбай — *барып кел, алып келге дайын; қолды-аяқтай бала.*

ТЕЛУЛІ *Біреуге, бір нәрсеге телінген, меншіктенген.* ~ бұзау.

ТЕЛШЕ *Жылқының қабырғамен ұштас сүбелік майы.* Биенің *телшесін* қосып салды (М. Әуезов).

ТЕЛІ 1. *Төлі өлген малға сүті қайтып кетпеу үшін басқа төлді үйретіп емізу.* Қозыларды сүті мол саулық қойларға *телуге* болады (Ермеков). 2. *Біреуге тән деп санау, лайықтау.* Авторы белгісіз әндерді біреуге *тели* салуға қарсымыз (Жұбанов). 3. *Ауыс. Біреуді біреуге қосу, меншіктеу.* Қызын ұнаған адамына *теліді* де жіберді (Бақбергенов).

ТЕЛІМ *көне. Үлес, сыбаға, тиесі.* Оларға түскен олжадан кімдер *телім* алған жоқ (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын).

ТЕЛІМДЕС *Үлестес, сыбағалас, ортақтас.* Біз *телімдес* болып егін салдық (Омаров).

ТЕЛІ-ТЕНТЕК *Есер, содыр-сотқар.* Елдің *телітентегін* жөнге салып отырған адамсыз (Ә. Хасенов).

ТЕМБР *муз. Әнші даусының әуезділігі, өзіне тән үні, дауыстың өзіндік ерекшелігі.*

ТЕМЕКІ 1. *Алқа тұқымдасына жататын жалпақ жапырақты мәдени өсімдік.* ~ өсірді (сұғарды). 2. *Тұтін шығарып тарту үшін үгітілген осы өсімдіктің кептірілген жапырағы.* ~ тартты.

ТЕМЕКІШІ 1. *Темекі шаруашылығымен айналысатын, темекі өсіретін адам.* Озат ~. 2. *Темекіқұмар, шылым шеккіш.* Ол *темекішілерді* атеросклероз дертіне ұшыратады (Ғ. Оразақов).

ТЕМЕКІШІЛ *Темекіні көп тартатын, темекіқұмар.* ~ жігіт.

ТЕМЕН *Өлдекім, бейтаныс біреу.* ◊ **Теменнен туған бала** — *ойнастан туған, жолдан тапқан, заңсыз туған бала.*

ТЕМЕНЕ *Үрпақ санауда туажаттан кейін келетін ұрпақ, үрім-бұтақ.*

ТЕМПЕРАМЕНТ *Сыртқы әсерді сезгіштік қасиет, қабілет.*

ТЕМПЕРАТУРА 1. *Бір нәрсенің қызулық дәрежесін білдіретін өлшем.* Бөлме ~сы, судың қайнау ~сы. 2. *Науқас адамның көтеріңкі қызуы.* ~сы көтерілді, ~сы бар.

ТЕМІР *Берік әрі салмақты металл.* □ **Темір жол** — *поезд, трамвай сияқты транспорт жұруге арнап темірден төселген жол.* ◊ **Темірден түйме түйеді** — *қолынан келмейтіні жоқ, өте шебер, ұста.* ◊ **Темірді қызуында соқ** — *әр нәрсені өз уағында істе, мезгілін өткізіп алма.* ◊ **Темір қазық жастанбай** — *қауіп-қатерге басын тігіп, қиыншылық көрмей.*

ТЕМІРДЕЙ 1. *Темір сияқты.* 2. *Ауыс. Қатты, қайратты, күшті.* ~ саусақтар, ~ шеңгелді қолымен.

ТЕМІРЕТКІ *Адамның бетіне, қолына шығатын, қышымалы, жұқпалы тері ауруы.*

ТЕМІРҚАЗЫҚ *астр. Горизонттың терістік жағына орналасқан, Кіші аю шоқ жұлдызындағы ең жарық жұлдыз.*

ТЕМІРЛЕ *Темірмен қаптау, темірмен қағу.* Төбесін ~п үй салды.

ТЕМІРЛІ 1. *Темірі мол, темірі көп.* ~ тау (өлке). 2. *Темірмен қаптаған.* ~ күйме.

ТЕМІРТАС *Темір рудасы, кені.*

ТЕМІРТЕК *Жай темірден соққан жасық пышақ.* Біздер бір ***теміртекпіз*** тозған жүзі (Үш ғасыр).

ТЕМІР-ТЕРСЕК *Темірден жасалған әр түрлі зат; темір мен темірлі заттар.* Қамбаның іші ~ке толы.

ТЕМІРТІКЕН *бот. Жер бетінде тырбиып өсетін, төменгі жағы тарамдалып келген біржылдық өсімдік.*

ТЕМІРШІ *Темірден әр түрлі зат жасайтын ұста.* ***Теміршіге*** көмірші үйір (Мақал).

ТЕМІРШІЛІК *Теміршілік болушылық, ұсталық.* ~ті кәсіп етеді.

ТЕНОР *муз.* 1. *Ер адамның жоғары биік даусы.* Драмалық ~. 2. *Осындай даусы бар әнші.*

ТЕНТЕК I 1. *Тәртіп бұзғыш, сотқар.* Мұстафа ***тентек*** боп өсті (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Ұл баланы жақсы көріп, мейірі түскенде еркелете айтылатын сөз.* ~тің бетінен сүйді. ◊ **Тентек су** — *арақ-шарап, ішімдік.*

ТЕНТЕК II *Миына жалқық құрт түскендіктен болатын мал ауруы.* Қой ~ болды.

ТЕНТЕКТІК *Бұзақылық, сотқарлық.* ~гі бар, айыбы ~гі.

ТЕНТІРЕ 1. *Күн көру үшін ел аралап кету, қаңғыру.* Мойнына дорба салып ***тентіреп*** кетті (М. Дүйсенов). 2. *Бекер-бос сенделу, сарсылу.* Бүйтіп ***тентіреп*** кететіні болмаушы еді (Р. Тоқтаров).

ТЕНТІРЕГІШ *Бекер-бос сандалуға, тентіреуге бейім, соған құмар.*

ТЕҢ I *Көлікке арту үшін буып-түйген жүк.* Үлкен-үлкен ***теңдерді*** шешіп, үйін де жасап қойысты (М. Әуезов).

ТЕҢ II 1. *Бірдей, қатар, пара-пар.* Тіл өнері дертпен ***тең*** (Абай). 2. *Лайық, сай, пар.* Ойын-сауық екеуміздің ***теңіміз*** бе (М. Әуезов). ◊ **Тең келмеді** — *парапар түспеді, сай келмеді.* **Тең көрді** — *ала-құласыз бәрін бірдей ұстады.*

ТЕҢБЕ-ТЕҢ *Дәлме-дәл, тепе-тең.* ~ түсті, білім жағынан ~.

ТЕҢБІЛ *Ойдым-ойдым түскен дағы бар, шұбар ала.* ***Теңбіл*** жүнді бір топ марал зуылдай өте берді (І. Есенберлин). ◊ **Теңбіл көк** — *көк шұбар.*

ТЕҢБІЛДЕН *Теңбіл-теңбіл боп дақ түсу, шұбарлану.* Теміреткі қызарып, ***теңбілденіп*** шығады (Оразақов).

ТЕҢБІЛДІ *Теңбілі бар, теңбілденген.* Арқа жүні ақшыл сары, ***теңбілді*** болады (Қыдырбаев).

ТЕҢГЕ 1. *Күн өлшемі ретінде пайдаланылатын ақша.* 2. *Бір сомдық ақша.* ***Теңге*** тиыннан өсер, жылқы құлыннан өсер (Мақал). 3. *Күміс (тиын) ақша. Теңгенің* сыңғырындай таза үнімен ас ішуге шақырады (М. Сәрсекеев). ◊ **Теңге алу (ілу)** — *шұңқырда жатқан теңгені атпен шауып келе жатқан адамның іліп әкететін ұлттық ойыны.* **Теңге қотыр** — *көлемі бір сомдық күміс теңгедей, көпсіп, ойма тазданып шығатын ауру.*

ТЕҢГЕЖАПЫРАҚ *биол. Жапырағы тиын тәрізді дөңгелек шөп.*

ТЕҢГЕЛІ *Теңгесі мол, ақшалы.* ***Теңгелі*** жерде теңдік жоқ (Мақал).

ТЕҢГЕЛІК I *Бір шетін тесіп, киімге тағатын күміс тиын.*

ТЕҢГЕЛІК II *Бір теңгеге татитын.* Бір ***теңгелік*** күмісті лақтырды (Абай).

ТЕҢГЕР *Бірдей етіп теңестіру, тең ету.* ***Теңгерген*** бірдей етіп барлық жанды (Кенен).

ТЕҢДЕ 1. *Тең-тең етіп буу, тайлау.* Жүнді буып ~ді. 2. *Жүкті көліктің екі жағына теңестіріп арту.* Үйді жығып түйеге ~ді.

ТЕҢДЕЙ I *Тең сияқты, үлкен.* ***Теңдей*** құс жастыққа шөге түсіп мырза жатыр (Мұраталиев).

ТЕҢДЕЙ II *Бірдей, түйдей, теңбе-тең.* Балаларына ~ етіп бөліп берді.

ТЕҢДЕМЕ *мат. Берілген екі функцияның мәндері өзара тең болатынын анықтау жөніндегі есептің аналитикалық түрдегі жазылуы; теңестіру.* Белгісіздік ~сі.

ТЕҢДЕС *Жас жағынан қатарлас, құрбылас.* Әкесі өзі ***теңдес*** біреуге бергісі келеді (М. Жұмағұлов). ◊ **Теңдесі жоқ** — *ешкім, ешнәрсе тең келмейтін.*

ТЕҢДЕСТІК *Теңдес болушылық.* Өзімізбен ~гі керек.

ТЕҢДЕУ *мат. Әріппен белгіленген бір немесе бірнеше белгісіз саны бар теңдік.* ~ді шешті.

ТЕҢДІ: өзі теңді — *өзі қатарлы, теңдес.*

ТЕҢДІК 1. *Барлық жағынан бірдей, тең болушылық; парапарлық.* Достыққа бірлік пен ***теңдік*** керек (Мақал). 2. *Тең праволық, еркіндік, бостандық.* Халықтар ~гі. ◊ **Теңдік бермеді** — *ырық бермеді, көнбеді.*

ТЕҢЕ 1. *Бір-бірімен тепе-тең ету, теңеу, теңестіру.* Айды жылға ~ді, қызын ұлға ~ді. 2. *Тең деп санау, тең көру.* Еш нәрсені досқа ***теңемеймін*** (Ш. Ахметов). 3. *Бір нәрсеге балау, салыстыру.* ***Теңерсің*** Алматыны қай қалаға (Әбілев).

ТЕҢЕУ *Бір затты екінші бір нәрсеге ұқсатқан балама.* Жол бойы көрген, аңғарғандарына ***теңеу*** ізденіп табумен болды (Тарази).

ТЕҢЕУСІЗ 1. *Теңеуі, теңі жоқ; асқан.* Жоғалттым мен сүйгенімді ***теңеусіз*** (Бұғыбаева). 2. *Өлшеусіз, есепсіз.* Жөнді, жөнсіз сөз ***теңеусіз,*** Бас пен аяқ бір ғұсап (Абай).

ТЕҢКИ *Дөңкиіп, ебедейсіз көріну.* Денесін ***теңкитіп*** аунап түсті (Жармағанбетов).

ТЕҢСЕЛ *Әрлі-берлі шайқалу, ырғала қозғалу.* Терек ~ді.

ТЕҢСІЗ 1. *Тең праволы емес; тепе-тең емес.* ***Теңсіздерді*** теңдеді, жетімдерді жебеді (Халық ақындары). 2. *Теңі, теңдесі жоқ.* Бір өзі жаралғандай ешбір ***теңсіз*** (Ақын жырлары).

ТЕҢСІЗДІК *Құқығы тең емес, теңсіз болушылық.* Ұлттық ~, таптық ~.

ТЕҢСІН *Тең деп санау, тең көру.* Кісі кемсініп сөйлеуден ұтпайды, ***теңсініп*** сөйлеуден ұтады (Адамбаев).

ТЕҢ-ТЕҢ *Әлденеше, саны көп тең.* Қора ішінде ***тең-тең*** буылған жүктер (Тоқтаров).

ТЕҢІЗ 1. *Бір шеті құрлықпен жалғасып жатқан ащы тұзды суы бар бүкіл әлемдік мұхиттың бір бөлімі.* Каспий ~і. ~дің суы ащы. 2. *Ауыс. Орасан көптік, ұшы-қиыры жоқ, молдық.* Астық ~і, мыс ~і. □ **Теңіз ауруы** — *кеме шайқалғанда жүрегі айнып құсатын ауру.* ◊ **Теңіз жүлдызы** — *жұлдыз тәрізді бес тарам аяғы бар теңіз жәндігі.* ◊ **Теңіз капустасы** — *асқа пайдаланылатын әрі емдік қасиеті бар теңіз балдыры.*

ТЕҢІЗДЕЙ 1. *Теңіз сияқты.* ~ терең. 2. *Ауыс. Ұшан-теңіз, өлшеусіз, мол.* ~ терең ой (мол ырыс).

ТЕҢІЗДІ *Теңізі бар.* ~ ел.

ТЕҢІЗШЕ *Теңізге құсап.* ~ толқиды.

ТЕҢІЗШІ *Теңізде жұмыс істейтін адам; матрос.* Арманы ~ болу.

ТЕОЛОГ *Теологиямен шұғылданушы адам.*

ТЕОЛОГИЯ *филос. Діннің хадистері туралы ілім.*

ТЕОРЕМА *мат. Ақиқатты дәлелдеу нәтижесінде анықталатын математикалық ереже.*

ТЕОРЕТИК *Жаңа теория жасаушы, соны ұсынушы.*

ТЕОРИЯ *Қандай да болсын құбылысты түсіндіруге бағытталған ұғымның, идея мен белгілі бір көзқарастың тұжырымдалған қорытындысы, соған әсер ететін ғылыми принципті білдіретін ілім.*

ТЕП 1. *Аяқпен қатты теуіп жіберу, серпіп қағып жіберу.* Енесі *тепкен* құлынның еті ауырмас (Мақал). 2. *Аяққа шаңғы, коньки байлап сырғанау не қол шанаға, велосипедке мініп жылжу.* Шаңғы ~ті, велосипед ~ті. 3. *Ауыс. Жат тұту, бөтен санау, алыстату.* Өлдеқандай тұйыққа тірелсем, *теппес,* көмектесер (Сүндетов). ◊ **Тепсе темір үзетін** — *қайратты, мықты, қуатты.*

ТЕПЕКТЕ 1. *Көліктің екі бүйірінен тебініп өтектеу.* Көк шолақпен *тепектеп,* жанай берме көшімді (Жамбыл). 2. *Салпақтау, тепеңдеу.* Күні бойы қой соңында *тепектеумен* болды (Саржайлау).

ТЕПЕҢ *Тепеңдеп қалған, тепектеген.* ~ жүріс (желіс).

ТЕПЕҢДЕ *Тепең-тепең ету, тебіну.* Текпішегім *тепеңдеп,* жеті күндей жол тарттым (Орманов).

ТЕПЕРІШ *Қиыншылық, азап, зәбір.* Өгей шешенің *теперішімен* жасқаншақ боп өскен (Сапаев). ◊ **Теперіш көрді** — *тепкі көрді, азап шекті.*

ТЕПЕ-ТЕҢ *Бір дәрежеде, бірдей.* Дәрежесі ~, таразының ~ екі басы.

ТЕПЕ-ТЕҢДІК *Тепе-тең болушылық.* Білімнің ~гі.

ТЕПКІ 1. *Аяқпен ұрған соққы, теуіп жіберушілік.* Қатты ~, ~ тиді. 2. *Ауыс. Азап, бейнет, қорлық, соққы.* Өтті ғой көп күнім астында *тепкінің* (Мырзалиев). ◊ **Тепкі көрді [жеді]** — *соққы көрді, азап шекті.*

ТЕПКІЛЕ *Қайта-қайта тебу, тепкіге алу.* Өлдекімді жығып сап *тепкілеп* жатыр (С. Мұқанов).

ТЕПКІН *Тепкендік, тепкі, қуатты серпін.* Аттың артқы аяғының ~і қатты. Шақырмасаң тойыңа, Кедейден көрер *тепкінді* (Қамбар батыр).

ТЕПКІНШЕК *Жас баланы атқа мінгізгенде қолданылатын ертоқым әбзелдерінің бір түрі.*

ТЕПКІШЕК *Жоғары-төмен көтеріліп түсу үшін жасалған басқыш баспалдақ, саты.* Вагонның *тепкішегінен* жерге қалай секірерін білмей тұрған (М. Дүйсенов).

ТЕПЛИЦА *Қыста, суық уақытта әр алуан өсімдік өсіретін жылы жай.*

ТЕПЛОВОЗ *Жанармайы өз ішінде жанатын двигателі бар локомотив.*

ТЕПЛОХОД *Іштен жанатын двигательмен қозғалысқа келетін кеме.*

ТЕПСЕҢ *Мал жайылатын ойлы-қырлы, текше-текше не жазық алап, аумағы әр түрлі жер.* Қойды ~ге қайыр. ◊ **Тепсең жер** — *қыратты жердің тегістеу алаңшығы.*

ТЕПСІН *Біреуге ашулану, жер тепкілеу.* Мырзан көршісіне *тепсініп* жетіп барды (Мұқаев).

ТЕП-ТЕГІН *Жайдан-жай, бекер-бос, қараптан-қарап.* Жата алмассың сен де ұйқыда *теп-тегін* (Ерғалиев).

ТЕП-ТЕГІС 1. *Кедір-бұдыры жоқ, жазық, айтарлықтай тегіс.* Жер қағаздың бетіндей *теп-тегіс* (Момышұлы). 2. *Түгелімен, тұтасымен, бір кісідей.* Үш жүз жігіт *теп-тегіс* атқа мініп, қатар жүрді (Жұмалиев).

ТЕП-ТЕЗ *Айтарлықтай тез, лезде, жып-жылдам. Теп-тез* от та жаға алмады (Семья тәрбиесі).

ТЕПШУ *Тепшіп, сиректеп тігетін тігіс түрі. Тепшу* — ең көп қолданылатын тігіс (Қасиманов).

ТЕП: теп шығу — *биікке шығып, бір орында тұру.* Қызғыштың *теп* шығып тұрған жеріне Нұралын келсе, хан орнынан түрегелді ("Едіге" жыры).

ТЕПШІ *Онша жиі емес, ірілеу етіп тігу, жөрмеу.* Көйлегіңнің жыртылған жерін *тепшіп* берейін деді (С. Бақбергенов).

ТЕР I *Денедегі ерекше бездерден бөлініп, тері арқылы сыртқа шығатын сұйық зат.* Өн бойын *тер* жауып кеткен (Елебеков). ◊ **Тер төкті** — *аянбай еңбек етті, бейнет сіңірді.* **Терін алды** — *атты жарату үшін әдейі шауып терлетіп, баптады.* **Терін кептірмеді** — *дамыл таптырмады, тыным бермеді.* **Терін сатты** — *бейнеттенді, күш-қайратын жұмсады.*

ТЕР II 1. *Бір талдап, аздап жинау.* Қырға бардық, гүл *тердік* (М. Әлімбаев). 2. *Саралап алу, іріктеу, талғау.* Сөздің бәрін салмақтап, асылдарын *терейік* (Жамбыл). 3. *Өрмек термесін тізу, тізбектеу. Тергенде* термелерін өрмекті өрлеп (Мұқанов).

ТЕРАПИЯ *мед. Ішкі мүшелердің ауруын хирургия жәрдемінсіз емдеу. Осындай ішкі мүше сырқаттарын емдеу әдісін зерттейтін медицина саласы.*

ТЕРБЕ 1. *Шайқау, қозғау, ырғау.* Толқын *тербеп* тұрған қайығын құраққа байлап жатты (Молдағалиев). 2. *Ауыс. Сезімге қозғау салу, әсер ету, тебіренту.* Көңілді *тербеп* қал әнмен (Айбергенов).

ТЕРБЕЛМЕЛІ *Тербеліп тұратын, қозғалмалы.* Баланың ~ төсегі.

ТЕРБЕЛІС *Тербеліп қимылға түсу, қозғалыс, шайқалыс.* Самолет *тербелісі* еріксіз маужыратады (Жақаев).

ТЕРБЕН 1. *Толғану, тебірену.* Көңілімді *тербенттің,* ақын аға (Аманжолов). 2. *Теңселу, тербелу, қозғалу.* Жер *тербенгендей* болды (І. Омаров).

ТЕРБЕТПЕЛІ *Тербетіп тұратын, қозғалмалы.*

ТЕРБЕТУШІ *Тербетіп тұратын кісі. Тербетушілер* бар пәрменімен тербетті (Ж. Еділбаев).

ТЕРГЕ 1. *Тәптіштеп сұрау, анық-қанығын білу, жауап алу, егжей-тегжейін жете білу.* Қайдан келіп, қайда баратыныңды *тергейді* (О. Тоқтаров).

2. *Сынау, мінеу.* Жастарды **тергеп** қайтесің (Ж. Молдағалиев).

ТЕРГЕУ *Ақ-қарасын анықтау үшін жауап алушылық.* Тек **тергеуге** әкелгенде ғана ұқты мәнжайды (Жұмаділов). ◊ **Тергеу орны** — *тергеу ісін жүргізетін мекеме.*

ТЕРГЕУЛІ *Тергеуде жүрген, тергеуге кіріптар.* **Тергеулі,** сотты адам болып, басы қатерге түсіп өткені (Абай).

ТЕРГЕУСІЗ *Тергеу жүргізбей, тексерусіз.* **Тергеусіз,** сотсыз атқызғаным айып болып тағылары сөзсіз (Тоғысбаев).

ТЕРГЕУШІ *заң. Тергеу ісін жүргізуші заң адамы.* **Тергеуші** сұрағын тағы қайталады (Р. Сәрсенбаев).

ТЕРГЕУШІЛІК *Тергеуші болушылық.* ~ тәжірибе (қабілет).

ТЕРГҮЛ *Қазақстанда өсетін жабайы өсімдік.*

ТЕРГІЛЕ *Үсті-үстіне тере беру.* Күрмек дәнін тауықша шоқып **тергілеп** (О. Сәрсенбаев).

ТЕРГІШ *Тез теретін, теруге шебер.* Дән **тергіш** тауық қып шығарар ем шетінен (Д. Досжанов).

ТЕРГІШТЕ *Пәле іздеу, тере беру.* Өткен-кеткенді қалай **тергіштей** бастадық (Санбаев).

ТЕРЕЗЕ *Үйге жарық түсіріп, таза ауа кіргізіп тұру үшін қабырғаға орнатылған әйнекті жақтау.* ◊ **Терезесі тең** — *дәреже-атағы, беделі тең дес, қатарлас.*

ТЕРЕЗЕЛЕС *Терезесі қатар; терезесі тең.* Дәмесі — өздерімен **терезелес** мықты біреулермен құда болу (Аманшин).

ТЕРЕЗЕЛІ *Терезе салынған, терезесі бар.* Қос ~ кішкене үй.

ТЕРЕК *Бұтағы тік болып өсетін үйеңкі тұқымдас ірі ағаш.*

ТЕРЕКТЕЙ *Терек сияқты, биік.* Кескен **теректей** құлап түсті (Б. Тәжібаев).

ТЕРЕҢ 1. *Түбі көз жеткісіз, тұңғиық, шыңырау.* ~ су (скважина, шұңқыр). 2. *Ауыс. Әр жақты, мейлінше мәнді, құнды.* ~ білім (мағыналы ой). ◊ **Тереңге кетті [барды]** — *мәселені әріден қозғады, қиындатып жіберді.*

ТЕРЕҢДЕ 1. *Тереңдей түсу, тұңғиықтану.* Өзен ортасы барған сайын ~ді. 2. *Ауыс. Бір нәрсе жайлы түсінігі әр жақты болу, толу, толығу, арту.* Ой-өрісі ~ді, түсінігі ~ді. 3. *Ауыс. Асқындау, күшею, шиеленісу.* Айтыс ~ді.

ТЕРЕҢДЕУ *Тереңірек, әжептәуір терең.* ~ су (шұңқыр).

ТЕРЕҢДІК 1. *Терең болушылық, таяз еместік.* Саздың **тереңдігіне** кейде сырық бойламайды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Ерекше мәнділік, құндылық.* Өлеңінде қаншама **тереңдік,** қаншама сыр барын жүрегіммен сезінгендеймін (Мағауин).

ТЕРЕҢІРЕК 1. *Әжептәуір терең, тереңдеу.* Ол өзен ~. 2. *Ауыс. Әрірек, көбірек, мол.* Жүрек түбіне **тереңірек** неге бойламайды екен (Шаймерденов).

ТЕРЛЕ *Тер шығу.* Маңдайы ~й бастады (Жұмалиев).

ТЕРЛЕГІШ *Терлей беретін, тершең.* Өзім тіпті **терлегіш** болып кеттім (Өмірбеков).

ТЕРЛЕП-ТЕПШІ *Ағыл-тегіл боп терлеу, терге бату.*

ТЕРЛІК *Тоқымның астына салатын, қойдың жабағы жүнінен тер сіңіру үшін жасалатын киіздің бір түрі; тершік.* Найза саю ерліктен, ат жауыры **терліктен** (Мақал).

ТЕРЛІКТЕ *Терлік салу, терлік жабу.* Мақпалменен **терліктеп,** айылды жұптап салады (Қыз Жібек).

ТЕРМЕ I *Халық творчествосындағы толғау сияқты өлеңмен айтылатын сазды әннің бір түрі.* Бірінші жырды Омардың **термесінен** бастады (Тоқмағамбетов).

ТЕРМЕ II *Әшекейлеп теріп тоқылған бұйым.* Күн сәулесі **терме** алашаның үстіне түсіп тұр (Шүкіров).

ТЕРМЕЛЕ I 1. *Өлеңді толғаумен әндетіп айту, терме айту.* Бұқар жырау жырларын **термеледі** (Ләкбеков). 2. *Тізбелеп, тере беру.* Аз уақытта таныған қасиеттерін **термелеп** айта бастады (Тоқаев).

ТЕРМЕЛЕ II *Алаша, бау сияқты үй бұйымдарын термемен әшекейлеп, сәндеп тоқу.* Қазақстанда **термелеп** тоқу өнері ерекше дамыды (Х. Арғынбаев).

ТЕРМЕЛІ *Термесі бар, термелеп әшекейленген.* ~ алаша (өрнек).

ТЕРМЕШЕЛІ *Қайымайтын, мүйізгегі бар ингенге айтылады. Жыныс мүшесінде мүйізгегі бар інген қайымайды деп есептеледі.* "Елден бура жиып-ап шөгеретін, мүйізгек, **термешелі** інген емен" ("Қозы Көрпеш").

ТЕРМЕШІ *Терме айтатын өнерпаз, жырау.* **Термешілердің** әуен лебізі магнитофонға жазылып алынды.

ТЕРМИН *Белгілі бір ғылым мен техника, өнер саласындағы нақтылы ұғымды білдіретін атау сөз бен сөз тіркесі.*

ТЕРМИНОЛОГИЯ *Ғылым мен техника, өнер саласына байланысты терминдердің жалпы жиынтығы.*

ТЕРМИТ I *хим. Жанғанда өте күшті қызу шығаратын жандырғыш қосынды.*

ТЕРМИТ II *зоол. Ыстық жақта тіршілік ететін, ағашқа, теріге, шаруашылыққа зиянды жәндік.*

ТЕРМО *Күрделі сөздердің бірінші құрамында келіп, жылуды, температураны білдіретін сөз.*

ТЕРМОДИНАМИКА *физ. Жылу қозғалысының заңдылығын, оның физикалық дененің қасиетіне тигізетін әсерін зерттейтін физика ғылымының саласы.*

ТЕРМОМЕТР *Температураны өлшейтін аспап.*

ТЕРМОС *Ішіндегі заттың жылылығын, салқындығын бірқалыпты сақтайтын ыдыс.*

ТЕРМОСТАТ *Ішіндегі сұйық затты бірқалыпты температурада сақтайтын арнаулы ыдыс.*

ТЕРМОТЕРАПИЯ *мед. Жылылықпен емдеу.*

ТЕРРАСА *Тұрғын үй алдындағы ашық бастырма, жалпы балкон.* Әйнектелген ~.

ТЕРРИТОРИЯ *Белгілі шекарамен бөлінген жер, аймақ.* Завод ~сы, Қазақстан ~сы.

ТЕРРОР *Саяси дұшпанына қарсы жасалатын зорлық-зомбылық, өлтіру.* Олар ашық **террор** жолына беттеді ("Қаз. әдеб.").

ТЕРРОРИЗМ *Террорлық әрекетті уағыздаушы саяси бағыт.*

ТЕРРОРИСТ *Жеке адамға қарсы террорлық әрекетті қолданушы және соны жақтаушы.*

ТЕРТЕ *Арба-шананың көлік жегетін жетек ағашы, арыс.* Қара жорғаны арба *тертесіне* байлап қойды (Қ. Жұмалиев).

ТЕРШЕҢ *Көп терлейтін, тершіл.* Кісі аты *тершең,* кісі киімі кіршең (Мақал).

ТЕРШЕҢДІК *Тершең болушылық, тер басушылық.*

ТЕРШІ *Аздап терлеу, жіпсу, бусану. Тершіген* маңдайын сипап қойып отыр (Өтетілеуов).

ТЕРШІЛ *Көп терлейтін, тершең. Тершіл* келер жамандар (Ж. Өмірбеков).

ТЕРІ *Адам мен жан-жануарлар денесінің сыртқы қабаты, қабы, қыртысы.* Адам ~сі, аң ~сі. ◊ **Терісі кең** — *кең пейіл, мінезі жайлы.* ◊ **Терісіне сыймады** — *қатты ашуланып булықты, долданды.* **Терісін тескей сорды** — *араны ашыла ішіп-жеп қойды.* ◊ **Терісі тар** — а) *ашуланшақ, шыдамсыз мінезді;* ә) *біреудің болғанын көре алмайтын қызғаншақ.*

ТЕРІМ 1. *Бір нәрсені теріп жинау ісі, теру әрекеті.* Мақта *терімі* аяқталды (Еділбаев). 2. *Теру нәтижесі, теруден түскен өнім.* Күнделікті ~ нормадан асып отырады.

ТЕРІМШІ *Теру, жинау жұмысымен шұғылданушы адам. Терімші* атанып та алды (Оралбеков).

ТЕРІС 1. *Дұрыс емес; қате; бұрыс.* Өз пікірін *теріске* шығарғысы келді (Жақсыбаев). 2. *Кері, керісінше, қарама-қарсы.* Қара суды ~ ағызды. ◊ **Теріс айналды** — *қарсы болды.* **Теріс бата** *(көне.)* — *қолды теріс қаратып айтылатын қарғыс, лағнет.* **Теріс жол** — *бұрыс іс-әрекет, қате бағыт.* **Теріс көрмеді** — *дұрыс деп тапты, ұнатты.* **Теріс қақпай** — *бұрмалап, бұлдіріп айтатын сөз.* **Теріс қарады** — а) *ұнатпады, жек көрді, жаратпады;* ә) *бетін бұрып сырт айналды, сыртын берді.*

ТЕРІСКЕЙ *Солтүстік жақ, терістік.* Ауылдың *теріскейін* орап өтетін жарлы сай (Ердің даңқы еңбекте).

ТЕРІСКЕН I *Суық тигеннен адам көзінің жиегіне, тіліне бөртіп шығатын жара.* Теріскен — ас алмасуының да бұзылуының белгісі (Сейтекова).

ТЕРІСКЕН II *биол. Домалақ-домалақ жабысқақ тікені бар далалық жерде өсетін алабота тұқымдас бұта.*

ТЕРІСТЕУ *Жөнсіздеу, жайсыздау.* Қылығы ~. Баласының мінезі *теристеу* болатын (Б. Майлин).

ТЕРІСТІК I *Солтүстік жақ. Терістікке* қарай шыққан қара жол жазыққа тартып келеді (Байжанов).

ТЕРІСТІК II *Дұрыс емес, қателік.* Мінезінің ~гі, сөзінің ~гі.

ТЕРІ-ТЕРСЕК *Ірілі-уақты мал терісі мен ұсақ-түйек шикізат.* ~ жинады (сатты).

ТЕС *Тесік жасау, тесу, ою.* Бізбен ~ті, танауын ~ті.

ТЕСЕ 1. *Жер қазатын екі жүзді балға, қол құралы.* 2. *Ауыс. Өтпей қалған, жүзі қайтқан пышақ, шот т. б. құрал.* Пышағы ~ ғой.

ТЕСЕЛЕ *Тесемен қазу, шабу.* Жардың сарғылт топырағын ~п қопара бастады.

ТЕСКІЛЕ *Қайта-қайта тесу, тескен үстіне тесе беру.* Арқалық атырабын *тескілеп* жатыр, іздейтіні — бокситтің мол қоры ("Лен. жас").

ТЕСКІШ *Қатты темірді тесу үшін болаттан жасалатын құрал.* Шебер қолына *тескішін* алды (Есенберлин).

ТЕСІК *Тесілген жер, қуыс, саңлау.* Терезенің *тесігіне* киіз тығып қойған (Майлин). ◊ **Тесік моншақ жерде қалмас** — *асыл зат керексіз боп қалып қоймайды.* ◊ **Тесік өкпе** — *қиыншылықты көп көрген, көнбіс, төзімді.* ◊ **Тесік тиын жоқ** — *тұқ жоқ, ештеме қалмады.*

ТЕСІККӨЗ *Пәтерлердің сыртқы есігіне орнатылатын дөңгелек ойықтағы адам бейнесін үлғайтқыш әйнек.* Подъезде біреу тұр екен, *тесіккөзден* бұлдыраған түр-түсін айыру мүмкін емес (О. Сәрсенбаев).

ТЕСІЛ 1. *ыр. етіс. Тес-іл.* 2. *Көз алмай қарау.* Бар ықыласымен сахнаға *тесіле* қарап қалған (Е. Омаров).

ТЕСІРЕЙ *Көз алмай, кірпік қақпай тесіліп қарау.* Неге *тесірейеді* адам көрмегендей ("Қаз. әдеб.").

ТЕТЕ 1. *Араларында бала жоқ, бірінен кейін бірі туылған үйелмелі-сүйелмелі.* ~ інісі (ағасы, қарындасы). 2. *Жас жағы шамалас, қатар құрбы.* ~ туысы (құрбысы).

ТЕТЕЛЕС 1. *Жас мөлшері шамалас, қатар құрбы.* ~ балалар, жасы ~. 2. *Жеңгесінің тете қайнысына қоятын сыпайыгерлік аты.*

ТЕТЕЛЕСТІК *Тетелес болушылық.* Өзімен ~гін білдірді.

ТЕТЕЛІК *Тете болушылық.* ~гін айтты.

ТЕТКІ *Тыйым салу, тежеу, шектеу.* Ойына келгенін *теткімей* айтып салады (Ақышев).

ТЕТРАЦИКЛИН *Суық тигенде ішетін дәрі.*

ТЕТІК 1. *Техникалық механизмді жүргізіп, басқарып тұратын бөлшек, құрал, аспап.* 2. *Ауыс. Түйінді мәселе, негізгі ой.* Өңгіме ~гі, дүниенің ~гі.

ТЕТІКТІ *Тетігі бар, тетігі көп.* Тоқсан ~ кен комбайны.

ТЕТІР *жерг. Теріс, өрескел; қате.* ~ сөз (мінез).

ТЕХМИНИМУМ *Техника саласынан өткізілетін білім сынағы; техникалық минимум.*

ТЕХНИК *Орта дәрежелі техникалық білімі бар маман.*

ТЕХНИКА *Өндіріс құралдарының жиынтық аты.*

ТЕХНИКУМ *Техникалық, кәсіптік білім беретін орта дәрежелі арнаулы оқу орны.* Құрылыс ~ы.

ТЕХНОЛОГИЯ *Материалды өңдеу мен дайындау тәсілінің жиынтық аты.* Өндіріс ~сы, металдар ~сы.

ТИ 1. *Бір нәрсенің екінші нәрсеге барып тірелуі, соқтығуы.* Қалың көктің арасына тұмсығы *тиген* жерде (Әуезов). 2. *Бір нәрсені алу, иелену, қолға түсіру.* "Қазақ әдебиеті" оқырмандар қолына *тиюде* ("Қаз. әдеб."). 3. *Біреуге тиісу, ұрыну.* Егер намысыңа *тисем* кешір (М. Қуанышбаев). 4. *Күйеуге шығу, тұрмыс құру.* Сен менің тілімді ал, маған *ти* (Мыңжасарова). ◊ **Тиіп тұр** — *өте жақын, қашық емес.* **Тиісерге қара таппады** — *кімге соқтығарын білмеді.*

ТИГІШ *Жақсы тиетін, тие беретін.* ~ мылтық.

ТИЕ *Жүк пен басқа да ірілі-уақты затты арба-шанаға, машинаға, көлікке арту, салу.* Кірпіш ~ді, жәшік ~ді.

ТИЕГІШ *Көлікке жүк арту үшін жасалған арнайы жабдық.* Астық ~, қызылша ~.

ТИЕК 1. *Кейбір шекті музыка аспабының ішегін көтеріп тұратын кішкентай кепіл ағаш.* Домбыра ~гі. 2. *Шідердің артқы аяққа салатын ұшындағы бекітіп қоятын кішкене дәйекше.* Шідердің ~гі шығып кетпесін. ◊ **Тиегін ағытты** — *еркіндік берді, бетін ашты.*

ТИЕКСІЗ *Тиегі жоқ.* ~ домбыра, ~ есік.

ТИЕКТЕ *Тиек салу, тиекті бекіту.* Қақпаны іштен ~п қойды.

ТИЕКТҮЙМЕ *Жейденің жеңінде тұйме орнына қолданылатын сәндік бұйым.* Менің дипломат, ~, ине-жіп сатып алуым керек.

ТИЕКШЕ *Кішкене тиек.* ~сін іліп қойды.

ТИЕСІ *Тиісті, тән.* ~ еңбек ақысы, ~ үлесі.

ТИЕУЛІ *Жүк артылған, тиелген.* Жүгім *тиеулі* тұр (Әлсеров).

ТИЕУІШ *Өздігінен жүк артатын механизм.* Астық ~, ~ элеватор.

ТИНАҚТАЙ *Кішкентай, азғантай, титтей.* Қазір ~ да уақытым жоқ.

ТИП 1. *Адамдардың мінез-құлық ерекшелігін, образын көрсететін жинақтау бейнесі.* Ғабиден *типтерді* өмір шындығынан алады (Ғ. Мұстафин). 2. *Үйлес келетін құбылыс пен заттар тобы.* 3. *биол. Туыс топтарға бірігетін жануарлар мен өсімдіктер жіктерінің ең жоғарғы саласы.* Бунақ аяқты жануарлар ~і. 4. *Ауыс. Өзіне тән мінезімен басқалардан өзгеше көзге түсетін адам.* Қызық ~, өзінше бір ~.

ТИПОГРАФИЯ *Әр түрлі кітап, журнал, газет т. б. басып шығаратын орын, баспахана.* Бұл — облыстық *типография...* ("Қаз. әдеб.").

ТИПОЛОГИЯ *Заттар мен құбылысты қандай да болсын бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу, топтама.* Дүние жүзі тілдерінің ~сы.

ТИПТЕС *Біркелкі, тәріздес, ұқсас.* Осы *типтес* екі қой қырқу пункті салынды (Серікбаев).

ТИПТІ 1. *Үлгі, тип болар лықтай.* ~ шарт, келісім. 2. *Белгілі бір үлгі, типке сай.* Ұлықбай жаңа *типті* оқу орындарын ашты (Көбесов).

ТИПЫЛ 1. *Теп-тегіс, жайдақ.* Төбесі тегіс *типыл* келген бір түсті үйлер (І. Омаров). 2. *Жып-жылмағай, жұрдай.* Түк бітпеген *типыл* иегін сипап қойды (Шалқаров). ◊ **Типыл болды (қылды, етті)** —*жоқ етті, құртып жіберді.*

ТИПЫЛДА *Тып-типыл ету, тегістеу.* Ұстарамен *типылдап* қырған жалтыр басын бір сипап өтті (С. Омаров).

ТИПЫҢ *Тез-тез, жиі, жедегабыл.* ~ басып жүрді.

ТИПЫҢДА *Жиі адымдау, типың басып тез-тез жүру. Типыңдаған* жорға жүрісінен айнымай қойды (Шамкенов).

ТИПЫҢ-ТИПЫҢ *Тез-тез, жылдам-жылдам, жиі-жиі.* Бала аяғын *типың-типың* еткізіп ілесіп келеді (Тілегенов).

ТИР *Нысананы көздеп атып жаттығу үшін арнайы жабдықталған орын.*

ТИРАДА *Көтеріңкі үнмен айтылған сөз, сөз тізбегі немесе ұзақ фраза.*

ТИРАЖ 1. *Кітап, журнал, газет, т. б. басылымдар данасының саны.* 2. *фин. Ұтқан заемның, лотереяның құнын төлеу үшін жарияланған ұтыс номерлерінің кестесі.*

ТИРАЖДЫ: көп тиражды — *тиражы мол болып шығатын.*

ТИРАН *Басшылығы күш пен деспотқа негізделген ел билеуші, қатал басшы.*

ТИТАН *хим. Күміс түсті ең мықты және төзімді металл, химиялық элемент.*

ТИТАНДЫ *Титан элементі араласқан.* Титанды ақ сыр — *титан* элементінің тотығы (Химия).

ТИТР *хим. Химиялық анализде қолданылатын ерітіндінің концентрациясы.*

ТИТТЕЙ *Кішкентай ғана, құрттай.* Адам баласына жасаған *титтей* де жамандығым жоқ (Тобағабылов).

ТИТУЛ *Белгілі бір сіңірген еңбегі үшін берілетін құрметті атақ, дәреже.* Чемпиондық ~.

ТИТЫҚ *Әл, қайрат, күш-қуат.* Әбден *титығы* құрыған Жақыман есіктен зорға шықты (Оразалин) ◊ **Титығына жетті** — *әбден қалжыратты, қажытты.*

ТИТЫҚТА *Әлі біткен шаршау, діңкесі құру, болдыру.* Бала әбден *титықтап* шаршады (Т. Нұрмағанбетов).

ТИЫН 1. *Майда металл ақша, теңгенің жүзден бірі.* 2. *Ауыс. Ақша, қаржы.* Болымсыз *тиындарына* сат деп жалынбақ (Сқақбаев). ◊ **Тиынның татын жалады** — *түкке тұрмас нәрсені пайда көрді, сараңдыққа салынды.*

ТИЫНДА *Тиыннан құрау, тиынға айналдыру.* ~п жинады.

ТИЫНДЫҚ *Тиын болар лық, тиынға тұрар лық.* Бес *тиындық* билетке бола сардар басы саудаға түсті (Ниязбеков).

ТИЫНСЫЗ *Тиыны жоқ, ақшасыз, қаражатсыз.* Өзіміз де *тиынсыз* емеспіз ғой (Бекенов).

ТИЫНТАҚ *Көп жылдық, бұршақ тұқымдас мал азығындық өсімдік.*

ТИЫН-ТЕБЕН *Азын-аулақ ақша, болмашы қаражат.* Үйден келетін *тиын-тебенді* қосқанда сексен сом делік (Қабанбаев).

ТИЫНШЫЛ *Ақша құмар, пайдақұмар.*

ТИІМДІ 1. *Пайдалы, көп табыс беретін.* Қосалқы шаруашылықты қатар жүргізу ісі *тиімді* екені рас (Үй іргесі). 2. *Қолайлы, жағдайлы, ыңғайлы.* Бірден операция жасаудың *тиімді* екендігін айтпасқа болмайды (Есенқұлов).

ТИІМДІЛІК *Тиімді болушылық, пайдалылық.* ~гін түсінді (дәлелдеді).

ТИІМСІЗ *Тиімді емес, пайдасыз.* Экономикалық тұрғыдан алғанда *тиімсіз* (Әбдіхалықов).

ТИІН *Орман, тоғайда ағаш басында өмір сүретін терісі қымбат, күлте құйрықты кішкене аң.* Тайғада *тиін,* бұлғын бар (Ш. Айманов).

ТИІП-ҚАШ *Бір бастап, бір тастау, үзіп-жұлу.* Негізгі жолдарды *тиіп-қашып* тегістеген болады (Еділбаев).

ТИІП-ҚАШПА *Сарылып істелмеген, тиянақсыз, жұрдім-бардым. Тиіп-қашпа* әңгімеміз көбінесе әдебиет жайында болды (Сатыбалдин).

ТИІП-ҚАШТЫ *Жеңіл-желпі, мардымсыз.* Бұрындары *тиіп-қашты* бірдеңелері болған (Қанахин).

ТИІС *Қажет, керек, міндет.* Баспаларымыз игі мақсатты көздеуі *тиіс* (М. Әлімбаев).

ТИІССІЗ *Орынсыз, ретті жоқ. Тиіссіз* шатақ сөздің бабын ашпа (Айтыс).

ТИІСТІ *Қажетті, керекті, міндетті.*

ТИІСІНШЕ *Қажетіне қарай, мүмкіндігінше.*

ТИЯНАДАЙ *Тап-түйнақтай.* Бәрі де ***тиянадай,*** орнықты істеліпті (Қазыбеков).

ТИЯНАҚ *Тіреуіш, сүйеуіш, тірек.* Көңіл ***тиянақ*** қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді (Абай). ◊ **Тиянақ таппады** — *шарқ ұрды, тұрақтамады.*

ТИЯНАҚСЫЗ *Тиянағы жоқ, тұрақсыз, тұрлаусыз.* ***Тиянақсыз,*** тұрлаусыз дүниеден ұстанар бұлдырым бар ма (Р. Тоқтаров).

ТИЯНАҚСЫЗДЫҚ *Тұрақсыздық, табансыздық.* Оны ***тиянақсыздығы*** үшін жазалаудың қажеті жоқ (Семья тәрбиесі).

ТИЯНАҚТА 1. *Басталған істі аяқтау, тындыру.* Жұмыстарын әбден ***тиянақтап*** қайтты (Досымов). 2. *Бір нәрсені тәптіштеп анықтау, айқындау, тұжырымдау, түйіндеу.* Қарауыл хазірет ойын ***тиянақтады*** (Ж. Молдағалиев).

ТИЯНАҚТЫ *Тұрақты, табанды, орнықты.*

ТИЯНАҚТЫЛЫҚ *Тиянақты болушылық, орнықтылық, тұрақтылық.*

ТКАНЬ *биол. Тіршілік иелері мен өсімдік организміндегі тор клеткалар.* Өсімдік ~дары, дене ~ы.

ТМИН *Хош иісті ұрығы бар өсімдік.*

ТОБА 1. *Бір нәрсеге шүкіршілік ету мәнінде айтылатын ишарат сөз, тәуба.* Тойсаң ***тоба*** қыл (Мақал). 2. *Таңданып, таңырқағанда айтылып қалатын ишарат сөз.* О ***тоба,*** бұл не сұмдық (Мағауин). ◊ **Тобасы қабыл болды** — *дегені болды, мақсаты орындалды.* ◊ **Тобасынан жаңылды** — *дандайсыды, бетімен кетті.*

ТОБАЛА *Қайта-қайта "тоба" деу, шүкіршілік ету.* Жазылып кеткеніне ***тобалап*** еді ("Қаз. әдеб.").

ТОБАН: тобан аяқ — *бас жағы күйіп не үсіп, жұмырланып домалақ боп қалған аяқ.*

ТОБАР *Сиырдың көктемде түлеген жүні. Тобардан жасалған допты да тобар дейді.*

ТОБАРСУЛЫ *Құрғаңқыраған, дегдіңкіреген.* Еріндері ***тобарсулы*** (Қанахин).

ТОБАРСЫ *Аздап кебу, құрғаңқырау, дегду.* Жердің беті ***тобарсиды*** да, құлпыра түседі (Талжанов).

ТОБАШЫЛ *Тоба-тоба деп жүретін, шүкіршіл, тәубешіл.* Жаман сопы ***тобашыл,*** Жаман адам табашыл (Мақал).

ТОБЫҚ 1. *Адам аяғы жіліншігінің төменгі жағын өкшемен байланыстырып тұратын дәнекер томпақ сүйек.* Аяғын ***тобық*** үстінен байлап алыпты (Тоқаев). 2. *Малдың ортан жілігі мен асықты жілігінің түйіскен жеріндегі сан етінің сіңіріне орналасқан жұмыр сүйек.* Аттың ***тобығынан*** жоғары жылан шаққан жерін сора бастады (Тарази). ◊ **Тобығынан келмейтін** — *тең түсе алмайтын, тең емес.* ◊ **Тобық ойнау** *(этногр.)* — *қыз-келіншектер мен жас жігіттердің бір-біріне тобық беріп, күтпеген жерде қайта сұрап ұту ойыны.* ◊ **Тобықтан қақты** — *қысастық қылды, опасыздық жасады.*

ТОБЫҚТАЙ *Тобық сияқты, кіп-кішкентай, титтей.* Тоқсан ауыз сөздің ***тобықтай*** түйіні бар (Мақал).

ТОБЫҚША *Тобық тәрізді.* ~ бұлтылдады.

ТОБЫЛҒЫ *Раушан гүлділер тұқымына жататын қызыл күрең түсті бұта.* ***Тобылғы*** сапты сегіз өрме бұзау тіс қамшы (Бақбергенов). ◊ **Тобылғы торы** — *тобылғы тәрізді торы түс.*

ТОБЫЛҒЫЛЫ *Тобылғы мол өскен.* ~ сай.

ТОБЫР *Шоғырланып жиналған халық, қалың көпір топ.* Азан-қазан шулаған қалың ***тобырға*** ұмтылды (Ізбасаров).

ТОБЫРЛА *Шоғырланып жиналу, қалың топ құру.* ~ған халық.

ТОБЫРЛЫ *Шоғырланып жиналған, қалың топ құрған.* Сойқанды жерде соқпағым, ***тобырлы*** жерде тоқпағым (Кенжахметов).

ТОБЫРШЫҚ I *Ағаштан жасалған заттың ортасына қағылған жалғыз шегені айналып тұратын тиек ағаш.* ◊ **Тобыршық қамшы** — *буылтығы бар, түйіндеп өрген қамшы.*

ТОБЫРШЫҚ II *көне. Жебенің ұштық болаты.* ***Тобыршығы*** биік жай салып, Дұшпан аттым, өкінбен (Алдаспан).

ТОВАР *Адам қажетін қанағаттандыруға, сатуға, айырбастауға арналған өзіндік құны, бағасы бар еңбек өнімі.* Көпшілік қолды ~.

ТОВАРЛЫ *Товарды көп беретін, товары мол.* Отыз бес центнерден ***товарлы*** астық береміз (Ақ бидай).

ТОҒА *көне. Белдік, тартпа сияқты заттардың ұшын бекіту үшін темірден жасалған зат.* Белбауды әдемі ~лар мен салбыршақтармен ажарлады.

ТОҒА: бір тоға — *бір қалыпты, бір сыдырғы.*

ТОҒАЙ I *Жабайы өскен әр түрлі ну ағаш.* ***Тоғай*** аралаған — үйші, ел аралаған — сыншы (Мақал).

ТОҒАЙ II *Тамаққа тойыну.* Аузы аққа тиіп бала-шағалары ***тоғайып*** қалды (Ә. Тәжібаев).

ТОҒАЙЛЫ *Тоғай өскен, тоғайы бар.* Балхашқа жақын ***тоғайлы*** жерді қыстап шықты (Әбдіқадіров).

ТОҒАЙЛЫҚ *Тоғайдың қалың өскен ашық жері.* Батыс беттегі мол ***тоғайлықты*** шабатын (Сыланов).

ТОҒАЙРАҚ *Жылқының тақия қарны.*

ТОҒАМ *Айдың біту мерзімі.* "Айдың ***тоғамы***" деген не (М. Әуезов).

ТОҒАН 1. *Су жинап алатын бөгет, тоспа.* 2. *Егістік жерді, бау-бақшаны суғару үшін жасалған арық.* Су ағызатын арықты ***тоған*** дейтінін білетін (Сарғасқаев).

ТОҒАНАҚ I *Бір басында ілмегі бар, екінші басына арқан байланатын бастырық ағаш.* Шанаға үйген шөпті ~пен бастырыпты.

ТОҒАНАҚ II *Бума, жұқ, теңе.* Тоғыз нарға тоғыз ***тоғанақ*** жүк артады (Қазақ ертег).

ТОҒАНАҚТА *Теңе-теңе етіп, буып-түю.* Көрпетөсектен басқасын буып-түйіп ***тоғанақтап*** қойды (Ахметбеков).

ТОҒАНДА *Тоған салу; тоған жүргізу.* Суды ***тоғандап,*** егінге пайдаланып отырған қауым жоқ (Бегалин).

ТОҒАНДЫ *Тоған салынған, тоғаны бар.* Үш ***тоғанды*** балық шаруашылығы бар (Асқан асу).

ТОҒАНШЫ *Тоғандағы суды егістікке жіберіп тұратын адам.*

ТОҒЫЗ 1. *Сегізден кейінгі есептік сан.* ~ сом (сағат, жыл). 2. *Ауыс. Қазақтың ескі дәстүрі бойынша үлкен жиын-тойда ат бәйгесінде берілетін сыйлық.* Мынау атамның өзіңізге тартқан ***тоғызы*** де (Т. Нұрмағамбетов). ◊ **Тоғыз жолдың торабы** — *сан жолдың түйіскен, тоғысқан жері.* **Тоғыз көзді кіреуке** — *эпостық жырдағы батырлар*

киімінің бір түрі. ◊ **Тоғыз қабат торғауыт** — *терінің әр түрлі: жіңішке, жуан тіліктерінен бірнеше қабаттап жапсырып, түрлі өрнек салып, бояп жасайтын моңғолдың тері сауыты.* ***Тоғыз*** қабат торғауыт, Сегізінен өтеді (Ер Тарғын).

ТОҒЫЗДЫҚ 1. *Тоғызға қатысты, соған тән.* Бір оқ ~қа дөп тиді. 2. *Ойын картасының тоғыз санымен нөмірленген қағазы.* Үшінші қолда ***тоғыздық*** жатыр (М. Әлімбаев). 3. *Спорт. Футбол қақпасының үстіңгі бұрышы.* Қақпаның дәл ***тоғыздығына*** тигізді ("Спорт").

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ *Құмалақ салатын он сегіз отауы, екі қазаны бар қазақтың есепке баулитын ұлттық ойыны.* ~ ойнады (тақтасы).

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚШЫ *Тоғызқұмалақ ойнаушы, ойыншы.* Тәжірибелі ~, күшті ~.

ТОҒЫЗЫНШЫ *9-ға қатысты реттік сан есім.* ~ класс (бесжылдық).

ТОҒЫЛ *Бірінің соңынан бірі лықсып жылжу, ағылу. Бірін-бірі ығыстыру.* ***Тоғылды*** суға жау легі, тықсырып әкеп зеңбірек (Сәлем саған).

ТОҒЫМА *жерг. Қой-ешкіні тоғытатын жер.* Бір отары қырқымадан өткізіліп, ***тоғымаға*** түсірілді (Боқасов).

ТОҒЫС I *Тоқайласушылық, шекісушілік, соғыс.* Шу бойындағы төрт халықтың ***тоғысында*** жеңісіне жол ашқан (Мағауин).

ТОҒЫС II 1. *Әр тараптан келіп бір-бірімен түйісу.* Қилы-қилы жылдар осы жерден келіп ***тоғысқандай*** (Ырзабаев). 2. *Ауыс. Ойлары бір жерден шығу, үйлесе кету.* Олардың да ойында алуан сезім ***тоғысқан*** болу керек (Қайырбеков).

ТОҒЫС III *Ұрыс, соғыс, керіс.* Жылқы жылы жылыс болды, Қоян жылы ***тоғыс*** болды (Мақал).

ТОҒЫСПАЛЫ: тоғыспалы әдіс — *тоғыстыруға негізделген, түйістіру арқылы.*

ТОҒЫТ 1. *Қой-ешкіні ағынды не дәрілі суға салып, жүздіріп өткізу.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің ішіне салу, сіңгіту.* Қаптарды шатырдың ішіне ***тоғытып*** болғасын жерге түсті (Р. Тоқтаров). 3. *Ауыс. Тоқтаусыз бастырмалап жіберу, бірінің артынан бірін шұбырту.* Тоқсаннан асқан Жамбылың жыр ***тоғытты*** тағы да (Жамбыл).

ТОҒЫШАРЛАН *Ұсақ-түйекпен айналысу, тоғышарлыққа салыну.* Адам іштей өсіп, қанаттанып отырмаса ***тоғышарлана*** бермей ме (Иманбеков).

ТОҒЫШАРЛЫҚ *Тоғышар болушылық.* Тоқшылық тудырған ***тоғышарлық*** рак ауруынан да қатерлі (Мұқаев).

ТОЗ I *Қайың қабығының сыртындағы жұқа, үлбірек, ақшыл қабаты.* Қайыңның ***тозын*** мақта, еменнің өзін мақта (Мақал).

ТОЗ II 1. *Тозығы жетіп көнеру, ескіру.* Ақ пейілдінің аты арымайды, тоны ***тозбайды*** (Мақал). 2. *Жан-жаққа бытырау, қаңғып кету.* Есердің тобы екеуге жетпей ***тозар*** (Мақал). 3. *Ауыс. Жүдеп-жадау, азу.* Заман ***тозбақ*** та, уақыт озбақ (Т. Әлімқұлов).

ТОЗАҚ 1. *Діни наным бойынша адамдарды әр алуан күнәсы үшін о дүниеде азаптап қинайтын жер, жанып тұрған от, тамұқ.* ***Тозақ*** отына кіріп бара жатқандай болды (Тілегенов). 2. *Ауыс. Азап, қиянат.* Ел басына шын ***тозақ*** енді орнады (Есенберлин). ◊ **Тозақтан құтқарды** — *бейнеттен, қиыншылықтан азат етті.*

ТОЗАҚЫ 1. *Ауыр, қиын, тозаққа парапар, тепе-тең.* 2. *Сотқар, бұзақы.* Боз тұлпарды өлтірген Нығмет қандай ***тозақы*** (Кенен).

ТОЗАҚЫЛЫҚ *Тозақы болушылық.* Жасайды одан бетер ***тозақылық*** (Абайділданов).

ТОЗАҢ 1. *Затқа қонған не ауаға көтерілген шаң.* Шаң мен ***тозаң*** күннің көзін жауып жіберді (Тоқмағамбетов). 2. *Қалың шаң-топырақ.* Келе жатыр арандап бұрқылдаған ***тозаңы*** (Бат. жыры).

ТОЗАҢДА *Бұрқыраған майда шаң басу.* Сол құйын күнде от басын ***тозаңдайды*** (Сәтібеков).

ТОЗАҢДАН *Өсімдіктің аталық және аналық клеткасының қосылуы, ұрықтану.* Жатыннан жеміс шығуы үшін ең алдымен гүл ***тозаңдану*** керек (Ботаника).

ТОЗАҢДАНҒЫШ *Тозаңдануға бейім, тез тозаңданатын.* ~ ұнтақ.

ТОЗАҢДАТҚЫШ *Өсімдік клеткаларын ұрықтандырғыш.* ***Тозаңдатқыш*** насекомдарға көбелек, тікті ара, шыбын т. б. жатады (Биология).

ТОЗАҢДЫ *Тозаңы көп, шаңы қалың.* ***Тозаңды*** қара жолдың бозғылт шаңын аспанға шығара келе жатырмыз (Бақбергенов).

ТОЗАҢДЫҚ *Өсімдік гүлінің ішіндегі ұрықты тозаң.* Будандастырғанда ***тозаңдығын*** алып тастайды (Ботаника).

ТОЗАҢЫТ *Ептеп шаңдату, тозаң көтерілу.* Алыстан ***тозаңытқан*** шаң көрінді (Әбутәліпов).

ТОЗҒАҚ *Тез тозатын, тозғыш.* Пальтоңыз ***тозғақ***, жасыңыз озғақ болсын (Соқпақбаев).

ТОЗҒАНДЫҚ *Тозығы жеткендік, ескіргендік.*

ТОЗҒЫН 1. *Өңі кетіңкіреп ескірген, көнелеу.* Үстіндегі киімдері ***тозғын*** ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Шырқы, берекесі кеткен, бейберекет, бұзақы.* Тек азғындар мен ***тозғындар*** ғана емес, ұлы перзенттері бар екенін әйгілі етті (Әкімқұлов).

ТОЗҒЫНДА 1. *Әбден ескіріп тоз-тоз болу.* Бақ ***тозғындап*** істен шықты ("Мәдениет және тұрмыс"). 2. *Бет-бетімен кету, ыдырау.* ***Тозғындап*** қашқан жау тобыры (Ә. Сәрсенбаев). 3. *Азып-тозу, қайыршылану.* ***Тозғындаған*** ауылдарда жүзден астам сәби аштан өлген (Өтепов).

ТОЗҒЫНДЫҚ *Азып-тозғандық, тозғын болушылық.* ***Тозғындықтың*** қоқыр-соқырын ұшырып әкететін ("Лен. жас").

ТОЗ-ТОЗ *Жалба-жұлба, быт-шыт.* ◊ **Тоз-тоз болды (етті, қылды)** — *бет-бетімен бытырап, тентіреп кетті.* **Тоз-тозы шықты** — а) *бет-бетіне бытырап, быт-шыт болды;* ә) *жырым-жырым, тілім-тілім болды.*

ТОЗЫҚ *Ескіріп біткен, көнерген.* ***Тозықты*** алады да, орнына жаңаны орнатып береді (Т. Нұртазин). ◊ **Тозығы жетті** — *әбден ескірді, көнерді.*

ТОЗЫҢҚЫ *Тозығы жетіп ескіріңкіреген, көнеріңкі.* ***Тозыңқы*** киімі, жүдеу өңі ұнамады (Сараев).

ТОЙ I *Халық көп жиналатын салтанатты, қуанышты мереке, мейрам.* ***Той*** десе қу бас домалайды (Мақал). Үйлену ~ы. ◊ **Той ағасы** — *қуанышты жиын, ойын-тамашаны басқаратын кісі, асаба.* **Той бастар** — а) *ұзату тойында айтылатын өлең;* ә) *жиын тойды ән-өлеңмен бастау салты;* б) *той бастаған кісіге берілетін сый-сыяпат, кәде.* ◊ **Той десе қу бас домалайды** — *жас демей, кәрі демей бәрі де тойға баруды қалайды.*

ТОЙ II 1. *Тамақты кеңірдектеп ішіп-жеу, қарын тойғызу.* Онда мұндай ***тойып*** жейтін ақ нан қайда (Қазыбеков). 2. *Ауыс. Әбден ығыр болу, жалығу.* Цирк дегенге әбден ***тойдым*** (Айымбетов). ◊ **Тойған қозыдай** — *мол-момақан, жұп-жуас.*

ТОЙ-ДУМАН *Ырду-дырдулы ойын-сауық, той-томалақ.* ~ өткізді.

ТОЙ-ДҮРМЕК *Той-томалақ, той-думан.* ~тен қалмады.

ТОЙҚАҢДА *Ауытқи, теңселе басу.* Қарнын көтере алмай ***тойқаңдаған*** (Үш ғасыр).

ТОЙЛА *Салтанатты түрде мейрамдау, мерекелеу, белгілі бір қуанышты атап өту.* Жеңіс тойын ***тойлашы*** (Мәуленов).

ТОЙЛЫ *Тойы бар, той боп жатқан.* Көл жағасы ***тойлы*** ауылдай көңілді сезінген (Тарази).

ТОЙЛЫҚ *Тойға деп аталған, соған арналған.* ~ қаражат.

ТОЙМАҚАЛА *Өнер, ғылым, әдебиет, т. б. қайраткерлерінің белгілі бір мүшелтойына байланысты жазылатын құттықтау мақала.* Бізде ***тоймақалалардың*** стилінде шаблон болған шиырлау, таптаурын бар (Сөзстан).

ТОЙПАҢ *Қақтығысып қала беретін албырттық, қызбалық.* Жастық шақтың ***тойпаңынан*** арыла қоймаған (С. Омаров).

ТОЙПАҢДА *Екпіндете жедел, ширақ басу.* Тер шыққанша баурын жаза алмай ***тойпаңдап*** отырады да, еті қыза жүйткиді (Орманбаев).

ТОЙТАЛАҢДА *Екі жағына қарай басу, қойқаң-қойқаң ету.* Мәукіл ***тойталаңдап*** өндіріс бөліміне қарай тартты (Бегалин).

ТОЙ-ТАМАША *Ойын-қызығы мол, думанды жиын, той-томалақ, ойын-сауық.* ***Той-тамашаға*** келген адамдай әсем киінген (Ұлтамбаев).

ТОЙТАҢ *Қозғалысы ерсі, шолжаң қимыл.* Қала бұл ***тойтаңды*** көтермейді (Р. Нұрғалиев).

ТОЙТАҢДА 1. *Ақсаңдау, тойтаң-тойтаң ету.* Көше бойымен ~п біреу келе жатыр. 2. *Шолжаңдау, ерсі қимылдау.* Бәлем, тым ***тойтаңдап*** кетіп едің (Исабаев).

ТОЙТАР 1. *Қағылған шегенің не бекітетін темір тетіктің екінші жақ шетін жалпақтап қайыру.* Сом балғамен біржолата ***тойтарған*** шегенің ұшындай (Әбілев). 2. *Бетін қайтару, қарсы соққы беру.* Рота шабуылды ***тойтарды*** (Жігер).

ТОЙТАРҚАР *Ойын-тамашаның аяқталғанын білдіру белгісі, салты.* Үй иесінің әні ***тойтарқар*** үні есепті болды (М. Әуезов).

ТОЙТАРМА *Кері қайрылған, тойтарылған.* ~ шеге.

ТОЙТАРЫС *Қарсы соққы берушілік, бетін қайтарушылық.* Кейбір жаңсақ пікірге ***тойтарыс*** береді (Есқожин).

ТОЙ-ТОБЫР *Түрлі жиын-той, той-томалақ.* Ылғи ***той-тобырда*** өртті өлеңмен сілейте тіліп отырар еді (Сатыбалдиев).

ТОЙ-ТОМАЛАҚ *Кішігірім ойын-сауық, шағын тамаша.* Бірер жерде ***той-томалақ*** болса, мүше Ыбрайым шалдың алдынан тарайды (Б. Майлин).

ТОЙТЫҚ 1. *Ақсақ, тоқір.* Дүйсен ~ келе жатыр. 2. *Екі өкшесін екі жаққа басатын, қисық өкшелі.* ~ өкшелі етік.

ТОЙТЫҚТА 1. *Ақсаңдау, аяғын сылтып басу.* 2. *Екі өкшесін екі жаққа жіберіп, қисық басу.* Қалың сақалды төртпақ кісінің ***тойтықтап*** жүргенін көрген (Бегалин).

ТОЙХАНА *Той-томалақ өткізетін орын, жай, үй.* Алда ***тойханаға*** тігілгендей, он шақты үй дөңгеленіп тұр (Т. Әлімқұлов).

ТОЙШЫ *Тойға келген қонақ.* Бәрің бірдей ***тойшы*** болғанша, біреуің қойшы бол (Мақал).

ТОЙШЫЛА *Той-тойлап кету.* ~п қайтты.

ТОЙЫМ *Ішім-жемге ризалық, қанағат, нысап.* ***Тойым*** деген болмайтын ба бір (Нұртазин).

ТОЙЫМДЫ 1. *Қарынды тез тойғызатын, тоқ.* ~ тамақ. 2. ***Тойымы*** *бар, қанағатшыл.* ~ жан.

ТОЙЫМДЫҚ *Тойымды болушылық, қанағаттық.* ~ керек (берсін).

ТОЙЫМСЫЗ *Тойымы жоқ, қомағай, нысапсыз.* Сатқындық жолы да жетелеген ***тойымсыз*** мансапқор құлқын желігі (О. Сәрсенбаев).

ТОЙЫМСЫЗДАН *Ашқарақтану, қомағайлану.* Тауларға дейін ***тойымсыздана*** қарайды (Жүнісов).

ТОЙЫМСЫЗДЫҚ *Қанағатсыздық, нысапсыздық.* ~ білдірді (пайда болды).

ТОЙЫҢҚЫ *Ішіп-жемге тойымды; нысапты.*

ТОК *Өткізгіштегі электр зарядының қозғалысы.*

ТОКАРЬ *Темір, ағаш тетіктерді жонатын істің шебері.*

ТОҚ I 1. *Тамаққа тойған, қарны тоқ.* Суықта ***тоқ*** отыр, жылыда аш отыр (Мақал). 2. *Ауқатты, әлді, ішіп-жемі жеткілікті.* Кім жұмыс істесе, сол ***тоқ*** (Мақал). 3. *Ауыс. Жұп-жуан, толық.* Қолға ~. ◊ **Тоқ бәйге** — *атты жаратпай-ақ қосатын, жақын қашықтықтағы жарыс.* ◊ **Тоқ ішек** — *адам мен жануарлар ішегінің ащы ішектен кейінгі бөлімі.*

ТОҚ II *Тоя ішіп-жеген астың қуаты.* Көк суды ішкенменен ***тоғы*** болмас (Мақал).

ТОҚ: тоқ етті — *тақ етті, күшті дыбыс естілді.*

ТОҚАЙЛАС *Бір жерге жиналу, бас қосыс.* Үлкен жиындарда талай ***тоқайласқан*** (Ләмбеков).

ТОҚАЛ I 1. *Қатын үстіне алған екінші әйел.*

ТОҚАЛ II *Мүйізі жоқ, тұқыл.* ~ ешкі. □ **Тоқал ешкідей қылды** — *бөтенсіп, жатсынып бәрі түртпекке алды.*

ТОҚАЛДАН *Құнтиып тұқылдану.* Оқ қырқып басы ***тоқалданған*** қарағайдың арасына келдік (Жұмақанов).

ТОҚАЛДЫҚ *Әйел үстіне тигендік.* ~қа алды.

ТОҚАЛТІС *зоол. Құйрығы келте, денесі жіңішкелеу, жатаған келген сұр тышқан.*

ТОҚАНАҚ *кәсіби. Темекінің байламы.* Он ***тоқанақ*** бір жәшік болады (Диал. сөз.).

ТОҚАШ *Әр түрлі етіп кесіп, майға пісірген немесе тандырға жапқан нан.* Майға ~ пісірді.

ТОҚЕТЕРІ *Істің ең басты түйіні, қысқа мәні, тұжырымы.* ~н айтты.

ТОҚМЕЙІЛ *Барға қанағатшыл, міне түтқыш.* Базаралы бір үйінен шалап ішсе де ***тоқмейіл*** бопты (М. Әуезов).

ТОҚМЕЙІЛДЕН *Барды қанағат ету, міне түту, қанағаттану.* Қалқабек іштей ***тоқмейілденіп*** жүретін (Иманбеков).

ТОҚМЕЙІЛДІК *Тоқмейіл болушылық, қанағаттылық.* Мүқиттың өңінде ***тоқмейілдік*** белгісі байқалып еді (Сыланов).

ТОҚМЕЙІЛСУШІЛІК *Қанағат етушілік, міне тұтушылық, көңілге тоқ санаушылық.* Бұл табыстар -ке жол бермейді.

ТОҚМЕЙІЛСІ *Барды қанағат ету, міне тұту.* Бәрінен де қол жеткен табысқа ***тоқмейілсіп,*** тоқырап қалу жаман (Ақ бидай).

ТОҚПАҚ 1. *Бір нәрсені жерге ұрып қағатын жуантық келген кеспелтек қолағаш.* Қайың ***тоқпақты*** қолына алып қазықты қатайтып қақты (Жұмаділдин). 2. *Ауыс. Соққы, жаза, тепереіш.* Балалар үйіне келгелі біраз ***тоқпақты*** көрді де (Жүнісова). ◊ **Тоқпақ жал [жалды]** — *қалыңдау келген қою, ұзын жал.* **Тоқпақ жеді** — *соққы көрді, таяқ жеді.*

ТОҚПАҚТА *Үсті-үстіне төпеп ұру, ұрғылау.* ***Тоқпақтамасаң*** қазық та енбейді ғой жерге (Нұршайықов).

ТОҚПАҚТАЙ *Жуантық келген, жұп-жұмыр, кеспелтектей.* ***Тоқпақтай*** қара шашын арқасына серпіп тастағанда көрсеңіз (Шойбеков).

ТОҚПАН: тоқпан жілік — *жауырын мен кәрі жілік аралығындағы сүйек, тоқпақ жілік.*

ТОҚСАН I *Тоғыз бен он санының жиынтығын білдіретін есептік сан.* - сом, жасы -ға келді. ◊ **Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні** — *әңгіменің тоқтар жері, тоқетері.* **Тоқсан толғанды** — *көп ойланды.* **Тоқсан түрлі** — *сан қилы, көп.*

ТОҚСАН II 1. *Жылдың төрттен бір бөлігі, ширегі.* Өткен жылдың екінші ***тоқсанынан*** бері істеп келеді (Жәмішев). 2. *Мектептегі оқу жылының төрттен бір бөлігі.* Педсоветте бірінші ***тоқсанның*** қорытындысы талқыланды ("Халық мұғ.").

ТОҚСАНЫНШЫ *90-ға қатысты реттік сан.* - жыл (кезек).

ТОҚСЫН *Қанағат тұту, тоғаю.* -ған белгісін көре алмады.

ТОҚСЫР *Ошақтағы жанып жатқан отынды қағыстырып сыру.* ***Тоқсырып*** кәрі аршаны, от маздатқан Шал үйін сағынушы ек біз ерекше (І. Жансүгіров).

ТОҚТА 1. *Кідіріп тұрып қалу; аялдау.* Поезд далада ***тоқтап*** қалды (Қайымов). 2. *Бір жерге түсіп жайғасу, орналасу.* Зина оның кімнің үйіне ***тоқтағанын*** біледі (Тоқаев). 3. *Ауыс. Жүйелеп баяндау, түсіндіру.* Қазақ тілінде шыққан кітаптарға ***тоқтап*** өтсек дейміз ("Қаз. әдеб".) 4. *Ауыс. Тұжырымды шешімге келу, үйғару.* Жолын күтіп не қылам деп ***тоқтаған*** (Д. Досжанов). 5. *Ауыс. Бала көтеруден қалу, тоқтасу.* Баладан -п қалған әйел. 6. *Биенің айғырдан, сиырдың бұқадан, қойдың қошқардан шығып, күйі басылуы.* Бірер бие ***тоқтап*** та кеткен (Әбдіразақов). Сиыр бұқаға ***тоқтамай*** ала жаздай қашпақ болды (Х. Арғынбаев).

ТОҚТАЛЫС *Қозғалысы тыйылған кідіріс, үзіліс.* ***Тоқталыс*** болмас енді көп (Т. Молдағалиев).

ТОҚТАМ 1. *Бір шешімге келген байлам, қорытынды, түйін.* Бір -ға келді, -ын айтты. 2. *Қойылатын шек, тыйым.* Үрейлі сөз ғана үйқыға ***тоқтам*** салғандай (Сегізбаев).

ТОҚТАСҚАН *Жасы келіп, есейген, мосқал тартқан.* Қазір орта жасқа келіп, ***тоқтасқан*** азамат қатарында (Байтанаев).

ТОҚТАУ *Белгілі бір іс-әрекеттің жалғаса түсуіне бөгет болатын кідіріс, тоқталыс.* Осыған ***тоқтау*** болар күн бар ма (О. Сәрсенбаев). ◊ **Тоқтау айтты [салды]** — *жұбатты, көңілін басты.*

ТОҚТАУЛЫ *Әр нәрсеге ақыл-парасатпен қарайтын, байыпты, салиқалы.* - адам.

ТОҚТАУСЫЗ 1. *Ешбір кідіріссіз, іркілусіз.* - жүріп келеді, қар - жауды. 2. *Кедергісіз, дереу.* Қызметке - алды.

ТОҚТЫ *Қойдың алты айдан асқан, кепеден үлкен төлі.* Қошақаннан қозы, қозыдан марқа, марқадан бағлан, бағланнан кепе, кепеден ***тоқты*** болып жетіледі (Қыдырбекұлы). ◊ **Тоқты қошқар** — *күйекке енді түсе бастаған еркек тоқты.*

ТОҚТЫБАЛАҚ *Дуадақтың халық тіліндегі атауы.*

ТОҚТЫҚ 1. *Тойғандық, тоқ болушылық.* Тамақтың ***тоқтығы,*** киімнің бүтіндігі жанға пайда (С. Омаров). 2. *Ағыл-тегіл молшылық, баршылық.* Ораза-намаз ***тоқтықта*** (Мақал). ◊ **Тоқтық тартты** — *жас баланың ернін пырылдатып ойнауы.*

ТОҚТЫ-ТОРЫМ *Әлі өсіп жетіле қоймаған қойдың жас тұқымы.* Әзірше ***тоқты-торымға*** риза бола тұр (С. Мұқанов).

ТОҚТЫШАҚ *Тоқты сөзінің кішірейтіліп айтылғаны.* Тоғыз қабат торқадан — ***тоқтышақтың*** терісі артық (Мақал).

ТОҚУШЫ *Тоқу ісімен шұғылданушы, тоқымашы.*

ТОҚУШЫЛЫҚ *Тоқушы болушылық, тоқымашылық.* Кілем -.

ТОҚШЫЛЫҚ *Молшылық, баршылық жағдай.* Тарбағатайдың күңгей жағы ***тоқшылық*** көрінеді (Жұмаділов).

ТОҚЫ I 1. *Әр түрлі жіпті арлы-берлі, айқұшұйқыш шалып, өріп, өрнек не қол арқылы мата, кілем, алаша сияқты заттарды жасау, дайындау.* Ондық шамның сәулесімен шәлі ***тоқып*** отыр екен (М. Жұмағұлов). 2. *Ауыс. Жете түсініп ұғып алу, үйрену, меңгеру.* Оқыған емес, ***тоқыған*** озады (Күмісбаев).

ТОҚЫ II *Көліктің арқасына тоқым салу, жабу.* Атына тоқымды -и сала мініп алды. ◊ **Жауырды жаба тоқыды** — *шындықты бұркеді, жасырды, сыр бермеді.*

ТОҚЫЛ *Тоқ-тоқ етіп шыққан дыбыс.* Қойма қарауылының тоқпағының ***тоқылы*** ғана естіледі (Сараев).

ТОҚЫЛДА *Тоқ-тоқ етіп дыбыс шығару.* Балғаның бір қалыпты баяу ***тоқылдағаны*** жетіп тұр (Әлімжанов).

ТОҚЫЛДАҚ *Сарғыш жолағы аралас шұбар түсті орман құсы.* ***Тоқылдақ*** тұмсығымен күн көреді (Мақал).

ТОҚЫМ *Аттың арқасына ер батпас үшін сыртын мата не былғарымен қаптап, айнала шетін көмкеріп, киізден жасалған ер-тұрман жабдығы.* Көкем ***тоқымды*** өзі салып, өзі ерттеп берген (Қ. Омаров). ◊ **Тоқымы кеппес** — *дамылсыз жортушылық.*

ТОҚЫМА 1. *Бір нәрсемен шалып тоқыған, тор көзді.* - жемпір, көйлек. 2. *Мата тоқу ісімен шұғылданатын кәсіпорын, мекеме.* - комбинаты (өнеркәсібі).

ТОҚЫМАШЫ *Өндіріс жағдайында мата тоқу ісімен шұғылданатын маман.* - боп жұмыс істейді.

ТОҚЫМАШЫЛЫҚ *Тоқымашы болушылық.* -қа үйретеді.

ТОҚЫМДА *Мінетін көлікке тоқым салу.* ~п мінді.

ТОҚЫМДАЙ *Тоқым сияқты шағын ғана, кішкентай. Тоқымдай* киізің де жоқ (Өбдірахманов).

ТОҚЫМДЫҚ *Тоқымның төменгі жиегінің ішкі беті тиіп тұратын ат қабырғасының үстіңгі жағы.* Су аттың ~ғынан келеді.

ТОҚЫМҚАҒАР *этногр. Жол жүріп бара жатқан немесе жолаушы адамға сәт сапар тілеп берілетін кәделі ырым.* Жолашарды да, *тоқымқағарды* да өздерің өткізіңдер (С. Мұқанов).

ТОҚЫР *Көп нәрсенің дүрсілінен тоқылдаған дыбыс.* ~ естілді.

ТОҚЫРА 1. *Сәл кідіру, тоқтау, бәсеңсу, бөгелу.* Үй-іші алғашқы жылаудан *тоқырап* қалды (М. Әуезов). 2. *экон. Өнеркәсіп, өндіріс орындарының өнім, табыс бермей дағдарысқа ұшырауы.*

ТОҚЫРАЙ *Басы тап-тақыр боп қалу.* Басы *тоқырайып* жатқан Бақтияр (Қ. Жұмаділов).

ТОҚЫРАУШЫЛЫҚ *Тоқырап қалушылық.* Экономикалық ~.

ТОЛ 1. *Бір нәрсенің ішіндегі заттың деңгейіне, кенересіне жете шұпілдеуі.* Шелек суға ~ды, қоржынын ~тырды. 2. *Белгілі бір жасқа келіп, мерзімді уақытқа жету.* Жасы отызға ~ды. 3. *Ауыс. Ет алу, семіру, қоңдану. Тола* түскен Сейімханның нұрлы жүзіне байыптай қарады ("Қаз. әдеб."). ◊ **Көңіл толды** — *разы болды, қанағаттанды.*

ТОЛАҒАЙ I *Толассыз соғатын жел.* Тоқтамай соққан *толағай* Толастар мезгіл жеткей-дүр (Алдаспан).

ТОЛАҒАЙ II *көне. Түгі жоқ, тап-тақыр, жалаңаш.* Тау *толағай* көрінер тасы кетсе (Алдаспан).

ТОЛАЙ *көне. Қорамсақ, қорамса.* Ата бер қалмақ сен деді. *Толайына* қалмақ қол салды (Батырлар жыры).

ТОЛАЙЫМ *Жалпы, тегіс, тұгел дерлік.* Қауынды арзанға *толайым* көтере сатып алады (Мұртазаев). Кейде *толайым* жоқ боп кетеді (Қанахин).

ТОЛАРСАҚ *Асық жіліктің тобықпен тұйіскен жеріндегі бөлек тұратын шодырайған қисық сүйек.* Жендеттің *толарсағынан* торс еткізіп қағуға ғана шамасы келді (Сматаев). ◊ **Толарсақтан су (қан) кешті** — *қиыншылық күнді басынан өткізді.*

ТОЛАРСАҚТА *Суға, батпаққа толарсаққа дейін бату.* Ақ қарды *толарсақтап* кешіп келеміз (Мырзағұлов).

ТОЛАС *Сәл кідіріс, саябыр шақ, тыным.* Өн ~ болды. ◊ **Толас тапты** — *бәсеңсіді, толастады.*

ТОЛАССЫЗ *Тоқтаусыз, тынымсыз, дегбірсіз.* Есірік боран *толассыз* соғып тұр (Иманбаев).

ТОЛАСТА *Саябырлау, тыным табу, тыныштану.*

ТОЛҒА 1. *Бұрай қозғап, үйіре айналдыру, шиыру.* Желкеден сығып *толғаған* азу босатар емес (Жүнісов). 2. *Мақамға қосып, жыр ғып шерту.* Ол қазір Едігеге арнап айтқан жырын *толғап* отыр (Есенберлин). 3. *Бір нәрсе жайында терең ойға шому.* Нақыл сөздермен ой *толғап* үйрендім (М. Әлімбаев). 4. *Жалмау, жеу, жұту.* Жалмауыз сиырлар аузына түскен нәрсені *толғап* жей салады (Диал. сөз.). ◊ **Толғап тартты** — *садақты кере тартып атты.*

ТОЛҒАҚ 1. *Босанар алдындағы іштің қатты бүріп, белді сырқыратып ауыруы.* Арқа бәйбішенің *толғағы* да ауыр болды (Ө. Нұршайықов). 2. *Ауыс. Қатты ойландыратын толғаныс, тебіреніс.* Осы ойдың *толғағымен* кабинетіне оралып, қолын жуды (Шашкин). ◊ **Толғағы жетті** — а) *екі қабат әйелдің айы-күні толды, босанар уақыты жетті;* ә) *бір нәрсенің, істің сәті түсті, орайы келді.*

ТОЛҒАМ *Қисынымен топшылап, жан-жақты пайымдаған ой, пікір.* Өмір жайлы *толғамы,* мөлдір сырлары жазылды (Қ. Жиенбаев).

ТОЛҒАН *Бір нәрсе жайында терең ойға бату, қиялдану.* Келешегің туралы *толғана* біл (Асқан асу).

ТОЛҒАНЫС *Адамның терең ойға шомған қалып-күйі, тебіреніс.* Асығыс емеспін, — дедім *толғанысымды* зорға басып (Жақанов).

ТОЛҒАНЫСТЫ *Толғанысқа толы.* Ақыры *толғанысты* ой өз шешімін тапты (Береке бастауы).

ТОЛҒАТ 1. *Босанар алдында бел сырқырау, бебеу қағу.* Келіні *толғатса,* Қарт әже бірге толқыды (М. Хасенов). 2. *Ауыс. Кеңінен ойлап, толғану. Толғатып* жүріп тапқан нәрсені қалай тастап кетерсің (Байжанов).

ТОЛҒАУ *Жырау мен ақынның белгілі бір оқиғаға немесе біреуге арнап төгілтіп айтқан өлеңі, жыры.* Тоқтағұлдың толқын атқан *толғауын* жырладым (Шипин). ◊ **Толғау толғады** — *жыр шертті.*

ТОЛҚЫ 1. *Желдің әсерінен су (егіс, шөп, т. б.) үсті бұйраттанып, шайқалып, ырғала тербелу.* Көл беті ~иды. ~иды егін даласы. 2. *Тынышы кетіп қобалжу, абыржу.* Байқамаса болмайды, — деді іштей *толқып* (Ниязбеков). 3. *Тебірену, толғану.* Өзі ән шығарып айтқанда жан дүниең *толқиды* (Иманбеков).

ТОЛҚЫМА I *Сырлы, әуенді, әуезді.* ~ деген ән атауы — оның әуезінің байлығын білдіреді.

ТОЛҚЫМА II *Құбылып тұратын, айнымалы.* Өзім оқытам дегені көкейіне *толқыма* ой салды (Д. Досжанов).

ТОЛҚЫМАЛЫ 1. *Аумалы-төкпелі, айнымалы.* Менің *толқымалы* күйімде шаруасы да болған жоқ (Тілеуханов). 2. *Тербемелі, ырғақты.* Жырымды төгейін бір *толқымалы* (Айтыс).

ТОЛҚЫН 1. *Желдің әсерінен теңіз, өзен (егіс, шөп, т.б.) бетінің жал-жал боп тербелісі, ерсілі-қарсылы шайқалысы.* Терең теңіздің тулаған *толқындары* (Ғ. Мүсірепов). 2. *Физикалық ортадағы ауа тербелісінің қозғалысы.* Бақылау рациясы 700 метрлік әуе *толқынында* маңызды хабар ұстады (Тоқаев).

ТОЛҚЫНДА *Теңіз, өзен (егіс, шөп) үсті шайқалып, жал-жал боп ырғалу, қозғалу. Толқындады* дән-ырыс жауып жалпақ өңірді (Мәмбетов).

ТОЛҚЫНЫС *Іштей қобалжыған толқу, тебіреніс.* Бұл қуаныштан туған *толқыныс* еді ("Лен. жас").

ТОЛТЫР *Іс қағазының тиісті жеріне мәліметтер жазып шығу.* Бухгалтер әйел ұсынған бланканы *толтырды* (Шүкіров).

ТОЛУЛЫ I *Толған, толы.* Бокалдар шарапқа *толулы* (Шүкіров).

ТОЛУЛЫ II *Жаңа, әдемі. Толулы* бір түндігің (Алдаспан).

ТОЛЫ 1. *Ішіндегі нәрсесі кемеріне дейін жеткен, лықылдап тұрған.* Қымыз *толы* зерен тос-

тағанын алдына қойды (Әбуталиев). 2. *Қыруар мол, көп.* Кеңседе адам *толы* екен (Мұратбеков).

ТОЛЫҚ I 1. *Кем емес, тұгел, тұтас.* Жұн тапсыру жоспары *толық* орындалған (Ермеков). 2. *Толы, толған.* ◊ **Толық қанды** — *жан-жақты тереңдігімен ерекшеленген.*

ТОЛЫҚ II 1. *Үстемелеп қосылу, молая түсу.* Ақыл ойы ~ты. 2. *Ет алу, семіру.* Денесі *толығып,* сопақтау беті дөңгеленген сияқты (С. Мұқанов).

ТОЛЫҚСЫ 1. *Күш-қуаты кемеліне келіп, құлпырып, бабында болу.* Қыз баланың қызыл алмадай нағыз *толықсыған* шағы (Нәбиев). 2. *Әрлі-берлі ырғалып теңселу, бұрала былқылдау.* Күйіне *толықси* билеп жүргенін байқады (Жакенов).

ТОЛЫҚТА *Істің кемесін толтыру, жетілдіру, молықтыра түсу.* Осы аңызды *толықтай* түсу мақсатымен келдім (Ө. Нұршайықов).

ТОЛЫҚТАЙ *Тұгел дерлік, тұтастай.*

ТОЛЫҚТАМА *Олқылықты, кем-кетікті толықтыра түсетін қосымша.* Баяндамаға ~ жасады.

ТОЛЫҚТАУ 1. *Толығырақ, молдау.* Жігіттер тобы *толықтау* ("Лен. жас"). 2. *Етжеңділеу, семіздеу.* ~ адам.

ТОЛЫҚТЫҚ *Етжеңділік, толық болушылық.* Денесінің *толықтығына* қарамай жеңіл жүреді (Шүкіров).

ТОЛЫҚТЫР *Бір істің кем-кетігін толтырып, олқылығын жетілдіре түсу.* Өз білімін ұдайы *толықтырып* отырды ("Лен. жас").

ТОЛЫҚТЫРМА *Үстемеленген қоспа.* Ақынның өз *толықтамасы* (Ғ. Мүсірепов).

ТОЛЫҚША *Толықтау, семізше.* ~ келген.

ТОЛЫҚШАЛАУ *Онша толық емес, семізшелеу.* ~ аққұба келіншек.

ТОЛЫМДАЛ *Орнына келу, қалпына түсу, тола түсу.* Толысып, *толымдалды* орта кемім (И. Байзақов).

ТОЛЫМДЫ *Жеткілікті дәрежеде, толық, салиқалы.* Дихан мамандығы жайлы талай *толымды* ойлар толғады (Досанов).

ТОЛЫМДЫЛЫҚ *Толымды болушылық, салиқалылық.* Мұнша *толымдылықты* Мәликеден қызғану да бар (Әбілев).

ТОЛЫМСЫЗ *Толымды емес, болымсыз.* Театрдың *толымсыз* туындылары болмай қалған жоқ (Ф. Оразаев).

ТОЛЫМСЫЗДЫҚ *Толымсыз болушылық, жұпынылық.*

ТОЛЫС 1. *Ет алып, оңалу, тола түсу.* Денесі *толыса* түскен (Тоғысбаев). 2. *Ауыс. Кемеліне келу, жетілу.* Ақылы ~ты, творчествосы ~ты.

ТОЛЬ *Үйдің төбесін жабуға қолданылатын, су өткізбейтін қалың қатты қағаз; картон.*

ТОМ *Белгілі бір шығарма басылымының жеке бір кітабы.*

ТОМАҒА *Қыран құстың көзін жауып тұру үшін басына кигізіп қоятын былғары тұмылдырық. Томағасы* алынған алысқа ұшар қырандай (Самұратов). ◊ **Томаға тартты** — *құстың тұмылдырығын сыпырды.*

ТОМАҒАЛА *Қыран құсқа томаға кигізу.* ~нған бүркіт.

ТОМАҒА-ТҰЙЫҚ 1. *Ешкіммен аралас-құраласы жоқ, оқшау, қағыс.* Ағажайдың өз-өзінен тыныш *томаға-тұйық* жүруі осыдан шығар (Бөкеев). 2. *Үнтұнсіз, сөзге келмей. Томаға-тұйық* айдауға кете барған ол (Талжанов).

ТОМАҒА-ТҰЙЫҚТЫҚ *Томаға-тұйық болушылық. Томаға-тұйықтық* әдебиетті өрге бастырмақ емес ("Қаз. әдеб.").

ТОМАҚ *Қорқақ, батылсыз, тартыншақ.* Алмаққа жігіт сырын көзді айтамын, көз *томақ* әлі саған дозды айтамын ("Айтыс").

ТОМАР I *Ағаштың кепкен түбірі, құлап түсіп көп жыл жатқан кебу қарағайдың бөлшегі.* Үлкен қарағайдың ығындағы *томарға* отырды (Мұқаев).

ТОМАР II *Су мол жайылған, шөптесін келген, төмпешігі көп, сазды жер.* Суы мол *томарға* кеп аялдады (Жүнісов).

ТОМАРБОЯУ *бот. Көбіне тері бояйтын қызғылт, күлгін түсті топырақ, содан жасалатын бояқ.*

ТОМАРДАЙ *Томар сияқты, дөңбектей, үлкен. Томардай* жұдырығы шекесіне сарт етіпті (Түрсынқұлов).

ТОМАРДӘРІ *бот. Орман мен таулы шабындықта өсіп-өнетін шөптесін, улы өсімдік.*

ТОМАРША *Кіші-гірім томар.* Шоқының баурайында *томарша* көп екен (Кекілбаев).

ТОМАТ *Қайнатып дайындалған помидор шырыны.*

ТОМАША *Шымшық тектес кішкентай құс. Томаша* тоғыз жұмыртқалайды, біреуі ғана бұлбұл болады (С. Мұқанов).

ТОМАШАДАЙ *Томаша сияқты, кіп-кішкентай.* ~ шағын денелі (қыз).

ТОМДА *Әлденеше кітап, том етіп шығару. Томдап* жазған кітаптары бар (С. Мұқанов).

ТОМП: томп етті — *дұрс етіп құлап түсті.*

ТОМПАЙ *Сыртқа қарай дөңестеніп шығып тұру, томпақтану.* Үстінде *томпайып* жатқан бейіті бар (М. Әуезов).

ТОМПАҚ 1. *Жазық емес, дөңес.* ~ бет жігіт. 2. *Ауыс. Қисынсыз, ерсі, ретсіз.* ◊ **Заңға томпақ** — *қағидаға сай келмейтін, керегар, қайшы.*

ТОМПАҚТАН *Томпиғандау, дөңбектеу, шығыңқылау. Томпақтана* көрінетін кеудесінде медаль жарқырайды (Нұршайықов).

ТОМПАҚТАУ 1. *Аздап томпақ, дөңестеу, шығыңқылау.* ~ бетті әйел. 2. *Ауыс. Ерсілеу, жөнсіздеу, орынсыздау.* Мына мінезі тым *томпақтау* көрінсе керек (Ә. Сәрсенбаев).

ТОМПАҚТЫҚ *Томпақ болушылық, оғаштық, ерсілік.* Сөзінде бір *томпақтық* кездеспесін десеңіз ("Лен. жас").

ТОМПАҢ: томпаң қақты — *астыңғы-үстіне түсіп бәйек болды.*

ТОМПАҢДА *Томпаң-томпаң ету.* Бала ~п үйіне қарай жүгіріп кетті.

ТОМПИ 1. *Моп-момақан, сұп-сұйкімді болып көріну.* Уызға тойған қозыдай *томпиып* отырды (Сарбөпин). 2. *Дымпию, дөңкию, томпаю.* Құмырсқаның илеуіндей боп *томпиған* қараша үйлер (Сқақбаев).

ТОМСАР *Үн қатпай бұртию, тұнжырау. Томсарып* жабыңқы отырған анасына қарады (Мұстафин).

ТОМСАРЫҢҚЫ *Аздап томсарған, өкпелі.* Өз ажары да бүгін жайшылықтағыдай *томсарыңқы* (М. Әуезов).

ТОМСЫРАЙ *Үнсіз тұнжырау, томсару.* Ұрысқан кісіше *томсырая* қалдыңдар (Нәбиев).

ТОМ-ТОМ *Әлденеше том.* ~ кітап.

ТОМЫР *Кесегімен омыру.* Балымның *томырғаны* май емес пе (Сейдімбеков).

ТОМЫРТҚА *Қар қосып, мұз салып салқындатылған сусын.*

ТОМЫРЫҚ *Жайшылықта момын көрінгенмен, ашуланса, ырық бермейтін, морт кететін тік мінезді.* Еңгезердейдің *томырық* мінезін білетін (Т. Нұртазин).

ТОМЫРЫҚТАН *Томырық мінезді болу.* Қатуланып, *томырықтана* сөйледі (М. Әуезов).

ТОМЫРЫҚТАУ *Тұйықтау, тік мінезділеу.* Басқарма ағасының мінезі де *томырықтау* (Майлин).

ТОМЫРЫҚТЫҚ *Томырық мінезділік, күрт ашуланғыштық.* Соншалық *томырықтығына* ызасы келді (Мұқаев).

ТОН I *Иленген қой терісінен жүнін ішіне қаратып тіккен жылы сырт киім.* Майданға кеткен әкелерінің *тонын* киіп алыпты (Өмірбеков). ◊ **Тонның ішкі бауындай** — *біте қайнасқан, етене жақын.*

ТОН II *муз. Белгілі бір сазды дыбыс, үн.*

ТОНА *Біреудің мүлкін зорлап тартып алу, талан-таражға салу.* Жол торып кісілерді ~ды.

ТОНДЫ 1. *Тоны бар, тон киген.* Сәлима *тонды* кісіге қарады (Нұрманов). 2. *Ауыс. Сырт киімі келісті.* Айт аттінікі, той *тондынікі* (Мақал).

ТОНЗИЛЛИТ *мед. Жұтқыншақ безі ісетін ауру.*

ТОНИКА *муз. Музыка аспабының ең басты, жоғары үн беретін ішегі.*

ТОННА *Метрикалық жүйедегі мың килограммға тең салмақ өлшемі.*

ТОННАЖ 1. *Кеменің тонна есебімен салмағы не көлемі.* 2. *Вагонның, сондай-ақ автомобильдің көтеретін жүгінің салмағы.*

ТОННАЛА *Тонна-тоннасымен.* ~п дайындады (өткізді).

ТОҢ 1. *Жер қыртысының суықтан тоң боп қатып қалған төпырақ қабаты.* Асты кедір-бұдыр мұз немесе *тоң* (Мағауин). 2. *Ауыс. Көңілде тас боп қатып қалған қаяу.* Көңілдегі ~ жібіді. □ **Тоң май** — *ерітіп қатырылған іш май.* ◊ **Тоң мойын [мінез]** — *ырыққа көнбейтін бір бет, қыңыр.*

ТОҢАЗЫ 1. *Салқынның әсерінен суып, қату.* ~ған ет (көл). 2. *Дененің аздап мұздап, тоңуы, жаурай бастау.* Өне бойы тұтас ~и бастады.

ТОҢАЗЫТҚЫШ *Азық-түлікті салқын температурада сақтап тұру үшін пайдаланылатын электр қуатымен жұмыс істейтін құрылғы. Тоңазытқыштағы* тамақты жылытып ішіңдер (Төреханов).

ТОҢҒАҚ I *Уыз емген мал төлінің ішінен түсетін қорек қалдығы.* Жас төлдің *тоңғағына* қолым былғанады деп қорынбаймын (Ләмбеков).

ТОҢҒАҚ II *Суыққа шыдамсыз, тез тоңатын.* Ол ~ адам болатын.

ТОҢҒАҚТА *Төлдің іші бұзылып, жиірек тоңғақ шығару.* Уызға тойған бота *тоңғақтайды* (И. Жұмағұлов).

ТОҢҒАҚТЫҚ *Тоңғақ болушылық, жаурағыштық.* Қаны аз адамның ~ғы белгілі.

ТОҢҒЫСЫЗ *Тоңбайтын, тоңа қоймайтын.* Күн май ~.

ТОҢДАН *Жер қыртысының суықтан мұздап қатуы.* Қалың жауған қар топырақты ~ып қатудан сақтайды.

ТОҢҚ: тоңқ етті — *дүрс етті, дүңк ете қалды.*

ТОҢҚАЙ *Еңкейіп басты тізеге дейін ию.*

ТОҢҚАЙМА *Бірнеше уықпен көтере салған киіз жаппа.*

ТОҢҚАЛАҢ: тоңқалаң асты — а) *аягы аспаннан келе омақа асып жығылды;* ә) *жеңілді, әшкереленді, мерт болды.*

ТОҢҚАЛАҢДА *Тоңқаң-тоңқаң ету, тоңқаңдау. Тоңқалаңдап* жүгіріп келем (Шашкин).

ТОҢҚАҢ: тоңқаң етті — *еңкең етті.*

ТОҢҚАҢДА *Тоңқаң-тоңқаң ету, тоңқалаңдау.* Қасен *тоңқаңдап* бакке жанармай құйып жатыр (Қабанбаев).

ТОҢҚИ *Бір жағына жамбастап бүктеле қисаю.* Өкпелеген боп теріс қарап *тоңқиып* жатты (Т. Нұрмағамбетов).

ТОҢҚ-ТОҢҚ: тоңқ-тоңқ етті — *солқ-солқ, зірк-зірк қозғалды; дүңк-дүңк сөйледі.*

ТОҢҚЫ *Артқы екі аягымен ауа теуіп мөңку, тулау.* Аяғын арбандатып *тоңқып* та көрді (Мұртазаев).

ТОҢҚЫЛ *Іші қуыс нәрсені ұрғаннан шығатын дыбыс.* Барабанның ~ы.

ТОҢҚЫЛДА 1. *Тоңқ-тоңқ етіп қозғалу.* Жолсызбен *тоңқылдаған* тарантас секілді (Р. Тоқтаров). 2. *Тоңқ-тоңқ етіп сөйлеу, бұртиып дүңкілдеу.* Бәлсіне *тоңқылдай* сөйледі (Сараев).

ТОҢҚЫЛДАҚ *Тоңқ-тоңқ еткізетін, кедір-бұдыр; дүңкілдегіш.* ~ жол (арба).

ТОҢ-ТЕРІС *Томырайып қатып қалған, томағатұйық.* Әуелде екеуі бір-біріне *тоң-теріс* күйде үнсіз жатты (Т. Нұрмағамбетов).

ТОҢЫРАЙ *Тымырайып қатулану, үндемей бұртию, томсырау. Тоңырайған* тоң мінезді баласы бар (И. Байзақов).

ТОП 1. *Адамдардың басы қосылған шағын жиын, бір шоғыр.* Артқы *топ* Ақылбай, Мағаш, Кәкітай, Дәрмен болатын (М. Әуезов). 2. *Қоғамдағы өндірістік тәсілдерге сәйкес пайда болатын әлеуметтік жік.* Әлеуметтік ~тар. ◊ **Тобын жазбады** — *бірлікте болды, шашау шықпады.* **Топ басы** — *кіші-гірім қауым басшысы.* **Топ жарған** — *суырыла шығатын талант иесі, жұрттан озған жүйрік.*

ТОПАЙ 1. *Жылқының бақайшақ сүйегі.* Жүзбасы аттың *топайына* қарап, асыл тұқымнан екен деген қорытындыға келді ("Қаз. әдеб."). 2. *Ірі қара малдың асығы. Топай* атып жүрген балалар (С. Жүнісов).

ТОПАЛАҢ 1. *Қойда болатын жұқпалы кесел, індет. Топалаң* келген қойдай қырылатын (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Үрей ұшып, әбігерге түскен астаң-кестең дүрлігіс.* Жаңағы бір *топалаңда* қосақ арасында босқа кетіп қалмады ма екен (Райымқұлов). **Топаланға салды** — *опыр-топырға қосып жібереді.* ◊ **Топалаң келгір!** — *қойға және балаға айтылатын қарғыс; қырғын тигір.*

ТОПА *Бастырылған астықтың дән қауызы, шөп-шары араласқан майда қалдығы. Топаны* желге ұшырылып қызылданған бидай құырылды (Жұртбаев).

ТОПАН: топан су *(миф.)* — *Діни наным бойынша бүкіл жер бетін басатын әлемдік тасқын, сел.*

ТОПАНДА I *Астықты майда шөп-шардан ажырату үшін сапыру.* Астықты ~ды.

ТОПАНДА II *Ағыл-тегіл төгілу, селдеу.* Кету керек көк нөсердей ***топандап*** (Мәуленов).

ТОПАС *Ой-өрісі тар, надан, пасық.*

ТОПАСТАН *Топас болу, пасықтану.*

ТОПАСТАУ *Ой-өрісі тарлау, кеңелеу, пасықтау.* Әкесіне тартпаған ***топастау*** бала (Соқпақбаев).

ТОПАСТЫҚ *Топас болушылық.* Қандай ***топас*** десеңші (Тоқаев).

ТОПАТАЙ *Ағаштан жасалған кішкентай шұңғыл ыдыс.* ***Топатайға*** айран құйып алып қозы жайған (Шөкенов).

ТОПОГРАФ *Топография маманы.*

ТОПОГРАФИЯ 1. *Геодезия ғылымының жер бедері құрылысын өлшеп, картаға түсіру ісіне арналған саласы.* 2. *Жер беті мен ондағы жеке пункттердің картадағы орналасу көрінісі.*

ТОПОНИМИКА *Ономастика ғылымының географиялық атауларды зерттейтін саласы.*

ТОПОНИМИЯ *Белгілі бір жердегі географиялық атаулардың жиынтығы.*

ТОПСА *Есік-терезенің бір жақ жақтауы мен таянышқа орнатылатын жылжымалы темір.* ◊ **Топсасы босады** — *көңілі босады, елжіреді.*

ТОПСАЛА *Екі нәрсенің қиюына топса орнату.* Белінде ***топсалаған*** қармақ белбеу (Тастайбеков).

ТОПТА *Бір жерге топ-топ етіп жинау, жинақтау.* Ол қала жастарын төңірегіне ***топтады*** (Нұрпейісов).

ТОПТАМА *Тақырыбы мен мазмұны жағынан өзара жақын шығармалар жинағы.* Қазақ әндерінің ~лары.

ТОПТАС *Бас құрап бірігу.*

ТОП-ТОЛЫҚ *Әжептәуір толық, тығыршықтай.* ~ қара домалақ бала.

ТОП-ТОМПАҚ *Томпиып тұрған, томпиған.* Үлбіреген ерні ~.

ТОП-ТОП *Әлденеше топ, шоғыр-шоғыр.* Әскер ~ болып аттанды.

ТОПТЫ: **топты жан (бала, кісі)** — *бір үйге шоғырланған қауым, біраз жұрт.*

ТОПШЫ *Адам қолының, құс қанатының кеудеге жалғасқан жері.* ***Топшысы*** сынған қыран өліп жатыр (Досанов).

ТОПШЫЛА *Бір нәрсе жайлы ойша жорамал жасау, болжау.* Хакімжанның өнерге келу жолын ***топшылап*** отырмын (С. Байжанов).

ТОПЫ *Жан-жағы тік, төбесі шошақ, жеңіл тақия.* ***Топысын*** киіп сөз бастады (Жұмаділдин).

ТОПЫЛДА *Топ-топ ету, топырлау.* Қозған-қозған қойса алма ***топылдап*** түсіп жатады (Дәулетбаев).

ТОПЫР *Жиналған нөпір, топ, ығы-жығы адам.* Үйі ***топырдан*** арылып көрген емес (А. Байтанаев). ◊ **Топыр салды** — *асыр салды, топырлады.*

ТОПЫРАҚ *Жердің үстіңгі жұмсақ қабаты.* Құнарлы ~, сары ~. ◊ **Топырағы торқа болсын!** — *марқұмның жатқан жері жайлы болсын.* ◊ **Топырақ бұйырды** — *жерленді.*

ТОПЫРАҚТАН *Топыраққа айналу.* Қара ~ған жер.

ТОПЫРАҚТАНУ *Топырақты, оны тиімді пайдалану тәсілін зерттейтін ғылым саласы.* ~ ғылыми зерттеу институты.

ТОПЫРАШ *Бітімі, жүрісі жайсыз ат.* Қойдың мимырт аяңына үйренген ***топыраш*** жеткізіп келер деймісің ("Қаз. әдеб.").

ТОПЫРАШТАУ *Жүрісі жайсыздау, нашарлау.* ***Топыраштау*** атын шанаға жекті (С. Мұқанов).

ТОПЫРЛА *Көп болып жиналу, ұйме-жұйме болу.* Үйге ~п кіріп жатты, ~п ойнап жүр.

ТОР *Балық аулайтын тор көзді ау.* ~мен балық аулады. ◊ **Торға түсті** — а) *біреудің қармағына ілікті, кіріптар болды;* ә) *қамауға алынды.* **Тор жайды** — а) *суға ау құрды;* ә) *қолға түсіруге әрекеттеніп, айла-шарға істеді.*

ТОРАЙ *Шошқаның төлі.* Тауына қарай тоғайы, Шошқасына қарай ***торайы*** (Мақал).

ТОРАЙЛА *Шошқаның төлдеуі.* Мегежіннің ***торайлайтын*** мерзімі жақындаған ("Жетісу").

ТОРАЛ *Етею, семіру, ет алу, қоңдану.* Ол бірер жетінің ішінде-ақ семіріп, ***торалып*** қалыпты (М. Мағауин).

ТОРАҢҒЫ *бот. Шөлейт аймақтарда, өзен аңғарларында өсетін, ұзындығы 20–30 м, көлденеңі 2 м тұқ жапырақты, көп жылдық қатты ағаш.*

ТОРАҢҒЫЛЫ *Тораңғы қалың өскен, тораңғысы мол.* ~ тоғай.

ТОРАП *Жолдың тоғысқан жері, түйілісі.* Барлық жолдың ***торабы*** толып кетті (М. Жұмағұлов).

ТОРҒАЙ *Денесін мамық жүн басып тұратын мүйіз тұмсықты кішкентай құс.*

ТОРҒАЙДАЙ *Өте шағын, кішкентай, биттей.* ***Торғайдай*** жанның, түймедей тіршілігі (Х. Әдібаев). ◊ **Торғайдай тозды** — *бет-бетімен бытырап, тентіреп кетті.* **Торғайдай шырылдады** — *безек қақты, зар иледі.*

ТОРҒАЙОТЫ *бот. Сортаң, шөлді ойпаңдарда өсетін бір жылдық өсімдік.*

ТОРҒАУЫТ 1. *көне. Қалмақтардың бір тайпасы.* 2. *Ертедегі батырлар киген тері сауыт.* Тоғыз қабат ~.

ТОРҒЫЛ *Торыға жақын түс.* ***Торғыл*** өңі күнге күйіп тотығып кеткен (Әбдіхалықов).

ТОРҒЫЛТ *Солғын торы түс.* Күн қақтаған ***торғылт*** жүзі жайдарылана түскен (Иманбаев).

ТОРҒЫН *Қымбат бағалы жұқа жібек мата, торқа.* ~ шымылдық (перде, көрпе).

ТОРИЙ *хим. Менделеевтің периодты системасындағы активидтер қатарына жататын химиялық элемент.*

ТОРИТ *хим. Силикаттар класының циркон тобындағы минерал.*

ТОРКӨЗ *Аса биік өспейтін, жатаған өсімдік.* □ **Торкөз кереге** — *көзі тар, жұдырық симайтындай, көз арасында сызат қалдырмайтын, көп жазылмайтын 11–12 көкті, 95–120 басты кереге.*

ТОРҚА 1. *Қымбат бағалы селдір, жібек мата.* 2. *Ауыс. Жанға жайлы, жұмсақ, майда, сүйкімді.* Жатқан жері ~ болсын, топырағы ~ болсын.

ТОРҚАЛЫ 1. *Торқасы бар, торқа киген.* 2. *Ауыс. Қымбат бағалы.* Тоныңа ***торқалы*** кімнің бар ортағы (Ө. Тәжібаев). ◊ **Торқалы той** — *салтанатты үлкен той-думан.*

ТОРҚАПШЫҚ *Зат, тағам салуға арналған жабдық.* Тоқыған әрбір ***торқапшығым*** үшін бір жапырақ нан алатынмын ("Алматы ақшамы").

ТОРҚҰН *Жусан тұқымдасына жататын, жапырағында эфир майы бар, көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ТОРЛА 1. *Бір нәрсенің жыртылған жерін кереге көздендіріп тоқу, тігу.* ~п тоқыған кесте. 2. *Қауын-*

ның пісуі жақындағанда тор тәрізді шытынаған сызықтар пайда болу, кереге көздену. Қауыны ~нды. 3. *Есік-терезеге тор көздендірген затты орнату.* Темірмен ~ған қос терезе.

ТОРЛАМА I *Тор-тор етіп тоқылған, кереге көз.* ~ перде.

ТОРЛАМА II *Сырты тор көзденіп сызаттанған, торланған қауын сорты.* ***Торлама*** — Қызылорда облысында егіліп келе жатқан сорт (Алманиязов).

ТОРЛАН *Аспанды бұлт басу, қаптау.* Бұлт ~ды.

ТОРЛЫ *Торы бар, торланған.* Темір ~ терезе.

ТОРМОЗ *тех. Транспорттың жүрісін тоқтатуға, бәсеңдетуге, тежеуге арналған тетік; тежегіш.*

ТОРПАҚ *Алты айдан бір жасқа дейінгі бұзау.*

ТОРПЕДА *әск. Жау кемесін жою үшін қолданылатын өзі жүзетін су асты минасы.*

ТОРПЕДИСТ *Торпеда аппаратында істейтін маман.*

ТОРС: торс етті — а) *ұннің, дыбыстың қатты шығуы;* ә) *дұрыс етпе мінез білдірді, қорс етті.*

ТОРСАҢ: торсаң қақты [етті] — *әлденеге өкпелеп бұртиды, қорс етті.*

ТОРСАҢДА *Торсаң-торсаң етіп біреуге ренжу, өкпелеу.* ~п жүрді.

ТОРСИ 1. *Жарылып кетердей толу, тырсию; кұмпию.* Ұртын ~тты, ~ған ақ бауырсақ. 2. *Ауыс. Өкпелеу, бұртию.* ~ып үн қатпады.

ТОРСЫҚ *Сусын құю үшін ысталған теріден жасалған ыдыс.* ***Торсығын*** қымызға толтырып алды (Нәбиев). ◊ **Торсық шеке** — *шекесі томпиған толық (бала туралы айтылады).*

ТОРСЫҚТАЙ *Торсық сияқты, топ-толық, семіз.* Желіні ~, шекесі ~.

ТОРСЫҚША I *Шағын торсық.* Сусын құйған ***торсықшасы*** бар ("Лен. жас").

ТОРСЫҚША II *Торсыққа ұқсап.* ***Торсықша*** бұлтиған торайларды тасып жүр (Ғ. Мүсірепов).

ТОРСЫЛ *Торс-торс еткен ұн, тарсылдаған дыбыс.*

ТОРСЫЛДА 1. *Торс-торс ету, тарсылдау.* ~п құлап жатты. 2. *Ауыс. Өкпелеп торсаңдау, ренжігенін білдіру.* Өз-өзінен ***торсылдайды*** да жүреді (Ө. Ахметов).

ТОРСЫЛДАҚ I *Балықтың ішінде болатын сопақша келген іші ауаға толы жұқа зат.* Балық ***торсылдағы*** арқылы дем алады (Ғалам ғажап).

ТОРСЫЛДАҚ II *бот. Отқа торсылдап дыбыс шығара жанатын ақ құрай.*

ТОРТ *Май, қант, жұмыртқа қосып ұннан жасайтын кондитерлік тәтті тағам.* Жаңғақты ~, шоколадты ~.

ТОРТА I *Үлкен ақ балық, сазанның бір түрі.* ***Тортаның*** қылтанағы көп болады (Диал. сөз.).

ТОРТА II *Сары майды еріткенде ыдыс түбінде тұнған қалдық.* Сары майдан ***тортасын*** айырып сататын (Кенжетаев).

ТОРТАЛА *Сары майды қайнатып, тортасынан айыру.* Сары майды отқа қойып, ***торталап*** тазартты ("Лен. жас").

ТОРТАЛЫ *Тортасы алынбаған, тортасы бар.* ~ сары май.

ТОРТАҢДА *Тортаң-тортаң ету, өкпе-реніш білдіріп бұртию.* Құрбысының аяқ астынан ***тортаңдай*** қашқанына аң-таң (Жүнісова).

ТОРТИ *Өкпе-реніш білдіріп бұртию, торсию.* ***Тортиып*** жылы лебіз білдірер сиқы жоқ (Есенжанов).

ТОРУЛЫ *Сырттай аңдуға түскен, бақылауға алынған.* Көңілін мүлдем басқа бір тосын жайлар ***торулы*** (Байтанаев).

ТОРУШЫ *Торып жүрген адам, бақылаушы.* ***Торушым*** бар да, қорушым жоқ (Иманбеков).

ТОРУЫЛ *Бір нәрсені сырттай аңду, тору ісі.* ***Торуылға*** шыққан қасқырдай (М. Әуезов).

ТОРУЫЛДА *Сырттай аңду, бақылау, тору.* ***Торуылдап*** орман ішінде ұзақ жүрді ("Қаз. әдеб.").

ТОРЫ I *Жылқы түсі.* □ **Қара торы ат** — *жалы қара торы ат;* **Қызыл торы ат** — *ашық торы түсті ат.* ◊ **Торы төбел** — *маңдайында дөңгелек ағы бар торы ат.*

ТОРЫ II *Сырттай аңду, бақылау.* Үйді ~ды, жолды ~ды.

ТОРЫҒУШЫЛЫҚ *Күдер үзушілік, тұңілушілік.* ~қа салынбау керек.

ТОРЫҚ *Жақсы үміттен күдер үзу, тұңілу.* ***Торықтым*** сұрай-сұрай құдайымнан (Торайғыров).

ТОРЫМ 1. *Нар түйенің ботасы.* 2. *Тоқты, марқа, т. б.* Сараңға мал бітсе, соярға ***торым*** таппас ("Ана тілі").

ТОС 1. *Біреуді я бір нәрсені күту, қарсы алу.* Айгүл сарыла ***тосып*** отыр екен (Сматаев). 2. *Бір нәрсенің алдын бөгеу, тосқауыл жасау.* Топырақты бөгеттің су ***тосар*** жағасына айнала төгеді (Сабыров). 3. *Бір нәрсені беру, ұсыну.* Бар дәмдісін алдыма ~атын, сұлыны аттың аузына ~ты. 4. *Ауыс. Баланы дәретке отырғызу.* Емшектегі баланы ~ып үйретті.

ТОСАҢ I *Бөтен, жат; тосын.* Келтірген екі мысал ел құлағына ***тосаң*** ба екен? (М. Әлімбаев).

ТОСАҢ II *Құлағы жақсы естімейтін, мүкіс.* Біреуінің құлағы ***тосаң*** болуы да мүмкін (Ерғалиев).

ТОСАҢДАУ I *Бөтендеу, тосындау.* Бұл сұрағыңыз бізге сәл ***тосаңдау*** ("Қаз. әдеб.").

ТОСАҢДАУ II *Құлағы мүкістеу, естіңкіремейтін.* Құлағы ~.

ТОСАҢДЫҚ *Тосаңдық, бөтендік.* Нақыштың ***тосаңдығы*** көрініп тұр (Сейдімбеков).

ТОСАҢСЫ I *Бөтенсу, жатсыну, тосырқау.* Үлкен кісі ***тосаңси*** қарады (Тілеуханов).

ТОСАҢСЫ II *Құлағы мүкістеу, естіңкіремеу.* Құлағы ~и бастаған.

ТОСАП I *жерг. Теңіздің, көлдің жағаға шығарып тастаған шөп-шаламы, су бетіндегі шөп қалдығы, қоқымы, қамыс шірігі.*

ТОСАП II *Еріткен май қосылған қою тағам.* Кеселге ***тосап*** қымызды ішкен дару дейтін (Ғ. Сланов).

ТОСАП III *Қант қосып қайнатылған жеміс-жидек.* Жидектерден ***тосап*** жасады ("Жалын").

ТОСАПТА *Сүтке май қосып қайнату, тосап жасау.* Сүтті ~ды.

ТОСҚАУЫЛ 1. *Кедергі, бөгет, бөгеуіл.* ~ бола алмады, ~дан өтті. 2. *Жасырын тұрып, тұтқиылдан шабуыл жасайтын қалқа.* Жау ~да тұрып шабуыл жасады.

ТОСҚАУЫЛДА *Тосқауыл жасау, құру, қою.* Аң қаша қалса жолын ***тосқауылдауға*** жарасын (Саятшылық).

ТОСҚАУЫЛДЫҚ *Тосқауыл болушылық, кедергілік.* Екі нәрсе ***тосқауылдық*** жасапты ("Лен. жас").

ТОСҚАУЫЛСЫЗ *Тосқауылы жоқ, бөгетсіз, кедергісіз.*

ТОСҚАУЫЛШЫ *Тосқауыл жасаушы, қарауылшы.* Ақ халат киген ***тосқауылшыларды*** жөнелткеннен кейін қозғалады (Нұршайықов).

ТОСҚЫН *Тосқауыл, бөгет, кедергі.* Мың асқанға бір ***тосқын*** (Мақал).

ТОСҚЫНДА *Алдын кес-кестеу, тосқауылдау.* Оларды ***тосқындайтын*** кім (Орманов).

ТОСПА *Су қоймасы үшін жасалған бөгет.* Сайсаламен аққан тасқын су ***тоспаларға*** құйылады ("Қаз. әдеб.").

ТОСПАЛА 1. *Суға тоспа жасау, бөгеу.* Суды бөгеп, әр жерден ~ды. 2. *Бір нәрсені тосқауылдау, кес-кестеу.* Жау әскерінің алды-артынан ***тоспалап*** оқ жаудырды (Ә. Нұрпейісов).

ТОСПАЛЫ *Тоспасы бар, тоспа орнатылған.* ~ шлюз.

ТОСПАШЫ *Аңды ату үшін жолын күтіп тұратын адам.* ***Тоспашылар*** орныңып болды (Көшімов).

ТОСТ *Біреудің я бір нәрсенің құрметіне байланысты ішімдік ішкізерде айтатын тілек сөз.*

ТОСТАҒАН *Ағаштан ойып істелетін кішілеу дөңгелек ыдыс.* Сырлы ~. ◊ **Тостағанын жуды — көзінен жас шықты, жылады.**

ТОСТАҒАНДАЙ *Тостаған сияқты дөп-дөңгелек, үлкен.* ~ көз, желіні ~.

ТОСТАҒАНША *Кішкентай тостаған.* ***Тостағаншаға*** айран құйды.

ТОСУ *Кедергі, бөгет, тосқауыл.* Олар көп асудан, ***тосудан*** өтіп барып мұратына жеткен (Бердібаев).

ТОСЫЛ *Не дерін білмей бөгелу, мүдіру.* Жауаптан ~ды.

ТОСЫН 1. *Бөгде, жат, бөтен.* ~ кісі, ~ мінез. 2. *Кенет, күтпеген, тұтқиыл.* Табайық жүрт білмесін ***тосын*** олжа (И. Байзақов).

ТОСЫНДАУ *Тосырқайтындай, бөгделеу.* ~ естілді.

ТОСЫНДЫҚ *Тосын болушылық, бөтендік.* Хабардың ~ғы.

ТОСЫННАН *Кенеттен, тұтқиылдан.* Балаларды жинады сөйтіп бірде ***тосыннан*** (Дүйсенбиев).

ТОСЫННАН-ТОСЫН *Кенеттен, күтпеген жерден.* ~ естілген хабар.

ТОСЫРАЙ *Ешкімге жақындаспай состию, оқшаулану.* ~я қарады (тыңдап отыр).

ТОСЫРАҢ *Тосыраңдаған қылық.* ~ мінез.

ТОСЫРАҢДА *Тосыраң-тосыраң ету, торсаңдау.* Бала тәрізді тез арада ***тосыраңдап*** шыға келетін (Ахметбеков).

ТОСЫРҚА *Жатырқау, бөтенсу, жатсыну.* ~й қарады, ~п жүрді.

ТОТ *Ауа мен ылғалдың әсерінен темірде біртіндеп пайда болатын қызғылт қоңыр дақ, дат.* Темірді ~ басып кеткен.

ТОТАЙ *Еркін өскен, бұла, шолжың.* Ерке ұлдар, ***тотай*** қыздарымыз көп-ақ (Бөкеев).

ТОТИ *Жер соғып қалу, масқара болу.* Соңымнан ерген жұрт қалған жоқ па ***тотиып*** (Есенберлин).

ТОТИЯЙЫН *Кейбір металдардың күкірт қышқылды тұзы, көк түсті дәрі.* ***Тотияйын*** — суда ерігіш ниссіз көк кристалл (Ғ. Әбішев).

ТОТИЯЙЫНДА *Тотияйын жағу.* Жараның үстін ~ды.

ТОТТАН *Тот басу, таттану.* Кетпен ~а бастаған.

ТОТЫ *Жылы жерді мекен ететін түрлі-түсті сұлу құс.* ***Тоты*** құс бойын көріп сыланады... (Мақал).

ТОТЫҒЫҢҚЫ *Жел түіп, күн шалып қоңырқай тартқан.* ~ өң (жүз).

ТОТЫҚ I *Химиялық элемент пен оттегінің қоспасы.* Металл мен оттегінің қосындысынан ***тотық*** түзіледі (Химия).

ТОТЫҚ II 1. *Тот басу, тоттану.* Фосфор дымқыл жерде тез ***тотығады*** (Жатқанбаев). 2. *Жел қағып, күн түіп түрі күрең тартып қошқылдану.* ***Тотыққан*** қызыл шырайлы жүзін қолымен сипап қойды (Райымқұлов).

ТОТЫҚТАН *Тот басу, тотығу.* Иод бөлініп шығып ***тотықтанады*** (К. Нұрмағанбетов).

ТОТЫҚТЫРҒЫШ *Тез тотықтыратын, тотықтыруға бейім.* Күшті ~.

ТОШАЛА I *бот. Таулы жерде өсетін домалақ жемісті бұта, сол ағаштың қышқыл дәмді жемісі.* ***Тошаланың*** тікенегі қатты болады (Тілеужанов).

ТОШАЛА II *Төбесі тесік және шатырша етіп жапқан азық-түлік қоятын шағын үйшік.* ~ға сойған малдың етін қояды.

ТОЯТ 1. *Қыран құсқа өзі алған аңынан берілетін жұмсақ ет.* ***Тоят*** іздеп қияға безіп ұшқан ақсұңқарыңыз (С. Омаров). 2. *Ауыс. Ыстық ықылас, ләззат.* Қыздың жайдары ашық еркіндігіне қарап көңіл ***тоят*** іздейді (Ахтанов). ◊ **Тоят алды** — а) *жем берді, тойғызды;* ә) *ләззат алды, көңілі риза болды.* **Тоят берді [жегізді]** — *ләззатқа кенелді, мейір қандырды.* **Тояты қанды** — *құмардан шықты, рақаттанды.* **Тоят төс, салпы ерін** — *жарау, жүйрік ат.*

ТОЯТСЫЗ *Тоят таппаған, қанбаған, қомағай.* ***Тоятсыз*** көңіл ширкін өртенді аңсап (Лекеров).

ТОЯТСЫЗДАН *Тоятсыз болу, ашқарақтану.* Айналасына ***тоятсыздана*** көз тастап келеді (Бабақов).

ТОЯТТА 1. *Жылы-жұмсақ ет жеу, тоят жеу.* Қанды етті жесе, бүркіт ***тояттап*** қалады (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Көңілі толу, қанағаттану.* Кілем әкелгенін көргенде көңілі бір ***тояттап*** қалған (Ә. Ахметов).

ТОЯТТАТ *Құсты жемдеу, тойғызу.* Бүркітті күн ара, екі күнде бір ***тояттату*** керек ("Лен. жас").

ТОЯТТЫ *Тойыңқы, толық, шығыңқы.* ***Тоятты*** төсі де шымыр денсаулықтың бейнесін елестетеді (Т. Әлімқұлов).

ТОЯТШЫЛ *Тоятқұмар; жегіш, жемқор.* Ол ***тоятшыл***, қағып салғыш, қанағат құмар секілді (Қайырбеков).

ТӨБЕ I *Топырақ, құм немесе тастан үйіліп қалған биік дөң, шоқы.*

ТӨБЕ II 1. *Бастың ең үстіңгі бөлігі.* ***Төбесін*** қасып шал қиялдана күрсінген (Қойшыбаев). 2. *Бір заттың ұшар басы, ең жоғарғы жағы.* Таудың ~сі, үйдің ~сі. ◊ **Төбе би** *(көне.)* — *ұлы жиында билер алқасында төрелік айтушы ең үлкен би.* **Төбе көрсетті** — *бір келіп, көрініп қайтты.* **Төбеңді кормегір!** — *жеңіл-желпі қарғыс.* **Төбеңнен ұрғыр!** — *құдайдың қаһары соқсын, тәңір атсын.* **Төбесі көкке жетті** — *мәре-сәре боп қатты қуанды, шат-*

танды. **Төбесінен құй қазды** — *азапқа салды, қинады; зықын шығарды.* **Төбе шашы тік тұрды** — *зәресі ұшты, шошыды.*

ТӨБЕДЕЙ *Үлкен, дәу, еңгезердей.* ~ жігіт.

ТӨБЕЛ *Жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақ.* Жүлдыз ~ құла құлын. ◊ **Төбел таз** — *төбе шашы дөңгелене түсіп қалған таз.*

ТӨБЕЛДІРІК *Әйелдердің бас киімінің төбесіне орнатылған әшекей.*

ТӨБЕЛЕ *Үсті-үстіне ұрғылау; төпеу.* Өгей шешесі өз маңдайын ***төбелеп*** отыр (Рақымжанов).

ТӨБЕЛЕС I *Қол жұмсаған жанжал, жұдырықтасқан ұрыс-керіс.* ~ шығарды, опыр-топыр ~.

ТӨБЕЛЕС II *Жұдырықтасып соғысу, күш қолдану.* Біреумен ***төбелесіп*** басын жарып алғаны бар (Исабаев).

ТӨБЕЛЕСҚОЙ *Төбелесқұмар, төбелескіш.* Балалардың ішіндегі ***төбелесқойдың*** бірі едім (Соқпақбаев).

ТӨБЕЛІК *Дәл төбе, төбе тұсы.* Күн ~тен ауды.

ТӨБЕТ *Үлкен арлан ит.* Мал айдауға төселген әккі ***төбет*** (Әбдірахманов).

ТӨБЕТОП *саяси. Капиталистік елдерде өкімет билігін ұстаушы үстем тап өкілдері, әлеуметтік топ.* Әскери режим ***төбетобы*** озбырлықты күшейте түсті ("Соц. Қаз.").

ТӨБЕШІК *Шағын төбе.* ~ке шоқтала өскен ағаш.

ТӨБЕШІКТЕН *Биіктей түсу, дөңестеу болу.* Жер ~іп барып, топтаса қалған.

ТӨБЕШІКТЕУ *Шағын төбешік. Төбешіктеу* жерге кеп отырды (М. Жұмағұлов).

ТӨГІЛДІР *Ауыс. Сәндеу, мәнерлеу, әдемілеу.* Жібек көйлегін ~ді, ~іп жаза бастады.

ТӨГІНДІ *Төгіп тастаған, төгілген.* ~ су (шлак).

ТӨЗ *Төзімділік көрсету, шыдау, көндігу.* Кемшілік атаулыға ~беді.

ТӨЗГІСІЗ *Шыдап болмайтын; көнгісіз.* Қандай жаман болып кеткенсің, адам ***төзгісізсің*** (Еркебаев).

ТӨЗГІШ *Неге болса да көнгіш, төзімді, шыдамды.* Түрмыстың ыстық-суығына ~.

ТӨЗІМ *Шыдам, сабыр, тағат.* Ақылға қоса ~ керек. ◊ ***Төзімі жетпеді*** (таусылды) — төзе алмады, шыдамады.

ТӨЗІМДІ *Шыдамды, көнімпаз, көнбіс.* Үлбосын сабырлы, ***төзімді*** бала (Б. Майлин).

ТӨЗІМДІЛЕУ *Шыдамдылау, тағаттырақ, көнбістілеу.* Қиындыққа ~.

ТӨЗІМДІЛІК *Шыдамдылық, көнбістік.* Әйелдің ~гіне сүйсінді.

ТӨЗІМДІРЕК *Шыдамдырақ, төзгіштеу.* Құрғақшылыққа ~.

ТӨЗІМПАЗ *Шыдамды, төзімді.* ~ адам.

ТӨЗІМПАЗДЫҚ *Төзімділік, шыдамдылық, көнбістік.* ~ғына қайран қалды.

ТӨЗІМСІЗ *Тағатсыз, шыдамсыз.* Ыстыққа ~.

ТӨЗІМСІЗДЕН *Шыдамсыздану, тағатсыздану.*

ТӨЗІМСІЗДЕУ *Шыдамсыздау, тағатсыздау.* Аязға ~.

ТӨЗІМСІЗДІК *Шыдамсыздық, тағатсыздық.* ~ жасады.

ТӨЗІМТАЛ *Шыдамды, төзімді.* Адам баласы қиындыққа ~.

ТӨЗІМШІЛ *Шыдамды, төзімді.* Бәріне де ~.

ТӨЗІМШІЛДІК *Төзгіштік, шыдампаздық, көнбістілік.* Мұндай жағдайға ~ істеуге болмайды.

ТӨК 1. *Сұйық, уақ, үгітінді затты бір орнынан екінші орынға аудару, ақтару, құю, шашу.* Астықты қырманға ~ті, шелектегі суды ~ті. 2. *Астыүстіне қаптату, төпеу.* Жұмыс қолын ~ті, жаңбыр ~гіп өтті. 3. *Ауыс. Барын аямай мол етіп жұмсау, шашу, ысырап ету.* ***Төкпекші*** мал мен мүлік, алтындарын (Еркінбеков). 4. *Ауыс. Әнжыр, күйді үсті-үстіне төпелеп айту, жаудыру.* Жыр ~ті, домбырадан күй ~ті. 5. *Ауыс. Жіпті ұршықтан келепке аударып орау.* Иірген жібін ~гіп отыр. ◊ **Абыройын төкті** — *әбден масқара етті, ар-ұяттан айырды.* **Көз жасын төкті** — *қатты егіле жылады, еңіреді.* **Тер төкті** — *жанын салып, аянбай еңбек етті.*

ТӨККІШ *Бір нәрсені төгіп тұратын аспап, құрал.* Автоматты дән ~.

ТӨКПЕ 1. *Төгілген, жайылған.* ~ шашы сәнді екен. 2. *Тоқтаусыз төгілтіп әкететін, суырып салма.* ~ ақын (күй).

ТӨКПЕКТЕ *Үсті-үстіне төгу, үстірмелету, төпелеу.* ***Төкпектеп*** шабыттана айтқан әңгімесі есіне түскен (Жұбатыров).

ТӨКПЕЛЕ 1. *Қайталап төге беру, дүркін-дүркін нөсерлеп жауу.* Бір апта жаңбыр ~ді. 2. *Үсті-үстіне үйіп-төгу, бастырмалату, ағылту.* Жамбыл да жырын ***төкпелеп,*** думандатып жатыр ("Лен. жас").

ТӨКПЕЛІК *Төгіп-төгіп жіберушілік.* Айтудың арыны, ***төкпелігі*** қатты әсер етті (Ғ. Қайырбеков).

ТӨЛ I *Малдың жаңа туылған құлыны, ботасы, қозысы, лағы, т. б.* Әр жүз саулықтан жүз сексеннен ***төл*** алып жүр (Еділбаев). ◊ **Тол айы** — *көкек, мамыр айлары.* **Төл басы** — *ең алғашқы туған мал; құтпан.*

ТӨЛ II *Жеке өз басына тән, біреуге я бір нәрсеге меншікті, байырғы.* Осы ауылдың ~ баласы, ~ аты. □ **Төл соз** *(грамм.)* — *автордың өз сөзінің ішінде өзгертілмей айтылған басқа біреудің сөзі.*

ТӨЛДЕ *Малдың балалауы, тууы.* Мал ~ді.

ТӨЛДЕМЕ *Төл алу науқаны.* ~ге даярлық, ~ басталды.

ТӨЛДІ *Төлі бар, төлдеген.* ~ мал (саулық).

ТӨЛЕ *Бір заттың құнын қайтару, ақысын беру.* Жұмыскерлерге еңбекақы ~ді.

ТӨЛЕМ *Бір нәрсенің орнына берілген, өтелген зат.* Салып бітірген үйінің ~і, мал мүлкінің ~і.

ТӨЛЕМАҚЫ *Халыққа қызмет көрсету орнына төленетін тиесілі ақша.* Телефон аппаратының ай сайынғы ~сы, экспрестегі ~.

ТӨЛЕҢГІТ *көне.* Қасында ***төлеңгіті*** жүз қаралы үй, Жігіттің айтқаны ән, тартқаны күй (Сералин). Сұлтанның ~тері.

ТӨЛІХАНА *Жаңа туған төлді бөлек күтімге, бағуға арналған орын, қора.* ~ іші жылы әрі жарық.

ТӨМЕН 1. *Жоғарыға, биікке қарама-қарсы жақ; еңіс.* ~ге түсті (қарады). 2. *Ауыс. Көңілдегідей жақсы емес, құнсыз, нашар.* Сапасы ~, қарқыны ~, шығымы ~. ◊ **Төмен қол** — *сапасы нашар, арзан.* **Төмен санады** — *өзінен кем есептеді, кеміпті.*

ТӨМЕНДЕ 1. *Аласару, пайыздау.* Судың деңгейі ~ді. 2. *Төмен қарай құлдилау, ылдилау.* Самолет қонуға ~ді, құс ~п ұшты. 3. *Әуелгі қалпынан нашарлай түсу, құнсыздану; әлсіреу.* Сапасы ~ді, денсаулығы ~п жатып қалды. 4. *Азаю, кему.* Қы-

сымы -ді. 5. *Ауыс. Қызмет бабы, дәрежесі кішірею.* Қызметі -ді, мәртебесі -ді.

ТӨМЕНДЕУ *Құнсыздау, нашарлау.* Шығымы -, бағасы -.

ТӨМЕНДІК *Төмен болушылық.* Сапасының -гін дәлел етті.

ТӨМЕНСІ *Бәсеңсу, басылғансу.* Жүрегі шайлығып -меді.

ТӨМЕНШІК *Өзін төмен ұстайтын, кішік, именшек.* Бұлардан қайта ұялшақ, ***төменшік*** мінезді қыздар батыл (Р. Тоқтаров). ◊ **Төменшік тартты** — *қарапайым боп кішірейді, тартыншақтады.*

ТӨМЕНШІКТЕ *Именшек болу.* Кісі алдында қысылып ***төменшіктей*** береді екен (Ә. Нұрпейісов).

ТӨМЕНШІКТЕУ *Аздап төменшік, именшектеу, жасқаншақтау.* ~ адам.

ТӨМЕНІРЕК 1. *Біршама төмен, сәл төмен, төмендеу.* Қадиша ~ отырды. 2. *Нашарырақ, баяурақ, бәсеңдеу.* Сапасы -, қарқыны -, өнімі -.

ТӨМПЕК *Шағын төмпешік, дөңестеу жер.* Төртінші біреудің қабірі жай ***төмпек*** қана (Д. Исабеков).

ТӨМПЕШ *Біреуді я бір нәрсені үсті-үстіне қойғылау, ұрғылау әрекеті.* -тің астына алды (астында қалды).

ТӨМПЕШТЕ *Үсті-үстіне қойғылау, ұрғылау.* Бас-көз демей ***төмпештеп*** жатыр (Найманбаев).

ТӨМПЕШІК *Құм, топырақ тағы басқалардан үйілген дөңестеу жер.* Айнала төбе-төбе құм, ***төмпешік*** (Ыдырысов).

ТӨМПЕШІКТЕУ *Сәл ғана көтеріңкі, дөңестеу.* ~ жер.

ТӨН *Бір нәрсенің үстінен ұңіле қарау; ентелеу, мінбелеу.*

ТӨҢКЕР 1. *Бір нәрсенің астын үстіне қарату, аударып тастау.* Кесесін -ді. 2. *Ауыс. Қопару, құлату.* Ескі өмірді ***төңкеріп,*** шығарды астын үстіне (Қ. Аманжолов). 3. *Ауыс. Жер аударды.* Байларды -ді (Ауызекі тіл).

ТӨҢКЕРМЕ *Қазанға қақтап пісірген жұқа нан, қазанжаппа.* -пісірді, -ні жеді.

ТӨҢКЕРІС *тар. Революция.* Қазан -і.

ТӨҢКЕРІСШІ *тар. Революцияға қатысушы, революционер.* ~ ұйымы.

ТӨҢІРЕК *Бірдеменің айналасы, жан-жағы, маңы.* Қала -гі, тақырып -гі.

ТӨҢІРЕКТЕ *Ұзап кете алмау, маңайлау, айналсоқтау.* Ағасын -п біраз жүрді.

ТӨП *Шарап, сыра даярлаудан қалған қалдықтан әзірленетін, малға беруге болатын қоймалжың жем.* Қызылша -і мал азығы үшін дәнмен бара-бар.

ТӨПЕ 1. *Үсті-үстіне тоқпақтау, төмпештеу.* Баланы -п сабай бастады. 2. *Ауыс. Дамыл таптырмай бастырмалату.* Төңірегім ***төпеген*** құм бораны (Баймаханов).

ТӨПЕЛЕ *Үсті-үстіне төпеу, бастырмалату.* Жаңбыр шатырды ***топелей*** ұрып тұр (Шашкин).

ТӨР *Үй ішіндегі ең құрметті орын, үйдің босағаға қарама-қарсы жоғарғы жағы.* Қонақты -ге отырғызды. □ **Төр болме** — *тұпкі бөлме, ішкі үй.* ◊ **Торге озды** — *жоғары шықты, төрге өтті.* **Төрден орын алды** — *өзгеден сыйлы болды.* **Төрінен көрі жақын** — *көрі қойдың жасындай жасы қалған.*

ТӨРАҒА 1. *Мәжілісті басқарушы; ұйым, мекеме бастығы.* Мәжілістің -сы. 2. *Өкімет пен жоғарғы мемлекеттік орган басшысының ресми атауы.* Мекеме -сы, қоғамның -сы.

ТӨРДЕЙ: есік пен төрдей — а) *қол созымдай, жақын;* ә) *тұрқы үлкен, зор (жылқы).* ~ арғымақ.

ТӨРЕ 1. *көне. Қазақ қоғамындағы үстемдік еткен ақсүйек. Шыңғысхан тұқымы.* Шыңғыс әулетінен Жүсіп ***төренің*** қызын әпермес пе ем (Жүнісов). 2. *Тұрақты, қалыпты заңдар жинағы.* Түрік жұрты елдігін жойды, ***төресінен*** айрылды (Мағауин). 3. *Ауыс. Әділдік, төрелік, билік айтушы.* Бәріне өзің ***төресің*** (Қ. Жұмағалиев). 4. *Ауыс. Бір тектес жанның, нәрсенің жақсысы, асылы.* Жігіттің -сі, аққу-құстың -сі

ТӨРЕЛЕ *Билік айтып, шешімін шығару.* Футболды әділ -йтін спорт сүйер қауым.

ТӨРЕЛІК I *Төре тұқымына тән қасиет.* Атадан қалған ***төрелік*** атқа сүйеніп, өркөкіректік істейді (М. Әуезов).

ТӨРЕЛІК II *Айтылған билік, шешім, кесім.* Бәрі де үлкен аға Ерболдың ***төрелігін*** тілесті (М. Әуезов).

ТӨРЕШІ 1. *Билік айтушы, келістіруші, қазы.* Әділ ***төреші*** бола ма деп едім (F. Мұстафин). 2. *спорт. Спорт ойынында төрелік ететін адам.* Футбол ойынының -сі.

ТӨРЕШІЛ *көне. Мансап сүйгіш, әкімқұмар.* Ежелден ***төрешіл,*** бақшыл болып үйренген ел жуандары (М. Әуезов).

ТӨРЕШІЛДІК *Төрешіл болушылық.* Шоқан кедергіні кертартпа ***төрешілдіктен*** көрді (Ақынжанов).

ТӨРЕШІЛІК *Төреші болушылық.* ~ қызметке көшті.

ТӨРКІН 1. *Тұрмысқа шыққан қыздың ағайыны, туған-туысқаны.* Айманкүлдің албан-суан елінде ***төркіні*** бар еді (С. Мұқанов). 2. *Тұпкі негізі, шыққан жері, басты арқауы.* Сөз -і, әңгіме -і.

ТӨРКІНДЕ *Өйелдің ел-жұрты, туған-туысына барып аралауы.* Үш жылдан кейін ***төркіндеп*** туыстарына келді ("Қаз. әдеб.").

ТӨРКІНДЕС 1. *Бір елдің қыздары, туыстас.* Бүбі Айғаныммен ***төркіндес*** (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Тұбі бір, негіздес.* Шахтаның тарихы — Қарағанды көмір бассейнінің даму жолымен ***төркіндес*** жатыр (Б. Бодаубаев).

ТӨРЛЕТ *Төрге шығу, төрлеу.* Балам, ***төрлет,*** — деп киіз үйдің есігін түрді (Б. Дәулетбаев).

ТӨРТ *Үштен кейінгі есептік сан, мөлшер.* ~ адам (жас, жыл). □ **Төрт қанат үй** — *төрт керегеден құралған киіз үй.* ◊ **Төрт түлік** — *түйе, жылқы, қой, сиыр сияқты үй малының жиынтық аты.* **Төрт аяғынан тік тұрғызды** — *істі жандандырды, орнына келтірді.* **Төрт көзі түгел** — *бәрі жиналған, тегіс бас қосқан.* **Торт құбыласы тең** — *болып-толған, жетіскен.* **Төрт түлігі сай** — *ішкені алдында, ішпегені артында; малды-жанды.*

ТӨРТЕУ *Төрт санының жинақтау түрі.* Олар ~, біз екеуміз.

ТӨРТКІЛ 1. *Сүйірлеу төрт бұрышты етіп салынатын өрнек.* ~ өрнек. 2. *Төрт бұрышты.* ~ стол (бөлме).

ТӨРТКІЛДЕ *Төрт бұрыш ету, төрт бұрыштау.* Орамалды -п бүктеді.

ТӨРТКІЛДЕУ *Төрт бұрыштылау.* Бет-әлпеті ~.

ТӨРТПАҚ *Дембелше, мығым, денелі.* Әкесі *төртпақ* келген, жұмыр, жуан кісі еді (Майлин).

ТӨРТПАҚТАН *Дембелшелену, мығымдану, денелі болу.* ***Төртпақтанып*** бұрынғыдан да толысып кеткен (Иманбеков).

ТӨРТПАҚТАУ *Денелілеу, иықтылау келген.* ***Төртпақтау,*** қара торы мұртты жігіт ("Лен. жас").

ТӨРТТАҒАН *поэт. Төрт жолдан ғана тұратын шағын өлең; рубаят.*

ТӨРТТАҒАНДА *Екі аяқ, екі қолын тіреп тұра қалу.* Семіздіктен ***төрттағандап*** жалпиған (Тоқмағамбетов).

ТӨРТТІК 1. *Оқу-ағарту жұмысындағы білім сапасына қойылатын жақсы деген баға.* Географиядан ~ алды. 2. *Төрт нәрсенің бірігуі.* ~ ұйым.

ТӨРТІНШІ *Үшіншіден кейінгі реттік сан.* ~ жыл (қабат, үй, класс).

ТӨС I 1. *Адамның, жан-жануардың қабырғасын біріктіріп, кеудесін құрайтын мүшесі, көкірек.* ~ін төсіне тигізіп. 2. *Малдың төс сүйегі.* Біреудің ***төсін*** жесең, ұшаңды сайла (Мақал). 3. *Тау мен төбенің беткей жағы.* Ақтұма ***төсіндегі*** шоғырмақ үйлер (Б. Тоқтаров). ◊ **Төс қақты (соқты)** — *дандайсып мақтанды, кеудесін керді.* **Төс қалта** — *киімнің кеуде тұсына тігілген қалта.* **Төс табандап жатыр** — *бауырын төсеп етпетінен жатыр.*

ТӨС II *Үстіне темір қойып соғатын ұстаның құралы.* Темірді ***төске*** салып соққылап жатты (Б. Тәжібаев).

ТӨСАҒАШ 1. *Ағаштан жасалған төсек.* Олар ***төсағашта*** жатқан қыздың қасында отыр (С. Сейфуллин). 2. *Арбаның алдыңғы білігінің үстінде тұратын жастық ағаш.* Арбаның ***төсағашын*** қайыңнан істейді (С. Қасиманов).

ТӨСЕ 1. *Киіз, алаша, текемет, көрпе сияқты нәрсені жерге жаю, салу.* Киіз ~п, шай ішті. 2. *Ауыс. Құлағын не бетін тосу.* Есіктің жапсарына құлағымды ***төсей*** қалдым (Ақынжанов).

ТӨСЕК 1. *Адам жатып, тынығатын орын; кереует.* Бөлмеде үш ~ тұр. ◊ **Төсек жаңғыртты** — *әйелі қайтыс боп, екінші рет үйленді.* **Төсекте басы, төскейде малы қосылды** — *бірлігі бар, қонысы ортақ жұрт болды.*

ТӨСЕКАЯҚ *Үстіне төсек-орын жинап қоятын үй жиһазы.*

ТӨСЕКЖАПҚЫШ *Төсек үстін жабатын жамылғы.* ~ сатып алды.

ТӨСЕК-ОРЫН *Жатуға қажетті көрпе-жастық, төсеніш.* ***Төсек-орнын*** арбаға артып алып жүріп кеткен (Ақышев).

ТӨСЕКТЕС *Жатын орны іргелес, қатар.* Ол шебермен көрші, ***төсектес*** (Жұмақанов).

ТӨСЕЛ *Белгілі бір іске жаттығу, машықтану.* Жұмысқа ~ді, қаламы ~ді.

ТӨСЕЛМЕЛІ *Сабағы жайылып, жерге төселіп өсетін.* Өсімдік сабақтары өсу түріне қарай ***төселмелі,*** шырмалғыш деп бөлінеді (Мұсақұлов).

ТӨСЕНДІ *Төсеп тастаған, төселген.* ~ жол.

ТӨСЕНІШ *Еденге салатын киіз, алаша сияқты үй жиһаздары.* Қой жүні киім, ***төсеніш*** жасауға кеңінен пайдаланылады (Арғынбаев).

ТӨСКЕЙ *Таудың қия беткейі, биіктеу баурай.* Аңшы келе жатқан бөктер бетегелі ***төскей*** болатын (М. Әуезов).

ТӨСКЕЙЛЕ *Беткейлеу жаққа қарай көтерілу.* Аңшы іздеген аруаналар ***төскейлеп*** барады (Кекілбаев).

ТӨСТАБАН 1. *Шөккен түйе төсінің жерге тиіп жататын жері.* ***Төстабаны*** жер сызған атан жүрер жол екен (С. Мұқанов). 2. *Темір жол рельсі сияқтылардың астына төсеу үшін қолдан үйілген топырақ жал.* ***Төстабан*** төсеп, тас қашап, тау тесу керек (Сматаев).

ТӨСТЕК *Кеуделі, төсті.* Кеудесі ***төстек*** те емес, тым тақта да емес (Жұмаділдин).

ТӨСТЕКТЕУ *Аздап төстек, төстілеу.* ***Төстектеу,*** ұзын бойлы өте қайсар (Сейфуллин).

ТӨСТЕС *Төсті төске тигізу, құшақтасу.* Файзекең — сіздің ***төстесіп*** табысар досыңыз (Т. Әлімқұлов).

ТӨСТИ *Сыртқа қарай шығыңқырап бұлтию.* ***Төстиген*** кең жемсауы неге тұрады (Көшімов).

ТӨСТІ *Төсі шығыңқы, кең кеуделі.* Әзімхан орта бойлы, ***төсті*** жігіт (Сейфуллин).

ТӨСТІК *Малдың төс сүйегінің үстіне біткен майлы ет.* Біреулер ***төстік*** пісіріп жүр (М. Жұмағұлов).

ТӨСТІЛЕУ *Төсі шығыңқы, кеуделілеу.* ~ жігіт.

ТӨТЕ I *Бұрылысы жоқ, тура, тіке.* ~ жол (асу). □ **Төте оқу** — *араб жазуында сауат ашудың жаңартылған әдісі.*

ТӨТЕ II *Қарсы тұра білу, төзімділік көрсету.* Оған ешбір жау ***төтеп*** бере алмайды (Есенжанов).

ТӨТЕДЕН *Күтпеген жерден, тікеден, кенеттен, өкпе тұстан.* ~ сұрақ қойды (қосылды).

ТӨТЕДЕН-ТӨТЕ *Тұп-тура, турадан-тура.* ~ жүріп келеміз.

ТӨТЕЛЕ *Тура тарту, тіке жүру.* Сағит енді ***төтелей*** егістік жерге түсті (Алдабергенов).

ТӨТЕЛЕУ *Өкпе тұстау, жақындау.* ~ жол.

ТӨТЕЛІК *Төте, тіке, тура болушылық.* Қапалға тура тартқан жол ***төтелігі*** болмаса, қиындау (Бегалин).

ТӨТЕН *Көлденең, шұғыл, күтпеген.*

ТӨТЕННЕН *Күтпеген жерден, кенеттен.* Аудан басшылары мені ***төтеннен*** шақыра қалғаны (Д. Досжанов).

ТӨТЕНШЕ *Айрықша, ерекше, бөлекше.* ~ шара (тапсырма).

ТӨТЕСІН *Төте жақын деп есептеу, білу.* Жалғызаяқ жолды ***төтесінді*** ("Жалын").

ТРАГЕДИЯ *әдеб. Соңы кісі өлімі сияқты қайғылы оқиғамен шешім табатын драмалық шығарма.* М. Әуезовтің "Еңлік-Кебек" ~сы.

ТРАЕКТОРИЯ 1. *физ. Қозғалған дененің жүріп өткен жолы.* 2. *әск. Снарядтың немесе оқтың ұшу жолы.*

ТРАКТАТ *Белгілі бір ғылым саласы бойынша тұбегейлі зерттеп баяндайтын ғылыми жұмыс.* Философиялық ~.

ТРАКТОР *Ауыл шаруашылық жұмысы мен құрылыс істерінде пайдаланылатын доңғалақты не шынжыр табанды машина.*

ТРАКТОРШЫ *Трактор жүргізуші.* Озат ~.

ТРАМВАЙ *Электр қуаты арқылы рельспен қозғалып, қалаларда жолаушы тасымалдайтын моторлы вагон.* ~ға отырды, ~мен барды.

ТРАМПЛИН *спорт. Шаңғымен биіктен секіру үшін не суға секіру үшін жасалған арнаулы тұғыр.* ~нен секірді.

ТРАНЗИСТОР *Батареямен жұмыс істейтін көлемі шағын радиоқабылдағыш.*

ТРАНЗИТ *Аралық пункт арқылы бір жерден екінші жерге жүк не жолаушы тасымалдау ісі.*

ТРАНСКРИПЦИЯ *лингв. Белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл беру үшін пайдаланылған жазу, шартты таңба.*

ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ *лингв. Белгілі бір тілге тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық белгілеу.*

ТРАНСЛЯЦИЯ *Үлкен жиын не жарыс болып жатқан жерден радио мен теледидар арқылы берілетін хабар.*

ТРАНСПАРАНТ 1. *Селдір матаға жазылған ұран.* 2. *Түзу жазу үшін жолсыз ақ қағаздың астына салынатын сызықты парақ.*

ТРАНСПОРТ *Өуеде, жерде және суда жолаушылар мен жүк тасымалдайтын қатынас көлігі.*

ТРАНСПОРТШЫ *Белгілі бір транспортты жүргізуші, айдаушы.*

ТРАНШЕЯ *әск. Майдандағы әскери күштің уақытша бекініс орны, ұзын терең қазылған ор.*

ТРАП *Самолетке, кемеге жолаушыларды отырғызарда пайдаланатын, жылжымалы баспалдақ.*

ТРАССА *Қалалар мен басқа да елді мекендерді жалғастыратын кең, түзу асфальтты жол.*

ТРАХОМА *мед. Ісініп, былшықтанып кететін жұқпалы, созылмалы көз ауруы.*

ТРЕСКА *зоол. Ұзындығы 90 см-ге дейін жететін теңбіл түсті теңіз балығы.*

ТРИБУНА *Жұртшылық алдында шығып сөйлейтін көтеріңкі тұғыр, мінбе.*

ТРИБУНАЛ *заң. Жоғарғы сот орны.* Әскери ~.

ТРИГОНОМЕТРИЯ *мат. Математикалық функциялар мен олардың геометрияда қолданылуын зерттейтін саласы.*

ТРИГОНОМЕТРИЯЛЫҚ *Тригонометрияға тән, соған қатысты.* ~ теңеу.

ТРИКО 1. *Жүн, мақта-мата жібіне химиялық талшық қосып тоқылған тығыз, қалың мата.* 2. *Осы матадан тігілген жеңіл спорт киімі.*

ТРИКОТАЖ *Жіптің түзақталып, өзара айқасуы арқылы тоқылған тоқыма мата.*

ТРИКОТИН *Жүн жібіне химиялық талшық қосып тоқылған, түрлі-түсті қымбат мата.*

ТРИЛЛИОН *Миллиардтан мың есе көп есептік сан.*

ТРИЛОГИЯ *әдеб. Мазмұны бір-бірімен байланысты, негізгі кейіпкерлері ортақ бір автордың үш кітаптан тұратын шығармасы.* Ө. Нүрпейісовтің "Қан мен тер" ~сы.

ТРОЛЛЕЙБУС *Электр қуатымен қозғалатын, жолаушы таситын қала транспорты.*

ТРОП *әдеб. Көркем шығармадағы сөз бен сөз тіркесінің ауыспалы мағынада қолданылуы.*

ТРОПИК *Экваторға жақын маңдағы жыл маусымында елеулі айырмашылық байқалмайтын ыстық климатты аймақ.*

ТРОПИКТІК *Тропикке тән, соған қатысты.* ~ белдеу (орман).

ТРОС *Кендір я сымнан есілген арқан.*

ТРОТУАР *Көшенің жаяу адам жүруге арналған шеткі бөлігі.*

ТРУБКА 1. *Темекі салатын ойығы бар шылым шегуге арналған аспап; мүштек.* 2. *Қолмен көтеріп тікелей сөйлесіп, тыңдауға арналған телефон аппаратының бір бөлігі.*

ТРУППА *Театрдың белгілі бір творчестволық тобы.*

ТРЮК *Шеберлік, айлакерлік, сәтті қимыл-әрекет.* Акробаттар ~гі.

ТРЮМ *Кеменің двигатель орналасқан, жүк қоятын астыңғы бөлімі.*

ТРЮМО *Үлкен биік айна.*

ТУ I *Жеке бір мемлекетке, топқа арналып, белгілі бір түсті матадан жасалған ұзын сапты жалау. Ту* көтерген ел көрдім (Жамбыл). ◊ **Ту байлады [тікті, көтерді]** — *халықтың басын қосып, ерлікке шақырды.*

ТУ II 1. *Бір не бірнеше жыл тумай қалған қысыр (мал).* ~ сиыр (бие, қой). // *Бала таппаған, бедеу (әйел).* ~ қатын. 2. *Ауыс. Әлі игерілмеген, тың жатқан.* ~ жер (көде).

ТУ III 1. *Босану, бала табу.* Ұл *туғанға* күн туады (Мақал). Алып анадан, ат биеден *туады* (Мақал). 2. *Ауыс. Пайда болу, жарыққа шығу.* Жаңа опералар ~ды, өлеңдер ~ды. ◊ **Туған айдай** — *аса сұлу, көрікті, ару.* **Туған ел [жер]** — *туып-өскен жер, өз елі.* **Туған күн** — *әркімнің көз ашып, өмірге келген күні.* **Тумай туа шөккір** *(қарғ.)* — *жоқ болғыр, қараң өшкір.* **Тумаса да, туғандай** — *жат болса да, өз баласындай.*

ТУ IV *Уақыт немесе ара қашықтығын білдіретін сілтеу.* ~ алыстағы ауыл, ~ баста.

ТУ V *Таңданғанды, өкінгенді, кейігенді білдіретін көңіл-күй одағайы.* ~, әттегене-ай!

ТУ: ту сырты — *адамның, үйдің т. б. сырт жағы, арқа тұсы.*

ТУАЖАТ *Бір атадан тараған сегізінші ұрпақ, неменеден туған бала.*

ТУБЕРКУЛЕЗ *мед. Адам мен жануардың өкпе, бауыр, сүйек сияқты органдарын зақымдайтын созылмалы жұқпалы ауру.* Өкпе ~і, сүйек ~.

ТУВА *Тува автономиялық республикасының тұрғын халқы. Сол ұлттың өкілі.* ~ тілі.

ТУҒАН-ТУЫСҚАН *Бір атадан тараған, ағайын.* ~ы көп.

ТУЛА 1. *Бас асаулық қылу, мөңку.* Асау ат ~п жүр. 2. *Ауыс. Бұлқан-талқан болып ашуға басу.* Шешесі келіп *тулап* кетті (Қасенов). 3. *Ауыс. Толқын ату, буырқану.* ~ған толқын.

ТУЛАҒЫШ *Тулай беретін, мөңкігіш.* ~ ат.

ТУЛАҚ 1. *Жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін пайдаланатын кептіріп қатырылған шикі тері.* ~ты төседі. 2. *Ауыс. Көп мінілген арық ат.* Атты күнде мінсе — *тулақ*, күн ара мінсе — құнақ (Мақал).

ТУЛАҚТАЙ: тулақтай сүйретті — *азаптады, қорлады.*

ТУЛАҚША *Тулаққа ұқсап.* Тасты ~ сабады.

ТУМА I *Табиғи, саф таза. Туғаннан бері, тумысынан, жаратылысынан.* ~ талант.

ТУМА II *Туыс, ағайын.*

ТУМЫСЫНДА *Өз өмірінде, туылғалы бері.* ~ шыр бітпеген немелер.

ТУМЫСЫНАН *Жаратылысынан, болмысынан.* ~ сөзге шешен жігіт.

ТУМЫШ: тумыш ат — *арғымақ пен қазақы жылқыдан туған будан ат.*

ТУНДРА *Қиыр солтүстіктегі мұқ басқан ормансыз дала.*

ТУННЕЛЬ *Жер астымен жүретін я тауды тесіп өткен ұңғір жол.*

ТУР I *зоол. Ертеде өмір сүріп, тұқымы құрып кеткен жабайы сиыр.*

ТУР II *Сұрыптау конкурсының, спорт жарысының кезекті сатысы, жаңа белесі.*

ТУРА I 1. *Еш бұрамасыз, ауытқусыз, түзу.* ~ баратын жол. 2. *Дәл, нақ.* ~ он жыл болды. 3. *Ауыс. Қара қылды қақ жарған әділ. Тура* биде туған жоқ (Мақал). ◊ **Тура жолға салды** — *дұрыс бағыт берді.* **Турасын айтты** — *шынын, анығын баяндады.*

ТУРА II *Шахмат фигурасы, ладьяның қазақша аты.*

ТУРА III *Ет, нан, тағы басқа тағамды пышақпен кесу.* Нан ~ды, ет ~ды.

ТУРАҒЫШ *Тураға арналған.* Сүрлем ~, шөп ~.

ТУРАДАН-ТУРА *Түп-тура, әділ.* ~пікір айтты.

ТУРАЛА *Тіке бет алу, тура жүру; тура ету.* Жотаға *туралап* жол тартты (Байғұтов).

ТУРАЛАУ *Бағыты дұрыстау, түзулеу.* Алған бағыты ~.

ТУРАЛЫ *Жайында, хақында, жөнінде.* Өзі ~, болашақ ~.

ТУРАЛЫҚ *Тура болушылық, әділдік.* Туғаннан *туралығы* бар (Бөриев). Қылышты қолда *туралық* (Сматаев).

ТУРАМ *Кішірек бір кесім, бір асам.* Шұжықтың бір *турамын* аузына салды (М. Хасенов).

ТУРАМЫШТА *Турап-турап бөлшектеу, уақтап тұрау.* Кесек етті *турамыштап* көже жасамақ ("Мәдениет және тұрмыс").

ТУРАУЛЫ *Тұралып қойылған, тұралған.* ~ ет (нан).

ТУРАУШЫ *Дастархан басында ет турап беретін адам. Тураушыда* туғаның болсын (Мақал).

ТУРАШЫЛ *Турасын айтатын, әділ. Турашыл* мінезін қатты ұнатып басын изеді (Сматаев).

ТУРАШЫЛДЫҚ *Турашыл болушылық, әділдік.* Туғаннан *турашылдығы* бар (Бөриев).

ТУРБИНА *Бу мен газдың, судың энергиясын механикалық энергияға түрлендіретін двигатель.*

ТУРБОГЕНЕРАТОР *тех. Бу не газ турбинасымен айналатын электрлік синхронды генератор.*

ТУРИЗМ *Белгілі бір маршрутқа жасалатын коллективті саяхат.*

ТУРИСТ *Туризммен айналысушы, саяхатшы.*

ТУРИСТІК *Туриске қатысты, соған тән.* ~ саяхат (жолдама).

ТУРНИК *Биіктеу етіп қос тіреуішке көлденең орнатылған темір білігі бар гимнастикалық аспап.*

ТУРНИР *Спорт жарысы.* Шахмат ~і.

ТУСЫРА *Игерусіз қалу, тыңаю. Тусырап* жатқан ақ селеулі жалпақ жон бар (Шаймерденов).

ТУ-ТАЛАҚАЙ *Әлем тапырық, бей-берекет, быт-шыт.* ~ болды (қылды). ◊ **Ту-талақайы шықты** — *астан-кестен болды, берекесі қашты.*

ТУ-ТАЛАҚАЙЛА *Берекесін кетіру, талапайлау.* Саған қарамай *ту-талақайлап* жіберіпті (Қазыбеков).

ТУФ *мин. Құрылыс материалы ретінде қолданылатын тау жынысы.*

ТУФЛИ *Әр түрлі үлгіде тігетін ерлер мен әйелдердің қонышсыз өкшелі аяқ киімі.*

ТУША *Бір жасар ұрғашы ешкі.* Семіз ~сын сойды.

ТУШЬ *Сызу, сурет салу, жазу үшін езіп жасалған спиртті бояу, сия.*

ТУЫМ *Жаратылыс, бітім, туыс.* Тұлпардың тұқымының *туымы* бар (Ізтілеуов).

ТУЫНДА *Өрбіп-өсу, көбею. Туындап* жатқан мәселелер көп (М. Хасенов).

ТУЫНДАС *Төркіндес, түбірлес.* Болашақ заман өнері де бұрынғы мұралармен *туындас* (З. Серікқалиев).

ТУЫНДЫ *Ақын, жазушылардың жарық көрген творчестволық еңбегі.* Ақынның "Аққудың айырылуы"- көркем *туынды* (Р. Бердібаев).

ТУЫРЛЫҚ *Киіз үй керегесінің іргесінен уықтың орта беліне дейінгі жерді жауып тұратын киіз.* Ақ боз ~ жапқан үй. □ **Туырлығын тіліп тоқым етті** — *тас-талқанын шығарды, шаңырағын ортасына түсірді.* ◊ **Туырлық бау** — *туырлықты ұстап тұратын әрі әсемдік үшін ою-өрнек салынған жалпақ терме бау.*

ТУЫРЛЫҚТАЙ *Туырлық сияқты шап-шағын.* ~ арал.

ТУЫРЫЛ *Ішін май басу, семіру.* Ту биенің ~ып түскен қазы-қартасы.

ТУЫС 1. *Бір атадан тараған, жақын, туысқан. Туысы* жақын жақын емес, қонысы жақын жақын (Мақал). 2. *Ауыс. Бір-біріне мейір-шапағаты бар, бауырлас.* Адам адамға — дос, ~.

ТУЫСҚАН 1. *Бір атадан өрбіген, бауырлас.* Бұл — Бозащыда туып өскен Оразалының *туысқаны* (Оразақов). 2. *Бірімен бірін ортақ мақсат қосқан халықтар мен одақтас елдер.* ~ Арменияға көмекке келді. 3. *Ауыс. Таныс не таныс емес адамдарға меңзей айтылатын қаратпа сөз.* Айтып жіберіңізші, ~.

ТУЫСҚАНСЫЗ *Туысқаны жоқ. Туысқансыз,* жолдас бар, Бұдан бөлек елің жоқ (Жансүгіров).

ТУЫСҚАН-ТУҒАН *Туыс атаулы, ағайын-туған, жақын-жақыбай. Туысқан-тугандарынан* жәрдем келіп тұрады (С. Мұқанов).

ТУЫСҚАНШЫЛ *Туысқан болғыш, туысшыл.*

ТУЫСҚАНШЫЛДЫҚ *Туысқаншыл болушылық.* ~ғыңыз жоқ.

ТУЫССЫЗ 1. *Туысы жоқ.* ~ өсті. 2. *Туыстық қатысынсыз.* ~ қиын болады.

ТУЫССЫЗДЫҚ *Туыссыз болушылық.*

ТУЫССЫРА *Туысын аңсау, туыс іздеу. Туыссырап* бара жатса, бір машинасын жібермес пе еді (Рахимов).

ТУЫСТАС I *Шыққан тегі бір, төркіні жақын.* ~ адамдар.

ТУЫСТАС II *Аралас-құралас болу, ынтымағы жарасу.* ~ып кеткен жандар.

ТУЫСТАУ *Аздаған туыстық қатысы бар, жақындау. Туыстау* ер адамды ертіп келді ("Қаз. әдеб.").

ТУЫС-ТУМА *Ағайын, жегжат. "Туыс-тумаңды* маңайыңнан қума" деген қазақ (Ел аузынан).

ТУЫСТЫҚ *Туыстастық, бір тугандық.* ~ сезім (өкпе-наз).

ТУЫСТАСТЫР *Туыс ету, жақындастыру, туыстыру.* ~а түсті.

ТУЫСША *Туысқа ұқсап.* Туысты *туысша* жақсы көру шын туысқан адамдарда ғана болады (Р. Тоқтаров).

ТУЫСШЫЛ *Туысын жақсы көретін, туысқаншыл.* ~ын қарай гөр.

ТУЫСШЫЛДЫҚ *Туысшыл болушылық, ағайыншылдық.*

ТҰҒЖИ *Тұқырая еңкею; еңсесі түсу.* Әкемнің тұнжырап, *тұғжиып* отырғанын көрдім (Әбдіков).

ТҰҒЖЫҢ *Құнжыңдаған қимыл-әрекет.* Лашын *тұғжың* қағып қарық боп жатыр (Сейдімбеков).

ТҰҒЖЫНДА *Тұғжың-тұғжың ету.* Қағаздарын тамамдап *тұғжыңдаған* бухгалтер отырады (Қонарбаев).

ТҰҒЫЛ *Тау сайының барып-барып бітеліп, тұйықталып қалар жері.*

ТҰҒЫР I 1. *Қолға үйретілген саят құстың қонақтайтын орны, биіктеу ағаш қондырғы. Тұғырдағы* қыран қаршығаға ұқсап кеудесін көтерді (Мырзахметов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің астына қойылған тірек, сүйеніш.* Телефонын ~ына қойды. ◊ **Тұғырдан тайды [түсті]** — *қайраты қайтты, қадірі кетті.*

ТҰҒЫР II *Мініске төзімді, жабы тұқымдас жылқы; жұмыс көлігі.* Жирен *тұғырын* сипай қамшылап келеді (Сүндетов).

ТҰҒЫРЛЫ *Астында мініс көлігі, аты бар.* Тоқымы *тұғырлы,* құрығы құтты жылқышы... (М. Хасенов).

ТҰҒЫРСЫЗ *Тұғыры жоқ. Тұғырсыз* жараспайды жерге қонса (Айтыс).

ТҰЖЫР 1. *Кесілген ағаштың, бұтақтың үш жағын тегістеп, жұмырлай шабу.* 2. *Ауыс. Қысқа қайыру, доғару...* Бұйрығын осымен *тұжырды* (Т. Сүлейменов).

ТҰЖЫРЫМ *Белгілі бір істің қорытындысы, байламы, шешімі.* Бектілеуовтің өз *тұжырымы* осы болды (Әбуталиев).

ТҰЖЫРЫМДА 1. *Тұжырып шауып үшын тегістеу, тұжыру.* Кесілген ағаштың бас-аяғын *тұжырымдап* қояды (Қасиманов). 2. *Ауыс. Қорытындылау, түйіндеу.* Ойын ~ды, әңгімесін ~ды.

ТҰЖЫРЫМДЫ *Тұжырымы бар, байламды, шешімді.* ~ тоқтамға келді, ~ ойды білдіреді.

ТҰЖЫРЫМДЫЛЫҚ *Байламдылық, шешімділік, жинақылық.* Ойдың ~ғы, сұрақтың ~ғы.

ТҰЗ I *Ас-тағамның дәмін кіргізетін, суда ерігіш, ақ түсті кристалл.* Картопты *тұзға* батырып жеген дәмді болады (Қанахин). □ **Тұз қышқылы** *(хим.)* — *ас тұзы мен күкірт қышқылын қосу арқылы алынатын хлорлы сутегі қышқылы.* ◊ **Тұзы жараспады** — *шығысып кетті, отасып тұра алмады.* **Тұзын татты** — *асын ішті, дәмдес болды.*

ТҰЗ II *Ойын картасының ең үлкені, күштісі.* Оның қолында алтылық пен *тұз* отыр (Ғ. Мүсірепов).

ТҰЗАҚ *Тұздан есіп, ілмектеліп жасалған аңшы құралы. Тұзақ* істеді де апарып үйректің ұясына құрды (Алтынсарин). ◊ **Тұзаққа түсті** — а) *тұзаққа ілініп қалды;* ә) *алданып қолға түсті, ұсталды.* **Тұзақ құрды [салды]** — а) *құс жолына тұзақ байлады;* ә) *пәле ойлады; айла-амал жасады.*

ТҰЗАҚТА *Бұғалық жасап байлау, шалма жасау.* Шылбырын ~п алды.

ТҰЗАҚТЫ *Тұзақ етіп байланған.* Арқанның *тұзақты* басын оң қолға алдым (Есенжанов).

ТҰЗАҚШЫ *Тұзақпен аңшылық құратын адам; тұзақ жасаушы.* Ненец табиғатында аңшы, *тұзақшы* халық (Р. Тоқтаров).

ТҰЗДА *Азық-түліктердің дәмін кіргізу үшін тұз себу, тұз қосу.* Етті ~ды, балықты ~ды.

ТҰЗДАЙ 1. *Тұз сияқты удай, ащы.* ~ ащы. 2. *Ауыс. Көкпеңбек, көк.* Көзі ~.

ТҰЗДАН *Құрамында тұз жиналу, тұз пайда болу.* Су бірте-бірте ~ды.

ТҰЗДАУЛЫ *Тұз салынған, тұз қосылған.* ~ ет (қияр).

ТҰЗ-ДӘМ *Ас-су, несібе.* Әңгіме *тұз-дәмге* тіреліп тұрған жоқ (Тілеков). ◊ **Тұз-дәм айдады** — *бір жаққа бару сәті түсті, дәм бұйырды.* **Тұз-дәмі жараспады** — *тату-тәтті тұра алмады; ажырасып кетті.*

ТҰЗДЫ *Құрамында тұзы көп, ащы.* ~ құрт (көл, сор).

ТҰЗДЫҚ *Туралған, піскен еттің үстіне құю үшін тұз, пияз салып дайындалған майлы сорпа.* Етке ~ құйды.

ТҰЗДЫҚТА 1. *Асқа тұздық құю, дәмін кіргізу.* Тураған етті ~ды. 2. *Ауыс. Сөзді астарлап, құбылтып сөйлеу.* ~п сөйледі, ойын ~п отырды.

ТҰЗДЫЛЫҚ *Тұзды, тұзы көптік.* Астың ~ғын жаратпады.

ТҰЗСЫЗ *Тұзы жоқ, тұз салынбаған.* ~ сүрлем (нан).

ТҰЗСЫЗДЫҚ *Тұзсыз болушылық, тұзы жетіспегендік, дәмсіздік.*

ТҰЗСЫРА *Тұз жегісі келу, тұзды аңсау.* Қой ~ды, мал ~ ды.

ТҰЗХАНА *Тұз сақтайтын үсті жабық орын, арнаулы бөлме.*

ТҰЗШЫ *Тұз өндіретін өндірісте жұмыс істейтін адам.* ~ лар ауруханасы.

ТҰЙҒЫН 1. *Қаз, үйрек аулап қоректенетін лашын тұқымдас жыртқыш құс.* Лашынның *тұйғын,* көкжендет дейтін түрлері бар (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Алғыр, сезімтал, қырағы.* Жас та болса берік боларлық *тұйғын* қыз (Бегалин).

ТҰЙҒЫНША *Тұйғынға ұқсап.* Бұлттан асып бара жатқан *тұйғынша* көтеріңдерші (Ө. Әбішев).

ТҰЙЫҚ 1. *Шығар жағы жоқ, бітеу; әрі қарай жүруге болмайтын.* ~ көше, ~ жол. 2. *Киіздің, арқан-жіптің т. б. бүктелген, қайырылған жері.* Арқан, әр түрлі баулардың бір басы *тұйық* болады (Қасиманов). 3. *Ауыс. Ашылып сөйлемейтін бұйығы, аз сөзді.* ~ қыз. ◊ **Тұйыққа тірелді** — *істер амалы қалмады, шарасыздыққа ұшырады.* **Тұйық тартты** — *сөйлегісі келмей бұйығыланды.*

ТҰЙЫҚТА *Шетін қайыру, қымтау, жан-жағын бекіту.* Көрпесін ~ды.

ТҰЙЫҚТАН *Ешкіммен ашылып сөйлеспеу, бұйығылану.* Мінезі күрт өзгеріп *тұйықтанып* кетіпті (Күмісбаев).

ТҰЙЫҚТАУ *Аздап тұйық, тұйығырақ.* Сөзге сарандау, сырға *тұйықтау* еді ("Қаз. әдеб.").

ТҰЙЫҚТЫҚ *Тұйық болушылық.* Серігінің ~ғы, мінезінің ~ғы.

ТҰҚИ *Басын тұқырайтып төмен салу, еңсесі түсу.* Әкесі төмен қарап *тұқиған* қалпында (Дүзенов).

ТҰҚШИ *Тұқию, тұқыраю. Тұқшиып* етік жамап отырған (Қанахин).

ТҰҚШЫҢДА *Тұқшың-тұқшың ету, еңкеңдеу.*

ТҰҚЫ *Сазан балықтың тоған суларында өсірілетін қабыршақты не қабыршақсыз түрі.* Ақмарқа — *тұқы* балығының тұқымдасы (Күленов).

ТҰҚЫЛ 1. *Қысқа, мұқыл мүйіз.* ~ ешкі. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің тұбіртегі, қалдығы.* Қарындаштың ~ы, тарақтың ~ы.

ТҰҚЫЛДА *Тұқыл ету, тегіс қыру, сыпыру.* Сақал-мұртын көк *тұқылдап* қырып тастаған (Еділбаев).

ТҰҚЫЛДЫҚ *Сиыр мүйізінің шекеге тақау тұбі. Тұқылдықтан* тарсылдап үзілер болғай сол мүйіз (Шалкиіз).

ТҰҚЫМ 1. *Түрлі дақыл мен өсімдіктің өсіп-өну, көбею негізі; ұрығы.* Бидай ~ы, жүгері ~ы. 2. *Арғы атасы, ата тегі, нәсілі.* Құнанбай *тұқымымен* алыстан арбасарлық өз бәсекесі болады (М. Әуезов). 3. *Белгілі бір малдан тараған түліктің тегі.* Мұнда Еділбай қой *тұқымы* өсіріледі (Е. Жәкенов). ◊ Тұқым қуалау — *ұрпақтан-ұрпаққа ауысу; атадан балаға ауысу.* Тұқымың құрғыр! *(қарғ.)* — *ұрім-бұтағың жойылғыр.*

ТҰҚЫМДАЙ *Тұқым күйінде, астық түрінде.* Ақшалай, *тұқымдай* көмек алды (Б. Майлин).

ТҰҚЫМДАС *Бір текті тараған, тұқымы бір.* Түркі ~ халық, қаракөл ~ қой.

ТҰҚЫМДЫ: *асыл тұқымды — еті, жүні сапалы, табысты көп беретін, ерекше тұқым.*

ТҰҚЫМДЫҚ *Тұқымға арнап сақталған, ұрықтық.* ~ астық (картоп).

ТҰҚЫМСЫЗ *Тұқымы жоқ; ұрпақсыз.* Олар ~ емес.

ТҰҚЫМСЫЗДЫҚ *Тұқымсыз болушылық, ұрпақсыздық.*

ТҰҚЫМ-ТҰҚИЯН *Жеті ата, ұрім-бұтақ, жетіп ұшты. Тұқым-тұқияны* үнемі кісі есігінде өткен (М. Әуезов).

ТҰҚЫР 1. *Басын төмен салып, мойнын ішке алу.* Ол басын *тұқыра* төмен қарап отыр ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Тыйып тастау, басу.* Оны сөзбен ~ып тастады.

ТҰҚЫРАЙ *Басын төмен салу, тұқшию.* Төмен *тұқырайып* отырып қалды (Ш. Құмарова).

ТҰҚЫРАҢДА *Тұқыраң-тұқыраң ету, құңжыңдау.* Ол *тұқыраңдап* жаза бастады (С. Омарова).

ТҰҚЫРТ *Басын төмен салғызып, тұқырайту.* Әжем басын ~ып мүлгіп отыр.

ТҰҚЫРУЛЫ *Басы төмен салулы, тұсулі, тұқырайған.* Басы төмен ~.

ТҰЛ 1. *Отасқан ері қайтыс болған жесір (әйел).* ~ қатын. 2. *Ауыс. Бекер, бос сүлде.* Қайратсыз ашу — *тұл*, шәкіртсіз ғалым — *тұл* (Абай).

ТҰЛА: **тұла бойы** — *бүкіл дене, он екі мүшесі түгелімен.* ◊ **Тұла бойы иіді** — *еміренді, мейірленді.* **Тұла бойы қалтырап кетті** — а) *қатты қорықты, жаны тыршікті;* ә) *жаурап кетті, мұздады.* **Тұла бойы түңғышы** — *алғаш көрген перзенті.*

ТҰЛАН: **тұлан түтты** — *бұлқан-талқан болды, қатты долданды.*

ТҰЛҒА 1. *Адам мен жан-жануардың дене бітімі, пішіні, сырт бейнесі.* Барлық ~сы әкесі тектес. 2. *Тірек, сүйеніш, қорған, қамқор.* Жұртқа *тұлға* болар батыр ұл шықты (І. Есенберлин).

ТҰЛҒАЛАН *Келбет-кескіні айқындалу, пошым-бітімі ірілену.* ~ып көрінді, өзгеден оқшау ~ды.

ТҰЛҒАЛАС *Кескіндес, пішіндес.* Құлан ~ кер дөнен.

ТҰЛҒАЛАСТЫҚ *Тұлғалас болушылық, ұқсастық.*

ТҰЛҒАЛЫ *Тұлғасы келіскен, тұрпатты, бейнелі.* Балуан ~ жігіт.

ТҰЛҒАЛЫҚ *Тұлға болармық.*

ТҰЛҒА-ТҰРПАТ *Сырт құрылым, кескін-келбет.* ~ы келіскен.

ТҰЛДА *этногр. Қадірлі адамы өлгенде шаңыраққа қара ту байлап, мінген атын күзеп, қара жамылатын қаралы дәстүр.* Ердің қаралы киім, аспаптарын жыл уағына шейін *тұлдап* іліп қояды (М. Әуезов).

ТҰЛДАН 1. *Әйелдің өлген күйеуін еске алып қайғыруы.* 2. *Долданып қатты ашулану, жұлыну.* Бұл қай бассыздық, — деді Байтөбет *тұлданып* (С. Мұқанов).

ТҰЛДЫҚ *Тұл болып қалушылық.* Үш жылға дейін *тұлдық* жоқ деген қазақтың аталы сөзі бар (Бегалин).

ТҰЛДЫР 1. *Жоққа тән, болмашы зат.* Иегінің ұшына бір тұтамдай *тұлдырын* қалдырды (С. Мұқанов). 2. *Жалаңаш, тақыр.* ~ дала (жазық). ◊ **Тұлдыр [тұл] жетім** — *әке-шешесі бірдей жоқ, тақыр жетім.* **Тұлдыр қалды** — *әке-шешеден бірдей айрылды, жалғыз қалды.*

ТҰЛДЫРСЫЗ *Тұлдыры жоқ, тап-тақыр.* Жері *тұлдырсыз* тақыр емес еді (Серіққалиев).

ТҰЛПАР 1. *Асқан жүйрік, дүлдүл ат.* ~лар жайында өлең-жырлар көп. 2. *Ауыс. Алдына жан салмас, білімді, озық. Тұлпардан* қалған тұяғым (Ж. Молдағалиев).

ТҰЛПАРША *Тұлпарға ұқсап.* Батырлар мінетін ~.

ТҰЛЫҚ *Атқа жегіп астық бастыратын, төрт не алты қырлы тас құрал, малта тас.* Қол орақпен егін орып, *тұлық* бастырды (Саржайлау).

ТҰЛЫҚТАС *көне. Атқа жегіп астық бастыратын, тұлықтың ертедегі атауы.* Қиял тас қашап, *тұлықтас* жасады (Б. Дәулетбаев).

ТҰЛЫМ *Жас баланың шекесінен, шүйдесінен ырым үшін қалдырып қойған тұлымшақ шаш.* Шекесінде Қамбардың бар екен алтын *тұлымы* (Қамбар батыр).

ТҰЛЫМШАҚ *Өруге келмейтін әдейі қалдырған шаш, тұлым.* ~ғы селтиген қыз.

ТҰЛЫП I *Мал мен аң терісінен тігілген сырт киім, ішік.* Үстіне ~ жамылған.

ТҰЛЫП II *Жас төлі өлген малдың енесін алдарқату үшін ішіне шөп, сабан тығылған бітеу тері.* Боталары өледі де, *тұлыппен* сауылатын (Жармағамбетов). ◊ **Тұлыпқа мөңіреді [қарады]** — *алданыш етті, жұбанды.*

ТҰЛЫПТАЙ *Тұлып сияқты қампиған.* ~ боп ісіп кеткен.

ТҰМА *Кішірек бастау, бұлақ.* Осы *тұмадан* ат суарып алсақ (Шөкенов).

ТҰМАН 1. *Жер бетіндегі су буымен, ыс, түтін, шаңның араласуынан қоюланған бұлыңғыр, бұлдыр ауа.* Жерді ~ басты, ~ түсті. 2. *Ауыс. Жұмбақ, белгісіз; күңгірт.* Қыз ойы әкеге *тұман* (Байтанаев). □ **Тұман басты [түсті]** — *айналаны тұман қаптады, көрсетпеді.*

ТҰМАНДАН *Тұман түсу, тұман басу.* Аспан түнеріп, жаң-бырлатып, арты *тұмандаңып* кетті (Саржайлау).

ТҰМАНДЫ *Тұман түскен, тұман басқан.* Ауа райы ~.

ТҰМАНША *Тұманға ұқсап.* ~ қаптаған түтін.

ТҰМАНТ *Бұлыңғыр тарту, тұмандану.* Күн таңертең аз *тұмантып* басталды (М. Әуезов).

ТҰМАР *этногр. Тіл, көз тиюден сақтайды деген ұғыммен құран сөзі жазылған үш бұрышты мата не былғарымен тысталған дұғалық қағаз.* Молдаға ~ жаздырып алды.

ТҰМАРЛА *Тұмар тағу; қастерлеу.* Қасқа атты үкілеп, тамағын ***тұмарлап*** мінді (І. Жансүгіров).

ТҰМАРЛЫ *Тұмары бар, тұмар таққан.* Қос ~ бурыл айғыр.

ТҰМАРЛЫҚ *Тұмар боларлық, соған қатысты.* Жыртып алды ***тұмарлық*** Диуананың тонынан (Батырлар жыры).

ТҰМАРША *Кішкене тұмар.* Сумкасын ашып, ішінен ***тұмарша*** шығарды (Р. Тоқтаров).

ТҰМАРШАЛА *Тұмарша сияқтандыру, шаршылау.* ~п бүктеді, ~п қалта тікті.

ТҰМАУ *Тыныс органына салқын тиюден болатын өтпелі ауру, жөтел.* ***Тұмау*** кезінде жөтел пайда болады (Қыдырниязов). □ Тұмау тиді — *салқын тиіп, тұмауратып қалды.*

ТҰМАУРАТ *Суық тиіп ауыру, жөтелу.* ~ып қалды.

ТҰМАУРАТҚЫШ *Тұмау тигіш, тымаурата бергіш.* Организм әлсірегенде адам ~ келеді.

ТҰМСА *Алғаш рет босанайын деп отырған жас әйел немесе тұқыш төлдейтін мал.* ~ әйел (інген).

ТҰМСАЛЫҚ *Тұмса болушылық.* Ақмарал бишараның ***тұмсалығы*** ма? (Жұмалиев).

ТҰМСЫҚ 1. *Жан-жануарлардың бас мүшесінің алдыңғы жағы, мұрын.* Бұғылар қарға ***тұмсықтарын*** тығып алған (Тоқтаров). 2. *геогр. Тау етегінің, жонының айнала берісіндегі мүйіс немесе сүйірленген жағы, иіні.* Көкшенің биік жонының батыс жақ ***тұмсығында*** Ақылбек қыстауы бар (С. Мұқанов). 3. *Аяқ киімнің үшы, бас жағы.* Етігінің ~ғы қайқайып кеткен. ◊ **Тұмсығын бұзды** — *аузы-мұрнын қан қылды.* **Тұмсығын көтерді** — *тәкаппарлық істеді, асып-тасты.* **Тұмсығы тасқа тиді** — *жолы болмады, беті қайтты.*

ТҰМСЫҚТА *Тұмсығын салып жіберу, тұмсығының үшымен жырту, жұлқылау.* Қыран ***тұмсықтап*** жыртатын қанды жемін көксейді (Есенжанов).

ТҰМСЫҚТЫ *Тұмсығы бар; тұмсығы шығыңқы.* Ұзын ~ дельфин.

ТҰМСЫҚША *Таудың, биіктеу жотаның жазықтыққа сұғынып тұрған тұсы.* ***Тұмсықшаға*** шашырағаң селдір топ шықты (М. Өуезов).

ТҰМША *Аузы-мұрынды байлауға арналған мата.* Сырқат адаммен сөйлесуге тура келсе, аузы-мұрныңызға ***тұмша*** байлап алғайсыз ("Алматы ақшамы").

ТҰМШАЛА 1. *Аузы-мұрнын жауып, қымтап орап, байлап алу.* Аузы-басын ***тұмшалап*** бүркеп жүреді (Әбуталиев). // *Бас-аяғын қымтай жабу, бүркену.* Көрпемен ~п алған. 2. *Ауыс. Қалқалау, күңгірт тарту.* Көк түтін жер-көкті ***тұмшалап*** қараңғылық орнады (М. Жолдасбеков).

ТҰМШАЛАҰЛЫ *Тұмшалап жауып тұрған, бүркеулі.* ~ қара перде.

ТҰМЫЛДЫРЫҚ 1. *Енесін ембеу үшін төлдің, сондай-ақ кісіні қаппау үшін иттің тұмсығына байлап қоятын киіз немесе былғарыдан істеп кигізетін тұмсық тор.* Біреулері ескі киізден бұзауға ***тұмылдырық*** тігіп жатыр (З. Ақышев). 2. *Дәрігерлер мен шаң-тозаңда жұмыс істейтін адамдардың тазалық сақтау үшін жасаған, аузы-мұрнын қалқалайтын дәкесі.* Мұрныңа ***тұмылдырық*** байлап алсаң қайтеді (Жәркенов).

ТҰМЫЛДЫРЫҚТА *Тұмылдырық салу; тұмсығын байлап тастау.* Ендігі қалғаны қасқырды ***тұмылдырықтап*** алу (Мағзамов).

ТҰМЫЛДЫРЫҚТАУЛЫ *Тұмылдырық салынған, байланған.* ~ тазысын ерткен.

ТҰН 1. *Су не басқа да сұйық заттар лайының түбіне шөгіп тазару, мөлдір түске енуі.* Су бастан ***тұнады*** (Мақал). 2. *Ауыс. Толу, кернеу.* Қаратау ~ып тұрған балық, ~ған қазына. 3. *Ауыс. Көңілге, ішке жиналу, іште жайлау.* Жатыр қанша мен білмеген сыр ***тұнып*** (Сейілжанова). ◊ **Көз тұнды** — *көздің жауын алды, қызықты.* **Құлағы тұнды** — *құлағы бітелді.* **Тұнып тұр** — *өте қалың, бітік өскен.*

ТҰНБА *Тұндыруға қойған сұйық заттың түбіне түскен қойыртпағы, шөгінді.* Оған қымыздың ***тұнбасын*** жұтқызбасаң болмас (Көшімов).

ТҰНДЫРҒЫШ *Тұндырып тұратын, сүзіп тазартатын.* Су ***тұндырғыштан*** келеді (Мал бордақылау).

ТҰНДЫРМА *Тұндырған нәрсе, тұнба.* Итмұрынның ***тұндырмасын*** ішуге болады ("Жұлдыз").

ТҰНЖЫР I *Құндылығы жағынан түйғыннан кейінгі қаршығаның ұрғашысы.* Құс төресі түйғын дейді, түйғыннан кейін ~ дейді.

ТҰНЖЫР II *Қабағы салыңқы, тұнжыраған.* Мына кісі тым ***тұнжыр*** екен (Өтетілеуов).

ТҰНЖЫРА 1. *Аспанды бұлт торлау, қалың бұлт қаптау, жауарман болу.* Күз күні ***тұнжырап,*** қабағын түйе түсті (Жолдасбеков). 2. *Ауыс. Қабақ ашпау, тұнеру; қалың ойға бату.* ***Тұнжырап*** отырған Итбайды қолтықтап алып кетті (С. Мұқанов).

ТҰНЖЫРАҢҚЫ *Қабағы салыңқы, кірбіңкі; ашулы.* ~ қарсы алды.

ТҰНЖЫРАУЛЫ *Қабағы түсіңкі, қатулы.*

ТҰНЖЫРЛЫҚ *Тұнжырап қалғандық.* Бір оқыс іске бел байлағандағыдай ***тұнжырлық*** бар (Мырзахметов).

ТҰНШЫҚ *Дем ала алмау, тынысы тарылу.* Суға ~ты, ауа жетпей ~ты. 2. *Ауыс. Құру, жоқ болу, жойылу.* Қамалды жау, ***тұншықты*** (Сейітов).

ТҰНШЫҚПА *Адамның дем алысын қиындатып, тынысын тарылтатын ауру, дәмікпе.* ~ ауруға шалдықты.

ТҰНШЫҚТЫРҒЫШ *Тұншықтыратын қасиеті бар, тұншықтыра алатын.* ~ иіс.

ТҰНЫҚ *Таза, мөлдір.* ~ су (өзен, ауа). ◊ **Тұнығын лайлады [шайқады]** — *ынтымағын бұзды, бүлдірді.*

ТҰНЫҚТАЛ *Түп-тұнық болу, тазару, мөлдіреу.* Көзінің ақ-қарасы айқындалып, ***тұнықталып*** қалыпты (Д. Досжанов).

ТҰНЫҚТАН *Түп-тұнық болу, мөлдірлену.* Ауа ~ды.

ТҰНЫҚТЫҚ *Тұнық болушылық, мөлдірлік.* Айдынның ***тұнықтығы*** сонша, су бетіне ескек көлеңкесі түсті (Сараев).

ТҰҢҒИЫҚ 1. *Түпсіз, көз жетпейтін терең.* ~ теңіз. 2. *Ауыс. Көп сөйлемейтін түйық, сыр ашпайтын.* Оның ***тұңғиық*** түрінен ештеме байқалмаған еді (Ғ. Мұстафин).

ТҰҢҒЫС *Эвенктердің бұрынғы аты.*

ТҰҢҒЫШ 1. *Алғаш көрген баласы, баланың ең үлкені.* Дүниеге ~ы Қайрат келді. 2. *Ең алғашқы, бірінші.* Шоқан қазақтың ~ ғалымы.

ТҰП-ТҰРА *Төтесінен, тура, дәл.* Бұрылмай ~ жүр.

ТҰП-ТҰҚЫЛ *Әбден тұқылданып қысқарған, қып-қысқа.* Тырнақты ***тұп-тұқыл*** етіп алып тастады (Кекілбаев).

ТҰП-ТҰЛДЫР *Түгі жоқ, сып-сидам.* Жапырақсыз ***тұп-тұлдыр*** сексеуілдің тоғайы (Исалин).

ТҰП-ТҰНЫҚ *Әжептәуір тұнық; өте тұнық.* ~ бұлақ суы.

ТҰП-ТҰТАС 1. *Әбден тұтасып кеткен, тұтасқан, күжірейген.* Күдірейген ***тұп-тұтас*** жауырынына көзі түсті (Ө. Нұрпейісов). 2. *Түгі қалмай, барлығы, түгел.* Бүкіл ауыл халқы ~ қатысты.

ТҰП-ТҰЩЫ *Ащы, кермек дәмі жоқ, өте тұщы тағам, дәм.*

ТҰР 1. *Тіп-тік қалпында бір жерде тұрып қалу.* Жұмағұл орнында ***тұрып*** қалған (Мағауин). 2. *Отырған орнынан көтерілу, тұрегелу.* Құралайды Терехан орнынан ***тұрып*** қарсы алды (Жұмақанов). 3. *Ұйқыдан оянып, төсегінен басын көтеру.* Қонақтар, ***тұрмайсыздар*** ма? — деген даусынан ояндық (Жәмішев). 4. *Белгілі бір жерді мекендеу; өмір сүру.* Еңселі, жайлы үйде ***тұрамыз*** ("Қаз. әдеб."). 5. *Белгілі бір сөзбен тіркесіп келіп "тұзелу, жасалу, құралу" мағыналарын білдіреді.* Жеке бөлшектерден ~ады. 6. *Тіркесе айтылып "орналасу, жайласу" мағынасын білдіреді.* Ашулы баста ақыл ***тұрмайды*** (Мақал). 7. *Күрделі етістік құрамында осы шақта айтылған істің жай-күйін білдіреді.* Мақалалары газетке шығып ***тұрды*** (Ыдырысов).

ТҰРА *Ат тұяғының табан жағындағы тіл сияқты қатты шеміршек.* Жылқының ақсауы тұралаудан болса, оның ***тұрасын*** жонады (С. Мұқанов). ◊ **Тұрасы таусылды — болдырды.**

ТҰРА: ұзын тұра — *ұзын бойлы, бойшаң.*

ТҰРАҚ *Тұратын жай, мекен, орын.* ~ғын ешкім білмейді. ◊ **Тұрақ жоқ** — *байлауы жоқ, тұрлаусыз.*

ТҰРАҚСЫЗ 1. *Бір орында тұрмайтын, тұрағы жоқ.* ~ жел (шаруашылық). 2. *Ауыс. Тиянақсыз, берекетсіз, орнықсыз.* Жұмабайдың мінезі әрі ұшқалақ, әрі ***тұрақсыз*** (Соқпақбаев).

ТҰРАҚСЫЗДАН *Тиянақсыздану, орнықсыздану.* Мақал-мәтелдердің шумағы кейде ~ып келеді.

ТҰРАҚСЫЗДАУ *Тұрлаусыздау, баянсыздау.* ~ адам.

ТҰРАҚСЫЗДЫҚ *Тұрақсыз болушылық.* ~ танытты.

ТҰРАҚТА *Бір жерге орнығу, тұрып қалу, өмір сүру.* Алтай өлкесінде біраз ***тұрақтап*** тұрып қалды (С. Мәуленов).

ТҰРАҚТЫ *Орнықты, баянды.* ~ адам (мінез). □ **Тұрақты сөз тіркесі** (*лингв.*) — *құрамында сөздер топтасып, бір ғана мүшенің қызметін атқаратын тіркес.*

ТҰРАҚТЫЛАУ *Орнықтылау, баяндылау.*

ТҰРАҚТЫЛЫҚ *Баяндылық, орнықтылық, табандылық.*~ көрсетті.

ТҰРАЛА 1. *Әбден шаршау, діңкелеу, болдыру.* Қамысқа жетпей-ақ ***тұралап*** қалған (Есенжанов). 2. *Ауыс. Жоқшылықтың азабын көру; азып-тозу, жұтау.* Доңыз жұтында қалың ел ***тұралап*** қалды (Ғ. Мүсірепов). ◊ **Тұралатып кетті** — *кедейлендірді.*

ТҰРАН I *көне. Мінбер, түғыр; трибуна.* Үн шашқан жер дүниеге биік ***тұран*** (Сейфуллин).

ТҰРАН II *жерг. Таудың үстіндегі су жиналатын ойпаң жер.* Айрақтының үстінде үлкен ***тұраны*** бар (Диал. сөздік).

ТҰРҒАУЫШ *Жеміс салатын ыдыс.* ~қа жүзім салды.

ТҰРҒЫ I *Белгілі бір бағыттағы көзқарас.* Ғылыми ~дан зерттеу.

ТҰРҒЫ II *Замандас, тұстас, қатарлас адам.* Бәрі де менің ***тұрғыларым*** ("Қаз. әдеб.").

ТҰРҒЫ III 1. *Тау қырқасының биігі.* Жәнібек Жақаштың қаратасының желкесі бұл өңірдегі ең биік ***тұрғылардың*** бірі (Қ. Жұмаділов). 2. *Ауыс. Белгілі бір нәрсенің биік межесі, асқар шыңы.* Ақындық өнерінің бір биік ***тұрғысынан*** қарап еді (Ғ. Мүсірепов).

ТҰРҒЫЛАС *Замандас, қатарлас, тұрғы.* Мәжіліске тартатын адам — өз ***тұрғыласы*** қарт Қаратай (М. Әуезов).

ТҰРҒЫЛЫҚТЫ *Тұрақты, байырғы, жергілікті.* ~ халық (жұмысшы).

ТҰРҒЫН *Бір жерді мекен ететін адам.* Осы ауылдың ~ы, қала ~ы.

ТҰРҒЫНЖАЙ *Тұрғын үй басқармаларының қарамағындағы үй қоралары.* Жергілікті орындар ***тұрғынжайдағы*** праволық тәрбиеге ерекше мән беруге міндетті ("Соц. Қаз.").

ТҰРҒЫСЫЗ *Тұруға болмайтын, төзгісіз.* Байламаса ~, түкке ~ бірдеме.

ТҰРҒЫШ *Тұруға бейім; тұра бергіш.*

ТҰРЛАУ *Баян, тұрақ, тиянақ.* Тез жалығып, айнимын, ***тұрлауым*** кем (Абай). ◊ **Тұрлауы жоқ** — *дәйексіз, тұрлаусыз.*

ТҰРЛАУЛЫ *Баянды, тұрақты.* Өз ісіне берік ***тұрлаулы*** жігіт (С. Омаров).

ТҰРМАҚ *Оны былай қойғанда, ол түгілі.* Ол ~, әкесіне де жоқ.

ТҰРМАН *Ер-тоқымның жабдығы.* Өзіне өлшеп Бурылдың Алтыннан ***тұрман*** қақтатты (Қобыланды).

ТҰРМАНДА *Атқа ер-тоқым салу, әбзелдеу.* Атын ~ды.

ТҰРМАНДЫ *Тұрманы бар, тұрмандалған.* Күміс ~ ат.

ТҰРМЫҚ *Әдебиеттегі һәмлеп айтылған еркектің жыныс мүшесі.* ...Ыстанымды шешші деп, ***тұрмығымды*** кесші деп, айта алмай тұрмын қорынып (Қамбар батыр).

ТҰРМЫС *Әл-ауқат, хал-жай, тіршілік.* Бақытты ~, жаңа ~. **Тұрмыс құрды** — *үй-жай болды, үйленді.* ◊ **Тұрмысқа шықты** — *күйеуге тиді.*

ТҰРМЫС-ЖАЙ *Тіршілік, тыныс, хал-жағдай.* Осынау елді мекеннің ***тұрмыс-жайы*** туралы жазды (Сейдімбеков).

ТҰРМЫС-САЛТ *Тұрмыста қалыптасқан әдет, дәстүр, жора.* Бұл халықтың ***тұрмыс-салтын*** білетін ("Лен. жас".). □ **Тұрмыс-салт жырлары** (*әдеб.*) — *халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына байланысты туған шығарма; жыр.*

ТҰРМЫСТАН *Тұрмысы жақсару, дүние-мүлік жию.* Ұлы ~ып қалыпты.

ТҰРМЫСТЫ *Тұрмысы жақсы, әлді-ауқатты.* Шеттерінен ***тұр-мысты*** ("Қаз. әдеб.").

ТҰРМЫСШЫЛДЫҚ *әдеб. Көркем әдебиетте адамдардың күнделікті тұрмысын, өмірін сурет-*

теушілік. Типтік тұлғалау да, тап басып таныта білу де *тұрмысшылдықтан* туады (Сөзстан).

ТҰРНИЯЗ *Ақтаған тары, езілген құрт, май, ұн қосып сүтке қайнатып, бұқтыратын қазақ халқының асы.*

ТҰРПА *Тұқы тұқымдасына жататын бағалы кәсіптік балық.*

ТҰРПАЙЫ *Дөрекі, анайы, өрескел.* Оспанның *тұрпайы* мінезін Ақылбай дәл жеткізіпті (М. Әуезов). ◊ **Тұрпайы материализм** (*филос.*) — *сананы материяға әкеп тіреитін буржуазиялық философияның бір ағымы.*

ТҰРПАЙЫЛА *Тұрпайы сөйлеу, дөрекілік көрсету. Тұрпайылап* қалжың айтады (Соқпақбаев).

ТҰРПАЙЫЛАУ *Дөрекілеу, анайылау.* ~ қалжың (мінез, ұн).

ТҰРПАЙЫЛЫҚ *Тұрпайы болушылық, дөрекілік. Тұрпайылық* — надандықтың белгісі (Жақаев).

ТҰРПАТ *Кескін, келбет, пішін.* Жалпы *тұрпаты* қаршығаға ұқсас (Ш. Айманов).

ТҰРПАТТАС *Тектес, пішіндес, тақылеттес.* Осы *тұрпаттас* өнер шаңырағы Дружба көшесінде де бар (Байжанов).

ТҰРПАТТЫ *Тұрпаты біреуге, бір нәрсеге ұқсас.* Ер *тұрпатты* қыз шынымен жасып, мұңайған сияқты (С. Мұратбеков).

ТҰРПАТТЫЛЫҚ *Келбеттілік, көріктілік.* Оның *тұрпаттылығына* қала халқы қайран қалыпты (Бозінген).

ТҰР-ТҰРЛА *Қайта-қайта "тұр-тұр" деп мазалау.* ...Көкен "*тұр-тұрлап*" жұлмалағанмен, Еркін ояна алмай жатыр (С. Мұқанов).

ТҰРУШЫ *Мекен етуші, бір жерде тұратын адам.* Ол Уфимский көшесінің "3" үйінде *тұрушы* азамат (К. Тоқаев).

ТҰРЫҚ *Бір нәрсенің горизонталь қалпындағы ұзындығы.* Шағыр *тұрқы* ұзын ірі жылқы еді (Ахтанов).

ТҰРЫҚСЫЗ *Тұрқы қысқа. Тұрықсыз,* жатаған мұрны да көз алдымда (Иманжанов).

ТҰРЫҚТЫ *Тұрқы ұзын.* Соған орай кең де *тұрықты* етіп піштім (Мырзағұлов).

ТҰРЫҚТЫЛАУ *Тұрықты келген, ұзындау.* Бой түзегендері *тұрықтылау* болғанмен, келбетке қораш (Бердіғұлов).

ТҰРЫМТАЙ *Тұрпаты күйкентайға ұқсас кішірек келген сұңқар тектес жыртқыш құс.* Қырғиды, *тұрымтайды* қолға үйретеді (Ә. Жылқышиев).

ТҰРЫМТАЙДАЙ *Тұрымтай сияқты, кішкентай. Тұрымтайдай* домалақ қара шал (С. Омаров).

ТҰРЫМТАЙША *Тұрымтайға ұқсап. Тұрымтайша* түйіліс ағады (Орманов).

ТҰРЫП *Иісі өткірлеу, дәмі ащы, тамыр жемісті бақша өсімдігі, редька.*

ТҰРЫС *Бір орыннан қозғалмаған қалып, тұрғандық.* Тұрған *тұрысы* көзіме оттай басылды (Бердияров).

ТҮС 1. *Бір нәрсе мен екінші нәрсенің қарамақарсы жағы, қапталы, өкпе тұсы.* Ауылдың ~ы. 2. *Белгілі бір оқиғаға сай келген уақыт, мерзім, кезең.* Әрбір істің маңызды емес *тұсы* жоқ (Есімжанов).

ТҮСА 1. *Аттың тағы басқа көліктің алдыңғы екі аяғына тұсамыс салу.* Аттың аяғын мықтап ~ды. 2. *Ауыс. Еркіне жібермеу, тосқауыл жасау.* Тағдыр бізді осылай *тұсады* (Оңғарсынова).

ТҰСАҚ *Бір жас пен екі жас арасындағы ұрғашы қой.*

ТҰСАМЫС *Ат алысқа кетпеу үшін алдыңғы екі аяғын тұсап қоятын әбзел.*

ТҰСАРЛЫҚ *Сиақтың тұсау салатын ең жіңішке, төменгі жері.* Аттың ~ғынан келетін қар.

ТҰСАУ 1. *Жылқының, есектің алдыңғы екі аяғына салынатын қайыстан, жіптен істелген әбзел; тұсамыс.* Ауыл сыртында *тұсауымен* жайылған бес-алты ат бар (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Қол байлау, кедергі, бөгет.* Қалың қар аяққа *тұсау* (Момышұлы). ◊ **Тұсау бойы** — *қысқа ғана қашықтық.* **Тұсау кесер** (*этногр.*) — а) *жас баланың тұсауын кесерде жасалатын жиын-той;* ә) *жастарға өнер жолында сәт сапар тілеу.*

ТҰСАУЛА 1. *Мініс көлігіне тұсау салу.* Атын ~п қоя берді. 2. *Ауыс. Тежеу, бұғалау. Тұсаулап* келген ескілікті быт-шыт етті (Сарғасқаев).

ТҰСАУЛЫ *Тұсап қойған, тұсау салынған.* ~ ат.

ТҰСАУЛЫҚ *Тұсау боларлық, соған жарарлық.* ~ жіп.

ТҰСАУСЫЗ *Тұсауы жоқ, тұсау салынбаған.* ~ ат.

ТҰСПАЛ *Жорамал, болжам, болжал.* Ең аяғында Абай өзі бір *тұспал* жасады (М. Әуезов).

ТҰСПАЛА *Шамалау, болжалдау, жорамала.* Ат басын тірейтін жерін *тұспалап* келеді (Шолпан сырласы).

ТҰСПАЛДА 1. *Жорамалдау, болжау, шамалау.* Өз үйін көңілмен *тұспалдап* қарай берді (Ахтанов). 2. *Тура айтпай жұмбақтап, астарлай сөйлеу.* Мәнжайын алғаш *тұспалдап* айтты (Аманшин).

ТҰСПАЛДАС *Сәйкес, ыңғайлас.* Ленин өсиеті де Маркс түсінігімен *тұспалдас* келеді ("Лен. жас").

ТҰСПАЛДЫ 1. *Болжалды, жорамалды.* ~ жер. 2. *Астарлы, жұмбаққа толы.* ~ сөз (пікір).

ТҰСПАЛСЫЗ *Жорамалсыз, астарсыз.* ~ тура айтты.

ТҰСПА-ТҰС 1. *Дәлме-дәл; тұстас, қарама-қарсы.* Бұл жер досы тұратын көп жатаққа *тұспа-тұс* болатын (Өбілев). 2. *Бір оқиғамен мезгілдес, уақыттас.* Тауда картопты егудің қолайлы кезеңі жаздық дақылдарды егу кезеңімен *тұспа-тұс* (Шағыров).

ТҰСТАЛ *Тұсына іліну, тұтылу.* Кереге ылғи қол кілеммен *тұсталған* (М. Жұмағұлов).

ТҰСТАС 1. *Жас шамалары бір-бірімен қарайлас.* Өзімен ~ қыз. 2. *Бір уақытта өмір сүрген замандас.* Толстой, Чехов сияқты алыптар Горькийдің өзімен *тұстас* (Ғ. Мүсірепов). 3. *Бір нәрсеге сәйкес, сайма-сай, дәл.* Май мерекесі аудандағы мәдени оқиғамен *тұстас* келеді (Досанов).

ТҮС-ТҮСТАН *Жан-жақтан, әр жерден.* Кемпірлер *түс-түсынан* шулап кетті (Саин).

ТҰСЫР *Тарс-тұрс шыққан дыбыс, дүрсіл.* Ат ~ын естіді.

ТҰТ I *Жапырағын жібек құрты жейтін ағаш.* ~ ағашы.

ТҰТ II 1. *Қолмен мықтап ұстау.* Қарлығаш сол қолымен ердің артқы қасынан *тұтты* (Н. Ғабдуллин). 2. *Үйдің қабырғасына кілем, тағы басқа заттарды іліп қою, ұстау.* Үй ішіне кілемдер ~қан. 3. *Жібермей ұстап қалу, жабысу, жармасу.* Етегін шайыр ~ып қалды. 4. *Бір нәрсені ұстану,*

қабылдау. Ораза ~ты. 5. *Кей сөздермен тіркесіп келіп, "есептеу, білу, санау" д. м. білдіреді.* Ұстаз ~ты, әулие ~ты.

ТҰТА 1. *Оталу, жана бастау*. От жаңа ғана *тұтанған* (С. Хайдаров). 2. *Ауыс. Жалындау, шарпу, өршу. Тұтанған* сезімге тоқтау жоқ екен (Нұржекеев).

ТҰТАМ *Бүгілген саусақтар мен алақан арасындағы жұдырық бойы қуыс кеңістік, уыс*. Балақ сіңірінің жуандығы *тұтамнан* асыңқы (С. Мұқанов). 2. *Қолдың уысымен тұтамдап санаған өлшем*. Он екі *тұтам* құ жебе (Батырлар жыры). ◊ **Бір тұтам** — *қып-қысқа, келте, аласа*.

ТҰТАМДА 1. *Тұтаммен өлшеу*. Әр метрді *тұтамдап* есептеп келеміз (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Там-тұмдау, аз-аздау, мөлшерлеу*. Бір-екі малына шөпті *тұтамдап* берді (Ақышев).

ТҰТАМДАЙ *Қып-қысқа, шолақ*. Өмір шіркін ~ аз берілсе шараң не?

ТҰТАМДЫҚ *Тұтамға жуық, қысқалық*. Өрісінің бір *тұтамдығын* өздері-ақ байқаған болар (Момышұлы).

ТҰТАНҒЫШ *Тез тұтанатын, тұтануға бейім*. ~ кебу отын.

ТҰТАНҒЫШТЫҚ *Тез тұтанатын, от алатын*. Басы артықшылығы *тұтанғыштығы* ("Қаз. әдеб.").

ТҰТАС I *Түгел, тегіс, жаппай*. Экспедиция кемелері *тұтас* көтерілді (Ө. Сәрсенбаев).

ТҰТАС II *Бір-біріне жалғасу, ұштасу*. Араларын үзбестен, *тұтасып* келеді (Ә. Сәрсенбаев).

ТҰТАСТАЙ *Түгелімен, жалпылай. Тұтастай* алғанда жұмысы қанағаттанарлық ("Лен. жас").

ТҰТАСТАН *Бөлінбей бүтін болу, ұштасу*. Түсінік пен шындықтың арасы алшақтамай, *тұтастана* түсті (Кәкішев).

ТҰТАСТЫҚ *Тұтас болушылық, бірлік*. Отанның *тұтастығын* сақтаңыздар (Қ. Қалиев).

ТҰТАСТЫРҒЫШ *Тұтастыруға бейім, байланыстырғыш*. Халық медицинасында мұны *тұтастырғыш* дәрі ретінде ішеді (Субханбердин).

ТҰТҚА 1. *Есіктің, т. б. заттардың қолмен ұстауға ыңғайлы етіп жасаған жері*. Есіктің ~сы, телефон ~сы. 2. *Ауыс. Тірек, таяныш, сүйеу*. Тіршіліктің *тұтқасы* есепке жүйрік адамдардың қолында (Тоғысбаев). ◊ **Тұтқа болды** — *тірек, таяныш болды*.

ТҰТҚАЛЫ *Тұтқасы бар, тұтқа салынған. Тұтқалы* есіктен шалқақтай кірді (Теңіз талаптары).

ТҰТҚАСЫЗ *Тұтқасы жоқ, тұтқа салынбаған*. ~ ыдыс.

ТҰТҚИЫЛ *Кенеттен, күтпеген жерден, төтеннен*. Мұқатай мұндай *тұтқиыл* шақыртудың мәнісін түсінеді (Асанбаев).

ТҰТҚИЫЛДА *Аяқ астынан, күтпеген жерде*. Есен оны *тұтқиылда* танымай қалды (С. Талжанов).

ТҰТҚИЫЛДАН *Күтпеген жерден, төтеннен*. ~ шабуыл жасады.

ТҰТҚЫН *Бас еркінен айырылып, қолға түскен адам*.

ТҰТҚЫНДА 1. *Тұтқын ету, қамауға алу*. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің шырмауында болу*. Ой-сезіміңді *тұтқындап* алады да, босатпайды (Ғ. Мүсірепов).

ТҰТҚЫНДАУЛЫ *Тұтқынға алынған, қамаулы*.

ТҰТҚЫНДЫҚ *Тұтқын болушылық, қолға түсушілік*. ~тың азабын көрді.

ТҰТҚЫР 1. *Ұстаған жерінен жабысып айырылмайтын, тұтып қалғыш*. ~ желім (лента). 2. *Ауыс. Сөйлегенде кібіртіктеп, бірден көсіліп кете алмайтын*. Тілге ~, сөзге ~. 3. *Ауыс. Тез ұғып алатын, алғыр. Тұтқыр* зердесіне, құйма құлақтығына қайран қаламын (М. Әлімбаев).

ТҰТҚЫРЛАН 1. *Тұтып қалу, жібермеу*. Қолы шашқа *тұтқырлана* жабысып, көпке дейін ажырамай қойды (Т. Нұртазин). 2. *Жүзі қайырылу, өтпеу*. Ұстарасы жүрмей, *тұтқырланып* қалады (Соқпақбаев).

ТҰТҚЫРЛЫҚ *Тұтқыр болушылық*. ~ қасиет.

ТҰТҚЫШ I *Қазанды оттан түсіргенде қолға киетін қолғап тәрізді киіз*. Қазанды ~пен көтерді.

ТҰТҚЫШ II *Бір нәрсені жібермей тұтып қалатын*. Таниды *тұтқыш* дәрі ретінде қолданады (Ғ. Әбішев).

ТҰТҚЫШТАЙ *Тұтқыш сияқты қап-қара*.

ТҰТҚЫШТЫҚ *Ұстағыштық, ұстап қалғыштық*. Топырақтың физикалық қасиеті *тұтқыштығы* (Мақта шаруаш.).

ТҰТТАЙ *Үстінде лыпа жоқ, тырдай*. Бір үйлі жан *тұттай* жаланаш (Аманшин).

ТҰТЫЛЫ *Тұтылған, ілінген. Тұтулы* түрған түкті кілемді сыпырып алғаны есімде (О. Сәрсенбаев).

ТҰТЫҚ *Тілі күрмеліп сөзді қалыпты, дұрыс айта алмау, кекештену. Тұтығып* әзер сөйледі (Иманбеков).

ТҰТЫҚПА *Тұтығып сөйлейтін, кекеш*. Қатты толқығанда *тұтықпасының* қозып кететіні бар (Иманбеков).

ТҰТЫҚТАН *Тұтығу, кекештену*. Әрі қарай *тұтықтана* бастағандай (Ыдырысов).

ТҰТЫЛ 1. *ыр. етіс. Тұт-ыл*. 2. *Айдың, күннің бетіне жер көлеңкесінің түсуі*. Қып-қызыл болып күн *тұтылып* еді (М. Дүйсенов).

ТҰТЫЛҒЫШ *Тез тұтылып қалатын, жабысқыш*. Топырақтың құрамын, *тұтылғыш* қарсылығын білуге болады (Мақта шаруаш.).

ТҰТЫМ 1. *Ұстам, қарым, уыс. Тұтымға* мықтап түсірсем (Д. Досжанов). 2. *Ауыс. Қол астындағы, уысындағы. Тұтымындағы* жұртты таңғалдырып үйреніп қалған (Кекілбаев).

ТҰТЫМДЫ 1. *Ұстамды, тез қабылдағыш, ұғынғыш. Тұтымды* зерек болды жұрттан асқан (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Тұрақты, берік*. Жігіт айтқан сөзіне *тұтымды* (С. Мұқанов).

ТҰТЫН 1. *Керегіне жарату, пайдалану*. Әйелдер ~ атын керек-жарақтар. 2. *Бір нәрсені қабылдау, ұстану*. Атыңа затың сай болсын деген қағиданы *тұтынған* (Сыланов).

ТҰТЫНУШЫ *Пайдаға асырушы, керегіне жаратушы*. Сол игіліктің *тұтынушысы* — шопандар (Ахметбеков). ◊ **Тұтынушылар одағы** — *халыққа қажет тұрмыс бұйымдарын өтейтін ұйым*.

ТҰТЫНУШЫЛЫҚ *Тұтынушы болушылық, пайдаланушылық. Тұтынушылық* сипатынан ауысып, өндірушілерге айналды (Ақ отау).

ТҮШ: *түш бауырсақ* — *ұнға сүт, май, қант, жұмыртқа қосып илеп, ұсақ етіп кесіп қуырып, балға қатыратын мерекелік бауырсақ*.

ТҰШАЛА *бот. Тасжарған тұқымдасына жататын жемісті бұта.*

ТҰШПАРА *Жайылған қамырдың арасына тартылған ет, ірімшік салып, бүрмелеп, суға пісіретін тағам.*

ТҰШТАҚАЙ *қарап. Ұшып қонған, жеңіл мінезді, ұшқалақ, шошақай.* ~ қыз.

ТҰШТАҚТА *Тұштан-тұштан ету, тұшталаңдау.* Құйрығын ***тұштақтатып***, қарлығаштың бетіне қарады (Тұрсынбаев).

ТҰШТАЛАҢДА *Жеңілтектену, шошаңдау, тұштаңдау, тұшталақтау.* Осы немеге не жоқ, *тұшталаңдап* (Алтайбаев).

ТҰШТАҢ *Ұшып-қонған жеңіл мінезділік.* ~ етті.

ТҰШТАҢДА *Тұштаң-тұштаң ету, шұнаңдау.* ***Тұштаңдамай*** деміңді ал (Бөкеев).

ТҰШТИ *Селтию, шошаю.* Неғып ***тұштиып*** тұрсың (Жақыпбайұлы). Оның ***тұштиған*** сақалы бар екен (Р. Райымқұлов).

ТҰШЫ *Дәмі кіру, татымы болу.* Асханадағы тамақтың біреуі де аузыма ***тұшымай*** қойды (С. Мұқанов).

ТҰШЫМ *Дәмі, тұтымы.* ***Тұшымы*** жағынан сапасы өте жоғары (Қанахин).

ТҰШЫМДЫ *Дәмді, татымды.* ~ ой (туынды).

ТҰШЫМДЫЛЫҚ *Тұшымды, татымды болушылық.*

ТҰШЫМСЫЗ *Тұшымы жоқ, татымсыз.* ~ дүниелер.

ТҰШЫМСЫЗДЫҚ *Тұшымсыз болушылық.* Талғам ~ғы.

ТҰШЫН *Қанығу, сезіну.* Жүрекпен ұғынып ***тұшынбасаң***, жеткізе алмайсың (Сарбалаев).

ТҰШЫР: ауыз тұшыр — *айтуға тұрарлық, көңіл толарлық, риза боларлық.* Менен ауыз ***тұшыр*** әңгіме табылмайды, — деді (М. Мағауин).

ТҰШЫРҚАН *Тамақтың тұщы дәмін сезіну.* Ақ бөлкенің исі келгендей ***тұшырқандырады*** (Мұсин).

ТҰШЫРЛЫҚ: ауыз тұшырлық — *ауыз тұшыр.*

ТҰЩЫ 1. *Тұзы жоқ немесе аз, ішуге жарамды.* Арқаның суы көбінесе ***тұщы***, тұнық (Сейфуллин). 2. *Дәмді, татымды (тамақ).* Мәукең қарынның құрышынан, ***тұщы*** ішектен астырар (Ақышев). ◊ **Тұщы етке (тәнге) тиген ащы таяқ** — *жазықсыз жанға көрсеткен ауыр азап.*

ТҰЩЫЛА *Тұздан арылту, тұщыға айналдыру.* Теңіз суын ~ды.

ТҰЩЫЛАУ *Тұзы аздау; біршама тұщы.* Дарияның ***тұщылау*** суына ұмтылады (Асқан асу).

ТҰЩЫЛЫ 1. *Тұщылау келген; ащы емес.* Суы ащылы, ***тұщылы*** көлдер бар (Есенберлин). 2. *Ауыс. Жайлы, жағымды, дәмді.* Ащылы, ~ өмір.

ТҰЩЫЛЫҚ *Тұщы болушылық.* Судың ~ғы.

ТҰЩЫРАҚ *Тұзы азырақ, тұщылау.* Суы ~.

ТҰЩЫТ *Тұщы ету, тұщылау.* Теңіз суын ***тұщытатын*** алып қондырғы ("Қаз. әдеб.").

ТҰЩЫТҚЫШ *Ащы суды тұзынан арылтатын қондырғы.* Бұл жұмысты бүгінде ***тұщытқыштар*** атқарады ("Білім және еңбек").

ТҰЯҚ 1. *Мал, т. б. сүтқоректі жануардың аяғындағы жер басатын мүйіз тұқай.* Ат ***тұяғы*** тиіп көрмеген боз дала (Ертаев). 2. *Ауыс. Ұсақ мал, қой-ешкі.* Күзге қарай алдыңа үш-төрт ***тұяқ*** түседі (Сматаев). 3. *Ауыс. Артта қалған ұрпақ, тұқым.* Сенен қалса бір ***тұяқ***, жанар еді шамшырақ (Жоқтау). ◊ **Тұяғын тасқа соқты** — *қиыншылыққа тап болды.* **Тұяғы ілінді** — *бір нәрсеге енді ғана қолы жетті.* **Тұяқ баспаған [тимеген]** — *еш мал бармаған, соны, тың.*

ТҰЯҚСЫЗ 1. *Тұяғы жоқ.* 2. *Ауыс. Ұрпақсыз, тұқымсыз.* Аллаға шүкір, ***тұяқсыз*** емес (Д. Дүйсенов).

ТҰЯҚТЫ 1. *Жылқы малы, жүйрік ат.* ***Тұяқтыға*** жүлде бермейтін Маса байдың қос күреңі (Әдібаев). 2. *Ауыс. Ұрпағы, тұқымы бар.* Баласы бір кісінің ***тұяқты*** едің (Майлықожа).

ТҮБЕГЕЙ 1. *Негізгі, түпкі.* ~ мақсат. 2. *Мүлде жаңа, түбірлі.* Қайта құру ***түбегей***, Шығар мүмкін қиын да (Асылбеков).

ТҮБЕГЕЙЛЕ *Тәптіштеу, тиянақтау.* ***Түбегейлеп*** одан әрі сұрамады (Жұмақанов).

ТҮБЕГЕЙЛІ 1. *Негізгі, түпкілікті.* ***Түбегейлі*** өз үйім емес (Тілегенов). 2. *Жан-жақты, ұқыпты, толық.* Бұл — ***түбегейлі*** зерттеуді қажет ететін тақырып (Ж. Шәкәрімов).

ТҮБЕК I 1. *Бір жағы құрлықпен шектесіп, қалған жағы сумен қоршалған жер бөлігі.* Қырым ~гі, Камчатка ~гі. 2. *Өзеннің бұрылысы, иілген жері, иіні.* Өзеннің бойындағы шағын ~ жайқалып тұр.

ТҮБЕК II *Сәбиді бесікке бөлегенде, жаялығы былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан киіз не басқа зат.*

ТҮБЕКШЕ *Кіші-гірім түбек.* ***Түбекшеге*** тұсап қойған торы ат (Соқпақбаев).

ТҮБІНДЕ 1. *Бір нәрсенің қасында, маңында, жанында.* Будапешт ***түбінде*** жаралы болды (Сыланов). 2. *Тұптеп келгенде, ақыр соңында.* Бұл ***түбінде*** жақсы болмайды ("Лен. жас.").

ТҮБІР I 1. *Ағаштың, өсімдіктің жерде тамырланып қалған түбі.* Арқасын үйеңкінің ***түбіріне*** сүйеп, айналаға көз тастады (Жұмаділов). 2. *Бір нәрсенің тұп-тамыры, төркіні.* Дау-жанжалдың ***түбірі*** сонда жатқанын жақсы біледі (С. Омаров). 3. *лингв. Ары қарай бөлшектеуге келмейтін, бірнеше сөзге ортақ лексикалық мағынаны білдіретін сөздің негізгі бөлшегі, сөз.* ~дің соңғы дыбысы.

ТҮБІРЛЕ *Бір нәрсенің егжей-тегжейіне жету, тәптіштеу; түбегейлеу.* Әдебиеттен көп нәрселерді ***түбірлеп*** оқытушы еді (Ғ. Мүсірепов).

ТҮБІРЛЕС 1. *Түбірі бір, негіздес, төркіндес.* Батырлар жыры ~. 2. *Түбірі ортақ, бір түбірден өрбіген (сөз).* ~ сөздер.

ТҮБІРЛЕСТІК *Түбірі бір болушылық.* Бұны лексикалық үйлестік пен ***түбірлестік*** деуге болады (Қазіргі қаз. тілі).

ТҮБІРЛІ 1. *Түбірі бар, түбірі үлкен.* ~ жантақ. 2. *Ауыс. Шешуші, негізгі, түбегейлі.* Принципті мәселенің ***түбірлі*** шешім табуын тездетеді (Уәлиев).

ТҮБІРТЕК 1. *Кесілген, қиылған ағаштың, өсімдіктің түбірі.* Ағаш ~гі. 2. *Бір нәрсенің қалдығы.* Шылымды ***түбіртегіне*** дейін құныға сорып отыр (Мұратбеков).

ТҮБІРШЕК *Есеп-қисап жасасқанда қолда қалатын құжат қағаз.*

ТҮБІТ *Ешкі, түйе, т. б. малдың қылшық жүнінің астындағы биязы, үлпілдек жүн.* ~тен тоқылған қолғап пен шұлық жылы болады.

ТҮБІТСІЗ *Түбіті жоқ, түбітінен айрылған.* Қылшық-ешкінің ***түбітсіз*** шыққан жүні (Жанәбілов).

ТҮБІТТЕ *Түбіт жүнін қылшық жүннен тазарту, арылту.* Мына бір ешкінің жүнін ~й салшы.

ТҮБІТТЕЙ *Түбіт сияқты.* ~ қалың бетеге. ◊ **Түбіттей тұтасқан** — *әбден ұйысқан, қалың боп өскен.* **Түбіттей түтті** — *быт-шытын шығарды, құлталқан етті.*

ТҮБІТТЕН *Майда, тығыз түк өсу, түктену.* Жазғы тықыр түктің орнына ***түбіттенген*** жүн өсіп келеді (С. Елубаев).

ТҮБІТТІ *Түбіті мол, қалың.* Жүні тығыз әрі ***түбітті*** ("Қаз. әдеб.").

ТҮБІТТІК *Түбітке тән, соған қатысты. Түбіттік* түгі сүйықтау болады (Бегалин).

ТҮБІТТІЛІК *Түбіті молдық, көптік.* Ешкі жүнінің ~гі.

ТҮБІТШЕ: түбітше түтті — *быт-шытын шығарды, берекесін кетірді. Түбітше* түтіп жаулады (Жамбыл).

ТҮГЕ *Қынжылу, ренжу, аң-таң болуды білдіретін модальді сөз.* О несі ~, өлсін дей ме ~.

ТҮГЕЛ *Барлығы, тегіс, күллісі.* ~ жиналды (шақырылды, қатысты).

ТҮГЕЛДЕ 1. *Бір нәрсенің санының дұрыстығын анықтау; санақ жүзгізу.* Малын ~ді. 2. *Кем-кетігін толтыру.* Қару-сайманын ~п берді.

ТҮГЕЛДЕЙ *Сыпыра, шетінен, толығынан.* Шынарды біздің ауылдың үлкен-кішісі ***түгелдей*** Қарақыз дейтін (Н. Сералиев).

ТҮГЕЛДІК *Түгел болушылық, амандық.* Малының ~гін тіледі.

ТҮГЕН *Кез келген есімнің (атаудың) орнына жүретін сөз.* "Пәлен жақынға бардым, ***түген*** жақынға бардым" деп оралады (Ә. Нәбиев).

ТҮГЕНШЕ *Әлдебіреу, әлдекім, пәленше д. м. айтылады.* Пәленшені, ***түгеншені*** деп айтып шықты (Д. Исабеков).

ТҮГЕС *Бітіру, аяқтау, тауысу.* Кең ойықтың балшығын мен қазып ***түгестім*** (С. Мұқанов).

ТҮГІЛ *Атаў түлғалы сөзден кейін тұрып, "тұрмақ", "тұғыл" д. м. білдіретін шылау сөз.* Бұл ет ***түгіл*** қойдың тоқпан жілігін де жұтып жібереді (С. Мұқанов).

ТҮЗ I *Үйден сырт жер, дала.* Үйде де, ***түзде*** де ойына орала беретін осы Дәмежан ғана (Тілегенов). ◊ **Құла түз** — *жан аяғы баспаған, елсіз дала.* Түзге отырды — *дәрет сындырды.*

ТҮЗ II *Құрау, салу, тізу.* Тамыр ***түзгеннен*** кейін өркен топырақ бетіне өсіп шығады (Шағыров).

ТҮЗДІК *Қырда тұратын, далалық. Түздіктер* үшін жылқы баласынан қасиеттісі жоқ (Ибрагимов).

ТҮЗЕ 1. *Қисық нәрсені түзеу, қалыпқа келтіру.* Жолды ~ ді, сымтемірді ~ді. 2. *Жөнге келтіру, дұрыстау, жақсарту.* Шашын ~ ді, сап ~ді, тұрмысын ~ді.

ТҮЗЕМ *әск. Әскердің немесе өзге де топтардың сапы.* Жау тілеген ұрыстан қаша ма, біз де ***түзем*** құрдық (Мағауин).

ТҮЗЕҢ *Түзу келген, түзулеу. Түзең* денелі, аққұба ауатком ағасы (Есенжанов).

ТҮЗЕТКІШ 1. *Тәртіптегіш, жөнге келтіргіш.* Қисықты ~. 2. *Механизмді тәртіпке келтіретін аспап, құрал.* Кернеу кенотрондық ***түзеткіштен*** беріледі (К. Айманов).

ТҮЗЕТКІШТІК *Түзетіп отыратын, түзейтін.*

ТҮЗЕТУЛІ *Түзетіліп қойылған.*

ТҮЗЕТУСІЗ *Түземеген, жөндеусіз, өзгеріссіз, түзеусіз.* Әңгіме ***түзетусіз*** жазылыпты ("Лен. жас").

ТҮЗЕТУШІ *Жөнге келтіруші, тәртіпке салушы. Түзетушіге* көңгім де келмейді (Ө. Сәрсенбаев).

ТҮЗЕУСІЗ *Жөнделмеген, тәртіпке келтірілмеген, түзетусіз.*

ТҮЗЕУЛІ *Түзетіліп қойылған, жөндеулі, дұрысталған.*

ТҮЗУ 1. *Тік, тура.* Арықтың бойында оқтай ***түзу*** терек те өседі (Тұрманжанов). 2. *Ауыс. Дұрыс, жөн.* Ниеті ~.

ТҮЗУЛЕ 1. *Түп-түзу ету.* Күректің сабын ~п шапты. 2. *Бетін түзеу, бағытын туралау.* Бағытын ***түзулеп*** жүріп отырды (Бал дәурен). 3. *Дұрыстап жөндеу, ретке келтіру.* Асылжанды төсекке ***түзулеп*** жатқыза бастаған (Оразалин).

ТҮЗУЛЕУ *Түзуірек, туралау, жөндірек.* ~ көше (жол, жауап).

ТҮЗУЛІК 1. *Түзу болушылық.* Құрылыс ағашының ~гі. 2. *Ауыс. Тура жол; дұрыстық, жөнділік.* Жасымнан ***түзулікті*** ұнатамын. (А. Ахметбеков).

ТҮЗУШІ *Бір нәрсені түзететін адам.* Бар жолдарын ***түзуші*** тапсырамын аллаға (Ғашықнама).

ТҮЗШІЛ *Сыртта жүруді ұнататын, түзге үйір.* Баласының үйші болмай, ***түзшіл*** болуын ұнатады (Бегалин).

ТҮЗІК 1. *Түзу, тура, дұрыс.* Аяқ алысы ~, сөзі ~. 2. *Еш жері бұзылмаған, ақауы жоқ.* Тракторы ~ екен.

ТҮЗІКТЕУ *Жөнділеу, дұрыстау.* Орысшасы ***түзіктеу*** Мәулен жауап қатады ("Қаз. әдеб.").

ТҮЗІКТІК *Туралық, дұрыстық.* Ниетінің ~гі, бағытының ~гі.

ТҮЗІЛІМ *Бір нәрсенің құрылымы, құрамы, мазмұны.* Кітаптың ішкі ***түзілімі*** көңілге қонбайды ("Қаз. әдеб.").

ТҮЗІЛІС *Құрылыс, құрам, түзілім.* Жер астындағы кен жыныстарының ***түзілісін*** бейнелейтін (Бодаубаев).

ТҮЙ I 1. *Бір нәрсені келіге салып майдалау, ұнтақтау.* Жүгеріні жібітеді де сонан соң ***түйеді*** (Әлішев). 2. *Ауыс. Қойып қалу, нұқу.* Ол арқамнан ***түйіп*** жіберді (Ғ. Мүсірепов).

ТҮЙ II 1. *Шұберекке орап байлау.* Туған жердің бір уыс топырағын анасы орамалға ***түйіп*** берген (Алтын масақ). 2. *Ауыс. Аңғару, байқау, білу.* Қайтып келе жатқанда көкейіне бір ой ***түйген*** болатын (Исабаев).

ТҮЙГІЛЕ *Түйгіштеу, ұғылау.* Отырма, — деп шынтағымен бүйіріне ***түйгіледі*** (Оразақов).

ТҮЙГІШ *Түюге арналған аспап, құрал.* Келінің ***түйгіші*** ағаш болу керек (Қасиманов).

ТҮЙГІШТЕ 1. *Қайта-қайта түю, түйе түсу.* Кезекпен қуырған арпаны ***түйгіштеді*** ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Соққылау, тоқпақтау.* Сәкенді ***түйгіштеп*** ұрып жүр (Жұмаділов).

ТҮЙДЕЙ: түйдей құрдас [жасты] — *бір жылда туған; жасы қатар.*

ТҮЙДЕК 1. *Бір-біріне ұласқан топ.* Дара озған бірді емес, ***түйдегімен*** жеткен көпті көргісі келеді (Атымтаев). 2. *Біріккен жиынтық, бума,*

байлам; бүтін, кесек. Етті ***түйдегімен*** жүтады (Әйешев).

ТҮЙДЕКТЕ *Топтау, жинақтау.* Жыр асылын ***түйдектеп,*** ортаңызға төгейін (Асайынов).

ТҮЙДЕКТІ *Топ-тобымен келген, тұтасқан.* ~ жыр (ой).

ТҮЙДЕКТІК *Бір тұтастық, топтық.* Поэмада түр жағынан ***түйдектік*** бар (С. Мұқанов).

ТҮЙЕ *Бір я екі өркешті күйіс қайтаратын ірі мал.* Жүк артатын ***түйең*** бар (Сейфуллин). ◊ **Түйе балуан** — *күрескенін жығатын, алып денелі адам.* **Түйеден түскендей қып айтты** — *дөрекі, орынсыз сөз айтты.* **Түйе жоңышқа** *(бот.)* — *жоңышқа тұқыстес, сабағы ұзын, ақ, сары гүлді өсімдік.* **Түйені түгімен [биені бүгімен] жүтты** — *параны көп алды.* **Түйе үстінен сирақ үйтті [ит қапты]** — *икемсіз, епсіз, болбыр.*

ТҮЙЕБАС *Бір адамның үстіне үймелеп, астына басып ойнайтын ойын.* Бәрің жабылып ***түйебас*** қылдыңдар (Ә. Әбішев).

ТҮЙЕДЕЙ *Түйе сияқты; ірі, дәу.* Атан ~ ақ боз ат.

ТҮЙЕЖАПЫРАҚ *бот. Жапырағы ірі, үлкен боп өсетін жабайы өсімдік.*

ТҮЙЕКЕШ *Түйемен керуен тартатын, түйе бағатын адам.* ***Түйекеш*** керуендер ертең таң сәріден жүрмек (Тұрманжанов).

ТҮЙЕҚАРЫН *бот. Сортаңды жерде өсетін, майда тікенді шөп, қаңбақ.*

ТҮЙЕҚҰЙРЫҚ *бот. Тікенекті өсімдік.*

ТҮЙЕҚҰЛАҚ *Кеміргіштер тобына кіретін шұқылдақ тышқанның бір түрі.*

ТҮЙЕҚҰС *Ұша алмайтын, бірақ өте жақсы жүгіретін, Африка жерін мекендейтін ең үлкен құс.*

ТҮЙЕЛЕ *Түйеге арту, түйемен тасу.* ~п қамыс тасиды.

ТҮЙЕЛІ 1. *Түйесі бар, түйесі көп.* ~ ауыл. 2. *Түйеге мінген, түйе жеккен.* ~ арба.

ТҮЙЕЛІК *Түйеге тататын, соған теңесетін.* Он ~ жүк.

ТҮЙЕМОЙНАҚ *Сұйық зат құю үшін түйенің мойын терісінен істелген тері ыдыс.* Алтын, күмістен істелген заттарды ***түйемойнаққа*** салған (С. Қасиманов).

ТҮЙЕСІНІР *бот. Түп-түп болып өсетін, жазғытұрым мал жейтін, құмды жер өсімдігі.*

ТҮЙЕТАБАН *бот.* 1. *Таулы аймақтағы өзен жағалаулары мен түбектердегі саздауыт жерде өсетін, жеуге жарамды өсімдік.* 2. *Түйе табанына ұқсас, екі жағы сопақша, дөңгелектене келетін ою-өрнек.*

ТҮЙЕТАЙЛА *Бір жағына еңістеу, жайдағырақ ету.* Тік жарды ***түйетайлап*** жатыр (Бөкеев).

ТҮЙЕТАЙЛЫЛАУ *Тік құлама емес, ылдилау, сырғымалы.* Өзеннің ~ жағасы.

ТҮЙЕТІКЕН *бот. Қызыл гүлді, тікенді өсімдік; татарник.*

ТҮЙЕШАҒАЛА *Ақ қауырсынды, қаражағал мойынды, тұмсығы мен аяғы сары не алқызыл, кейде қызғылт түсті болып келетін шағала атаулының үлкені.*

ТҮЙЕШІ *Түйе бағатын кісі.*

ТҮЙІЛІК 1. *Түйілу, шиелену.* ***Түйіліккен*** түйінімнің бәрін шештім (Ізтілеуов). 2. *Ауыс. Тас түйін болу, ширығу.* Қатты ***түйілгіп*** отырып қалды (Д. Досжанов). 3. *Ауыс. Шүйілу, шүйілгу, бастырмалау.* Қуғыншылар да аянбай ***түйілгіп*** келеді (Ғ. Мүсірепов).

ТҮЙМЕ *Әр түрлі нұсқадағы ішкі, сыртқы киімге қадалатын дөңгелек зат.* ~сін тақты (ағытты). ◊ **Түйме бас** — *әдемі, сұлу, шағын бас.*

ТҮЙМЕДАҚ *Дәрілік, эфир-майлы, улы өсімдіктерге қатысты бір жылдық шөптесін өсімдік.*

ТҮЙМЕДЕЙ *Түйме сияқты көлемі шағын, кішкентай.* ◊ **Түймедейді түйедей етті** — *болар-болмас мінді үлкен етіп көрсетті.*

ТҮЙМЕЛЕ *Түймесін салу, ілгектеу.* Шапанын ~ді.

ТҮЙМЕЛІ *Түймесі бар, түйме қадалған.* ~ киім.

ТҮЙМЕЛІК *Түйме кигізілетін тесік.* Көйлегінің ***түймеліктерін*** шұқылай берді (Т. Нұрмағанбетов).

ТҮЙМЕНЕ *мед. Теріге шығатын іріңді жара.* Сібір ***түйменесінен*** қой көп қырылатын (Биология).

ТҮЙМЕШ I *Майлы еттен ішекке салып пісірген шұжық, уақтап турап, майға қуырған ет.* Қоржынына сыбағаң деп ***түймеш*** салды (Д. Досжанов).

ТҮЙМЕШ II *Жұдырықпен түйіп-түйіп жібергендік.* Желкеңнен нұқыған ***түймештен*** құтылдың (Жүнісов).

ТҮЙМЕШ III *Дөңгелек, қатырылған дәрі.*

ТҮЙМЕШТЕ *Жұдырығымен нұқып жіберу, түйгіштеу.* Алды артынан ***түймештеп*** барады (Құмарова).

ТҮЙМЕШЕТЕН *Қазақстандағы көп жылдық жабайы шөптесін өсімдік.*

ТҮЙМІШ *жерг. Самауыр қайнатуға әзірленген, оттыққа сиярлық ұсақ ағаш.* Самауыр оттығына ~ салды.

ТҮЙНЕ *Түйіліп шаншып ауыру, түйреу.* Батпай асым жүрегімді ***түйнеген*** (Дөнентаев).

ТҮЙНЕК I 1. *Тозаңдаған өсімдік күлтесінен өніп шыққан жеміс түйіні.* Бұтақтар ***түйнегі*** басын қылтита бастаған (Шашкин). 2. *Қауынқарбыздың пісіп жетілмей қалған түрі.* Бақшадан ***түйнек*** іздеп жүру (З. Шүкіров).

ТҮЙНЕК II *Қой, ешкіде, кейде адамда да болатын, түйіліп ауыратын іш ауруы.* Күйеуі ***түйнектен*** қайтыс болды (Мұртазаев).

ТҮЙНЕКТЕ *Түйнек салу, түйнек тастау.* Өсімдік гүлдеп, алды ***түйнектей*** бастаған (Әбілев).

ТҮЙНЕКТІ *Түйнегі бар, түйнек байланған.* ~ өсімдік.

ТҮЙНЕКШЕ *Кішкене жеміс түйнегі.* ~лер пайда болды.

ТҮЙНЕМЕ *Адамның ішкі ағзасы түйіліп ауыратын жұқпалы ауру.* Асқазан ~сі.

ТҮЙРЕ 1. *Сұғып алу, шаншу.* Найза ***түйрегелі*** тұрғандай сұсты көрінді (Әбілев). 2. *Ауыс. Жержебіріне жеткізе сынау, шенеу.* Әжуа, мысқылмен өлтірердей ғып ***түйреп*** тастаған (Қанахин).

ТҮЙРЕГІШ *Сынағыш, шенегіш.* Қарсы келгенін іске алғысыз етіп ***түйрегіш*** ("Лен. жас").

ТҮЙРЕЛЕ 1. *Үсті-үстіне түйреу, шанышқылау.* Бірнеше самурайды ***түйрелеген*** еді (Бектемісов). 2. *Ауыс. Сынаған үстіне сынай түсу.* Деймін жөнсіз ***түйрелеме*** (Сейітов).

ТҮЙРЕУІШ *Түйреп, бекітіп қоюға арналған, темірден істелген бұйым.* ~пен түйреп қойды.

ТҮЙРЕУІШТЕ *Түйреп қою, түйреп тастау.* Шашын төбесіне ***түйреуіштеп*** тастаған (Бегалин).

ТҮЙСІК 1. *Сананың, ақыл-ойдың тітіркенуі арқылы болатын сезіну қабілеті.* Сезім ***түйсіктерін*** жансыздандырып тастады (Д. Досжанов). 2. *Ауыс. Ақыл-ой, сезім, зейін.* ***Түйсігің*** болса, неге ойламайсың (Ақынжанов).

ТҮЙСІКСІЗ *Ақылы шамалы, түсінігі аз.* Ештеме ойламайтын нағыз ***түйсіксіз*** бейшара (Еркебаев).

ТҮЙСІКСІЗДІК *Түйсігі жоқ, ақылсыздық.*

ТҮЙСІКТЕ *Тани білу, түйсіну.* Діншілердің жан деп жүргені біздің сезу, ***түйсіктеу*** әрекетіміз (Ақназаров).

ТҮЙСІКТЕН 1. *Болмысты түсіне білу.* Өмірден түсінгенін, ***түйсіктенгенін*** айтты (Р. Бердібаев). 2. *Ауыс. Сезіктену, күдіктену.* Әлденеден ~іп қалды.

ТҮЙСІКТІ *Түйсігі бар, сезгіш.* Түздің нағыз ***түйсікті*** адамы екен (Жас қайрат).

ТҮЙСІН *Сезім арқылы қабылдау, ақылға түю.* Өз көңіл күйіндей тербеле ***түйсініп*** жүрген бір сұлу әуен (Қабдолов).

ТҮЙСІНГІШ *Түйсіне білетін, сезгіш.* ~ жан (бала).

ТҮЙТЕ *Мұқал, тоқал, майрылған.* Ой — доғал, көңіл — ***түйте,*** өзгеше бір халге түсті (Мағауин).

ТҮЙТЕЛЕН *Қажу, тозу, мұқалу.* Құмарлық сезім мүлде ***түйтеленіп*** қалғандай (Мағауин).

ТҮЙТКІЛ *Күдік, сезім, реніш.* Көңілге ***түйткіл*** болған күдікті ойды сейілтті (Жақсыбаев).

ТҮЙТКІЛДЕ *Көңілге сезік тұсу, реніш тудыру.* Махамбет осыны ойлағанда, кібіртіктеп, ***түйткілдей*** берді ("Қаз. әдеб.").

ТҮЙТКІЛЖІ *Көңілі толқу, қобалжу.* ***Түйткілжи*** келіп, әңгімесін байсалды түйді (Ер есімі).

ТҮЙТКІЛІК *Көңіл кірбіңі, реніш.* Азғантай бір ***түйткілік*** сол еді (М. Әуезов).

ТҮЙТКІЛІС *Қобалжу, толқу, әбігерлену.* Не айтуды білмей, ***түйткілесіп*** отырғанда әңгімені бастады (Лекеров).

ТҮЙТПЕК *Ұсақ-түйек жұмыс, өнбейтін күйбең.*

ТҮЙТПЕКТЕ *Босқа отырмай күйбеңдеу, түйтіңдеу.* Шаруасын жалғыз өзі ***түйтпектеп,*** басқаға салмақ салмайтын (Жүнісов).

ТҮЙТІК I *Ұсақ-түйек шаруа, тұртпек, түйтің.* Күн өтті көр жер ***түйтікпен*** (Оңалбаев).

ТҮЙТІК II *Көңілге тұскен қаяу, түйткіл.* Көңіліңе ~ салды.

ТҮЙТІКСІЗ *Түйтіңді, көп күтімді қажет етпейтін.* Түліктің ***түйтіксізі*** шопан ата (Т. Әлімқұлов).

ТҮЙТІҢ *қарап. Ұсақ-түйек шаруа, түйтпек.* Оған қоса үй-ішінің ***түйтіңі*** бар (М. Хасенов).

ТҮЙТІҢДЕ *Оны-пұны шаруасымен күйбеңдеу.* Кешкілік үй төңірегінде ***түйтіңдеп*** жүргені (Асабаев).

ТҮЙІЛ 1. *ыр. етіс. Түй-іл.* 2. *Астың өңеште аз кідіріп өтпей қалуы.* Жұта берген нанына ***түйіліп*** қалды (Қ. Мұхамеджанов). 3. *Ауыс. Төну, шұқшию, ентелеу.* Тобан жұдырығын түйген бойы ***түйіліп*** тұрып қалды (Иманәлиев). 4. *Ауыс. Тығылу, тұтығу.* Сөзінің аяғын айта алмай ***түйіліп*** отырып қалды (Сегізбаев).

ТҮЙІН I 1. *Бір нәрсенің түйіліп, шиеленісіп байланып қалған жері.* Істің жүйесін танымаған, ***түйінінің*** шиесін танымайды (Мақал). 2. *Ауыс. Қорытынды, байлам.* Дұшпанға ымырасыздықты спектакльдің ең негізгі ***түйіні*** етіп алды (Уәлиев).

ТҮЙІН II 1. *Өсімдік күлтесінің төменгі жағынан пайда болған жеміс түйнегі.* ***Түйіні*** өскен мақтаның терушісі де өсіп келеді (Өбдіқадіров). 2. *Ауыс. Теріге шығатын бұртік.* Теріде кішкентай ***түйіндер*** пайда болады (Даиров).

ТҮЙІНДЕ I 1. *Айқастыра тартып байлау, түйін жасау.* Бірі жіпті ***түйіндеп*** отыратын (Төлешов). 2. *Ауыс. Қорытындылау, жинақтау.* ***Түйіндеген*** ойларын тереңдете түсті (Бегалин).

ТҮЙІНДЕ II *Жемістің түйнек салуы, байлауы.* Күздік алма ~ді.

ТҮЙІНДІ *Түйіні бар; нәтижелі, тиянақты.* ~іс (сөз).

ТҮЙІНСІЗ 1. *Байланған түйіні жоқ.* ~ жіп. 2. *Ауыс. Нәтижесіз, мәнсіз.* Сөз болғанда түйірсіз, ***түйінсіз,*** сандырама емес (Байжанов).

ТҮЙІНШЕК 1. *Оралған, буылған оны-мұны зат, буыншақ.* ***Түйіншегін*** қолтығына қысып, тысқа шықты (Ақышев). 2. *Адам ойындағы бұкпе пікір.* Ойында жүрген ***түйіншекті*** де аңғарта кетті (Ғ. Мүсірепов).

ТҮЙІНШЕКТЕ *Түйіншек жасау, орап буу.* Киімкешегін ~ ді.

ТҮЙІР 1. *Өсімдіктің бір тал дәні, тұқымы.* Бір ~ дән. 2. *Белгілі бір заттың кішкене бөлігі.* Янтарь түгіл қолыма бір ***түйір*** тас та ілінбеді (Нұршайықов).

ТҮЙІРЛЕ *Түйір-түйір ету, ұсақтау, майдалау.* Салатқа ***түйірлеп*** жұқа туралған қияр қосады (Келіншектер).

ТҮЙІРТПЕК 1. *Жұмарланған түйін-түйін зат, буылтық.* Өрме қамшының ~ ұшы. 2. *Ауыс. Жайсыз хабар, жағымсыз сөз.* Кенжетай ***түйіртпегі*** бар бір сөзді жасыра алмады (Ғ. Мүсірепов).

ТҮЙІРТПЕКТЕ *Түйіртпек-түйіртпек болу, илектену.* Көрпе ішіндегі мақта ~ліп қалған.

ТҮЙІРШІК *Заттың ең ұсақ бөлшегі.* Тары ~гі, нан ~гі.

ТҮЙІРШІКТЕ *Түйіршік жасау, түйір-түйір ету.* Азықты булап ***түйіршіктеп*** беру әдісі ("Білім және еңбек").

ТҮЙІС 1. *орт. етіс. Түй-іс.* 2. *Бір-бірімен кезігу, жолығысу.* Екі корабль ғарышта жүріп ***түйісті*** (Қазыбаев).

ТҮЙІСПЕ *Бірнеше нәрсенің түйіскен жері.* ~ шікір.

ТҮК I 1. *Жан-жануардың денесінде болатын майда жүн, қыл.* Ат аунаған жерде ***түк*** қалады (Мақал). 2. *Ауыс. Өсімдікте, тағы басқада болатын майда талшықтар.* Тамыр ***түктері*** шыға бастайды (Мұсақұлов). ◊ **Түгімен жалмайды — обыр, қомағай. Түгін тартса, майы шығады — өте семіз мал немесе құнарлы жер.**

ТҮК II *Ештеме, дәнеме.* Ағайынды қойшы, олардың ренжігені ***түк*** емес (Гумеров). ◊ **Түкке тұрмайды — іске алғысыз, ештемеге жарамайды.**

ТҮКПІР 1. *Кісі көзінен алыстау, таса жер, қалтарыс.* Парктің ~і. 2. *Қиыр шет, алыс жер.* Сөйтіп тайганың ең алыс ***түкпіріне*** жүк жеткізу жеңілдейді ("Білім және еңбек").

ТҮКПІРЛЕ 1. *Алыстай беру, жырақтау.* Қараңғы көшені ***түкпірлеп,*** қара үзе берді (Р. Тоқтаров). 2. *Ауыс. Жеріне жеткізу, тереңдеу.* Әрнені ***түкпірлеп*** ойлап барып қана шешім айтатын (Сарғасқаев).

ТҰКПІРЛІ *Қыр-сыры қалтарысы көп.* ~ адам (тәсіл).

ТҰКСИ *Қабағын түю, жақтырмаған, ашулы кейіп көрсету. Тұксиген* қара кісі орнынан тұрды (Майлин).

ТҰКСІК: түксігін салды — *жаратпаған пішін көрсетті.* Болыс болса, түсінің *тұксігін* салар тырсиып (Абай).

ТҰКТЕ *Астық дәнін келіге түйіп, қауызынан ажырату.* Күніне бес рет бидай *тұктеймін* (Қазыбаев).

ТҰКТЕН *Тұк шыға бастау.* Үстіңгі ерні жаңа-жаңа *тұктеніп* келе жатқан (Нұрпейісов).

ТҰКТІ *Тұгі бар, тұгі қалың.* ~ адам.

ТҰКШЕ *Өте майда тұк.* Толық піскен асқабақ сыртында *тұкшелер* болмайды (Өбілев).

ТҰКІР *Ауызға жиналған сілекейді тастау. Тұкіріп* бет алдына қақырынба (Керімбеков).

ТҰКІРГІШ *Тұкіру үшін қойылған ыдыс.* ~ке түкірді.

ТҰКІРІК *Сілекей бездерінен бөлініп шығатын сұйықтық.* ~гін шашырата сөйледі.

ТҰКІРІКТЕ *Тұкіріп жіберу, сілекейлеу.* Саусағын ~ді.

ТҰЛЕ 1. *Көктем кезінде жан-жануар жүнінің түсуі.* Төрт түлік шетінен *тұлеп,* түгі майланып келеді (Т. Әлімқұлов). 2. *Ауыс. Жаңару, құлпыру.* Жердің беті *тұлеп* кетер (Бақбергенов).

ТҰЛЕЖІ *Ажарлану, құлпыру, өңі кіру, тұрлену.* Ақ сары жүзі *тұлежіп* жүре берді (С. Омаров).

ТҰЛЕЙ *Жапан тұз, жалпақ дала, ұшы-қиырсыз қашықтық.* Түлкі жортпас *тұлейдеи,* Адыр-адыр белдерден (Алпамыс батыр).

ТҰЛЕК 1. *Құстың тұлеуіне байланысты жас мөлшері.* Құс *тұлегі* баптьі болса, сыланып шыға келеді ("Лен. жас"). 2. *Қыран құстың жасқа толған, бабына келген ұшар кезі. Тұлек* бүркіт көзіндей Шатынатты батырды (Жамбыл). 3. *Ауыс. Жас ұрпақ, жас буын, жеткіншек.* Мектеп ~тері.

ТҰЛЕКТЕ *Тұлеу, тұлежу; шығыгу. Тұлектеп* түзде қонса да, мақсаты — қорғау өз елін (Малқаров).

ТҰЛЕКТІ *Жүні түсіп тұлеген.* Лашын былтыр ғана баулып салған бір-ақ *тұлекті* құс екен (С. Мұқанов).

ТҰЛЕМЕ *Тұлеуге айналған, жүні көпсіген.* Астындағы *тұлеме* тай еліре аңдайды (Ғ. Мұстафин).

ТҰЛЕН: түлен түртті — *сайтан тұртіп бір бәлеге ұрынды.*

ТҰЛКІ 1. *Терісі бағалы, үлпек құйрықты, ит тұқымдас жыртқыш аң.* ~ ішік (тымақ). 2. *Ауыс. Айласы көп, қу, әккі, залым.* Заманың *тұлкі* болса, тазы боп шал (Мақал). ◊ **Түлкі бұлаңға (жортаққа) салды** — *жалтартпа қулыққа басты.* **Түлкі жортпас түлей** — *қалың, ну орман.*

ТҰЛКІҚҰЙРЫҚ I *бот. Құмды жерде өсетін, басында үлпілдегі бар өсімдік.*

ТҰЛКІҚҰЙРЫҚ II *Алдампаздық, әуреге салушылық, қулық.*

ТҰЛКІМАСАҚ *бот. Масағы күлтелі боп келетін бұршақ тұқымдас өсімдік.*

ТҰЛКІШЕ *Түлкіге ұқсап, сиқырланып. Тұлкіше* бұландап алдынан шықты (Жүнісов).

ТҰЛІК *Малдың төрт түрінің жиынтық аты.* Бір *тұлікке* бай болғанша, әр түлікке сай бол (Мақал).

ТҰЛІК: азық-түлік — *ішіп-жем, тамақ.*

ТҰЛІКТЕН *Белгілі бір мал тұрінің өніп-өсуі, көбеюі.* Солар өрбіп, *тұліктеніп* қалып еді (Рахимов).

ТҰЛІКТІ: төрт түлікті — *ауқатты, әлді, бай.*

ТҮМЕН *көне. Саны он мыңға жететін әскери бөлік.* Қылыш біреуді шапса, тіл *тұменді* шабады (Мақал).

ТҮМЕНБАСЫ *Он мыңдық сарбаздың қолбасшысы. Тұменбасы* етемін өзінді (Д. Досжанов).

ТҮН *Тәуліктің кешкі уақыттан таңертеңгілікке дейінгі аралығы.* Туған жердің күні де ыстық, *тұні* де ыстық (Мақал). ◊ **Түн ауа** — *тұн ортасы өткесін.* **Түн баласына [бойы]** — *күннің батуынан таңның атуына дейін, тұн бойы.* **Түн ортасы** — *тұннің жартысынан ауған мезгіл.* **Түн ұйқысын төрт бөлді** — *тұн бойы дамыл көрмеді, көз ілмеді.*

ТҮНГІ *Тұн ішіндегі, тұнде істелетін.* ~ жұмыс.

ТҮНДЕЛЕТ *Тұні бойы жүру, тұн қату.* Сен жұмысқа кетуші едің *тұнделетіп* (Сейілжанова).

ТҮНДІК *Киіз үйдің шаңырағын жауып тұратын, жаңбыр өткіз-бейтін, күн түсірмейтін төрт бұрышты шағын киіз.* Бес-алты үйлі ауылдың *тұндігі* тегіс жабық (М. Әуезов). ◊ **Түндігін теріс айналдырды** — *әлек-шәлегін шығарды, астан-кестен қылды.* **Түндік басы** — *тұтін тұтеткен әрбір үй.*

ТҮНДІКТЕ *Киіз үйге тұндік жабу.* Үйді ~п жатыр.

ТҮНДІКТЕС *Отандас, жерлес, туыстас.* Шақырды туған жері *тұндіктес* (Ибраһим).

ТҮНЕ 1. *Қону, тұнеп шығу.* Жетісу — Асан қайғы ақынның *тұнеген* жері (Шашкин). 2. *Ауыс. Құлшылық ету, сиыну, табыну.* Бақалшы Қожа Ахмет Яссауидің бейітіне *тұнепті* (Шашкин).

ТҮНЕК 1. *Көзге тұртсе көрінбейтін қараңғылық.* Ат құлағы көрінбейтін қара ~. 2. *Ауыс. Ел басына тұскен ауыртпалық, нәубет.* Құтқарып *тұнек,* құлдықтан менің батыр ұлдарым (Жамбыл).

ТҮНЕМЕ *Тұнеп шығатын жай, орын.* ~ге келіп жетіп аялдады.

ТҮНЕМЕЛ 1. *Тұнеп, қонатын орын, жататын жер.* Үш қыз төменгі қабаттағы *тұнемелге* кетті (Қ. Ысқақов).// *Сиыр қора, мал жататын орын.* Сиырларды ~ге жайғастырды. 2. *Тұн асқан, өткен күннен қалған қымыз. Тұнемел* қымызды аптыға бір-ақ жұтты (С. Мұқанов). ◊ **Түнемел қап** — *туристерге арналған арнайы "төсек".* Бекет *тұнемел* қаптың күләпарасын серпіп тастап түрегеліп отырды (Жұлдыз).

ТҮНЕМЕЛДЕ *Бір жерге тұнеу, қону.* Жыра ішінде *тұнемелдейтін* болды (Ахметбеков)

ТҮНЕМЕЛЕТ *Қорага айдап келмей, өрісте тұнету.* Малды *тұнемелетіп* жаю тиімді (Саржайлау).

ТҮНЕМЕЛІК *Жататын, тұнгі ұйқыға кететін кез.* Күндіз ештеме емес, *тұнемелікке* көз ілмейді (Дәуренбеков).

ТҮНЕР 1. *Күннің жауға айналуы, күңгірт тартып қарауытуы.* Аспан кенет *тұнеріп* кетті (Баянбаев). 2. *Ауыс. Қабағын түю, тұнжырау.* Қабағын қарс жауып *тұнереді* де отырады (Кәкішев).

ТҮНЕРІҢКІ 1. *Тұнерген, қарауытқан, бұлыңғыр.* Аспан ~. 2. *Ауыс. Қабағы жабыңқы, қатулы.* Қабағы ~.

ТҮНЕУГҮНГІ *Бұдан бірнеше күн бұрынғы.* ~ оқиға, ~ әңгіме.

ТҮНЕУГҮНІ *Бұдан бірнеше күн бұрын.* ~ ел аралап қайтқан.

ТҮН-ТҮНЕК *Тастай қараңғы түн.* Сен күн адамы емес, *түн-түнек* адамысың (Тұрманжанов).

ТҮҢІЛ *Күдер үзу, қол үзу, безу.* Түсі игіден *түңілме* (Мақал).

ТҮҢІЛГІШ *Күдер үзгіш, безгіш, торыққыш.* Өмірден ~ болма.

ТҮҢІЛУШІЛІК *Күдер үзушілік, безушілік, торығушылық.* Өмірден ~ сарын.

ТҮҢІЛІС I *Күдер үзушілік, торығушылық.* ~ білдірісті.

ТҮҢІЛІС II *орт. етіс. Түңіл-іс.*

ТҮП 1. *Су қоймаларының астыңдағы жер қабаты.* Көлдің ~бі, теңіздің ~бі. 2. *Іші қуыс нәрсенің төменгі қабаты, асты.* Атдорба *түбін* иіскемей ат тоймайды (Мақал). 3. *Ағаштың, шөптің, тағы басқаның жерге сіңіп тұрған бөлігі.* Шөптің *түбін* қазып, тамырларын жеп көрді (Сейфуллин). 4. *Өсіп тұрған өсімдіктің әрбір тобы, шоғы, бұта.* Ойпаңда бірнеше *түп* тобылғы өскен (Сейфуллин). 5. *Бір нәрсенің жаны, қасы.* Астана *түбіндегі* үлгілі колхозды барып көрдік (М. Хасенов). 6. *Шыққан тегі, негізі.* Мұның *түбі* —арғын (Жансүгіров). 7. *Ауыс. Ақыры, соңы, тоқтар жері.* Асығыс *түбі* өкініш деген осы (Бердин). ◊ **Түбі бірге түтпейді** — *тегі бірдің алалығы жоқ.* **Түбіне жетті** — *құртты; мерт қылды.* **Түп жоқ** — а) *шек жоқ, есебі жоқ;* ә) *мешкей, жалмауыз.* **Түп тамыры** — *арғы түбі, негізі.* **Түп тамырымен жойды** — *біржола тып-типыл етіп құртты.*

ТҮПКІ 1. *Түпкірдегі, шеткі.* ~ бөлме. 2. *Ауыс. Негізгі, бастапқы.* ~ мақсаты (арманы).

ТҮПКІЛІКТІ *Тұрақты, түбегейлі, баянды.* ~ мекен (жұмыс).

ТҮПНҰСҚА *Алғашқы негіз, бастапқы вариант.* Еңбектерінің *түпнұсқалары* сақталмаған ("Қаз. әдеб.").

ТҮПСІЗ *Түбі жоқ тұңғиық. Түпсіз* шыңырауға құлайтындай сезіндім (Нұршайықов).

ТҮПСІЗДІК *Түпсіз болушылық, тереңдік.* Қар ұшқындары сонау *түпсіздіктен* құйылса да таусылар емес ("Лен. жас").

ТҮПТЕ 1. *Өсімдіктің түбін топырақпен қомақтап көму.* Жүгеріні ~ді. 2. *Өсімдіктің тамырлануы, тамыр жаю.* Күріш ~й бастады. 3. *Затқа түп жасау, жамап-жасқау.* Шелекті *түптеп* берейін (Әубәкіров). 4. *Ауыс. Бір нәрсені шегіне жеткізу, тереңдеп бару.* Әуелі жаңағы сөзіңді *түптеші* (Нұрпейісов). ◊ **Түптеп келгенде** — *турасын айтқанда, шынтуайтқа келгенде.*

ТҮПТЕС *Түп негізі бір, аталас.* Түбім бір *түптесім* (Бегалин).

ТҮПТЕУШІ *Түп жасаушы, бір түпке біріктіруші.* Кітап ~

ТҮП-ТҰҚИЯН *Үрім-бұтақ, ата тек.* Оларды ~ымен құртып жіберді.

ТҮП-ТҮГЕЛ *Шып-шырғасы шықпаған, барлығы тегіс.* ~ айтып берді (қарап шықты).

ТҮП-ТҮЗУ *Түп-тура, тіп-тік, түп-түзу.* Әсемді *түп-түзу* саусақтарымен сипап-сипап қойды (Толыбаев).

ТҮР I *Бет-әлпет, өң-түс, пішін.* Сәніне келтіріп тұр беттің *түрін* (Торайғыров). ◊ **Түрі қашты** — *өңі бұзылды, қуарды, қорқып кетті.*

ТҮР II *Белгілі бір заттың бір текті тобы.* Өсімдік ~лері.

ТҮР III *Бір нәрсенің шетін жоғары қарай шиыршықтап қайыру, көтеру.* Көйлегінің жеңін ~іп алды. ◊ **Түре қуды** — *өкшелеп, соңына түсті.*

ТҮРЕГЕЛ *Отырған орнынан тұру; жатқан жерінен аяғымен тік тұру.* Ол *түрегеліп* тұрып тақпақ оқыды (Р. Тоқтаров).

ТҮРЕН *Соқаның жерді жыртатын тісі, пышағы.* Трактор тарта жөнелді, *түренін* терең батырып (Өмірбеков).

ТҮРКІ: **түркі тілдері** — *қазақ, өзбек, қырғыз, азербайжан, түрікмен, татар, башқұрт т. б. туыстас халық тілдері.* **Түркі халықтары** — *әдет-ғұрып, салт-сана, тілдері ұқсас туысқан, түркі тұқымдас халықтар.*

ТҮРЛЕ 1. *Әрін кіргізу, әдемілеу, сәндеу.* Шебер қолдар өзгертіпті сәндеп *түрлеп* (Бегалин). 2. *Түртүрге бөлу, әр түрлі ету.* Табақты *түрлеп* жасауға нұсқау берді (Жансүгіров).

ТҮРЛЕС *Түрі ұқсас, реңдес, кейіптес.* Өзің *түрлес* әйел заты менің ежелгі арманым (Жұмақанов).

ТҮРЛІ *Әр алуан, әр қилы.* ~ елдер (адамдар).

ТҮРЛІШЕ *Әр түрлі, түрлі-түрлі. Түрліше* себептерден ойындағысы орындалмай қалатын (Н. Ғабдуллин).

ТҮРМЕ I *Қылмыстыларды қамайтын орын, абақты.*

ТҮРМЕ II *Бір заттың түріліп тұратын бөлігі.* ~ есік.

ТҮРМЕЛЕ *Түрмеге қамау.* Қанша жыл Сары Жапақты *түрмелеген* (Баймолдин).

ТҮРМЕШІ *Түрмені бақылайтын кісі.* ~ темір есікті ашты.

ТҮРПІ 1. *Ағаштың кедір-бұдырын тегістеуге арналған құрал.* ~мен тегістеді. 2. *Ауыс. Дөрекі, оғаш.* Тілінің осындай *түрпісі* бар (О. Сәрсенбаев).

ТҮРПІДЕЙ *Түрпі сияқты.* ◊ **Түрпідей тиді** — *ұнамады, жақпады.* Сөзім саған *түрпідей* тиді-ау (М. Әуезов).

ТҮРПІЛЕ *Кедір-бұдырын түрпімен тегістеу.* Бетін шауып *түрпілеп,* өрнектейді (Қасиманов).

ТҮРПІЛІК *Түрпі болушылық, дөрекілік, тұрпайылық.* Мінезінің ~гі.

ТҮРСІЗ *Сиықсыз, өнсіз.* Екеуі де *түрсіз* емес (Байтанаев).

ТҮРСІЗДІК *Түрсіз болушылық, әрсіздік.*

ТҮРТ 1. *Бір нәрсемен біреуді, бірдемені нұқу, шұқу.* Оңайкүл иығынан *түрткенде* селт етті (Иманбеков). 2. *Ауыс. Еске сақтау үшін жазып алу.* Анда-санда қағазына әлденені *түртіп* қояды (Шашкин). ◊ **Түрт сайтан [шайтан]** — *бір бәле туса екен деп айтақтады, шоқ-шоқ деді.*

ТҮРТЕК *Оны-мұны күйбең жұмыс, қыбыр-қыбыр әрекет.* Күн-бойғы *түртегі* — осылардың қамы ("Лен. жас").

ТҮРТЕКТЕ *Бір нәрсеге машықтану, үйренуге талпыну.* Мұғалім болдым мығымдап, төрт амалдан *түртектеп* (Жансүгіров).

ТҮРТИ *Дүрдию, бұртию.* Аузы *түртіп,* құлағы қалқиып атасына аумай тартқан (О. Сәрсенбаев).

ТҮРТКІ 1. *Бір істің басталуына әсер ететін себеп-салдар, қозғау.* Тың өлең айтуына бір жағдай *түрткі* боп отырды (Ысмайылов). 2. *Ауыс. Біреуден көрген зәбір-жапа, қорлық, құғын.* Өгей шешенің *түрткісіне* шыдай алмай, үйіне кетті ("Қаз. әдеб.").

ТҮРТКІЛЕ 1. *Қайта-қайта түрту, нұқу.* Шынтағымен *түртікілеп* қоймады ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Не болса соны сылтау ғып мазалау, тиісу.* Ол ешкім *түртікілемейтін,* қызғанбайтын жұмыс іздеді (Ахтанов).

ТҮРТКІШТЕ *Қайта-қайта түрту.* Сатпақовты шынтағымен *түртікіштейді* (Тоқаев).

ТҮРТПЕК 1. *Қайта-қайта түртушілік, нұқушылық.* Қонысбектің қолыныңептеп *түртпегі* бар ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Қақ-соқ, құғын-сүргін.* -ке төзбей кетіп тынды.

ТҮРТПЕКТЕ 1. *Қайта-қайта түртікілеу, шұқылау.* Жолдасы *түртпектеп* үгіттей бастады ("Жетісу"). 2. *Ауыс. Оны-мұны жұмыс істеу, әрекеттену.* -п бірдемені жазып тұр. 3. *Ауыс. Шет-пұшпақтап сыр тарту, бірдемені білгісі келу.* -п сұрай бастады.

ТҮР-ТҮРІ *Әлденеше түрге қарай топталу, жинақталу.*

ТҮРТІНЕК *Оны-мұны күйбең іс.* Өнімсіз *түртінекпен* жамау жамауға кірісті (Д. Исабеков).

ТҮРТІНЕКТЕ 1. *Қайта-қайта түртіп байқау, іздеу. Түртінектеп* сипалай жүріп, шам жақты (Нысаналин). 2. *Ауыс. Епте-септеп өз бетінше іздену, қарастыру.* -п сұрай берді. 3. *Ауыс. Ашып айта алмау, кібіртіктеу, күмілжу.* Төмен қарап *түртінектеп* тұрып алды (Қараманұлы).

ТҮРТІНШЕК 1. *Әр нәрсені бір түртікілей беретін, түртімпаз.* Жетім қозы *түртіншек* (Мақал). 2. *Бірдемені білуге ізденіп, талпынушылық.*

ТҮРТІНШЕКТЕ 1. *Қайта-қайта түртікілеу, бір нәрсені қоймай іздеу.* Өне жер, міне жерін *түртіншектеп* көріп еді (Қазыбеков). 2. *Ауыс. Оны-мұны жұмыс істеу.* Күні бойы *түртіншектеумен* болды ("Жұлдыз").

ТҮРШІК *Тітіркену, сескену, шошыну.* Таза жүрегі *түршігіп* бара жатқандай (М. Әуезов).

ТҮРІК I 1. *Қазақ және қырғыз, өзбек, татар, башқұрт, түріқмен, азербайжан т. б. туыстас халықтардың арғы атасы, ежелгі замандағы біртұтас этнос.* Арғы атам — ер *түрік,* біз қазақ еліміз (Алаш ұраны). 2. *Түркияның негізгі түрғын халқы.*

ТҮРІК II 1. *Көтеріңкі, түрілген, дүрдиген.* -ерін. 2. *Сақ, көреген.* Құлағы -.

ТҮРІҢКІ 1. *Жоғары қарай қайырылған, түрілген, көтеріңкі.* Шекпен-шалбарының етек-жеңі *түріңкі* (І. Есенберлин). 2. *Ауыс. Ширақ, қағылез, пысықай.* Ол етек-жеңі *түріңкі* пысық әйел (М. Хасенов).

ТҮС I *Күннің орта мезгілі, сағат бір кезі.* Сәске -, тал -, шаңқай -. □ Тал түс — *күндіз, дәл түс кезі.* Түстен кейін — *күннің 2-жартысында, түс ауа.*

ТҮС II *Ұйқы кезінде елестелетін әр түрлі көрініс, бейне.* Ұйықтап кетсем, неше түрлі - көремін. ◊ Түс жорыды — *түсте көргенінің өңінде неге айналатынын жорамалдап болжам айтты.*

ТҮС III *Әр түрлі, алуан бояу.* Қызыл -ке бояды. □ Түс ат *(көне.)* — *қалыңмалдың сыртында құдаға берілетін қалаулы ат.*

ТҮС IV *Адамның кескін-келбеті, бет пішіні. Түсің* өзгеріп кетіпті ғой (Өтепов). ◊ Түс шайысты [жыртысты] — *қатты сөзге келісті, ренжісті.* Түсі жылы — *жарқын жүзді, мейірімді.* Түсі игіден түңілме — *келбеті келген адамнан күдер үзбе.* Түсі суық — *жүзі қорқынышты, қатаң.*

ТҮС V 1. *Биіктен, жоғарыдан, төмендеу, жерге тұсу.* Аттан -ті, етпетінен -ті, поездан -ті. 2. *Бір жерге келіп орналасу, кіру, орныгу.* Қонақтарды өз үйіне -ірген. 3. *Қызметтен босау, айрылу.* Сен орныңнан *түспегенде,* осылай қорлық көрер ме едік (Тарази). 4. *Жыл мерзімінің келуі.* Күз -ті. 5. *Дәл, сай келу.* Кілті есікке дәл -ті. 6. *Келін боп келу.* Жазираның келін боп -кен жері жақсы ел.

ТҮСКІ *Тұс кезіндегі, тал түстегі.* - үзіліс (тамақ).

ТҮСКІЛІК 1. *Түскі уақыт, түскі мезгіл. Түскілікте* асханаға бардым (Мырзахметов). 2. *Тұс кезінде ішілетін тамақ, түстік. Түскілікте* дастархан үстінде әдемі әңгіменің сыры ағытылды (Ыдырысов).

ТҮССІЗ *Түсі жоқ, мөлдір, тұнық.* Өсімдік бойынан *түссіз,* иіссіз май бөлінеді (Шаймерденов).

ТҮССІЗДЕН *Түссіз күйге көшу, мөлдір болу.* Хлорофилл тез ериді, сөйтіп жапырақ *түссізденеді* (Ботаника).

ТҮССІЗДЕУ *Түсі солғындау, күңгірттеу.* - нәрсе.

ТҮСТЕ *Сырт пішініне, түсіне қарап тану, ажырату, анықтау.* Малдың түсін *түстеп,* жыға танып алған (Домбаев). ◊ Түстеп қарады [таныды] — *назар аударып қарады, жете барлады.*

ТҮСТЕН I *Түскі тамақ жеу, түстік ішу.* Екеуі асханадан бірге *түстеніп,* серуендеп жүрді (Әлімжанов).

ТҮСТЕН II *Белгілі бір түске ие болу, түсін өзгерту.* Текес өзені аспан *түстеніп* жатыр ("Қаз. әдеб.").

ТҮСТЕНІС *Түскі тамақ ішушілік.* Күнде *түстеніс,* күнде қонақтап жүрумен екі-үш күн өтіп кетті (Рахимов).

ТҮСТЕС *Бір түске жататын, түсі ұқсас, пішіндес.* Аспан -, көмір -.

ТҮСТҮЙЕ *Екі таза жампоздың ұрпағы.*

ТҮСТІ *Түсі айқын; белгілі, айқышты.* Көгілдір -, алтын -. □ Түсті металл — *алтын, күміс, қорғасын, мыс сияқты қазба байлығының жалпы атауы.*

ТҮСТІК I *Оңтүстік жақ.*

ТҮСТІК II *Тұс кезінде ішіп-желінетін тамақ, түскі ас.* ◊ Түстік жер (жол) — *көлікпен жарты күнде жететін қашықтық.*

ТҮСІК *Туылар мерзіміне жетпей түскен өлі төл, жансыз нәреске.* Көбейді малдың *түсігі* (Жұмабаев).

ТҮСІМ *Өндірілген өнім, алынған табыс.* Бітік егіннің -і мол.

ТҮСІМДІ *Түсімі мол, өнімді.* Жеміс ағаштары өте *түсімді* ("Лен. жас").

ТҮСІМДІЛІК *Түсімділік, өнімділік.* Егіннің -гі ойдағыдай.

ТҮСІН *Бір нәрсенің мән-жайын білу, ұғыну.* Әбіш өзінің байқамай отырғанын *түсініп* қысылды (М. Әуезов).

ТҮСІНБЕУШІЛІК *Ұқпаушылық, түсіне қоймаушылық.* Ол кісімен арамызда *түсінбеушілік* бар (А. Жақаев).

ТҮСІНБЕСТІК *Білместік, ағаттық.* Бір ~ болды.

ТҮСІНГІШ *Түсіне білгіш, сезгіш, байқағыш.* Заман тілегін, ағымын *түсінгіш* (І. Омаров).

ТҮСІНДІРМЕ 1. *Бір нәрсенің мән-мағынасын ашатын сипаттама.* Аристотель еңбектеріне *түсіндірме* (Д. Досжанов). 2. *Болған істі жазбаша түрде баяндайтын түсініктеме.* Енді толық *түсіндірме* жазыңыз (Оразақов). ◊ **Түсіндірме сөздік** — *сөз бен сөз тіркестерінің мағынасын ашып, түсіндіретін лұғат.*

ТҮСІНУШІЛІК *Ұғынушылық, ақылға салушылық, тіл табысушылық.* Өзара ~ бар.

ТҮСІНІК 1. *Бір нәрсе жайлы қалыптасқан ұғым, анықтама.* Өмір жайындағы ~гі. 2. *Бір нәрсе туралы берілетін мағлұмат.* Келгендердің ел жиып, *түсінік* беріп жүруі салт еді (Балабеков).

ТҮСІНІКСІЗ *Түсінікті емес, анық емес, құңғірт. Түсініксіз* дүниеден не түсінуге болады (Әбішев).

ТҮСІНІКСІЗДЕУ *Оншалық түсінікті емес.* Мына тілің бізге *түсініксіздеу* екен (Санбаев).

ТҮСІНІКСІЗДІК *Түсініксіз болушылық, түсініспеушілік.* Бүкіл *түсініксіздік* осы арада қалсын (Ғаббасов).

ТҮСІНІКТЕМЕ *Сөйлеген сөз, мәтін тағы басқа нәрсе жайлы деректеме, анықтама, түсіндірме.* Бұл сөзге анау айтқан *түсініктеменің* де қажеті шамалы ("Лен. жас").

ТҮСІНІКТІ *Белгілі, анық, айқын.* Бәрі де *түсінікті* болды (Тілегенов).

ТҮСІНІКТІЛЕУ *Анығырақ, түсініктірек. Түсініктілеу* болу үшін Ғабдуллиннің бір пікірін келтірейік (Өлімбаев).

ТҮСІНІКТІЛІК *Айқындылық, анықтылық.* Топоним атаулы өзінің *түсініктілігімен* таң қалдырады (Сейдімбеков).

ТҮСІНІКТІРЕК *Айқынырақ, анығырақ.* Тыңдаушыға ~.

ТҮСІНІМПАЗ *Тез түсінгіш, ұғымтал. Түсінімпаз* түрі жаман екен (С. Мұқанов).

ТҮСІНІСПЕУШІЛІК *Бірін-бірі ұға алмаушылық, келіспеушілік.* Алғашқы сәтте *түсініспеушілік* кездеседі (Жанботаев).

ТҮСІҢКІ 1. *Төмен түскен, салбыраңқы.* Тымағының *түсіңкі* маңдайының астынан көздері жалтылдайды (Сейфуллин). 2. *Ауыс. Жабығыңқы, реніштті.* Күйеуінің *түсіңкі* қабағын көріп қалды (Мұратбеков).

ТҮСІРУЛІ *Түсіріліп қойылған, түсіп тұрған.* Шымылдық ~.

ТҮТ *Жүнді, мақтаны созып қопсытып, түйіртпегінен ажырату, ұлпалау.* Қойдың жүнін ~ті. ◊ **Түтіп жеді** — *жан-жақтан талады, жүндей түтті.*

ТҮТЕ 1. *Тұтіннің бұрқырап шығуы; тұтіндеу. Тұтейді* көкше түтін әлдеқайдан (Көшімов). 2. *Қардың, желдің алай-тұлей борауы.* Түн ортасынан *тұтеген* ақ боран басталып кетті (Қалиев). 3. *Ауыс. Ашудан булығу, тұтігу.* Деканның *тұтеген* кескінінен екеуінің ренжіскенін аңғарды (Қабдолов). ◊ **Түтесі шықты** — *быт-шыт болып жыртылды.*

ТҮТЕК *Алай-тұлей ызғарлы боран.* Қатты жел тұрып, ақ *тұтек* боран болып кетеді (М. Әуезов).

ТҮТЕКТЕН: ақ түтектенді — *боран қарды ұшырып, үйытқып соқты.*

ТҮТЕЛЕ 1. *Тұте-тұтесін шығару, жүнін жұлу.* ~п жүнін жұла бастады. 2. *Жүнді, мақтаны созып қопсыту, тұту.* Жүнді ~ді. 3. *Ауыс. Пәре-пәресін шығару, жырту.* Кітапты осыншама ~пті.

ТҮТЕТУСІЗ *Тұтіні тұтетілмей қалу.* Түтіні *тұтетусіз* қалғанына қатты қайғырысты (Мағауин).

ТҮТЕ-ТҮТЕ *Жүні шығып тұтеленген, қобыраған. Тұте-тұте* түйе жүн шекпенін желбегей жамылып алыпты (С. Омаров). ◊ **Түте-түтесі шықты** — *тұтеленді, жыртылды, тозды.*

ТҮТІК I *Іші қуыс, сырты жұмыр, жіңішке құбыр.* Тар *тұтіктен* аспанға атылған мөлдір су (Жүздесу).

ТҮТІК II 1. *Ыстықта қатты шаршау, шөліркеу.* Қонақтар шаңытып, шөлдеп, *тұтігіп* келді (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Ашудан булығу, терісіне сыймау.* Қап-қара боп *тұтігіп* кетті (Найманбаев).

ТҮТІКШЕ *Жіңішке әрі қысқа тұтік.* Шүмек *тұтікшелері* бар әйнек жәшіктер (Шопан серігі).

ТҮТІН 1. *Оттан будақтап тарайтын көкшіл немесе қара қошқыл тұман сияқты зат.* Қидың ащы көк ~і. 2. *Ауыс. Өз алдына бөлек үй-жай, семья.* Бұл ауылда қырық шақты *тұтін* бар ("Соц. Қаз.").

ТҮТІНДЕ *Тұтін шығу, бықсу.* Үй-үйдің қасында қазан-ошақ *тұтіндеп,* самауыр қойылған (Тілегенов).

ТҮТІНДІК *Тұтін жолы, мұржа.* Ана сырттағы *тұтіндікті* қозғап кел (О. Сәрсенбаев).

ТҮУ I *Ұнатпау, кею, таңдану сияқты көңіл күйді білдіретін одағай. Түу,* әже, жоқты айтады екенсіз (Хұсайынов).

ТҮУ II *"Сонау" мағынасындағы сілтеу есімдік.* Жатыр қолдар түйісіп *түу* алыстан (Мәуленов).

ТҮУ: түу деген түкірігі жерге түспейтін — *қақаған аяз.*

ТҮФУ *Жиіркену мәніндегі көңіл күй одағайы.* Қиынбек артына қарап *"түфу"* нағылет деп қойды (Р. Райымқұлов).

ТҮШКІР *Кенет ауыз-мұрыннан түкірік шаша, қатты күшпен ерекше дем шығару.* Тыжырына *түшкіріп,* сыртқа шықты (Мұратбеков).

ТҮШКІРІК *Ауыз бен мұрнынан түкірік шаша, еріксіз қатты шыққан пысқырық. Түшкірігі* құрғырдың келе қалғанын қарашы (Хұсайынов).

ТЫҒУЛЫ *Тығылып қойылған, жасырын.* ~ жатқан қару.

ТЫҒЫЗ 1. *Өте жиі, қалың.* Жүні ~, ~ өскен бұта. 2. *Мықты, берік.* Таза ауа, ішетін су, топырақта *тығыз* байланысты (Жамалбеков). 3. *Ауыс. Асығыс, шұғыл, тығылтаяң.* Апасы *тығыз* тапсырмамен магазинге жұмсады (Өтетілеуов).

ТЫҒЫЗДА *Нығыздау, нығарлау.* Қапқа жүнді толтырып, *тығыздап* салу керек ("Соц. Қаз.").

ТЫҒЫЗДАУ 1. *Жиілеу, қалыңдау.* Орманның ~ тұсы. 2. *Ауыс. Асығыстау, қысылтаяңдау.* ~ шаруа.

ТЫҒЫЗДЫҚ 1. *Жиілік, қалыңдық. Тығыз болушылық.* Жүнінің *тығыздығы* бірдей екі қой... (Ермеков). 2. *Мықтылық, беріктік, қаттылық.* Топырақтың *тығыздығы* жайындағы нұсқау қолдарыңызда (Қ. Ұябаев). 3. *Тығыл-таяңдық, асығыстық.* Уақытымыздың *тығыздығын* айтып, әрең рұқсат алдық (С. Мұқанов).

ТЫҒЫЗТАЯҢ *Асығыс-үсігіс, қысылтаяң.* ~ шаруасы бар екен.

ТЫҒЫЛ 1. *Көрінбей бой тасалау, жасырыну.* Қызылкөл еліне барып ***тығылды*** (Шарипов). 2. *Ашуланып булығу, үні шықпай қалу.* Әрі қарай ештеме айта алмай ***тығылып***, булығып қалды (Жүнісов).

ТЫҒЫЛМАҚ *Тығылып ойнайтын ойын, жасырынбақ.* ~ ойнады.

ТЫҒЫН *Бөтелке сияқты өңеші тар ыдыстың аузына тығатын зат.* Шампан ~ы, бөтелке ~ы.

ТЫҒЫНДА *Тығынмен бекіту, тығын тығу.* Арақтың аузын ***тығындады*** (Еділбаев).

ТЫҒЫНДАУЛЫ *Тығындап жабылған.* ~ бөтелке.

ТЫҒЫРШЫҚ *Мығым, шымыр.* ***Тығыршық*** денелі Әділғазы оған әзіл айтты (Н. Ғабдуллин).

ТЫҒЫРШЫҚТАЙ *Топ-толық, шымыр денелі, жұп-жұмыр.* ~ толық денелі әйел.

ТЫҒЫРШЫН *Дөнежін інген.*

ТЫҒЫРЫҚ I *Малдың мұрын тесігінен мұрындық шықпас, қажамас үшін өткізілген қайыс.* Шал өгіздің бас жібін ***тығырық*** өткізген танауынан байлады (С. Мұқанов).

ТЫҒЫРЫҚ II 1. *Ілгері жүруі, өтуі қиын айналма, тұйық жер.* Кеме тоқтарлық жөні түзу ***тығырық*** та жоқ (Шәріпов). 2. *Ауыс. Өмірде кездесетін қиыншылық; дағдарыс.* Тығылған күйзелген ел ***тығырыққа*** (Мұхамеджанов). ◊ **Тығырыққа тірелді** — *амалы таусылды, не істерін білмеді.*

ТЫҒЫРЫҚТА *Тұйыққа тіреу, бұлтартпау, еркіне қоймау.* Дәл қазір әжем қасымда ***тығырықтап*** тұрғандай (Әлімов).

ТЫЖЫР *Тыржию, тыжыраю.* Бетін ***тыжыртып***, орнынан атып тұрды (Т. Сүлейменов).

ТЫЖЫРАЙ 1. *Тыжыру, тыржыю.* Маңдайы ***тыжырайып*** кеткен (Мағауин). 2. *Ауыс. Мұрнын шүйіру, жақтырмау, ұнатпау.* Ол ~ып басын шайқады.

ТЫЖЫРАҢДА *Тыржың-тыржың ету.* Оған неге ***тыжыраңдайсың*** (Ә. Тәжібаев).

ТЫЖЫРЫҢҚЫ *Қатпарланған, тыжырынған; жақтырмаған.* Қабағы түсіңкі, бет келбеті ***тыжырыңқы*** сезілді (Ыбыраев).

ТЫЗ: тыз етті — *тызылдап ауырды, дуылдады.* Жауырыны ***тыз*** еткендей болды (С. Сейітов). □ **Тыз етпе** — *қызу қанды, ашушаң.*

ТЫЗАҚТА *Тызақ қағу, безектеу.* Жаным шығардай ***тызақтап***, не болғанын білгім келді (Нүржекеев).

ТЫЗАЛАҚТА *Күйіп-пісіп быжылдау, шыжалақтау.* Сүк өтер ме деген қауіппен жаны ***тызалақтап*** барады (Сматаев).

ТЫЗЫҚ *Безек қағу, безектеу, тызақ қағу, шыжалақтау.* Оған мынау қосылып, жаны ***тызығып*** кетті (Мұқанбетқалиев).

ТЫЗЫЛ *Тыз-тыз еткен үн, дыбыс.* Ой, ызыңы қандай! Ой ***тызылы*** қандай! (Смақов).

ТЫЗЫЛДА 1. *Тыз-тыз ету, ызылдау.* ***Тызылдап*** ара ұшып барады (Мәшһүр-Жүсіп). 2. *Ашыту, дуылдату.* Еділге құлағының ***тызылдап*** ауырғанын сезді (Мағауин). 3. *Ауыс. Безектеу, тызақ қағу, шыжалақтау.* Уақытының өлгеніне өкініп, қатты ***тызылдап*** отыр еді (Р. Тоқтаров).

ТЫЗЫЛДАҚ *Тыз-тыз еткіш, шыдамсыз, күйіп-піскіш.* Көңілі түспесе — ызақор ***тызылдақ*** (Айымбетов).

ТЫЙ *Жағымсыз қылық, іс-әрекетке тыйым салу, қойдыру.* Зекіріп ~ып тастады. Мені ~ма, өсекті ~дыр.

ТЫЙЫМ *Тежеу, тоқтам.* ***Тыйым*** бар ма Әзімбайға (М. Әуезов). ◊ **Тыйым салды** — *рұқсат бермеді, тыйды.*

ТЫЙЫМСЫЗ *Тоқтамы жоқ, тыйым көрмеген, бөгетсіз.* Еркімен жүретін ***тыйымсыз*** күндері елестеді (Бегалин).

ТЫҚ I 1. *Үшкірлеу нәрсені бір затқа сұғып алу, қадау.* Біз ~ ғып алғандай болды. 2. *Бір заттың ішіне екінші бір затты салу.* Шүберектегі жазуды оқымастан қалтасына қайта ***тықты*** (Дәрмағанбетов).

ТЫҚ II 1. *Көзден таса ғып жасыру, көрсетпей қою.* ***Тыққан*** астығын тапсыруға он күн берілді (Майлин). 2. *Ауыс. Түрмеге қамау, жауып қою.* Түрмеде отырғандарды лагерьге ***тықты*** (Сейфуллин).

ТЫҚ: тық етті — *тықылдаған дыбыс шықты.*

ТЫҚАҚТА *Соңына түсіп тықақ қағу, тақымдау.* ***Тықақтап*** тыныштық бермейді (Қожабаев).

ТЫҚАҚТЫҚ *Қыспаққа алғыштық, маза бермеушілік...* ***Тықақтығын*** жақтырмайтындар да бар (З. Шүкіров).

ТЫҚҚЫШТА 1. *Қайта-қайта тығу, тыға түсу.* Кітаптарын сумкаға ***тыққыштап*** жатыр (Жақсыбаев). 2. *Ауыс. Белгілі бір затты басқаға көрсетпеу, жасыру.* Мұнша байлықты Қарабайша ***тыққыштағаны*** несі (Сарғасқаев).

ТЫҚПАЛА 1. *Бірдемені еріксіз беру, ал деп қыстау.* Шал көнетоз аспалы сумкасын ***тықпалайды*** оған (Ташенов). 2. *Ауыс. Өз ойын, идеясын орынды-орынсыз қыстыру, кіріктіру.* Ол мәселені бұл араға ***тықпалама*ңыз** (Иманжанов). 3. *Ауыс. Күштеп орналастыру, кіргізіп жіберу.* Осы орынға ***тықпалаған*** сіз емес пе (Д. Досжанов).

ТЫҚСЫР *Жеделдетіп қуу, соңына түсіп ығыстыру.* Көкжал қасқырды ***тықсыра*** қуған адамды көзі шалып қалды (Нәбиев).

ТЫҚ-ТЫҚ *Қайталанып тықылдаған дыбыс.* ***Тық-тық*** басып кетіп барады... (М. Дүзенов).

ТЫҚЫЛ *Тық-тық еткен дыбыс.* Терезе ***тықылы*** қайта естілді (Ахметбеков).

ТЫҚЫЛДА 1. *Тық-тық еткен дыбыс шығу.* Өкшелері ***тықылдап*** кетіп бара жатты (Әкімқұлов). 2. *Ауыс. Тық-тық етіп жылдам сөйлеу.* Сен немене ***тықылдай*** бересің (Таң нұры).

ТЫҚЫЛДАҚ 1. *Тық-тық еткен, тықылдап қалған.* ~ дыбыс. 2. *Ширақ сөйлейтін, тақылдақ.* Осы бір ***тықылдақтан-ақ*** көрдім-ау (Райымқұлов).

ТЫҚЫР I *Тық-тық еткен, тықырлаған дыбыс.* Сырттан аяқ ***тықыры*** естілгендей болды (Иманғалиев). ◊ **Тықыр таянды** — *қауіп-қатер төнді, жаны қысылды.*

ТЫҚЫР II *Өскелең емес, қысқа.* ~ елтірі, ~ қара барқыт.

ТЫҚЫРАҢ *Тық-тық еткен қылық.* Бұл қай ~ы.

ТЫҚЫРАҢДА *Тықыраң-тықыраң ету, тықақтау.* ***Тықыраңдап*** болмайды (Момышұлы).

ТЫҚЫРЛА I *Тықыр-тықыр ету, тысырлау.* ~ған дыбыс естілді.

ТЫҚЫРЛА II *Қысқа етіп кесу, тақырлап алу.* Басын *тықырлай* қырғызған, шүңірек көз кісі (Молдағалиев).

ТЫҚЫРЛАУ *Тықыр келген, тықырланған.* Кілемнің түгі ~.

ТЫҚЫРШЫ *Шыдамсыздану, мазасыздану, дегбірсіздену.* Мақсатын тезірек асырсам деп *тықыршиды* (Қанахин).

ТЫЛ *Соғыс майданынан алыста жатқан жер, ел іші.* ~ға жөнелтті.

ТЫЛСЫМ 1. *Тыным, тыныштық, жым-жырт.* Төңірек *тылсым,* тыныштық құшағында (Сүндетов). 2. *Белгісіз, жасырын, құпия.* Қылдай жерде *тылсым* сыр жатыр (М. Әлімбаев).

ТЫЛСЫМДА *Кідіріс жасау, тыныштық тарту.* Дұғамен күзетші екен *тылсымдаған* (Фашық-нама).

ТЫЛСЫМДЫ *Тылсымға толы, сырлы.* Жарық айлы түннің *тылсымды* сиқыры болады (С. Баязитов).

ТЫЛСЫМДЫҚ *Тылсым болушылық, тыныштық.* Даланың өгейлігінен керемет *тылсымдық* сезіледі (Өзиев).

ТЫЛТИ *Киімнің денеге шақ болмай, қысқа келуі, шолтию.* Үстіндегі *тылтиған* солдат киімін тастап, қазақша киініп кел (С. Мұқанов).

ТЫЛТИМА *қарап. Тылтиған, қып-қысқа, шопшолақ.* ~ юбка.

ТЫМ *Өте, аса.* Уақыт *тым* кеш болатын (Ахтанов). ◊ **Тым болмаса (құрыса) — ең болмаса, ең құрыганда.**

ТЫМАҚ *Аң терісінен жасалып, суықта киетін бас киім.* Абайдың қыс киетін түлкі *тымағын* тігіп отыр (М. Әуезов).

ТЫМАҚША *Тымақ тәрізді, секілді, жеп-жеңіл.* Ол мені *тымақша* үйіреді (Қ. Қайсенов).

ТЫМПИ I *Үн, дыбыс шығармай, ойнайтын ойын түрі. "Тымпи"* ойнағандай түк мандымады (Найманбаев).

ТЫМПИ II *Жұмған аузын ашпау, үндемеу. Тымпиып* жүріп, аз жылда көп іс тындырып тастады (Серғалиев).

ТЫМПИМА *Сыртқа шығарып ештеме айтпайтын, ішкен тынған.* Тым *тымпима* екен, сыр тарту қиын (Сарғасқаев).

ТЫМПЫЛДАҚ *Тақылдақ, пысықай.* Шабарманы — *тымпылдақ* тапал сары жігіт (С. Омаров).

ТЫМПЫҢ: тымпың қақты — *тез-тез басып жүрді, тымпыңдады.*

ТЫМПЫҢДА *Тез-тез басу, томпаңдау.* Шымыр *тымпыңдап* жүгіріп жүр (Жұмаділдин).

ТЫМСЫРАЙ *Сөйлемеу, үндемеу, тымпию.* Айтпайсың ба, ішімдегіні тап деп *тымсыраймай* (Т. Әлімқұлов).

ТЫМ-ТЫРАҚАЙ *Жапа-тармағай, бет-бетімен.* Жұрт *тым-тырақай* қашты (Тоқтасынов).

ТЫМ-ТЫРАҚАЙЛА *Жапа-тармағайлау, бет-бетімен қашу.* ~п шаба жөнелісті.

ТЫМ-ТЫРЫС *Жым-жырт, тып-тыныш, үнтүнсіз.* Айнала ~. Отырған жұрт ~тана қалды.

ТЫМЫҚ *Желсіз, тыныш, жым-жырт.* Желсіз *тымық* болу орман үшін табиғи жәйт (М. Ахметов).

ТЫМЫҚТАУ *Тыныштау, тынықтау, желсіздеу.* Қыстың ~ кеші.

ТЫМЫҚТЫҚ *Желсіздік, тыныштық.* Түннің ~ғы байқалады.

ТЫМЫРАЙ *Сөйлемей үнсіз отыру.* Раушан *тымырайып* тарамыс есіп отыр (Майлин).

ТЫМЫРСЫ *Ешбір жел соқпай қапырықтану.* Күн *тымырсыған* ыстық еді (Есенберлин).

ТЫМЫРСЫҚ 1. *Желсіз, тыныш, қапырық.* Бүгін ~ екен. 2. *Ауыс. Сыр ашпайтын, сөйлемейтін. Тымырсық* болса ер оңбас (Мақал).

ТЫМЫРСЫҚТАН *Қапырықтану, тымырықтану.* Бүгін күн таңертеңнен-ақ *тымырсықтанып* тұр (І. Есенберлин).

ТЫМЫРСЫҚТАУ *Аздап тымырсық, қапырықтау.* Түн ~.

ТЫМЫРСЫҚТЫҚ *Тымырсық болушылық, қапырықтық.* Қала ішінің *тымырсықтығын* сөз етісті (Сақабаев).

ТЫН 1. *Белгілі бір іс-әрекеттің бітуі, аяқталуы.* Балсары соғыстың *тынған* күніне де жетті (Сералиев). 2. *Тым-тырыс болу, тыныштану.* Ол демін ішіне алып *тынған* күйі тұра берді (Сараев).

ТЫНБА *Тыныштық көрмеу, дамыл таппау.* ~й еңбектенді.

ТЫНДЫРЫМДЫ *Тиянақты, ұқыпты.* Іске ~, өз жұмысына ~.

ТЫНДЫРЫМДЫЛЫҚ *Тындырымды болушылық.* ~ғын ұнатады.

ТЫНДЫРЫМПАЗ *Тиянақты, тыңғылықты, тындырымды.* ~ екенін біледі.

ТЫНЖЫ *Сүті мол, асыл тұқымды сиыр.* Көшпелі қазақ тіршілігінде арман еткен: түйеде — жампоз, жылқыда — тұлпар, сиырда — *тынжы,* қойда — құтпан (Алғы шепте).

ТЫНШЫ *Тыным тауып, алаңсыз болу, жаны жай табу.* ~и алмады.

ТЫНШЫҚ *Тыным алу, тыныштану, тыншығу. Тыншығарсың* сен дағы, Сабыр қылсаң азырақ (Абай).

ТЫНЫҚ *Тыным табу, дем алу.* ~ғып аттаныңыз, ~ғып қалды.

ТЫНЫМ 1. *Дамыл, тыныштық, маза.* Әй, саған бүгін бір *тыным* боптығой (Сералиев). 2. *Ауыс. Шешімі, тоқ етері.* Татулық болды деді, *тынымы* не болған екен (М. Әуезов). ◊ **Тыным алмады — *дем алмады, дамыл таппады.* Тыным бермеді — *тыныштық көрсетпеді.* Тыным таппады [көрмеді] — *мазасы кетті, тынбады.***

ТЫНЫМДА *Тыным табу, тыныштану.* Көп ауыл қазір *тынымдап* қалғандай (Оразалин).

ТЫНЫМДЫ *Істеген ісін тындырғыш, тиянақты, ұқыпты. Тынымды* деген іскер қызметкердің бірі (Мұқатаев).

ТЫНЫМСЫЗ *Тынымы жоқ, тыным таппайтын, мазасыз.* Ой, сабаз, бір *тынымсыз* жан-ау (Тоғысбаев).

ТЫНЫМСЫЗДАН *Мазасыздану, тыным таппау.* Үйқысы қашып, *тынымсыздана* берді (Оразақов).

ТЫНЫМСЫЗДЫҚ *Тынымсыз болушылық.* ~ білдірді.

ТЫНЫС 1. *Ауа жұтып, тыныстағандық.* ~ орны — парк, бір апталық ~. 2. *Ауыс. Тіршілік, өмір.* Он сегіз мың ғаламның бар *тынысы* күнде тұр (Абай). ◊ **Тыныс алды — *дем алды, тыныстады.* Тыныс белгісі *(грамм.)* — *сөйлемдегі қызметіне қарай сөз соңынан немесе сөйлемнен кейін***

қойылатын белгі. **Тыныс жолы** — *дем алыс жолы, тыныс мүшелері.*

ТЫНЫСТА *Ауа жұтып, дем алу.* Көкірегін кере ~ды.

ТЫНЫСТАС *Білістес, байланысты, сабақтас.* Таяу Шығыс елдерінің көркемөнерімен *тыныстас* (Есенберлин).

ТЫНЫСТЫ: кең тынысты — *ауқымы кең, қамтыған оқиғасы мол.* Кең ~ эпопея.

ТЫНЫШ 1. *Жым-жырт, үнсіз.* Үй маңы ~. 2. *Алаңсыз, уайым-қайғысыз.* ~ өмір сүрді, ~ ұйықтады. ◊ **Тыныш таптырмады** — *тыным бермеді.* **Тынышы кетті** — *мазасы болмады, тынышсыздады.*

ТЫНЫШСЫЗ *Тыным таппайтын; мазасыз.* ~ адам.

ТЫНЫШСЫЗДАН *Мазасы кету, шыдамсыздану.*

ТЫНЫШТАЛ *Дамыл табу, саябырсу.* Ел іші енді *тыныштады* (Тоғысбаев). Залдағы жұрт ~ды.

ТЫНЫШТЫ *Алаңсыз, жайлы. Тынышты* да тәтті өміріме үлкен өзгеріс енгізген (Бөкеев).

ТЫНЫШТЫҚ 1. *Тым-тырыстық, алаңсыздық.* ~ бермеді. 2. *Бейбітшілік, бейбіт өмір.* Қорғап жүр ол *тыныштықты* қырағы (Хангелдин).

ТЫНЫШЫРАҚ *У-шусыз, жайлырақ.* ~ жұмыс.

ТЫҢ I *Күш-қуаты мол, әлді, қайратты.* Мен әскерге аттанарда қарт әлі *тың* еді (Жұмаділов).

ТЫҢ II *Бұрын жыртылып айдалмаған, егістікке пайдаланбаған жер.* Күріште *тыңға* себейік деген (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Соны, жаңа.* ~ сұрау (өлең, пікір, мәлімет).

ТЫҢ: тың тыңдады — *біреудің сөзін жасырын тыңдады.*

ТЫҢАЙ *Әлдену, қуаттану, тыныгу.* Етігін шешпей ер *тыңаймас* (Мақал).

ТЫҢАЙТҚЫШ *Топырақтың құнарлылығын, егіс шығымдылығын арттыру үшін пайдаланылатын зат.* *Тыңайтқыш* шашылған суармалы жер мол өнім береді (Ерлепесов).

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ *Істеген ісіне тиянақты, ұқыпты, ықтиятты.* Ол кісі *тыңғылықты* әрі қарапайым (Байжанов).

ТЫҢҒЫЛЫҚТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, тиянақтылық.* Зерттеу жұмысының ~ғы.

ТЫҢДА *Құлақ қою, зер сала есту.* Әңгімені ұйып *тыңдаған* балалар үнсіз тұр (Сыланов).

ТЫҢДАҒАНСЫ *Тыңдаған болу, тыңдаған сыңай білдіру. Тыңдағансып* отыра беруге мәжбүр (Тарази).

ТЫҢДАЙ *Тың сияқты, бүтіндей.* Өтірікті шындай, ақсақты ~ етіп бөсіп отырды.

ТЫҢҚИ *Кеңірдегінен келе тойып, көңілі жай табу. Тыңқиған* семіз торайдай (Аманжолов).

ТЫҢҚ-ТЫҢҚ *Тыңқылдап шыққан дыбыс.* ~ етті.

ТЫҢҚЫЛДА *Домбыраны жайлап шертіп тарту.* ~ған домбыра үні естілді.

ТЫҢҚЫЛДАҚ *Тыңқ-тыңқ еткен дыбыс.* Құр *тыңқылдақ* леззатты жойып жіберетін көрінеді (Қонарбаев).

ТЫҢШЫ *Тың тыңдаушы, жансыз.* Қасында ~лар жүрді.

ТЫП: тып етті — *жылдам істеді; лып етті.*

ТЫП-ТИПЫЛ *Із-түссіз, жым-жылас.* Мардан нәрсені талап, *тып-типыл* қылды (Жансүгіров).

ТЫП-ТИЯНАҚТЫ *Тап-түйнақтай, жинақы.* Үстіне шаң жұқтырмайтын *тып-тиянақты* (Есенберлин).

ТЫП-ТЫҒЫЗ 1. *Әжептәуір тығыз, қалың.* Оның жүні *тып-тығыз* (Нұршайықов). 2. *Шымыр денелі, тығыршықтай. Тып-тығыз* жұмыр білекті сипалап әлі отыр (О. Сәрсенбаев).

ТЫП-ТЫҚЫР *Әжептәуір тықыр, тап-тақыр.* Жүні *тып-тықыр,* күп-құрғақ (Байғұтов).

ТЫП-ТЫНЫҚ *Тып-тыныш, тылсым, желсіз.* Жаздың желсіз *тып-тынық* күні еді (Меңдібаев).

ТЫП-ТЫНЫШ 1. *Жым-жырт, тым-тырыс.* Айнала *тып-тыныш* бола қалып еді (Молдағалиев). 2. *Қаннен каперсіз, алаңсыз, бейқам. Тып-тыныш* ұйықтап жатқан болар едім (Төреханов).

ТЫП-ТЫҢ *Әжептәуір тың, әлді.* Әлі *тып-тың,* пып-пысық қарт екен (Жұмақанов).

ТЫП-ТЫП *Тыпыңдаған дыбыс.* ~ басты.

ТЫПЫЛДА *Тып-тып ету, ширақ басу, жеделдету.* Келіншек күйеуіне *тыпылдай* ерді (Мәжитов).

ТЫПЫҢ: тыпың қақты — *тыпың-тыпың етті, жеделдете басты.*

ТЫПЫҢДА *Тыпың қағу, тыпың-тыпың ету.* Есекпен *тыпыңдап* жетіп баратын (Т. Нұрмағамбетов).

ТЫПЫҢ-ТЫПЫҢ *Тыпың қаққан қимыл.* Аяғын ~ басты.

ТЫПЫР *Тыпырлаған қимыл-әрекет. Тыпыр* еткен жан жоқ (Сарғасқаев).

ТЫПЫРЛА *Тыным таппай тыпыр-тыпыр ету, қимылдау, тыпыршу. Тыпырлап* асау жылқы сияқтанып (И. Байзақов).

ТЫПЫР-ТЫПЫР *Тыным таппай тыпырлаған қозғалыс.* ~ етті.

ТЫПЫРШЫ *Тыпырлап қозғала беру, мазасы кету. Тыпыршыған* аттар тізгінді жұлқа тартты (Сматаев).

ТЫР: тыр [тырдай] жалаңаш — *үстінде ешқандай киімі жоқ, лыпасыз.*

ТЫРАҒАЙЛА *Бет-бетіне қашу, әркім әр жаққа тырқырау, зыту.* Жау *тырағайлап* қашты (Әлішев).

ТЫРАЙ *Аяқ-қолы жайылып, серейіп жату, сұлау, құлау.* Аяғын жиып ала алмай *тырайды* (Бердіқұлов).

ТЫРАЙҒАН *Тырбиған, арық, тырақай.* Ердәлі *тырайған* арық (Тілегенов).

ТЫРАҚАЙ *Тырбиған арық, жүдеу.* Келіншек *тырақай* баланы бауырына басты (Қажыбаев).

ТЫРАҢ *Аяғы көктен келіп, мұрттай ұшқан, құлаған қимыл.* ~ етті.

ТЫРАҢДА *Аяқ-қолын ербеңдету, тыраң-тыраң ету.* Алақанында *тыраңдап* жатқан қызыл шақа нәрестe (Шүкіров).

ТЫРАҢ-ТЫРАҢ *Үсті-үстіне тыраңдаған қимыл.* ~ етті.

ТЫРАУЛА *Тырнаның тырау-тырау деп ұн шығаруы. Тыраулап* тырна, ұшады қырға (Өмірбеков).

ТЫРАШ *Қолында барды бей-берекет шашатын, дарақы.* Ахтияр барып тұрған *тыраш* (Туған жер қазынасы).

ТЫРАШТА *Қолынан келмеске тырысу, әрекеттену.* Кандидаттық минимум тапсырам деп *тыраштанды* (Сқақбаев).

ТЫРАШТЫҚ *Тыраштанушылық, дарақылық.* Бәрі де даңққұмар мақтаншақтың *тыраштығы* (Санбаев).

ТЫРБАН *Талпыну, тырысу, әрекеттену.* Шалдар *тырбанып,* отынсу, мал-жан деп жүр (Сейдімбеков).

ТЫРБАНЫС *Қимыл-әрекет, қозғалыс.* Шөлдеген малға қанша *тырбаныс* қажет (Мекебаев).

ТЫРБАҢ *Аяқ-қолын ербеңдеткен іс-әрекет, қимыл, тырбаныс.* Тіршілікте кісінің *тырбаңы* таусылған ба (Алдабергенов).

ТЫРБАҢДА *Тырбаң-тырбаң ету, тырбану.* Бәрі *тырбаңдап* дүние құрауға тырысады (О. Ахметов).

ТЫРБАҢ-ТЫРБАҢ: тырбаң-тырбаң етті — *аяқ-қолын көтеріп тырбаңдады.*

ТЫРБИ 1. *Аласа боп өсу, тарбию.* ~ып өскен бұталар. 2. *Ет алмай құр сүйек болу, тыртию.* Балалар шетінен *тырбиған* арық (Асабаев).

ТЫРБЫҚ *Тырбиып өспей қалған, аласа, жатаған.* Жатаған ~ сексеуілдер.

ТЫРБЫҚАЙ *Ұзын емес, аласа, тырбық, қысқа.* Шөп атаулыдан жусан мен *тырбықай* бетеге бар (М. Әуезов).

ТЫРБЫҢ *Жай, баяу, самарқау қимыл, іс-әрекет.* Қараңғы қауымның ессіз *тырбыңына* күйіне түсетін (О. Сәрсенбаев). ◊ **Тырбың қақты** — *аяқ-қолын ербеңдетті, тырбаң қақты.*

ТЫРБЫҢДА *Тырбың-тырбың ету; тырбыңдау.* Аттар *тырбыңдап,* болдырған күй көрсетті (С. Мұқанов).

ТЫРБЫҢ-ТЫРБЫҢ *Аяқ-қолын қыбырлатқан іс-әрекет, ербең-ербең.* ~ етті.

ТЫРЖАҢ *Жақтырмаған, ұнатпаған көңіл-күйін білдіретін іс-әрекет, бейне.*

ТЫРЖАҢДА *Бет-аузын тыржаң-тыржаң етк і-зу.* Оның *тыржаңдаған* бет-аузы мүлде қисайып кетті (Сараев).

ТЫРЖЫ 1. *Қатпарланып қыртыстануы, қыртыс-тыртыс болу.* Маңдай терісі *тыржиып* терлеп-тепшіді (Б. Майлин). 2 *Жақтырмау, жаратпау.* Қазбек *тыржиып* ұнатпай қалды (Р. Сейсенбаев).

ТЫРЖЫҢ *Ұнатпаған көңіл-күйін бет-аузының қимыл-қозғалысымен аңғартқан, тыржаң.* ◊ **Тыржың етті** — *тыржиып жақтырмады, тыржың етті.*

ТЫРЖЫҢДА *Тыржың-тыржың ету.* Баймұрын өзі де *тыржыңдап,* өкпе сызын білдіргендей (М. Әуезов).

ТЫРИ *Серейіп жату, тыраю.* Төр алдында *тыриып* жатқан балаларына қарап қояды (Мұратбеков).

ТЫРИҒАН *Арық, жүдеу, тыртиған.* ~ арық бала.

ТЫРҚ: тырқ етқізді — *артынан жел шығарды.*

ТЫРҚ-ТЫРҚ *Тырқылдап шығарған ұн, дыбыс.* ~ күлді.

ТЫРҚЫЛ *Сықылықтаған, тырқ-тырқ еткен күлкі.* Ол ішіп-жеу мен *тырқылды* ғана білетін (А. Сүлейменов).

ТЫРҚЫЛДА *Тырқ-тырқ ету.* ~п құлді.

ТЫРҚЫЛДАҚ *Тырқ-тырқ ете беретін; күлегеш.* ~ бала.

ТЫРҚЫРА *Бет-бетімен бытырау, жан-жаққа тарау.* ~й қашты (жөнелді).

ТЫРМА *Айдалған жердің топырағын майдалау үшін, шөпті жинау үшін пайдаланатын ауыл-шаруашылық құралы.* ~ны сүйретті.

ТЫРМАЛА 1. *Аяқ я қолымен бір нәрсені тырналау. қазу.* Иттің иіскелеп *тырмалаған* жерінде бірдеме бар тәрізді (Орманбаев). 2. *Айдалған, қазылған топырақты тырмамен қопсыту, майдалау.* Ерте көктемде жерді *тырмалады* ("Лен. жас").

ТЫРМАШЫ *Тырмамен жұмыс істеуші, айдалған жердің топырағын майдалаушы адам. Тырмашылар* қатты ұйқыға кеткен (Иманбаев).

ТЫРМЫС *Тырбаңдап бір нәрсеге ұмтылу, өрмелеу, жабысу.* Жүргіншілер автобустың есігіне ~ты.

ТЫРМЫШТА *Бір нәрсені көлденеңінен және тігінен буу.* Шабылған тобылғыны ~п буды.

ТЫРНА I *биол. Мойны ұзын, аяқтары сырғанып, ірілеу келген жыл құсы. Тырналары* тыраулап, қатар ұшып қаз келді (Аймангүл).

ТЫРНА II *Денені тырнақпен тырнау, қасу.* Ауыр жараның аузын *тырнап* алды (Бақбергенов). 2. *Қатты заттың денені жыртып кетуі, осып түсуі.* Қол-аяғын тас ~п кеткен.

ТЫРНАҚ 1. *Адам саусақтарының ұшындағы мүйіз өсінді.* Адамның ~ғы аптасына өседі. 2. *Аң мен құстың қатты да ұшы өткір тұяғы.* Бүркіттей жазып ~ғын. ◊ **Тырнағына түрмады [татымады]** — *деңгейіне келмеді.* **Тырнағын батырды** — *зорлық көрсетті, күштеді.* **Тырнақ астынан кір іздеді** — *бәле қуды, жаманшылық іздеді.*

ТЫРНАҚТАП: тырнақтап жинады — *там-тұмдап, ұқыптап, жинастырды.*

ТЫРНАҚТЫ 1. *Тырнағы бар, тырнағы өткір.* Барысқа ұқсаған *тырнақты,* адуынды аң (Есенберлин). 2. *Ауыс. Азулы, озбыр, күшті, мықты.* Бұл заман азулы, *тырнақты* мен тістінікі (Дөнентаев).

ТЫРНАҚША *Цитатаның, төл сөздің, газет-журнал т. б. аттарының, шартты не кекесінді мағынада қолданылған сөздердің екі жағынан қойылатын ("" немесе «») белгі.* ~ ішіндегі сөз, ~дан қате кетіпті.

ТЫРНАЛА *Қайта-қайта тырнау.* Кеудесін ~ды, бетін ~ды.

ТЫРНАУЫШ *Шабылған шөпті т. б. жинауға не жерді қопсытуға пайдаланатын ұзын ағаш сапты қол тырма. Тырнауышпен* шөп-шаламды жиыстырып жатыр (Есенжанов).

ТЫРП: тырп еткізбеді (етпеді) — *орнынан қозғалтпады, тыпыр еткізбеді.*

ТЫРП-ТЫРП *Аяқты тырпылдап басқаннан шығатын ұн.* Аяғын ~ басты, етігін ~ сүйретті.

ТЫРПЫЛ *Тырп-тырп еткен ұн, жүріс.* Қожек аяқтардың *тырпылын* ести алған жоқ (А. Сүлейменов).

ТЫРПЫЛДА *Тырп-тырп ету, сүйретілу.* Сарысақал *тырпылдаған* аяқ дыбысын анық естіді (Мұқаев).

ТЫРПЫЛДАҚ *Тырп-тырп еткен, тырпылдаған.* Жүрісі де *тырпылдақ,* қысқа адымды екен (Бақбергенов).

ТЫРС: тырс етті — *сырт ете қалды.* □ **Тырс еткен дыбыс [сыбыс] жоқ** — *ешбір сыбыс, хабар-ошар болмады.* ◊ **Тырс етпе** — *ұн қатпа, ләм деме.* **Тырс етпеді** — *ләм-мим демеді.*

ТЫРСА *бот. Қырда өсетін көп жылдық астық тұқымдас өсімдік; қылқан боздың дәні.*

ТЫРСИ 1. *Тырсылдап толу, күмпию, томпию.* Үрген бүйендей *тырсиып* тұр (Тілегенов). 2. *Ауыс. Ашулану, терісіне сыймау.* Ашуланғаннан қолынан келері жоқ, *тырсиып* үндемеді (Мұқаев).

ТЫРС-ТЫРС *Тысыр-тысыр, сырт-сырт.* Тамшылар қаңылтырға *тырс-тырс* тамып тұр (Исабеков).

ТЫРСЫЛ *Тырс-тырс етіп шыққан ұн, дыбыс.* Сырттағы жаңбырдың ***тырсылына*** құлақ түрді (Жанәбілев).

ТЫРСЫЛДА 1. *Тырс-тырс ету, сыртылдау.* ***Тырсылдаған*** сағат үні естілді (Шамкенов). 2. *Ауыс. Терісіне сыймай ашулану, долдану.* ***Тырсылдап*** терісіне сыймай булығып отырған (Қыдырбекұлы).

ТЫРТАҚАЙ *қарап. Тыртаңдап қалған, тырақай (адам).*

ТЫРТАҚТА *Қолынан келмейтін нәрсеге әуре болу, бекер, босқа тыраңдау.*

ТЫРТАҢ 1. *Әурешілік, құр бопсалық.* Ол ***тыртаң*** үш-ақ күнге жетті (Бердіғұлов). 2. *Өз әлін білмейтін тырақай.* Өй, кілең бір ***тыртаң*** (Әубәкіров).

ТЫРТАҢДА *Тыртаң-тыртаң ету, тырбыңдау.*

ТЫРТАҢДЫҚ *Шамасы келмейтін іске әуре болушылық, тырбыңдаушылық, тыраштық.* Тыраштық пен ***тыртаңдыққа*** жұлдызы қарсы ("Лен. жас").

ТЫРТИ 1. *Етті қашып тырбию, жүдеп-жадау.* Бала күнінде ***тыртиған*** арық еді (Нұржекеев). 2. *Қып-қысқа боп шолтию, тар болу.* ***Тыртиған*** тар шалбарын киіп алған (Қаназов).

ТЫРТЫҚ *Жазылған жара орнына, күйген денеге пайда болған дақ, таңба.* Бетінің үш-төрт жері ***тыртық*** (Мыңжасарова).

ТЫРТЫҚТА *Дақ түсіру, таңба салу.* Оның бәлелердің жанын жаралап, бақты маңдайын ***тыртықтап*** жүргені (Бөкеев).

ТЫРТЫҚТАУ *Білінер-білінбес тыртық.* Оң қолының бас бармағын шауып ап, ***тыртықтау*** бітті (Шашкин).

ТЫРТЫҚША *Болар-болмас, кішкене тыртық.* Оң жақ бетінде ***тыртықшасы*** бар (Жармағамбетов).

ТЫРТЫҢ *Қолдан келмейтін тыраштанған іс-әрекет.* Бос ~.

ТЫРТЫҢДА 1. *Тыртың-тыртың ету, бекер, босқа әуре болу.* Манадан бері ~п босқа арам тер болды. 2. *Бір нәрсе істеуге тырысу, тырбану.* Сол ***тыртыңдап*** жиғанына қорған болар бойына қасиет жинамапты (Қ. Ысқақов).

ТЫР-ТЫР *Дыр-дыр етіп тырылдап шыққан дыбыс.* Мотоциклдің ***тыр-тыр*** даусы естілді (Гумеров). ◊ **Тыр-тыр қасыды** — *қышынған денені үсті-үстіне қасыды.*

ТЫР-ТЫРЛА *Тыр-тыр ету, тырылдау.* Трактором ***тыр-тырлады*** (Табылдиев).

ТЫРТЫС 1. *Кері тартыншақтап тырысу.* Төрт тағандап ***тыртысып,*** тырмысты (Дәулетбеков). 2. *Қыртыс-тыртыс боп құрысу, тыжыраю.* Жаратпаған пішінмен қыртиып, қабағы ~а қалды.

ТЫРУ *Тырнаның тыраулаған үні, даусы.* Тырнаның ***тыруын*** менсінбеген сабаз-ай (Т. Әлімқұлов).

ТЫРУЛА *Тыру-тыру етіп ұн шығару.* ~п тырналар ұшып барады.

ТЫРЫЛ *Әр алуан машина моторының, атылған автоматтың т. б. дыбысы, тыр-тыр еткен ұн.* Трактордың ~ы естілді.

ТЫРЫЛДА *Тыр-тыр ету, дырылдау.* Мотоциклдің ***тырылдаған*** даусын анық естімеді (Дүйсенов).

ТЫРЫЛДАҚ *қарап. Тыр-тыр еткіш, тырылдағыш.* Әкесі құсап сол ***тырылдақтың*** қасынан шықпай қала ма деймін (Серәлиев).

ТЫРЫМ-ТЫРАҚАЙ *Бет-бетімен, жапа-тармағай.* ~ қаша жөнелді.

ТЫРЫС I *Бір істі тындыруға әрекеттену, тырмысу.* Өзін еркін ұстауға ***тырысты*** (Мұртазаев).

ТЫРЫС II *Қыртыс-қыртыс боп бұрісу, құрысу.* Отқа күйген тарамыстай ***тырысты*** (Р. Райымқұлов). ◊ **Қабағы [шекесі] тырысты** — *бір нәрсеге ренжіді, көңіл-күйі болмады.*

ТЫРЫСҚАҚ I *мед. Денені тырыстырып, құрыстырып, лоқсытып құстыра беретін өте жұқпалы, қатерлі ауру.*

ТЫРЫСҚАҚ II *Болмашы нәрсеге ашулана қалатын, қитар, қыңыр.* Аш адам ұрысқақ, ауру адам ***тырысқақ*** (Мақал).

ТЫРЫСҚАҚТЫҚ *Қыңырлық, қитарлық.* Мектептегі ***тырысқақтығын*** әлі тастамаған екен (Қанахин).

ТЫРЫСҚЫШ *Қандай да бір істі тындыруға әрекет еткіш, соған ұмтылғыш.* Қатарынан кем болмауға ***тырысқыш*** (Байтанаев).

ТЫРЫСУШЫ *Қандай да бір істі орындауға әрекет жасаушы, соны істеуге ұмтылушы, талаптанушы.* Ақтап алуға ***тырысушылар*** да кездеседі (І. Омаров).

ТЫРЫСЫП-БҮРІСІП *Тырысып-құрысып.*

ТЫРЫСЫП-ҚҰРЫСЫП *Бет пішіні тыржиып, тыжырынып.*

ТЫРЫСЫП-ТЫРМЫСЫП *Тырбанып-тырысып, әуре болып.* ***Тырысып-тырмысып*** сәуле түскен жаққа ұмтылып бақтым (Т. Бердияров).

ТЫС I 1. *Сырт жақ, дала.* Үшеуі жүрттан бұрын ***тысқа*** шығып кетті (Жүнісов). 2. *Тысқары, бөлек.* Сабақтан ~ уақыт.

ТЫС II *Заттың сыртқы қабы, мұқаба.* Жастықтың ~ы, кітаптың ~ы.

ТЫСҚАП *Дәптердің сыртын қаптайтын қатты қағаз немесе целлофан.*

ТЫСҚАРЫ 1. *Сырт жер, дала, тыс.* ***Тысқарыда*** Қозы Көрпеш кез келеді (Қозы Көрпеш). 2. *Аулақ, шет, жырақ.* Елімізден ~ жер.

ТЫСҚАЯҚ *Тіс қаққан құ, сырдақ.* ***Тысқаяқ*** мінезін Дәмелі іштей байқап отыр (Дүзенов).

ТЫСҚЫ *Сыртқы, сыртқары.* Ішкі, ***тысқы*** кедергілерді жеңуге тырысады ("Мәдениет және тұрмыс").

ТЫССЫЗ *Тысы жоқ, тысталмаған.* ~ жастық.

ТЫСТА *Затты, сырт киімді екінші бір затпен сыртынан қаптау.* Ботагөздің үстінде биқасаппен ***тысталған*** күпі бар еді (С. Мұқанов).

ТЫСТЫҚ *Киімді тыстауға лайық, тыс болар-лық.* ***Тыстық*** матаға жетерлік пұл беретін шығар (Тоғысбаев).

ТЫСЫР *Жүргенде, қозғалғанда шығатын дыбыс.* ~ естілді, ~ еткен дыбыс жоқ.

ТЫСЫРАЙ *Әлдеқандай боп тырсию, сыздану.* ***Тысырайып*** тіл қатпады (Жәкенов).

ТЫСЫРЛА *Тысыр-тысыр ету, тырсылдау.* Жаңбыр ***тысырлап*** жауып кетті (Нұрғалиев).

ТЫСЫР-ТЫСЫР *Тырс-тырс еткен ұн.* ~ еткен жаңбыр тамшылары.

ТЫТЫР *бот. Сұр, қоңыр топырақты аймақта өсетін, малға жұғымды, аласа жатаған өсімдік.*

ТЫШ *Үлкен дәретке отыру; нәжіс шығару.* Иттің боғы дәрі болса, дарияға ***тышар*** (Мақал).

ТЫШҚАҚ 1. *Ішектің қабынып, ісініп бұзылуынан болатын іш ауруы.* Жаман су тоқтының ішін бұзып, *тышқаққа* ұрындырады (Ермеков). 2. *Ауыс. Қолынан іс келмейтін нашар, қабілетсіз (адам).* Қарауылдың жаман *тышқағына* бола сөз естірттің (Жүнісов). ◊ **Тышқақ лағы жоқ** — *малдан жұрдай, тақыр кедей.*

ТЫШҚАҚТА *Тышқақ ауруына шалдығу, тышқақ болу.* Малы да көк шөпке үйренген, *тышқақтамайды* (F. Мүсірепов).

ТЫШҚАН 1. *Кеміргіштер тобына жататын сұйір тұмсықты сұт қоректі жәндік.* 2. *12 рет жыл қайырудың ең бастапқы жылының аты,* - жылы. ◊ **Тышқан ауру** — *шықшыт безі шошудан білеуленіп, ісіп кететін, көбіне жылқы малында болатын кесел.* **Тышқан жорғалатпайды** — *тірі жанды қыбыр еткізбейді, қимылдатпайды.* **Тышқан із** — *үш сызық арасымен, не шаршы сызық арасымен тігілетін кесте тігісінің үлгісі.* **Тышқанның ізіндей** — *тым ұсақ, болар-болмас.*

ТЫШҚАНДАЙ *Тышқан сияқты, кішкентай, қаршадай. Тышқандай* бір баламен жан бағатын шығармыз (Соқпақбаев).

ТЫШҚАНШАҚ *Айыр тұйелер мен азғындаған тұйелердің өрісте улы шөп жеп, улануы салдарынан болатын жүгіртпек ауру.*

ТЫШҚАНШЫЛА 1.*Тышқан сияқты епті-септі әрекет істеу.* Кешке қарай үйлеріне *тышқаншылап* тасиды (Алдабергенов). 2. *Тышқан аулау, тышқан ұстау.* Түлкі -п жүр. 3. *Ауыс. Болымсыз нәрсені кәсіп ету, ұсақ-түйекке үйір болу.* Бұл — *тышқаншылап* ұсақ-түйекті айналдыру (М. Хасенов).

ТЫШҚЫРТ *Бір шыбықпен айдау, тықсыру.* Жұмыскерлерді осы шегір *тышқыртып* жүреді (Сейфуллин).

ТЫШТАҚАЙ *Өзгеше мінез көрсететін шошақай.* — Құдай-ау, әліне қарамай бұл да бір -.

ТЫШТАЛАНДА *Ұшып-қону, шошаңдау, тыштаңдау.* Сен бостан-босқа -ма.

ТЫШТАНДА *Тыштаң-тыштаң ету, шошаңдау, өзінше пысықсу. Тыштаңдап* кісінің берекесін кетірдің (О. Сәрсенбаев).

ТЫШТЫ *Әлдеқандай боп шікірею, әлін білмей тұштию. Тыштыған* неменің аузын бақадай ашырайын (Нұрманов).

ТЫЮСЫЗ *Тыю көрмеген, қағылысу, кедергісіз.* Бекеңнің даусы қағусыз, *тыюсыз* естіледі (Нәжімеденов). ◊ **Тыюсыз кеткен** — *өз бетімен кеткен, тәлім-тәрбие көрмеген.*

ТІБЕН *көне. Түрлі-түсті қалың мата.* Шал жеті көз *тібенді* өлшетіп алды (F. Мұстафин).

ТІГУЛІ 1. *Тігіліп қойылған.* - тон. 2. *Тіркеулі, қаттаулы.* Документтер папкада -. 3. *Қондырулы, тұрғызылуы.* - киіз үй.

ТІГІН *Киім-кешек, іс тігу ісі.* - үйретеді. - фабрикасы.

ТІГІНДІ *Бір нәрсенің тігілген жиынтығы.* Газеттер -сі, жарық көрген мақалалар -сі.

ТІГІНЕН *Тік тұрған қалпында.* Затты - қойды.

ТІГІНШІ *Киім-кешек тігуді кәсіп ететін шебер, маман.* Фабрика -сі, комбинат -сі.

ТІГІНШІЛІК *Тігінші болушылық.* - мамандығын қалады.

ТІГІС *Киімді, тағы басқаны қиып, пішіп, жөрмек тігу ісі.* Оның әр жерінің *тігісі* сөгіле бастаған (Қыдырбекұлы). ◊ **Тігісі сөгілді** — *ыдырады, бытшыт болды.* **Тігісін жатқызды [білдірмеді]** — *болған ерсі жайдың жай-жапсарын жуып-шайды.*

ТІГІСТІК *Киімнің тігілген жері.* -гін сөкті.

ТІЗ 1. *Тізбектеу, тізіп қою.* Айла мен амалды меруерттей *тізіппін* (Абай). 2. *Бірінен соң бірін тұрғызу, қатарлап қою, тұрғызу.* 3. *Ауыс. Тәптіштеп реттеу, жүйелеу.* Рахима туралы бәрін *тізіп* жаза бастадым (Қалдыбаев).

ТІЗБЕ 1. *Тізім.* озаттар -сі, оқылатын пәндер -сі. 2. *Тізбек, қатар.* Тау -сі, тырналар -сі.

ТІЗБЕК 1. *Бірінің соңынан бірі тізілген топ, лек.* Комбайндар *тізбегі* көрінді (Алтын масақ). 2. *Бірінен соң бірі жалғасқан тізбе, қатар.* Тау -тері.

ТІЗБЕКТЕ *Бірінен соң бірін қатарлап тізу.* Көрген-білгенімді *тізбектеп* айта бердім (Тілеков).

ТІЗБЕКТІ *Тізбектелген, қатарланған.* - вагондар.

ТІЗБЕЛЕ *Тізген үстіне тізе беру; тізбектеп айта беру.* Білгенін -п айтып жатыр.

ТІЗГІН 1. *Аттың басын тежеу үшін жүгеннің ауыздық шығыр-шығына байланған шымшым қайыс.* Аттың -ін тартты. 2. *Ауыс. Ерік, бостандық.* Ақылға азырақ *тізгін* берейін (Тұлпар). 3. *Ауыс. Билік, басшылық.* Өздері көп бола тұра *тізгіндерін* осы жексұрындарға неге беріп қояды екен (Жұмаділов). ◊ **Тізгін бойы** — *тым қысқа, бір метр шамасында.* **Тізгінге жабысты** — *билікті өз қолына алуға тырысты.* **Тізгінден үстады** — *өз еркіне жібермей тежеді.* **Тізгінін өз қолына алды** — *ерік өзіне тиді, билік алды.*

ТІЗГІНДЕ 1. *Басына жүген кигізу, тізгін тағу. Тізгінделген* жылқылар ышқына кісінеп, бой бермей жатыр (Д. Досжанов). 2. *Ауыс. Еркіне жібермеу, билік бермеу.* Осы бастан мұны *тізгіндеп* алайын деп ойлаған (Шәкібаев). 3. *Ауыс. Белгілі бір істі меңгеру, игеру.* Техниканы *тізгіндеген* қыз-келіншектер ("Лен. жас").

ТІЗГІНДЕС I *Қатарлас, теңдес.* Серігі қаладағы *тізгіндесі* болатын (Иманбеков).

ТІЗГІНДЕС II 1. *Қатарласа тұсу, теңдесу.* Екеуі *тізгіндесіп* қатарласа жүрді ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Біреумен таласу, тармасу, тартысу.* Мұнымен *тізгіндесіп* не қыламын (Досымов).

ТІЗГІНДЕУЛІ *Тіркеулі, байлаулы.* Шөкең *тізгіндеулі* тайлақтай еруге мәжбүр (Ибрагимов).

ТІЗГІНСІЗ 1. *Тізгіні жоқ.* - ат. 2. *Ауыс. Тежеусіз, бетімен кеткен.* Өз еркі өзіне тиген *тізгінсіз* бала (Тілегенов).

ТІЗГІНСІЗДІК *Тізгінсіз болушылық, тежеусіздік.* Бұл *тізгінсіздікке* апарып соғады (Семья тәрбиесі).

ТІЗГІШ *Қатар-қатар етіп тіземін аспап.* Қарайды сөзді *тізгіш* автоматқа (Т. Жароков).

ТІЗГІШТЕ *Тізген үстіне тізе беру.* Олар балығын *тізгіштеп* жатыр (Қанахин).

ТІЗДЕ *Шөгерілген тұйені тұрып кетпес үшін жіпті мойнынан асырып алдыңғы аяғының тізесінен астына қарай бүктіріп байлау. Тіздеген* қара қоспақтай алдында тізе бүктірмек (Аманшин).

ТІЗДЕЛ *Еріксіз байлану, маталу.* Ертең *тізделіп* қалып, бармақ тістеп жүрмелік (Сматаев).

ТІЗДЕУЛІ *Тіздеп байлаған, тізделген.* - ақ інген.

ТІЗЕ 1. *Асық жілік пен ортан жіліктің түйіскен буын тұсы.* Қоқаш ***тізесін*** бүгіп отыра кетті (Нұрмағанбетов). 2. *Ауыс. Үстемдік күш, озбырлық.* Оның ***тізесі*** осы елге батты-ақ қой (Мыңжасарова). ◊ **Тізе батырды [көрсетті]** — *күш көрсетті, зорлық-зомбылық жасады.* **Тізе бүкті** — а) *тізерлеп тұрмай отырды;* ә) *жасы үлкендерді құрмет тұтып, иіліп сәлем берді;* б) *жеңілгенін мойындап бағынды, бас иді.* **Тізе қосты** — *бірікті, бірлесті, ұйымдасты.*

ТІЗЕҚАП *этногр. Аязды күндері тізеге киетін жылы тізелік.* Малшылар ***тізеқаптарын*** байлап, әңгімелесіп тұр (Ғ. Мұстафин).

ТІЗЕЛЕС *Қатарлас, теңдес, замандас.* Өтей Уәлімен ***тізелес,*** табақтас болған адам (С. Мұқанов).

ТІЗЕЛЕС II 1. *Бір-біріне жақын кеп қатарласу, тізбектесу.* Ерлі-зайыпты екеуі ***тізелесіп*** қатар отырып алған (Сыланов). 2. *Ауыс. Белгілі бір іс-әрекет жайында тіресу, егесу.* Оразбайлардың керей, найман билерімен ***тізелесіп,*** қағысқанын тыңдап жүрген (М. Әуезов).

ТІЗЕЛІ *Мықты, күшті, адуынды.* Өңкей ***тізелі,*** жуан атаның баласы (Аманшин).

ТІЗЕЛІК 1. *Адамның, мал мен аңның тізе тұсы.* ***Тізеліктен*** жаңа асқан жүгері сабақтары (Шүкіров). 2. *Шалбардың тізе тұсы.* ***Тізелігі*** мен шынтағы жамаулы (Есенжанов).

ТІЗЕРЛЕ 1. *Тізесін жерге тигізе бүгіп, жүгіне отыру.* Түрегеуге шама жоқ, сол ***тізерлеген*** қалпым (Мағауин). 2. *Тізеге салып жұмарлап басу, тізесін батыру.* Қап, өзін біраз ***тізерлегенде*** болатын еді (Есенжанов).

ТІЗЕРЛЕС *Қатарлас, теңдес, замандас.* Темекеңнің ***тізерлес*** серіктері жатыр (Есенберлин).

ТІЗЕРЛІК *Шалбардың тізе тұсы, тізелік.* Шалбардың дәл ***тізерлігіндегі*** бір қарыс жерді тіліп түсті (Қабдолов).

ТІЗКИІМ *Бұтқа киетін киімнің жалпы атауы.*

ТІЗУЛІ *Қаз-қатар тізілген, тізіліп қойылған.* Қалған байлардың жүйесі де ***тізулі*** тұр (Жүнісов).

ТІЗІМ *Адамның я басқа бір нәрсенің ретретімен жазған аты, санағы.* Адамдардың ***тізімінен*** Асан мен Ботагөзді тапты (С. Мұқанов).

ТІЗІМДЕ *Тізімге алу, тізімге қосу.* Ауылдың жұмысқа жарамды қарияларын ***тізімдеді*** ("Жалын").

ТІЗІМДЕМЕ *Бір нәрсенің тізімі.* ~ жасады.

ТІК I 1. *Тікесінен, тура, тұп-тұзу.* Көшелері ***тік*** әрі кең ("Лен. жас"). 2. *Биік, құлди, тіп-тік.* ~ беткей, ~ жарқабақ. 3. *Ауыс. Төтесінен, бірден.* Сұрақты ***тік*** қойды (Бақбергенов). ◊ **Тік айты** — *өз ойын батыл білдірді, күмілжімеді.* **Тік мінез** — *мінезі нашар, ожар, кіді.* **Тік тұрды** — *барынша аянбай күтті.*

ТІК II *Жіп сабақтаған инемен, киім-кешекті тігіп-тепшу, жамау.* Көйлек ~ті, бөрік ~ті.

ТІК III *Үй тағы басқаны көтеру, қондыру, ағаш, гүлді жерге отырғызу, қадау.* Мектеп аласына киіз үй ~ті.

ТІК IV *Бәйгеге немесе бәстескен адамдар арасында ақшалай немесе заттай жүлде қою.* Бәйгеге түйе ***тіксе*** көреміз (Сейфуллин). ◊ **Тігерге тұяқ қалмады** — *малдан жұрдай болып айырылды.*

ТІКЕ *Тік, тура.* Бетіне ~ қарады.

ТІКЕДЕН-ТІК *Тіп-тік, тұп-тура.* Екі-үш сағат ***тікеден-тік*** тұру ауыр-ақ ("Лен. жас").

ТІКЕЙ *Тіп-тік болу, тікірею, тұзу тұру.* Бүгілген тізе ***тікейіп*** кетті (Сыланов).

ТІКЕЛЕЙ *Тіке, туралай, тұп-тура, бірден.* ~ түскен күн сәулесі, ~ қатысы бар.

ТІКЕЛЕН *Тіке келу, батылдану, өршелену.* ***Тікелексем*** шынымен қашып жолын таппаған (Қамбар батыр).

ТІКЕН *Кейбір өсімдіктер мен ағаш бұтақтарына шығатын ине сияқты ұшы өткір, қадалғыш, ұшкір зат.* Қарағаш ~і, баялыш ~і. ◊ **Тікен тілді** — *өткір сөзді.*

ТІКЕНБАС *Қазақстандағы жабайы өсімдік, шөптесін өсімдік туысы.*

ТІКЕНДЕЙ *Тікен сияқты өткір, қадалғыш.* ~ қадалды (тиді).

ТІКЕНДІ *Тікені бар, тікені қалың.* ~ шөп (бұта).

ТІКЕНЕК *Майдалау тікен.* Кактус ~гі.

ТІКЕНЖИДЕ *бот. Өзен жағасы мен таулы, саздауыт жерде өсетін өсімдік.*

ТІКЕНҚАБЫҚ *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

ТІКЕНШЕ *Тікенге ұқсап.* ~ қадалды.

ТІКЕСІНЕН *Турасынан, төтесінен, бірден.* ~ айтып салды, мәселені ~ қойды. ◊ **Тікесінен тік тұрды** — а) *тұрған қалпында тізе бүкпеді;* ә) *жаны қалмай қызмет етті.*

ТІКИ *Тіп-тік болу; тікірею; едірею.* Ұзын мұрты ***тікиіп,*** түгін сыртына теуіп алды (М. Әуезов).

ТІККІШ *Киімді сәндеп тігетін.* Қалисадан ***тіккіш*** адам жоқ (С. Мұқанов).

ТІКСИ *Тікірейе қарау, ожыраю.* ~е қарады.

ТІКСІН *Көңіліне секем алу, әлденеден сезіктену.* Оның шұғыл сөзін естігенде ***тіксініп*** қалды (О. Сәрсенбаев).

ТІКТЕ *Денесін тұзу, тік ұстау.* Бибігүл енді бойын ***тіктеп*** алды (Бодаубаев). ◊ **Тіктеп қарады** — *қадала қарады, тура қарады.*

ТІКТЕС *Қарсы келу, тіресу, таласу.* Бағы жанып тұрған жігіт менімен ***тіктесіп*** қайтсін (Жұмаділов).

ТІКТЕУ 1. *Тік келген, әжептәуір тік, биіктеу.* ***Тіктеу*** ерге келгенде қатты қиналды (Ахтанов). 2. *Туралау, батылдау; қатаңдау.* Жұмыс жағдайында ***тіктеу*** кететінім рас (Жақсыбаев).

ТІКТЕУІШ *Ұшына кішкене салмақты зат байланған жіп.* Вертикал бағыттың дұрыстығы ***тіктеуішпен*** тексеріледі (Геометрия).

ТІКТІК *Тік болушылық.* Қыраттың ***тіктігі*** сонша-лық... (Қабанбаев).

ТІКШЕ *Тіктеу келген, биіктеу.* Қыземшектің ***тікше*** шоқысының ұшар басына күн сәулесін шашып тұр (Қожабеков).

ТІКШЕЛЕ *Тікейтіңкіреу, тіктеу.* Екі жерден ***тікшелей*** қалап жарықшалаған жыңғыл шыбығын жапсыра тікті (Тұрманжанов).

ТІКШЕЛЕУ *Тікше келген, тігірек.* ~ беткей (жар, маңдай).

ТІКШІ *Тікесінен тік тұру; тікірею, тікию.* Ат құлағын ***тікшитіп*** тау жаққа қарады (Мұртазаев).

ТІКШІЛ 1. *Тіктеу, тік келген.* ***Тікшіл*** жағалаудың астындағы шұңғілге қармақ салдық (Тұлпар). 2. *Ауыс. Мінезі бір беткей, турашыл.* Ізбек тұйық, ***тікшіл,*** тіпті қатігез жан секілденетін (Қабдолов).

ТІКШІЛДЕУ *Тікше келген, өрлеу.* Сүрлеу таудың ***тікшілдеу*** жерінен асуға айналғанда аттың басын тартты (С. Мұқанов).

ТІКІЛЕН *Айтқанын орындатуға тырысып екілену, едіреңдеу.* — Бүйтіп жәбірлемеңіз, — деді ол да *тікіленіп* (М. Хасенов).

ТІКІРЕЙ 1. *Тікшию, тікию.* Сақал-мұрты *тікірейіп* өсіп кеткен (Сүндетов). 2. *Ауыс. Едірею, тікшию, тікілену.* Офицер келгендерге *тікірейе* қарады (Арыстанов).

ТІЛ I 1. *Жан-жануар мен адамның дәм сезетін, ұн шығаратын, адамның сөйлейтін ауыз қуысындағы негізгі мүшесі.* Киттің *тілінің* салмағы төрт өгіздің салмағындай (Қожахметов). 2. *Сағаттың уақыт мөлшерін білдіріп тұратын көрсеткіші.* Қабырға сағатының *тілі* түнгі төртті көрсетіп тұр (Ақ бидай). 3. *Ауыс. Соғыс майданында мәлімет алу мақсатымен қолға түсірген әскери тұтқын.* ◊ **Тіл алғыш** — *айтқанды қалтықсыз орындайтын елгезек.* **Тіл жетпейді** — *сөзбен айтып болмайды.* **Тіл табысты** — *өзара ұғынысты, түсіністі.* **Тіл тигізді** — *жаман сөзбен балағаттады, ұрысты.* **Тілге ерді** — *біреудің сөзіне нанды, сенді.* **Тілге жүйрік** — *сөзге шешен, шебер.* **Тілге тиек етті** — *сөзіне сүйеніш, ойына таяныш жасады.* **Тілдің майын тамызды [ағызды]** — *жағымды сөз айтты, шебер сөйледі.* **Тілі ащы** — *шайпау, улы тілді, ұрысқақ.* **Тілі қысқа** — *тілге, сөзге олақ, шорқақ.* **Тілі мен жағына сүйенді** — *әр нәрсені желеу етіп, зар жақтанды.* **Тілі мірдің оғындай** — *сөзі уытты, ащы, өткір.* **Тілі тиді** — *жаман сөзбен балағаттады.* **Тілін тартпады** — *аузына келген сөзін тартынбай айтты, батыл сөйледі.* **Тілінен бал тамған** — *сөзі майдай, тілі жұмсақ.* **Тілінен тапты** — *өз сөзінен өзі зиян көрді.* **Тіліңді тарт** — *сөзді дағар, қысқарт, абайлап сөйле.*

ТІЛ II 1. *Адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын, пікір алысып, өзара түсінісетін құралы, дыбыстық, сөз құрамы мен грамматикалық тәсіл жүйесі.* Ұлы Отан сансыз *тілде* үн қосады (Жамбыл). 2. *Айтпақ ойды білдіретін сөз, мәнерлі тіркес.* Шешеннің *тілі* ортақ, шебердің қолы ортақ (Мақал). 3. *Ана тілінің заңдылығын, ережеқағидасын оқытатын арнайы пән.* Қазақ ~інен сабақ береді.

ТІЛ III *Жіңішке етіп кесу, осып түсу.* Бәкісімен Халелдің етігін *тіліп* жіберді (Жүнісов).

ТІЛАЗАР *Тіл алмайтын, тапсырған істі орындамайтын.* ~ болма, ~ бала.

ТІЛ-АУЫЗ *Тіл мен ауыз қуысы; тіл қататын сөйлеу мүшелері.* Әй, *тіл-аузың* бар ма? ◊ **Тіл-аузы байланды (тіл-ауыздан айырылды)** — *үндемей қалды, сөйлей алмады.* **Тіл-аузы тасқа** — *тіл тиіп, көз сұғы өтіп кетпесін.*

ТІЛАШАР 1. *көне. Баланы молдаға бергенде төлейтін ақының бір түрі.* Әкем *тілашар* деп молдекеңнің бармағына қыстырды (Қуанышбаев). 2. *Әр алуан тақырыпта сөйлеу үлгілерін қамтып, үйретуге арналған оқу құралы.* Арабша-қазақша ~.

ТІЛГІЛЕ 1. *Тілім-тілім ету, кескілеу.* Әжім *тілгілеген* ашаң жүзінен ізгіліктің нышаны аңғарылады (М. Хасенов). 2. *Ауыс. Тымық ауа, көк жүзін тіліп өту.* Көгілдір аспанды самолеттер *тілгілеп* жүр (Төреғұлов).

ТІЛДЕ *Тіл тигізу, балағаттау.* Шал *тілдей* берген соң, жауап қайырды (Шашкин).

ТІЛДЕЙ *Кішкентай, бір жапырақ, жіп-жіңішке.* ~ қағаз.

ТІЛДЕН: қу тілденді — *қуақыланды, қуланды.*

ТІЛДЕН-ТІЛГЕ *Бір халық тілінен екінші халық тіліне...* Ғалымдардың еңбегі *тілден-тілге* аударылып жүретінін байқаймыз (Д. Досжанов).

ТІЛДЕС I *Ортақ, туыстас тілде сөйлейтін, тілі бір.* Түркі ~ халық.

ТІЛДЕС II *Жүзбе-жүз сөйлесу, әңгімелесу.* Сізбен *тілдесіп* тұрған Николаев (Әлімбаев).

ТІЛДІ 1. *Тілге жүйрік, сөзшең, ділмар.* Оспан *тілді* жігіт (М. Әуезов) 2. *Тілі өткір, ащы, улы.* Шайпау ~, қу ~ кісі.

ТІЛДІК I *Тіл ұшы тәіп тұратын төменгі тістердің түбірі бекіген қызыл ет.* Кемпір дейтіні қалай? Әлі *тілдіңді* де жалаған жоқсың (Ғ. Мұстафин).

ТІЛДІК II *Сөйлеу тіліне тән, тіл білімі пәніне қатысты.* ~ норма (материал).

ТІЛДІЛЕУ *Тілі өткірлеу, шешендеу.* Қу ~, өткір ~.

ТІЛДІЛІК *Сөзге шешендік, тілмарлық.* Әміреш *тілділігімен*, пысықтығымен ауызға ілініп жүрген адам еді (С. Сейфуллин).

ТІЛЕ *Бір істің орындалуын қалау, сұрау, өтіну.* Тілек ~ді, жәрдем ~ді.

ТІЛЕК 1. *Көксеген ой, мұдде-мұрат, мақсат.* Бейбітшілік — адамзат ~гі. 2. *Өтініш, талап.* Ақыры жалғыз қызының *тілегіне* қарсы тұрар әл-дәрмені қалмаған (Әлсеров). ◊ **Ақ тілек** — *адал, ізгі ниет.* **Тілегіңе жет [тілегің қабыл болсын]** — *арман-мақсатың орындалсын, жақсылық көр.*

ТІЛЕК-ТАЛАП *Белгілі бір бағытқа негізделген ой-пікір, қажеттілікке сай мұдде-мұрат.* Әркімнің өзінің *тілек-талабы* бар (Қазақст. әйелдері).

ТІЛЕКТЕС *Тілегі бір, ниеттес.* ~ адам.

ТІЛЕКТЕСТІК *Ниеттес болушылық.*

ТІЛЕКШІ *Біреудің тілеуін тілеуші, тілектес адам.*

ТІЛЕМСЕК *Сұраншақ, тіленшек, емінгіш.* Шетеріңнен *тілемсек* сорлы екенсіңдер (О. Сәрсенбаев).

ТІЛЕМСЕКТЕН *Біреуге көзін сатып тіленшектену, сұрамсақтану.*

ТІЛЕМСЕКТЕУ *Емінгіштеу, тіленшектеу, сұраншақтау.*

ТІЛЕН 1. *Өз еркімен, ықтиярымен сұрану, өтіну.* ~іп әскерге аттанды. 2. *Еміне бірдеме сұрау, тілемсектену.* Әркімнен қарыз сұрап, *тіленіп* жүргендері (Қанахин).

ТІЛЕНШЕК *Сұраншақ, емінгіш, тіленгіш. Тіленшек* көңілдің өтірік жорамалы (Сқақбаев).

ТІЛЕНШЕКТІК *Тіленшек болушылық, сұрампаздық.* Сұрап істеген *тіленшектікке* жол ашар ("Лен. жас").

ТІЛЕНШІ *Қайыр-садақа сұраушы, қайыршы.* Астық жоқ жылы *тіленші* қыстайды (Мақал).

ТІЛЕНШІЛЕН *Қайыршылану, тілемсектену, сұраншақтану.*

ТІЛЕНШІЛІК *Ел-жұрттан, әркімнен көзін сатып, не болса соны сұраушылық, қайыршылық.*

ТІЛЕРСЕК *Жан-жануарлардың аяғының бүгілген жеріндегі жуан сіңір, тірсек.* ◊ **Тілерсектен қан кешті** — *басынан қиындықты өткізді, ауыр азап көрді.*

ТІЛЕРСЕКТЕ *Тілерсекке дейін бату, кешу.* Майда, ыстық құмды сүт пісірім *тілерсектеді* (Әдібаев).

ТІЛЕУ *Тілек, үміт, арман-мақсат.* Көп *тілеуі* — көл (Мақал). ◊ **Тілеуі қабыл болды** — *ой-*

лаған арман-мақсаты орындалды. Тілеуінді бергір *(алғ.)* — *арман-мақсатың орындалсын, үмітің ақталсын.*

ТІЛЕУҚОР *Жанкүйер, жанашыр, тілеулес (адам).* Болатымның ***тілеуқоры*** боп осында отырмын (Тоғызыншы шежіре).

ТІЛЕУЛЕС *Тілеуі бір, тілектес, тілеуқор.* ***Тілеулес*** ағайындары сүйінші сұрап жатты (Тоғысбаев).

ТІЛЕУЛІ *Тілеуі жақсы, тілектес.* Ниетім түзу, ақ ***тілеулі*** адаммын (Бақбергенов).

ТІЛЕУСІЗ *Үмітсіз, үміт үзген.* Заң мен заманның өзгеріп кеткенін неге білмейді ол ***тілеусіз*** (Жүнісов).

ТІЛ-ЖАҚ: тіл-жағына сүйенді — *зар жақтанды.*

ТІЛКЕМ *Адам денесінің, жер қыртысының тілімдөнген жері.* ***Тілкем*** қылып жүрегімді, тәнімді (Майлин).

ТІЛКЕМДЕ *Жаманшылық жасап, жүректі жаралау, тілімдеу.* Мені мейлі тірідей ***тілкемдесін,*** тек қалың елге тимесе болғаны (Арыстанов).

ТІЛ-КӨЗ *Таңдана, қадала қараған көз сұғы.* -ден аулақ етсін [сақтасын].

ТІЛМАШ *Бір тілден екінші тілге ауызекі, қолма-қол аударатын адам, аудармашы.* Түсінгенге ***тілмаш*** не керек (Мақал).

ТІЛМАШСЫЗ *Тілмашы жоқ, тілмаштың қатысынсыз.*

ТІЛМАШТЫҚ *Тілмаш болушылық.* ~ қызмет.

ТІЛМЕ *Адамның терісі мен кілегей қабығын қабындыратын жұқпалы ауру.* ~ ауруы азайды.

ТІЛМЕЛЕ *Тілім-тілім ету, тілгілеу.* Не дерін әрі білмеді, Ес шықты жағын ***тілмелеп*** (Шәкенов).

ТІЛСІЗ 1. *Үнсіз, дыбыссыз, ұн қатпай.* Ғашықтың тілі — ***тілсіз*** тіл (Абай). 2. *Ауыс. Мелшиген, қатып қалған, меңіреу.* ***Тілсіз*** тасты дауыстап оятқан күшті жаңғырық (Жароков). ◊ **Тілсіз жау** — *от пен судан келетін зор апат.*

ТІЛСІЗДЕН *Ешбір дыбыс, ұн шықпау, мелшию.* Мұлгіп, ***тілсізденіп*** тұрған ауыл (Майлин).

ТІЛТҰМАР *Жас балаға тіл тимесін деген ырыммен мойнына тағып қоятын дұға жазылған тұмар.*

ТІЛХАТ *Өзінің сенетіндігін растап қол қойған куәлік қағаз.* Қолыңыздан ***тілхат*** беріңізші (Тоғысбаев).

ТІЛШЕ I 1. *Сағаттың минут, секундын көрсететін тілі, стрелка.* Сағат ~сі, компас ~сі. 2. *бот. Жапырақ қынабының жапырақ алақанына айналар жеріндегі ішкі ұлпаның кішкене өсіндісі.*

ТІЛШЕ II *Тілдей жіңішке, кішкентай, бір жапырақ.* ***Тілше*** қағазға тұмар жазып оң қолтығына тықты (Б. Майлин).

ТІЛШЕЛЕ *Борша-борша етіп тілу, тілімдеу.* Тоқтыны мүшелеп, етін ~ді.

ТІЛШІ 1. *Газет-журналға мақала, хат-хабар жазып тұратын редакцияның меншікті қызметкері.* Көктемде бізді газет бетінде жазған ***тілші*** ше (Әлжіков). 2. *Ауыс. Ана тілінің заңдылығын зерттеуші, тіл білімінің маманы, лингвист.* Лейбниц математик ~ болған.

ТІЛШІЛІК *Тілші болушылық, тілші қызметін атқарушылық.* Қасымдағы досымның қызметі — ***тілшілік*** (Мәуленов).

ТІЛІК *Тілінген, кесілген.* Құлағы ~. ~ ен.

ТІЛІМ: бір тілім — *кішкентай етіп тілінген, бір жапырақ (нан).*

ТІЛІМДЕ *Тілім-тілім ету, кескілеу, жырымдау, қопару.* Жорытқан таңнан трактор, ***Тілімдеп*** жердің сауырын (Жароков).

ТІЛІМ-ТІЛІМ *Тілімденген, жырым-жырым.* Алақаны ~, ерні ~.

ТІМТІН *Тіміскілеу, тімсіну, іздеу.* Көз жетер жерді шолып, қадала ***тімтіне*** үңілеміз (Байжанов).

ТІМІСКЕК *Тіміскілеп, тімтініп жүретін, тыртіншек.* ***Тіміскек*** жаудың сақтап тырнағынан (Көпішев).

ТІМІСКІ *Әрдайым тіміскелеп, тыртініп жүретін.* ~ адам.

ТІМІСКІЛЕ *Тімтіну, тыртіншектеу.* Қайда барсаң да артыңнан ***тіміскілеп*** әсте қалмайды-ау (Зәкенов).

ТІМІСКІЛІК *Тіміскі болушылық.* ~гін қоймапты.

ТІН *Бөлек-бөлек есіліп, ширатылған соң біріктіріп, қосып бұралатын арқанның жібі.* Төрт жігіт арқандардың ***тінін*** тарқатып отыр (Ә. Сәрсенбаев).

ТІНТ 1. *Бір нәрсені ізденп үйішін т. б. жерді ақтарып-төңкеріп қарау, іздеу.* ***Тінтпеген*** жері жоқ (Адамбеков). 2. *Ауыс. Жан-жаққа үңіле қарау, көзімен ішіп-жеу.* Қоршаған топты көзімен ***тінтіп,*** жағалай бастады (Әбдіков).

ТІНТКІЛЕ 1. *Ақтарып қарау, іздестіру.* Екі қалтасын ***тінткілеп*** еш нәрсе таба алмады (Ахтанов). 2. *Жан-жаққа үңіле көз салу.* Үй ішін көзіммен ұрлана ***тінткіледім*** (Ахтанов).

ТІНТУШІ *Тінтетін, тінту жүргізетін адам.* Бірнеше адам ***тінтушілердің*** аңдысын аңдып қалды (Арыстанов).

ТІНТІН *Тіміскілену, сұғанақтана іздену.* ***Тінтіне*** қараған екі тіміскі көзге ештеңе түсе қоймады (Кекілбаев).

ТІПӘ-ТІПӘ *Тіл-көзден аулақ болсын деген ишарат сөз.* ~, тіл-аузым тасқа.

ТІПТЕН *Мүлде, тым, өте.* Александр қазір ***тіптен*** сөзшең (Әлімов).

ТІП-ТИТТЕЙ *Кіп-кішкентай, титімдей.* ***Тіп-титтей*** боп жаны сірі екен (Балғабаев).

ТІП-ТІК 1. *Түп-түзу, түп-тура, көлбеу емес.* Бейімбет киім жарасатын сұлу да сұңғақ денелі ***тіп-тік*** болатын (Ғ. Мүсірепов, Кездесп. кет.) 2. *Биік келген, тіке.* Көксерек түскен сай ***тіптік*** жар болатын (М. Әуезов).

ТІП-ТІКЕ *Түп-тура, тіктен-тік.* ~ қалаға тартты.

ТІРЕ 1. *Таяп қою, тақау, сүйеу.* Столға қолын ***тіреп*** біраз қимылсыз тұрды (Исабаев). 2. *Істің ретін, бағытын бір нәрсеге апарып ыңғайлау.* Өзім де ақшаға ***тірейсің-ау*** деп отыр ем (Уайдин). ◊ **Тіреп тұр** — *бір істің тұтқасын ұстап тұр.*

ТІРЕК 1. *Үй, қора, шахта сияқтылардың бел агашын тіреп қоятын тірек, агаш, темір.* Үйінің ішкі ***тіректерінің*** төбемен жалғасқан жерін қара (Қасиманов). 2. *Ауыс. Сүйенер сүйеніш, таяныш.* Сен осы үйдің ***тірегі,*** қожасысың (Р. Тоқтаров).

ТІРЕКТЕ *Тірек жасау; негіздеу, тиянақтау.* Жауабын көптеген дәлелмен ***тіректеп*** жібереді (Тарази).

ТІРЕКТІ *Тірегі бар; тиянақты, табанды, сенімді.* ~ күш, ~адамы.

ТІРЕНІШ *Сүйенер таяныш, тірек.* Қос қолын ***тіреніш*** етіп, орнынан тұрды (Қ. Салғарин).

ТІРЕС 1. *Бір-бірімен күш таластырып сіресу, егесу.* Екі батыр *тіресіп,* қылышпенен шабысты (Байғанин). 2. *Сығылысу, тығылысу.* -кен көрермендер.

ТІРЕУ 1. *Бір нәрсенің құлап немесе майысып кетпеуі үшін астынан сүйеп қоятын таяныш бағана.* Бір дөңгелегін суырып, оның орнына *тіреу* қойғанмын (Домбаев). 2. *Ауыс. Сүйенер сүйеніш, сенімді тірек.* Қысылған кезде *тіреу* болдым ("Қаз. әдеб.").

ТІРЕУЛІ *Тірелген, тіреп қойылған.* ~ қақпа көпір.

ТІРЕУСІЗ 1. *Тіреуі жоқ, тіреу қойылмаған.* ~ бағана. 2. *Ауыс. Сүйенері, сенері жоқ.*

ТІРЕУІШ *Тіреу ретінде қойылатын діңгек, сырық.* — Мына *тіреуіш* не үшін қойылған? — деп сырықты нұсқады (С. Бегалин).

ТІРКЕ 1. *Бір затты бір затқа тіркестіру, тізу, қосу.* Бес тіс түренді тракторға *тіркеп* алды (Қаупынбаев). 2. *Есепке алу, журналға жазу.* Баланың туған күнін дәл *тіркейтін* куәлік қағаз (Бектұров).

ТІРКЕМЕ *Машина, трактор, тағы басқалардың арт жағына жүк салу үшін тіркелген қосымша қорапты прицеп.* Трактор ~сі.

ТІРКЕМЕШІ *Трактор соңындағы тіркемені басқарып отыратын жұмысшы.* ~ боп істейді.

ТІРКЕС I *Қатарласқан тізбек, жалғас.* Соған *тіркес* салқар-салқар көштер шұбатылып келеді (М. Әуезов).

ТІРКЕС II *Бірінің соңынан бірі шұбап жалғасу, тізбектелу.* Бір-біріне ~е кетіп барады.

ТІРКЕСІМ *лингв. Тілдегі сөздердің бір-бірімен бірігу, байланысу тәсілі.* Сөздер ~і.

ТІРКЕУ I 1. *Машина, трактарға қосып тіркелетін, дөңгелекті жабдық, тіркеме.* ~і бар автомашина. 2. *Тұрған мекен-жайды көрсетіп, паспортта тіркелген белгі.* Тұратын үйіне ~ керек.

ТІРКЕУ II *көне. Айып ретінде малға қосып төленетін қосымша, қосалқы ұсақ мал, дүние.*

ТІРКЕУЛІ 1. *Бір-біріне тіркелген, матасқан, бекітілген.* ~ вагон (автомашина). 2. *Есепке алынған, қатталған.* Керекті документтері ~.

ТІРКЕУСІЗ *Тіркеуі жоқ, тіркелмеген.* Бір жарым ай еш жерде ~ жүрді.

ТІРКЕУШІ *Трактор тіркеуінде істейтін жұмысшы.* Трактарда ~ боп істеді.

ТІРЛІК-БОЛМЫС *Белгілі дәрежедегі іс-әрекет, хал-жай.* Қани-паның бүкіл *тірлік-болмысы* бүгешігесіне шейін мәлім (С. Омаров).

ТІРЛІКСІЗ 1. *Тіршілік жоқ.* Ай — құлазыған *тірліксіз* планета... (Қ. Жойқынбаев). 2. *Ауыс. Шаруасыз, іс-әрекетсіз.* Өстіп жүріп түнін де *тірліксіз* өткізбейтін (Ж. Сатаев).

ТІРНЕК I *Үш жасар қыран құс.* Қыранның екі жасқа толған кезін қантүбіт, үш жастағыны *тірнек* деп атайды (Өзиев).

ТІРНЕК II *Күнделікті іс-әрекет, тіршілік.* Бірінші *тірнегіңді* қайдан бастайсың ("Лен. жас").

ТІРНЕКТЕ *Аз-аздап, там-тұмдап жинау.* Мынау ақшаны *тірнектеп* жинап едім, жолыңа жарат (С. Омаров).

ТІРСЕК *Жан-жануардың артқы аяғы мен адам аяғының бүгіліп-жазылуына қажетті сіңір; қылтаның жоғарғы тұсы.* Шалбарының балағы түрілген, *тірсегі* ашық (Шашкин).

ТІРСЕКТЕ *Тірсегінен алу, соңынан қалмау, өкшелеу.* Артынан қуғын *тірсектеп* келе жатты (Дәулетбаев).

ТІРСЕКТІ *Тірсегі бар; тірсегі мықты.* Жалбыр ~, бота ~.

ТІРШІЛІК 1. *Күнделікті іс-әрекет, өмір, тірлік. Тіршілікте* дәм-тұздас болып жүрген Ерденді жоқтатпайын (Өшірбаев). 2. *Тірі жүрушілік, амансаулық.* ~ке жететін не бар. 3. *Ауыс. Белгілі бір шаруа, кәсіп.* Тірі жан ~гін істейді. ◊ **Тіршілік етті** — *өмір сүрді.*

ТІРШІЛІКСІЗ 1. *Тіршілік жоқ.* ~ планета. 2. *Ауыс. Шаруаға қырсыз, қам-қарекетсіз.* ~ адам.

ТІРІ *Жаны бар, өлмеген.* Ол адамдардың қазір *тірі* қалғандары шамалы (Бекетаева). ◊ **Тірі азап** — *мехнат, бейнет.* **Тірі аруақ [өлік]** — *өлген адам тәрізді құр сүлдесі қалған.* **Тірі жан [пенде]** — *адам баласы, адамзат.* **Тірі жетім** — *әке-шешесінен жастай айырылған бала.*

ТІРІДЕЙ *Өлтірмей тірі күйінде, тірі қалпында.* ~ қолға түсті. ◊ **Тірідей жерледі** — *жер-жебіріне жетіп жәбірледі.*

ТІРІЛ 1. *Жан біту, жан кіру, жандану.* Қайта ~ген адамдай. 2. *Ауыс. Әлдену, күш алу, тұрлену.* Бірте-бірте *тіріліп* бетпақ шөлге жан кірді (Аманжолов).

ТІРІЛЕ *Құсбегілердің қыран балапанына жанды нәрсе жегізіп баулуы, ауыздандыру.*

ТІРІЛІК *Тірі болушылық, тірі жүргендік.* Бәрінен ~ жақсы.

ТІС 1. *Тамақ, жем жеуге немесе тістеп үзуге бейімделген ауыз қуысындағы сүйектер тізбегі. Тісі* жоқ ауыз — тасы тозған диірмен (Мақал). 2. *Ауыс. Ауылшаруашылық сайманының, техникасының жер тырнайтын, жыртатын ұшы, өткір қыры.* Тырманың ~і. ◊ **Тіс жарды** — *тісі жаңадан шыға бастады.* **Тіс қаққан** — а) *әккі, қу;* ә) *есейген, ересек.* **Тісі батпады** — *батылы жетпеді.* **Тісін қайрады** — *өшікті, өштесті.*

ТІСАҒАШ *көне. Жер жыртатын құрал.*

ТІСДӘРІШӨП *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

ТІСЕ *Алғашқы сүт тіс түсіп, орнына қайтадан жаңа тіс шығу.* Сүт тістері түгел *тісемеген* сары уыз балаусалар еді (Қазиев).

ТІСЕУ *Құлын, тай, құнан сияқты жылқы малында болатын тіс ауруы.* Зекет берсеңіздер тышқақ лақ, *тісеу* болып жүрген құнан бересіздер ("Айқап").

ТІСТЕ *Тісін батыру, тісімен қыршып алу.* Желкесінен ~ді, бармағын ~ді. ◊ **Тістегеннің аузында, ұстағанның қолында кетті** — *кім болса соның қолында кетті, талауға түсті.*

ТІСТЕЙ *Тіс сияқты.* Азу ~. ◊ **Тістей қатты** — *сіресіп қатып қалды, тапжылмады, қозғалмады.*

ТІСТЕЛЕ *Қайталап тістей беру, үсті-үстіне тістеу.* Қас қағым бұрын ернін *тістелеп* қанатқан (Бердікұлов).

ТІСТЕМ: бір тістем — *бір тістегеннен қалмайтын, кіп-кішкене.* ~ нан (қант).

ТІСТЕН 1. *Тісін тісіне батыру, жақ ашпау.* ~іп жақ ашпады. 2. *Ауыс. Қатты ызалану, кіжіну.* Аркаша *тістеніп* қабағын түйіп отыр (Ерубаев).

ТІСТЕС *Біреумен ұстасып қалу, ерегісу, тіресу.* Осыларға не жетпейді екен, *тістеседі* де жүреді (О. Сәрсенбаев).

ТІСТЕУІК I *Темірді, шегені т. б. затты қысып ұстап тұратын құрал, сайман.* Дәрігер саусағына *тістеуік* пинцет ілінді (Байжанов).

ТІСТЕУІК II *Тістеп алатын, тістегіш.* Туа *тістеуік* болатын жылқы малын көргем жоқ (Сейсенбаев).

ТІСТЕУІШ *Араның тістерін оңдайтын, тұзейтін кілт сияқты темір құрал.*

ТІСТІ 1. *Тісі бар; тісі өткір.* Іштеріндегі сирек *тістісін* іздедім (Нұршайықов). 2. *Ауыс. Азулы, батыл, мықты.* Бір ауыз сөз азулы мен *тістіні* де тежеп тастағандай (Молдағалиев).

ТІС-ТІС *Өркеш-өркеш, ирек-ирек.* - қаратікен тұзы, - құз жартастар.

ТІСШӨП *Қазақстандағы жабайы өсімдік.*

ТІТІРЕ 1. *Қорыққан кезде немесе тоңғанда дененің қалтырауы, дірілдеуі.* Азапты ойдан тұла бойы *тітіреп* даусы шығып кетті (Мекебаев). 2. *Қатты күштің әсерінен жердің, төңіректің дір сілкінуі, қозғалуы.* Екі-үш рет зеңбірек атылып, жер дүние *тітіреп* кетті (Ташенов).

ТІТІРКЕН 1. *Денесі тыршығу, шіміркену.* Су салқын еді, денесі *тітіркеніп* кетті (Балғабаев). 2. *Сескену, шошыну, тіксіну.* Қазір ойласа, бойы *тітіркенеді* (Сқақбаев).

ТІТІРКЕНГІШ *Тыршіккіш, секем алғыш.* Адам денесінің ең *тітіркенгіш* жерлерін күйдіріп жібереді (Семья тәрбиесі).

ТІТІРКЕНДІРГІШ *Жиі тітіркендіретін, тыршіктіргіш. Тітіркендіргіш* әсері тоқталады (Биология).

ТІТІРКЕНУШІЛІК *Тірі организмнің сыртқы әсерге жауап беру қабілеті.*

ТІТІРКЕНІС *Тыршігушілік, шіміркенушілік.* Сезім органдары сыртқы ортадан алынған *тітіркеністі* қабылдайды (Күлтебаев).

ТІФУ *Налығанда, ренжіп жаратпағанда айтылатын одағай сөз. Тіфу,* кісі емес екен ғой (С. Мұқанов).

ТЮЛЕНЬ *Жарғақ табанды аяқтары жүзуге икемді теңіз жануары, итбалық.* Жыл сайын жүз мыңдай *тюлень* ауланады ("Лен. жас").

ТЮЛЬ *Терезеге перде ететін жұқа, селдір мата.* - ұстап қойыпты.

У

У 1. *Тірі организмге әсер еткенде, қалыпты тіршілік әрекеттерін кірт өзгертетін, не өлімге душар ететін химиялық зат.* 2. *Ауыс. Қайғы-қасірет, мұң-зар.* Мен ішпеген *у* бар ма (Абай). □ **У да шу** — *азан-қазан, айқай-ұйқай.* **У жұтсаң [жұтсаң, ішсең] руыңмен** — *не көрсең де елжұртпен бірге көр.* **У тілді** — *тілі удай, ащы.*

УА I *Жылқыда болатын ауру.*

УА II 1. *Біреудің зейінін өзіне қарату үшін көтеріңкі үнмен айтылатын ишарат сөз. Уа,* мына Мұса ағасынан бата алсын ба? (Тоқжігітов). 2. *Адамның көңіл-күйі төмендегенде, қайғырғанда айтылатын сөз. Уа,* дүние. Ғылым қуып жете алмадың (Шәкәрім).

УАҒАЛАЙКҮМАССАЛАМ *Амандасқан адамның сәлемін қабыл алу ретінде қайтарылатын жауап.*

УАҒДА *Уәде, серт.* □ **Уағда байласты** — *сертті, уәделесті.*

УАҒДАЛАС *Бір-бірімен уәделесу, серт берісу.*

УАҒДАЛАСТЫҚ *саяс. Келіссөз арқылы қол жеткен келісім.* Ядролық қаруды қысқартуға - жасасты.

УАҒДАЛЫ *Серттескен, уәделі (уақыт, күн).*

УАҒДАШЫЛ *Уәдеде тұрушы, сертке берік.*

УАҒЫЗ *Үгіт, насихат.* Ол елге *уағыз* айтты (Талжанов).

УАҒЫЗДА *Насихаттау, үгіттеу.*

УАҒЫЗШЫ *Уағыз айтушы, үгіт жүргізуші.* Ол бай мен болыстың *уағызшысы* болып атқа миніпті (Хангелдин).

УАҒЫЗШЫЛ *Уағыз айтуға жаны құмарлық.*

УАҒЫЗШЫЛЫҚ *Уағыз айтушылық, үгітшілік.*

УАЙ *Біреудің назарын өзіне қарату үшін айтылатын ау, оу одағайымен мәндес сөз.* — -, шіркіндер-ай!

УАЙТ *Жақсы әнге, жақсы сөзге қошемет ретінде айтылатын сөз.* Ол *"Уайт",* деген екен!" деп, бір көтеріліп қойды (Бодықов).

УАЙЫМ *Мұң, шер, қайғы.* □ **Уайым жеді** — *қатты қайғырды, уайымдады.* **Уайым шекті** — *уайымдады, қайғы ойлады.*

УАЙЫМДА *Бір нәрсеге қайғыру, шерлену.*

УАЙЫМДАҒЫШ *Уайымдай беретін; қайғырғыш.*

УАЙЫМДЫ *Уайымдай беретін, қайғылы.* Сейсенбек *уайымды* пішінмен келермін деді (І. Омаров).

УАЙЫМ-ҚАЙҒЫ *Мұң-шер, қайғы-қапа.*

УАЙЫМ-ҚАЙҒЫСЫЗ *Мұң-шерсіз.*

УАЙЫМСЫЗ *Уайымы, қайғысы жоқ; алаңсыз.*

УАЙЫМСЫЗДЫҚ *Уайымға салынбаушылық, қайғысыздық.*

УАЙЫМШЫЛ *Уайымға салынғыш, қайғышыл.* Әшейінде - жан.

УАЙЫМШЫЛДЫҚ *Қайғыға берілгіштік, босаңдық.* Ол да *уайымшылдығы* жөнінде кемпірінен қалыса қоймайды (Т. Нұрмағамбетов).

УАҚ I *Мезгіл, сәт, уақыт, кез.* Үш *уақ* күллі диқанға ас әзірлеу оңай жұмыс емес (Т. Қаупынбаев).

УАҚ II *Ұсақ, майда. Уақ* балаларға сен бас бола алмайсың ғой (Соқпақбаев). ◊ **Уақ ақша** — *ұсақ тиын, 1,3 теңгелік ақша.* **Уақ мал** — *қой-ешкі, тоқты-торым.*

УАҚА: уақа емес — *ештеңе етпейді, уақасы жоқ.*

УАҚАП: уақап үй *(жерг.)* — *көпшілік болып жабылып салған ортақ үй.*

УАҚИҒА *Қоғамның немесе жеке адамның өміріндегі елеулі бір құбылыс.*

УАҚИҒАЛЫ *Уақиғаға толы, уақиғасы қызық әңгіме, шығарма.*

УАҚСЫН *Уақ деп білу, уақ деп түю.*

УАҚТА 1. *Ұсақтау, майдалау.* 2. *Бір уақта, бір мезгілде, бір сәтте.*

УАҚТАҒЫШ *Майдалағыш, ұнтақтағыш, ұсақтағыш.* Жемшөп -.

УАҚТЫЛЫ *Дер кезінде, уақтында.*

УАҚШЫЛ *Ұсақ-түйекті есептейтін, күйкі.* ~ адам.

УАҚШЫЛДЫҚ *Ұсақтық, күйкілік.* Жат жерде ~ғын көрсетіп алды.

УАҚЫТ I *Мезгіл, мерзім.* Үш ~ береді.

УАҚЫТ II 1. *филос. Материяның үздіксіз дамуы мен өмір сүруінің объективті бір формасы; мезгіл, мерзім.* 2. *Ауыс. Заман, дәуір.* 3. *Сәт, кез, мезет.* □ **Уақыт жоқ** — *қол тимейді, мұрша жоқ.* **Уақыт кешті** — *уақыт өткізді.* **Уақыты бітті [кетті]** — *дәмі таусылды, күні бітті.*

УАҚЫТСЫЗ *Уақытынан бұрын, я ерте, я кеш; мезгілсіз; өкініштті, төтенше.*

УАҚЫТТЫҚ *Бір мезгілдік, бір сәттік; өткінші нәрсе.*

УАҚЫТША *Белгілі бір уақытқа дейін, қысқа мерзімге.*

УАҚЫТЫНДА *Кезінде, мезгілінде.* Әр нәрсе өз ~.

УАН *Жылағанын қоя қою, жұбану, көңілдену; разы болу.* Гуляны қанша жұбатса да *уанбады* (Еңкеев).

УАТ I *Бір нәрсені бөлшектеп ұсату, майдалау, ұнтақтау.*

УАТ II 1. *Жылаған баланы уату, жұбату.* Бала анасының ~қанына жұбана қоймады. 2. *Алдарқату, көңілін аулау.* Үрияның көңілін жұбатар да, *уатар* да жан жоқ еді (Шәріпов). 3. *Қатты затты (тас, гранит т. б.) уақтау, бөлшектеп сындыру.*

УАТҚЫШ *Бір нәрсені уататын, майдалайтын құрал.* Көмір, кен ~ машина.

УАТЫЛҒЫШ *Тез уатылып, майдаланатын.* ~ зат.

УАТЫЛҒЫШТЫҚ *Омырылғыштық, ұсатылғыштық.*

УАУ *Басқа біреудің зейінін өзіне қарату үшін айтылатын ишарат сөз.* — *Уау,* енді бос тұрма, жұмыс бар, жүр мұнда (Д. Әбілев)

УӘДЕ *Берілген серт, уағда.* ◊ **Уәде байласты** — *бір-бірінс уагда берісті.* **Уәде берді (етті)** — *серт етті, уәделесті.* **Уәдеге берік** — *сертінде тұрғыш, сенімді.* **Уәделі күн** — *шарттасқан, келісілген мерзім.* **Уәдесінде тұрды** — *айтқан сөзінен таймады, айнымады.* **Уәдесінен тайды** — *сөзінде тұрмады.*

УӘДЕЛЕС *Сөз берісу, серттесу.* Менің *уәделескен* адамым бар (Т. Әлімқұлов).

УӘДЕЛІ *Уәде байласқан, уәделескен.* ~ күн (жер); адам.

УӘДЕСІЗ *Уәдеде тұрмайтын, бәтуасыз.* ~ адам.

УӘДЕШІЛ 1. *Уәдеде тұрғыш, сертшіл.* 2. *Уәде бергіш, нанғыш.*

УӘЖ 1. *Пәтуалы сөз, дәлелді жауап.* Асан директорға айтар *уәжін* жұптап отыр екен (Нұсқабаев). 2. *Себеп, сылтау.* Өтірік айтудың ~ін таппады.

УӘЖДЕМЕ *Белгілі бір ойды, қағиданы негіздеу үшін ұсынылатын тұжырымды пікірлердің жиынтығы.* Шығарма желісінің ~сі.

УӘЖДІ *Дәлелі нық, бұлтартпайтын. Уәжді* тұжырымға кім дау айтсын (Салғарин).

УӘЖІП *Бұлжытпай орындалатын заң, қағида, міндетті шарт.* Үлкеннің әмірі — *уәжіп* (М. Әлімбаев).

УӘЗИПА *Борыш, міндет, парыз, мақсат.* Ән — ата аманаты, ел *уәзипасы,* халық сәлемі (С. Сматаев).

УАЗИПАЛЫ *Салихалы пәтуалы.* ~ сөз, пікір.

УӨЗІН *көне. Өуен, әуез, сарын.* Абай өзі іздейтін бір қалыпты айнымас ырғақ аумас *"Уәзін"* жоқ (М. Әуезов).

УӨЗІР *көне. Шығыс елдерінің ел билеуші ханының немесе патшасының ақылшысы, кеңесшісі.* Бас ~.

УӨЗІРЛІК *Уәзір міндетін атқарушылық.*

УӨКІЛ *Белгілі бір елдің не мекеменің атынан іс атқаруға сенім білдірілген адам.*

УӨКІЛДІ *Уәкілдік сенімге ие болған.* ~ адам келіпті.

УӨКІЛДІЛІК 1. *Уәкіл болушылық.* 2. *Ауыс. Кепілдеме, куәлік.* Біздің *уәкілдік* қағазымызбен танысып қойыңыз (С. Бегалин).

УӨЛАЯТ *тар. Аймақ, өлке, өңір.* Осы Түркістан *уәлаятына* келгенімізге де он шақты жылдың жүзі болды (С. Сматаев).

УӨЛІ *Айтқаны келетін қасиетті, дуалы. Уәлі* ауыздың қарияға қарсы шығушы табылмады (Т. Әлімқұлов).

УБАЛДЫРҒАН *бот. Сабағы тармақты, жапырақтары 3, кейде 4 тілімді шатырша гүлділер тұқымдасының бір түрі.*

УБИДАЙЫҚ *бот. Астық тұқымдасына жататын көп не бір жылдық шөп.*

УВЕРТЮРА *муз.* 1. *Опералық, балеттік шығармалардың музыкалық кіріспесі.* 2. *Оркестр үшін жазылған бір бөлімді шығарма.*

УГРО-ФИНН *Финн-угор деп те аталады. ң. финн-угор.*

УДАЙ 1. *У сияқты, өте ащы.* Көзге құйылып кеткен *удай* ащы терді сүртумен болды (Бекбосынов). 2. *Ауыс. Өте ауыр, зілді.* Мына сөздер *удай* болса да шындық (Сарбалаев). ◊ **Удай қымбат** — *бағасы өте жоғары.* **Удай мас** — *мүлде есін білмейтін мас.* **Удай тіл** — *жанға бататын өткір сөз.*

УДАР-ДУДАР *Шашы үйпа-түйпа, дударланған.* Екі беті қу жүзберектей аппақ... шашы *удар-дудар* (Б. Мұқаев).

УДА-ШУ *Ию-қию, айқай-шу, азан-қазан.* Ауыл айналасы *уда-шу* (Ғ. Мүсірепов).

У-ДУ *У-шу, ығы-жығы.* Көше ~, ығы-жығы халық.

У-ДУЛЫ *У-шуы мол, дүрбелең.* Әне бір күндердегі *у-дулы* кезең естен кетер емес (Нұрмағамбетов).

УДЭГЕ *Ресейдің Қиыр Шығыс жағында тұратын саны аз халық.*

УЕЗД *көне. Патшалы Ресейдегі губерния немесе басқа ірі аймақтарға бағынатын әкімшілік-аумақтық бөлік.*

УКОЛ *Тері астына қуыс ине арқылы сұйық дәрі жіберіп емдеу әдісі.* ~ салды.

УКРАИН *Украин Республикасының негізгі тұрғын халқы.*

УҚАЙТАРМА *Улануға қарсы қолданылатын дәрі.* Оның ~ны ішкені жақсы болды.

УҚАЛА 1. *Бір нәрсені, қой-ешкі терісін умаштау, мыжғылау.* 2. *Адамның қол-аяғы сырқырап-сыздағанда қолмен үйкелеу, ысқылау.*

УҚАЛАҒАНСЫ *Уқалаған тәріздену, уқалаған болу.* Газиза көзін *уқалағансып* бетін баса берді (Б. Тоғысбаев).

УҚАЛАУ *Адам ағзасына әсер ету үшін қолданылатын емдік шара, сипап-сылау.*

УҚАН-СУҚАН *Өйткен-бүйткен, алдаусыратқан іс.* Бас — аяғы он күннің ішінде Үлдайды *уқан-суқан* етіп Құдайберген алып келді (С. Талжанов).

УҚОРҒАСЫН *бот. Таулы жерде өсетін, тамыр сабақты, көп жылдық улы өсімдік.*

УЛА 1. *Тірі жәндіктің бойына у тарату, у дарыту.* 2. *Ауыс. Нендей бір ойдың немесе басқа бір психикалық фактордың санаға сіңісуі, таралуы.* Оймен *уланып* семген жүрек тағы тіріле бастады (Мағжан).

УЛАҒЫШ *Уын таратқыш, улайтын қасиеті мол.* Химиялық уланудың тұрақтылығы *улағыш* заттардың әсерімен күштілігіне байланысты (Химия).

УЛАН 1. *Тірі организмге у дарып, таралу.* Шайқурайдан көбінесе мал *уланады* (С. Субханбердин). 2. *Ауыс. Жағымсыз іс-әрекет әсерімен санасына зиян келу, елігу.* Жастар санасы ол кезде советтік идеологиямен ~ған еді.

УЛАНҒЫШ *Улануы тез, улануға бейім.* Ішімдікке өте төзімсіз, тез *уланғыш* нерв жүйесі екені көпке мәлім (Б. Омарұлы).

УЛАНДЫРҒЫШ *Уландыру қасиеті бар, уландыратын.* Магний де адам ағзасын *уландырғыш* келеді (Рақышев).

УЛАП-ШУЛА *У-шу болу, азан-қазан болу.* Бүкіл ел *улап-шулап*, ақ тілек айтып шығарып салды (С. Омаров).

УЛАСЫП-ШУЛАСЫП *У-шу, азан-қазан болып.* Жұмыскерлер *уласып-шуласып* көшуге даярланып жатты (С. Сейфуллин).

УЛАТЫП-ШУЛАТ *У-шу еткізу, даңғазалау.* Бұл үшін *улатып-шулатып* науқан ашудың қажеті жоқ (Б. Аманшин).

УЛЕ *Желдің гүілдеуі; үрлеу, соғу.* Қораға жел *улеп*, жас бұзаулар бүрсеңдеп тұр (Қалдыбаев).

УЛЫ 1. *Уы мол, тез уландыратын улық қасиеті күшті.* ~ шөп, ~ жылан, ~ газ. 2. *Зәрлі, зиянды.* Осы бір *улы* ойдың мені қаншаға дейін жегідей жерін кім білген (А. Мекебаев). ◊ **Улы сөз** [тіл] — *жанға батар қатты сөз.*

УЛЫЛЫҚ 1. *Уы молдық.* Одан ары бромның *улылығы* айтылды ("Қазақс. мект."). 2. *Ауыс. Өткірлілік, ащылық.* Өлеңнің өткірлігі мен *улылығы* нажағайдай жарқылдаған (Ә. Тәжібаев).

УЛЬТИМАТУМ *Белгілі бір шартты орындаудан бас тартқан күнде, төтенше шара қолданылады деп, күш көрсете отырып, ақтық рет қойылатын үзілді-кесілді талап.*

УЛЬТРАКҮЛГІН *Аса күлгін немесе көгілдір түсті.* ~ сәуле.

УЛЬТРАМИКРОСКОП *Аса уақ, көзге ілінбейтін заттарды көрсететін микроскоп.*

УМАЖДА 1. *Уысқа салып қысу, мыж-мыжын шығару.* Өзі *умаждаған* хатты қайта оқуға кірісті (Сегізбаев). 2. *Ауыс. Астына салып илеу, басу, жаншу.* Бірде қырдың қызыл түлкісін *умаждап* жатқанда көкжалдың үстінен жолбарыс шықты (А. Сарбөпин).

УМА-ЖУМА *Тәртіпке келтірілмеген, ретсіз.* Бірденелерді *ума-жума* күйі көтеріп Коля кіріп келді (Жұмақанов).

УМАҚ-ШУМАҚ *Топ-топ болып, шоғырланып.* Иттер *умақ-шумағымен* қырға шықты (Мағауин).

УМАН-ДУМАН *Шат-шадыман, мәз-мейрам.* Жұрт *уман-думан* қол соғып жатыр (Мусин).

УМАШ: умаш көже — *алақанмен уқалап, қиыршықталған үнды сүтке қайнатып пісіретін ас.*

УМАШТА Үй-іші көкала түтін, бәрі қолтықтарына бір-бір жастықты *умаштап* жатыр (Ж. Молдағалиев).

УНИВЕРСАЛ *Әр нәрсеге бейім, жан-жақты; әмбебап.*

УНИВЕРСИАДА *Студенттердің спорттық жарысы.*

УНИВЕРСИТЕТ *Әр түрлі ғылымдар саласынан жоғары дәрежелі білім беретін жоғары оқу орны.* Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ~і.

УНИТАЗ *Дәретханадағы дәрет сындыратын арнаулы астауша.*

УРА *Сарбаздарды шабуылға бастағанда немесе бір нәрсені қолдап қуаттағанда көтеріңкі дауыспен айтылатын сөз.* Алға, ~, жолдастар.

УРАЛА *Ура, ура деп айқайлау, ұрандау.* Осы кезде *"Уралап"* арттан біздің жігіттер келді (Ә. Нұршайықов).

УРАН *хим. Радиоактивті қасиеті бар, күмістей ақ түсті металл.*

УРДУ *Пәкістан халқының мемлекеттік тілі.*

УРНА 1. *Темекі қалдықтарын, басқа да түрлі қоқыстарды салу үшін көшелерге немесе қоғамдық орындарға қойылатын ыдыс.* 2. *Сайлау бюллетендерін салуға арналған жәшік.*

УРОЛОГ *мед. Урология маманы.*

УРОЛОГИЯ *мед. Зәр шығаратын мүшелердің ауруларын зерттеп, оны емдейтін медицина саласы.*

УСОЙҚЫ 1. *бот. Биіктігі 40–80 см, жапырақтары қалың түкті, хош иісті ақ гүлі бар улы өсімдік.* 2. *Ауыс. Ащы, қыршаңқы тіл.* Сөз ішінде біз шабар, *Усойқы* бар, у да бар (Мақалнама).

УСЫЗ *Уы жоқ, уы болмайтын.* Өлкемізде *усыз* жыланның 13 түрі таралған (Қыдырбаев).

УТАС *Үйді ақтауға арналған ақ түсті минерал зат, әк тас.* Тамның сырты *утаспен* майланған, аппақ (Бердіқұлов).

УТОПИЗМ *филос. Іске аспайтын, болуы екіталай, құрғақ қиял.*

УТОПИСТ *Утопизмді қолдаушы.*

УТОПИЯ *филос. Орындалмайтын арман, құрғақ қиял.*

УТОПИЯЛЫҚ *Бос қиялшылдық, болмайтынды аңсаушылық; алдамшы қиял.*

Уһ *Шаршағанда, қажыған уақытта қатты шығатын ün. Уһ, қу жаным-ай* (Дәуренбеков).

УҺІЛЕ *"Уһ" деп демін алу; қайғыру, қапалану.* Кәрі дихан *уһілеп* күрсінді (О. Сәрсенбаев).

УҺІЛЕП-АҺЫЛАУ *Көңілді қайғы-шер басу, қамығу.* Сіздің жараңыз мысық тырнағындай ғана, несіне *уһілеп-аһылап* тұрсыз (Б. Момышұлы).

УЧАСКЕ 1. *Бір мақсатқа арналған жердің немесе әкімшілік аймақтың бір бөлігі.* 2. *әск. Майданның шебі.* Полктің бекініс ~сі.

УЧИЛИЩЕ *Белгілі бір мамандық беретін орта және арнаулы оқу орны.* Кәсіптік-техникалық ~.

У-ШУ *Азан-қазан, айқай-ұйқай.* Кешке қайтып келсе балықшы ауыл *у-шу* (Ә. Нұрпейісов).

У-ШУЛЫ *У-шуы мол, айқай-ұйқайлы.*

У-ШУСЫЗ *У-шуы жоқ, тыныш.* Жұрт *у-шусыз* тарқады (Бөриев).

УШЫҚ 1. *Жарақаттың, аурудың асқынып кетуі.* Аяғының ескі жарасы **ушығып,** операция жасапты (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Араздықтың, өкпе-реніштің үдей түсуі, өршуі.* Онсыз да **ушығып** тұрған әке мен бала арасы... (Сқақбаев).

УШЫҚТЫРУШЫ *Дау-жанжалды өрбітуші, асқындырушы.*

УШЫРМАУЫҚ *Шырмалып өсетін өсімдіктің бір түрі.*

УЫЗ 1. *Төлдеген малдың алғашқы күндердегі қоймалжың қою сүті.* Әлжуаз қошақандарды енесінің **уызына** жарығанша ұстаған жөн (Байтерин). 2. *Уыз сүттен пісірілген дәмді тағам.* **Уыз** қазақ халқының мал төлдейтін айлардағы ең бір сүйсініп жейтін тамағы (С. Қасиманов). 3. *Ауыс. Жұмыртқаның ағы мен сарысы, уызы.* 4. *Ауыс. Беті ашылмаған жас, уыз жас, балғын жас, қаң.* ◊ **Уыз ет** — *марқа қозы, құлын сияқты жас малдың жас еті.* **Уыз қымыз** — *жазғытұрым кездегі алғашқы қымыз.* **Уызы арылмаған [кеппеген]** — *ернінен емшек табы кетпеген, жас сәби.* **Уызында жарымаған** — *анасынан туғалы жоқшылықта келе жатқан.*

УЫЗДАЙ *Уылжыған, балғын, жас, жас қыз (жігіт).* ◊ **Уыздай ұйыды** — *береке-бірлігі бұзылмады, ынтымағы жарасты.*

УЫЗДАН 1. *Уызға айналу, қоймалжыңдану.* Сиырдың емшегін тартып көріп еді, сүті **уызданып** қалған екен (Абзал жандар). 2. *Ауыс. Ауыздану, нәр алу.* Әркім өз халқының ауыз әдебиетімен **уызданып** өсетіні бәрімізге мәлім (Б. Ысқақов).

УЫЗДАУ *Әлі қатая қоймаған, жастау.* Егіннің дәні әлі де **уыздау** екен (Бегалин).

УЫЗДЫ 1. *Уызы бар.* ~ заттар. 2. *Сүті қою, маңызды.* Сүті шәрбет **уызды** (Жамбыл).

УЫЗДЫҚ *Уызға тоюшылық.* **Уыздығы** жарыған жас төлдің сүйегі ірі келеді (Жанботаев).

УЫҚ *Кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сидақ сырық, киіз үй сүйектерінің бірі.* ◊ **Уық бау** — *уықтың имек басын керегеге бекітіп байлайтын бау, жіп.* **Уық таңғыш** — *киіз үй жабдығы.*

УЫҚҚАП *Көшкенде сынбас үшін уықтарды салып қоятын қап.* ◊ **Уық қары** — *уықтың кереге жақ иіні.* **Уық шаншыды** — *бір жерге шаңырақ көтеріп үй тікті.*

УЫҚСЫЗ *Уығы жоқ, уық шаншылмаған.*

УЫҚТА *Уықты шаңырақ ша ншу.* Әжемдер шаңырақты тезірек **уықтап,** сол көтерілген қалпында ұстап қалу қамында (Ө. Қанахин).

УЫҚТАЙ *Жіп-жіңішке, сыриған.* Балағы қуықтай, Сирағы **уықтай** (О. Әубәкіров).

УЫҚТЫҚ *Уық жасауға жарамды (ағаш). Уықтық* ағаш бумен пісіріледі, бабымен кептіріледі ("Мәдениет және тұрмыс").

УЫҚША *Уық тәрізді қысқа сырық.* Арбаның үстіне жас талдан иіп, **уықшалар** орнатып қойған (Б. Соқпақбаев).

УЫЛ *Тәтті не басқа жағымсыз нәрсе жегеннен ауыздың кілегей қабықтарының жарылып ашып ауруы; күлдіреу.* Апам тәттіні жеме, аузың **уылады,** дейтіні бар (С. Сарғасқаев).

УЫЛДАП-ШУЫЛДАП *Улап-шулап, дабырлап.* Біз де **уылдап-шуылдап** ердік (Момышұлы).

УЫЛДЫРЫҚ 1. *Балық және басқа да кейбір су жәндіктерінің суға шашатын ұсақ жұмыртқасы.* 2. *Осы уылдырықтан жасалған құнарлы тамақ.* ◊ **Уылдырық шашты** — *балық уылдырықтады.*

УЫЛДЫРЫҚТЫ *Уылдырығы бар, уылдырығы көп.* ~ балық.

УЫЛЖЫ 1. *Жидек-жемістің әбден толысып пісуі; езілу.* Гүлшаш **уылжып** піскен қып-қызыл апорт алмасын үлестірді (Жәкенов). 2. *Еттің жұмсақ болып бабымен пісуі; былбырау.* Балалар **уылжып** піскен етті қомағайлана асауда (К. Әміров). 3. *Ауыс. Жасөспірімнің сымбаттанып, өңі балбұл жанып құлпыруы.* Жасы он сегізге толартолмас **уылжыған** қыз (Исабеков).

УЫС 1. *Қолдың саусақтарын жымдастыра бүккендегі алақан аясының іші.* Алтыншаш бұлақтың мөлдіреген суын қос **уысына** толтырып алды (Айымбетов). 2. *Уыс ішіндегі заттың көлемі.* Бір **уыс** құырған бидайды Қанат заматында-ақ тауысқан (Н. Серәлиев). ◊ **Уысына алды [ұстады]** — *еркін билеп, өзіне баурап алды.* **Уысынан босатпады [шығармады]** — *еркіне жібермей қатал ұстады.* **Уысынан шықты [шығып кетті]** — *қолынан, билігінен кетті.* **Уысына түсті** — *қолына ілікті, қармағына ілінді.*

УЫСТА *Уысына толтыра ұстау.* Ол дорбадан **уыстап** алған бидайды алақандай жерге себеді (Шәріпов).

УЫСТАЙ *Уыс мөлшеріндей.* **Уыстай** жидені үгіп ап орамал шетіне түйді (Ә. Нұрпейісов).

УЫС-УЫС *Бірнеше уыс; көп, мол.* **Уыс-уыс** ақша қайдан келеді бұларға? (Хұсайынов).

УЫТ 1. *Ағзаға дарыған удың күші, зардабы.* Адамның бойын арақтың **уыты** әбден билеп алғаны өте жаман (Рахимов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің, құбылыстың басқаға тигізер әсері, ықпалы.* **Уытын** құмарлықтың ішке сақтаған, Сыздаған ет жүректің жарасындай (Т. Әлімқұлов). ◊ **Уыты қайтты** — *сырқаттың беті бері қарады, тәуір болды.* **Уытын басты [қайырды]** — *бір нәрсенің уын, зардабын жойды.*

УЫТСЫЗ 1. *Зардабы жоқ, залалсыз.* ~ микробтар. 2. *Ауыс. Ықпалы аз, әсері жоқ; нашар, әлсіз.* Ол аңшының улы сөзін **уытсыз** әзілге айналдырмақ болды (Т. Әлімқұлов).

УЫТТА 1. *У қосу, зәр жаю, дәрілеу.* Мал дәрігерлері түлікке **уыттаған** дәріні егеді екен (Сыланов). 2. *Ауыс. Күш-қуат беру, шабытын қоздыру.* Шабытым, өн бойымды **уыттасаң,** Ішкендей бола қалам бесті қымыз (А. Хангелдин).

УЫТТАҒЫШ *Уыт бергіш, қорытқыш.* Ас ~ шырындар.

УЫТТЫ 1. *Улы, залалды.* ~ микробтарды тез өлтіретін дәрі-дәрмектерді таңдай білу керек. 2. *Ауыс. Әсерлі, қуатты, күшті.* Көкірегін кернеген **уытты** сөз (Көшімов).

УЫТТЫЛАУ 1. *Улы, зәрлі.* ~ дәрі. 2. *Ауыс. Сұстылау, өткірлеу, қайраттылау.* Бейшен **уыттылау,** ал Асқар барынша түйық та сабырлы (С. Жақанов).

УЫТТЫЛЫҚ 1. *Уы күшті болушылық; уландыру қаупінің молдығы.* 2. *Ауыс. Бір нәрсенің әсерінің күштілігі, өжеттік, қайраттылық, сұстылық.* Жас бүркіттің қырағылығы мен **уыттылығы** ерекше (Көшімов).

ҮІЛ 1. *Желдің дыбыс шығарып, үілдей соғуы.* Қыз ойын сырттағы боран *үілі* бөліп жіберді (Керімбаев). 2. *Емшектегі баланың тілі шыққанға дейінгі үілдеген үні.* Үнсіз үйді бөпенің *үілі* базарға айналдырды (Естаев).

ҮІЛДЕ 1. *У-у етіп жел соғу. Үілдеп* сарнаған желдің даусы барлық тыныштықты көміп тастағандай (Жойқынбеков). 2. *Сәбидің үіл шығаруы.* Балапандай *үілдеген* жас иіс нәресте бұл семьяның қызығын көбейтті (Хасенов).

ҮІЛДЕК *Үілдей беретін, үілдегіш.* ~ сәби.

ҮІЛДІРІК 1. *Қамыс тектес өсімдіктердің басындағы ұлпасы, майда шашағы.* Қамыстың ~гі. 2. *Ауыс. Қазының ұлпілдеген майлы жері.* Түнде ет жегенде қазының *үілдірігінен* бір-екі кесіп аузына салды (Жұмаділов).

Ұ

ҰБАҚ-ШҰБАҚ *Іркес-тіркес созылған, шұбырған. Ұбақ-шұбақ* көш те көрінді (Ләмбеков).

ҰБАП-ШҰБАП *Бірінен кейін бірі шұбырып, шұбатылып. Ұбап-шұбап* бара жатқан түйелі көш (Әбуталиев).

ҰБЫРЫП-ШҰБЫРЫП *Ұбап-шұбап, шұбырып.* Нұрбике *ұбырып-шұбырып,* төрт баласын ерте келді (Т. Жармағамбетов).

ҰҒЫМ 1. *Белгілі бір зат, құбылыс жөніндегі адамның түсінігі, танымы.* Қазақ *ұғымында* жылқы еті ең жеңіл ет (Қасиманов). 2. *Мән, мағына, маңыз.* Ана тілім — анам сүті, жүрегім, Жүрек тынса, тірлікте не *ұғым* бар? (Әбілев).

ҰҒЫМДЫ 1. *Түсінікті, көкейге қонымды.* 28 батыр туралы өте түсінікті, *ұғымды* сөйледі (М. Ғабдуллин). 2. *Сезімтал.* Бала әрі тіл алғыш, әрі *ұғымды,* айтқанының қайталатпай-ақ түсінеді (Мырзақұлов).

ҰҒЫМДЫҚ *Ұғымға қатысты, соған тән.* Математика ғылымы басқа ғылым салаларына жаңа *ұғымдық* аппарат жасап беруге көмектеседі ("Білім және еңбек").

ҰҒЫМДЫЛЫҚ *Зерделілік, ұғымталдық.* Шоқанның *ұғымдылығы* басқалардан оқшауланып көзге түсті (Соқпақбаев).

ҰҒЫМДЫЛАУ *Түсініктілеу, көкейге қонымдылау.* Балаларға арналған кітаптың тілі *ұғымдылау* болғаны жөн ("Қаз. әдеб".).

ҰҒЫМДЫРАҚ *Ұғымдылау, түсініктілеу.*

ҰҒЫМПАЗ *Ұғымтал, зерек, алғыр.* Менің халқым жаратылысынан *ұғымпаз* халық (Сәрсекеев).

ҰҒЫМПАЗДЫҚ *Ұғымталдық, зеректік, алғырлық.* Банзаров Шоқанның ақылдылығына, *ұғымпаздығына* қайран қалған (С. Мұқанов).

ҰҒЫМСЫЗ 1. *Мига қонбайтын, түсініксіз.* Ол кісіге *ұғымсыз* әңгімені айтты (О. Сәрсенбаев). 2. *Қабілетсіз, зердесіз; топас.* Тым *ұғымсыз* да бала емес сияқты (Сегізбаев).

ҰҒЫМСЫЗДАУ *Түсініксіздеу, ұғынықсыздау.* Шай үстінде Ақан біле бермейтін *ұғымсыздау* көп жайларды сұрады (С. Жүнісов).

ҰҒЫМСЫЗДЫҚ *Түйсігі жоқтық, қабілетсіздік.* Мәліктің *ұғымсыздығына* Болат іштей ызаланып жүрді (Сағымбаев).

ҰҒЫМТАЛ *Ұққыш, зерек, алғыр.* Ораз есті, *ұғымтал* бала бопты (Сейсенбаев).

ҰҒЫМТАЛДАУ *Қабілеттілеу, зеректеу, алғырлау.* Дербісәлі Әбілені *ұғымталдау* болар деп сабаққа берген (С. Мұқанов).

ҰҒЫМТАЛДЫҚ *Зеректік, алғырлық.* Өсердің оқуға *ұғымталдығы* жаман емес (Б. Шаханов).

ҰҒЫНҒЫШ *Түсінгіш, ұққыш.* Ол басқаның қайғы-мұңын *ұғынғыш* ізгі жан (І. Омаров).

ҰҒЫНЫҚСЫЗ *Түсініксіз, ұғымды емес.* Повестің соңында осы айқастың қалай аяқталғаны оқушыға *ұғынықсыз* қалпында қала береді ("Қаз. әдеб.").

ҰҒЫНЫҚТЫ *Түсінікті, көкейге қонымды.* Баланың *ұғынықты* жауабына қария батасын берді (Сқақбаев).

ҰҒЫНЫС *Түсінік, ұғым.* Ескі *ұғыныстар* бірінің артынан бірі тізбектеліп келе берді (Бекенов).

ҰҒЫС *Өзара түсінісу, мәмлеге келісу.* Туысқаннан досың жақын *ұғысқан* (Ш. Мұхамеджанов).

ҰДАЙ: екі ұдай — а) *бірыңғай емес екі жікке бөлінген;* ә) *әрі-сәрі, дүдәмал; екі ұшты.*

ҰДАЙЫ *Үнемі, ылғи; үздіксіз, толассыз.* Түні бойы зеңбірек үні *ұдайы* зіркілдеді (Қаупынбаев). □ **Ұдайы өндіріс** *(экон.)* — *үздіксіз қайталанып, жаңартылып отыратын қоғамдық өндіріс.*

ҰДАЙЫМЕН *Арасын үзбей үнемі, қатарынан.* Жанар егде тартқанда үш жыл *ұдайымен* оқыды (Т. Нұртазин).

ҰЖДАН *Ар, намыс, ұят. Ұжданым* таза (Талжанов).

ҰЖДАНСЫЗ *Арсыз, ұятсыз, намыссыз.* О, *ұждансыз* кәрі төбет! (Райымқұлов).

ҰЖЫМ *Белгілі бір мекеме, кәсіпорын, ұйым.* Институт ~ы бүгін тауға шығады.

ҰЖЫМДАС *Бірлесу, ынтымақтасу.* Олардың бірлесе, *ұжымдаса* өмір сүре білуінде (Әнесов).

ҰЖЫМДЫ *Ынтымақты, ұйымшыл.* Романда коллективтің *ұжымды* еңбегі әңгімеленеді ("Қаз. әдеб."). □ **Ұжымдық жалгерлік** — *шаруашылық есепке негізделіп жүргізілетін жұмыс.*

ҰЖЫМДЫҚ *Ұйымшылдық, ынтымақтылық.* Көктемгі егін науқанында диқан әулеті *ұжымдық* танытты (Д. Досжанов).

ҰЖЫМШЫЛ *Ұйымшыл, ынтымақты.* Өңшең жарлы-жақыбай, басыңа қиыншылық түскенде *ұжымшыл* бол (Аманшин).

ҰЗА *Алыстап, қашықтап кету.* Жолаушылар Нұрланның аулынан *ұзай* берді (Кәрменов).

ҰЗАҒЫРАҚ *Ұзақтау, қашықтау, алысырақ.* Аудан мен екі ортаға *ұзағырақ* жүретін (Қайырбеков).

ҰЗАҚ I *зоол. Қарға тұқымдас денесі кішілеу келген жыл құсы; ұзақ қарға.*

ҰЗАҚ II 1. *Алыс, қашық, жырақ. Ұзақ* жол әлсіреткен Батиманың көзі ілініп те кетті (Мыңжасарова). 2. *Көп уақытқа созылған, тез емес.* Әбдібек *ұзақ* сөйлесті (Мұқаев). 3. *Ұзын, шұбалаңқы.* Әкеңнен келген хат *ұзақ* болушы еді (Мұсылман-

құлов). □ **Ұзақ тақ** — *тұні бойы, тұнімен.* ◊ **Ұзағынан жарылқасын [сүйіндірсін]!** —*жақсылығың көпке созылсын, мәңгілік болсын!* **Ұзаққа бармады** — *көпке созылмады; қысқа болды.* **Ұзақ сонар [сүре]** — *тез біте қоймайтын, көпке созылған.* **Ұзақ сонарға салды [түсті]** —*таусылмас сөзбұйдаға салды.*

ҰЗАҚТА *Алыстау, қашықтау, жырақтау.* Госпитальдан *ұзақтап* шықты (Сарғасқаев).

ҰЗАҚТАУ 1. *Қашықтау, алыстау.* Өшейінде жүргенде *ұзақтау* көрінетін жол қысқарып кеткендей (Қ. Омаров). 2. *Шұбалаңқылау, созылыңқылау.* Ол әңгіменің *ұзақтау* болатынын аңғарған (Еділбаев).

ҰЗАҚТЫ: ұзақты күн [күнге] — *күні бойы, күн ұзын.* **Ұзақты түн** — *тұні бойы, таң атқанша.*

ҰЗАҚТЫҚ *Ұзақ болушылық, қашықтық.* Кең жазықтың *ұзақтығын* көріп көңілі бұзылды (Тілегенов).

ҰЗАҚША: ұзақша шулады — *шу ете қалды, ушу болды.*

ҰЗАҚШЫЛ *Алысқа ұшатын, шаршамайтын.* Ителгі басқаға қарағанда шаршамайтын *ұзақшыл* құс (Байболов).

ҰЗАМАЙ *Көп уақыт өтпей, көпке созылмай, көп кешікпей.* Көп *ұзамай* әкем Қырымға жолдама алды (Нұршайықов).

ҰЗАР 1. *Ұзая түсу.* Бекет құр атқа мінгендей, бойы да *ұзара* түскендей (Р. Тоқтаров). 2. *Мезгілмерзімнің тез өтпей, көпке созылуы.* Түн *ұзарып* кеткен бе, күздің таңы атып болар емес (Сатыбалдиев).

ҰЗАРТЫЛ: ұзартылған күн тәртібі *(пед.)* — *оқушылардың сабақтан соң мектепте қалып, мұғалім, тәрбиешілердің қадағалауымен үй тапсырмасын орындайтын, тамақтанатын, бой жазатын уақыты, режимі.* **Ұзартылған күн тобы** *(пед.)* — *мектептерде оқушылардың сабаққа дайындалуы және басқа да жан-жақты тәрбие алуы үшін ұйымдастырылған шара.*

ҰЗАТ 1. *өзг. етіс. Ұза-т.* 2. *Қалыптасқан дәстүр бойынша түрлі ырым-сырым жасап, қызды күйеуге беру.* Әбдікәрім Бағиланы айттырылған жеріне асығыс *ұзатып* жіберді (Әбдірахманов). ◊ **Ұзатар көбейсін** — *қыз ұзату тойының үстіне келген адамның айтатын тілегі.* **Ұзатып салды** — *шығарып салды, біраз жерге дейін ілесті.*

ҰЗЫН 1. *Қысқа емес, шұбатылған. Ұзын* қос бұрымының ұшын тарқатты (Тілегенов). 2. *Аласа емес, биік.* Түрдаш ішіміздегі ең *ұзынымыз* ғой (Нұржекеев). ◊ **Ұзын арқан [арқау], кең түсау** —*арқасын кеңге салды, жайбарақаттыққа салынды.* **Ұзыңда [ұзынан] өшті, қысқадан [қысқада] кекті** — *бұрыннан алакөз болу.* **Ұзындағы өшін, қысқадағы кегін алды** — *бұрынды соңды кеткен есесін қайтарды.* **Ұзын жолды қысқартты** — *алыс жолды әңгімемен жақын етті.* **Ұзын салқар** —*ұзыннан-ұзақ, шұбатылған, шұбырған.* **Ұзын саны [қарасы]** — *жалпы мөлшері, ұзынырғасы.* **Ұзын сөздің қысқасы** — *сөздің тобықтай түйіні.* **Ұзын ырғасы** — *сөздің шама-шарқы, болған бітkені.*

ҰЗЫНА: ұзына бойы — *ен бойы бастан аяқ.*

ҰЗЫНДАУ I *Ұзару, ұзын болу.*

ҰЗЫНДАУ II *Біршама ұзын, ұзынырақ.* Менен бойы *ұзындау,* аққұба, ашаң қыз (Тоғысбаев).

ҰЗЫНДЫ: ұзынды күн — *күні бойы, ертеден қара кешке дейін.*

ҰЗЫНДЫ-КЕШ *Ұзақ уақыт, кеш бойы, кешке дейін.* Еркежанның *ұзынды-кеш* аузы әңгімеден босамады (Ахметбеков).

ҰЗЫНДЫҚ *Бір заттың ұзыннан алғандағы қалпы, ұзына бойы, тұрқы.* Түркістан — Сібір теміржолының *ұзындығы* мың бес жүз шақырым (Өзиев).

ҰЗЫНДЫ-ҚЫСҚАЛЫ *Бірі ұзын, бірі қысқа; ұзын-қысқасы аралас.* Барақ пен Бәзікен де *ұзынды-қысқалы* (Мұратбеков).

ҰЗЫННАН-ҰЗАҚ *Ұзына бойын қуалай, шұбатылып, созыла. Ұзыннан-ұзақ* тартылған асфальт жол (Тоқмағамбетов).

ҰЗЫНША 1. *Ұзындау, ұзын келген.* Өзеннен өтетін *ұзынша* ағаш көпір бар (Жылқышиев). 2. *Сұңғақтау, бойшаңдау. Ұзынша* келген, қараторы жігітке қарай берді (Байтанаев).

ҰЗЫНЫРАҚ *Әжептәуір ұзын, ұзындау.* Бойды бұдан гөрі *ұзынырақ* етіп бергенде... (Соқпақбаев).

ҰЗЫН-ЫРҒАСЫ 1. *Бір нәрсенің жалпы нобайы, жобасы, желісі.* Болған жайдың *ұзын-ырғасын* Қонысбек айтып берді (Б. Шаханов). 2. *Басалғы, жалпы саны.* Қанат екеуі тойға шақырар адамның *ұзын-ырғасын* есептеді (Бейсенова).

ҰЙБАЙ *Таңырқағанда, ренжігенде айтылатын, көңіл күйін білдіретін сөз; ойбай.* — **Ұйбай-ау,** Үмітжан-ау, мұның не? (Тілегенов).

ҰЙҒАР 1. *Белгілі бір тоқтамға келу, ой қорыту.* Омбының соты Мәдиді жер аударуға *ұйғарды* (Бектасов). 2. *Лайық көрді, жөн көрді.* Сізді төраға етіп ұсынуды *ұйғарып* отырмыз (М. Қуанышбаев).

ҰЙҒАРУЫНША *Шешімі, тоқтамы бойынша.*

ҰЙҒАРЫМ *Шешім, тоқтам, байлам.* Басшылардың ~ы бойынша жаздық.

ҰЙҒЫР *Қытайда және Орта Азия мен Қазақстанның кейбір аудандарында тұратын түркі тілдес халық.*

ҰЙҒЫРША 1. *Ұйғыр тілінде.* 2. *Ұйғыр халқының дәстүрінше, әдет-ғұрпынша.*

ҰЙҚАС I *Ұқсас, аттас.* Аттары да *ұйқас,* бәрі де "бек" пен аяқталады (Қ. Жұмаділов).

ҰЙҚАС II *әдеб. Өлең жолдарының соңғы дыбыстарының қабысуы, белгілі бір ырғаққа құрылуы.* Егіз ~, шалыс ~.

ҰЙҚАС III 1. *Сәйкесу, сай келу.* Аттары қандай ұқсас болса, өздері де сондай *ұйқасып* түр (''Қаз. әдеб.''). 2. *Өлең жолдарының, буындарының үндесіп, үйлесіп келуі, қиюласуы.* Бірақ *ұйқасқанның* бәрі өлең емес (Ә. Тәжібаев).

ҰЙҚАСТЫ *Ұйқасы бар, ұйқасқа құрылған.* Қазақ халқы *ұйқасты* өлең сөзге қашаннан әуес (Г. Омаров).

ҰЙҚАСТЫҚ *Ұйқасы келушілік, үндестілік.* Қазақтың ескі қара сөзінде де *ұйқастық* пен үндестік болады ("Қаз. әдеб.").

ҰЙҚАСЫМ *Үндесіп келушілік, үйлесім.* Сөздердің дыбыстық келісімі — дыбыстардың *ұйқасымы,* гармониясы (Сарбалаев).

ҰЙҚАСЫМДЫ *Ұйқасып келген, ұйқасымы бар. Ұйқасымды* сөздерді іштей сайлап та қойған едім (Қабанбаев).

ҰЙҚЫ 1. *Адам мен жан-жануарлардың тыныгып дем алуы үшін, белгілі бір мерзімде қайталанып отыратын физиологиялық жағдайы.* Дүйсеннің үйіндегілер **ұйқыда** (Б. Майлин). ◊ **Ұйқы ашар** — *ұйқыны ашу үшін жасалатын түрлі әрекет.* **Ұйқы басты** — *ұйқы меңдетті, ұйқыдан бас көтере алмады.* **Ұйқыға батты** — *ұйқы құшағына енді.* **Ұйқыға кетті** — а) *ұйқыға кірісті, ұйқыға бас қойды;* ә) *қайтыс болды, көз жұмды.* **Ұйқыдан қалды** — *мазасы болмады, ұйықтай алмады.* **Ұйқы жеңді** — *ұйқы қысты, ұйқыға кетті.* **Ұйқы көрмеді** — *көз ілмеді, мызғымады.* **Ұйқысы қанды** — *жақсы ұйықтап, тынықты.* **Ұйқысын ашты** — *оянды, сергіді.* **Ұйқысын бұзды [бөлді]** — *ұйқысына бөгет жасап, кедергі келтірді.* **Ұйқысын қаза қылмады** — *ұйқысынан оятпады, ұйқысын бұзбады.* **Ұйқысы шайдай ашылды** — *ұйқысы бірден тарап кетті, сергіп сала берді.*

ҰЙҚЫ II *Малдың шажырқай майына жабыса біткен бұжыр-бұжыр үлкен без.* □ **Ұйқы безі** — *ас қорыту, сөл түзу міндетін атқаратын без.*

ҰЙҚЫЛЫ *Ұйқысы сергімеген, ашылмаған. Ұйқылы* көзін сипалап ашқан Болат сөйлесіп тұрған қыздарды көрді (Тоқмырзин).

ҰЙҚЫЛЫ-ОЯУ *Ұйқы мен оянудың арасында, қатты ұйқыға кетпеген.* Кейкінің **ұйқылы-ояу** жатқан әйелі шошып оянды (Қаратаев).

ҰЙҚЫСЫЗ *Көз ілмеген, ұйқы көрмеген.* Байжан сол бір түнді **ұйқысыз** өткізгенді (Х. Рахимов).

ҰЙҚЫСЫЗДЫҚ *Ұйқысы қашушылық, келмеушілік, ұйықтай алмаушылық.* Қоңыр **ұйқысыздық** дертіне шалдықты (Жұртбаев).

ҰЙҚЫСЫРА *Ұйықтап жатып сөйлеу.* Зияда **ұйқысырап** Ырзабек атын екі-үш мәрте атады (Тоқмырзин).

ҰЙҚЫ-ТҰЙҚЫ 1. *Астаң-кестең шыққан, қоқсып жатқан.* Астындағы көрпешенің **ұйқы-тұйқысы** шығып қалыпты (Дәуренбеков). 2. *Алай-дүлей, аласапыран, опыр-топыр.* Найзағай жалт етіп ойнап шықты да, бәрін **ұйқы-тұйқы** етті (Түменбаев). ◊ **Ұйқы-тұйқы болды [қылды, шықты]** — а) *қобырап, қоқсып жатты;* ә) *ойран-асыр болды, опалаң-топалаңы шықты, бей-берекет болды.*

ҰЙҚЫШЫЛ *Көп ұйықтайтын, ұйықтай беруді ұнататын. Ұйқышыл,* болбыр баласы аяқ асты өзгеріп кетті (Сүндетов).

ҰЙЛЫҚ *Топталып бір жерге шоғырлану. Ұйлығып* тұрған қалың жылқының үстінен түсті (Қаттыбаев).

ҰЙМА *жерг. Тартпа, ми батпақ.* Бергі жағалауы жаландау, асты батпақтау, **ұйма** болып келеді екен (Б. Шаханов).

ҰЙПА *Жайпау, қырып-жою, қырату.* Партизандар күтпеген жерден тиісіп, **ұйпап** кетіп жүрді (Ләмбеков).

ҰЙПАЛА 1. *Қобырату, будыратy; умаждау.* 2. *Ауыс. Үйпа-тұйпасын шығарып, жайпап жіберу.* Қара дауыл бітік астығымызды жайпап жығып, **ұйпалап** кетті (Тербеледі тың дала).

ҰЙПАЛАҚ *Қобырап, будыраған, умаждалған.* Күшіктердің жүні **ұйпалақ** болады екен (Ө. Нұрпейісов).

ҰЙПАЛАҚТА *Бей-берекет қобырату, будырату.* Шаштары **ұйпалақтанып,** көздері қызарып кеткен (Асылбеков).

ҰЙПАЛАҚТАУ *Сәл ұйпалақ болып келген.* Шашы да бұйра емес, **ұйпалақтау** сияқты (Сәрсекеев).

ҰЙПА-ТҰЙПА 1. *Ұйқы-тұйқысы шыққан, қобыраған.* Шарипа **ұйпа-тұйпа** төсекке кеп отырды (М. Мағауин). 2. *Ауыс. Ойран-асыр, опыр-топыр.* Бір жас арланмен **ұйпа-тұйпа** төбелеске дейін барған (Сқақбаев). ◊ **Ұйпа-тұйпа етті [қылды]** — *ұйқы-тұйқы жасады.* **Ұйпа-тұйпасы шықты** — а) *ұйпалақтанды, мыж-мыж болды;* ә) *ойран-асыр болып, ұйқы-тұйқысы шықты.*

ҰЙТҚЫ *Желдің тез көтеріліп, кері үйіріле соғуы.* Қардың жауғаны басылса да, **ұйтқыған** желі мен қызылшұнақ аязы бар (Ырзабаев). ◊ **Құйындай ұйтқыды** — *жүрісіне көз ілеспеді.*

ҰЙТҚЫМА *Ұйтқи соққан. Ұйтқыма* жел ауладағы кірді ұшырып кетті (Көпішев).

ҰЙТҚЫТ 1. *өзг. етіс. Ұйтқы-т.* 2. *Атты құйғыта шабу.* ~ып келеді.

ҰЙЫ 1. *Сұттің айранға айналуы.* Меруерт апай жаңа **ұйыған** айран құйып берді (Соқпақбаев). 2. *Қанның қоюланып қалуы.* Ит ауладағы **ұйыған** қанға бас қойыпты (Р. Тоқтаров). 3. *Дене мүшесінің шымырлап жансызdануы.* Отыра бергенде аяғы **ұйып** қалыпты (Асқаров). 4. *Ауыс. Ден қойып тыңдау, елту.* Бекболат Жылтырдың сөзіне таң қалып **ұйыды** (Ж. Аймауытов).

ҰЙЫҒЫШ *Тез ұйытын, ұйыуға бейім.* Жай аққан қан **ұйығыш** келеді (Қайрақбаев).

ҰЙЫҚ I *Аяқ киімнің ішінен киетін, қонышы қысқа тоқыма байпақ.* Балаларының бас-басына екі пардан **ұйық** тоқып берді (Мырзахметов).

ҰЙЫҚ II *Үйма, тартпа, май батпақ.* Абыл **ұйыққа** батып жатқан сары атанды көрсетті (Балғабаев).

ҰЙЫҚ III *Ит тұқымдас хайуанаттардың ылығуы.* Қасқыр жылына бір рет **ұйығады** (Қыдырбаев).

ҰЙЫҚ IV *Өзендерде балықтар уылдырық шашатын және шоғырланып жататын қолайлы ойпат жер.*

ҰЙЫҚ: жер ұйық — *жер жаннаты, керемет жер.*

ҰЙЫҚТА *Ұйқыға кету, ұйқыға шому.* Олар қалай **ұйықтап** кет кендерін өздері де білмеді (Қараманұлы).

ҰЙЫҚТАҒАНСЫ *Ұйықтаған сияқты күйде болу.* Батырбек қашанда **ұйықтағансып** мүлгіп отырады (Жақсыбаев).

ҰЙЫМ 1. *Мемлекеттік, бұқаралық немесе қоғамдық мекеме.* Мемлекеттік ~, бұқаралық ~, басшылық ~. 2. *Белгілі бір мақсат жолында біріккен адамдардың тобы; саяси бірлестік. Ұйым* құрғанымызда колхозымызда он бес өгіз болды (Иманбеков).

ҰЙЫМА: ұйыма қан — *ұйып қалған қан.* □ **Ұйыма сортаң** — *май батпақ, тұздылау жер.* **Ұйыма сұйық** — *бір жерге жиналған сұйық зат.*

ҰЙЫМДАС *Жиылу, бірігу, ұйым болу.* Ән мен күйге әуес қыздар өздері **ұйымдасқан** (Боқаев).

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ *Басқарушы, жол көрсетуші, нұсқаушы.* Нұрмолда дарынды **ұйымдастырушы** (Есқожин).

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ *Ұйымдастыра білушілік, ұйымдастыру ісін атқарушылық.* Бастық

болу үшін *ұйымдастырушылық* қабілет керек (Қабанбаев).

ҰЙЫМДЫҚ *Ұйымға қатысты, соған тән.* Партия ұйымы өсіп, *ұйымдық* жағынан едәуір нығая түсті (Ә. Ахметов).

ҰЙЫМШЫЛ *Ынтымақшыл, ауызбірлігі күшті.* Қызылқорғанның тұрғындары *ұйымшыл* (Мусин).

ҰЙЫНДЫ *зат. Ұйып қалатын зат, тұнба.* Қымызды пісіп араластырып отырмаса, түбіне *ұйынды* тұрып қалады (Қымыз).

ҰЙЫС 1. *Қалың, тығыз болып өскендіктен шаш, сақал, жүн, шөп т. б. бытысып қалуы.* Кеудесі *ұйысқан* қалың жүн (Мұратәлиев). 2. *Бір жерге үйіріліп топталу, жиналу, ұйлығу.* Батальон *ұйысып*, тас түйіндей қатып қалған (Тоқаев). ◊ **Киіздей [жабағыдай] ұйысқан** — *өте тығыз, жиі.* Оның бұйра шашы жабағыдай *ұйысқан* (Қ. Қайсенов).

ҰЙЫСҚАҚ *Ұйысқыш, тез ұйысатын.* - жүн, - шаш.

ҰЙЫТҚЫ 1. *Сүтті ұйытып, айран жасайтын ашытқы.* Сүтті *ұйытқы* құю арқылы ұйытса, айран болады (С. Мұқанов). 2. *Ауыс.* Игілікті істің *ұйымдастырушысы, басшысы.* Осы үйдің *ұйытқысы* жас келін Сара еді (Алдабергенов). ◊ **Ұйытқысын бұзды [шайқады]** — *береке-бірлігін кетірді, шырқын бұзды.*

ҰЙЫТҚЫЛЫҚ *Ұйытқы болуға жарарлық.* Апам *ұйытқылық* ашытқыны сүтке қосып араластырды (Жұмақанов).

ҰҚ *Түсіну, жадында сақтау.* Әмірхан да Сәруардың ойын айтпай *ұғып*, үнсіз бас изеді (Әлсеров).

ҰҚҚЫШ *Алғыр, зерек, ұғымтал.* Адамдардың бәрі бірдей өлең *ұққыш* бола бермейді (Бегалин).

ҰҚҚЫШТЫҚ *Тез түсінгіштік, ұғымталдық. Ұққыштық*, аңғарымпаздық адамға өте қажет қасиет (Ертілесов).

ҰҚСА *Ұқсас болу, сәйкес келу.* Қорған аузында қаз жұмыртқасына *ұқсаған* екі алып түр (Сейдімбеков).

ҰҚСАС *Сәйкес, бейнелес, тәріздес.* Тіс жуатын пастаға *ұқсас* крем... (Нұрмағамбетов).

ҰҚСАСТАУ *Біршама ұқсас, сәйкестеу.* Жұмабек осыған *ұқсастау* киімдерді көрді (Тілегенов).

ҰҚСАСТЫҚ *Ұқсас болушылық, айнымай дәл келушілік.* Сартай мен Жұматай арасында *ұқсастық* бар (Боранбаев).

ҰҚСАТ 1. *өзг. етіс. Ұқса-т.* 2. *Шаруаны орнына келтіріп, тап-түйнақтай ету, келістіру, тындыру.* Қолында барды іске *ұқсата* білу шарт (Б. Шаханов).

ҰҚСАТЫМПАЗ *Жоқты бар етіп ұқсатқыш.* Әжемнің *ұқсатымпазын-ай* десеңші (Жақсыбаев).

ҰҚЫП 1. *Тиянақтылық, тығылықтылық, тындырымдылық.* Қызмет жағдайына аса *ұқыппен* қарайтын оның әдеті екен (Нұржекеев). 2. *Ысырапқа жол бермеушілік, үнемшілдік.* Қыс бойы мал азығын үнемдеп, *ұқыппен* жұмсадым ("Қаз. әйелдері").

ҰҚЫПСЫЗ *Ұқыпты емес; салақ. Ұқыпсыз* адамның техникамен істес болмағаны мақұл ("Қарындастар қарлығаштар").

ҰҚЫПСЫЗДЫҚ *Салақтық, жауапсыздық.* Баланың мына *ұқыпсыздығына* қарт механизатор күйіп кетті ("Әбзал жандар").

ҰҚЫПТА *Зейін салу, ден қою.* Ғалиям шашын ылғи *ұқыптап* қидырып, үстіне әтір себетін (Бектұрғанов).

ҰҚЫПТЫ *Тап-түйнақтай, жинақы, тыңғылықты.* Әлихан өз жұмысына өте *ұқыпты* (Жайқынбеков).

ҰҚЫПТЫЛЫҚ *Жинақылық, тыңғылықтылық.* Жәрдемнің киім киісінде ерекше *ұқыптылық* бар (Ойшыбаев).

ҰЛ 1. *Еркек бала, ер бала.* Мамыржанның екі *ұлы* оны қонақ үйге жеткізіп салған (Тарази). 2. *Халық қамын ойлайтын ер азамат.* Сөз бастап би болайын деген *ұл* екенсің (Байтұрсынов). ◊ **Ұлға балады** — *ардақтады, өзгеден бағасын артық көрді.* **Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды** — *бала-шағасын қүтты орнына қондырып, орналастырды.* **Ұлы ойда, қызы қырда** — *бытырап тарап кеткен, әр қайсысы әр жерде.*

ҰЛАҒАТ *Ақыл-парасат, үлгі-өнеге.* Бүгінгі академик Әбілқас Қ. Сәтбаевтың, Ә. Марғұланның *ұлағатты* қадамдарына қалай еліктегенін еске алды (Сейдімбеков). □ **Ұлағат сөз** — *аталы сөз, өнегелі сөз.*

ҰЛАҒАТТЫ *Парасатты, үлгілі-өнегелі оқымысты, ғұлама.* Ішпекбай *ұлағатты* ұстаз болды (Боқасов).

ҰЛАН I *Жас өспірім, жеткіншек, өрен.* Жанымдағы *ұланым*, өмірімдегі ұраным — Нұрашым бар ғой (Мусин).

ҰЛАН II *Іріктелген әскери құрама.* Әскери -дар.

ҰЛАН: ұлан жаздай [қыстай] — *жаз (қыс) бойы, жаз (қыс) өткенше.* □ **Ұлан бәйге** — *тай, құнан қосылған бәйге.* - болды.

ҰЛАН-АСЫР *Ағыл-тегіл, көл-көсір, аспа-төк.* Ертайдың үйінде *ұлан-асыр* той болды (Кереева).

ҰЛАН-БАЙТАҚ *Кең-байтақ.* Тарбағатайдан Ұлытауға дейінгі *ұлан-байтақ* жерді бірге араладым (Ләмбеков).

ҰЛАН-ҒАЙЫР *Ұшы-қиырсыз үлкен, есепсіз мол.* - дала.

ҰЛАР *зоол. Тауда мекендейтін, сұрғылт түсті, еті дәмді, ірі құс.*

ҰЛАРДАЙ: ұлардай шулады — *улап-шулап дүрлікті, дауыс қосып жылады.*

ҰЛАС *Бір-біріне жалғасу, ұштасу, тұтасу.* Қарашаның аяғы ақ түнек боранға *ұласты* (Ахметшин).

ҰЛАСТЫРУ *Бұтақтарды өздері тұрған жерде өзара жалғастырып ұлау.*

ҰЛҒАЙ 1. *Үлкею, өсу, көбею; үдеу, өршу.* Егіс көлемі бір жарым есе *ұлғайған* (М. Хасенов). 2. *Егде тарту, қартайыңқырау.* Ол жасы -ып қалған кісі.

ҰЛҒАЙМАЛЫ: ұлғаймалы үдайы өндіріс *(экон.)* — *қосымша өндіріс құрал-жабдықтары мен тұтыну заттарын өндіретін өндіріс процесі.*

ҰЛДАЙ *Ұл сияқты, ұл тәрізді.* Қыз болсам да *ұлдай* мәпелеп пе ең, көкешім (Ө. Өбішев).

ҰЛДЫ *Ұл балалы.* Әлім үшінші рет *ұлды* болды (Қыдырбекұлы).

ҰЛДЫҚ *Ұлға тән, ұл бала, азаматтық.* Уа, ұл екенсің, *ұлдығыңды* көрсетпеймісің сен мына жұртыңа (Алтайбаев).

ҰЛ-ҚЫЗ *Ұл мен қыз; жастар.* Металлургтердің бір жарым мың *ұл-қыздары* оқиды (Аққошқаров).

ҰЛМА-ЖҰЛМА *Жұлма-жұлма, алба-дұлба.* Терісін ~ етті.

ҰЛПА 1. *Ұлпілдеген аппақ, жұп-жұмсақ.* Бұрқ-бұрқ шашылған *ұлпа* қауырсындар (Сейдімбеков). 2. *Өте ұсақ, мап-майда.* Ақ *ұлпа* шаң тыныс тарылтады (Қабанбаев). 3. *Кейбір өсімдіктің басындағы ұлпілдеген жұп-жұмсақ бөлшегі.* Күріштің *ұлпалары* жиырма шақты күнде қатайды (С. Мұқанов). □ **Ұлпа қар** — *жұп-жұмсақ, жапалақ қар.*

ҰЛПАБАС *Көп жылдық шөптесін өсімдік туысы.*

ҰЛПАДАЙ *Жұп-жұмсақ, ұлбіреген.* Жұп-жұмсақ *ұлпадай* ақ түбіттен қолғап тоқитын (Тұрманжанов).

ҰЛПАЛА *Өте ұсақ етіп майдалау.* Топырақты *ұлпалап* майдалау тұқым себуге қолайлы (Бабақов).

ҰЛПАН *Ұлпа жүнді аң терісі, елтірі (бұлар қозы терілері), жақ (құлын, бұзау терілері).* Мал жоқшысы малшы, *ұлпан* жоқшысы аңшы (Мақал).

ҰЛПА-ОТАНЫМЕН *Түп-тамырымен, тұқым-жұрағатымен.* Қожық тұқымының *ұлпа-отанымен* құрып кетуіне себепкер Шыңғыс екен (С. Мұқанов).

ҰЛСЫЗ *Ер баласыз, азаматсыз.* Ел *ұлсыз* болмас, жер гүлсіз болмас (Мақал).

ҰЛТ *Тіл, мекендеген жер, экономикалық өмір бірлігі және психологиялық мінез-құлықтың ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы.* ~ым қазақ.

ҰЛТАБАР *Адам мен малдың тоқ ішегі мен үлкен қарнын жалғастырып тұратын мүшесі. Ұлтабар* бауырдың астыңғы жағында болады (Дайров).

ҰЛТАН 1. *Аяқ киімнің табанына салатын қалың, қатты зат (былғары т. б.). Ұлтаны* айырылып, тістері ырсиған саптама етік киген кісіні көрді (Доспанбетов). 2. *Ауыс. Өзеннің, сайдың, көлдің, жыраның т. б. табаны.* "Көлтоғанның" су сыйымдылығын арттыру үшін оның *ұлтанын* тереңдету керек (Ертаев).

ҰЛТАНДА *Аяқ киімге ұлтан салу.* Аяғында *ұлтандаған* қара мәсі (Мұзапаров).

ҰЛТАНДЫҚ *Ұлтан болармлық, ұлтанға жарарлық.* Әркім-ақ түйенің терісінен бір *ұлтандық* жұлып алып қалуға құмар (Есенберлин).

ҰЛТАР *Жаңадан ұлтан салу.* Бимырза мәсісін қайта *ұлтарып* отыр (Қаназов).

ҰЛТАРАҚ *Аяқ киімнің ішінен табанға салатын жұқалаң зат.* Етік ішіндегі *ұлтарақтың* астынан ақшаларды шығарды (Жансүгіров).

ҰЛТАРАҚТАЙ *Көлемі кішкентай, алақандай.* Жүрт *ұлтарақтай* жердегі егін-жайын айналдырып жүр (Әбдірахманов).

ҰЛТАРАҚТЫҚ *Ұлтарақ болармлық.* Аспаннан шұға жауып түрсадағы, тимейді *ұлтарақтық* құлға, тақсыр (Айтыс).

ҰЛТАРМА *Табандалған қонышты аяқ киім.* Аяш *ұлтарма* пимасымен қарды сықырлатып келеді (Хангелдин). □ **Ұлтарма бас етік** — *басы мен қонышын бітеу пішіп, ұлтарған етік.*

ҰЛТТЫ: **көп ұлтты** — *көптеген ұлттардың басы қосылған, бірнеше ұлттан тұратын.*

ҰЛТТЫҚ *Белгілі бір ұлтқа тән, ұлт ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын.* ~ дәстүр (тағам, киім, мейрам). □ **Ұлттық ойын** — *белгілі бір халыққа тән, қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері.* Қазақтың ~ ойындарының қатарына тоғыз құмалық, ақ сүйек, орамал тастау, көкпар тарту, қыз қуу т. б. жатады. **Ұлттық табыс** *(экон.)* — *бір жылда өндірілген тұтыну заттары және өндіріс құрал-жабдықтары.*

ҰЛТШЫЛ *Өз ұлтының мүддесін қорғаушы, ұлтын сүюші, ұлтжанды.*

ҰЛТШЫЛДЫҚ 1. *Ұлт мүддесіне жан-тәнімен берілушілік, ұлтжандылық, ұлтын ерекше сүюшілік.* 2. *Ұлт мүддесін, ұлт ерекшелігін қорғау ұранын пайдаланып ұлттар арасына іріткі салушы буржуазиялық кертартпа саясат пен идеология.*

ҰЛУ 1. *Теңіздерде тіршілік ететін, жұмсақ денелі, омыртқасыз, сауытты жәндік.* 2. *Құрғақ жерлерде тіршілік ететін, сыртында ақшыл түсті қабы бар, шырышты жәндік.* Айыр мүйізді *ұлу* жаңбырлы күні қабыршағынан басын шығарып тұрады (Тұрлыбаев). □ **Ұлу жылы** — *жыл санаудың бесінші жылы, он екі жылда айналып келіп тұратын мүшел жыл аты.*

ҰЛУТАС *Теңіз жағалауларында ұлу қабыршақтарының қалдықтарынан пайда болған жыныс. Ұлутастан* салынған шіркеу қабырғаларын Атырау желі әбден мүжіп, аямай қотырлаған (Еркебаев).

ҰЛША *Ұл секілді, ұлға ұқсап.* Мені әжем кішкене күнімнен *ұлша* киіндірді (С. Мұқанов).

ҰЛЫ I 1. *Орасан зор, үлкен, ірі.* ~ бастама (дүрмек, оқиға, той). 2. *Асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы. Ұлы* адамдардың бәрі шахмат ойнаған (М. Хасенов). □ **Ұлы ата [баба]** — *үлкен ата, арғы ата.* □ **Ұлы бәйге** — *сары табан ат қосылған әрі алысқа айдалатын сәйгүлік аламан бәйгесі.* **Ұлы жұма** — *аптаның бесінші күні.* **Кіші жұма** — *төртінші күн, бейсенбі.* □ **Ұлы жүз** *(этногр.)* — *қазақ халқының этникалық құрамына енген үйсін тайпаларының бірлестігі.* **Ұлы Отан соғысы** — *1941–1945 жылдары неміс басқыншыларына қарсы жүргізілген, совет халқының жеңіспен аяқталған Отан қорғау соғысы.* **Ұлы сәске** — *күн әжептәуір көтерілген (түс мезгіліне таянған) мезгіл.*

ҰЛЫ II 1. *Қасқыр, ит сияқты мақұлықтардың дауыстарын созып ұн шығаруы.* Қасқырды қанша асырасаң да, орманға қарап *ұлиды* (Мақал). 2. *Ауыс. Боранның, желдің гүілдеп қатты соғуы.* Айналада *ұлыған* бораннан басқа ештеңе байқалмайды (Құрмашев).

ҰЛЫҚ I *көне. Жоғары мәртебелі әкім, төре.* Бай мен *ұлық* кедей шаруаға зорлық-зомбылық істейтінін Амангелді бірден аңғарды (Нұрқанов).

ҰЛЫҚ II *көне. Үлкен, зор.* Анадан *ұлық*, анадан әзіз ешкім жоқ (Ө. Тұрманжанов). ◊ **Ұлық болсаң, кішік бол** — *негұрлым ұлы болсаң, соғұрлым кішіпейіл бол.*

ҰЛЫҚСАТ *Рұқсат, пұрсат.*

ҰЛЫҚСЫ *Ұлық болғансу, ұлықпын деу.* Паңдарды *ұлықсыған* илегемін (Сейфуллин).

ҰЛЫҚТА *Құрметтеу, қадір тұту. Ұлықтағанды* ұнатпау үшін де ұлылық керек екен (Ғ. Мүсірепов).

ҰЛЫҚТЫҚ I *Әкім, төре болушылық, соған тән іс-әрекет, мінез-құлық.* Базаралы қажы баласынан *ұлықтық* кеткенін естіді (М. Әуезов).

ҰЛЫҚТЫҚ II *Ұлылық, данышпандық.* Абайға тән ~.

ҰЛЫҚШЫЛ *Ұлықты жақтаушы, ұлық болуға құмар.* Санасы жоқ — *ұлықшыл*, Ақылы жоқ — күлкішіл (Мақал).

ҰЛЫНАН *Ірілену, тұлғалану.* Асқан дарын, ірі талантты қайта шыңдасаң, *ұлылана* береді (Қаз. әдеб.).

ҰЛЫЛЫ-КІШІЛІ *Үлкенді-кішілі, ірілі-уақты.* Қостанайдың шығыс теріскейі дөңгелене біткен *ұлылы-кішілі* көлдер (С. Мұқанов).

ҰЛЫЛЫҚ *Ұлыға тән қасиет, құдыреттілік, ұлықтық.*

ҰЛЫС *көне. Рулық бірлестік, әулет.* Барлық *ұлыс* бегі алаш бегіне бағынышты (Мағауин). ◊ **Ұлыстың ұлы күні [ұлыс күні]** — *ескіше жаңа жылдың бірінші күні (22 наурыз), наурыз мейрамы.*

ҰМА *Аталық малдың жыныстық мүшесі, ені, ұрық безінің сыртындағы қалталанған терісі.* Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті, Өзі санды, дөңгелек келсе көтті. Сырты қысқа, бауыры жазық келіп, Арты талтақ, *ұмасы* үлпершекті (Абай).

ҰМАР-ЖҰМАР *Бірінің үстіне бірі шыққан, үйме-жүйме.* Бағила мен Ерболат еңіске қарай *ұмар-жұмар* домалай берді (Тұрлыбаев).

ҰМСЫН 1. *Ілгері қарай ұмтыла тұсу, талпыну.* Бір-екі рет *ұмсынғанымен* Хадиша орнынан тұра алмады (С. Бақбергенов). 2. *Ұсынған болу, ишарат ету, мәзірет қылу.* Сұрақ қоймақ боп *ұмсына* бергенде қоңырау шылдыр ете қалды (Исабаев).

ҰМТЫЛ 1. *Ілгері қарай ентелеу, ұмсыну, омыраулау.* Кенже пойызға қарай тұра *ұмтылды* (Тілегенов). 2. *Ауыс. Белгілі мақсат жолында талпына еңбек ету, талаптану.* Ғалымдыққа *ұмтылмақ* ойым бар ("Қаз. әдеб.").

ҰМТЫЛҒЫШ *Талаптанғыш, тырысқыш.* Өзі білімге *ұмтылғыш*, ізденгіш жан (Сағынаев).

ҰМТЫЛЫС *Ілгері басушылық, құлшыныс.* Әр түрлі сахналық жанрларды ұштастыруға *ұмтылыс* байқалады ("Қаз. әдеб.").

ҰМЫТ *Естен шығару, жадында сақтамау.* Үлбала азғантай үйренгенін *ұмытып* қалады (Байтұрсынов). ◊ **Ұмыт болды** — *естен шықты, ұмытты.* **Ұмыт қалды** — *ұмытылды, ескерілмеді.*

ҰМЫТШАҚ *Естігенді жадында сақтай алмайтын, ұмытқыш.* Кеңестің бір айыбы — *ұмытшақ* (Сәрсекеев).

ҰМЫТШАҚТЫҚ *Тез ұмытушылық, есте сақтамаушылық.* Жастай шылымға әуестенген жеткіншектер *ұмытшақтыққа*, күйгелектікке ұшырайды (Оразақов).

ҰН *Диірменге тартылған бидайдың ақ ұлпа ұнтағы.* □ **Ұн жемір** — *астық өнімдерін және басқа да азық-түлік қорын зақымдайтын қоңыз.* **Ұн кенесі** — *дәнді, ұнды, жарманы, майлы дақылдар тұқымын, кептірілген көкөністі, пішенді, т. с. с. зақымдайтын кене.* **Ұн көже** — *қайнап жатқан суға қуырылған ұн қосып пісірілген тағам.*

ҰНАМДЫ *Жарасымды, жағымды.* Өзін ұстауы, ақ жарқын күлкісі — бәрі де бір түрлі *ұнамды* (Асабаев).

ҰНАМДЫЛЫҚ *Жарасымдылық, жағымдылық. Ұнамдылығы* жағынан сырмақ жасау өнері халыққа көп тараған (Қасиманов).

ҰНАМСЫЗ *Жағымсыз, жарасымсыз, қолайсыз.* Бейбіттің бір ғана *ұнамсыз* қылығы бар (Дүзенов).

ҰНАМСЫЗДЫҚ *Жағымсыздық, жарамсыздық.* Ыңғайсыздық пен *ұнамсыздықтан* жүрегім шымырлайды (Мекебаев).

ҰНАС 1. *орт. етіс. Ұна-с.* 2. *Қонымды болып үйлесу, жарасу.* Үзеңгіге саптама етік жарасқан, Шапан, тымақ, ұзын белбеу *ұнасқан* ("Шұғыла").

ҰНАСЫМ *Үйлесім, жарасым, келісім.* Өзіммен *ұнасым* тапқан әйел бойынан нәзіктік пен ұяңдықты көргім келетін (Қанахин).

ҰНАСЫМДЫ *Жарасымды, қонымды, келісті. Ұнасымды* киім іздеп қаланы шарлап шықты (Ғаббасов).

ҰНАТ 1. *Жақсы көру, жарату, қалау.* Ақбаянды *ұнатқан* өзің, үйленетін мен емес (Есенберлин). 2. *Мақұл көру, қолдау.* Әлгіде директорымыздың өзі көріп, осыны *ұнатып* кеткен (Арыстанов).

ҰНАТУШЫЛЫҚ *Жақсы көрушілік, жарату шылық.* Бұрынғы құрметтеушілікке енді *ұнатушылық* сезімі қосылды ("Қаз. әдеб.").

ҰНЖЫРҒА: ұнжырғасы түсті — *еңсесі түсті, салы суға кетті.*

ҰНТА *Түйір-түйір, кесек-кесек нәрсені майдалап ұгу, ұнтақтау.* Ол кесек, бұдырмақ топырақтарды алақанына салып *ұнтайды* (Серкебаев).

ҰНТАҚ *Қиқым-сиқым, үгінді, ұнталған зат.* Тотия пешке қарағайдың *ұнтағы* аралас ұсақ жаңқасын әкеліп төкті (Қазыбеков).

ҰНТАҚТА *Бір затты уату, үгіндіге айналдыру.* Қозыға *ұнтақтап* жем жегізіп жатыр (Ертілесов).

ҰНША *Ұн сияқтанып, ұнға ұқсап.* Кен екінші жерде диірменге түсіп *ұнша* тартылады (Ұябаев).

ҰҢҒУЫР *Ағашты ұңғып, белгілі бір қалыпқа келтіретін құрал.* Әуелде мен шеберлікті *ұңғуырмен* ағаш қасық істеуден бастағам (Т. Нұртазин).

ҰҢҒЫ I 1. *Қайсыбір құралдың сапқа кийлетін қуыс жағы, қуысы.* Балтаның -сы, күректің -сы. 2. *Мылтық, пулеметтің оқ шығатын жері, аузы.* Тынымсыз атыстан пулеметтің *ұңғысы* қызарып кетіпті (Мұраталиев).

ҰҢҒЫ II *Бір заттың ішін ойып ұңгу, қуыстау.* Егістікті су айғыздап, көп жерін *ұңғып* ойып кетіпті (Исабаев).

ҰҢҒЫЛА 1. *Бір заттың ішін ұңгіп қуыстау.* Күртік қардың ішін *ұңғылап* жіберіп, ықтап жата қалдым (Х. Әбішев). 2. *Ауыс. Тереңдей тұсу, төптіштеп талдау.* Қарабас ойын саралап *ұңғылай* түскен жоқ (Оразалин).

ҰҢҒЫЛ-ШҰҢҒЫЛ 1. *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы жер.* Етектегі тас қорымның *ұңғыл-шұңғылын* түгел сүзіп шықты (Қ. Ысқақов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің егжей-тегжейі, қыр-сыры.* Ол өз жұмысының *ұңғыл-шұңғылына* дейін жақсы біледі (Аққошқаров).

ҰҢҒЫМАЛЫ *Ұңғылап кете беретін, сусымалы.* Қыран бүркіт ұясы от орнындай текшелі емес, *ұңғымалы* ұңғірде екен (Тұрысов).

ҰПАЙ 1. *Спорт сайыстарында жеңіс көрсеткіші үшін анықтайтын өлшем бірлігі.* Жарыс көрсеткіштері *ұпаймен* есептеледі (Қазақст. мект.). 2. *Ауыс. Үлес, есеп.* Осы күні жастар ешкімге *ұпайын* жібермеуге тырысады (Бөкеев).

ҰПАЙЛАС I *Олжалас, ортақтас, еншілес.* Бұл асхана қожасының *ұпайласы* шығар (Ә. Сәрсенбаев).

ҰПАЙЛАС II *Сыбайлас болу, ортақтасу.* Шалматайлардың өздерімен де ішінен *ұпайласып* жүретін Досай (І. Жансүгіров).

ҰП-ҰЗЫН *Ұзындығы әжептәуір, бірталай, едәуір. Ұп-ұзын* бұрымдары тірсегін соғады (Рахманбердиев).

ҰП-ҰСАҚ *Мап-майда, уақ.* Рига жағалауының жиегі *ұп-ұсақ* құм болады екен (Нұршайықов).

ҰП-ҰЯҢ *Мінезі сынық, биязы, сызылып тұрған.* Кәмшат ол кезде *ұп-ұяң* жас келіншек болатын (Боранбаев).

ҰР *Сабау, соғу, тоқпақтау, тұйгіштеу.* Жандармдар жігітті шоқпармен *ұрып* жықты (Жұмағұлов). ◊ **Ұрда-жық** — *әпербақан, дөкір, содыр.*

ҰРА I 1. *Жерден қазылған, астық сақтайтын, жасырын, жабық көмбе.* Бәйекеңнің мақсаты — тарыдан өз үлесін алып, *ұраға* құю (Т. Дәуренбеков). 2. *ауылшар. Сұрлем салуға арналған ұзынша терең ор.* Сүрлемдік жүгері бірден *ұраға* жеткізіліп, нығыздалады (Мұсылманқұлов).

ҰРА II *Адамның, жан-жануарлардың денесіне шыққан шығу, томпақ ісік, бұлтық.* Ақбоз үйден желкесінде *ұрасы* бар, зор денелі адам сыртқа шықты (Ғ. Сыланов).

ҰРАЛА *Ұра қылып тереңдетіп қазу.* Айналасын *ұралап* қазып тастаған (Х. Рахиманов).

ҰРАЛАС *Ұрасы бірге, қатар орналасқан.* Қойы бірге — қоралас, Бидайы бірге — *ұралас* (Мақалнама).

ҰРАН *Үндеу, шақыру, дабыл.* **Ұран тастады [салды]** — *дабыл қақты, ұрандады.*

ҰРАНГЕР *Ұрандағыш, ұраншыл. Ұрангермін,* Ұшқырмын, Елгезекпін... (Баянбаев).

ҰРАНДА *Ұран салу, дабыл қағу.* Исатай тобы "Ағатай, Ағатай!" деп *ұрандап* алға лап қойды (Аманшин).

ҰРАНҚАЙ *Сидам ағаштардың басын тұйістіріп тігілетін киіз үй. Ұранқай,* қос, қақыра тәрізді көзден таса қалып барады (Қаз. әдеб.).

ҰРАНШЫ *Ұран салушы, дабыл қағушы адам. Ұраншысы* Махамбет пен Құрманғазы болады десек қателеспейміз (І. Омаров).

ҰРАНШЫЛ *Ұрандағыш, ұран салғыш.* Бекбол тым *ұраншыл,* айғайшыл болып алды (О. Сәрсенбаев).

ҰРАНШЫЛДЫҚ *Ұран салғыштық, дабыл қағушылық.* Науқаншылдық, *ұраншылдық* сипаттан гөрі міндеттілікке ауысқанымыз дұрыс (Ахметбеков).

ҰРҒАШЫ 1. *Жан-жануарлардың аналық жыныстылары.* Жылқының *ұргашысына* қарағанда еркегі кеш жетіледі (А. Сыздықов). 2. *Әйел, жамағат, жұбай.* Қатын алма төреден, еркегі болар жау жанды, *ұргашысы* ер жанды (Алдаспан). ◊ **Ұргашы алтын** — *қызыл түсті алтын.* **Ұргашы жіп** — *өрмектің бой жібінің астыңғысы.* **Ұргашы күміс** — *жұмсақ ақ күміс.* **Ұргашы тас** — *диірменнің астыңғы тасы.*

ҰРҒАШЫЛЫҚ 1. *Ұргашы жыныстылық.* Мал еркек, *ұргашылығына* қарай топтастырылады ("Мал бордақылау"). 2. *Әйелдік, төмен етектік.* Бөгеуге жарамасаң, *ұргашылық* қылып, жасықтық етсең, айырылдың менен (Нұрғалиев).

ҰРҒЫ *көне. Астық бастыратын ертедегі құрал.* Егін шалғымен орылып, *ұргы* таспен бастырылды (Қасиманов).

ҰРҒЫЛА *Үсті-үстіне ұру, қоймастан ұра беру.* Молдекең өз арқасын өзі сыпыртқымен *ұргылап* жатты (Өсіпов).

ҰРҒЫШ *Ұра білетін, ұруға шебер.* Бөтей сойылға мықты, *ұргыш* жігіт (Алтайбаев).

ҰРҒЫШТА *Қайта-қайта, үсті-үстіне ұру, соғу.* Пимасын белағашқа *ұргыштап,* шаңын қағып жатыр (Соқпақбаев).

ҰРКӨППЕ *Бөспе, даңғой, елірме. Ұркөппе,* даңғой Тұрсынды әдейі алдыртты (Сматаев).

ҰРЛА *Бір нәрсені білдіртпей, жасырып алып кету.* Осы күнде кітап *ұрлайтын* бір жаман әдет бар (Дәуренбеков).

ҰРЛАҒЫШ *Ұрлыққа шебер, ұрлықты кәсіп еткіш.* Мал *ұрлағыш* баукеспелердің сирағын қырықпаса болмайды (Аманшин).

ҰРЛАН 1. *ыр. етіс. Ұрла-н.* 2. *Жасырыну, бұғыну.* Залдың артқы есігінен ептеп, *ұрлана* басып кірдік (Бадыров).

ҰРЛАП-ҚАРЛАП *Оғып-бұғып, онан-мұнан жырымдап.* Мал жиып арамдықпен *ұрлап-қарлап,* Қусың десе, қуанып жүр алшаңдап (Абай).

ҰРЛЫҚ *Біреудің бір затын, нәрсесін иесіне білдірмей меншіктену түріндегі қылмысты іс.* Өмірі істеп көрмеген *ұрлықты* істедім (Ақбаев).

ҰРЛЫҚ-ҚАРЛЫҚ *Ұрлық істегендік, біреуді тонаушылық.* Ақсақ Карлдың *ұрлық-қарлықпен* ісі жоқ (О. Сәрсенбаев).

ҰРЛЫҚШЫ *Ұрлық істеп дәніккен, ұрлықты кәсіп еткен адам.* Аманбай *ұрлықшы* деген атпен абақтыға қамалды (Тоғысбаев).

ҰРЛЫҚШЫЛЫҚ *Ұрлықты кәсіп етушілік.* Осы буын батырлықтан гөрі *ұрлықшылыққа* икемді сияқты (Қыдырбекұлы).

ҰРМА I *Тоң мойын, нойыс, дүлей.* Ол маған дөрекілеу *ұрма* боп көрінетін (Бақбергенов).

ҰРМА II *Кесек былжырдан соққан құрылыс. Ұрмамен* соққан ашық қорасының әр жері опырылып құлап тоза бастапты (Нұрмағамбетов). □ **Ұрма қалып** — *соқпа қалыптардың жалпылық атауы, ұшында ою, бедері бар болат шыбық, қадаубас.*

ҰРМАЛАУ *Нойыстау, тоң мойындау.* Төлебай *ұрмалау* тура мінезді (О. Сәрсенбаев).

ҰРПАҚ I *Тұқым, жұрағат, нәсіл.* Бұл дала — ата-бабаңның жері, болашақ *ұрпақтың* жері (Өтесінов).

ҰРПАҚ II *Ұнның еленгеннен кейін қалған қалдығы; кебек. Ұрпақ* жеген сиырдың сүті мол болады (Есеналиев).

ҰРПАҚСЫЗ *Үрім-бұтақсыз, тұқымсыз.* Зәли ағам *ұрпақсыз* көз жұматын болды (Хайдаров).

ҰРПАҚТА *Өніп-өсу, балалау.* Адам қауымы *ұрпақтағалы* сенен әділ жомартты көрген емес (Әбілев).

ҰРПАҚТЫ *Ұрпағы өсіп-өнген, үрім-бұтақты.* Мырзәлі өсіп-өнген ~ отбасы.

ҰРПАЯ *Ұрыққа қалдырылған жоңышқаның дәні алынбай сабағымен, яғни паясымен тұрғандағы қалпы.*

ҰРТ I *Жақ пен иекті тұтастырып тұратын, езуден шықшытқа дейінгі жердегі ет.* Омар уайымнан алты-жеті күн ішінде *ұрт* еті босап,

жүдеп қалды (Бөкеев). ◊ **Бір ұрты май, бір ұрты қан** — *екі жүзді, қанын езер адам.* **Ұртын майлады** — *біреуді ішкізіп-жегізіп, аузын алды.* **Ұрты суалды [солды]** — *азып-тозды, жүдеп-жадады.*

ҰРТ II *Бір бет, нойыс.* Тұрлыбек Есенейдей *ұрт* мінез, өр көкірек емес (Ғ. Мүсірепов).

ҰРТТА 1. *Сұйық затты бөліп-бөліп жұту.* Бірімқұл қаймақ құйған күрең шайды *ұрттай* берді (Құрманбаева). 2. *Ішімдік ішіп, қызып жүру.* Түктібаев епте *ұрттап* алған секілді (Қ. Жұмаділов).

ҰРТТАМ *Бір ұрттарлық, бір жұтым.* Бір *ұрттам* шай әкеліп берер жан қасымда болар ма еді (Өмірбеков).

ҰРТТАУ *Нойыстау, дұңктеу.* Қасеннің де *ұрттау* мінезі болатын (Майлин).

ҰРШЫҚ I *Жүннен шүйкелеп жіп иіруге арналған жеңіл аспап.* Нұрсұлу иіріп отырған *ұршығын* жанына қоя салды (Алдамжаров).

ҰРШЫҚ II *Жан-жануарлардың асықты жілігі мен ортан жілігінің түйіскен жеріндегі қозғалмалы сүйек.* Оң иықтың *ұршығы* тайып, бұғанасы сынған екен (Салғарин).

ҰРШЫҚША *Ұршық тәрізді, ұршық секілді, шыр айнала.* Кетпен Нұржан қолында *ұршықша* ойнайды (Тобағабылов).

ҰРЫ *Ұрлықты кәсіп еткен адам.* Дүйсен де *ұры* (Мұқаев). ◊ **Ұры сай** — *жықпыл-жықпылы көп жыныстысай.* □ **Ұры түйе** — *бота кезінен үйге басын сұғып, босағадан не үй маңынан оның-мұны жеп әдеттенген түйе.* **Ұры тіс** — *тіс үстінен шыққан арам тіс.* ◊ **Ұрының арты қуыс** — *сезіктенді, қорықты.*

ҰРЫҚ I 1. *Тұқым; дән.* Диқандарымыз жүгері, бидай сорттарының *ұрықтарын* егеді (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Негіз, түп, тамыр.* Білім мен мәдениеттің *ұрығын* ауылдық жерде сендер сеппегенде, кім себеді? ("Қаз. әдеб.")

ҰРЫҚ II 1. *Аналық организмнің құрсағында өсіп-жетілетін ұрпақ.* 2. *Ұрықтанған өсімдік гүлінен өсіп шығатын бөлік, жеміс.* □ **Ұрық алмастыру** — *екпе өсімдіктерді бір жерге кезектестіріп өсіру әдісі.*

ҰРЫ-ҚАРЫ *Ұрлық жасайтын, соны кәсіп ететін адам.* Саудагерге көз тігіп жағалап жүрген *ұры-қары* аз емес (Тоқаев).

ҰРЫҚТАН *Тұқым шашу, ұрық егу.* 35 күннің ішінде мал толық *ұрықтанып* болды (Айнабеков).

ҰРЫҚТЫҚ *Ұрық болар лық тай, ұрыққа тән. Ұрықтық* қанның клеткалық элементтерінің дамуы эритроциттердің түзілуінен басталады (Нұрматжанов).

ҰРЫМТАЛ: ұрымтал жер — *қолайлы жағдай, ыңғайлы жер.*

ҰРЫМТАЛДАУ *Қолайлырақ, ыңғайлылау.* Шофер машинаны *ұрымталдау* жерге қойды ("Қаз. әдеб.").

ҰРЫМТАЛДЫҚ *Қолайлылық, ыңғайлылық.* Ақбота болысының Семейге *ұрымталдығының* өте бір жақсы жағы ауылдан мектеп ашуға қолайлы болды (С. Бегалин).

ҰРЫН 1. *Бір нәрсеге қақтығу, соқтығу.* Ол қараңғыда қорадағы ашаға *ұрынамын* ба деп қорыққан еді. 2. *Бір пәлеге, жаманшылыққа душар болу, кезігу.* Қаршыға боранға *ұрынып,* адасып кетті (Ж. Молдағалиев). ◊ **Ұрынарға қара таппады** — *кімге түсерін білмеді, өз-өзінен қағынды.*

ҰРЫН: ұрын келді **[барды]** — *(көне.)* — *күйеу жігіт жеңгелеріне сый-сияпат алып, айттырған қыздың аулына жасырын келді.*

ҰРЫНДЫ: ұрынды жер — *ыңғайлы жер, қолайлы сәт.*

ҰРЫНШАҚ *Біреуге орынсыз соқтығып, түсе беретін.* Жұматай бұрынғыдан бетер *ұрыншақ* болып кетті (Қаназов).

ҰРЫНШАҚТАУ *Түсе бергіштеу, орынсыз соқтығыштау.* Құрман - еді.

ҰРЫНШАҚТЫҚ *Қызбалық, түскіштік.* Қорылғайын менің *ұрыншақтығымнан* қорықты (С. Жүнісов).

ҰРЫП-ЖЫҚ *Сылқита сабау, өлімші қылып ұру.* Бір топ адам жылқышыны *ұрып-жығып,* тоғыз жылқысын әкетті ("Соц. Қаз.")

ҰРЫП-СОҚ *Ұру, соғу, сабау.* Шара балаға жеку дегенді, *ұрып-соғу* дегенді білмейді (Тарази).

ҰРЫС I 1. *Соғыс, айқас, майдан.* Минскіге бет алған *ұрыста* Садық кеудесінен жараланды (Төреқұлов). 2. *Жанжал, керіс.* Егес те, талас та жоқ, аяқ астынан *ұрыс* шығарды (Сатаев).

ҰРЫС II 1. *Соғысу, айқасу, төбелесу.* Екі жігіт қызыл шеке болып -ты. 2. *Айқайлап жәбірлеу, сөгу.* зеку. Екі қатын *ұрысар* да керісер, Керісер де келісер (Мақал).

ҰРЫС-КЕРІС *Дау-жанжал, айқай-шу, жанжал. Ұрыс-керіс* шығарып, Күлпашқа күн көрсетпеді (Жәкенов).

ҰРЫС-ҚАҒЫС *Іліп-тартпа, кикілжің, шаншу сөз.* Әйелдер басы көбейсе, *ұрыс-қағысы* да болып тұрады (Шүкіров).

ҰРЫСҚАҚ *Ашуланшақ, жанжалшыл, ұрыса кететін.* Аш кісі *ұрысқақ,* Ауру адам тырысқақ (Мақал).

ҰРЫСҚАҚТЫҚ *Ашушаңдық, жанжалқойлық.* Өгей шешесінің -ғы басым еді.

ҰРЫСҚЫШ *Ұрысқақ, ұрыса бергіш.* Әжем бұл күндері кім көрінгенмен *ұрысқыш* болып кетті (С. Мұқанов).

ҰСАҚ 1. *Уақ, кішкене, ірі емес.* **Ұсақ** тастар сайдың түбіне қарай домалай жөнелді. 2. *Қойешкі, уақ мал.* 3. *Тиыннан құралған майда ақша.* Атасы *ұсақ* бір сомды қағаз бір сомға орап немересіне берді. ◊ **Ұсақ адам** — *біреудің мерейін көре алмайтын, іші тар кісі.* **Ұсақ сөз** — *өсекаяң, пыш-пыш сөз.* □ **Ұсақ шабақ** — *тұқы тұқымдасына жататын ұсақ балық.*

ҰСАҚТА 1. *Майдалау, уақтау, ұсату.* Дәулет отынды көл-көсір етіп *ұсақтап* тастады (М. Сүндетов). 2. *Ауыс. Азғындау, азып-тозу.* Жылдан-жылға балық тұқымдары да *ұсақтап* барады (Шүкіров). ◊ **Ұсақтап кетті** — *жоқты айтып кетті, өнбес іске көшті.*

ҰСАҚ-ТҮЙЕК: *уақ-түйек, майда-шүйде заттар; ұсақ-түйек кемшілік; ұсақ-түйек есеп.*

ҰСАҚТЫҚ *Ұсақ, мәнсіз мәселемен шұғылдану-шылық.*

ҰСАҚШЫЛДЫҚ *Ұсақ құлық; анау-мынауға мән берушілік.*

ҰСАТ *Майдалау, үнтақтау, тұрау.* Сабанды малға турап *ұсатып* беру қажет (Қарасаев).

ҰСҚЫН *Әлпет, кескін, кейіп, пішін.* Қаншайым ағасының **ұсқынының** өзгергеніне таңырқады (Мыңжасарова).

ҰСҚЫНДЫ 1. *Ұқсас, сияқты, тәріздес.* Кеудесі шалқақ біткен тау **ұсқынды** (Мәуленов). 2. *Кескінді, әрлі, ажарлы, келбетті.* ~ қыз.

ҰСҚЫНСЫЗ *Ажарсыз, келбетсіз, сұрықсыз.* ~ кісі.

ҰСҚЫНСЫЗДАН *Түсі қашу, өңсіздену.* ~ып кеткен.

ҰСҚЫНСЫЗДЫҚ *Сұрықсыздық, көріксіздік.* Еңлікті айттырып отырған адамның сырт бейнесінің **ұсқынсыздығын** аңғарамыз (Р. Нұрғалиев).

ҰСТА I 1. *Темірден, ағаштан неше түрлі бұйым жасап шығаратын шебер адам.* ◊ Қас уста — *нағыз шебер адам.* 2. *Ауыс. Өнерлі, майталман, тілмар.* Сүлеймен арабша сауатты, қара сөзге **ұста**, әңгімешіл адам ("Қаз. әдеб."). ◊ Сөз ұстасы — *сөзге шешен адам.*

ҰСТА II 1. *Бір нәрсені қолмен қармап тұту.* Қолына жарық **ұстап** екі бөлмені аралап шықты (Мекебаев). 2. *Бір затты бір жерге тұту, құру.* Үй ішіне масаты қызыл кілемдер **ұстаған** (Сейфуллин). 3. *Бір затты қажетке жарату, кәдеге асыру, пайдалану.* — Апа, ақшаны үнемдеп **ұстайықшы** (Қаз. әдеб.). 4. *Қолға түсіру, қамау, тұтқындау.* Қален ағамды **ұстап** әкетті (Есенжанов). ◊ Балалығы ұстады — *балаға тән іс істеді.* ◊ Бетке ұстады — *алға тартты, желеу етті.* Жағасын ұстады — *таң қалды, таңырқады.* Жыны ұстады — *ашуланды.* Тамырын ұстады — *сөз тартты, байқап көрді.* ◊ Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында — *кім көрінгенге жем болды, талапайға түсті.*

ҰСТАЗ *Тәлім-тәрбие, білім беретін оқытушы, ақылшы, жетекші.* Әдебиет жөніндегі ең алғашқы **ұстазым** осы әжем болды. (Б. Тоғысбаев).

ҰСТАЗДЫҚ *Оқытушылық, тәлімгерлік.* Ишмұхамедовтің **ұстаздық** еткеніне қырық жылдан асты (Байжанов).

ҰСТАЗХАНА *Мектептегі мұғалімдер бөлмесі.* Сәуле **ұстазханаға** кіріп келді (Жұлдыз).

ҰСТАЛЫМ *Фотоаппарат тиегінің ашылып-жабылу уақыты.* Қараңғы жерде түсірсек, біз онда фототиектің ұзағырақ ашылып тұруы үшін **ұсталым** мөлшерін көбейтеміз ("Пионер").

ҰСТАЛЫҚ *Уста өнерін кәсіп етушілік, шеберлік.* Жеті атасынан бері қарай **ұсталық** дарыған. (Оразалин).

ҰСТАМ *Өзін-өзі ұстай білушілік, сабыр, шыдам, төзім.* Сәулені сүйгенің рас болса, **ұстамыңа** берік бол, шырақ (Ө. Тәжібаев).

ҰСТАМА *Еліріп, екіленіп ауыратын ауру; қызба мінез.* Екі күннің бірінде ескі **ұстамасы** ұстап кететінді (Б. Мұқаев).

ҰСТАМАЛЫ *Соқпа-соқпада ұстайтын, үйренішкті талма (ауру).* Кексе қатынның **ұстамалы** ауруы бар (Т. Әлімқұлов).

ҰСТАМДЫ *Байыпты, байсалды, сабырлы.* **Ұстамды** көрінген Рая нағыз тентектің өзі болып шықты (Тарази).

ҰСТАМДЫЛЫҚ *Байыптылық, байсалдылық, сабырлылық.* Шарипа да **ұстамдылығын** жоғалтпай отыр (Еркебаев).

ҰСТАМДЫРАҚ *Сабырлырақ, байсалдырақ.* Нұрғали інісінің бұрынғысынан **ұстамдырақ** болғанын байқады (Санбаев).

ҰСТАМСЫЗ *Өзін-өзі ұстай алмайтын, шыдамсыз.* Байтастың **ұстамсыз** екенін Гүлжаһан бірден сезді (Жақсыбаев).

ҰСТАМСЫЗДЫҚ *Тұрақсыздық, бостық.* Ол өзінің **ұстамсыздық** көрсеткеніне ұяла түсті (Жақсыбаев).

ҰСТАН *Белгілі ұрдісті, әдет, дәстүрді сақтау, бойсұну.* Ата салтын **ұстанғаннан** кеміп қалмаймыз ғой (О. Ахметов).

ҰСТАНЫМ *Нақты бір мәселеге көзқарас; позиция.* Бұл мәселе жөніндегі менің **ұстанымым** "Огни Алатау" газетінде толық бейнеленді ("Алматы ақшамы").

ҰСТАР: атұстар — *жаңа туған жас бала, ұл.* Атұстарың болды, бауы берік болсын.

ҰСТАРА *Шаш алатын өткір жүзді пышақ түрі.* Жағынан шашын **ұстарамен** қырғызып жүретін (Исабаев). ◊ Ұстараның жүзіндей — *аумалы-төкпелі, бірде олай, бірде былай;*

ҰСТАРТ *Ұштау, шыңдау, жетілдіру.* Әбдірашев музыкалық сауатын **ұстарта** білді ("Қаз. әдеб."). ◊ Тіл ұстартты — *дұрыс сөйлеуге, шешендікке үйретті.*

ҰСТАС 1. *орт. етіс. Уста-с.* 2. *Белдесу, күресу.* Тәуекелге бел байлап **ұстасып** көрейік, мүмкін жығармыз (С. Мұқанов). 3. *Біреумен байланысу, өштесу, тартысу.* Сыбан Раптаның шүршіттермен мықтап **ұстасқан** түрі бар сияқты (Ө. Кекілбаев). 4. *Жанжалдасу, ұрысып-керісу, таласу.* Әбден байболыспен **ұстасып**, шатақтасып жатқаны мәлім (Ж. Аймауытов).

ҰСТАТ 1. *өзг. етіс. Уста-т.* 2. *Екі затты бірбірімен жалғастыру, бекіту.* Ердің жеке бөлшектерін бір-бірімен шеге арқылы **ұстататын** (Арғынбаев).

ҰСТАХАНА *Темірден әр түрлі заттар жасап шығаратын шеберхана.* **Ұстаханадан** гүілдеген көріктің даусы естіліп жатты (Х. Рахимов).

ҰСТЫН *Үлкен ғимараттардың ішкі төбесін және маңдайшаны тіреп тұратын, сәулеттік шеберлікпен салынған тіреу, бағана; колонна.* Индиядағы **ұстын** сыры әлі жұмбақ қалуда ("Білім және еңбек").

ҰСЫН 1. *Бір нәрсені біреуге қолымен беру.* Зада қарт **ұсынған** гүл шоғын алып, Ахаттың бетіне қарады (Тұрсынқұлов). 2. *Ауыс. Белгілі бір атаққа, марапатқа, лауазымды орынға қолайлы деп табу, ұйғару.* Біз сізді ең жоғарғы наградаға **ұсынғалы** отырмыз (Бердіқұлов). ◊ Бойсұнды — *бас иіп мойындады.*

ҰСЫНАҚТЫ *Іскер, пысықтық, шебер.* Ол ер шабатын, домбыра жасайтын қолы **ұсынақты** адам (Ерғалиев).

ҰСЫНАҚТЫЛЫҚ *Іскерлік, пысықтылық, шеберлік.* Жексеннің **ұсынақтылығына** қатты разы болды (Қанахин).

ҰСЫНЫМ: қол ұсыным — *жап-жақын, тиіп тұрған жер.*

ҰСЫНЫС *Тұжырымды пікір, нақтылы тілек.* Жаңыл мен Тәңірберген бұл **ұсыныспен** келісті (Өлсеров).

ҰТ I 1. *Түрлі ойындарда, спорт сайыстарында қарсы жақты жеңу.* Мен шахматтан Нұрпейісовті *ұттым* ("Қаз. әдеб."). 2. *Бір нәрсені ұнемдеп, пайда көру, жол қысқарту.* Түнгі салқында *ұта* жүріп, күн көтеріле келді (Әбдіқадыров).

ҰТ II *көне. Жылдың екінші айы, ақпан; февраль.*

ҰТҚЫР *Ұтымды, тапқыр, шебер.* Мәлікзада тілге де *ұтқыр,* шебер күйші еді (Қайырбеков).

ҰТҚЫРЛЫҚ *Ұтымдылық, мазмұндылық.* Сұлтанмахмұт Майраның сөзінен асыл *ұтқырлық,* бейнелі ақиқат сезді (Әбілев).

ҰТЫҚ *Ұтымды тұйін, тұйінді сөз.* Сәлім мен Жарас та қарап қалып жатқан жоқ, *ұтығын* тауып ұстап беріп жатыр (Домбаев).

ҰТЫҚТЫ *Ұтымды, ұйлесімді, орынды.* Әділ тағы да *ұтықты* дәлелін білдіріп қалды (Сматаев).

ҰТЫЛАП *Бірінен соң бірі іліп әкету, жалтаруға мүмкіндік бермеу.* Әнді бірден-бірге *ұтылап* Еділ мен Жайыққа жеткізді (Ақышев).

ҰТЫЛЫС *Ұтылып қалушылық, жеңіліс.* Бейбіткүл бір ойыннан *ұтылыс* тауып, өлең айтты (Сатаев).

ҰТЫМДЫ *Ұтықты, орынды, пайдалы, тиімді.* Әрбір күнді *ұтымды* пайдалануымыз керек (Ертаев). □ **Ұтымды сөз** — *тауып айтқан орынды сөз.*

ҰТЫМДЫЛЫҚ *Тиімділік, ұтқырлық, орындылық.* Оның сөзінің жүйелі *ұтымдылығы,* дәмді саздылығы тартады (Әбуталиев).

ҰТЫМДЫРАҚ *Ұтықтылау, тиімдірек.* Мұғалім қайткенде де *ұтымдырақ* ұғындыру үшін көп ізденді (Ерғалиев).

ҰТЫМСЫЗ *Мәнсіз, жөн-жосықсыз.* ***Ұтымсыз*** ұйқастар жинақтың жүгін жеңілдетіп жіберген (Қаз. әдеб.).

ҰТЫС I 1. *Сайысқа түсіп жеңіп шығушылық, жеңіс.* Әшімде *ұтысқа* да, ұтылысқа да әзір жанның бейнесі бар (Әбілев). 2. *Ұтып алынған пайда, түсім, олжа.* Әйелге облигациядан елу мың сом *ұтыс* шықты (Тоқаев).

ҰШ I *Бір нәрсенің таусылған жері, шеті, шегі, бас жағы.* Қасым арқанның бір *ұшын* өзіне қарай тарта берді (Есенберлин). ◊ **Аяғының ұшынан басты** — *аяғын байқап басты, жымдай болды.* **Жең ұшынан жалғасты** — *ымы-жымын білдірмеді, астыртын ауыз жаласты.* **Қол ұшын берді** — *көмектесті, жәрдемдесті.*

ҰШ II 1. *Көкке көтерілу, аспанға шығып қалықтау, әуелеу.* Мергеніміз басып қалғанда *ұшқан* қалың қарғадан біреу де түспей кетті (Бадыров). ◊ **Басынан бақыт ұшты** — *бақытсыздыққа ұшырады.* 2. *Шапшақ басып жүгіру, тез зымырау.* **Құрақ ұшты** — *асты-үстіне түсіп, бәйек болды.* Аяғым әр жерден бір тиіп *ұшып* келемін (Қаназов). **Мұрттай ұшты** — *жалп етті, ұшып түсті.* **Ұшып-қонды** — *дәйек таппады, жеңілтектенді.*

ҰШ III *Суыққа ұрынып ұсу.* Боранға *ұшсақ* жанымыз шопандардан артық емес шығар! (Жылқышиев).

ҰША I *Өлген (сойылған) малдың тұтас еті, терісі, бас-сирағы, ішек-қарны, өкпе-бауырынан басқасы.*

ҰША II *Екі жамбастың үстіндегі қалың етті омыртқа мен сүбе қабырғалардың жиынтығы.* Теріні сыпыру *ұша* ілінген тірсек буыннан басталады (Әбуталиев).

ҰШАҚ *Аспан арқылы адам және жүк таситын әуе кемесі.* Біз мінген ~ баратын жерге уақытында қонды. Өскери (соғыс) ~.

ҰШАН: ***ұшан дала*** — *ұшы-қиыры жоқ кең жазық.*

ҰШАН-ТЕҢІЗ *Көл-көсір, ұлан-ғайыр, шексіз-шетсіз.* Бізде игерілмей жатқан су және жер қоры *ұшан-теңіз* (Агроном. анықтама).

ҰШАТЫН: ***ұшатын табақша*** — *басқа планетадан ұшып келетіндер мінген әуе ұшағы.* Қарағандылықтар *ұшатын* табақшаны көріп, қайран қалғандықтарын айтып жаза бастады ("Лен. жас").

ҰШҚАЛАҚ *Жеңілтек, шошақай, тұштақай.* Ол жеңілтек, *ұшқалақ* емес (Аймауытов).

ҰШҚАЛАҚТА *Жеңілтектену, шошақайлану.* Төре енді *ұшқалақтағанды* қойып, қалпына келді (Ә. Нұрпейісов).

ҰШҚАЛАҚТАУ *Жеңілтектеу, шошақайлау.* Байтас мінезі жеңіл, *ұшқалақтау* кісі болатын (Жақсыбаев).

ҰШҚАЛАҚТЫҚ *Жеңілтектік, шошақайлық.* Оның әрбір сөзінде қызбалық, *ұшқалақтық* байқалады (Тілегенов).

ҰШҚАРЫ *Байыбына бармай, жеңіл-желпі, ат үсті, үстірт. Ұшқары* тұжырым жасайтын жастар ортамызда әлі де бар (Қаупынбаев).

ҰШҚАРЫЛАУ *Жеңіл-желпілеу, үстірттеу.* Ол өзінің *ұшқарылау* пікіріне кейін өкінді (Жаркенов).

ҰШҚАРЫЛЫҚ *Істің байыбына бармау, үстірт қимыл-әрекет жасаушылық.* Істің байыбына бармай, *ұшқарылық* істеме, — деді (С. Омаров).

ҰШҚАРЫРАҚ *Жеңіл-желпілеу, ұшқарылау.* Заманбаевты тұтқынға айдатуы тым *ұшқарырақ* сияқты (Баялиев).

ҰШҚАТ *Ұсақ жапырақты қара қышқыл түсті бұта өсімдігі.*

ҰШҚЫН *Жалын шашқан ұсақ шоқ, қылау.* Киім-кешектің көбі *ұшқын* тигеннен-ақ лап-лап етісті (Күмісбаев). ◊ **Ұшқын шашты** — *жарқырады, жайнады, жалын шашты.*

ҰШҚЫНДА *Ұшқын шашу.* Терістіктен ызғарлы жел соғып, қар *ұшқындап* тұр (Иманбаев).

ҰШҚЫНДЫ 1. *Ұшқын атқан, ұшқындаған.* Жалынды, *ұшқынды* қып-қызыл шлак ақтарылды (Ғ. Мүсірепов). 2. *Ауыс. Жалын атқан, жалындаған.* ~ сөз, (өткір көз, жанар, сезім).

ҰШҚЫНДЫР *Ушықтыру, шиеленістіру.* Мен шошынам осы жұмысты *ұшқындырып* жібере ме деп (Майлин).

ҰШҚЫР 1. *Жұлдыздай ағатын жүйрік.* Екпіндеп *ұшқыр* атша қарқындаған (Байтұрсынов). 2. *Жүрдек, тез жүретін.* ~ қайық (ұшақ, пойыз). 3. *Ауыс. Тегеурінді, өткір, қызба.* ~ қиял, (сөз, тіл, ой).

ҰШҚЫРЛАН *Өткірлену, ұшталу.* Қодарқұл шын шабыттанса ғана ойы *ұшқырлана* түсетін (Тарази).

ҰШҚЫРЛАУ *Жылдамдау, өткірлеу.* Кейде мінезі *ұшқырлау* (О. Сәрсенбаев).

ҰШҚЫРЛЫҚ 1. *Жүрдектік, шапшаңдық, ұшпалық.* ***Ұшқырлық*** көрсеткен дөненнің тізгінін тартуға тура келді (О. Сәрсенбаев). Қаршыға *ұшқырлығы* болмаса, шолақ қанат, шабан құс (Ә. Нұрпейісов). 2. *Ауыс. Тегеурінділік, өткірлік.* Ақындық қиялдың ~ғы, сынның эстетикалық ~ғы, адамның ой ~ғы.

ҰШҚЫШ *Ұшақты жүргізуші; пилот.* Әскери ~, ~ штурман.

ҰШҚЫШТЫҚ *Ұшақты жүргізушілік.* Кейін ол *ұшқыштық* мамандығына ауысты (Садықов).

ҰШПА 1. *Тыз етпе, жылдам, шапшаң.* ~ ат, ~ жылқы. 2. *Ауыс. Алып ұшпа, жеңіл, тез (мінез).* Үміттің *ұшпа* мінезі ұнамаған сияқты (Тілегенов). 3. *Ауыс. Жеңіл, жұқа.* ~ қар, (бұлт, тозаң). □ **Ұшпа балықтар** — *теңізде, мұхитта кездесетін және су бетіне шығып, ондаған, жүздеген метрге дейін ұша алатын балық түрлері.* □ **Ұшпа жеміс** — *өсімдік тұқымдары мен жемістерінің жел арқылы таралуға бейімделген түрлері.*

ҰШПАҚ 1. *діни. Пейіш, жұмақ.* "Мың күнгі *ұшпақтан* бір күнгі тіршілік" дегендей... (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Бақытты өмір, шат тұрмыс.* Сәлмен мен Жұмабек бұған *ұшпақ* орнатар дейсің бе? (Тілегенов).

ҰШТА 1. *Бір нәрсені сүйірлеп ұшын шығару.* Өткір бәкісімен қарындашының бәрін *ұштап* қойыпты (Тиесов). 2. *Ауыс. Шеберлікті, өнерлілікті жетілдіру.* Өнерін *ұштайтын* үйретуші қажет (Б. Оқаев).

ҰШТАП *Қымбат бағалы жібек мата.* Кигені қызыл *ұштап* көйлек (Әбуталиев).

ҰШТАС *Ұласу, жалғасу.* "Орамал тастау" ойындар, бірімен-бірі *ұштасты* (Жұмабаев).

ҰШТАСТЫҚ *Үйлесімділік, жарасымдылық.* Ол тақырып оқу барысында *ұштастық* табуы керек (Қазақст. мұғ.).

ҰШТАУЛЫ *Ұшы шыққан, ұшталған.* Бір уыс *ұштаулы* қарындаш (Жұмаділов).

ҰШТЫ *Ұшы шыққан, ұшы бар, ұшкір. Ұшты* инелерін етіне піскілей бастады (Сарбепин).

ҰШТЫ-КҮЙДІ *Ұшты-күйді, біржола, мүлдем.* Тай байлаулы тұрған жерінен *ұшты-күйді* жоқ болып шықты (Тұлпар).

ҰШТЫҚ 1. *Бір заттың ұш жағы.* Қарындаштың сынған *ұштығымен* әлденемені шимайлайды (Жұмағұлов). Қарағайдың *ұштығы* жіңішке келеді. 2. *Бір нәрсенің кішігірім бастамасы, шетпұшпағы.* Түкең осы арада бір әңгіменің *ұштығын* шығарды (Кененбаев).

ҰШЫҚ I *Ұшынудан бет-ауызға шығатын бөртпе, сулы жара.* Аузы-басын *ұшық* қаптап, ауырып қалды (Соқпақбаев).

ҰШЫҚ II *Дәнді дақылды қырманда ұшырғанда бөлініп шығатын жарықшақ дән, майда ұшырынды.* Мына *ұшықтарынан*, егер қиса, атыма жем алайын деп келіп едім (Әбдіқадыров).

ҰШЫҚ III 1. *Инеден қалған жіптің үзігі, ұшы.* Жіптің *ұшығын* аңғарса да суыртпақтап тартуға қиял өресі жетпеді (Т. Жұртбаев). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің шет-пұшпағы, нышаны.* Ол бір әңгіменің ~ғын шығарды (Әбдірахманов).

ҰШЫҚ IV 1. *Ұшығу, қағыну, зақымдану.* Көзі *ұшыға* қағынып, ақ шел қаптап, соқыр болып қалды (Жұмаділдин). 2. *Ауыс. Шиеленісу, өрбіп өшу.* Екеуміздің арамыздағы кикілжің *ұшығып* барады ("Қаз. әдеб.").

ҰШЫҚБАС *Ортан жіліктің үлкен басы.* Қонақта болғанымызда ~ты маған ұсынды.

ҰШЫ-ҚИЫРЫ *Ол шеті мен бұл шеті. Ұшы-қиырына* көз жетпейтін шексіз дала (Ақышев). ◊ **Ұшы-қиыры жоқ** — а) *шексіз-шетсіз, ұлан-байтақ;* ә) *есепсіз, сансыз, мол.*

ҰШЫ-ҚИЫРСЫЗ *Шетсіз-шексіз, ұлан-байтақ.* Қар жамылған *ұшы-қиырсыз* жалпақ дала (Балғабаев).

ҰШЫҚТА 1. *Ауруды аластау.* Үйіне әкеп, *ұшықтап* кіргізіп, төсекке жатқызды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Сабақтап, жалғастыру, дамыту.* Айтар үзілген әңгімені қайта *ұшықтады* (Әлсеров).

ҰШЫН *Бір нәрседен жеркеніп, тітіркеніп ауыру.* Шикі жұмыртқа жұтқан кейбіріміз *ұшынып* ауырдық (Төреқұлов).

ҰШЫП-ҚОН 1. *Бәйек боп, зыр қағу, құрдай жорғалау.* Елубай не істерін білмей *ұшып-қонып* жүр (Ләмбеков). 2. *Жеңілтектену, шошаңдау.* Басқа қыздар *ұшып-қонып* жігіттерге өздері тиісіп жүр (Тоқмырзин).

ҰШЫП-ҚОНБА *Жеңілтек, шошақай.* Жеңіл мінезді, *ұшып-қонба* жан екен (Ешпанов).

ҰШЫР I *көне. Дін басыларына егін өнімінен төлейтін салық.* Хиуа ханы да әскер жіберіп *ұшыр*, зекет жинап әкететін (Кекілбаев).

ҰШЫР II 1. *өзг. етіс. Үш-ыр.* 2. *Қырмандағы астықты қауызын желдетіп тазарту.* Қырманда астық ~ды.

ҰШЫРА 1. *Кездесу, жүздесу, жолығу.* Қапар ағаймен оңаша *ұшыраса* кеттім (Әлсеров). 2. *Бір қырсыққа тап болу, шырмалу, шатылу.* Дертке ~ды; ашаршылыққа ~ды; қатал сынға ~ды. ◊ **Жылы ұшырады** — *ыстық көрінді, көзге оттай басылды.*

ҰШЫРЫНДЫ *Астық ұшырудан шыққан ұшық, қауыз сияқты жеңіл-желпі қалдық.* Екі-үш қап егін *ұшырындысын* алып арбасына тиеді (Ж. Молдағалиев).

ҰЯ 1. *Құстың балапан басатын, араның бал жинап, ұрық салатын орны.* Аққу еш уақытта ыстық жерде *ұя* салмайды ("Қаз. әдеб."). 2. *Белгілі бір заттарды шоғырландырып орнататын шұңқыр, тесік.* Шашбаутас күмістен соғылған, айналасына алты *ұя* жасаған (Досжанов). 3. *Ауыс. Қоныстанған жер, құтты қоныс.* Бүгін ұшқан *ұяңа* сен де келдің (Жұмаділов). ◊ **Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің** — *нені үлгі етсең соған үйренесің, соны істейсің.*

ҰЯБАСАР *Бүркіттің ұрғашысы.*

ҰЯДАЙ *Жып-жинақы, шағын, кішкене. Ұядай* екі бөлме (Әлсеров).

ҰЯЛ *Бетінен оты шығып қызару.* Балжан *ұялғанынан* ләм дей алмай төмен қарады (Тұрлыбаев).

ҰЯЛА I *Ұя салу, ұя жасау.* Қарақұс *ұялаған* құз жартасқа жетті (Баялиев). 2. *Жиналу, іркілу, толу.* Қозылардың кіндігі ісініп, кейде ішіне сарысу *ұялайды* (Ермеков). 3. *Шұңқыр жасау, шұңқыр қазу.* Мен *ұялаған* жерге тұқым тастап та үлгере алмаймын. ("Қаз. әдеб.").

ҰЯЛАС *Бір енеден туған, бір ұяда өскен (ит, қасқыр).* Етекте шоқиып отырған *ұялас* қасқырларды көзі шалды ("Лен. жас"). □ **Ұялас балапан** — *бір ұядан шыққан балапан.*

ҰЯЛМАЙ-ҚЫЗАРМАЙ *Ешбір шімірікпестен, ұялмастан. Ұялмай-қызармай* қос уыс жоңышқаға бес жүз сом сұрайтынын қайтерсің (Жұмаділов).

ҰЯЛШАҚ *Уяң, жасық.* Ол ~ тұйық.

ҰЯЛШАҚТА *Именіп қысылу. Ойындағысын айта алмау.* Көпшілік алдына шығып ән салмағандықтан *ұялшақтап* жүруші еді (Әбдірахманов).

ҰЯЛШАҚТЫҚ *Ұялғыштық, ұяңдық, жасқаншақтық, жасықтық.* Шынардың жүзінде балаларға тән *ұялшақтық* бар (Дүйсенов).

ҰЯЛЫ 1. *Ұясы бар, ұя салынған. Ұялы* әдіспен егілген өрік ішінара жеміс берді (Хабибуллин). 2. *Бір енеден туған, бір ұяда өсіп-өнген. Ұялы* жыртқыштарды қуа жөнелді (Тоқтаров). ◊ **Ұялы көз** — *көздің ұясы ішке кіріңкі, әдемі үлкен көз.*

ҰЯҢ 1. *Биязы, жұмсақ (жүн).* Еділбай қойының жүні қылшықты және *ұяң* болып келеді (Жанәбілов). 2. *Ауыс. Ұялшақ, бұйығы.* Төлен *ұяң,* қызға қыры жоқ жігіт (Кеңбейілов). □ **Ұяң дыбыс** — *салдырдың басымырақ қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс.*

ҰЯҢДА *Жұмсару, майдалану, биязылану.* Мойын шудасының біп-биязы болып *ұяңдағанын* көріңіз (Бегалин).

ҰЯҢДЫҚ *Бұйығылық, ұялшақтық, жасықтық.* Жігітке *ұяңдық* жараспайды (Сейсенбаев).

ҰЯТ *Ар, намыс, әдеп. Ұятты* жиып қойған Әбдібек жастардың би алаңына да кіріп кететінді шығарды (Оспанова). □ **Ұят болды** — *әдепсіздік болды, бейбастық іс істелді.* **Ұят келді** — *әдеп сақтамады.* **Ұят сақтады** — *ізет қылды, бой тартты.* **Ұят сөз** — *дөрекі сөз.* **Ұятқа қалдырды** — *масқара етті, жер қылды, ұялтты.* **Ұяттан безген** — *арсыз, ұятсыз.*

ҰЯТСЫЗ *Ардан безген, көргенсіз, әдепсіз. Ұятсыз* адам сұраншақ келеді (Мақал).

ҰЯТСЫЗДЫҚ *Арсыздық, көргенсіздік.* Сен сүйген адамыңның алдында тұрсың. Ол *ұятсыздық* емес (Мәшһүр Жүсіп).

ҰЯТСЫН *Ұят көру, қымсыну, әдеп сақтау.* Өлеңдерімді баспаға беруге *ұятсынып* жүрдім (Саин).

ҰЯТТАУ *Қолайсыздау, ыңғайсыздау.* Үйге құр алақан келгенім *ұяттау* болды (Хайдаров).

ҰЯТТЫ: ұятты болды — *ұялып ыңғайсыз жағдайда қалды.*

ҰЯТТЫҚ: ұяттығы жоқ — *сөкет емес, ұят емес.* Ұлы сөздің *ұяттығы* жоқ (Мақал).

ҰЯТШЫЛ *Намысқор, аршыл. Ұятшылын* қарашы әліне қарамай (Иманбаев).

ҰЯТТЫРАҚ *Сәл ұяттылау.* Бадырайып тұрғанды жасыру *ұяттырақ* болар (С. Мұқанов).

ҰЯШЫҚ *Кішірек ұя.* Аралар ұясына қайтып келіп, балды балауыз *ұяшықтарына* құсады (Зоология).

Ү

ҮБІР-ДҮБІР *Дабырлап, дүбірлеп шыққан әр түрлі дыбыс.* Үйдің *үбір-дүбіріне* ақсақалдардың жақсы лебіздері қосылды (Тәнекеев).

ҮБІРЛІ-ШҮБІРЛІ *Балалы-шағалы, үрім-бұтақты.* Үш қызым байға тиді, қазір *үбірлі-шүбірлі* (Тоқмырзин). ◊ **Үбірлі-шүбірлі бол!** — *үрім-бұтағың көбейе берсін деген тілек.*

ҮГІЛГІШ *Тез үгіліп кететін, үгілмелі.* Жылдар ол — шексіз бір күшті, *Үгілгіш* әрі тасқұмдай (Ж. Молдағалиев).

ҮГІЛМЕЛІ *Мұжілгіш, үгілгіш.* Қылтаның сыртқы қабатындағы тау жыныстары *үгілмелі* (Ақтаев).

ҮГІМ: бір үгім — *темекі, бидай, тары және тағы басқалардың уатып майдалауға, ұсақтауға керекті мөлшері.*

ҮГІНДІ *Үгітілген, ұнтақталған зат.* Көрпеше үстінде шашылып жатқан нан *үгіндісін* көрді (Мекебаев).

ҮГІНДІРІК *Металдарды қорыту кезінде көлемді жинақтап, көсеп отыруға арналған, қол күймеу үшін ұзын етіп жасалатын темір құрал; темір көсеу.* ~пен көмірді көседі.

ҮГІТ I *Әңгіме, баяндама өткізу арқылы бұқарага саяси әсер етудің құралы.* Қазақ қыздарының бостандығы үшін *үгіт* жүргізілді ("Қазақст. әйелдері").

ҮГІТ II *Бір нәрсені майдалау, ұсақтау, уақтау.* Сәнім алдындағы кесекті *үгітіп,* үнсіз отырып қалды (Б. Мұқаев).

ҮГІТ-НАСИХАТ *Белгілі идеяларды, ілімді, саяси теорияларды үгындыру, тарату арқылы көп-шілікке ықпал жасау, әсер ету ісі.*

ҮГІТТЕ *Ақыл-кеңес айтып көндіру, уағыздау.* Күнжан замандас құрбыларын *үгіттеп,* аттанбақ (Ергөбеков).

ҮГІТШІ *Көпшілік арасында үгіт-насихат жүргізуші адам.*

ҮГІТІЛГІШ *Тез үгітілетін, үгіттіле беретін.* Гидропинерин — суда жақсы еритін, *үгітілгіш* таблетка (Субханбердин).

ҮГІТІНДІ *Үгілген, майдаланған зат.* Бұл жердің топырағы аз, тас *үгіндісі* көп (Мырзақұлов).

ҮДЕ *Бір нәрсенің қалыпты шамадан артуы; үлгаю, күшею.* Қар екпіні күшейіп, жел де *үдей* түскен (Тілегенов).

ҮДЕ: үдесінен (үдесіне) шықты — *ойындағысын орындады, мұратына жетті.*

ҮДЕЛІ *Мүдделі, мақсатты.* Тіршіліктің қайғы-мұңы *үделі* үмітке ұштасып жататын (Тұрысов).

ҮДЕМ *Үдемелі қимыл-қозғалыс, екпін.* Үнемі үдеміне *үдем* қосып, сыдыртып келеді жануар ("Қаз. әдеб.").

ҮДЕМЕ *Үдей түсетін, дамымалы.* Көліктің *үдеме* қимылы көп қиындық келтіреді ("Білім және еңбек").

ҮДЕМЕЛЕ *Үдей түсу, үсті-үстіне даму.* Қазіргі заманда ғылым *үдемелеп* келеді (Машанов).

ҮДЕМЕЛІ *Еселеніп арта беретін, үстемеленіп молая беретін, көбейе түсетін.* Құрманғазының күйлері, *үдемелі* болып келеді (Сиранов). ◊ **Үдемелі қозғалыс (физ.)** — *жылдамдығы үздіксіз артып отыратын қозғалыс.*

ҮДЕМЕЛІК *Үдей түсетіндік, дамығыштық.* Мазмұнды талдау жасалған, соның бірі — ой *үдемелігі* ("Қаз. әдеб.").

ҮДЕР 1. *Жедел көшу, жөңкілу.* Үргеніштен *үдеріп* келеміз (Сапаров). 2. *Ауыс. Шошыну, қорқу.* Сапар жағасынан ала кететіндей *үдеріп* отыр (Жалғыз салт.).

ҮДЕРЕ 1. *Жедел, тоқтаусыз, жаппай.* Күндіз-түні көлік белін суытпай ***үдере*** қашқан байлар (Жәкенов). ◊ **Үдере көшті** — *асығыс жапатармағай көшті.*

ҮДЕРМЕЛІ *Тоқтаусыз, үздіксіз, ұзақ. Үдермелі* жорықтан әбден қажыған (Бақбергенов).

ҮДЕРІС *Қауырт қозғалыс, қарбалас.* Егін жинауға қатысып жүргендердің қай-қайсысы да осындай бір ***үдерістің*** үстінде ("Лен. жас").

ҮДЕТКІШ *Істің, қимылдың қарқынын күшейте, үдете түскіш, өсіргіш.* Протондық ~.

ҮДЕТПЕЛІ *Үдей түскен, дамытпалы.* Асығып әнге басты ***үдетпелі*** (Игенсартов).

ҮДЕУ *физ. Жылдамдық қарқынының уақыт бірлігі ішінде өзгеруін көрсететін физикалық шама.* Тартылыс күштің әсерінен планета ***үдеу*** алып отырады (Астрономия).

ҮДІРЕЙ 1. *Тікірею, ұрпию.* Тарлан төбеттің қара қылшықтары ***үдірейіп*** кеткен (Көшімов). 2. *Ауыс. Зәресі ұшу, қорқу.* — Ойбай, мынау не?! — деп алдымнан Балымжан ***үдірейе*** қарады маған (Жаркенов).

ҮЗ *Тұтас заттың бір бөлігін қолмен ұзіп алу, сындыру, жұлу.* Гүлді өз қолымен ***ұзіп*** әкелді (Келімбетов). 2. *Ауыс. Белгілі бір істі әрі қарай дамытпау, тоқтату.* Әңгімесін (оқуын, байланысын) ***ұзді***. ◊ **Қара үзді** — *көзден таса болды, ұзап кетті.* **Тепсе, темір үзетін** — *күшті, мықты, қарулы.*

ҮЗБЕ 1. *Шынжыр және т. б. заттардың жеке түйіні, өзара тізбектеле байланысатын жеке-жеке бөлігі.* Сағатының алтын ***ұзбесі*** жарқ-жұрқ етеді (Аманшин). 2. *Жүгеннің ауыздықпен жалғасар тұсындағы сұлықта болатын ілме темір яки тиек.* Жүгеннің ***ұзбе*** күмістері көрінеді (Машанов).

ҮЗБЕКТЕ *Бөлшектеу, ұзбелеу, ежіктеу.* Шал осы сөздерін ***ұзбектеп*** зорға айтты (С. Мұқанов).

ҮЗБЕКТЕП-СОЗБАҚТА *Әне міне деп созу.* Манадан бері ***ұзбектеп-созбақтап*** айтайын дегенім осы еді (С. Мұқанов).

ҮЗБЕЛЕ *Бедерлеу, өрнектеу.* Оюлап уықтарды күмістеген, ***Үзбелеп*** алуан шебер, зергер (Шортанбаева).

ҮЗБЕЛІ *Бүктемелі, құрамалы. Үзбелі* домбырамды құрастырып алдым (Өмірзақов). □ **Үзбелі сырға** — *бірнеше буынтықты сырға.* □ **Үзбелі түйме** — *алтын не күмістен ұзбелеп жасаған түйме; әшекей.* Ескіден қалған көне деп, ***ұзбелі*** алтын түйме деп ("Қыз-Жібек").

ҮЗБЕН: *Кеспе көже — кейбір жерде иленген қамырды ұзынша бауырсақ сияқты кесіп, оны суға қайнатып, сүт қосып пісіретін көже.*

ҮЗБЕСТЕН *Үнемі, ұдайы, ылғи.* "Қазақфильм" киностудиясы ***ұзбестен*** жыл сайын кемі бір фильм шығару міндетін алып отыр (Смайылов).

ҮЗГІЛЕ *Бір нәрсені, затты бөлектеу, ұзіп-ұзіп тастау.* Бөлке нанды ***ұзгілеп*** дастарханға үйіп тастады (Сейфуллин).

ҮЗДІК I *Озат, озық, алдыңғы қатарлы.* Сәуле — ең ***ұздік*** оқушы (Баймаханов).

ҮЗДІК II 1. *Қалжырау, әлсіреу, нашарлау.* Дәрмені бітіп, күші сарқылып ***ұздіккенін*** тым кеш сезді (Д. Досжанов). 2. *Ауыс. Ашығу, жүрегі қараю. Үздігіп* қалған атқа көк жоңышқадан көп беруге болмайды (Ғаббасов). 3. *Ауыс. Ықыласы түсіп берілу, мейірлену.* Өнді ***ұздігіп,*** елтіп тыңдасаң ғана ләззат табасың (Нұржекеев).

ҮЗДІК-СОЗДЫҚ *Ілгерлі-кейінді, шұбатылған.* Жол бойы ***ұздік-создық*** машина керуенінен көз сүрінеді (Кеңпейілов).

ҮЗДІКСІЗ *Тынымсыз, үнемі, толассыз.* Астықты элеваторға ***ұздіксіз*** жөнелттірді (Алдабергенов).

ҮЗДІКТЕН *Үзік-үзік болу, бөліну, шашырау.* Шаңқышылар тобы ***ұздіктеніп*** шашырап кетті (Нұрғазин).

ҮЗДІКТІК *Озаттық, алда болушылық.* Өзінің ***ұздіктігімен*** көзге түскен оқушылар ("Қазақст. мект.").

ҮЗДІК-ҮЗДІК *Ауық-ауық, анда-санда бір. Үздік-ұздік* үрген иттің даусы естілді (А. Хангелдин).

ҮЗЕҢГІ *Ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі. Үзеңгіге* аяғын салып еді... (Әлішев). □ **Үзеңгі жолдас** — *қатар өскен, замандас.* ◊ **Үзеңгі қағысты** — а) *бір-бірінен қалыспай қатарласып жүрді;* ә) *еңбек жарысына тұсіп жанталасты.*

ҮЗЕҢГІЛЕС I *Замандас, тұстас, қатар құрбы.* Сәкеннің ***үзеңгілес*** жолдастары сиреп азайып келеді (Бодықов).

ҮЗЕҢГІЛЕС II *Қатарласу, тең тұсу.* Бекет төмен қарай шауып қайта ***үзеңгілесті*** (Күмісбаев).

ҮЗЕҢГІЛІК 1. *Үзеңгі тұрған жер, үзеңгі тұсы.* Күнгейдің шөбі ***үзеңгіліктен*** келді (Нұржекеев). Су ***үзеңгіліктен*** асты (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Бір нәрсенің табан тиетін жері.* Ақан сатының ***үзеңгілігіне*** аяғын салды (Жұмақанов).

ҮЗЕР *Ынтық болу, құмарту.* Осынша ***ұзер*** болып, соны алмасам жер үстінде жүрмеймін (Ақышев).

ҮЗУ *Ұқалау, мыжғылау. Бойдағы жел-құзды, содан пайда болатын түйін-түзды ұқалау, тарату арқылы жоқ қылу.*

ҮЗІК I *Киіз үйдің жоғарғы жағына, уықтың үстіне, туырлықпен астастырыла жабылатын киіз. Үзік — туырлықтан жоғары, уықтың үстіне жабатын киіз (Қасиманов).* □ **Үзік бау** — *киіз үй жабдығы.* **Үзік сән** — *үйдің киіз жабуы.*

ҮЗІК II *Жіп, арқан сияқты заттың ұзілген бөлегі.* Ақыры, ***ұзікті*** тапты да телефонын жалғады (Сыздықов).

ҮЗІКТІ *Үзік жабылған, ұзігі бар.* Қазақ киіз үйлерінің ***ұзікті*** үй, көтерме туырлықты үй деп аталатын да түрлері бар (Қасиманов).

ҮЗІЛГІШ *Үзіле беретін, ұзілімпаз.* Мал азығы тапшы болған кезде жүні босаң, ***ұзілгіш*** келеді (Қыдырниязов).

ҮЗІЛГІШТІК *Үзіле беретіндік.* Жүннің ***ұзілгіштігі*** — оның жіңішкелігіне байланысты (Шопан серігі).

ҮЗІЛДІ-КЕСІЛДІ *Біржолата, ада-жұда.* Колхозда малдың сойылуына ***ұзілді-кесілді*** тыйым салынды (Тәнекеев).

ҮЗІЛДІР *Нақысына келтіріп, сызылтып ән шырқау.* Әннің соңғы сөздерін ***ұзілдіре*** шырқап тоқтады (С. Омаров).

ҮЗІЛМЕЛІ *Үзілетін, ұзілгіш.* Қыдыр ***ұзілмелі*** өзенінің өзі көп өзгергенге ұқсайды (Қанахин).

ҮЗІЛІС *Белгілі іс-әрекет тоқталатын аралық уақыт, кідіріс.* Тактикалық сабақтан соң жас шекарашылар ***ұзіліске*** шыққан (Ақышев).

ҮЗІЛІССІЗ *Демалыссыз, кідіріссіз.* Жұмыс ***ұзіліссіз*** істеліпіп, сағат 2-де бітетін болды (Әбдіраманов).

ҮЗІМ: **бір үзім** — *нанның үзіп алынған кішкене бөлшегі.*

ҮЗІМДЕ *Үзіп-үзіп бөлу, аз-аздап бөлшектеу.* Мамай балықты тарамдап, аузына ***үзімдеп*** салады (Мағауин).

ҮЗІНДІ *Шығармадан дараланып алынған жеке бөлім; бүтіннің бөлшегі.* "Абай"операсынан ***үзінділер*** тыңдалды (Жақанов).

ҮЗІП-ЖАР *Бөліп-жару, үзіп-жұлу.* Итқонақ та қызылшаға берілетін азықтан ***үзіп-жарып*** қоректенеді (Мәуленов).

ҮЗІП-ЖҰЛ *Кез келгеннен қағып-соғып пайда табу; жұлып алу, тартпақтау.* Ол тек ***үзіп-жұлып*** кетуді ғана ойлайды (Боранбаев).

ҮЗІП-СОЗ *Тартпақтау, ұзаққа созу, сөзбұйдаға салу.* Менің ***үзіп-созып*** асықпай тамақтануым екі сағаттай уақытқа созылды (Соқпақбаев).

ҮЗІП-ШАЛ *Тиіп қашу, жүре істеу.* Жылқылар бидайдан ***үзіп-шалып,*** егіннен шеттей берді (Бөриев).

ҮЗІР I *жерг. Тілек, өтініш.* Балашағаны жылы жерге орналастырсақ деген шешемнің де ***үзірі*** бар еді (Ә. Нұрпейісов).

ҮЗІР II *Назды, кәделі алыс-беріс. Жастары қатар, сыйлас адамдар арасындағы біріне-бірінің заттай әлде ақшалай болысуы.* □ **Үзірім бар** — *алыс-берісім бар.*

ҮЙ I 1. *Адам тұратын баспана.* ***Үйі*** жоқтың — күйі жоқ (Мақал). Жүсіптің бір бөлмелі ***үйі*** бар екен (Өмірбеков). □ **Үйдің сүйегі** — *киіз үйдің ағаш жабдығы.* 2. *Ауыс. От басы, үй іші.* Ана ***үйді,*** мына үйді көрсең де ұрыс-жанжал болып жатады ғой (Аймауытов). 3. *Белгілі бір қоғамдық қажеттілік үшін пайдаланылатын орын, мекеме.* Демалыс -і (балалар -і). □ **Үй ағаш** — *киіз үйдің сүйегін жасау үшін әзірленген ағаш.* ◊ **Үй болды** — *өз алдына түтін түтетіп, бөлек отау болып шықты.* **Үйден аттап шықпайды** — *ұзап ешқайда бармады.* **Үйді басына көтерді** — *даурығып қатты сөйледі, шулады.* **Үй жоқ, күй жоқ** — *үйсіз-күйсіз, баспанасыз.* **Үй жолдас** — *жан серік.* **Үй иесі** — *үй қожасы, отағасы.* □ **Үй қояны** — *үй жағдайында өсірілетін қоян.* **Үй орнындай** — *аумағы шағын, онша үлкен емес.* **Үй өсімдіктері** — *үй жағдайында өсірілетін өсімдіктер.* **Үй тапсырмасы** — *оқушыларға үйде орындауға берілетін жұмыс.* **Үй шаруасы** — *үй ішінің тіршілігі, жұмысы.* **Үй іші** — *үй адамдары, от басы мүшелері.*

ҮЙ II *Затты, нәрсені бір жерге төбе қылып жинау, үйіп қою.* Жігіттер қырмандағы бидайды тау қылып ***үйді*** ("Қаз. әдеб.").

ҮЙБИДАЙЫҚ *Бір жылдық, екі жылдық немесе көп жылдық өсімдік туысы.*

ҮЙГІШТЕ 1. *Үстемелеп үю, бір жерге жинау.* Ақ жапаны ***үйгіштей*** берді (Майлин). 2. *Ауыс. Үйіп-төгу, төпеу.* Әдеті әлі қалмапты, Сан сұрақты ***үйгіштеп*** (Шамкенов).

ҮЙДЕЙ *Үлкен, таудай.* Үндемеген ***үйдей*** пәледен құтылады (Мақал).

ҮЙДЕК-ТҮЙДЕК *Лек-лек, тобымен, бірінен соң бірі.* Қыздар даурығысып ***үйдек-түйдек*** келе жатты (Мәшһүр Жүсіп).

ҮЙДІ-ҮЙІНЕ *Әрқайсысы өз үйіне,* Омар шал бастаған көрші-қолаңдар, ***үй-үйлеріне*** тарасты ("Қаз. әдеб.").

ҮЙЕЗДЕ *Күннің ыстық кезінде жылқының, қойдың шыбыннан қорғанып, тұмсығын бір-бірінің көлеңкесіне жасырып топтанып тұруы.* Қартқожа ***үйездеп*** түрған көк құнанын ұстап, үй қасына алып келді (Аймауытов).

ҮЙЕК I *Табиғаты тіршілікке қолайлы, күні жылы, шөбі шүйгін жер.* Ел қиялы жер кезіп, жер ***үйегін*** іздеген (Қалауова).

ҮЙЕК II *Малдың тамағынан бастап қарнын қақ жара шапқа дейін тіліп алған жалпақ қайыс.* Керегенің көгін түйенің, өгіздің ***үйегінен*** тіліп алады (Қасиманов).

ҮЙЕК III *Жануарлардың құрсақ бұлшық етінің бітісу шегі, мал сойғанда құрсақ терісін тілу жолы.*

ҮЙЕЛЕ *Шұқырға немесе батпақты жерге жатып қалған малдың өз бетімен тұра алмауы.* Биеміз лайсаң батпақта ***үйелеп*** қапты (Қазыбаев).

ҮЙЕЛМЕЛІ-СҮЙЕЛМЕЛІ *Бір-біріне жасы, бойы жағынан шамалас, тетелес.* Есік алдында ***үйелмелі-сүйелмелі*** екі-үш бала ойнап жүретін (Балғабаев).

ҮЙЕЛМЕН *Үй-мүлік, үй-жай, қора-қопсы.* ***Үйеленімен*** өртеңгір тазша бала ("Қозы Көрпеш").

ҮЙЕЛМЕНДЕЙ *Дәу, сомадай, үлкен.* Киіз үйде ***үйелмендей*** бәйбіше қорылдап ұйықтап жатыр (Рахымжанов).

ҮЙЕЛМЕНДІ *Бір топ, бір қора.* Ауылың ғана емес, ***үйелменді*** елің бар (М. Әуезов).

ҮЙЕЛМЕНІМЕН *Түгелімен, түтасымен.* Қара басып қапыда қалсақ, ***үйелменімен*** өртейді (Сматаев).

ҮЙЕМЕ *Бетімен-бет болып толған, қомақталып үйілген.* Күлпаш ***үйеме*** табақ етті Қаңбақбайдың алдына әкелді (Жәкенов).

ҮЙЕМЕЛЕ *Жүкті үйіп салу, тым көп салу, арту.*

ҮЙЕҢКІ *Жапырағы қалақша тәрізді жалпақ болып келетін ағаш.*

ҮЙ-ЖАЙ *Үйге тән мүлік, тұрмысқа қажетті шаруашылық.* Қайраттың әкесінде ***үй-жай,*** дүниемүлік деген жетеді ("Қаз. әдеб.").

ҮЙКЕ *Бір нәрсені екінші нәрсеге ысу, жану.* Бетіне бетімді ***үйкеп,*** шашынан сипадым (Нұржекеев).

ҮЙКЕК *Ошақтан (оттан) түсірілген қазанды орнықты тұруы үшін астына қоюға дөңгелентіп жасалатын түгыр.* Мұндай ***үйкекті*** қазан түбіне, қазанның көлеміне бейімдеп, жерді шұқырлап та жасайды.

ҮЙКЕКТЕ *Қайта-қайта үйкелеу, көп үйкеу.* Қара қаламы жауыр жабағыша ***үйкектей*** жөнелді ("Қаз. әдеб.").

ҮЙКЕЛЕ *Бір нәрсені екінші нәрсеге ыспалау, ысу.* Керемет емес пе? — деп алақанын алақанына ***үйкеледі*** (Жұмабаев).

ҮЙКЕЛІС *Бір заттың басқа, екінші затқа үйкеліп, тиіп өтетін қозғалысы.*

ҮЙ-КҮЙ *Адам тіршілік жасайтын баспана, шаруашылық жағдай.* ***Үй-күйі*** барлар тым болмаса кір-қоңын жуып қайтады (Ысқақов).

ҮЙ-КҮЙСІЗ *Күтім-күйі жоқ, баспанасыз.* ***Үй-күйсіз*** кісінің жағдайы болар ма? (Өтесінов).

ҮЙКҮШІК *Айналшықтап үйден ұзап шықпайтын адам.* Ойын баласы қашанғы ***үйкүшік*** болып омалып отыра береді (Сматаев).

ҮЙЛЕН *Әр жыныстың екі адамның бас қосып, тұрмыс құруы; әйел алу.* Сәтім де жасы үлкендігіне қарамай Жәмиханға ***үйленіпті*** ғой (Нұржекеев).

ҮЙЛЕС 1. *Келісу, сәйкесу.* Дәрмен екеуміздің әңгімеміз *үйлеспеді* (Ө. Тәжібаев). 2. *Жарасу, қону.* Оразәлінің аппақ көйлегі өзіне *үйлесе* қалған (Құрманбаев). 3. *Өлең жолдарының ұйқасуы.* Жеті жолдан қайрылатын ұйқастың көбінше он төрт жол шумақ болып келсе, *үйлескенін* көреміз (М. Әуезов). ◊ **Үйлес тапты** — *сай келді, жарасты.*

ҮЙЛЕСТІК *Сәйкестік, жарасымдық, ұқсастық.*

ҮЙЛЕСТІРУ: үйлестіру әдісі — *қашық туысты өсімдіктерді бір-бірімен тозаңдандыру тәсілі.* **Үйлестіру кеңесі [комиссиясы]** — *белгілі бір мәселе жөніндегі жұмыстарды қадағалап тексеріп, бағыттап отыратын кеңес (комиссия).*

ҮЙЛЕСІМ *Келісім, жарасым.* Көйлекті де *үйлесіміне* қарай таңдады (Т. Әлімқұлов).

ҮЙЛЕСІМДІ *Қонымды, жарасымды, ұнамды.* Жеңгем киімнің өз түсіне *үйлесімді* жамау табады (Б. Соқпақбаев).

ҮЙЛІ *Өз алдына үй болған, үйі бар.* "Ақылбай қыстауы" аталып аз *үйлі* ауыл отыратын (С. Мұқанов).

ҮЙЛІ-БАРАНДЫ *Өз алдына тұрмыс құрған, бала-шағалы.* Қарлығаш *үйлі-баранды* болып отыр (Бөкеев).

ҮЙЛІ-КҮЙЛІ *Бала-шағалы, отбасылы.* Жігіттер әлдеқашан *үйлі-күйлі* боп кеткен (Мұратбеков).

ҮЙМЕ 1. *Үйілген, толтыра салынған, үйеме.* Мол дастархан жайылып, *үйме* табақ күріш келді (Тоғысбаев). 2. *Үйілген зат, нәрсе, үйінді.* Әмір үйдей *үйме* шөптің енін өлшеп жатыр (Жұмабаев).

ҮЙМЕ-ЖҮЙМЕ *Бір жерге шоғырланып, топтанған; опыр-топыр.* Алтыбақан маңайы *үйме-жүйме* (Ақышев).

ҮЙМЕК *Үйілген шөп.* Сәрсен шөмелені *үймектің* төбесіне тастасып жүр (Қазыбеков).

ҮЙМЕКТЕ *Жинау, үю, төбе қылу.* Топырақты ~ді.

ҮЙМЕЛЕ *Бір жерге шоғырлану, топталу.* Майра түнде шамға *үймелеп* жатқан көбелектерді көрді (Адуов). ◊ **Көзіне көк шыбын үймелетті** — *қорлық көрсетті, сорлатты.*

ҮЙМЕ-ҮЙ *Үй сайын, үй басына.* Өтікені тығып қойдындар деп, бүкіл ауылды *үйме-үй* тінтіп шықты (Нұржекеев).

ҮЙ-МҰЛІК *Үйге қажетті зат.* Сендер байға барып, *үй-мүлкі* қазынаға алынатындығына акт жасандар (Хұсайынов).

ҮЙРЕК *Башпайларының арасы жұқа жарғақ терімен тұтасқан, тұмсығы жалпақ су құсы.* □ **Үйрек бас ер** — *ердің алдыңғы басы үйректің басына ұқсатылып жасалған түрі.*

ҮЙРЕКТҮМСЫҚ *зоол. Тұрқы кішілеу, ұзындығы 60 см шамасындай сұт қоректі жануар.*

ҮЙРЕН 1. *Өзі білмеген нәрсені түсініп, көңілге тоқу, біліп алу; оқу.* 2. *Ауыс. Бір нәрсеге дағдылану, көзі үйрену, көндігу.* Мырзаштың қалжыңына қыздың бойы *үйрене* бастады (Тілегенов).

ҮЙРЕНГІШ *Білмегенін үйреніп алғыш, тез жаттыққыш.* Шолпан — үлкенге де, кішіге де сыпайы, жақсыдан *үйренгіш* абзал адам (Сатыбалдиев).

ҮЙРЕНУШІ *Басқадан үйреніп, білім алушы.* Жиенбет *үйренуші* шәкірт болып орналасты ("Білім және еңбек").

ҮЙРЕНШІКТІ *Еті үйренген, бұрыннан белгілі.* Бұл өңір Ниязбекке *үйреншікті* мекен (Асқан асу).

ҮЙРЕНІС *Іске, жағдайға бейімделіп, икемделіп кету.* Күләнтай жұмысқа енді-енді *үйренісіп* келеді (Елубаев).

ҮЙРЕТ 1. *Білмегенді білдіру, оқыту, жаттықтыру.* Ләззат бізге домбыра *үйретті* (Бекетаев). 2. *Ауыс. Асау малға бас білдіру, жөнге көндіру.* Қыраубай Торы-төбелді алғаш *үйретіп* мінді (Әлсеров).

ҮЙРЕТКЕНСІ *Білдіргенсу, үйреткен болу.* Ешмәмбет те Бижігіттің өзіне ән *үйреткенсіп* отыр (Нұржекеев).

ҮЙРЕТУШІ *Жаттықтырушы, білмегенді білдіруші. Үйретуші* шәкіртіне ұрысып, зекісе, ұстаздығының мәні болмай қалады (Өмірбеков).

ҮЙРЕТІНДІ *Дағдыланған, үйретілген, төселген.* Ол манаурап жатқан *үйретінді* арыстандарының арасында серуендеп жүретін (Әлімжанов).

ҮЙСІЗ *Тұратын жері, үйі жоқ.* ~де болмас күй.

ҮЙСІЗ-КҮЙСІЗ *Баспанасыз, тұрмыс жағдайы жоқ.* Нәйла *үйсіз-күйсіз,* жалдамалы пәтерде жүр (Мағауин).

ҮЙТ *Малды және т. б. отқа ұстап жүнін күйдіру, жандыру.* Қазанға *үйткен* семіз қойдың етін салды (Әбдіқадыров).

ҮЙТ-БҰЙТ *Олай ету, бұлай ету. Үйт-бұйт* деп, ақыл да айта бермейтін (Салғарин).

ҮЙТІП-БҰЙТІП *Амалдап, оғып-бұғып; әйтіп-бұйтіп.* Бүгін *үйтіп-бұйтіп* аман алып қалғанмен, ертең айырылады (Есенберлин).

ҮЙШІ 1. *Киіз үйдің сүйегін, қаңқасын жасайтын шебер.* Игілік Сандыбай *үйшіге* үйдің сүйегін жасатты (Ғ. Мүсірепов). 2. *Үй салушы, құрылысшы.* Дүзен мазарын Сералы деген *үйшінің* салғандығы әлі де айтылады (Сейдімбеков).

ҮЙШІК 1. *Аласа ғана баспана, кішкене үй.* Байжандардың кірген үйі сүп-суық *үйшік* (Рахимов). 2. *Ит, құс және т. б. аң-құстардың тұрағы, жатағы.* Қанден ит *үйшігіне* тығылды (Оралбеков).

ҮЙШІКТЕЙ 1. *Шағын, кішкентай ғана. Үйшіктей* әрі аласа, әрі тар ескі жер үй (Жұмақанов).

ҮЙІК *Үйілген зат, нәрсе.* Көне заманнан қалған зираттар, *үйіктер,* қамалдар жүзден асады ("Білім және еңбек").

ҮЙІЛІП-ТӨГІЛІП *Көптеп, молдап.* Кенеттен *үйіліп-төгіліп* қалған олжаға таңырқаған... (Ахметбеков).

ҮЙІМ *Жиналған, үйілген зат.* Жабу бір *үйім* тезектің жел жағына ғана жетті (Нәжімеденов).

ҮЙІНДЕУІШ *Қызылша жемісін үйіп, үстін жабатын машина.*

ҮЙІНДІ *Үйілген, төбе-төбе болып жиналған зат.* Тау-тау болған күл-қоқыс *үйінділеріне* көз сүрінеді (Бабақов).

ҮЙІНШЕК *Аздап үйілген зат, кішкентай үйінді.* Анау шеткі *үйіншекті* басқа жерге аударыңыздар (Күмісбаев).

ҮЙІП-ТӨК *Бәрін бір-ақ бере салу, жарылқау.* Өзіне жаратылыс өнерді *үйіп-төгіп-ақ* берген екен (Ләмбеков).

ҮЙІР I 1. *Бір айғырдың қарамағындағы биелер тобы. Үйірге* таласқан айғырларды қуалады. 2. *Ауыс. Бірге өскен, еңбек еткен орта, теңқұрбылардың арасы, белгілі топ.* — Ақсақал, мен өзім *үйіріммен* жүрейін (Сатыбалдиев). ◊ **Үйірге**

қосылды — *өз ортасына қайта келді, қатарға қосылды.* **Үйірге салды [түсті]** — *үйір алды, үйірге қосты.* **Үйірден айырылды** — *өзімен қатар өскен жора-жолдастардан ажырады.* **Үйірден шықпады** — *қауымның, топтың ойынан шықты.* **Үйірімен үш тоғыз** — *олжа көбейсін деген мағынадағы тілек.* **Үйірін тапты** — *өскен ортаға қосылды.*

ҮЙІР II *Бір нәрсеге жақын, жанасқыш, үйірсек.* Өсекке *үйірін* қарашы, қанша дегенмен қызсыңау (Жұртбаев). ◊ **Үйір болды** — *бауыр басып, үйреніп кетті; шырғалап шықпай қойды.* **Үйір қылды** — *бойына жақын етті, үйретті.*

ҮЙІР III 1. *Бір жерге жинау, топтау.* Ал, сен, Жарас, ана жылқыны *үйіре* өрістет (Жұртбаев). 2. *Ауыс. Өзіне тарту, қызықтыру, жақындату.* Бірден сөзге тартып *үйіріп* әкетті (Жұртбаев).

ҮЙІР IV *Шыр көбелек айналдыру, дөңгелету.* Келіншектер бірін-бірі дөңгелете *үйіріп,* қуанышты хабармен құттықтады (Әлішев). ◊ **Иманын үйірді** — *үрейін ұшырды, қатты қорқытты.* **Үршықтай үйірді** — *бір нәрсені игеріп әкетті.*

ҮЙІРЛЕ *Топ-топ ету.* Мал базарына *үйірлеп* жылқы әкеліп сатты (Бегалин).

ҮЙІРЛЕС *Бір үйірдегі, үйірі бір.* Шиебөрі қарны ашқанда ұлып, басқа *үйірлестерін* шақырады (Ізбасаров).

ҮЙІРЛЕУ *Жанасқыштау, жақындау, құмарлау.* Біздің авторлар әлі де болса сюжетті әңгімелер жазуға *үйірлеу* ("Қаз. әдеб.").

ҮЙІРЛІ *Топ-топ, үйір-үйір болып жиналған.* Тоғайдан *үйірлі* қасқырдың ізін көрдім (Иманбаев). □ **Үйірлі мүше** (*лингв.*) — *жай сөйлемнің кірделі мүшесі ретінде қолданылатын сөз тіркесі.*

ҮЙІРЛІК *Құмарлық, жақын-жуықтық.* Арақшарапқа *үйірлігім* жоқ (Бақбергенов).

ҮЙІРМЕ *Белгілі бір іспен, өнермен айналысу үшін біріккен бір топ адам.* Драма -сі, тоғыз құмалақ -сі.

ҮЙІРМЕШІ *Іспен, өнермен айналысатын топтың жетекшісі.* -лерге грамота берілді.

ҮЙІРСЕК 1. *Үйірінен айналсоқтап шықпайтын (жылқы).* Оқыранып тұрған *үйірсек* мал болу керек, қашпады (Исабаев). 2. *Ауыс. Кісіге бауырмал, іске жақын (адам).* Кімге болмасын тез *үйірсек,* ашық мінез қыз (Бектұрғанов).

ҮЙІРСЕКТЕ *Жақын тарту, үйір болу.* Мұқатай бірте-бірте әкесіне *үйірсектей* бастады (Ләмбеков).

ҮЙІРСЕКТЕУ *Үйірлеу, жақындау.* Қалжан Төленнің үйіне *үйірсектеу* (Мизамбеков).

ҮЙІРСЕКТІК *Жақындық, бауырмалдық.* Баласының өзіне *үйірсектігін* бұл іштей шүкіршілік ететін (Түменбаев).

ҮЙІРСІРЕ *Үйірін жоқтау, іздеу.* Аттар *үйірсіреген* дауыспен анда-санда кісінеп алады (С. Мұқанов).

ҮЙІР-ҮЙІР *Топ-топ болған, бірнеше топ.* - жылқы.

ҮЙІРШІЛ *Көпшіл, үйір құмар.* Мен де желкөңіл, *үйіршіл* жанмын (Ибраһим).

ҮЙІРІЛГІШ *Топтанғыш, үйірілімпаз.* Жастар да оның төңірегіне *үйірілгіш* болатын ("Білім және еңбек").

ҮЙІРІМДІ *Үйіріп әкететін, орамды, жанасқыш.* Ол үлкен-кішіге бірдей жанасқыш, *үйірімді* кісі (Қабдолов).

ҮЙІРІМДІЛІК *Жұғымдылық, жанасқыштық.* Үлкен-кіші демей *үйірімділікпен* баурап алса керек (Иманбеков).

ҮК 1. *Бір нәрсені уатып майдалау.* Балтамен мұзды ұрғылап *үгіп* талқандай бастады (Бөкеев). 2. *Дәнді уқалап қауызынан ажырату.* Масақты алақанына салып *үкті* (Досанов).

ҮКЕ *Жасы кіші еркек адамдарға еркелете айтылатын, іні мәніндегі сөз.* Өзінен бір жас кішіге *үкем* сен тұр мен сөйлейін дер еді (Едіге батыр).

ҮККІШ *Көкөніс, алма, сыр сияқтыларды үгіп майдалауға арналған жабдық, құрал; терка.* Сәбіз, болғар бұрышын *үккішпен* үгіп, тұз сеуіп араластырады ("Мәдениет және тұрмыс").

ҮКПЕ: үкпе қант — *құм шекер, ұсақ қант.*

ҮКПЕЛІ *Ұнтақталған, үгітілген. Үкпелі* көк темекінің қоңырсыған ащы исі мұңқ ете қалды (Момышұлы).

ҮКІ I 1. *Түнде ғана ұшатын имек тұмсық, ұлпілдек майда жүнді жыртқыш құс.* Жақын маңнан *үкінің* даусы естілді (Күмісбаев). 2. *Бас киімге, тағы басқа нәрсеге сәндік үшін қадайтын, үкінің ұлпілдек жүні.* Басында — бұлғақтаған *үкі,* қолында — домбыра, жігіттердің бәрі балуан, бәрі әнші (Мағжан). □ **Үкі бота [үкілі бота]** — *көз тиеді деген ұғыммен ноқтасына, төбесіне үкінің қауырсынын тағып сәндеген бота.* **Үкі көз** — *үкінің көзі секілді, бадырайған, үлкен көз.* **Үкі шабақ** — *шабақ балықтың бір түрі.*

ҮКІ II *Қыста көлдің, өзеннің мұзын ойып жасаған суат.* Жігіттердің *үкі* ойып, суға түсетін кезі емес пе (Дәуренбеков).

ҮКІДЕЙ *Үкі сияқты әдемі, сұйкімді.* Ауысым бастығы *үкідей* ұлпілдеген ақ сары келіншек екен ("Қаз. әдеб."). ◊ **Үкідей ұшты** — *тез-тез жүгірді, зырылдады.*

ҮКІЛЕ *Үкі қадап сәндеу, әдемілеу.* Бәйгеге сәйгүліктерін *үкілеп,* жал-құйрығын тарап алып келді (Әлішев).

ҮКІЛІ *Үкісі бар, үкілеген.* - тақия (домбыра, шымылдық, найза).

ҮКІМ 1. *Қылмысты істер жөніндегі соттың шешімі, жазасы.* Сот өз *үкімін* өзі қайта бұза алмайды (Шүкіров). 2. *Ауыс. Кесім, шешім.* Жазира ол жігітке тұрмысқа шықпаймын деген қатаң *үкімнен* қайтпады (Рысбекова).

ҮКІМДІК *Билік, зорлық, зомбылық.* Жас бала осылайша сөз бекітті, Қалмақтан көрдің бе деп *үкімдікті?* (Батырлар жыры).

ҮКІМЕТ *Мемлекеттік өкіметтің жоғары атқару және басқару органы.* - елдің тұрмыс жағдайын көтеруде біраз игілікті шаралар қолданды.

ҮКІМЕТТІК *Үкімет ісіне байланысты, үкіметке қатысты.* - комиссия, мекеме.

ҮКІМШІ *Үкім айтушы, кесім кесуші.* Қария өз елінің сондай күшті *үкімшісі* (Ж. Молдағалиев).

ҮЛБІР *Ұлпілдек жүнді жануарлардың бағалы терісі.* -лі қой терісі.

ҮЛБІРЕ 1. *Мамықтай, жұп-жұмсақ болу.* Көзі мөлдіреп, ерні *үлбіреп,* жұтынып тұр еді-ау (Аймауытов). 2. *Ауыс. Ұлпілдеу, ұлжу.* Абай алғаш көргендегі Тоғжандай *үлбіреді* де қалды (Жүнісова). 3. *Ауыс. Жұп-жұқа болу, ұлпілдеу. Үлбіреген* аппақ шәйіден тіккен бүрмелі қос етек көйлегі бар (Нұсқабаев).

ҮЛБІРЕК *Жұмсақ, жұқа, ұлбіреген.* Үстіне кигені *ұлбіреген* торғын жейде (Әлімжанов).

ҮЛБІРЕУІК *Ұлбіреген, өте жұқа.* Орынбек Файнаның көйлегінің *ұлбіреуік* екенін қайдан біледі (Әдібаев).

ҮЛГЕР 1. *Бір нәрсені белгілі уақытқа дейін істеп болу, тамамдау.* Қаншайым да өгіздің алдынан шығып *ұлгірген* екен (Күмісбаев). 2. *Оқуда жаман баға алмай оқу, қатарда болу.* Гүлзия *ұлгермейтін* оқушылардың фамилияларын тіркеп отыр (Еркебаев).

ҮЛГЕРІМ *Оқуды жақсы меңгерушілік, игерушілік.* Оқу *ұлгерімі* жағынан озып кетті (Исабеков).

ҮЛГІ 1. *Бір нәрсені тігу үшін арнайы жасалған форма, қалып.* Киімді -ге салып тікті. 2. *Ауыс. Өнеге, тәлім.* Жақсы *ұлгі* болатын әңгімесін шертті (Өзиев).

ҮЛГІЛЕ *Үлгі ету, ұлгі жасау.* Олардың еңбек жеңістерін *ұлгілеуге* үлкен көңіл бөлмек ("Соц. Қаз.").

ҮЛГІЛЕС *Үлгілері ұқсас, шамалас, сипаттас.* Тәуір баға алу жөнінде осы *ұлгілес* айла-тәсілдерді ескертті (Н. Ғабдуллин).

ҮЛГІЛІ *Тәртіпті, тәрбиелі, өнегелі.* Б. Майлиннің қызы Рәзия еңбекте озат, семьяда *ұлгілі* жан ("Қаз. әдеб.").

ҮЛГІЛІК *Үлгі етерлік, ұлгі боларлық.* Айтыс туралы *ұлгілік* материалдар беріп тұруымыз керек ("Қаз. әдеб".).

ҮЛГІЛІЛІК *Үлгі болушылық, тәрбиелілік.* Өнегелілік пен *ұлгілілік* сипаттар — ақын жырының негізгі арқауы ("Қаз. әдеб.").

ҮЛГІ-ӨНЕГЕ *Тәлім-тәрбиелік маңызы бар нәрсе, нұсқа.* Көкбай — Абай тәрбиесін, ақынның *ұлгі-өнегесін* жас кезінен көріп өскен адам ("Қаз. әдеб.").

ҮЛГІСІЗ 1. *Көрнекті құралсыз, нұсқасыз, ұлгі жасаусыз.* Көйлекті *ұлгісіз* пішеміз ("Қазақст. әйелдері"). 2. *Тәлім-тәрбиесіз, өнегесіз.* ~ өскен бала.

ҮЛГІШІ *Киім, кілем тағы басқа нәрсенің ұлгісін жасаушы маман.* Кілемдердің астында *ұлгішінің* емес, кілемшінің аты жазылып жүр (Қазақст. әйелдері").

ҮЛДЕ *Қымбат жұқа мата. Үлдемен* басын ораған, Семсермен шашын тараған (Алдаспан). ◊ **Үлде мен бүлде** — *қымбатты асыл мата; кілең асыл.* **Үлде мен бүлдеге бөленді [оранды, малынды]** — *не кием, не ішемін демеді, ырысқа кенелді.*

ҮЛДІР *Өте жұмсақ, ұлпадай; жұп-жұқа.* Әжімсіз ақ *үлдір* тамағын сүйе берді (Қанахин).

ҮЛДІРЕ *Жұқару, тозу, жыртылу.* Ол әр жері *ұлдіреп* қалған жалғыз көрпесін жамылды (Ақышев). 2. *Қолдың, табанның терісі суланып ойылу, күлдіреу.* Табаным *ұлдіреп,* жүре алмай қалған күндерім де болды (Шашкин).

ҮЛДІРЕК *Жұп-жұқа, жұмсақ.* Басына тартқан *ұлдірек* жібек орамалын қолымен бір түзеп қойды (Қыдырбекұлы).

ҮЛДІРІК I *Ыдыс-аяқ, тамақ қоюға арналған сөре орын.* Ауыз үйдегі қос *ұлдіріктен* тостақан көрінеді (Әбуталиев).

ҮЛДІРІК II *Қамыстың басындағы жұқа жұмсақ шашақ.* Жылқының жалы, қамыстың *ұлдірігі* сияқты жұмсақ затты жіпке байлап, бүркітке жұтқызу керек (Туған жер).

ҮЛДІРІК III *Жұқа шүберек, мәрлі.* Шалбарының бетіне ~ салып үтіктеді.

ҮЛЕ *Үлестіру, тарату. Үтсам, мен де қайтармаймын.* — Келістік, ал онда картаны *үлеңіз* (Ахметбеков).

ҮЛЕК *Нар түйенің таза тұқымды бурасы. Үлек* бураларды басқа жерлерден әкеліп пайдаланбақ (Төрт түлік). □ **Үлек бота** — *таза үлек пен аруанадан туған жалғыз өркешті еркек бота.*

ҮЛЕКШЕ *Үлек дәрежесіне жетпеген, 4 жастан асқан аруана нәсілді еркек түйенің атауы.*

ҮЛЕС I *Сыбаға, тиесі.* Мақанның *үлесіне* транзистор тиді (Ләмбеков). □ **Үлес салмағы (физ.)** — *бір зат салмағының басқа заттар салмағына қатынасын білдіретін өлшем.* ◊ **Үлес қосты** — *пайда келтірді, дамытты.*

ҮЛЕС II *Бір нәрсені әркімге тарату, бөліп беру.* Тойдан ауысқанын ауыз үйге өзім *үлестіріп* бөліп бердім (Әлішев).

ҮЛЕССІЗ *Үлесі жоқ, сыбағасыз.* Байдәулет өмірдің бар ләззатынан *үлессіз* қалды (Исабаев).

ҮЛЕСТІ *Тиісті, сыбағасына тиген, қатысты.* Өзім де *үлестімін* ғой деген базыналығы бар (Қаназов).

ҮЛЕСТІК *Сыбағасына, үлесіне тиген нәрсе.*

ҮЛЕСТІРГІШ *Затты үлестіретін, тарататын құрал.* Көң жинауға мамандардың өздері жасаған азық *үлестіргіш* қолданылады (Мал бордақылау).

ҮЛЕСТІРУШІ *Бөліп беруші, таратушы.* Баймұрат киім қабылдап, *үлестіруші* әйелді шақырды (Қосшығұлов).

ҮЛКЕЙ 1. *Өсу, ер жету, жетілу.* Балапандар *үлкейіп* те қалған ("Қазақст. әйелдері"). 2. *Көлемі арту, зораю, кеңею.* Ақтілеудің денесі *үлкейгенде* құдды әкесіндей ірі болар (Әлішев). 3. *Ауыс. Қызметі, атақ-дәрежесі жоғарылау.* Мен болашағымды ойлаймын, қалай *үлкейетінімді* қиялдаймын (Нұржекеев).

ҮЛКЕЙТКІШ: үлкейткіш шыны — *жай көзге көрінбейтін ұсақ заттарды үлкейтіп көрсететін дөңес бүйірлі шыны құрал; лупа.* Оқушылар *үлкейткіш* арқылы сонаның туыстарын анықтап үйренеді ("Қазақст. әйелдері").

ҮЛКЕН 1. *Көлемі жағынан аумақты, зор, дәу, ірі.* Каспий теңізі — дүние жүзіндегі ең *үлкен* көл. 2. *Ауыс. Бұрын туған, жасы артық.* Сәтімнен екі жас *үлкенсің* (Нұржекеев). 3. *Ауыс. Көпті көрген көне, көп жасаған қарт.* Келіннің бәрі *үлкен* әжемнің келініндей-ақ болсын (Сатаев). 4. *Ауыс. Айтулы, елеулі.* ~ оқиға (мереке, сын). □ **Үлкен андыз** *(өсім.)* — *күрделі-гүлділер тұқымдасына жататын, биіктігі екі метрге дейін жететін көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Үлкен әйел** — *бірінші алған әйел, бәйбіше.* **Үлкен дәрет** — *адамның қиы, қою дәреті.* **Үлкен үй** — *қара шаңырақ.*

ҮЛКЕНДЕУ *Көлемі үлкеніректеу, зорырақ.* ~ сазан, ~ көз, ~ бала.

ҮЛКЕНДІК 1. *Көлемі жағынан үлкен болғандық, дәулік, ірілік.* 2. *Жасы үлғайғандық, ағалық.* Мен оған *үлкендік* сөзімді кешеден бері айтудан кенде емеспін (Сәрсекеев). 3. *Ауыс. Әлімжеттік, күші артықтық.* Өзінен жасырақ балаларға *үлкендік* көрсетіп, тәкаппарлық етпейді (Танекеев).

ҮЛКЕН-КІШІ *Кәрі-жасы аралас, барша қауым.* Ағайын-туыстың *үлкен-кішісі* түгел қуанды (Ақышев).

ҮЛКЕН-КІШІЛІ *Үлкені мен кішісі аралас, әр түрлі.* ~ оқиға (көркем шығарма, балалар).

ҮЛКЕНСІ *Үлкен болғансу, үлкен болуға ұмтылу.*

ҮЛКЕНІРЕК *Зорырақ, дәуірек, ірірек.* Өзін *үлкенірек* санаған Тұрар өктемдеу сөйледі (Шаймерденов).

ҮЛП: үлп етті — *желпіп қана өтті.* Түн жылы, *үлп* еткен жел жоқ (Ибраев).

ҮЛПЕК *Үлпілдеген, жұп-жұмсақ. Үлпек* жүнді, сары езу екі балапанды көрді ("Қаз. әдеб."). Ақ *үлпек* қар түсіп жатыр (Жұртбаев).

ҮЛПЕКТЕН *Жұмсақталу, үлбіреу, үлпалану.* Шиті салмағын жойып, мақтаның *үлпектеніп* қалғандығы байқалады (Тәжиева).

ҮЛПЕРШЕК 1. *Жүрек қабының үстіндегі май қабаты.* Жүрек көкірек қуысында, өкпе аралығында *үлпершекте* орналасқан (Әбуғалиев). 2. *Ауыс. Жұп-жұқа, үлбіреп тұрған. Үлпершек* ернінде шаттық ойнайды (Ұябаев).

ҮЛПЕРШЕКТЕЙ *Уылжыған, сұп-сұйкімді. Үлпершектей* жап-жас қызды Қима бауырына тартып бетінен сүйді (Әбдірахманов).

ҮЛПЕРШЕКТІ *Майлы, қомақты.* Арты талтақ, Ұмасы *үлпершекті* (Абай).

ҮЛП-ҮЛП: үлп-үлп етті — *үлпілдеді.*

ҮЛПІКЕР *Үлпілдеп тұрған жұмсақ.* Аққу мойын, *Үлпікер* ұлпа бұғақ (Салықов).

ҮЛПІЛ: үлпіл қақты — *үлпілдеді, желпілдеді.* Жүрегі ~.

ҮЛПІЛДЕ *Жұп-жұмсақ үлбіреу.* Бойжеткеннің *үлпілдеген* жұмсақ тамағынан ұзақ сүйді (Рахымжанов).

ҮЛПІЛДЕК *Өте жұмсақ, үлпілдеген.* (~ орамал, үкінің қауыр-сыны, ~ ақ нан, ~ шаш).

ҮМБЕТ *Мұсылман дініне мойынсұнған, бағыныштыадам.* Мен де пайғамбардың бір *ұмбетімін* ғой (Жақанов).

ҮМЕ *Белгілі жұмысты жабылып бітіруге көпшілікті шақыру әдеті, асар.* Екі дүркін ел жинап, *ұме* жасап, үйдің қабырғасын көтерді (С. Омаров).

ҮМЕЛЕ *Көпшілік болып көмектесу. Үмелеп* шым ойдырып, уақытша жер үй салдыртты (Сәрсекеев).

ҮМЕШІ *Үмеге, көмекке келген адам. Үмешілер* бір күнде отап, маялап кете беретін (С. Мұқанов).

ҮМІТ *Сенім, тілек.* Жеңістен әркімнің-ақ *ұміті* болады (Жаркенов). ◊ **Үміт артты** — *сенім білдірді.* **Үміт дүниесі** — *бар арманы, ойы, тілегі.* **Үміт етті [қылды]** — *арман қылды, дәмеленді.* **Үміт оты** — *арман, тілек.* **Үміт [үмітін] үзді** — *сенімін жоғалтты, күдер үзді.* **Үмітсіз шайтан [ісі]** — *сенбеушілік, күдер үзу пендеге лайық емес, деген мағынада айтылады.* **Үміті ақталды** — *тілегі орындалды.* **Үміті кесілді [қиылды]** — *көздеген мақсаты, ниеті орындалмай қалды.*

ҮМІТКЕР *Белгілі бір нәрседен дәмелі, талапкер.*

ҮМІТКЕРЛІК *Бір нәрсеге дәмелілік, талапкерлік.* Менің кеңесім — құр *ұміткерліктен* ештеңе шықпайды (Тұрлыбаев).

ҮМІТСІЗ *Сенімін жоғалтқан, күдер үзген. Үмітсіз* адам ауру жеңген кісімен тең (Есенберлин).

ҮМІТСІЗДІК *Сенбеушілік, күдер үзгендік.* Сенен ештеңе өнбейді екен деген *ұмітсіздікпен* орнынан тұрды (Тұрлыбаев).

ҮМІТТЕН *Бір нәрсеге сену, дәмелену.* Хабиді тірі шығар деп те *ұміттендім* (Төреқұлов).

ҮМІТТЕС *Үміті, тілегі бір.* Қуаныштас, *ұміттес,* дерттес көбі (Мырзалиев).

ҮМІТТІ *Белгілі бір нәрседен дәмелі, ұміткер.* Мен осы баламнан зор *ұміттімін* (Аманкелдиев).

ҮМІТТІРЕК *Үміттілеу, сенімі зорырақ.* Бәрінен де бүйректі көшіріп қондырудың болашағы *ұміттірек* шықты (Оразақов).

ҮМІТШІЛ *Дәмеленгіш, ұміт еткіш.* Он жеті жасында да Элла *ұмітшіл* еді (Танекеев).

ҮМІТШІЛДІК *Дәмеленушілік, ұміт күтушілік.* Жігіттер мен қыздардың *ұмітшілдігі* бізді қуантады ("Соц. Қаз.").

ҮН 1. *Дауыс, дыбыс.* Сақау балада *ұн* жоқ (Мағжан). 2. *Әуез, әуен, саз. Үні* кем және жатық болмаған соң құлаққа жағымсыз болып естіліп тұр (Байтұрсынов). 3. *Ауыс. Ырғағы, тебіренісі, ықпалы, әсері.* Ыбырай өлеңдері мен онан кейінгі шыққан ақындардың *ұндері* бірдей шығып жатады (І. Омаров). ◊ **Үн жоқ, тұн жоқ** — *ешбір дыбыс шығармастан; ұн-тұнсіз.* **Үн қатпады** — *тіс жармады, лəм-мим демеді.* **Үн қосты** — *жаңа бастаманы қолдайтынын білдірді.* **Үн салды** — *дауыс шығарып жылады.* **Үн шығармады** — *лəм-мим демеді, тіл қатпады.* **Үннен қалды** — *сөзден қалды, ұндемеді.* **Үні бітті** — *даусы қарлығып, дыбысы шықпай қалды.* **Үні [дыбысы] көк [жер] жарды** — *атағы шартарапқа жайылды.* **Үні өшті** — а) *жым-жырт болды;* ə) *жойылды, құртылды.* **Үні шықпады** — *сөз таба алмады, сөзден тосылды.* **Үніңді өшір** — *даусыңды шығарма, сөйлеме.*

ҮНДЕ I *Бір нәрсе жайлы айту, сөйлеу.* Ақылбек балалардың көзінше Балжанға *ұндеген* жоқ (Келімбетов).

ҮНДЕ II *Белгілі бір істі істеуге шақыру, жар салу.* Шығарма идеясы — халық үшін күресе білуге, халықты сүюге, әділдікке *ұндейді* (Ишанов).

ҮНДЕМЕ 1. *Үн шығармау, лəм-мим демеу.* Жұмабек *ұндемей* қалды (Тілегенов). 2. *Үнін өшіру, дымын шығармау.* Ал біздің артиллерия неге *ұндемейді?* (Ташенов). 3. *Ауыс. Сабыр ету, тоқтай тұру. Ұндеме,* бәйбіше, ұлыңның мандайы жарқырап тұр (Әбдіков).

ҮНДЕМЕЙ-ТҮНДЕМЕЙ *Тіс жарып ештеме айтпастан. Ұндемей-тұндемей* ғана әдемі қызды қақ-қалы жұр екенсің (Тілегенов).

ҮНДЕМЕС I *Ойын кезінде ұндемей, күлмей отыратын ұлттық ойын; тымпи.*

ҮНДЕМЕС II *Сөзге əуестігі жоқ, аз сөйлейтін.* Өлгі *ұндемес* Сапардың қатыны бар (Райымқұлов).

ҮНДЕМЕСТІК *Көп сөйлемеушілік.* Төлептің *ұндеместігін* пайдаланып ортаға алды (Қазыбаев).

ҮНДЕС I *Əуендес, мазмұндас, сарындас.* Батырлар жыры музыкалық фольклормен *ұндес* келеді ("Қаз. әдеб.").

ҮНДЕС II 1. *орт. етіс. Үнде-с.* 2. Сәйкес келу, бір сарынды болу. Егер сырт әдемілігіне әдептілігі *ұндесіп* жатса, онда ол — нағыз әдемі адам болғаны ("Қазақст. әйелдері").

ҮНДЕСТІК *Бір-бірімен сəйкестік, сай келушілік, үйлесімділік.* Әспет пен "Айша Бибі" күмбезінде бір ғажайып *ұндестік* бар екен (Шаймерденов). □ **Ұндестік заңы** *(лингв.)* — *сөз ішіндегі дауыстылардың бірыңғай не жуан, не жіңішке болып əуендесіп (ұндесіп) айтылуы.*

ҮНДЕУ *Халықты белгілі бір іске жұмылдыру үшін жазылған ұран; шақыру.* Ел басының *ұндеуі.*

ҮНДІ I *Даусы зор, күшті.* Нақанның ашық *үнді* даусы жұрт назарын аударды (Сәрсекеев). □ Үнді дауыссыздар (*лингв.*) — *дауыс пен салдырдан құралған, бірақ салдырдан гөрі дауыс басымырақ р, л, м, н, ң дыбыстары.*

ҮНДІ II *Үндістанның негізгі халқы, үндістер.*

ҮНДІЛЕУ *Үні басымдау, үндірек.* Ағайдың даусы *үнділеу* шықты (Қожабеков).

ҮНДІЛІК *Дауыстың күштілігі, жоғарылығы.* Дауыс *үнділігі* әннің ажарын аша түседі ("Қаз. әдеб.").

ҮНДІРЕК *Үні басымырақ, күштірек.* Тасмағанбет *үндірек* сүрені таңдап алған секілді (Ж. Молдағалиев).

ҮНЕМ 1. *Шығындарды азайту арқылы қор жинау тәсілі. Үнеммен* жиған аздаған тиыным бар еді (Бектұрғанов). 2. *Құнттау арқылы құралған тамақ, қор.* Бір асаған май жылдық *үнем* болмас (Сматаев). ◊ **Үнем етті [қылды]** — *талшық етті, ептеп-септеп жеткізді.*

ҮНЕМДЕ *Не нәрсені болса да құнытты пайдалану, жұмсау.* Ақшадан *үнемдеп* жүріп үстіме шалбар, көйлек, етік алдым (Тұрсынбаев).

ҮНЕМДІ *Тиімді, құнытты.* Уақытты *үнемді* пайдаланбаса жұмыс өнбейді (Мәдиев).

ҮНЕМДІЛІК *Ұқыптылық, тиімді болушылық.* Адам баласы табиғатынан *үнемділікке,* ұқыптылыққа үйренген ("Қаз. әдеб.").

ҮНЕМҚОР *Үнемдегіш, үнемшіл. Үнемқор,* тиын жинауға қомағай, тырысқақ (Тоқаев).

ҮНЕМСІЗ *Тиімсіз, пайдасы жоқ.*

ҮНЕМШІЛ *Ысырапқа жол бермейтін, құнытты.* Жас жұмысшылар шетінен *үнемшіл,* есепшіл, ұқыпты (Мұстафин).

ҮНЕМШІЛДІК *Ұқыптылық, үнемшіл болушылық.*

ҮНЕМІ *Ылғи, әрқашан, әрдайым.* Жайылымды *үнемі* ауыстырып отыру қажет (Наурызбаев).

ҮНСІЗ *Дыбыс шығармай, дыбыссыз.* Бәрі де қыстығып *үнсіз* жылады (Оралбаев).

ҮНСІЗДІК *Тым-тырыс болушылық, тыныштық.* Үй ішін тағы да *үнсіздік* жайлады (Мағзұмов).

ҮНСІЗ-ТҮНСІЗ *Ешбір дыбыс шығармай, ын-тынсіз.* Ол *үнсіз-түнсіз* өз бөлмесіне келді (Арыстанов).

ҮН-ТҮН: *Үн-тын жоқ ештеме айтпастан, ләм деместен, үндеместен.*

ҮН-ТҮНСІЗ *Дыбыс шығармай, тіл қатпай.* Кемпір көпке дейін *ын-тынсіз* отырып қалды (Тарази).

ҮҢГУІШ *Жерді ұңғып қазғыш, ұңғырлегіш.* Завод алдында *ұңгуіш* машиналары тұр (Өміров).

ҮҢГІ *Бір жерді қуыстап қазу, ұңғырлеу.* Жауынгерлер қардың астын *ұңғып* жатыр (Бақбергенов).

ҮҢГІЛЕ *Қуыстау, ұңғырлеу, ұңғу.* Үнды көсіп-көсіп алды да, ортасын *ұңгілей* бастады (Иманбеков).

ҮҢГІР *Таулы жерде кездесетін табиғи немесе қолдан кеулеп қазылған қуыс.* Биік таудың іргесінде кең *ұңгір* бар (Б. Шаханов).

ҮҢГІРЛЕ *Белгілі бір жерді қазып қуыстау, ұңғып кеулеу.* Әлім күрекпен жұмсақ жерді *ұңгірлей* бастады (Әдібаев).

ҮҢГІРШЕ *Кішігірім ұңгір.* Қолмен қазылған кішкене *ұңгіршені* көрді (Тәжиева).

ҮҢІЛ 1. *Мұқият, шұқшия қарау.* Көлге *ұңіліп* қарасаң, түбі көрінеді (Қалиев). 2. *Ауыс. Зер салу, ден қою, көңіл бөлу.* Бақытжанның соңғы хатына ұзақ *ұңілді* (Арыстанов).

ҮҢІРЕЙ 1. *Ойылу, ұңғірлену.* Бесатардың оғы Бекболаттың қарынан тиіп, сырт жағын *ұңірейтіп* кетіп еді (Аймауытов). 2. *Ауыс. Орны толмай қаңырап бос қалу, ойсырау.* Сапардың орны *ұңірейіп* тұрмасын деп барымды ірікпедім (Смайлов). ◊ **Көзі ұңірейді** — *арып-ашып жүдеді.*

ҮҢІРЕККӨЗ *Организм қызметіне зиян келтіріп, ішті айдап құстыратын, өмірге қауіпті жұқпалы ішек ауруы (холера).* Ертеде шешек, сүзек, *ұңіреккөз* тәрізді жұқпалы аурулардан талай жас қыршынынан қиылған (Е. Оразақов).

ҮҢІРЕҢДЕ *Телміріп ашқарақтану, сұғанақтану.* Ештеңе көрмеген адамша *ұңіреңдемей-ақ* қояйын деп қайта-қайта дастарханға қол созбады (Бектұрғанов).

ҮП *Дүние-мүлік, зат жасау.* Хатшы киіз үйдің *үбіне* көңілі толып, қызықтап қарайды (Дәулетбаев).

ҮП: үп еткен жел жоқ — *тып-тымық, желсіз.*

ҮПЕК *Еркек малдың жыныс мүшесінің ұрпі.* Алдарында *үпегі* құрттаған қоңыр бұқа (Мұстафин).

ҮПЕЛЕК *Қамыстың (т. б. кейбір өсімдіктердің) үлпілдеген шашағы.* Түннен қалған шоққа қамыстың *үпелегін* тастап, үрлеп тұтатты (Мекебаев).

ҮПТЕ *Тұқ қалдырмай ұрлап кету, тонау.* — Ойбау-ау, киімдерді кім *үптеп* кетті? (Сегізбаев).

ҮПТІ *Дүние-мүлкі мол, жасаулы.* Мырзаштың үйі *үпті,* Нұршаның үйі *үпті* (Т. Әлімқұлов).

ҮП-ҮЛКЕН *Әжептәуір үлкен, ересек.* Жұмажан *үп-үлкен* болып сабақты да білмейді (Қаназов).

ҮПІЛДЕ 1. *Үп-үп деп ұрлеу. Ылғалды үпілеп кептіре бастады (Балғабаев).* 2. *Ауыс. Аялау, мәпелеу.* Найзабайды ертелі-кеш алақанына салып, *үпілеп* қана отыратын (Жүздесу).

ҮПІЛМӘЛІК *бот. Салалы ірі жапырақты, шоқ гүлді, жылы жақта өсетін, көп жылдық техникалық өсімдік.*

ҰР I *"ұф" деп, ауыздан күшті жел шығару, ұрлеу.* Қарысқан саусақтарын демімен *ұріп,* қолын ысқылады (Жұртбаев). ◊ **Ұрген қарындай [құықтай]** — *домаланған, тырсиған (адам).* **Ұрген местей [тұлыптай]** — *тырсиған, жуан семіз.* **Ұріп ауызға салғандай** — *сұп-сұйкімді, өте әдемі.* **Ұріп ішіп, шайқап төкті** — *өмірі молшылықта, тоқшылықта өтті.*

ҰР II 1. *Иттің абалап шәуілдеуі, арсылдауы.* Құрманбай көк төбеттің тегін *ұрмегенін* бірден білді (Әбдірахманов). 2. *Ауыс. Аузына келгенді, сөйлеп балағаттау. Ұрген* керек болса, мен саған *ұргенді* көрсетейін ("Қаз. әдеб.").

ҰР: ұр жаңа — *су жаңа, жап-жаңа.* **Ұр қызы** — *періштенің, хордың қызы.* **Ұр тас (көне.)** — *жүзікке, білезікке орнататын асыл тастардың бір түрі.* Екі қолында көзіне *ұр* тасын қондырған алтын білезік (Ә. Кекілбаев).

ҰРГЕЛЕК *Қорқақ, секемшіл, ұркек.* Түнде адамдар өз көлеңкесінен өзі шошитын *ұргелек* боп кетеді екен (Қараманұлы).

ҰРГЕЛЕКТЕ *Ұрку, жасқаншақтау, қорқу. Ұргелектеп* қорланғанша, батыр болып өлген артық емес пе (Бектемісов).

ҰРГЕЛЕКТІК *Қорқақтық, жасқаншақтық.* Ол кейбір адамдардың *ұргелектігіне* күйінді (Нәжімеденов).

ҰРГІЛЕ *Қайта-қайта ұргілей түсу, ұрлей беру.* Тоңған қолын *ұргілеп,* трамвайға қарай бұрылды (Жақанов).

ҮРГІН-СҮРГІН *Құғын-сүргін, әуре-сарсаң.* ~ заманда.

ҮРГІШ *Үріп тұратын, арсылдауық, үреген.* Қорада *үргіш* төбеттер (Майлин).

ҮРГІШТЕ I *Қайта-қайта үрлеу.* Ақжан телефон трубкасын әлсін-әлі *үргіштей* берді (Жұмаділов).

ҮРГІШТЕ II *Әлсін-әлсін, қайта-қайта ұру.* Сәрсенбайдың төбеті түнімен *үргіштеп* шықты ("Қаз. әдеб.").

ҮРДІС I *Әдет, салт, дағды.* Шашын қала *үрдісімен* өсірген, құлағын жауып дудырап тұр (Серәлиев).

ҮРДІС II 1. *Екпіні күшті, тығыз, қауырт.* Жаз шығып, күз келерде оның *үрдіс* ісі басталды (Бақбергенов). 2. *Тез, жылдам, шапшаң.* Торғын *үрдіс* қимылдап есікті ашып жіберді (Еркебаев). 3. *Үздіксіз, тоқтаусыз, тынбай.* Далада *үрдіс* жүруден көзі қарыққан ба, айналасына қарай алмайды (Қазыбаев).

ҮРДІСТЕУ *Күштілеу, екпінділеу, қарқындылау.* Манағыдан гөрі *үрдістеу* салқын леп соқты (Р. Тоқтаров).

ҮРЕГЕН *Үргіш, көп үретін (ит).* Болмайды иттің жаман *үрегені* (Айтыс).

ҮРЕЙ *Қорқыныш, зәре, құт.* Бойын билеген *үрейден* аузына сөз де түспеді (Сатаев). ◊ **Үрейін алды** — *зәресін алды, қорқытты.* **Үрейі үшты [қашты]** — *қатты қорықты, зәре-құты қалмады.*

ҮРЕЙЛЕН *Зәресі ұшу, қорқу.* Тәліп оның жүзіне *үрейлене* қарады (Боқаев).

ҮРЕЙЛЕНУШІЛІК *Зәре-құты қалмаушылық, қорқушылық.* Соғыстағы *үрейленушілік* опасыздыққа апарады (Жылқышиев).

ҮРЕЙЛІ *Адамның зәре-құтын аларлық, қорқынышты.* Күлтайдың *үрейлі* даусынан ауыл тегіс оянды (Иманәлиев).

ҮРЕЙСІЗ *Алаңсыз, қорқынышсыз.* Балалар *үрейсіз,* қорқынышсыз, қиналмай оқысын (Ахтанов).

ҮРЕЙШІЛ *Су жүрек, қорқақ.* Сүмірейіп алып *үрейшілін* қарай гөр (Тоқаев).

ҮРЕЙШІЛДЕУ *Қорқақтау, жүрексіздеу.* Әкей жаратылысында жеңілтек, *үрейшілдеу* адам ғой (О. Сәрсенбаев).

ҮРЕЙШІЛДІК *Жүрексіздік, қорқақтық. Үрейшілдік* жауынгерлер рухына жат нәрсе (Момышұлы).

ҮРЕНДЕ *Ит-құс, пәмлеп ит.* Ішіп-жеместің малы *үрендеге* бұйырсын (Мәтел).

ҮРЕСІН: үресін қар — *жел айдап келіп үйіп тастаған, күртік қар.* Қыс кезінде боранда жолды *үресін* қар басып қала береді (Бодаубаев).

ҮРИТ: үрит соқ-соқ — а) *сүзіскен қошқарларды, текелерді онан әрі өшіктіре түсу үшін айтылатын ишарат сөз;* ә) *екі адамның арасына от жақты, жанжалға итермеледі.*

ҮРИЯТ *Теңдік, еркіндік, бостандық.* Октябрьдің күні еді, *үрият* деп шулаған ("Алматы ақшамы").

ҮРКЕК 1. *Кез келген нәрседен шошынғыш, үріккіш (мал).* Телпекбайдың торысы *үркек* екен (Күмісбаев). 2. *Ауыс. Қорқақ, батыл емес (адам).* Мен сенен бір нәрсе сұрайын, — деді батылы жетпегендей *үркек* үнмен Нұрбану (Еркебаев). □ **Үркек түйе** — *бота кезінде қолға жөнді үйретілмей, бас білдіру кезінде ит қуып, бас білдірушіні жығып, нашар үйретілген будан үрпағының атауы.*

ҮРКЕКТЕ 1. *Қайта-қайта үрку.* Астындағы ат *үркектеп* осқырынды (Есенқараева). 2. *Ауыс. Қорқу, үрейлену, шошу.* Абитуриенттер *үркектеп* келіп бір-бірден билет суырып алып жатыр (Елубаев).

ҮРКЕКТЕУ *Үрке беретін, шошынғыш.* Торы ат жалт бермесі бар *үркектеу* жылқы еді (Қалдыбаев).

ҮРКЕКТІК *Үрке беретіндік, үріккіштік.* Досан әр аттың шабандық, *үркектік* тағы басқа қасиеттерін түгел біледі (Соқпақбаев).

ҮРКЕР *астр. Торпақ шоқжұлдызының құрамына енетін топтанған жұлдыз шоғыры. Үркер* көтеріліп шоғырланып қалған (Кәрменов).

ҮРКЕГҮЛ *Кесте тіккенде, күміс бедерлегенде топ жұлдызшалардан құралған ұсақ өрнек.* Оның күмісінің бетінде ~і бар.

ҮРКЕРДЕЙ *Бір жерге топтанған, шоғырланған.* Түнге қарай *үркердей* боп Мәтібұлақ басынан электр сәулелері жарқырайды (Бақбергенов).

ҮРКЕСОҚ *жерг. Шеткері, оқшау, бөлек.* Жолаушы қиырдағы еліне, ел шетіне *үркесоқ* паналаған үш қанат күркесіне асықты (Кекілбаев).

ҮРКЕСОҚТА *Үрке қарап шеткері жүру, бөлектену. Үркесоқтап* бойды сырт салып жүрген (Сариев).

ҮРКІН *Жаудан үріккен, зорлық-зомбылықтан қашқан ел.* Қыс өтіп, ел көшеді Алтай таудан, Ол заман *үркін,* қорқын сыртқы жаудан (Дастандар).

ҮРКІНШІЛІК *Құғын-сүргінге, үркінге ұшыраған күй, жай.* Өкесін *үркіншілік* жылы ақтар өлтіріп кеткен (Қазыбаев).

ҮРКІНІШТІ *Қорқынышты, үрейлі. Үркінішті* күшейту біздің бірінші міндетіміз (Жанкелдин).

ҮРКІҢКІ *Адам шошырлықтай қорқынышты, үрейлі.* Көз қарасы бір түрлі ~ көрінген еді.

ҮРКІТ 1. *өзг. етіс. Үркі-т.* 2. *Ауыс. Үрейін алу; қорқыту, шошыту.* Жапарқұл бүкіл жұртты *үркітіп* үйінің жанынан өте шықты (Әлімжанов).

ҮРЛЕ *Екі ұртты ауаға толтырып алып, ауыздан қайта-қайта дем шығару, дүркін-дүркін ұру.* Шаланы өзім *үрлеп,* отынды әзер тұтаттым (Қ. Омаров). ◊ **Үрлеп ішіп, шайқап төкті** — *не ішіп, не жеймін демей, молшылықта өмір сүрді.*

ҮРЛЕМЕЛЕ *Қайта-қайта үрлеу.* Оразбибі саусақтарын *үрмелеп* қолтығына тықты (Қыдырханов).

ҮРЛЕМЕЛІ: үрлемелі оркестр — *аспаптарда үрлеп ойнайтын музыканттардың оркестрі. Үрлемелі* оркестрді жалға ала аласыздар ("Алматы ақшамы").

ҮРЛЕУЛІ *Үрленген, ауа толтырылған, үрлеп қойған.* Бәтима *үрлеулі* резеңкесін қолтығынан асыра мойнына іліп алды (Сқақбаев).

ҮРЛЕУІШ: үрлеуші машина — *ауа үрлеп тұратын машина.*

ҮРМЕ *Үріп тұратын, еспе (жел, құм).* Рафхаттың жатқан жері *үрменің* үсті болса керек (Қанахин).

ҮРМЕ: үрме бұршақ (биол.) — *гүлі ірі, қос жарнақты бұршақ тұқымдас бір жылдық дәнді дақыл.*

ҮРМЕК-ДҮРМЕК *Тобымен, тегіс.* Жас жұбайлар *үрмек-дүрмек* боп жаппай түрегелді (Нұрмағамбетов).

ҮРМЕЛЕ *Қайта-қайта ұру, үрлеу.* Даланың жұмсақ желі бетті *үрмелей* түседі (Есенжанов).

ҮРМЕЛІ 1. *Ауызбен үріп ойнайтын.* Адырна — қазақтың сыбызғы тәрізді көне *үрмелі* музыка аспабы ("Қаз. әдеб."). 2. *Ішіне жел толтырылған.* Қараңғы түскен бойда өзеннен *үрмелі* қайықпен

өтесіндер (Бақбергенов). □ **Үрмелі музыка** — *үрмелі аспаптарға арналған музыка.* – музыканың мерекесі болмақ.

ҮРПЕК 1. *Жүні жаңа шығып келе жатқан, сары уыз (балапан).* Аққу балапандарының әлі жүні жетілмеген ақ **үрпек** екен (Лекеров). □ **Үрпек бас [үрпек бас шақ]** — *таңның әлі жарық түспеген, елең-алаң кезі.* ◊ **Ақ үрпек** — а) *сары ауыз балапан;* ә) *бойы өсіп, бұғанасы қатпаған, жас (бала).* 2. *Үрпиген, үйпа-түйпа (шаш).* Әлтайдың басы дәу, **үрпек** шаш, мойны қылдырықтай болатын (Мұртазаев).

ҮРПЕКТЕУ *Шашы тікірейген, үрпиген.* Баланың **үрпектеу** келген қою сарғыш шашы аумай қалған Алексей (Бақбергенов).

ҮРПЕ-ТҮРПЕ *Бобырап кеткен, дудар-дудар, үйқы-түйқы.* Терезе әйнегінен шашы **үрпе-түрпе** боп, көздері шүңірейген адамды көрді (Рахымжанов). ◊ **Үрпе-түрпе (сі) шықты [болды]** — *үйқы-түйқысы шықты, үйпа-түйпа болды.*

ҮРПІ 1. *Үйпа-түйпасы шығу, додалану.* Нариманның қалың шашы **үрпіп** кетіпті (С. Омаров). 2. *Ауыс. Дірдектеу, қалтырау. Денесі тоңазып, жақ жүні үрпиген* (Еркебаев). 3. *Ауыс. Бір нәрседен үрейлену, қорқу, шошу.* Қыз **үрпиген** жігітке одан арман тығыла түсті (Әлімжанов). ◊ **Жақ жүні үрпиді** — *тоңды, дірдектеді; өңі қашты, жүдеді.*

ҮРПІ *Емшектің сүт шығатын ұшы.* Саулықтың емшегінің **үрпінде** микробтар болуы мүмкін (Омаров).

ҮРТ *Тез, кілт, бірден, жалт.* Жалт қарап, тани сала **үрт** бұрылды (Игенсартов).

ҮРІК 1. *Малдың бір нәрседен қорқып қашуы, жалт беруі.* Байтал **үркіп,** ата жөнелді (Ахметшин). 2. *Ауыс. Зәресі ұшу, қорқу.* Дәрігер енді шалдың неден **үріккенін** іштей сезді (Сейсенбаев). 3. *Ауыс. Жаудан қаша көшу.* Қашқын Қаражандардан қаймығып, ұрылардан **үркіп** не қара басыпты (Ләмбеков). ◊ **Үріккен қойдай қамалды** — *үйме-жүйме болды, топтана опыр-топыр болды.* **Үріккен түйе [қой] көзденді** — *екі көзі шарасынан шықты, ежірейді, алақтады.*

ҮРІМ *Өсіп тұрған өсімдіктің (ағаштың) шыбық ұшындағы соңғы бұршігі.* Үрім-бұтақты жұрт біледі, бұтақтың, теректің, бостанның ең ұшындағы бұршікті — **үрімді** білмейді (Б. Қыдырбекұлы).

ҮРІМ-БҰТАҚ *Бір атадан тараған бала-шаға, ұрпақ.* Түймебайдың ата-баба, **үрім-бұтағы** онша тексіз көрінбеді (Мекебаев).

ҮРІМПАР *Зергер көріктің шоққа жел үрлейтін аузы, көріктің желдеткіші.* -дан жел гулеп тұр.

ҮРІНДІ *Үріп әкеп тығып тастаған (қар); үрлесін, үргін.* Басып қалған **үрінді** қардан қорасын аршып, үйіне жаңа кірді (Әбдіқадыров).

ҮСКІ *Былғарыны, ағаштың т. б. тесетін іші қуыс біз.* Дәулет **үскімен** керегені тесуге отырды (Қазыбеков).

ҮСКІЛЕ *Үскімен тесу.* Қаптал ағаштың екі басынан қанжыға өткізетін 4 тесік **үскілейді** (Қасиманов).

ҮСКІР *Жел қатты соғу, борау, азынау. Үскірген* жел көзді жасауратып бұлдыр тарттырды (Смайлов).

ҮСКІРІК I *Бет қаратпайтын суық сары аяз, жел.* Бұл өңірдің қызыл шұнақ **үскірігі** үдей түсті (Ақбаев).

ҮСКІРІК II *Үріп ойналатын музыкалық аспап.*

ҮСКІРІКТІ *Ызғары бар, суығы қатты (жел). Үскірікті* жел қысты хабарлағандай болды (Арыстанов).

ҮСТЕ *Бір нәрсенің үстіне тағы қосу, еселеу.* — Шай мана қайнап еді, **үстеп** жіберейін, қазірақ дайын болады (Аманшин). ◊ **Үстеп қоректендірді [азықтандырды]** — *негізгі қоректің үстіне минералды тыңайтқыш қосты.*

ҮСТЕЛ *Тамақ ішуге, жазуға арналған төрт сирақты, үсті тегіс үй жиһазы; стол.* Ауыз бөлмеде үлкен **үстел** (Аймауытов). □ **Үстел ойындары** — *үстел үстінде ойнайтын спорт түрлері (настольные игры).*

ҮСТЕЛЕ *Үсті-үстіне қосымшалау.* Жел долданып ышқына соғып, дүлейін **үстелей** қосады (Жылқышиев).

ҮСТЕМ *Өктем, басым; қожа.* Дәулеті мен дәрежесі барлар қай заманда болса да **үстем** ғой (Ақышев). □ **Үстем тап** — *Қазан революциясына дейін қоғамда өз әмірін жүргізіп, билік етіп келген қанаушы тап.* ◊ **Мерейі үстем болды** — *абыройы артты, беделі өсті.*

ҮСТЕМДІК *Басымдық, күштілік, қожалық.* Түбінде әділеттің **үстемдік** аларына сенімім кәміл (Жұмаділов). ◊ **Үстемдік етті [құрды]** — *билеп-төстеді, күштілік көрсетті.*

ҮСТЕМДІЛІК *Үстем болушылық, өктемділік.* Мәлике күйеуінің **үстемдігіне** берік сенді (Исабеков).

ҮСТЕМЕ *Қосымша, қосалқы.* □ **Үстеме баға** — *міндеттеме, салық, төлем.*

ҮСТЕМЕЛЕ *Үсті-үстіне қосу, еселеу.* Шараға местен **үстемелеп** қымыз құйды (Оразов).

ҮСТЕМЕЛІ *Қосымша, қосалқы.* Ақшалай - сыйлық беру.

ҮСТЕМСІ *Көкірегін керіп, күштісіну, басымсыну.* Біз сияқты қарапайым кісілерге **үстемсіп** үстіне шыққың келеді (Алдабергенов).

ҮСТЕМШІЛ *Біреуге үстемдік етуші, зорлықшыл.* С. Көбеев оның мен-мен, **үстемшіл** боп бірден көзге түскендігін жазады ("Қазақст. мект.").

ҮСТЕМШІЛДІК *Озбырлық, зорлықшылдық, үстем болушылық.*

ҮСТЕМШІЛІК *Үстемдік, билік жүргізушілік.*

ҮСТЕМІРЕК *Үстемдеу, басымырақ, күштірек.*

ҮСТЕУ 1. *Бір нәрсеге қосылған қосымша үлес, берілген үстеме артық нәрсе.* Бір пұт ұн, бір пұт бидай **үстеу** алдым (Мұстафин). 2. ***грамм.*** *Сөйлемде тұрленбей-ақ мекен, мезгіл, сын-сипат мәнін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқаратын сөз табы.*

ҮСТІ 1. *Белгілі бір нәрсенің жоғарғы жағы, үстіңгі беті.* Қарабала он шақты парақ қағаз алып үстел **үстіне** қойды (Исабаев). 2. *Тұлабой, дене, кісінің үсті-басы.* Омарғалиды қолтығынан көтеріп тұрғызып, **үстін** қақты (Түменбаев). 3. *Уақыттың дәл мезгілі, болып жатқан уақыты.* Шешесі балық құырып жатқан **үстіне** Жанар кірді (Ахтанов). ◊ **Үстіне түсті** — *асты-үстіне түсіп бәйек болды; өбектеді.* **Үстінен құс ұшырып, астынан ит жүгіртті** — *ізін бақты, қуғынға ұшыратты.* **Үстінен түсті** — а) *уақыттың нақ болып жатқан мезгіліне тап болды;* ә) *біреудің ойындағысын тапты, ойынан шықты.* **Үстінен шықты** — *бір оқиғаның болып жатқан мезгілінде кезікті.*

ҮСТІ-БАСЫ *Адамның бүкіл тұла бойы, бар денесі. Үсті-басына* ақ киген (Аймауытов). ◊ **Үсті-басы малмандай [су]** — *тұла бойы, бар киімі әбден су болған, суға малшынған.*

ҮСТІН-ҮСТІН *Дүркін-дүркін, қайта-қайта. Үстін-үстін* қар жауып, бет қаратпас боран соқты (Медеуова).

ҮСТІҢГІ *Жоғарғы, сыртқы, беткі. Үстіңгі* қабатта тұратын көршісінің баласы екен ("Мәдениет және тұрмыс"). □ **Үстіңгі ыза суы** — *жердің беткі қабатына жақын ылғал.*

ҮСТІРТ I *геогр. Биіктеу болып келетін жер, төбе, қырат.* Қарсы алдымызда — жатаған жонды Қызыл *үстірт* ("Қаз. әдеб.").

ҮСТІРТ II *кәсіб. Аяқ киімнің үстіңгі жағын көтеріп, белгілі бір түрге түсіру үшін қолданылатын құрал.* Қалып үш бөліктен: қалып, *үстірт,* сынадан құралады (Қасиманов).

ҮСТІРТ III *Асығыс, жеңіл-желпі, ат үсті.*

ҮСТІРТТЕУ I *Биіктеу, дөңестеу.* — Алматы каналы - өңірден басталады.

ҮСТІРТТЕУ II *Жеңіл-желпілеу, ат үстілеу, немқұрайдылау.* Кейбір эпизодтардың *үстірттеу* суреттелген сәттерін тілге тиек етеді ("Қаз. әдеб.").

ҮСТІРТТІ *Дөңестеу, биіктеу.* Ақтөбе облысының жері негізінен *үстірттті* жазық келеді (ҚЭС).

ҮСТІРТТІК *Қара дүрсіндік, жадағайлық.* Нұрлан жоспар орындауға емес, сол жоспардың *үстірттігіне* наразы (Бердібаев).

ҮСТІРТІН *Жеңіл-желпі, ат үсті.* Меңгерушінің ауруға *үстіртін* қарамай, терең үңілгеніне риза болып оралды (Оразақов).

ҮСТІРТІНДІК *Шалағайлық, жеңіл-желпілік.* Бұл шығарма әдебиетіміздің *үстіртіндіктен* тереңдікке аяқ басуының нысанасы еді (Қаратаев).

ҮСТІ-ҮСТІНЕ *Жедел-жедел, қайта-қайта, әлсін-әлсін.* Әсемнің қиналған даусы *үсті-үстіне* естілді ("Қаз. әдеб.").

ҮСІ *Аязға, боранға ұшырап, үсікке шалдығу.* Көбіміздің бет аузымыз *үсіп* те кетті (Көпішев).

ҮСІГІШ *Тез үситін, үсуге бейім.* Жүз гектар *үсігіш* бидай еккізген екенсің ғой (М. Әуезов).

ҮСІК I. *Көктем мен күзде кенеттен болатын ызғарлы суық, аяз.* Жұмырсаздағы күздікті *үсік* домбытып кетті (Бердіқұлов). 2. *Дененің қатты аязға шалдығып домбығуы.* Заудин арақты қол орамалға шылап, Анатолийдің *үсігін* ысқылады (Кеңпейілов). ◊ **Үсік жүрді [ұрды]** — *кенеттен күн суытып, көкөністі үсіту, суық ұру.* **Үсік шалды** — *аязға ұрынды, үсіді.*

ҮСІНІП-ҚАБЫН *Үсіну, аязға шалдығу.* Мұндай суықты көрмегендер *үсініп-қабынып* апатқа ұшырайды (С. Мұқанов).

ҮТ 1. *көне. Ақпан айының ескіше аты. Үт* айының ақыры айнымалы ғой (Көшімов). 2. *Жер үйдің терезесінен түсетін күн сәулесімен көрініп тұратын тозаң.*

ҮТІК *Қыздырып алып, киімнің қыртыс-қыртысын жазуға арналған бұйым.* Көйлектің жағасын -пен үтіктеді.

ҮТІКТЕ *Киім-кешектің, матаның қыртыс-қыртысын үтікпен жазу.* Бәтима көйлегін *үтіктеп* жатыр екен (Зәкенов).

ҮТІР *грамм. Сөйлем мүшелері мен сөздерді ажырату үшін қойылатын тыныс белгісі.*

ҮУ: үу етті — *жел кенеттен гу-гу етіп соқты.*

ҮФ *Ерінді жиырып ауыздан дем шығару, үрлеу. Үф* десе, ұшып кететіндей; өпсе жарылып қалатындай (Мақал).

Үһ *Қатты шаршап алқынғанда, қайғырып қажығанда күрсіністен шығатын дем. Үһ, деп демін бір алды* (Байсеркеев). ◊ **Үһ деді [десті]** — *жұмысты бітіріп, көңілі жайлады.*

ҮҺІЛ *Жанға батқанда, қайғырғанда шығатын "үһ" деген дыбыс, күрсініс.* Қайғырған *үһіл* адамның зәресін алғандай (Шашкин).

ҮҺІЛЕ *Қайта-қайта "үһ" деп дем шығару.* Ол *үһілеп* біраз жатты (Ахметшин).

ҮҺІЛЕП-АҺЫЛАП *Қайғы қасіретке салынып, қамығып.* Атасының *үһілеп-аһылап* шыққан дауысын естіді (Сейсенбаев).

ҮШ 1. *Екіден жоғары сан.* Мектеп жоңышқасы *үш* рет шабылады (Ақышев). 2. *пед. Оқушының білім дәрежесін анықтауда қойылатын орташа баға.* Кім білсін, *үш* алды ма емтихан кездерінде (Мәуленов). □ **Үш жүз (көне.)** — *бұрынғы замандағы қазақ халқының ұлыстық, әкімшілік-аумақтық жағынан шартты түрдегі жер бөлігі, аймақ.* **Үш тоғыз (айыбы, сыйлығы)** — *әр қайсысы тоғыздан тұратын үш сыйлық (айып).* ◊ **Үйірімен үш тоғыз (этногр.)** — *олжалы бол, олжаң көбейсін деген мағынадағы тілек.* **Үш күндік пәни** — *қысқа өмір, өтпелі өмір.* **Үш мүйіз болды** — *үш топқа бөлінді, үш топ құрды.* **Үш қайнаса [қайнатса] сорпасы қосылмайды** — *біріменбірі жуыспайды, байланыспайды, мүлде бөлек.* **Үш үйықтаса түсіне [ойына] кірмеді** — *дәл солай бола қалады деп тіптен де ойламады.*

ҮШ: *үш аяқ жорға — ара-тұра жаңылысып, текіректеп не желіп барып, жорғасын тұзейтін жорға.*

ҮШАРҚАР: үшарқар таразы (астр.) — *топ жұлдыздың аты.*

ҮШБҰРЫШ *геом. Өзара қиылысатын үш түзу сызықпен шектеліп жасалған геометриялық фигура.*

ҮШЕМ *Бірге туған үш төл.* Отардың жиырма шақтысы *үшем* туды (Айнабеков).

ҮШЕУ *Үш санының жинақтық түрі.* Төлеубай сол *үшеуін* ертіп үйге кіріп кетті (Исабаев).

ҮШЕУЛЕ *Үш кісі бірігіп әрекет ету. Үшеулеп* тайыншаның етін ауылға әкелді (Кәрменов).

ҮШКІЛ 1. *Үш бұрышты зат.* Амандықтың *үшкіл* хаттары ұшты-күйді жоғалды (Өшімханов). 2. *Көйлектің етегін кеңейту үшін оған үшбұрыштап қоятын қиықша; шабу. Үшкіл* көйлек киғізіп (Бұқар жырау).

ҮШКІЛДЕ *Үш бұрыштау, үшкіл ету.* Махмет жазған хатын *үшкілдеп* бүктеді (Нұршайықов).

ҮШКІЛДЕУ *Үшкілдене біткен.* Орынбасар *үшкілдеу* мұрнын сипап қойды ("Қаз. әдеб.").

ҮШКІЛСІЗ *Үшкілі жоқ, шабусыз.* Үшінші тілек тіленіз; *Үшкілсіз* көйлек кимеске (Үш ғасыр).

ҮШКІЛТІМ *Бір жағы сүйірлене біткен.* Теңгедей ғана, *үшкілтім* көк жапырақ (Мағауин).

ҮШКІР I 1. *Сүйір, істік, ұшы өткір.* Шоқтан алған қып-қызыл *үшкір* темірді төске салып ұра бастады (Өзиев). 2. *Ауыс. Өткір біздей (тіл).* Ырысбек *үшкір* тілін әзіл жаққа бұрды (Сыланов).

ҮШКІР II *діни. Ауырған адамға дем салу, дұға оқу.* Сапарғалидың тамырын ұстап, *үшкіріп* дем салды (Бектұрғанов).

ҮШКІРЛЕ *Бір нәрсені егеп, не жонып ұш шығару, ұштау, сүйірлеу.* Ұзақ жолда тырнағының көбесін тазалап, екі жағын қырнап, *ұшкірледі* (Байсенов).

ҮШКІРЛЕУ *Сүйірлеу, сопақтау.* Оның келте мұрнының ұшы *ұшкірлеу* болатын (Сыздықов).

ҮШКІРЛІК *Сүйірлік, ұшқырлық.* Қанатының *ұшкірлігі* сұғып алар найзадай (Жақыпбайұлы).

ҮШКІРІП-ТҮШКІР *Емдеп-домдау; ұшықтау.* Әуменнің айдан аса *ұшкіріп-тұшкіргені,* жасаған емі науқасты да жалықтырса керек (Оразақов).

ҮШКІРІП-ТҮШКІРІП *Салқын тию, тұмаурату.* Қаланың балалары сәл салқын тисе, *ұшкіріп-тұшкіріп* дегбірді алады (Д. Досжанов).

ҮШҚАТ *Гүлінің түсі әр түрлі бұталы өсімдік, сол өсімдіктің ащы дәмді жемісі.*

ҮШҚҰЛАҚ *Барлық әшекей ісіне тән ұш мүйізді, ұш жапырақты, ұш тармақты өрнек.*

ҮШСАЙЫС *спорт. Бір спортшының спорттың ұш түрі бойынша сайысқа түсу жарысы.*

ҮШТАҒАН *Үш нәрседен, бөліктен тұратын тұтастық, бірлік; триада.*

ҮШ-ТӨРТ *Үш не төрт шамалы болжалдық сан.* Соңғы *ұш-төрт* күннен бері мазасы әбден кеткен (Әлішев).

ҮШТІК I *Оқушы қауымының біліміне қойылатын орташа баға; балл.*

ҮШТІК II *спорт. Алғашқы жұлделі ұш орын.* Сәуле алғашқы *ұштікке* іліге алмады (Балғабаев). □ **Үштік шам** — *шишасының аумағы ұш сантиметрлік шам.*

ҮШ-ҮШТЕН *Үшеу-үшеу етіп, үштен топ-топ болып. Үш-үштен* топ-топ болып сейіл құрып жүр (С. Омаров).

ҮШІ *Өлген адамды еске түсіру үшін үш күннен кейін берілетін ас.* Байекең әйелі өлгенде *үші* мен жетісін қосып өткіземін деді (Мырзақұлов).

ҮШІН *Кейбір етістік, зат есім, есімдіктермен тіркесіп, істің мақсатын, себебін, заттың кімге арналғандығын білдіретін демеулік шылау.* Мұқашты қаралау *үшін* "ЧК"-ның бір агентін соңына салып қойған еді (Аймауытов).

ҮШІНШІ *Екіден жоғары реттік сан. Үшінші* күні Гүлжамалдың жолдас қызы шақырды (Тобағабылов).

ҮЮ *Нәрсені бір жерге жинау, айналасын қомақтау.* Кәмәлия осы жазда шөп *үюге* шықты (Ғабдуллин).

ҮЮЛІ *Үйіліп қойылған, жиналған.* Ағаштар төрт күннен бері ешкім алмай, *үюлі* жатыр екен (Байжанов).

Ф

ФА *муз. Музыка гаммасының төртінші нотасы.*

ФАБРИКА *Шикізатты техникалық тәсілмен өңдейтін өнеркәсіп орны.* Қағаз ~сы.

ФАБРИКАНТ *Өз меншігінде фабрикасы бар бай адам, кәсіпорын қожасы.*

ФАБРИКАТ *Фабрикада әзірленген дайын азық.*

ФАБУЛА *әдеб. Әдеби шығармаларда баяндалатын оқиға желісінің бір-бірімен жалғасу, суреттелуінің қысқаша мазмұны.* Повесть ~сы оқырманға біршама қызықты.

ФАЗА 1. *Бір нәрсенің даму барысы мен өзгеріске түсуіндегі жеке бір кезең және сондай кездегі күй, қалып.* 2. *Қоғамның тарихи дамуындағы белгілі бір дәуір, кезең.*

ФАЗАЛЫ *тех. Генератор орамдарының жеке тобы мен оған жалғанған электр сымы.* Үш ~ ток.

ФАЗОМЕТР *Кернеу мен ток векторларының арасындағы фазалық ығысу бұрышын анықтайтын аспап.*

ФАКЕЛ *Таяқтың басына майлы шүберек немесе май құйылған темір құты байланған жалынды шырақ.* Лаулаған жалында ~.

ФАКИР 1. *Мұсылман діні үшін өз өмірін пақырлыққа, сопылыққа арнаған адам.* 2. *Көз байлаушы, сиқыршы адам.*

ФАКСИМИЛЕ *Қолтаңба, қолжазба, ескі құжат сияқтылардың түпнұсқасының фотографиялық не баспа әдісімен алынған дәл көшірмесі.*

ФАКТОР *Белгілі бір істің, құбылыстың себепшісі болатын қозғаушы күш.* Үнемі әрекет ететін ~лар.

ФАКТУРА I *Көркемөнер шығармаларындағы көркемдік техникасының өзіндік ерекшелігі.* Ритмикалық ~да жазылған шығарма.

ФАКТУРА II *Тоқарлардың тізімге түсірілген, затталған шот қағазы.* Ол ~ға қол қойды.

ФАКУЛЬТЕТ *Білімнің белгілі бір саласы бойынша ғылыми пәндерден сабақ өтілетін жоғарғы оқу орнының бір бөлімі.* Тіл әдебиет ~і, математика ~і.

ФАКУЛЬТЕТАРАЛЫҚ *Факультеттер арасында өтетін жарыстарға қатысы бар.* ~ жарыс (сайыс, спартакиада).

ФАЛАНГА *анат. Саусақ пен бақай сүйектерінің ғылыми атауы.*

ФАЛЬСТАРТ *спорт. Жарысты бір мезетте бастамағандықтың себебінен болатын ереже бұзушылық.* Жүгіруде екі реттен ~ жасап алды.

ФАЛЬЦ 1. *полигр. Баспа табақ қағазының бүгілген жері.* 2. *тех. Жұқа металдан, қаңылтырдан жасалған бұйымдардың өзара қиюласып, жалғасқан жеріндегі бүктесінді жік, жапсар.*

ФАЛЬЦОВКА *полигр. Баспа орындарында баспа табақ қағаздарды тиісті үлгіге келтіріп бүктеу әрекеті.*

ФАЛЬЦОВЩИК *полигр. Баспа орындарында баспа табақ қағаздарын белгіленген үлгіге келтіріп, бүктеп тұратын маман қызметкер.*

ФАНАТИЗМ *Фанатик адамдарға ғана тән, барып тұрған, кісі төзгісіз мінез-құлық.*

ФАНАТИК 1. *Дін жолына берілген, дінді нық тұтқан адам.* 2. *Ауыс. Белгілі бір іске жан-тәнімен берілген. Сол жолда бар еңбегін сарп еткен адам.*

ФАНЕРА *Бірнеше тілген нәзік қабаттардан біріктіріліп жасалған жұқа тақтай.*

ФАНТАСТ *Шығармасын ой елестерінен, қиялдан шығарып, шындықты табиғи қалыптан тыс әсірелеп жазатын жазушы.*

ФАНТАСТИКА *әдеб. Көркем бейнені ой елестерінен, қиялдан шығарып, шындықты табиғи қалыптан тыс әсірелеп көрсететін шығарма.* Ертегілерде басым.

ФАНФАРА *муз.* 1. *Трубадан ұзындау етіп, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап; керней.* 2. *Салтанатты шаттық жайды хабарлау үшін бірнеше кернеймен орындалатын қысқаша ғана музыкалық әуен.*

ФАРА *Жолға жарық түсіру үшін көлік және ауыл шаруашылығы машиналарының алдыңғы жағына орнатылатын электр шамы.*

ФАРВАТЕР *Кеме жүзе алатын тереңдеу арна, жүріп тұратын жол.*

ФАРИНГИТ *мед. Жұтқыншақтың ішкі кілегейлі бетінің қабынуынан болатын ауру.*

ФАРМАКОЛОГ *мед. Фармакология ғылымының маманы.*

ФАРМАКОЛОГИЯ *мед. Дәрілік заттар және олардың адам ағзасына тигізетін әсерін зерттейтін ғылым кафедрасы.*

ФАРМАЦЕВТ *мед. Дәрі-дәрмек жасайтын дәріхана қызметкері.*

ФАРМАЦЕВТИКА *Дәрі-дәрмекті әзірлеу, сақтау және оларды көпшілікке босату шаралары жайындағы ғылым.*

ФАРФОР 1. *Ақ балшықтың ең таңдаулы түрінен жасалатын минералды қоспа.* 2. *Осындай қоспадан істелген ыдыс-аяқ, түрлі бұйым.*

ФАРШ *Ас дайындау үшін арнаулы машинамен өте ұсақ етіп тураған шикі ет; тартылған ет.*

ФАРШТАУ *Дайындалған тағамға тартылған ет, жеміс, бұрыш т. б. салып дәм-тұзын келтіру.*

ФАС *Бір нәрсенің маңдай алды, алдыңғы жақ беті.*

ФАСАД *Мекеме, үй, ғимарат сияқты құрылыстың алдыңғы жақ беті.*

ФАТА *Қалыңдықтың үйлену тойы кезінде киюі үшін, жұқа жібек кездемеден, шілтерден тігілетін жамылғы.*

ФАТАЛИЗМ *Өмірдегі барлық нәрсе алдын ала жазылып қойылған жазмыштың сиқырлы күшіне тәуелді деп санайтын діни-идеалистік, философиялық ілім.*

ФАТАЛИСТ *Фатализмге бейім, қайдағы жоққа нанғыш, діндар адам.*

ФАУНА *Жануарлар, хайуанаттар дүниесі.* Қазақстан -сы алуан түрлі.

ФАШИЗМ *Бостандықты, демократияны тұншықтыру, халықты қырғын-сүргінге түсіріп, қатал реакциялық тәртіп орнату және агрессиялық соғыстарға дайындық жүргізу мақсатына бағытталған буржуазияның ашықтан-ашық қолдайтын диктатурасының түрі.*

ФАШИСТ *Фашизмге жан-тәнімен берілген, соның жолын ұстаушы.*

ФАЭТОН *Күймелі жеңіл арба.* Қос ат жеккен -дар өтті.

ФАЯНС 1. *Керамика бұйымдарын жасау үшін гипс қоспасына басқа заттарды араластырып иленетін саз балшық.* 2. *Осындай саз балшықтан жасалған ыдыс-аяқтың, түрлі бұйымның жалпы аты.*

ФӘНИ 1. *Тұрағы жоқ, баянсыз, алдамшы дүние (жалған).* 2. *Өткінші, опасыз дүние (жалған).* Бұл -де арманы жоқ.

ФЕДЕРАЛИЗМ 1. *Құрама боп бірігуге негізделген мемлекеттік құрылыс.* 2. *Кейбір көп ұлтты мемлекеттердегі федерализмді жақтайтын қозғалыс.*

ФЕДЕРАЦИЯ 1. *Дербес мемлекеттердің біртұтас боп өзара бірікқенінен құралған мемлекет.* Россия -сы. 2. *Жеке қоғамдар мен ұйымдардың одағы.* Жастардың бүкіл дүниежүзілік -сы.

ФЕЙЕРВЕРК *Той, салтанат кезінде әр түрлі дәрілік қоспаларды тұтатқаннан, жаққаннан болатын алуан түсті оттар.*

ФЕЛЬДМАРШАЛ *Бұрынғы патшалы Россиядағы және кейбір шетелдік армиялардағы ең жоғары әскери атақ, шен.*

ФЕЛЬЕТОН *әдеб. Көркем әдебиет тәсілдерін, көбіне сықақ әдістерін пайдалана отырып, өмірдегі кейбір жағымсыз құбылыстарды, жеке адамдардың оғаш мінездерін шенеп, мінейтін газет мақаласының бір түрі.*

ФЕЛЬЕТОНШЫ *Фельетон жазумен айналысушы, фельетонист.*

ФЕНОЛОГ *Фенология ғылымының маманы.*

ФЕНОЛОГИЯ *Жануарлар мен өсімдіктер тіршілігінде болатын құбылыстардың заңдылықтары мен кезеңділігін жыл мезгіліне байланыстыра зерттейтін биология ғылымының бір тарауы.*

ФЕНОМЕН 1. *филос. Идеалистік философияның түсіндіруінше тек санада ғана өмір сүретін, танып білуге болмайтын ішкі мәніне — ноуменге қарама-қарсы деп есептелінетін құбылыс.* 2. *Ауыс. Өмірде сирек кездесетін, ерекше жаралған ерен қабілеті бар адам, не бір ғажап құбылыс.*

ФЕОДАЛ *тар. Феодализм дәуірінде басыбайлы шаруалардың еңбегін қанаушы ірі жер иесі.*

ФЕОДАЛИЗМ *Жер, өндіріс құрал-жабдықтары, басыбайлы шаруалар түгелдей бір феодалдардың меншігі саналатын және оларға өз жерінде мемлекет билігін жүргізуіне құқық беруге негізделген капитализм алдындағы қоғамдық құрылыс.*

ФЕРЗЬ *Шахмат-ойынындағы ең күшті фигура.*

ФЕРМА 1. *Шаруашылықтың мал өсіруімен шұғылданатын бөлімшесі.* 2. *Жеке адамдардың өз жерінде не жалға алған жерде жүргізетін жеке меншікті ауылшаруашылық кәсіпорны.*

ФЕРМЕНТ *биол. Тірі клеткалардан бөлініп, денедегі зат алмасуын реттеп тұратын күрделі органикалық зат.* Ас қорыту -і.

ФЕРМЕНТТЕН *Тірі клеткалардан органикалық зат бөлінуі.*

ФЕРМЕР *Жеке меншікті ауылшаруашылық фермасының иесі, не жерді жалға алушы.*

ФЕРРОСПЛАВ *Темір мен басқа бір металды қосып балқытқаннан шығатын қорытпа.*

ФЕСТИВАЛЬ *Көркемөнердің әр алуан түрлеріне байқау жүргізе отырып, оларды көпшілікке көрсете өткізілетін қоғамдық мереке.* Жастар -і.

ФЕТИШ 1. *Алғашқы қоғам адамдарының киелі деп табынатын заты.* 2. *Ауыс. Қалтқысыз сенуге болатын, даусыз нәрсе деп танылған зат не құбылыс.*

ФЕТИШИЗМ 1. *Алғашқы қоғам адамдары киелі, аруақты деп табынған жансыз бұйымдар.* 2. *Ауыс. Соқыр сенімге айналған ұғым, түсінік.*

ФЕТР *Биязы жүннен тығыздап, ширақ басылған киіз.* - қалпақ.

ФЕХТОВАНИЕ *спорт.* Рапира, эскадрон қылыштарымен сайысатын спорт ойыны. ~мен шұғылданды.

ФИГУРА 1. *мат.* Геометрияда жазықтықтың тұйық сызықпен шектелген бір бөлігі, немесе белгілі бір тәртіппен орналасқан нүктелердің, сызықтар мен беттердің, денелердің жиынтығы. Геометриялық ~. 2. Кітаптағы мәтін ішінде берілген нобай сызбалардың аты. 3. Адамның дене бітімі, сыртқы келбеті. 4. Шахмат тастарының пешкалардан өзге жалпы атауы. Шахмат тақтасындағы ~лардың біреуін жеді. 5. *әдеб.* Сөздердің мәнерлілігін арттыра түсетін сөз орамдары мен сөз тіркестерінің айрықша синтаксистік құрылысы.

ФИГУРИСТ *спорт.* Конькиді мәнерлеп тебуші.

ФИДЕИЗМ *филос.* Білім, ғылым орнына діни сенімді қоятын, дінге сенуді шындықтың бірденбір белгісі деп танитын идеалистік ілім.

ФИДЕИСТ Фидеизм жолын қуған адам.

ФИЗИК Физика маманы.

ФИЗИКА Материяның қасиеттері мен құрылысын, олардың қозғалысы мен өзгеру жолдарын, неорганикалық табиғат құбылыстарының жалпы заңдылықтарын зерттейтін жаратылыстану ғылымының негізгі саласы.

ФИЗИОЛОГ Физиология ғылымына маманданған оқымысты.

ФИЗИОЛОГИЯ Жануарлар мен өсімдіктер организміндегі тіршілік әрекеттерін зерттейтін ғылым. Адам ~сы, өсімдіктер ~сы.

ФИЗИОТЕРАПЕВТ Физиотерапия маманы.

ФИЗИОТЕРАПИЯ *мед.* Науқасты физиологиялық жолмен (жылу қуатымен, сумен, дене қимылымен т. б.) емдеу әдісі.

ФИЗКУЛЬТУРА Түрлі жаттығулар, гимнастика жасау арқылы адам тәнін жан-жақты жетілдіріп, нығайта түсетін дене тәрбиесі.

ФИЗКУЛЬТУРАШЫ Спортпен, дене шынықтырумен айналысушы адам. ~лар мейрамы.

ФИКСАЖ Фотография негативін шаятын немесе ондағы сурет кескінін бекіте түсетін химиялық ерітінді.

ФИКУС Барлық уақытта көгеріп тұратын, үй ішінде сән үшін өсірілетін, сопақша ірі жапырақты тропиктік ағаш.

ФИЛАНТРОП Филантропиямен айналысатын адам.

ФИЛАНТРОПИЯ Қайырымдылықтың мұң-мұқтажын қорғансып, жәрдем бергенситін түрі.

ФИЛАРМОНИЯ Концерттер ұйымдастырып, музыка өнерін насихаттаумен айналысатын мекеме. ~ оркестрі (артистері).

ФИЛАТЕЛИСТ Филателиямен айналысушы, сонымен әуестенуші адам. ~тер қоғамы (көрмесі).

ФИЛАТЕЛИЯ Коллекция үшін почта маркаларын, немесе басқа маркаларды, сондай-ақ қағаз ақшалардың нұсқаларын жинау.

ФИЛИАЛ Белгілі бір мекеменің дербес бөлімшесі.

ФИЛОЛОГ Тіл мен әдебиет ғылымдарының маманы.

ФИЛОЛОГИЯ Жазба ескерткіштердің тілін, стилін, тарихын жалпы халық мәдениетін тіл мен әдеби шығармалар арқылы танылатын байлығын зерттейтін ғылымдардың жиынтық атауы. ~ ғылымдарының докторы дәрежесін алды.

ФИЛОСОФ 1. Философия ғылымына маманданған оқымысты, сондай-ақ дүниетаңц мәселелерін зерттеп табу жолына түскен ойшыл адамдарға берілетін жалпы ат. 2. *Ауыс.* Өмірде кездесетін құбылыстарды ақылға салып, байсалды түрде, жете түсінетін адам.

ФИЛОСОФИЯ 1. Қоғамдық сананың бір формасы — табиғаттың, қоғам мен ойлаудың даму барысындағы негұрлым жалпы заңдылықтар жайындағы ғылым. 2. Белгілі бір ғылымның негізі болған әдістемелік ұстаным. Тарих ~сы. 3. *Іске ешбір қатысы жоқ дерексіз пайымдау.* Онда өзінше бір қызық ~ бар.

ФИЛЬМ Көпшілікке көрсету үшін бейнетаспаға түсірілген кинокартина. Түрлі түсті ~.

ФИЛЬМОСКОП Бейнетаспадағы сурет кескіндерін көрсететін арнайы аспап.

ФИЛЬМОТЕКА Кинокартиналар түсірілген бейнетаспаларды жиып сақтап, әрі оларды зерттеп, көпшілік арасына насихаттап отыратын мекеме немесе оның құрамындағы бөлім.

ФИЛЬМХАНА Фильмдерді сақтайтын мекеме немесе құрамындағы бөлім; фильмотека.

ФИЛЬТР *тех.* 1. Сұйық заттарды керексіз қосындылардан тазарту үшін қолданылатын сүзгі. 2. Кейбір сәулелерді, дыбыстарды, электромагнитті толқындарды өткізбейтін арнаулы аспап.

ФИЛЬТРАТ Сүзгіден өткізіліп, тазартылған сұйық.

ФИНАЛ 1. Спорт жарыстарының жеңімпазды анықтайтын ақтық кезең. Жартылай ~. 2. Концерттің, белгілі бір музыка, опера сияқты нәрселердің т. б. ақтық кезеңі, соңғы қорытынды бөлімі.

ФИНН-УГОР: *жер.* Финн-угор тілдері негізінен Орал тобы тілдерінің бір бұтағы.

ФИРМА 1. Сауда не өндірістік кәсіпорын. 2. Біртекті кәсіпорындарды біріктіру негізінде құрылған, дербес құқықты шаруашылық есептегі өндіріс бірлестігі. Грампластинка ~сы, тігін ~сы.

ФИТОПАТОЛОГ *биол.* Өсімдіктер кеселін зерттейтін маман.

ФИТОПАТОЛОГИЯ Өсімдіктер кеселін зерттейтін ғылым.

ФЛАГМАН 1. Соғыс кемелері құрамасының, эскадраның қолбасшысы. 2. Әуе немесе теңіз флотындағы жетекші есептелінетін ең ірі кеме, сондай-ақ белгілі бір аймақтың флотындағы ең үлкен және ең әдемі кеме. 3. *Ауыс.* Белгілі бір өндіріс саласындағы кәсіпорындардың ең үлкені, ең басты орындағысы. Қазақстан жеңіл өнеркәсібінің ~ы.

ФЛАГШТОК Жалауды тік көтеру үшін тігінен орнатқан ұзын сырық.

ФЛАНГ *эск.* Сапта тұрған немесе бір жерге орналасқан эскерлердің Оң жақ, Сол жақ қанаты. Оң жақ ~, Сол жақ ~.

ФЛАНЕЛЬ Екі жағы да үлпілдеген сирек түкті жеңіл мата. ~ден тігілген көйлек.

ФЛЕГМАТИЗМ Дүниенің бәріне немқұрайды қараумен ұштасып жататын адам мінез-құлқындағы шектен тыс тұйықтық, самарқаулық.

ФЛЕГМАТИК Эмоциялық сезімі тез қоза қоймайтын самарқау, салғырт адам.

ФЛЕЙТА Ағаштан керней тәрізді етіп жасалған, үстіндегі тесікшелерін жауып тұратын қақпақшалары бар үрлемелі музыка аспабы, сырнай.

ФЛЕЙТАШЫ *Флейта аспабында ойнайтын музыкант.*

ФЛЕКСИЯ *грамм. Сөзді септегенде, жіктегенде жалғаудың өзгеріске ұшырауы, сөз тұлғасының жаңалануы.*

ФЛИГЕЛЬ *Үйдің бір қабырғасына жапсыра салынған құрылыс, немесе үлкен аула ішіне тұрғызылған оңаша үй.*

ФЛОРА *биол. Белгілі аймақта өсіп, тіршілік етуге бейімделген өсімдік түрлерінің жиынтығы.*

ФЛОТ 1. *Бір елдегі немесе жеке бір теңіздегі, сондай-ақ белгілі өзен алқабындағы әскери не сауда кемелерінің жиыны.* 2. *Согыс-теңіз кемелерінің ірі құрамасы.* □ **Әуе флоты** — *әуе қазынасы күштерінің жиыны, авиация.*

ФЛОТИЛИЯ 1. *Белгілі бір өзендегі, теңіздегі кемелердің жиыны.* Каспий ~сы. 2. *Арнаулы мақсаттағы кемелер легі (отряды).* Кит аулайтын ~.

ФЛЮГЕР *Желдің бағыты мен жылдамдығын білу үшін діңгек басына орнатылған айналмалы қалақшасы мен жалаушасы бар аспап.*

ФЛЮОГРАФ *мед. Адам кеудесінің ішкі мүшелерін суретке түсіретін аспап.*

ФЛЮОГРАФИЯ *Адам кеудесінің ішкі мүшелерін рентген сәулелері арқылы суретке түсіру тәсілі.*

ФОЙЕ *Көрермендердің кино, спектакль басталар алдында немесе антракт кезінде дем алып, тыныстайтын зал.*

ФОКУС I 1. *физ. Сынған немесе шағылысқан сәулелердің қиысу нүктесі.* 2. *Суретке түсірілетін нәрсенің кескіні айқын белгіленетін нүкте.*

ФОКУС II *Шапшаң қимылдық, қолдың ептілігімен алдап-арбап, көз бояп неше түрлі сиқырлы ғажап ойындар көрсету.*

ФОКУСШЫ *Фокус көрсетуші; эстрада немесе цирк артисі.*

ФОЛЬКЛОР *әдеб. Ауызша халық шығармашылығы үлгілерінің жалпы атауы; ауыз әдебиеті.*

ФОЛЬКЛОРИСТИКА *Ауыз әдебиеті мен халық музыкасын зерттейтін, халық шығармашылығы жайлы ғылым.* Қазақ ~ның тарихы.

ФОЛЬКЛОРШЫ *Халық шығармашылығын, ауыз әдебиетін зерттеуші.*

ФОН I 1. *Полотноға салынған суреттің негізгі түсі, жалпы өңі.* Суреттің ~ы көгілдір. 2. *Ауыс. Бір нәрсе болып жатқан жердің жалпы көрінісі.*

ФОН II *тех. Телефон немесе радио арқылы алыстан естіліп тұратын дыбыс, шу.*

ФОНАЦИЯ *лингв. Сөйлеу мүшелерінің әрекеті нәтижесінде тіл дыбыстарының айтылу я жасалу процесі.*

ФОНД 1. *Нақты бір мақсатқа арналған қаржы, дүние-мүлік; қор.* 2. *Бір нәрсенің жиналған қоры.*

ФОНЕМА *лингв. Сөздің мағынасы мен тұлғасын түрлендіре алатын тіл дыбыстары.*

ФОНЕМАТИКАЛЫҚ *Фонемаға қатысты, фонемаға тән.*

ФОНЕТИКА *лингв.* 1. *Тіл білімінің дыбыс жүйесін зерттейтін бөлімі.* 2. *Тілдің дыбыстық құрылымы, дыбыстық құрамы.*

ФОНЕТИСТ *лингв. Тілдің дыбыс жүйесін зерттейтін маман, ғалым.*

ФОНОГРАММА *Дыбыс жазылып алынған пластинка (дыбыс табақ).*

ФОНОГРАФ *Дыбысты жазып алып, қайтадан тыңдататын аспап.*

ФОНОЛОГИЯ *лингв. Тілдегі дыбыс құбылыстарын фонетикалық тұрғыдан тексеретін тіл ғылымының саласы.*

ФОНОМЕТР *Дыбыстың күшін өлшейтін аспап.*

ФОНОСКОП *Дыбыстардың өзгеруін, жеке дыбыстардың айтудағы бет құбылысы мен ерен қозғалысын бақылайтын аспап.*

ФОНОТЕКА *Жеке адамдардың сөздері мен музыка шығармалары жазып алынған пластинкалар, ленталар сақталатын орын.*

ФОНТАН *Трубадан, түтіктен не басқа бір көзден қысым күшімен жоғары атқылайтын сұйықтық шапшымасы; шапшыма.*

ФОНТАНДА *Шапшып атқылап ағу; шапшу.*

ФОРЕЛЬ *Тау өзендерінде тіршілік ететін, лосось тұқымдас кішігірім қызыл жолақты балық.*

ФОРЗАЦ *полигр. Кітап мұқабасы мен негізгі беттерін біріктіретін екі (үш) қабатты парақ.*

ФОРМАЛИЗМ 1. *Істің мәнін елемей, оның сырттай, жасанды көрінісіне ғана баса көңіл бөлу.* 2. *Көркемөнерде, әдебиетте, әдебиеттану мен басқа ғылым саласында шығарманың түрін мазмұнынан бүтіндей бөліп алып, оны ең негізгі шарт деп танитын идеалистік бағыт.*

ФОРМАЛИН *Дизенфекция үшін қолданылатын, ащы иісті уландырғыш дәрі.*

ФОРМАЛИСТ *Жұмысқа формальді қарайтын адам; формализмнің жолын қуушы.*

ФОРМАНТ *лингв. Сөз тудырушы, сөз өзгертуші қосымша.*

ФОРМАЦИЯ *Қоғам дамуындағы белгілі кезең және дамудың сондай сатысындағы өндірістік тәсілдің сипатынан көрінетін қоғамдық құбылыс.* Қоғамдық-экономикалық ~.

ФОРМУЛА 1. *Қысқа түжырымды сөйлеммен берілген анықтама.* 2. *Математикалық шамалардың шартты белгілермен таңбаланған қатарлары.* Математикалық ~. 3. *Химиялық қосындылар мен процестердің құрамын белгілейтін әріп таңбалары.* Химиялық ~.

ФОРМУЛЯР *Абонентке берілетін кітап туралы барлық мәліметтер толтырылған кітапхананың кітап ішінде тұратын есеп карточкасы, толық мәлімдеме.* ~лық қосымша бет.

ФОРПОСТ *Алдыңғы жақтағы шепте салынған қорғаныс орны, бекініс.*

ФОРТ *Канал құрылысы жүйесіндегі ұзақ уақытқа есептеліп салынған дербес бекініс орны.*

ФОРТЕПЬЯНО *Клавишты музыкалық аспап; күйсандық.* ~да ойнады, ~ға арналған соната, ~мен сүйемелдеді.

ФОРТИФИКАЦИЯ *әск. Согыс қимылдары болатын жерлерге бекіністер салу жөніндегі әскери-инженерлік ғылым.*

ФОРУМ *Нақты бір мәселені сарапқа салу үшін тиісті жұртшылықтың бас қосқан үлкен жиыны.* Бүкіл дүниежүзілік жастар ~ы.

ФОСФАТ *хим. Техника мен медицинада, сондай-ақ тыңайтқыш есебінде қолданылатын фосфор қышқылының тұзы, минералды зат.* Қаратау ~ы.

ФОСФОР *хим. Кейбір минералдарда, жануарлардың сүйегінде, жанды организмдер мен өсімдіктер*

клеткаларында болатын тез тұтанғыш әрі қараңғыда жылтырап тұратын химиялық элемент. Ақ ~ , қызыл ~.

ФОСФОРИТ *хим. Кальций фосфаттарынан алынатын сұрғылт сары түсті тыңайтқыш минерал.* ~ ұны (кені).

ФОТО *Фотографиялық жолмен түсірілген сурет.*

ФОТОАЛЬБОМ *Фотосуреттер салынған альбом.* ~ға көзі түсті.

ФОТОАППАРАТ *Суретке түсіретін аспап.*

ФОТОАТЕЛЬЕ *Фотосуретті басып шығаратын орын, шеберхана.*

ФОТОГРАФ *Фотография ісіне маманданған, суретке түсіруші адам.*

ФОТОГРАФИЯ 1. *Нәрсенің кескінін жарық сезгіш пластинкаларға немесе пленкаларға түсірудің тәсілі.* 2. *Осы тәсілмен түсіріліп алынған сурет.* 3. *Осындай суретке түсіретін және ол суретті әзірлеп шығаратын жұмыс орны.*

ФОТОКОРРЕСПОНДЕНТ *Суретке түсіру жұмысымен шұғылданатын журналист; фототілші.*

ФОТОКӨРМЕ *Көпшіліктің байқауы үшін фотосуреттер ілінген орын.*

ФОТОКӨШІРМЕ *Бір нәрсенің тұпнұсқадан суретке түсіріліп алынған данасы.*

ФОТОҚАҒАЗ *Түсірілген фотосуреттерді шығаратын арнайы қағаз.*

ФОТОЛАБОРАТОРИЯ *Пленкадағы көмескі бейнелерді айқындап, фотосуреттерді шығаруға лайықталған арнайы қондырғылармен, аспаптармен, электр шамдарымен жабдықталған жұмыс бөлмесі.*

ФОТОЛИТОГРАФИЯ *Суретті фотография жолымен түсіріп, тасқа басып шығару тәсілі.*

ФОТОМЕТР *Жарық күшін өлшеуге арналған аспап.*

ФОТОМОНТАЖ *Ортақ тақырыпқа құрастырылған фотосуреттер топтамасы.*

ФОТОН *физ. Электромагниттік сәуленің кванты; элементарлық бөлшек..*

ФОТООБЪЕКТИВ *Фотоаппараттың бірнеше линзалардан тұратын бір бөлшегі.*

ФОТОПЛЕНКА *Фотографияда заттың бейнесін түсіріп алу үшін пайдаланатын жарық сезгіш лента.*

ФОТОРЕПОРТАЖ *Газет-журнал беттерінде фотосуреттерді бір арға жинақтап жариялау арқылы берілген мәлімет, хабар.*

ФОТОРЕПОРТЕР *Фоторепортаж жасаушы фотограф.*

ФОТОСИНТЕЗ *Жапырақтардағы хлорофильдерде күн сәулесінің көмегімен органикалық емес заттардан, яғни көмір қышқыл газы мен судан органикалық заттардың түзілу процесі.*

ФОТОСУРЕТ *Бір нәрсенің фотографияға түсірілген кескіні.*

ФОТОТЕЛЕГРАММА *Қолжазба мәтін күйінде фототелеграф арқылы жеткізетін жеделхат.*

ФОТОТЕЛЕГРАФ *Заттың бейнесін, суреттер, қолжазба, фотосуреттерді алысқа беретін техникалық құрал.*

ФОТОТЕРАПИЯ *мед. Науқасты сәуле жарығымен емдеу жолы.*

ФОТОТЕРІМ *Кітап-журналдарды фото тәсілімен теру (фотонабор) әдісі.* ~ әдісіне көшу.

ФОТОХИМИЯ *хим. Жарық нұрының химиялық әрекетін тексеретін ғылым саласы.*

ФОТОХРОНИКА *Болған оқиғаларды суреттер арқылы көрсететін хабар; осындай хабар даярлайтын орын.* Каз АА ~сы.

ФОТОШАҚПАҚ *Фотоаппараттың жарық беретін құрылғысы (фотовспышка).* ~ пайдалануға мүмкіндік береді.

ФОТОЭЛЕМЕНТ *физ. Электрондар ағыны немесе электр тогы жарық арқылы басқарылатын электрондық прибор.*

ФОТОЭТЮД *Кездейсоқ, жеке бір тақырыпқа арналған шағын көлемді фотосурет.*

ФРАГМЕНТ *Көркем әдебиеттің, музыкалық шығармалардың үзінділері.*

ФРАЗА *Аяқталған бір ойды білдіретін сөз тізбегі.*

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ *грамм. Белгілі бір тілге тән тұрақты сөз орамдарының жиын аты.* □ **Фразеологиялық тіркес** — *тұрақты сөз тізбектері.*

ФРАК *Алдыңғы екі етегін артқы бойына қарай қиғаштап ойып тіккен, ұзын етекті ерлер киімінің түрі.*

ФРАКЦИЯ *Белгілі бір партия мүшелерінің парламенттегі, қоғамдық ұйымдардағы тобы немесе саяси партия ішіндегі бөлек топ болып оқшауланған шоғыр.*

ФРАКЦИЯШЫЛ *Алалық тудыруға бейім, жікшіл.*

ФРАКЦИЯШЫЛДЫҚ *Алалық туғызуға бейімдік, жікшілдікке үйірлік.*

ФРАНК *Франциядағы және тағы басқа елдердегі ақша өлшемі*

ФРАНЦУЗ *Францияның негізгі халқы.*

ФРЕГАТ 1. *Үш мачталы (діңгекті), желкенді соғыс кемесі.* 2. *Кейбір мемлекеттердің флотында крейсерлік, күзетшілік қызметіндегі соғыс кемесі.*

ФРЕЗЕР *Металдан не ағаштан жасалған түрлі заттардың сыртын жонып, өңдеуге арналған, бірнеше айналмалы тістері бар ұсталық сайман.*

ФРЕЗЕРЛЕ *Айналмалы тістері бар ұсталық сайманымен металдан не ағаштан жасалған заттардың сыртын жонып өңдеу.*

ФРЕЗЕРШІ *Фрезерлеуші, фрезер станогімен жұмыс істеуші, маман жұмысшы.* Заводтың ~сі.

ФРЕНОЛОГ *Френология жолын қуған адам.*

ФРЕНОЛОГИЯ *Адамның психологиясын бас сүйегінің бітіміне қарап білуге болады дейтін көне, жалған ғылыми теория.*

ФРЕНЧ *Сыртынан бастырыла тігілген төрт қалтасы бар әскери үлгідегі кеудеше.*

ФТИЗИАТР *Фтизиатр мамандығының дәрігері.*

ФТИЗИАТРИЯ *Медицинаның өкпе туберкулезінің емдеу әдісін зерттейтін бөлімі.*

ФТОР *хим. Ащы иісті, улы газ түріндегі солғын сары түсті элемент.*

ФУГА *муз. Музыкалық шығармадағы негізгі сарынның бірнеше дауыспен үлгайып, кеңейіп қайталануы.*

ФУКЦИЯ *бот. Гүлінің көбі ашық, сән үшін үйде өсірілетін өсімдік*

ФУНДУК *Кавказ бен Қырымда өсетін жаңғақ тектес бұталы өсімдік, сондай-ақ осы бұтаның жеуге жарайтын жемісі.*

ФУНИКУЛЕР *Тік беткейлерге вагонды темір арқанмен сүйреп шығаратын, рельстерінің арасында вагон кейін сырғып кетпес үшін орнатылған тісті рейкалары бар тау темір жолы.*

ФУНКЦИОНАЛ *мат. Бір немесе бірнеше функцияға тәуелді болатын айнымалы шаманы білдіретін математикалық ұғым.*

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ *Бір нәрсенің қасиеттеріне байланысы жоқ, тек атқаратын қызметіне сәйкес ғылыми еңбек.*

ФУНКЦИЯ 1. *Өзіндегі басқа бір өзгеріске тәуелді, соның әуенімен бірге өзгеретін құбылыс.* 2. *мат. Айнымалы шамалар арасындағы тәуелділікті білдіретін математикалық ұғым.* 3. *Дене мүшелерінің, организмнің атқаратын қызметі, белгілі бір нәрсенің ролі, маңызы.* 4. *Қызмет бабына байланысты жүктелген міндет, атқаруға тиісті істердің жалпы аумағы.*

ФУНТ *Кейбір елдердегі ақша өлшемі.* ~ стерлинг англиядағы негізгі ақша өлшемі.

ФУРГОН *Үсті жабық, жүк таситын арба (машина).*

ФУТ *Саржанның жеті бөлегінің біріне, яғни 30,5 см-ге тең ұзындық өлшемі.*

ФУТБОЛ *спорт. Әрқайсысы он бір адамнан құралған екі команда, допты аяқпен теуіп жүріп, қарсы жақтың қақпасына өткізуді мақсат еткен спорт ойыны.* ~ командасы.

ФУТБОЛШЫ *Футбол ойнаушысы.*

ФУТУРИЗМ *XX ғасырдың бас кезінде әдебиет пен көркем өнер саласында реализмді жоққа шығарып, ескі дәстүрлер мен тәсілдердің бәрін күйретеміндей жаңа стиль тудырмақ болған буржуазияшыл формалистік бағыт.*

ФУТУРИСТ *Футуризм бағытындағы адам.*

ФУТШТОК *Теңізде жүзу кезінде судың тереңдігін өлшейтін ұзын сырық.*

ФЮЗЕЛЯЖ *Ұшақтың барлық бөлшектерін тұтастыра ұстап тұрған құрсауы; корпус.*

Х

ХАБАР *Болған іс, сондай-ақ біреулердің халжайы жөнінде білдірілген қысқаша мәлімет.* Тыңға кететін болыпты деген *хабар* дұрыс ете қалды (Байғұтов). ◊ **Хабар алды** — *бір нәрсе жайынан хабардар болды, естіп білді.* **Хабар берді** — *болған іс, оқиға жайында екінші бір жерге білдірді, мәлім етті.* **Хабар салды** — *кісі жіберіп, бір нәрсенің мән-жайын білді.* **Хабары жоқ** — *тіпті де білмейді, еш нәрсе сезбейді.*

ХАБАРДАР *Біреудің я болмаса болған істің, оқиғаның мән-жайынан мәліметі бар.* Көп жайдан *хабардар* еткеніңе рахмет (Жәкенов). □ **Хабардар болды** — *болған істің мән-жайына, жай-жапсарына қанықты.*

ХАБАРЛА *Болған оқиға немесе болатын іс жайлы жариялау, мәлімдеу.* Ферма меңгерушілеріне *хабарлады* (Есенберлин).

ХАБАРЛАМА 1. *Ауызша не жазбаша түрде қысқаша ғана баяндалатын мәлімет.* Жоспар туралы *хабарлама* жасады ("Қаз. әдеб."). 2. *Құлақтандыру ретіндегі жарнама.* Оқудың шарттары туралы жарнама, *хабарламалар* берген ("Қаз. әдеб.").

ХАБАРЛАМАШЫ *Әр алуан тақырыптарға байланысты әңгіме-хабар жүргізетін адам.* Ол саяси ~.

ХАБАРЛАНДЫРУ *Болар іс жайлы газет-журналға басылған не қағазға жазып, іліп қойылатын құлақтандыру.* Құлпырта жазылған *хабарландыруды* оқыды (С. Шаймерденов).

ХАБАРЛАУШЫ *Бір нәрсе жайындағы хабарды жеткізуші.* ~ адам.

ХАБАРЛЫ *Бір нәрсе жайында мәліметі бар, хабардар.* Ерінің жай-жапсарынан *хабарлы* болса керек (Нәжімеденов). □ **Хабарлы сөйлем** *(грамм.)* — *бірдеменің не бір істің жайын баяндау мақсатымен айтылатын сөйлем.*

ХАБАРНАМА *Ғылыми ақпараттың берілу әдістері мен жалпы қасиеттерін, құрылымын зерттейтін пән; информатика.* Компьютерлік техника және ~ туралы білім — осы заманғы ғылыми-техникалық революцияның перзенттері.

ХАБАР-ОШАР *Біреудің амандығы, күй-жайы туралы дерек, мәлімет.* Мергенбайдан *хабар-ошар* болмады (Ә. Қалмырзаев).

ХАБАР-ОШАРСЫЗ *Із-түзсіз, дерексіз, мәліметсіз. Хабар-ошарсыз* кеткен Дәнекерден қалған белгі осы (К. Қазыбаев).

ХАБАРСЫЗ 1. *Дерегі жоқ, белгісіз, хабар-ошарсыз.* Таңат мүлде *хабарсыз* жоғалды (М. Мағауин). 2. *Үн-түнсіз, тым-тырыс.* Күзден бері *хабарсыз* қалған Кәмеш күдігі күн өткен сайын күшейді (Ғаббасов). 3. *Ауыс. Ешбір түсінігі, хабары жоқ.* Ол мына нарық дегеннен ~ адам. ◊ **Хабарсыз кетті** — *із-түзсіз, үшты-күйлі жоқ болды.*

ХАБАРШЫ *Хабар әкелуші, хабар білдіруші. Хабаршы* Ырғызға отряд келе жатқанын хабарлады (Жұмағұлов).

ХАДИС *діни. Ислам дініндегілердің ұғымы бойынша Мұхаммед пайғамбардың айтқан қасиетті сөздері, өсиеттері.* Пайғамбар ~терінде жүйрік шәкірт.

ХАЗІРЕТ *Ұлы мәртебелі, мырза деп патшалардың, хандардың, әмірлердің атына, титулына қосылып айтылып, жазылатын құрметті атақ.*

ХАЙУАН 1. *Төрт аяқты мақұлық, жануар.* Айғайдан шошынған *хайуандар* атып-атып кетті (Ғаббасов). 2. *Ауыс. Ардан безіп, азғындаған қаскүнем, жауыз.* Ол қаскүнем нағыз ~ ғой.

ХАЙУАНАТ *Жан-жануарлардың, мақұлықтардың жалпы атауы. Үй хайуанаттарының* ішіндегі ең тез жетілетіні қояндар ("Білім және еңбек").

ХАЙУАНАТХАНА *Хайуанаттар паркі, жан-жануарларды, мақұлықтарды бір араға жиып, көпшілікке көрсету шараларымен шұғылданатын мекеме.* Пілдің даусын тыңдауға ~ға бардық.

ХАЙУАНДЫҚ *Мақұлыққа тән іс-әрекет, қатыгездік, жауыздық.* Көптеген адам тиелген эшелонды *хайуандықпен* бомбалап кетті ("Мәдениет және тұрмыс").

ХАЙУАНША *Хайуанға тән іс-әрекет.* Ақылға сәуле қонбаса, *хайуанша* жүріп күнелтпек (Абай).

ХАКАС *Ресей құрамындағы Хакас республикасының негізгі тұрғын халқы.*

ХАКІМ *Білімді, оқымысты, дана, ғалым. Хакімі* әділ болмаса, Бұқара байтақ ел жетім (Ақберен).

ХАҚ 1. *Шындық, күмәнсіз ақиқат.* Оқырманына ыстық махаббаты болса, жазушы еңбегі жанары ~. 2. *Діни мұсылман діниндегілердің ұғымы бойынша дүниені жаратқан алла тағала, құдай, тәңірі.* Әркімнің несібесі *хақ* қолында (Мағауин). □ **Хақ тағала** — *жаратушы, құдай, тәңір.* **Хақтың жазуы (көне)** — *бұйрықты іс, алланың жазмышы деген мағынада.* **Хақ дидарын көрді (көне.)** — *діни сенім бойынша алла тағаланың шапағат, рақымын көру.*

ХАҚЫ *Ақы, еңбек.* Кісі ~н жеу күнә.

ХАЛ 1. *Әл-дәрмен, шама, күш-қуат. Халі* күннен — күнге азайып барады (Нұршайықов) 2. *Жай-күй, тап болған жағдай.* Кемпірдің *халі* жаңағы екеуінен көп тәуір екен (Бектұрғанов). □ **Хал үстінде** — *өлім аузында.* **Халі бітті** — *әлі кетті, титығы құрыды.* **Халі мүшкіл** — *жағдайы тым ауыр.*

ХАЛАЙЫҚ *Бір жерге жиналған көпшілік, дүйім жұрт.* Мына отырған *халайық* атынан алғыс айтамын (Оралбаев).

ХАЛАТ *Үй ішінде күнделікті киетін, жеңіл киім.* Қадиша атлас *халатын* киді (Т. Сүлейменов).

ХАЛ-АХУАЛ *Тұрмыс күйі, тіршілік жайы; жағдай.* Соңғы жылдары халықтың *хал-ахуалы* жақсарды (Р. Тәжібаев).

ХАЛ-ЖАҒДАЙ *Тірлік жай-күйі, ахуал.* Зылиханың *хал-жағдайын* өз көзіммен көрдім (Ғабдуллин).

ХАЛ-ЖАЙ *Тұрмыс жағдайы, ахуал.* Басқарма Ерболаттың *хал-жайын* сұрады (Тұрлыбаев).

ХАЛИФА *Орта ғасырларда мұсылман діниндегі елдердің діні мен үкіметін бір өзі басқарған мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы.*

ХАЛИФАТ *Халифа әулеттері билеген, солардың қол астында болған ел, патшалық.* Ахмед ибн-Фадлан — Бағдат ~ының елшісі.

ХАЛ-ҚАДІРІНШЕ *Шама-шарқы келгенінше, мүмкіндігі болғанынша.* Астананың әр мекемесі *хал-қадірінше* құрмет көрсетті (Ә. Нұршайықов).

ХАЛ-ҚАДЕР *Қолдан келер шама-шарық, мүмкіндік.* Адамның ~ін біле жүрсін.

ХАЛСІЗ *Нашар, әлсіз, ойдағыдай емес.* Кірпігі ғана қимылдап, *халсіз* жатты (Дінисламов).

ХАЛУА *Қуырылған үнды майға, тәтті, шырынды суға шылап жасайтын тәтті тағам.*

ХАЛФЕ *діни. Мұсылманша оқудың белгілі кезеңін аяқтағандарға берілетін атақ, ишанға дейінгі дәреже.*

ХАЛЫҚ 1. *Белгілі бір елді, мемлекетті мекендейтін адамдардың жалпы жиыны.* Қазақ ежелгі ~. 2. *Ел-жұрт, көпшілік, бұқара.* Тамашаға ~ көп жиналды. ◊ **Халықтың адамы болды** — *көпшіліктің қалаулы кісісі, ел қамын жеген ер.* **Халық үстіндегі адам** — *басқаның еңбегімен күн көретін адам.* **Халық айтса қалт айтпайды** — *халық тура сын, шындықты айтады.*

ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ *Еркіндік, бостандық жолындағы күреске қатысты.* ~ қозғалысы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ 1. *Сыртқы саясатқа, халықтар мен елдердің өзара байланысына қатысты, соларға тән.* Шешен өзінің сөзінде *халықаралық* жағдайдан біраз жайттарды тәптіштеді (Бабақов). 2. *Көптеген халықтарға ортақ, жер жүзілік.* Табиғатты қорғау мәселесімен *халықаралық* ұйым — Біріккен Ұлттар Ұйымы да айналысады (Құрманов).

ХАЛЫҚНАМА *Халықтардың тұрмысын, салт-санасын, мәдениетін т. б. зерттейтін білім саласы (народоведение).* Ол *халықнама* — халық туралы ғылым ("Білім және еңбек").

ХАЛЫҚТЫҚ *Ел мүддесіне тән, соған лайық.*

ХАМЕЛЕОН 1. *Тіршілік ететін орта жағдайына сәйкес түсін тез құбылтатын ыстық жақты мекендейтін кесірткенің бір түрі.* 2. *Ауыс. Жеке басының пайдасы үшін ой-пікірін, көзқарасын өзгерте қоятын тұрақсыз, құбылмалы адам.*

ХАМСА *Майшабақ тектес кішкене теңіз балығы.*

ХАН *Феодалдық дәуірдегі кейбір түрік және моңғол халықтарында болған ел билеуші шонжар.* Өзі би, өзі ~ дегені болып тұрған, бірден-бір қожа. ◊ **Ханға сәлем бермейді** — *шаруасына ісі сай, мұртын балта кеспейді.* **Хан көкірек адам** *(көне.)* — *тым тәкаппар адам.* **Хан көтерді** — а) *хан сайлады;* ә) *сый тұтып, құрмет көрсетті.* **Хан түленді** — *қайғырды, налыды, қатты қиналды.*

ХАНА *Мекен-жай, тұрғын үй; немесе үйдің бөлек бір бөлмесі.* Айбалаға құтты *ханасына* жетудің өзі мұң болды (Райымқұлов).

ХАНДЫҚ 1. *Ханға берілген атақ, дәреже.* Жәңгір *хандық* тізгінін 1824 жылы ғана өз қолына алды (Жұмалиев). 2. *Белгілі бір аумақты билеген ханның қол астындағы мемлекеттік бірлестік.* Алматы, Шолпан Ата... — мұның бәрі Үйсін *хандығының* қалалары болған (Тоғысбаев).

ХАНЗАДА *Арғы заты, шыққан тегі хан тұқымынан тараған ұрпақ.* Орынборға оқуға аттанатын *ханзаданың* қасына Зұлқарнайды ақылшы етіп жіберді (Әлімжанов).

ХАНТАЛАПАЙ *этногр. Қызыл (сақа) асық. Омпа түссе болды, ортада жатқан асықтарды жапа-тармағай талап алатын қазақтың ұлттық ойыны.* ◊ **Ханталапайға салды** — *талауға, талапайға түсірді.*

ХАНША *Хан тұқымынан шыққан әйел жыныс ты адам, ханның қызы, қарындасы.* Хан үйінен аңға шыққан соң, *ханшасы* түске жақын үйқысынан оянды (Бодаубаев).

ХАНЫМ 1. *Ханның әйелі, зайыбы.* Ханның сол қол жағында *ханымы* жайғасыпты (Кекілбаев). 2. *Шет елдік біреуге қарата сөйлегенде оның тегі мен атағына қоса айтылатын сыпайы түрде қаратпа сөз.* Сапра *ханым* машинаны маңынан бір қадам шығармай қойды (Адамбеков).

ХАРАП: харап болды [етті, қылды] — *жойылды, құрыды, быт-шыты шықты.*

ХАРИУС *зоол. Тұщы суларда өсіп-өнетін, ласось тұқымдас ірі балық.*

ХАРТИЯ 1. *филол. Ескі қолжазба материалы, құжаттар.* 2. *Саяси қоғамдық, саяси мәнді құжаттар.*

ХАС 1. *Дәл, нақ, шын мәніндегі. Хас* сұлудың нақ өзі! (Мусин). 2. *Бір нәрсенің бойына тән, соған лайық, нағыз.* Өнмен көптің жүрегін жаулап, баурап алу нағыз *хас* таланттардың ғана мандайына жазылған ("Қаз. әдеб."). □ **Хас мұсылман** *(көне.)* — *ислам дінін ұстаған нағыз мұсылман.*

ХАСІЛ: **хасіл болды** — *тілегі орындалды, ойлағаны іске асты.*

ХАТ 1. *Басқа жердегі біреуге не мекемеге хабар жібсру үшін жазылып қойылған не жөнелтілген жазбаша мәтін.* Мәншүк шешесіне ***хат*** жазып жіберді (Сыдықов). 2. *Сөз ретінде қағаз бетіне түсірілген графикалық таңбалардың жүйесі.* Ел басына жолданған ~. ◊ **Хат білді [таныды]** — *сауатын ашты, жаза білді, қара таныды.* **Хатқа жүйрік** — *жазуға шебер, тез жазғыш, тез оқығыш.* **Хатым қылды (діни.)** — *өлген адамның орнына барып жаназа шығарды, өлген кісіге иман айтып, құран оқыды.* **Хатына іліндірді** — *үкіміне кезіктірді, қырына алды.*

ХАТЕЙ *Түйе ерінің (ашамайы не ауытының, кәтебенің) біріне-бірін түйістіріп қосқан екі басы.*

ХАТТА *Есепке алынған заттарды тізімге, хатқа түсіру; кәмпескелеу, тәркілеу.* Енді Орынбек мал-мүлкін ***хаттағалы*** келеді (Ғ. Мұстафин).

ХАТТАУ *Хаттап-қағаздау, қағаз жүзінде заңдастыру; ресмилеу.* ~ға рұқсат етілді.

ХАТ-ХАБАР *Ауызша және жазбаша түріндегі дерек, мағлұмат.* Гүлсімнен ешбір ***хат-хабар*** жоқ (С. Бегалин).

ХАТХАНА *Газет-журнал редакциясы мен мекемелерге жіберілген хат-хабарларды қабылдайтын бөлім; отдел писем.* Редакцияның ~сына 23 мың хат түсті.

ХАТ-ШОТ *Есеп-қисап, жазу-сызу ісі.* Ақаң ***хат-шот*** дегеніңнің түбін түсіреді (Т. Нұртазин).

ХАТШЫ 1. *Бір кезде болған партия, комсомол комитеттерінің және олардың бастауыш ұйымдарының хатшысы.* 2. *Белгілі бір мекеменің іс қағаздарын жүргізуші қызметкер, сондай-ақ жиналыстарда мәжіліс барысын жазып отыруға белгіленген адам.* □ **Мемлекеттік хатшы** — *Президенттен кейінгі жоғарғы лауазым.* **Ғалым хатшы** — *ғылыми мекеменің жұмысын ұйымдастырушы.*

ХАТШЫЛЫҚ *Хатшыға жүктелген қызмет.*

ХАТЫМ *діни. Белгілі бір істің қарсаңында діндарлардың құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатім. Хатымға* жүргелі жатыр едім, — деп молда кітаптарын сала бастады (М. Тоқжігітов). ◊ **Хатым қылды** — *оқуды аяқтап шықты, тамамдады.*

ХАУАНА *діни. Діни аңыздарда баяндалатын ең алғашқы әйел, Адаматаның серігі, жұбайы. Хауана* жұмақтан жерге жалаңаш қуылғанда әбүйірін жапырақпен бүркегені қайда ("Қаз. әдеб.").

ХАУЫЗ *Жан-жағы, түбі шегенделген, су сақтайтын шұңқыр.* Сарайдың дәл алдында жиегін ақ мәрмәрмен шегендеген ***хауыздың*** мөлдір суы тұнып тұр (С. Сматаев).

ХА-ХА *Қатты күлгенде шығатын дыбыс. — Ха-ха,* дәл мысық секілді деп күлді қыз ("Қаз. әдеб.").

ХА-ХАХАЛА *Қарқылдап қатты күлу.* Қайырбектің сасқанына жұрт ***ха-хахалап*** күлісті (Б. Майлин).

ХИЖРА *Мұсылман дінін ұстанатын елдердегі жыл санау жүйесінің басталар күні. Хижра* күні біздің жыл санауымыз бойынша 622 жылдың 16 шілдесіне, жұма күніне келеді (ҚСЭ).

ХИКАЯ 1. *Болған іс, бастан кешкен жағдай, оқиға.* Талай адамды ажалдан құтқарған қызық ***хикаялары*** көп (Дәуренбеков). 2. *Алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма.* Ақылбай сол ***хикаяны*** өлеңмен қайта жазды (Кәрменов).

ХИКАЯТ *кітаб. Әдеби хикаялардың, жинақтардың аты.* Ғашықтық, махаббат деген ***хикаяттар*** тек әйелдердің шығарғаны деп түсінеді (Д. Досжанов).

ХИКАЯШЫЛ *Ғажайып оқиғаларды шерткіш, әңгімешіл.* ~ адам.

ХИКМЕТ 1. *Керемет, ғажайып, сұмдық.* Нәргүл бұнда енді не ***хикмет*** жатқанын білгісі кеп асығады (Байтанаев). 2. *Азап, ауыр бейнет.* Басқа түскен ***хикметті*** бірге тартып күн кешті (С. Жүнісов).

ХИМИК *Химия ғылымының маманы, сондай-ақ химия өнеркәсібінің қызметкері.*

ХИМИКАТ *Лаборатория, фабрика жағдайында дайындалған химиялық, дәрі-дәрмектік, тыңайтқыштық өнім.*

ХИМИЯ *Табиғаттану саласындағы материяның ішкі құрамын, оның құрылысын, сапалық өзгерістердің заңдылықтарын, заттардың ыдырауы мен өзгерісін, сондай-ақ сапалық өзгерістердің нәтижесінде жаңа заттардың пайда болу заңдылықтарын тексеретін негізгі ғылымдардың бірі.*

ХИМИЯЛАНДЫРУ *Халық шаруашылығынан химия өнімдерін өндіру.* Ауыл шаруашылық өндірісін ***химияландырып*** механикаландыру кең өріс алды (Ақтаев).

ХИМТАЗАЛАУ *Киім-кешекті химия әдісімен тазалау.* ~ салоны.

ХИНДИ *Үндістанның мемлекеттік және негізгі әдеби тілінің бірі.*

ХИРУРГ *Хирургия маманы, оташы.*

ХИРУРГИЯ *Ауруды оташылық тәсілмен емдейтін медицинаның бір саласы.*

ХЛОР *Дезинфекция жасағанда қолданылатын, уландырғыш заттар жасауға пайдаланылатын химиялық элемент, улы сасық газ.*

ХЛОРИД *Хлорлы сутек немесе тұз қышқылының тұзы.*

ХЛОРИН *Жасанды талшықтың бір түрі, содан тоқылған мата.*

ХЛОРЛЫ *Құрамында хлоры бар, хлормен қосылысқан кальций (әк, сутегі).*

ХЛОРОФИЛЛ *Өсімдіктердің күн сәулесі жарығын бойына сіңіріп, фотосинтез процесін жүргізетін жасыл пигмент.*

ХЛОРОФОРМ *Құрамында хлоры бар, ерекше иісті, ұйықтататын, түссіз органикалық зат.*

ХЛОРОФОС *Суда жақсы еритін, иісі шамалы ғана білініп тұратын, ақ түсті, кристалды улы дәрі.*

ХЛОРПИКРИН *Иісі мұрын жаратын, ауыл шаруашылық зиянкестерімен күресте дезинфекция жасаған, сондай-ақ улағыш зат есебінде қолданылатын өткір иісті түссіз сұйық зат.*

ХОККЕЙ *Мұз айдынында немесе көгалды алаңда екі жақтың бір-бірінің қақпасына шайба түсіру үшін бәсекелесетін спорт ойыны.*

ХОККЕЙШІ *Хоккей ойнаушы.* Қазақстан ~лері.

ХОЛЕРИК *Эмоциялық қозуы өте шапшаң, өзінің сезім күйін бірден байқататын, қызу мінезді адам; темпераменттің бір түрі.*

ХОЛЕСТЕРИН *Ағзаның барлық клеткаларында кездесетін маңызды биохимиялық зат.*

ХОЛЕЦИСТИТ *мед. Өт клеткасының қабынуынан болатын ауру.*

ХОР *муз.* 1. *Вокалдық музыканы қосылып орындайтын әншілер тобы.* 2. *Әншілер тобының орындауы үшін жазылған көп дауысты музыкалық шығарма.*

ХОР: хордың қызы — *діни наным бойынша жұмақта болатын мәңгі жас, өте сұлу қыз.*

ХОРАЛ *Католиктер мен протестанттардың шіркеуде орындайтын көп дауысты діни әндерінің бір түрі, сондай-ақ осындай түрде жазылған музыкалық шығарма.*

ХОРДА 1. *мат. Шеңбердің екі нүктесін қосатын түзудің кесіндісі.* 2. *биол. Адамның және хордалы жануарлардың арқа жағындағы ұзына бойына созылған желі тәрізді құрылым.*

ХОРЕЙ *Өлең құрылысының тоникалық жүйесіндегі алғашқы буынына екпін түсетін екі буынды бунақ.*

ХОРЕОГРАФИЯ *Би және балет спектакльдерін қою өнері.*

ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ *Хореографияға қатысы бар, сонымен байланысты.* ~ театр (~училище, ~шығарма, ~ би).

ХОРМЕЙСТЕР *Хор басқарушы дирижер, хор жетекшісі.*

ХОШ I *Көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықылас-зауқы.* Баланы қайдам, екінің көңілі *хош* болатын (Тұменбаев). □ **Хош иіс** — *аңқыған жұпар иіс бас айналдыратындай еді.*

ХОШ II *Алдыңғы айтылған ойды жорамал ретінде қабылдай отырып, оған қарсы дерек айтарда қолданылатын құптау сөз. Хош,* құдіретіңнен айналайын күй, домбыра! — деп барып тоқтады (Б. Шаханов).

ХОШСЫЗ *Көңіл-күйі пәс, ықылассыз, зауықсыз.*

ХОШТАН *Көңіл-күйі көтерілу, ықыластану.* Ойындағысын орындап көңілі *хоштанды* (Н. Оразалин).

ХОШТЫҚ *Көңіл-күйі көтеріңкілік, ықыластылық.* Көңіл *хоштығы* бұл екеуінің арасындағы жас айырымын жойып жібергендей (Ж. Молдағалиев).

ХОШУАҚ *Көңілді, жарқын.* Қой көңілім, қапаланба, *хошуақ* боп жүре бер (Хафиз).

ХРАМ 1. *Құдайға құлшылық ету үшін салынған ғимарат, шіркеу.* Римде құдайдың атына салынған үлкен *храм* бар ("Білім және еңбек"). 2. *Ауыс. Жоғары оқу-білім, ғылым ордасы.* Бүгінгі ғылым *храмында* отызға тарта зерттеу институттары бар ("Лен. жас").

ХРЕСТОМАТИЯ *Белгілі бір жүйемен іріктелген шығармалардың үзінділерінен немесе әдеби шығармалардың үлгілерінен тұратын, оқушыларға, студенттерге арналған жинақ.*

ХРИЗАНТЕМА *бот. Шоқ гүлдері түрліше рең беретін, әсем гүлді сәндік өсімдік және осы өсімдіктің гүлі.*

ХРИСТИАН *Христиан дінін ұстаушы адам.*

ХРИСТИАНДЫҚ *Христиан дінінің жолын қуушылық, соған тән қасиет.* ~ қайырымдылық (сипат).

ХРОМ I *Сұрғылт түсті, жалтырауық қатты металл; химиялық элемент.* ~ кені (тұзы).

ХРОМ II *Былғарының жұмсақ, жылтырақ жұқа сорты.* ~ етік.

ХРОМАТИЗМ *Түрлі түсті кескіндер мен сәулелерді алуда болатын оптикалық ортаның сындырғыштық қасиеті.*

ХРОМАТИН *биол. Жануарлар мен өсімдіктер клеткасындағы негізгі зат.*

ХРОМДА 1. *Басқа металдарды хроммен қаптау, хром жалату.* 2. *Хром қоспаларын араластырып, тері бетін жылтырату.*

ХРОМОСФЕРА *астр. Күнді қоршаған атмосфераның сыртқы қабаты.*

ХРОНИКА 1. *Болған оқиғаларды уақыт ретімен тәртіптеп жазу ісі.* 2. *Баспасөздің қысқа хабарлар жариялап отыратын бөлімі; күнбе-күнгі қоғамдық өмір жайында жасалған деректі фильм.*

ХРОНОГРАФ I *Ежелгі елдердің тарихи хроникасын баяндайтын ескілікті көне жазу ескерткіші.*

ХРОНОГРАФ II *Қысқа мерзім ішіндегі шапшаңдықты тіркеп және өлшеп отыратын, өздігінен жазатын аспап.* Фотографиялық ~.

ХРОНОЛОГ *Хронологиямен айналысушы адам.*

ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ 1. *Оқиғаның болған уақытын өз кезегімен тіркеп отыратын тізбе.* 2. *Хронологияға негізделген.* ~ кесте (~ тәртіп, ~ құжат, ~ альбом).

ХРОНОМЕТР *Асқан дәлдікпен жүретін сағат.*

ХРОНОМЕТРАЖ *Хронометрдің көмегімен қимыл-әрекетке кеткен уақытты өлшеп білу әдісі.*

ХРОНОСКОП *Уақыт аралығындағы сәтті өлшейтін аспап.*

ХРУСТАЛЬ 1. *Айрықша жалтылдап тұратын жоғары сортты шыны.* 2. *Сондай шыныдан жасалған қымбат бағалы ыдыс-аяқ.*

ХУНТА *Кейбір буржуазиялық елдердегі әр түрлі реакцияшыл әскери бірлестіктердің, топтардың, одақтардың саяси аты.*

ХУРАЛ *Моңғол Халық Республикасындағы еңбекшілердің жоғарғы және жергілікті өкімет органдарының аты.*

ХУТОР *Ресей мен Украина жерінде болатын бірнеше түтінді кіші-гірім елді мекен.*

ХҰҚ *Азаматтық құқық, саяси ерік, құқық.* ~ы жоқ (бар).

ХҰҚЫҚ *Ерік, қақы, құқ.*

ХҰРСАНТ *Шат көңілді, шадыман.* Құр сөзіңе *құрсант* боп, желденген екем бекерге (Хафиз).

ХҰСНИ *Ең жақсы, өте әдемі, асқан сұлу.* Иранның *хұсни* зия тотысындай (Ақан сері). □ **Хұсни хат** — *көркем жазу (анық, әдемі жазу).*

Һ

ҺАШИЯ *Оқырманның кітап шетіне түсірген белгісі, қысқаша пікірі.* Б. Момышұлының Абай кітабының шетіне жазылған *һашиясымен* таныстырамыз ("Мәдениет және тұрмыс").

ҺӘММӘТСІЗ *Қайырымсыз, ұмітсіз. Һәммәтсіз* ерге біткен мал бекер емей немене (Бұқар жырау).

Ц

ЦЕЙТНОТ *Шахмат ойынында кезекті жүрісті қалай жүрерін білмей тұйыққа тіреліп, уақытты ұтқызу.*

ЦЕЛЛОФАН *Целлюлозадан істелінетін су өтпейтін мөлдір жұқа зат.* ~ қалта.

ЦЕМЕНТ *Майда ұгінді түрінде әзірленген, су қосып араластырғанда тұтқыр жабысқақ қоспа шығатын құрылыс материалы.* ~ еден заводы (астау).

ЦЕМЕНТТЕ *Цемент қосып ұстату.* Төрт қабырғасы түгел ~лген еді.

ЦЕМЕНТТІ *Цемент араластырып істелген, құрамында цементі бар.* ~ труба (бағана).

ЦЕНЗ *Азаматтардың белгілі бір саяси хұқықтарын іске асыруды шектейтін шарт.*

ЦЕНЗОР *Баспадан шығатын кітап, газет-журнал тағы басқаларының бағыт-бағдарына бақылау жасап отыратын қызметкер.*

ЦЕНЗУРА *Баспасөзге дайындаған, сахнаға қоюға әзірлеген шығармаларға бақылау жасайтын орган.* Бұрын "Айқап" журналында Мұхаметжан патша өкіметінің *цензурасынан* именіп, көп мәселелерді қозғай алмайтын еді (Кенжебаев).

ЦЕНТ *АҚШ, Канада сияқты кейбір елдердегі бір доллардың жүзден біріне тең ұсақ ақша.*

ЦЕНТНЕР *Жүз килограммға тең салмақ өлшемі.* Бес ~ астық.

ЦЕНТНЕРЛЕ *Центнер-центнер ету, мол ету.* ~п есептеді.

ЦЕНТРАЛИЗМ I *Бір орталықтан басқару жүйесі.* Демократиялық ~ қалыптасуда.

ЦЕНТРИЗМ II *саяс. Интернационалдағы реформистік және революциялық бағыттағылардың күрес барысында туған оппортунистік идеялық саяси ағым.*

ЦЕНТРИСТ *Сөз жүзінде марксизмді жақтағанмен іс жүзінде оны бұрмалаушы.*

ЦЕХ *Өнеркәсіп орнының негізгі өндірістік бөлімшесі.* Құю ~ы, колбаса ~ы, сүт тағамдары ~ы, ащытқы ~ы.

ЦИАН *хим. Азот пен көміртегінің қосындысынан тұратын өте улы, өткір иісті, түссіз газ.* ~ды сутегі.

ЦИВИЛИЗАЦИЯ *Белгілі бір қоғамдық-саяси құрылыс кезіндегі және материалдық мәдениеттің даму сатысы, өркениет.* Еуропалық ~.

ЦИВИЛИЗАЦИЯЛАН *Белгілі бір қоғамдық-саяси құрылыс кезінде рухани және материалдық жағынан дамып өркендеу; өркениеттену.*

ЦИКЛ 1. *Белгілі уақыт ішінде толық айналыс жасайтын белгілі бір құбылыстар жүйесіндегі процестердің жиынтығы.* Өндіріс ~і, өнеркәсіп ~і. 2. *әдеб. Қаһармандарының я тақырыбының немесе тарихи дәуірінің бірыңғай болып келуіне қарай топтастырылған шығармалар тобы.* Өнер туралы лекция ~і.

ЦИКЛОН *Ауа қысымының төмендеуімен байланысты қалың бұлт қаптап, жауын-шашынға айналатын атмосфераның құйынды күйі.* ~дық жаңбыр.

ЦИКЛОТРОН *Ядролық бөлшектердің қозғалыс қуатын үдететін арнайы күрделі құрылғы.*

ЦИЛИНДР 1. *геом. Түйық цилиндрлік бетпен және өзара параллель екі жазықтықпен шектелген геометриялық дене.* 2. *техн. Машина мен механизмдердің (іштен жанатын двигательдің, бу машинасының, гидравликалық не пневматикалық жүйелердің) поршеньді қаптап тұратын жұмыр шелекшесі.* ~дегі поршень. 3. *Түрі осындай биік төбелі, жиегі тарлау қатты қалпақ.*

ЦИНК *Көгілдір түсті химиялық элемент, қақтауға төзімді металл; мырыш.*

ЦИНКОГРАФИЯ *Фотография жолымен мырыштан суреттердің клишесін дайындау тәсілі, сондай-ақ клише әзірлейтін орын.*

ЦИРК *Акробаттар мен клоундардың, қолға үйретілген хайуандардың қатыстырылуымен ойын-сауық көрсететін көпшілік орын.*

ЦИРКУЛЬ *Шеңбер сызатын, сондай-ақ чертеждердің ұзындығын өлшейтін екі ашалы аспап.* Бөлгіш ~.

ЦИРКУЛЯЦИЯ *Ауа ағысының не сұйықтықтың белгілі бір түйықтық бойымен айналып жүріп тұру жүйесі.* Жылы ауаның ~сы, ауысып тұруы.

ЦИСТЕРНА *Машина, вагон үстіне орнатып, сұйықтықты бір орыннан екінші орынға жеткізу не сақтау үшін пайдаланылатын сыйымды үлкен ыдыс.* ~ вагон, ~лы машина.

ЦИТАТА *Белгілі бір шығармадан өзгертпей, сөзбе-сөз алынған үзінді.* Классиктерден ~ алды.

ЦИТОЛОГ *Цитология ғылымының маманы.*

ЦИТОЛОГИЯ *биол. Жануарлар мен өсімдік клеткаларының құрылысы мен тіршілігін зерттейтін биология ғылымының бір тарауы.*

ЦИТОПЛАЗМА *Клетканың ішкі кеңістігін толтырып тұратын қоймалжың сұйық.*

ЦИТРА *Музыка аспабының бір түрі.*

ЦИТРУС *Апельсин, лимон, мандарин өсімдіктерінің жалпы аты.*

ЦИФЕРБЛАТ *Сағаттың тілі, айналып тұратын цифрлы беті.*

ЦИФР *Сан ұғымын жазуда белгілейтін таңба.* Араб (рим) ~лары.

ЦИФРЛА *Цифрлар қойып белгілеу, нөмірлеу.* Барлық әріпті ~п белгіледі.

ЦЫГАН *Дүние жүзінің әр түрлі елдерінде көшпелі тірлік ететін үнді тектес халық.*

Ч

ЧАСТУШКА *Ауыз әдебиеті поэзиясының екі не төрт тармақтан тұратын, көбіне белгілі бір әуенмен күлдіргі, лирикалық сарында айтылатын орыс халқының әні.*

ЧЕК *Ағымдағы есеп-шоттан ақша алу үшін банкке тапсырылатын құжат қағаз, сондай-ақ бұйым сатып алу үшін кассаға ақша төлегенде берілетін талон.* Ақша төлейтін ~, ~ жазып беру.

ЧЕМПИОН *Спорт жарыстарында, біріншіліктерде осы атаққа ие болған жеке спортшылар мен командалар.* Суға жүзуден ел ~ы, шахматтан дүние жүзінің ~ы.

ЧЕМПИОНАТ *Спорттың әр түрінен өткізілетін біріншіліктер.* Шахмат (футбол) ~ы.

ЧЕРЕПИЦА *Саз балшықтан немесе цементтен науашық тәрізді етіп құйып, үй шатырын жабуға пайдаланылатын материал.* Үйлердің шатыры ~мен жабылған.

ЧЕРТЕЖ *Құрылыс жобаларының, машина бөлшектерінің техникалық суреттерінің жазықтық бетіне түсірілген сызық кескіндері, сызба.* Үйдің ~і.

ЧЕХ *Чехияның негізгі тұрғындарын құрайтын батыс славян халқы.*

ЧЕЧЕН *Ичкерияда (Шешенстанда) тұратын негізгі тұрғын халық.*

ЧИНОВНИК *Патша өкіметі кезіндегі кеңсе қызметкері.*

ЧУВАШ *Чуваш республикасында тұратын негізгі тұрғын халық.*

ЧУКША *Чукот ұлттық округінде тұратын тұрғын халық.*

Ш

ШАБАҚ I *Арба доңғалағының шеңбері мен күпшегін жалғастырып, бекітіп тұратын ұсақ таяқша тіреуіштер, кегей.* Доңғалақ ~тары босап кетіпті.

ШАБАҚ II *Өсіп жетіле қоймаған жас, майда балық.* ~ балық.

ШАБАҚТА 1. *Денедегі ісікті өткір пышақ ұшымен, бізбен немесе инемен шанышқылап іріңді, арам қанды шығару.* 2. *Үйысқан жүнді, мақтаны сабаумен жайлап соғып, көпсіту.* Ақ мақтаны *шабақтап*, бишілердей үйірілген (Д. Әбілев).

ШАБАҚТАЙ *Кішкентай шабақ балықтай.*

ШАБАЛА *жерг. Қазаннан етті, нанды сүзіп алатын кепсер, нансүзгі.* Темір ~мен нан сүзді.

ШАБАЛАН 1. *Иттің өршелене ұруі.* Төбет ~ып үрді. 2. *Ауыс. Шайпау мінез, ерсі айқай.* Жеңгесінің ~уынан оянды. ◊ **Шабалаң етті** — *шап ете қалды, ұрыса кетті.*

ШАБАН 1. *Жайбасар, жалқау, енжар.* ~ ат. 2. *Баяу, сылбыр.* Ісі, жүрісі ~.

ШАБАНДА *Ақырындау, баяулау.* Ат жүрісі ~й бастады.

ШАБАНДАУ *Сылбырлау, тым баяулау, жайбарақаттау.* Болат ~ еді, ~ сөйледі, ~ қимылдайтын.

ШАБАНДОЗ 1. *Бәйге атына мініп, өнер көрсетуге жаттыққан жігіт.* Көкпарға ~дар шықты. 2. *Ауыс. Белгілі бір істің, өнердің хас шебері.* Өнердің ~ы.

ШАБАНДОЗДЫҚ *Шабандозға тән қасиет, ерекшелік.* Ат құлағында ойнайтын *шабандоздығын* көрсетті ("Лен. жас").

ШАБАНДЫҚ *Баяу қимылдаушылық, сылбырлық.* ~пен ақырын қозғалды.

ШАБАН-ШАРДАҚ *Аш-арық, кем-кетік.* Жоқтық қанатын қырқып, *шабан-шардақ* болған талайлар бар (М. Әуезов).

ШАБАРА *жерг. Хайуанаттар паркінде аңдарды қамайтын тортемір.*

ШАБАРМАН *көне. Ерте замандағы әкімдердің тапсырмаларын орындайтын шапқыншы, хабаршы.* Жатақтар үстіне шапқылап, *шабармандар* келді (М. Әуезов).

ШАБАРМАНДЫҚ *Шабарман атқаратын іс-әрекет.* Ол ~қа ыңғайлы.

ШАБАТА *Жазда аяққа киетін жөкеден, талдың қабығынан тоқылған, жеңіл аяқ киім түрі.* Аяғында жеңіл *шабата* (С. Бердіқұлов).

ШАБАШТЫҚ *жерг. Малшылық кәсіп.*

ШАБДАЛЫ *Тәтті шырынды жемісі бар, оңтүстікте өсетін ағаш және сол ағаштың сүйекті жемісі. Шабдалының* тұқымы жемістен бөлініп алынады (А. Жанғалин).

ШАБДАР *Жал-құйрығы сарғыш келген құла жирен жылқы.* ~ ат.

ШАБДАРЛАН *Сары күрең тарту, қызғылт күңгірттену.* Беті ~ып кетті.

ШАБЛОН 1. *Бір текті нәрселер жасалатын қалып.* 2. *Ауыс. Жауыр болған.* Ол үйреншікті ~ынан айнымай, сүйкей береді.

ШАБУ *Киімнің қолтығына, ауына, тағы кейбір тұстарына ұшкірлеп қиып салған қиықша.* Қолын камзолының *шабуына* сүртті (І. Жансүгіров).

ШАБУЛЫ *Шабу салынған, шабуы бар.* ~ бөрік.

ШАБУСЫЗ *Шабу салынбаған, шабуы жоқ.*

ШАБУЫЛ 1. *Соғыста жауға қарсы ұйымдастырылған қимыл-әрекет.* Әскерлер жауға қарсы ~ жасады. 2. *Спортта қарсы жаққа жасалатын әрекет, қарсы күш.* Футболшылар ~ға шықты.

ШАБУЫЛДА 1. *Үсті-үстіне шабуылға шығу, тынбастан соғысу.* Жауынгерлер дамылсыз ~ды. 2. *Бір жақтың екінші жаққа қарсы іс-әрекеті, қимылы.* Бір сәт біздің футболшылар жаппай ~уға шықты. 3. *Жан-жаққа шапқылап, ат сабылту.* ~п жүрген ел.

ШАБУЫЛДАУШЫ *Шабуылға шығушы, үсті-үстіне шабуыл жасаушы.* ~ армия, ~ жақтың адамы.

ШАБУЫЛШЫ 1. *Жау шебіне шабуыл жасаушылар.* ~лар алғы шепті басып алды. 2. *спорт. Қарсы жақтың қақпасына шабуыл жасайтын ойыншы.* ~ есеп ашты.

ШАБЫҚ I *Мақта, бау-бақша дақылдарының түбіндегі топырақты қопсыту, босату жұмысы.* Мақтаның ~ғы, ол ~ шапты.

ШАБЫҚ II *көне. Шар, шақпақ тас.* Болаттай төрт аяғы, *шабықтың* отын жарады (Алпамыс батыр).

ШАБЫҚТА *Өсімдіктердің түбіндегі арам шөпті отау, топырақты қопсыту.* Картоп егісін ~ды.

ШАБЫҚТАУЫШ *Екпе өсімдіктердің түбін қопсыту үшін жасалған құрал.* Аспалы *шабықтауыш* (Ауыл шаруаш. машина).

ШАБЫҚШЫ *Өсімдік түптерін қопсыту жұмысын атқарушы, арам шөпті отаушы.* Бұлардың өздері механизатор, өздері *шабықшы*, сушы, өздері терімші (С. Асанов).

ШАБЫН I *сөйл. Шабындық.* Бұндай жылдары *шабын* ат бойы өседі (Ғ. Мұстафин).

ШАБЫН II *Өрекпу, өршелену, кимелеу, ұмтылу, қайта-қайта тап беру, шабалану.* Бура ~ды.

ШАБЫН III *Моншада ыстық буға қыздырынып сыпыртқымен сабалану.* Буға әбден ~ып алды.

ШАБЫНДЫ *көне. Согыс, шапқыншылық.* ~дан келген күң.

ШАБЫНДЫҚ *Мал азығына шауып алуға жарамды шөбі шүйгін жер.* ~тан шөп шапты.

ШАБЫР: ала шабыр — *ала құла, ойдым-ойдым, селдір-сирек.* ◊ **Ала шабыр бұлт** — *сирек бұлт.*

ШАБЫРА I *Ешкі терісінен иленген былғары.* ~ етік, ~дан тігілген сөмке.

ШАБЫРА II *жерг. Қар тоқтататын бөгесін.*

ШАБЫРҚАН *Буырқану, бұрсану, шабыну.* Сабасынан шыға ***шабырқанып*** жататын дүлей тасқын адамға табынып тұр (С. Ақтаев).

ШАБЫС I 1. *Аттың қос аяқтап қатты шапқан күйі.* Құлагердің ~ына елікті. 2. *Ат бәйгесі.* Аттарды ~ болатын жерге әкелді. 3. *Ауыс. Екпін, қарқын.* Қария кезінде ~ынан таймаған еңбеккер болатын.

ШАБЫС II *Шабындық, пішендік жер.* ~ етегі осы.

ШАБЫС III *Согысу, шайқасу.* ~қанда кімді-кім аяйды.

ШАБЫСКЕР *Бәйге атына мініп шабатын шабандоз.* Орайы келіп озғандар да, ұзаққа сілтер *шабыскерлер* де іріктелді (С. Бердіқұлов).

ШАБЫСТЫ *Шабысқа төзімді, жүйрік ат.*

ШАБЫТ *Адамның көңіл-күйінің ерекше ықыласты әсерлі сәті.* Кененнің ~ы келді.

ШАБЫТТАН *Адамның белгілі бір іс үстіндегі көңіл-күйінің, ынта-ықыласының арта түсуі.* ~а сөйледі (жырлады).

ШАБЫТТЫ *Адамның шабыты келген, ерекше бір ынталы, ықыласты сәті.*

ШАБЫТТЫЛЫҚ *Шабыты келгендік, ынталылық.*

ШАҒАЛ *Өлексемен қоректенетін қасқыр тектес жыртқыш аң.*

ШАҒАЛА *Ақ түсті, сирағы қысқа, жүні селдір, суда тіршілік ететін құс.*

ШАҒАЛАДАЙ *Шағала сияқты аппақ.* ~ ақ үйлер, жаңа мектеп те ~.

ШАҒАЛАЛЫ *Шағаласы көп, шағаласы қалың.* ~ шалқар көл.

ШАҒАЛДАҚ *жерг. Жүгерінің собығынан дәнін үгіп алғанда ортасында қалатын өзегі.*

ШАҒАН *Биік әрі діңі түзу бұтақсыз өсетін ағаш.* Жасыл ***шағаң***, үйеңкі сияқты бұталар өседі (А. Балтабаев).

ШАҒАТАЙ: шағатай тілі — *түркі халықтарының бәріне бірдей түсінікті орта ғасырлық ескі әдеби тіл.*

ШАҒИ *Жұқалаң жұмсақ; таза тінді жібек мата.* ~ тысты бас киім, ~ көйлек.

ШАҒЫЛ I *Белес-белес, жота-жота боп үйіліп қалған құм.* ~ құм.

ШАҒЫЛ II *Жалт-жұлт етіп шағылысу, жарқылдап сәуле түсу.* Көзі күнге ~ып тұр. ◊ **Тауы шағылды** — *сағы сынды, көңілі қайтты.*

ШАҒЫЛДАН *Шағылға айналу, шағыл құм болу.* ~ған жер.

ШАҒЫЛДЫ *Шағылы мол, шағыл құмы бар.* Біздің жеріміз негізінен ***шағылды*** аймақ ("Соц. Қаз.").

ШАҒЫЛЫС I *Малдардың, аңдардың ұрықтану сәті, кезі.* Қой ~ы басталды.

ШАҒЫЛЫС II *Күн сәулесінің әсерінен бір нәрсенің бетіне сәуле түсу, жарқылдау, жалтылдау.* Күн сәулесіне жылтырай ***шағылысқан*** аппақ қар (С. Мұқанов).

ШАҒЫМ 1. *Біреудің үстінен айтылған арыз.* ~ айтты (берді, түсіпті). 2. *заң. Сот тарапынан кесілген үкімге наразылық ретінде жоғары заң орындарына жазылған өтініш.* Облыстық сотқа ~ жолдады. □ **Шағым кітабы** — *халыққа қызмет көрсететін мекемелерде болатын, әркім өз шағымын жазып қалдыратын арнайы дәптер.*

ШАҒЫМ: бір шағым қант — *шағылған қанттың бір түйірі.*

ШАҒЫМДАН *Наразылық білдіріп шағым айту, арыздану.*

ШАҒЫМПАЗ *Шағым айтқыш, арызшыл.* Бұл сөз оны ***шағымпаз*** етті (С. Шаймерденов).

ШАҒЫМШЫ *Шағым айтушы, арызшы.* ~лар әр жерде кездеседі.

ШАҒЫМШЫЛ *Шағымпаз, арызшыл.* Шалағай қызметкерлер ***шағымшыл*** ("Қаз. әдеб".).

ШАҒЫН I *Кішірек, көлемі ықшам.* ~ екі бөлме.

ШАҒЫН II *Біреуге мұң-мұқтажын айтып шағымдану.* Қиындығын айтып ~ды.

ШАҒЫНДА *Шағын ету, көлемін кішірейту, шамалау.* Тәрелкеге ~п май салды.

ШАҒЫНДАУ *Кішірек, шамалылау, мардымсыздау.* ~ бөлме.

ШАҒЫНДЫҚ *Ықшамдық, кішіректік.*

ШАҒЫР I *бот. Құмды, шағылды жерлерде өсетін құрай тектес өсімдік.*

ШАҒЫР II 1. *Шегір.* ~ көзді кісі. 2. *Ауыс. Мінезі шапшаң, шәлкем-шалыс.* ~ мінез.

ШАҒЫРЛАН *Күн сәулесінің тура түсіп, шақырайуы. Шағырланып* тұрған күннің көзі отыншылардың шекесін қыздыра бастады (Ғ. Мұстафин).

ШАҒЫРЛАУ 1. *Шегірлеу.* ~ көз. 2. *Ауыс. Мінезі шайпаулау, шәлкестеу.* Рас, шешесінің мінезі ***шағырлау*** екен (Сарғасқаев).

ШАҒЫРЛЫ *Шағыр көп өскен, шағыры қалың.* ~ жазық.

ШАҒЫРМАҚ *Жарқыраған, қызулы. Шағырмақ* күндері Алматы мүлде басқаша (Қ. Жұмалиев).

ШАҒЫРМАҚТАН *Күннің қызулануы.* Күн ~ып көтерілді.

ШАҒЫРМАҚТАУ *Күннің қызуы молырақ, шуақтылау.*

ШАҒЫСТЫР *Біреуді біреуге өшіктіру, айдап салу.* Мені сізге ~ған анау алаяқ.

ШАҒЫСТЫРУШЫ *Бір адамды екінші адамға жамандаушы, өшіктіруші, айдап салушы.* Талай-талай ***шағыстырушылар*** болды (Ә. Тарази).

ШАДЫМАН *Шат, шаттық, қызық.* ~ өмір (күлкі).

ШАДЫМАНДЫ *Қуанышты, қызықты.* ~ күй (~ сөз, ~ сезім).

ШАДЫР *Шап етіп шатақтаса кететін, мінезі шайпау, шәлкес.* ~ шал, мінезі ~. □ **Шадыр көз** — *шақырайған, шатынаған көз.*

ШАДЫРА I *жерг. Жөкеден тоқылған ыдыс.* Балықты ~ға салды.

ШАДЫРА II *Жұқа матадан тігілген, көбінесе шығыс әйелдері киетін жамылғы.* Әйелдер ~ға оранып отыр.

ШАДЫРАЙ *Оғаш мінез көрсету, көзін адырайту, шақшиту, шатынау.* Көзі аларып, ~ып кеткен.

ШАДЫРАҢ: шадыраң етті — *көзін адырайтты, адырая қарады.*

ШАДЫРЛАН *Қиястану, шатынау.* Іле қайта *шадырланып* шыға келді (М. Қабанбаев).

ШАДЫРЛАУ *Мінезі аздап шадыр; шайпаулау, шәлкестеу.* Мінезі ~.

ШАДЫРЛЫҚ *Шайпаулық, шәлкестік.* Күйеуінің ~ғына үйренген.

ШАДЫР-ШӘЛКЕС *Қырсық, қыңыр, қиқар.* Мұндай ~ мінезді күтпеген.

ШАЖ: шаж етті — *қатты дауыс шығарып баж етті.*

ШАЖА *Таулы жерді мекендейтін даусы ащы құс.* Дос жаманы бажа, Құс жаманы *шажа* (Мақал).

ШАЖАМАЙ I *Аяқ киімнің басы мен табанының жапсарына жұлықты бастырып жапсыра тігілген жіңішке көмкерме.*

ШАЖАМАЙ II *Малдың іш майы, шажырқай.*

ШАЖАМАЙЛЫҚ *Шажамайға керекті зат.* Кебістің *шажамайлығы* қатты ұлтаннан пішіліп тігіледі (Қасиманов).

ШАЖЫЛДА 1. *Быжылдау, шыжылдау.* Жер ошақта *шажылдап* қайнаған бауырсақтың исі еміс-еміс келеді (Т. Әлімқұлов). 2. *Ауыс. Күйіп-пісу, бажылдау, шырылдау.* ~п баласын сабады.

ШАЖЫРҚАЙ *Ішектің сыртындағы жұқа іш май, шажамай.* Малда май негізінен дененің ішкі сарайында *шажырқай*, шарбы май түрінде бітеді ("Қаз. етті молайту").

ШАЙ I 1. *Мәңгі көгеріп тұратын, ауыл шаруашылық дақылына айналған, мәдени өсімдіктің кептірілген жапырағы.* Грузияда ~ өсіру дамыған. 2. *Шөл қандыру үшін ішетін, шайдан дайындалатын сусын.* Абай бірер шыны *шай* ішті де, тоқтап қалды (М. Әуезов). □ **Шай қасық** — *шай ішкенде пайдаланатын кішкентай қасық.* ◊ **Шай демдеді** — *шайнекке шай салып, бұқтырып қойды, шай шығарды.*

ШАЙ II 1. *Сумен жуу, шайқау, тазарту.* Қолымды ~ып ас үйге кірдім. 2. *Тасқын судың, жердің топырағын шайып, ор қылып қазып кетуі.* Тау бөктерін нөсер ~ып кетіпті. ◊ **Жуып шайды** — *еш жаманат келтірмей ақтады, сөз келтірмеді.*

ШАЙ: шай деспеді — *ренжіспеді, көңіл қалдырыспады.*

ШАЙБА 1. *техн. Винттің астынан кигізілетін жұқа сақина темір.* Сымға ~лар өткізілді. 2. *спорт. Хоккей ойынында қақпаға соғып ойнайтын дөңгелек, қатты резеңке.*

ШАЙБАЛЫ: шайбалы хоккей — *шайбамен ойнайтын хоккей.*

ШАЙҒЫЛА *Қайта-қайта, үсті-үстіне шаю, тазалау.*

ШАЙДАЙ *Бұлтсыз, жадырағаң ашық күн (аспан).* ~ ашық.

ШАЙҚА 1. *Әрлі-берлі қозғау, тербеу.* Ағашты ~ды. Май ~ды. 2. *Кірді т. б. заттарды әрі-бері шайқап, шайып тазарту.* Кір ~ды, шайнекті ~п су қойды. 3. *Ауыс. Қызық дәурен сүру, тамашалау.* Олар кезінде дүниені ~ды ғой.

ШАЙҚАҚ: шайқақ қақты — *шайқақтады, тайқаңдады.*

ШАЙҚАҚТА 1. *Шайқалу, шайқаңдау.* Кемеде ~п келеді. 2. *Ауыс. Ешкімді тең көрмей шалқақтау, шіренү, менменсу.* Ағаңның арқасында ~п жүрсің.

ШАЙҚАЛ 1. *ыр. етіс. Шайқа-л.* 2. *Тыныш тұрған қалпынан қозғалып кету, ырғалу.* Жер ~ды. 3. *Ауыс. Жақсы қалпынан айрылу, күйзелу.* Дәулеті ~ып қалған кез.

ШАЙҚАЛАҚ: шайқалақ қақты — *шайқалаң қақты, шайқаландады.*

ШАЙҚАЛАҚТА *Шайқаландау.*

ШАЙҚАЛАҢДА *Шайқалақтау, шайқаңдау, теңселу.* Арба ~п келіп тоқтады.

ШАЙҚАЛЫС 1. *Белгілі бір күштің әсерінен болатын қозғалыс, тербеліс.* Оқыс ~тың әсері. 2. *Ауыс. Саяси іс-әрекетпен байланысты қозғалыс, өзгеріс.* Ірі феодалдық ~тың нәтижесінде, шаруашылықтың ~ы сананы оятты.

ШАЙҚАҢДА *Кердеңдеу, шалқақтау.*

ШАЙҚАП-ТӨК *Төгіп шашу; кесірлену.* Үріп ішіп, ~ті.

ШАЙҚАС I 1. *Жауласқан екі жақтың арасында болатын ұрыс, айқас.* 2. *Белгілі бір топтар арасындағы күрес, қақтығыс, айтыс-тартыс.*

ШАЙҚАС II 1. *орт. етіс. Шайқа-с.* 2. *Жаумен алысу, шабысу.* Жаумен ~ты. 3. *Біреумен егесу, айтысу, тартысу.* Онымен табыса тұрсақ та, *шайқасып* қала беретінбіз (Ә. Сәрсенбаев).

ШАЙҚАУЫШ *Бір нәрсені шайқайтын құрал.* Май ~.

ШАЙҚОР *Шайды көп ішетін, шайқұмар.* ~ адам.

ШАЙҚОРЛАН *Шайшыл болу, шайқұмарлану.* ~ бау керек.

ШАЙҚОРЛЫҚ *Шайқұмарлық, шайшылдық.* Өңеш рагы ~тан болады деп жүр.

ШАЙҚУРАЙ *бот. Ұсақ сарғыш гүлді, барлық жерде өсе беретін көп жылдық өсімдік.*

ШАЙҚЫ *Жұртты күлкіге қарық қылып жүретін кезбе, диуана.* ~ адам (мінез).

ШАЙҚЫЛЫҚ *Қылжақбастық, диуаналық.* ***Шайқылықпен*** айтылса да, осында бірталай шындық бар (Қ. Жұмаділов).

ШАЙЛА I *жерг. Төбесін шошайтып тіккен баспана, күрке.* Жұрт ~ға жиналды.

ШАЙЛА II *Май басып қатты семіру.* Өгіздер ~п жүрмей қалды.

ШАЙЛЫҚ I *Шай-жемін алуға ғана жарар пұл, қаражат.* Оның байлығы — менің ***шайлығым*** (Қ. Жұмаділов).

ШАЙЛЫҚ II *Шайға қататын, шайға қосатын.* ~ сүт әкелді.

ШАЙЛЫҚ III *Біреуден, бір нәрседен тайсалып қаймығу, беті қайту.* ~ғып қалған жүрек.

ШАЙМА *Шайынды, жұғынды.* Тары көженің ***шаймасына*** құрсақ жібіткен (Ғ. Қайырбеков).

ШАЙМАЛА *Қайта-қайта шайқау, екі ыдысқа алмастырып құю.* Ыстық сорпаны ~п ішті.

ШАЙНА 1. *Ауыздағы асты тістің көмегімен майдалап ұсату.* Шал қазыны жайымен ~ды. 2. *Ауыс. Тістелеу, мылжалау.* Құтырған бура ~п тастайды. ◊ **Шайнап берген ас болмайды** — *әркім өзі білмесе, тұқ шықпайды.* **Ауыздығын шайнады** — *жұлқынды.*

ШАЙНАМ *Ауызға бір салардық мөлшердегі тағам, ас.* Бір ~ ет.

ШАЙНАМА *Шайнап жейтін қою ас, тағам.* Құрттан басқа ~ жоқ.

ШАЙНАҢДА *Шайнаң-шайнаң ету.* Наңды ~п жеді.

ШАЙНАС *Тістесу, алысу, жұлысу, айтысу, тіресу.* Бар күшін, тәсілін жұмсап, тістесіп, *шайнасып* жатыр (С. Сейфуллин).

ШАЙНЕК *Шай қайнататын (шығаратын) ыдыс (аққұман).* Бәтима ~ке су толтырып, газға қойды.

ШАЙНЕКТЕЙ *Шайнек сияқты көлемді, үлкен.* Ол апорттың үлкені ~тей еді.

ШАЙПА *Жөнді-жосықсыз әркімге бір тиісу.* Оның жанындағыларды ~п отырмаса көңілі көншімейді.

ШАЙ-ПАЙ *Шайға керекті жеңіл-желпі тамақ, дәм.* ~дан өзге дәм татпады.

ШАЙ-ПАЙЛЫҚ *Шай-пайға тән заттар.* Кемпіріме *шай-пайлық* бірдеме салып жіберейін (Дінахметов).

ШАЙПАУ *Шатақ мінезді тілі ащы, ашушаң.* ~ мінез (адам).

ШАЙПАУЛАН *Ашу шақыру, соқтығу, қырсық-қыңыр мінез көрсету.* Ыза булықтырып, ~ып отыр.

ШАЙПАУЛАУ *Мінезі шәлкестеу, оғаштау.* ~келін.

ШАЙ-ПҰЛ *Шай-шақпыт, оны-мұны дүниелер.* Әкелген *шай-пұлы* тағы бар ("Қаз. әдеб.").

ШАЙСАУЫТ *Шай салатын құты.*

ШАЙ-СУ *Жеңіл-желпі тамақ, ас-су.* Ел ~ларын ішті.

ШАЙТ *Қойды кейін қайтару үшін айтылатын одағай сөз.* Қойды — "*шайт!*" — деп, кейін қайырды Жайлаубай (Ғ. Мұстафин).

ШАЙТАН 1. *діни. Ібіліс, албасты, жын-пері. Шайтандарды* айтып, баласын қорқытты. (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Оңбаған, құдай атқан.* Сен ~қайдан жүрсің. 3. *Ауыс. Жын, ұстама. Шайтанымның* мол екені рас (Ә. Әбішев). ◊ **Шайтан азғырды** — *бұзылды, бүлінді.* **Шайтанның ойнағы** — *жын-перінің орны, мекені.* **Шайтан түртті** — *бір пәлеге жолықты, қырсық шалды.* **Үмітсіз шайтан** — *күдер үзбе, үмітіңді кеспе.*

ШАЙТАНАРБА *көне. Велосипедтің халық тіліндегі атауы.*

ШАЙТАНДАЙ *Шайтан сияқты, шайтан тәріздес.* ~ сап ете түсті.

ШАЙТАНДЫҚ *Шайтанға тәндік, әзәзілдік.* ~қылық.

ШАЙХАНА *Шай ішетін орын.* Ол ~да шай ішіп отыр.

ШАЙХАНАШЫ *Шайхана ұстаушы.* ~ шай әкелді.

ШАЙХЫ *діни. Белгілі бір діни топтың басшыларының бірі, дінді уағыздаушы.* Дін иелері ~лар жиналды.

ШАЙЫ *Үлбіреген, жұқа жібек мата.* ~ орамал (шымылдық).

ШАЙЫНДЫ *Ыдыс-аяқты жуғаннан қалған жуынды.* ~ су.

ШАЙЫП-ЖУ *Жік-жапар болып айыбын жеңілдету, жұмсарту.* Кінәсын ~ған болды.

ШАЙЫР I 1. *Қарағай сағызы, желім секілді жабысқақ зат.* Қарағайдың *шайырынан* қағаз, бояу, лак жасайды (М. Ахметов). 2. *Қой жүнінің тұтасып, баттаса желімденген кірі.* Қой жүнінің ~ы жеткілікті.

ШАЙЫР II *Ақын.* Сөйлесе табылады *шайырдан* сөз (Айтыс).

ШАЙЫРҒАЛ I *жерг. Не болса соған мән беріп, сөзге келу, ренжісу.* Мұндай *шайырғал* әңгімені шал бұдан бұрын да талай естіген (А. Жағанова).

ШАЙЫРҒАЛ II *юмор. Әзіл, мысқыл, келемеж, келеке.* ~ сөздер.

ШАЙЫРҒАЛДАН *Шиеленісу, үдей түсу.* Бұдан әрі созылса, әңгіме *шайырғалданатын* еді (Көшімов).

ШАЙЫРҒАЛДАС *Байланысу, шарылдасу.* Екеуі жұғыса кетсе, *шайырғалдасып* қалатын (С. Мұқанов).

ШАЙЫРЛА I *Шайыр жағу, шайырмен ысқылау.* Қобызын ~п алды.

ШАЙЫРЛА II *Малдың ет алып қоңдануы, семіруі.*

ШАЙЫРЛЫ *Шайыры бар, көп.* ~ ағаш, ~ жүн.

ШАЙЫРЛЫ *Ақындық қабілеті бар.* Жүсіптің ~ғы артық.

ШАҚ I 1. *Мезгіл, мезет, кез.* Түс ~ында, балалық ~. 2. *грамм. Іс-әрекет, қимылдың өткен кез, осы мерзім, келер уақытқа тәндігін білдіретін етістік категориясы.* Келер ~, осы ~, өткен ~.

ШАҚ II 1. *Дәл, лайық, құйып қойғандай.* Баланың өзіне ~ киім. 2. *Ауыс. Қысқа, келте, аз, шағын.* Мақсұт — алыс, өмір — *шақ* (Абай). ◊ **Шақ келмеді** — *дәл келмеді, дес бермеді, шыдатпады.*

ШАҚ III 1. *Жару, қырату, сындыру.* Жаңғақ ~ты. 2. *Бір затты бөлу, есептеу.* Жан басына ~қанда.

ШАҚ IV 1. *Тістеу, талау.* Сары масаның ~қаны қандай ащы. 2. *Ауыс. Тіл тигізу, сөзбен шаншу, түйреу.* Сөзбен ~ғып алды.

ШАҚ V *Шырпы, сіріңке жандыру, от жағып, бір нәрсені тұтату.* Шақпағын ~ғып от жақты.

ШАҚ VI *Наразылығын, мұңын біреуге айту, шағыну.* Ренішін әкесіне *шағады* (М. Әуезов).

ШАҚ VII *Әрең, зорға, сәл.* Арқан үзілуге ~қалды. ◊ **Шақ отыр** — *зорға, әрең отыр.*

ШАҚ: шақ етті — 1. *Бір нәрсенің екінші бір нәрсеге тақ етіп тиген дыбысы.* 2. *Ауыс. Адамның бірдеңеге дереу ашу шақырып, бастырмалата жөнелуі.*

ШАҚА I *жерг. Арбиған ағаш, бұта, қада.* Сексеуілдің *шақасына* қобыраған жабағылар ілініп қапты (С. Елубаев).

ШАҚА II 1. *Жүні жетілмеген балапан, төл.* Түк алып қызыл *шаға* келеді өсіп (Н. Әлімқұлов). 2. *Ауыс. Жас, жетілмеген.* Үйдегі үш-төрт ~ немерелер.

ШАҚА III *Ұсақ тиын, қара бақыр.*

ШАҚА IV *Қаңылтыр шелек; бақыр.*

ШАҚАЛАҚ I *жерг. Диірменнің ұн шығаратын шұмегі.*

ШАҚАЛАҚ II *Нәреста, сәби.*

ШАҚАР *Ашуы қатты, ызақор.* ~ жігіт (бала).

ШАҚАРЛАН *Қатты ашулану, ызалану.* Ол соғысқанда ~ып кететін.

ШАҚАРЛЫҚ *Ашуланшақтық, шәлкестік, ызақорлық.* Оның ~ғы таң қаларлық.

ШАҚАТ *Қағы кепкен сортаң жер.* Жері бірыңғай тастақ, сортаң, *шақат* (Ж. Орманбаев).

ШАҚАТТЫ *Қағы кепкен, сортаңды, қатқыл.* ~ жер (дала).

ШАҚҚЫШ I 1. *Қант, науат, жаңғақ шағатын құрал.* ~ымен қант шақты. 2. *Қатты затты ұсатқыш, ұнтақтағыш.* Тас ~.

ШАҚҚЫШ II *Шағып алғыш, тістегіш (жәндік).* Қарақұрт, бүйі, шаян ~ жәндіктер.

ШАҚПА *Қағытпа, шымшыма (сөз).* ~ сөз (тіл).

ШАҚПА: **шақпа қант** — *қатты қант.*

ШАҚПАҚ I *От шығару үшін пайдаланылатын тас, оттық.* ~тан басқа оттық жоқ, ~ғын шақты.

ШАҚПАҚ II *Төрт бұрышты, тор көзді.* ~ көйлек. ◊ **Шақпақ денелі** — *төртпақ, мығым, сом денелі.* **Шақпақ қант** — *қатты қант.*

ШАҚПАҚТА *Шақпақ тәрізді етіп төрт бұрыштап жасау.* Балқыған темірді ~п құйды.

ШАҚПАҚТАЙ 1. *Шақпақ тас сияқты.* Көздері ~ жалт-жұлт етеді. 2. *Ауыс. Қатты, шымыр.* ~ шымыр бала.

ШАҚПАҚТЫ *Төрт бұрышты шақпақ тәрізді.* ~ тақта (клеенка).

ШАҚТА *Мөлшерлеу, шамалау.* ~п асқан ет, өз бойына ~п тіккізген киім.

ШАҚТАС *Шамалас, мөлшерлес.* Білімі ~, ақылы тең.

ШАҚТАУ *Шақ келетін, дәлдеу.*

ШАҚТЫ *Сан есімдермен тіркесіп келетін "шамалы", "аралы", "жуық" мәндерін білдіретін көмекші есім.* Жүз ~ қой. Он ~ үй.

ШАҚТЫҚ 1. *Дәлдік, сәйкестік.* Алынған мәтелдердің оқушы ұғымына ~ғына қарай талдау жасалды. 2. *грамм. Шақ категориясына тәндік.* Баяндауыш тұлғаларының ~ жағынан сәйкес келуі де дұрыс емес.

ШАҚША *Мүйізден жасалған, насыбай салатын құты.* Қалтасынан күміс шаптырған мүйіз ~сын алды. ◊ **Шақша бас** — *маңдайы тайқылау кішкене сопақ бас.*

ШАҚШАДАЙ *Кішкентай, титімдей.* ◊ **Шақшадай басы шарадай болды** — *не істерін білмей дал болды, миы ашыды.*

ШАҚ-ШАҚ: *Шақ-шақ шабылған қайла.* Болболдың астына алып ~ етті.

ШАҚШАҚАЙ *Ескі інді мекендейтін ақшыл сұр түсті торғай. Шақшақай* деген торғай кемірушілердің тастап кеткен індеріне ұялайды (Б. Мұқанов).

ШАҚШАҢДА *Шақ-шақ ету, шаңқылдау; ерсі мінез көрсету.*

ШАҚ-ШӘЛЕКЕЙ *Быт-шыт, күл-талқан.* ~ін шығарды, ~ болды.

ШАҚШЫ 1. *Күннің шақырайып, шыжып тұруы.* Күн ~ып тұр. 2. *Ауыс. Көзі шатынап ақшия қарау.* Шал ~я қарады.

ШАҚ-ШҰҚ *Тақ-тұқ еткен дыбыс.* ~ соғысқан шоқпар, шапқан ағаш.

ШАҚҰР-ШҰҚЫР *Шықыр-шықыр, шақ-шақ.* Тісін ~ қайрады.

ШАҚЫЛ *Қатты заттардың бір-біріне тиіп, соқтығысқанынан шығатын дыбыс.* Аңдарды алыстан қатырдай *шақыл* да естілмейді (Көшімов).

ШАҚЫЛДА 1. *Дыбыстың шақ-шақ етіп шығуы.* ~ған балға. 2. *Ауыс. Шаңқылдап қатты сөйлеу.* ~п сөйледі, ~ған дауыс.

ШАҚЫЛДАҚ I *Шақылдап қалған, шақар.* ~ шал, мінезі ~.

ШАҚЫЛДАҚ II *зоол. Қалың сары жүнді, құйрықсыз хайуанат.*

ШАҚЫЛДАҚ III *Диірменнің тасы.* Арғымақ ат шүлғиды ақырдағы, диірменнің тек түрмайды *шақылдағы* (Айтыс).

ШАҚЫЛДАУЫҚ *Шақылдап қалған, шаңқылдақ.* Жүнісбай класком Сармановтан бетер *шақылдауық* (Б. Соқпақбаев).

ШАҚЫР 1. *Басқа жерде тұрған адамды дауыстап қарату, келтіру.* Қолын бұлғап бәрімізді ~ды. 2. *Айқайлап дауыс шығару, қышқыру (әтеш).* Тауық ~ды. 3. *Жұртты белгілі бір мақсат-мүддеге үндеу, бір ниетке жұмылдыру.* Жарысқа ~ды, еңбекке ~ды. 4. *Бірдеңені білгісі келіп сыр тарту, қызықтыру.* Мені сөзге ~ды. □ **Көмекке шақырды** — *жәрдем беруге кел деді.* **Қонаққа шақырды** — *сыйлап, құрметтеп ас беруге шақырды.* ◊ **Ашу шақырды** — *ашуланды.* **Жан шақырды** — *дем алды, қуаттанды.*

ШАҚЫРАЙ 1. *Күн сәулесінің шаңқиюы, шақшиюы.* ~ған күн. 2. *Ауыс. Біреуге ежірейіп тесіле қарау.* Ол маған ~я қарады.

ШАҚЫРҒАНСЫ *Шақырғандай болу.* Қонаққа ~ды, төртіпке ~п жүрдік.

ШАҚЫРҒЫШ *Жиі шақыратын, шақырымпаз.* Қонақ ~, ~тарын қара.

ШАҚЫРҒЫШТА *Үсті-үстіне, қайта-қайта шақыру.* Қонаққа ~ды.

ШАҚЫРЛА *Шақұр-шұқыр ету, шықырлау.* Тісі ~п кетті, аязда ~ған машина.

ШАҚЫРТҚЫ *Қыран құсты қайтару үшін шақырып үйрететін жем; шырға.* ~ жем.

ШАҚЫРУ ~ қағазын әкелді.

ШАҚЫРУСЫЗ *Шақыртпай, шақырмай өз бетімен.* Ол ~ келді.

ШАҚЫР-ШҰҚЫР *Қарш-құрш, қырш-қырш, шықыр-шықыр.* ~ сынған ағаш.

ШАҚЫРЫҚ *Шөлейт жерде, құмда өмір сүретін, балықшы құстармен тұқымдас, сарғыш бадырақ көзді құс.* Құм үстіндегі *шақырықты* байқау оңайға түспейді ("Ана тілі").

ШАҚЫРЫМ *Бір мың метрге тең қашықтық өлшемі, километр.*

ШАҚЫРЫМДАЙ *Бір шақырымға жақын.* Бір ~ жерде.

ШАЛ I *Қарт, қария.* Асан ~дың жасы сексенде.

ШАЛ II 1. *Күрес әдісінің бір түрі — жығу үшін аяқты іштен не сырттан іліп алу.* Оны іштен ~ып жықты. 2. *Орап байлау, тартып байлау.* Соятын малдың аяқтарын арқанмен ~ып байлап қояды. 3. *Садаға беру.* Баласының келуіне бір қой ~ды. 4. *Ауыс. Біреуді сөзбен іліп кету, кекету-мұқату.* Сөзінде бір ~ып кетті, сөйлесең ~май сөйле. ◊ **Аяқтан шалды** — *кедергі жасады, бөгет болды.* **Жын [пері] шалды** — *жын соқты, сайрап ұрды.* **Қырсық шалды** — *жолы болмады.* **Үсік шалды** — *аяз ұрды, үсіді.* **Шашын қырау шалды** — *шашы, самайы ағарды.*

ШАЛ III 1. *Малдың шөп басын жұлып, жүре оттауы.* Қойлар шөптің басын ~ып өтті. 2. *Оттың, өрттің бір нәрсені шарпуы, аздап күйдіруі.* Үстін жалын ~ған екен.

ШАЛ IV *Қора-қопсы, рабат, мекен-жай.* Ерегессең менімен талқан қылам *шалыңды* (Қамбар батыр).

ШАЛ: **шал құйрық** — *ақ құйрық*; □ **Шал көде** — *ақ көде.*

ШАЛА I *Отынның толық жанып бітпеген қалдығы.* Көмірдің ~сына қағаз тұтатты. ◊ **Артына [құйрығына] шала байлады** — *соңынан сөз ерді, өсекке таңды.* Тағы да *шала* байлап келдім де құйрығыма! (Б. Аманшин)

ШАЛА II *Толық емес, пісіп жетілмеген, шикі.* Баланың ісі ~, етті ~ пісірген. ◊ **Шала байғыды** —

болар-болмас олжаға мәз болды, көңілі өсті. Шала бүлінді [шабылды] — *әбден бүлінді, күйіп-пісті, әлекке түсті.* Шала сауатты — *білімі шамалы, сауаты кем.*

ШАЛАҒАЙ *Олақ, тиянақсыз, немқұрайды, ұқыпсыз.* Ол жұмысты ~ атқарған.

ШАЛАҒАЙЛЫҚ *Олақтық, шалалық, салақтық, немқұрайдылық.* Адам боламын десең, істеген ісіңде ~ жіберме.

ШАЛА-ДҮМБІЛ *Шала-шарпы, шалағай.* ~ бірдеңе.

ШАЛА-ЖАНСАР *Өлі мен тірінің арасында, өлмеші.* ~ жатқан жан.

ШАЛА-ЖАНСАРЛАН *Шала-жансар сияқты көріну, өлімсіреу.* Шоқан үйректі қозғаса, *шала-жансарланып* былқ-сылқ етеді (С. Мұқанов).

ШАЛАЛАУ *Толық емес, жарым-жартылай, шалағай.* Қазақ тілін ~ біледі.

ШАЛАҢ I *бот. Су түбінде өсетін ұзын-ұзын шөп.* Су түбінде ~ өседі.

ШАЛАҢ II *жерг. Көлде, шалшық, лай суларда болатын кішкене ақ құрт.*

ШАЛАП *Айранға су қосып жасаған сусын.* Салқын ~ ішті.

ШАЛА-ПҰЛА *Шала-шарпы, ат үсті, қалай болса солай.* ~ киінген.

ШАЛАПТА *Шалап жасау, шалап ету.* Екі сиырының сүтін айран *шалаптап* күн көретін. (Х. Есенжанов).

ШАЛАУ *бот. Су түбінде ұйысып өсетін, ұсақ жапырақты шөп.*

ШАЛАУЛАН *жерг. Балдырлану, шалау басып кету, шалау шығу.* Қамыстары сарғайып ~ып кеткен.

ШАЛАУЛЫ *Шалау өскен, шалауы бар.* ~ көл.

ШАЛАШ *Жеңіл-желпі баспана, қос, күрке.* Қамыс ~.

ШАЛА-ШАРПЫ *Толық емес, жартылай, шала-пұла.* ~ жиналды.

ШАЛБАР 1. *Бұтқа киетін қой не ешкі терісінен тігілген сырт киім.* Ол ақшаны тері *шалбарының* қалтасына тығып жіберді (Ә. Нәбиев). 2. *Түрлі матадан сәндеп тігілген бұт киім; сым.* Жәпек ши барқыт *шалбарын* киді (З. Иманбаев).

ШАЛБАРЛАН 1. *Көйлек-көншектің етегін шалбардың ішіне салып буыну, ышқырлану.* Ол ~ып белін шарт буынды. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің, беттің қатпарланып құрысып тұруы.* Көз алды ~ып кеткен.

ШАЛБАРЛЫҚ *Шалбар тігерлік, шалбарға арналған.* ~ мата.

ШАЛБАР-ШАЛБАР *Әжім-әжім, қатпар-қатпар, қыртыс-қыртыс.* Бет-аузы ~.

ШАЛБАРШАҢ *Шалбарымен, шалбарлы күйінде.* Үйде ~ жатып қалды.

ШАЛҒАЙ I 1. *Киімнің етегі.* Шапанның ~ы. 2. *Ауыс. Мүрт жебесінің үш жағы.* Мүртының ~ын сипады.

ШАЛҒАЙ II *Алыс, қашық, қиыр-шет, жырақ.* ~да оқиды, баратын жер ~да.

ШАЛҒАЙЛА *Қашықтап кету, алыстау.* Елден ~п кетті.

ШАЛҒАЙЛАУ *Қашықтау, алысырақ, қиыр-шеттеу.* Үйі жолдан ~.

ШАЛҒАЙЛЫ *Киімнің етегі үлкенірек, кеңірек.* Мына шапанның етектері ~, жеңдері кең екен.

ШАЛҒАЙЛЫҚ *Қашықтық, алыстық, жырақтық.* Жер ~тан жете алмадым.

ШАЛҒАЙ-ШАЛЫС *Қисық-қыңыр, қырсық.* ~ сөйледі.

ШАЛҒАМ *бот. Ақ немесе қызғылт түсті түйнек тамыры жеуге жарайтын бақша өсімдігі, шалқан, шалқам.* Тамыр жемістері бар өсімдіктерге сәбіз, *шалғам* сияқтылар жатады (Т. Мұсақұлов).

ШАЛҒАЯҚТА *Кергу, кесірлену.* ~йтын болса көрерміз.

ШАЛҒЫ I *муз. Қобыз, скрипканың ішегін тартатын ысқы; қияқ.* Қобызшы ~ны қолға алды.

ШАЛҒЫ II 1. *Ұзындау ағашқа сапталған, жүзі өткір, шөп шабатын ауыл шаруашылық құрал.* Пішеншілер ~ларын қолға алды. 2. *Шөп, егін оратын ауыл шаруашылық машиналарының пышағы.* Машинаның сынған ~сын жөндетті. ◊ Шалғы салды — *егін мен шөпті шаба бастады.* Шалғы тартты — *шалғымен шөп шауып, егін орды.* Шалғы түсті — *егінді, шөпті ора бастады.*

ШАЛҒЫ III *Мүрттың қиығы, жебесі.* Мүртының ~сын сылады.

ШАЛҒЫЛА I *Ары-бері, оңды-солды сілтеу.* Қамшысын ~ды, аяғын ~ды.

ШАЛҒЫЛА II *Мүрт қиығын тарамдау.* Мүртын ~ды.

ШАЛҒЫЛЫ *Шалғысы бар.* ~ тракторлар.

ШАЛҒЫН *Қалың өскен көк орай, майса.* ~ шөп, көк ~.

ШАЛҒЫНДАН *Шөбі қалың болып өсу, шалғынға айналу.* Алау гүлі ~ған.

ШАЛҒЫНДЫ *Шөбі қалың, пішені бітік, шүйгін.* Көк ~ дала.

ШАЛҒЫНДЫҚ *Шабындық, пішендік жер.* ~ты малға таптатпа, ~қа су жіберді.

ШАЛҒЫНШЫ 1. *Айналаны барлап қараушы, барлаушы, шолғыншы.* Ауыл сыртына ~ жіберді. Қарауыл биіктерінің басында сарылып қадалған *шалғыншылар* да келді (М. Әуезов). 2. *Шөп шабушы, шалғыншы.* Шөп шабуда қайрат көрсетер *шалғыншы* менің әкем мен Қадір екеуі (С. Бегалин).

ШАЛҒЫРЛЫҚ *Алғырлық, зеректік.* ~ қасиеттерін бойына жинады.

ШАЛҒЫРТ *Көзге түскен ақ шел, ақ дақ; ногала.* ~ы бар көзінде. ◊ Шалғырт тартты [енді] — *ағара бастады, бурыл тартты, сарғыштанды;* Сақалы ~ тартқан екен.

ШАЛҒЫРТСЫЗ *Шалғырты жоқ, бурылсыз.* ~ сақал (шаш).

ШАЛҒЫРТТАН *Бурыл тарту, ағару.* Шашы ~ып кеткен.

ШАЛҒЫРТТЫҚ *Бурыл тартқандық, бурылданып ағарғандық.*

ШАЛҒЫШ I *жерг. Алдына байлайтын белдемше, алжапқыш.* Алдына ~ байлаған әйел бие сауып жатыр.

ШАЛҒЫШ II *Аяқтан шалуға шебер.* Іштен ~ шымыр балуан.

ШАЛҒЫШ III *Алысты болжағыш, байқағыш, қырағы.* Қиядан ~, қырандай ~.

ШАЛҒЫША *Шалғы тәрізді, шалғыға ұқсап.*

ШАЛҒЫШЫ *Шалғымен шөп шабушы.*

ШАЛДАУ *Қарттау, егделеу.*

ШАЛДУАР *Бейбастақ, аусар, бұзақы, тентек, сотқар.* ~ балалар.

ШАЛДУАРЛАН *Тентектік жасау, бұзақылық істеу.* ~ып шалыс басқан.

ШАЛДУАРЛЫҚ *Бұзақылық, тентектік, сотқарлық.* Бала күндегі ~. Жұбайы оның ~ғын аңғармады.

ШАЛДЫҚ I *Қарттық, кәрілік.* ~ты сезбеді.

ШАЛДЫҚ II 1. *Шаршау, қалжырау, қажу.* Жүрт шаршап ~қан. 2. *Ауыс. Жайсыз жағдайға тап болу, ұшырау.* Суыққа ~ты, ауруға ~ты, қуаншылыққа ~ты.

ШАЛДЫҚҚЫШ *Бір нәрсеге тап болғыш, ұшырағыш.* Ол әр түрлі ауруға ~.

ШАЛДЫР 1. *өзг. етіс. Шал-дыр.* 2. *Жол-жөнекей көлікті оттатып алу.* Былтырғы ат ~атын жер.

ШАЛДЫР-БҰЛДЫР *Шәлдір-шұлдір.* Мақтанады тіл білдім деп ~.

ШАЛДЫРЛА *Салдырлау, сылдырлау.* Қақпаның шынжыры ~ды.

ШАЛДЫР-ШАТПАҚ *Қалай болса солай айтылған, балдыр-батпақ.* Газет беттерінде ~ бір нәрселер шықты.

ШАЛДЫР-ШҰЛДЫР *Салдыр-ғұлдір.* Темір бұғауларын ~ еткізді.

ШАЛЖАҚ *Бетімен кеткен ерке, тәйтік, шолжаң.* Қыз баланы ~ етуге болмайды.

ШАЛЖАҚТА *Шолжаңдау, тәйтіктеніп бетімен кету.* Іс бітіргендей ~ды.

ШАЛЖАҚТЫҚ *Еркелік, шолжаңдық, тәйтіктік.* Жалғыз бала болған соң ~ жасайды.

ШАЛЖАҢДА *Шолжаң-шолжаң ету, еркетотайлану.* Бастықтың арқасында ~йды.

ШАЛЖИ *Шолжию, әлдеқандай болу.* ~ған төренің қасына барды.

ШАЛ-КЕМПІР *Қартайған кісілер; шалдар мен кемпірлер.* Үйге ауылдың барлық ~ін шақырды.

ШАЛҚА 1. *Адамның көкке (төбеге) қарап, арқамен жатқан қалпы.* Төсекте ~сынан жатыр. 2. *Ауыс. Айқара ашу.* Есікті ~дан ашты, шашын ~сынан қайырған. ◊ **Шалқасынан түсті** — *оғаш мінез көрсетіп, шарт кетті.*

ШАЛҚАҒЫРАҚ *Түзу емес, артқа қарай қайқақ.* Топшысы ~ біткен.

ШАЛҚАЙ 1. *Артқа қарай шалқалау, қайқаю.* Диванға ~я отырды. 2. *Ауыс. Өзін жоғары ұстау, кергіп паңдану.* Шалқайғанға ***шалқай,*** Төбең көкке жеткенше (Мақал).

ШАЛҚАЙМА Креслоның қайқайыңқы арқасы. ~сы биік кресло.

ШАЛҚАҚ *Артқа қарай иіліңкі, қайқақ.* Өзін ~ ұстайды, басы ~.

ШАЛҚАҚТА 1. *Басты кейкитіп, артқа қарай қайқаңдау, қайқақтау.* Ол басын ~тып тыңдады. 2. *Өзгені менсінбей паңдану, кекіп кердеңдеу.* Байлығына ~п жүрмісің.

ШАЛҚАҚТАУ *Артқа қарай шалқағырақ, қайқақтау.* Кеудесі ~ келген.

ШАЛҚАҚТЫҚ 1. *Артқа, тусыртына қарай қайқақтық.* Алқабының ~ғынан шығар, бұл өзен әйтеуір сабырлы жатады. 2. *Ауыс. Менмендік, кердеңдік, дандайсушылық. Шалқақтық* иілмейтін кімге жаққан (Абай).

ШАЛҚАЛА 1. *Шалқайып арқасымен жату.* Комбайнның астына ~п жатты, ~п жүзді. 2. *Артқа қарай шалқаю, қайқаю.* Диванға ~й отырды.

ШАЛҚАЛАҚТА 1. *Сыртқа, артқа қарай қайқалақтау.* ~п шалқасынан құлады. 2. *Ауыс. Тәкаппарсу, менменсу.* Күлзия ~п жуымайды.

ШАЛҚАҢ: шалқаң етті — *қайқаң етті, шалқалақтады.*

ШАЛҚАҢДА 1. *Қайқаңдау, шалқалау.* 2. *Ауыс. Тәкаппарсу, паңдану, менменсу.* ~п қол сілтеді.

ШАЛҚАР *Кең-байтақ, шексіз де шетсіз.* ~ көл (~өлке, ~дала).

ШАЛҚАРЛАН *Жайылып кең байтақтану, кеңею.* Көл ~ып жатыр.

ШАЛҚАРЛЫҚ *Үлкендік, кеңдік, байтақтық, ұлылық.* Ойының ~ғына таңданасың.

ШАЛҚАЯҚТА 1. *Артқа қарай шалқалақтау, шатқаяқтау.* ~п құлап кете жаздады. 2. *Ауыс. Кергу, кесірлену.* Қыздың ~ғанына ыза болды.

ШАЛҚЫ 1. *Үйытқу, лаулау, лапылдау.* Жер ошақтағы от ~п жанды. 2. *Ауыс. Асып-төгілу, шалқу, тасу.* Дәулеті ~п жатыр. Көңіл ~ды.

ШАЛҚЫМА 1. *Сән-салтанатты, асып-тасқан, шалқыған.* ~ тұрмыс (~ көңіл, ~ өмір). 2. *Лепірме, көпірме.* Сен ***шалқыма,*** көпірме сөзбен жанымды қыздыра алмайсың (З. Шашкин).

ШАЛҚЫМАЛЫ 1. *Жалыны ұйытқып шартарапты шарпыған.* ~ жалын. 2. *Ауыс. Асқақтаған, көтеріңкі, толқымалы.* ~ күй (~ шабыт, ~ әуен, ~ көңіл).

ШАЛҚЫП-ТАС *Асып-тасу, дандайсу.* ~ып өмір кешті.

ШАЛМА I 1. *Басты айналдыра орайтын ендей мата, сәлде.* Науан қазірет ақ ***шалмасы*** ағараңдап, үнсіз отырып қалды (С. Жүнісов). 2. *Түбіттен не түйе жүнінен тоқылған немесе матадан жасалған мойын орағыш.* Қой онан да мойныңа орайтын ***шалма*** сатып әперейін (З. Шүкіров).

ШАЛМА II *Ұшы түйықталған ұзын арқан, бұғалық.* Асауға ~ны дәл тастады. ◊ **Шалма тастам жер** — *бұғалық ұзындығындай қашықтық.* **Шалма сөз** — *кекетінді қитұрқы сөз.*

ШАЛМА III *Бас бармақ пен сұқ саусаққа іліп тартып, түрлі өрнек жасайтын ойын аты.*

ШАЛМА IV *Жіпті не таспаны ары-бері өткізіп тоқу мен өрім өру әдісінің атауы. Шалма* — өрмек тоқу өнерінің бір әдісі (Қасиманов).

ШАЛМА V *Уықтарды қисайып, бұралып кетпеуі үшін кереге басына шалмалап байлайтын құр. Кейде шағыш, иық бау деген атауларға да ие.*

ШАЛМАЛА I *Шалма сияқты етіп орай байлау, шалып тарту.* Басына ~п орамал тартқан.

ШАЛМАЛА II *Асауға шалма тастау, бұғалық салу.* Асауды ~п қылқындыра ұстады.

ШАЛМАШЫ *Асаудың мойнына шалма лақтыратын адам.* Бұлқынады босанбақ болып ***шалмашы*** тақымынан (М. Мақатаев).

ШАЛП: шалп етті — *бір нәрсенің қатты тиюінен судың шашырауы.* Суға ~ етті.

ШАЛПУЫШ *Су шашыратын тетік, құрал.* Машинаның ~ынан су шалпып тұр.

ШАЛП-ШАЛП *Дыбыс бейнелеуіш сөз. Судың шалпылдауы.* Қайық толқынға маңдайын ***шалп-шалп*** ұрып, ілгері жылжыды (Ө. Сараев). □ **Шалп-шалп етті** — *қайта-қайта шалпылдады.*

ШАЛПЫЛ *Судың шалп-шалп еткен дыбысы, шолпыл.* Судың ~ы естілді.

ШАЛПЫЛДА *Судың шалп-шұлп шашырауы.* ~ған су.

ШАЛТ *жерг. Өте шапшаң, лезде, тез.* Басын ~ көтерді, атқа ~ қарғып мінді.

ШАЛТАЙ-БАЛТАЙ *қарап. Не болса сол, керексіз бос сөз.* ~ды қой (білмеймін).

ШАЛУАТТА *Сынап-мінеу, кеміту.* Қағынған без бүйрек деп *шалуаттап* отыратын (Талжанов).

ШАЛ-ШАҚПЫТ *Кәрі-құртаң.* ~, қатын-қалаш ауылда қалды.

ШАЛ-ШАУҚАН *Шал-кемпір, кәрі-құртаң.* Балашаға, ~ қыста үйде болады.

ШАЛШЫҚ *Шұқанаққа жиналып ақпай қалған іркінді су.* Әр жерде ~ су.

ШАЛШЫҚТАН *Судың тартылып шалшыққа айналуы.* Су ~ып жатыр.

ШАЛШЫҚТЫ *Шалшығы бар, мол.* ~ көл, ~ дала.

ШАЛЫ I *жерг. Қамыстан салынған қора, қоршау.* ~ қора.

ШАЛЫ II *жерг. Қауызынан тазартылмаған күріш.*

ШАЛЫҚ 1. *Бас айналатын ұстамалы ауру.* Оның ~ ауруы бар. 2. *Ауыс. Бір нәрсенің әсері.* Жастық шақтың ~ғы. ◊ **Шалық шалды [тиді, ұрды]** — *шалық ауруына ұшырады.*

ШАЛЫҚТА 1. *Сәбидің ұйықтап жатып езу тартып күлуі.* Сәби ~п күлімсірейді. 2. *Ақылынан адасу, есінен айырылу, шатасу.* Ол үйге ~п келді. 3. *Ауыс. Мәз-мейрам боп шалқу.* Асан ~п жүр.

ШАЛЫҚТАМА *мед. Шалық ауруы.* ~ға ұшырады.

ШАЛЫМ *Қамтым, бір шалым жер.* Шалғышының ~ын айт, ~ы жылдам. □ **Шалымы кең** — *қарымды, ауқымы кең.*

ШАЛЫМДЫ 1. *Қарымды, алғыр.* ~ жігіт (кісі). 2. *Ұтымды.* ~ сөз, ~ сөйледі. 3. *Қырағы, сезімтал.* Әйел көзі ~, сырт көз ~. 4. *Ауыс. Ыңғайлы, көнбіс, ұшқыр, төзімді.* Көкпар шабуға ~ ат.

ШАЛЫМДЫЛЫҚ *Алғырлық, аңғарымпаздық, түйсіктілік, сезімталдық.*

ШАЛЫНАР-ШАЛЫНБАС *Көрінер-көрінбес, байқалар-байқалмас.* Көзге ~ бір көлеңке.

ШАЛЫС I 1. *Қисық, қиыс.* 2. *Теріс, қырсық, қате.* ~ жауап (сөз, жүріс). □ **Шалыс ұйқас** — *бірінші жол мен үшінші жолдың, екінші жол мен төртінші жолдың соңғы буындары ұйқасатын төрт жолды өлең үлгісі.* ◊ **Шалыс басты** — *қателесіп кетті, жаңылды.*

ШАЛЫС II *Аяқтан шалу әдісі.* Қазақша ~.

ШАЛЫСТЫҚ 1. *Қайшылық, алшақтық.* ~ арамызда әлі бар. 2. *Ауыс. Қисықтық, огаштық.* Ісінде ~ жоқ.

ШАМ I *Шырақ, шырағдан. Қараңғыда үй ішін, көшені жарық қылатын құрал.* Алыстан ~ жарығы көрінді.

ШАМ II *Ар-ұят, намыс.* Оның несі ~. ◊ **Шам алды [көрді]** — *намыстанды, көңіліне алды.* **Шам шығарды** — *ашу шақырды, шамданды.* **Шамына тиді** — *намысына тиді, намыстандырды.* **Соңына шам алып түсті** — *қыр соңынан қалмады.*

ШАМА I 1. *Күш-қуат, әл, дәрмен.* Тұруға ~ жоқ. 2. *Бір нәрсенің болжалды көлемі, мөлшері, мерзімі.* Кешкі 5-тің ~сы. 3. *Ауыс. Хал-жағдай, мүмкіндік.* Машина алуға ~сы келеді.

ШАМА II *физ. Физикалық күш мөлшерін көрсететін өлшем бірлігі.* Күшейткіштерді сипаттайтын негізгі *шама* — күшейту коэффициенті (К. Айманов).

ШАМАЛА *Бір нәрсені мөлшерлеу, болжау.* Жүріс-тұрысын ~ды.

ШАМАЛАС *Мөлшерлес, қарайлас.* Күштері ~, бойы ~. Жас жағынан менімен ~.

ШАМАЛЫ 1. *Мардымсыз, мәз емес, онша емес.* Тілден хабары ~, айлығы ~. 2. *Шақты, тарта, қаралы.* Отыз ~ қой.

ШАМАЛЫЛАУ *Шағындау, кішкенелеу, мардымсыздау, орташалау.* ~ үй, тұрған орны ~.

ШАМАЛЫЛЫҚ *Аздық, тарлық.* Ақылының ~ғынан, ой-өрісінің, түсінігінің ~ғы байқалады.

ШАМАМЕН *Шамасы, мөлшері.* ~ бес-он килограмм.

ШАМАН *көне. Тәңіріге сыйынып, құлшылық етуші, балгер, бақсы, сиқыршы. Шаман.* Савл да, Будда да болғам, Басынба (О. Сүлейменов). □ **Шаман діні** — *Күнге, Айға, Көкке, Отқа табынатын таптық қоғамға дейінгі дін түрі.*

ШАМАНИЗМ *Шаман жолы, шамандық бағыт. Шаманизмді* ислам діні қанша күш салса да жеңе алмады (ҚСЭ).

ШАМАСЫ *Тәрізі, зайыры, сыңайы, нобайы.* ~, оқуға кетті, ~ сағат бес.

ШАМАСЫЗ *Әлсіз, дәрменсіз. Шамасыз* батырлық — шарасыз өлім (Мақал).

ШАМАСЫЗДЫҚ *Әлсіздік, дәрменсіздік.*

ШАМАСЫНДА *Мөлшерінде.* Екі ай ~ келермін, сағат алты ~ үйге барамын.

ШАМАСЫНША 1. *Мүмкіндігінше, әлі келгенше.* Жұмысқа ~ қатысты. 2. *Ауыс. Хал-қадірінше, мүмкін болғанынша.* Тойға ~ өз көмегін берді.

ШАМА-ШАРЫҚ *Күш-қуат, қажыр-қайрат.* Өзінің ~қына қарай қимылдады.

ШАМА-ШАРҚЫНША *Әлі келгенше, қолынан келгенше, шамасы жеткенше.* ~ үлес қосты.

ШАМБЫЛ *Жолақ-жолақ боп келетін, жағал сұр.* ~ көк тай, ~ сары.

ШАМБЫР *Тамыр-түйнекшесі жеуге жарамды бақша өсімдігі, редиска.* Базарда жас қиыр мен ~ сатылады.

ШАМБІЛ *Түрлі-түсті, құлпырған, гүлденген.* Жаз жайлауын сұрасаң Қаратеңіз жағасы, ұлан *шамбіл* белі бар (Қыз Жібек).

ШАМДАЛ *Май шам қоятын ыдыс, тұғыр.* Шамның сәні *шамдалмен* (Мақал).

ШАМДАН 1. *Шам көру, шамына тию, ашулану.* Ол редактордың сөзіне ~бады. 2. *Ауыс. Қырсығу.* Егіншілердің көлігі *шамданып* әуре етті (Ғ. Мұстафин).

ШАМДАНҒЫШ *Шамшыл, шамқой.* Өкесі ~-ақ.

ШАМДАНҒЫШТЫҚ *Шамшылдық, шамқойлық.* ~ғы қалмапты әлі.

ШАМДАНШАҚ *Шамданғыш, шамқой.* ~ асау аттай.

ШАМКЕС *Шәлкес, шырт етпе, шамқой.* ~ адам, мінезі ~.

ШАМКЕСТІК *Шамқойлық, шамшылдық.* Одан ~ті байқаймыз.

ШАМОТ *тех. Саздан жасалған отқа төзімді бұйым.*

ШАМПАН *Жүзім шырынынан дайындалған көпіршіп, шапшып тұратын шарап.*

ШАМПАНДАЙ *Шампан тәрізді шапшу.* ~ шапшыды.

ШАМПАНДАТ *Шампан ішу.* ~ ып шығарып салды.

ШАМПУНЬ *Бас жуу үшін пайдаланатын хош иісті сұйық сабын.* Айша басын ~мен жуды.

ШАМШАТ *Ыстық жақта өсетін, биіктігі 50 м, жуандығы 2 м, сүрегі берік, ірі сабақты ағаш.*

ШАМШЫЛ 1. *Шамқой, шамкес, шамданғыш.* Жас адам ~ келеді. 2. *Ауыс. Қисық, қыңыр, қырсық, ызақор.* Дүниеде бас білмеген тайдан *шамшыл*, тулағыш мақұлық жоқ (Ө. Қанахин).

ШАМШЫЛДЫҚ *Шамқойлық, шамкестік.*

ШАМ-ШЫРАҚ 1. *Шырағдан.* Жанып жатыр *шам-шырақ* (Ә. Есмырзаев). 2. *Ауыс.* Кемеңгер. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің ~ғы.

ШАМЫРҚА *Қатты ашулану, қатулану, ширығу. Шамырқаған* ыза-кек тұла бойын кернеген (Ө. Қанахин).

ШАМЫРҚАНҒЫШ *Ашуланғыш, ренжігіш.* Ол шаруаның көзін таба алмайтын шалағайларға ~.

ШАМЫРҚАУ *Жүзі сынық, реніштi, көңілсіз.* Қабағы ~.

ШАМЫРЫҚ *Ызалы, қапалы.* Ол ~қан сезімнің үстінде.

ШАН *кәсіб. Ағаштан не металдан жасалған үлкен бөшке.* Балықты ~дарға төкті.

ШАНА *Қар үстінде сырғанайтын көлікке жегетін қос табанды сүйретпе.* Ат шегілген ~ға отырды, ит ~, қол ~.

ШАНАҚ I 1. *Қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының үш бұрышты я домалақша келген дүмі.* Домбыра ~ғына екі ішек тақты. *Домбыраның шанағы* тұтас ағаштан жасалады (Б. Асанбаев). 2. *Диірменнің астық құйылатын немесе ұн төгілетін жәшігі.* ~қа бидай толған. 3. *Арба мен машинаның қорабы, кузовы.* Арбаның *шанағына* екі-үш айыр шөп салды (Ә. Қалдыбаев).

ШАНАҚ II *Өңделген теріден істелінген сусын құятын үлкен ыдыс; шанаш.* Құрымға салынып, ысқа ұсталып, құмға қатырылған теріден саба, торсық, көнек, *шанақ* істелді ("Қаз. әдеб.").

ШАНАҚ III *бот. Өсімдіктің гүл қауашағы.* Бұтақтар өсе бастауымен бірге оларда *шанақтар* пайда болды (М. Ерлепесов).

ШАНАҚТА *Гүлдің қауашақтануы, шешек атуы.* Беде *шанақтаған* кезде оның гүлсабақтары жаппай төгіледі (М. Ерлепесов).

ШАНАҚТАЙ *Үлкен, дәу, ірі.* ~ екі көзі мені сүзіп тұрғандай.

ШАНАҚТЫ *Шанағы үлкен.* Қызыл ~ домбыра, жалпақ ~ қара домбыра.

ШАНАЛАП *Шана-шана етіп.* Ертең оған *шаналап* емес, машиналап өткізуге болады ("Соц. Қаз.").

ШАНАШ *Ешкі терісінен істелген торсық.* Бір ~ қымыз.

ШАНАШЫҚ *Кішірек балалар шанасы, қолшана. Шанашығын* сүйретіп, Шапқылады балалар (А. Абдықадыров).

ШАНДА *Анда-санда, оқта-текте, сирек.* Бұл бітім, қасиет *шанда* біреуде ғана болатын (М. Әуезов).

ШАНДОЗ 1. *Өрен жүйрік, жеңімпаз.* ~ ат, оза жауып бәйге алған ~дар. 2. *жерг.* Сұлу, көркем. жігіт.

ШАНДОЗДА *жерг. Әдемілеу, әрлеу, сомдау, көркемдеу.* Қарағай шаптым *шандоздап* (Махамбет).

ШАНДОЗДЫҚ *Көркемдік, әдемілік, сұлулық, көз тұнарлық.* Кең өрістің бар *шандоздығын* көруге көз керек (Сыланов).

ШАНДУЛЫ *Шандып байланған, таңулы.* Қолы ақ бинтпен *шандулы* екен (Меңдібаев).

ШАНДЫ *Шиелеп байлап тастау, таңу.* Қолаяғын ~п орап тастаған.

ШАҢДЫЛ *ыр. етіс. Шанды-л.*

ШАНДЫМА *Айқыш-үйқыш етіп, торламалап істелген жеңіл аяқ киім.* Аяғында ~ сандал.

ШАНДЫР *Еттің тарамыстанған, сіңірлі қатты жері.* ~ ет.

ШАНДЫРЛАН *Еті қашып, шандыры шығу.* Бұлшық еттері ~ып кеткен.

ШАНДЫР-ШАНДЫР *Қатпар-қатпар, бүрісіп-бүрісіп қалған.* Бет терісі ~.

ШАНЖА I *Қарағайдың жас өрімін шауып алып кептірген сидам түрі, жіңішкелеу ұзын ағаш.* Кіре берісіне *шанжадан* қаша орнатып қойыпты (Б. Дәулетбаев).

ШАНЖА II *жерг. Біртіндеп көлбеуленіп барып биіктейтін жер.* Қайқау, қарсы бет. ~ жерде мал жайылып жүр.

ШАНЖАҒАЙ *Сирек, әр жерде бір, шашыраңқы.* Аспаннан *шанжағай* санама жұлдыз көрініп тұр (Б. Тұрсынбаев).

ШАНЖАҒАЙЛА *Шашырай, шашыла, бытырай.* Сайлардың ішіне *шанжағайлап* біткен седірең тобылғы (І. Жансүгіров).

ШАНЖАУ *Сирек, бытыраңқы.* Көгалды қуалай, *шанжау* қонған қара лашықтар көрінеді (Ғ. Мұстафин).

ШАНЖАУ-ШАНЖАУ *Әр жерде бір, сирек, селдір.* ~ өскен ағаш, сақалы ~.

ШАНЖИ *Шанию, шалжию.* ~ып көлеңкеде жатыр.

ШАНИ *Шалқалап кеуде кере шірену, шалқию.* ~ып креслода отыр екен.

ШАНШАР I *зоол. Жота қанаты тікенекті балық.*

ШАНШАР II *Шақпа тілі бар, қуақы, мысқылшыл.* ~ тілді адам.

ШАНШУ *Суықтан болатын сырқат, науқас.* Ауруда *шаншу* жаман, Сөзде қаңқу жаман (Мақал).

ШАНШУДАЙ *Шаншу сияқты.* ~ қадалды.

ШАНШУЛА *Суық тиіп сырқаттану.* ~п төсек тартып жатыр. Шешем *шаншулап* төсек тартып жатып қалды (Д. Досжанов). — Тәліп, есірікпісің, *шаншулап* ауырып қаласың, дереу киін (Ғ. Қайырбеков).

ШАНШЫ 1. *Бір нәрсені үшкір затпен түйреу, бірдеңені қадау, сұғу.* Ине ~ды, ағаш ~и салды. 2. *Ауыс. Дененің сұққылап, түйреп ауруы.* Басы ~п отыр. 3. *Ауыс. Сөзбен қағыту, кекету.* Ол ~п өтті сөзімен. ◊ **Инеге [қармаққа] шаншар еті жоқ** — *көтерем, арық.* **Ине шаншар жер** — *бос орын қалмаған, толы.* ◊ **Шыбық шаншымайды** — *тұқ істемейді, жалқау.*

ШАНШЫЛ *Қадалу, түйрелу.* Тікен ~ып тұр. Уықтар шаңыраққа ~ып біткен.

ШАНШЫЛМА *Тіп-тік.* Жазықтың оңтүстік жиегі *шаншылма* тік, көк қаптал (Саятшылық).

ШАНШЫЛЫС *Тікірею, қадалыс, шаншылу.* Тік көтерілген шаңның аспанға *шаншылысы* әдемі ақ (А. Сатаев).

ШАНШЫМА *Шаншу, шаншитын.* ~ ауруы бар.

ШАНЫ *Жек көру, көзге ілмеу; кекетіп-мұқату.* Қазақ қызының айттырып, қалың беріп қой-

ған күйеуін көргенде -уға қақысы болған. Соны қалыңдық күйеуін -ды дейді.

ШАНЫШҚАҚ I *Шаншыма.* - ауру.

ШАНЫШҚАҚ II *жерг.* Оқыра, сәйгел. Арқаның жерінде сиырдың жауы — - дейтін инелік шыбын.

ШАНЫШҚАҚТА *Қайта-қайта түйрелу, шанышқылау.*

ШАНЫШҚЫ 1. *Балық аулайтын үш айыр істік темір, сере.* Балықты -мен ұстайтын. 2. *спорт. Найза шаншу, түйреу құралы.* - мен қылыш сайысының жеңімпазы. 3. *Тамақ жейтін құрал, айыр.* -мен қияр алып берді.

ШАНЫШҚЫЛА 1. *Найзалау, істіктеу, түйреу.* Найзамен -ды. 2. *Шаншып-түйреп ауыру.* Аяғым түннен бері *шанышқылап* жатыр (З. Шүкіров). 3. *Ауыс. Қағыту, іліп-шалу.* Оны сөзбен -п өтті.

ШАНЫШПА 1. *Шаншылып тігілетін, шаншылатын. Шанышпа* қара қостың төбесін көрсетті. (С. Бегалин). 2. *Ауыс. Шаншып алатын, шымшыма.* Өткір *шанышпа* мысқыл ажуа (М. Әуезов).

ШАҢ *Майда, ұсақ тозаң.* Терезе алдының -ы бір елі. ◊ **Шаң берді [көрсетті]** — *белгі берді, нышан байқатты [аңғартты].* **Шаң жұқпас** — *жүйрік, шешен.* **Шаңына ере [ілесе] алмады** — *жете алмады, маңайлай алмады.* **Шаң жұқтырмады [жуытпады, тигізбеді]** — *сөз келтірмеді, қорғаштады, ешқандай мін тақтырмады.* **Шаңын қақты [сілікті]** — *астаң-кестеңін шығарды, жерден алып жерге салды.*

ШАҢБАСАР *көне. Басқаның жерінен мал айдап өткені үшін не өзгенің жеріне мал жайғаны үшін төленетін салық.* Бір күн кешіксең — өзің айтқан *шаңбасарды* артығымен еселеп тағы кесем (С. Сматаев).

ШАҢҒАЛАҚ *Жаңғақтың сыртқы қатты қабығы.* Жаңғағының *шаңғалағы* қалың (Орынбаев).

ШАҢҒЫ *спорт. Қар үстінде сырғанайтын, жұқа ағаштан жасалған спорт құралы.* - тебуге шықты.

ШАҢҒЫР: шаңғыр етті — *салдыр етті, шаңғырлады, салдырлады.*

ШАҢҒЫРЛА *Салдырлау.*

ШАҢҒЫР-ШҰҢҒЫР *Қаңғыр-күңгір.*

ШАҢҒЫШЫ *Шаңғы тебуші; шаңғы тебетін адам.*

ШАҢДА *Шаң шығару, шаң көтеру, шаңын бұрқырату.* Бәйтерек басын *шаңдап,* құс ұялар (Айтыс).

ШАҢДАҚ 1. *Шаңды, шаңы шыққан, тозаңды.* - жол, жердің -ғы шыққан. 2. *Ауыс. Мұнар, буалдыр.* Жіңішке қызыл -ты көрді.

ШАҢДАҚТАН *Шаң басу, шаң-шаң болу.* -ып жатқан балауыз.

ШАҢДАҚТЫ *Шаңды, шаңы шыққан.* - қара жол.

ШАҢДАУЫТ *Шаңыт, борпылдақ.* Даланың *шаңдауыт* қара жолы (Б. Соқпақбаев).

ШАҢДЫ *Шаңы мол, борпылдақ (жер).* -жол.

ШАҢҚ: шаңқ етті — *саңқ етті, дауыстың, үннің оқыстан қатты шығуы.*

ШАҢҚАЙ *Аппақ болу, шағыраю.* -ып жатқан қар.

ШАҢҚАЙ: шаңқай түс — *тал түс, нақ түс мезгілі, аппақ түс.*

ШАҢҚАН *Ақшаңқан. Сүттей аппақ, тап-таза.* - қар (желкен, үйлер). □ **Шаңқан боз** — *ақбоз, шымқай боз.*

ШАҢҚАНДАЙ *Аппақ, қардай тап-таза.* Үстінде - ақ халат.

ШАҢҚАНДАН *Аппақ болу, аппақ болып ағару.*

ШАҢҚАНДЫҚ *Аппақтық, ақтық.* -ғы шағала секілденді.

ШАҢҚОБЫЗ *Ауызға салып тартатын темір пластинкалы музыкалық аспап.* Қазақ даласында өте сирек кездесетін аспаптың бірі — *шаңқобыз* (Б. Сарыбаев).

ШАҢҚОБЫЗШЫ *Шаңқобыз шалушы, тартушы.* - Нұрила Әсілбекованың орындауында.

ШАҢҚ-ШАҢҚ: шаңқ-шаңқ етті — *шаңқылдаған дауыс, шаңқ-шаңқ еткен ұн, саңқ-сұңқ етті.*

ШАҢҚ-ШҰҢҚ *Шаңқылдаған, шаңқ-шұңқ еткен дыбыс.*

ШАҢҚЫЛ *Шаңқ еткен ащы дауыс, саңқыл.* Бөлмеде - естілді.

ШАҢҚЫЛДА *Шаңқ-шаңқ етіп ащы, қатты дауыс шығару.* -ған дауыстан оянды.м.

ШАҢҚЫЛДАҚ *Шаңқылдай беретін, шаңқ-шаңқ ететін.* - ұн.

ШАҢСОРҒЫШ *Үй мүліктерінің (кілем, киім) шаңын сорып алатын құрал.* Әрбір үйге - қажет.

ШАҢТАС *Астық бастыратын қырлы-қырлы тас; малатас.* -пен бидай бастырады.

ШАҢ-ТОЗАҢ *Шаң мен топырақтың аралас ұсақ бөлшектері.* Үйдің іші -.

ШАҢТҮТҚЫШ *тех. Шаң ұстағыш құрал.*

ШАҢ-ШҰҢ 1. *Шаң-шұң етіп шаңқылдаған қатты дыбыс, шу.* -нан тойдық. 2. *Ауыс. Ұрыс-керіс, жанжал, айтыс-тартыс.* Үй-іші - болды.

ШАҢЫЛТЫР *Қатқыл, қытымыр, шымшыма, шыңылтыр.* - аяз.

ШАҢЫЛТЫРЛАН *Ызғарлану, қатқылдану.* Күн -ып кетіпті.

ШАҢЫРАҚ 1. *Киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.* -ғы мен уығына күміс шаптырған. 2. *Ауыс. Әркімнің тұрған, туған үйі.* Ол -қа ие, Асан бір -тан қалған. □ **Шаңырақ салық (көне)** — *әр үйге түсетін алым.* **Алтын шаңырақ** — *Отан, туған жер.* **Қара шаңырақ** — *ата-баба тұрған үлкен үй.* **Үлкен шаңырақ** — *үлкен үй.* ◊ **Шаңырағы құлады** — *үй болудан қалды, түтіні сөнді.* **Шаңырағына ат [қобыз] ойнатты** — *от басының астаң-кестеңін шығарды, ойрандады.* **Шаңырағың биік болсын!(алғыс)** — *үй көтергенде, үй боп шыққанда айтылатын тілек.* **Шаңырағы ортасына түсті [шайқалды]** — *от басы ойран болды [азып тозды].* **Шаңырақ көтерді** — *үй болды, отау тікті.* **Шаңыраққа қара** — *қайда, кімнің үйінде отырғаныңды ұмытпа.* **Шаңырақ мүйіз** — *арбиған, үлкен мүйіз.*

ШАҢЫРАҚСЫЗ *Үйсіз-күйсіз, баспанасыз.* - тірлік жоқ.

ШАҢЫРАҚТАЙ *Шаңырақ тәрізді арбиған, үлкен.* - қалпақ.

ШАҢЫРҚА 1. *Шаңдану, шаң басу.* 2. *Ауыс. Шөліркеу, шөлдеу, сусау.* Ыстықта -п шөлдеген.

ШАҢЫТ *Мұнарту, күңгірт тарту.* Жер де, көк те аппақ боп -ып тұр.

ШАҢЫТТАН *Мұнарттану, күңгірттену.* -ып тұрған дала.

ШАП I *Қарынның төменгі жағы мен санның ішкі түйіскен тұсы.* Қасқыр әдетте малды *шабынан* жарады (С. Мұқанов). □ **Шап айыл** — *артқы айыл.* ◊ **Шапқа түртті** — *ызаландырды, ашуландырды.*

ШАП II *Шапқылау, жарысу, ызғыту.* Ол атын жайдақ міне ~ты, бәйгеге ~ты.

ШАП III *Шабу, кесу, ору.* Ет ~ты, шөп ~ты. ◊ **Тамырына балта шапты** — *құртты, жойды.*

ШАП: шап берді — *тарпа бас салу, тап беру.*

ШАП: шап ете түсті [қалды] — *ілінісе кетті.*

ШАПАҒАТ *Рақым, мейірім, шарапат, шапқат.* Жақсыдан — *шапағат,* жаманнан кесапат (Мақал). □ **Шапағаты тиді** — *қолғабысы тиді, жақсылығы тиді, көмегі тиді.*

ШАПАҒАТСЫЗ *Мейірімсіз, рақымсыз, қайырымсыз.* ~ адам.

ШАПАҒАТТЫ *Мейірімді, рақымды, шарапатты.* Дәрігерлер ~ жандар.

ШАПАҚ *Күннің шығар немесе батар кезіндегі қызыл арай сәулесі.* Күннің ал қызыл ~ғы, таң ~ғы. ◊ **Шапақ шашты** — *нұрын төкті, сәулесін шашты.*

ШАПАҚТА 1. *Шапалақпен соққылау, шапалақтау.* Қараш екі санын *шапақтап* жүгіре жөнелді (Ө. Тұрманжанов). 2. *Ауыс. Көңіл жұбату, ырза ету.* Үнем болмас құйрықты бұландатқан, Сауырына *шапақтап* сүйіп жатқан (Абай).

ШАПАҚТАН *Күннің шапақ атуы, сәуле шашуы.* Күннің көзі ~ып тұр.

ШАПАҚТЫ *Арайлы, сәулелі, нұрлы.* ~таң. □ **Шапақты музыка** — *түрлі-түсті электр шамдары жағылып ойналатын музыка (сәулелі музыка).*

ШАПАЛАҚ *Алақан.* Оның уытты *шапалағы* жігіт жағына тиді (Тоқмырзин). ◊ **Шапалақ жеді** — *ұрып-соқты, таяқ жеді.* **Шапалақ соқты [ұрды]** — *қол соқты, қошеметтеді.*

ШАПАЛАҚТА *Шапалақпен ұру, соғу.* Бала санын ~ды, қол ~ды.

ШАПАН *Астарына жүн не мақта салып сырып тігілген сырт киім.* Үстінде барқыт ~. ◊ **Шапан жапты [кигізді]** — *сый тартты, құрмет көрсетті.*

ШАПАНДЫҚ *Шапан тігетін (кездеме, мата).*

ШАПАН-ШАҚПЫТ *жерг. Сыйға тартылатын киім-кешек.* Құрмет көрсетіп ~ сыйлады.

ШАПАТА *жерг. Шикі теріден, жөкеден жасалған аяқ киім, шәркей.*

ШАПАТЫ *Бәкене, дембелше;* ~ бойлы. ~ адам.

ШАПАТЫЛЫҚ *Бәкенелік.*

ШАПАШОТ *Бірыңғай тек ағаш шабатын, ұңғыдан төменгі жағы ұзынша келген, шот пішінді жеңіл шағын құрал.*

ШАПҚАН *Арзан металға қымбат металды жалату, шабу.* Сөйлесе май тамызған бұлбұл тілім сықылды гауһар сағат нақыс *шапқан* (Айтыс).

ШАПҚАТ *Шапағат.* Көргенде көңілінде жарты мысқал мейірім *шапқаты* бар адамның жүрегі жарылып кетердей бір аяушылық көріністе еді (С. Торайғыров).

ШАПҚЫ I *Қатты зат кесетін асыл темірден жасалған құрал.* Металл кесу үшін плазмалық ~ жасалады.

ШАПҚЫ II *Мылтықтың от алдыратын шаппасы, қайырмасы.*

ШАПҚЫЛА I *Тыным таппай шабу.* Ойғақырға ~п жүр.

ШАПҚЫЛА II *Қайта-қайта шабу, кескілеу.* ~п өлтірді, етті ~п тастады.

ШАПҚЫН *Шабуыл, ұрыс.* ~ға тап болды.

ШАПҚЫНДА *Шабуылдау.* ~п қоймады.

ШАПҚЫНДЫҚ *Басқыншылық, шапқыншылық.*

ШАПҚЫНШЫ 1 *Басын алушы, жаулап алушы, басқыншы.* ~лардың бетін қайтарды. 2. *Шабарман, хабаршы.* Елге ~ жіберілді.

ШАПҚЫНШЫЛЫҚ *Басқыншылық.* ~қа ұшыраған ауыл.

ШАПҚЫР *Шапқыш, қапқыш.* Осы жүрттың қайтіп қақпаны *шапқыр,* тазысы алғыр болатынына бұл түсінбейді (Ө. Кекілбаев).

ШАПҚЫШ I *Бәйге атына мініп шабатын.* Атқа ~ баланы отырғызды.

ШАПҚЫШ II *Шабатын құрал, кескіш.* Ер ~, көмір ~.

ШАППА I *Шапқы.* Мылтықтың *шаппасы* жүрмей тұрып алды (І. Жансүгіров).

ШАППА II *Қалта пышақ, бәкі.* Ол *шаппасымен* қойдың тамағын орып жіберді (Т. Иманбеков).

ШАППАЛЫ *Шаппасы бар (мылтық).* ~ мылтық.

ШАППА-ШАП *Бетпе-бет.* ~ келді, белдесті.

ШАППА-ШҮП *ң. Шаппа-шап, шартпа-шұрт.* ~ ұстаса кетті (алысты).

ШАПТА *Жапсыру, ұстату, бекіту.* Терезенің суық кіретін тесіктеріне қағаз *шаптады* ("Лен. жас").

ШАПТЫҚ *Долдану, өрекпу.* ~ғып сөйледі (тіл тигізді).

ШАПТЫҚПА *Өрекпі.* ~ мінез.

ШАПТЫР *Тік тұрып зәр сындыру, сию.* Бала ~ып тұр.

ШАПТЫРЫМ: ат шаптырым [жер] — а) *20–25 шақырымдай өлшем;* ә) *өте кең, аумақты, көлемді.* Ауланың ол шеті мен бұл шеті ат ~.

ШАП-ШАҒЫН *Кіп-кішкене, ып-ықшам.* ~ бөлме.

ШАП-ШАҚ *Құйып қойғандай, дәп-дәл.* Киімі өзіне ~.

ШАПШАҚ *Шағын кеспек. Ағаштан құрап жасайды.*

ШАПШАҢ *Тез, жылдам, лезде.* ~ сөйледі, істі ~ бітірді.

ШАПШАҢДА *Жылдамдату, тездету.* Тыныс алуы ~ды.

ШАПШАҢДЫҚ *Жылдамдық, тездік.* Аса ~ көрсетті, ~пен ұшты.

ШАПШЫ 1. *Атқылап шығу.* ~п су ақты. 2. *Секіру, ыршу.* Аспанға ~ған ат, көкке ~п жерге түсті. 3. *Ауыс. Көтерілу.* Ыстық қан ~п бетке тепті.

ШАПШЫМАЛЫ *Атқымалы, шапшымалы.* ~ скважиналар.

ШАПЫЛДА *Бет бақтырмау, шап-шап ету.* ~ған дауыс әлі естіліп тұр.

ШАПЫЛДАҚ *Бетпақ, ұрысқақ.* ~ әйел.

ШАПЫРАШ 1. *Көзі қисық, қылы.* Оның көзі ~еді. 2. *Қитар, қиқар.* Оның мінезі ~.

ШАПЫРАШТАН 1. *Қылылану.* Көзі ~ып кетті. 2. *Қиқарлану.*

ШАПЫРАШТЫҚ 1. *Қылылық, қисық, қиғаштық.* Оң көзінің ептеген ~ғы болмаса, әдемі қара торы қыз еді. 2. *Қитарлық, қиқарлық.*

ШАПЫРЛА *Топырлау, жыпырлау.* ~п жұмысқа ден қойған жастар.

ШАПЫР-ШҰПЫР *Тез-тез, апыр-топыр, жапыржұпыр, асығыс-үсігіс.* ~ аттарына міне бастады.

ШАР I 1. *Өз диаметрімен айналудан пайда болатын геометриялық дене, геометриялық фигура.*

~дың радиусы. 2. *Үрген қарын іспетті жеңіл домалақ зат.* Түрліше боялған ~ларды балалар қосақтап ұстаған. 3. *көне. Ертеде сайлау жүйесінде қазіргі бюллетень орнына қолданылған домалақ тас.* Сенің *шарыңмен* Оспан болыс болмаса болмай-ақ қойсын (М. Әуезов). □ **Шар айна** — *төрт бұрышты үлкен айна, трюмо.* **Шар қой** — *кәрі қой.* **Шар тарту** — *егде тарту, мосқалдану.* **Шар тарап** — *әлем, төрт тарап, төртқұл дүние, жердің төрт бұрышы.*

ШАР II *тар. Дау-дамай, шатақ.* Ақылың болса, жарқыным, Жіберме *шарға* ісімді (Қамбар батыр). ◊ **Басын шарға салды** — *дау-жанжалға ұшырады.*

ШАР III *Қырманда үгітіліп, қауызынан ажыратылған, дәні сапырылып желге ұшырылмаған астық.* Кәне, астық келгенше анау шеткі *шарды* сапырып тастаңдар (Х. Ерғалиев).

ШАР IV *Шұбырынды із, шиыр.* Қойдың ~ынан аттың ізін ажыратты.

ШАР V *Тас, шағыл.* Жылқы деген жануар, тоқталмайды сусылдап, жайылған жері *шар* болса (Базар жырау).

ШАР VI *жерг. Шарық, шарық қайрақ.*

ШАР: шар етті — *баж етті, қатты дауыстап жіберді.* ◊ **Шар тартты** — *егде тартты, самарқауланды, қартайды.* Қартыңның ойы *шар* тартты (Абай).

ШАРА I 1. *Үлкен ағаш ыдыс, тегене, аяқ.* Малды бақсаң, қойды бақ, май кетпейді *шарадан* (Мақал). 2. *Ауыс. Көздің ұясы, ойдымы.* Көзі ~сынан шықты. 3. *Ауыс. Бір нәрсенің деңгейі, аумақ-көлемі.* Көлдің суы *шарасынан* асып, ернеуі толып кетеді (Қаз. ертег.). ◊ **Шарасына түсті** — *сабасына түсті.*

ШАРА II 1. *Белгілі бір іс-әрекет, мүмкіндік, амал, айла.* Қиналғаннан, егілгеннен басқа не *шара* бар менде (Ә. Әбішев). 2. *Болашақта істелмек іс, міндет.* Жайылымдар мен шабындықтарды жақсарту — кезек күттірмейтін *шара* (С. Әбдірайымов). □ **Шара қолданды** — *жаза қолданды, айыптады.* **Шара жоқ** — *басқа мүмкіндік, басқа амал қалмады.*

ШАРАДАЙ *Үлкен, дәу.* **Шарадай басы шақшадай болды [шақшадай басы шарадай болды]** — *не істерін білмей дал болды, басы қатты.*

ШАРАЙ: шарай топ — *шаршы топ, жиын.* ~ топқа ақыл салсаң, қабырғаңның қайысқанын білгенің.

ШАРАЙНА *көне. Сауыт, латы.* Тас дулыға болмай ма жатқан үйім, *Шарайнам* шойын есік бұ да бір кез (Абай).

ШАРАЛЫ *Ұялы, үлкен.* ~ көз.

ШАРАНА 1. *Жаңа туған жас төлдің я баланың үстіндегі жұқа қабыршақ, шырыш.* Қозыны ~дан тазартты, қой ~сын жалады. 2. *Ауыс. Жаңа туған жас сәби.* Ана жылғы ~ қазір жігіт болды.

ШАРАНАЛАС *Бір туған, жатырлас.* ~ туысындай қарсы алды .

ШАРАП *Қышқыл дәмді, түр түсі әр түрлі ішімдік.*

ШАРАПАТ *Шапағат, қайырым, мейірім.* Жақсыдан — *шарапат,* жаманнан — кесапат (Мақал).

ШАРАПАТТЫ *Шапағатты, қайырымды, мейірімді.*

ШАРАПАТТЫЛЫҚ *Қайырымдылық, шапағаттылық.*

ШАРАПХАНА *Шарап жасайтын орын, жай.*

ШАРАСЫЗ *Амалсыз, лажсыз.* ~ ана жаутаңдады.

ШАРАСЫЗДАН I *Амалы құру (таусылу, лажсыздану).* ~ып сөйледі.

ШАРАСЫЗДАН II *Амалсыздан, лажсыздан.* ~ шыдап отырмын.

ШАРАСЫЗДЫҚ *Амалсыздық, лажсыздық.* ~ көрсетіп, жас алды көзіне.

ШАРБАҚ *Қоршау, қаша.* Үйдің айналасы ~пен қоршалған.

ШАРБАҚТА *Айналасын қоршау.* Ескерткіштің айналасын ~ған.

ШАРБОЛАТ *Батырлар киетін болат сауыт.* Белге керек *шарболат,* денеге керек жалаң қат (Қобыланды батыр).

ШАРБЫ I *Қарынның сыртындағы жұқа май.* Қасқырдың ішін тіліп, *шарбысынан* бір шумақ жұлып алды (Қ. Әбдікадыров). 2. *Ауыс. Селдір, сирек. Шарбы* бұлт ақырын маңып, жүзіп барады (З. Шүкіров). □ **Шарбы май** — *іш май.*

ШАРБЫЛАН *Майлану, семіру.* ~а бастаған қозы.

ШАРҒЫ I *діни. Дін жолы, шариғат заңы.*

ШАРҒЫ II 1. *Қысқа бойлы, аласа, тапал (адам).* Бойың *шарғы* болған соң, парадтың соңы боп өтетініңе өкініп отырмын (Т. Бигелдинов). 2. *Ауыс. Шамалы, аз.* Ақыл-айлаң ~ екен ғой сенің.

ШАРДАҚ I *Мешел, рахит.*

ШАРДАҚ II *Шабан, шау, бейшара.* Кісі алдына барғанда, шабан, *шардақ* және шау (Абай).

ШАРДӘРІ *Әр түрлі құрамды дәрі.* ~ден иіскетті.

ШАРИҒАТ *діни. Адам өмірінің барлық жай-жапсарын қамтитын мұсылман дінінің заңы, ережелері.*

ШАРИҒАТСЫЗ *Дін заңынсыз.*

ШАРИҒАТШЫЛ *Дін заңын (ережелерін) бұлжытпай орындаушы.*

ШАРИК *Темір домалақшалар, дөңгелекшелер.*

ШАРҚ: шарқ ұрды — *тыным таппады, аласұрды.*

ШАРҚАТ *жерг. Әйелдердің басына салатын төртбұрышты (шаршы) орамалы.*

ШАРЛА I *Аралау, кезу.* Түске дейін қаланы ~ды. 2. *Бір нәрсені іздеп ақтарып-төңкеру.* Тістеуікті іздеп, қобдиды ~ды.

ШАРЛА II *Қырмандағы астықты шөп-шаламнан тазарту үшін күрекпен сапырып, ұшырып тазалау.*

ШАРЛАН *Іші майлану, семіру, толу.* Ол соңғы жылдарда ерекше *шарланып* кеткен (С. Мұқанов).

ШАРМАЙ *зоол. Улы балықтың бір түрі.*

ШАРПЫ *Қарпу, шалу.* Өрт ~ды, шашын жалын ~ды.

ШАРПЫС 1. *Сөзге келісу, айтысу, таласу.* Екеуі біраз сөз *шарпысып* алды (М. Әбдіхалықов). 2. *Найзаласу, қылыштасу, айқасу.* Екі батыр бір орында тұрып *шарпысты* (Мұрталиев).

ШАРТ I 1. *Өзара келісім.* Мемлекеттер ~ жасасты. 2. *Талап, тілек.* 3. *Міндет, парыз.* Қазақ тілін білу ~. ◊ **Шартқа отырды** — *келісімге келді, шарт жасады.* **Шарт қойды [қылды]** — *талап қойды.*

ШАРТ II ◊ **Шарт жүгінді** — *тізесімен жер тіреп отырды.* **Шарт жұмды** — *қатты қысты, тас жұмды.*

ШАРТ III *Дыбыс еліктеуіш сөз.* □ **Шарт етті** — *сарт етті.* ◊ **Шарт кетті** — *қатты, бұлқан-талқан ашуға басты.* **Шарт сынды** — *морт етіп, бірден сынды.*

ШАРТАБАҚТАЙ *Жалпақ, былшиған.* Беті ~ болып семірген.

ШАРТАҚ I *кәсіб. Күзет үшін жасалған, жанжағы ашық, төбесі жабық сәкі.* Күзетшіге жайлы ~ жасады.

ШАРТАҚ II *жерг. Талдан және басқа құрылыс материалынан жасалған шарбақ, қоршау.*

ШАРТАРАП *Төрт тарап, төрт жақ.* ~қа жүгірді, ~қа көз салды.

ШАРТИ *Қарны шығу, шертию.* Қарны ~ған кісі.

ШАРТНАМА *кітаб. Шартқа отыру, келісім туралы құжат.*

ШАРТПА-ШҰРТ *Сартта-сұрт, лезде, жалмажан, тез, шапшаң.*

ШАРТСЫЗ *Келісімсіз, уәдесіз.* ~ істелінген іс. □ **Шартсыз рефлекс** *(биол.) — туа пайда болатын, табиғи рефлекс.*

ШАРТТАС *Шарт жасасу,шартқа отыру.*

ШАРТТАСТЫҚ *Байланыстылық, өзектестік, іліктестік, сабақтастық.*

ШАРТТА-ШҰРТ *Сартта-сұрт.* ~ төбелес, ~ ұстаса кетті.

ШАРТТЫ 1. *Шарттасқан, келісілген, уәделескен.* ~ жерге келді, ~ күнге асықты. 2. *Салыстырмалы.* ~ белгі, ~ түрде айтамыз. □ **Шартты бағыныңқылы сабақтас** *(лингв.) — бағыныңқы сөйлемі шартты рай тұлғасында қолданылатын сабақтас сөйлемнің бір түрі.* **Шартты белгі** *— мәні, мағынасы келісілген таңба.* **Шартты рай** *(лингв.) — бір істің екінші іске шарт екенін білдіретін етістіктің түрі.* **Шартты рефлекс** *(биол.) — тітіркендіргіштің әсер етуінен пайда болатын рефлекс.* **Шартты міндеттеме** *— келісімді міндеттеме.*

ШАРТТЫЛЫҚ *Заңдылық, уәделестілік.* Театр ~тарын жіті білу.

ШАРТ-ШҰРТ *Сарт-сұрт. Қатты шыққан дыбыс.* Сексеуілдер ~ сынды, шотты ~ қақты.

ШАРТЫҚ I 1. *Қортық, мыртық. Тарттырғанда ең тамыры шала үзілген мал.* Қойды *шартық* бүлдіреді, елді қортық бүлдіреді (Мақал). 2. *Ауыс. Дұмше, дұмбілез.* ~ әкімдерше, ~ қожайынның әдеті.

ШАРТЫҚ II *Қарны шыққан, шартиған.*

ШАРТЫЛ *Сартыл.* Алақан ~ы басылмады, қамшының ~ы естіледі.

ШАРТЫЛДА *Сартылдау, тарсылдау.* Найзағай ~ды.

ШАРТЫЛДАҚ *Сартылдақ, шытырлақ, тарсылдақ.* ~ мінез.

ШАРУА I *Ауыл шаруашылығында істейтін адам.* Әкем ~ кісі, ~ ның баласы.

ШАРУА II *Жұмыс, іс, еңбек.* Совхоз *шаруасын* сөз қылдық (Майлин). **Шаруаң қанша?** *— жұмысың қанша?* **Шаруасын тындырды** *— жұмысын бітірді.* ◊ **Шаруа баққан (қуған, күйттеген)** *— шаруақор, алаңсыз, бірыңғай тек жұмыспен жүрген.* **Шаруа басты** *— жұмыс басты.* **Шаруаға қыры жоқ** *— жұмысқа ебі жоқ; олақ.* **Шаруа қол** *— шаруаға ыңғайлы, шаруаға лайық.* **Шаруа шаруалады** *— жұмысын бітірді.* **Шаруасы бітті** *— құрыды, соры қайнады, сорлады.*

ШАРУАГЕР 1. *Шаруақор, еңбекқор, шаруашыл, еңбекшіл.* ~ адам қашанда жоғарғы межеге ұмтылады.

ШАРУАГЕРЛІК *Шаруақорлық, ұқыпты, жұмысына саналы қараушылық.*

ШАРУАЖАЙ *Шаруаға бейім, шаруашыл.*

ШАРУАЖАЙЛЫҚ *Шаруаға бейімділік, шаруақорлық.*

ШАРУАКЕШ I *Шаруақор, шаруашыл.*

ШАРУАКЕШ II *Шаруа адамы, шаруагер.*

ШАРУАКЕШТІК *Шаруагерлік.* Ол ~ қасиеттен құр емес.

ШАРУАҚОЙ *Шаруаға икемді, бейім, шаруашыл.* ~ жігіт.

ШАРУАҚОЙЛЫҚ *ң. Шаруақорлық.*

ШАРУАҚОР *Шаруашыл, еңбекшіл.* Ербол жастайынан ~.

ШАРУАҚОРЛАН *Шаруақойлану.*

ШАРУАҚОРЛЫҚ *Шаруашылдық, шаруагерлік.* Ол баласының ~ ғына риза.

ШАРУАЛЫ *Тұрмысты, дәулетті, қора-қопсылы, қора-жайлы.*

ШАРУАШЫЛ *Шаруақор.* ~ кісі, ол ежелден ~.

ШАРУАШЫЛЫҚ 1. *Белгілі бір кәсіп саласы.* Қазақстан ірі мал ~ аймағы. 2. *Шағын өндірістік бірлік.* □ **Шаруашылық есеп** *— а) кәсіпорындарда шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізудің әдісі; ә) өзін-өзі қаржыландыру.*

ШАРФ *Мойын орағыш.* Мойнында ескі ~, жүннен тоқылған ~.

ШАРША *Қалжырау, болдыру, қажу.* Ауыр жұмыстан титықтап ~ ған.

ШАРШАҒЫШ *Шаршауық, қалжырауық, болдырғыш.* Науқас адам ~ келеді.

ШАРШАП-ШАЛДЫҚ *Қажу, қалжырау, болдыру.* Сәуле ~ғуды білмейді.

ШАР-ШАР: шар-шар етті *— шарылдап жылады.*

ШАРШАУЫҚ *Шаршағыш, қалжырауық.*

ШАР-ШҰР *Сар-сұр, дар-дұр.*

ШАРШЫ 1. *Қабырғалары тең тік төрт бұрышты геометриялық дене; квадрат.* 2. *Ауыс. Әйелдердің басқа салатын төрт бұрышты, кішкене орамалы.* Басында жұқа ақ ~. □ **Шаршы бойлы** *— дембелше келген, төртбақ.* **Шаршы метр** *— бір нәрсенің аумағын, көлемін білдіретін өлшемдік бірлік.* **Шаршы топ** *— әр тараптан жиналған топ, алқалы жиын.*

ШАРШЫЛА 1. *Бір нәрсенің ұзындығы мен енін бірдей ету, төрткілдеу, төрт бұрыштау.* Жүгеріні ~п екті. 2. *Үшкілдеу, үш бұрыштау.* Орамалды ~п байлады. 3. *Ауыс. Өлшеу, бағдарлау.* Бойынды ойынменен *шаршыладым* (Жамбыл).

ШАРШЫЛЫ *Төрт бұрышты, төрткіл.* ~ тақта, ~ әдіс.

ШАРШЫЛЫҚ *Төрткілдік, тең қабырғалылық.*

ШАРЫ *Құрсау.* Сыртын қаңылтырмен ~ ған қызыл ала кесе.

ШАРЫҚ I *Көк, аспан.* Әлден уақытта ұшып *шарыққа* шықты (С. Бегалин).

ШАРЫҚ II *Дөңгелек тас қайрақ.* Пышақты ~қа қайрады.

ШАРЫҚ III *Теріден, тал қабығынан жасалған, жеңіл аяқ киім, шәрке.* ~ғымды киіп шығып кеттім.

ШАРЫҚ IV *Жіп орайтын, екі басында қалпақша дөңгелегі бар, іші қуыс агаш, катушка.* ~қа жіп орады.

ШАРЫҚ V *Шама-шарық. Әл, шама, күш.* Пәлен деуге *шарқым* жоқ (Т. Нұрмағамбетов).

ШАРЫҚТА I 1. *Самғау, аспандау, биікке ұшу.* Аспанға ~п шықты. 2. *Ауыс. Қарыштау.* Ғылы-

мымыз ~п өсті. ◊ **Қиял [көңіл] шарықтады** — *арман етті, қиялдады.*

ШАРЫҚТА II *Шарыққа ұстау, қайрау.* Кетпенін ~ды. Мұсал жауырыны күдірейіп, кетпенін *шарықтады* (О. Сәрсенбаев).

ШАРЫҚШЫ *Пышақ тәрізді жабдықтардың жүзін өткірлейтін қайрақшы, қайраушы.*

ШАРЫЛ *Шар ете қалған дыбыс.* Таң ата естіле қалған *шарыл* Жұманның құлағына естілді (Ғ. Мүсірепов).

ШАРЫЛДА 1. *Шар-шар ету, шырылдау.* Телефон ~п қоя берді 2. *Ауыс. Ашу қысып бұлқанталқан болып қатты сөйлеу.* ~ ған ащы дауыс.

ШАРЫЛДАҚ *Шарылдай беретін.* ~ қара қыз.

ШАРЫЛДАУЫҚ *Шарылдап қалған, шарылдағыш.* ~ әйел.

ШАРЫНДЫ *Таптаурын шиыр болған. Шарынды* ізге жырынды аңшы кездесті (Ғ. Мүсірепов).

ШАССИ *тех. Ұшақтың ұшып-қонуына қажетті тетік, дөңгелек.*

ШАТ I *анат. Жамбас сүйектердің қосылған жерінің ішкі жағы.*

ШАТ II *Тау қойнауындағы жіңішке терең сай; шатқал.* Тауды өрлеп киік қашып қалың *шатқа* (Батырлар жыры).

ШАТ III *Мәз-мәйрам, мәре-сәре, шадыман.* Көңілдері ~.

ШАТ IV *Шаңдып байлау, шанду.* Артына екі қолын байлап, *шатып* (Ізтілеуов).

ШАТ V 1. *Бытыстыру, көйіту, шатастыру.* Адамға адам жауыз деп *шатып* жүріпсіз (Қ. Жұмағалиев). 2. *Ауыс. Бетімен кету, лагу.* Не ~ып кеттің.

ШАТА *Некесіз туған бала.* ~ бала.

ШАТАҚ I *Дау, жанжал, пәле.* □ **Шатақ шықты (шығарды)** — *дау, жанжал, пәле шықты (шығарды).*

ШАТАҚ II 1. *Шадыр, қисық, қыңыр.* ~ мінезді. Оның мінезі ~. 2. *Қиын, шиеленіскен, пәле.*

ШАТАҚҚОЙ *Жанжал құмар, даукес.* ~ бала.

ШАТАҚҚОР *Шатаққұмар, шатаққой, жанжалқой.* ~ жігіт.

ШАТАҚҚҰМАР *Шатаққой, даукес, жанжалқұмар.* Ол ~ еді.

ШАТАҚҚҰМАРЛЫҚ *Шатаққойлық, жанжалқұмарлық, даукестік.* Ол ~қа үйренді.

ШАТАҚСЫЗ *Дау-дамайсыз, жанжалсыз.*

ШАТАҚТАС *Байланысу, жанжалдасу.*

ШАТАҚШЫЛ *Шатаққұмар, жанжалқұмар, жанжалқой.*

ШАТАС 1. *Шатылу, ми қатуы, миы ашу.* Ойы шым-шытырық боп *шатасып* кетті. 2. *Ауыс. Ілінісу, байланысу.* Әкесімен ~қаны орынсыз.

ШАТ-ДУМАН *Мәз-мәйрам, мәре-сәре, қуаныш.* Үйдің іші ~.

ШАТҚАЛ *Жіңішке, жартасты терең сай.* Алды жар, арты ~.

ШАТҚАЛАҚТА *Тайғанақтау, талтаяқтау. Екі аяқтың арасының шатқа дейін ашыла, талтая таюы.*

ШАТҚАЛАҢ *Шатты, құз жартасты сайлы жер.* Алды ~ екен.

ШАТҚАЛДЫ *Шатты, сай-салалы, құзды.*

ШАТҚАЯҚ *Тайғанақ, сырғанақ.*

ШАТҚАЯҚТА *Тайғанақтау, шатқалақтау.*

ШАТПАҚ *Шимай.*

ШАТПАҚТА *Шимайлау, қойыртпақтау.*

ШАТПЫРАҚ *Бытпырақ, шатпақ.* ~ сөзі құлақты шірітті.

ШАТПЫРАҚТА *Шатпақтау, бытпырақтау.*

ШАТТАН *Масайрау, қуану, көңілдену.* Алғашқы жеңісіне ~ды.

ШАТТАУЫҚ I *Темірді жұмыс кезінде қысып, бекітіп қоятын арнайы құрал; қысқыш.*

ШАТТАУЫҚ II *Басында жаңғағы, дәні бар жабайы ағаш; пісте.*

ШАТТЫ-БҰТТЫ *Шатып-бұтқан.* ~ сөз (әңгіме).

ШАТТЫҚ *Қуаныш, шат-шадыман сезім.* Көктем ~тың мерекесі.

ШАТ-ШАДЫМАН *Мәз-мәйрам, мәре-сәре.*

ШАТЫЛ 1. *Іліну, оралу, шатысу.* Жіп ~ған. 2. *Ауыс. Шатасу, ұрыну, пәлеге ұшырау.* Ұрыншақтық ~дырмай қоймайды.

ШАТЫНА 1. *Жарылу, сыну, шырт етіп жарылу.* Жіліншігі *шатынап* жарылыпты (М. Сүндетов). 2. *Ауыс. Ашулану, шамдану.* Ол өз-өзінен ~ды. ◊ **Көзі шатынады** — *қатты ашуланды.*

ШАТЫНАУЫҚ 1. *Шатынағыш, сынғыш.* Шыны ыдыстар ~ болады. 2. *Ауыс. Ашуланшақ, шамшыл.* Ол қалжыңды көтермейтін *шатынауық* (Т. Нұртазин).

ШАТЫР I *Үйдің төбесінен жауын өтпеу үшін жасалған қосымша төбе.*

ШАТЫР II *Қалың, берік матадан жасалған уақытша баспана.*

ШАТЫР III *Жауын-шашыннан, күннің көзінен қорғану үшін ұстайтын қолшатыр.*

ШАТЫР: шатыр етті — *шатырлады, сатыр етті.* Кенет дәл төбеден күн *шатыр* ете түсті (Ә. Әлімжанов).

ШАТЫРАШ 1. *Дойбы.* 2. *Дойбы тақтасындай тақта.*

ШАТЫРАШТА *Дойбы тақтасының ұялары сияқты төртбұрыш қиықтардан құрау.* Ерге салынған көпшік те қызыл-жасыл барқыттан *шатыраштап* құрақталған (К. Ахметбеков).

ШАТЫР-КҮТІР *Дыбыс еліктеуіш сөз. Сатырлаған, күтірлеген дыбыс.*

ШАТЫРЛА I *Үйдің, қораның және басқа құрылыстың төбесіне шатыр салу.* Қаңылтырмен ~ған үй.

ШАТЫРЛА II *Сатырлау, шатыр-шұтыр ету.* Күн ~ды, ~ған дыбыс естілді.

ШАТЫРЛАҚ *Сатырлақ, сытырлаған дыбыс.* Үстіміздең зеңбіректің оғы қарғаша ұшып, *шатырлағы* құлақты тұндырады (І. Жансүгіров).

ШАТЫРЛАУЫҚ *Сатырлауық, шытырлауық.* Май қарағай ~.

ШАТЫРЛЫ *Шатыр салынған, шатырланған.* Көк ~ мектеп.

ШАТЫРЛЫҚ *Шатыр жасауға лайық, шатыр болатын.* Екі машина *шатырлық* қаңылтыр түсірді (Ә. Тарази).

ШАТЫРСЫЗ *Шатыры жоқ, тоқал (үй).* Жалпиған *шатырсыз* жер үй (С. Жүнісов).

ШАТЫРША *Кішкене, шағын шатыр.* Бұл бұрынғы киіз үйдің орнына келген ~.

ШАТЫРШАЛА *Шатыр сияқты ету, шатырға ұқсату.* Сүрлем бетін ~п жабу керек.

ШАТЫРШӨП *бот. Шатырша гүлділер тұқымдас көп жылдық шөптесін өсімдік. Шатыршөп* гүлі мен жемісінің құрамы 80 %-ке дейін эфир майлы (ҚСЭ).

ШАТЫР-ШҰТЫР *Тасыр-тұсыр, сатыр-сұтыр. Шатыр-шұтыр,* ың-жың дауыс шаңмен араласып аспанға ұшады (С. Сейфуллин).

ШАТЫС I 1. *Шиеленіскен тұйін, шанду.* Ол арқанды алып, ***шатысын*** тез-тез жазды (Д. Исабеков). 2. *Қатысы, іліктігі, жақындық байланыс.* Осы елге бір ***шатысы*** барды (Т. Әлімқұлов). 3. *Қоспа, будан.* Түйенің ~ тұқымынан бура қоймайды.

ШАТЫС II *Шатасу, қателесу, жаңылысу.* ~ып басқа телефонға түсті.

ШАУ I *Адамның, малдың жасы келіп, әбден қартайған кезі, кәрі.* ~ түйе (бүркіт). ◊ **Шау тартты** — *егде тартты, қартайды.*

ШАУ II *Шабан, баяу, сылбыр, жай.* Нұрыш ***шау*** аяндап, осы сиырларды аялаумен болды (Б. Майлин).

ШАУЖАЙ *Аттың шылбыры мен тізгінінің тұйіскен тұсы.* Олар аттың ***шаужайынан*** ұстады (С. Мұқанов). ◊ **Шаужайға оралды** — *алдын орау, кес-кестеу.*

ШАУЖАЙЛА 1. *Атты тізгінінен тартып, еркіне жібермеу.* Сейтен жорғаны ***шаужайлап,*** қамшымен тартып-тартып жіберді (Б. Майлин). 2. *Ауыс. Кес-кестеу, қақпайлау, тежеу.* — Бүгін біздің үйде бол, — деп ол ***шаужайлап*** жібермеді (С. Шаймерденов).

ШАУЖАҢДА *Жаутаңдау, жыпылықтау.* Ол ***шаужаңдаған*** қара көзін Жақыпбекке мөлдіретті (М. Иманжанов).

ШАУҚАР *Шұбар, теңбіл.* Көрдің бе, ***шауқар*** шалдың құ ниетін (М. Әуезов). ~ ат.

ШАУҚАРҒА *Тұмсығы қызғылт, басы ақшылдау келген қара қарғаның кішілеу түрі.*

ШАУҚИ *Бүрісу, шөгу.* Қыран ғұмырының соңы — шынашақтай ***шауқыған*** шалдықпен бітетін (Ниязбеков).

ШАУҚЫЛДАС *Дабырласу, самбырласу.* Әлидің алдынан шығып, ***шауқылдаса*** амандасып жатады (З. Қабдолов).

ШАУҚЫМ *жерг. Сайран, сауық, қызық-думан.* Енді ***шауқым,*** көңілді жарқын үн жоқ (Ж. Орманбаев). ◊ **Шауқым салды** — *сайран салды, сауық құрды.*

ШАУҚЫМДАС *Шәңкілдесу, шәуілдесу.* Қыр астынан иттердің ***шауқымдасқан*** дауыстары естілді (С. Елубаев).

ШАУЛА *Қартаю, шау тарту.* ~ған нар жүруден қалды.

ШАУЛЫҚ *Шау тартқандық, сылбырлық, енжарлық, шабандық.* Жұмыстағы шабандық, ***шаулықты*** мұндай қимыл қамшыламай қоймайды (М. Дүйсенов).

ШАХ I *Ұлы монарх, Иран патшасының атағы.*

ШАХ II *Шахмат ойынындағы үлкен фигуралардың бірімен корольге жасалған шабуыл.* Пешканы қозғама, ***шах*** ашылады (К. Тоқаев).

ШАХБИБІ *Шахтың әйелі.* Шах өзінің ***шахбибісімен*** сөйлесті.

ШАХЗАДА *Шах нәсілі.*

ШАХИНШАХ *Шахтың шахы, ұлы патша, патшалардың патшасы.*

ШАХМАТ *Қара және ақ фигуралары, алпыс төрт тор көзі және өзіне тән ережесі бар ойын құралы.*

ШАХМАТШЫ *Шахмат ойнаушы адам.*

ШАХТА *Тау-кен кәсіпорны, кен орны.*

ШАХТЕР *Шахташы, шахта жұмысшысы.*

ШАХТЕРЛІК *Шахтерге тән, шахтерге қатысты.*

ШАҺАР *Қала, шәр, кент.* Құнанбай үлкен ***шаһарлардың*** атын қайта сұрады (М. Әуезов).

ШАҺБАЗ *кітаб.* Сабаз.

ШАШ I *Адамның бас терісіне шығатын жіңішке әрі қалың қыл.* □ **Шаш тарақ** — *шаш тарауыш.* ◊ **Шаш ал десе, бас алады** — *асыра сілтеді, артық кетті.* **Шаш етектен** — *орасан көп, есепсіз.* **Шаш етектен олжаға батты** — *молшылыққа, пайдаға кенелді.* **Шаш жетпеді** — *ұшан-теңіз, өте көп.* **Шаш сипар** *(этногр.)* — *алғаш рет есік көре келген күйеуге қатысты рәсім. Шаш сипардың* алдында күйеу жақтан берілетін үлкен сый болады (М. Әуезов).

ШАШ II 1. *Бір затты жан-жаққа шашып жіберу, шашырату, төгу.* Тауыққа жем ~ты, су ~ты. 2. *Тарату, жаю, шығару.* Үйдегі әңгімені сыртқа ***шашпай*** тыныш жүр (Жансүгіров). 3. *Ауыс. Бейберекет жұмсау, ысырап қылу, зая кетіру.* Ақшаны текке ~ты. 4. *Өзінен бірдеңені бөліп шығару.* Күннің көзі жерге нұрын ~ып тұр. ◊ **Көзі от шашты** — *көзі жайнап кетті.* **Көпке топырақ шашпа** — *көпке қарсы болма.* **Ұрық шашты** — *өсіп-өнді, көбейді.* **Ызғар шашты** — *қаһарланды, сұстанды.*

ШАША *Жылқының сирағы мен бақайшағы тұйіскен жердегі бір шоқ ұзын қыл.* Қалың шық аттардың тұяғын жылтыратып ***шашасына*** дейін суландырған (М. Әуезов). ◊ **Шашасына шаң жұқпас** — а) *жүріктің жүйрігі, аса жүйрік;* ә) *ақпа ақын, шежіре шешен.*

ШАШАҚ *Әдемілік, сәндік үшін жасалған түрлі түсті салпыншақ: әшекей, қоза, күлте, найза және жіп күлтесі.* Қызыл ***шашақ*** оқа ұстап, Жібек жабу жаптық біз (С. Сейфуллин).

ШАШАҚТА *Шашақ салып тоқу, күлтелеп өру.* Кілемді ~п тоқу.

ШАШАҚТАН *Күлтелену.* Гүл шоғыры ***шашақтанып*** өркен ұшына орналасады (К. Шалекенова).

ШАШАҚТЫ *Шашағы бар, күлтелі.* ~ дастарқан (кілем, орамал).

ШАШАЛ *Қақалу, жөткіріну.* Түкірігіне ~ды.

ШАШАЛЫ *Шашасы ұзын.* Байтал болғанмен ат тұяқты, биік ***шашалы*** (С. Бақбергенов).

ШАШАЛЫҚ *Шаша тұсы.* Қар қалыңдап, ***шашалыққа*** шапты (А. Тоқмағанбетов).

ШАШАУ *Шет, бөлек, оқшау, селкеу.* ~ шықпаған адам жоқ. ◊ **Шашау шығармады** — *шашыратпады, бытыратпады.*

ШАШАУЛА *Шашырау, бытырау, пышырау.* Жалғыз-жарым ***шашаулап*** жүрмесе еді (Т. Иманбаев).

ШАШАУСЫЗ *Шашау шығармай, тұтас күйі, шашып-төкпей.* Егінді ~ жинады.

ШАШБАУ *Аштың үш жағына қоса өретін, күміс тиын, шолпы тәрізді түрлі әшекей таққан, таспадай жіңішке жай жіптен немесе жібектен ескен бау.* Хан сарайдың кілтін өзінің ***шашбауына*** тағып жүретін болды (Ертегілер). ◊ **Шашбауын көтерді** — *біреуге жағынды, сөзін сөйлеп жағымпазданды.*

ШАШБАУЛА 1. *Шашбау тағу.* 2. *Ауыс. Қошеметтеу, көтермелеу.* "Әй, пәленбайдың баласы, кәне, айтып жіберші!" деп ***шашбаулағанда*** ағыла жөнелетін болдық (Ғ. Қабышев).

ШАШБАУЛЫ *Шашбау таққан, шашбауы бар.* ~ қыз.

ШАШҚАП *Қыздар мен келіншектердің шашын басып, ұстап тұратын жамылғы.* Бой жеткен қыздар мен келіншектер киетін *шашқап* болады (С. Қасиманов).

ШАШҚЫШ 1. *Дәрі-дәрмек шашатын, су себетін.* Егінге дәрі ~, су ~ машинаны кең түрде пайдаланады. 2. *Ауыс. Дүние-малды, ақша-пұлды бет алды жұмсайтын.*

ШАШЛЫҚ *Істік темір ұшына шаншып шоққа қақтап пісірілген ет; кебеп.* Болат ~ сатып отыр.

ШАШЛЫҚХАНА *Шашлық пісіріп сататын орын.* Түсте ~ға бардық.

ШАШЛЫҚШЫ *Шашлық пісіруші.*

ШАШПА *Малға шөп, жем шашатын, азықтандыратын орын.*

ШАШПАЙ-ТӨКПЕЙ *Ысырап етпей, шығындатпай.* Астықты ~ жинап алды.

ШАШТАРАЗ 1. *Шаш, сақал алдыратын, мұрт бастыратын орын.* Айтқұл *шаштаразға* барып, сақал-мұртын алдырды (Б. Тоғысбаев). 2. *Мамандық атауы.* Алматыда *шаштараз* шеберлерінің 7-конкурсы болды ("Қазақст. әйелдері").

ШАШТҰТҚЫШ *Әйелдердің әсемдік бұйымы.* Түрлі түсті *шаштұтқыштар* киім-кешектің көзге тартымдылығын арттыра түседі ("Қазақст. әйелдері").

ШАШТЫ *Шаш қойған.* Бөлмеде қою қара ~ жігіт отыр.

ШАШУ *Келін түскенде, той үстінде құрт, ірімшік, кәмпит шашу ырымы.* Абайларға күле қарап тұрған қыздар *шашуды* теруге тап берісті (М. Әуезов).

ШАШЫҢҚЫ *Бытыраңқы, жинаңқы емес.* Оның сөзі ~ шықты.

ШАШЫП-ТӨК *Шашып-төгіп, ысырап қылу, рәсуа ету.* Халық дәулетін ~кендерді жазалау керек.

ШАШЫРА 1. *Жан-жаққа тарау, бытырау.* Қолындағы шынысы түсіп, су ~п кетті. 2. *Ауыс. Күн сәулесінің жан-жаққа жайылуы, түсуі.*

ШАШЫРАНДЫ *Бытыраңқы; жүйесіз.* Шашыраған, бытыранды ~ ой.

ШАШЫРАНДЫЛЫҚ *Бытыраңдылық, жүйесіздік.*

ШАШЫРАҢҚЫ *Бытыраңқы.* ~ салынған үйлер.

ШАШЫРАҢҚЫЛЫҚ *Бытыраңқылық, шашырандылық.* Бұныңыздан ~ байқалады, ой ~ғынан аулақ болайық.

ШАШЫРАТҚЫ I *Дәрі-дәрмектік қасиеті бар өсімдік.* ~ гүлінің суретін салды.

ШАШЫРАТҚЫ II *Мал күйлегенде, шағылысқан кезде жасалатын ескі ырым.* Лақ, тоқты күйлесе, *Шашыратқы* дер ырымдап (І. Жансүгіров).

ШАШЫРАТҚЫШ *Шашқыш, сепкіш.* Су ~, иіспай ~.

ШАЯ I *Селдір, сирек аласа шөп, өсімдік.* Жүген құрық тимеген, *Шая* шөптен жемеген (XVIII–XIX ғғ. қаз. ақын.).

ШАЯ II *Ызақор, ашуқой, шақар.* Баласы ~ боп өскен.

ШАЯЛА *жерг. Өспей қалу.* Егін мен шөп нағыз өсетін кезеңде шөлден *шаялап*, өсе алмай құрап қалды ("Лен. жас").

ШАЯЛЫҚ *Ызақорлық, шақарлық, ашуқойлық.* Тобықты *шаялығыңды* қылдың ба? (М. Әуезов).

ШАЯН *Өрмекші тәрізді көп аяқты, денесі бунақ-бунақ улы жәндік.*

ШАЯНОТ *бот. Аронник туысына жататын, түйнегі домалақ не сопақшалау, аздап қабысыңқы көп жылдық шөптесін өсімдік.* **Шаяноттың кептірілген, ұнтақталған түйнегінен дәрі жасалады** (ҚСЭ).

ШӘЙ *Қой-ешкіге айтылатын жекіру одағайы. Шәй-шәй* қойым, шәй қойым (Қаз. әндері). ◊ **Шәй деспеді — ренжіспеді, ұрыспады, тіс шайыспады.**

ШӘЙКЕМДЕС *Шәлкемдесу. Ілінісу, қағытысу.*

ШӘЙТ *Қой-ешкіні қайтару одағайы.* Топалаң келгір, *шәйт* былай! (Ж. Нәжімеденов).

ШӘЙ-ШӘЙЛА *Шәй, шәй деп дауыстау, шақыру.* ~ған қойшы (дауыс).

ШӘКІРТ 1. *Оқушы, үйренуші.* Әр мамандық иесінің ұстазы мен *шәкірті* болады ("Қаз. әдеб."). 2. *Ауыс. Ұстаздың жолын ұстайтын, ісін алға апаратын адам. Шәкірті* ұстазынан озып шықты (Б. Тоқтаров).

ШӘКІРТСІЗ *Шәкірті жоқ. Шәкірт өсіріп, бауламаған.* ~ ғалым тұл.

ШӘКІРТТІК *Шәкіртке тән.* ~ ізет.

ШӘЛДІР қарап. *Тиянақ-тұрлауы жоқ, берекесіз жан. Шәлдірге* шаужайынан қақтыра ма? (Қ. Жармағамбетов).

ШӘЛДІР-БҮЛДІР *Мағынасыз, байланыссыз бос сөз.* Бұрын да *шәлдір-бұлдір* әрең сөйлеуші еді (О. Сәрсенбаев).

ШӘЛДІРЛЕ *Бытпырақтау, былдырлау.* Ол саңылаусыз сақаулардың әдетімен *шәлдірлеп* сөйлей береді (Қ. Жұмаділов).

ШӘЛДІРІКТЕ *Шатып-бұту. Шәлдіріктеп* сөйлейтіні болмаса, таза қазақ еді (М. Мағауин).

ШӘЛКЕМ *Шалыс, қисық, қыңыр.* ~ мінез, ~ сөйлейтін.

ШӘЛКЕМДЕС *Ілінісу, қағытысу.* Тайлақ екеуіміздің өстіп *шәлкемдесіп* қалатынымыз болады (А. Ханкелдин).

ШӘЛКЕМ-ШАЛЫС *Қисық-қыңыр, сөз (мінез).*

ШӘЛКЕМ-ШАЛЫСТЫҚ *Қыңырлық, қисықтық, қырыстық.* Кешегі шілдеханада мінезінің *шәлкем-шалыстығынан* байлар жағы "Асауқара" атап кеткен (Ә. Нәбиев).

ШӘЛКЕС *Қисық, қыңыр, қырыс.* Мінезі ~, сөзі ~.

ШӘЛКЕСТЕН *Қиястану, қыңырлану, қырыстану.* Екеуінің *шәлкестеніп* отырғанын сездік (Т. Әлімқұлов).

ШӘЛКЕСТІК *Қиқарлық, қыңырлық, қырыстық, шәлкем-шалыстық.* Мінезінің ~гімен жұртқа аты шыққан.

ШӘЛТЕҢ *Қалтаң-құлтаң. Қолбалаң-құлбалаң.* ~ басып кіріп келді.

ШӘЛТЕҢДЕ *Қалтаңдау, қолбалаңдау. Шәлтеңдеп* келе жатқан кісіге жұрт дүрліге қарады ("Лен. жас").

ШӘЛТІ *Селтию, ербию, шертию.* Есік алдында *шәлтіліп* тұрған — Шәукен (Т. Әлімқұлов).

ШӘЛТІК *Шертік, шәнтік.* ~ адам, ~ қарын еркек.

ШӘЛІ *Жүннен, матадан жасалған әйелдер басына салатын үлкен орамал.* Ол *шәлісін* қымтай бүркеніп, есікке беттеді.

ШӘЛІЛІ *Шәлісі бар, шәлі салған.* Ақ *шәлілі* әйел Төлепке бұрылған еді (Домбаев).

ШӘЛІЛІК *Шәлі болармық, шәліге жетерлік.* Бір ***шәлілік*** түбіт бересің... (Қ. Жүнісов)

ШӘНИ *Паңсынып шірену, шәнию, шәнтию.* Шалдың ***шәниіп*** жатарлық еңбегі бар-ақ (Н. Сералиев).

ШӘНТИ *Шірену, шәнию.* Делбеде ***шәнтиіп*** Әміре шал отыр (С. Сарғасқаев).

ШӘНТІК *экспр. Шартық, шертік. Шәнтік* қарын еркек паң (Б. Мұқаев).

ШӘҢГЕК *Малды сойғанда іліп қоятын аспа ілмек ағаш.* Жылқы еттері ***шәңгекте*** самсап тұр (Қ. Құттыбаев).

ШӘҢГІ I *Тоқаш, күлше.* Үстелді пештен жаңа шыққан тәтті ***шәңгілерге***, қалаштарға, сүтке, майға толтырды (С. Мұқанов).

ШӘҢГІ II *Надан, пәңгі, дарақы, парықсыз, мінезі тар. Шәңгі* жігіт көрінесің, қырындап жақтырмайтын қарауынды (Айтыс).

ШӘҢГІШ *Ұшқат тұқымдасына жататын жемісті бұта өсімдігі.*

ШӘҢК: шәңк етті — *шаңқ ете қалды.*

ШӘҢКІЛДЕ 1. *Шәңк-шәңк ету, шәуілдеу, ұру.* ~п үрген ит. 2. *Ауыс. Шіңкілдеу, сарнау.* Зағипа ***шәңкілдеп*** сөйлеп тұр (Р. Сәрсенбаев).

ШӘҢКІЛДЕК *Шәңк-шәңк еткен, шәңкілдеген.* Оның ойын Әйтікеннің ***шәңкілдек*** даусы бөліп жіберді (Ж. Мусин).

ШӘРБАТ 1. *Қасиетті тәтті сусын.* Анардың ~ына тоятгады, жүзім ~ы. 2. *Ауыс. Рахат, ләззәт.* Сенсің — жан ләззәті, Сенсің — тән ***шәрбаты*** (Абай).

ШӘРБАТТЫ *Бал татыған, тәтті.* ~ шырын.

ШӘРДӘРІ *Емдік қасиеті мол, ем болатын дәрі; бірнеше дәрінің қосындысы.*

ШӘРДӘРІЛЕ *Шәрдәрі беру.* Айбаланы ***шәрдәрілеп*** емдеді (С. Мұқанов).

ШӘРКЕ *Өгіз терісінен, тал қабығынан жасалған жеңіл аяқ киім, шоқай, шарық.* Аяғында— көннен тіккен жыртық ***шәрке*** (К. Рахимов).

ШӘРКЕЛІ *Шәрке киген, шәркесі бар.* Аяғындағы ***шәркелі*** байпағы шап-шағын (Қ. Сәрсекеев).

ШӘРЛІ: шәрлі жер — *қалалы жер.*

ШӘРТІК *Шартық, шәнтік.* Бойы бір тұтам, ***шәртік*** қарын Ораз (Бектұрғанов).

ШӘТ-ШӘЛЕКЕЙ: шәт-шелекейін шығарды — *быт-шытын шығарды.*

ШӘУ: шәу етті — *шәуілдеп қоя берді.*

ШӘУГІМ *Шай қайнататын тұтқалы, іші сыйымды ыдыс.* От үстінде — үлкен қара ***шәугім*** (М. Әуезов).

ШӘУГІМДЕЙ *Шәугім секілді, үлкен.* Тауық қораның сыртынан ***шәугімдей*** құлып салды (Қаз. ертег.). Сиырдың желіні ~.

ШӘУКИ *Шұңқию, шұмшию. Шәукіп* жүдеп қалыпты өзі (Д. Досжанов).

ШӘУКІЛДЕК *Көлде жүретін құс.* ~тер шықылықтайды.

ШӘУКІЛДЕС *Шұңкілдесу, шұйіркелесу.* Әркім өз үй-ішімен ошақ басында ***шәукілдесіп*** жатты (Оразақов).

ШӘУЛЕ *Майы мен еті аздау болып келетін күріштен жасалған дәмді тағам.*

ШӘУЛІ I *Бүркіттің еркегі.* Құс қайда Көкженеттей қыран ***шәулі*** (Ақан сері).

ШӘУЛІ II *Қазандағы піскен етті және қамырды сүзіп алу үшін сымнан не шыбықтан иіп жасалған сүзгі.*

ШӘУ-ШӘУ *Шәуілдеп ұру.* Күшік дауысы ***шәу-шәу*** етті (М. Әуезов).

ШӘУ-ШӘУЛЕС *Шуылдасу, дабырласу.* "Бір өтірігі жоқ", — деп жұрт ***шәу-шәулесіп***, мәз болып қалады (Б. Тілегенов).

ШӘУШИ *Шұмшию, құшию; шәукию.* Ол бетаузы ***шәушиген***, әлі бала сияқты (Айтматов).

ШӘУІЛ *Иттің шәу-шәу үрісі.* Тыныштықты иттің ***шәуілі*** бұзды (З. Шашкин).

ШӘУІЛДЕ *Шәу-шәу етіп ұру.* Иттер ~п қоя берді.

ШӘУІЛДЕК 1. *Шәу-шәу етіп үре беретін, үрегеш.* ~ күшік. 2. *Ауыс. Шуылдақ (адам).* Колчактың ***шәуілдек*** солдаттары (С. Талжанов).

ШӘУІШ *диал. Жұқа қатқан қабыршық мұз.*

ШӘШКЕ *Тамақ құятын кішірек ыдыс, табақша.* Бұрын ешкім көрмеген кәрлен ***шәшкелер*** (С. Мұқанов).

ШЕ *Сұраулық ша шылауының варианты.* Өзің ше? Олар ше?

ШЕБЕР 1. *Өнерпаз, іскер, ұста, ісмер адам. Шебердің* қолы ортақ (Мақал). 2. *Кемшіліксіз, мінсіз.* Халық әнін ~ орындау. Киімді ~ тігу.

ШЕБЕРЛЕ *Әрлеу, көркемдеу, мәнерлеу, әдемілеу.* Алғашқы сөзді ***шеберлеп*** баптап айтты (М. Әуезов).

ШЕБЕРЛЕН *Төселу, машықтану.* Өз ісіне ~ іп алған.

ШЕБЕРЛІК *Ұсталық, ісмерлік, іскерлік, білгірлік.* Бұлардың ғажайып ***шеберлігіне*** жиын таң (А. Сатаев).

ШЕБЕРХАНА *Ұстахана.* Ол ***шеберханаға*** орналасты (М. Сқақбаев).

ШЕБІК *жерг. Жұқа тақтай; фанера.*

ШЕВИОТ *Сырт киімдік жеңіл жұн мата.*

ШЕГЕ *Басында қалпақшасы (мәймөңкесі) бар, ұшкір жіңішке темір.* Ол су болған киімдерін ~ге ілді.

ШЕГЕДЕЙ *Шеге тәрізді қатты, мықты.* Аяқ-қолы ~, сөзі ~ қадалды.

ШЕГЕЛЕ 1. *Шеге қағу.* Жәшікті ***шегелеп*** болды (F. Мұстафин). 2. *Ауыс. Нықтау, қадау, нығарлау.* Әкем әр сөзін ~ п қояды.

ШЕГЕЛЕУЛІ *Шегеленген, шегемен қағылған.* Терезе біткен сыртынан тақтаймен ***шегелеулі*** (Б. Майлин).

ШЕГЕЛІ *Шеге қағылған, шегесі бар.* Аяғымызда жез ~ етік.

ШЕГЕН *Құдықты шегендейтін құрсау тас, қима ағаш, өрме тал.* Құдық түбіне үңіле қарап, ***шегенді*** қолдарымен тіреді (Ә. Сараев). □ **Шеген құрылыс** — *құрылыс материалының беріктігін, төзімділігін арттыру үшін оның ара-арасына ұстататын темір (арматура).*

ШЕГЕНЕ *Аз, шағын, екі-үш адам ғана бар отбасына айтылатын сөз.*

ШЕГЕНДЕ I 1. *Құдықтың қабырғасын таспен не ағашпен өріп шығару.* Каналдың су ұрар жерін ~ген. 2. *Ауыс.* Нықтау, нығарлау. Ойын ~ п тастады.

ШЕГЕНДЕ II *Қауынның шешек атып, көктеп, желі тарта бастауы.*

ШЕГЕНДЕУЛІ *Шегенделген.* Ауылда жан-жағы ***шегендеулі*** құдық бар.

ШЕГЕНДІ *Шеген салынған, құрсауланған.* Баяғыда су ішетін ***шегенді*** құдықтардың орнын көремін (Т. Әлімқұлов).

ШЕГЕР 1. *Шегіндіру, көткеншектету.* Атты кейін ~ді. 2. *Кеміту, азайту.* Жасымды он жас-

қа -іп айтты. 3. *Кейінге созу, жылжыту.* Бұл шаруаны кейінге ~, ойластыру керек шығар.

ШЕГІН *Артқа қарай жылжу, кері қайту, шегіну, шегіншектеу.* Қонақтар от басынан кейін *шегініп* отырды (С. Мұқанов).

ШЕГІНДІ *Темекінің шегілгеннен кейін қалған қалдығы, тұқылы.* Көшеде темекі *шегінділері* шашылып жатыр ("Қаз. әдеб.").

ШЕГІНШЕК 1. *Тартыншақ, кері тартпа.* Еріншекке *шегіншек* үйір (Мақал). 2. *Кері, қайта кеткіш, көткеншек.* Бұл — бір ~ ат.

ШЕГІНШЕКТЕ *Тартыншақтау, көткеншектеу.* ~п шығып кетті.

ШЕГІНШЕКТІК *Тартыншақтық, кері тартқыштық.*

ШЕГІНІС *Алған беттен кейін, кері қайту, шегіну.* Амалсыздан *шегініс* жасады (Ә. Мәндібаев).

ШЕГІР: шегір көз — *саргыш көз.*

ШЕГІРЕЙ *Тесірею, тесірейе қарау.* Көзі ~іп, қарт шыға айқайға басты.

ШЕГІРЕН 1. *Бедерлі жұмсақ былғары.* ~ етік (туфли). 2. *Қалыңдау келген матаның түрі.* ~ шымылдық.

ШЕГІРЛЕН *Шегір тарту.* Көзінің шетін шел баса бастағандықтан, *шегірленіп* те кетеді (Т. Әлімқұлов).

ШЕГІРТКЕ *Ыршып, қонып жүретін, шырылдауық, қанатты жәндік.* Шырылдауық *шегіртке* ыршып жүріп ән салған (Абай). ◊ **Шегірткеден қорыққан егін екпес** — *жасқаншақтап өмір сүруге болмайды.*

ШЕГІРШІН *бот. Суыққа да, құрғақшылыққа да шыдамды, кеш көктейтін, қатты, биік ағаш (қарағаш).*

ШЕДІРЕЙ *Едірею, ежірею.* Көзі ~іп шығып барады.

ШЕЖІРЕ 1. *Тарихи жылнама, дерекнама, тарих.* Қаңлылардың мәдениеті жөнінде Қытай *шежірелері* қызық мәліметтер қалдырған (ҚазССР тарихы). 2. *Туыстас, бір руға тән ұрпақтардың таралу жолы; рулық, туыстық кесте.* 3. *Ауыс. Көне көз, көп білетін білгір.*

ШЕЖІРЕДЕЙ *Шежіре сияқты сайрап тұр.*

ШЕЖІРЕЛЕ *Шежіре ғып жазу, тауырықтау.* Еліміздің өткен ұзақ жолын тарихшылар *шежірелеп* кеткен (Р. Бердібаев).

ШЕЖІРЕЛІ *Шежіреге толы, тарихы мол.*

ШЕЖІРЕЛІЛІК *Деректілік, тарихтылық; көп білетіндік, бәрін есте ұстаушылық.*

ШЕЖІРЕШІ *Тарихшы, шежіре айтқыш, жинаушы (зерттеуші).*

ШЕЙІН *Шекті, дейін.* Шернияз соңғы кездерге *шейін* әдебиет тарихына кіре алмай келді (Қ. Жұмалиев).

ШЕЙІТ *діни. Елі үшін, халқы үшін құрбан болған адам.* Майданда қаншама азаматтар *шейіт* болды ("Қаз. әдеб.").

ШЕК I 1. *Шет, шекара.* Қазақстан *шегіне* іліктік (С. Шаймерденов). 2. *Мөлшер, меже.* Қуанышында ~ жоқ. ◊ **Шек қойды** — *меже қойды.* **Шектен асты [шықты]** — *шамадан тыс кетті.*

ШЕК II *Күдік, күмән, шүбә.* Адалдығыңа ешбір ~ім жоқ. ◊ **Шек келтірмеді** — *күдіктенбеді, күмәнданбады.*

ШЕК III 1. *Кесте шегу, кестелеу.* Кестесі — айнымаған өзім *шеккен* кесте (М. Әуезов). 2. *Темекі тарту.* Ахмет есік алдында шылым *шегіп* тұр (Соқпақбаев).

ШЕК IV *Ешкіге қаратып айтылатын ишарат сөз. Шек, шек,* шегенек! Мал ішінде кебенек (М. Әуезов).

ШЕК V *Арба не шанаға ат жегу.* Асан торы атты арбаға ~ті.

ШЕК VI *Темекі, шылым тарту.* Үйде шылым ~кенінді қойсаңшы.

ШЕКАРА *Ара, түйіс.* Тұрды солдат *шекарада* Көкжиектен алмай көзін (Ө. Сәрсенбаев).

ШЕКАРАЛАС *Шектес, іргелес.* Қазақстан Өзбекстанмен ~.

ШЕКАРАЛЫҚ *Шекараға тән, қатысты, шекарамен байланысты.*~ белгіні көріп қайттық.

ШЕКАРАШЫ *Шекара күзетшісі.*

ШЕКЕ *Құлақ пен маңдай аралығындағы бас сүйектің бір бөлігі. Шеке сүйек.* Раушанның басы ауырып, *шекесі* зырқылдап барады (Майлин). □ **Шеке тамыр** — *шекедегі тамырлар.* ◊ **Шекесі қызды** — *жетісу.* **Шекесінен қарады** — *одырая, осқырына қарау, қырынан қарау.* **Шекесіне тиді** — *тауы шағылды, беті қайтты.* **Шекесінен шертіп жүріп алды** — *таңдап жүріп, аралап жүріп, қарап жүріп үйленді.*

ШЕКЕЛЕ 1. *Шекесінен ұрғылау (соққылау).* Қос қолдап өзін-өзі ~ді. 2. *Ауыс. Шекесінен, қырын қарау, одырая қарау.* Өзінен төмендегілерге *шекелеп* қарайды (Б. Мусин).

ШЕКЕЛІ *Шекесі үлкен, шекесі шығыңқы.* ~ бала.

ШЕКЕЛІК *Шеке жақ, шеке тұсы. Шекелігі* шығыңқы жазық маңдай (Ө. Кекілбаев).

ШЕКЕМТАС *Қақпатас. Бес тасты қолмен қағып ойнайтын бұын.* Ол ~ ойнаудан алдына жан салмайды.

ШЕКЕР 1 *Қант, секер.* 2. *Ауыс. Тәтті.* Ей, балалар, балалар! Бірің *шекер,* бірің бал (Ө. Түрманжанов).

ШЕКІ *Секию, шетию, шірену.*

ШЕККІ I *Оғаш, әбес.* Бәйбішеге бұл сөз *шеккі* көрінбеді (Д. Исабеков).

ШЕККІ II *Жылқыда болатын ауру. Шеккі* ауруы буын сүйегінің ішкі жағынан, үстінен шығады (А. Сыздықов).

ШЕККІШ: темекі шеккіш — *шылым тартқыш, шылымқұмар.*

ШЕКПЕН *Иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сырт киім.* Қалың киімнің сыртынан киген сұр *шекпен* (М. Әуезов). □ **Боз шекпен** — *боз түйе жүнінен тоқылып, содан тігілген сырт киім.* **Шидем шекпен** — *түйе жүнінен тоқылып, астарланып, тігілген жеңіл сырт киім.*

ШЕКПЕНДІ *Шекпен киген, үстінде шекпені бар.*

ШЕКПЕНШЕ *Кішірек тігілген шекпен. Шекпеншесінің* белін күміс белбеумен тартты (З. Иманбаев).

ШЕКПЕНШЕҢ *Шекпен ғана киген.*

ШЕКСІЗ 1. *Ұшы-қиыры жоқ, шегі жоқ, шеті жоқ, есепсіз, сансыз.* Түр киргізді далама *шексіз* мақта (Жамбыл). 2. *Ауыс. Өлшеусіз, есепсіз, зор.* Қазақ халқына ~ алғысымды, ықыласымды айтқым келеді.

ШЕКСІЗДІК *Ұшы-қиыры жоқтық, кеңдік, байтақтық.* Қазақ даласының *шексіздігіне* сүйсінем (Жақыпбеков).

ШЕКСІЗ-ШЕТСІЗ *Шегі, шеті, ұшы-қиыры жоқ, ұшан теңіз, кең-байтақ.* Көз жеткісіз ~ дала (көгілдір аспан).

ШЕКТЕ *Мөлшерлеу, есептеу.* Түйе түлігін көшіқонына жетерлік етіп қана ***шектеп*** ұстаушы еді (А. Сейдімбеков).

ШЕКТЕГІШ *Тежегіш, реттегіш.* Барлық қондырманың ***шектегіштерінің*** орналасуы сәйкес келеді ("Қазақст. мект.").

ШЕКТЕЛ *Тыйылу, тоқталу.*

ШЕКТЕН *Күмәндану, күдіктену, шұбәлану.* Мен осы екеуінен ***шектене*** бастадым (Ә. Сәрсенбаев).

ШЕКТЕС I *Шекаралас, іргелес, көршілес.*

ШЕКТЕС II *Ұштасу, жалғасу, ұласу.* Созақ— атақты Мойынқұм өңірімен ***шектесіп*** жатқан шет аудан (С. Байжанов).

ШЕКТЕСТІК *Жалғастық, іргелестік, көршілестік.* Жайылымның өзгешелігін, ***шектестігін*** еске алу қажет (С. Жұмағұлов).

ШЕКТЕУЛІ *Өлшеулі, шектелген, мөлшерлі.* Егіс көлемі ~, уақыты ~.

ШЕКТЕУСІЗ *Өлшеусіз, мөлшерсіз.* ~ билік.

ШЕКТІ I *Шектеулі, мөлшерлі.* Біз шексізді ***шектіден*** бөлектей аламыз (Қасымжанов).

ШЕКТІ II *Тиісті, қажетті.* Егістіктің ~ су сыйымдылығы.

ШЕКШЕК I *Зиянды насекомдардағы тұзу қанаттыларға жататын шегірткенің кішірек түрі.*

ШЕКШЕК II *Ешкіде болатын ауру аты.* Бұл індет қойда топалаң, ешкіде ***шекшек*** деп аталады (Х. Арғынбаев).

ШЕКШЕКАТА *миф. Ешкі малының иесі, пірі.*

ШЕКШІ *Шекшірею, шірену, адыраю.* Қасына отыра берген қызына ***шекшие*** бір қарап алды (А. Жүнісов).

ШЕКІ: шекіп ату — *насыбайды иіскеу, аз-аздан ату, шымшып иіскеу, ату.* ◊ **Шекіп басу** — *аяқты ұшынан басу.* Аяғын ***шекіп*** басқан жүрісі қызық (Ә. Сараев).

ШЕКІЛДЕК *Қытырлақ ши бауырсақ.* Азғана шекілдек бауырсақтарды қағып жеп жапырлап жатыр (С. Бегалиев).

ШЕКІЛДЕУІК *Пісте. Күнбағыстың дәні. Дәні майлы өсімдік.* Қалталарын ***шекілдеуікке*** толтырып алды (Жұмаділов).

ШЕКІМЕЛЕ 1. *Диірмен тасына қашап із салу.* 2. *Металдың бетіне әшекейлі өрнек жүргізу.* Майда нақыштармен, ***шекімелеу*** тәсілімен өрнектейді ("Қазақст. әйелдері").

ШЕКІРЕЙ *Шекесінен қарау, шікірею.* Мақан күлкіден тыйылып, шіреніп, ***шекірейіп*** тұр (Қожабаев).

ШЕКІС *Қағысу, сынасу.* Ер ***шекіспей*** бекіспейді (Мақал).

ШЕЛ 1. *Жұқа май қабыршағы.* Қойдың терісінің ***шелі*** (Елеманов). 2. *Көздің қарашығын жауып тұратын ақшыл ет, ноғала.* Көзіне ақ ***шел*** түскен ("Қаз. әдеб."). ◊ **Көзіне шел бітті** — *асып-тасты, дандайсыды.*

ШЕЛДЕ *Терінің майын, шелін алу.* Жаңыл тері ***шелдеп*** отыр (Ә. Кекілбаев).

ШЕЛДЕН 1. *Семіру, майлану, қондану. Шелденген* қара қойды қолма-қол сойды (Ә. Әбішев). 2. *Көзін шел басу, ағару.* Көзі ***шелденіп*** қызарып тұрады (Ә. Әлімжанов).

ШЕЛДІ *Қонды, семіз.* Сиыр ***шелді*** болса, сүт селді болады (Мақал).

ШЕЛЕЙТ *Асқақтату, қолпаштау, мадақтау.* Мырзаңды тәуір-ақ ***шелейттің,*** бауырым (Ә. Әбішев).

ШЕЛЕК *Тұтқасы бар ұзынша темір т. б. заттан жасалған ыдыс.* Мал қорадан ***шелекке*** сорғалаған сүттің сарылы келді құлаққа (Ш. Мұртазаев). ◊ **Түбі түскен шелектей** — *бүкпесі жоқ, аңқылдақ, даңғырлақ.*

ШЕЛЕКТЕЙ *Абажадай үлкен, делдиген.* Танауы ~ болды.

ШЕЛЕКТЕ 1. *Шелекпен тасу, шелек-шелек етіп алу.* Ауыз суды әр үй ***шелектеп*** тасиды (М. Сатыбалдиев). 2. *Ауыс. Шұмектеп құю, қатты сорғалау.* Жаңбыр ~п құйып тұр.

ШЕЛЕКШЕ *Кішірек шелек.*

ШЕЛИ *Шанию, далию, дандайсу.* Өнге маған арнап сөз қосқанға ***шелиіп*** кеттім (А. Жұбанов).

ШЕЛПЕК *Майға пісірген жұқа нан.* Әжем ~ нан пісірді.

ШЕЛПИ *Жұп-жұқа боп салпию.* Ерні ~ген арық адам.

ШЕЛТИ *экспр. Селтию, тәлтию, шешірею, шәнию.*

ШЕЛТІК *Шелтиген.* Әшейіндегі ***шелтік*** танауы бұрынғысынан бетер шелтиіп кетіпті (F. Ахметов).

ШЕЛТІРЕЙ *Шетірею, шікірею, мақтану.* Неге сонша ~іп тұрсың?

ШЕЛТІРЕЙТ *Мақтау, мадақтау, қолпаштау, шікірейту.* Мәз болады болысың, Арқаға ұлық қаққанға, ***Шелтірейтіп*** орысың, Шенді шекпен жапқанға (Абай).

ШЕМАЯ *зоол. Сазан тұқымдас, сүйекті, майбалық.*

ШЕМЕН 1. *Қол-аяғы жіңішкеріп, іші жалқаяққа толып кететін ауру.* Жамал үш жылдан бері ***шемен*** ауруына шалдыққан (С. Омаров). 2. *Ауыс. Қайғы-қасірет, уайым, шер.* Шолпан кеудесін жайлаған ***шеменді*** тілмен, өшпес суретпен артына қалдыра білген ақын ("Қаз. әдеб.").

ШЕМЕНДЕЙ *Шемен сияқты, қатты, шерлі.* Жүрегіне ***шемендей*** шер байланды (С. Мәуленов).

ШЕМЕНДІ *Шерлі.*

ШЕМІРШЕК 1. *Адамның, малдың дене мүшелеріндегі иілгіш жұмсақ зат.* Құлақтың қалқан ~гі ойық. 2. *Ауыс. Жұқалаң, қатқыл қабыршақ.* Ойылма боп қатқан ***шеміршек*** қар атын титықтатты (А. Сейдімбеков).

ШЕМІРШЕКҚАТА *Жылқыда болатын аурудың аты.*

ШЕМІРШЕКТЕ *Аузы-мұрнынан шыға тою.* Бала қойшы сүтке ***шеміршектеді*** (І. Жансүгіров).

ШЕМІРШЕКТЕН *Қатаю, сіресу.* Мойын омыртқасы ~іпті.

ШЕМІРШЕКТІ *Шеміршегі бар, шеміршектенген.*

ШЕН I 1. *Бір нәрсенің тұсы, маңы, айналасы.* Қаланың орта ~ індегі шатырлы үй. 2. *Белгілі бір уақыт, мерзім, кез.* Май айының орта ~і. ◊ **Шеннен асқан** — *есебі жоқ, көп, мол.* **Шеніне келмейді** — *пар келмейді, тең емес, маңайласпайды.*

ШЕН II *Арба дөңгелегінің сыртын қоршап тұратын, дөңгелек темір.* Алдыңғы дөңгелектің ***шені*** түскелі тұр екен (Өмірбеков).

ШЕН III *Дәреже, атақ.* Старшина деген ***шен*** алды (Б. Момышұлы).

ШЕНДЕ *Теріні бір тегіс етіп керіп қою.* Қашаубай күні бойы тері ***шендеп,*** оны кептіреді (С. Бегалин).

ШЕНДЕС I *Дәрежелес, қатарлас, шамалас.* Лауазымы жағынан ~.

ШЕНДЕС II *Пар келу, теңесу, қатарласу.* Онымен *шендесетін* ешкім жоқ.

ШЕНДЕСТІРУ *әдеб. Қарама-қарсы алшақ екі ұғымды, екі затты, көріністі бетпе-бет қойып суреттеу тәсілі. Шендестіруге* құрылған өлең (М. Әлімбаев).

ШЕНДІ *Шенге ие болған, шені бар.* Шоқанға жылы жүзді *шенді* киім киген ұлық кісінің жымия қарағаны ұнады (С. Бегалин).

ШЕНЕ *Сынап-мінеу, ажуалау.* Ежелгі шораяқ біздің ындынымызды *шенеді* (С. Талжанов).

ШЕНҚҰМАР *Атаққұмар, мансапқор.* Өздері — шетінен *шенқұмар* (Ж. Молдағалиев).

ШЕНҚҰМАРЛЫҚ *Атаққұмарлық, мансапқорлық, мансапқойлық.* Астарында сәл-пәл *шенқұмарлық* жатыр (Ж. Молдағалиев).

ШЕНСІЗ *Атақ-дәрежесіз, мансапсыз.* Ешқандай -де өмір сүруге болады.

ШЕНТЕМІР *Арбаның доңғалағының шеңбер темірі, шен. Шентемірмен* шайнасқан қиыршық тастардың шықырын естіледі (Ә. Әбішев).

ШЕН-ШЕКПЕН *Атақ-дәреже, мансап, даңқ.* Оның зор атаққа, *шен-шекпенге* қолы жетті.

ШЕНШІЛ *Шенқұмар, атаққұмар, мансапқой.* Шектен шыққан -.

ШЕҢБЕКТЕ *Уыстау, қысу, бұру, еңсеру.* Бүркіт екінші аяғымен қасқырдың басынан *шеңбектей* алды (Б. Тұрсынбаев). -й түсті.

ШЕҢБЕР 1. *Дөңгелек зат, бір затпың сыртын ұстататын дөңгелек темір, темір құрсау.* Бөшке *шеңберлері* түсіп жатыр (Б. Майлин). 2. *Дөңгелек қоршау.* Балалар қол ұстасып *шеңбер* құрды. 3. *Ауыс. Көлем, ауқым, деңгей.* Қазақ тілін республикалық *шеңберде* насихаттау ("Қаз. әдеб.").

ШЕҢБЕРГҮЛ *Гүлдерден шеңберді айналдыра өрілген жапырақтар мен гүлдер.*

ШЕҢБЕРЛЕ *Шеңбер сияқты етіп дөңгелектеп ию, қоршау.*

ШЕҢБЕРЛІ *Шеңбер салынған, шеңберленген.* Айналасы алтын - көзілдірік.

ШЕҢБІРЕК: шеңбірек атты — *іші кепті, қарны қампайды.*

ШЕҢГЕЛ I *бот. Гүл шашатын тікенекті бұта.* Әр жерден түп-түп тікенекті *шеңгел* кездеседі (Ш. Мұртазаев).

ШЕҢГЕЛ II *Саусақтарды жартылай бүккендегі алақан аясы.* Саусақтарын тарбитып басын қысқанда, ешкі басы *шеңгеліне* сыйып кетті (Ғ. Мұстафин).

ШЕҢГЕЛДЕ *Шеңгелмен сығымдап ұстау, бұру.* Жүнді *шеңгелдеп* жұлып алды (Ш. Айманов).

ШЕҢГЕЛДІ I *Шеңгелі бар, шеңгел қалың өскен.* Жол жиегі қалың *шеңгелді*, жыңғыл-жиделі (Алдабергенов).

ШЕҢГЕЛДІ II *Шеңгелі үлкен. Шеңгелді* алақанын ілгері созды (Р. Тоқтаров).

ШЕҢГЕЛСІЗ *Шеңгел өспеген, шеңгелі жоқ.*

ШЕП 1. *Қорғаныс, бөгет, бекініс.* Әлия автоматтан оқ боратып, жау *шебіне* бірінші болып ілінді (Ш. Жұмақанов). 2. *Ауыс. Ауқым, көлем.* Барлық жұмыс *шебін*, ауқымын аңғардық (М. Әуезов).

ШЕП-ШЕП *Тауықты шақырғанда айтылатын одағай сөз.*

ШЕР *Қайғы-қасірет, мұң-зар, уайым.* Соғыс кімнің жүрегіне *шер* боп қатпады дейсің (Бәйішешек). ◊ **Шер тарқатты** — *мұңын шақты.*

ШЕРЛЕ *Адам жүрегіне мұң, қайғы түсіру.* Ана қайғысы бала жүрегін *шерледі* (С. Бақбергенов).

ШЕРЛЕН *Қайғыру, қамығу, зарлану.* -е өксіді (күрсінді).

ШЕРЛЕС *Қайғы-қасіреті ортақ, мұңдас.*

ШЕРЛІ *Қайғылы, мұңлы.*

ШЕРЛІЛІК *Қасіреттілік, мұңдылық.*

ШЕРМЕНГҮЛ *бот. Тырбиып аласа өсетін гүлді өсімдік.* Қар басқан биік таулардың төбесінде *шермегүл* өседі (Т. Таубаев).

ШЕРМЕНДЕ *Қайғы-қасірет басқан, басына уайым түскен, шерлі.* Қаршадайынан - боп жабысқан жетімдік.

ШЕРМЕНДЕЛІК *Шерлілік, мұң, қасіреттілік.*

ШЕРМЕҢ *Қампиған, шермиген, шертиген.* Сұңғақтау келген түрқы бұл күнде *шермең* тартқан (К. Ахметбеков).

ШЕРМЕҢДЕ *Шермең-шермең ету.* Қарны -п кеңсеге беттеді.

ШЕРМИ *Қарны шығу, шертию.* Ғани былтырғыдай емес, түсі өзгеріңкіреп, іші *шермиген* (С. Сейфуллин).

ШЕРМІШ *Пасық, бақас, ұры-қары.* Бұлықсып, бұлданып босқа, өзімшіл, оңбаған *шерміш* (Абай).

ШЕРТ 1. *Саусақпен тырс-тырс еткізу, тырсылдату.* Қалқаш қарбызды балғадай саусақтарымен *шертіп*, қауынды иіскеп көрді (Асылбеков). 2. *Домбыраны саусағымен шертіп ойнау, тарту.* Баймағамбет бес жасынан домбыра тартуға әуестеніп, жап-жақсы *шертетін* болған (Сауытбеков). ◊ **Сыр шертті** — *сырын айтты, мұң-шерін ақтарды.*

ШЕРТЕР *этногр. Қазақ халқының көне музыкалық аспаптарының бірі.*

ШЕРТИ *Шермию, шартию.* Қызара бөртіп, қарны *шертиген* біреу келіп танысып жатыр (Б. Майлин).

ШЕРТКІЛЕ *Қайта-қайта, үсті-үстіне шерту.* Әлмембет үстелді арық саусақтарымен *шерткілеп* қояды (Нәбиев).

ШЕРТПЕ: шертпе күй — *шерту әдісімен орындалатын күй.*

ШЕРТКІШ 1. *Әңгіме айтқан.* Әңгіме *шерткіш* батыр (Т. Молдағалиев). 2. *Домбыраны жақсы шертіп тартқыш.*

ШЕРТПЕК I *Балалардың бір-бірінің бастарынан, маңдайынан шертіп ойнайтын ойыны.* Оның төбесінен *шертпек* алды (Ө. Ахметов).

ШЕРТПЕК II *Дәрі-дәрмек, спирт құятын шыны ыдыс.* Үйдегі *шертпек* түбінде қалған спиртті алып қойды (К. Ахметбеков).

ШЕРТПЕКІЛ *Шертіп ойнайтын ойынның аты, шертпек.* Біздің ауылда ойнайтын *шертпекіліміз* мұнда күлдірмекіл екен (Ж. Алтайбаев).

ШЕРТІК *Шартық, шертиген.* Майым *шертік* қарнын бір сипап, орнынан тұрды (Ө. Нәбиев).

ШЕРТІС *Домбырада күй тартып, өнер көрсету тәсілі, домбыра шертуі, шерткені.* Алтынбектің домбыра *шертісі* әкесіне ұқсайды (Алғысқа бөлен).

ШЕРУ 1. *Сапқа тұрған қалың нөпір, саппен жылжыған қалың нөпір, қара-құра халық.* Қаралы -, мерекелік - өткізілді. 2. *Қарулы қол, жасақ.* Ханның *шеруі* тағы да ілгері жүрді (Б. Аманшин). ◊ **Шеру тартты** — *сап құрып, жорыққа аттанды.*

ШЕРУЕНДЕ *Алма, өрік тағы басқа миуа салатын жеміс ағаштарының гүл атуы.*

ШЕРУЛЕ *Топтанып, сапқа тұрып көшеге шығу.* Жиын болатын тұсқа *шерулей* жөнелді (А. Сатаев).

ШЕРУЛІ *Сапқа тұрып шұбырған.* Бейне бір *шерулі* керуен келе жатқандай (Ү. Шойбеков).

ШЕРУШІ *Қоғамдық саяси көңіл-күйін білдіру үшін шеруге шыққан адамдар, топ; демонстрант.*

ШЕР-ШЕРМЕН *Шер-шемен, қайғы-қасірет, мұңзар.* Іштегі ~ін ақтарды.

ШЕР-ШЕРМЕНДІ *Қайғылы, мұңды-зарлы.* ~ ел (ән).

ШЕРШЕУ *Әлі шеміршек болып жетілмеген дәнеде болатын майысқақ зат.*

ШЕРІК *көне. Сарбаз, жауынгер, әскер.* Көп ~ қолмен тең.

ШЕТ I 1. *Бір нәрсенің шегі, ұшы, жиегі. Шетіне* орамалдың түйдім сусар (Қаз. әндері). 2. *Оңаша, жеке, оқшау, бөлек.* Он қадам *шетке* шығып тұрды (Х. Есенжанов). ◊ **Шет аймақ** — *алыс, жырақ жақ.* **Шет жүрді** — *оқшау, бөлек жүрді.* **Шетке шығару, шеттен келтіру** — *мемлекетаралық сауда операциясы: шет елдерге товар шығарып сату; шет елдерден товар сатып алу.* **Шет көрді** — *жат санады, ұнатпады.* **Шет қақпай қылды [етті]** — *ішке тартпады, сыртқа тепті, сырттатты.* **Шет пұшпақ** — *шет жағасы.* **Шет пұшпақтап** — *аз-аздап, там-тұмдап, жағалатып.*

ШЕТ II *Сету, сәл ғана тесу, сәл ғана тілу.* Жылан шаққан жерін пышақтың ұшымен *шетіп* қан ағызды (Айманов).

ШЕТЕЛ *Басқа, бөгде ел, бөтен мемлекет.* Делегация ~ге кетті.

ШЕТЕЛДІК *Бөтен елдік, жат жұрттық.* ~ әріптесім (достар).

ШЕТЕН I *Тау беткейлері мен өзен жағалауларында өсетін, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш.* Іле-Шарын өзендерінің салаларында топ-топ болып *шетен* өседі (Мұханов). □ **Шетен қалпақ (қора)** — *жіңішке шыбықтан немесе өсімдік қабығынан тоқылған, тоқыма қалпақ (қора).*

ШЕТЕН II *Суық пен қуаңшылыққа төзімді, биігірек өсетін, қабығы қызыл қоңыр түсті ағаш және оның қызыл түсті домалақ жемісі.*

ШЕТЕН III *Жіңішке шыбықтан немесе өсімдік сабағынан тоқылған нәрсе. Шетен* қараны 5 жылға дейін пайдалануға болады (ҚСЭ).

ШЕТ-ЖАҒА 1. *Шеті, жиегі, жағасы.* Конверттің *шет-жағасын* қайшымен ептеп қиып, ішіндегі хатты алдым (С. Омаров). 2. *Бір нәрсенің ұшығы.* Әңгіменің ~сын естіді. ◊ **Шет-жағасын шығарды [айтты]** — *шет-пұшпақтап айтты.*

ШЕТ-ЖАҒАЛАП *Шет-пұшпақтап, суыртпақтап.* ~ қызылдар туралы әңгіме айтты.

ШЕТКЕЙ *Шеткері, сыртқары, тысқары.*

ШЕТКЕЙЛЕ *Шеттету, оқшаулату.*

ШЕТКЕЙЛІК *Жырақтық, оқшаулық.*

ШЕТКЕРГІ *Тысқаргы, сыртқаргы, шеткі.* ~ бөлме (үй, жақ).

ШЕТКЕРІ 1. *Тысқары, оқшау.* 2. *Жырақ, шалғай.* Жолдан ~, ~ аудан.

ШЕТКЕРІЛЕ *Аулақтау, оқшаулану.* Балалардан ~п қалды.

ШЕТКЕРІЛІК *Алыстық, қашықтық, жырақтық, шалғайлық.* Шеткеріліктің аты — *шеткерілік,* орталықтан өте алыс (С. Бегалин).

ШЕТКІ *ұ. Шеткергі.*

ШЕТПЕ *Қойда болатын мал ауруы.*

ШЕТПЕР *Жөке ағашының талшықты ұзын қабығынан тоқылған тығыз мата.*

ШЕТСІЗ *Ұшы-қиыры жоқ, көз жеткісіз, шексіз.* ~ жатқан қазақ даласы.

ШЕТСІЗДІК *Шексіздік.*

ШЕТСІЗ-ШЕКСІЗ *ұ. Шексіз-шетсіз.*

ШЕТТЕ *Оқшаулану, алыстау.* У-шудан ~п шықты.

ШЕТТІК I *Ердің алдыңғы жақтауларындағы қайыс баулық.* Балтабай ерінің алдыңғы *шеттігіне* байланған дабылды қағып-қағып жіберді ("Лен. жас").

ШЕТТІК II *Кимешектің жақтауына қадайтын маржан, күміс тәрізді әшекейлі заттар.* Ажардың кимешегі ~пен моншаққа әбден толған.

ШЕТТІК III *бот. Тау беткейлерінде өсетін тобылғы, шеңгел тәрізді әдемі гүлді бұта.*

ШЕТТІК IV *Ерсілік, дөрекілік, огаштық.* "Сізбізді" қоя тұрып "мен-сен" десем *шеттік* ете ме? (Х. Ерғалиев).

ШЕТТІК V *Мұрындықты бұйдаға жалғайтын жел бұйда орнындағы мықты, жіңішке жіп. Мұрындықтың шетіне (шеттік) байлануына орай шеттік аталған.*

ШЕТІК I *көне. Темір құрсау.* Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз, Темір *шетік* қапас боп тұрады үсте (Абай).

ШЕТІК II *диал. Мәсі, жұқа былғары байпақ.*

ШЕТІН I *Осал, нашар, нәзік.* Бірақ бұл жолбек *шетін,* бек нәзік жол (Абай).

ШЕТІН II *Ерсі, дөрекі, өрескел, огаш.* ~ мінез (қылық).

ШЕТІНДІК *Кемістік, осалдық.* Жұмысында бір ~ бар.

ШЕТІНЕ *Баланың жастай өлуі, қаза болуы.* Тұңғышы шешектен *шетінеп* кетті (Ш. Мұртазаев).

ШЕТІНЕН *Бәрі, түгел, барлығы, тегіс, жағалай, сыпыра.* ~ әнші (білімді, сауатты).

ШЕУЛІ *зоол. Ана бүркіт.* Қаңтар айында ана бүркіт екі жұмыртқа салады, оларды ата бүркіт *шеулісімен* кезек шайқайды (Қайымов).

ШЕФ 1. *Жетекші, басқарушы, қамқор (мекеме, жеке адам).* Мектеп пен *шеф* болған мекеме арасында да байланыс берік орнаған ("Қазақст. мұғ."). □ **Шефке алды** — *қамқорлыққа алды, жетекшілік етті.*

ШЕШ I 1. *Жіптің байлауын, түйінін тарқату, ағыту, босату.* Атты арқандаулы тұрған жерінен *шешіп* алды (І. Жансүгіров). 2. *Үстегі киімді шешу.* Шинелін (жаулығын, киімін) ~іп алды қолына.

ШЕШ II *Белгілі бір мәселенің мәнісін ашып айқындау, ұйғарымға келу.* Парламент *шешкен* мәселелер кезеңінен хабарлануда.

ШЕШЕ 1. *Туған ана.* Абайдың ~сі — Ұлжан. 2. *Жасы кіші адамның егде әйелге, кейуанаға айтатын ізет сөзі.* Е, *шеше,* не қылған адамсыз, қайдан жүрсіз? (Қаз. ертег.).

ШЕШЕЙ *экспр. Жасы үлкен әйелдерге құрметтей айтылатын сөз.*

ШЕШЕК I *Түрлі-түсті жұпар иісті гүл.* ~гін құлпыртқан бақшалар. ◊ **Шешек атты [жарды]** — *гүл ашты, бұр жарды, гүл салды, гүлдеді.*

ШЕШЕК II *Адам денесіне бөртіп, күлдіреп ұйыса шығатын жұқпалы ауру.* Ертеде *шешек,*

бөртпе, сүзек тәрізді жұқпалы аурулардан талай жас қыршынынан қиылған (Е. Оразақов).

ШЕШЕК II *Көбіне жас түйенің денесіне бөртіп, іріңдеп шығатын ауру аты.*

ШЕШЕЛЕ *Шеше-шеше деп жалбарыну.* Сәуле Өміргүлді ~п жүрді.

ШЕШЕЛЕС *Анасы бір, бір анадан туған.* ~тер ешқайда кетпейді.

ШЕШЕЛІ *Шешесі бар, аналы.* Әкелі жетім — қас жетім, *шешелі* жетім — тас жетім (Мақал).

ШЕШЕЛІ-БАЛАЛЫ *Анасы мен баласы, аналы-балалы.* ~ екеуі өлеңмен айтысты.

ШЕШЕЛІК *Аналық.*

ШЕШЕН 1. *Тілмар, тапқыр.* 2. *Ресми жиындарда шығып сөйлеуші адам (оратор).*

ШЕШЕНДЕН *Шешен сөйлейтін болу.* Сөйлей-сөйлей ~іп алған.

ШЕШЕНДІК *Тілмарлық, сөзге жүйріктік.* Ол өзінің *шешендігі* арқасында елдің ер азаматы атанған (М. Ғабдуллин). □ **Шешендік сөздер** — *ауыз әдебиеті үлгісі.*

ШЕШЕНСІ *Ділмарсу, тапсыну.* Ол *шешенсіп* сөйлей бастады (Т. Жармағамбетов).

ШЕШЕТАЙ *экспр. Жасы үлкен әйел адамға айтылатын қаратпа сөз.* Аузыңа май, *шешетай* (Ж. Смақов).

ШЕШУ *Жұмбақтың жауабы.* Қара сиырым қарап тұр, қызыл сиырым жалап тұр (Жұмбақ). *Шешуі* — қазан, от. ~ін таптық, істің ~і анықталды.

ШЕШУСІЗ *Шешімі жоқ, шешілмеген.*

ШЕШУШІ I *Жұмбақ шешетін, мәселе шешетін. Шешуші* жұмбағымды шешіп берсін (Жұмбақтар).

ШЕШУШІ II *Басты, негізгі.* Тарихты жасауда халық ~ роль атқарады.

ШЕШІМ *Үйғарым, тоқтам, байлам, қорытынды.* Мәселенің ~ін тапты. ◊ **Шешімге келді** — *бір істің байламын тапты, тоқтамға келді.* **Шешім қабылдады** — *бір тоқтамға келді, қорытты.*

ШИ I 1. *Түп-түп болып өсетін; сабағы жіңішке қамыс тектес өсімдік.* Анда-санда өзен жағасында түп-түп *ши* кездеседі (М. Әуезов). 2. *Шиден тоқылған бұйым. Түрлітүсті жіппен тоқылған ши.* □ **Ши арқа түйе** — *арқа сүйегі ырсиып тұрғандай, шидей жұқа, ені тар әрі жіңішке будан түйелердің азғындарының бірі.* ◊ **Ши борбай [бұт]** — *сидиған, жіңішке борбай.* **Ши мойын** — *қылқиған, жіңішке мойын.* **Ши жүгіртті** — *арға от жақты, араздастырды.* **Ши шықты [шығарды]** — *шатақ шықты.*

ШИ II *Сіріңкенің күкіртті талы.* Миябай сіріңке *шимен* тісін шұқыды (Асқаров).

ШИ III *Ыстық-суықтан қайталана беретін жара.* Атының арқасында ~ бар екен.

ШИБАРҚЫТ *Бет жағы жол-жол болып келген барқыттың бедерлі түрі.*

ШИДЕЙ *Ши тәрізді, жіп-жіңішке, ілмиген.*

ШИДЕМ *Жүннен тоқылған жылы сырт киім. Шидем* мен тон қабаттап киген малшы (Абай).

ШИДЕҢДЕ *Шидең-шидең ету, сыйдаңдау.* Жендет десе, желпеңдеп, Біз аяқ боп *шидеңдеп* (Ү. Кәрібаев).

ШИДИ *Ши сияқты жіп-жіңішке болу, сидию.* ~ ген арық, қолы ~іп, сирағы ~іп.

ШИЕ I **бот.** *Басында қызыл түсті жеміс өсетін ағаш және сол ағаштың шырынды домалақ жемісі.* Бала күнім, шықтым қырға, жидек, *шие* тергелі (Б. Майлин). ◊ **Шие қызыл** — *аса қызыл, қан қызыл, шиедей қызыл.* **Шие жегендей қылды** — *аузы-басын қан етті.*

ШИЕ II *Шандып, шатпақтап байлау, байлаудың бір түрі.* ~ боп қалған бауын үзіп жіберді.

ШИЕБӨРІ *Ит тұқымдасына жататын сұт коректі жыртқыш аң; шүйебөрі.*

ШИЕДЕЙ *Шие сияқты қып-қызыл, шықандай.* Үстіндегі көйлегі ~, беті (ерні) ~. ◊ **Шиедей қылды** — *қып-қызыл қылды.*

ШИЕЛЕ *Шие етіп байлау.* Қаптың аузын ~ п байлады.

ШИЕЛЕНДІР *Асқындыру, ушықтыру, бүлдіру. Мәселенің шешілуін қиындату; дау-дамайды, келіспеушілікті асқындыру.* Не керек еді, жөні түрған істі осынша *шиелендіріп* (С. Мұқанов).

ШИЗОФРЕНИЯ *Түрлі инфекцияның, аурудың әсер етуінен пайда болатын созылмалы психикалық ауру.*

ШИКІ 1. *Піспеген.* ~ картоп (ет, жұмыртқа). 2. *Өңделмеген.* ~ қайыс (тері, кірпіш). 3. *Ауыс. Дүмбілез, шалағай.* ~ факт мәселе піспеген. ◊ **Шикі өкпе** — *жас бала, нәресте, перзент.* **Түбі шикі** — *ар жағы риза емес , тегі жат.*

ШИКІДЕЙ *Пісірмей.* Жұмыртқаны ~ ішті, майлы қазыны ~ жеді.

ШИКІЗАТ *Өңделмеген. Көмір, мұнай, газ негізді химиялық шикізат.*

ШИКІЛ 1. *Шикіл-сары, сап-сары.* 2. *Ауыс. Тым, мүлдем.* Мен онда *шикіл* жас едім (Ө. Тұрманжанов).

ШИКІЛЕЙ *қ. Шикідей.*

ШИКІЛТІМ *Шикілеу.* Тұзы татымай жатқан *шикілтім* дәмге сарымсақ езіп салды (Серікқалиев).

ШИКІЛІК 1. *Піспегендік.* Жылқының майы *шикілік* етпейді (Б. Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Шалағайлық, кемістік.* Шешімдерімізде *шикілік* жоқ па? (Н. Алдабергенов).

ШИКІЛІ-ПІСІЛІ 1. *Пісер-піспес, пісер-піспестен.* Шоққа шеті тиіп жыли бастаған етті күлден суырып алып, *шикілі-пісілі* асап-асап қалады (З. Ақышев). 2. *Ауыс. Шала-шарпы.* Оның жазғандары — шатпақ.

ШИҚ: шиқ етті [ете қалды] — *заттардың үйкелісінен шиқ етіп дыбыс шығу.* Сыртқы есік *шиқ* етіп ашылды (Б. Соқпақбаев).

ШИҚАН *Көбінесе суық тигеннен дене іріңдеп, қызарып, ісініп іріңдейтін тері ауруы.* Жамбасына ~ шыққан.

ШИҚАНДАЙ *Қып-қызыл, шиедей.* Екі беті ~.

ШИҚИЯҚ **бот.** *Қалың көк құрақ өскен балауса шы.* Жанойдың қолынан тартып, анадай жердегі қалың *шиқияқтың* түбіне келді (С. Мұратбеков).

ШИҚ-ШИҚ: шиқ-шиқ етті — *құстардың, есіктің, т. б. заттардың шықылдауы.*

ШИҚЫЛ *Шиқ-шиқ еткен дыбыс.* Құстардың ~ы, есік ~ы, арба ~ы.

ШИҚЫЛДА *Шиқ-шиқ ету.* ~п құстар ұшып-қонды, ~ған ескі басқыш.

ШИҚЫЛДАҚ *Шиқылдай беретін. Шиқылдауық.* ~ арба (есік, диван). □ **Шиқылдақ тышқан** *(зоол.)* — *орман ішінде, биік жартастарда тіршілік ететін ерекше тышқан.*

ШИҚЫЛДАУЫҚ *Шиқылдақ, шиқылдай беретін.* ~ ағаш арба.

ШИЛАН I *жерг. Ақша салатын күмәжнік.* Мағжанның апасы ***шиланына*** анау-мынау сала жүретін (М. Мағауин).

ШИЛАН II *Ет алу, оңалу, түзелу.* Бұрынғысына қарағанда ***шиланып*** қалыпты ("Лен. жас").

ШИЛЕУІТ *Ішінара ши өскен, ши аралас өскен.* Алқымы малға пана боларлық қалың ***шилеуіт*** тобылғы болатын (А. Сейдімбеков).

ШИЛЕУІТТІ *Басқа өсімдікпен қоса ши де бар (жер).* Қалың қияқты, мол ***шилеуіттті*** шағын алқаптан тырс еткен жанның қарасы көрінбеді (Ә. Әзиев).

ШИЛІ I *Ши өскен, ши мол (жер), қорық, сай.*

ШИЛІ II *Арқасында жарасы, ши бар.* Арқасы ~.

ШИМАЙ 1. *Шатпақ. Айқыш-ұйқыш, шым-шытырық сызықтар.* Қағазын ~ға толтырды. 2. *Оқылуы қиын, ретсіз жазылған шимай-шатпақ.* Толып жатқан ~дың қайсысы арабша?

ШИМАЙЛА *Айқыш-ұйқыш, оңды-солды сызғылау.* Қағаз ~ды, ~п оңды-солды есеп шығарды.

ШИМАЙ-ШАТПАҚ қ. *Шатпа-бұтпа.*

ШИМАНДАЙ *Қаптаған, самсаған, ін тірескен.* ~ ел, ~ болып шыға келген жұлдыздар.

ШИМАНДЫ 1. *Таңдаулы, тәуір.* Еттің ~сын қонаққа тартты. 2. *Ауыс. Құнарлы, құйқалы.* ~ жер (алқап). 3. *Ауыс. Таңдаулы, мақтаулы, бетке ұстар.* Сол заманның сорпаға шығар ***шимандысын*** тізіп-ақ тастаған екен (С. Талжанов).

ШИМПАНЗЕ *Маймылдың адамға ұқсас тұқымы.* Адам тәрізді маймылдарға Африкада тіршілік ететін ***шимпанзе*** жатады (Зоология).

ШИНА *Машина доңғалағының сыртына кигізілетін шен темір тәрізді қалың резина.*

ШИНЕЛЬ *Қалың шұғадан тігілген, ұзын етекті әскери сырт киім.* Сұр ~ді жауынгер, жас солдаттар ~ киіп жатты.

ШИНЕЛЬДІ *Шинелі бар, шинель киген.* ~ солдат, ~ бір адам кірген еді.

ШИНЕЛЬДІК *Шинель тігетін мата.* Әскерге керекті шинельдік шұға жүннен ғана тоқылады (М. Ермеков).

ШИНЬОН *Жасанды шаш.* Ол шашына ***шиньон*** қосып, биіктетіп жіберіпті (М. Әбдіхалықов).

ШИПА *Ем, дауа.* Жұпар ауасы дертіме ~.

ШИПАГЕР *Емші, домшы.*

ШИПАГЕРЛІК *Емшілік, домшылық.*

ШИПАЛЫ *Емдік қасиеті бар.* Бізде ~ су көздері өте көп.

ШИПАЛЫҚ қ. *Шипалы.* Қымыздың ***шипалық*** қасиетін кеңінен насихаттауға деректер мол (Қымыз).

ШИПАСЫЗ *Шипалы қасиеті жоқ, емдік қасиеті жоқ. Шипасыз* дерт жеңді менің бойымды (М. Әуезов).

ШИПАЯ 1. *Өспей қалу, жетілмеу.* Тары су ішпесе, ***шипая*** боп қалады (Ш. Мұртазаев). 2. *Ауыс. Ілмиген, тырбық.*

ШИПИ *Имию, ілмию, шұмпию.*

ШИПЫҢДА *Шипың-шипың ету.* Әне кер биенің құйрығы ***шипыңдай*** бастады (F. Мұстафин).

ШИРА 1. *Пысу, қатаю.* Жалғыз басқан киіз ~майды. 2. *Отыру, тартылу, апшу.* 3. *Жердің дегдуі, кебуі.* Жайлау жаңбырдан кейін ***ширай*** түседі (Б. Дәулетбаев). 4. *Тыңаю, сергек тарту.* Санаторийден қайтқалы тым ***ширап*** пысып кетіп еді (М. Дүйсенов). 5. *Адамның, малдың жүрісінің тездеуі, шапшаңдауы.* Түйенің жүрісі ~п сала берді. 6. *Өсу, есею.* Нәрестесі ~п қалыпты. 7. *Ауыс. Ысылу, шыныгу, шыңдалу.* Адам еңбекпен ~йды.

ШИРАЗ 1. *Көк түсті қаракөл елтірісі.* 2. *Көк елтірілі қаракөл қозысы.*

ШИРАҚ 1. *Қатқыл, қатаң.* Тегіс тебілген киіз тығыз әрі ***ширақ*** болады (С. Қасиманов). 2. *Сергек, тың.* 3. *Күйлі, шапшаң, ұшқыр.* ◊ **Жібі ширақ** — *оңтайлы, пысық, қолынан іс келеді.*

ШИРАҚТАН *Қимыл-қозғалысын тездету, ширау, елгезектену.*

ШИРАҚТЫҚ *Шапшаңдық, ұшқырлық, сергектік, жинақылық, пысықтық.*

ШИРАҚТЫЛЫҚ қ. *Ширақтық.*

ШИРАТ 1. *Пысу, ию қандыру, қатайту.* 2. *Есу, бұрау, шиыру.* Жіп (арқан, тарамыс) ~ты. 3. *Ауыс. Шыңдау, шыныктыру, сергіту.* Салқын су адам денесін ~ты. 4. *Ауыс. Жетілдіру, пысықтау, шыңдау.* ◊ **Мұртын ширатты** — *сәндеп қойды.*

ШИРАТҚЫШ *Бір нәрсені ширататын машина.*

ШИРАТПА *Бұрама, еспе, өрме жібек белбеу.*

ШИРАТПАЛЫ *Өрмелі, бұрамалы. Ширатпалы* мұрты бар бір сары орыс бірдеме деп сөйлеп жатыр сампылдап (Б. Майлин).

ШИРАТЫНДЫ *Шиыршықталған зат.* Ана ***ширатынды*** нәрселерді жинап қойшы ("Лен. жас").

ШИРЕК *Бүтіннің төрттен бір бөлегі.* ~ ғасыр. ◊ **Ширегіне келмейді [татымайды, тұрмайды]** — *теңесе алмайды, пар келмейді.*

ШИРЫҚ *Тықыршу, тыпыршу, дегбірсіздену.* Базаралы хабарын естігеннен бері ***ширығып*** қатулана түскен (М. Әуезов).

ШИТ *Мақтаның тұқымы, дәні ұрығы.* Он тонна ~ өткізді.

ШИТТЕЙ *Кішкентай, азғантай.*

ШИТІ *көне. Оқпаны ұзын, екі аяқты білтелі мылтық.* Білтелі ***шитіні*** иыққа астым да, жая-улап үйден шықтым (F. Тұрсынов). 2. *жаңа. Әдеттегі мылтықтарға қарағанда тар калибрлі мылтық.* Найзабек ***шитінің*** бір оғымен төрт қасқалдақ атып әкелді (Ө. Қанахин).

ШИФЕР *Сланецтен немесе асбестцементтен жасалған, шатыр жабуға пайдаланатын құрылыс материалы.* ~мен жабылған үй.

ШИФЕРЛЕ *Үй-жайдың шатырын шифермен жабу.*

ШИФЕРЛІ *Шиферленген, шифермен жабылған.*

ШИФОН *Жұқа, жұмсақ, жібек мата.* Оның үстінде — ~ көйлек.

ШИФОНЬЕР *Киім-кешек ілетін, салатын шкаф.*

ШИФР 1. *Белгілі бір атаулардың я зат атарының басқы әріптерінен немесе жеке сөздерден, не сандардан тұратын құпия белгі.* 2. *Кітапханалардағы әрбір еңбектің жоғарғы жағына жазылатын тіркеу белгілері.*

ШИФРЛА *Шифрлап жазу, белгілеу, таңбалау.* Құпия телеграмманы ~п жіберу.

ШИФРЛЫ *Шифры бар, шифр қойылған.* ~ жазба еңбектер (кітаптар).

ШИША I *Керосин шамның жалын тартатын төменгі жағы, бүйірлі шыны түтікше.* Шам құлап түсті, ***шишасы*** сынып қалды (Ж. Еділбаев).

ШИША II *Арақ, шарап, сусын, сұйық құятын шыны ыдыс; бөтелке, құты.* Сөмкесіндегі екі ***шиша*** сүттен бір-екі жұтты (Х. Есенберлин).

ШИШАЛЫ *Шишасы бар (шам).* Ондық ~ шам.

ШИЫҚ: шиық етті — *дыбыс бейнелеуіш сөз.*

ШИЫР I 1. *Айқыш-ұйқыш шытырман, шұбырынды із.* Қой ~ынан адастым. 2. *Ауыс. Шымшытырық, шытырман шатақ іс.* Өзімізді өзіміз бір байлап-матап қоямыз да, айналдыра бір *шиырдан* шыға алмай жүргеніміз (Т. Тілеуханов).

ШИЫР II *Мал тұспеген, жайылмаған кең жазира, тың жайлау.* Бұл маңай түгел "Хан жайлауы" деп аталатын кең *шиыр* еді (Ғ. Мүсірепов).

ШИЫР III 1. *Бір затты шиырлап бұрау, есу.* Мұртын ~ып қойды. 2. *Ауыс. Ұршық, асық сияқты нәрселерді шыр иіру, ұйіру.* Қолындағы сақасын алысқа ~ды.

ШИЫРЛА *Қым-қиғаш, айқыш-ұйқыш етіп із тастау.* Жайылған мал қар бетін *шиырлап* тастапты (Б. Тұрсынбаев).

ШИЫРЛЫ *Шұбырынды, шиырланған.*

ШИЫРСЫЗ *Тегіс, жазық шырланбаған нәрсе.*

ШИЫРТПАҚ *Қатты бұралып оралған, ширатылған.* ~тың ұшы.

ШИЫРШЫҚ *Қатты шиыршықталып, ширатылып, оралған нәрсе. Шиыршық* қағазды табанына салды (К. Тоқаев). ◊ **Шиыршық атты** — а) *тықыршу, тыпыршу; дегбірсіздену;* ә) *қатулану, қайраттану, бекіну.*

ШИЫРШЫҚТА *Жүнді немесе басқа бірдеңені ширатып білемдеп орау, бұрау, есу.* Мақтадан ~п білте жасады. 2. *Бір шетін қайырып, жұмырлап дөңгелете, білемелеп орау.* Киізді ~п бүктеді.

ШИЫРШЫҚТАУЛЫ *Білемделіп, ширатылып оралған.* ~ текемет (карта, дастарқан).

ШИЫРШЫҚТЫ *Ширатылған, оралған.* Мериное қойының жүні бұйралануы жөнінен тегіс, созылмалы, ірі, *шиыршықты* және күршеленген түрге бөлінеді (Р. Әбуғалиев).

ШКАЛА *Әр түрлі өлшеу аспаптарының өлшем сызықтары.*

ШКАФ *Әр түрлі зат сақтайтын, есігі ішінде тақтайшалары ұзынша келген үй мүлкі.*

ШЛАГБАУМ *Жолға көлденең қойылатын алабажақ ағаш бөгесін не металл.*

ШЛАК *Кен қорытпасынан, тас көмірді жаққаннан кейін қалатын қалдық, қоқыс.*

ШЛАКТАН *Қоқыстану, қалдыққа айналу.*

ШЛАМ *Кенді бұрғылау кезінде ұнтақталып шыққан тау жынысы.*

ШЛАНГ *Көбінесе бау-бақша, көгалдандыру жүйесінде, басқа да шаруашылық жұмыстарында пайдаланылатын ұзын резенке түтік.*

ШЛЕМ *Жаяу, атты әскерлер, ұшқыштар, танкистер киетін арнаулы бас киім.* Үстінде сұр шинелі, басында *шлемы* бар (А. Тоқмағамбетов).

ШЛЮЗ 1. *Судың деңгейін көтеру үшін өзенге, каналға орнатылатын арнайы қондырғы.* Қаланы сумен жабдықтайтын өзеннің жоғарғы жағына *шлюз* орнатты (Х. Қыдырбаев). 2. *Плотиналардағы артық суды ағызып жіберуге арналған шұмек.* Шілдеде теңіз егіншілікке қажетті суды *шлюз* арқылы керегінше босатып отырады (Ж. Еділбаев).

ШОБЫР 1. *Шабан ат.* Бір жүйрік ат кемінде төрт *шобыр* тұрады (Ғ. Мұстафин). 2. *Ауыс. Қара байыр, қарапайым.* Жырлайтын көргені мен сезінгенін, Қазақтың қара *шобыр* ақынымын (Ө. Тәжібаев).

ШОВИНИЗМ *саяси. Басқа халықтарды өзіне бағындыруға және оларды езгіде ұстауға, халықтар арасында ұлт араздығы мен өшпенділікті қоздыруға бағытталған озбырлық саясат.*

ШОВИНИСТ *Шовинизмді жақтаушы.*

ШОВИНИСТІК *Шовинистке тән.*

ШОҒАН *бот. Шөлейт құмда өсетін, биіктігі 2,5–3 метр бұта.*

ШОҒЫЛ *Шоғырлану, топтану.* Балқыбек сиязына *шоғылып* кеп бас қосқан екі дуан болыстарын қонаққа шақыртып отыр екен (М. Әуезов).

ШОҒЫР *Қалың топ, жиын.*

ШОҒЫРЛА *Топтау, жинау.* Малды шашау шығармай, *шоғырлап* айдады (М. Хасенов).

ШОҒЫРМАҚ *Шоғыр, шоқ.*

ШОҒЫРМАҚТА *Шоғырлау, топтау.*

ШОДЫР *Шадыр, шатақ, шоғыр.* ~ мінезінді маған көрсетпе.

ШОДЫРАЙ *Томпаю, бұлтию.* ~ып ісіп шыға келеді.

ШОДЫРЛЫҚ *Содырлық, тентектік, сойқандық.*

ШОЙ *Орасан зор, дәу, үлкен.* ~ жігіт, ~ балға.

ШОЙДАЙ I *Шойын қазандай, мықты д. м.* Отқа төзсең, *шойдай* бол, пышаққа төзсең, қойдай бол (Мәтел).

ШОЙДАЙ II *Еңгезердей үлкен, дәу.* — Ассалаумағалайкум, — деді *шойдай* жігіт (Ғ. Қайырбеков).

ШОЙҚАЙ *Шойқию, мыжыраю.* Етігінің өкшесі ~ып қалыпты.

ШОЙҚАҚТА *Шойқақ-шойқақ ету. Ақсаңдау, шойнаңдау.* Ол ~п қалыпты.

ШОЙҚАЛАҢДА *Шойқалаң-шойқалаң ету.*

ШОЙҚАҢДА *Шойнаңдау, ақсаңдау.* ~й басып ішке кірді.

ШОЙҚАҢ-ШОЙҚАҢ *Шойнаң-шойнаң.*

ШОЙҚЫ *Қисаю, қиқаю, мыжыраю.* Бәтеңкесі ~, өкшесі басылған.

ШОЙҚЫМА *Шоңқима.* ~ етік (мәсі, бәтеңке).

ШОЙНАҚ *Бір аяғы бір аяғынан қысқа, ақсақ.*

ШОЙНАҢ *Шойқан, қисаң.* □ **Шойнаң етті** — *қисаң етті.*

ШОЙНАҢДА *Шойнаң-шойнаң ету, ақсаңдау.* ~п атына мінді.

ШОЙҚАЛАҢДА *Қисалаң-қисалаң ету, шойнаңдау.*

ШОЙТАЛАҢДА *Шойталаң-шойталаң ету.*

ШОЙТАҢДА *Шойтаң-шойтаң ету, шойталаңдау.* Ол балдағына асылып, үш аяқпен *шойтаңдап* жетіп келді (Ө. Нұршайықов).

ШОЙЫН 1. *Көміртегін қосу арқылы алынған өте берік темір қорытпасы.* 2. *Ауыр, зор, сом.* Жас ұлан — *шойын* дене (Б. Майлин). □ **Шойын жол** — темір жол.

ШОЙЫНДАЙ *Шойын тәрізді, зілдей.* Қажымұқан — құйған ~.

ШОЙЫРЫЛ *Құяң болу.* Белінен ~ып жатып қалды.

ШОЙЫРЫЛМА *Құяң.* Белімнің ~сы бар еді.

ШОҚ I *Қоза, қоламта.* Ағаш лезде ~қа айналды. ◊ **Шоқ басты** — *бірден шыр ете қалды.* **Шоқтай жанды** — *денесі ысып, қызуы көтерілді.* **Шоқ тастады [салды]** — *жұртты бір-біріне айдап салды, араздастырды.*

ШОҚ II *Бір топ, бір буда, бір десте.* Бір ~үкі, ~ гүл.

ШОҚА *диал. Он баулық тары үйіндісі.*

ШОҚАЙ I *Көн теріден тігілген жеңіл аяқ киім, шарық, шәрке.* Далаға көн ~ын сүйретіп шықты.

ШОҚАЙ II қ. *Шоқи.* Ол ~ып жалғыз отыр.

ШОҚАҚ *Шоқақтаған жайсыз желіс, текірек, шоқырақ.* Бірден ~қа ауысты.

ШОҚАҚТА *Шоқырақтау, шоқақ-шоқақ ету.* ~п барып тоқтады.

ШОҚАЛАҚ *Кедір-бұдыр, ойлы-қырлы (жер).*

ШОҚАЛАҚ: шоқалақ қақты — *шоқалақтады, шоқырақ-шоқырақ етті.*

ШОҚАЛАҚТА *Шоқырақтау, шоқалаңдау, текіректеу, секеңдеп жүру.* Аты ~п кетті.

ШОҚАҢ: шоқаң етті — *шойнаң етті, шоқыраң етті.*

ШОҚАҢДА *Шоқаң-шоқаң ету.*

ШОҚАҢ-ШОҚАҢ: шоқаң-шоқаң етті — *шоқалаң-шоқалаң етті.*

ШОҚАТ *Төбешік, қырат, қырқалар.*

ШОҚИ *Екі тізені бүгіп, шоқайып жүресінен отыру. Жарбию, шоқаю, ербию.* Екеуі де *шоқиды* жүресінен (С. Мұқанов).

ШОҚИМА *Шоқиған бас киім.*

ШОҚПАР 1. *Басы домалақтанып келген, берік таяқ қару.* ~ ұстаған бір топ адам. 2. *Ауыс. Соққы беретін негізгі күш.* "Талтаңбай" — тап жауының *шоқпары* (Б. Майлин). ◊ **Қол шоқпар** — *біреудің сойылын соғушы.*

ШОҚПАРДАЙ *Шоқпар сияқты. Шоқпардай* кекілі бар, қамыс құлақ (Абай).

ШОҚПАРЛА *Шоқпармен ұру, соғу.*

ШОҚПАРЛАН *Шоқпар тәрізденіп жұмырлану.*

ШОҚПЫТ *Әбден тозығы жеткен, алба-жұлба, жырым-жырым.* ~ киім (көрпе, жабу, шапан).

ШОҚПЫТ-ШОҚПЫТ *Үсті-басы алба-жұлба, жамау-жамау, жұлым-жұлым.* Үсті басы ~.

ШОҚТАН 1. *Шоққа айналу, қызару. Шоқтанған* сексеуілді қағыстырып қойды (Қ. Әбдіқадыров). 2. *Ауыс. Жайнау, жарқырау.* Ақанның көзі *шоқтана* қалды (С. Жүнісов).

ШОҚТЫ *Шоғы бар, отты, өткір.*

ШОҚТЫҚ 1. *Малдың екі иығының түйіскен тұсы; иықтық.* 2. *Таудың ең биік жері, ұшар басы.* Алтайдың алып ~ғы. ◊ **Шоқтығы биік** —*мерейі үстем; басқалардан білім дәрежесі, мәртебесі жоғары.*

ШОҚТЫҚТАН *Ерекшелену, даралану.* Шоқан бейнесі ~а түскен.

ШОҚТЫҚТЫ *Шоқтығы биік, еңселі.*

ШОҚТЫРЫЛ *Шоғырлану, топтану.* Алшағыр сияқты аға жұмыскерлер *шоқтырыла* отыр (Ғ. Мүсірепов).

ШОҚША I *Бір топ боп шоқтанған, бір шоғыр.* ~ терек, аласа бұта. □ **Шоқша сақал** — *төңірегін түзетіп, әдемілеп қойған сақал.*

ШОҚША II *Шоқ секілді, шоқ тәрізді.* Шындық кісіні ~ күйдіреді.

ШОҚШЫ *Бір уыс болу, бір-біріне тығылыс, шүйкедей бүрісу.* Төбеде үріккен қойдай *шоқшыып* қалған ылғи Бектастардың өз теңдестері екен (І. Жансүгіров).

ШОҚ-ШОҚ I *Топ-топ.* ~ шырша (қызыл гүл).

ШОҚ-ШОҚ II *"Обал жоқ, өзіне сол керек еді, сауап болды", — деп табалау сөзі. Шоқ-шоқ,* саған абақтыға тамақ апаратын да ағайын жоқ, — деп шиқ-шиқ күлді кетік шал (С. Адамбеков).

ШОҚЫ I 1. *Биік жота, төбе.* Көкшетаудың бүйра басты *шоқылары* елестеді (М. Иманжанов). 2. *Ауыс. Қол жеткен табыстың, жетістіктің шыңы.* "Абай жолы" эпопеясы — әдебиетіміздің ең биік ~сы.

ШОҚЫ II *Шұқу, бір-бірлеп теру.*

ШОҚЫЛАН *Шоқы болып көтерілу, биіктеу.*

ШОҚЫЛЫ *Шоқысы бар, шоқысы көп.* ~ жер (таулар тізбегі)

ШОҚЫН 1. *Христиан діні бойынша үш саусағын маңдайына, екі иығына тигізіп құдайға сиыну.* 2. *Ауыс. Белгілі бір діндегі адамның басқа бір дінге кіруі.* Бірен-саран хан ұрпақтары ғана *шоқынған* (І. Есенберлин).

ШОҚЫНДЫ *Христиан дінін қабылдаған, соған кірген, басқа діндегі адам.* ◊ **Нағыз шоқынды** — *ұлттық салт-дәстүрден безген.*

ШОҚЫНДЫР *Христиан дінін қабылдату, сол дінге енгізу.* Олар тұрғын елдерді *шоқындыру* саясатына кірісті (С. Мұқанов).

ШОҚЫР *Еті, уылдырығы аса бағалы, тұмсығы семсер тәрізді балық.* Әр дәні алтынға баланатын қара уылдырық беретін *шоқырлар,* бекірелер мен қортпалар (Теңіз тарландары).

ШОҚЫРАҚ *Аттың жай жүрістен гөрі шірақ, тез шоқытқан жүрісі, текірек.* Тыныққан ат әуелінде желіңкіреп, кейіннен *шоқырақка* салды (С. Жүнісов).

ШОҚЫРАҚТА *Текіректеу, шоқыту.* Жирен бие қатты пысқырынып, ілгері *шоқырақтай* жөнеліп еді (Т. Иманбаев).

ШОҚЫРАҚ-ШОҚЫРАҚ *Шағыл-шағыл, шоқалақ-шоқалақ.* Арагідік кездесетін *шоқырақ-шоқырақ* құм төбешік үзіліп, жылап аққан Шудың бойы (С. Талжанов).

ШОҚЫТ *Текіректету, шоқыта желу.* Қайсар *шоқытып* ілгері кетті (Ғ. Мүсірепов).

ШОҚЫТТЫР *Ешкімге тигіздірмеу, қорғау.* Шырағым, сен балаларды қанаттыға қақтырма, тұмсықтыға *шоқыттырма* (К. Баялиев).

ШОЛ 1. *Алыстан байқау, бағдарлау.* Ол есік алдына шығып көшені көзбен *шолды.* 2. *Көз жүгіртіп қарап шығу.* Келіп түскен хаттарды бір ~ып шығу керек. 3. *Бастан кешкен оқиғаны ойша көз алдына келтіру, ой жүгірту.* Жастық қиял ой мен қырды түгел *шолды* (М. Хасенов).

ШОЛА 1. *Біркелкі емес, ойдым-ойдым, ала-құла.* Бұлт ала, жер *шола* (Абай). 2. *Ауыс. Тапшы, кемшін, тапшылық.* Аң атты, азық жинап жатқан жоқ жай, Наннан *шола* болса да, мол ет пен май (Ш. Әбенов).

ШОЛАҚ I. *Қолдың не аяқтың кемтарлығы.* ~ қол (аяқ). 2. *Қысқа, ұзын емес.* ~ жең (көйлек). ~ ◊ **Шолақ белсенді** — *ауылды жердегі кіші-гірім белсенді.* **Шолақ дүние** — *тез өте шығар қысқа өмір.* **Шолақ қайырды** — *келте, қысқа қайырды.*

ШОЛАҚ ЖЕҢ *Жеңі шынтаққа дейін келтіріп тіккен жеңіл бешпент, қамзол.*

ШОЛАҚТЫҚ *Келтелік, қысқалық, баянсыздық.* Сұм дүниенің ~ғын ұғу қиын, бірақ ұғу керек.

ШОЛАН *Тошала, шошала, ас қойма.* Әйел ~ға тығылды.

ШОЛАН: шолан ұру — *майдан ортасында не көп ішінде еркіндеп, әрі-бері жүру. Әсіресе батырлар,*

не палуандар өзінің қарсыласын жеңіп, екіншісі шыға алмай жатқандағы қимыл-әрекет. Шығар деп арыстаным ойлап едім, майданның ортасында *шолан* ұрғам (Қамбар батыр).

ШОЛҒЫНДА *Шолғынға шығу, барлау, бағдарлау, шолу: көз жүгірту.* Ол айналасына көз жіберіп, маңайды *шолғындады* (М. Құмарбеков).

ШОЛҒЫНШЫ *Барлаушы, шолушы.* ~ *отрядын күшейту керек.*

ШОЛҒЫНШЫЛЫҚ *Барлаушылық, шолушылық.* Ералы ~ қа лайық.

ШОЛЖАҚ *Ерке, шолжаң, тәйтік.*

ШОЛЖАҚТА *Шолжаң-шолжаң ету, шолжаңдау.* Бірі қылжақтап, бірі **шолжақтап** мазаңды кетіреді (А. Тоқмағамбетов).

ШОЛЖАҢ *Шолжақ, тәйтік, ерке.* Құмар ерке боп ~ өскен.

ШОЛЖАҢДА *Шолжақтау, шолжыңдау.* Нүрдәулет ~п қоймады.

ШОЛЖАҢДЫҚ *Шолжақтық, тәйтіктік.*

ШОЛЖИ *Шалжию, шолжаңдау.* Бұл не *шолжиып* түске дейін жатып алды? (Е. Домбаев).

ШОЛЖЫҢ *қ. Шолтаң. Тәйтік, шолжақ.* ~ қыз, ~ өскен.

ШОЛП *Дыбыс бейнелеуіш сөз.* □ **Шолп етті** — *бір нәрсенің биіктен (алыстан) суға түскендегі дыбысы.*

ШОЛПАН *Күнге жақын жүретін аспан планеталарының бірі, жарық жұлдыз.* Меркурий мен *Шолпан* — күнге жақын планеталар (Х. Әбішұлы).

ШОЛПЫ I *Сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс теңге таққан шашбау.* Жуан бұрымдарының ұшында үлкен *шолпы* ырғала түсіп, шылдырап барады (М. Әуезов).

ШОЛПЫ II *жерг. Сүзгі, кепсер, кәкбір, май шолпы.* Бауырсақты *шолпымен* былғап пісіреміз (Диал. сөздік).

ШОЛПЫ III *Шолпылда.* Суында балығы *шолпыған* (С. Байжанов).

ШОЛПЫЛ *Шолп етіп шыққан дыбыс.* Балықтардың ~ы ғана естіледі.

ШОЛПЫЛДА *Шолп-шолп ету. Су бетінде шолп-шолп етіп, ойнақ салу.* Балық ~п ұстатпайды.

ШОЛПЫЛЫ *Шолпы таққан, шолпысы бар. Шолпылы* қыз-келіншектер топ-топ боп қаптап келе жатыр (Ә. Нүрпейісов).

ШОЛТАҢ *Қысқа, шолақ нәрсенің оқыс қозғалуы.* Ол *шолтаң* басып төрге шықты. □ **Шолтаң етті** — *елп етіп қозғалды.* **Шолтаң қақты** — *шолтаң-шолтаң етті.*

ШОЛТАҢДА 1. *Қысқа нәрсенің оқыс селтектеуі.* ~п сыртқа шықты. 2. *Ауыс. Теріс мінез көрсету, жағымсыз қылық көрсету.*

ШОЛТИ *Мейлінше қысқару, құнтию.* Көйлектері *шолтиып* тізесіне жетпей тұр.

ШОЛУШЫ *Барлаушы, шолғыншы.*

ШОМ I *Түйенің беліне жүк батпас үшін қос өркешін орай кигізілген қом.* Түйенің беліне *шом* салып, екі өркешінің арасына жоталап биіктетті (М. Әуезов). □ **Шом арқан** — *екі ұшы шомға бекітілген арқан.*

ШОМ II 1. *Су түбіне бату, сүңгу.* Ауру балық су түбіне ~ып кетеді. 2. *Ауыс. Бір нәрсеге қатты беріліп кету, ойға бату.* Жанай ойға *шомып* кеткен (Ш. Мұратбеков).

ШОМ III *жерг. Үйінді, төбешік.* Күн батып бара жатқан кезде төрт-бес адам бас қосып, Әлекең *шомының* басына шықты (Б. Майлин). □ **Шом қора** — *қабырғасы үйіндіден көтерілген қалқа, далда.*

ШОМАЙ *Екі жамбас сүйектің түйіскен жері, құйымшақ.* Олардың мінгендері — *шомайы* шығыңқы, сауыры қалақтай жәутік аттар (М. Қуанышбаев).

ШОМБАЛ *Ірі, шымыр, тұтас, кесек, зор, алпамса, етженді шоң.* ~ қара кісі, ~ денелі (палуан).

ШОМБАЛДА *Ірі, үлкен етіп жасау, сомдау.* Түрлері ірі, тұлғалы, *шомбалдап* тастан жонғандай (Ғ. Орманов).

ШОМБАЛДАЙ *Ірі, зор денелі, тұлғалы, алпамсадай.*

ШОМБАЛДЫҚ *Тұтастық, жұмырлық, ірілік, кесектік.* Ақпан есімді жігіт бар, денесінің *шомбалдығына,* күшінің көптігіне қарап жұрт оны "Алып" деп кеткен (С. Мұқанов).

ШОМҒЫШ *Ойға шомғыш, қиялға берілгіш.* Жүзі ашық, көздері ойға *шомғыш* (М. Жұмағұлов).

ШОМДА *Түйеге шом салу, қомдау.* Қомын *шомдап,* енді алыс жол шегетін түрі жоқ (Т. Жароков).

ШОМП: шомп етті [берді] — *гүмп берді, гүмп етті.*

ШОМП-ШОМП *Гүмп-гүмп, гүмпілдеу.* Аудың табан тастары суға ~ түсіп жатыр.

ШОМПЫЛ *Сүмбі.* Колчакшылдардың қызылдарды *шомпылмен* ұрғанын аузының суы құрып айтқан сол Козлов болатын (Қаратаев).

ШОМПЫЛДА *Шомп-шомп ету.* Бесатар оғы кемеге ілікпей кейінгі жақтағы суға *шомпылдап* түсе бастады (Ә. Сараев).

ШОМЫЛ 1. *Суға түсу, жуыну, шайыну.* Бөген суына *шомылып,* салқындағым келеді (Ж. Молдағалиев). 2. *Ауыс. Орану, бөлену.* Күннің қызғылт сәулесіне *шомылған* Бату хан анадай қызыл қанға малынып жатқандай (І. Есенберлин).

ШОМЫР *бот. Түбірі жеуге жарамды, ащы дәмді бақша өсімдігі.*

ШОМЫРТ *бот. Биіктігі 3–5 метр, ақ, қызыл гүлді, бұтақ тектес өсімдік.*

ШОНДАНАЙ *анат. Жамбастың шодырайып түрған шығыңқы жері.* Оң жақ *шонданайының* үстінде босқа салақтап жүрген наганқабын қағып-қағып қойды (Ж. Нәжімеденов).

ШОНЖАР *Бұрынғы кездегі үстем тап өкілдері: би, болыс, бай, сұлтан тәрізді ел басқарушы әкімдер.* Отаршылдардың итаршысы *шонжар,* болыс, би (Ө. Қанахин).

ШОНЖАРЛЫҚ *Шонжарға тән қылық, қасиет.* Мұнда атақты байлар мен *шонжарлық* қалпын сақтаған төрелер келген (С. Жүнісов).

ШОНТАЙ *Насыбай дорба.* Бөкең уқалаған насыбайын *шонтайға* салды (І. Жансүгіров).

ШОНТИ *Шолтию, құнтию, шұнтию.* Киімдері *шонтиып,* киюге жарамай қалған ("Лен. жас").

ШОҢ *Үлкен, дәу, дөкей, әйдік.* ~ мұрын (денелі, жігіт). □ **Шоң желке** — *күжірейген жуан мойын.*

ШОҢАЙНА *Киімге, малға жабысқыш тікенекті өсімдік.* Шалғын арасынан түп-түп *шоңайна* тікен зәр шашып тұрады (Ш. Мұртазаев).

ШОҢҒАЛ *Теңкиген үлкен тас. Шоңғал* тастарды ұзын арқан байлап түйемен аудартады (Оңғарсынова).

ШОҢҚА *Омпа, асықтың артқы жағымен жерге шаншылып тұруы.* Оңқа-шоңқасы шығып құлады —

яғни басы кеткен жерге аяғы, аяғы кеткен жерге басы кете жығылды.

ШОҢҚАЙ 1. *Шоқию. Арт жағын көтере алмай отырып қалу, шоңқию.* Аяғы тайып ~ған күйінде қалды. 2. *Ауыс. Алданып қалу, жер соқтыру.* Ол оны ~тып кетті.

ШОҢҚАЙМА I *Тұмсығы ұшкір, өкшесі тайқы былғары етік.* Қыздардың аяғында оймышты ***шоңқаймалары*** бар (Т. Әлімқұлов).

ШОҢҚАЙМА II *Түйеге шөп артудың бір тәсілі. Түйеге шөпті осылай артқанда, бір шошақ шөпті алып кетуге болады.*

ШОҢҚАҢ: шоңқаң етті — *шоқаң етті, кетті, шоңқайып қалды.*

ШОҢҚАҢДА *Шоқаңдау, қиралаңдау. Шоңқаңдап* жеткізбей кетті ("Қаз. әдеб".).

ШОҢҚИ *Шоңқаю, қиқию.* ~ған көне етік. ◊ **Шоңқитып кетті** — *жер соқтырып кетті, отырғызып кетті.*

ШОПАҚ *Қауын, қарбыз, қияр сияқты көкөністердің дәні.* Майда құстарға қарбыз, асқабақ, қауын ***шопақтарын*** әзірлеу керек (С. Мұқанов). ◊ **Шопақ құрлы көрмеді** — *шыбын құрлы көрмеді.*

ШОПАН *Қой бағушы, қойшы.* Ералы — даңқты ~.

ШОПАНАТА *миф. Қой тұлігінің пірі, әрі сақтаушысы.* Жылқы тұлігінің пірі — "Қамбарата", қойдікі — *"Шопаната"* (Х. Арғынбаев).

ШОП-ШОЛАҚ *Қып-қысқа, шолтиған, тылтиған.* Қыздың үстінде ***шоп-шолақ*** көйлегі бар (Ә. Тарази).

ШОП-ШОШАҚ *Тым шошақ.* Төбесі — ~ құз.

ШОР I *Денеде қатып қалған ісік.* Екі тізем ***шор*** боп барады, — деді Баймағанбет (М. Әуезов). □ **Шор аяқ** — *шор боп қалған келі аяқ.*

ШОР II *этнос. Түркі тілдес халық.* **Шор тілі** — *шор халқының ұлттық тілі.*

ШОРА *көне. Ертедегі үстем тап өкілі, әкім, бек, мырза, шонжар.* Халықтың мініп мойнына бай, мырза, ***шора*** алды бел (Жамбыл). ◊ **Еркек шора** — *ұл балаша киініп, ұл балаша тәрбиеленген қыз.*

ШОРАҒАЙ *Тайыз суларда мекендейтін шортан.*

ШОРАЛЫҚ *Шорға тән, өктем, асқақ, кердең; өктемдік, асқақтық.* Айша ерке, бұла, ***шоралық*** мінезге үйір болып өсті (Ж. Молдағалиев).

ШОРБУЫН *Зат алмасудың бұзылуынан буынға буылтық-буылтық болып, қатты тұйін пайда болатын созылмалы ауру. Шорбуын* әртүрлі жұқпалы аурулардың салдарынан болады (ҚСЭ).

ШОРҚАҚ *Олақ, шалағай, орашолақ.*

ШОРҚАҚТА *Мұдіру, кібіртіктеу.* Менің ***шорқақтайтыным*** — математика (С. Мұратбеков).

ШОРҚАҚТЫҚ *Осалдық, олақтық, орашолақтық.* Өздерінің ана тіліне ***шорқақтығын*** білдірді ("Қазақст. әйелдері").

ШОРЛАН *Шодыраю, беріштену, шор болу.* Сол жақ жауырынының қалағы сынған екен, ***шорланып*** күдірейіп бітеді (М. Мағауин).

ШОРЛЫ *Шоры бар, бері̆шті.*

ШОРМАҚ *Түйіншек.* Қыл арқанның ***шормағынан*** қапсыра салған тіс, тырнақ ауырта батқаны болмаса, етке дарымапты (С. Бегалин).

ШОРТ *Үзілді-кесілді, біржола, бір-ақ.* "Саудаға мұсылманшылық та, достық та жұрмейді",— деп жауапты ***шорт*** қайырды (І. Омаров). ◊ **Шорт байлады** — *шие ғып байлады.* **Шорт кесті** — *бір-ақ кесті. Бірден қырқып салды.* **Шорт кетті** — *дүрсе қоя берді, бір-ақ кетті, морт кетті.* **Шорт сынды** — *кенет морт кетті, морт сынды.* **Шорт үзді** — *бір-ақ, бірден үзді, біржола үзді.*

ШОРТАН *Тұрқы ұзын, басы сопақша келген, аузы үлкен, жыртқыш балық.* Солтүстік көлдерде ***шортан*** көп ауланады (Күленов).

ШОРТАНДАЙ *Шортан тәрізді,* ~ жүзді (шоршыды).

ШОРТЫ *Жолақ шалбар.* Ол қарындастарына ***шорты***, кеды деген сияқтыларды алды (Ө. Қанахин).

ШОРШЫ *Қаргу, секіру, ытқу.* Қаздаңдаған қызыл әтеш ***шоршып*** төбеге шықты (Ж. Молдағалиев).

ШОРЫЛ *Судың сарылы, шор-шор еткен дыбыс.* Ояна келсе, әлдененің ***шорылы*** естілді (Ш. Мұртазаев).

ШОРЫЛДА *Шор-шор ету, сарылдау, сарқырау. Шорылдап* аққан су дыбысы естіліп тұр (Ә. Нұршайықов).

ШОТ I *Теріскен, баялыш, шыралжын сияқты отындық өсімдіктерді не ағаш жабдықтарды шабатын, су жүретін арықты аршып, жабатын құрал.* Жүздеген қайла, ***шот*** тың қолдарда (Ғ. Мұстафин). 2. *жерг. Есіктің ілмегі, құршегі.* Айша ауыз үйдің есігінің ***шотын*** салып алды (М. Әуезов). □ **Шот мандай** — *дөңес, томпақ мандай.*

ШОТ II *Есепті тез шығару үшін, төрт бұрыштап жасалған дөңгелек тастары бар, есеп құралы, есепшот.* Саусақтары ***шоттың*** тасы үстінде лыпып тұр (С. Жиенбаев). □ **Шотқа салды (соқты)** — *санның есебін шот арқылы шығарды.*

ШОТАЯҚ 1. *Басы ілмек, шөп суырғыш; шаруашылық құралы.* Айдос шөп суырғыш ***шотаяқ*** істепті (Сауытбеков). 2. *Ауыс. Қағытпа, шымшыма сөз.* Әркашан ***шотаяқ*** сөзімен сайтанын ұстататын (Иманбаев).

ШОТАЯҚТАН *Шотаяқ сияқтану.* Күріш орағының ұшы ***шотаяқтанып*** шұғыл имейеді (С. Мұқанов).

ШОТЕСЕП *Өзара есеп жүргізетін есеп қағазы.*

ШОТЛАНД *Шотландияның негізгі тұрғын халқы.*

ШОТТА I *Жерді шопашотпен өңдеу, қопсыту, қазу.* Жағаны қоныстанған қазақ кедейлері ***шоттап*** жер өңдеп, қауғалап су шығарған ("Қаз. әдеб.").

ШОТТА II *Шотқа салып есептеу.* Күн ұзын алынған есепті қайта ***шоттап*** алды (Шүкіров).

ШОТЫР *Шодыр, бұдыр-бұдыр.* Нар қабақ ***шотыр*** қара кіріп келді (Ө. Тұрманжанов).

ШОШАЙ 1. *Белгілі бір заттың ұшының жоғары қарап тұруы. Тікірею, сораю.* Солдаттың арқасындағы мылтығы ***шошайып*** көрініп тұр (Е. Домбаев). 2. *Сүйірлену, ұшкірлену.* Жамбас сүйегі ~ып тұр. 3. *Ауыс. Оңашалану, оқшаулану.* Бағила самаурын қасында ***шошайып*** тұр (З. Иманбаев).

ШОШАЙМА *қарап. Шошақ. Төбесі шошайған, шошайма (бас киім).* ~ елтірі бөрік.

ШОШАҚ I *Төбе жағы сопақша келген, сүйір.* ~ бөрік (бейіт). Шошақ (бас) ер, ердің қасы ***шошақ*** болып келген түрі. ~ қоқан ері.

ШОШАҚ II *Маядан кіші, бірнеше шөмеле үйме шөп.* Үйқы-күлкі көрмей, түнімен үйілген ***шошақтарды*** өлшедік (С. Шаймерденов).

ШОШАҚАЙ *Ұшып-қонған, ұшқалақ, жеңілтек мінезді (адам). Шошақай* қыз шешесінің атына кір келтіреді (Ө. Нұршайықов).

ШОШАЛА *Тошала, ас қойма, ас пісіретін үй. Шошалада* қысқы соғымның еті бар (Рахымжанов).

ШОШАҢ: шошаң етті — *шошаңдады, секеңдеді, секең етті.*

ШОШАҢДА 1. *Шошаң-шошаң ету.* Жәмпейістің *шошаңдаған* қолына қарағанда, әлдене туралы қызу әңгімеге кіріскені байқалады (Ө. Ахметов). 2. *Ауыс. Ұшып-қону, жеңілтектену.* Кісі келсе, *шошаңдап* шыға келетіні бар осының (Т. Иманбеков).

ШОШИ *Шошаю, селтию.* Мұнарасы Жәмбілдің көрінді көзге *шошиып* (Көруғлы).

ШОШҚА 1. *Доңыз. Жұмыр, жуан, сирағы қысқа, өсімтал айыр тұяқты, үй хайуаны.* 2. *Ауыс. Надан, топас.* Өзі — *шошқа,* өзгені-ит деп ойлар, Сорпа сумен, сүйекпен сүйдірмекке (Абай). □ **Шошқа жаңғағы** — *емен ағашының жемісі.* ◊ **Шошқа тағаладың ба?** *(кекесін)* — *бітірген жұмысың жоқ, не істедің?*

ШОШҚАБОРЫҚ *мед. Шықшыт безінің қабынып ауыруы; свинка.* ~пен көбіне балалар ауырады.

ШОШҚАДАЙ *Іркілдеген семіз, дөңкиген дәу.*

ШОШҚАЛЫҚ 1. *Шошқаға тән қасиет.* Шошқа ~ғын істеді. 2. *Ауыс. Оңбағандық, айуандық, надандық.* Оның ісінің бәрі — ~.

ШОШҚАШЫ *Шошқа өсіруші, шошқа бағушы.*

ШОШЫ 1. *Зәресі ұшу, қорқу, үрейлену.* Ол иттен ~п кетті. 2. *Кенет ұрку.* Көнектен *шошыған* бие оңбас (Мақал). □ **Шошып оянды** — *қорқып ояну.* **Жан шошырлық** — *жан түршігерлік.*

ШОШЫМАЛДАН *Шошығыш болу, шошыну, үрейлену.* Ол *шошымалданып,* таңды таңға ұратынды шығарыпты (Ж. Алтайбаев).

ШОШЫМАЛЫ *Шоши беретін, шошығыш, үрейленгіш.* ~ болып қалған.

ШОШЫНАРЛЫҚ *Қорқарлық, сескенерлік.*

ШӨБЕЛЕК *Төртінші ұрпақ, шөпшек, шөбереден туған бала.*

ШӨБЕРЕ *Немереден туған бала; үшінші ұрпақ.* Қара қобыз немереден *шөбереге,* шөбереден шөпшекке ауысатынын Ықылас ойлаған жоқ (Т. Әлімқұлов).

ШӨБЕРЕЛЕС *Өзара, бір-бірімен шөбере.*

ШӨБЕРЕЛІ *Шөбересі бар.*

ШӨГЕЛ *Он бір жастағы бұркіт. Жасына қарай бұркіт әр түрлі аталады; бір жас — балапан құс, он бір жас — ~ т. б.*

ШӨГЕН *Ас пісіретін, бүйірлі, шойын ыдыс.* Дастархан үстіне кішірек *шөгенге* асқан кеспе қойылды (С. Мұқанов).

ШӨГЕР 1. *Түйені тізерлетіп жатқызу, шөктіру.* Қазыққа бұйдалап байлап, *шөгеріп* қойған бір үлкен, биік қара атан жатыр (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Ұргашы түйені бурага шағылыстыру.* Оңтүстік Қазақстанда нар маяға үлек шөгеріп, онан жөң, ал жөңге үлек *шөгеріп* күрт алады (И. Жұмағұлов).

ШӨГІНДІ *Тұнба, зат.* Су тартылғаннан кейін оның орнына түз *шөгіндісі* қалып, тас түзына айналған (С. Жортанов).

ШӨГІҢКІ *Отырыңқы, жатаған.* Ескі үйлер ~, іші қараңғылау болады.

ШӨГІР *Шидің, бұтаның тұқылы, тақтайдың жарқыншағы, шөңге.* ~ден табаны тілінген.

ШӨГІРДЕЙ *Шөгір сияқты.* Жүрегіне ~ қадалды, сөзі ~ батты.

ШӨГІРЛЕН *Шөгір болу, шөгірге айналу.* Күзді күнгі қара кеңірдек жусанның түбі қазылып, *шөгірленіп* қалған (Ө. Нұрпейісов).

ШӨЖЕ 1. *Тауықтың балапаны.* Ақ тауық жиырма шақты күн жұмыртқа басып, бір топ сары *шөжелер* шығарды (Ғ. Иманбаев). 2. *Ауыс. Жетілмеген, уақ, майда, кішкентай.* Жүзім бойлап өсе берсе, жемісі кішкентай, *шөже* болып қалуы мүмкін (Б. Сыланов). ◊ **Шөже бас** — *шүйке бас, жұдырықтай, кіп-кішкентай, үрпек бас.* **Шөже торғай** — *мамық қауырсынды қоңыр сұрғылт, кішкене торғай.*

ШӨЖЕДЕЙ *Шөже секілді.*

ШӨЖЕЛЕ 1. *Мекиеннің жұмыртқа басып шөже шығаруы.* 2. *Ауыс. Арықтау, сему, жүдеу.* Асау неме қыстан *шөжелеп,* шөгіп өрең шыққан (Қ. Ысқақов).

ШӨЖЕЛІ *Шөжесі бар.* ~ тауықтар мысықты көргенде тыпыршиды.

ШӨЖІ 1. *Дәннің толмай, семіп қалуы.* Салған егін сарбалақ боп, масақтарына дән толмай, *шөжіп* қалды (Т. Тоқбергенов). 2. *Ауыс. Шөгу, шәу тарту.* Шәкір кәрілікке бет бұрып *шөжіп,* шөгіңкіреп қалған (О. Әубәкіров).

ШӨЖІМ *Арзан қолды іш киімдік жұқа мата.* ~ орамал (көйлек).

ШӨЖІМДЕЙ *Кішкентай, титтей.* ~ бала еді, тез өсіпті.

ШӨК 1. *Түйенің тізесін бүгіп жатуы.* Өріректе үш-төрт түйе *шөгіп* жатыр (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Шау тарту, шөжу, аласару, кішірею.* Омар бұрынғыдай емес, денесі еңкіш тартып *шөгіп* қалыпты (Б. Тілегенов). 3. *Ауыс. Түну.* Алтын Қаратаудың астында *шөгіп* жатқан шығар (Ізбасаров). ◊ **Тұмай туа шөккір** — *барыңнан жоғың.*

ШӨКЕ: шөке түсті — *тізесін бүгіп отыра кетті, шоқиып отырды.*

ШӨКЕЛЕ *Жүрелеу, жүрелеп отыру.* Жыртық үйдің киізсіз еденінде *шөкелеп* отырған балақайлар (Ш. Мұртазаев). □ **Шөкелеп жату** — *жүрелеп, етпетінен жату.*

ШӨКЕМДЕ *Аз-аздан, шөкім-шөкімнен жеу.* Тамақтың өзін *шөкемдеп,* талғап жейді (Б. Соқпақбаев).

ШӨКЕСІНЕН *ү. Шөкелеп жату. Екі тізесін бүгіп, аяғын бауырына алып, етпеттеп жату.* Шолақ тізесі мен шынтағына салмағын сала *шөкесінен* жатты (С. Мұқанов).

ШӨКИ *ү. Шоқи.*

ШӨК-ШӨК *Түйені шөгеру үшін айтылатын ишарат сөз.*

ШӨКІ: шөкіп жеу — *шоқып жеу.*

ШӨКІМ: бір шөкім — *үш саусақтың ұшымен шымшып бір алған зат.*

ШӨКІМДЕ *Шөкім-шөкім етіп, шөкім-шөкімнен.* Жамақара бұларға өрік, мейіз, жаңғақты мол емес, *шөкімдеп* қана береді (С. Адамбеков). Нәби табақтың шетінен асты *шөкімдеп* алды (Б. Тілегенов).

ШӨКІМДЕЙ *Титтей, битімдей.* Малының ұсқынына қарайлап, шөбінің *шөкімдей* боп кішірейіп бара жатқанын көріп секемденеді (Т. Иманбеков).

ШӨЛ *Шөлейт, сусыз, ылғалы жоқ, құаң дала.* Қазақстанның *шөл* аймағын үш алқапқа бөледі (Ерлепесов). □ **Шөл бидайық** — *шөл далада өсетін мал жайылымдық, көп жылдық шөп.* **Шөлі қанды** — *сусады, сусыны қанды, шөлдегені басылды.*

ШӨЛДЕ *Сусау, таңдайы кебу, шөліркеу. Шөлдеп* келген жолаушының назары алдымен дарбызға түсті (Т. Нұрмағамбетов).

ШӨЛДЕГІШ *Сусағыш, шөлдеуік, сусауық.* Аш адам ***шөлдегіш*** келеді (Ә. Шәріпов).

ШӨЛДЕУІТ *Шөлді, шөлейт, қуаң дала.*

ШӨЛДІК *Шөлді жерде өсетін, шөл жерге қатысты.* ~ өсімдіктер (климат).

ШӨЛЕЙТ *Қуаң.* Сексеуіл табиғаты аса қатаң ***шөлейт*** аймақтар жағдайында өседі (Құрманов).

ШӨЛЕЙТТЕН *Шөлейтке айналу, шөлейт болып қалу.* Бізде ***шөлейттенген*** жерлер көп.

ШӨЛЕҢ *Қуаң, шөлейт.* Жаңбырлы жылдары осы құмайт, ***шөлең*** жерде күзге дейін тұрады (І. Есенберлин).

ШӨЛҚИЯҚ *бот. Сұлыбас тұқымдасына жататын шөптесін өсімдік.*

ШӨЛМЕК I *тех. Іс тігетін машинаның жіп орайтын шарығы, ұршығы.*

ШӨЛМЕК II *жерг. Шиша, бөтелке.*

ШӨЛМЕКТЕЙ *Боп-боз, құп-құ.* Қыз ақ ***шөлмектей*** бозарып, қатты жүдеп кетіпті (С. Ғаббасов).

ШӨЛІРКЕ *Шөлдеңкіреу, сусаңқырау.* ***Шөліркеп*** кеп салқын қымызға мейір қандырған соң, тысқа шықтық ("Қаз. әдеб.").

ШӨМЕЙ *Шөмию, бүкірею, бүкшию.* Орташа денесі шөгіп, ***шөмейген***, бірақ кемпірдің жүріс-тұрысы ширақ (І. Қожабаев).

ШӨМЕЛЕ *Шошақтан кіші, үйме шөп.* Шошақ бірнеше ***шөмеледен*** тұрады.

ШӨМЕЛЕЛЕ *Шөмеле салу, шөмеле-шөмеле етіп үю.* Бидайықты әбден шауып, ***шөмелелеп*** үйіп алды (Сыланов).

ШӨМЕЛЕУІШ *Пішенді, сабанды жинап шөмелелейтін машина.* ***Шөмелеуіштер*** тракторларға тіркеледі (ҚЭС).

ШӨМЕЛЕШІ *Шөмеле салушы.*

ШӨМЕҢДЕ *Шөмең-шөмең ету, бүкеңдеу, мықшыңдау.* Қажыған аттар ***шөмеңдеп*** желіп кетті (З. Ақышев).

ШӨМИ *Шөмею, бүкшию.*

ШӨМШЕК *Жалпы шөп атаулының әбден құраған қиқым-сиқымы, қалған-құтқаны.* Ертеде отын ретінде теріп әкеп отқа жағатын. Мен де бардым ***шөмшекке,*** Ол да барды ***шөмшекке.*** Оның көзі ***шөмшекте,*** Менің көзім емшекте (Фольклор).

ШӨМІШ 1. *Ожау.* Әйел бір қазанды ***шөмішпен*** сапырып, бір қазанды қырғыштап қыра араластырды (Мұстафин). 2. *тех. Экскаватор ожауы.* Төрт текшеметрлік ***шөміш*** көмірге тісін қадай дереу көтерілді (Жақсыбаев).

ШӨМІШТЕ *Ожаулау.* Жаңбыр қалада ***шөміштеп*** төксе, мұнда шелектеп құйған көрінеді (Базизитов).

ШӨМІШТЕН *Шөміш сияқтану.* Жетіқарақшы ***шөміштене*** осы арада табысайық (Есенберлин).

ШӨНЕК *жерг. кәсіб. Егістік жердің тақтатақта етіп, жан-жағынан су ағып кетпестей ғып қойған кішкене бөлшегі; атыз.* Жұмысымыз су жүріп өткен ***шөнекке*** темекі көшетін отырғызу болды.

ШӨНЖІК *Жолбарыстың күшігі.* ***Шөнжіктер*** ырсылдай, пысылдай жарысып, құ шандырды аяусыз созғылауға кіріскен ("Жұлдыз").

ШӨНШІК *Бұзау терісі.* Өлі туған бұзаудың ***шөншігінен*** тұлып жасап берді әжем (Қ. Мырзалиев). Сен — бұзау терісі ***шөншіксің,*** Мен — өгіз терісі талыспын (Үш ғасыр).

ШӨНІК *Семік, шолақ, қытымыр, қысқа.* Мол серпіп, баз кешкен дәурен қайдасың? Мынау алмағайып ***шөнік*** дүние талыс киер кеп пе еді?! (К. Ахметбеков).

ШӨҢГЕ *Шөптің, құрайдың, ағаштың кішкентай тұқылы, шөгір.* □ **Шөңге саусақ** — *шөңге сияқты саусақ.* ◊ **Шөңге болды** — *құ тұқыл болды.*

ШӨҢГЕДЕЙ *Шөңге тәрізді.* ~ қадалды (жабысты).

ШӨҢГЕЛ: кәрі шөңгел — *тіс қаққан, әккі, құ.*

ШӨҢКЕРІЛ *Тоңқалаң асу, төңкерілу.* Найзаны менің беліме сұғып еді, ***шөңкеріліп*** қалдым (З. Ақышев).

ШӨҢКІ *Өңкию.* Есік алдында ***шөңкіп*** отырды да қойды (Т. Нұрмағамбетов).

ШӨП *Жалпы шөптесін өсімдік атаулы.* Көк ~тің үстіне құлай кетті. □ **Шөп машина** — *шөп оратын машина.* ◊ **Аузын құ шөппен сүртті** — *барды жоқ деді.* **Шөп басын сындырмады** — *еш нәрсе істемеді, босқа жүрді.*

ШӨП: шөп етті (етікзді) — *шөп етікзіп, сүйіп алды.*

ШӨПЖЕЛКЕ *қарап. Қыз балаға кемсіту мәніндегі айтылатын жағымсыз сөз.*

ШӨПТЕ *Бау-бақшаның арам шөбін жұлу, тазарту, оттау.*

ШӨПТЕСІН I *Шөбі қалыңдау өскен, шөбі өскелең.* Нұрлан ***шөптесін*** жерге костюмін төсеп жата кетті (Ж. Молдағалиев).

ШӨПТЕСІН II *Шөп тектес өсімдіктер.* Топырақтың органикалық заттармен баюына ***шөптесін*** өсімдіктер үлкен әсер етеді.

ШӨПТЕСІНДІ *Шөбі қалың өскен, шөбі мол, отты (жер).* Бүйрат-бүйрат құмның бір ***шөптесінді*** тұсына қойын қаптата жайып тұр (Н. Әбуталиев).

ШӨПТІ *Шөбі мол, шөбі қалың.* Таудың орманды және қалың ***шөпті*** беткейіне қарай беттеді (Шалекенов).

ШӨПШАЙ *бот. Бауыр және өт қабы ауруларына дәрі ретінде пайдаланылатын өсімдік.*

ШӨП-ШАЛАМ 1. *Шөп-шар, шөп-шалам және сол сияқты бірдеңелер, қоқыстар.* Ана ***шөп-шаламның*** бәрін жағаға шығарып тастаңдар (Қ. Найманбаев). 2. *экспр. Овощ, көкөніс.* Аяқ-қолы балғадай жігіттер базарда ***шөп-шалам*** сатып отыр (Ғ. Қабышев).

ШӨП-ШАР *қ. Шөп-шалам.*

ШӨПШЕК I *қ. Шөмшек.* Үш баланы ***шөпшек*** теруге жіберді (Ж. Алтайбаев).

ШӨПШЕК II *Шөберенің баласы.* Шам шаһары— атадан балаға, немереден шөбере, ***шөпшекке*** мұра болған қасиетті қазына (Сапаров).

ШӨПШЕҢДЕ *экспр. Қаужаң-қаужаң ету, қаужаңдау.* Ауыздары ***шөпшеңдеген*** ақ жаулықты әйелдер (Бөриев).

ШӨП-ШӨП: шөп-шөп сүйді — *шөпілдетіп қайта-қайта сүйді.*

ШӨПШІ *Шөп шабу, жинау жұмысымен айналысушы.* ~лер бригадасы.

ШӨПІЛ *Сүйгенде шығатын дыбыс.* Біресе ол үздігіп үзіле сүйіскен қыз-бозбала ***шөпілін*** жеткізе жария етеді (Ө. Нұршайықов).

ШӨПІЛДЕ I 1. *Шөпіл-шөпіл сүю.* ***Шөпілдеп*** сүйісіп, Бетке бет тиісіп (Б. Майлин). 2. *Суға шомылғанда шығатын дыбыстың қайта-қайта шығуы.* Шомыларсың, ***шөпілдерсің,*** Шабағындай теңіздің (А. Тоқмағамбетов).

ШӨПІЛДЕ II *қ. Шұпілде.*

ШӨПІЛДЕК *зоол. Арқасы күңгірт дақты, бауыры, төсі ақшылдау, балшықшылар отрядына жататын кішкене құс.*

ШӨРЕ *Ешкіні шақырғанда айтылатын ишарат сөз.* Шөре райым қайдасың? *Шөре, шөре!* (Пернедегі термелер).

ШӨРЕЛЕ *Ешкіні шөре-шөре деп шақыру.* Құлтай бай серкесін *шөрелеп* бүкшеңдеп жүгіріп жүр (Алпамыс).

ШӨРЕШӨП *бот. Алабота тұқымдасына жататын татыр сораңның екінші атауы (ҚСЭ).*

ШӨРЕ-ШӨРЕ *Тиянақсыз, тұрақсыз, не онда емес, не мұнда емес.* Жазушылардың арасында бірен-саран *шөре-шөре* жазушылар бар (Т. Кәкішев). ◊ **Шөре-шөре болды** — *бір тоқтамға келмеді, істі аяқсыз қалдырды.*

ШӨТЕЙ *қ. Шұметей.* Еркек балалар *шөтейлерін* шығарып алып шаптырып тұр (Ғ. Мүсірепов). Күрең қожа Байжанның үйіндегі екі жас баланың піштірілмеген *шөтейлерін* басқа бір надан қағып кете ме деп, әдейі бұрылып келіп еді (Ғ. Мүсірепов).

ШПАЛ *Рельс астына көлденең төсейтін, төрт қырлы бөрене ағаш.*

ШПАТ *Силикат тұқымдас минералдардың бір түрі.*

ШПИЛЬ *көне. Үй төбесіне орнатқан ұзын сырық, ұшы сүйір қада.*

ШПОН *полигр. Әріп тергенде жол-жолдың арасынан ашық қалдыру үшін қолданылатын металл.*

ШПРИЦ *Денеге дәрі, қан жіберу үшін пайдаланылатын дәрігерлік аспап, құрал.*

ШПРОТ *Май шабақ тұқымдасына жататын теңіз балықтарының бір туысы.*

ШРИФТ *Белгілі бір алфавиттік және сандық таңбаларды түсіретін литералар жиынтығы.*

ШТАБ *Әскери орталық.*

ШТАМП 1. *Мекеменің аты жазылған үлгі, қалып.* 2. *Ауыс. Машықты дайын әрекет, сөз қолданысының ығыр болған әдіс-тәсілі.*

ШТАНГА *спорт. Спортшылардың екі жақ басына түрлі салмақты дискі кигізіп, бастарынан асыра тік көтеретін жұмыр сом темір.*

ШТАНГАШЫ *Штанга көтерумен айналысушы.* Орта салмақтағы *штангашылар* күш сынасты.

ШТАТ I *Мекеме қызметкерлерінің сандық құрылымы.*

ШТАТ II *Америка Құрама Штатындағы өзін-өзі басқаратын мемлекеттік аумақтық бірлік. Облыс, өлке үлгісіндегі әкімшілік бөлініс.*

ШТАТИВ 1. *Аяқ, таған.* 2. *Суретшілердің мосы іспетті құралы, тұғыр.*

ШТЕПСЕЛЬ *Электр шамын, радиоқабылдағышты т. б. электр желісіне қосатын арнайы тетік.*

ШТРАФ *Ақшалай төленетін айып.*

ШТРЕЙКБРЕХЕР *Ереуілшілердің талабын жүзеге асыруға кедергі жасаушылар.*

ШТУРВАЛ *Кеме, ұшақ, комбайн, т. б. техника түрлерін басқару тетігі.*

ШТУРМАН *Кеменің, ұшақтың қозғалу бағытын, қай жерде келе жатқанын, қайда қашан жететінін анықтайтын маман.*

ШТЫК *Мылтық оқпанының ұшына орнатылған, жекпе-жек үрыста қолданылатын үшкір, өткір темір.*

ШУ I 1. *Айқай, абыр-дабыр, азан-қазан.* Екеуі алтыбақан маңындағы бей-берекет *шудан* оңаша кетіп еді (Төреханов). 2. *Ауыс. Дау-дамай, шатақ, жанжал.* Әуелгі *шу* шыққанда-ақ сылыңғыр қараны қамаған (Н. Алдабергенов). □ **Шу дегенде** — *ә дегенде, әуел баста, о баста.* **Шу етті** — *шулап қоя берді.* ◊ **Шу көтерді [шығарды]** — *шатақ шығарды, келіспеді, қарсы болды.*

ШУ II *Аналық малдың төлінің жолдасы.* Төлдің шарана кілегейін енесінің жалағаны жақсы; енесінің *шуы* тез түсіп тазаланады (Ө. Өбішев). ◊ **Шу аяқ** — *шұбатылған, ілбиген салақ.* **Шуын шұбатты** — *ыбырсыды, шұбатылды.*

ШУ III *Атты жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.* Айт жануар, *шу!* — деді, Құбылып, Бурыл гуледі (Қобыланды).

ШУ: шу асау — *жүген-құрық тимеген, үйретілмеген асау.* ◊ **Шу қарақұйрық деп** — *алды-артына қарамай.*

ШУАҚ 1 *Ерте көктемгі, күздің аяқ шеніндегі, қысты күнгі күн сәулесі, күнес, жылы күн.* □ **Жайма шуақ** — *жанға жайлы, маужыраған ауа райы.* **Күн шуақ** — а) *күн сәулесі түскен жер;* ә) *мейір, шарапат.*

ШУАҚСЫЗ *Шуағы жоқ. Күн сәулесінсіз.* ~ гүл өспейді.

ШУАҚТА *Күнестеу.* Арық малдар күнгей бетте бүрсиіп, *шуақтап* тұр (Б. Майлин).

ШУАҚТЫ *Шуағы бар, күнесті, сәулелі.* Нұрын төккен көктемнің бір *шуақты* күні тамылжып тұр (Аққошқаров).

ШУАЛ *қ. Шошала.*

ШУАЛШЫН *қ. Шұбалшын.* ~ — *жауын құрты.*

ШУАШ *Малда, адамда болатын жағымсыз қолаңсы иіс; тері ауруы.* Аяқты таза ұстап, *шуашы* болса, терлей берсе, дәрігер кеңесін алу қажет (М. Исамбаев).

ШУАШТАН *Шуаш пайда болу.*

ШУДА *Түйенің өркешіне, желкесіне, тамақ арасына шыққан ұзынша қылшық жүні.* Ана ауылдың бурасы, Мына ауылдың бурасы. Желкілдейді *шудасы* (Жұмбақ) — Түтін. □ **Шуда бау** — *шуда жүнінен есілген бау.* **Шуда бұлт** — *шуда сияқты жалбаланған ұлпа бұлт.* **Шуда жіп** — *шуда жүннен иірілген жіп.*

ШУДАДАЙ *Шуда сияқты.*

ШУДАЛАН 1. *Шуда тәріздену.* 2. *Ауыс. Будақтау.* Темекі түтіні ~а шықты.

ШУДАЛЫ *Шудасы қалың, шудасы бар.* Айыр түйе өте жүндес *шудалы* болғандықтан, суыққа төзімді келеді (Х. Арғынбаев).

ШУДАША *Шуда сияқты.* Шашын *шудаша* жалбыратыпты (Рамазанов).

ШУЛА 1. *Айқайлау, у-шу болу, шуылдау.* Қасқырды көріп, әйелдер *шулап* қоя берді (Төукебаев). 2. *Ауыс. Дыңылдау, дүбірлеу.* Сәлден кейін құлағым *шулап* кетті (Келімбетов). ◊ **Ұлардай шулады** — *у-шу боп жылады, еңіреді.*

ШУЛАН I *Ақ пен көктің арасындағы түс. Ақшыл көк. Көгілдір ақ.* Қарасы керек пе, көгі әлде *шуланы* керек пе, елтірілер бірінің үстіне бірі түсіп жатыр (Ұ. Бағаев).

ШУЛАН II *Қасқырдың ұрғашысы, қаншығы.* Бөлтірігін алма *шуланның*, шұрқан салар қораңа (Мәтел).

ШУЛЫ *Азан-қазанды, абыр-дұбырлы, құжынаған.* ~ орта (қала).

ШУЛЫҒАН *Әбігер, әлек.* Жұртты *шулыған* ете беру дұрыс емес. ◊ **Шулыған салды** — *әбігер қылу, әлек салу.*

ШУЛЫҚ I *Темір тату, дәмі қашу, дәмсіздену.* Бір қазан ет қайнай-қайнай езіліп, сорпасы *шулығып* кетіпті (Дәуренбеков).

ШУЛЫҚ II *Ашыну, зарлау, сұңқылдау.* Кенет бүкіл ауылды *шулыға* шыққан бір ащы дауыстар селт еткізді (С. Мұратбеков).

ШУМАҚ I *Бір топ, бір буда, бір бөлек нәрсе.* Бір ~ жіп, бір ~ қағаз.

ШУМАҚ II *әдеб. Төрт не сегіз жолдық өлең тармағы.* Әннің соңғы *шумағы* қалықтап, әуелеп кетті (Х. Рахимов).

ШУМАҚТА 1. *Белгілі бір ретпен бүктеу, жию.* Шумақтаған бір буда арқан. 2. *Ауыс. Ойын, пікірін жинақтау, жүйелеу.* Ол өзінің пікірін *шумақпен* айтқан еді.

ШУМАҚТА II *Шумақ-шумақ ету. Шумақтап* шұрайлысын отты жырдың, Шарлаймын дала төсін қалғымастан ("Қаз. әдеб".).

ШУМАҚТАУЛЫ *Белгілі бір ретпен жиналған, бүктелген.* ~ шылбыр.

ШУМАҚТЫҚ *Шумаққа тән.* Мақал-мәтелдердің *шумақтық* жүйесіне келсек, бұл да әр қилы (М. Әлімбаев).

ШУМЕР *Тигр мен Евфрат өзендерінің арасын мекен еткен, өзіндік ескі жазуы бар, көне халық.* □ **Шумер тілі** — *өзге тілдерден гөрі түркі тілдеріне жақын көне тіл.*

ШҰРУП *Бұрандалы шеге.*

ШҰРФ *Кәдімгі құдық сияқты тіп-тік, терең ор.* Ақтам және Ағашаяқ қалалары орнында бес *шурф* қазып, жер қабаттарының құрылысын археологиялық тұрғыдан зерттедік (К. Байпақов).

ШУСЫЗ *Айқайсыз, айқай-ұйқайсыз.* Оқыс ойынның арты ешбір *шусыз* аяқталды (Ә. Әзиев).

ШУУ (Шуиды) *Терінің суға, күнге тигеннен кейінгі тартылуы.* Мата ширайды, сорпа шулығады, тон *шуиды.*

ШУ-ШУ I *У-шу, айқай-ұйқай, азан-қазан.* Ат жеккен, өгіз жеккен айқай, қиқу. Таңдағы дауыспенен дала *шу-шу* (Б. Майлин). □ **Шу-шу етті** — *шуылдады, азан-қазан болды, шулады.*

ШУ-ШУ II *Жылқы мен түйеге жүргізу кезінде айтылатын ишарат сөз.*

ШУ-ШУЛА *Шу-шу, шуылдау, айқайлау.*

ШУ-ШУЛЕ *Шу-шу деу.* Жуан қарагер атты *шу-шулеп* тебініп таяп келді (Ш. Мұртазаев)

ШУЫЛ *Айқай-ұйқай, у-шу.*

ШУЫЛДА 1. *Улап-шулау, айқайлау.* Оқушылар қарақұс көрген тауықтарша абыр-дүбір *шуылдап* қалды (Рамаданов) 2. *Ауыс. Гүілдеу, суылдау.* Терек жапырағы *шуылдады* (Қ. Жұмаділов).

ШУЫЛДАҚ *Айқайлауық, шулауық, шулағыш. Айқай-шуға бейім, даурықпа.* Үйдегі желөкпе *шуылдақтан* құтылдық (Қ. Ысқақов).

ШУЫЛДАУЫҚ *қ. Шуылдақ.*

ШҰБА *Шұбыру.* Ел тайлы-таяғымен *шұбап* бара жатты (А. Сатаев).

ШҰБАҚ: үзын шұбақ — *ұзыннан-ұзақ, ұзына бойы.*

ШҰБАҚТА *Шұбатылу, шұбау, шұбыру.* Мыңдаған үйрек, қаз, тауық, Шықты жемге *шұбақтай* (С. Мұқанов).

ШҰБАЛ *Шұбал пеш. Пештің бір түрі.* Сейтім шырағданды *шұбал* үстіне қоя берді (Елемесов).

ШҰБАЛАҢ 1. *Ұзын, шұбатылған. Шұбалаң* етек қоңыр көйлек киіп жүреді (Т. Әбдірахманов) 2. *Жинақы емес, созалаң, сөз.* ~ өлең.

ШҰБАЛАҢДА 1. *Шұбатылу, сүйретілу.* Үстінде *шұбаландаған* қоңыр көйлегі бар (Сейфуллин). 2. *Созалаңдау, ирелеңдеу.* Дәулен орнынан *шұбаландап* көтерілді (Жаркенов).

ШҰБАЛАҢДЫҚ 1. *Сылбырлық, баяулық.* Аяқ алыстарының *шұбаландығынан* жұмысымыздың бір талайына бөгет жасап отырсыңдар (І. Жансүгіров). 2. *Шашырандылық, шұбалаңқылық.* Қайсыбір жолдастар пьесадағы сөз *шұбаландығын* "қазақ осылай сөйлейді" деп дәлелдемек (Ғ. Мұстафин).

ШҰБАЛАҢҚЫ *Созылыңқы, ықшам, жинақы емес.* Сөйлем *шұбалаңқы* құрылса, айтылатын ой шашыраңқы болып шығады.

ШҰБАЛАҢҚЫЛЫҚ *Шашыраңқылық.* Осы әңгіменің өн бойында *шұбалаңқылық* бар (Тұменбаев).

ШҰБАЛМА *қ. Шұбал пеш.*

ШҰБАЛШЫН *Ылғалды жерді сүйетін жіңішке, ұзынша құрт; жауын құрты.* Жауын құрты *шұбалшындар* жол үстінде сұлап жатыр (Ш. Мұртазаев).

ШҰБАЛЫҢҚЫ *қ. Шұбалаңқы.*

ШҰБАР I 1. *Теңбіл-теңбіл түс, ала, ала-бажақ.* ~ бие (жылан, көбелек, қоңыз). 2. *Бетінде шешек ауруынан қалған дағы бар адам.* Жылқының *шұбары* жүйрік болады. Адамның *шұбары* бүлік болады (Мақал). ◊ **Іштен шыққан шұбар жылан** — *жаман болса да, өз баласы.*

ШҰБАР II *Ара-арасында ойдым-ойдым жайылымы бар бұталы жер.* Біздің елдің көшіп барып тоқтаған жері шөлейтке өскен *шұбар* екен (Ғ. Мұстафин).

ШҰБАРЛА 1. *Теңбілдеу, теңбіл-теңбіл ету.* Жаңбыр көл бетін *шұбарлап,* қалаға қарай ауыса бастады (Шашкин). 2. *Ауыс. Бытыстыру, әлеміштеу, араластыру, қойыртпақтау.*

ШҰБАРЛЫ *Шұбар түстісі аралас. Шұбарлы* жылқың бар ғой семіртетін, ішпей-жемей мас қылып еліртетін (С. Торайғыров) *Мұндағы шұбарлы жылқы тіркесі ақтылы қой, алалы жылқы дегендермен мағыналас.*

ШҰБАРЛЫҚ 1. *Шұбар түстілік.* Бір қарағанда, кекіліктің жұмыртқасындай *шұбарлығынан* басқа міні жоқ (А. Сүлейменов). 2. *Ала-құлалық.* Біржан мен Сараның айтысында сюжет *шұбарлығы* жоқ (С. Мұқанов).

ШҰБАРТ *Құлпыру, құбылу, алабажақтану, шұбарлану.* Қара топырақты жерге шығатын мың түрлі асыл шөптер қызылды-жасылды *шұбартып* жатыр (Ғ. Мүсірепов).

ШҰБАРЫТ *қ. Шұбарт.* Қос етек шұбалаң көйлектер көгал дүниесін өзінше *шұбарыта* сәндендіріп, нақыстап түр (М. Әуезов).

ШҰБАТ I *Түйенің сүтінен ашытып жасалған шипалы сусын, тағам.*

ШҰБАТ II *Сүйрету.* Ол байланыс желісін *шұбатып* алып кетті (Бектемісов). 2. *Ауыс. Созу.* Ол әңгімесін ~ып қояр емес (Ауызекі).

ШҰБАТХАНА *Шұбат ашытатын, шұбат сататын орын.*

ШҰБАТЫ *диал. Күйдіргі сияқты қауіпті жара.*

ШҰБЫР 1. *Шұбау.* Шығысқа қарай ***шұбыра*** ағылып бара жатқан жұрт (Қ. Қайсенов). 2. *Сорғалау, ағу.* Әйелдің аузынан сілекейі ***шұбырды*** (С. Мұқанов).

ШҰБЫРТ *Төпелету, ағызу.* Дәрмен өлеңді ***шұбыртып*** айта жөнелді (М. Әуезов).

ШҰБЫРТПА *Терме түрінде айтылатын өлең үлгісі.*

ШҰБЫРТПАЛА *Шұбырту, жалғамалау, бастырмалау.* Бітірген соң қай оқуға барасың? — деп ***шұбыртпалай*** жөнелді-ай (Д. Досжанов).

ШҰБЫРТПАЛЫ: ***Шұбыртпалы үйқас*** *(әдеб.) — Қатар тұрған әлденеше өлең жолының үйқасы, тізбекті үйқас.*

ШҰБЫРЫНДЫ I *Елінен, жерінен ауып шұбаған, шұбырған кезбе, босқын.* Ақ табан ***шұбырынды***, Алқа көл сұлама (Халық өлеңі).

ШҰБЫРЫНДЫ II 1. *Шұбаған, шұбырған.* 2. *Шиыр болған.* ~ із (соқпақ, жол).

ШҰҒА *Майда тұкті, биязы жүн мата. Шұға* фабрикаларында ұзындығы 4–5 см-ден қысқа келетін жүн пайдалынады (Ермеков).

ШҰҒАДАЙ *Шұға тәріздес, шұға сияқты.*

ШҰҒАЛЫ *Шұғасы бар, шұғамен қапталған.* Қызыл ағаштан зерлеп істелінген көк ***шұғалы***, сәнді жазу үстелі түр (С. Шаймерденов).

ШҰҒЫЛ 1. *Дереу, тез, жедел.* Көркемөнер майданын ***шұғыл*** қолға алды (Ерубаев). 2. *Кенет, кілт, лезде, шапшаң.* Сөздің аяғын ~ қайырды. □ **Шұғыл фонемалар** *(грамм.) — айтылу жолына қарай қарқынды ауаның шұғыл үзіліп шығуынан пайда болатын дауыссыз дыбыстар.*

ШҰҒЫЛА *Күннің нұры, сәулесі, шапағы.* Бір кезде шығысты ***шұғылаға*** орап күн шықты ұясынан (Досанов).

ШҰҒЫЛАДАЙ *Күн шұғыласы сияқты. Таң нұрындай, таң шапағындай.*

ШҰҒЫЛАЛАН *Нұрлану, арайлану, сәулелену.* Қала күн сәулесіне ***шұғылаланып***, құлпырып тұр (Сатаев).

ШҰҒЫЛАЛЫ *Арайлы, шапақты, нұрлы.* Осы бір алтын ***шұғылалы*** сәуледе ерекше келбет бар (О. Бодықов).

ШҰҒЫЛДАН *Белгілі бір іспен айналысу, бір нәрсенің соңына түсу.*

ШҰҒЫЛДАНУШЫЛЫҚ *Айналысушылық, қызығушылық.* Ауыл тұрмысын көтеретін нәрсемен ***шұғылданушылықты*** қайткен күнде де қолдау керек (Ауызекі).

ШҰҒЫЛДЫҚ *Асығыстық. Қауырт, қарбалас. Шұғылдық* өнер өресін көтермес (М. Әлімбаев).

ШҰЖЫҚ I *Майлы етті ішекке тұздап, турап, бұрыштап тыққан, жылқы етінен жасалған тағам.* Қазы, ***шұжық***, жал, қарта — жылқы етінің дәмдісі.

ШҰЖЫҚ II *Жегін көліктің мойнын қажамауы үшін қамыттың астыңғы жағында тұратын жұмыр, жұмсақ зат.* Торы биенің желке түсына шүберек орап, ***шұжығын*** көтеріп жегіп алдым (Ж. Молдағалиев).

ШҰЖЫҚТАЙ *Шұжық сияқты. Шұжықтай* семіз, ұрғашы құлын! (С. Мұқанов).

ШҰҚАНАҚ *Шұңқыр, шұқыр.* Шөлдегі ***шұқанақ*** суға тоймас (Мақал).

ШҰҚАНАҚТА *Қарап отырмай, тұртінектеп бірдеңе істеп жүру.* Қолы бос кезінде станокке бірдеңелерді жонып, кесіп, ~п жүреді.

ШҰҚАНАҚТАЙ *Шұқанақ тәрізді, шағын.* Ақылы көл-дариядай шалқыған адамның қайрат-жігері ***шұқанақтай*** шағын болуы да ықтимал (С. Омаров).

ШҰҚАНАҚТЫ *Шұқанағы бар, шұқанағы көп.* ~ жер.

ШҰҚАНАҚТАН *Шұқанаққа айналу, ойылу.* Көде мен бетегенің түптерінің көлемі жылдан жылға үлкейе береді. Ол жер ***шұқанақтанып*** кетеді (Б. Мұқанов).

ШҰҚАТ *қ. Шұқанақ.* Көгалға жайлау көміліп кетіп еді: беткейі мен ойпаңында ине шаншар ***шұқат*** қалмай, бітік шөп бәріне шыққан (Б. Нұржекеев).

ШҰҚИ *Шоқию, шұқшию.* Күндегідей үшеуден үшеу қазандық алдында ***шұқшиып*** отырмыз (Қ. Сатыбалдин).

ШҰҚУЫШ *Мәсуек.* Қауырсыннан жасалған тіс ***шұқуышын*** алды (Ө. Қанахин).

ШҰҚШЫ 1. *Қадалу, тесілу.* Ол жазу үстеліне барды да, қағазға ***шұқшиды*** (М. Дүйсенов). 2. *Ауыс. Жабысу, ілік іздеу, қадалу.* Бәшен ***шұқшиып*** алды, тыныштық беретін емес (З. Ақышев).

ШҰҚЫ *Тұрту, шұқу.* Нарын құмының бір ғажабы — күрекпен ***шұқыған*** жерінен су шығады (С. Мұқанов). ◊ **Жер шұқыды** — *не айтарын білмеді, ұялды, жерге қарады.*

ШҰҚЫЛА 1. *Тұрткілеу.* Үй иесі самаурын жанындағы қысқашты алып, оттығын ***шұқылай*** бастады (Дәуренбеков). 2. *Ауыс. Қазбалау, тұртпектеу.* Қажыған кезде анау-мынауды ***шұқылап*** сұрауды Есімбек сүймейтін (Оразақов).

ШҰҚЫН *Тұртіну.* Шоқалақ үйде жалғыз ***шұқынып***, ескі қамыттың құлақ бауын жалғап отыр (Рахимов).

ШҰҚЫНШАҚ *қарап. Шұқына беретін, тұртіншек.* Ол үй-ішіне әуейі ***шұқыншақ*** аталды (Д. Досжанов).

ШҰҚЫР *Қазылған, ойылған жер; шұңқыр.* Алтынсары қазған ***шұқырды*** кіндік түсына келтірген кезде қасына барды (С. Мұқанов). ◊ **Желкемнің шұқыры көрсін** — *енді оны көрмеспін, көрсетпесін.*

ШҰҚЫРАЙ *Шұңқыраю, шұңқыр болу.* Бүйрек бетінің ортасы ***шұқырайып*** күле берді ("Лен. жас").

ШҰҚЫРЛА *Шұқыр жасау, шұңқырлау.*

ШҰҚЫРЛЫ *Шұқыры, шұңқыры бар.*

ШҰҚЫРША *Шұқыршақ.*

ШҰҚЫРШАҚТАН *Шұқыраю.* Аққұба өңді, екі бетінің ұшы сәл жымиғанда ***шұқыршақтана*** қалады (Қ. Сәрсекеев).

ШҰЛҒАН *Аяқ киім ішінен шұлғаумен орану.* Бала пимасын қайта ***шұлғанып***, ысқырып қояды (Т. Ахтанов).

ШҰЛҒАУ *Қонышты аяқ киімнің ішінен аяққа орайтын қалың мата.*

ШҰЛҒАУЛАН *Аяққа шұлғау орау.* Ол ***шұлғауланып***, етігін тепкілеп кие бастады (Ә. Сараев).

ШҰЛҒАУЛЫҚ *Шұлғауға жарарлық, шұлғау болар лық.* Бөтима ***шұлғаулық*** мата тауып берді (Ә. Тарази).

ШҰЛҒАУСЫЗ *Шұлғауы жоқ. Шұлғаусыз* етікті сілкіп үлгердім де, мен де секірдім (Ә.Сәрсенбаев).

ШҰЛҒЫ 1. *Бас изеу.* Ат басын ***шұлғып***, жиі-жиі пысқырынады (Н. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Мақұлдау, қуаттау.* Бұлар басын ***шұлғып*** "иә" десті (Б. Ша-

ханов). 3. *Елту, ықыластану.* Ол шумерлер өмірінен келтірілген деректерді ~и отырып тыңдады.

ШҰЛЫҚ *Аяққа киетін ұзын тоқыма зат.* Қалипа ұзын ***шұлығының*** қонышынан бір топ он сомдықты суырып алды (С. Омаров).

ШҰЛЫҚСЫЗ *Шұлық кимеген, шұлығы жоқ.*

ШҰЛЫҚ-ҮЙЫҚ *Аяқ киім ішінен киетін тоқыма зат; носки.* Базарда ~ бұйымдары сатылады.

ШҰНАҚ *Құлағының ұшы кесілген я жабысып біткен.* ~ құлақ. ◊ **Қызыл шұнақ аяз** — *бет қаратпайтын қатты суық.*

ШҰНАҚТАН *Аяздың қатаюы, күшеюі. Шұнақтанған* аяз Айбектің екі бетін шымырлатып жіберді (Оралбаев).

ШҰНАҢДА *Шұнақ қағу, шұнақ-шұнақ ету.* Кішкентай балапанша бұлдыр қағып, ***шұнаңдаған*** балаларың тосады (М. Әуезов).

ШҰНТИ *Тылтию, құнтию.* Үстіндегі шекпені ~ып қалыпты.

ШҰҢҒЫЛ *Терең, ойыңқы.* □ **Шұңғыл көз** — *шұңірек көз.*

ШҰҢҚЫР 1. *Қазылған, ойылған жер, шұқыр.* Оқушылар қазылған ***шұңқырларға*** бағаналарды орнатты ("Қазақст. мұғ."). 2. *жерг. Шай ішетін құлақты ыдыс.* Шай ішіп отырған түтқалы ***шұңқырын*** тастай беріп түрегелді ол (С. Сейфуллин).

ШҰҢҚЫРЛА *Шұңқыр етіп қазу, шұңқыр жасау. Шұңқырлай* қазған жерге көшет отырғыздық (Иманжанов).

ШҰҢҚЫРШАҚ қ. *Шұқыршақ, шұқыршық.*

ШҰП-ШҰБАР *Тым шұбар, өте шұбар ала.* Күнге күйіп ***шұп-шұбар*** болып кеткен ("Лен. жас").

ШҰП-ШҰНАҚ *Мүлдем шұнақ.*

ШҰП-ШҰҢҚЫР *Тым шұқыр.*

ШҰР I *Асықтан ұтылып қалған балаға ойынға қайта қосу үшін бірер кеней беру, яғни асықтан берілетін жылу.*

ШҰР II *Дыбыс еліктеуіш сөз.* □ **Шұр етті** — *ішегі шұрылдады.*

ШҰРАЙ I *Асылы, тәуірі.* **Ет шұрайы** — *жылқының жал-жаясы.*

ШҰРАЙ II *Асауды бастықтыру үшін ерінін қыса буып, бұрау салу әдісі.* Ол аттың астыңғы ернін қапсыра ұстап, қыл шылбырмен ілмектей бүріп төмен басты, ерніне ***шұрай*** салды (Талжанов).

ШҰРАЙЛА *Шұрай салу.* Масақпай екі езуін ***шұрайлап***, тайды өлердей жазалап еді (М. Әуезов).

ШҰРАЙЛАН *Құнарлану, нәрлену.* Құлазыған талай өлке бұл күнде ***шұрайланып***, мал өрісіне айналды (А. Айтбаев).

ШҰРАЙЛЫ *Құнарлы, нәрлі.* Мақаш қыстауы— шабындықтың ең ***шұрайлы*** жерінде (Ғ. Мұстафин).

ШҰРАЙЛЫЛЫҚ *Құнарлылық, нәрлілік.*

ШҰРАЙСЫЗ *Құнарсыз, нәрсіз.* ~ жер (шөп, өріс).

ШҰРАТ *Суы, оты мол, құнарлы жайылымдық жер.* Иірсу — ***шұрат*** жайлау (Ш. Мұртазаев).

ШҰРҚ: шұрқ тесік — *сау тамтығы жоқ, тесік-тесік.*

ШҰРҚ: шұрқ етпе — *дымың ішінде болсын, үндеме.*

ШҰРҚАН: май шұрқан — *семіз ет, құйрық, өкпе, бүйрек қосып қайнатып, үстіне талқан немесе ұн салып дайындаған қуырдақтың бір түрі.*

ШҰРҚАН: шұрқан салды [шығарды] — *әлек салды, шатақ шығарды.*

ШҰРҚ-ШҰРҚ *Тесік-тесік, шұрқ тесік.* Аяғындағы шәркесі ~.

ШҰРҚАТ *диал. Шұқыр-шұқыр, ойық, ойдым.*

ШҰРҚЫЛ *Шұрқ-шұрқ еткен дыбыс.*

ШҰРҚЫЛДА *Шұрқ-шұрқ ету.* Ботқа ~п қайнады.

ШҰРҚЫЛТАЙ *Бұғананың үстіңгі жағындағы жұмсақ ойық жер.* Қан сусаған болат сүңгім ашылмас, ***Шұрқылтайдан*** шұрылдата шаныпшай (І. Жансүгіров).

ШҰРҚЫРА 1. *Жылқының оқырана кісінеуі.* Жемде тай-құлыны ***шұрқыраған***, Халқыма ежелден-ақ жылқы ұнаған (Ж. Қашқынов). 2. *Ауыс. Дуылдау. Көңілдес, достас, жақын адамдардың бірін көптен көрмей жүріп кездескендегі өзара сыйластық, сағыныш сезімін білдіруі.* Оқушылар мұғалімді ~й қарсы алды.

ШҰР-ШҰР: шұр-шұр етеді — *шұрылдайды.*

ШҰРЫЛ *Шұр-шұр еткен дыбыс.* Жігіттер дүр ете қалған қостың ***шұрылынан*** шошып оянды (Сматаев).

ШҰРЫЛДА *Ішті шұр-шұр етуі.* Құрсағы тамақ тілеп ***шұрылдай*** бастады (Байтанаев).

ШҰБӘ *Күмән, күдік, шәк.* Жездесінің күлкісі екеніне ***шұбәсі*** бар (Домбаев).

ШҰБӘЛАН *Күмәндану, сезіктену, күдіктену.* Шынымды айтсам, сенер-сенбесімді ***шұбәланып*** отырғам (М. Сәрсекеев).

ШҰБӘЛАНУШЫЛЫҚ *Күмәнданушылық, күдіктенушілік.*

ШҰБӘЛЫ *Күмәнды, күдікті.* Мақпал балгерге ***шұбәлы*** пішінмен қарады (С. Омаров).

ШҰБӘЛЫЛЫҚ *Күмәнділік, күдіктілік.* Сенімсіздік ~тан келіп шығады.

ШҰБӘСІЗ *Күмәнсіз, күдіксіз.* Тірі болса, тұлғалы ақын болатыны ***шұбәсіз*** еді (М. Әлімбаев).

ШҰБЕРЕК 1. *Жалпы мата, шағын мата.* Ол қолына ақ ***шұберек*** алып, менің басымды таңып жатыр (М. Ғабдуллин). 2. *Ауыс. Киім-кешек.* Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — ***шұберек***. (Мақал). ◊ **Жанын шүберекке түйді** — *қауіп-қатерге, өлімге басын байлады.*

ШҰБЕРЕКТЕЙ *Шұберек сияқты, боп-боз, құп-ақ.*

ШҰБІРЛЕ *Шұпір-шұпір сөйлесу, күбірлеу.* Күндіз бет-бетімізбен ***шұбірлеп***, дөңгеленіп, уақыт өткізуге түрлі лаж істейміз.

ШҮЙ I *Қабырғаға шеге орнына қағылған ағаш қадаша.* Базарбек болыстың жанат ішігін шешіндіріп, жардағы ***шүйге*** іліп қойды (Ғ. Ахмедов). □ **Шүй желке** — *күдірейген желке, күдір желке.*

ШҮЙ II *жерг. Жер айдағанда жыртылмай сүйірленіп қалған жер (табан).* ~ жер.

ШҮЙ III *Жоғарыдан төмен қарай құлдилай, сорғалай түсу, шұйлығу.* Балғын қанат балапанды қарақұс ***шүйгелі*** төнді (Ш. Мұртазаев).

ШҮЙГІ I *Кенелу, қарқ болу.* Ел жайлауға шығып, әркім ет, қымыз қызығына ***шүйгіді*** (Орманов).

ШҮЙГІ II 1. *Шүйілу, шүйілігу, шұю, жүйткү.* Зор танктың шімірікпей ***шүйгіп*** келе жатуына қайран қалды (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Шому.* Ол ой теңізіне ***шүйгіп*** отыр (Тұрсынбаев).

ШҮЙГІН *Оты, суы мол, құнарлы жер.* Таудың ***шүйгінін*** жайлаған жандармыз (Қ. Жұмаділов).

ШҮЙГІНДЕ I 1. *Шүйгін болу, нәрлену, құнарлану.* Жаңбырдан соң жер тез арада бусанып, ***шүйгіндеп*** қалыпты (Р. Ыбыраев). 2. *Шүйгінде*

жайылу, оттау. Шұйгіндеген малдың күйін әңгімеледік (Ө. Боранбаев).

ШҮЙГІНДЕ II *Шұйылу, төне тұсу, шұйлігу.* Қағаз қоймасына *шұйгіндей* түстік (Б. Мусин).

ШҮЙГІНДІ *Отты-сулы, құнарлы.* Төскейдегі Ойқұдық шөбі мол, *шұйгінді* жайлау еді (М. Әуезов).

ШҮЙГІНСІЗ *Шұйгінді емес.* — Бұл жақтың оты— *шұйгінсіз* шымдық қой (Т. Әлімқұлов).

ШҮЙДЕ 1. *Бастың желкеден жоғарғы жері.* Ми сыңарларының артқы жағы *шұйде* бөлігі болады (Адам анатом.). 2. *Ауыс. Балта, кетпен, шот т. б. заттардың басының сырт жағы, желкесі.* Қияс әкесінің кетпенін алып, *шұйдесін* суға батырып қойды (Т. Нұрмағамбетов).

ШҮЙДЕЛЕ *Шұйде тұсынан, қақ шұйдесінен ұру.* Өлгі жігіт көзі бозарып түйілген жолдасын *шұйделеп* "құс-құстап" соғып тұр екен (Б. Момышұлы).

ШҮЙДЕЛЕН *Шұйдесі шығып семіру, майлану.* Семіздіктен *шұйделенген* мойынсыз желкесіне ажырая қарады (З. Қабдолов).

ШҮЙДЕЛІ *Шұйдесі шығыңқы, шұйдесін май басқан.* Сахнаға жуан денелі, *шұйделі* адам кірді (С. Мұқанов).

ШҮЙЕБӨРІ *қ. Шиебөрі. Ит тұқымдасына жататын сұт қоректі жыртқыш аң.* Қазақстанда *шұйебөрі* сирек кездеседі (Х. Қыдырбаев).

ШҮЙЕЛ *Жетілмеу, піспеу, толық өспеу. Уызға жарымағандықтан бойы өспей қалу.* Қозылар ~іп, бойы өспей қалған.

ШҮЙЕЛЕ *Үйелеу.* Шәріп енді отыра берудің ретін таппағандай, *шұйелей* орнынан түрегелді (Қ. Салғарин).

ШҮЙКЕ *Иіруге арнап тұтілген, шумақтап оралған жүн.* Қоңыр бәйбіше қолындағы *шұйкені* ұршығына орай түсті (Е. Рахимов). □ **Шүйке жүн** — *шумақ, бір орам жүн.*

ШҮЙКЕБАС *қарап. Әйел баласын кемсітіп айтатын сөз.* Сол үйге шайын қайнатып отыратын бір *шұйкебас* жетпейді (Ө. Күмісбаев).

ШҮЙКЕДЕЙ *Шүйке сияқты, кішкентай, бір уыс.* ~ кемпір (шал).

ШҮЙКЕЛЕ *Шүйке жасау.* Түтілген үлпілдек жүнді бір шетінен суыра *шұйкеледі* (С. Қасиманов).

ШҮЙКИ *Шұқию, шұқию.* Қойлары қозы сияқты, бір асым еті жоқ, *шұйкиген* бірдене (О. Шәріпов).

ШҮЙЛЕ *Жану, қайрау, жігерлендіру.* Базаралыны бұдан былайғы бір қимылға *шұйледі* (М. Әуезов).

ШҮЙЛІК 1. *Килігу, шаншылу.* Ителгілер жоғарыдан құлдилап төмен ұшқан жемтігіне *шұйліккенде,* секундына 100 метр алып отырады (Ж. Төреходжаев). 2. *Ауыс. Шүйілу, қадалу, соқтығу.* Тоқаш Омарбекке *шұйлікті* (Қ. Қыдырбекұлы).

ШҮЙІК *қ. Шұйлік.*

ШҮЙІЛ 1. *Шұйлігу, түйілу.* Ол қанатын тез-тез қағып, бір кезде төмен *шұйілді* (А. Лекеров). 2. *Ауыс. Қадалу, соқтығу, әлек салу.* Осыны қайдан білді, айтшы, қане? — деп шал Нұрбайға *шұйілді* (Р. Өтесінов).

ШҮЙІЛІМ *бот. Теңіз жиегінде, көлдерде өсетін бес бұрышты су жаңғағы.*

ШҮЙІЛІС *Соқтығыс.* Ербұланның *шұйілісі* бала қыранға ұқсайтын еді (М. Қуанышбаев).

ШҮЙІНШӨП *бот. Шабындықта өсетін, сабағы тік, күлгін түсті гүлі бар, дәрілік шөп.* Дәрі ретінде *шұйіншөптің* тамыры мен тамыр сабағын пайдаланады (ҚСЭ).

ШҮЙІР: мұрнын шүйіру — *мұрнын көтеру, әлдекандайсу, менсінбеу.* Мұрнын ~ді.

ШҮЙІРКЕЛЕ *қ. Шұйіркелес. Жақын тарту, жақындасу, ұйіршеңдеу.* Ол бір жігіттің бөрісі болған соң, мен өзім де *шұйіркелеп* соған барымды жеткізгім келді (М. Әуезов).

ШҮЙІРКЕЛЕС *Жәмпеңдесу, тіл табысу.*

ШҮЙІРКЕН *Сүйсіну.* Мал қыстан қалған шөпті осы күні *шұйіркеніп* жемейді (З. Ақышев).

ШҮЙІРІҢКІ *Шығыңқы, томпақ.* Ол *шұйіріңкі* көзі жыпылықтап, жан-жағына қарай берді (Т. Аханов).

ШҮКЕЙТ *жерг. Ешкінің, киіктің кішкентай асығы.* ~ асық.

ШҮКЕЙТТЕЙ *Шүкет сияқты, кіп-кішкентай.* Мүгедек ана *шұкеттей* болып бүрісіп қапты (С. Талжанов).

ШҮКИ *қ. Шұкши.*

ШҮКШИ *Бүкшию, бүрісу.* Кірпігі қимылдап Мажыра жатты, *шұкшиіп* аяқ жағында Ұлар отыр (І. Жансүгіров).

ШҮКІР I *бот. Құмды жерде өсетін, тамыры қант қызылшасына ұқсас өсімдік.*

ШҮКІР II 1. *Құдайға тоба, тәубе. Шүкір,* ұлы мектепте маңдай алды боп оқиды ("Лен. жас"). 2. *Ауыс. Тәуір, жақсы; жаман емес. Шүкір,* кісі танитындай болды (М. Сергалиев).

ШҮКІРАНА *Шүкір, шүкіршілік, ризашылық.* Бар тілегін осы сәтте баласына арнап *шүкірана* ойын айтып жатты (С. Бегалин).

ШҮКІРШІЛІК *Тәуба, тәубашылық. Шүкіршілік,* елдің аузы аққа тиді (Ж. Өмірбеков). ◊ **Шүкіршілік етті** — *тәубашылық етті, ризашылық білдірді.*

ШҮЛДІК I *Екі басы ұшталған кішкене ағашты таяқпен ұрып ойнайтын балалар ойыны.*

ШҮЛДІК II *бот. Таулы жерде жабайы өсетін қызыл қоңыр түсті гүл.*

ШҮЛДІК III *кәсіб. Диірмен тасының ортасына орнатқан кіндік темір.* Диірменнің ~гі босап кетіпті.

ШҮЛДІР *Былдыр, бәлдірік.* Тілі сақаудың тілінде *шұлдір* екен (Қ. Ысқақов).

ШҮЛДІРЕ *қ. Шұлдірле.*

ШҮЛДІРЛЕ *Былдырлау, былдыр-былдыр сөйлеу.* Не деп *шұлдірлеп* кеттің? (Д. Әбілев).

ШҮЛЕН *Мырза, дарқан, жомарт кісі.* Жомарт болған, *шұлен* болған жақсы-ақ, бірақ бұл кез-келгеннің қолынан келе бермейді (М. Мағауин). ◊ **Шүлен таратты [тарқатты]** — *барын мырзалық етіп үлестірді.*

ШҮЛЕН: шүлен қой — *қылшық жүнді қой тұқымы.*

ШҮЛЕНГІР *көне. қ. Шұлен.* Халыққа атым білініп, *Шүленгір* мырза атанар ма екенбіз (Ақтамберді жырау).

ШҮЛЕНДІК *Мырзалық, жомарттық, дарқандық.* Қазақтың елімізде тұратын өзге ұлт өкілдеріне жасаған ~гіне мында бір рахмет.

ШҮЛЕНСІ *Мырзасу, жомартсу.* Әбіш *шұленсіп,* мырзасып отыр (М. Әуезов).

ШҮЛМЕК *диал. Диірменнің кіндік темірі.*

ШҮМЕК I *Құман, шәйнек, самаурын тәрізді ыдыстардың су ағатын тетігі, аузы.* Самаурынның *шұмегінен* су сыздықтап ағып тұр (Ғ. Мұстафин).

ШҮМЕК II *этногр. Бесіктегі сәбидің кіші дәретін түбекке ағызатын қойдың асық жілігінен жасалған түтікше.* Бесікке бөлеп бөбегін, Шеките қойып ***шүмегін*** (І. Жансүгіров).

ШҮМЕК: ***шылдыр шүмек*** — *қолдың төртінші саусағы.*

ШҮМЕКСІЗ *Шүмегі жоқ.* ~ баланы бесікке бөлеу қиын.

ШҮМЕКТЕ *Жауын, нөсер жауғанда қатты құю, шелектеп құю, төгіп-төгіп жіберу.* ***Шүмектеп*** құйды нөсер үш күн, үш түн (М. Әлімбаев).

ШҮМЕТЕЙ *Сәбидің еркектік жыныс мүшесі.* Шал немересінің ***шүметейінен*** сүйіп алды (Ө. Қанахин).

ШҮҢГІЛ *Шұңірейген, шұңет, шұңғыл* (көз).

ШҮҢГІЛДЕН *Көзі шұңірею.* Ноғайқұлдың түсі сазарып, көзі ***шұңгілденіп*** кетті (Т. Әлімқұлов).

ШҮҢГІРШЕК *жерг. Кішірек шұңғыл шойын ыдыс, шеген.* Су құйып ***шұңгіршекті*** отқа қойдым (Ауызекі).

ШҰҢЕЙТ I *Ойдым, ойық.* Сыр бойында алыпқашпа сулар толы ***шұңейттер*** көп болады (С. Хайдаров).

ШҰҢЕЙТ II *Шұңірек.* Жалғыз көз ***шұңейт*** емес, томпақша (М. Әуезов).

ШҰҢЕЙТТЕН 1. *Ойыстану, ойықтану.* Ерте көктемде Сырдария құлашын кең жазып, орта тұсы ***шұңейттеніп*** найқалып ағатын (Д. Досжанов). 2. *Шұңірею, батықтану.* Екі көзі ауырғалы ***шұңейттеніп*** кеткен ("Қаз. әдеб.").

ШҰҢКИ *Бүкшию, шүкүю.* Ол шүйкедей болып ***шұңкиіп*** кеткен (Е. Мырзахметов).

ШҰҢКІЛ *Құңкіл, күбір.* Екі үй кедейдің арасында да бір ***шұңкіл*** бар еді (Ғ. Мүсірепов).

ШҰҢКІЛДЕ *Құңкілдеу, күбірлеу.* Әлдекімдер ***шұңкілдесіп***, жайымменен сөйлейді (А. Хангелдин).

ШҰҢІРЕЙ *ҳ. Шұңейттен.* Ол кішкене көк көзі кіртиіп ***шұңірейген,*** арық кемпірді көрді (К. Тоқаев).

ШҰҢІРЕК *Шұңейт.* Оның үстіне сақал-мұрты өсіп, ***шұңірек*** көзі одан бетер шұңірейіп кеткен (Ә. Жылқышиев).

ШҮПІЛДЕ *Аузы-мұрнынан шығу, асып төгілу, асып толу.* Құдық — белуардан ***шүпілдеген*** су (С. Мұқанов).

ШҮПІРЛЕ *Жыпырлау.* ***Шүпірлеген*** қара домалақ балалар (Ғ. Орманов).

ШҮР *жерг. Жаза, сыбаға, сазай.* Жиынның жөні осы екен деп, таңға дейін жатпайтын болсандар, ертең ***шүрлерің*** дайын (Қ. Қазиев).

ШҮРЕГЕЙ *Ең кішкентай жабайы үйрек.* ~дің салмағы — 200–400 грамдай ғана. ◊ **Шүрегей тартты** — *шөжіді, кішірейді, ұсақтады.*

ШҮРШИ *Еріннің шүйірілуі.* Біздің қыздың да жүзі томсарып, ерні ***шүршиіп*** жүр (А. Нұрманов).

ШҮРШІК *Шүршиген.* ~ ауыз (ерін).

ШҮРШІТ *көне.* 1. *Ерте кезде қытайлар осылай аталған; қара қытай.* Құрттай қаптаған ***шүршіт*** (Кенен). 2. *Ауыс. Бөтен, жат.* — Мен бір жақтан жер ауып келген ***шүршіт*** емеспін (О. Сәрсенбаев).

ШҮРШІТ: ***шүршіт бөз*** *(жерг.)* — *қалың ақ бүршікті мата.*

ШҮРІППЕ *Мылтықтың от алдыратын серіппесі, қайырмасы.*

ШҮРІППЕЛІ *Шүріппесі бар.* ~ мылтық (пистолет).

ШҮУ *Малға айтылатын ишарат сөз.* Ол жануар "түр" десе, тоқтай қалатын, ***"шүу"*** десе, аянбай жөнелетін (С. Мұқанов). ◊ **Шүу дегеннен [дегенде]** — *әуелден, о бастан.*

ШҮУ-ШҮУЛЕ *Шүу-шүу деу.* Қамшысын үйіріп, ***шүу-шүулеп*** атын тез жүргізді (Н. Ғабдуллин).

ШЫБЖАЛАҚ *Күйгелек, шыжбалақ.*

ШЫБЖАЛАҚТА *Күйгелектеу; шыжбалақтау.* Ол ~п бір орында тұрмады.

ШЫБЖЫҚАЙ *Шыжбықай, шошақай.* — Ой, қарасан келгір, қу ***~-ай,*** қасқыр жесін сені!

ШЫБЖЫҢ *Шыжбың, күйбең, тыпыр.* "Оның ***шыбжыңы*** ұзаққа созылмас!" — деп ойлады (Т. Әлімқұлов). ◊ **Шыбжың қақты [етті]** — *шыжбың қағу, ұшып-қону, күйбең қағу.*

ШЫЖБЫҢДА *Тыпыршу, тықыршу.* Гүлбарам ***шыбжыңдап*** орнынан атып тұрды (Т. Тілеуханов).

ШЫБЫЖЫҚ *Ерте туған ұрғашы лақтың бір жастан асқаны.* Қазақ ешкіні жасына қарай шыбышша, ***шыбыжық,*** марқа лақ деп атайды (С. Жанәбілов).

ШЫБЫҚ I 1. *Ағаштың жапырағы жоқ жіңішке, солқылдақ жас өркені.* Әбекең ақырын тал ***шыбықпен*** осып-осып жіберді (Ғ. Мұстафин). 2. *Көлікті айдау, біреуді жазалау үшін пайдаланылатын жіңішке ағаш.* 3. *Жаңа өсіп келе жатқан жас өркен; көшет.* ◊ **Бір шыбықпен айдады** — *айтқанына көндірді, айдағанына жүргізді.*

ШЫБЫҚ II *анат. Адам немесе жануарлар жілігімен қабаттаса, қабыса, қатар біткен жіңішке сүйек.* Мейрамның қолы сынбаған, ***шыбығы*** шытынаған (Б. Әшімов).

ШЫБЫҚТА *Шыбықпен ұру, сабау.* Әкесі бұзықтығы үшін баласын ***шыбықтады*** ("Қаз. әдеб.").

ШЫБЫҚТАЙ *Өрімдей жас, нәзік, сымбатты.* Гүлия солқылдаған көк өрім ***шыбықтай*** (С. Сейфуллин).

ШЫБЫН I 1. *Зиянды микробтар тарататын қос қанатты кішкене жәндік.* 2. *Ауыс. Миф, жан.* Шын ақындар ***шыбыны*** кеудесінде тұрғанда, қолынан қаламын сусытпайды (М. Әлімбаев). ◊ **Шыбын қағар** *(этногр.)* — *жылқының күзеген кезде ортасынан жіңішкелеп қалдырылған құйрығы.* **Шыбын қанат** *(этногр).* — *шыбынның қос қанатына ұқсас ұсақ өрнек.* **Шыбын жан** *(көне)* — *өмір, тірлік.* **Шыбын жаны көзіне көрінді** — *жанына қатты батты.* **Шыбын жанын қоярға жер таппады** — *ауруы жанына қатты батып қиналды.* **Шыбын жанын шүберекке түйді** — *жан ұшырды, жанын аямады.* **Шыбын жаны шыға жаздады** — *өле жаздады.* **Шыбын жаны шырқырады [шырылдады]** — *безек қақты, жан ұшырды.* **Шыбын шаққан құрлы көрмеді** — *тұқ сезбеді, елемеді, ескермеді.* **Шықпаған шыбын жан** — *құр сұлдер.* **Шыбыны ұшты** — *зәре құты қалмады, құты қашты, зәресі ұшты.*

ШЫБЫН II *Төрт түрлі карта қағаздарының бірі; шытыр, "крест".*

ШЫБЫНДА 1. *Малдың үстіне қонған шыбынды қуу; қорғану.* Торы дөнен ***шыбындап***, пысқырынып тұр (Т. Әлімқұлов). 2. *Ауыс. Бас шұлғу, қоштау, мақұлдау.* Күштілерім сөз айтса, Бас изеймін ***шыбындап*** (Абай).

ШЫБЫНДАЙ *Шыбын сияқты бықынаған, құжынаған.* Бәйге төбенің төңірегінде қара ***шыбындай*** қаптаған халық (Ө. Нұрпейісов).

ШЫБЫНДЫ *Шыбыны бар, шыбыны көп. Шыбынды* жерге ыдыс қойма (Мұқамеджанов).

ШЫБЫНҚАҒАР *Шыбын, масадан қорғанатын, ағаш сапты қыл шашақ.*

ШЫБЫНСЫЗ *Шыбыны жоқ.* ~ жаз (қоңыр салқын жер).

ШЫБЫНША *Шыбын тәрізді, шыбындай.* ~ үймеледі (қырылды).

ШЫБЫН-ШІРКЕЙ *Қанатты насекомдардың жалпы атауы.* Шамның айналасы құжынаған *шыбын-шіркей* (Сүндетов).

ШЫБЫНЫМ *эмоц. Қарағым, жаным, қалқам.* Шәкіржан, келдің бе, *шыбыным*? (Б. Соқпақбаев).

ШЫБЫНЫМДАП *Шыбыным, шыбыным деп айналып толғану.* Тер емес, ол жып-жылы адам қаны, *Шыбынымдап*, құлады аттан (И. Байзақов).

ШЫБЫРТҚЫ *Мал айдайтын ұзын қамшы, талшыбық.* Төкең аз кідіріп, атқа шүу деп *шыбыртқымен* салып қалды (Қ. Бадыров). ◊ **Шыбыртқы астына алды** — *шыбыртқымен сабады, ұрды.*

ШЫБЫШ *Бір мен екі жастың аралығындағы ұрғашы ешкі.* Ешкінің ұрғашысын туша немесе *шыбыш* дейді.

ШЫҒАЙ I *көне. Түгі жоқ, тақыр кедей. "Шығай"* сөзі ертеде қазіргі кедей, кембағал сөздерінің орнына қолданылған (Сөз өнері).

ШЫҒАЙ II *көне. Ел-жұрттан жырақтап, қол үзген адам.* Оралбай елден шығып кеткен бір *шығай* (М. Әуезов).

ШЫҒАЙБАЙ *экспр. Сараң, қарабай.* Бізге келгендер нағыз *шығайбай* (К. Ахметбеков).

ШЫҒАН I 1. *Алыс, шалғай, қиян.* Біз сонау *шығаннан* ат сабылтып қымыз ішуге ғана келгеніміз жоқ (Қ. Исабаев). 2. *Аспан, көк, ғарыш.* Асау ән *шығанға* өрлеп (Т. Молдағалиев). ◊ **Шығаннан шыққан** — *шектен асқан, елден ерекше.*

ШЫҒАН II *Түбек, алқап.* Біздің Бектемір атамыз Майлыбай *шығанына* қойылған (Диал. сөздік).

ШЫҒАНАҚ *геогр. Мұхит, теңіз, көлдің құрлыққа сұғына еніп жатқан бөлігі.* Отырған жеріміз — дарияның бұрыла берістегі *шығанағы* (Қ. Омаров).

ШЫҒАНДА 1. *Алыстау, шырқау, жырақтау, қашықтап кету.* Елсіз шөл далаға *шығандап* кеткен адамда не хал болушы еді (Ә. Нұршайықов). 2. *Оқшаулану, бөлектену, даралану.* Мен орманның орта шенінде *шығандап* тұрған бір үйір ағаштарға жеттім (Ө. Кешімов). 3. *Аспандау, шарықтау. Шығандап* шың басына шығады өнер (М. Әлімбаев).

ШЫҒАР I 1. *Затты бір нәрсенің үстіне көтеріп қою, тысқа шығару.* Арғын бұзауды сыртқа *шығарып* арқандады (Сағымбаев). 2. *Өлең шығару, ән шығару.* 3. *Қою.* Пьесаны сахнаға ~ды. 4. *Айту, білдіру.* Өңгіменің шетін ~ып қойды. 5. *Өндіру, қазып алу.* Көмірді қол бұранмен *шығарды* (Ғ. Мұстафин). 6. *Есептің жауабын табу, шешу.* Бүгін біз қызық бір есеп *шығардық* (Ә. Нұршайықов). ◊ **Шығарда [шығарға] жаны басқа [бөлек]** — *жанындай жақсы көреді.* **Шығарып сал** — *біреуді алдап-сулап сөзбен жөнелтті, аттандырды.* **Шығарып салма сөз** — *әшейін емексіткен, бос сөз.*

ШЫҒАР II *Модальді сөз.* Осы ауданда әкеммен аттас біреу бар *шығар* (Н. Ғабдуллин).

ШЫҒАРМА 1. *Белгілі бір автордың жазған әдеби, ғылыми т. б. туындысы.* Абай өз *шығармасының* алдына қоғамдық мақсат қойды (М. Ақынжанов). 2. *Әдебиет сабағында оқушылардың белгілі бір тақырыпқа жазатын шығармасы.* Мұғаліміміз еркін тақырыпқа *шығарма* жазып келіңдер деп үйге тапсырма берді (М. Әлімбаев).

ШЫҒАР-ШЫҚҚАНЫНША *Кетер-кеткенше, шығып кеткенше.*

ШЫҒАР-ШЫҚПАСТАН *Шықпай жатып, шыға салысымен.* Үйден ~ ұстап алды, күн ~ жұрт жиналды.

ШЫҒАСЫ *Шығатын шығын, зиян. Шығасыға* иесі басшы (Мәтел).

ШЫҒАСЫЛЫ *Шығынды, шығыны көп.* Қай ауылдың үстінде сияз болса, сол ауыл мол *шығасылы* болмақ (М. Әуезов).

ШЫҒАСЫЛЫ-КІРЕСІЛІ *Есі бірде бар, бірде жоқ.*

ШЫҒАСЫСЫЗ *Шығынсыз. Шығасысыз* тіршілік жоқ (Т. Әлімқұлов).

ШЫҒАУЫЛ *көне. Белгілі бір істің, әрекеттің алдыңғы қатарында (шебінде) жүретін адам.*

ШЫҒУ *Құлынның тамағынан шыққан ісіктердің бір түрін қазақ "сақау" яки "шығу" деп атайды* (Х. Арғынбаев).

ШЫҒЫМ 1. *Өнім, түсім.* Егіннің *шығымын* тексерді (Ғ. Сыланов). 2. *Шайдың сапасы, шығуы.* Үнді шайының ~ы бұрынғыдай емес.

ШЫҒЫМДЫ 1. *Өнімді, түсімді.* Бидайдың ~ жаңа сорты. 2. *Шығымы жақсы шай.* ~ шай берекелі болады. 3. *Ауыс. Қолы ашық, береген.* ~ адам.

ШЫҒЫМДЫЛЫҚ *Өнімділік, түсімділік.* Астықты облыстарда егіннің *шығымдылығы* жоғары болды (А. Дауылбаев).

ШЫҒЫМСЫЗ 1. *Шығымы, түсімі нашар, өнімсіз.* ~ егін. 2. *Шығымы нашар.* Бұл ~ жан екен.

ШЫҒЫМТАЛ *жерг. Өнімтал; шығымды.* Осындай салмақты дән, күнге де желге де шыдамды, әрі *шығымтал* келеді (Ғ. Сыланов).

ШЫҒЫН 1. *Зиян, ысырап.* Арзан өнім шығару үшін ~ды азайту керек. 2. *Ауыс. Өлім-жітім.* Қой қыстан күйлі шықты, *шығын* болған жоқ (Ғ. Сыланов). 3. *көне. Салық, төлем.* Соғысқа қазақ тағы берді көмек. Үй басы *шығын* салды бір теңгелеп (Істөлін). ◊ **Шығынға ұшырады [белшесінен батты]** — *зиян шекті.*

ШЫҒЫНДА *Жұмсау, шашу, ысырап қылу.* Болыс болдым мінеки, Бар малымды *шығындап* (Абай).

ШЫҒЫНДАН *Шығынға бату, зиян тарту.* Әбден ~ып болды.

ШЫҒЫНДАР *Шығынды, шығынға ұшырау.* — Әттеген-ай, аяқ астынан сізді *шығындар* еттім-ау ("Жұлдыз").

ШЫҒЫНДЫ I *мат. Шешу, жауап, қорытынды, нәтиже.* Есептің *шығындысын* мұғалім тақтаға жазды ("Қазақст. мект.").

ШЫҒЫНДЫ II *Зиянды, шығасылы.* ~ болу шаруашылыққа өте ауыр тиеді.

ШЫҒЫНСЫЗ *Өлім-жітімсіз, зиянсыз.* Қыстан малды *шығынсыз* шығарды (С. Мәуленов).

ШЫҒЫНСЫН *Зиянсыну, зардапсыну.* Қазақ *шығынсынбай* көрінгенге барын шашады ("Қаз. әдеб.").

ШЫҒЫҢҚЫ *Аздап сыртқа қарай шығып тұрған, тебіңкі.* Бет сүйегі ~.

ШЫҒЫР I *көне. Егістікке су шығару үшін жасалған, су жүретін науасы бар қарапайым*

құрал. Шығырды екі өгіз айналдырып жатыр (С. Мұқанов). 2. *Құдықтан су тартып шығару үшін жасалған, қолмен бұралатын қарапайым құрал.* ~мен су тартып, малды суарды.

ШЫҒЫР II *қ. Шығыршық.*

ШЫҒЫРЛА *Шығыр салу.* Күшікті әу басынан *шығырлап* бөлек ұстатқанды (Көшімов).

ШЫҒЫРЛЫ *Шығыры бар, шығыр орнатылған. Шығырлы* құдық.

ШЫҒЫРСЫЗ *Шығыры жоқ. Шығырсыз* құдықтан су алу өте қиын.

ШЫҒЫРШЫ *Егістікке шығырмен су шығарушы.*

ШЫҒЫРШЫҚ *Дөңгелекше жұмыр темір.* Балуан-Шолақ ноқтаның үш дөңгелек темір *шығыршықпен* қосқан тұсын бұрады (С. Мұқанов). □ **Шығыршық сырға** — *дөңгелек сырға.*

ШЫҒЫРШЫҚТА 1. *Шығыршық тағу.* 2. *Дөңгелектеу.* Жіпті *шығыршықтап* жинап қойды ("Қаз. әдеб.").

ШЫҒЫРШЫҚТЫ *Шығыршығы бар.* ~ ноқта.

ШЫҒЫС I 1. *геогр. Төрт тараптың бірі, күн шығатын жақ. Шығыстан* күн шығып келеді. 2. *Ауыс. Жер шарының күн шығысына орналасқан ел, халық. Шығыстың* екі батыр қызы да бізде ("Қаз. әдеб.").

ШЫҒЫС II *Шығым, өсім.* Шөптің (егіннің) ~ы жақсы.

ШЫҒЫС III *экон. Шығасы жұмсалған, ұсталған ақшалай-заттай шығын.* Мемлекеттің ~ынан кірісі көп болуы керек.

ШЫҒЫС IV *Араздасу, кетісу.* Мен Ақмамырмен енді көрместей боп біржола *шығысқамды* (М. Сатыбалдиев).

ШЫҒЫС: шығыс септік *(грамм.)* — *қимылдың кімнен, қайдан басталғандығын, шыққан орнын білдіретін септік түрі.* ◊ **Шығыса алмады** — *тіл табыспады, жараспады.*

ШЫҒЫСТАНУ *Шығысты зерттейтін ғылым саласы.* Университеттің ~ бөлімі.

ШЫҒЫСТАНУШЫ *Шығысты зерттеуші.* Шоқан ~лар еңбегін көп оқыған.

ШЫҒЫСТЫҚ *Шығысқа тән, шығыс халқына қатысты.* М. Әуезов *шығыстық* дастандармен жете таныс (А. Нұрқатов).

ШЫҒЫТ I *Үлес, иелік, меншік.* □ **Шығыт шапан** — *жекжаттан қыдыра барып киетін шапан. Бірақ киіт емес. Киітті құдалықтан киеді.*

ШЫҒЫТ II *көне. Меншік, өзіне тән.* Баршындай сұлу сіздің *шығытыңыз* болды деп ханды қуандырып тастады (Алпамыс батыр).

ШЫДА 1. *Төзу, көну, мойынсыну.* Бақтығұл бай зорлығына әрең *шыдады* (М. Әуезов). 2. *Бүлінбеу, бұзылмау.* Тұздалған ет көпке *шыдайды.* ◊ **Беті шыдамады** — *қатты ұялды.*

ШЫДАМ *Төзім, тағат, сабыр.* Малшы адамға *шыдам* керек (Т. Жармағамбетов). ◊ **Шыдамы таусылды [жетпеді]** — *тағаты таусылды, мазасызданды.*

ШЫДАМДЫ *Төзімді, бәрік, мықты.* Данияр жолға *шыдамды* екі атын жекті (С. Мұқанов). Бор тас отқа ~.

ШЫДАМДЫЛЫҚ *Төзімділік, көнбістік, сабырлылық.* Ержанға бір жыл бойы *шыдамдылықпен* тіл үйретті (Ш. Қожахметов). ◊ **Шыдамдылық көрсетті [танытты]** — *төзіп бақты, шыдады.*

ШЫДАМСЫЗ *Төзімсіз, мазасыз.* Бұғы бөгелекке де, сары масаға да өте *шыдамсыз* (Р. Тоқтаров).

ШЫДАМСЫЗДАН *Шыдамы таусылу, тағатсыздану.* Бір нәрседен сескенгендей шал *шыдамсызданды* (С. Адамбеков).

ШЫДАМСЫЗДЫҚ *Төзімсіздік, тағатсыздық, сабырсыздық.* ◊ **Шыдамсыздық көрсетті** — *шыдамы жетпеді.*

ШЫДАТПА 1. *Жанына бату, қатты қиналу.* Ауырған тісім ~й барады. 2. *Күн көрсетпеу, сыйғызбау.* Мына қыз *шыдатпады* мені (С. Мұқанов). 3. *Ауыс. Бір нәрсені шақ келтірмеу, құрту, қоймау.* Үй қаздары жемді *шыдатпайтын* болды.

ШЫЖ: шыж етті — *отқа қатты қызып, шыжылдады.* Отқа қызып қоқси бастаған қара қазан су құйып жібергенде ~ етті. ◊ **Шыж ете қалды** — *дауыстың оқыс шығуы.* **Шыж көбелек болды** — *бәйек болды.*

ШЫЖАҚ *Шыжақ қағу, шыж-быж болу, күйгелектену, күйіп-пісу, бәйек болу, шыжақтау.* Ол үшін сіз *шыжақ* болмаңыз (С. Бегалин).

ШЫЖАҚАЙ *Шыжақ қаққан, шыжақтаған.*

ШЫЖАҚТА *Шыжбалақтау, шыжақ қағу.*

ШЫЖАЛАҚ: шыжалақ қақты — *шыжақ қағу.*

ШЫЖАЛАҚТА *қ. Шыжақта.*

ШЫЖБАҚАЙ *Өрнек атауы.*

ШЫЖБАҚТА *Шыжбақ қағу, шыжалақтау, шыжбалақтау.*

ШЫЖБАЛАҚ: шыжбалақ қақты — *күйіп-пісу, шыжақтау.*

ШЫЖБАЛАҚТА *Шыжақтау, шыжбақ қағу.* Нұрлықожа айтқан жобасының іске аспай қалғанына кәдімгідей қысылып, *шыжбалақтап* кетті (Б. Нұржекеев).

ШЫЖБАЛАҢ: шыжбалаң қақты — *шыжбалақ қақты.*

ШЫЖБАҢ: шыжбаң-шыжбаң ету — *тұштаң-тұштаң ету.*

ШЫЖБАҢДА *қ. Шыжбақтау, шыжалаңдау.* Өмірдің тәттісін көбірек көрген басың, енді ащысына шыдай алмай *шыжбаңдап* жүрсің (О. Бөкеев).

ШЫЖ-БЫЖ *Қуырмаштап тез дайындаған жеңіл-желпі ас.* Екі дос өздерінше *шыж-быж* жасап, тамақтарын енді алдына ала бергенде Әскербек кірді (Ж. Молдағалиев).

ШЫЖ-БЫЖ: шыж-быж болды [етті] — *күйіп-пісті.*

ШЫЖБЫҢ *Шыж-быж еткен, шыжбық.*

ШЫЖБЫҚ *Шыжбықай.* — О, ~, айтарыңды айтып кеттің ғой, енді болды емес пе.

ШЫЖБЫҚТА *Шыжбыңдау, шыжбақ қағу.*

ШЫЖБЫҢДА *Шыжбықтау.* Рымбек *шыжбыңдап* мұртын тістеледі (Тілеуханов).

ШЫЖҒЫР 1. *Еріту, қыздыру, қуыру.* Май ~ып, тамақ істеуге кірісті. 2. *Ауыс. Күйдіру, қыздыру.* Таңертеңнен *шыжғыра* бастаған күн сағат он екіден аса қайнап кетті (Т. Ахтанов). 3. *Ауыс. Елдің апшысын қуыру, қысу.* Болысы бар, биі бар, Бермес елді *шыжғырар* (Жамбыл).

ШЫЖ-МЫЖ *Жеңіл-желпі тамақ.*

ШЫЖ-ШЫЖ: шыж-шыж етті — *дыбыс еліктеуіш сөз. Шыр-шыр ету.*

ШЫЖЫ 1. *Қызу, күю, еру.* ~ған ыстық майға күйген күйік жаман. 2. *Ысу, күю.* Кешегі сарша тамыздай күн ~п тұр.

ШЫЖЫҚ 1. *Шыжғырған майдың шыжығы.* Сорпаға кейде шыжғырылған майдың ***шыжығы*** да қосылады (С. Қасиманов). 2. *Ауыс. Қиыншылық, михнет.* Қызығы, ***шыжығы*** мол студенттік өмір артта қалып барады (Б. Соқпақбаев).

ШЫЖЫҚША *Шыжық тәрізді.* Бір қызығы өлген үндістің бәрін бірдей ***шыжықша*** шыжғыра бермейді (Қ. Сатыбалдин).

ШЫЖЫЛ *Шыжылдаған дыбыс.* Қазандағы майдың ~ы естіледі.

ШЫЖЫЛДА 1. *Шыж-шыж ету.* Қазанда май ***шыжылдап*** күйіп жатты (Д. Әбілев). 2. *Ауыс. Бәйек болу.* Балаларды оятасың! — дейді кемпір ***шыжылдап*** (Ә. Бөриев).

ШЫЖЫЛДАҚ *Шыжыл қаққан, быжылдақ.* Алматылықтар өз қаласының аспанын ***шыжылдақ*** әйелге теңейді (М. Иманжанов).

ШЫЖЫМ *Арқан тәрізді жіңішке етіп есілген мықты жіп.*

ШЫЖЫМДА *Шыжым жіппен байлау, бекіту.* Білектің сыртқы жағында күміспен немесе алтын шынжырмен ***шыжымдап*** қойған бес сақина бар (С. Қасиманов).

ШЫЖЫМДАП *Аз-аздап, біртіндеп, ептеп.* Қолына орағаң тізгінді Мәнке ***шыжымдап*** босата берді (С. Жүнісов).

ШЫЖЫМСЫН *Пысу, ширау, жетілу.* Ашпаған әлі үйқысын, болбырлау бала, сүлесін. Деп әкелдім ***шыжымсын***, қатырсын дұшман сілесін (Бұқар жырау).

ШЫЖЫҢ *Қуықтың қабынуынан кіші дәретті ұстап тұра алмайтын ауруы.* Психикасы бұзылған балалар ***шыжың*** ауруына да тап болады.

ШЫҚ I *Көктем мен күздің салқын түндерінде шөп басына тұратын атмосфералық дымқыл.* Шөпке ***шық*** қонып, дымқыл тартып қалыпты (Б. Соқпақбаев). ◊ **Шық жуытпады** — *шаң жуытпады, қорғаштады.*

ШЫҚ II 1. *Шығып кету, кетіп қалу.* Екі жігіт кеңседен күлімдей ***шықты*** (Ләмбеков). Шыр қайын деп ***шығып*** ем, Майтөбенің басына (Жамбыл). 2. *Аттану, сапар шегу.* Әбдірахман Петербургтан ***шығыпты*** (М. Әуезов). 3. *Қол-аяқ сүйектерінің орнынан таюы, жылжуы.* Қолы ~ты. 4. *Белгілі бір жас мөлшері туралы.* Алтыға ~қанда шешесі қайтыс болды. 5. *Өсу, өну, көктеу.* Тау басына шөп ***шықты***. Шөп шыққанда көп ***шықты*** (М. Әлімбаев). Мыс ***шығатын*** тастарды балғамен уатып жатыр (Ғ. Мүсірепов). 6. *Баспа бетінде жарық көру, басылу, жариялау.* Ерболдың биыл бірнеше мақаласы ***шықты*** ("Лен. жас"). 7. *Күрделі етістік құрамында көмекші сөз қызметінде жұм салады.* Базар конвертті ашып, хатты дауыстап оқып ***шықты*** (К. Смайлов). ◊ **Аты шықты** — *аты әйгілі болды.* **Аузы-мұрнынан шықты** — *лық толды.*

ШЫҚИ *Сықию, шікірею.* Ол домбыраны бауырына қыса ұстап, ***шықиып*** тұр (Қ. Омаров).

ШЫҚҚЫСЫЗ: **кірсең шыққысыз** — *көз тартарлықтай келіскен, жайнап тұрған.*

ШЫҚПЫРТ *Қамшымен шып-шып еткізіп төпелеп ұру.* Өгізді орағыта ***шықпыртты*** (Ақбаев).

ШЫҚТАН *Сулану, шық тұсу.* Жерге, үстіміздегі жамылған шөпке ***шықтанып*** қырау түрған (Б. Соқпақбаев).

ШЫҚША *Шық секілді.* Сап болып сол бір шақта тынар ма едім, Жоқ әлде, мөлдір ***шықша*** түнар ма едім (Қ. Исалин).

ШЫҚ-ШЫҚ: **шық-шық етті** — *шықылдаған дыбыс шықты, шықылдады.*

ШЫҚШЫТ *Жақ сүйектің шығыңқы келген төменгі тұсы.* Әйел қозғалған сайын құлағындағы алтын сырғаның сәулесі ***шықшытында*** ойнап түр (Ө. Жүнісов).

ШЫҚШЫТТЫ *Шықшыты шығыңқы.* Оның алдында тебіндеп келе жатқан мүрты бар, ***шықшытты*** жігіт отыр (Қ. Исабаев).

ШЫҚЫЛ *Шық-шық еткен дыбыс.* Шалғы шыңдап жатқан балға-төстің ***шықылы*** естіледі (Ш. Мұртазаев).

ШЫҚЫЛДА *Шықыл-шықыл ету.* Ойдан, қырдан құс ***шықылдады*** (Ә. Әзиев).

ШЫҚЫЛДАҚ *Шық-шық еткен дыбыс шығаратын зат.* Сағаттың ***шықылдағы*** ұйықтататын емес (Р. Тоқтаров).

ШЫҚЫЛЫҚ *Шық-шық еткен дыбыс.* Биіктікке талпынған құстардың ***шықылығы*** құлағының түбінен естіледі (Б. Шаханов).

ШЫҚЫЛЫҚТА *Шық-шық ету, шықыл қағу, шықылдап дыбыс шығару.* Торғай біткен ~п мазаны алды.

ШЫҚЫР *Қатты заттардың үйкелісінен шығатын дыбыс, сықыр.* Тасты тасқа үйкегенде ***шықыр*** естіледі (С. Мұқанов).

ШЫҚЫРЛА *Шықыр-шықыр ету.* Етіктері ***шықырлап***, өкшелері тық-тық етеді (І. Жансүгіров).

ШЫЛА *Құрғақ затқа су қосып араластыру, былғау, сулау.* Тарыны сары майға ***шылады*** (Т. Әлімқұлов).

ШЫЛАПШЫН *Кір, қол жуатын жайпақша темір ыдыс.* Дастархан жиналған соң, жігіт ***шылапшын*** әкеп жүрттың қолына су құйды (Ә. Кекілбаев).

ШЫЛАУ I *Ат басындағы жүгеннің шаужайы.* Үрзия ат ***шылауына*** жармасты (Тұрысов).

ШЫЛАУ II *Ырық, ықпал.* Ол бір түсініксіздіктің ***шылауында*** кетті (Мусин). ◊ **Шылауында болды** — *ықпалында болды.*

ШЫЛАУ III *грамм. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұратын дәнекер формалартар.*

ШЫЛАУ IV *Су түбіндегі балдыр, шөп-шалам.*

ШЫЛА(У) *диал. Ұшырған бидайды тазалау.*

ШЫЛАУЛАН *жерг. Дымдану, сулану, жасаурау.* Қызыл көзі ***шылауланып*** қапты (Құттыбаев).

ШЫЛАУЫШ *жерг. Кимешек үстінен байланатын, үлкен ақ шаршы орамал; жаулық.* Басына аппақ ***шылауыш*** тартқан әйел көшеде тоқтатты (Қ. Жұмаділов).

ШЫЛБЫР *Жүгеннің шығыршығына тағылған жіңішке қылдан есілген жіп.* Атынан түсіп, ұзын қыл ***шылбырын*** мама ағашқа байлады (С. Омаров). ◊ **Шылбыр [ұшын] берді** — *көмек етті, жәрдемдесті.* **Шылбыр тастам жер** — *жап-жақын, алыс емес.*

ШЫЛБЫРДАЙ *Шылбыр сияқты (иіцбатылған, сүйретілген).*

ШЫЛҒИ I *Ірі қара малдың иленбеген терісін шылғи тері немесе шылғи қайыс деп атайды* (С. Қасиманов).

ШЫЛҒИ II *Ылғи, ылғи, дәйім.*

ШЫЛДЫР *Сылдыр.* Үйып тыңдап қалған жас балғын пионерлер қоңырау *шылдырын* да аңғармады (Төкенов). □ **Шылдыр етті** — *сылдыр етті, шылдырады.* **Шылдыр шүмек** — *бес саусақтың ең кішкентайының атауы.*

ШЫЛДЫРЛА *Шылдыр-шылдыр ету.* Кешкісін біздің үй есігінің қоңырауы *шылдырлады* (С. Мәуленов).

ШЫЛДЫРМАҚ *Сылдырмақ.* Бақсы көп *шылдырмағын* шылдыратып аса таяғымен үйді шыр көбелек айналды (С. Жүнісов).

ШЫЛДЫР-ШЫЛДЫР *Сылдыр-сылдыр, шылдырлау.* Аттың доғасына ілген қоңыраудан *шылдыр-шылдыр* ұн шығады (Ө. Қанахин).

ШЫЛҚА *Шылқыған, суға малынған.* Арқаларына қатқан мұз еріп, бәрінің де үсті *шылқа* су болған (Ж. Жұмақанов).

ШЫЛҚИ *Сылқию.* Пешті салып беріп, етке *шылқия* бір тоймақшы (Ғ. Мұстафин).

ШЫЛҚ-ШЫЛҚ: шылқ-шылқ ету — *шылқылдау.*

ШЫЛҚЫ *Дымқылдану.* Шаршағандықтан маңдайы жіпсіп, жастығы суланып *шылқып* қалыпты (Б. Тілегенов).

ШЫЛҚЫЛДА *Шылқ-шылқ ету.* Кителінің өңірі және оң жақ жеңі *шылқылдаған* қан (Б. Мұқаев).

ШЫЛҚЫМА 1. *Аста-төк, шалқыған, қайнаған. Шылқыма* өмірдің шаңырағы ортасына түсті (М. Қабанбаев). 2. *Қаптаған.* Кітап беттерін бермей кеткен *шылқыма* өтірігінің қашан сұмпайы сыры ашылмақ (Ө. Қанахин).

ШЫЛҚЫМАЙ *ү. Шылқыма.* Кең жазық көк төскейдің бәрі *шылқымай* майданға айналды (М. Әуезов).

ШЫЛП: беті шылп етпеді — *беті бұлк етпеді, ұялмады, қысылмады.*

ШЫЛП-ШЫЛП *Шылп-шылп еткен дыбыс, ұн.* Іле-шала жаяу адамның *шылп-шылп* басқан аяқ дыбысы шалынды (М. Сқақбаев). □ **Шылп-шылп етті** — *шылпылдады.*

ШЫЛПЫЛ *Шылп-шылп еткен дыбыс.* Қалаққа ілінген су *шылпылы* мен ескек шиқылынан басқа бөгде дыбыс жоқ (Ә. Сараев).

ШЫЛПЫЛДА *Шылп-шылп ету.* Төбеден қаңылтыр астауға әлденелер *шылпылдап* түсіп жатыр (С. Мұқанов).

ШЫЛЫЙ//ШЫЛИ *диал. Ылғи, дәйім.*

ШЫЛЫҚ *Нағыз былық.*

ШЫЛЫМ *Темекі.* Екеуі *шылым* шекті күбірлесіп (М. Сүндетов).

ШЫЛЫМДЫҚ *Шылымға жетерлік, шылым боларлық.* Әбітай темекі қалтасынан бір *шылымдық* махорканы сілкіп алды (С. Омаров).

ШЫЛЫМҚОР *Шылымпаз, шылымқой, шылым құмар. Шылымқорлардың* кейбіреулері тәулікке бір пашке папиросты шегіп тауысады (Е. Оразақов).

ШЫЛЫМШЫ *Шылымқор, шылым тартқыш.*

ШЫМ *Шөптесін жердің тұтасып шымыр боп байланған үстіңгі қабаты.* Трактор қара *шымды* аударып, ілгері ұмтылып келеді (З. Иманбаев).

ШЫМ: ішім шым етті — *ішім суып қоя берді.*

ШЫМ: шым ши — *түрлі-түсті боялған, жұнмен оюлап орай тоқыған ши.*

ШЫМАЛ *Құмырсқаның ең ұсақ түрі.* Қолым мен мойныма *шымал* қаптады (Н. Ғабдуллин).

ШЫМБАЙ: шымбайына батты — *жанына батты, намысына тиді.*

ШЫМДАҚ *Шым болып қалған, шымданған.* Сахараның шімірікпес *шымдақ* даласын шабандоздар шаңдатты (С. Сауытбеков).

ШЫМДАУЫТ Шымды, шымдақ. Нағашым тұратын ауылдың жері *шымдауыт* (Б. Соқпақбаев).

ШЫМҚА *Жан-жағын қымтау, орау.* Өне бойды қалың жылы киіммен *шымқап* тастаған жылқышылар екен (М. Әуезов).

ШЫМҚАЙ *Біркелкі, бірөңкей, бірыңғай.* Ысқақ ауылы биыл ғана *шымқай* ақ киізбен бір күнде жапқандай (М. Әуезов).

ШЫМТЕЗЕК *Өсімдік қалдықтарының жиналып басылуынан пайда болған отын.*

ШЫМШУЫР *Шоқ, қоламта тәрізділерді қысып ұстайтын құрал, ұзынша темір қысқаш.* ~мен сексеуілдің шоғын алып, самаурынға салды.

ШЫМШЫ 1. *Дененің бір ашық жерін бармақ пен сұқ саусақтың ұшымен қатты қысып соза тарту, жұла тарту.* Қалиқа келіннің санын қатты *шымшып*, мытып отырды (М. Әуезов). 2. *Ауыс. Біреуді сөзбен қағыту, кекету.* Шәкірдің әзілге шаптыра *шымшы* айтқан сөзі Ғанидың жанына батып кетті (М. Иманжанов).

ШЫМШЫҚ *Сұр, қоңыр түсті, қауырсынды кішкентай құс.*

ШЫМШЫЛА 1. *Қайта-қайта шымшу.* Олар бір-біріне тығылысып тұрып, сандарын *шымшылады* (Ә. Нұрпейісов). 2. *Ауыс. Қағыту.* Нұрлан *шымшылап*, сыр тарта сөйледі (Ө. Нұршайықов).

ШЫМШЫМ: бір шымшым — *бір шөкім, азғантай ғана.*

ШЫМ-ШЫМ *Тым ыстық емес, бірақ жылыдан гөрі ыстығырақ (су).* Денесі *шым-шым* суға сүйсініп барады (Ә. Нұршайықов).

ШЫМШЫМА 1. *Қағытпа, кекетінді (сөз).* 2. *Ауыс. Бет қаритын, ызғарлы (аяз).* Дәулет таңғы *шымшыма* аяздың кәрін енді сезе бастады (М. Сүндетов).

ШЫМ-ШЫМДА *Аз-аздан, там-тұмдап, сыздықтатып.* Суды ~п құйды.

ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ *Қым-қуғаш, қым-қуыт, бейберекет, шытырман, шимай.* ~ жол (ой).

ШЫМЫЛДА *Тызылдау, шымырлау.* Битабардың тұла бойы от тигендей *шымылдап* жүре берді (С. Шаймерденов).

ШЫМЫЛДЫҚ *Төсек тұсын және театр сахнасын жауып қоятын матадан тігілген қалқан.* Абай әуелі оң жақтағы *шымылдықты* көрді (М. Әуезов). ◊ **Шымылдығың желбіреп тұр ма?** — *қайда асығасың.* **Шымылдық байлар** *(этногр.)* — *құда-құдағилардан алынатын кәде.*

ШЫМЫР *Жұмыр, мығым.* ~ денелі (адам).

ШЫМЫРА *Шымырлану, шыныгу, шыңдалу.* Ол *шымырлап* алған (М. Әуезов).

ШЫМЫРҚАН *Қатулану, қаһарлану.* Қорамсағын байланып, *Шымырқанып*, шырқанды (Жамбыл).

ШЫМЫРЛА 1. *Бұлк-бұлк ету, бұлкілдеу.* ~п қазан қайнады. 2. *Ауыс. Өн бойынан суық бірдеңе жүріп өткендей күй кешу.*

ШЫМЫРЛАН *Шыныгу, жұтыну, шыңдалу.* Күнге күйіп, суға түсіп, *шымырланып* келді (Айымбетов).

ШЫМЫРЛЫҚ *Ширақтылық, мығымдық, мықтылық.* Оның қимыл-әрекетінде де аса бір *шымырлық* бар (Ә. Сәрсенбаев).

ШЫМЫР-ШЫМЫР *Бір қалыпты, бұлк-бұлк.* Су кемерінен орта түсіп, *шымыр-шымыр* қайнайды (М. Әуезов).

ШЫН *Рас, растық, анық.* Өтірік айтып жағынғанша, *Шыныңды* айтып жалын (Мақал).

ШЫНАЙЫ *Адал, ақ, таза, ақиқат.* ~ сыйластық (сезім, көрініс).

ШЫНАЙЫЛЫҚ *Ақиқаттық, нақтылық.* Көптеген шығармалар өзінің *шынайылығымен* тартымды.

ШЫНАР 1. *Жылы жақта өсетін, жалпақ жапырақты, тіп-тік биік ағаш.* 2. *Ауыс. Шырқау биік.* Жыландының *шынар* басы таяқ тастам жерде (Мүсін).

ШЫНАРДАЙ *Шынар сияқты.* Алдыңғы екеу *шынардай* боп жақсы өсті (Р. Тоқтаров).

ШЫНАРЛЫ *Шынар өскен, шынары бар.* Қарқаралының *шынарлы* шыңы жер шарының күмбезіндей көрінеді (Ә. Әбішев).

ШЫНАШАҚ *Бес саусақтың ең соңғысы.* ◊ **Ішіне шынашақ айналмайды** — *іші тар, қызғаншақ.* **Шынашағына татымайды** — *теңестіруге келмейді, тұкке тұрмайды.*

ШЫНАШАҚТАЙ *Шынашақ сияқты, титтей.* ~ бала.

ШЫНДА *Көңіл қою, берілу, жанын салу.* Жастар ~са үлкендерден кем қимылдамайды.

ШЫНДЫҒЫНДА *Анығында, дұрысында, расында.*

ШЫНДЫҚ *Ақиқаттық, дұрыстық.* Солдаттың сөзінде *шындық* бар (Қ. Шәріпов).

ШЫНЖАРА *Ет пен тері арасына шығатын кеселді ісік.*

ШЫНЖАУ *жерг. Нәзік, әлсіз.* Былайғы тұрпаты *шынжау* жұқа көрінгенмен бас терісі түйенің көніндей тым қалың (Ә. Кекілбаев).

ШЫНЖЫР *Бір-біріне ілмектелген шығыршықтар тізбегі.* Аяғы құрыш *шынжырмен* құрсаулы (Б. Момышұлы). ◊ **Шынжыр балақ, шұбар төс** *(көне)* — *шонжар, төре.*

ШЫНЖЫРЛА *Шынжырмен байлау. Шынжырлап* қол-аяғын бұғау тағып (С. Бегалин).

ШЫНЖЫРЛАУЛЫ *Шынжырмен байлаулы.* ~ тұрған ит.

ШЫНЖЫРЛЫ *Шынжыр таққан, шынжыры бар.* Күміс *шынжырлы* қалта сағатым бар (Н. Серәлиев).

ШЫНТАҚ 1. *Білек пен қар сүйектерінің түйіскен сырт жағы.* Жәмария купе ішіндегі шағын үстелге қос *шынтағын* тіреп, терезеден тысқа көз салды (Зәкенов). 2. *Киім жеңінің шынтақ тұсы.* Екі *шынтағына* жамау түскен (Ш. Мұртазаев).

ШЫНТАҚТА *Бір нәрсеге шынтағымен сүйену, таяну.* Болат бір жастыққа *шынтақтап,* біреуіне арқасын сүйеді (З. Шүкіров).

ШЫНТАҚТЫҚ *Киімнің шынтақ тұсы.* Оның қолын дәл *шынтақтығының* тұсынан қысып ұстай алды (Ә. Нұрпейісов).

ШЫНТУАЙТ *Шындығы, турасы.* Соза беріп қайтеміз, әңгіменің *шынтуайты* осылай ғой (Ж. Алтайбаев).

ШЫНТУАЙТТАП: **шынтуайттап келгенде** — *шындығын айтқанда, дұрысына келгенде, шындап келгенде.*

ШЫНШЫЛ *Турашыл, адал.* Қасым — өмірде де, өлеңде де *шыншыл* болатын (С. Мәуленов).

ШЫНШЫЛДЫҚ *Адалдық, турашылдық.* Тау халықтарының өз бостандығы жолындағы күресін үлкен *шыншылдықпен* суреттеді (Ғ. Мүсірепов).

ШЫНЫ 1. *Кварц құмының ерітіндісінен жасалған мөлдір түсті жұқа зат.* Электр зарядтары *шыныдан* өтпейді. 2. *Фарфордан жасалған шай ыдысы.* Бір *шыны* шайын ішіп, Омар орнынан тұрды (Б. Тілегенов). □ **Шыны қар** — *қабыршықтанып қатқан жылтыр қар.* **Шыны май** — *қазақы қойдың ерітілген таза құйрық майы; тортасы айырылған май.* **Шыны талшық** — *балқытылған шыныдан созып алынатын жасанды жіп.*

ШЫНЫАЯҚ *Кесе, шәшке, шыны сияқты шай ыдыстары.* ~ты жинастырып қойды.

ШЫНЫТАС *Құрылыс материалы (кафель).* "Жанар" фирмасы *шыныtас* жапсыру сапасын жақсартқан ("Алматы ақшамы").

ШЫНЫДАЙ *Шыны тәрізді, мөлдір мұз.* ◊ **Шыныдай шытынады** — шырт ете қалды.

ШЫНЫҚ *Іске төселу, машықтану.* Денесі әбден ~ қан.

ШЫНЫҚАП *этногр. Сынып қалатын ыдыстарды салып қоятын, киізден, былғарыдан тігілген кесекап.*

ШЫНЫЛА *Шыны салу, әйнектеу.* Жатақхана терезелерін *шынылады* ("Қаз. әдеб.").

ШЫНЫЛЫ *Шыны салынған, әйнекті, шынылаңған.* ~ терезе (есік).

ШЫНЫМЕН *Шынында.*

ШЫНЫНДА *Расында, шындығында, ақиқатында, анығында.* ~, біздегі қазба байлықтары ұшан-теңіз.

ШЫҢ I 1. *Таудың ұшар басы, биік жері.* Алатаудың *шыңдары* күміспен апталғандай жалтжұлт етеді (С. Бақбергенов). 2. *Шатқалдың терең түбі, табаны.* Төмен қарасаң, көз жетпейтін *шың* (А. Тоқмағамбетов).

ШЫҢ II *муз. Қазақтың көне, соқпалы, музыкалық жез аспабы. Шыңды* жаугершілікте дабыл, керней, сырнай сияқты аспаптармен бірге пайдаланған (ҚСЭ). □ **Шың етті** — *шыңылдады.*

ШЫҢ: **шыңына жетті** — *титығына тиді, титықтатты.*

ШЫҢҒЫР *Қышқыру, бақыру.* Үлжан енді қаттырақ *шыңғырады* (З. Шүкіров).

ШЫҢҒЫРЛА *Сыңғырла.*

ШЫҢҒЫРЫҚ *Шыңғырған дауыс.* Әлдебір ащы *шыңғырық* шықты (Б. Нұржекеев).

ШЫҢДА 1. *Шалғы, кетпен сияқты еңбек құралдарын балғамен ұрып өткірлеу, қайрау.* Майырылған жүзді балғамен *шыңдап,* еген, қайрады (Қ. Омаров). 2. *Ауыс. Жетілдіру, кемелдендіру.* Жігіттер мен қыздарды мамандық *шыңдап* адам етті (А. Сейдімбеков).

ШЫҢДАУЛЫ 1. *Өткірленген, қайралған.* Темір соқаның түрені мен қылышы да *шыңдаулы* (Х. Есенжанов). 2. *Ауыс. Шыныққан, қажырлы, қайратты.* Асылдан шыққан болаттай, *Шыңдаулы* туған ел едік (А. Тоқмағамбетов).

ШЫҢДАУШЫ 1. *Қайрақшы.* Ұста дүкеніндегі *шыңдаушы* адамдар туралы сөз болды (Байболатов). 2. *Ауыс. Баулушы, баптаушы, ұстаз.* Жас ұрпақты ізгілікке баулып, ~ болу — зор абырой.

ШЫҢДАУЫЛ *муз. Шанағының бетін көнмен қаптаған, қазақтың соқпалы ұлттық музыкалық аспабы.*

ШЫҢКЕТЕР *бот. Бальзамин тұқымдасына жататын дәрілік, әсемдік өсімдік; қынағұл.*

ШЫҢҚ: шыбық тимес шыңқ етер — *тиіп кетсең жылап қоя беретін жылауық бала.*

ШЫҢҚ-ШЫҢҚ: шыңқ-шыңқ етті — *шыңқылдады.*

ШЫҢҚЫЛДА *Шыңқ-шыңқ ету.* Болмашыға шаптығып, ***шыңқылдап***, апшыны қуырды.

ШЫҢҚЫЛ *Дыбыс еліктеуіш сөз. Шыңқ еткен дыбыс.* Құйын балық басын судан шығарып, ауа жұтқанда, оның ***шыңқылы*** естіледі (Т. Мұсақұлов).

ШЫҢҚЫЛДАҚ *Шыңқ-шыңқ еткен дыбыс шығаратын зат (адам).*

ШЫҢ-ШЫҢ: шың-шың етті — *шыңылдады.*

ШЫҢЫЛ 1. *Темір, қаңылтыр сияқты нәрселердің бір-біріне соғылысқанынан шығатын дыбыс.* Металл ~ы. 2. *Ауыс. Шың-шың етіп, шыңылдап құлаққа естілген жағымсыз дыбыс.* Сәл бүгіле түсіп құлағының ***шыңылын*** басты (Д. Досжанов).

ШЫҢЫЛДА 1. *Шың-шың ету.* Жер астынан ұсталардың балға-төстері ***шыңылдады*** (Ғ. Мүсірепов). 2. *Шың-шың етіп дыңылдау, шуылдау (құлақтың шуылдауы).*

ШЫҢЫЛДАҚ *Шыңылдап шыққан дыбыс.* Құлақ жарған ***шыңылдақ*** дауыс кенет қайта сыңғыр етті (З. Серікқалиев).

ШЫҢЫЛТЫР I *Шытымыр аяз.* Қала ішінде желсіз ***шыңылтыр*** аяз білінеді (М. Әуезов).

ШЫҢЫЛТЫР II *Әйнек, қыш, фаянс т. б. заттардың сыртын жалтырататын қорытпа.*

ШЫҢЫЛТЫРЛАН *Шытымырлану.* Кешкірген сайын күндізгі жылы ауа ***шыңылтырланып*** барады (С. Шаймерденов).

ШЫҢЫРАУ 1. *Биік құз, таудың ұшар басы.* Қарасаң басың айналатын ***шыңырау*** құзға қыз көз салған жоқ (Ә. Кекілбаев). 2. *Тұңғиық, терең.* □ **Терең шыңырау** — *он құлаш шыңырау құдық.*

ШЫП: шып етті (еткізді) — *дыбыс еліктеуіш сөз. Қамшымен тартып қалғанда шығатын дыбыс.*

ШЫП: шып толы — *аузы-мұрнынан шыққан, лықылдаған.*

ШЫПТА *Үй тұрмысы қажетіне лайықталып шиден, қамыстан тоқылған бұйым.* Қамыс күркенің ***шыпта*** есігіне дамыл бермеді (А. Сүлейменов).

ШЫПТАЛА *Шыптамен қоршау.*

ШЫП-ШИРАҚ *Құнақ, тым құнақ.* Жүрісі ~.

ШЫПШЫ *Шып-шып шығу, шыпылдап шығу.* Маңдайынан тер ***шыпшыды*** (К. Ахметбеков).

ШЫП-ШЫМЫР *Тығыршықтай, тып-тығыз, жұп-жұмыр.* Әншейіндегі ***шып-шымыр***, тып-тығыз денесінде әлсіздік бар (К. Қазыбаев).

ШЫП-ШЫП *Дыбыс еліктеуіш сөз. Шып-шып тер шығады.* Маңдайынан ~ тер шықты. □ **Шып-шып етті** — *шыпылдады.*

ШЫП-ШЫРҒА: шып-шырғасын шығармады — *түгіне тимеді, шашау шығармады.*

ШЫП-ШЫРҒАСЫЗ *Қаз-қалпы, сол күйінде.* Мәлікзада әдеттегі айтқыштығымен бұған әке сөзін ***шып-шырғасыз*** жеткізген (Ғ. Қайырбеков).

ШЫПЫЛ *Шып-шып еткен дыбыс.* Қамшының ~ы естілді.

ШЫПЫЛДА I *Шүпілдеу. Шыпылдап* толған тостағанды қос қолдап екінші рет алды (Толғанов).

ШЫПЫЛДА II *Шып-шып ету.* Қамшының ***шыпылдаған*** дыбысы құлағына жетті (І. Есенберлин).

ШЫПЫРТ *Сықпырту, шықпырту.* Қамшыммен ***шыпыртып*** салды.

ШЫПЫРТҚЫ *Солқылдақ жас шыбық.* Жігіт ұзын ***шыпыртқымен*** бұзауды осып-осып жіберді (С. Әлжіков).

ШЫПЫРТҚЫЛА *Солқылдақ жас шыбықпен сықпыртып үсті-үстіне ұру.*

ШЫР: шыр бұзды — *ынтымақты бұзды, татулықты кетірді.*

ШЫР: шыр бітті [байлады] — *ет алды, қоңданды.*

ШЫР: шыр [көбелек] айналды — а) *бір орында тұрып шыр айналды;* ә) *бір жерден ұзап кете алмады.* **Бір айналдырғанды шыр айналдырады** — *адамның жақынынан айрылуы, не бір кеселді дертке шалдығуы, әлдебір қырсық-пәлеге ұшырауы сияқты бақытсыз жағдайлардың бірінен соң біріне ұшырауы.*

ШЫР: шыр етті [ете қалды] — а) *оқыс қатты дыбыс шығарды;* ә) *біреуді шыр-пыр боп қорғаштады, ара түсті.* **Шыр етіп жерге түскелі** — *жарық дүниеге, өмірге келгелі.*

ШЫРА *Тамызық, май шам.* Үй иелері бұл мезетте, ***шыраның*** жарығымен іңір асын ішіп отыр еді (С. Мұқанов).

ШЫРАҒДАН 1. *көне. Өлген адамның басына жағып қоятын жарық.* Қорлықтан өлген Бердіқұлдың бейітіне ***шырағдан*** жақ (Ш. Мұртазаев). 2. *Ортасына жіңішке жұмыр білте салып жасалған май шам.*

ШЫРАҒЫМ *экспр. Жасы кішіге айтылатын қаратпа сөз.* Ата-анаңа сәлем айт, ***шырағым*** (Ә. Жылқышиев).

ШЫРАЙ I *Адамның көркі, бет ажары.* Тозбасын әсем ***шырайлар*** (С. Сейітов).

ШЫРАЙ II *грамм. Сапалық сын есімдерге тән категория.* Сын есімнің ~ лары.

ШЫРАЙЛАН *Өңдену, көріктену, ажарлану, әдемілену.* Бет ажары ~ды.

ШЫРАЙЛЫ *Көрікті, келбетті, реңді.* Қызыл ~ жігіт. ◊ **Жылы шырайлы** — *жылы жүзді, мейірбанды.* **Қызыл шырайлы** — *екі бетінен қаны тамған, өңді.*

ШЫРАЙЛЫЛЫҚ *Көріктілік, сұлулық, әдемілік, ажарлылық.*

ШЫРАЙЛЫМ *көне. Дәстүр бойынша жеңгесінің қайын сіңлісіне қоятын аты.* Оны ***шырайлымның*** өзінен сұра! (Т. Әлімқұлов).

ШЫРАЙСЫЗ *Өңсіз, көріксіз, ұсқынсыз.* ~ біреуге тап болды.

ШЫРАҚ 1. *Шырағдан, шам (май шам).* Үйдің терезесінен ***шырақ*** көрінбейді (Н. Ғабдуллин). 2. *Ескі. Бейіт басына барғанда өлген адамға арнап жағатын жарық.* "Өлген адамға арнадық" деп ***шырақ*** жаққан (Абай). 3. *Ауыс. Жеңгесінің қайындарын еркелете айтатын сөзі.* — ***Шырақ***, мынауың не? — деп жеңгесі үрке қарады (Б. Соқпақбаев). ◊ **Шырағы қайта жанды** — а) *өшкен оты қайта тұтеді;* ә) *көзі қайтадан көретін болды.* **Шырағы өшті [сөнді]** — *тұтіні өшті, үйі иесіз қалды.* **Шырақ алып түсті** — *соңына түсті, құдалады.*

ШЫРАҚШЫ *Мешітте, мазарда шырақ жағатын адам.* Ол мешітте - болып істейді.

ШЫРАЛҒЫ *Оралғы, шырмау.*

ШЫРАЛЖЫН *бот. Шашағы нәзік күлтелі, көп жылдық өсімдік.* Әр едік көкпек, *шыралжын* тәрізді шашағы нәзік түбіртектер кездесіп қалады (Әзиев).

ШЫРАМЫТ *Шамалап, жорамалдап қана тану.* Ермекті -ып отыр.

ШЫРҒА 1. *Далбай. Құсты дәніктіріп баулу үшін бір басына өзге аңның терісіне орап қойылған жем.* Өлі аңдарды ұзын жіпке байлап сүйретеді, бүркіт қуып барып ұстайды. Мұны *шырға* деп атайды (С. Қасиманов). 2. *Ауыс. Амал-айла, алдап-арбау.* Оның алдауы мен *шырғасы* көбейе берді (М. Әуезов). ◊ **Шырға [салды] тартты** — *қыран құсты аң алуға баулу, дәніктіру.*

ШЫРҒАЙ *бот. Сүрегі қатты және ұзын әрі жіңішке бұта.*

ШЫРҒАЛА I *Төңіректеу, айналсоқтау, айналшықтау.* Баласы көпке дейін қасынан *шырғалап* шықпайды (Т. Қожакеев).

ШЫРҒАЛА II *Шырғаға үйрету, шырға тарту.* Бүркітті жас кезінде *шырғалап* баулиды (С. Қасиманов).

ШЫРҒАЛАҢ 1. *Шым-шытырық, шытырман.* Қалай дегенмен де ғылымның жолы — *шырғалаң*, қиын соқпақ (А. Сейдімбеков). 2. *Ауыс. Қырсық, кесел, кесір-кесапат.* Ол бір шатақтың *шырғалаңы* (Ж. Молдағалиев).

ШЫРҒАЛАҢДА *Бөгежектеу, айналақтау.* -п қалды.

ШЫРҒАНАҚ *бот. Дәрілік май алынатын тікенекті бұта өсімдік (облепиха).*

ШЫРҚ: шырқ айналды — *жаны қалмай зыр жүгірді, әбігерге түсті.*

ШЫРҚА 1. *Ән салу.* Бибігүл ән -ды. 2. *Ауыс. Өркендеу, өркендеп өсу, қарыштау, самғау, аспандау.* Қазақстанның даңқы биікке -ды.

ШЫРҚАУ *Алыс, қашық, жырақ.* Бір пәлеге жолықтың *шырқау* барып (Абай). ◊ **Шырқау биікке [шыңына] көтерілді [шықты]** — *дамыды, жетілді.*

ШЫРҚЫЛ *Шырқ-шырқ еткен дыбыс.*

ШЫРҚЫЛДА *Шырқ-шырқ ету.* Баланың іші -ды.

ШЫРҚЫРА 1. *Шыр-шыр етіп қолды-аяқта тұрмай жылау.* Баланы қолға алғанда -п жылады. 2. *Ауыс. Безек қағу, тызақтау.*

ШЫРҚЫРАУЫҚ 1. *Шырқырап қатты жылай беретін бала.* 2. *Шыр-шыр ете беретін ұн, дыбыс.* - ұн құлақты жарды.

ШЫРЛА(У) *диал. Сыпыру, тазалау.*

ШЫРЛАН *Қоң бітту, ет алу, оңалу.* Жас төлдер -ып алсын деп аналық малды саумай, бірге жіберетін.

ШЫРМА 1. *Шанду.* Балапанды шекпенге бөлеп, *шырмап* байлады (F. Орманов). 2. *Ауыс. Торлау.* Аспанды бұлт -ды. 3. *Ауыс. Айналдыру, көндіру.* Қыздың басын -ды.

ШЫРМАУ *Оралғы, кедергі, бөгет, тұзақ.*

ШЫРМАУЛЫ *Байлаулы, шандулы.*

ШЫРМАУЫҚ *бот. Шырматылып өсетін көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ШЫРМАУЫТ *этногр. Иректеліп кестеленген ою-өрнектің бір түрі.* Үстінде қызыл торғын, жеңді шапан, *Шырмауыт* жиегіне кесте салған (И. Байзақов).

ШЫРПУЫШ *Қырпуыш. Бұталардың басын қырпитын құрал.* Өкем ауыз үйде *шырпуыш* қайрап жатқан (Т. Иманбеков).

ШЫРПЫ I 1. *Ағаштың үзілген, сынған ұсақ бұтағы, қиқым.* Отқа бір құшақ - тастады. 2. *Сіріңкенің шиі.* Шеп үюлі сарайдың қасына келіп, *шырпы* тұтатып, от қойды (Қ. Қайсенов). ◊ **Шырпы басын сындырмады** — *тіпті істемеді, қимылдамады, қол ұшын тигізбеді.*

ШЫРПЫ II *Бұталардың басын қырпып тегістеу, қырпу.* Жас бақта бөрік бастағы артық өскіндерді жазда *шырпыған* жөн (А. Жанғалиев).

ШЫРПЫЛА 1. *Басын қырпу, қысқартып кесу.* Мақтаны теру алдында *шырпылау* жүргізіледі. 2. *Майдалау, ұсақтау, уату.* Ержан сексеуілді *шырпылап* самаурынға салды.

ШЫР-ПЫР: шыр-пыр болды [шыр-пыры шықты] — *күйіп-пісті, әбігерленді.*

ШЫРТ: шырт етті — *шырт еткен дыбыс шықты.* ◊ **Шырт етпе** — *мінезі кіді, ашуланшақ.* **Шырт үйқы** — *әрі қатты, әрі тәтті ұйқы.* **Шырт түкірді** — а) *шырт еткізіп түкірді;* ә) *шіренді, дандайсыды.*

ШЫРТА *диал. Қар тоқтататын қалқан шарбақ.*

ШЫРТИ *Кісімсу, паңсыну, шірену, меншенсу.* Сен бізге *шыртима!* (Қазыбеков).

ШЫРТТАЙ: шырттай киінді — *бастан-аяқ жаңадан киім киді.* ◊ **Шырттай қараңғы** — *тастай қараңғылық.*

ШЫРТ-ШЫРТ *Дыбысқа еліктеуіш сөз.* - түкірді (үзілді, сынды).

ШЫРТЫЛ *Шырт-шырт еткен дыбыс.*

ШЫРТЫЛДА 1. *Шырт-шырт еткен дыбыс шығару. Шыртылдап* жарылып жатқан мүз (Мейірбеков). 2. *Ауыс. Тез ашулану.* Әр нәрсеге *шыртылдап*, Қабақ шытпа сен маған (Т. Молдағалиев).

ШЫРТЫЛДАҚ I *Тортасы айырылған сарымайға жылқы майын қосып жасаған женттің бір түрі.* -қа бөктірген сары жент қойды дастарханға.

ШЫРТЫЛДАҚ II *Шырт етпе, ашуланшақ.* Ол баяғы сөз көтермейтін *шыртылдақ* (Ж. Арыстанов).

ШЫРТЫЛДАҚ: шыртылдақ қоңыз — *қатты қанаттылар тұқымдасына жататын қоңыз.*

ШЫРША *бот. Қысы-жазы жап-жасыл боп тұратын қылқан жапырақты ағаштар (май қарағай, шырша т. б).* □ **Шырша торғай** — *негізгі азығы — қылқан жапырақты ағаштардың жаңғағын шағып жейтін, суыққа төзімді құс.*

ШЫРШАЛЫ *Шыршасы бар, шыршасы қалың.* - орман.

ШЫР-ШЫР: шыр-шыр етті — а) *шырылдады;* ә) *безек қақты, зар қақты.*

ШЫР-ШЫРЛА *Шыр-шыр ету, шырылдау.*

ШЫРЫҚ: шырық бұзды [кетірді] — *берекені алды, мазалады.* **Шырық иірді** — *малды шоқтай иірді; шоғырландырды.*

ШЫРЫЛ 1. *Шырылдаған, шыр-шыр еткен ұн.* Бозторғай -ы естілді. 2. *Шылдырлаған дыбыс.* Телефон -ы естілді. ◊ **Шырыл қақты** — *шырылдады, безек қақты.*

ШЫРЫЛДА 1. *Шыр-шыр ету.* Түз құстары -п жүр. 2. *Шылдыр қағу, шылдырау.* Қоңырау үні

ұзақ ~ды. 3. *Ауыс. Шыр-шыр етіп жылау.* Мұз үстінде ~п бала жатты. 4. *Ауыс. Асты-үстіне түсіп, бәйек болу.* Ана балам жесін деп ~йды.

ШЫРЫЛДАҚ *Шыр-шыр еткен, шырылдап қалған.* ~ даусымен ән шырқады.

ШЫРЫЛДАУЫҚ I *Малды, аңды, құсты үркіту үшін қаңыл-тырдан жасап, ағаштың басына іліп қоятын шырылдағыш зат.* Зырылдауық.

ШЫРЫЛДАУЫҚ II *Шырылдап қалған, шыр-шыр еткен.* ~ шегіртке.

ШЫРЫМ: көз шырымын алды — *көз іліп алды.*

ШЫРЫМТАЛ *жерг. Шойрылма, құян.*

ШЫРЫН 1. *Өсімдіктің бойындағы, оның жеміс-жидегіндегі тәтті нәр.* Жеміс ~ынан сусын дайындады. 2. *Ауыс. Тәтті, ләзатты.* ~ сөзді (тілді).

ШЫРЫНДАЙ *Шырын сияқты.* Ән шіркін — *шырынындай* бал ұяның (Е. Ибраһим).

ШЫРЫНДАН *Шырын алу, нәрлену.* Жеміс-жидектің ~ып тұрған кезі.

ШЫРЫНДЫ *Шырыны мол.*

ШЫРЫНСЫҚҚЫШ *Жеміс-жидектерді сығып шырынын алатын құрал.*

ШЫРЫШ I *Таулы аймақтарда өсетін, сабағы жапырақсыз, көп жылдық шөптесін өсімдік.*

ШЫРЫШ II *Жабысқақ желім сияқты жылпылдақ сұйық зат, жаңа туған қозының шырышы, балықтың шырышы.*

ШЫРЫШ III *Шырыш бұзу. Шырқын алу; берекесін кетіру, ынтымақ бұзу.* ~ бұзатын надандар болмай қалмайды.

ШЫРЫШТА *Шырыш алу, шырышты болу, жабысқақтану.* ~ған өсімдік тұқымдары топыраққа тез жабысады.

ШЫРЫШТЫ *Шырышы бар, жабысқақты.* Ағаштың ~ иісі.

ШЫТ *Жұқа мата.* ~ көйлек (орамал). ◊ **Шыт жаңа** *(жерг.)* — *ұсталмаған, жап-жаңа.*

ШЫТАДАЙ *Жұп-жұқа, үлбіреген.*

ШЫТҚЫЛ 1. *Шытымыр, шыңылтыр.* Күн ~ аяз. 2. *Ауыс. Кірбің, реніш.* Қабидің қабағы *шытқыл* (Б. Нұржекеев).

ШЫТҚЫЛДАН *Шытымырлану, ызғарлану, шыңылтырлану.* Аяқ астынан күн *шытқылданып*, суытып сала берді.

ШЫТҚЫЛДЫҚ *Кірбең, кірбеңдік.* Аянның қабағында сәл ғана *шытқылдық* бар сияқты (А. Лекеров).

ШЫТТАЙ *Түгелдей жаңа, судай жаңа.* ~ киініп алыпты.

ШЫТ-ШЫТ *Сызат-сызат болып жарылу, шытынап жарылу.* Күзгі салқынмен борбайлары *шыт-шыт* болған (Т. Нұрмағамбетов).

ШЫТЫМЫР *ң. Шыңылтыр, шытқыл.* Қалың жауған қардың артынан *шытымыр* көк суық басталды (Құттыбаев).

ШЫТЫН 1. *Ренжу, кею.* Жігіт шөмішті мықшия көтерген сайын бала шыдамай *шытынды* (Ғ. Мұстафин). 2. *Кіржию, тыржию.* Абыз Есенді *шытынып* жаратпады (І. Омаров).

ШЫТЫНА 1. *Шыт-шыт болу, сызаттану, шатынап жарылу.* Мұз ~п жарылды. 2. *Дене терілерінің тілімденіп жарылуы, даланың құрғап шыт-шыт болуы.* Сирағы ~ған бала; ~п тілім-тілім болған дала. 3. *Ауыс. Сыздау, сыздану, тырс-тырс ету.* Сөзін жаратпай ~ды.

ШЫТЫНАҚ *Ашуланшақ, кіді.* Ұжымнан кеткелі Доскейге *шытынақ* мінез пайда болды (А. Оразақов).

ШЫТЫҢҚЫ *Қабағы түйіліңкі, түсіңкі.* Қабағы ~.

ШЫТЫР I *бот. Гүлі ұсақ, сортаңдау далада өсетін шөптесін өсімдік.*

ШЫТЫР II *Шытыр-шытыр еткен дыбыс.* ~ естілді, ~ ете қалды.

ШЫТЫРА I *Омырауға, бас киімге, түймелікке тағатын әр түрлі асыл тас, жылтырауық салынған күміс әшекей. Шытыра* қадап, үкілеген томаға құсқа ерекше бір көрік береді (А. Сейдімбеков).

ШЫТЫРА II *Көлбей өсетін, бір жылдық шөптектес өсімдік. Шытыра* сабағының іші қуыс, сырты қырлы, түрі жасыл (Іскендіров).

ШЫТЫРАҚ *бот. Ерін гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік.*

ШЫТЫРАЛА *Шытырамен әшекейлеу.* ~п бас киім тікті.

ШЫТЫРАЛЫ *Шытыра салынған, шытырасы бар.* ~ томаға (кимешек).

ШЫТЫРДАЙ *Ақ шаңқан, тап-таза.* Күлзима атасының іш киімдерін жуып, *шытырдай* ғып қояды (З. Ақышев).

ШЫТЫРЛА 1. *Шытыр-шытыр ету.* Ағаш ~п сынды, қарағайлар ~п жанды. 2. *Ауыс. Бұрқылдау, шытыр ете қалу.* Аяқ астынан осынша таусылып, *шытырлап* шыға келді (З. Шакенов).

ШЫТЫРЛАҚ 1. *Шытыр-шытыр еткен, сытырлақ, судай жаңа.* Қалтасынан *шытырлақ* қағаз ақша алып берді (М. Мағауин). 2. *Ауыс. Шытыр етпе.* Гүләйшаның шартпа-шұрт *шытырлақ* мінезі бар (Құмаров).

ШЫТЫРЛАУЫҚ *Сытырлауық, шытырлай беретін.* ~ ағаш (қағаз).

ШЫТЫРМАҚ *Қым-қиғаш, шимай-шатақ.* **Шытырмақ** шимай гүл шығып (Жамбыл).

ШЫТЫРМАН *Қым-қиғаш, шым-шытырық.* ~ ой (оқиға, іс).

ШЫТЫРМАНДАУ *Шырғалаңдау. Шытырмандау,* шырғалаңдау сезім тұманы бәрін де қоршап алған (Ж. Молдағалиев).

ШЫТЫРМАНДЫ *Қым-қиғаш, шым-шытырық, шырғалаңды.* Әлден уақытта Сағира *шытырманды* ойдан серпілді (Алдабергенов).

ШЫТЫРША *бот. Айқас гүлділер тұқымдасына жататын өсімдік.*

ШЫТЫР-ШЫТЫР *Шытырлаған дыбыс.* Жерошақтарда жас арша *шытыр-шытыр* ұшқын шашады (Ғ. Сланов).

ШЫТЫРЫН *Тыжырыну. Шытырынып,* қақырынып, олар үйден шықты (М. Жұмағұлов).

ШІБІ *Тауықтың балапаны, шөже.*

ШІГЕ *Асықтың бүгесіне қарама-қарсы ойыс жағы.* Ол асығының ~ жағына қорғасын құйған.

ШІГІТ: *(диал.)* **шігіт майы** — *мақта майы.*

ШІДЕР *Аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салынатын тұсау. Шідер* үш аяққа бірдей салынады (Х. Арғынбаев). ◊ **Шідер салды** — *еркіне жібермеді.*

ШІДЕРЛЕ *Шідер салу.* Ол теңбіл көкті үш аяқтан *шідерледі* (С. Бақбергенов).

ШІДЕРЛІ *Шідері бар, шідер салған.* ~ ат.

ШІДЕРЛІК *Аттың сирағының шідер салатын жері.* Сандалкөктің ~гі жуандау.

ШІДЕРСІЗ *Шідер салынбаған, шідері жоқ.* ~ ат тұрмайды.

ШІК қ. *Шіге.* Я бүк, *я шік* боп келер.

ШІКӘМШІЛ қ. *Кінәмшіл.* Атақты күйшінің *шікәмшіл* мінезін кешіріп, ыңғайын тауып үйренген (Т. Әлімқұлов).

ШІКІРӘ I *Ешкінің теке лағы. Қазақ теке лақты балалар ойнап жүруі үшін ардақтап, құлағына шашақ тағып қояды.* "Сен кімнің *шікірәсі* едің?" деген тіркес осыдан туған.

ШІКІРӘ II *Әулие.* Бұл кімнің ~сі еді соншалық?

ШІКІРЕЙ *Шетірею, кекірею, шірену.* Босқа *шікірейме* (Байғұтов).

ШІЛ *Құр тұқымдасына жататын, кекілікке ұқсас, сұрғылт түсті кішкентай құс.* ◊ **Шілдің боғындай бытырады** — *тоз-тоз болып берекесі кетті, жан-жаққа шашылды.* **Шілдей тозды** — *азып-тозу, пышырау.*

ШІЛБИ *Ілмию, ілбию.* Ол *шілбиіп,* бұраландап кетіпті (С. Хайдаров).

ШІЛБУЫТ *жерг. Жіп-жіңішке, қылдырықтай.* Қол-аяғың шидей, *шілбуыт!* (З. Шүкіров).

ШІЛДЕ *Июль. Ай аты.* ◊ **Шілде тер** —*босанғанда шығатын суық тер.* **Шілдеде мұз қатырған** — *ызбарымен жұртты шошындырған, ықтырған; қатал, озбыр.* **Шілде той** *(жерг.)* — *қ. шілдехана.* **Шілде түсті** — *қырық күндік ыстық түсті.*

ШІЛДЕҚОҢЫЗ *зоол. Шілде айында шығатын қанатты қоңыз.*

ШІЛДЕЛІК I *Алтап ыстықта шырылдап ұшып жүретін қос қанатты жәндік.*

ШІЛДЕЛІК II *мед. Ағзадағы зат алмасу әрекетінің іштен туа пайда болатын ауытқулары (диатез). Шілделіктің* қай түрінде болсын диета сақтап, таза ауада серуендеу өте пайдалы (ҚСЭ).

ШІЛДЕХАНА *Шілде той. Сәбидің дүниеге келу құрметіне жасалатын той.* Кемпір нәрестенің *шілдеханасынан* кеш қайтты (Мәшһүр — Жүсіп).

ШІЛІ қ. *Ылғи.*

ШІЛИЯ *Аттың қамыты мойнына кернеу үшін қажет әбзел.* Қайыстан ер-тұрман, божы және *шілия* жасалады (С. Қасымов).

ШІЛИЯЛЫ *Шілиясы бар.* Күміс *шілиялы* қамыт-сайманын шананың алдыңғы қуысына әкеп тықты (С. Жүнісов).

ШІЛМИ қ. *Шілби.*

ШІЛТЕ *көне. Бетке салық, шіркеу болатын сөз, өсек-аяң, жала сөз.* Дұшпанның ~сінен сақтан.

ШІЛТЕН: ғайып ирен қырық шілтен *(дін.)* — *періште, адамды жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне.* Балаға жеміс берді *шілтендер* кеп (Көруғлы).

ШІЛТЕР I *Мақта, жүн, жібек жіптен селдір етіп тоқылған әшекейлі перде.* Терезеге ~ ұсталған.

ШІЛТЕР II *диал.* 1. *Самаурынның оттығы.* 2. *Шам (шырақ) мойнының тесік-тесік қалқаны.*

ШІЛТЕРЛЕ *Шілтер жүргізу, шілтермен әшекейлеу.* Жиегін *шілтерлеп* тоқыған ақ жібек орамал (Алдамжаров).

ШІЛТЕРЛІ *Шілтерленген, шілтермен әшекейленген, шілтері бар.* ~ перде (жастық, орамал).

ШІЛТІКТЕЙ *Жіптіктей.* Ораз *шілтіктей* нәзік, бақырайған көздерінде ылғи үрейдің оты ойнап тұрады (Тарази).

ШІЛТІНБАЙ *қарап. Шілтің-шілтің еткен (мінез, қылық).*

ШІЛІК *Сулы жерде өсетін, жіңішке солқылдақ бұта.* Көлдің терістік жағы қалың ~.

ШІЛІКТЕЙ *Шілік сияқты, тал шыбықтай.*

ШІЛІКТІ *Шілік өскен, шілігі мол.* ~ көл (жер).

ШІЛІНГІР *Аспан айналып жерге тұскен қапырық.* Шілденің ~ ыстығы.

ШІМІРКЕН 1. *Тұршігу, тітіркену.* Бойы тоңазып, еті *шіміркеніп* кетті (Мұхамбетқалиев). 2. *Ауыс. Қысылу, қымсыну.* Бәйбіше *шіміркеніп* көз жасына булықты (Б. Майлин).

ШІМІРІК қ. *Шіміркен.*

ШІМІРІКПЕ *Қымсынбау, тайсалмау, қорықпау.* ◊ **Жүзі [беті] шімірікпеді** — *жүзі жанбады, ұялмады, қысылмады.*

ШІНЖӘУ *жерг. Қоңторғай.* Шаруасы *шінжәу* болса да, мұнтаздай таза киініп алған (Ш. Мұртазаев).

ШІҢГІРЛЕ *Шіңгір-шіңгір ету.*

ШІҢГІРЛЕК *Шіңгірлеп қалған, шіңгір-шіңгір еткен.*

ШІҢГІРШЕК *диал. Жүгерінің дәні алынған тіні. Шақалдақ.*

ШІҢГІРІК *жерг. Жүгерінің сабағы.* Шойын ошақта шатырлай жанған жүгері *шіңгірігі* көрінеді (Б. Әбдіразақов).

ШІҢК-ШІҢК: шіңк-шіңк ету — *шіңкілдеу.*

ШІҢКІЛ *Шіңк еткен дыбыс.*

ШІҢКІЛДЕ *Шіңк-шіңк ету.* Қыздардың біреуі *шіңкілдеп* оған қарсы болды (Асылбеков).

ШІҢКІЛДЕК I *Дене тұрқы кішірек, дауысы шіңк-шіңк етіп шығатын құс.* Тоғыз тоңқылдақ, бір ~.

ШІҢКІЛДЕК II *Шіңкілдеп, шіңк-шіңк етіп шығатын (дыбыс, ұн).*

ШІҢКІЛДЕҰІК қ. *Шіңкілдек.*

ШІП-ШИКІ 1. *Әлі шикі, піспеген.* 2. *Ауыс. Жетілмеген, пісіп-қатпаған, тәжірибесіз.* ~ жас. 3. *Ауыс. Мұлде, барып тұрған өтірік.*

ШІП-ШИКІЛ *Тіптен шикіл, сап-сары.* Мұрны жалпиған, екі көзі тұздай *шіп-шикіл* бірдеме (Е. Мырзахметов).

ШІРЕ *Шірену, аяғын үзеңгіге тіреу.* Гүлжан қолындағы тізгінді қиғаштай *шірей* тартты (О. Сәрсенбаев).

ШІРЕН 1. *Аттың ауыздығын екі аяқты үзеңгіге тіреп, шалқая тарту.* Ауыздықпен алысқан атты *шірене* тартып қатарласып келеді (С. Сматаев). 2. *Байлықты көтере алмау, асыптасу.*

ШІРЕНШЕК *Шіреніп қалған, шірегіш.* ~ қатындар.

ШІРЕТ қ. *Кезек.*

ШІРКЕЙ *Қос қанатты насекомдардың ең кішісі.* Ызыңдаған маса, сона, *шіркей* есіңді тандырады (Б. Майлин).

ШІРКЕЙЛІ *Шіркейі бар, қалың.* ~ бақ.

ШІРКЕУ I *діни. Христиандардың құдайға құлшылық ететін орны.* ~ге барып некеленді.

ШІРКЕУ II *Ұят, (бетке) салық.* Осы бір жайды сіз *шіркеу* көріп, қабағат қорланып жүрсіз (А. Жүнісов). Бай ұлында *шіркеу* жоқ (Үш ғасыр). ◊ **Шіркеу келтірмеді [түсірмеді]** — *кір келтірмеді, ұятқа қалдырмады.*

ШІРКЕУЛЕ *Қалқалау, көлегейлеу.* Дариха бетін *шіркеуледі* (Е. Мырзахметов).

ШІРКЕУЛІ *Жүзі төмен.* Бала сүймеген адамның беті ***ширкеулі*** (Ш. Мұртазаев).

ШІРКІН 1. *Есіл, қайран.* 2. ***экспр.*** *Аңсау, армандау мәнді қыстырма сөз.* Жылқының етіне жететін тамақ бар ма, ***ширкін*** (Мәшһүр-Жүсіп). *Ширкін,* елге не жетсін (Қалмырзаев). 3. *Байғұс, бейшара, бейбақ, сорлы.* Ең болмаса ***ширкіннің*** әкесі де жоқ (Ахметшин).

ШІРНЕ *Өсімдіктің бойында, жемісінде болатын тәтті шырын.* Гүл ***ширнесін*** жинау үшін ара сағатына 6,5 км жылдамдықпен ұшады (Қайымов).

ШІРНЕЛІ *Ширнесі бар, ширнесі мол.* Тәтті ~ гүлдер.

ШІРНЕЛІК *Гүлдің ширне жиналатын, ширне салатын жері (**ширнелік безі**).*

ШІРІ 1. *Іру, бұзылу.* ~ген ағаш (қамыс, шөп). 2. *Ауыс. Құру, жойылу, өлу.* Түрмеде ~ді. ~ген ескілік (дәстүр). 3. *Ауыс. Мыңғыру.* ~ген бай (мол дүние). ◊ **Шіріген жұмыртқа** — *шетке шыққан, ата-анадан, елден шыққан (бала).*

ШІРІГІШ *Бұлінгіш.* Дым жердегі астық ~ келеді.

ШІРІК 1. *Шірінді, шіріген.* Алманың ~гі. 2. *Ауыс. Ез, былжыр, намыссыз.*

ШІРІКТЕН *Ынжықтану, болбырлану.* Серіні ертіп келіп Қожахмет, Деді-ау: *"**Шіріктенбе**, гүліңе ұмтыл!"* (М. Әлімбаев)

ШІРІКТІК 1. *Күйреуіктік, шірігіштік, бұлінгіштік, бұзылғыштық.* Ағаштар ~гінен пайдаға аспай қалды. 2. *Ауыс. Дәрменсіздік, ездік.*

ШІРІНДІ *қ. Шірік.*

ШІРІҢКЕНЕ *жерг. Сауда-саттықта делдалдық үшін берілетін ақы.* Өшім мал базарында делдалдық етіп ***шіріңкене*** жинайтын (Әдетов).

ШІРІТКІШ *Шіріткі.* Сүт қышқылды микрофлоралар қымыздың ***шіріткіш*** бактериялардың өсіп-өнуін тежейді (Қымыз).

Щ

ЩЕТКА *Бір нәрсені сүртіп тазалау және майлау үшін ағашқа жиі етіп қыл өткізілген бұйым.* Тіс ~сы, аяқкиім ~сы.

ЩЕТКАЛА *Бір нәрсенің үстіңгі бетін щеткамен тазалау.* Айғанша пальтосының батпағын ***щеткалады*** (Алдабергенов).

ЩИ *Капустадан, қымыздықтан және кейбір өсімдік жапырақтарынан жасалған сұйық сорпа.*

Ы

ЫБЫЛЖЫ *Бір нәрсені ақырын істеу, сылбыр қимылдау* — Әй, ***ыбылжымай*** тез турап болсаңшы (Н. Оразов).

ЫБЫР-ДЫБЫР *Қыбырлаған қозғалыс, дыбырлаған дыбыс.*

ЫБЫР-ЖЫБЫР *Баяу қимыл, күйбең, қыбырлаған қозғалыс, жүріс.* Босаға жақта қатын-қалаштың ***ыбыр-жыбыры*** көбейіп кетті (Сатыбалдиев).

ЫБЫРСЫ *Заттың қалай болса солай ретсіз, әр жерде бір шашылып жатуы.* Бөлмеде киім-кешегі, кітап қағазы ***ыбырсып*** жатыр (Сматаев).

ЫБЫР-СЫБЫР *Пыш-пыш күңкіл, ұсақ-түйек сөз.* Шынтас жайында ***ыбыр-сыбыр*** сөзді тоқтатыңдар (Адамбеков).

ЫБЫРСЫҚ *Шашылған күл-қоқсық.* Бөлме іші ашық-шашық, күл-қоқыс, ***ыбырсық*** ("Мәдениет және тұрмыс").

ЫҒАЙ-СЫҒАЙ *Бірінен бірі өткен, іріктелген, ылғи мықтылар.* Жас шамалары біркелкі ылғи ***ығай-сығай*** жігіттерді жинап алған екенсің (К. Тоқаев). ◊ **Ығай мен сығай** — *ылғи мықтысы, бетке ұстары.*

ЫҒЫ-ЖЫҒЫ *Ары-бері сапырылысқан, опыр-топыр.* Клубта адам ***ығы-жығы,*** тұмсық батпайды (Шүкіров).

ЫҒЫН-ШЫҒЫН *Бір нәрсеге жұмсалған қаржы, қаражат.* Мектеп, медресенің ***ығын-шығындары*** жергілікті халықтан жиналған.

ЫҒЫН-ШЫҒЫНСЫЗ *Ысырапсыз, көп шығын көрмей.* Шолпан дауы ***ығын-шығынсыз,*** сәтті аяқталды (Хангелдин).

ЫҒЫР *Адамды жезі ететін, мазасыз.* Жөнжосықсыз әңгімесімен мұның ***ығырын*** шығаратын (Балғабаев). □ **Ығыр ат** — *көп мініс көріп әбден ер қашты болған жылқы.* ◊ **Ығыр атан нар** — *піштірілген нар түйенің жұмысқа мініліп, қажып шаршағаны.* **Ығыр болды** — *әбден жезі болды.* **Ығыр етті [қылды]** — *жезі етті, жалықтырды.*

ЫҒЫРЛА *Жезі ету, ығырын шығару, мазалау.*

ЫҒЫРШЫҚ *Бәйге атының жал-құйрығын сүзіп, кежімдеген соң жабудың орнықты түруы үшін оның белінен тартып қоятын ашамай сияқты ершік.* Арғымаққа салған ***ығыршық*** арқасына бекімейді (Абыл ақын).

ЫҒЫС 1. *Орнынан бір жаққа қарай сырғу, жылжу.* Қалжан ағасына таман ***ығысып*** отырды (Шүкіров). 2. *Ауыс. Жасқану, қаймығу.* Балалар шалкемпірден ***ығысады,*** сыйлайды (Мәжитов).

ЫҒЫСТА 1. *Бір нәрсенің ығына қарай кету, ықтау.* Ауыл Омартоғайға таман ***ығыстапты*** (Сатыбалдиев) 2. *Ауыс. Қаймығыңқырау, жасқаныңқырау.* Дәулетхан кездескен адамдардан ***ығыстап*** аяндап үйге келді (Жұмақанов).

ЫДЫРА 1. *Жан-жаққа тарқау, бөліну, жарылу.* Батальон ***ыдырамай*** маршпен келеді (Тоқаев). 2. *Сейілу, сиреу.* Түс қайта бұлт ***ыдырап,*** аспан шайдай ашылды (Мәжитов). 3. *Сетінеп жыртылу, сөгілу.* Қарнының тігісі қайтадан ***ыдырап*** кетіпті (Қазыбеков).

ЫДЫРАҒЫШ *Ыдырап кеткіш, сетінегіш.*

ЫДЫРАҢҚЫ *Сирек, шашыраңқы.* Жер шалғай, жұрт ***ыдыраңқы,*** күш-құрал жоқ (Көшімов).

ЫДЫРАҢҚЫЛАУ *Сиректеу, алшақтау.* Жайлаудағы ауылдардың арасы ***ыдыраңқылау*** екен ("Лен. жас").

ЫДЫРАҢҚЫЛЫҚ *Сиректік, шашыраңқылық.*

ЫДЫРЫС I *Көздің шапыраштанып, көз қарасының бір жағына ығысуы, қылы.* Көзі -таныпты.

ЫДЫРЫС II *Арнайы түрін келтіріп асыл матадан құрап тігетін көрпе, жуырқан.* ***Ыдырыс*** еді көрпесі-ай, ол Жәдігер зарлайды, Байбөрінің еркесі-ай (Алпамыс).

ЫДЫС *Ішіне әр түрлі нәрселер салуға, ас-су құюға арналған тұрмыстық бұйымдар.* Ертайдың ***ыдыстарын*** өріктермен лықа толтырды (Алтынбаев).

ЫДЫС-АЯҚ *Ас ішуге, құюға арналған әр түрлі ыдыстар.* Сұлтан қарт келіннің ***ыдыс-аяқты*** жинай бастағанын аңғарды. ◊ **Ыдыс-аяқ сыңғырлады** — *үй ішінде келіспеушілік болды, ұрыс-керіс шықты.*

ЫЗ *Матаның шетін жіңішкелеп бүгіп тігу, бау жасау.* Күмісжан қалтаға ескі шүберектен бау ***ызып*** тағып берді (С. Омаров).

ЫЗ: ***ыз етті*** — *ыз еткен дыбыс шығарды, ызылдады.*

ЫЗА *Қатты қысқан ашу.* Бату ***ызадан*** жарылып кете жаздады (Есенберлин). ◊ **Ыза болды** — *ашуға булықты, күйіп жанды.* **Ыза етті [қылды]** — *қыжылына тиді, ашындырды.* **Ыза кернеді [қысты]** — *ашудан жарылып кете жаздады, булықты.* **Ызасы өтті** — *қорлығы өтті, қылығы жанына батты.* **Ыза шекті** — *қорлық көрді, азап шекті.*

ЫЗА: ***ыза суы*** — *жер астынан шығатын ылғал, су.*

ЫЗА-КЕК *Қайнаған ашу-кек, өшпенділік.* Сол жатқаннан ол дөңбекшіп ұзақ жатты, ***ыза-кек*** ішін өртеді (Тұрлыбаев).

ЫЗАҚОР *Ашуланшақ, шырт етпе мінезді, шамшыл (адам).* Әйеш күлсе бітті, небір ***ызақордың*** ашуы тарқап кетеді (Қабанбаев).

ЫЗАҚОРЛАН *Тез ашулану, ызалану.* Қайыртай ***ызақорланып,*** темекі тұтатты ("Қаз. әдеб.").

ЫЗАҚОРЛЫҚ *Ашу қысушылық, қызарақтаушылық.* Қайла бұл жолы ызақорлықпен емес, шын шырылдаған (Жұртбаев).

ЫЗАЛАН *Ыза болу, долдану.* Көзінен оты шыға ***ызаланған*** (Райымқұлов).

ЫЗАЛЫ *Ашу-ыза қысқан, кекті.* Өмеке темір тор ішіндегі жолбарыстай ***ызалы*** еді (Нәбиев).

ЫЗАСЫЗ *Зілсіз, кексіз, ашусыз.* Ол ашусыз, ***ызасыз*** зекитін еді (Ғ. Мүсірепов).

ЫЗБА *Ызып жасалған бау.* Өрнектей тоқылған ***ызба*** баулармен керегені орап қойған (Ғ. Мүсірепов).

ЫЗБАЙЛАН *Ауру-сырқаудан мазасы кету, беймаза болу, мазасыздану.* Көз ашқаннан ***ызбайланып*** өскен Ұлан қамыға береді (Доспанбетов).

ЫЗБАР *Айбат, ашу, сес.* Күйеуінің даусынан ашу ***ызбарын*** сезген соң Нәзира да жылап-сықтауын қойғандай (Тілегенов).

ЫЗБАРЛАН *Сұстану, ызбар, айбат көрсету.* Байқараның мұрты тікірейіп, әйеліне ***ызбарлана*** қарады (З. Иманбаев).

ЫЗБАРЛЫ *Зілді, сұсты, айбатты, ашулы.* Ашуды білмейтін Тайжан ақын бұл жолы тым ***ызбарлы*** (Бодықов).

ЫЗБАРСЫЗ *Ашусыз, зілсіз.* Үрейін аңдатпай, - жымияды.

ЫЗҒАР 1. *Бет қаритын ұскірік, аяз.* Таңғы шыңылтыр аяздың ***ызғары*** сына бастаған (Мағауин). 2. *Ауыс. Ашу, ызбар, зіл.* Бердалының бетінде ***ызғар*** бар (Ақышев).

ЫЗҒАРЛАН *Түсін суыту, айбат шегу.* Құдайберген ***ызғарлана*** жалт қарады (Жәкенов).

ЫЗҒАРЛЫ 1. *Қатты суық, аязды.* Мұқан ***ызғарлы,*** қызыл шұнақ аязды елейтін емес (Ақбаев). 2. *Ауыс. Суық райлы, ашулы.* Керімбеттің түсі ***ызғарлы*** еді (Домбаев).

ЫЗҒАРСЫЗ 1. *Ызғары жоқ, қысы жұмсақ, аязсыз.* 2. *Ауыс. Зілсіз, жайдары.* Директор ***ызғарсыз*** сөйледі (Сқақбаев).

ЫЗҒЫ 1. *Зымырау, зулау, жүйтки жөнелу.* Ақаңның машинасының соңынан қалмай бұл да ***ызғып*** келеді (Шойбеков). 2. *Суық жел есу, желдету.* Ызғар жел ашық, тесігі көп қараша үйде ***ызғып*** тұр (Сматаев).

ЫЗҒЫН *жерг. Өте қалың, тығыз, көп.* ***Ызғын*** қалың қамысқа... Адасар болдық, сынайы (Үш ғасыр).

ЫЗҒЫНДА *Ызғып суық жел есу, ұскіріктену.* Терістіктен суық ызғар ***ызғындады*** ("Қаз. әдеб.").

ЫЗҒЫНДАЙ *Қалың, көп, нөпір.* Ертістің арғы жағы мен бергі жағы ***ызғындай*** ел (Баймұрзин).

ЫЗҒЫР *Қатты суық жел соғу, ұру.* Күннің ***ызғырып,*** қардың ұшқындап тұрғаны мынау (Хасенов).

ЫЗҒЫРЫҚ *Ұскірік суық жел.* Қарсыз-ақ қалтыратқан ***ызғырық*** жел сүйектен өтті (Жұртбаев).

ЫЗҒЫРЫҚТА *Ызғырық суық жел соғу.* Кешкі ауа тағы да қатты ***ызғырықтап,*** аяз қатайып келеді (Әуезов).

ЫЗҒЫРЫҚТАУ *Аздаған ызғырық желі бар.* Күз күні желкем, ***ызғырықтау*** (Нұрманов).

ЫЗҒЫРЫҚТЫ *Ызғырық суық желді.* Көктемнің алғашқы ***ызғырықты*** күндері еді (Дала шұғыласы).

ЫЗҒЫТ *Тез жүру, жүйткіту.* ***Ызғытып*** келе жатыр едім, даландаған біреу көлденең шықты (Ш. Хұсайынов).

ЫЗҒЫТЫП-ЫЗҒЫТЫП *Үдетіп-үдетіп, зуылдатып-зуылдатып алу.*

ЫЗДИ *Шікірейіп сәнді киіну.* Берік өте әдемі киінген, ***ыздиып*** тұр (Әбдірахманов).

ЫЗЫ-ҚИҚУ *У-шу, азан-қазан.* Астындағы ат ***ызы-қиқуға*** делебесі қозып кететін жануар екен (Жармағамбетов).

ЫЗЫЛ *Ара, маса, сона, т. б. ызыңдап шығаратын дыбысы, үні.* Залдағы күбір сөз сонаның ***ызылы*** тәрізді естіледі (Иманжанов).

ЫЗЫЛДА *Ызылдаған дыбыс шығару.* Ақ самаурын ***ызылдап*** тұр (Алдабергенов).

ЫЗЫЛДАҚ Ызылдай беретін ызыңдауық. - шыбын (маса, сона).

ЫЗЫЛДАУЫҚ *Ызылдай беретін, ызылдақ.* - қоңыз (қара шыбын).

ЫЗЫМ-ҚАЙЫМ *сөйл. Із-тұзсіз, хабар-ошарсыз.* ***Ызым-қайым*** жоқ болған інісін қыз екінші күні мықтап жоқтады (Х. Есенжанов).

ЫЗЫҢ *Ызыңдап шыққан ұн, ызыл.* Ұшқан шыбынның ***ызыңы*** білінбейді (Досымов).

ЫЗЫҢДА *Ызыңдаған дыбыс шығару, ызылдау.* Ара ***ызыңдап*** терезенің шынысына маңдайын қайта-қайта сарт-сұрт соғады (Бабақов).

ЫЗЫҢСЫЗ *Ызың еткен дыбыссыз.* ***Ызыңсыз,*** үйып тұрған тыныштық жай (Әзиев).

ЫЗЫҢШЫЛ *Ызыңдағыш, ызыңдай беретін.* ***Ызыңшыл*** жел де тынды, тіл қатпады (Жармағамбетов).

ЫЗЫҢ-ЫЗЫҢ *Қайта-қайта ызыңдаудан шығатын дыбыс, ызыл.* Суылдаған қамыстан құлағым ***ызың-ызың*** етеді (Қалдыбаев).

ЫҚ I 1. *Желден, жауыннан қаға беріс ықтасын жақ.* Екеуі түйелерді жабулап, шөгеріп, өздері ***ығына*** отырды (Бектұрғанов). 2. *Ауыс. Ырқы, ыңғайы.* Анна Сүмбілшаштың ***ығына*** жығыла берді (Дәулетбаев). ◊ **Ығы жоқ** — *ебедейсіз, қырсыз.* **Ығына жығылды [көшті]** — *біреудің ыңғайына көшті, айтқанына көнді.* **Ығын тапты** — *жөнін тапты, ретін келтірді.*

ЫҚ II 1. *Бораннан, жауыннан қорғанып, ықтасын жер іздеуі; ықтау.* Қойлар бір ***ықса,*** бой бермей кетуі мүмкін (Алшынбаев). 2. *Балық аулау кезінде, жарылған мұз үстінде су ағынына кету.* Ағайынды екеуі жиекте тұрған қайыққа міне сап, балықшылар ***ыққан*** жаққа қарай жөнелді (Әбдіразақов). 3. *Ауыс. Қаймығу, жасқану, тайқу.* Сәрсен дәудің тісін қанатқан екеуміздің өзге балалар ***ығып*** қалды (Тоғысбаев).

ЫҚҚЫШ *Ығa бергіш.* Жылқы малы ***ыққыш*** келеді (Нәбиев).

ЫҚПАЛ *Бір адамның екінші бір адамға не бір заттың екінші бір затқа ететін әсері, ырқы.* Жақсы еркектің ***ықпалында*** болған бала — түбі жаман болмайды (Тұрлыбаев). ◊ **Ықпал етті [жасады]** — *себепкер болды, әсерін тигізді.* **Ықпалына түсті** — *айтқанын істеді, ыңғайына көнді.* **Ықпалы тиді [ықпалын тигізді]** — *әсері болды, қозғау салды.*

ЫҚПАЛДЫ *Ықпалы зор, беделі күшті.* ***Ықпалды*** кісілердің көмегімен ұлына жұмыс тауып беруге уәде етті (“Қаз. әдеб.”).

ЫҚПАЛДЫЛЫҚ *Әсері, ықпалы барлық.* Үйге берілген тапсырмаларды дұрыс орындап келу сабақ берудің ***ықпалдылығына*** тікелей байланысты (“Қазақст. мект.”).

ЫҚПАЛДЫРАҚ *Әсері, ықпалы жүретін, беделдірек.* Жаңа өмірдің жаршысының әсері біздерге ***ықпалдырақ*** болды (С. Мұқанов).

ЫҚПЫЛ-ЖЫҚПЫЛ *Ұңғыл-шұңғыл, сай-жыра.* Ұлытаудың ***ықпыл-жықпылына*** қашыңдар, құртады бәріңді (Жұмағұлов).

ЫҚТА *Бораннан, жауыннан қорғанып, таса жерге тығылу.* Жел күшейе түсті, тарбия біткен жуан еменге келіп ***ықтадық*** (Мағауин).

ЫҚТАСЫН *Қалқасы бар ықтау жер.* Нағыз ***ықтасын*** жер осы (Қ. Омаров).

ЫҚТАСЫНДАУ *Қаға берістеу, қалқалау.* ***Ықтасындау*** жерге алып келді (Балғабаев).

ЫҚТАСЫНДЫ *Ықтасыны бар, қалқалау.* Құмның іші құрғақ, әрі ***ықтасынды*** еді (Балғабаев).

ЫҚТАСЫНСЫЗ *Қалқа-панасы жоқ, тасасыз.* ***Ықтасынсыз*** мидай дала (Арыстанов).

ЫҚТАУ *Ықтасыны бар, қалқалау.* Жүр, ана бір ***ықтау*** жерге барып әңгімелесейік (“Қаз. әдеб.”).

ЫҚТИМАЛ *Мүмкін, тиіс.* Бір жазса, сол Амалбаевтың жазуы ***ықтимал*** деген күдік оралды көңіліне (Еділбаев).

ЫҚТИМАЛДЫҚ *Болуы мүмкіндік.* Бұл функцияның квадраты микробөлшектің берілген нүктеде болу ***ықтималдығын*** ғана анықтайды (ҚСЭ). □ **Ықтималдық теориясы** (*матем.*) — *математикада кездейсоқ болған уақиғаларға қарап соларға ұқсас уақиғалардың да болу ықтималдығын табатын теория.* Тілді зерттегенде ***ықтималдық*** теориясын қолдану кең өріс алып отыр (“Қаз. мект.”).

ЫҚТИЯР *Әр адамға тән ерік, қалау.* Асылбекке өз ***ықтиярыммен*** келдім деп түсінік жазсаң болды (Алдамжаров).

ЫҚТИЯРЛЫ *Өз ықтияры бар, ерікті.* Әр халық өз тағдырын өзі шешуге ***ықтиярлы*** (Қ. Сәрсекеев).

ЫҚТИЯРСЫЗ *Өз қалауынсыз, еріксіз.* Егер ***ықтиярсыз*** кетіп бара жатса, менен аяушылық күтпейсіз! (Тоғысбаев).

ЫҚТИЯТ *Жинақы, ұқыпты.* Серәлі сөзі мен ісіне ***ықтият,*** орнықты (Б. Шаханов).

ЫҚТИЯТСЫЗ *Ұқыпсыз, салақ.* Әр нәрсеге ~ қарау өкінішке апарады.

ЫҚТИЯТСЫЗДЫҚ *Алды-артын аңғармаусыздық, ұқыпсыздық.* Осының бәрі ~тың кесірі.

ЫҚТИЯТТА *Ұқыптау, тәптіштеу.* Биені байлап, ***ықтияттап*** сауатын келін бар ма? (“Қаз. әдеб.”).

ЫҚТИЯТТЫ *Іске ұқыпты, жинақы.* Еркебұланның өзі де ***ықтиятты,*** шаруаға оңтайлы (“Мәдениет және тұрмыс”).

ЫҚТИЯТТЫЛЫҚ *Ұқыптылық, жинақылық.* Ернар ***ықтияттылығымен*** ұстазының көзіне бірден түсті (Қанахин).

ЫҚТЫН *Қуырған тарыны түйіп, қауызынан ажыратқанда толық дәннен алысырақ түскен жартыкеш, салмақсыз дән.* Бүгінгі қаралаған тарыдан ~ көбірек шықты.

ЫҚТЫРМА *Қотанның жел жағына жасалатын қалқа, ықтасын.* Тоқылып біткен ***ықтырмаларды*** жел жақ сыртынан жабыстыра байлады (Лөмбеков).

ЫҚТЫРМАЛА *Пана тұту, ықтырманы пайдалану.* Күзеу біткен соң, аз күн Ақшиге ***ықтырмалап*** алып көшем бе деп отырғанмын (Бөкеев).

ЫҚТЫРМАЛЫ *Ықтырмасы бар, ықтасынды.* Малшы қауым күзге қарай ***ықтырмалы*** жерлерді қоныс етеді (Шопан серігі).

ЫҚШАМ *Көлемі шағын, жинақы, ыңғайлы.* Жүгіміз әрі ***ықшам,*** әрі ыңғайлы (Күмісбаев).

ЫҚШАМДА *Бір нәрсенің көлемін қысқарту, шағындау.* Арқалап жүрген заттарды ***ықшамдап,*** тәртіпке келтірдік (Тоқаев).

ЫҚШАМДАУ 1. *Көлемі шағындау, кішілеу.* Ыдыстың бір ***ықшамдауы*** табылмады ма? (Уайдин). 2. *Бір нәрсені, көлемді азайту, кеміту.* Мақаланың көлемін ~ керек.

ЫҚШАМДЫ *Жинақы, қолайлы, шап-шағын.* Күнзила денесіне ***ықшамды*** киім киген (Ж. Молдағалиев).

ЫҚШАМДЫЛЫҚ *Шап-шақтық, лайықтық.*

ЫҚШАМДЫРАҚ *Шағынырақ, икемдірек.* ~ ыдыс.

ЫҚШАМСЫЗ *Ықшамды емес, рабайсыз.* ~ киім.

ЫҚЫ *Есекті жүргізу үшін айтылатын ишарат сөз.* Омаш *“ықы”* деп есекті салып қалды (Исабеков).

ЫҚЫЛАС 1. *Пейіл, жақсы ниет.* Айғаным ерекше ***ықыласпен*** бұл екеуіне қызықтай қарап қалыпты (Ж. Молдағалиев). 2. *Көңіл, ынта, зерде.* Дидарбек әкесінің сөзін ***ықылас*** қойып тыңдады (С. Омаров). ◊ **Ықылас білдірді** — *ниет қылды, бейіл берді.* **Ықылас көрсетті [таныты]** — *сыйлады, құрметтеді.* **Ықылас қойды [салды]** — *көңіл*

бөлді, ден қойды. **Ықыласы ауды [құлады, түсті]** — *аңсары ауды, көңілі түсті.*

ЫҚЫЛАС-НИЕТ *Көңіл, бейіл, ынта-зейін.* Бәрінің де ***ықылас-ниеті*** үй иесі Байтасқа ауды (Бектұров).

ЫҚЫЛАССЫЗ *Бейілсіз, көңілсіз.* ***Ықылассыз*** күйде отырып шай ішті (Нұрмағамбетов).

ЫҚЫЛАССЫЗДАУ *Ықыласы жоқтау, самарқаулау.* Гүлсім оқуға ***ықылассыздау*** еді (Алдабергенов).

ЫҚЫЛАССЫЗДЫҚ *Ықыласы жоқтық, бейілсіздік.* Жұмысқа ***ықылассыздықтың*** зор зияны бар ("Мәдениет және тұрмыс").

ЫҚЫЛАСТАН *Көңілі түсу, мейірлену.* Өңгімеге жеңгей ***ықыластана*** құлақ түрді (Сейсенов).

ЫҚЫЛАСТЫ *Ықыласмейірі бар, бейілді.* Бұл жұмысқа балалар тіпті ***ықыласты*** еді (Нұрмағамбетов).

ЫҚЫЛАСТЫЛЫҚ *Ықылас қоюшылық, көңілмен істеушілік, ынталылық.* Ол қыбырлаған жұрттың тіршілікке ***ықыластылығына*** қызықты (Арыстанов).

ЫҚЫЛАС-ЫНТА *Шынайы ықылас, бар көңіл.* Ұстаз тәрбие беру ісіне бар ***ықылас-ынтасымен*** кірісті ("Қазақст. мұғ.").

ЫҚЫЛАС-ІЛТИПАТ *Мейір-шапағат, ықыласниет.* Елдің өлеңге деген ***ықылас-ілтипаты*** айқын көрініп тұрды (Мәуленов).

ЫҚЫЛЫҚ *Адамның кеуде қуысындағы көк еттің жиырылуынан іштен еріксіз шығатын үздік-үздік дыбыс.* Балаға ~ тиіп қалыпты.

ЫҚЫЛЫҚ: ***ықылық атты*** — а) *өмірінің соңғы минутында аурудың жанталасып ыңқылдауы;* ә) *әбден тойып ас ішті, шеміршегі қайқайды.*

ЫҚЫЛЫҚТА *Қайта-қайта ықылық ату.* Ұлтуған шайға келіп отырғанша ***ықылықтағанын*** қойған жоқ (Мұратбеков).

ЫҚЫЛЫМ *Таныс емес, бөгде ел.* Әміре талай ***ықылым*** елдердің халықтарын қайран қалдырды (Нұршайықов). ◊ **Ықылым заман** — *есте жоқ ескі заман, көне дәуір.*

ЫҚЫРАР *Мойын ұсынғандық, көнгендік.* Егер ***ықырар*** болсаң, тайлы-таяғымызға дейін қалмай ошарыла көшіп келер едік ("Қаз. әдеб.").

ЫЛБЫРА 1. *Әбден жұмсарып пісу, ылжырау.* ~п піскен ет (алма, өрік). 2. *Ауыс. Жай қимылдау, болбырау.* Әй, жүрсеңші, ***ылбырамай*** ("Қаз. әдеб.").

ЫЛҒАЛ *Құрамында суы мол топырақ, ауа.* Бұл өңір қара топырақты, ***ылғалы*** мол орманды алқап (Нәбиев).

ЫЛҒАЛДА *Сулау, дымдау.* Есімбек кепкен ернін тілімен ***ылғалдады*** (Оразақов).

ЫЛҒАЛДАУ *Дымқылдау, ылғал аралас.* Таудың шығыс бетінде ***ылғалдау,*** салқын леп біліңді (Сыланов).

ЫЛҒАЛДЫ *Сулы, ылғалы бар.* Шүйгін шөп ***ылғалды,*** сазды, шалшықты жерлерде өседі (Субханбердин).

ЫЛҒАЛДЫЛЫҚ *Сулылық, дымқылдылық.* Топырақ ~ғы, ауа ~ғы.

ЫЛҒАЛСЫЗ *Ылғал, дымқылы жоқ, құрғақ.* ***Ылғалсыз,*** құрғақ топырақтың шаңы шығып жатты (А. Бердібаев).

ЫЛҒИ *Үнемі, әр уақытта, қашанда.* Ғ. Мүсірепов ***ылғи*** проза жазған болатын (Сарбалаев).

ЫЛДИ *Өрдің, жотаның түсе берісі, беткейі, еңіс.* Өзі ***ылдиға*** түсіп кетті (Тұрсынқұлов).

ЫЛДИЛА *Биіктен төмен қарай тұсу, еңістеу.* Машина ***ылдилап*** келіп, Самар көлдің үстінен шыққан (Тарази).

ЫЛДИЛАУ *Еңістеу, сайлау.* ***Ылдилау*** жер болғандықтан, машина ойға қарай зымырай жөнелді (Таң нұры).

ЫЛДИЛЫ *Еңісті, сайлы.* Бестамақтан Бормолаға дейінгі үлкен жолдың бойы ***ылдилы,*** ойпатты болып келеді (Рахимов).

ЫЛДИ-ӨР *Жоғары-төмен, еңіс-өр.* ***Ылди-өрді*** тыңдамай Шүйінші ақсақал шауып келеді (Тұрсынбаев).

ЫЛДИСЫЗ *Ылдиы, еңісі жоқ.* ***Ылдисыз*** өр болмайды (Мақал).

ЫЛДЫМ-ЖЫЛДЫМ *Тез, жылдам.* Ол қимылы да, сөзі де ***ылдым-жылдым*** адам (Оралбаев).

ЫЛЖЫРА *Әбден мылжаланып езілу, елжіреу.* Апам ***ылжырап*** піскен етті табаққа бөліп салды (С. Омаров).

ЫЛПЫЛДА 1. *Тез-тез қозғалу, ылдым-жылдым қимылдау.* Жолсерікті шақырсаңыз, ол байқұс ***ылпылдап*** жетіп келеді (Рахманбердиев). 2. *Ауыс. Жүзі өткір болу, лыпылдау.* ***Ылпылдаған*** өткір балта, ағашты бауырсақша турайды (Жұмақанов).

ЫЛПЫҢ: ***ылпың қақты*** — *тез-тез жүрді, қамшы бастырмады.*

ЫЛПЫҢ-ЖЫЛПЫҢ *Тез-тез, ылдым-жылдым.* ***Ылпың-жылпың*** етіп, тамақ дайындаған болып жүр (Иманбаев).

ЫЛЫҚ *Ит, қасқыр, тағы басқалардың ұйығуы.* Қаншық қасқыр түнделетіп қорықпай келіп, шопан итімен ***ылығып*** жүрген (Тәукебаев).

ЫМ *Көзбен, қолмен берілетін дыбыссыз ишарат белгі.* Үнсіз ***ыммен*** сіріңке сұрадым (Жұмабаев). ◊ **Ым қақты [жасады]** — *ыммен, ишарамен сөйлесті.*

ЫМДА *Ыммен белгі беру, ишара жасау.* Мұқай саусағын бүккілеп ***ымдады*** (Тоқаев).

ЫМДАС-ЖЫМДАС *Ымы-жымы бір, іште-тысты.* Жалпақ сары қазақпен бұрыннан ***ымдас-жымдас*** (Сәрсенбаев).

ЫМҚЫРЫП-ЖЫМҚЫРУ *Жасыру, тығып қою; ұрлау, білдіртпей алып кету.*

ЫМСЫЗ *Ишара белгісіз, сөзсіз.* Әйел ***ымсыз*** түсінді (Бақбергенов).

ЫМЫ-ЖЫМЫ *Құлық-сұмдық, айла-тәсіл.* Мәді мен Жұпардың ***ымы-жымы*** бір болды (Досымов).

ЫМЫРА *Бітім, келісім.* Ымыраны бұзу жаманның ісі (Мақал). ◊ **Ымыраға келді** — *тіл табысты, келісім тапты.*

ЫМЫРАЛАС 1. *Тіл табысқан, ымыраға келген.* Аздан соң-ақ екеуі көптен бергі таныстай ***ымыраласып*** кеткенді (Сыланов). 2. *Сөз байласу, бірлесу, ымыраға келу.* Ақлимамен де қазір ***ымыраласып,*** ауыз жаласып қалыпты (Тілеков).

ЫМЫРАЛАСТЫҚ *Бір нәрсеге келіскендік, ымыраласқандық.*

ЫМЫРАСЫЗ *Келісімге келмейтін, рақымсыз.* Арамтамақтарға қарсы ***ымырасыз*** күрес жүргізілуі керек ("Қазақст. мект.").

ЫМЫРАСЫЗДЫҚ *Ымыраға келмеушілік, рақымсыздық.* Мораль нормаларын бұзушыларға қарсы ***ымырасыздықпен*** күресу керек ("Лен. жас").

ЫМЫРАШЫЛ *Келісімпаз, ымыраға келгіш.* Ендігі жасырып бүгуі ***ымырашылдық,*** керек десе, қылмысқа саяды (Б. Жақанов).

ЫМЫРАШЫЛДЫҚ *Ымырағa келгіштік, көңілшектік, жарысқыштық.* Өнуар жолдастарына көңілшектік, **ымырашылдық** жасамайтын (От ортасы).

ЫМЫРТ *Күн батып, оның қызылы тарағанға дейінгі аралық, ақшам мезгілі.* Бір күні **ымырт** кезінде Түгенбаймен кездесіп қалды ("Қаз. әдеб."). ◊ **Ымырт жабылды [түсті, үйірілді]** — *қараңғылық түсті, көз байланды.*

ЫМЫРТТАЙ *Ымырт кезінде бір нәрсені істеу, жол жүру.* Салқара **ымырттатып** жолға шықты (Ахметбеков).

ЫНДЫЗ *Кір, кіршік, дық.* Тазалап жүрек **ындызын,** нәрестедей жас едім (Шәкәрім).

ЫНДЫН *Пиғыл, ниет, түпкі мақсат.* Ақжігітов **ындыны** жуас, адал, жақсы адам (Соқпақбаев). ◊ **Ындыны ашылды** — *құлқыны құрыды, ашқарақтанды.* **Ындыны жарымаған** — *тойып ас ішпеген, бүйірі шығып көрмеген.* **Ындыны кепті** — *қатты шөлдеді, қаталады.* **Ындыны құрыды** — а) *шөл қысты, шөліркеді;* ә) *аңсары ауды, құмартты.*

ЫНЖЫҚ *Сөзін тіке айта алмайтын, жасық, жігерсіз.* Айғанша **ынжық** жігітті ерікке қоймай, сөзге тартып барады (Шүкіров).

ЫНЖЫҚТАН *Жасықтық қылу, батылсыздық жасау.* Рамазан **ынжықтанып** бейтарап тұрады (Соқпақбаев).

ЫНЖЫҚТАУ *Батылсыздау, жасықтау.* Сыпағұлдың айбыбы **ынжықтау** болатын (Амандықов).

ЫНЖЫҚТЫҚ *Жасықтық, батылы жоқтық.* Наурыз **ынжықтық** танытты (Балғабаев).

ЫНСАП *сөйл. Нысап.* Әділет, **ынсап,** білім деген үлкен күш мектепте тұр (Ж. Молдағалиев).

ЫНТА *Ықылас, құлшыныс, ниет.* Дина үгіт жұмысын бар **ынтасымен** жүргізді (Ырзабаев). ◊ **Ынта қойды [салды]** — *көңіл бөлді, ықыластанды.*

ЫНТА-ЖІГЕР *Бар күш-қуат, ықылас-ниет.* Техниканың тілін үйренсем деген **ынта-жігеріңе** ризамын (Жакенов).

ЫНТА-ЗЕЙІН *Ықылас-ниет, көңіл, зерде.* Мақмұт бар **ынта-зейінімен** шымырқана тыңдады (Әбілев).

ЫНТАЛАН *Ықылас қою, құлшыну, талпыну.* Суретші қызға **ынталана** түсті (Райымқұлов).

ЫНТАЛАНДЫР *Қажетті жағдай жасап, ынтасын арттыру.* Материалдық жағынан **ынталандыруға** көп көңіл бөлінуде (Далабаев).

ЫНТАЛЫ *Ықылас-ынтасы зор, талапты.* Зейнештің оқуға **ынталы** екенін Тұрсын бұрыннан білетін (Көшімов).

ЫНТАЛЫЛЫҚ *Ықылас-бейілі құштілік, талаптылық.* Оның сабаққа **ынталылығын** мұғалімдер де қатты қадірлейтін (Қанахин).

ЫНТАСЫЗ *Ықылас ниеті жоқ, құнтсыз.* **Ынтасыз** жанға өнер өз сырын ешқашан ашпақ емес ("Мәдениет және тұрмыс").

ЫНТАСЫЗДАУ *Құлқы жоқтау, талапсыздау.* Аудандық жарысқа қатыса алмай отырғанымыз жастарымыздың **ынтасыздығынан** (Айымбетов).

ЫНТА-ЫҚЫЛАС *Ниет, көңіл, бейіл.* **Ынта-ықыласымен** тыңдаған Ерболат әңгімеге араласты (Тұрлыбаев).

ЫНТЫЗАР 1. *Ыстық ықылас, көңіл құштары.* Қасымның көңілі алып ұшып **ынтызарлығы** арта түсті (Досанов). 2. *Бір нәрсені істеуге, білуге құмарлық, әуесқойлық.* Бұл күнде жастар ағылшынша сөйлеуге, үйренуге **ынтызар** ("Мәд. және тұрм."). ◊ **Ынтызар болды** — *іңкәр болды, құмартты.*

ЫНТЫЗАРЛАН *Ынтық болу, құмарту.*

ЫНТЫЗАРЛЫ *Ынтызары күшті, ынталы.* Оқушы сабақты үйренуге **ынтызарлы** болғанда ғана нәтижелі болады ("Білім және еңбек").

ЫНТЫЗАРЛЫҚ *Құштарлық, іңкәрлік.* Оның Дариғаға **ынтызарлығын** сезетін (Жұртбаев).

ЫНТЫҚ *Құмар, ынтызар, іңкәр.* Нартай астанаға **ынтық** (Рүстемов). ◊ **Ынтық болды** — *аңсары ауды, құмартты.*

ЫНТЫҚТЫҚ 1. *Құмарлық, ынтызарлық.* Екеуінің **ынтықтығы** бұрынғыдан да арта түсті (Тұрлыбаев). 2. *Әуесқойлық, ынталылық.* Ізденіс Қалилолланың өнерге деген **ынтықтығын** өршітті ("Қаз. әдеб.").

ЫНТЫМАҚ *Жеке адамдар не ұжым арасындағы ұйымшылдық, бірлік.* Теңге тиыннан, **ынтымақ** ұйымнан (Мақал). ◊ **Ынтымағы жарасты [артты]** — *тұз-дәмі жарасты; ауыз бірлігі күшейді.*

ЫНТЫМАҚ-БІРЛІК *Береке-бірлік, ұйымшылдық, татулық.* Қазір әр түрлі ұлт өкілдерінің -гінің жарасуы аса, маңызды фактор.

ЫНТЫМАҚСЫЗ *Береке-бірлігі жоқ, ұйымшыл емес.* Білеміз **ынтымақсыз** іс оңбайды (Торайғыров).

ЫНТЫМАҚТАС *Ынтымақты, тату-тәтті, ұжымдас.* Екі жас ыңғыңсыз **ынтымақтасып** өмір сүрді (Мекебаев).

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ *Тату-тәттілік, ұйымшылдық.* Отбасы ыдырамай, әр уақытта **ынтымақтастық** болса демекпіз ("Қазақст. әйелд.").

ЫНТЫМАҚТЫ *Ауыз бірлігі бір, тату-тәтті.* Осындай **ынтымақты** жұмыста адамның сөйлесуге де уақыты болмайды (Өмірбеков).

ЫНТЫМАҚТЫЛЫҚ *Ауыз бірлік, ұйымшылдық.*

ЫНТЫМАҚШЫЛ *Ынтымағы берік, тату-тәтті.* Бұл елдің адамдары сондай **ынтымақшыл,** өзара дос ("Білім және еңбек").

ЫНТЫ-ШЫНТЫМЕН *Бар ниетімен, шынайы көңілмен.* Кенжегүл іске **ынты-шынтымен** кірісіп кеткен екен (Асылбеков).

ЫҢ: ың етті — *ыңылдаған дыбыс шығарды.*

ЫҢ ДА ЖЫҢ — *у да шу, ың-жың.*

ЫҢҒАЙ I *Бір нәрсенің реті, жөні.* Мақпал қалқам, бұл сөзді өзіңе айтуға **ыңғайы** жаңа келді (Оспанова). ◊ **Ыңғай білдірді [көрсетті, танытты]** — *емеурін жасады, ниет танытты.* **Ыңғайына жығылды** — *біреудің айтқанына көнді, қарсыласпады.*

ЫҢҒАЙ II 1. *Ұдайы, әрқашан, үнемі.* Бос уақыты **ыңғай** кітап, газет-журнал оқуға кетеді (Ырзабаев). 2. *Өңкей, кілең.* Үйлері **ыңғай** балшықтан соғылыпты (Әбуталиев).

ЫҢҒАЙЛА *Ретке, жөнге келтіру, оңтайлау.* Нұрым баласымен екеуі төсекті **ыңғайлап** қойды (Нұрмағамбетов).

ЫҢҒАЙЛАС *Өзара сабақтас, ортақ.* Адам көңілі де күн райымен **ыңғайлас** (Өмірбеков).

ЫҢҒАЙЛЫ *Жайлы, қолайлы.* **Ыңғайлы** жұмысқа ауысу Дәнештің өз ойында да жоқ еместі (Жұмаділов).

ЫҢҒАЙЛЫЛАУ *Жайлылау, қолайлылау.* Бір **ыңғайлылау** жермен құзға түсіп келеміз (Бірмағамбетов).

ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ *Жайлылық, қолайлылық.* Әр факультетке арналған оқу залдарының **ыңғайлылығы** қатты қызықтырды (Нілібаев).

ЫҢҒАЙЛЫРАҚ *Жайлырақ, қолайлырақ.*

ЫҢҒАЙСЫЗ *Қолайсыз, жайсыз.* Роза үндеспей отыруды **ыңғайсыз** көрді (Ахтанов).

ЫҢҒАЙСЫЗДАН *Ыңғайсыз жағдайда қалу, қысылу, ұялу.* **Ыңғайсызданып** қалған қыз жас балаша төмен қарады (Мекебаев).

ЫҢҒАЙСЫЗДАУ *Жайсыздау, қолайсыздау.* Жігіт бір сәт **ыңғайсыздау** күйде қалды (Тұрмағамбетов).

ЫҢҒАЙСЫЗДЫҚ *Жайсыздық, қолайсыздық.* **Ыңғайсыздықты** сейілткісі келді (Иманбеков).

ЫҢҒАЙШЫЛ *Ыңғайға көнгіш, тіл тапқыш.* Тұрмыс құрғысы келген бойжеткен **ыңғайшыл,** икемшіл келеді (Жұмаханов).

ЫҢҒЫЛ-ЖЫҢҒЫЛ *Жықпыл-жықпыл, жыражыра.* Көкшенің **ыңғыл-жыңғыл** жартасы керек деді Наурызбай (Есенберлин).

ЫҢҒЫРУ *Ағаштан жасалған ыдыстардың және басқа заттардың ішін ою ға, қырнауға арналған ұста құралы.* Ердің басын әшекейсіз қосу үшін **ыңғыру,** қашау, тістеуік сияқты құралдар керек (Х. Арғынбаев).

ЫҢ-ДЫҢСЫЗ *У-шусыз, ың-дыңсыз.* Ырым мен Қаңбақбайды елге дабыра етпей **ың-дыңсыз** жарастырды (Жәкенов).

ЫҢ-ЖЫҢ *Ызың-қиқу, у-шу.* Қылтаға біз бұрын ілігіп, **ың-жыңсыз** өтіп кетеміз бе? (Бектұрғанов).

ЫҢҚ: ыңқ демеді — *сыр ашпады, ләм-мим демеді, ыңқ етпеді.* ◊ **Ыңқ етті** — *ауыр салмақпен зырқ етті, гүрс етіп жығылды.*

ЫҢҚИТ *Оңдырмай, қатты соғу.* Ол әйелді тура кіндіктің басынан **ыңқита** бір тепті (Ысқақов).

ЫҢҚЫЛ *Ауру меңдеген адамнан шығатын дыбыс, ұн.* Кемпірінің **ыңқылы** өлгіндегідей емес (Балғабаев).

ЫҢҚЫЛДА *Ыңқ-ыңқ ету, ыңқылдаған дыбыс шығару.* Жаралылардың ішінен **ыңқылдай** бастағандар көбейе түсті (Жұмақанов).

ЫҢҚЫЛДАУЫҚ *Ыңқылдай беретін, ыңқылдағыш.* Өзің де **ыңқылдауық** қасқа едің (Жармағамбетов).

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛ *Ыңқылдап, қыңқылдап ауырғандық.* Асияның **ыңқыл-сыңқыл** ауруы көбейіп кетті (Әбдіков).

ЫҢҚЫЛ-СЫҢҚЫЛСЫЗ *Ауру-сырқаусыз.* Бәтігүлдің ата-енесі де **ыңқыл-сыңқылсыз** о дүниеге сапар шекті (Сарғасқаев).

ЫҢҚ-ЫҢҚ *Қатты қимыл кезінде шығатын дыбыс.* Оның мұрнының ұшы терлеп, **ыңқ-ыңқ** қазып жатыр (Жармағамбетов). ◊ **Ыңқ-ыңқ етті** — *бүйірі шығып тойды, ыңқылдады.*

ЫҢ-ШЫҢ *Ызың-шу, ың-жың.* Айналада **ың-жың** жоқ, құлаққа ұрған танадай тым-тырыс (Ибрагимов).

ЫҢ-ШЫҢСЫЗ *Айғай-шусыз, ың-жыңсыз.* Құрметті қонақтарымды **ың-шыңсыз** бәрін өзім реттеймін (Мұстафин).

ЫҢЫЛ *Жай, баяу шыққан созылыңқы әуен, сарын.* **Ыңылы** ән бе, зар ма айыру қиын (Мұстафин).

ЫҢЫЛДА *Сөзін анық айтпай, ән ырғағын келтіріп жай әндету.* Ақаш Абайдың аңшылық жайындағы өлеңін ақырын **ыңылдап** әндетті (Ләмбеков).

ЫҢЫРАН 1. *Ауруы жанына батқанда адамның, малдың ыңқыл аралас дыбыс шығаруы, күйзелуі.* Мырзахмет жарасы ауыратын болар, қатты **ыңыранып** қояды (Ахтанов). 2. *Бұлдану, менменсу, бәлсіну.* Мұса **ыңыранып,** ойланып бұлдана тіл қатты (Бөкеев).

ЫҢЫРАНЫС *Ыңқылдап ыңырандық, күйзелгендік.* **Ыңыраныстан,** Жер қайысқан (Үш ғасыр).

ЫҢЫРСЫ *Даусы өлімсіреп, қиналып шығу.* Зәли **ыңырсыған** аяныштұнді естіді (Мекебаев).

ЫҢЫРШАҚ *Өгізге жүк арту не міну үшін салатын, ағаштан жасалған биік ер.* Бағила өгізінің арқасына **ыңыршақ** салды (Тұрлыбаев). ◊ **Ыңыршағы айналды [шықты]** — *арыды, әбден көтерем болды.* **Ыңыршағы мойнына кетті [түсті]** — *тұрмысы оңалмады, ауыртпалықтан құтылмады.* **Ыңыршағы шыққан кедей** — *дүние мүліктен жұрдай.*

ЫП-РАС *Өтірігі жоқ, шын.* Бәйбішемнің азғыруымен ораза ұстадым **ып-рас** (Өлжіков).

ЫП-ЫҚШАМ *Олпы-солпы емес, жып-жинақы.* Қоңырдың үстіндегі киімі **ып-ықшам** (Қабдолов).

ЫП-ЫҢҒАЙЛЫ *Ып-ықшамды, оңтайлы.* **Ып-ыңғайлы** жиылған аппақ төсек.

ЫП-ЫСТЫҚ *Жылуы, қызуы мол, ыстық.* Қыз алақаны **ып-ыстық** екен (Мұсылманқұлов).

ЫР: ыр етті — *ит, қасқыр, т. б. айбат қылды, ырылдап тісін ақситты.*

ЫРА *Ылди-еңіс, құлды.* **Ыра** төмен ауызынан у төгіліп, күреңнің жолы жиіліп қолға кепті (Қозы Көрпеш).

ЫРБАҢ *Орынды-орынсыз күлкі, әулеклік.* Қазақтар өздерінің **ырбаңы** бар ма, пышылы бар ма сонысынан дүниеде қызықты нәрсе бар деп ойламайды (Абай). ◊ **Ырбаң қақты** — *орынды-орынсыз, жыртақтап күле берді.*

ЫРБАҢДА *Ырбаң-ырбаң етіп күлегештеу, жеңілтектену.* **Ырбаңдап** көп ішінде өлең айтып (Айтыс).

ЫРБИ *Ауыздың сөлекет ашылуы; жыртию.* Жынды кісіше **ырбиып** күледі ғой (Сейфуллин).

ЫРБЫҢДАП-ЖЫРБЫҢДАП *Жырбың-жырбың ету, жыртаңдау.* Артист болдым деп **ырбыңдап-жырбыңдап** жүрме (Байсейітов).

ЫРҒА *Ағашты, қазықты т. б нәрселерді суырып алу үшін арлы-берлі шайқай қозғау.* Жуан дөңбекті ломмен **ырғап** қозғап көрді (Н. Ғабдуллин).

ЫРҒА: ұзын ырғасы — *жалпы мазмұны, шамашарқы, желісі.*

ЫРҒАЙ *Жыңғыл, тобылғы тәрізді топтасып өсетін, қоңыр сұр қабықты тұзу жіңішке бұта.*

ЫРҒАЙДАЙ *Сорайған, ұзын, жіп-жіңішке.* Ұзын бойлы, мойыны **ырғайдай,** мұрны салбыраған мұртты біреу тұр екен (З. Қабдолов) ◊ **Мойыны ырғайдай, биті торғайдай болды** — *әбден арып-ашып, жүдеп-жадады.*

ЫРҒАЙЛЫ *Ырғайы көп, қалың өскен.* Алма бақ, **ырғайлы** орман ырғатылып (Кіребаев).

ЫРҒАҚ I 1. *Ән-күйдің, өлеңнің мәнері, сазы, нақысы.* Ащы әуен кешқұрым мұңлы **ырғаққа** көшті (Балғабаев). 2. *Теңселіс, шайқалыс, баяу қозғалыс.* Жұмабек арбаның **ырғағымен** өз ойының тұңғиығына кеткен (Тілегенов).

ЫРҒАҚ II *этногр. Жаңа ұсталған саят құстарын бүркіт, қаршыға қолға үйрету үшін жасалатын қазыққа бостау керілген арнайы арқан түғыр.* Асан бүркітті жуасыту үшін оның екі аяғын екі қолмен қоса ұстап көтеріп алып керме тұғырға, **ырғақ** үстіне қойды (Ә. Нұрпейісов).

ЫРҒАҚ III *Білезікке жүргізілетін өрнек түрі.* Білезігінің ~ғы әдемі, сәнді екен.

ЫРҒАҚ IV *Шабан, жай, ілбіген жүріс.* Біз астымыздағы аттардың ~ымен ауылға жеттік.

ЫРҒАҚ V *Иілген киіз үй ағаштарын қалыпқа келтіретін, салатын арнаулы ағаш үлгі.*

ЫРҒАҚСЫЗ *Ырғағы, үйқасы жоқ, байланыссыз.* Кейбір шығармалар жүйесіз, ішкі **ырғақсыз** жазылып жүр (Т. Әлімқұлов).

ЫРҒАҚТА *Ары-бері ырғатылу, шайқалу, теңселу.* Сексенде селкілдеген бір дерт басып, Басыңды игере алмай **ырғақтайсың** (Кенен).

ЫРҒАҚТЫ *Белгілі бір сазға, үйқасқа құрылған, сарынды, үнді.* □ **Ырғақты гимнастика** — *музыканың сүйемелдеуімен әбжіл ырғаққа негізделген гимнастика түрі.*

ЫРҒАҚТЫҚ *Ырғақ үйқасына құрылған, сарындық.* Өлең **ырғақтық** өлшемдерге өте бай (М. Әлімбаев).

ЫРҒАЛ 1. *Ары-бері толқу, шайқала тербелу.* Көлдің айналасы **ырғалған** жасыл шалғын (Балғабаев). 2. *Ауыс. Маң-маң басу, мамырлау.* Үйге **ырғала** басып қонақ кірді (Исабаев).

ЫРҒАЛАҚТА *Арлы-берлі теңселу, шайқалу.* Орта тұсқа жеткенде солқылдақ көпір **ырғалақтай** бастады (Сараев).

ЫРҒАЛАҢДА *Ырғалаң-ырғалаң ету, теңселу, шайқалақтау.* Рай **ырғаландай** басып, алдымен үйге қарай беттеді (Жұмағұлов).

ЫРҒАЛТЫП-ЖЫРҒАЛТЫП *Үлде мен бүлдеге оранып, рахаттанып.* Самарқант бекзадалары қызды **ырғалтып-жырғалтып** асыл қазына жасаумен ұзатқан (Есенберлин).

ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛ *Жайбасарлық қылу, асып-саспау, жайбарақат жүру.*

ЫРҒАЛЫС *Ырғалған күй, ырғалғандық.* Отырғандар түгел **ырғалысып** қалды (Тәжібаев).

ЫРҒАҢ *Жай шайқалыс, шабан жүріс* Қара қоспақтың **ырғаңы** Рақышты ұзақ шайқады (Т. Әлімқұлов).

ЫРҒАҢДА *Ырғаң-ырғаң ету.* Елсіз ен даланы изеңдеп, **ырғаңдап** жалғыз көш келеді (Бекбосынов).

ЫРҒАҢ-ЫРҒАҢ *Ырғаң қаққан, шайқақтаған.* ~ жүріс (аяқ алысы) ◊ **Ырғаң-ырғаң етті** — а) *ырғатылды, шайқалды;* ә) *балпаң-балпаң басты, теңселді.*

ЫРҒАП-ЖЫРҒАП *Мол дүниені үйіп-төгу, қарық қылу, мәз-мәйрам қылу.* Қызына той істеп, **ырғап-жырғап** ұзатты (Шүкіров).

ЫРҒЫ *Екпінмен тез қаргу, секіру.* Ержан атынан жеңіл **ырғып** түсті (Түменбаев).

ЫРҒЫН *Қыруар, көп, мол.* Биыл астық **ырғын** болды (Мұқаев).

ЫРДУ *Той-думан, ойын-сауық.* Жалпақ қырдың үсті күнде той, күнде **ырду** емес пе (Ниязбеков).

ЫРДУАН *Арбаның екі доңғалақты, қорабы биік түрі.* **Ырдуан** арбаға Дәурен мен Жадыра қап жинастырып салып жүр (Мекебаев).

ЫРДУ-ДЫРДУ *Той-думан, сауық-сайран.* Бекет алғашқыда **ырду-дырдумен** әке-шешені сағынбай жүрді (Тоқтаров).

ЫРЖАҚ *Қылжақтап, ыржақтап қалған жеңіл мінез.* **Ыржақтан** Елжас та жалығайын деді (Жақсыбаев).

ЫРЖАҚАЙ *экспр. Орынсыз ыржаңдайтын ойсыз, күлегеш.* Сол **ыржақайға** мазақ болармын деген ой келді (Райымқұлов).

ЫРЖАҚТА *Орынды-орынсыз күлегештеу, қылжақтау.* Бұл екеуі не айтарға сөз таппай босқа **ыржақтап** күле берісті (Бозықов).

ЫРЖАҚ-ЫРЖАҚ *Қайта-қайта ыржақтаған, ыржалақтаған күй, ырсың-ырсың.* Екі езуі екі құлақта, **ыржақ-ыржақ** күле береді (Ж. Молдағалиев).

ЫРЖАЛАҚ *Ыржың-ыржың еткен, ыржаңдаған.* Нүркат **ыржалақ** күлкіден пышақ кескендей тыйылды (Шашкин). ◊ **Ыржалақ қақты** — *ыржақтады, ыржақтап күле берді, ыржаландады.*

ЫРЖАЛАҢ *Арзан күлкі, ыржаң-ыржаң.* Күлкісі жасыққа тән **ыржалаң** емес, өткір екен (Нүржекеев). ◊ **Ыржалаң қақты** — *ыржаңдады, ыржақтады.*

ЫРЖАЛАҢДА *Ыржың-ыржың ету, ыржақтап күле беру.* Қанат **ыржаландап** күле береді (Мұханбетқалиев).

ЫРЖАЛАҢ-ЫРЖАЛАҢ: ыржалаң-ыржалаң етті — *орынсыз ыржаңдап күле берді.*

ЫРЖАҢ *Арзан күлкі.* Орынсыз **ыржаң,** Болымсыз қылжаң (Абай). ◊ **Ыржаң етті** — *ыржаңдап күлді, ыржиды.* **Ыржаң қақты** — *езу жимады, ыржаңдады.*

ЫРЖАҢБАЙ *қарап. Не болса соған күлетін, жеңілтек.* — Өзің бір **ыржаңбай** біреусің ғой ("Лен. жас").

ЫРЖАҢДА *Арзан күлкіге бой ұру.* Ырым **ыржаңдап** аузын қисаңдатты (Райымқұлов).

ЫРЖАҢШЫЛ *Ыржаңға үйір, жеңілтек.* Қыз таныстыр, қызыққа жүрт **ыржаңшыл** (Абай).

ЫРЖАҢ-ЫРЖАҢ *Ыржың-ыржың, жыртың-жыртың. Ыржаң-ыржаң* күліп, мұғалімнен кешірім сұрады (Сәрсенбаев). ◊ **Ыржаң-ыржаң етті** — *ыржаңдай берді, езу жимады.*

ЫРЖИ *Езу тарту, күлу.*

ЫРЖЫҢ *Ыржыңдап күлгендік, ыржақтағандық.* Саламат **ыржыңдап** күлді (Асылбеков). ◊ **Ыржың етті [қақты]** — *ыржаң-ыржаң етті, ыржыңдады.*

ЫРЖЫҢДА *Ыржың-ыржың ету, ыржаңдау.* Есірік адамша **ыржыңдап** күлді (Жакенов).

ЫРЖЫҢ-ЫРЖЫҢ *Ырбың-ырбың, ыржалақ-ыржалақ.* Бақи **ыржың-ыржың** күле берді (Қазыбеков). ◊ **Ыржың-ыржың етті** — *ыржыңдап күле берді, ыржақтады.*

ЫРҚ: ырқ етті — *секіргенде шығатын дыбыс.*

ЫРҚЫЛ *Семіз адамдар күлгенде шығатын дыбыс.*

ЫРҚЫЛДА *Ырқ-ырқ ету, қырқылдау.* Құрымжан **ырқылдап** күлді (Тоқмырзин).

ЫРҚ-ЫРҚ *Семіз адамның күлгендегі дыбысы.* Орақ орынды-орынсыз **ырқ-ырқ** етіп күле берді (Мұратбеков). ◊ **Ырқ-ырқ етті** — *денесін май басты, ірік-ірік етті.*

ЫРСИ 1. *Тісті ақсита ыржию.* Абзал **ырсия** күлімсіреді (Еркебаев). 2. *Бір заттың жігі ашылып қалу, ақсиып көріну.* Жігі ашылып, аралары **ырсиып** кеткен еден тақтайларын көрді (Рахманбердиев). ◊ **Қабырғасы ырсиды** — *әбден арықтады, жүдеді, азып-тозды.*

ЫРСЫЛ *Ырсылдаған дыбыс, үн.* Буранның ыстық **ырсылын** тағы естігендей болды (А. Сүлейменов).

ЫРСЫЛДА *Ырс-ырс етіп еңтігу, алқыну.* Қап арқалаған кісі екі иінінен дем алып, **ырсылдап** түр (Серәлиев).

ЫРС-ЫРС *Алқынған, ырсылдаған дыбыс.* Төбет тілін салақтатып **ырс-ырс** дем шығарды (Кекілбаев). ◊ **Ырс-ырс етті** — *алқынды, еңтікті.*

ЫРШЫ *Шұғыл секіру, қарғып кету.* Сұлтан бір **ыршып** кабинаға жетіп барды (Тоқмырзин). ◊ **Көзінен жас ыршып кетті** — *қатты қуанғанынан, не қайғырғанынан жылап жіберді, көз жасын ұстай алмады.* **Ыршып түсті [кетті]** — *шоқ басып алғандай болды, шошып кетті.*

ЫРЫҚ *Өз қалауы, еркі, ыңғайы.* Көк атты **ырқына** жіберсек, өзі-ақ асықпай алып өтеді (Н. Ғабдуллин). ◊ **Ырық бермеді** — *айтқанына, ыңғайына жүрмеді.* **Ырыққа көнбеді** — *біреудің дегеніне жүрмеді.*

ЫРЫҚСЫЗ 1. *Өз еркі жоқ.* **Ырықсыз,** әлсіз емеспіз ғой (Ақтаев). 2. *Ырықтан тыс, еріксіз.* Қаба сақалды бөлмеге **ырықсыз** қамап тастадым (Б. Шаханов). □ **Ырықсыз етіс** (*лингв.*) — *істі істеуші белгісіз болып, бейтарап айтылатын етіс түрі.*

ЫРЫҚТЫ *Ырқы, еркі күшті, тиянақты.* Ал қызықсыз кітап оқу **ырықты,** зейінді керек етеді (Жарықбаев).

ЫРЫЛ *Ит, қасқыр, т. б. айбат шеккенде шығаратын дыбыс.* Көп қасқырдың құсқа таласқан **ырылы** естілді (Асқаров).

ЫРЫЛДА *Ыр-ыр етіп айбат шегу, тісін ақситу.* Сұр қаншықтың көзі отша жайнап, қатты **ырылдады** (Ахметбеков).

ЫРЫЛДАС 1. *орт. етіс. Ырылда-с.* 2. *Ауыс. Сөзге келу, керілдесу, ұрсысу.* Иә, иә, онымен **қашанғы** ырылдаса беремін, деді Қабен (М. Хасенов). ◊ **Иттей [итше] ырылдасты** — *ұрсып-таласты, керілдесті.*

ЫРЫМ *Жақсы ниетпен жасалатын әр түрлі әдет-ғұрып, ескі дәстүр.* Бата -ы, қоштасу -ы, той -ы. ◊ **Ырымға жоқ** — *атымен жоқ, дым жоқ.* **Ырымын жасады [істеді]** — *ретін істеді, нобайын жасады.*

ЫРЫМДА *Ырым ету, жақсылыққа жору.* Маған "Ұлбосын" деп **ырымдап** ат қойыпты ("Қаз. әдеб.").

ЫРЫМСЫЗ 1. *Кәдесіз, жосықсыз.* 2. *Түксіз, дымсыз.* Тоқалға айта бар, мені **ырымсыз** қалдырмасын (Мұстафин).

ЫРЫМ-СЫРЫМ *Әр түрлі әдет-ғұрып, жосық, болған оқиғаларды әр нәрсеге жорамалдау әдеті.* Қазақтарда ертеде көптеген **ырым-сырымдар** дүниеге келген ("Ана тілі").

ЫРЫМ-СЫРЫМСЫЗ *Ешбір кәдесіз, жосықсыз.* Қыз бен жігіт бір-бірін сүйген болса, **ырым-сырымсыз** қосылуларын уағыздайды (Жұмақанов).

ЫРЫМШЫЛ *Ырым ұстанғыш, ырымға сенгіш салтшыл.* Қазақ **ырымшыл** халық ("Лен. жас").

ЫРЫМШЫЛДАУ *Ырым ұстанғыштау, аздап ырымшыл.* Ыбырайым өзің жап-жас болып **ырымшылдаумысың,** қалай (Ә. Сәрсенбаев).

ЫРЫМШЫЛДЫҚ *Ырым еткіштік, ырымшыл болушылық.* Жақсылық қария өзінің **ырымшылдығынан** жаза баспады (Еділбаев).

ЫРЫҢ-ЖЫРЫҢ *Адамдар арасындағы кикілжің, ұрыс-керіс.* Шопандар тойы да соңғы жылдары **ырың-жырыңмен** өтетін болды (Түменбаев).

ЫРЫС 1. *Мол байлық, береке.* Жазғы жаудың — жер **ырысы** (Салғарин). 2. *Бақ, талай, несібе.* Адамның **ырысы** кемиін десе бір күнгідей болмайды екен (Тоқмырзин).

ЫРЫС-БЕРЕКЕ *Берекелі байлық, молшылық.* Қазақ даласы астық қоймасына, **ырыс-береке** өлкесіне айналып отыр ("Қаз. әдеб.").

ЫРЫС-ДӘУЛЕТ *Береке, мол байлық, молшылық.* Қазіргімізді қанағатқа сайсақ, алдағы күнгі **ырыс-дәулетімізді** жоғалтып алатынымыз анық (Ахметбеков).

ЫРЫСТЫ *Ырыс-несібесі, дәулеті мол.* - ел (өлке, жыл, адам).

ЫС I *Түтін тозаңынан байланатын қара дақ.* Ол **ыс** қақтаған қабырғаларға қарады (Жиренов). ◊ **Ыс басты** — *бір нәрсені ыс түтып қарайтты.*

ЫС II *Бір нәрсемен екінші нәрсені ысқылау.* Арқасын -ты, тісін -ты.

ЫСҚАУРЫН *Киіз үй ағаштарын керекті қалыпқа келтіріп иіп және түзететін ағаш құрал.* Үй ағашын морға салып балқытқаннан кейін **ысқаурынмен** қысып түзетеді ("Шаңырақ".).

ЫСҚАТ *діни. Шариғат заңы бойынша, өлген адамның тіршілігінде жасаған "күнәсін кешу" үшін, оның ең жақын туыстарынан ақшалай, заттай алынатын салық; підия.* Молдаларға садақа үлестіріледі, бұл садақа **ысқат** деп аталады (Алтынсарин).

ЫСҚАЯҚ *Өмірдің ащысын да, тұщысын да көрген, ысылған, тіс қаққан.* Ауылдың **ысқаяқ** жігіттерінің тәлкегіне түсіп қалған (Қанахин).

ЫСҚАЯҚТАН *Суық рай білдіру, сұстану, ызғарлану.* Есіркеп кемпіріне **ысқаяқтана** қарады (Хасенов).

ЫСҚАЯҚТАУ *Пысықтау, жырындылау, қулау.* ...Сараң еді деуге келмес, бірақ **ысқаяқтау** адам еді (Ақышев).

ЫСҚИТ *қарап. Өтірікті шындай етіп бөсу, соғу.* Өтірікті де **ысқитады-ақ** екенсің (Иманжанов).

ЫСҚЫ *Күміс бетін жылтыратуға арналған былғарымен қапталған қайқы таяқша.* Білезігін -мен ысқылады.

ЫСҚЫЛА *Бір затты екінші затпен үйкеп ыспалау, қатты-қатты ысу.* Екі алақанын -ды, етігін -ды.

ЫСҚЫЛТЫМ *Ыстық емес, жылы, жылымшы.* - шай (сүт).

ЫСҚЫР *Ерінді шүйіру арқылы не тілді қайыру арқылы алысқа естілетін дыбыс шығару.* Екі саусағын аузына салып **ысқырып** кеп жіберді (Бабақов).

ЫСҚЫРҒЫШ *Жақсы ысқыра білетін, қатты ысқыратын (адам).*

ЫСҚЫРТ 1. *Қатты сілтеп сермеу, тартып не осып жіберу.* Қамшыны **ысқыртып** сілтеген кезде өгіздердің белдері майысып кетеді (Шойбеков). 2. *Ауыс. Өтірік айту, бөсу, соғып жіберу.* Әли антұрған оның үстінен **ысқырта** арыз айтыпты (Қабдолов).

ЫСҚЫРЫҚ 1. *Ысқырғанда шығатын дыбыс, ұн.* Қатты **ысқырықтан** Бөкен селк етті (Қабышев). 2. *Ысқырғыш, ысқыру құралы.* Білезігімді бір балаға **ысқырыққа** айырбастап жіберіпті (Нұржекеев).

ЫСҚЫРЫН *Айбат шегу, сұстану, қатулану.* Матайдың құм жыланша **ысқырынып** алатын әдеті барды (Әбдіразақов).

ЫСҚЫШ *Қобыз, скрипка тәрізді аспаптарды ысып ойнау үшін жылқы қылын өн бойына тарта байлаған жіңішке таяқша.* Қазақтар қарағайдан қобыз, талдан **ысқыш** сылып, бұл аспаптың сызылған үнін тыңдады (Жұбанов).

ЫСПА *Жазда атанға (өгізге, атқа) жегіліп, шөп тасуға пайдаланылатын, шалғын шөп пен ыспа құм үстімен жүретін шананың бір түрі.* Біз жазда ~мен шөп тасыдық.

ЫСПАЛА *Бірнеше рет ысу, қайта-қайта ысқылау.* Сара үсінген жігіттің беті-қолын қармен **ыспалады** (Құмарбеков).

ЫССЫ *Шақырайған күн қызуы, аса қатты ыстық.* Аққисым **ыссыға** қалмайын деп қара өгізге қамшы басты (Домбаев).

ЫССЫЛА *Ыстықтау, терлеп пысынау.* **Ыссылап** кеткен соң омырау түймесін ағытты (Мұқаев).

ЫССЫЛЫҚ *Ысып кеткендік, қапырықтық, ыстықтық.* Күннің **ыссылығынан** мотор қайта-қайта қызып тұр (Оңғарсынова).

ЫССЫЛЫ-СУЫҚТЫ 1. *Бірде ыстық, бірде суық, ыстық-суығы аралас, ыстықты-суықты.* Балқия таңертең **ыссылы-суықты** бірдеңені қаужаңдай салып, қызметіне кетуші еді (Соқпақбаев). 2. *Ауыс. Жақсылы-жаманды, ауырлы-жеңілді.* Бұлар Отан соғысының ауыр жылдарының **ыссылы-суығын** бірдей көріп, бөле шеккен жандар еді (Нұршайықов).

ЫСТА *Саба мен мес күбілерді және соғым етін тобылғы, қайың сияқты ағаштардың тұтініне ұстау, ыс сіңіру.* — *Ыстаған* түк етпейді, қайта етің бұзылмайды (Ысқақов).

ЫСТАУЛЫ *Кептірілген, ысталған.* Бұл қапта **ыстаулы** кепкен балық бар (Ә. Сәрсенбаев).

ЫСТЫҚ I 1. *Отқа қыздырылып, ысыған (ас, су).* ~ шай, (су, тамақ, темір). 2. *Температурасы жоғары, қатты қызған, ыссы (ауа райы).* Орақ кезінде шілденің **ыстығын** да елеуді қойдық (Рамазанов). 3. *Ауыс. Ардақты, қымбат.* Әркімнің өз туған жері өзіне **ыстық** (Ақышев) ◊ **Ыстығына күйіп, суығына тоңды** — *жақсылық-жамандығын тең бөлісті, ауыртпалығын бірдей көрді.* **Ыстық көрінді** — *көзіне оттай басылды.*

ЫСТЫҚ II *Адам не мал денесіндегі қалыпты температураның ауырған кездегі көтерілуі, қызуы.* Сенің **ыстығың** бар (Әзімбаев)

ЫСТЫҚТА *Ыстықтың әсерінен пысынау, терлеп-тепшу.* Бала әбден **ыстықтады** (Нұрмағамбетов).

ЫСТЫҚТАЙ *Ыстық қалпында, ыстық күйінде.* **Ыстықтай** қара шай ішті (Мұратбеков).

ЫСТЫҚТАУ 1. *Ыстығырақ, ыссылау.* **Ыстықтау** болсын, көп болсын, Солдаттың ішіп-жейтіні (Аманжолов). 2. *Ауыс. Сүйкімдірек, қымбаттырақ.* **Ыстықтау** көрем мен сені, Көктемгі күннің жылуы-ай (Мұқаев).

ЫСТЫҚТЫҚ 1. *Ыстық болушылық, ысып кеткендік, ыссылық.* Ұшақтан түссек, күннің **ыстықтығы** 50 градус екен (Шәріпов). 2. *Ауыс. Ардақтылық, қымбаттылық.* Осыншалық өне бойынды балқытар **ыстықтығың** бұрын неге байқалмаған ("Қаз. әдеб.").

ЫСШЫ *Саба, торсық, месті ыстаушы адам.* Кейбір **ысшылар** сабаға, торсыққа ерекше иіс беру үшін ыстайды (Қасиманов).

ЫСЫ 1. *Ауа температурасының жоғарылап ыстық болуы, ысып кету.* Түске қарай күн қатты **ысыды** (Құрманаева). 2. *Адам денесінің қызуы, ыссылау.* Мырзаның денесі **ысып** мазасы кете бастады (Мұқаев).

ЫСЫЛ I *Желдің, жыланның, т. б. ысылдаған үні, ысқырығы.* Шана табанының **ысылынан** иттің үргенін ажырата алмады (Мұхамбетқалиев).

ЫСЫЛ II 1. *өзг. етіс. Ыс-ыл.* 2. *Жұмысқа, іске төселіп қалыптасу, ширау.* Бригадир Ерген Бекбаев әр түрлі жұмыстар істеген, **ысылған** жігіт (Жұмаділдин).

ЫСЫЛДА *Ысылдаған дыбыс шығару, ыс-ыс ету.* Нартай **ысылдап** айбат шеккен жыланды таяқпен сабалап жерге түсірді (Бодықов).

ЫСЫЛДАП-ПЫСЫЛДАП *Алқынып-жұлқынып, ентігіп.* **Ысылдап-пысылдап** киініп жатты (Ә. Нұрпейісов).

ЫСЫР *Бір затты өзіне қарай не өзінен ары қарай сырғыту, қозғау.* Дариға терезенің пердесін еппен **ысырып** жапты (Мәшһүр Жүсіп).

ЫСЫРА: ысыра жиғыш — *шабылған шөпті жинайтын ауыл шаруашылық машинасы; сүйретпе.* Олар кепкен шөпті **ысыра жиғышпен** жинады ("Соц. Қаз.").

ЫСЫРАП *Шашылып-төгілуден, қырсыздықтан болатын зиян, шығын.* Егіннің жарым-жартысы **ысырапқа** ұшырады (Алдамжаров).

ЫСЫРАПҚОР *Ысырапқа жол беретін (адам).* Кемпір **ысырапқор** келінге тыйым салғысы келген (Шүкіров).

ЫСЫРАПҚОРЛЫҚ *Байлықты, ақшаны шашып-төгіп ұстаушылық.* Баласының **ысырапқорлығына** әкесі қатты ренжіді (Қазыбаев).

ЫСЫРАПСЫЗ *Шашып-төкпей, шығынсыз.* Табиғаттың бергенін **ысырапсыз** игеріп ала алсақ (Төреханов).

ЫСЫРАПТА *Төгіп-шашып рәсуалау, шығындау.* Оқушыларды нанды **ысыраптамауға** шақырды (Әлімов).

ЫСЫРАПШЫЛ *Ысырапқа жол бергіш, ысырапқор.* **Ысырапшыл** қатынға патша дәулеті де бұйым емес (Мақалнама).

ЫСЫРАПШЫЛДЫҚ *Орынсыз шашып-төгушілік, ысырапқорлық.* Құрылыстағы **ысырапшылдық** деген бастан асады (Сағынаев).

ЫСЫРҒЫШ *Бір затты ысырып жинайтын еңбек құралы.* Шөп ~.

ЫСЫРМА *Егістік жерге ылғал тоқтату үшін пайдаланылатын ауылшаруашылық құралы.* **Ысырма** егістік жердің үстінен қатар аралығы 30–40 метр етіп жүргізіледі (Алманиязов).

ЫСЫРМАЛА *Астық, қар, т. б. ысырғышпен не күрекпен, басқа нәрсемен ысырып жинау.* Ықтасындау жердің қарын етігімен әрлі-берлі **ысырмалап** ашып алды (Ахметбеков).

ЫСЫРМАЛЫ *Ысырылып қойылатын, сырғымалы.* Ол қақпаның **ысырмалы** ағаш ілгегін бекітті (Қ. Мұхамеджанов).

ЫСЫРЫЛМАЛЫ *Ары-бері қозғауға қолайлы, сырғымалы, жылжымалы.* ~ әйнек (қақпа, тартпа).

ЫС-ЫС: ыс-ыс етті — *ысылдаған дыбыс шығарды, ысқырды.*

ЫТ 1. *Тұрған жерінен тез кетіп қалу, зыту.* ~ып шықты (тұрды, түсті, жөнелді). 2. *Ытқып кету, ыршу.* Асанның көзінен жас **ытып** кетті (Шүкіров).

ЫТҚЫ *Ыршып кету, зыту, ыту.* Көзімнен жас ~п кетті.

ЫТҚЫЛА *Ытқып-ытқып шығу, ыршу.* Ол *ытқылаған* көз жасын жасырып, ұзақ солықтады (А. Сүлейменов).

ЫТЫРЫН *Тыжырыну, жирену.* Атын естісе ~ып кететін.

ЫШҚЫН *Қатты күш салып күшену.* Ол күректі *ышқына* басып, қара жерді қазып жатты (Исабаев).

ЫШҚЫНЫС *Күшенген, ышқынған әрекет.* Айнұрдың *ышқынысты* даусы құлағына сап етті (Мырзахметов).

ЫШҚЫР *Іш киім, шалбардың бау, белдік тағылатын жері, мықындық.* Қария *ышқырына* тыққан қағазды алды (Жақанов).

ЫШҚЫРЛАН *Көйлектің етегін шалбардың ішіне салу, шалбарлану.* Ол көйлегінің етегін *ышқырланып* алды (Қадырханов).

ЫШҚЫРЛЫҚ *Ышқыр, мықындық.* Көйлегі ~тан шығып кеткен.

ЫШТАН *Ұзын балақты дамбал.* Моншадан кейін бөріңе жаңа *ыштан,* көйлек беріледі (Есенберлин).

ЫШТАНСЫЗ *Ыштаны жоқ, жалаң бұт.* ~ бала.

І

ІБІЛІС 1. *діни. Пері, жын-шайтан. Ібілістер* ағаштың түбіне от жағып, ойына келгенін істейді деседі (Қожарбаев). 2. *Ауыс. Азғын, жексұрын, әзәзіл.* Әзәзіл, азғын, *ібіліс,* Бұзбақшы елдің қаймағын (Ж. Молдағалиев).

ІЗБІН *Болар-болмас ізі бар жол.* Құмырсқаның ~і.

ІЖДАҒАТ *Зейін, ынта, ықылас, талап.* Альбом беттеріндегі *іждағатпен* жазылған жазуларды оқып отырмыз (Байжанов).

ІЖДАҒАТСЫЗ *Жігерсіз, ынтасыз, талапсыз.*

ІЖДАҒАТСЫЗДЫҚ *Ынтасы болмаушылық, ықылассыздық.* Тарихи мұрағаттарды сақтауда ~ болмасқа керек.

ІЖДАҒАТТА *Зейін салу, қадағалау.* Ол жұмысын ~п бітіріп қалды.

ІЖДАҒАТТЫ *Ықыласты, зейінді, ынталы.* Ол ұғымтал да ~ шәкірт.

ІЖДАҒАТТЫЛЫҚ *Ықыластылық, ынталылық, зейінділік.* Әр түрлі деректерді үлкен *іждағаттылықпен* жинастырған (Садықов).

ІЗ 1. *Адам, мал, аң т. б. аяғының жерде қалған дағы, таңбасы.* Бір төбенің ық беткейінен түйенің *ізін* көрді (Балғабаев). 2. *Таптап кеткен жол, соқпақ.* Барғанымды қайтейін, *ізіммен* кері қайттым (Қалдыбаев). 3. *Ауыс. Белгілі бір бағыт, бағдар.* М. Әуезовтің ұлы эпопеясы *ізімен* қазақ прозаиктері қазақ халқының тарихын көркем бейнелеуге кірісті ("Қаз. әдеб."). 4. *Ауыс. Бір нәрсенің белгісі, нышан.* Мариямның бетінен ашу мен ызаның *ізі* тарап қалыпты (Өтесінов). ◊ **Із аңдыды** — *біреуді қырына алды, соңына түсті.* **Із кесті** — *ізіне түсіп аңдыды.* **Із қалдырды** — *пайдалы іс, үлгі-өнеге көрсетті.* **Із тастады** — *ізін білдірмеу үшін орағытып жүрді.* **Із шалды** — *ізіне түсті, із кесті.* **Ізін ала** — *артынша, көп ұзамай.* **Ізін басты** — *біреудің ісін одан әрі жалғастырды.* **Ізіне түсті** — *біреуді қырына алды, құдалады.* **Ізін суытты** — *ат ізін салмай хабарсыз кетті.* **Ізі суымады** — *көп кешікпеді, ұзаққа созылмады.*

ІЗАШАР *Белгілі бір істі алғашқы болып қолға алушы, оның әрі қарай дамуына жол ашушы.* Достарымыздың тәжірибесінен *ізашарлар* жолын жақсы білеміз ("Лен. жас").

ІЗБАСАР *Өзінен бұрынғылардың жолын ілгері апарушы, жалғастырушы.* Ы. Алтынсариннің алғашқы *ізбасарларының* бірі — Алман Әзірмәмбетов (Оспанов).

ІЗБАСАРЛЫҚ *Өзінен бұрынғының ісін ілгері апарушылық, алға бастырушылық.* Талантты Сүгір *ізбасарлыққа* жарайтын күйші (Сариев).

ІЗБЕ-ІЗ *Бірінен соң бірі, бірінің ізін бірі басып.* Бір-бірімізден адасып қалмау үшін *ізбе-із* келеміз (Тәшенов).

ІЗГІ *Адал, ақ, игі. Ізгі* ниеттегі көмек жүктерінің көлемі артып келеді ("Лен. жас").

ІЗГІЛІК *Жақсылық, адалдық, игілік.* ~ сезімі (мерейі, іс).

ІЗГІЛІКТІ *Жақсылығы мол, игілікті.* ~ қасиет (ой, іс, үміт).

ІЗДЕ 1. *Бір нәрсені табу үшін әрекет ету, қарастыру, іздестіру.* Қысырақты *іздеп* бір белге шыққан. (Ә. Нұрпейісов). 2. *Жоқтау, қажет ету, керексіну.* Ғалия радиоқабылдағыштан музыка *іздей* бастады (Р. Сәрсенбаев). 3. *Бір нәрсені білуге тырысу, талпыну, талаптану.* Есімбек оқу *іздеп* қалаға келді (Оразақов). □ **Іздеу салу** — *жоғалған адамдарды немесе қылмыстыларды анықтау, іздестіру, тексеру.* ◊ **Іздегенге сұраған** — *дәл өзінің іздегеніндей, сұрағанындай; соған лайық.*

ІЗДЕМПАЗ *Көп ізденетін, ізденгіш.* Иманғазиев өте бір *іздемпаз* жігіт (Ерғалиев).

ІЗДЕМПАЗДЫҚ *Көп ізденушілік, ізденгіштік.* Композитордың *іздемпаздығы* туындыларынан анық көрініп отырады (Рахмедиев).

ІЗДЕНГІШ *Көп ізденетін, іздемпаз.* Әбекең мейлінше еңбекқор, *ізденгіш* дарын ("Мәдениет және тұрмыс").

ІЗДЕНГІШТІК *Көп ізденушілік, іздемпаздық.* Оның бір қасиеті *ізденгіштігінде* (Қабанбаев).

ІЗДЕНУШІ 1. *Бір нәрсенің соңына түсіп ізденуші, зерттеуші. Ізденушінің* ғылым докторы дәрежесін алуға хақы бар (Оразақов). 2. *Айыбын жеңілдету үшін біреудің ісін қуушы.* Айыптылар жағының *ізденушілеріне* Ботагөз көбірек медеу болды (Мұқанов).

ІЗДЕНУШІЛІК *Зерттеушілік, іздеушілік.* Асқардың кейбір өлеңдерінде ырғақ, түр жағынан *ізденушілік* те бар ("Қаз. әдеб.").

ІЗДЕНІС *Ізденіп табуға ұмтылу, талаптану ісі.* Бектасов еңбегінде соны *ізденістер* байқалады (Рахымжанов).

ІЗДЕУСІЗ *Ешкімге қажетсіз, сұраусыз.* Артынан ата-анасы келмей, *іздеусіз* кетіп бара жатқан (Ә. Нұрпейісов).

ІЗДЕУШІ *Бір нәрсені тауып алуға талаптанушы, іздейтін адам.* Кен ~, пәтер ~.

ІЗЕТ *Әдеп, сыпайылық, кішіпейілділік.* Қарлыбайға "үйге кіре беріңіз" деген ***ізет*** білдірді (Сахиев). ◊ **Ізет көрсетті** — *сыпайылық етті, әдептілік көрсетті.* **Ізет тұтты** — *сыйлады, қадірледі, құрметтеді.*

ІЗЕТСІЗДІК *Жөн-жосықсыздық, әдепсіздік.* Әкемнен бұрын сөйлеп ***ізетсіздік*** көрсетпедім (Бегалин).

ІЗЕТТІ *Сыпайы, биязы, әдепті.* Ислам үлкенге ***ізетті*** іні (Атымтаев).

ІЗЕТТІЛІК *Сыпайылық, биязылық, әдептілік.* Балым ***ізеттіліктен*** амандасты (Салғарин).

ІЗЕТШІЛ *Әдепшіл, ізет сақтағыш.* Қадыр ***ізетшіл*** жан болатын ("Қаз. әдеб.").

ІЗЕТШІЛДІК *Ізет сақтағыштық, сыпайыгершілдік.* Елпекбай ***ізетшілдігімен*** кейде адамның өзін қолайсыздыққа душар ететін (Бақбергенов).

ІЗСІЗ 1. *Ізі жоқ, ізі тұспеген.* ***Ізсіз*** қасқырға ит қоса алмадық (Бегалин). 2. *Ауыс. Із-тұзсіз, белгісіз, ұшты-күйді.* Бір үйір жылқыны түн жамылып қуып әкетіп, ***ізсіз*** қылған (Әйешев). 3. *Ауыс. Елеусіз, атаусыз.* Анамның бар жанымен еткен еңбегі ***ізсіз*** қалған жоқ ("Қазақс. әйелдері").

ІЗ-ТҰЗ *Хабар-ошар, дерек, белгі.* Қылмыстың ***із-тұзі*** суымай тұрғанда қимылдап қалмасақ болмайды (Нәбиев).

ІЗ-ТҰЗСІЗ *Хабар-ошарсыз, дерексіз, белгісіз.* Жұрт Кербездің ***із-тұзсіз*** жоғалуын әр саққа жүгіртті (Елубаев).

ІЗШІ *Ізге тұсіп іздеуші, із кезуші.* ***Ізшіден*** төзімділік, жіті көзділік талап етіледі (Әлімбаев).

ІЗШІЛ *Ізге тұскіш, ізімен тапқыш.* Менің екі тазымның бірі ***ізшіл,*** әрі жүйрік (Ө. Нұрпейісов).

ІЗШІЛДІК *Ізге тұскіштік, ізімен тапқыштық.* Ол итінің ***ізшілдігіне,*** жүйріктігіне сенетін (Мағауин).

ІЗІМ-ҚАЙЫМ *Із-тұзсіз, жым-жылас, зым-зия.* Сол түні Ұлтуған ***ізім-қайым*** жоқ болып шықты (Кеңпейілов).

ІЗІНШЕ *Артынша, іле-шала.* Бәтжан үйге ***ізінше*** қайта кірді (Нұржекеев).

ІЛ 1. *Бір нәрсені іліп қою.* Есболдың сырт киімін қабырғадағы шегеге ***ілді*** (Сатаев). 2. *Тиегін (ілгегін) салу, бекіту.* Нәзипа есікті іштен ***іліп*** алды (Кеттебеков). 3. *Ұстау, бұру, көтеріп әкету.* Көкжендет ***ілген*** құстан атыңның белі майысатын болады (Әлімқұлов). 4. *Ауыс. Үстіне кию, жамылу.* Раушан шапанын әлі үстіне бір ***ілген*** жоқ (Құмарова). ◊ **Іліп алар** — *көзге түсер, кәдеге жарар, бағалы.* **Іліп әкетті** — *бөгелмей жалғастырып кетті.* **Іліп кетті** — а) *ұрлап кетті, жымқырды;* ә) *сөзбен сынады, мінеді.*

ІЛБІ *Әрең-әрең қозғалу, баяу қимылдау.* Күләш үйге ***ілбіп*** әрең жетті ("Қаз. әдеб.").

ІЛБІСІН *Мысық тұқымдас жыртқыш аң.* Үлардың ата жауы ***ілбісін*** мен сусар (Әбиев).

ІЛГЕК 1. *Екі бөлек затты бір-біріне іліп қоятын нәрсе.* Ол тонын киіп ***ілгегін*** салды (Мұханбетқалиев). 2. *Есік, терезе сияқты ашылатын нәрселерді бекітіп қоятын ілмек.* Жүгіре шығып есіктің ***ілгегін*** ашып жіберді (Асылбеков).

ІЛГЕРГІ 1. *Бұрынғы бір кездегі, ертедегі.* ~ кездерде молдадан оқыған. 2. *Алда, болашақта, келешекте.* Біздің ***ілгергі*** күніміз тек жастарға тіреледі (Сералин).

ІЛГЕРІ *Алға, алдыңғы жаққа.* Милиция лейтенанты үшеуі ***ілгері*** өтіп кетті (Жанұзақов). ◊ **Ілгері басқан аяғы кейін кетті** — *ісі оңалмады, ісін қырсық шалды.* **Ілгері басқанның иті оттайды** — *бағы жұріп, дәулеті асқан кісінің барлық ісі сәтті болады.* **Ілгері бастырды** — *алға шығарды, дамытты.*

ІЛГЕРІДЕ *Ертеде, бұрынғы кезде.* ***Ілгеріде*** біз байдың қозысын бақтық ("Қаз. әдеб.").

ІЛГЕРІ-КЕЙІН *Біресе алға, біресе кейін, арыбері.* Шоқымов сәнді киімімді көріңдер дегендей ***ілгері-кейін*** жүрді (Алдабергенов).

ІЛГЕРІЛЕ *Алға қарай жүру, ілгері басу.* Шеген бір басып, екі басып ***ілгерілей*** берді (Нұржекеев).

ІЛГЕРІЛЕУ *Сәл ілгері, ілгерірек, алға таман.* Байса бізден сәл ***ілгерілеу*** жүрді (Мұсылманқұлов).

ІЛГЕРІЛЕУШІЛІК *Алға басушылық, ілгері жылжушылық.* Ағарту саласында да жаппай ***ілгерілеушілік*** бар еді (Жұмаділов).

ІЛГЕРІЛІ-КЕЙІНДІ 1. *Арлы-берлі, ілгері-кейін.* ***Ілгерілі-кейінді*** сойыл көтеріскенмен батыл қимылға бара алған жоқ (Оразалин). 2. *Бұрын-соңды, әр кезде.* Орта Азия туралы ***ілгерілі-кейінді*** жазғандарды түгел оқығанын аңғартады (С. Мұқанов).

ІЛГЕРІНДІ: ілгеріңді ыңпал (*лингв.*) — *алғашқы дыбыс соңғы дыбысты артикуляция және акустикалық тұрғыдан өзіне икемдеуі.*

ІЛГЕРІРЕК *Сәл іргерілеу, алға таман.* Теңізден ~ көштік.

ІЛГЕРІШІЛ *Ілгері қарай дами түсетін, жетіле беретін.*

ІЛГІР *Айтқанды тез іліп алғыш, алғыр.* ***Ілгір*** деп Аққөл балаларын айт (Ілиясов).

ІЛГІШ I 1. *Белгілі бір затты іліп қоятын нәрсе; ілгек, ілмек.* Көшербай тоны мен құлақшынын киім ***ілгішке*** ілді (Серәлиев). 2. *Ашылып-жабылып тұратын нәрселерді бекітіп қою үшін жасалған ілгек.* Арай есікті тарс жауып, ***ілгішін*** салды (Домбаев).

ІЛГІШ II *Қағып алып кететін, алғыр, ілгір.* Білгіш-ақ, ***ілгіш-ақ,*** қағып ап әкетер (Өмірбеков).

ІЛГІШТЕ *Бірінен соң бірін ілу, іле беру.* Ол киім-кешегін ***ілгіштеп*** жатыр (Жансүгіров).

ІЛДАЛДА *Қажетке әрең жарап тұрған, жоқтан бар.* Жолдыбайдың аяғындағы аяқ-киім зорға-зорға жүрген ***ілдалда*** ғана (Сматаев).

ІЛДАЛДАЛА *Ептеп-септеу, бірдеңе етіп амалдау.* Осы азын-аулақ азықпен ***ілдалдалап*** тұрыңдар деп шығып кетті (Қайырбеков).

ІЛЕ *Тез, шапшаң, артынша.* Сол кезде ***іле*** қуған жігіттер де жетіп үлгерді (Оразақов).

ІЛЕКЕР 1. *Ілдалдаға жарайтын бірдеңе (киім).* 2. *Бірдеңені ілдалдалап іске жарату.* Шелектің тұтқасын ~леп ұстатты.

ІЛЕС 1. *Біреудің не бір нәрсенің соңынан еру, еріп жүру.* Алашаның Қаратоғай батыры бұларға ***ілесе*** үйге кірді (Өбуталиев). 2. *Ауыс. Бір нәрсеге елігу, берілу.* Өзін сол күнге ***ілесе*** самғап барат-қандай сезінді (Дәрмағамбетов).

ІЛЕСПЕ: ілеспе аударма — *бір мазмұнды хабарды бірнеше тілде табан аузында түсіндіріп тұратын синхронды аударма.* Ілеспе газ — *мұнай өндіру кезінде алынатын газ.*

ІЛЕ-ШАЛА *Тез арада, көп кідіртпей, артынша.* Әкемнің артынан *іле-шала* ауылға тарттым (Балабеков).

ІЛКІ *Алғашқы, әуелгі кезде, бұрыныракта.* Төлеген *ілкіде* шопандық өмірдің қыры мен сырын даңқты шопан Дәулетияровтан үйренді (Ысқабаев).

ІЛКІМДІ *Іскерлік, тапқырлық, жігерлілік.* Жекелеген фирмалар мен кәсіпкерлердің *ілкімділігінен* үлгі алуға болатындай ("Жас алаш").

ІЛМЕК I 1. *Бір нәрсені іліп қоятын немесе іліп әкететін имек ілгіш.* Кран *ілмегі* дәу қазанды тағы да қайта көтерді ("Білім және еңбек"). 2. *Есіктің күршегі, ілгек.* Ақырын есіктің *ілмегін* іліп қойды (Қуанышбаев).

ІЛМЕК II *Малға, құсқа салатын бұғалықтың, тұзақтың дөңгеленген ұшы.* Қолында құрыққа *ілмекпен* байлаған ұзын арқан (С. Бегалин).

ІЛМЕКТЕ *Шорт байламай, ілмектеп байлау.* Шылбырының ұшын *ілмектеп* байлады (Домбаев).

ІЛМИ *Әбден арықтап жүдеу, еті қашу, шілмию.* Мәулен өте арық, *ілмиген* адам (Жұмаділов).

ІЛТИПАТ *Ықылас, пейіл, көңіл.* Үлкендерге *ілтипат* көрсетіп жүрген келініне әбден риза болды (Мұханбетқалиев).

ІЛТИПАТТЫ *Кішіпейілді, әдепті, инабатты.* Марат үлкенге инабатты іні, кішіге — *ілтипатты* аға (Ибрагимов).

ІЛТИПАТТЫЛЫҚ *Кішіпейілділік, әдептілік, инабаттылық.* Ол адамға деген *ілтипаттылығымен* бүкіл ұжымның құрметіне бөленді (Дүйсенов).

ІЛУ *көне. Күйеу жағының қалыңдықты көруге барғанда апаратын кәдесі.* Гүлдәрі әр үйдің жолына қарай келіндеріне әр түрлі *ілу* апарғызды (Әлішев).

ІЛУДЕ *Анда-санда, оқта-текте, кейде.* Ерінің *ілуде* бір болмаса, ашуға бой алдырмайтынын білетін (Т. Әлімқұлов) ◊ **Ілуде біреу [бір]** — *анда-санда, сирек.*

ІЛУЛІ *Ілінген, ілініп қойылған.* Бектемір қабырғадағы *ілулі* тұрған суретке қарады (Исабеков).

ІЛІК I *Жекжаттық байланыс, көңіл жақындық.* Қазақта құданың құдасы, жиеннен туған жиеншар деген секілді *ілік* көп болады. 2. *Біреумен ілінісу, шатақ, бұлік.* Кейде айналасынан *ілік* іздейді (Смайылов) □ **Ілік жалғауы (септік)** — *септіктің атаудан кейінгі жалғауы.*

ІЛІК II 1. *Белгілі бір межеге жету, келу, толу.* Отыздарға енді *іліккен* шымыр денелі жас жігіт екен (Нұсқабаев) 2. *Іліну, ұлгеру.* Қорапша автобустың соңғысына *іліге* алмай қалдық (Айымбетов).

ІЛІКПЕ: ілікпе сөз 1. *Сөйлеп тұрған кісінің сөзін қақпалау.* Баяндамашының сөзін -мен қақпайлады. 2. *театр. Екінші актер сөзін жалғастырып айта жөнелуге керекті бірінші актердің соңғы сөзі.*

ІЛІКТЕС *Ілік-шатысы бар, байланысты.* Рәш, Мәрәйім қызы Сақышпен *іліктесіп* жүргенін естіді (Доспанбетов).

ІЛІК-ШАТЫСТЫҚ *Бір-бірімен жақындық, байланысы барлық.* Сержан баланы таныды, өздерімен *ілік-шатыстығы* бар кісілер (Тоқтаров).

ІЛІНІС 1. *орт. етіс. Ілін-іс.* 2. *Ауыс. Сөзге келу, қақтығысу.* Қайырғали мен Әбілғазы екеуі оқтын-оқтын *ілінісіп,* қағысып қала берді (Ниязбеков).

ІЛІП-ҚАҚ *Әзілмен қағыту, ажуалау.* Ілескүл мені әзілдеп *іліп-қаға* беретінді шығарды (Нұржекеев).

ІЛІП-ҚАҚПА *Қағытып айтылатын, ажуалы қалжың (сөз).*

ІЛІП-ТАРТ *Сөзбен іліп-шалу, ажуалау.* Ол кісіні сөзбен *іліп-тартып,* болмаған жерден араласады да отырады (Бұлқышев).

ІЛІП-ТАРТПА *Тиісіп айтылатын, іліп-қақпа.* — Қой, шырағым, ондай *іліп-тартпа* сөзіңді (Сыланов).

ІЛІП-ШАЛ *Сөзбен тиісіп қағыту, ажуалау.* Мақпалдың аңдитыны Жамал, реті келген жерде *іліп-шалып* жүргені (Ақышев).

ІЛІП-ШАЛМА *Қағытып айтылатын, ажуалы.* Мұндай *іліп-шалма* сөздерге тойтарыс беріп отырады ("Қаз. әдеб.").

ІН *Жерді ұңғып қазып жасаған, жабайы аңдар жататын орын, ұңғір. Ін* түлкі кеңіткен, суырдікі екен (Көшімов).

ІНДЕТ I *Жұқпалы ауру, кесел, дерт.* Жуырда сүзек деген бір *індет* елге жайыла бастады (Қайырбеков). □ **Індет көзі** — *жұқпалы індет таралып жайылатын орын.*

ІНДЕТ II *Қуып жүріп, ініне тығу; ұстау үшін амал жасау.* Төлем түлкіні ізімен қуып келіп, соны *індетіп* жатыр (Сауытбеков).

ІНДЕТТІ *Жұғатын, жұқпалы (ауру).* Демікпе әдетте, *індетті* аурулардан кейін пайда болады ("Мәдениет және тұрмыс").

ІНЖУ *Теңіз түбіндегі карбонит құрамды, меруерт бағалас қымбат асыл тас.* Қазақстанда кездесетін асыл тастар *інжу,* жақұт — не керек бәрі бар (Әбдіков).

ІНЖУАН *Бойына меруерт, інжу тастары жиналатын теңіз мақұлығы. Інжуан* теңізде жүргенде аузын ашып жүреді (Ғибратнама).

ІНЖҰГҮЛ *Әсемдік үшін өсірілетін өсімдік, дәрілік қасиеті де бар; ландыш.*

ІНЖІЛ *діни. Діни наным бойынша құдайдың әмірімен көктен түскен төрт кітаптың бірі.* Құранның ішінде *Інжілден* алынған көп сөз бар (Ж. Молдағалиев).

ІНЖІР *бот. Тұт тұқымдасына жататын, бағалы шырын жемісі бар, жылы жақта өсетін ағаш (өсімдік, сол өсімдіктің жемісі).*

ІНІ 1. *Бір туған ер адамдардың жас жағынан ең кішісі.* Қыздың бір *інісі* әскерге алынды (Иманбаев). 2. *Жалпы жасы кіші ер адам.* — Оқасы жоқ, *інім,* ал енді маған жұмыстарыңды көрсет (Алдабергенов).

ІНІ-ҚАРЫНДАС *Інісі мен қарындасы, екеуі де.* -ымнан хат келді.

ІНІЛІ *Інісі бар.* Ықсан *інілі* болғанына разы болды (Сүндетов).

ІНІЛІК *Жасы кіші болушылық, туыстық.* Ақанға *інілік* базынамыздың бәрін жасап бақтық (Базитов).

ІНІШЕК *Іні сөзінің кішірейте, еркелетіп айтылған түрі.* Айдос деген *інішекпен* әңгімелескенім бар (Байжанов).

ІҢГӘ *Жас нәрестенің жылағанда шығаратын дыбысы.* Айбек жылаған ұлының *іңгәсін* естіді (Мұқаев).

ІҢГӘЛА *"Іңгә-іңгә" деп жылау.* Күнжамиланың үйінен *іңгәлаған* сәби даусы естілді (Дәрмағанбетов).

ІНГЕН *Қос өркешті ұрғашы түйе.* Атандар мен *інгендердің* барлығы көлік жұмысына жегілді (Бөкеев).

ІНГЕНШЕ *Төрт-бес жас аралығындағы ұрғашы түйе. Жас ерекшелігіне қарай: бесті інген, қасқа тіс інген деп аталатындары бар.*

ІҢКӘР *Ынтық, ынтызар, құмар.* Адам жаны сұлулық, әсемдікке неге *іңкәр* болды екен (Байжанов).

ІҢКӘРЛАН *Ынтықтану, ынтызарлану, құмарлану.* Таутан соңғы күндері Үлжанға *іңкәрлана* бастады (Тілеков).

ІҢКӘРЛЫҚ *Ынтық болушылық, құмарлық, ынтызарлық.* Ол соншама мол *іңкәрлық* ілтипатпен Ысқақовтың қолын алды (Сәрсенбаев).

ІҢІР *Күн батып, қараңғы түсе бастаған кез.* Күн батып, *іңір* түскен кезде Қабылан жетті (Мұқаев).

ІҢІРДЕ *Күн батып, қараңғы түскен кез, іңір.* ~ әрең жетті.

ІҢІРЛЕТ *Күн батып, қараңғы түсе бастау.* Қонақтар ~е келді.

ІП-ІРІ *Тым ірі, үлкен.* Тістері қанттай аппақ және әп-әдемі, *іп-ірі* екен (Жармағамбетов).

ІРГЕ 1. *Үйдің қабырғасының төменгі жағы.* Су үйдің тас *іргесінен* аса бастаған екен (Кәрменов). 2. *Ауыс. Жақын жер, таяу маң.* Сексеуілден қалаған қорасы да дәл *іргеде* тұр (Әбдірахманов). ◊ **Ірге басар** — *күйеу жігіттің ұрын келуінде жеңгелер тарапынан алынатын ырым.* **Ірге бермеді** — *ырық бермеді, өз дегенін істеді.* **Іргесі берік** — *босағасы мықты, белді.* **Іргесін аулақ салды** — *жоламады, араласпады, қатыспады.* **Іргесін ашып алды** — *ашықтан-ашық бөлектенді, бөлінді.* **Ірге көтерді** — *ұйымдастырылды, тұрғызылды.* **Іргесі сөгілді** — *бірлігі кетті, жойылды.* **Ірге тепті** — *тұрақтап қалды, орналасты, орнықты.* **Ірге алдырмады** — *шебін бұздырмады, нық тұрды.* **Ірге аударды** — *отырған жерінен басқа қонысқа көшті, мекенін ауыстырды.*

ІРГЕЛЕС *Бірімен — бірі шектес, көршілес.* Алтыбақанға *іргелес* ауылдардың жастары түгел келді. (Ақышев).

ІРГЕЛЕСТІК *Бірімен — бірі шектес болушылық, көршілестік.* Қазақ ауылының сиқын, берекесін кетіретіні үй мен мал қораның *іргелестігі* (Бектұрғанов).

ІРГЕЛІ *Негізі мықты, тұрақты.* ~ ел (өндіріс, шаруашылық). □ **Іргелі зерттеу** — *теориялық негізі терең, өзекті ғылыми зерттеу.*

ІРГЕЛІК *Киіз үйдің ауа кіру үшін іргені тұріп қойған ашық жері.*

ІРГЕНЕК *Киіз үйге ит кіріп кетпеуі үшін ағаштан не талдан істеліп есікке қойылатын қалқан.* Есіктен *іргенек* кетсе, иттен иба кетеді (Мәтел).

ІРГЕСІЗ *Қабырғасыз, жалаң.* Цех жаңа әдіспен *іргесіз,* төбесіз салынып жатыр (Қойшыманов).

ІРГЕТАС *Үйдің қабырғасының астына қиыршық тас араластырып құятын цемент негіз.*

ІРЕ *Сойған малдың не аңның терісін жұдырықпен іреп сылу.* Бөкендерді жұдырықпен *іреп,* мүшелеп бұзуға кірісті (Д. Досжанов).

ІРКЕС-ТІРКЕС *Бірінен соң бірі тізілген, ұштасқан.* Бәйгеден *іркес-тіркес* ең жүйрік сәйгүліктер келді (Есенберлин).

ІРКУСІЗ *Кедергісіз, тоқтаусыз, бөгетсіз.* Жаңа совхоздарға техника *іркусіз* төгілді (Нұршайықов).

ІРКІЛ *Бөгелу, тоқтау, жиналу.* Ол сәл ~іп қалды.

ІРКІЛДЕ *Ірк-ірк ету, былқылдау.* Семіз денесі *іркілдеп,* майлы беті жылтырап тұр (Райымқұлов).

ІРКІЛДЕК 1. *Денесі іркілдеген, былқылдаған толық.* Заңила май басқан *іркілдек,* толық әйел (Жұмаділов). 2. *Іскен жерге қол тигізгенде томпайып босап тұрса, бұл іріңдегендіктің белгісі.*

ІРКІЛІС *Бөгеліс, тосқауыл, кедергі.* Жас механизатордың жұмысында *іркілістер* жиі болып тұрады (Күлешов).

ІРКІЛІССІЗ *Тоқтаусыз, кедергісіз, бөгетсіз.* Қажетті заттар малшыларға *іркіліссіз* жеткізіледі ("Мәдениет және тұрмыс").

ІРКІНДІ *Жаңбырдан не еріген қардан соң жиналып іркіліп қалған (су) қақ.* ~ судан жылқы кеселдерге шалдығады.

ІРК-ІРК *Іркілдеу, былқылдап толу.* Сапардың туған шешесінің денесі отырған орнында *ірк-ірк* етеді (Ақышев).

ІРКІС 1. *Киім тіккенде кей тігісінде пайда болатын қатпар, не арқанды, жіпті тартқанда ширатылып артық қалған түйін.* 2. *Кедір-бұдыр.* Кейде қатпар, кейде ~ жер.

ІРКІСТЕН *Қатпарлану, кедір-бұдыр болу.* Апайдың *іркістеніп* тұрған камзолының иығын жөндеп жіберді (Тоқтаров).

ІРКІС-ІРКІС *Біріне-бірі ұштасқан, жалғасқан.* ~ жалғасып жатқан шоқылар мен жон-жоталар.

ІРКІТ *Жинаған сүтті пісіп, майын алғаннан кейінгі қалған ақ сүт.* Шешем сол бай үйінің *іркітін* піседі, құртын қайнатады (Ақышев).

ІРТІК *Үйыған айранның жентек-жентек бөліктері, ұсақ іріімтік.* Келіншегінің қабағы сынық, айранның *іртігін* жазбапты (Д. Досжанов).

ІРТІКТЕН *Іртік-іртік болу.* Айраны ~іп қалыпты.

ІРІ I 1. *Майда емес, көлемі үлкен.* Қазақ жылқылары онша *ірі* болмағанымен, шыдамдылық жағынан жақсы жетілген (Жанәбілов). 2. *Күрделі, айтарлықтай.* Қаратау *ірі* өнеркәсіп орындарын овощ-сүтпен қамтамасыз ету қажет (Ауыл ажары). 3. *Ауыс. Қатты, зор.* Ескелді бүйтіп *ірі* сөйлемейтін (Нұржекеев). ◊ **Ірі қара** — а) *жылқы, түйе, сиыр малдары;* ә) *қара мал, сиыр.*

ІРІ II 1. *Ашып бұзылып кету.* Сүтіміз *іріп,* бетіне көк суы қалқып шыға кепті (Райымқұлов). 2. *Ауыс. Тозығы жету, жыртылу. Іріген* ескі киіз бірігетін емес (Мусин).

ІРІК 1. *Бөгеу, тежеу.* Өзіңді-өзің *ірікпе,* құлашыңды еркін сермегенің жақсы (Жақаев). 2. *Тоқта-ту, кідіру.* Сұрапберген атының басын *ірікті* (Балғабаев).

ІРІКТЕ *Таңдап бөлу, сұрыптау.* Нәкең үйде оқитын газет-журналдарды *іріктеп* алды (Ысмағұлов).

ІРІК-ШІРІК 1. *Іріп-шіріп кеткен нәрсе, қоқыс.* ~ ескі көйлек-көншек. 2. *Ауыс.* Зияны тиетін іс-әрекет. Адамдар жаңа қоғамның да *ірік-шірігін* көре бастады ("Қаз. әдеб.").

ІРІЛЕ *Ірі болу, үлкею, асу.* Денесі *ірілеп* қалған бала жігіт сәлем беріп, кіріп келді (М. Әуезов).

ІРІЛЕУ *Іріреқ, үлкендеу.* Оразтай ағасына қарағанда сәл *ірілеу.* (Арыстанов).

ІРІЛІК 1. *Көлемділік, үлкендік.* Тұлғасының *ірілігіне* қарап сескенетін (Балғабаев). 2. *Ауыс. Өр көкіректік, меңмендік.* Салтанаттың *ірілігі* жоқ, тым елгезек (Жақсыбаев).

ІРІЛІ-КІШІЛІ *Үлкенді-кішілі, көлемі әр түрлі.* Екі жағалауда *ірілі-кішілі* ондаған село орналасқан (Рахымбеков).

ІРІЛІ-УАҚТЫ *Көлемі әр түрлі, үлкенді-кішілі.* Ауылдың ~ барлық малы қорада.

ІРІЛІ-ҰСАҚТЫ *Үлкенді-кішілі, әр түрлі.* Шүкір, *ірілі-ұсақты* біраз малдың да басы бар (Түменбаев).

ІРІМТІК *Ұсақ іртік. Іріміпгін* жазып, ыдысқа құйып ұсынған айраннан Жомарт бір-екі ұрттады (Қазыбеков).

ІРІМТІКТЕЛ *Іріміпік-іріміпік болу, іріміпіктену.* Нұржан бетінде *іріміпіктеліп* майы қалқыған қымызға ернін тигізіп қайтарып берді (Сматаев).

ІРІМТІКТЕУ *Аздап іріміпіктелген.* Айран аздап ~ екен.

ІРІМШІК *Майлы сүтті қайнатқаннан шыққан ақшыл сарғыш түсті тәтті, дәмді ұлттық тағам.* Дастарқанда *ірімшік,* құрт, май, сапырулы қымыз (Елебекова).

ІРІҢ *Дененің жарадан, ісіктен бұзылған жеріндегі сасық иісті сұйықтық.* Қара санды қаптаған *іріңді* тазартайын деп ем (Тоқаев).

ІРІҢДЕ *Ірің пайда болу, ірің кеулеу.* Борсық майы *іріңдеп* шыққан жараларға ем ретінде қолданылады (Қадырбаев).

ІРІҢДІ *Іріңдеген, ірің басқан.* Мөңке Темірдің тамағынан бір *іріңді* жара шықты (Есенберлин) ◊ **Іріңді түйін** — *түйенің жұқпалы ауруы.* Іңгеніміз ~мен ауырады.

ІРІП-ШІРУ *Бұліну, бұзылып кету.*

ІРІТКІ 1. *Ірітіп жіберетін нәрсе.* 2. *Ауыс. Ауызбірлікті бұзу, алауыздық.* Оразов совхозда *іріткі* тудыра бастады (Серғалиев). ◊ **Іріткі салды** — *алауыздық тудырды, шырқын бұзды.*

ІРІТКІШІЛ *Бұлікшіл, іріткі салғыш.* Ол өзінің ~ адам екенін көрсетті.

ІРІТКІШІЛДІК *Іріткі салушылық, бұлікшілік.*

ІС I 1. *Жұмыс, қызмет, шаруа.* Олар *іс* жайын сөз етісіп ұзақ отырды (Нәбиев). 2. *Ауыс. Қылмысты адам туралы қаралатын мәселе.* Досжановтың үстінен *іс* қозғады (Тоғысбаев). ◊ **Іс жүзінде** — *жұмыстың орындалу кезінде, жағдайдың барысында.* **Іске алғысыз** — *түкке тұрмайтын, құнсыз.* **Іске араласты** — *жұмыс, қызмет істеді.* **Іске асты** — *қажетке жарады, орындалды.* **Іске жарады** — *пайдаға асты, қажет болды.* **Іске қосты** — *жұмыс істеуге кірістірді.* **Іске мұрындық болды** — *бар жұмысқа бастаушы, ұйтқы болды.* **Іске сәт!** — *ісің сәтті болсын, орайы келсін.* **Іс насырға шапты** — *жұмыстың ыңғайы жамандыққа бет бұрды.* **Істен шықты** — *жарамай қалды, бұлінді.* **Істес болды** — *қызметтес, кәсіптес болды.* **Іс тынды** — *бір шаруаны бітірді.* **Істі болды** — *қылмыс жасап айыпталды.* **Істі жапты** — *қылмысты кісінің тергеуге түскен ісін қарауға, тексеруге жатпайтын қорытынды шығарды.* **Іс тікті** — *киім тікті.* **Істің көзін [қыбын] білді (тапты)** — *жұмыстың ретін тауып істеді.* **Ісі болмады [жоқ]** — *еш нәрсемен шаруасы болмады.* **Ісі жемісті болсын!** — *шаруасы оңға бассын деген тілек.* **Ісін бітірді [тындырды]** — а) *шаруаны орындап тастады;* ә) *бір нәрсені жоқ етті, құртты.* **Ісіне мығым** — *шаруасына тындырымды, ұқыпты.* **Ісін қуды** — *біреуді (өзін) ақтауға әрекет жасады.* **Ісі түсті** — *біреуге кіріптар болды, мұқтаждыққа ұшырады.*

ІС II *Дене қабынып, дүмпіп кету, күп болу.* Көзі *ісіп* берекесі қашқан (Еркебаев).

ІС-ӘРЕКЕТ *Әр түрлі жұмыс, қарекет.*

ІСЕК *Екі жасқа келген піштірілген еркек қой.*

ІСКЕК *Сақал-мұртты, қасты бір-бірлеп жұлатын кішкене тістеуік темір.* Сабасына қарай піспегі, сақалына қарай *іскегі* (Мақал).

ІСКЕКТЕ *Іскекпен жұлу.*

ІСКЕНЖЕ *жерг. Қысқыш темір.* Өңделетін бұйымды ~мен қысты.

ІСКЕР *Қолынан іс келетін, істің жөнін білетін, ісмер.* Бөкешов өзі *іскер,* әрі айбынды адам (Қайырбеков).

ІСКЕРЛІК *Қолынан іс келетіндік, шеберлік.* Ол, Бекарыстың *іскерлігіне* дән риза (Жәкенов).

ІС-ҚИМЫЛ *Іс-әрекет, жүріс-тұрыс.* Аманкелдінің *іс-қимылын,* халықтың батыры ретінде көрсетеді (Ишанов).

ІСМЕР *Қолынан әр нәрсе келетін шебер. Ісмердің* қолынан жаңа шыққан (Жаркенов).

ІСМЕРЛІК *Шеберлік.* Киім тігуге де ұста, *ісмерлігі* басым (Әлішев).

ІС-МІС: іс-міс жоқ — *айшаймен жұмысы жоқ, бірден. Іс-міс* жоқ дүрсе қоя берді (Мәшһүр Жүсіп).

ІСПЕТ *Сиық, сипат, түр, түс.* Қандай *іспетте* болсын, толқымайтын адам кемде — кем шығар (Салақов).

ІСПЕТТЕНДІР *Ұқсату, сияқты, тәрізді еттіру.* Жігітке тақия *іспеттендіріп* орамал байлады (С. Омаров).

ІСПЕТТЕС *Бір нәрсеге ұқсас, сол сияқты.* Құрылысшылар жауынгерлер *іспеттес* (Серғалиев).

ІСПЕТТІ *Бір нәрсе тәрізді, сияқты.* Өткен күнім бейне бір ертегі *іспетті* (Дәуренбеков).

ІССАПАР *Қызметкерді жұмыс бабы бойынша бір жерге тапсырмамен жіберу; командировка.* ~дың қағазын алдым.

ІССІЗ *Жұмыссыз, еңбексіз, шаруасыз. Іссіз* қаңғыған жалғыз Әлжан ғана сияқты (Баялиев).

ІССІЗДІК *Жұмыссыздық, еңбексіздік, шаруасыздық.* Үрия *іссіздіктен* зерігіп отыр еді (Иманбаев).

ІСТЕ 1. *Бір нәрсені жасау, жасап шығару.* — Әке, Бекетке ағаш ат *істеп* бересің бе? (Тоқтаров). 2. *Жұмыс істеу, қызмет атқару.* Мен білетін азаматтар шаруасын *істеп* жатыр (Тілегенов).

ІСТЕС *Бірге жұмыс істейтін, қызметтес, жұмыстас.* Талайдан *істес* болған (Әлсеров).

ІСТЕСТІК *Істес болушылық, бірге істегендік.*

ІСТІ *Қылмысты, айыпты.* Ғалия *істі* болып, өрең құтылды (Тарази).

ІСТІК *Үшкір, өткір ұшы бар ұзынша темір таяқ.* Еттің пісуіне шыдамай, отқа *істікке* бүйрек шаншып жатқандар да бар (Мағауин).

ІСТІКТЕ *Ұшын шығару, істік етіп ұштау.* Тобылғыны *істіктеп,* жоң арқаны қуалата тығып алады екен (Нұрпейісов).

ІСТІКТЕУ *Істікше келген, сүйіктеу.* Бөкенбаевтың мұрны *істіктеу* (Қайырбеков).

ІСТІКТІ *Істігі, найзасы бар. Істікті* мылтық көп еместі (Тәшенов).

ІСШЕҢ *Жұмысты жақсы істейтін, ісқұмар.* Ол қайратты, алғыр, ~ қызметкер.

ІСШЕҢДІК *Жұмысқа ынталылық, ісқұмарлық.* Өңгіме еңбектегі ~ туралы еді.

ІСШІЛ *Істі жақсы істейтін, іске ұқыпты. Ісшіл* адам піпіндес жігіт бұған қарады (М. Әуезов).

ІСІК *Дененің іскен жері.* Тобығындағы *ісік* тізесіне өрлепті (Нұржекеев).

ІСІҢКІ *Аздап іскен, ісінген.* Көз еттері қызарып, әрі *ісіңкі* тартқан (Доспанбетов).

ІСІП-КЕП 1. *Адам денесінің ісініп кетуі.* Ашығып *ісіп-кепкен* адам көбейіп кетті (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Меншенсу, дандайсу.* Бастық өзінен өзі *ісіп-кеуіп* болмашыға кеуде соғатын (Иманбеков).

ІСІРІП *Үйдің іргесі, іргетасы. Ісірібі* тоқтастан, артық туған мажардан (Шалкиіз жырау).

ІШ I 1. *Ішек-қарын орналасқан жер, құрсақ. Ішің* ауырса аузыңды тый (Мақал). 2. *Бір нәрсенің ішкі жағы, ортасы, арасы.* Бас жарылса бөрік *ішінде* (Мақал). □ **Іш киім** — *сырт киімнің ішінен киетін көйлек-дамбал.* **Іш май** — *малдың ішек қарынан сылынып алынатын май.* **Іші бұзылды (өтті)** — *тышқақ болды, іші өтті.* ◊ **Іші пысты** — *не істерін білмей зерікті, жалықты.* **Іші шұрқырады** — *тамақ ішкісі келді, қарны ашты.* **Іште қалды** — *анасының құрсағында жатқанда әкесінен айрылған бала туралы айтылады.* **Іш араз болды** — *араздығын ішінен тынып сақтады.* **Іш жарасы** — *жанды азапқа салар дерт; қайғы-қасірет.* **Ішке [ішіне] түйді** — *ойына тоқыды, іште сақтады.* **Ішкі өзегі бордай үгіліп, қанттай еріді** — *егілді, іші ежіреді.* **Іш қазандай қайнады** — *ыза кернеп, ашу қысты.* **Іш құста [құса] болды** — *ішінен тынды, қайғырды.* **Іш мерез** — *біреуге арамдық жасайтын, пасық.* **Іш тарлық жасады [көрсетті]** — *қолындағысын біреуге қимады, қызғанды.* **Іш тартты** — *жақын тұтты, бұйрегі бұрды.* **Іш тастады** — *төл мерзімінен бұрын туды, өлі туды.* **Іштен тынды** — *қайғысын ешкімге білдірмеді, қиналса да үндемеді.* **Іші алай-түлей болды** — *көңілі қобалжыды; көңілі толқып алабұртты.* **Іші [удай] ашыды** — *қатты күйінді, өкінді.* **Іші бауырына кірді** — *біреуді жылы сөйлеп өзіне қаратты.* **Іші жылыды [жібіді]** — *жақсылыққа көңілі құлады, мейірленді.* **Іші күйді** — а) *біреуді көре алмады, қызғанды;* ә) *қатты күйінді, ренжіді.* **Іші қазандай қайнады** — *ызасы келді, күйінді.* **Ішінде ит [мысық] өліп жатыр** — *еш сырын шашпады, пікірі ішінде.* **Ішіне ел қонды** — *аздап тамақ ішті, жүрек жалғады.* **Ішінен күлді** — *сыртқа білдірмей мысқылдады, мазақтады.* **Ішіне сыймады** — *айтқысы келді де тұрды.* **Ішін кептірді** — *қарғапсіледі, әбден жамандап, сөз қылды.* **Ішін тартты** — *біреуден бірдеңені білмек болды.* **Іші тар** — *біреудің жақсылығын көре алмайтын, қызғаншақ, құншіл.* **Іші түтін, сырты бүтін** — *қайғылы, уайымды, шерлі.*

ІШ II 1. *Сұйық затты сіміре жұту, ұрттау.* 2. *Тамақтану, ішіп-жеу.* Бекжан тамағын тез-тез *ішті* де, тұрып кетті (Еркебаев). ◊ **Ішкен асы бойына батпады [тарамады]** — *көңілі көншімеді, алаңдады.* **Ішкен асын жерге қойды** — *біреуге шын ықылас білдірді, бәйек болды.* **Ішкен-жегенін мұрнынан шығарды** — а) *асықтырды, құып шықты;* ә) *жегенін сығып алды.* **Ішкені алдында, ішпегені артында** — *не ішіп, не жеймін демейді, бәрі сай.* **Ішкені ірің [зәр], жегені желім [желке]** — *күн көрсетпеді, көзге тұртпек қылды.*

ІШ: іш етті — *жас бала дәрет сындырды.*

ІШЕК 1. *Адамның, малдың, хайуанаттардың ас қорытатын мүшелерінің бірі.* Таңертең екеуі де аш, ~тері шуылдайды. 2. *Мал ішегінен, тарамысынан ширатылған, домбыраға таққанда ұн шығаратын ішек жіп.* □ **Ішек жіп** — *ұсақ малдың ащы ішегінен дайындалатын жіп, ол әр түрлі жарақаттарды тігу үшін пайдаланылады; кетгут.* **Ішек таяқшасы** — *малдың ішегінде мекендейтін, кейде түрлі кеселге себеп болатын таяқша сияқты бактериялар; ішек бактериясы.* **Ішек түйілу** — *малда (адамда) ішектің түйіліп ауыруы.* ◊ **Ішегі қатқанша [түйілгенше] күлді** — *іші ауырғанша қатты күлді.* **Ішегін тартты** — *таңданып не сасып қалғанда ішке дем тарту.*

ІШЕК-ҚАРЫН *Ас қорытатын мүшелер.* Сойған қойдың ~ын тазалады.

ІШЕККҰРТ *Жайылымнан, судан пайда болатын мал ауруы.* Өріс жиі ауыстырылса, мал *ішекқұрт* ауруларына ұшырамайды (Ермеков).

ІШЕК-СІЛЕ: ішек-сілесі қатты — *ішегі түйілгенше күлді.*

ІШЕКТІ *Ішегі бар, ішек тағылған.* Көрермен он үш ~ жетігеннің үнін тұңғыш рет естіді.

ІШКЕРІ *Ішке таман, ішке қарай.* ~ қарай екі сарай тұр екен.

ІШКЕРІЛЕ *Ішке қарай кіру, ену.* Дутов бандылары *ішкерілей* еніп кетіп жүр (Тұрлыбаев).

ІШКЕРІРЕК *Ішке таман, ішкерілеу.* ~ жатқан клеткалар.

ІШКІ *Іш жақтағы, ішіндегі.* ~ бөлме (есік, дүние, сыр).

ІШКІЛІК I *Тоқымның астынан салынатын жұқа киіз, тері, ішпек.* Борсықтың терісін *ішкілік* жасап аламын деді (Ізбасаров).

ІШКІЛІК II *Арақ-шарап, ішімдік.* Әйтеуір *ішкілік* бермеді деп ренжімесеңіздер болды (Алдабергенов). ◊ **Ішкілікке салынды** — *арақ-шарап ішуге беріліп кетті, бой ұрды.*

ІШКІШ 1. *Тамақты, көп ішетін.* Қажымұқан қымызды да ішкіш, етті де жегіш болатын (С. Мұқанов). 2. *Ауыс. Арақ-шарапты көп ішетін; маскүнем.* Күйеуім жас болғанымен, *ішкіш* (Жұмаділдин).

ІШКІШТІК *Ішімдікке берілгендік; маскүнемдік.*

ІШПЕЙ-ЖЕМЕЙ 1. *Еш нәрсені аузына алмай; Өз тамағынан өзі аяп.* Байлар ~ мал жинауды ойлайтын. 2. *Бостан-бос, құрдан-құр.* Анамызды көргенде ашқан қарнымыз *ішпей-жемей* тоятын (Райымқұлов).

ІШПЕК 1. *Тоқымның астына төселетін жұмсақ киіз ішкілік.* Ол қаракердің *ішпегін* салып, ерттей бастады (Бөкеев). 2 *жерг. Көрпенің, жастықтың, киімнің, тағы басқаның тысы.* Төріне *ішпегі* батсайы шайыдан тігілген мамық жастықтар тасталған (С. Мұқанов).

ІШТЕЙ *Естіртпей, білдірмей.* Кешке дейін *іштей* ойлаумен болдым (Әзімбаев).

ІШТІ 1. *Ішінің сыйымы мол, кең.* Жігіттер *ішті* қазандарға суды толтырды (Сыланов). 2. *Ішінде төлі бар, буаз.* Мал ішінде ұзақ жолды көтере алмайтын *іштісі* бар (М. Әуезов).

ІШТІ-ТЫСТЫ *Ымы-жымы бір, пікірлес.* Олар ~ адамдар.

ІШІ-БАУЫРЫ Адамның ішкі дүниесі. *Іші-бауыры* үзіліп бара жатқандай болды (Соқпақбаев). ◊ **Ішібауырына кірді** — *жақсы көріп, жақын тартты.*

ІШІК *Іш жағы аңның терісінен тігіліп, сыртын матамен тыстаған жылы сырт киім.* Құндыз ~ (күзен, түлкі, қасқыр, бұлғын, жанат, қоян, сусар, пұшпақты).

ІШІМ: бір ішім — *бір рет ішетіндей, бір рет ішерлік.* ◊ **Шай ішім** — *бір шай ішетіндей (уақыт).*

ІШІМДІК 1. *Ішетін нәрсе, сусын.* Қымыз шипалы ~ болып саналады. 2. *Арақ-шарап т. б. спиртті нәрселер.* Қосайды құдай атты, *ішімдікке* салынды (Ләмбеков).

ІШІНАРА *Бірлі-жарым, бірді-екілі.* Буаз биелер *ішінара* құлын тастап кетті (Есеналиев).

ІШІП-ЖЕ 1. *Тамақ ішу, қорекке жұмсау.* Рәштің әйелі, кімнің үйі не *ішіп-жеді,* соның бәрін тізе беріпті (Доспанбетов). 2. *Ауыс. Біреуден көзін алмай, тесіле қарау.* Ол Гүлданаға тесіле қарап, *ішіп-жеп* барады (Сараев).

ІШІП-ЖЕМ *Ішіп-жейтін тамақ, ас-су, азық-түлік.* Бір түтіннің киім-кешегі мен *ішіп-жемі* Кәмештің мойнына түсетін (Нұржекеев).

ІШІРТКІ *көне. Молдалардың ауру адамға езіп ішкізетін дұғасы.* Ишанбай *ішірткі* жазып беретін жай ғана молда (Қабанбаев).

ІШІ-СЫРТЫ *Барлық жері, бәрі.* Ол ауруханаңың *іші-сыртын* түгел аралап шықты (Ләмбеков).

Э

ЭВАКУАЦИЯ *Жау шабуылының қатерінен, я көлденең апаттың қаупінен сақтанып, тұрғын халықты, мекемелерді, дүние-мүлікті бұрынғы тұрған орнынан басқа қауіпсіз жерлерге көшіру.*

ЭВАКУАЦИЯЛА *Дұшпан шабуылы мен кездейсоқ қатерден сақтану үшін халықты, жаралыларды, мекемелерді қауіпсіз жерлерге көшіру, эвакуация жасау. Зілзала болған жерден халықты қауіпсіз жерге көшіру.*

ЭВЕН *Эвенкі автономиялық округінде тұратын жергілікті халық.*

ЭВОЛЮЦИЯ *Бір нәрсенің жетілу, қалыптасу барысында сандық өзгерістерге ұшырай отырып, сапалық өзгерістерді әзірлейтін даму процесі.*

ЭВРИКА *Адамның ойына жаңа идея келген кезде "таптым, таптым!" деген қуаныш сезімін білдіретін сөз.*

ЭВРИСТИКА *Ғылыми жаңалық ашудың әдісін, тәсілін табуды зерттейтін ғылым саласы.*

ЭВФЕМИЗМ *лингв. Өрескел, дөрекі сөздің я сөйлемшенің орнына қолданылатын сыпайы, әдепті сөз не сөз тіркесі.*

ЭГОИЗМ *Жеке бастың мүддесін өзгелердің мүддесінен, қоғамдық мүдделен артық санайтын қылық, өзімшілдік.*

ЭГОЦЕНТРИЗМ *Дүниенің негізі — мен, менен басқаның бәрі менің түсінігім ғана дейтін идеалистік философиялық ұғым.*

ЭКВАТОР *геогр. Адам ұғымында жерді солтүстік және оңтүстік жарты шарларға бөліп тұратын белдеу.*

ЭКВИВАЛЕНТ *Екінші бір нәрсеге пара-пар келетін, соған тең зат, балама.*

ЭКВИВАЛЕНТТІК *Бір нәрсенің баламасы бола алатын, тепе-теңдік, пара-парлық.* Шамалардың ~ бөлігі.

ЭКВИЛИБРИСТИКА *Керілген арқан, шар үсті сияқты қиын жағдайларда дене салмағын тепетең ұстай білуге негізделген акробатикалық ойын-сауық түрлерін орындау өнері.*

ЭКЗОГАМИЯ *Туыстас, жақын ағайындар арасында некелесуге тыйым салу шарасы.*

ЭКЗОТИКА *Бейтаныс өмір заттары мен құбылыстарының бөгде адамға тигізетін гажайып әсері.*

ЭКИПАЖ *Кеме, ұшқыш, танк командасының адам құрамы.* Кеме ~ы.

ЭКЛЕКТИЗМ *Ғылыми зерттеу жұмыстарында, шығармашылық еңбектерде бірімен-бірінің байланысы жоқ әр алуан көзқарастарды, топшылауларды талғамсыз топтап, дәйексіз біріктіріп бере салушылық.*

ЭКЛИПТИКА *астр. Жердің Күнді бір айналып өткен жолы, сондай-ақ оның аспан әлемінен өтетін шеңбері.*

ЭКОЛОГИЯ *Жанды организмдердің тіршілік ортасы мен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.*

ЭКОНОМИКА 1. *Белгілі бір қоғамдағы ұстемдік етуші өндірістік тәсілдерге сай, өндіргіш күштердің даму дәрежесін сипаттайтын қоғамдық-өндірістік қатынастардың жиынтығы.* 2. *Өндіріс пен шаруашылықтың белгілі бір саласын зерттейтін ғылыми пән.*

ЭКОНОМИСТ *Жалпы экономика саласының, экономика ғылымының маманы.*

ЭКРАН *Диапозитивтер мен кинофильмдердегі кескіндерді сәулелендіріп көрсету үшін керілген ақ мата.*

ЭКРАНДАУ *Көркем әдебиеттің классикалық туындылары негізінде көркем фильм жасау.*

ЭКСКАВАТОР *Кен өндірісінде, құрылыста тас, топырақ, кен қазатын, тиейтін машина.* Көп шөмішті ~.

ЭКСКАВАТОРШЫ *Экскаваторда істейтін жұмысшы.*

ЭКСКУРС *Жанама мәселені түсіндіру үшін негізгі тақырыптан ауытқу, шегініс жасау.*

ЭКСКУРСАНТ *Экскурсияға қатысушы.*

ЭКСКУРСИЯ *Бір нәрсе жайынан толығырақ мағлұмат алу үшін, сондай-ақ көңіл көтеріп, серуендеп қайту мақсатында ұйымдастырылған арнайы сапар.*

ЭКСЛИБРИС *Кітаптың кімге, қайда тән екендігін айқындайтын таңба, көркем белгі.*

ЭКСПАНСИОНИЗМ *Ықпал ету өрісін кеңейте түсуге негізделген империалистік саясат.*

ЭКСПАНСИЯ *Саяси және экономикалық үстемдікті күшейте түсуге бағышталған империалистік саясат.*

ЭКСПЕДИТОР *Қажетті заттарды, тауарларды, құрал-жабдықты басқа жақтан алып келу және басқа жаққа жөнелту ісімен шұғылданатын қызметкер.*

ЭКСПЕДИЦИЯ *Жұмыс бабындағы бірнеше адамның белгілі бір мақсатпен бір жаққа шыққан сапары.*

ЭКСПЕРИМЕНТ *Белгілі бір мақсатты көздейтін және оны іске асыру жолындағы жүргізілетін ғылыми тәжірибе.* Химиялық ~.

ЭКСПЕРТ *Қайсыбір дүдәмал мәселенің басын ашып беруші; сарапшы.* Сот ~і. Сот сарапшысы.

ЭКСПЕРТИЗА *Сарапқа салу арқылы дүдәмал мәселенің басын ашу ісі.* Медициналық ~, бухгалтерлік ~.

ЭКСПОЗИЦИЯ *Мұражайлар мен көрмелерге қойылған экспонаттардың белгілі бір жүйемен қойылу тәртібі.*

ЭКСПОНАТ *Көрмеге, мұражайға қойылған заттар.* Музей ~тары, көрме ~тары.

ЭКСПОРТ *Өнеркәсіп өнімдері мен басқа да тауарлардың, сондай-ақ капиталдың шетелдерге шығарылуы.*

ЭКСПРЕСС *Ірі станцияларға ғана тоқтайтын жүрдек поезд немесе сондай тәртіппен қатынайтын кеме, автобус.* Алматы — Москва ~ пойызы.

ЭКСПРЕССИЯ *Сөздің сезім күйлерін білдіретін нақышты мәнерлілігі.*

ЭКСПРОМТ *Дайындықсыз, қолма-қол суырып салып айтылатын шешендік сөз, өлең-жыр не орындалу үстінде туатын музыкалық туынды.*

ЭКСПРОПРИАТОР *Қоғамдық мәні бар нәрсені (байлықты) заң негізінде күштеп тартып алушы.*

ЭКСПРОПРИАЦИЯ *Біреудің не белгілі бір таптың ірі жеке меншігін, дүние-мүлкін күштеп тартып алу шарасы.*

ЭКСТЕНСИВТІ *Өнімнің сапасын жақсарту жағы ескерілмей, оның тек санын, көлемін арттыруға бағытталған.* Өнеркәсіпті ~ өркендету.

ЭКСТЕНСИВТЕНДІР *Өнімнің көлемін сан жағынан көбейту, үлғайта түсу.* ~ілген шаруашылық.

ЭКСТЕНСИВТІ *Өнімнің тек санын, көлемін арттыра түсушілік.*

ЭКСТЕРН *Оқу орнында оқымай-ақ, өздігінен дайындалып келіп емтихан тапсырушы адам.* Емтиханды ~ тапсырды.

ЭКСТЕРНАТ *Ғылымды жедел оқып игеру жүйесі.*

ЭКСТРАКТ *Дәрі-дәрмек ретінде қолданылатын өсімдік сығындысы; сөл.*

ЭКСТРЕМИЗМ *Қатал шараларға сүйенетін империалистік саясат.*

ЭКСТРЕМИСТ *Саясатта тым солақай көзқарасты жақтаушы.*

ЭКСЦЕНТРИК *Белгілі бір қалыпқа түскен іс-әрекетті оқыс қимылдармен күлдіргі етіп, керісінше көрсететін цирк не эстрада актері.*

ЭКСЦЕСС *Көрсеқызарлық, ынсапсыздық, ұстамсыздық тәрізді сезім күйлерінің шектен тыс асқынған көрінісі.*

ЭЛАСТИК *Созған соң қайта қоя бергенде қалпына келетін, созылмалы, иілгіш, серпінді зат.*

ЭЛЕВАТОР *Астықты қабылдап алуға, тазартуға, кептіруге және сақтауға лайық механикаландырылған жабдығы бар үлкен астық қоймасы.*

ЭЛЕГИЯ *Жабырқаулы, мұңды сезім күйлерін білдіретін лирикалық өлең, сондай-ақ сол сарындас музыкалық пьеса.*

ЭЛЕКТР 1. *Материя бөлшектерінің (электрондардың, позитрондардың және протондардың) қозғалысынан пайда болатын қуат күшінің бірі.* ~ ара (бұрғы, қырықтық) 2. *Осындай қуат күшінен алынатын жарық.* ~ шам. □ **Электрмен пісіруші** — *электрмен металды балқытып, дәнекерлеуші маман.*

ЭЛЕКТРИК *Электр қуатымен байланысты істердің техник-қызметкері.*

ЭЛЕКТРЛЕН *Тұрмыс пен халық шаруашылығына электр қуатының енуі.*

ЭЛЕКТРОВОЗ *Электр қуатымен жүретін локомотив.* ~ машинисі.

ЭЛЕКТРОД *Затқа электр тогын жіберетін өзек.* ~ аспабы.

ЭЛЕКТРОКАРДИОГРАММА *мед. Жүректің қалай жұмыс істеп тұрғанын көрсететін қағазға түскен сызық.*

ЭЛЕКТРОКАРДИОГРАФ *Жүректің соғуын тексеріп, оны қағазға түсіретін аппарат.*

ЭЛЕКТРОЛИЗ *Ерітіндіге электр тогы жіберілгенде ондағы заттардың өз тектеріне қарай ажырасуы.*

ЭЛЕКТРОМАГНИТ *Сыртына оралған сым арқылы ток жүргенде, өзекшесінде магнит өрісі пайда болатын, әдетте жұмсақ темір кесегінен істелетін техникалық аспап.*

ЭЛЕКТРОМЕТР *физ. Электр тогының кернеуін, күшін өлшеуге арналған аспап.*

ЭЛЕКТРОМЕХАНИК *Электромеханика саласының маманы.*

ЭЛЕКТРОМОНТЕР *Электр жабдықтарын орнатушы, жөндеуші маман.*

ЭЛЕКТРОН I *Теріс зарядпен зарядталған атомның кішкентай бөлшегі.* ~ қозғалысы электр тогын тудырады.

ЭЛЕКТРОН II *Авиация өнеркәсібінде қолданылатын жеңіл магнит қоспасы.*

ЭЛЕКТРОСТАНЦИЯ *Электр қуатын өндіретін кәсіпорын.* Атом ~сы, жылу ~сы.

ЭЛЕКТРОТЕХНИК *Электротехника саласы бойынша маман инженер.*

ЭЛЕКТРОТЕХНИКА *Электр құбылыстары жайындағы, сондай-ақ электр қуатын белгілі мақсаттарға пайдалануды зерттейтін ғылым.*

ЭЛЕКТРОХИМИЯ *Физикалық химия ғылымындағы электр тогы мен химиялық процестердің бір-біріне тигізетін әсерін зерттейтін бөлім.*

ЭЛЕКТРОФОН *Күйтабаққа жазылған дыбысты қайта есту үшін пайдаланылатын дауыс зорайтқыш аспап.*

ЭЛЕМЕНТ 1. *хим. Химиялық жолмен ұсағырақ бөлшектерге ажырайтын зат.* ~тердің дүркіндік жүйесі. 2. *физ. Химиялық процестер нәтижесінде алынған электр тогының көзі саналатын аспап.* Гальвани ~і, құрғақ ~.

ЭЛИКСИР *Медицинада, косметикада қолдану үшін спирт не қышқылға тұндырылған дәрі-дәрмектік сұйықтық.*

ЭЛИТА 1. *Селекция нәтижесінде алынып, одан әрі көбейтуге арналған малдың не өсімдіктің ең жақсы, ең таңдаулы тұқымы (тұрі).* ~ тұқымы. 2. *Белгілі бір қоғамның таңдаулы өкілдері.* Қазақстан ~сы.

ЭЛЛИПС *мат. Дөңгелек конустың бір жақ қуысының басқа бір жазықтықпен қиылысу сызығы.*

ЭЛЛИПСОИД *мат. Эллипстің өз осі бойынша айналуынан шығатын геометриялық фигура.*

ЭМАЛЬ 1. *Бұйымның бетіне электрохимиялық тәсілмен жалатылатын берік шыны қабат.* ~ жалатқан. 2. *Тістің сыртқы қатты қабығы.* Тістің ~ы, тырнақ ~ы. ~данған ыдыс.

ЭМБАРГО *Сырттан елге товар, алтын, ақша тағы басқа заттарды әкелуге және сондай заттарды сыртқа шығаруға мемлекет тарапынан салынған тыйым.*

ЭМБЛЕМА *Белгілі бір айтулы оқиғаның немесе ұғымның нышандық шартты белгісі.* Чемпионаттың ~сы.

ЭМБРИОЛОГ *Эмбриология ғылымының маманы.*

ЭМБРИОЛОГИЯ *Адамның, жануарлардың, өсімдіктердің ұрықтық даму заңдылықтарын зерттейтін биологиялық ғылым.* Организмдер мен тканьдердің құрылысын, дамуын білу үшін, бұл процесті *эмбриология* зерттейді (Нұрматжанов).

ЭМИГРАЦИЯ *Саяси не экономикалық тағы басқа себептермен өз отанынан басқа мемлекетке ерікті түрде немесе шарасыздан қоныс аудару ісі.*

ЭМИССИЯ *Бағалы қағаздар мен қағаз ақшалар шығару ісі.* ~лық банк.

ЭМОЦИЯ *Адамдардың қоршаған ортамен қарым-қатынасында пайда болатын ішкі жан дүниесіндегі күйініш пен сүйініш сезімі.*

ЭМПИРИЗМ *филос. Дүние танудың бірден-бір көзі — тәжірибе деп біліп, жеке фактілер мен құбылыстарды зерттегенде теориялық топшылауларға мән бермейтін, олардың өзара байланысы мен даму заңдарын теріс түсіндіретін философиялық ілім.*

ЭМПИРИОКРИТИЦИЗМ *филос. XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында пайда болған, материалдық дүниенің объективті түрде өмір сүретіндігін мойындамай, материализмге қарсы шыққан субъективті — идеалистік бағыт.*

ЭМУЛЬСИЯ *хим.* 1. *Өзге бір сұйықтықтың ерімейтін тамшылары қосылған сұйық зат.* 2. *Фотопластинкалар мен фотоқағаздарының жарық сәуледен тез құбылғыш қабаты.*

ЭМФАЗА 1. *Сөздің ерекше әсермен құшырлана сөйленуінің тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы атауы.* Шешендік сөзбен мөлдір сезімді тұтастырған лирикалық нәзіктік өрілген ~сы бар. 2. *Сөйлегенде кейбір жекелеген дыбыстарды қиындықпен айтудың тіл біліміндегі атауы.*

ЭМФИЗЕМА *мед. Өкпенің өз қалпынан үлкейіп кету ауруы.* Өкпенің ~сы.

ЭНДОКРИНОЛОГ *Эндокринология ғылымының маманы.*

ЭНДОКРИНОЛОГИЯ *физиол. Ішкі секреция бездері туралы ғылым.* Эксперименттік ~.

ЭНДОСКОП *Ішкі ағзаларды қарайтын медицина аспабы.*

ЭНДШПИЛЬ *Шахмат ойынының соңғы шешуші кезеңі.* Қиын ~де ұту.

ЭНЕРГЕТИК *Энергетика маманы.*

ЭНЕРГЕТИКА *Энергияның әр алуан түрлерін өндіру, пайдалану, түрлендіру, тасымалдау мәселелерін зерттейтін ғылым.*

ЭНЕРГИЯ *Материяның барлық түрлерінің өзара әрекеттестігі мен қозғалыстық жалпы сандық өлшемі (олардың механикалық, жылулық, электромагниттік, ядролық т. б. түрлері болады).* Электр ~сы, атом ~сы, жылу ~сы, сәуле ~сы.

ЭНТОМОЛОГ *Құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейлерді зерттейтін маман.*

ЭНТОМОЛОГИЯ *Зоология ғылымының құрт-құмырсқаларды зерттейтін бөлімі.*

ЭНТУЗИАЗМ *Қатты құлшыну, жігерлену, ынта-ықылас көрсету.*

ЭНТУЗИАСТ *Іске жан-тәнімен беріліп, құлшына еңбек ететін адам.* ~тың бірі ғылым докторы.

ЭНЦИКЛОПЕДИСТ *Білімнің барлық саласынан жан-жақты хабардар, әр тарапты мағлұматы бар адам.* Әл-Фарабиды орта ғасырлардың өзінде-ақ ~ ғалым деп бағалаған.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ *Ғылымның белгілі бір саласынан немесе барлық саласынан мәлімет беретін ғылыми анықтама кітап.* Әдебиет ~сы, ауыл шаруашылық ~сы.

ЭОЛИТ *археол. Тас дәуірінің бастапқы кезеңі.*

ЭПЕНТЕЗА *Сөз ортасына дыбыс қосылу.*

ЭПИГОН *Көркемөнерде және басқа салаларда өз бағыты болмай, біреудің идеяларына бекерге еліктеуші, оны қарадүрсін қайталаушы.*

ЭПИГРАММА *Біреудің кемшілігін сықақтаған шағын өлең.* Пушкин талай ~лар жазған.

ЭПИГРАФ *Шығарманың негізгі тақырыбы мен идеясын білдіретін үзінді.* Өз кітабына ~ берді.

ЭПИГРАФИКА *Ежелгі заман мен орта ғасырдан қалған көне жазуларды зерттейтін тарихи пән.*

ЭПИДЕМИОЛОГ *мед. Эпидемиология маманы.*

ЭПИДЕМИОЛОГИЯ *мед. Жұқпалы аурулардың пайда болуы және онымен алдын ала күресудің шаралары жайындағы ғылым.*

ЭПИДЕМИЯ *Жұқпалы аурудың етек алуы, індет.* Грипп ~сы.

ЭПИЗОД 1. *Тұрмыстағы бір істің, оқиғаның, жағдайдың жеке бір көрінісі.* Кіші-гірім ~. 2. *Көркем шығарма сюжетіндегі өз алдына мәні бар, өзара байланысқан оқиға желісінің бір бөлігі.* Драматургиялық шығарманың желісі бірнеше ~тан тұрады.

ЭПИКА *Эпикалық жырлардың жиынтығы.*

ЭПИКУРЕИЗМ 1. *Ежелгі грек философы Эпикурдың дінге қарсы материалистік ілімі.* 2. *Эпикур ілімін түрпайы бұрмалаушылықтан пайда болған өмірдің мәні жан рахатында, жеке бастың игілігін қамтамасыз етуде деп танитын буржуазиялық көзқарас.*

ЭПИЛОГ *Автордың шығарма соңында жазылған қорытынды сөзі.* Сәтті ~.

ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ *Сан алуан хат түрінде жазылған шығарма.*

ЭПИТАФИЯ *Құлпытасқа жазылған жазу.*

ЭПИТЕЛИЙ *анат. Денені сыртынан және ішінен қаптап тұратын ткань.* ~ клеткалары (тканьдері, қабаты).

ЭПИТЕТ *әдеб. Заттың не құбылыстың қасиетін, сыр-сипатын бейнелі түрде айқындай түсу үшін қолданылатын көркем сөздің бір түрі.* ~пен мәнерленген сөз.

ЭПИЦЕНТР *геол. Жер сілкінудің не жарылыстың үстіңгі не астыңғы орталығына дөп келетін жер бетіндегі тұсы.* Жер сілкінісінің ~і.

ЭПОПЕЯ 1. *Белгілі бір тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын ортақ идея мен бір тақырыптың аясында кең көлемде сипаттап, көркемдік тұтастықта баяндайтын, поэзиялық не прозалық кесек шығарма.* Абай жолы ~сы. 2. *Ауыс. Бірсыпыра ірі-ірі істерден тұратын күрделі тұтас бір оқиға.* Тың игеру ~сы, Ұлы Отан соғысы ~сы.

ЭПОС 1. *Әдеби шығармалардың (лирика мен драмаға қарағанда) әңгіме түрінде баяндап айтылатын түрі.* 2. *Ауыз әдебиетіндегі батырлар жырының, дастандардың жиынтығы.* Қазақ ~ы.

ЭРИТРОЦИТ *физиол. Құрамында гемоглобині бар қанның құрамдас бөлігі; қызыл түйіршік.*

ЭРОЗИЯ 1. *Судың, желдің т. б. табиғи құбылыстардың әсерінен жер қыртысының түгелдей не жарым-жартылай бұлінуі.* Жер қыртысы ~ға ұшырады. 2. *тех. Электрдің, атмосфералық құбылыстардың әсерінен техника тетіктеріне түсетін тот.* Металл ~сы.

ЭРУДИТ *Эрудицияға бай адам; жан-жақты білімдар адам.*

ЭРУДИЦИЯ *Ғылымның салаларын терең білу; жан-жақты мағлұматы барлық, көп оқығандық.*

ЭСКАДРА *Әскери теңіз флоты кемелерінің, сондай-ақ әуе флотының ірі құрамасы.*

ЭСКАДРИЛЬЯ *Әскери Әуе Күштерінің бөлімшесі.* Бомбалау ~сы.

ЭСКАДРОН *Жаяу әскердің бір ротасына парапар, атты әскер полкының бөлімшесі.* ~ командирі.

ЭСКАЛАТОР *Метрода, көп қабатты қоғамдық ғимараттардағы жылжымалы баспалдақ.* Метро станцияларындағы ~лар.

ЭСКИЗ *Салынатын сюжетті картинаның, суреттің алдын ала түсірілетін нобайы, әзірлік үлгісі.* Сурет ~дері.

ЭСКИМО *Балмұздақтың бір түрі.*

ЭСПАДРОН *Спорт ойындарына сайысқа түсу үшін жасалған қылыш.*

ЭСПЕРАНТО *Дүние жүзі халықтарының арасында кеңінен тараған халықаралық жасанды тіл.*

ЭССЕ *Бір нәрсенің әсерінен болатын толғаныстан туған шағын әдеби шығарма.*

ЭССЕНЦИЯ *Сірке суынан т. б. қоспалардан әзірленген, тамақтың дәмін тұщытатын күшті ерітінді.* Сірке су ~сы.

ЭСТАКАДА *Жүк түсіру, тиеу жұмыстарына, көліктің өтуіне арналып жер үстіне, су бетіне салынған көпір тәрізді құрылыс.*

ЭСТАМП *Ағаштан не металдан ойып жасалған суреттің көшірмесі.* ~ жинағы.

ЭСТАФЕТА *спорт.* 1. *Командалық жарыстың бір түрі, онда белгілі бір қашықтағы бірнеше аралық жерді спортшылар алмасып жүгіреді.* 2. *Ауыс. Іргелі істің бірден-бірге ауысып, алға қарай ұласқан жалғасы.* Ерлік ~сы (ынтымақ, шеберлік, дәстүр, өнер).

ЭСТЕТ 1. *Көркемөнер шығармаларында тұрге ғана мән беретін формализмді жақтаушы.* 2. *Әдемілікті, көркемдікті қолдаушы.*

ЭСТЕТИЗМ 1. *Реакцияшыл буржуазия өнеріндегі шындықтан қол үзген, халыққа жат "таза өнерді" жақтаушылық.* 2. *Сұлулық пен әдемілікті, эстетикалық көркемдікті жақтаушы.*

ЭСТЕТИКА *Көркемдік таным теориясы, әсемдік туралы, көркем шығармашылықтың жалпы заңдары және адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы философиялық ілім.*

ЭСТОН *Эстон Республикасында тұратын жергілікті халық.*

ЭСТРАДА 1. *Көрермендер алдында артистер өнер көрсететін биік алаң.* ~ға шықты. 2. *Әр алуан артистердің ойын-сауығынан құралған сахналық өнердің бір түрі.* ~ артистері.

ЭТАЖЕРКА *Кітап қоюға арналған сөрелері бар кіші-гірім үй жиһазы.*

ЭТАЛОН 1. *Өлшем бірлігінің дәлдік үлгісі; үлгі өлшемдер мен өлшеуіш аспаптар.* Метр ~ы, килограмм ~ы. 2. *Ауыс. Үлгі, өлшем.* Сапа ~ы.

ЭТАП 1. *Белгілі бір процестің даму барысындағы бір сәті, бір сатысы.* Бірінші ~. 2. *Спорт. Спорт жарысындағы қашықтықтың бір бөлігі.*

ЭТИКА 1. *Мораль туралы, оның дамуы, оның мәні мен принциптері, қоғамдағы нормалары жайындағы ілімдер жүйесі.* 2. *Белгілі бір қоғам мүшелері үшін қағида болып табылатын мінез-құлық тәртіп нормасы.*

ЭТИКЕТ *Қарым-қатынастың (дипломатиялық ортада, сарай қызметкерлерінің арасында) қалыптасқан үлгісі.* ~ сақтау.

ЭТИКЕТКА *Сатуға әзірленген товарлардың аты, бағасы т. б. көрсетілген қағаз.* Сіріңке қорабының ~сы.

ЭТИЛ *хим. Көптеген органикалық қосылыстардың құрамына енетін көміртегі мен сутегінің қоспасы.* ~спирті.

ЭТИЛЕН *Көміртегі мен сутегінен тұратын түссіз газ (полиэтилен, этилді спирт т. с. с. алуда қолданылады).*

ЭТИМОЛОГ *Сөздердің түпкі төркіні мен шығу тегін зерттейтін тіл маманы.*

ЭТИМОЛОГИЯ *лингв. Сөздердің түпкі төркіні мен олардың шығу тегін зерттейтін тіл білімінің бір бөлімі.* Сөз ~сын зерттеді.

ЭТИОЛОГИЯ *Аурудың себебін және пайда болу жағдайын зерттейтін ғылым.*

ЭТНИКАЛЫҚ *Белгілі бір халыққа, этносқа қатысты.* Ноғай мен өзбек халқының ~ құрамы.

ЭТНОГЕНЕЗ *Халықтардың шығу тегі.* Мұсылман ~і.

ЭТНОГРАФ *Этнография ғылымының маманы.*

ЭТНОГРАФИЯ 1. *Белгілі бір халықтардың материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғылым.* ~ институты. 2. *Белгілі бір халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мәдени өзгешеліктері.* Орта Азия халықтарының ~сы.

ЭТНОНИМ *Ру, тайпа, халық, ұлт аттары.*

ЭТНОНИМИКА *Ономастиканың ру, тайпа, халық, ұлт аттарын зерттейтін бір саласы.*

ЭТЮД 1. *Болашақтағы көлемді шығарманың шағын сурет, картина, мүсін секілді жеке салынған бөлігі.* 2. *Кейбір жеке тақырыпқа арналған шағын көлемді әдеби шығарма.* 3. *Орындаушылық шеберлікті керек ететін, сондай-ақ жаттығу ретінде жазылған музыкалық шығарма.* 4. *Шахмат ойынына құрылған жұмбақ.*

ЭФИР 1. *Спирт пен қышқылдардың әрекеттесуінен түзілетін, иісі ұнамды, бірақ тез ұшып кететін, түссіз органикалық қоспа.* 2. *Аспан кеңістігіндегі ауа ортасы.* ~ толқындары.

ЭФФЕКТ 1. *Біреудің не бір нәрсенің екінші біреуге не бір нәрсеге ететін күшті әсері.* 2. *Бір нәрсенің әсерінен болатын нәтиже, салдар.* Фотоэлектрлік ~.

ЭШЕЛОН 1. *Белгілі тәртіппен, бірінен соң бірі орналасқан әскер бөлімшелері.* Ол екінші ~да еді. 2. *Арнаулы мақсатпен жаппай жүк тасымалдайтын пойыз.* Жүк тиеген ~.

Ю

ЮБКА *Әйелдердің белуардан төмен түсіп тұратын сырт киімі.* Жүннен тоқылған ~.

ЮМОР *әдеб. Өмірдегі күлкілі құбылыстарды зілсіз әжуалайтын әдеби туынды, жеңіл мысқыл.* Сатира мен ~ жанры.

ЮМОРЕСКА 1. *Жеке адамның өмірдегі кейбір кемшіліктерін зілсіз әжуалаған шағын әдеби шығарма.* 2. *Көңілді, әдетте ойнақы, әзіл түрінде жазылған шағын музыкалық шығарма.*

ЮМОРЛЫ *Әзіл-сықағы бар шағын әңгіме.* ~ шығарма.

ЮМОРШЫ *Күлкілі жағдайларды әзіл-келемеж етіп, шығарма жазатын адам.*

ЮНГА *Кеме командасы құрамында теңіз жұмысына баулынатын жас өспірім.*

ЮРИСДИКЦИЯ *Сот жүргізу немесе сондай іске байланысты мәселелерді шешу құқы.*

ЮРИСКОНСУЛЬТ *Сотта өз мекемесінің тапсыруы бойынша шығып сөйлейтін және заң мәселелері жөнінде пікір айта алатын заңгер.*

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ *Заң ғылымдарының жиынтығы, сондай-ақ заңгерлердің іс жүзіндегі қызметі.*

ЮРИСТ *Заң ғылымдары, заң мәселелері бойынша маман қызметкер; заңгер.*

ЮСТИЦИЯ *Сот ісі, сот мекемелерінің жүйесі.* ~ министрлігі.

ЮТ *Кеме палубасының артқы жақ бөлімі.*

Я

Я Сөйлемдегі бірыңғай мүшелерді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұратын "не", "немесе" тәрізді талғау мәнді шылау сөз. ~ болмаса (көрейін, ойланайын).

ЯҒНИ *Бір ойды екінші сөзбен қайталап айтқанда стильдік байланыс үшін қолданылатын шылау сөз.* Ол бос тұрған орынға, *яғни* орынбасар болып келуге келісім беріпті (Есеналиев).

ЯДРО 1. *Жердің орталық өзегі, бір нәрсенің ішкі негізгі бөлігі.* Атом (жер) ~сы. 2. *Жануарлар мен өсімдік клеткасының ең маңызды құрамды бөлігі.* Тұқым ~сы. 3. *Спорттық жаттығуларда серпіп лақтыруға машықтанатын салмақты шойын шар.*

ЯДРОЛЫҚ *Атомның оң зарядпен зарядталған негізгі бөлігімен байланысты.* ~ физика (ракета, қару, соғыс).

ЯКИ *Не, болмаса, немесе, яғни секілді шылау сөз. Яки* суретті сөз, өлеңге әр беретін аса бағалы қасиет ("Қаз. әдеб.").

ЯКОРЬ *Кемені бір орында тұрақтату үшін шынжырға бекітіп су түбіне тастайтын үш жағы сойдиған тісті темір білік, зәкір.* ~ге байланған қайық. □ **Якорь тастады** — *бір орынға тоқтады.*

ЯКУТ *Ресей Федерациясының Саха Республикасында тұратын түркі тілдес халық.*

ЯНТАРЬ *Ағаш шайырынан қатты тасқа айналған мөлдір сарғыш түсті минерал.*

ЯПЫРЫМ-АЙ *Өкіну, таңдану одағайы.* — *Япырым-ай,* бірдеме болмаса игі еді (Есенберлин).

ЯПЫРЫМ-АУ *Көңіл күйін білдіретін одағай. Япырым-ау,* мынау нағыз курорт қой (Құрманғалиев).

ЯРУС *Бірінің үстіне бірі түскен зат қатары немесе бірінен-бірін биіктеу етіп көтерген театр орындары.* Үшінші ~ жағы ложа.

ЯХТА *Спорттық не туристік желкенді кеме.* ~мен серуендеді.

ЯХТ-КЛУБ *Су спортымен, көбінесе оның желкенді түрімен айналысатын спорттық ұйым.*

ЯШМА *Кварцтың өте тығыз бітіскен, тым ұсақ түйірлерінен құралған тау жынысы, асыл тас.* ~дан істелген бұйымдар.

Қ17 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 1999. — 776 б.
ISBN 9965-441-04-9

Қ 4602030000-01 / 00(05)-99 ББК 81.2-4

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ

Анықтамалық басылым

Жалпы редакциясын басқарған Телғожа Жанұзақов

Редактор *Тілеуберді Нұсіпбай*
Техникалық редакторы *Александр Воронин*

Теруге 10.02.99 берілді. Басуға 1.04.99 қол қойылды.
Пішімі 84×108/16. Офсеттік қағаз. Әрпі мектептік.
Шартты баспа табағы 81,5. Есептік баспа табағы 101,9.
Таралымы 3700 дана. Бағасы келісімді.

"Дайк-Пресс" баспасы,
480100, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі 29 үй,
тел./факс 62-28-35
Директоры *Болат Қазғұлов*